



КАРЛ МАРКС

---

КАПИТАЛ

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ФИЛИАЛЫ — ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯ ТАРИХЫ  
ИНСТИТУТЫ**



*ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!*

*ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА при ЦК КПСС*

**Карл МАРКС**

# КАПИТАЛ

**КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИИ**

ТОМ ТРЕТИИ

КНИГА III;  
ПРОЦЕСС КАПИТАЛИСТИЧЕСКОГО ПРОИЗВОДСТВА,  
ВЗЯТЫЙ В ЦЕЛОМ

ЧАСТИ ПЕРВАЯ И ВТОРАЯ

ИЗДАН ПОД РЕДАКЦИЕЙ ФРИДРИХА ЭНГЕЛЬСА

*ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ  
Москва — 1970*

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Карл МАРКС

# КАПИТАЛ

САЯСИ ЭКОНОМИЯ СЫНЫ

ҮШІНШІ ТОМ

ІІІ КІТАП;  
ТҰТАС АЛЫНҒАН КАПИТАЛИСТІК  
ӨНДІРІС ПРОЦЕСІ

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ БӨЛІМДЕР

ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬСТІҢ РЕДАКЦИЯСЫМЕН БАСЫЛҒАН

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ  
А л м а т ы — 1973



ЗКІЗ+ІМІ+33,04+33,041  
КІ6

**Маркс К.**

Капитал. Саяси экономия сыны. Алматы, «Қазақстан», 1973.

Т. 3. III-кітап: Тұтас алынған капиталистік өндіріс процесі. Бірінші және екінші бөлімдер Ф. Энгельстің редакциясымен басылған.  
1073-бет.

К  $\frac{0111-241}{М 401 (07)-73}$  1-73.

© Издательство политической литературы, Москва, 1970.

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1973.

Карл Маркс

КАПИТАЛ, 3 ТОМ

(на казахском языке)

Сдано в набор 27/IX 1972 г. Подписано к печати 28/XI 1973 г.  
Формат 60×90<sup>1/8</sup>—67 усл. п. л. = (69,41 уч.-изд. л.) Бумага тип. № 1.

Тираж 6000 экз. Цена 1 р. 87 коп.

Издательство «Қазақстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 904. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

## ҚПСС ОРТАЛЫҚ ҚОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНАН

«Капиталдың» үшінші томының осы басылымы — 1894 жылы Энгельстің редакциясымен шыққан немісше бірінші басылымының аудармасы. Үшінші томның орыс тіліндегі басылымы сияқты (I бөлім — 1939 ж., II бөлім — 1947 ж. шықты), осы басылымның негізіне де И. И. Скворцов-Степанов редакциялаған аударма алынды\*.

Осы басылымды әзірлеу үстінде бұл аудармаға көптеген түзетулер, дәлдіктер енгізілді. Немісше бірінші басылымды Маркстің қолжазбасымен салыстыру нәтижесінде немісше бірінші басылымында кеткен, бірсыпыра жаңылыс көшірілген сөздер мен баспахана қателері байқалып, түзетілді. Түрлі авторлардың шығармаларынан Маркс келтірген цитаттардың аудармасы да қайта тексеріліп, дәлденіп беріліп отыр. Егер Маркс қайсыбір цитатты қысқартып алса, немесе автордың ойын өз сөзімен баяндаған болса, ондай ретте бұл басылымда әлгі цитаттардың аудармасы немісше басылымының текстімен сәйкес берілді. Сонымен бірге цифрлар және басқа да нақты мәліметтер тексеріліп, қажет болған реттерде түзетілді. «Капиталдың» үшінші томының немісше басылымының кейбір жерлерінен В. И. Ленин аударып, өз шығармаларында келтірген цитаттары түгел ескерілді, сондай-ақ жеке тіркестер мен терминдердің Ленин жасаған аудармасы да пайдаланылды.

Маркс пен Энгельстің жол бойғы ескертпелері, 1894 жылғы немісше басылымдағыдай, дөңгелек жақшаға алынған цифрлармен белгіленді. Энгельс жасаған ескертпелерге оның инициалы қойылды. Жол астында берілген редакциялық ескертпелер жұлдызшамен таңбаланып, «*Ред*» деген сөзбен белгіленді, ал томның аяғында берілген редакциялық ескертпелер

---

\* Бұл кітап К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылымы бойынша шығарылып отыр.



жақшасыз цифрмен белгіленді. Автордың библиографиялық сипаты бар кейбір ескертпелеріне берілген редакциялық қосымшалар шаршы жақшаға алынды. Автордың текстіне немесе цитаттарға Энгельс енгізген қосымшалар өрнекті жақшаға алынды.

Аударылуы қиын аздаған неміс сөздері немесе арнаулы терминдер сол сөздердің аудармасымен қатар түп нұсқа тілінде (шаршы жақша ішінде) берілді.

### **ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫНАН**

«Капиталдың» III томының қазақ тіліндегі аудармасы К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылымының 25 томының (I, II бөлімдер) және 1970 ж. шығарылған жеке басылымының тексті бойынша жасалды.

Томды баспаға әзірлеген КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы — Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты.

Жауапты шығарушы *Ж. Исмағұлов.*

## АЛҒЫ СӨЗ

Маркстің негізгі еңбегінің осы үшінші кітабын, оның теориялық бөлімінің соңын жариялауыма сәті енді ғана түсіп отыр. 1885 жылы екінші кітапты бастырған кезде мен, әрине, кейбір өте маңызды бөлімдері болмаса, үшінші кітап, тегінде, жеңіл ғана қиыншылықтар келтірер деп шамалаған едім. Шындығында солай болып шықты да; бірақ тұтас еңбектің нақ әлгі аса маңызды бөлімдерінде кездесетін қиыншылықтарды мен ол кезде мүлде сезбеппін, сондай-ақ кітапты әзірлеу ісін мұншалық қатты кешеуілдетердей басқа кедергілерді де білмеппін.

Ең алдымен және көптен-көп маған көзімнің нашарлығы бөгет болды, ал осының өзі менің жазу-сызуға кететін жұмыс уақытымды бірсыпыра жылдар бойы тұқырта тежеп келді, қазірде де шам жарығымен қолыма қалам ұстауға оқпатақта ғана мұрша беріп жүр. Бұған басқа да шұғыл істер: Маркс пен екеуіміздің бұрынғы еңбектерімізді жаңадан бастыру, аудару, демек, қайта қараулар, алғы сөздер, қосымшалар, көбінесе қосымша зерттеулер жасамаса болмайтын осындай істер, т. т. келіп қосылды. Ең алдымен бірінші кітаптың ағылшынша басылымын айта кету керек. Оның текстіне сайып келгенде мен жауап беремін, сондықтан да ол көп уақытымды алды. Соңғы он жылдың ішінде халықаралық социалистік әдебиеттің орасан өскенін, әсіресе Маркс пен екеуіміздің бұрынғы еңбектеріміздің аударылу санын тіпті аздап болса да қадағалап отырған адам, менің аудармашыға себім тиетін тілдердің саны барынша шектеулі болғанына қуанатын жөнім бар екеніне, демек, оның жұмысын қарап шығудан бас тартпауға міндетті болғанымға қосылса керек. Ал әдебиеттің өсуі халықаралық жұмысшы қозғалысының өзі соншалықты өскендігінің белгісі ғана еді. Бұл маған жаңа міндеттер жүктеді. Түрлі елдердің социалистері мен жұмысшыларының ұлттық қозғалысы арасында дәнекер болу жұмысының едәуір салмағы біздің



қоғамдық қызметіміздің алғашқы күндерінен бастап Маркс пен маған жүктелді; бүкіл қозғалыстың өсуіне қарай бұл жұмыс көбейе берді. Ал Маркс бұл салада да негізгі салмақты өз мойнына алып келген болса, енді ылғи ұлғайып отырған жұмыс көлемі ол қайтыс болғаннан кейін жалғыз маған қалды. Оның бер жағында жеке ұлттық жұмысшы партияларының өзара тікелей қатынасы сол кезден бері және де, бақытқа қарай, әлі де күн санап жалпы ережеге айналып отыр; бірақ соған қарамастан, өзімнің теориялық жұмысымды ойлап, азаюын тілесем де, менен көмек сұраушылық одан әлдеқайда жиі кездесуде. Дегенмен, мен секілді, бұл қозғалысқа елу жылдан аса белсене қатысқан адам үшін әлгіден туатын істер дереу орындауды тілейтін шұғыл міндет болып табылады. Он алтыншы ғасырдағы сияқты, біздің қарбалас заманымызда да қоғамдық мүдделер саласындағы таза теоретиктер тек реакция жағында ғана кездеседі, әне сондықтан да олар мырзалар шынына келгенде тіпті теоретиктер емес, әлгі реакцияның апологеттері ғана.

Мен өзім Лондонда тұрған себепті, әлгі партиялық қатынастар қыста көбінесе хат түрінде, ал жазда — көп ретте жүздесіп жолығу түрінде жасалып келеді. Осы себепті, сондай-ақ қатары барған сайын өсіп отырған көп елдердегі қозғалыстың барысын және саны онан да бетер өсіп отырған баспасөз органдарын қадағалап отыру қажеттігі себепті, мен ешқандай үзілісті көтермейтін жұмыстарды қыстан басқа, көбіне жылдың алғашқы үш айынан өзге уақытта орындай алмадым. Адамның жасы жетпістен асса, мидың мейнерттік ес талшықтары бір түрлі шабан істейді екен; теориялық қиын жұмыстарғы үзілістерді енді бұрынғыдай оңай, әрі тез жеңе алмайды екенсің. Сондықтан ақырына дейін толық жеткізілмеген ретте бір қыстың жұмысын келесі қыста істеп, едәуір бөлігін қайта өңдеуге тура келіп отырды; әсіресе қиын бесінші бөлім жөнінде міне нақ осылай болып шықты.

Бұл кітапты редакциялау жұмысында екінші кітапты редакциялаудан елеулі айырма барын оқушы кейінгі баяндаудан көреді. Үшінші кітаптың тек алғашқы ұзын-ырғасы ғана болды, тіпті оның да үзік жерлері көп екен. Әлбетте, әр бөлімнің бас жағы әжептәуір мұқият өңделген, тіпті көп ретте стилистика жағынан да шындалып отырған. Бірақ әрегірек барған сайын қолжазбаның өңделуі соғұрлым жай ғана нобайлана, оқылана түседі, соғұрлым зерттеу үстінде туған қосымша мәселелерге байланысты жанама шолулар көбейеді де, оның үстіне материалды түпкілікті орналастыру жұмысы кейінге қалдыры-

лып отырады, ойлары *in statu nascendi*\* жазылған текст бөліктері соғұрлым шұбалаңқы, тым шытырманды болып келеді. Көп жерде жазу мен баяндау нұсқасы шамадан тыс зорыға еңбек етуден барып дерттің соқпасы араласып, бірте-бірте асқына бергенін мейлінше айқын көрсетеді, мұның өзі әдепкі кезде автордың дербес жұмыс істеуін барған сайын қиындата түсті де, ақырында, оған кейде тіпті мүмкіндік қалдырмайтын болды. Мұнда танданарлық дәнеңе жоқ. 1863 және 1867 жылдар арасында Маркс «Қапиталдың» соңғы екі кітабын қолжазба нұсқада бітіріп, бірінші кітабын баспаға әзір еткені өз алдына, оның үстіне Халықаралық Жұмысшылар Серіктігін құрумен, оның ісімен байланысты орасан жұмыс атқарды. Бірақ осының салдарынан 1864 және 1865 жылдардың өзінде-ақ Маркстің денсаулығы бұзыла бастағандығының елеулі белгілері байқалды, сол себептен II және III кітаптарды өңдеу ісін ол өзі аяқтай алмады.

Менің жұмысым кейде тіпті өзім әрең айырған бүкіл қолжазбаны түп нұсқадан айтып отырып жаздырудан басталды да, сөйтіп, әуелі оқуға жарарлықтай көшірме жасалды, әрине, мұның өзі өте көп уақытымды алды. Тек осыдан кейін ғана нағыз редакциялау ісі басталды. Мен редакциялағанда ең қажеттісінен әрі бармадым: түсінікті деген жердің бәрінде мүмкіндігінше бастапқы тексттің сипатын сақтадым, тіпті кейбір қайталаулардың өзін өшіргенім жоқ, өйткені олар әдетте Марксте кездесіп отырады да, әрдайым нәрсені басқа бір жағынан алып қарайды немесе тіпті болмағанда басқа сөздермен түсіндіреді. Ал енді менің өзім таза редакциялық сипаты бар өзгерістер не қосымшалар енгізген реттерде немесе Маркс келтірген нақты материалды өңдеп, одан мүмкіндігінше Маркс нұсқасына ұқсас келетін өзімше қорытындылар жасауға мәжбүр болған реттерде — осындай реттерде оның бәрі шаршы жақшаға алынып, менің инициалыммен белгіленген\*\*. Жол бойы жасаған ескертпелерімде кей жерлерде жақша жоқ; бірақ инициалым тұрған жердегі ескертпенің бәріне мен жауаптымын.

Алғашқы нұсқада солай болатыны өзінен-өзі түсінікті ғой, қолжазбада кейін толықтырылуға тиіс делінген пункттер көп кездеседі, бірақ бұл уәде барлық жағдайда орындала бермеген. Мен оларды өзгертпедім, өйткені бұлар автордың болашақта өңдеп-жөндемек болған ниетін аңғартады.

Ал енді жеке мәселелерге көшейік.

Бірінші бөлім үшін негізгі қолжазбаны өте екшеп пайдала-

---

\* — туу процесінде. *Ред.*

\*\* — Бұл басылымында шаршы жақшалар өрнекті жақшалармен өзгертілген. *Ред.*



ну керек болып шықты. Қолжазбаның ілкі басталуында қосымша құн нормасы мен пайда нормасы арасындағы қатынастың математикалық есебі түгел келтірілген (бұл біздің III тарауымыз болды), ал біздің I тарауда баяндалған нәрсені алсақ, ол тек кейін және жол-жөнекей қарастырылған. Бұл ретте өңдеудің екі бастамасы көмек болды, мұның әрқайсысы in folio\* 8 бет; бірақ бұлардың өзі де барлық жерде бірдей тиісті байланысымен өңделмеген. Қазіргі түріндегі I тарау солардан құралды. II тарау негізгі қолжазбадан алынды. III тарауға керекті аяқталмаған көп-көп математикалық есептер, сондай-ақ жетпісінші жылдарға жататын және қосымша құн нормасының пайда нормасына қатынасын теңдеулермен көрсететін, аяқталған дерлік тұтас дәптер болды. Бірінші кітаптың ағылшынша аудармасының көбін жасаған досым Самюэл Мур осы дәптерді маған өндеп беруді міндетіне алды, ол өзі Кембридждің байырғы математигі болғандықтан, бұған менен әлдеқайда жетік еді. Кейін мен оның түсіндірмесінен III тарауды құрадым, бұған кей жерде негізгі қолжазбаны да пайдаландым. IV тараудың тек тақырыбы ғана болды. Бірақ мұнда қарастырылатын мәселе — пайда нормасына айналымның әсері — өте маңызды мәселе болғандықтан, мен оны өзім жазып шықтым да, сол себепті бұл тараудың бүкіл тексті жақшаға алынды. Оның бер жағында пайда нормасының III тарауда берілген формуласын жалпыға бірдей маңызы бар формулаға айналдыру үшін шындығында біраз өзгерту керек болып шықты. Бесінші тараудан бастап, негізгі қолжазба бөлімінің қалған бөлігіне бірден-бір негіз болды, алайда мұнда да өте көп орын ауыстырулар мен қосымшалар жасау қажет болды.

Келесі үш бөлімде, стилистикалық редакциясы болмаса, мен түгелдей дерлік қолжазбаның түп нұсқасына сүйендім. Қолжазбаның кейбір жерлері, көпшілігінде айналымның тигізетін әсеріне қатысты жерлері, өзім қосқан IV тарауға сәйкес өңделді; бұлар да жақшаға алынып, менің инициалыммен белгіленді.

Ең қиыны V тарау болды, оның үстіне мұнда бүкіл кітаптың өте күрделі мәселесі қаралады. Маркстің жоғарыда айтылған науқасының қатты бір соқпасы дәл осы жұмыстың үстінде тап болған. Демек, мұның өзі — дайын нобай емес, тіпті жалпы нұсқасын толықтыруға жарайтын схема да емес, жұмыстың тек бастамасы ғана еді, көбіне тәртіпке келтірілмеген жазбалар, заметкалар, көшірме түріндегі материалдар тізбегі еді. Бөлім аздап болса да автордың ойлаған ойына шамаласатын болу үшін, мен әуелі бұл бөлімді жетіспейтін жерлерін

---

\* — ½ баспа табақ көлемінде. *Ред.*

# Das Kapital.

## Kritik der politischen Oekonomie.

Von

Karl Marx.

Dritter Band, erster Theil

Buch III:  
Der Gesamtprocess der kapitalistischen Produktion.  
Kapitel I bis XXVIII.

Herangegeben von Friedrich Engels.

Das Recht der Uebersetzung ist vorbehalten.

Hamburg  
Verlag von Otto Meissner.  
1894.

«Капиталдың» III томының I бөлімінің немісше  
бірінші басылымының астар беті

толықтырып, ізі бар үзінділерді өңдей отырып, аяқтап шығуға тырыстым, бірінші бөлімде осы әдісім біраз сәтті шыққан еді. Мен кемі үш рет осындай әрекет жасадым, бірақ бәрі де нәтижесіз болды, кешігудің басты себебі де уақыттың осыған кетуінен болды. Ақырында, істің бүйтіп алға баспайтынына көзім жетті. Менің бұл саладағы мол әдебиетті түгел қарап шығуыма тура келер еді, сөйтіп мен ақырында бұдан бірдеңе шығарар да едім, бірақ ол Маркстің кітабы болмас еді. Амал жоқ, мен бұл бағыттағы әрекеттен бас тарттым да, ең қажет деген қосымшаларды ғана жасап, мүмкіндігі болғанынша қолда барды тәртіпке салумен тындым. Сонымен, мен 1893 жылдың көктемінде бұл бөлімнің негізгі жұмысын аяқтадым.

Жеке тараулардың ішінде XXI—XXIV тараулар негізінен өңделген екен. XXV және XXVI тараулар нақты материалды тексеріп, басқа жерлердегі материалды осында әкеп қосуды керек етті. XXVII және XXIX тарауларды түгелдей дерлік қолжазба бойынша беруге болатын еді; мұның керісінше, XXVIII тараудың текстін басқаша орналастыруға тура келді. Ал енді нағыз қиыншылықтар XXX тараудан басталды. Осыдан былай қарай, нақты материал былай тұрсын, қыстырма сөйлемдермен, шегіністермен, тағы басқалармен әлсін-әлі үзіліп отыратын, ал сонсоң басқа жерде көбінесе тіпті жол-жөнекей дамытылып отыратын ой өрісінің өзін тиісінше тәртіптеуге тура келді. Сонымен, XXX тарау жеке үзінділердің орнын ауыстырып, кейбірін алып тастап, басқа жерде қолдану жолымен жасалды. XXXI тарау тағы да әжептәуір байланысты формада өңделген болып шықты. Бірақ соңынан қолжазбада «Шытырман» деп аталатын үлкен бөлім кездесті, бұл 1847 және 1857 жылдардағы дағдарыстар туралы парламенттік есептерден алынған ылғи бір үзінділер екен, онда іскерлер әлемі мен экономистерден жиырма үш адамның ақша мен капитал туралы, алтынның ағылып кетуі туралы, бейпіл жалдаптық және басқалар туралы пікірлері жинақталған, кейде оларға қысқаша түсініктер берілген. Мұнда сұрақтар мен жауаптар арқылы ақша мен капиталдың арасындағы қатынас жөнінде сол уақытта кең тараған көзқарастар түгел дерлік жеткілікті берілген, сөйтіп, Маркс ақша рыногінде ненің ақша, ненің капитал екені жөніндегі мәселеде осы тұста байқалып отырған «шытырманды» сынай да міней қарағысы келген. Көп әрекеттенуден кейін бұл тарауды ретке келтіру мүмкін еместігіне көзім жетті; материалын, әсіресе Маркс түсінік жазған реттерде, баяндау логикасына үйлесетін жерлерге пайдаландым.

Онан әрі менің XXXII тарауға енгізгенім едәуір жүйеге келтірілген бөлік екен, бірақ осының артынан іле-шала сол бөлімде сөз етілетін әр алуан нәрселер туралы парламенттік есеп-

терден алынған көптеген жаңа көшірме тізбегі кездесті, ара-арасында автор жазған ұзын-ырғалы немесе қысқаша ескертпелер келіп отырады. Аяғына таман үзінділер мен түсініктер ақша металдың қозғалысы және вексель курсының ауытқулары туралы мәселенің төңірегіне жинақтала түседі де, тағы да әр алуан қосымша ескертпелермен аяқталады. Мұның керісінше, «Капитализмге дейінгі қатынастар» деген тарау (XXXVI) толық өңделген екен.

Бұрын берілмеген себепті, «Шытырманнан» бастап осы материалдың бәрін қосып, мен XXXIII—XXXV тарауларды құрастырдым. Әрине, арасында байланысы болу үшін өз тарапымнан елеулі қосымшалар жасауға тура келді. Таза формальды сипатта ғана болмағандықтан, бұл қосымшалардың менікі екені анық белгіленді. Сонымен, ақыр аяғында, автордың мәселеге азды-көпті қатысы бар пікірлерінің *бәрін* тектіге қосып шыға алдым; не басқа жерде бұрын келтірілген пікірді қайталайтын, немесе қолжазбада егжей-тегжейлі қарастырылмайтын пункттер сөз болатын болмашы көшірмелерден басқа қалып қойған ештеме жоқ.

Жер рентасы туралы бөлім едәуір толық өңделген екен, бірақ бұл да әсте тәртіпке келтірілмеген, мұның өзі Маркстің XLIII тарауда (қолжазбада рента туралы бөлімнің ең аяғы) бүкіл бөлімнің жалпы жоспарын қысқаша бере кетуді қажет деп тапқанынан да айқын көрініп тұр. Қітапты бастыруда бұл жоспар өте-мөте керекті болып шықты, өйткені қолжазба XXXVII тараумен басталады да, оның артынан XLV—XLVII тараулар келеді, тек осыдан кейін барып XXXVIII—XLIV тараулар жалғасады. XLIII тарауда II дифференциал рентаның осында қаралуға тиіс үшінші түрі мүлде зерттелмегеніне байланысты бұл рентаның кестелері жөнінде көп жұмыс істеу керек болды.

Маркс осы жер рентасы жайындағы бөлім үшін жетпісінші жылдарда мүлде жаңадан арнаулы зерттеулер жасауға кіріскен болатын. 1861 жылғы «реформадан» кейін жер меншігі туралы Россияда сөзсіз орын тепкен статистикалық анықтамалар мен басқа да жария мағлұматтарды Маркс бірнеше жыл бойына түп нұскасынан зерттеп танысты, олардан көшірмелер<sup>1</sup> жасады, сөйтіп бұларды осы бөлімді жаңадан қайта өңдегенде пайдалану ниетінде болды, ал бұларды қажетінше толық түрінде орыс достары жеткізіп берген болатын. Өнеркәсіптегі жалдама еңбекті зерттегенде, I кітапта Англия қандай роль атқарса, Россиядағы жер меншігі формалары мен ауыл шаруашылық өндірушілерін қанау формаларының алуан түрлілігі арқасында, жер рентасы туралы бөлімде Россия дәл сондай

роль атқаруға тиіс еді. Амал не, Маркс бұл жоспарды жүзеге асыра алмады.

Ақырында, жетінші бөлім қолжазбада аяқталған екен, бірақ тек алғашқы нобай түрінде аяқталыпты, оның текстінің кейбір жерлерін баспаға жарамды етіп бөлшектеуге тура келді. Соңғы тараудан тек бас жағы ғана бар екен. Бұл арада табыстың басты үш формасына — жер рентасына, пайда мен жалақыға сәйкес келетін неғұрлым дамыған капиталистік қоғамның үш ірі табын: жер меншікшілерін, капиталистер мен жалдама жұмысшыларды және бұлардың өмір сүруінің қажетті серігі — капиталистік дәуірдің нақты жемісі болып табылатын тап күресін қарастыру керек еді. Маркс мұндай жиынтық қорытынды жасауды әдетте ақырғы редакциялауға, бастыруға жақын кезге қалдырып отыратын, оның бер жағында ең жаңа тарихи оқиғалар бұлжымас заңдылықпен оның теориялық қағидаларына өте маңызды айғақ материал беріп отыратын.

II кітаптағы сияқты, мұнда да цитаттар мен өрнек-суреттер бірінші кітаптағыдан әлдеқайда аз. I кітаптан алынған цитаттар жөнінде 2-ші және 3-ші басылымның беттері көрсетілген\*. Қолжазбада бұрынғы экономистердің теориялық пікірлеріне сілтеу жасалған жерде көбінесе тек есімі ғана көрсетіледі, ал цитаттың өзін ақтық өңдеген кезде келтіру көзделген болатын. Әрине, осының бәрін сол күйінде қалдыруыма тура келді. Парламенттік есептерден тек төртеуі ғана пайдаланылды, бірақ барынша толық пайдаланылды. Бұл есептер мыналар:

1) Reports from Committees (of the House of Commons), vol. VIII, Commercial Distress; vol. II, part I, 1847—48. Minutes of Evidence.— Цитат алғанда: Commercial Distresses, 1847—48 деп көрсетілген.

2) Secret Committee of the House of Lords on Commercial Distress 1847. Report printed 1848. Evidence printed 1857 (өйткені 1848 жылы ол тым ұятқа қалдыратын нәрсе деп есептелді). Цитат алғанда:— С. Д. 1848—1857<sup>2</sup>— деп келтіріледі.

3) Report on Banns Acts 1857.— Бұл да сол, 1858.— Қауымдар палатасы комиссиясының 1844 және 1845 жылдардағы банк заңдарының әсері туралы есептері. Куәлардың берген жауаптары қоса берілген. Цитат алғанда: В. А. деп (кейде В. С. деп те) келтіріледі, 1857, тиісінше 1858 жылдар<sup>3</sup>.

Қосымша күн теорияларының тарихы жайындағы төртінші кітапқа<sup>4</sup>— өзіме аздаған мүмкіндік қалай туса, солай кіріспекпін.

\* Бұл томда цитаттар немісше 4-ші басылуы бойынша К. Маркс «Капиталының» I томының қазақша басылуының тиісті беттері көрсетіліп берілді. *Ред.*

«Родбертусті Маркс теориясының құпия бұлағы және оған жол салған теңдесі жоқ адам» етіп көрсеткісі келіп, кезінде үлкен шу көтерген мырзалар мен «Капиталдың» екінші томына жазылған алғы сөзде есеп айыруыма тура келді. Мен оларға «Родбертустің саяси экономиясы не бере алады», соны көрсетулеріне мүмкіндік бердім; мен оларды «күн заңын бұзбай, сонымен қатар дәл сол заңның негізінде біркелкі орта пайда нормасы қалай жасалатындығын және қалайша жасалуға тиістігін» көрсетуге шақырдым. Ол кезде әлгі субъективтік немесе объективтік, әдетте не болса, ол болсын, тек ғылыми емес пікірлерге сүйеніп, жарықтық Родбертусті экономиканың ең жарық жұлдызы деп жариялаған мырзалардың бәрі де жауап беруден бір кісідей жалтарды. Бұған керісінше, басқа адамдар мұны шұғылдануға тұратын проблема деп тапты.

II томды сынағанда («*Conrads Jahrbücher*»<sup>5</sup>, XI, 5, 1885, S. 452—465) профессор В. Лексис осы мәселені көтерді, бірақ тікелей шешімін айтуға бармады. Ол былай дейді:

«Егер товарлардың әр түрі *жеке-жеке* қаралатын болса және олардың құны айырбас құнына тең болуға тиіс болса, ал айырбас құны олардың бағасына тең немесе пропорциялы болса, онда әлгі қайшылықты» (Рикардо — Маркстің құн заңы мен пайданың бірдей орта нормасы арасындағы) «шешу мүмкін емес».

Лексистің ойынша, бұл мына жағдайда ғана мүмкін:

«товардың жеке түрлері үшін құнды еңбекпен өлшеуді қойып, товар өнімі *тұтас* алынып және ол бүкіл капиталистер мен жұмысшылар таптары арасында бөлінуін ескергенде ғана... Жиынтық өнімнен жұмысшы табы тек бір бөлігін ғана алады... Капиталистер табына тиетін басқа бөлігінен Маркстің ұғымындағы қосымша өнім, демек... қосымша құн құралады. Осыдан кейін капиталистер табының мүшелері осы жиынтық қосымша құнды өзара бөліседі, бөліскенде жалдаған жұмысшылардың санына қарай *емес*, әрқайсысына тиісті капиталдың мөлшеріне пропорциялап бөліседі, сонымен қатар жер де капитал құны ретінде есептеледі».

Маркстің товарға сіңірілген еңбек өлшемімен белгіленеді дейтін балама құны бағаға дәлме-дәл келмейді, бірақ ол

«шын бағаны туғызатын ауысудың алғашқы пункті ретінде қаралады. Ал шын баға теңдес капиталдардың өздеріне теңдес пайданы талап етуіне байланысты болады».

Осы себепті кейбір капиталистер өз товарлары үшін сол товарлардың балама құнынан артығырақ баға алады да, ал басқа бір капиталистер одан едәуір төмен баға алады.

«Бірақ қосымша құндағы шығын мен үстеме пайда капиталистер табының шеңберінде өзара бірін бірі жауып отыратын болғандықтан, тұтас



алғанда қосымша құнның көлемі барлық баға товарлардың балама құнына пропорциялы болғандай мөлшерде болып шығады».

Көріп отырмыз, бұл жерде мәселе тіпті де шешілген жоқ, бірақ әйтеуір бұлдыр, үстірт болғанымен тегі, жалпы алғанда, дұрыс *қойылып отыр*. Ал осының өзі шынында осы автор сияқты «тұрпайы экономиспін» деп кеудесін қағатындардың қай-қайсысынан болмасын біз күтерлік дәмеден асып түседі; кейінірек сөз болатын басқа тұрпайы экономистердің бергенімен салыстырсақ, бұл өзі тіпті ғажап нәрсе. Рас, Лексистің тұрпайы саяси экономиясының жөні бөлек жатыр. Ол айтады: капиталдан түсетін табысты Маркстің тәсілімен есептеуге, әрине, болады, бірақ олай түсінуге ешкім *міндеттен отырған жоқ*, дейді. Қайта, тұрпайы саяси экономияның өзінше түсіндіру тәсілі бар, не дегенмен сол ыңғайлырақ, дейді:

«Капиталистік сатушылар, шикізат өндіруші, фабрикант, көтерме саудагер, бөлшек саудагер — өз кәсіпорындарынан табыс алатын себебі, бұлардың әрқайсысы сатып алған товарын одан қымбатқа сатады, демек, өз товарының өндіріс шығынын белгілі бір процент арттырады. Тек жұмысшы ғана құнға мұндай үстеме қоса алмайды; капиталиске қарағанда қолайсыз жағдайда болуы салдарынан жұмысшы өз еңбегін өзіне түсетін бағаға, атап айтқанда, қажетті күн көріс құралдары үшін сатуға мәжбүр болады... сонымен бағаға қосылатын әлгі үстемелер сатып алушы жалдамалы жұмысшы жөнінде өз маңызын толық сақтайды да, жиынтық өнім құнының белгілі бір бөлігі капиталистер табының қолына келіп құйылуына себепші болады».

Капиталдан алынатын пайданы осылай «тұрпайы экономия» тұрғысынан түсіндіру іс жүзінде Маркстің қосымша құн теориясындағы нәтижеге жеткізетінін ұғыну үшін онша бас қатырудың қажеті жоқ болса керек; Лексистің айтуынша, жұмысшылар дәл Маркс көрсеткендей нағыз «қолайсыз жағдайда»; олар дәл солай алдауға түседі, өйткені әрбір жұмысшы емес адам товарды өз бағасынан жоғары сата алады, ал жұмысшы олай істей алмайды; ендеше осында Англияда Джевонс — Менгердің тұтыну құны және барынша пайдалылық теориясы<sup>6</sup> негізінде қандай үстірт тұрпайы социализм системасы жасалған болса, әлгі теория негізінде де — ең берісі сондай үстірт тұрпайы социализм системасын жасауға болады. Мен тіпті былай ойлаймын: егер Джордж Бернард Шоу мырза осы пайда теориясын білген болса, бұған ол қос қолдап жармасып, Джевонс пен Карл Менгерді отставкаға шығарар еді де, сол ірге тастың үстіне болашақтың фабиан шеркеуін тағы орнатқан болар еді.

Бірақ шындығында бұл теория — Маркс теориясының тек басқаша түсіндірілуі ғана. Сонда бағаға үстеме пайданың бәрі қайдан шығады? Жұмысшылардың «жиынтық өнімінен» шы-

ғады. Міне бұл «еңбек» товар, немесе, Марксше айтсақ, жұмысшы күші товар өз бағасынан төмен сатылуға тиіс болғандығынан шығады. Өйткені егер товар біткеннің жалпы қасиеті — оларды өндіріс шығынынан қымбат сатуға болатындығында дейтін болсақ, егер еңбек бұған кірмейтін бірден-бір товар болады да, ол үнемі тек өндіріс шығынына қарай сатылады дейтін болсақ, онда еңбек осы тұрпайы экономия әлемінде әлгі жалпы ереже болып табылатын бағадан анық төмен сатылады. Осы себепті капиталиске, сол сияқты капиталистер табына түсетін үстеме пайда дегеніміздің өзі және сайып келгенде оның болатын себебінің өзі де мынада: жұмысшы өз еңбегінің бағасын өніммен толтыра отырып, оның үстіне тағы ақы алмайтын өнім — қосымша өнім, еңбекке ақы төленбейтін өнім, қосымша құн өндіруге тиіс. Лексис — сөз қолдануға барынша сақ адам. Ол жоғарыда келтірілген түсінік өзімдікі деп еш жерде тура айтпайды; ал егер олай болса, онда біздің бұл арада сөз қылып отырған кісіміз, Лексисінің өз айтуынша, Маркстің бағалауында қай-қайсысы да «ең асып кеткенде дауасыз кеше ғана» болып көрінетін кәдімгі тұрпайы экономистердің бірі емес, тұрпайы экономистің киімін киген марксист екені айдан анық болар еді. Бұл жерде бізге керегі — ол осылай әдейі киінді ме, әлде байқаусыз киінді ме деген психологиялық сұрақ емес. Мұны анықтағысы келген кісі, бәлкім, Лексис сияқты күмәнсыз ақылды адамның бір кезде биметализм<sup>7</sup> сияқты сандырақты қалайша қорғағанын да зерттеген шығар.

«Die Durchschnittsprofitrate auf Grundlage des Marx'schen Werthgesetzes». Stuttgart, Dietz, 1889, деген еңбегінде бұл сұраққа жауап беруге шынымен тырысқан бірінші адам д-р *Конрад Шмидт* болды. Шмидт рынок бағасы жасалуының егжей-тегжейін құн заңымен де, пайданың орта нормасымен де үйлестіруге тырысады. Өнеркәсіп капиталисі өз өнімінде, біріншіден, авансылаған капиталының орнын толтырады, екіншіден, өзі ешқандай ақы төлемеген қосымша өнім алады. Бірақ осы қосымша өнімді алу үшін ол өзінің капиталын өндіріске авансылауға тиіс, яғни осы қосымша өнімді иемденуге мүмкіндік алу үшін ол белгілі мөлшерде затқа айналған еңбекті қолдануға тиіс. Демек, капиталист үшін өзі авансылаған осы капитал затқа айналған еңбектің әлгі қосымша өнімді қамтамасыз ететін қоғамдық қажетті мөлшері болып табылады. Мұның өзі басқа өнеркәсіп капиталистерінің бәріне қатысты. Ал енді құн заңы бойынша өнімдер біріне-бірі соларды өндіруге керекті қоғамдық қажетті еңбекке пропорциялас айырбасталатын болса және де капиталист үшін қосымша өнім шығаруға кететін қажетті еңбек нақ соның капиталында жи-

нақталған бұрынғы еңбек болып табылатын болса, онда бұдан мынадай қорытынды шығады; қосымша өнімдер оларға *шынымен* сіңірілген еңбекке емес, оларды өндіруге керекті капиталға пропорциялас айырбасталады. Демек, капиталдың әрбір мөлшеріне келетін үлес барлық өндірілген қосымша құн сомасын оған жұмсалған капитал сомасына бөлгендегі сомаға тең. Сондықтан бір шамалас капиталдар бір мерзімді уақыт ішінде бір мөлшерлес пайда келтіреді, ал мұның өзі былай болады: қосымша өнім өндірудің осылай есептелген шығындары, яғни орта пайда ақылы өнімнің өндіріс шығындарына қосылады да, екі өнімнің екеуі де, ақы төленгені де, төленбегені де, осы жоғары бағамен сатылады. Шмидттің ойынша, жеке товардың орта бағасы құн заңына қарай анықталады дегенмен де, орта пайда нормасы келіп белгіленеді.

Тұжырым барынша тапқыр жасалған, тіпті Гегельдің үлгісінен айнымайды-ақ және оның Гегель үлгісіне көбіне-көп ұқсас келетін жері — дұрыс еместігі. Егер құн заңы орта баға үшін де *тікелей* маңызды болуға тиіс болса, онда қосымша өнім де, ақы төленген өнім де — бұл ретте олардың арасында айырмашылық жоқ — соларды жасауға керекті және соған жұмсалған қоғамдық қажетті еңбекке сәйкес сатылуға тиіс. Құн заңы әуел бастан-ақ капиталистік түсінік тәсілінен туған көзқарасқа: капитал жасайтын қорланған бұрынғы еңбек, дайын құнның белгілі бір сомасы ғана емес, сонымен бірге оның өндіріс және пайда түсіру факторы ретінде құн жасайтын қасиеті болады, демек, ол өз құнынан артық құн шығарудың қайнар көзі болып табылады-мыс дейтін көзқарасқа қарсы бағытталған; құн заңы мұндай қасиет тек жанды еңбекке ғана тән екенін берік тұжырымдайды. Капиталистер өз капиталының мөлшеріне пропорциялы тең көлемде пайда күтетіні, демек, оған өздерінің авансылаған капиталдарын пайданың өндіріс шығыны деп қарайтыны белгілі. Ал енді Шмидт осындай түсінікті пайдаланып, соның көмегімен орта пайда нормасы негізінде есептеп шығарылған бағаны құн заңымен үйлестірмек болса, онда ол осы құн заңының өзін жоққа шығарады, осы заңға бүтіндей қайшы түсінікті қосарлас фактор ретінде апарып теліген болады.

Не қорланған еңбек жанды еңбекпен қатарласып құн жасайды. Бұлай болғанда құн заңы жоғалады.

Не болмаса ол құн жасамайды. Онда Шмидттің дәлелдері құн заңымен сныспайды.

Есепті шешуге өте жақындап қалған сәтінде Шмидт дұрыс жолдан тайды, өйткені қайткенде де әрбір жеке товардың орта бағасының құн заңымен сәйкестігін көрсетуге мүмкіндік беретін математикалық формула табу керек деп ойлады. Бірақ

бұл жерде нысанаға өте жақындап келіп, жалған жолға түсіп кеткен болса, кітапшаның кейінгі жағының мазмұны оның бұдан арғы қорытындыларды «Капиталдың» алғашқы екі кітабын соншалықты ұғынып жасағанын көрсетеді. Шмидт пайда нормасының осы уақытқа дейін түсіндірілмей келген төмендеу тенденциясының дұрыс түсінігін, үшінші кітабының үшінші бөлімінде Маркс берген түсінікті өз бетімен ашу абыройына ие болды; сондай-ақ өнеркәсіптік қосымша құннан сауда пайдасын шығару және процент пен жер рентасы туралы толып жатқан ескертулер де соның еңбегі, бұл ескертулерде ол Маркстің үшінші кітаптың төртінші, бесінші бөлімдерінде дамытқан нәрсесін күн ілгері айтты.

Кейініректе жазған бір еңбегінде («Neue Zeit» №№ 3 және 4. 1892—1893) Шмидт басқа жолмен шешімге келуге тырысады. Ол жолы мынаған тіреледі: орта пайда нормасын бәсеке белгілейді, өйткені бәсеке капиталды пайдасы төмен өндіріс саласынан артық пайда алынатын басқа салаға құйылуға мәжбүр етеді. Бәсеке — пайданың асқан теңгермешісі екені жаңалық емес. Бірақ Шмидт пайданың бұлай теңдестірілуі мөлшерден артық өндірілетін товардың сатылу бағасын қоғамның сол товар үшін құн заңына сәйкес төлейтін құн мөлшеріне апарып саюмен бірдей етіп көрсетуге тырысады. Мұның да көздеген мақсатқа жеткізбеген себебі кітаптың өзінде Маркс берген түсініктерден әбден айқын көрінеді.

Шмидттен кейін проблемаға *П. Фиреман* кірісті («*Conrads Jahrbücher*», dritte Folge, III, S. 793). Маркс баяндауының басқа жақтары жөніндегі оның ескертпелеріне мен тоқталып жатпаймын. Бұл ескертпелер шынында Маркстің пікір дамытқан жерлерін анықтама деп қате түсінуге, ешқашан өзгермейтін даяр анықтамалар жалпы Маркстен іздесе табылмайтынын түсінбеушілікке негізделеді. Заттар мен олардың өзара қатынасы түпкілікті емес, өзгерістер үстінде болатын қатынастар ретінде қаралатын болса, онда олардың ой жүзіндегі бейнелері де, олар жөніндегі ұғымдар да өзгеріске, құбылысқа ұшырайтыны өзінен өзі түсінікті ғой; олар қатып, семген анықтамаларға тықпаланбайды, қайта олар тарихи және соған сәйкес логикалық құралу процесінде қаралады. Осыны ескерсек, Маркстің жай товар өндірісін тарихи алғы шарт деп танып, бірінші кітабының басын содан бастағанда, содан кейінгі баяндауларында осы базистен капиталға көшкенде, неліктен нақ жай товардан бастағаны, логикалық және тарихи жағынан келгенде екінші формадан, капиталистік түріне түсіп үлгірген товардан неге бастамағаны әрине, түсінікті болады: мұны, әрине, Фиреман ешбір түсіне алмайды. Тағы кейбір келіспеушілік білдіруге желеу бола алатын осындай және басқа

# КАПИТАЛЪ

КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИИ

---

СОЧИНЕНИЕ

КАРЛА МАРКСА

изданное под редакцией Фридриха Энгельса

---

Переводъ съ нѣмецкаго

---

ТОМЪ ТРЕТІЙ

Книга III

ПРОЦЕССЪ КАПИТАЛИСТИЧЕСКАГО ПРОИЗВОДСТВА  
ВЗЯТЫЙ ВЪ ЦѢЛОМЪ.

---

С.-ПЕТЕРБУРГЪ

1896

«Капиталдың» III томының орысша астар беті

жанама жағдайларды былай қоя тұруды жөн көріп, біз тура істің шын мәніне көшеміз. Теория Фиреманды қосымша құнның белгілі бір нормасында қосымша құн пайдаланылған жұмыс күшінің санына пропорциялы болады деп үйретсе, тәжірибе оған пайданың белгілі бір орта нормасында пайда барлық жұмсалған капитал мөлшеріне пропорциялы болады деп көрсетеді. Фиреман мұның себебін былай түсіндіреді: пайда — тек шартты құбылыс (оның ұғымында бұл құбылыс белгілі бір қоғам формациясына тән, сонымен бірге өмір сүрмек те, сонымен бірге жойылмақ); пайданың өмір сүруі тек капиталға байланысты; өзіне пайда келтіруді қамтамасыз етуге күші жеткілікті капитал бәсекенің салдарынан барлық капиталға бірдей пайда нормасын алумен қанағаттануға мәжбүр болады. Пайда нормасы бірдей болмаса, капиталистік өндіріс мүлде болмаған болар еді; өндірістің бұл формасы: пайданың белгілі бір нормасында әрбір жеке капиталистің табатын пайда аумағы тек оның капиталының мөлшеріне байланысты болуға тиіс. Екінші жағынан, пайда қосымша құннан, ақы төленбеген еңбектен құралады. Ал сонда мөлшері еңбекті қанаумен байланысты болатын қосымша құн қалайша мөлшері жұмсалатын капиталдың мөлшеріне байланысты болатын пайдаға айналады?

«Дәнемесі жоқ, былай болады: тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасындағы... қатынас неғұрлым жоғары болатын өндіріс саласының бәрінде товар өз құнынан жоғары сатылады, ал мұның мәнісі сонымен қатар мынадай: тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатынасы  $= c : v$  неғұрлым төмен болатын өндіріс саласында товар өз құнынан төмен сатылады, тек  $c : v$  қатынасы тиянақты орта мөлшер болған жерде ғана товар шын құнына өткізіледі... Жеке бағаның тиісті өз құнымен сәйкеспеуі құн принципін теріске шығарғандық болып табыла ма? Әсте де олай емес. Өйткені бір товардың бағасы оның құнынан қаншалық жоғары болса, басқа бір товардың бағасы өз құнынан соншалық төмендейді, осының арқасында бағаның жалпы сомасы құнның жалпы сомасына тең болып қала береді... сайып келгенде әлгі сәйкеспеушілік жойылады». Мұндай сәйкеспеушілік «қарсылық» қатарына жатады; «бірақ дәл ғылымдарда алдан болжауға болатын қарсылық әдетте белгілі заңды ешқашан теріске шығару деп танылмайды» [806, 808-беттер].

IX тараудың тиісті жерлерін осымен салыстырсаңыз, Фиреманның бұл арада шынында өзекті пунктті қозғағанын көресіз. Бірақ проблеманың толық және айқын шешімін табу үшін Фиреманға бұл ашқан жаңалығынан кейін де тағы қаншама дәнекер түйіндер тәуі керек болар еді, мұны оның соншалық маңызды мақаласының орынсыз салқын қабылданғаны көрсетіп отыр. Бұл проблемаға қаншалық көп адам көңіл аударғанымен, бәрі де одан шоқ басатындай әлі де жүрексінді. Ал мұның өзі Фиреманның ашқан жаңалығын шала формада



ұсынғандығынан ғана емес, сонымен қатар Маркстің пайымдауын оның сөзсіз шала түсінгендігінен және ол пайымдауды осы шала түсінікке сүйеніп жаппай сынауының кемістігінен болып отыр.

Егер қиын бір мәселеде шатасудың реті келсе болды, Цюрих профессоры *Юлиус Вольф* мырза ондайдан ешқашан қарап қалмайды. Бүкіл проблема, дейді ол бізге («*Conrads Jahrbücher*», dritte Folge, II, 1891, S. 352 und ff.), относителді қосымша құнның көмегімен шешіледі. Относителді қосымша құн өндіру өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталды көбейтуге негізделеді.

«Тұрақты капиталдың өсуі жұмысшылардың өндіргіш күшінің үстеме өсуін керек етеді. Бірақ өндіргіш күштің бұл үстеме өсуі (тіршілік заттарын арзандату жолымен) қосымша құнның үстеме өсуін туғызатындықтан, қосымша құнның артуы мен жиынтық капиталдағы тұрақты капитал үлесі артуының арасында тікелей қатынас орнайды. Тұрақты капиталдың көбеюі еңбектің өндіргіш күші артқанын көрсетеді. Сондықтан өзгермелі капитал бір қалпында қалып, ал тұрақты капитал өсіп отырған жағдайда қосымша құн Маркстің айтуына сәйкес өсуге тиіс. Бізге, міне, осындай мәселе қойылған-ды» [358-бет].

Рас, Маркс бірінші кітаптың жүздеген жерінде бұған тура қарама-қарсы пікір айтады; рас, өзгермелі капитал азая түссе, онда, Маркстің айтуынша, относителді қосымша құн тұрақты капиталдың өсуіне тура пропорциялы түрде өседі-міс деген пікірдің ғажаптығы сондай, бұған парламентте айтылатын сыпайы сөз табу қиынға соғады; рас, Юлиус Вольф мырзаның абсолютті қосымша құннан да, относителді қосымша құннан да относителді түрде де, абсолютті түрде де ештеме түсінбегені оның жазған әрбір жолынан айқын көрінеді; рас, оның өзі былай дейді:

«Алғаш қарағанда-ақ бұл жерде нағыз бір жөн-жосықсыз нәрселердің шеңберіне шырмалғандай боласын» [361-бет].

осы орайда, айта кету керек, оны бүкіл мақаласындағы бірден-бір дұрыс айтылған сөз осы ғана. Ал бұдан не шықты сонда? Юлиус Вольф мырза өзінің даналық жаңалығына риза болғаны сонша, тіпті сол үшін ол қайтыс болған Марксті мадақтамасқа және өзінің осы жосықсыз шатағын былай деп дәріптемеске шарасы жоқ:

«бұл оның (Маркстің) капиталистік экономиканы сынау жүйесін сондай алғыр және көрегендікпен жазғанына тағы бір айғақ!»

Кейінгісі бұдан да асып түседі: Вольф мырза былай дейді:

«Рикардо екі ереже ұсынды. Біріншіден: бірдей көлемде жұмсалған капитал — бірдей көлемдегі қосымша күн (пайда), екіншіден: бірдей көлемде жұмсалған еңбек — бірдей көлемдегі (аумағы жағынан) қосымша күн. Сонда мәселе бірімен бірі қалай үйлеспек дегенге келіп тірелетін. Алайда Маркс мәселенің бұлай қойылуына қосылмайды. Екінші пікір күн заңының сөзсіз салдары болып табылмайтынын, бұл тіпті өзіндік күн заңына қайшы келетінін, демек... оны түп-тура теріске шығару керектігін *ол күмәнсыз көрсетті (үшінші кітапта)*» [366-бет.]

Ал бұдан кейін ол біз екеуміздің қайсымыз адастық, мен бе, әлде Маркс пе, осыны зерттейді. Өзінің адасып отырғаны, әрине, оның ойына да кіріп шықпайды.

Егерде мен осы бір керемет пікір жайында жалғыз ауыз сөз айтпақ болсам, оным оқушыларымды қорлағандық және жағдайдың мейлінше күлкілі екендігін түсінбегендік болар еді. Мен бұған тек мынаны қосамын: ол сонау бір кезде-ақ «Маркс үшінші томында күмәнсыз көрсетті» дегенді реті келген жағдайда ол шімірлікпей қалай соқса, енді бірде Конрад Шмидттің жоғарыда айтылған еңбегін «Энгельс түп-тура датады» [366-бет] деген профессордың өсегін дәл солай соғады. Юлиус Вольф мырза! Сіз өмір сүріп, әрекет етіп отырған ортада, мүмкін біреулер басқалардың алдына жария түрде мәселе қойып, оның шешімін етене достарына астыртын айтып қоятын әдет бар да шығар. Мұндайға ұста екеніңіз жөнінде мен сізге кәміл сенемін. Ал енді мен жүрген ортада адамның ондай пасықтыққа бара алмайтынын сізге осы алғы сөз дәлелдесе керек.

Маркс қайтыс болысымен-ақ іле-шала *Акилле Лориа* мырза «Nuova Antologia»-да ол туралы мақала жариялады (апрель, 1883 жыл)<sup>6</sup>; онысы алғашында жалған мәліметтерге толы өмірбаян еді, кейін қоғамдық, саяси және әдеби қызметіне берілген сын болды. Маркстің тарихты материалистік тұрғыдан түсінуін өзеурей бұрмалап, өнін айналдырғаны соншалық, тіпті онысынан арам ойы айқын сезіліп тұр. Ол осы ойына жетіп те үлгеріпті: 1886 жылы тағы сол Лориа мырза «La teoria economica della costituzione politica» деген кітап шығарып, онда Маркстің тарихи теориясын, баяғы 1883 жылы өзі соншама қазымырлап, қасақана бұрмалайтын теорияны өзім аштым деп жариялап, замандастарының аузын аштырып, көзін жұмдырды. Әрине, Маркстің теориясын ол мұнда көпекөрнеу филистерлік дәрежеге түсірген; тарихи дәлелдемелер мен мысалдар да тіпті төртінші класс оқушысына кешірілмейтін қателерге толы; бірақ оның бәрін Лориа қайтсін? Саяси жағдайлар мен оқиғалар қашан және қайда болмасын, тиісті экономикалық жағдайларға байланысты болады деген жаңалықты, жоғарыда айтылған кітаптың ежіктеуінше, 1845 жылы Маркс емес, 1886 жылы Лориа мырза ашқан көрінеді. Басқа-

ны болмағанымен, ол өз отандастарын осыған ұйытып иландырды, ал кітабы француз тілінде шыққаннан бергі жерде — кейбір француздарды да ұйытса керек, ендігі жерде Италиядағы социалистер *illustre\** Лорианың ұрлап таққан үкісін жұлып алғанға дейін ол жақта да жаңа белесті тарихи теорияның авторымын деп күпси тұруына болады.

Бірақ бұл өзі Лориа мырзаның машық еткен әдістерінің бір кішкентай пұшпағы ғана. Ол бізге Маркстің теориясы түгелінен *әдейі* софизмге негізделген (*un consaputo sofisma*); Маркс тіпті *солай екенін біле тұрғанның* өзінде де (*sapendoli tali*) паралогизмдерден тартынбаған, т. т. деп сендірмек болады. Сөйтіп Марксті дәл біздің падуялық профессор қолданып жүргендей мардымсыз, жарамсыз алааяқтық әдістеріне сүйеніп, мардымсыз нәтижелеріне жететін *à la* Лориа мансапқор етіп көрсету үшін қажеттінің бәрін жоғарыдағы секілді толып жатқан пасықтық көкімелерде өз оқушыларына жеткізгеннен кейін, енді ол бұларға бір маңызды құпияны айтуға кіріседі, сонымен бірге бізді де пайда нормасына қайта оралтады.

Лориа мырза былай дейді: Маркстің пікірінше, капиталистік өнеркәсіп кәсіпорнында өндірілген қосымша құнның (мұны Лориа мырза бұл жерде пайда деп түсінеді) аумағы онда қолданылған өзгермелі капиталға байланысты, өйткені тұрақты капитал ешқандай пайда келтірмейді. Бірақ бұл шындыққа қайшы келеді, өйткені практика пайданың өзгермелі капиталға емес, жиынтық капиталға байланысты екенін көрсетеді. Мұны Маркстің өзі де көріп отыр (I, XI тарау)<sup>9</sup> және сырт қарағанда фактілер оның теориясына қайшы келетінін мойындайды. Ал сонда бұл қайшылықты ол қалай шешеді? Оқушыларын әлі жарық көрмеген келесі томға сілтейді. Лориа бұл том туралы бұдан өз оқушыларына бұрын да айтқан болатын: Марксте оны жазамын деген титтей де ой болды дегенге өз басым сенбеймін деген, енді ол масаттанып былай соғады:

«Сонымен Маркс өзіне қарсыларға ылғи айқын қылып, қорқытып келген, бірақ ешуақытта жарық көрмекші емес осы екінші том, бұл том, тегінде, Маркстің ғылыми дәлелдері жетпей қалған реттерде жармаса қоятын қулықты айласы болуы әбден ықтимал дегенім әділ болған» (*un ingognoso spediante ideato dal Marx a sostituzione degli argomenti scientifici*)».

Енді осыдан кейін де Маркстің *illustre* Лориа сияқты ғылымдағы алааяқтық дәрежеде тұрғанына көзі жетпейтін адам болса, оны жөндеуге ешқандай дауа жоқ.

Сонымен, біздің білгеніміз мынау: Лориа мырзаның пікі-

\* — атақты *Ред.*

рінше, Маркстің қосымша құн теориясы жаппай тең пайда нормасы фактісімен мүлде үйлеспейді. Ал қазір екінші кітапта, сонымен бірге, нақ осы пункт туралы жұрт алдында мен қойған мәселе де<sup>10</sup> жарық көріп отыр. Егерде Лориа мырза біз секілді момын немістің бірі болса, біраз қысылған да болар еді. Бірақ ол — оңтүстіктің қайсары, ауа райы ыстық елден шыққан\* адам, ал ол жақта, Лорианың өзі айтуынша, бетсіздік белгілі дәрежеде табиғи жағдай болып есептелді білем. Пайда нормасы туралы мәселе жұрт алдында ашық қойылған. Лориа мырза оны шешуге болмайтын мәселе деп жұрт алдында ашық жариялаған. Міне сондықтан да ол қазір мұны жұрт алдында шешіп, өзінің айтқанынан өзі асып түсетін болып отыр.

Мұндай керемет «*Conrads Jahrbücher*», neue Folge, Bd. XX [1890]. S. 272 und ff, Конрад Шмидттің жоғарыда айтылған еңбегі туралы мақалада жасалды. Сауда пайдасы қалай жасалатынын Шмидттен біліп алғаннан кейін-ақ оған бәрі айқын бола кетті.

«Құнды жұмыс уақытымен анықтау өз капиталының үлкен бөлігін жалақыға жұмсайтын капиталистерге артықшылық беретін болғандықтан, өнімсіз» (саудадағы — деп айту керек) «капитал осы артықшылықты пайдаланушы капиталистерді өзіне неғұрлым жоғары процент» (пайда — деп айту керек) «төлеуге мәжбүр етеді, сөйтіп жеке өнеркәсіп капиталистері арасында тепе-теңдік орнатады... Мысалы, егер өнеркәсіп капиталистері А, В, С әрқайсысы өндіріске 100 жұмыс күнін және тиісінше 0, 100 және 200 тұрақты капитал жұмсайтын болса, ал 100 жұмыс күні үшін төленетін жалақыда 50 жұмыс күні ғана болса, онда әрбір капиталист 50 жұмыс күнінің қосымша құн алады, ал пайда нормасы капиталистің біріншісі үшін 100%, екіншісі үшін 33,3% және үшіншісі үшін 20% болады. Ал енді егер төртінші капиталист Д 300 өнімсіз капитал жинап, капиталист А-дан құны 40 жұмыс күнінің процент» (пайда) «және капиталист В-дан құны 20 жұмыс күнінің процент алу талабын қоятын болса, онда капиталист А мен В-ның пайда нормасы, С-тікі сияқты, 20%-ке дейін төмендейді де, 300 капиталы бар капиталист Д 60% пайда, яғни, басқа капиталистер сияқты, 20% пайда нормасын алады».

Бұдан он жыл бұрын өзі шешуге болмайды деп жариялаған бәз-баяғы мәселесін illustre Лориа осындай керемет ептілікпен көзді ашып-жұмғанша шешіп тастайды. Өнеркәсіпшілерден орта пайда нормасынан асып түсетін әлгі қосымша пайдасын алып қою былай тұрсын, оны арендатордың қосымша пайдасын жер рентасы түрінде өз қалтасына салатын жер меншікшісі тәрізді, дәл солай жаңағы қосымша пайданы өз қалтасында сақтап қала алатын күшті «өнім бермейтін ка-

\* Сөз мағынасының құбылуы: „Uavertroenheit“ «бетсіз» және «тоқбайтын» деген мағынаны білдіреді. *Ред.*

питал» қайдан алады деген құпияны, амал не, Лориа мырза бізге ашпайды. Расында да, бұлай болғанда көпестер өнеркәсіпшілерден дәл жер рентасына ұқсас алым алған болар еді де, осындай жолмен орта пайда нормасын белгілеген болар еді. Әрине, сауда капиталы пайданың жалпы нормасын белгілеуде өте елеулі фактор, бұл кімге болса да аян. Бірақ сауда капиталының бойында жалпы пайда нормасынан асып түсетін бүкіл басы артық қосымша құнды қылғып қоятын, айта берсе, оны тіпті белгіленбей тұрып қылғытын, сонсоң оны өзінің жер рентасына айналдыратын және де ол үшін өзінде ешқандай меншікті жер болуын қажет етпейтін сиқырлы күш бар деп, тегінде, бүкіл саяси экономияға іштей пысқырып қарайтын әдебиет авантюрисі ғана айта алса керек. Оның мына пікірі бұдан да сорақы: сауда капиталы ылғи қосымша құны тек орта пайда нормасына жетіп жығылатын өнеркәсіпшілерді іздеп табады да, ол Маркстің құн заңы құртқан осы сорлылардың өнімдерін тегін, тіпті ешқандай комиссиялық төлемсіз сатып беріп, оларға түскен ауыртпалықты біраз жеңілдетуді өзіне абырой санайды-мыс деп соғады. Маркс осындай бишаралық фокуске мұқтаж болды деп көку үшін қандайлық алааяқ болу керек десеңізші!

Алайда біздің illustre Лориамыз солтүстіктегі өз бәсекелестерімен, мысалы Юлиус Вольфпен салыстырғанымызда ғана бар даңқымен жарқырап көріне алады, ал Вольфтің өзі де дүниеге кеше ғана келген жоқ. Ал енді сөйткен Вольф тіпті сонау «Sozialismus und kapitalistische Gesellschaftsordnung» деген қалың кітабымен қоса-қабат алып, итальяндықпен қатар қойғанда жай ғана жаяу өтірікші болып шығатынын қайтерсің! Барлық басқа адамдар қандай болса, артық та емес, кем де емес, Маркс те дәл сондай адам дегенді, Лориа мырзаның өзі қандай болса, Маркс те дәл сондай білікті софист, паралогист, мақтаншақ және алааяқ дегенді, Маркс қиыншылыққа кезіксе-ақ болды, жұртқа теорияның жалғасын келесі томда жазамын деген уәдесін ұсынады, ал онысын шығара да алмайды, шығарғысы келіп те жүрген жоқ, мұны оның өзі де жақсы біледі дегенді маэстро тап бір бесенеден белгілі нәрседей сондайлық маңғаздана көйткенін көргенде, мынау Вольф қаншалықты дәрменсіз (мен тіпті қаншалықты мүләйім деп қала жаздадым) болып шығады десеңізші! Асқан жаужүректік, оған қоса су жұқтырмас ғажап жылпостық, ең қиын жағдайдан сытылып шыға алатын әккілік, тепкілеп жатсаң да елең қылмайтын өлермен егестік, бөтеннің еңбегін дереу иемденгіш сұғанақтық, жарнамамен атақ шығарғыш алааяқтық, достарын даурықтырып, абыройды қолдан жасаушылық — міне осының барлығына ұста оған кім тең келмек?

Италия — классика санатының елі. Қазіргі дүниенің таңы атқан сонау ұлы заманнан бері, Дантеден бастап Гарибальдиға дейін, бұл ел қол жетпес классикалық мінсіздіктің алып тұлғаларын туғызды. Бірақ та қорлық пен жатжұрттық үстемдік меңдеген замандар бұл елде басқа да бір классикалық бейнелер қалдырды, солардың ішінде ерекше оқшау тұрған екі тип: Станарель мен Дулькамара<sup>11</sup>. Бұл екеуінің классикалық егіз бейнесі, көріп отырмыз, біздің illustre Лориаға айнымай дарыған.

Сөзімнің аяғында мен оқушыларымды мұхиттың арғы бетіне апаруға тиіспін. Нью-Йоркте медицина докторы *Георг Штибелинг* мырза да мәселенің шешімін тапқан, тапқанда да барынша оңай шешімін тапқан. Оңайлығы сонша, мұхиттың арғы бетінен де, бергі бетінен де бірде-бір адам оны танығысы келген жоқ, сол себептен де ол тұла бойын ашу кернеп, мұхиттың екі жағында да өзінің үсті-үстіне тоғытқан кітапшалары мен газет мақалаларында осы әділетсіздікке қатты ренжитінін білдірді. «Neue Zeit»-те оның барлық шешімі жансақ есепте негізделгені айтылып еді<sup>12</sup>, бірақ бұған ол айылын да жиған жоқ. Маркс те есептен қателескен, алайда көп нәрсе жөнінде оның айтқаны дұрыс болып шықты ғой, дейді. Сонымен, Штибелингтің шешімін қарап көрейік:

«Мен бірдей капиталы бар, жұмыс істейтін уақыты бірдей, бірақ тұрақты капитал мен өзгермелі капитал қатынасы жағынан әр түрлі екі фабриканы аламын. Барлық капиталды  $(c+v)$  мен  $= y$  деп аламын да, тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатысы жөніндегі айырмашылықты  $x$  арқылы белгілеймін. I фабрика үшін  $y=c+v$ ; II фабрика үшін  $y=(c-x)+(v+x)$ . Демек, қосымша құн нормасы I фабрика үшін  $= \frac{m}{v}$  ал II фабрика үшін  $= \frac{m}{v+x}$  Белгілі уақыт ішінде жиынтық капитал  $y$ -ға яғни  $c+v$ -ға қосылатын жиынтық қосымша құнды ( $m$  мен пайда ( $p$ ) деп атаймын; демек,  $p=m$ . Сондықтан пайда нормасы I фабрика үшін  $= \frac{p}{y}$  немесе  $\frac{m}{c+v}$ . II фабрика үшін де дәл сондай  $= \frac{p}{y}$ , немесе  $\frac{m}{(c-x)+(v+x)}$  яғни дәл сондай  $= \frac{m}{c+v}$ . Демек, проблема былайша шешіледі: құн заңы негізінде біркелкі капитал мен біркелкі уақыт пайдаланылып, ал бірақ жанды еңбек әркелкі болса, онда орта пайда нормасының бірдейлігі қосымша құн нормасының өзгеруінен болады» (G. C. Stiebeling. «Das Werthgesetz und die Profitrate». New York [1890, S. 1]).

Жоғарыда келтірілген есеп қандай тамаша, қандай айқын болғанымен, біз д-р Штибелинг мырзаға *бір* сұрақ қоюға мәжбүр болып отырмыз: I фабрика өндіретін қосымша құн сомасы II фабрикада өндірілген қосымша құн сомасына аттай

тепе-тең екенін ол қайдан біледі?  $c$ ,  $v$ ,  $u$  және  $x$  жөнінде, демек, есептің барлық басқа факторлары жөнінде ол бізге бұлар екі фабрикада да бірдей мөлшерде дегенді ашық айтады, ал  $m$  туралы жұмған аузын ашпайды. Алайда ол қосымша құнның осында айтылып отырған екі мөлшерін алгебралық  $m$  арқылы белгілегенімен бұдан оның сыры ашылмайды. Қайта, дәлелденуге тиісті нәрсенің өзі де дәл осы, олай дейтініміз: Штибелинг мырза, ай-шай жоқ, пайда  $p$ -ны да қосымша құнмен бір бәс деп біледі. Бұл жерде тек екі жағдай болуы мүмкін: не екі  $m$  теңбе-тең, әрбір фабрика бірдей көлемде қосымша құн өндіреді, демек біркелкі жалпы капитал болған жерде — пайданың көлемі де бірдей болады, ал бұл ретте Штибелинг мырза әлі дәлелдеуге тиісті нәрсесін күні бұрын жорамалдаған болып шығады; немесе бір фабрика қосымша құн сомасын екіншісінен көп өндіреді, ал бұл ретте оның барлық есебі күйрейді.

Штибелинг мырза өзінің осы қатесінің үстіне үйіп-төге беруге еңбегін де, күшін де аямаған, сонда ол осыншама шымшытырық есепті сол күйінде жұртқа ұсынам деп ойлаған. Мен оған мынадай көңіл жұбатарлық басалқы айтуыма болады: бұл есеп-қисап түгелінен дерлік теріс, ал әлдеқалай дұрыс бола қалған жерінде мұнысы оның дәлелдемек болғанынан мүлде басқа бір нәрсені көрсетеді. Мысалы, 1870 және 1880 жылдардағы америкалық цензидің мәліметтерін салыстыра келіп, ол пайда нормасының іс жүзінде төмендеп кеткенін айтады, бірақ ол мұны мүлде қате түсіндіреді, сөйтеді де Маркстің ешқашан өзгермейтін, қозғалмайтын пайда нормасы жөніндегі теориясын практика негізінде түзету керек деп түйеді. Ал мына ұсынылып отырған үшінші кітаптың үшінші бөлімінен әлгі Маркске жапсырылып отырған «қозғалмайтын пайда нормасы» дейтіннің түгелдей ойдан шығарылғанын және пайда нормасының төмендеу тенденциясы д-р Штибелинг келтірген себептерге, мүлде қарама-қарсы себептерге негізделетінін көреміз. Д-р Штибелинг мырзаның ниеті ізгі екенінде күмән жоқ, бірақ, ғылыми мәселемен шұғылданғың келеді екен, онда ең алдымен пайдаланбақ болған шығармаларыңды авторы қалай жазса, дәл солай оқи білу қажет және де ең алдымен оларда жоқ нәрсені ойдан қосып алмау қажет.

Бүкіл зерттеудің қорытындысы: қойылған мәселе жөнінде де, айналып келгенде, бірдемелер тындырған тек Маркстің мектебі. Фиреман мен Конрад Шмидт осы үшінші кітапты оқи отырып, әрқайсысы өз еңбектерінің тиісті бөлігіне әбден ризалық білдіруіне болады.

ҮШІНШІ КІТАП

**ТҮТАС АЛЫНҒАН  
КАПИТАЛИСТІК  
ӨНДІРІС ПРОЦЕСІ**

*БІРІНШІ БӨЛІМ*



## БІРІНШІ БӨЛІМ

## ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ПАЙДАҒА ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА АЙНАЛУЫ

## БІРІНШІ ТАРАУ

### ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ПАЙДА

Тікелей өндіріс процесі ретінде дербес алынған капиталистік *өндіріс процесіне* жататын құбылыстар бірінші кітапта зерттелген, ал оған жат жағдайлардың жанама әсерлері түгелдей қалыс қалдырылған болатын. Бірақ осы тікелей өндіріс процесімен капиталдың өмір жолы әлі бітпейді. Шындық дүниеде ол *айналыс процесімен* толығады, бұл жағы екінші кітаптың зерттеу мәселесі болған. Онда, атап айтқанда, үшінші бөлімде, айналыс процесін қоғамдық ұдайы өндіріс процесінің дәнекері ретінде қарағанда, тұтас алынған капиталистік өндіріс процесі дегеніміз өндіріс пен айналыс процесінің бірлігі болып шыққан. Осы үшінші кітапта әңгіме болатын нәрсеге келетін болсақ, мұның өзі сол бірлік жөніндегі жалпы пікірлермен тынып қоймайды. Қайта, бұл жерде *тұтас қаралып отырған капитал қозғалысының процесінен* туатын нақты формаларды тауып, көрсету қажет. Өзінің нағыз қозғалысында капиталдар сондай нақты формаларда бір-біріне қарсы тұрады, оларға қарағанда капиталдың тікелей өндіріс процесіндегі түрі [Gestalt], сондай-ақ оның айналыс процесіндегі түрі тек ерекше кезеңдер ретінде көрінеді. Сонымен біздің осы кітапта баяндайтынымыздай, капиталдың өзгерген түрлері қоғамда түрлі капиталдардың бір-біріне әсер етуінде, бәсекеде және өндіріс агенттерінің дағдылы санасында көрініс беретін формаларына бірте-бірте жақындай түседі.

Капиталистік әдіспен өндірілген товар ( $W$ ) атаулының құны мына формуламен білдіріледі:  $W = c + v + m$ . Егер өнімнің осы құнынан қосымша құн  $m$ -ді шегерсе, онда тек эквивалент немесе товардағы өндіріс элементтері түрінде жұмсалған капитал құны  $c + v$ -ның орнын толтыратын құн қалады.

Егер, мысалы, белгілі бір товарды өндіруге 500 фунт стерлинг капитал жұмсалса: еңбек құралдарының тозуына 20 ф. ст., өндіріс материалдарына 380 ф. ст., жұмыс күшіне 100 ф. ст., жұмсалса және де қосымша құн нормасы 100% болса, онда өнім құны  $= 400_c + 100_v + 100_m = 600$  фунт стерлинг.

100 ф. ст. қосымша құнды шегергеннен кейін 500 ф. ст. товар құны қалады, ол жұмсалған 500 фунт стерлинг капиталдың орнын ғана толтырады. Товар құнының тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы мен пайдаланылған жұмыс күші бағасының орнын толтыратын бұл бөлігі товар капиталистің өзіне қаншаға түссе, тек соның ғана орнын толтырады, сондықтан да ол үшін товар өндіру шығындары пайда болады.

Капиталист үшін товардың қаншаға түсетіні және товар өндірудің өзі қаншаға түсетіні қалай болғанда да — мүлде екі түрлі көлем. Товар құнының қосымша құннан құралатын бөлігі капиталиске тегін түседі, өйткені ол жұмысшыға ақы төленбеген еңбектен құралады. Бірақ капиталистік өндіріс негізінде өндіріс процесіне қатысқан жұмысшының өзі қызмет атқаратын және капиталиске тиісті өндіргіш капиталдың құрамды бөлегіне айналатын болғандықтан, демек товарды шын өндіруші капиталист болып табылатындықтан, оған товар өндіру шығындары сөзсіз сол товардың нағыз өз құны [Kost] болып көрінеді. Егер біз өндіріс шығындарын  $k$  деп атасақ, онда:  $W = c + v + m$  формуласы  $W = k + m$  формуласына айналады, немесе товар құны = өндіріс шығындары + қосымша құн.

Сондықтан товар құнының, оны өндіруге жұмсалған капитал құнының орнын ғана толтыратын түрлі бөліктерін өндіріс шығындары категориясына жатқызу, бір жағынан, капиталистік өндірістің ерекше сипатын білдіреді. Товардың капиталистерге қаншаға түсетіні жұмсалған *капиталмен* өлшенеді; товардың шынында қанша тұратыны — жұмсалған *еңбекпен* өлшенеді. Сондықтан товар өндірісінің капиталистік шығындары сан жағынан алғанда товардың құнынан, немесе оны өндірудің нақты шығындарынан өзгеше; ол шығындар товар құнынан аз, өйткені  $W = k + m$  десек, онда  $k = W - m$ . Екінші жағынан, товардың өндіріс шығындары капиталистік есеп-қисапта ғана болатын рубрика емес. Құнның бұл бөлігінің оқшаулануы товардың шын ұдайы өндірісінде практика жүзінде ылғи көрініп отырады, өйткені бұл бөлік айналыс процесі арқылы өзінің товар формасынан қайта-қайта өндіргіш капитал формасына айналып отыруға тиіс, демек, товар өндірісіне

К.Т.

Дәріс №: 2011жылғы 2011жылғы.

Көпшілік құқықтары туралы.

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігі (өзіне тән) және өзіндік мемлекеттік билікті жүзеге асыруға құқығы бар екендігі айтылған. Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі - мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі. Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі дегеніміз - мемлекеттік биліктің бір ғана билеушісі болуы және оның билігінің мемлекет аумағындағы барлық билік билеушілеріне берілуі.

Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі болып табылады. Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі болып табылады. Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі болып табылады.

Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі болып табылады. Мемлекеттік биліктің бірлік пен біріктірілгендігі мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігінің негізгі белгісі болып табылады.

К. Маркс «Капиталының» III томы  
қолжазбасының бірінші беті

тұтынылған өндіріс элементтерін өндіріс шығындарына қайта-қайта сатып алып отыру қажет болады.

Мұның керісінше, өндіріс шығындары категориясының товар құнының жасалуына немесе капитал құнының өсу процесіне ешқандай қатысы жоқ. Егер мен 600 ф. ст. товар құнының  $\frac{5}{6}$  бөлігі, яғни 500 ф. ст. эквивалент қана екенін, жұмсалған 500 ф. ст. капиталдың орнын толтыратын құн екенін, сондықтан да бұл капиталдың затқа айналған элементтерін қайта сатып алуға ғана жеткілікті екенін білсем, мен жалғыз осыған қарап товар құнының оны өндіру шығындары болып табылатын осы  $\frac{5}{6}$  бөлігінің қалай өндірілгенін де, қосымша құн болып табылатын соңғы алтыдан бір бөлегінің қалай өндірілгенін де әлі біле алмаймын. Алайда, капиталистік шаруашылықта өндіріс шығындары құн өндірудің өзіне қатысты категория болып жалған көрініс алатындығын зерттеу көрсетеді.

Мысалымызға қайтып оралайық. Егер біз бір жұмысшының қоғамдық орташа жұмыс күні ішінде өндірген құны 6 шилл. = 6 марка ақша сомасында болады деп ұйғарсақ, онда авансыланған капитал 500 ф. ст. =  $400_c + 100_v$  он сағаттық жұмыс күнінің  $1\frac{666}{3}$  бөлегінде өндірілген құн болып табылады, ал оның ішінде жұмыс күнінің  $1\frac{333}{3}$  бөлегі өндіріс құрал-жабдықтары құнына айналады, ол =  $400_c$ , жұмыс күнінің  $\frac{333}{3}$  бөлегі жұмыс күші құнына айналады, ол =  $100_v$ . Демек, егер қосымша құн нормасы = 100% болса, онда жаңадан жасалатын товардың өзін өндіру мынадай жұмыс күшін жұмсауды керек етеді =  $100_v + 100_m$  = он сағаттық жұмыс күнінің  $\frac{666}{3}$  бөлігі.

Әрі қарай, бізге мынау белгілі (қараңыз: «Капитал», I кітап, VII тарау, 173 және келесі беттер<sup>13</sup>): жаңадан өндірілген 600 ф. ст. өнімнің құны мынадан құралады: 1) өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалып, қайта оралатын 400 ф. ст. тұрақты капитал құны және 2) 200 фунт стерлинг жаңадан өндірілген құн. Товар өндірудің 500 ф. ст. шығындарына қайтадан пайда болған  $400_c$  және жаңадан өндірілген 200 ф. ст. құнның жартысы (=  $100_v$ ), демек, товар құнының жаратылысы жағынан мүлде әр түрлі екі элементі кіреді.

Он сағаттық күнінің  $\frac{666}{3}$  бөлігінде жұмсалған еңбектің мақсатты сипаты арқасында, тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының 400 ф. ст. сомалық құны сол өндіріс құрал-жабдықтарынан өнімге көшеді. Сондықтан сол ескі құн өнім құнының құрамды бөлігі ретінде қайтадан пайда болады, бірақ ол осы товарды өндіру процесінде тумайды. Оның товар құнының құрамды бөлігі ретінде болатын себебі, ол бұрын авансыланған капиталдың құрамды бөлігі ретінде өмір сүрген

болатын. Демек, жұмсалған тұрақты капиталдың орны товар құнының сол товар құнына мұның өзі апарып қосатын бөлігімен толады. Сонымен, өндіріс шығындарының осы элементінің екі түрлі мәні бар: бір жағынан, ол товар өндірісінің шығындарына кіреді, өйткені товар құнының жұмсалған капиталдың орнын толтыратын құрамды бөлігі болып табылады; ал екінші жағынан, оның товар құнының құрамды бөлігі болатын себебінің өзі — ол жұмсалған капиталдың құны болып табылатындығынан, немесе өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі бір бәсі болатындығынан.

Өндіріс шығындарының басқа құрамды бөлігі бұған мүлде керісінше күйде болады. Товарды өндіру кезінде жұмсалған еңбек күнінің  $66\frac{2}{3}$  бөлігі 200 фунт стерлинг жаңа құн жасайды. Осы жаңа құнның бір бөлігі тек авансыланған 100 ф. ст. өзгермелі капиталдың, немесе қолданылған жұмыс күші бағасының орнын толтырады. Бірақ осы авансыланған капитал құны жаңа құн жасауға тіпті де кірмейді. Капиталды авансылағанда жұмыс күші құн ретінде қаралады, бірақ өндіріс процесінде ол құн жасаушы ретінде қызмет етеді. Капиталды авансылағанда көрінетін жұмыс күші құнының орнына нағыз *қызмет атқаратын* өндіргіш капиталда құн жасайтын нақты жұмыс күшінің өзі бой көрсетеді.

Товар құнының өндіріс шығындарын бірлесіп құрайтын осы әр алуан құрамды бөліктері арасындағы айырмашылық құнның мөлшерінде: бір ретте — капиталдың жұмсалған тұрақты бөлігінде, екінші ретте — жұмсалған өзгермелі бөлігінде өзгеріс болған кезде-ақ бірден көзге түседі. Белгілі бір өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы, немесе капиталдың тұрақты бөлігі 400 ф. стерлингтен 600 ф. стерлингке дейін өсті, немесе, керісінше, 200 фунт стерлингке дейін кеміді, делік. Бірінші ретте товардың өндіріс шығындары ғана 500 ф. стерлингтен  $600_c + 100_v = 700$  ф. ст. дейін өсіп қоймайды, оның үстіне товар құнының өзі де 600 ф. стерлингтен  $600_c + 100_v + 100_m = 800$  фунт стерлингке дейін көтеріледі. Екінші ретте өндіріс шығындары ғана 500 ф. стерлингтен  $200_c + 100_v = 300$  ф. стерлингке-дейін кеміп қана қоймайды, оның үстіне товар құнының өзі де — 600 ф. стерлингтен  $200_c + 100_v + 100_m = 400$  фунт стерлингке дейін кемиді. Жұмсалған тұрақты капитал өз құнын өнімге көшіретіндіктен, басқа жағдайлары бірдей келсе, өнім құны осы капитал құнының абсолютті мөлшері өзгеруіне сәйкес өседі немесе құлдырайды. Мұның керісінше, басқа жағдайлары бірдей келсе, жұмыс күнінің бұрынғы аумағының бағасы 100 ф. стерлингтен 150 ф. ст. дейін өседі немесе, мұның керісінше, 50 фунт стерлингке дейін құлдырайды деп ұйғаралық. Өндіріс шығындары бірінші ретте 500 ф. стерлингтен

$400_c + 150_v = 550$  ф. ст. дейін өсіп, екінші ретте 500 ф. стерлингтен  $400_c + 50_v = 450$  ф. стерлингке дейін құлдырайды, бірақ товар құны екі ретте де өзгеріссіз қалады, ол = 600 фунт стерлинг: бірінші ретте =  $400_c + 150_v + 50_m$ , екінші ретте =  $400_c + 50_v + 150_m$ . Авансыланған өзгермелі капитал өз құнын өнімге қоспайды. Қайта, оның құнының орнына өнімге еңбек жасаған жаңа құн кірді. Сондықтан өзгермелі капитал құнының абсолютті мөлшеріндегі өзгеріс жұмыс күшінің бағасындағы өзгерісті ғана білдіреді, ендеше ол өзгеріс товар құнының абсолютті мөлшерін ешбір өзгертпейді, өйткені әрекет етуші жұмыс күші жасаған жаңа құнның абсолютті мөлшерінде ештемені өзгертпейді. Мұның керісінше, мұндай өзгеріс жаңа құнның, екі құрамды бөлігі мөлшерінің қатынасына ғана әсер етеді, ал бұлардың біреуі қосымша құнды құрайды, екіншісі өзгермелі капиталдың орнын толтырады, сондықтан товардың өндіріс шығындарына кіреді.

Өндіріс шығындарының екі бөлігіне — біздің мысалымызда  $400_c + 100_v$  — тек бір ғана ортақ нәрсе бар: бұл екеуі де асылында товар құнының авансыланған капиталдың орнын толтыратын бөліктері.

Бірақ капиталистік өндіріс тұрғысынан қарағанда осы шынайы жағдай қажетті түрде бұрмаланып көрінеді.

Капиталистік өндіріс әдісінің құлдыққа негізделген өндіріс әдісінен өзгешелігі, тегінде мынада: мұнда жұмыс күшінің құны, соған сәйкес бағасы еңбектің құны, соған сәйкес бағасы, немесе жалақы болып көрінеді («Капитал», I кітап, XVII тарау). Сондықтан авансыланған капитал құнының өзгермелі бөлігі жалақыға жұмсалған капитал түрінде, өндіріске жұмсалған бүкіл еңбектің құнын, тиісінше бағасын төлейтін капитал құны түрінде көрінеді. Мысалы, егер біз ұзақтығы 10 сағат орташа қоғамдық жұмыс күні = 6 шиллинг ақша деп ұйғарсақ, онда авансыланған 100 ф. ст. өзгермелі капитал он сағаттық жұмыс күнінің  $333\frac{1}{3}$  бөлегі ішінде өндірілген құнның ақшалай көрінісі болады. Бірақ сатып алынған жұмыс күшінің бұл құны, капиталды авансылау тұсындағы бұл құн шын мәнісінде қызмет атқарушы капитал бөлігіне кірмейді. Оның орнына өндіріс процесіне жанды жұмыс күшінің өзі енеді. Егер осы жанды жұмыс күшін қанау дәрежесі, біздің мысалымыздағыдай 100% болса, онда ол он сағаттық жұмыс күнінің  $666\frac{2}{3}$  бөлімінде жұмсалады да, сондықтан өнімге 200 фунт стерлингтік жаңа құн қосады. Бірақ капиталды авансылағанда 100 ф. ст. өзгермелі капитал жалақыға жұмсалған капитал ретінде, немесе он сағаттық күннің  $666\frac{2}{3}$  бөлігінде жұмсалатын еңбектің бағасы ретінде көрінеді, 100 ф. стерлингті  $666\frac{2}{3}$ -ке бөлгенде, нәтижесі бізге он сағаттық жұмыс күнінің

бағасы ретінде 3 шиллингті, бес сағаттық еңбекпен жасалған құнды көрсетеді.

Егер енді, бір жағынан, авансыланған капиталды, екінші жағынан, товар құнын салыстырсақ, онда біз мынаны көреміз.

- I. Авансыланған 500 ф. ст. капитал = өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған (өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы) 400 ф. ст. капитал + еңбекке жұмсалған (жұмыс күнінің  $666\frac{2}{3}$  бөлігінің бағасы, немесе соған берілген жалақы) 100 ф. ст. капитал.
- II. 600 ф. ст. товар құны = 500 ф. ст. өндіріс шығындары (400 ф. ст., жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы + 100 ф. ст., жұмыс күнінің жұмсалған  $666\frac{2}{3}$  бөлігінің бағасы) + 100 ф. ст. қосымша құн.

Бұл формулада капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігінің капиталдың өндіріс құрал-жабдықтарына, мысалы, мақтаға, немесе көмірге жұмсалған бөлігінен бар айырмасы — тек өндірістің заты басқа элементін төлеуге қызмет етуінде ғана, эсте де товар құнын жасау процесінде, демек, капитал құнын арттыру процесінде қызмет жағынан басқаша роль атқаратындығында емес. Товардың өндіріс шығындарында өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы капиталды авансылағанда қандай болса, дәл сондай түрде қайта өндіріледі, нақ олай болатын себебі, бұл өндіріс құрал-жабдықтары мақсатты пайдаланылды. Дәл сондай-ақ товардың өндіріс шығындарында товар өндірісіне жұмсалған жұмыс күнінің  $666\frac{2}{3}$  бөлігінің бағасы немесе жалақысы капиталды авансылағанда қандай болса, дәл сондай түрде қайта өндіріледі, тағы да нақ бұлай болатын себебі — осы еңбек көлемі мақсатты түрде жұмсалды. Біз тек дайын, нақты құнды — авансыланған капитал құнының өнім құнын жасауға қатысатын бөліктерін көріп отырмыз, ал жаңа құн жасайтын элементті көре алмай отырмыз. Тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың айырмашылығы жойылды. 500 ф. ст. көлеміндегі барлық өндіріс шығындары енді екі түрлі мағынаға ие болады: біріншіден, бұл шығындар 600 ф. ст. товар құнының товар өндіруге жұмсалған 500 ф. ст. капиталдың орнын толтыратын құрамды бөлігі болып көрінеді; екіншіден, товар құнының осы құрамды бөлігінің өмір сүретін бір ғана себебі — ол бұрын өндірістің пайдаланылған элементтерін — өндіріс пен еңбек құралдарын өндіру шығындары ретінде, яғни авансыланған капитал ретінде өмір сүрді. Капитал құны товардың өндіріс шығындары ретінде қайта өндірілетін себебі, ол капитал құны ретінде жұмсалғандығынан болады.





Авансыланған капитал құнының әр түрлі құрамды бөліктерін заты әр түрлі өндіріс элементтеріне — еңбек құралдарына, шикізатқа, қосалқы материалдар мен еңбекке — жұмсалудың келіп туатын бір-ақ нәрсе — товардың өндіріс шығындарына әлгі заты түрліше өндіріс элементтерін қайтадан сатып алуға тура келеді. Мұның керісінше, өндіріс шығындарының өзінің құрылуына келетін болсақ, онда тек бір ғана айырмашылық — негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылық көрініс береді. Біздің мысалымызда 20 ф. ст. еңбек құралдарына жатқызылды ( $400_c = 20$  ф. ст. — еңбек құралдарының тозуы + 380 ф. ст. — өндіріс материалдары). Егер товарды өндіргенге дейін осы еңбек құралдарының құны = 1 200 ф. ст. болса, енді товарды өндіргеннен кейін ол құн екі түрде өмір сүреді: 20 ф. ст. — товар құнының бір бөлігі ретінде, 1 200—20, немесе 1 180 ф. ст. — бұрынғыша капиталистің иелігінде болатын еңбек құралдарының қалған құны ретінде, немесе оның товар капиталы құнының емес, өндіргіш капитал құнының элементі ретінде өмір сүреді. Еңбек құралдарындай емес, өндіріс материалдары мен жалақы товар өндірісіне түгелдей жұмсалады, сондықтан олардың құны түгелдей өндірілген товардың құнына кіреді. Авансыланған капиталдың осы әр түрлі құрамды бөліктері айналымға қатынасы жөнінен қалайша негізгі капитал мен айналмалы капитал формасына көшетінін біз көрдік.

Сонымен, авансыланған капитал = 1 680 фунт стерлинг; негізгі капитал = 1 200 ф. ст. және оған қосылған айналмалы капитал = 480 ф. ст. (= 380 ф. ст. — өндіріс материалдары және 100 ф. ст. — жалақы).

Товардың өндіріс шығындары, мұның керісінше, = 500 ф. ст. (20 ф. ст. — негізгі капиталдың тозуы, 480 ф. ст. — айналмалы капитал).

Алайда товардың өндіріс шығындары мен авансыланған капитал арасындағы бұл айырмашылық мынаны ғана дәлелдейді: товардың өндіріс шығындары бастан аяқ оны өндіруге шынымен жұмсалған капиталдан ғана құралады.

Товар өндіруге құны 1 200 ф. ст. еңбек құралдары қолданылады, бірақ осы авансыланған капитал құнынан өндіріске тек 20 фунт стерлинг жаратылады. Демек, қолданылған негізгі капитал товардың өндіріс шығындарына ішінара ғана кіреді, өйткені товар өндіруге ішінара ғана жұмсалады. Қолданылған айналмалы капитал товар өндіруге шығындарына түгелдей кіреді, өйткені ол товар өндіруге түгелдей жұмсалады. Ал енді осының өзі капиталдың тұтынылған негізгі және айналмалы бөліктері, өз құндарының мөлшеріне про

гата\* түрде сол товардың өндіріс шығындарына бірдей дәрежеде кіретінін және товар құнының осы құрамды бөлігі жалпы алғанда өзінің пайда болғаны үшін сол өзін өндіруге жұмсалған капиталға ғана борышты екенін дәлелдемей ме? Егерде мұның өзі бұлай болмаса, онда авансыланған 1 200 ф. ст. негізгі капитал өндіріс процесінде жоғалтатын әлгі 20 ф. стерлингтен басқа бұл процесте жоғалтпаған 1 180 ф. стерлингті де өнім құнына неге қосып алмайтынын түсінуге болмас еді.

Сонымен, өндіріс шығындарын есептеп шығару жөнінде негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы бұл айырмашылық өндіріс шығындарының анығында жұмсалған капитал құнынан немесе жұмсалған өндіріс элементтеріне еңбекті қоса есептегендегі капиталистің өзіне түсетін бағасынан пайда болатындығын дәлелдейді. Екінші жағынан, құнның жасалуы жөнінде, капиталдың жұмыс күшіне жұмсалған өзгермелі бөлігі бұл жерде айналмалы капитал деген жалпы атпен түп-тура тұрақты капиталмен (өндіріс материалдарынан құралатын капитал бөлігімен) теңестіріледі де, сөйтіп капитал құнының арту процесін ғаламаттандыру тамдалады<sup>1</sup>.

Біз бұған дейін товар құнының тек бір элементін — өндіріс шығындарын ғана қарастырдық. Біз енді товар құнының басқа құрамды бөлігін, өндіріс шығындарынан артық бөлігін, немесе қосымша құнды және қарастыруға тиіспіз. Сонымен, қосымша құн дегеніміз ең алдымен товар құнының өндіріс шығындарынан артық бөлігі болып табылады. Ал енді өндіріс шығындары жұмсалған капиталдың құнына тең болып, соның заттық элементтеріне үнемі қайта айналып отыратын болғандықтан, құнның бұл артығы товар өндіруге жұмсалған және осы товардың айналысынан қайта оралатын капитал құнының өсімі болып шығады.

Біз бұрын да көрдік, қосымша құн  $m$  өзгермелі капиталдың,  $v$  құнының өзгеруінен ғана туғанымен және сондықтан да өзінің шығу тәркіні жағынан тек өзгермелі капиталдың өсімі болғанымен, алайда өндіріс процесі аяқталғаннан кейін ол дәл осылайша  $c+v$  құнының өсімі, яғни барлық жұмсалған капиталдың өсімі болып көрінеді. Жұмыс күшіне жұмсалған белгілі капитал құны  $v$ -ның өзгергіш мөлшерге айналуы нәтижесінде, демек, тұрақты мөлшердің өзгермелі мөлшерге айналуы нәтижесінде өндірілгенін көрсететін

\* — пропорциялы. Ред.

<sup>1</sup>) Осыдан келіп экономистердің басында қандай шатасушылық туатынын Н. У. Сеиордың мысалы негізінде «Капиталда» көрсетілді, I кітап, VII тарау. 3, 185—191-беттер [қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I-том, М., 1969, 235—240-беттер].

$c + (v + m)$  формуласын дәл сол сияқты  $(c + v) + m$  түрінде де көрсетуге болады. Өндіріске дейін бізде 500 фунт стерлинг капитал болды. Өндірістен кейін бізде 500 ф. ст. капитал плюс 100 фунт стерлинг құн өсімі болып отыр<sup>2)</sup>.

Алайда қосымша құн авансыланған капиталдың құн жауап процесіне кіретін бөлігіне ғана емес, сонымен бірге бұған кірмейтін бөлігіне де қосылатын өсім болып табылады; демек, бұл өзі тұтынылған, товар өндіру бағасымен орны толлатын капиталға ғана емес, жалпы өндіріске жұмсалған барлық капиталға қосылатын құн өсімі болып шығады. Өндіріс процесіне дейін бізде 1680 фунт стерлинг капитал құны болды: оның ішінде еңбек құралдарына жататын негізгі капитал 1200 ф. ст., оның 20 ф. ст. тозығы ғана товар құнына кіреді, сонсоң бұған өндіріс материалдары мен жалақыдағы 480 ф. ст. айналмалы капитал қосылады. Өндіріс процесінен кейін бізде өндірілген капитал құнының бөлігі ретінде 1180 ф. ст., оған қоса 600 фунт стерлинг товар капиталы болып отыр. Егер біз құнның осы екі сомасын бірге қоссақ, онда капиталист енді 1780 фунт стерлинг құнға ие болып шығады. Егер ол бұдан барлық авансыланған 1680 ф. стерлингті шегеріп тастаса, онда қолында 100 фунт стерлинг құн өсімі қалады. Ендеше, 100 ф. ст. қосымша құн жалпы жұмсалған 1680 ф. ст. капиталға қалай үстеме болса, өндіріс кезінде жұмсалған оның 500 ф. ст. үлесіне де дәл сондай үстеме құн өсімі болып шығады.

Осы құн өсімі капиталды өндіріс процесіне қосудан пайда болғаны, демек, оны капиталдың өзі туғызатыны енді капиталистке айқын болады; бұл өсім өндіріс процесінен кейін ғана пайда болып отыр, одан бұрын жоқ болатын. Ал енді ең алдымен өндіріске жұмсалған капиталды алатын болсақ, онда қосымша құн сол капитал құнының өндіріс құралдары мен еңбектен құралатын түрлі элементтерінен бірдей туатын сияқты болып көрінеді, өйткені бұл элементтер өндіріс шығындарын құрауға бірдей қатысады. Бұл элементтер өздерінің авансыланған капитал құнын өнім құнына бірдей қосады да, тұрақты және өзгермелі құн мөлшері болып өзгешеленбейді. Егер біз бір мезетке барлық жұмсалған капитал не тек жалақыдан, не тек өндіріс құрал-жабдықтары құнынан құралады деп қарасақ, сонда әлгі жағдай айқын көрінеді. Сонда біз бірінші жағдайда  $400_c + 100_v + 100_m$  товар құны-

<sup>2)</sup> «Біз танысып өттік, шынында қосымша құн дегеніміз  $v$  жөнінде, капиталдың жұмыс күшіне айналған бөлігі жөнінде болатын құн өзгерісінің нәтижесі ғана, демек,  $v + m = v + \Delta v$  ( $v$  -ға қосылған өсім). Бірақ құнның шын өзгерісі мен құнды өзгерістің қатынасты бүркейтін жағдай мынау,— ол өзінің құрамды бөлігі өзгеріп, өсуі нәтижесінде бүкіл авансыланған капиталда өсетіні. Бұрын ол 500-ге тең еді, енді ол 590-ға тең» («Капитал», I кітап, VII тарау, I, 175-бет [қазақша басылуының 225-бетін қараңыз]).

ның орнына  $500_p + 100_m$  товар құнын көрер едік. Жалақыға жұмсалған 500 ф. ст. капитал 600 ф. ст. товар құнын өндіруге тұтынылған барлық еңбектің құны болады да, міне дәл сондықтан ол бүкіл өнімнің өндіріс шығындарын құрайды. Бірақ нәтижесінде жұмсалған капитал құны өнім құнының құрамды бөлігі ретінде қайтадан пайда болатын осы екі өндіріс шығынының жасалуы әлгі товар құнын жасаудағы бізге мәлім бірден-бір процесс болып табылады. Товар құнының қосымша құн болатын 100 ф. ст. құрамды бөлігі қалай пайда болады, оны біз білмейміз. Товар құны  $= 500_c + 100_m$  болатын екінші жағдайда да дәл осылай болар еді, екі түрлі жағдайдың екеуінде де біздің білетініміз — қосымша құн белгілі бір мөлшердегі құннан пайда болады, өйткені бұл құн өндіргіш капитал формасында авансыланған, — ол еңбек формасында авансыланды ма, немесе өндіріс құрал-жабдықтары формасында ма — мұның бәрібір. Бірақ, екінші жағынан, авансыланған капитал құны тек жұмсалғандықтан ғана, демек, товардың өндіріс шығындарын шығарғандықтан ғана қосымша құн жасамайды. Товардың өндіріс шығындарын құраған мөлшерінде ол қосымша құн емес, тек жұмсалған капиталдың орнын толтыратын эквивалент құн жасайды. Демек, авансыланған капитал құны қосымша құн жасайтын болғандықтан, ол мұны өзінің жұмсалған капиталға тән ерекше сипатымен емес, жалпы авансыланған капитал, сондықтан қолданылған капитал ретінде жасайды. Демек, қосымша құн авансыланған капиталдың товар өндіру шығындарына кіретін бөлігінен де, өндіріс шығындарына кірмейтін бөлігінен де, қысқасы — қолданылған капиталдың негізгі және айналмалы құрамды бөлігінен бірдей пайда болады. Барлық капитал — еңбек құралдары болсын, өндіріс материалдары мен еңбек болсын — өнім жасауға заттай қызмет етеді. Нағыз еңбек процесіне заттай барлық капитал қатысады, ал құн жасау процесіне оның тек бір бөлігі қатысады. Бәлкім, оның өндіріс шығындарын құрауға тек ішінара қатысып, бірақ мұның есесіне қосымша құн жасауға түгелдей қатысуының себебі дәл осында шығар. Қалай болғанда да, сайып келгенде қосымша құн жұмсалған капиталдың барлық бөлігінен бірдей пайда болатын болып шығады. Егер Мальтустің ізімен:

«Капиталист авансылаған капиталының барлық бөліктерінен бірдей пайда күтеді»<sup>3</sup>

деп дәрекілеп, жай ғана айта салсақ, онда әңгімені бұдан да келтерек етуге болар еді.

<sup>3</sup>) *Malthus*. „Principles of Political Economy“. 2 nd ed., London, 1836, p. 238.

Барлық авансыланған капиталдың туындысы ретінде көрінген қосымша құн пайданың өзгерген формасына айналады. Демек, құнның белгілі бір сомасының капитал болатын себебі, ол пайда келтіру үшін жұмсалды<sup>4)</sup>, немесе пайданың туатын себебі, белгілі бір құн сомасы капитал ретінде қолданылады. Егер біз пайданы  $p$  әрпімен белгілесек, онда  $W = c + v + m = k + m$  формуласы  $W = k + p$  формуласына айналады, немесе *товар құны* = өндіріс шығындары + пайда.

Демек, біз әуел бастан-ақ пайда деп отырғанымыз қосымша құнның нақ өзі, бірақ тек ғаламаттандырылған формада, алайда мұның өзі капиталистік өндіріс әдісінен қажетті түрде туады. Өндіріс шығындары құралуының көрінісінен тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасында ешқандай айырма көруге болмайтындығы себепті өндіріс процесі кезінде болатын құн өзгерісі қайткенде де капиталдың өзгермелі бөлігіне емес, барлық капиталға байланысты деп саналады. Бір жақта жұмыс күшінің бағасы жалақының өзгерген формасында көрініп жатқандықтан, оған қарама-қарсы жақта қосымша құн пайданың өзгерген формасында көрінеді.

Біз өзіміз көрдік, товардың өндіріс шығындары оның құнынан аз болады. Өйткені  $W = k + m$  десек, онда  $k = W - m$ . Тек  $m = 0$  болған жағдайда ғана  $W = k + m$  формуласы орнына  $W = k$ , деуге болады, яғни товар құны мен товардың өндіріс шығындары теңбе-тең болады,— мұндай жағдай капиталистік өндіріс негізінде ешқашан кездеспейді, дегенмен ерекше рынок конъюктурасы жағдайында товарлардың сатылу бағасы олардың өндіріс шығындарына дейін немесе тіпті одан да төмен құлдырап кетуі мүмкін.

Сондықтан егер товар өз құны бойынша сатылатын болса, онда одан түсетін пайда товар құнының өндіріс шығындарынан артығына, демек, товар құнындағы бүкіл қосымша құнға тең болады. Бірақ капиталист тіпті товарын өз құнынан төмен сатқанның өзінде де пайда шығара алады. Товардың сатылу бағасы оның өндіріс шығындарынан жоғары болып отырғанда, тіпті сатылу бағасы товар құнынан төмен болғанның өзінде де әрқашан товардағы қосымша құнның бір бөлігі шығарылып отырады, демек, пайда түсетін болады. Біздің мысалымызда товар құны 600 ф. ст., өндіріс шығындары 500 фунт стерлингке тең. Егер товар 510, 520, 530, 560, 590 ф. стерлингке сатылатын болса, онда бұл товар өзінің құнынан тиісінше 90, 80, 70, 40, 10 ф. ст. төмен сатылады, дегенмен оны сатудан тиісінше 10, 20, 30, 60, 90 фунт стер-

<sup>4)</sup> «Капитал дегеніміз пайда түсіру мақсатымен жұмсалған нәрсе». *Mathus. „Definitions in Political Economy“*. London, 1827, p. 86.

линг пайда түседі. Товар құны мен оның өндіріс шығындары арасында, тегі, толып жатқан сату бағасы болуы мүмкін. Товар құнының қосымша құннан құралатын элементі неғұрлым көп болса, осы аралық баға сатысы практикада соғұрлым көп болмақ.

Бәсекенің күнделікті құбылысы, мысалы, товар төмендетілген бағамен сатылатын белгілі жәйттер (underselling) былай тұрсын, өнеркәсіптің белгілі бір салаларына товар бағасының сорақы төмен<sup>5)</sup> болатыны, тағысын тағылар осы себептен орын алады. Капиталистік бәсекенің осы кезге дейін саяси экономия түсінбей келген негізгі заңы, пайданың жалпы нормасын және ол норма белгілейтін өндіріс бағалары дейтінді реттейтін заң товар құны мен оның өндіріс шығындары арасындағы осы айырмашылыққа және соның салдарынан келіп товарды өз құнынан төмен, бірақ пайдалы сату мүмкіндігіне негізделген, біз мұны кейінірек көреміз.

Товардың сату бағасының төменгі шегін оның өндіріс шығындары белгілейді. Егер товар өндіріс шығындарынан төмен сатылатын болса, онда өндіргіш капиталдың жұмсалған құрамды бөліктері сату бағасының есебінен түгел толтырылуы мүмкін емес. Егер бұл процесс тоқтамаса, онда авансылапқан капитал құны жоғалады. Осы тұрғыдан қарағанның өзінде капиталист өндіріс шығындарын товардың нағыз *ішкі* құны деп есептеуге бейім болады, өйткені бұл оның капиталын жай ғана сақтап қалу үшін қажет болатын баға. Бірақ бұған келіп тағы мынадай жағдай қосылады: товардың өндіріс шығындары дегеніміз товар өндіру үшін капиталистің өзі төлеген сатып алу бағасы, демек, товар өндіру процесінің өзі белгілеп беретін сатып алу бағасы. Сондықтан товарды сатқан кезде жүзеге асырылатын артық құн, немесе қосымша құн, капиталистке товардың құны оның өндіріс шығындарынан артып түскені емес, сатылу бағасының товар құнынан артып түскені болып көрінеді, сөйтіп товардың өз бойындағы қосымша құн оны сату арқылы жүзеге асырылмай, сатудың өзінен туатын сияқты болып көрінеді. Біз бұл жалған елесті «Капиталда», I кітап, IV тарау, 2 («Капиталдың жалпыға бірдей формуласының қайшылықтары») бұрын егжей-тегжейлеп анықтағанбыз, енді бір сәтке Торренс және басқалар қайтадан ұсынған формаға, Рикардоға қарағанда саяси экономияның бір адым ілгері басуы дейтін формаға қайта оралайық.

«Өндіріс шығындарынан құралатын, немесе, басқа сөзбен айтқанда товарды өндіргенде не әзірлегенде жұмсалған капиталдан құралатын та-

<sup>5)</sup> Салыстырыңыз: «Капитал», I кітап, XVIII тарау, 511—512-беттер [қазақша басылуының 557—558-беттерін қараңыз].

биги баға пайда нормасын қоса қамти алмайды... Егер фермер 100 квартал астық жұмсап, 120 квартал етіп өндіретін болса, онда 20 квартал астық пайда болып шығады, енді осы артық астықты, немесе осы пайданы жұмсалған шығынның бір бөлігі деп атау қисынсыз болар еді... Фабрикант белгілі мөлшерде еңбекке қажетті шикізат, құрал-саймандар мен еңбек күн көріс заттарын жұмсайды да, бұлардың орнына белгілі мөлшерде әзір товар алады. Бұл әзір товардың айырбас құны осы әзір товарды жасауға авансыланған шикізаттан, құрал-саймандардан және күн көріс заттарынан неғұрлым жоғары болуға тиіс».

Сондықтан, деп қорытады Торренс, сатылу бағасының өндіріс шығындарынан артығы, немесе пайда, мынаның нәтижесінде жасалады: тұтынушылар

«тікелей немесе дәнекерлі (circuitous) айырбас арқылы товарға оны өндіруге жұмсалған капиталдың барлық құрамды бөліктерінен біраз артық төлейді»<sup>6</sup>.)

Ал іс жүзінде белгілі бір мөлшердің артығы сол мөлшердің бір бөлігі бола алмайды, сол сияқты пайда да, товар құнының капиталист шығындарынан артығы, сол шығындардың бір бөлігі бола алмайды. Демек, егер товар құнының жасалуына капиталист авансыланған құннан басқа өзге бір элемент қатыспайтын болса, онда өндірістен оған жұмсалған құннан қалайша артық құн шығатыны,— яғни жоқтан бардың қалай пайда болатыны түсініксіз болады. Алайда Торренс осы жоқтан бар жасаудың амалын товардың өндіріс сферасынан товардың айналыс сферасына көшіру арқылы тапқан болады. Пайданың өндірістен шығуы мүмкін емес, дейді Торренс, әйтпесе ол өндіріс шығындарының ішінде болған болар еді, демек бұл шығындардан ешнәрсе артылып шықпас еді. Егер пайда товар айырбасынан бұрын болмаған болса, онда оның товар айырбасынан шығуы мүмкін емес, деп жауап береді оған Рамсей<sup>14</sup>. Айырбасталатын өнімдер құнының сомасы, сірә өздері сол құнның сомасы болып табылатын өнімдерді айырбастағаннан өзгермейтін болса керек. Бұл сома айырбасқа дейін қандай болса, айырбастан кейін де сол күйінде қалады. Бұл жерде айта кететін нәрсе, Мальтус<sup>7</sup>) Торренстің беделіне ашық арқа сүйейді, ал өзі товарлардың өз құнынан жоғары сатылуын басқаша түсіндіреді, яғни, дұрысын айтқанда, тіпті түсіндірмейді, өйткені бұл реттегі дәлелдемелерінің бәрі шынында бір кездегі флогистонның

<sup>6</sup>) R. Torrens. „An Essay on the Production of Wealth“. London, 1821, p. 51—53, 49.

<sup>7</sup>) Malthus. „Definitions in Political Economy“ London, 1853, p. 70—71.

атышулы теріс салмағы жайындағы әңгіменің сиқынан аумайды<sup>15</sup>.

Капиталистік өндіріс үстем қоғамда тіпті капиталист емес өндірушінің өзі капиталистік ұғымның ықпалында болады. Нақты қатынастарды жалпы терең түсінетін ерекшелігі бар Бальзак «Шаруалар» деген соңғы романында бір ұсақ шаруаның өз өсімқорының көңілі қалмасын деп оған алуан түрлі жұмысты тегін істейтінін, сөйте тұра, өсімқорға қақым кеткен жоқ, өйткені өз еңбегіме ешқандай ақша шығарғаным жоқ деп ойлайтынын шебер көрсетеді. Ал өсімқор болса, ол осылайша бір окпен екі қоян атып алады. Ол жалақыға ақша төлеу шығынынан құтылады және шаруаны борыш кіріптарлығына шырмаған үстіне шырмай береді, шаруа бірте-бірте жұтайды, өйткені өз жерінде жұмыс істемейді.

Товардың өндіріс шығындары оның шын құны болады да, ал қосымша құн товарды өз бағасынан жоғары сатудан түседі дейтін, демек, егер товардың сатылу құны оның өндіріс шығындарына тең болса, яғни оған жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы мен жалақының қосындысына тең болса, онда товар өз құнына сатылған боладымыс дейтін қисынсыз түсінікті — міне осы қисынсыз түсінікті Прудон өзінің дағдылы ғылым-сымақ дүмшелігімен социализм сырын ашудағы жаңалық деп жариялады. Осылай товардың құнын өндіру шығындарына апарып саю шындығында оның «Халықтық банк» дейтініне негіз болып отыр<sup>16</sup>. Өнім құнының әр түрлі құрамды бөлігін өнімнің пропорциялы өз бөліктерінен көруге болатыны бұрын көрсетілген-ді. Мысалы, егер («Капитал», 1 кітап, VII тарау, 182-бет<sup>17</sup>) 20 қадақ жіптің құны 30 шиллинг болса — дәлін айтқанда, өндіріс құрал-жабдықтары 24 шиллинг, жұмыс күші 3 шиллинг және қосымша құн 3 шиллинг болса, онда әлгі қосымша құн өнімнің  $\frac{1}{10}$  бөлігі = 2 қадақ жіп деп есептеуге болады. Егер осы 20 қадақ жіп енді соның өндіріс шығындары бойынша 27 шиллингке сатылатын болса, онда сатып алушы 2 қадақ жіпті тегін алады, немесе товар өз құнының  $\frac{1}{10}$  бөлігіндей төмен сатылады; ал жұмысшы бұрынғысынша қосымша еңбек етті, бірақ ол капиталистік жіп өндірушінің пайдасына емес, тек сатып алушының пайдасына кетті. Егер барлық товар өздерінің өндіріс шығындары бойынша сатылатын болса, онда іс жүзінде мұның нәтижесі барлық товар өздерінің өндіріс шығындарынан жоғары, бірақ өз құндары бойынша сатылғандағымен бірдей болып шығады деп



шамалау мүлде қате болар еді. Егер тіпті жұмыс күшінің құны, жұмыс күшінің ұзақтығы және еңбекті қанау дәрежесі барлық жерде бірдей деп есептесек, соның өзінде де товардың алуан түрін өндіруге авансыланған капиталдың органикалық құрылымы әр түрлілігіне байланысты, товардың алуан түрлерінің құнындағы қосымша құн аумағы тіпті де бірдей болмақ емес<sup>8)</sup>.

---

<sup>8)</sup> «Құн белгілі қалпында және жұмыс күшін қанау дәрежесі бірдей болса, онда түрлі капитал өндіретін құн мен қосымша құн аумағы, осы капиталдың өзгермелі құрамдас бөліктерінің мөлшеріне, яғни олардың тірі жұмыс күшіне айналған құрамдас бөліктерінің мөлшеріне тура пропорциялы болады» [«Капитал», I кітап, IX тарау, 270-бет, қазақша басылуының 316-беті].

## ЕКІНШІ ТАРАУ

## ПАЙДА НОРМАСЫ

Капиталдың жалпыға бірдей формуласы мынадай:  $A-T-A^1$ , яғни белгілі бір құн сомасы одан көбірек құн сомасын алу мақсатымен айналысқа түсіріледі. Міне, осы көбірек құн сомасын туғызатын процесс капиталистік өндіріс болып табылады; ал енді сол соманы жүзеге асыратын процесс капиталдың айналысы болып табылады. Капиталист товарды товар үшін, оның тұтыну құны үшін немесе өзі тұтыну үшін өндірмейді. Шынында капиталисті қызықтыратын өнім — нақты өнімнің өзі емес, өнім құнының бұған жұмсалған капитал құнынан артығы. Капиталист бүкіл капиталды авансылайды, мұнда капиталдың құрамды бөліктерінің қосымша құн жасауда түрлі роль атқаратынына назар аударып жатпайды. Ол осы барлық құрамды бөліктерді бірдей авансылайды, мұны тек капиталды қайта өндіру үшін ғана емес, белгілі бір мөлшерде одан артығырақ құн өндіру үшін істейді. Капиталист өзі авансылаған өзгермелі капитал құнын капиталды жанды еңбекке айырбастау, жанды еңбекті қанау арқылы ғана көбірек құнға айналдырады. Бірақ ол еңбекті жүзеге асыруға керекті шарттарды — еңбек құралдары мен еңбек затын, машиналар мен шикізатты қоса авансыласа, яғни колда бар құн сомасын өндіріс жағдайлары формасына айналдырса, тек сонда ғана еңбекті қанай алады; жалпы оның капиталист болатын бірден-бір себебі, жалпы еңбекті қанау процесіне кірісе алатын бірден-бір себебі, ол еңбек жағдайларын меншіктенуші ретінде жұмыс күшінің иесі ғана болып табылатын жұмысшыға қарама-қарсы тұрады. Жұмысшыларды жалдама жұмысшыларға, жұмысшы еместерді капиталистерге айналдыратын нәрсе өндірістің осы құрал-жабдықтарын жұмысшы еместер иеленетіндігі екені бұдан бұрын, бірінші кітапта<sup>18</sup> ашып көрсетілген болатын.

Іске жұрт қалай қарайды: капиталист өзгермелі капиталдан пайда түсіру үшін тұрақты капиталды авансылайды

дей ме, немесе ол тұрақты капиталдың құнын көбейту үшін өзгермелі капиталды авансылайды дей ме; капиталист машиналар мен шикізатқа неғұрлым жоғары құн қосу үшін жалақыға ақша жұмсайды дей ме, немесе ол еңбекті қанауға мүмкіндік алу үшін машиналар мен шикізатқа ақша авансылайды дей ме,— капиталист үшін мұның бәрібір. Қосымша құнды капиталдың өзгермелі бөлігі ғана жасайтын болғанымен, алайда оны капиталдың басқа бөліктері — еңбекке қажетті өндіріс жағдайлары да авансыланған жағдайда ғана жасайды. Капиталист тұрақты капиталды авансылау арқылы ғана еңбекті қанай алады, ол өзгермелі капиталды авансылау арқылы ғана тұрақты капитал құнын көбейте алады, міне сондықтан оның түсінігінде бұл капиталдар тұтасып бірігіп кетеді, бұлай болатын тағы бір себебі — оның пайдасының шын дәрежесін пайданың өзгермелі капиталға қатынасы емес, барлық капиталға қатынасы белгілейді, қосымша құнның нормасы емес, пайда нормасы белгілейді, ал пайда нормасы, біз әлі көреміз, бір күйінде қалып қоюы, сөйте тұра қосымша құнның әр түрлі нормасын білдіруі мүмкін.

Өнімнің өндіріс шығындарына оның құнының капиталист ақша төлеген немесе эквивалентін өндіріске жұмсаған құрамды бөліктері түгел кіреді. Капитал сақталуы үшін немесе өзінің ілкі мөлшерінде қайта өндірілуі үшін бұл шығындардың орны толтырылуға тиіс.

Товардағы құн оны өндіруге кететін жұмыс уақытына тең, ал бұл еңбектің жиынтығы ақысы төленген және төленбеген еңбектен құралады. Мұның керісінше, капиталист үшін товардың өндіріс шығындары товарда затқа айналған еңбектің капиталист ақысын төлеген бөлігінен ғана құралады. Товардағы қосымша еңбек капиталистке тегін түседі, ал жұмысшы үшін ақысы төленген еңбек қандай болса, бұл да дәл сондай еңбек, сондықтан дәл ақысы төленген еңбек сияқты, ол еңбек те құн жасайды және товарға құн жасайтын элемент ретінде кіреді. Капиталист ақысыз келген бір нәрсені сатады да, содан пайда шығарады. Қосымша құн, *resp.*\* пайда товар құнының дәл сол өндіріс шығындарынан артық бөлігінен, яғни еңбектің товардағы бүкіл жиынтығының ондағы ақысы төленген еңбек жиынтығынан артық бөлігінен құралады. Осыған сәйкес, шығу тегі қандай болғанымен, қосымша құн да барлық авансыланған капиталдан артық үстеме болып табылады. Демек, бұл артық бөлік барлық капиталға  $\frac{m}{K}$  бөлшегімен көрсетілетін қатынаста болады,

\* — *respectively* — тиісінше. *Ред.*

мұнда  $K$  барлық капиталды көрсетеді. Сонымен біз  $\frac{m}{v}$  қосымша құн нормасынан өзгеше  $\frac{m}{K} = \frac{m}{c+v}$  пайда нормасын аламыз.

Қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасы қосымша құн нормасы деп аталады; қосымша құнның барлық капиталға қатынасы пайда нормасы деп аталады. Бұл — бір шаманың екі түрлі өлшемі, бұл екі түрлі өлшем көлемі әр түрлілігі себепті бір шаманың әр түрлі пропорциясын немесе қатынастарын көрсетеді.

Қосымша құнның пайдаға айналуын қосымша құн нормасының пайда нормасына айналуынан шығарған жөн, — керісінше жасамау керек. Ал істің шындығында, тарихи жағынан бастапқы пункт пайда нормасы болды. Қосымша құн мен қосымша құн нормасы дегеніміз көзге оншама көрінбейтін, зерттеу арқылы ашылатын мәнді нәрсе, ал енді пайда, демек, қосымша құнның пайда ретіндегі формасы оқиғаның сырт қабатынан-ақ көрініп отырады.

Жеке капиталиске келетін болсақ, оның көздейтіні бір-ақ нәрсе: қосымша құнның, немесе капиталист товарын сатқандағы артық құнның товар өндіруге авансыланған барлық капиталға ара қатынасы; ал енді осы артық құнның капиталдың жеке алынған құрамды бөліктеріне нақты қатынасында және оның осы бөліктермен іштей байланысында капиталистің ешбір шаруасы жоқ, қайта ол сол нақты қатынас пен сол іштей байланысты бұлдыратып, бүркей түсуге құштар болады.

Товар құнының өндіріс шығындарынан артық бөлігі тікелей өндіріс процесінде пайда болғанымен, бірақ ол бөлік тек айналыс процесінде жүзеге асады; ал осы артық бөлік айналыс процесінен шыққан сияқты болып көрінетін жалған ұғымның оп-оңай жасалатын себебі — әлгі артық бөліктің жүзеге асу-аспауы және қандай дәрежеде жүзеге асуы шындығында, бәсеке жағдайында, нағыз рынокте, рынок қатынастарына байланысты болады. Егер товар өз құнынан жоғары немесе төмен сатылатын болса, онда қосымша құнның бөлікке түсуінде ғана өзгеріс болатындығын, ал бөлістегі бұл өзгеріс, түрлі адамдардың қосымша құнды өзара бөлісу қатынасындағы өзгеріс қосымша құнның мөлшерінде де, табиғатында да ештемені өзгерте алмайтындығын бұл арада айтып жатудың керегі жоқ. Айналыстың шын процесінде біз «Капиталда» II кітап, қарастырған құбылыстар ғана болып қоймайды, оның үстіне бұл құбылыстар шын бәсекемен, товарларды өз құнынан жоғары немесе төмен алумен немесе

сатумен дәл келіп отырады,— сондықтан жеке капиталист үшін оның өзі жүзеге асырып отырған қосымша күн еңбекті тікелей қанауға қалай байланысты болса, капиталистердің бірін-бірі өзара алдауына да сондай байланысты.

Айналыс процесінде жұмыс уақытымен қатар айналыс уақыты іске қосылады, сөйтіп белгілі бір кесімді уақыт ішінде жүзеге асыруға болатын қосымша күн аумағын тиісінше тежеп отырады. Айналыстан туатын басқа жағдайлар да өндірістің тікелей процесіне мықтап әсер етеді. Бұлардың екеуі де — тікелей өндіріс процесі де, айналыс процесі де — бірі екіншісіне көшіп, шырмалып жатады да, өздерінің сипатты ерекшелік белгілерін ылғи жалған түрде көрсетеді. Жалпы күн сияқты, қосымша күн өндіру де, бұрын көрсетілгеніндей айналыс процесінде жаңа анықтамаға ие болады; капитал өзінің құбылу шеңберінен өтеді, ақырында, былайша айтқанда, өзінің ішкі органикалық өмірінен капитал сыртқы өмір қатынасына, капитал мен еңбек бір-біріне қарсы тұратын қатынасқа емес, қайта, бір жағынан, капитал мен капитал, екінші жағынан, жеке адамдар, бәз-баяғы жай алушылар мен сатушылар бір-біріне қарсы тұратын қатынасқа кіріседі, айналыс уақыты мен жұмыс уақыты тоғысып отырады, сөйтіп, қосымша құнды бұлардың екеуі бірдей жасайтын болып көрінеді; капитал мен жалдама еңбек бір-біріне қарама-қарсы тұратын алғашқы форма бұған тәуелді емес сияқты көрінетін қатынастар араласып бүркеленеді, қосымша құнның өзі жұмыс уақытын иемденудің жемісі емес, товардың сатылу бағасының өндіріс шығындарынан артығы болып көрінеді, осының арқасында өндіріс шығындары товардың шын құны болып (*valeur intrinsèque*) көрінуі оп-оңай, сөйтіп, пайда товардың сатылу бағасының имманенттік құнынан артығы болып көрінеді.

Рас, тікелей өндіріс процесінде қосымша құнның табиғаты қалай дегенмен де капиталистің санасына жетіп жатады, мұны қосымша құнды қарастырғанымызда өзгенің жұмыс уақытына капиталистің ашқарақтығынан және т. б. айқын көргенбіз. Бірақ, біріншіден, тікелей өндіріс процесінің өзі өткінші ғана кезең, ол үнемі айналыс процесіне көшіп отырады, оған керісінше де болады, сондықтан өндіріс процесінде жасалатын табыстың көзі туралы, яғни қосымша құнның табиғаты туралы өндіріс процесінде азды-көпті айқын аңғарылатын жорамал да, онымен қатар жүзеге асырылатын артық бөлік өндіріс процесіне тәуелсіз қозғалыстан пайда болады-мыс, айналыстың өзінен туады-мыс, капиталдың еңбекке қатынасы қандай болса да ол капиталдың өзіне тиісті дейтін түсінік те ең бейі дегенде соншалық орынды

жағдай сияқты көрінеді. Тіпті Рамсей, Мальтус, Сениор, Торренс және т. б. сияқты қазіргі заманғы экономистер айналыстағы осы құбылыстарды капитал өзінің жай заттық болымысында, оның еңбекке деген қоғамдық қатынасына, өзін капитал ететін тек осы қатынасына қарамастан, еңбекпен қатар және еңбекке тәуелсіз қосымша құнның дербес көзі болып табылады-мыс дегенді дәлел етіп ашық бетке ұстайтыны тегін емес. Екіншіден, жалақы да дәл шикізаттың бағасы, машиналардың тозуы және т. б. сияқты енгізілетін шығындар деген атпен ақысы төленбеген еңбекті сығып алу тек шығындарға кіретін статьялардың біріне төлем төлеуден үнемделген ақша ретінде, белгілі бір еңбек мөлшеріне ақының аз төленуі ретінде көрінеді; кәдімгі шикізатты арзанға алған немесе машиналардың тозуы азайтылған кезде ақша үнемделетіні сияқты. Сөйтіп, қосымша еңбекті сығып алу өзінің ерекше сипатын жоғалтады; оның қосымша құнға ерекше қатынасы көмескіленеді; жұмыс күшінің құны жалақы формасында көрсетілетін жағдай, «Капиталда», 1 кітап, VI бөлімде<sup>19</sup> айтылғандай, бұған мықтап себепші болады және оны оңайлатады.

Капитал бөліктерінің бәрі бірдей артық құнның (пайданың) қайнар көзі болып көрінуі аркасында капиталистік қатынас ғаламаттандырылады.

Алайда қосымша құн пайда нормасы арқылы пайда формасына айналатын әдіс сонау өндіріс процесінде болатын субъекті мен объектіні шатастырудың одан әрі өрістеуі ғана болып табылады. Еңбектің барлық субъективтік өндіргіш күштері қалайша капиталдың өндіргіш күштері деп танылатынын біз бұрын көрдік<sup>20</sup>. Бір жағынан, құн, жанды еңбектен басым өткендегі еңбек капиталист арқылы адам бейнесін алады; ал екінші жағынан, жұмысшы, мұның керісінше, тек жұмыс күші — зат ретінде, товар ретінде көрінеді. Осы бұрмаланған қатынастан келіп, енді жай өндірістік қатынастың өзінде-ақ қажетті түрде тиісті бұрмаланған түсінік, жалған ұғым туады да, бұл ұғым айналыс процесінің өз құбылуы, өзгеруі арқылы тереңдей түседі.

Пайда нормасының заңдарын тікелей қосымша құн нормасының заңдары түрінде, немесе мұның керісінше көрсету әрекеті мүлде қате екенін Рикардо мектебінің мысалы көрсетіп отыр. Әрине, капиталистің ойынша, бұлардың арасында айырмашылық жоқ.  $\frac{m}{K}$  өрнегіндегі қосымша құн осы құнды өндіруге авансыланып және бір бөлегі осы өндірісте түгелдей тұтынылған, енді бір бөлегі өндіріске тек қолданылған бүкіл

капитал құнына қатынасымен өлшенеді. Шындығында  $\frac{m}{K}$  қатынасы бүкіл авансыланған капитал құнының өсу дәрежесін көрсетеді; яғни қосымша құнның ішкі мәнді байланысына және табиғатына сәйкес алынған бұл қатынас өзгермелі капиталдың өзгеріс тапқан мөлшерінің бүкіл авансыланған капитал мөлшеріне қатынасының қандай екенін көрсетеді.

Бүкіл капитал құнының мөлшері қосымша құнның мөлшеріне өздігінен ешқандай іштей қатынасы жоқ, әйтеуір тікелей қатынасы жоқ. Өзгермелі капиталды алып тастағандағы бүкіл капитал — яғни тұрақты капитал — өзінің заттық элементтері жағынан алғанда еңбекті жүзеге асырудың заттық жағдайларынан — еңбек құралдары мен еңбек материалынан құралады. Еңбектің белгілі бір мөлшерінің товарда затқа айналуы үшін, демек, құн жасауы үшін белгілі бір мөлшерде еңбек материалы мен еңбек құралдары керек болады. Қосылатын еңбектің ерекше сипатына қарай еңбек аумағы мен осы жанды еңбек қосылуға тиісті өндіріс құрал-жабдықтарының арасында белгілі бір техникалық қатынас болады. Демек, соған сәйкес қосымша құнның, немесе қосымша еңбектің аумағы мен өндіріс құрал-жабдықтары аумағының арасында да белгілі бір қатынас болады. Мысалы, егер жалақыны өндіруге құн сайын 6 сағаттық еңбек қажет болса, онда 6 сағат қосымша еңбек беру үшін, 100% қосымша құн жасау үшін жұмысшы 12 сағат жұмыс істеуге тиіс. Ол осы 12 сағат ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын 6 сағат ішіндегіден екі есе көп керек етеді. Бірақ бұдан оның 6 сағат ішінде қосатын қосымша құны 6 сағат немесе тіпті 12 сағат ішінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнына ешқандай да тікелей қатынаста болмайды. Бұл арада ол құнның ешқандай маңызы жоқ; тек техникалық жағынан қажетті аумақ болуы шарт. Егер шикізат пен еңбек құралдарының керекті тұтыну құны болса және сiңiрiлуге тиiс жанды еңбек жөнiнде техника талабына сай пропорцияда болса, шикiзат пен еңбек құралдарының арзан-қымбатының мүлде бәрiбiр. Алайда егер маған бiр сағат iшiнде  $a$  шиллинг тұратын  $x$  қадақ мақта иiрiлетiнi белгiлi болса, онда маған 12 сағат iшiнде  $12a$  шиллингке тең 12  $x$  қадақ мақта иiрiлетiнi де, әрине, белгiлi болады, олай болса, мен қосымша құнның 6 құнға қатынасын қалай есептеп шығарсам, оның 12 құнға қатынасын да дәл солай шығара аламын. Бiрақ  $a$  шиллинг  $x$  қадақ мақтаға теңдiктi көрсетедi, тек сондықтан ғана бұл арада жанды еңбектiң өндiрiс құрал-жабдықтары құнына қатынасы болып отыр: өйткенi мақтаның белгiлi мөлшерiнiң белгiлi бағасы болса, онда мұның керiсiнше,—

мақтаның бағасы өзгергенге дейін белгілі бір баға мақтаның белгілі бір мөлшерінің көрсеткіші бола алады. Егер мен 6 сағат қосымша еңбекті иемдену үшін 12 сағат жұмыс істегуге тиіс екенімді, 12 сағатқа жететін дайын мақтам болу керектігін білсем, егер мен 12 сағатқа керек болатын осы мақта мөлшерінің бағасын білсем, онда жанама жолмен мақтаның бағасы (қажетті мөлшердің көрсеткіші ретінде) мен қосымша құн арасындағы қатынасты анықтаймын. Ал, мұның керісінше, мен иіруіне, мысалы, 6 сағат емес, бір сағат керек болатын шикізат аумағын шикізаттың бағасына қарай ешқашан анықтай алмаймын. Демек, тұрақты капитал құны, олай болса бүкіл капитал құны ( $=c+v$ ) мен қосымша құн арасында ешқандай ішкі, қажетті қатынас жоқ.

Егер қосымша құн нормасы белгілі болса және оның мөлшері көрсетілген болса, онда пайда нормасы өзінің шын мәнісіндегі болмысын ғана көрсетеді: қосымша құнның басқаша өлшемін, ол капиталдың қосымша құн тікелей және еңбекке айырбастау арқылы пайда болатын бөлігінің құнымен өлшенбей, бүкіл капитал құнымен өлшенетінін көрсетеді. Бірақ шындығында (яғни құбылыстар әлемінде) іс мұның керісінше болады. Қосымша құн белгілі, бірақ ол товардың сатылу бағасының өндіріс шығындарынан артылып қалған бөлігі ретінде белгілі; бұл жерде осы артық бөліктің қайдан шығатыны,— өндіріс процесінде еңбекті қанаудан түсе ме, әлде айналыс процесінде сатып алушыларды алдап кетуден түсе ме, немесе осылардың екеуінен де пайда бола ма,— бұл жағы құпия қалады. Сонан соң, осы артық бөліктің бүкіл капитал құнына қатынасы, немесе пайда нормасы белгілі. Сатылу бағасының өндіріс шығындарынан осы артық бөлігін бүкіл авансыланған капитал құнына қатынаста алып есептеу өте маңызды және табиғи, өйткені шынында осының арқасында бүкіл капитал құнының өсуін білдіретін сандық қатынас, яғни оның құнының өсу дәрежесі табылады. Демек, егер осы пайда нормасына сүйенетін болсақ, онда бұдан капиталдың артық бөлігі мен жалақыға жұмсалған бөлігі арасындағы ерекше қатынасты шығаруға ешқандай мүмкіндік қалмайды. Мальтус осы жолмен қосымша құнның және капиталдың өзгермелі бөлігіне оның ерекше қатынасының құпия сырын ашпақ болып, оның қандай қызық фокустар жасағанын біз келесі тараулардың бірінде көреміз<sup>21</sup>. Пайда нормасы өздігінен бірдеңені аңғартатын болса, ол шынында да артық бөлік капиталдың теңдес бөліктеріне бірдей қатынаста болатындығын көрсетеді, ал енді капитал осы тұрғыдан алғанда негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықтан басқа ешқандай ішкі айырмашылықты



сірә да көрсетпейді. Тіпті бұл айырмашылықтың да көрінетін бір ғана себебі: артық бөлік екі түрлі есептеледі. Атап айтқанда, біріншіден, жай мөлшер ретінде: өндіріс шығындарынан артық бөлік ретінде есептеледі. Артық бөліктің осы бірінші формасында барлық айналмалы капитал өндіріс шығындарына кіреді, ал негізгі капиталдан бұларға тек тозу құны кіреді. Сонан соң, екіншіден: осы артық құнның бүкіл авансыланған капитал құнына қатынасы ескеріледі. Бұл арада айналмалы капитал құны есепке қалай кірсе, бүкіл негізгі капитал құны дәл солай кіреді. Сонымен, айналмалы капитал екі ретте де есепке біркелкі түрде кіреді, ал негізгі капитал бір ретте басқаша кіреді де, екінші ретте айналмалы капитал қалай кірсе, дәл солай кіреді. Сөйтіп айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы айырмашылық бұл арада бірден-бір айырмашылық ретінде көзге түседі.

Демек, артық бөлік, егер ол өзін, Гегельдің тілімен айтқанда, пайда нормасынан өзгеше өзі арқылы кері көрсететін болса, немесе, басқаша айтқанда, пайда нормасы арқылы дәлірек сипатталатын артық бөлік жыл сайын немесе айналыстың белгілі бір кезеңінде капитал өзінің меншікті құнынан тыс өндірген артық бөлік ретінде көрінеді.

Сондықтан, пайда нормасы сан жағынан алғанда қосымша құн нормасынан өзгеше болғанымен, қосымша құн мен пайда шын мәнісінде бір-ақ нәрсе болып табылады және сан жағынан теңбе-тең болады, бірақ сөйте тұра, пайда дегеніміздің өзі қосымша құнның өзгерген формасы, оның шығу жолын, оның болмыс сырын бүркемелейтін, жасыратын формасы. Шындығында, пайда дегеніміз қосымша құнның көріну формасы, сондықтан қосымша құнды пайдадан талдау арқылы ғана шығаруға болады. Қосымша құннан капитал мен еңбектің арасындағы қатынас ашық көрінеді, капитал мен пайда қатынасында, яғни капитал мен қосымша құнның, бір жағынан, товардың өндіріс шығындарынан артылып қалып, айналыс процесінде жүзеге асырылған бөлік ретінде; ал екінші жағына, өзінің барлық капиталға қатынасы арқылы неғұрлым айқынырақ анықталған артық бөлік ретінде көрінетін қосымша құнның қатынасында — *капитал өзіне өзінің қатынасы ретінде* көрінеді, бұл қатынаста капитал бастапқы құн сомасы ретінде өзі жасаған жаңа құннан өзгеше болып көрінеді. Капитал осы жаңа құнды өзінің өндіріс процесі мен айналыс процесінде жасаған қозғалысы кезінде өндіретіні санада белгілі. Ал бірақ ол қалай жасалады — бұл жағы бүркеулі жатқан құпия, сондықтан қосымша құн капиталдың тек өзіне тән бір жасырын қасиеті арқасында ғана пайда болатын сияқты көрінеді.

*Бірінші бөлім.— Қосымша құнның пайдаға айналуы*

Біз капитал құнының өсу процесін неғұрлым терең зерттеген сайын капиталистік қатынас соғұрлым ғаламаттана түседі де, оның ішкі организмінің сырын ашу соғұрлым қиындай береді.

Бұл бөлімде пайда нормасы сан жағынан алғанда қосымша құн нормасынан өзгеше; мұның керісінше; пайда мен қосымша құн белгілі бір сан мөлшері ретінде, тек әр түрлі формада ғана қаралады. Біз келесі бөлімде жіктелістің одан әрі тереңдей түсетінін және пайданың қосымша құннан сан жағынан да өзгеше мөлшерленетінін көреміз.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

**ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ҚОСЫМША  
ҚҰН НОРМАСЫНА ҚАТЫНАСЫ**

Өткен тараудың соңында айтылғанындай, біз бұл арада, жалпы алғанда бүкіл осы бірінші бөлімде, белгілі бір капиталға келетін пайда сомасы белгілі бір айналыс кезеңі ішінде осы капитал арқылы өндірілген бүкіл қосымша құн сомасына тең болады деп жорамалдаймыз. Демек, бұл қосымша құнның, бір жағынан, әр түрлі туынды формаларға: капитал процентіне, жер рентасына, салықтарға, т. б. жіктелетінін және, екінші жағынан, оның көпшілік жағдайларда жалпы орта пайда нормасы себепті иемделінетін пайдаға дәл келмейтінін біз әзірге былай қоя тұрамыз, ол екінші бөлімде әңгіме болады.

Пайданы сан жағынан қосымша құнға тең деп жорамалдасақ, оның мөлшері мен пайда нормасының мөлшері жай сан мөлшерлерінің қатынасымен белгіленеді, ал ол мөлшерлер әрбір жеке ретте бір не әр шамада болуы мүмкін. Сөйтіп, зерттеу әуелі таза математикалық салада дамытылады.

Біз бірінші және екінші кітапта қолданылған белгілерді сол қалпында аламыз. Барлық капитал  $K$  тұрақты капитал  $c$  пен өзгермелі капитал  $v$ -ға бөлінеді және қосымша құн  $m$ -ді өндіреді. Осы қосымша құнның авансыланған өзгермелі капиталға қатынасын, демек  $\frac{m}{v}$ -ді біз қосымша құн нормасы деп айтамыз да, оны  $m$  арқылы белгілейміз. Демек,  $\frac{m}{v} = m'$ , сондықтан  $m = m'v$ . Егер осы қосымша құнды өзгермелі капиталға емес, барлық капиталға шағатын болсақ, онда ол пайда ( $p$ ) деп аталады, ал қосымша құн  $m'$ -нің барлық капитал  $K$ -ға қатынасы, демек,  $\frac{m}{K}$  пайда нормасы  $p'$  деп аталады. Сонда былай болып шығады:

$$p' = \frac{m}{K} = \frac{m}{c+v};$$

егер біз  $m$  орнына оның жоғарыда табылған мөлшері  $m'v$ -ні қойсақ, онда мынаны көреміз:

$$p' = m' \frac{v}{K} = m' \frac{v}{c+v};$$

бұл тендеуді мына пропорциямен де көрсетуге болады:

$$p' : m' = v : K,$$

мұнда пайда нормасының қосымша құн нормасына қатынасы өзгермелі капиталдың барлық капиталға қатынасы сияқты болады.

Бұл пропорциядан шығатын қорытынды: пайда нормасы  $p$  әрқашан қосымша құн нормасы  $m'$ -нен аз, өйткені өзгермелі капитал  $v$  — әрқашан  $K$ -дан, өзгермелі капитал мен тұрақты капитал сомасы  $v+c$ -тен аз; бұдан өзгеше болатын бір-ақ жағдай бар: демек, капиталист тұрақты капиталды, өндіріс құрал-жабдықтарын мүлде авансыламай, жалақыны ғана авансылайтын ретте ғана  $v=K$  болар еді, бірақ бұл іс жүзінде мүмкін емес.

Біздің зерттеуімізде, айта кетелік,  $c$ ,  $v$  және  $m'$  мөлшеріне мықтап әсер ететін бірқатар басқа да факторлар еске алынды, сондықтан оларға қысқаша тоқтап өткен мақұл.

Біріншіден, *ақша құны*. Біз мұны барлық жерде тұрақты құн деп қабылдауымызға болады.

Екіншіден, *айналым*. Біз бұл факторды әзірге қалыс қалдырамыз, өйткені оның пайда нормасына тигізетін әсері келесі тараулардың бірінде ерекше зерттеледі. | Бұл арада біз алдын ала тек мынаны ескертеміз:  $p' = m' \frac{v}{K}$  формуласы өзгермелі капиталдың *бір ғана* айналымына дұрыс келеді, бірақ біз мұны жылдық айналымға да дұрыс формула ете аламыз; бұл үшін қосымша құнның жай нормасы —  $m$  орнына қосымша құнның жылдық нормасы —  $m'n$  қою керек, мұнда  $n$  өзгермелі капиталдың бір жыл ішіндегі айналымдарының санын көрсетеді (қараңыз: «Капитал», II кітап, XVI тарау, 1). — Ф. Э. }

Үшіншіден, *еңбек өнімділігін* еске алу керек, мұның қосымша құн нормасына тигізетін әсері «Капиталда» егжей-тегжейлі зерттелген, I кітап, IV бөлім. Бірақ еңбек өнімділігі пайда нормасына, тым болмағанда жеке капиталдың пайда нормасына тікелей де әсер ете алады, және, «Капиталда» көрсетілгеніндей, I кітап, X тарау, 280—284-беттер<sup>22</sup>, бұл жеке капитал қоғамдық орта өнімділіктен жоғары өнімділікпен істейтін болса, дәл өзі сияқты товарлардың қоғамдық орта құнына қарағанда неғұрлым арзан құнды өнімдер, сондықтан да үстеме құн беретін болса, тек сонда ғана осылай әсер ете алады. Бірақ бұл жағдайды біз әзір қалыс қалдырамыз, өйткені біз

бұл бөлімде де баяғы товарлар қоғамдық бір қалыпты жағдайда өндіріліп, өз құны бойынша сатылады деген ұйғарындыға сүйенеміз. Демек, әрбір жеке ретте біз еңбек өнімділігі тұрақты қалыпта деген ұйғарындыға сүйенеміз. Шындығында өнеркәсіптің белгілі бір саласына жұмсалған капитал әр жолы өзінің құндық құрылымы, яғни өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға белгілі бір қатынасы арқылы еңбек өнімділігінің белгілі бір дәрежесін көрсетеді. Демек, бұл қатынас тұрақты капиталдың заттық құрамды құнының жай бөліктері өзгеруі немесе жалақының өзгеруі жолымен емес, басқаша жолмен өзгеретін болса, онда еңбек өнімділігі де өзгеруге тиіс екендігін, сондықтан  $c$ ,  $v$  және  $m$  факторларында болатын өзгерістер сонымен қатар еңбек өнімділігінде де өзгеріс тудыратынын біз әлі талай кездестіреміз.

Мұның өзі қалған үш факторға: жұмыс күнінің ұзақтығына, еңбек интенсивтілігі мен жалақыға да тән. Бұлардың қосымша құн аумағы мен нормасына ететін әсері бірінші кітапта егжей-тегжейлі зерттелген<sup>23</sup>. Сонымен, мәселені оңайлату үшін біз әрқашан бұл үш фактор тұрақты фактор болып қала береді деп ұйғарғанымызбен, алайда  $v$  мен  $m$ -да болатын өзгерістер олардың осы шешуші буындарының мөлшерін де өзгертуі мүмкін. Бұл арада тек қысқаша ескерте кететін нәрсе — жалақының қосымша құн мөлшері мен қосымша құн нормасының дәрежесіне тигізетін әсері жұмыс күнінің ұзақтығы мен еңбек интенсивтілігінің бұларға тигізетін әсеріне керісінше болады; жалақының жоғарылауы қосымша құнды азайтады, ал оның бер жағында жұмыс күнінің ұзаруы мен еңбек интенсивтілігінің артуы қосымша құнды көбейтеді.

Егер біз, мысалы, мөлшері 100 капитал 20 жұмысшымен он сағаттық еңбек жағдайында және жалпы жалақы мөлшері аптасына 20 болған жағдайда мөлшері 20 қосымша құн өндіреді деп ұйғарсақ, онда мынаны көреміз:

$$80_c + 20_v + 20_m; \quad m' = 100\%, \quad p' = 20\%.$$

Жұмыс күні жалақыны арттырмай-ақ 15 сағатқа дейін ұзартылды делік; осының арқасында 20 жұмысшының жаңадан өндірген барлық құны 40-тан 60-қа дейін ( $10 : 15 = 40 : 60$ ) артады; өйткені төленген жалақы —  $v$  бұрынғы қалпында қалады, ал қосымша құн 20-дан 40-қа дейін артады, сонда біз мынаны көреміз:

$$80_c + 20_v + 40_m; \quad m' = 200\%, \quad p' = 40\%.$$

Егер, екінші жағынан, он сағаттық еңбек жағдайында жалақы 20-дан 12-ге дейін түсетін болса, онда бізде де, әуел

бастағы сияқты, жаңадан жасалған барлық құн 40 мөлшерінде болады, бірақ енді ол басқаша бөлінеді:  $v$  12-ге дейін төмендейді, ал  $m$  28 мөлшеріндегі қалдыққа тең болады. Демек, біз мынаны көреміз:

$$80_c + 12_v + 28_m; \quad m' = 233 \frac{1}{3} \% ; \quad p' = \frac{28}{92} = 30 \frac{10}{23} \% .$$

Сонымен, біз мынаны көреміз: жұмыс күнінің ұзаруы (немесе еңбек интенсивтілігінің тиісінше артуы) да, жалақының төмендеуі де қосымша құнның аумағын арттырады, демек, оның нормасын да арттырады; мұның керісінше, басқа жағдайлар бірдей болса, жалақының артуы қосымша құн нормасын төмендетер еді. Демек, егер  $v$  жалақының артуы нәтижесінде өсетін болса, онда мұның өзі еңбектің көлемі көбеюін емес, оның белгілі көлеміне тек неғұрлым қымбат төленгенін көрсетеді;  $m$  мен  $p'$  артпайды, қайта төмендейді.

Осы жердің өзінде көрініп отырғаны: жұмыс күніндегі, еңбек интенсивтілігі мен жалақыдағы өзгерістер  $v$  мен  $m$ -ны және бұлардың ара қатынасын, осыған орай  $p$ -ны да,  $m$ -ның  $c + v$ -ға — барлық капиталға қатынасын да өзгертпей қоймайды; дәл сондай-ақ  $m$ -ның  $c + v$ -ға қатынасының өзгеруі де кем дегенде, еңбектің жоғарыда айтылған үш шартының бірінде өзгеріс болғанын көрсететіні айқын.

Нақ осыдан өзгермелі капиталдың барлық капитал қозғалысына және оның құнының көбеюіне деген ерекше органикалық қатынасы, сондай-ақ оның тұрақты капиталдан өзгешелігі көрінеді. Мәселені құн жасалуына байланысты жағынан алсақ, тұрақты капитал өзінің құны болғандықтан ғана маңызды; оның бер жағында 1500 ф. ст. тұрақты капитал, айталық, 1 фунт стерлингтен тұратын 1500 тонна темір ме, әлде 3 фунт стерлингтен тұратын 500 тонна темір ме,— құн жасалуы үшін мұның ешбір айырмасы жоқ. Құн жасалуы үшін және осы құнмен бірге кері бағытта өзгертін пайда нормасы үшін тұрақты капиталдың құны бойына сіңген шын заттың санында тұрған ешбір айырма жоқ, яғни тұрақты капитал құны көбеюі немесе азаюы әлгі тұрақты капитал бойына сіңген заттық тұтыну құндары аумағына қандай қатынаста болғанының да ешбір айырмасы жоқ.

Өзгермелі капиталға келсек, істің жайы мүлде басқаша. Бұл арада бірінші кезектегі маңызды нәрсе — өзгермелі капиталдың өзінде бар құн емес, ондағы затқа айналған еңбек емес, өзгермелі капитал қозғалысқа келтіретін және өзгермелі капиталда көрсетілмеген бүкіл еңбектің тек жай көрсеткіші ретіндегі осы құн; бүкіл осы еңбек пен өзгермелі капиталдың өзінде көрсетілген еңбектің, сондықтан ақысы тө-

ленген еңбектің, немесе осы еңбектің қосымша құн жасайтын бөлігінің арасындағы айырмашылық өзгермелі капиталдың өзіндегі еңбек неғұрлым аз болса, тура солғұрлым көп болып шығады. 10 сағат жұмыс күні он шиллингке немесе он маркаға тең болсын, дейік. Егер жалақының, демек, өзгермелі капиталдың орнын толтыратын қажетті еңбек 5 сағатқа — 5 шиллингке тең болса, онда қосымша еңбек 5 сағатқа және қосымша құн 5 шиллингке тең болады; егер қажетті еңбек 4 сағатқа — 4 шиллингке тең болса, онда қосымша еңбек — 6 сағатқа және қосымша құн — 6 шиллингке тең болады.

Сонымен, өзгермелі капитал құнының мөлшері өзгермелі капитал қозғалысқа келтіретін еңбек аумағының көрсеткіші болудан қалысымен, оның үстіне осы көрсеткіш өлшемінің өзі өзгерісімен, қосымша құнның нормасы да карама-қарсы бағытта және кері қатынаста өзгереді.

Енді біз пайда нормасының жоғарыда келтірілген  $p' = m' \frac{v}{K}$  теңдеуін әр түрлі ықтимал жағдайларда қолданып көруге көшеміз. Біз  $m' \frac{v}{K}$  жеке факторларының мағнасын бірінен соң бірін өзгертіп, бұл өзгерістердің пайда нормасына ететін әсерін анықтаймыз. Сөйтіп, біз бірқатар әр түрлі жағдайлар жасаймыз да, олардан не белгілі бір капиталдың әрекет жасау жағдайлары дәйектілікпен өзгередінін немесе өнеркәсіптің әр түрлі салаларында, яки әр түрлі елдерде бір-бірімен қатар бір мезгілде болатын және салыстыру үшін алынатын әр түрлі капиталдар болатынын көреміз. Сондықтан егер біздің кейбір мысалдарымызды түсінуге келгенде белгілі бір капитал жағдайындағы уақыт дәйектілігі тұрғысынан сенімсіздеу немесе тіпті мүмкін емес сияқты көрінетін болса, кейін, тәуелсіз капиталдарды салыстырғанымызда, бұл қарсылық жайына қалады.

Сонымен, біз  $m' \frac{v}{K}$  көбейтіндісінен оның екі көбейткішін,  $m'$  мен  $\frac{v}{K}$ -ні бөліп аламыз; әуелі тұрақты шама ретінде  $m'$ -ді аламыз да,  $\frac{v}{K}$ -нің ықтимал өзгерістерінің әсерін зерттейміз; сонан соң біз  $\frac{v}{K}$  бөлшегін тұрақты шама деп ұйғарамыз да,  $m'$ -ді ықтимал өзгерістерге түсіреміз; ақырында, біз факторлардың бәрі өзгереді деп ұйғарамыз; сөйтіп, пайда нормаларына қатысты заңдар шығаруға болатын реттердің бәрін осымен тәмамдаймыз.

I.  $m'$  ӨЗГЕРМЕЙДІ,  $\frac{v}{K}$  ӨЗГЕРЕДІ

Бірнеше жеке реттерді қамтитын бұл жағдай үшін ортақ формула жасауға болады. Егер бізде екі капитал:  $K$  мен  $K_1$  болса, оларға сәйкес өзгермелі құрамды бөліктер мен екеуіне ортақ қосымша құн нормасы  $m'$  және пайда нормалары  $p'$  және  $p'_1$  болса, онда

$$p' = m' \frac{v}{K}; \quad p'_1 = m' \frac{v_1}{K_1} \quad \text{болады.}$$

Егер біз енді  $K$  мен  $K_1$ -нің, сондай-ақ  $v$  мен  $v_1$ -нің бір-біріне қатынасын анықтайтын болсақ, егер біз, мысалы, бөлшек  $\frac{K_1}{K} = E$ , ал бөлшек  $\frac{v_1}{v} = e$  деп ұйғарсақ, онда  $K_1 = EK$  және  $v_1 = ev$  екенін көреміз. Енді  $p_1$ ,  $K_1$  және  $v_1$  үшін осылайша алынған шамаларды бұрынғы теңдеуге қойып, біз мына нәтижені көреміз:

$$p'_1 = m' \frac{ev}{EK}.$$

Бірақ бұрынғы екі теңдеуден біз тағы бір формула шығарып, оларды төмендегі пропорцияға айналдыра аламыз:

$$p' : p'_1 = m' \frac{v}{K} : m' \frac{v_1}{K_1} = \frac{v}{K} : \frac{v_1}{K_1}.$$

Егер алым мен бөлімді белгілі бір санға көбейтсе немесе бөлсе, бөлшек шамасы өзгермейтіндіктен, біз  $\frac{v}{K}$  мен  $\frac{v_1}{K_1}$ -ны процент қатынасына келтіре аламыз, яғни  $K$  да,  $K_1$  де  $= 100$  деп ұйғара аламыз. Онда бізде  $\frac{v}{K} = \frac{v}{100}$  және  $\frac{v_1}{K_1} = \frac{v_1}{100}$  болады, сонсоң біз жоғарыда келтірілген пропорциядан бөлімдерді шығарып тастай аламыз, сонда былай болады:

$$p' : p_1 = v : v_1; \quad \text{немесе:}$$

Қосымша құн нормасы теңбе-тең кездейсоқ алына салған қимыл үстіндегі екі капиталдың пайда нормалары бір-біріне капиталдың өзгермелі бөліктері процент жағынан алғанда тиісті жиынтық капиталға қандай қатынаста болса, дәл сондай қатынаста болады.

Бұл екі формула  $\frac{v}{K}$  өзгерістерінің барлық реттерін қамтиды.

Бұл реттерді жеке алып зерттеместен бұрын, тағы бір ескер-



ту жасайық.  $K$  тұрақты капитал мен өзгермелі капитал  $c$  пен  $v$ -ның қосындысы болып табылады десек және пайда нормасы тәрізді қосымша құн нормасы да әдетте процентпен көрсетіледі десек, жалпы алғанда  $c+v$  сомасын да жүздікке тең деп ұйғару, яғни  $c$  пен  $v$ -ны да процентпен көрсету қолайлы болады. Рас, пайданың аумағын емес, нормасын анықтау үшін біз: 15 000 капитал, оның 12 000-ы тұрақты да, 3 000-ы өзгермелі капитал, 3000 қосымша құн өндіреді дейміз бе; немесе:

$$15\ 000 K = 12\ 000_c + 3\ 000_v (+ 3\ 000_m)$$

$$100 K = 80_c + 20_v (+ 20_m)$$

деп, бұл капиталды процентке айналдырамыз ба — онда тұрған айырма жоқ.

Бұл екі ретте де қосымша құн нормасы  $m' = 100\%$ , пайда нормасы  $= 20\%$ .

Біз екі капиталды бір-бірімен салыстырғанда да солай болып шығады, мысалы, бұрынғы капиталмен мына капиталды салыстырамыз:

$$12\ 000 K = 10\ 800_c + 1\ 200_v (+ 1\ 200_m)$$

$$100 K = 90_c + 10_v (+ 10_m),$$

мұнда екі ретте де  $m' = 100\%$ ,  $p' = 10\%$  және процент формасында салыстыру әлдеқайда айқынырақ болып шығады.

Мұның керісінше, егер мәселе белгілі бір капиталда болатын өзгерістер жайында болса, онда проценттік форманы ілуде бір ғана пайдалануға болады, өйткені ол әрқашан дерлік бұл өзгерістерді жойып жібереді. Егер капитал:

$$80_c + 20_v + 20_m$$

проценттік формадан

$$90_c + 10_v + 10_m$$

проценттік формаға көшсе, онда  $90\ c + 10_v$  өзгерген проценттік құрылымы  $v$ -ның абсолюттік азаюы салдарынан туғандығы немесе  $c$ -тің абсолюттік көбеюі салдарынан туғандығы, немесе бұлардың екеуінің де салдарынан туғандығы көрінбейді. Бұл үшін біздің қолымызда абсолютті сан мөлшерлері болуға тиіс. Бірақ өзгерістердің келесі жеке реттерін зерттегенде, барлығы келіп бұл өзгерістердің қалай болғандығына тіреледі: айталық, өзгермелі капитал өзгермей, тұрақты капиталдың көбеюі нәтижесінде  $12\ 000_c + 3\ 000_v$ -ның  $27\ 000_c + 3\ 000_v$ -ға (процентте  $90_c + 10_v$ ) айналуы себепті  $80_c + 20_v$   $90_c + 10_v$ -ға айналды ма, немесе тұрақты капитал өзгермей, өзгермелі капиталдың азаюы нәтижесінде, яғни  $12\ 000_c +$

+1 333<sub>v</sub> 1/3-ға (процентте бұл да  $90_c + 10_v$ ) көшуі нәтижесінде, немесе, ақырында, екі қосындының, мысалы,  $13\,500_c + 1\,500_v$  ның (процентте тағы да  $90_c + 10_v$ ) өзгеруі нәтижесінде олар осы форманы қабылдады ма? Біз нақ осы реттердің бәрін дәйекті түрде қарастыруға тиіспіз, сондықтан да біздің проценттік форманың қолайлы жақтарынан бас тартуымызға немесе оны тек екінші кезекте ғана қолдануымызға тура келеді.

### 1) $m'$ мен $K$ өзгермейді, $v$ өзгереді

Егер  $v$  өзінің мөлшерін өзгертсе,  $K$  өзгеріссіз қала алады, бұл үшін  $K$ -ның екінші бір құрамды бөлігі, атап айтқанда, тұрақты капитал  $c$  өзінің мөлшерін дәл  $v$  сомасында, бірақ қарама-қарсы бағытта өзгертеді. Егер  $K$  алғашында  $= 80_c + 20_v = 100$  болса, сонан соң  $v$  10-ға дейін азайса, онда  $c$  90-ға дейін көтерілгенде ғана  $K = 100$  күйінде қала алады:  $90_c + 10_v = 100$ . Жалпы айтқанда, егер  $v$  өзгеріп  $v \pm d$ -ға айналса, яғни  $d$  мөлшерінде көбейген немесе азайған  $v$ -ға айналса, онда қаралып отырған жағдайдың шарттары қамтамасыз етілуі үшін  $c$  өзгеріп  $c \pm d$ -ға айналуға тиіс, дәл осындай сомаға қарама-қарсы бағытта өзгеруге тиіс.

Дәл сондай-ақ қосымша құн нормасы  $m'$  өзгермесе, бірақ өзгермелі капитал  $v$  мөлшері өзгерсе, қосымша құн аумағы  $m$  өзгеруге тиіс, өйткені  $m = m'v$ , ал  $m'v$ -да бір көбейткіш, атап айтқанда  $v$  өзінің мөлшерін өзгертті.

Бастапқы:

$$p'_1 = m' \frac{v}{K},$$

теңдеуімен қатар біз қарастырып отырған реттегі ұйғарындыдан  $v$ -ның өзгеруі нәтижесінде мынадай екінші теңдеу шығады:

$$p'_1 = m' \frac{v_1}{K},$$

мұнда  $v$  келіп  $v_1$ -ға көшті, ал осының нәтижесінде өзгерген пайда нормасы  $p_1$ -ны табу керек болады.

Ол мынадай тиісті пропорциямен белгіленеді:

$$p' : p'_1 = m' \frac{v}{K} : m' \frac{v_1}{K} = v : v_1.$$

Немесе: қосымша құн нормасы өзгермесе және бүкіл капиталдың мөлшері өзгермесе, бастапқы өзгермелі капитал өзгерген капиталға қандай қатынаста болса, пайданың бастапқы нормасы өзгермелі капиталдың өзгеруі нәтижесінде пайда болған пайда нормасына сондай қатынаста болады.

Егер капитал алғашында, жоғарыда айтылғандай:

I.  $15\ 000\ K = 12\ 000_c + 3\ 000_v (+ 3\ 000_m)$  болып, ал енді қазір:

II.  $15\ 000\ K = 13\ 000_c + 2\ 000_v (+ 2\ 000_m)$  болса,

онда екі ретте де  $K$  15 000 және  $m' = 100\%$ , ал I өзгермелі капитал, 3 000, II өзгермелі капиталға, 2 000-ға, қандай қатынаста болса, I пайда нормасы 20%, II пайда нормасы  $13\frac{1}{3}\%$ -ке сондай қатынаста болады, демек,  $20\% : 13\frac{1}{3}\% = 3\ 000 : 2\ 000$ .

Өзгермелі капитал не көбеюі, не азаюы мүмкін. Әуелі мысалға оның көбейгенін алайық. Айталық, капитал алғашында мына төмендегі түрде құралып, қызмет атқарады делік:

I.  $100_c + 20_v + 10_m$ ;  $K = 120$ ,  $m' = 50\%$ ,  $p' = 8\frac{1}{3}\%$ .

Енді өзгермелі капитал 30-ға дейін көбейді делік; онда, ұйғарынды бойынша, бүкіл капитал бұрынғысынша 120-ға тең күйінде қалу үшін тұрақты капитал 100-ден 90-ға дейін азаюға тиіс. Қосымша құн нормасы әлгіндей 50% болса, өндірілген қосымша құн 15-ке дейін көтерілуге тиіс. Демек, біз мынаны көреміз:

II.  $90_c + 30_v + 15_m$ ;  $K = 120$ ,  $m' = 50\%$ ,  $p' = 12\frac{1}{2}\%$ .

Әуелі жалақы өзгерген жоқ деген ұйғарындыға сүйенеміз. Онда қосымша құн нормасының басқа факторлары — жұмыс күні мен еңбек интенсивтілігі өзгермеуге тиіс. Демек,  $v$ -ның (20-дан 30-ға дейін) көбеюінің тек мынадай ғана мағынасы болуы мүмкін: жұмысшылар жарты есе көп пайдаланылады. Бұл ретте олардың жаңадан өндірген бүкіл құны да жарты есе, 30-дан 45-ке дейін, көтеріледі және бұрынғы сияқты —  $\frac{2}{3}$  жалақыға,  $\frac{1}{3}$  қосымша құнға бөлінеді. Бірақ жұмысшылар санының артуымен қатар тұрақты капитал, өндіріс құрал-жабдықтарының құны 100-ден 90-ға дейін төмендеді. Демек, біз тұрақты капиталдың кемуіне байланысты еңбек өнімділігі де қатар кеми түскен ретті көріп отырмыз; экономикалық жағынан алғанда осындай жағдайдың болуы мүмкін бе?

Екіншілік пен кен шығару өнеркәсібінде еңбек өнімділігі кемуін, сондықтан жұмыс істейтін жұмысшылар саны артуын түсіну қиын емес, капиталистік өндіріс шеңберлерінде және соның базасында бұл процесс тұрақты капиталдың кемуіне емес, артуына байланысты болады. Егер тіпті  $c$ -тің жоғарыда айтылған азаюы бағаның жай төмендеуіне байланысты болғанның өзінде, жеке капиталдың I-ден II-ге көшуіне мүлде ерекше жағдай керек болар еді. Бірақ түрлі елдерде немесе екіншіліктің не кен шығару өнеркәсібінің түрлі тарауларына

жұмсалған тәуелсіз екі капитал жөнінде: егер екінші ретке қарағанда бірінші ретте құны немесе көлемі жағынан аз өндіріс құрал-жабдықтарымен жұмыс істейтін көп жұмысшы (сондықтан өзгермелі капиталы да көп) пайдаланылса, мұнда таңданарлық ештеңе жоқ болар еді.

Ал егер біз жалақы өзгермейді деген ұйғарындыны былай қойып, өзгермелі капиталдың 20-дан 30-ға дейін артуын жалақының жарты есе көбеюінен деп түсінсек, онда біздің алдымызда мүлде басқаша жағдай болады. Сол бұрынғы жұмысшы саны, айталық, 20 жұмысшы алдағы күнде де сол бір көлемдегі немесе болмашы кеміген өндіріс құрал-жабдықтарымен жұмыс істейді. Егер жұмыс күні өзгермей, мысалы 10 сағат болса, онда жаңадан өндірілген бүкіл құн да өзгермейді: бұрынғысындай, енді де 30-ға тең болады. Бірақ бұл 30 авансыланған өзгермелі 30 капиталдың орнын толтыру үшін түгел тұтынылады; қосымша құн жоғалған болар еді. Алайда қосымша құн нормасы өзгермейді, яғни I-дегі сияқты 50%-ке тең деп ұйғарғанбыз. Мұның өзі жұмыс күні жарты есе, яғни 15 сағатқа дейін көбейтілген жағдайда ғана мүмкін нәрсе. Онда 20 жұмысшы 15 сағаттың ішінде 45 жаңа құн өндіре еді де, барлық шарттар сақталған болар еді.

$$\text{II. } 90_c + 30_v + 15_m; K = 120, m' = 50\%, p' = 12\frac{1}{2}\%.$$

Бұл ретте әлгі 20 жұмысшы еңбек құралдарын, құрал-саймандарды, машиналарды, т. б. I реттегіден көп керек етпейді; тек шикі материал немесе көмекші материал көлемін жарты есе арттыруға тура келеді. Демек, бұл материалдардың бағасы төмендесе, біздің ұйғарындымыз бойынша, тіпті жеке капитал I-ден II-ге көшуіне экономика жағынан мүмкіндік бар деуге болар еді. Ал капиталист өзінің тұрақты капиталының бағасы түсуі салдарынан тартатын зиянын ішінара пайданың жоғарылауы арқылы толтырған болар еді.

Енді өзгермелі капитал көбеймейді, қайта азаяды деп ұйғаралық. Бұл ретте біз тек бұрынғы мысалымызды өзгертіп, II-ні алғашқы капитал деп алып, II-ден I-ге көшсек болғаны.

$$\text{II. } 90_c + 30_v + 15_m, \text{ онда мынаған айналады:}$$

I.  $100_c + 20_v + 10_m$ . сөйтіп, мұндай орнын ауыстырудың салдарынан екі жағдайда да пайда нормаларын және олардың өзара қатынасын реттейтін шарттардан ештеме өзгермейтіні өзінен өзі айқын.

Егер тұрақты капитал өскен себепті  $\frac{1}{3}$  есе аз жұмысшы істейтіндіктен 30-дан 20-ға дейін төмендесе, онда біз бұл арада қазіргі заманғы өнеркәсіптің: еңбек өнімділігі өсе түскен, өндіріс құрал-жабдықтарының көп аумағы аз жұмысшыларға бағындырылған қалыпты жәйін көреміз. Мұндай қозғалыс

сонымен қабат пайда нормасы төмендей түсуімен сөзсіз байланысты екені осы кітаптың үшінші бөлімінде анықталады.

Ал егер жұмысшылардың бұрынғы саны неғұрлым төмен жалақымен жұмыс істейтін болса, онда жұмыс күні өзгермесе, бүкіл жаңадан өндірілген құн бұрынғы күйінде қалар еді:  $30_v + 15_m = 45$ ; ал  $v$  — 20-ға дейін төмендегендіктен, қосымша құн 25-ке дейін, қосымша құн нормасы — 50%-тен 125%-ке көтерілер еді, ал мұның өзі біздің ұйғарындымызға қайшы келер еді. Біз көрсеткен реттің шарттары сақталуы үшін нормасы 50% қосымша құн, мұның керісінше, 10-ға дейін төмендеуге тиіс, демек, бүкіл жаңадан өндірілген құн 45-тен 30-ға дейін төмендеуге тиіс, ал мұның өзі жұмыс күнінің  $1/3$ -ін қысқартқанда ғана мүмкін нәрсе. Онда бізде бұрынғыша былай болып шығады:

$$100_c + 20v + 10m; \quad m' = 50\%, \quad p' = 8^{1/3}\%.$$

Әрине, жалақы төмендесе, жұмыс уақытын бұлай қысқарту практика жүзінде болмайтынын айтып жатудың қажеті жоқ. Әйткенмен, бұл әзірге бәрібір. Пайда нормасы көптеген өзгермелі капиталдың қызметі болып табылады, ал егер біз бұл өзгермелі капиталдың пайда нормасына қалай әсер ететінін білгіміз келсе, онда бұлардың әрқайсысының жеке-дара типізетін әсерін зерттеуге тиіспіз, бұл жерде белгілі бір капиталға мұндай жекелеп әсер ету экономика жағынан мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе, оған қарап жатпаймыз.

## 2) $m'$ өзгермейді, $v$ өзгереді, $v$ -ның өзгеруі салдарынан $K$ өзгереді

Бұл реттің бұрынғыдан тек дәрежесі жағынан ғана айырмасы бар.  $v$  қаншалық көбейсе немесе қаншалық азайса,  $c$  соншалық азаюы немесе көбеюі орнына,  $c$  мұнда өзгермейді. Бірақ ірі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайларында өзгермелі капитал бүкіл капиталдың біршама шағын бөлшегі ғана болып табылады, сондықтан бүкіл капиталдың азаюы немесе өсуі де онша көп болмайды, өйткені мұның өзі өзгермелі капиталдың өзгеруі арқылы болады. Егер де біз тағы да мына капиталға сүйенетін болсақ:

$$I. 100_c + 20_v + 10_m; \quad K = 120, \quad m' = 50\%, \quad p' = 8^{1/3}\%$$

онда бұл капитал, мысалы, мынаған айналар еді:

$$II. 100_c + 30_v + 15_m; \quad K = 130, \quad m' = 50\%, \quad p' = 11^{7/13}\%.$$

Өзгермелі капиталдың қарама-қарсы реті тағы да II-ден I-ге кері қарай өтумен көрсетілген болар еді.

Экономикалық шарттар шынында дәл бұдан бұрынғы реттегідей болар еді, сондықтан оларды қайта баяндап жатудың керегі жоқ. I-ден II-ге көшу мынаны керек етеді: еңбек өнімділігі жарты есе кемиді, II -дегі 100<sub>c</sub>-ті бағындыруға I-дегіден жарты есе көп еңбек керек. Бұл жағдай егіншілікте кездесуі мүмкін<sup>9)</sup>.)

Бірақ тұрақты капитал өзгермелі капиталға айналған себепті немесе керісінше болғаны себепті бұрынғы ретте бүкіл капитал өзгеріссіз қалған болса, мұнда өзгермелі бөлік көбейсе, қосымша капитал ұсталады да, өзгермелі бөлік кемісе, сол кезге дейін қолданылған капитал босайды.

### 3) $m'$ мен $v$ өзгермейді, $c$ өзгереді, ал сондықтан $K$ -да өзгереді

Бұл ретте:

$p' = m' \frac{v}{K}$  тендеуі өзгеріп,  $p'_1 = m' \frac{v}{K}$  болады және көбейткіштерді екі жақтан да тиісінше қысқартқанда мынадай пропорция шығады:

$$p'_1 : p' = K : K_1;$$

қосымша құн нормалары тең болса және капиталдың өзгермелі бөліктері тең болса, пайда нормалары капиталдың жалпы мөлшеріне кері пропорцияда болады.

Егер бізде, мысалы, үш капитал немесе белгілі бір капиталдың мынадай үш түрлі құрылымы болса:

I.  $80_c + 20_v + 20_m$ ;  $K=100$ ,  $m'=100\%$ ,  $p'=20\%$ ;

II.  $100_c + 20_v + 20_m$ ;  $K=120$ ,  $m'=100\%$ ,  $p'=16\frac{2}{3}\%$ ;

III.  $60_c + 20_v + 20_m$ ;  $K=80$ ,  $m'=100\%$ ,  $p'=25\%$ ;

онда мынадай қатынастар келіп шығады:

$$20\% : 16\frac{2}{3}\% = 120 : 100 \text{ және } 20\% : 25\% = 80 : 100.$$

Өзгермейтін  $m'$  жағдайында  $\frac{v}{K}$  өзгерістерінің бұрын берілген жалпы формуласы мынадай еді:

$p'_1 = m' \frac{ev}{EK}$ ; енді ол мынаған айналады:  $p' = m' \frac{v}{EK}$ , өйткені  $v$  өзгеріске ұшырамайды, сондықтан көбейткіш  $e = \frac{v_1}{v}$  мұнда 1-ге тең болады.

<sup>9)</sup> Бұл арада қолжазбада былай делінген: «Бұл рет жер рентасымен қандай байланыста тұрғанын кейін зерттеу керек», [Ф. Э.]

$m'v = m$ , қосымша құн аумағына тең, ал  $m'$  мен  $v$  өзгеріссіз қалатындықтан,  $m'$ -ға да  $K$  өзгерісі әсер етпейді; қосымша құн аумағы осы өзгерістен бұрынғысындай болып қала береді.

Егерде  $c$  нөлге дейін төмендесе, онда  $p' = m'$  болар еді, пайда нормасы қосымша құн нормасына тең болар еді.

Өзгеріске  $c$  не тұрақты капиталдың заттық элементтері құнының жай өзгеруі салдарынан, не бүкіл капиталдың техникалық құрылымының өзгеруі салдарынан, яғни өндірістің тиісті саласында еңбек өнімділігінің өзгеруі салдарынан ұшырауы мүмкін. Сонғы ретте ірі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуына байланысты қоғамдық еңбек өнімділігінің артуы III-ден I-ге және I-ден II-ге өту дәйекті болуына (жаңа ғана келтірілген мысалда) себепші болар еді. 20 ақы төленетін және 40 құн өндіретін еңбек көлемі әуелі құны 60 еңбек құралдары аумағын қозғалысқа келтірер еді; еңбек өнімділігі артып, құн өзгермесе, қозғалысқа келтірілген еңбек құралдарының аумағы әуелі 80-ге дейін, сонан соң 100-ге дейін өсер еді. Керісінше, дәйектілік өнімділіктің төмендеуін туғызар еді; дәл осы еңбек көлемі шағын өндіріс құрал-жабдықтарын қозғалысқа келтірер еді де, егіншілікте, кен жұмысында, т. б. болатынындай, өндіріс қысқарар еді.

Тұрақты капиталды үнемдеу, бір жағынан, пайда нормасын арттырады, ал екінші жағынан — капиталды босатады, демек, мұның капиталистер үшін үлкен мәні бар. Кейінірек\* біз бұл мәселені, сондай-ақ тұрақты капиталдың, әсіресе шикізат элементтері бағасы өзгеруінің тигізетін әсерін егжей-тегжейлі зерттейміз.

Ал бұл арада тағы да былай болып шығады: тұрақты капиталдың өзгеруі бұл өзгеріс  $c$ -тің заттық құрамды бөліктерінің көбеюінен немесе азаюынан болып отырғанына немесе олардың құнының жай өзгеруінен болып отырғанына қарамастан, пайда нормасына бір қалыпты әсер етеді.

#### 4) $m'$ өзгермейді, $v$ , $c$ және $K$ өзгереді

Бұл ретте өзгерген пайда нормасының бұрынғы жалпы формуласы күшінде қалады:

$$p'_1 = m' \frac{ev}{EK}.$$

Бұдан шығатын қорытынды — қосымша құн нормасы өзгермесе:

\* Осы томның V және VI тарауларын қараңыз. *Ред.*

а) Егер  $e$ -ден  $E$  көп болса, яғни тұрақты капитал көбейгенде бүкіл капитал өзгермелі капиталдан біршама тезірек өсетіндей болып көбейсе, пайда нормасы төмендейді. Егер капитал  $80_c + 20_v + 20_m$  нен  $170_c + 30_v + 30_m$  құрылымына көшсе, онда  $=100\%$  болып қала береді, бірақ  $v$  да,  $K$  да көбейгеніне қарамастан,  $\frac{v}{K} \frac{20}{100}$ -ден  $\frac{30}{200}$ -ке дейін төмендейді, ал пайда нормасы тиісінше  $20\%$ -тен  $15\%$ -ке дейін төмендейді.

б) Егер  $e=E$  болса, яғни  $\frac{v}{K}$  бөлшегі өзгерген болып көрінгенімен өзінің бұрынғы мөлшерін сақтаса, яғни алым мен бөлімі бір санға көбейтілсе немесе бөлінсе, тек сондай ретте ғана пайда нормасы өзгермейді.  $80_c + 20_v + 20_m$  және  $160_c + 40_v + 40_m$  сірә, екеуінде де пайда нормасы біреу —  $20\%$  болса керек, өйткені  $m' = 100\%$  күйінде қалады, ал  $\frac{v}{K} = \frac{20}{100} = \frac{40}{200}$ ; екі мысалда да мұның маңызы бірдей.

с) Егер  $E$ -ден  $e$  көп болса, яғни өзгермелі капитал бүкіл капиталдан біршама тезірек өссе, пайда нормасы көтеріледі. Егер  $80_c + 20_v + 20_m$  келіп  $120_c + 40_v + 40_m$ -ға айналса, онда пайда нормасы  $20\%$ -тен  $25\%$  дейін көтеріледі, өйткені  $m^1$  өзгерген жоқ, ал  $\frac{v}{K} = \frac{20}{100}$  келіп  $\frac{40}{160}$ -ге  $1/5$ -ден  $1/4$ -ге дейін көбейді.

Үмен  $K$  бір бағытта өзгерсе, біз шаманың бұл өзгерісін бұлардың екеуі де белгілі бір шекке дейін бірдей қатынаста өзгереді, сондықтан бұл шекке дейін  $\frac{v}{K}$ -де өзгеріс болмайды деп түсінер едік. Бұл шектен әрі екі шаманың біреуі ғана өзгерер еді де, біз осы неғұрлым күрделі ретті бұрынғы неғұрлым қарапайым реттердің біріне келтірер едік.

Егер, мысалы,  $80_c + 20_v + 20_m$  келіп  $100_c + 30_v + 30_m$ -ға көшсе, онда осы өзгеріс процесінде  $v$ -ның  $c$ -қа қатынасы, сондықтан  $K$ -ға қатынасы, қашан  $100_c + 20_v + 25_m$ -ға жеткенге дейін өзгеріссіз қала береді. Демек, соған дейін пайда нормасы да бұрынғы күйінде қалады. Сонымен бастама пункт ретінде біз енді  $100_c + 25_v + 25_m$ -ді алуымызға болады; біз  $v$  келіп  $5$ -ке,  $30_v$ -ға дейін көбейді деп білеміз, ал осының арқасында  $K$  келіп  $125$ -тен  $130$ -ға дейін көбейгенін, демек екінші ретті —  $v$ -ның жай өзгеруін және осыдан келіп  $K$ -ның өзгеру ретін көреміз. Қосымша құн нормасы бұрынғысынша болса, алғашында  $20\%$  болған пайда нормасы осы  $5$  қосылуы нәтижесінде  $23\frac{1}{13}\%$ -ке дейін көтеріледі.

Егер тіпті  $v$  мен  $K$  қарама-қарсы бағытта өзгергеннің өзінде жоғарыдағыдай неғұрлым қарапайым ретке келтіру орын тебуі мүмкін. Егерде біз, мысалы,  $80_c + 20_v + 20_m$ -ға тағы сүйе-



ніп,  $110_c + 10_v + 10_m$  формасына көшуге тырысқан болсақ, онда  $40_c + 10_v + 10_m$ -ға дейін өзгерген пайда нормасы бұрынғы күйінде, атап айтқанда 20% мөлшерінде қалар еді. Осы аралық формаға 70 қосылуы нәтижесінде пайда нормасы  $8\frac{1}{3}\%$ -ке дейін төмендейді. Демек, біз бұл ретті тағы да келіп бір ғана өзгермелі бөліктің, атап айтқанда  $c$ -тің өзгеруі ретінде келтірдік.

Сонымен,  $v$ ,  $c$  пен  $K$  қабат өзгеруі ешқандай жаңа көзқарас туғызбайды және сайып келгенде әрқашан баяғы тек бір фактор өзгертін жағдайға тіреледі.

Тіпті әлі қаралмаған бірден-бір рет іс жүзінде осының өзінде-ақ қаралып бітті, атап айтқанда, бұл әлгі  $v$  мен  $K$  сан жағынан бұрынғы мөлшерін сақтайтын, бірақ олардың заттық элементтерінің құны өзгертін, демек,  $v$  — қозғалысқа келтірілген еңбек көлемі өзгергенін көрсететін,  $c$  — қозғалысқа келтірілген өндіріс құрал-жабдықтары көлемінің өзгергенін көрсететін рет.

Айталық,  $80_c + 20_v + 20_m$  капиталында  $20_v$  алғашында күніне 10 сағат еңбек ететін 20 жұмысшының жалақысы болды делік. Әрбір жұмысшының жалақысы 1-ден  $1\frac{1}{4}$  дейін көтерілді делік. Онда  $20_v$  — 20 жұмысшыға емес, тек 16 жұмысшыға төленеді. Ал егер әлгі 20 жұмысшы 200 жұмыс сағаты ішінде 40 құн өндіріп келсе, онда жаңағы 16 жұмысшы күніне 10 сағат ішінде, демек, тұтас алғанда 160 жұмыс сағаты ішінде тек 32 құн өндіреді. Жалақыға 20  $v$ -ны 32-ден шегеріп тастағанда, қосымша құнға небары 12 қалады; қосымша құн нормасы 100%-тен 60% дейін төмендер еді. Бірақ, ұйғарындыға сәйкес, қосымша құн нормасы өзгермеуге тиіс болғандықтан, жұмыс күні  $\frac{1}{4}$ -ге, 10 сағаттан 12 сағатқа дейін ұзартылуға тиіс, егер 20 жұмысшы күніне 200 сағат еңбекке тең 10 сағатта 40 құн өндірсе, онда 16 жұмысшы күніне 200 сағат еңбекке тең  $12\frac{1}{2}$  сағатта дәл сондай құн өндіреді, сондықтан  $80_c + 20_v$  капиталы бұрынғыша 20 қосымша құн өндіреді.

Мұның керісінше: егер жалақы төмендеп,  $20_v$  30 жұмысшының жалақысы болса, онда жұмыс күні 10 сағаттан  $6\frac{2}{3}$  сағатқа дейін қысқарғанда ғана  $m'$  өзгермейді.  $20 \times 10 = 30 \times 6\frac{2}{3} = 200$  жұмыс сағаты.

Осындай қарама-қарсы ұйғарындылар болып отырғанда  $c$ , оның ақша түріндегі құны, қаншалықты өзгеріссіз қала алатыны шын мәнісіне келгенде жоғарыда бұрын қарастырылған, алайда ол өндіріс құрал-жабдықтарының өзгерген қатынастарға сәйкес өзгерген көлемі болып табылады. Өзінің таза түрінде бұл мүлде ерекше ретте ғана кездесуі мүмкін.

Ал  $c$  элементтері құнының сол элементтердің аумағын көбейтетін немесе азайтатын, бірақ  $c$  құнының сомасын өзгеріс-

сіз қалдыратын өзгерісіне келетін болсақ, бұл өзгеріс қашан мөлшерін өзгерткенге дейін пайда нормасына да, қосымша құн нормасына да әсер етпейді.

Сонымен біз өз тендеуіміздегі  $v$ ,  $c$  пен  $K$  өзгерістерінің ықтимал жағдайларының бәрін адақтап шықтық. Біз қосымша құн нормасы өзгермей-ақ пайда нормасының төмендеуі, өзгеріссіз қалуы немесе өсуі мүмкін екенін көрдік, өйткені  $v$ -ның  $c$  жөніндегі, тиісінше  $K$  жөніндегі қатынасында құрттай болмашы өзгеріс болса, пайда нормасын да өзгертуге соның өзі жеткілікті.

Бұдан әрі былай болып шықты:  $v$  өзгергенде өзінің шегіне жетеді де, оның әр жағында  $m'$ -ның өзгермеуі экономика жағынан мүмкін болмай қалады. Ал  $c$ -тің бір жақты өзгеруінің бәрі де  $v$ -ны енді өзгеріссіз қала алмайтын шекке жеткізуге тиіс болса, онда  $\frac{v}{K}$ -ның ықтимал өзгерістерінің бәрінің тиісті шегі болады да, онан әрі  $m'$  да өзгеруге тиіс болып шығады. Біздің тендеуіміздің әр түрлі өзгермелі капиталдарының осы өзара әрекеті  $m'$  өзгерістерін зерттегенде бұдан да айқынырақ көрінеді, біз енді осыған көшеміз.

## II. $m'$ ӨЗГЕРЕДІ

Қосымша құн нормаларының әр түрлі жағдайында —  $\frac{v}{K}$  өзгеріссіз қала ма, немесе өз орайымен өзгере ме, бұған қарамастан,— пайда нормаларының жалпы формуласы шығады; ол

$$p' = m' \frac{v}{K}$$

тендеуін басқа тендеуге:

$$p'_1 = m' \frac{v}{K_1} \quad \text{тендеуіне айналдырсақ шығады;}$$

мұнда  $p'_1$ ,  $m'_1$ ,  $v_1$  және  $K_1$  келіп  $p'$ ,  $m'$ ,  $v$  мен  $K$ -ның өзгерген мөлшерлерін көрсетеді. Сонда былай болып шығады:

$$p' : p'_1 = m' \frac{v}{K} : m'_1 \frac{v_1}{K_1},$$

ал бұдан келіп:

$$p'_1 = \frac{m'_1}{m'} \times \frac{v_1}{v} \times \frac{K}{K_1} \times p'$$

болады.

1)  $m'$  өзгереді,  $\frac{v}{K}$  өзгермейді

Бұл ретте біздің теңдеулеріміз мынадай болады:

$$p' = m' \frac{v}{K}; \quad p'_1 = m'_1 \frac{v}{K},$$

бұларда  $\frac{v}{K}$  өзара тең. Сондықтан мынадай қатынас келіп шығады:

$$p' : p'_1 = m' : m'_1.$$

Құрылымы бірдей екі капиталдың пайда нормалары бір-біріне осы екі капиталдың қосымша құнының нормаларындай қатынаста болады. Ал  $\frac{v}{K}$  бөлшегінде маңыздысы  $v$  мен  $K$ -ның абсолют мөлшері емес, тек олардың арасындағы қатынасы, ендеше мұның өзі құрылымы бірдей барлық капиталға қатысты болады. Олардың абсолют мөлшері қандай екеніне қарамайды.

$$80_c + 20_v + 20_m; \quad K = 100, \quad m' = 100\%, \quad p' = 20\%$$

$$160_c + 40_v + 20_m; \quad K = 200, \quad m' = 50\%, \quad p' = 10\%$$

$$100\% : 50\% = 20\% : 10\%.$$

Егер  $v$  мен  $K$ -ның абсолют мөлшері екі жағдайда да бірдей болса, онда пайда нормалары бір-біріне мұның үстіне қосымша құнның аумағы ретіндегі қатынаста болады:

$$p' : p'_1 = m'v : m'_1v = m : m_1.$$

Мысалы:

$$80_c + 20_v + 20_m; \quad m' = 100\%, \quad p' = 20\%$$

$$80_c + 20_v + 10_m; \quad m' = 50\%, \quad p' = 10\%$$

$$20\% : 10\% = 100 \times 20 : 50 \times 20 = 20 : 10.$$

Енді құрылымы бірдей — абсолют сандары жағынан немесе процент жөнінен бірдей капиталдарда қосымша құн нормалары тек не жалақы, не жұмыс күнінің ұзақтығы, не еңбектің интенсивтілігі әр түрлі болған ретте ғана түрліше болуы мүмкін екендігі айқын болды. Үш түрлі ретте:

I.  $80_c + 20_v + 10_m; \quad m' = 50\%, \quad p' = 10\%,$

II.  $80_c + 20_v + 20_m; \quad m' = 100\%, \quad p' = 20\%,$

III.  $80_c + 20_v + 40_m; \quad m' = 200\%, \quad p' = 40\%,$

бүкіл жаңадан өндірілген құн I-де —  $30 (20_v + 10_m)$ , II-де — 40, III-де — 60 болады. Мұның өзі үш түрлі әдіспен болуы мүмкін.

*Біріншіден*, егер жалақы әр түрлі болса, демек егер 20  $v$  әрбір жеке ретте жұмысшылардың бірдей емес санын көрсетсе. Айталық, I-де жалақысы  $1\frac{1}{3}$  ф. ст. 15 жұмысшы 10 сағат жұмыс істейді және бұлар 30 ф. ст. құн өндіріп, оның 20 ф. ст. жалақының орнын толтырады, ал 10 ф. ст. қосымша құн болып табылады деп ұйғаралық. Егер жалақы 1 ф. ст. дейін төмендейтін болса, онда 10 сағат бойына 20 жұмысшы істеуі мүмкін; сонда бұл жұмысшылар 40 ф. ст. құн өндіреді, оның ішінде 20 ф. ст. жалақының орнын толтырады және 20 ф. ст. қосымша құн өндіреді. Егер жалақы бұдан да көп,  $\frac{2}{3}$  ф. ст. дейін төмендесе, онда 30 жұмысшы 10 сағаттан жұмыс істеуі мүмкін; сөйтіп олар 60 ф. ст. құн өндіреді, бұдан 20 ф. ст. жалақының орнын толтыруға шегеріп тастағаннан кейін, тағы 40 ф. ст. қосымша құн қалады.

Бұл рет: капиталдың процент жөнінен өзгермейтін құрылымы, өзгермейтін жұмыс күні, өзгермейтін еңбек интенсивтілігі, қосымша құн нормасының жалақының өзгеруі туғызған өзгеруі Рикардоның қағидасы дұрыс болып шығатын бірден-бір рет болып табылады, ол ереже мынадай:

«Пайданың жоғары немесе төмен болуы жалақының төмен немесе жоғары болуына *дәлме-дәл сәйкес болады*» («Principles of Political Economy etc.», ch. I, sec. III, p. 18. «Works of D. Ricardo», ed. by Mac Culloch, 1852).

Немесе, *екіншіден*, егер еңбек интенсивтілігі әр түрлі болса. Онда мысалы, 20 жұмысшы еңбек құралдары бірдей болса, күніне 10 жұмыс сағаты ішінде I ретте — 30, II ретте — 40, III ретте — 60 дана белгілі бір товар өндіреді, ал оның әрбір данасы жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтары құнының үстіне, I фунт стерлинг жаңа құн болып табылады. Әрбір ретте 20 дана = 20 ф. ст. жалақының орнын толтыруға кетсе, қосымша құнға I ретте — 10 дана = 10 ф. ст., II ретте — 20 дана = 20 ф. ст., III ретте — 40 дана = 40 фунт стерлинг қалады.

Немесе, *үшіншіден*, егер жұмыс күнінің ұзақтығы әр түрлі болса. Егер 20 жұмысшы еңбек интенсивтілігі бірдей болса күніне I ретте тоғыз, II ретте он екі, III ретте он сегіз сағат жұмыс істейтін болса, онда бұлардың еңбегінің өнімі бір-біріне 9 : 12 : 18 сағат қатынасы сияқты 30 : 40 : 60 қатынаста болады, ал жалақы әрбір жолы 20-ға тең десек, онда қосымша құнға тағы да 10, тиісінше 20 және 40 қалады.

Сонымен, қосымша құн нормасының мөлшеріне, демек,  $\frac{v}{K}$  өзгермесе, пайда нормасына да жалақының жоғарылауы

немесе төмендеуі кері бағытта әсер етеді, еңбек интенсивтілігінің жоғарылауы немесе төмендеуі және жұмыс күнінің ұзаруы немесе қысқаруы — дәл сол бағытта әсер етеді.

## 2) $m'$ [немесе $m$ ] және $v$ өзгереді, $K$ өзгермейді

Бұл ретке мына пропорция жатады:

$$p' : p'_1 = m' \frac{v}{K} : m_1 \frac{v_1}{K} = m'v : m_1v_1 = m : m_1.$$

Қосымша құнның тиісті аумақтары қандай қатынаста болса, пайда нормалары да өзара сондай қатынаста болады.

Өзгермелі капитал өзгермей, қосымша құн нормасы өзгеруі жаңадан өндірілген құнның мөлшерін және бөлінуін көрсетеді. Сондай-ақ  $v$  мен  $m'$  қабат өзгеруі жаңадан өндірілген құнның әрқашан басқаша бөлінгенін көрсетеді, бірақ мөлшері өзгергенін әрқашан көрсетпейді. Үш түрлі реттің болуы мүмкін:

а)  $v$  мен  $m$  қарама-қарсы бағытта, бірақ бірдей мөлшерде өзгереді, мысалы:

$$80_c + 20_v + 10_m; \quad m' = 50\%, \quad p' = 10\%$$

$$90_c + 10_v + 20_m; \quad m' = 200\%, \quad p' = 20\%.$$

Жаңадан өндірілген құн екі ретте бірдей, демек, жасалған еңбек көлемі де бірдей;  $20_v + 10_m = 10_v + 20_m = 30$ . Айырмашылық тек мынада ғана: бірінші ретте 20— жалақыға төленеді және 10— қосымша құнға қалады, ал екінші ретте жалақы небары 10 болады, сондықтан қосымша құн—20 болады. Бұл —  $v$  мен  $m$  қабат өзгеріп, жұмысшылар саны, еңбек интенсивтілігі және жұмыс күнінің ұзақтығы өзгеріссіз қалатын бірден-бір рет.

б)  $m$  мен  $v'$  өзгерісі тағы да қарама-қарсы бағытта болады, алайда екеуі бір мөлшерде өзгермейді. Бұл ретте не  $v$  өзгерісі не  $m'$  өзгерісі басым болады.

$$I. 80_c + 20_v + 20_m; \quad m' = 100\%, \quad p' = 20\%$$

$$II. 72_c + 28_v + 20_m; \quad m' = 71\frac{3}{7}\%, \quad p' = 20\%$$

$$III. 84_c + 16_v + 20_m; \quad m' = 125\%, \quad p' = 20\%.$$

I-де жаңадан өндірілген құн 40 үшін 20  $v$  төленеді. II-де жаңадан өндірілген 48 құн үшін 28  $v$  төленеді, III-де жаңадан өндірілген 36 құн үшін 16  $v$  төленеді. Сонымен жаңадан өндірілген құн да, жалақы да өзгерді; бірақ жаңадан өндірілген

құнның өзгеруі істелген еңбек көлемі, демек, не жұмысшылар саны, не еңбектің ұзаққа созылуы не осы үш фактордың бір-нешеуі қабат өзгеруін көрсетеді.

с)  $m'$  мен  $v$  өзгерісі бар бағытта болады, мұндайда бірі екіншісінің әрекетін күшейтеді.

$$90_c + 10_v + 10_m; m' = 100\%, p' = 10\%$$

$$80_c + 20_v + 30_m; m' = 150\%, p' = 30\%$$

$$92_c + 8_v + 6_m; m' = 75\%, p' = 6\%.$$

Бұл арада да барлық үш ретте жаңадан өндірілген құн әр түрлі, атап айтқанда: 20, 50, және 14; міне осы әрбір ретте еңбек көлеміне сәйкесетін айырмашылық тағы баяғы жұмысшылар санының, еңбектің ұзаққа созылуының, еңбек интенсивтілігінің, не осы факторлардың бірнешеуінің, немесе тиісінше бәрінің айырмашылығына келіп тіреледі.

### 3) $m'$ , $v$ және $K$ өзгереді

Бұл рет жаңа көзқарас туғызбайды және  $m'$  өзгергенде II-де берілген жалпы формуламен шешіледі.

Сонымен қосымша құн нормасы мөлшері өзгерулерінің пайда нормасына әсер етуі мынадай реттерге жол береді.

1) егер  $\frac{v}{K}$  өзгеріссіз қалса, онда  $p'$  келіп  $m'$  сияқты қатынаста көбейеді не азаяды.

$$80_c + 20_v + 20_m; m' = 100\%, p' = 20\%$$

$$80_c + 20_v + 10_m; m' = 50\%, p' = 10\%$$

$$100\% : 50\% = 20\% : 10\%.$$

2) Егер  $\frac{v}{K}$  келіп  $m'$ -мен бір бағытта өзгереді болса, яғни  $m'$  көбейгенде көбейіп, азайғанда азаятын болса, онда  $p'$  келіп  $m'$ -нен артық дәрежеде жоғарылайды не төмендейді.

$$80_c + 20_v + 10_m; m' = 50\%, p' = 10\%$$

$$70_c + 30_v + 20_m; m' = 66\frac{2}{3}\%, p' = 20\%$$

$$50\% : 66\frac{2}{3}\% < 10\% : 20\%.$$

3) Егер  $\frac{v}{K}$  келіп  $m'$ -ға қарама-қарсы бағытта өзгереді болса, бірақ  $m'$ -нен біршама мардымсыз өзгерсе, онда  $p'$ -да  $m'$ -нен біршама мардымсыз жоғарылайды не төмендейді.

$$80_c + 20_v + 10_m; m' = 50\%, p' = 10\%$$

$$90_c + 10_v + 15_m; m' = 150\%, p' = 15\%$$

$$50\% : 150\% > 10\% : 15\%.$$

4) Егер  $\frac{v}{K}$  келіп  $m'$ -ға қарама-қарсы бағытта және  $m'$ -нен біршама күштірек өзгертін болса, онда  $m$  төмендегенімен  $p'$  жоғарылайды, не  $m'$  жоғарылағанымен  $p'$  төмендейді.

$$80_c + 20_v + 20_m; m' = 100\%, p' = 20\%$$

$$90_c + 10_v + 15_m; m' = 150\%, p' = 15\%,$$

$m'$  100%-тен 150%-ке дейін жоғарылады,  $p'$  20%-тен 15%-ке дейін төмендеді.

5) Ақырында, егер  $\frac{v}{K}$  келіп  $m'$ -ге қарама-қарсы бағытта өзгертін болса, бірақ өзінің мөлшерін дәл  $m'$  сияқты қатынаста өзгертетін болса,  $m'$  не жоғарылап, не төмендегенімен,  $p'$  өзгеріссіз қалады.

Тек осы соңғы рет тағы кейбір жағынан қарастыруды керек етеді. Жоғарыда,  $\frac{v}{K}$  өзгерген жағдайда, қосымша құнның белгілі бір нормасы пайданың сан алуан нормаларында көрінуі мүмкін екендігін көрдік, сол сияқты бұл арада да біз пайданың белгілі бір нормасы негізінде қосымша құнның нешеме түрлі нормалары жатуы мүмкін екенін көреміз. Бірақ  $m'$  өзгермейтін жағдайда  $v$  мен  $K$  арасындағы қатынас өзгерісінің қандайы болсын пайданың әр түрлі нормасын көрсете алатын болса, бұл жерде  $m'$  мөлшері өзгергенде пайда нормасы бұрынғы күйінде қалуы үшін  $\frac{v}{K}$  мөлшері дәлме-дәл тиісті түрде керісінше өзгеруі керек болады. Белгілі бір капитал үшін немесе белгілі бір елдегі екі капитал үшін мұның өзі өте сирек кездесетін реттерде ғана мүмкін нәрсе. Мысалы, мына

$$80_c + 20_v + 20_m; K = 100, m' = 100\%, p' = 20\%$$

капиталды алып, жалақы сонша төмендеген, сөйтіп енді  $16_v$ -ға бұрын  $20_v$  төленетін мөлшерде жұмысшы алуға болады делік. Онда басқа жағдайлар бірдей болса,  $4_v$  босайды, сөйтіп былай болып шығады:

$$80_c + 16_v + 20_m; K = 96, m' = 150\%, p' = 25\%.$$

Енді  $p'$  бұрынғыдай  $= 20\%$  болуы үшін бүкіл капитал 120-ға дейін, демек тұрақты капитал 104-ке дейін өсуге тиіс болар еді:

$$104_c + 16_v + 24_m; K = 120, m' = 150\%, p' = 20\%.$$

Бірақ мұның өзі жалақы төмендеуімен қабат еңбек өнімділігінде өзгеріс болып, ол капитал құрылымында осындай өзгеріс болуын керек еткен ретте ғана мүмкін болар еді; немесе тұрақты капиталдың ақшалай құны 80-нен 104-ке дейін көтерілгенде ғана; қысқасы, ерекше реттерде ғана болатын жағдай кездейсоқ кездескенде ғана мүмкін болар еді. Шындығына келгенде өзімен бірге  $v$ -ны өзгертпейінше, демек  $\frac{v}{K}$ -ны өзгертпейінше  $m'$ -ның өзгеруі белгілі бір нақты жағдайда ғана, атап айтқанда өнеркәсіптің тек негізгі капитал мен еңбек қана қолданылып, еңбек затын табиғат беретін салаларында ғана кездесуі мүмкін.

Бірақ екі елдегі пайда нормаларын салыстырғанда мәселе басқаша болады. Мұнда бас аяғы бір пайда нормасы шындығында көбінесе қосымша құнның түрлі нормаларын көрсетуге қызмет етеді.

Сонымен, барлық бес реттен шығатын қорытынды: өсуші пайда нормасы төмендеуші немесе жоғарылаушы қосымша құн нормасына сәйкес, төмендеуші пайда нормасы — жоғарылаушы немесе төмендеуші қосымша құн нормасына, өзгермейтін пайда нормасы — жоғарылаушы немесе төмендеуші қосымша құн нормасына сәйкес келуі мүмкін. Жоғарылаушы, төмендеуші немесе өзгермейтін пайда нормасы да қосымша құнның өзгермейтін нормасына сәйкес келуі мүмкін, мұны біз I ретте көрдік.

Сонымен, пайда нормасын басты екі фактор — қосымша құн нормасы мен капиталдың құрылымы шешеді. Бұл екі фактордың әсерін мына түрде қысқаша қорытуға болады, мұнда біз құрылымды процентпен көрсетуімізге болады, өйткені мұнда өзгеріс капиталдың екі бөлігінің қайсысынан туып отырғанында айырма жоқ.

Екі капиталдың немесе белгілі бір капиталдың пайда нормасы мынадай дәйекті екі түрлі жағдайда *теңбе-тең* болады:

1) Капиталдар құрылымы процент жағынан бірдей және қосымша құн нормасы бірдей болса.

2) Капиталдар құрылымы процент жағынан бірдей болмаса және қосымша құн нормасы бірдей болмаса, егер қосымша құн нормаларының жиынтығы капиталдардың проценттермен көрсетілген өзгермелі бөліктеріне ( $m'$  көбейтілген  $v$ -ға) тең болса, яғни егер қосымша құнның процентпен барлық капиталға шағылған массасы ( $m = m' v$ ) тең болса, басқа сөзбен айтқанда, егер екі ретте де  $m$  мен  $v$  көбейткіштері бір-біріне кері қатынаста болса.



Олар мынадай жағдайларда теңбе-тең болмайды:

1) Капиталдар құрылымы процент жағынан тең болса, ал қосымша құн нормалары тең болмаса; мұнда нормалар бір-біріне қосымша құн нормалары сияқты қатынаста болады.

2) Қосымша құн нормасы тең, бірақ құрылым процент жағынан тең болмаса, оның бер жағында олар бір-біріне капиталдардың өзгермелі бөліктері ретіндегі қатынаста болады.

3) Қосымша құн нормасы бірдей болмаса және құрылымы процент жағынан бірдей болмаса, оның бер жағында олар бір-біріне *mv*-ның көбейтіндісі, яғни қосымша құнның бүкіл капиталға процентке шағылған аумақтары ретіндегі қатынаста болады.<sup>10)</sup>

---

<sup>10)</sup> Қолжазбада қосымша құн нормасы мен пайда нормасы ( $m' - p'$ ) арасындағы айырма егжей-тегжейлеп қарастырылған тағы бір есеп бар: оның неше түрлі қызықты ерекшеліктері бар, айырманың қозғалысы екі норма бірінен-бірі алшақтап немесе біріне бірі жақындап отырған реттерді көрсетеді. Бұл қозғалысты ирек сызық түрінде де бейнелеуге болады. Мен бұл материалды келтіруден тартындым, өйткені бұл осы кітапта тікелей көзделген мақсат үшін онша маңызды емес. Бұл арада осы мәселені неғұрлым терең зерттегісі келген оқушылардың бұған тек назарын аударуға кетудің өзі де жетіп жатыр.— Ф. Э.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АЙНАЛЫМНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА ТИЕТІН  
ӘСЕРІ

{Айналымның қосымша құнды, демек пайданы өндіруге тиізетін әсері екінші кітапта қаралған болатын. Қысқаша оны мына қағидалармен қорытуға болады: айналым үшін белгілі бір мерзімді уақыт керек болады, олай болса, бүкіл капиталдың өндіріске бір мерзімде тұтынылуы мүмкін емес, демек, капиталдың біразы үнемі әрекетсіз жатуға тиіс,— ақша капиталы, запас шикізат формасында болсын, дайын, бірақ әлі сатылмаған товар формасында болсын, немесе әлі мерзімі жетпеген борыш талаптары формасында болсын, әрекетсіз жатады; жұмыс істеуші өндірісте, яғни қосымша құн жасап, иемдену процесінде қимыл жасаушы капитал тұтынылған бөлік көлемінде үнемі кеміп отырады және дәл сол қатынаста өндіріліп, иемделінуші қосымша құн үнемі қысқарып отырады. Айналым уақыты неғұрлым қысқа болса, бүкіл капиталмен салыстырғанда капиталдың әлгі әрекетсіз жататын бөлігі соғұрлым аз болады; демек, басқа жағдайлар бірдей болса, иемделінетін қосымша құн соғұрлым көбейе түседі.

Айналым уақытын қысқартудың немесе оның екі мерзімінің — өндіріс уақыты мен айналыс уақытының — бірін қысқартудың өндірілетін қосымша құнның аумағын қалай көбейтетіні екінші кітапта толық көрсетілген<sup>24</sup>. Бірақ пайда нормасы қосымша құнның өндірілген аумағының оны өндірумен айналысатын бүкіл капиталға қатынасын көрсетуге ғана қызмет етеді, ендеше, мұндай қысқарту атаулының пайда нормасын арттыратыны айқын. Бұрын, екінші кітаптың екінші бөлімінде қосымша құн жөнінде айтылғандар пайдаға да, пайда нормасына да дәл сондай дәрежеде қатысты, сондықтан бұл арада оны қайталап жатудың қерегі жоқ. Біз бірнеше басты кезеңдерді ғана атап өткіміз келеді.

Өндіріс уақытын қысқартудың басты құралы еңбек өнімділігін арттыру болып табылады, мұны әдетте өнеркәсіп прогресі деп атайды. Егер бұл прогресс мұнымен қатар қымбат

тұратын машиналарды, т. т. енгізу нәтижесінде капиталдың жалпы шығыны едәуір өсуін, демек, бүкіл капиталға есептелетін пайда нормасының төмендеуін туғызбайтын болса, онда пайда нормасы артуға тиіс. Ал мұның өзі металлургия және химия өнеркәсібі саласында көптеген жаңалықтарды жүзеге асырғанда айқын орын теуіп отырады. Бессемердің, Сименстің, Джилкрест — Томастың және басқалардың темір мен болат өндіруде жаңадан ашқан әдістері біршама болмашы шығынмен-ақ бұрынғы уақытта өте-мөте ұзақ болған процесті барынша қысқартады. Тас көмір қара майынан бояу жасауға бұрын қолданылып келген фабрика қондырғыларын пайдалана отырып, сол тас көмір қара майынан алазарин немесе марена бояуын жасағанда бірнеше апта ішінде бұрынғы бірнеше жылдың нәтижесіне жетуге болады; бұрын маренаның өсуіне бір жыл керек болатын, сонан соң бояу жасалатын тамырларды пісіп-жетілсін деп тағы бірнеше жыл сақтап қоюға тура келетін.

Айналыс уақытын қысқартудың басты құралы қатынас жолдарын жақсарту болып табылады. Ал бұл жөнінде соңғы елу жыл ішінде революция жасалды, оны тек өткен ғасырдың соңғы жартысында болған өнеркәсіп революциясымен салыстыруға болады. Құрылықта тас төселген жолдарды темір жол кейін ығыстырды, теңізде бұрынғы баяу әрі үздік-создықты желкенді кеме қатынасын шапшаң және үздіксіз жүріп-тұратын пароход қатынасы ығыстырды, ал бүкіл жер шарын телеграф сымы шырмады. Суэц каналы Шығыс Азия мен Австралияны пароход қатынасы үшін шын мәнісінде міне енді ғана ашты. Шығыс Азияға жіберілетін товарлардың айналыс уақыты сонау 1847 жылы кем дегенде он екі ай болатын (қараңыз: «Капитал», II кітап, 235-бет<sup>25</sup>), енді ол уақыт он екі-ақ аптаға түсірілді деуге болады. 1825 пен 1857 жылдардағы дағдарыстардың өте зор екі ошағы — Америка мен Индия қатынас құралдарында болған осындай төңкерістің нәтижесінде еуропалық өнеркәсіп елдеріне —70—90% жақындай түсті, сөйтіп бүліншілік туғызатын қабілетінің көбін жоғалтты. Айналым уақыты бүкіл дүние жүзілік сауда үшін дәл сондай дәрежеде қысқарды, сөйтіп мұндағы капиталдың іс қабілеттілігі екі еседен немесе үш еседен аса артты. Мұның пайда нормасына әсер етпей қоймағандығы өзінен өзі түсінікті.

Бүкіл капитал айналымының әсерін таза түрінде аңғару үшін, біз салыстырылып отырған екі капитал жөнінде басқа жағдайлардың бәрі бірдей деп жорамалдауға тиіспіз. Атап айтқанда, қосымша құн нормасы мен жұмыс күнін былай қойғанда капиталдардың процентпен көрсетілген құрылымы да бірдей делік. Енді *A* капиталын алайық, оның құрылымы

$80_c + 20_v = 100 K$ , қосымша құн нормасы 100%, ол жылына екі айналым жасайды. Сонда жылдық өнім былай болады:

$160_c + 20_v + 40_m$ . Бірақ пайда нормасын анықтау үшін — біз бұл  $40_m$ -ді капитал құны айналымының сомасы 200-ге есептейміз, авансыланған 100 капитал құнына есептейміз, сонда  $p' = 40\%$  болып шығады.

Қосымша құн нормасы дәл сондай 100%, бірақ жылына бір рет қана айналым жасайтын  $B = 160_c + 40_v = 200 K$  капиталын  $A$  капиталымен салыстырайық, жылдық өнім жоғарыда қанша болса, дәл сонша болады:

$160_c + 40_v + 40_m$ . Бірақ бұл  $40_m$ -ді бұл жолы авансыланған 200 капиталға есептеу керек, мұның өзі тек 20% қана пайда нормасын, яғни  $A$  нормасының жартысын ғана береді.

Бұдан шығатын қорытынды: капиталдардың процент құрылымы бірдей болса, қосымша құн нормасы мен жұмыс күні бірдей болса, екі капиталдың пайда нормасы олардың айналым уақытына керісінше пропорцияда болады. Егер салыстырылып отырған екі ретте қосымша құнның не құрылымы, не нормасы, не жұмыс күні, не жалақы бірдей болмаса, онда мұның өзі, әрине, пайда нормасында тағы айырмашылық туғызады; бірақ олар айналысқа байланысты емес, сондықтан бұл арада бізге қажеті жоқ; оның үстіне бұл III тарауда бұрын қаралған.

Айналым уақытын қысқарту қосымша құнды, демек, пайданы да өндіруге тікелей әсер етуі осындай әдіспен капиталдың өзгермелі бөлігінің ықпалын күшейтуге қол жететіндігінен болып отыр, бұл туралы «Капитал», II кітап, XVI тарау: «Өзгермелі капиталдың айналымын» қараңыз. Онда жылына он айналым жасайтын 500 өзгермелі капиталдың құн нормасы да, жалақысы да бірдей, бірақ жылына тек бір айналым жасайтын 5000 өзгермелі капитал иемденетін мөлшерде қосымша құн иемденетіні көрсетілген.

I капиталды алып қарайық: оның негізгі капиталы 10 000, жылдық тозуы  $10\% = 1\ 000$ , тұрақты айналмалы капиталы 500, өзгермелі капиталы 500 болсын. Қосымша құн нормасы 100% болып, өзгермелі капитал жылына он рет айналады, дейік. Мәселені оңайлату үшін келесі мысалдардың бәрінде айналмалы тұрақты капитал өзгермелі капитал сияқты осы уақыттың ішінде дәл сондай айналым жасайды деп ұйғаралық, мұның өзі көпшілік реттерде практикада солай болады да. Онда айналымның осындай бір кезеңінің өнімі былай болады:

$$100_c (\text{тозуы}) + 500_c + 500_v + 500_m = 1\ 600,$$

ал осындай он айналым жасалғанда бүтін бір жылдың өнімі былай болады:

$$1\,000_c (\text{тозуы}) + 5\,000_c + 5\,000_v + 5\,000_m = 16\,000,$$

$$K = 11\,000, \quad m' = 5\,000, \quad p' = \frac{5\,000}{11\,000} = 45\frac{5}{11}\%.$$

Енді II капиталды алайық: негізгі капитал 9 000, оның жылдық тозуы 1 000, айналмалы тұрақты капитал 1 000, өзгермелі капитал 1 000, қосымша құн нормасы 100%, өзгермелі капитал айналымдарының саны жылына 5. Демек, өзгермелі капитал айналымының әрбір кезеңі ішінде өнім мынадай болады:

$$200_c (\text{тозуы}) - 1\,000_c + 1\,000_v + 1\,000_m = 3\,200,$$

ал бес айналымда бүкіл жылдық өнім былай болады:

$$1\,000_c (\text{тозуы}) + 5\,000_c + 5\,000_v + 5\,000_m = 16\,000,$$

$$K = 11\,000, \quad m' = 5\,000, \quad p' = \frac{5\,000}{11\,000} = 45\frac{5}{11}\%.$$

Бұдан соң III капиталды алайық, онда негізгі капитал мүлде жоқ, ал айналмалы тұрақты капитал 6 000, өзгермелі капитал 5 000. Айталық, қосымша құн нормасы 100%, жылына бір рет айналатын болсын. Бұл ретте бір жылғы күллі өнім былай болады:

$$6\,000_c + 5\,000_v + 5\,000_c = 16\,000,$$

$$K = 11\,000, \quad m = 5\,000, \quad p' = \frac{5\,000}{11\,000} = 45\frac{5}{11}\%.$$

Демек, үш реттің үшеуінде де біз қосымша құнның жылдық аумағы бірдей болып шығатынын көреміз, ол = 5 000, ал үш ретте де бүкіл капитал бірдей, атап айтқанда, = 11 000 болғандықтан, пайда нормасы да бірдей  $45\frac{5}{11}\%$  болып шығады.

Мұның керісінше, егерде 1 капиталда өзгермелі бөліктің жылдық айналымы 10 болмай, тек 5 болса, онда іс басқаша болар еді. Онда бір айналымның өнімі мынадай болар еді:

$$200_c (\text{тозуы}) + 500_c + 500_v + 500_m = 1\,700.$$

Немесе жылдық өнім мынадай болар еді:

$$1\,000_c (\text{тозуы}) + 2\,500_c + 2\,500_v + 2\,500_m = 8\,500,$$

$$K = 11\,000, \quad m = 2\,500, \quad p' = \frac{2\,500}{11\,000} = 22\frac{8}{11}\%.$$

Пайда нормасы жартылай төмендеді, өйткені айналым уақыты екі есе өсті.

Сонымен, бір жылда иемделінетін қосымша құн аумағы өзгермелі капиталдың бір айналымы ішінде иемделінетін, жыл бойындағы әлгіндей айналымдардың санына көбейтіл-

ген қосымша құн аумағына тең. Егер біз жыл ішінде иемделінетін қосымша құнды немесе пайданы  $M$  деп, бір айналым ішінде иемделінетін қосымша құнды —  $m$  деп, өзгермелі капиталдың жыл ішінде болатын айналым санын —  $n$  деп белгілесек, онда  $M = mn$ , ал қосымша құнның жылдық нормасы  $M^1 = m'n$  болады, бұл бұрын да көрсетілген: «Капитал», II кітап, XVI тарау, I<sup>26</sup>.

Ал  $v$  алымы  $v$  бөліміне тең болған жағдайда ғана пайда нормасының формуласы  $p' = m' \frac{v}{K} = m' \frac{v}{c+v}$  дұрыс болатыны өзінен өзі түсінікті. Ал бөлімдегі  $v$  бүкіл капиталдың өзгермелі капитал ретінде жалақыға орта есеппен тұтынылған бөлігін түгел көрсетеді. Алымдағы  $v$  ең алдымен белгілі мөлшерде қосымша құн  $= m$  өндіріліп, иемделгенін ғана көрсетеді, ол қосымша құнның осы  $v$ -ға қатынасы  $\frac{m_1}{v}$ , бұл қосымша құн нормасы  $m'$  деген сөз. Тек осындай жолмен  $p' = \frac{v}{c+v}$  теңдеуі екінші:  $p' = m' \frac{v}{c+v}$  теңдеуіне айналды. Енді алымдағы  $v$  бөлімдегі  $v$  тең болуға, яғни  $K$  капиталының бүкіл өзгермелі бөлігіне тең болуға тиіс. Басқа сөзбен айтқанда  $m'$  өзгермелі капитал айналымының бір кезеңі ішінде өндірілген қосымша құнды көрсетсе, тек сонда ғана  $p' = \frac{m}{K}$  теңдеуін  $p' = m' \frac{v}{c+v}$  теңдеуіне айналдыру қатесіз болады. Егер  $m$  осы қосымша құнның тек біраз бөлігі ғана болса, онда  $m = m'v$  тең екені дұрыс болғанымен, алайда бұл  $v$  мұнда  $K = c + v$ -дағы  $v$ -дан аз, өйткені ол жалақыға жұмсалған бүкіл өзгермелі капиталдан аз. Ал  $m$  егер  $v$ -ның бір айналымынан түсетін қосымша құннан көп болса, онда осы  $v$ -ның бір бөлігі немесе тіпті барлық  $v$  екі рет: әуелі бірінші айналымда, сонан соң екінші айналымда, немесе тиісінше, екінші және одан арғы айналымдарда қызмет атқарады; демек, қосымша құн өндіріп, күллі берілген жалақының сомасы болып табылатын бұл  $v$  енді  $c + v$ -дағы  $v$ -дан көп, сондықтан шығарылған есеп дұрыс болмайды.

Пайданың жылдық нормасының формуласы толық дұрыс болу үшін, біз қосымша құнның жай нормасының орнына қосымша құнның жылдық нормасын қоюға, яғни  $m'$  орнына  $M'$  немесе  $m'n$ -ді қоюға тиіспіз. Басқа сөзбен айтқанда,  $m'$ -ді — қосымша құн нормасын, немесе, бұл да соған келіп тіреледі,  $K$ -дағы капиталдың өзгермелі бөлігі —  $v$ -ны біз  $n$ -ға, осы өзгермелі капиталдың бір жылдағы айналымының санына көбейтуге тиіспіз, сонда бізде:  $p' = m'n \frac{v}{K}$ , пайданың жылдық нормасын есептеу формуласы шығады.

Бірақ нақты кәсіпорында өзгермелі капиталдың мөлшері дәл қандай екенін көпшілік ретте капиталистің өзі де білмейді. Екінші кітаптың сегізінші тарауында біз капиталдағы бірден-бір айырмашылық, капиталист мән беретін айырмашылық — негізі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылық екенін көрдік және бұдан әрі тағы көреміз. Егер капиталист айналмалы капиталдың өз қолындағы ақшалай формасын банкіге салмай, кассада ұстайтын болса, сол кассадан ол жалақыға ақша алады, тағы сол кассадан шикізат пен көмекші материалдарға да ақша алады, сөйтіп, бұл шығындарының бәрін бәз-баяғы бір сәтқа жазады. Ал тіпті берілетін жалақыға ерекше есеп жүргізгеннің өзінде де бұл есеп жылдың аяғында төленген соманы, яғни  $v$ -ды ғана көрсетер еді, бірақ әсте де өзгермелі капитал  $v$ -ның мөлшерін көрсетпес еді. Бұл соңғыны анықтау үшін капиталистің ерекше есеп жасауына тура келер еді, мұның мысалын біз қазір келтіреміз.

Бұл үшін «Капиталда», I кітап, 180—181-беттерде<sup>27</sup> баяндалған 10 000 мюль ұршығы бар жіп иіру фабрикасын алайық, сөйтіп 1871 жылғы апрельдің бір аптасына қатысты мәліметтер бүкіл жыл бойына өзгермейді деп ұйғаралық. Машиналар түріндегі негізгі капитал 10 000 фунт стерлинг. Айналмалы капитал көрсетілмеген; ол 2 500 ф. ст. деп ұйғаралық, — бұл өзі едәуір жоғары цифр, алайда бұл осында біз келтіруге тиісті ұйғарындыға, атап айтқанда — кредит операциялары, демек, өзгенің капиталын үнемі немесе уақытша пайдалану жоқтығына сай келетін цифр. Апталық өнім құны 20 ф. ст. машина тозығынан, авансыланған айналмалы 358 ф. ст. тұрақты капиталдан (үй жалдауға 6 ф. ст., мақта 342 ф. ст., көмір, газ, май 10 ф. ст.), жалақыға жұмсалған 52 ф. ст. өзгермелі капиталдан және 80 ф. ст. қосымша құннан құралған, демек:

$$20_c (\text{тозуы}) + 358_c + 52_v + 80_m = 510.$$

Сонымен, айналмалы капиталды апта сайын авансылау былай болды:  $358_c + 52_v = 410$ , ал оның проценттік құрылымы  $87,3_c + 12,7_v$ . Бүкіл 2 500 ф. ст. айналмалы капиталға есептегенде бұл 2 182 ф. ст. тұрақты капитал және 318 ф. ст. өзгермелі капитал болып шығады. Жалақыға жұмсалған бүкіл қаржы жылына  $52 \times 52$  ф. ст. демек 2 704 ф. ст. болған, сонда 318 ф. ст. өзгермелі капитал жыл ішінде  $8\frac{1}{2}$  ретке жуық айналым жасаған болып шығады. Қосымша құн нормасы  $80/52 = 153\frac{11}{13}\%$ . Бұл мәліметтер бойынша біз пайда нормасын есептеп шығарамыз,  $p' = m'n \frac{v}{K}$  формуласына мына мөлшерді қоямыз:  $m' = 153\frac{11}{13}$ ;  $n = 8\frac{1}{2}$ ,  $v = 318$ ,  $K = 12\,500$ ; сонда;

$$p' = 153^{11/13} \times 8^{1/2} \times \frac{318}{12500} = 33,27\%.$$

Біз тексеру үшін оңай формуланы:  $p' = \frac{m}{K}$  ны пайдаланамыз. Бүкіл қосымша құн, немесе пайда жылына  $80 \text{ ф. ст.} \times 52 = 4160 \text{ ф. ст.}$  болады, ал мұның өзі бүкіл  $12500 \text{ ф. ст.}$  капиталға бөлінгенде жоғарыдағыға жуық  $33,28\%$ — өте-өте жоғары пайда нормасын береді, мұның өзі сол кезеңде жағдай өте қолайлы болғанын көрсетеді (мақта бағасы өте төмен болуымен қатар жіп бағасының өте жоғары болуы) және мұның өзі шындығында бүкіл жыл бойына бұлай бола бермегенінде де күмән жоқ.

Ал  $p' = m'n \frac{v}{K}$  формуласында  $m'n$ , екінші кітапта бұрын айтылғанындай, қосымша құнның жылдық нормасы болып табылды<sup>28</sup>. Қазір келтірілген ретте ол норма  $153^{11/13}\% \times 8^{1/2}$ , немесе, дәлме-дәлін айтсақ,  $1307^{9/13}\%$ . Ендеше, екінші кітаптағы бір мысалда қосымша құнның жылдық нормасы  $1000\%$  деген кереметті көргенде Бидерман деген біреу қолын бір-ақ сілтеген болса, енді мына қосымша құнның  $1300\%$  тен аса жылдық нормасы, Манчестердің шын практикасынан алынып, осында келтіріліп отырған норма оның көңілін орнына түсірсе керек. Өте шарықтап гүлдену заманында мұндай норма сирек кездесетін нәрсе емес, рас ондай заманды біз көрмегелі көп уақыт өтті.

Айта кету керек, біз бұл арада капиталдың қазіргі ірі өнеркәсіпте кездесетін нағыз құрылымын көріп отырмыз. Бүкіл капитал  $12182 \text{ ф. ст.}$  тұрақты капитал мен  $318 \text{ ф. ст.}$  өзгермелі капиталға бөлінеді, жиынтығы  $12500 \text{ фунт стерлинг.}$  Немесе, процент жағынан  $97^{1/2}_c + 2^{1/2}_v = 100 K$ . Бүкіл капиталдың қырықтан бір үлесі ғана жылына сегізден аса айналым жасап, жалақы беруге қызмет етеді.

Әрине, өзінің кәсіпорны жөнінде мұндай есепті капиталистің ілуде бірі ғана жасайды, сондықтан статистика бүкіл қоғамдық капиталдың тұрақты бөлігінің өзгермелі бөлікке қатынасы жайында жұмған аузын ашпайды. Тек американы цензілері ғана қазіргі қатынастарда мүмкін нәрсені: кәсіпкерліктің әрбір саласында берілген жалақының сомасын және алынған пайдалардың сомасын көрсетеді. Бұл мәліметтер қаншалық күмәнді болғанымен,— өйткені бұлар өнеркәсіпшілердің тексеруге болмайтын хабарларына ғана негізделеді,— алайда мейлінше бағалы мәліметтер және бұл мәселе жөніндегі бізде бардың бәрі содан алынған. Европадағы біздер тым мортпыз, ірі өнеркәсіпшілерімізден мұндай әшке-релеулерді талап етуге жоқпыз.— *Ф. Э.* }



## БЕСІНШІ ТАРАУ

## ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ҮНЕМ

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Өзгермелі капитал мөлшері өзгермей, яғни бұрынғы жұмысшы саны сақталып, олар бұрынғы мөлшерде жалақы алатын болса,— мейлі жұмыс уақытынан тыс уақытқа ақы төленсін, төленбесін, онан келер айырма жоқ,— абсолютті қосымша құнның өсуі, немесе қосымша еңбектің, демек жұмыс күнінің ұзаруы бүкіл капитал құнымен, өзгермелі капитал құнымен салыстырғанда тұрақты капиталдың құнын относителді төмендетеді және осының арқасында пайда нормасын көтереді, мұнда да қосымша құн аумағының өсуіне және қосымша құн нормасы артуына байланыссыз көтереді. Тұрақты капиталдың негізгі бөлігінің мөлшері — фабрика үйлері, машиналар, т. б. өзгеріссіз қалады — онымен 16 сағат жұмыс істеле ме, немесе 12 сағат жұмыс істеле ме — бәрібір. Жұмыс күнінің ұзаруы тұрақты капиталдың осы негұрлым қымбат бөлігіне жаңадан қаржы жұмсауды керек етпейді. Оның үстіне, негізгі капиталдың құны осының арқасында аз айналым кезеңдері ішінде қайта өндіріледі, демек, белгілі бір пайда табу үшін ол авансылануға тиісті уақыт қысқарады. Сондықтан жұмыс күнінің ұзаруы тіпті жұмыс уақытынан тыс уақытқа ақы төленген реттің өзінде де, белгілі шекте тіпті ол уақытқа қалыпты жұмыс сағаттарымен жоғары ақы төленген реттің өзінде де пайданы арттырады. Сондықтан қазіргі өнеркәсіп системасында негізгі капиталды көбейту қажеттігі үнемі артып отырғаны пайдаға құныққан капиталистер үшін жұмыс күнін ұзартуға деген басты түрткі болып табылады<sup>1)</sup>.

Жұмыс күні тұрақты болса, жағдай басқаша болады. Бұл ретте қаналатын еңбек аумағын көбейту үшін (біз бұл арада жалақыдан ұстауды немесе жалақының қалыпты дәрежесінен төмендетілуін ескермейміз) жұмысшылардың санын көбейту

<sup>1)</sup> «Барлық фабрикаларда негізгі капиталдың барынша көп сомасы құрылыстар мен машиналарға жұмсалады, сондықтан бұл машиналар жұмыс істейтін сағат саны, негұрлым көп болса, пайда соғұрлым көп болады» («Reports of Insp. of Fact., 31st October 1858», p. 8).

кажет, ал сонымен бірге белгілі қатынаста негізгі капитал аумағын да — құрылыстарды, машиналарды, т. б.— көбейту кажет. Немесе, егер еңбектің интенсивтілігі артса, не еңбектің өндіргіш күші артса және жалпы алғанда отноcительді қосымша құн көп өндірілетін болса, онда шикізатты қолданатын өндіріс салаларында тұрақты капиталдың айналмалы бөлігінің аумағы өседі, өйткені осы мерзімді уақытта көп шикізат, т. с. ұқсатылады, және екіншіден, сол бір мөлшердегі жұмысшылар қозғалысқа келтіретін машиналар саны өседі, демек, тұрақты капиталдың бұл бөлігі де өседі. Сөйтіп қосымша құнның өсуі тұрақты капиталдың өсуімен қабат болып отырады, еңбекті қанаудың өсе түсуі еңбекті қанауға көмектесетін жағдайлардың қымбаттауымен қабат болып отырады, яғни капитал жұмсалыуының өсуімен қабат болып отырады. Сонымен, пайда нормасы осының салдарынан, бір жағынан кемиді, ал екінші жағынан өседі.

Толып жатқан ұсақ шығындар жұмыс күні ұзақ болғанда да, қысқа болғанда да ішінара немесе түгелдей бір мөлшерде қалады. Бакылау жөніндегі шығындар 750 жұмысшы және 12 сағаттық жұмыс күні тұсындағыдан 500 жұмысшы және 12 сағаттық жұмыс күні тұсында аз болады.

«Фабриканың күнделікті шығындары он екі сағаттық жұмыс күні жағдайында қандай болса, он сағаттық жұмыс күні жағдайында да дәл сондай дерлік» («Reports of Insp. of Fact., October 1848», p. 37).

Мемлекеттік және коммуналдық салықтар, өрттен қауіпсіздендіру, әр түрлі тұрақты қызметшілерге берілетін жалақы, машиналардың бағасыздануы және фабриканың басқа да әр түрлі шығындары ұзақ немесе қысқа жұмыс күні жағдайында өзгеріссіз қалады, өндірістің қысқартылуына байланысты бұл айтқандар пайданың есебінен өседі («Reports of Insp. of Fact., October 1862», p. 19).

Машиналардың және негізгі капиталдың басқа да құрамды бөліктерінің құны өндірілетін уақыттың ұзақтығы іс жүзінде олардың жай өмір сүретін уақытына емес, олар қызмет атқарып, пайдаланылатын еңбек процесінің жалпы ұзақтығына шартас. Егер жұмысшылар 12 сағаттың орнына 18 сағат зорығып еңбек етсе, мұның өзі аптасына үш күн артық болып шығады, сөйтіп бір апта біржарым аптаға, екі жыл үш жылға айналады. Егер жұмыс уақытынан тыс уақытқа ақы бөлінбейтін болса, онда жұмысшылар қалыпты қосымша уақыттың үстіне әрбір екі аптада тағы бір апта, әрбір екі жылдық еңбек үстіне тағы бір жылды тегін істейді. Сөйтіп, машиналардың құнын өндіру 50% шапшаңдап, 12 сағаттық жұмыс күнінде кажет болатын уақыттың  $\frac{2}{3}$  бөлігін ғана алады.

Шикі материал бағасының ауытқуларын зерттеудегі сияқты (VI тарау) бұл зерттеуде де біз мәселені орынсыз қиындатпас үшін қосымша құнның аумағы мен нормасы белгілі деген ұйғарындыға сүйенеміз.

Кооперацияны, еңбек бөлінісін және машиналардың ролін талдағанда бұрын көрсетілгеніндей<sup>29</sup>, өндіріс жағдайларынан үнемдеу ірі көлемдегі өндірісті сипаттайтын үнемдеу — негізінен алғанда мынадан келіп туады: бұл жағдайлар қоғамдық, қоғамдық-құрама еңбек жағдайлары ретінде, демек, еңбектің қоғамдық жағдайлары ретінде қызмет атқарады. Бұл жағдайлар өндіріс процесінде бірлесіп пайдаланылады, өзара бір-бірімен байланыссыз жұмысшылар бұқарасының бытыраңқы формасында емес немесе, жақсы дегенде, болмашы дәрежеде ғана өзара бірлескен жұмысшылар пайдаланбайды, тұтас жұмысшы пайдаланады. Бір немесе екі орталық двигателі бар ірі фабрикада бұл двигателдерге шығатын шығындар сол двигателдердің қуаты артуына, демек олардың ықтималды ықпал ету өрісі кеңеюіне сәйкес пропорцияда өспейді; дәнекер механизмдерге шығатын шығындар бұл механизмдер қозғалысқа келтіретін жұмыс машиналары аумағының өсуіне сәйкес пропорцияда өспейді; жұмыс машинасының сүйегі оның өз органдары ретінде құрал ететін жабдықтар санының артуына сәйкес пропорцияда қымбаттамайды, т. т. Бұдан әрі, өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы арқасында құрылыс атаулыға, тіпті шын мағынасындағы шеберханалар былай тұрсын, сонымен қатар қойма үйлеріне, т. с. кететін шығындар азаяды. Жылуға, жарыққа, т. с. кететін шығындар жөнінде де осылай болады. Өндірістің басқа жағдайлары аз немесе көп адам істейтініне қарамастан, бұрынғы күйінде қалады.

Бірақ өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануынан және олардың көптеп қолданылуынан туатын осы үнемнің бәрі өзіне тән маңызды шарт ретінде жұмысшылардың жинақталып, бірлесіп істеуін, яғни еңбектің қоғамдық бірлестігін керек етеді. Демек, жеке алынып қаралатын әрбір жеке жұмысшының қосымша еңбегінен қосымша құн туатыны сияқты бұл үнем де еңбектің қоғамдық сипатынан туады. Тіпті бұл арада мүмкін де қажет болатын үнемі жетілдіру, шындау ісінің өзі тұтас алғанда түгелдей қоғамдық тәжірибе мен ұзақ бақылаудан туады, ал мұны мүмкін етіп, соған жол ашушы — ірі көлемде бірлескен жиынтықты жұмысшы жүзеге асыратын өндіріс.

Өндіріс жағдайларынан үнем жасаудың тағы бір ірі саласы туралы да дәл осыны айтуға тура келеді. Біз бұл арада қалдықтар деп аталатын өндірістік экскременттер сол немесе басқа бір өнеркәсіп саласы өндірісінің жаңа элементтеріне

қайта айналуын, осы экскременттер дейтіндерді өндірістің толық айналымына, демек, тұтынысқа да — өндірістік немесе жеке тұтынысқа қайта түсіруге көмектесетін процестерді айтып отырмыз. Үнемдеудің біз кейін толығырақ тоқталатын бұл саласы да ірі көлемдегі қоғамдық еңбектің нәтижесі болып табылады. Тек осындай көлемде ғана қалдықтар соншалық мол аумақта көбейеді де, олардың өздері қайтадан сауда заттарына, демек, өндірістің жаңа элементтеріне айналады. Тек бірлескен өндірістің, демек, ірі көлемдегі өндірістің қалдықтары ретінде ғана олар өндірістік процесс үшін осындай маңыз алып, айырбас құнына ие болады. Өндірістің жаңа элементтері ретінде атқаратын роліне қарамастан, бұл қалдықтар өздерінің қайтадан сатылуы мүмкін мөлшерде шикізатқа шығатын шығындарды арзандатады, өйткені оның нормалы қалдығы әрқашан әлгі шығындарға қосылады, атап айтқанда, өңдеу кезінде орта есеппен шығынға кетуге тиісті саны қосылады. Тұрақты капиталдың осы бөлігіне шығатын шығындардың кемуі өзгермелі капиталдың мөлшері және қосымша құн нормасы бір қалыпта болса да, *pro tanto*\* пайда нормасын көтереді.

Қосымша құн белгілі болғаннан кейін, пайда нормасын товар өндіруге қажетті тұрақты капиталдың құнын кеміту арқылы ғана арттыруға болады. Тұрақты капитал товар өндіруге енетін болғандықтан, оның айырбас құны емес, тек тұтыну құны ғана маңызды болады. Еңбек өнімділігінің дәрежесі, яғни техникалық даму дәрежесі белгілі болғаннан кейін, жіп иіру фабрикасында зығырдың қанша еңбекті бойына сіңіре алатындығы оның құнына емес, мөлшеріне байланысты болады. Сондай-ақ, мысалы, машинаның үш жұмысшыға көрсетер көмегі де оның құнына емес, машина ретіндегі тұтыну құнына байланысты. Техникалық дамудың бір сатысында жаман машина қымбат болуы, енді бір сатысында жақсы машина арзан болуы мүмкін.

Мысалы, мақта немесе жіп иіру машиналары арзандағандықтан капиталист алатын өсіңкі пайда еңбек өнімділігі артуының, рас, жіп иіру өндірісіндегі емес, машина мен мақта өндірісіндегі еңбек өнімділігі артуының нәтижесі болып табылады. Белгілі бір еңбек мөлшерін затқа айналдыру үшін, демек, белгілі бір қосымша еңбек мөлшерін немдену үшін енді еңбек жағдайларына жұмсалатын шығыс азаяды. Белгілі бір қосымша еңбек мөлшерін немденуге қажетті қосымша шығын азаяды.

Өндіріс құрал-жабдықтарын жиынтық жұмысшының — қо-

---

\* — тиісінше. *Ред.*

ғамдық ұштасқан жұмысшының бірлесіп пайдалануы арқасында өндіріс процесінде жасалатын үнемдеулер туралы біз бұрын айтқанбыз. Айналыс уақытын қысқарту арқылы тұрақты капитал шығындарынан бұдан әрі қарай жасалатын үнемді (ал мұнда қатынас құралдарының дамуы елеулі материалдық кезең болып табылады) біз төменде қараймыз. Бірақ машиналарды үздіксіз жетілдіру арқасында жасалатын үнем осы жердің өзінде айтылуға тиіс, олар: 1) машиналардың материалын жақсарту, мәселен, ағаш орнына темір қолдану арқасында; 2) жалпы машина өндірудің жақсаруы нәтижесінде машиналарды арзандату арқасында; айта кетейік, еңбектің кең көлемде дамуына байланысты тұрақты капиталдың негізгі бөлігінің құны үздіксіз өскенімен, оның өсуі бұл дәрежеде болудан аулақ жатады<sup>12)</sup>; 3) қолда бар машиналарды арзандататын және оларды пайдалану ісін неғұрлым тиімді ететін арнайы жетілдірулер, мысалы, бу қазандарын жетілдіру, т. с. арқасында, бұл жайында кейбір егжей-тегжейлі мәліметтер төменде баяндалады; 4) машиналар жетілдірілгенде қалдықтар мөлшерінің азаюы арқасында жасалатын үнемдер.

Белгілі бір өндіріс кезеңі ішінде машиналардың тозуын және жалпы негізгі капиталдың тозуын азайтатын нәрсенің бәрі жеке товарды арзандатып қана қоймайды, оның үстіне капиталдың бұл кезеңге жасаған тиісті шығындарын да қысқартады, өйткені әрбір жеке товар өзінің бағасында тозу бөлігінің өзіне тиген үлесін қайта өндіреді. Жөндеу жұмыстары, т. с. қажет болғандықтан машиналарға бастапқы жұмсалған шығындарға қоса есептеледі. Машиналардың төзімділігінен бұл шығындардың азаюы *pro tanto* машиналардың бағасын арзандатады.

Бұл сияқты үнем атаулының бәрі айналып келгенде мынамен сипатталады: мұндай үнем көпшілігінде құрама жұмысшы болған ретте ғана мүмкін болады және көбінесе жұмыс бұрынғыдан неғұрлым кең көлемде ұйымдастырылғанда ғана жүзеге асырылады; демек, ол жұмысшыларды тікелей өндіріс процесінде бұрынғыдан да зор ұштастыруды керек етеді.

Бірақ, екінші жағынан, өндірістің бір саласында, мәселен, темір, көмір, машиналар өндірісінде, құрылыс ісінде, т. т. еңбектің өндіргіш күші дамуы, өз кезегімен интеллектуалдық өндіріс саласындағы табыстарға, атап айтқанда, табиғат тану ғылымдарының табыстарына және оларды қолдануға ішінара тәуелді болатын даму құнды кеміту шарты, демек, өнеркәсіптің басқа салаларындағы, мысалы, тоқыма өнеркәсібіндегі немесе егіншіліктегі өндіріс құрал-жабдықтарына шығатын шы-

<sup>12)</sup> Қараңыз: Юр фабрикалар салудағы процесс туралы.<sup>36</sup>

ғындарды да кеміту шарты болып табылады. Бұл өзінен өзі түсінікті, өйткені өнеркәсіптің бір саласынан өнім ретінде шыққан товар өнеркәсіптің екінші саласына өндіріс құрал-жабдығы ретінде қайтадан енеді. Оның арзандығы аз-көп болуы оны өнім етіп шығаратын өндіріс саласындағы еңбек өнімділігіне байланысты; сонымен қатар бұл өндіріс құрал-жабдығы ретінде осы товар өндірісіне кіретін товарларды арзандату шарты ғана болып қоймайды, оның үстіне бұл арада осы товардың өзі элементіне кіретін тұрақты капитал құнын кеміту шарты, олай болса, пайда нормасын арттыру шарты болып табылады.

Өнеркәсіптің үздіксіз дамуынан туып, тұрақты капиталдан жасалатын осы сияқты үнемнің айрықша ерекшелігі мынада: мұнда өнеркәсіптің *бір* саласында пайда нормасының өсуі *екінші* салада еңбектің өндіргіш күшінің дамуынан туады. Мұнда капиталистің ұтатыны тағы да баяғы қоғамдық еңбек өнімі беретін ұтыс, алайда бұл ретте мұның өзі сол бір капиталист тікелей қанайтын жұмысшы беретін өнім емес. Өндіргіш күштің мұндай дамуы сайып келгенде әрқашан қызметке қосылған еңбектің қоғамдық сипатына, қоғам ішінде еңбектің бөлінуіне, интеллектуалдық еңбектің, әсіресе табиғат тану ғылымдарының дамуына келіп тіреледі. Бұл арада капиталист бүкіл қоғамдық еңбек бөлінісі системасының ұтымдылығын пайдаланады. Қаралып отырған ретте капиталист қолданатын тұрақты капиталдың құнын относителді төмендететін, демек, пайда нормасын арттыратын нәрсе — ол өнеркәсіптің осы саласында емес, оған өндіріс құрал-жабдығын беретін саласында еңбектің өндіргіш күшінің дамуы.

Басқа бір ретте пайда нормасы тұрақты капиталды өндіретін еңбектен үнемдеу нәтижесінде емес, тұрақты капиталдың өзін қолданудан үнемдеу нәтижесінде артады. Жұмысшыларды шоғырландыру және оларды кең көлемде кооперациялау арқасында тұрақты капитал үнемделеді. Белгілі бір құрылыстар, жылу, жарық беруге бейімдеген қондырмалар, т. с. ірі көлемді өндіріс жағдайында ұсақ көлемді өндіріс жағдайындағыдан біршама арзанға түседі. Двигательдер мен жұмыс машиналары жайында да дәл осыны айтуға тура келеді. Бұлардың құны абсолюттік түрде өскенімен де, өндірістің кеңейіп өсуімен және өзгермелі капиталдың мөлшерімен немесе қозғалысқа келтіретін жұмыс күшінің аумағымен салыстырғанда относителді түрде төмендейді. Нақты бір капитал өзіне қарасты өндіріс саласында жүзеге асыратын үнемдеу ең алдымен және тікелей еңбектен үнемдеуден, яғни жұмысшыларының ақы төленетін еңбегін қысқартудан құралады; мұның керісінше, жоғарыда айтылған үнемдеу бөгде адамның

ақы төленбейтін еңбегін мүмкін болғанынша осылай көбірек иемденуді неғұрлым көбірек үнемдеу әдісімен, яғни сол бір өндірістің көлемінде мүмкін болғанынша аз шығындармен жүзеге асыруға келіп тіреледі. Бұл үнемдеу, бұрын айтылғандай, тұрақты капиталды өндіруде қолданылатын қоғамдық еңбек өнімділігін пайдаланудан емес, тұрақты капиталдың өзін қолданудан туатындығына негізделеді, олай болса үнемдеу не өндірістің осы саласының өзінде еңбекті тікелей кооперациялау және оның қоғамдық формасы арқылы, не машиналар және т. с. шығару арқылы жасалады, бірақ оларды құны тұтыну құны дәрежесінде өспейтіндей көлемде шығару шарт.

Бұл арада екі жағдайды еске алу қажет. Егер  $c$  құны  $= 0$  болса, онда  $p' = m'$  болар еді де, пайда нормасы өзінің максимумына жетер еді. Бірақ, екіншіден: еңбектің өзін тікелей пайдалану үшін маңыздысы қолданылатын пайдалану құралдарының құны емес, ол мейлі негізгі капитал болсын немесе шикізат пен көмекші материалдар болсын, мұның бәрібір. Бұлар еңбекті бойына сіңіруші есебінде, өзі немесе көмегі арқылы еңбек, демек, қосымша еңбек затқа айналатын құралдар есебінде қызмет етеді, олай болса машинаның, құрылыстың, шикізаттың және т. с. айырбас құнының ешқандай маңызы болмайды. Бұл жерде бірден-бір маңызды бар нәрсе, бір жағынан, олардың аумағы, бұл тірі еңбектің белгілі мөлшерімен біріктіру үшін техника жағынан қажетті нәрсе, екінші жағынан, олардың қойылған мақсатқа сай келуі, яғни: машиналар ғана емес, сондай-ақ шикізат пен көмекші материалдар да жақсы болуға тиіс. Пайда нормасы кейде шикізаттың маңызына байланысты. Жақсы материалдан қалдық аз болады; демек, белгілі бір еңбек мөлшерін сіңіруге шикізат аз кетеді. Одан соң, жұмыс машинасы алдынан кездесетін қарсылық кемиді. Ішінара мұның өзі тіпті қосымша құн мен қосымша құн нормасына да әсер етеді. Шикізат нашар болса, жұмысшы бір мөлшердегі шикізатты өндеуге көп уақыт жұмсайды; жақсы өзгермеген жағдайда мұның өзі қосымша еңбекті қысқартуға соқтырады. Бұл, одан әрі, капиталды ұдайы өндіру мен оның қорлануына едәуір әсер етеді, бұл «Капиталда» көрсетілгеніндей, I кітап, 568-бет<sup>31</sup>, көбіне қолданылатын еңбек мөлшерінен гөрі, еңбек өнімділігіне байланысты.

Осыдан келіп капиталистердің өндіріс құрал-жабдықтарынан үнем жасауға фанатикше ұмтылатыны түсінікті болады. Ешнәрсе ысырап болмаса, босқа құрымаса, өндіріс құрал-жабдықтары өндіріс қойған талапқа сайма-сай жұмсалатын болса,— мұндай жағдай ішінара жұмысшыларды машықтандырып, үйрету арқылы, ішінара капиталист біріккен жұмыс-

шыларды бағындыратын тәртіп орнату арқылы жасалады, ал жұмысшылар өзі үшін еңбек ететін қоғамдық құрылыста мұның керегі жоқ болады, бұл өзі еңбекақы өнім санына қарай төленетін жерде қазірдің өзінде-ақ керексіз бола бастады. Ал бұл фанатизм, екінші жағынан, өндіріс элементтерін бұрмалаудан да көрінеді, мұның өзі өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың құнын төмендетіп, пайда нормасын арттырудың басты құралы болып табылады; алдаушылықтың елеулі элементі ретінде бұған тағы өндірістің әлгі элементтерін құнынан жоғары сату қосылады, өйткені бұл құн өнімде қайтадан тағы кездеседі. Бұл жағдай әсіресе герман өнеркәсібінде шешуші роль атқарады, ал оның негізгі принципі мынадай: адамдарға жағудың ең жақсы әдісі — алдымен жақсы үлгілер жіберу, ал сонан соң жаман товарлар жіберу. Дегенмен, бәсеке саласына жататын мұндай жағдайлардың бұл жерде бізге қатысы жоқ.

Ескерте кетейік, тұрақты капитал құнын, олай болса, оның бағасын төмендету арқылы пайда нормасын арттыру бұл орын теуіп отырған өнеркәсіп саласының сән-салтанат заттарын немесе жұмысшылардың тұтынуына енетін тіршілік заттарын, немесе жалпы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін-өндірмейтініне мүлде байланысты емес. Бұл соңғы жағдай жұмыс күші құнына, яғни жұмысшылардың дағдылы тіршілік заттарының құнына елеулі байланысы бар қосымша құн нормасын сөз еткенде ғана маңызды болуы мүмкін. Бірақ қазіргі қаралып отырған ретте қосымша құн мен қосымша құн нормасы белгілі деп ұйғарылады. Бұл жағдайда қосымша құнның бүкіл капиталға қатынасы — пайда нормасын да осы шешеді — тек тұрақты капиталдың құнына тәуелді болады, өзін құраған элементтердің тұтыну құнына ешбір тәуелді емес.

Өндіріс құрал-жабдықтарының относителді арзандауы, әрине, олардың құнының абсолютті сомасының өсуін жоққа шығармайды, өйткені еңбектің өндіргіш күші дамуымен бірге және өндіріс көлемінің онымен қатар жүретін өсуімен бірге өндірісте қолданылатын құрал-жабдықтардың абсолюттік мөлшері барынша ұлғаяды. Тұрақты капиталды қолданудан түсетін үнем, оны біз қай жағынан алып қарасақ та, кейде өндіріс құрал-жабдықтары қызмет атқаруының және ол біріккен жұмысшының ортақ өндіріс құрал-жабдығы ретінде пайдаланылатындығы фактісінің нәтижесі болып табылады, сондықтан бұл үнемдеудің өзі тікелей өнімді еңбектің қоғамдық сипатының жемісі болып шығады; ал кейде — капиталға өндіріс құрал-жабдығын беріп отыратын салаларда еңбек өнімділігі дамуының нәтижесі болып табылады; сонымен, егер біз капиталист Х жұмыспен қамтамасыз етіп отырған жұмысшыларды



ғана осы капиталист Х-ке қарсы қоймай, бүкіл еңбекті бүкіл капиталға қарама-қарсы қоятын болсақ, онда бұл үнемдеу тағы да баяғы қоғамдық еңбектің өндіргіш күштері дамуының жемісі болып шығады, сөйтіп бүкіл айырмашылық мынаған тіреледі: капиталист Х өз шеберханасын ғана емес, сондай-ақ бөтен шеберханалардың еңбек өнімділігінен де пайда келтіреді. Дегенмен, тұрақты капиталдан үнем жасау капиталист үшін жұмысшыға мүлде жат және оған ешбір жанасы жоқ нәрсе, жұмысшының ешқандай қатысы жоқ нәрсе болып көрінеді; ал бірақ белгілі бір мөлшерлі ақшаға капиталистің еңбекті аз-көп сатып алатынына жұмысшының тіпті де немқұрайды қарамайтыны капиталистке қашан да айқын (өйткені капиталист пен жұмысшы арасындағы келісімді оның санасы дәл осылай түсінеді). Өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланудан жасалатын бұл үнем, шығынды мейлінше аз жұмсап, белгілі нәтижеге жету, бұған еңбекке тән басқа күштерден анағұрлым жоғары дәрежеде жетудің осы әдісі капиталға тән күш, капиталистік өндіріс тәсіліне тән және оны сипаттайтын әдіс деп түсініледі.

Сөйте тұра былай түсіну тәсілі онша ерсі көрінбеуі мүмкін, өйткені бұған фактілердің сырттай көрінісі сәйкес келеді және капиталистік қатынас іс жүзінде мәселенің ішкі байланысын бүркеп отырады, мұны ол жұмысшыны өз еңбегін жүзеге асыру шарттарына бүтіндей селсоқ, оқшау және жатырқай қарайтын жағдайға қою арқылы істейді.

*Біріншіден:* Тұрақты капитал құрайтын өндіріс құрал-жабдықтары тек капиталистің ақшасы болып көрінеді (баяғы Ленге айтатын Рим борышқорының тәні оның кредиторының ақшасына айналатыны сияқты<sup>32</sup>) және тек соған ғана белгілі қатынаста болады, ал жұмысшы болса, бұларға өндірістің нағыз процесінде кездеседі де, бұлармен тек өндірістің тұтыну құндары ретінде, еңбек құралдары мен еңбек материалы ретінде істес болады. Сондықтан бұл құнның азаюы немесе көбеюі жұмысшының капиталистке қатынасына онша әсер етпейді, бұл, мәселен, жұмысшы мысты өңдей ме немесе темірді өңдей ме — оған бәрібір болатыны тәріздес. Ал енді капиталист өндіріс құрал-жабдықтарының құны өсіп, осы себепті пайда нормасы кемитін реттерде мәселеге басқаша қарауды артық көреді, мұны біз кейін көрсетеміз.

*Екіншіден:* Капиталистік өндіріс процесінде өндіріс құрал-жабдықтары сонымен қатар еңбекті қанау құралдары болып табылатындықтан, бұл қанау құралдарының біршама арзан немесе қымбат болуының жұмысшыға бәрібір, бұл баяғы аузына салынған ауыздық, тізгінің арзан-қымбаттығы атқа бәрібір болатыны тәріздес.

*Ақырында*, біз жоғарыда көрдік<sup>33</sup>, жұмысшы шындығына келгенде өз еңбегінің қоғамдық сипатына, оның ортақ мақсат үшін басқалардың еңбегімен ұштастырылуына бір түрлі өзіне жат күш ретінде қарады; әлгі киюластыруды жүзеге асырудың шарты жұмысшыға жат меншік болып табылады, егер жұмысшы сол меншікті үнемдеуге біреу мәжбүр етпесе, оның ысырап болуынан жұмысшы мүддесіне ешбір келер-кетер болмас еді. Жұмысшылардың өздеріне тиісті фабрикаларда, мәселен, Рочдейльде<sup>34</sup>, істің жайы мүлде басқаша.

Сонымен, мынаны айтып жатудың қажеті бола қоймаса керек: өндірістің бір саласындағы еңбек өнімділігі екінші бір салада өндіріс құрал-жабдықтарының арзандауы, жақсаруы болып көрінетіндіктен, сөйтіп, пайда нормасын арттыратындықтан, қоғамдық еңбектің осы жалпылама байланысы жұмысшыларға мүлде жат бірдеме сияқты болып көрінеді, іс жүзінде бұл тек капиталиске ғана қатысты, өйткені осы өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алып, иемденетін тек капиталист қана. Капиталист өз өндіріс саласындағы жұмысшылардың өніміне бөтен өндіріс саласындағы жұмысшылардың өнімін сатып алады, демек, ол өз жұмысшыларының өнімін тегін иемденеді де, тек сондықтан ғана бөтен жұмысшылардың өніміне иелік жасайды – міне осы фактінің өзі айналыс процесі, т. т. арқылы сәтті бүркемеленіп отыратын байланыс болып табылады.

Бұған тағы мына жағдай қосылады. Ірі көлемдегі өндіріс тұңғыш рет капиталистік формада дамиды, сондықтан, бір жағынан, пайдаға құнығушылық та, екінші жағынан, товарларды мүмкін болғанынша арзан өндіруге мәжбүр ететін бәсеке де тұрақты капиталды пайдаланудан жасалатын осы үнемдеуге бейне бір капиталистік өндіріс тәсіліне тән айрықша ерекшелік, демек, капиталиске тән функция секілді түр береді.

Капиталистік өндіріс тәсілі, бір жағынан, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштері дамуын, екінші жағынан, тұрақты капиталды пайдаланудан туатын үнемдеуді күшейтеді.

Алайда мәселе жанды еңбектің иесі жұмысшы мен оның еңбек жағдайларын үнемді, яғни, тиімді де ұқыпты пайдалану арасында орнайтын осы жатырқай, селқос қараушылық қатынасымен шектелмейді. Өзінің қайшылықты, антагонистік жаратылысы себебінен капиталистік өндіріс тәсілі мынаған апарып соғады: жұмысшының өмірі мен денсаулығын бұзудың өзі, оның өмір сүру жағдайларын нашарлатудың өзі тұрақты капиталды пайдаланудан туатын үнемдеуге, демек, пайда нормасын арттыру құралдарына жатқызылады.

Жұмысшы өмірінің көбін өндіріс процесіне жұмсайды, сол себепті өндіріс процесінің жағдайлары едәуір дәрежеде оның

әрі белсенді тіршілік процесінің жағдайлары, тіршілік етуінің жағдайлары болып табылады, ал осы тіршілік жағдайларынан үнем жасау дегеніміз пайда нормасын арттыру әдістерінің бірі болып табылады, бұл өзі біздің бұрын көргеніміздей<sup>35</sup>, шектен асқан жұмыс, жұмысшыны жұмыс малына айналдыру капитал құнын өздігінен өсіруді, қосымша құн өндіруді шапшандату әдісі болып табылатыны тәріздес. Мұндай үнемдеу жұмысшыларды тар, нашар үйлерге тығуға,— бұл капиталистік тілде құрылыстар салу есебінен үнемдеу деп аталады,— айналдырған бір үйдің ішіне қауіпті машиналарды қат-қабаттап толтыруға, қауіп-қатерден сақтайтын тетіктердің болмауына, рудниктер, т. т. секілді затында денсаулыққа зиянды немесе қауіп-қатерлі өндіріс процестерінде сақтық шаралары болмауына апарып соғады. Өндіріс процесін жұмысшыға қолайлы, ұнамды, тым болмаса кісі ылаждайтындай ететін ол-пұл тетік орнату жайын айтып, ауыз ауыртпаймыз. Капиталистік тұрғыдан мұның өзі мүлде бекерге жасалған, мағынасыз ысырап-қорлық болар еді. Жалпы капиталистік өндіріс қаншама сараңдығына қарамастан, адам материалын пайдалануға келгенде, күмән жоқ, асқан ысырапқор; дәл сондай-ақ, екінші жағынан, ол өнімдерін сауда және оған тән бәсеке тәсілі арқылы бөлу әдісінің арқасында материалдық құрал-жабдыктарды жаратуда да өте ысырапқор болып шығады, оның үстіне жеке капиталистің ұтысы қоғам үшін шығын болып отырады.

Жанды еңбекті тікелей қолдануда оны қажетті еңбек мөлшеріне жеткізу және еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерін пайдалану арқылы өнімді дайындауға қажет еңбекті үнемі азайту тенденциясы, демек, тікелей қолданылатын жанды еңбекті барынша үнемдеу тенденциясы капиталға тән сипат, дәл сол сияқты әлгі қажетті мөлшерге жеткізілген еңбекті мүмкін болғанынша үнемшілдік жағдайда қолдану, яғни жұмсалатын тұрақты капиталдың құнын мүмкін болған минимумға жеткізу тенденциясы да оған тән сипат. Егер товарлардың құны тегі олардың бойындағы жұмыс уақытымен емес, қайта, олардағы қажетті жұмыс уақытымен шешіледі десек, онда бұл шешімді капитал ғана жүзеге асырады, ол сонымен қатар түрлі товарды өндіруге керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақытын үздіксіз қысқартып отырады. Сонымен товардың құны минимумға жеткізіледі, бұл оны өндіруге қажетті еңбектің әрбір бөлігін минимумға түсіру жолымен істеледі.

Тұрақты капиталды қолдануда жасалатын үнемді қарастырғанда төмендегі айырмашылықты естен шығармау керек. Егер қолданылатын капиталдың аумағы, сонымен бірге оның құн сомасы өсетін болса, онда мұның өзі, ең алдымен, зор көлемдегі капиталдың бір қолға шоғырлануын ғана көрсетеді.

Алайда бір қожайын қолданатын капитал аумағының нақ осы өсуі тұрақты капиталдан үнем жасауға жол ашады, көпшілік ретте бұл аумақ та абсолюттік жағынан көп, бірақ относительдік жағынан аз қолданылған еңбек мөлшеріне сәйкес болады. Жеке капиталист үшін капиталдың, әсіресе негізгі капиталдың қажетті шығындарының мөлшері артады, бірақ өңделетін материал мен қаналатын еңбек аумағына қатынасы жөнінде бұл шығындардың құны азаяды.

Біз мұны жеке мысалдармен қысқаша дәлелдейік. Мұны аяқ жағынан, өндіріс жағдайларынан үнем жасаудан бастайық, өйткені өндіріс жағдайлары сонымен бірге жұмысшының өмір сүруі мен тіршілігінің жағдайлары болып табылады.

## II. ЖҰМЫСШЫҒА НҰҚСАН КЕЛТІРУ ЕСЕБІНЕН ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ҮНЕМ ЖАСАУ, ЕҢ ҚАЖЕТТІ ШЫҒЫНДАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ

### *Тас көмір кендері.*

«Тас көмір шахталары иелерінің арасында дәуірлеген бәсеке тұсында... кара күшке келетін ең көрінеу қиыншылықтарды жоюға қажетті шығындардан басқа шығын шығарылмайды; ал әдетте саны керегінен асып жататын жұмысшы-шахтерлер арасындағы бәсеке жағдайында бұл жұмысшылар көршілес деревня күндікшілерінің табысынан сәл-ақ артатын ақы үшін өте қатерлі, барып тұрған зиянды жұмыстарға тартынбай барады, өйткені мұның үстіне шахтадағы жұмыс олардың балаларын да ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Осы екі жақты бәсекенің салдарынан мынадай сорақылықтар емін-еркін орын тебеді: жұмыс кендердің көпшілігінде құрғату, желдету әдісі мейлінше нашар жағдайда, көбіне нашар салынған, тіреулері жаман, машинистерінің дайындығы жоқ, штольнялары мен көмір тасымалдау жолдары нашар тартылған, жаман салынған шахталарда істеледі; жұмысшылардың өмірі мен денсаулығы күйрейді, мертiгеді — міне нәтижелер осындай, мұның статистикасы сұмдық жағдайды көрсетер еді» («First Report on Children's Employment in Mines and Collieries etc.», 21 April 1841, p. 102).

1860 жыл тұсында ағылшынның тас көмір кендерінде апта сайын орта есеппен 15 адам өліп тұрды. «Coal Mines Accidents» (6 февраль, 1862 ж.) есебінің мәліметтері бойынша, 10 жыл ішінде, 1852—1861 жылдары, небәрі 8 466 адам өлген. Алайда бұл сан нақты өлгендер санынан әлдеқайда аз, мұны есептің өзі де көрсетіп отыр, өйткені фабрика инспекторлары жүйесі жаңа ғана құрылып, олардың бақылауына жататын округтер өте зор болған алғашқы жылдарда мертiккен, өлген көп адамдар жайында мүлде мәлімдеме жасалмайтын болған. Капиталистік қанаудың табиғи тенденциясы мынадан әбден айқын көрінеді: фабрика инспекторларының саны жеткіліксіздігіне, өкім-билігі аздығына қарамастан, инспекция

құрылуына байланысты сәтсіз оқиғалар саны қатты кеміді, ал бірақ жұмысшыларды қырғынға ұшырату қазіргі уақытта да әлі тым көп. Мұндай адам шығыны көпшілігінде кен иелерінің пасық сараңдығынан болады, мысалы, олар көбінесе тек бітеу қуыс жасайды, осының салдарынан шын мағынасында ешқандай желдету мүмкін еместігі былай тұрсын, тіпті осы бірден-бір жол көміле қалса, сыртқа шығу да мүмкін емес.

Егер біз айналыс процесін және бәсекеге байланысты жасалатын шығындарды былай қоя тұрып, капиталистік өндірістің өзін оқшау алып қарастыратын болсақ, ол бұрын істеліп, товарларда затқа айналдырылған еңбекке өте ұқыпты қарайды. Ал мұның керісінше, ол адамдарды, жанды еңбекті ысырап ету, тән мен қан былай тұрсын, тіпті жүйкені де, миды да ысырап ету жағы басқа өндіріс тәсілінің қай-қайсысынан болсын әлдеқайда асып түседі. Шынына келгенде, осы тарихи заманда, адамзат қоғамын саналы түрде қайта құрудың тікелей алдында болатын заманда адамзаттың дамуы жеке адамның күшін орасан ысырап ету арқылы ғана қамтамасыз етіліп, жүзеге асырылады. Бұл жерде сөз болып отырған үнемдеудің бәрі еңбектің қоғамдық сипатынан туады, ендеше іс жүзінде еңбектің дәл осы тікелей қоғамдық сипаты жұмысшының өмірі мен денсаулығын осылай бүлдіруді туғызады. Фабрика инспекторы Р. Бейкер баяғыда қойған мәселе осыны сипаттайды:

*«Бірлескен еңбек салдарынан балалардың өмірін құрбан етушіліктен қайткенде жақсы құтылуға болады?— мықтап ойлануға тұрарлық түйінді мәселе осында болып отыр» («Reports of Insp. of Fact., 31 October, 1863». p. 157).*

*Фабрикалар.* Шын мәнісіндегі фабрикаларда да жұмысшылардың қауіпсіздігін, қолайлы жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз ететін барлық сақтандыру шараларының жоқтығы осыған жатады. Өнеркәсіп армиясында жаралы болғандар мен өлгендер жайындағы қырғын мәліметтердің дені осы фабрикалардан түсіп жатады (жыл сайынғы фабрика есептерін қараңыз). Сондай-ақ тар үй, жаман желдеткіш, т. т. әсіресе фабрикаларда көп кездеседі.

Апатты оқиғалар жиі болып, оның көпшілігі өлім-жітіммен аяқталатынына қарамастан, көлденең біліктерге сақтандыру тетіктерін орнату жөнінде және ол тетіктердің қымбат тұрмайтынына, өндіріске ешбір кедергі жасамайтынына қарамастан, заң талаптарына фабриканттар көпшілігі қарсы болып отыр деп сонау 1855 жылғы октябрьдің өзінде-ақ Леонард Хорнер кынжыла айтқан еді. («Reports of Insp. of Fact., October, 1855», p. 6). Фабриканттар заңның осы және басқа ережелеріне қарсы әрекеттерінде аралық сот міндетін ынталы түрде

атқаратындар тарапынан тілектестік қолдау тапты; ал енді көпшілігінде өздері фабрикант немесе фабриканттардың досы бола отырып, жаңағыдай сот істерін сол аралық соттар шешетін болды. Бұл мырзалардың қай түрде үкім шығаратыны апелляциялық шағым бойынша өз қарауына келіп түскен әлгіндей үкімдердің бірі жөнінде жоғарғы сот Қэмпбеллдің айтқан сөзінен айқын көрінеді.

«Мұның өзі парламенттік актіге сүйену емес, оны турадан-тура жою» (бұл да сонда, 11-бет).

Дәл сол есепте Джон Кинкейд көптеген фабрикаларда жұмысшыларды алдын ала ескертпестен-ақ машиналарды жүргізе береді дейді. Тоқтатылған машинаның өзінде де әрқашан әйтеуір бір жұмыс істеліп жатады, машинаға қол мен саусақ тимей тұрмайды, мұндайда әлгіндей белгі берілмеген себепті апатты оқиғалар үнемі болып жатады (бұл да сонда, 44-бет). Манчестер фабриканттары сол кезде фабрикалық заңдарға қарсылық көрсету мақсатымен кәсіпкерлер одағын, фабрикалық заңдарды қайта қарау жөніндегі Ұлттық ассоциация дейтінді құрып, ол 1855 жылдың мартында жарна түрінде әрбір аттың күшінен 2 шиллингтен не бәрі 50 000 ф. стерлингтен астам сома жинады, бұл фабрика инспекторларын қарсы дау процестеріне шығарып сөйлететін өз мүшелерінің сот шығындарын төлеуге арналды. Кәсіпкерлер пайда туралы сөз болып отырғанда «killing no murder»<sup>36</sup> дегенді дәлелдеуге тырысты. Шотландия фабрика инспекторы сэр Джон Кинкейд былай деп әңгімелейді: Глазгоның бір фирмасы фабрикадағы машиналарының барлығын ескі темірден жасалған сақтандыру тетіктерімен жабдықтаған, мұның өзі оған 9 ф. ст. 1 шиллингке түскен. Егер ол жоғарыда айтылған одаққа қосылған болса, онда өзіндегі 110 ат күшіне 11 ф. ст. жарна төлеуіне тура келер еді, яғни мұның өзі оның барлық сақтандыру тетіктерінің құнынан асып кеткен болар еді. Алайда Ұлттық ассоциация 1854 жылы сақтандыру тетіктерін орнату тәртібін шығарған заңға көрінеу қарсылық көрсету мақсатымен құрылған болатын. 1844—1854 жылдар бойынша фабриканттар заңға титтей де көңіл бөлген жоқ. Фабрика инспекторлары Пальмерстонның тапсыруы бойынша фабриканттарға ендігі жерде заң барынша қатаң қолданылатынын мәлімдеді. Сол кезде фабриканттар дереу өз Ассоциациясын құрды, ал мұның мүшелерінің көпшілігі аралық соттар болатын да, заңды өздері қолдануға тиісті еді. 1855 жылдың апрелінде жаңа ішкі істер министрі сэр Джордж Грей фабриканттарға ымырашыл ұсыныс жасады, онда үкімет сақтандыру тетіктері туралы заңның тек фор-

мальды дерлік түрде ғана орындалуын қанағат тұтуға уәде берді; алайда Ассоциация бұл ұсынысты да қатты наразылықпен қабылдамай тастады. Белгілі инженер Уильям Фэрберн әр түрлі процестерде капиталдың үнемделуін, қысымға ұшыраған бостандығын қорғайтын сарапшы болып сөз сөйлеп, өз беделіне нұқсан келтірді. Фабрика инспекциясының бастығы Леонард Хорнер фабриканттар тарапынан алуан түрлі қудалауға, қолайсыз жағдайларға душар болды.

Алайда король тағының соты<sup>37</sup> 1844 жылғы заң туралы шешім шығарып, онда еден деңгейінен 7 футтан жоғары тұрған көлденең біліктерге сақтандыру тетіктерін орнатуды заң міндеттемейді-міс деген түсінік бергенге дейін фабриканттар басылған жоқ. Олар ақырында, алдамшы дінді бетке ұстап, ақшалы қапшық сабаздарының тілек-талабына бола қандай болмасын жиіркенішті жұмысты орындауға ерқашан әзір тұратын инабатшыл адамдардың бірі — екіжүзді сұм Уилсон-Паттеннің көмегімен парламентте өздеріне қолайлы заң шығартып, қанағат тапты. Бұл акт іс жүзіне келгенде жұмысшыларды арнаулы қорғаныш атаулының бәрінен жұрдай етті, машиналардан болған зақым үшін құн алуға жай соттар арқылы қуынатын тәртіп шығарды (Англияда сот шығындары жоғары болып отырғанда бұл жұмысшыларды тура мазақ ету еді), ал сөйте тұра, екінші жағынан, әлгі акт экспертиза жасау жайындағы мейлінше шым-шытырық ережелермен шырмап, процесте фабриканттардың ұтылуына мүлде жол қалдырмады. Осының нәтижесінде апатты оқиғалар саны тез өсті. Инспектор Бейкер 1858 жылғы май — октябрь аралығындағы жарты жыл ішінде апатты оқиғалар саны одан бұрынғы жарты жылғыдан 21% өскенін атап көрсетті. Оның пікірінше, барлық апатты оқиғалардың 36,7 процентіне жол бермеуге болатын еді. Қалай болғанда да, 1845 және 1846 жылдармен салыстырғанда, 1858 және 1859 жылдары, фабрика инспекциясының бақылауына қарасты өнеркәсіп салаларында істейтін жұмысшылар саны 20% көбейгеніне қарамастан, апатты оқиғалар саны едәуір, атап айтқанда, 29% азайды. Мұның себебі неде? Көбінесе әуел бастан дайын сақтандыру тетіктерімен жасалатын жаңа машиналар енгізудің арқасында 1865 жылға қарай дау-жанжал басылды, фабрикант бұған көнді, өйткені әлгі тетіктер қосымша шығын шығаруды керек етпейтін еді. Оның үстіне, қолдарынан айрылғаны үшін кейбір жұмысшылар сот арқылы ірі құн даулап ала алды, онда сот шешімдерін тіпті ең жоғары инстанцияның өзі бекітті («Reports of Insp. of Fact., 30 April 1861», p. 31; сондай-ақ April 1862, p. 17).

Жұмысшылардың (олардың ішінде балалар да көп) өмірін машина маңында істелетін жұмыстың тікелей қауіп-қатерінен,

олардың аяқ-қолдарын зақымнан қорғайтын құрал-жабдықтардан үнем жасау жайындағы мәселені біз осымен тоқтатамыз.

*Жалпы жабық орында істелетін жұмыс.* Кеңістіктен, демек, құрылыстан үнемдеу жұмысшыларды тар жерге тықпалауға қаншалықты себепкер болатыны баршаға мәлім. Бұған желдеткіш тетіктерден үнемдеу де қосылады. Жұмыс уақытының ұзақтығына байланысты осы екі себеп тыныс мүшелерінің ауруын мықтап күшейтеді, демек, өлім-жітімді көбейтеді. Төмендегі айғақты мысалдар «Public Health, 1863, 6th Report» деген есептен алынған; есепті құрастырған — осы еңбектің I кітабынан оқушы жақсы білетін д-р Джон Саймон.

Жұмысшыларды бірлестіру, кооперациялау — машиналарды кең көлемде қолдануға, өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландырып, оларды қолданудан үнем жасауға мүмкіндік беретін шарт міне осы, дәл сол сияқты, жабық орындарда және ең керегі — жұмысшылардың денсаулығы емес, өнімді неғұрлым мол дайындау болып отырған жағдайда көпшіліктің осылай бірлесіп жұмыс істеуі — жұмысшылар бұқарасының айналасы бір шеберханаға шоғырлануы, бір жағынан, еселеген капиталистер пайдасының көзі болып табылады, ал екінші жағынан, жанағы шоғырланудың есесіне жұмыс уақыты қысқартылмайтындықтан және арнаулы сақтандыру шаралары қолданылмайтындықтан, бұл өзі жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын бүлдірудің себепкері болады.

Д-р Саймон мынадай бір жалпы шындықты көрсетіп, оны толып жатқан статистикалық мәліметтермен дәлелдейді:

«Белгілі бір округтың халқы жабық орындарда бірлесіп жұмыс істеуге мәжбүр болса, басқа жағдайлар бірдей болғанның өзінде, осы округтың халқында өкпе ауруынан болатын өлім-жітім әлгі жағдайға тікелей сәйкес болады» (23-бет). Себеп — желдеткіш жаман. «Ал жабық орындарда шоғырланған едәуір өнеркәсібі бар әрбір округта сол өнеркәсіп жұмысшыларында өлім-жітімінің едәуір көптігі сол округтағы өлім-жітімнің бүкіл статистикасында өкпе ауруының абсолютті түрде басым екенін дәлелдеуге жеткілікті айғақ болса керек, осы жалпы шындықтан, сірә, бүкіл Англияда бірде-бір алшақтық табыла қоймаса керек» (23-бет).

Жұмыс жабық орындарда істелетін және 1860, 1861 жылдары тазалықты бақылау орны тарапынан тексерілген өнеркәсіп салаларындағы өлім-жітім статистикасы мынаны айтады: Англияның егіншілік округтарында 15—55 жастағы еркектердің белгілі бір мөлшерінен 100 адам көксау және басқа өкпе ауруларынан өлетін болса, сол мөлшерден Ковентриде көксаудан өлетін адам саны — 163, Блэкберн мен Скиптонда — 167, Көнглтон мен Бадфордта — 168, Лестерде — 171, Ликте — 182, Макслфильде — 184, Болтонда — 190, Ноттинг-



гемде — 192, Рочдейльде — 193, Дебриде — 198, Солфорд пен Аштон-андер-Лайнда — 203, Лидсте — 218, Престонда — 220 және Манчестерде — 263 (24-бет). Төмендегі кестеден тіпті сорақы мысалды көреміз. Бұл кесте әрбір 100 000 адамнан 15-тен 25 жасқа дейінгі екі жыныс бойынша өкпе ауруынан өлетіндер санын жеке-жеке көрсетеді. Мұнда жабық орындарда шоғырланған өнеркәсібінде тек әйелдер істейтін, ал еркектер әр алуан еңбек саласында істейтін округтар іріктеліп алынған.

Округтар	Өндірістің негізгі саласы	15—25 жастағы 100 000 адамға шаққанда өкпе ауруынан болатын өлім саны	
		еркектер	әйелдер
Беркемпстид	Сабаннан бұйым тоқу, жұмысты әйелдер істейді . . . . .	219	578
Лейтон-Баззард	Сабаннан бұйым тоқу, жұмысты әйелдер істейді . . . . .	309	554
Ньюпорт-Пагнелл	Әйелдердің шілтер тоқуы . . . . .	301	617
Тоустер	Әйелдердің шілтер тоқуы . . . . .	239	577
Ювил	Қолғап өндірісі, көбінесе әйелдер жұмыс істейді . . . . .	280	409
Лик	Жібек өнеркәсібі, әйелдер жағы басым . . . . .	437	856
Конглтон	Жібек өнеркәсібі, әйелдер жағы басым . . . . .	566	790
Маклсфилд	Жібек өнеркәсібі, әйелдер жағы басым . . . . .	593	890
Солтүстік округтар	Егіншілік . . . . .	331	333

Фабрикалық еңбекке еркектер көп араласатын жібек өнеркәсібі бар округтарда олардың өлім-жітімі де жоғары. Екі жыныс адамдары ішінде көксаудан, т. с. болатын өлім-жітім көрсеткіштері, есептің айтуынша, бұл жерде мынаны анықтап береді:

«біздің жібек өнеркәсібі орындарының едәуір бөлігіндегі тазалық жайы адам төзгісіз (atrocious)».

Ал мұның өзі фабриканттар өз өндірісінің тазалық жағдайларын барынша дәріптеп, 13 жасқа дейінгі балалар үшін шамадан тыс ұзақ жұмыс уақытын талап еткен және ішінара айтқандарына жеткен кәдімгі жібек өнеркәсібіндегі жағдай (қараңыз: «Капитал», I кітап, VIII тарау, 6, 256-бет<sup>38</sup>).

«Тегінде, өнеркәсіптің бұған дейін тексерілген бірде-бір саласы д-р Смит осы жағынан алып суреттеген тігін өндірісіндей сорақы күйде бола

қоймас... «Шеберханалар», дейді ол, «тазалық жағынан мейлінше ала-құла; бірақ олардың бәрі дерлік адамға лық толы, ауасы дұрыс тазартылмайды, денсаулыққа барынша қолайсыз... Мұндай бөлме оның үстіне сөз жоқ қапырық болады; ал тұманды күні немесе қысқы кештерде газ жаққанда температура 80, тіпті 90 градусқа жетеді (Фаренгейт бойынша, ал Цельсий бойынша 27—33°), осының салдарынан жұмысшылар қара терге түседі, терезе шынысы терлейді, төбеден ылғи су сарылдап не тамшылап тұрады, сондықтан жұмысшылар ылажсыздан бірнеше терезені ашып тастайды да, сонсоң салқын тиіп, сөзсіз ауырады». Лондонның Уэст-Эндіндегі ең елеулі 16 шеберханасының жағдайы былайша суреттеледі: «осы ауасы нашар тазартылатын бөлмелерде бір жұмысшыға келетін ең көп кубатура 270 текше фут, ең азы 105 фут, орта есеппен бір адамға бар болғаны 156 фут. Барлық жағы галереямен қоршалып, жарық тек жоғарыдан ғана түсетін орында 92-ден 100 адамға дейін жұмыс істейді; толып жатқан газ шырақтары жанып тұрады; әжетханалар шеберхананың дәл жанында болады; орын әрбір адамға 150 текше футтан артық келмейді. Иттің үйшігі тәрізді ауланың ең түкпіріне салынған және төбедегі кішкентай саңлаудан ғана жарық түсіп, ауа кіретін шеберханада 5 не 6 адам істейді, ал бұлардың әрқайсысына тиетін орын бар болғаны 112 текше футтан ғана». Сөйтіп «д-р Смит суреттеген осы адам төзгісіз (atrocious) шеберханаларда тігіншілер әдетте күніне 12—13 сағат істейді, ал кейде жұмыс 15—16 сағатқа созылады» (25, 26, 28-беттер).

Өнеркәсіптің тиісті саласында істейтін әр түрлі жастағы адам саны	Денсаулыққа тигізетін әсері тұрғысынан салыстырылатын жұмыс түрлері	Тиісті салалардағы 100 000 адамнан өлгендері (жастарына қарай)		
		25—35 жас	35—45 жас	45—55 жас
958 265	Англия мен Уэльстегі егіншілік	743	805	1145
22 301 еркек } 12 377 әйел }	Лондон тігіншілері	958	1262	2093
13 803	Лондонның баспа жұмысшылары	894	1747	2367

Бір атап көрсететін нәрсе — және есепті жасаған медицина бөлімінің меңгерушісі Джон Саймон мұны атап та кеткен: Лондонның тігіншілері, әріп терушілері мен баспа жұмысшылары арасындағы 25—35 жастағы адамдардың өлім-жітімі кемітіп көрсетіліп отыр, өйткені өнеркәсіптің бүлекі саласындағы лондондық шеберлер деревнядан жас адамдарды (30 жасқа дейінгілер болса керек) шәкірт ретінде және «improvers», яғни шеберлігін жетілдірушілер ретінде көптеп алып отырады. Бұл айтылған адамдар өнеркәсіпте істейтіндердің жалпы санын көбейтеді, ал Лондондағы өнеркәсіп халқының өлім-жітім проценті осы жалпы санға шағып есептелген; бірақ Лондондағы басқа жұмысшылардан гөрі бұлардың арасында өлім-жітім аз болады, өйткені олар қалада уақытша ғана болады; егер осы уақыттың ішінде ауыра қалса, олар деревнядағы үйлеріне қайтады, тіпті өле қалған күнде де сонда тіркеледі. Неғұрлым төмен жастағы топтарға

мұның әсіресе көбірек қатысы бар, сондықтан өнеркәсіптің денсаулыққа зиянды екенін көрсету үшін Лондондағы бұл топтардағы адамдардың өлім-жітімі жайындағы цифрлар ешқандай дерек бола алмайды (30-бет).

Баспа жұмысшылары жөнінде де істің жайы дәл тігіншілермен бірдей деуге болады, бұларда желдеткіштің жетімсіздігіне, уланған ауаға, тағы басқаларға енді түнгі жұмыс қосылады. Бұларда дағдылы жұмыс уақыты 12—13 сағатқа, кейде 15—16 сағатқа созылады.

«Газ жағылысымен-ақ жұмыс орны керемет ысып, қапырық болып кетеді... Әріп құю кезіндегі зиянды бу немесе машиналардың, жуынды шұңқырының сасық иісі төменгі қабаттан жоғары көтеріліп, жоғарғы бөлменің кемшілігін одан бетер асқындырады. Төменгі бөлмелердің қызған ауасы еденді қыздырады, осының өзі жоғарғы бөлмелердегі температура-ны көтереді, ал егер бөлмелер аласа келіп, газ көп тұтынылса,— нағыз сорлау сонда болады. Бу қазандары астыңғы бөлмеге орналасқан, күллі үйді адам төзгісіз ысытып жіберетін жерлердегі істің жайы бұдан да жаман... Жалпы алғанда былай деуге болады: күн батқаннан кейін ыстықты бәсеңдетіп, газдың жануынан болатын зиянды заттарды айдап шығару үшін желдеткіш тіпті қанағаттанғысыз және мүлде жеткіліксіз, ал көптеген шеберханалардағы, әсіресе бұрын тұрғын үй болғандарындағы тазалық жағдайын сөкпеуге болмайды».

Кейбір шеберханаларда, әсіресе апталықтар басылатындарында, жұмыс екі күн және бір түн бойына дерлік үздіксіз жүргізіледі, сонымен қатар мұнда да 12—16 жастағылар істейді, әріп теріп, тығыз жұмыстар орындайтын басқа шеберханаларда жұмысшыларға тіпті жексенбі күндерінде де демалыс жоқ, сондықтан олардың жұмыс аптасы 6 күннің орнына 7 күн болады (26, 28-беттер).

Көйлек-көншек және сәнді киім тігушілердің (milliners and dressmakers) шектен тыс еңбегі жайында біз бұрын «Капиталда» айтқанбыз, I кітап, VIII тарау, 3, 215—217-беттер<sup>39</sup>. Бұлардың жұмыс істейтін бөлмелерін біз келтірген есепте д-р Орд суреттеген. Ол бөлмелер күндіз біраз тәуір болғанмен, газ жанатын сағаттарда өте-мөте ысып кетеді, ауасы бұзылып, денсаулыққа зиянды болады. Д-р Орд неғұрлым жақсы жабдықталған 34 шеберханада бір жұмысшы әйелге орта есеппен келетін кубатура мынадай екенін анықтаған:

«4 жағдайда 500 футтан астам; басқа бір 4 жағдайда — 400-ден 500 футқа дейін... 7 жағдайда — 200—250; 4 жағдайда — 150—200, ақырында, 9 жағдайда — тек 100—150 текше футтан. Бұл жағдайлардың тіпті ең қолайлысының өзі желдеткіші мәз емес бөлмеде ұзақ уақыт жұмыс істеуге әрен-әрең жетерлік ауа береді. Тіпті желдеткіші жақсы болғанның өзінде кешқұрым шеберханаларда газ шырақтарды көп жағу керектігі себепті өте ыстық және қапырық болып кетеді».

Ал жұмыс делдалдың (middleman) есебінен жүргізілетін төмен разрядты шеберханалардың өзі барып көрген біреуі туралы д-р Ордтың ескертпелері мынадай:

«Көлемі 1 280 текше фут бөлме; мұнда 14 адам бар; әрқайсысына 91,5 текше футтан келеді. Мұндағы жұмысшы әйелдер сыңайы әбден шаршап, қалжыраған тәрізді. Табыс аптасына 7—15 шиллинг, оның үстіне шай береді... Таңертеңгі 8-ден кешкі 8-ге дейін істейді. Осы 14 адам сығылысып тұратын кішкентай бөлменің желдетілуі нашар. Ашылып-жабылатын екі терезе және камин бар, ал мұның да көмейі бітіп қалған; желдететін ешқандай арнаулы тетік жоқ» (27-бет).

Әлгі есепте сәнді киім тігушілердің шектен тыс жұмысы туралы былай делінген:

«Жас әйелдердің шектен тыс еңбек етуі сәнді киім тігетін сәулетті шеберханаларда тек 4 ай бойына ғана басым болады, бірақ оның шектен асатын сұмдықтығы сондай, кейде тіпті көрген жұрт қайран қалып, ыза болады; бұл айлар ішінде шеберханада, әдетте, толық 14 сағат жұмыс істеледі, ал асығыс заказдар жиналғанда тіпті күн сайын 17—18 сағат істейді. Жылдың қалған уақытында жұмыс, сірә, 10—14 сағатқа созылса керек; жұмысты үйінде атқаратындар әдетте 12 немесе 13 сағат істейді. Жалпы шеберханада әйелдердің сырт көйлегі, жағалар, көйлек-көншектер, т. с. тігу, оның ішінде тігін машинасымен тігу оныша ұзаққа созылмайды, әдетте 10—12 сағаттан аспайды; бірақ, деп қосады д-р Орд, «кейбір кәсіпорындарда дағдылы жұмыс уақыты бір кезеңдерде ақысы жеке төленетін мерзімнен тыс жұмыстармен ұзартылады, ал екінші бір кәсіпорындарда дағдылы жұмыс күні біткеннен кейін жұмысты бітіру үшін үйіне алып кету кездеседі. Айта кету керек, мұның қай-қайсысында да мерзімінен артық жұмыс көбінесе ықтиярсыз істетіледі» (28-бет).

Джон Саймон бұл бетке мынадай ескерту жасайды:

«Эпидемиология қоғамының хатшысы, бірінші типті кәсіпорындардағы жұмысшы әйелдердің денсаулығын көп зерттеген Редклифф мырза өздері «денсаулығымызда кінәрат жоқ» деген әрбір 20 қыздың тек біреуінің ғана дені сау екенін анықтаған; қалғандарының күш-қайраты әр түрлі дәрежеде қалжырағаны, жүйкесі құрығаны, осыдан барып функциялық дим-кәстік көбейіп кеткені байқалған. Ол мұның себептері мынау деп есептейді: біріншіден, жұмыс күнінің шектен тыс ұзақтығы, мұны ол жылдың тіпті жайшылық уақытының өзінде күн сайын кем дегенде 12 сағат деп көрсетеді; екіншіден, шеберханалардың тығыздығы және желдеткіштің нашарлығы, газ шырақтарынан ауаның бұзылуы, тамақтың жеткіліксіздігі немесе нашарлығы, жұмыс орнының қолайлы болуына қамқорлықтың аздығы».

Д-р Саймон ақырында мынадай қорытындыға келеді:

«денсаулығын сақтау жөнінде теория жағынан ең керекті деген правосын, атап айтқанда, жұмыс беруші жұмысшыларды қандай жұмысқа қоймасын, осы бірлескен жұмысты орындауда денсаулыққа зиянды барлық жағдайларды тиісінше жұмыс берушінің өз есебінен жойғызу талаптарын жұмысшылар іс жүзінде орындата алмайды... оның бер жағында жұмысшылардың осы тазалық жөніндегі әділеттілікке іс жүзінде өз күшімен

жетуге шамасы келмейді және, заң шығарушының көздеген ниеті дұрыс дегеннің өзінде, еңбекті тазалық тұрғысынан қорғау жайындағы заңды жүзеге асыру ісі тапсырылған чиновниктер тарапынан ешқандай елеулі қолдау күте алмайды» (29-бет).— «Кәсіп иелерінің заңды басшылыққа алуының дәлме-дәл шегін анықтау, сөз жоқ, біраз техникалық қиындықтар туғызады. Бірақ... денсаулықты қорғауға бағытталған талаптардың принципі жағынан жалпыға бірдей сипаты бар. Сондықтан тек қана істейтін жұмыстарының сипатынан туып отырған ұшы-қиыры жоқ тән қасиеттері арқылы өмірі қазір ешқандай мұқтажсыз бұзылып, қысқарып отырған миллиондаған жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің мүдделері үшін жалпы алғанда еңбектің тазалық жағдайлары барлық жерде заңның тиісті қорғауына алынар деп сенемі; ең болмаса жұмыс істелетін барлық жабық орындарда және табиғаты жағынан денсаулыққа зиянды әрбір еңбек саласында дұрыс желдеткіш қою қажет, денсаулыққа ерекше зиянды жағдайларды мүмкіндігінше тежеу қажет» (31-бет).

### III. ДВИГАТЕЛЬ КҮШІН ӨНДІРУДІ, КҮШ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ІРҚУ ЕСЕБІНЕН ҮНЕМДЕУ

1852 жылғы октябрьдегі есебінде Л. Хорнер патрикрофтық белгілі инженер, бу балғасын жасаушы Джемс Несмиттің хатынан үзінді келтіреді; ол хатта айтқандай-ақ былай делінеді:

«Мен айтып отырған системаны өзгерту, жетілдіру» (бу машиналарын) «есебінен двигатель күшінің қандайлық зор өсетінін жұртшылық өте аз біледі. Біздің округтің (Ланкаширдің) «машиналарының күші 40 жыл бойы дерлік үрейлену және соқыр сенімге толы кертартпалықтың қыспағында болып келді, бақытымызға қарай біз бұдан қазір құтылдык. Соңғы 15 жыл ішінде, әсіресе соңғы 4 жылда» (демек, 1848 жылдан бастап) «конденсациялық бу машиналарын пайдалану тәсілінде өте маңызды өзгерістер болды... Осының нәтижесінде... Баяғы сол машиналар отынды едәуір аз жұмсап, соның өзінде пайдалы жұмысты әлдеқайда көп атқаратын болды... Осы округтің фабрикаларында бу күші енгізілгеннен кейін өте көп жылдар бойы конденсациялы машиналар поршені қозғалысының шапшаңдығы минутына шамамен 220 футқа тең болады деп есептеді, яғни поршень айналымы 5 футтық машина иін валды минутына 22 айналдырады деп күні бұрын пішілген болатын. Машинаны шапшанырақ жүргізу орынсыз деп есептелді; сондықтан барлық механизмдер поршень қозғалысының осы 220 футтық шапшаңдығына бейімделді де, әлгі әрі аз, әрі мағынасыз шектелген шапшаңдық бүкіл өнеркәсіпте көп жылдар бойына үстем болып келді. Ақырында, белгіленген норманы білмегендіктен бе, немесе әлде бір батыл жаңашыл саналы бастама жасады ма, машина үлке-нірек шапшаңдықта сыналып көргенде нәтижесі өте тиімді болып шығып, бұған еліктеушілер табылды; сол кездегілерше айтсақ, машинаның тізгіні босатылды, өткізгіш механизмнің негізгі дөңгелектері қайта жасалды, сөйтіп, механизмдер бұрынғы шапшаңдығын сақтап, ал бу машинасы шапшаңдықты минутына 300 фут және одан да көп өрістете алатындай етілді... Бу машинасы шапшаңдығының бұлай артуы енді жаппай тараған факт болып отыр, өйткені сол бір машинаның өзі пайдалы күшті көп беріп қана қоймай, оның үстіне маховикті дөңгелектің арта түскен инерциясы себепті қозғалыстың өзі әлдеқайда тұрақты бола түсетінін тәжірибе айқын көрсет-

ті... Конденсаторда бу қысымы өзгеріссіз және сейілу өзгеріссіз күйде поршень қозғалысының шапшаңдауының өзінен-ақ күш көбейеді. Мәселен, поршеньнің шапшаңдығы минутына 200 фут болғанда, 40 аттың күші бар бу машинасын поршенін будың сол қысымы мен сейілуі күйінде шапшаңдығы минутына 400 футқа жететін етіп өзгертуге болатын болса, онда күш екі есе артар еді; ал будың қысымы және сейілуі екі ретте де бірдей болғандықтан, машинаның жеке бөлшектерінің жұмысы, демек шапшаңдық артқанда сәтсіздік қаупі айтарлықтай артпас еді. Бүкіл айырмашылық мынаған келіп тіреледі: енді қолданылатын будың мөлшері поршень қозғалысының шапшаңдығы қандай дәрежеде өссе, шамамен сондай дәрежеде артады, оның үстіне подшипниктер, яғни машинаның қажалатын бөлшектері біршама тозады, бірақ бұл өзі сөз қылуға тұрмайтын нәрсе... Ал поршень қозғалысын шапшаңдату арқылы сол бір машинадан көп күш алу үшін сол бір бу қазаны астына көмірді көп жағу қажет, немесе өзгерткіш қабілеті күшті қазан қолдану қажет, қысқасы, буды көп алу қажет. Бұған қол жетті де, бу шығару қабілеті күшті қазандар ескі «шапшаңдатылған» машиналарға бейімделді; осының арқасында бұл машиналар көп реттерде жұмысты 100% артық істейтін болды. Корнуэлл рудниктерінде бу күшін өндірудің өте-өте арзан тәсілі 1842 жылдың өзінде-ақ жұрттың көңілін аудара бастады; мақта-мата өнеркәсібіндегі бәсеке фабриканттарды пайданың негізгі көзі үнемдеуде деп түсінуге мәжбүр етті; бір сағатқа және бір аттың күшіне шаққанда жағылған көмір жөнінде Корнуэллдің машиналары мен басқа машиналар арасында едәуір айырма барлығы, сондай-ақ Вулфтың екі цилиндрлі машиналарын қолданғандағы ерекше үнемдеу, жанғыш материалды үнемдеу туралы мәселені біздің жерде де бірінші қатарға қоюға мәжбүр етті. Корнуэлл машиналары мен Вулфтың екі цилиндрлі машиналары бір сағат ішінде  $3\frac{1}{2}$ -нан 4 қадаққа дейін көмір жаққанда 1 аттың күшін берсе, мақта-мата шығаратын округтарда бір сағат ішінде бір аттың күшіне әдетте 8—12 қадақ көмір жұмсалады. Осыншалық үлкен айырмашылық біздің округтағы фабриканттар мен машина жасайтын заводтардың иелерін Корнуэлл мен Францияда қазірдің өзінде дағдыға айналған құралдар сияқты құрал қолданып, әлгі ерекше үнемдеуге жетуге ұмтылдырды, ал Корнуэлл мен Францияда көмір бағасының қымбаттығы фабриканттарды кәсіпорындарындағы осы үстеме шығынды мүмкіндігі болғанынша қысқартуға мәжбүр етті. Біріншіден, пайда мол болған бұрынғы игі заманда жоғарғы жартысы сыртқы суық ауадан қорғалмайтын көптеген қазандар енді қалың етіліп киізбен немесе қышпен, сылақпен немесе басқа материалдармен жабылды, осының арқасында сондай шығын шығарып алынатын жылылықтың қашуы қиындатылды. Бу трубалары да осылайша қорғалып, цилиндрлар киізбен, ағашпен қапталатын болды. Екіншіден, жоғары қысым қолданылатын болды. Бұрын бу қысымы бір шаршы дюймге 4,6 немесе 8 қадақ келгеннің өзінде сақтық клапаны ашылып кететін; енді қысымды 14 немесе 20 қадаққа дейін арттыру... көмірді әлдеқайда көп үнемдеуге жеткізетіні анықталды; басқаша айтқанда, фабрикада жұмысқа көмір едәуір аз жұмсалатын болды... Қажетті қаржылары бар және пысық адамдар жоғары қысым системасын барынша толық қолданып, тиісінше жасалған бу қазандарын пайдалануға енгізе бастады, сөйтіп бір шаршы дюймге 30, 40, 60 және 70 қадақ қысым жасайтын қазандар қолданыла бастады, бұл қысым ескі мектептің инженерлерінің үрейін ұшырып, есінен тандырар еді. Ал бу қысымын осылай арттырудың экономикалық нәтижелері... қолмен ұстап, көзбен көретін қадаққа, шиллингке, пенске өте тез айналды да, конденсациялық машиналары бар қысымы жоғары бу қазандары жаппай дерлік тарап кетті. Реформаға бағыл кіріскендер Вулф машиналарын қолдана бастады, біздің жақында салынған фабрикаларымыздың көпшілігі Вулф машиналарын, әсіресе екі

цилиндрлі машиналарды қолданды, қазаннан шыққан бу цилиндрлердің бірінде қысымы атмосфералық қысымнан басым болуы себепті күшті үдете түседі, сонан соң поршеньнің әрбір қозғалысынан кейін бұрынғыдай сыртқа шығудың орнына қысымы төмен, көлемі жағынан төрт еседен астам кең цилиндрге құйылады да, онда қайтадан ұлғайып, конденсаторға өтеді. Осындай машиналарды қолдану нәтижесінде қол жететін үнем мынадан көрінеді: мұнда бір ат күшіндік жұмыс бір сағат бойына  $3\frac{1}{2}$ —4 қадақ көмірдің көмегімен атқарылады, ал ескі система машиналарында бұл үшін 12 ден 14 қадаққа дейін көмір қажет болатын. Ыңғайлы жасалған тетіктердің көмегімен Вулфтың екі цилиндрлі системасын немесе қысымы әрі жоғары және әрі төмен тіркес машинаны неғұрлым ескі типтегі машиналарға қолдануға, сөйтіп көмірдің тұтынылуын кеміте отырып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік туды. Қысымы жоғары машиналарды конденсациялы машинамен біріншінің пайдаланылған буы екіншіге өтіп, оны қозғалысқа келтіретіндей етіп ұластыру арқылы да соңғы 8—10 жыл ішінде нақ жоғарыда айтылғандай нәтижеге қол жетті. Бұл система көп реттерде пайдалы болып шықты».

«Бұрынғы машиналардың жоғарыда көрсетілген жетілдірулердің кейбіреулерін немесе соның бәрін қолданғандары орындайтын жұмыстың қандай дәрежеде өскенін дәлме-дәл айту қиынға соғады. Алайда, мен бу машинасы салмағының өлшеміне жұмысты қазіргі уақытта орта есеппен ең берісі 50% арттырдық және баяғы шапшаңдығы минутына 220 футпен шектелген кезде 50 аттың күшін беретін бу машинасы көп ретте енді 100 аттың күшінен астам күш беретін болды деп білемін. Конденсациялы машинамен жоғары қысымды қолданудың үнемдеу жөнінде аса маңызды нәтиже бергені, сондай-ақ кәсіпорындарды кеңейту мақсатымен ескі машиналарға әлдеқайда жоғары талаптар қойылғаны соңғы үш жылдың ішінде трубалы қазандар қолдануға жеткізді, осының арқасында бу өндірісінің шығындары тағы да қатты кеміді» («Reports of Insp. of Fact., October 1852», p. 23—27).

Жоғарыда двигательдер туралы айтылғандардың бәрін өткізгіш механизм мен жұмыс машиналарына да қолдануға болады.

«Соңғы жылдарда машиналарды жетілдірудің тездетілгені фабриканттардың двигатель күшін арттырмай-ақ өндірісті кеңейтуіне мүмкіндік берді. Жұмыс күнін қысқарту себепті еңбекті неғұрлым үнемдеп пайдалану қажетке айналды, сондықтан жақсы басқарылатын фабрикалардың көпшілігінде өндірісті аз шығын жұмсап кеңейту тәсілдері үздіксіз ізделуде. Менің округымның өте бір білімді фабрикантының ізгілігі арқасында қолыма оның фабрикасында істейтін жұмысшылардың саны мен жасы, онда қолданылатын машиналар және 1840 жылдан осы уақытқа дейінгі мерзім ішінде төленген жалақы жөнінде мәлімет түсті. 1840 жылғы октябрьде оның фирмасының фабрикасында 600 жұмысшы болған, бұлардан 200 адам 13 жасқа дейінгілер; 1852 жылғы октябрьде тек 350 жұмысшы болған, бұлардың 60-ы ғана 13 жасқа дейінгілер. Бұл екі жылдың екеуінде де фабрикада істеген машиналар саны болмашы ғана айырмасын айтпағанда бірдей болған, жалақы да біркелкі сомада төленген» («Reports of Insp. of Fact., October 1852», p. 58—59).

Машиналарды бұлай жетілдіру өзінің барлық нәтижесін қолайлы етіп салынған жаңа фабрика үйлерінде қолданғанда ғана көрсетеді.

«Машиналарды жетілдіруге келетін болсақ, онда ең алдымен осы жаңа машиналарды орнатуға бейімделген фабрикалар салуда ірі табыстар жасалғанын атап көрсетуге тиіспін... Бірінші қабатта мен күллі иірілген жіпті ширатамын, 29 000 кілең ширату ұршығы сонда орналасқан. Бір ғана осы үй мен жалғас салынған үйде мен еңбекті кем дегенде 10% үнемдеймін, онда да ширату системасына жасалған жетілдіру себебінен емес, машиналарды бір жерден басқаруға шоғырландырудан үнемдеймін; мен дәл осындай мөлшердегі ұршықтарды бір ғана өткізгіш біліктің көмегімен қозғалысқа келтіре аламын, осының себебінен мен басқа фирмалармен салыстырғанда бір ғана өткізгіш механизмнен 60%-тен 80%-ке дейін ұтамын. Оның үстіне, мұнда жағар майдан, жай майдан, т. с. көп үнем жасалады... Қысқасы, фабриканы жетілдіріп салғаннан және машиналар жақсартылғанынан мен, ең кем дегеннің өзінде, еңбекті 10% қысқарттым, оның үстіне, күшті, көмірді, майды, тоңмайды, өткізгіш біліктерді, қайыстарды, т. с. көптеп үнемдедім» (макта-мата өндіруші бір фабриканттың жауабы, «Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 109, 110).

#### IV. ӨНДІРІС ЭКСКРЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Капиталистік өндіріс тәсілі өркендеуімен бірге өндіріс пен тұтыну экскременттерін пайдалану етек алады. Біз өндіріс экскременттері деп өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қалдықтарын айтамыз, ал тұтыну экскременті деп бір жағынан адамда заттардың табиғи алмасуының нәтижесі болып табылатын қалдықтарды, бір жағынан тұтыну процесі біткеннен кейін тұтыну заттары алатын форманы айтамыз. Сонымен, мысалы химия өнеркәсібінде шағын мөлшерлі өндірісте пайдаланылмайтын жанама өнімдер; машина жасауда жиналатын және темір жасайтын өндіріске шикізат, т. с. ретінде қайтадан түсетін темір жоңқалары өндіріс экскременттері болып табылады. Тұтыну экскременттері дегеніміз адам организмі бөліп шығаратын табиғи заттар, шүберек, т. б. формасындағы киім-кешек қалдықтары. Тұтыну экскременттерінің ауыл шаруашылығы үшін маңызы зор. Бұларды пайдалану жағынан капиталистік шаруашылықтың ерекшелігі — барынша ысырапқорлық; мысалы, Лондонда капиталистік шаруашылық  $4\frac{1}{2}$  миллион адамның нәжисін рәсуа қылып, оның Темзаны ластаудан басқа пайдалану жолын таппай отыр.

Шикізат қымбаттауы, әрине, қалдықтарды пайдалануға түрткі болады.

Жалпы алғанда осы екінші рет пайдаланудың шарттары мынадай: экскременттерді едәуір мөлшерде жинау, бұған жұмысты ірі көлемде жүргізгенде ғана мүмкіндік туады; машиналарды жетілдіру, осының арқасында бұрын бұл формада пайдаланылмаған заттар жаңа өндірісте пайдалануға жарамды түрге енеді; ғылымдардың, әсіресе мұндай



қалдықтардың пайдалы қасиеттерін ашатын химияның табысы. Рас, ұсақ жүйектеп егетін егіншілікте де, мысалы, Ломбардия, Оңтүстік Қытай мен Жапония сияқты елдерде де осы тәрізді зор үлкен үнем жасауға болады. Алайда, жалпы алғанда, бұл системада егіншіліктің өнімділігіне өндірістің басқа саласынан ауыстырылатын адамның жұмыс күшін орасан ысырап ету арқылы қол жетеді.

Сөйтіп, қалдық атаулы өнеркәсіптің әрбір саласында дерлік едәуір роль атқарады. Мысалы, 1863 жылға арналған октябрьдегі фабрикалық есепте Англияның және Ирландияның көптеген аудандарының фермерлері зығыр дақылымен ықылассыз және сирек шұғылдануының басты себебінің бірі мынадай жағдайдың қырсығынан деп көрсетіледі:

«Қалдықтар көп... бұл қалдықтар зығырды сумен жүретін шағын зығыр түткіште (scutch mills) ұқсатқанда шығады... Мақтаны ұқсатқанда қалдық онша көп болмайды, ал зығырды ұқсатқанда қалдық өте көп шығады. Суға жібітуде, механикамен түтуде жұмыс ұқыпты ұйымдастырылса, бұл зиян едәуір кемиді... Ирландияда зығыр түту екінің бірінде барынша нашар жүргізіледі де, өнімнің 28—30% босқа шығын болады» («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 139, 142).

Неғұрлым жетілдірілген машиналар пайдаланылса, мұның бәрін жоюға болар еді. Мұнда түтпе қалдық өте көп болады, бұл жайында фабрика инспекторы былай дейді:

Ирландияның кейбір жүн түту кәсіпорындарынан маған былай деп хабарлайды: жұмысшылар жиналған қалдықтарды кейде үйіне алып кетіп, отын орнына пешке жағады, ал қалдық өте бағалы материал ғой» (бұл да сонда, 140-бет).

Біз мақта қалдықтарына төменде, шикізат бағасының ауытқулары әңгіме болғанда тоқталамыз.

Жүн өнеркәсібінде зығырды ұқсату кезіндегіден гөрі ұқыптылық жасалған.

«Бұрын жаңадан қайта өңдеу үшін жүн қалдықтары мен жүн затының ескі-құсқыларын жинау әдетте ұят саналатын, бірақ бұл соқыр сенім shoddy trade ісімен (жасанды жүн өндірумен) байланысты мүлде жоғалды, өйткені бұл өндіріс Йоркшир округының жүн өнеркәсібінің маңызды саласына айналды; кешікпей мақта қалдықтарын қайта өңдейтін кәсіпорындар да осындай күллі жұртшылыққа керекті өнім беретін өндіріс саласына айналатынында күмән жоқ. Бұдан 30 жыл бұрын жүн қиығы, яғни таза жүннен жасалған мата қиықтарының тоннасы орта есеппен 4 ф. ст. 4 шилл. деп бағаланатын; соңғы бірнеше жылда оның тоннасы 44 ф. стерлингке дейін қымбаттады. Бұл жөнінде сұраныстың өскені сонша, тіпті жүн мен мақтадан аралас жасалған матаның өзі пайдаланыла бастады, өйткені жүнге зиян келтірмей, мақтаны құртып жіберетін әдіс табылды; сондықтан қазіргі уақытта мындаған жұмысшылар shoddy дайындаумен шұғылданады, тұтынушы бұдан көп ұтады, өйткені ол қазіргі уақытта орта сапалы

жақсы шұғаны өте арзан бағамен сатып ала алады» (Reports of Insp. of Fact., October 1863» p. 107).

1862 жылдың аяғына таман-ақ ағылшын өнеркәсібінде тұтынылатын барлық жүннің үштен бірі осылайша дайындалатын жасанды жүн болды. («Reports of Insp. of Fact., October 1862», p. 81). «Тұтынушының» «көп ұтатыны» мынада: жүн матасынан жасалған киім-кешегі енді бұрынғыдан үш есе тез тозады және де алты есе тезірек сетінсі бастайды.

Англияның жібек өнеркәсібі де осы тайғанақ жолға түсті. 1839 жылдан 1862 жылға дейін таза жібек шикізатын пайдалану біраз азайып кетті, ал жібек қалдықтарын пайдалану екі есе өсті. Басқа жағдайларда онша құны болмаған осы материалдан жетілдірілген машиналардың көмегімен түрлі мақсатқа қолданылатын жібек мата шығаруға жол ашылды.

Химия өнеркәсібі қалдықтарды пайдаланудың неғұрлым айқын үлгісін көрсетті. Ол жаңаша қолдану жолын тауып, өз өндірісінің қалдықтарын ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі басқа өнеркәсіп салаларының қалдықтарын да пайдаланып отыр, сөйтіп, мысалы, бұрын пайдасыз болған дерлік тас көмір қарамайынан анилин сырларын, ализарин, ал соңғы уақытта медикаменттер де жасайтын болды.

Өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану арқылы жасалатын бұл үнемдеуді қалдықтардың өзін азайту есебінен, яғни өндіріс экскременттерін минимумға түсіріп, өндіріске түсетін шикізат пен көмекші материалдарды тікелей жете пайдалану есебінен жасалатын үнемдеумен шатыстырмау керек.

Қалдықтардан үнемдеу бір жағынан қолданылатын машиналардың сапасы жақсылығынан болады. Машиналардың жеке тетіктері неғұрлым мүлтіксіз жасалса, жақсылап тегістелсе, май, сабын, т. с. соғұрлым көп үнемделеді. Көмекші материалдар жөнінде де осыны айтуға болады. Бір жағынан шикізаттың өндіріс процесінде қалдыққа көп немесе аз кетуі қолданылатын машиналар мен құралдардың сапасына байланысты — бұл ең маңыздысы. Ақырында, бұл шикізаттың сапасына да байланысты. Ал бұл сапаның өзі бір жағынан шикізат өндіретін кен қазу өнеркәсібі мен егіншіліктің даму дәрежесіне (дәлін айтсақ, мәдениет табыстарына) байланысты, бір жағынан шикізат өңдеу өнеркәсібіне түскенге дейін кездесетін процестердің даму дәрежесіне байланысты.

«Тым көп уақыт өткен жоқ, мысалы Людовик XIV-тен беріде Францияда астықтан ұн тарту шеберлігі едәуір жақсарды, сондықтан осы заманғы диірмендер бұрынғы диірмендерге қарағанда бір мөлшердегі астықтан нағды жартыдан көбірек беретін болды дейді Пармантье. Шынында да париждықтардың жылдық тұтышымы бұрын 4 сетье, сонан соң 3, ақы-

рында 2 сетье астық деп есептеліп келген болса, қазіргі уақытта тек  $1\frac{1}{3}$  сетьеге түсті, немесе жан басына 342 қадақ шамасында болып отыр... Өзім ұзақ уақыт тұрған Перште тастары гранит пен траптан орнатылып, қалай болса солай қалана салған диірмендер көпшілік реттерде соңғы 30 жыл ішінде сондайлық ірі табысқа жеткен механиканың талаптарына сәйкес қайта құрылды. Бұлар Ла Фертенің жақсы диірмен тастарымен жабдықталды, астықты екі рет тартатын болды, електі дөңгеленіп қозғалатын етті, осының нәтижесінде бір мөлшердегі астықтан  $\frac{1}{6}$  есе көп ұн алынады. Сонымен, мен римдіктер мен бізде астықтың күн сайын тұтынылуының арасындағы зор айырмашылықты онай шештім; мұның себебі түгелінен астық тарту, нан пісіру тәсілдерінің кенжелігінде жатыр. Сондай-ақ Плиний келтірген тамаша фактінің сырын да мен осыдан деп білемін, XVIII, 20-тарау, 2... Римде ұнның модийі сапасына қарай 40, 48 немесе 96 ассыдан сатылды. Сол кездегі астықтың бағасымен салыстырғанда бұл өте-мөте жоғары баға еді, ал мұның себебі — ол кезде диірмендердің әдепкі шақты басынан кешіріп, әлі де жетіле қоймағандығынан және осыдан келіп ұн тартуға көп шығын шығатынынан болды» (Dureau de la Malle. «Economie politique des Romains». T. I, Paris, 1840, p. 280—281).

## V. ЖАҢАЛЫҚ АШУДАН ЖАСАЛАТЫН ҮНЕМ

Негізгі капиталдан бұл тәрізді үнемдеу, бұрын айтылғанындай, еңбек шарттарын ірі көлемде қолдану нәтижесі, қысқасы, бұл шарттар қоғамдастырылған тікелей қоғамдық еңбектің немесе өндіріс процесіндегі тікелей кооперацияның шарттары болуының нәтижесі. Бір жағынан, тек осындай жағдайда ғана механикалық және химиялық жаңалықтарды товар бағасын қымбаттатпай қолдануға мүмкіндік туады, ал соңғы жағдай әрқашан *conditio sine qua non*\* болып табылады. Екінші жағынан бір тұтас жұмысшы коллективінің өнім беретін тұтыруды жүзеге асыруынан туатын үнемдеу тек ірі көлемде ұйымдастырылған өндірісте ғана болады. Ақырында қайдан және қалай үнемдеу керектігін, ашылған жаңалықтарды қалай пайдалану дұрыс болатынын, теорияның талаптарына сүйене отырып, оны өндіріс процесіне, т. б. қолдана отырып практикалық қиыншылықтарды қалай жеңуге тура келетінін ашып беретін де, айқын көрсететін де тек біріккен жұмысшы тәжірибесі ғана.

Жол-жәнекей көрсете кетейік, жалпылама еңбек пен бірлескен еңбекті айыра білу керек. Бұлардың екеуі де өндіріс процесінде өз ролін атқарады, бұлардың бірі екіншісіне айналады, бірақ сонымен қатар бұлардың арасында айырмашылық бар. Ғылыми еңбек атаулы, ашылған жаңалық атаулы, өнертабыс атаулы жалпылама еңбек болып табылады. Жалпылама еңбек ішінара қазіргілердің кооперациясымен, ішінара бұрынғы өткендердің еңбегімен байланысты болады.

\* — өте қажет шарт. *Ред.*

Бірлескен еңбек жеке адамдарды тікелей кооперациялауды керек етеді.

Жоғарыда көрсетілгендерді сан рет байқалған мына фактілер растайды.

1) Жаңа машинаны алғаш жасағандағы шығындар мен оны кейін жасағандағы шығындар арасында үлкен айырмашылық болады, бұл жайында Юр мен Баббедж жазған<sup>40</sup>.

2) Ашылған жаңалықты тұңғыш рет қолданған кәсіпорынды істетуге жұмсалатын шығындар сол кәсіпорынның қираған орнында, *ex suis ossibus\** кейінірек пайда болған кәсіпорындардың шығындарынан әрқашан әлде қайда көп болады. Бұл жағдайдың елеулілігі сондай, тыңнан жол салған көп кәсіпкерлердің көпшілігі банкрот болады да, одан кейінгілер ғана көркейеді, өйткені құрылыстар, машиналар, т. с. бұларға неғұрлым арзан түседі. Міне сондықтан да жалпылама еңбек пен адамзат парасатының күллі прогресінен, осы прогресті біріккен еңбек арқылы қоғамдасып пайдаланудан олжаға қарық болатындар көпшілік ретте ақшалы капиталдың барып тұрған сілімтік, әрі сілекей өкілдері болады.

---

\* — оның қаңқасында. *Ред.*

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

## БАҒА ӨЗГЕРІСІНІҢ ЫҚПАЛЫ

I. ШИКІЗАТ БАҒАСЫНЫҢ АУЫТҚУЫ, МҰНЫҢ  
ПАЙДА НОРМАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛЫ

Бұл жерде, бұрынғыша, қосымша құн нормасы ешқандай өзгеріске ұшырамайды деп жорамалдапайды. Бұл алғышарт осы жағдайды таза күйінде алып зерттеу үшін қажет. Алайда, бір ықтимал нәрсе, қосымша құн нормасы өзгеріссіз қалған күнде осы арада біз қарастырғалы отырған шикізат бағасының ауытқуы себепті капиталдың кемуі немесе өсуі нәтижесінде капитал өсіңкі немесе азаймалы мөлшерде жұмысшылар алады. Бұл ретте қосымша құн аумағы тұрақты қосымша құн нормасы барда өзгерген болар еді. Бірақ біз мұнда бұл жағдайды да былай қоюға тиіспіз. Егер машиналардың кемелденуі және шикізат бағасының өзгеруі белгілі бір капитал қолданып отырған жұмысшылардың санына немесе жалақының шамасына бір мезгілде ықпал ететін болса, онда тек қана 1) тұрақты капитал өзгерісінің пайда нормасына ететін ықпалын және 2) жалақы өзгерісінің пайда нормасына ететін ықпалын салыстырса болғаны; қорытындысы өзінен өзі келіп шығады.

Бірақ бұл жерде, бұдан бұрынғы кездегідей, жалпы айтқанда, мынаны ескерген жөн. Тұрақты капиталдан үнемдеп қалу нәтижесінде ме, әлде шикізат бағасының ауытқуы нәтижесінде ме, әйтеуір өзгерістер болатын болса, бұл өзгерістер әрқашан да пайда нормасына әсер етеді, тіпті жалақыны мүлде өзгертпеген күнде де, демек, қосымша құн нормасы мен оның аумағын өзгертпеген күнде де әсер етеді. Мұның өзі  $m' \frac{v}{K}$  формуласында  $K$  шамасын өзгертеді, сонымен бірге бүкіл бөлшек шамасын да өзгертеді. Сөйтіп мұнда,— қосымша құнды қарастырған кезде көргенімізден өзгеше,— бұл өзгерістер өндірістің қандай салаларында болып жатыр, осындай өзгерістерге ұшыраған өнеркәсіп тараулары жұмысшылардың тіршілік заттарын өндіре ме, әлде осы тіршілік затта-

рын өндіретін тұрақты капиталды өндіре ме, жоқ па, оның ешбір келер-кетері жоқ. Осы арада дамытылып отырған пікірлердің бәрін сән-салтанат заттары өндірісінде өзгеріс болатын жағдайларға да қолдануға келеді, ал мұнда сән-салтанат заттарының өндірісі деп жұмыс күшін ұдайы өндіру үшін қажеттігі жоқ жалпы өндіріс атаулыны айтып отырмыз.

Бұл жерде индиго, көмір, газ, т. б. сияқты қосалқы материалдар да шикізатқа жатқызылып отыр. Сонсын, машиналар осы жүйеге жататындықтан, бұлардың өздерін өндіруге арналған шикізат темірден, ағаштан, теріден, т. с. құралады. Сондықтан бұларды өндіруге жұмсалатын шикізат бағасының ауытқуы бұлардың өз бағасына әсер етеді. Сөйтіп, бұл баға сол машиналарды құрастыратын шикізат бағасының немесе бұларды пайдаланғанда тұтынылатын қосалқы материалдар бағасының ауытқуы себепті көтерілетіндіктен пайда нормасы да *pro tanto*\* кемиді. Және мұның керісінше.

Бұдан былайғы зерттеуімізде біз тікелей товар өндіруге жұмсалатын шикізат бағасының ғана ауытқуын қарастырумен тынамыз; сөйтіп біз еңбек құралдары ретінде қызмет атқаратын машиналар өндіруге керекті шикі материал болатын немесе сол машиналарды қолданғанда тұтынылатын қосалқы материал болатын шикізатты былай қоямыз. Тек мұнда тағы да мына бір жағдайды атап өткен жөн: темір, көмір, ағаш, т. т. жөніндегі табиғи байлық, жалпы алғанда машиналарды өндіру және қолдану үшін қажетті басты элементтер байлығы, мұнда нақ капиталдың табиғи өнімділігі болып көрінеді, сөйтіп, жалақы дәрежесінің жоғары немесе төмен екендігіне қарамастан, пайда нормасын анықтайтын элементтердің бірі болып табылады.

Пайда нормасы  $= \frac{m}{K}$  немесе  $= \frac{m}{c+v}$  болғандықтан, анығында,  $c$  шамасын, демек,  $K$  шамасын да өзгертетін нәрсенің бәрі сонымен бірге пайда нормасын да өзгертеді, тіпті  $m$  мен  $v$  және бұлардың өзара қатынасы өзгеріссіз қалған күнде де өзгертеді. Бірақ шикізат — тұрақты капиталдың басты құрамдас бөлігі. Тіпті дәл мағнасында шикізаты жоқ өнеркәсіп тарауларына да шикізат қосалқы материал ретінде немесе машиналардың құрамдас бөлігі, т. с. ретінде кіреді, сөйтіп оның бағасының ауытқуы *pro tanto* пайда нормасына әсер етеді. Егер шикізат бағасы  $= d$  сомасына түсетін болса, онда  $\frac{m}{K}$  немесе  $\frac{m}{c+v}$  былайша өзгереді:  $\frac{m}{K-d}$  немесе  $\frac{m}{(c-d)+v}$ . Демек, пайда нормасы артады.

\* — тиісінше. *Ред.*

Мұның керісінше, егер шикізаттың бағасы артатын болса, онда  $\frac{m}{K}$  немесе  $\frac{m}{c+v}$  былайша өзгереді:  $\frac{m}{K+d}$  немесе  $\frac{m}{(c+d)+v}$ , яғни пайда нормасы кемиді. Басқа барабар жағдайларда, біздің көріп отырғанымыздай, пайда нормасы шикізат бағасының қозғалысына қарама-қарсы бағытта не жоғарылап, не төмендеп отырады. Тіпті шикізат бағасының ауытқуымен қатар өнім өткізу саласында өзгеріс болмаған күнде де, яғни сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын мүлде былай қойған күнде де, өнеркәсіпті елдер үшін шикізат бағасының төмен болуы қаншалық маңызды екені, бір есептен, осыдан-ақ көрінеді. Бұдан шығатын тағы бір қорытынды, тіпті қажетті тіршілік заттарын арзандату арқылы сыртқы сауданың жалақыға жасайтын ықпалынан тыс ол пайда нормасына әсер етеді. Атап айтқанда, ол өнеркәсіпте немесе егіншілікте қолданылатын шикізат пен қосалқы материалдардың бағасына әсер етеді. Осы күнге дейін жұрт пайда нормасының жаратылысын және оның қосымша құн нормасынан ерекше айырмашылығын мүлде шала түсініп келеді, соның салдарынан, бір жағынан, шикізат бағасының пайда нормасына ететін, практикалық тәжірибе бойынша анықталған елеулі әсерін баса көрсетуші экономистер мұны теория жүзінде мүлде теріс түсіндіреді (Торренс<sup>41</sup>), ал, екінші жағынан, жалпы принциптерді құптайтын Рикардо<sup>42</sup> сияқты экономистер, мәселен, дүние жүзілік сауданың пайда нормасына ететін әсерін мойындамайды.

Сондықтан өнеркәсіп үшін шикізат пошлинасын жоюдың немесе төмендетудің маңызы қаншама зор екені түсінікті; сондықтан да шикізатты шеттен мүмкіндігінше еркін әкелу жүйелі жолға қойылған протекциялық системаның негізгі қағидасы болды. Астық пошлинасын<sup>43</sup> жоюмен қатар мұның өзі мақта пошлинасын да жоюды қатты дйттеген ағылшын фритредерлері үшін өзекті пункт еді.

Нағыз шикізат бағасын былай қойғанда, басты қоректік элемент те болып табылатын қосалқы материал бағасы төмендеуінің маңызын көрсетерлік бір айғақ — мақта-мата өнеркәсібінде ұнның тұтынылуы. Р. Х. Грегтің есебі бойынша<sup>13</sup>) 1837 жылдың өзінде-ақ сол кезде Великобритания мақта-мата өнеркәсібінде істеген 100 000 механикалық және 250 000 қолдан тоқу станогы арқауды желімдеу үшін жыл сайын 41 миллион қадақ ұн тұтынып отырған. Бұған тағы да жоғарыда көрсетілген мөлшердің ағартуға және басқа процестерге кететін үштен бірін қосу керек. Ол осылайша тұтынылатын ұнның жалпы құны соңғы 10 жылдың ішінде жыл сайын 342 000

<sup>13</sup>) «The Factory Question and the Ten Hours Bill». By R. H. Greg. London, 1837. p. 115.

фунт стерлинг болып отырғанын анықтайды. Континенттегі ұнның бағасымен салыстырғанда, астық пошлинасының салдарынан фабриканттардың жалғыз ұнның өзіне ғана жыл сайын лажсыздан 170 000 фунт стерлинг ақшаны артық төлеп отырғаны көрінді. Грег 1837 жылы төленген осындай артық ақша кемінде 200 000 фунт стерлинг болды деп бағалайды да, жыл сайын ұнның бағасына 1 000 фунт стерлинг үстеме төлеп келген бір фирманы атап көрсетеді. Сондықтан

«ірі фабриканттардың, әккі және пайдакүнем кәсіпкерлердің айтуынша, егер астық пошлинасы жойылса, құн сайын 10 сағаттық еңбек әбден жеткілікті болар еді» («Reports of Insp. of Fact., October 1848», p. 98).

Астық пошлинасы, сонымен қатар мақта және басқа шикізат пошлинасы жойылды; осыған жету-ақ мұң екен, фабриканттардың он сағаттық жұмыс күні жөніндегі билльге<sup>44</sup> қарсылығы бұрынғы қай кездегіден болса да күшейе түсті. Ал соның ізінше фабрикаларда он сағаттық жұмыс күні әйтеуір заңға айналған кезде, мұның өзі ә дегеннен-ақ жалақыны жаппай кеміту әрекетін туғызды.

Өнімді жасап шығаруға тұтынылатын шикізат пен қосалқы материалдардың құны сол өнімнің құнына бірден, толық кіреді, ал негізгі капитал элементтерінің құны өнімге бұлардың тозуына қарай, демек, тек бірте-бірте кіреді. Бұдан шығатын қорытынды, өнім бағасына шикізат бағасы негізгі капитал бағасынан гөрі анағұрлым көбірек әсер етеді, ал пайда нормасы жұмсалған капиталдың жалпы сомасына қарай анықталады, мұнда қазіргі кезде оның қаншасы тұтынылатыны есеп емес. Алайда бір айқын нәрсе, рыноктың ұлғаюы немесе ықшамдалуы жеке товардың бағасына байланысты және бұл бағаның көтерілуіне немесе төмендеуіне қарама-қарсы қатынаста болады,— дегенмен біз істің бұл жағын тек жол-жөнекей ауызға алып отырмыз, өйткені біз бұл жерде бұрынғыша товарлар өздерінің құны бойынша сатылады деп ұйғарамыз, демек, бәсекеден туған баға ауытқуын мүлде былай қоямыз. Сондықтан іс жүзінде былай болып шығады: дайын товар бағасының көтерілуі шикізат бағасының көтерілуіне пропорциялы емес және оның төмендеуі шикізат бағасының төмендеуіне пропорциялы емес. Сөйтіп товарды өз құны бойынша сатқан кездегімен салыстырғанда пайда нормасы бірде төмен құлдырап, бірде жоғары көтеріліп отырады.

Сонсын: қолданылатын машиналардың аумағы мен құны еңбектің өндіргіш күшінің дамуына қарай өседі, бірақ өскенде сол өндіргіш күш өзінің өсуіне пропорциялы болмайды, яғни осы машиналар шығаратын өнім мөлшерінің өсуіне пропорциялы болмайды. Сөйтіп, жалпы шикізат кіретін өнеркәсіп



тарауларында немесе, басқаша айтқанда, еңбек затының өзі бұдан бұрынғы еңбектің өнімі болатын жерлерде,— осы өнеркәсіп тарауларында еңбектің өндіргіш күшінің өсуі көбірек мөлшердегі шикізат белгілі бір мөлшердегі еңбекті қаншалық сіңіретін болса, сол қатынаста көрінеді, демек, мәселен, бір жұмыс сағатының ішінде өнімге айналатын, товар түріне енетін шикізаттың өсіңкі аумағынан көрінеді. Сонымен, еңбектің өндіргіш күшінің дамуына қарай шикізат құны товарлы өнім құнының барған сайын өсе түсетін құрамдас бөлігі болады, мұның себебі оның осы соңғы құнға түгелдей кіретіндігінен ғана емес, сонымен қатар мұның себебі, бүкіл өнімнің әрбір үлесіндегі екі бөлігі,— машинаның тозуына сәйкес келетін бөлігі де, жаңадан қосылған еңбекпен жасалатын бөлігі де,— азая береді. Кему жағына бет алған осы қозғалыстың себебінен шикізат жасайтын құнның екінші бөлігі біршама өседі, тек бұл өсудің өзі нақ осы шикізатты әзірлеу үшін қолданылатын еңбектің өсе түскен өнімділігі нәтижесінде болатын шикізат құнының тиісінше азаюы салдарынан жойылып кетпеуі шарт.

Сонсын, шикізат пен қосалқы материалдар, дәл жалақы сияқты, айналмалы капиталдың құрамдас бөліктері болады, сондықтан бұлар әрбір жеке өнім сатылған сайын соның есебінен үнемі толық өтеліп отыруға тиіс, ал машиналар жөнінде олардың тозуы ғана өтеледі, онда да әуелі резерв фондысы формасында өтеледі; оның бер жағында өнімді жекелеп сатқан сайын белгілі бір бөлігі резерв фондысына бөліне ме, жоқ па, оның іс жүзінде онша келер-кетері жоқ, тек қана бүкіл жылдың түсімінен тиісінше жылдық алым алынады. Сөйтіп бұл жерде тағы да мынаны көреміз: егер товарды сатудан түскен баға товардың барлық элементтерін өтеу үшін жеткіліксіз болса немесе егер бұл баға өндіріс процесін оның техникалық базисіне сай келетін мөлшерде жүргізе беруді мүмкін етпейтін болса, онда шикізат бағасының көтерілуі бүкіл ұдайы өндіріс процесін не тежеп, не бөгеп тастауы мүмкін, ендеше мұның нәтижесінде не машиналардың бір бөлегі ғана жұмыс істейді, не барлық машина кәдімгі толық уақыт ішінде жұмыс істей алмайды.

Ақырында, қалдықтың пайда болуымен байланысты шығындар шикізат бағасының ауытқуына тікелей қатынаста өзгеріп отырады: баға өссе — өседі, төмендесе — төмендейді. Бірақ мұнда да белгілі шек бар. 1850 жылдың өзінде-ақ мынадай сөздер жазылған-ды:

«Шикізат бағасының көтерілуі себепті болатын едәуір шығындардың бір негізін, атап айтқанда күйіктен болатын шығынды жіп иіруші практик емес адамның қайсысы болса да әдетте байқамай қалады. Маған хабарлауынша, мақтаның бағасы көтерілгенде жіп иірушінің шығыны, әсіресе

төмен сортты жіп иіргенде, бағаға төленетін үстемеден гөрі шапшаңырақ өседі. Тұрпайы жіп иіргендегі күйік 15 проценттен асады; демек, егер бұл норма мақтаның бағасы  $3\frac{1}{2}$  пенс болғанда 1 қадаққа  $\frac{1}{2}$  пенни шығын келтіретін болса, мақтаның бағасы қадағына 7 пенске дейін өскенде бір қадаққа келетін шығын енді 1 пенни болады» («Reports of Insp. of Fact., April 1850», p. 17).

Ал, Америкадағы Азамат соғысының салдарынан мақтаның бағасы тұтас жүз жылдай құлақ есітпеген дәрежеге көтерілген кезде біз енді есептен мүлде өзгеше жағдайды көреміз:

«Қазіргі кезде мақта күйігіне төленетін баға және бұл күйікті фабрикада шикізат есебінде екінші қайтара өңдеу белгілі дәрежеде американ мақтасының орнына үнді мақтасын тұтынғанда күйіктен келетін шығын айырмасының есесін қайырады. Бұл айырма  $12\frac{1}{2}\%$  шамасында. Үнді мақтасын өндегенде келетін шығын 25 процентке жетеді, сондықтан шыңдығында мақта жіп иірушіге өзі төлегеннен гөрі  $\frac{1}{4}$  есе қымбатқа түседі. Американ мақтасының қадағы 5 немесе 6 пенс тұратын кезде күйіктен келетін шығын онша мардымды емес еді, өйткені ол кездегі шығын қадағына  $\frac{3}{4}$  пенниден аспайтын; ал қазір, мақтаның қадағы 2 шиллинг тұратын кезде, демек, күйіктен келетін шығын қадағына 6 пенс болып отырған кезде, мұның өзі зор маңыз алады»<sup>14</sup>) («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 106).

## II. КАПИТАЛ ҚҰНЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ МЕН ТӨМЕНДЕУІ, ОНЫҢ БОСАУЫ МЕН ТЕЛІНУІ

Біз осы тарауда қарастырып отырған құбылыстар өзінің толық дамуы үшін кредиттің және дүние жүзілік рынокта бәсекенің болуын керек етеді, ал рыноктың өзі тегінде капиталистік өндіріс әдісінің базисі мен өмірлік саласы болып табылады. Алайда капиталистік өндірістің осы неғұрлым нақты формаларын капиталдың жалпы жаратылысы анықталғаннан кейін ғана түгел зерттеп бітіруге болады; оның үстіне мұндай зерттеу біздің жұмысымыздың жоспарына кірмейді, қайта мұның жалғасы боларлық тақырыпқа жатады. Солай бола тұрса да тақырыпшада көрсетілген құбылыстарды бұл жерде жалпы формада алып қарауға болады. Бұл құбылыстар, бір жағынан, өзара байланысты, екінші жағынан, пайданың нормасымен және аумағымен байланысты. Бұларды мұнда қысқаша қарастырып өтудің керек болатын бір себебі — бұл құбылыстар пайда нормасы ғана емес, пайданың аумағы да,—

<sup>14</sup>) Бұл есептің соңғы сөйлемінде қате жіберілген. Күйіктен келетін шығын 6 пенс емес, 3 пенс. Бұл шығын үнді мақтасын өндегенде 25 процентке жетеді, ал, осы арада айтылып отырғанындай, американ мақтасын өндегенде ол тек  $12\frac{1}{2}$ —15 процентке тең болады, онсоң жоғарыда, 5—6 пенс баға жөнінде, нақ осы процент дұрыс есептелген. Дегенмен, Азамат соғысының соңғы жылдарында Еуропаға әкелінген американ мақтасын тұтынғанда күйіктің үлесі екінші бірінде бұрынғы кездегіден едәуір жоғары болып жүрді.— Ф. Э.

шындығында мұның өзі қосымша құн аумағымен барабар,— қосымша құн аумағы мен нормасының қозғалысына байланыссыз азайып та, көбейіп те отыра алады деген жалған үміт туғызады.

Бір жағынан, капиталдың босауы мен телінуін, екінші жағынан, оның құнының артуы мен кемуін әралуан құбылыстар деп қарауға бола ма?

Ең алдымен мынадай сұрақ туады: капиталдың босауы мен телінуі дегеніміз не? Құнның артуы мен кемуі дегеніміз өзінен өзі түсінікті. Мұның мәнісі тек мынау ғана: әлденендей бір жалпы экономикалық себептердің салдарынан — өйткені бұл жерде әрбір жеке-дара капиталдың ерекше тағдыры туралы әңгіме болып отырған жоқ — қазіргі бар капиталдың құны көбейеді немесе азаяды, демек, өндіріске авансыланған капиталдың құны көтеріледі немесе төмендейді, мұнда осы капитал қолданатын қосымша еңбек арқылы бұл құнның көбейетіні есеп емес.

Капиталдың телінуі дегеніміз мынау: өндіріс өзінің бұрынғы көлемінде жүргізіле беруі үшін өнімнің жиынтық құнының белгілі бір нақты бөліктері қайтадан тұрақты немесе өзгермелі капиталдың элементтеріне айналуға тиіс. Капиталдың босауы деп мынаны айтамыз: өнімнің жиынтық құнының бір бөлігі, бұған дейін тұрақты немесе өзгермелі капиталға айналуға тиісті болған бөлігі, өндіріс бұрынғы көлемде жүргізіле тұрса да, босап, артылып қалады. Капиталдың бұлайша босауы мен телінуі табыстың босауы мен телінуінен өзгеше. Егер, мәселен, капитал үшін жылдық қосымша құн  $K = x$  болса, онда капиталистің тұтынуына кіретін товарлардың арзандауы себепті,  $x - a$  нақ бұрынғыдай қажеттерді қанағаттандыру үшін жеткілікті болып шығуы мүмкін. Осының арқасында табыстың бір бөлігі  $= a$  босап, не тұтынуды ұлғайту үшін, не болмаса қайтадан капиталға айналу үшін (қор жинау үшін) жұмсалуды мүмкін. Мұның керісінше, егер бұрынғы қалыпта тіршілік ете беру үшін  $x + a$  керек болатын болса, онда не соңғының өзіне шек қойылуға тиіс, не табыстың  $a$  мөлшеріне тең және бұрын жиналып жатқан бөлігі енді табыс ретінде жұмсалуды тиіс.

Құнның жоғарылауы мен төмендеуі не тұрақты капиталға, не өзгермелі капиталға, не осының екеуіне бір мезгілде әсерін тигізуі мүмкін, оның бер жағында тұрақты капитал жөнінде мұның өзі тағы да соның не негізгі бөлігіне, не айналмалы бөлігіне, не екеуіне бірдей әсер ете алады.

Тұрақты капиталдың құрамында мыналарды қарастырған жөн: шикізат пен қосалқы материалдар, жартылай фабрикаттар да осыларға жатады,— бұлардың бәрін біз шикізат деген

ортақ атпен біріктіреміз,— сонымен қатар машиналар және басқа негізгі капитал.

Жоғарыда біз шикізат бағасында, тиісінше құнында болатын өзгерістерді, бұлардың пайда нормасына ететін әсерін қарастыра келіп, басқа барабар жағдайларда пайда нормасы шикізат құнының шамасына кері қатынаста болады деген жалпы заңды анықтадық. Кәсіпорынға жаңадан салынатын капитал жөнінде, яғни капитал алғаш рет жұмсалатын жағдайда, ақша алғаш рет өндіргіш капиталға айналатын жағдайда мұның өзі сөзсіз дұрыс.

Ал жаңадан жұмсалған қаражат түріндегі бұл капиталдан өзге қазірде қызмет атқарушы капиталдың едәуір бөлігі айналыс саласында болады да, оның екінші бөлігі өндіріс саласында қалады. Товар түрінде рынокта жүрген бөлігі ақшаға айналуға тиіс; қай формада болса да ақша түрінде жүрген екінші бөлігі қайтадан өндіріс шарттарына айналуға тиіс; ақырында, үшінші бөлігі өндіріс саласында, ішінара өндіріс құрал-жабдықтарының, шикізаттың, қосалқы материалдың, рыноктан сатып алынған жартылай фабрикаттардың, машиналар мен басқа да негізгі капиталдың бастапқы формасында, ішінара әлі де жасалып жатқан өнім түрінде болады. Мұнда құнның жоғарылауы мен төмендеуі қалайша әсер ететіні едәуір дәрежеде осы құрамдас бөліктердің арасалмағына байланысты. Мәселені жеңілдету үшін біз әзірше бүкіл негізгі капиталды былай қоя тұрамыз да, тұрақты капиталдың шикізат пен қосалқы материалдардан, не жаңадан жасалып жатқан, не дайын түрінде қазір рынокта жүрген жартылай фабрикаттар мен товарлардан құралған бөлігін ғана алып қараймыз.

Егер шикізаттардың, мәселен, мақтаның бағасы көтерілетін болса, онда мақта-мата товарларының — жіп сияқты жартылай фабрикаттардың және арзандау матадан жасалған мата, т. б. сияқты дайын товарлардың бағасы да көтеріледі; сол сияқты әлі өңделмеген, қоймада жатқан мақтаның құны да жаңадан ғана өңдеуге түскен мақтаның құны да көтеріледі. Соңғысы, өзгерген жағдайлардың кері әсер етуі нәтижесінде, көбірек жұмыс уақытының көрінісі болып шығады, өзі құрамдас бір бөлігі болып кіретін өнімге өзінде бастапқы кезде болған және капиталист төлеген құннан гөрі көбірек құн қосады.

Сөйтіп, егер шикізаттың бағасы көтерілгенде рынокта дайын товар едәуір мол болса,— өңдеудің қай сатысында екені есеп емес,— онда бұл товардың құны көтеріледі, сонымен қатар қолда бар капиталдың құны да өседі. Өндірушілердің қолындағы шикізат, т. с. запастары жөнінде де осыны айту керек. Құнның осылайша көтерілуі жеке капиталистерге, тіпті

тұтас өнеркәсіп тарауының капиталистеріне шикізат бағасының көтерілуіне байланысты пайда нормасының төмендеуінің есесін қайтаруы, тіпті артығымен қайтаруы мүмкін. Бұл жерде бәсекенің ықпалын тәптіштеп айтып жатудың қажеті болмаса да, жағдайды толық анықтау үшін мынаны атап көрсетуге болады: 1) егер қоймалардағы шикізат запастары едәуір болса, бұлар шикізат өндірілетін жердің өзінде бағаның көтерілуіне бөгет жасайды; 2) егер рыноктағы жартылай фабрикаттар немесе дайын товарлар рынокқа қатты қысым жасайтын болса, онда бұлар дайын товарлар немесе жартылай фабрикаттар бағасының олардың шикізат бағасына пропорциялы түрде өсуіне бөгет жасайды.

Мұның керісінше, шикізат бағасы төмендеген күнде пайда нормасы басқа барабар жағдайларда көтеріледі. Рыноктағы товарлардың, өңделіп бітпеген заттардың, шикізат запастарының бағасы кемиді, сөйтіп пайда нормасының бір мезгілде көтерілуіне бөгет жасайды.

Өндіріс саласындағы және рыноктағы запастар, мәселен, өндіріс жылының аяғында, шикізат тағы да көптеп жеткізілетін кездің алдында,— демек, егін орағынан кейінгі егіншілік өнімдері үшін,— неғұрлым аз болса, шикізат бағасындағы өзгерістердің әсері соғұрлым таза түрінде көрінеді.

Біз зерттеуіміздің өн бойында: бағаның көтерілуі немесе төмендеуі құнның шын ауытқуының көрінісі болады деген жорамалға сүйенеміз. Ал мұнда әңгіме пайда нормасына құн ауытқуының ететін әсері туралы болып отырғандықтан бұл ауытқудың түп негізінің шынында келер-кетері жоқ; баға құнның ауытқуы нәтижесінде емес, кредит системасының, бәсекенің, т. с. әсерінен не көтеріліп, не төмендеп отырған күнде де бұл жерде дамытылған қорытындылар дұрыс болып қала береді.

Пайда нормасы өнім құны артығының бүкіл авансыланған капитал құны жөніндегі қорытындысына тең, сондықтан авансыланған капиталдың бағасының кемуі нәтижесінде пайда нормасының көтерілуі капитал құнының шығынына байланысты, дәл сол сияқты авансыланған капитал құнының көтерілуі нәтижесінде пайда нормасының төмендеуі капитал құнының ұтысына байланысты болмақ.

Тұрақты капиталдың екінші бөлігін, машиналарды және жалпы негізгі капиталды алатын болсақ, мұнда құнның көтерілуін, атап айтқанда үй-жай салу, жерге капитал қаржысын жұмсау, т. с. нәтижесінде көтерілуін тек қана жер рентасы жөніндегі ілімге байланысты зерттеуге болады, сондықтан бұл жерде оның қатысы жоқ. Алайда капиталдың бұл бөлігі-

нің бағасын кемітетін факторлардың ішінде төмендегілердің жалпы маңызы бар.

Ең алдымен, үнемі кемелдендіріп отырушылықтың нәтижесінде бұрыннан бар машиналар, фабрика үйлері, т. т. белгілі дәрежеде өзінің тұтыну құнын, демек, өзінің құнын да жоғалтады. Бұл процесс жаңа машиналарды енгізген алғашқы дәуірде, бұлар жеткілікті дәрежеде әлі жетіліп болмаған кезде, сондықтан екінің бірінде өзінің құнын өтеп үлгеруден бұрын тозып қалатын кезде өте-мөте күшті әсер етеді. Мұның өзі осындай дәуірлерде әдеттегідей жұмыс уақытын калыптан тыс ұзарттыратын, машиналардың амортизациясына онша көп сома аудармай-ақ олардың құнын мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзім ішінде қайта өндіру мақсатымен күндізгі және түнгі сменалар системасы арқасында үздіксіз жұмыс істеткізетін себептердің бірі. Егер машиналардың қысқа мерзімді жұмысы (болуы ықтимал жаңа кемелдендіру нәтижесінде олардың өмірінің қысқаруы) осылайша өтелмеген болса, онда машиналардың моральдық тозуы салдарынан олардың құнының өнімге көшетін бөлігі тым көп болар еді де, олар тіпті қол еңбегімен де бәсекелесе алмас еді<sup>15</sup>).

Егер машиналар, үй-жайлар, жалпы алғанда негізгі капитал, белгілі дәрежеде пісіп жетілген болса, сөйтіп азды-көпті ұзақ дәуір ішінде, ең болмағанда өзінің конструкциясының негізі жағынан, өзгеріссіз қалатын болса, онда бағаның әлгіндей төмендеуі сол негізгі капиталды ұдайы өндіру әдістерін жетілдіру нәтижесінде болады. Енді машиналардың, т. с. құны оларды белгілі бір дәрежеде неғұрлым өнімді жаңа машиналар тез ығыстырып шығарып, бағасыздандыратындығынан емес, оларды енді арзанырақ түрде қайта өндіруге болатындығынан төмендейді. Ірі кәсіпорынның екінің бірінде өзінің алғашқы несі күйреп, екінші қолға өткеннен кейін ғана гүлденетін себептерінің бірі міне осы, ал екінші адам, оны арзанға сатып алғаннан кейін, әуел бастан-ақ капиталды аз шығын жұмсап өндіруге кіріседі.

Егіншілікте өте-мөте көзге түсетін нәрсе — өнімнің бағасын көтеруге немесе төмендетуге әкеліп соғатын нақ сол себептерден капиталдың құны да не көтеріліп, не төмендейді, өйткені капиталдың өзі көбінесе осы өнімнен: астықтан, малдан, т. с. нәрселерден құралады (Рикардо<sup>16</sup>).

---

<sup>15</sup> Мұның мысалдарын, атап айтқанда, Баббеджен<sup>45</sup> қараңыз. Бұл ретте де кәдімгі амал — жалақыны кеміту амалы—қолданылады, сөйтіп бағаның үнемі осылайша төмендеуінің зардаптары Қәри мырзаның «үйлесімді басымен» ойлағанынан гөрі мүлде басқаша болып шығады.

Өзгермелі капитал туралы тағы да бірнеше сөз айтқан жөн.

Жұмыс күшінің құны тіршілік заттары құнының көтерілуі нәтижесінде өсетін болса, немесе, мұның керісінше, осы тіршілік заттары құнының төмендеуі нәтижесінде кемитін болса,— ал өзгермелі капитал құнының көтерілуі мен төмендеуі осы екі жағдайдан басқа ештеңені де бейнелемейді,— онда жұмыс күшінің ұзақтығы өзгеріссіз қалған күнде тіршілік заттары құнының көтерілуіне қосымша құнның төмендеуі, олардың азаюына қосымша құнның көбеюі сәйкес келеді. Бірақ сонымен қатар басқа жағдайлар да — капиталдың босауы мен телінуі де — осыған байланысты болуы мүмкін; ал бұлар әлі зерттелген жоқ, сондықтан енді біз осыларды қысқаша қарастырып өтуге тиіспіз.

Егер жалақы жұмыс күші құнының төмендеуі нәтижесінде (ал мұнда еңбектің нақты бағасының тіпті көтерілуі де мүмкін) кемитін болса, онда осы күнге дейін жалақыға жұмсалып келген капитал бөлігі босайды. Өзгермелі капитал босап қалады. Мұның жаңадан енгізілетін капиталға ететін әсері сол ғана, енді бұл капитал көтеріңкі қосымша құн нормасымен әрекет етеді. Бұрынғы мөлшерден аз ақша нақ сол мөлшердегі еңбекті іске қосады, сөйтіп еңбектің ақы төленбеген бөлігі ақы төленген бөлігінің есебінен көбейеді. Ал енді осы күнге дейін іске қосылып келген капиталды алатын болсақ, мұнда қосымша құн нормасы артып қана қоймайды, оның үстіне, осы күнге дейін жалақыға жұмсалып келген капиталдың бір бөлігі босайды. Бұған дейін ол телінулі еді және кәсіпорын бұрынғы көлемде жүргізілетін ретте сөзсіз өнімнен түскен түсімнен бөлініп алынып, жалақыға жұмсалуға, өзгермелі капитал ретінде қызмет атқаруға тиіс болатын. Енді капиталдың бұл бөлігі босап қалады, демек, мұны жаңадан жұмсалатын капитал ретінде — не нақ сол кәсіпорынды ұлғайту үшін, не өндірістің басқа бір саласында қызмет атқару үшін пайдалануға болады.

Мәселен, айталық, апта сайын 500 жұмысшының еңбегін пайдалану үшін алғашында 500 фунт стерлинг керек болған болса, енді бұл мақсатқа тек 400 фунт стерлинг керек. Егер өндірілген құн аумағы екі ретте де = 1 000 фунт стерлинг болса, онда апта сайынғы қосымша құн аумағы бірінші ретте = 500 фунт стерлинг болады, қосымша құн нормасы  $\frac{500}{500} = 100\%$ ; ал жалақы кемітілгеннен кейін қосымша құн аумағы 1 000 ф. ст. — 400 ф. ст. = 600 ф. ст. болады және оның нормасы  $\frac{600}{400} = 150\%$ . Қосымша құн нормасының осылайша көтері-

луі — нақ сол өндіріс саласында 400 ф. ст. өзгермелі капиталмен және тиісті тұрақты капиталмен жаңа кәсіпорынды бастайтын адам үшін бірден-бір нәтиже. Мұның керісінше, бұрыннан жұмыс істейтін кәсіпорында, бұл ретте өзгермелі капитал құнының төмендеуі нәтижесінде қосымша құн аумағы 500 фунт стерлингтен 600 фунт стерлингке дейін, ал қосымша құн нормасы 100 проценттен 150 процентке дейін көтеріліп қана қоймай, оның үстіне, 100 ф. ст. өзгермелі капитал босап қалады да, мұны қайтадан еңбекті қанау үшін пайдалануға болады. Демек, бұрынғы мөлшердегі еңбек анағұрлым тиімді түрде қаналып қана қоймай, осы 100 фунт стерлингтің босауы арқасында бұрынғы 500 ф. ст. өзгермелі капитал қосымша құн нормасы неғұрлым жоғары болып отырғанда бұрынғыдан көп жұмысшыны қанауға мүмкіндік береді.

Енді кері жағдайды алып көрейік. Айталық, алғашқы өнім бөлінісі 500 жұмысшы барда мынадай қатынаста болды дейік:  $400_v + 600_m = 1\ 000$ , демек, қосымша құн нормасы = 150%. Сөйтіп жұмысшының апта сайын алатыны  $\frac{4}{5}$  ф. ст. = 16 шиллинг. Егер енді өзгермелі капитал құнының көтерілуі нәтижесінде 500 жұмысшы аптасына 500 фунт стерлингке түсетін болса, онда әрбір жеке жұмысшының апта сайынғы жалақысы = 1 ф. ст. болады, сөйтіп 400 ф. ст. 400 жұмысшыны ғана іске қоса алады. Ал егер істейтін жұмысшылардың саны бұрынғыдай болса, онда бізде  $500_v + 500_m = 1\ 000$  болар еді де, қосымша құн нормасы 150 проценттен 100 процентке түсер еді, яғни  $\frac{1}{3}$  мөлшерінде төмендер еді. Жаңадан жұмсалатын капитал үшін қосымша құн нормасының бұлайша кемуі бірден-бір нәтиже болып шығар еді. Басқа барабар жағдайларда осыған байланысты, дәл әлгі қатынаста болмағанымен, пайда нормасы да төмендер еді. Егер, мәселен,  $c = 2\ 000$  болса, онда бірінші жағдайда біздің көретініміз  $2\ 000_c + 400_v + 600_m = 3\ 000$ ;  $m' = 150\%$ ,  $p' = \frac{600}{2\ 400} = 25\%$ . Екінші жағдайда  $2\ 000_c + 500_v + 500_m = 3\ 000$ ;  $m' = 100\%$ ,  $p' = \frac{500}{2\ 500} = 20\%$ . Мұның керісінше, бұрын енгізілген капитал үшін нәтиже екі түрлі болып шығар еді. 400 ф. ст. өзгермелі капитал арқылы енді тек 400 жұмысшыға жұмыс беруге болады, мұнда қосымша құн нормасы 100% болады. Сөйтіп олар өндірген бүкіл қосымша құн 400 фунт стерлинг болады. Сонсын, құны 2 000 ф. ст. тұратын тұрақты капитал өзінің әрекет етуі үшін 500 жұмысшыны керек етеді, сондықтан 400 жұмысшы тек 1 600 фунт стерлинг құны бар тұрақты капиталды ғана іске қосады. Демек, өндіріс бұрынғы көлемде жүргізілуге тиіс болғандықтан және машиналардың  $\frac{1}{5}$  бөлегінің текке тұрып қалмауы үшін өзгермелі



капиталды 100 ф. ст. арттырып, бұрынғыдай 500 жұмысшыны іске қосу қажет; ал бұған бір ғана әдіспен жетуге болады: бұған дейін бос жатқан капитал телінеді, оның бер жағында өндірісті ұлғайту үшін жұмсалуға тиісті қордың бір бөлегі енді олқылықты толтыруға жұмсалады, не болмаса, табыс ретінде жұмсалуға арналған бөлегі бұрынғы капиталға қосылады. Осының нәтижесінде 100 ф. ст. арттырылған өзгермелі капитал шығыны 100 ф. ст. қосымша құнды кем өндіреді. Нақ сол мөлшердегі жұмысшыларды іске қосу үшін көбірек капитал керек болады, сонымен қатар әрбір жеке жұмысшы келтіретін қосымша құн азаяды.

Өзгермелі капиталдың босауынан келетін олжа мен оның телінуінен келетін шығын бұрын іске қосылған, демек, белгілі бір қатынастарда ұдайы өндіріліп отыратын капиталға ғана тән. Жаңадан іске қосылатын капитал үшін бір жағдайдағы олжа, екінші жағдайдағы шығын не қосымша құн нормасының жоғарылауын, не тиісінше төмендеуін және пайда нормасының әсте пропорциялы түрде болмағанымен де тиісінше өзгеруін көрсетеді.

Өзгермелі капиталдың жаңа ғана зерттелген босауы мен телінуі — өзгермелі капитал элементтері құнының, яғни жұмыс күшін ұдайы өндіру шығындарының кемуінің немесе артуының нәтижесі. Алайда жалақы нормасы өзгермей-ақ еңбектің өндіргіш күшінің дамуы нәтижесінде нақ сол мөлшердегі тұрақты капиталды іске қосу үшін жұмысшы азырақ керек болған күнде де өзгермелі капиталдың босауы мүмкін. Сондай-ақ мұның керісінше, еңбектің өндіргіш күшінің кемуі нәтижесінде нақ сол мөлшердегі тұрақты капиталға жұмысшы көбірек керек болған күнде үстеме өзгермелі капиталдың телінуі мүмкін. Ал егер осы күнге дейін өзгермелі капитал ретінде қолданылып келген капитал бөлігі енді тұрақты капитал формасында қолданылатын болса, демек, егер нақ сол капиталдың құрамдас бөліктері тек басқаша бөлінетін болса, онда бұл жағдай, қосымша құн мен пайда нормасына әсер ете тұрса да, осында талданып отырған капиталдың телінуі мен босауы саласына жатпайды.

Жоғарыда көргеніміздей, тұрақты капитал да өзін құрастыратын элементтер құнының көтерілуі немесе төмендеуі нәтижесінде телінуі немесе босауы мүмкін. Егер мұны былай қоятын болсақ, тұрақты капиталдың телінуі (өзгермелі капиталдың бір бөлігі тұрақты капиталға айналмайды деп ұйғарылады) еңбектің өндіргіш күші артқан күнде ғана, яғни нақ сол мөлшердегі еңбек көбірек өнім өндіретін, демек, көбірек тұрақты капиталды іске қосатын күнде ғана мүмкін болмақ.

Еңбектің өндіргіш күші, мәселен ауыл шаруашылығында, кеміген күнде де белгілі бір жағдайларда осылай болуы мүмкін, солай болғасын нақ сол мөлшердегі еңбек нақ сол өнімді өндіру үшін өндіріс құрал-жабдықтарын, мәселен, тұқымды, тыңайтқышты, дренаждарды, т. с. көбірек керек етеді. Кемелдендіру, табиғат күшін қолдану, т. т. құны аз тұрақты капиталды бұрын құны неғұрлым жоғары капитал атқарып келген техникалық рольді атқаруға қабілетті еткен күнде тұрақты капитал өз элементтерінің құны кемімей-ақ босауы мүмкін.

«Капиталдың» II кітабында көргеніміздей<sup>47</sup>, товар ақшаға айналғаннан кейін, сатылғаннан кейін бұл ақшаның белгілі бір бөлігі қайтадан тұрақты капиталдың заттық элементтеріне айналуға тиіс, айналғанда нақ әрбір өндіріс тарауының белгілі бір техникалық сипаты керек ететін қатынаста айналуға тиіс. Осы тұрғыдан алып қарағанда барлық тараудағы ең маңызды элемент,— егер жалақыны, демек, өзгермелі капиталды былай қоятын болсақ,— шикізат; бұған қосалқы материалдар да кіреді, өйткені шын мағнасындағы шикізаты жоқ өндіріс тарауларында, мәселен, кен ісінде және жалпы кен өндіруші өнеркәсіпте бұлардың өте-мөте зор маңызы бар. Бағаның машиналардың тозуын өтейтін бөлігі, сол машиналар тегінде қызмет атқаруға жарап тұрған кезде, көбінесе ойша есепке алынады; оның бер жағында бұл бөлігі бүгін немесе ертен, не болмаса капитал айналымының әйтеуір басқа бір кезеңінде ақшадай төленіп, өтеле ме, жоқ па, мұның онша келер-кетері жоқ. Шикізаттың жайы басқаша. Егер шикізаттың бағасы өсетін болса, жалақыны шығарып тастағаннан кейін оны товар құны есебінен толық өтеу мүмкін болмай қалады. Сондықтан бағаның қатты ауытқуы ұдайы өндіріс процесінде үзілістер, сұрапыл шытырман жағдайлар туғызады, тіпті апатқа ұшыратады. Егін шығымдылығының құбылмалы болуы, т. с. салдарынан — біз бұл жерде кредит системасының ықпалын әзірше мүлде былай қоя тұрамыз — құнның осылайша ауытқуына нақ егіншілік өнімдері, органикалық шикізат өте-мөте бейім келеді. Белгілі бір мөлшердегі еңбек бақылауға келмейтін табиғат жағдайларына қарай, ауа райының қолайлы немесе қолайсыз болуына, т. т. қарай бұл жерде алуан түрлі мөлшердегі тұтыну құндары түрінде көрінуі мүмкін, сондықтан осы тұтыну құндарының белгілі бір мөлшерінің бағасы мүлде түрліше болмақ. Егер  $x$  құны 100 қадақ  $a$  то-  
варына сіңген болса, онда бір қадақ  $a$  то-  
варының бағасы  $= \frac{x}{100}$ ;  
егер нақ сол құн 1 000 қадақ  $a$  ішінде болса, онда бір қадақ  $a$

бағасы =  $\frac{x}{1000}$  т. т. Демек, біз қарастырып отырған шикізат бағасының ауытқуы осындай. Біз бұл жерде екінші элементті толықтыру үшін ғана ауызға алып отырмыз, өйткені бәсеке мен кредит системасы әзірше біз қарастыратын мәселеден тысқары жатыр,— сол екінші элементтің мәнісі мынада: өсуі мен өндірілуі белгілі бір органикалық заңдарға бағынатын және белгілі бір табиғи уақыт мезгілдерімен байланысты болатын өсімдік пен мал шикізатының мөлшері тегінде, мәселен, машинаның және басқа негізгі капиталдың, көмірдің, руданың, т. с. мөлшері, өнеркәсібі өркендеген елде тиісті табиғи жағдайларда өте шапшаң өсе алатын мөлшері сияқты дәрежеде кенеттен көбейе қоймайды. Сондықтан негізгі капиталдан, машиналардан, т. т. құралатын тұрақты капитал капитал бөлігінің өндірілуі мен өсуі оның органикалық шикізаттан құралатын бөлігінің өндірілуі мен өсуін едәуір басып озуы мүмкін, ал дамыған капиталистік өндіріс тұсында тіпті күмәнсыз нәрсе; осының нәтижесінде мұндай шикізатты қажетсіну оны ұсынудан гөрі тезірек өседі де, сол себепті оның бағасы көтеріледі. Бағаның осылайша көтерілуі іс жүзінде мынаған әкеліп соғады: 1) шикізат неғұрлым шалғай жерлерден әкеліне бастайды, өйткені көтеріңкі баға тасымалдың өсіңкі шығындарын өтеп отырады; 2) оны өндіру артады, рас, өнім аумағының мықтап артуы тегінде бірден бола қоймайтын, бәлкім, бір жылдан кейін ғана жүзеге асатын нәрсе және 3) бұрын пайдаланылмай келген суррогаттар пайдаланылады, қалдықтар неғұрлым үнемді жұмсалатын болады. Егер бағаның көтерілуі өндіріс пен ұсыныстың ұлғаюына өте елеулі ықпал ете бастайтын болса, онда көбінесе мұның мәнісі енді бет бұрыс жасалды, бұдан кейін шикізат пен барлық товардың кымбаттай беруі нәтижесінде бұл товарларға шикізат элемент ретінде кіреді, сұраныс төмендей түседі, сондықтан шикізат бағасының қозғалысында да шұғыл өзгеріс туады деген сөз. Алуан түрлі формадағы капитал құнының төмендеуі салдарынан осы өзгерістен туатын сілкіністермен қатар басқа да бірсыпыра жағдайлар кез болады, біз қазір осылар жайында айтып өтпекшіміз.

Ең алдымен бұған дейін айтылған пікірден айқын көрініп отырған нәрсе мынау: капиталистік өндіріс неғұрлым көбірек өркендеген болса, сондықтан тұрақты капиталдың машиналардан, т. т. құралатын бөлігін әрі шапшаң, әрі үздіксіз арттырып отыратын қаражат неғұрлым көп болса, қор жинау (әсіресе гүлдену дәуірлерінде) неғұрлым шапшаң жүргізілсе, машиналар мен басқа да негізгі капиталды біршама асыра өндіру соғұрлым көп болмақ, өсімдік пен мал шикізатын бір-

шама кемірек өндіру соғұрлым жиі кездесіп отырмақ, бұлардың бағасының жоғарыда айтылған ретпен артуы және осыған сәйкес келетін шұғыл өзгеріс соғұрлым айқын білінбек, демек, ұдайы өндіріс процесіндегі ең бір басты элемент бағасының осылайша қатты ауытқуынан туатын сілкіністер соғұрлым жиі болып отырмақ.

Ал егер осы жоғары баға өзінің өсуі арқылы, бір жағынан, сұранысты азайтудың салдарынан, ал екінші жағынан, осы жердегі өндірісті ұлғайтудың және шалғай жатқан, осы күнге дейін аз пайдаланылған немесе мүлде пайдаланылмаған өндіріс салаларының тарапынан ұсыныс туғызуы салдарынан, осының нәтижесінде шикізатты ұсыну оны қажетсінуден асып түсуі,— онда да нақ бұрынғы жоғары бағасы бойынша асып түсуі,— салдарынан қауырт төмендейтін болса, онда мұның нәтижелерін әр түрлі тұрғыдан алып қарау керек. Шикізат бағасының кенет төмендеуі оның ұдайы өндірілуіне бөгет жасайды, ал осының арқасында шикізатты аса қолайлы жағдайларда өндіріп, шетке шығаратын елдердің монополиясы қайта орнайды,— орнағанда, бәлкім, белгілі шек қойылар, бірақ әйтеуір қайта орнайды. Рас, шикізатты ұдайы өндіру ісі алғашқы жасалған қозғаудың нәтижесінде ұлғайтылған көлемде жүргізіле береді, әсіресе осы өндіріс жөнінде азды-көпті монополиясы бар елдерде осылай болады. Бірақ машиналар мөлшерінің, т. с. көбеюі нәтижесінде енді өндірістің жүргізілуіне негіз болып отырған және бірнеше ауытқудан кейін жаңа қалыпты базис, дамудың жаңа бастама пункті болуға тиісті базис соңғы айналым циклінің ішінде болған процестердің нәтижесінде мейлінше ұлғайды. Ал оның бержағында шикізаттың екінші дәрежелі көздерінің кейбіреуінде ұлғайтыла бастаған ұдайы өндіріс қайтадан едәуір қиыншылықтарды бастан кешіреді. Мәселен, экспорт жөніндегі мәліметтер соңғы 30 жыл ішінде (1865 жылға дейін) Индия мақта өндірісі америка өндірісі бәсеңдеген кезде өсе түскенін, одан кейін өндірістің азды-көпті ұзақ уақыт бойы қайтадан күрт кеми бастағанын көрсетеді. Өнеркәсіптік шикізат қымбаттаған кезде капиталистер бірігіп, өндірісті реттеу үшін ассоциациялар құрады. Мәселен, 1848 жылы мақтаның бағасы көтерілген кезде Манчестерде осылай болды, Ирландиядағы зығыр өндірісі жөнінде де осылай болды. Бірақ тікелей сылтау жоғалып, (жоғарыда айтылған ассоциациялар сияқты, шикі өнім жеткізетін тиісті елдердің өндірістік қуатын қазіргі уақытта тікелей осы елдер жеткізе алатын өнім үшін белгіленген бағадан тыс арттыруға ұмтылудың орнына) «ең арзан рыноктан сатып алу» бәсекесінің жалпы принципі қайтадан дәуірледі дегенше-ақ,— яғни бәсеке принципі қайтадан емін-еркін үстем-

дік өте бастады дегенше-ақ ұсынысты реттеу тағы да «бағаға» тапсырылатын болады. Шикізат өндіруге қойылатын коллективтік, батыл және көрегендік бақылау жайындағы,— тегінде капиталистік өндіріс заңдарымен мүлде сыйыспайтын, сол себепті әрқашан да ізгі ниет күйінде қалып қоятын немесе тікелей төнген зор қауіп пен дәрменсіздік кезінде ерекшелік ретіндегі коллективтік іс-әрекетпен тынатын бақылау жайындағы,— пікір атаулының орнын ұсыныс пен сұраныс өзара бірін бірі реттеп отырады деген сенім басатын болады<sup>16)</sup>. Капиталистердің бұл жөніндегі соқыр сенімінің тұрпайылығы сондай, тіпті фабрика инспекторлары да өз есептерінде бұған қайта-қайта қатты таңдануда. Қолайлы жылдар мен қолайсыз жылдардың ауысып отыруы да, әрине, шикізаттың арзандауына себепкер болады. Сұраныстың ұлғаюына бұл жағдайдың жасайтын тікелей ықпалымен қатар пайда нормасына жасалатын жоғарыда аталған ықпал да бұған көтермеші ретінде келіп қосылады. Сонда, жоғарыда көрсетілген процесс, машина, т. т. өндіру шикізат өндіруден бірте-бірте басып озатын кездегі процесс, неғұрлым кең көлемде қайталап отырады. Шикізатты шындап жақсарту, сөйтіп оны тиісті мөлшерде ғана емес, сонымен қатар әбден сапалы күйінде де жеткізіліп тұратын ету, мәселен Индиядан сапасы жағынан американдық мақтасынан кем соқпайтын мақта алып тұру, Европа тарапынан ұзаққа созылатын, ұдайы өсіп отыратын, түпкілікті сұраныстың болуын керек қылар еді (индиялық өндірушінің өз отанында қандай экономикалық жағдайда болып отырғаны мұнда ешбір есеп емес). Бірақ шикізат өндіру саласы тек үздік-үздік қана өзгеріп отырады: біресе кенет ұлғаяды, біресе қатты тарылады. Капиталистік өндіріс атаулының рухы сияқты, 1861—1865 жылдардағы мақта тапшылығының<sup>48</sup> мысалынан мұның бәрін өте жақсы аңғаруға болады, ал сол кезде байқалған тағы бір өзгешелік, ұдайы өндірістің аса маңызды элементі болып табылатын шикізат оқта-текте мүлде болмай

<sup>16)</sup> Осы жолдар жазылғаннан кейінгі жерде (1865 ж.) барлық дамыған капиталистік елдерде, әсіресе Америка мен Германияда өнеркәсіптің шапшаң өркендеуі нәтижесінде дүние жүзілік рыноктағы бәсеке едәуір күшейіп кетті. Шапшаң және едәуір өсе түскен өндіріс күштер капиталистік товар айырбасы заңдарының шеңберінде қозғалуға тиісті болса да олардың бұл заңдардан күннен күнге күшеіе асып түсіп отырғандығы.— бұл факт қазіргі кезде тіпті капиталистердің өздерінің санасына да барған сайын көбірек ұялап отыр. Мұның өзі өте мәте екі түрлі белгіден көрінеді. Біріншіден, тыйым салығына жаңадан жаппай елгушіліктен көрінеді: ал мұның бұрынғы протекцияшылық системадан ерекше бір айырмашылығы сол, бұл көбінесе нақ шетке шығаруға болатын өнімдерді қорғауға талпынады. Екіншіден, өндірісті, олай болса, баға мен пайданы да реттеу мақсатын көздейтін, тұтас бір ірі-ірі өндіріс салаларындағы фабриканттардың картельдерінен (трестерінен) көрінеді. Өзінен өзі түсінікті, бұл эксперименттер экономикалық жағдай біршама қолайлы болған күнде ғана жүзеге асырылмақ. Алғашқы дауылдың өзі ақ мұны талқандап, өндірісті реттеу қажет болған күнде де мұны іс жүзіне асырушы әсте капиталистік тап емес екенін дәлелдеуге тиіс. Ал әзірше бұл картельдердің мақсаты — ұсақ капиталистерді ірі капиталистердің қазіргі кездегіден де жылдамырақ жалмап жұтуын көздеу ғана.— Ф. Э.

калып жүрді. Шынын айтқанда, егер ұсыныс біршама ауыр жағдайда жүзеге асатын болса, онда ұсыныс әбден жеткілікті болған күннің өзінде де бағаның көтерілуі мүмкін. Немесе шикізаттың шын жетімсіз болып қалуы да ғажап емес. Макта дағдарысы кезінде алғашында осы соңғы жағдай байқалды.

Сондықтан біз өндіріс тарихында қазіргі кезеңге неғұрлым жақындаған сайын, әсіресе өнеркәсіптің шешуші тарауларында, органикалық шикізаттың біршама қымбаттайтын дәуірі мен оның ізінше бағасызданатын дәуірінің үнемі қайта-қайта ауысып отыруы соғұрлым түпкілікті болып шығады. Төменде фабрика инспекторларының есептерінен келтірілген мысалдарда жоғарыда айтылғандарға сипаттама берілген.

Екіншілікті басқаша тұрғыдан алып қарағанда тарихтан көруге болатын тағы бір ғибрат мынау: капиталистік система құнарлы егіншілікке қайшы келеді, яғни құнарлы егіншілік капиталистік системамен сыйыспайды (тіпті бұл система оның техникалық жағынан дамуына септігін тигізе тұрса да сыйыспайды), ол не өз еңбегімен күнелтетін ұсақ шаруаның білек күшін, не бірлескен өндірушілердің бақылауын керек етеді.

---

Енді біз ағылшын фабрика инспекторларының есептерінен жаңа ғана айтылған сипаттамаларды келтіріп өтпекшіміз.

«Істің жайы жақсарып келеді; бірақ машиналар саны көбейген сайын қолайлы және қолайсыз дәуірлер циклі қысқаруда, ал оның бер жағында шикізат жөніндегі сұраныс өсіп отырғандықтан сонымен бірге істің барысында ауытқушылық жиілей түсуде... Қазіргі уақытта 1857 жылғы үрейден кейін сенімнің қайта туғаны былай тұрсын, сонымен қатар үрейдің өзі де, тәрізі, мүлде дерлік ұмытылған сияқты. Бұл жақсару ұзаққа бара ма, жоқ па, мұның өзі көбінесе шикізат бағасына байланысты. Сөйтіп, менің ойымша, кейбір реттерде ең жоғары мөлшерге қол жеткенін, одан әрі өндірістің тиімділігі барған сайын кеми беретінін, ақырында барып оның пайда беруді мүлде қоятынын көрсететін белгілер бар. Егер, мәселен, жүн өндірісінде пайда келтірген 1849 және 1850 жылдарды алатын болсақ, онда біз мынаны көреміз: түтілген бір қадақ ағылшын жүнінің бағасы 13 пенске, австралия жүнінің бағасы 14—17 пенске жеткен, ал 1841 жылдан 1850 жылға дейінгі 10 жыл ішінде орта есеппен алғанда бір қадақ ағылшын жүнінің бағасы 14 пенстен, австралия жүнінің бағасы 17 пенстен ешқашан да асқан емес. Бірақ қолайсыз болған 1857 жылдың басында австралия жүні 23 пенстен сатылған; декабрьде, үрейшілдік барынша асқынып тұрған кезде, жүннің бағасы 18 пенске дейін төмендеген, ал 1858 жылдың ішінде тағы да көтеріліп, өзінің қазіргі дәрежесіне — 21 пенске жеткен. Сол сияқты 1857 жылдың басында ағылшын жүнінің бағасы 20 пенс болған, апрель мен сентябрьде 21 пенске дейін көтерілген, 1858 жылғы январьда 14 пенске дейін төмендеп, одан соң 17 пенске дейін көтерілген, сонымен бір қадақ жүннің қазіргі бағасы жоғарыда келтірілген онжылдықтың ішіндегі орташа бағамен салыстырғанда 3 пенс қымбат тұрады... Менің ойымша, бұл мынаны көрсетеді: не осындай бағадан туған 1857 жылғы күйреушіліктер ұмытылған, не жүн нақ қолда бар ұршықтар иіре алатын мөлшерде ғана өндірі-

леді, не матаның бағасы бірқалыпты көтерілуде... Ал өзімнің өткен практикада мен мынаны көріп-білдім: бір жағынан, адам айтқысыз қысқа уақыттың ішінде ұршықтар мен тоқыма станоктардың саны көбейіп қана қоймай, сонымен қатар олардың жұмыс істеу шапшаңдығы да артуы мүмкін; екінші жағынан, біздің Францияға шығарған жүніміздің мөлшері нақ соншалық артты деуге болады, ал өсірілетін қойдың орташа жасы ел ішінде де, шетелде де барған сайын кеміп барады, өйткені халықтың саны тез көбейіп, қой өсірушілер өз малын неғұрлым тезірек ақшаға айналдыруға тырысуда. Ал осы жағдайды білместен, өз тағдырын да, өз капиталын да осындай кәсіппен байланыстырған адамдарды көргенде мен қатты қынжыламын, өйткені бұл кәсіптің табысты болуы белгілі бір табиғи заңдардың шеңберінде ғана көбейе алатын өнім ұсынысына байланысты... Барлық шикі материалдар жөніндегі сұраныс пен ұсыныстың жайы... тәрізі, мактамата ісіндегі көптеген ауытқушылықтың мәнісін, сонымен қатар ағылшын жүн рыногындағы 1857 жылғы жағдайды және осыдан келіп шыққан өнеркәсіп дағдарысын түсіндіретін сияқты<sup>17)</sup> (Р. Бейкер — «Reports of Insp. of Fact., October 1858», p. 56—57, 61).

Йоркширдегі Уэст-Райдинг камволь өнеркәсібінің гүлденген кезі 1849—1850 жылдарға дөп келеді. 1838 жылы онда 29 246 адам, 1843 жылы — 37 000, 1845 жылы — 48 097, 1850 жылы — 74 891 адам жұмыс істеді. Нақ сол округта 1838 жылы 2 768 механикалық тоқыма станогы болды, 1841 жылы — 11 458, 1843 жылы — 16 870, 1845 жылы — 19 121, 1850 жылы — 29 539 («Reports of Insp. of Fact., [October] 1850», p. 60). Камволь өнеркәсібінің осылай гүлденуі 1850 жылғы октябрьде күмәнды бола бастады. Субинспектор Бейкер 1851 жылға арналған апрельдегі есебінде Лидс пен Бадфорд туралы былай деп жазады:

«Біраздан бері істің жайы өте қанағаттанғысыз. Түтілген жүн иірушілер 1850 жылғы тапқан пайдасынан тез айырыла бастауда, тоқымашылар көпшілігінің хал-жағдайы да мәз емес. Менің байқауымша, қазіргі уақытта жүн өнеркәсібінде жұмыссыз тұрған машиналар бұрынғы қай кездегіден болса да көп, дәл сол сияқты кенеп иірушілер де жұмысшыларын жұмыстан шығарып, машиналарын тоқтатуда. Қазіргі уақытта тоқыма өнеркәсібіндегі циклдар шынында да өте тұрлаусыз болып отыр, сондықтан, менің ойымша, көп ұзамай біз... ұршықтардың өндірістік қуаты, шикізат мөлшері және халықтың өсуі арасындағы пропорциялық сақталмай отыр деген пікірге келетін боламыз» (52-бет).

Мақта-мата өнеркәсібінде де осындай жағдай байқалады. Жоғарыда цитат келтірілген 1858 жылғы октябрь есебінен біз мынаны оқимыз:

«Фабрикаларда қатаң мерзімді жұмыс күні белгіленген кезден бастап тұтынылатын шикізаттың мөлшері, өндірістің көлемі мен жалақының ша-

---

<sup>17)</sup> Өзінен өзі түсінікті, біз Бейкер мырза сияқты жүн өнеркәсібіндегі 1857 жылғы дағдарыс шикізат пен дайын өнім бағалары арасындағы сәйкессіздіктен туды деп есептейміз. Бұл сәйкессіздіктің өзі соның белгісі ғана еді, ал дағдарыс жалпылама дағдарыс болатын. — Ф. Э.

масы тоқыма өнеркәсібінің барлық тарауларында үш жақты қарапайым ережеге сәйкес анықталып келеді... Мен Блэкберннің қазіргі мәрі Бейнс мырзаның мақта-мата өнеркәсібі туралы... таяуда жасаған баяндамасынан үзінді келтіріп отырмын, ол мұнда өз округындағы өнеркәсіп статистикасының мәліметтерін мейлінше мұқият жинақтап көрсеткен.

«Әрбір нақтылы аттың күші тиісті әзірлік жабылығымен қоса 450 автоматикалық ұршықты, немесе 200 шудалық ұршықты, немесе жіп шумақтайтын, арқау есіп, ширататын машиналармен қоса 40 дюймдік шұғаға арналған 15 станокты жүргізіп тұрады. Әрбір аттың күшіне жіп иіргенде  $2\frac{1}{2}$  жұмысшыдан, мата тоқығанда 10 жұмысшыдан келеді; бұлардың орташа жалақысы апта ішінде адам басына  $10\frac{1}{2}$  шиллингтен көбірек келеді... Шығарылып жүрген орташа номерлер — № 30—32 арқауға және № 34—36 шумаққа арналған; егер апта сайын өндірілетін жіп әр ұршыққа 13 унциядан келеді деп есептейтін болсақ, онда апта ішінде 824 700 қадақ жіп болып шығады, бұл үшін 28 300 фунт стерлинг тұратын 970 000 қадақ, яғни 2 300 тай мақта тұтынылуға тиіс... Біздің округта (айналасы 5 ағылшын милі болатын Блэкберн маңындағы аудан) апта сайын 44 625 фунт стерлинг тұратын 1 530 000 қадақ, яғни 3 650 тай мақта тұтынылады. Мұның өзі Біріккен корольдіктегі бүкіл мақта-мата өнеркәсібінің  $\frac{1}{18}$  бөлегі және бүкіл механикалық тоқыма кәсібінің  $\frac{1}{6}$  бөлегі болады».

Сөйтіп, Бейнс мырзаның есебі бойынша, Біріккен корольдіктің мақта-мата өнеркәсібіндегі ұршықтың жалпы саны 28 800 000 болуға тиіс, ал бұларды толық жүргізіп тұру үшін жыл сайын 1 432 080 000 қадақ мақта керек. Ал әкелінген мақта, 1856 және 1857 жылдары шетке шығарылғанын алып тастағанда, тек 1 022 576 832 қадақ болды, демек, 409 503 168 қадақ сөзсіз жетпей қалуға тиісті еді. Бұл мәселе жөнінде марқабат етіп маған түсінік берген Беринс мырзаның ойынша, Блэкберн округының тұтынуына негізделіп жасалған, бір жыл ішінде тұтынылған мақта есебі асыра көрсетілген болуға тиіс, өйткені бұған шығарылып жүрген номерлердің түрліше болуы ғана емес, сонымен қатар машиналардың көбірек жетілдіріле түсуі де себеп болып отыр. Ол Біріккен корольдікте тұтынылатын мақтаның бүкіл жылдық мөлшері 1 000 миллион қадақ деп бағалайды. Ал егер оның пікірін тіпті дұрыс дейтін болсақ, егер шынында да ұсыныс сураныстан  $22\frac{1}{2}$  миллион қадақ асып түсетін болса, онда қазіргі кездегі сұраныс пен ұсыныс шамада тең түсіп отырған сияқты көрінеді; оның бер жағында, Бейнс мырзаның айтуынша, оның округында және, соңғы мәліметке қарағанда, сірә, басқа да округтарда, енгізілетін қосымша ұршықтар мен станоктарды да еске алу керек» (59, 60, 61-беттер).

### III. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА: 1861—1865 ЖЫЛДАРДАҒЫ МАҚТА ДАҒДАРЫСЫ

#### 1845—1860 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЛҒЫ ДӘУІР

*1845 жыл.* Мақта-мата өнеркәсібінің гүлденуі. Мақтаның бағасы өте төмен. Бұл уақыт туралы Л. Хорнер былай деп жазады:

«Соңғы 8 жылдың ішінде мен әсіресе мақта-мата өнеркәсібінде былтырғы жаз бен күздегідей істің мейлінше қызу жүрген бірде-бір дәуірін байқаған емеспін. Тұтас жарты жыл бойы мен фабрикаларға жұмсалған жаңа капиталдар жайында апта сайын хабар алып отырдым: біресе жаңадан



салынып жатқан фабрикалар туралы, біресе тоқтап тұрған аздаған фабрикалардың жаңа арендаторлар тапқаны, біресе, ақырында, жүріп тұрған фабрикалардың ұлғайтылып, оларда неғұрлым қуатты бу машиналары мен көптеген жұмыс машиналарының орнатылғаны жайында хабар келіп жатты» («Reports of Insp. of Fact., October 1845», p. 13).

### 1846 жыл. Шағым естіле бастаулы

«Едәуір ұзақ уақыт бойы мен толып жатқан мақта-мата фабрикантарынан істің нашарлағаны жайында шағым есітіп келемін... соңғы 6 аптаның ішінде түрлі фабрикалар қысқартылған жұмыс уақытына көшкен, әдетте күніне 12 сағаттың орнына 8 сағат жұмыс істейді; сірә, мұның өзі өріс ала бастаған сияқты... мақтаның бағасы тым көтеріліп кеткен... дайын бұйымдар бағасының көтерілмегені былай тұрсын... бұлардың бағасы мақта қымбаттағанға дейінгіден де төмен болып отыр. Соңғы 4 жыл ішінде мақта-мата фабрикалары санының мықтап көбеюі, бір жағынан, шикізат жөніндегі сұраныстың қатты өсуіне, екінші жағынан, рынокта дайын бұйымды ұсынудың қатты өсуіне әсер етуге тиісті еді; шикізат ұсыну мен дайын бұйым жөніндегі сұраныс әзірге өзгеріссіз қалып отырған кезде бұл себептің екеуі де бір мезгілде әсер ете отырып, пайданың төмендеуіне септігін тигізуі керек еді; ал бұлардың елеулі әсер еткен себебі, бір жағынан, соңғы кезде мақтаны ұсынушылық жеткіліксіз болды, екінші жағынан, әр алуан ішкі және сыртқы рыноктардың тарапынан дайын бұйымдар жөніндегі сұраныс азайды» («Reports of Insp. of Fact., October 1846», p. 10).

Шикізат жөніндегі сұраныстың өсе түсуі және дайын бұйымдардың рыноктарды лық толтыруы қоян-қолтық жүретіні табиғи нәрсе. Тегінде, өнеркәсіптің сол кездегі ұлғаюы мен одан кейінгі тоқырауы мақта-мата округтарымен ғана тынған жоқ. Брадфорд камволь округында 1836 жылы тек 318 фабрика болған еді, ал 1846 жылы — 490 болды. Бұл цифрлар өндірістің шын өсуін көрсете қоймайды, өйткені бұрыннан бар фабрикалар сол кезде едәуір ұлғайтылған болатын. Әсіресе кенеп иіру фабрикалары жөнінде осыны айтуға болады.

«Соңғы 10 жылдың ішінде бұлардың бәрі азды-көпті дәрежеде рыноктылық талтыруға себепкер болып отырды, істің қазіргі тоқырауын кәбінесе осыдан деп білу керек... Істің жайының нашарлығы — фабрикалар мен машиналар санының соншалық тез өсуінің нағыз табиғи салдары» («Reports of Insp. of Fact., October 1846», p. 30).

1847 жыл. Октябрьде ақша дағдарысы. Есептегі ставка 8%. Бұдан бұрын темір жол жалдаптығы мен Ост-Индия вексельдері жөніндегі айла-шарғы күйреген болатын. Бірақ:

«Бейкер мырза тиісті өнеркәсіп тарауларының ұлғаюы нәтижесінде соңғы жылдар ішінде мақта, жүн және кенеп жөніндегі сұраныстың өскендігі жөнінде өте қызғылықты мәліметтер келтіреді. Шикізаттың бұл түрлері жөніндегі сұраныстың өсуін, әсіресе бұлар жөніндегі ұсыныс орташа мөлшерден көп төмендеп кеткен кезде басталған өсуін Бейкер, тіпті ақша

рыногының кері кетуін былай қойған күнде де, осы өнеркәсіп тарауларының қазіргі нашар жағдайын түсіндіру үшін жеткілікті деп есептеді. Мелін өз көзіммен көргенім және жетік адамдардан білгенім бұл пікірді гәлық растайды. 5 және одан да кемірек процент негізінде оп-онай есеп жасауға болатын кезде өнеркәсіптің осы алуан түрлі тараулары аса қатты қиыншылыққа ұшырап жүрді. Ал оның бер жағында жібек талшығы жөніндегі ұсыныс жеткілікті, бағасы қалыпты болатын және осыған сәйкес іс... соңғы 2—3 аптаға дейін, ақша дағдарысы жібек фабриканттарының өздерін ғана шарпып қоймай, сонымен қатар, бұдан да көбірек дәрежеде, олардың басты клиенттерін — сәнді товар фабриканттарын да қамтыған кезге дейін қызу жүріп жатты. Мақта-мата өндірісінің соңғы үш жыл ішінде 27 процентке жуық өскенін көріп-білу үшін жарияланған ресми есептерге көз салу керек. Осының нәтижесінде бір қадақ мақтаның бағасы долбарлы цифрмен алғанда 4 пенстен 6 пенске дейін көтерілді, ал жіптің бағасы ұсыныстың өсуі арқасында бұрынғы дәрежесінен сәл ғана жоғары тұр. Жүн өнеркәсібі 1836 жылы ұлғая бастады; сол кезден бастап Йоркширде оның өндірісі 40%, ал Шотландияда одан да көбірек өсті. Камволь өнеркәсібінің өсуі бұдан да мардымды<sup>18)</sup>. Нақ сол дәуірдің ішінде мұнда өндірістің ұлғаюы 74 проценттен де асып түсті. Сондықтан мұнда шикі жүн орасан көп тұтынылды. 1839 жылдан бері кенеп өнеркәсібінің өсімі шамамен алғанда Англияда 25%, Шотландияда 22% және Ирландияда 90 процентке жуық болып отырғаны байқалады<sup>19)</sup>, осының нәтижесінде шикізат тоннасының бағасы зығардың зығымдылығы нашар болып отырған мезгілде 10 фунт стерлинг көтерілді, ал бір шумақ жіптің бағасы 6 пенс төмендеді» («Reports of Insp. of Fact., 31 st October 1847», p. 30—31).

1849 жыл. 1848 жылдың соңғы айларында іс қайтадан жанданды.

«Шикізат бағасының төмен болғандығы соншалық, қандай жағдайда болса да жеткілікті пайда түсетіні анық сияқты көрінді де, мұның өзі фабриканттарды өз өндірісін үздіксіз өркендете беруге итермеледі... Жүн бұйымдарының фабриканттары жылдың басында мейлінше үдете жұмыс істеді... бірақ мен жүн товарларын консигнацияға жөнелту екінің бірінде нақты сұраныстың орнын баса қоймай ма, алдамшы гүлдену дәуірлері, яғни кәсіпорындардың толық жұмыс істейтін дәуірлері үнемі нақты ұсыныс дәуірлері бола бермей ме деп қауіптенемін. Бірнеше ай бойы камволь өнеркәсібінің жайы өте-мөте жақсы болды... Көрсетілген дәуірдің басында жүннің бағасы өте-мөте төмен еді; жіп иірушілер тиімді баға бойынша мұның қорын, әрине, едәуір көбейтіп алғанды. Көктемгі аукциондар тұсында жүннің бағасы көтерілген кезде жіп иірушілер бұдан түсірген пайдасын сақтап қалды, өйткені дайын бұйым жөніндегі сұраныс әжептәуір және тұрақты болатын» («Reports of Insp. of Fact., [April] 1849», p. 42).

«Егер біз Англияның фабрикалы округтарында соңғы 3—4 жыл ішінде байқалған іс жағдайының ауытқуына зер салатын болсақ, онда біз, менің ойымша, өнеркәсіптің дұрыс бағдарын бұзатын әйтеуір бір елеулі себеп бар деп ұйғаруға тиісіз... Бұл ретте кең өріс алып кеткен машиналы өндірістің орасан өндіргіш күші жаңа элемент болып отырған жоқ па екен?» («Reports of Insp. of Fact., 30th April 1849», p. 42, 43).

<sup>18)</sup> Англияда қатаң ажыратылатын Woollen Manufacture [жүн өнеркәсібі] бар — аппараттық жіп беретін қысқа жүннен жіп иіріп, мата тоқиды (басқы орталығы — Лидс) және Worsted Manufacture [камволь өнеркәсібі] бар — қылшықты жіп беретін ұзын жүннен жіп иіріп, мата тоқиды (басты орталығы — Йоркширдегі Брадфорд) — Ф. Э.

<sup>19)</sup> Ирландияда кенеп жіп машиналы өндірісінің осылайша шапшаң ұлғаюы қолмен иірілетін жіптен тоқылған герман (Силезия, Лаузиц, Вестфалия) кенебінің шетке шығарылуына сол кезде қатерлі соққы болып тиді. — Ф. Э.

1848 жылғы ноябрьде, сондай-ақ 1849 жылғы май мен жазда дәл октябрьге дейін, істің жайы жақсара берді.

«Әсіресе камволь жібінен жасалатын материал өндірісі жөнінде, Бадфорд пен Галифакс төңірегінде шоғырланған өндіріс жөнінде осыны айтуға болады; бұл өндіріс өзінің қазіргі мөлшеріне бұдан бұрын тіпті ешқашан да маңайлап көрген емес... Шикізат жөніндегі жалдаптық және оның ықтимал ұсыныс мөлшерінің белгісіздігі көптен бері-ақ мақта-мата өнеркәсібінде басқа өнеркәсіп тарауларының қайсысындағыдан болса да көбірек дүрбелең туғызып, ауытқушылықты жиілетіп отыр. Қазіргі уақытта бұл жерде мақта-мата товарларының неғұрлым тұрпайы сорттары запасының жиналғаны байқалады, ал мұның өзі ұсақ жіп иірушілердің мазасын кетіріп, оларға қазірдің өзінде-ақ зиян келтіріп отыр, сондықтан олардың кейбіреулері жұмысты толық істемейді» («Reports of Insp. of Fact., October 1849», p. 64—65).

**1850 жыл. Апрель.** Іс бұрынғыша қызу жүруде. Бір ерекшелік:

«Нақ тұрпайы жіп номерлері мен ауыр мата үшін шикізат ұсынудың жеткіліксіз болуы салдарынан мақта-мата өнеркәсібі бөліміндегі жағдай қатты нашарлап отыр. Соңғы кезде машиналарының саны өскен камволь өнеркәсібінде де осындай жағдай туа ма деген қауіп бар. Бейкер мырзаның есебіне қарағанда, 1849 жылдың өзінде ғана бұл саладағы тоқыма станоктарында өнім өндіру 40%, ұршықтар бойынша — 25—30% өсті, оның бер жағында кәсіпорындар әлі де бұрынғы қарқынмен ұлғая түсуде» («Reports of Insp. of Fact., April 1850», p. 54).

**1850 жыл. Октябрь.**

«Мақтаның бағасы... өнеркәсіптің бұл тарауындағы жағдайды көрнеу нашарлата түсуде, әсіресе өндіріс шығындарының едәуір бөлегі шикізатқа жұмсалатын товарлар жөнінде осылай болып отыр. Жібек талшығы бағасының мықтап көтерілуі көп реттерде бұл тарауда да жағдайды нашарлатып отырды» («Reports of Insp. of Fact., October 1850», p. 14).

Ирландиядағы зығыр дақылы корольдік қоғам комитетінің осы жерде цитат келтірілген есебі бойынша, басқа ауыл шаруашылық дақылдарының бағасы төмен болып отырғанда зығыр бағасының жоғары болуы келесі жылы зығыр өндіруді едәуір ұлғайту ісін қамтамасыз етеді (сонда, 31, 33-беттер).

**1853 жыл. Апрель.** Келелі гүлдену.

«Соңғы 17 жыл ішінде, менің Ланкашир фабрикалы округіндегі істің жайымен ресми түрде танысуыма тура келген кездің өн бойында, мен мұндай жаппай гүлденуді бірде-бір рет байқаған емеспін; барлық тарауда ерекше жандану бар»,— дейді Леонард Хорнер («Reports of Insp. of Fact., October 1853», p. 19).

**1853 жыл. Октябрь.** Мақта-мата өнеркәсібіндегі депрессия. «Асыра өндіру» («Reports of Insp. of Fact., October 1853», p. 15).

1854 жыл. Апрель.

«Жүн өнеркәсібінде істің бет алысы мықты болмағанымен, ол барлық фабрикаларға толық көлемде жұмыс беріп отырды; мақта-мата өнеркәсібі жөнінде де осыны айту керек. Камволь өнеркәсібі өткен жарты жылдықтың өн бойында ылғи үздік-создық жұмыс істеді... Зығыр өңдеу өнеркәсібінде қиыншылықтар кездесіп отырды, өйткені Қырым соғысының салдарынан Россиядан зығыр мен кендір ұсыну азайды» («Reports of Insp. of Fact., [April] 1854», p. 37).

1859 жыл.

«Шотланд зығыр өңдеу өнеркәсібінде істің жайы әлі де нашар... өйткені шикізат жетіспейді, әрі қымбат; біздің негізгі міндеткерлеріміз болып отырған Прибалтика елдеріндегі егіннің нашарлығы бұл округтағы істің барысына теріс әсерін тигізбек; оның бер жағында көптеген дәрекі товар өндіруде зығырды бірте-бірте ығыстырып отырған джут онша қымбат емес және жеткілікті мөлшерде бар... Дандидегі машиналардың жартысына жуығы қазіргі уақытта джут иіреді» («Reports of Insp. of Fact., April 1859», p. 19).—«Шикізат бағасының жоғары болуы салдарынан кенеп иіру әлі күнге дейін жеткілікті пайда бермей келеді, сондықтан басқа фабрикалардың бәрі толық жұмыс істеп отырған кезде зығыр өңдеуші машиналардың кідіріп қалатын реттері көп кездеседі... Джут иіру... неғұрлым қанағаттанарлық жағдайда, өйткені соңғы кезде бұл материалдың бағасы неғұрлым қалыпты бола бастады» («Reports of Insp. of Fact., October 1859», p. 20).

1861—1864 ЖЫЛДАР. АМЕРИКАДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ.

МАҚТА ТАПШЫЛЫҒЫ. ШИКІЗАТТЫҢ ЖЕТІМСІЗДІГІ  
МЕН ҚЫМБАТТЫҒЫ САЛДАРЫНАН ӨНДІРИС ПРОЦЕСІНДЕ  
БОЛАТЫН ҮЗІЛІСТІҢ АСА АИҚЫН МЫСАЛЫ

1860 жыл. Апрель.

«Істің жайына келетін болсақ, мен шикізат бағасының жоғарылығына қарамастан, тоқыма өнеркәсібінің жібек тоқудан басқа тарауларының бәрі соңғы жарты жылда айтарлықтай жақсы істеді деп хабарлай алатыныма қуанамын... Кейбір мақта-маталы округтарда жұмысшыларды құлақтандыру арқылы тауып, ал жұмысшылар ол жаққа Норфолктен және басқа елшілік графтықтарынан барып жатты... Тәрізі, өнеркәсіптің барлық тарауларында шикізат мүлде жетімсіз сияқты. Тек... осы жетімсіздік қана бізді белгілі шеңберде тежеп отыр. Мақта-мата ісінде жаңа салынған фабрикалардың саны, бұрыннан барларының ұлғайтылуы және жұмысшыларды керексіну қазіргі кездегідей дәрежеге, бәлкім, ешқашан да жетпеген болар. Қай жерде болса да жұрт шикізат іздеуде» («Reports of Insp. of Fact., April 1860», p. 57).

1860 жыл. Октябрь.

«Мақта-маталы, жүн және кенеп жіп иіретін округтарда істің жайы жақсы болып келді; Ирландияда істің жайы соңғы жылдың ішінде тіпті өте жақсы болды және шикізат бағасының жоғарылығы болмаса, одан да жақсы болар еді деседі. Тәрізі, кенеп жіп иірушілер темір жолдардан Индияда қосымша жабдықтау көздерін ашуды және осыған сәйкес үнді егіншілігін дамытуды, сөйтіп, ақырында... өздерінің қажеттерін өтей алатын мөлшерде кенеп ұсынылатын етуді бұрынғы қай кездегіден болса да қатты асыға күтіп отырған сияқты» («Reports of Insp. of Fact., October 1860», p. 37).

1861 жыл. Апрель.

«Істің жайы қазіргі кезде нашар-ақ... кейбір мақта-мата фабрикалары қысқартылған уақыт мөлшерінде жұмыс істейді, ал көптеген жібек фабрикалары тек ішінара жұмыс істейді. Шикізат қымбат. Тоқыма өнеркәсібінің барлық тарауларында дерлік оның бағасы тұтынушылар бұқарасы үшін өндеп шығаруға боларлық бағадан жоғары» («Reports of Insp. of Fact., April 1861», p. 33).

1860 жылы мақта-мата өнеркәсібінде асыра өндірушіліктің болғаны енді ғана байқалып отыр; оның салдары кейінгі бір-қатар жылдар ішінде білініп келді.

«1860 жылы асыра өндірілген ұшан-теңіз товарды дүние жүзілік рыноктың сіңіруі үшін екі жылдан үш жылға дейін уақыт керек болды» («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 127). «Шығыс Азиядағы мақта-матадан жасалған дайын бұйымдар рыноктарының нашар жағдайы 1860 жылдың бас кезінде Блэкберндегі істің жайына тиісінше кері әсер етті, мұнда орта есеппен алғанда 30 000 механикалық тоқыма станоктары түгелдей дерлік осы рынок үшін мата өндірумен айналысады. Осының салдарынан мақта торуылының әсері біліне бастаған кезден көп ай бұрын-ақ мұнда еңбек жөніндегі сұраныс тежеулі болатын... бір тәуір жері, осының өзі көптеген фабрикантты күйзелістен аман алып қалды. Қоймаларда сақтаулы жатқан кезінде запастар құны жағынан өсті, сөйтіп мұндай дағдарыс тұсында болмай қоймайтын сұмдық бағасыздандудан аман құтылудың сәті түсті» («Reports of Insp. Fact., October 1862», p. 28, 29, 30).

1861 жыл. Октябрь.

«Біраздан бері істің жайы өте нашар болып келді... Қысқы айлардың ішінде көптеген фабрикалардың өндірісті едәуір қысқартуы әбден ықтимал. Біздің әдеттегідей Америкадан мақта әкелуімізді және Америкаға зат шығаруымызды тоқтатып тастаған себептерге мүлде қарамастан... тегінде мұны болжап білуге болатын еді, өйткені соңғы үш жыл ішінде өндірістің қатты ұлғаюы және үнді мен қытай рыноктарындағы қиыншылықтар салдарынан келесі қыстың ішінде жұмыс уақытының қысқартылуы сөзсіз еді» («Reports of Insp. of Fact., October 1861», p. 19).

**Мақта күйігі. Ост-Индия мақтасы (Surat). Жұмысшылардың жалақысына тигізген әсері. Машиналардың жетілдірілуі. Мақтаны крахмал ұнымен және минералдық заттармен ауыстыру. Крахмал ұнымен осылайша шлихталаудың жұмысшыларға ықпалы. Жіңішке номерлі жіп иірушілер. Фабриканттардың алааяқтығы.**

«Бір фабрикант маған былай деп жазады: «Бір ұршыққа тұтынылатын мақта мөлшеріне келетін болсақ, сіздің мына фактімен жөнді санаспай отырғаныңыз күмәнсыз: мақтаның қымбат кезінде кәдімгі жіпті (айтайық, 40-номерге дейінгі, көбінесе 12—32-номерлі жіпті) иіруші әрбір адам қолынан келгенінше неғұрлым жіңішке номерлер өндіреді, яғни бұрынғы 12-номердің орнына 16-номерді немесе 16-номердің орнына 22-номерді иіретін болады, т. т., ал осы жіңішке жіпті өндейтін тоқымашы өзінің миткалы-

на тиісінше көбірек шлихта қосып, оны дағдылы салмағына жеткізеді. Бұл тәсіл қазір шын мәнісінде масқара мөлшерде қолданылып отыр. Веделді деректен менің білетінім, 8 қадақ мата  $5\frac{1}{4}$  қадақ мақтадан және  $2\frac{3}{4}$  қадақ шлихтадан жасалады. Екінші бір  $5\frac{1}{4}$  қадақ матада екі қадақ шлихта болады. Бұл — экспортқа арналған кәдімгі көйлектік мата. Кейбір сорттарға кейде 50% шлихта қосылады, сондықтан: матаны оған кеткен жіптің нарқынан арзан сату жолымен-ақ байып жүрміз деп фабриканттардың мақтануына болады және шынында да олар мақтанып та жүр» («Reports Insp. of Fact., April 1864», p. 27).

«Сонымен қатар жұрттың маған хабарлағанындай, тоқымашылар өздерінің көбейе түскен ауру-сырқауын Ост-Индия мақтасынан иірілген арқау үшін қолданылып жүрген шлихтадан көреді, өйткені мұның өзі бұрынғыдай таза ұннан жасалмайды. Ал, жұрттың айтуынша, осы суррогат ұнның аса тиімді болатын себебі, ол матаның салмағын едәуір арттырады, яғни 15 қадақ жіптен 20 қадақ мата шығып отырады» («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 63. Бұл суррогат «China clau» деп аталатын ұнтақталған тальк, яки «French chalk» деп аталатын гипс болатын).

«Арқауды шлихталуа үшін суррогат ұнның қолданылуынан тоқымашылардың» (мұнда жұмысшы тоқымашылар жайында айтылып отыр) «жалақысы қатты кеміп барады. Бұл шлихта жіпті ауырлата түседі, сонымен қатар оны әрі қатты, әрі сынғыш етеді. Тоқыма станогында әрбір арқау жіп ремиз дейтін нәрседен өтеді, ал мұның мықты жіптері арқауды түзу ұстап тұрады; қатты шлихталған арқау ремиздегі жіпті үнемі үзе береді; жіп үзілген сайын оны жалауға тоқымашының бес минут уақыты кетеді; қазіргі уақытта тоқымашының осындай үзілген жіптерді бұрынғыдан кемінде 10 есе жиі жалғауына тура келеді, сондықтан, өзінен өзі түсінікті, станок жұмыс уақытының ішінде матаны тиісінше кем береді» (сонда, 42—43-беттер).

«Аштонда, Стейлибриджде, Мослиде, Олдемде, т. т. жұмыс уақытының дәл үштен бірі қысқартылған және әрбір жаңа аптада онан сайын көбірек қысқартылууда... Көптеген тарауларда жұмыс күнінің осылай қысқартылуымен қатар жалақының кемуі де байқалады» («Reports of Insp. of Fact., October 1861», p. 12, 13).

1861 жылдың бас кезінде Ланкаширдің кейбір аудандарында механикалық тоқымашылардың стачкасы болды. Кейбір фабриканттар алдағы уақытта жалақының  $5—7\frac{1}{2}\%$  кемітілетінін мәлімдеді, жұмысшылар кесікті жалақының сақталуын, жұмыс күнінің қысқартылуын талап етті. Кәсіпкерлер көнбеді де, стачка басталды. Бір айдан кейін жұмысшылар лажсыз көнуге тиіс болды. Бірақ енді жалақы да кемітілген, жұмыс күні де қысқартылған:

«Жалақының кемітілуіне ақыр-аяғында жұмысшылар да көнді, оның үстіне қазір көптеген фабрикалар жұмысты мөлшерлі уақыттан кем істейді» («Reports of Insp. of Fact., April 1861», p. 23).

1862 жыл. Апрель.

«Менің соңғы есебімнен бергі жерде жұмысшылардың қайғы-қасіреті едәуір көбейді; бірақ кенеттен тап болған, ғаламат ауыр қайғы-қасіретке осындай үнсіз көнбістілікпен, осындай шыдамды сабырлықпен төзушілік өнеркәсіптің тарихында бұрын-соңды болып көрген емес» («Reports of Insp.

of Fact., April 1862», p. 10). «Қазіргі уақытта толық жұмыссыздардың саны 1848 жылғы жұмыссыздар санынан болмашы ғана асып түседі; ал ол кезде кәдімгі үрейшілдік жайлаған еді, алайда мұның өзі абыржыған фабриканттарға мақта-мата өнеркәсібі бойынша қазіргі уақытта апта сайын жарияланып жүрген мәліметтер сияқты статистикалық мәліметтер жинатқызу үшін жеткілікті болып шықты... 1848 жылғы майда Манчестердегі барлық мақта-мата жұмысшыларының 15 проценті жұмыс істемеді, 12 проценті мөлшерлі уақыттан кем істеді, ал 70 проценттен астамы толық уақыт бойына жұмыс істеді. 1862 жылғы 28 майда жұмысшылардың 15 проценті жұмыссыз болды, 35 проценті мөлшерлі уақытынан кем, ал 49 проценті толық уақыт бойы жұмыс істеді... Іргелес жерлерде, мәселен Стокпортта, кем уақыт істеушілер мен мүлде жұмыс істемейтіндер проценті жоғары, толық уақыт жұмыс істейтіндер проценті төмен», өйткені мұнда Манчестердегіге қарағанда неғұрлым дәрекі номерлі жіп иіріледі (16-бет).

### 1862 жыл. Октябрь.

«Ресми статистиканың соңғы ақпарларына қарағанда, Біріккен корольдікте 1861 жылы небәрі 2 887 мақта-мата фабрикасы болған: оның ішінде 2 109 менің округымда» (Ланкашир мен Чешир). «Менің округымдағы осы 2 109 фабриканың айтарлықтай едәуір бөлегі — жұмысшылары аз ұсақ кәсіпорындар екенін мен, әрине, білетінмін. Бірақ бұл мөлшердің соншама көп екенін білген кезде мен қатты таңдандым. Жалпы фабрикалар санының 19 проценті болып отырған 392 фабрикада двигатель күші — бу немесе су күшімен жүретіні — 10 аттың күшінен кем; 345 фабрикада, яғни 16 процентінде — 10-нан 20 аттың күшіне дейін; 1 372 фабрикада — 20 аттың күші бар және одан да жоғары... Осы ұсақ фабриканттардың өте мардымды бөлегі — олардың жалпы санының үштен бір бөлегінен астамы — күні кеше өздері жұмысшы болғандар; бұлар — капиталы жоқ адамдар... Демек, салмақтың дені қалған  $\frac{2}{3}$  бөлегіне түседі» («Reports of Insp. of Fact., October 1862», p. 18, 19).

Нақ сол есептің мәліметтеріне қарағанда, Ланкашир мен Чеширдің мақта-мата өнеркәсібінде сол кезде 40 146 жұмысшы, яғни 11,3% толық уақыт жұмыс істеді; кем уақыт істегендер — 134 767, яғни 38%; жұмыссыз жүргендер — 179 721, яғни 50,7%. Егер бұдан көбінесе жіңішке номерлі жіп тоқыған Манчестер мен Болтон жөніндегі цифрларды, — мақта тапшылығынан неғұрлым аз зардап шеккен тарауды, — шығарып тастайтын болсақ, онда істің жайы бұдан бетер ұнамсыз болып көрінеді, атап айтқанда: толық уақыт жұмыс істегендер 8,5%, кем уақыт істегендер 38%, жұмыссыздар 53,5% (19, 20-беттер).

«Жұмысшының әңдейтіні жақсы мақта ма, әлде нашар мақта ма, ол үшін мұның елеулі айырмашылығы бар. Жылдың алғашқы айларында, фабриканттардың бәрі әйтеуір арзан бағамен сатып алуға болатын кездескен мақтаны пайдаланып, өз фабрикаларын жүргізе беруге талпынған кезде, бұрын әдетте жақсы мақтаны қолданып келген фабрикаларға толып жатқан нашар мақта тап болды; жұмысшылардың жалақысындағы айырмашылықтың тым алшақ кеткені соншалық, көптеген стақалар болды, өйткені бұрынғыша бұйым басына ақы алатын жұмысшылар енді күнделікті

тәуір табыс табудан қалды... Кейбір реттерде нашар мақтазы пайдаланудың салдарынан болған айырмашылық тіпті толық жұмыс уақыты тұсында да барлық табыстың жартысына жетіп отырды» (27-бет).

1863 жыл. Апрель.

«Бұл жылдың ішінде мақта-мата өнеркәсібіндегі барлық жұмысшылардың жартысынан сәл көбірегін ғана толық уақыт жұмыс істей алады» («Reports of Insp. of Fact., April 1863», p. 14).

«Қазір фабрикалар лажсыздан пайдаланып отырған Ост-Индия мақтасын пайдаланудың бір өте нашар жағы сол, өндіріс процесінде машиналардың шапшаң жүрісін мейлінше баяулатуға тура келеді. Машиналардың жүрісін шапшаңдатып, нақ сол машиналарға неғұрлым көбірек жұмыс істеткізу үшін соңғы жылдар ішінде барлық амал қолданылды. Машиналар шапшаңдығының кемуі жұмысшының да, фабриканттың да мүдделеріне нұқсан келтіреді, өйткені жұмысшылардың көпшілігі бұйым басына ақы алады: жіп иіруші иірілген жіптің әрбір қадағына, тоқымашы өзі жасаған бір топ матаға ақы алады; тіпті апталық ақы алатын жұмысшының жалақысы да өндірістің қысқартылуы салдарынан азаюға тиіс. Мақта-мата өнеркәсібіндегі жұмысшылардың осы жыл ішіндегі табысы жөнінде менің қолымда бар ақпарлар мен маған келіп түскен мәліметтерге қарағанда, жалақы 1861 жылғы мөлшерімен салыстырғанда орта есеппен 20%, кейбір реттерде 50% кеміген» (13-бет).— «Табыстың сомасы... өңделетін материалдың сапасы қандай екеніне байланысты... Жұмысшылардың жалақысы жөніндегі жағдайы қазіргі кезде» (1863 ж. октябрь) «бытырғы жылғы осы уақыттағымен салыстырғанда анағұрлым тәуір. Машиналар жетілдірілген, шикізат тәуір игерілген, сондықтан жұмысшылар өздеріне алғашында кездескен қиыншылықтарды оңай жеңіп отырады. Бытырғы көктемде мен Престондағы бір тігіншілік мектебінде» (жұмыссыздарға арналған игілік мекемесі) «болдым; соның алдында ғана тоқыма шеберханасына жіберілген екі жас қыз, аптасына 4 шиллинг табыс таба алады деп фабриканттың сендіруіне қарамастан, мектепке қайтадан қабылдауды өтінген, өйткені олар аптасына 1 шиллинг те таба алмай отырмыз деп шағым еткен. Менде селфакторларда істейтін мюльшілер жөнінде ақпар бар-ды... Қос селфакторды басқаратын еркектер 14 күн толық жұмыс уақыты ішінде 8 шиллинг 11 пенс табыс тапқан, бұл сомадан пәтер ақы ұсталған, мұның жартысын фабрикант» (о, неткен қайырымдылық!) «оларға сыйлық түрінде қайтарған. Жұмысшылар үйлеріне 6 шиллинг 11 пенс апарған. Көп жерлерде 1862 жылдың соңғы айлары ішінде селфакторларда істейтін мюльшілер аптасына 5—9 шиллинг, тоқымашылар аптасына 2—6 шиллинг табыс тауып отырған... Округтардың көпшілігінде табыс әлі де өте төмен бола тұрса да, қазіргі уақытта істің жайы анағұрлым тәуір... Үнді мақтасы талшығының қысқа және оның былғаныш болуымен қатар басқа да түрлі себептер табыстың азаюына әсер етті. Мәселен, үнді мақтасына мақта күйігін мол араластыру қазір дағдыға айналған, ал мұның өзі, әрине, жіп иіруді бұрынғыдан да қиындата түсіп отыр. Талшық қысқа болса, мюль шығарда және шумақтарда жіп оңай үзіледі, оның бержағында мюльді соншалық ұдайы жүргізіп тұру мүмкін емес... Дәл сол сияқты, жіпке өте көп көңіл бөлуге тура келетіндіктен бір тоқымашы әйел екінің бірінде тек бір станокты ғана бақылай алады, тек бір-саран адам ғана екіден астам станокты бақылауға жарайды... Көп реттерде жұмысшылардың жалақысы 5%, 7<sup>1</sup>/<sub>2</sub>% және 10% кеміген... шикізатты қалай өңдеу және табысты қалыпты мөлшерге қалай жеткізу мәселесін шешу көбінесе жұмысшының өзіне тапсырылады... Тоқымашыға ауық-ауық кездесіп отыратын екінші бір қиыншылық мынада: оған нашар материалдан жақсы мата жасау тапсырылады да, жұмыс ойдағыдай нәтиже бермеген күнде, жалақысынан ұстап қалу арқылы оған жазалау шарасы қолданылады» («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 41—43).



Тіпті толық уақыт жұмыс істелетін жерде де жалақы мардымсыз болып жүрді. Мақта-мата өнеркәсібінің жұмысшылары жергілікті өкімет орындарынан жәрдем алып отыру үшін (іс жүзінде мұның өзі фабриканттарға арналған жәрдем болатын, қараңыз: «Капитал», I кітап, 536 және келесі беттер<sup>49</sup>) әйтеуір өздерін қабылдаған жерде: дренаж, жол салу, тас ұсату, көшеге тас төсеу сияқты көрінген қоғамдық жұмыстарға шын ықласымен кірісіп кетіп жүрді. Бүкіл буржуазия жұмысшыларды мұқият қадағалаумен болды. Жұмысшыға тым болмашы ғана ақы ұсынылып, ол бұдан бас тартқан күнде, жәрдем көрсету комитеті бұл жұмысшыны жәрдем алатын адамдардың тізімінен дереу өшіріп тастап отырды. Мұның өзі фабрикант мырзалар үшін алтын заман еді, өйткені жұмысшылардың не аштан алуіне, не капиталистерге аса тиімді шарттармен көрінген ақы үшін жұмыс істеуіне тура келетін, оның бер жағында жәрдем көрсету комитеттері сол капиталистердің сенімді қарғылы төбеттері ретінде әрекет етті. Сонымен қатар фабриканттар үкіметпен астыртын одақтасып алып, мүмкіндігінше эмиграцияға кедергі жасап отырды, бұл ретте олар бір жағынан жұмысшылардың тәні мен қанына сіңген капиталдың қолда болуын, екінші жағынан жұмысшылардан сығып алынатын пәтер ақыны өздерінде сақтау ниетін көздеді...

«Жәрдемдесу комитеттері мұндайда өте қатаң болды. Жұмысшыларға жұмыс ұсынылғаннан кейін-ақ олар сол сәтте тізімнен өшіріліп отырды, сөйтіп сол жұмысты қабылдауға мәжбүр етілді. Егер жұмысшылар ұсынылған жұмыстан бас тартатын болса, оның себебі табар табыстың өте болымсыздығынан, ал еңбектің адам айтқисыз ауырлығынан ғана еді». («Reports of Insp. of Fact., October 1863», p. 97).

Жұмысшылар қоғамдық жұмыстар жайындағы актіге сәйкес өздеріне ұсынылған кез келген жұмысты қабылдауға әзір еді.

«Өнеркәсіп жұмыстарын ұйымдастыру шарттары түрлі қалаларда әсте біркелкі емес-ті. Тіпті ашық ауада істелетін еңбек тек қана байқау жұмысы (labour test) болмаған жерлерде де бұл еңбекке не кәдімгі түпкілікті жәрдем мөлшерінде, не одан сәл жоғары ақы төленіп отырды, сөйтіп ол еңбек сынағы сипатында болды» (69-бет), «1863 жылғы қоғамдық жұмыстар жайындағы акт осы қырсықты жеңілдетіп, жұмысшының тәуелсіз күндікші ретінде өзінің күнделікті табысын тауып отыруына мүмкіндік беруге тиіс еді. Бұл актінің мақсаты үш түрлі болатын: 1) мемлекеттік заемдарды басқарған комиссарлардан» (Кедейлерге қамқорлық жасайтын орталық мемлекеттік ведомство президентінің ризалығы бойынша) «ақша қарыз алуға жергілікті өкімет орындарына уәкілдік беру; 2) мақта-мата округтарындағы қалаларды көркейтуге көмектесу; 3) жұмыссыздарға жұмыс беру және жеткілікті ақы (remunorative wages) төлеу». Осы акт бойынша 1863 жылғы октябрдың аяғына дейін 883 700 фунт стерлинг мөлшерінде қарыз берілген (70-бет).

Істелген жұмыстар көбінесе мыналар болды: канализация жүргізу, жол салу, көшеге тас төсеу, су двигательдері үшін тоспалар жасау, т. с.

Блэкберн комитетінің президенті Хендерсон мырза бұл жөнінде фабрика инспекторы Редгрейвке былай деп жазады:

«Біз бастан кешіріп отырған қайғы-қасірет пен қайыршылық дәуірінде мен байқаған барлық жағдайлардың ішінде қоғамдық жұмыстар жайындағы әктіге сәйкес Блэкберн қалалық советі ұсынған жұмыстарға жұмыссыздардың құлшына кіріскеніндей мені ерекше қатты таңдандырып, қуанышқа бөлеген ешнәрсе болған жоқ. Бұрын маман жұмысшы ретінде фабрикада істеген жіп иіруші мен қазір тереңдігі 14 немесе 18 фут ағызғыш каналда күндікші болып істейтін нақ сол жіп иірушінің арасындағы айырмашылықтай бадырайып көрінетін қарама-қарсылықты ойлап табу қиын».

(Мұнда жұмысшылар семьясының аумағына қарай аптасына 4 шиллингтен 12 шиллингке дейін алып отырды; 8 адамнан тұратын семья екінің бірінде осы «қыруар сомамен» күнелтті. Бұл жерде тоғышар мырзалар екі жақты пайда түсіріп отырды: біріншіден, өздерінің ыс басқан және берекесі кеткен қалаларын жақсартуға олар мейлінше төмен процентті ақша алып келді; екіншіден, олар жұмысшыларға кәдімгі жалақыдан анағұрлым аз ақы төлеп отырды).

«Тропикалық дерлік ыстыққа, бұлшық ет күшінен гөрі қимыл өнері мен дәлдігін шексіз маңызды ететін еңбекке дағдыланған жұмысшы, қазіргі уақытта алуға болатын мөлшермен салыстырғанда екі есе, кейде үш есе көп ақы алып дағдыланған жұмысшы ұсынылған шарттарға көнгенде жан қиярлық пен естиярлық көрсетеді, ал мұның өзі оның мәртебесін ерекше арттырады. Блэкбернде жұмыссыздар ашық ауада жүргізілетін жұмыс біткеннің бәрінде дерлік сынақтан өткізілді: олар едәуір тереңдікте жабысқақ, ауыр саз балшықты жер қазды, жер құрғату жұмыстарын жүргізді, тас ұсатты, жол салды, тереңдігі 14, 16, кейде 20 фут көше каналдарын қазды. Бұл ретте олардың 10—12 дюйм балшық пен су кешіп тұруына және ауа райының тақсіретін тартуларына тура келіп отырды, ал, тегінде, мұндай ауа райы кейбір жерде кездеседі дегеннің өзінде де ылғалдығы мен ызғарлылығы жағынан Англияның басқа бір округындағы ауа райының мұнымен тең тусі екіталай» (91—92-беттер).—«Жұмысшылар өздерін мінсіз ұсады деуге болады; олар ашық ауадағы жұмысты міндетіне алып, оны ерлікпен орындап шығуға құлшынып отырды...» (69-бет).

1864 жыл. Апрель.

«Оқта-текте түрлі округтардан жұмысшылардың жетіспейтіні жөнінде, көбінесе, мәселен, тоқыма ісі сияқты тарауларда жетіспейтіні жөнінде шағымдар естіледі... Ал бұл шағымдар — әрі нашар сортты жіпті пайдалану салдарынан қазір жұмысшының таба алатын жалақысының төмен болуының, әрі осы арнаулы тарауда жұмысшылардың шынында да біраз жетімсіздігінің нәтижесі. Өткен айда жалақыға бола жеке фабрикалардың иелері мен олардың жұмысшыларының арасында көптеген қақтығыстар болды. Мен стачкалардың тым жиілеп кеткеніне өкінем... Қоғамдық жұмыстар жайындағы актінің әсерін фабриканттар бәсеке деп қарайды; ал Бейкептегі

жергілікті комитет өзінің қызметін доғарды, өйткені әлі де фабрикалардың бәрі түгел жұмыс істеп отырмағанымен, жұмысшылардың жетіспейтіні анықталды» («Reports of Insp. of Fact., April 1864», p. 9).

Қайткен күнде де, фабрикант мырзалардың ойланатын мезгілі жеткен еді. Қоғамдық жұмыстар жайындағы актінің арқасында олардың жұмыс күші жөніндегі сұраныстың өскендігі соншалық, Бейкептің тас ұсатқыштарында кейбір фабрика жұмысшылары күніне 4—5 шиллингтен тауып отырды. Сондықтан да қоғамдық жұмыстар бірте-бірте доғарылды — мұның өзі 1848 жылғы<sup>50</sup> ұлттық шеберханалардың жаңа нұсқасы болды, алайда олар бұл жолы буржуазияның мүдделері үшін құрылды.

### In corpore vilі\* эксперименттер

«Мен мұнда түрлі фабрикалардағы жұмысшылардың шын табысы ретіндегі жалақының» (толық уақыт істейтін жұмысшылар жалақысының) «қатты кемігенін келтіре тұрсам да, жұмысшылар аптадан аптаға сол белгілі бір соманы ғана тауып отырады екен деген қорытынды әсте туа қоймайды. Мұнда қатты ауытқушылық бар, өйткені фабриканттар белгілі бір фабрикаларда мақтаның алуан түрлі сорттары және мақта мен күйіктің алуан түрлі қоспалары жөнінде үнемі эксперименттер жасап отырады; жұрттың атауынша, бұл «қосындылар» жиі өзгеріп отырады да, мақта қосындысының сапасына қарай жұмысшының табысы бірде артып, бірде кеміп кетеді. Кейбір реттерде бұл табыс бұрынғы мөлшердің 15 проценті ғана болады да, бас-аяғы бір-екі аптаның ішінде 50% немесе 60% төмендейді».

Осында біз цитатқа алған инспектор Редгрейв жалақы жөнінде практикадан алынған мәліметтерді келтіреді, бұлардың ішінен біз төмендегі мысалдарды келтірсек те жеткілікті:

*A*, тоқымашы, семьясында 6 адам бар, аптасына 4 күн істейді, табысы 6 шиллинг 8½ пенс; *B*, сабақтаушы, аптасына 4½ күн істейді, табысы 6 шиллинг; *C*, тоқымашы, семьясында 4 адам бар, аптасына 5 күн істейді, табысы 5 шиллинг 1 пенс; *D*, ширатушы, семьясында 6 адам бар, аптасына 4 күн істейді, табысы 7 шиллинг 10 пенс; *E*, тоқымашы, семьясында 7 адам бар, аптасына 3 күн істейді, табысы 5 шиллинг, т. т. Редгрейв тағы да былай дейді:

«Бұл мәліметтерге көңіл бөлуге тұрады, өйткені бұлардан көрініп отырғанындай, кейбір семьялар үшін жұмыс бақытсыздық болар еді, неге десеңіз мұның өзі табысты жәй азайтып қана қоймай, оны құлдыратып жіберетіні соншалық, егер семьяның табысы мүлде жұмыссыз болған кезде жәрдем ретінде алып келген сомаға жетпейтін реттерде қосымша жәрдем берілмеген болса, онда бұл табыс адамның аса зәру қажеттерінің болмашы бөлегін қанағаттандыру үшін де мүлде жеткіліксіз болар еді» («Reports of Insp. of Fact., October 1863». p. 50—53).

\* тегін жатқан тірі тәндегі. Ред.

«1863 жылғы 5 июньнен бастап барлық жұмысшылар аптасына орта есеппен алғанда көп дегенде екі күн, яғни 7 сағат, бірнеше минуттан жұмыс істеді» (сонда, 121-бет).

Дағдарыс басталған кезден 1863 жылғы 25 мартқа дейін кедейлерге қамқорлық жасау ведомстволары, орталық жәрдемдесу комитеті мен Лондон муниципалдық комитеті үш миллиондай фунт стерлинг жәрдем берді (сонда, 13-бет).

«Өте-мөте жіңішке номерлі жіптер тоқылатын бір округта... снайленд сортынан египет мақтасына көшудің салдарынан жіп иірушілердің жалақысы жанама жолмен 15% кеміген... Үнді мақтасымен араластыру үшін мақта күйігі мол қолданылатын бір ұлан-байтақ өлкеде жалақы 5% кеміген, оның үстіне сурат пен күйікті қайта өңдеу салдарынан олар тағы да 20—30% жоғалтқан. Бұрын төрт станокты басқарған тоқымашылар қазір екі станокта істейді. 1860 жылы олар әрбір станокта 5 шиллинг 7 пенс таба-тын, 1863 жылы тек 3 шиллинг 4 пенс тапты... Бұрын американ мақтасы қолданылған кезде 3—6 пенс аралығында ауытқып жүрген ақшалай айып (жіп иіруші үшін) қазір 1 шиллингтен 3 шиллинг 6 пенске жетіп отыр».

Египет мақтасы Ост-Индия мақтасымен аралас қолданылған бір округта

«жіп иірушінің орташа жалақысы 1860 жылы 18—25 шиллинг болған еді, ал қазір 10—18 шиллинг. Оның себебі мақтаның нашарлауынан ғана емес, сонымен қатар неғұрлым қатаң жіп өндіру мақсатымен мюльдің жүріс шапшаңдығын бәсеңдетуден де болып отыр, бұл үшін әдеттегі уақытта, жалдау шарттары бойынша, қосымша ақы төленеді» (43, 44-беттер). «Ост-Индия мақтасын өңдеу, бәлкім, кейбір реттерде фабриканттарға пайда келтірген де болар, бірақ оның есесіне осының салдарынан жұмысшылардың 1861 жылғымен салыстырғанда қандай азап шегуге тиісті болғанын көріп отырмыз (53-беттегі нарық қағазын қараңыз). Егер сурат түпкілікті қолданылатын болса, онда жұмысшылар 1861 жылғыдай ақы талап етеді; бірақ бұл фабриканттардың пайдасына елеулі әсерін тигізеді, өйткені мақтаның немесе дайын бұйымдардың бағасын өзгертумен оның орны толмайды» (105-бет).

### *Пәтер ақы.*

«Жұмысшылар фабрикантқа қарасты коттеждерде тұратын болса, сол жұмысшылар төлейтін пәтер ақыны фабрикант, жұмыс мөлшерлі уақыттан кем істелген болса да, екінің бірінде жалақыдан ұстап қалады. Солай бола тұрса да мұндай үй-жайлардың құны кеміп кетті де, қазір үйлер жалға бұрынғыдан 25—50% арзан беріледі; аптасына 3 шиллинг 6 пенс тұрған коттежді қазір 2 шиллинг 4 пенске, ал кейде тіпті одан да арзан бағамен жалдап алуға болады» (57-бет).

*Эмиграция.* Фабриканттар жұмысшылар эмиграциясына, әрине, қарсы болды, өйткені, бір жағынан,

«мақта-мата өнеркәсібі үшін оңды заман туғанға дейін олар өз фабрикаларын барынша тиімді әдіспен жүргізетін күш-құралды қолында сақтап қалуға тырысты». Оның үстіне, «көптеген фабриканттар — өздерінде істей-

тін жұмысшылар тұратын үйлердің иелері, және де ең болмағанда олардың кейбіреулері өздеріне жұмысшылар берешек болып қалған пәтер ақының бір бөлегін болса да кейін өндіріп аламыз деп сөзсіз үміттенеді» (96-бет).

Парламент депутаты Бернал Осборн мырза 1864 жылғы 22 октябрьде өз сайлаушыларының алдында сөйлеген бір сөзінде: Ланкаширдің жұмысшылары антикалық философтар (төзімпаздар) сияқты мінез көрсетті дегенді айтты. Момақан қойлар сияқты емес пе?

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## ҚОСЫМШАЛАР

Біз жалпы осы бөлімде істеп отырғанымыздай, әрбір жеке өндіріс саласында иемделінетін пайда аумағы осы салаға жұмсалған бүкіл капитал өндіретін қосымша құн сомасына тең дейік. Тіпті бұл ретте де буржуа пайданы қосымша құнмен, яғни төленбеген қосымша еңбекпен барабар нәрсе деп қарамайды, оның бұлай етпейтін себептері мыналар:

1) Айналыс процесінде ол өндіріс процесін ұмытып кетеді. Товар құнын өткізу,— бұған сол товардағы қосымша құнды өткізу де кіреді,— оған қосымша құн жасау болып көрінеді. {Осы арада қолжазбада қалып кеткен сөздер бар көрінеді, сірә, Маркс бұл пунктті толығырақ дамытпақшы болса керек.— Ф. Э.}

2) Егер еңбекті қанау дәрежесі өзгеріссіз қалады деп ұйғаратын болсақ, онда, жоғарыда көргеніміздей, кредит системасынан туатын барлық модификацияға қарамастан, капиталистердің бірін бірі алдап, бірін бірі отырғызып кететініне және әрқайсысының басқа біреудің есебінен ұтып шығуға талпынатынына қарамастан, онан соң, рынокты сәтті таңдап алу атаулыға қарамастан, пайда нормасының мүлде түрліше болуы мүмкін, мұның өзі шикізаттың азды-көпті арзандығына, оны сатып алу жөніндегі азды-көпті шеберлікке байланысты; қолданылып отырған машиналардың қаншалықты өнімді, қолайлы және арзан екеніне байланысты; өндіріс процесінің түрлі сатыларын жалпы ұйымдастыру ісінің азды-көпті кемелділігіне, шикізат ысырабының қаншалық жойылғанына, басқару мен бақылаудың қаншалық қарапайым және тиімді ұйымдастырылғанына, т. с. байланысты. Қысқаша айтқанда, егер қайсыбір өзгермелі капитал үшін қосымша құн белгілі дейтін болсақ, онда нақ капиталистің өзінің немесе оның бақылаушылары мен приказчиктерінің жеке бастарының іскерлік қабілеттеріне қарай белгілі бір мөлшердегі қосымша құнның пайда нормасы неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен болуы мүмкін, демек, оның келтіретін пайдасының ау-

мағы көбірек немесе азырақ болуы мүмкін. Айталық, 1 000 фунт стерлинг қосымша құн, 1 000 фунт стерлинг жалақының өнімі *A* кәсіпорнында 9 000 фунт стерлинг, ал екінші *B* кәсіпорнында 11 000 фунт стерлинг тұрақты капиталға келеді дейік. *A* жөнінде біздің алатынымыз  $p' = \frac{1\,000}{10\,000} = 10\%$ . *B* жөнінде біздің алатынымыз  $p' = \frac{1\,000}{12\,000} = 8\frac{1}{3}\%$ . Бүкіл капитал *A*-да пайданы *B*-ге қарағанда біршама көп өндіреді, өйткені, екі ретте де авансыланған капитал = 1 000 және одан алынған қосымша құн да = 1000 бола тұрса да, пайда нормасы алғашқысында соңғысындағыдан гөрі жоғары, демек, екі ретте де мөлшері бірдей жұмысшылар бірдей қанауға ұшырайды. Белгілі бір қосымша құн аумағының осындай түрліше көрінісі, яғни еңбек біркелкі қаналатын жағдайда пайда нормасының, демек, пайданың өз мөлшерінің де түрліше болуы басқа себептерден тууы да мүмкін; бірақ мұның өзі бүтіндей және тек қана екі кәсіпорынды жүргізу шеберлігіндегі айырмашылықтан да келіп шығуы мүмкін. Ал осы жағдай капиталисте өзінің пайдам еңбекті қанау нәтижесінде түскен жок, ең болмағанда ішінара бұған байланыссыз басқа да себептерден, әсіресе өзінің жеке басымның іс-әрекетінен келіп шықты деген жалған үміт, сенім туғызады.

---

Осы бірінші бөлімде айтылғандардың бәрінен (жер рента-сынан, мәселен, рента өсе түскенде жер көлемі өзгеріссіз қалатын жағдайдан ерекше) капитал мөлшерінің өзгеруі пайда мен капитал арасындағы қатынасқа, демек, пайда нормасына да әсер етпейді, өйткені пайда аумағы өскен кезде сол пайданы шағып есептейтін капитал аумағы да өседі және мұның керісінше болады дейтін пікірдің (Родбертус<sup>51</sup>) қателігі көрінеді.

Бұлай деу тек екі жағдайда ғана орынды болады. Біріншіден, барлық басқа жағдайлар, демек, ең алдымен қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда ақшалай товар ретіндегі товар құны өзгере бастаған кезде орынды болады. (Басқа барабар жағдайларда тек қана құн номиналдық жағынан өзгерген кезде, құн белгілері көтерілген немесе төмендеген кезде де осылай болады.) Бүкіл капитал 100 фунт стерлингке тең, пайда = 20 ф. ст. дейік, демек, пайда нормасы = 20%. Егер алтын құны екі есе төмендейтін немесе көтерілетін болса, онда бірінші ретте бұрын 100 ф. ст. тұрған нақ сол капитал енді 200 ф. ст. тұратын болады, ал пайданың құны 40 ф. ст. болады, яғни бұрынғы 20 фунт стерлингтің орнына осы ақша сомасын-

да көрінеді. Екінші ретте капитал құны 50 ф. стерлингке дейін төмендейді де, пайда 10 фунт стерлинг тұратын өнім түрінде көрінеді. Бірақ екі ретте де  $40 : 200 = 10 : 50 = 20 : 100 = 20\%$ . Алайда, шындығында осы реттердің бәрінде де капитал құнының мөлшері өзгермес еді де, белгілі бір құнның және белгілі бір қосымша құнның ақшалай көрінісінде ғана өзгеріс болар еді. Демек, мұның өзі  $\frac{m}{K}$  қатынасына, яғни пайда нормасына әсер ете алмас еді.

Екінші жағдай — құн шамасы іс жүзінде өзгертін жағдай, бірақ бұл өзгеріспен қатар  $v : c$  қатынасы өзгермейді, яғни қосымша құн нормасы тұрақты болып отырғанда жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың (мұнда өзгермелі капитал іске қосылған жұмыс күшінің көрсеткіші ретінде қаралады) өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капиталға қатынасы бұрынғыша қалады. Бұл жағдайларда, егер бізде  $K$ , яки  $nK$ , яки  $\frac{K}{n}$ , мәселен, 1 000, яки 2 000, яки 500 болса, пайда нормасы  $20\%$  болған кездегі пайда бірінші ретте = 200, екінші ретте = 400, үшінші ретте = 100 болады, бірақ  $\frac{200}{1000} = \frac{400}{2000} = \frac{100}{500} = 20\%$ . Басқаша айтқанда, пайда нормасы өзгеріссіз қалады, өйткені капитал құрылымы бұрынғыша қалады да, оның шамасы өзгеріске ұшырамайды. Сондықтан пайда аумағының көбеюі немесе азаюы — мұнда тек қолданылатын капитал шамасының көбейгенін немесе азайғанын бейнелейтін көрсеткіш қана.

Сонымен, бірінші ретте қолданылатын капитал шамасының өзгеруі сияқты алдамшы көрініс пайда болады, екінші ретте оның шамасы шынында да өзгереді, бірақ капиталдың органикалық құрылымы өзгермейді, капиталдың өзгермелі бөлегінің тұрақты бөлегіне қатынасы өзгермейді. Бірақ, бұл екі ретті былай қойғанда, қолданылатын капитал шамасының өзгеруі не оның құрамдас бөлектерінің бірінде бұдан бұрын болған өзгерістің салдары — сондықтан да (өзгермелі капиталдың өзгеруімен қатар нақ қосымша құнның өзгермейтіні себепті) оның құрамдас бөлектерінің относительдік шамасындағы өзгерістің салдары болып шығады, — не капитал шамасындағы бұл өзгеріс (ұлғайтылған жұмыс кезіндегі, жаңа машиналар енгізген кездегі, т. с. тұсындағы сияқты) оның органикалық құрамдас екі бөлегінің относительдік шамасындағы өзгерістің себебі болады. Сондықтан осы реттердің бәрінде басқа барабар жағдайларда қолданылатын капитал шамасының өзгеруімен қатар пайда нормасы да өзгеріп отыруға тиіс.



Пайда нормасы әрқашан да қосымша құнды өндіруге жұмсалған шығындармен, яғни бүкіл авансыланған капиталдың мөлшерімен салыстырғанда сол қосымша құнның біршама немесе мүлде өсуі нәтижесінде артады; басқаша айтқанда, пайда нормасы мен қосымша құн нормасының арасындағы айырмашылықтың азаюы нәтижесінде артады.

Капиталдың органикалық құрамдас бөлектерінің өзгерістерінен немесе оның абсолюттік шамасынан тыс пайда нормасы мына жағдайда, авансыланған капитал құны — ол қай формада, негізгі немесе айналмалы формада болса да бәрібір — қолда бар капиталға байланыссыз, оны ұдайы өндіруге қажетті жұмыс уақытының көбеюі немесе азаюы нәтижесінде көтерілген немесе төмендеген күнде ауытқып отыруы мүмкін. Товар атаулының құны,— демек, капиталды құрастыратын товарлардың құны да,— соның өзіндегі қажетті жұмыс уақытымен емес, оны ұдайы өндіру үшін *қоғамдық* қажетті жұмыс уақытымен анықталады: Бұл ұдайы өндіріс жақсара түскен немесе нашарлай түскен жағдайларда, бастапқы өндіріс жағдайларымен салыстырғанда өзгеше жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Өзгерген жағдайларда, жалпы алғанда, заттық мазмұны жағынан нақ сол капиталды ұдайы өндіру үшін жұмыс уақыты екі есе көп немесе, керісінше, екі есе аз керек болады дейік; сонда ақша құны өзгеріссіз қалғанда бұрын 100 ф. ст. тұрған капитал енді 200 ф. ст. немесе тиісінше 50 фунт стерлинг тұратын болады. Егер құнның осылай көтерілуі немесе, керісінше, бағасыздануы капиталдың барлық бөлектерін бірдей қамтыған болса, онда пайда да осыған сәйкес екі есе көп немесе екі есе аз ақша сомасы түрінде көрінген болар еді. Ал егер мұнымен қатар капиталдың органикалық құрылымы өзгеретін болса, капиталдың өзгермелі бөлегінің тұрақты бөлегіне қатынасы артатын немесе кемитін болса, онда басқа барабар жағдайларда пайда нормасы өзгермелі капитал біршама өскенде көтеріліп, біршама кемігенде төмендеп отыратын болады. Егер авансыланған капиталдың ақшалай құны ғана (ақша құнының өзгеруі нәтижесінде) көтерілетін немесе төмендейтін болса, онда қосымша құнның ақшалай көрінісі де нақ сол қатынаста көтеріледі немесе төмендейді. Пайда нормасы өзгеріссіз қалады.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

ПАЙДАНЫҢ ОРТАША ПАЙДАҒА  
АЙНАЛУЫ

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ӘР ТҮРЛІ ӨНДІРІС САЛАЛАРЫНДА КАПИТАЛДАР  
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТҮРЛІШЕ БОЛУЫ ЖӘНЕ ОСЫДАН  
ТУАТЫН ПАЙДА НОРМАЛАРЫНДАҒЫ  
АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Бұдан бұрынғы бөлімде, атап айтқанда, қосымша құн нормасы өзгеріссіз тұрғанда пайда нормасының қалайша өзгертіні — көтерілетіні немесе төмендейтіні — көрсетілген болатын. Бұл тарауда еңбекті қанау дәрежесі, демек, қосымша құн нормасы мен жұмыс күнінің ұзақтығы белгілі бір елдегі қоғамдық еңбекті бөлісіп алған өндіріс салаларының бәрінде біркелкі мөлшерде, біркелкі дәрежеде деп жорамалданады. Ал түрлі өндіріс салаларында еңбекті қанаудағы елеулі айырмашылықтарды алатын болсақ, бұлар әр алуан нақты немесе соқыр сенімге негізделген өтемелі жағдайлардың әсерімен теңеліп кетеді деп А. Смиттің өзі-ақ тәптіштеп көрсеткен болатын<sup>52</sup>, демек, жалпы қатынастарды зерттегенде бұл айырмашылықтар, тек алдамшы да өткінші айырмашылықтар ретінде, есепке алынбауға тиіс. Басқа айырмашылықтар, мәселен, жалақының дәрежесіндегі айырмашылық, көбінесе «Капиталдың» бас жағында, I кітаптың 11-бетінде<sup>53</sup> көрсетілген, жәй еңбек пен күрделі еңбектің арасындағы айырмашылыққа негізделген, оның бер жағында бұлар түрлі өндіріс салаларында жұмысшылардың тағдырын әсте біркелкі ете қоймағанымен, осы түрлі салаларда еңбекті қанау дәрежесін ешбір мызғытпайды. Егер, мәселен, алтын зергерінің еңбегіне күндікшінің еңбегінен гөрі жоғары ақы төленетін болса, онда алтын зергерінің қосымша еңбегі күндікшінің қосымша еңбегімен салыстырғанда қосымша құнды пропорциялы мөлшерде көбірек өндіреді. Ал егер түрлі өндіріс салаларында, тіпті белгілі бір өндіріс саласындағы түрлі капиталистік кәсіпорындар арасында жалақы мен жұмыс күні ұзақтығының, демек, қосымша құн нормасының теңелуі де көптеген жергілікті жағдайлардың себебінен кешеуілдеп жатқан болса, капиталистік өндіріс ілгерілеген кезде және барлық экономикалық қатынастардың осы өндіріс әдісіне бағындырылуына қарай бұл теңелудің өзі бірден-бірге толық жүзеге аса береді. Жалақы жайындағы әрбір арнаулы еңбек

үшін мұндай шытырман жағдайларды танып білу қаншама маңызды болғанымен, капиталистік өндірісті жалпылама зерттегенде бұларды кездейсоқ және шамалы нәрселер ретінде ескерусіз қалдыруға болады. Тегінде мұндай жалпылама зерттеуде әрқашан да былайша жорамалданады: нақты қатынастар өз ұғымына сәйкес келеді немесе, дәл сол сияқты, нақты қатынастар өзінің жалпы нұсқасын қалай бейнелесе, олардың өздері тек қана солай суреттеледі.

Түрлі елдердегі қосымша құн нормалары айырмашылықтарының, яғни еңбекті қанау дәрежесіндегі ұлттық айырмашылықтардың қазіргі зерттеу үшін келер-кетері жоқ. Біздің бұл бөлімде дәл көздеп отырғанымыз — әрбір жеке елдің шеңберінде пайданың белгілі ортақ нормасының қалайша құрылатынын көрсету ғой. Шынында да, түрліше ұлттық пайда нормаларын салыстырғанда біз бұрын зерттелген нәрселерді қазір зерттелетін нәрселермен тек салыстырып өтуге тура келетіні анық. Ең алдымен қосымша құнның ұлттық нормаларындағы айырмашылықты қарастырып, одан кейін қосымша құн нормаларының осы мәліметтеріне сәйкес түрлі ұлттық пайда нормаларын салыстыруға тура келер еді. Бұлардың айырмашылығы қосымша құнның ұлттық нормаларындағы айырмашылықтан тумауы болғандықтан мұның өзі, анығында, біздің осы тараудағы зерттеуіміздегідей, қосымша құн барлық жерде біркелкі, тұрақты деп жорамалданатын жағдайлардан келіп шығады.

Бұдан бұрынғы тарауда көрсетілгеніндей, қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда белгілі бір капитал келтіретін пайда нормасы тұрақты капиталдың әйтеуір бір бөлегінің құнын көтеретін немесе төмендететін, демек, тегінде капиталдың тұрақты және өзгермелі құрамдас бөлектері арасындағы қатынасқа әсер ететін жағдайларға қарай не жоғарылап, не төмендеп отыруы мүмкін. Бұдан кейін атап көрсетілген нәрсе, капитал айналымының уақытын ұзартатын немесе қысқартатын жағдайлар пайда нормасына нақ осындай әсер ете алады. Пайда аумағы қосымша құн аумағымен, қосымша құнның өзімен барабар болғандықтан пайда *аумағына* — пайда *нормасынан* өзгеше — жоғарыда айтылған құн ауытқуынан нұқсан келмейтін болып шықты. Мұның өзі белгілі бір қосымша құнды көрсететін норманы ғана, демек, шамасы белгілі пайданы да қалыптастырады, яғни пайданың тек относительдік шамасын, оның авансыланған капитал шамасымен салыстырғандағы шамасын қалыптастырады. Рас, құнның осы ауытқуының нәтижесінде капитал телініп немесе босанып отыратындықтан осындай жанама жолмен тек пайда нормасы ғана емес, пайданың өзі де өзгеріске ұшы-

рауы мүмкін. Алайда жаңадан жұмсалатын капитал жөнінде емес, қазірде қолданылып отырған капитал жөнінде ғана осыны айтуға болады; оның үстіне, пайданың өзінің көбеюі немесе азаюы әрқашан да нақ сол капиталдың құнның осылай ауытқуы нәтижесінде еңбекті қаншалық көп немесе аз мөлшерде іске қоса алатынына байланысты; басқаша айтқанда, белгілі бір капиталдың — қосымша құн нормасы өзгеріссіз тұрғанда — қосымша құн аумағын қаншалық көп немесе аз өндіре алатынына байланысты. Сөйтіп осы бұлдыр ерекшелік шындығында жалпы заңға әсте де қайшы келмейді, одан ала-бөтен ерекше нәрсе емес, қайта, мұның өзі — жалпы заңның айрықша қолданылуы ғана.

Бұдан бұрынғы бөлімде көргеніміздей, еңбекті қанау дәрежесі өзгеріссіз болғанда тұрақты капиталдың құрамдас бөлектері құнның өзгеруі, сондай-ақ капитал айналымы уақытының өзгеруі пайда нормасын өзгертеді. Бұдан өзінен өзі туатын қорытынды: егер өндірістің түрлі тарауларында қолданылатын капиталдардың басқа барабар жағдайларда айналым уақыты әр түрлі болса немесе органикалық құрамдас бөлектерінің арасындағы қатынастар құн жағынан әр түрлі болса, бір мезгілде қаз-қатар өмір сүретін түрлі өндіріс салаларындағы пайда нормалары әр түрлі болады. Бұрын біз белгілі бір капиталда уақыты жағынан дәйектілікпен болып отыратын өзгерістер ретінде қарастырғанымызды енді өндірістің түрлі салаларында қаз-қатар әрекет етуші капиталистік кәсіпорындар арасында бір мезгілде болып отырған айырмашылықтар ретінде қарастырамыз.

Мұнда біз зерттеуге тиісті мәселелер: 1) капиталдардың *органикалық құрылымындағы* айырмашылық, 2) олардың айналым уақытындағы айырмашылық.

Өзінен өзі түсінікті, біз бұл зерттеуде белгілі бір өндіріс тарауындағы капиталдың құрылымы немесе айналым уақыты туралы әңгіме еткенде біздің әрқашан да еске алатынымыз — белгілі бір өндіріс тарауына жұмсалған капиталдың орташа, қалыпты қатынастары; тегінде бұл арада әңгіме белгілі бір салаға жұмсалған жеке капиталдар арасындағы кездейсоқ айырмашылықтар туралы емес, өндірістің осы саласындағы барлық капиталдың орташа қатынастары туралы болып отыр.

Онан соң қосымша құн нормасы мен жұмыс күні өзгеріссіз қалады деп жорамалданады, ал бұл жорамал бойынша жалақы да өзгермейді, сондықтан мұндай жағдайда белгілі мөлшердегі өзгермелі капитал белгілі мөлшердегі жұмыс күшінің, олай болса, белгілі мөлшердегі затқа айналған еңбектің де іске қосылғанын көрсетеді. Сонымен, егер

100 ф. ст. 100 жұмысшының апталық жалақысын, яғни іс жүзінде 100 жұмыс күшін көрсететін болса, онда  $100 \text{ ф. ст.} \times n$  жұмысшының жалақысын, ал  $\frac{100 \text{ ф. ст.}}{n} \times n$  жұмысшының жалақысын көрсетеді. Сөйтіп бұл арада өзгермелі капитал (шамасы белгілі жалақы тұсында әрқашан да болатыны сияқты) белгілі бір шамадағы барлық капитал іске қосатын еңбек аумағының көрсеткіші болады; демек, қолданылып отырған өзгермелі капиталдың шамасындағы айырмашылықтар қолданылып отырған жұмыс күшінің аумағындағы айырмашылықтың көрсеткіші болады. Егер 100 ф. ст. апта ішіндегі 100 жұмысшы болса, демек, 60 сағат апталық еңбекте 6 000 жұмыс сағаты болса, онда 200 ф. ст. 12 000, ал 50 ф. ст. тек 3 000 жұмыс сағаты болады.

Капитал құрылымы дегеніміз, «Капиталдың» I кітабында көрсетілгендей, капиталдың белсенді және енжар құрамдас бөлектерінің арасындағы, өзгермелі және тұрақты капитал арасындағы қатынас. Оның бер жағында біз белгілі бір жағдайларда біркелкі әсер ете алатын болса да, әркелкі маңызы бар екі түрлі қатынасты қарастыруға тиіспіз.

Бірінші қатынас техникалық базиске негізделген және өндіргіш күштер дамуының белгілі сатысында мұны деректі нәрсе ретінде алып қарауға болады. Белгілі мөлшердегі өнімді, мәселен, бір күн ішінде шығару үшін, демек,— бұл ретте өзінен өзі керек болатынындай,— белгілі мөлшерде өндіріс құрал-жабдықтарын, машиналарды, шикізатты, т. т. іске қосу үшін, өнімді түрде пайдалану үшін белгілі мөлшердегі жұмысшылар түрінде көрінетін белгілі көлемде жұмыс күші керек болады. Белгілі мөлшердегі жұмысшылар белгілі мөлшердегі өндіріс құрал-жабдықтарына дөп келеді, демек, белгілі мөлшердегі тірі еңбек белгілі мөлшерде өндіріс құрал-жабдықтарында бұрын затқа айналған еңбекке деп келеді. Бұл қатынас өндірістің түрлі тарауларында, тіпті белгілі бір өнеркәсіп тарауының түрлі бөлімшелерінде алуан түрлі болып келеді, дегенмен, екінші жағынан, бір-бірінен өте алшақ жатқан өнеркәсіп тарауларында мұның өзі кездейсоқ түрде мүлде бірдей немесе соған жуық болып шығуы мүмкін.

Бұл қатынас капиталдың техникалық құрылымын қалыптастырады және оның органикалық құрылымының шын негізі болып табылады.

Алайда мынадай жағдайдың болуы да мүмкін: көрсетілген қатынас өнеркәсіптің түрлі тарауларында бірдей, өйткені өзгермелі капитал жұмыс күшінің жәй көрсеткіші болса, тұрақты капитал — осы жұмыс күші іске қосатын өндіріс

құрал-жабдықтары аумағының жәй көрсеткіші. Мәселен, мыс пен темір қолданылатын жұмыстар жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары аумағының арасында біркелкі қатынас болуын керек етуі мүмкін. Бірақ мыс темірден қымбат, сондықтан өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы қатынас екі ретте де әр түрлі болады, сонымен қатар екі кәсіпорындағы жиынтық капиталдардың құндық құрылымы да әр түрлі болады. Техникалық құрылым мен құндық құрылымның арасындағы айырмашылық әрбір өнеркәсіп тарауында мынадан көрінеді: техникалық құрылым өзгермей тұрғанда капиталдың екі бөлегі құнының қатынасы өзгеруі мүмкін және, мұның керісінше, техникалық құрылым өзгергенде олардың құн қатынасының өзгеріссіз қалуы мүмкін; ал мұның өзі, әрине, қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтары аумағы мен жұмыс күшінің арасындағы қатынаста болған өзгеріс олардың құндарында болған қарама-қарсы өзгеріспен тең түскен күнде ғана кездесетін нәрсе.

Капиталдың құндық құрылымын оның техникалық құрылымы анықтайтын болғандықтан және техникалық құрылымның өзгерісі осының өзінен көрінетіндіктен біз мұны капиталдың *органикалық* құрылымы деп атаймыз<sup>20)</sup>.

Сонымен, өзгермелі капитал жөнінде біз: мұның өзі — белгілі мөлшердегі жұмыс күшінің, белгілі мөлшердегі жұмысшылардың немесе белгілі көлемде іске қосылатын тірі еңбектің көрсеткіші деп жорамалдаймыз. Бұдан бұрынғы бөлімде көргеніміздей, кейбір жағдайда өзгермелі капитал құны шамасының өзгеруі нақ сол еңбек аумағы бағасының артқанын немесе кемігенін ғана көрсетуі мүмкін; бірақ мұнда қосымша құн нормасы мен жұмыс күні тұрақты шамалар ретінде, ал белгілі жұмыс уақытына төленетін жалақы нақты шама ретінде қаралатындықтан әлгі жағдай бұл жерде есепке алынбайды. Мұның керісінше, тұрақты капитал шамасындағы айырмашылықтың да белгілі мөлшердегі жұмыс күші іске қосатын өндіріс құрал-жабдықтары аумағындағы өзгерістің көрсеткіші бола алатыны рас; бірақ мұның өзі өндірістің басқа салаларымен салыстырғанда бір өндіріс саласында іске қосылатын өндіріс құрал-жабдықтарының құнындағы айырмашылықтан да келіп шығуы мүмкін. Сонымен, бұл жерде екі көзқарасты да біздің қарастырып өтуімізге тура келеді.

---

<sup>20)</sup> Жоғарыда айтылған пікір «Капиталдың» үшінші басылуында-ақ, I кітаптың 628-бетінде, XXIII тараудың бас жағында, қысқаша дамытылған болатын. [Қараңыз: «Капитал», I том, 623-бет]. Алғашқы екі басылымында бұл пікір болмағандықтан мұның бұл жерде қайталануы әбден орынды.— Ф. Э.

Ақырында, мынадай бір елеулі жағдайды атап көрсету қажет:

100 жұмысшының апталық жалақысы 100 ф. ст. болады дейік. Айталық, апталық жұмыс уақыты = 60 сағат дейік. Одан кейін, қосымша құн нормасы = 100% дейік. Бұлай болған күнде жұмысшылар 60 сағаттың ішінде 30 сағат өзі үшін және 30 сағат капиталист үшін тегін жұмыс істейді. 100 ф. ст. жалақыға шынында 100 жұмысшының әрқайсысының 30 жұмыс сағаты ғана сіңген, яғни небәрі 3 000 жұмыс сағаты сіңген, ал олар жұмыста өткізетін қалған 3 000 сағат 100 ф. ст. қосымша құнға, былайша айтқанда капиталистін өзі алатын пайдаға сіңген. Сөйтіп, 100 ф. ст. жалақы 100 жұмысшының апталық еңбегі сіңген құнды бейнелемейтін болса да, мұның өзі бұл капиталдың жалпы алғанда 6 000 жұмыс сағатының ішінде 100 жұмысшыны іске қосатынын көрсетеді (өйткені жұмыс күнінің ұзақтығы мен қосымша құн нормасы белгілі). 100 ф. ст. капиталдың мұны көрсететін себебі, біріншіден, ол іске қосылған жұмысшылардың санын көрсетеді, өйткені 1 ф. ст. = аптадағы бір жұмысшы, демек, 100 ф. ст. = 100 жұмысшы; оның себебі, екіншіден, іске қосылатын әрбір жұмысшы қосымша құн нормасы 100% болғанда өзінің жалақысына сіңген еңбектен гөрі екі есе көп еңбек жұмсайды; демек, 1 ф. ст., оның жарты апталық еңбегінің көрінісі болып отырған жалақысы, еңбекті тұтас апта бойы іске қосады, дәл сол сияқты 100 ф. ст., мұның өзіне 50 аптаның еңбегі ғана сіңгенімен, 100 жұмыс аптасы ішінде еңбекті іске қосады. Сондықтан өзінің құны — жалақылар сомасы — белгілі мөлшерде затқа айналған еңбек болып табылатын, жалақыға жұмсалған өзгермелі капитал мен өзінің құны өзі іске қосатын тірі еңбек аумағының жәй көрсеткіші болып табылатын нақ сол өзгермелі капиталдың арасында өте елеулі айырмашылық бар екенін ескеру қажет. Тірі еңбек аумағы өзгермелі капиталдағы еңбек мөлшерінен әрқашан да артық, сондықтан ол өзгермелі капиталдың құнынан көбірек құнмен бейнеленеді, бұл құн, бір жағынан, өзгермелі капитал іске қосатын жұмысшылар санымен, ал екінші жағынан, сол жұмысшылар жұмсайтын қосымша еңбек мөлшерімен анықталады.

Өзгермелі капиталды осылай қарау әдісінен шығатыны мынау:

А өндірісі саласындағы капиталистік кәсіпорында барлық капиталдың әрбір 700 мөлшерінен тек 100 мөлшері ғана өзгермелі капиталға және 600 мөлшері тұрақты капиталға жұмсалады, ал В өндірісі саласында өзгермелі капиталға 600, тұрақты капиталға 100 мөлшер жұмсалады дейік. Сонда

А-ның 700 мөлшерлі барлық капиталы небәрі 100 мөлшерге тең жұмыс күшін іске қосатын болады, ал мұның өзі, біздің бұрынғы жорамалымыз бойынша, тек 100 жұмыс аптасы, яғни 6 000 сағат тірі еңбек болып шығады; оның бер жағында В-нің нақ сол мөлшердегі жиынтық капиталы 600 апталық еңбекті, демек, 36 000 сағаттық тірі еңбекті іске қосады. Сондықтан А саласындағы капитал тек 50 жұмыс аптасын, яғни 3 000 сағаттық қосымша еңбекті ғана иемдене алар еді де, В саласындағы нақ сонша капитал 300 жұмыс аптасын, яғни 18 000 сағаттық иемденер еді. Өзгермелі капитал өзіне сіңген еңбектің ғана көрсеткіші емес, сонымен қатар белгілі қосымша құн нормасы тұсында өзі осы мөлшерден тысқары іске қосатын еңбектің, артық немесе қосымша еңбектің де көрсеткіші болып табылады. Еңбекті қанау дәрежесі біркелкі болып тұрғанда пайда бірінші ретте  $= \frac{100}{700} = 1/7 = 14^2/7\%$ ,

ал екінші ретте  $= \frac{600}{700} = 85^5/7\%$  болар еді, яғни пайда нормасы алты есе артық. Бірақ шындығында бұл ретте пайданың өзі де алты есе артық, В үшін 600, А үшін 100 болар еді, өйткені нақ сонша капитал алты есе көп тірі еңбекті іске қосады, демек, еңбекті қанау дәрежесі бірдей болып тұрғанда, қосымша құн алты есе көп өндіріледі, ендеше пайда да алты есе көп алынады.

Егер А саласында қолданылатын капитал 700 болмай, 7 000 ф. ст. болса, ал В саласында тек 700 ф. ст. болса, онда органикалық құрылымы өзгеріссіз тұрғанда А-ның 7 000 ф. ст. капиталынан өзгермелі капитал ретінде 1 000 ф. ст., яғни апта ішінде 1 000 жұмысшы  $= 60 000$  сағат тірі еңбек, оның ішінде 30 000 сағат қосымша еңбек қолданылған болар еді. Бірақ бұрынғыша А саласында В саласымен салыстырғанда әрбір 700 ф. ст. арқылы іске қосылатын тірі еңбек алты есе аз, демек, қосымша еңбек те алты есе аз болар еді, сондықтан мұнда пайда да алты есе аз алынар еді. Егер пайда нормасын алып қарайтын болсақ, онда біздің көретініміз А үшін  $\frac{100}{7000}$

$= \frac{100}{700} = 14^2/7\%$ , ал В капиталы үшін  $\frac{600}{700}$  немесе  $85^5/7$ . Капиталдардың шамасы бірдей болуына қарамастан, мұнда пайда нормалары әр түрлі, өйткені қосымша құн нормасы бірдей бола тұрса да өндірілген қосымша құнның, демек, пайданың да аумағы әр түрлі, оның себебі, іске қосылған тірі еңбек аумағы бірдей емес.

Егер өндірістің бір саласындағы техникалық жағдайлар екінші саладағыдай болғанымен, қолданылып отырған тұрақ-



ты капитал элементтерінің құны көп немесе аз болған күнде де іс жүзінде нақ сондай нәтиже келіп шығады. Айталық, екі салада да 100 фунт стерлингтен өзгермелі капитал қолданылады, демек, белгілі бір мөлшердегі машиналар мен шикізатты іске қосу үшін екі ретте де аптасына 100 жұмысшы керек болады, бірақ машиналар мен шикізат *B*-де *A*-дан гөрі қымбат дейік. Сонда 100 ф. ст. өзгермелі капиталға келетін тұрақты капитал *A* саласында, мәселен, 200 ф. ст., *B* саласында— 400 фунт стерлинг. Қосымша құн нормасы 100% болып тұрғанда өндірілген қосымша құн екі ретте де 100 фунт стерлингке тең, демек, екеуіндегі пайда да 100 фунт стерлингке тең. Бірақ *A* саласында біздің көретініміз  $\frac{100}{200_c + 100_v}$   
 $= \frac{1}{3} - 33\frac{1}{3}\%$ , ал *B* саласында  $\frac{100}{400_c + 100_v} = \frac{1}{5} = 20\%$ .

Шынында да, егер біз екі ретте де жиынтық капиталдың белгілі бөлектерін алып қарайтын болсақ, онда *B* саласында әрбір 100 фунт стерлингтен өзгермелі капиталдың үлесіне тиетіні тек 20 ф. ст., яғни  $\frac{1}{5}$ , ал *A*-да әрбір 100 фунт стерлингтің ішіндегі өзгермелі капитал—  $33\frac{1}{3}$  ф. ст., яғни  $\frac{1}{3}$ . *B* әрбір 100 фунт стерлингке шаққанда пайданы аз өндіреді, өйткені іске қосатын тірі еңбегі *A*-дағыдан аз. Сөйтіп, пайда нормаларындағы айырмашылық бұл жерде тағы да сол қосымша құн аумағындағы айырмашылыққа, демек, жұмсалған капиталдың әрбір 100 мөлшеріне өндірілетін пайда аумағындағы айырмашылыққа келіп саяды.

Бұл екінші мысалдың бұдан бұрынғы мысалдан айырмашылығы тек мынада ғана: екінші жағдайда *A* мен *B*-ні теңестіру үшін техникалық базис өзгеріссіз тұрғанда тек *A*-дағы немесе *B*-дегі тұрақты капитал құнын өзгерту ғана керек болар еді; мұның керісінше, бірінші жағдайда екі өндіріс саласындағы капиталдың техникалық құрылымының өзі әр түрлі, сондықтан бұларды теңестіру үшін техникалық базисте тиісті өзгерістер жасалуы керек.

Сөйтіп, капиталдардың органикалық құрылымының түрліше болуы олардың абсолюттік шамасына байланысты емес. Мәселе қашан да болсын капиталдың әрбір 100 өлшемінің өзгермелі капитал мен тұрақты капиталға қаншадан келетіндігінде ғана.

Сонымен, шамасы әр түрлі, 100 мөлшерінде көрсетілген капиталдар,— яғни мұнда нақ осыған әкеліп саятын тең мөлшерлі капиталдар,— жұмыс күні мен еңбекті қанау дәрежесі бірдей болып тұрғанда мөлшері әр түрлі пайда өндіреді, өйткені бұлар өндіретін қосымша құн мөлшері әр түрлі; бұлай болатын себебі, өндірістің әр түрлі салаларындағы капиталдардың

органикалық құрылымының әр түрлі болуы нәтижесінде капиталдардың өзгермелі бөлектері әр түрлі, демек, бұлар іске қосатын тірі еңбек мөлшерлері әр түрлі, сондықтан қосымша құнның, демек, пайданың да түп негізі болып табылатын, олар иемденетін қосымша еңбек мөлшерлері де әр түрлі. Өндірістің әр түрлі салаларындағы жиынтық капиталдың мөлшері бірдей бөлектерінде шамасы әрқелкі қосымша құн көздері бар, ал қосымша құнның бірден-бір көзі — тірі еңбек қой. Еңбекті қанау дәрежесі бірдей болып тұрғанда, айталық, 100 мөлшерлі капитал іске қосатын еңбек аумағы, демек, ол иемденетін қосымша еңбек аумағы да оның өзгермелі құрамдас бөлегінің шамасына байланысты. Егер құрамдас бөлектерінің проценттік қатынасы  $90_c + 10_v$  болатын капитал еңбекті қанау дәрежесі бірдей жағдайда  $10_c + 90_v$  бөлектерінен құралған капиталмен тең мөлшерде қосымша құн, яки пайда өндірген болса, онда, бір айдан-анық нәрсе, қосымша құнның, демек, жалпы құн атаулының да көзі еңбек болмай, мүлде басқа бірдеңе болып шығар еді де, сонымен бірге саяси экономияның қандай да болсын құнарлы негізі жойылар еді. Айталық, бұрынғы істегеніміздей, 1 ф. ст. бір жұмысшының 60 сағат ішіндегі апталық жалақысы және қосымша құн нормасы = 100% дейік. Сонда бір жұмысшы апта ішінде бере алатын мөлшердегі жаңадан өндірілген құн  $\approx 2$  фунт стерлинг болатыны анық; сөйтіп бұл жағдайда 10 жұмысшы 20 фунт стерлингтен астам бере алмаған болар еді; ал осы 20 фунт стерлингтен 10 ф. ст. жалақыны өтейтін болғандықтан 10 жұмысшы 10 фунт стерлингтен астам қосымша құн жасай алмайды; оның бер жағында жаңадан өндірген барлық құны = 180 ф. ст., ал жалақысы = 90 ф. ст. 90 жұмысшы 90 фунт стерлинг мөлшерінде қосымша құн өндірген болар еді. Сөйтіп пайда нормасы бірде 10%, екінші ретте 90% болар еді. Егер істің жайы басқаша болса, құн мен қосымша құн затқа айналған еңбек емес, әлденендей басқа нәрселер болар еді. Сөйтіп, өндірістің түрлі салаларында өздерінің құрамдас бөлектерінің проценттік арақатынасы түрінде көрінген, мөлшері бірдей капиталдар тұрақты және өзгермелі элементтерге әрқелкі бөлінеді, тірі еңбекті әрқелкі мөлшерде іске қосады, демек, қосымша құнды, ендеше пайданы да әрқелкі мөлшерде өндіреді, сондықтан қосымша құнның барлық капиталға проценттік қатынасы болып табылатын пайда нормасы оларда әр түрлі болып келеді.

Ал егер өндірістің әр түрлі салаларында өздерінің құрамдас бөлектерінің проценттік қатынасы түрінде көрінген мөлшері бірдей капиталдар өзінің органикалық құрылымының түрліше болуы себепті әрқелкі пайда өндіретін болса, онда

бұдан мынадай қорытынды шығады: әрқелкі капиталдардың пайдалары өндірістің әр түрлі салаларында бұл капиталдардың тиісті шамаларына пропорциялы бола алмайды, демек, өндірістің түрлі салаларындағы пайда бұларға жұмсалған капиталдардың тиісті шамаларына пропорциялы емес. Өйткені пайданың жұмсалған капиталдың шамасына  $pro\ rata^*$  өсуі проценттік көрінісі жағынан пайда біркелкі екен, демек, өндірістің түрлі салаларында мөлшері бірдей капиталдар органикалық құрылымының әр түрлі болуына қарамастан олардың пайда нормасы бірдей екен деген ұғым туғызар еді. Белгілі бір өндіріс саласының шеңберінде ғана, демек, капиталының органикалық құрылымы белгілі жерде ғана немесе капиталының органикалық құрылымы біркелкі әр түрлі өндіріс салаларында ғана пайда аумағы жұмсалған капиталдың аумағына тікелей пропорциялы келеді. Әрқелкі капиталдардың пайдалары олардың шамаларына пропорциялы келеді дегеніміздің мәнісі тегінде мынау ғана: мөлшері бірдей капиталдар мөлшері бірдей пайда келтіреді, яғни шамасы мен органикалық құрылымы қандай болса да барлық капиталдар үшін пайда нормасы бірдей.

Жоғарыдағы пікірлердің бәрі товар өзінің құны бойынша сатылады деген жорамалға сүйенеді. Товардың құны ондағы тұрақты капитал құнына, бұған қоса сол товарда қайта өндірілген өзгермелі капиталдың құнына, бұған қоса осы өзгермелі капиталдың өсіміне, яғни өндірілген қосымша құнға тең. Қосымша құн нормасы белгілі болса, оның аумағы, анығында, өзгермелі капиталдың құнына байланысты.  $100$  мөлшерлі капитал өндірген өнімнің құны бір ретте  $= 90_c + 10_v + 10_m = 110$ , екінші ретте  $= 10_c + 90_v + 90_m = 190$  дейік. Егер товар өзінің құны бойынша сатылатын болса, онда алғашқы өнім  $110$ -ға сатылады, ал мұның  $10$ -ы — қосымша құн, яғни ақы төленбеген еңбек; екінші өнім  $190$ -ға сатылады, ал мұның  $90$ -ы — қосымша құн, яғни ақы төленбеген еңбек.

Ұлттық пайда нормаларын өзара салыстырған кезде бұл жағдай өте-мөте маңызды. Әйтеуір бір еуропалық елде қосымша құн нормасы  $= 100\%$ , яғни жұмысшы жарты күн өзі үшін, жарты күн кәсіпкер үшін жұмыс істейді дейік; әйтеуір бір азиялық елде қосымша құн нормасы  $= 25\%$ , яғни жұмысшы күннің  $\frac{4}{5}$  бөлегінде өзі үшін,  $\frac{1}{5}$  бөлегінде кәсіпкер үшін жұмыс істейді дейік. Еуропалық елде ұлттық капиталдың құрылымы  $84_c + 16_v$ , ал азиялық елде, машинаны, т. с. аз қолданатын және белгілі дәуірде белгілі мөлшердегі жұмыс күші арқылы шикізатты өнімді түрде біршама аз тұтынатын елде,

\* — сөйкес. Ред.

бұл құрылым  $16_c + 84_v$  болсын дейік. Сонда біз мынадай есепті көреміз:

Европалық елде өнімнің құны  $= 84_c + 16_v + 16_m = 116$ ; пайда нормасы  $= \frac{16}{100} = 16\%$ .

Азиялық елде өнімнің құны  $= 16_c + 84_v + 21_m = 121$ ; пайда нормасы  $= \frac{21}{100} = 21\%$ .

Сөйтіп азиялық елде европалық елге қарағанда қосымша құн нормасы төрт есе аз бола тұрса да, пайда нормасы одан 25 проценттен де артық; әрине, Кәри, Бастиа және *tutti quanti*\* бұған мүлде қарама-қарсы қорытынды жасаған болар еді.

Бұл сөз арасында ғана. Ұлттық пайда нормаларының айырмашылығы көбінесе ұлттық қосымша құн нормаларының айырмашылығына байланысты; бірақ біз бұл тарауда белгілі бір қосымша құн нормаларына негізделетін әрқелкі пайда нормаларын салыстырып отырмыз.

Капиталдардың органикалық құрылымының айырмашылығымен қатар, демек, өндірістің әр түрлі салаларында мөлшері бірдей капиталдар іске қосатын еңбектің аумағындағы, ендеше басқа барабар жағдайларда қосымша еңбектің де аумағындағы айырмашылықпен қатар пайда нормаларын әрқелкі ететін тағы бір негіз бар, ол: өндірістің түрлі салаларындағы капитал айналымының әр түрлі ұзақтығы. IV тарауда көргеніміздей, капиталдардың құрылымы біркелкі болғанда және басқа барабар жағдайларда пайда нормалары олардың айналым уақытына кері пропорциялы келеді; сондай-ақ біз белгілі бір өзгермелі капитал түрлі-түрлі уақыт мерзімдерінде айналып отыратын болса, ол жылдық қосымша құн аумағын әрқелкі етіп жасайтынын көрдік. Сонымен, айналым уақытындағы айырмашылық — өндірістің әр түрлі салаларында тепе-тең капиталдардың тепе-тең уақыт мерзімдері ішінде әрқелкі пайда өндіруіне және осы әр түрлі салаларда пайда нормаларының әр түрлі болуына бастайтын екінші себеп міне осы.

Жиынтық капитал негізгі және айналмалы капиталға жіктелетін пропорцияны алатын болсақ, бұл арақатынас өздігінен пайда нормасына эсте әсер етпейді. Мұның өзі пайда нормасына тек екі жағдайда ғана әсер етуі мүмкін: не негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арақатынасындағы айырмашылық өзгермелі және тұрақты бөлектердің арақатынасындағы айырмашылықпен сәйкес келетін жағдайда, демек, пайда нормасындағы айырма — айналмалы және негізгі бөлектердің

\* — солар сияқтылар. *Ред.*

арақатынасынан емес, нақ осы айырмашылықтан келіп шығатын жағдайда әсер етеді, не болмаса негізгі және айналмалы құрамдас бөлектердің арақатынасындағы айырмашылық белгілі пайда өткізілетін айналым уақытындағы айырмашылыққа себепкер болатын жағдайда әсер етеді. Егер капиталдар негізгі және айналмалы капиталға түрліше пропорцияда жіктелетін болса, бұл жағдайдың олардың айналым уақытына әреқашан да әсер етіп, мұнда айырмашылық туғызатыны рас; алайда бұдан белгілі бір капиталдардың белгілі пайданы өткізетін айналым уақыты әр түрлі болады деген ұғым туа қоймайды. Айталық, мәселен, *A* шикізат, т. с. алу үшін өнімінің денін үнемі сатып отыруға тиіс, ал *B* неғұрлым ұзақ уақыт ішінде бәз-баяғы бір машиналарды, т. с. қолданып, шикізатты азырақ тұтынады дейік; әйтеуір бұлар өнім өндіретіндіктен, екеуінде де капиталдың бір бөлегі үнемі іске қосулы; біреуінде мұның өзі шикізатқа, яғни айналмалы капиталға жұмсалған, екіншісінде машиналарға және т. т., яғни негізгі капиталға жұмсалған. *A* өз капиталының бір бөлегін товардан ақша формасына және бұл формадан қайтадан шикізат формасына үнемі айналдырып отырады; ал *B* өз капиталының бір бөлегін азды-көпті ұзақ уақыт ішінде мұндай өзгеріссіз-ақ еңбек құралы ретінде пайдаланады. Егер екеуі де еңбекті біркелкі мөлшерде қолданатын болса, бұлардың жыл ішінде сататын өнім аумағының құны әрқелкі бола тұрса да, екі өнім аумағындағы қосымша құн мөлшері бірдей болмақ, сонымен қатар екі жағдайда да негізгі және айналмалы бөлектерден құрала-тын пропорциясы капиталдардың әрқайсысында әр түрлі болғанымен, сондай-ақ олардың айналым уақыты әр түрлі болғанымен олардың барлық авансыланған капиталға шағып есептелетін пайда нормалары да бірдей. Әр түрлі уақыт ішінде айналып отырғанымен, екі капитал да тепе-тең уақыт ішінде тепе-тең пайда өткізеді<sup>21)</sup>. Айналым уақытындағы айырмашылық белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір капитал иемденіп, өткізе алатын қосымша еңбек аумағына әсер ететіндіктен ғана

<sup>21)</sup> IV тараудан көрініп отырғанындай жоғарыда айтылған пікір *A* мен *B* капиталдарының күндіз құрылымы әр түрлі болған жағдайда ғана, олардың процентпен көрсетілген өзгермелі құрамдас бөлектері олардың айналым уақытына тікелей пропорциялы, яғни белгілі уақыт ішіндегі айналым санына кері пропорциялы болған жағдайда ғана орынды. Айталық, *A* капиталының проценттік құрылымы = 20 с негізгі капитал + 70 с айналмалы капитал, демек,  $90_c + 10_c = 100$ . Қосымша құн нормасы 100% болғанда бұл  $10_c$  бір айналым ішінде  $10_m$  өндіреді. Пайда нормасы бір айналым үшін = 10%. Айталық, екінші жағынан, *B* капиталы = 60 с негізгі капитал + 20 с айналмалы капитал, демек,  $80_c + 20_c = 100$ . Бұл  $20_c$  қосымша құн нормасы нақ сонша болғанда бір айналым ішінде  $20_m$  өндіреді; бір айналым үшін пайда нормасы 20 процентке тең, яғни *A* = дағымен салыстырғанда екі есе көп. Ал егер *A* жылына екі рет, *B* бір-ақ рет айналса, онда бір жыл ішінде *A* үшін де  $10 \times 2 = 20_m$  болатынын көреміз; сөйтіп жылдық пайда нормасы екі ретте де бірдей, атап айтқанда 20% болып шығады.— Ф. Э. ?

бұл айырмашылықтың өзіндік маңызы бар. Демек, егер капиталдың айналмалы және негізгі капитал болып әркелкі бөлінуі айналым уақытындағы айырмашылықты, өз тарапынан пайда нормаларының теңсіздігіне себепкер болатын айырмашылықты сөзсіз туғыза бермейтін болса, онда, істің жайы осылай болып отырғандықтан, мұның себебі тегінде капиталдың айналмалы және негізгі капитал болып түрліше бөлінуінен емес, қайта, керісінше, мұның себебі капиталдың осылайша бөлінуі бұл ретте пайда нормасына әсер ететін айналым уақытындағы айырмашылықтың көрсеткіші ғана болатындығында.

Сонымен, өнеркәсіптің түрлі тарауларында тұрақты капиталдың айналмалы және негізгі капитал болып түрліше бөлінуінің пайда нормасы үшін дербес маңызы жоқ, өйткені бұған өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы шешуші әсер етеді, оның бар жағында тұрақты капиталдың құны, демек, оның относительдік шамасы да өзгермелі капиталмен салыстырғанда капиталдың құрамдас бөлектерінің негізгі немесе айналмалы сипатына ешбір байланысты емес. Алайда бір өте орынды нәрсе,— ал мұның өзі екінің бірінде жалған қорытындыларға әкеліп соқтырып жүр,— негізгі капитал едәуір дамыған жерде мұның өзі тек өндірістің кең көлемде жүргізілетінін, демек, тұрақты капиталдың өзгермелі капиталдан анағұрлым басым екенін, басқаша айтқанда, қолданылып отырған тірі жұмыс күші осының өзі іске қосатын өндіріс құрал-жабдықтарымен салыстырғанда мардымсыз екенін ғана көрсетеді.

Сөйтіп біздің көрсеткеніміз мынау: өнеркәсіптің түрлі тарауларында капиталдардың органикалық құрылымындағы айырмашылыққа сәйкес келетін және белгілі дәрежеде айналым уақытындағы айырмашылықтарға сәйкес келетін пайда нормалары үстем болып отыр; сондықтан тіпті қосымша құн нормасы тең болған күнде де тек органикалық құрылымы біркелкі капиталдар жөнінде ғана,— егер айналым уақыты бірдей деп ұйғаратын болсақ,— мынадай заң (жалпы тұрғыдан) өз күшін сақтайды: бұл заң бойынша пайдалар өзара капиталдардың шамалары сияқты қатынаста болады, демек, тең мөлшерлі капиталдар мерзімі бірдей уақыт ішінде тең мөлшерлі пайда береді. Біз дамытқан пікірлер осы күнге дейін біздің бүкіл зерттеуімізге арқау болып келген негізге,— товар өзінің құны бойынша сатылады деген негізге сүйенеді. Екінші жағынан, ешбір күмәнсыз нәрсе мынау: шындығында, егер маңызы шамалы кездейсоқ және бірін бірі жойып жіберетін айырмашылықтарды былай қоятын болсақ, өнеркәсіптің түрлі тарауларында пайданың орташа нормалары арасында айыр-

машылық жоқ, және бүкіл капиталистік өндіріс системасын қиратпайынша мұның өзі болмақшы да емес. Сөйтіп құн теориясы нақты қозғалыспен үйлеспейтін сияқты, өндірістің нақты көріністерімен үйлеспейтін сияқты, сондықтан тегінде бұлардың мәнісін түсінуден күдер үзуге тура келетін сияқты болып көрінеді.

Осы кітаптың бірінші бөлімінен көрініп отырғанындай, егер өндірістің түрлі салаларында өнім өндіру үшін мөлшері бірдей капиталдар авансыланған болса, бұл капиталдардың органикалық құрылымы қаншама әркелкі болғанымен, бұл өнімдерге жұмсалған өндіріс шығындары бірдей болады. Өндіріс шығындарын алғанда капиталист үшін өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың айырмашылығы жоғалып кетеді. Өндірілетін товарға жұмсайтын шығыны  $100 \text{ ф. ст.}, 90_c + 10_v$  жұмсай ма, әлде  $10_c + 90_v$  жұмсай ма, ол үшін бірдей қымбат. Қайткен күнде де товар оған, көп те емес, аз да емес, 100 фунт стерлингке түседі. Өндірілген құндар мен қосымша құндар бір-бірінен қаншама өзгеше болғанымен, өндірістің түрлі салаларында мөлшері бірдей капитал жұмсалғанда өндіріс шығындары біркелкі болып шығады. Өндіріс шығындарының осы теңдігі — орташа пайданы белгілеуге себепкер болатын капиталистік бәсекенің базисі.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**ЖАЛПЫ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ  
(ОРТАША ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ)  
ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТОВАР ҚҰНЫНЫҢ ӨНДІРІС  
БАҒАСЫНА АЙНАЛУЫ**

Капиталдың органикалық құрылымы әрбір белгілі кезеңде екі жағдайға байланысты: біріншіден, қолданылып отырған жұмыс күші мен қолданылып отырған өндіріс құрал-жабдықтары аумағының арасындағы техникалық қатынасқа байланысты; екіншіден, осы өндіріс құрал-жабдықтарының бағасына байланысты. Жоғарыда көргеніміздей, мұны проценттік қатынасы жағынан алып қарау керек.  $\frac{4}{5}$  бөлегі тұрақты және  $\frac{1}{5}$  бөлегі өзгермелі капиталдан құралатын капиталдың органикалық құрамын біз  $80_c + 20_v$  деген формуламен көрсетеміз. Онан соң, салыстырғанда қосымша құнның нормасы өзгермейді деп, атап айтқанда әйтеуір бір ойдан шығарылған норма, мәселен, 100% деп жорамалданады. Сөйтіп  $80_c + 20_v$  бөлшектерінен құралатын капитал  $20_m$  мөлшерінде қосымша құн береді, мұның өзі барлық капиталға шаққанда 20% пайда нормасы болып шығады. Оның өнімінің нақты құнының шамасы тұрақты капиталдың негізгі бөлегінің қаншалық көлемді екеніне және соңғының тозуы нәтижесінде одан өнім құнына енетін мөлшердің көп не аз болуына байланысты. Бірақ бұл жағдайдың пайда нормасы үшін, ендеше осы зерттеу үшін де келер-кетері жоқ болғандықтан біз мәселені оңайлату үшін тұрақты капитал әңгіме болып отырған капиталдардың жылдық өніміне барлық жерде толық енеді деп ұйғарамыз. Бұдан кейін біздің ұйғаруымызша, әр түрлі өндіріс салаларының капиталдары жыл сайын бұлардың өзгермелі бөлегіне қатынасы жағынан бірдей мөлшерде қосымша құн өткізіп отырады; демек, біз бұл жерде айналым уақытының айырмашылығынан тууы мүмкін айырманы әзірше былай қоя тұрамыз. Бұл пунктті біз кейінірек қарап өтпекшіміз.

Мысал үшін жұмсалған капиталдарының органикалық құрылымы әр түрлі өндірістің бес түрлі саласын алып қарайық:



Капиталдар	Қосымша құн нормасы	Қосымша құн	Өнім құны	Пайда нормасы
I. $80_c + 20_v$	100%	20	120	20%
II. $70_c + 30_v$	100%	30	130	30%
III. $60_c + 40_v$	100%	40	140	40%
IV. $85_c + 15_v$	100%	15	115	15%
V. $95_c + 5_v$	100%	5	105	5%

Бұл жерде біз еңбекті қанау дәрежесі бірдей әр түрлі өндіріс тарауларында капиталдардың әр түрлі органикалық құрылымына сәйкес пайда нормаларының алуан түрлі екенін көреміз.

Бес салаға жұмсалған капиталдардың жалпы сомасы = 500; бұлар өндірген қосымша құнның жалпы сомасы = 110; бұлар өндірген товардың жалпы құны = 610. 500-ді бір тұтас капитал ретінде алып қарайық та, I—V капиталдары мұның жеке бөлшектері дейік (мәселен, мақта-мата фабрикасындағы жағдай осындай, мұның әр түрлі бөлімдерінде — түту, әзірлеу, иіру, тоқу бөлімдерінде — тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы қатынас әр түрлі, сондықтан бүкіл фабрика бойынша орташа қатынасты есептеп шығаруға тура келеді). Бұл ретте 500 капиталдың орташа құрылымы =  $390_c + 110_v$ , яғни процентпен алғанда  $78_c + 22_v$  болар еді. Барлық капиталдың  $\frac{1}{5}$  бөлегі ретінде ғана саналатын әрбір 100 мөлшерлі капиталдың құрылымы осы  $78_c + 22_v$  түріндегі орташа құрылым болар еді; сол сияқты әрбір 100 мөлшерге орташа қосымша құн ретінде 22 мөлшерден келер еді; сондықтан орташа пайда нормасы = 22% болар еді, ақырында, 500 мөлшерлі капитал өндірген барлық өнімнің әрбір  $\frac{1}{5}$  бөлегінің бағасы 122-ге тең болып шығар еді. Сөйтіп, барлық авансыланған капиталдың әрбір бестен бір бөлегінің өнімі 122-ге сатылар еді.

Алайда мүлде жалған қорытындыдан аулақ болу үшін өндіріс шығындары барлық ретте 100-ге тең бола бермейді деп есептеу қажет.

Егер барлық тұрақты капитал жылдық өнімге кірген болса, онда  $80_c + 20_v$  және қосымша құн нормасы = 100% болғанда  $I = 100$  капитал өндірген товардың бүкіл құны =  $80_c + 20_v + 20_m = 120$  болар еді. Белгілі бір жағдайларда кейбір өндіріс салаларында, әрине, осылай болуы мүмкін. Әйткенмен  $c : v$  қатынасы = 4 : 1 болып отырған жерде бұл екіталай нәрсе. Сөйтіп мынаны ескеру керек: түрлі капиталдардың әрбір 100 мөлшері өндіретін товарлардың құндары  $c$  капиталының негізгі және айналмалы құрамдас бөлшектерге түрліше

бөлінуіне қарай әр түрлі болуы мүмкін, сол сияқты түрлі капиталдардың негізгі құрамдас бөлектері де неғұрлым баяу немесе шапшаң тозуы, демек, мерзімі бірдей уақыт ішінде өнімге әрқелкі мөлшерде құн қосуы мүмкін. Алайда мұның өзі пайда нормасына әсер етпейді. 80 с жылдық өнімге 80 немесе 50, не болмаса 5 мөлшерге тең құн қоса ма, сондықтан жылдық өнім  $= 80_c + 20_v + 20_m = 120$ , әлде  $= 50_c + 20_v + 20_m = 90$ , әлде  $= 5_c + 20_v + 20_m = 45$  бола ма,— әйтеуір осының бәрінде де өнім құнының өндіріс шығындарынан артығы  $= 20$  болады, осының бәрінде де пайда нормасын белгілегенде осы 20 мөлшер 100-ге тең капиталға шағып есептеледі; сөйтіп I капитал бойынша пайда нормасы барлық ретте де  $= 20\%$ . Мұны бұрынғыдан да айқын аңғару үшін біз әлгі бес капитал жайындағы келесі кестеде өнім құнына тұрақты капиталдың қосатын үлестері әр түрлі деп ұйғарамыз.

Капиталдар	Қосымша құн нормасы	Қосымша құн	Пайда нормасы	Тұтынылған с бөлегі	Товарлық құны	Өндіріс шығындары
I. $80_c + 20_v$	100%	20	20%	50	90	70
II. $70_c + 30_v$	100%	30	30%	51	111	81
III. $60_c + 40_v$	100%	40	40%	51	131	91
IV. $85_c + 15_v$	100%	15	15%	40	70	55
V. $95_c + 5_v$	100%	5	5%	10	20	15
$390_c - 110_v$	—	110	—	—	—	Сомасы
$78_c + 22_v$	—	22	22%	—	—	Орта есеппен

Егер біз I—V капиталдарды тағыда бір тұтас жиынтық капитал ретінде алып қарайтын болсақ, онда біз бұл ретте де бес капитал сомасының құрылымы  $= 500 = 390_c + 110_v$  екенін көреміз, демек, орташа құрылымы бұрынғыша  $= 78_c + 22_v$ , дәл сол сияқты орташа қосымша құны да  $= 22$  мөлшер болып қалады. Осы қосымша құнды I—V капиталдардың арасында тең бөлген күнде біз мынадай товар бағаларын көрген болар едік:

Капиталдар	Қосымша құн	Товар құны	Товар өндіру шығындары	Товарлық бағасы	Пайда нормасы	Бағаның құннан ауытқуы
I. $80_c + 20_v$	20	90	70	92	22%	+2
II. $70_c + 30_v$	30	111	81	103	22%	-8
III. $60_c + 40_v$	40	131	91	113	22%	-18
IV. $85_c + 15_v$	15	70	55	77	22%	+7
V. $95_c + 5_v$	5	20	15	37	22%	+17

Жалпы алғанда товар өз құнынан  $2+7+17=26$  мөлшерде жоғары және  $8+18=26$  мөлшерде төмен сатылады, сөйтіп қосымша құнның теңдей бөлінуі арқасында, яғни I—V товарларын өндіру жөніндегі тиісті шығындарға авансыланған әрбір жүз капиталға 22 мөлшерлі орташа пайданың қосылуы арқасында бағаның ауытқушылығы өзара жойылып кетеді; товардың бір бөлегі өз құнынан қаншалық жоғары сатылса, екінші бөлегі соншалық төмен сатылады. I—V капиталдардың органикалық құрылымының әр түрлі болуына қарамастан, товарды тек осындай баға бойынша сатудың нәтижесінде ғана пайда нормасы I—V капиталдар үшін бірдей, яғни 22% болып отыр. Өндірістің әр түрлі салаларындағы әр түрлі пайда нормаларынан орташа нормасы келіп шығуы және бұл орташа норманың өндірістің әр түрлі салаларындағы өндіріс шығындарына қосылуы арқылы туатын баға — мұндай баға *өндіріс бағасы* болады. Мұның алғышарты — пайданың әйтеуір бір жалпы нормасының болуы, ал бұл жағдай, өз тарапынан, өндірістің жеке алынған әрбір дербес саласындағы пайда нормаларының тиісті орташа нормаға келтірілуін керек етеді. Пайданың осы дербес нормалары өндірістің әрбір саласында  $= \frac{m}{K}$  болып, осы кітаптың бірінші бөлімінде істелгеніндей, товар құнынан шығарылуға тиіс. Осылай есептеп шығармайынша пайданың жалпы нормасы (демек, товар өндіру бағасы да) мағынасы мен мазмұны жоқ түсінік болар еді. Сөйтіп, товар өндірісінің бағасы оны өндіру шығындарына, оның үстіне пайданың жалпы нормасына сәйкес есептелеп, сол шығындарға қосылған пайдаға тең, басқаша айтқанда: товар өндірісінің бағасы оны өндіру шығындары мен орташа пайдаға тең.

Өндірістің түрлі тарауларына жұмсалған капиталдардың органикалық құрылымының әр түрлі болуы себепті, сондықтан да шамасы белгілі барлық капиталға өзгермелі бөлегінің проценттік қатынасының әр түрлі болуына қарай мөлшері бірдей капиталдар алуан түрлі мөлшердегі еңбекті іске қосады, сонымен қатар мөлшері бірдей капиталдар алуан түрлі мөлшердегі қосымша еңбекті иемденеді, яғни аумағы әр түрлі қосымша құн өндіреді. Осыған сәйкес өндірістің түрлі тарауларында үстем болып отырған пайда нормалары алғашында алуан түрлі болады. Пайданың осы әр түрлі нормалары бәсеке арқылы пайданың бір тұтас ортақ нормасы болып теңеледі де, мұның өзі пайданың сол әр түрлі нормаларының ішіндегі орташа мөлшер болып шығады. Осы ортақ нормаға сәйкес, капиталдың органикалық құрылымы қандай болғанымен, сол белгілі шамадағы капиталға келетін пайда орташа пайда деп

аталады. Товардың өндіріс шығындарына тең бағасы, оның үстіне қазіргі айналымы жағдайында товар өндірісінде қолданылған (өндірісте тұтынылғаны ғана емес) капиталға шағып есептегенде жылдық орташа пайдадан оның үлесіне тиетін бөлегі өндіріс бағасы болады. Мысал үшін 500 мөлшерлі капиталды алайық, оның ішінде негізгі капитал 100, мұның 10 проценті 400 мөлшерлі айналмалы капитал жасайтын бір айналым мерзімі ішінде тозады. Бұл мерзімнің ішіндегі пайданың орташа нормасы 10% болады дейік. Сонда осы айналым ішінде жасалған өнім өндірісінің шығыны мынадай болады: 10  $c$  (тозығы) және 400  $(c+v)$  айналмалы капитал = 410; оны өндіру бағасы: 410 өндіріс шығындары және (500-ге келетін 10% пайда) 50 = 460.

Сөйтіп, өндірістің әр түрлі тарауларындағы капиталистер өздерінің товарларын сатқанда осы товарларды өндіруге жұмсалған капитал құндарын қайтарып алғанымен, олар осы товарларды шығарғанда өз тарауында өндірілген қосымша құнды, демек, пайданы да сол қалпында алмайды, қайта өндірістің барлық саласын түгел алғанда осы жиынтық қоғамдық капитал белгілі уақыт мерзімі ішінде бүкіл қосымша құннан, яғни бүкіл пайдадан осы жиынтық қоғамдық капиталдың әрбір тиісті бөлегіне қанша келсе, сонша қосымша құн, демек, сонша пайда алады. Бір жылдың немесе басқа бір уақыт мерзімінің ішінде жиынтық капиталдың әрбір жүзіне пайда қаншадан келсе, нақ сол уақыт ішінде әрбір авансыланған капиталдың 100 мөлшеріне, оның құрылымы қандай болса да, сонша пайда келеді. Пайда мәселесіне келгенде әр түрлі капиталистер өзара бір акционерлік қоғамның жәй акционерлері сияқты қатынаста болады, мұнда пайда капиталдың әр жүзіне шағылып, олардың арасында теңдей бөлінеді және сондықтан да ол әркімнің ортақ кәсіпорынға қосқан капиталының шамасына қарай, әркімнің осы ортақ кәсіпорынға қатысуының относительдік мөлшеріне қарай, әркімге тиісті акциялардың санына қарай әр түрлі капиталистер үшін әр түрлі болып келеді. Сонымен товар бағасының өндірісінде тұтынылған капитал құнының бөлектерін өтейтін бөлегі, демек, осы тұтынылған капитал құндарын қайтадан сатып алуға арналған бөлегі, өндіріс шығындары ретіндегі осы бөлегі түгелдей тиісті өндіріс саласының шеңберінде жұмсалған шығындарға қарай анықталатын болса, товар бағасының сол өндіріс шығындарына қосылатын екінші құрамдас бөлегі, пайда, белгілі бір капиталдың белгілі бір өндіріс саласында белгілі бір уақыт ішінде өндірілген пайда аумағына қарай белгіленбейді, қайта тұтас алғанда күллі өндіріске жұмсалған жиынтық қоғамдық капиталдың бір бөлегі ретінде іске қосылған әрбір

капиталға белгілі бір уақыт ішінде орта есеппен келетін пайда аумағына қарай анықталады<sup>22</sup>).

Сөйтіп, егер капиталист өз товарын өндіріс бағасы бойынша сататын болса, онда ол өзі өндірісте тұтынған капиталының құнының шамасына сәйкес келетін мөлшерде ақша алады және ол авансқа берген жиынтық қоғамдық капиталдың жәй бір бөлегі ретіндегі капиталдың шамасына пропорциялы пайда түсіреді. Өндіріс шығындары әрбір капиталист үшін өзгеше сипатта болады. Осы өндіріс шығындарына қосылатын пайда өндірістің тиісті айрықша саласының жағдайларына байланысты емес, ол — авансыланған капиталдың әр жүзіне келетін жәй орташа мөлшер.

Айталық, жоғарыда келтірілген мысалдағы әр түрлі I—V бес капитал бір адамдыкі дейік. Товар өндірісінде іске қосылған капиталдың әр жүзіне тұтынылған өзгермелі капитал мен тұрақты капитал мөлшері мұнда I—V кәсіпорындарының әрқайсысы бойынша көрсетілген, ал I—V товарлары құнының бұл бөлегі олардың бағасының бөлегі екені өзінен өзі түсінікті, өйткені бұл баға авансыланған және тұтынылған капитал бөлегін өтеу үшін қажет. Сөйтіп, бұл өндіріс шығындары I—V товарларының әр түрі үшін әрқилы, сондықтан товар иесі мұны ескеруге тиіс болады. I—V кәсіпорындарында өндірілген қосымша құнның, яғни пайданың әр түрлі аумағын алатын болсақ, капиталист бұларды өзінің бүкіл авансыланған капиталына келетін пайда деп қарар еді де, сөйтіп капиталдың әр жүзіне бүкіл осы пайданың тиісті бөлегі тиер еді. Демек, I—V кәсіпорындарының әрқайсысындағы товар өндірісінің шығындары түрліше болар еді; бірақ барлық осы товардың сату бағасының бір бөлегі, капиталдың әр жүзіне келетін пайданың өндіріс шығындарына қосылуы арқылы құралатын бөлегі тең болып шығар еді. Сөйтіп, I—V товарларының жалпы бағасы олардың жалпы құнына, яғни I—V өндіріс шығындарының сомасына, оның үстіне I—V өндірген қосымша құн, яғни пайда сомасына тең болар еді; демек, іс жүзінде олардың жалпы бағасы I—V товарларындағы бұрынғы еңбектің де, жаңадан қосылған еңбектің де жиынтық мөлшерінің ақшалай көрінісі болар еді. Дәл сол сияқты қоғам көлемінде де, — егер өндірістің барлық тарауларын бір тұтас тұлға деп қарайтын болсақ, — өндірілген товарлардың өндірістік бағаларының сомасы олардың құндарының сомасына тең.

Капиталистік өндірісте өнімді капитал элементтерінің әдетте рынокта сатып алынатындығы, демек, бұлардың бағасында нақты өткізілген пайданың болатындығы, сондықтан өндіріс

\* ) Cherbullez [*Richesse ou pauvreté*]. Paris, 1841, p. 71—72] <sup>24</sup>.

бағасының бір өнеркәсіп тарауынан бұған ауысқан пайдамен қоса екінші бір өнеркәсіп тарауының өндіріс шығындарына кіретіндігі бұл қағидаға қайшы келетін сияқты көрінеді. Ал егер біз, бір жағынан, бүкіл елдегі товар өндірісі шығындарының сомасын, екінші жағынан, бұл елде өндірілетін пайданы, яғни қосымша құнды есепке алатын болсақ, онда біздің дұрыс нәтижеге жететініміз анық. Мәселен, әйтеуір бір  $A$  товарын алайық; оны өндіру шығындарына  $B, C, D$  пайдалары, ал  $B, C, D$  өндіріс шығындарына, сол ретпен,  $A$  пайдасы кіреді дейік. Жоғарыда көрсетілген есеп-қисапты жасағанда біз  $A$ -ның пайдасын оның өз өндірісінің шығындарына қоспаймыз, сондай-ақ,  $B, C, D$ , т. т. пайдалары олардың өздерінің өндіріс шығындарына кірмейді. Өзінің меншікті пайдасын өз өндірісінің шығындарына ешкім де қоспайды. Демек, егер, мәселен,  $n$  өндіріс тарауы бар, оның әрқайсысындағы пайда  $p$ -ге тең дейтін болсақ, онда бәрін қоса алғандағы өндіріс шығындары  $= k - np$ . Сөйтіп барлық есеп-қисапты қарастыра келгенде біз мынаны көреміз: бір өндіріс саласының пайдалары, бұлар басқа саланың өндіріс шығындарына кіретіндіктен, мұнда ақтық өнімнің жалпы бағасының құрамдас бөлегі ретінде саналады да, пайда графасында қайтадан көрсетіле алмайды. Егер олар осы графада пайда бола қалса, мұның бір ғана себебі, бұл товардың өзі — ақтық өнім, демек, оны өндіру бағасы басқа бір товардың өндіріс шығындарына кірмейді.

Егер өндіріс құрал-жабдыктарын өндірушілердің пайдасы ретіндегі  $= p$  сомасы товар өндірісінің шығындарына кіретін болса, егер өндірістің осы шығындарына  $p'$ -ге тең пайда жамалатын болса, онда жалпы пайда  $P = p + p_1$  болады. Пайдаға кіргізілетін барлық баға элементтерінен бөлек алынған товар өндіру шығындарының жалпы сомасы оның осы өндіріс саласындағы өз шығындарына тең, бірақ бұған  $p$  кірмейді. Егер біз осы өндіріс шығындарын  $k$  деп атайтын болсақ, онда, әрине,  $k + P = k + p + p_1$ . «Қапиталда», I кітап, VII, 2 тарау, 182 және келесі беттер<sup>55</sup>, қосымша құнды зерттегенде көргеніміздей, әрбір капиталдың өнімін алып қарағанда оның бір бөлегі тек капиталды өтейді, ал екінші бөлегі қосымша құнды ғана көрсетеді деп санауға болады. Қоғамның жиынтық өніміне осы есепті қолданғанда тиісті түзетулер жасау қажет, өйткені бүкіл қоғам жөнінде алғанда пайданы, мәселен, зығырдың бағасындағы пайданы екі рет: бірде — кенеп бағасының бөлегі және екінші ретте — зығыр өндірушінің пайдасы ретінде көрсетуге болмайды.

Мәселен,  $A$  капиталісінің қосымша құны  $B$  тұрақты капиталына кіретіндіктен, пайда мен қосымша құн арасында айырмашылық болмайды. Өйткені өзіне сіңген еңбекке ақы төлен-

ген бе, төленбеген бе, товар құны үшін оның ешбір келер-кетері жоқ. Мұның өзі тек  $B$ -нің  $A$ -ға қосымша құн төлейтіндігін ғана көрсетеді. Жалпы қорыта келгенде  $A$ -ның қосымша құны екі рет есепке алынбайды.

Дегенмен мынадай бір айырмашылық бар. Мәселен,  $B$  капиталы өндірген өнімнің бағасы оның құнынан ауытқып отырады, өйткені  $B$ -де өткізілген қосымша құнның  $B$  өнімінің бағасына қосылған пайдадан көп немесе аз болуы мүмкін, ол тұрсын,  $B$  капиталының тұрақты бөлегін, жанамалы түрде — жұмысшылардың тіршілік заттары ретінде — оның өзгермелі бөлегін де құрастыратын товарлар жөнінде де дәл осыны айтуға болады. Тұрақты капитал бөлегін алатын болсақ, оның өзі өндіріс шығындары мен қосымша құнға тең, яғни бұл ретте өндіріс шығындары мен пайдаға тең, ал осы пайда өзінің орнын басатын қосымша құнға қарағанда көп немесе аз болуы мүмкін. Өзгермелі капиталды алатын болсақ, күндік жалақы орта есеппен алғанда жұмысшы қажетті тіршілік заттарын өндіру үшін жұмыс істеуге тиіс болатын мөлшерлі сағат ішінде жасалған жаңа құнға әрқашан да тең болғанымен, бұл сағат мөлшерінің өзі де орнықты емес, оның себебі, қажетті тіршілік заттарын өндіру бағасы олардың құнынан ауытқып отырады. Алайда мұның бәрі де былайша шешіледі: қосымша құн бір товарда қанша кем болса, екінші товарға сонша көп енгізіледі, демек, товар өндіру бағасындағы құннан ауытқушылықтар бірін бірі жойып жібереді. Тегінде капиталистік өндіріс тұсында жалпы заңдар үстем тенденция ретінде ғана, тұрақты ауытқушылықтардың ешқашан да қатаң белгіленбеген әйтеуір бір орташа мөлшері ретінде ғана тым шытырман жолмен, долбармен жүзеге асып отырады.

Пайданың жалпы нормасы түрлі пайда нормаларының белгілі уақыт дәуіріне, айталық, бір жылға авансыланған капиталдың әр жүзіне келетін орташа нормасынан құралады, сондықтан түрлі капиталдардың айналым уақытындағы өзгешеліктен туған айырмашылық та осының өзінде жойылып кетеді. Бірақ бұл айырмашылықтар түрлі өндіріс салаларындағы әр түрлі пайда нормалары үшін анықтаушы тетік болып табылады, бұлардың орташа мөлшері жалпы пайда нормасын құрастырады.

Пайданың жалпы нормасының құралуы жөніндегі бұдан бұрынғы сипаттамада әрбір өндіріс саласындағы әрбір капитал = 100 деп алынған болатын, бұлай еткен себебіміз, пайда нормасының проценттік айырмасын анықтау, демек, мөлшері бірдей капиталдар өндіретін товар құнындағы айырмашылықты анықтау еді. Бірақ, әрине, шындығында әрбір жеке өндіріс саласында жасалатын қосымша құн аумағы, осы өндіріс са-

лаларының әрқайсысындағы капитал құрылымы белгілі болған ретте, іске қосылған капиталдардың шамасына байланысты. Оның бер жағында бұл ретте 100-ге тең,  $m \times 100$  немесе  $xt \times 100$  капитал қолданыла ма, бұдан әрбір жеке өндіріс саласындағы пайданың айрықша *нормасы* өзгермейді. Барлық пайда 10 : 100 болған ретте де, сондай-ақ 1 000 : 10 000 болған ретте де пайда нормасы әрдайым 10% болады.

Бірақ өндірістің түрлі салаларында өзгермелі капиталдың барлық капиталға проценттік қатынасына қарай аумағы мүлдем алуан түрлі қосымша құн, демек, аумағы мүлдем алуан түрлі пайда өндірілетіні себепті бұл салаларда пайда нормалары әр түрлі болатындықтан анығында қоғамдық капиталдың әр жүзіне келетін орташа пайда, демек, орташа пайда нормасы, яғни жалпы пайда нормасы түрлі өндіріс салаларына жұмсалған капиталдардың тиісті шамаларына қарай айтарлықтай өзгеріп отырады.  $A, B, C, D$  дейтін төрт капиталды алайық. Бәрінде де қосымша құн нормасы = 100% дейік. Ақырында, барлық капиталдың әр жүзіне келетін өзгермелі капитал мынадай дейік:  $A=25, B=40, C=15, D=10$ . Сонда барлық капиталдың әр жүзіне келетін қосымша құн, яғни пайда  $A$  үшін = 25,  $B$  үшін = 40,  $C$  үшін = 15,  $D$  үшін = 10, небәрі = 90 болар еді; демек, егер барлық төрт капиталдың да мөлшері бірдей болса, орташа пайда нормасы =  $\frac{90}{4} = 22\frac{1}{2}\%$ .

Ал егер капиталдардың жалпы шамалары:  $A=200, B=300, C=1\ 000, D=4\ 000$  болса, онда өндірілген пайда тиісінше 50, 120, 150 және 400 болады. 5 500 мөлшерлі капиталға небәрі 720 мөлшерлі пайда келеді, яғни орташа пайда нормасы 13  $\frac{1}{11}$  процентке тең.

Барлық өндірілген құнның аумағы  $A, B, C, D$  авансыланған тиісті капиталдардың жалпы шамасындағы айырмашылыққа қарай түрліше болады. Сондықтан жалпы пайда нормасының құралуында өндірістің түрлі салаларындағы пайда *нормаларының*, тек арифметикалық орташа мөлшерді есептеп шығаруға негіз боларлық нормалардың айырмашылығы туралы ғана емес, сонымен қатар осы әр түрлі пайда нормаларының орташа норманы құрастыруға қатысардағы үлес салмағы туралы да әңгіме болып отыр. Бірақ мұның өзі әрбір жеке салаға жұмсалған капиталдың относителдік шамасына байланысты, яғни өндірістің әрбір жеке саласына жұмсалған капиталдың қоғамдық жиынтық капиталдың қай бөлегі екендігіне байланысты. Барлық капиталдың дені немесе азырағы пайда нормасын көп бере ме, әлде аз бере ме, мұның, әрине, аса елеулі маңызы бар. Ал мұның өзі тағы да барлық капиталға шаққанда өзгермелі капиталдың арасалмағы жоғары өн-



діріс саласына қанша капитал және өзгермелі капиталдың арасалмағы төмен өндіріс саласына қанша капитал жұмсалғанына байланысты. Мұндағы жағдай өз капиталының түрлі бөлектерін түрліше процентпен, мәселен, 4%, 5%, 6%, 7%, т. с. есебінен қарызға беруші өсімқордың алатын орташа процент ставкасы жөніндегі жағдайдан мүлде аумайды. Өсімқор осы түрлі-түрлі процент ставкаларының әрқайсысы бойынша өз капиталының қай бөлегін қарызға берген болса, орташа норма бүтіндей соған байланысты.

Сөйтіп, пайданың жалпы нормасы екі фактормен анықталады:

1) өндірістің түрлі салаларындағы капиталдардың органикалық құрылымымен, демек, жеке салалардағы түрліше пайда нормаларымен анықталады;

2) осы әр түрлі салалар арасында жиынтық қоғамдық капиталдың бөлінуіне қарай, демек, әрбір жеке өндіріс саласына жұмсалған және сондықтан айрықша пайда нормасы бар капиталдың относительдік шамасымен, яғни бүкіл қоғамдық капитал аумағынан өндірістің әрбір жеке саласына қосылып кететін үлеспен анықталады.

«Капиталдың» I және II кітабында біз тек товар құндарына ғана әңгіме еткенбіз. Ал енді, бір жағынан, осы құнның бір бөлегі ретінде өндіріс шығындары оқшауланған, екінші жағынан, товар құнының өзгерген формасы ретінде өндіріс бағасы дамытылған.

Қоғамдық капиталдың орташа құрылымы  $80_c + 20_v$  және жылдық қосымша құн нормасы  $m = 100\%$  дейік, сонда 100 мөлшерлі капиталдың орташа жылдық пайдасы = 20 және пайданың жалпы жылдық нормасы =  $20\%$  болады. Бір жыл ішінде 100 мөлшерлі капитал өндірген товар өндірісінің шығындары,  $\kappa$  қанша болса да, оның өндіріс бағасы қайткен күнде де =  $\kappa + 20$  болар еді. Капиталының құрылымы =  $(80 - x)_c + (20 + x)_v$  өндіріс салаларында бір жыл ішінде белгілі бір өндіріс саласында нақты өндірілген қосымша құн немесе пайда =  $20 + x$ , яғни 20-дан көп болар еді, ал өндірілген товар құны =  $\kappa + 20 + x$  мөлшері  $\kappa + 20$ -дан көп, яғни өндіріс бағасынан көп болар еді. Капиталының құрылымы =  $(80 + x)_c + (20 - x)_v$  салаларда бір жыл ішінде өндірілген қосымша құн, яки пайда —  $20 - x$  мөлшерінде, яғни 20-дан кем болар еді де, сол себепті товар құны  $\kappa + 20 - x$  өндіріс бағасынан, яғни =  $\kappa + 20$ -дан кем болар еді. Егер айналым уақытындағы ықтимал айырмашылықтарды былай қоятын болсақ, капиталының құрылымы кездейсоқ =  $80_c + 20_c$  болған салаларда ғана товар өндірісінің бағасы оның құнына тең болар еді.

Қоғамдық өнімді еңбектің ерекше дамуы өндірістің әрбір

жеке саласында дәрежесі жағынан әр түрлі, белгілі мөлшердегі еңбек, яғни — жұмыс күні белгілі болғанда — саны белгілі жұмысшылар іске қосатын өндіріс құрал-жабдықтарының қанша екеніне байланысты не жоғары, не төмен болады, яғни мұның өзі белгілі мөлшердегі өндіріс құрал-жабдықтары керек ететін еңбек мөлшеріне кері пропорциялы. Сондықтан біз орташа қоғамдық капиталға қарағанда тұрақты капиталының проценті көп, демек, өзгермелі капиталының проценті аз капиталдарды құрылымы жоғары капиталдар деп атаймыз. Мұның керісінше, орташа қоғамдық капиталдағыға қарағанда тұрақты капиталы біршама азырақ, ал өзгермелі капиталы біршама көбірек орын алатын капиталдарды біз құрылымы төмен капиталдар деп атаймыз. Ақырында, құрылымы орташа қоғамдық капиталдың құрылымымен сәйкес келетін капиталдарды біз құрылымы орташа капиталдар дейміз. Егер орташа қоғамдық капитал процентпен алғанда  $80_c + 20_v$  болады десек, онда орташа қоғамдық капиталға қарағанда  $90_c + 10_v$  капитал жоғары,  $70_c + 30_v$  капитал төмен болады. Тегінде орташа қоғамдық капиталдың құрылымы  $m_c + n_v$  мөлшеріне тең, мұнда  $m$  мен  $n$  тұрақты шамалар және  $m + n = 100$  деп алған күнде  $(m+x)_c + (n-x)_v$  жеке капиталдың немесе бір топ капиталдың құрылымы жоғары, ал  $(m-x)_c + (n+x)_v$  — төмен екенін көрсетеді. Бәрі де жылына бір рет айналып шығады деп ұйғарғанда, бұл капиталдардың орташа пайда нормасын белгілеуде қалай әрекет жасайтыны төмендегі кестеден көрінеді; мұнда I — орташа құрылым, сондықтан орташа пайда нормасы  $= 20\%$ .

$$I. 80_c + 20_v + 20_m .$$

Пайда нормасы  $= 20\%$ .

Өнім бағасы  $= 120$ . Құны  $= 120$ .

$$II. 90_c + 10_v + 10_m .$$

Пайда нормасы  $= 20\%$ .

Өнім бағасы  $= 120$ . Құны  $= 110$ .

$$III. 70_c + 30_v + 30_m .$$

Пайда нормасы  $= 20\%$ .

Өнім бағасы  $= 120$ . Құны  $= 130$ .

Сөйтіп, II капитал өндірген товарлардың құны өндіріс бағасынан кем; III капитал өндірген товарлардың өндіріс бағасы құнынан кем, тек I капиталда, капитал құрылымы орташа қоғамдық құрылым мен кездейсоқ сәйкес келіп отырған өндіріс тарауында ғана, құн мен өндіріс бағасы теңдей. Дегенмен, бұл сипаттамаларды белгілі бір жағдайға қолданған кезде,  $c$  мен  $v$  қатынасының орташа дәрежеден ауытқуы, техникалық құрылымдағы айырмашылықтан емес, тұрақты капитал элемент-

тері құнының жәй өзгеруінен туатын ауытқуы қаншалық екенін, әрине, ескеріп отыру қажет.

Жоғарыда дамытылған пікірлердің товар өндіру шығындары анықтамасын өзгертетіні күмәнсыз. Алғашында товар өндірісінің шығындары оны өндіретін тұтынылған товарлардың құнына тең деп жорамалданған-ды. Бірақ белгілі бір товар өндірісінің бағасы осы товарды сатып алушы үшін оның өндіріс шығындары болады да, басқа бір товардың бағасын құрастыруға өндіріс шығындары ретінде қатыса алады. Товар өндірісінің бағасы оның құнынан ауытқып отыруы мүмкін болғандықтан басқа товар өндірісінің осы бағасы енген товар өндірісінің шығындары да оның бүкіл құнындағы товарға енетін өндіріс құрал-жабдықтарының құнынан құралатын бөлегінен жоғары немесе төмен болуы мүмкін. Өндіріс шығындарының осылайша өзгерген маңызын ұмытуға болмайды, сондықтан қайсыбір жеке өндіріс саласында товар өндірісінің шығындарын сол товарларды жасап шығаруда тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнына теңеген күнде әрқашан қате кетуі мүмкін екенін де ұмытпау керек. Біздің қазіргі зерттеуіміз үшін бұл пунктті неғұрлым тәптіштеп қарастырып жатудың қажеттігі жоқ. Мұнда қайткен күнде де товар өндірісінің шығындары сол товардың құнынан әрқашанда кем деген қағида дұрыс болып қалады. Шынында да, товар өндірісінің шығындары ол тұтынған өндіріс құрал-жабдықтары құнынан қаншама ауытқығанымен, капиталист үшін өткен шақтағы бұл ауытқулардың ешбір келер-кетері жоқ. Товар өндірісінің шығындары — сол капиталистің өндірісіне байланыссыз, белгілі алғы шарт, ал оның өндірісінің нәтижесі — қосымша құны бар, яғни оны өндіру шығындарынан құны біраз асып түсетін товар. Оның бер жағында, өндіріс шығындары товардың құнынан кем деген қағида іс жүзінде қазір өндіріс шығындары өндіріс бағасынан кем деген қағидаға айналып отыр. Өндіріс бағасы құнға тең келетін жиынтық қоғамдық капитал жөнінде бұл қағида өндіріс шығындары құннан кем деген әлгі қағидамен барабар. Мұның өзі өндірістің жеке салаларында өзгергенімен, әрқашан да осының негізінде жатқан бір факт мынау: қоғамдық жиынтық капиталды алып қарағанда ол өндірген товар өндірісінің шығындары құннан төмен болып шығады, яғни, бұл ретте, барлық өндірілген товар аумағы жөнінде айтқанда, оны өндіру шығындары осы құнмен барабар өндіріс бағасынан төмен болып шығады. Товар өндірісінің шығындары сол товардағы ақы төленген еңбектің мөлшеріне ғана сәйкес келеді, құн товардағы ақы төленген және ақы төленбеген еңбектің барлық мөлшеріне, өндіріс бағасы ақы төленген еңбектің сомасына, оның үстіне, белгілі бір өндіріс саласының

айрықша жағдайларына байланыссыз, ақы төленбеген еңбектің белгілі мөлшеріне сәйкес келеді.

Товар өндірісінің бағасы  $= k + p$ , яғни өндіріс шығындарына және пайдаға тең дейтін формула енді былайша дәл анықталып отыр:  $p = kp'$  (мұнда  $p'$  — жалпы пайда нормасы), демек, өндіріс бағасы  $= k + kp'$ . Егер  $k = 300$  және  $p' = 15\%$  болса, онда өндіріс бағасы  $k + kp' = 300 + 300 \times \frac{15}{100} = 345$ .

Өндіріс бағасы өндірістің әрбір жеке тарауында мынадай жағдайларда өзгеруі мүмкін:

1) товар құны өзгеріссіз тұрғанда (яғни товар өндірісіне үнемі белгілі бір мөлшерде өлі еңбек пен тірі еңбек кіретін кезде) — белгілі өндіріс саласының нақты жағдайларына байланыссыз, жалпы пайда нормасының өзгеруі нәтижесінде өзгереді;

2) пайданың жалпы нормасы өзгеріссіз тұрғанда — белгілі өндіріс саласының өзінде техникалық өзгерістердің нәтижесінде құнның өзгеруі салдарынан да, сондай-ақ құрастырушы элементтер ретінде белгілі өндіріс саласындағы тұрақты капиталға кіретін товар құнының өзгеруі салдарынан да өзгереді;

3) ақырында, — осы екі жағдайдың бірлескен ықпалының нәтижесінде өзгереді.

Жеке өндіріс салаларындағы нақты пайда нормалары, — төменде көретініміздей, — үнемі ұшырап отыратын күрделі өзгерістерге қарамастан, пайданың жалпы нормасының іс жүзінде өзгеруі, егер мұның өзі мүлде төтенше экономикалық оқиғалардан тумайтын болса, едәуір ұзақ дәуірлерді қамтитын бірсыпыра ауытқулардың нәтижесінде, яғни жалпы пайда нормасының баянды және қалыпты түрде өзгертін болуы үшін көп уақыт керек ететін ауытқулардың нәтижесінде өте кеш басталады. Сондықтан біршама қысқа дәуірлерді қарастырғанда (рынок бағаларының ауытқуын біз мүлде былай қоямыз) өндіріс бағасындағы өзгерістерді әрқашан да *prima facie*\* товар құнының нақты өзгеруінен, яғни бұл товарды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының жалпы сомасының өзгеруінен деп білу керек. Белгілі бір құндардың ақшалай көрінісіндегі жәй өзгеріс бұл жерде, әлбетте, мүлде есепке алынбайды<sup>23)</sup>.

Екінші жағынан, бір айқын нәрсе, егер қоғамдық жиынтық капиталды алып қарайтын болсақ, онда бұл капитал өндірген товарлар құнының сомасы (немесе, ақшалай алғанда, олардың бағасы) былай болып шығады = тұрақты капитал құны +

\* — ең алдымен. *Ped.*

<sup>23)</sup> Corbet [“An inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of individuals”. London, 1841], p. 174.

өзгермелі капитал құны + қосымша құн. Егер еңбекті қанау дәрежесін тұрақты шама деп білетін болсақ, онда қосымша құн аумағы өзгермей тұрғанда пайда нормасы бұл жерде тұрақты капитал құны өзгерген күнде ғана, өзгермелі капитал құны өзгерген күнде ғана, немесе осы екі құн бірге өзгеріп, соның нәтижесінде  $K$ , демек  $\frac{m}{K}$  жалпы пайда нормасы өзгерген күнде ғана, өзгеруі мүмкін. Демек, әрбір жеке жағдайда жалпы пайда нормасының өзгеруі құрастырушы элементтер ретінде тұрақты капиталға, өзгермелі капиталға немесе екеуіне бір мезгілде кіретін товарлар құнын өзгертеді.

Бұдан кейін, товар құны өзгермей тұрғанда жалпы пайда нормасы еңбекті қанау дәрежесінің өзгеруі себепті өзгеруі мүмкін.

Ақырында, еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда жалпы пайда нормасы еңбек процесіндегі техникалық өзгерістер нәтижесінде қолданылатын еңбек сомасы тұрақты капиталмен салыстырғанда біршама өзгерген күнде өзгеруі мүмкін. Бірақ мұндай техникалық өзгерістер әрқашан да товар құнының өзгеруінен көрініп отыруға тиіс, сондықтан бұл өзгерістер әрқашан да товар құнындағы өзгеріспен қатар болуға тиіс, өйткені мұны өндіруге енді бұрынғы кездегіден көп немесе аз еңбек керек болады.

Бірінші бөлімде көргеніміздей, аумағы жағынан алып қарайтын болсақ, қосымша құн мен пайда барабар. Алайда пайда нормасы әуел бастан-ақ қосымша құн нормасынан өзгеше болып шығады, оның бер жағында бұл өзгешелік алғашында есеп-қисаптың басқаша формасы ғана сияқты болып көрінеді; бірақ қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда пайда нормасының көтерілуі немесе төмендеуі және мұның керісінше болуы да мүмкін, ал капиталистің іс жүзінде көздейтіні тек қана пайда нормасы, сондықтан жағдай тағы да әуел баста-ақ қосымша құнның шығу тегін көмескілеп, жалған көрініс туғызады. Солай бола тұрса да сан айырмашылығы нақ қосымша құн мен пайда арасында емес, тек қосымша құн нормасы мен пайда нормасы арасында ғана болды. Пайда нормасында қосымша құн барлық капиталға шағылып есептеледі де, бұл капитал оның өлшеміне баланады, осының салдарынан қосымша құнның өзі бүкіл капиталдан және де оның барлық бөліктерінен тепе-тең мөлшерде туған сияқты көрінеді де, сөйтіп тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы органикалық айырмашылық пайда ұғымында жоғалып кетеді; сондықтан іс жүзінде өзінің осы өзгерген түрінде, пайда ретінде, қосымша құнның өзі өз тегін бекерге шығарады, өз сипатынан айрылып, танылмайтын күйге түседі. Алайда бұған дейін пай-

да мен қосымша құн арасындағы айырмашылық сапа өзгерісінен, форманың өзгеруінен ғана көрінген еді, ал енді нағыз сан айырмашылығы өзгерістің осы алғашқы сатысында әсте пайда мен қосымша құн арасында емес, пайда нормасы мен қосымша құн нормасы арасында ғана болады.

Пайданың жалпы нормасы және соның арқасында қолданылатын капиталдың шамасына, өндірістің әр түрлі тараулары үшін нақтылы шамаға сәйкес келетін орташа пайда белгіленген кезде істің жайы басқаша болады.

Өндірістің қайсыбір айрықша тарауында нақты өндірілген қосымша құнның, демек, пайданың да товардың сату бағасындағы пайдамен енді тек кездейсоқ үйлесуі мүмкін. Әдетте, пайда мен қосымша құнның нормалары ғана емес, бұлардың өздері де — шын мәнісінде әр түрлі шамалар. Енді, еңбекті қанау дәрежесі белгілі болып отырғанда, өндірістің қайсыбір жеке саласында өндірілген қосымша құн аумағы қоғамдық капиталдың жиынтық орташа пайдасы үшін, яғни тікелей өндірістің әрбір жеке тарауындағы капиталиске қарағанда жалпы капиталистер табы үшін маңыздырақ болып шығады. Жеке капиталист үшін <sup>24)</sup> мұның маңызды болатын бір ғана себебі сол, оның өндіріс тарауында өндірілген қосымша құн мөлшері орташа пайданы реттеуге анықтаушы тетіктердің бірі ретінде қатысады. Бірақ мұның өзі капиталистің сыртында болатын процесс, капиталист көрмейтін, түсінбейтін және іс жүзінде көңіл бөлмейтін процесс. Пайда мен қосымша құн арасындағы,— тек пайда мен қосымша құн нормалары арасындағы ғана емес,— шаманың нақты айырмашылығы өндірістің жеке салаларында қазір пайданың шын жаратылысы мен тегін мүлдем жасырып отыр, бұл ретте алдануға айрықша мүдделі капиталистен ғана емес, жұмысшыдан да жасырып отыр. Құн өндіріс бағасына айналысымен құн анықтамасы негізінің өзі көзден таса болады. Ақырында, егер қосымша құн пайдаға жәй айналған кезде товар құнының пайданы құрайтын бөлегі құнның екінші бөлегіне өндіріс шығындары ретінде қарсы қойылатын болса, енді мұнда құн ұғымы капиталистен ғайып болады, өйткені капиталистің көз алдында тұрған нәрсе товар өндіруге жұмсалатын еңбектің барлық мөлшері емес, бұл еңбектің бір бөлегі, тірі немесе өлі өндіріс құрал-жабдықтары формасында өзі төлеген бөлегі ғана, сөйтіп пайда капиталиске товардың имманенттік құнынан тысқары тұрған нәрсе сияқты көрінеді; құн өндіріс бағасына айналысымен бұл ұғым біржола орнығып, нығайып, қатып-семіп қалады, өйткені енді егер

<sup>24)</sup> Өзінен өзі түсінікті, біз бұл жерде жалақыны, монополиялық бағаны кеміту, т. с. арқылы уақытша үстеме пайда түсіру мүмкіндігін мүлде есепке алмай отырмыз. [Ф. Э]

өндірістің жеке саласын алып қарайтын болсақ, өндіріс шығындарына қосылатын пайда осы тараудағы құн жасау процесінің шектерімен емес, одан мүлде тысқары жатқан жағдайлармен анықталады.

Осы ішкі тәуелділік мұнда бірінші рет әйгіленіп отырғандығы; саяси экономия, бұдан былайғы баяндауда және IV кітапта<sup>56</sup> көрсетілетініндей, не бұған дейін құн анықтамасын негіз ретінде сақтауға мүмкіндік алу үшін қосымша құн мен пайда арасындағы, қосымша құн нормасы мен пайда нормасы арасындағы айырмашылықты беталды ескерусіз қалдырып жүрді, не құбылыс сыртында жатқан және көзге түсе кететін айырмашылықтарға жармасу үшін осы құн анықтамасынан және мәселеге ғылыми тұрғыдан қарайтын негіз атаулыдан бас тартып отырды,— теоретиктер арасында өріс алып отырған осы былық бүтіндей бәсеке күресінің желігіне түскен және осы күрестің сыртқы көрінісінен әрі ой жібере қоймайтын капиталистің, міне осындай практикашыл капиталистің алдамшы көріліске мәз болып, бұл процестің ішкі мәні мен ішкі құрылысын танып білуге қабілетсіз екенін айдан анық көрсетеді.

Пайда нормасының көтерілуі мен төмендеуі жөнінде бірінші бөлімде дамытылған барлық заңдардың шындығында мынадай екі түрлі маңызы бар:

1) Біріншіден, бұл — пайданың жалпы нормасының заңдары.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес пайда нормасын не көтеріп, не төмендететін түрлі себептер көп болып отырғанда пайданың жалпы нормасы құн сайын өзгереді екен деп ойлауға болар еді. Бірақ өндірістің бір саласындағы қозғалысты өндірістің екінші саласындағы қозғалыс жойып жібереді; әсерлер қым-қиғаш келіп, бірін бірі әлсіретеді. Түбінде бұл ауытқулардың қай жаққа қарай ойысатынын біз келешекте зерттеп шығамыз; бірақ бұлар баяу жүріп отырады; өндірістің жеке салаларындағы ауытқулардың тұтқиыл, жан-жақты және ұзақтығының түрліше болуы мынаған әкеліп соғады: бұл ауытқулар уақыт жағынан алма-кезек ауысып отыруы нәтижесінде ішінара тең түсіп отырады, сөйтіп баға бір көтеріліп барып, соның артынша төмендейді және мұның керісінше болады; демек, ауытқулар жергілікті, яғни белгілі бір өндіріс саласының шеңберінде тежеулі болып қалады; ақырында, нақ осы себептерден түрлі жергілікті ауытқулар бірін бірі бейтарап етеді. Әрбір жеке өндіріс саласының шеңберінде өзгерістер, жалпы пайда нормасынан ауытқушылықтар болып отырады, бұлар, бір жағынан, белгілі уақыт ішінде теңеліп кетеді де, сол себепті пайданың жалпы нормасына әсер етпейді, ал

екінші жағынан, оған әсер ете алмайды да, өйткені бір мезгілде болатын басқа, жергілікті ауытқулар бұларды жойып жібереді. Пайданың жалпы нормасы әрбір саладағы пайданың орташа нормасымен ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар жиынтық капиталдың әр түрлі жеке салалар арасында бөлінуімен де анықталады, оның үстіне бұл бөлініс үнемі өзгеріп отырады, сондықтан біз бұл арада пайданың жалпы нормасын өзгертетін түпкілікті себепті тағы да көріп отырмыз, ал осы өзгеріс себебі сондай, бұл қозғалыстың үздіксіздігі\* мен жан-жақтылығы нәтижесінде ол қайтадан өзін өзі едәуір әлсіретеді.

2) Әрбір саланың шеңберінде бұл саладағы пайда нормасының азды-көпті ұзақ уақыт ішінде ауытқып отыруы мүмкін, бұл ауытқудың өзі бірнеше рет жоғарылап, төмендегеннен кейін пайданың жалпы нормасына әсер ету үшін жеткілікті уақытқа ие боларлық дәрежеде, демек, маңызы жергілікті жағдайдан асып түсерлік дәрежеде әбден орныққаннан кейін барып басылады. Сондықтан осындай кеңістік пен уақыт шектерінің шеңберінде пайда нормасының осы кітаптың бірінші бөлімінде дамытылған заңдары тағы да өз күшін сақтап қалады.

Капиталдың әрбір бөлегі пайданы тепе-тең өндіреді деген теориялық көзқарас<sup>25)</sup> — қосымша құнның пайдаға алғашқы айналуы жөніндегі көзқарас, — практикалық фактіні білдіреді. Өнеркәсіп капиталының құрылымы қандай болса да, ол төрттен бір мөлшерде өлі еңбекті және төрттен үш мөлшерде тірі еңбекті іске қоса ма, әлде төрттен үш мөлшерде өлі еңбекті және төрттен бір мөлшерде тірі еңбекті іске қоса ма, бір жағдайда екінші жағдаймен салыстырғанда қосымша еңбекті бойына үш есе көп сіңіре ме, яғни қосымша құнды үш есе көп өндіре ме, әйтеуір еңбекті қанау дәрежесі бірдей болған күнде және жеке-дара өзгешеліктерге қарамастан, — тегінде бұл өзгешеліктер өзінен өзі жойылып кетеді, өйткені екі жағдайда да өндірістің барлық саласы үшін орташа құрылым ғана тән екенін көреміз, — мұның екеуінде де пайда бірдей болады. Ой өрісі тар, жеке алынған капиталистің (немесе әрбір өндіріс саласындағы барлық капиталистің) пайда өзі қолданған немесе оның өндіріс тарауында қолданылған еңбектен ғана түспейді деп ойлауы орынды. Мұның әбден дұрыс болатын себебі, әңгіме жеке капиталистің орташа пайдасы туралы ғана болып отыр. Бұл пайданың еңбекті жиынтық капиталдың, яғни барлық капиталистердің бірлесіп қанауына қаншалықты бай-

\* Түп нұсқада: «үздік-создықтығы» делінген: Маркстің қолжазбасы негізінде түзетілді. *Ред.*

<sup>25)</sup> Malthus [*Principles of Political Economy*]. 2nd ed. London 1836 p. 268].



ланысты екені ол үшін нағыз құпия сыр болып келеді, өйткені буржуазиялық теоретиктердің, экономистердің өздері де бұл сырды әлі күнге дейін әшкерелеген жоқ. Еңбектен үнемдеу — белгілі бір өнімді өндіру үшін қажетті еңбектен ғана емес, жұмыс істеуші жұмысшылардың санынан да үнемдеу — және өлі еңбекті (тұрақты капиталды) көбірек қолдану — экономикалық жағынан мүлде дұрыс және пайданың жалпы нормасы мен орташа пайдаға нұқсан келтірмейтін әрекет. Ал егер өндіріс үшін қажетті еңбек санының азаюы пайданы төмендетпейтіні былай тұрсын, қайта белгілі жағдайларда, ең болмағанда жеке капиталист үшін, пайданы көбейтудің шынайы көзі болып шығатын болса, онда тірі еңбектің пайданың бірден-бір көзі бола алатыны қалай?

Егер өндірістің белгілі бір саласында өндіріс шығындарының тұрақты капитал құны болып табылатын бөлегі не көтеріліп, не төмендейтін болса, онда бұл бөлегі айналыс саласынан шығады да, әуел бастан көбейген немесе азайған мөлшерде товар өндіру процесіне кіреді. Егер, екінші жағынан, белгілі мөлшердегі жұмысшылар мезгеулі уақыт ішінде өнімді аз не көп өндіретін болса, демек, жұмысшылар саны өзгермей тұрғанда белгілі мөлшерде товар өндіру үшін қажетті еңбек мөлшері өзгертін болса, онда өндіріс шығындарының өзгермелі капитал құны болып табылатын бөлегінің өзгеріссіз қалуы, яғни барлық өнімді өндіру шығындарына нақ сол мөлшерде кіруі мүмкін. Бірақ бүкіл өнімді құрастыратын товарлар сомасының әрбір өлшеміне ендігі жерде келетін еңбек (бұған ақы төленгені де, сондай-ақ ақы төленбегені де кіреді) көп немесе аз болады, демек, бұл еңбекке жұмсалған шығын да көп немесе аз болады, яғни жалақы үлесі көбірек немесе азырақ болады. Капиталист төлеген бүкіл жалақы сол күйінде қалды, бірақ товар басына шағып есептегенде ол өзгеріп кетті. Сөйтіп, товар өндіру шығындарының бұл бөлігінде өзгеріс болғанын көреміз. Жеке товарды өндіру шығындары, оның өз құнының немесе оның элементтері құнының осылайша өзгеруі нәтижесінде өсіп кете ме, әлде кеміп кете ме (немесе сонымен қатар шамасы белгілі капитал шығаратын товарлар сомасын өндіру шығындары да өзгере ме), — қалай болған күнде де пайданың орташа нормасы, егер 10% болған болса, сол 10% күйінде қалады; дегенмен жеке товар жөнінде бұл 10% құнның біздің жорамалымыз бойынша өзгеруі нәтижесінде осы жеке товарды өндіру шығындары шамасының қаншалық өзгергеніне қарай алуан түрлі мөлшерде болады<sup>26)</sup>.

<sup>26)</sup> Corbet J., An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuatis\*. London, 1841, p. 20].

Өзгермелі капиталды алатын болсақ,— ал мұның өзі нақ ең маңызды нәрсе, өйткені бұл — қосымша құнның көзі және мұның капиталистің баюындағы шын ролін жасыратын нәрсенің бәрі бүкіл системаны бүркемелейді. Капиталистке істің мәні тұрпайы жадағай түрінде, атап айтқанда былайша көрінеді: 100 ф. ст. өзгермелі капитал 100 жұмысшының апталық жалақысы дейік. Егер осы 100 жұмысшы жұмыс күні белгілі болғанда аптасына 200 дана товар=200  $T$  өндіретін болса, онда, өндіріс шығындарының тұрақты капиталдан қосылатын бөлігін есепке алмағанда,  $1T = \frac{100 \text{ ф. ст.}}{200} = 10$  шиллинг болады, өйткені 100 ф. ст.=200  $T$ . Енді еңбектің өндіргіш күшінде өзгеріс болды дейік; мейлі ол екі есе артсын, сонда саны бұрынғыдай жұмысшылар нақ сол уақыттың ішінде 200 $T$  мөлшерін екі дүркін өндіреді, ал бұрын сондай уақыттың ішінде тек 200 $T$  өндірілетін. Бұл ретте (өндіріс шығындары тек жалақыдан құралады десек)  $1T = \frac{100 \text{ ф. ст.}}{400} = 5$  шиллинг, өйткені 100 ф. ст.=400  $T$ . Ал егер, мұның керісінше, өндіргіш күші екі есе кеміген болса, онда нақ сол еңбек тек  $\frac{200T}{2}$  өндірген болар еді; сөйтіп 100 ф. ст. =  $\frac{200T}{2}$  болғандықтан  $1T$  енді =  $\frac{200 \text{ ф. ст.}}{200} = 1$  фунт стерлинг болар еді. Товар өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының өзгеруі, демек, товар құнының өзгеруі енді өндіріс шығындарымен салыстырғанда, сол себепті өндіріс бағасымен де салыстырғанда, нақ сол жалақыны мөлшері көбірек немесе азырақ товарға бөлгендік болып көрінеді, ал мұның өзі нақ сол жұмыс уақыты ішінде нақ сол жалақыға товардың көп немесе аз өндірілуіне байланысты. Капиталист, демек, экономисте, еңбек өнімділігі өзгерісімен әрбір товар басына келетін ақы төленген еңбек мөлшерінің өзгеретінін, сонымен бірге әрбір жеке бұйым құнының да өзгеретінін көреді; бірақ олар әрбір товар басына сіңген, ақы төленбеген еңбек жөнінде осылай болатынын көрмейді, ал олардың мұны көрмейтін себебі, шындығында орташа пайда өндірістің белгілі бір саласына сіңген, ақы төленбеген еңбекке қарай тек кездейсоқ анықталады. Товар құнының оған сіңген еңбекпен анықталатындығы енді тек осындай тұрпайы және мазмұнсыз формада ғана көрінеді.

## О Н Ы Н Ш Ы Т А Р А У

**ЖАЛПЫ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ БӘСЕКЕ  
АРҚЫЛЫ ТЕҢЕЛУІ.  
РЫНОҚ БАҒАЛАРЫ МЕН РЫНОҚ ҚҰНДАРЫ.  
ҮСТЕМЕ ПАЙДА**

Өндіріс салаларының бір бөлегінде капитал құрылымы орташа болады, яғни бұлардағы капиталдың құрылымы түгелдей немесе шамамен алғанда нақ орташа қоғамдық капиталдың құрылымы сияқты.

Бұл салаларда шығарылатын товарлардың өндіріс бағасы олардың ақшалай құнына толық немесе шамамен алғанда сәйкес келеді. Құн — өндіріс бағасының математикалық шегі. Бәсекенің қоғамдық капиталды өндірістің түрлі салалары арасында бөлетіні сондай, әрбір саладағы өндіріс бағасы құрылымы орташа салалардағы өндіріс бағаларының үлгісімен құралады, яғни  $=k + kp'$  (өндіріс шығындары және өндіріс шығындарын пайданың орташа нормасына көбейткендегі туындысы). Бірақ пайданың бұл орташа нормасы — құрылымы орташа сол өндіріс саласында, демек, пайдасы қосымша құнына сәйкес келетін салада, процентпен көрсетілген пайданың дәл өзі. Демек, пайда нормасы өндірістің барлық саласында бірдей, атап айтқанда, орташа құрылымды капитал үстем болып отырған орташа өндіріс салаларындағы орташа пайда нормасына тең. Сондықтан өндірістің барлық әр түрлі саласындағы пайда сомасы қосымша құн сомасына тең болуға тиіс, ал барлық қоғамдық өнімнің өндіріс бағасының сомасы оның құнының сомасына тең болуға тиіс. Бірақ, әлбетте, капиталының құрылымы әр түрлі өндіріс салаларында капиталының құрылымы орташа салалармен теңелу ниеті көзделеді, ал мұның өзі жиынтық қоғамдық капиталдың орташа құрылымына дәлме-дәл сәйкес келе ме, әлде тек шамамен ғана сәйкес келе ме, оның бәрібір. Орташа дәрежеге азды-көпті жақындайтын өндіріс тарауларында тағы да сол теңелу тенденциясы байқалады, мұнда қиялда ғана болатын, яғни өмірде кездеспейтін орташа дәрежеге жету ниеті көзделеді, басқаша айтқанда, осы көксеулі дәрежеге жуықтайтын норма белгілеу тенденциясы байқалады. Сонымен, бұл жөнінде өндіріс бағасын құнның жәй өзгерген нормасы ету немесе пайда біткенді

қосымша құнның жәй бөліктеріне айналдыру тенденциясының үстем болатыны сөзсіз; алайда бұл бөліктер өндірістің әрбір жеке саласында өндірілген қосымша құнға пропорциялы түрде бөлінбей, өндірістің әрбір саласында қолданылатын капитал аумағына пропорциялы түрде бөлінеді, сондықтан органикалық құрылымы қандай болса да, капиталдың барабар аумағына жиынтық қоғамдық капитал өндірген жиынтық қосымша құннан барабар үлес (бөлік) тиеді.

Сөйтіп, құрылымы орташа немесе сол шамалас капиталдар үшін өндіріс бағасы құнға сәйкес келеді немесе соған жуықтайды, ал пайда сол капиталдар өндірген қосымша құнға сәйкес келеді. Басқа капиталдардың бәрі, бұлардың құрылымы қандай болса да, бәсекенің қысымы мен құрылымы орташа капиталдарға теңелуге тырысады. Ал құрылымы орташа капиталдар өздерінің құрылымы жағынан орташа қоғамдық капиталға тең немесе соған жуық болғандықтан капитал біткеннің бәрі, бұлардың өздері өндірген қосымша құн қандай болғанымен, осы қосымша құнның орнына өз товарларының бағасы арқылы орташа пайданы өткізуге тырысады, яғни өндіріс бағасын өткізуге тырысады.

Екінші жағынан, мынаны айтуға болады: орташа пайда, демек пайданың жалпы нормасы да, түзілетін жердің бәрінде,— бұл нәтижеге қай жолмен қол жеткен болса да,— осы орташа пайда орташа қоғамдық капиталға келетін, сомасы қосымша құн сомасына тең пайдадан басқа ешнәрсе де болмақшы емес, ал осы орташа пайданы өндіріс шығындарына қосу арқылы алынатын баға өндіріс бағасына айналған құннан басқа ешнәрсе де болмақшы емес. Егер өндірістің белгілі бір салаларына жұмсалған капиталдар әлде неліктен теңелу процесіне жатпаған болса, бұдан істің жайы титтей де өзгермеген болар еді. Онда орташа пайда қоғамдық капиталдың теңелу процесіне кіретін бөлегіне шағылып есептелген болар еді. Анығында, орташа пайда өндірістің әрбір саласында жұмсалған капиталдардың аумағына қарай пропорциялы түрде бөлінген қосымша құнның жиынтық аумағынан басқа ешнәрсе де болмақшы емес. Мұның өзі — ақы төленбеген еңбектің өткізілген сомасы, сондықтан осы ақы төленбеген еңбектің бүкіл аумағы, сондай-ақ ақы төленген өлі еңбек пен тірі еңбек, капиталистер иемденетін товар мен ақшаның бар аумағынан көрінеді.

Мұндағы нағыз қиын мәселе мынау — пайдалардың жалпы пайда нормасына осылай теңелуі, анығында, бастама пункт емес, нәтиже десек, онда мұның өзі қалай жүзеге асады?

Ең алдымен бір айқын нәрсе, товар құнын бағалау, мәселен, ақшалай бағалау, оны айырбастаудың нәтижесі болмақ-

шы, сондықтан осындай бағалау болады деп жорамалдағаннан кейін, біз мұны товар құнын товар құнына іс жүзінде айырбастау нәтижесі деп қарауға тиіспіз. Товарлардың нақты құндары бойынша осылай айырбасталуы қалайша жүзеге аспақ?

Алдымен өндірістің түрлі салаларындағы товарлардың бәрі өздерінің нақты құндары бойынша сатылады дейік. Онда не болар еді? Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, бұл ретте өндірістің түрлі тарауларында сан алуан пайда нормалары үстем болар еді. Товарлар өз құндары бойынша сатыла ма (яғни бұлар өздеріндегі құнға пропорциялы түрде, өз құнына сәйкес келетін бағалар бойынша бір-біріне айырбастала ма), әлде бұлар әйтеуір бір бағамен сатылған кезде пайда өндіруге авансыланған тиісті капиталдардың біркелкі аумағына келетін пайда мөлшері бірдей бола ма,— бұлар *prima facie*\* мүлде әр түрлі нәрселер.

Әркелкі мөлшерде тірі еңбекті іске қосатын капиталдардың әркелкі мөлшерде қосымша құн өндіретіндігі себепті, ең болмағанда белгілі шеңберге дейін, еңбекті қанау дәрежесі, яғни қосымша құн нормасы, барлық жерде бірдей, яки бұл саладағы айырмашылықтар олқылықты толтыратын нағыз немесе жорамал (шартты) негіздерге сәйкес теңеліп кетеді деп ұйғарылады. Мұның өзі жұмысшылар арасында бәсеке туғызып, олардың өндірістің бір тарауынан екінші тарауына үнемі ауысып отыруы арқылы теңелуге себепкер болады. Қосымша құнның осындай жалпы нормасын,— барлық экономикалық заңдар сияқты, тенденция ретінде,— біз теориялық мәселені оңайлату үшін қабылдағанбыз; алайда шынына келгенде мұның өзі капиталистік өндіріс әдісінің нақты алғы шарты болып табылады, дегенмен мұның орнығуына іс жүзіндегі тосқауылдар азды-көпті дәрежеде бөгет болып келеді, бұлар жергілікті жерлерде азды-көпті елеулі айырмашылықтар туғызып отыр,— мәселен, ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшылары үшін отырықшылық заңдары (*settlement laws*)<sup>57</sup> осындай. Бірақ теория жүзінде капиталистік өндіріс әдісінің заңдары таза түрінде дамиды деп жорамалданды. Ал шындығында әрдайым кейбір ұқсастық қана болады; бірақ капиталистік өндіріс әдісі неғұрлым толық дамыған болса, бұрынғы экономикалық укладтардың бұған жат қалдықтары неғұрлым толық жойылған болса, бұл ұқсастық соғұрлым көбірек болмақ.

Бар қиыншылық мынадан туады: товарлар жәй *товарлар* ретінде ғана емес, *капиталдардың өнімдері* ретінде айырбасталады, бұлар өздерінің шамаларына пропорциялы түрде не-

\* — ең алдымен. *Ред.*

месе — шамалары теңдес болған күнде — қосымша құнның жиынтық аумағынан тепе-тең үлес алуға талпынады. Сондықтан белгілі бір капитал белгілі уақыт мерзімі ішінде өндірген товарлардың жиынтық бағасы осы талапқа сай келуге тиіс. Бірақ бұл товарлардың жиынтық бағасы — капитал өнімі ретіндегі жеке товарлар бағасының жәй сомасы.

Егер біз мәселеге төмендегіше қарайтын болсақ, *punctum saliens\** өте-мөте айқын көрінетін болады: тиісті өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшылардың өздерінің қарамағында болады және олар өз товарларын бір-бірімен айырбастап отырады дейік. Онда бұл товарлар капитал өнімдері болмас еді. Еңбектің түрлі тарауларында қолданылатын еңбек жабдықтары мен еңбек материалдарының құны түрлі жұмыстардың техникалық жаратылысына қарай әр түрлі болар еді. Дәл сол сияқты, қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтары құнының әр түрлі болуына карамастан, аумағы белгілі еңбек үшін керекті өндіріс құрал-жабдықтарының аумағы әр түрлі болар еді, өйткені бір товарды бір сағатта, екінші товарды ұзақты күн ішінде ғана жасап шығаруға болады, т. т. Содан кейін, бұл жұмысшылар орта есеппен мөлшері бірдей уақыт ішінде жұмыс істейді дейік, оның бер жағында еңбектің әр түрлі интенсивтілігінен, тағы басқаларынан туатын теңестіруші ықпалдар есепке алынады дейік. Сонда (еңбектің екі түрлі саласында істейтін) екі жұмысшы өздерінің бір күндік еңбегінің өнімі ретіндегі товарлар түрінде біріншіден, өз шығындарының эквивалентін, яғни еңбек процесінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтары шығындарының эквивалентін қайта өндірген болар еді. Бұл шығындар олардың еңбек тарауларының техникалық жаратылысына қарай әр түрлі болар еді. Екіншіден, жұмысшының екеуі де жаңа құнды, атап айтқанда, — жұмыс күні ішінде өндіріс құрал-жабдықтарына қосылған құнды — тең мөлшерде жасаған болар еді. Бұл жаңа құнға олардың жалақысы және қосымша құн, олардың қажетті керектерінен тысқары жұмсалатын қосымша еңбек кірген болар еді, оның бер жағында қосымша құнның нәтижелері жұмысшылардың өздеріне тиер еді. Капиталистік тілмен айтқанда, жұмысшының екеуі де тең жалақы және тең пайда алады, бұл — өнім түрінде, мәселен, он сағаттық жұмыс күнінің өнімі түрінде көрінетін құн. Алайда, біріншіден, олардың товарларының құндары әр түрлі болар еді. Мәселен, айталық I товар құнында тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының үлесі II товардағыдан гөрі көбірек дейік; ал ықтимал айырмашылықтардың бәрін бірден есепке алу үшін, айталық, I товарға

\* — Шешуші пункт. *Ред.*

тірі еңбек көбірек сінеді, демек, бұл товарды жасап шығару үшін II товардағыға қарағанда ұзағырақ жұмыс уақыты керек болады дейік. Сөйтіп осы I және II товардың құны мүлде әр түрлі. Сол сияқты белгілі уақыт ішінде I жұмысшы мен II жұмысшы орындаған еңбек өнімі ретіндегі товар құндарының сомалары да әр түрлі. Егер біз бұл ретте қосымша құнның барлық жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының құны жөніндегі қатынасын пайда нормасы деп атайтын болсақ, онда I және II үшін пайда нормалары да әр түрлі болады. I және II жұмысшы өндіріс кезінде күн сайын тұтынатын жалақы түріндегі тіршілік заттары бұл жерде авансыланған өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі болып шығады, мұны біз басқа жағдайларда өзгермелі капитал деп атаймыз. Бірақ I мен II алатын қосымша құндар біркелкі жұмыс уақыты ішінде бірдей болар еді; яғни, одан да дәлірек айтқанда, I мен II-нің әрқайсысы бір жұмыс күні өнімінің құнын алатындықтан, авансыланған «тұрақты» элементтердің құнын шығарып тастағанда бұлардың екеуіне де теңдес құн тиеді, ал мұның бір бөлігін өндіріс кезінде тұтынылған тіршілік заттарының төлеуі деп, екінші бөлігін бұдан тысқары қалатын қосымша құн деп қарау керек. Егер I көбірек шығын жұмсаған болса, онда бұл шығындар оның өз товарының құны есебінен көбірек сомамен өтеледі, бұл сома осы «тұрақты» бөлікті өтейді, сондықтан да ол мұнымен қатар бүкіл өз өнімі құнының көбірегін қайтадан осы тұрақты бөліктің заттық элементтеріне айналдыруға тиіс, ал енді II, егер ол азырақ алатын болса да, оның есесіне құнның тұрақты заттық элементтерге айналдыратын бөлегі де азырақ болуға тиіс. Сөйтіп, осылай деп жорамалдаған күнде пайда нормасы айырмашылығының келер-кетері болмас еді, дәл сол сияқты жалдама жұмысшыдан сығып алынатын қосымша құн қандай пайда нормасынан көрінеді деген мәселенің қазіргі кезде ол үшін келер-кетері жоқ, дәл сол сияқты, халықаралық саудада түрлі ұлттардың пайда нормаларындағы айырмашылық олардың товар айырбасы үшін мүлде келер-кетері жоқ нәрсе болып шығады.

Сондықтан товарларды олардың құндары бойынша немесе олардың құндарына жақындата айырбастау капиталистік дамудың анық жоғары дәрежесін қажет ететін өндіріс бағалары бойынша айырбастаудан анағұрлым төмен сатыны керек етеді.

Алғашында түрлі товарлардың өзара бағалары қалай белгіленіп, реттелгенімен, бұлардың қозғалысы құн заңына бағынады. Товар өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты азайғанда баға да төмендейді; бұл уақыт өскенде басқа барабар жағдайларда баға да көтеріледі.

Сөйтіп, баға мен оның қозғалысының құн заңына бағынатынын былай қойғанда, товар құнын теориялық тұрғыдан ғана емес, өндіріс бағасының *price*\* ретінде тарихи тұрғыдан да алып қарау өте дұрыс болады. Өндіріс құрал-жабдықтары қызметкердің өзі иемденетін қоғамдық жағдайлар жөнінде осыны айту керек; ескі дүниеде, сондай-ақ қазіргі дүниеде өз еңбегімен күнелтетін жер иесі шаруаның және қолөнершінің жағдайы осындай. Мұның өзі өнімнің товар болып дамуы белгілі бір қауым мүшелерінің арасында емес, түрлі қауымдар арасында айырбас жасалуы нәтижесінде пайда болады деп, біздің бұрынырақ айтқан пікірімізбен де<sup>27)</sup> әбден үйлеседі<sup>59)</sup>. Бұл пікір осы алғашқы қауым қалпына да, сондай-ақ құлдық пен крепостниктікке негізделген, ең бергі жердегі қоғамдық қатынастарға да, сонымен қатар қолөнер кәсібінің цехтық ұйымына да дәл келеді; өндірістің әрбір тарауына бекітіліп қойылған өндіріс құрал-жабдықтары бір саладан екінші салаға әрең көшіріліп отырған кезде, сондықтан да өндірістің түрлі салалары бір-біріне белгілі бір дәрежеде әр түрлі елдер немесе коммунистік қауымдар сияқты қарым-қатынаста болып отырған кезде осылай болған.

Товар өзара айырбасталатын бағаның сол товар құнына шамамен сәйкес келуі үшін тек мынадай шарттар керек: 1) түрлі товарлар айырбасы кездейсоқ немесе тек қана жеке-дара құбылыс болмайтын болуы керек; 2) біз тікелей товар айырбасын қарастырып отырғандықтан, бұл товарлар екі жақтан да бірдей бұлар жөніндегі өзара қажеттерге біршама сәйкес өндірілетін болуы керек, ал мұның өзі өнім өткізуде жинақталатын тәжірибе арқылы белгіленеді де, сөйтіп ұзақ уақыт жүргізіліп келе жатқан айырбастың нәтижесінде пайда болады; 3) әңгіме сату жайында болып отырғандықтан, ешқандай табиғи немесе жасанды монополия сауда-саттық жасайтын жақтардың құннан жоғары сатуына немесе оларды еріксіз құннан төмен өткізуіне мүмкіндік бермейтіндей болуы керек. Біздің кездейсоқ монополия деп отырғанымыз — сатып алушы немесе сатушы үшін сұраныс пен ұсыныстың кездейсоқ арақатынасынан туатын монополия.

Өндірістің түрлі салаларының товарлары өздерінің құндары бойынша сатылады деген жорамалдың мәнісі, әрине, тек мынау ғана: бұлардың құны өзекті орталық болады да, бұлардың бағалары осының төңірегінде айналып жүреді және бұл бағалардың үнемі жоғарылы-төменді ауытқуы осыған сәйкес тенеліп отырады. Оның үстіне, *рынок құнын*, — мұны біз

\* — бастапқы үлгісі. *Ред.*

<sup>27)</sup> Сол кезде, 1865 жылы, бұл Маркстің «пікірі» ғана еді. Қазір, алғашқы қауымды кең көлемде зерттеп шыққаннан кейінгі жерде, мұның өзі Маурерден бастап, Морланға дейін<sup>58)</sup> ешкім бекер дей алмайтын факт болып отыр. — Ф. Э.



кейінірек әңгіме етеміз,— түрлі өндірушілер өндiрген, жеке товарлардың дара құнынан әрқашан да ажырата білу қажет. Бұл товарлардың кейбіреулерінің дара құны бұлардың рынок құнынан төмен болады (яғни бұларды өндіру үшін жұмыс уақыты рынок құнынан көрінетінінен гөрі азырақ керек болады), екінші бір товарлардың дара құны олардың рынок құнынан жоғары тұрады. Рынок құнын, бір жағынан, белгілі өндіріс саласында өндірілген товарлардың орташа құны деп, екінші жағынан, белгілі салада орташа жағдайларда өндірілетін және осы саладағы өнімдердің едәуір бөлегі ретіндегі товарлардың дара құны деп қарау керек. Тек ерекше айла-шарғы жасағанда ғана рынок құнын ең нашар немесе ең қолайлы жағдайларда өндірілген товарлар реттейді, оның бержағында осы рынок құны, өз тарапынан, рынок бағаларының орталығы болып табылады, алайда белгілі бір товар түрлерінің бағалары әрқашан да біркелкі келеді. Егер дағдылы сұраныс орташа құны бойынша, яғни екі ұшқарылықтың арасында жатқан аумақтың орташа құны бойынша ұсынылатын товарлар арқылы қанағаттандырылатын болса, дара құны рынок құнынан төмен товарлар үстеме қосымша құнын, яғни үстеме пайдасын өткізеді, ал дара құны рынок құнынан жоғары товарлар өздеріндегі қосымша құнның бір бөлегін өткізе алмайды.

Ең нашар жағдайларда өндірілген товарлардың сатылуы бұлардың сұранысты өтеу үшін қажет екенін дәлелдейді деген пікір мәселені әсте анықтай қоймайды. Егер талданып отырған жағдайда баға орташа рынок құнынан жоғары тұрған болса, онда сұраныс азырақ\* болған болар еді. Орнықты баға барда товардың белгілі бір түрі рынокта тек белгілі орын алуы мүмкін; баға өзгерген күнде бағаның көтерілуі товар мөлшерінің азаюына дөп келетін немесе бағаның төмендеуі товар мөлшерінің көбеюіне дөп келетін жағдайда ғана бұл орынның өзгеріссіз қалуы мүмкін. Ал егер сұраныс сонша күшті болып, ол тіпті баға ең нашар жағдайларда өндірілген товарлар арқылы реттелген күннің өзінде де азаймайтын болса, онда рынок құнын осы ең нашар жағдайларда өндірілген товарлар анықтайды. Мұның өзі сұраныс дағдылы дәрежеден асып түсетін немесе ұсыныс дағдылы шамадан төмендеп кететін жағдайда ғана мүмкін болатын нәрсе. Ақырында, егер өндірілген товарлар аумағы орташа рынок құндары бойынша өте алатын мөлшерден астам болса, онда рынок құнын ең жақсы жағдайларда өндірілген товарлар анықтайды. Осы соңғы категориядағы товарлардың, мәселен, толық

---

\* Түп нұсқада: «көбірек» делінген; Маркстің қолжазбасы бойынша түзетілді. *Ред.*

немесе шамамен алғанда өздерінің дара құндары бойынша сатылуы мүмкін, оның бер жағында ең нашар жағдайларда өндірілген товарлардың өздерінің өндіріс шығындарын да өтей алмай қалуы, ал орташа жағдайларда өндірілген товарлардың өздеріндегі қосымша құнның бір бөлігін ғана өткізуі ғажап емес. Бұл жерде рынок құны туралы айтылған пікірдің өндіріс бағасына да қатысы бар, өйткені бұл бағаның өзі рынок құнының орнын басады ғой. Өндіріс бағасы әрбір жеке салада реттеліп отырады, реттелгенде дәл әлгіндей белгілі жағдайларға қарай реттеледі. Бірақ мұның өзі тағы да орталық болып, күнделікті рынок бағалары осының төңірегінде ауытқып отырады және бұл бағалар осыған сәйкес белгілі бір дәуірлер ішінде теңеліп кетеді (Рикардоның өндіріс бағаларын ең нашар жағдайларда жұмыс істейтін кәсіпорындардың анықтайтыны туралы айтқанын қараңыз<sup>60</sup>).

Баға қалай реттелсе де, мынадай қорытындылар туады:

1) Құн заңының баға қозғалысын билеп-төстейтіні сондай, өндіріске қажетті еңбек мөлшерінің не азайып, не көбеюі өндіріс бағасын төмендетпей немесе жоғарылатпай қоймайды. Нақ осы мағынада Рикардо (өзінің өндіріс бағасының товар құнынан ауытқып отыратынын ол, әрине, сезеді) былай дейді:

«оның оқушылардың назарын аударғысы келіп отырған зерттеуінде товардың абсолюттік құнындағы емес, относительдік құнындағы өзгерістердің әсері жайында әңгіме болады» [D. Ricardo. «Principles of Political Economy». Works ed. by MacCulloch, London, 1852, p. 15].

2) Өндіріс бағаларын анықтайтын орташа пайда бүкіл қоғамдық капиталдың тиісті бөлегі ретіндегі белгілі бір капиталға келетін қосымша құн мөлшеріне әрқашан біршама тең болуға тиіс. Айталық, пайданың жалпы нормасы, демек, орташа пайда ақша түріндегі нақты орташа қосымша құнға қарағанда неғұрлым жоғары ақшалай құнмен бейнеленеді дейік. Әңгіме капиталистер жайында болып отырғандықтан, олар өзара 10% пайда белгілей ме, әлде 15% пайда белгілей ме, оның келер-кетері жоқ. 10 проценттің товарлардың нақты құнына сәйкестігі 15 проценттен артық емес, өйткені ақшалай көрініс өзара өсіріліп көрсетіледі. Жұмысшыларды алатын болсақ (олар өздерінің қалыпты жалақысын алып тұрады, демек, орташа пайданың артуы жалақыдан нақты ұстап қалушылық емес, яғни капиталистің қалыпты қосымша құнынан мүлде өзгеше әлденендей бір нәрсені көрсетпейді деп жорамалданады), орташа пайданың артуы нәтижесінде товар бағаларының көтерілуіне өзгермелі капиталдың ақшалай көрінісі сәйкес келуге тиіс. Шынында да, пайда нормасы мен орташа пайданың нақты қосымша құнның бүкіл авансылан-

ған капитал жөніндегі қатынасы арқылы анықталатын дәрежеден осылайша жалпы номиналдық жағынан көтерілуі жамақаны арттырмайынша, сонымен қатар тұрақты капитал ретіндегі товарлардың бағасын арттырмайынша мүмкін болмақшы емес. Төмендеуі кері әсер етуге тиіс. Товарлардың жиынтық құны жиынтық қосымша құнды реттейді, ал соңғысы — ауытқушылықты билеп отыратын жалпы заң ретінде — орташа құнның дәрежесін, демек, пайданың жалпы нормасын реттейді, сондықтан құн заңының өндіріс бағаларын реттеп отыратыны анық.

Бәсекенің, ең алдымен, өндірістің бір саласында жүзеге асыратыны — товарлардың әр түрлі дара құндарынан біркелкі рынок құны мен рынок бағасын белгілеу. Тек капиталдардың бәсекесі ғана өндірістің түрлі тарауларында өндіріс бағасын жасайды, ал мұның өзі түрлі тараулардың пайда нормасын теңейді. Біркелкі рынок құны мен рынок бағасын белгілеуден гөрі өндіріс бағаларын құрастыру үшін неғұрлым жоғары дамыған капиталистік өндіріс әдісі керек.

Белгілі бір өндіріс саласындағы, түрі біркелкі және шамамен алғанда сапасы бірдей товарлардың өз құны бойынша сатылуы үшін екі түрлі шарт керек:

*Біріншіден*, әр түрлі дара құндар қоғамдық бір құнға, жоғарыда біз талдап өткен рынок құнына теңелуге тиіс, ал бұл үшін белгілі бір товар түрін өндірушілер арасында бәсекенің, сондай-ақ олар өз товарларын бір мезгілде ұсынатын рыноктың болуы керек. Өзара барабар, бірақ әрқайсысы өзіне ғана тән ерекше жағдайларда өндірілетін товарлардың рынок бағасы рынок құнына сәйкес келуі үшін, одан жоғары да, төмен де ауытқымауы үшін түрлі сатушылардың бір-біріне жасайтын қысымы рынокқа қоғамдық қажеттерге сәйкес келетін көлемде товар шығарарлықтай, яғни бұл мөлшердегі товарға қоғамның рынок құнын төлеуге қабілеті жетерліктей әбден мықты болуға тиіс. Егер өнім аумағы бұл қажеттен астам болса, товарлар өздерінің рынок құнынан төмен сатылуға тиіс; мұның керісінше, егер өнім аумағы онша қомақты болмаса немесе, дәл сол сияқты, сатушылар арасындағы бәсекенің қысымы оларды тиісті мөлшерде товарларын рынокқа шығаруға мәжбүр етерліктей онша күшті болмаса, бұл өнімдер өздерінің рынок құнынан жоғары сатылуға тиіс. Егер рынок құны өзгерген болса, онда товардың барлық мөлшерін сатуға мүмкіндік берерлік жағдайлар да өзгерген болар еді. Рынок құны төмендегенде қоғамның қажеті (мұны бұл жерде әрқашан да төлемпаздық қабілет мағынасында түсіну керек) орта есеппен алғанда ұлғаяды да, белгілі шенберде едәуір көп товарларды бойына сіңіре алады. Рынок құны көтерілгенде қоғамның то-

вар жөніндегі қажеті кемиді де, бойына сіңіретін товар аумағы едәуір азаяды. Сондықтан, егер сұраныс пен ұсыныс рынок бағасын немесе, дәлірек айтқанда рынок бағасының рынок құнынан ауытқуын реттейтін болса, онда, екінші жағынан, рынок құны сұраныс пен ұсыныс қатынастарын немесе сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі рынок бағаларының ауытқуына әкеліп соғатын орталықты реттеп отырады.

Мәселені неғұрлым толық қарастырғанда біз мынаны көреміз: жеке товардың құнына дөп келетін жағдайлар мұнда осы түрдегі барлық товар сомасының құнын анықтаушы жағдайлар ретінде қалпына келтіріледі, өйткені капиталистік өндіріс әуел бастан-ақ жаппай өндіріс; ол тұрсын, кенжелеу дамыған басқа өндіріс әдістері тұсында да тіпті көптеген ұсақ өндірушілердің ортақ өнімі ретінде біршама мардымсыз мөлшерде өндірілетін товарлар,— ең болмағанда негізгі товарлар,— рынокта көп мөлшерде біршама аз көпестердің қолында іркіліп, жинала береді де, өндірістің тұтас бір тарауының немесе оның азды-көпті ірі бөлімдерінің ортақ өнімі ретінде сатылады.

Бұл жерде мүлде жол-жөнекей көрсете кетейік, «қоғамның қажеті», яғни сұраныс принципін реттейтін нәрсе, негізінде түрлі таптардың өзара қарым-қатынасына және олардың шамалас экономикасының жай-күйіне байланысты, демек, атап айтқанда, біріншіден, бүкіл қосымша құнның жалақыға қатынасына, екіншіден, қосымша құн (пайда, процент, жер рентасы, салық, т. с.) бөлінетін түрлі бөлімдердің арасалмағына байланысты, сөйтіп мұнда да қайтадан көрінетіні, осы қатынасқа негіз болып отырған базисті анықтамайынша сұраныс пен ұсыныс қатынасы ешнәрсені түсіндіре алмайды.

Товар мен ақша дегеніміз айырбас құны мен тұтыну құнының бірлігі бола тұрса да, жоғарыда көргеніміздей («Капитал», I кітап, I тарау, 3), сату мен сатып алу әрекетінде бұл анықтаманың екеуі қарама-қарсы екі жақ шетке орналасады, сондықтан товар (сатушы) тұтыну құны, ал ақша (сатып алушы) айырбас құны болады. Товардың тұтыну құны болуға тиіс, демек, қоғамның қажетін қанағаттандыруға тиіс, біздің анықтағанымыздай, сатудың бірінші алғы шарты міне осында. Екінші алғы шарт мынада: товарға сіңген еңбек мөлшері қоғамға қажетті еңбек болуға тиіс, демек, товардың жеке-дара құны (яғни, қазіргі жорамалымызша барабар нәрсе,— сату бағасы) оның қоғамдық құнымен үйлесуге тиіс<sup>28)</sup>.

Мұны тұтас өндіріс тарауының өнімі ретінде рынокта жүрген товар аумағына қолданып көрейік.

<sup>28)</sup> Карл Маркс. «Саяси экономия сынына». Берлин, 1859 [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том].

Егер біз барлық товар аумағын, ең әуелі *бір* ғана өндіріс тарауындағы товар аумағын, *бір* товар деп, ал көптеген барабар товарлар бағасының сомасын жиынтық *бір* баға деп санайтын болсақ, онда істің жайы өте-мөте оңайлана түседі. Бұлай болған күнде жеке товар туралы айтылғанның бәрін белгілі бір өндіріс тарауының рыноктағы товар аумағына дәлме-дәл қолдануға келеді. Товардың жеке-дара құны оның қоғамдық құнына сәйкес келуге тиіс дейтін талап енді мына мағынада жүзеге асырылады немесе анықталады: бүкіл товар мөлшеріне оны өндіруге қоғамдық қажетті еңбек сіңген, сондықтан бұл товар аумағының құны оның рынок құнына тең.

Енді айталық, бұл товарлардың едәуір бөлегі шамамен алғанда біркелкі, қалыпты қоғамдық жағдайларда өндірілген, сондықтан осы товар аумағын құрастыратын жеке товарлардың қоғамдық құны, сонымен бірге бұлардың жеке-дара құны болып табылады. Ал егер товарлардың біршама шағын бөлегі нашар жағдайларда, екінші бөлегі тәуір жағдайларда өндірілген болса, сондықтан товарлар денінің орташа құнына қарағанда бірінші бөлегінің жеке-дара құны көбірек, ал екіншісінікі азырақ болса, егер оның бер жағында бұл екі ұшқарылық теңесе келіп, осы екі бөлек товарлардың орташа құны орташа аумаққа тән товарлардың құнына тең болса, онда рынок құны орташа жағдайларда өндірілген товарлардың құнымен анықталады<sup>29</sup>). Бүкіл товар аумағының құны барлық жеке товарларды,— орташа жағдайларда өндірілгендерін де, орташадан гөрі тәуір немесе нашар жағдайларда өндірілгендерін де,— қоса алғанда солардың нақты құнына тең. Бұлай болған күнде товарлар аумағының рынок құны, яғни қоғамдық құны — осы товарларға сіңген қажетті жұмыс уақыты — товарлардың басым болып отырған орташа аумағының құнымен анықталады.

Мұның керісінше, айталық, рынокқа түсірілген керекті товарлардың бүкіл мөлшері бұрынғыша қалды, бірақ нашар жағдайларда өндірілген товарлардың құны тәуір жағдайларда өндірілген товарлардың құнымен өтелмейді, оның бер жағында жалпы мөлшердің нашар жағдайларда өндірілген бөлегі товарлардың орташа аумағымен салыстырғанда да, екінші ұшқарылықпен салыстырғанда да біршама көп болады дейік. Сонда рынок құнын, яғни қоғамдық құнды, нашар жағдайларда өндірілген товар аумағы реттейді.

Ақырында, айталық, орташадан гөрі тәуір жағдайларда өндірілген товар өзінің саны жағынан нашар жағдайларда өндірілген товарлардан едәуір асып түседі, оның бер жағында

<sup>29</sup>) Карл Маркс. «Саяси экономия сынына» [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 13-том].

тіпті орташа жағдайларда өндірілген товарлармен салыстырғанда да едәуір мөлшерде дейік; сонда рынок құнын ең онды жағдайларда өндірілген товарлар бөлегі реттейтін болады. Біз бұл жерде рыноктың шектен тыс толтырылатын кезін былай қоямыз, өйткені бұл ретте рынок бағасын әрқашан да ең онды жағдайларда өндірілген товарлар бөлегі реттейді; мұнда біздің көріп отырғанымыз рынок құнынан өзгеше рынок бағасы емес, нақ сол рынок құнының түрліше анықталатыны<sup>30)</sup>.

Шынында да, I ретте бүкіл товар аумағының рынок құны, орташа құндар арқылы реттелетін бұл құн, тұжырымдап айтқанда (іс жүзінде мұның өзі, әлбетте, шамамен ғана және толып жатқан өзгерістерімен жүзеге асырылады), сол товарлардың жеке-дара құндарының сомасына тең; бірақ бұл ретте ең нашар және ең жақсы жағдайда өндірілген товарлар үшін бұл құн — оларға орташа құн арқылы телінген құн. Өз товарларын ең нашар жағдайда өндіретін адамдар бұларды жеке-дара құнынан төмен сатуға тиіс; ал ең жақсы жағдайда өндіретіндер товарларын жеке-дара құнынан жоғары сатады.

II ретте құнның ең нашар және ең жақсы жағдайда өндірілген жеке-дара аумақтары тең түспейді де, мұнда нашар жағдайда өндірілген товарлар шешуші маңыз алады. Тұжырымдап айтқанда, бұл арада әрбір жеке товардың немесе бүкіл товар аумағының әрбір тиісті бөлегінің орташа бағасы, яғни рынок құны бүкіл товар аумағының алуан түрлі жағдайларда өндірілген товарлардың жеке құндарын қосу нәтижесінде алынатын жиынтық құны арқылы және осы жиынтық құнның әрбір жеке товарға келетін бөлегі арқылы анықталады. Осылайша пайда болған рынок құны ең қолайлы жағдайда өндірілген товарлардың ғана емес, сонымен қатар орташа деңгейдегі ғана емес, сонымен қатар орташа деңгейдегі товарлардың жеке-дара құнынан жоғары тұрар еді; солай бола тұрса да мұның өзі ең қолайлы жағдайда өндірілген товарлар-

<sup>30)</sup> Демек Шторх пен Рикардо арасында жер рентасы жөнінде туған талас (мәні жағынан ғана талас: іс жүзінде бұлардың бірле-бірі екіншісінің айтқанына назар аудармады), рынок құнын (оларда көбінесе рынок бағасы, тиісінше өндіріс бағасы) ең нашар (Рикардо) жағдайларда өндірілген товарлар анықтай ма (Рикардо) немесе, мұның керісінше, ең онды жағдайларда өндірілген товарлар анықтай ма (Шторх) деген талас<sup>61)</sup>. — бұл талас былайша шешіледі: екеуінің пікірі де әрі дұрыс, әрі бұрыс, өйткені екеуі де орташа жағдайды мұлда ескермеді. Бағаны ең онды жағдайларда өндірілген товарлардың реттейтін кездері жөніндегі Корбеттің пайымдамасын салыстырыңыз<sup>62)</sup>. «Ол» (Рикардо) «екі түрлі товардың жеке-жеке екі данасы, мәселен, қалпақ пен бір пар байпақ, нақ осы екі бөлек зат мөлшері бірдей еңбекпен өндірілген күнде бұлар бір-біріне айырбасталады деген пікірде екен деп ойлау жөн емес. Мұнда «товар» деген сөзді жеке-дара қалпақ, бір пар байпақ, т. т. мағынасында емес, «товар түрі» деп түсіну керек. Англияда қалпақ біткенді өндіретін барлық еңбекті осы мақсатпен барлық қалпаққа бөлінетін еңбек деп санаған мақұл. Менің байқауымша, бұл жағдай Рикардо ілімінің бас жағында және жалпы қатиларында онша айқын көрсетілмеген» («Observations on certain Verbal Disputes in Political Economy etc», London. 1821, p. 53—54).

дың жеке-дара құнынан төмен болар еді. Рынок құнының осы соңғы құнға қаншалық жақындайтыны және, ақырында, ол бұған әбден сәйкес келе ала ма, жоқ па, бұл жағы түгелдей осы өндіріс саласында ең нашар жағдайда өндірілген товарлардың еншісіне тиетін үлестің мөлшеріне байланысты. Ал егер мұнда сұраныс тіпті сәл ғана асып түсетін болса, онда рынок құны ең қолайсыз жағдайда өндірілген товарлардың жеке-дара құны арқылы реттеледі.

Ақырында, III реттегідей, ең жақсы жағдайда өндірілген товарлардың мөлшері екінші ұшқарылықпен салыстырғанда ғана емес, сонымен қатар орташа жағдайлармен салыстырғанда да асып түседі дейік; онда рынок құны орташа құннан да төмендеп кетеді. Екі түрлі алшақ жағдайда, сондай-ақ орташа жағдайда өндірілген товарлардың құндарын қосу арқылы есептеліп шығарылған орташа құн ең қолайлы жағдайда өндірілген бөлектің относительді мөлшеріне қарай мұнда не орташа топтың құнынан төмен болады, не соған жақындайды немесе алшақтап кетеді. Егер сұраныс ұсыныспен салыстырғанда әлсіздеу болса, онда ең қолайлы жағдайда өндірілген товарлар бөлегі, өзінің мөлшерінен тыс, бағасын өзінің жеке-дара құнының дәрежесіне дейін төмендетеді де, күшпен билеуші жағдайға ие болады. Ұсыныс сұраныстан өте мөте басым болатын кезді былай қойғанда, ең қолайлы жағдайда өндірілген товарлардың осы жеке-дара құнына рынок құны ешқашан да сәйкес келе алмайды.

Бұл жерде рынок құнының белгіленуі *абстрактылы түрде* көрсетіліп отыр, ал шынайы рынокта сұраныс товарлардың нақты мөлшерін осылайша белгіленген құны бойынша бойға сіңіріліктей дәрежеде күшті болса, мұның өзі сатып алушылар арасындағы бәсеке арқылы істеледі. Біз бұл жерде екінші пунктке келіп отырмыз.

*Екіншіден.* Товардың тұтыну құны болады дегеніміздің мәнісі — бұл товар қоғамның әйтеуір бір қажетін өтейді деген сөз ғана. Біз тек жеке товарларды ғана әңгіме еткенде нақты осы товарды қажетсінушілік бар,— оның мөлшері бағасында көрсетілген,— деп ұйғардық та, одан әрі қанағаттандырылуға тиісті қажетсінудің мөлшерін қарастыруға ден қойған жоқпыз. Алайда, бір жағынан, тұтас өндіріс тарауының өнімі, екінші жағынан бұл өнімді қоғамдық қажетсінушілік бар дегенше-ақ мәселенің сан жағы елеулі маңыз алады. Енді осы қоғамдық қажетсінудің аумағын, яғни мөлшерін қарастырып өту керек.

Жоғарыда рынок құнына берілген анықтамаларда өндірілген товарлар аумағы белгілі, яғни өзгеріссіз қалады, тек түрліше жағдайларда өндірілген осы аумақтың құрамдас бөлік-

терінің арасындағы қатынас қана өзгереді, сондықтан белгілі бір товар аумағының рынок құны түрлі әдіспен реттеледі деп ұйғарылған болатын. Бұл аумақ дағдылы мөлшердегі ұсыныс екен дейік, оның бер жағында біз өндірілген товарлардың бір бөлігінің рыноктан кетуі мүмкін екенін былай қоя тұрамыз. Егер осы аумақ жөніндегі сұраныс та дағдылы мөлшерінде қалатын болса, онда товар өзінің рынок құны бойынша сатылады, ал мұнда осы рынок құнының жоғарыда зерттелген үш түрлі әдістің қайсысымен реттелетіні есеп емес. Товар аумағы белгілі бір қажетті қанағаттандырып қана қоймайды, ол мұны қоғамдық мөлшерде қанағаттандырады. Егер рыноктағы товар мөлшері ол жөніндегі сұраныстан көп немесе аз болса, онда рынок бағасы рынок құнынан ауытқып отырады. Ал бірінші ауытқушылық мынада: товар мөлшері жеткіліксіз болғанда рынок құнын әрқашан да ең нашар жағдайда өндірілген товарлар реттейді; товар мөлшері астам болғанда — әрқашан да ең оңды жағдайда өндірілген товарлар реттейді; сөйтіп, түрліше жағдайларда өндірілген аумақтар арасындағы нақты қатынасқа сәйкес басқаша нәтиже шығуға тиіс бола тұрса да, рынок құнын екі алшақтықтың әйтеуір бірі анықтайды. Егер өнім жөніндегі сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылық едәуір болса, онда рынок бағасы да рынок құнынан едәуір дәрежеде жоғары немесе төмен ауытқып отырмақ. Ал өндірілген товарлар мөлшері мен рынок құны бойынша сатылатын товарлар мөлшерінің арасындағы айырмашылықтың екі түрлі себебі болуы мүмкін. Не өндірілген товарлардың нақты мөлшері өзгереді, тым аз немесе тым көп болады, сол себепті ұдайы өндіріс нақ сол рынок құнын реттеп отырған көлемнен басқаша көлемде жүргізіледі. Бұлай болған күнде, сұраныс өзгеріссіз қала тұрса да ұсыныс өзгереді, демек, өнімді біршама асыра өндіру немесе кем өндіру орын алады. Не болмаса ұдайы өндіріс, яғни ұсыныс, өзгеріссіз қалады, ал сұраныс төмендеп немесе көтеріліп кетеді; бұл ретте ұсыныстың абсолюттік шамасы бұрынғы қалпында қалғанымен, оның относительдік шамасы, оның қажетсінумен салыстырғандағы шамасы өзгергенімен, мұның өзі түрліше себептерден болуы мүмкін. Мұның өзі бірінші жағдайдағы сияқты, тек қарама-қарсы бағытта әсер етер еді. Ақырында, егер өзгеріс екі жақтан бірдей, бірақ түрліше бағытта жасалатын болса, немесе бір бағытта болғанымен, түрліше дәрежеде жасалатын болса,— бір сөзбен айтқанда, егер өзгеріс екі жақты болса, бірақ сонымен бірге екі жақтың бұрынғы арақатынасын өзгертетін болса, онда ақтық нәтиже сөзсіз жоғарыда қарастырылып өткен екі жағдайдың біреуіне келіп тірелуге тиіс.



Сұраныс пен ұсыныс ұғымдарына жалпы анықтама берудегі нағыз қиыншылық бұл анықтамалардың бейне бір қайталау сияқты болып көрінуінде. Ең алдымен ұсынысты, яғни рынокқа әкелінген немесе әкелінуі мүмкін өнімді қарастырып өтейік. Бұл жерде ешбір қажеті жоқ егжей-тегжейлерді ежіктеп жатпастан, біз өнеркәсіптің әрбір жеке тарауында бір жыл ішінде өндірілген товар аумағын аламыз да, азды-көпті мөлшердегі түрлі товарлардың рынокқа түспей, айталық, таяудағы жыл ішінде тұтыну мақсатымен қоймаларда сақталатынын мүлде есепке алмаймыз. Белгілі бір товар аумағының түгелдей немесе жеке-дара өлшенуіне қарай осы жылдық ұдайы өндіріс ең алдымен нақты мөлшерден — өлшемнен немесе санныан — көрінеді; біздің көріп отырғанымыз адамның қажеттерін өтейтін жәй тұтыну құндары емес, белгілі мөлшерде рынокқа түскен тұтыну құндары. Екіншіден, осы товар аумағының белгілі рынок құны бар, мұны жеке товардың немесе бірлік мөлшер ретіндегі товар өлшемінің рынок құны түрінде көрсетуге болады. Сондықтан рыноктағы товар мөлшері мен оның рынок құны арасындағы қажетті байланыс жоқ; мәселен, кейбір товарлардың құны ерекше жоғары болады да, екінші бір товарлардың құны ерекше төмен болады, сөйтіп белгілі бір құн сомасы бір товарлардың өте көп мөлшерінен, екінші бір товарлардың өте аз мөлшерінен көрінуі мүмкін. Рыноктағы товарлар мөлшері мен бұл товарлардың рынок құны арасында тек қана мынадай байланыс бар: еңбек өнімділігінің дәрежесі белгілі болғанда өндірістің әрбір белгілі саласында белгілі бір мөлшерде товар жасап шығару үшін белгілі мөлшерде қоғамдық жұмыс уақыты керек болады, әйткенмен өндірістің әр түрлі саласында бұл қатынас, әрине, түрліше болып отырады және белгілі бір товардың пайдалылығымен немесе оның тұтыну құнының айрықша жаратылысымен мұның ешқандай ішкі байланысы болмайды. Егер белгілі бір товар түрінің *a* мөлшері *v* жұмыс уақыты тұратын болса, онда басқа барабар жағдайларда *na* мөлшері *nv* жұмыс уақыты тұрады. Онан кейін: егер қоғам өзінің қажеттерін өтегісі келіп, осы мақсатпен белгілі бір товар түрін өндірмекші болса, ол мұның ақысын төлеуге тиіс. Шынында да, товар өндірісі тұсында еңбек бөлінісі болғандықтан, қоғам бұл товарларға былайша ақы төлейді: өзінің қарамағындағы жұмыс уақытының бір бөлегін осы товарларды өндіруге жұмсайды, демек, қоғам бұл товарларды белгілі мөлшердегі жұмыс уақыты арқылы, оның — осы қоғамның — қарамағында болуы мүмкін жұмыс уақыты арқылы сатып алады. Қоғамның бір бөлегі, еңбек бөлінісі нәтижесінде өз еңбегін нақ сол белгілі товарды өндіруге жұмсайтын бөлегі, оның қажетін өтейтін то-

варға сіңген қоғамдық еңбек түрінде эквивалент алуға тиіс. Бірақ белгілі бір қоғамдық өнімге жұмсалған қоғамдық еңбектің барлық мөлшері арасында, яғни қоғам осы өнімді өндіруге жұмсайтын жиынтық жұмыс күші үлесінің арасында, демек, бір жағынан осы өнімді өндірудің бүкіл өндірісте алатын көлемінің және, екінші жағынан, нақ сол белгілі өнім арқылы қоғам өзінің қажетін өтеуге жұмсайтын көлемінің арасында ешқандай қажетті байланыс жоқ, тек кездейсоқ байланыс бары байқалады. Әрбір жеке товарда немесе белгілі товар түрінің әрбір нақты мөлшерінде соны өндіру үшін қажетті қоғамдық еңбек қана бар, сөйтіп бұл жағынан алып қарағанда осы түрдегі барлық товар аумағының рынок құны тек қажетті еңбекті ғана бейнелейді, солай бола тұрса да, белгілі товар нақты қоғамдық қажеттіктен асып түсетін мөлшерде өндірілгендіктен, қоғамдық жұмыс уақытының бір бөлегі босқа ысырап етілген болып шығады да, бұл ретте барлық товар аумағындағы қоғамдық еңбек мөлшері рынокта оған сіңген нақты мөлшерден анағұрлым аз болып көрінеді. (Өндіріс қоғамның оған іс жүзінде жөн сілтеп отыратын бақылауында болған жерде ғана қоғам белгілі бір затты өндіруге жұмсалатын қоғамдық жұмыс уақыты мөлшері мен осы зат арқылы қанағаттандырылуға тиісті қоғамдық қажетсіну мөлшері арасында байланыс орнатады.) Сондықтан бұл товарлар өздерінің рынок құнынан төмен сатылуға тиіс, ал бұлардың бір бөлігінің мүлде сатылмай қалуы да мүмкін. Ал егер белгілі бір товар түрін өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбек мөлшері осы өнім арқылы қанағаттандырылуға тиісті қоғамдық қажетсіну көлемімен салыстырғанда тым аз болатын болса, жағдай дәл мұның керісінше болып шығады. Егер белгілі бір товарды өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбек мөлшері қанағаттандырылуға тиісті қоғамдық қажетсіну көлеміне сәйкес келетін болса, сөйтіп өндірілген өнім аумағы сұраныс өзгермейтін кездегі ұдайы өндірістің дағдылы көлеміне сәйкес келетін болса, товар өзінің рынок құны бойынша сатылады. Товарды өз құны бойынша айырбастау немесе сату — тиімді принцип, бұлардың тепе-теңдігінің табиғи заңы; ауытқушылық мәнісін осы заңға сәйкес түсіндіру керек, ал мұның керісінше істеу — заңның өзін ауытқушылықтан әкеліп шығару жөн емес.

Енді мәселенің екінші жағын — сұранысты алып қарайық.

Товар не өндіріс құрал-жабдықтары, не тіршілік заттары ретінде сатып алынып, өндірмелі немесе жеке тұтыну үшін жаратылады, оның бер жағында кейбір товар түрлерінің осы екі мақсатқа бірдей қызмет ете алатындығынан істің жайы өзгере қоймайды. Демек, бұларды өндірушілер жағы да (бұл жер-

де капиталистер мағынасында айтылып отыр, өйткені өндіріс құрал-жабдықтары капиталға айналдырылған деп ұйғарылады), тұтынушылар жағы да керексінеді. Тәрізі, сұраныс жағында белгілі мөлшерде қоғамдық қажетсінудің болуы ең алдымен осы арқылы жорамалданатын сияқты, ал ұсыныс жағында бұған әр түрлі өндіріс тарауларындағы қоғамдық өндірістің белгілі аумағы сәйкес келеді. Мақта мата өнеркәсібі өзінің жылдық ұдайы өндірісін белгілі көлемде қайтадан жүзеге асыруы үшін дағдылы мөлшерде мақта қажет, ал егер капиталдың қорлануы нәтижесінде ұдайы өндірістің жыл сайын ұлғайтылатынын еске алатын болсақ, онда, басқа барабар жағдайларда, қосымша мақта қажет. Тіршілік заттары жөнінде де осыны айтуға болады. Өзінің дағдылы орташа тіршілік дәрежесін сақтап қалуы үшін жұмысшы табы қажетті тіршілік заттарын ең болмағанда бұрынғы мөлшерде қайтадан алуға тиіс; дегенмен бұған кіретін товарлар сипатының біраз өзгеруі де мүмкін; ал егер халықтың жыл сайын өсіп отыратынын есепке алатын болсақ, онда қосымша мөлшерде тіршілік заттары да қажет; азды-көпті түзетулер жасай отырып, басқа таптар жөнінде де осыны айтуға болады.

Сонымен былай болып шығады: сұраныс жағында нақты шамада белгілі бір қоғамдық қажетсіну болады, ал мұның өзін өтеу үшін рынокта белгілі мөлшерде товар болуы керек. Бірақ бұл қажетсінудің сан жағынан тиянақтылығы өте түрлаусыз да құбылмалы. Ол тек белгіленіп қойылған сияқтанып қана көрінеді. Егер тіршілік заттары арзан болса немесе ақшалай жалақы жоғары болса, онда жұмысшылар бұл заттарды көбірек сатып алар еді де, товардың осы түрлері жөніндегі «қоғамдық қажетсінудің» едәуір екені көрінер еді, ал біз мұнда «сұранысы» табиғи қажетсінуден шектен тыс төмен тұрған пауперлерді, т. т. мүлде былай қоямыз. Егер, екінші жағынан, мәселен, мақтаның бағасы төмендеген болса, онда капиталистердің мақта жөніндегі сұранысы өсіп, мақта-мата өнеркәсібіне, т. т. қосымша капитал көбірек жұмсалған болар еді. Оның бер жағында мынаны есте ұмытпау керек: біздің ұйғаруымызша өндірмелі тұтыну жөніндегі сұраныс — капиталистің тарапынан болатын сұраныс, ал оның шын мақсаты — қосымша құн өндіру, тек сол қосымша құнға бола ол белгілі бір товар түрін өндіреді. Екінші жағынан, капиталист рынокта, мәселен, мақтаны сатып алушы ретінде көрінетіндіктен, оның мақтаны керексінушілердің өкілі болуына мұның ешбір бөгеттігі жоқ; дәл сол сияқты, сатып алушы бұл мақтаны көйлектік матаға айналдыра ма, пироксилин жасай ма, әлде бұл мақтамен өзінің және барша әлемнің құлағын бітемекші ме, мақта сатушы үшін мұның ешбір келер-кетері жоқ қой.

Бірақ, әрине, сатып алушының тегіне қарай, мұның үлкен әсер ететіні сөзсіз. Оның мақта жөніндегі қажеті шындығында оның пайда түсіру жөніндегі қажетін ғана бүркейтіндігі себепті бұл қажеттік едәуір өзгеріп отырады. Рынокта көрінетін товар қажеттігі — сұраныс — сан жағынан нақты қоғамдық қажеттіктен ауытқып отырады, ал мұның шеңбері, әрине, түрлі товар үшін мүлде түрліше болады; менің айтып отырғаным іс жүзінде сұралған товарлар мөлшері мен товардың ақшалай бағасы басқаша болғанда немесе сатып алушылардың ақшалай, тиісінше тіршілік жағдайлары басқаша болғанда керек етілетін товарлар мөлшерінің арасындағы айырмашылық.

Сұраныс пен ұсыныстың әркелкілігін және осы себепті рынок бағасының рынок құнынан ауытқып отыратынын түсінуден оңай нәрсе жоқ. Нағыз қиыншылық: ұсыныс пен сұраныс өтеліп отырады деген сөздің мәнісі не екенін анықтауда.

Ұсыныс пен сұраныс белгілі бір өндіріс тарауындағы товар аумағын оның рынок құны бойынша — одан жоғары да, төмен де емес — сатуды мүмкін етерлік қатынаста болса, ұсыныс пен сұраныс өтеледі. Бұл жөнінде бізге айтылып жүрген бірінші қағида міне осы.

Екіншіден, товар өзінің рынок құны бойынша сатылатын болса ұсыныс пен сұраныс өтеледі.

Егер ұсыныс пен сұраныс өтеліп отыратын болса, онда бұлар әрекет етуден қалады, дәл сондықтан да товар өзінің рынок құны бойынша сатылады. Егер шамасы бірдей екі күш қарама-қарсы бағыттарда әрекет ететін болса, онда бұлар бір-бірін жояды да, сыртқа ешқандай әсер етпейді, сондықтан бұл жағдайда болатын құбылыстарды осы екі күштің әрекетінен деп білмей, қалайда басқаша түсіндіру керек. Сұраныс пен ұсыныс өзара жойылатын болса, бұлар нені болса да түсіндіруден қалады, ендігі жерде рынок құнына әсер етпейді, сөйтіп рынок құнының басқа бір сомадан көрінбей, нақ осы сомадан көрініп отырған себебін ашпай, бізді мүлде аңыртып қояды. Капиталистік өндірістің нақты ішкі заңдарын, анығында, сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеті арқылы түсіндіру (тіпті осы қоғамдық қозғаушы күштердің екеуіне неғұрлым терең жасалған талдауды, бұған қатысы жоқ талдауды былай қойғанның өзінде де) мүмкін емес, өйткені сұраныс пен ұсыныс әрекет етуден қалған кезде ғана, яғни өзара өтелген кезде ғана бұл заңдар таза күйінде жүзеге асқан болып шығады. Шындығында сұраныс пен ұсыныс бірін бірі ешқашан да өтемейді немесе өтеген күнде де кездейсоқ өтейді, демек, ғылыми тұрғыдан алғанда бұл жағдай — о-ге тең болуға тиіс, жоқ нәрсе ретінде қаралуға тиіс. Алайда саяси экономияда бұлар бірін бірі өтейді деп жорамалданады. Неге?

Бұлай істелетін себебі, құбылыстарды олардың ұғымына сәйкес келетін заңдылығы түрінде алып қарау керек, яғни оларды сұраныс пен ұсыныстың ауытқуынан туатын сыртқы көріністен тыс алып қарау керек; екінші жағынан, мұның өзі олардың қозғалысындағы шын бағдарын тауып, оны белгілі жолмен тұжырымдау үшін керек. Теңдіктен ауытқушылықтар қарама-қарсы сипатта болатындықтан және үнемі бірінен соң бірі келіп отыратындықтан бұлар өз бағыттарының қарама-қарсылығы нәтижесінде, өзара қайшы келуі нәтижесінде бір-бірімен теңеліп кетеді. Сонымен, егер әйтеуір бір нақты жағдайда сұраныс пен ұсыныс өтелмейтін болса, онда теңдіктен ауытқушылықтар бірінен соң бірі бола береді,— тегінде бір бағыттағы ауытқушылықтың нәтижесі ретінде қарама-қарсы бағытта да ауытқушылық тумақшы ғой,— сөйтіп, азды-көпті ұзақ дәуір ішіндегі қозғалыстың қорытындысын алып қарайтын болсақ, сұраныс пен ұсыныс әрқашан да өзара өтеліп отырады; алайда бұл нәтиже өтіп кеткен қозғалыстың орташа шамасы ғана және олардың қайшылығының түпкілікті қозғалысы ғана болмақшы. Рынок құндарынан ауытқушы рынок бағалары, егер бұлардың орташа шамасын алып қарайтын болсақ, осылайша теңеліп кетеді де, бұдан рынок құнына сәйкес келетін орташа шама келіп шығады, оның бер жағында рынок құнынан ауытқушылықтар плюс пен минус ретінде бірін бірі жойып жібереді. Ал капитал үшін осы орташа шаманың жалаң теориялық маңызы ғана емес, практикалық маңызы да бар, өйткені капиталды жұмсағанда азды-көпті белгілі уақыт ішіндегі ауытқушылықтар мен теңелушіліктер есепке алынып отырады.

Демек, сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас, бір жағынан, рынок бағаларының рынок құндарынан ауытқушылықтарын ғана және, екінші жағынан, бұл ауытқушылықтарды жоюға, яғни сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынастың ықпалын жоюға талпынатын тенденцияны ғана түсіндіреді. (Бағасы бар, құны жоқ алабөтен товарлар бұл жерде біздің қарауымызға жатпайды). Теңдіктен ауытқушы нәтижесінде сұраныс пен ұсыныстың жасайтын бұл ықпалын алуан түрлі жолмен жоюға болады. Егер, мәселен, сұраныс, демек, рынок бағасы да төмендейтін болса, онда мұның нәтижесінде капитал бұл тараудан әкетіледі де, сөйтіп ұсыныс азаяды. Бірақ мұның мынадай да нәтижесі болуы мүмкін: қажетті жұмыс уақытын қысқартатын өнертабыстар арқасында рынок құнының өзі төмендейді де, осылайша рынок бағасымен теңеледі. Мұның керісінше, егер сұраныс өсетін болса, демек, рынок бағасы рынок құнынан асып түсетін болса, онда мұның нәтижесінде өндірістің осы тарауына капиталдың шамадан

тыс ағылып келуі және өндірістің ұлғайып кетуі мүмкін, бұл ретте рынок бағасы тіпті рынок құнынан да төмендеп кетпек; немесе, екінші жағынан, мұның нәтижесінде баға көтеріліп кетіп, сұраныстың өзін азайтуы мүмкін. Жеке өндіріс тарауларында мұның мынадай да нәтиже туғызуы мүмкін: рынок құнының өзі азды-көпті елеулі мерзім ішінде өсе түседі, өйткені бұл уақыт ішінде рынокта керек болып отырған товардың бір бөлегін нашар жағдайда өндіруге тура келеді.

Сұраныс пен ұсыныс рынок бағасын анықтайтын болса, екінші жағынан, рынок бағасы, ал келешектегі талдауымызда рынок құны сұраныс пен ұсынысты анықтайды. Сұраныс жөнінде бұл айдан анық, өйткені ол бағаға қарама-қарсы бағытта өзгеріп отырады: баға төмендесе, көтеріледі және керісінше. Бірақ ұсыныс жөнінде де нақ осыны қолдануға болады. Шынында да, рынокта ұсынылатын товарға кіретін өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы осы өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі сұранысты анықтайды, демек, белгілі бір товарлар жөніндегі ұсынысты да анықтайды, ал бұл ұсынысқа осы өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі сұраныс та кіреді. Мақта-матаны ұсыну үшін мақта бағасының шешуші маңызы бар.

Осы шытырманды — бағаны сұраныс пен ұсыныстың анықтауын және сонымен қатар сұраныс пен ұсынысты бағаның анықтауын — онан сайын қиындата түсетін нәрсе, сұраныс ұсынысты анықтайды және, мұның керісінше, ұсыныс сұранысты анықтайды, өндіріс рынокты, рынок өндірісті анықтайды<sup>31)</sup>.

<sup>31)</sup> Мынадай «парасатты» пікірлердің әжептәуір сандырақ екені аян: «Егер белгілі бір өнімді өндіру үшін қажетті жалақының, капитал мен жердің мөлшері бұрынғы шамасымен салыстырғанда өзгертін болса, онда Адам Смит табиғи баға деп атайтын нәрсе де өзгереді, ал алғашында оның табиғи бағасы болған баға, ұсыныс пен сұраныс өзгермеген күнде де, әлгі өзгеріс жөнінде алғанда оның рынок бағасы болады» (ұсыныс пен сұраныстың екеуінің де өзгертін себебі дәл мынау: құнның өзгеруі нәтижесінде рынок құны немесе — А. Смиттің анық айтып отырғанындай — өндіріс бағасы өзгереді) «солдай бола тұрса да бұл ұсыныс қазірде өндіріс шығындары болып отырған нәрселердің ақысын төлей алатын және төлегісі келетін адамдардың талаптарына ендігі жерде әбден дәл сәйкес келе қоймайды, қайта бұлардан не көп, не аз болып шығады; сондықтан ұсыныс пен ендігі жерде белгіленетін нақты сұраныс арасындағы қатынас, жаңа өндіріс шығындарын еске алғанда, өзінің бұрынғы шамасынан өзгеше болады. Осының нәтижесінде, егер бөгет кездесе қоймаса, ұсыныс аумағы өзгереді, ал мұның өзі ақыр-аяғында товарды өзінің жаңа табиғи бағасына келтіреді. Товар өзінің табиғи бағасына ол жөніндегі ұсыныстың өзгеруі нәтижесінде жететіндіктен табиғи бағаның болуы сұраныс пен ұсыныстың арасындағы бір қатынастың арқасы, дәл сол сияқты рынок бағасының болуы екінші бір қатынастың арқасы деу. Бәлкім, дұрыстау болар еді; демек, табиғи баға, дәл рынок бағасы сияқты, сұраныс пен ұсыныстың арасындағы өзара қатынасқа байланысты. («Сұраныс пен ұсыныстың ұлы принципі А. Смиттің табиғи баға, сондай-ақ рынок бағасы дейтін нәрсесін анықтауға жаралған». Мальтус<sup>63)</sup>» («Observations on certain Verbal Disputes etc». London, 1821, p. 60, 61). Талданып отырған жағдайда нақ өндіріс шығындарының өзгеруі, демек, құнның да өзгеруі сұранысты, демек, сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынасты да өзгертетінін, ал сұраныстың өзгеруі ұсынысты өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін екенін данышпан автор түсінбейді; ал бұл жағдай біздің ойшылдың дәлелдемек болған пікіріне мүлде қарама-қарсы қағиданы дәлелдеген болар еді.— мұның өзі сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынастың өндіріс шығындарын әсте реттейтінін, қайта, мұның керісінше, бұл қатынасты өндіріс шығындарының өздері реттейтінін дәлелдеген болар еді.

Сыртқы жағдайлардың әсерімен ұсыныста немесе сұраныста болатын өзгерісті былай қойғанның өзінде бұлардың арасындағы қатынас товардың рынок құнының өзгеруі нәтижесінде өзгеруі мүмкін екенін тіпті шамалы экономис те түсінеді (ескертуді қараңыз). Рынок құны қандай болса да, сол құнның өткізілуі үшін сұраныс пен ұсыныс теңелуге тиіс екенін тіпті сол экономис те лажсыз мақұлдайды. Мұның мәнісі — рынок құнын сұраныстың ұсынысқа қатынасы түсіндірмейді, қайта, мұның керісінше, рынок құны сұраныс пен ұсыныстың ауытқуын түсіндіреді деген сөз. «Observations» авторы ескертуде келтірілген үзіндіден кейін тағы да былай дейді:

«Алайда бұл қатынас» (сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас), «егер біз сұраныс» және «табиғи баға» дегендерді жаңа ғана А. Смитке жүгінгенде түсінген нәрселеріміз мағынасында түсінетін болсақ, әрқашан да теңдік қатынасы болуға тиіс; өйткені ұсыныс нақты сұранысқа, яғни табиғи бағадан көп те, аз да төлегісі келмейтін сұранысқа тең болған жағдайда ғана, — тек осы жағдайда ғана табиғи баға шын мәнісінде төленуі мүмкін; демек, әр түрлі уақытта белгілі бір товарда мүлде екі түрлі табиғи баға болуы мүмкін, өйткенен сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас екі жағдайда да өзгеріссіз қалуы, атап айтқанда — теңдік қатынасы болып қалуы мүмкін» [61-бет].

Сонымен, мұндағы жорамал бойынша, белгілі бір товардың әр түрлі уақытта екі түрлі «табиғи бағасы» болғанда товардың екі жағдайда да іс жүзінде өзінің «табиғи бағасымен» сатылуы үшін сұраныс пен ұсыныс бірін бірі өтей алады, тіпті өтеуге тиіс те. Ал мұндағы екі жағдайда да сұраныстың ұсынысқа қатынасы титтей де өзгермейді, бірақ «табиғи бағаның» өз шамасы өзгереді, сондықтан мұның өзі, шынында, сұраныс пен ұсыныстан тыс анықталады, сондықтан да бұлардың оны анықтауы екіталай нәрсе.

Товарды оның рынок құны бойынша, яғни оған сіңген қоғамдық қажетті еңбекке сәйкес сату үшін, бұл үшін барлық осы товар түрін өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбектің бүкіл мөлшері сол товар жөніндегі қоғамдық қажеттіктің, яғни төлемпаз қоғамдық қажеттіктің шамасына сәйкес келуге тиіс. Бәсеке, рынок бағаларының сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынастың ауытқуларына сәйкес келетін ауытқулары товардың әрбір түріне жұмсалған еңбектің жалпы санын әрқашан да осы өлшемге келтіруге тырысады.

Сұраныс пен товар ұсынудың арасындағы қатынастан, біріншіден, тұтыну құны мен айырбас құны арасындағы, товар мен ақша арасындағы, сатып алушы мен сатушы арасындағы қатынас көрінеді; екіншіден, бұдан өндіруші мен тұтынушының арасындағы қатынас көрінеді, дегенмен соңғы еке-

үнінің орнында үшінші адамдардың, саудагерлердің болуы да мүмкін. Бұл қатынасты әбден дамыту үшін сатып алушы мен сатушыны бір-біріне жеке-жеке қарсы қоюдың өзі жеткілікті. Товардың толық метаморфозы үшін, демек, түгел сатып алу-сату процесі үшін үш адам жеткілікті. А өзінің товарын В-ге сатып, оны ақшаға айналдырады, ол С-тен товар сатып алып, өз товарын қайтадан А-ға айналдырады; бүкіл процесс осы үш адамның ортасында өтеді. Бұдан соң, ақшаны зерттегенде біз товар өзінің құны бойынша сатылады деп ұйғарғанбыз, өйткені әңгіме тек қана товардағы форма өзгерістері, оның ақшаға айналуы және ақшадан қайтадан товарға айналуы жайында болғандықтан құннан ауытқып кететін бағаны қарастырып жатудың ешбір қисыны жоқ еді. Егер, тегінде товар сатылатын болса, одан түскен ақшаға жаңа товар алынатын болса, бұдан біз бүкіл метаморфозды көреміз, ал товардың бағасы оның құнынан жоғары ма, төмен бе, ол үшін мұның ешбір келер-кетері жоқ. Товардың құны өзінің негіз ретіндегі маңызын сақтап қалады, өйткені ақша ұғымы тек осы негізден ғана дамытылмақ, ал баға дегеніміз, өзінің жалпы ұғымы жағынан, ең алдымен тек ақша формасындағы құн. Әрине, ақшаны айналыс құралы ретінде қарастырғанда товардың бір ғана метаморфозы болып қоймайды деп жорамалданады. Қайта бұл метаморфоздардың қоғамдық шытырман күйі қарастырылады. Біз ақша айналысына және ақшаның айналыс қаржысы ретіндегі қызметінің дамуына тек қана осылайша қараймыз. Бірақ бұл байланыс ақшаның айналыс қаржысы қызметіне ауысуы үшін және осы себепті оның түрінің өзгеруі үшін каншалық маңызды болса, жеке сатып алушылар мен сатушылар арасындағы саудасаттық үшін мұның маңызы соншалық мардымсыз.

Ал енді, сұраныс пен ұсынысты қарастыра келіп, біз былай деп есептейміз: ұсыныс — нақты белгілі товарды сатушылардың, яғни өндірушілердің жиынтығы, ал сұраныс — нақ осы товарды сатып алушылардың, яғни тұтынушылардың (жеке-дара немесе өндірмелі тұтынушылардың) жиынтығы. Оның бер жағында бұл жиынтықтар бір-біріне тұтас тұлға ретінде, агрегаттық күштер ретінде әсер етеді. Бұл жерде жеке адам қоғамдық күштің бір бөлегі ретінде ғана, бүкіл қауымның атомы ретінде ғана әрекет етеді.— нақ осындай формада бәсеке өндіріс пен тұтынудың қоғамдық сипатын ашып көрсетеді.

Бәсекелесуші екі жақтың қазіргі кезеңдегі әлсіздеуі сонымен бірге әрбір жеке адамы өз бәсекелестерінің қауымынан тыс, ал екінің бірінде соларға тікелей қарсы әрекет етуші жақ болады да, нақ осындай жолмен жеке бәсекешінің бас-



қаларға тәуелділігін күшейте түседі; ал енді неғұрлым күштілеу жағы әрқашан да өз дұшпандарына азды-көпті берік топтасқан тұлға ретінде қарсы тұрады. Егер товардың осы түрі жөніндегі сұраныс ұсыныстан көп болса, онда — белгілі шеңберде — бір сатып алушы екіншісінен асып түсуге тырысады, сөйтіп барлық сатып алушылар үшін товардың бағасын оның рынок құнынан жоғары көтеріп жібереді, ал екінші жағынан, сатушылар бірлесіп товарды жоғары рынок бағасы бойынша сатуға тырысады. Егер, мұның керісінше, ұсыныс сұраныстан көп болса, онда біреуі арзанырақ сата бастайды да, басқалары лажсыздан соның соңына ереді, ал енді сатып алушылар бірлесіп рынок бағасын рынок құнына қарағанда неғұрлым көбірек төмендетуге тырысады. Әркім жеке қимылдағаннан гөрі бірлесіп қимылдағанда көбірек ұтатын кезге дейін ғана бірлесіп қимылдауды көздейді. Ал енді бұлардың бір жағы екінші жағынан әлсіздеу болып шықты дегенше-ақ қимыл бірлігі тыйылады да, әрбір жеке адам өз күшімен-ақ неғұрлым жақсы орналасуға тырысады. Бұдан соң, егер бәсекешілердің бірі товарды басқалардан арзанырақ өндіріп, көбірек өткізе алатын болса және товарын қазіргі кезде үстем болып отырған рынок бағасынан, яки рынок құнынан арзан сату арқылы өзіне рыноктан көбірек орын ала алатын болса, онда ол нақ осылай істейді де, өзінің осы әрекеті арқылы өзгелерді өндірістің неғұрлым арзан әдісін енгізуге аз-аздап мәжбүр ете отырып, қоғамдық қажетті еңбекті жаңа мөлшерге, бұрынғыдан шағындау мөлшерге келтіреді. Егер екі жақтың бірі басым болып шықса, онда әрқашан да осы жақтың адамы ұтады; істің жайы осы жақтың барша адамдары ортақ монополияны жүзеге асырып отырғандағыдай болып шығады. Егер екі жақтың бірі әлсіздеу болып шықса, онда әркім (мәселен, өндіріс шығындарын аз жұмсаушы адам) бар күшін салып, қарсы адамынан мықтырақ болуға немесе ең болмағанда неғұрлым азырақ зиянмен құтылуға әрекеттенеді, ал оның қимыл-әрекетінің жеке өзіне ғана емес, сонымен қатар өзінің барлық сыбайластарына қатысы бола тұрса да, бұл ретте оның өз көршілерімен ешқандай шаруасы бола қоймайды<sup>32)</sup>.

Сұраныс пен ұсыныс құнның рынок құнына айналуын керек етеді, ал бұлар капиталистік негізде әрекет ететіндік-

<sup>32)</sup> «Егер топтың әрбір мүшесі ортақ олжаның немесе иеліктердің белгілі үлесінен не тиісті бөлегінен ешбір артық ала алмайтын болса, онда ол осы олжаны арттыру үшін шын ықыласымен басқалармен бірігетін болады» (сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас өзіне мүмкіндік беріп тұрғанда ол осылай істейді де); «бұл — монополия. Ал егер әйтеуір бір әдіспен, тіпті жалпы соманы азайту жолымен болса да, өз үлесінің абсолюттік шамасын арттыруға болатындығына әркімнің көзі жетсе, ол екінің бірінде нақ осылай істейді; бұл — бәсеке» («An Inquiry Into those Principles respecting the Nature of Demand etc.». London, 1821, p 103).

тен, товар капиталдың жемісі болғандықтан, сұраныс пен ұсыныс капиталистік өндіріс процесін, демек, товарды жәй сату және сатып алудан гөрі мүлде басқаша қатынастар тізбегін керек етеді. Мұнда әңгіме товар құнының бағаға формасы жағынан айналуы, яғни форманың жәй ғана өзгеруі туралы болып отырған жоқ; әңгіме рынок бағаларының рынок құндарынан, ал онан кейін, өндіріс бағаларынан белгілі бір сан жағынан ауытқуы туралы болып отыр. Жәй сатып алу және сату тұсында товар өндірушілердің өз қалпында бір-біріне қарама-қарсы тұруы жеткілікті. Онан әрі талдай келгенде сұраныс пен ұсыныс қоғамның жиынтық табысын өзара бөлісіп, мұны табыс ретінде тұтынып отыратын, демек, осы табыстан туатын сұранысты білдіріп отыратын әр түрлі таптардың және таптық бөлімшелердің болуын керек етеді; ал енді, екінші жағынан, өндірушілердің өздері бір-біріне жасайтын сұраныс пен ұсынысты түсіну үшін тұтас капиталистік өндіріс процесінің құрылысын түгел танып білу қажет.

Капиталистік өндіріс тұсында әңгіме товар формасында айналысқа салынған құн мөлшері үшін басқа формада, — ақша немесе товар формасында, — соған тең құн мөлшерін алуда ғана емес, әңгіме өндіріске авансыланған капиталдың үстіне нақ сондай мөлшердегі әрбір басқа капиталдың алатынындай, басқаша айтқанда, капиталдың өндірістің қай саласында қолданылатынына қарамастан, оның аумағына *pro rata*\* қосымша құн, яғни пайда түсіруде болмақ; демек, әңгіме товарды ең кемінде орташа пайда келтіретін баға бойынша, яғни өндіріс бағасы бойынша сатуда болмақ. Бұл формада капитал өзін *қоғамдық күш* ретінде сезіне бастайды, ал мұнда әрбір капиталдың бүкіл қоғамдық капиталға қатысуына пропорциялы мөлшерде өз үлесі болады.

Біріншіден, капиталистік өндіріс өздігінен белгілі бір тұтыну құнына және тегінде өзі жасайтын товардың ерекше өзгешеліктеріне мүлде селқос қарайды. Әрбір өндіріс саласында оның көздейтіні тек қана қосымша құн өндіру, еңбек өніміндегі ақы төленбеген белгілі бір мөлшердегі еңбекті иемдену. Дәл сол сияқты, капиталға бағынышты жалдама еңбек те нақ өз жаратылысы бойынша өз жұмысының ерекше сипатына селқос қарайды, капиталдың қажеттеріне сәйкес ол өзгеріске ұшырап, өндірістің бір саласынан екінші саласына ауысып отыруға тиіс.

Екіншіден, іс жүзінде өндірістің бір саласы екіншісі сияқты жақсы немесе нашар; әрқайсысы бірдей пайда келті-

---

\* — сәйкес. Ред.

реді, ал егер өндіретін товары қоғамның әйтеуір бір қажетін қанағаттандырмайтын болса, оның әрқайсысы өз борышын ақтамаған болар еді.

Ал егер товарлар өз құндары бойынша сатылатын болса, онда, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, өндірістің түрлі саласында, оған жұмсалған капитал аумағының органикалық құрылымындағы айырмашылыққа қарай сан алуан пайда нормалары келіп шығады. Бірақ капитал пайда нормасы неғұрлым төмен тараудан алынады да, неғұрлым жоғары пайда келтіретін басқа тарауларға ағылады. Осындай түпкілікті эмиграция мен иммиграция арқылы,— қысқасы, өндірістің әр түрлі салалары арасында бөлінуі арқылы, пайда нормасының төмендеуіне және көтерілуіне қарай, капитал сұраныс пен ұсыныстың арасалмағын белгілейді, сөйтіп өндірістің түрлі салаларында біркелкі орташа пайда жасалады, ал мұның нәтижесінде құн өндіріс бағасына айналады. Белгілі бір ұлттық қоғамда капиталистік даму неғұрлым жоғары болса, яғни осы елдің жағдайлары капиталистік өндіріс әдісіне неғұрлым көбірек негізделген болса, осылайша теңестіру ісін капитал соғұрлым толық жүзеге асыра алады. Капиталистік өндіріс ілгері басқан сайын оның жағдайлары да дамиды; ол өндіріс процесін жүргіздіріп отыратын барлық қоғамдық алғы шарттар жиынтығын өзінің ерекше сипатына, өзінің имманенттік заңдарына бағындырады.

Біріншіден, капитал неғұрлым жылжымалы болса, яғни оны бір саладан екінші салаға, бір орыннан екінші орынға неғұрлым оңай көшіруге болатын болса; екіншіден, жұмыс күшін бір саладан екінші салаға, белгілі бір жердегі өндірістің бір орталығынан екінші орталығына неғұрлым тез ауыстыруға болатын болса, үнемі туа беретін теңсіздіктердің үнемі қайта теңелуі соғұрлым шапшаң болып отырады. Бірінші тармақ қоғам ішінде толық сауда бостандығын және табиғи монополиялардан басқа барлық монополиялардың, яғни капиталистік өндіріс әдісінің өзінен туатын монополиялардың жойылуын керек етеді. Бұдан соң, толып жатқан бытыраңқы басы артық қоғамдық капиталды шоғырландырып, оны жеке-дара капиталға қарсы қоятын кредит системасын дамыту ұйғарылады; ақырында, өндірістің түрлі салалары капиталистерге бағындырылуы шарт. Мұның өзі біз қабылдаған алғышарттарға әлдеқашан енгізілген, өйткені біз капиталистік жолмен пайдаланылатын барлық өндіріс салаларында құнның өндіріс бағасына айналуы туралы әңгіме болады деп ұйғарғанбыз; ал егер капиталистік әдіспен жүргізілмейтін, жаппай сипаттағы толып жатқан өндіріс салалары (мәселен, ұсақ шаруалардың егіншілігі) капиталистік кәсіпорындардың

арасына сыналап өтіп кетіп, олармен араласып жататын болса, онда бұл теңелудің өзі неғұрлым мықты кедергілерге кездеседі. Ақырында, халықтың едәуір жиі болуы қажет. Екінші тармақтың керек ететіні: жұмысшылардың өндірістің бір саласынан екінші саласына немесе белгілі бір жердегі өндірістің бір орталығынан екінші орталығына ауысуына бөгет жасайтын барлық заңдардың күшін жою; өз еңбегінің мазмұнына жұмысшыны селқос қарайтын ету; өндірістің барлық саласындағы еңбекті мүмкіндігінше жәй еңбек дәрежесіне келтіру; жұмысшыларды барлық кәсіби соқыр сенімдерден азат ету; ақырында,— өте-мөте керегі — жұмысшыны капиталистік өндіріс әдісіне бағындыру. Бұл мәселені одан әрі талдау — бәсеке жөніндегі арнаулы зерттеу саласы.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, әрбір жеке капиталист, құдды әрбір жеке өндіріс саласындағы барлық капиталистердің жиынтығы сияқты, күллі капитал болып бүкіл жұмысшы табын қанауға қатысады да, өзінің қатысуы арқылы осы қанаудың белгілі дәрежесіне себепкер болады,— ал бұған қатысқанда таптың ниеті бір болғандықтан ғана емес, тікелей экономикалық тұрғыдан да қатысады; өйткені,— егер барлық басқа жағдайлары, оның ішінде бүкіл авансыланған тұрақты капиталдың құны да, анықтаулы деп ұйғаратын болсақ,— орташа пайда нормасы жиынтық капиталдың жиынтық еңбекті қанау дәрежесіне байланысты.

Орташа пайда әрбір жүз мөлшерге капитал өндіретін орташа қосымша құнға сәйкес келеді, сондықтан қосымша құн жөнінде жаңа ғана айтылған пікір өзінен өзі түсінікті. Ал орташа пайданы алатын болсақ, пайда нормасын анықтайтын шарттардың бірі ретінде бұған тағы да авансыланған капиталдың құны келіп қосылады. Шынында да, капиталистің немесе белгілі бір өндіріс саласындағы капиталдың өзі тікелей жалдап алған жұмысшыларды қанаудағы дербес мүддесі мынамен тынады: ол шектен тыс ерекше еңбек істеткізу арқылы, не жалақыны орташа дәрежеден төмен түсіре кеміту арқылы, не қолданылып отырған еңбектің өнімділігін ерекше арттыру арқылы айрықша жоғары пайда алуды,— орташа пайдадан асып түсетін пайда алуды көздейді. Егер бұл жағдайды былай қоятын болсақ, онда өзінің өндіріс тарауында өзгермелі капиталды мүлде жұмсамайтын, демек, еңбекті мүлде қолданбайтын капиталист те (ал шындығында бұлай болуы, әрине, мүмкін емес) нақ бір ғана өзгермелі капиталды қолданатын, сөйтіп өзінің барлық капиталын жалақыға жұмсайтын капиталист сияқты (шындығында бұл да қисыны жоқ нәрсе) жұмысшы табын капиталдың қанауын барынша көздеп, ақы төленбеген еңбектен өз пайдасын алып

отырар еді. Бірақ еңбекті қанау дәрежесі жұмыс күні белгілі болғанда еңбектің орташа интенсивтілігіне байланысты, ал интенсивтілік белгілі болғанда — жұмыс күнінің ұзақтығына байланысты. Қосымша құн нормасының мөлшері, демек, өзгермелі капиталдың жалпы аумағы белгілі болғанда, қосымша құн шамасы, ендеше пайданың шамасы да еңбекті қанау дәрежесіне байланысты. Барлық жиынтық капиталдан өзгеше белгілі бір тараудағы капиталдың өзі арнайы жалдап алған жұмысшыларды қанаудағы дербес мүддесі қандай болса, өз тарауындағы барлық капиталистерден өзгеше жеке капиталистің өзі жалдап алған жұмысшыларды қанаудағы дербес мүддесі сондай.

Екінші жағынан, капиталдың әрбір жеке саласы мен әрбір жеке капиталист жиынтық капитал қолданатын қоғамдық еңбектің өнімділігіне бірдей мүдделі, өйткені екі түрлі жағдай осыған байланысты. Біріншіден, орташа құнды бейнелейтін тұтыну құндарының аумағы; ал мұның өзі екі есе маңызды, өйткені пайда әрі жаңа капиталды жинау қоры, әрі тұтынуға арналған табыс қоры болады. Екіншіден, барлық авансыланған капитал (тұрақты және өзгермелі капитал) құнының шамасы; ал мұның өзі барлық капиталистер табының қосымша құнының, яғни пайдасының шамасы белгілі болғанда пайда нормасын, яғни белгілі бір мөлшердегі капиталға келетін пайданы анықтайды. Жеке саладағы немесе осы саланың жеке-дара кәсіпорнындағы еңбек өнімділігінің айрықша дәрежеге жетуіне бұл іске тікелей қатысы бар капиталистер ғана мүдделі, өйткені мұның өзі барлық капиталистер салыстырғанда жеке саланың немесе өзінің бүкіл саласымен салыстырғанда жеке капиталистің үстеме пайда алуына мүмкіндік береді.

Сонымен, бір-бірімен бәсекеге түскенде туысқандық сезімдерін соншама аз білдіретін капиталистердің бүкіл жұмысшы табына қарсы күрескенде шынайы масондарша туыстаса кететін себебі бұл жерде математикадағыдай дәл көріне қояды.

Өндіріс бағасына орташа пайда да кіреді. Мұны біз өндіріс бағасы — іс жүзінде бұл А. Смиттің «табиғи баға», Рикардоның «өндіріс бағасы», «өндіріс құны», физиократтардың «қажетті баға» дейтін нәрселерінің дәл өзі, ал өндіріс бағасының құннан айырмашылығын бұлардың ешқайсысы зерттеген емес — дейтін себебіміз, өндіріс бағасы әрбір жеке өндіріс саласында товарды ұсыну мен ұдайы өндірудің түпкілікті шарты болып табылады<sup>33</sup>). Сонымен қатар товар құнын

<sup>33</sup>) Malthus [*Principles of Political Economy*\*, London, 1836. p. 77 and sq].

жұмыс уақыты арқылы, товарға сіңген еңбек мөлшері арқылы анықтауға қарсы шыға келетін нақ сол экономистердің өндіріс бағасын рынок бағалары соны, кәдірегінде ауытқып отыратын кіндік дейтін себебі де түсінікті. Олардың осылай дейтін жөні бар, өйткені өндіріс бағасы — әбден сыртқы пішінге айналған форма, және *prima facie\** товар құнының иррационалдық формасы, бәсеке процесінде көрінетін, демек, кәдімгі капиталистің санасында, сондай-ақ тұрпайы экономистердің санасында көрінетін форма.

---

Өндірістің әрбір айрықша саласында өте-мөте қолайлы жағдайда өнім өндіретіндердің үстеме пайдасы рынок құнына (ал бұл жөнінде айтылған пікірдің бәрін қажетті шеңберде өндіріс бағасына да қолдануға болады) қалайша кіретіні бұдан бұрынғы баяндаудан көрініп отыр. Жалпы дағдарыстар мен асыра өндіру жағдайларын былай қойғанда, өндірістің рынок құндары мен рынок бағаларынан қанша қатты ауытқып тұрса да, мұны барлық рынок бағаларына қолдануға болады. Рынок бағасы товардың алуан түрлі өзгеше жағдайларда өндірілуі, демек, өндіріс шығындарының алуан түрлі болуы мүмкін екендігіне қарамастан, осы түрдегі товардың бәріне біркелкі баға төленеді, деп ұйғарады. (Үйреншікті мағынадағы — жасанды немесе табиғи — монополиялардың нәтижесі ретіндегі үстеме пайда туралы біз бұл жерде айтып отырған жоқпыз.)

Алайда үстеме пайда, сонымен қатар, өндірістің белгілі салалары өздерінің товар құндарының өндіріс бағаларына айналуынан, сол себепті олардың пайдаларының орташа пайдаға келтірілуінен аман қалған жағдайда да тууы мүмкін. Жер рентасы жайындағы бөлімде біз үстеме пайданың осы екі формасының келешекте қалай өзгеретінін қарастырамыз.

---

\* — алғаш қарағанда. Ред.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

**ЖАЛАҚЫНЫҢ ЖАЛПЫ АУЫТҚУЫНЫҢ ӨНДІРІС  
БАҒАСЫНА ТИЕТІН ӘСЕРІ**

Қоғамдық капиталдың орташа құрылымы  $80_c + 20_v$ , ал пайда 20 мөлшер болады дейік. Бұл ретте қосымша құн нормасы 100%. Жалақының жалпы көтерілуі, басқа барабар жағдайларда, қосымша құн нормасының төмендеуі деген сөз. Орташа капитал үшін пайда мен қосымша құн сәйкес келеді. Жалақы 25% өсті дейік. Бұрын 20 мөлшермен іске қосылатын еңбек аумағы енді 25 мөлшер тұрады. Демек, біз бір айналымдағы  $80_c + 20_v + 20_p$  құн орнына  $80_c + 25_v + 15_p$  болғанын көреміз. Өзгермелі капитал арқылы іске қосылған еңбектің қазір өндіретін құн сомасы, бұрынғысындай, 40 мөлшерге тең. Ал  $v$  20-дан 25-ке жетіп өскендіктен оның артығы,  $m$ , тиісінше  $p$ , енді = тек 15. 105-ке келетін 15 пайда  $14^{2/7}\%$  болады, ал мұның өзі пайданың жаңа орташа нормасы болар еді. Орташа капитал өндіретін товардың өндіріс бағасы оның құнына сәйкес келетіндіктен ол товардың өндіріс бағасы өзгермеген болар еді; демек, жалақының артуы пайданы төмендеткенімен, товардың құны мен бағасын өзгерте қоймаған болар еді.

Бұрын, орташа пайда = 20 мөлшер болған кезде, бір айналым мерзімі ішінде өндірілген товардың өндіріс бағасы өндіріс шығындарына және осы өндіріс шығындарына келетін 20 мөлшер пайдаға тең болар еді, демек  $= k + kp = k + \frac{20k}{100}$ , мұнда  $k$  товарға кіретін өндіріс құрал-жабдықтарының құнына қарай және осы товарды өндіргенде қолданылған негізгі капиталдың өнімге көшкен құнын білдіретін тозықтың шамасына қарай түрліше болып отыратын өзгермелі шама. Енді өндіріс бағасы  $k + \frac{14^{2/7} \cdot k}{100}$  болады.

Енді құрылымы бастапқы  $80_c + 20_v$  түріндегі қоғамдық орташа капиталдың (қазір бұл  $76^{4/21}_c + 23^{17/21}_v$  болып өзгерген) құрылымынан төмен капиталды алайық,— мәселен,

$50_c + 50_v$ . Мұнда жалақы артқанға дейін жылдық өнімнің өндіріс бағасы  $50_c + 50_v + 20_p = 120$  еді. — оңайлату үшін біз бүкіл негізгі капитал тозуы себепті жылдық өнімге кіреді және айналым уақыты дәл I жағдайдағыдай деп қабылдаймыз. Жалақы 25% артқан күнде нақ сол іске қосылған еңбек мөлшері үшін өзгермелі капитал 50-ден  $62\frac{1}{2}$  мөлшерге дейін артады. Егер жылдық өнім бұрынғы өндіріс бағасы бойынша 120-дан сатылған болса, онда бұдан  $50_c + 62\frac{1}{2}_v + 7\frac{1}{2}_p$  келіп шығар еді, демек, пайда нормасы  $6\frac{2}{3}\%$  болар еді. Бірақ пайданың жаңа орташа нормасы  $14\frac{2}{7}\%$ , ал біз барлық басқа жағдайларды барабар деп ұйғарғанбыз, сондықтан  $50_c + 62\frac{1}{2}_v$  мөлшеріндегі капитал да көрсетілген пайданы беруге тиіс. Ал  $112\frac{1}{2}$  мөлшеріндегі капитал пайда нормасы  $14\frac{2}{7}\%$  болғанда  $16\frac{1}{14}$  пайда береді. Сөйтіп, ол өндірген товардың өндіріс бағасы енді  $50_c + 62\frac{1}{2}_v + 16\frac{1}{14}_p = 128\frac{8}{14}$ . Сонымен, жалақының 25% артуы нәтижесінде нақ сол товардың сол мөлшерінің өндіріс бағасы бұл жерде 120-дан  $128\frac{8}{14}$ -ге дейін, яғни 7 проценттен астам өсті.

Мұның керісінше, орташа капиталдан құрылымы неғұрлым жоғары, мәселен,  $92_c + 8_v$  болатын өндіріс саласын алайық. Демек, бастапқы орташа пайда мұнда да  $= 20$ , ал егер біз тағы да бүкіл негізгі капитал жылдық өнімге кіреді және айналым уақыты I және II жағдайлардағы күйінде қалады деп ұйғаратын болсақ, онда товардың өндіріс бағасы мұнда да  $= 120$ .

Жалақының 25% артуы нәтижесінде нақ сол мөлшердегі еңбекке жұмсалатын өзгермелі капитал 8-ден 10-ға дейін өседі, демек, товардың өндіріс шығындары 100-ден 102 дейін көбейеді; екінші жағынан, пайданың орташа нормасы 20 проценттен  $14\frac{2}{7}$  процентке түсіп төмендеді. Бірақ  $100 : 14\frac{2}{7} = 102 : 14\frac{4}{7}$ . Демек, енді 102-ге тиесілі пайда  $14\frac{4}{7}$  болады. Сондықтан да бүкіл өнім  $k + kp' = 102 + 14\frac{4}{7} = 116\frac{4}{7}$  болып сатылады. Демек, өндіріс бағасы 120-дан  $116\frac{4}{7}$ -ке дейін, яғни  $3\frac{3}{7}$  мөлшерінде төмендеді.

Сонымен, жалақының 25% артуы нәтижесінде:

1) қоғамдық құрылымы орташа капитал үшін товардың өндіріс бағасы өзгеріссіз қалды;

2) құрылымы неғұрлым төмен капитал үшін өндіріс бағасы, пайданың төмендеуіне сәйкес келетін қатынаста болмағанымен, әйтеуір өсті;

3) құрылымы неғұрлым жоғары капитал үшін товардың өндіріс бағасы, пайдаға сәйкес келетін қатынаста болмағанымен, әйтеуір төмендеді.

Құрылымы орташа капитал өндіретін товардың өндіріс бағасы өнімнің құнына тең күйінде, өзгеріссіз қалғандықтан



барлық капиталистер өнімдерінің өндіріс бағаларының сомасы да жиынтық капитал өндірген құндардың сомасына тең күйінде, өзгеріссіз қалды; бүкіл капитал, бір жағынан, көтеріліп, екінші жағынан, төмендеп жатса да, мұның өзі қоғамдық орташа капиталдың дәрежесіне жетіп, теңеліп кетеді.

Егер товардың өндіріс бағасы II мысалда көтеріліп, ал III мысалда төмендейтін болса, қосымша құн нормасының төмендеуінен немесе жалақының жалпылама артуынан келіп шығатын осы қарама-қарсы әрекеттің өзі-ақ мынаны көрсетеді: бұл жерде жалақының артуы нәтижесінде болған шығынның орнын товардың бағасы арқылы толтыру туралы әңгіме болуы мүмкін емес, өйткені III жағдайда капиталист өндіріс бағасының төмендеуі арқылы пайданың төмендеу есесін, әрине, қайыра алмайды, тіпті II жағдайда бағаның көтерілуі де пайданың төмендеуіне тосқауыл бола алмайды. Қайта, екі жағдайда да,— баға көтерілген жерде де, баға төмендеген жерде де,— пайда орташа капиталдың, баға өзгеріссіз қалатын капиталдың пайдасымен бірдей. Пайда II және III жағдайда біркелкі, атап айтқанда, мұның өзі —  $5\frac{5}{7}$  мөлшер, яғни 25 проценттен астам кеміген орташа пайда. Бұдан шығатын қорытынды: егер II жағдайда баға өспеген болса, III жағдайда төмендемеген болса, товар төмендеген жаңа орташа пайдаға қарағанда II жағдайда азырақ пайдамен, III жағдайда көбірек пайдамен сатылған болар еді. Өзінен өзі түсінікті: еңбекке капиталдың 50, 25 немесе 10 проценті жұмсалыуына қарай жалақының артуынан келетін нұқсан жалақыға өз капиталының  $\frac{1}{10}$  бөлегін жұмсаған адам үшін не  $\frac{1}{4}$  немесе  $\frac{1}{2}$  бөлегін жұмсаған адам үшін мүлде әр түрлі болуға тиіс. Бір жағынан, өндіріс бағасының көтерілуі, екінші жағынан, мұның төмендеуі, қоғамдық орташа құрылыммен салыстырғанда сол капитал құрылымының жоғары немесе төмен болуына қарай, төмендеген жаңа орташа пайданың дәрежесіне жетіп, теңелуіне ғана байланысты.

Ал енді жалақының жалпылама төмендеуінің және осыған сәйкес пайда нормасының, демек, орташа пайданың да, жалпылама көтерілуінің қоғамдық орташа құрылымнан қарама-қарсы бағыттарда ауытқып отыратын капиталдардың өнімі болып табылатын товарлардың өндіріс бағаларына ететін әсері қандай? Жоғарыда келтірілген пікірлерді кері айналдырса болғаны, нәтижесі шыға келеді (ал Рикардо мұны зерттемеген).

I. Құрылымы орташа капитал =  $80_c + 20_v = 100$ ; қосымша құн нормасы = 100%; өндіріс бағасы = товардың құны =  $80_c + 20_v + 20_p = 120$ ; пайда нормасы = 20%. Жалақы төрттен бір мөлшерде кемиді дейік, сонда нақ осы тұрақ-

ты капиталды бұрынғы 20  $v$  орнына 15 $v$  іске қосып отырады. Демек, бұдан шығатын товар құны =  $80_c + 15_v + 25_p = 120$ . Мұнда  $v$  өндірген еңбек мөлшері өзгеріссіз қалады да, тек ол жасаған жаңа құн капиталист пен жұмысшының арасында басқаша бөлінеді. Қосымша құн 20-дан 25-ке дейін өсті, ал қосымша құн нормасы  $\frac{20}{20}$  орнына  $\frac{25}{15}$ , демек, 100% орнына  $166\frac{2}{3}\%$  болды. 95-ке келетін пайда енді = 25; демек, 100-ге тиесілі пайда нормасы =  $26\frac{6}{19}$ . Капиталдың жаңа проценттік құрылымы енді  $84\frac{4}{19}_c + 15\frac{15}{19}_v = 100$ .

II. Құрылымы төмен капитал. Жоғарыдағыдай, бастапқысы  $50_c + 50_v$ . Жалақының  $\frac{1}{4}$  мөлшерде төмендеуі нәтижесінде  $v$   $37\frac{1}{2}$ -ға дейін кемиді, сөйтіп бүкіл авансыланған капитал  $50_c + 37\frac{1}{2}_v = 87\frac{1}{2}$  мөлшеріне дейін кемиді. Егер біз мұнда  $26\frac{6}{19}\%$  жаңа пайда нормасын қолданатын болсақ, онда  $100 : 26\frac{6}{19} = 87\frac{1}{2} : 23\frac{1}{38}$ . Бұрын 120 тұрған товар аумағы енді  $87\frac{1}{2} + 23\frac{1}{38} = 110\frac{10}{19}$  тұрады; баға 10 мөлшер шамасында төмендеді.

III. Құрылымы жоғары капитал. Бастапқысы  $92_c + 8_v = 100$ . Жалақы  $\frac{1}{4}$  мөлшерде төмендегенде  $8_v$   $6_v$ -ге дейін, бүкіл капитал 98-ге дейін төмендейді. Демек,  $100 : 26\frac{6}{19} = 98 : 25\frac{15}{19}$ . Товардың өндіріс бағасы бұрын  $100 + 20 = 120$  болса, енді, жалақы төмендегеннен кейінгі жерде,  $98 + 25\frac{15}{19} = 123\frac{15}{19}$  болып отыр; демек, ол 4 мөлшерге жуық өсті.

Сонымен, жоғарыдағы пікірлерді, тек кері бағытта және тиісті түзетулерімен қоса, қайталау ғана керек екенін көріп отырмыз; жалақының жалпылама төмендеуінен шығатын нәтиже: қосымша құнның, қосымша құн нормасының, демек, басқа бара-бар жағдайларда, басқаша пропорцияда болса да пайда нормасының да жалпы артуы; құрылымы төмен капиталдар өндірген товарлар үшін өндіріс бағаларының төмендеуі, құрылымы жоғары капиталдар өндірген товарлар үшін өндіріс бағаларының көтерілуі. Нәтижесі — жалақы жалпылама артқанда біз көрген нәтижеге мүлде қарама-қарсы<sup>34)</sup>. Екі жағдайда да — жалақы артқанда да, төмендегенде де — жұмыс күнінің ұзақтығы, дәл сол сияқты барлық қажетті тіршілік заттарының бағасы да өзгермейді деп ұйғарылған-ды. Сонымен, бұл жерде жалақының төмендеуі мына жағдайда ғана мүмкін болатын нәрсе: не оның бұдан бұрын

<sup>34)</sup> Өте-мөте бір ғажап нәрсе. Рикардо<sup>64)</sup> (ол өзінің пайымдауларын осы жерде баяндалғаннан гөрі басқаша құрған, өйткені ол құнның өндіріс бағасына теңелу процесін түсінбеді) тіпті бұл жағдайға соқпай өтіп, бірінші жағдайды ғана — жалақының артуын және оның товар өндірісінің бағасына ететін әсерін ғана қарастырады. Ал *servit pecus imitatorum*<sup>65)</sup> осы өзінен өзі түсінікті, асылында тавтологиялық, әдістің тіпті байыбына бара алған да жоқ.

еңбектің қалыпты бағасынан жоғары тұруы не қазіргі кезде бұл бағадан төмен түсуі шарт. Жалақының төмендеуі немесе артуы құнның өзгеруінен, демек жұмысшының дағдылы тұтынуына кіретін товарлардың өндіріс бағаларының да өзгеруінен туғанда қандай өзгерістер болатындығы ішінара төменде, жер рентасы жайындағы бөлімде зерттелмек. Ал бұл жерде біздің біржола түйіп айтарымыз мынау:

Егер жалақының көтерілуі немесе төмендеуі қажетті тіршілік заттары құнының өзгеруінен туатын болса, онда жоғарыда келтірілген пікірлер мына жағдайда ғана, бағасының өзгеруі себепті өзгермелі капиталдың көлемін арттыратын немесе азайтатын товарлар сонымен бірге құрастырушы элементтер ретінде тұрақты капиталға да кіретін болса ғана, демек, әсері жалғыз жалақымен тынбайтын жағдайда ғана өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ал бұлар тек жалақыға ғана әсер ететіндіктен, жоғарыда келтірілген пікірлерге осы жағдай жөнінде айтуға боларлық нәрсенің бәрі дөп келеді.

Бүкіл осы тарауда жалпы пайда нормасының, орташа пайданың түзілуі, демек, құндардың өндіріс бағаларына айналуы белгілі факт ретінде жорамалданып отырды. Мәселе жалақының жалпылама көтерілуі немесе төмендеуі товардың өндіріс бағаларына, белгілі шамалар деп ұйғарылған бағаларға қалайша әсер етуге тиісті екендігінде ғана болды. Осы бөлімде зерттелген басқа тармақтармен салыстырғанда мұның өзі өте жадағай мәселе. Бірақ бұл — осында қозғалған мәселелердің ішінде Рикардо қарастырып өткен бірден-бір мәселе, онда да ол мұны бір жақты және қанағаттанғысыз қарастырғанын төменде көреміз<sup>66</sup>.

## ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

## ҚОСЫМШАЛАР

I. ӨНДІРІС БАҒАСЫН ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАТАТЫН  
СЕБЕПТЕР

Қандай да болсын товардың өндіріс бағасы екі түрлі себептен ғана өзгеруі мүмкін:

*Біріншіден.* Пайданың жалпы нормасы өзгереді. Мұның өзі қосымша құнның нақ орташа нормасы өзгерген күнде ғана немесе — қосымша құнның орташа нормасы өзгермей тұрғанда — иемделетін қосымша құн сомасының бүкіл авансыланған қоғамдық капитал сомасы жөніндегі қатынасы өзгерген күнде ғана мүмкін болатын нәрсе.

Қосымша құн нормасының өзгеруі жалақының қалыпты дәрежесінен төмендеп кетуіне немесе жоғары көтерілуіне негізделмейді, — ал бұл секілді қозғалыстарды жалақының кездейсоқ ауытқулары деп қана қарау керек, — сондықтан мұндай өзгеріс жұмыс күші құнының көтерілуі немесе төмендеуі нәтижесінде ғана болуы мүмкін; тіршілік заттарын өндіретін еңбектің өнімділігі өзгермейінше, демек, жұмысшылардың тұтынуына кіретін товарлардың құны өзгермейінше мұның екеуі де бірдей мүмкін емес.

Немесе иемделетін қосымша құн сомасының бүкіл авансыланған қоғамдық капитал жөніндегі қатынасы өзгереді. Бұл жерде өзгерістің қосымша құн нормасынан болмайтыны анық, сондықтан бұл өзгеріс бүкіл капиталдан, атап айтқанда оның тұрақты бөлегінен болуға тиіс. Соңғысының аумағы, техникалық жағынан алып қарағанда, өзгермелі капиталға сатып алынған жұмыс күшінің мөлшеріне пропорциялы түрде көбейеді немесе азаяды, ал капиталдың тұрақты бөлегі құнының аумағы нақ оның аумағының өсуіне және азаюына қарай не өсіп, не кеміп отырады, демек, мұның өзі де өзгермелі капитал құнының аумағына пропорциялы түрде өседі немесе кемиді. Егер бұрынғы мөлшердегі еңбек тұрақты капиталды көбірек іске қосатын болса, онда еңбектің неғұрлым өнімді болғаны, және керісінше. Демек, егер еңбек өнімділігінде өзгеріс болған болса, онда белгілі бір товарлардың құны да өзгеруге тиіс.

Сонымен, екі жағдайда да мына заң күшін сақтап қалады: егер жалпы пайда нормасының өзгеруі себепті белгілі бір товардың өндіріс бағасы өзгереді болса, онда бұл товардың өз құны өзгеріссіз қалуы мүмкін, бірақ басқа товарлардың құнында өзгеріс болуға тиіс.

*Екіншіден.* Пайданың жалпы нормасы өзгеріссіз қалады. Онда товардың өндіріс бағасы оның өз құны өзгерген күнде ғана, еңбектің өзін қайта өндіру үшін сол еңбек енді бұрынғыдан көп немесе аз керек болған күнде ғана өзгеруі мүмкін, оның бер жағында осы товарды ақтық формада өндіретін еңбектің немесе осы товарды өндіруге кіретін товарларды өндіретін еңбектің өнімділігі өзгере ме, жоқ па, мұның келер-кетері жоқ. Мақта жіпті өндіру бағасы не шитті мақтаның арзанырақ өндірілуі себепті, не машиналарды жетілдіру нәтижесінде жіп иіруші еңбектің өнімділеу бола бастағаны себепті төмендеуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгеніндей, өндіріс бағасы  $k + p$  мөлшеріне, яғни өндіріс шығындары мен пайдаға тең. Ал мұның өзі  $k + kp'$  мөлшеріне тең, мұнда  $k$ , өндіріс шығындары,— өндірістің түрлі салаларында өзгеріп отыратын және товар өндірісінде тұтынылған тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың құнына әрқашан тең тұрлаусыз шама, ал  $p'$  дегеніміз процентпен есептелген орташа пайда нормасы. Егер  $k = 200$ , ал  $p' = 20\%$  болса, онда өндіріс бағасы  $k + kp' = 200 + 200 \times \frac{20}{100} = 200 + 40 = 240$ . Анығында, товардың құны өзгере тұрса да, өндіріс бағасының өзгеріссіз қалуы мүмкін.

Товар өндірісінің бағасындағы өзгеріс атаулы сайып келгенде құндағы өзгеріс болып шығады; бірақ товар құнындағы өзгеріс біткеннің өндіріс бағасын өзгерте беруі міндетті емес, өйткені мұның өзі белгілі бір товардың құнына ғана емес, сонымен қатар барлық товарлардың жиынтық құнына да байланысты. А товарына қатысы бар өзгерістің В товарындағы қарама-қарсы өзгеріспен тең түсуі мүмкін, солай болғандықтан жалпы қатынас өзгеріссіз қалады.

## II. ҚҰРЫЛЫМЫ ОРТАША ТОВАРЛАРДЫҢ ӨНДІРІС БАҒАСЫ

Біз өндіріс бағаларының құндардан ауытқуы мына себептерден болатынын көрдік:

- 1) товардың өндіріс шығындарына сол товардағы қосымша құн емес, орташа пайда қосылады;
- 2) товар құнынан осылайша ауытқитын товар өндірісінің

бағасы басқа товардың өндіріс шығындарына элемент ретінде кіреді, ендеше товар өндірісі шығындарының өзінде-ақ оған тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнынан ауытқушылықтың болуы мүмкін, ал орташа пайда мен қосымша құнның айырмашылығы нәтижесінде осы товардың өзінде болатын ауытқушылықтың бұл жерде келер-кетері жоқ.

Сөйтіп, құрылымы орташа капиталдар өндіретін товарларда да өндіріс шығындарының сол товарлар өндірісі бағасының осы құрамдас бөлегін құрастыратын элементтер сомасынан ауытқып кетуі мүмкін. Орташа құрылым  $80_c + 20_v$  дейік. Осылайша құралған нағыз капиталдарда  $80 c$  мөлшері  $c$  құнынан, тұрақты капиталдан не көп, не аз болуы ықтимал, өйткені бұл  $c$  өндіріс бағасы құнынан ауытқып отырған товарлардан құралған. Сол сияқты, егер жалақы өндіріс бағасы құнынан өзгеше товарларға жұмсалатын болса,  $20 v$  өзінің құнынан ауытқуы мүмкін; демек, жұмысшы бұл товарларды сатып алу (өтеу) үшін жұмыс уақытын көп немесе аз жұмсауға тиіс, яғни атқаратын қажетті еңбегі қажетті тіршілік заттарының бағалары олардың құндарына сәйкес келетін кезде керек болатын мөлшерден көп немесе аз болуға тиіс.

Алайда бұл мүмкіндік құрылымы орташа товарлар үшін белгіленген қағидалардың дұрыстығын ешбір мұқалта алмайды. Осы товарларға келетін пайда мөлшері бұлардың өздеріндегі қосымша құн мөлшеріне тең. Мәселен, жоғарыда келтірілген  $80 c + 20 v$  капитал құрылымында қосымша құнды анықтау үшін әңгіме бұл сандардың нақты құндарын білдіретін-білдірмейтіндігінде емес, әңгіме бұлардың өзара қандай қатынаста екендігінде, атап айтқанда, бүкіл капитал  $v = 1/5$  және  $c = 4/5$  болып отырғандығында. Осылай болғандықтан  $v$  өндірген қосымша құн, жоғарыда жорамалдағанмыздай, орташа пайдаға тең. Екінші жағынан, қосымша құн орташа құнға тең болғандықтан, өндіріс бағасы = өндіріс шығындары + пайда =  $k + p = k + m$ , іс жүзінде товардың құнына тең. Яғни жалақының көтерілуі немесе төмендеуі товардың құнын қаншалық өзгеріссіз қалдыратын болса, бұл ретте  $k + p$  мөлшерін соншалық өзгеріссіз қалдырады да, тек пайда нормасы жағында тиісінше кері қозғалыс туғызады, оны кемітеді не арттырады. Атап айтқанда, егер жалақының көтерілуі немесе төмендеуі нәтижесінде бұл ретте товардың бағасы өзгерген болса, онда құрылымы орташа осы салалардағы пайда нормасы басқа салалардағы пайда нормасынан жоғары немесе төмен болып шығар еді. Тек сондықтан ғана баға өзгеріссіз қалады, құрылымы орташа салалар басқа салалардыкімен бірдей пайда дәрежесін сақтап қалады. Сөйтіп практика жүзінде істің жайы осы саланың өнімдері өздерінің нақты құны

бойынша сатылғандағыдай болып шығады. Шынында да, егер товарлар өздерінің нақты құндары бойынша сатылатын болса, онда басқа барабар жағдайларда жалақының көтерілуі немесе төмендеуі себепті пайда тиісінше кемиді немесе көбейеді, бірақ бұдан товардың құны әсте өзгермейді, сондықтан барлық жағдайда да жалақының көтерілуі немесе төмендеуі тек қосымша құн шамасын ғана шарпуы мүмкін, бірақ товардың құнын ешбір мызғыта алмайды.

### III. КАПИТАЛИСТЕРДІҢ ЕСЕ ҚАЙТАРАТЫН ДӘЙЕКТЕМЕЛЕРІ

Жоғарыда айтылғандай, бәсеке әр түрлі өндіріс салаларындағы пайда нормаларын пайданың орта нормасына негістiредi де, дәл осы арқылы сол әр түрлі салалардағы өнімдердің құндарын өндіріс бағаларына айналдырады. Ал мұның өзі капиталдың бір саладан екінші салаға, қазіргі кезде пайдасы орташа нормадан жоғары салаға үнемі ағылып тұруы арқылы істеледі; бірақ бұл ретте белгілі бір өнеркәсіп тарауында белгілі бір дәуір ішінде жұтаң жылдар мен пайдасы мол жылдардың алма-кезек ауысып отыруы себепті пайданың толқымалы болатындығы ескерілуге тиіс. Капиталдың әр түрлі өндіріс салаларының арасында болып отыратын осы үздіксіз эмиграциясы мен иммиграциясы пайда нормасының жоғарылы-төменді ауытқып отыруына себепкер болады, ал бұл қозғалыстар азды-көпті өзара теңеліп отырады да, сол себепті барлық жерде де пайда нормасын ортақ дәрежеге келтіруге бейім тұрады.

Капиталдардың бұл қозғалысы ең алдымен бір жерде пайданы жалпы орташа дәрежеден жоғары көтеретін, екінші жерде бұл дәрежеден төмен түсіретін рынок бағаларының жағдайына байланысты. Біз көпес капиталын әзірше былай қоя тұрамыз, өйткені бұл жерде онымен айналысар жайымыз жоқ және ол, өзіне ұнаған заттарды жүгіртуші жалдаптықтың кенеттен тап бола кететін жан таласынан көрініп отырғанындай, дүйім капиталды кәсіпкерліктің бір тарауынан жалмажан шығарып алып, дәл сондай шапшаңдықпен оны екінші бір тарауға жұмсағыш келеді. Бірақ әрбір шынайы өндіріс саласында — өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, кен ісінде, т. т. — капиталдың бір саладан екінші салаға барып құйылуы едәуір қиын, негізгі капиталдың болуы себепті өте-мөте қиын соғады. Оның үстіне тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: егер өнеркәсіптің қайсыбір тарауы, мәселен мақта-мата өнеркәсібі, белгілі бір уақыт ішінде ерекше мол пайда келтіретін болса, ол екінші дәуір ішінде мардымсыз ғана пайда келтіреді немесе

тіпті зиянға ұшыратады, сондықтан белгілі бір жылдар бойында мұндағы орташа пайда басқа тараулардағы пайдамен біршама бірдей болып шығады. Ал капитал бұл тәжірибемен санасуға тез-ақ көндігіп кетеді.

Бірақ бәсекенің бір кемістігі, ол өндіріс қозғалысын құнның билеп-төстейтінін *байқамайды*, ол өндіріс бағаларының тасасында жатқан және сайып келгенде осы бағаларды анықтайтын құндарды байқамайды. Оның есесіне бәсекенің байқайтыны, керісінше: 1) өндірістің әр түрлі салаларындағы капиталдың органикалық құрылымына байланыссыз, демек, белгілі бір қанау саласында белгілі бір капитал иемденетін тірі еңбек аумағына да байланыссыз орташа пайдалар; 2) жаалақының өзгеруі нәтижесінде өндіріс бағаларының көтеріліп, төмендеуі — сырттан қарағанда товарлардың құн қатынасына мүлде қайшы келетін құбылыс; 3) рынок бағаларының ауытқуы, мұның товарлардың белгілі бір мерзім ішіндегі орташа рынок бағасын рынок *құнына* келтірмей, одан алшақ кететін, одан мүлде өзгеше өндірістің рынок бағасына келтіретіндігі. *Байқауымызша*, осы құбылыстың бәрі құнды жұмыс уақытымен анықтауға да, ақы төленбеген қосымша еңбектен құралған қосымша құнның жаратылысына да бірдей қайшы келетін сияқты. *Сөйтін бәсекеде бәрі де бұрмаланған түрінде көрінеді*. Сырт жағынан, шынайы болмысы тұрғысынан да, демек өз иелері мен агенттері біліп алуға тырысатын ұғымдар ретінде де бейнеленетін, әлдеқашан қалыптасқан экономикалық қатынастар түрі олардың ішкі, елеулі мәнінен, бірақ бұркеулі жатқан негізгі мазмұнынан мүлде өзгеше, сондықтан іс жүзінде мұны бұрмалап көрсетеді, сөйтін мұның өзіне де, бұған сәйкес ұғымға да қайшы келеді.

Бұдан соң. Капиталистік өндіріс белгілі бір даму дәрежесіне жеткенде жеке өндіріс салаларындағы әр түрлі пайда нормаларының жалпы пайда нормасына теңелуі капиталды рынок бағаларының серпіп тастауы немесе баурап алуы арқылы ғана болып қоймайды. Белгілі бір дәуір бойына орташа бағалар мен бұларға сәйкес келетін рынок бағалары орныққаннан кейінгі жерде мұндай теңелу кезінде *белгілі айырмашылықтардың да* теңелетінін жеке капиталистер *ұғына* бастайды да, өзара есеп-қисаптарында капиталистер бұларды дереу есепке алып отырады. Капиталистердің ұғымында бұл айырмашылықтар есе қайтару дәйектемелері ретінде орнығып, есепке алынады.

Осындай ұғымның негізі мұнда — орташа пайданың өзі, яғни шамасы тең капиталдардың тең уақыт мерзімдері ішінде тең пайда беруге тиісті болатындығы. Ал мұның өзі мынаған



негізделеді: әрбір өндіріс саласының капиталы өз шамасына *pro rata*\* жиынтық қоғамдық капитал жұмысшылардан сығып алған жиынтық қосымша құнды иемденуге қатысуға тиіс; немесе әрбір жеке капитал тек қана жиынтық капиталдың бір бөлегі деп қаралуға тиіс, әрбір жеке капиталист шындығында бүкіл капиталдағы өз үлесіне *pro rata* ортақ пайдаға қатысатын ортақ кәсіпорынның акционері деп қаралуға тиіс.

Капиталистердің есеп-қисабы кейін осы ұғымға негізделеді. Мәселен, егер капитал не товарлардың өндіріс процесінде ұзақ болатыны себепті, не бұлардың шалғай рыноктарда сатылатыны себепті біршама баяу айналатын болса, онда осының салдарынан одан тайқып кететін пайда қалай дегенмен оның есебіне жазылады, демек, бағаға үстеме қосу арқылы есесі қайтарылады. Дәл сол сияқты зор қауіп-қатерге ұшырайтын күрделі қаржы да, мәселен, теңіз транспортына жұмсалған қаржы да, бағаға қосылған үстеме түрінде есесін қайтарып алады. Капиталистік өндіріс, сонымен бірге қауіпсіздендіру ісі де жеткілікті өркендеген кезде қауіп өндірістің барлық салалары үшін бірдей бола бастайды (Қорбетті<sup>67</sup> қараңыз); дегенмен қауіп-қатерге өте-мөте көп ұшырайтын кәсіпорындар қауіпсіздендіру сомаларын көбірек төлейді де, мұның есесін өз товарларының бағасынан қайтарады. Практика жүзінде бар әңгіме мынаған келіп тіреледі: белгілі капитал қаржысының бірін көбірек пайдалы, екіншісін азырақ пайдалы ететін,— ал белгілі шеңберде барлық қаржы бірдей қажетті деп есептеледі,— әрбір жағдай есе қайтару үшін біржола белгіленіп қойылған дәйектеме ретінде есепке алынады; оның бер жағында бұл сылтауды немесе осы есептің дұрыстығын ақтау үшін бәсекенің дүркін-дүркін әсер етуінің енді қажеттігі жоқ. Өндірістің түрлі тарауларында товар бағаларын өзара есептегенде капиталистердің есе қайтару үшін бір-біріне қарсы ұсынатын осы дәйектемелерінің бәрі тек қана мынаған негізделеді: барлық капиталистер өз капиталына *pro rata* ортақ олжадан, жиынтық қосымша құннан үлес алуға бірдей талаптанады; капиталистің тек бір ұмытын жүргені,— яғни, дұрысырағы, көрмей жүргені міне осы, ал бәсеке оған мұны көрсетпей отыр. Мұның керісінше, капиталистердің іс жүзінде тапқан пайдасы өздері сығып алған қосымша құннан айрықша болғандықтан оларға есе қайтару жөніндегі өз дәйектемелері оларды жиынтық қосымша құнға тең дәрежеде қатыстырмайтын, қайта *пайданың өзін жасайтын тәрізді көрінеді*, өйткені бұл пайда товар өндірісі шығындарына әйтеуір бір сылтаумен қосылған үстемеден жәй келіп шығады-мыс.

\* — сәйкес. Ред.

Басқа реттерде VII тараудың 116-бетінде\* капиталистің қосымша құн негізі жөніндегі ұғымы туралы айтылған барлық қағидаларды орташа пайдаға да қолдануға болады. Товардың рынок бағасы және еңбекті қанау дәрежесі белгілі болып тұрғанда өндіріс шығындарын үнемдеу әркімнің өнеріне, ұқыптылығына, т. т. қаншалық байланысты болса, бұл жерде мәселенің қойылысы соншалық дәрежеде ғана өзгереді.

---

\* — Осы томның 152—153-беттерін қараңыз. Ред.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУ  
ТЕНДЕНЦИЯСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

## ЗАҢНЫҢ ТӨРКІНІ

Жалақы мен жұмыс күнінің ұзақтығы белгілі болғанда өзгермелі капитал, мәселен, 100 мөлшерлі капитал, іске қосылатын жұмысшылардың белгілі санын бейнелейді; ол — осы санның көрсеткіші. Мәселен, 100 ф. ст. 100 жұмысшының, айталық, бір аптаның ішіндегі жалақысы дейік. Егер осы 100 жұмысшы қажетті еңбекті қосымша еңбек мөлшерінде жасайтын болса, демек, егер олар күн сайын капиталистер үшін, яғни қосымша күн өндіру үшін істеген уақыт мөлшерінде өзі үшін, яғни өзінің жалақысын қайта өндіру үшін жұмыс істейтін болса, онда олар өндірген барлық күн = 200 ф. ст., ал олар өндірген қосымша күн 100 фунт стерлинг болар еді. Қосымша күн нормасы  $\frac{m}{v} = 100\%$  болар еді. Алайда, жоғарыда көргеніміздей, осы қосымша күн нормасы тұрақты капитал  $c$  және сонымен бірге бүкіл капитал  $K$  шамасының түрліше болуына сәйкес алуан түрлі пайда нормаларынан көрінген болар еді, өйткені пайда нормасы =  $\frac{m}{K}$ . Қосымша күн нормасы 100% болғанда:

$$\text{Егер } c=50, v=100 \text{ болса, онда } p' = \frac{100}{150} = 66\frac{2}{3}\%;$$

$$\gg c=100, v=100 \text{ болса, онда } p' = \frac{100}{200} = 50\%;$$

$$\gg c=200, v=100 \text{ болса, онда } p' = \frac{100}{300} = 33\frac{1}{3}\%;$$

$$\gg c=300, v=100 \text{ болса, онда } p' = \frac{100}{400} = 25\%;$$

$$\gg c=400, v=100 \text{ болса, онда } p' = \frac{100}{500} = 20\%.$$

Сонымен, еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда қосымша күннің белгілі бір нормасы төмендеуші пайда норма-

сынан көрінген болар еді, өйткені тұрақты капиталдың материалдық аумағымен қатар, нақ сол пропорцияда болмағанымен, тұрақты капиталдың, демек, барлық капиталдың, шамасы да өседі.

Егер біз бұдан соң капиталдың осылайша біртіндеп өзгеруі өндірістің жеке-дара салаларында ғана болып қоймайды, сонымен қатар өндірістің азды-көпті барлық салаларында, ең болмағанда, шешуші салаларында болып отырады, сондықтан мұның өзі белгілі бір қоғамға тән бүкіл капиталдың орташа органикалық құрылымының өзгеруімен бірдей нәрсе деп ұйғаратын болсақ, онда тұрақты капиталдың өзгермелі капиталмен салыстырғанда осылайша біртіндеп өсуінің нәтижесінде қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда, яғни капиталдың еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда қалайда *пайданың жалпы нормасы біртіндеп төмендеуге* тиіс. Бірақ капиталистік өндіріс әдісінің заңы мынадай болып шықты: ол өскен сайын өзгермелі капитал тұрақты капиталмен салыстырғанда, демек, іске қосылатын барлық капиталмен салыстырғанда, біршама кеміп отырады. Мұның мәнісі тек мынау ғана: құн шамасы белгілі өзгермелі капитал менгере алатын саны бірдей жұмысшылар, мөлшері бірдей жұмыс күші, капиталистік өндіріске тән жұмыс әдістерінің дамуы нәтижесінде, біркелкі уақыт ішінде іске қосатын, өндеп ұқсататын және өндірмелі жолмен тұтынатын еңбек жабдықтарының, машиналардың және негізгі капиталдың басқа да түрлерінің аумағы үнемі өсіп отырады, сол себепті — тұрақты капитал да өзінің құн шамасы жағынан үнемі өсе береді. Өзгермелі капиталдың тұрақты капиталмен, демек, бүкіл капиталмен салыстырғанда осындай үдемелі түрде біршама азаюы қоғамдық капиталдың орташа органикалық құрылымының үдемелі түрде артуымен барабар. Бұл да еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің үдемелі дамуының басқаша бейнесі ғана; ал мұның өзі дәл мынадан көрінеді: мөлшерлі уақыт ішінде пайдаланылатын жұмысшылар санын өзгертпестен машиналарды және жалпы негізгі капиталды барған сайын көп қолдану арқылы, яғни еңбекті аз жұмсау арқылы шикізат пен қосалқы материалдар көбірек мөлшерде өнімге айналдырылады. Тұрақты капиталдың құн шамасының осылай өсуі сол тұрақты капиталдың заттық қалпын құрастыратын тұтыну құндарының нақты аумағының өсуін тек болмашы ғана бейнелей тұрса да, — бұған өнімнің үдемелі арзандауы сәйкес келеді. Сол күйінде жеке алып қарағанда, әрбір жеке өнімде еңбек сомасы өндірістің төменгі сатысындағыдан гөрі аз болады, өйткені мұнда еңбекке жұмсалған капиталдың мөлшері өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капиталға қарағанда өлшеусіз көп. Демек, тараудың бас жа-

ғында біз келтірген жорамал пікірлер капиталистік өндірістің шын тенденциясын көрсетеді. Мұның өзі өзгермелі капиталдың тұрақты капиталмен салыстырғанда үдемелі түрде біршама азаюымен бірге бүкіл капиталдың органикалық құрылымын барған сайын жоғары ете береді, ал мұның тікелей нәтижесі сол, еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда, тіпті артқан күнде де қосымша құн нормасы жалпы пайда нормасының ұдайы төмендеуінен көрінеді. (Ал төмендеудің осы абсолюттік нормада көрінбей, көбінесе үдемелі төмендеу тенденциясы ретінде көрінетін себебі кейін баяндалмақ\*). Демек, жалпы пайда нормасының үдемелі түрде төмендеу тенденциясы — тек еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің үдете дамуының көрінісі, *капиталистік өндіріс әдісіне тән көрініс*. Бұдан пайда нормасы басқа себептерден де уақытша төмендеуі мүмкін емес деген ұғым тумайды; сонымен, капиталистік өндіріс әдісінің мән-мағынасына сәйкес, өзінен өзі түсінікті қажеттілік ретінде, дәлелденген нәрсе, капиталистік өндіріс әдісі дамыған сайын қосымша құнның жалпы орташа нормасы жалпы пайда нормасының төмендей түсуінен көрінуге тиіс. Қолданылатын тірі еңбектің аумағы соның өзі іске қосатын затқа айналған еңбектің аумағымен, өндірмелі түрде тұтынылатын өндіріс құрал-жабдықтарының аумағымен салыстырғанда үнемі азая беретіндіктен осы тірі еңбектің ақы төленбеген және қосымша құн түрінде затқа айналған бөлегінің барлық жұмсалған капиталдың құн шамасына қатынасы үнемі азая беруге тиіс. Бірақ қосымша құн аумағының барлық жұмсалған капитал құны жөніндегі бұл қатынасы қосымша құн нормасын жасайды, сондықтан мұның өзі үнемі төмендей беруге тиіс.

Біз баяндаған жайлардан кейін бұл заң қаншама оңай көрінсе де, бұдан бұрынғы бүкіл саяси экономия бұл заңды аша алған жоқ, мұны біз келесі бөлімдердің бірінен көреміз<sup>68</sup>. Ол осы құбылысты байқады да, мұны түсіндіруге қайшылықты әрекет жасап азаптанды. Бірақ капиталистік өндіріс үшін бұл заңның қаншама зор маңызы бола тұрса да, Адам Смиттің заманынан бергі бүкіл саяси экономия шеше алмай келе жатқан құпия сыр болып отыр, ал А. Смиттен кейінгі түрлі мектептердің арасындағы айырмашылық мұны шешу әрекеттерінің айырмашылығында. Екінші жағынан, бұдан бұрынғы бүкіл саяси экономия тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың айырмашылығы төңірегінде айналсоқтап жүргенімен, мұны анық тұжырымдай алмай-ақ қойды; ол қосымша құнды ешқашан да пайдадан бөлек алып қараған емес, ал жалпы пайданы ешқашан да таза күйінде, оның бір-бірінен оқшау-

\* Осы томның XIV тарауын қараңыз. *Ред.*

ланып кеткен түрлі құрамдас бөліктерінен,— өнеркәсіп пайдасы, сауда пайдасы, процент, жер рентасы сияқты бөліктерінен,— өзгеше алып қараған емес;— ол капиталдың органикалық құрылымындағы айырмашылықтарды, демек, жалпы пайда нормасының құрылуын да ешқашан дәйектілікпен талдап көрген емес;— егер осының бәрін еске алатын болсақ, оның бұл құпияны ешқашан да шеше алмағандығы жұмбақ болудан қалады.

Біз бұл заңның ыспаттамасын пайданың бір-бірінен оқшауланып кеткен әр түрлі категорияларға жіктелуін көрсетуден әдейі бұрын келтіріп отырмыз. Бұл заңды пайданың әр түрлі категориядағы адамдардың үлесіне тиетін әр түрлі бөліктерге жіктелуіне байланыссыз етіп шығару мүмкіндігі жалпылама сипаттағы бұл заңның пайданың осылайша жіктелуіне және осы жіктелудің нәтижесінде туатын әр түрлі категориялардың арасындағы қарым-қатынасқа байланыссыз екенін тікелей дәлелдейді. Бұл жерде біз әңгіме етіп отырған пайда — нақ қосымша құнның, өзін туғызған жалғыз өзгермелі капиталға қатынасы жағынан емес, барлық капиталға қатынасы жағынан алынған қосымша құнның басқаша аты ғана. Демек, пайда нормасының төмендеуі нақ қосымша құнның барлық авансыланған капитал жөніндегі кеми түскен қатынасын көрсетеді, сондықтан да мұның өзі осы қосымша құнның әр түрлі категориялар арасында қалайша болса да бөлінуіне байланысты емес.

Жоғарыда көрдік, егер капиталистік дамудың бір сатысында, капитал құрылымы  $c : v = 50 : 100$  болған кезде,  $100\%$  қосымша құн нормасы пайда нормасына шаққанда  $66\frac{2}{3}\%$  болып шығатын болса, неғұрлым жоғары сатыда,  $c : v = 400 : 100$  болған кезде, нақ сол қосымша құн нормасы тек  $20\%$  пайда нормасынан көрінеді. Белгілі бір елдің дамуындағы әр алуан дәйекті сатылар жөнінде қалай десек, әр түрлі елдердің белгілі бір уақыт ішіндегі даму сатыларына тән айырмашылық жөнінде де соны айтуға болады. Капиталының бірінші құрылымы орташа болып келетін, кенже қалған елде пайданың жалпы нормасы  $= 66\frac{2}{3}\%$  болар еді де, капиталының құрылымы екінші түрдегі, дамудың едәуір жоғары сатысында тұрған елде пайда нормасы  $= 20\%$  болар еді.

Кенжелеу дамыған елде еңбек өнімділігінің төмен болуы себепті пайданың екі түрлі ұлттық нормасының айырмашылығы жоғалып кетер еді, тіпті қарама-қарсы түрге енген болар еді, сондықтан көп мөлшердегі еңбектің қарымтасы белгілі бір товардың аз мөлшері, көп мөлшердегі айырбас құнының қарымтасы аз мөлшердегі тұтыну құны болар еді,

демек, жұмысшы өз уақытының көбін өз басының тіршілік заттарын, яғни бұлардың құнын қайта өндіруге жұмсар еді де, азырағын қосымша құн жасауға жұмсар еді, қосымша еңбекті аз берер еді, сөйтіп қосымша құн нормасы төмен болып шығар еді. Егер, мәселен, кенжелеу дамыған елде жұмысшы жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлегінде өзі үшін, ал  $\frac{1}{3}$  бөлегінде капиталист үшін жұмыс істеген болса, онда, жоғарыда келтірілген мысалдағы жорамалдарды қабылдаған күнде, нақ осы жұмыс күшіне  $133\frac{1}{3}$  мөлшерінде ақы төленер еді де, одан артылғаны тек  $66\frac{2}{3}$  болар еді.  $133\frac{1}{3}$  мөлшеріндегі өзгермелі капиталға 50 мөлшерлі тұрақты капитал сәйкес келер еді. Демек, бұл ретте қосымша құн нормасы  $66\frac{2}{3} : 133\frac{1}{3} = 50\%$ , ал пайда нормасы  $66\frac{2}{3} : 183\frac{1}{3}$ , яғни шамамен алғанда  $36\frac{1}{2}\%$  болар еді.

Пайдадан жіктеліп шығатын алуан түрлі құрамдас бөліктерді біз әлі зерттеген жоқпыз, демек, біз үшін бұлар әлі де жоққа тән, сондықтан тек түсінбестік тумауы үшін біз алдын ала мынаны ескертпекшіміз. Дамудың әр түрлі сатысында тұрған елдерді, атап айтқанда, капиталистік өндірісі өсіп жетілген елдерді және еңбек ресми түрде капиталға әлі бағына қоймаған, бірақ шындығында капиталистік жұмысшыны қанайтын елдерді (мәселен, Индияда райят өз шаруашылығын дербес шаруа ретінде жүргізеді, демек, оның өндірісі шын мәнісінде капиталға әлі бағынбайды, дегенмен өсімқор процент формасында оның бүкіл қосымша еңбегін сорып алып қана қоймай, оның үстіне, капиталистік тілмен айтқанда, жалақысының бір бөлегін иемденіп кетеді) салыстырған күнде пайданың ұлттық нормасының дәрежесін проценттің ұлттық мөлшерімен өлшеу үлкен қате болар еді. Еңбек ресми түрде капиталға әлі бағынбаған елдерде процентке пайданың бәрі, тіпті пайдадан да көп нәрсе кіреді, ал капиталистік өндірісі өсіп жетілген елдерде процент — өндірілген қосымша құнның, яғни пайданың белгілі бөлегі ғана. Екінші жағынан, мұнда процент мөлшері көбінесе пайдаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, қайта өсімқордың жер рентасын қаншалық иемденетінін ғана көрсететін қатынастар (өсімқорлардың аксүйектерге, жер рентасының иелеріне беретін қарыздары) арқылы белгіленеді.

Капиталистік өндірісінің даму сатылары әр түрлі, сондықтан капиталының органикалық құрылымы әр түрлі елдердің ішіндегі қалыпты жұмыс күні қысқалау елде қосымша құн нормасының (пайда нормасын анықтайтын факторлардың бірі) жұмыс уақыты ұзақтау елдегіден гөрі жоғары болуы мүмкін. *Біріншіден*, егер ағылшынның 10 сағаттық жұмыс күні өзінің интенсивтілігінің неғұрлым жоғарылығы себепті

австрияның 14 сағаттық жұмыс күніне тең болса, онда жұмыс күні бірдей бөлінген күнде ағылшынның 5 сағаттық қосымша еңбегінің құны дүние жүзілік рынокта австрияның 7 сағатынан гөрі көбірек болып шығуы мүмкін. Ал, *екіншіден*, Англияда қосымша еңбек Австриядағыға қарағанда жұмыс күнінің көбірегі болуы мүмкін.

Пайда нормасының төмендеу заңы,— оның бержағында қосымша құнның нақ сол нормасы немесе тіпті өскелең нормасы пайда нормасының ұдайы төмендеуінен көрінеді,— басқаша айтқанда мынау: егер орташа қоғамдық капиталдың әйтеуір бір белгілі мөлшерін, мәселен, 100 мөлшерлі капиталды алатын болсақ, оның еңбек құрал-жабдықтарындағы бөлегі ылғи өсе береді де, оның тірі еңбектегі бөлегі ылғи азая береді. Демек, өндіріс құрал-жабдықтарына қосылатын тірі еңбектің жиынтық аумағы осы өндіріс құрал-жабдықтарының құнымен салыстырғанда біршама азаятындықтан барлық авансыланған капиталдың құнымен салыстырғанда ақы төленбеген еңбек те, құнның оны бейнелейтін бөлегі де біршама азаяды. Немесе: жұмсалатын барлық капиталдың тірі еңбекке айналатын бөлегі азая береді, сондықтан барлық осы капитал өзінің шамасымен салыстырғанда қосымша еңбекті барған сайын аз сорып алады, рас, сонымен қатар қолданылатын еңбектің ақы төленбеген бөлегінің оның ақы төленген бөлегі жөніндегі қатынасы өсуі мүмкін. Капиталдың осы екі бөлегі де толық өскенде өзгермелі капиталдың біршама азайып, тұрақты капиталдың көбеюі, біздің айтқанымыздай, өсе түскен еңбек өнімділігінің басқаша көрінісі ғана.

Айталық, 100 мөлшерлі капиталдың құрамында  $80_c + 20_v$  бар, соңғысы 20 жұмысшыға тең дейік. Қосымша құн нормасы 100 процент, яғни жұмысшылар жарты күн өзі үшін, жарты күн капиталист үшін жұмыс істейді дейік. Кенжелеу дамыған екінші елде капитал  $= 20_c + 80_v$  болады, ал соңғысы  $= 80$  жұмысшыға тең дейік. Бұл жұмысшылар жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлегінде өзі үшін, тек  $\frac{1}{3}$  бөлегінде ғана капиталист үшін жұмыс істейді. Басқа барабар жағдайларда жұмысшылар бірінші жолы 40, екінші жолы 120 күн өндіреді. Бірінші капиталдың өндіретіні  $80_c - 20_v + 20_m = 120$ ; пайда нормасы  $= 20\%$ . Екінші капитал  $20_c + 80_v + 40_m = 140$ ; пайда нормасы  $= 40\%$ . Демек, бірінші ретте қосымша құн нормасы  $= 100\%$ . яғни қосымша құн нормасы  $50\%$  қана болып отырған екінші реттегіден екі есе артық бола тұрса да, екінші ретте пайда нормасы біріншідегіден екі есе астам. Бірақ оның есесіне аумағы бірдей капитал бірінші ретте тек 20 жұмыс-



шының, ал екінші ретте 80 жұмысшының қосымша еңбегін иемденеді.

Пайда нормасының үдемелі төмендеу заңы, яғни иемденілетін қосымша еңбектің тірі еңбек іске қосатын затқа айналған еңбекпен салыстырғанда біршама кему заңы, қоғамдық капитал іске қосып, қанайтын еңбектің абсолюттік аумағының өсуін, сол себепті капитал иемденетін қосымша еңбектің абсолюттік аумағының өсуін де жоққа шығармайды; дәл сол сияқты бұл жағдай жеке капиталистердің қарамағындағы капиталдардың еңбектің, демек, қосымша еңбектің де өсе түскен аумағын билеп-төстеуін жоққа шығармайды, — мұның өзі олардың қарамағындағы жұмысшылардың саны өспеген күнде де болуы мүмкін.

Егер саны белгілі, мәселен, екі миллион жұмысшы халықты алатын болсақ және, онан соң, орташа жұмыс күнінің ұзақтығы мен интенсивтілігін, сондай-ақ жалақыны, — сонымен бірге қажетті еңбек пен қосымша еңбектің арасындағы қатынасты да, — белгілі шамалар деп білетін болсақ, онда осы екі миллионның жиынтық еңбегі, сондай-ақ олардың қосымша құннан көрінетін қосымша еңбегі де үнемі мөлшері бірдей құн өндіріп отырады. Бірақ осы еңбек іске қосатын тұрақты — негізгі және айналмалы — капитал өскенде құнның бұл мөлшерінің осы капиталдың құны жөніндегі қатынасы төмендейді, ал капитал құны, әрқелкі пропорцияда болса да, оның аумағымен бірге өседі. Капитал аумағы бұрынғыдай тірі еңбекті басқарып, аумағы нақ сондай қосымша еңбекті сорып алып отырса да, бұл қатынас та, сол себепті пайда нормасы да төмендейді. Қатынастың өзгеретін себебі тірі еңбек аумағының азаятындығынан емес, сол тірі еңбек іске қосатын затқа айналған еңбектің көбейетіндігінен. Бұл азаю толық азаю емес, біршама азаю және шындығында іске қосылатын еңбек пен қосымша еңбектің абсолюттік шамасына мұның ешқандай қатысы жоқ. Пайда нормасы жиынтық капиталдың өзгермелі құрамдас бөлегінің толық азаюы нәтижесінде емес, тек қана біршама азаюы нәтижесінде, тұрақты құрамдас бөлегімен салыстырғандағы азаюы нәтижесінде төмендейді.

Белгілі бір еңбек аумағы мен қосымша еңбек аумағына дөп келетін нәрсе жұмысшылардың өскелең саны үшін де, сол себепті осындай алғы шарттар тұсында басқарулы еңбектің өскелең аумағы үшін де дөп келеді, атап айтқанда, еңбектің ақы төленбеген бөлегі үшін, қосымша еңбек үшін дөп келеді. Егер жұмысшы халқы, мәселен, екі миллионнан үш миллионға дейін көбейетін болса, егер оған жалақы түрінде төленетін өзгермелі капитал бұрынғы екі миллионның орнына енді үш миллион болып отырған болса, ал сонымен қатар тү-

рақты капитал 4 миллионнан 15 миллионға дейін көбейетін болса, онда белгілі алғы шарттар тұсында (жұмыс күнінің өзгермеуі және қосымша құн нормасының өзгермеуі) қосымша еңбектің, қосымша құнның аумағы жарты есе, 50%, 2 миллионнан 3 миллионға дейін өседі. Солай бола тұрса да қосымша еңбектің, ендеше қосымша құнның да абсолюттік аумағының осылай, 50% өсуіне қарамастан, өзгермелі капиталдың тұрақты капитал жөніндегі қатынасы 2 : 4 орнына 3 : 15 болып төмендер еді де, қосымша құнның барлық капиталға қатынасы мынадай болып шығар еді:

$$I. 4_c + 2_v + 2_m; K = 6; p' = 33\frac{1}{3}\%.$$

$$II. 15_c + 3_v + 3_m; K = 18; p' = 16\frac{2}{3}\%.$$

Қосымша құн аумағы жарты есе өскен кезде пайда нормасы бұрынғыдан жарты есе төмендеп кетті. Ал пайда дегеніміз — қоғамдық капитал жөнінде алынған қосымша құн ғана; сондықтан да қоғам көлемінде алынған пайда аумағы, оның абсолюттік шамасы қосымша құнның абсолюттік шамасына тең. Демек, барлық авансыланған капиталмен салыстырғанда осы пайда аумағының төтенше біршама азаюына қарамастан, яғни жалпы пайда нормасының төтенше азаюына қарамастан, пайданың абсолюттік шамасы, оның жалпы аумағы 50% өскен болар еді. Сөйтіп, капитал жұмыс істеткізетін жұмысшылар саны, яғни іске қосатын еңбектің абсолюттік аумағы, демек, ол сорып алатын қосымша еңбектің абсолюттік аумағы, сондықтан ол өндіретін қосымша құнның аумағы да, ендеше ол өндіретін пайданың аумағы да, пайда нормасының үдемелі төмендеуіне қарамастан, өсуі, онда да үдемелі түрде өсуі мүмкін. Мұның өзі мүмкін ғана емес. Егер өткінші ауытқушылықтарды былай қоятын болсақ, капиталистік өндіріс негізінде осылай болуға тиіс те.

Шындығында капиталистік өндіріс процесі — сонымен бірге әрі қор жинау процесі. Капиталистік өндіріс өркендеген сайын қайта өндірілуге, сақталуға тиісті құнның аумағы, тіпті қолданылатын жұмыс күші өзгеріссіз қалған күнде де, еңбек өнімділігінің артуымен бірге көбейіп, өсе беретінін көрсетіп өттік. Бірақ еңбектің қоғамдық өндіргіш күші дамыған сайын өндірілетін тұтыну құндарының аумағы бұдан да шапшаң өседі, бұлардың бір бөлегі — өндіріс құрал-жабдықтары. Ал иемдену арқылы қайтадан капиталға айналдырылуы мүмкін қосымша байлық ретіндегі қосымша еңбектің мөлшері осы өндіріс құрал-жабдықтарының (бұған тіршілік заттары да кіреді) құнына емес, аумағына байланысты, өйткені еңбек про-

цесінде жұмысшының істес болатын нәрсесі өндіріс құрал-жабдықтарының құны емес, тұтыну құны. Алайда қор жинаудың өзі және сонымен қатар капиталдың шоғырлануы өндіргіш күштерді арттырудың материалдық құралы болады. Бірақ өндіріс құрал-жабдықтарының осылай өсуі жұмысшы халқы санының өсуін, үстеме капиталға сәйкес келетін, тіпті жалпы алғанда ол жөніндегі қажеттіктен үнемі асып түсіп отыратын жұмысшылар халқының жасалуын керек етеді, демек басы артық жұмысшылардың болуын керек етеді. Капиталдың қарамағындағы жұмысшы халқымен салыстырғанда қосымша капиталдың уақытша астам болуы екі түрлі әсер етуі мүмкін. Бір жағынан, ол жалақыны арттыру арқылы, яғни жұмысшылардың өсуін кемітетін сойқанды ықпалдарды әлсірету және некені оңайлату арқылы жұмысшы халқын бірте-бірте көбейте алады. Ал екінші жағынан, біршама қосымша құн жасайтын әдістерді қолдану (машиналарды енгізіп, жетілдіру) арқылы ол жасанды біршама артық халықты бұрынғыдан да шапшаң туғыза алады, ал мұның өзі,— капиталистік өндіріс тұсында қайыршылық артық халықты туғызатындықтан,— іс жүзінде халықты шапшаң өсіретін негіз болып шығады. Сондықтан капиталистік өндіріс процесінің бір кезені ғана болатын капиталистік қор жинау жаратылысынан өзінен өзі туатын қорытынды мынау: капиталға айналуға тиісті өндіріс құрал-жабдықтарының өскен аумағы қанауға жарамды, тиісті мөлшерде көбейген, тіпті басы артық жұмысшы халқын әрқашан да нақты тауып отырады. Демек, өндіріс процесі мен қор жинау өскен сайын иемденуге болатын және шынында да иемденілетін қосымша еңбектің аумағы сөзсіз өсуге *тиіс*, ендеше қоғамдық капитал иемденетін пайданың абсолюттік аумағы да өсуге тиіс. Бірақ өндіріс пен қор жинаудың нақ сол заңдары тұрақты капитал аумағының артуымен бірге оның құнының тірі еңбекке айырбасталатын өзгермелі капитал бөлігінің құнынан гөрі үдемелі прогрессия жолымен тезірек өсуіне себепкер болады. Сөйтіп, бәз-баяғы бір заңдардың әсерімен қоғамдық капиталға келетін пайданың абсолюттік аумағы өседі де, пайда нормасы төмендейді.

Капиталистік өндірістің алға басуына және соған сәйкес қоғамдық еңбектің өндіргіш күшінің дамуына байланысты, өндіріс тараулары, демек, өнім де көбейген күнде құнның бұрынғы шамасы тұтыну құндары мен сән-салтанат заттарының үдемелі түрде өсуші аумағы екенін біз бұл жерде мүлде есепке алмаймыз.

Капиталистік өндіріс пен қор жинау дамуының бағдары еңбек процесінің барған сайын кең көлемде жүргізілуіне себепкер болады, ал бұл жағдай, өз тарапынан, әрбір жеке кәсіп-

орынға капиталдың көбірек авансылануына әкеліп соғады. Сондықтан капиталдардың шоғырлануының өсе түсуі (сонымен қатар, кемірек дәрежеде болса да, капиталистер санының көбеюі)— әрі капиталистік өндіріс пен қор жинаудың материалдық шарттарының бірі, әрі соның өзі туғызатын нәтижелердің бірі. Азды-көпті тікелей өндірушілердің үдемелі түрде тоналуы осымен қоян-қолтық, қат-қабат жүріп отырады. Сөйтіп жеке капиталистер жөнінде түсінікті нәрсе, олар басқаратын жұмысшы армияларының саны (олардың өзгермелі капиталы тұрақты капиталмен салыстырғанда қаншалық біршама азайғанымен) барған сайын көбейе түседі, олар иемденетін қосымша құнның, демек, пайданың да аумағы пайда нормасының төмендеуімен қатар және осы төмендеуге қарамастан өсе береді. Жеке капиталистердің басқаруымен қыруар жұмысшы армияларын шоғырландыруға күшті әсер ететін нақ сол себептер сонымен қатар қолданылып отырған негізгі капитал аумағын, шикізат пен қосалқы материалдарды көбейтеді, қолданылып отырған тірі еңбектің аумағының өсуінен гөрі біршама шапшаң және едәуір көбейтеді.

Бұдан соң, біз бұл жерде мынаны жәй ескертіп өтсек те жеткілікті: жұмысшы халқының саны белгілі болып тұрғанда, егер қосымша құн нормасы өсетін болса,— мұның өзі жұмыс күнін ұзарту немесе жұмысшының еңбегін интенсификациялау себебінен бола ма, әлде еңбектің өндіргіш күшінің дамуы нәтижесі ретінде құн бейнесіндегі жалақының төмендеуі себебінен бола ма, бәрібір,— қосымша құн аумағы, сол себепті пайданың абсолюттік аумағы да, өзгермелі капиталдың тұрақты капиталмен салыстырғанда біршама азаюына қарамастан, өсуге тиіс.

Қоғамдық еңбектің өндіргіш күшінің нақ сол дамуы, барлық капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың біршама азаюынан және сонымен бірге қор жинаудың шапшаңдауынан көрінетін нақ сол заңдар,— ал, екінші жағынан, қор жинау кері әсерін тигізе отырып, өндіргіш күштің онан сайын дамуының және өзгермелі капиталдың онан сайын біршама азаюының бастама пункті болады,— нақ осы дамудың өзі, егер уақытша ауытқушылықтарды былай қоятын болсақ, қолданылып отырған барлық жұмыс күшінің прогрестік көбеюінен, қосымша құнның, демек, пайданың да, абсолюттік аумағының барған сайын күшейе арта түсуінен көрінеді.

Осы екі жақты заңға сәйкес пайда *нормасының* азаюы және сонымен бірге пайданың абсолюттік *аумағының* артуы белгілі бір себептердің әсерінен болады; бұл заң белгілі жағдайларда иемденілетін қосымша еңбектің, демек, қосымша құнның да аумағы өсе береді және, егер бүкіл капиталды тұтас

алып қарайтын болсақ немесе әрбір жеке капиталды барлық капиталдың бір бөлегі ретінде ғана алып қарайтын болсақ, пайда мен қосымша құн — барабар шамалар дейтін қағидаға сүйенеді; міне осы екі жақты заң қандай формада көрінуге тиіс?

Капиталдың белгілі бір сомасын, мәселен, 100 мөлшерін алайық та, соған келетін пайда нормасын есептеп шығарайық. Осы 100 барлық капиталдың орташа құрылымын, айталық,  $80_c + 20_v$  екенін көрсетеді дейік. Осы кітаптың екінші бөлімінде біз пайданың орташа нормасы өндірістің түрлі тарауларында әрбір тараудағы капиталдың айрықша құрылымымен емес, оның орташа қоғамдық құрылымымен анықталатынын көрдік. Еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда, тіпті өсе түскен кезде де капиталдың тұрақты бөлігімен, демек, 100 мөлшерлі барлық капиталмен салыстырғанда оның өзгермелі бөлегінің біршама азаюымен қатар пайда нормасы кемиді, қосымша құнның отноcительдік шамасы, яғни оның 100 мөлшерлі барлық авансыланған капитал құны жөніндегі қатынасы кемиді. Бірақ осы отноcительдік шама ғана кеміп қоймайды. 100 мөлшерлі барлық капитал сорып алатын қосымша құнның, яғни пайданың шамасы абсолюттік түрде азаяды. Қосымша құн нормасы 100% болғанда  $60_c + 40_v$  капитал өндіретін қосымша құн аумағы, демек, пайда аумағы = 40; ал  $70_c + 30_v$  капитал өндіретін пайда аумағы 30; капитал  $80_c + 20_v$  болғанда пайда 20-ға дейін төмендейді. Бұл төмендеудің қосымша құнның, демек, пайданың да аумағына қатысы бар және мұның өзі барлық 100 мөлшерлі капиталдың қосымша құнды аз өндіруіне байланысты, өйткені ол іске қосатын жалпы тірі еңбек аз, ал қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда қосымша еңбек те аз. Егер қоғамдық капиталдың, демек, қоғамдық құрылымы орташа капиталдың белгілі бір бөлегін қосымша құнды өлшейтін өлшем мөлшері деп қабылдайтын болсақ, — ал пайданы есептеп шығарғанда әрдайым осылай істеледі, — онда жалпы қосымша құнның біршама төмендеуі мен оның абсолюттік төмендеуі бара-бар болып шығады. Жоғарыда келтірілген мысалдарда пайда нормасы 40 проценттен 30 және 20 процентке дейін төмендейді, өйткені іс жүзінде бәзбаяғы бір капитал өндіретін қосымша құнның, демек, пайданың да аумағы өзінің абсолюттік шамасы жағынан 40-тан 30-ға және 20-ға дейін төмендейді. Қосымша құнды мөлшерлес ететін капитал құнының шамасы белгілі, атап айтқанда = 100 болғандықтан, қосымша құнның өзгермейтін осы шама жөніндегі қатынасының кемуі қосымша құн мен пайданың абсолюттік шамасының кемуінің айрықша көрінісі ғана болмақ. Шындығында мұның өзі — құр ежіктеушілік. Ал осын-

дай кемудің болатындығы,— жоғарыда көрсетілгендей, капиталистік өндіріс процесінің даму жаратылысынан келіп шығатын нәрсе.

Бірақ, екінші жағынан, қосымша құнды, демек, белгілі капиталға келетін пайданы да, ендеше процентпен есептелетін пайда нормасын да абсолюттік мөлшерде азайтатын себептер, нақ осы себептер бүкіл қоғамдық капитал (яғни капиталистер жиынтығы) иемденетін қосымша құнның, демек, пайданың да абсолюттік аумағын өсіруге бастайды. Бұл қалай көрінуге тиіс? Бұл қалай көріне алады? Яғни — осы алдамшы қайшылықтан туатын жағдайлар қандай?

Егер қоғамдық капиталдың 100-ге тең әрбір үлесі, демек, қоғамдық құрылымы орташа капиталдың әрбір жүзі белгілі шама болса, сондықтан мұнда пайда нормасының кемуі пайданың абсолюттік шамасының кемуімен сәйкес келетін болса,— өйткені нақ осы жағдайда оның өлшеуіші ретіндегі капитал тұрақты шама болып шығады,— онда, мұның керісінше, барлық қоғамдық капиталдың, сол сияқты жеке капиталистердің қолындағы капиталдың да шамасы өзгергіш шама болады, мұның өзі жорамалданған жағдайларға сәйкес келуі үшін өзінің өзгермелі бөлегінің кемуіне кері қатынаста өзгеруге тиіс.

Бұрынғы мысалда капиталдың құрылымы  $60_c + 40_v$  болғанда қосымша құн, яғни оған келетін пайда 40 болғандықтан пайда нормасы 40% еді. Айталық, құрылымы осындай бүкіл капитал бір миллионға тең дейік. Бұлай болған күнде барлық қосымша құн, демек, барлық пайда 400 000 болар еді. Егер бұдан кейін капитал құрылымы  $= 80_c + 20_v$  болса, онда еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда әр жүзге келетін қосымша құн, яғни пайда  $= 20$  болады. Ал қосымша құн, яғни пайда, біз көрсеткендей, капиталдың әр жүзіне келетін пайда нормасының осылай кемуіне немесе қосымша құнның аз өндірілуіне қарамастан, абсолюттік аумағы жағынан өсетін болса,— 400 000-нан 440 000-ға дейін өсетін болса— онда мұның өзі осы жаңа құрылыммен пайда болған барлық капитал 2 200 000-ға жетіп өсуі нәтижесінде ғана мүмкін болатын нәрсе. Іске қосылатын барлық капиталдың аумағы 120% артты, ал пайда нормасы 50% төмендеді. Егер капитал екі есе ғана өсіп қойған болса, онда пайда нормасы 20% болуы үшін, бұл капитал қосымша құн мен пайданы бұрынғы 1 000 000 капитал пайда нормасы 40% болып тұрғанда өндірген мөлшерде ғана өндіруге тиіс болар еді. Егер ол екі еседен кемірек өскен болса, онда қосымша құн мен пайданы бұрынғы 1 000 000 мөлшерлі капиталдан гөрі аз өндірген болар еді, өйткені ол өзінің қосымша құнын 400 000-нан 440 000-ға дейін арттыру

үшін өзінің бұрынғы құрылымы тұсында 1 000 000-нан 1 100 000-ға дейін гана көбеюге тиіс болар еді.

Бұл жерде бұрын дамытылған заң<sup>69</sup> келіп шығады; бұл заңға сәйкес өзгермелі капитал біршама азайған сайын, демек, еңбектің қоғамдық өндіргіш күші дамыған сайын нақ сол мөлшерде жұмыс күшін іске қосып, нақ сол мөлшерде қосымша еңбекті бойға сіңіру үшін барлық капитал аумағын үнемі өсіріп отыру керек болады. Сондықтан капиталистік өндіріс қай дәрежеде дамиды болса, басы артық жұмысшы халқының пайда болу мүмкіндігі де сол дәрежеде дамиды, дамығанда қоғамдық еңбектің өндіргіш күші *кемитіндігінен* емес, оның *артатындығынан* дамиды, яғни еңбек пен тіршілік қаражаттарының немесе осы тіршілік қаражаттарын өндіретін құрал-жабдықтардың арасындағы абсолюттік сәйкессіздік нәтижесінде емес, еңбекті капиталистік жолмен қанаудан туатын сәйкессіздік нәтижесінде, капиталдың прогрестік өсуі мен оның халықтың өсуін қажетсінуінің біршама кемуі арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде дамиды.

Пайда нормасы 50% төмендегенде жарты есе кемиді. Сондықтан пайда аумағының бұрынғы қалпында қалуы үшін капитал екі есе артуға тиіс. Пайда нормасы азая түскенде пайда аумағы өзгермей қалуы үшін барлық капиталдың өсуін көрсететін көбейткіш пайда нормасының төмендеуін көрсететін бөлгішке тең болуға тиіс. Егер пайда нормасы 40 проценттен 20 процентке дейін төмендейтін болса, онда нәтиже бұрынғыша қалуы үшін барлық капитал, мұның керісінше, 20-дан 40-қа дейін көбеюге тиіс. Егер пайда нормасы 40 проценттен 8 процентке дейін төмендеген болса, онда капитал 8-ден 40-қа дейін, яғни бес есе өсуге тиіс болар еді. 1 000 000 капитал пайда нормасы 40% болғанда 400 000 пайда өндіреді; 5 000 000 капитал да пайда нормасы 8% болғанда 400 000 пайда өндіреді. Пайданың бұлайша көбеюі пайданың бұрынғы қалпында қалуы үшін қажет. Мұның керісінше, пайданы көбірек алу үшін капитал пайда нормасының төмендеуінен гөрі көбірек пропорцияда өсуге тиіс. Басқаша айтқанда: барлық капиталдың өзгермелі құрамдас бөлегі абсолюттік маңызы жағынан бұрынғы қалпында қалып қоймай, оның барлық капитал жөніндегі проценттік қатынасы төмендегенімен, абсолюттік маңызы жағынан өсе түсуі үшін барлық капитал процент түрінде көрінетін өзгермелі капитал үлесінің төмендеуінен гөрі көбірек пропорцияда өсуге тиіс. Ол өзінің жаңа құрылымы тұсында жұмыс күшін сатып алу үшін бұрынғы өзгермелі капитал бөлегін ғана емес, оның үстіне біраз қосымшаны керек ететін дәрежеде өсуге тиіс. Егер 100 мөлшерлі капиталдың өзгермелі бөлегі 40-тан 20-ға дейін кемитін болса, онда барлық

осы капитал 40-тан көбірек өзгермелі капиталды қолдана алатын болу үшін 200-ден астам өсуге тиіс.

Тіпті қанаудағы жұмысшы халқының аумағы өзгеріссіз қалып, тек жұмыс күнінің ұзақтығы мен интенсивтілігі артқан күнде де қолданылған капитал аумағы өсуге тиіс болар еді,— мұның өзі тіпті капитал құрылымының өзгеруіне байланысты қанау қатынастары бұрынғыша қалғанда еңбекті бұрынғы мөлшерде қолдана алатын болу үшін де өсуге тиіс.

Сонымен, еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің белгілі бір дамуы капиталистік өндіріс әдісі ілгері басқан сайын, бір жағынан, пайда нормасының үдемелі түрде төмендеу тенденциясынан, ал екінші жағынан,— иемденілетін қосымша құнның, яғни пайданың абсолюттік аумағының ұдайы өсуінен көрінеді: сондықтан жалпы алғанда өзгермелі капитал мен пайданың біршама азаюына бұл екеуінің абсолюттік көбеюі сәйкес келеді. Біздің көрсеткеніміздей, бұл екі жақты нәтиже пайда нормасының төмендеу прогрессиясына қарағанда барлық капиталдың неғұрлым шапшаң прогрессияда өсуінен ғана көрінуі мүмкін. Капитал құрылымы неғұрлым жоғары болып тұрғанда немесе тұрақты капитал біршама жеделірек өскен кезде абсолюттік мөлшерде өскен өзгермелі капиталды қолдана алатын болу үшін барлық капитал неғұрлым жоғары құрылымға сәйкес өсіп қана қоймай, одан да шапшаң өсуге тиіс. Бұдан шығатын қорытынды капиталистік өндіріс әдісі дамыған сайын жұмыс күшін бұрынғы мөлшерде қолдану үшін, әсіресе өсе түскен жұмыс күшін қолдану үшін барған сайын көбірек мөлшерде капитал керек болады. Сонымен, еңбектің капиталистік базисте арта түскен өндіргіш күштері көрнеу басы артық жұмысшы халқын үнемі сөзсіз туғызып отырады. Егер өзгермелі капитал бұрынғыдай барлық капиталдың  $\frac{1}{2}$  бөлегі емес, тек  $\frac{1}{6}$  бөлегі ғана болса, онда бұрынғы мөлшердегі жұмыс күшіне жұмыс беру үшін барлық капитал үш есе артуға тиіс; ал бұдан екі есе көп жұмыс күшіне жұмыс беру үшін капитал алты есе өсуге тиіс.

Пайда нормасының төмендеу заңын түсіндіре білмеген бұрынғы саяси экономия әлденендей бір жұбаныш ретінде жеке капиталистер мен барлық қоғамдық капиталға тән пайданың абсолюттік аумағының көбейе түскенін бетке ұстап келді, бірақ бұл жұбаныштың өзі де бір ғана жалпы қағидалар мен мүмкіндіктерге негізделген-ді.

Пайда аумағының екі фактормен: біріншіден, пайда нормасымен және, екіншіден, осы пайда нормасы тұсында қолданылатын капитал аумағымен анықталатыны — даусыз факт. Демек, пайда нормасының бір мезгілде төмендеуіне қарамастан, пайда аумағының өсе алатындығы да — жоғарыда көрсет-



тілген фактінің көрінісі ғана, ал мұның өзі бір адым ілгерілеуге де көмектеспейді, өйткені капитал өсе түсетін, бірақ пайда аумағы артпайтын кездің де болуы мүмкін, тіпті пайда аумағы төмендеген кезде де капиталдың өсе беруі мүмкін: 100 мөлшердің 25% тұсында беретіні 25, 400-дің 5% тұсында беретіні тек қана 20<sup>35</sup>). Ал егер пайда нормасын төмендететін себептер қор жинауға, яғни үстеме капитал жасауға көмектесетін болса, егер әрбір үстеме капитал үстеме еңбекті іске қосып, үстеме қосымша құн өндіретін болса; егер, екінші жағынан, пайда нормасының жәй ғана төмендеуі өзінен өзі тұрақты капиталдың, демек, барлық бұрынғы капиталдың өсуін керек ететін болса, онда бүкіл осы процесс құпия сыр болудан қалады. Пайда нормасын кемітумен бірге пайда аумағының арту мүмкіндігін жою үшін жұрттың қасақана қандай теріс есеп жасауға дейін барғанын біз кейінірек көреміз<sup>71</sup>.

Біздің көрсеткеніміздей, пайданың жалпы нормасының төмендеу тенденциясын туғызатын себептер капиталдың жедел қорлануына, ал осының нәтижесінде сол капитал иемденетін қосымша еңбектің (қосымша құнның, пайданың) абсолюттік шамасының немесе жалпы аумағының өсуіне де себепкер болады. Бәсекеде, демек, оның агенттерінің санасында да, бәрі бұрмаланған түрде көрінеді; дәл сол сияқты бәсекеде және оның агенттерінің санасында бұл заң да бұрмаланып көрінеді,— менің айтып отырғаным сыртқы көрінісі жағынан бір-біріне қайшы келетін екі құбылыстың арасындағы осы ішкі және қажетті байланыс. Әрине, жоғарыда келтірілген пропорциялар бойынша ірі капиталы бар капиталист жоғары пайда алатын ұсақ капиталистен гөрі молырақ пайда алады. Бұдан соң, бәсекені мүлде үстірт қарап өткенде көретініміз,

<sup>35</sup>) «Сонымен қатар біз капиталға келетін пайда нормасы егіншілікте капиталдың қорлануы және жалақының артуы нәтижесінде төмендей тұрса да, дегенмен пайданың жалпы сомасы өсе береді деп күтуімізге болар еді. Мәселен, егер біз әрдайым 100 000 ф. ст. мөлшерінде қайта-қайта қор жинағанда пайда нормасы 20 проценттен 19, 18, 17 процентке дейін, яғни үздіксіз төмендей береді деп ұйғаратын болсақ, онда бірінен соң бірі келетін капитал иелерінің бәрі алатын пайданың бүкіл сомасы өсе береді: капитал 100 000 ф. ст. болып тұрған кездегіден 200 000 фунт стерлингке жеткен кезде бұл сома көбірек болады, капитал 300 000 ф. ст. болып өскен кезде одан да көп болады, т. т. демек, бұл сома пайда нормасы ылғи төмендей түскенмен, капитал көбейген сайын көбейе береді деп күтуімізге болар еді. Алайда мұндай прогрессия белгілі бір уақыт ішінде ғана күшінде болады. Мәселен, 200 000 фунт стерлингтен алынатын 19% 100 000 фунт стерлингтен алынатын 20 проценттен көп, 300 000 фунт стерлингтен алынатын 18% 200 000 фунт стерлингтен алынатын 19 проценттен көп, ал капитал қоры өте көп мөлшерде жиналып, пайда нормасы төмендеген кезде бұдан былай жиналатын қор пайданың жиынтық аумағын азайта түспек. Мәселен, жиналған қор 1 000 000 фунт стерлингке жетті, ал пайда нормасы 7% болады дейік, сонда пайданың барлық сомасы 70 000 фунт стерлинг болады. Егер енді бір миллионға тағы да 100 000 ф. ст. капитал қосатын болсақ, ал пайда нормасы 6 процентке дейін төмендейтін болса, онда капитал нелері, капиталдың жалпы сомасы 1 000 000-нан 1 100 000-ға дейін өсе тұрса да, тек 66 000 ф. ст. алады, яғни бұрынғыдан 4 000 ф. ст. кем» («Ricardo, „Principles of Political Economy“. Works ed. by MacCulloch, 1852, Ch. VI, p. 68—69). Шындығында бұл жерде капитал 1 000 000-нан 1 100 000-ға дейін, яғни 10% өседі деп жорамалданған, ал пайда нормасы 7-ден 6-ға дейін яғни 14<sup>2</sup>/<sub>7</sub>% төмендейді делінген. *Hinc illae lacrimae*<sup>70</sup>.

егер белгілі жағдайларда, мәселен, дағдарыс кезінде, неғұрлым ірі капиталист рыноктан орын тартып алғысы келсе, неғұрлым ұсақ капиталистерді ығыстырып шығарғысы келсе, ол осыны практика жүзінде пайдаланады, яғни біршама ұсақ капиталистерді ығыстырып шығару үшін өзінің пайда нормасын әдейі төмендетеді. Атап айтқанда, кейін толығырақ әңгіме болатын көпестік капитал да пайданың төмендеуін кәсіптің кеңейтілуінің, сонымен бірге капиталдың молаюының нәтижесі етіп көрсететін құбылыстарды танытып отыр. Қате түсініліп жүрген осы құбылыстар жөнінде біз шынайы ғылыми түсінікті кейінірек бермекпіз. Мұндай үстірт көзқарастар кәсіпкерліктің жеке тарауларында бұлардың еркін бәсекеге немесе монополияға бағынуына қарай алынып жүрген пайда нормаларын салыстырудан келіп шығады. Бәсеке агенттерінің басына ұялаған мейлінше үстірт ұғымды біз өзіміздің Рошерден де кездестіреміз,— атап айтқанда, пайда нормасының осылайша төмендеуі «неғұрлым инабатты да қайырымды» іс көрінеді<sup>72</sup>. Пайда нормасының кемуі бұл жерде капиталды көбейтудің және осыған байланысты капиталистердің пайда нормасы төмен болғанда қалтаға келіп түсетін пайда аумағы көбірек болады деп есеп жасауының *нәтижесі* сияқты болып көрінеді. Мұның бәрі (А. Смиттегіден басқасының бәрі, бұл туралы біз кейінірек әңгіме етеміз<sup>73</sup>) тегінде пайданың жалпы нормасы дегеніміз не нәрсе екенін мүлде түсінбеушіліктен, баға іс жүзінде товардың нақты құнына азды-көпті ойша алынған пайда үлесін қосу арқылы анықталады дейтін тұрпайы ұғымнан туған. Мұндай ұғымдар қаншама тұрпайы болғанымен, бұлар бәсеке саласында капиталистік өндірістің имманенттік заңдарын бейнелейтін теріс көріністен сөзсіз туып отырады.

---

Өндіргіш күштің дамуы нәтижесінде болатын пайда нормасының төмендеуі пайда аумағының артуымен қатар жүріп отырады дейтін заң, осы заң мынадан көрінеді: капитал өндіретін товарлар бағасының төмендеуі осы товарларға сіңген және бұларды сату арқылы өткізілетін пайда аумағының біршама артуымен қатар жүріп отырады.

Өндіргіш күштің дамуы және осыған сәйкес келетін капиталдың неғұрлым жоғары құрылымы барған сайын азая түсетін еңбек мөлшері арқылы барған сайын көбейе түсетін өндіріс құрал-жабдықтарын іске қосатындықтан өндірілген өнімнің барлық аумағы үшін өлшем бірлігі ретіндегі жиынтық өнімнің әрбір үлесіне, товардың әрбір данасына немесе товардың белгілі бір мөлшеріне тірі еңбек аз сіңеді, сонымен

қатар мұнда қолданылған негізгі капиталдың тозған бөлегі түрінде де, тұтынылған шикізат пен қосалқы материалдар түрінде де затқа айналған еңбек аз болады. Демек, товардың әрбір данасында өндіріс құрал-жабдықтарында затқа айналған еңбектің де, өндіріс кезінде жаңадан қосылған еңбектің де сомасы аз болады. Сондықтан товар данасының бағасы төмендейді. Әйткенмен, егер абсолюттік немесе относительдік қосымша құн нормасы өсетін болса, товардың әрбір данасындағы пайда аумағының артуы мүмкін. Товарда жаңадан қосылған еңбек аз болғанымен, мұның ақы төленбеген бөлегі ақы төленген бөлегімен салыстырғанда өсе түседі. Алайда мұның өзі белгілі бір шеңберде ғана болып отырады. Өндіріс дамыған сайын товардың әрбір данасына жаңадан қосылатын тірі еңбек сомасының абсолюттік азаюы өте-мөте шапшаң жүріп отырады, сонымен бірге ондағы ақы төленбеген еңбектің аумағы да, нақ ақы төленген бөлегімен салыстырғанда, қаншалық біршама өскенімен, абсолюттік түрде азая береді. Қосымша құн нормасының өсуіне қарамастан, товардың әрбір данасына келетін пайда аумағы еңбектің өндіргіш күші дамыған сайын едәуір азая түседі; ал осы азаюдың өзі, дәл пайда нормасының төмендеуі сияқты, тек тұрақты капитал элементтерінің арзандауы нәтижесінде және осы кітаптың бірінші бөлімінде көрсетілген, қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда, тіпті төмендеген күнде де пайда нормасын арттыратын басқа да жағдайлармен баяулайтын болады.

Түгел алғанда капиталдың жиынтық өнімін құрастыратын жеке товарлар бағасының төмендейтін себебі тек мынау ғана: белгілі бір еңбек мөлшері көптеген товарларда тарап жүреді, демек, товардың әрбір данасындағы еңбек бұрынғыдан аз болады. Тіпті тұрақты капиталдың, шикізаттың, т. б. біраз бөлегінің бағасы артқан күнде де осылай болады. Жеке жағдайларды (мәселен, еңбектің өндіргіш күші тұрақты капиталдың да, өзгермелі капиталдың да барлық элементтерін біркелкі арзандататын реттерді) былай қойғанда, пайда нормасы, қосымша құн нормасының көтеріңкілігіне қарамастан, төмендей береді; біріншіден, мұның себебі, жаңадан қосылған еңбектің азайған жалпы сомасындағы ақы төленбеген бөлегі тіпті көбейген қалпында да бұрынғы біршама көп жалпы соманың ақы төленбеген бөлігінің кем мөлшерінен де аз, ал екіншіден, мұның себебі, капиталдың неғұрлым жоғары құрылымы жеке товардан былайша көрінеді: оның құнының тегінде жаңадан қосылған еңбек ретіндегі бөлегі құнның шикізат, қосалқы материалдар және негізгі капиталдың тозығы түріндегі бөлегімен салыстырғанда азая түседі. Жеке товар бағасының әр түрлі құрамдас бөліктерінің арақатынасының

осылайша өзгеруі — бағаның жаңадан қосылған тірі еңбек түріндегі бөлегінің азайып, бұрынырақ затқа айналған еңбек түріндегі бөлігінің көбеюі — тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың азаюын жеке товардың бағасы арқылы бейнелейтін форма. Осылай азаюдың өзі белгілі шамадағы, мәселен 100 мөлшерлі, капитал үшін абсолют болғандықтан ол қайта өндірілген капиталдың тиісті үлесі ретіндегі әрбір жеке товар үшін де сондай абсолют шама. Алайда пайда нормасы, егер оны тек жеке товар бағасының элементтеріне шағып есептейтін болсақ, ол шындықтағыдан гөрі басқаша болып көрінер еді. Ал оның себебі мынау:

{Пайда нормасы барлық жұмсалған капиталға, бірақ белгілі уақыт ішінде, іс жүзінде бір жыл ішінде жұмсалған капиталға есептеледі. Бір жыл ішінде өндіріліп, өткізілген қосымша құнның, яғни пайданың барлық капитал жөнінде процентпен алынған қатынасы пайда нормасы болып шығады. Демек, мұның бір жыл бойынша емес, осы капиталдың айналым дәуірі негізінде есептелген пайда нормасына тең болуы міндетті емес; тек бұл капитал жылына тек бір рет айналатын күнде ғана пайданың екі нормасы бірдей болады.

Екінші жағынан, бір жыл ішінде алынған пайда — осы жыл ішінде өндіріліп, сатылған товарлардан түскен пайдалар сомасы ғана. Ал егер біз пайданы товар өндірісі шығындарына шағып есептейтін болсақ, онда пайда нормасы =  $\frac{p}{k}$

болып шығады, мұндағы  $p$  — бір жыл ішінде өткізілген пайда, ал  $k$  — нақ сол уақыт ішінде өндіріліп, сатылған товар өндірісі шығындарының сомасы. Анығында пайданың  $\frac{p}{K}$  тү-

ріндегі осы нормасы  $k=K$  болған күнде ғана, яғни капитал жылына дәл бір рет айналатын күнде ғана пайданың  $\frac{p}{K}$  тү-

ріндегі нақты нормасымен, барлық капиталға бөлінген пайда аумағымен сәйкес келуі мүмкін.

Әйтеуір бір өнеркәсіп капиталының үш түрлі жағдайын алып қарайық.

I. 8 000 ф. ст. капитал жыл сайын 5 000 дана товар өндіріп, данасын 30 шиллингтен сатады, демек, оның жылдық айналымы = 7 500 фунт стерлинг. Ол товардың әр данасынан 10 шилл. = жылына 2 500 ф. ст. пайда келтіреді. Демек, әр данасында 20 шилл. авансыланған капитал және 10 шилл. пайда бар, сөйтіп әр данасына келетін пайда нормасы  $\frac{10}{20} = 50\%$ .

Айналым жасаған 7 500 ф. ст. сомасына 5 000 ф. ст. авансыланған капитал және 2 500 ф. ст. пайда келеді; әр айналымға келетін пайда нормасы,  $\frac{P}{K}$ , бұл да = 50%. Мұның керісінше, барлық капиталға есептелген пайда нормасы  $\frac{P}{K} = \frac{2\,500}{8\,000} = 31\frac{1}{4}\%$ .

II. Айталық, капитал 10 000 фунт стерлингке дейін көбейді дейік. Еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде ол жыл сайын 10 000 дана товар өндіре алады, мұнда өндіріс шығыны әр данасына 20 шиллингтен келеді дейік. Бұл товарларды ол 4 шиллинг пайдасымен, яғни әр данасын 24 шиллингтен сатады. Бұл ретте жылдық өнімнің бағасы = 12 000 ф. ст., мұның ішінде авансыланған капитал 10 000 ф. ст., ал 2 000 ф. ст. — пайда.  $\frac{P}{K}$  әр данасына =  $\frac{4}{20}$ , жылдық айналым үшін =  $\frac{2\,000}{10\,000}$ , демек, екі ретте де = 20%, ал барлық капитал өндіріс шығындарының сомасына тең, атап айтқанда 10 000 ф. ст. болғандықтан  $\frac{P}{K}$ , пайданың нақты нормасы, бұл жолы = 20%.

III. Айталық, еңбектің өндіргіш күші үнемі өсіп отырғанда 15 000 фунт стерлингке дейін көбейген капитал енді жыл сайын 30 000 дана товар өндіреді, мұнда өндіріс шығыны әр данасына 13 шиллингтен келеді, ал әр данасы 2 шиллинг пайдасымен, демек, 15 шиллингтен сатылады. Сөйтіп, жылдық айналым = 15 шилл.  $\times$  30 000 = 22 500 ф. ст., мұның ішінде авансыланған капиталға келетіні 19 500, ал пайда 3 000 ф. ст. Демек,  $\frac{P}{K} = \frac{2}{13} = \frac{3\,000}{19\,500} = 15\frac{5}{13}\%$ . Керісінше,  $\frac{P}{K} = \frac{3\,000}{15\,000} = 20\%$ .

Сонымен, тек II ретте ғана, айналым жасаған капитал құны барлық капиталға тең болған күнде ғана товардың әр данасына немесе айналым сомасына келетін пайда нормасы нақ барлық капиталға есептегендегідей екенін көріп отырмыз. I ретте, айналым сомасы барлық капиталдан аз болғанда, товардың өндіріс шығындарына есептелген пайда нормасы жоғары; III ретте, барлық капитал айналым сомасынан кем болғанда, ол барлық капиталға есептелген пайда нормасынан төмен. Бұл нәтиже — барлық осындай жағдайлар үшін ереже.

Сауда практикасында айналым әдетте дәл есептелмейді. Өткізілген товар бағаларының сомасы барлық жұмсалған капиталдың сомасына жеткенде капитал бір рет айналым жасады деп ұйғарылады. Бірақ өткізілген товарлардың өндіріс шығындарының сомасы барлық капиталдың сомасына тең

болғанда ғана *капитал* толық айналым жасап болуы мүмкін.— *Ф. Э.*)

Капиталистік өндіріс тұсында белгілі бір уақыт ішінде өндірілген жеке товарды, яғни товарлы өнімді жеке-дара, оқшау күйінде, жәй товар ретінде алып қарамай, авансыланған капиталдың өнімі ретінде және осы товарды өндіретін барлық капиталға қатынасы жағынан алып қарау қажет екені тағы да айқын көрінеді.

Пайда *нормасы* өндірілген және өткізілген қосымша құн аумағының товарда қайтадан пайда болатын, капиталдың тұтынылған бөлегіне ғана емес, сонымен қатар капиталдың осы бөлегіне және тұтынылмаған, бірақ қолданылған, өндірісте әлі де әжетке жарап отырған бөлегіне қатынасы арқылы көрінеді, солай бола тұрса да пайда *аумағы* товардың өзінде бар және оны сату арқылы өткізілуге тиісті пайданың немесе қосымша құнның аумағына ғана тең болуы мүмкін.

Егер өнеркәсіпте еңбек өнімділігі артатын болса, онда жеке товардың бағасы төмендейді. Мұнда ақы төленген еңбек те, ақы төленбеген еңбек те аз. Нақ сол еңбек өнімді, мәселен, үш есе көп өндіреді дейік; бұлай болған күнде әрбір жеке өнімге келетін еңбек  $\frac{2}{3}$  есе аз болады. Ал пайда әрбір жеке товарға сіңген осы еңбек аумағының бір бөлігі ғана бола алатындықтан товар өлшеміне келетін пайда аумағы азаюға тиіс, тіпті қосымша құн нормасы артқан күнде де белгілі шеңберде осы жағдай байқалып отырады. Егер капитал еңбекті қанау дәрежесі біркелкі болып тұрғанда жұмысшыларды бұрынғы мөлшерде қолданатын болса ғана, онда барлық жағдайда да бүкіл өнімге келетін пайда аумағы бастапқы пайда аумағынан төмендемейді. (Қанау дәрежесі неғұрлым жоғары болып тұрғанда жұмысшылар аз қолданылған күнде де осылай болуы мүмкін.) Өйткені өнім өлшеміне келетін пайда аумағы қаншалық азаятын болса, осы өнімдердің мөлшері соншалық көбейеді. Пайда аумағы бұрынғыша қалады да, ол товарлар сомасына тек басқаша бөлінеді; бірақ бұдан жаңадан қосылған еңбек арқылы жасалған құн мөлшерінің жұмысшылар мен капиталистер арасындағы бөлінісі ешбір өзгермейді. Егер еңбекті бұрынғы мөлшерде қолданғанда ақы төленбеген қосымша еңбек өсетін болса немесе еңбекті қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда жұмысшылардың саны көбейетін болса, не осының екеуі де болатын болса, пайданың аумағы тек сонда ғана өсуі мүмкін. Осы жағдайлардың бәрінде де,— алайда бұлар, қабылданған алғы шарттарға сәйкес, өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың өсуін және барлық жұмсалған капитал шамасының өсуін керек етеді,— товар өлшемінде пайда аумағы аз болады да, пайда нормасы тіпті

оны товар өлшеміне шағып есептеген күнде де төмендейді; жаңадан қосылған еңбектің осы мөлшері көптеген товардан көрінеді; жеке товардың бағасы төмендейді. Егер мәселені абстракт түрде алып қарайтын болсақ, еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде жеке товардың бағасы төмендеген күнде, демек, осы неғұрлым арзан товарлар саны бір мезгілде көбейген күнде, егер мәселен, өндіргіш күштің өсуі товарлардың барлық құрамдас бөліктеріне біркелкі және бір мезгілде әсер ететін болса, сөйтіп товардың бүкіл бағасы еңбек өнімділігі өскен қатынаста төмендейтін болса, ал екінші жағынан, товар бағасының әр түрлі құрамдас бөліктерінің өзара қатынасы бұрынғыша қалған болса, пайда нормасы бұрынғы қалпында қалуы мүмкін. Егер тұрақты және әсіресе негізгі капитал элементтері құнының едәуір кемуі қосымша күн нормасының артуымен байланысты болса, пайда нормасы тіпті көтерілген де болар еді. Бірақ шындығында, жоғарыда көргеніміздей, пайда нормасы жүре келе төмендейді. Алайда жеке товар бағасының төмендеуінен пайда нормасы өзгерген екен деп әсте қорытынды жасауға болмайды. Бар әңгіме товар өндіруге қатысушы капиталдың жалпы сомасының қаншалық көп екендігіне байланысты. Мәселен, бір кез матаның бағасы 3 шиллингтен  $1\frac{2}{3}$  шиллингке дейін төмендеді дейік; егер баға осылайша төмендегенге дейін бір кез матадан  $1\frac{2}{3}$  шиллинг тұрақты капитал, жіп және басқалары,  $\frac{2}{3}$  шиллинг жалақы және  $\frac{2}{3}$  шиллинг пайда, ал баға төмендегеннен кейін — I шилл. тұрақты капитал,  $\frac{1}{3}$  шилл. жалақы және  $\frac{1}{3}$  шилл. пайда бар екені белгілі болса, бұдан пайда нормасының бұрынғыша қалған-қалмағаны белгілі бола қоймайды. Мұның өзі авансыланған капиталдың өскен-өспегендігіне, дәл қанша өскендігіне және оның нақ сол уақыт ішінде неше кез матаны артық шығара бастағанына байланысты.

Капиталистік өндіріс әдісінің табиғатынан туатын бір құбылыс, еңбек өнімділігі өсе түскенде жеке товардың, яғни белгілі бір товар мөлшерінің бағасы төмендейді, товардың саны артады, жеке товарға келетін пайда аумағы және товардың белгілі бір сомасына келетін пайда нормасы төмендейді, ал товардың барлық сомасына келетін пайда аумағы көбейеді, — бұл құбылыс жеке товарға келетін пайда аумағының төмендеуін ғана, оның бағасының төмендеуін ғана, қоғамдағы барлық капитал немесе жеке капиталист өндірген товарлардың өскен жалпы санына келетін пайда аумағының көбейгенін ғана сырттан көрсетеді. Бұл құбылыс капиталист товар өлшемінен пайданы өз еркімен аз алып, оның есесін товарды көп мөлшерде шығару арқылы қайтарып отыратын сияқты әсер етеді. Бұл түсінік пайданы «иеліктен айырудан түскен пайда» («рго-

fit upon alienation»<sup>74</sup>) деген ұғымға негізделеді, ал бұл ұғымның өзі көпес капиталының көзқарасынан алынған.

Бұрынырақ, «Капиталдың» бірінші кітабының төртінші және жетінші бөлімдерінде, біз еңбектің өндіргіш күшімен бірге өсетін товар аумағы және жеке товардың арзандауы (бұл товарлар жұмыс күшінің бағасына шешуші ықпал етпейтіндіктен) өздігінен, бағасының төмендеуіне қарамастан, жеке товардағы ақы төленген еңбек пен ақы төленбеген еңбектің қатынасын өзгертпейтінін көрдік.

Бәсеке тұсында бәрі де жалған, бұрмаланған түрде бейнеленетіндіктен жеке капиталист өзіне өзі: 1) бағаны төмендету арқылы товар өлшемінен алынатын өз пайдасын кеміткен сияқты, бірақ сонымен қатар өзі сататын товарлар аумағын арттыру нәтижесінде көбірек пайда түсіретін сияқты көрінеді; 2) ол товар өлшемінің бағасын белгілейтін және көбейту арқылы барлық өнімнің бағасын анықтайтын сияқты көрінеді, ал бастапқы процесс — бөлу процесі (қараныз: «Капитал», I кітап, X тарау, 281-бет<sup>75</sup>); ал көбейту алдын ала осындай бөлуді керек ететін екінші кезең ретінде ғана дұрыс болып шығады. Тұрпайы экономистің іс жүзінде бар істейтіні, бәсекеге душар болған капиталистердің өзгеше ұғымдарын бейне неғұрлым теориялық, топшылағыш тілге аударатын кісімсиді де, осы ұғымдардың дұрыстығын дәлелдейтін дәйектеме іздеп әуреленеді.

Шындығында товар бағасының төмендеуі және арзандаған товарлардың өсе түскен аумағына келетін пайда аумағының артуы — пайда нормасының төмендеуі, сонымен бірге оның аумағының артуы заңының басқаша көрінісі ғана.

Относительдік қосымша құн жайындағы мәселеге байланысты бұрынырақ қарастырылған пункт сияқты («Капитал», I кітап, 280—281-беттер<sup>76</sup>), пайда нормасы төмендеуінің бағаның көтерілуімен қаншалық сәйкес келетінін зерттеудің де бұған қатысы шамалы. Өндірістің жетілдірілген, бірақ әлі жаппай тарай қоймаған әдістерің қолданушы капиталист рынок бағасынан төмен, бірақ өндірістің жеке-дара бағасынан жоғары баға бойынша сатады; сөйтіп, ол үшін пайда нормасы мұны бәсеке теңестіргенге дейін көтеріле береді; осы теңестіру дәуірі жүріп тұрғанда екінші процесс болады — капитал қаржысы өседі; осы өсудің дәрежесіне қарай капиталист жана жағдайда бұрын істеген жұмысшылардың бір бөлегіне, бәлкім, бәріне немесе тіпті бұрынғыдан да көп жұмысшыға жұмыс бере алатын болады, демек, пайданы бұрынғы мөлшерде немесе одан да көп өндіре алатын болады.



## ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

**ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУШІ СЕБЕПТЕР**

Егер қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің тіпті соңғы 30 жыл ішінде ғана, бұдан бұрынғы барлық дәуірлермен салыстырғанда, төтенше дамығанын еске алатын болсақ, әсіресе кілең машиналар ғана емес, қыруар мөлшердегі негізгі капитал да түгелдей қоғамдық өндіріс процесінің жиынтығына кіретінін еске алатын болсақ, онда осы күнге дейін экономистердің назарын аударып келген қиыншылықтың, атап айтқанда пайда нормасының төмендеуін түсіндіру жөніндегі қиыншылықтың орнына бұған қарама-қарсы екінші бір қиыншылық, атап айтқанда бұлайша төмендеудің неғұрлым елеулі немесе неғұрлым шапшаң болмаған себебін түсіндіру жөніндегі қиыншылық туады. Мұның өзі жалпы заңның әрекетін әлсіретіп, бөгеп тастайтын және оған тенденцияның ғана сипатын беретін қарсы әрекет етуші ықпалдар бар деп ұйғаруға мәжбүр етеді, сондықтан да біз пайданың жалпы нормасының төмендеуін тек төмендеу тенденциясы деп атадық. Бұл себептердің ішіндегі ең жалпыламалары мыналар.

**I. ЕҢБЕКТІ ҚАНАУ ДӘРЕЖЕСІНІҢ АРТУЫ**

Еңбекті қанау дәрежесі, қосымша еңбек пен қосымша құнды иемдену, атап айтқанда, жұмыс күнін ұзарту және еңбекті интенсивтендіру арқылы арттырылады. Бұл екі пункт те «Капиталдың» I кітабында абсолютті және относителді қосымша құн өндіру туралы әңгіме болған кезде толық зерттелген. Еңбекті интенсивтендіруде өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталды көбейтуге, демек, пайда нормасын төмендетуге әкеліп соғатын толып жатқан факторлар бар,— мәселен, жұмысшының көп машинаны бақылауына тура келетін кезде осылай болады. Бұл ретте,— относителдік қосымша құн өндіру үшін қолданылатын көптеген әдістер тұсындағыдай,— қосымша құн нормасын өсіруге бастайтын

себептердің өзі барлық жұмсалған капиталдың белгілі бір мөлшеріне келетін қосымша құн аумағын азайтуға әкеліп соғуы мүмкін. Бірақ еңбекті интенсификациялаудың басқа да факторлары, мәселен, машиналардың шапшаңдығын арттыру сияқты факторлары бар, бұл ретте машиналар бірдей уақыт мерзімі ішінде шикізатты көбірек тұтынады, ал негізгі капиталды алатын болсақ, машиналар тезірек тозады десек те, бұлардың құнының осы машиналарды жүргізетін еңбектің бағасы жөніндегі қатынасы бұдан ешбір өзгермейді. Ал иемденілетін қосымша еңбектің аумағын өте-мөте арттыратын нәрсе — жұмыс күнінің ұзартылуы; бұл — қазіргі кездегі өнеркәсіптің өнертабысы; мұның өзі қолданылып отырған жұмыс күшінің сол арқылы іске қосылатын тұрақты капитал жөніндегі қатынасын айтарлықтай өзгерте қоймаса да, іс жүзінде тұрақты капиталдың біршама азаюына едәуір себепкер болады. Тегінде, біздің көрсетіп өткеніміздей, относительдік қосымша құн өндіру әдістері жалпылай және тұтас алғанда мынаған келіп тіреледі,— пайда нормасының төмендеу тенденциясының сыры, анығында, міне осында: бір жағынан, белгілі мөлшердегі еңбектің неғұрлым көбірек бөлегін қосымша құнға айналдыру, екінші жағынан,— тегінде авансыланған капиталмен салыстырғанда еңбекті неғұрлым аз қолдану; сөйтіп еңбекті қанау дәрежесін арттыруға мүмкіндік беретін белгілі бір себептер жалпы шамасы белгілі капиталдың еңбекті бұрынғы мөлшерде қанауына жол бермейді. Қосымша құн нормасын арттыратын және сонымен бірге белгілі бір капитал өндіретін қосымша құн аумағын азайтуға, демек, пайда нормасын төмендетуге себепкер болатын қарама-қарсы әрекет жасаушы тенденциялар міне осындай. Бұл жерде әйелдер мен балалар еңбегінің жаппай қолданылуы туралы да айта кету керек, өйткені бұл ретте бүкіл семья капиталға қосымша еңбекті бұрынғыдан көбірек беруге, тіпті бұл семья алатын жалақының жалпы сомасы өскен күнде де көбірек беруге тиіс болады, дегенмен мұндай жағдай өсте жалпы ереже емес. Екіншіліктегідей, қолданылатын капитал шамасы өзгермей тұрғанда жәй өндіріс әдістерін жақсарту арқылы относительдік қосымша құн өндіруге септігін тигізетін нәрселердің бәрі нақ осындай әсер етеді. Бұл жерде қолданылатын тұрақты капитал өзгермелі капиталмен салыстырғанда өсе қоймайды,— өйткені біз өзгермелі капиталды іске қосылған жұмыс күшінің көрсеткіші деп білеміз,— бірақ қолданылған жұмыс күшіне қарағанда өнім аумағы өсе түседі. Еңбектің өндіргіш күші (еңбек өнімі жұмысшылардың тұтынуына кіре ме, әлде тұрақты капиталдың элементтеріне кіре ме, мұның бәрібір) байланысты қиындататын бөгеттерден, орынсыз те-

жеулерден немесе жүре келе қыспаққа айналатын тежеулерден, жалпы алғанда алуан түрлі шырмаулардан азат етілген күнде де осылай болады, оның бер жағында алғашында өзгермелі капиталдың тұрақты капитал жөніндегі қатынасына бұдан нұқсан келмейді.

Капиталистер әлі де жаппай өріс ала қоймаған өнертабыстарды, т. т. пайдаланған кезде олардағы қосымша құн өзінің жалпы дәрежесінен уақытша артып отырады; қосымша құнның өзінің жалпы дәрежесінен осылайша уақытша, бірақ үнемі қайта-қайта арта түсуі, мұның біресе өндірістің бір тарауында, біресе екінші тарауында байқалуы пайда нормасының төмендеуін бөгейтін, бірақ сайып келгенде оны үнемі тездетіп отыратын себептердің санатына қосыла ма деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған құптап жауап берген жөн.

Белгілі бір шамадағы капитал өндірген қосымша құнның аумағы екі факторға, атап айтқанда қосымша құн нормасына және осындай нормамен істейтін жұмысшылардың санына байланысты. Демек, мұның өзі қосымша құн нормасы белгілі болғанда жұмысшылар санына, ал жұмысшылар саны белгілі болғанда қосымша құн нормасына байланысты, яғни жалпы алғанда өзгермелі капиталдың абсолюттік шамасы мен қосымша құн нормасының шытырман қатынасына байланысты. Сөйтіп, относительдік қосымша құн нормасын арттыратын себептер орта есеппен алғанда қолданылатын жұмыс күшінің аумағын азайтатын болып шықты. Ал бір айқын нәрсе, бұл арада көбею немесе азаю осы қарама-қарсы екі қозғалыстың арасындағы белгілі бір қатынасқа сәйкес болып отырады және пайда нормасының төмендеу тенденциясы, бір есептен, жұмыс күнін ұзарту нәтижесінде абсолюттік қосымша құн нормасының артуы арқылы әлсірейді.

Пайда нормасын зерттегенде біздің жалпы анықтағанымыз, барлық жұмсалған капиталдың аумағының өсуі нәтижесінде норманың төмендеуіне пайда аумағының артуы сәйкес келеді. Егер қоғамның барлық өзгермелі капиталын алып қарайтын болсақ, онда ол өндірген қосымша құн өндірілген пайдаға тең. Қосымша құнның абсолюттік аумағымен бірге қосымша құн нормасы да өсті; біріншісінің өскен себебі, қоғам қолданатын жұмыс күшінің мөлшері көбейді, екіншісінің өскен себебі, осы еңбекті қанау дәрежесі артты. Бірақ шамасы белгілі, мәселен 100 мөлшерлі, капитал жөнінде қосымша құн нормасының өсуі мүмкін, ал оның аумағы орта есеппен алғанда төмендейді, өйткені норма капиталдың өзгермелі бөлегінің құны артатын қатынас арқылы анықталады; ал аумағы, мұның керісінше, өзгермелі капиталдың барлық капиталдағы біршама үлесі арқылы анықталады.

Қосымша құн нормасының артуы,— өйткені мұның өзі, атап айтқанда, жоғарыда көрсеткеніміздей, тұрақты капитал мүлде көбеймейтін немесе өзгермелі капиталдан басқаша пропорцияда көбейетін кезде де болып отыратын нәрсе,— қосымша құнның аумағын, демек, пайда нормасын да анықтайтын фактор. Бұл фактор жалпы заңды жоймайды. Бірақ мұның істейтіні сол, бұл заң көбінесе тенденция ретінде, яғни толық жүзеге асырылуы қарсы әрекет жасаушы жағдайлармен бөгеліп, баяулап, әлсіреп отыратын заң ретінде әсер етеді. Ал қосымша құн нормасын арттыратын себептер (тіпті жұмыс уақытын ұзартудың өзі де — ірі өнеркәсіптің нәтижесі) белгілі бір капитал қолданатын жұмыс күшінің мөлшерін кемітуге бейім тұрады, сондықтан бұларда әрі пайда нормасын кеміту, әрі осы кему процесін баяулату тенденциясы да болады. Егер бір жұмысшы лажсыздан екі адамның жұмысын істейтін болса,— ал барқадарлы істеген күнде бұл екеуі үшеудің орнына жүре алады,— онда ол енді бұрын екеудің бергеніндей қосымша еңбек бере алады, сол мөлшерде қосымша құн нормасы да артады. Бірақ ол бұрын үшеудің бергенін бере алмайды, сөйтіп қосымша құн аумағы кемиді. Бірақ қосымша құн нормасын арттыру арқылы бұл кемудің есесі қайтады немесе оған шек қойылады. Егер бар халық қосымша құнның өсіпкі нормасы тұсында жұмыс істейтін болса, онда халық бұрынғыша қалғанымен, қосымша құнның аумағы артады. Халық көбейгенде оның аумағы бұрынғыдан да арта түседі; ал мұның өзі барлық капиталдың шамасымен салыстырғанда еңбек етуші жұмысшылар санының біршама азаюымен байланысты бола тұрса да, қосымша құн нормасының артуы нәтижесінде бұл азаюға шек қойылады немесе тосқауыл жасалады.

Келесі пунктке көшуден бұрын біз мынаны тағы да атап көрсетуге тиіспіз: капиталдың шамасы белгілі болғанда қосымша құн *нормасының* өсуі, ал оның *аумағының* азаюы мүмкін, және мұның керісінше. Қосымша құн аумағы оның жұмысшылар санына көбейтілген нормасына тең; бірақ бұл норма ешқашан да барлық капиталға есептелмейді, тек өзгермелі капиталға ғана, іс жүзінде бір жұмыс күніне ғана есептеледі. Мұның керісінше, капитал құнының шамасы белгілі болғанда, егер *қосымша құнның аумағы* көбеймеген немесе азаймаған болса, *пайда нормасының* ешқашанда жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін емес.

## II. ЖАЛАҚЫНЫҢ ЖҰМЫС ҚҰШІ ҚҰНЫНАН ТӨМЕНДЕП КЕМУІ

Біз мұнда бұл жағдайды тәжірибе тұрғысынан ғана көрсетіп отырмыз, өйткені шындығында мұның өзі, осында келтіруге болатын басқа да көптеген жағдайлар сияқты, капитал жөніндегі жалпы талдауға жатпайтын, тек бәсекені зерттеуге қатысы бар мәселе, ал мұндай зерттеу қазіргі еңбектің міндеті емес. Алайда бұл жағдай — пайда нормасының төмендеу тенденциясын бөгейтін аса елеулі себептердің бірі.

## III. ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ АРЗАНДАУЫ

Қосымша құн нормасы өзгермей тұрғанда немесе қосымша құн нормасына байланыссыз пайда нормасының көтерілу себептері туралы осы кітаптың бірінші бөлімінде айтылған пікірлердің бәрі, сондай-ақ, — егер барлық капиталды алып қарайтын болсақ, — тұрақты капитал құнының оның материалдық көлемінен басқаша пропорцияда өсетіндігі де осыған жатады. Мәселен, қазіргі фабрикада жіп иіруші жеке-дара европалықтың өндейтін мақтасының мөлшері жіп иіруші европалықтың бұрын қол ұршықпен иіретін жібінің мөлшерімен салыстырғанда адам айтқысыз өсіп отыр. Бірақ өңделетін мақта құны оның мөлшерінің өскен пропорциясында артқан жоқ. Машиналар мен басқа негізгі капитал жөнінде де осыны айту керек. Қысқасын айтқанда, өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталдың аумағын арттыратын дамудың өзі еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде сол капитал элементтерінің құнын кемітеді, демек, тұрақты капиталдың құны үнемі өсе түскенімен, бұл құнның негізгі капиталдың материалдық көлемінің өскеніндей, яғни нақ сол мөлшердегі жұмыс күші іске қосатын өндіріс құрал-жабдықтары материалдық көлемінің өскеніндей пропорцияда өсуіне бөгет жасайды. Жеке реттерде тұрақты капитал элементтері аумағының тіпті артуы да мүмкін, ал оның құны бұрынғыша қалады немесе тіпті кеміп кетеді.

Өнеркәсіп дамыған сайын нақты капиталдың (яғни оның заттық элементтерінің) құнсыздануы жаңа ғана айтылған жағдаймен байланысты. Бұл да — пайда нормасының төмендеуін бөгейтін, үнемі әрекет етуші себептердің бірі; бірақ мұның өзі кейбір жағдайларда пайда келтіруші капитал аумағын азайта отырып, пайда аумағын кемітуі мүмкін. Сөйтіп пайда нормасының төмендеу тенденциясын туғызатын себептердің сонымен бірге осы тенденцияның жүзеге асырылуын бөгейтіндігі бұл жерде тағы да байқалып отыр.

#### IV. БІРШАМА АРТЫҚ ХАЛЫҚ

Біршама артық халықтың жасалуы еңбектің өндіргіш күшінің дамуынан айырғысыз нәрсе және мұны пайда нормасының төмендеуінен көрінетін даму тездетіп отырады. Белгілі бір елде капиталистік өндіріс әдісі неғұрлым үздік дамыған болса, онда біршама артық халық соғұрлым айқын біліне түседі. Сонымен қатар мұның өзі мынаған себеп болып отыр: бір жағынан, өндірістің көптеген тарауларында еңбектің капиталға толық бағынбауы азды-көпті әлі де бар,—оның бер жағында дамудың жалпы дәрежесіне сәйкес келеді дерлік әдепті жорамалдан гөрі ұзағырақ өмір сүріп келеді; бұл — рынокта жүрген немесе жұмыстан шығарылған жалдама жұмысшылардың арзан болуының және олардың санының шектен тыс көп болуының салдары, сонымен қатар қол еңбегін машиналы еңбекке айналдыру ісіне өндірістің кейбір тарауларында, бұлардың өз жаратылысы бойынша, көрсетіліп отырған неғұрлым мықты қарсылықтың салдары. Екінші жағынан, өндірістің жаңа тараулары, әсіресе сән-салтанат заттарының тараулары құрылуда,—екінің бірінде өндірістің басқа тарауларында тұрақты капиталдың басымдығы нәтижесінде пайда болатын нақ сол артық халық осы тараулардың базисі болады, ал өз тарапынан бұл тараулар өздерінде тірі еңбек элементтерінің басымдығын арқау етеді де, өндірістің басқа тараулары жүріп өткен даму жолын аз-аздап қана бастан кешіреді. Екі жағдайда да барлық капиталдың едәуір бөлегі — өзгермелі капиталдың үлесі, ал жалақы орташа дәрежеден төмен, өйткені өндірістің бұл тарауларында қосымша құн нормасы да, қосамша құн аумағы да тым жоғары. Ал пайданың жалпы нормасы өндірістің жеке тарауларындағы пайда нормаларының теңесуі арқылы қалыптасатындықтан пайда нормасының төмендеу тенденциясын туғызатын себептің өзі бұл жерде осы тенденцияның ықпалын азды-көпті әлсіретерліктей қарсы әрекет туғызады.

#### V. СЫРТҚЫ САУДА

Сыртқы сауда ішінара тұрақты капитал элементтерін, ішінара өзгермелі капиталдан келіп шығатын қажетті тіршілік заттарын арзандататындықтан ол пайда нормасының көтерілуіне көмектеседі, өйткені қосымша құн нормасын арттырып, тұрақты капитал құнын төмендетеді. Ол тегінде осы мағынада әсер ете отырып, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сөйтіп ол, бір жағынан, қор жинауды, екінші жағынан, тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың азаюын

тездетеді, сол себепті пайда нормасының төмендеуін де тездетеді. Дәл сол сияқты сыртқы сауданың кеңейтілуі капиталистік өндіріс әдісінің сәбилік дәуірінде соның базисі болғанымен, осы өндіріс әдісі дамыған сайын, осының өзіне тән ішкі қажеттіктің себебінен, мұның ұдайы ұлғая түсетін рынокты керексінуінен ол осы әдістің өз нәтижесіне айналды. Бұл жерде, басқа жағдайлардағы сияқты, екі жақты ықпал тағы да айқын көрініп отыр (Рикардо сыртқы сауданың бұл жағын мүлде байқамаған<sup>77</sup>).

Екінші мәселе,— өзінің ерекше сипатта болуы себепті шын мәнісінде біздің зерттеуіміздің шеңберінен тысқары жатқан мәселе,— мынада: сыртқы саудаға, әсіресе отарлық саудаға жұмсалған капитал беретін неғұрлым жоғары пайда нормасының нәтижесінде пайданың жалпы нормасы арта ма?

Сыртқы саудаға жұмсалған капиталдар неғұрлым жоғары пайда нормасын бере алады, өйткені, біріншіден, мұнда өзге елдерде қолайсыздау өндіріс жағдайларында өндірілген товарлармен бәсеке жасалады, сондықтан үздік дамыған ел өз товарларын бәсекелесуші елдерден арзандау сатқанымен, өз құнынан жоғары бағамен өткізеді. Үздік дамыған елдегі еңбек үлес салмағы неғұрлым жоғары еңбек ретінде бағаланатындықтан, бұл еңбекке сапасы неғұрлым жоғары еңбек ретінде ақы төленбегенімен, осындай еңбек ретінде сатылатындықтан пайда нормасы артады. Товар жіберілетін ел үшін де, шетке товар жөнелтетін ел үшін де нақ осындай қатынастың қалыптасуы мүмкін; атап айтқанда, мұндай елдің затқа айналған еңбекті *in natura*\* алғанынан гөрі көп беретін, дегенмен де товарды өзі өндіргендегіден гөрі арзанырақ алатын болып шығуы мүмкін. Дәл сол сияқты, жаңа өнертабысты оя жаппай тарағанға дейін қолданған фабрикант өз бәсекелестерінен арзанырақ сатқанымен, әйтеуір өз товарларының жекедара құнынан жоғары өткізеді, яғни өзі қолданатын еңбектің біршама жоғары өндіргіш күшін қосымша еңбекке айналдырады. Ол осылайша үстеме пайданы өткізеді. Екінші жағынан, отарларға, т. т. арналған капиталдарды алатын болсақ, бұлар неғұрлым жоғары пайда нормаларын бере алады, өйткені бұлардың даму дәрежесі төмен болғандықтан пайда нормасы тегінде жоғары, ал құлдардың, кулилердің, т. с. қолданылуы себепті еңбекті қанау дәрежесі де жоғары. Егер пайданың жалпы нормасын теңестіру жолында монополиялар тұрмаған болса, белгілі тарауларға жұмсалған капиталдардан түсетін және өз еліне жіберілетін осындай біршама жоғары пайдалардың бұл жерде пайданың жалпы нормасын теңестіруге не-

\* — зат түрінде. *Ред.*

ліктен қатыспайтыны және осы біршама жоғары пайдалардың жалпы пайда нормасын неліктен pro tanto\* көтермейтіні мүлде түсініксіз<sup>36)</sup>. Әсіресе капитал жұмсалған тараулар еркін бәсеке заңдарына бағынып отырған жағдайда мұны түсіну мүмкін емес. Ал Рикардо, мұның керісінше, істің жайын былай түсінеді: шетелде неғұрлым жоғары бағамен сатылған товардан түскен ақшаға сол жерде товар сатып алынады да, қайтадан елге жіберіледі; демек, бұл товар өз елінде сатылады, соның арқасында, ең мықтағанда, өте-мөте артықша жағдайдағы осы тараулардың уақытша тосын олжаға кенелуі мүмкін дейді. Біз ақша формасын былай қойсақ болғаны, мұндай жалған үміт дереу үзіледі. Қолайлы жағдайдағы ел айырбас жасағанда мөлшері аз еңбек үшін көп еңбек алады, рас, тегінде еңбек пен капитал арасындағы айырбас кезінде болатындай, мұның айырмасын, артылғанын белгілі бір тап қалтасына салады. Демек, пайданың неғұрлым жоғары нормасы,— өйткені тегінде бұл норма отарда жоғары ғой,— қолайлы табиғи жағдайларда товардың төмен бағасымен қатар жүріп отыруы мүмкін. Тенесудің болатыны рас, бірақ Рикардонның ойлағанындай, бұл ескі дәреже бойынша тенесу емес.

Бірақ нақ осы сыртқы сауданың өзі шетке товар шығарушы елде капиталистік өндіріс әдісін дамытады, демек, тұрақты капиталға қарағанда өзгермелі капиталды азайтады; екінші жағынан, мұның өзі шетел жөнінде артық өндіріс туғызады да, сол себепті келешекте тағы да кері әсерін тигізеді.

Сөйтіп жалпы алғанда былай болып шығады: пайданың жалпы нормасын төмендетуге бастайтын себептер осы төмендеуді бөгейтін, баяулататын және ішінара тыйып тастайтын қарсы әрекеттер туғызады. Бұлар заңды жоймайды, бірақ оның әрекетін әлсіретеді. Мұны ескермейінше пайданың жалпы нормасының төмендеуі емес, қайта, мұның керісінше, осы төмендеудің біршама баяулығы түсініксіз болар еді. Сөйтіп заң тенденция ретінде ғана әрекет етеді, бұл тенденцияның ықпалы белгілі жағдайларда ғана және ұзақ мерзімді уақыт ішінде ғана айқын көрінеді.

Бұдан әрі барудан бұрын біз, түсінбестік туғызбау үшін, талай рет баяндалған екі қағиданы тағы да қайталап өтейік.

**Біріншіден:** капиталистік өндіріс әдісінің дамуына байланысты товарды арзандаттыратын процестің өзі сонымен қатар товар өндіру үшін қолданылатын қоғамдық капиталдың ор-

\* — тиісінше. *Ред.*

<sup>36)</sup> Бұл ретте А. Смиттің пікірі дұрыс та. Рикардонның пікірі теріс: Рикардо былай дейді: «Олардың айтуынша, пайда теңдігі пайданы жалпылама арттыру арқылы орнайды; ал менің түйген пікірім бойынша өте-мөте қолайлы жағдайдағы тараудың пайдалары жалпы дәрежеге дейін шапшаң төмендейді». ([*D. Ricardo.. Principles of Political Economy*\*,] Works ed.] by MacCulloch [London, 1852], p<sup>73</sup>).



ганикалық құрылымында өзгеріс туғызады, ал осының нәтижесінде пайда нормасының төмендеуіне де себепкер болады. Сөйтіп, товар өлшеміне жұмсалатын шығындардың біршама азаюын, сонымен қатар осы шығындардың ішінде машинаның тозуы арқылы пайда болатын бөлегін өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капитал құнының өсуімен бірдей деуге болмайды, бірақ, мұның керісінше, тұрақты капиталдың заттық элементтерінің аумағы өзгермей тұрғанда немесе өсе түскенде оған жұмсалатын шығындардың біршама азаюы әрдайым пайда нормасының артуына, яғни барған сайын кеми түсетін пропорцияда қолданылатын өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капитал құнының *pro tanto* кемуіне әсер етеді.

*Екіншіден:* Капитал өнімінің жиынтығын құрастыратын жеке товарлардағы жаңадан қосылған тірі еңбек бұлардағы шикізатқа және бұларды өндіретін тұтынылған еңбек құралдарына қарағанда барған сайын кеми түсетін пропорцияда болады; демек, жеке товарларға жаңадан қосылып, затқа айналатын тірі еңбектің саны барған сайын азая береді, өйткені қоғамдық өндіргіш күш дамыған сайын бұларды өндіруге керекті еңбек азая береді,— бұл жағдай товарға сіңген тірі еңбектің ақы төленген және ақы төленбеген еңбек болып жіктелу қатынасына әсер етпейді. Мұның керісінше. Товардағы жаңадан қосылған тірі еңбектің жалпы мөлшері азайғанмен, ақы төленген бөлегінің не абсолюттік түрде, не біршама қысқаруы нәтижесінде ақы төленбеген бөлегі ақы төленген бөлегімен салыстырғанда өсе түседі, өйткені әрбір товар өлшеміндегі жаңадан қосылған тірі еңбектің жалпы сомасын азайтатын өндіріс әдісінің өзі абсолюттік және относителдік қосымша құнның артуымен қатар жүріп отырады. Пайда нормасының төмендеу тенденциясы қосымша құн нормасының арту тенденциясымен, демек, еңбекті қанау дәрежесінің арту тенденциясымен байланысты. Сондықтан пайда нормасының төмендеуін жалақының артуынан деп түсіндіру барып тұрған мағынасыздық болады, дегенмен ерекшелік ретінде бұл жағдайдың да болуы мүмкін. Тек пайда нормасы қалыптасарда әрекет ететін қатынастарды түсінгенде ғана статистика түрлі-түрлі замандағы және түрлі-түрлі елдегі жалақының дәрежесін шын мәнісінде талдап шығуға қабілетті болады. Пайда нормасының төмендейтін себебі еңбек өнімділігінің кеми бастағандығынан емес, оның өнімділігінің арта бастағандығынан. Мұның екеуі де, қосымша құн нормасының артуы да, пайда нормасының төмендеуі де,— өсе түскен еңбек өнімділігін өзінің капиталистік бейнесінде көрсететін айрықша формалар ғана.

## VI. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ АРТУЫ

Жоғарыда баяндалған бес пунктке тағы да бір пункт ко-суға болады, бірақ біз бұған әзірше толық тоқтала алмаймыз. Капиталистік өндіріс прогресс жасаған сайын,— ал бұл прогресс жеделдей түскен қор жинаумен қаз-қатар жүріп отырады,— капиталдың бір бөлегі процент беретін капитал ретінде ғана есепке алынып, қолданылады. Мұның мәнісі капиталын қарызға беруші әрбір капиталист процентпен ғана қанағат етеді, ал өнеркәсіп капиталисі кәсіпкерлік табыс алады деген сөз емес. Пайданың жалпы нормасының деңгейіне мұның ешқандай қатысы жоқ, өйткені, бұл туралы әңгіме болғанда, пайданың=процент+әралуан пайда+жер рентасы екені еске алынады; жалпы пайда нормасы үшін пайданың бұлайша бөлінуінің ешбір келер-кетері жоқ. Мұның мәнісі мынау: мұндай капиталдар, тіпті ірі өндіріс орындарына жұмсалғандары да, барлық шығынды шығарып тастағаннан кейінгі жерде дивиденд деп аталатын жоғарылы-төменді проценттен басқа ешнәрсе бермейді, мәселен, темір жол ісінде осылай. Демек, бұлар пайданың жалпы нормасын теңестіруге қатыспайды, өйткені бұлардағы пайда нормасы орташа дәрежеден төмен. Егер бұған қатысқан болса, пайда нормасы едәуір төмендеп кеткен болар еді. Мәселені теориялық тұрғыдан алып қарағанда бұл капиталдарды есепке алуға болады, бұлай еткен күнде пайда нормасы қазіргі кезде, тәрізі, жүріп тұрған және капиталистер үшін шын мәнісінде шешуші маңызы бар нормадан аз болып шығады, өйткені нақ осы кәсіпорындарда тұрақты капитал өзгермелі капиталға қарағанда анағұрлым қоммақты.

## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

## ЗАҢНЫҢ ІШКІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

## I. ЖАЛПЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы кітаптың бірінші бөлімінде көргеніміздей, қосымша құн нормасы, пайда нормасы түрінде көрсетілгендіктен, өзінің нақты мөлшерінен әрқашанда төмен болып көрінеді. Енді біз тіпті қосымша құнның арта түскен нормасының да төмендеуші пайда нормасында бейнелену тенденциясы болатынын көріп отырмыз. Егер  $c=0$  болса, яғни барлық капитал жалақыға жұмсалған болса, пайда нормасы тек сонда ғана қосымша құн нормасына тең болар еді. Тұрақты капитал құны мен сол капиталды іске қосатын жұмыс күші аумағының арасындағы қатынас өзгеріссіз қалған күнде ғана немесе соңғысы тұрақты капитал құнынан өскен күнде ғана төмендеуші пайда нормасы қосымша құнның төмендей түскен нормасын бейнелейді.

Пайда нормасын зерттедім деп ойлаған Рикардо шындығында қосымша құн нормасын ғана зерттеген, ал оның бер жағында жұмыс күні интенсивтілігі мен ұзақтығы жағынан тұрақты шама деп жорамалдаған.

Пайда нормасының төмендеуі мен жеделдете қор жинау өндіргіш күштің дамуын бейнелейтіндіктен ғана бұл екеуі де бәз-баяғы бір проценттің әр түрлі көріністері болып табылады. Ал қор жинаудың өзі пайда нормасының төмендеуін тездетеді, өйткені мұның өзі жұмысты кең көлемде үдете жүргізуге және сонымен бірге капитал құрылымын неғұрлым жоғары етуге себепкер болады. Екінші жағынан, пайда нормасының төмендеуі ұсақ капиталистерді меншігінен айыру арқылы, тікелей өндірушілердің тонап алуға боларлық меншігінің ақтық қалдықтарын тонап алу арқылы тағы да сол капиталдың шоғырлануы мен орталықтануын тездетеді. Бұдан соң, мұның нәтижесінде, пайда нормасының төмендеуімен бірге қор жинау нормасы да төмендей түссе де, сан жағынан алып қарағанда қор жинау тездетіледі.

Екінші жағынан, барлық капитал құнының арту нормасы, пайда нормасы капиталистік өндірістің дем берушісі (дәл

сол сияқты, капитал құнының артуы оның бірден-бір мақсаты) болғандықтан пайда нормасының төмендеуі дербес жаңа капиталдардың құрылуын баяулатады, сөйтіп капиталистік өндіріс процесінің дамуына қатер төндіретін жағдай болып шығады; мұның өзі асыра өндіруге, жалдаптыққа, дағдарысқа, басы артық халықпен қатар басы артық капиталдың пайда болуына септігін тигізеді. Сондықтан, Рикардо сияқты капиталистік өндіріс әдісін бірегей әдіс деп санайтын экономистер бұл жерде осы өндіріс әдісінің өзіне өзі шек қоятынын сезеді де, бұл шекті өндіріске емес, табиғатқа таңады (рента туралы ілімде). Ал пайда нормасының төмендеуі себепті оларды билеп алған қорқыныштың бір маңызды жері — капиталистік өндіріс әдісінің өндіргіш күштерді дамытуда барып тірелетін шеңбері сондай, мұның өзі байлық атаулыны өндірумен ешбір байланысты емес деген бұлдыр сезім туа бастап отыр; ал осы өзгеше шеңбер капиталистік өндіріс әдісінің шектеулі екенін, оның тарихи, өткінші сипаты ғана бар екенін дәлелдейді; капиталистік өндіріс әдісі байлық өндіруде бірегей әдіс емес екенін, қайта белгілі сатыға жеткенде өзінің келешек дамуымен қарама-қайшы келетінін дәлелдейді.

Рас, Рикардо мен оның мектебі процентті де қамтитын өнеркәсіп пайдасын ғана зерттейді. Бірақ жер рентасында да төмендеу тенденциясы болады, әйткенмен оның абсолюттік аумағы өседі, сонымен қатар өнеркәсіп пайдасымен салыстырғанда оның біршама өсуі де мүмкін (жер рентасы заңын Рикардодан бұрын дамытқан Эд. Уэсті<sup>78</sup> қараңыз). Егер біз барлық қоғамдық  $K$  капиталды алып қарап, процент пен жер рентасын шығарып тастағаннан кейін қалатын өнеркәсіп пайдасын  $p_1$  арқылы, процентті  $z$  арқылы және жер рентасын  $r$  арқылы көрсететін болсақ, онда  $\frac{m}{K} = \frac{p}{K} = \frac{p_1 + z + r}{K} = \frac{p_1}{K} + \frac{z}{K} = \frac{r}{K}$  болады. Жоғарыда көргеніміздей, капиталистік өндірістің дамуының барысында қосымша құнның жалпы сомасы  $m$  үнемі өсіп отырғанымен,  $\frac{m}{K}$  нақ осылайша үнемі азая береді, өйткені  $K$   $m$ -нен гөрі шапшаңырақ өседі. Демек,  $p$ ,  $z$  және  $r$ , әрқайсысы өзінше, үнемі өсе беретіндігінде, ал  $\frac{m}{K} = \frac{p}{K}$ , сондай-ақ  $\frac{p_1}{K}$ ,  $\frac{z}{K}$  және  $\frac{r}{K}$ , әрқайсысы өзінше үнемі азая түсетіндігінде, немесе  $z$ -пен салыстырғанда  $p_1$ -нің, немесе  $p_1$ -мен, тіпті  $p_1$ -мен де,  $z$ -пен де салыстырғанда  $r$ -нің біршама өсетіндігінде ешқандай қайшылық жоқ. Жиынтық қосымша құн, яғни пайда  $m = p$  өсе түскенде, бірақ сонымен

бірге пайда нормасы  $\frac{m}{K} = \frac{p}{R}$  төмендей түскенде  $m = p$  жіктелетін  $p_1$ ,  $z$  және  $r$  шамаларының қатынасы жалпы  $m$  сомасы шеңберінде әрқилы өзгеруі мүмкін, оның бер жағында  $m$  немесе  $\frac{m}{K}$  шамасына мұның ешқандай ықпалы болмақшы емес.

$P_1$ ,  $z$  және  $r$  арасында өзара болған өзгеріс  $m$ -нің түрлі салаларға тек басқаша бөлінуін ғана көрсетеді. Сондықтан пайданың жалпы нормасы,  $\frac{m}{K}$ , төмендей тұрса да,  $\frac{p_1}{K}$ ,  $\frac{z}{K}$  немесе  $\frac{r}{K}$ , дербес өнеркәсіп пайдасының нормасы, процент нормасы және рентадың барлық капиталға қатынасы бір-бірімен салыстырғанда өсуі мүмкін; тек бір ғана жағдай, атап айтқанда, барлық үш шаманың сомасы  $= \frac{m}{K}$  болатыны мызғымайды. Егер пайда нормасы 50 проценттен 25 процентке дейін, егер, мәселен, қосымша құн нормасы 100% болатын капиталдың құрылымы  $50_c + 50_v$  орнына  $75_c + 25_v$  болып өзгерсе, онда бірінші жағдайда 1 000 мөлшерлі капитал 500 пайда береді, ал екінші жағдайда 4 000 капитал 1 000 пайда береді. Мұнда  $m$  немесе  $p$  екі есе артты, бірақ  $p_1$  жарты есе кеміді. Ал егер бұрын 50 проценттен пайдаға 20, процентке 10 және рентаға 20 келген болса, онда  $\frac{p}{K} = 20\%$ ,  $\frac{z}{K} = 10\%$ ,  $\frac{r}{K} = 20\%$ . Егер пайда нормасы 50 проценттен 25 процентке дейін төмендегенде пропорциялар бұрынғыша қалатын болса, онда  $\frac{p_1}{K} = 10\%$ ,  $\frac{z}{K} = 5\%$ ,  $\frac{r}{K} = 10\%$ . Мұның керісінше, егер  $\frac{p_1}{K}$  8 процентке дейін және  $\frac{z}{K}$  4 процентке дейін төмендейтін болса, онда  $\frac{r}{K}$  13 процентке дейін көтеріледі. Бұл ретте  $p_1$ -мен және  $z$ -пен салыстырғанда  $r$ -дің относительдік шамасы өсер еді де, дегенмен  $p_1$  бұрынғысынша қалар еді. Екі жорамал тұсында да  $p_1$ ,  $z$  және  $r$  сомасы артар еді, өйткені ол төрт есе көп капиталдың көмегімен өндірілген болар еді. Тегінде Рикардоның бастапқы кезде өнеркәсіп пайдасына (мұнда процент те бар) барлық қосымша құн кіреді деген жорамалы тарих жүзінде және логикалық жағынан дұрыс емес. Мұның керісінше, үздік дамыған капиталистік өндіріс жағдайында 1) барлық пайда тек бастапқы кезде ғана өнеркәсіп және сауда капиталистерінің қолына түседі де, содан кейін барып бөлінеді, ал 2) рента дегеніміз пайданың сыртындағы үстеме-

сі болып шығады. Бұдан соң осы капиталистік негізде қайтадан рента келіп шығады, ал мұның өзі өнімнің капиталист қалтасына түсетін арнаулы бөлегі емес, пайданың (яғни барлық капиталдың өнімі ретінде қаралатын қосымша құнның) бөлегі.

Егер қажетті өндіріс құрал-жабдықтары бар, яғни жеткілікті капитал қоры бар деп ұйғаратын болсақ, онда қосымша құн жасау оның нормасы белгілі болып тұрғанда, демек, еңбекті қанау дәрежесі белгілі болып тұрғанда, тек қана жұмысшы халыққа келіп тіреледі, ал жұмысшы халық белгілі болса, тек қана еңбекті қанау дәрежесіне келіп тіреледі. Сөйтіп капиталистік өндіріс процесінің мәнісі асылында қосымша құн өндіруде, ал мұның өзі қосымша өнім түрінде немесе өндірілген товардың ақы төленбеген еңбек затқа айналған тиісті бөлегі түрінде көрінеді. Осы қосымша құнды өндіру,— ал мұның кейбір бөлегін қайтадан капиталға айналдыру, яғни қор жинау, осы қосымша құн өндірудің құрамдас бөлегі болып табылады,— капиталистік өндірістің тікелей мақсаты мен шешуші бағдары екенін ешқашан да ұмытуға болмайды. Сондықтан капиталистік өндірісті шындықтағыдан басқаша етіп көрсетуге, атап айтқанда, тұтынуды немесе капиталистер үшін тұтыну заттарын шығаруды тікелей мақсат тұтатын өндіріс етіп көрсетуге ешқашан да болмайды. Бұлай еткен күнде оның бүкіл ішкі мәнінен көрінетін өзгеше сипаты мүлде ескерусіз қалған болар еді.

Осы қосымша құнды өндіру — өндірістің тікелей процесі, бұл үшін, өзіміз айтқандай, жоғарыда көрсетілгендерден басқа шек жоқ. Сығып алуға болатын қосымша еңбек мөлшері товардың ішінде затқа айналды дегенше-ақ қосымша құн өндірілген болып шығады. Бірақ осы қосымша құн өндірілгенде капиталистік өндіріс процесінің бірінші актісі ғана, тікелей өндіріс процесі ғана аяқталады. Капитал пәлендей мөлшерде ақы төленбеген еңбекті сорып алды. Пайда нормасының төмендеуінен көрінетін процестің дамуына байланысты осылайша өндірілетін қосымша құнның аумағы рабайсыз мөлшерге жетеді. Енді процестің екінші актісі басталады. Бүкіл товар аумағы, барлық өнім,— оның тұрақты капитал мен өзгермелі капиталды өтейтін бөлегі де, қосымша құн ретіндегі бөлегі де,— сатылуға тиіс. Егер бұлай істелмесе, яғни егер мұның өзі тек ішінара істелсе, немесе егер товар өндіріс бағасынан төмен бағамен ғана сатылатын болса, онда жұмысшыны қанағанымен, бұл қанаудың өзі капиталист үшін шын мәнісінде өткізілмеген болып шығады, өйткені сығып алынған қосымша құнды өткізерлік жағдай болмайды немесе оны ішінара өткізуге ғана болады, яғни капитал ішінара немесе толық шығын-

ға ұшырайды. Тікелей қанау жағдайлары мен мұны өткізу жағдайлары бір емес. Уақыты мен орны жағынан бұлардың үйлеспейтіні былай тұрсын, бұлар мәні жағынан да әр түрлі. Алғашқы жағдайлар қоғамның өндіргіш күшімен ғана шектеледі, екінші жағдайлар әр түрлі өндіріс тарауларының пропорциялылығымен және қоғамның тұтыну күшімен шектеледі. Соңғысын анықтайтын нәрсе абсолюттік өндіргіш күш те емес, абсолюттік тұтыну күші де емес, мұны анықтайтын нәрсе — тұтыну күші, мұның өзі өнім бөлу жөніндегі антагонистік қатынастар негізінде қоғамның қыруар бұқарасының тұтынуын минимумға түсіреді, ал бұл минимумның өзі азды-көпті тар шеңберде ғана өзгеріп отырады. Бұдан соң, қоғамның тұтыну күшіне қор жинауға ұмтылу арқылы, капиталды молайтуға және қосымша құнды ұлғаймалы көлемде өндіруге ұмтылу арқылы шек қойылады. Нақ өндіріс әдістерінде ұдайы болып тұратын төңкерістерден, сол төңкерістермен үнемі қатар жүріп отыратын қолда бар капиталдың құнсыздануынан, жаппай бәсеке күресінен, бір ғана жан сақтау мақсатымен және құрып кету қаупінен құтылу мақсатымен өндірісті жетілдіру және оның көлемін ұлғайту қажеттігінен туатын капиталистік өндіріс заңы осындай. Сондықтан рынок үнемі ұлғая беруге тиіс, солай болғасын рынок байланыстары және бұларды анықтайтын шарттар барған сайын өндірушілерге тәуелсіз табиғи заңға тән сипат ала береді, барған сайын бақылаудан шыға бастайды. Ішкі қайшылық өндірістің сыртқы өрісін кеңейту арқылы шешілетін жол табуға талпынады. Бірақ өндіргіш күш өркендеген сайын тұтыну қатынастарына тірек болған тар негізге ол соғұрлым қайшылыққа келіп отырады. Қайшылығы мол осы негізде артық капиталдың өсе түскен артық халықпен байланыстылығы әбден табиғи нәрсе; өйткені артық капиталды артық халықпен біріктіргенде өндірілетін қосымша құнның аумағы өсе тұрса да, нақ сол себепті осы қосымша құн өндірілетін жағдайлар мен оны өткізетін жағдайлардың арасындағы қайшылық та өскен болар еді.

Егер пайда нормасы белгілі болса, онда пайданың аумағы әрқашан да авансыланған капиталдың шамасына байланысты. Бұл ретте қор жинау пайда аумағының капиталға айналатын бөлегіне қарай анықталады. Ал бұл бөлектің өзі капиталистер тұтынған табысты шығарып тастаған кездегі пайдаға тең болғандықтан ол осы аумақтың құнына ғана емес, сонымен қатар капиталист соған сатып ала алатын товарлардың арзандығына да байланысты; бұл товарлар ішінара оның тұтынуына, — оның табысына, — ішінара оның тұрақты капиталына кіреді (мұнда жалақы белгілі деп ұйғарылады).

Жұмысшы іске қосатын, өз еңбегі арқылы оның құнын сақ-

тап, өнімде қайтадан пайда болғызатын капиталдың аумағы оның өзі қосатын құннан мүлде өзгеше. Егер капиталдың аумағы=1000 және қосылған еңбек=100 болса, онда қайта өндірілген капитал=1100 болады. Егер капиталдың аумағы = =100 және қосылған еңбек=20 болса, онда қайта өндірілген капитал=120 болады. Пайда нормасы бірінші ретте=10%, екінші ретте=20%. Солай бола тұрса да, екінші реттегі 20-ға қарағанда бірінші реттегі 100-ден қорды көбірек жинауға болады. Сөйтіп капитал тасқыны өсе береді (өндіргіш күштің өсуі нәтижесінде болатын құнсыздануды біз былай қоя тұрамыз) немесе оның қазіргі аумағына пропорциялы мөлшерде, бірақ пайда нормасының дәрежесіне пропорциялы мөлшерде емес, капитал қоры жиналады. Еңбек онша өнімді болмағанымен, жұмыс күні өте ұзақ болса, пайда нормасы қосымша құнның жоғары нормасына негізделетіндіктен жоғары болуы мүмкін; еңбек өнімділігінің жоғары еместігіне қарамастан оның осылай болатын себебі, жұмысшылардың тұтынуы өте мардымсыз және осының салдарынан орташа жалақы өте төмен. Жалақының төмендігіне жұмысшыларда күш-қайраттың жоқтығы сәйкес келмек. Бұл ретте, пайда нормасының жоғарылығына қарамастан, капитал қоры баяу жиналады. Халық көбеймейді, ал жұмысшылар алатын жалақы аз болса да, өнімге кеткен жұмыс уақыты ұшан-теңіз.

Пайда нормасы төмендегенде жұмысшыны аз қанайтындықтан төмендемейді, қолданылып отырған капиталмен салыстырғанда жалпы еңбектің біршама аз қолданылатындығынан төмендейді.

Өзіміз көрсетіп өткендей, егер пайда нормасының төмендеуі пайда аумағының артуымен бір мезгілде болатын болса, онда капиталист жылдық еңбек өнімінің денін капитал категориясы түрінде (тұтынылған капиталдың есесі ретінде) және біршама азырағын пайда категориясы түрінде немденетін болады. Чалмерс поптың<sup>79</sup>: капиталистер жылдық өнімнен капитал ретінде неғұрлым аз жұмсаса, олар пайданы соғұрлым көп алады, оның бер жағында қосымша өнімнің едәуір бөлегін капиталға айналдырмай, тұтыну қамын көздеу үшін оларға мемлекеттік шіркеу көмектесіп отыр дейтін қиялы осыдан келіп шыққан. Поп себеп пен салдарды шатастырып отыр. Тегінде, пайданың аумағы тіпті аз норма тұсында да жұмсалған капиталдың шамасымен бірге өседі ғой. Алайда мұның өзі капиталдың шоғырлануына да себепкер болады, өйткені енді өндіріс жағдайлары капиталдың мол пайдаланылуын керек етеді. Мұның өзі сонымен қатар капиталдың орталықтануына, яғни ірі капиталистердің ұсақ капиталистерді жалмап жұтуына және бұлардың өз капиталдарынан айрылуына себеп-



кер болады. Мұның өзі, екінші кезектегі нәрсе бола тұрса да, еңбек жағдайларының өндірушілерден тағы да алшақтауын көрсетеді, ал осы ұсақ капиталистер өндірушілердің санатына қосылады, өйткені бұлардың өз еңбегі әлі де белгілі роль атқарады; тегінде капиталистің еңбегі оның капиталының шамасына, яғни оның капиталист болу дәрежесіне кері пропорциялы келеді. Еңбек жағдайларының өндірушілерден нақ осылай алшақтауы капитал ұғымын туғызады, бұл ұғым бастапқы қор жинаудан басталады («Капитал», I кітап, XXIV тарау), онан соң капиталдың қорлануы мен шоғырлануы тұсында түпкілікті процесс ретінде жүріп отырады да, бұл жерде, ақырында, қазіргі бар капиталдардың аздаған адамның қолында орталықтануы және көптеген адамның капиталдарынан айрылуы түрінде көрінеді (енді тонаушылық осындай формаға түседі). Егер орталықтануға бейім күшпен қатар орталықтанудан бездіруші қарама-қарсы тенденциялардың әрекеті болмаса, бұл процесс капиталистік өндірісті тез арада-ақ күйреуге ұшыратқан болар еді.

## II. ӨНДІРИСТІҢ ҰЛҒАЮЫ МЕН КҰННЫҢ АРТУЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚИҒАШТЫҚ

Еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің дамуы екі түрлі жолмен көрінеді. Біріншіден, қазірде өндірілген өндіргіш күштердің шамасынан, жаңа өндірісті жүргізуге негіз болып отырған өндіріс жағдайларының құндық көлемі мен аумағынан және қазірде қорға жиналған өндіргіш капиталдың абсолюттік шамасынан көрінеді; екіншіден, барлық капиталмен салыстырғанда оның жалақыға жұмсалатын бөлегінің біршама мардымсыздығынан, яғни ұдайы өндіріс үшін және белгілі бір капиталдың құнын арттыру үшін, жаппай өндіріс үшін керек болатын тірі еңбектің біршама мардымсыздығынан көрінеді. Ал мұның өзі сонымен бірге капиталдың шоғырлануын керек етеді.

Қолданылып отырған жұмыс күші жөнінде алғанда өндіргіш күштің дамуы тағы да екі түрлі жолмен көрінеді: біріншіден, қосымша еңбектің көбейтілуінен, яғни жұмыс күшін ұдайы өндіру үшін арналатын қажетті жұмыс уақытының қысқартылуынан көрінеді; екіншіден, тегінде белгілі бір капиталды іске қосу үшін қолданылатын жұмыс күші мөлшерінің (жұмысшылар санының) азаюынан көрінеді.

Бұл екі қозғалыс қоян-қолтық жүріп қана қоймай, өзара бір-біріне себепкер болады да, бәз-баяғы бір заңды бейнелейтін құбылыстар түрінде көрінеді. Оның бер жағында бұлар пайда нормасына қарама-қарсы бағытта әсер етеді. Пайданың

жалпы аумағы қосымша құнның жалпы аумағына тең, пайда нормасы  $= \frac{m}{K} = \frac{\text{қосымша құн}}{\text{барлық авансыланған капитал}}$ . Бірақ қосымша құн, оның жалпы сомасы, біріншіден, оның нормасы арқылы анықталады, ал екіншіден, сол норма тұсында бір мезгілде қолданатын еңбек аумағы арқылы, яғни,— бұл да сол сияқты,— өзгермелі капиталдың шамасы арқылы анықталады. Бір жағынан, бір фактор,— қосымша құн нормасы өседі, екінші жағынан, екінші фактор — жұмысшылар саны азаяды (біршама немесе мүлде азаяды). Өндіргіш күштің дамуы қолданылып отырған еңбектің ақы төленетін бөлегін қысқартатындықтан ол нормасын көтеру арқылы қосымша құнды арттырады; ал мұның өзі белгілі бір капитал қолданатын еңбектің жалпы аумағын азайтатындықтан ол екінші факторды, жұмысшылар санын азайтады; қосымша құнның аумағын білу үшін оның нормасын осы санға көбейту керек. Күніне 12 сағаттан жұмыс істейтін екі жұмысшы күніне әрқайсысы 2 сағаттан ғана жұмыс істейтін 24 жұмысшының бере алатын мөлшерінде қосымша құн бере алмайды, тіпті олар бір ғана ауаны қорек етіп, сол себепті өздері үшін мүлде жұмыс істемеген күнде де мұны бере алмайды. Демек, бұл жағынан алып қарағанда жұмысшылар санының қысқаруын еңбекті қанау дәрежесін арттыру арқылы өтеу үшін асып түсуге болмайтын белгілі шеңбер бар; сондықтан мұның өзі, әрине, пайда нормасын төмендеуін бөгей алады, бірақ жоя қоймайды.

Сонымен, капиталистік өндіріс әдісі дамығанда пайда нормасы төмендейді, ал оның аумағы және қолданылатын капитал аумағы артады. Норма белгілі болып тұрғанда капиталдың өсетін абсолюттік аумағы оның қазіргі кезеңдегі шамасына байланысты. Ал, екінші жағынан, егер бұл шама белгілі болса, онда капиталдың қай қатынаста өсетіндігі, оның өсу дәрежесі, пайда нормасына байланысты. Өндіргіш күштің артуы (мұның өзі, сонымен қатар, жоғарыда атап өткеніміздей, қолда бар капиталдың құнсыздануымен үнемі қатар жүріп отырады) тек мына жағдайда ғана, мұның өзі пайда нормасын арттыра отырып, жылдық өнім құнының қайтадан капиталға айналатын бөлегін көбейткен күнде ғана капитал құнының шамасын тікелей арттыра алады. Әңгіме еңбектің өндіргіш күші туралы болып отырғандықтан (өйткені бұл өндіргіш күштің қолда бар капиталдың құнына ешқандай қатысы жоқ), еңбектің өндіргіш күшінің өсуі нәтижесінде не относительдік қосымша құн өсетін болса, не тұрақты капиталдың құны кемитін болса, демек, не жұмыс күшін қайта өндіруге, не тұрақты капитал элементтеріне кіретін товарлар арзандайтын болса, тек сонда ғана қосымша құн аумағының ар-

туы мүмкін. Бірақ мұның екеуі де қолда бар капиталдың құнсыздануымен қатар жүріп отырады, мұның екеуі де тұрақты капиталмен салыстырғанда өзгермелі капиталдың біршама азаюымен қоян-қолтық келіп отырады. Мұның екеуі де пайда нормасының төмендеуіне себепкер болады әрі осы төмендеуді баяулатады. Бұдан соң, пайда нормасының артуы еңбекке деген сұранысты арттыратындықтан, мұның өзі жұмысшы халықтың көбеюіне және сонымен қатар бір өзі ғана капиталды капитал ететін, қанауға жарамды материалдың көбеюіне әсерін тигізеді.

Ал еңбектің өндіргіш күшінің дамуы сол белгілі бір айырбас құны бар және материалдық субстрат ретіндегі тұтыну құндарының аумағы мен түр-түрін, капиталдың заттық элементтерін, тікелей тұрақты капиталды және, ең болмағанда, жанамалап болса да, өзгермелі капиталды құрастыратын нақты заттарды арттыра отырып, қолда бар капитал құнын жанамалап көбейтуге жәрдемдеседі. Нақ сол капиталмен және нақ сол мөлшердегі еңбекпен неғұрлым көп зат өндіріледі, бұлар, өздерінің айырбас құнына байланыссыз, капиталға айналуы мүмкін,— бұл заттар үстеме еңбекті, демек, үстеме қосымша еңбекті де, сорып алу үшін қызмет етеді, сөйтіп үстеме капитал бола алады. Капитал меңгере алатын еңбектің аумағы осы капиталдың құнына байланысты емес, ол шикізат пен қосалқы материалдардың, машиналар мен негізгі капитал элементтерінің, тіршілік заттарының — құны қандай болса да капиталды құрастыратын нәрсе біткеннің аумағына байланысты. Қолданылып отырған еңбектің, демек, қосымша еңбектің де аумағы осылайша өскенде қайта өндірілетін капиталдың құны да, бұған жаңадан қосылатын үстеме құн да өседі.

Бірақ осы екі нәрсені, Рикардоның зерттегеніндей, бір-бірімен жайбарақат қатар өмір сүру жағдайында деп қарауға болмайды; бұларда қарама-қайшы тенденциялар мен құбылыстардан келіп шығатын қайшылық бар. Бір-біріне қарсы әрекет жасаушы факторлар өзара қым-қиғаш келіп отырады.

Капитал ретінде қызмет атқарушы қоғамдық жиынтық өнім бөлегінің артуынан келіп шығатын, жұмысшы халықты шын мәнісінде көбейтуге бастайтын себептермен қатар біршама артық халық туғызатын факторлар әрекет етеді.

Пайда нормасының төмендеуімен қатар капитал аумағы өседі, осымен қоян-қолтық қолда бар капитал құнсыздана бастайды, ал мұның өзі пайда нормасының төмендеуін бөгеп, капитал құнын жеделдете жинауға себепкер болады.

Өндіргіш күштің дамуымен қатар капиталдың неғұрлым жоғары құрылымы дамиды, капиталдың тұрақты бөлегімен салыстырғанда өзгермелі бөлегі біршама кемиді.

Осы әр түрлі ықпалдар біресе бір-бірімен қатар кеңістікте көбірек көрінеді, біресе бірінен соң бірі уақыт жағынан көбірек көрінеді; өзара қарсы әрекет жасаушы факторлардың қиғаштығы ауық-ауық дағдарыстарға ұласып отырады, бұлар әрқашанда қазіргі қайшылықтарды зорлықтың күшімен уақытша шешкендік қана, бұзылған тепе-теңдікті біраз қалпына келтіретін зорлықты дүмпүлер ғана.

Мейлінше жалпы формада көрінген қайшылық мынада: құнға және осы құнда болатын қосымша құнға қарамастан, сонымен қатар капиталистік өндірісті жүргізіп тұратын қоғамдық қатынастарға қарамастан өндіргіш күштерді барынша дамыта беру капиталистік өндіріс әдісіне тән тенденция; ал, екінші жағынан, оның мақсаты — қолда бар капитал құнын сақтау және бұл құнды мүмкіндігінше көп дәрежеде көбейту (яғни бұл құнды үнемі жедел өсіре беру). Капиталистік өндіріс әдісінің бір айырықша өзгешелігі қолда бар капитал құнын барынша көбейте беру үшін бұл құнды құрал етіп пайдалануда. Оның осыған жету үшін қолданатын әдістері пайда нормасының азаюына және әлдеқашан өндірілген өндіргіш күштердің есебінен еңбектің өндіргіш күшінің дамуына әкеліп соғады.

Қолда бар капиталдың ауық-ауық құнсыздануы, — капиталистік өндіріс әдісінің пайда нормасының төмендеуін бөгейтін және жаңа капитал жасау арқылы капитал құнын жинауды тездететін осы имманенттік құралы, — айналыс процесі мен капиталды ұдайы өндіру процесі болып жататын қалыпты қатынастарды бұзады да, сол себепті өндіріс процесін тұтқиыл кідірістер мен дағдарыстарға ұшыратады.

Өндіргіш күштердің дамуымен қоян-қолтық жүріп отыратын, өзгермелі капиталдың тұрақты капиталмен салыстырғанда біршама азаюы жұмысшы халықтың өсуіне әрдайым дем беріп, сонымен бірге әрдайым жасанды артық халықты туғызып отырады. Құны жағынан алынған капитал қорын жинау пайда нормасының төмендеуі салдарынан баяулайды, осы арқылы тұтыну құндарының жиналуын тездетеді, ал бұл жағдай, өз тарапынан, тағы да сол құны жағынан алынған қор жинаудың барысын тездетуге себепкер болады.

Капиталистік өндіріс осы имманенттік шеңберден арылуға үнемі талпынып отырады, бірақ мұнан арылғанда көлемі бұрынғыдан анағұрлым зор осындай шеңберге қайтадан әкеліп тірейтін амалдар арқылы ғана арылады.

Капиталистік өндірістің *шын шеңбері* — *капиталдың өзі*, ал мұның мәнісі: капитал және оның құнының өздігінен өсуі — өндірістің бастама әрі ақтық пункті, бағдары мен мақсаты деген сөз; өндіріс дегеніміз *капитал* үшін өндіріс қана, бірақ

керісінше емес: өндіріс құрал-жабдықтары өндірушілер қоғамы тіршілігінің үнемі ұлғая түсетін процесі үшін арналған жәй құрал-жабдықтар емес. Бұл шеңбер, капитал құнын өндірушілер бұқарасын тонап алу және жоқшылыққа ұшырату негізінде аман сақтап, көбейте беруді мүмкін ететін шеңбер өз мақсатына жету үшін капитал лажсыз қолданатын және өндірісті шексіз ұлғайтуға, оқшау мақсат ретіндегі өндіріске, еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерін сөзсіз дамытуға қызмет ететін өндіріс әдістеріне үнемі қайшы келіп отырады. Құрал — қоғамдық өндіргіш күштерді шексіз дамыту — шенеулі мақсатпен — қолда бар капитал құнын арттырумен — үнемі қымқиғаш келіп отырады. Сондықтан, капиталистік өндіріс әдісі материалдық өндіргіш күшті өркендетуге және осы күшке сәйкес келетін дүние жүзілік рынок жасауға арналған тарихи құрал десек, сонымен қатар мұның өзі оның осындай тарихи міндеті мен оның өзіне тән қоғамдық өндіріс қатынастары арасындағы түпкілікті қайшылық болып табылады.

### III. АРТЫҚ ХАЛЫҚ ТҰСЫНДАҒЫ АРТЫҚ КАПИТАЛ

Пайда нормасы төмендеуімен бірге еңбекті өнімді түрде қолдану үшін жекелеген капиталиске керек болатын,— керек болғанда жалпы еңбек атаулыны қанау үшін де, жұмсалған жұмыс уақытының товар өндіру үшін қажетті уақыт болуы, оның товар өндіруге керекті қоғамдық қажетті орташа жұмыс уақытынан аспауы үшін де керек болатын капитал минимумы өседі. Сонымен қатар шоғырлану да өседі, өйткені белгілі шеңберден асқаннан кейін пайда нормасы төмен ірі капитал пайда нормасы жоғары шағын капиталға қарағанда тезірек қор жинайды. Осы өсе түскен шоғырлану белгілі дәрежеге жеткеннен кейін, өз тарапынан, пайда нормасының қайтадан төмендеуіне себепкер болады. Осының салдарынан толып жатқан ұсақ бытыраңқы капиталдар авантюра жолына түседі: жалдаптық, кредит айла-шарғысын, акциялар жөнінде айла-шарғы жасайды; бұл капиталдар дағдарыс қаупіне ұшырайды. Капитал молшылығы дейтіннің мәнісі шынына келгенде әрқашан да пайда нормасының төмендеуі оның аумағымен өтелмейтін капиталдың молшылығы деген сөз,— ал жаңа пайда болатын капиталдың жас өркендері әрқашан да осындай келеді,— немесе өздігінен дербес әрекет жасай алмайтын, сондықтан ірі өндіріс тараулары шонжарларының қарамағына кредит формасында берілетін капиталдардың молшылығы. Капиталдың бұл молшылығы біршама артық халықты туғыза-

тын жағдайлар сияқты жағдайлардың нәтижесінде пайда болады, сондықтан бұл молшылық — осы соңғы көріністі толықтыратын құбылыс; рас, бұл екеуі қарама-қарсы жақта: бір жағында — басы бос капитал, екінші жағында — басы бос жұмысшы халық.

Товардың асыра өндірілуі әрқашанда капиталдың асыра өндірілуінің ішіне кіреді дей тұрсақ та, жеке товарлардың емес, нақ сол капиталдың асыра өндірілуінің өзі капиталдың артық қорлануы болып шығады. Осы артық қорлану дегеннің не екенін түсіну үшін (бұл жөніндегі неғұрлым толық зерттеу кейінірек келтіріледі) мұны абсолюттік нәрсе деп жорамалдаса болғаны. Капиталды асыра өндіру қай кезде абсолюттік болар еді? Онда да өндірістің әйтеуір бір саласына немесе бірнеше елеулі саласына тарап қана қоймай, барлық көлемі жағынан абсолюттік болатын, яғни өндірістің барлық саласын қамтитын асыра өндіру жайы қалай болар еді?

Егер капиталистік өндіріс мақсаттарына арналған қосымша капитал=0 болса, капиталдың асыра өндірілуі айқын болар еді. Бірақ капиталистік өндірістің мақсаты — капиталдың құнын арттыру, яғни қосымша еңбекті немдену, қосымша құн, пайда өндіру. Демек, егер капитал жұмысшы халықпен салыстырғанда соншалық өсіп, осы халықтан келетін абсолюттік жұмыс уақытын ұзартуға да, біршама қосымша жұмыс уақытын ұлғайтуға да мүмкіндік қалмайтын болса (еңбекке деген сұраныс едәуір болып отырған кезде, демек, жалақыны арттыру тенденциясы орын алып отырған кезде соңғы шара онсыз да орындалмас еді), яғни егер өскен капитал өзі көбейгенге дейінгі мөлшерде ғана немесе тіпті одан да аз мөлшерде қосымша құн өндіретін болса, онда капиталдың абсолюттік асыра өндірілуі орын алған болар еді, яғни өсіңкі капитал  $K + \Delta K$  пайданы  $K$  капиталы  $\Delta K$  болып көбейгенге дейін өндірген мөлшерден көп өндірмес еді немесе тіпті одан да аз өндірер еді. Сонымен қатар екі ретте де пайданың жалпы нормасы кенеттен, қатты төмендеп кеткен болар еді, бірақ бұл жолы капитал құрылымының өзгеруі нәтижесінде осылай болар еді, ал бұған өндіргіш күштің дамуы емес, өзгермелі капиталдың ақшалай құнының артуы (жалақының артуына байланысты) және осыған сәйкес қосымша еңбектің қажетті еңбек жөніндегі қатынасының азаюы себеп болған болар еді.

Шындығында істің жайы былай болып шығар еді: Капиталдың бір бөлегі түгелінен немесе ішінара қимылсыз жатар еді (өйткені ол, тегінде өзінің құнын арттыру үшін, ең алдымен қазіргі әрекет етуші капиталды оның позициясынан ығыстырып шығаруға тиіс болар еді), ал екінші бөлегі іске қосылмаған немесе жартылай іске қосылған капиталдың қысымы-

мен пайданың нормасы неғұрлым төмен кезінде өскен болар еді. Оның бер жағында, егер қосымша капиталдың бір бөлегі бұрынғы капиталдың орнын басып, соңғысы қосымша капиталдан орын алған болса, мұның келер-кетері болмас еді. Дегенмен бізде, бір жағынан, бұрынғы капитал сомасы, екінші жағынан, қосымша сома болған болар еді. Бұл ретте пайда нормасының төмендеуімен қатар пайда аумағы абсолюттік мөлшерде азайған болар еді, өйткені біздің жорамалдарымыз бойынша қолданылатын жұмыс күшінің аумағы көбейе қоймас еді де, қосымша құн нормасы арта алмас еді, демек, қосымша құн аумағы да көбейе алмас еді. Ал пайданың азайған аумағын көбейіп кеткен жиынтық капиталға шағып есептеу керек болар еді. Тіпті іске қосылған капитал бұрынғы пайда нормасы тұсында, демек, пайда аумағы бұрынғыша қалғанда да есептеу керек болар еді. Тіпті бұрынғы пайда нормасы тұсында, демек, пайда аумағы бұрынғыша қалғанда іске қосылған капитал өсе береді деп ұйғарған күнде де сол пайда аумағы өсіңкі жиынтық капиталға шағылып есептелер еді де, пайда нормасы тағы да төмендеп кеткен болар еді. Егер 1 000 мөлшерлі барлық капитал 100 мөлшерінде пайда келтірген болса, ол 1 500 болып көбейгеннен кейін де оның берері тек 100 болады, онда екінші жағдайда 1000 капитал тек  $66\frac{2}{3}$  пайда түсіреді. Сөйтіп бұрынғы капиталдың өсуі абсолюттік жағынан кеміген болар еді. Жаңа жағдайда 1 000 капитал бұрынғы  $66\frac{2}{3}$  капитал келтірген пайдадан көп бере қоймас еді.

Бірақ, әлбетте, бұрынғы капитал бағасының іс жүзінде осылайша құлдырауы күрессіз мүмкін болмас еді, қосымша  $\Delta K$  капиталы күрессіз капитал ретінде әрекет жасай алмас еді. Пайда нормасы төмендегенде капиталды асыра өндіруден туатын бәсекенің салдарынан төмендемеген болар еді, қайта, мұның керісінше, бәсеке күресі енді пайда нормасының төмендеуі мен капиталдың асыра өндірілуі бәз-баяғы бір себептерден туатындығы салдарынан басталған болар еді. Қазірде әрекет етуші, қолдарында  $\Delta K$  бөлегі бар капиталистер өзінің бастапқы капиталының бағасын түсірмеу үшін және оның өндіріс саласында алатын орнын тарылтпау үшін оны азды-көпті дәрежеде қимылсыз жатқызған болар еді, не болмаса бұл капиталды қолданғанда, олар, тіпті өздері уақытша зиянға ұшыраса да, қосымша капиталдың қимылсыз жатуының зардаптарын өздерінен жаңадан келгендерге және жалпы алғанда өздерінің бәсекелестеріне аударуға ұмтылар еді.

Жаңа капиталистердің қолына тап болатын  $\Delta K$  бөлегі бұрынғы капиталды ығыстырып шығаруға тырысар еді, ол ішінара осылай ете алар да еді, өйткені ол бұрынғы капитал-

дың бір бөлегін қимылсыз қалдырып, оның бұрынғы орнын босатқызып, тек ішінара іске қосылатын немесе мүлде пайдаланылмайтын қосымша капиталдың орнын басқызған болар еді.

Капитал капитал ретінде қызмет етуге және өзінің құны жағынан өсуге тиіс болғандықтан бұрынғы капиталдың бір бөлегі барлық жағдайда да қимылсыз жатуға тиіс, өзінің капиталдық сапасы жағынан әрекетсіз болуға тиіс. Нақ қандай бөлегінің қимылсыз қалатынын бәсеке күресі шешкен болар еді. Істің жайы жақсы болып тұрған кезде, жалпы пайда нормасының төмендеуінде байқалғанындай, бәсеке капиталистер табының практика жүзінде іске асырылған туысқандық одағы ретінде әрекет етеді, сондықтан олар ортақ олжаны әрқайсысының қосқан үлесіне сәйкес өзара бөліседі. Ал енді әңгіме пайданы емес, залалды бөлісуге келіп тірелгенде әркім залалдың өзіне тиесілі үлесін мүмкіндігінше азайтып, оны басқа біреуге артуға талпынады. Барша капиталистер табы үшін залалдың болуы сөзсіз. Бірақ әрбір жеке капиталистің үлесі қандай болатындығы, тегінде әрбір жеке капиталистің үлесіне қанша тиетіндігі күш пен қулыққа байланысты, сөйтіп бұл ретте бәсеке жауласушы туыстардың күресіне айналады. Оның бер жағында бұрын әрбір жеке капиталист пен барша капиталистер табы мүдделерінің бірдейлігі іс жүзінде өзіне бәсеке арқылы жол салған болса, енді бұл мүдделердің қарама-қарсылығы дәл солай айқын білінеді.

Бұл қиғаштықты жоюдың жолы қайсы және капиталистік өндірістің «дені дұрыс» қозғалысына сәйкес келетін қатынасты қалайша қайта орнатуға болады? Мұны жою әдісі әңгіме болып отырған сол қиғаштықтың нақты сипатында жатыр. Бұл әдіс мынада: құны жағынан барлық үстеме  $\Delta K$  капиталға немесе, ең болмағанда, оның бір бөлегіне тең капитал қимылсыз жатады да, ішінара тіпті жойылып та кетеді. Қиғаштықты баяндаудың өзінен көрініп отырғанындай, мұндай залал жеке-дара капиталдардың арасында әсте біркелкі бөлінбегенімен, мұның бөлінісін бәсеке күресі шешеді, оның бер жағында залал айрықша артықшылығына және жеңіп алынған позицияларға қарай мүлде әркелкі, мүлде алуан түрлі формада бөлінеді, солай болғасын бір капитал қимылсыз жатады, екіншісі жойылып кетеді, үшіншісі тек біршама залал тартады немесе уақытша құнсызданады, т. т.

Бірақ барлық жағдайда да капиталдың қимылсыз жатуы арқылы және тіпті азды-көпті мөлшерде жойылуы арқылы тепе-теңдік қалпына келген болар еді. Мұның өзі ішінара капиталдың материалдық субстанциясын шарпыған болар еді, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының біразы, негізгі және



айналмалы капитал, капитал ретінде іске қосылмас еді, әрекет етпес еді; өндірісті жүргізе бастаған кәсіпорындардың бір бөлегі кідіріп қалған болар еді. Бұл жағынан алып қарағанда уақыт ешнәрсеге рақымшылық жасамайды, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін (жерден басқасын) нашарлатады, бірақ бұл жерде, қимылдың тоқтап қалуы салдарынан, шындығында өндіріс құрал-жабдықтары анағұрлым қатты бүлінген болар еді. Алайда мұндағы басты нәтиже мынау болар еді: бұл өндіріс құрал-жабдықтары өндіріс құрал-жабдықтары ретінде әрекет етуден қалар еді, бұлардың өндіріс құрал-жабдықтары ретіндегі қызметі азды-көпті ұзақ уақытқа тоқталған болар еді.

Бірақ негізінде мұның бүлдіргіш әсері, онда да ең өткір формадағы әсері, құны болғандықтан капиталға, капитал құндарына тиер еді. Капитал құнының бір бөлегі, келешекте қосымша құннан, пайдадан, үлес алуға берілген жәй куәлік түріндегі бөлегі, ал шындығында өндіріс жөніндегі борыш-қорлық міндеттемелердің әр алуан формалары ғана болып табылатын бөлегі, осы бөлектен күткен табыстың азаюына байланысты бірден құнын жоғалтады. Қолда бар алтын мен күмістің бір бөлегі қолданылмай жатады, капитал ретінде қызмет етпейді. Рынокта жүрген товарлардың бір бөлегі өз бағасы төтенше кемігенде ғана, демек, осы бөлектен тұратын капиталдың құнсыздануы арқылы ғана өзіне тән айналыс және ұдайы өндіріс процесін жасай алады. Дәл сол сияқты негізгі капиталдың элементтері де азды-көпті құнсызданады. Бұған келіп қосылатын нәрсе, бағаның белгілі бір жорамал қатынастары ұдайы өндіріс процесіне себепкер болады, сондықтан да ұдайы өндіріс процесі бағаның жалпылама төмендеуі салдарынан кідіріске ұшырап қожырай бастайды. Ұдайы өндіріс процесінің осылайша қожырап, кідіріске ұшырауы ақшаның төлем қаржысы ретіндегі қызметін, капиталдың дамуымен бірге дамитын және жоғарыда айтылған бағаның жорамал қатынастарына негізделетін қызметін кері кетіреді, белгілі бір мерзімдерге жасалған төлем міндеттемелерінің тізбегін жүздеген жерден үзіп тастайды, капиталдың дамуымен бірге дамитын кредит системасының шайқалуы салдарынан жағдай бұрынғыдан бетер шиеленісе түседі де, мұның өзі осылайша күшті де өткір дағдарыстарға ұшыратады, нәрсе біткеннің еріксіз кенеттен құнсыздануына, ұдайы өндіріс процесінің іс жүзінде тоқырап, бұзылуына, сонымен бірге ұдайы өндірістің іс жүзінде қысқаруына әкеліп соғады.

Бірақ сонымен қатар басқа факторлар әрекет еткен болар еді. Өндірістің тоқтап қалуынан жұмысшы табының бір бөлегі жұмысынан айрылар еді де, осының салдарынан екінші,

жұмыс істеуші бөлегі нашар жағдайға душар етіліп, жалақының тіпті орташа дәрежеден де төмендетіліп кемітілуіне көнуге тура келер еді,— бұл жағдай құдды орташа жалақы тұсында относительдік немесе абсолюттік қосымша құн артуының капиталға жасайтын әсері сияқты әсер еткен болар еді. Гүлдену дәуірі жұмысшылар арасындағы некеге қолайлы жағдай туғызар еді де, олардың балаларының өлім-жітімін азайтар еді,— бұл жағдай халықтың іс жүзінде көбеюіне қаншалық себепкер бола тұрса да, нақты жұмыс істеуші халықтың көбеюін әсте керек етпейді, бірақ жұмысшылардың капитал жөніндегі қатынасына құдды нақты қызмет істеуші жұмысшылар саны көбейген кездегідей әсер етеді. Екінші жағынан, бағаның төмендеуі және бәсеке күресі әрбір капиталисті жаңа машиналарды, еңбектің кемелдендірілген жаңа әдістерін, жаңа комбинацияларды қолдану арқылы өзінің барлық өнімінің жеке-дара құнын сол өнімнің жалпы құнынан төмен түсіре кемітуге мәжбүр етер еді, яғни белгілі мөлшердегі еңбектің өндіргіш күшін арттыруға, өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасын төмендетуге, сөйтіп жұмысшыларды босатуға,— қысқасы, артық халықты қолдан жасауға мәжбүр етер еді. Бұдан соң, тұрақты капитал элементтерінің құнсыздануының өзі пайда нормасын арттыруға себепкер болатын элементке айналар еді. Өзгермелі капиталмен салыстырғанда қолданылып отырған тұрақты капиталдың аумағы өсер еді, бірақ бұл аумақтың құны бәлкім кеміген болар еді. Өндірістің бұл кідірісі кейін оның капиталистік шеңберде ұлғаюына жағдай туғызған болар еді.

Осылайша тағы да бір айналым жасалған болар еді. Қызмет етуін тоқтатуы салдарынан құнсызданған капитал бөлегі өзінің бұрынғы құнын қайтадан тапқан болар еді. Дегенмен ұлғайған өндіріс жағдайында, ұлғайған рынок тұсында және еңбек өнімділігі артқан нақ осындай кесепатты ауыспалы айналым тағы да жасалар еді.

Бірақ біз тіпті ұшқары жорамал жасағанның өзінде де капиталды абсолюттік асыра өндіру жалпы абсолюттік асыра өндіру емес, өндіріс құрал-жабдықтарының абсолюттік асыра өндірілуі емес. Өндіріс құрал-жабдықтары *капитал ретінде қызмет етуге*, демек, өздерінің аумағына сәйкес келетін, құнының өсуіне пропорциялы мөлшерде үстеме құн өндіруге тиісті болғандықтан ғана мұның өзі асыра өндіру болады.

Дегенмен, бұған қарамастан, мұның өзі әйтеуір асыра өндіру болар еді, өйткені капитал капиталистік өндіріс процесінің «дені дұрыс», «қалыпты» дамуына сәйкес келетін дәрежеде, қолданылып отырған капитал аумағының өсуімен бірге, ең болмағанда, пайданың аумағы өсерлік дәрежеде, демек, капи-

талдың өсуі мөлшерінде пайда нормасының төмендеуін болғызбайтындай, әсіресе пайда нормасының капиталдың өсуінен гөрі неғұрлым шапшаң төмендеуін болғызбайтындай дәрежеде еңбекті қанауға қабілетсіз болып шығар еді.

Капиталды асыра өндіру дегеніміз капитал ретінде қызмет ете алатын, яғни қанау дәрежесі белгілі болып тұрғанда еңбекті қанау үшін пайдаланыла алатын өндіріс құрал-жабдықтары, — еңбек құралдары мен тіршілік заттарын, — асыра өндіру дегеннен басқа ұғымды ешқашан да туғызбайды; ал қанау дәрежесінің белгілі пункттен төмендеп кетуі капиталистік өндіріс процесінің шырқын бұзады, оны кідіріске, дағдарысқа ұшыратады, капиталды қиратады. Капиталдың осылайша асыра өндірілуі азды-көпті мөлшердегі біршама артық халықтың жасалуымен қатар келіп отыратындығында ешқандай қайшылық жоқ. Еңбектің өндіргіш күшін арттырған, товарлы өнімдердің аумағын молайтқан, рыноктарды кеңейткен, капиталдың аумағы жағынан да, құны жағынан да қорлануын тездеткен және пайда нормасын төмендеткен жағдайлар, — міне осы жағдайлар біршама артық халықты, басы артық жұмысшыларды туғызды және үнемі туғызып та отырады; ал бұларды қолдануды мүмкін егерлік қанау дәрежесінің төмен болуы салдарынан, яки, ең болмағанда, белгілі қанау дәрежесі тұсында келтіре алатын пайда нормасының төмен болуы салдарынан басы артық капитал бұл жұмысшыларды пайдалана алмайды.

Егер капитал шетелге шығарылатын болса, мұның себебі бұл капиталды ел ішінде пайдалануға мүлдем болмайтындығынан емес. Мұның себебі, шетелде бұл капиталды неғұрлым жоғары пайда нормасымен орналастыруға болады. Бірақ мұндай капитал — жұмыс істейтін жұмысшы халқы үшін және тегінде осы ел үшін мүлде басы артық капитал. Бұл капиталдың өзі біршама артық халықпен қатар өмір сүреді, сөйтіп бұл мысал артық капитал мен артық халықтың бірі-бірімен қатар өмір сүріп, бір-біріне себепкер болатынын көрсетеді.

Екінші жағынан, пайда нормасының қор жинауға байланысты төмендеуі сөзсіз бәсеке күресін туғызады. Пайда нормасының төмендеуін пайда аумағын арттыру арқылы өтеудің тек қоғамдық жиынтық капитал үшін ғана және ірі капиталистер үшін, бұрыннан бар кәсіпорындардың иелері үшін ғана нақты маңызы бар. Дербес қызмет етуші жаңа үстеме капитал осылай есе қайтару үшін күн ілгері дайын жағдайды кездестіре қоймайды; оның әлі мұндай жағдайды таба білуі керек, сондықтан да пайда нормасының төмендеуі капиталдар арасында бәсеке күресін туғызады, бірақ мұның керісінше болмайды. Әрине, осы бәсеке күресінің тұсында жалақының

уақытша артуы және осыған байланысты пайда нормасының уақытша онан сайын төмендеуі мүмкін. Товарды асыра өндірген кезде, рыноктар шеңберінен аса толған кезде де нақ осылай болады. Капиталдың мақсаты жұрттың керегін қанағаттандыру емес, пайда өндіру болғандықтан және бұл мақсатқа жету үшін өнім аумағы өндіріс көлемі арқылы анықталатын, бірақ мұның керісінше болмайтын әдістер қолданылатындықтан капиталистік базистегі тұтынудың тежеулі көлемі мен өндіріс арасында үнемі сәйкессіздік туып отыруға тиіс, ал мұның өзі үнемі осы имманенттік шеңберден асып түсуге тырысады. Тегінде, капитал дегеніміз товарлардан құралады ғой, сондықтан капиталдың асыра өндірілуі товардың асыра өндірілуін де қамтиды. Бұдан келіп шығатын бір қызғылықты факт, товардың асыра өндірілуін бекерге шығарушы экономистердің өздері капиталдың асыра өндірілетінін мойындап жүр. Ал жұрт мұның өзі жалпылама асыра өндіру емес, өндірістің түрлі тараулары арасындағы пропорцияның бұзылуы ғана дейтін болса, мұның мәнісі мынау: капиталистік өндіріс тұсында өндірістің жеке тарауларының пропорциялылығы тұрақты процесс ретінде диспропорциялылықтан қайта туып отырады, өйткені бұл жерде тұтас тұлға ретіндегі өндірістің ішкі байланысы көзсіз заң ретінде өндіріс агенттеріне сырттан таңылады, бірақ коллективтің ақыл-парасаты арқылы қол жеткен және соған бағынатын, өндіріс процесін солардың жалпы бақылауына бағындыратын заң ретінде қолданылмайды. Бұдан соң, жұрттың осы арқылы қоятын талабы, капиталистік өндіріс әдісі дамымаған елдерде тұтыну мен өндіру капиталистік өндіріс әдісі үздік дамыған елдерге тән дәрежеде болса екен дейді. Асыра өндіріс тек шамалы нәрсе дейтіндердің пікірі өте дұрыс; бірақ бүкіл капиталистік өндіріс әдісі — өндірістің тек шамалы әдісі ғана, мұның шеңбері тегінде абсолюттік нәрсе емес, алайда оның өзі үшін, оның базисінде, абсолюттік нәрсе. Әйтпесе халық бұқарасы мұқтаж болып отырған товарлар жөніндегі сұраныстың жоқтығын қалайша түсіндіруге болады, өз жерінде жұмысшыларға қажетті тіршілік заттарының орташа мөлшерінде ақы төлей алатын болу үшін бұл сұранысты шетелден, алыстағы рыноктардан іздеуге тура келіп жүргенін қалайша түсіндіруге болады? Өйткені тек осындай ерекше, капиталистік қарым-қатынастар тұсында ғана артық өнімнің түсетін формасы сондай, өз иесі бұл өнімді қайтадан капиталға айналдыратын жағдайда ғана тұтынуға ұсына алады. Ақырында, капиталистер өз товарларын тек қана өзара айырбастап, тұтынуға тиіс дейтіндер капиталистік өндірістің жалпы сипатын ұмытып жүр, әңгіме капиталды тұтыну жайында емес, оның құнын арттыру жайында болып отырғанын ұмытып жүр.

Бір сөзбен айтқанда, асыра өндірудің айқын құбылыстары жөніндегі қарсы пікірлердің бәрі (ал олардың мұндай қарсы пікірлерде шаруасы жоқ) мынаған келіп тіреледі: *капиталистік* өндірістің шеңбері *жалпы өндіріс атаулының* шеңбері емес, сондықтан осы ерекше, капиталистік өндіріс әдісі үшін де шеңбер бола алмайды. Бірақ осы капиталистік өндіріс әдісінің қайшылығы атап айтқанда оның өндіргіш *күштерді* барынша өркендетуді көздеген тенденциясында жатыр, ал мұның өзі өндірістің ерекше *жағдайларымен* капиталдың, қимылына негіз болып отырған және осыған бірден-бір мүмкіндік беретін жағдайлармен үнемі қым-қиғаш келіп отырады.

Мәселе өмір сүріп отырған халықпен салыстырғанда тіршілік заттарының тым көп өндірілетіндігінде емес. Керісінше. Халық бұқарасының адамша, тәуір тұрмыс құруы үшін бұл заттар тым аз өндіріледі.

Мәселе халықтың еңбекке жарамды бөлегін жұмысқа жегу үшін керекті мөлшерден өндіріс құрал-жабдықтарының көп өндіріліп жүргендігінде емес. Керісінше. Біріншіден, халықтың ішінде шын мәнінде жұмыс істемейтіндер, өздерінің тіршілік жағдайларына сәйкес басқалардың еңбегін қанайтындар немесе берекесіз өндіріс әдісі тұсында ғана ауызға алуға болатын жұмыспен айналысып жүргендер тым көп. Екіншіден, еңбекке жарамды бүкіл халықты барынша өнімді жолмен пайдалану үшін, демек, жұмыс уақыты ішінде қолданылатын тұрақты капиталдың аумағы мен тиімділігі нәтижесінде оның абсолюттік жұмыс уақытын қысқарту үшін өндіріліп отырған өндіріс құрал-жабдықтары жеткіліксіз.

Бірақ еңбек құралдары мен тіршілік заттарының ауық-ауық тым көп өндірілетіндігі соншалық, пайданың белгілі бір нормасы тұсында бұларды жұмысшыларды қанайтын құрал ретінде іске қосу мүмкін болмай қалады. Товардың тым көп өндірілетіндігі соншалық, капиталистік өндіріс арқылы анықталатын өнім бөлу жағдайлары мен тұтыну қатынастарында товардағы құнды және құнның ішіндегі қосымша құнды өткізіп, жаңа капиталға айналдыру, яғни бұл процесті үнемі қайталанып отыратын дүмпусіз-ақ жүретін ету мүмкін болмай қалады.

Мәселе байлықтың тым көп өндірілетіндігінде емес. Мәселе байлықтың капиталистік, қайшылықты формада ауық-ауық тым көп өндірілетіндігінде.

Капиталистік өндіріс әдісінің шеңбері мынадан көрінеді:

1) Еңбектің өндіргіш күшінің дамуынан туатын пайда нормасының төмендеуі — белгілі кезеңде еңбектің өндіргіш күшінің дамуымен қатты қайшы келіп қалатын және сондықтан да үнемі дағдарыстар арқылы шешілуге тиісті заң.

2) Өндірістің кеңеюі немесе қысқаруы өндірістің қоғам қажеттері жөніндегі, қоғамда өсіп жетілген адамдардың қажеттері жөніндегі қатынасына байланысты емес, ақы төленбеген еңбекті иемденуге және ақы төленбеген осы еңбектің жалпы затқа айналған еңбек жөніндегі қатынасына байланысты, яғни капиталистің сөзімен айтқанда, алынатын пайдаға және осы пайданың қолданылып отырған капитал жөніндегі қатынасына, демек, пайда нормасының белгілі дәрсжесіне байланысты. Сондықтан капиталистік өндіріс шеңберінің кеңею дәрежесі сондай, мұның өзі басқа алғы шарттар тұсында, керісінше, мүлде жеткіліксіз болып көрінер еді. Өндіріс адам қажеттерін қанағаттандыру мүддесі талап еткен кезде емес, пайданы өндіру мен өткізу осыны талап еткен кезде тоқтайды.

Егер пайда нормасы төмендейтін болса, онда, бір жағынан, капиталдың күші жетік әдістер қолдану және басқалары арқылы жеке капиталистің өз товарының дара құнын оның орташа қоғамдық құнынан төмен түсіре кемітуі үшін, сөйтіп белгілі рынок бағасы бойынша біраз үстеме пайда түсіруі үшін жұмсалады; екінші жағынан, жалдаптық келіп шығады, жалпы орташа дәрежеден тысқары және одан астам әйтеуір бір үстеме пайда алу мақсатымен өндірістің жаңа әдістерін, капиталды қолданатын жаңа орындарды, жаңа айла-шарғыларды жанталаса іздеу бұған қолайлы жағдай жасайды.

Пайда нормасының, яғни капиталдың біршама өсуінің ең алдымен капиталдың жаңадан дербес топтаса бастаған барлық жаңа тармақтары үшін зор маңызы бар. Ал егер капиталдың түзілісі тек қана аздаған ірі капиталдың, пайда аумағы пайда нормасынан асып түсетіндердің ісі болса, онда тегінде өндіріске жан бітіруші жалын сөнген болар еді. Ол ұйқыға шомған болар еді. Пайда нормасы — капиталистік өндірістің қозғаушы күші; не нәрсені және қаншалық пайдамен өндіру мүмкін болса, тек сол нәрсе ғана соншалық мөлшерде өндіріледі. Ағылшын экономистерінің пайда нормасының төмендеуінен қорқатын себебі осы. Рикардоның тіпті бір ғана осындай мүмкіндікті ойлап мазасызданып отырғандығы капиталистік өндіріс жағдайларын оның нақ терең түсінетінін дәлелдейді. Рикардоны не жөнінде кінәлаған болса, онда нақ сол нәрсе өте-мөте маңызды: капиталистік өндірісті зерттегенде, «адамды» былай қойып, ол тек қана өндіргіш күштердің дамуына назар аударады, ал мұнда қаншама адамның өмірі құрбан болатындығы және қаншама капитал құндарының жұмсала тындығы есеп емес. Қоғамдық еңбектің өндіргіш күшін дамыту — капиталдың тарихи міндеті мен кәдесі. Дәл осы арқылы ол өзі де аңдамастан неғұрлым жоғары формадағы өндірістің материалдық жағдайларын жасайды. Рикардоны мазалап

отырған нәрсе, капиталистік өндірістің көтермешісі, сонымен бірге қор жинаудың әрі шарты, әрі қозғаушысы болып отырған пайда нормасына сол өндірістің дамуы нәтижесінде қауіп төнуде. Ал мұндағы бар тетік — мөлшер қатынасы. Шындығында мұның негізінде оның тек көмескі сезетінінен гөрі терең мағына бар. Кілең экономикалық жолмен, яғни буржуазиялық тұрғыдан, капиталистік ұғым шеңберінде, нақ сол капиталистік өндіріс тұрғысынан алып карағанда оның тар шеңберлілігі, оның шамалылығы, оның бірегей нәрсе емес, тек өндірістің материалдық жағдайларының дамуындағы тар шеңберлі белгілі заманға сәйкес келетін тарихи өндіріс әдісі ғана екендігі бұдан айқын көрінеді.

#### IV. ҚОСЫМШАЛАР

Еңбектің өндіргіш күшінің дамуы өнеркәсіптің түрлі тарауларында өте әркелкі, оның бер жағында дәрежесі жағынан ғана емес, екінші бірінде қарама-қарсы бағытта да әркелкі, сондықтан бұдан туатын қорытынды, пайданың (= қосымша құнның) орташа аумағы өнеркәсіптің ең үздік дамыған тарауларында өндіргіш күштің өркендеуіне қарай күтуге боларлық дәрежеден едәуір төмен болуға тиіс. Өнеркәсіптің түрлі тарауларында өндіргіш күштің сан алуан пропорцияда дамып қана қоймай, екінші бірінде қарама-қарсы бағытта да дамитындығы тек бәсеке анархиясынан ғана және буржуазиялық өндіріс әдісінің өзгешеліктерінен ғана тумайды. Еңбек өнімділігі табиғи жағдайларға да байланысты, өйткені қоғамдық жағдайларға байланысты болатын өнімділіктің өзі артқан сайын осы табиғи жағдайлар екінші бірінде құнарсыздана береді. Осы әр түрлі салалардағы қозғалыстың қарама-қарсы сипаты: біреулерінде прогрестің, екінші біреулерінде регрестің болуы осыдан келіп шығады. Мәселен, тіпті мынаны еске алып өтсек те болады: жыл маусымдары шикізат материалдарының көбісін өндіру мөлшеріне, орман ағаштарының жойылу, таскөмір кендерінің, темір рудниктерінің т. т. таусылу көлеміне әсер етіп отырады.

Егер тұрақты капиталдың айналмалы бөлегі — шикізат, т. т.— өзінің аумағы жағынан еңбектің өндіргіш күшінің дамуына пропорциялы мөлшерде үнемі өсетін болса, негізгі капиталдың, — үйлердің, машиналардың, жарық, жылу, т. б. беретін жабдықтардың, — жайы бұдан басқаша. Машиналардың көлемі үлкейген сайын олар абсолюттік мөлшерде қымбаттағанымен, салыстырмалы мөлшерде арзандай түседі. Егер бес жұмысшы товарды бұрынғыдан он есе артық өндіретін болса, бұдан негізгі капиталға жұмсалатын шығын он есе

арта қоймайды; тұрақты капиталдың бұл бөлігінің құны өндіргіш күштің дамуымен бірге өссе де, ол әсте мұндай пропорцияда өспейді. Біз тұрақты капиталдың өзгермелі капитал жөніндегі қатынасы, бұл қатынастың пайда нормасының төмендеуінен көрінуі және нақ сол қатынастың еңбек өнімділігі артқан сайын товар өлшемінен және оның бағасынан көрінуі арасындағы айырмашылықты талай рет көрсетіп өткенбіз.

{ Товардың құны бүкіл жұмыс уақыты арқылы, өткен еңбек пен осы товарға кіретін тірі еңбек арқылы анықталады. Еңбек өнімділігін арттырудың мәнісі дәл мынада: тірі еңбектің үлесі азаяды да, өткен еңбектің үлесі көбейеді, көбейгенде де товардағы еңбектің жалпы сомасы азаяды; демек, тірі еңбектің азаю мөлшері өткен еңбектің көбею мөлшерінен көбірек болады. Товардың құнына сіңген өткен еңбек,— капиталдың тұрақты бөлегі,— ішінара негізгі капиталдың тозығынан, ішінара товарға толық кірген айналмалы тұрақты капиталдан,— шикізат пен қосалқы материалдан,— құралады. Шикізат пен қосалқы материалдан туатын құн бөлегі еңбек өнімділігі артқан сайын азаюға тиіс, өйткені осы материалдар жөніндегі еңбек өнімділігі атап айтқанда бұлардың құнының кемуінен көрінеді. Мұның керісінше, еңбектің өндіргіш күшінің артуына өте-мөте бір тән нәрсе, тұрақты капиталдың негізгі бөлегі мейлінше қаулап өседі, сонымен бірге оның құнының тозу себепті товарға ауысатын бөлегі де өседі. Өндірістің жаңа әдісі өзін өнімділікті мықтап арттыратын әдіс ретінде көрсете білуі үшін оның негізгі капиталдың тозуы нәтижесінде жеке товарға көшіретін құны тірі еңбектің азаюы нәтижесінде үнемделетін, сақталып қалатын құннан аз болуға тиіс; бір сөзбен айтқанда, бұл әдіс товардың құнын кемітуге тиіс. Өзінен-өзі түсінікті, мұның өзі, жеке реттерде болатынындай, товар құнының құрылымына, негізгі капиталдың қосымша тозатын бөлегімен қатар, шикізат пен қосалқы материалдың сан жағынан көбейген немесе неғұрлым қымбат түрлеріне сәйкес келетін, құнның қосымша бөлегі кіретін жағдайда да осылай болуға тиіс. Құнға жамалатын қосымшалардың бәрі тірі еңбектің азаюынан туатын құнның кемуі арқылы әбден тең түсіп отыруы керек.

Сондықтан товарға кіретін еңбектің жалпы мөлшерінің осылайша азаюы, сырттан қарағанда, өндірістің қандай қоғамдық жағдайларында болса да еңбектің өндіргіш күшінің артқанын көрсететін белгі болуға тиіс сияқты. Өндірушілер өз өндірісін күн ілгері белгіленген жоспар бойынша реттейтін қоғамда, тіпті жәй товар өндірісі тұсында да еңбек өнімділігі



сөзсіз осы мөлшермен өлшенген болар еді. Ал капиталистік өндірістің тұсында істің жайы қандай?

Айталық, капиталистік өндірістің белгілі бір тарауы өз товарының қалыпты данасын мынадай жағдайда өндіреді дейік: негізгі капиталдың әр данаға келетін тозығы —  $\frac{1}{2}$  шиллинг немесе марка; әр данаға кіретін шикізат пен қосалқы материал  $17\frac{1}{2}$  шиллинг; жалақыға кететіні 2 шиллинг, ал қосымша құн нормасы 100% болғанда қосымша құн — 2 шиллинг. Бүкіл құн = 22 шиллинг немесе марка. Мәселені оңайлату үшін біз бұл өндіріс тарауындағы капиталдың құрылымы қоғамдық капиталдың орташа құрылымына тең, демек, товар өндірісінің бағасы оның құнына сәйкес келеді, ал капиталистің пайдасы өндірілген қосымша құнмен бірдей деп ұйғарайық. Бұлай болған күнде товар өндіру шығындары =  $\frac{1}{2} + 17\frac{1}{2} + 2 = 20$  шиллинг, пайданың орташа нормасы  $\frac{2}{20} = 10\%$ , ал әрбір дана товарды өндіру бағасы оның құнына тең = 22 шиллинг немесе марка.

Айталық, товардың әрбір данасын өндіруге керекті тірі еңбекті жарты есе қысқартатын, бірақ оның есесіне негізгі капиталдың тозығынан құралатын құн бөлігін үш есе көбейтетін машина жасалып шығарылды дейік. Онда істің жайы былай болып көрінеді: тозық =  $1\frac{1}{2}$  шиллинг, шикізат пен қосалқы материал, бұрынғыдай,  $17\frac{1}{2}$  шиллинг, жалақы 1 шиллинг, қосымша құн 1 шиллинг, небәрі 21 шиллинг немесе 21 марка. Товар құны енді 1 шиллинг кеміді; жаңа машина еңбектің өндіргіш күшін едәуір арттырды. Бірақ капиталист үшін істің жайы былай болып көрінеді: оның өндіріс шығындары енді мынадай: тозық  $1\frac{1}{2}$  шиллинг, шикізат пен қосалқы материал  $17\frac{1}{2}$  шиллинг, жалақы 1 шиллинг,— небәрі, бұрынғыдай, 20 шиллинг. Пайда нормасы жаңа машинаның қолданылуынан тікелей өзгермейтін болғандықтан ол өндіріс шығындарынан тысқары 10% алуға тиіс, бұл 2 шиллинг болады; демек, өндіріс бағасы өзгеріссіз қалды — 22 шиллинг, бірақ мұның өзі құннан 1 шиллинг артық. Капитализм жағдайларында өнім өндіруші қоғам үшін өнім арзандаған жоқ, жаңа машина *ешқандай* үздік нәрсесі емес. Демек, капиталист жаңа машинаны енгізуге ешбір мүдделі емес. Ал мұны өндіріске енгізген күнде ол өзінің әлі де тозып бітпеген ескі машиналарын толық құнсыздандырып, қоқсық темір-терсекке айналдырған болар еді, демек, тікелей залал шеккен болар еді, сондықтан капиталист өзі есуастық деп білетін мұндай нәрседен қалай да аулақ жүретін болады.

Сөйтіп, еңбектің өндіргіш күшінің арта түсуі заңы капитал үшін сөзсіз маңызды бола бермекші емес. Капитал үшін өндіріс

гіш күш жалпы тірі еңбек осы арқылы сақталып қалатын кезде артпайды, тірі еңбек ақы төленетін бөлегінде өткен кездегі еңбектен гөрі көбірек сақталатын жағдайда ғана артады, мұны біз «Капиталдың» I кітабында, XIII тарау, 2, 356—357-беттер<sup>80</sup>, қысқаша көрсетіп өткенбіз. Бұл ретте капиталистік өндіріс әдісі жаңа қайшылыққа тап болады. Оның тарихи борышы — адам еңбегінің өнімділігін геометриялық прогрессиямен өлшенетін дәрежеде тоқтаусыз дамыта беру. Ол, жоғарыда келтірілген мысалдағыдай, еңбек өнімділігін дамытуға кедергі жасайтындықтан, өзінің борышына опасыздық істеген болып шығады. Осы арқылы ол өзінің қаусай түскенін және барған сайын өзін өзі жоюға айнала түскенін тек қана тағы да айқын дәлелдеп отыр. |<sup>37)</sup>

Өндіргіш күштің өсуіне байланысты дербес өнеркәсіп орнын жүргізу үшін қажет болатын капитал минимумының көбеюі бәсекеде былайша көрінеді: неғұрлым қымбат жаңа өндіріс жабдығы жаппай тарады дегенше-ақ неғұрлым ұсақ капиталдар келешекте тиісті өндіріске қосыла алмай қалады. Өндірістің түрлі салаларында механикалық өнертабыстар алғаш қолданыла бастаған кезде ғана бұларда ұсақ капиталдар дербес әрекет жасай алады. Екінші жағынан, тұрақты капиталының үлесі өте-мөте жоғары, темір жол сияқты, аса ірі кәсіпорындар пайданың орташа нормасын емес, тек оның бір бөлегін, процентін береді. Әйтпесе пайданың жалпы нормасы бұрынғыдан да төмендеп кеткен болар еді. Мұның керісінше, акциялар формасында мол жиналған капиталдар мұнда өзіне тікелей кең өріс табады.

Капитал өскенде, демек, капитал қоры жиналғанда сонымен қатар пайда нормасы кемиді, мұның бір ғана себебі, осындай өсумен қатар капиталдың органикалық құрамдас бөліктерінің арақатынасында біз жоғарыда қарастырып өткен өзгерістер болады. Алайда өндіріс әдісінде ұдайы күнбе-күн болып жатқан төңкерістерге қарамастан, барлық капиталдың біресе бір бөлегі, біресе екінші бөлегі, көбірегі немесе азырағы белгілі уақыт мерзімі ішінде осы құрамдас бөліктердің белгілі бір орташа қатынасы негізінде қорлана береді, сондықтан ешқандай органикалық өзгерістер бұл бөліктің өсуіне байланысты емес, демек, пайда нормасын төмендететін әлденендей бір себептердің тууы бұған байланысты емес. Өндірістің ескі әдістері негізінде капиталдың осылайша үнемі арта түсуі, сол

<sup>37)</sup> Бұл жолдардың жақшаға алынған себебі, бұлар қолжазба нұсқасындағы ескертпенің өңделген түрі бола тұрса да, кейбір баяндау желісі жағынан түп нұсқадағы материалдың шеңберінен шығып кетеді.— Ф. Э.

себепті өзгерістің ұлғаюы, мұның жаңа әдістердің енгізілуімен қатар бір мезгілде жайбарақат өтіп жатуы, өз тарапынан, пайда нормасының жиынтық қоғамдық капиталдың өсу дәрежесінен гөрі басқаша дәрежеде төмендеуіне себеп болады.

Жалақыға жұмсалатын өзгермелі капиталдың біршама азаюына қарамастан, жұмысшылардың абсолюттік саны өндірістің барлық тарауларында бірдей өсе бермейді және мұның өзі бәрінде біркелкі бола бермейді. Екіншілікте тірі еңбектің азаюы абсолюттік болуы мүмкін.

Тегінде, жалдама жұмысшылар санының біршама азаюына қарамастан, абсолюттік мөлшерде оның көбеюі тек қана капиталистік өндіріс әдісінің қажеттеріне сай келеді. Жұмысшыларға күн сайын 12—15 сағат бойы жұмыс істеткізу қажеттігі жоғалды дегенше-ақ олар осы өндіріс әдісі үшін керексіз болып шыға келеді. Егер өндіргіш күштердің өркендеуі жұмысшылардың абсолюттік санын азайтқан болса, яғни бүкіл ұлттың өз өндірісін түгелдей қысқа мерзім ішінде жүргізіп отыруына іс жүзінде мүмкіндік беретін болса, онда мұның өзі революция туғызар еді, өйткені халықтың көпшілігі жұмыссыз қалған болар еді. Бұдан капиталистік өндірістің арнаулы шеңбері, сонымен қатар өндіргіш күштерді өркендету мен байлық өндіруде мұның әсте абсолюттік форма емес екендігі, қайта белгілі бір кезеңде капиталистік өндірістің осы дамумен тартыс-таласқа түсетіндігі тағы да айқын көрінеді. Ішінара мұндай тартыс-талас дүркін-дүркін болып тұратын дағдарыстардан көрініп қалады; бұл дағдарыстардың болатын себебі, жұмысшы халықтың әйтеуір бір бөлегі өзінің ескі кәсібі жағынан керексіз болып қалады. Капиталистік өндірістің шегі — жұмысшылардың артық уақыты. Қоғам ұтатын абсолюттік артық уақытқа капиталистік өндіріс мүдделі емес. Оған өндіргіш күштің өркендеуі мұның материалдық өндіріс үшін керекті жұмыс уақытын тегінде қысқартатындығынан емес, жұмысшы табының қосымша жұмыс уақытын арттыратындығынан қажет болады; сөйтіп капиталистік өндіріс қайшылықтардың ішінде шырқөбелек айнала береді.

Біздің көргеніміздей, капитал қорының өсуімен қатар оның шоғырлануы да өсе түседі. Сөйтіп капиталдың өктемдігі өседі, капиталист арқылы бейнеленетін өндірістің қоғамдық жағдайлары нақты өндірушілерден оқшаулана береді. Капитал барған сайын қоғамдық күшке айнала түседі, мұның дәнекері капиталист болады және бұл күш жеке индивидуумның жасай алатын нәрсесіне енді ешбір сәйкес келмейді. Капитал зат ретінде және осы зат арқылы капиталистің күші ретінде қоғамға қарсы тұрған, иеліктен айрылған, оқшау қоғамдық күш болып шығады. Капитал түріндегі осы жаппай қоғамдық

күш пен жеке капиталистердің осы қоғамдық өндіріс жағдайларына жасайтын жеке-дара өктемдігі арасындағы қайшылық барған сайын сорақылана түседі де, бұл қатынасты жоюды керек етеді, өйткені мұның өзі сонымен қатар өндіріс жағдайларын жалпылама, коллективтік, қоғамдық өндіріс жағдайлары етіп қайта құруды керек етеді. Бұл өзгеріс капиталистік өндіріс тұсындағы өндіргіш күштердің өркендеуіне және осы өркендеуді жүзеге асыратын әдіске байланысты.

---

Егер өндірістің жаңа әдісі пайда нормасын кемітетін болса, онда мұның өзі қаншама өнімді бола тұрса да және қосымша құн нормасын қаншалық арттырса да, бірде-бір капиталист мұндай әдісті өз еркімен қолданбайды. Бірақ өндірістің әрбір осындай жаңа әдісі товарды арзандатады. Сондықтан капиталист алғашында товарды оның өндіріс бағасынан жоғары, құнынан жоғары бағамен сатады. Капиталист бұл товарға жұмсалған шығындар мен өндіріс шығындары неғұрлым көп жұмсалған кезде өндірілген басқа товарлардың рынок бағасы арасындағы айырмасын қалтасына салады. Оның осылай ете алатын себебі, бұл товарларды өндіру үшін керекті қоғамдық қажетті орташа жұмыс уақыты өндірістің жаңа әдісі тұсында керек болатын жұмыс уақытынан көп. Оның өндіріс тәсілдері орташа қоғамдық дәрежеден жоғары. Бірақ бәсеке бұларды жалпылама тәсілдерге айналдырып, жалпы заңға бағындырады. Сонда пайда нормасы төмендей бастайды,— әуелі оның өндіріс саласында төмендейді де, кейін басқалармен тенеліп кетеді; сөйтіп, бұл төмендеу капиталистердің еркіне ешбір байланысты емес.

Осы пунктке қоса айтатын тағы бір жәйт, өнімі жұмысшының тұтынуына немесе оның тіршілік заттарын өндіру жағдайларына тікелей де, жанамалап та кірмейтін өндіріс салалары да осы заңның әрекетіне бағынады; демек, товарларын қаншалық арзандатқанымен, относительдік қосымша құнды көбейте алмайтын, жұмыс күшін арзандата алмайтын өндіріс салалары да бағынады. (Әрине, барлық осы тарауларда тұрақты капиталдың арзандауы жұмысшыны қанау дәрежесі өзгермей тұрғанда пайда нормасын арттыруы мүмкін.) Өндірістің жаңа әдісі тарай бастады дегенше-ақ,— ал мұның өзі бұл товарларды неғұрлым арзандау өндіруге болатынын іс жүзінде дәлелдейтіні айғақ,— бұрынғы өндіріс жағдайларында істеуші капиталистер өз өнімін өзіндегі өндірістің толық бағасынан төмен сатуға тиіс, өйткені бұл товардың құны төмендеп кеткен, осы товарды өндіруге керекті жұмыс уақыты қоғамдық жұмыс уақытынан қымбат тұрады. Бір сөзбен айтқанда,— ал бәсеке-

нің бір әсері осы,— бұлар да өзгермелі капиталдың тұрақты капитал жөніндегі қатынасын азайтуға бастайтын өндірістің жаңа әдісін енгізуге тиіс.

Машиналарды қолданғанда солар арқылы өндірілетін товарлардың бағасын арзандатуға бастайтын жағдайлардың бәрі товар өлшеміне сіңетін еңбектің мөлшерін сөзсіз азайтуға, ал екіншіден, машиналардың тозатын бөлегін, құны товар өлшеміне кіретін бөлегін кемітуге әкеліп соғады. Машиналардың тозуы неғұрлым баяу болса, мұның өзі соғұрлым көп товарға бөлінеді, бұлар қайта өндірілетін мерзімі жеткенге дейін соғұрлым көп тірі еңбектің орнын басатын болады. Негізгі тұрақты капиталдың мөлшері мен құны өзгермелі капиталмен салыстырғанда екі жағдайда да арта түседі.

«Барлық басқа барабар жағдайларда ұлттың өз пайдасынан қаржы жинау қабілеті пайда нормасының өзгеруімен бірге өзгереді: пайда нормасы жоғары кезде бұл қабілет артады да, төмен кезде кемиді; бірақ пайда нормасы төмендеген кезде барлық басқа жағдайлар өзгеріссіз қалмайды... Пайда нормасы төмен болғанда әдетте қор жинау қарқыны халықтың санымен салыстырғанда, Англиядағы сияқты, шапшаң болады, ал пайда нормасы жоғары болғанда қор жинау қарқыны халықтың санымен салыстырғанда, Польшадағы, Россиядағы, Индиядағы, т. т. сияқты, неғұрлым баяу болады» (Richard Jones. «An Introductory Lecture on Political Economy». London, 1833, p. 50—51).

Джонстың: пайда нормасының төмендеуіне қарамастан, қор жинауға талпынушылық және қор жинау мүмкіндігі арта береді деуі орынды. Біріншіден, біршама артық халықтың өсуі нәтижесінде артады. Екіншіден, артатын себебі, еңбек өнімділігінің өсуімен бірге белгілі бір айырбас құнынан туатын тұтыну құндарының аумағы көбейеді, яғни капиталдың заттық элементтері өседі. Үшіншіден, артатын себебі, өзгерістің әр алуан жаңа тараулары үсті-үстіне құрыла береді. Төртіншіден, кредит системасының, акционерлік қоғамдардың, т. б. дамуы нәтижесінде және осыған байланысты, тіпті ақшаның иесі өнеркәсіп капиталисі бола қоймаса да, сол ақшаның капиталға айналдырудың оңайлығы нәтижесінде артады. Бесіншіден, адам қажетінің өсуі және баюға ынтызарлық нәтижесінде артады. Алтыншыдан, негізгі капитал қаржылары аумағының өсуі нәтижесінде артады, т. т.

Капиталистік өндірістің басты үш фактісі мыналар:

1) Өндіріс құрал-жабдықтарының аздаған адамның қолында шоғырлануы, осының нәтижесінде олар тікелей қызметкерлердің меншігі болудан қалады да, мұның керісінше, өндірістің қоғамдық күштеріне айналады. Дегенмен олар капита-

листердің жеке меншігі болып тұрған кезінде-ақ осындай сипат алады. Капиталистер — буржуазиялық қоғамның қамқоршылары, бірақ олар осы қамқорлықтың бар жемісін иемденіп кетеді.

2) Еңбектің өзінің кооперация, еңбек бөлінісі және еңбекті жаратылыстанумен біріктіру арқылы қоғамдық еңбек ретінде ұйымдастырылуы.

Бұл екеуін қай жағынан алып қарасақ та, капиталистік өндіріс әдісі жеке меншік пен жеке еңбекті жояды, дегенмен қарама-қайшы формаларда жояды.

3) Дүние жүзілік рыноктың құрылуы.

Халықтың санымен салыстырғанда капиталистік өндіріс әдісі шеңберінде өркендеуші өндіргіш күштің орасан көптігі және капитал құндарының (бірақ бұлардың материалдық субстраты емес), басқаша пропорцияда болса да, өсе түсуі, бұлардың халықтың өсуінен гөрі едәуір шапшаң өсуі байлықтың өсуімен салыстырғанда барған сайын тарыла түскен негізге, осынау қыруар өндіргіш күш әрекет ететін негізге және еселене түскен осы капитал құнының өсу жағдайларына қайшы келіп отырады. Дағдарыстар осыдан келіп шығады.

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

**ТОВАР КАПИТАЛЫ МЕН АҚША  
КАПИТАЛЫНЫҢ ТОВАР-САУДА  
КАПИТАЛЫНА ЖӘНЕ АҚША-САУДА  
КАПИТАЛЫНА (КӨПЕСТІК КАПИТАЛҒА)  
АЙНАЛУЫ**

## О Н А Л Т Ы Н Ш Ы Т А Р А У

## ТОВАР-САУДА КАПИТАЛЫ

Көпестік немесе сауда капиталы: товар-сауда капиталы және ақша-сауда капиталы болып екі түрге яғни екі бөлімшеге ажыратылады. Енді біз соларды егжей-тегжейлі сипаттап өтеміз, өйткені мұның өзі капиталды негізгі құрылымында алып талдау үшін қажет. Мұның одан да бетер қажет болатын себебі, қазіргі заманның саяси экономиясы, тіпті оның ең таңдаулы деген өкілдері де, сауда капиталын өнеркәсіп капиталымен шатастырып, іс жүзінде олардың сипатты ерекшеліктерін мүлде көрмей жүр.

Товар капиталының қозғалысы «Капиталдың» II кітабында<sup>81</sup> талданған болатын. Егер жиынтықты қоғамдық капиталды алып қарайтын болсақ, оның бір бөлегі, әрдайым жаңа элементтерден құралып, тіпті шама жағынан да өзгере тұрса да, ақшаға айналуға тиісті товар күйінде әрдайым рынокте болады; ал екінші бөлегі рынокте товарға айналуға тиісті ақша түрінде болады. Қоғамдық капитал әрдайым осындай айналу процесінде, осындай түрін өзгертіп құбылу үстінде болады. Ал айналыс процесіндегі капиталдың мұндай қызметі ерекше капиталдың ерекше қызметі ретінде жалпы оқшауланатын болғандықтан да, еңбек бөлінісі нәтижесінде капиталистердің ерекше бір тобына тиісті қағаз ретінде бағаланатын болғандықтан да, товар капиталы товар-сауда капиталына, яғни коммерциялық капиталға айналады.

Товарларды тұтынуға жарамды күйінде тасымалдау, сақтау және бөлу ісін айналыс процесінің шеңберінде болып жататын өндіріс процесі ретінде қай мөлшерде қарау керек екенін біз анықтап алғанбыз («Капитал», II кітап, VI тарау, «Айналыс шығындары», II және III). Товар капиталы айналысының бұл кезеңдері ішінара көпестік капиталдың

немесе товар-сауда капиталының ерекше қызметімен шатастырылады; бұл кезеңдер іс жүзінде оның ерекше қызметімен кейде ұштасып та жатады, бірақ қоғамдық еңбек бөлінісі дами келе көпестік капиталдың қызметі әбден оқшауланып шығады, яғни жоғарыда көрсетілген нақты қызметтерден арылып, олардан дербес жағдайға келеді. Біздің мақсатымыз үшін капиталдың осы ерекше түрінің өзіне тән өзгешелігін анықтап алу маңызды, демек, біз жоғарыда айтылған қызметтерді былай қоя тұруға тиістіміз. Тек айналыс процесінде ғана қызмет етуші капитал, атап айтқанда, товар-сауда капиталы, осы қызметтерді ішінара өз қызметтерімен ұштастыратын болғандықтан, ол өзінің таза күйінде көрінбейді. Тек оны осы қызметтерден ада қылып, аулақтатқанда ғана біз товар-сауда капиталының таза түрін аламыз.

Біз капиталдың товар капиталы ретіндегі болмысы және оның товар капиталы ретінде рыноктегі айналыс саласында басынан кешетін құбылыстары — өзара сауда-саттыққа, товар капиталының ақша капиталына, ал ақша капиталының товар капиталына айналуына барып саятын құбылыстары — өнеркәсіп капиталының ұдайы өндіріс процесінің сатысы, демек, оның тұтас алғандағы өндіріс процесінің сатысы болып табылатынын көрдік; сонымен бірге біз айналыс капиталы қызметін атқарушы капиталдың өндіргіш капитал ретіндегі өз бейнесінен өзгеше болатынын да көрдік. Мұның өзі — белгілі бір ғана капиталдың өзгеріп көрінген екі түрлі формасы ғана. Жиынтықты қоғамдық капиталдың бір бөлегі осы айналыс капиталы күйінде көрініп, әрдайым рынокта болады, ол ұдайы осы құбылыс процесіне ұшырайды, бірақ әрбір капиталды жеке алғанда оның товар капиталы түріндегі болмысы және сол күйдегі құбылысы үнемі жоғалып кетіп, үнемі қайтадан пайда болып отыратын өтпелі кезең, капитал өндірісінің үздіксіз процесіндегі бір өтпелі саты ғана болып табылады және сондықтан да рынокта жүрген товар капиталының элементтері үнемі өзгеріп отырады, өйткені олар әрдайым товар рыногынан шығарып алынып, өндіріс процесінің жаңа өнімі ретінде әрдайым дәл солай қайтарылып отырады.

Товар-сауда капиталы дегеніміз үнемі рынокта жүретін, үнемі құбылыс үстінде болатын, үнемі айналыс саласына шарпылып отыратын осы айналыс капиталының бір бөлегінің өзгерген түрінен басқа түк те емес. Біздің осы капиталдың бір бөлегі деп отырған себебіміз — товар сауда-саттығының бір-азы үнемі өнеркәсіп капиталистерінің тікелей өз арасында болып жатады. Біз өз зерттеуімізде бұл бөлекті мүлде естен шығарып отырмыз. Өйткені ұғымды анықтауға оның ешбір себебі тимейді, көпестік капиталдың өзгеше табиғатын ұғынуға



да көмектеспейді, ал, екінші жағынан, «Капиталдың» II кітабында біз оны өз мақсатымыз үшін түбегейлі зерттегенбіз.

Жалпы капиталист атаулы сияқты, товар сатушы да рынокта ең алдымен белгілі бір ақша сомасының иесі ретінде көрініп, ол сомасын капиталист ретінде авансылайды, яғни оны  $x$ -тен (алғашқы құн сомасынан)  $x + \Delta x$  түріне (сол сома және оған қосымша пайда) айналдырғысы келеді. Бірақ оған жалпы капиталист ретінде ғана емес, нақ осы товар сатушы ретінде де мына жағдай айдан-анық: оның капиталы рынокта әуелі ақша капиталы түрінде көрінуге тиіс, өйткені ол ешқандай товар өндіріп отырған жоқ, тек товарын сатып отыр, оның қозғалысына балама іздеп отыр; ал товарды сату үшін әуелі оны сатып алу керек, демек, ақша капиталының иесі болу керек.

Айталық, товар сатушы саудагердің қолында сауда капиталы ретінде пайдаланатын 3 000 ф. ст. ақшасы бар екен. Сол 3 000 ф. ст. ақшаға ол кенеп өндіретін фабриканттан, мәселен, әр кезіне 2 шиллингтен төлеп, 30 000 кез кенеп сатып алсын дейік. Ол осы 30 000 кез матаны сатады. Егер пайданың жылдық орташа нормасы = 10% болатын болса және ол барлық шығындарды шығарып тастағанда 10% жылдық пайда табатын болса, жылдың аяғында оның 3 000 ф. ст. ақшасы 3 300 фунт стерлингке айналады. Саудагер осы пайданы қандай жолмен табады — бұл біздің кейінірек зерттейтін мәселеміз. Бұл арада біз ең алдымен оның қолындағы капиталдың қозғалыс формасын қарап өтейік. Ол 3 000 ф. ст. ақшаға әрдайым кенеп сатып алады да, сол кенепті әрдайым сатады; осы алыпсатарлық операцияны,  $A - T - A'$  операциясын, тек қана айналыс процесімен шектелген капиталдың қарапайым формасын ол үнемі қайталап отырады, бұл капиталдың өзіндік қозғалысы мен қызметінің сыртында жататын өндіріс процесі үшін қажетті үзілістер бұл арада жоқ.

Өнеркәсіп капиталы болмысының қарапайым формасы ретіндегі товар капиталына осынау товар-сауда капиталының қатынасы қандай? Кенеп өндіруші фабрикантқа келетін болсақ, ол көпес ақшасының көмегімен өз кенебінің құнын қайтарып, өзінің товар капиталын құбылыстың бірінші сатысынан өткізді, оны ақшаға айналдырды, ал ендігі жерде, басқа жақтарынан осындай тиімді болған жағдайда, ол ақшасын қайтадан иірілген жіпке, көмірге, жалақыға, тағы сондайларға, ал екінші жағынан, — өз пайдасын іске жаратуға қажетті тіршілік құралдарына, тағы сондайларға айналдыра алады; демек, егер табыстың жұмсалудың сөз қылмайтын болсақ, ол ұдайы өндіріс процесін жалғастыра бере алады.

Бірақ, кенеп өндіруші үшін кенеп ақшаға айналып, құбы-

лысқа түскенімен, кенеп сатылғанымен, кенептің өзі үшін мұндай құбылыс әлі болған жоқ. Бұрынғысынша, кенеп товар капиталы түрінде әлі рынокта жүр, ол өзінің бірінші құбылысын бастан кешуге — сатылуға тиіс. Бұл кенеп өзінің иесін ауыстырғаннан басқа әлі ешбір өзгеріс көрген жоқ. Өзінің не нәрсеге арналуы жөнінен, өзінің процестегі жағдайы жөнінен ол бұрынғысынша товар капиталы, сатылатын товар күйінде қалып отыр; жалғыз-ақ енді ол бұрынғыдай өндірушінің қолында емес, сатып алған көпестің қолында. Оны сату, оны құбылысқа түсірудің бірінші сатысын дәнекерлеу қызметін енді көпес алып, өзінің арнайы кәсібіне айналдырды, ал бұрын өндіру қызметін аяқтағаннан кейін бұл қызметті өндірушінің өзі атқаруға тиісті болған-ды.

Айталық, құны 3 000 фунт стерлинг тұратын 30 000 кез кенептің тағы бір тобын рынокқа тағы да шығару үшін кенеп өндірушіге қажетті уақыт ішінде көпес 30 000 кез кенепін сата алмады, дейік. Көпес енді кенеп сатып ала алмайды, себебі оның қоймасында әлі сатылмаған, әлі ол үшін ақша капиталына айналмаған 30 000 кез кенеп жатыр. Мұндай жағдайда ұдайы өндірісте тоқырау, үзіліс басталады. Әрине, кенеп өндірушінің қалтасында қосымша ақша капиталы бар, ол соны өндіргіш капиталға айналдырып, жаңағы 30 000 кез сатылсын-сатылмасын, өндіріс процесін жалғастыра беруіне болады деп жорамалдауға болар еді. Бірақ ондай жорамалдан істің мәні өзгермейді. Әңгіме бастапқы 30 000 кез кенепті өндіруге жұмсалған капитал жайында болып отырғандықтан, оның ұдайы өндіріс процесі үзіліп қалып отыр. Демек, көпестің операциялары өндірушінің товар капиталын ақшаға айналдыру үшін жалпы орындалуға тиісті операциялар екені, бұлардың өзі айналыс пен ұдайы өндіріс процесіндегі товар капиталының қызметіне дәнекер болатын операциялар екені іс жүзінде айқын болып отыр. Егерде тәуелсіз көпестің орнына осы сату, сатып алу ісімен өндірушінің жай агенті айналысатын болса, бұл байланыс бір сәт те жасырынып қалмас еді.

Демек, товар-сауда капиталы дегеніміз, сөз жоқ, өндірушінің товар капиталынан өзге, өзінің ақшаға айналу процесін жасауға, рынокта өзінің товар капиталы ретіндегі қызметін атқаруға тиісті капиталдан өзге түк те емес. Жалғыз-ақ бұл қызмет өндірушінің қосалқы операциясы орнына енді капиталистердің — товар сатушылардың ерекше түрдегі дербес операциясы болып табылады, капиталдың ерекше жұмсалатын саласы ретінде оқшауланып шығады.

Асылы, мұның өзі товар-сауда капиталы айналымының өзгеше түрінде де байқалады. Көпес товарды сатып алады да, содан кейін сатады:  $A - T - A'$ . Жай товар айналысы тұсында,

немесе тіпті товарлардың өнеркәсіп капиталы айналысының процесі ретіндегі айналасында да,  $T' - A - T$ , айналыс мына түрде дәнекерленеді: ақшаның әрбір өлшемі қолдан қолға екі рет ауысады. Кенеп өндіруші өзінің товарын, кенепін сатады, оны ақшаға айналдырады; сатып алушының ақшасы соның қолына көшеді. Бұл ақшаға өндіруші иірілген жіп, көмір, еңбек, тағы сондайлар сатып алады, кенептің құнын қайтадан товарға, кенеп өндірісінің элементтеріне жататын товарларға айналдыру үшін, әлгі ақшаны қайтадан өндіріске жұмсайды. Оның сатып алатын товары баяғы товар емес, оның сатқанымен бір тектес товар емес. Ол өндірген өнімін сатты да, өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алды. Көпестік капиталдың қозғалысындағы жағдай бұдан өзгеше. Кенеппен сауда жасайтын саудагер 3 000 ф. ст. ақшаға 30 000 кез кенеп сатып алады; ол сонсоң айналымнан ақша капиталын (3 000 ф. ст. және пайда) шығару үшін осы 30 000 кез кенепін қайтадан сатады. Демек, бұл жерде қолдан қолға екі рет көшетін белгілі бір ақша емес, белгілі бір товар; ол сатушының қолынан сатып алушының қолына, сонсоң сатушыға айналған сатып алушының қолынан екінші бір сатып алушының қолына көшеді. Товар екі мәртебе сатылады, ол содан әрі бірнеше көпестің дәнекерлігі арқылы әлі де талай рет сатылуы ықтимал; міне, нақ осы сауданың бірнеше рет қайталауы нәтижесінде, белгілі бір товардың екі мәртебе ауысуы нәтижесінде, бірінші сатып алушы товар сатып алуға жұмсаған ақшасын қайтадан шығарып алады, демек, осы ауыс-түйіс оның ақшасын қайтарып алуына дәнекер болады. Бір жағдайда  $T' - A - T$  белгілі бір ақшаның қолдан қолға ауысуына екі мәртебе дәнекер болады, сол себепті товар бір түрде кетіп, екінші түрде келеді. Екінші жағдайда  $A - T - A'$  белгілі бір товардың қолдан қолға екі мәртебе ауысуына дәнекер болады, сол себепті жұмсалған ақша айналыстан қайта шығарылады. Бұл жерде байқалатын бір нәрсе: өндірушінің қолынан көпестің қолына көшкенде товар әлі бір жола сатылған жоқ, сату операциясын немесе товар капиталының функциясын дәнекерлеуді көпес тек одан әрі қарай жалғастырады. Бірақ сонымен бірге тағы бір байқалатыны: өндіруші капиталист үшін  $T - A$ , яғни оның капиталының товар капиталының өткіні түріндегі қызметі болған нәрсе көпес үшін  $A - T - A'$ , яғни оның өзі жұмсаған ақша капиталы құнын арттырудың ерекше процесі болып табылады. Товар құбылысының бір сатысы бұл жерде көпес жөнінде  $A - T - A'$  түрінде, демек, ерекше сипатты капитал қозғалысының жолы ретінде көрінеді.

Көпес товарды, бұл жерде кенепті тұтынушыға біржола

сатады; мейлі ол өндіргіш тұтынушы ма (мәселен, бояушы) немесе кенепті өз қажетіне пайдаланатын жеке адам ба — бәрібір. Осының нәтижесінде көпестің жұмсаған ақшасы (пайдасымен қоса) өзіне қайтарылады, сондықтан, ол операцияны қайтадан бастай алады. Егерде кенепті сатып алған кезде ақша тек төлем құралы ретінде ғана қызмет атқарған болса, онда, мәселен, көпестің кенепті алғаннан кейін алты аптадан соң ғана ақшасын төлеуге мүрсаты болар еді, сондай-ақ егер де ол кенепті осы мерзімнен ертерек сатып жіберген болса, онда ол өз жанынан ешқандай ақша капиталын жұмсамай-ақ кенеп өндірушімен есептескен болар еді. Егер де ол кенепті сатпаған болса, онда оның кенепті алған бойда-ақ төлеудің орнына төлем мерзімі жеткен кезде ғана 3 000 ф. ст. ақша жұмсауына тура келер еді; ал егер де рынок нарқының төмендеп кеткендігі салдарынан ол кенепті алған бағасынан кемге сатса, онда жетпейтін бөлегін өз қалтасынан толтырған болар еді.

Өз товарын өзі сататын өндіруші қолында, тегінде, оның айналыс саласында жүрген капиталының ұдайы өндіріс процесінің ерекше сатысындағы ерекше түрі ғана болып табылатын товар-сауда капиталына дербес қызмет етуші капитал сипатын беретін не нәрсе?

*Біріншіден*, мына жағдай: товар капиталы сол товар капиталын өндірушіден өзгеше агент қолында өзінің біржола ақшаға айналуын, демек, өзінің алғашқы қубылысын бастан кешіреді, рынокта өзінің товар капиталы ретіндегі тиісті қызметін атқарады және де товар капиталының бұл қызметі көпестің операцияларымен, оның сауда-саттығымен дәнекерленеді, сол себептен де бұл операциялар өнеркәсіп капиталының басқа қызметтерінен өзгеше, дербес іс болып шығады. Бұл — қоғамдық еңбек бөлінісінің ерекше түрі, соның нәтижесінде капиталдың ұдайы өндірісінің ерекше сатысында, яғни бұл ретте айналыста орындалуға тиісті қызметтің кейбір бөлегі өндірушіден басқаша ерекше айналыс агентінің меншікті қызметі болып табылады. Алайда бұл сияқты ерекше қарекет ұдайы өндіріс процесінде болатын өнеркәсіп капиталынан өзгеше және осы өнеркәсіп капиталынан тәуелсіз ерекше капиталдың қызметі болуы әсте міндетті шарт емес; товар саудасы кәдімгі жылпос саудагерлер немесе өнеркәсіп капиталының басқа да тікелей агенттері арқылы жүргізілетін жағдайда бұл қарекет шынында да ерекше капиталдың қызметі болып табылмайды. Демек, бұған тағы бір екінші жағдайды қоса айту керек.

*Екіншіден*, бұл мына себептен болады: айналыстың дербес агенті, көпес, өзінің осы жағдайында ақша капиталын (мен-

шікті немесе қарызға алған) авансылайды. Өзінің ұдайы өндіріс процесіндегі өнеркәсіп капиталы үшін жай ғана  $T—A$  ретінде, товар капиталының ақша капиталына айналуы ретінде немесе жай ғана сату ретінде көрінетін нәрсе көпес үшін  $A—T—A'$  ретінде белгілі бір товарды сатып алып, қайта сату ретінде, демек, товар сатып алу кезінде қолдан шығып кеткен ақша капиталын товар сату арқылы қайта қайыру ретінде көрінеді.

Көпес өндірушіден товар сатып алуға капитал авансылайтын болғандықтан, оған  $A—T—A$  болып көрінетін нәрсе эруақытта  $T—A$ , товар капиталының ақша капиталына айналуы, қашан болмасын товар капиталының алғашқы құбылысы болып табылады, ал бірақ дәл осы нәрсенің өзі өндіруші үшін, яғни өзінің ұдайы өндіріс процесінде отырған өнеркәсіп капиталы үшін  $A—T$  ретінде, ақшаның қайтадан товарға (өндіріс құрал-жабдықтарына) айналуы немесе құбылыстың екінші сатысы ретінде көрінуі де мүмкін. Кенеп өндіруші үшін  $T—A$ , товар капиталының ақша капиталына айналуы алғашқы құбылыс болды. Осы акті көпес үшін  $A—T$  болып, оның ақша капиталының товар капиталына айналуы болып көрінеді. Ал егер ол кенепті бояушыға сататын болса, онда бояушы үшін мұның өзі  $A—T$ , ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы немесе оның товар капиталының екінші құбылысы болып табылады; бірақ та көпес үшін мұның өзі  $T—A$ , оның сатып алған кенепін қайта сатқандық болып шығады. Алайда шындығында кенеп фабриканты өндірген товар капиталы енді ғана түпкілікті сатылып отыр, яғни көпестің  $A—T—A$  дегені екі өндірушінің өзара  $T—A$  қатынасын жасауындағы дәнекер процесс қана болып шығады. Немесе, айталық, кенеп өндіруші фабрикант сатқан кенепінің біраз құнына жіп иіріп, сатушыдан иірінді сатып алды дейік. Сөйтіп, мұның өзі ол үшін  $A—T$  болып шығады. Бірақ та иірінді сататын көпес үшін бұл  $T—A$ , иіріндіні алып сатқандық болады; ал енді товар капиталы ретіндегі иірінді жіптің тұрғысынан бұл оның түпкілікті сатылуы ғана болады; соның арқасында иірінді айналыс саласынан тұтыныс саласына,  $T—A$  түріне айналады, сөйтіп оның бірінші құбылысы біржолата аяқталады. Сонымен, көпес өнеркәсіпші капиталистен товар сатып ала ма, әлде оған шикізат сата ма, бәрі бір, оның  $A—T—A$  қатынасы, көпестік капиталдың айналып оралуы эруақытта да ұдайы өндірілетін өндіріс капиталының өтпелі түрі ретіндегі товар капиталының өзі үшін жай ғана  $T—A$ , жай ғана оның алғашқы құбылысының жүзеге асуы болып табылатын жағдайды білдіреді. Көпестік капиталдың  $A—T$  актісі сонымен бірге тек өнеркәсіп капиталісі үшін ғана  $T—A$

актісі болып табылады, бірақ ол өндірген товар капиталы үшін емес: мұның өзі товар капиталының өнеркәсіпші қолынан айналыс агентінің қолына көшуі ғана; шынында тек көпес капиталының  $T—A$  актісі ғана айналымда қызмет етуші товар капиталы үшін түпкілікті  $T—A$  болып табылады.  $A—T—A$  белгілі бір ғана товар капиталының екі мәртебе жасалған  $T—A$  актісі, оның бірден-бірге екі рет сатылуы ғана болып табылады, мұның өзі оның ақтық рет, түпкілікті сатылуына дәнекер ғана болады.

Демек, товар-сауда капиталында товар капиталы мына себептен капиталдың дербес түрінің формасына көшеді: көпес ақша капиталын авансылайды, ал онысы тек қана товар капиталының құбылысына дәнекер болу үшін, оның товар капиталы қызметіне, яғни оның ақшаға айналуына дәнекер болу үшін қолданылатын болғандықтан және мұны үнемі товар сауда-саттығы арқылы жүзеге асыратындықтан ғана, тек сондықтан ғана капитал ретінде құнын арттырып, капитал ретінде қызмет атқарады. Мұның өзі товар-сауда капиталының ерекше бір операциясын құрайды; өнеркәсіп капиталының айналыс процесіне дәнекер болатын бұл қызмет көпестің пайдалануындағы ақша капиталының ерекше бір функциясы болып табылады. Сол функция арқылы көпес өз ақшасын ақша капиталына айналдырады, демек, оның  $A$ -сы  $A—T—A'$  түріне айналады, міне, дәл осы жолмен ол товар капиталын товар-сауда капиталына айналдырады.

Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндіріс процесі тұрғысынан алғанда, товар-сауда капиталы әзірше товар капиталы түрінде өмір сүріп отырғандықтан және де солай болатындықтан, тегінде, әлі рынокте құбылыстар процесінде жүрген өнеркәсіп капиталының бір бөлегінен, енді товар капиталы ретінде өмір сүріп, қызмет атқарып отырған бөлегінен басқа түк те емес. Демек, бүкіл жиынтықты капиталдың ұдайы өндіріс процесі тұрғысынан алғанда біз тек көпес авансылайтын, түгелдей сауда-саттық қызметіне арналған және сондықтан да товар капиталы мен ақша капиталынан басқа ешбір формада көрінбейтін және үнемі капитал айналысы саласында болатын *ақша* капиталын ғана қарауға тиістіміз.

Кенеп өндіруші фабрикант өзінің 30 000 кез бұйымын көпеске 3 000 ф. стерлингке сатқан бойда-ақ сол түсірген ақшасына қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады да, оның капиталы қайтадан өндіріс процесіне түседі; оның өндіріс процесі үздіксіз жалғаса береді. Оның товарының ақша-

ға айналуы ол үшін енді біткен іс. Бірақ, өзіміз көргендей, кенептің өзі үшін мұндай құбылыс әлі бола қойған жоқ. Ол әлі біржола ақшаға айналған жоқ, әлі тұтыну құны ретінде өндірмелі немесе жеке тұтынуға енген жоқ. Кенеп сатушы енді рынокта алғашында кенеп өндіруші иелік еткен капиталдың иесі болып шығады. Кенеп өндіруші үшін құбылыс процесі қысқарды, бірақ енді бұл процесс одан әрі көпес қолында жалғасатын болады.

Егер кенеп өндіруші өз кенебінің товар болудан қалуын, оның соңғы алушы қолына көшуін,— мейлі ол өндіруші ме, әлде жеке тұтынушы ма бәрібір,— күтіп отыруға тиісті болса, оның ұдайы өндіріс процесі үзіліп қалған болар еді. Немесе, ол ұдайы өндірісті тоқтатпау үшін, өндірушінің өз операцияларын ықшамдауына, кенебінің азғантай бөлегін иірілген жіпке, көмірге, еңбекке, т. б.,— бір сөзбен айтқанда, өндіргіш капитал элементтеріне айналдыруына, ал көбірек бөлегін ақша резерві ретінде қалдыра тұруына тура келер еді, сонда оның капиталының бір бөлегі товар ретінде рынокта жүргенде, екінші бөлегі өндіріс процесін жалғастыра беретін болады, демек, бір бөлегі товар ретінде рынокке түскенде, екінші бөлегі ақша түрінде қайта оралып жатады. Өндіруші капиталының бұлайша екіге бөлінуін көпестің дәнекерлігі жоя алмайды. Бірақ көпес дәнекерлігінсіз айналыс капиталының ақша резерві түріндегі қолда бар бөлегі өндіргіш капитал түрінде жұмсалып отырған бөлегінен сөзсіз біршама артық болар еді де, соған сәйкес, ұдайы өндіріс көлемі қысқарып қалар еді. Ал қазір өндіруші өз капиталының көбірек бөлегін үнемі өндіріс процесіне пайдаланып, азғана бөлегін ақша резерві ретінде өзінде қалдыра алады.

Бірақ оның есесіне қоғамдық капиталдың басқа бір бөлегі көпестік капитал түрінде үнемі айналыста жүреді. Бұл бөлегі ылғи товар алып, товар сату үшін ғана жұмсалады. Сөйтіп, осы капиталды қолында ұстап отыратын кісілер ғана өзгерген сияқты болып шығады.

Егер де көпес 3 000 ф. стерлинг ақшаға кенеп сатып алып, оны қайта сатпай, оның орнына сол 3 000 ф. ст. ақшаны өзі өндірмелі түрде пайдаланған болса, онда қоғамның өндіргіш капиталы молая түсер еді. Әрине, ондай жағдайда кенеп өндіруші мен енді өнеркәсіп капиталісіне айналып кеткен көпес өз капиталдарының көбірек бөлегін ақша резерві ретінде қолда ұстауға тиісті болар еді. Екінші жағынан, егер көпес сол өзінің көпес күйінде қалатын болса, өндіруші товар сатуға кететін уақытты үнемдейді; ол осы уақытын өндіріс процесін бақылауға пайдалана алады, ал көпес бұрын өзінің бар уақытын товар сату ісін жұмсауға тиіс болатын.

Егер көпестік капитал өзінің қажетті пропорциясынан асып кетпейтін болса, онда мыналарды мойындауға тура келеді:

1) еңбек бөлінісінің нәтижесінде тек қана алып-сатарлыққа жұмсалатын капитал (ал бұған товар сатып алуға қажетті ақшадан басқа: сауда ісін жүргізетін еңбекке ақы төлеу шығындары, көпестің тұрақты капиталы — қойма үйлері, транспорты, т. б. төлеу шығындары жатады) өнеркәсіп капиталы өз кәсібінің бүкіл сауда жағын өзі жүргізгендегі жұмсалатын капиталдан кем болады;

2) көпес тек қана осы сауда ісімен айналысатын болғандықтан, өндірушінің товары ғана мезгілінен бұрын ақшаға айналып қоймайды, сонымен бірге товар капиталының өзі де өндіруші қолында тұрғандағыдан әлде қайда шапшаң құбылысқа түседі;

3) егер бүкіл көпестік капиталды өнеркәсіп капиталымен салыстыра қараса, онда көпестік капиталдың бір ғана айналымы көптеген капиталдардың бір өндіріс саласындағы айналымдарына ғана емес, сол көптеген капиталдардың әралуан өндіріс салаларындағы айналымдарын қамтыған болар еді. Егер де, мәселен, өзінің 3000 ф. ст. ақшасына бір кенеп өндірушінің өнімін сатып алып, сол өндіруші рынокке тағы сонша товарды шығарғанға дейін манағы сатып алған товарын қайта сатып үлгірген кенеп сәудегері сол екі арада тағы бір немесе бірнеше басқа кенеп өндірушінің товарын сатып алып, қайта сата алатын болса, сөйтіп бұл арқылы белгілі бір ғана өндіріс саласында әр түрлі капиталдың айналымына дәнекерлік жасаса жаңағы бірінші айтылған жағдай болады. Ал енді көпес сатып алған кенепін қайта сатқаннан кейін, кенеп алмай, жібек сатып алатын болса, онда ол басқа өндіріс саласындағы капитал айналымына дәнекерші болып шығады; бұл ретте екінші жағдай орын алады.

Жалпы алғанда мынаны атап көрсету қажет: өнеркәсіп капиталының айналысы айналыс уақытымен ғана емес, өндіріс мерзімімен де шектеледі. Көпес белгілі бір товарлармен ғана сауда жүргізетін болғандықтан, көпестік капиталдың айналымы бір ғана өнеркәсіп капиталының айналымымен шектелмейді, белгілі бір өндіріс саласындағы барлық өнеркәсіп капиталдарының айналымымен шектеледі. Біреуден кенеп алып сататын көпес ол адам рынокке қайта товар әкелгенше кенепті екінші біреуден сатып алып, оны қайта сата береді. Сонымен, белгілі бір ғана көпестік капитал қайсыбір өндіріс саласына жұмсалған әртүрлі капиталдар айналымына дәйекті түрде дәнекер бола алады, сондықтан оның айналымы қайсыбір жеке өнеркәсіп капиталының айналымдарына тең



емес, сол себептен де аталған көпестік капитал жаңағы жеке өнеркәсіп капиталисінде *in petto\** болуға тиісті ақша резервін ғана толтырып қоймайды. Көпестік капиталдың өндіріс саласындағы айналымы, әрине, сол саладағы жалпы өндіріс көлемімен шектеулі болады. Бірақ ол өндіріс мөлшерімен немесе сол саладағы жеке капитал айналымының уақытымен шектелмейді, өйткені бұл айналым уақыты өндіріс уақытымен анықталады. Айталық, А-ның әкелген товарын өндіруге үш ай керек екен. Көпес оны сатып алып, бір айдың ішінде қайта сатты дейік, сонда ол қалған уақыттың ішінде дәл осындай өнімді басқа бір өндірушіден алып, қайта сата алады ғой. Немесе, мәселен, бір фермердің астығын сатып алып, қайта сатқаннан кейін, ол осы ақшасымен басқа бір фермердің астығымен сауда жасай алады, т. т. Оның капитал айналымы ол белгілі бір мерзім ішінде, айталық, бір жыл ішінде дәйекті түрде алып-сата алатын астықтың мөлшерімен шектеулі болғанда, фермер капиталының айналымы, айналыс мерзіміне тәуелсіз бола тұра, бір жылға созылатын өндіріс мерзімімен шектеулі болады.

Бірақ белгілі бір көпестік капиталдың айналымы өндірістің әралуан салаларындағы капиталдарға да емін-еркін дәнекер бола алады.

Белгілі бір көпестік капитал әр түрлі айналымда әр түрлі товар капиталдарының дәйекті түрде ақшаға айналуына қызмет ететін болғандықтан, демек, оларды алма-кезек алып-сатып отыратындықтан, ақша капиталы ретіндегі оның товар капиталына сіңіретін қызметі жалпы ақшаның белгілі бір кезеңдегі өзінің барлық айналымдары арқылы товарға сіңіретін қызметімен бірдей болып шығады.

Көпестік капиталдың айналымы өзімен көлемдес өнеркәсіп капиталының айналымымен яғни оның бір жолғы ұдайы өндірісімен пара-пар емес; керісінше, көпестік капиталдың айналымы өндірістің белгілі бір немесе әр түрлі салаларындағы осындай бірнеше капитал айналымдарының сомасына тең. Көпестік капитал неғұрлым жылдам айналған сайын, бүкіл ақша капиталының көпестік капитал түрінде көрінетін бөлегі солғұрлым аз, ал енді ол неғұрлым баяу айналса, капиталдың бұл бөлегі анағұрлым көп болады. Өндірістің дамуы неғұрлым төмен болса, жалпы айналысқа шығарылатын товарлар сомасымен салыстырғандағы көпестік капиталдың сомасы солғұрлым көп болады; бірақ күштірек дамыған өнді-

---

\* қолма-қол. Ред.

рістегі көпестік капиталдың сомасымен салыстырғанда сәлірек дамыған өндірістегі көпестік капитал сомасының нақты көлемі кемірек болады. Және мұның керісінше. Сондықтан да мұндай мешуе өндірісте белгілі бір ақша капиталының көбірек бөлегі шындығында көпестер қолында болады да, сөйтіп, олардың дәулеті ақша күйінде басқаларға қарама-қарсы тұрады.

Көпес аванслайтын ақша капиталының айналыс шапшаңдығы: 1) өндіріс процесінің қайта басталу және әр түрлі өндіріс процестерінің бір-бірімен астасу шапшаңдығына; 2) тұтыну шапшаңдығына байланысты.

Көпестік капиталдың жоғарыда айтылған айналымды ғана жасауы үшін оның өз құнына түгелдей товар сатып алуы, сонсоң оны қайта сатуы қажет емес. Көпес бұл екі операцияны қатар жүргізеді. Мұндай жағдайда оның капиталы екіге бөлінеді. Бірі — товар капиталынан, ал екіншісі — ақша капиталынан тұрады. Көпес бір жерден зат сатып алады да, ақшасын товарға айналдырады. Сонсоң ол екінші жерде зат сатады да, товар капиталының қалған бөлегін ақшаға айналдырады. Бір жағынан, ақша капиталы түрінде оның капиталы өзіне оралып жатса, екінші жағынан, оған товар капиталы ағылып келіп жатады. Капиталдың бір формадағы бөлегі неғұрлым көп болса, екінші формадағы бөлегі солғұрлым аз болады. Бұл екі бөлек әрдайым орын алмастырып, өзара теңесіп отырады. Егер ақшаны айналыс құралы ретінде пайдалану оны төлем құралы ретінде пайдаланумен және содан туатын кредит жүйесімен ұштастырылатын болса, онда көпестік капиталдың ақша бөлегі сол көпестік капитал жасайтын сауда-саттық көлемімен салыстырғанда әлде қайда кем болып шығады. Егер де мен ақшасын 3 айдан кейін төлейтін болып 3000 ф. стерлингке шарап сатып алып, оны үш айға жеткізбей қолма-қол ақшаға сататын болсам, онда бұл сауда-саттық үшін бір тиын да авансыламауыма болады. Бұл ретте тағы бір ап-айқын нәрсе мынау: осы тұста көпестік капитал түріндегі ақша капиталы өзінің ақша капиталы түріне келген, ақша түрінде өзіне-өзінің қайтып оралу процесінде көрінетін өнеркәсіп капиталынан басқа түк те емес. (Ақшасын 3 айдан кейін алатын болып 3000 ф. стерлингке товар сатқан өндіруші сол кезде алған векселін, яғни неснелік міндеттемесін банкирдің есебіне кіргізуі мүмкін, бірақ бұл жағдай істің мәнін тіпті де өзгерте алмайды, оның товар сатушының капиталына ешқандай қатысы жоқ.) Егер де осы аралық уақытта товардың рыноктағы бағасы, айталық,  $\frac{1}{10}$  шамасында кемитін болса, онда көпестің ешқандай пайда таппайтыны былай тұрсын,

қайта, 3 000 фунт стерлинг ақшасының 2 700 ф. стерлингін ғана қайтарып алатын болады. Сонда оның есеп айырысу үшін қосымша 300 фунт стерлинг жұмсауына тура келеді. Бұл 300 ф. ст. ақша баға айырмашылығын теңестіру үшін керекті резерв ретінде ғана қызмет атқарған болар еді. Бірақ өндіруші де дәл осындай күйде болады. Егер ол өзі сататын болса, баға төмендеген жағдайда ол да 300 ф. ст. ақшасын жоғалтар еді де, резервте капиталы болмаса, бұрынғы көлемде өндірісті қайта бастай алмас еді.

Кенеппен сауда қылатын адам 3 000 фунт стерлингке фабриканттан кенеп сатып алады; ал фабрикант осы 3 000 ф. ст. ақшаның, мәселен, 2 000-ына иірілген жіп сатып алады, ол бұл жіпті өзге біреуден, иірілген жіп саудагерінен сатып алады. Фабриканттың бұл жіпке төлеген ақшасы кенеп сататын саудагердің ақшасы емес, өйткені ол өз ақшасына сондай мөлшерде товар алып қойған. Бұл — оның өз капиталының ақшалай формасы. Ал енді иірілген жіп саудагерінің қолына келгенде әлгі 2 000 ф. ст. оның өзіне қайтып оралған ақша капиталы болып табылады; бірақ ол қаншалықты дәрежеде ақша капиталы бола алады, кенептен өтіп, иірінді жіпке ауысқан ақша түрі саналатын 2 000 ф. стерлингтен оның қаншалықты айырмасы бар? Егер де иірілген жіп саудагері кредитке алып, соның мерзімі өткенге дейін қолма-қол ақшаға сататын болса, онда бұл 2 000 ф. стерлингте өнеркәсіп капиталының өзі толық бір айналғанда қабылдайтын ақша формасынан өзгеше көпестік капиталдан көк тиын да жоқ. Товар-сауда капиталы көпес қолындағы товар капиталы немесе ақша капиталы түріндегі өнеркәсіп капиталының жай ғана формасы болып табылмайтындықтан, ол көпестің нақ өзіне тиісті болып, товар алып-сатарлығы саласында қызмет қылатын ақша капиталының бір бөлегінен бөтен түк те емес. Бұл бөлек шағындалған көлемде алып қарағанда өнеркәсіпке авансыланған капиталдың бір бөлегі, яғни ақша резерві ретінде, сатып алу құралы ретінде үнемі өнеркәсіп иелерінің қолында болуға тиісті, солардың ақша капиталы ретінде үнемі айналымда болуға тиісті бөлегі болып шығады. Бұл бөлек шағын көлемде енді көпес-капиталистің қолында болып, сол күйде үнемі айналыс процесінде жүреді. Мұның өзі — жиынтық капиталдың бір бөлегі, егер табыс ретінде жұмсалатын үлесті былай қойғанда, ұдайы өндіріс процесінің үздіксіздігін демеу үшін сатып алу құралы ретінде үнемі рынокта айналыста болуға тиісті бөлегі. Ұдайы өндіріс процесі неғұрлым шапшаң болса, ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі неғұрлым күшті өрістеген болса, яғни кредит жүйесі неғұрлым күшті

дамыған болса, әлгі бөлек жиынтық капиталдың жалпы көлемінен солғұрлым аз болады<sup>38)</sup>

Көпестік капитал дегеніміз айналыста жүрген капитал, одан өзге түк те емес. Айналыс процесі дегеніміз бүкіл ұдайы өндіріс процесінің бір сатысы болып табылады. Бірақ айналыс процесінде ешқандай құн өндірілмейді, сондықтан ешқандай қосымша құн да өндірілмейді. Бұл процесте бар болғаны белгілі бір құн аумағының формасы ғана өзгереді. Шындығында да, бұл жерде товар құбылысынан бөтен түк те болмайды, ал бұл құбылыстың құн жасалуына немесе құнның өзгеруіне ешқандай қатынасы жоқ. Егер де өндірілген товарды сату кезінде қосымша құн өндірілетін болса, оның себебі — товарда әуелден қосымша құн болғандықтан ғана; сондықтан екінші актіде, ақша капиталының қайтадан товарға (өндіріс элементіне) айналған кезінде, сатып алушы тағы да ешқандай қосымша құнды өндіре алмайды, ақшаны өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмысшы күшіне айырбастау арқылы қосымша құн өндіруге тек әзірлік қана жасалады. Керісінше. Мұндай құбылыстар айналыс уақытын талап ететін болғандықтан, ал бұл уақыт ішінде капитал жалпы ешнәрсе өндірмейтін болғандықтан, демек, қосымша құн да өндірмейтіндіктен, бұл уақыт құн жасау ісін тоқыратады, пайда нормасы түрінде көрінетін қосымша құн айналыс уақытының мерзіміне дәл кері қатынаста болып шығады. Демек, көпестік капитал құн да, қосымша құн да жасамайды, яғни оларды өзі тікелей жасамайды. Көпестік капитал айналыс уақытын

<sup>38)</sup> Көпестік капиталды өндіргіш капитал деп бағалауға негіз болуы үшін Рамсей оны тасымал өнеркәсібіне теңеп, сауданы „the transport of commodities from one place to another“ («товарды бір жерден екінші жерге тасымалдау») деп атайды. («An Essay on the Distribution of Wealth» [Edinburgh, 1836], p. 19). Дәл осылай баламалау *Верри* дің мына басылымында: („Meditazione sulla Economia Politica“) [Custodi „Scrittori Classici Italiani di Economia Politica“. Parte moderna, t. XV, p. 32] § 4) және Сэй («Traité d' Economie Politique» [t. I. Paris, 1817, p. 14–15]). еңбектерінде де кездеседі. Өзінің „Elements of Political Economy“ (Andover and New York, 1835) атты еңбегінде С. Ф. Ньюмен былай дейді: «Қоғамның қазіргі экономикалық құрылысында өндіруші мен тұтынушының арасында тұрып, өндірушіге капитал авансұлайтын, ол капиталының өтеуіне өнім алатын, содан кейін ол өнімді тұтынушыға беретін, сөйтіп, өз капиталын өзіне қайтаратын көпестің тындыратын істері — осы актінің өзі — қоғамның экономикалық процестерін жеңілдететін және әлгі істі тындыруға дәнекер болған өнімге құнды жалғастыратын әрекет болып табылады (174-бет). Сөйтіп, көпестің дәнекерлігі арқасында өндіруші мен тұтынушы ақшалары мен уақыттарын үнемдейді. Бұл қызметті атқарғаны үшін капитал мен еңбекті авансұлап ақы төлеу керек болады, «өйткені мұның өзі құн мен өнімді жалғастырады, себебі ол өнімнің тұтынушы қолына келгендегі құны өндіруші қолында тұрғандағыдан артық болады». Сонымен, салып келгенде, дәл Сэй мырза сияқты, бұл автор да сауданы «strictly an act of production» [«сөздің дәл мағынасындағы өндіріс актісі»] (175-бет) деп есептейді. Ньюменнің бұл пікірі мүлде қате. Тұтынушы қолындағы товардың тұтыну құны өндіруші қолындағыдан артық болады, өйткені тұтыну құны тек соған барғанда ғана жүзеге асады. Шындығында товардың тұтыну құны тек товар тұтыну саласына көшкеннен кейін ғана жүзеге асып, өз қызметін атқара бастайды. Өндіруші қолында тұрғанда ол потенциалық формада ғана болады. Бірақ бір товардың құны: әуелі айырбас құны деп, одан кейін тағы да оның тұтыну құны деп, екі рет төленбейді. Товардың айырбас құнын төлей отырып, мен енді оның тұтыну құнын иемденемін. Сондықтан товар өндіруші қолынан немесе арадағы деддал дәнекер қолынан тұтынушы қолына көшті екен деп, оның айырбас құны титтей де өспейді.

қысқартуға ықпал ететіндіктен, өнеркәсіп капиталисі өндіретін қосымша құнның молаюына жанама түрде әсер ете алады. Ол рыноктың кеңеюіне әсер етіп, капиталдар арасындағы еңбек бөлінісіне дәнекер болатындықтан, демек, капиталдың үлкенірек көлемде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін болғандықтан, оның қызметі өнеркәсіп капиталының өнімділігін арттырады да, оның қорлануына ықпал етеді. Көпестік капитал одан әрі айналыс уақытын қысқартатын болғандықтан, ол қосымша құнның авансыланған капиталға, демек, пайда нормасына да қатынасын күшейтеді. Ақырында, көпестік капитал капиталдың ақша капиталы ретінде ұдайы айналыс саласында қалуға тиісті бөлегін азайтатын болғандықтан, ол капиталдың тікелей өндіріске қолданылатын бөлегін ұлғайтады.

## ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## САУДА ПАЙДАСЫ

«Капиталдың» II кітабынан біз мынаны көрдік: капиталдың айналыс саласындағы таза қызметтері — өнеркәсіп капиталисінің: біріншіден, өз товарларының құнын жүзеге асыру үшін, екіншіден, ол құнды қайтадан товар өндірісінің элементіне айналдыру үшін жасайтын операциялары, товар капиталының  $T'—A—T$  түрінде құбылуына, демек, сату және сатып алу актілеріне дәнекер болатын операциялары — өздігінен құн да, қосымша құн да жасамайды. Қайта, керісінше, оларға қажетті уақыт құн мен қосымша құн жасау үшін объективтік жағынан товар жөнінде, субъективтік жағынан капиталист жөнінде шек қоятынын көрдік. Ал енді товар капиталының өзінің құбылуына келетін болсақ, әрине, оның бір бөлегі товар-сауда капиталына айналғанынан немесе товар капиталының құбылысына дәнекер болатын операциялар капиталистердің ерекше тобының ерекше қызметі яғни ақша капиталының бір бөлегінің дербес функциясы болып табылатындығынан келер-кетер ешнәрсе жоқ. Егер өнеркәсіп капиталистерінің өздері жүргізетін товар сату және сатып алу шаралары,— ал товар капиталының  $T'—A—T$  түрінде құбылуының өзі осыған саяды,— ешқандай құн немесе қосымша құн жасамайтын операциялар болып табылатын болса, онда бұл операциялар товар сату және сатып алу шараларын бұлар емес, өзге адамдар жүрген жағдайда да ешқандай құн немесе қосымша құн жасай алмайды. Әрі қарай, егер ұдайы өндіріс процесін айналыс процесі үзіп кетпей, ол тоқтаусыз жалғаса беруі үшін, жиынтықты қоғамдық капиталдың ақша капиталы ретінде әрдайым қолда болуға тиісті бөлегі,— егер осы ақша капиталы ешқандай құн да, қосымша құн да жасамайтын болса, онда бұл капиталды өзіне тиісті қызметтерін атқару үшін үнемі айналыста болуға өнеркәсіп капиталистерінен өзге бір топтағы капиталистер жұмсаған күнде де ол әлгіндей құн немесе қосымша құн жасау қасиетіне ие бола

алмас еді. Көпестік капиталдың жанама түрде қаншалықты өндiргiш бола алатыны жайында ескертiлдi, ал кейiнiрек ол толығырақ зерттелетiн болады.

Сонымен, товар-сауда капиталымен байланысты бола алатын: товарды сақтау, оларды жөнелту, тасымалдау, топтау, сұрыптау сияқты әралуан қызметтердiң барлығын кейiн ысырып тастап, оның сату үшiн сатып алатын негiзгi қызметiн ғана алатын болсақ, товар-сауда капиталы құн да, қосымша құн да жасамайды, тек олардың жүзеге асуына дәнекер болады. сол арқылы және сонымен бiрге шын мәнiсiндегi товар айырбасына, товардың бiр қолдан бiр қолға ауысуына, қоғамдық зат айырбасына дәнекер болады. Солай болғанымен де, өнеркәсiп капиталы айналысының фазасы, дәл өндiрiс сияқты ұдайы өндiрiс процесiнiң де фазасы болып табылатындықтан, айналыс процесiнде дербес қызмет ететiн капитал да, дәл өндiрiстiң әр алуан саласында қызмет ететiн капитал сияқты, жылдық орта пайда келтiруге тиiстi. Егер де көпестiк капитал проценттiк жағынан алғанда өнеркәсiп капиталынан гәрi молырақ орта пайда келтiрген болса, онда өнеркәсiп капиталының бiр бөлегi көпестiк капиталға айналып кеткен болар едi. Ал егер оның келтiретiн орта пайдасы азырақ болса, онда жаңағыға керiсiнше жағдай болар едi. Көпестiк капиталдың бiр бөлегi өнеркәсiп капиталына айналар едi. Капиталдың бiрде-бiр түрi өзiнiң мақсатын да, қызметiн де дәл көпестiк капиталдай оп-оңай өзгерте алмайды.

Көпестiк капиталдың өзi қосымша құн өндiрмейтiн болғандықтан, орташа пайда түрiнде оның үлесiне тиетiн қосымша құн бүкiл өндiргiш капитал өндiрген қосымша құнның бiр бөлегi болып табылатыны түсiнiктi. Бiрақ ендiгi мәселе мынада: өндiргiш капитал өндiрген қосымша құнның немесе пайданың өз үлесiне тиетiн бөлегiн көпестiк капитал өзiне қарай қалайша тартып алады?

Сауда пайдасы дегенiмiз жай ғана үстеме, товардың бағасын өз құнынан асыра нақтылап бәстеу десек, ол сыртқы көрiнiсi ғана болар едi.

Көпестiң өз пайдасын тек сататын товарларының бағасынан ғана шығара алатыны түсiнiктi, ал ендi оның өз товарларын сатып тапқан пайдасы сол товардың алу бағасы мен сату бағасының арасындағы айырмашылыққа тең болуға тиiс екенi, сату бағасының алу бағасынан артылған мөлшерiне тең болуға тиiс екенi одан бетер түсiнiктi.

Товарды сатып алып, оны қайта сатқанға дейiнгi екi арада оған қосымша шығындар (айналыс шығындары) араласуы мүмкiн, бiрақ ондай жағдайдың болмауы да ықтимал. Егер ондай шығындар бола қалған күнде, сату бағасының алу

бағасынан артқан мөлшері таза пайда болып шыға келмейтіні түсінікті. Зерттеуді қиындатпау үшін біз ең алдымен бұл сияқты ешқандай шығындар жоқ деген тоқтамға келейік.

Өнеркәсіп капиталісі үшін оның товарларының сату және сатып алу бағаларының арасындағы айырмашылық олардың өндіру бағалары мен өндіріс шығындары арасындағы айырмашылыққа тең, яғни, егер жиынтықты қоғамдық капиталды алып қарайтын болсақ, товар құны мен капиталистер үшін оны өндіруге кететін шығындар арасындағы айырмашылыққа тең, ал мұның өзі, өз орайымен, сол товарлардағы затқа айналған бүкіл еңбек мөлшері мен олардағы затқа айналып, ақысы төленген еңбек мөлшері арасындағы айырмашылыққа барып саяды. Өнеркәсіп капиталісі сатып алған товарлар сатуға әзір товар болып, қайтадан рынокқа шығарылғанға дейін өндіріс процесінен өтеді, ол процесте товар бағасының кейіннен пайда түрінде жүзеге асырылатын бір бөлегі ғана өндіріледі. Ал товар саудагерінде мұның бәрі мүлде өзгеше. Товар өзі айналыс процесінде жүрген кезде ғана оның қолында болады. Саудагер товар сату жөніндегі өндіргіш капиталист бастаған істі тек әрі жалғастырады, товар бағасын жүзеге асыру жөніндегі істі ілгері жалғастырады, сондықтан ол товарларды тағы да қосымша күн қосып алатындай ешқандай процеске түсірмейді. Өнеркәсіп капиталісі өзі бұрын өндірген қосымша құнды немесе пайданы айналыста жүзеге асыратын ғана болса, көпес, керісінше, айналыста және айналыс арқылы өз пайдасын жүзеге асырып қоймай, алдымен ол пайданы жасауға тиісті болады. Тегінде, осының өзі тек бір жағдайда ғана: өнеркәсіп капиталісінен өндірістік бағасына, немесе,— егер жиынтықты товар капиталын алып қарайтын болсақ,— өз құнына сатып алған товарларын саудагер сол өндірістік бағасынан артыққа сататын болса, сөйтіп, товар бағасына үстеме бәс қоятын болса, демек,— жиынтықты товар капиталын алып қарағанда,— товарды өз құнынан қымбатқа сататын болса, сөйтіп, товардың нақты бағасынан жоғары үстеме бәсінің артығын өз қалтасына салып алатын болса,— сонда ғана,— қысқасын айтқанда, товарды өз бағасынан қымбатқа сатқанда ғана мүмкін болатын сияқты.

Үстеменің бұл формасын түсіну оңай. Мәселен, бір кез кенеп 2 шиллинг тұрады дейік. Егер менің кенепті алып-сату үстінде 10% пайда табуым керек болса, мен оның бағасына  $\frac{1}{10}$  үстеме қосуым керек, демек, кенептің бір кезін 2 шилл.  $2\frac{2}{5}$  пенске сатуым керек. Сонда кенептің өндірістегі нақты бағасы мен сауда бағасының арасындағы айырмашылық  $=2\frac{2}{5}$  пенс, ал мұның өзі 2 шиллингке келетін 10% пайданың мөлшері. Бұл жағдайда мен бір кез кенепті шындығында



$1\frac{1}{10}$  кез аршынның бағасына сатып отырмын. Немесе, мұның өзі басқаша айтқанда: мен алушының 2 шиллинг ақшасына  $\frac{10}{11}$  кез ғана кенеп сатып,  $\frac{1}{11}$  кез кенепті жаныма қалдырғанмен бірдей болып шығады. Расында да, кенептің бір кезі 2 шилл.  $2\frac{2}{5}$  пенс тұрады деген есеппен мен  $2\frac{2}{5}$  пенс ақшаға қайтадан  $\frac{1}{11}$  кез кенеп сатып ала аламын. Демек, мұның өзі, сайып келгенде, товар бағасын үстемелеп арттыру арқылы қосымша құн мен қосымша өнімнен үлес алудың жанама жолы болып шығар еді.

Бұл — алғаш қарағанда, товар бағасына үстеме қосу арқылы сауда пайдасын жүзеге асырғандық. Шынында да, товар бағасын үстеме бәспен өсіріп сатудан яғни өз құнынан артық бағамен сатудан түсетін пайда жөніндегі ұғым сауда капиталын бақылаудан туған.

Алайда егер мәселеге жақынырақ келіп қарайтын болсақ, мұның өзі жалған ұғым екенін, капиталистік өндіріс тәсілін үстем тәсіл деп қараған жағдайда сауда пайдасы басқаша әдіспен алынатынын бірден көреміз. (Бұл жерде әңгіме әрдайым жекелеген жағдайлар туралы емес, орта мөлшерлі жалпы жағдайлар туралы болмақ). Товар саудагері өз товарынан, айталық, оларды өндірістік бағасынан 10% артыққа ғана сатып, 10% пайда таба алады деп біз қалайша болжай аламыз? Себебі, біз ол товарларды өндіруші, өнеркәсіп капиталисі (ол өнеркәсіп капиталының бейнесі ретінде сыртқы дүниеге әруақытта «өндіруші» болып көрінеді) көпеске өндіріс бағасымен сатты деп болжап отырмыз. Егер товар саудагерінің товарға төлеген бағасы оның өндіріс бағасымен, сайып келгенде, оның құнымен бірдей болса, сондықтан, демек, өндіріс бағасы, сайып келгенде, товар құны көпес үшін өндіріс шығыны болып көрінетін болса, онда оның товарды сатқан бағасының алған бағасынан артылған үстемесі,— ол осындай бағалар арасындағы айырмашылықтан ғана пайда таба алады,— товарлардың сауда бағасының өндіріс бағасынан артығы болуға тиіс, сайып келгенде, көпес барлық товарды өз құнынан артыққа сатуға тиісті болады. Бірақ біз өндіріс капиталисі өз товарларын оларды өндіріс бағасымен ғана сатады деп қалай болжай аламыз? Яғни, дәлірек айтқанда, осылай болжағанда біз нені еске алдық? Біз сауда капиталының (біз бұл жерде оны әлі товар-сауда капиталы түрінде ғана көріп отырмыз) жалпы пайда нормасын жасауға қатынаспайтынын еске алған болатынбыз. Жалпы пайда нормасын зерттегенде, біздің қажетті түрде осындай болжамға сүйенген себебіміз: біріншіден, онда сауда капиталы біз үшін әлі ол ұғымда көрінген жоқ-ты; ал екіншіден, орта пайданы, демек, жалпы пайда нормасын да,

ең әуелі әр түрлі өндіріс салаларындағы өнеркәсіп капиталының шын мәнісінде өндіретін пайдаларының немесе қосымша құндарының теңелуі ретінде зерттеу қажет болды. Бұған келісінше, көпес капиталы бізге өндіріске қатынаспай-ақ пайдаға қатынасатын капитал ретінде көрінеді. Демек, біздің бұрынғы баяндағанмызды енді толықтыру қажет.

Айталық, бүкіл жыл бойына авансыланған өнеркәсіп капиталы  $= 720_c + 180_v = 900$  (мәселен, миллион фунт стерлинг), ал  $m' = 100\%$  екен дейік. Демек, өндірілген өнім  $= 720_c + 180_v + 180_m$ . Егер осыдан кейін біз осы өнімді, яғни өндірілген товар капиталын  $T$  арқылы мағыналайтын болсақ, онда оның құны, яғни өндіріс бағасы (себебі товардың бүкіл жиынтығында бұл екеуі пара-пар)  $= 1\ 080$ , ал 900-дік бүкіл капитал үшін пайда нормасы  $= 20\%$ . Жоғарыда айтылғанға сәйкес, бұл 20% орта пайда нормасы болып шығады, өйткені бұл жерде қосымша құн ерекше құрылымды қайсыбір капиталға шағып есептелмейді, орташа құрылымды бүкіл өнеркәсіп капиталына тұтас шағылады. Сонымен,  $T = 1\ 080$  де, пайда нормасы  $= 20\%$ . Ал енді былай деп болжайық: осы 900 ф. ст. өнеркәсіп капиталына тағы да 100 ф. ст. көпестік капитал келіп қосылсын дейік, сонда мұның өзі көлеміне *pro rata*\* пайдадағы үлесі алдыңғымен бірдей болады. Болжал бойынша, көпестік капитал 1 000 көлеміндегі жиынтықты капиталдың  $\frac{1}{10}$  бөлігі болады. Демек, 180 көлеміндегі жиынтықты қосымша құнның  $\frac{1}{10}$  бөлігі соның үлесіне келеді, сөйтіп, ол 18% нормасында пайда табады. Демек, бүкіл жиынтықты капиталдың қалған  $\frac{9}{10}$  бөлігіне бөлінетін пайда да іс жүзінде 162-ге ғана тең болады, яғни 900 көлеміндегі капиталға келетін пайда тағы да  $= 18\%$ . Сөйтіп, 900 көлеміндегі өнеркәсіп капиталы иелерінің товар саудагерлеріне  $T$  сататын бағасы  $= 720_c + 180_v + 162_m = 1\ 062$ . Демек, егер көпес өзінің 100 көлеміндегі капиталына 18 орта пайданы қосатын болса, онда ол өз товарын  $1\ 062 + 18 = 1\ 080$ -ге, немесе өндіріс бағасына, яғни — бүкіл товар капиталын алып қарайтын болсақ, — товардың өз құнына сатады; ал бірақ ол өзіне пайданы тек айналыстан және айналыс арқылы ғана табады, тапқанда оның сатқан бағасы ылғи алған бағасынан асып түсіп отырады. Бірақ қайткенмен де ол товарды өз құнынан, яғни өндіріс бағасынан қымбат сатпайды, себебі ол товарды әуелде өнеркәсіп капиталисінен сатып алғанда өз құнынан, яғни өндіріс бағасынан арзанға алған болатын.

Сонымен, көпестік капитал өзі жиынтық капиталдың қандай үлесі болса, дәл соған *pro rata* мөлшерде жалпы пайда нормасын жасауға белсене қатынасады. Демек, егер біз бұл ретте: орта пайда нормасы  $= 18\%$  деп аламыз; ол енді егер де

\* пропорциялы түрде. *Ред.*

жиынтық капиталдың  $\frac{1}{10}$  бөлігі көпестік капитал болмаса және соның салдарынан жалпы пайда нормасының  $\frac{1}{10}$  бөлігі кеміп кетпеген болса, онда орта пайда нормасы = 20% болар еді. Сонымен бірге өндіріс бағасының неғұрлым дәл, шектеулі анықтамасы пайда болады. Өндіріс бағасы деп, жоғарыда айтылғандай, мынаны түсіну керек: товар бағасы = оның шығындары (ондағы тұрақты және өзгермелі капитал құны) + саудадан түсетін орта пайда. Бірақ бұл орта пайда енді басқаша анықталатын болады. Енді ол бүкіл өндіргіш капитал өндіретін барлық пайдаға қарай анықталады; бірақ ол осы бүкіл өндіргіш капиталға ғана шағып есептелмейді, бұл жағдайда, егер ол бұрынғыша = 900, ал пайда = 180 болатын болса, орта пайда нормасы болар еді =  $\frac{180}{900} = 20\%$ , ал шындығын-

да ол былай есептеледі: бүкіл өндіргіш капитал + сауда капиталы, бұл жағдайда, егер өндіргіш капиталы 900 болып, оның үстіне 100 сауда капиталы қосылатын болса, онда орта пайда =  $\frac{180}{1000} = 18\%$ . Демек, өндіріс бағасы =  $k$  (шығындар) + 20

емес,  $k + 18$  болады. Орта пайда нормасында барлық пайданың ішіндегі сауда капиталының үлесіне тиетін бөлегі де есепке алынып қойды. Сондықтан бүкіл товар капиталының шын құны, яғни өндіріс бағасы =  $k + p + h$  (бұл жерде  $h$  сауда пайдасын көрсетеді). Демек, өндіріс бағасы немесе өнеркәсіп капиталісінің сатқан бағасы товар өндірісінің шын бағасынан кем болады; немесе, егер бүкіл товарлар жиынтығын алып қарайтын болсақ, өнеркәсіп капиталистері табының сататын бағасы ол товарлардың құнынан төмен болады. Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалда: 900 (шығындар) + 900-ге келетін 18%, немесе  $900 + 162 = 1\ 062$ . Ал көпес 100-ге алған товарын 118-ге сатып, әрине, 18 процент қосады; бірақ та оның 100-ге сатып алған товарының құны 118 тұратын болғандықтан, ол сайып келгенде товарды өз құнынан артыққа сатпайды. Біз өндіріс бағасы деген ұғымды жоғарыда айтылған неғұрлым дәл мағнасында қолданамыз. Ондай жағдайда айқын болатын нәрсе: өнеркәсіп капиталісінің пайдасы товардың өндіріс бағасының оны өндіруге жұмсалған шығындардан артылған үстемесіне тең болады да, осынау бір өнеркәсіп пайдасынан өзгеше сауда пайдасы сатар бағаның товарды өндіру бағасынан артылған үстемесіне тең болады, ал мұның соңғысы көпес үшін алар баға болып қалады; бірақ тағы бір айқын нәрсе: товардың шын бағасы = оның өндіріс бағасы + көпестің (сауда) пайдасы. Өнеркәсіп капиталының пайданы қосымша құн ретінде ол товар құнына кіретін болғандықтан ғана жүзеге асыратыны сияқты, сауда капиталы да оны өнер-

кәсіп капиталы товардың бағасында<sup>39)</sup> қосымша құнды немесе пайданы түгел жүзеге асырмағандығы себепті ғана жүзеге асырады. Сөйтіп, көпестің сататын бағасы оның алған бағасынан артық болады, ал оның себебі — сатар бағасының бүкіл құннан артық болғандығынан емес, алар бағасының одан төмен болғандығынан.

Сонымен, қосымша құнның өзін жасауға қатынаспағанымен, көпестік капитал қосымша құнды орта пайдаға теңестіруге қатынасады. Сондықтан қосымша құнның көпестік капитал үлесіне тиетін бөлегі, яғни өнеркәсіп капиталы пайдасының бір бөлегі қазірдің өзінде жалпы пайда нормасының ішіне кіріп кетеді.

Жоғарыда айтылғаннан мынадай қорытынды туады:

1) Өнеркәсіп капиталымен салыстырғанда көпестік капитал неғұрлым көп болса, өнеркәсіптік пайда нормасы солғұрлым аз болады және мұның керісінше.

2) Егер бірінші бөлімде шын қосымша құн нормасына қарағанда пайда нормасының әруақытта аз көлеммен белгіленетіні, яғни әруақытта еңбекті қанаудың тым төмен дәрежесін көрсететіні анықталған болса, — мәселен, жоғарыда келтірілген  $720_c + 180_v + 180_m$  жағдайында 100% қосымша құн нормасы пайда нормасы ретінде тек 20% қана болып белгіленген болса, — онда бұл мөлшерлер айырмашылығы одан сайын үлкейе түседі, өйткені, егер көпестік капиталға тиетін үлесті ескеретін болсақ, онда орта пайда нормасының өзі, өз орайымен, шағындалып, біздің мысалымызда 20% орнына 18% болып көрінеді. Демек, тікелей қанаушы капиталистің орта пайда нормасы оның шын мәнісіндегі көлемімен салыстырғанда кішірейген пайда нормасын көрсетеді.

Мұнымен бірдей басқа жағдайларда көпестік капиталдың салыстырмалы көлемі оның айналым шапшандығына кері қатынаста, демек, жалпы ұдайы өндіріс процесінің қуатына кері қатынаста болады (алайда саудагерлердің аралық тобы — ұсақ саудагерлердің [Zwittergattung] капиталы бұған жатпайды). Ғылыми талдау барысында жалпы пайда нормасын жасайтын бастапқы пункт ретінде өнеркәсіп капиталдары мен олардың арасындағы бәсеке алынады да, тек кейінірек, көпестік капиталдың дәнекерлігі арқасында ғана, оған түзету, толықтыру және өзгеріс енгізіледі. Тарихи дамудың барысында істің жайы бұған керісінше болады. Әуелгіде товарлардың бағасын біршама олардың құнына қарап анықтайтын капитал — сауда капиталы болады да, алғаш рет жалпы пайда нормасы жасалатын сала — ұдайы өндіріс процесіне дәнекер болатын

<sup>39)</sup> John Bellers [Essays about the Poor, Manufactures, Trade, Plantations, and Immortality. London, 1699, p. 10].

айналыс саласы болады. Әдепкіде сауда пайдасы өнеркәсіп пайдасын белгілейді. Ал енді капиталистік өндіріс тәсілі енгізіліп, өндірушінің өзі көпес болып алғаннан кейін, сауда пайдасы бүкіл қосымша құнның қоғамдық ұдайы өндіріс процесінде қызмет атқаратын жиынтық капиталдың тиісті бөлегі ретінде сауда капиталының үлесіне тиетін бір бөлегі ғана болып шығады.

Көпестік капиталдың келіп килігуі салдарынан пайдалардың қосымша теңесуі кезінде байқалған нәрсе — көпес авансылаған ақша капиталына қосымша ешқандай элемент товар құнына кірмейді, бағаға үстеме қосып, сол арқылы табатын көпестің өз пайдасы товар құнының өндіргіш капитал товарды өндіру бағасына қоспаған бөлегіне, өз еркімен құрбан еткен бөлегіне тең болады. Осы ақша капиталының жайы өнеркәсіп капиталисінің негізгі капиталының жайымен бірдей, өйткені ол тұтынылған жоқ, демек, оның құны товар құнының ешбір элементіне кірген де жоқ. Капиталистің товар капиталын сатып алған бағасының нақ өзімен ол товардың өндіріс бағасын ақшалай өтейді, яғни  $bұл = A$ . Ал оның сатқандағы товар бағасы, жоғарыда көрсетілгендей,  $= A + \Delta A$ , бұл арадағы  $\Delta A$  жалпы пайда нормасымен анықталатын товар бағасына қосылатын үстемені көрсетеді. Демек, егер көпес товар сататын болса, оған  $A$ -дан басқа, оның товар сатып алуға авансылаған алғашқы ақша капиталы да қайтып оралады. Бұл арада тағы да басы ашылатын нәрсе — оның ақша капиталы деп отырғанымыз сірәғысында ақша капиталына айналған өнеркәсіп капиталисінің товар капиталы, одан басқа түк те емес; егер де товар капиталы көпеске сатылмай, түпкілікті тұтынушыға тікелей сатылғанда қалай болса, бұл да солай, әлгі товар капиталы құнының көлеміне онша көп әсер ете алмайды. Іс жүзінде ол тұтынушының товарға төлейтін ақшасын алдын ала төлейді. Алайда бұлай деу тек бір жағдайда, егер, осыған дейін өзіміз болжағандай, көпес ешқандай шығын шығармайтын болса яғни товардың құбылу процесінде, саудасаттық кезінде, ол өндірушіден товар сатып алу үшін авансылауға тиісті ақша капиталынан тыс ешқандай басқа капитал, не негізгі, не айналым капиталын жұмсамайтын болса, тек сол жағдайда ғана әділ болады. Алайда, біздің айналыс шығындарын талдап қарағанда көргеніміздей («Капитал», II кітап, VI тарау), істің жайы олай болмайды. Сөйтіп, бұл айналыс шығындарының біразы айналыстың басқа агенттерінен көпес талап етуге боларлықтай болса, енді біразы оның өзгеше кәсібімен тікелей байланысты.

Бұл айналыс шығындары қай түрде болса да, олар кәдімгі таза көпестік әрекетке тән бе, демек, көпес айналысының ерек-

ше шығындарына жата ма, немесе жөнелту, тасымалдау, сақтау, т. с. сияқты қосымша өндіріс процестерінен туатын шығыстар ма — бәрі бір, олар әрдайым көпестің товар сатып алуға жұмсаған ақша капиталынан басқа осы айналыс құралдарын авансылауын алдын ала қажет етеді. Шығындардың бұл элементі айналым капиталынан тұрған жағдайда ол қосымша элемент ретінде түгелдей товарлардың сату бағасына кіреді; ал енді ол негізгі капиталдан тұрған жағдайда товарлардың сату бағасына өзінің ұсталу-тозу дәрежесіне қарай қосымша элемент болып кіреді; бірақ ол сонымен бірге, тіпті таза көпестік айналыс шығындары ретінде товар құнына ешқандай нақты қосымша бола алмағанның өзінде де, тұрақты жеке құн жасайтын элемент ретінде де кіреді. Бірақ күллі осы қосымша капитал, мейлі айналым капиталы, мейлі негізгі капитал болсын, жалшы пайда нормасын жасауға қатынасады.

Айналыстың таза көпестік шығындары (демек, товарды жөнелтуге, тасымалдауға, сақтауға, т. б. кететін шығындардан басқа) товар құнын жүзеге асыру үшін, оны товардан ақшаға немесе ақшадан товарға айналдыру үшін, олардың арасындағы айырбасқа дәнекер болу үшін қажетті шығындарға саяды. Бұл арада біз айналыс актісінің басынан аяғына дейін созыла алатын және көпес әрекеттерінің өз алдына дербес жүргізілуіне ешқандай қатынасы болмайтын өндіріс процестеріне мүлде соқпай, оларды бір бүйірде қалдырып отырмыз. Мәселен, нақты транспорт, товарларды іс жүзінде жөнелту ісі саудадан мүлде өзгеше жеке салалар бола алатыны және солай да болатыны сияқты, сауда-саттыққа арналған товарлардың докторда және басқа қоғамдық орындарда жатуы мүмкін ғой, ал көпес оларды авансыландыруға тиісті болғандықтан, оларға жұмсалатын шығынды үшінші біреулерге төлеуге тура келеді. Осының барлығы көпестік капитал неғұрлым таза күйінде көрініп, басқа әрекеттермен өте аз астасатын көтерме сауда саласында орын алады. Ылау айдаушы кәсіпорын қожасы, темір жол басқарушысы, кеме иесі — «көпес» емес. Біздің бұл жерде айтып отырған шығындарымыз — сауда-саттық шығындары. Оған жататындар: есеп-қисап, бухгалтерлік есеп жүргізу ісі, рынок шығындары, қатынас-қағаз шығындары және сондайлар екенін біз бұдан бұрын атап өткенбіз. Кеңсе, қағаз, почта знактары, т. с. осыларға қажетті тұрақты капитал болып есептеледі. Сауда жұмысшыларын жалдауға авансыланатын ауыспалы капитал шығынның басқа түрлеріне жатады. (Қабылдау-жөнелту шығындарын, транспорт шығындарын, баж салықтарын, т. с. ішінара былай деп қарауға да: көпес ол шығындарды товар сатып алуға авансылаған, сондықтан оларды

товардың сатып алу бағасына енгізіп қойған деп есептеуге де болады.)

Осы сияқты шығындардың барлығы, товардың тұтыну құнын өндіру кезінде жасалмайды, оның құнын жүзеге асыру кезінде болады; олар таза айналыс шығындары болып табылады. Олар тікелей өндіріс процесіне емес, айналыс процесіне, демек, жиынтықты ұдайы өндіріс процесіне кіреді.

Бұл арада біздің назарымызды аударатын жалғыз-ақ нәрсе — шығындардың ауыспалы капиталға жұмсалатын бөлегі. (Онымен қатар мына мәселелерді де зерттеп көру қажет болар еді: біріншіден, товар құнына тек қажетті еңбек қана кіреді дейтін заң айналыс процесі үшін өзінің маңызын қалайша сақтап қалады? Екіншіден, көпестік капитал тұсында қор жинау қалайша көрінеді? Үшіншіден, тұтас алғандағы нағыз қоғамдық ұдайы өндіріс процесінде көпестік капитал қандай қызмет атқарады?)

Бұл шығындар товар ретіндегі өнімнің экономикалық формасына байланысты болады.

Егер өнеркәсіп капиталистерінің өз товарларын біріне-бірі қолма-қол сатқанда жоғалтатын уақыты,— демек, ақиқатын айтқанда, товар айналысының уақыты,— сол товарларға ешқандай құн қоспайтын болса, онда бұл жұмыс уақыты өнеркәсіп капиталисінің орнына көпестің үлесіне келетін болғандықтан басқаша сипат ала алмайды. Товардың (өнімнің) ақшаға және ақшаның товарға (өндіріс құрал-жабдықтарына) айналуы өнеркәсіп капиталының қажетті қызметі, демек, капиталистің қажетті операциясы болып табылады, ал капиталист шындығына келгенде сана-сезімі, еркі бар адам бейнесіндегі капитал ғана болып көрінеді. Бірақ бұл қызметтер құнды арттырмайды да, қосымша құнды жасамайды да. Осындай операцияларды жасай отырып немесе өндіргіш капиталист айналыс саласындағы капиталдың қызметін атқаруды тоқтатқаннан кейінгі жерде сол қызметті әрі қарай жалғастыра отырып, көпес өнеркәсіп капиталисінің тек орнын басады. Бұл операцияларға керекті жұмыс уақыты капиталдың ұдайы өндіріс процесіне пайдаланылады, бірақ ол ешқандай құн қоспайды. Егер де көпес бұл операцияларды орындамайтын болса (демек, оған қажетті жұмыс уақытын шығындамайтын болса), онда ол өз капиталын өнеркәсіп капиталы айналысының агенті есебінде жұмсамас еді; ол өнеркәсіп капиталисі үзіп тастаған қызметті атқармас еді де, сол себептен өнеркәсіп капиталистерінің бүкіл табы өндіретін пайда аумағында өзі капиталист есебінде авансылаған капиталға *pro rata* қатынаспас та еді. Сондықтан қосымша құнның жалпы аумағында үлеске не болу үшін, өзі авансылаған ақша капитал ретінде өсе беруі үшін, сауда ка-

питалисінің жалдамалы жұмысшылар пайдалануы қажет емес. Егер оның іс-әрекеті мен капиталы шағын болса, оның кәсіпорнындағы қызметкер оның жалғыз өзі бола алады. Оның еңбегіне ақы товарлардың сатып алу бағасы мен нақты өндіріс бағасының арасындағы айырмашылықтан түсетін пайда есебінен төленеді.

Бірақ, екінші жағынан, көпестің авансылаған капиталының көлемі шағын болса, оның табатын пайдасы еңбегіне тәуір алатын жалдамалы маман жұмысшының жалақысынан тіпті де артық болмайды, қайта кем болады. Шындығында да, онымен қатар өндіргіш капиталистің тікелей сауда агенттері, алушылар, сатушылар, кезбе саудагерлер жұмыс істейді, ал олардың жалақы немесе әрбір сатылған товардың пайдасынан үлес (комиссиялық үлес, тантьем) түрінде табатын табысы көпестің өзінің табысымен бірдей не одан көп те болады. Бірінші ретте көпес сауда пайдасын дербес капиталист есебінде алады; ал екінші ретте — өнеркәсіп капиталисінің приказчигіне, жалдамалы жұмысшысына пайданың бір бөлегі жалақы түрінде немесе өзі кімнің тікелей агенті болса, сол өнеркәсіп капиталисінің пайдасынан берілетін үлес түрінде ақы төленеді, міне бұл ретте оның қожасы өнеркәсіп пайдасын да, сауда пайдасын да қалтасына салып алады. Ал енді айналыс агентінің өзіне бұл табысы жай ғана жалақы, өзінің істеген ісіне төленетін еңбек ақы болып қана көрінуі мүмкін және де оның табысы ең жалақысы мол жұмысшының табысына тең сияқты болып көрінуі мүмкін, алайда осы жағдайлардың барлығында да оның табысының көзі тек сауда пайдасы болады. Бұлай болатын себебі — оның еңбегі құн жасайтын еңбек емес.

Айналыс операциясының мерзімін ұзартудың салдары өнеркәсіп капиталисі үшін мынадай болып шығады: 1) оның өндіріс процесіне басшылық ету қызметіне кедергі келтіріп, оның уақытын алады, 2) оның өнімі айналыс процесінде ақша немесе товар түрінде, демек, бұл өнімнің құны үстемелеп өсе алмайтын және тікелей өндіріс процесі үзіліп қалатын жағдайда ұзақ уақыт кідіріп қалады. Өндіріс процесі үзілмеуі үшін өндірісті қысқартуға немесе, — өндіріс процесі бұрынғы көлемінде үнемі жалғаса беруі үшін — қосымша ақша капиталын авансылауға тура келеді. Мұның өзі әрдайым мынаған келіп тіреледі: не бұрынғы капитал көлемінен енді пайда аз түсетін болады, не бұрынғы пайданы алу үшін қосымша ақша капиталын авансылауға тура келеді. Егер өнеркәсіп капиталисінің орнына көпес тұратын болса да, бұдан жағдай түк өзгермейді. Бұрынғы өнеркәсіп капиталисінің айналыс процесіне жұмсайтын қосымша уақытын енді көпес жұмсайтын



болады; айналысқа қосымша капитал авансылайтын өнеркәсіпшінің орнына енді ол шығынды көпес шығаратын болады,— ал мұның бәрібір: өнеркәсіп капиталының басым бөлегін үнемі айналыс процесінде ұстаудың орнына енді бұл процеске бірыңғай көпестің капиталы шоғырланатын болады; және де өнеркәсіп капиталісінің пайданы аз өндіруінің орнына, ол енді өз пайдасының бір бөлегін көпеске беруге мәжбүр болады. Көпестік капитал қажетті шектен асып кетпейтін болғандықтан, капитал қызметін бұлайша бөлудің нәтижесінде айналыс процесінің өзіне уақыт аз кетеді, оған қосымша капитал аз авансыланады, пайданың жалпы мөлшерінде сауда пайдасы түрінде көрінетін шығын бұған керісінше жағдайдағыдан аз болады. Егер жоғарыда келтірілген мысалдағы  $720_c + 180_v + 180_m$  көлеміндегі капитал онымен қатар 100 көлемінде көпестік капитал болған жағдайда өнеркәсіп капиталісіне 162 немесе 18% пайда беретін болса, демек, пайда 18-ге кемитін болса, ал енді көпестік капиталды бұлайша дербестендірмеген жағдайда қажетті қосымша капитал, бәлкім, 200-ге жеткен болар еді, ал ондай жағдайда өнеркәсіп капиталісінің авансылаған барлық сомасы 900 орнына 1 100 болар еді, демек, қосымша құн 180 болған жағдайда пайда нормасы  $16\frac{4}{11}\%$  қана болар еді.

Егер өзіне-өзі көпес болатын өнеркәсіп капиталісі айналыстағы өнімі ақшаға айналғанға дейін жаңа товар алуға керекті қосымша капиталдан басқа өзінің товар капиталын жүзеге асыру үшін (кенсе шығыстарына және сауда жұмысшыларының жалақысына), демек, айналыс процесіне тағы да капитал жұмсаған болса, онда оның бұл шығыстары қосымша капитал бола тұра, қосымша құн жасамайды. Бұл шығыстар товар құнынан өтелуге тиіс; сол товар құнының біраз бөлегі қайтадан осы айналыс шығыстарына айналуға тиіс; бірақ бұдан ешқандай үстеме қосымша құн жасалмайды. Қоғамның жиынтық капиталы жөнінде мұның өзі іс жүзінде мынаған саяды: оның бір бөлегі құнды арттыру процесіне кірмейтін қосалқы операциялар үшін жұмсалады және де қоғамдық капиталдың бұл бөлегі осы мақсаттар үшін ұдайы өндіріліп тұруға тиіс. Осының нәтижесінде жеке капиталистер үшін және өнеркәсіп капиталистерінің бүкіл табы үшін пайда нормасы азаяды, яғни қосымша капитал жұмсаудың салдарынан болатын нәтиже келіп туады, өйткені мұның өзі ауыспалы капиталдың бұрынғы аумағын қозғалысқа келтіру үшін талап етіледі.

Пайда нормасының бұлай азаюы сондай-ақ сауда капиталісінің өнеркәсіп капиталісін айналыстың өзімен байланысты болатын қосымша шығындардан құтқаратыны себепті де бо-

лады, бірақ оның көлемі де аз, жолы да басқа. Сонымен, ендігі істің жайы мынадай: егер бұл шығындар болмаса, көпес капиталды керегінен артық авансылайды да, осы қосымша капиталдан түсетін пайда сауда пайдасының сомасын көбейтеді; демек, орта пайда нормасын теңестіруге көпестік капитал өнеркәсіптік капиталмен бірдей көбірек көлемде қатынасатын болады, яғни орта пайда кемиді. Егер біздің бұрынғы мысалымызда 100 көлеміндегі көпестік капиталдан басқа, сөз болып отырған шығындарды өтеуге 50 көлемінде қосымша капитал тағы авансыланатын болса, онда 180 көлеміндегі қосымша құнның жалпы сомасы бұл жағдайда 900 көлеміндегі өндіргіш капиталға және оған қоса 150 көлеміндегі көпестік капиталға бөлінеді, сонда жинағы = 1 050. Демек, орта пайда нормасы  $17\frac{1}{7}\%$ -ке дейін төмендейді. Өнеркәсіп капиталісі товарын көпеске  $900 + 154\frac{2}{7} = 1\,054\frac{2}{7}$ -ге сатады, ал көпес оны 1 130-ға ( $1\,080 + 50$ , мұның соңғысы орны толтырылуға тиісті шығындарға жұмсалған ақша) сатады. Айтқандай, сауда шығындарының бір жерге шоғырланып, соның нәтижесінде азаюы капиталдың көпестік және өнеркәсіптік болып бөлінуіне байланысты екенін мойындау керек.

Енді мынадай сұрақ туады: сауда капиталісінде, ал біздің мысалымызда товар саудагерінде жұмыс істеп жүрген жалдамалы сауда жұмысшыларының жағдайы қалай?

Бір жағынан, мұндай сауда жұмысшысының басқа жалдамалы жұмысшыдан түк айырмасы жоқ. Біріншіден, олай болатыны — оның еңбегі кіріс ретінде жұмсалатын ақшаға емес, көпестің ауыспалы капиталына сатып алынады, демек, ол жеке бастың игілігіне қызмет ету үшін емес, көпес авансылаған капиталдың құнын молайту үшін сатып алынады. Екіншіден, олай болатыны — оның жұмсаған күшінің құны, демек, жалақысы, басқа да жалдамалы жұмысшылардікіндей, оның еңбегі беретін өніммен емес, оның ерекше сипаты бар жұмысшы күшін өндіру және ұдайы өндіру шығындарымен анықталады.

Бірақ өнеркәсіп капиталы мен сауда капиталының арасында, демек, өнеркәсіп капиталісі мен көпестің арасында қандай айырма болса, сауда жұмысшысы мен тікелей өнеркәсіп капиталында жұмыс істейтін жұмысшылардың арасында да дәл сондай айырма болады. Өйткені айналыстың жай ғана агенті ретіндегі көпес құн да, қосымша құн да өндірмейтін болғандықтан (себебі — оның өз шығындары арқылы товарға араластыратын қосымша құны бұрынғы бар құнды қосу ғана болып шығады, бірақ сөйткенмен осы арада: ол өзінің тұрақты капиталының бұл құнын қайтып ұстап тұрады, қалайша сақтап қала алады?— деген сұрақ туады), оның қарауында дәл

сондай қызмет атқарып жүрген сауда жұмысшылары да оған тікелей қосымша құн жасап бере алмайды. Бұл тұста, біздің болжауымызша, өндіргіш жұмысшылар сияқты, бұлардың да жалақысы жұмысшы күшінің құнымен анықталады, демек, көпес жалақыдан жонып жеп байымайды, яғни ол ақша төлегенде арасынан жырымдап қалған соманы өз шығындарының есебіне қоспайды, басқаша айтқанда, ол өзінің приказчиктерін, т. б. алдау жолымен байымайды.

Жалдамалы сауда жұмысшылары жөніндегі қиындық әсте де олардың өз қожаларына тікелей қосымша құн өндірмегенмен, қалайша тікелей пайда келтіретінін (пайда дегеніміз сол қосымша құнның өзгерген түрі ғана) анықтауда емес. Бұл мәселе сауда пайдасына жалпы талдау жасағанда іс жүзінде шешілген. Товарларға сіңірілген және солар арқылы жүзеге асырылған еңбекке ешбір балама төлеместен, соны сату арқасында өнеркәсіптік капитал қалай пайда табатын болса, дәл сол сияқты сауда капиталы да товардағы ақысы төленбеген еңбек үшін өнеркәсіптік капиталға түгел ақы төлеу арқылы емес (товардағы дейтініміз, оны өндіруге жұмсалған капитал бүкіл өнеркәсіп капиталының тиісті бөлегі ретінде қызмет атқарады), қайта, керісінше, товарды сатқан кезде осы товарда бейнеленген және өзіне төленбеген бөлегін еріксіз төлеттіру арқылы пайда табады. Көпестік капиталдың қосымша құнға қатынасы өнеркәсіп капиталының қатынасынан өзгеше. Өнеркәсіп капиталы қосымша құнды өзгенің ақы төленбеген еңбегін тікелей немдену жолымен өндіреді. Көпестік капитал қосымша құнның бір бөлегін өнеркәсіптік капиталдан еріксіз алып немденеді.

Құнды жүзеге асыру жөніндегі өз қызметі арқылы ғана сауда капиталы ұдайы өндіріс процесінде капитал ретінде қызмет атқарады, сондықтан да қызмет атқаратын капитал есепті бүкіл капитал өндірген қосымша құннан өзіне үлес алады. Әрбір жеке көпес үшін оның табатын пайдасының көлемі сол процеске пайдалана алатын өз капиталының көлеміне байланысты, ал енді өз приказчиктерінің ақы төленбеген еңбегі неғұрлым көп болса, ол сауда-саттыққа капиталды солғұрлым көп пайдалана алады. Тіпті өз ақшасын капитал ететін қызметтің өзін де сауда капиталисі көбінесе өз жұмысшыларына атқартады. Сол приказчиктердің ақы төленбеген еңбегі, қосымша құн жасамағанымен, сауда капиталисінің қосымша құнды немденуіне мүмкіндік жасайды, ал мұның нәтижесі бұл капиталға қосымша құн жасағанмен мүлде парпар; демек, бұл еңбек ол үшін пайда көзі болып табылады. Онсыз сауда кәсібін ірі көлемде жүргізу мүмкін болмас еді, оны капиталистік әдіспен жүргізу мүмкін болмас еді.

Жұмысшының ақы төленбеген еңбегі өндіргіш капитал үшін тікелей қосымша құн жасайтыны сияқты, жалдамалы сауда жұмысшының ақы төленбеген еңбегі сауда капиталы үшін осы қосымша құнға үлестес болудың мүмкіндігін жасайды.

Қиындық мынада: егер көпестің өз жұмыс уақыты мен еңбегі оның өндірілген дайын қосымша құнға үлестес болуына мүмкіндік жасағанымен, құн жасайтын еңбек болып табылмаса, ал енді көпестің саудаға қажетті жұмысшы күшін сатып алуға жұмсайтын өзгермелі капиталының жағдайы нешік? Бұл өзгермелі капиталды авансыланған сауда капиталына шығын ретінде қоса салуға бола ма? Егер қосуға болмаса, онда мұның өзі пайда нормасын теңестіру заңына қайшы келетін сияқты көрінеді; егерде авансылаған капиталын 100 көлемінен артық есептей алмайтын болса, қай капиталист 150 көлемінде аванс берер еді? Ал егер өзгермелі капиталды авансыланған сауда капиталына қосу керек болса, онда бұл сауда капиталының мәніне қайшы келетін секілді көрінеді, себебі капиталдың бұл түрі өнеркәсіп капиталындай өзгенің еңбегін қозғалысқа келтіру арқасында капитал болып қызмет атқармайды, өзі жұмыс істейтін болғандықтан, яғни сауда-саттық қызметін атқаратындықтан капитал болады, тек сол үшін және, соның арқасында ғана ол өнеркәсіп капиталы өндірген қосымша құнның бір бөлегін өзіне аударады.

(Сонымен, біз мынадай мәселелерді зерттеуге тиісті боламыз: көпестің өзгермелі капиталы; айналыс саласындағы қажетті еңбек заңы; көпес еңбегі оның тұрақты капиталының құнын қалайша сақтайды; тұтас алынған ұдайы өндіріс процесіндегі көпестік капиталдың ролі; ақырында, бір жағынан, товар капиталы және ақша капиталы болып, екінші жағынан, товар-сауда және ақша-сауда капиталы болып екіге жарылуы).

Егер де әрбір көпестің қолында тек қана бірыңғай өз еңбегі арқылы айналым жасауға мүмкіндік туғызарлықтай капитал мөлшері болса, онда көпестік капитал ұлғи бөлшектені берген болар еді; капиталистік өндіріс тәсілі дамып, өндіріс көлемі мен өндіргіш капиталдың операциялары ұлғайған сайын бұлайша бөлшектену де күшейе түсер еді. Демек, бұлардың арасындағы сәйкессіздік барған сайын арта берер еді. Өндіріс саласында капитал орталықтана түскен сайын айналыс саласында капитал бытырай берер еді. Соның салдарынан өнеркәсіп капиталисінің таза көпестік операциялары және сонымен бірге таза көпестік шығыстары молая берер еді, өйткені оның енді, мәселен, 100 көпес орнына, 1 000 көпеспен істес болуына тура келер еді. Сөйтіп, көпестік капиталды

оқшауландырудан түсетін пайданың көпшілік бөлегі жоғалар еді; таза көпестік шығындардан басқа да: товарды сұрыптау, жөнелту және т. с. айналыс шығындары көбейер еді. Бұл өнеркәсіп капиталына қатынасты нәрселер. Енді көпестік капиталды қарап көрейік. Біріншіден, таза көпестік жұмыстарға қатынасты нәрселер. Есеп-қисап жұмысында көп есепке уақыт аз есептен көп кетпейді. 1 000 ф. стерлингке *бір* нәрсе сатып алғаннан гөрі 100 ф. стерлингтен 10 нәрсе сатып алуға уақыт он есе көп кетеді. *Бір* ірі көпеспен істес болмай, 10 ұсақ көпеспен істес болған жағдайда қатынас хат, қағаз, почта шығыстары он есе қымбатқа түседі. Біреу бухгалтерлік есепті, екінші біреу кассаны, үшінші біреу қатынас-қағаз ісін жүргізетін, біреу товар алып, енді біреу товар сатып, тағы біреу ел аралап жүретін т. с. анық шектеулі еңбек бөлінісі бар коммерциялық кәсіпорында орасан көп жұмыс уақыты сақталады, сондықтан көтерме саудада пайдаланылатын сауда жұмысшыларының саны кәсіпорынның біршама көлемімен ешқандай сәйкестікте бола алмайды. Мұның бұлай болатын себебі, белгілі бір қызметтің, көлемі аз-көбіне қарамастан, бірдей жұмыс уақытын талап ететін кезі өнеркәсіптен гөрі саудада анағұрлым жиі ұшырайды. Сондықтан тарихи жағынан алғанда бір жерге шоғырлану өнеркәсіп шеберханасынаи гөрі көпестік істе ерте басталады. Одан әрі, өзгермелі капиталға жұмсалатын шығыстар. Үлкен бір кеңсеге қарағанда, 100 ұсақ кеңсе әлдеқайда қымбат тұрады; бір үлкен қоймадан 100 ұсақ товар қоймасы қымбатырақ, т. т. Транспорт шығындары, басқасын былай қойғанда, авансылауға жататын шығындар көпестік кәсіпорында бөлшектенген сайын көбейе береді.

Өнеркәсіп капиталісі өз кәсібінің сауда бөлегінде еңбек пен айналыс шығындарын көбірек жұмсауға тиісті болар еді. Белгілі бір көпестік капитал толып жатқан ұсақ көпестерге бөлінетін болса, мұндай бытырандылықтың салдарынан ол өз қызметтерін дәнекерлеу үшін жұмысшыларды көбірек керек еткен болар еді және, сонымен қатар, нақ сол товар капиталының айналысы үшін анадан гөрі ірірек көпестік капитал талап етілер еді.

Егер біз тікелей товар алып-сатуға жұмсалған бүкіл көпестік капиталды  $B$  арқылы мағналап, ал қосалқы сауда жұмысшыларының еңбегіне төленетін тиісті өзгермелі капиталды  $b$  арқылы белгілейтін болсақ, онда  $B + b$  көпестің көмекшілер ұстамайтын кезіндегі, яғни капиталдың бір бөлегі  $b$ -ға жұмсалмайтын кездегі бүкіл көпестік капитал  $B$ -дан кем болып шығады. Бірақ біз қиындықты әлі толық шеше алғанымыз жоқ.

Товарлардың сату бағасы: 1)  $B + b$ -дан түскен орта пай-

даны өтеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Оның себебі,  $V+b$  дегеніміз алғашқы  $V$ -ның жалпы қысқарған түрі, ол  $b$  жоқ кезде қажет болған көпестік капиталдан аз болады. Бірақ товарлардың дәл осы сату бағасы: 2) енді жаңадан шығып отырған  $b$ -дан түсер пайдадан басқа, төленген жалақыны, көпестің ауыспалы капиталының өзін ( $ол=b$ ) өтеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Мұның соңғысы қиындық туғызады. Біздің  $b$  деп отырғанымыз бағаның жаңа бір құрамды бөлегі ме немесе ол  $V+b$ -дан келетін пайданың бір бөлегі, тек сауда жұмысшысы жөнінде жалақы саналып, ал көпестің өзіне оның өзгермелі капиталының төлеуі болып есептелетін бөлегі ғана ма? Мұның соңғысы болған жағдайда көпестің жұмсаған  $V+b$  капиталынан алынатын пайдасы жалпы нормаға сәйкес ( $V+b$ )-дан, оған қоса  $b$ -дан түсетін пайдаға тең болуға тиіс, ал мұның соңғысын көпес жалақы түрінде төлейді, бірақ ол өздігінен ешқандай пайда әкелмейді.

Іс жүзіндегі міндет  $b$ -ның шекараларын (математикалық мағнадағы) табуда болып отыр. Біз ең алдымен қиындықтың неде екенін дәл анықтағымыз келеді. Тікелей товар алып-сатуға жұмсалған капиталды  $V$  арқылы, осы қызметті атқару кезінде жұмсалған тұрақты капиталды (заттай сауда шығындарын)  $K$  арқылы және көпестің жұмсаған өзгермелі капиталын  $b$  арқылы белгілейік.

$V$ -ның орнын толтыру тіпті ешқандай қиындыққа түспейді. Ол көпес үшін жүзеге асырылған сатып алу бағасы, ал фабрикант үшін өндіріс бағасы ғана болып табылады. Көпес осы бағаны төлейді де, товарды қайта сатқан кезде  $V$ -ны өзінің сату бағасының бір бөлігі түрінде қайтып алады, сонымен бірге ол, жоғарыда түсіндірілгендей, осы  $V$ -дан басқа  $V$ -дан түсетін пайданы алады. Мысалы, товар 100 фунт стерлинг тұрады дейік. Одан түсетін пайда 10% болсын. Сонда товар 110-ға сатылған болады. Товар бұрыннан 100 тұратын; 100 көлеміндегі көпестік капитал оған тек 10 ғана қосты.

Әрі қарай, егер біз  $K$ -ны алып қарайтын болсақ, ол, ең көп болғанда, өндірушінің алып-сатуға қажеттігі үшін жұмсайтын тұрақты капиталының бөлігімен ғана қарайлас, тіпті шындығында одан да аз болып шығады; бірақ онда бұл бөлік өндірушінің тікелей өндіріске қолданатын тұрақты капиталына үстеме болар еді. Солай бола тұра, бұл бөлік әрдайым товар бағасынан өтеліп тұруға тиіс, немесе, бұл да соған парапар, товардың тиісті бөлегі әрдайым осы формада жұмсалып тұруға тиіс, егер жиынтықты қоғамдық капиталды еске алатын болсақ, осы формада ұдайы өндіріліп тұруға тиіс. Авансыланатын тұрақты капиталдың тікелей өндіріске жұмсалған бүкіл аумағы секілді, бұл бөлегі де пайда нормасына шектеу-

шілік ықпал жасаған болар еді. Өнеркәсіп капиталісі өз кәсібінің сауда бөлегін көпестің билігіне беріп қойғандықтан, оған капиталдың бұл бөлегін авансылайды. Бірақ бұл сөз жүзінде ғана; көпес өзі тұтынатын тұрақты капиталды (заттай сауда шығындарын) өндірмейді, ол мұны ұдайы өндіріп те отырған жоқ. Демек, тұрақты капитал өндіру белгілі өнеркәсіп капиталистерінің кәсіпкерлік қызметінің ерекше бір түрі немесе, кем қойғанда, соның бір бөлегі болып табылады; бұл капиталистер де, сөйтін, тіршілік құралдарын өндірушілерге тұрақты капитал жеткізіп тұратын өнеркәсіп капиталистері сияқты роль атқарады. Демек, көпес, біріншіден, сол капиталдың төлеуін алады; ал екіншіден, соның пайдасын алады. Сонымен, осы екеуінің нәтижесінде өнеркәсіп капиталісінің пайдасы кемиді. Бірақ еңбек бөлінісіне байланысты болатын шоғырлану мен үнемдеудің нәтижесінде оның пайдасының кемуі өнеркәсіп капиталісінің бұл капиталды өзі авансылайтын жағдайдағыдан аз көлемде болады. Пайда нормасының аз кемітін себебі — әлгіше авансыланатын капиталдың өзі аз.

Сонымен, сату бағасы әзірше мынадан құралады:  $B + K + (B + K\text{-дан түсетін пайда})$ . Жоғарыда айтылған жағдайлардан кейін оның бұл бөлегі ешқандай қиындық туғызбайды. Бірақ осы жерде  $b$ , яғни көпес авансылайтын өзгермелі капитал пайда болады.

Осының нәтижесінде сату бағасы мынадай болып шығады:  $B + K + b + (B + K\text{-дан түсетін пайда}) + b\text{-дан түсетін пайда}$ .

$B$  товардың сатып алу бағасын ғана өтейді, бірақ ол  $B$ -дан түсетін пайдадан бөтен бұл бағаға ешнәрсе қоспайды.  $K$  өзіне түсетін пайданы ғана қосып қоймай,  $K$ -ның өзін де қосады; алайда  $K + K$ -дан түсетін пайда, яғни айналыс шығындарының тұрақты капитал түрінде авансыланған бөлегі плюс тиісті орта пайда көлеміндегі сома сауда капиталісінен гөрі өнеркәсіп капиталісінің қолында тұрса көбірек болар еді. Орта пайданың кемуі былай көрінеді:  $B + K$  есепке алынбай тұрғанда авансыланған өнеркәсіп капиталына шаққандағы толық орта пайдадан  $B + K$ -дан түсетін пайда бөліп алынып көпеске төленеді, сөйтін, бұл ажыратылған бөлек ерекше капиталдың, көпестік капиталдың пайдасы түрінде көрінеді.

Бірақ  $b + b$ -дан түсетін пайда қосындысының, немесе пайда нормасы  $= 10\%$  деп болжанып отырған қазіргі жағдайда  $b + \frac{1}{10}b$  қосындысының жағдайы бұдан өзгеше. Нағыз қиындық дәл осында жатыр.

Болжам бойынша, көпес  $b$ -ға тек қана сауда еңбегін, яғни капитал айналысының қызметкерін дәнекерлеу үшін,  $T - A$  және  $A - T$  үшін, қажет еңбекті сатып алады. Ал бірақ сауда

еңбегі дегеніміз капиталдың көпестік капитал ретінде қызмет істеуі үшін, оның товардың ақшаға, ақшаның товарға айналуына дәнекер болуы үшін жалпы қажетті еңбек. Бұл — құнды жүзеге асыратын, бірақ ешқандай құн жасамайтын еңбек. Сондықтан қайсыбір капитал осы қызметтерді атқаратын болғандықтан ғана, демек, қайсыбір капиталист өз капиталымен бұл операцияларды, бұл еңбекті орындайтын болғандықтан ғана, бұл капитал көпестік капитал ретінде қызмет атқарып, жалпы пайда нормасын реттеуге қатынасады, яғни жалпы пайдадан өз үлесін алады. Бірақ  $b + b$ -дан түсетін пайда ішінде: біріншіден, еңбектің ақысы төленген (өнеркәсіп капиталисі ақыны көпестің өз еңбегіне төлей ме, немесе оның приказчиктердің еңбегіне төлеген ақшасын өтей ме, бәрібір) және, екіншіден, еңбектің өзі атқаруға тиісті еңбекке төленген сомадан алынатын пайда өтелген болып шығады. Көпестік капиталдың кері қайтарып алатыны: біріншіден,  $b$ -ға төленген ақша және, екіншіден, одан түсетін пайда, демек, мұның бұлай болатыны: біріншіден, ол өзінің көпестік капитал есебінде қызмет атқаруына мүмкіндік туғызатын еңбектің ақысын төлетеді, ал екіншіден, ол өзіне пайда төлетеді, себебі, ол капитал ретінде қызмет атқарады, яғни ол қызмет атқаратын капитал ретінде өзіне пайда түсіретін еңбекті орындайды. Демек, біздің шешуімізге тура келетін мәселе осындай.

Айталық,  $B = 100$ ,  $b = 10$  және пайда нормасы  $= 10\%$  дейік. Айталық,  $K = 0$  дейік, өйткені сатып алу бағасының бұл элементін, бұл жерде ешбір қатынасы жоқ болғандықтан және біз жоғарыда қарастырып өткендіктен, тағы да қажетсіз есепке енгізіп жатпаймыз. Сонда, мәселен, сату бағасы болады  $= B + p + b + p$  ( $= B + Bp' + b + bp'$ , бұл жерде  $p'$  — пайда нормасы)  $= 100 + 10 + 10 + 1 = 121$ .

Ал егер көпес  $b$ -ны жалақыға төлемеген болса, — өйткені  $b$  сауда еңбегіне ғана, демек, өнеркәсіп капиталисінің рынокқа шығаратын товар капиталының құнын жүзеге асыру үшін қажет еңбекке ғана төленеді, онда істің жайы былай болар еді:  $B = 100$  көлемінде товар сатып алу немесе сату үшін көпес өз уақытын жұмсар еді, ал біз оны бар уақытын осыған түгел береді деп есептейік. Егер де  $b$  немесе 10 өлшем көлемінде көрініп отырған сауда еңбегі жалақымен төленбей, пайдамен төленетін болса, онда ол 100-ге тең басқа бір сауда капиталын араластырған болар еді, өйткені оның  $10\%$  бөлегі  $b = 10$ . Бұл  $B = 100$  көлеміндегі екінші капитал товар бағасына қосымша кірмес еді де, бірақ  $10\%$  оған, әрине, кірер еді. Сондықтан  $200 + 20 = 220$  көлемінде товар сатып алу үшін жүз жүзден 200 болатын екі операция жасалған болар еді.

Көпестік капитал дегеніміз айналыс процесінде қызмет



ететін өнеркәсіп капиталының бір бөлегінің қжшауланып шыққан түрі болғандықтан, оған қатынасы бар мәселелердің барлығын шешкенде, проблемалар көпестік капиталға тән құбылыстардың барлығы дербес құбылыстар болмай, бірақ өнеркәсіп капиталымен тікелей байланыста тұрған, осы капиталдың бір түріне тән құбылыстар болып көрінетіндей формада қойылуы шарт. Кеңсенің шеберханадан айырмашылығы сияқты, сауда капиталы үнемі айналыс процесінде қызмет етеді. Сөйтіп, біздің назарымызды аударып отырған нақ осы арада, өнеркәсіп капиталісінің өз кеңсесінде зерттелуге тиіс.

Ең алдымен бұл кеңсе өнеркәсіптік шеберханамен салыстырғанда тым кішкентай. Оның бержағында, өндіріс көлемі ұлғайған сайын сауда операциялары да көбейе береді; товар капиталы түріндегі қолда бар өнімді сату үшін де, түскен ақшаны қайтадан өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырып, соның барлығына есеп жүргізіп отыру үшін де өнеркәсіп капиталының айналыс процесінде бұл операцияларды үнемі жасап тұруына тура келеді. Бағалар калькуляциясы, бухгалтерия, касса жұмысы, қатынас қағаздар — осының барлығы әлгіге жатады. Өндіріс көлемі неғұрлым үлкен болса, сәйкес пропорцияда болмағанмен өнеркәсіп капиталының сауда операциялары да солғұрлым көп болады, демек, құн мен қосымша құнды жүзеге асыру үшін жұмсалатын еңбек пен басқа шығындар да солғұрлым көбірек болады. Соның нәтижесінде жалдамалы сауда жұмысшыларын ұстауға тура келеді — кеңсе дегеніңіз осының өзі. Оларға жұмсалатын қаражат жалақы түрінде төленгенімен, бұл шығыстар өнімді еңбек сатып алуға жұмсалатын өзгермелі капиталдан өзгеше нәрсе. Бұл шығыстар тікелей қосымша құнды көбейтпестен, өнеркәсіп капиталісінің шығындарын, авансыланатын капитал көлемін арттырады. Себебі олар қазірдің өзінде жасалған құнды жүзеге асыру үшін жұмсалатын еңбекті төлеуге ғана шығарылады. Осы тектес шығыстардың қай-қайсысы сияқты, бұл шығыс та пайда нормасын кемітеді, өйткені авансыланған капитал өседі, бірақ қосымша құн өспейді. Егер қосымша құн  $m$  өзгеріссіз қалып, авансыланған  $K$  капиталы  $K + \Delta K$ -ға дейін өсетін болса, онда пайда нормасы  $\frac{m}{K}$ -ның орнын кемітілген пайда

нормасы  $\frac{m}{K + \Delta K}$  басады. Демек, өнеркәсіп капиталісі, тұрақты капиталға жұмсайтын қаражаты сияқты, айналыстың бұл шығындарын да мейлінше азайтуға тырысады. Сондықтан өнеркәсіп капиталының өзіндегі жалдамалы сауда қызметкерлеріне көзқарасы мен жалдамалы өндіргіш қызмет-

керлерге көзқарасы бірдей емес. Басқа жағдайлардың бәрі бірдей болғанның өзінде, ол өндіргіш қызметкерлерді неғұрлым көп ұстаса, өндіріс солғұрлым ірі, қосымша құн немесе құн солғұрлым мол болады. Және мұның керісінше. Өндіріс көлемі қаншалықты зор болса және ондағы жүзеге асырылатын құн, демек, қосымша құн да неғұрлым мол болса, сондай-ақ, өндірілген товар капиталы қаншалықты көп болса, абсолютті түрде болмағанымен, салыстырмалы түрде кеңсе шығындары да соншалықты көбейіп, белгілі түрдегі еңбек бөлінісін одан да молырақ тудырады. Пайда кай мөлшерде мұндай шығыстардың алғышарты болатыны, айтқандай-ақ мынадан байқалады: сауда қызметшілеріне жалақы төлегенде, көбінесе оның бір бөлегі түскен пайдадан белгілі бір процентті аударып отыру түрінде төленеді. Істің мәнісіне келгенде, біршама құндардың калькуляциясымен, біршама оларды жүзеге асырумен, ал енді біршама жүзеге асырылған ақшаны көлемі өндірілген және жүзеге асырылуға тиісті құндардың аумағымен байланысты болатын өндіріс құрал-жабдықтарына қайтадан айналдырумен байланысты дәнекер операцияларға ғана жұмсалған еңбек—мұндай еңбек, тікелей өндіргіш еңбек сияқты себеп түрінде емес, сол құндардың тиісті аумағы мен салмағының салдары түрінде қызмет етеді. Айналыстың басқа шығындарының жағдайы да дәл осы тәріздес. Көбірек өлшеу, таразылау, буып-түю, тасымалдау үшін қолда товар да көп болуы керек; товарды буып-түю, тасымалдау, т. с. жөніндегі еңбек товардың көлеміне, мұндай қызметтің объектісіне байланысты, бірақ әсте де мұның керісінше емес.

Сауда жұмысшысы тікелей қосымша құн өндірмейді. Бірақ оның еңбегінің бағасы оның жұмыс күшінің құнына қарап, демек, оның өндіріс шығындарына қарап анықталады, ал енді бұл жұмысшы күшінің іс жүзінде көрінуі, оның қимыл қарқыны, сарқылып қажуы, барлық жалдамалы жұмысшы сияқты, мұнда да оның құнымен шектелмейді. Сондықтан оның жалақысы соның көмегімен капиталист жүзеге асыратын пайданың көлеміне ешқашан да пропорциялы болмақ емес. Оның капиталист алдындағы құны мен капиталистің алдына әкелетін пайдасы — бұл әр тектес ұғымдар. Ол капиталистке пайданы тікелей қосымша құн жасағандықтан әкелмейді, жасалған қосымша құнды жүзеге асыру кезіндегі шығындарды азайтуға көмектескендіктен әкеледі, өйткені ол ішінара ақы төленбейтін тегін еңбекті атқарады. Асылында, сауда жұмысшысы ақы жақсы төленетін жалдамалы жұмысшы табына, еңбегі орташа еңбектен жоғары маман еңбек саналатын жұмысшылар қатарына жатады. Оның бержағында, капиталист-

тік өндіріс тәсілінің дамуымен байланысты жалақының тіпті орташа еңбекке төленетін жалақымен салыстырғанда да, төмендеуге икемделе беретін сыры бар. Ішінара мұның өзі кеңсе ішіндегі еңбек бөлісі салдарынан болады, бұл тұста еңбек қабілетін біржақты ғана дамыту қажет болады да, мұндай дамудың өндіріс шығындары капиталист үшін бір есептен тіпті болымсыз көрінеді: жұмысшы өнері қызметтің өз ырқымен дамиды, ал енді бұл даму еңбек бөлінісі жағдайында неғұрлым бір жақты болса, солғұрлым шапшаң. Екіншіден, ғылым мен халық ағарту ісінің ілгері басуымен байланысты бастауыш білім, сауда ісі және әр түрлі тілдерді білу барған сайын шапшаңдап, оңайлап, кеңінен тарап отырғандығы себепті, капиталистік өндіріс тәсілі оқыту әдістеріне және т. б. практикалық мақсаттарға неғұрлым көбірек бағытталған сайын, жұмысшы күшінің ұдайы өндірісі солғұрлым арзандай түседі. Халықты оқыту ісінің кең тарауы бұл сипатты жұмысшыларды бұрын мұндай мамандықтарға қолы жетпеген, бұдан біршама нашар тұрмысқа бойы үйренген таптардан тартуға мүмкіндік туғызады. Сонсоң мұның өзі ағылған жұмысшылар тасқынын көбейтіп, бәсекені күшейтеді. Сондықтан, әредікте болмаса, жалпы капиталистік өндіріс тәсілінің ілгері дамуымен бірге бұл адамдардың жұмысшы күшінің нарқы мүлдем төмендейді; олардың жалақысы құлдырайды, ал енді еңбек қабілеті арта түседі. Құн мен пайданы көбірек жүзеге асыру қажет болған кезде ғана капиталист мұндай жұмысшылардың санын көбейтеді. Мұндай еңбектің көбеюі қосымша құн көбеюінің әсте себебі емес, әрдайым тек салдары болып табылады.<sup>39a)</sup>

Сонымен, екі ұдайлық туып отыр. Бір жағынан, капиталдың товар капиталы және ақша капиталы ретіндегі (ал сондықтан да бұдан былайғы анықтамада товар капиталы ретіндегі) қызметтері дегеніміз өнеркәсіп капиталының белгілі бір жалпы формалары. Екінші жағынан, ерекше капиталдар, демек, капиталистердің ерекше категориялары бірыңғай осы қызметтермен айналысады, сөйтіп, бұл қызметтер капитал құнын молайтудың ерекше салаларына айналады.

<sup>39 a)</sup>Сауда пролетариатының тағдыры жөніндегі 1865 ж. айтылған бұл болжамның капшалықты шындыққа айналғаны туралы жүздеген неміс приказчиктері айтып бере алды: олар барлық сауда операцияларын өте жетік біле, 3—4 тілді бірдей меңгере отырып, аптасына 25 шиллинг ақыға жұмыс таба алмай, Лондонның Ситінде сендей соғылысып жүр.— ал мұның өзі маман слесарьдың алатын ақысынан әлдеқайда төмен. Қолжазбада екі бет қағаздың ақ қалдырылғаны бұл пунктті кейін толықтыру көзделгенін көрсетеді. Айтпақшы, «Капиталдың» өзіне де сілтеуге болады. II кітап, VI тарау («Айналыс шығындары»), 105—113-беттер. [Қазақша, 160—167-беттер], онда Маркс осыған қатысы бар көп нәрселерді сөз қылады.— Ф. Э.

Тек сауда капиталында ғана сауда қызметтері мен айналыс шығындары оқшауланған болып көрінеді. Өнеркәсіп капиталының айналыспен жанасатын жағы оның өзі үнемі товар капиталы және ақша капиталы түрінде болатындығынан ғана емес, сонымен қатар шеберхана қасында кеңсе барлығынан да байқалды. Бірақ сауда капиталының бұл жағы оқшауланып шығады. Кеңсе оның бірден-бір шеберханасы болып табылады. Капиталдың айналыс шығындары түрінде қолданылатын бөлегі өнеркәсіпшіге қарағанда көтерме саудамен айналысатын көпесте көп болып шығады, өйткені, әрбір өнеркәсіп шеберханасының жанында жайласқан өзінің меншікті кеңсесінен басқа капиталдың бүкіл өнеркәсіп капиталистерінің табы осылайша қолдануға тиісті бөлегі жеке көпестер қолына шоғырланып қалады. Олар айналыс қызметінің жалғаса беруін камтамасыз ете отырып, осыдан туатын айналыс шығындарын өз міндетіне алады.

Айналыс шығындары өнеркәсіп капиталына өнім бермейтін шығындар болып көрінеді және шыны да солай. Көпесте бұл шығындар пайданың көзі болып көрінеді, ал пайда,— егер жалпы пайда нормасын жорамалдайтын болсақ,— сол шығындар көлеміне сәйкес болады. Сондықтан, осы айналыс шығындарына жұмсалатын қаражат сауда капиталына өнім беретін шығын болып көрінеді. Демек, ол сатып алатын сауда еңбегі де ол үшін — тікелей өнім беретін еңбек.

## О Н С Е Г І З І Н Ш І Т А Р А У

## КӨПЕСТІК КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫМЫ. БАҒА

Өнеркәсіп капиталының айналымы дегеніміз оның өндіріс уақыты мен айналыс уақытының бірлігі, сондықтан ол ұдайы өндіріс процесін тұтас күйінде қамтиды. Бұдан мұның керісінше, көпестік капитал іс жүзінде товар капиталының ерекшеленген күйдегі қозғалысы ғана болғандықтан, оның айналымы товар құбылысының бірінші,  $T—A$  сатысын, капиталдың бастапқы пунктіне қайта бағытталған ерекше қозғалысын білдіреді, көпестік тұрғыдан қарағанда,  $A—T—A$  көпестік капиталдың айналымы болып көрінеді. Көпес әуелі товар сатып алып, өзінің ақшасын товарға айналдырады, сонсоң сатып, нақ сол товарын қайтадан ақшаға айналдырады; сөйтіп, мұның өзі ұдайы қайталанып отырады. Айналыс саласында өнеркәсіп капиталының құбылысы әрдайым  $T_1—A—T_2$  түрінде көрінеді;  $T_1$ -ні, өндірілген товарды сатудан түскен ақша жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын,  $T_2$ -ні сатып алуға жұмсалады; бұл —  $T_1$ -ні  $T_2$ -ге шын мәнісінде айырбастағандық, сөйтіп, белгілі бір ақша екі рет қолдан-қолға өтеді. Олардың қозғалысы әртектес екі түрлі товардың,  $T_1$  мен  $T_2$ -нің айырбасына дәнекер болады. Бұған керісінше, көпестің  $A—T—A'$  әрекетінде белгілі бір товар екі рет қолдан-қолға өтеді; товар тек көпеске ақшаның қайтып келуіне дәнекер болады.

Егер, мәселен, көпестік капитал көлемі 100 ф. ст. болып, көпес сол 100 ф. ст. ақшасына товар сатып алса және оны 110 ф. стерлингке қайта сататын болса, онда оның 100 көлеміндегі бұл капиталы бір айналым жасаған болады, ал бір жыл ішіндегі айналым саны осы  $A—T—A'$  қозғалысының жыл бойына қанша рет қайталануына байланысты.

Бұл жерде біз алып-сату бағаларының арасындағы айырмашылықтан болуы ықтимал шығындарды мүлде қозғамаймыз, өйткені бұл шығындар біздің қазір ең алдымен қарағалы отырған формамызды ешқандай өзгерте алмайды.

Демек, бұл жағдайда осы көпестік капиталдың айналым саны ақшаның жай айналыс құралы ретіндегі айналымының қайталануына түп-түгел ұқсайды. Он рет айналым жасаған белгілі бір талердің өз құнын он рет товар түрінде сатып алатыны сияқты, көпестің белгілі бір, мәселен, 100 көлеміндегі ақша капиталы он рет айналымға түседі, өз құнын товар түрінде он рет сатып алады яғни жалпы жиынтығында құны он есе артық  $= 1000$  көлеміндегі товар капиталын жүзеге асырады. Бірақ бұл жерде бір айырма да бар: ақшаның айналыс құралы ретіндегі айналымында белгілі бір ақша әр түрлі қолдан өтеді, демек, белгілі бір қызметті бірнеше рет атқарады, сондықтан бұл арада айналыс шапшаңдығы айналыстағы ақша аумағының орнын толтырып отырады. Ал енді көпес қолындағы белгілі бір капитал,— ол қандай ақша өлшемінен құралса да бәрі бір,— белгілі бір ақшалай құн өз құнының сомасына бірнеше рет товар капиталын сатып алып, қайта сатады және сол себептен де ол бұрынғы қолға, өзінің бастапқы пунктіне  $A + \Delta A$  күйінде, құнға қосымша құн қосылған күйде бірнеше рет қайтып оралады. Мұның өзі оның айналымын капитал айналымы ретінде сипаттайды. Айналыстан шығатын ақша оған қосылған ақшадан әрдайым көп болады. Айтқандай, өзінен-өзі түсінікті бір нәрсе, көпестік капиталдың айналымы шапшаңдаған сайын (кредит дамыған кезде ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі оның негізгі қызметіне айналады) белгілі бір ақша аумағы шапшаңырақ айналады.

Бірақ товар-сауда капиталы айналымының қайталануы сауда-саттық ісінің қайталануын ғана білдіреді, ал енді өнеркәсіп капиталы айналымының қайталануы бүкіл ұдайы өндіріс процесінің (оған тұтыну процесі де қосылады) мерзімділігін және қайта басталғанын білдіреді. Бұған керісінше, көпестік капитал үшін мұның өзі тек сыртқы жағдай болып табылады. Көпестік капиталдың тез айналуына мүмкіндік сақталуы үшін өнеркәсіп капиталы үнемі рынокқа товар шығарып, одан товар алып тұруға тиіс. Егер ұдайы өндіріс процесі жалпы баяу жүретін болса, онда көпестік капиталдың айналымы да баяу. Өндіргіш капиталдың айналымын дәнекерлей отырып, көпестік капитал оның айналыс мерзімін қысқартады. Бірақ ол өндіріс мерзіміне тікелей ықпал жасмайды, ал шынында өндіріс мерзімі де өнеркәсіп капиталының айналым мерзімінің шекарасы болып табылады. Бұл — көпестік капиталдың айналымы үшін бірінші шекара. Ал, екіншіден,— егер оның алдына ұдайы өндірістен туатын өндірісмерлі тұтыныс тарапынан қойылатын шекараны сөз қылмағанның өзінде,— бұл айналым ақыр-соңында бүкіл жеке тұтыныстың шапшаңдығымен және көлемімен шектеулі, өйткені

товар капиталының тұтыныс қорына кіретін бөлегі түгелдей осыған тәуелді болады.

Бірақ (егер біз бір товарды бір көпес екінші көпеске сатып, жалдаптық кезінде осының өзі керемет күрсіген іске айналып кететін көпестер әлеміндегі айналымды мүлде сөз қылмайтын болсақ) көпестік капитал, біріншіден, өндіргіш капитал үшін  $T—A$  сатысын қысқартады. Екіншіден, қазіргі заманның кредит системасы жағдайында ол қоғамның бүкіл ақша капиталының едәуір бөлегін өз қолында ұстайды, сондықтан ол өзінің сатып алған товары түгел өтіп болмай тұрып та жаңадан товар сатып ала алады; және бұл жерде біздің көпес товарын тікелей тұтынушыға сата ма, әлде ол екеуінің арасында әлі 12 көпес тұр ма, бұл бәрібір. Әрбір белгілі шектен қалаған уақытта шығып кетуі ықтимал ұдайы өндіріс процесінің мейлінше созылмалы жағдайында оған өндірістің өзінен ешқандай шекара табылмайды немесе табылса да тым созылмалы болып шығады. Демек, товардың өз табиғатынан туатын  $T—A$  және  $A—T$  актілерін бөлуден басқа бұл жерде жалған сұраныс пайда болады. Көпестік капиталдың қозғалысы, оның оқшаулануына қарамастан, әрдайым өнеркәсіп капиталының айналыс саласындағы қозғалысы болып шығады. Бірақ, өзінің оқшаулануы салдарынан, ол өз қозғалысын ұдайы өндіріс процесі белгілейтін шектерге тәуелсіз белгілі шекарада жасап тұрады, сондықтан да ол тіпті ұдайы өндіріс процесінің өзін де өз шегінен шығуға мәжбүр етеді. Іштей тәуелділік пен сырттай дербестік оны ішкі байланысты дағдарыс арқылы зорлықпен қалпына келтіретіндей шамаға алып барады.

Осыдан келіп, дағдарыстарда мынадай құбылыс байқалады: олар әуелі тікелей тұтыныспен істес болатын бөлшек саудада емес, көтерме сауда саласында және қоғамның ақша капиталын көтерме сауданың қарауына беретін банктер саласында көрініп, сол салаларда қаулайды.

Шынында да, фабрикант товарын экспортерге, ал экспортер, орайын тауып, өзінің шетелдік клиентіне сата алады, импорттер өз шикізатын фабрикантқа өткізгенде, фабрикант өз өнімдерін — көтерме саудагерге сата алады, т. т. Алайда елеусіз бір пунктте товар сатылмай жатып қалады; немесе кейде барлық өндірушілер мен дәнекерші саудагерлердің барлық запасы аз-аздап жинала келіп, үйіліп қалады. Дәл осы уақытта тұтыныс әдетте өзінің ең күрсіген дәрежесіне жетеді, оның бірқыдыру себебі бір өнеркәсіп капиталісінің бірқатар басқа капиталистерді қозғалысқа келтіретіндігінен, ал енді бірқыдыру себебі — оларға жалданған жұмысшылар толық уақыт жұмыс істей отырып, әдеттегіден артық шығын шыға-

руы мүмкін. Капиталистердің табысы көбейген сайын шығысы да арта түседі. Сонымен қатар (тіпті қордың шалшаң жиналуын сөз қылмағанның өзінде), біздің бұдан бұрын көргеніміздей («Капитал», II кітап, III бөлім), тұрақты капитал мен тұрақты капитал арасында тұрақты айналыс болып тұрады; бұл айналыс, бір жағынан, ешуақытта жеке тұтынысқа кірмейтіндігі мағнасында оған тәуелсіз, ал бірақ солай бола тұра, ақыр-аяғында жеке тұтыныспен шектеулі де, өйткені тұрақты капитал өндірісі ешуақытта оның өзіне бола жасалмайды, оның жасалатын себебі, бұл тұрақты капитал өнімдері жеке тұтынысқа кіретін өндіріс салаларында көбірек тұтынылады. Алайда бұл өндіріс біршама уақыт ішінде дәмелі сұраныс күшімен үдей түсіп, өз жолымен алаңсыз жүре алады, сол себептен де бұл салаларда көпестер мен өнеркәсіпшілерде іс өте қызу жүреді. Дағдарыстың басталатын шағы — товарын шалғай рыноктерде сататын көпестердің (немесе запастары елдің өз ішінде үйіліп қалған көпестердің) жұмсаған қаражаты кері қарай өте баяу және өте мардымсыз көлемде оралып, сол себепті банкілер төлемді талап ете бастаған, немесе сатып алынған товарларға вексель арқылы төлеу мерзімі товарды қайта сатудан бұрын жеткен кез. Ондайда зорлап сатқызу, төлем мақсатында сатқызу басталады. Сонымен бірге күйреушілік қаулап, манағы күрсіген жағдай елесін бірден жояды.

Бірақ көпестік капитал айналымының сыртқы сипаты мен тиімсіздігі одан сайын күшейе түсетін себебі, белгілі бір көпестік капиталдың айналымы мүлде әр түрлі өндіргіш капиталдар айналымын қатар немесе бірінен кейін бірін дәнекерлей алады.

Алайда көпестік капиталдың айналымы әр түрлі өнеркәсіп капиталдарының айналымын ғана емес, товар капиталы құбылысының қарама-қарсы сатыларын да дәнекерлей алады. Мәселен, көпес фабриканттан кенеп сатып алады да, оны бояушыға сатады. Демек, бұл ретте белгілі бір капиталдың айналымы, — шындығында сол баяғы бір  $T—A$  актисі, кенептің іске асуы, — әр түрлі екі өнеркәсіп капиталы үшін қарама-қарсы екі саты болып табылады. Задында, көпес өз товарын жалпы өндірістік тұтыну үшін сататын болғандықтан, оның  $T—A$  деп отырғаны әруақытта қайсыбір өнеркәсіп капиталының  $A—T$  әрекеті, ал оның  $A—T$  дегені қайсыбір өзге өнеркәсіп капиталының  $T—A$  әрекеті болып шығады.

Егер біз, осы тарауда істегеніміздей,  $K$ -ны, айналыс шығындарын, яғни капиталдың көпес авансылаған бөлегін, товар сатып алуға жұмсалған сомасынан басқасын, алып тастайтын болсақ, онда, әрине, оның осы қосымша капиталдан түсіретін



қосымша пайдасы,  $\Delta K$  да шығып қалады. Демек, зерттеудің бұл әдісі қатаң логикаға негізделген және математикалық жағынан дұрыс, өйткені бұл жерде әңгіме пайда мен көпестік капитал айналымының бағаға қалайша әсер ететінін білу жайлы болып отыр.

Егер де 1 қадақ қантты өндіру бағасы 1 фунт стерлинг болатын болса, онда көпес 100 ф. ст. ақшаға 100 қадақ қант сатып ала алар еді. Егер ол жыл бойы осынша қант алып-сататын болса және оның жылдық орта пайда нормасы 15% болса, онда ол 100 ф. стерлингке 15 ф. ст., ал 1 қадақ қантты өндіру бағасы — 1 ф. стерлингке 3 шиллинг қосады. Демек, ол 1 қадақ қантты 1 ф. ст. 3 шиллингке сатар еді. Бұған керісінше, егерде 1 қадақ қанттың өндіру бағасы 1 шиллингке дейін төмендейтін болса, онда көпес 100 ф. ст. ақшаға 2 000 қадақ қант сатып алар еді де, қадағын 1 шиллинг  $1\frac{4}{5}$  пенсіден сатар еді. Осы екі жағдайдың екеуінде де қант саудасына салынған 100 ф. ст. капиталдан түсетін пайда = 15 фунт стерлинг. Тек бірінші жағдайда сатылатын қант көлемі 100, ал екінші жағдайда — 2 000 қадақ болады. Өндіру бағасы жоғары ма, төмен бе, пайда нормасы үшін оның ешқандай маңызы жоқ, ал бірақ әрбір қадақ қанттың сатылу бағасының сауда пайдасын құрайтын бөлегінің көлемі үшін, яғни товардың (өнімнің) белгілі бір мөлшеріне көпес қосатын үстеме бағаның көлемі үшін, мұның зор, шешуші маңызы бар. Егер товардың өндіру бағасы мардымсыз болса, онда көпестің оны сатып алу бағасына, яғни товардың белгілі бір аумағына авансұлайтын сомасы да мардымсыз, демек, пайда нормасы осы мөлшерде болған жағдайда көпестің осы көлемдегі арзан товардан алатын жалпы пайда сомасы да мардымсыз, немесе,— мұның да негізі соған саяды,— көпес мұндай жағдайда белгілі бір, мәселен 100 көлеміндегі, капиталға осы арзан товарды молырақ мөлшерде сатып алады да, оның осы 100-ден түсетін 15 көлеміндегі жалпы пайдасын әлгі товар аумағының әрбір жеке өлшеміне шаққандағы үлес тіпті болмашы болып шығады. Және, мұның керісінше. Мұның өзі түгелдей товарын көпестің саудасына салып отырған өнеркәсіп капиталы өнімділігінің аз-көптігіне байланысты. Егер, мәселен, баяғы Голландия—Ост-Индия компаниясы<sup>82</sup> сияқты, көпестің өзі монополист болып және өндірісті де монополиясына айналдыратын жағдайын еске алмасақ, онда товардың әрбір өлшемінен пайданы аз ала отырып көп товар сату немесе товардың әрбір өлшемінен пайданы көп ала отырып аз товар сату тек қана көпестің өз қалауына байланысты деп ойлайтын жаяу ұғымнан ерсі ешнәрсе болмас еді. Оның товарды сату бағасы үшін екі шекара бар: бір жағынан, товарды өндіру бағасы, бұған оның билігі

жүре алмайды; екінші жағынан, орта пайда нормасы, бұл да оның өктемдігі мүлде жүрмейтін жерде жатыр. Көпеске тәуелді болатын жалғыз-ақ нәрсе — ол қымбат товармен саудасаттық жасай ма, әлде арзан товармен саудасаттық жасай ма деген мәселе, бірақ бұл жерде де оның қарауындағы капиталдың көлемі және басқа жағдайлар белгілі роль атқарады. Көпес қандай қадам жасайды, бұл көпестің өз қалауына байланысты емес, капиталистік өндіріс әдісінің даму дәрежесіне байланысты. Өндіріс монополиясына ие болған баяғы Голландия-Ост-Индия сияқты таза көпестік компания ең мықтағанда капиталистік өндірістің ұрықтану дәуіріне сәйкес келетін әдістерді жағдай тіпті өзгеріп кеткен кезде де қолдана береміз деп адасты<sup>40</sup>.)

Кең тараған бұл ескілікті ұғым,— айтқандай-ақ, пайда және с. с. жөніндегі қате ұғымдардың бәрі сияқты, бұл да тек сауда айналысындағы әсерлерден және көпестік ескі ұғымнан туған,— басқасын былай қойғанда, мынадай жағдайларға сүйенеді.

*Біріншіден:* бәсекелестік құбылыстарға; бірақ бұл құбылыстар бүкіл көпестік капиталда белгілі бір үлесі бар жеке көпестер арасындағы сауда пайдасының бөлінісіне ғана қатысы бар; мысалы, егер біреу өзінің бәсекелесін ұту мақсатымен арзанға сатса.

*Екіншіден:* Лейпцигтегі профессор Рошер құралыптас экономистер әлі де болса товардың сатылу бағасының өзгеруі өндіріс әдісінің өзінде болған төңкерістің нәтижесі емес, «ақыл мен адамгершілік»<sup>83</sup> жайын ойлаудан туған нәрсе деп ұғынады.

*Үшіншіден:* егер өндіріс бағалары еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде төмендейтін болса және сол себептен де сату бағалары қоса төмендейтін болса, онда сұраныс көбінесе ұсыныстан шапшаңырақ өседі, ал сонымен бірге рыноктік бағалар да өседі, демек, товардың сатылу бағалары ортадан көбірек пайда береді.

*Төртіншіден:* бағзы бір көпес оның кәсіпорнындағы үлкен капитал тез айналсын деп сату бағасын төмендетуі мүмкін, (ал мұның өзі әрдайым оның бағаға үстемелеп қосатын кә-

<sup>40</sup>) «Жалпы ереже бойынша, баға қандай болмасын, пайда әуақытта бірдей; пайда теңіздің беті қалай толқыса да бір деңгейден айрылмайтын қалтқы тәрізді. Сондықтан баға көтерілген кезде саудагер бағаны көтереді, ал баға төмендеген кезде ол да бағаны төмендетеді» (Corbet „An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals“. London, 1841, p. 20).— Бүкіл текстідегі сияқты, бұл жерде де әңгіме жалдаптық жайында емес, жай сауда жайында болып отыр, оны зерттеу, сауда капиталын жіктеуге қатысы бар нәрсе атаулының барлығы сияқты, біздің зерттеу шеңберімізден шығып кетеді. «Сауда пайдасы дегеніміз бағаға тәуелсіз түрде капиталға қосылатын құн; ал екіншісі» (жалдаптық) «капитал құнының немесе бағаның өзінің өзгеруіне негізделген» (сонда, 128-бет).

дімгі жай пайдасын кеміткендік болып шығады). Осының барлығы да көпестердің өз арасындағы бәсекеге ғана байланысты нәрселер.

Біз «Капиталдың» I кітабында-ақ мынаны ашып көрсеткенбіз: товардың бағасы жоғары ма, төмен бе, ол осы капитал өндіретін қосымша құнның аумағын да, сол қосымша құнның нормасын да белгілей алмайды; бірақта белгілі бір еңбек мөлшерін жұмсап өндірген товардың салыстырмалы көлеміне қарай товар өлшемінің бағасы, ал сонымен бірге осы бағаның қосымша құнға сәйкес келетін бөлегі де не көп, не аз бола алады<sup>84</sup>. Қалаған мөлшердегі товардың бағасы, ол құнға сәйкес болатындықтан, сол товарда затқа айналған еңбектің жалпы мөлшерімен анықталады. Егер көп товарға аз еңбек сiңiрiлген болса, онда товар өлшемінің бағасы да төмен, демек, оның ішіндегі қосымша құн да мардымсыз. Товарды өндіруге жұмсалған еңбек ақысы төленген және ақысы төленбеген еңбек болып қалайша екі жарылады, демек, товар бағасының қай бөлегі қосымша құн болып табылады — міне, бұл осы еңбектің жалпы көлемімен, демек, товар бағасымен де ешбір байланысты емес. Ал енді қосымша құн нормасы жеке товар бағасының ішіндегі қосымша құнның абсолютті көлеміне байланысты емес, қайта, оның салыстырмалы көлеміне, қосымша құнның нақ сол товардың ішіндегі жалақыға қатынасына байланысты. Сондықтан товардың әрбір жеке өлшеміне келетін қосымша құнның абсолютті көлемі онша үлкен болмаған күннің өзінде, оның нормасы жоғары болуы мүмкін. Товардың әрбір жеке өлшеміндегі қосымша құнның абсолютті көлемі ең алдымен еңбек өнімділігіне және тек содан кейін ғана — оның ақысы төленген және ақысы төленбеген еңбек болып екіге бөлінуіне байланысты.

Саудадағы товардың сатылу бағасы үшін өндіру бағасы енді сыртқары тұрған жағдай болып табылады.

Товардың сауда бағасының жоғары дәрежесі бұрынғы уақытта: 1) өндіру бағаларының жоғары болуына, яғни еңбек өнімділігінің төмендігіне; 2) жалпы пайда нормасының жоқтығына байланысты болған; сонымен қатар көпестік капитал капиталдың жалпы ебдейлігі жағдайында өзіне тиісті мөлшерден әлдеқайда көбірек көлемде қосымша құн иемденіп кетіп жүрді. Демек, осы екі мағнада да жаңағыдай жағдайдың тоқтатылуы — капиталистік өндіріс тәсілінің даму нәтижесі.

Сауданың әралуан саласында көпестік капиталдың айналымдары бірде ұзақ немесе бірде қысқа демек, жыл бойындағы айналым саны да бірде көп, бірде аз болады. Экономикалық циклдың әр түрлі сатысында сауданың белгілі бір сала-

сында айналым бірде шапшаң, бірде баяу. Солай бола тұра, тәжірибеде белгіленген орта айналым саны жүзеге асырылады.

Көпестік капиталдың айналымы өнеркәсіп капиталының айналымынан өзгеше екенін біз бұрын көргенбіз. Мұның өзі істің ішкі мәнінен туады; өнеркәсіп капиталының айналымындағы жеке бір саты сол көпестік капиталдың толық айналымы немесе, ең болмағанда, оның бір бөлегі ретінде көрінеді. Көпестік капиталдың айналымы пайда мен бағаның анықтама-сына да өзгеше қатынаста тұрады.

Өнеркәсіп капиталының айналымы, бір жағынан, ұдайы өндірістің дүркінділігін білдіреді, ал енді белгілі бір уақыт ішінде рынокке шығарылатын товарлар аумағы осыған байланысты. Екінші жағынан, айналыс мерзімі өндіріс процесінің көлеміне ықпал ете отырып, сол арқылы құн мен қосымша құнның жасалуына азды-көпті ықпал ететін, созалаңдау болса да, белгілі бір шекара жасайды. Сондықтан айналым — оңды болмағанымен, тежегіш элемент ретінде — жыл сайын өндірілетін қосымша құнның аумағына, демек, жалпы пайда нормасының жасалуына шешуші ықпал етіп отырады. Бұған керісінше, көпестік капитал үшін орта пайда нормасы дегеніміз нақты көлем. Ол пайда немесе қосымша құн жасауға тікелей қатынаспайды, ал пайданың жалпы нормасын жасауға шешуші ықпал ететін себебі — ол өзі бүкіл капиталдың қай мөлшердегі үлесі болса, өнеркәсіп капиталы өндірген жалпы пайда көлемінен сол мөлшерде үлес алады.

«Капиталдың» II кітабының II бөлімінде көрсетілгеніндей, өнеркәсіп капиталының айналым саны неғұрлым көп болса, оның өндіретін пайдасының көлемі де солғұрлым көп. Рас, енді, пайданың жалпы нормасы белгіленгеннен кейін, барлық пайда әр түрлі капиталдар арасына бөлінеді, бірақ олардың пайданы өндіруге тікелей қатысуларына мөлшерлеп емес, олардың әрқайсысының жалпы капиталдағы алатын үлесті орнына қарай, яғни олардың көлеміне қарай бөлінеді. Алайда істің мәні бұдан түк өзгермейді. Бүкіл өнеркәсіп капиталының айналым саны неғұрлым көп болса, пайда аумағы, жылмажыл өндірілетін қосымша құн аумағы, ал сондықтан басқа жағдайларының бәрі бірдей болса, пайда нормасы да солғұрлым көп болады. Көпестік капиталдың жағдайы өзгеше. Ол үшін пайда нормасы дегеніміз нақты көлем; бұл көлем, бір жағынан, өнеркәсіп капиталы өндірген пайда аумағына, екінші жағынан, — бүкіл сауда капиталының салыстырмалы көлеміне, оның сан мөлшерінің өндіріс процесі мен айналыс процесіне авансыланған капитал сомасына қатынасына қарай анықталады. Әрине, көпестік капиталдың айналым саны оның

бүкіл капиталға қатынасына яғни айналысқа қажетті көпестік капиталдың салыстырмалы көлеміне белгілі дәрежеде ықпал етеді; бұл жерде қажетті көпестік капиталдың абсолютті көлемі мен оның айналым шапшандығы бір-біріне кері пропорциялы болатыны айқын; бірақта оның салыстырмалы көлемі, яғни көпестік капиталдың бүкіл капиталдан алатын үлесі, басқа жағдайларының бәрі бірдей болса оның абсолютті көлеміне қарай анықталады. Егер де барлық капитал 10 000-ға тең болса, онда, айталық, оның  $\frac{1}{10}$  бөлегін құрайтын көпестік капитал = 1 000; ал егер барлық капитал 1 000 болса, онда оның  $\frac{1}{10}$  бөлегі = 100. Сөйтіп, оның салыстырмалы көлемі бір күйінде қалады да, ал абсолютті көлемі барлық капиталдың көлемі қалай өзгерсе, солай өзгеріп тұрады. Ал біз бұл жерде барлық капиталдың, айталық,  $\frac{1}{10}$  бөлегін құрайтын салыстырмалы көлемді нақты көлем етіп аламыз. Бірақ көпестік капиталдың осы салыстырмалы көлемінің өзі, сайып келгенде, айналымға қарай анықталады. Шапшаң айналым кезінде оның абсолютті көлемі бірінші жағдайда, айталық, = 1 000 ф. ст., екінші жағдайда = 100, сондықтан да оның салыстырмалы көлемі =  $\frac{1}{10}$ . Неғұрлым баяу айналым кезінде оның абсолютті көлемі бірінші жағдайда, айталық, = 2 000, ал екінші жағдайда = 200. Сондықтан оның салыстырмалы көлемі барлық капиталдың  $\frac{1}{10}$  бөлегінен  $\frac{1}{5}$  бөлегіне дейін өседі. Көпестік капитал айналымының орташа мерзімін қысқартатын жағдайлар, мысалы транспорт құралдарының дамуы, *pro tanto*\* көпестік капиталдың абсолютті көлемін кемітеді, демек, жалпы көпес пайда нормасын арттырады. Және мұның керісінше. Өзінен бұрынғы қоғамдық қатынастармен салыстырғанда күштірек дамыған капиталистік өндіріс тәсілі көпестік капиталға екі түрлі ықпал етеді: белгілі бір мөлшердегі товар шын мәнісінде қызмет етуші азғана көпестік капиталдың көмегімен-ақ айнала береді; ал көпестік капиталдың неғұрлым шапшаңырақ айналуы және ұдайы өндіріс процесінің шапшандығы артуы нәтижесінде,— ал айналым шапшандығы нақ осыған негізделеді,— көпестік капитал өнеркәсіп капиталынан азая түседі. Екінші жағынан, капиталистік өндіріс тәсілі дамыған сайын барлық өндіріс товар өндірісіне айналады, сондықтан да бүкіл өнім айналыс агенттерінің қолына түседі; оған мынаны қосу керек: шағын көлемде жүргізілген бұрынғы өндіріс тәсілі тұсында,— егер өндірушілердің өздері тікелей *in natura*\*\* тұтынған өнім көлемі мен *in natura* атқарылған міндеткерлік көлемін сөз қылмайтын болсақ,— өндірушілердің едә-

\* — соған сәйкес. *Ред.*\*\* — заттай түрінде. *Ред.*

үір көп бөлегі өз товарларын тікелей тұтынушыларға сатты немесе солардың қолма-қол заказы бойынша жұмыс істеді. Сондықтан, бұрынғы өндіріс тәсілдері тұсында сауда капиталы өзінің көмегімен айналатын товар капиталынан көп болғанымен, ол:

1) абсолютті түрде аз, өйткені бүкіл өнімнің өлшеусіз аз бөлігі товар түрінде шығарылады да, товар капиталы ретінде айналысқа түсіп, көпестің қолына баруға тиіс; оның аз болатын себебі — товар капиталының өзі аз. Бірақ сонымен бірге сауда капиталы салыстырмалы түрде көп, көп болғанда, өз айналымының неғұрлым баяуырақ болғандығынан ғана және осының көмегімен айналым жасайтын товардың аумағымен салыстырғанда ғана емес. Оның көп болатын және бір себебі, осы товар аумағының бағасы, демек, оған авансыланатын көпестік капитал да, еңбек өнімділігі төмен болғандықтан, капиталистік өндіріс тұсындағыдан көп болып шығады: сондықтан товардың азырақ аумағынан сол баяғы бір құн көріне береді.

2) Капиталистік өндіріс тәсілі негізінде көп товар аумағы өндіріліп қана қоймайды (бұл жерде сол аумақты құрайтын товарлар құнының азаюын еске алу керек), өнімнің, мәселен, астықтың, белгілі бір нақты аумағы, товардың көбірек аумағын құрайды, яғни өнімнің көбірек бөлігі саудаға түседі. Айтпақшы, осының нәтижесінде көпестік капиталдың аумағы ғана емес, сонымен бірге айналысқа, мәселен, кеме қатынасына, темір жолға, телеграфқа және сондайларға жұмсалатын жалпы капитал түгел өседі.

3) Бірақ,— бұл жерде «капиталдар» бәсекесіне қатысты бір көзқарасты баяндай кету керек,— капиталистік өндіріс тәсілінің прогресі күшейіп, бөлшек саудаға кеулеп кіру жеңілдей түскен сайын, жалдаптық қаулап, босаған басы артық капитал саны көбейе түскен сайын, қызмет атқармайтын көпестік капитал немесе жартылай ғана қызмет атқаратын көпестік капитал молаяды.

Бірақ, көпестік капиталдың салыстырмалы көлемін барлық капиталмен салыстырғанда нақты көлем деп болжай отырып, сауданың эралуан саласындағы айналымдардың айырмашылығы көпестік капиталдың үлесіне тиетін бүкіл пайданың көлеміне де, жалпы пайда нормасына да ықпал етпейді. Көпестің пайдасы оның өзі айналымға жіберген товар капиталының аумағымен анықталмайды, сол айналымды дәнекерлеу үшін авансыланатын ақша капиталының көлемімен анықталады. Егер пайданың жылдық жалпы нормасы 15% болып, көпес 100 ф. ст. ақша авансылаған болса, онда оның капиталы жылына бір рет айналғанда, көпес өзінің товарын 115 ф. стер-

лингке сатады. Егер де оның капиталы жылына бес рет айналатын болса, онда ол сатып алғандағы бағасы 100 тұратын товар капиталын бір жылдың ішінде 103-ке бес рет сатады, демек, 500-дік товар капиталын жыл бойына 515-ке сатады. Бірақ осы екі жағдайдың екеуінде де оның авансылаған 100 капиталы 15 көлемінде жылдық пайда келтіреді. Бұлай болмаған күнде, көпестік капитал өз айналымының санына қарай өнеркәсіп капиталына қарағанда әлдеқайда артық пайда табар еді, ал мұның өзі жалпы пайда нормасының заңына қайшы келеді.

Сонымен, сауданың әралуан саласындағы көпестік капиталдың айналым саны товарлардың сауда бағасына тікелей ықпал жасайды. Бағаға қосылатын сауда үстемесінің шамасы, белгілі бір капиталдың сауда пайдасының бір өлшем товар өндіру бағасына келетін бөлегінің көлемі айналым санына немесе сауданың әралуан саласындағы көпестік капитал айналымының шапшаңдығына кері қатынаста болады. Егер көпестік капитал жылына бес рет айналатын болса, онда ол құны бірдей товар капиталына жылына бір-ақ рет айналым жасай алатын басқа бір көпестік капиталдың өзімен құны бірдей товар капиталына қосатын үстемесінің  $\frac{1}{5}$  бөлегін қосады.

Капиталдар айналымының орташа уақытының сауданың әралуан саласындағы сату бағасына тигізетін ықпалы мынаған саяды: айналымның осы шапшаңдығына сәйкес, көпестік капиталдың белгілі бір осы нақты көлемінде жылдық жалпы пайда нормасымен анықталатын, яғни осы капитал операцияларының ерекше көпестік сипатымен анықталатын пайданың белгілі бір аумағы құны бірдей товар аумағына алуан түрлі бөлінеді, сондықтан, мәселен, жылына бес рет айналғанда товар бағасына қосылатыны  $\frac{15\%}{5} = 3\%$  ал, мұның керісінше, жылына бір-ақ рет айналғанда 15% болады.

Демек, сауда пайдасының белгілі бір нормасы сауданың әралуан саласында айналым мерзіміне қарай товарлардың сату бағасын сол товарлардың құнына проценттеп шаққанда мүлде әр түрлі көлемде көтеріп отырады.

Бұған керісінше, өнеркәсіп капиталының айналым уақыты өндірілген товар өлшемі құнының көлеміне ешқандай ықпал ете алмайды, бірақ ол осы капиталдың осы уақытта өндірген құны мен қосымша құнының аумағына ықпал етеді, өйткені ол каналған еңбектің аумағына ықпал етеді. Әрине, егер өндіріс бағасын еске алатын болсақ, мұның өзі бүркемеленіп, өзгеше көрінеді, бірақ оның себебі — тек әр түрлі товарлардың өндіріс бағасы, бұдан бұрын баяндалған заңдар бойынша, өз

құндарынан ауытқып отырады. Егер де бүкіл өндіріс процесін, бүкіл өнеркәсіп капиталы өндірген бүкіл товар аумағын алып қарайтын болсақ, онда біз жалпы заңның дұрыстығын бірден-ақ байқаймыз.

Сонымен, айналым уақытының құн жасалуына тигізетін ықпалын егжей-тегжейлеп зерттеу өнеркәсіп капиталы жөнінде тағы да: товар құны оған жұмсалған жұмыс уақытымен анықталады дейтін саяси экономияның жалпы заңы мен базисіне алып келіп жатқанда, көпестік капитал айналымының сауда бағасына тигізетін ықпалы басқаша бір құбылыстарды ашады; егер аралық буындарға өте іждаһатты талдау жасалмаса, бұл құбылыстар бағаның кездейсоқ анықталуын алдын ала белгілейтін секілді көрінуі мүмкін, атап айтқанда, бейне бір капитал бір жыл ішінде қаншалықты пайда табамын деп ұйғарса, баға соған қарап анықтала салатындай ұғым тудыратын секілді. Айналымның нақ осындай ықпал етуінің нәтижесінде айналыс процесі товар бағасын өндіріс процесіне тәуелсіз-ақ белгілі шекарада өздігінен белгілейтін секілді көрінеді. Тұтас алғандағы ұдайы өндіріс процесі жөніндегі үстірт те жаңсақ көзқарастардың барлығы көпестік капитал жөніндегі ұғымдардан және оның ерекше қозғалысынан барып айналыс агенттерінің басында пайда болған ұғымдардан туған.

Егер өз өкінішіне қарай оқушының көзі жеткеніндей, капиталистік өндіріс процесінің шын мәнісіндегі, ішкі байланысын талдау — өте күрделі, елеулі еңбекті талап ететін іс болса, егер ғылымның міндеті тек құбылыстан ғана көрінетін сыртқы қозғалысты шын мәнісіндегі ішкі қозғалысқа апарып саю болатын болса, онда өндіріс заңдары туралы капиталистік өндіріс пен айналыс агенттерінің басында сол заңдардан мүлде алшақ жатқан, қозғалыстың санаға қалай түссе тек солай ғана бейнеленген көрінісі болуға тиіс екені өзінен-өзі түсінікті. Көпестің, биржа жалдаптарының, банкирдің ұғымдары мүлде бұрмаланған болып шығады. Фабриканттардың ұғымы өздерінің капиталы ұшырайтын айналыс әрекеттерінің әсерімен және жалпы пайда нормасының теңелуі нәтижесінде<sup>41)</sup> бұрмаланады. Бұл адамдардың ұғымында бәсекеңің өзі де мүлде солақай роль атқаратын болып шығады. Егер құн мен қосымша құнның шегі белгілі болса, капиталдар бәсекесі құнды қалайша өндіріс бағасына, ал одан кейін сауда бағасына, ал қосымша құнды — орта пайдаға айналдыра алатынын ұғу

<sup>41)</sup> Өте бір аяқ аулықпен айтылған, бірақ сонымен бірге өте дұрыс ескертпе мынадай: «Белгілі бір товарды әр түрлі сатушыдан елеулі айырмашылығы бар әр түрлі бағамен сатып алуға болады, сондықтан осы жағдайдың өзі көбінесе теріс калькуляцияға негізделеді» (*Feller und Odermann*. „Das Ganze der Kaufmännischen Arithmetik. 7. Auflage. 1859 [S. 451.]). Мұның өзі бағаны анықтау ісінің таза теориялық, яғни абстрактілік сипат алатынын көрсетеді.



оңай. Бірақ бұл шектерді білмей тұрып, бәсекенің жалпы пайда нормасын не себепті мына шек емес, ана шекке, 1500%-ке емес, 15%-ке ғана жеткізетінін түсіну тіпті де мүмкін емес. Бәсеке, ең мықтағанда, жалпы пайда нормасын *бір* дәрежеге жеткізумен ғана тынады. Бірақ оның өзінде осы дәрежені анықтайтын ешқандай элемент атымен болмайды.

Сонымен, көпестік капиталдың тұрғысынан қарағанда, бағаны айналымның өзі анықтайтын сияқты. Екінші жағынан, өнеркәсіп капиталы айналымының шапшаңдығы осы капиталдың еңбекті көп не аз қанауына мүмкіндік ашатын болғандықтан, ол пайданың аумағына, демек, жалпы пайда нормасына да, тағайынды және шектеуші ықпал етіп жатқанда, сауда капиталы үшін пайда нормасы сырттан беріледі де, оның қосымша құн жасаумен арадағы ішкі байланысы мүлде жойылып кетеді. Егер белгілі бір нақты өнеркәсіп капиталы, басқа жағдайлары өзгеріссіз болған күнде, әсіресе органикалық құрылымы бірдей болып, жылына екі реттің орнына төрт рет айналатын болса, онда ол қосымша құнды, демек пайданы да екі есе көп өндіреді; және бұл капитал өз айналымын тездетуге мүмкіндік беретін неғұрлым жетілген өндіріс әдісіне әлі де ие болып отырғанда әлгінің өзі тіпті айқын көрінеді. Мұның керісінше, сауданың әр түрлі саласындағы айналымның әр түрлі ұзақтығы мынадан көрінеді: белгілі бір товар капиталының бір айналымынан түсетін пайда сол товар капиталының айналым жасауына көмектесетін ақша капиталының айналым санына кері қатынаста болады. *Small profits and quick returns\* shopkeeper\*\** үшін принципке бола қолданатын принциптің өзі болып шығады.

Әйтсе де, көпестік капитал айналымының бұл заңы сауданың әр түрлі саласында,— тіпті бір-бірінің есебін толтырып тұратын шапшаң және баяу айналымдардың алма-кезек ауысуын былай қойғанның өзінде,— осы салаға жұмсалған бүкіл көпестік капиталдың орташа айналымы үшін ғана маңызды болады. А капиталының айналым саны, нақ сол салада қимыл жасап жүрген *B* сияқты, орташа айналым санынан не артық, не кем болуы мүмкін. Бұл жағдайда басқа капиталдардың айналым саны да осыған сәйкес не аз, не көп болады. Бұдан осы салаға жұмсалған көпестік капиталдың бүкіл аумағының айналымы түк те өзгермейді. Бірақ жеке көпес немесе ұсақ саудагер үшін мұның шешуші маңызы бар. Өнеркәсіп капиталисінің орташадан қолайлырақ жағдайда өндіргенде қосымша пайда алатыны сияқты, бұл жағдайда да кө-

---

\* — Аз пайда және шапшаң айналым. *Р. д.*

\*\* — дүкенші. *Ред.*

пес немесе саудагер қосымша пайда түсіреді. Егер бәсеке таластық талап ететін болса, ол пайдасын орта дәрежеден келтіретін, өз товарын өзге «ағайындарынан» арзаңдау да сата алады. Егер оның айналымын тездетуге мүмкіндік беретін жағдайлар, мәселен, сауда орны, сатып алынатын болса, онда ол бұған ерекше рента да төлей алады, яғни өзінің қосымша пайдасының бір бөлегін жер рентасына айналдырады.

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

## АҚША-САУДА КАПИТАЛЫ

Өнеркәсіп капиталының айналыс процесіндегі, ақшаның таза жай қозғалыстары — енді біз бұған товар-сауда капиталын да қосып айта аламыз (өйткені товар-сауда капиталы айналыстағы өнеркәсіп капиталы қозғалысының бір бөлегін өзіне, оның өзіне ғана тән, меншікті қозғалысы ретінде жүзеге асырады), — бұл қозғалыстар, соларды, тек соларды өзіне ғана тән операциялар ретінде жүзеге асыратын ерекше капиталдың дербес қызметіне айналып алғаннан кейін, сол капиталды ақша-сауда капиталына айналдырады. Өнеркәсіп капиталының, дәлірек айтқанда, товар-ақша капиталының да бір бөлегі жалпы ақша капиталы ретінде ғана емес, сонымен қабат осы техникалық қызметтермен айналысатын ақша капиталы ретінде де, үнемі ақша түрінде жүреді. Жиынтықты капиталдың белгілі бір бөлегі ақша капиталы түрінде бөлініп шығып оқшауланады; оның капиталистік қызметі тек бірыңғай өнеркәсіп және сауда капиталистерінің бүкіл табы үшін осы операцияларды атқару болып табылады. Товар-сауда капиталы жөніндегі сияқты, бұл жерде де ақша капиталы түрінде айналыс процесінде жүрген өнеркәсіп капиталының белгілі бір бөлегі ажырап шығып, бүкіл қалған капитал үшін ұдайы өндіріс процесінің осы операцияларын атқарады. Демек, осы ақша капиталының қозғалысы тағы да өзінің ұдайы өндіріс процесінде жүрген өнеркәсіп капиталының оқшауланып шыққан бөлегінің ғана қозғалысы болып табылады.

Тек қана капитал алғаш рет жұмсалып отырған жағдайда және солай болғандықтан да — ал мұның өзі қор жинау кезінде де осылай болды, — ақша түріндегі капитал қозғалыстың бастапқы және соңғы пункті болып табылады. Қозғалыс процесіндегі әрбір капитал үшін бастапқы пункт те, соңғы пункт те тек өтпелі пункт болып саналады. Өнеркәсіп капиталы өз сферасынан шыққан кезінен бастап, оған қайта кірген кезіне дейін  $T'—A—T$  құбылысын жасауға тиісті болғандық-

тан, соған сәйкес  $A$ , жай товар айналысы кезінде байқалғанындай, құбылыстың бір сатысының соңғы нәтижесі болады да, содан кейін бірінші сатыны толықтыратын қарама-қарсы екінші бір сатының бастапқы пункті болады. Сондықтан өнеркәсіп капиталының  $T—A$  өрнегі сауда капиталы үшін әр уақытта  $A—T—A$  түрінде көрінеді, бірақ ол қызмет істей бастағаннан кейін, ол үшін де шын мәнісіндегі процесс әр уақытта  $T—A—T$  өрнегі болып табылады. Бірақ сауда капиталы  $T—A$  және  $A—T$  актілерін қатар жасайды, яғни бір капитал  $T—A$  сатысында болғанда, екінші капитал  $A—T$  сатысында болып қана қоймайды, қайта белгілі бір капиталдың өзі өндіріс процесінің үздіксіздігі себепті әрдайым бір мезгілде әрі сатып алып, әрі сатып отырады; ол бір мезгілде және әрдайым екі сатыда қатарынан болады. Оның бір бөлегі әуелі ақшаға айналып, одан кейін қайта товарға айналып жатса, екінші бөлегі әуелі товарға айналып, одан кейін қайта ақшаға айналып жатады.

Бұл тұста ақшаның айналыс құралы ретінде немесе төлем құралы ретінде қызмет етуі товар айырбасының түріне байланысты. Екі жағдайдың екеуінде де капиталистің әрдайым көптеген адамдарға ақша төлеуіне және көптеген адамдардан төлем ақша алуына тура келеді. Ақша төлеп, ақша қабылдайтын осы жай жұмыстың өзі де айналып келгенде еңбек болып табылады, бұл еңбек, ақша төлем құралы ретінде қызмет атқаратын болғандықтан, төлем балансын жасауды, өзара есеп айырысу ісін қажет етеді. Бұл еңбек айналыс шығындарына жатады, ешқандай құн жасамайтын еңбек саналады. Бұл еңбекті агенттердің немесе капиталистердің ерекше бір тобы қалған бүкіл капиталистер үшін атқаратын болғандықтан, оның көлемі қысқарып отырады.

Капиталдың белгілі бір бөлегі қазына ретінде, потенциялы ақша капиталы түрінде: сатып алу құралының резерві, төлем құралының резерві, өзінің тұтынылуын күтіп отырған ақшадай бос капитал түрінде әрдайым қолда болуға тиіс; ал капиталдың кейбір бөлегі әрдайым осы түрде қайтадан құйылып жатады. Ақшаны қабылдап алу, оны беру және есеп-қисап жұмыстарынан басқа, мұның өзі әлгі қазынаны сақтау қажеттігін де туғызады, сөйтіп ол да өзінше бір операция болып шығады. Демек, айналыс құралы мен төлем құралының бөлініп шығуы және сауда-саттық пен мерзімі жеткен төлемдерден алынатын ақшадан қазынаның қайта құралуы іс жүзінде әрдайым ұдайы болып тұрады; ақша түріндегі капиталдың бір бөлегінің осындай үздіксіз қозғалысы, капиталдың өз қызметінен оқшау қозғалысы, осы бір таза техникалық жұмыс ерекше еңбек пен шығынды — айланыс шығынын тудырады.

Еңбек бөлінісі мынаған әкеліп соғады: капиталдың қызме-тімен байланысты туатын осы техникалық жұмыстарды, бар мүмкіндігінше, бүкіл капиталистер табы үшін агенттердің немесе капиталистердің оқшау тобы өздерінің ерекше қызметі ретінде атқарады немесе өз қолдарына шоғырландырады. Мұның өзі де, көпестік капитал турасындағы сияқты,— екі мағынадағы еңбек бөлінісі. Кәсіпкерлік қызметтің ерекше саласы пайда болады да, ол өзі осындай ерекше сала ретінде бүкіл таптың ақша механизміне қызмет ететін болғандықтан, бір жерге шоғырланып ірі көлемде жүргізіледі және бұл жерде, өз орайымен, осы оқшау кәсіпкерлік қызмет саласының шеңберінде де еңбек бөлінісі туады, ал мұның өзі бұл саланың бір-біріне тәуелсіз әр түрлі салаларға бөлінуі нәтижесінде де және сондай салалардың әрқайсысында арнаулы аппараттар (үлкен кеңселер, толып жатқан бухгалтерлер мен кассирлер, еңбектің терең жіктеле бөлінісі) құрылуы нәтижесінде де болады. Ақша төлеу, оны қабылдау, балансылардың қалдығын шығару, ағымдағы есепті жүргізу, ақшаны сақтау, т. с., осы техникалық жұмыстардың қажеттігін туғызатын актілерден бөлінгендіктен, осы қызметтерге авансыланған капиталды ақша-сауда капиталына айналдырады.

Кәсіпкерлік қызметтің дербес салаларына оқшаулануы нәтижесінде ақша саудасын тудыратын әр түрлі операциялар ақшаның өзінің әр түрлі анықтамасынан және оның атқаратын қызметтерінен барып шығады, сөйтіп, капиталдың бұл қызметтерді ақша капиталы түрінде де атқаруына тура келеді.

Жалпы ақша алғаш рет әр түрлі қауымдар арасындағы өнім айырбасы тұсында дами бастағанын мен бұдан бұрын да көрсеткенмін<sup>42)</sup>.

Сондықтан ақша саудасы, ақша товарының саудасы ең алдымен халықаралық қатынастардан туады. Әр түрлі елдерде ерекше монеталар болғандықтан, басқа елдерден товар сатып алатын көпестер өз елінің монеталарын жергілікті монеталарға және одан қайтып өз монетасына немесе әр түрлі монеталарды дүние жүзілік ақша ретіндегі таза күміс пен алтын құймасына айырбастауға тиісті болады. Осыдан келіп айырбас ісі туады, ал мұны осы замандағы ақша саудасының<sup>43)</sup> та-

<sup>42)</sup> *Карл Маркс*. «Саяси экономияға сын». Берлин, 1859, 27-бет. [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 13-том, 36—37 беттер.]

<sup>43)</sup> «Монеталардың салмағы мен саласы жөнінен де, оны жасауға правосы бар толып жатқан князьдар мен қалалардың өз бетінше құю үлгісі жөнінен де саналуан түрлі болуы себепті, сауда ісінде белгілі бір монета арқылы есеп айырысу қажет болған жағдайларда жергілікті монетаны — пайдалану қажеттігі барлық жерде бірдей сезіледі. Шет ел рыноктерінің біріне сапар шеккен көпестер қолма-қол есеп айырысу үшін таза күміс, сондай-ақ, әрине таза алтын құймаларын бірге ала жүретін. Сол сияқты олар қайтар кезде саудадан түскен жергілікті монеталарды күміс немесе алтын құймаларына айырбастай алатын. Сондықтан айырбас ісі, асыл металдарды жер-

біғи түрде пайда болған негіздерінің бірі деп қараған жөн. Осыдан келіп айырбас банкілері туды, оларда күміс (немесе алтын), айналымдағы монетадан өзгеше, дүние жүзілік ақша ретінде, ал біздің заманымызда — банк ақшасы немесе сауда ақшасы ретінде қызмет атқарады. Вексель ісі қайсы бір елдің айырбасшысының екінші бір елдің айырбасшысына төлем қағазын беруімен шектелгендіктен вексель ісі нақ осы айырбас ісінен өрбіп, сонау Рим мен Грецияның өзінде күшті дамыған болатын.

Товар (сән-салтанат бұйымдарын жасайтын шикі материал) ретіндегі алтын, күміс саудасы құйма саудасы (Bullion trade) немесе ақшаның дүние жүзілік ақша ретіндегі қызметін дәнекерлейтін сауда үшін табиғи түрде пайда болған базис жасайды. Бұдан ертерек көрсетілгеніндей («Капитал», I кітап, III тарау, 3, с.), бұл қызмет екі түрлі болады: халықаралық төлемдерді теңестіру үшін айналыстың әр түрлі ұлттық сфералары арасында ақшаны бірден-бірге ауыстыру және капиталды процент төлейтін шартпен сыртқа әкету; сонымен бірге — асыл металдарды шығарылатын жерден дүние жүзілік рынокқа қарай жылжыту және шығарылған асыл металдарды айналыстың әр түрлі ұлттық сфералары арасына бөлу. Англияда XVII ғасырдың ұзына бойында-ақ банкирлер қызметін алтын зергерлері атқарып келген болатын. Халықаралық төлемдердің теңелеуі одан әрі дами келіп, вексельдік саудаға қалай ұласады деген және басқа мәселелерді, сондай-ақ құнды қағаздарға байланысты операциялардың барлығын да біз әзір мүлде сөз қылмаймыз; қысқасы, кредит ісінің ерекше түрлерінің барлығы бұл жерде әзірше сөз болмайды.

Дүние жүзілік ақшаға айналғанда ұлттық ақшалар өздерінің ұлттық сипатынан айрылады; бір елдің ақшасы екінші елдің ақшасымен есептеледі, сөйтіп, ақша атаулының бәрі алтынға немесе күміске тіреледі, ал енді бұл екеуі өз құндары-

---

гілікті ақшаға және одан қайтадан алтын күміске айырбастау өте кең тараған, пайдалы іске айналды». (*Hüllman*. „Städtewesen des Mittelalters“. Ersten Theil. Bonn, 1826. S. 437, 438). „De Wisselbank [айырбас банкісі] деген аттың төркіні... wissel [вексель] деген сөзден, вексельдік қолхат деген сөзден шыққан жоқ. wisselen van geldspecien [ақшаның аралауан түрлерін айырбастау] деген сөзден шыққан. 1609 жылы Амстердам айырбас банкісі құрылмастан көп бұрын Нидерландияның сауда қалаларында айырбасшылар, айырбас дүкендері, тіпті айырбас банкілері де болған. Бұл айырбасшылардың қызметі шетелдік көпестердің өз елдеріне әкелген шетелдік монеталарын айналымдағы монетаға айырбастап беру болған. Бірте-бірте олардың кәсібі кеңейе келе, олар кассир және банкир болып алған. Бірақ кассир мен айырбасшы мамандығының бірігіп кетуін Амстердам әкімдері қауіпті деп есептеп, сол қауіптің алдын алу үшін, сол айырбасшыларды да, кассирлерді де алмастыратын және уставка сәйкес ашық түрде қызмет істейтін ірі мекеме құруға ұйғарған. 1609 жылғы атакты Амстердам айырбас банкісі осылай құрылған болатын. Венециядағы, Генуядағы, Стокгольмдегі, Гамбургтегі айырбас банкілері де дәл осындай ақша мөрін айырбастау жөніндегі ұдайы қажеттіктен келіп туған. Осы банкілерден қазір жалғыз Гамбург банкісі ғана сақталып қалды, өйткені өзіндік ақша шығармайтын бұл сауда қаласы мұндай мекемеге әлі де мұқтаж болып отыр», және т. т. (*S. Vissering*. „Handboek von Practische Staatshuis hondkunde“. Amsterdam, 1860—1861, I, blz. 247—248).

ның өзара үнемі өзгеріп тұратын арақатынасына тіреледі. Тиісті операцияларға дәнекер болуды ақша саудагері өзінің дербес қызметіне айналдырып алады. Сөйтіп, айырбас ісі мен асыл құйма саудасы ақша саудасының ең алғашқы түрлері болып табылады да, ақшаның екі түрлі қызметінен: ұлттық ақша және дүние жүзілік ақша қызметінен туады.

Жалпы сауда сияқты, тіпті капитализмге дейінгі өндіріс тәсілдерінің тұсындағы сауда сияқты да, капиталистік өндіріс тәсілінен туатын нәрселер:

*Біріншіден:* ақшаның қазына ретінде, яғни қазіргі кезде капиталдың төлем құралы мен сатып алу құралының резерв қоры ретінде ақшалай қолда тұратын бір бөлегі ретінде жиналуы. Бұл қазынаның бірінші түрі, капиталистік өндіріс тәсілі тұсында ол осы түрде қайта көрінеді де, жалпы алғанда сауда капиталы өркендеген кезде жасалады. Мұның екеуінің де ішкі айналыс пен халықаралық айналысқа бірдей қатынасы бар. Бұл қазына әрдайым ағымда жүреді, ол әрдайым айналысқа барып құйылып, одан ылғи қайта ағып кетіп жатады. Қазынаның екінші түрі — қимылсыз жатқан, уақытша бос тұрған ақшалай капитал; жаңа ғана қорланып, әлі іске қосыла қоймаған ақша капиталы да осыған жатады. Осы қазынаның қазына болып құралғаннан кейінгі ең алдымен талап ететін қызметі — оны сақтау, есеп-қисап жүргізу және т. б.

*Екіншіден,* ақшаның товар сатып алған кездегі жұмсалуды, товар сатқан кездегі алынуы, ақша төлеу және төлемге ақша алу, төлемдердің теңелуі, т. б. Ақша саудагері көпестер мен өнеркәсіп капиталистеріне осының барлығын әуелі жай *кассир*<sup>44)</sup> ретінде ғана атқарып жүреді.

Ақша саудасының басқа қызметтеріне несие беру мен кредит саудасы келіп қосылғанда, ол барынша дамиды, — ал мұ-

<sup>44)</sup> «Кассирлер институты өзінің алғашқы, дербес сипатын дәл Нидерландияның сауда қалаларындағыдай соншалықты таза күйінде, бәлкім, еш жерде де сақталмаған болар (Амстердамдағы кассирлер институтының шығуы туралы қараңыз: *E. L. van Linschoten, "Hollands' gijdeboek". Leyden 1782 dfl. III*). Олардың қызметі ішінара ескі Амстердам айырбас банкісінің қызметтеріне сәйкес келіп жатады. Кассир өзінің қызметін пайдаланатын көпестерден белгілі бір сомада ақша алады да, өз кітабынша сол сомаға «кредит» ашады: сонсоң өлгі көпестер оған өздерінің несиелік талап қағаздарын жібереді, сол қағаздар бойынша кассир оларға деп ақша алады да, тиісті сомаға кредиттейді; мұның керісінше, кассир солардың жарлықтарымен төлемдер жасайды да (*kassier briefjes*), тиісті соманы олардың ағымдағы есебіне жазып қояды. Осы түскен ақшалар мен төлем ақшалардан кассир істеген қызметі үшін азғантай процентті өзіне аударады, оның дәнекерлігі арқасында, екі жақтың арасында жасалатын айналым едәуір болған кезде ғана кассирдің еңбек ақысы едәуір олжаға айналады... Егер екі көпестің төлемін бірдей өтеу керек болса, оның екеуіне бірдей қызмет қылып жүрген бір кассир болғандықтан, кітаптардағы қатар жүргізілетін есептің арқасында өлгі төлемдер он-аял өтеле салады, өйткені кассирлер олардың ауыс-күйісін күн сайын балаптап отырады. Сонымен, кассирлердің қызметі шындығында осылай төлемдерді дәнекерлеу болып табылады; демек, бұл қызметте өнеркәсіп кәсіпкерлігі, жалдаптық және банк-кредит ашу деген атымен болмайды; өйткені бұл жерде бұлжымайтын бір заң бар: кассир өз кітабына есеп ашқан адамына оның мүлік көлемінен артық ешқандай төлем жасамайды» (*Vissersing*, жоғарыда цитат алынған шығармасы, 244-бет). Венециядағы касса одақтары туралы: «Венецияның қажеттіктері

ның өзі әрдайым оның бастапқы кезінде болады,— бұл туралы келесі бөлімде, процент беретін капиталмен байланысты айтылады.

Асыл құймалар саудасының өзі, алтынды немесе күмісті бір елден екінші елге тасу — товар саудасының тек нәтижесі ғана, ал мұның өзі халықаралық төлемдер мен әр түрлі рыноктердегі процент нарқының жағдайын көрсететін вексель курсымен анықталады. Құймамен сауда жасайтын саудагер сол күйінде тек осы нәтижені дәнекерлейді.

Ақшаны зерттеген кезде, оның қозғалысы мен түр айқындығы жайында товар айналысынан қалайша өрістейтіндігін қарастырған кезде, біз сатып алу құралы және төлем құралы ретінде айналысқа түсетін ақша көлемінің қозғалысы товар құбылысымен, оның мөлшерімен, шапшаңдығымен анықталатынын көрдік («Капитал», I кітап, III тарау), ал бұл құбылыстың өзі біздің енді көріп отырғанымыздай, бүкіл ұдайы өндіріс процесінің бір сәті ғана болып табылады. Ал енді ақша материалын — алтын мен күмісті шығатын жерінен алу жайына келетін болсақ, бұл өзі тікелей товар айырбасына, товар ретіндегі алтын мен күмісті басқа товарларға айырбастауға барып саяды, яғни сол жұмыстың өзі де темірді немесе басқа бір металдарды айырбастау арқылы алған секілді товар айырбасының бір сәті болып табылады. Ал енді асыл металдардың дүние жүзілік рыноктегі қозғалысына келетін болсақ (бұл жерде біз ол қозғалысты қарастырып жатпаймыз, өйткені ол товар капиталы түрінде де болып жататын несиеге капитал беру ісін білдіреді), ол халықаралық товар айырбасымен анықталады, дәл сол сияқты сатып алу құралы ретіндегі ақшаның ел ішіндегі қозғалысы да ішкі товар айырбасымен анықталады. Асыл металдарды айналыстың ұлттық бір сферасынан екінші сферасына тасымалдау ұлттық валютаның құнысыздануынан немесе биметаллизмнен туатын болғандықтан, нақты ақша айналысымен ешқандай да байланыспайды да, тек мемлекеттік өкімет тарапынан зорлықпен жасалған заңсыздықтарды түзеткендік қана болып табылады. Ақырында, қазынаның өзіне келетін болсақ, ол ішкі немесе сыртқы сауда үшін сатып алу құралдарының немесе төлем құралдарының

---

және қолма-қол ақшаны аудару басқа жерлерден гөрі қиыңға соғатын географиялық жағдайы салдарынан, бұл қаланың көтерме саудагерлері... сенімді қауіпсіздік, бақылау және басқару шартын сақтай отырып, касса одақтарын құра бастады; мұндай одақтың мүшелері оған белгілі бір сомда жарна қосып, өз кредиторларына сол сома көлемінде жарлықтар беріп отырды, сонымен қатар осы үшін ашылған кітапта төленген ақша сомасы қарыздардың есебінен алынып, сондағы кредитордың сомасына қосылатын болды. Міне бұл жиро-банктер дейтіннің алғашқы нысандары еді. Бұл одақтар өте ертеде болған. Бірақ оны XII ғасырда шықты деушілер 1171 жылы негізі қаланып, мемлекеттік заемдар үшін құрылған мекемемен шатастырады» (Hullman, жоғарыда цитат алынған шығармасы, 453—454-беттер).



резервтегі қоры болғандықтан және сондай-ақ ол уақытша пайдаланусыз жатқан жай ғана капиталдың бір түрі болғандықтан, қазына осының қайсысы болғанда да айналыс процесінің қажетті тұнбасы ғана есепті.

Егер ақша айналысының барлығы өзінің көлемі, өзінің түрі және өзінің қозғалысы жағынан товар айналысының жай ғана нәтижесі болатын болса, ал товар айналысы капиталистік көзқарас тұрғысынан келгенде капитал айналысының процесі ғана болатын болса (ал бұл процеске капиталды кіріске және кірісті кіріске айырбастау жатады, өйткені кірісті жұмсау бөлшек саудада жүзеге асырылады), онда ақша саудасы товар айналысының жай ғана нәтижесі мен көріну тәсілін ғана, ақша айналысын ғана дәнекерлеп қоймайтыны, өзінен-өзі түсінікті. Осы ақша айналысының өзі, товар айналысының бір сәті ретінде, ақша саудасы жөнінде алдын ала белгіленген бір нәрсе есепті. Ақша саудасы өзі шоғырландыратын, ықшамдап, жеңілдетіп отыратын ақша айналысының техникалық операцияларын дәнекерлейді. Ақша саудасы қазына жасамайды, тек осы қазынаның өзі ерікті түрде құралатын болатындықтан (демек, егер ол капиталдың қолдану таба алмай отырғандығын немесе ұдайы өндіріс процесінің бұзылғандығын көрсетпейтін болса) оны экономикалық жағынан минимумге келтіру үшін техникалық құралдар береді; өйткені, сатып алу құралдары мен төлем құралдарының резервтегі қорын басқару ісі бүкіл капиталистер табы үшін жүргізілетін болса, онда бұл резервтегі қор әрбір капиталистің дербес басқарғандағысындай оншалықты үлкен болмауы мүмкін. Ақша саудасында асыл металдар сатып алынбайды, тек қана бөлінеді, өйткені олар товар саудасының процесінде сатып алынып қойған. Ақша саудасы баланстардың теңелуін оңайлатады, өйткені ақша төлем құралы ретінде қызмет етеді де, осы баланстарды теңестірудің жасанды механизмінің көмегімен есеп айырысуға керекті ақша аумағын азайтады; бірақ ақша саудасы өзара төлемдердің байланысын да, көлемін де анықтамайды. Мысалы, банкілер мен есеп айыру палаталарында бір-біріне айырбасталатын вексельдер мен чектер мейлінше тәуелсіз мәмле болып көрінеді, олар осы операциялардың нәтижесі ғана, сондықтан әңгіме осы нәтижелерді техникалық жағынан неғұрлым дұрыс теңестіруде ғана. Ақша сатып алу құралы ретінде айналатындықтан, сатып алу мен сатудың көлемі мен саны ақша саудасына мүлде тәуелді емес. Ақша саудасы тек қана осы мәмлеге келу үстіндегі техникалық операцияларды ықшамдай алады, сөйтіп, осы айналымға қажетті қолма-қол ақшаның аумағын азайта алады.

Сонымен, біз таза күйінде, яғни кредит ісінен бөлек алып

қарастырып отырған ақша саудасы товар айырбасының бір ғана сәтінің тек техникалық жағына, атап айтқанда, ақша айналысына және одан туатын әр түрлі ақша қызметіне ғана қатысы бар нәрсе.

Мұның өзі ақша саудасын товар саудасынан елеулі түрде өзгешелендіреді, ал товар саудасы товар құбылысы мен товар айырбасын дәнекерлейді немесе тіпті товар капиталының осы процесі өнеркәсіп капиталынан оқшауланған капиталдың процесі болып көрінетіндей жағдайға апарып соғады. Сондықтан, егер товар-сауда капиталының өзіндік  $A—T—A$  айналыс формасы болатын болса, онда товар екі рет ауысып, соның нәтижесінде ақша қайтып оралатын болса және оған қарама-қарсы  $T—A—T$  айналыс формасында ақша екі рет қолдан қолға ауысып, сол арқылы товар айырбасына дәнекер болатын болса,—ал енді ақша-сауда капиталы үшін ешқандай ерекше форманы атауға болмайды.

Ақша айналысына осындай техникалық дәнекерлік жасау үшін капиталистердің ерекше бір кішкене тобы ақша капиталын авансылайтын болғандықтан, ал бұл аванстың өзі осы мақсатқа көпестер мен өнеркәсіп капиталистерінің өздері авансылауға тура келетін қосымша капиталының шағындалған түрі болғандықтан, капиталдың жалпы формасы  $A—A'$  бұл жерде де өзіне орын табады. Авансылаудың арқасында  $A$  аванс берген адам үшін  $A + \Delta A$  болып шығады. Бірақ бұл ретте  $A—A'$  формасын дәнекерлеу құбылыстың өз мәніне емес, тек оның техникалық жақтарына ғана қатысты болып шығады.

Анығында, ақша саудагерлері операция жасап жүрген ақша капиталының аумағы — бұл өзі көпестер мен өнеркәсіпшілердің айналыста жүрген ақша капиталы да, ал енді ақша саудагерлері жасады деген операциялар — солар қызмет көрсетіп жүрген адамдардың операциялары.

Ақша саудагерлерінің табатын пайдасы қосымша құннан алынатыны да ап-айқын, өйткені олар тек жүзеге асырылған (тіпті несие талаптары түрінде жүзеге асырылған болса да) құнмен ғана істес болады.

Товар саудасындағы сияқты, бұл жерде де қызметтің екіге жарылуы байқалады, өйткені олай болмаған жағдайда ақша айналысымен байланысты техникалық жұмыстардың біразын товар сатушылар мен товар өндірушілердің өздері атқаруға тиісті болар еді.

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

**КӨПЕСТІК КАПИТАЛДЫҢ ТАРИХЫНАН**

Товар-сауда және ақша-сауда капиталының ақшалай қорлануының ерекше формасы тек келесі бөлімде ғана қарастырылады.

Жоғарыда баяндалғаннан өзінен-өзі туатын қорытынды сол, көпестік капиталды,— мейлі ол товар-сауда формасында болсын, мейлі ақша-сауда формасында болсын,— өнеркәсіп капиталының ерекше бір түрі деп, мысалы, кен ісімен, егіншілікпен, мал шаруашылығымен, өнеркәсіппен, транспортпен және солар сияқты қоғамдық еңбек бөлінісі нәтижесінде оқшауланып шыққан, сондықтан да өнеркәсіп капиталының өзгеше қолданылатын сфералары болып табылатын басқа да салалармен ұқсастырып қараудан асқан ерсілік болмас еді. Жай көзге көрініп тұратын мына бір жағдайдың өзі-ақ: әрбір өнеркәсіп капиталы, өзінің ұдайы өндіріс процесінің айналыс сатысында товар капиталы және ақша капиталы ретінде жүргенде, тек көпестік капиталдың екі функциясына ғана тән болатын қызметті атқаратындығы,— тек осы жағдайдың өзі-ақ мұндай дәрежі ұғымға жол бермесе керек еді. Мұның керісінше, товар-сауда және ақша-сауда капиталында, бір жағынан, өндіргіш капитал ретіндегі өнеркәсіп капиталы мен, екінші жағынан, айналыста жүрген дәл сол капитал арасындағы айырмашылық дербестік сипатқа ие болады, оның себебі— бұл жағдайда капиталдың уақытша өз міндетіне алатын белгілі бір формалары мен қызметтері капиталдың бөлініп шыққан дербес формалары мен қызметтерінің бейнесін қабылдайды да, тек сонымен ғана байланысты болады. Өнеркәсіп капиталының өзгерген формасы және өнеркәсіптің аралуан салаларының табиғатынан туатын өндіргіш капиталдың заттық айырмашылықтары,— мұның өзі мейлінше әр түрлі нәрселер.

Экономистің жалпы алғанда өзін іс жүзінде тек заттық айырмашылық жағынан ғана қызықтыратын формалар айырмашылығын зерттеудегі дәрекілігінен басқа, тұрпайы эконо-

мистің бұлай шатастыруына тағы да бір-екі жағдай негіз болады. Біріншіден, сауда пайдасын барлық ерекшеліктерімен қоса түсіндіруге оның қабілетсіздігі; екіншіден, өзіне ең алдымен товар айналысын, демек, ақша айналысын негіз етуді көздейтін капиталистік өндіріс тәсілінің ерекшелік формасынан туатын товар және ақша капиталының, ал одан кейін товар-сауда және ақша-сауда капиталының формаларын дербес өндіріс процесінен қажетті түрде туатын түрлер деп қарауға тырысатын оның жандайшаптық ниеті.

Егер де товар-сауда және ақша-сауда капиталы мен астық өндірісінің арасында астық өндірісі мен мал шаруашылығының және өнеркәсіптің арасындағы айырмашылықтан өзге ешқандай айырмашылық болмайтын болса, онда өндіріс пен капиталистік өндіріс жалпы пара-пар екені және, атап айтқанда, ет қажетін мал шаруашылығының, ал киім-кешек қажетін өнеркәсіптің өтейтіні сияқты, қоғамдық өндірісті қоғам мүшелерінің арасында өндірістік тұтыну үшін де, жеке тұтыну үшін де бөлу ісі көпестер мен банкирлердің көмегімен мәңгілік болып тұратыны аян болар еді<sup>45</sup>).

Смит, Рикардо секілді ұлы экономистер және басқалар капиталдың негізгі формасы деп өнеркәсіп капиталын арнайы зерттегендіктен, ал айналыс капиталын (ақша және товар капиталын) іс жүзінде барлық капиталдың ұдайы өндіріс процесіндегі бір сатысы ретінде ғана зерттегендіктен, олар капиталдың ерекше бір түрі есебіндегі көпестік капиталдың алдында тұйыққа тіреліп қалды. Өнеркәсіп капиталын қарастырып келгенде қорытылатын: құнның жасалуы туралы, пайда туралы және басқа ережелер көпестік капиталға тікелей қолданылмайды. Сондықтан әлгі экономистер көпестік капиталды мүлде сырт қалдырып, оны өнеркәсіп капиталының бір көрінісі ретінде ғана жол-жөнекей сөз қылады. Рикардоның сыртқы саудамен байланысты айтқаны сияқты арнайы сөз қылған жердің өзінде олар көпестік капиталдың ешқандай құн (демек

<sup>45</sup> Данышпан Рошер былай деп айтуға дейін<sup>85</sup> барды кейбіреулер сауданы өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы «дәнекерлік» деп сипаттап жүргенде, сол өндірістің өзі де тұтынудың «дәнекерлігі» (сонда кімдердің арасындағы?) деп сипаттауға әбден болар еді, одан келіп, әрине, мынадай қорытынды туар еді: егіншілік пен өнеркәсіп капиталы секілді, сауда капиталы да өндіргіш капиталдың бір бөлегі болып табылады. Демек, егер де біз адам өзінің тұтынуды қажетін тек өндіріс арқылы ғана қамтамасыз ете алады деп (ал мұны адам Лейбництен оқып келмей-ақ та істей алады) немесе табиғат игіліктерін пайдалану үшін еңбек ету керек (мұны «дәнекерлік» деп атауға болады) деп айта алатын болсақ, онда бұдан, әрине, мынадай қорытынды туады: өндірістің ерекше қоғамдық формасынан туатын қоғамдық «дәнекерлікте», — *өйткені* өндірістің өзі де дәнекерлік, — дәл сондай абсолют қажеттілік сипат, дәл сондай дәреже болады. «Дәнекерлік» деген сөз бар істің түйінін шешеді. Айтқандай, көпестер өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы (өндірушілерден өзгеше тұтынушыларды, өндірмейтін тұтынушыларды біз әзір сөз қылмаймыз), дәнекершілер емес, сол өндірушілердің өз арасындағы өнім айырбасы тұсында қызмет ететін дәнекершілер, олар осы айырбас кезіндегі жәй аралық адамдар ғана; ал айырбастың мындаған талайы оларсыз да болып жатады.

қосымша құн да) жасамайтынын көрсетуге тырысады. Ал бірақ сыртқы сауда үшін маңызы бар нәрсенің бәрі ішкі сауда үшін де дәл сондай маңызды болады.

Біз бұған дейін көпестік капиталды капиталистік өндіріс тәсілінің тұрғысынан және соның шеңберінде қарап келдік. Бірақ сауда ғана емес, сауда капиталы да капиталистік өндіріс тәсілінен бұрын пайда болған, сондықтан көпестік капитал шындығында капиталдың өмір сүруінің тарихи ең ежелгі еркін формасы болып табылады.

Ақша саудасы және оған авансыланған капитал өздерінің дамуы үшін көтерме саудадан және, одан әрі, товар-сауда капиталынан басқа ештеңе де талап етпейтінін біз жоғарыда көрдік, сондықтан біз енді осының соңғысымен ғана айналысып көреміз.

Сауда капиталы айналыс саласынан шықпайтын болғандықтан және оның қызметі тек қана товар айырбасын дәнекерлеу болғандықтан,— егер біз тікелей айырбас саудасынан туатын мешеу формаларды сөз қылмайтын болсақ,— онда сауда капиталының өмір сүруі үшін жай товар және ақша айналысына керекті жағдайлардан басқа түк керегі жоқ. Яғни, дұрысын айтқанда, соңғының өзі *сауда капиталының* өмір сүруіне керекті шарт болып табылады. Товар ретінде айналысқа түсетін өнімдерді өндіруге негіз болатын өндіріс тәсілі қандай болса да,— мейлі ол алғашқы қауымдық шаруашылық болсын, немесе құл еңбегіне сүйенетін өндіріс болсын, немесе ұсақ шаруа және ұсақ буржуазиялық немесе капиталистік өндіріс болсын, бәрі бір,— мұның өзі өнімдердің товар сәбіндегі сипатын өзгерте алмайды, сондықтан олар товар ретінде айырбас процесінен және онымен сабақтас форма өзгерістерінен бірдей өтуге тиіс. Арасында көпестік капитал дәнекер болып жүретін екі шеткі мүше ақша үшін және ақшаның қозғалысы үшін қандай болса, мұның өзіне де дәл сондай қатынаста. Жалғыз-ақ қажетті нәрсе мынау: осы шеткі мүшелер товар ретінде әрдайым қолда бар болсын,— ал енді өндіріс өзінің бар көлемімен түгелдей товарлы өндіріс пе немесе өз шаруашылығын өзі жүргізетін өндірушілер сол өндірістері арқылы өздерінің тікелей қажетін қанағаттандырғаннан кейінгі артығын ғана рынокқа шығара ма.— мұның бәрі бір. Көпестік капитал осы шеткі мүшелердің, өзіне алдын ала белгіленген алғы шарт есепті товарлардың қозғалысын ғана дәнекерлейді.

Өнімнің саудаға түсетін, көпестер қолынан өтетін көлемі өндіріс тәсіліне байланысты болады, ол капиталистік өндіріс

мықтап өркендеген кезде барынша артады, өйткені бұл тұста өнім тікелей тұтыну бұйымы ретінде емес, тек товар ретінде ғана өндіріледі. Екінші жағынан, сауда қай өндіріс тәсілінің негізінде болсын өндірушілердің (бұл жерде өндірушілер деп өнімді меншіктенушілер айтылып отыр) тұтынысын немесе қазынасын молайту үшін айырбасқа түсуге тиісті басы артық өнім жасауға көмектеседі; демек, сауда өндіріске барған сайын айырбас құны үшін керекті өндірістің сипатын береді.

Товар құбылысының, оның қозғалысының мәні мынада: 1) заттай алғанда — әр түрлі товарларды біріне-бірін айырбастауда, 2) түр жағынан алғанда — товарды ақшаға айналдыруда, сатуда және ақшаны товарға айналдыруда, товар сатып алуда. Көпестік капиталдың қызметі осы қызметтерге, сауда-саттық арқылы товар айырбасын жасауға саяды. Демек, көпестік капитал тек товар айырбасын ғана дәнекерлейді, алайда бұл айырбасты әуел бастан-ақ тікелей өндірушілер арасындағы жай ғана товар айырбасы деп ұғынбау керек. Құл иеленушілік қатынастар тұсында, крепостниктік қатынастар тұсында, сыбаға алушылық қатынастар тұсында (әңгіме мешеу, қоғамдық құрылыстар жайында болып отырғандықтан) өнімді иемденетін, демек, оны сататын да — құл иеленуші, феодал, сыбаға алатын мемлекет. Көпестік сауда-саттығы көп адамға қызмет етеді. Барлық сауда-саттық соның қолына шоғырланады, соның нәтижесінде сауда-саттық сатып алушының (көпес ретіндегі) тікелей қажеттерімен байланысты жояды.

Бірақ көпес қай қоғамдық ұйымның өндіріс сфераларында товар айырбасының дәнекершісі болып қызмет етсе де, оның мүлкі әруақытта ақшалай мүлік болады, оның ақшасы әрдайым капитал ретінде қызмет етеді. Бұл капиталдың формасы әрдайым бір-ақ түрлі:  $A - T - A'$ ; ақша, айырбас құнының дербес формасы, — бастапқы пункт те, айырбас құнының артуы — дербес мақсат. Товар айырбасының өзі және оны дәнекерлейтін операциялар — өндірістен ажыратылған және өнім өндірмейтін адамдар жасайтын операциялар — тек жай ғана байлықты емес, жалпылама қоғамдық формадағы байлықты, айырбас құны ретіндегі байлықты арттыратын құрал ғана. Оның бастапқы себебі және көздейтін басты мақсаты —  $A$ -ны  $A + \Delta$   $A$ -ға айналдыру;  $A - A'$  актісін дәнекерлейтін  $A - T$  және  $T - A'$  актілері осы  $A$ -ның  $A + A'$ -ға айналуының аралық сәттері ғана. Осы  $A - T - A'$  көпестік капиталдың тән қозғалысы ретінде оны  $T - A - T$ -дан, өндірушілердің өздері арасындағы товар саудасынан, — түпкі мақсаты тұтыну құндарының айырбасы болып табылатын саудадан өзгеше етеді.

Сол себепті, өндіріс неғұрлым мешеу дамыған болса, ақша-

лай мүлік көпестер қолында солғұрлым көп шоғырланады, яғни ол көпестік мүліктің солғұрлым ерекше формасына айналады. Капиталистік өндіріс тәсілі тұсында,— яғни капитал өндірістің өзін иперіп алып, оны мейлінше өзгерген, ерекше формаға келтірген кезде,— көпестік капитал тек *ерекше* қызмет атқаратын капитал түрінде ғана көрінеді. Бұрынғы өндіріс тәсілдерінің барлығында,— өндірісте өндірушінің өзінің тіршілік құралдарын тікелей өндіру сипаты неғұрлым басым болған сайын,— көпестік капитал *par excellence\** капиталдың атқаратын қызметі болып қалды.

Сонымен, көпестік капиталдың, капитал өндірістің өзін бағындырып алғанға дейін көп бұрын, капиталдың тарихи формасы түрінде пайда болған себебін түсіну тіпті де қиынға соқпайды. Көпестік капиталдың өмір сүруі мен дамуының өзі де белгілі дәрежеде капиталистік өндіріс тәсілінің дамуы үшін тарихи қажетті шарт болып табылады және: 1) ақшалай мүлікті шоғырландырудың алғашқы шарты болып табылады, 2) өйткені капиталистік өндіріс тәсілі сауда үшін өндіруді, зор көлемде өнім өткізуді және жеке сатып алушыларға бөлшектемей тұтас сатуды көздейді, демек, осының өзі-ақ көпесті тудырады; ал көпес өзінің жеке қажеттерін өтеу үшін сатып алмайды, бір өзінің сатып алу актісіне көптеген басқа адамдардың сатып алу актісін шоғырландырады. Екінші жағынан, көпестік капиталдың бүкіл дамуы өндіріске ықпал етіп, оған барған сайын айырбас құны үшін өмір сүретін өндірістің сипатын береді; өнімді барған сайын товарға айналдыра түседі. Алайда, біздің көп ұзамай, кейінгі баяндаудан көретініміздей, өндіріс тәсілінің бір түрінің екінші түріне ауысуын тудыру және оны түсіндіру үшін көпестік капиталдың бір өзінің дамуы әсте жеткіліксіз болады.

Капиталистік өндіріс тұсында көпестік капитал өзінің бұрынғы дербес тіршілігінен айрылып, оның ролі жалпы капитал тұтынудың бір оқшау кезеңі ғана болуға дейін төмендейді, ал пайданың теңестірілуі оның пайда нормасын жалпы орта пайда дәрежесіне деңгейлестіреді. Көпестік капитал енді өндіргіш капиталдың агенті ретінде ғана қызмет атқарады. Көпестік капитал дами келе қалыптасқан ерекше қоғамдық қатынастар енді жетекші бола алмайды; қайта, көпестік капитал басым жерлерде ескірген қатынастар үстем болады. Мұның өзі белгілі бір елдің ішінде де, мәселен, фабрикалық қалалардан гөрі таза сауда қалалары бұрынғы қатынастарды көбірек еске түсіретін реттерде байқалады<sup>46)</sup>.

\* — көбінесе. *Ред.*

<sup>46)</sup> В. Киссельбах мырза («Der Gang des Welthandels im Mittelalter», 1860) шыңдығында да әлі күнге көпестік капитал жалпы капиталдың формасы болып табы-

Көпестік капитал ретіндегі капиталдың дербес және басым дамуы өндірістің капиталға бағынбауымен пара-пар, яғни капиталдың өзіне жат және өзіне тәуелсіз қоғамдық өндіріс формасы негізінде дамуымен пара-пар. Демек, көпестік капиталдың дербес дамуы қоғамның жалпы экономикалық дамуына кері қатынаста болады.

Капиталдың үстем формасы ретіндегі дербес көпестік мүлік айналыс процесінің шеткі мүшелерінен оқшауланғанын көрсетеді, ал енді бұл шеткі мүшелер — өздері айырбас жасайтын өндірушілер. Айналыс процесі жөнінде бұл шеткі мүшелер де, бұл шеткі мүшелер жөнінде айналыс процесі де дербес күйінде қалады. Бұл жерде өнім сауданың арқасында товарға айналады. Бұл жағдайда өндірілген товардың өз қозғалысымен сауда туғызбай, өнімдердің товар формасына келуі — нақ осы сауданың арқасы. Демек, бұл жерде капитал тұңғыш рет айналыс процесіндегі капитал ретінде көрінеді. Айналыс процесінде ақша дамып, капиталға айналады. Айналыста өнім тұңғыш рет айырбас құны ретінде, товар мен ақша ретінде дамиды. Капитал айналыс процесінде жасала алады және ол осы процестің шеткі мүшелерін, өзі арасында дәнекер болатын әр түрлі өндіріс сфераларын өзіне бағындырып үйренгенге дейін айналыс процесінде жасалуға тиіс те. Ақша және товар айналысы мейлінше әр алуан ұйымның өндіріс сфераларын, өздерінің ішкі құрылымы жөнінде әлі де негізінен тұтыну құнын өндіруге бағытталған сфераларын дәнекерлей алады. Өндіріс сфераларын бір-бірімен үшінші мүшенің дәнекерлігі арқылы байланыстыратын айналыс процесінің бұл оқшаулануы екі түрлі жағдайды білдіреді. Біріншіден, айналыстың өндірісті әлі игеріп кете алмағандығын, оған белгілі бір алғышарт деп қарайтынын білдіреді. Екіншіден, өндіріс процесінің айналысты өзінің жай бір кезеңі ретінде әлі өзіне қосып алмағанын білдіреді. Керісінше, капиталистік өндірісте осының екеуі де жүзеге асты. Өндіріс процесі түгелдей айналысқа негізделеді, ал айналыс өндірістің бір кезеңі, өтпелі сатысы, ғана болып табылады, товар ретінде өндірілген өнімді өткізу және өндірістің товар ретінде өндірілетін элементтерін өтеу кезеңі ғана болып табылады. Капиталдың тікелей айналыстан туатын формасы,— сауда капиталы,— бұл жерде капиталдың ұдайы өндіріс процесіндегі бір формасы ғана болып табылады.

латын дүниенің ұғымдарынан арыла алмай келеді. Осы заманның ұғымындағы капиталдан оның ешқандай хабары жоқ, өзінің «*Römische Geschichte*»-сінде «капитал» жайында және капиталдың үстемдігі жайында сөз қылатын Моммзен мырза да сол секілді. Ағылшынның ең бергі тарихында нақ сауда сословиесі мен сауда қалалары да саяси жағынан реакцияшыл болып, жер және финанс аристократиясымен бірге өнеркәсіп капиталына қарсы одақ жасауда. Мәселен, Ливерпульдің саяси ролін Манчестердің және Бирмингемнің ролімен салыстырып қараңыз. Ағылшынның көпестік капиталы мен финанс аристократиясы (moneyed interest) өнеркәсіп капиталының толық үстемдігін тек астық салығы<sup>86</sup> т. б. жойылғаннан кейін ғана мойындады.



Көпестік капиталдың дербес дамуы капиталистік өндірістің даму дәрежесіне кері қатынаста болатыны жайындағы заң дәнекерлік сауда (carrying trade) тарихында, мәселен, венециялықтарда, генуялықтар мен голландтарда, демек, басты пайда өз елінің өнімдерін сыртқа шығарудан емес, қайта, сауда және жалпы экономика жағынан әлі дамып жетілмеген қоғамдардың өнім айырбасына дәнекер болудан және айырбасқа кіріскен өндіруші екі елді бірдей қанаудан түсетін жерлерде әсіресе айқын байқалады<sup>47)</sup>. Бұл жағдайда біздің алдымызда шеткі мүшелерден, өзі арасында дәнекер болып жүрген өндіріс сфераларынан оқшауланған, таза күйіндегі көпестік капитал бой көрсетіп отыр. Оның жасалуының негізгі көзі осындай. Бірақ дәнекерлік сауда екі жақтан бірдей қанап, өзінің өмір сүруіне базис етіп келген мешеу халықтар экономикалық жағынан дами түскен сайын әлгі дәнекерлік сауданың мұндай монополиясы және сонымен бірге ол сауданың өзі де құлдырап күйзеле бастайды. Дәнекерлік сауда тұсында мұның өзі жеке сала ретіндегі сауданың құлдырауынан ғана емес, сонымен бірге бірыңғай саудамен айналысатын халықтар басымдылығының және осы дәнекерлік сауда базасына сүйенген олардың сауда байлығының құлдырауынан да көрінеді. Мұның өзі капиталистік өндірістің даму барысында сауда капиталының өнеркәсіп капиталына бағынуын бейнелейтін ерекше форма ғана. Айтқандай-ақ, көпестік капиталдың өндірісті тура баурап алған кезде қалай қожалық ететінінің айқын үлгісін жалпы отарлық шаруашылықтан (отарлау системасы дейтіннен) ғана емес, сонымен бірге әсіресе ескі Голландия — Ост-Индия компаниясының шаруашылығынан да көруге болады<sup>87)</sup>.

Көпестік капиталдың қозғалысы дегеніміз  $A - T - A'$  болғандықтан, көпестің пайдасы, біріншіден, тек айпалыс процесінде ғана болатын актілердің арқасында алынады, демек, екі актінің: алып-сату актісінің жүзеге асуы арқасында алынады, және, екіншіден, бұл пайда соңғы сату актісі жасалғанда жүзеге асады. Демек, мұның өзі «аулақтаудан түскен пайда», («profit upon alienation»<sup>88)</sup>. Егер өнім өз құнына сатылатын болса, онда таза тәуелсіз сауда пайдасы *prima facie*\* мүмкін

<sup>47)</sup> «Сауда қалаларының тұрғындары дәулетті елдерден мануфактура өндірісінің назік товарлары мен қымбатты сән-салтанат бұйымдарын тасып әкеліп, сол арқылы ірі жер иелерінің даңққұмар сәнқойлығына жел беріп отырған, ал ірі жер иелері сол товарларды құныға сатып алып, ол үшін өз жерлерінің шикі өнімінен орасан зор ақы төлеген. Сөйтіп, сол кездегі Еуропаның бірсыпыра бөлегіндегі сауда негізінен бір елдің шикі өнімін өнеркәсіп жағынан озығырақ тұрған екінші елдің дайын бұйымдарына айырбастау түрінде болған... Ал енді бұл бұйымдарды пайдалану жалпы жұртқа әбден тараған кезде, тасымал шығындарын азайту үшін, көпестер бұл секілді товарлардың өндірісін өз елдерінде ашуға әрекеттенген». (A. Smith. [„Wealth of Nations“]. Vol. I. London, 1776] Book III, ch. III [p. 489, 490]).

\* — алғаш қарағанда. *Ред.*

емес сияқты көрінеді. Арзанға алып, қымбатқа сату,— міне, сауданың заңы осындай. Демек, бұл эквиваленттер айырбасы емес. Бұл жерде құн деген ұғымның айтылып отырған себебі, әр түрлі товарлардың бәрі сайып келгенде құн, ал сондықтан да — ақша; сапа жағынан алғанда, олардың бәрі бірдей қоғамдық еңбектің көрінісі. Бірақ олардағы құн көлемі тең емес. Өнімдердің бір-біріне айырбасталуы кезіндегі сан қатынасы әуелі мүлде кездейсоқ болады. Өнімдер товар формасына көшеді, себебі — олар жалпы айырбастала алады, яғни себебі — олар белгілі бір үшінші нәрсенің баламасы. Айырбас жалғаса түсіп, айырбас мақсатындағы ұдайы өндіріс жүйелі түрде жүргізіле түскен сайын, кездейсоқтықтың бұл элементі жойыла бастайды. Бірақ мұның өзі әдепкіде өндірушілер мен тұтынушылар үшін емес, олардың арасындағы дәнекерші үшін, ақшалай бағаларды теңестіріп, артығын қалтасына салып отыратын көпес үшін осылай болады. Айырбас өзінің қозғалысы арқылы-ақ баламалықты белгілеп береді.

Сауда капиталы алғашында өзіне бағынышты емес екі шеткі мүше арасындағы және өзі жасамаған алғышарттар арасындағы қозғалыстың дәнекершісі болып қызмет атқарады.

Товар айналысы формасының өзінен,  $T - A - T$ -дан, ақша құн өлшемі және айналыс құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге товардың және сондай-ақ байлықтың абсолютті формасы ретінде де туатыны сияқты, сондықтан оны ақша түрінде сақтап, көбейте беру дербес мақсатқа айналатыны сияқты, дәл сол сияқты, көпестік капитал айналысы формасының өзінен де,  $A - T - A'$ -дан да жай ғана аулақтату арқылы сақталып, көбейтіліп отыратын бірдеңе ретінде ақша, қазна туады.

Ежелгі дүниенің саудагер халықтары, дүниеаралық кеңістіктегі Эпикур құдайлары сияқты<sup>89</sup>, немесе, дәлірек айтқанда, поляк қоғамы заманындағы еврейлер сияқты өмір сүрген. Кереметтей өркендеген алғашқы дербес сауда қалалары мен саудагер халықтардың саудасы, таза дәнекерлік сауда ретінде, өндіруші халықтардың варварлығына негізделген де солар үшін бұлар өзі дәнекерлік роль атқарған.

Капиталистік қоғамның табалдырығында сауда өнеркәсіпке үстемдік етті; қазіргі қоғамда бұған керісінше. Әрине, араларында сауда жүргізіліп отырған қоғамдарға сауданың азды-көпті ықпалы болады; ол өндірісті айырбас құнына барған сайын көбірек бағындыра түседі, өйткені ол ләззат пен ішім-жемді өнімнің тікелей тұтынылуынан гөрі сатылуына көбірек тәуелді етеді. Сөйтіп, ол ескі қатынастарды ірітеді. Сауда ақша айналысын молайтады. Ол енді басы артық өнімді басып алумен тынбай, біртіндеп өндірістің өзін жалмай бастайды да, өндірістің тұтас бір салаларын өзіне тәуелді етеді.

Алайда бұл аздырғыштық ықпал көбіне-көп өндіруші қоғамның табиғатына байланысты болады.

Сауда капиталы дамымаған елдердің өнім айырбасын дәнекерлеп тұрған кезде, сауда пайдасы алдап-арбаудың нәтижесі болып көрінуі былай тұрсын, ол көбінесе және шындығында да содан құралады.

Сауда капиталы әр түрлі елдердегі өндіріс бағасының арасындағы айырмашылық есебінен күн көретіні өз алдына (ал бұл жөнінде сауда капиталы товар құндарының теңелуіне және тұрақтауына ықпал етеді), оның бержағында көпестік капитал бұрынғы өндіріс тәсілдері тұсында қосымша өнімнің көпшілік бөлегін өзіне иемденіп алады, алғанда — ішінара өндірісі негізінен әлі тұтыну құнына бағытталған және жалпы айналысқа түсетін өнімдерінің бір бөлегін сату, демек, жалпы алғанда өз құны бойынша өнім сату өзінің экономикалық жағынан ұйымдастырылуында екінші дәрежелі орында саналатын қоғамдар арасындағы дәнекерші ретінде алады; ішінара оның себебі, бұрынғы өндіріс тәсілдері тұсында көпеспен істес болатын басты-басты қосымша өнім иелері, — құл иеленушілер, феодалдық меншікті жер иелері, мемлекет (мәселен, шығыс деспотиясы), — тұтынушы қазна байлық атынан өкілдік етеді, көпес соларға дұзақ құрады, мұны жоғарыда келтірілген цитатада А. Смит феодалдық заман жөнінде дұрыс аңғарған. Сонымен, сауда капиталы басым болып, үстемдік еткен жерлердің бәрінде де ол талау-тонау жүйесі болып табылады<sup>48)</sup> сондықтан ежелгі заманда да, жаңа дәуірде де саудагер

<sup>48)</sup> «Енді көпестер ақсүйектер мен қарақшылардың үстінен тым жиі шағым айтатын болды. өздерінің сауда ісіне қауіп тым көбейіп кеткенін, сонымен қатар оларды басып алушылар, ұрып-соғушылар, салық салып, тонаушылар көбейіп кеткенін айтып шағымнады. Бірақ көпестер осындай жәбір-жапаны әділдік жолында шегіп жүрген болса, онда, әрине, олар әулие адамдар болар еді... Бірақ көпестердің өздері адам айтқысыз заңсыздықтар мен құдайға күнәлі ұрлық қарлықтар жасап, жалғанның жалпағында бірін-бірі талап-тонап жатқанда, жаратқан құдай осынша арамнан келген есепсіз мол қазынаны қайтадан құртып, талауға түсіріп жатса, ал енді оның үстіне көпестердің өздерін біреулер ұрып-соғып, тұтқынға алып жатса, оған таңданатын дәнеңе жоқ... Ал князьдар бұл сияқты арам сауда үшін әділ билікті жаза қолданып, халықты көпестердің мұншалықты арыздықпен тонамауы үшін шаралар қолдануға тиіс еді. Алайда князьдар осылай істемейтін болғандықтан, құдайтағала рыцарьлар мен қарақшыларды жіберіп, солар арқылы көпестерді істеген заңсыздық істері үшін жазалайды, құдайдың Мысыр жеріне және бүкіл дүниеге ыбылыс жіберіп, зар қақтырғаны секілді, әлгі рыцарьлар мен қарақшылар да құдайдың қолындағы ыбылысы болуға тиіс. Сөйтіп, құдайтағала бір зұлымды екінші зұлыммен соғып, көпестердің қарақшылығы рыцарьлардан кем емес екенін сездіріп отыр, өйткені рыцарь жылына бір-екі рет, бір-екі адамды ғана тонаса, көпестер бүкіл дүниені құдайдың құтты күні тонап отыр». «Айсаның пайғамбарлық сөзі расқа шықты: сенің князьдардың ұрының сыбайласы болып алды. Өйткені олар бір гульден немесе жарты гульден ақша ұрлаған ұрыларды дарға асады да, бүкіл дүние жүзін тонап, басқаларға қарағанда тіпті қымсынбай ұрлап жатқан қарақшылармен ымы-жымы бір болады, ұрының ірісі ұсағын дарға асады деген мәтелді бейне-бір расқа шығарғысы келгендей-ақ, немесе, Рим сенаторы Катон айтқандай, ұсақ ұрылар абақтыға қамалып, бұғауда отырады да, ірі ұрылар алтын мен жібекке бөленіп, сайраңдап жүреді. Ал енді осыған құдай не дер екен? Ол Иезекильге аян беріп айтқызғанындай іс қылады: князьдарды көпестерге, бір ұрыны бір ұрыға қосақтап байлап, өртенген қаланың күйігінде қоспа боп балқыған қорғасын мен мистай шығымдатады, енді қайтып князь да, көпес те болмайтындай етеді» (*Martin Luther, „Von Kaufhandlung und Wucher“, 1524<sup>49)</sup>*)

халықтарда сауда капиталының дамуы зорлықты талау-тонаумен, теңіз қаракшылығымен, құл барымталаумен, отарларды құлданумен байланысты болған; Карфагенде, Римде, кейінірек венециялықтарда, португалдарда, голландтарда осылай болды.

Сауда мен сауда капиталының дамуы барлық жерде де өндірісті айырбас құны бағытында дамытады, оның көлемін үлкейтіп, әр алуан етеді, оған космополиттік сипат береді, ақшаны дүние жүзілік ақшаға айналдырады. Сондықтан сауда барлық жерде бірдей өзі қармағына іліндірген және барлық алуан түрлі формалары негізінде тұтыну құнын өндіруге бағытталған өндіріс ұйымдарының бәріне азды-көпті аздырғыш ықпал етеді. Ал енді ескі өндіріс тәсілін аздыратын осы ықпалдың қаншалықты күшті болуы ең алдымен сол өндіріс тәсілінің беріктігіне және ішкі құрылысына байланысты. Және осы аздыру процесі қайда апарып соғады, яғни ескі өндіріс тәсілінің орнына жаңадан қандай өндіріс тәсілі орнайды,— мұның өзі саудаға байланысты емес, бұл ескі өндіріс тәсілінің өз сипатына байланысты. Қөне дүниеде сауда ықпалы мен көпестік капитал дамуының тұрақты бір ғана нәтижесі — құл иеленушілік шаруашылық; ал кейде алғашқы пункттің қандай екеніне қарай мұның өзі тікелей тіршілік құралдарын өндіруге бағытталған патриархалдық құлдық системасын қосымша құн өндіруге бағытталған құл иеленушілік системаға айналдырып қана қояды. Бұған керісінше, қазіргі дүниеде бұл капиталистік өндіріс тәсіліне әкеліп соғады. Бұдан туатын қорытынды — осы нәтижелердің өзі сауда капиталының дамуынан басқа, мүлде өзгеше тағы да бір жағдайларға байланысты.

Заттардың өз табиғатынан туатын нәтиже сол, қала өнеркәсібі нақтылы түрде егіншіліктен бөлініп шығысымен-ақ, оның өнімі әуел бастан товарға айналады, демек, оны сату үшін сауданың дәнекерлігі қажет болады. Сауданың қалалар дамуымен байланысты болуы және, екінші жағынан, қалалар дамуының саудамен шарттылығы, сонымен, өзінен-өзі түсінікті. Ал енді өнеркәсіп дамуының осымен қоян-қолтық болу-болмауы бұл арада түгелдей басқа жағдайларға байланысты болады. Ежелгі Римде, тіпті кейінгі республикалық дәуірдің өзінде де, көпестік капитал өз дамуында, ежелгі дүниенің қай кезіндегіден болса да, едәуір жоғары дәрежеге жетті, бұған ол өнеркәсіп дамуында ешқандай прогресс болмағанның өзінде жетті, ал енді Коринфте және Европа мен Кіші Азияның басқа да грек қалаларында сауданың дамуы кәсіпшіліктің жоғары өркендеуімен қатарлас жүрді. Екінші жағынан, қалалардың дамуы мен оның жағдайларына мүлде қарама-қарсы, сауда рухы және сауда капиталының дамуы көбінесе нақ сол отырықшы емес, көшпелі халықтарға тән болады.

Географиялық жаңалықтармен<sup>91</sup> байланысты XVI, XVII ғасырларда саудада болған және көпестік капиталдың дамуын шапшаң ілгері бастырған ұлы революциялар феодалдық өндіріс тәсілінің капиталистік өндірістік тәсіліне көшуіне ықпал еткен басты түйіндердің бірі болғанында ешқандай күмән жоқ,— бірақ нақ осы фактінің өзі мүлде теріс көзқарастарға әкеліп соқты. Дүние жүзілік рыноктың шұғыл кеңеюі, айналысқа түскен товарлардың алуан түрде көбеюі, Азия өнімдері мен Америка қазналарына иелік етуге ұмтылған Европа ұлттарының арасындағы бәсеке таластық — міне осының бәрі өндірістің феодалдық шеңберінің бұзылуына елеулі түрде әсер етті. Сөйте тұра, қазіргі өндіріс тәсілі өзінің алғашқы дәуірінде, мануфактуралық дәуірінде, сонау орта ғасырларда-ақ қолайлы жағдай жасалып қойған жерлерде ғана дами алды. Мәселен, Голландияны Португалиямен салыстырып көруге болады<sup>49</sup>). Ал енді XVI және ішінара XVII ғасырда сауданың кенет кең өріс алуы және дүние жүзілік жаңа рыноктың жасалуы ескі өндіріс тәсілінің құлдырауына, капиталистік өндіріс тәсілінің өрлеуіне шешуші ықпал еткен болса, мұның өзі, керісінше, сол кездің өзінде-ақ жасалып қалған капиталистік өндіріс тәсілінің негізінде жүзеге асты. Дүние жүзілік рынок бұл өндіріс тәсілінің негізін өзі жасады. Екінші жағынан, осы өндіріс тәсіліне тән барған сайын көп көлемде өндіру қажеттігі дүние жүзілік рыноктың үнемі кеңейі беруіне апарып соғады, сондықтан бұл ретте сауда өнеркәсіпті революцияландырмайды, өнеркәсіп сауданы үнемі революцияландырып отырады. Ал сауда үстемдігі енді ірі өнеркәсіп жағдайларының аздықөпті басым болуымен байланысты болады. Мәселен, Англия мен Голландияны салыстырып көруге болады. Үстемдік жүргізуші саудагер ұлт ретіндегі Голландияның құлдырау тарихы сауда капиталын өнеркәсіп капиталына бағындырудың тарихы болып табылады. Капитализмге дейінгі ұлттық өндіріс тәсілдерінің ішкі тұрақтылығы мен құрылымының сауданың аздырғыш ықпалына қарсы қоятын тосқауылдары ағылшындардың Индиямен және Қытаймен қарым-қатынастарынан өте айқын көрінді. Ұсақ егіншіліктің үй ішіндегі өнеркәсіппен бірлігі бұл жерде өндіріс тәсілінің кең көлемді базисін жасайды, ал соны-

<sup>49</sup>) Голландияның өркендеуіне, басқа жағдайлардан басқа, оның барлық шаруашылығы, мануфактурасы мен егіншілігі сияқты базистің қандай маңызы болғандығын XVIII ғасырдың жазушылары-ақ көрсетіп берген. Қараңыз: мысалы, Масси<sup>20</sup>). Азия, Антика және орта ғасыр саудасының маңызын жете бағаламаған бұрынғы көзқарастарға қарама-қарсы, енді оларды асыра бағалау сәнге айналды. Егер XVIII ғасырдың бас кезіндегі ағылшындардың сырттан товар әкелу және сыртқа товар шығару көлемін қазіргі кездегі көлемімен салыстырып қараса, мұндай ұғымнан оң-оңай арылуға болар еді. Алайда сол кездің өзінде де ағылшындардың сырттан товар әкелу және сыртқа товар шығару көлемі ертедегі замандағы саудагер қай халықтан болса да, артық болды (қараңыз: А. Anderson, „An Historical and Chronological Deduction of the Origin of Commerce“. [Vol. II, London, 1764, p. 261 and sqq.]).

мен қатар Индияда бұған жердің қауымдық меншігіне сүйенетін деревня қауымдарының формасы тағы келіп қосылады; айтпақшы, мұндай қауымдар Қытайда да әдепті форма болған. Ағылшындар осы бір шағын экономикалық қауымдарды талқандау үшін өздерінің билеп-төстеуші әрі жер рентасын алушы ретіндегі тікелей саяси және экономикалық күшін дереу қолданып бақты<sup>50</sup>). Бұл арада өндіріс тәсіліне олардың саудасы тигізетін революцияландырғыш ықпал сол, олар өз товарларының арзандығымен жіп ируді және тоқымашылықты жояды, өнеркәсіпті-егіншілікті өндірістің осыбір бірлігінің байырғы айырғысыз бөлегін құрытады, сөйтіп, қауымды талқандайды. Бірақ тіпті осы жердің өзінде де олар мұны біртіндеп қана жүзеге асырады. Қытайдағы қауым бұдан да баяу бұзылды, онда тікелей саяси өкімет көмектесе алған жоқ. Егіншілік пен мануфактураны тікелей ұштастыру арқылы уақыттың көп үнемделіп, сақталуы мұнда ірі өнеркәсіп өнімдеріне барынша табанды қарсылық білдіреді, ол өнімдердің бағасына олардың барлық жерді тесіп өтетін айналыс процесінің *faux frais*\*-і кіреді. Ағылшын саудасына қарама-қарсы, орыс саудасы, бұған керісінше, азиялық өндірістің экономикалық негізіне тиген жоқ<sup>51</sup>).

Феодалдық өндіріс тәсілінен көшу екі түрлі жолмен жасалады. Томаға тұйық егіншілік шаруашылыққа және орта ғасырлық қала өнеркәсібінің цехтармен байланысты қол өнеріне қарама-қарсы өндіруші көпеске және капиталиске айналады. Бұл шын мәнісінде революцияландыратын жол. Немесе көпес өндірісті тікелей өзіне бағындырып алады. Соңғы жолдың өтпелі саты ретіндегі тарихи маңызы қаншалықты зор болғанымен — басқаны былай қойғанда, XVII ғасырдағы ағылшын *clothier*-і\*\* осыған мысал бола алады; ол тоқымашыларды өзіне бағындырып алған, бірақ сөйткенмен олар өздерінің тәуелсіздігін жойған жоқ, оған жүн сатады да, одан шұға сатып алады,— бірақ бұл жол өздігінен ескі өндіріс тәсілінде төңкеріс тудыра алмайды, өйткені ол оны өзінің алғы шарты ретінде сақтап, ұстап тұруға бейім. Сонымен, мәселен, осы ғасырдың жуан ортасына дейін француз жібек өнеркәсібіндегі ағылшын шұлық және шілтер өнеркәсібіндегі фабрикант көбінесе

<sup>50</sup>) Егер қайсыбір халықтың тарихында бірқатар сәтсіз, шын мәнісінде ерсі (іс жүзінде жиіркенішті) экономикалық эксперименттер болған болса, ол — ағылшындардың Индиядағы билеп-төстеуі. Олар Бенгалияда ірі ағылшын жер иелігінің келеке түрін жасады; Оңтүстік-Шығыс Индияда — порцеллярлық меншіктің келеке түрін жасады; өздерінің қолынан келіп тұрған соң аясын ба, солтүстік-батыста олар қауымдық жер меншігі бар үнді экономикалық қауымын да келеке түрге келтірді.

\* — өнім бермейтін шығындары. *Ред.*

<sup>51</sup>) Россия бірыңғай өз ішіндегі және көршілес Азия елдеріндегі рынокке жобалап, өзіндік капиталистік өндірісті дамыту үшін барынша жанталасып әрекет ете бастағаннан бері бұл негіз де өзгере бастады.— Ф. Э.

\*\* — шұға өндірушісі. *Ред.*

тек сөз жүзінде ғана фабрикант саналды да, іс жүзінде кәдімгі көпес болды, ол тоқымашылардың ескі майдагерлік тәсілмен жұмыс істеуіне мүмкіндік берді де, өзі оларға көпес ретінде үстемдік жүргізді, тоқымашылар іс жүзінде соған қызмет етті<sup>52)</sup>. Бұл сияқты қатынастар барлық жерде шын мәнісіндегі капиталистік өндіріс тәсілінің жолында көлденең тұрады да, ол дамыған кезде жойылып кетеді. Өндіріс тәсілінде төңкеріс жасамастан, олар тікелей өндірушілердің жағдайын нашарлатып болады, оларды капиталға тікелей бағынған жұмысшылардан нашар жағдайдағы жай жалдама жұмысшылар мен пролетарларға айналдырады, ал олардың қосымша еңбегін иемдену бұл арада ескі өндіріс тәсілі негізінде жүзеге асырылады. Дәл осындай, тек сәл ғана өзгерілген қатынастар Лондонның қол өнерші мебель өндірушілері арасында да байқалады. Әсіресе Тауэр-Хамлетсте бұл кең өріс алған. Барлық өндіріс біріне-бірі тәуелсіз толып жатқан салаларға бөлінген. Бір кәсіпорын тек орындықтар, екінші кәсіпорын — тек столдар, үшінші кәсіпорын — тек шкафтар әзірлейді, т. т. Ал бірақ осы кәсіпшіліктің өзін біршама көлөнершілік әдіспен бір ғана ұсақ мастер және аздаған көмекшілер жүргізеді. Алайда тікелей жеке тұтынушыларға арнап жұмыс істеуге өндіріс көлемі тым үлкендеу соғады. Мұндағы сатып алушылар — мебель магазиндерінің иелері. Мастер сенбі сайын соларға қарай аттанады да, өзінің өнімін сатады, ал енді олардың баға жөніндегі саудасы ломбардтағы белгілі бір затқа берілетін несие жөнінде саудаласу сияқты болады. Келесі аптада шикі материал сатып алуға және жалақы төлеуге мүмкіндік болуы үшін бұл мастерлер өз өнімін осылай апта сайын сатуға мәжбүр болады. Мұндай жағдайда олар шындығында көпестер мен өз жұмысшылары арасындағы дәнекерші болып қызмет етеді. Бұл жердегі нағыз капиталист қосымша құнның көбін қалтасына салып алатын көпес болып табылады<sup>53)</sup>. Бұрын қолөнер әдісімен немесе ауыл шаруашылық өнеркәсібінің қосалқы салалары ретінде жүргізіліп келген салалар мануфактураға көшкен кезде осыған ұқсас құбылыстар байқалады. Осы дербес ұсақ өндіріс дамуының техникалық дәрежесіне байланысты, — қол өнер өндірісінің мүмкіндігіне қарай оның өзі машина қолдана бастаған жерлерде, — ірі өнеркәсіпке көше де жүзеге асырылады; машина енді адамның қол кү-

<sup>52)</sup> Рейндегі лентә және шашақты бау өндірісі мен жібек тоқу кәсібі жөнінде де осыны айту керек. Осы селолық қолмен тоқитын тоқымашылардың қала «фабриканттарымен» байланыс жасауы үшін Крефельд маңында тіпті темір жол да салынған, бірақ ақыр-аяғында механикалық әдіс қолданған тоқымашылық оны қолдан тоқушылармен қоса-қабат жұмыссыз қалдырды.— Ф. Э.

<sup>53)</sup> 1865 жылдан бастап бұл система одан сайын кең өріс алды. Бұл жөнінде толық мәліметті қараңыз: „First Report of the Select Committee of the House of Lords on the Sweating System“. London, 1888, — Ф. Э.

шімен емес, будың күшімен жүргізіледі, мәселен, соңғы уақытта ағылшын шұлық-тоқыма өндірісінде жағдай осылай болып отыр.

Сонымен, бұл көшу үш түрлі жолмен болады: *біріншіден*, көпес тікелей өнеркәсіпшіге айналады; ал мұның өзі саудаға негізделген қол өнер салаларында, атап айтқанда, сән-салтанат бұйымдары өндірісінде орын алады, мұндай бұйымдарды көпестер шикізатпен, жұмысшылармен бірге шетелдерден әкеледі, мәселен, он бесінші ғасырда Константинопольден Италияға тасылған тәрізді. *Екіншіден*, көпес ұсақ мастерлерді өзіне дәнекерші (middlemen) етеді немесе дербес өндірушіден қолма-қол сатып алады; сырт қарағанда, көпес өндірушіні дербес қалдырады және оның өндіріс тәсілін де өзгертпейді. *Үшіншіден*, өнеркәсіпші көпеске айналады, сауда жасау үшін ірі көлемде тікелей өндіреді.

Орта ғасырларда, Поппенің дұрыс айтқанындай, көпес қол өнершілер немесе шаруалар өндірген товарларға «қол жалғаушы» ғана болған<sup>93</sup>. Көпес содан өнеркәсіпшіге айналды, яғни дәлірек айтқанда, қол өнершілік, әсіресе селолық ұсақ өнеркәсіпті өзіне жұмыс істейтіп етті. Екінші жағынан, өндіруші көпеске айналды. Мәселен, шұға жасаушы мастер, жүнді көпестен біртіндеп, шағын-шағын тобымен алып, оны өз көмекшілерінің күшімен көпеске арнап өңдеудің орнына, жүнді немесе иірілген жіпті өзі сатып алады да, өзінің дайын шұғасын көпеске сатады. Өндіріс элементтері өндіріс процесіне оның өзі сатып алған товарлар ретінде енгізіледі. Сонсоң шұға тоқушы жеке бір көпеске немесе белгілі бір заказшыларға арнап өндірудің орнына бүкіл сауда әлеміне арнап өндіретін болады. Өндірушінің өзі де — көпес. Сауда капиталы енді тек айналыс процесін ғана жасайды. Алғашында сауда цехтағы және селодағы үй іші қол өнері мен феодалдық егіншілікті капиталистік өндіріске айналдырудың алғышарты болатын. Ішінара өнімге рынок жасау арқылы, ішінара жаңа товар эквиваленттерін, ал өндіріске — жаңа шикізаттар мен қосалқы материалдар жеткізу арқылы сауда өнімді товарға айналдырады, сөйтіп, ол өмірге жаңа өндіріс салаларын алып келеді, бұл салалар тәу басынан саудаға: рынок пен дүние жүзілік рынокқа арнап өнім өндіруге және дүние жүзілік рынок туғызатын өндіріс жағдайларына негізделеді. Ал енді мануфактура бір шама нығайып алғаннан кейін-ақ, ол, — және одан бетер ірі өнеркәсіп, — рынокті өзіне өзі жасайды, оны өз товарларымен баурап алады. Сауда енді өнеркәсіп өндірісінің малайына айналады, өйткені рынокты үнемі кеңейтіп отыру өнеркәсіп өндірісінің өмірлік қажеті болып алады. Ұдайы ұлғайып отыратын жаппай өндіріс бүкіл рынок атаулыны



кернеп алады да, оны ылғи ұлғайтып, шекарасын кеңейтіп отырады. Осы жаппай өндірісті тежейтін жалғыз-ақ нәрсе — сауда емес (өйткені ол тек қана нақты сұранысты білдіреді), ал іске қосылған капиталдың көлемі мен еңбектің өндіргіш күшінің даму дәрежесі ғана. Өнеркәсіпші капиталистің көз алдында үнемі дүние жүзілік рынок тұрады, ол өз шығындарын тек өз еліндегі ғана емес, сонымен бірге дүние жүзілік бағалармен де салыстырып отырады және солай етуге тиіс. Алғашқы дәуірлерде мұндай салыстыру тек қана көпестердің үлесі болған және сол арқылы сауда капиталының өнеркәсіп капиталына үстемдігін қамтамасыз етіп отырған.

Қазіргі өндіріс тәсілінің алғашқы теориялық тұжырымы — меркантилистік жүйе — сауда капиталының қозғалысында оқшауланып шыққан айналыс процесінің сыртқы құбылыстарынан қажетті түрде туған еді де, сондықтан ол тұжырым оқиғалардың тек сыртқы көріністерін ғана іліп ала алған еді. Оның себебі — ішінара сауда капиталы дегеніміз жалпы капиталдың тіршілік етуінің алғашқы еркін формасы болғандықтан-ды. Ал ішінара феодалдық өндірістегі төңкерістің алғашқы дәуірінде, қазіргі заман өндірісінің туып келе жатқан дәуірінде сауда капиталының ықпалы басым болғандығынанды. Қазіргі заманның нағыз саяси экономия ғылыми теориялық зерттеу айналыс процесінен өндіріс процесіне көшкен кезде ғана басталады. Рас, процент түсіретін капитал да — капиталдың ежелгі формасы. Ал бірақ меркантилизмнің не себепті оны өзіне бастапқы пункт етпей, қайта, онымен не себепті даулы болатынын біз кейінірек көреміз.

## ПАЙДАНЫҢ ПРОЦЕНТКЕ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ТАБЫСҚА БӨЛІНУІ. ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ

ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ

### ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ

Пайданың жалпы немесе орта нормасын алғаш қарағанымызда (осы кітаптың II бөлімі) бұл орта норма бізге өзінің ақтық түрінде көрінген жоқ, өйткені пайданың теңесуі өндірістің әр түрлі салаларына жұмсалған өнеркәсіп капиталдарының жәй теңесуі ғана сияқты болған. Бұл зерттеу алдыңғы бөлімде толықтырылған болатын, онда сауда капиталының бұл теңесуге қатысуы және сауда пайдасы зерттелген. Пайданың жалпы нормасы және орта пайда бұрынғысына қарағанда енді неғұрлым тар шеңберге түсті. Зерттеудің мұнан арғы барысында ескеретін бір нәрсе: пайданың жалпы нормасы туралы, немесе орта пайда туралы айтқанда біз осы соңғы маңызы туралы, яғни ақтық түріндегі орта норма туралы ғана айтамыз. Ал бұл норма енді өнеркәсіп капиталы үшін де, сауда капиталы үшін де бірдей болғандықтан оның үстіне әңгіме тек осы орта пайда жөнінде болып отырғандықтан, алдағы уақытта өнеркәсіп пайдасы мен сауда пайдасын айырып жатудың да қажеті жоқ. Капитал өндіріс саласына өнеркәсіп капиталы ретінде жұмсалды ма, болмаса айналыс саласына сауда капиталы ретінде жұмсалды ма, ол бәрібір өзінің мөлшеріне *pro rata*\* жылдық орта пайда келтіреді.

Бұл жерде құнның белгілі бір сомасының дербес көрінісі ретінде алынған ақша,— іс жүзінде құн ақша формасында ма немесе товар формасында ма бәрібір,— капиталистік өндіріс негізінде капиталға айнала алады және осы айналу нәтижесінде сол бір мөлшердегі құннан өзінен өзі өсетін, көбейетін құнға айналады. Ол пайда өндіреді, яғни капиталиске жұмысшылардың сөлін сығып алуға, сөйтіп белгілі мөлшерде тегін еңбек, қосымша өнім мен қосымша құн немденуге мүмкіндік береді. Сөйтіп оның ақша ретінде тұтыну құны болуының үстіне ол қосымша тұтыну құнына, атап айтқанда капи-

---

\* — тиісінше. *Ред.*

тал есебінде қызмет атқаратын тұтыну құнына ие болады. Ақшаның тұтыну құны бұл арада оның капиталға айналып барып табатын пайдасының нақ өзі. Нақты капитал, пайда өндіру құралы болудың осы сапасында ақша товар болады, бірақ sui generis\* товар болады. Болмаса, бұл да соған келіп тіреледі, капитал капитал ретінде товар болады<sup>54</sup>).

Пайданың жылдық орта нормасы 20% екен делік. Бұл ретте орта жағдайда, істі білудің және дұрыс қызмет етудің орта дәрежесінде құны 100 ф. ст. тұратын машина 20 фунт стерлинг пайда берген болар еді. Мұнан 100 фунт стерлингті бар адамның 100 фунт стерлингті 120 фунт стерлингке айналдыратын, әйтпесе 20 ф. ст. пайда түсіретін күші бар деуге болады. Оның 100 фунт стерлинг нақты капиталы бар. Егер әлгі адам бұл 100 фунт стерлингті бір жылға басқа адамға берсе, оны алған адам бұл ақшаны шын мәнісінде капитал есебінде қолданса, онда бұл капитал оған 20 ф. ст. пайда түсіретін, өзіне ешнәрсеге тұрмайтын, бұл үшін өзі ешқандай балама төлемейтін қосымша құн өндіретін күш береді. Егер бұл соңғы адам әлгі 100 фунт стерлингтің иесіне жыл аяғында 5 ф. ст., яғни өндірген пайдасының бір бөлігін берген екен десек, онда ол бұл арқылы әлгі 100 фунт стерлингтің тұтыну құнын, әлгі ақшаның капитал ретіндегі қызметінің, 20 ф. ст. пайда өндіретін қызметінің тұтыну құнын төлейді. Пайданың ақша иесіне төленетін осы бөлігі процент деп аталады, демек, бұл қызмет атқарушы капиталды өз қалтасына салудың орнына капитал меншікшісіне төлеуге тиісті болған пайда бөлігінің, ерекше бір атынан, ерекше бір тарауынан басқа ештеңе емес.

Әлгі 100 фунт стерлингті иелену оның меншік иесіне өз капиталы өндірген пайданың белгілі бір бөлігін, процентін иемдену күшін беретіні айқын. Егер ол әлгі 100 фунт стерлингті басқа адамға бермеген болса, онда бұл соңғы адам пайда өндірмеген болар еді, әлгі 100 фунт стерлинг жөнінде капиталист ретінде тегі қызмет атқара алмаған болар еді<sup>55</sup>).

Бұл жерде Гилбарпен (ескертуді қараңыз) бірге «табиғи әділеттілік» туралы айтып жатудың түк мағынасы жоқ. Өндіріс агенттері арасында жасалатын келісімдердің әділеттілігі бұл келісімдердің өндіріс қатынастарынан туатын табиғи нә-

\* — ерекше. *Ред.*

<sup>54</sup>) Бұл жерде экономистердің істі нақ осылай түсінетініне бірнеше жерден цитат келтіруге болар еді.— «Сіздер» (Ағылшын банкі) «капитал товармен сауда жүргізетін өте ірі саудагерсіздер ғой?» — Банк заңдары бойынша есеп беруге байланысты (қауымдар палатасы, 1857) кұелардан сұрақ сұрағанда банк директорларының біріне осындай сұрау қойылған. [„Report on Bank Acts“ 1857, p. 104].

<sup>55</sup>) «Ақшадан пайда түсіру үшін оны қарызға алған адамның пайданың бір бөлігін кредиторға беруге тиісті болатын жағдайы табиғи әділеттіліктің өзінен өзі түсінікті принципі» (Gilbart „The History and Principles of Banking“, London, 1834, p. 163).

тиже болуына негізделеді. Қатысушылардың ерікті әрекеттері ретінде олардың жалпы ырықтарының бейнесі ретінде, олардың қай-қайсысын болса да орындаттыруға мемлекет мәжбүр ететін міндеттемелері ретінде көрінетін бұл экономикалық келісімдердің заңдық формалары, — бұл заңдық формалары тек формалар ғана болғандықтан келісімдердің әлгі мазмұнын белгілей алмайды. Ол формалар әлгі мазмұнды тек қана бейнелейді. Бұл мазмұн өндіріс әдісіне сай келетіндіктен оған бара-бар болғандықтан әділетті болады. Ал оған қайшы келсе, әділетсіз болады. Капиталистік өндіріс әдісі негізіндегі құлдық әділетсіздік; товардың сапасы жөнінде алдау да нақ сондай әділетсіздік.

Әлгі 100 фунт стерлинг 20 ф. ст. пайда өндіреді, өйткені олар капитал ретінде — өнеркәсіп капиталы не сауда капиталы ретінде қызмет атқарады. Бірақ олардың капитал есебінде бұлай қызмет атқаруының *sine quid pop\** олардың капитал ретінде жұмсалуды, демек, ақшаның өндіріс құрал-жабдықтарын (өнеркәсіп капиталы болғанда) сатып алуға және товар (сауда капиталы болғанда) сатып алуға жұмсалуды болып табылады. Ал ақшаны жұмсау үшін ол қолда дайын тұруға тиіс. Егер әлгі 100 фунт стерлингтің иесі *A* оны өзінің жеке басының тұтынуына жұмсаса немесе қазына ретінде сақтап қойса, онда қызмет атқарушы капиталист *B* оны капитал ретінде жұмсай алмаған болар еді. Ол өзінің капиталын жұмсамайды, *A*-ға тиесілі капиталды жұмсайды, бірақ ол *A*-ға тиесілі капиталды *A*-ның еркінен тыс жұмсай алмайды. Сөйтіп іс жүзінде әлгі 100 фунт стерлингті капитал ретінде алғашында капиталист *A* жұмсайды, бірақ оның капиталист ретіндегі бар қызметі 100 фунт стерлингті капитал ретінде жұмсаумен тынады. Әңгіме осы 100 ф. ст. туралы болып отырғандықтан, *B*-ның капиталист ретінде қызмет атқаратын себебі: оған *A* әлгі 100 фунт стерлингті беріп отыр, сондықтан ол мұны капитал ретінде жұмсайды.

Әуелі процент келтіретін капитал айналысының өзгешелігін қарап көрейік. Онан кейін, екінші кезекте капиталдың товар есебінде сатылуының өзгеше әдісін қарау керек, капитал біржолата берілмейді, нақ қарызға беріледі.

Бастапқы ақша *A*-ның *B*-ға қарызға беретін ақшасы. Қарыздың кепілмен де, кепілсіз де берілуі мүмкін; дегенмен бірінші формасы неғұрлым ескі заманнан келе жатыр, бұған товар алмақ болып қарыз беру немесе вексель, акция, т. с. борыштық міндеттеме арқылы қарыз беру кірмейді. Бұл жерде біз ол ерекше формаларға көңіл аудармаймыз. Біз бұл жерде

\* — сөзсіз шарты. *Ред.*

процент келтіретін әдеттегі формадағы капиталды сөз етпейміз.

$B$ -ның қолында ақша шындығында капиталға айналады, ол  $A—T—A$  қозғалысын жасайды, ал мұнан соң  $A$  ретінде,  $A+\Delta A$  ретінде  $A$ -ға қайтып оралады, мұндағы  $\Delta A$  процент болып табылады. Жұмысты жеңілдету үшін капиталдың  $B$  қолында неғұрлым ұзақ уақытқа қалатын және проценттің белгілі мерзімдерде төленетін жағдайын әзірге әңгіме етпейміз.

Сөйтіп, қозғалыс мынадай болады.

$$A—A—T—A'—A'$$

Мұнда 1) ақшаның капитал ретінде жұмсалуды, 2) оның сатып өткізілген капитал ретінде,  $A'$  немесе  $A+\Delta A$  ретінде қайтып оралуы болып, екі мәртебе көрініс береді.

Сауда капиталының қозғалысы  $A—T—A'$ -да бір товардың өзі екі рет қолдан қолға, ал көпес көпеске сатқан жағдайда сан рет бір қолдан екінші қолға өтеді; бірақ сол бір товардың әрбір осындай орын ауыстыруы бұл процесс қаншама рет қайталаса да құбыла береді, товардың сатып алынуы не сатылуы бола береді, товар біржолата тұтынылуға барғанға дейін осылай болады.

Екінші жағынан,  $T—A—T$ -да бір ақшаның өзі екі рет орын ауыстырады, бірақ та бұл екі рет орын ауыстыруы товардың бүтіндей өз түрін өзгерткенін көрсетеді; мұнда товар әуелі ақшаға айналады, ал мұнан кейін ақшадан тағы да басқа товарға айналады.

Керісінше, процент келтіретін капитал үшін  $A$ -ның бірінші орын ауыстыруы товардың түрін өзгертуінің де, капиталдың ұдайы өндірісінің де ешқандай жағдайы болып табылмайды.  $A$ -ның орын ауыстыруы мұндай жағдайға екінші жұмсалуда ғана әлгі ақшамен сауда жүргізетін, не оны өндіргіш капиталға айналдыратын қызмет атқарушы капиталистің қолында ғана не бола алады. Бұл жерде  $A$ -ның бірінші орын ауыстыруы  $A$  деген адамның  $B$  деген адамға қайтадан кеңшілік жасауынан, немесе беруінен әдетте белгілі заңдық формалар мен шарттарды сақтау арқылы қайтадан кеңшілік жасауынан басқа ештеңе емес.

Ақшаның капитал ретінде бұлай екі рет жұмсалуды (ал бұлардың біріншісі  $A$  деген адамның ақшаны  $B$  деген адамға жәй ғана беруі) олардың екі рет қайта оралуы сай келеді.  $A'$ , немесе  $A+\Delta A$  ретінде ақша қозғалыстан қызмет атқарушы капиталист  $B$ -ға қайта оралады. Сонда әлгі соңғы капиталист ақшаны  $A$ -ға қайта береді, бірақ енді пайданың бір бөлігімен қоса, сатып өткізілген капитал ретінде,  $A+\Delta A$  ре-

тінде береді, бұл  $\Delta A$  барлық пайдаға тең емес, пайданың бір бөлігі ғана, процент болып табылады.  $B$ -ға ақша оның жұмсаған капиталы есебінде ғана, қызмет атқарушы капитал есебінде ғана қайта оралады, бірақ ол  $A$ -ның меншігі болып табылады. Сондықтан ақшаның қайта оралу процесі аяқталу үшін,  $B$  ақшаны  $A$ -ға беруге тиіс. Бірақ  $B$  капитал сомасының үстіне  $A$ -ға процент деген атпен пайданың, өзінің осы капитал сомасының көмегі арқылы өндірген пайдасының бір бөлігін береді, өйткені  $A$  ақшаны  $B$ -ға тек капитал ретінде ғана, яғни қозғалыста өзін сақтап қана қалмай, сонымен қатар иесіне қосымша құн жасайтын құн ретінде ғана берді. Ақша  $B$ -ның қолында қызмет атқарушы капитал болып тұрғанға дейін ғана болады. Ал қайта оралғаннан кейін,— мерзімі біткен соң,— ақша капитал ретінде қызмет атқарудан қалады. Бірақ енді капитал қызметін атқармайтын ақша өзінің заңды түрдегі иесі болуынан қалмаған  $A$ -ға тағы да қайтарылуға тиіс.

Қарыз формасы, осы товарға, товар ретіндегі капиталға тән сату формасының орнына енді мұнда капитал товар ретінде көрінеді немесе ақша капитал ретінде товарға айналады деген тұжырымнан туады; ал қарыз формасы басқа келісімдерде де кездеседі.

Бұл жерде мынадай бір айырмашылықты көрсете кету қажет:

Айналыс процесінде капиталдың товар капиталы және ақша капиталы ретінде қызмет атқаратынын біз көрдік («Капитал», II кітап, I тарау) және бұл жерде оны қысқаша еске сала кетейік. Бірақ бұл екі форманың екеуінде де капитал капитал ретінде товарға айналмайды.

Өндіргіш капитал товар капиталына айналған соң-ақ ол рынокқа шығарылып, товар ретінде сатылуға тиіс. Бұл ретте ол тек товар ретінде қызмет атқарады. Сатып алушының тек товар сатып алушы ғана болатыны сияқты, мұнда капиталист тек товар сатушы болады. Айналыс процесінде өнім товар ретінде сатылу арқылы өзінің құнын шығаруға, өзінің өзгерген түрін, ақша түрін алуға тиіс. Сондықтан бұл товарды тұтынушы тіршілік заттары ретінде сатып ала ма, болмаса капиталист капиталдың құрамды бір бөлігі ретінде өндіріс құрал-жабдығы ретінде сатып ала ма, мұның бәрібір. Айналыс актысында товар капиталы капитал ретінде емес, тек товар ретінде ғана қызмет атқарады. Бұл — жай товардан өзгеше товар *капиталы*, 1) өйткені оның бойында қосымша құн бар, демек оның құнын шығару дегеніміз сонымен қатар қосымша құнды шығару болып табылады; бірақ бұл оның тек товар ретінде, белгілі бағасы бар өнім болу фактісінде ешнәрсені де

өзгертпейді; 2) өйткені оның товар ретіндегі бұл қызметі — оның капитал ретіндегі ұдайы өндіріс процесінің бір жағдайы, сондықтан оның товар ретіндегі қозғалысы өзі жасайтын процестегі ішінара қозғалыс қана бола отырып, сонымен қатар оның капитал ретіндегі қозғалысы да болып табылады; бірақ ол сату әрекетінің өзінің нәтижесінде солай болмайды, әлгі әрекет пен бұл белгілі бір сомадағы құнның капитал ретіндегі бүкіл қозғалысының арасындағы байланыстың нәтижесінде ғана солай болады.

Нақ сол сияқты ақша капиталы есебінде ол іс жүзінде жай ақша ретінде ғана, яғни товарлар (өндіріс элементтерін) сатып алатын құрал ретінде әрекет етеді. Мұнда бұл ақшаның сонымен қатар ақша капиталы, капитал формасы болып отырған жағдайы сатып алу әрекетінен, оның ақша ретінде атқаратын іс жүзіндегі қызметінен туып отырған жоқ, қайта бұл әрекеттің капиталдың жиынтық қозғалысымен байланысынан туып отыр, өйткені капиталдың ақша ретінде жасайтын бұл әрекеті капиталистік өндіріс процесіне кіріспе болып табылады.

Алайда товар капиталы мен ақша капиталы іс жүзінде қызмет атқаратын, процесте іс жүзінде өз ролін атқаратын болғандықтан товар капиталы мұнда тек товар ретінде ғана, ақша капиталы — тек ақша ретінде ғана әрекет етеді. Товар формасы құбылуының жеке жағдайларының ешбіреуінде де, өз алдына алып қарағанда, капиталист товар өзіне капитал бола тұрса да, сатып алушыға товарды *капитал* ретінде сатпайды және сатушыға ақшаны капитал ретінде бермейді. Екі жағдайда да ол товарды тек товар ретінде және ақшаны тек ақша ретінде, товар жөнінде сатып алу құралы ретінде береді.

Айналыс процесінде капитал бүкіл процестің жалпы байланысында ғана, бастапқы нүкте сонымен қатар қозғалыстың қайта оралатын нүктесі болған жағдайда,  $A - A' = da$  немесе  $T - T' = da$  капитал ретінде болады (ал өндіріс процесінде ол жұмысшының капиталиске бағынуы нәтижесінде және қосымша құн өндіру нәтижесінде капитал ретінде болады). Бірақ бастапқы нүктеге қайта оралған кезде аралық процесс көрінбейді. Мұнда көрініп тұрған  $A'$  немесе  $A + \Delta A$ ; бұл алғашында авансыланған ақша сомасына тең болатын ақша сомасы және онымен салыстырғанда біраз артық сома, шығарылған қосымша құн (мұнда  $\Delta A$ -ға артқан құн сомасы енді ақша формасында бола ма, товар формасында бола ма немесе өндіріс элементтері формасында бола ма, мұның бәрібір). Қайта оралудың осы пунктінде, капитал шығарылған капитал ретінде, өскен құн ретінде болатын пунктінде, — бұл пункт ой жоруында болсын,

іс жүзінде болсын тыншу нүктесі деп есептелетін болғандықтан,— бұл формада капитал ешуақытта айналысқа түспейді, қайта, керісінше, айналыстан шығарып алынған капитал ретінде, бүкіл процестің нәтижесі ретінде болады. Егер ол тағы да жұмсалатын болса, ол үшінші адамға *капитал ретінде* ешуақытта берілмейді, оған жәй товар есебінде сатылады немесе оған товар үшін жәй ақша есебінде төленеді. Ол өзінің айналыс процесінде ешқашан капитал ретінде шықпайды, тек товар немесе ақша ретінде шығады, ал бұл осы жағдайда оның *басқалар үшін* өмір сүруінің бірден-бір формасы. Товар мен ақша бұл арада товар ақшаға, ал ақша товарға айналатын болғандықтан, олардың сатып алушыға не сатушыға шын мәнісіндегі қатынасы жағынан капитал болмайды, қайта олардың капиталистің өзінің ойындағы қатынасы жағынан ғана (егер іске субъективтік тұрғыдан қарасақ) немесе ұдайы өндіріс процесінің бір кезеңдері ретінде (егер іске объективтік тұрғыдан қарасақ) капитал болады. Шын мәнісіндегі қозғалысында капитал айналыс процесінде капитал болмайды, өндіріс процесінде ғана, жұмыс күшін қанау процесінде капитал болады.

Ал процент келтіретін капитал жөнінде істің жайы басқаша; ал оған тән сипат та міне осында жатыр. Өзінің ақшасын процент келтіретін капитал ретінде жұмсағысы келетін ақша иесі әлгі ақшасын үшінші адамға береді, оны айналысқа шығарады, оны *капитал* ретіндегі,— өзі үшін ғана емес, сонымен қатар басқалар үшін де капитал ретіндегі,— товар етеді. Бұл ақшаны басқаға беретін адам үшін ғана капитал емес, сонымен қатар әлгі ақша үшінші адамға да әуел бастан-ақ капитал ретінде, қосымша құн, пайда жасайтын тұтыну құны бар құн ретінде беріледі; ол қозғалыста өзін сақтайтын және өз қызметін атқарғаннан кейін алғашқыда өзін жұмсаған адамға, бұл ретте, ақша иесіне қайта оралатын құн ретінде болады; демек, ол ақша иесінен уақытша ғана кетеді, өз иесінің қолынан қызмет атқарушы капиталистің қарауына уақытша ғана ауысады, яғни төленуге түспейді және сатылмайды, тек қарызға ғана беріледі, тек белгілі мерзім өткеннен кейін ол, біріншіден, өзінің бастапқы пунктіне қайта оралатын, ал екіншіден, өзінің тұтыну құнын, өзінің қосымша құн өндіру қабілетін жүзеге асырып барып, шығарылған капитал ретінде қайта оралатын шартпен беріледі.

Капитал ретінде қарызға берілетін товар, өзінің қасиетіне қарай, негізгі капитал не айналым капитал ретінде қарызға беріледі. Ақша қарызға екі формада берілуі мүмкін, мысалы, ақша қайтадан өмірлік рента формасында төленетін болған ретте негізгі капитал ретінде беріледі; мұндайда процентпен



бірге капиталдың бір бөлігі де әрдайым кейін қайтарылып отырады. Кейбір товарлар өзінің тұтыну құнының жаратылысы жағынан қарызға негізгі капитал ретінде ғана беріледі; мысалы, ұй, кеме, машина, т. с. Бірақ қарыз капиталының қандай болса да, оның формасы қандай болсын және оның тұтыну құнының жаратылысы оны қайта төлеу түрін қалай өзгертпесін әрқашанда да ақша капиталының ерекше бір формасы ғана болып табылады. Өйткені мұнда қарызға берілетіннің бәрі әрқашан белгілі бір ақша сомасында болады, сөйтіп процент те сол сомаға есептеледі. Егер қарызға берілген ақша да, айналмалы капитал да болмаса, ол қайырып төлегенде негізгі капиталдың кейін қайтып оралғандағысындай төленеді. Кредитор мезгіл-мезгіл процент және негізгі капиталдың тұтынылған құнының бір бөлігін, мезгіл-мезгіл тозудың баламасын алып отырады. Ал қарызға берілген негізгі капиталдың тұтынылмаған бөлігі мерзім өткеннен кейін *in natura\** кері қайтарылады. Егер қарызға берілген капитал — айналмалы капитал болса, онда бұл да кредиторға айналмалы капиталдың кейін қайтып оралғандағысындай болып қайтарылады.

Сөйтіп, оралу әдісі әр жолы ұдайы өндірілетін капиталдың және оның ерекше түрлерінің іс жүзіндегі ауыспалы айналымына қарап белгіленеді. Бірақ қарызға берілген капиталдың кері оралуы қайта төлеу *формасын* алатын себебі: бұл капиталдың авансылануы, берілуі қарыз формасында болады.

Біз бұл тарауда ақша капиталының өзін ғана сөз етеміз, қарыз капиталының басқа формаларының бәрі осыдан шыққан.

Қарыз капиталы кері қарай екі рет қайта оралады; ұдайы өндіріс процесінде ол қызмет атқарушы капиталиске кері қайтады, ал мұнан соң кері оралу капиталды кредиторға ақша капиталисіне беру ретінде, капиталды шын иесіне қайта төлеу, капиталдың заңды түрдегі бастапқы шыққан жеріне қайта оралу ретінде тағы қайталаынады.

Айналыстың шын мәнісіндегі процесінде капитал әрқашан да тек товар не ақша ретінде ғана болады, ал оның қозғалысы сатып алу мен сатудың бірқатар әрекеттеріне келіп тіреледі. Қысқасын айтқанда, айналыс процесі товар формасының ауысуына келіп тіреледі. Егер біз ұдайы өндіріс процесін тұтас алып қарасақ әңгіме басқаша. Егер біз бастапқы пункт есебінде ақшаны алсақ (егер біз бастапқы пункт есебінде товарды алсақ та істің мәні онан өзгермейді, өйткені онда біз оның құны жағынан алып қараймыз, демек, товардың өзін ақша *sub specie\*\** қараймыз), онда белгілі бір сомада ақша жұмсал-

\* — заттай түрінде. *Ред.*

\*\* — тұрғысынан. *Ред.*

ғанын және белгілі бір уақыт өткен соң оның біраз өсіммен кері қайтатынын көреміз. Авансқа берілген ақша сомасының төлеуі және қосымша құн кері қайтарылады. Бұл сома белгілі бір мөлшерде айналмалы қозғалыс жасап, өзін сақтады және көбейе түсті. Бірақ ақша капитал ретінде қарызға берілетін болғандықтан, ол нақ осындай сақталатын және көбейе түсетін ақша сомасы ретінде қарызға беріледі, ол белгілі бір уақыт өткен соң біраз өсіммен кері қайтады және бұл процесті ол кез келген уақытта қайта бастай алады. Ол ақша ретінде де, товар ретінде де жұмсалмайды, яғни ол ақша түрінде авансқа берілсе, товарға айырбасталмайды, ал товар түрінде авансқа берілсе, ақшаға сатылмайды; ол капитал ретінде жұмсалады. Өзіне өзінің қатынасында, егер капиталистік өндіріс процесін бір тұтастық ретінде, бірлік ретінде қарасақ капитал болу қатысында капитал ақша туатын ақша ретінде болу қатысында бұл жерде ақшаның сипаты, ақшаның тұлғасы есебінде онымен дәнекерлік ететін аралық қозғалыссыз-ақ біте қайнасады. Ол ақша капиталы есебінде қарызға берілген кезде қолдан міне осы тұлғасында шығады.

Прудонның ақша капиталының ролін түсінуі қызық («*Gratuite du Crédit*». Discussion entre m. Fr. Bastiat et m. Proudhon. Paris, 1850). Қарыз берудің сату еместігі Прудонға қырсық сияқты болып көрінеді.

Процентке қарыз беру — бұл

«сатқан затқа меншікті болуды ешқашан қолдан шығармай сол бір затты қайта-қайта сата беру және оған қайта-қайта баға ала беру мүмкіндігі» (9-бет)<sup>94</sup>.

Зат, ақша, үй, т. с. сатып алу және сату кезінде болатындай-ғыдай меншік иесін өзгертпейді. Бірақ ақшаны процент келтіретін капитал формасында бергенде ол ақшаға ешқандай балама алмайтынын Прудон есінен шығарып жібереді. Тегі айырбас болып отырғандықтан сатып алу және сату әрекетінің қандайында болса да зат шындығында біржолата беріледі. Сатылған затқа меншік иесі болу әрдайым беріліп отырады. Бірақ мұнда құны берілмейді. Сатқан кезде товар беріледі, ал оның құны берілмейді, оның құны ақша формасында немесе, — мұнда тек ақшаның басқа формасы ғана болатын, — борыштық міндеттеме немесе төлем титулы формасында кері қайтарылады. Сатып алған кезде ақша беріледі, ал оның құны берілмейді, оның құны товар формасында өтеледі. Бүкіл ұдайы өндіріс процесінің өнбойында өнеркәсіп капиталисі сол бір құнды (қосымша құнды әңгіме етпегенде) өз қолында ұстайды, тек түрлі формаларда ұстайды.

Айырбас, яғни заттар айырбасы жасалатын болғандықтан

құнда ешқандай өзгеріс болмайды. Әрбір капиталист бір мөлшердегі құнды әрдайым өз қолында ұстайды. Алайда қосымша құнды капиталист өндіріп отырғанда айырбас болмайды, ал айырбас болған кезде қосымша құн бұрыннан товарда болатын. Егер біз айырбастың жеке реттерін емес, капиталдың бүкіл ауыспалы айналымын  $A - T - A'$ -ны алып қарайтын болсақ, онда құнның белгілі бір сомасы үнемі авансқа беріліп отырады, ал құнның бұл сомасы және қосымша құн, немесе пайда, айналыстан шығарып алынады. Айырбастың жай реттерінде бұл процестің дәнекер болуы, әрине, назардан тыс қалады. Қарызға ақша берген капиталистің алатын проценті капитал ретіндегі  $A$ -ның нақ осы қозғалысында болады және осы қозғалысынан туады.

«Шындығында да»,— дейді Прудон,— қалпақтар сататын қалпақшы... олардың орнына артығы жоқ, кемі жоқ олардың құнын алады. Ал қарызға ақша беретін капиталист... өзінің капиталын кемімеген түрінде кері алып қана қоймайды, өзінің капиталының мөлшерінен артық, айырбасқа шығарғанынан артық алады, ол капиталының үстіне тағы процент те алады» (69-бет).

Бұл жерде қалпақшы қарызға ақша беретін капиталиске қарама-қарсы өнеркәсіп капиталисі болып шығады. Өнеркәсіп капиталисінің товарын өз құнына қалай сата алатын сырын, (оның түсінуіңше, өндіріс бағасы бойынша теңестірудің бұл арада ешқандай маңызы жоқ), нақ сол себептен өзінің айырбасқа шығарған капиталының үстіне пайданы қалай алатын сырын Прудон мүлдем түсіне алмаған. 100 қалпақтың өндіріс бағасы 115 ф. ст. екен делік, ал бұл өндіріс бағасы әлдеқалай қалпақтардың құнына тең, яғни қалпақ өндіретін капитал орта қоғамдық құрылымдағы капитал екен делік. Егер пайда = 15% болса, қалпақшы өзінің товарын 115 фунт стерлинг құнына сата отырып, 15 ф. ст. пайда шығарады. Оған бұл қалпақтар небәрі 100 фунт стерлинг тұрады. Егер ол өз капиталының көмегімен өндірген болса, онда ол мына артық 15 ф. стерлингті түгелімен өз қалтасына салады; егер қарызға алған капиталдың көмегімен өндірген болса, онда оның бұл 15 фунт стерлингтің мүмкін 5 фунт стерлингін процент түрінде беруіне тура келеді. Бұл қалпақтардың құнын ешбір өзгертпейді, тек сол құндағы қосымша құнды әр түрлі адамдардың арасында бөлуге ғана өзгеріс енгізеді. Проценттің төленуі қалпақтың құнына әсер етпейтін болғандықтан, Прудонның мына пікірі де мағынасыздық болып шығады:

«Саудада капиталға алынатын процент жұмысшының жалақысына қосылып, осы жалақымен бірге товардың бағасы болып табылатын болған-

дықтан, жұмысшы өз еңбегінің өнімін сатып ала алмайды. «Жұмыс істей жүріп өмір суру»— бұл процент үстем болып тұрған кезде қайшылықты принцип» (105-бет)<sup>56</sup>).

Капиталдың жаратылысын Прудонның қалай нашар түсінгенін оның мына сөздерінен көруге болады; мұнда ол жалпы капитал қозғалысын процент келтіретін капиталға тән қозғалыс ретінде суреттейді:

«Проценттердің қорлануы нәтижесінде капитал-ақша бірқатар айыр-бас жасағаннан кейін әрқашан өзінің шыққан жеріне қайта оралып отырады, міне сол себептен де белгілі бір адамның берген қарызы әр уақытта сол адамға пайда келтіріп отырады» [154-бет].

Процент келтіретін капиталдың өзгеше қозғалысында Прудонға жұмбақ болып қалып отырған не нәрсе? Категориялар: сатып алу, баға, заттарды беру және қосымша құнның мұнда бейнеленетін тікелей формасы; қысқасын айтқанда, бұл арада капиталдың капитал ретінде товар болған құбылысы, сол себептен сату қарыз беруге, баға — пайданың бір үлесіне айналып отыр.

Капиталдың өзінің бастапқы шыққан жеріне қайта оралуы жалпы капиталға тән қозғалыс, өйткені ол өзінің бүкіл ауыспалы айналымын жасайды. Бұл әдісте де процент келтіретін капиталға ғана тән белгі емес. Оған тән нәрсе — дәнекерлік ауыспалы айналымнан бөліп алынған кері қайтарудың сыртқы формасы ғана. Қарыз беруші капиталист өзінің капиталын береді, оны өнеркәсіп капиталисіне балама алмай береді. Бұл беру тегі капиталдың ауыспалы айналымының шын мәніндегі процесінің әрекеті болып табылмайды, ол ауыспалы айналымды тек әзірлейді, ал ауыспалы айналым өнеркәсіп капиталисі арқылы жасалуға тиіс. Ақшаның бұл бірінші орын алмастыруы құбылыстың ешқандай түрін: сатып алуды да, сатуды да бейнелемейді. Меншік иелігі берілмейді, өйткені ешқандай айыр-бас болмайды, ешқандай балама алынбайды. Ақшаның өнеркәсіп капиталисінің қолынан қарыз берушінің қолына қайта оралуы тек капиталды берудің бірінші түрін толықтырады. Ақша формасында авансыланған капитал ауыспалы айналым процесі арқылы өнеркәсіп капиталисіне ақша формасында қайта оралады. Бірақ жұмсаған кезде капитал оныкі болмағандықтан қайта оралған кезде де капитал оныкі болмайды.

<sup>56</sup> Сондықтан, Прудонша ойласак, «ұл», «ақша», т. б. қарызға «капитал» ретінде берілмейді, «өзіндік құны бойынша... товар» ретінде беріледі (43—44-беттер). Лютер Прудоннан біраз жоғары тұрған. Ол пайданы алу қарыздың не сатып алудың формасына байланысты емес екенін білген: «Саудадан да өсімқорлық жасайды. Бірақ бір әлгімеде бұл тым көп. Қазір біз тек біреуі жөнінде ғана — қарыз берудегі өсімқорлық жөнінде ғана айтамыз. Оны талдап болған соң (біз таяу арада) сауда өсімқорлығына да тиісінше баға береміз» (*M. Luther. „An die Pfarrherrn wieder den Wucher zu predigen. Vermanung“.* Wittenberg, 1540).

Бұл капиталдың ұдайы өндіріс процесінен өту жағдайы оны өнеркәсіп капиталисінің меншігіне айналдыра алмайды. Демек, ол бұл капиталды өзіне қарызға берген адамға қайтаруға тиіс. Капиталдың кредитор қолынан несиеге алушының қолына өткен бірінші жұмсалуды капиталдың ұдайы өндірісінің шын мәнісіндегі процесімен ешбір қатысы жоқ, тек қана оны әзірлейтін заң түріндегі келісім. Қайта оралған капиталды несие алушының қолынан кредитордың қолына өткізетін қайта төленуі бірінші келісімді толықтыратын екінші заңды келісім; біріншісі шын мәнісіндегі процесті әзірлейді, екіншісі процесс аяқталғаннан кейін болатын қорытынды акты. Демек, бастапқы және ақырғы пункттер — капиталды беру және қарызға берілген капиталды кейін қайтару — заң түріндегі келісімдер арқылы жасалатын, капиталдың шын мәнісіндегі қозғалысынан бұрын және соң болатын, бұл қозғалыстың өзіне ешбір қатысы жоқ туынды қозғалыстар. Капитал әуел бастан-ақ өнеркәсіп капиталисінікі болып, сол себептен оның жәй меншігі ретінде оған қайта оралған болса, капиталдың шын мәнісіндегі қозғалысы үшін мұның бәрібір болар еді.

Бірінші, кіріспе актыда кредитор өзінің капиталын несие алушыға береді. Екінші, қосымша және ақырғы актыда несие алушы капиталды кредиторға қайтарып береді. Екі адамның арасындағы келісім ғана есепке алынатын болғандықтан, — әзірге процентті сырт қалдыра тұрсақ, — демек, кредитор мен несие алушының арасында қарызға берілген капиталдың қозғалысы туралы ғана әңгіме болып отырғандықтан, бұл актының екеуі де (капиталдың ұдайы өндірісінің шын мәнісіндегі қозғалысы біршама ұзақ уақытқа созылатын) осы қозғалыстың бәрін қамтиды. Ал бұл қозғалыс — қайтаруды шарт қойып беру — берілетін қарыздың және алынатын қарыздың, ақшаның немесе товардың тек шартты түрде берілуінің бұл ерекше формасының жалпы қозғалысы болып табылады.

Жалпы капиталға тән қозғалыс, — ақшаның капиталиске қайта оралуы, капиталдың бастапқы шыққан жеріне қайта оралуы, — процент келтіретін капитал үшін, өзі формасы болатын шын мәнісіндегі қозғалыстан бөлектенген таза сыртқы пішін ғана болып табылады. *A* өзінің ақшасын ақша ретінде бермейді, капитал ретінде береді. Мұнда капиталда ешқандай өзгеріс болмайды. Ол тек басқа адамның қолына өтеді. Оның шын мәнісінде капиталға айналуы *B*-ның қолына келген соң ғана болады. Бірақ *A* үшін ол *B*-ға жәй берудің нәтижесінде-ақ капиталға айналды. Капиталдың өндіріс пен айналыс процесінен шын мәнісінде қайта оралуы тек *B* үшін ғана болады. Бірақ *A* үшін ол қай формада берілсе, сол формада қайта оралады. *B*-ның қолынан капитал тағы *A*-ның қолына қайта

оралады. Ақшаны белгілі бір уақытқа беру, қарызға беру және оны процентпен (қосымша құлмен) қайтарып алу — процент келтіретін капиталға тән бүкіл қозғалыс формасы міне осы. Капитал ретінде қарызға берілген ақшаның шын мәнісіндегі қозғалысы кредиторлар мен несие алушылардың келісімдерінен сырт жатқан жұмыстар. Бұл келісімдердің өзінде аралық процесс жойылған, көрінбейді, тікелей қатыспайды. Ерекше бір түрдегі товар болып табылатын капиталдың берілуінде де өзіне тән ерекшелік бар. Сондықтан оның қайта оралуы да мұнда белгілі бір мөлшердегі экономикалық актылардың себептері мен нәтижелері ретінде бейнеленбейді, сатып алушы мен сатушының арасындағы ерекше заңды түрдегі келісімнің нәтижесі ретінде бейнеленеді. Қайта оралу уақыты ұдайы өндіріс процесінің барысына байланысты болады; процент келтіретін капитал жөнінде оның капитал ретінде қайта оралуы бейнебір кредитор мен несие алушының арасындағы жәй келісімге байланысты болатын *сияқты*. Сөйтіп бұл келісім жөнінде капиталдың қайта оралуы өндіріс процесінде белгіленетін нәтиже ретінде болып көрінбейді, қарызға берілген капитал ақша формасын ешуақытта жоғалтпаған сияқты болып көрінеді. Әрине, іс жүзінде бұл келісімдер капиталдың шын мәнісінде қайта оралуына қарап белгіленеді. Бірақ бұл келісімнің өзінен көрінбейді. Практикада істің жайы эсте де әрдайым бұлай бола бермейді. Егер шын мәнісіндегі қайта оралу уақытында жүзеге аспаса, онда кредитор алдындағы өз міндетін орындау үшін несие алушыға басқа бір қосымша мүмкіншіліктерді іздестіруге тура келеді. Капиталдың жай *формасы* —  $A$  сомасы түрінде жұмсалып, белгілі бір уақыт өткеннен кейін осы өткен уақыттан басқа ешқандай аралықсыз  $A + \frac{1}{x} A$  сомасы түрінде қайта оралған ақша — капиталдың шын мәнісіндегі қозғалысының иррационалдық формасы ғана болып табылады.

Капиталдың шын мәнісіндегі қозғалысында оның қайта оралуы — айналыс процесінің бір кезеңі. Ең әуелі ақша өндіріс құрал-жабдықтарына айналады; өндіріс процесі оларды товарға айналдырады; товарды сату арқылы олар тағы ақшаға айналады, міне осы формасында олар бұл капиталды алғаш рет ақша формасында авансқа берген капиталистің қолына қайта оралады. Бірақ процент келтіретін капитал жөнінде оның берілуі сияқты, қайта оралуы да капитал иесі мен екінші адамның арасындағы заң жүзіндегі келісімнің нәтижесі ғана болып табылады. Біз капиталдың берілуін және қайта төлеуін ғана көреміз. Бұлардың арасында болғандардың бәрінің ізі білінбейді.

Ал капитал ретінде авансыланған ақшаның өзін авансыға

берген, капитал ретінде жұмсаған адамға қайта оралу қасиеті болады.  $A - T - A'$  капиталдың қозғалуының имманенттік формасы болғандықтан, нақ сондықтан да ақшаның иесі оны капитал ретінде, өзінің бастапқы пунктіне қайта оралатын, өзі жасаған қозғалыста құн есебінде өзін-өзі сақтап, өсе алатын қасиеті бар бір нәрсе ретінде қарызға бере алады. Ол ақшаны капитал ретінде береді, өйткені ақша капитал ретінде қолданылғаннан кейін өзінің бастапқы пунктіне қайта оралады, демек, белгілі мерзім өткеннен кейін несие алушы оны кері қайыра алады, өйткені ақша оның өзіне қайтып оралады.

Сөйтіп, ақшаны қарызға капитал ретінде беру — оны белгілі бір уақыт өткен соң кері қайыруды шарт етіп беру — ақшаның шынында капитал ретінде қолданылуын, өзінің бастапқы пунктіне шынында кері қайтуын керек етеді. Сонымен, ақшаның капитал ретінде шын мәнісіндегі ауыспалы айналымы заң жүзіндегі келісімнің шарты; бұл келісім бойынша несие алушы ақшаны кредиторға қайтаруға тиіс. Егер несие алушы ақшаны капитал ретінде жұмсамаса, — бұл оның еркі. Кредитор ақшаны капитал ретінде қарызға береді, сөйтіп әлгі ақша капитал қызметін атқаруға тиіс, ол қызмет — ақша капиталының бастапқы пунктіне ақша формасында қайта оралып келгенше ауыспалы айналым жасауы.

Құнның белгілі бір сомасының ақша ретінде не товар ретінде қызмет атқаратын  $A - T$  және  $T - A'$  айналыс актілері оның бүкіл қозғалысының аралық процестері, жеке бір кезеңдері ғана. Капитал ретінде ол сома бүкіл  $A - A'$  қозғалысын жасайды. Ол ақша ретінде немесе белгілі бір формадағы құн сомасы ретінде авансқа беріледі де, құн сомасы ретінде қайта оралады. Ақшаны қарызға беруші оны товар сатып алуға жұмсамайды, немесе құн сомасы товар түрінде болса оны ақшаға сатпайды, оны капитал ретінде,  $A - A'$  ретінде, белгілі бір мерзімде өзінің бастапқы пунктіне қайта оралатын құн ретінде авансқа береді. Сатып алудың не сатудың орнына ол қарызға береді. Сөйтіп бұл қарызға беру құнды ақша ретінде немесе товар ретінде емес, *капитал ретінде* беруге сай келетін форма. Бірақ мұнан қарызға беру капиталистік ұдайы өндіріс процесіне ешбір қатысы жоқ формада, келісімдерде болмайды деп түсінуге ешқандай орын жоқ.

---

Бұған дейін біз қарыз *капиталының* өзінің меншік иесі мен өнеркәсіп капиталисі арасындағы қозғалысын ғана қарадық. Енді біз *процентті* зерттеуіміз керек.

Кредитор өзінің ақшасын капитал ретінде жұмсайды; оның

басқа адамға беретін құн сомасы капитал болып табылады, сондықтан да оған қайтып оралады. Бірақ қарызға берген құн сомасының оған жай ғана қайтып оралуы оның *капитал ретінде* қайта оралуы болмай, тек қарызға берілген құн сомасының жай ғана қайта оралуы болар еді. Капитал ретінде қайта оралуы үшін, авансқа берілген құн сомасы қозғалыста сақталып қана қоймай, сонымен қатар өсуге, өзінің мөлшерін арттыруға яғни  $A + \Delta A$  ретінде, қосымша құнмен қайта оралуға тиіс; міне осы  $\Delta A$  мұнда процент болып табылады, немесе орта пайданың қызмет атқарушы капиталистің қолында қалмай, ақша капиталисіне тиетін бөлігі болып табылады.

Оның ақшаны капитал ретінде беру жағдайы ақшаның оған  $A + \Delta A$  түрінде қайта оралуға тиіс екендігін көрсетеді. Біз проценттері қарыз берілген уақыттың ішінде белгілі мерзімдерде төленіп, ал капиталы сол уақыттың аяғында ғана қайтып берілетін қарыз формасын әлі өз алдына жеке қарастырамыз.

Ақша капиталисі несие алушыға, өнеркәсіп капиталисіне не береді? Оның шындығында оған беретіні не? Тек беру актысы ғана ақша қарызын ақшаны капитал ретінде, яғни капиталды товар ретінде беруге айналдырады ғой.

Осы беру актысы арқылы ғана ақша кредиторының капиталы басқа адамға товар ретінде, немесе оның билігіндегі товар басқа адамға капитал ретінде беріледі.

Әдеттегі жай сату кезінде не беріледі? Сатылған товардың құны берілмейді, өйткені құн өзінің формасын ғана өзгертеді. Құн сатушының қолына ақша формасында шын мәнінде өтпестен бұрып ол товарда баға ретінде адам ойында болады. Сол бір құнның өзі және сол бір құн мөлшерінің өзі бұл арада тек өзінің формасын ғана өзгертеді. Бір ретте олар товар формасында, ал екінші ретте — ақша формасында болады. Сатушыдан шын мәнісінде кететін, сөйтіп сатып алушының жеке немесе өндірмелі тұтыну саласына өтетін нәрсе: товардың тұтыну құны, тұтыну құн ретіндегі товар.

Қарыз беру кезіндегі ақша капиталисінің өзінен шығарып, өнеркәсіп капиталисіне, несие алушыға беретін тұтыну құны дегеніміз қандай тұтыну құны? Бұл — ақшаның капиталға айналуының, капитал ретінде қызмет атқара алуының арқасында оның ие болатын тұтыну құны, міне сондықтан ақша өзінің бастапқы құп мөлшерін сақтап қалуының үстіне өз қозғалысында белгілі бір қосымша құн, орта пайда өндіреді (орта пайданың онан артуы немесе төмен болуы бұл жерде кездейсоқ нәрсе). Ал басқа товарларда тұтыну құны сайып келгенде тұтынылады, онда товардың өзі, товармен бірге оның құны да жойылады. Керісінше, товар-капиталдың ерекшелігі



сол, оның тұтыну құнын тұтынудың арқасында оның құны мен тұтыну құны сақталып қана қоймайды, сонымен қатар көбейе түседі.

Ақшаның капитал ретіндегі міне осы тұтыну құнын — орта пайда өндіру қабілетін — ақша капиталісі өзінің қарыз капиталын пайдалануға право берген уақыты өткенше өнеркәсіп капиталісіне береді.

Бұл мағынада осылай қарызға берілген ақша мен өнеркәсіп капиталісі жөнінде алынған жұмыс күшінің арасында белгілі ұқсастық бар. Тек бірақ капиталист жұмыс күшінің құнын төлейді, ал қарызға алған капиталдың құнын ол тек кері қайтарып береді. Өнеркәсіп капиталісі үшін жұмыс күшінің тұтыну құны дегеніміз жұмыс күшін тұтыну процесінде оның өз құнынан артық құн (пайда) өндіруі, өз құнынан көп өндіруі. Құнның бұл артығы өнеркәсіп капиталісі үшін жұмыс күшінің тұтыну құны болып табылады. Нақ сол сияқты, қарызға алынған ақша капиталының тұтыну құны — оның құнды арттыру, құнға құн қосу қабілеті.

Ақша капиталісі шындығында тұтыну құнын береді, сол себептен оның беретіні товар ретінде беріледі. Нақ осы мағынада әншейін товармен ұқсастығы дәлме-дәл. Біріншіден, бұл бір қолдан екінші қолға өтетін құн. Біз әншейін жәй товарды алсақ, сатып алушы мен сатушының қолында бірдей құн болады, бірақ әр түрлі формада болады; сауда келісімі болғанға дейін де, онан кейін де олардың қолдарында өздерінің біріне-бірі берген құн болады, тек бірақ біреуінің қолында ол товар формасында, ал екіншісінің қолында ақша формасында болады. Ал қарыз жөнінде бұл келісім кезінде құн беретін бірден-бір адам — ақша капиталісі; бірақ ол құнды кейіннен өзіне қайта оралу нәтижесінде сақтап та қалады. Қарыз кезінде құнды бір жағы ғана алады, өйткені оны бір жағы ғана береді. Екіншіден, бір жағы шын мәнісіндегі тұтыну құнын береді, ал екінші жағы оны алады және пайдаланады. Бірақ әншейін товардан айырмашылығы — бұл тұтыну құнының өзі құн, атап айтқанда құнның бастапқы мөлшерінен артуы, ақшаның капитал ретінде пайдаланудың нәтижесінде көбеюі. Пайда — осы тұтыну құны.

Қарызға берілген ақшаның тұтыну құны — бұл оның капитал ретінде қызмет атқару қабілеті және сол ретінде орта жағдайда орта пайда өндіру қабілеті<sup>57</sup>).

---

<sup>57</sup>) «Процент алудың заңдылығы несие алушының қарызға алған ақшадан пайда түсіру, түсірмеуіне байланысты емес, дұрыс жұмсалғанда ол ақшаның пайда келтіре алуына байланысты» («An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest; wherein the Sentiments of Sir W. Petty and Mr. Locke, on that Head, are considered». London, 1750, p. 49. Бұл аноним шығарманың авторы — Дж. Масси).

Ал өнеркәсіп капиталисі не төлейді, демек, қарыз капиталының бағасы не болады?

«Несие алушының қарызға алған ақшасы үшін процент ретінде төлейтіні», Массидің айтуынша, «қарызға алынған ақшаның келтіре алатын пайдасының бір бөлігі»<sup>58</sup>).

Әншейін товар сатып алушы ол товардың тұтыну құнын сатып алады, бірақ оның құнын төлейді. Ақшаны қарызға алушы да оны капитал ретінде тұтыну құнын сатып алады; ал ол не төлейді? Әрине, басқа товарларды сатып алғандағыдай оның бағасын немесе құнын төлемейді. Кредитор мен несие алушының арасында сатып алушы мен сатушының арасындағыдай құн формасы ауыспайды, мұнда ол құн бір рет ақша формасында, екінші рет — товар формасында болады. Берілетін және кері қайтып алынатын құнның тепе-теңдігі мұнда мүлде басқа түрде көрінеді. Құн сомасы, ақша баламасыз беріледі де, белгілі уақыт өткен соң қайта оралады. Кредитор тіпті әлгі құн оның қолынан несие алушының қолына көшкеннен кейін де әрдайым құнның иесі болып қала береді. Жәй товар айырбасында ақша әрқашанда сатып алушы жағында болады; ал қарыз кезінде ақша сатушы жағында болады. Сатушы ақшаны белгілі уақытқа беретін адам болып табылады, ал капиталды сатып алушы ақшаны товар ретінде алушы адам болып табылады. Бірақ бұл ақша капитал ретінде қызмет атқаратындықтан ғана мүмкін болады, сондықтан да авансқа беріледі. Несие алушы ақшаны қарызға капитал ретінде, өзінен-өзі өсетін құн ретінде алады. Бірақ әуелі бұл, — авансқа берілген сәттегі, бастапқы кезіндегі барлық капитал сияқты, — өзіндік қана капитал болады. Тек пайдаланылу арқылы ғана ол өз құнын көбейтеді, капитал ретінде іске асады. Ал несие алушы оны *іске асқан* капитал ретінде, яғни құн мен қосымша құн (процент) ретінде кері қайыруға тиіс, ал процент несие алушы түсірген пайданың бір бөлігі ғана болады. Барлық пайда емес, бір бөлігі болады, өйткені несие алушыға қарызға алынған капиталдың тұтыну құны — оның несие алушыға пайда келтіруінде ғой. Бұлай болмаған күнде кредитор тарапынан тұтыну құны берілмеген болар еді. Екінші жағынан, барлық пайданың несие алушыға тиюі де мүмкін емес, өйткені ол бұл тұтыну құны берілгені үшін ешнәрсе төлемеген, кредиторға авансқа берген ақшасын капитал ретінде, іске асқан капитал ретінде қайырмай, тек жай ақша ретінде қайыр-

<sup>58</sup>) [Бұл да сонда, 49-бет]. «Бай адамдар өз ақшаларын өздері жұмсаудың орнына... ол ақшаның көмегімен пайда түсіру үшін, сөйтіп әлгі пайданың біраз бөлігін ақша иесіне беруі үшін басқа адамдарға қарызға береді» (бұл да сонда, 23—24-беттер).

ған болып шығар еді, өйткені ақша  $A + \Delta A$  ретінде ғана іске асқан капитал болып табылады.

Екеуі де, кредитор да, несие алушы да капитал ретінде сол бір ақша сомасын жұмсайды. Бірақ тек несие алушының қолында ғана ол сома капитал ретінде қызмет атқарады. Сол бір ақша сомасының екі адам үшін екі рет капитал ретінде болу жағдайы пайданы екі рет көбейтпейді. Бұл сома пайданың бөлінуі арқасында ғана екеуі үшін де капитал ретінде қызмет атқарады. Пайданың кредиторға тиетін бөлігі процент деп аталады.

Барлық келісім екі түрлі капиталистердің арасында, ақша капиталисі мен өнеркәсіп немесе сауда капиталисінің арасында болады деп есептеледі.

Мұнда капитал ретіндегі капиталдың товар екендігін, немесе әңгіме болып отырған товардың капитал екендігін ешуақытта ұмытуға болмайды. Егер біз жәй товарды немесе капиталды әңгіме етсек, себебі капитал өзінің ұдайы өндіріс процесінде товар капиталы ретінде қызмет атқарады ғой, онда бұл жерде бейнеленген қатынастардың бәрі иррационалды болар еді. Сату және сатып алудың орнына қарызға беру және қарызға алу болып отыр — бұл жерде товар — капиталдың ерекше жаратылысынан туатын айырмашылығы да міне осында. Нақ сол сияқты, мұнда төленетін нәрсе товардың бағасы емес, процент. Егер процентті ақша капиталының бағасы деп атасак, онда бұл товар бағасы деген ұғымға мүлде қайшы келетін бағаның иррационалды формасы болады<sup>59</sup>). Баға бұл жерде өзінің таза абстракты және мазмұнсыз формасына, қалай болғанда да тұтыну құны ретінде көрінуі үшін төленетін ақша сомасы формасына түсірілген, ал баға өз ұғымында бұл тұтыну құнының ақшаға шағылған құнына тең.

Процент дегеніміз капиталдың бағасы деу — әуел басынан-ақ мүлде иррационалды сөз. Мұнда товардың екі түрлі құны болады: біріншіден, құны болады, екіншіден, бұл құннан ерекше бағасы болады, ал баға дегеніміз құнның ақшалай көрінісі ғой. Ақша капиталы дегеніміз ең алдымен ақша сомасы немесе белгілі бір мөлшердегі товардың ақша сомасы түрінде алынған құнынан басқа ештеңе емес. Егер товар капитал ретінде қарызға берілетін болса, онда бұл ақша сомасының тек бүркемеленген формасы. Өйткені қарызға капитал

---

<sup>59</sup> «Күн (value) деген сөзді currency [айналыс құралына] қолданғанда үш маңызы бар... 2) currency actually in hand [іс жүзінде қолда бар айналыс құралдары] соңғы күндердің бірінде түсуге тиісті currency сомасынан ерекше. Мұның үстіне, олардың құны процент ставкасымен өлшенеді, ал процент ставкасы қарызға берілетін барлық капитал мен сған деген сұраныстың арасындағы қатынаспен белгіленеді» (Полковник P. Torrens. „On the Operation of the Bank Charter Act of 1844 etc.“. 2nd ed. [London], 1847 [p. 5, 6]).

ретінде берілетін нәрсе, ол — пәлен қадақ мақта емес, мақтаның құны есебінде мақта түрінде болатын белгілі бір мөлшердегі ақша. Сондықтан капитал бағасының оған қатынасы, Торренс мырзаның ойлағанындай, «сиггенсу» емес (жоғарыдағы 59-ескертуді қараңыз), ақша сомасы ретінде болады. Құн сомасының өз бағасынан басқа, өзінің ақша формасында көрінетін бағасынан басқа қандай бағасы болуы мүмкін? Баға дегеніміз — товардың тұтыну құнынан ерекше, оның құны ғой (бұл рынок бағасына да қатысты, оның құннан айырмасы сапа жағынан емес, құнның мөлшеріне ғана әсер ететін сан жағынан ғана). Бағаның құннан сапа жағынан айырмасы бар деу — бұл барып тұрған қайшылық<sup>60)</sup>.

Капитал өзінің құнын арттыра отырып, капитал ретінде көрінеді; бұл артудың дәрежесі оның капитал ретінде іске асуының сан жағынан алынған дәрежесін көрсетеді. Ол өндірген қосымша құн, немесе пайда,— оның нормасы немесе мөлшері,— авансыланған капиталдың құнымен салыстыру арқылы ғана өлшенеді. Сондықтан процент келтіретін капитал құны артуының көп-аздығы да процент сомасын, яғни жалпы пайданың процент үлесіне келетін бөлігін авансыланған капиталдың құнымен салыстыру арқылы ғана өлшенеді. Сондықтан да егер баға товардың құнын білдірсе, процент ақша капиталы құнының артуын білдіреді, сондықтан ақша капиталы үшін кредиторға төленетін баға ретінде көрінеді. Прудонның істейтінідей, ақша арқылы болатын айырбастың, сатып алу мен сатудың жәй қатынастарын мұнда тікелей қолдануға ұмтылудың әуел бастан-ақ мағынасыз екендігі міне осыдан туады. Негізгі ойдың түйіні дәл мынада: ақша капитал ретінде қызмет атқарады, сондықтан үшінші адамға өзіндік капитал ретінде, потенциал капитал ретінде беріледі.

Ал мұнда капиталдың өзі товар ретінде көрінетін себебі: ол рынокке шығарылады және ақшаның тұтыну құны шынында капитал ретінде беріледі. Бірақ капиталдың тұтыну құны оның пайда өндіруге қабілеттілігінде. Ақшаның немесе товардың капитал ретіндегі құны олардың ақша не товар ретіндегі құнымен белгіленбейді, олардың өз иесі үшін келтіретін қосымша құнның мөлшерімен белгіленеді. Капиталдың жемісі — пайда. Ақша ақша ретінде жұмсала ма, немесе ақша капитал ретінде авансыланып жұмсала ма,— ол капиталистік өндіріс негізінде ақшаның тек әр түрлі пайдаланылуы ғана болып табылады. Жұмыс күшінің потенциал капитал болатыны си-

<sup>60)</sup> «Товардың айырбас құнын да, капиталдың тұтыну құнын да көрсету мақсатында бірдей қолданылатын ақшаның құны немесе айналыс құралдарының құны деген терминнің екі ұштылығы шатасудың тұрақты себебі» (Тооке „Inquiry into the Currency Principle“, p.77).— Бірақ жәй құн (процент) капиталдың тұтыну құнына айналады дегенге келіп тірелетін басты шатасуды (істің нағыз мәніндегі) Тук байқамайды.

яқты, нақ сол сияқты, ақша, тиісінше товар өзіндік капитал, потенциал капитал. Себебі: 1) ақша өндіріс элементтеріне айнала алады және шын мәнінде өндіріс элементтерінің тек абстрактылы көрінісі, олардың құн ретіндегі болмысы ғана болып табылады, 2) байлықтың заттық элементтерінің капитал болуға потенциал қасиеті бар, өйткені капиталистік өндіріс негізінде оларды толықтыратын қарама-қарсылығы бар, оларды капитал ететін нәрсе — жалдама еңбек бар.

Өндіріс процесінен оқшауланған заттық байлықтың антогонистік қоғамдық сипаты — заттық байлықтың жалдама еңбек ретіндегі еңбекке антогонизмі — кәдімгі капиталға меншік болуының өзінде бейнеленген. Өзі тұрақты нәтижесі болып табылатын капиталистік өндіріс процесінен оқшауланған нақ осы жағдай оның тұрақты нәтижесі болатындықтан оның тұрақты алғы шарты да болып табылады, ол ақшаның, сондай-ақ товардың өзіндік, жасырын, потенциал капитал болуында, олардың капитал ретінде сатыла алуында, міне осы формасында олардың басқаның еңбегіне қожалық етуінде, басқаның еңбегін иемденуді талап етуінде; міне сондықтан да ол өсе беретін құн болып табылады. Мұнда басқаның еңбегін иемденуге негіз болатын, құрал болатын нәрсе капиталистің балама бола алатын қандай бір еңбегі емес, нақ осы қатынас екендігі айқын көрінеді.

Онан соң, капитал товар ретінде шығады, өйткені товардың рынок бағасының сұраныс пен ұсыныс арқылы, демек, бәсеке арқылы тәртіптелетіні сияқты, пайданың процентке және пайданың өзіне бөлінуі де солар арқылы тәртіптеледі. Бірақ бұл жерде олардың ұқсастығы қандай бірден көзге түсетін болса, айырмашылығы да сондай бірден көзге түседі. Егер сұраныс пен ұсыныс бірдей болса, товардың рынок бағасы оның өндіріс бағасына сай келеді; яғни бұл жағдайда товардың бағасы бәсекеге байланыссыз, капиталистік өндірістің ішкі заңдары арқылы тәртіптеледі, өйткені сұраныс пен ұсыныстың ауытқуы рынок бағасының өндіріс бағасынан ауытқуынан басқа ешнәрсені көрсете алмайды, ал бұл ауытқу өзара теңеседі, сөйтіп біраз уақыттың ішінде орта рынок бағасы өндіріс бағасына тең болады. Сұраныс пен ұсыныс бірдей болған кезде, ол күштер әрекет етуден қалады, бірін-бірі жояды, бұл кезде бағаны белгілеудің жалпы заңы жеке жағдай үшін де заң болады; сонда рынок бағасы рынок бағаларының орта қозғалысы ретінде ғана емес, өзінің тікелей болмысына, өндіріс әдісінің имманенттік заңдары арқылы тәртіптелетін өндіріс бағасына сай келеді. Жалақы жөнінде де жағдай осындай. Егер сұраныс пен ұсыныс бірдей болса, олардың әрекеті жойылады да, жалақы жұмыс күшінің құнына тең болады. Ал ақ-

ша капиалына алынатын процент жөнінде істің жайы басқаша. Бәсеке мұнда заңнан ауытқуды белгілемейді: мұнда бәсеке мәжбүр ететін бөлу заңынан басқа бөтен ешқандай заң болмайды, өйткені проценттің ешқандай «табиғи» нормасы жоқ, мұны біз әлі алда көреміз. Керісінше, проценттің табиғи нормасы деп еркін бәсеке белгілейтін норманы ғана айтады. Процент нормасының «табиғи» шегі болмайды. Бәсеке ауытқу мен құбылуды ғана белгілеп қоймайтын реттерде, демек, біріне-бірі қарама-қарсы күштер өзара теңесетін реттерде тегі белгілеу атаулының бәрі де тоқтайды, ол жерде белгіленушінің өзі заңдылыққа көнбейтін, өз бетімен кететін бір нәрсе болады. Бұл жөнінде келесі тарауда толығырақ тоқтаймыз.

Әңгіме процент келтіретін капитал жайында болса, істің бәрі де сырттай қаралатын бір нәрсе сияқты: капиталдың авансқа берілуі оны кредитордың несие алушыға жәй беруі сияқты; іске асқан капиталдың қайта оралуы несие алушының кредиторға жәй қайырып беруі, капиталды процентпен қайта төлеуі сияқты. Капиталистік өндіріс әдісі үшін имманенттік анықтама жөнінде де осыны айту керек; атап айтқанда, пайда нормасы бір айналымның ішінде түскен пайданың авансқа беріліп жұмсалған капитал құнына қатысына қарап қана белгіленбейді, сонымен қатар бұл айналым уақытының ұзақтығына қарап та белгіленеді, яғни өнеркәсіп капиталының белгілі бір уақыт ішінде түсірген пайдасы ретінде белгіленеді. Процент келтіретін капитал үшін бұл да мүлде сырттай қаралатын бір нәрсе сияқты: кредиторға белгілі бір мерзім үшін белгілі бір процент жәй ғана төленеді.

Сезімтал Адам Мюллер заттардың ішкі байланысы туралы өзінің әдеттегі түсінуіңше айтады («Elemente der Staatskunst». Berlin, 1809, [Dritter Theil] S. 138):

«Заттардың бағасын белгілеген кезде уақыт туралы сұрамайды; ал процентті белгілеген кезде ең алдымен уақыт есепке алынады».

Өндіріс уақыты мен айналыс уақытының товар бағасын белгілеуге қалай енетінін және капитал айналымының сол уақыт ішіндегі пайда нормасының дәл осы арқылы қалай белгіленетінін, ал процент нормасының сол уақыт ішіндегі пайда арқылы белгіленетінін Адам Мюллер көрмейді. Әрқашандағыдай, оның бүкіл терең ойлылығы тек мынағап келіп тіреледі: ол құйын көтерген тозаңды көреді де, оны әлдеқандай бір таңғажайып, елеулі нәрсе болар деп білгішсіне пайымдайды.

## ЖИЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ

**ПАЙДАНЫҢ БӨЛІНУІ. ПРОЦЕНТ СТАВҚАСЫ.  
ПРОЦЕНТТІҢ «ТАБИҒИ» НОРМАСЫ**

Бұл тараудың алға қойған мақсаты, сондай-ақ кредиттің біз төменде әнгіме ететін тегі барлық құбылыстары бұл жерде толық зерттелмейді. Кредиторлар мен қарыз алушылардың арасындағы бәсекені, сондай-ақ оның нәтижесі — ақша рыногінің біршама қысқа мерзім бойы ауытқуын біз қарастырмаймыз. Өнеркәсіптік циклдің ішінде процент нормасы жасайтын ауыспалы айналымды суреттеп көрсету ол циклдің өзін алдын ала суреттеп көрсетуді керек етеді, ол да бұл арада қолға алынбайды. Дүние жүзілік рынокта процент нарқын азды-көпті теңестіру жөнінде де жағдай осындай. Бұл арада біздің алға қоятын міндетіміз — процент келтіретін капиталдың дербес формасын және проценттің пайдадан жекеленуін ғана анықтау.

Біздің осы күнге дейінгі ұйғаруымыз бойынша, процент дегеніміз өнеркәсіп капиталисінің ақша капиталисіне төлеуге тиісті жәй бір бөлігі болып табылатындықтан, проценттің ең жоғары шегі пайданың өзі болады, ал бұл жағдайда қызмет атқарушы капиталиске тиетін бөлігі = 0 болар еді. Проценттің іс жүзінде пайдадан жоғары болатын кейбір жағдайларды есепке алмағанда — бірақ онда процент пайда есебінен төлене алмайды ғой — проценттің ең жоғары шегі деп пайданың бақылау үшін төленетін бөлігін (wages of superintendence) шығарып тастағанда қалған бөлігін айтуға болар еді, ал ол бөлігін біз кейінірек қарастырамыз. Проценттің ең төменгі шегін белгілеу мүлде мүмкін емес. Ол кез келген дәрежеге дейін құлдырауы мүмкін. Бірақ онда қарсы келетін жағдайлар туа берер еді де, осы біршама ең төменгі шектен оны жоғары көтерер еді.

«Капиталды пайдаланғаны үшін төленген соманың сол капиталға қатысы проценттің ақшаға шағылған нормасы болып табылады»,—«Процент нормасы 1) пайда нормасына, 2) бүкіл пайданың кредитор мен қарыз алу-  
13 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

шы арасында қалай бөлінуіне байланысты» («Economist»<sup>95</sup> 1853 жылғы 22 январь) «Егер қарызға алушылардың қарызға алған ақшасына процент ретінде төлейтіні қарызға алған ақшадан түсетін пайданың бір бөлігі болса, онда процент дәрежесі әрқашан да осы пайдаға қарап белгіленуге тиіс» (Massie. «An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest etc.». London, 1750, p. 49).

Ең алдымен, барлық пайда мен оның ақша капиталисіне процент есебінде төленуге тиісті бөлігінің арасында тұрақты арасалмақ бар екен делік. Бұл жағдайда процент барлық пайдамен бірге жоғарылап немесе төмендеп отыратыны, ал барлық пайда пайданың жалпы нормасына және оның ауытқуына қарап белгіленетіні айқын. Мысалы, орта пайда нормасы = 20% болып, процент пайданың  $= \frac{1}{4}$  болса, онда процент нарқы = 5% болған болар еді; егер орта пайда нормасы = 16% болса, процент = 4% болған болар еді. Пайда нормасы 20% болған кезде процент 8%-ке дейін көтерілсе алар еді, сөйтіп өнеркәсіп капиталисі бұл жағдайда да пайда нормасы = 16%, процент нарқы = 4% болып тұрған кездегі алатын пайдасын, атап айтқанда 12% алған болар еді. Егер процент тек 6% немесе 7%-ке дейін ғана көтерілсе, онда өнеркәсіп капиталисі дегенмен пайданың денін алып қалған болар еді. Егер процент орта пайданың тұрақты бөлігіне тең болса, онда мұнан пайданың жалпы нормасы неғұрлым жоғары болса, барлық пайда мен проценттің арасындағы абсолют айырмашылық соғұрлым көп болады, демек, барлық пайданың қызмет атқарушы капиталиске тиетін бөлігі соғұрлым көп болады және керісінше болады деуге болар еді. Айталық, процент орта пайданың  $\frac{1}{5}$ -не тең делік, 10-ның  $\frac{1}{5}$ -і 2 болады, барлық пайда мен проценттің арасындағы айырма = 8; 20-ның  $\frac{1}{5}$ -і = 4, айырмасы =  $20 - 4 = 16$ ; 25-тің  $\frac{1}{5}$ -і = 5, айырмасы =  $25 - 5 = 20$ ; 30-дың  $\frac{1}{5}$ -і = 6, айырмасы  $30 - 6 = 24$ ; 35-тің  $\frac{1}{5}$ -і = 7, айырмасы =  $35 - 7 = 28$ . Проценттің әр түрлі нормасы: 4%, 5%, 6%, 7%, мұнда әрдайым барлық пайданың тек  $\frac{1}{5}$ -ін немесе 20%-ін бейнелеген болар еді. Сөйтіп, егер пайда нормасы әр түрлі болса, проценттің әр түрлі нормасы барлық пайданың белгілі бір бөлігін, немесе барлық пайданың белгілі бір проценттік үлесін бейнелей алады. Процент қатынасы осылай тұрақты болған жағдайда өнеркәсіп пайдасы (барлық пайда мен проценттің арасындағы айырма) пайданың жалпы нормасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көп болар еді және керісінше болар еді.

Басқа жағдайларының бәрі бірдей болса, яғни процент пен барлық пайданың арасында азды-көпті тұрақты арақатынас болады десек, қызмет атқарушы капиталист пайда нормасының дәрежесіне тікелей байланысты неғұрлым жоға-



ры немесе төмен процент төлей алады және оған келісе алады<sup>61)</sup>). Пайда нормасы дәрежесінің капиталистік өндірістің дамуына кері қатынаста болатынын біз көріп өттік; мұнан тек процент нарқының айырмашылығы пайда нормасының айырмашылығын шын мәнісінде бейнелей алатын болса, елде процент нарқының неғұрлым жоғары немесе төмен болуы өнеркәсіп дамуының дәрежесіне сондай кері қатынаста болады деуге болады. Бірақ әрқашан бұлай бола бермейтінін біз кейінірек көреміз. Бұл жөнінен алғанда процент пайдамен, дәлірек айтқанда — пайданың жалпы нормасымен реттеліп отырады деуге болады. Ал процент реттелуінің бұл әдісі тіпті оның орта дәрежесіне де қолданылады.

Қалай болған күнде де орта пайда нормасын проценттің ақырғы ең жоғарғы шегі деп қарау керек.

Процентті орта пайда нормасымен арақатнаста қою керек болатын жағдайды біз қазір толығырақ қарастырамыз. Тұтас бір мөлшерді, мысалы, пайданы екі адамға бөлуге тура келсе, онда істің жайы, әрине, ең алдымен сол бөлінетін тұтастың мөлшеріне байланысты болады, ал ол нәрсе пайда мөлшері, орта пайда нормасына қарап белгіленеді. Айталық, пайданың жалпы нормасы белгілі, демек, белгілі бір көлемдегі капитал пайдасының мөлшері 100 екен делік; онда проценттің өзгеруі пайданың қызмет атқарушы, бірақ қарызға алған капиталмен жұмыс жүргізетін капиталистің қолында қалатын бөлігіне, әрине, кері қатынаста болады. Ал бөлінуге тиісті пайданың, — ақысы төленбеген еңбекпен жасалған жаңа құнның, — мөлшерін белгілейтін жағдай пайданың әлгі екі түрлі капиталистер арасында бөлінуін белгілейтін жағдайдан мүлде өзгеше, және көбінесе тіпті қарама-қарсы бағытта әсер етеді<sup>62)</sup>).

Егер біз қазіргі заманғы өнеркәсіп қозғалыста болатын айналымдардың циклдарын, — тыныштық халін, өрлей жандануын, гүлденуін, артық өндіруді, күйреуін, тоқырауын, тыныштық халін, т. б. онан әрі талдау жасау біздің зерттеуімізге жатпайтын циклдарды қарастырсақ, онда біз проценттің төменгі нарқы көпшілік жағдайларда гүлдену немесе үстеме пайда түсіру кезеңдеріне, проценттің артуы — гүлденуден кейін келетін цикл кезеңіне сай келетінін, ал барып тұрған

<sup>61)</sup> «Проценттің табиғи нормасы жеке кәсіпорындардың пайдасына қарап белгіленеді». (Massie, цитат алынған шығарма, 51-бет).

<sup>62)</sup> Қолжазбада бұл жерде мынадай ескерту бар: «Бұл тарауды баяндау барысында пайданы бөлу заңдарын зерттеместен бұрын әуелі сан жағынан бөлудің сапалық бөлуге қалай айналатынын көрсету дегенмен жақсы екені айқындала түсті. Алдыңғы тарауды баяндаудан бұған көшу үшін процентті әуелі пайданың біраз бөлігі ретінде, ол бөлікті дәл белгілемей-ақ көрсетуден басқа ешнәрсе керек болмайды». [Ф. Э].

өсімқорлық мөлшерге жететін ең жоғары процент дағдарысқа сай келетінін көреміз<sup>63</sup>). 1843 жылдың жазынан бастап айқын гүлдену кезеңі туды; 1842 жылдың көктемінде 4½%-ке жеткен процент нарқы 1843 жылдың көктемі мен жазында 20%<sup>64</sup>)-ке дейін, ал сентябрьде тіпті 1½%-ке дейін төмендеді (Gilbart, I, цитат алынған шығарма, 166-бет); кейін, 1847 жылғы дағдарыс кезінде ол 8%-ке дейін және онан да жоғары көтерілді.

Әрине, екінші жағынан, төменгі проценттің тоқырауға тура келуі, ал бір қалыпты жоғарылайтын проценттің — өрлей жандануға тура келуі мүмкін.

Процент ставкасының ең жоғары дәрежесі дағдарыстар кезінде болады, бұл кезде төлемдерді төлеп құтылу үшін ол неге түсетін болса да қарыз алуға тура келеді. Сонымен қатар, проценттің жоғарылауына бағалы қағаздар курсының төмендеуі сай келетін болғандықтан, — бұл жағдай басы артық ақша капиталы бар адамдардың әлгіндей проценттік қағаздарды болмашы тиын-тебенге сатып алуына өте қолайлы жағдай туғызады; ал мұндай проценттік қағаздар іс бір қалыпты алға басқан жағдайда процент нарқы тағы да төмендеген бойда-ақ кемінде өзінің орта бағасына тағы да жетуге тиіс<sup>65</sup>).

Бірақ процент нарқының пайда нормасының ауытқуына мүлде байланыссыз төмендеуге беталысы болады. Ал оның басты-басты екі себебі бар:

1. «Тіпті капиталды өндірмелі жұмсау үшін болмаса басқа нәрсеге ешуақытта да қарызға алмайды деп ойлаған күннің өзінде де жалпы пайда нормасы ешқандай өзгермесе де процент нарқының өзгеруі мүмкін. Өйткені ұлттың баю жолымен ілгері ұмтылуына байланысты ата-бабаларының еткен еңбектерінің арқасында өздері ие болған қорларынан түсетін процентпен ғана өмір сүретін адамдар тобы пайда болып, бірден-бірге өсе береді. Дәл сол сияқты, жас шағында және есейген кезінде кәсіпкерлік қызметімен қызу шұғылданғандардың көбі өздері жинаған соманың процентімен қартайғанда тыныш өмір сүру үшін жұмыс істеуін қояды. Елдің байлығы өскен сайын бұл таптың екеуі де көбеюге бет алады, өйткені істі

<sup>63</sup>) «Күйзеліс кезеңінен кейін тікелей туатын бірінші кезеңде ақша жеткілікті, жалдаптық жоқ; екінші кезеңде ақша жеткілікті, ал жалдаптық кең етек алады, үшінші кезеңде жалдаптық баяулай бастайды, ал жұрт ақша іздейді: төртінші кезеңде ақша сирек кездеседі, күйзеліс басталады» (Gilbart, „A Practical Treatise on Banking“. 5nd ed., vol. I London, 1849, p. 149).

<sup>64</sup>) Тук мұны «өткен жылдары тиімді қолданудың жеткіліксіздігіне байланысты қосымша капиталдың қажетті түрде қорлануынан, ақша қорларының ауысып қалуынан және сауда гүлденеді деген үміттің қайта оянуынан» деп түсіндіреді («History of Prices from 1847». London, 1848, p. 54).

<sup>65</sup>) «Бір банкир қарыз алып жүрген өзінің бұрынғы бір адамына 200 000 фунт стерлингтік құны бар бағалы қағаздарды кепілге алып, қарыз беруден бас тартқан. Әлгі адам төлем төлеуді тоқтату туралы ойын айтып, кетуге ынғайланғанда, банкир оған: егер өз қағаздарыңды маған 150 000 фунт ст. сатсаң, мұны істемеуіме болады, деген» (H. Royle, „The Theory of the Exchanges. The Bank Charter Act of 1844“. London, 1864, p. 80).

шағын капиталмен бастағандарға карағанда істі біршама үлкен капиталмен бастағандардың ертерек дәулеттенуіне мүмкіншіліктері бар. Сондықтан байырғы әрі бай елдерде ұлттық капиталдың иелері өздері іске қосқысы келмейтін бөлігінің қоғамның барлық өндіргіш капиталына қатынасы жана игеріліп жатқан әрі кедей елдердегі мұндай қатынастан жоғары болады. Англияда рантье табы қаншама көп десеңізші! Рантье табы өскен сайын капиталды қарызға беретін адамдар табы да өседі, өйткені бұлардың бәрі бір адамдар ғой» (Ramsay. «An Essay on the Distribution of Wealth» [Edinburgh, 1836], p. 201—202).

II. Кредит жүйесінің дамуы да, сонымен бірге өнеркәсіпшілер мен көпестердің банкирлер арқылы қоғамның барлық таптарының жинаған күллі ақшасын пайдалану мүмкіндігінің үнемі өсуі және бұл жиналған ақшаның ақша капиталы ретінде әрекет жасай алатын мөлшерде еселеп шоғырлануы да процент нарқына қысым көрсетуге тиіс. Бұл жөнінде кейін толығырақ тоқталамыз.

Процент нормасын белгілеу жөнінде Рамсей былай дейді: бұл норма

«бір жағынан жалпы пайда нормасына, екінші жағынан жалпы пайданың процент пен кәсіпкерлік пайдаға бөліну пропорциясына байланысты болады (profits of enterprise). Бұл пропорция капиталды қарызға беруші мен қарызға алушының арасындағы бәсекеге байланысты болады; бұл бәсекеге жалпы пайданың жобаланған нормасы ықпал жасайды, бірақ тек онымен ғана реттелмейді<sup>66)</sup>. Бәсекенің тек жалпы пайданың жобаланған нормасымен ғана реттелмейтін себебі, бір жағынан, көп адамдар қарызды өндірмелі тұтынуды көздемей алады, ал екінші жағынан, бүкіл ұлттық капиталдың қарызға берілетін үлесі жалпы пайданың қандай да болса өзгеруіне байланыссыз, елдің байлығына қарай өзгереді» (Ramsay, бұл да сонда, 206—207-беттер).

Проценттің орта нормасын табу үшін 1) проценттің орта нарқын оның ірі өнеркәсіптік циклдар кезіндегі өзгерістері бойынша есептеп шығару керек және 2) капитал біршама ұзақ уақытқа қарызға берілетін қаржы жұмсау салаларындағы процент нарқын есептеп шығару қажет.

Проценттің белгілі бір елде үстем болып отырған орта нормасы үнемі ауытқып тұратын рыноктік нарықтардан ерекше, ешқандай заңмен белгіленуі мүмкін емес. Бұл салада экономистердің пайданың табиғи нормасы, жалақының табиғи нормасы туралы сөз етуі мағынасында проценттің ешқандай табиғи нормасы болмайды, Масси де бұл жөнінде өте дұрыс айтқан болатын:

---

<sup>66)</sup> Процент нарқы жалпы алғанда орта пайда нормасына қарап белгіленетін болғандықтан, мысалы, 1844 жылдың жазында темір жолда болған жалдаптық сияқты барып тұрған қулық-сұмдықтар процент нарқының төмен болуына байланысты өте көп жасалады. Ағылшын банкінің есеп нарқы 1844 жылғы 16 октябрьде ғана 3%-ке дейін жоғарылатылды.

«Бұл жөнінде күмәнданатын бір-ақ нәрсе бар, ол — бұл пайданың қай бөлігі шынында қарыз алушыға, қай бөлігі қарыз берушіге тиісті? — деген мәселе. Мұны тек қарыз алушылар мен қарыз берушілер ғана анықтай алады. Өйткені мұнда қайсысы дұрыс, қайсысы бұрысын анықтау адамдар арасындағы келісімнің нәтижесі ғана болып табылады» (Massie, цитат алынған шығарма, 49-бет).

Сұраныс пен ұсыныстың тең болуы — онысын орта пайда нормасы белгілі деп есептеледі — бұл жерде тегі ешнәрсені көрсетпейді. Бұл формуланы жалпы қолдануға ұмтылған жағдайда (мұндай жағдайда бұл практикалық жағынан да дұрыс) бұл формула бәсекеге байланысты емес, қайта оны белгілейтін негізгі ережені табу формуласы (реттеу шеңберін немесе шеңбер мөлшерін табу формуласы) болып табылады; бұл бәсеке практикасына, оның көрінестеріне және онан туатын ұғымдарға берілгендердің формуласы; экономикалық қатынастардың бәсекеде көрінетін ішкі байланысы туралы үстірт ұғымға тағы келуге көмектесетін формула. Бұл — бәсекемен қабаттасып отыратын өзгерістерден сол өзгерістердің шеңберлеріне келу әдісі. Бірақ оны проценттің орта нарқына қолдануға болмайды. Бәсекенің орта жағдайы, қарыз беруші мен қарыз алушының арасындағы тепе-теңдік қарыз берушінің капиталына оған 3%, 4%, 5% т. с. процент нарқы берілуге немесе жалпы пайданың белгілі бөлігі, 20%-і немесе 50%-і берілуге тиісті болуына мүлде ешқандай негіз бола алмайды. Мұнда кәдімгі бәсеке шешуші роль атқарған жағдайда, өз өзінен алғанда белгілеу кездейсоқ, таза тәжірибелік белгілеу болады, сондықтан бұл кездейсоқтықты қайсыбір қажеттілік деп ұғу үшін нағыз дүмше не бос қиялға берілгіш адам болу керек<sup>67</sup>). Банктер туралы және сауда дағдарысы туралы заңдар жөніндегі 1857 және 1858 жылдардың парламенттік есептерінде Англия банкінің директорларының, Лондон банктерінің, провинциялық банктердің және кәнігі теоретиктердің (real rate produced)\* туралы көке

<sup>67</sup>) Мысалы. Дж. Опдайк 1851 жылы шыққан «A Treatise on Political Economy». New York деген еңбегінде 5 процент нарқының жалпылығы мәңгі заңдардың әрекетінен болады, деп орынсыз әрекет жасайды. Карл Арнд «Die Naturgemässe Volkswirtschaft, gegenüber dem Monopolengeiste und dem Communismus etc.». Naun. 1845 деген еңбегінде бұдан да бетер ағат пікірлер айтады. Одан мынадай сөздерді оқуға болады: «Материалдық игіліктерді табиғи жасау барысында бір ғана құбылыс байқалады, ол — жеткілікті цивилизацияланған елдерде — белгілі дәрежеде процент нарқын реттеуге тиісті сияқты: ол — европалық ормандарда ағаш аумағының жыл сайынғы өсімі нәтижесінде көбею қатынасы. Бұл өсім жүзден 3-тен 4-ке дейінгі пропорцияда айырбас құнына мүлде байланыссыз болып отырады» (ағаштар өздерінің өсімін айырбас құнына байланыссыз реттейді деу қаншалықты кісі күлерлік десеңізші!) Сондықтан (яғни ағаштардың айырбас құны олардың өсіміне қаншама байланысты болса да, бұл өсім олардың айырбас құнына байланыссыз болып отыратындықтан деңіз!) «процент нарқы ақшаға ең бай деген елдердегі қазіргі дәрежесінен төмендейді деп күтуге болмайды» (124—125-беттер). Мұны «орманда өсетін процент нарқы» деп атауға болады, ал оны оялап шығарушы адам «ит салығының философиясы»<sup>68</sup> ретінде осы шығармасының арқасында «біздің ғылымға» жаңа еңбек сіңірген адам болып көрінді.

\* — «нақты белгіленген норма». Ред.

мылжыңынан асқан кісі күлерлік ештеңе болмас, оның бер жағында олар «қарызға берілген капиталға төленетін баға осы капиталды ұсынудың өзгеруімен бірге өзгеруге тиіс» деген жалпы сөздерден немесе, «проценттің жоғары нормасы және пайданың төменгі нормасы ұзақ уақыт бойы қатар тұра алмайды» және сол сияқты бос сөздерден әрі бармайды<sup>68</sup>). Әдет, заңға айналған дәстүр, сондай-ақ бәсекенің өзі де проценттің орта нарқын белгілеуге әсер етеді, өйткені ол орта сан ретінде ғана емес, сонымен қатар іс жүзіндегі мөлшер де болып табылады. Көптеген дау-шарларды заң алдында қараған кезде проценттің орта нарқы заңға айналған нарқы ретінде қабылданады, ал ұйғарым шығарарда процентті есептеу керек болады. Егер проценттің орта нарқының шегі неліктен жалпы заңдар негізінде шығарылмайды деген сұрақ туа қалса, оған жауапты проценттің жаратылысының өзінен табамыз. Процент орта пайданың тек бір бөлігі ғана. Бір капиталдың өзі екі түрде көрінеді: кредитордың қолында — қарыз капиталы ретінде, қызмет атқарушы капиталистің қолында өнеркәсіп капиталы немесе сауда капиталы ретінде көрінеді. Бірақ ол бір-ақ рет қызмет атқарады және өзі бір-ақ рет пайда өндіреді. Өндіріс процесінің өзінде капиталдың қарыз капиталы ретіндегі сипаты ешқандай роль атқармайды. Екі адам өздері дәмеленген пайданы өзара бөліседі, мұның өзі қайсыбір компанияның жалпы пайдасын өз жарнашыларының арасында проценттеп бөлуі сияқты кездейсоқ болып жататын таза эмпирикалық нәрсе. Өндірілген құнды қосымша құн мен жалақыға бөлген кезде, пайда нормасын белгілеу негізінен алғанда осыған сүйенеді, мүлде әр түрлі екі элемент: жұмыс күші мен капитал шешуші ықпал жасайды; қосымша құн мен жалақы — тәуелсіз ауыспалы екі мөлшердің қызметі, бұлар өзара бірін-бірі тежеп отырады; ал олардың *сапалық айырмашылығынан* өндірілген құнды *сан жағынан бөлу* келіп туады. Қосымша құнды рента мен пайдаға бөлген кезде де нақ осындай болатынын біз кейінірек көреміз. Процент жөнінде бұл сияқты ешнәрсе болмайды. Бұл ретте *сапалық айырма* керісінше, қосымша құнның сол бір бөлігін *таза сан жағынан бөлуден* туады, мұны біз қазір көреміз.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен: проценттің ешқандай «табиғи» нормасы жоқ деген қорытынды шығады. Ал егер, бір жағына, пайданың жалпы нормасына қарама-қарсы про-

<sup>68</sup>) Ағылшын банкі алтынның көбеюіне немесе азаюына қарай өзінің есеп нарқын көтеріп және төмендетіп отырады, бірақ, әрине, ол әруақытта еркін рынокте үстем болып отырған нарықты есепке алады. «Осының арқасында есеп нарқының өзгеруін күте отырып, ол жөнінде қулық-сұмдық жасау қазір ақша орталығындағы»: яғни Лондонның ақша рыногындағы ([H. Roy.] „The Theory of the Exchanges etc.“, p. 113) ірі капиталистердің басты кәсібiне айналды».

центтің орта нарқының шегі немесе проценттің үнемі ауытқып тұратын рынок нормасынан ерекше проценттің орта нормасының шегі қайсыбір жалпы заңмен белгілене алмайтын болса,— өйткені бұл жерде әңгіме жалпы пайданы капиталдың екі қожасының арасында түрліше ат қойып, айдар тағып бөлу жөнінде ғана болып отыр,— онда, керісінше, процент нарқының орта мөлшері де, сондай-ақ оның рынок мөлшері де әрбір нақты жағдайда пайданың жалпы нормасында болатындағыдай емес, мүлде басқаша бірқалыпты, айқын және сезілетіндей мөлшер ретінде көрінеді<sup>69)</sup>.

Товардың рынок бағасының оның құнына қатысы қандай болса, процент нарқының пайда нормасына қатысы да нақ сондай болады. Процент нарқы пайда нормасымен белгіленгенде, ол өнеркәсіптің кейбір салаларында үстем болуы мүмкін болатын пайданың жекелеген нормаларымен белгіленбейді, әсіресе кейбір капиталистің қайсыбір кәсіпкерлік саласында болуы мүмкін үстеме пайдамен белгіленбейді, әрқашан пайданың жалпы нормасымен белгіленеді<sup>70)</sup>. Сондықтан пайданың жалпы нормасы іс жүзінде проценттің орта нарқында эмпирикалық, белгілі факт ретінде бейнеленеді, бірақ проценттің орта нарқы пайданың жалпы нормасының таза немесе жеткілікті дәрежеде сенімді бейнесі бола алмайды.

Рас, қарыз алушының әр түрлі категорияларына берілетін қамтамасыз етілу түріне және қарыздың мерзіміне байланысты процент нарқының өзі де үнемі өзгеріп тұрады; бірақ мұндай категорияның әрқайсысы үшін процент нарқы белгілі уақытта бірдей болады. Демек, әлгі айырмашылық процент

<sup>69)</sup> «Товардың бағасы үнемі ауытқып тұрады; олардың бәрі де әр түрлі тұтынуға арналған; ал ақша кез келген мақсатқа қызмет етеді. Тіпті бір тектес товарлар өздері де сапа жағынан ажыратылады; қолдағы ақшаның әрқашан құны бірдей болады немесе ондай құны болуға тиіс. Мұнан: ақшаның «процент» деген сөзбен аталатын бағасы қандай да болса басқа заттың бағасынан неғұрлым тұрақты және бірқалыпты болады деген қорытынды шығады» (*J. Steuart. „Recherche des principes de l'économie politique“ Paris. 1798. IV, p. 27*).

<sup>70)</sup> «Бірақ пайданы бөлудің бұл ережесі әрбір жеке қарыз беруші мен қарыз алушыға қолданыла бермейді, жалпы қарыз берушілер мен қарыз алушылар қолданылады... Ерекше көп пайда, ерекше аз пайда тиісінше тапқырлығы үшін алатын сыйсияпаты, аңғырттығы үшін тартатын жазасы, онда қарыз берушілердің ешқандай жұмысы жоқ; өйткені қарыз берушілердің айтылып отырған аңғырттық үшін зиян шекпейтіні сияқты, айтылып отырған тапқырлықтан да пайда табуға тиіс емес. Ал мұнда сауданың немесе өнеркәсіптің белгілі бір саласындағы жеке адамдар жөнінде айтылып отырғандар сауданың немесе өнеркәсіптің жеке салаларына қолданғанда да дұрыс болады. Егер қайсыбір өнеркәсіп саласында жұмыс жүргізетін көпестер мен өнеркәсіпшілер қарызға алған капиталы арқылы сол елдегі басқа көпестер мен өнеркәсіпшілердің түсіретін әдеттегі пайдасынан көп алса, бұл ерекше пайда солардыкі болады, бірақ оны алуға тек әдеттегі тапқырлық пен сақтық қана керек болса да, ол қарызға ақша бергендерге тиісті емес... қарыз берушілер өздерінің ақшасын қайсыбір өнеркәсіп немесе сауда кәсіпорнына әдеттегі процент нормасынан неғұрлым жеңілдік шартпен бермеген болар еді ғой, сондықтан олар өздерінің ақшасы арқылы алынған пайда қанша болса да, әдеттегі процент нормасынан артық алуға тиісті емес» (*Massie, цитат алынған шығарма, 50, 51-бетте*).

нарқының тұрақтылық сипатын және бірқалыптылығын бұзбайды<sup>71)</sup>).

Әрбір елде проценттің орта нарқы азды-көпті ұзақ дәуірлер үшін тұрақты мөлшерде болады, өйткені пайданың жеке нормаларының үнемі өзгеріп тұруына қарамастан, пайданың жалпы нормасы біршама ұзақ уақытта ғана барып өзгереді, соның өзінде бір саладағы өзгеру екінші саладағы оған қарама-қарсы өзгеру арқылы теңеседі. Ал пайданың жалпы нормасының біршама тұрақтылығы проценттің орта нарқының нақ осы азды-көпті тұрақтылық сипатынан көрінеді (average rate or common rate of interest).

Проценттің үнемі ауытқып тұратын рынок нарқына келсек, товардың рынок бағасы сияқты, ол әрбір кезең үшін белгілі мөлшерде болады, өйткені ақша рыногінде барлық қарыз капиталы қызмет атқарушы капиталға бір тұтас сома есебінде үнемі қарама-қарсы тұрады, демек, бір жағынан, қарыз капиталының ұсынылуы және екінші жағынан, оған деген сұраныстың арасындағы қатынас әрқашанда проценттің рыноктік дәрежесін белгілейді. Мұның өзі кредит ісінің неғұрлым күшті дамуы және онымен байланысты кредиттің шоғырлануы қарыз капиталына жалпы қоғамдық сипат беріп, оны бір уақытта, бірден ақша рыногіне шығарса, соғұрлым көбірек мөлшерде болады. Керісінше, пайданың жалпы нормасы әрқашанда пайданың жеке нормаларын теңестіруге бет алыс ретінде, қозғалыс ретінде ғана болады. Мұнда капиталистердің бәсекесі,— бұл теңестіруге жасалған қозғалыстың нақ өзі,— пайданың ұзақ уақыт бойы орта дәрежеден төмен тұрған салаларынан капиталды бірте-бірте шығарып алып, оны пайданың орта дәрежеден жоғары болатын салаларына сондай бірте-бірте тартады; немесе ол үстеме капиталды аз-аздап әр түрлі пропорцияда осы салаларға бөледі. Бұл әр түрлі салалар жөнінде ол капиталдың келіп, кетіп жатуының үнемі ау-

71) Банктің есеп нарқы.....	5%
Екі айлық вексельдерге арналған рыноктік есеп нарқы .....	3 <sup>3</sup> / <sub>8</sub> %
Үш айлық вексель үшін берілетін рыноктік есеп нарқы .....	3 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %
Алты айлық вексель үшін берілетін рыноктік есеп нарқы .....	3 <sup>3</sup> / <sub>16</sub> %
Вексель делдалына бір күнге берілетін қарыз .....	1—2
Вексель делдалдарына бір аптаға берілетін қарыз .....	3%
Биржа делдалдарына екі аптаға берілетін қарыз бойынша соңғы есеп проценті .....	4 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> —5%
Вкладтар бойынша берілетін проценттер (банктер) .....	3 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %
Вкладтар бойынша берілетін проценттер (есеп үйлері) .....	3—3 <sup>1</sup> / <sub>4</sub> %

Бұл айырмашылықтың бір күн ішінде қаншалықты болатынын Лондонның ақша рыногінде 1889 ж. 9 декабрьдегі жоғарыда келтірілген процент нарықтары көрсетеді, бұл процент нарықтары «Daily News»<sup>97</sup>-те Ситидегі жағдай туралы 10 декабрьде жазылған мақаладан алынды. Ең азы 1%-ке, ең көбі 5%-ке тең [Ф. Э.]

ытқып тұруы, бірақ процент нарқын белгілеген кездегідей барлық капитал сомасының бір уақыттағы әрекеті емес.

Процент келтіретін капитал товардан мүлде өзгеше категория болса да *sui generis\** товар болатынын көрдік, сондықтан процент оның бағасы болады, бұл баға әдеттегі товардың рынок бағасы сияқты әрқашан ұсыныс пен сұраныс арқылы белгіленеді. Сол себепті рыноктың процент нарқы, үнемі ауытқып тұратын болса да, әрбір нақты жағдайдағы товардың рынок бағасы сияқты, әрбір белгілі кезеңде нақ сондай белгілі және бірыңғай нарық болады. Ақша капиталистері бұл товарды жеткізіп береді, ал қызмет атқарушы капиталистер оны сатып алады, оған сұраныс туғызады. Пайданы жалпы пайда нормасына теңестірген кезде бұл болмайды. Егер қайсыбір салада товар бағасы өндіріс бағасынан не жоғары, не төмен болса (соның өзінде сауда істерінің әрбір түріне тән және өнеркәсіптік циклдің әр түрлі фазаларына байланысты ауытқулар есепке алынбайды), онда теңестіру өндірісті ұлғайту не қысқарту арқылы, яғни өндірістің жеке салаларында капиталдың келіп, кетуінің арқасында өнеркәсіп капиталының рынокке шығаратын товар мөлшерінің көбеюі не азаюы арқылы жүзеге асады. Товардың орта рынок бағасының осылайша өндіріс бағасымен теңесуі пайданың жеке нормаларының пайданың жалпы немесе орта нормасынан ауытқуына түзету енгізеді. Бұл процесс *кәдуілгі* өнеркәсіп немесе сауда капиталына процент келтіретін капитал сияқты сатып алушы жөнінде товар болатындай сипатта ешқашан болмайды және ешқашан бола да алмайды. Бұл процесс көрініс бергенде ол тікелей орта пайданы белгілеу ретінде көрінбейді, товардың рынок бағасының өндіріс бағасынан ауытқуы және оған теңесуі ретінде ғана көрінеді. Шындығында пайданың жалпы нормасы: 1) жиынтық капитал өндіретін қосымша құнмен, 2) бұл қосымша құнның жиынтық капиталдың құнына қатысымен және 3) бәсекемен белгіленеді, олай болатын себебі бәсеке өндірістің жеке салаларына жұмсалған капиталдардың бұл қосымша құннан осы капиталдардың мөлшеріне сәйкес біршама бірдей дивиденд алуға ұмтылған қозғалысы болып табылады. Сөйтіп, пайданың жалпы нормасы, сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатынаспен тура, тікелей белгіленетін рынок нарқынан шынында мүлде басқаша және неғұрлым күрделі себептермен белгіленеді, сондықтан да процент нарқы сияқты айқын, тікелей белгілі факті болып табылмайды. Өндірістің әр түрлі салаларындағы пайданың ерекше нормалары азды-

---

\* — ерекше түрдегі. *Ред.*



көпті тұрақты емес; бірақ олар көрініс беруге тиіс болғандықтан, олардың ұқсастығы көрінбейді, айырмашылығы көрінеді. Ал пайданың жалпы нормасының өзі пайданың іс жүзіндегі нормасының эмпирикалық, тікелей сезілетін формасы есебінде көрінбейді, пайданың ең аз шегі ретінде ғана көрінеді.

Процент нарқы мен пайда нормасының арасындағы бұл айырмашылықты көрсете отырып, біз процент нарқын баянды етуге себепші болатын мына екі жағдайды өзiрге сырт қалдырамыз: 1) процент келтіретін капитал тарихи жағынан бұған дейін де болды, сөйтіп проценттің дәстүрлі жалпы нарқы бар болатын; 2) дүние жүзілік рынок, белгілі бір елдің өндіріс жағдайына байланыссыз, процент нарқын белгілеуге өзінің пайда нормасын жасайтын ықпалынан әлдеқайда зор тікелей ықпал жасайды.

Орта пайда тікелей белгілі факті ретінде көрінбейді, қарама-қарсы ауытқулардың теңесуінің ақтық нәтижесі ретінде көрінеді, бұл нәтижені зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Процент нарқы жөнінде әңгіме басқаша. Кем дегенде белгілі бір жерлерде өзінің жұртқа мәлімдігі арқасында процент нарқы күн сайын қолданылатын факті, тіпті өнеркәсіп капиталы мен сауда капиталына өздері калькуляция жасаған кезде алғы шарт, арнаулы статья болатын факті болып табылады. Процент нарқы 100 фунт стерлингке тең кез келген ақша сомасының 2, 3, 4, 5 фунт стерлинг келтіретін жалпы қабілетіне айналады. Ауа райы туралы мәлімет беретін бюллетеньдер барометр жағдайын биржа бюллетеньдерінің белгілі бір капитал үшін емес, ақша рыногіндегі әрбір капитал үшін, яғни жалпы қарыз капиталы үшін процент нарқының дәрежесін белгілейтініндей дәл белгілей алмайды.

Ақша рыногінде кредитор мен қарыз алушы ғана бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Товардың бір-ақ формасы ақша формасы болады. Мұнда капиталдың өзінің өндірістің немесе айналыстың қандай ерекше саласына жұмсалуына байланысты түсетін ерекше формаларының бәрі жойылады. Мұнда капитал айырмашылықтарын жоғалтқан, өзіне-өзі тең дербес күн формасында, ақша формасында болады. Мұнда енді әртүрлі салалардың арасындағы бәсекеге орын қалмайды; олардың бәрі бірігіп ақшаны қарызға алушылар ретінде әрекет жасайды, ал капитал да олардың бәріне белгілі бір түрге, өзін қолдану әдісіне талғаусыз қарайтын формада қарама-қарсы тұрады. Егер өнеркәсіп капиталы тек қозғалыста, жеке салалардың арасындағы бәсекеде ғана өзін бүкіл таптың жалпы капиталы ретінде көрсетсе, мұнда капитал шын мәнісінде барлық мөлшерінде бүкіл тап капиталының сұранысы мен ұсынысындағы жалпы капиталы ретінде көрінеді. Екінші жа-

ғынан, ақша рыногінде ақша капиталы шындығында өзін қолданудың ерекше әдісіне талғаусыз қарайтын жалпы элемент ретіндегі формада капиталистер табының ішінде әр түрлі салалар арасында әрбір жеке сала өндірісінің керегіне сәйкес бөлінеді. Оның үстіне ірі өнеркәсіптің дамуымен байланысты ақша капиталы, өзі рынокке шығатын болғандықтан, барған сайын көбінесе рыноктегі капиталдың кейбір бөлшегінің меншік иесі болып табылатын жеке капиталистің атынан шықпайды, шоғырланған, ұйымдасқан капитал аумағы ретінде шығады, сөйтіп бұл аумақ нақты өндірістен мүлде басқаша, қоғамдық капиталдың өкілі болып табылатын банкирлердің бақылауында болады. Сөйтіп, сұраныс формасына келетін болсақ, қарыз капиталына бүкіл тап тұтас қарама-қарсы тұрады; ал ұсынысқа келетін болсақ, ол таптың өзі en masse\* қарыз капиталы ретінде әрекет жасайды. Рас, мөлшері ауытқып тұратын болса да, барлық қарыз алушыларға бірдей ауытқитын болғандықтан, оларға әрқашанда да тиянақты белгілі бір мөлшерде қарама-қарсы тұратын проценттің нақты нарқына қарағанда пайданың жалпы нормасының бұлдыр сағым сияқты болып көрінуінің кейбір себептері міне осындай. Ақша құнының өзгеруі оларға барлық товарлар жөнінде бірдей құн болуына кедергі жасамайтыны сияқты; товардың рынок бағасының күн сайын ауытқуы, бұл товарларға күн сайын баға белгіленуіне кедергі жасамайтыны сияқты, ақшаның процент нарқының ауытқуы да оның баға белгіленуде «ақша бағасы» ретінде де уақтылы белгілеуіне кедергі жасамайды. Бұлай болатын себебі — капиталдың өзі мұнда товар ретінде ақша формасында ұсынылады; сондықтан оның бағасының белгіленуі, басқа барлық товарлардай, оның рынок бағасының белгіленуі болып табылады; сондықтан процент нарқы әрқашанда пәлендей мөлшердегі ақшаға пәлендей мөлшерлі ақша ретінде проценттің белгілі бір мөлшердегі жалпы нарқы болып табылады. Керісінше, тіпті товардың рынок бағасы бірдей болғанның өзінде белгілі бір саланың ішінде жекелеген капиталдардың сол бір товарды өндіру жағдайының айырмашылықтарына байланысты пайда нормасының әр түрлі болуы мүмкін, өйткені жеке капиталдың пайда нормасы товардың рынок бағасымен белгіленбейді, рынок бағасы мен өндіріс шығынының арасындағы айырмашылықпен белгіленеді. Ал пайданың бұл әр түрлі нормалары ең әуелі өндірістің бір саласының ішінде, ал сонсын үнемі ауытқу арқылы ғана әр түрлі салалардың арасында теңеседі.

---

\* — түгелімен. Рсб.

---

(Кейінірек талдау үшін ескертпе.) Кредиттің ерекше формасы: Егер ақша сатып алу құралы қызметін атқармай, төлем құралы қызметін атқаратын болса, товардың басқаға өтетіні, ал оның құны кейіннен жүзеге асырылатыны мәлім. Егер төлем товар қайта сатылғаннан кейін барып төленетін болса, онда бұл сату сатып алудың нәтижесі емес, керісінше, сатып алу сату арқылы жүзеге асады. Немесе сату сатып алудың құралы болады. Екіншіден: борыш міндеттемелері, вексельдер, т. с. кредиторлар үшін төлем құралына айналады. Үшіншіден, борыш міндеттемелерінің есесін өтеу ақшаның орнына жүреді.

## ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУ

**ПРОЦЕНТ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ТАБЫС**

Мұның алдындағы екі тарауда көргеніміздей, процент ең әуелі пайданың, яғни қосымша құнның бөлігі ретінде — қызмет атқаратын капиталистің, өнеркәсіпшінің немесе көпестің өз капиталын емес, қарызға алған капиталды қолданатын болғандықтан, сол капиталдың меншік иесіне, кредиторға төленуге тиісті бөлігі ретінде көрінеді, бұл ең әуелгі көрінісі және шын мәнінде солай болып қалады. Егер капиталист тек өз капиталын ғана қолданатын болса, онда пайда бұлай бөлінбейді; пайда түгелінен сол капиталистке тиісті болады. Шынында да, капиталдың меншік иелері оны ұдайы өндіріс процесіне өздері қолданатын болса, олар процент нарқын белгілейтін бәсекеге қатыспайды, міне, осының өзінен-ақ процент нарқын белгілемей мүмкін болмайтын процент категориясының өз-өзінен алғанда өнеркәсіп капиталының қозғалысына қаншалықты жат екендігі көрініп тұр.

«Процент нарқы кредитордың риза болатын және қарыз алушының ақша капиталының белгілі сомасын бір жылға немесе онан ұзағырақ уақытқа болмаса неғұрлым қысқа мерзімге пайдаланғаны үшін төленетін сомасының пропорциясы ретінде белгіленуі мүмкін... капиталдың меншік иесі оны ұдайы өндіріс үшін шын мәнісінде қолданған жағдайда ол қарыз алушылармен арадағы қатынасы процент нарқымен белгіленетін капиталистердің қатарына жатпайды» (The Tooke. «A History of Prices etc. from 1793 to 1837». Vol. II, London, 1838, P. 355—356).

Шынында, капиталистердің ақша капиталистері және өнеркәсіп капиталистері болып бөлінуі ғана пайданың бір бөлігін процентке айналдырады, жалпы процент категориясын туғызады, ал капиталистердің осы екі түрінің арасындағы бәсеке ғана процент нарқын туғызады.

Капитал ұдайы өндіріс процесінде қызмет атқарып жатқан кезде,— ол өнеркәсіп капиталисінің өзінікі, сондықтан оның капиталды кредиторға қайырып беруіне тура келмейді дегеннің өзінде де,— бұл кезде жеке адам ретінде капиталистің

қарауында әлгі капиталдың өзі болмайды, тек пайда ғана болады, мұны ол табыс ретінде жарата алады. Оның капиталы капитал ретінде қызмет атқарып жатқан кезде, ол ұдайы өндіріс процесіне тиісті, соған бекітілген. Өнеркәсіп капиталісі капиталдың қожасы болса да, бұл қожалық оған капиталды еңбекті қанау үшін капитал ретінде пайдаланып тұрған кезде әлгі капиталды тағы да бір әдіспен пайдалануға мүмкіндік бермейді. Ақша капиталісі жөнінде де істің мәнісі нақ осындай. Оның капиталы қарызда тұрған, сондықтан ақша капиталы ретінде қызмет атқарып тұрған кезде ол оған процент, пайданың бір бөлігін келтіреді, бірақ капиталист негізгі сомасын пайдалана алмайды. Бұл әрқашанда, капиталист өзінің капиталын, мысалы, бір жылға, немесе бірнеше жылға қарызға беріп, белгілі бір мерзім өткен сайын процентін алып, капиталын кейін қайыра алмайтын болған жағдайдың бәрінде де айқын көрінеді. Тіпті капиталдың қайтарып алынуының өзі де істің мәнісін ешқандай өзгертпейді. Оны кері қайырып алғанда, капиталист оның өзі үшін капитал ретінде, бұл жағдайда, ақша капиталы ретінде әрекет жасауын тілесе, әрқашанда оны қарызға беріп тұруға тиіс. Капитал оның қолында тұрған кезде, ол процент келтірмейді, сондықтан капитал ретінде әрекет етпейді; ал ол процент келтіріп, капитал ретінде қызмет атқарып тұрған кезде, капитал оның қолында болмайды. Міне, мұнан капиталды мәңгілік уақытқа қарызға беру мүмкіндігі туады. Сондықтан, Туктің Бозанкетке қарсы жасаған ескертпелері мүлде дұрыс емес. Ол Бозанкеттен цитат келтіреді («Metallic, Paper, and Credit Currency». London, 1842, p. 73):

«Егер процент нарқы 1%-ке дейін төмендесе, онда қарызға алынған капитал меншікті капиталына жуықтап (on a par) қалар еді».

Тук бұл жерде мынадай түсінік береді:

«Осындай немесе тіпті онан да кем процентке қарызға алынған капитал меншікті капиталына шамамен алғанда бара-бар болған күннің өзінде,— егер бұл соншама ақылды, тақырыптың жеке пункттеріне жақсы таныс автордан шықпаған болса,— бұл соншалықты сөкет пікірге пәлендей көңіл аударуға тұрар ма еді. Қарыз капиталының алғы шарты оны қайтарып төлеу екенін ол қайтіп есінен шығарып алды екен немесе пәлендей маңызы жоқ жағдай деп түсінді екен?» (Th. Tooke. «An Inquiry into the Currency Principles». 2nd ed., London, 1844, p. 80).

Егер процент=0 болса, онда капиталды қарызға алған өнеркәсіп капиталісі өзінің меншікті капиталымен жұмыс жүргізетін капиталиспен бірдей жағдайда болған болар еді. Екеуі де бірдей орта пайда алған болар еді, ал капитал қарызға алынған болсын, меншігіндегі болсын, ол пайда өндіре-

тін болғандықтан ғана капитал ретінде қызмет атқарады. Капиталдың қайтарылып берілуге тиіс болатын шарты бұған ешқандай өзгеріс енгізбеген болар еді. Процент нарқы нольге неғұрлым жақындаған сайын, яғни, мысалы, 1%-ке дейін төмендеген сайын қарызға алынған капитал меншікті капиталмен соғұрлым көбірек бірдей жағдайда бола бастайды. Ақша капиталы ақша капиталы ретінде өмір сүруге тиісті болып тұрған кезде ол үнемі қайта-қайта қарызға берілуге тиіс, соның өзінде алынып жүрген процент бойынша, айтайық 1% бойынша және ылғи сол бір өнеркәсіп және сауда капиталистерінің табына берілуге тиіс. Өнеркәсіп және сауда капиталистері капиталистер есебінде қызмет атқарып тұрған кезде қарызға алынған капитал арқылы қызмет атқарушы мен өзінің меншікті капиталымен қызмет атқарушының арасындағы айырмашылық тек мынау ғана болады: біреуі процент төлеуге тиісті де, екіншісі процент төлеуге тиісті емес; біреуі барлық  $p$  пайданы өзінің қалтасына салады, ал екіншісі  $p-z$ -ны процентті шығарып тастағандағы пайданы қалтасына салады:  $z$  нольге неғұрлым жақын келсе,  $p-z$  соғұрлым  $p$ -ға жақын келеді, демек, екі капиталист соғұрлым бірдей жағдайда көбірек болады. Біреуі капиталды кері қайырып, тағы қарызға алуға тиіс; ал екіншісі, капиталы қызмет атқаруға тиісті болғандықтан, бұл да капиталын өндіріс процесіне үнемі қайта-қайта авансқа беріп отыруға тиіс және оны осы процестен басқа ешқандай жолмен пайдалана алмайды. Айтпақшы, өзіне-өзі түсінікті тағы бір айырмашылық қалады, ол айырмашылық мынада: капиталистердің біреуі өз капиталының меншік иесі де, екіншісі меншік иесі емес.

Енді пайданың таза пайда мен процентке таза сан жағынан бөлінуі қалайша сапа жағынан бөлінуге айналады?— деген сұрақ туады. Басқа сөзбен айтқанда, қарызға алынған капиталды емес, өзінің меншікті капиталын ғана іске қосатын капиталист те өзінің жалпы пайдасының бір бөлігін проценттің ерекше категориясына қалайша бөліп шығарады және оны солай етіп ерекше есепке алады?— деген сұрақ туады. Онан соң, осымен байланысты, капитал біткеннің бәрі,— қарызға алынғаны ма, жоқ па,— процент келтіретін капитал ретінде таза пайда келтіретін капитал ретіндегіден өзінен өзі қалайша ажыратылады?— деген сұрақ туады.

Пайданың бұлайша кездейсоқ сан жағынан бөлінуінің бәрі бірдей сапа жағынан бөлінуге айнала бермейтіні мәлім. Мысалы, бірнеше өнеркәсіп капиталистері кәсіпорын жұмысын жүргізу үшін бірігеді де, кейін пайданы заң жүзінде бекітілген договор бойынша өзара бөліседі. Екінші біреулері өз кәсіпорнының жұмысын серіктессіз, өзі дербес жүргізеді. Бұл

екіншілері өзінің пайдасын екі категория бойынша, бір бөлігін жеке пайда ретінде, екінші бөлігін іс жүзінде жоқ серіктестері үшін серіктік пайда ретінде есептемейді. Демек, бұл жағдайда сан жағынан бөліну сапа жағынан бөлінуге айналмайды. Меншік иесі заң жүзіндегі бірнеше адамнан құралса ғана бөлісу болады; ал олай болмаса бөлісу болмайды.

Сұраққа жауап беру үшін біздің процентті тудыратын шын мәнісіндегі бастапқы пунктке біраз ұзағырақ тоқталуымыз керек; яғни ақша капиталисі мен өндіруші капиталист шынында бір-біріне тек заң жүзіндегі әр түрлі адамдар ретінде ғана қарама-қарсы тұрмайды, сонымен қатар ұдайы өндіріс процесінде мүлде әр түрлі роль атқаратын адамдар ретінде немесе бір капиталдың өзі қолдарында шындығында екі түрлі және мүлде өзгеше қозғалыс жасайтын адамдар ретінде қарама-қарсы тұрады деген жорамалға сүйену қажет болады. Біреуі капиталды тек қарызға береді, екіншісі оны өнімді қолданады.

Қарызға алынған капиталдың көмегімен жұмыс жүргізетін өндіруші капиталист үшін жалпы екі бөлікке: оның кредиторға төлеуге тиісті болатын процентке және пайдадағы проценттен артып қалатын, оның өз үлесін құрайтын бөлігіне бөлінеді. Егер пайданың жалпы нормасы белгілі болса, онда бұл соңғы бөлігі процент нарқымен белгіленеді; егер процент нарқы белгілі болса, онда бұл бөлігі пайданың жалпы нормасымен белгіленеді. Онан кейін: жалпы пайда, барлық пайда құнының шын мөлшері әрбір нақты жағдайда орта пайдадан қаншама ауытқыса да, оның қызмет атқарушы капиталистке тиісті бөлігі процентпен белгіленеді, өйткені бұл процент проценттің жалпы нарқымен белгіленеді (егер ерекше заң жүзінде жасалған договорларды есепке алмасақ) және ол өндіріс процесі басталмастан бұрын, яғни оның нәтижесі, жалпы пайда алынбастан бұрын белгілі болатын мөлшер деп саналады. Біз капиталдың шын мәнісіндегі ерекше өнімі қосымша құн, немесе, дәлірек айтқанда, пайда екенін көрдік. Бірақ қарызға алынған капиталдың көмегімен жұмыс жүргізетін капиталист үшін бұл өнім пайда емес, процентті шегеріп тастағандағы пайда, яғни пайданың процентті төлегеннен кейін өзінде қалатын бөлігі. Сөйтіп пайданың бұл бөлігі оған капиталдың өнімі болып қажетті түрде көрінеді, өйткені бұл капитал қызмет атқарады; ол жөнінде бұл шындығында да солай, өйткені ол — капиталдың өкілі болғанда қызмет атқаратын капиталдың ғана өкілі. Ол — капиталдың кісі түріндегісі, өйткені капитал қызмет атқарады, ал қызмет атқарғанда ол өнеркәсіпке немесе саудаға пайда келтіретіндей етіп жұмсалғандықтан және оны жұмсаған капиталист кәсіптің сол бір саласы керек ететін

жұмыстарды сонымен атқаратын болғандықтан қызмет атқарады. Сөйтіп капиталистің кредиторға жалпы пайдадан төлеуге тиісті процентіне қарама-қарсы оның өз үлесіне тиетін пайданың қалған бөлігі өнеркәсіп, тиісінше сауда пайдасы формасын қажетті түрде алады, немесе бұл екеуін де қамтитын сөзді қолдансақ, кәсіпкерлік табыс формасын алады. Егер жалпы пайда орта пайдаға тең болса, онда бұл кәсіпкерлік табыстың мөлшері тек процент нарқымен ғана белгіленетін болады. Егер жалпы пайда орта пайдадан ауытқыса, онда жалпы пайда мен орта пайданың арасындағы айырма (екеуінен де процентті шығарып тастағаннан кейін) уақытша ауытқуды,— немесе өндірістің жеке саласындағы пайда нормасының жалпы пайда нормасынан ауытқуын, не ерекше бір саладағы жеке капиталистің алатын пайдасының сол ерекше саладағы орта пайдадан ауытқуын,— туғызатын барлық конъюнктуралық жағдайлармен белгіленеді. Бірақ біз өндіріс процесінің өзінде пайда нормасының тек қосымша құнға ғана байланысты емес, сонымен қатар басқа да көптеген жағдайларға: өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу бағасына, өндірістің орта өнімділіктен артып түсетін әдістеріне, тұрақты капиталдың үнемделуіне, т. с. байланысты екендігін көрдік. Ал егер өндіріс бағасын сырт қалдырсақ, онда пайда нормасы ерекше конъюнктуралық жағдайларға байланысты болады, ал әрбір кәсіпкерлік келісімде капиталистің азды-көпті ептілігіне, айлакерлігіне, капиталистің қаншаға, өндіріс бағасынан жоғары не төмен сатып алуына, болмаса сатуына, демек, оның айналыс процесінде жиынтық қосымша құнның көп не аз бөлігін ала білуіне байланысты. Бірақ қалай дегенде де мұнда жалпы пайданы сан жағынан бөлу сапалық бөлуге айналады, оның үстіне сан жағынан бөлудің өзі *ненің* бөлінетініне, белсенді капиталистің капитал *арқылы* қалай іскерлік етуіне және оның қызмет атқарушы капитал ретінде, яғни капиталистің белсенді капиталист ретінде қызмет атқаруының нәтижесінде капиталиске қанша жалпы пайда келтіруіне байланысты. Бұл жерде қызмет атқарушы капиталист капиталдың меншік иесі емес деп саналып отыр. Капиталға иелік етуді оған кредитор, ақша капиталисі беріп отыр. Сөйтіп, қызмет атқарушы капиталистің оған төлейтін проценті жалпы пайданың капитал меншігі үлесіне, бұл меншіктің өз үлесіне тиетін бөлігі. Бұған қарама-қарсы, пайданың белсенді капиталистің үлесіне тиетін бөлігі енді оның ұдайы өндіріс процесінде капиталдың көмегі арқылы жүргізетін жұмыстарынан немесе атқаратын қызметтерінен ғана туатын, демек, оның өнеркәсіпте немесе саудада кәсіпкер ретінде атқаратын қызметтерінен ғана туатын кәсіпкерлік табыс ретінде көрінеді. Демек, ол жөнінде



процент капиталға меншік иесі болудың ғана жемісі, капиталдың ұдайы өндіріс процесіне байланыссыз тек капитал болуының жемісі, «жұмыс істемейтін», қызмет атқармайтын капиталдың жемісі сияқты болып көрінеді; ал кәсіпкерлік табыс оған өзінің капитал арқылы атқарған қызметінің жемісі ғана, капитал қозғалысының, процесс жасауының, процесс жасағанда енді белсенді капиталиске ақша капиталисінің өндіріс процесіне қатыспауына, әрекет жасамауына қарама-қарсы өзінің іскерлік етуімен процесс жасауының жемісі ғана болып көрінеді. Жалпы пайданың екі бөлігінің бұл сапалық айырмашылығы, яғни процент дегеніміз өндіріс процесіне байланыссыз, капиталдың өзінің, капиталға меншік иесі болудың жемісі, ал кәсіпкерлік табыс дегеніміз — процесс жасайтын, өндіріс процесінде әрекет жасайтын капиталдың жемісі, сондықтан ұдайы өндіріс процесінде капиталды пайдаланатын адамның белсенді ролінің жемісі болып көрінуі,— бұл сапалық айырмашылық бір ретте ақша капиталисінің, екінші ретте өнеркәсіп капиталисінің әсте де субъективтік түсінігі ғана емес. Ол объективтік фактіге негізделеді, өйткені процент капиталдың жай ғана меншік иесі, яғни өндіріс процесінен бұрын және өндіріс процесінен тыс жерде капиталға жай ғана меншік иесі болудың өкілі болып табылатын ақша капиталисінің, кредитордың қалтасына түседі; ал кәсіпкерлік табыс капиталдың меншік иесі болып табылмайтын қызмет атқарушы капиталистің ғана қалтасына түседі.

Қарызға алған капиталмен жұмыс жүргізетін болғандықтан өнеркәсіп капиталисі үшін де, өз капиталын өзі қолданбайтын болғандықтан ақша капиталисі үшін де, бір капиталдың өзіне, демек онан түскен пайдаға заң жүзінде әр түрлі титулы бар екі түрлі адамның арасына жалпы пайданың таза сан жағынан бөлінуі сапалық бөлінуге айналады. Пайданың бір бөлігін капиталдың *бір* анықтамасында процент түрінде енді өзінен-өзі капиталға тиісті болатын жеміс болып табылады; екінші бөлігі капиталдың басқа, қарама-қарсы анықтамасында оның ерекше жемісі болып саналады, сондықтан кәсіпкерлік табыс болып көрінеді; бір бөлігі капиталға меншік иесі болудың ғана жемісі, екінші бөлігі бұл капиталмен жұмыс жүргізудің ғана жемісі, процесс жасайтын капиталдың жемісі, немесе белсенді капиталистің атқаратын қызметкерінің жемісі болып көрінеді. Жалпы пайданың екі бөлігінің бұлайша сұрыпталуы және өзара бөлектенуі олар мүлде әр түрлі екі арнадан шыққан сияқты болып, бүкіл капиталистер табы үшін және бүкіл капитал үшін енді бір қалыпқа түсуге тиіс. Бұл ретте белсенді капиталистің қолданған капиталы қарызға алынған ба, жоқ па, ақша капиталисінің капиталын оның

өзі қолдана ма, жоқ па, мұның бәрібір. Кез келген капиталдан түсетін пайда, демек, капиталдардың өзара тенесуіне негізделген орта пайда өзара дербес, біріне-бірі тәуелсіз, сапа жағынан әр түрлі екі бөлімге, әрқайсысы өзінің ерекше заңымен белгіленетін процент пен кәсіпкерлік табысқа бөлінеді немесе солай ажыратылады. Нақ қарызға алған капиталмен жұмыс жүргізетін капиталист сияқты, өз капиталымен жұмыс жүргізетін капиталист өзінің жалпы пайдасын өз капиталын өзіне қарызға берген меншік иесі, кредитор ретінде өзіне тиісті процентке және белсенді, қызмет атқарушы капиталист ретінде өзіне тиісті кәсіпкерлік табысқа бөледі. Сөйтіп, сапалық бөлу ретіндегі бұл бөліс үшін капиталист шындығында басқа капиталиспен бөлісуге тиісті ме, жоқ па, оның ешқандай маңызы жоқ. Капиталды қолданатын адам, тіпті ол өз капиталымен жұмыс жүргізсе де, екі адамға; капиталдың жай меншік иесіне және капиталды қолданатын адамға бөлінеді; оның капиталының өзі оған пайда келтіру категориялары жөнінде *меншік*-капиталға, өндіріс процесінен *тыс* өзінен-өзі процент келтіретін капиталға және өндіріс процесіндегі капиталға, капитал ретінде процесс жасап, кәсіпкерлік табыс келтіретін капиталға бөлінеді.

Сөйтіп, процент енді өнеркәсіпші қарызға алған капиталдың көмегімен жұмыс жүргізгенде ғана болатын, жалпы пайданың өндіріс үшін келер-кетерсіз бөлінуі ретінде көрінбейді. Тіпті ол өз капиталымен жұмыс жүргізген күнде де оның пайдасы процент пен кәсіпкерлік табысқа бөлінеді. Сонымен қатар таза сан жағынан бөліну сапалық бөлінуге айналады; бұлай бөліну өнеркәсіпші өз капиталының меншік иесі ме, жоқ па, ондай кездейсоқ жағдайға байланыссыз болып отырады. Бұл әр түрлі адамдардың арасында бөлінетін пайданың бөліктері ғана емес, сонымен қатар капиталға әр түрлі қатыста болатын яғни капиталдың әр түрлі белгілі формаларына қатысты пайданың бірінен-бірі өзгеше екі категориясы болып табылады.

Жалпы пайданың процент пен кәсіпкерлік табысқа бұл бөлінуі, сапалық бөліну болғандықтан, бұл сапалық бөліну сипатын бүкіл капитал үшін және бүкіл капиталистер табы үшін қалай сақтайтын себептері енді өте айқын болып отыр.

*Біріншіден:* бұл әр түрлі дәрежеде болса да, өнеркәсіп капиталистерінің көпшілігі өз капиталы арқылы да, қарызға алынған капитал арқылы да жұмыс жүргізетін, өз капиталы мен қарызға алынған капиталдың арақатысы әр кезде өзгеріп тұратын жай күнделікті жағдайдан туады.

*Екіншіден:* жалпы пайданың бір бөлігінің процент формасына айналуы, оның екінші бөлігін кәсіпкерлік табысқа ай-

налдырады. Шындығында да, кәсіпкерлік табыс дегеніміз процент ерекше категория болып орын алған кезде жалпы пайданың проценттен артығы алатын қарама-қарсы формасы ғана. Жалпы пайда процент пен кәсіпкерлік табысқа қалай бөлінеді деген мәселені зерттеудің бәрі жалпы пайданың бір бөлігі тегі қалайша сұрыпталып процент түрінде өз алдына дербес шығатынын зерттеуге ғана барып тіреледі. Бірақ процент келтіретін капитал тарихи жағынан даяр, көне формада орын алып келді, сондықтан капитал өндірген қосымша құнның даяр формасы ретіндегі процент те капиталистік өндіріс әдісі болмастан және оған сай капитал мен пайда туралы ұғым тұмастан әлдеқайда бұрын орын алып келді. Сондықтан ақша капиталы, процент келтіретін капитал халық ұғымында осы күнге дейін кәдімгі капитал, *par excellence\** капитал болып келді. Екінші жағынан, ақша түріндегі ақша процентпен төленеді-міс деген Масси заманына дейін үстем болып келген ұғым осыдан туды. Қарызға берілген капиталдың іс жүзінде капитал ретінде қолданылу, қолданылмауына байланыссыз процент келтіретін жағдайы,— ол тіпті тұтыну үшін қарызға алынса да процент келтіреді,— капиталдың бұл формасы өз алдына дербес болады деген ұғымды күшейте түседі. Процент дегеніміз жалпы пайданың жай ғана бір бөлегі деген шындықтың XVIII ғасырдың орта шенінде ғана ашылуы (Масси, онан кейін Юм ашты<sup>98</sup>) тегі осындай жаңалықты ашуға тура келгені — капиталистік өндіріс әдісінің алғашқы кездерінде пайда жөнінде проценттің, өнеркәсіп капиталы жөнінде процент келтіретін капиталдың өз алдына дербес көрінуінің ең жақсы айғағы.

*Үшіншіден;* өнеркәсіп капиталисі өз капиталымен жұмыс жүргізе ме, қарызға алған капиталмен жұмыс жүргізе ме, капиталистердің ерекше түрі ретінде ақша капиталистері оған қарама-қарсы тұратын, ақша капиталы капиталдың дербес түрі болатын және проценттің бұл өзгеше капиталға сай, қосымша құнның дербес формасы болатын жағдайын ешқандай өзгертпейді.

*Сапа жағынан* процент дегеніміз капиталға меншік болудан ғана туатын, өзінің меншік иесі ұдайы өндіріс процесінен тыс тұратын болса да, капиталдың өзі келтіретін, демек, капиталдың өз процесінен бөлектеніп берілетін қосымша құн.

*Сан жағынан* пайданың процентті құрайтын бөлігі өз алдына алынған өнеркәсіп пен сауда капиталына байланысты емес, ақша капиталына байланысты сияқты болып көрінеді, ал қосымша құнның бұл бөлігінің нормасы, процент нормасы немесе процент нарқы мұндай қатынасты нығайта түседі. Мү-

\* ~ көбінесе. *Ред.*

ның себебі, біріншіден, процент нарқы — өзінің жалпы пайда нормасына байланысты екеніне қарамастан — өз алдына дербес белгіленеді, ал екіншіден, товардың рынок бағасы сияқты, процент нарқы, пайданың еленбейтін нормасына қарама-қарсы, тұрақты, қандай өзгерістер болса да біркелкі, айқын және әрқашан да бір мөлшерлі қатынаста болады. Егер барлық капитал өнеркәсіп капиталистерінің қолында болса, онда процент те, процент нарқы да болмаған болар еді. Жалпы пайданың сан жағынан бөлінуі алатын дербес формасынан сапалық бөліну туады. Егер өнеркәсіп капиталисін ақша капиталисімен салыстырсақ, онда өнеркәсіп капиталисін ақша капиталисінен жалпы пайданың процент нарқы арқасында күнделікті біркелкі мөлшер ретінде болатын орта проценттен артығы ретіндегі кәсіпкерлік табыс қана ажыратады. Екінші жағынан, егер сол өнеркәсіп капиталисін қарызға алынған капитал арқылы емес, өз капиталы арқылы жұмыс жүргізетін өнеркәсіп капиталисімен салыстырсақ, онда бұл соңғы капиталист онан ақша капиталисі ретінде ажыратылады, өйткені ол процентті басқаға төлеудің орнына өз қалтасына салады. Екі жағдайда да жалпы пайданың проценттен өзгеше бөлігі оған кәсіпкерлік табыс болып көрінеді, ал проценттің өзі — капиталдың өзінен-өзі беретін, сол себептен де өндіргіш жолмен қолданбай-ақ беретін қосымша құн болып көрінеді.

Жеке капиталист жөнінде бұл практика жағынан дұрыс. Өзінің капиталын процент келтіретін капитал ретінде қарызға бере ме, болмаса оны өндіргіш капитал ретінде қолдана отырып, оның құнын өз бетінше көбейте ме,— бұл сол жеке капиталистің шешіміне байланысты нәрсе, оның үстіне әлгі капитал әуел бастағы ақша капиталы түрінде болып отыр ма немесе оны әлі ақша капиталына айналдыру керек пе, мұның бәрібір. Бірақ жалпы көлемде, яғни бүкіл қоғамдық капиталға қолданғанда,— кейбір дәрекі экономистер тіпті ақша капиталына ие болудың өзін пайданың негізі деп санап, осылай етеді,— бұл, әрине, қисынсыз нәрсе. Бүкіл капиталды өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алып, құнын арттыру үшін пайдаланатын адамдарсыз ақша капиталына айналдыру деген барып тұрған мағынасыздық, ал ақша түрінде болатын біршама болмашы аз бөлегін қоспағанда, бүкіл капитал құрал-жабдықтары формасында болады. Капиталистік өндіріс әдісінің негізінде капитал өндіргіш капитал ретінде қызмет атқармай-ақ, яғни бір бөлігі процент болып табылатын қосымша құн жасамай-ақ процент келтіреді, капиталистік өндіріс әдісі капиталистік өндіріссіз-ақ өз жолын аяқтап шығады деу онан да өткен мағынасыздық болады. Егер капиталистердің орасан көп бөлігі өздерінің капиталын ақша капиталына айнал-

дыруды тілесе, онда мұның нәтижесінде ақша капиталы адам айтқысыз бағасызданып, процент нарқы соншама құлдылап төмендер еді; олардың көбі бірден-ақ процентпен тұра алмайтын болып, қайтадан өнеркәсіп капиталистеріне айналуға мәжбүр болар еді. Бірақ жоғарыда айтылғандай, әрбір жеке капиталист нақ осылай ойлайды. Сондықтан тіпті өз капиталымен шаруашылық жүргізген күннің өзінде де өзінің орта пайдасының орта процентке тең бөлігін өндіріс процесіне байланыссыз болатын, өз капиталының жемісі деп сөзсіз санайды; ал процент түрінде бөлектенетін бұл бөлігіне қарама-қарсы, жалпы пайданың проценттен артығын ол жай кәсіпкерлік табыс деп санайды.

*Төртіншіден:* {Қол жазбасында ашық қалған.}

Сөйтіп, пайданың жұмыс жүргізуші капиталистің қарызға алынған капиталдың жай меншік иесіне төлеуге тиісті болған бөлігі қарызға алынсын, алынбасын капитал біткеннің бәрі процент деген атпен келтіретін бөлігінің дербес формасына айналатын болып шықты. Бұл бөліктің мөлшері проценттің орта нарқының дәрежесіне байланысты болады. Оның қайдан шыққанын көрсететін нәрсе енді тек мынау ғана: жұмыс жүргізуші капиталист өз капиталының меншік иесі болғандықтан, процент нарқын белгілеуге бәсекелеспейді,— тым болмағанда белсенді түрде бәсекелеспейді. Пайданың заң жағынан оған әр түрлі атағы бар екі адамның арасына таза сан жағынан бөлінуі сапа жағынан бөлінуге айналды, бұл бөліну капитал мен пайданың жаратылысынан туатын сияқты болып көрінеді. Өйткені, өзіміз көргендей, пайданың бір бөлігі тегі процент формасын алғанда, орта пайда мен проценттің арасындағы айырма, немесе пайданың проценттен артығы процентке қарама-қарсы формаға, кәсіпкерлік табыс формасына айналады. Бұл екі форма, процент пен кәсіпкерлік табыс, өздерінің қарама-қарсысында ғана өмір сүреді. Демек, бұлардың екеуі де қосымша құнмен белгілі арасалмақта болмайды, қосымша құн жөнінде олар әр түрлі категориялармен, рубрикалармен, аттармен белгіленетін бөліктер ғана, өздері бірімен бірі арасалмақта болады. Пайданың бір бөлігі процентке айналатын болғандықтан, екінші бөлігі кәсіпкерлік табыс түрінде болады.

Пайда деп бұл жерде біз әрдайым орта пайданы түсінеміз, өйткені жеке пайданың ауытқуының да, өндірістің әр түрлі саласындағы пайданың ауытқуының да, яғни бәсеке күреспей және басқа жағдайлармен байланысты орта пайданың, немесе қосымша құнның бөлінуіндегі қайсыбір өзгерістің бұл арада біз үшін бәрібір. Бұл тегі бүкіл осы зерттеуде солай бола бермек.

Ал процент дегеніміз, оны Рамсей атағандай, таза пайда, оны капиталдың меншік иесі болу ұдайы өндіріс процесінен тыс тұратын кредитор болған адамға ғана келтіреді, немесе өз капиталын өндіргіш капитал ретінде қолданатын меншік иесіне келтіреді. Бірақ капитал бұл таза пайданы меншік иесіне де қызмет атқаратын капиталист ретінде келтірмейді, өзінің капиталын процент келтіретін капитал есебінде өзіне-өзі қызмет атқаратын капиталист ретінде қарызға берген ақша капиталисті ретінде келтіреді. Ақшаның, тегі құнның капиталға айналуы капиталистік өндіріс процесінің тұрақты нәтижесі екені сияқты, ақшаның капитал ретінде болуы да капиталистік өндіріс процесінің тұрақты алғашқы шарты. Ақша өзінің өндіріс құрал-жабдықтарына айналу қабілеті болуының арқасында ақысы төленбеген еңбекке үнемі өктемдік жүргізеді, міне сол себептен де товар өндірісі мен айналысы процесін өзінің иесі үшін қосымша құн өндіруге айналдырады. Демек, процент тегі құнның,— өзінің жалпы қоғамдық формасындағы затқа айналған еңбектің,— нағыз өндіріс процесінде өндіріс құрал-жабдықтары түріне түсетін құнның дербес күш ретіндегі тірі жұмыс күшіне қарама-қарсы тұруының, сөйтіп ақысы төленбеген еңбекті иемдену құралы болуының; құнның мұндай күш болуы басқаның меншігі ретінде жұмысшыға қарама-қарсы тұруының арқасы екендігінің көрінісі ғана. Ал екінші жағынан, жалдама еңбекке бұл қарама-қарсы тұрушылық процент формасында жойылды, өйткені процент келтіретін капитал өзінің қарама-қарсысын жалдамалы еңбектен таппайды, қызмет атқаратын капиталдан табады; капиталист-кредитор өз күйінде алғанда нақ капиталистік өндіріс негізінде өндіріс құрал-жабдықтарынан жүрдай болған жалдама жұмысшыға қарама-қарсы тұрмайды, ұдайы өндіріс процесінде шындығында қызмет атқаратын капиталистке тікелей қарама-қарсы тұрады. Процент келтіретін капитал — бұл *қызмет атқаратын* капиталға қарама-қарсы *меншіктегі* капитал. Ал капитал қызмет атқармай тұрғанда ол жұмысшыларды қанамайды және еңбекпен антагонизмде болмайды.

Екінші жағынан, кәсіпкерлік табыс жалдама еңбектің қарама-қарсысы емес, проценттің ғана қарама-қарсысы.

*Біріншіден:* егер орта пайданы белгілі мөлшер деп алсақ, онда кәсіпкерлік табыстың нормасы жалақымен емес, процент нарқымен белгіленеді. Ол норма процент нарқымен кері қатыста не жоғары не төмен болады<sup>72)</sup>.

*Екіншіден:* кәсіпкерлік табысқа деген талабын, демек осы

<sup>72)</sup> «Кәсіпкерлік пайда капиталдан түсетін таза пайдаға тәуелді болады, таза пайда кәсіпкерлік пайдаға тәуелді болмайды» (*Ramsay. „An Essay on the Distribution of Wealth“* p. 214. Рамсей таза пайда деп әрқашан да процентті айтады).

табыстың өзін қызмет атқаратын капиталист капиталға өзінің меншік иесі болуынан туғызбайды, капиталдың әрекетсіз меншік ретінде болатын белгілі формасына қарама-қарсы болған капитал қызметінен туғызады. Мұның өзі қызмет атқаратын капиталист қарызға алынған капиталды пайдаланған кезде тікелей болып тұрған қарама-қарсылық ретінде көрінеді, өйткені процент пен кәсіпкерлік табыс екеуі екі адамның қалтасына түседі. Кәсіпкерлік табыс ұдайы өндіріс процесіндегі капиталдың қызметінен, яғни өнеркәсіп және сауда капиталының бұл қызметін қызмет атқаратын капиталистің операция, әрекет жасауы арқылы жүзеге асыруы нәтижесінен туады. Ал қызмет атқарушы капиталдың өкілі болу — бұл процент келтіретін капиталға өкіл болу сияқты синекюра емес. Капиталистік өндіріс негізінде капиталист өндіріс процесін де, айналыс процесін де басқарады. Өнімді еңбекті қанау капиталистің өзіне немесе оның атынан әрекет жасайтын адамдарға күшке түседі. Сөйтіп, оның кәсіпкерлік табысы, процентке қарама-қарсы, оған капиталға меншік иесі болуға байланысты болмайтын сияқты, тіпті оның меншік ретіндегі қызметі емес, *қызметкер* ретіндегі қызметінің нәтижесі сияқты болып көрінеді.

Сондықтан оның басында: өзінің кәсіпкерлік табысы жалдама еңбекпен қайсыбір қарама-қарсы тұрмайтындығы былай тұрсын, бөтеннің ақысы төленбеген жай ғана еңбегі емес екендігі былай тұрсын, қайта, керісінше, оның өзі *жалақы*, бақылау ақысы, wages of superintendence of labour әдеттегі жалдама жұмысшының жалақысынан неғұрлым жоғары ақы ғана, 1) өйткені бұл неғұрлым күрделі еңбек, 2) өйткені жалақыны ол өзіне өзі төлейді деген ұғым тумай қоймайды. Оның капиталист ретіндегі қызметі қосымша құн, яғни ақы төленбеген еңбек өндіру, мұның үстіне нағыз үнемшілдік ету жағдайында өндіру, — бұл мына фактімен мүлде бүркемеленіп отырады: тіпті өзі капиталист ретінде ешқандай қызмет атқармаса да, тек капиталдың меншік иесі болғандығынан ғана процентті капиталист алады, ал оның керісінше тіпті өзі пайдаланған капиталдың меншік иесі болмаса да кәсіпкерлік табысты қызмет атқаратын капиталист алады. Пайданың, яғни қосымша құнның бөлінетін екі бөлігінің қарама-қарсы формаларына бола олардың екеуі де қосымша құнның жай бөліктері екендігін, қосымша құнның бөлінуі оның жаратылысына, оның шыққан тегіне және оның болу жағдайларына ешқандай өзгеріс кіргізе алмайтындығын жұрт ұмытады.

Ұдайы өндіріс процесінде қызмет атқаратын капиталист жалдама жұмысшылар жөнінде бөтеннің меншігіндегі капиталдың өкілі болады, ал қызмет атқаратын капиталист бол-

ғандықтан ақша капиталисі де еңбекті қанауға қатысады. Өндіріс құрал-жабдықтарының өкілі ретінде белсенді капиталистің жұмысшылар жөнінде өзінің қызметін атқара алатын, жұмысшыларды өзіне жұмыс істеттіруге мәжбүр ете алатын немесе өндіріс құрал-жабдықтарына капитал ретінде қызмет атқарта алатын жағдай,— осы жағдай ұдайы өндіріс процесіндегі капиталдың қызметі мен ұдайы өндіріс процесінен тыс жерде капиталға жай меншік иесі болудың арасындағы қарама-қарсылыққа бола ұмытылады.

Шындығында да, пайданың, яғни қосымша құнның екі бөлігі, проценттің де, кәсіпкерлік табыстың да алатын формасы еңбекке қатынасты бейнелемейді, өйткені бұл қатынас еңбек пен пайданың немесе дәлірек айтқанда, сома ретіндегі, әлгі екі бөліктің арасындағы бірлік ретіндегі қосымша құнның арасында ғана болады. Пайданы бөлетін қатынас, бұл бөлуге негіз болатын заң жүзіндегі атақтар пайданы дайын, бар деп есептейді. Сондықтан егер капиталист өзі қызметке қосқан капиталдың меншік иесі болса, ол барлық пайданы, немесе қосымша құнды өзінің қалтасына салады; капиталист барлық пайданы өзі ала ма, немесе оның бір бөлігін заң жүзінде меншік иесі болған үшінші бір адамға төлеуге тиісті ме,— жұмысшы үшін мұның бәрібір. Сөйтіп, пайданың екі түрлі капиталистердің арасында бөлінуінің негізі бірте-бірте бөлінуге тиісті пайданың, қосымша құнның болу негізіне айналады, ал қосымша құнды оның кейін қалай бөлінуіне байланыссыз капитал оны ұдайы өндіріс процесінен туғызады. Проценттің кәсіпкерлік табысқа, ал кәсіпкерлік табыстың процентке қарама-қарсы тұруынан, ал бұл екеуінің еңбекке емес, біріне-бірі қарама-қарсы тұруынан кәсіпкерлік табыс және процент, яғни пайда, яғни түптеп келгенде қосымша құн неге негізделеді?— деген сұрақ туады. Оның екі бөлігінің қарама-қарсы формада болуына негізделеді! Бірақ пайда бұл бөлу болмастан бұрын, ол туралы әңгіме болмастан бұрын өндіріледі.

Процент келтіретін капиталдың мұндай болуы қарызға берілген ақшаның шындығында капиталға айналуынан ғана, бір бөлігі процент болып табылатын артық құнның өндірілуінен ғана болып шығады. Бірақ бұл өндіріс процесіне байланыссыз капиталға процент келтіретін қасиет бітуін жоққа шығармайды. Жұмыс күші де өзінің құн өндіру қасиетін өзінің еңбек процесінде әрекет етіп, жүзеге асқан кезінде ғана көрсетеді ғой; бірақ бұл жұмыс күшінің өзінен-өзі, ішкі мүмкіншілігінде, қабілеттілік ретінде, құн жасайтын іс-әрекет екендігін және оның мұндай болып еңбек процесінен ғана тумайтынын, қайта керісінше, процестің алғы шарты болатындығын



жоққа шығармайды. Жұмыс күші құн жасайтын қабілет ретінде сатып алынады. Бірақ оны тек өнімді жұмыс істеткізу үшін ғана емес, сонымен бірге, мысалы, таза жеке мақсат үшін, адамға қызмет көрсету, т. с. үшін де сатып алуға болады ғой. Капитал жөнінде де жағдай осындай. Капиталды капитал ретінде пайдалана ма, яғни онымен байланысты қосымша құн өндіру қасиетін іс жүзінде жүзеге асыру үшін пайдалана ма,— ол жағы қарызға алушының жұмысы. Бұл екі жағдайдың екеуінде де ол, ішкі мүмкіндігінде, капитал товарда болатын қосымша құнды төлейді.

Енді кәсіпкерлік табысқа толығырақ тоқтайық.

Капиталистік өндіріс әдісі тұсында капиталдың өзіне тән қоғамдық тұлғасының — басқалардың еңбегіне өктемдік жасайтын капиталға меншік иесі болу — жағдайы көрсетілетіндіктен, ал сол себептен процент бұл жағдайда капитал өндіретін қосымша құнның бір бөлігі болып, қосымша құнның екінші бөлігі — кәсіпкерлік табыс болып — көрінетін болғандықтан қосымша құн қажетті түрде капитал ретіндегі капиталдан тумай, өзіне тән қоғамдық тұлғасына байланыссыз өндіріс процесінен туған сияқты болып көрінеді, ал бұл қоғамдық тұлға капитал келтіретін процент бейнесінде өзінің өмір сүруінің ерекше әдісіне ие болып та қойған. Ал капиталдан бөлек алынған өндіріс процесі жалпы еңбек процесі болып табылады. Сондықтан капиталдың меншік иесіне қарағанда, өнеркәсіп капиталисі қызмет атқаратын капитал ретінде емес, тіпті капиталдан тыс қызмет атқаратын адам ретінде, жалпы еңбек процесінің жүргізушісі ретінде, қызметкер ретінде, оның үстіне жалдама қызметкер ретінде көрінеді.

Дербес алып қарағанда процент еңбек жағдайларының капитал ретінде нақ өмір сүруін, олардың еңбекке қоғамдық қарама-қарсылықта болуын, олардың еңбек жөнінде және еңбекке жеке өктемдік жасауға айналуын бейнелейді. Капиталға меншік иесі болуды процент басқаның еңбегінің жемісін иеленуге құрал болу ретінде бейнелейді. Ал капиталға тән бұл ерекшелік процентті өндіріс процесінен тыс капиталға тиісті бір нәрсе етіп, тіпті бұл өндіріс процесінің өзіне тән капиталистік тұлғасының нәтижесі емес сияқты етіп көрсетеді. Процентте капиталға тән бұл ерекшелік еңбекке тікелей қарама-қарсылықта көрінбейді, қайта керісінше, еңбек қатынасынан сырт, бір капиталистің екінші бір капиталиске қатынасы ретінде ғана, яғни таза сыртқы және капиталдың еңбекке қатынасына байланыссыз анықтама ретінде көрінеді. Сөйтіп, процентте, капиталдың антагонистік сипаты дербес бейнеле-

нетін пайданың бұл ерекше түрінде ол мұнда әлгі антагонизм мүлде байқалмайтын және оған ешбір көңіл аудармайтындай болып бейнеленеді. Процент дегеніміз капиталист пен жұмысшының арасындағы қатынас емес, екі капиталистің арасындағы қатынас.

Екінші жағынан, процент формасы пайданың екінші бөлігіне кәсіпкерлік табыстың сапалық формасын, онан әрі — бақылау ақысы формасын береді. Капиталистің капиталист ретінде атқаруына тура келетін ерекше қызметі және жұмысшылардан өзгеше жұмысшыларға қарама-қарсы, оның үлесіне тиетін қызметі таза еңбек қызметі сияқты болып көрінеді. Ол қосымша құнды *капиталист* ретінде жұмыс істегендігінен жасамайды, өзінің капиталист болуына қарамастан оның *да* жұмыс істейтіндігінен жасайды. Сондықтан қосымша құнның бұл бөлігі — бұл енді қосымша құн емес, оның қарама-қарсысы — орындалған еңбектің баламасы. Капиталдың басқаға берілу сипаты, оның еңбекке қарама-қарсылығы қанаудың шын мәнісіндегі екінші жағына ауысатын болғандықтан, атап айтқанда, процент келтіретін капиталға ауысатын болғандықтан, қанаудың осы процесінің өзі қызмет атқаратын капиталист жұмысшыға карағанда басқа жұмысты ғана атқаратын жай еңбек процесі болып көрінеді. Сөйтіп, қанау жөніндегі еңбек пен қаналушы еңбек еңбек ретінде пара-пар болып көрінеді. Қанау жөніндегі еңбек нақ қаналатын еңбек сияқты болып көрінеді. Процент капиталдың қоғамдық формасына айналады, бірақ бейтарап, солғын формада бейнеленеді; кәсіпкерлік табыс капиталдың экономикалық қызметіне айналады, бірақ бұл қызметтің белгілі, капиталистік сипатынан қағыс болып көрінеді.

Бұл ретте осы кітаптың II бөлімінде айтылған, пайданы орташа пайдаға теңестірудегі есесін өтеу үшін айтылатын дәлелдер капиталистің ойына түсе қояды. Қосымша құнды бөлуге шешуші дәрежеде әсер ететін есесін өтеу жөніндегі бұл дәлелдер капиталистік жолмен түсіну әдісі арқасында пайданың туу есебіне және оны ақтаудың (субъективтік) дәлелдеріне айналады.

Кәсіпкерлік табысты кәсіпкерлік табыс пен проценттің арасындағы қарама-қарсылықтан туатын, бақылау жөніндегі еңбегі үшін төленетін ақы деп түсіну шындығында да пайданың бір бөлігінің жалақы ретінде бөлектену мүмкіндігінен және іс жүзінде бөлектенетіндігінен, немесе дәлірек айтқанда, керісінше: жалақының бір бөлігі капиталистік өндіріс әдісі негізінде пайданың тұтас бір құрамды бөлігі сияқты болып көрінуінен өзіне онан әрі сүйеніш табады. А. Смиттің кезінде дұрыс көрсеткеніндей пайданың бұл бөлігі таза түрінде, дер-

бес, бір жағынан, пайдадан (процент пен кәсіпкерлік табыстың сомасы ретінде), екінші жағынан — пайданың процентті шығарып тастағанда қалатын, кәсіпкерлік табыс деп аталатын бөлігінен мүлде бөлек болады,— мөлшері, т. с. едәуір еңбек бөлінісі болуына мүмкіндік беріп, басқарушыға өз алдына жалақы белгілеу керек болатын кәсіпорын түрлерінде басқарушының ақысы формасында көрінеді.

Өндірістің тікелей процесі дербес өндірушілердің бытыраңқы еңбегі болмай, қоғамдық-бірлескен процесс болған жердің бәрінде де бақылау және басқару жөніндегі еңбек қажетті түрде туады<sup>73</sup>). Бірақ оның жаратылысы екі түрлі.

Бір жағынан, көп адамдар өзара бірлесіп істейтін жұмыстардың бәрінде де жеке жұмыстарда емес, мастерскойдың барлық іс-әрекетінде, оркестрдің дирижеры жөнінде орын алатындай, процестің байланысы, бір тұтастығы қажетті түрде бір басқарушының еркіне және оның қызметіне байланысты болады. Бұл — өндірістің бірлескен әдісінің қандайында болса да істелуі қажет болатын өнімді еңбек.

Екінші жағынан, көпестік жұмысты мүлде әңгіме етпесек, бақылау жөніндегі бұл еңбек тікелей өндіруші болған қызметкер мен өндіріс құрал-жабдықтарының меншік иесінің арасындағы қарама-қарсылыққа негізделген өндіріс әдісінің барлығында да қажетті түрде орын алады. Бұл қарама-қарсылық неғұрлым күшті болса, қызметкерлерге қойылатын мұндай бақылаудың ролі соғұрлым күшті болады. Сондықтан құл иеленушілік системасы тұсында оның ролі өз шыңына жетеді<sup>74</sup>). Бірақ ол капиталистік өндіріс әдісі кезінде де қажет, өйткені мұнда өндіріс процесі сонымен қатар капиталистің жұмыс күшін тұтыну процесі де. Нақ озбырлық мемлекеттер кезіндегі сияқты, бақылау жөніндегі еңбек және үкіметтің жан-жақты қол сұғып араласуы екі жағдайды: кез келген қоғамның жаратылысынан туатын жалпы істерді атқаруды да, үкімет пен халық бұқарасының арасындағы қарама-қарсылықтан туатын ерекше қызметтерді де қамтиды.

Құлдықты көзімен көрген көне заман жазушылары, практикада орын алғанындай, бақылау жөніндегі еңбектің екі жағын теорияда да тығыз байланыстырады,— капиталистік өндіріс әдісін өндірістің абсолюттік әдісі деп санайтын қазіргі заманғы экономистер де нақ осындай. Екінші жағынан қазір менің бір мысалмен көрсететінімдей, басқа экономистердің

<sup>73</sup>) «Мұнда» (жер иесі — шаруаға) «бақылаудың мүлде керекі жоқ (*J. E. Cairnes*, "The Slave Power". London, 1862, p. 48.)

<sup>74</sup>) «Егер жұмыстың сипаты қызметкерлерді» (атап айтқанда құлдарды) «үлкен көлемді жерге бөлуді керек етсе, онда бақылаушылардың саны, сол себептен де осы бақылауға байланысты еңбекке төленетін шығындар тиісінше өсуге тиіс» (*J. E. Cairnes*, цитат алынған шығарма, 44-бет).

бақылау жөніндегі еңбекті жалдама еңбек системасын ақтауға пайдаланатыны сияқты, құлдықтың қазіргі системасын қорғаушылар мұны құлдықты ақтаудың негізі ретінде пайдалана біледі.

Қатон заманындағы villicus:

«Құл иеленушілік именинің (familia rustica) басында эконом (villicus villa\* деген сөзден шыққан) болады, ол қабылдап алады, үлестіріп береді, сатып алады, сатады, құл иесінен нұсқаулар алады, ол жоқта құлдарға қожалық етеді және жазалайды... Эконом басқа құлдарға қарағанда, әрине, үлкен еркіндікте болды; Магон кітаптарында оның үйленіп, жарық дүниеге балалар келтіруге, өзінің меншікті ақшасы болуына рұқсат етуге кеңес береді, ал Катон оны эконом әйелге үйлендіруге кеңес береді; өзін жақсы ұстаса тек ол ғана қожасының қолынан бостандық алуға үміттенуіне болады. Басқа жағынан олардың бәрі бірдей есік алдындағы малай болатын... Құлдың қай-қайсысы да, оның ішінде экономның өзі де, қожайыннан белгіленген мерзімде, қатаң белгіленген мөлшерде күн көріс затын алатын, онысын жеткізіп ұстауға құлдың өзі міндетті болатын... Бұл күн көріс заттарының мөлшері атқарған жұмысына байланысты белгіленетін; сондықтан, мысалы, жай құлдарға қарағанда неғұрлым жеңіл жұмыс атқарған эконом күн көріс заттарын да кем алатын (Mommsen. «Römische Geschichte». 2. Auflage, Bd. I, 1856, S. 809—810).

Аристотель:

«Ὁ γὰρ δεσποτὴς οὐκ ἐν τῷ κτασθαι τοὺς δούλους ἀλλ' ἐν τῷ χρῆσθαι δούλους». («Өйткені мырза» — капиталист — «құл сатып алу арқасында еңбекті сатып алуға ерік беретін капиталға меншік иесі болу арқасында мұндай болмайды — «қайта құлды пайдалану», — өндіріс процесінде жұмысшыларды қазіргі кезде жалдама жұмысшыларды пайдалану арқасында мұндай болады.) «Ἔστι δὲ αὐτῆ ἡ ἐπιστήμη οὐδὲν μετὰ εὐνοίας οὐδὲ σέμνου» («Бірақ бұл ғылымда ешқандай ұлылық та, мәртебелік те жоқ») «α γὰρ τὸν δούλον ἐπιστάσθαι δεῖ ποιῆναι, ἐκείνου δὲ ταῦτα ἐπιστάσθαι ἐπιταττεῖν» («ол құлдың атқара білуге тиістілерін бұйыра білуге тиісті»). «Διὸ οσοῖς εἴσοδα μὴ αὐτοὺς κακοπαθεῖν ἐπιτροπὸς ἡμῶν ἐστὶν τῆν τιμῆν, αὐτοὶ δὲ πολιτεύονται ἢ φιλοσοφοῦσιν». («Мырзалардың өздері мұнымен айналысып жатуды керек деп таппаған кезде, бұл құрметті бақылаушы өз қолына алады; ал мырзалардың өздері мемлекетті басқару ісімен немесе философиямен шұғылдананды»). (Aristoteles. «De republica». Ed Bekkeri, 1837, lib. I, 7.)

Аристотель саясат жағынан да, экономика жағынан да үстемдік ету билеп-төстеушілерге үстемдік жүргізу қызметін жүктейді деп тура айтады; мұның мәнісі — экономика саласында олар жұмыс күшін пайдалана білуге тиіс деген сөз; бұған ол былай деп қосады: бақылау жөніндегі еңбекке үлкен маңыз бермеу керек, сондықтан мырза жеткілікті дәрежеде дәулетті болса, мұнымен айналысу «құрметін» бақылаушыға береді.

Басқару және бақылау жөніндегі еңбек бірлескен қоғамдық еңбек атаулының жаратылысынан туатын ерекше қызмет болмай, өндіріс құрал-жабдықтарының меншік иесі мен тек жұмыс күшінің меншік иесінің арасындағы қарама-қарсылық-

\* — поместье. Ред.

тан туатын болғандықтан,— оның үстіне жұмыс күші құлдық системасы тұсындағыдай, қызметкердің өзімен бірге сатып алына ма, немесе жұмысшының өзі жұмыс күшін сатып, сол себептен өндіріс процесі капиталдың еңбекті тұтыну процесі де бола ма, ол жағы бәрібір,— тікелей өндірушіні құлданудан туатын бұл қызмет көбінесе осы қатынастың өзін ақтауға жеткілікті дәлел ретінде келтіріледі, сөйтіп қанау, басқаның ақысы төленбеген еңбегін иемдену де көбінесе капиталдың меншік иесіне тиісті жалақы ретінде суреттеледі. Ал мұны Құрама Штаттардағы құлдықты қорғаушы О'Конор деген бір адвокат 1859 жылы 19 декабрьде Нью-Йорктегі «Оңтүстікте әділеттілік болсын» деген ұранмен өткізілген митингіде сөйлеген сөзінде басқаның бәрінен де жақсы көрсетіп берді.

«Сөйтіп, мырзалар,— деді ол жұрттың ду қол шапалақтауы үстінде,— негрге құл болуды табиғаттың өзі маңдайына жазып қойған. Ол жұмысқа төзімді де күшті; бірақ оған осы күшті берген табиғат оны басқара білуден де, еңбекке ұмтылудан да мақұрым қалдырған (*Мақұлдау.*) Мұның екеуінен де мақұрым қалдырған! Ал оны еңбекке ұмтылудан мақұрым қалдырған сол табиғат оған еңбекті зорлап істететін, жасалған климат жағдайында өзіне де, өзін басқаратын қожайынына да пайдалы малай ететін қожайын берді. Мен негрді табиғаттың оған жасаған жағдайында қалдырып, оған өзін басқаратын қожайын беруде ешбір әділетсіздік бар деп санамаймын; қожайынның негрді басқарып, оның өзі үшін де қоғам үшін де оны пайдалы еткен еңбегі мен таланты үшін қожайынына әділетті ақы тауып беру үшін оған зорлап жұмыс істеткізгенде оның ешқандай праволары тартып алынбайды» [*New-York Daily Tribune*]<sup>99</sup> 1859, 20 декабрь, 7—8-беттер].

Сөйтіп құл сияқты жалдама жұмысшының да өзіне жұмыс істеткізетін, өзін басқаратын қожайыны болуға тиіс. Үстемдік ету мен бағынудың мұндай қатынасы болатын болғандықтан, жалдама жұмысшыны өзінің жалақысын өндіруге және оның үстіне бақылау жасағаны үшін ақы өндіруге, оны басқарған және бақылау жасаған еңбектің есесін өтеуге зорлау,

«оны басқарып, оның өзі үшін де, қоғам үшін де оны пайдалы еткен еңбегі мен таланты үшін қожайынына әділетті ақы тауып беру үшін» зорлау айып-шамы жоқ іске айналды.

Бақылау мен басқару жөніндегі еңбек қоғамның антагонистік сипатынан, атап айтқанда, капиталдың еңбекке үстемдік етуінен туатын болғандықтан, сол себептен де капиталистік өндіріс әдісі сияқты таптық карама-қарсылыққа негізделген барлық өндіріс әдістеріне тән болғандықтан, бұл еңбек капиталистік система тұсында өндірістік қызметтермен тікелей және айрылғысыз тығыз байланысты болады, бұл қызметтер бірлескен қоғамдық еңбектің қандайында болса да ерекше еңбек ретінде жеке адамдарға жүктеледі. Қайсыбір *epitropos*\*-

\* — басқарушының. Ред.

тың, немесе феодалдық Францияда аталғанындай régisseur-дың жалақысы пайдадан мүлде бөлініп шығады да, кәсіпорын мұндай басқарушыға (manager) ақы төлей алатын жеткілікті ірі мөлшерге жетісімен-ақ маман еңбекке төленетін жалақы формасына түседі,— бірақ онда да біздің өнеркәсіп капиталистері «мемлекеттік істермен немесе философиямен шұғылдандудан» әлі алыс жатады.

«Біздің өнеркәсіп системамыздың ұйтқысы» өнеркәсіп капиталистері емес, өнеркәсіп басқарушылары (manager) екенін кезінде Юр мырза да байқаған<sup>75)</sup>. Кәсіпорынның сауда бөлігіне келсек, бұл жөніндегі қажетті нәрселердің бәрі мұның алдындағы бөлімде айтылған\*.

Капиталистік өндірістің өзі капиталға меншік иесі болудан мүлдем бөлектенген бақылау жөніндегі еңбектің әрқашан да артығымен ұсынылуына әкеліп соқты. Сондықтан бақылау жөніндегі бұл еңбекті капиталистің орындауы міндетті болмай қалды. Капельмейстердің оркестр аспаптарына меншік иесі болуының ешбір қажеттігі жоқ; оның дирижер ретіндегі қызметіне басқа музыканттарға «ақы төлеу» міндеті де кірмейді. Жоғары дәрежеде дамудың өкілі бола отырып, капиталистің помещикті басы артық адам деп санағаны сияқты, оның өзінің де өндіріс қызметін атқарушы ретінде сондай басы артық адам болғандығын кооперативтік фабрикалар дәлелдеп отыр. Капиталистің еңбегі өндіріс процесімен ол процесс капиталистік өндіріс процесі екендігінен ғана байланысты болмағандықтан, демек, бұл еңбек капиталмен бірге өзінен-өзі жойылмайтын болғандықтан, ол еңбек басқаның еңбегін қанау сияқты қызметпен шектелмейтін болғандықтан; демек, ол еңбек қоғамдық еңбек ретіндегі еңбек формасымен, жалпы нәтижеге жету үшін көп адамдардың бірлестігімен, кооперациясымен байланысты болғандықтан, ол форма өзінен капиталистік қауызды сыпырып тастасымен-ақ капиталға байланысты болмайтыны сияқты, нақ сол сияқты бұл еңбек те капиталға байланысты болмайды. Бұл еңбек капиталистік еңбек ретінде, капиталист атқаратын қызмет ретінде қажет дейтін пікір тұрпайы экономистің капиталистік өндіріс әдісінің қойнауында дамыған формалардың өздерінің антагонистік капиталистік сипатынан бөлінуін, босануын түсіне алмайтындығын ғана көрсетеді. Ақша капиталисіне қарағанда өнеркәсіп капиталисі — қызметкер, бірақ капиталист ретінде, яғни басқаның еңбегін қанаушы ретінде жұмыс атқаратын қызметкер. Оның

<sup>75)</sup> А. Уре. „Philosophie des manufactures“ Tome I, Paris, 1836, p. 67—68, онда фабриканттардың әлгі Пиндары олардың көпшілігі өздері қолданған машиналар жөнінде түк білмейтіндігін де көрсетеді.

\* Қараңыз: осы том, 313—314-беттер. *Ред.*

бұл еңбегі үшін талап ететін және алатын ақысы басқа адам еңбегінің иемделінген мөлшеріне тең болады да тұрады, ал капиталист қанау мәніндегі әрекеттерді өз мойнына алған соң әлгі ақы бұл қанаудың оған түсетін тауқыметінің, шамалы ақы беріп басқарушының мойнына арта салатын тауқыметінің дәрежесіне байланысты емес, сол еңбекті қанау дәрежесіне байланысты болады. Англияның фабрикалық округтерінде әрбір дағдарыстан кейін бұрын өздерінің меншігінде болған фабрикаларды шамалы бір ақы алып басқаратын, жаңа қожайындардың, көбінесе өздерінің кредиторларының қарауындағы қызметкер есебінде басқарушылар болып басқаратын бұрынғы фабриканттарды көп кездестіруге болады<sup>76</sup>).

Сауда кәсіпорындарының басқарушыларына да, өнеркәсіп орындарының басқарушыларына да басқарғаны үшін төленетін ақы жұмысшылардың кооперативтік фабрикаларында да, капиталистік акционерлік кәсіпорындарда да кәсіпкерлік табыстан мүлде бөлек болады. Басқару үшін төленетін ақының кәсіпкерлік табыстан бөлек болуы басқа жағдайларда кездейсоқ нәрсе болса, мұнда тұрақты сипат алады. Кооперативтік фабрикада бақылау жөніндегі еңбек өзінің антагонистік сипатын жоғалтады, өйткені басқарушыға ақыны жұмысшылар төлейді, басқарушы жұмысшыларға капиталдың өкілі болып табылмайды. Феодалдық заманда жер меншігінің етене белгілері болған соң және басқару қызметтерінің буржуазиялық қоғамның дамуына байланысты жер меншігінен бөлініп шығатыны сияқты, нақ сол сияқты кредитпен бірге дамитын акционерлік кәсіпорындар басқару жөніндегі бұл еңбекті ерекше қызмет ретінде өзінікі болсын, қарызға алынған болсын капиталды иеленуден бірден-бірге бөліп шығаруға жалпы бет алады. Бірақта, бір жағынан, капиталдың жай меншік иесіне, ақша капиталисіне, қызмет атқаратын капиталист қарама-қарсы тұрған кезде, ал кредиттің өсуімен байланысты бұл ақша капиталының өзі қоғамдық сипат алып, банкілерде жиналып, оны тікелей меншік иелері қарызға бермей, банкілер қарызға берген кезде; ал, екінші жағынан, капиталды ешқандай атақпен де, қарызға алып та, қайсыбір басқа ретпен де иемденбейтін басқарушы адам қызмет атқаратын капиталистің үлесіне тиетін нақты қызметтердің бәрін атқарған кезде,— міне, сол кезде тек қызметші ғана қалады, ал капиталист артық адам ретінде өндіріс процесінен қарасы өшеді.

Жұмсалған өзгермелі капиталдың бір бөлігі болып табы-

<sup>76</sup>) Маған белгілі болған бір жағдайда банкротқа ұшыраған бір фабрикант 1868 жылғы дағдарыстан кейін өзінің бұрынғы жұмысшыларына ақы алып істейтін жалдама қызметкер болған. Банкрот болғаннан кейін фабриканы жұмысшылар серіктігі өз қолына алған, ал бұрынғы қожайын оның басқарушысы болған.— Ф. Э.

латын, басқарушыға төленген ақыны, нақ сондай-ақ басқа жұмысшылардың жалақысын да шығарып тастағанда,— қалған пайда, бұл процент фабрикалар процентті жеке фабрикалтантарға қарағанда кейде неғұрлым артық төлесе де, орта пайдадан жоғары болғанын Англиядағы кооперативтік фабрикалардың жарияланған есепті баяндамаларынан<sup>77)</sup> көреміз. Бұл жағдайлардың бәрінде де пайданың неғұрлым жоғары болуының себебі тұрақты капиталды қолдануда үлкен үнемшілдік жасалуы болды. Бірақ бұл жерде бәрінен бұрын біздің көңілімізді аударатын жағдай — орта пайданың (=процент + кәсіпкерлік табыс) мұнда іс жүзінде және көріне көзге басқару үшін төленетін ақыға мүлде байланысты болмайтын мөлшер болуы. Өйткені мұнда пайда орта пайдадан жоғары болды, сондықтан кәсіпкерлік табыс та әдеттегіден артық болды.

Осындай құбылыстың кейбір капиталистік акционерлік кәсіпорындарда, мысалы, акционерлік банкілерде (Joint Stock Banks). болғаны байқалады. «London and Westminster Bank» 1863 жылы 30% жылдық дивиденд төледі; «Union Bank of London» және басқалары — 15% төледі. Жалпы пайдадан басқарушыларға ақы төлеудің үстіне мұнда салынған ақша бойынша төленетін процент беріледі. Мұнда пайданың жоғары болуы себебі: кәсіпорындарға жұмсалған капитал салынған ақшаға қарағанда едәуір аз мөлшерде болады. Мысалы, «London and Westminster Bank»-де 1863 жылы жұмсалған капитал 1 000 000 ф. ст. салынған ақша 14 540 275 фунт стерлинг болды. «Union Bank of London»-де 1863 жылы — жұмсалған капитал 600 000 ф. ст., салынған ақша 12 384 173 фунт стерлинг болды.

Кәсіпкерлік табысты бақылау үшін немесе басқару үшін төленетін ақымен шатастыру әуелде пайданың проценттен артығының процентке қарама-қарсы ерекше формаға түсуінен шықты. Пайданы қосымша күн, яғни ақысы төленбеген еңбек ретінде қарамай, капиталистің атқарған еңбегі үшін өзіне төленетін жалақы деп қарауға жанталаса ұмтылу салдарынан бұл шатастырушылық онан сайын күшейе түсті. Бұған пайданы іс жүзінде теорияда айтылатын нәрсеге, атап айтқанда бақылау үшін төленетін жай ақыға апарып саю талабы социалистер тарапынан қарама-қарсы қойылды. Ал көптеген өнеркәсіп және сауда басқарушыларының табы.<sup>78)</sup> шығуымен

<sup>77)</sup> Есепті баяндамалардың бұл арада келтірілген мәліметтері, ең бері дегенде, 1864 жылға дейін жеткізілген, өйткені текст 1865 жылы жазылған.— *Ф. Э.*

<sup>78)</sup> «Кәсіпкерлер — өздерінің жалдама жұмысшылары сияқты қызметкерлер. Бұл жөнінен алғанда олардың мүдделері өздерінің жұмысшыларының мүдделеріне саймай келеді. Бірақ сонымен қатар олар не капиталистер, не капиталистердің агенттері болып табылады, ал бұл жөнінен алғанда олардың мүдделері өздерінің жұмысшыларының мүдделеріне бүтіндей қайшы келеді». (*Hodgskin. „Labour defended against the Claims of Capital etc.“ London, 1825. p. 27).*



байланысты бақылау үшін төленетін бұл ақы, бір жағынан, жалақы атаулының бәрі сияқты, белгілі бір дәрежеге келіп, белгілі бір рынок бағасына тұрақтаған сайын, ал екінші жағынан, айрықша оқытып үйретілген жұмыс күшінің өндіріс шығынын төмендетуге жеткізетін жалпы дамудың барысында маман еңбекке төленетін ақының бәрі сияқты әлгі ақы төмендей берген сайын, теория жағынан әсірелеп көрсетуге қарама-қарсы қойылған бұл талап жиіркенішті бола берді<sup>79)</sup>. Жұмысшылардың арасында кооперацияның және буржуазияның арасында акционерлік кәсіпорындардың дамуымен байланысты кәсіпкерлік табысты басқару үшін төленетін ақымен шатастырудың соңғы сылтауы да жойылды, сөйтіп практика жүзінде пайда теория жүзінде даусыз болып келген түрінде: таза қосымша құн ретінде, баламасыз төленбеген құн ретінде, жүзеге асырылған ақысы төленбеген еңбек ретінде көрінетін болды; сөйтіп қызмет атқаратын капиталист шынында еңбекті қанайды, ал егер ол қарызға алынған капиталмен жұмыс жүргізетін болса, оның қанауының нәтижесі процентке және пайданың проценттен артқан бөлігі — кәсіпкерлік табысқа бөлінеді.

Капиталистік өндіріс негізінде акционерлік кәсіпорындарда басқару үшін төленетін ақы жөнінде жаңа айлакерліктер пайда болады, шын мәнісіндегі басқарушымен қатар және оның үстінен қарайтын басқармалардың, бақылау советтерінің толып жатқан мүшелері пайда болады; бұлар үшін басқару мен бақылау іс жүзінде акционерлерді талау, өздерінің байлығын көбейту құралы ғана болады. Бұл жөнінде «The City; or, the Phisiology of London Business; with Sketches on Change, and at the Coffee Houses». London, 1845. деген еңбекте көптеген қызықты жәйттер айтылған.

«Банкирлер мен көпестердің сегіз немесе тоғыз әр түрлі компанияны басқаруға қатысудан пайда табатындығын мына мысалдан-ақ көруге болады: Тимоти Абрахам Кертис мырзаның өзі банкротқа ұшырағаннан кейін сотқа табыс етілген жеке балансы «директорлық» деген тарауда жыл сайынғы табысын — 800—900 ф. ст. деп көрсеткен. Кертис мырза Ағылшын банкінің директоры және Ост-Индия компаниясының басқарма мүшесі болғандықтан, акционерлік қоғамның қайсысы болса да оны директор ретінде қызметке тартуды абырой деп есептеді» (81, 82-бет).

---

«Еліміздің машинамен істейтін жұмысшыларының арасында білім алудың кеңінен тарауы кәсіпкерлер мен қожайындардың бәрінің дерлік еңбегі мен өнерінің маңызын күннен-күнге төмендетіп келеді, өйткені бұл олардың арнаулы білімдерін игерген адамдардың санын көбейте түсіп отыр» (30-бет).

<sup>79)</sup> «Шартты кедергілердің жалпы әлсіреуі, білім алу мүмкіндігінің артуы... мамандығы жоқ еңбектің ақысын жоғарылатудың орнына маман еңбектің ақысын төмендетуге бет алу» (*J. St. Mill*, „Principles of Political Economy“ 2nd ed., vol. I, London, 1849 p. 479).

Мұндай қоғамдардың директорларына апта сайын болатын әрбір мәжіліс үшін төленетін ақы кем дегенде бір гинейға (21 маркаға) тең болады. Соттарда қаралатын банкроттық туралы істер бақылау үшін төленетін бұл ақының әдетте әлгі жалған директорлардың бақылау жөнінде іс жүзінде атқаратын еңбегіне кері қатынаста болатынын көрсетеді.

## ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ

КАПИТАЛИСТІК ҚАТЫНАСТЫҢ ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН  
КАПИТАЛ ФОРМАСЫНДА БӨЛІНІП ШЫҒУЫ

Процент келтіретін капиталда капиталистік қатынас өзінің неғұрлым сыртқы және фетиштенген формасына жетеді. Бұл жерде біздің алдымызда  $A—A^1$ , мөлшері өзінен артық ақша өндіретін ақшаны көреміз, екі шеткі пункттің арасында болатын процессіз өзінен-өзі өсетін құнды көреміз. Көпес капиталында,  $A—T—A^1$ , қалай дегенмен капитал қозғалысының жалпы формасы болады, бірақ бұл қозғалыс айналыс шеңберінен шықпайды; сондықтан пайда басқаға өткізуден туған жай пайда болып көрінеді, дегенмен бұл пайда жай *заттық* нәтижесі емес, қоғамдық *қатынастың* нәтижесі болып табылады. Көпес капиталының формасында дегенмен процесс, қарама-қарсы фазалардың бірлігі, қарама-қарсы екі актіге, товарды сатып алу мен сатуға бөлінетін қозғалыс бар.  $A—A^1$ -да, процент келтіретін капитал формасында, бұл қозғалыс көрінбейді. Егер, мысалы, капиталист 1 000 ф. ст. қарызға берсе, процент нарқы 5%-ке тең болса, онда 1 000 фунт стерлингтің бір жыл ішіндегі капитал ретіндегі құны  $= K - Kz'$ , мұнда  $K$  — капитал, ал  $z'$  — процент нарқы; демек, мұнда  $5\% = \frac{5}{100} = \frac{1}{20}$ .

$1\ 000 + 1\ 000 \cdot \frac{1}{20} = 1\ 050$  фунт стерлингке тең. Капитал ретіндегі 1 000 ф. ст. құн  $= 1\ 050$  ф. ст. тең, яғни бұл капитал жай ғана мөлшер деген сөз емес. Капитал дегеніміз мөлшерлердің *қатысы*, оның негізгі сома ретінде, өзіне берілген белгілі бір құн ретінде, өзінен-өзі өсетін құнға, қосымша құн өндірген сондай негізгі сомаға қатысы. Капиталдың өзі барлық белсенді капиталистерге — олар өз капиталымен жұмыс жүргізе ме немесе қарызға алынған капиталмен жұмыс жүргізе ме — нақ осындай тікелей өзінен-өзі өсетін құн болып табылатынын біз жоғарыда көрдік.

$A—A^1$ : біз бұл арада капиталдың алғашқы басталар пунктін көреміз,  $A—T—A^1$  формулада ақша оның екі шеткі пунктіне  $A—A^1$ -ге саяды, мұнда  $A^1 = A + \Delta A$ , яғни мұнда көп мөл-

шердегі ақша жасайтын ақша көрсетіліп отыр. Бұл — капиталдың мазмұнсыз түпкі түйініне дейін қысқартылған бастапқы және жалпы формуласы. Бұл — өзінің дайын түріндегі капитал, өндіріс пен айналыс процесінің бірлігі, бұл — белгілі уақыт ішінде белгілі қосымша құн келтіретін капитал. Процент келтіретін капитал формасында бұл қасиет өндіріс процесі мен айналыс процесі дәнекерлік етпей, тікелей көрінеді. Капитал өзінің көбеюінің, проценттің құпия, өзін жасаушы көзі болып көрінеді. Жай әншейін бір зат ретіндегі зат (ақша, товар, құн) енді келіп капитал болып табылады, ал капитал жай зат болып көрінеді; ұдайы өндірістің бүкіл процесінің нәтижесі заттың өзіне тән қасиеті болып көрінеді; ақшаның, яғни өзі әрқашан да айырбастала алатын формасындағы товардың қожасы ақшаны ақша ретінде жұмсай ма, болмаса капитал ретінде қарызға бере ме, — бұл оның еркінде. Сондықтан процент келтіретін капиталда бұл өз-өзінен болатын фетиш, өзінен-өзі өсетін құн, ақша туғызатын ақша бізге таза, біржолата қалыптасқан түрінде көрінеді, ал бұл формасында оның шыққан тегінен ешбір ізі қалмайды. Қоғамдық қатынас қайсыбір заттың, ақшаның, өзіне-өзінің қатысы ретінде, аяқталған түрге енді. Ақшаның іс жүзінде капиталға айналуының орнына мұнда бұл айнарудың мазмұнсыз формасы ғана көрініп отыр. Жұмыс күшінде болатын жағдай сияқты, ақшаның тұтыну құны мұнда құн жасайтын, ақшаның өзіндегі құннан артық құн жасайтын қабілетке айналады. Ақшаның өзінде енді өзінен-өзі өсетін жасырын мүмкіншіліктер болып отыр, міне осы түрінде ол қарызға беріледі, ал мұның өзі осы ерекше товардың сатылу формасы болып табылады. Алмұрт ағашының алмұрт беру қасиеті сияқты, құн жасау, процент келтіру де ақшаның нақ сол сияқты қасиеті. Сондай процент келтіретін зат ретінде кредитор өзінің ақшасын сатады. Бірақ бұл әлі аз. Біздің жоғарыда көргеніміздей, тіпті шын мәнісінде қызмет атқарушы капитал қызмет атқарушы капитал ретінде емес, капитал болғандықтан, ақша капиталы болғандықтан процент келтіретін сияқты болып көрінеді.

Мына қатынастың да өңі айналдырылады: пайданың, яғни қызмет атқаратын капиталистің жұмысшыдан сығып алатын қосымша құнының бір бөлігінен басқа ештеңе де болмайтын процент енді, керісінше, капиталдың өз жемісі, бастапқы бірдеме болып, ал пайда енді кәсіпкерлік табыс формасына айнала отырып, — ұдайы өндіріс процесінде қосылатын небәрі жай ғана қосымша, шылау болып көрінеді. Мұнда капиталдың фетиштік формасы және фетиш-капитал туралы ұғым өзінің шыңына жетеді.  $A-A'$ -да біз капиталдың иррационалдық формасын, өндірістік қатынастардың шыңына жете өңі айнал-

дырылуын, затқа айналуын көреміз, процент келтіретін капиталдың формасын, өзінің ұдайы өндіріс процесінің алғы шарты болатын капиталдың жай формасын көреміз; біз ақшаның, тиісінше товардың, ұдайы өндіріс процесіне байланыссыз өз құнын көбейте алу қабілетін, яғни капиталдың нағыз айқын формадағы мистификациясын көреміз.

Капиталды құнның, құн жасалуының дербес қайнар көзі етіп көрсетуге ұмтылатын тұрпайы саяси экономия үшін бұл форма, әрине, үлкен бір олжа, пайданың қайдан шығатынын айырып болмайтын және капиталистік өндіріс процесінің нәтижесі процестің өзінен бөлініп, дербес болмыс сияқты бірдеңеге айналатын форма болып табылады.

Тек ақша капиталы формасында ғана капитал товарға айналады, оның құн жағынан өздігінен өсу қасиетінің белгілі бағасы бар, ал ол баға әрбір нақты жағдайда процент нарқымен белгіленеді.

Процент келтіретін капитал ретінде, атап айтқанда оның процент келтіретін ақша капиталының тікелей формасында (капиталдың процент келтіретін, бұл арада біздің көңілімізді аудармайтын басқа формалары, өз кезегінде, осы формадан келіп шығады және оны керек етеді) капитал өзінің таза фетиштік формасына түседі:  $A—A'$ -де біз субъектіні, сатыла алатын затты көреміз. Біріншіден, бұлай болатын себебі ол үнемі ақша формасында, өзінің қандай да болса тұлғасы жойылып, нақты элементтері көрінбейтін формасында болады. Өйткені ақша — бұл тұтыну құндары ретінде товарлардың арасындағы айырмашылық жоғалатын форманың нақ өзі, сол себептен де осы товарлардан құралатын өнеркәсіп капиталы мен олардың өндіру жағдайларының арасындағы айырмашылық та жоғалады; ақша — бұл сондай форма, онда құн, — ал бұл жерде капитал, — дербес айырбас құн ретінде болады. Капиталдың ұдайы өндіріс процесінде ақша формасы уақытша, жай өткінші жағдай болып табылады. Ақша рыногінде, керісінше капитал әрқашан да осы формасында болады. Екіншіден, капитал тағы да сол ақша формасында өндірген қосымша құн бұл жерде сол капиталға тиесілі болып көрінеді. Ағаштарға өсу тән болатыны сияқты, бұл көрінісі бойынша, капиталға өзінің бұл ақша формасында ақша өндіру (τόχος\*) тән.

Процент келтіретін капиталда капитал қозғалысы нағыз қысқа формулада келтіріледі; аралық процесс алып тасталған, сөйтіп, 1 000-ға тең капитал шамамен 1 100-ге тең зат есебінде белгіленеді, белгілі бір уақыт бойы қоймада ұсталған шараптың өзінің тұтыну құнын өсіретіні сияқты, белгілі бір

\* — туу, тудыру; туған; процент. Ред.

уақыттан кейін шынында да 1 100-ге айналады. Капитал енді зат, бірақ зат ретінде ол — капитал. Ақшаға енді «махаббат құмарлығы»<sup>100</sup> пайда болады. Ақша қарызға берілген соң-ақ немесе ұдайы өндіріс процесіне жұмсалған соң-ақ (өйткені ол қызмет атқаратын капиталиске, өзінің иесі ретінде, кәсіпкерлік табыстың үстіне процент келтіреді), ол қандай күйде болсын: ұйықтап жата ма, ояу ма, үйінде отыр ма, ел кезіп жүр ме — оған күн демей, түн демей процент қосылып жатады. Сөйтіп, процент келтіретін ақша капиталы (ол қандай капитал болса да өзінің құндық көрінісі жағынан ақша капиталы немесе енді ақша капиталының көрінісі болып есептеледі) қазынаға құныққандардың тауыпқы арманын жүзеге асырады.

Проценттің ақша капиталымен бейне бір зат болып осылай тоғысуы (бұл арада капиталдың қосымша күн өндіруі нақ осылай көрінеді) өсімқорлыққа қарсы аңғырт даурықпасында Лютердің назарын сондай қатты аударады. Өзі де борышын төлеуге тиісті болатын қарыз берушіні қарызын алудың кешігуі зиянға ұшыратқан күнде немесе, мысалы, бақ сатып алып пайда түсіруінен айырған күнде процент алуға болады деп келіп, Лютер сөзін былай деп жалғастырады.

«Иә, мен оны» [100 гульденді] «саған қарызға бердім, ал сен маған екі есе зиян келтіресің,— мына жақта мен төлей алмай, ана жақта сатып ала алмай жатырмын, демек, екі жағынан бірдей зиян шегуге мәжбүр боламын. Мұны *duplex interesse, damni emergentis et lucri cessantis*\* деп атайды... Олар\*\* Ганс деген біреу жүз гульденін қарызға беріп, зиян шегіпті, сондықтан шеккен зиянының орнын толтыруды әділ талап етіпті дегенді естіген соң олар бұл жағдайды пайдаланып қалуға асығады да, әрбір жүз гульденге екі есе зиян тартудың орнын толтыруды, атап айтқанда Ганстің тартқан зияны мен бақты сатып алудан қағылуынан тартқан зиянының орнын толтыруды қосады, сөйтіп бұл екі зиян жүз гульденге жаратылысынан тән сияқты болады; сондықтан жүз гульден болып, оны қарызға берген жағдайдың бәрінде де оған осы екі есе зиянды есептейді, алайда бұл қарыз берушілер ол зиянды мүлде тартпаған да болатын... Сондықтан сен — өсімқорсың, өйткені сен тіпті өзіңнің ойыңнан шығарған зиянды, алайда өзіңе ешкім тартқызбаған және өзің дәлелдей де, есептеп көрсете де алмайтын зиянды жақынына төлеттіресің. Заң қызметкерлері мұндай зиянды *non verum, sed phantasticum interesse*\*\*\* деп атайды. Бұл — адамның өзіне-өзі ойлап тапқан зияны...

Демек, менің төлемді төлеуге де, керекті нәрселерді сатып алуға да шамамды келтірмейтін зиян болуы мүмкін деп айтуға болмайды. Егер бұлай десек, онда мұны *ex contingente necessarium*\*\*\*\* деп атайды: жоқ нәрседен қажетті болуға тиісті нәрсе жасау; күмәнді нәрседен толық сенімді бір нәрсе жасау. Мұндай өсімқорлық бірнеше жылдың ішінде бүкіл дүниені жалмап қоймай ма?..

\* — екі есе зиян: зиян тарту және пайдадан қағылу. *Ред.*

\*\* — ақшаға құныққан адамдар. *Ред.*

\*\*\* — шын зиян емес, қиялдан туған зиян. *Ред.*

\*\*\*\* — кездейсоқ нәрседен қажеттілік жасау. *Ред.*

Қарыз берушінің құтылуы қажет болатын бақытсыздығы оның еркінен тыс, кездейсоқ болды. Өсімқорлық келісімдерде мүлде басқаша, тіпті бұған қарама-қарсы бір нәрсе болады: мұнда ділгер болған жақынынан өндіріп алу үшін зиянды іздейді, ойдан шығарады, осымен тамағын асырап, осыдан байығысы келеді, басқа адамдардың еңбегі есебінен, олардың басы дал болып, қауіп-қатерге, зиянға ұшырауы есебінен жалқаулықпен, түк істемей дүниені судай сапыруды, үлде мен бұлдеге оранғысы келеді. Ал мен бұл кезде пештің түбінде отырамын да, жүз гульденіме өзіме қызмет еткізем, дегенмен, мұның өзі қарызға берілген ақша болғандықтан, ешбір қауіп-қатерге басымды тікпей, ешқандай күйіп-піспей ақшамды әмиянымда сөзсіз сақтаймын да отырам. Қалқам-ау, кімнің сөйткісі келмейді дейсің?» (M. Luther. «An die Pfarrherrn wider den Wucher zu predigen etc.». Wittenberg, 1540).

Капиталды өзінен-өзі өнетін және ұдайы өндіріс процесінде өсіп отыратын құн ретінде, өзіне туа біткен қасиеті арқасында,— яғни, схоластар айтатындай, жасырын қасиетінің арқасында,— мәңгі сақталып, өсіп отыратын құн ретінде, түсіну д-р Прайсты фантастикалық қиялға ұрындырды, мұның қасында алхимиктердің фантазиясының бәрі жолда қалып қояды; ал бұл қиялға Питт шынымен сеніп, оны өзінің өтеу қоры туралы заңдарында<sup>101</sup> финанс шаруашылығының негізі етіп алды.

«Күрделі процент келтіретін ақша әуелі баяу өседі, бірақ кейіннен өсу қарқыны үздіксіз шапшаңдайды, сөйтіп біраз уақыттан кейін оның шапшаңдайтыны сондай, тіпті қандай қиялдан болса да асып түседі. Ғайса туған жылы 5% өсіммен берілген бір пенс біздің заманымызға дейін барлығы таза алтыннан тұратын 150 миллион жер шарын құрайтын сомадан артық сома болып өскен болар еді. Ал егер ол жай процент өсіммен берілсе, онда бұл уақыттың ішінде көп болғанда 7 шилл,  $4\frac{1}{2}$  пенске айналған болар еді. Осы күнге дейін біздің үкіметіміз өзінің ақша істерін бірінші әдістен гөрі екінші әдіспен сауықтыруды артық көріп келді»<sup>89</sup>.)

<sup>89</sup>) *Richard Price*. „An Appeal to the Public, on the subject of the National Debt“. London, 1772 [р. 19]. Прайс: «Ақшаны қарызға күрделі процентпен беріп көбейту үшін оны жай процентпен қарызға алу керек» деп бостан-босқа әзілдейді. (қараңыз: *R. Hamilton*. „An Inquiry concerning the Rise and Progress of the National Debt of Great Britain...“ 2nd ed., Edinburgh, 1814 [р. 133]). Егер бұлай болатын болса, онда жалпы қарыз атауды жеке адамдар үшін де баюдың аса бір сенімді құралы болған болар еді. Егер мен, мысалы, қарызға жылына 5% беретін болып, 100 ф. ст. алсам, онда мен жылдың аяғында 5 ф. ст. төлеуге тиістімін. ал егер бұл қарыз туралы келісім 100 миллион жылға жасалған екен десек, онда бұл уақыттың ішінде мен жылына сол 100 ф. ст. ғана қарызға бере аламын ғой, нақ сол сияқты жыл сайын 5 фунт стерлингтен төлеуге тиістімін ғой. Сөйтіп, мен 100 ф. ст. ала отырып, ешқашан да қарызға 105 фунт стерлинг бере алмаймын ғой. Бірақ 5%-ті мен қайдан алып төлеуім керек? Жаңа қарыздан немесе, мемлекет болсам, салықтан төлеймін. Егер ақшаны қарызға өнеркәсіп капиталы алса, айталық, оның пайдасы 15% болып отырғанда, 5%-ін процент есебіне төлеуге, 5%-ін тұтынуға (табысының өсуіне қарай оның араны да ашыла түседі ғой) және 5%-ін капиталға айналытуға тура келер еді. Сөйтіп, процент ретінде үнемі 5% төлеп тұру пайданы 15%-тен жобалауға тура келеді. Егер процесс созила берсе онда айтылған себептердің салдарынан пайда нормасы, айтаяық, 15%-тен 10%-ке дейін төмендейді. Бірақ Прайс 5%-ке тең процент нарқы пайда нормасының 15% болуын керек ететінін мүлде ұмыттып кетеді де, капиталдың қорлану кезінде де пайда нормасын сол қалпында қалдырады. Оның тегі қорланудың шын мәнісіндегі процесімен ісі жоқ, оның жұмысы қарызға ақша беріп, оның процентке процент қосып, қайта оралуында ғана. Бұл қалай болып жатады, оған бәрібір, өйткені бұл процент келтіретін капиталдың туа біткен қасиеті ғой.

Ол өзінің «Observations on reversionary payments etc.». London, 1772 еңбегінде мұнан да бетер шарықтайды:

«Біздің Ғайса туған жылы» (яғни, бәлкім, Иерусалим храмында болар) «6% күрделі процент өсімімен берілген I шиллинг диаметрі Сатурн орбитасының диаметріне тең келетін шарға айналған бүкіл күн системасына сиятын сомадан көп сома болып өскен болар еді».—«Мемлекет әрқашан да қиын-қыстау жағдайдан шығатын жол таба алады, өйткені оның ең азғантай қаржысы бола тұрып, өз мүддесі үшін керекті қысқа мерзімнің ішінде ең ірі борышын төлей алады» (XIII, XIV беттер).

Ағылшынның мемлекеттік борышы туралы мәселе жөнінде қандай тамаша теориялық кіріспе десеңізші!

Геометриялық прогрессиядан туатын санның кереметі тегі Прайстің көзіне шел қаптатқан. Ол ұдайы өндіріс пен еңбек жағдайларын есепке алмай, капиталды өзінен-өзі әрекет ететін автомат ретінде, жай ғана өзінен-өзі көбейетін сан ретінде қарағандықтан (нақ Мальтустің халық геометриялық прогрессиямен өседі дегеніндей<sup>102)</sup> ол  $s = c(1+z)^n$  формуласында капитал өсуінің заңын аштым деп ұққан, мұнда  $s$ —капитал сомасына + процентке алынатын процент,  $c$ —авансыланған капиталға,  $z$ —процент нарқына тең (100-дің тиісті бөлшектерімен көрсетілген), ал  $n$  — процесс созылатын бірқатар жылдар.

Д-р Прайстің алдап-арбауына Питт көз жұмып сенеді. 1786 жылы қауымдар палатасы мемлекет керегі үшін халыққа салық салу жолымен I миллион ф. ст. жиналсын деп қаулы етеді. Питт қатты сенген Прайстің пікірі бойынша бұл әдіспен алынған соманы «қорландыру» үшін, сөйтіп күрделі проценттің кереметі арқылы мемлекеттік борыштан құтылу үшін халыққа салық салудан артық, әрине, ешнәрсе жоқ. Қауымдар палатасының бұл қарарынан кейін көп ұзамай Питт енгізген заң шықты, бұл заң

«осы жолмен жасалған қор төлеуден босатылған өмірлік ренталармен қосқанда жылына 4 000 000 ф. ст. болғанша» (Act 26, Georg, III, cap. 31,<sup>103)</sup>.

250 000 фунт стерлингтен қорландыра беруді көздейді.

Питт өзінің борыштарды өтеу қорына түсетін соманы көбейтуді ұсынған 1792 жылғы сөзінде Англияның сауда жөніндегі артықшылық жағдайдағы себептерінің ішінде машиналарды, кредитті, т. с. атайды, бірақ

«неғұрлым кеңінен әрекет ететін және тұрақты себебі ретінде қорлануды атайды. Бұл принцип Смиттің, осы данышпанның шығармасында әбден дамытылып, жеткілікті түсіндірілген... Негізгі соманы көбейту үшін жылдық пайданың бір бөлігін болса да кейін қалдыра берсе, капиталдың бұл қорлануы жүзеге асқан болар еді, ал әлгі негізгі сома оны келесі жылы да осылай пайдаланса тұрақты пайда берген болар еді».



Сөйтіп, д-р Прайстің көмегімен Питт Смиттің қорлану теориясын борыштарды қорландыру арқылы халықты байыту теориясына айналдырады, заемдарды — заемға төлеу жөніндегі заемдарды шексіз өсіре берудің рақатты келешегіне саяды.

Қазіргі банкирлердің атасы Джозаи Чайлдтен де біз 10%-пен берілген 100 ф. ст. 70 жылдан кейін процентке келетін процентімен 102 400 фунт стерлинг болар еді дегенді кездестіреміз («Traité sur le commerce etc. par J. Child traduit etc.». Amsterdam et Berlin, 1754, p. 115). 1669 жылы жазылған.

Доктор Прайстің көзқарасы қазіргі экономистерде де еріксіз елес беріп қалып жүр, мұны «Economist»-тің мына сөздерінен көруге болады:

«Үнемдеп сақталған капиталдың әрбір бөлігін күрделі процент келтіретін капиталдың бәрін өз бойына сіңіріп алатыны соншама, тіпті дүние жүзінің табыс түсіретін байлығының бәрі әлдеқашан-ақ капиталға берілетін процентке айналды... Қазір рента атаулының бәрі бұрын жерге жұмсалған капиталға берілетін процент ақысы болып табылады» («Economist», 1851 жыл, 19 июль).

Басқаша айтқанда, тегі жасалуға болатын байлықтың бәрі процент келтіретін капитал ретіндегі капиталға тиісті, ал оның осы күнге дейін алып келгенінің бәрі оның ашылған аранын қайыруға бөліп-бөліп төлейтін төлем ғана. Оның дүниеге келген заңы бойынша адам ұрпағының қашан да болса жасайтын қосымша еңбегінің бәрі соған тиісті. Бір сөзбен айтқанда, бұл Молох<sup>104</sup>.

Ең соңында «романтик» Мюллердің мынадай тағы бір сандырағын келтірейік:

«Д-р Прайс суреттеген процентке проценттің керемет жамала түсуі, немесе адамдардың өзінен-өзі шапшаңдай беретін күшінің өсуі сан ғасырлар бойы орын алып келе жатқан өзгермейтін немесе бұзылмайтын бірыңғай тәртіпті керек етеді. Капитал өсе беретін көптеген жеке салаларға бытырап, бөлінсе-ақ күштің қорлануының жалпы процесі қайта басталады. Табиғат әрбір жеке жұмысшының (!) үлесіне орта есеппен 20—25 жылға созылатын, күштің өршу кезеңін берді. Бұл уақыт өткен соң жұмысшы өзінің өмір жолын тастайды және еңбектен процентке процент алу арқылы жиналған капиталды жаңа жұмысшыға беруге, көп жағдайда оны бірнеше жұмысшыға немесе балаларға бөлуге тиісті болады. Әлгі жұмысшылар мен балалар өздеріне берілген капиталдан өз процентіне процент алмастан бұрын оны жандандыра білуді, оны колдана білуді үйренуге тиіс. Онан соң, тіпті ең тынышсыз деген қоғамдық организмдерде де азаматтық қоғамның қолы жететін капиталдың орасан зор жиыны ұзақ жылдар бойы бірден бірге қорланады және еңбекті ұлғайтуға тікелей пайдаланылмайды, қайта, керісінше, тек едәуір сомаға жетіп, ол қарыз деген атпен басқа адамға, жұмысшыға, банкіге, мемлекетке беріледі; мұнан кейін қарыз алушы капиталды шын мәнісінде жұмсай отырып, оған процентке процент

алады, сөйтіп қарыз берушіге жай процент төлеу жөнінде өзіне оп-оңай міндеттеме ала алады. Ақырында, өндіріс немесе үнемшілдік заңы әрекетін жасаған жағдайда ғана мүмкін болатын адамдардың күші және олардың өнімі өлшеусіз тез өсуіне тұтыну, тілеу, ысырапкорлық заңы қарама-қарсы тұрады» (А. Muller. «Elemente der Staatskunst». 1809, Theil III, 1809, Theil III, S. 147—149).

Барып тұрған қисынсыз мылжыңды мұндай шағын жолдарға үйіп-төге беру мүмкін болмас. Жұмысшы мен капиталисті жұмыс күшінің құны мен капиталға алынатын процентті, т. с. жөн-жосықсыз шатастыруын сөз етпегеннің өзінде, проценттен процент алынуын Мюллер капиталдың проценттен процент алу үшін қарызға берілуімен түсіндіреді. Біздің Мюллердің әдісі кез келген мамандықтағы романтикаға тән әдіс. Оның мазмұны — заттар жөнінде ең үстірт түсініктен нәр алатын, көп таралып жүрген соқыр сенім. Ал мұнан кейін әлгі жалған да сілікпесі шыққан мазмұн «дәріптелуге» және алдамшы сарында әсірелеп суреттелуге тиіс.

Капиталдың қорлану процесін пайданың (қосымша құнның) қайтадан капиталға айналатын, яғни жаңа қосымша еңбекті сорып алуға құрал болатын бөлігін процент деп атауға мүмкін болатын дәрежеде ғана проценттен алынатын проценттің қорлануы деп санауға болады. Бірақ:

1) Егер кездейсоқ бұзылулардың бәрін есепке алмағанда қолда бар капиталдың едәуір бөлігі ұдайы өндіріс процесінің өн бойында үнемі азды-көпті бағасыздана береді, өйткені товарлардың құны оларды бастапқы өндірген кезде жұмсалатын жұмыс уақытымен белгіленбейді, товарлардың ұдайы өндірісінде жұмсалатын жұмыс уақытымен белгіленеді, ал бұл жұмыс уақыты еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің дамуы нәтижесінде үнемі азайып отырады. Сондықтан еңбектің қоғамдық өндіргіш күші дамуының неғұрлым жоғары сатысында қолдағы капитал қорлануының ұзақ процесінің нәтижесі емес, ұдайы өндірістің біршама өте қысқа кезеңінің нәтижесі болып табылады<sup>81)</sup>.

2) Осы кітаптың III бөлімінде көрсетілгеніндей, капитал қорлануының өсуіне және оған сәйкес қоғамдық еңбектің өндіргіш күшінің артуына қарай пайда нормасы төмендей береді, бұл төмендеу капиталдың тұрақты бөлігіне қарағанда өзгермелі бөлігінің біршама үдей кемуінен көрінеді. Егер бір жұмысшының жұмысқа қосатын тұрақты капиталы он есе өссе, онда дәл осындай пайда нормасын келтіру үшін қосымша жұмыс уақыты он есе артуға тиіс болар еді, сөйтіп оған,

<sup>81)</sup> Милль мен Кэриді, сондай-ақ Рошердің осыған жазған, түсінбеуге негізделген түсіндірмесін қараңыз<sup>106</sup>.

тіпті капитал бұларды түгелінен игере алатын болса да, көп кешікпей бүкіл жұмыс уақыты да, тәуліктің барлық 24 сағаты да жетпеген болар еді. Пайда нормасы төмендемейді деген ұғым Прайстің прогрессиясының негізінде және «күрделі проценттері бар, бәрін өз бойына сіңіріп алатын капитал» негізінде жатыр<sup>82)</sup>.

Қосымша құн мен қосымша еңбектің ұқсастығы капиталдың қорлануына сапа жағынан шек қояды: бұл шекті *бүкіл жұмыс күнінің ұзақтығы*, өндіргіш күштердің белгілі бір даму дәрежесі, халықтың саны белгілейді, ол бір уақытта қанауға болатын жұмыс күндерінің санын тежейді. Ал егер, керісінше, қосымша құн проценттің иррационалды формасында қаралса, онда шек тек қана сандық шекке айналады, сөйтіп капиталдың қорлануы қиял атаулыдан асып түседі.

Бірақ процент келтіретін капиталда капитал-фетиш ұғымы аяқталған; бұл ұғым еңбектің қорланған өніміне, оның үстіне ақша түрінде белгіленген өніміне қосымша құнды геометриялық прогрессияда өндіру күшін, оны туа біткен жасырын қасиетінің арқасында тек өзінен-өзі өндіретін күшті танады, сөйтіп еңбектің бұл қорланған өнімі, «Economist»-ің пікірінше, дүние жүзінің барлық заманнан бергі бар байлығын, правосы бойынша өзіне тиісті және өзіне тиетін байлығын әлдеқашан-ақ есептеп қойған. Бұрынғы еңбектің өнімі, тіпті бұрынғы еңбектің өзі мұнда қазіргі немесе келешектегі қосымша тірі еңбектің бір бөлігін өзінен өзі бойына жинап алған. Бірақ, керісінше, іс жүзінде бұрынғы еңбек өнімдері құнының сақталуы, демек, ұдайы өндірілуі де олардың тірі еңбекпен ұштасуының нәтижесі *ғана* екенін біз білеміз; екіншіден, бұрынғы еңбек өнімдерінің қосымша тірі еңбектен үстем болуы капиталистік қатынас,— бұрынғы еңбек тірі еңбекке дербес қарама-қарсы тұрып, оны өзіне бағындыратын белгілі бір әлеуметтік қатынас сақталып тұрған кезге дейін ғана болады.

---

<sup>82)</sup> «Бірақ та күрделі проценттердің бәрін өз бойына сіңіріп алатын талаптарын ешқандай еңбектің де, ешқандай өндіргіш күштің де, ешқандай тапқырлықтың да, ешқандай өнердің де қанағаттандыра алмайтыны айқын. Бірақ барлық жиналған қаржы капиталистің табысынан жасалады ғой. Сөйтіп іс жүзінде бұл талаптар үнемі алға қойылып отырады, сол себептен еңбектің өндіргіш күштері ол талаптарды орындаудан үнемі барынша бас тартып отырады. Сондықтан мұнда өзінше бір баланс үнемі жасалады» («Labour Defended against the Claims of Capital» [London, 1825, p. 23 — Годскиннің кітабынан]).

## ЖИЫРМА БЕСІНШІ ТАРАУ

**КРЕДИТ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН КАПИТАЛ**

Кредитке және оның өзі үшін жасайтын құралдарына (кредит ақшасы, т. с.) толық талдау жасау біздің жоспарымызға кірмейді. Бұл жерде жалпы капиталистік өндіріс әдісін сипаттау үшін қажет болатын кейбір аздаған пункттерді ғана атап өту керек. Бұл арада біз тек коммерциялық және банкирлік кредитті ғана әңгіме етеміз. Бұл кредит пен қоғамдық кредиттің дамуы арасындағы байланысты біз қарастырмаймыз.

Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметінің жай товар айналысынан қалай дамып шығатынын, сонымен қатар товар өндірушінің және товармен сауда жүргізушінің арасындағы кредитор мен борышқор қатынасының қандай болатынын мен бұрын көрсеткен болатынымын («Капитал», I кітап, III тарау, 3, b). Сауданың және айналысқа бола ғана өндіретін капиталистік өндіріс әдісінің дамуымен қатар кредиттің бұл табиғи базасы кеңейеді, жалпы маңыз алады, өркендейді. Жалпы және тұтас алғанда мұнда ақша тек төлем құралы ретінде ғана қызмет атқарады, яғни товар ақшаға сатылмайды, белгілі бір мерзімде төлеуге жазба міндеттеме алып сатылады. Бұл сияқты төлем міндеттемелерінің бәрін біз сөзді ықшамдау үшін вексельдер деген жалпы категорияға түйіндейік. Мұндай вексельдердің өзі өздерінің мерзімі біткенше және төлем күні жеткенге дейін төлем құралы ретінде айналысқа түседі; сауда ақшасын құрайтын да нақ осы вексельдер. Бұлар талаптар қор және борыштар бойынша есептердің салдосын шығарғанда сайып келгенде өзара өтелетін болғандықтан олар бүтіндей ақша ретінде қызмет атқарады, өйткені бұл жағдайда олар ақыр аяғында ақшаға айналдырылмайды. Өндірушілер мен көпестердің бір-біріне өзара аванс беруі кредиттің шын мәнісіндегі негізін жасайтыны сияқты, олардың айналыс құралы, вексель де нағыз кредит ақшасының, банкноттың, т. с. негізін жасайды. Бұл соңғылардың базисі — металл ақша немесе мемлекеттік қағаз ақша болсын ақша айналысы емес, вексель айналысы.

W. Leatham (Йоркширлік банкир) «Letters on the Currency». 2nd ed., London, 1840:

«Мен бүкіл 1839 жыл бойында вексельдердің жалпы сомасы 528 493 842 ф. ст.» (шетел вексельдерінің сомасын ол барлық вексельдер мөлшерінің шамамен  $\frac{1}{7}$ -ші болды деп есептейді), «ал сол жылы бір уақытта айналыста болған вексельдердің сомасы — 132 123 460 фунт стерлинг болды деп шамалаймын» (55—56-беттер). «Вексельдер айналыс құралдарының құрамды бөлігі, мөлшері жағынан бәрін қоса алғанда басқа бөліктерінен асып түсетін бөлігі болып табылады» (3, 4-беттер).— «Вексельдерден құралған орасан зор осы қондырма банкнот пен алтын сомасынан құралған фундаментке сүйенеді (!); ал егер оқиғалардың барысында фундамент тым тарылып кетсе, қондырманың беріктігіне, тіпті оның өмір сүруіне қауіп туады» (8-бет).— «Егер барлық айналыс құралдарын» (ол банкноттарды айтып отыр) «және барлық банкілердің дереу қолма-қол төлеуді талап етуі мүмкін міндеттемелерінің сомасын алсақ, онда менің есебім бойынша 153 миллиондай сома болады, мұның алтынға айналуын заң бойынша талап етуге болады... ал бұл талаптарды өтеуге керекті алтын не бары 14-ақ миллион» (11-бет).— «Артық ақшаның және вексельдердің бір бөлігін туғызатын және олардың көп те қауіпті түрде таралуына түрткі болатын проценттің төмен нарқының немесе есептеу нарқының пайда болуына кедергі жасамайынша, вексельдерді бақылауға алу мүмкін емес. Вексельдердің қандай бөлігі шын мәнісіндегі келісімдерден, мысалы шын мәнісіндегі сатып алу мен сатудан пайда болатынын және олардың қандай бөлігі қолдан жасалатынын (ficti tiouus) және тек қола вексельдерден, яғни күнделікті вексельдің төлеу мерзімі жеткенше оның орнына берілетін, сөйтіп жай айналыс құралынан жалған капитал жасайтын вексельдерден тұратынын анықтау мүмкін емес. Артық ақшаның және оның арзандаған кездерінде бұл практиканың орасан зор мөлшерге жететіні маған мәлім» (43—44-беттер).— J. W. Bosanquet. «Metalls, Paper, and Credit Currency» London, 1842: «Есеп-қисап палатасында» (мұнда Лондон банкирлері мерзімі келіп, төлеуге жататын чектер мен вексельдерді өзара алмастырады) «жасалатын төлемдердің орта сомасы әр күні орта есеппен 3 миллион ф. ст. аса болады, ал бұл үшін қажетті күн сайынғы ақша қоры 200 000 фунт стерлингтен сәл ғана артады» (86-бет). { 1889 жылы есеп-қисап палатасының жалпы айналым сомасы 7 618<sup>3</sup>/<sub>4</sub> миллион ф. ст. немесе дөңгелек есеппен 300 күнге орта есеппен күніне 25<sup>1</sup>/<sub>2</sub> миллион болды.— Ф. Э. } «Вексельдердің ақшаға байланыссыз айналыс құралы (currency) екендігі даусыз нәрсе, өйткені олар өткізу актысы арқылы меншікті бір қолдан екінші қолға өткізеді» (92—93-беттер).— «Орта есеппен алғанда былай деп ұйғаруға болады: айналыстағы әрбір вексельде екі өткізу актісі болады, демек, әрбір вексель мерзімі бірнеше орта есеппен екі төлемді өтейді. Бұл жағдайда 1839 жылдың ішінде тек өткізу актісінің арқасында вексельдердің көмегімен 528 миллионнан екі есе асып түсетін, яғни 1 056 миллион фунт стерлинг, күн сайын 3 миллионнан астам соманың меншігі бір қолдан екінші қолға өтіп отырды. Сондықтан вексельдер мен вкладтар қоса алғанда меншікті бір қолдан екінші қолға өткізу арқылы және ақшаның көмегінсіз күн сайын кем дегенде 18 миллион ф. ст. сомасында ақша қызметін атқарады деп сеніммен айтуға болады» (93-бет).

Жалпы кредит туралы Тук былай дейді:

«Өзінің қарапайым көрінісінде кредит азды-көпті негізді сенім туғызады, осы себепті бір адам екінші адамға белгілі ақшалай құнға бағаланған белгілі сомадағы капиталын ақшалай немесе товар түрінде сеніп береді; бұл

сома әрқашан да белгілі мерзім өткеннен кейін қайтарылуға тиісті. Егер капитал ақша түрінде, яғни банкнот түрінде қарызға берілсе, немесе кредит қолма-қол ақшамен берілсе, немесе корреспондентке аудару жолымен берілсе, онда капиталды пайдаланғаны үшін кері қайтарылуға тиісті сомаға қосымша пәлендей процент төленеді. Ал кредит товар түрінде берілгенде оның құнын келісімге қатысушылар белгілейді және оның берілуі оның сатылуы да болып табылады, мұнда төленуге тиісті белгіленген сомаға капиталды пайдаланғаны үшін және төлем мерзімі біткенше тәуекел еткені үшін төленетін ақы қосылады. Белгілі төлеу мерзімі көрсетілген жазба түрдегі төлем міндеттемелері әдетте осындай кредиттерге беріледі. Ал бұл міндеттемелер немесе промессалар қаржы болып құралады, мұның көмегімен кредиторлар егер өздерінің капиталын ақша не товар түрінде пайдалануға реті келсе, көпшілік жағдайда мұндай вексельдерді мерзімі біткенше арзанға қарыз ала алады немесе сатып ала алады, өйткені олардың өз кредиті вексельдегі басқа адамның қойған қолының кредиті арқылы нығая түседі» («An Inquiry into the Currency Principle», p. 87).

Ch. Coquelin. «Du Crédit et des Banques dans L'Industrie». «Revue des deux Mondes»<sup>106</sup>, 1842, t. XXXI [797]: «Әрбір елде кредит келісімінің көпшілігі өнеркәсіп қатынастары саласының өзінде жасалады... Шикізат өндіруші оны өндеуші фабрикантқа авансқа береді де одан төлем промессасын алады. Жұмыстың өзіне тиісті бөлігін орындағаннан кейін әлгі фабрикант та өзінің товарын осы сияқты шартпен басқа фабрикантқа авансқа береді, ал ол мұны онан әрі өндеуден өткізуге тиіс, сөйтіп кредит тұтынушыға дейін бір адамнан екінші адамға бірден бірге беріле береді. Көтерме сауда жасаушы товарды бөлшектеп сатушыға авансқа береді, ал оның өзі товарды фабриканттан немесе делдалдан кредитке алады. Әрқайсысы кейде ақшаны, ал көбінесе товарды бір қолымен қарызға алады да, екінші қолымен қарызға береді. Осы жолмен өнеркәсіп ісінде жан-жақтан түйдектелген, түйскен қарыз ауыс-түйісі жүріп жатады. Кредиттің өркендеуі міне, осы өзара қарыздардың көбейіп өсуінде жатыр, оның қуатты күшінің сыры да міне, осында жатыр».

Кредиттің екінші жағы ақша саудасының дамуымен байланысты, ал бұл даму капиталистік өндірісте, әрине, товар саудасының дамуымен қатар жүріп отырады. Мұның алдындағы бөлімде (XIX тарау) біз ақша саудагерлерінің қолына коммерсанттарға тиісті резерв қорларын сақтау ісі, ақшаны қабылдау және төлеу жөнінде, халықаралық төлемдер жөнінде жүргізілетін жай жұмыстардың, ал сонымен қатар жамбылармен сауда жүргізу ісінің қалай шоғырланатынын бұрын көрдік. Міне осы ақша саудасымен байланысты кредит ісінің екінші жағы — ақша саудагерлерінің ерекше қызметі ретінде процент келтіретін капиталды немесе ақша капиталын басқару ісі дамып отырады. Заем және ақшаны қарызға беру олардың арнаулы ісіне айналады. Ақша саудагерлері шын мәнісіндегі кредитор мен ақша капиталын қарызға алушының арасында делдал қызметін атқарады. Жалпы айтқанда, осы жағынан алып қарасақ банкирлік жұмыс — қарызға берілетін ақша капиталын көптеп өз қолына жинау, сөйтіп өнеркәсіп және коммерциялық капиталистерге кредит беретін жеке ақша кредиторларының орнына барлық ақша кредиторлары-

ның өкілі ретінде банкирлер карама-қарсы тұрады. Олар ақша капиталын жалпы билеп басқарушыға айналады. Екінші жағынан, барлық кредиторлар жөнінде олар қарыз алушыларды бір жерге шоғырландырады, өйткені бүкіл сауда әлемі үшін қарызды солар алады. Бір жағынан банк ақша капиталының, кредиторлардың орталықтануы болса, екінші жағынан, қарыз алушылардың орталықтануы болады. Банкінің пайдасы, жалпы айтқанда, қарызға бергендегіден гөрі неғұрлым төмен процентпен қарызға алғандығында болып отыр.

Банкілердің карауындағы қарыз капиталы оған әр түрлі жолдармен келеді. Ең алдымен, олар өнеркәсіп капиталистерінің кассирлері болғандықтан, олардың қолында әрбір өндірушінің немесе көпестің резерв қоры ретінде сақтайтын, немесе оған төлем бойынша түсіп жататын ақша капиталы жинақталады. Сонымен бұл қорлар қарызға берілетін ақша капиталына айналады. Сөйтіп сауда әлемінің резерв қоры қажетті ең аз мөлшерге дейін азаяды, өйткені ол қоғамдық қор есебінде шоғырланады, бұлай болмаған күнде резерв қоры ретінде бос жатып қалатын ақша капиталының бір бөлігі енді қарызға беріледі, процент келтіретін капитал есебінде қызмет атқарады. Екіншіден, банкілердің қарыз капиталы ақша капиталистерінің вкладтарынан құралады, бұл капиталистер банкілердің бұл ақшаны қарызға беруіне мүмкіндік береді. Банк системасының дамуымен қатар, атап айтқанда банкілер вкладтар бойынша процент төлей бастағанда-ақ оларда ақша қоры жинақталған болады және барлық таптардың уақытша қарызға алынбаған ақшалары да банкілерге шоғырланады. Өздігінен ақша капиталы ретінде қызмет атқара алмайтын ұсақ сомалар үлкен сома болып бірігеді, сөйтіп ақша күшін құрайды. Ұсақ сомалардың бұлай жиналуы — банк системасының ерекше жемісі, мұны оның нағыз ақша капиталистері мен қарыз алушылардың арасындағы делдалдық ролінен айырып қарау керек. Ақырында, бірте-бірте леп тұтынуға арналған табыстар да банкілерде сақталады.

Кредит беру ісі (біз бұл жерде нағыз сауда кредитін айттып отырмыз) вексельдерді есепке алу — оларды мерзімі өткенге дейін ақшаға айналдыру арқылы және түрліше формаларда қарыз беру арқылы жүргізіледі; мұндай қарыз беру формалары: жеке кредит бойынша тікелей қарыз беру, процентті қағаздарды, мемлекеттік облигацияларды, әр түрлі акцияларды кепілге алып қарыз беру, әсіресе накладной жазу, док сенім хаттарын және товарға меншік правосы туралы басқа да куәландырылған документтерді алып қарыз беру, вкладтар, т. с. есебінен қарыз беру.

Ал банкир беретін кредит әр түрлі формаларда берілуі мүмкін; мысалы, басқа банкілерге вексельдермен берілуі, оларға чек жазылып берілуі, тікелей кредит ашуы, ақырында,— банкнот шығаруға правосы бар банкілер болған жағдайда,— банкінің өз банкноттарымен берілуі мүмкін. Банкнот дегеніміз банкирдің атына жазылып берілетін вексельден басқа ештеңе емес; бұл вексель бойынша оны ұсынушы адам қалаған уақытында ақша ала алады және онымен банкир жеке вексельді ауыстыра алады. Кредиттің соңғы формасы мұның сырын онша жақсы білмейтіндерге ерекше ғажап және маңызды сияқты болып көрінеді; біріншіден, оның себебі бұл сияқты кредит ақшалары жай сауда айналысынан жалпы айналысқа өтеді, сөйтіп мұнда ақша ретінде қызмет атқарады; сондай-ақ оның тағы бір себебі — елдердің көпшілігінде банкноттар шығаратын басты-басты банкілер мемлекеттік банк пен жеке банкінің адам таңырқарлық қоспасы болып табылады; шын мәнісіне келгенде олардың атқаратын қызметінің негізі — мемлекеттік кредит, ал олардың билеттері азды-көпті дәрежеде заңдастырылған төлем құралы болып табылады; себебі — кредиттің өзі банкирдің сауда жүргізетін заты екендігі мұнда айқын көрінеді, өйткені банкнот айналыстағы кредит белгісі ғана. Бірақ банкир басқа формалардың бәрінде де, тіпті өзіне сақтауға берілген ақшаны қолма-қол қарызға бергенде де кредитпен сауда жүргізеді. Шындығында банкнот көтерме сауда үшін монета ғана болып табылады, ал банкілер үшін вкладтардың әрқашан ең зор маңызы болады. Бұған Шотландия банкілері жақсы дәлел бола алады.

Біздің алға қойған мақсатымыз үшін банкілердің ерекше формалары ретінде кредит мекемелерінің ерекше түрлерін де толық әңгімелеп жатудың қажеті жоқ.

«Банкир істерін... екі түрлі операцияға бөлуге болады... 1) Капиталын тікелей жұмсау орнын таппайтындардың капиталын жинап алып, оны жұмсай алатындарға бөлу немесе беру. 2) Өз клиенттерінің табыстарынан вкладтар қабылдап, оларға тұтыну заттарына жұмсауға қажетті сомаларды төлеп тұру... Бірінші *капитал* айналысы, соңғысы — *айналыс құралының* айналысы (*surgency*)». «Операциялардың бірінші түрі, бір жағынан, капиталды шоғырландыру, ал екінші жағынан, оны бөлу; екінші түрі — округтің жергілікті мұқтажы үшін айналысты тәртіптеу». Tooke «An Inquiry into the Surgency Principle», p. 36, 37. Бұл жерге біз XXVIII тарауда қайта ораламыз\*.

«Reports of Committees», vol. VIII. «Commercial Distress», vol. II, part I, 1847—1848. Minutes of Evidence.— (Мұнан былай цитат «Commercial Distress» 1847—1848<sup>107</sup> деп алынады).

\* — Осы томның 477-бетін қараңыз. *Ред.*



Қыркыншы жылдары Лондонда вексельдерді есепке алғанда сансыз көп жағдайларда банкноттардың орнына 21 күндік мерзіммен бір банктің екінші банкке берген вексельдері қабылданды. (Провинциялық банкир Дж. Пиздің берген жауабы, №№ 4636 және 4645.) Сол есепке қарағанда, ақша жетпей қалған жағдайда, банкирлер өздерінің клиенттеріне үнемі осындай вексельдермен жасау әдеті болған. Егер төлем алушы банкноттар алғысы келсе, ол бұл вексельді қайтадан есепке алуға тиісті болған. Сөйтіп банкілер ақша жасау артықшылығын алғандай болған. Джонс, Лойд мырзалар және олардың серіктестері ақша жетімсіз болған соң және процент нарқы 5%-тен асып түскен соң «атам заманнан бері» осы әдіспен төлеп келген. Клиент мұндай банк вексельдерін ынтамен алған, өйткені өз вексельдерін есепке алудан гөрі Джонстың, Лойдтың және олардың серіктестері фирмасының вексельдерін есепке алу оңай болды; оның үстіне бұл вексельдер көбінесе 20—30 қолдан өтіп отырды (бұл да сонда, №№ 901—904, 905, 992).

Бұл формалардың бәрі төлем алу правосының біреуден біреуге өтіп отыруы үшін істеледі.

«Кезі келген уақытта ақша қызметін орындауына тура келмеген бірде-бір кредит формасы табыла қоймас; бұл форма банкнот па, вексель ме немесе чек пе, түлпет келгенде оның процесі де сондай болады, шынында нәтижесі де бірдей болады».— *Fullarton*. «On the Regulation of Currents». 2nd ed., London, 1845, p. 38.— «Банкноттар — кредиттің ұсақ ақшалары» (51).

Төмендегі үзінділер мына кітаптан алынды: J. W. Gilbert. «The History and Principles of Banking». London, 1834:

«Банк капиталы екі бөлімнен — негізгі капиталдан (*invested capital*) және банк капиталынан немесе қарызға алынған капиталдан құралады (*banking capital*)» (117-бет). «Банк капиталы немесе қарызға алынған капитал үш жолмен: 1) вкладтар қабылдаудан, 2) өз банкноттарын шығарудан, 3) вексельдер беруден құралады. Егер маған біреу 100 фунт стерлингті тегін қарызға беруге келіскен болса, мен бұл 100 фунт стерлингті басқа біреуге 4%-пен қарызға берсем, онда бұл келісім жылдың аяғында маған 4 ф. ст. пайда келтірер еді. Сондай-ақ егер біреу оны жылдың аяғында қайыруға берген уәдемді қабылдайтын болса» (*I promise to pay* — мен төлеуге уәде берем — ағылшын банкноттарының әдеттегі формуласы) «және мен оған 100 ф. ст. қарызға берген сияқты болып, бұл үшін маған 4% төлеуге келіссе, онда мен бұл келісім бойынша 4 фунт стерлинг пайда аламын; оның үстіне, егер біреу шағын бір провинциялық қалада 100 ф. ст. әкеліп беріп, бұл соманы Лондондағы үшінші біреуге 21 күннен кейін төле деп шарт қойса, бұл уақыттың ішінде ол ақшадан мен қанша процент алсам да, ол маған пайда болар еді. Шынын айтқанда банкінің операциясы және вкладтар, банкноттар, вексельдер арқылы банк капиталы жасалатын жолдар міне осындай» (117-бет). «Банкирдің пайдасы жалпы алғанда оның қарызға алған сомасына немесе өз капиталына про-

порциялы болады. Банкінің шын пайдасын анықтау үшін, жалпы пайдадан негізгі капиталға төленетін процентті шегеріп тастау керек. Ал қалғаны банк пайдасы болады» (118-бет). «Банкірдің өз клиенттеріне берген қарыздары басқа адамдардың ақшасынан төленеді» (146-бет). «Банкноттар шығармайтын банкирлердің нақ өзі вексельдерді есепке алу жолымен банк капиталын жасайды. Олар өздерінің дисконт операциялары арқылы өз вкладтарын өсіреді. Лондон банкирлері өздерінде күнделікті сеты бар фирмалардың ғана вексельдерін есепке алады» (119-бет). «Өз банкісінде вексельдерді есепке алып, бұл вексельдердің барлық сомасына процент төлейтін фирма бұл соманың кем дегенде бір бөлегін процент алмай-ақ банкіде қалдыруға тиіс. Сөйтіп банкир өзі қарызға берген ақшасына күнделік проценттен жоғары процент алады және өз қолында қалатын қалдықтың есебінен өзіне банк капиталын жасайды» (119—120-беттер).

### Резерв қорларын, вкладтарды, чектерді үнемдеу туралы:

«Депозит банкері борыштарды аудару арқылы айналыс құралдарын пайдалануда үнемшілдік жасайды және нағыз бар ақшаның шағын сомасымен үлкен сомаға келісімдер жасап отырады. Осындай жолмен босаған ақшаны банкир есеп алу т. с. арқылы өз клиенттеріне қарыз беруге пайдаланады. Сондықтан борыштарды аудару депозит жүйесінің тиімділігін арттырады» (123, 124-беттер). «Өзара істес болатын екі клиенттің сеты бір банкирде бола ма немесе түрлі банкирде бола ма, мұның бәрібір. Өйткені банкирлер өздерінің чектерін есеп-қисап палатасында біріне-бірі алмастырып отырады. Борыштарды аудару арқылы депозит жүйесі металл ақшаны қолдануды мүлде ығыстырып шығаратындай дәрежеге жетіп тарауы мүмкін. Егер әркімнің банкте күнделікті сеты болып, өзінің төлемдерінің бәрін чек арқылы жүргізіп отырса, бұл чектер бірден-бір айналыс құралы болған болар еді. Бұл жағдайда ақша банкирлердің қолында болады деп есептеу керек, әйтпесе чектердің ешқандай бағалылығы болмас еді» (124-бет).

Жергілікті айналысты орталықтандыруды банкілер мына жолдармен жүзеге асырады: 1) банкілердің бөлімшелері арқылы. Провинциялық банкілердің өз округінің шағын қалаларында бөлімшелері болады; Лондон банкілерінің Лондонның әр түрлі қалалық кварталдарында бөлімшелері болады. 2) Агенттіктер арқылы.

«Өздерінің банкноттары немесе вексельдері бойынша ақша төлеу үшін және провинцияда тұрушы адамдардың сөздеріне Лондон тұрғындарының салатын ақшаларын алу үшін әрбір провинциялық банкінің Лондонда өз агенті болады» (127-бет). «Әрбір банкир басқа банкінің банкноттарын жинайды және оларды қайта бермейді. Негұрлым ірі деген әрбір қалада банкирлер аптасына бір не екі рет жиналып, өз банкноттарын алмастырады. Сальдоның орнын Лондонға аудару арқылы толтырады» (134-бет). «Банкілердің міндеті — коммерциялық келісімдерді жеңілдету. Коммерцияны жеңілдететіннің бәрі жалдаптықты да жеңілдетеді. Коммерция мен жалдаптық көп жағдайда бір-бірімен тығыз байланысты болатыны соншам, коммерцияның қайда аяқталып, жалдаптықтың қайда басталатынын айту да қиын... Банкілер бар жердің бәрінде де капитал алу әрі жеңіл, әрі арзан. Ет пен сыраның арзаншылығы қомағайлық пен маскүнемдікке жол ашатын сияқты, капиталдың арзаншылығы жалдаптыққа жол ашады» (137, 138-беттер). «Өз банкноттарын шығаратын банкілер үнемі осы банк-

ноттармен төлем айырысып отыратын болғандықтан, олардың есеп-қисап операциялары осы жолмен алынған капитал арқылы ғана жүзеге асырылатын сияқты болып көрінеді; бірақ бұл олай емес. Банкир есепке алынған вексельдердің бәрін, әрине, өз банкноттарымен төлей алады, бірақ солай бола тұрса да, оның портфеліндегі вексельдердің  $\frac{9}{10}$  — нағыз капитал. Өйткені бұл вексельдерге ол өзінің қағаз ақшаларын берсе де, олардың вексель мерзімі біткенге дейін айналыста қалуының қажеті жоқ. Вексельдердің мерзімі бітуіне әлі үш ай қалуы мүмкін, ал банкноттардың үш күннен кейін қайта оралуы мүмкін» (172-бет). «Клиенттердің сөздерінің орнын толтыруы қалыпты кәсіпкерлік операция. Іс жүзінде осы мақсат үшін қолда бар кредит қамтамасыз етіледі... Қолда бар кредиттердің болуы тек жеке кепілдікпен ғана қамтамасыз етілмейді, сонымен қатар бағалы қағаздарды депозитке салумен де қамтамасыз етіледі» (174, 175-беттер). «Товарды кепілге алып қарызға берілген капиталдың әрекеті вексельдерді есепке алу арқылы қарызға берілген капиталдың әрекетіндей болады. Егер біреу өзінің товарын кепілге салу арқылы 100 ф. ст. қарыз алса, бұл оның товарды 100 ф. ст. вексельге сатып, кейін оны банкке есептеткені сияқты болады. Бірақ қарыз алу оған товарды бағаның тәуірленгенінше ұстай тұруға мүмкіндік береді, сөйтіп оны бұлай болмаған күнде шұғыл бір іске ақша алып, зиян шегуден құтқарады» (180—181-беттер).

«The Currency Theory Reviewed etc.» [Edinburgh, 1845], р. 62—63:

«Сіздің бүгін А-ға сақтауға салған 1 000 ф. ст. ертен қайтадан беріледі де, В-да вклад болуы даусыз ақиқат. Арғы күні оның В-ға қайта берілуі, С-ға сақтауға салынуы, сөйтіп шексіз шыр айнала беруі мүмкін. Демек, 1 000 ф. ст. мөлшеріндегі сол бір соманың өзі қолдан-қолға бірқатар өту арқылы сансыз көп вкладтар сомасына айналады. Сондықтан Англиядағы барлық вкладтардың оннан тоғызы банкирлердің бухгалтерлік книгелеріндегі ақшасы» (орайы келгенде айта кетейік, бәрі дерлік тек қағаз ақша!) «ешқашан да 3 миллион фунт стерлингтен асып көрмеген Шотландияда вкладтар мөлшері — 27 миллион. Вкладтарды жаппай қайта талап еткенге (a run on the banks) дейін сол бір мың фунт стерлингтің өзі әрлі-берлі шарқ ұруы арқасында сондай сансыз көп соманың орнын оп-оңай-ақ жаба алады. Өйткені менің бүгін коммерсантқа борышыма төлейтін сол 1 000 ф. ст. ертең оның басқа көпеске беретін борышын өтейді, арғы күні банкке борышқа төленеді, сөйтіп шексіз кете береді, сондықтан сол бір 1 000 фунт стерлингтің өзі қолдан-қолға, банктен-банкке өте отырып, вкладтардың ең ірі сомасының орнын жабады.

{Гилбарттың мынаны 1834 жылы-ақ түсінгенін біз көрдік:

«коммерцияны жеңілдететіннің бәрі жалдаптықты да жеңілдетеді. Коммерция мен жалдаптық көп жағдайда бір-бірімен тығыз байланысты болатыны соншама, коммерцияның қайда аяқталып, жалдаптықтың қайда басталатынын айту да қиын».

Сатылмаған товарға қарыз алу неғұрлым жеңіл болса, ондай қарыз соғұрлым көп алынады, товарды көп өндіруге немесе өндірілген товарды алыстағы рыноктерге көптеп шығаруға ұмтылу соғұрлым күшті болады,— тек сол товарды кепілге салып ақшалай қарыз алуға болатын болса болғаны.

Елдің бүкіл сауда әлемінің осындай желігуге қалай түскенінің және оның немен тынғанының айқын мысалын бізге 1845—1847 жылдар дәуіріндегі ағылшын саудасының тарихы көрсетеді. Мұнда кредиттің қандай кереметтер жасай алатындығын көруге болады. Мұнан кейінгі мысалдарды түсіндіру үшін алдын ала бірқатар қысқа ескертпелер жасайық.

1837 жылдан бері ағылшын өнеркәсібінің еңсесін жөнді бір көтертпей қойған ауыртпалық 1842 жылдың аяғында жеңілдеп бастады. Онан кейінгі екі жылда шетелдің ағылшын өнеркәсібінің товарларына деген сұранысы онан сайын арта түсті. 1845—1846 жылдар ең көркею дәуірі болды. 1843 жылы «аппын» соғысы ағылшын саудасына Қытайдың есігін ашты<sup>108</sup>. Жаңа рынок онсыз да қаулап өрлей түскен өнеркәсіпке, әсіресе мақта-мата өнеркәсібіне жаңа түрткі салды. «Біз соншама көп өндіре аламыз ба? Бізге 300 миллион адамды киіндіруге тура келеді ғой»,— деді сол кезде Манчестердің бір фабриканты осы жолдардың авторына. Бірақ осы жаңадан салынған фабрика үйлерінің, бумен жүретін және жіп иіру машиналарының, тоқыма станоктарының бәрі Ланкаширден түйдек-түйдегімен ағылып келіп жатқан қосымша құнды бойға сіңіріп алуға жеткіліксіз болды. Өндірісті ұлғайтуға қалай қызу кірісілсе, темір жолдарды салуға да сондай қызу ұмтылуда; фабриканттар мен көпестерді билеп алған жалдаптық қомағайлығы бәрінен бұрын осында атап айтқанда 1844 жылдың жазынан бастап бәсеңсіді. Шама келгенінше, яғни алғашқы жарналарды төлеуге ақша жеткенінше акцияны қармап қалды; кезектегі жарналар үшін қаржы табыла жатар! Бірақ кейінгі төлемдердің мерзімі жеткен кезде, «Commercial Distress» 1059 сұрауына қарағанда, 1848/1857, темір жолдарға 1846—1847 жылдары жұмсалған капиталдың сомасы 75 миллион фунт стерлингке жеткен,— кредиттің көмегіне жармасуға тура келді, фирмалардың өз кәсіпорындары да көбінесе осы үшін төлеуге мәжбүр болды.

Ал өз кәсіпорындары көп жағдайда мүмкін болатын шектен асып кетті. Қызықтырып әкететін жоғары пайда қолда бар өтімді заттардың мүмкіндік беретінінен гөрі жұмысты неғұрлым кеңірек жүргізуге қызықтырды. Оңай алынатын және оның үстіне арзан кредит көмекке келеді. Банкінің есеп нарқы төмен болды: 1844 ж.  $1\frac{3}{4}$ — $2\frac{3}{4}$ %, 1845 ж. октябрьге дейін 3%-тен кемірек, сонан соң біраз уақытқа дейін 5%-ке көтеріліп барып (1846, февраль), 1846 жылдың декабрінде  $3\frac{1}{4}$ %-ке дейін қайта төмендеді. Ағылшын банкісінің қоймасында алтын қоры құлақ естіп көрмеген дәрежеде жиналып қалды. Биржа келісімдерінің отандық заттарының бәрі бұрын ешуақытта болып көрмеген жоғары дәрежеде бағалан-

ды. Сонымен, тамаша жағдайды пайдаланбай қалуға бола ма, іске неге жедел кіріспеске. Тек өндіруге мүмкін болатын товарлардың бәрін ағылшын бұйымдарына сусап отырған шетел рыноктеріне неге жөнелтпеске? Екі есе пайданы — жіппен матаны Қиыр Шығысқа сатудан және олардың орнына алынған товарларды қайтадан Англияға сатудан түсетін пайданы фабриканттың өзі неге алмасқа?

Индия мен Қытайға берілетін қарыздың есебіне товарды консигнацияға<sup>109</sup> жаппай жөнелту жүйесі осылай пайда болды, бұл қарыз тек авансқа бола консигнацияға жөнелту жүйесінде өте тез күшейді де, жер-жерде рыноктерді тым толтырып жіберіп, сөзсіз күйреумен барып аяқталды; бұл кейінгі ескертпелерде толық айтылған.

Бұл күйреу 1846 жылғы қуаншылықтың салдарынан туды. Англия, ерекше Ирландия азық-түліктерді, әсіресе астықпен картопты өте көп әкелуге мұқтаж болды. Бірақ бұл өнімдерді тасып жеткізген елдерге ағылшын өнеркәсібінің бұйымдарымен болмашы аз мөлшерде ғана төлеуге мүмкін болады; асыл металмен төлеуге тура келді: кем дегенде 9 миллион [ф. ст.] алтын шетелге кетті. Бұл соманың  $7\frac{1}{2}$  миллионы Англия банкісінің қолда бар қорынан алынды, осының салдарынан Банкінің ақша рыногінде еркін әрекет етуі айтарлықтай әлсіреді; резервтері Англия банкінде сақталатын, резервтері іс жүзінде сол Англия банкінің резервтерімен пара-пар болатын, басқа банктер де нақ сол сияқты өздерінің ақша операцияларын тежеуге тиісті болды; Банкте тез және оңай құйылып жатқан төлем тасқыны әуелі кейбір жерлерде, кейін барлық жерде тоқтап қалды. Банкінің 1847 жылдың январында ғана  $3—3\frac{1}{2}\%$  дәрежесінде болған есеп нарқы үрейлі дүрлігу алғаш басталған кезде, апрельде  $7\%$ -ке дейін көтерілді; сонан соң жазда біраз уақытша жеңілдік ( $6\frac{1}{2}\%$ ,  $6\%$ ) қайтадан туды, бірақ егіннің тағы шықпай қалғандығы айқын болған кезде жұрт тағы да, бұрынғыдан да қатты үрейленді. Англия банкісінің ресми ең аз есеп нарқы октябрьде  $7\%$ -ке дейін, ноябрьде —  $10\%$ -ке дейін көтерілді, басқа сөзбен айтқанда, вексельдердің басым көпшілігін тек тым үлкен өсімқорлық процентпен ғана есепке алуға мүмкін болды немесе тіпті есепке алуға мүмкін болмады; төлемдердің жаппай тоқталуы бірқатар маңдай алды фирмаларды, аса көп орта және ұсақ фирмаларды банкротқа ұшыратты; 1844 жылғы айла-шарғылы банк актісі<sup>110</sup> бойынша тежеу салынуы салдарынан Англия банкісінің өзіне сөзсіз күйреу қаупі туды, — міне, сол кезде жұрттың жаппай талап етуі бойынша үкімет 25 октябрьде банк актісінің күшін жойды, сөйтіп заңның Банкке салған қисынсыз бұғауларын үзді. Енді Банк өзінің

банкнот қорын бөгетсіз айналысқа шығара алатын болды; бұл банкноттардың кредитіне іс жүзінде мемлекет кепіл болғандықтан, демек, баянды болды, сөйтіп осының арқасында ақша қиыншылықтары айтарлықтай жеңілдеді; әлбестте мұнан кейін де шамадан тыс асқақтап кеткен, толып жатқан ірі және ұсақ фирмалар әлі де банкротқа ұшырап жатты, бірақ дағдарыстың асқинуы енді жойылды, Банктің есеп нарқы декабрьде тағы да 5%-ке дейін төмендеді, сөйтіп 1848 жылдың өн бойында істің жаңадан жандануына әзірлік жасалды, бұл жандану 1849 жылы континентте революциялық қозғалыстың онан әрі өрлеуіне жол бермеді, ал елуінші жылдары әуелі бұрын құлақ естіп, көз көрмеген өнеркәсіп өрлеуіне, ал оның ізінше — 1857 жылғы күйреуге душар етті.— *Ф. Э.*)}

I. 1847 жылғы дағдарыс кезінде мемлекеттік қағаздар мен акциялардың мықтап бағасызданғанын лордтар палатасының 1848 жылы басып шығарған документи дәлелдейді. Бұл деректерге қарағанда, әлгі бағасыздану 1847 жылғы 23 октябрьде сол жылдың февралымен салыстырғанда мынадай болған:

Ағылшын мемлекеттік қағаздарына . . . . .	93 824 217 ф. ст.
Доктар мен каналдардың акцияларына . . . . .	1 358 288 » »
Темір жол акцияларына . . . . .	19 579 820 » »
<hr/>	
Барлығы . . . . .	114 762 325 ф. ст.

II. «Manchester Guardian»<sup>111</sup> 1847 жылғы 24 ноябрьде Ост-Индия саудасындағы қулық-сұмдық туралы мынаны хабарлайды: онда вексельдер көбінесе товарды сатып алғаны үшін жазылмаған, вексель жазуға мүмкіндік алып, ол вексельді есепке алу, ақшаға айналдыру үшін қанша товар сатып алғаны үшін жазылған:

Лондондағы *A* Ост-Индиядағы *D* адресіне кемеге тиіп жіберу үшін *B* арқылы Манчестер фабриканты *C*-дан товар сатып алады. *B* *C*-пен *C*-тің *B*-ға жазған алты айлық вексельмен есептеседі. Ал *B* *A*-ға жазылған алты айлық вексельмен есептеседі. Товар кемеге тиелісімен-ақ *A* накладнойға сүйеніп, *D*-ға алты айлық аударма векселін жазады.

«Сөйтіп екеуінде де, сатып алушыда да, жөнелтушіде де товарға шын мәнісінде ақша төлеуден көп ай бұрын қорлар жиналады; ал бұл вексельдер төлеу мерзімі өткен кезде өте көп жағдайда мұндай ұзақ уақытқа жасалған келісімдердің жүзеге асырылуына уақыт беру қажет деген сылтаумен қайта жаңартылады. Бірақ, амал не, бұл сияқты келісімдер жасаудың салдарынан болған зиян ондай келісімдерді азайтуға емес, қайта көбейте түсуге себепші болады. Бұған қатысушылар кедейленген сайын олардың бұл келісімдерге ділгерлігі күшейе түседі, сөйтіп олар бұрынғы жалдаптықтарда жоғалтқан капиталының орнын жаңа қарыздармен толтырмақшы болады. Сатып алушылық енді сұраныс пен ұсыныс арқылы

реттеліп отырмайды, ол қайсыбір белгілі фирманың ең басты финанс қызметіне айналады. Бірақ бұл істің бір жағы ғана. Бұл жерде өнеркәсіп товарларын экспорт жасау жөнінде не болып жатса, ол жерде азық-түлік өнімдерін сатып алу және жөнелту жөнінде сол болып жатты. Индиядағы өз вексельдерін есепке алу үшін жеткілікті кредитпен пайдаланатын сауда фирмалары қант, индиго, жібек немесе мақта сатып алады — бұларды Лондондағы соңғы бағамен салыстырғанда сатып алу бағасы пайда түсіреді деп сатып алмайды, Лондон фирмасына берілген бұрынғы аударма вексельдердің таяуда мерзімі бітіп, олардың орнын жабу үшін сатып алады. Онан қайта қант жүгін сатып алып, оған Лондон фирмасына жазылған он айлық вексельмен төлеп, накладнойды почтамен Лондонға жөнелткен оңай болмас па еді? Жаңа ғана тиелген товардың накладнойы екі айға жетпей-ақ барып үлгерер еді де, сонымен қоса товардың өзі де Ломбард-стритке<sup>112</sup> кепілге салынар еді, сөйтіп Лондон фирмасы товарға берілген вексельдер мерзімі өтуден сегіз ай бұрын ақшаны қолына алған болар еді. Мұның бәрі есеп алу банкілері оларға накладнойлар мен док варранттары бойынша қарыз беру үшін, Индияның сауда қожайындарының вексельдерін Минсинг-Лейндегі<sup>113</sup> «қомақты» фирмаларда қандай сомаға болса да есепке алу үшін ақшаны керегінше мол тауып тұрған кезге дейін ешқандай кідіріссіз немесе қиындықтарсыз-ақ тәп-тәуір жүріп отырды».

{Индиядан келетін және Индияға баратын товарлар желкенді кемелермен Ізгі Үміт мүйісін оралып өтуге тиісті болып тұрған кезде бұл қулық-сұмдық әдіс мейлінше қолданылып келді. Товарлар Суэц каналы арқылы, оның үстіне пароходтармен жөнелтілетін болған кезде жалған капиталды қолдан жасаудың товар тасымалының ұзақтығы сияқты бұл әдісі мұндай тірегінен айырылды. Ал телеграф Индия рыногінің жағдайы туралы деректерді сол күні-ақ ағылшын көпесіне, ал ағылшын рыногінің жағдайы туралы деректерді Индия көпесіне жеткізетін болғаннан бері бұл әдіске мүлде орын қалмады.— Ф. Э.]

III. «Commercial Distress-тің» цитат алынған есебінде, 1847—1848, былай делінген:

«1847 ж. апрельдің соңғы аптасында Англия банкі Ливерпульдің корольдік банкісіне бүгіннен бастап өзінің онымен екі арадағы есеп операциясының тең жартысын қысқартатынын хабарлады. Бұл хабар өте жайсыз әсер туғызды, өйткені Ливерпульде соңғы кезде төлемдер қолма-қол ақшамен төлеуден гөрі вексельдермен көбірек төленетін еді, сөйтіп әдетте банкке қолма-қол ақшаны,— бұл ақшамен өздерінің акцептерін төлеу үшін,— көп жеткізіп беріп тұратын көпестер соңғы кезде өздерінің мақтасына және басқа товарларына банктің өзінен алған вексельдерін ғана қайтарып беріп тұратын болды. Бұл жағдай кең тарап кетті, ал онымен бірге жұмыстағы қиыншылықтар да көбейе түсті. Банктің көпестер үшін төлеуге тиісті болатын акцептерінің көпшілігі шетелдерге беріліп тұрды да, олардың орны осы кезге дейін әдетте товарлар үшін алынған төлемдермен толтырылатын болды. Бұрынғы қолма-қол ақшаның орнына көпестердің енді қайтарып беріп тұратын вексельдері әр алуан мерзімдегі және әр түрлі вексельдер болды; олардың едәуір бөлігі — үш ай мерзімге берілген банк вексельдері; вексельдердің көпшілігі мақтаға берілген вексельдер болды. Бұл вексельдер банк вексельдері болса, Лондон банкирлері оларға акцепт төлеп отырды, ал олай болмаса, әр түрлі көпестер, Брази-

лия, Америка, Канада, Вест-Индия, т. с. фирмалары акцепт төледі. Көпестер бір-біріне вексель бермеді, ал елдің ішіндегі Ливерпульдан товар сатып алған клиенттер әлгі товарға Лондон банктеріне берілген вексельдермен, немесе Лондондағы басқа фирмаларға берілген вексельдермен, немесе басқа бір адамға берілген вексельдермен төледі. Англия банкінің хабарландыруы сатылған шетел товарларына әдетте үш айдан артық уақытқа берілетін вексельдердің мерзімін қысқартуға әкеліп соқты» (26, 27-беттер).

Жоғарыда көрсетілгеніндей, Англиядағы 1844—1847 жылдардағы өрлеу кезеңі темір жол ісін жайлаған алғашқы үлкен желікпемен байланысты болды. Бұл желікпенің жалпы сауда істеріне жасаған ықпалы туралы айтылмыш есепте былай делінген:

«1847 жылдың апрелінде сауда фирмасының бәрі дерлік сауда капиталының бір бөлігін темір жолдарға орналастырып, өз қызметтерін аздықтандырып бастады (to starve their business) (42-бет).— Жеке адамдардағы, банкирлердегі және қауіпсіздендіру қоғамдарындағы жоғары процентті, мысалы, 8%-ті заемдар темір жол акцияларына салынды (66-бет). Мұндай орасан көп соманы темір жолдарға қарызға бере отырып, әлгі сауда фирмаларының өздері вексельдерді есепке алу арқылы банкирлерден өте көп капитал алып, бұл ақшамен өздерінің жұмыстарын жүргізе беруге мәжбүр болды» (67-бет).—(Сұрау:) «Сіз темір жол акцияларын төлеу (1847 жылғы) «апрель және октябрьде» (ақша рыногінде) жағдайды нашарлатуға қатты себеп болды, деп айта аласыз ба?» (Жауап:) — «Ол төлем апрельде жағдайдың нашарлауына пәлендей ықпал ете қоймаған болар деп ойлаймын. Мен төлемдер апрельге дейін, тіпті, сірә, жазға дейін банкирлерді нашарлатудан гөрі қайта күшейтінкіреді ғой деп ойлаймын. Өйткені ақшаның іс жүзінде қолданылуы әсте де төлемдердің төленілуіндей тез жүргізілген жоқ; осының нәтижесінде жылдың басында банкирлердің көпшілігінің қолында темір жол қорларының едәуір көп сомасы болды». (Мұны банкирлер мен комиссиялардың берген жауаптарының көбі растайды. «С. Д», 1848—1857.) «Бұл сома жазда аз-аздап кеміп, 31 декабрьде едәуір азайды. Октябрьде жағдайдың нашарлау себептерінің бірі банкирлердің қарауындағы темір жол қорларының біртіндеп азаюы болды; 22 апрель мен 31 декабрьдің аралығында темір жол сальдосы біздің қолымызда үштің біріндей кеміді. Темір жол акцияларын төлеудің әсері бүкіл Великобританияда осындай болды. Бұл төлем банктердегі вкладтарды бірте-бірте кеміте берді» (43, 44-беттер).

Самюэл Гёрни де (атақты Оверенд, Гёрни және оның Қ<sup>0</sup> фирмасының басшысы) осыны айтады:

«1846 ж. темір жолдарға берілетін капиталға деген сұраныс едәуір үлкен болды, бірақ ол процент нарқын көтерген жоқ. Ұсақ сомалар ірі сома болып жинақтала түсті, ал бұл ірі сома біздің рыногімізде жұмсалды; сөйтіп жалпы алғанда мұның нәтижесінде Ситидегі ақша рыногіне ақша онан қайта келіп түскендегіден көп шығарылып жатты» (159-бет).

Ливерпуль акционерлік банкінің директоры А. Ходжсон вексельдердің банкирлерге резерв ретінде қалай қызмет ететіндігін көрсетеді:



«Бізде өзіміздің барлық вклаттарымыз бен біздің басқа адамдардан алған ақшаларымыздың кемінде  $\frac{9}{10}$ -ы мерзімі күн санап толатын вексельдер түрінде портфелімізде сақталсын... сөйтіп дағдарыс кезінде күн сайын мерзімі бітетін вексельдердің сомасы бізден күн сайын талап етіп жататын төлемдер сомасына тепе-теңге жуық болсын деген тәртіп болды» (53-бет).

*Жалдаптық вексельдер.*

(№ 5092.) «Вексельдерді» (сатылған мақта үшін берілген) «көбінесе кім төлеп тұрды?»— (Р. Гарднер, осы еңбекте талай рет аты аталған мақта-мата фабриканты): «Товар делдалдары; саудагер мақтаны сатып алады да, оны делдалға береді, сол делдалға вексель жазады және вексельді есепке алады».—(№ 5094.)—«Ал осы вексельдер Ливерпуль банкілеріне жіберіліп, сонда есепке алына ма?»—Иә, сонда және басқа жерлерге жіберіліп, есепке алынады... Көбінесе Ливерпуль банкілері атқарған бұл операциялар болмаса, өткен жылы, менің шамалауымша, мақтаның қадағы  $1\frac{1}{2}$  немесе 2 пент арзан болған болар еді».—(№ 600.) «Сіз жалдаптардың Ливерпульдегі мақта делдалдарына берген вексельдері айналыста өте көп болды дедіңіз; мақтадан басқа да отарлық товарлардың вексельдеріне берілген сіздің қарызыңызға да мұның қатысы бар ма?»—(А. Ходжсон, Ливерпуль банкирі): «Мұның отарлық товарлардың барлық түрлеріне, әсіресе мақтаға қатысы бар.»—(№ 601.) «Сіз банкир ретінде бұл сияқты вексельдерден аулақ болуға ұмтыласыз ба?»—«Ешбір ұмтылмаймын, олар мөлшерлі шамада болса, біз оларды нағыз заңды вексельдер деп санаймыз... Бұл сияқты вексельдердің көбіне мерзімі ұзартылып отырады».

*Ост-Индия-Қытай рыногіндегі 1847 жылғы алаақтық құрылық-сұмдықтар.*— Чарлз Тёрнер (Ливерпульдегі таңдаулы Ост-Индия фирмалары бірінің басшысы):

«Маврикий аралындағы істерде болған оқиғаларды және сол сияқты қылықтарды біздің бәріміз де білеміз. Делдалдар осы товарларға берілген вексельдерді төлеу үшін келіп үлгерген товарлар үшін қарыз алуға дағдыланып қойған жоқ, ол үйреншікті нәрсе, тіпті накладнойлар бойынша қарыз алуға дағдыланып қойған жоқ, сонымен қатар олар тиелмеген товарға да, ал кейбір жағдайда — өндірілмеген товарға да қарыз алатын болды. Мысалы, бір нақты жағдайда мен Калькуттада 6 000—7 000 фунт стерлингке вексельдер сатып алдым; бұл вексельдерден түскен ақша қант өндіруді дамыту үшін қаржы есебінде Маврикийге жіберілді; вексельдер Англияға келді, ал олардың тең жартысынан артығына онда наразылық жасалды; ал қант жүгі ақыр аяғында келіп, оған вексель төлеуге тиісті болған кезде, бұл қантты тиелместен бұрын, шынын айтқанда тіпті ол өндірілместен бұрын дерлік үшінші бір адам келіпте салған болып шықты» (78-бет). «Ост-Индия рыногіне арналған товарға енді фабриканттың қолма-қол ақшамен төлеуіне тура келеді; бірақ бұл әлі ешнәрсе емес, өйткені егер сатып алушы Лондонда қайсыбір кредитпен пайдалана алатын болса, ол Лондонға вексель береді және оны Лондонда есепке алады, мұнда дисконт енді төмен болады, осы жолмен алынған ақша арқылы ол фабрикантпен есептеседі... Индияға товар жөнелтуші ол жақтан өзінің товарды студан түсірген ақшасын алғанша кем дегенде он екі ай өтеді;... Индиямен 10 000 немесе 15 000 фунт стерлингпен жұмыс жүргізе бастаған адам Лондон фирмасынан едәуір сомада кредит ала алады; бұл фирмага ол 1% төлейді және оған вексельді Индияда сатылған товардан түскен ақшаның Лондон фирмасына жіберілуін шарт етіп береді; мұнда екі жақ Лондон фирмасы қолма-қол ақшамен шын мәнісінде қарыз беруге тиіс

емес, яғни товарды сатудан түскен ақша келгенше вексельдердің мерзімі созылуға тиісті болып, үн-түнсіз келісім жасайды. Вексельдер Ливерпульде, Манчестерде, Лондонда есепке алынады; олардың біразы Шотландия банкілерінің қарауында болады» (79-бет).— (786.) «Таяуда Лондонда банкротқа ұшыраған мына бір фирманы алып қараңыз: бухгалтерлік книгатырын тексерген кезде мынадай болып шықты: бір фирма Манчестерде, екінші фирма Калькуттада болған; олар Лондондағы фирмдан 200 000 фунт стерлингке кредит ашады; яғни әлгі Манчестер фирмасының Глазго мен Манчестерден Калькуттадағы фирмаға консигнацияға товар жіберген клиенттері Лондондағы фирмаға 200 000 фунт стерлингке дейінгі соманың вексельдерін аударады; сонымен қатар Калькуттадағы фирма да Лондондағы фирмаға 200 000 фунт стерлингке вексельдер беретін болып келісім жасалады; бұл вексельдер Калькуттада сатылады, онан түскен ақшаға басқа вексельдер сатып алынады, ал бұл соңғы вексельдер Лондондағы фирманың Глазгода немесе Манчестерде берілген вексельдер бойынша төлеуі үшін Лондонға жіберіледі. Сөйтіп осы бір операцияның арқасында ғана 600 000 фунт стерлинг вексельдер жарыққа шықты».— (№ 971). «Қазіргі уақытта, егер Калькуттадағы фирма кеме жүгін сатып алса» (Англия үшін) «және ол үшін Лондондағы корреспондентіне өзінің аударма векселінен төлеп, накладнойларын мұнда жіберсе, онда бұл накладнойларды ол Ломбард-стриттен қарыз алу үшін дереу іске қосады; демек, сауда фирмасы өзінің корреспондентіне вексельдер бойынша төлеуге тура келгенше сегіз ай бойы ақшамен пайдалана алады».

IV. Лордтар палатасының құпия комиссиясы 1847 жылдағы дағдарыстың себептерін ашу үшін 1848 жылы мәжіліс жасады. Бірақ бұл комиссияның алдында берілген куәлардың жауаптары тек 1857 жылы ғана жарияланды («Minutes of Evidence, taken before the Secret Committee of the H. of L. appointed to Inquire into the Causes of Distress etc.». 1857, біз цитатты: «C.D.» 1848/57<sup>14</sup>-дан алып отырмыз). Бұл комиссияда Union Bank of Liverpool басқарушысы Листер мырза, атап айтқанда, былай деді:

(2444.) «1847 жылдың көктемінде кредит бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде кең өріс алды, өйткені коммерсанттар өзінің капиталын өз кәсіпорындарынан темір жолдарға көшірді, сөйте тұра өздерінің жұмысын бұрынғы мөлшерінде жүргізгісі келді. Бұлардың әрқайсысы басында, сірә, темір жол акцияларын пайда келтіріп сатармын да, ақшасын кәсіпорынға жұмсармын деп ойлаған болуы керек. Сірә, мұның мүмкін болмайтындығын көрген соң олар өз кәсіпорындары үшін бұрын қолма-қол ақшамен есептесіп жүрген жерлерінен енді кредит ала бастады. Кредиттің ұлғаюы осыдан келіп шықты».

(2500.) «Қабылдап алған банктер зиян шеккен бұл вексельдер көбінесе астық немесе мақта үшін берілген вексельдер ме еді?». «Бұл астық, мақта, кант және басқа түрлі бұйымдар үшін берілген вексельдер еді. Ол кезде бағасы кемімеген,— мүмкін, май ғана болмаса,— бірде-бір товар болған жоқ».— (2506.) «Вексельге акцепт төлейтін делдал жеткілікті мөлшерде есесі қайтпаса, оның ішінде есесін қайтаратын товардың бағасы кеміген күнде де акцепт төлемейді».

(2512.) «Товарларға екі түрлі вексель беріледі. Бірінші түрі — шеттен товар әкелушіге берілген бастапқы вексель... Бұл ретпен берілген вексельдердің мерзімдері көбінесе товар келіп жеткенше өтіп кетеді. Сондық-

тан товар келгенде жеткілікті капиталы болмаса, көпес товарды сатып болғанша оны делдалға кепілдеуге тиіс. Сонда Ливерпуль көпесі делдалға бұл товарды кепілдей отырып, дереу басқа түрлі вексель береді... енді банкир товардың бар-жоғын, ол товарға бола қанша қарыз бергенін делдалдан біліп отырады. Зиян шеккен жағдайда істі түзеп жіберу үшін делдалда есесін өтейтін товар бар екендігіне банкирдің көзі жетуге тиіс».

(2516.) «Біз шетелден де вексельдер аламыз. Біреу шетелден Англияға вексель алады да, оны ағылшын фирмасына жібереді, біз ол вексельдің орынды не орынсыз берілгенін, оның товарға берілгенін немесе беталды босқа берілгенін көре алмаймыз».

(2533.) «Сіз шетел товарларының барлық түрлері дерлік үлкен зиянмен сатылды дедіңіз. Сіз мұны ол товарлармен ақтауға келмейтін жалдап-тықтың салдарынан болды деп ойлайсыз ба?»—Зиян шеттен тасып әкелінген товардың шамадан тыс көптігінен болды, бірақ сол товарды тұтынып сіңіретін тиісті тұтыну болған жоқ. Сіра, тұтыну барынша мықтап кеміген болуы керек».—(2534.) «Октябрьде... товарға сұраныс жоқтың қасы болды».

Апаттың асқынған шағында даурыққан жұрттың: *souve qui reut*\* деген жан даусы шығатыны сияқты осы жайды асқан білгір — көпті көрген кәдірменді квакер, Оверенд, Гёрни және К<sup>о</sup> фирмасының басшысы Самюэл Гёрни өзінің сол есебінде айтады:

(1262.) «Дүрбелең туған кезде, іскер адам өз банкноттарын қандай бағамен орналастырсам екен деп, өзінің сертификаттарын яки үш проценттік рентасын сатқанда 1% жоғалтам ба, немесе 2% жоғалтам ба деп ойланyp жатпайды, өзінің зәресі бір ұшқаннан кейін оның пайдамен де, залалмен де шаруасы болмайды, ол әуелі өз басының қамын ойлайды, қалғандары не қылса о қылсын дейді».

V. Екі рыноктың бірін-бірі лықылдата толтыруы жөнінде Ост-Инд. саудасына қатысушы көпес Александер мырза 1857 жылы қауымдар палатасының комиссиясы алдында банк фактілері туралы былай деп мәлімдеді: (цитат алынып отырған: «В. С.» 1857):

(4330.) «Қазіргі шақта егер мен Манчестерде 6 шилл. төлейтін болсам, Индияда 5 шиллинг аламын; ал егер мен Индияда 6 шилл. төлейтін болсам, Лондонда 5 шиллинг алатын боламын».

Сөйтіп, үнді рыногы Англияның арқасында, ал ағылшын рыногы Индияның арқасында бірін-бірі бірдей көлемде лықылдата асыра толтырып отырады. Мінеки, 1847 жылдың ащы тәжірибесінен кейін он жылға жетер-жетпес уақыт өткенде 1857 жылы жазда нақ осындай оқиға орын алды!

---

\* — әркім өзінің бас қамын ойласын. *Ред.*

## ЖИ Ы Р М А А Л Т Ы Н Ш Ы Т А Р А У

**АҚША ҚАПИТАЛЫНЫҢ ҚОРЛАНУЫ;  
ПРОЦЕНТ НАРҚЫНА ОНЫҢ ҰҚПАЛЫ**

«Англияда байлық ұдайы қорлана беруде, оның сайып келгенде ақша формасына айналу тенденциясы бар. Бірақ ақшаға ие болу тілегінің ізінше әйтеуір оны процент немесе пайда келтіретін етіп жайғастыру арқылы ақшадан қайта құтылу тілсігі де соншалық күшті болады, өйткені ақшаның өзі ақша күйінде дәнне де бермейді. Сондықтан, егерде басы артық капиталдың осы ұдайы құйыла беруімен қатар оның әрекет саласы бірте-бірте және жеткілікті дәрежеде ұлғая бермейтін болса, онда біз жайғастыруды керек ететін ақшаның октын-октын қорлана беруіне душар болмай қоймаймыз, оның бержағында бұл қорланған ақшаның, түрлі жағдайларға қарай, едәуір көп болып шығуы мүмкін. Мемлекеттік қарыздар көп жылдар бойына Англияның басы артық байлығын сіңірудің негізгі құралы болып келді. 1816 жылы мемлекеттік борыш ең жоғары шегіне жетіп, енді одан әрі басы артық байлықты сіңіре алмайтын болған кезден бастап өзінің басқаша жайғастырылуын керек еткен сома жыл сайын кемінде 27 миллионға жетіп отырды. Оның үстіне капиталдар алуан түрде қайтып келіп жатады... Басы артық қоғамдық байлықтың ауық-ауық жиналып отыратын, бірақ капиталдарды жайғастыратын дағдылы тарауларда өзіне орын таба алмайтын қорларын жұмсау үшін көп капиталға мұқтаж және бос тұрған капиталдың артығын октын-октын алып жұмсап отыратын кәсіпорындар... дәл біздің елімізге өте қажет-ақ» («The Currency Theory Reviewed» Edinburgh, 1845, p. 32—34).

1845 жылғы жағдай туралы дәл сонда былай делінген:

«Тым аз уақыттың ішінде тоқыраудың ең төменгі шегімен салыстырғанда баға көтеріліп кетті... үш процент беретін мемлекеттік қарыз ал рагі\* бойынша дерлік бағаланып жатыр... Ағылшын банкінің қоймаларындағы алтын ондағы бұрын-соңды жиналған алтын сомасынан асып кетіп отыр. Қайдағы бір акцияларға құлақ естіп, көз көрмеген баға қойылған, ал проценттің құлдырап кеткені соншалық, оның аты ғана қалған деуге болады... Осылардың бәрі де қазір Англияда бос жатқан байлықтың ауыртпалық келтіретін қоры тағы да жиналып қалғанын, таяу болашақта біздің тағы да жанталасқан жалдаптық дәуірін басымыздан кешіруімізге тура келетінін көрсетеді» (бұл да сонда, 36-бет).

«Шеттен алтын әкелу сыртқы саудадан пайда келтірудің сенімді көрсеткіші бола алмайды, бірақ, өзге көрсеткіштер болмай отырғанда, осы шеттен әкелінетін алтынның бір бөлегі prima facie\*\* осы пайданы береді»

\* — теңбе-тең құны. *Ред.*

\*\* — бәрінен бұрын. *Ред.*

(J. G. Hubbard. «The Currency and the Country». London, 1843, p. 40—41). «Айталық, істің жайы әбден оңалып, пайда келтіретін баға және жеткілікті ақша айналысы болып тұрған кездерде астықпен нашар шығуы салдарынан 5 миллион сомаға шеттен астық әкеліп, шетке алтын шығару қажет дейік. Айналыс {мұның өзі, қазір көретініміздей, айналыс қаржысы емес, бос тұрған ақша капиталы деген сөз.— Ф. Э.} дәл сол сомаға азаяды. Жекеше адамдардың бұрынғы мөлшердегідей айналыс қаржысы болуы мүмкін, бірақ көпестердің олардың банкілеріне салған ақшалары, олардың ақша делдалдарындағы банкілердің сальдосы және банкілердің кассалық қорлары — осылардың бәрі де кемиді, сөйтіп бос тұрған капитал мөлшерінің осылай кемуінің тікелей салдары проценттің өсуі, айталық 4 проценттен 6 процентке дейін жетуі болмақ. Істің жайы дұрыс болғандықтан, сенімге шөк келмейді, бірақ кредит жоғары бағаланатын болады» (бұл да сонда, 42-бет). «Егер товар бағаларының бәрі де төмендеп кетсе... басы артық ақша көбейген вккладтар түрінде банкілерге қайтадан келіп құйылады, бос тұрған капиталдың мол болуы процент нарқын мүлде төмендетеді, сөйтіп неғұрлым жоғары баға немесе сауданың қыза түсуі қолданылмай жатқан ақшаны іске қосқанға дейін, не бұл ақша шетелдің құнды қағаздарын немесе шетел товарларын сатып алуға жұмсалғанға дейін істің жайы осылай бола береді» (68-бет).

Бұдан былайғы үзінділер де 1847—1848 жылдардағы сауда дағдарысы жөніндегі парламенттік есептен алынды. 1846—1847 жылдардағы қуаншылық пен ашаршылықтың салдарынан азық-түлік өнімдерін шеттен көптеп әкелу қажет болды.

«Шетке зат шығарудан шеттен зат әкелудің көп басым түсетіндігі осыдан... Банкілердегі ақшаның едәуір кемуі мен есептегі делдалдардың вексельдерді есепке жатқызуды қатты талап ету реттері де осыдан; делдалдар вексельдерді қатаң қабылдай бастайды. Бұған дейінгі беріліп келген кредитке айтарлықтай қатты шек қойылды. Сондықтан әлсіз фирмалар арасында күйреушілік басталды. Тек қана кредитке үміт артқандар күйреп қалды. Мұның өзі бұрыннан-ақ сезіле бастаған дүрбелеңді күшейтіп жіберді. Банкирлер және басқалар өз міндеттемелерін орындау үшін вексельдері мен басқа да құнды қағаздарын банкноттарға айналдыруға бұрынғыдай көміл сене алмайтынын көріп-білді; олар кредитті бұрынғыдан да азайта түсті, ал екінші бірінде мүлде тоқтатып тастады; көп ретте олар өз міндеттемелерін орындау үшін қолындағы банкноттарын жасырып қалып отырды; бұл банкноттарды мүлде қолдан шығармауды мақұл көрді. Дүрбелең мен аласапыран күн санап өсе берді, сондықтан, лорд Джон Расселдің хаты болмағанда, жаппай күйреушіліктің болуы анық еді» (74, 75-беттер).

Расселдің хаты банк актісінің қимылын тоқтатып тастады.— Жоғарыда аталған Чарлз Тёрнердің жауабы:

«Кейбір фирмалардың қаржысы мол болатын, бірақ бұл қаржы бос емес-ті. Олардың бар капиталы Маврикий аралындағы жер меншікшілерінде немесе индиго фабрикалары мен қант заводтарында қатты тұтылып қалды. Бір кездері 500 000—600 000 фунт стерлингке міндеттеме қабылдағанымен, олардың вексельдер бойынша төлейтін басы бос қаржысы жоқ еді, сондықтан олар ақыр-аяғында өз кредиті арқылы ғана және соның жететін мөлшерінде ғана өз вексельдерін өтей алатын болып шықты» (81-бет).

Жоғарыда аталған С. Гёрнидің жауабы:

[1664.] «Қазіргі уақытта» (1848 ж.) «ақша айналымының азайып, артылып қалған ақшаның өте көп екені байқалады».— (№ 1763) «Мен процент мөлшерін соншалық жоғары шапшытып жіберген себеп капиталдың жетімсіздігі деп ойламаймын; мұның өзі қорқыныштан (the alarm), банкотты қолға түсіру қиындығынан туған нәрсе еді».

1847 жылы Англия шеттен әкелінген тағам заттары үшін шетелге кемінде 9 миллион ф. ст. алтын төледі. Мұның 7<sup>1</sup>/<sub>2</sub> миллионы ағылшын банкінен және 1<sup>1</sup>/<sub>2</sub> миллионы басқа көздерден алынған (245-бет).— Моррис, Ағылшын банкінің басқарушысы, былай деді:

[3800.] «1847 жылғы 23 октябрьге мемлекеттік құнды қағаздар және каналдар мен темір жолдардың акциялары 114 752 225 фунт стерлинг мөлшерінде құнсызданып қалды» (312-бет).

Лорд Дж. Бентинктің сұрағына пақ сол Морристің қайтарған жауабы мынау:

[3846.] «Құнды қағаздарға және әралуан товарға жұмсалған барлық капиталдың құнсызданып кеткені сондай, шикізаттың — шитті мақтаның, шала жібектің, шикі жүннің — континентке нақ сондай көтерме баға бойынша жөнелтілгені және... қанттың, кофе мен шайдың аукционнан сатылғаны сізге мәлім бе?»—«Тағам заттарының ұшан-теңіз мөлшерде әкелінуі салдарынан алтының шетке кетуіне тыйым салу үшін ұлттың едәуір шығынға ұшырауы сөзсіз қажет болды».— [3848.] «Алтынды мұншалық шығынмен қайтарғаннан гөрі банктің қоймаларында жатқан 8 миллион фунт стерлингке қозғау салған дұрыс болатын еді деп ойламайсыз ба?»—«Жоқ, мен бұлай деп ойламаймын».

Ал осы ерлік жайында берілген түсінік мынау. Дизраэли Ағылшын банкінің директоры және бұрынғы басқарушысы У. Коттон мырзадан мынадай жауап алған:

«Банктің акционерлері 1844 жылы алған дивидендтің мөлшері қандай?»—«Жылдық мөлшері 7%».—«Ал 1847 жылғы дивиденд ше?»—«9%».—«Банк үстіміздегі жылы өз акционерлері үшін табыс салығын төлей ме?»—«Әрине».—«Банк 1844 жылы да осылай өтті ме?»—«Жоқ»<sup>83</sup>.—«Олай болған күнде, демек, банктің бұл актісі» (1844 ж.) «тіпті акционерлердің мүддесіне өте дөп келгені ғой. Демек, мұның нәтижесі сондай, жана заң күшіне енген кезден бері акционерлердің дивиденді 7 проценттен 9 процентке дейін өскен ғой, оның үстіне, бұрын табыс салығын акционерлер төлеп келген болса, енді оны Банк төлейтін болған ғой?»—«Өте дұрыс айтасыз»— (№№ 4356—4361).

Провинциялық банкир Пиз мырза 1847 жылғы дағдарыс кезінде банктерде ақша запасының іркіліп қалғаны жөнінде былай деп хабарлайды:

<sup>83</sup>) Яғни бұрын дивиденд анықталатын да, одан кейін барып дивиденд төлегенде әрбір акционерден табыс салығы ұсталып қалатын еді: ал 1844 жылдан кейін әуелі Банктің барлық пайдасынан салық төленіп, содан кейін барып „free of Income Tax, [табыс салығына ілінбеген] дивиденд бөлінетін болды. Демек, нарқы жағынан бәз-баяғы бір процент бұл ретте салықтың сомасынан жоғары болып отырды.— Ф. Э.

(4605). «Банк лажсыздан өз процентін бірден-бірге арттыра түскендіктен жұрт жаппай қауіптен бастады; провинциялық банктер өздерінің алтын запастарын, сондай-ақ банк билеттерінің сомаларын да молайтты; сондықтан біздің көпшілігіміз, бәлкім, қалыпты уақытта өзінде алтын немесе банкноттар түрінде тек бірнеше жүз фунт қана қалдырып отырған болсақ, енді жалмажан ақша сейфтері мен қобдиларында мыңдаған фунтты жинай бастадық, өйткені вексельдердің дисконты мен рыноктағы айналыс жасау қабілеті мүлде мәлімсіз еді, сөйтіп осының ізінше жаппай ақша запастарын жинау басталды».

Комиссияның бір мүшесі мынадай пікір айтады:

(4691.) «Демек, соңғы 12 жылдың ішіндегі себеп қандай болғанымен, мұның нәтижесі қалай да өндіруші таптан гөрі өсімқорлар мен ақша саудагерлері үшін көбірек болып шықты».

Ақша саудагерлерінің дағдарыс жағдайын қаншалық пайдаланатыны жөнінде Тук былай дейді:

«Уорикшир мен Стаффордширдегі металл бұйымдар өндірісінде 1847 жылғы товарларға берілген көптеген заказдар іске аспай қалды, өйткені өз вексельдерінің есепке алынғаны үшін фабрикант төлейтін процент мөлшері оның барлық пайдасынан да асып түскен болар еді» (№ 5451).

Енді екінші есепті, бұрын цитат келтірілген парламенттік есепті алайық: «Report from Select Committee on Bank Acts, communicated from the Commons to the Lords, 1857» (бұдан былай цитат келтіргенде «В. С.» 1857 деп көрсетіледі). Ағылшын банкінің директоры және «currency principle»<sup>115</sup> жақтастарының ішіндегі ең көрнекті тұлға Норман мырзаның тергеу кезінде қайтарған жауабы мынадай:

(3635). «Сіз проценттің нарқы банкноттардың мөлшеріне емес, капитал жөніндегі сураныс пен ұсынысқа байланысты деген пікірді жақтаймын дедіңіз. Сіз банкноттар мен металл ақшадан басқа не нәрсені капитал деп білетініңізді түсіндірмес пе екенсіз?»— «Менің ойымша, капиталдың дағдылы анықтамасы мынадай: ол — өндірісте қолданылатын товар немесе көрсетілетін қызмет». (3636.) «Сіз процент нарқы туралы айтқанда товардың бәрін капитал деген ұғымға жатқызасыз ба?»— «Өндірісте қолданылатын товардың бәрін». (3637.) «Сіз процент нарқы туралы айтқанда осының бәрін капитал деп түсінесіз бе?»— «Ия. Айталық, мақта мата фабрикантына оның фабрикасы үшін мақта керек дейік; дәу де болса, ол мұны былайша табады: өз банкирінен қарыз ақша алады да, осылай қолға түсірген банкноттарымен Ливерпульге барып, мақта сатып алады. Оған ең керегі — мақта; банкноттар немесе алтын оған мақта алатын қаржы ретінде ғана керек. Немесе, мәселен, оған жұмысшылардың ақшасын төлеу үшін қаржы керек болады; сонда ол тағы да банкноттарды қарызға алып, өз жұмысшыларына жалақы ретінде төлейді. Ал енді жұмысшыларды алатын болсақ, оларға тамақ пен пәтер керек, ал ақша — осыларға жұмсалатын төлем қаржысы».— (3638.) «Бірақ процент ақша үшін төленеді ғой?»— «Әрине, ең алдымен: бірақ екінші бір жағдайды алып қарайық. Айталық, фабрикант банктен қарыз алмай-ақ несиеге сатып алады дейік; онда нақты ақша тұсындағы баға мен мерзімі өткен несие тұсындағы

15 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

бағаның айырмашылығы процент өлшемі болып шығады. Тіпті дүниеде ақша атаулы болмаған күнде де процент бола берер еді».

Білгішсінген бұл былшыл осынау «scarcity principle» пірінің бойына әбден лайық. Ең алдымен, банкнот немесе алтын — әйтеуір бірдеңе сатып алатын қаржы, бұларды қарызға алғанда бұлардың өзі үшін алмайды деу — асқан жаңалық. Ал бұдан келіп шығатын сұрақ: процент нарқын реттейтін нәрсе не? Ол товар жөніндегі сұраныс пен ұсыныс, ал біз бұған дейін олар товардың рынок бағасын реттейді деп қана білетінбіз. Бірақ товарлардың рынок бағалары бірдей болғанымен, процент нарықтарының мүлде әр түрлі болуы әбден жүйелі нәрсе.— Бұдан кейінгі бір даналық мынадай. «Бірақ процент ақша үшін төленеді ғой» деген дұрыс пікір айтылды, бұған, әрине, мынадай сұраулар кіреді: егер банкир әсте товар сатпайтын болса, оның алып отыратын процентінің бұл товарға қандай қатысы бар? Осы ақшаны алуан түрлі рыноктарда, яғни өндірісте қолданылатын товарлар жөніндегі сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы мүлде түрліше болып отырған рыноктарда жұмсайтын фабриканттар ақшаны біркелкі процент нарқы бойынша алып отырмай ма?— Бұл сұрауға біздің тамаша данышпан былай деп жауап береді: егер фабрикант мақтаны несиеге сатып алатын болса, «онда қолма-қол ақша тұсындағы баға мен мерзімі өткен несие тұсындағы бағаның айырмашылығы процент өлшемі болып шығады». Мұның керісінше. Қалай реттелетінін данышпан Норман түсіндіріп беруге әрекеттенген қазіргі процент нарқы қолма-қол есеп жасалатын кездегі баға мен мерзімі өткенге дейінгі несие бағасының арасындағы айырмашылықты анықтайды. Ең алдымен мақтаны қолма-қол есеп жасалатын бағасы бойынша сату керек, ал бұл бағаны рынок бағасы анықтайды, ол рынок бағасы сұраныс пен ұсыныстың жағдайы арқылы анықталады. Айталық, баға = 1000 фунт стерлинг. Сатып алу-сату жайында әңгіме болғанда фабрикант пен мақта делдалы арасындағы сауда-саттық осымен бітеді. Бірақ бұған екінші сауда-саттық келіп қосылады. Бұл — қарыз беруші мен қарыз алушының арасындағы сауда-саттық 1 000 ф. ст. тұратын құн фабрикантқа мақта түрінде қарызға беріледі, ал мұны ол ақшалай, айталық, үш айдан кейін қайтаруға тиіс. Сонда 1 000 ф. ст. сомасынан үш айға алынатын, рыноктағы процент нарқына сәйкес белгіленетін процент қолма-қол есеп жасалатын кездегі бағаға қосылған үстеме болып шығады. Мақтаның бағасы сұраныс пен ұсыныс арқылы анықталады. Бірақ үш айға қарызға берілген мақта құнының, 1 000 ф. ст. бағасы процент нарқы арқылы анықта-



лады. Ал мақтаның осылайша ақша капиталына айналуының өзі Норман мырзаның дүниеде ақша атаулы мүлде болмаған күнде де процент нарқы бола берер еді деуіне дәлел болып отыр. Егер ақша атаулы жоқ болса, қалай дегенмен жалпы процент нарқы да болмас еді.

Ең алдымен, капиталды «өндірісте қолданылатын товар» деп білу тұрпайы түсінік. Бұл товарлар капитал ретінде әрекет ететін болса, бұлардың *капитал* ретіндегі құны, бұлардың *товар* ретіндегі құнынан өзгеше, бұлардың өндіріс түрде немесе саудада қолданылуына түсетін пайдадан көрінеді. Пайда нормасы да сатып алынған товарлардың рынок бағасына және бұлар жөніндегі сұраныс пен ұсынысқа әрқашан да сөзсіз белгілі бір қатынаста болады, бірақ бұл норма мүлде басқа жағдайлар арқылы анықталады. Жалпы алғанда процент нарқының пайда нормасында шегі бар екенінде ешқандай күмән жоқ. Ал Норман мырза бұл шектің немен анықталатынын бізге тура айтып берсінші. Мұның өзі, капиталдың барлық басқа формаларынан *өзгеше* ақша капиталының сұранысы мен ұсынысы арқылы анықталады. Бірақ бұдан кейін мынадай сұрақ қоюға болар еді: ақша капиталының сұранысы мен ұсынысы қалайша анықталады? Бір күмәнсіз нәрсе, зат капитал ұсынысы мен ақша капиталы ұсынысының арасында бүркеулі байланыс бар, сондай-ақ өнеркәсіп капиталистерінің ақша капиталы жөніндегі сұранысы нақты өндіріс жағдайлары арқылы анықталады. Норман мырза бізге осыны түсіндіріп берудің орнына ақша капиталы жөніндегі сұраныс ақша атаулы жөніндегі сұраныспен бірдей емес деп білгішсінеді; өзінің бар білгені осы ғана, өйткені оның, Оверстонның және басқа да «*scarcity principle*» пайғамбарларының ішкі жан дүниесінде арам ниет жатыр, өйткені олар заң күшін қисынсыз қолдану арқылы айналыс қаржысының өзінен капитал жасап, процент нарқын арттыруға талпынып отырды.

Енді лорд Оверстонға, *alias\** Самюэл Джонс Лойдка зер салып, елдегі «капиталдың» сондай тапшы кезінде оның өз «ақшасы» үшін 10% алатын себебін қалайша түсіндіретінін көрейік.

(3653.) «Процент нарқының ауытқуы мынадай екі себептің бірінен болып отырады: не капиталдың құны өзгереді»

(Тамаша! Тегінде капитал құны дегеніміз, жалпы айтқанда, процент нарқы екен! Демек, процент нарқының өзгеруі процент нарқының өзгеруінен болады екен! «Капитал құны»,

\* — басқаша айтқанда. *Ред.*

бұрынырақ көрсеткеніміздей, теория жүзінде ешқашан да басқаша түсінілмейді. Әлде, бәлкім, Оверстон мырза пайда нормасын капитал құны деп білетін шығар,— онда терең ойшылдың процент нарқы пайда нормасы арқылы реттеледі деген пікірге қайта оралғаны!

«не елдегі нақты ақшаның мөлшері өзгереді. Процент нарқының барлық елеулі ауытқуларының бәрі, не ұзақтығы, не шама-шарқы жағынан елеулі ауытқулардың бәрі көрнеу капитал құнындағы өзгерістерге әкеліп соғуы мүмкін. 1847 жыл және содан кейін соңғы екі жыл» (1855—1856) ішінде процент нарқының көтерілуі осы фактінің өте-мөте нанымды практикалық сипаттамасы бола алады; «нақты ақша мөлшерінің өзгеруінен процент нарқының кіші-гірім ауытқушылығы шама-шарқы жағынан да, ұзақтығы жағынан да қомақты емес. Мұның өзі жиі-жиі болып отырады, сөйтіп неғұрлым жиі болса, өз мақсатына соғұрлым тезірек жетеді»,

яғни а Іа Оверстон банкирлер тезірек байиды. Маркабатты Самюэл Гёрни осы мәселе жөнінде лордтар палатасы комиссиясының алдында, «С. D.» 1848/57, өте аңғырт пікірлер айтқан:

(1324.) «Сіз өткен жылы байқалған процент нарқының ауытқуы банкирлер мен ақша саудагерлеріне тиімді болды деген пікірді жақтайсыз ба, әлде жақтамайсыз ба?»—«Менің ойымша, ол ақша саудагерлеріне тиімді болды. Шаруашылық тіршілігіндегі ауытқушылықтың бәрі осының мәнісін түсінетіндерге (to the knowing men) тиімді».—(1325.) «Процент нарқы жоғары болған күнде банкир өзінің таңдаулы клиенттерінің кедейленуі салдарынан ақыр-аяғында шығынға ұшырап қалмай ма?»—«Жоқ, мен мұндай нәтиже айтарлықтай дәрежеде көріне қойған жоқ деп білемін».

*Voilà ce que parler veut dire\**.

Елдегі нақты ақша мөлшерінің процент нарқына ететін ықпалы жайындағы мәселеге біз әлі де қайта ораламыз. Бірақ қазірдің өзінде-ақ бір ескерте кететін нәрсе, бұл жерде де Оверстон *quid pro quo\*\** отыр. Ақша капиталы жөніндегі сұраныс 1847 жылы (октябрьге дейін ақшаның жетімсіздігінен, жоғарыда Оверстонның атағанындай, «нақты ақша мөлшерінен» ешқандай мұқтаждық болған жоқ) түрлі себептерден: астықтың қымбаттауынан, мақта бағасының көтерілуінен, асыра өндіру салдарынан қантты сату мүмкін болмағандықтан, темір жол жалдаптығы мен күйреушіліктен, сыртқы рыноктарға мақта мата товарларының лық толуынан, қола вексельдерге ие болуды көздеген бір ғана мақсатпен жоғарыда суреттелгендей товарлардың Индияға апарылуы мен Индиядан шетке шығарылуынан\*\*\* көбейіп кетті. Осы жағдайлар-

\* — Міне бұл табылған сөз. *Ред.*

\*\* — ұғымдарды шатастырып отыр (сөзбе-сөз: бір нәрсені екінші нәрсеге балап отыр). *Ред.*

\*\*\* — Осы томның 443—444-беттерін қараңыз. *Ред.*

дың бәрі, өнеркәсіпте өнімнің асыра өндірілуі, сондай-ақ егіншілікте өнімнің кем өндірілуі, демек, мүлде әр түрлі себептер ақша капиталы жөніндегі, яғни кредит пен ақша жөніндегі сұранысты өсіріп жіберді. Нақ өндіріс процесінің барысында ақша капиталына деген сұраныстың өсуінің де өз себептері болды. Бірақ, себеп қандай болғанымен, нақ ақша капиталы жөніндегі сұраныс процент нарқының, *ақша* капиталы құнының көтерілуіне әкеп соқты. Егер Оверстон ақша капиталы құнының өскен *себебі* оның өсуінен демекші болса, мұның аты ежіктеушілік болады. Егер бұл жерде ол «капитал құны» деп процент нарқының өсу себебі ретіндегі пайда нормасының өсуін айтып отырған болса, бұл қағиданың қате екені қазір-ақ әйгіленеді. Пайданың кемуіне қарамастан, ақша капиталына деген сұраныстың, сол себепті «капитал құнының да» артуы мүмкін; ақша капиталын ұсыну біршама төмендеді дегенше-ақ оның «құны» артады. Оверстон 1847 жылғы дағдарыс және сонымен қатар процент нарқының жоғары болуы «нақты ақшаның мөлшеріне», яғни соның өзі жасатқызған 1844 жылғы банк актісінің ережелеріне әсте байланысты емес еді деп дәлелдегісі келді; бірақ іс жүзінде бұлар осыған байланысты болды, өйткені банк резервін — Оверстонның осынау туындысын — азайтып алудан қорқушылық 1847—1848 жылдардағы дағдарыстың үстіне ақша үрейшілдігін туғызды. Бірақ қазір мәселе мұнда емес. Ақша капиталының жетімсіздігі айқын еді, өйткені жүргізілген операциялар аумағы қолда бар қаржымен салыстырғанда шектен тыс болып кетті де, қуаңшылық салдарынан ұдайы өндіріс процесінің бұзылуы нәтижесінде бүліншілік туды, темір жол құрылысы шектен тыс жүргізілді, өнім, әсіресе мақта мата товарлары тым көп өндірілді, үнді мен қытай рыноктарында жымысқы әрекеттер жасалды, жалдаптық өріс алды, қант шектен тыс көп әкелінді, т. т. Астықты кварталі 120 шиллинг тұрған кезде сатып алған адамдарда енді, астықтың бағасы 60 шиллингке дейін құлдырап кеткен кезде, нақ сол артық төленген 60 шиллинг кем болып шықты және астықпен өтелетін нақ сондай сомдағы кредит жетпей қалды. Олардың өз астығын бұрынғы 120 шиллинг бағасы бойынша ақшаға айналдыруына бөгет болған нәрсе әсте банкноттың жетімсіздігі емес, сондай-ақ қантты тым көп әкелген, мұнысын кейін түгелдей дерлік сата алмаған адамдарға да оның бөгеттігі болған жоқ. Өздерінің ақша капиталын (*floating capital*) темір жолдарға жұмсаған және өздерінің «занды» ісінде оның орнын толтыру үшін кредитке жүгінген мырзалардың жағдайы да осындай болды. Мұның бәрі Оверстонға «оның ақшасының көтерілген құнының моральдық санасы (*a moral sense of the enhanced value*

of his money)» болып көрінеді. Ақша капиталының осы көтеріңкі құнына нақ екінші жақта нақты капиталдың (товарлы капитал мен өндірмелі капиталдың) төмендеген ақшалай құны сәйкес келіп отырды. Бір формадағы капитал құнының көтерілген себебі, екінші формадағы капитал құны төмендеді. Ал Оверстон әр түрлі капиталдың осы екі құнын жалпы капитал атаулының бірыңғай құны етіп көрсетуге тырысады, оның үстіне бұларды айналыс қаржысының, қолдағы ақшаның жетімсіздігіне қарсы қояды. Бірақ ақша капиталының бәз-баяғы бір сомасын алуан түрлі мөлшердегі айналыс қаржысы арқылы қарызға беруге болады ғой.

Оның 1847 жыл жайындағы мысалын алайық. Есептегі проценттің ресми нарқы мынадай болды: январьда 3—3½%, февральда 4—4½%, мартта көбінесе 4%, апрельде (үрей-шілдік) 4—7½%, майда 5—5½%, июньде жалпы алғанда 5%, июльде 5%, августта — 5—5½%, сентябрьде 5% — кейде 5¼%, 5½%, 6% мөлшеріне дейін біраз ауытқып отырды, октябрьде 5%, 5½%, 7%, ноябрьде 7—10%, декабрьде 7—5%. — Бұл ретте проценттің көтерілген себебі, пайда азайып, товарлардың ақшалай құны құлдырай берді. Демек, бұл жерде Оверстон: 1847 жылы процент нарқының көтерілген себебі, капитал құны көтерілді деп отырған болса, оның капитал құны дегені ақша капитал құны ғана болмақшы, ал ақша капитал құны — нақ сол процент нарқы, одан басқа түк те емес. Бірақ кейінірек тұлкінің құйрығы бұлаң ете қалады — капитал құнының пайда нормасымен бара-бар етілетіні көріне қояды.

1856 жылы процент нарқының жоғары көтерілгенін алатын болсақ, бір есептен мұның өзі процентті пайдадан төлемей, өзгенің капиталынан төлеуші кредит серілері категориясының пайда болғанын көрсететін белгі екенін Оверстон шынында да білген жоқ еді; ол 1857 жылғы дағдарыстан бірнеше ай бұрын ғана «істің жайы сөзсіз жақсы» деген болатын.

Бұдан кейін ол былай дейді [В. С. 1857]

(3722.) «Процент нарқы көтерілді дегенше-ақ кәсіпорынның пайдасы жойылады деген түсінік барып тұрған қате. Біріншіден, процент нарқының ұзақ уақыт көтерілуі сирек болады; екіншіден, мұның өзі тіпті ұзақ және елеулі болғанмен де, шын мәнісінде бұл — капитал құнының көтерілуі; ал капитал құнының көтерілетін себебі не? Оның себебі, пайда нормасы өсті».

Сонымен, біз бұл жерде «капитал құнының» қандай мағынасы бар екенін ақырында біліп отырмыз. Дегенмен, пайда нормасының ұзақ уақыт бойы жоғары дәрежеде қалуы, ал кәсіпкерлік табыстың төмендеуі және процент нарқының кө-

терілуі мүмкін, ендеше процент пайданың денін жалмап кетеді.

(3724.) «Процент нарқының көтерілуі біздің елде кәсіпкерлік әрекеттің қарыштап өріс алуының және пайда нормасының едәуір артуының нәтижесі болды; сондықтан проценттің көтеріңкі нарқы соның өз себебі болған екі нәрсені қиратады деген шағым естіліп жүрген болса, мұның өзі логикалық сандырақ, ал бұл жайында тіпті не дерінді де білмейсің».

Ал егер ол: пайда нормасының көтеріңкілігі жалдаптықтың салдарынан товар бағасының көтерілуінің нәтижесі болды, сондықтан бағаның артуы өз себебін, яғни жалдаптықты жояды деген шағым естіліп жүрген болса, мұның өзі логикалық сандырақ, т. т. дейтін болса, жоғарыда айтылған пікір нақ сондай қисынды нәрсе. Әлденендей бір құбылыс ақыр-аяғында өзінің меншікті себебін жоюы мүмкін деу — процент нарқының жоғары болуын жаны сүйетін өсімқор үшін ғана логикалық сандырақ. Римдіктердің күш-қуаты олардың басқыншылығына себеп болды, ал бұл басқыншылық олардың күш-қуатын жойды. Байлық — сән-салтанат себебі, ал сән-салтанат байлықты қиратушы ретінде әрекет етеді. Неткен зымиян! Миллионердің, осынау dunghill aristocrat\* «логикасы» бүкіл Англияға дарытқан ізетшілдік осы заманғы буржуазиялық дүниенің кешелігін айна-қатесіз дәл сипаттайды. Дегенмен, егер пайданың жоғары нормасы және кәсіпорындардың кеңейтілуі процент нарқын жоғарылатқан себептер болса, бұдан процент нарқының жоғарылығы — көтеріңкі пайданың себебі деген ұғым әсте туа қоймайды. Осы жоғары процент (дағдарыстың іс жүзінде көрсеткеніндей) тиянақтай алмады ма, әлде пайданың жоғары нормасынан дәнеңе де қалмағаннан кейінгі жерде ол шырқау биік шегіне жетіп көтерілмеді ме, мәселе міне осында болып отыр.

(3718.) «Проценттің есептегі нарқының едәуір артатынын алатын болсақ, бұл жағдай тек қана капитал құнының молаюынан келіп шығады, ал капитал құнының молайған себебін, менің ойымша, әркім-ақ айдан анық ашып көрсете алады. Банк актісі күшінде болған 13 жылдың ішінде Англия саудасының 45 миллион фунт стерлингтен 120 миллионға дейін өскенін мен жоғарыда айтып өткенмін. Осы қысқаша цифрлі мәліметтерде жатқан оқиғаның бәрін есіңізге түсіріп көріңіз; сауданың осылайша адам айтқысыз өркендеуіне себепкер болған, капитал жөніндегі ұшан-теңіз сұранысты еске түсіріңіз; ақырында, осы қыруар сұранысты өтейтін ұсыныстың табиғи көзінің, атап айтқанда елдің жыл сайынғы жинаған қаржысының соңғы үш-төрт жыл ішінде пайда келтірмейтін соғыс шығындарына жұмсалғанын еске түсіріңіз. Шынымды айтайын, мен проценттің бұдан да жоғары көтерілмегеніне қайран қалдым, яғни, басқаша айтқанда, осындай ұшан-теңіз операциялардың нәтижесінде капитал алу қиыншылығының өзіңіз байқап көрген шамадан көбейе түспегеніне қайранмын».

\* — көң-қорда ақсүйегінің. *Ред.*

Біздің өсімқор логиктің сөзді сапырылыстыруы қандай тамаша десеңізші! Ол өзінің құны өскен капиталымен тағы да шыға келді! Тәрізі, ол: бір жақта ұдайы өндіріс процесі осылайша ғаламат ұлғаюмен болды, демек, нағыз капитал қорланып жатты, ал екінші жақта сауданы осылайша ғаламат өршіту ниетінен «ұшан-теңіз сұраныс» туғызған «капитал» болды деп ойлайтын сияқты! Ал өндірістің осылайша қарыштап өсуі капиталдың нақты өсуі болған жоқ па, мұның өзі сұранысты туғыза отырып, сонымен бірге ақша капиталы жөніндегі ұсынысты да, тіпті өскелең ұсынысты да туғызған жоқ па? Егер процент нарқы өте жоғары көтерілген болса, оның бір ғана себебі, ақша капиталына деген сұраныс ұсыныстан да шапшаң өсті ғой, басқаша айтқанда, өнеркәсіп өндірісінің ұлғаюымен қатар оны кредит системасы негізінде жүргізу ісі де ұлғайды ғой. Екінші сөзбен айтқанда, өнеркәсіптің шын ұлғаюы «қарыз» жөніндегі сұранысты күшейтті, ал бұл сұраныс, сірә, біздің банкирдің «капитал жөніндегі ұшан-теңіз сұраныс» деп отырғаны болуға тиіс. Экспорттық сауданы 45 миллионнан 120 миллионға дейін арттырған нәрсесі, әрине, жәй сұраныстың көбеюі емес. Ал бұдан кейін елдің Қырым соғысы жалмап кеткен жыл сайынғы жинаған қаржысы осы мол сұранысқа сай ұсыныстың табиғи көзі болады дегенде Оверстонның ойға түйгені не? Біріншіден, кіші-гірім Қырым соғысынан мүлде өзгеше болған 1792—1815 жылдардағы соғыс кезінде Англия ненің көмегімен қор жинады? Екіншіден, егер табиғи көз таусылған болса, онда капиталдың шығатын көзі қайсы? Жұртқа мәлім, Англия басқа ұлттардан қарыз алып көрген емес. Ал егер табиғи көзбен қатар жасанды көз де бар болса, онда табиғи көзді соғыс үшін, жасанды көзді сауда ісіне пайдалану елге ең ұнамды әдіс болар еді ғой. Егер қолда бары ескі ақша капиталы ғана болған болса, ол процент нарқының жоғарылығы арқасында өзінің тиімділігін екі есе арттыра алмайды ғой? Оверстон мырза, сірә, елдің жыл сайынғы жинаған қаржысы (бірақ бұл ретте, тәрізі, жұмсалып кеткен қаржы) тек қана ақша капиталына айналады деп ойлайтын болуы керек. Ал егер шын қор жинау жүргізілмейтін болса, яғни өндіріс өрге басып, өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшері көбеймейтін болса, онда ақша формасындағы борышқорлық тілектерді жинаудан осы өндіріске келер не пайда бар?

Пайда нормасының жоғары болуы себепті «капитал құнын» артуын Оверстон ақша капиталына деген сұраныстың күшейген кезіндегі артуымен шатастырып отыр. Бұл сұраныстың пайда нормасына мүлде байланыссыз себептермен өсуі мүмкін. Оверстонның өзі 1847 жылы нақты капиталдың

құнсыздануы салдарынан бұл сұраныстың күшейіп кеткені жөнінде мысал келтіреді. Өзіне қолайлы келуіне қарай, ол капитал құнын біресе нақты капиталға, біресе ақша капиталына жатқызады.

Біздің банк лордының арам ниеттілігі, сондай-ақ оның ежіктей түсіп отырған банкирлік көзқарасының тайыздығы тағы да мынадан байқалады:

(3728. Сұрақ:) «Сіз есептегі нарықтың көпес үшін елеулі маңызы жоқ деп ойлаймын дедіңіз; сіз пайданың дағдылы нормасы дегеніңіздің не екенін айтып бермес пе екенсіз?»

Оверстон мырза бұл сұраққа жауап беру «мүмкін емес» деп біледі.

(3729.) «Айталық, пайданың орташа нормасы 7—10%; бұлай болған күнде есептегі нарықтың 2 проценттен 7 немесе 8 процентке дейін өзгеруі пайда нормасына айтарлықтай әсер етуге тиіс, рас емес пе?»

(Сұрақ қоюшы кәсіпкерлік табыстың нормасын пайданың нормасымен шатастырып отыр және пайда нормасы процент пен кәсіпкерлік табыстың жалпы көзі болып табылатынын естен шығарып отыр. Процент нормасы пайда нормасын өзгеріссіз қалдыра алады, бірақ кәсіпкерлік табысты өзгеріссіз қалдыра алмайды. Оверстон былай деп жауап береді):

«Біріншіден, коммерсанттар өз пайдаларының едәуір бөлегін алып кететін есеп нарқын төлей қоймайды; бұл жағдайда олар өз істерін тоқтатқанды жөн көреді».

(Әрине, егер олар бұдан зиян шекпейтін болса, осылай етеді. Пайдалары жоғары болып тұрғанда, олар дисконт төлей береді, өйткені оларға керегінің өзі де сол; ал пайда төмен екен, олар бұл жағдайда да төлемей қоймайды, өйткені төлеуге мәжбүр.)

«Дисконт деген не? Вексельді неліктен басқа біреу есепке алады?... Өйткені оның көбірек капитал алғысы келеді».

(Тоқтай қал! Өйткені ол өзінің мықтап орналасқан капиталының ақшалай түрде қайтып оралатынын алдын ала біліп отырғысы және өз ісінде тоқырау болуынан құтылғысы келеді. Өйткені ол мерзімді төлемдердің орнын жабуға тиіс. Жұмысы жақсы жүріп жатқанда ғана ол капиталдың көбеюін талап етеді, немесе, егер ол өзгелердің капиталымен алыпсатарлық істеп отырған болса, онда ісі нашарлаған күнде де, ол осыны тілейді. Дисконттау дегеніміз тек қана іс шеңберін кеңейтудің құралы емес.)

«Нәліктен ол өз карамағына көбірек капитал алғысы келеді? Өйткені ол осы капиталды іске пайдаланғысы келеді; ал нәліктен ол капиталды пайдаланғысы келеді? Өйткені бұл өте тиімді, бірақ та егер дисконт оның пайдасын жеп қоятын болса, онда бұл оған тиімді болмас еді».

Бұл білгішсінген логик: вексельдер тек іс әрекетін кеңейту үшін ғана есепке алынады және пайдалы болғандықтан да іс шеңбері кеңейеді, деп ойлайды. Алғашқы болжам жалған. Қәдімгі кәсіпкер өз капиталының ақшалай түрі кері қайтуын, сөйтіп ұлғаймалы өндіріс процесінің үздіксіз жүруін сақтау үшін дисконттайды; ол мұны ісін алға бастыру немесе қосымша капитал табу үшін істемейді, қайта, өзі берген несиенің орнын алған несиелемен жабу үшін істейді. Егер ол өз ісін несиелемен кеңейтетін болса, онда вексельдерді есепке алу оған онша пайда бермейді, өйткені бұл есеп оның қолында тұрған ақшалай капиталдың бір формасын екінші формасына айналдыру ғана болып табылады; ол неғұрлым ұзақ мерзімге арналған тұрақты заем алуға шарт жасауды артық көреді. Ал оның бер жағында, кредит әккісі өз істерін кеңейту үшін, арамдықтың бірін екіншісімен бүркеу үшін өздерінің қола вексельдерін есепке алып отырады; ол мұны пайда табу үшін емес, өзгенің капиталын қолға түсіру үшін істейді.

Сонымен, дисконттауды қарызға қосымша капитал алумен (капитал болып табылатын вексельдерді қолма-қол ақшаға айналдырумен емес) бір деп сайып, Оверстон мырза, жұрт жағасынан ала түскенде, дереу бұға қалады.

(3730. Сұрақ:) «Іске бір кәнігіп алған көпестер проценттің уақытша көтерілгеніне қарамастан, өздерінің сауда-саттық әрекеттерін біраз уақыт жүргізе тұруға мәжбүр болмай ма?»— (Оверстон:) «Әлбетте, егер нендей бір алыс-беріс кезінде біреу проценттің жоғары нарқының орнына, неғұрлым төмен нарқымен капитал алған болса, онда осы өресі тар көзқарастың тұрғысынан алып қарағанда, бұл жағдай оған ұнамай қоймайды».

Оның есесіне Оверстон мырзаның көзқарасы қаншалықты шексіз жатыр десенші: ол кенеттен келіп, тек өзінің банкирлік капиталын ғана «капиталға» балайды да, өзіне барып, векселін есепке алғызған адамды капиталсыз адам деп есептейді, өйткені оның капиталы товар түрінде жатыр және бұл жағдайда капиталдың ақшалай түрі вексель болып табылады, сондықтан Оверстон мырза оны ақшаның басқа түріне айналдырады.

(3732.) «Банктің 1844 жылғы актіне байланысты сіз мынаны айта аласыз ба: банктің алтын қорына шаққанда, процент нарқының ара қатынасы шамамен қандай болды; банкте 9 немесе 10 миллионның алтыны жатқанда, процент нарқы 6% немесе 7% болғаны, ал алтын 16 миллион болған кезде процент нарқы шамамен 3—4% дәрежесінде болғаны рас па?» (Сұ-



рақ қоюшы оған процент нарқын түсіндіріп бер дейді, өйткені ол, банктегі алтынның санына, процент нарқына қарай белгіленеді ғой, өйткені ол капитал құнына қарай белгіленеді ғой) — «Бұлай деп мен айта алмаймын... бірақ солай болған күнде, менің ойымша, біз 1844 жылы қолданылған шаралардан анағұрлым қатаң шаралар қолдануға тиіс болған болар едік; өйткені алтын қоры неғұрлым көп болған сайын, процент нарқы соғұрлым төмен болса, онда біз, осы көзқарасқа сәйкес, іске білек сыбана кірісіп, алтын қорын сансыз көп сомаға жеткізуге тиіс болған болар едік, сонда біз процентті нөлге түсіре едік».

Сұрақ қойған Кейли бұл қуақылыққа ешбір қысыла қойған жоқ, пікірін жалғастыра берді:

(3733.) «Солай-ақ болсын, 5 миллионның алтыны банкке қайтарылды делік, бұл жағдайда таяудағы алты айдың ішінде алтын қоры 16 миллион ф. ст. шамасында болар еді, осының арқасында процент нарқы 3%-ке немесе 4%-ке дейін төмендеді делік, — онда процент нарқының төмендеуі іс әрекетінің едәуір азаюынан болды деп айтуға болар ма еді?» — Мен процент нарқының төмендеуі емес, қайта, оның жақында болған едәуір артуы іс әрекетінің едәуір кеңеюімен тығыз байланысты болды дедім».

Бірақ Кейли былай деп отыр: егер алтын қорының азаюымен бірге процент нарқының өсуі іс әрекеті кеңеюінің көрсеткіші болса, онда бұл жағдайда алтын қорының көбеюімен бірге процент нарқының төмендеуі іс әрекеті қысқаруының көрсеткіші болса керек еді ғой. Оверстон бұған ешқандай жауап бере алмайды.

(3736. Сұрақ:) «Сіздің» (тексте үнемі *Your Lordshir\**) «ақша — капитал алу құралы дегеніңіз менің есімде:». (Оны капитал алу құралы деп есептеу қаншалықты қисынсыздық десеңізші; ақша — капиталдың бір формасы) «Алтын қоры» (Ағылшын банкінің) «азайған кезде ең үлкен қиындық капиталистердің ақша таба алмай сандалуында емес пе?» — (Оверстон:) «Жоқ, капиталистер ақша табуға ұмтылмайды, — ақша іздеушілер — капиталистер емес. Неліктен дейсіз ғой?.. Өйткені олар ақша арқылы капиталистердің капиталын өз қарамағына алады, сөйтіп капиталист емес адамдардың ісін жүргізеді».

Бұл арада ол нақ былай деп түсіндіріп отыр: фабриканттар мен көпестер — капиталист емес; тек ақшалай капитал ғана — капиталистің капиталы.

(3737.) «Вексель жазып беруші адамдар капиталист емес пе?» — «Вексель жазып беруші адамдардың капиталист болуы да, болмауы да мүмкін».

Бұл жерде ол мықтап ұсталды.

Оған: көпестердің вексельдері олардың сатқан немесе басқа жаққа жөнелтілген товарларының орнына жүре ме, жүрмей ме, — деген сұрақ қойылып отыр. Банкноттар —

\* — Жоғары мәртебелім. *Ред.*

алтын қандай болса, бұл вексельдер де товар құнының орнына тап сондай жүретінін Оверстон мойындамайды (3740, 3741). Неген арсыздық десеңізші!

(3742.) «Көпестің мақсаты — ақша алу емес пе?» — «Жок, вексель бергенде ақша алу мақсаты алға қойылмайды; ақша алу — вексельдерді есепке алғанда қойылатын мақсат».

Вексель беру — товарды кредит ақшаларының бір формасына айналдыру, ал вексельдерді есепке алу — осы кредит ақшаларын басқа ақшаға, атап айтқанда, банкнотқа айналдыру ғана. Вексельдерді есепке алудың мақсаты — ақша алу екеніне Оверстон мырза бұл арада қайткенмен де келісіп отыр. Бұдан бұрын ол тек қосымша капитал алу үшін ғана вексельдер есепке алынады, бірақ капиталдың бір формасын екінші бір формасына айналдыру үшін есепке алынбайды, — деген-ді.

(3743.) «Сіздің сөзіңізге қарағанда, 1825, 1837 және 1839 жылдары болған үрейленушілік жағдайында сауда қауымының басты тілегі неде еді; іскер адамдар өз қарамағына капитал алуға немесе заңды төлем ақшаларын алуға тырыса ма?» — «Олар өз ісін онан әрі жүргізе беру үшін өз қарамағына капитал алуға ұмтылады».

Олардың мақсаты — кредит жеткіліксіз болып отырғандықтан, өз товарын [қалыпты] бағадан төмен сатуға мәжбүр болмау үшін, өздеріне қарсы қойылған мерзімді вексельдер бойынша төлем қаржыларын алу. Егер олардың өздерінде тегі капитал болмаса, онда олар төлем қаржыларымен бірге, әрине, капитал да алады, өйткені, олар эквивалентсіз құн алады. Нақты ақшаға деген сұраныс әрқашан да құнды товар формасынан немесе қарыз алу формасынан ақша формасына айналдыру ниетіне ғана әкеліп соғады. Міне, сондықтан да, дағдарыстарды былай қойғанның өзінде, қарызға капитал беру мен вексельдерді есепке алудың арасында үлкен айырмашылық бар; мұның соңғысы ақша талап етуді бір түрден екінші түрге немесе шын ақшаға айналдыруды ғана жүзеге асырады.

{Мен — редактормын — бұл жерде мына бір ескертпені қоса айтуды жөн көрдім.

Лойд-Оверстон сияқты, Норманның пікірінше, банкир әрқашан да «қарызға капитал беруші» адам да, оның клиенті — одан «капитал» талап етуші адам. Сөйтіп, Оверстонның айтуына қарағанда, кім болса, ол болсын, әйтеуір, сол адам банкир арқылы векселін есепке алады, «өйткені ол *капитал* алғысы келеді» (3729), егер ол «төмен проценттердің есебінен өз *қарамағына капитал* ала алса» (3730), онда мұның өзі

элгі адамға өте тиімді. «Ақша — капитал алудың құралы» (3736), ал үрей туа қалғанда, сауда қауымының басты ниеті «өз қарамағына капитал алу» (3743) болады. Лойд-Оверстон капитал дегеннің не екенін қанша бытыстырғанымен, сонда да оның сөзінен мына бір жай айқын көрінеді: банкирдің іскер клиентіне бергенін ол капитал деп атайды; бұл клиентте бұрын ол болмаған және оның қолындағы бұрынғы барына қосымша, қарызға беріліп отыр.

Қоғамдық капиталдың бос тұрған ақшалай формасын қарыз формасында бөліп беруші ретінде көрінуге банкирдің әбден үйреніп алғаны соншалық, тіпті оның ақша берген сайынғы әр қадамы оған қарыз бергені сияқты болып көрініп тұрады. Төленіп жатқан күллі ақшаны ол қарыз бердім деп есептейді. Егер банкир ақшаны тікелей қарыз беруге жұмса-са, онда бұл сөзбе-сөз мағынада дұрыс-ақ. Егер ол ақшаны вексельдерді есепке алуға төлеп жатса, онда бұл шындығында оның өзі үшін вексель мерзімі толғанға дейін берілген қарыз болып табылады. Сонымен, банкир мынаған кәміл сеніп алады: ол қарыз болып есептелмейтін бірде-бір төлем жасай алмайды. Қарыз болғанда да тек мына мағынадағы ғана қарыз емес: процент немесе пайда алу мақсатымен ақша ауыстырудың қай-қайсысы болсын, экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, қарыз деп қаралады, бұл қарызды ақшаның тиісті несі бөгде адам ретінде өзіне-өзі кәсіпкерлер ретінде береді. Оған ең керекті мына мағынадағы қарыз: банкир клиентіне белгілі бір соманы қарызға береді де, оның қарамағындағы капитал сол сомаға көбейеді.

Банкирлік кеңседен саяси экономияға көшірілген нақ осы ұғым әңгімені бытыстыратын мына бір даулы мәселені туғызды: банкирдің өз клиентіне қолма-қол ақшалай беретіні капитал ма немесе тек қана ақша, айналыс қаржысы, сигпенсу ма? Бұл даулы мәселені — шынына келгенде жәй бір мәселені — шешу үшін біз банктің клиенті тұрғысынан қарауымыз керек. Мұндағы күллі істің тетігі олардың не сұрап, не алатынында.

Егер банк өзінің клиентіне жеке кредит ашып, ешбір қамтамасыз етуді талап етпей-ақ қарыз беруге келіссе, онда істің мәні анық. Мұнда клиент құн көлемі жағынан белгілі бір мөлшерде қарыз алатыны сөзсіз, бұл оның бұрынғы капиталына қосымша ретінде алынады. Ол қарызды ақша түрінде алады, олай болса, тек қана ақша алып қоймайды, сонымен бірге ақшалай капитал да алады.

Егер ол бағалы қағаздарын, т. б. кепілдемеге салып, қарыз алса, онда бұл оған ақшаны қайта төлеуді шарт етіп берген күнде ғана қарыз болады. Бірақ бұл капитал қарызы

емес. Өйткені бағалы қағаздардың өзі де капитал ғой және оның сомасы қарыздан көбірек. Олай болса, қарыз алушы кепілдемеге бергенінен кем капитал құнын алады; мұндай операция ол үшін әсте де қосымша капитал алғандық болып табылмайды. Ол бұл алыс-берісті өзіне капитал керек болғандықтан жасамайды, — оның бағалы қағаздар түрінде капиталы бұрыннан-ақ бар, — ақша керек болғандықтан жасайды. Олай болса, бұл арада қарызға *ақша* беру бар да, капитал беру жоқ.

Егер қарызды вексельдерді есепке алу түрінде берсе, онда қарыз *формасы* жойылады. Бұл жай ғана сату мен сатып алу. Бір қолдан екінші қолға өткенді жазып қою арқылы вексель банктің меншігіне, ал ақша — клиенттің меншігіне айналады; оның тарапынан ақшаны қайтарып беру туралы сөз де болмайды. Егер клиент қолма-қол ақшаны вексельге немесе кредиттің басқа бір құралына сатып алса, онда мұның тап мынадай қарыздан артық та, кем де болмағаны: ол қолма-қол ақшаны басқа бір товарға — мақтаға, темірге, астыққа сатып алған сияқты болады. Мұнда *капитал* қарызы туралы әңгіме жоқтың қасы. Саудагерлер арасындағы қандай болмасын сату мен сатып алу капитал алмасу болып табылады. Ал қарызға келетін болсақ, ол капитал алмасы өзара жасалмай, біржақты және белгілі бір мерзімге жасалған жерде ғана беріледі. Сондықтан вексельдерді есепке алып, қарызға капитал беру тек мынадай жерде ғана болуы мүмкін: мұнда вексель — сатылған товардың орнына әсте де жүре алмайтын қола вексель есепке алынады, оны ешбір банкир алмайды, өйткені ол мұның пендей вексель екенін біледі. Олай болса, кәдімгі есепті алыс-берісте банк клиенті капиталдай да, ақшалай да ешбір қарыз алмайды; ол сатылған товарға ақша алады.

Сонымен, клиенттің банктен капитал талап етіп алған жағдайларынан оның қарыз ақша алғандағысынан немесе ақша сатып алғандағысынан айырмашылығы айқын көрініп тұрады. Лойд-Оверстон мырзаның нақ өзі әдетте өте сирек жағдайларда ғана өз қорларын кепілдемесіз қарызға беретін болғандықтан (ол менің Манчестердегі фирмамның<sup>116</sup> банкирі болған-ды), онда мынау да соншалықты айқын нәрсе: капиталға мұқтаж фабриканттарға ақкөңіл банкирлер қарызға беретін капитал мөлшері туралы оның әдемі сөздері — шыпшылғы өтірік.

Басқаны былай қойғанда, XXXII тарауда Маркс түптеп келгенде нақ осыны айтып отыр: «Көпестер мен өндіріс иелері сенімді кепілдеме бере алатын болғандықтан, төлем қаржыларына деген сұраныс *ақшаға айналдыруға болатын* нәрсеге

деген сұраныс болып табылады; ал бұл жоқ болғандықтан, олай болса, төлем қаржыларын қарызға алу капиталистерге *ақша формасын* ғана емес, сондай-ақ олардың төлеміне жетпей тұрған нендей бір формадағы *эквивалент* беретіндіктен, төлем қаржыларына деген сұраныс ақша капиталына деген сұраныс болып саналады.— Бұдан кейін XXXIII тарауда былай делінген: «Дамыған кредит тұсында, ақша банктердің қолына жиналған кезде, олар, *номиналды түрде болса да*, қарызға ақша береді. Мұндай қарыз айналымда жүрген ақшаны ғана қамтиды. Мұның өзі — *айналым қаржыларын* қарызға беру, бірақ осы қаржылардың көмегімен айналатын капиталдарды қарызға беру емес».— Бұл жайды білуге тиісті Чапмен мырза да есеп операцияларының жоғарыда келтірілгендей түсіндірмесін растайды:

«В. С.» 1857: «Банкирдің вексели бар, банкир *вексель сатып алды*. Жауаптар. 5139-сұрақ.

Әйтсе де, біз бұл тақырыпқа XXVIII тарауда\* қайта ораламыз.— Ф. Э.}

(3744.)— «Сіз капитал деп шынында нені түсінетініңізді сипаттап бермес пе екенсіз?»— (Оверстонның жауабы:) «Капитал әр түрлі товарлардан тұрады, бұлар арқылы іс жүргізіледі (capital consists of various commodities, by the means of which trade is carried on); негізгі капитал бар да, айналымды капитал бар. Сіздің кемелеріңіз, сіздің докторыңыз, сіздің верфтеріңіз...— негізгі капитал; сіздің азық-түлігіңіз, сіздің киім-кешегіңіз т. б. айналымды капитал».

(3745.) «Алтынның шет елдерге шығуының Англия үшін зиянды зардаптары бар ма?»— «Егер бұл сөздің ақылға қонымды мәні болса, онда жоқ». (Бұл арада ақшаның Рикардо шығарған ескі теориясы аңғарылады)... «Істің табиғи барысында дүние жүзілік ақшалар әр түрлі елдер арасында белгілі бір пропорциялармен бөлінеді; бұл пропорциялар мынадай: бұлайша бөлінгенде» (ақша) «бір жағынан, нендей де болса, бір елдің және екінші жағынан, дүние жүзінің барлық басқа елдерінің арасындағы қарым-қатынас жай айырбас болып табылады; бірақ бұл бәліске оқтын-оқтын әсер етіп отыратын ауытқулар болады; мұндайлар пайда болатындықтан, осы елдің біраз ақшасы басқа елдерге шығады».— (3746.) «Сіз енді ақша деген сөзді қолданып отырсыз. Егер бұрын мен сіздің айтқаныңызды дұрыс түсінген болсам, сіз мұны капитал жоғалту деп атаған едіңіз».— «Капитал жоғалту деп мен нені атадым?»— (3747.) «Алтынның шетке шығуы».— «Жоқ, мен олай дегенім жоқ. Егер сіз алтынды капитал ретінде қолдансаңыз, онда, сөз жоқ, бұл капитал жоғалту болады; мұның өзі дүние жүзілік ақшаны құрайтын қасиетті металдың белгілі бір бөлегін бергендік болады».— (3748.) «Сіз бұрын: есепке алу нарқының өзгеруі — капитал құны өзгергендігінің қарапайым көрсеткіші демеп пе едіңіз?»— «Иә, солай». (3749.) «Ағылшын банкінің алтын қоры өзгеруіне байланысты, есепке алу нарқы жалпы өзгереді демеп пе едіңіз?»— «Иә; бірақ мен: ақша санының өзгеруінен туатын процент нарқының ауытқуы

\* — Осы томның 490—492-беттерін қараңыз. *Ред.*

дедім ғой» (олай болса, бұл арада ол шын алтынның санын айтып отыр), «кел ішінде ол тым аз...»

(3750.) «Сонымен, сіз: есепке алу процентінің артуы әдеттегі нормадан жоғары, анағұрлым ұзақ мерзімді, дегенмен, сонда да тек уақытша ғана болғандықтан, капиталдың азаюы орын тепті дегіңіз келеді ғой, солай ма?»— «Сөздің белгілі бір мағынасындағы азаю. Капитал мен капиталға деген сұраныстың ара салмағы өзгереді; бірақ бұл капитал санының азаюы салдарынан емес, сұраныстың көбеюі салдарынан болса керек».

(Алайда жаңада ғана капитал ақшаға немесе алтынға теңелген еді ғой, ал одан сәл ілгеріректе процент нарқының өсуі коммерциялық әрекеттің немесе капиталдың қысқаруынан емес, ұлғаюынан туған пайда нормасының әлі жоғары қалпында тұрғандығынан деп түсіндірілген-ді.

(3751.) «Бұл арада сіз қандай капиталды арнайы айтып отырсыз?»— «Әрбір жеке адамға қандай капитал керек болса, бұл түп-түгел соған байланысты. Өз жұмысын жүргізу үшін ұлттың қолында қандай болса, бұл нақ сол капитал; егер бұл жұмыс екі есе көбейсе, оны одан әрі жүргізе беруге қажетті капиталға деген сұраныс зор көлемде арта түседі».

(Бұл айлакер банкир алдымен жұмысты екі есе көбейтіп алады да, оның ізінше — сол екі есе көбейгенге керекті капиталға деген сұранысты арттырады. Өз жұмысын екі есе көбейту үшін Лойд мырзадан капиталды көбірек талап ететін клиенті ғана әрқашанда оның көз алдында тұрады.)

«Неңдей бір басқа товар қандай болса, капитал да сондай» (бірақта, Лойд мырзаның пікірінше, капитал — тек қана товарлардың жиынтығы); «сұраныс пен ұсынысқа қарай, оның бағасы өзгереді» (олай болса, товарлардың бағасы екі рет — бір рет товар ретінде, екінші рет капитал ретінде өзгереді).

(3752.) «Есепке алу нарқының жалпы ауытқуы Банк қоймаларындағы алтын қорының ауытқуына байланысты болады. Сіздің айтып отырғаныңыз осы капитал ма?»— «Жоқ».— (3753.) «Ағылшын банкінде капиталдың мол қоры жиналған кезде және сонымен қатар есепке алу нарқының жоғары болғаны жайында мысал келтіре аласыз ба?»— «Ағылшын банкінде капитал емес, ақша жиналады».— (3754.) «Сіз процент нарқы капитал санына байлашысты деп көрсеттіңіз; сіз енді мынаны айтып бере алмас па едіңіз: осы айтып отырғаныңыз қандай капитал және де Банкте алтынның мол қоры болуымен қатар, процент нарқының жоғары қалпында тұрғаны жөнінде мысал келтіре алмайсыз ба?»— «Банкте алтынның жиналуы процент нарқының төмен болуымен тұстас келуі әбден мүмкін» (e-e!), «өйткені капиталға» (әлбетте, ақша капиталына; бұл жерде сөз болып отырған кезең, 1844 және 1845 жылдар, көркею кезеңі еді) деген сұраныс бәсеңшакта, «әрине, капиталды баурап алуға керекті күш немесе құрал жинауға болады».— (3755.) «Олай болса, сіз есепке алу нарқы мен Банк қоймаларындағы алтынның саны арасында ешқандай байланыс жоқ деп ойлайсыз ғой?»— «Мұндай байланыстың болуы да мүмкін, болады да, бірақ оның принципті мәні жоқ» (алайда оның 1844 жылғы банктік акті процент нарқын өзінің карамағындағы алтынның санына қарай реттеп отыруды

Ағылшын банкінің нақты принципіне айналдырды); «бұл құбылыстар уақыт жағынан тұспа-тұс келуі мүмкін (there may be a coincidence of time)».— (3758.) «Олай болса, сіз: есепке алу нарқының жоғары болуы себепті ел ішінде ақша жеткіліксіз болған кезеңдерде көпестердің бұл арада көріп отырған қиындығы ақша алуда емес, капитал алуда болып табылады демексіз бе?»—«Сіз әр түрлі екі нәрсені шатастырып отырсыз, мен оларды бұл түрінде қоспаймын; қиындық капитал алуда, тап сол сияқты ақша алу да қиын... Ақша алу қиындығы және капитал алу қиындығы — байқалуының әр түрлі екі кезеңінде қаралып отырған баяғы бір қиындық».

Бұл арада жылпос тағы да мықтап ұсталды. Бірінші қиындық — вексельді есепке алғызу немесе товарды кепілдемеге салып, қарыз алу. Қиындық: капиталды немесе капитал құнының сауда знағын ақшаға айналдыруда. Ал оның бер жағында, бұл қиындық процент нарқының жоғарылығынан көрініп отыр. Ал ақша алынған болса, онда екінші қиындық неде? Егер әңгіме тек төлем жайында ғана болып отырса, онда өз ақшасынан құтылуды қиынсынатын бірде-бір кісі табыла ма? Ал егер әңгіме сатып алу жөнінде болса, онда дағдарыс кезінде белгілі бір товар сатып алуда қиындық көрген кім бар? Тіпті егер мұның өзі астық, мақта, т. б. қымбаттап кеткен ерекше жағдайға байланысты болды десек, онда бұл қиындық ақша капиталының құнынан, яғни процент нарқынан емес, товардың бағасынан ғана болады ғой, ал о қиындықтан мына бір ретте құтылып едік қой: қазір біздің кісіміздің қолында керекті товарын сатып алатын ақшасы бар.

(3760.) «Алайда есепке алу нарқының жоғары болуы ақша алу қиындығын арттырмай ма?»—«Ол ақша алу қиындығын арттырады, бірақ бұл иеленетін ақша емес, осы заманғы мәдениеттің күрделі жағдайларында капитал алудың барынша қиындай түскенін көрсететін форма ғана» (сөйтіп, осы форма банкірдің қалтасына пайда түсіреді).

(3763.) (Оверстонның жауабы:) «Банкір дегеніңіз — ол делдал, бір жағынан, аманаттарды қабылдайды, екінші жағынан, сол аманаттарды капитал формасында басқа адамдарға беріп, іске жаратады, ал олар т. т.»

Ақырында келіп, біз бұл арада оның нені капитал деп түсінетінін білдік. Ол ақшаны «басқа адамдарға» беріп, немесе, тұрпайылау айтқанда, — процентке қарызға беріп, капиталға айналдырады.

Мұның алдында: есепке алу нарқының өзгеруі іс жүзінде Банктің алтын қорының өзгеруімен немесе қолда бар ақшаның санымен байланысты болмайды, ал көбірек айтқанда уақыт жағынан тұстас келеді деп, Оверстон мырза мынаны қайталайды:

(3805.) «Егер сыртқа шығу салдарынан ел ішінде ақша аз қалса, оның құны артады, сөйтіп Ағылшын банкі ақшаның құнындағы бұл өзгеріске бейімделуге тиіс болады» (олай болса, капитал ретіндегі ақшаның құны

өзгеруіне, басқаша айтқанда, процент нарқының өзгеруіне бейімделуге тиіс болады, өйткені, *ақша ретіндегі* ақшаның құны, товарларға қарағанда, бұрынғы күйінде қалады). «Техника жағынан бұл былай бейнеленеді: Банк процент нарқын арттырады».

(3819.) «Мен бұларды бір-бірімен ешуақытта шатастырмаймын».

Яғни, ақша мен капиталды. Оның бұларды шатастырмайтындығының жәй ғана себебі: ол бұларды бір-бірінен ешуақытта ажыратпайды.

(3834.) «Елге қажет болған азық-түлік үшін» (1847 ж. астыққа) «төлеуге тура келген ірі сома *шынында да капитал еді*».

(3841.) «Есеп нарқының ауытқуы алтын қорының» (Ағылшын банкінің) «жайымен өте тығыз байланысты екені күмәнсіз, өйткені қордың жағдайы — ел ішіндегі ақша мөлшерінің көбейгендігінің немесе азайғандығының көрсеткіші; елдегі ақшаның мөлшері қаншалықты көбейсе немесе азайса, ақшаның құны қанша төмендесе, немесе артса, бұл да сондай пропорцияда болады, ал мұнымен банктің есепке алу нарқы үндесіп отырады».

Сонымен, Оверстон бұл арада өзінің № 3755 жауабында үзілді-кесілді жоққа шығарған нәрсесін мойындап отыр.

(3842.) «Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар».

Атап айтқанда, эмиссиялық бөлімшедегі алтынның саны мен банктік бөлімшедегі банкноталар қоры арасында. Бұл арада ол процент нарқының өзгеруін ақша санының өзгеруімен түсіндіреді. Соның өзінде ол жалған айтады. Қорлардың азаюы мүмкін, өйткені ел ішінде айналып жүрген ақшаның саны көбейді. Мұндай жағдай мына ретте болады: жұрт банкноталарды көп алады да, металл қоры азаймайды. Бірақ онда процент нарқы артады, өйткені бұл жағдайда Ағылшын банкінің банк капиталына 1844 жылғы заң бойынша<sup>117</sup> шек қойылған. Бірақ ол мұны айтпауы керек, себебі — әлгі заң бойынша банктің екі бөлімшесі де жұмысты дербес жүргізеді.

(3859.) «Пайда нормасының жоғары болуы әрқашан да капиталға деген сұранысты күшейтеді; капиталға деген сұраныстың күшеюі оның құнын арттырады».

Оверстонның ойынша, сайып келгенде, пайданың жоғары нормасы мен капиталға деген сұраныстың арасындағы байланыс осындай. Ал оның бер жағында, 1844—1845 жылдары, мәселен, мақта-мата өнеркәсібінде пайда нормасы жоғары болды, өйткені мақта-мата бұйымдарына деген сұраныстың күшті кезінде шитті мақта арзан болды және сол арзан күйінде қалды. Олай болса, капитал құны (ал Оверстонның бұдан бұрын берген анықтамасы бойынша, капитал — әр кімге өз ісі үшін керек нәрсе), бұл жағдайда шитті мақта құны фаб-



рикант үшін жоғарылаған жоқ. Пайданың жоғары нормасы қайсы бір мақта-мата фабрикантын өз ісін кеңейту үшін қарызға ақша алуға итермеледі делік. Бұл жағдайда *ақша* капиталына деген сұраныс артар еді де, бұдан артық ештеңе болмас еді.

(3889.) «Қағаздың банкнот болуы да, болмауы да мүмкін болатыны сияқты, алтынның да ақша болуы да, болмауы да мүмкін».

(3896.) «Егер мен сізді дұрыс түсінген болсам, онда сіз 1840 жылы айтқан дәлелдемелеріңізден бас тартып отырсыз; сіз онда: Ағылшын банкінің айналымда жүрген банкноталары санының ауытқуы алтын қоры сомасының ауытқуынан кейін болады дегенсіз». — «Біздің біліміміздің қазіргі дәрежесінде біз айналымда жүрген банкноталарға Ағылшын банкінің банктік қорында жатқан банкноталарды да қосуға қаншалықты тиісті болсақ, мен ол айтқанымнан соншалықты бас тартамын...».

Тым тамаша. Банк өз қоймаларында қанша алтын болса, сонша банкнота және оған қосымша тағы да 14 миллион ф. ст. банкнота басып шығара алады деп сырттай белгілеу, әрине, мынаны көрсетеді: алтын қорының ауытқуымен бірге Банктің банкнота шығаруы да ауытқиды. Алайда «біздің біліміміздің қазіргі дәрежесі» мынаны айқын көрсеткендіктен: Банктің заң бойынша шығаруға правосы бар банкноталарының саны (және де эмиссия бөлімшесі банк бөлімшесіне беретін банкноталарының саны), — алтын қорының өзгеруіне байланысты ауытқып отыратын Ағылшын банкінің екі бөлімшесі арасындағы бұл айналыс Ағылшын банкінен тыс жерлердегі банкнота айналысының ауытқуына ықпал жасай алмайтындықтан, Банк әкімшілігі үшін бұл соңғы, шын айналыстың енді мәні болмай қалады, сөйтіп Банктің екі бөлімшесі арасындағы айналыстың ғана шешуші мәні болады, мұның шын айналыстан өзгешелігі қордан байқалады. Қазіргі дүние үшін бұл айналыстың маңызы тек мынада ғана: банкнота шығарудың заң жүзінде тағайындалған максимумына Банктің қаншалықты жақындағанын және Банк клиенттерінің банк бөлімшесінен әлі де болса қаншалықты көп алуына болатынын қор көрсетеді.

Оверстонның *mala fides*\* мына бір тамаша мысалдан көруге болады:

(4243.) «Сіздің ойыңызша, капитал саны айдан-айға ауытқи отырып, соның салдарынан оның құны есепке алу нарқының ауытқуында соңғы жылдары байқалып отырғандай дәрежеде өзгере ала ма?» — «Қапиталға деген сұраныс пен ұсыныстың ара салмағы тіпті қысқа мерзімнің ішінде де өзгеруі мүмкін екені күмәнсіз... Егер Франция ертең-ақ ірі заем шығарғысы келетінін мәлімдесе, онда мұның өзі Англияда *ақша құнының*, яғни *капитал құнының* дереу өзгеруін туғызатыны сөзсіз.

\* — ұятсыздығын. *Ред.*

(4245.) «Егер Франция нендей бір мақсат үшін өзіне бірден 30 миллионның товары керек болатынын білдірсе, онда анағұрлым ғылыми және қарапайым сөзбен айтқанда, *капиталға* деген күшті сұраныс пайда болады».

(4246.) «Франция өз заемы арқылы сатып алғысы келетін *капитал*,— ол *бір* басқа; Францияны оны сатып алатын *ақшасы*,— *екінші* нәрсе; сонда өзінің құнын өзгертетін не нәрсе — *ақша* ма, әлде жоқ па?»— «Біз ескі мәселеге қайта оралып келеміз, сондықтан мен бұл мәселені осы комитеттің мәжіліс залынан гөрі, ғалымның кабинетіне анағұрлым лайықты ғой деп ойлаймын».

Осы сөздерді айтып, ол шығып кетті, бірақ ғалымның кабинетіне барған жоқ<sup>84</sup>).

---

<sup>84</sup>) Капитал мәселесінде Оверстон ұғымындағы шатасушылық туралы бұдан былайғы ескертпелер XXXII тараудың аяғында берілген [Ф. Э.].

## ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## КАПИТАЛИСТІК ӨНДІРІСТЕГІ КРЕДИТТІҢ РОЛІ

Кредит жайында біздің бұған дейін айтқан жалпы ескертпелеріміздің мәнісі мынада:

I. Кредит қорын жасау пайда нормасының теңелуіне немесе осы теңелу процесіне дәнекер болу үшін қажет; бүкіл капиталистік өндіріс осыған негізделген.

II. Айналыс шығындары азайтылады.

1) Айналыс шығындарының басты статьяларының бірі ақшаның өзі болып табылады, өйткені оның өз құны бар. Кредит арқылы ақшаны үнемдеу үш түрлі жолмен жүзеге асырылады.

A. Сауда-саттықтың едәуір бөлегі үшін ақшаның мүлде керегі жоқ.

B. Айналыс қаржысының айналысы шапшаңдайды<sup>85)</sup>. Кей ретте мұның өзі 2-пунктте айтылғалы отырған жайларға сай келеді. Бір жағынан, бұл шапшаңдау — техникалық шапшаңдау, яғни тұтынуға дәнекер болатын нағыз товар айналымдарының көлемі мен саны өзгермейтін жағдайда аз мөлшерлі ақша немесе ақша знактары бұрынғы қызметін атқара береді. Мұның өзі банк ісінің техникасына байланысты болады. Екінші жағынан, кредит товар құбылысының шапшаңдығын және сонымен бірге ақша айналысының шапшаңдығын арттырады.

<sup>85)</sup> «Француз банкісінің орта есеппен айналыста болған банкноты 1812 ж. 106 538 000 франк болды, 1818 ж.— 101 205 000 франк болды; ал ақша айналысы, барлық түсімдер мен төлемдердің жалпы сомасы 1812 ж. 2 837 712 000 франк, 1818 ж.— 9 665 030 000 франк болды. Демек, 1818 ж. Франциядағы ақша айналысы 1812 жылғы ақша айналысына қарағанда 3 : 1 қатынасында болды. Айналыстың шапшаңдығын реттеуші ұлы күш — кредит... Ақша рыногына жасалатын күшті қысымның әдетте айналыс көздерінің бітелуімен тұспа-тұс келіп отыратынының себебі міне осында» („The Currency Theory Reviewed etc.“, p. 65).— «1833 ж. сентябрь мен 1843 ж. сентябрь аралығында Ұлы британияда өз банкноттарын шығаратын 300-дей банк пайда болды; осы себепті айналыстағы банкноттар 2½ миллион кеміді; 1833 ж. сентябрьдің аяғында ол 36 035 244 ф. ст. болса, 1843 ж. сентябрьдің аяғында: 33 518 544 ф. ст., болды» (бұл да сонда, 53 бет).— «Шотландияда айналыстың таңғажайып шапшаңдығы сондай, мұнда ол 100 ф. ст. көмегімен Англияда 420 ф. ст. жұмсауды керек ететін көлемдегі ақша сауда-саттығын жасауға мүмкіндік береді» (бұл да сонда, 55-бет. Соңғы мысал операцияның тек техникалық жағына қатысты).

С. Алтын ақшаның орнына қағаз ақша қолданылады.

2) Айналыстың жеке фазалары немесе товар құбылысы, одан соң капитал құбылысы кредит арқылы тездетіледі, сонымен бірге жалпы алғанда ұдайы өндіріс процесі де тездетіледі. (Екінші жағынан, кредит сатып алу және сату әрекеттерін бір-бірінен ұзақ мерзімге алшақтатады, сөйтіп жалдаптықтың негізі болады.) Резервтегі қорлардың азаюы, мұның өзін екі тұрғыдан алып қарауға: біріншіден, айналыста жүрген айналыс қаржысының кемуі деп, екіншіден, — капиталдың әрқашанда ақша түрінде болуға тиісті бөлегінің азаюы деп қарауға болады <sup>86)</sup>.

III. Акционерлік қоғамдар құрылады. Мұның нәтижесінде:

1) Өндіріс көлемі мейлінше ұлғаяды және жеке капиталдың күші жетпейтін кәсіпорындар пайда болады. Сонымен бірге бұрын үкімет қолында болған кәсіпорындар қоғамдық кәсіпорындарға айналады.

2) Жеке алғанда қоғамдық өндіріс тәсіліне негізделген және өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмысшы күшінің қоғамдық түрде шоғырлануын көздейтін капитал бұл арада тікелей қоғамдық капиталға (тікелей бірлескен жеке адамдардың капиталына) айналып, жеке меншікті капиталға қарама-қарсы тұрады, ал оның кәсіпорындары жеке меншікті кәсіпорындарға қарама-қарсы қоғамдық кәсіпорындар ретінде көрінеді. Бұл — капиталистік өндіріс тәсілінің өз шеңберінде капиталдың жеке меншік ретінде жойылуы.

3) Шын мәнісінде қызмет етуші капиталист өзгенің капиталдарын билейтін жай басқарушыға айналады, ал капитал иелері — таза меншік иелеріне — таза ақшалы капиталистерге айналады. Егер тіпті олардың алатын дивидендтеріне процент пен кәсіпкерлік табыс, яғни бүкіл пайда енгеннің өзінде (өйткені басқарушы ұстау дегеніміз белгілі бір дәрежедегі мамандық еңбек үшін төленетін жай ғана жалақы болып табылады немесе солай болуға тиіс; оның бағасы қандай да болсын басқа еңбектің бағасы сияқты жұмыс рыногында реттеледі), осы пайданың күллісі тек процент түрінде, яғни капитал меншігі үшін төленетін жай ақы ретінде ғана алынады, сөйтіп, ол меншік ұдайы өндірістің шын процесіндегі қызметінен мүлде бөлінеді, бөлінгенде басқарушы атқаратын бұл қызметтің капитал меншігінен бөлінгені сияқты бөлінеді. Сонымен, пайда өзгенің қосымша еңбегін жай ғана иемдену ретінде көрінеді (енді пайданың қарыз берушінің пайдасынан келіп туатын бір бөлігі ғана көрініп қоймайды), ал бұл ием-

<sup>86)</sup> «Банкілер құрылғанға дейін айналыс қаржысының қызметін атқару үшін қажетті капитал сомасы шын мәнісіндегі товар айналысына қажетті сомадан әрқашанда көп болды». „Economist“, [15 март] 1845 ж., 238 бет.

дену өндіріс құрал-жабдықтарының капиталға айналуынан, яғни олардың шын мәнісіндегі өндірушілерден оқшаулануынан, бөтеннің жеке меншігі ретінде олардың өндіріске тікелей қатысуын басқарушыдан бастап, ең соңғы күндікшіге дейінгі барлық жеке адамдарға қарама-қарсылығынан туады. Акционерлік қоғамдарда қызмет атқару капиталды меншіктенушіліктен бөлектенген, олай болса, еңбек те өндіріс құрал-жабдықтары мен қосымша еңбекті меншіктенушіліктен мүлде бөлектенген болады. Бұл — капиталистік өндірістің жоғары дәрежеде дамуының нәтижесі, капиталдың өндірушілер меншігіне қайта айналуының қажетті өтпелі кезеңі, бірақ енді бір-бірінен бөлек өндірушілердің жеке меншігіне емес, біріккен өндірушілердің меншігіне, тікелей қоғамдық меншікке айналады. Екінші жағынан, акционерлік қоғамдар — бұған дейін капитал меншігімен әлі болса байланысты барлық қызметтердің ұдайы өндіріс процесінде біріккен өндірушілердің жай ғана қызметіне, қоғамдық қызметтерге айналуының өтпелі кезеңі.

Бұдан әрі әңгіме етуден бұрын экономикалық маңызы бар мына бір жайды да атап өтелік: бұл арада пайда таза процент түрін алатындықтан мұндай кәсіпорындар тіпті олар тек қана процент келтіретін жағдайда да мүмкін болады; ал пайданың жалпы нормасының төмендеуін іркіп отырған себептердің бірі дәл осы арада болып отыр; өйткені тұрақты капитал ауыспалы капиталға қарағанда соншалық орасан зор пропорцияда болып отырған осы кәсіпорындар пайданың жалпы нормасының теңелуіне қатыспауы міндетті емес.

Маркс бұл жолдарды жазғаннан бері акционерлік қоғамның екінші және үшінші сатылары болып табылатын өнеркәсіп орындарының жаңа түрлері дамығаны мәлім. Ірі өнеркәсіптің барлық салаларында өндірістің күннен күнге үдей түсетін шапшаңдығына қарама-қарсы көбейе түскен өнім көлемі үшін керекті рыноктың кеңеюі барған сайын баяулай түсіп отыр. Өнеркәсіптің бірнеше айда өндіргенін рынок бірнеше жылда әрең сіңіре алады. Ал бұған тыйым салу баж салығы саясаты келіп қосылады, бұл саясат арқылы өнеркәсіпті әрбір ел өзін басқа елдердің бәрінен, әсіресе Англиядан қорғап, — отандық өндірісін жория өсіреді. Осының салдарынан үнемі болатын жалпы артық өндіріс, бағаның төмендеп, пайданың азаюы, тіпті мүлде құрып кетуі келіп туады; бір сөзбен айтқанда, ежелден атышулы бәсеке бостандығының өзі титықтап, ол өзінің көрінеу сорақы түрде күйрегендігін мойындауға тиісті болады. Бұл күйреудің нақ мәні мынада: әрбір елде белгілі бір саланың ірі өнеркәсіп иелері өндірісті реттеп отыру үшін картельге бірігеді. Картель комитеті

әрбір кәсіпорын үшін өндірістің қатаң мөлшерін белгілейді және, сайып келгенде, түскен заказдарды бөледі. Жеке реттерде тіпті халықаралық картельдер, мәселен, ағылшын және герман қара металлургиясының кәсіпорындарын біріктіретін картельдер де ауық-ауық пайда болып отырды. Бірақ өндірісті қоғамдастырудың бұл түрі де жеткіліксіз болды. Жеке фирмалар мүдделерінің қарама-қарсылығы олардың одағын тым жиі бұзып, бәсекені қайта қалпына келтіріп отырды. Ақыры олар мынаған келіп тірелді: өндіріс дамуының белгілі бір сатысы мүмкіндік берген жеке салаларда өнеркәсіптің осы саласындағы күллі өндіріс ортақ басшылыққа бағынған бір ірі акционерлік қоғамға шоғырлана бастады. Америкада бұл әдіс әлде қашаннан бері сан рет жүзеге асырылып келеді, мұның Европадағы осы күнге дейінгі айқын үлгісі «United Alkali Trust» болып қалып отыр, ол Англияның барлық сақар өндірісін бірден-бір жалғыз фирманың қоластына топтастырып отыр. Отыздан аса жеке заводтардың бұрынғы нелері күллі жабдығы үшін бағаланған құны бойынша жалпы сомасы 5 миллион ф. ст. шамасындай акция алды, бұл трестің негізгі капиталы болып табылады. Өндірісті техникалық жағынан басқару бұрынғы басшылардың қолында қалады, ал коммерциялық басшылық бас дирекцияның қолына шоғырланады. Бір миллион ф. ст. сомасындай айналмалы капитал (floating capital) жазылу арқылы тарату үшін жұртқа ұсынылды. Сонымен, трестің барлық капиталы 6 миллион фунт стерлинг болды. Англияның бүкіл химия өнеркәсібінің негізі болып табылатын бұл салада осы жолмен бәсекенің орнын монополия басты, сөйтіп, күллі қоғам, ұлт болып болашақ экспроприацияны мейлінше сенімді түрде әзірлеп жатыр.— *Ф. Э.*

Бұл — капиталистік өндіріс тәсілінің сол капиталистік өндіріс тәсілінің өз шеңберінде жойылуы, сондықтан да өзін-өзі жоятып қайшылық, мұның өзі *prima facie\** өндірістің жаңа түріне жай ғана өту пункті болып табылады. Осындай қайшылық ретінде ол өз көрінісінен де байқалып отыр. Белгілі бір реттерде ол монополияның орнауына алып келеді, сондықтан да мемлекеттің араласуын талап етеді. Ол жаңа финанс аксүйектерін, негізгі жоба жасампаздар, құрымпаздар мен тура жалған директорлар бейнесіндегі арамтамақтардың жаңа түрін қаптатады; ол құрымпаздар, акция шығарып, акциялар сату саласында алаяқтық пен алдап-арбаудың бүтіндей бір жүйесін дүниеге келтіреді. Бұл — жеке меншіктің бақылауынсыз жеке меншікті өндіріс.

---

\* — ең алдымен. *Ред.*

IV. Капиталистік системаның өз негізінде капиталистік жеке меншікті өнеркәсіптің жойылуы болып табылатын және неғұрлым ұлғайып, өндірістің жаңа салаларын қамти келіп жеке меншікті өнеркәсіпті құртатын акционерлік істі былай қойсақ, кредит жеке капиталиске немесе капиталистер болып саналатын адамға өзгенің капиталы мен өзгенің меншігін және осы себепті өзгенің еңбегін белгілі бір шеңберде емін-еркін билеп-төстеуге мүмкіндік береді<sup>87)</sup>. Өз капиталын емес, қоғамдық капиталды билеп-төстеу оның қоғамдық еңбекті билеп-төстеуіне мүмкіндік береді. Жеке кісінің шындығында немесе қоғамдық пікірде иемденіп отырған капиталдың өзі кредит қондырмасының базисіне айналады. Мұның өзі әсіресе көтерме саудаға көбірек қатысы бар, өйткені қоғамдық өнімнің басым көпшілігі сол арқылы өтеді. Мұнда өлшем атаулының бәрі капиталистік өндіріс тәсілінің шеңберінде аздықөпті негізделген дәлелдер атаулының бәрі құриды. Жалдаптық жасаушы көтерме саудагер *өз меншігін* емес, қоғамдық меншікті қатерге қояды. Сонымен бірге капиталдың жиналған ақшадан пайда болуы жөніндегі сылдыр сөз сұрқиялық болып шығады, өйткені жалдаптық жасаушы ол үшін, қайта, *басқалардың* ақша жинауын талап етеді. {Жақында бүкіл Франция Панамадағы алаяқтар үшін бір жарым миллиард франк жинап берді. Панамадағы алаяқтық оқиға болғанынан бергі табаны күректей жиырма жыл ішіндегі оның сұмдығының бәрі мұнда каншалықты дәл бейнеленген десеніңші!— Ф. Э.} Тежелу туралы сылдыр сөздерге капиталдың өзіне тән сән-салтанат қатты қайшы келеді, өйткені сол сән-салтанаттың өзі енді кредит құралына айналып отыр. Капиталистік өндірістің онша дамымаған сатысында әлі де кейбір мәні болған ұғымдар бұл арада мағынасынан мүлде айырылады. Мұнда сәттілік те, сәтсіздік те капиталдардың шоғырлануына бастайды, сондықтан нағыз зор көлемдегі экспроприацияға да бастайды. Бұл арада экспроприация тікелей өндірушіден бастап ең ұсақ және орташа капиталистерге қолданылады.

<sup>87)</sup> Мәселен, 1857 жыл сияқты дағдарыс жылы ішінде күйзелушіліктің тізімін „Times“ тең<sup>119</sup> қарап алыңыз да, күйзеліске ұшырағандардың өз меншігіндегі мүлкін олардың борыштарының көлемімен салыстырып көріңіз.— «Шынында да капитал мен кредитті пайдаланатын адамдардың сатып алу қабілеті жалдаптық рыноктармен іс жүзінде таныс еместердің ойлағандарының бәрінен әлде қайда асып түседі (*Tooke*. „An Inquiry into the Currency Principle“, p. 79). «Өзінің тұрақты ісін жүргізуіне жеткілікті капиталы бар деп аты шыққан және өз саласында жақсы кредиті бар адам, егер өзі шығарып отырған товарларының өтімділігін арттыруға көміл сенімі болса және егер өзінің жалдаптық әрекетінің басталуы мен барысында қалайды жағдайлар туса, ол адам өз капиталымен салыстырғанда әлдеқайда зор мөлшерде көп зат сатып ала алады» (бұл да сонда, 136-бет).— «Фабриканттар, көпестер, т. т.— бәрі де өз капиталдарының мөлшерінен әлдеқайда артық операциялар жасайды. Қазіргі күнде капитал белгілі бір коммерциялық кәсіпорынның қаржыларының шегінен гөрі жақсы кредит негізделетін тірек болып отыр» («Economist», [20 ноябрь] 1847 ж., 1333-бет).

Экспроприация — капиталистік өндіріс тәсілінің бастамасы; мұны жүзеге асыру — оның мақсаты, атап айтқанда, оның мақсаты барлық жеке адамдарды өндіріс құрал-жабдықтарынан айыру болып табылады; қоғамдық өндіріс дамыған сайын өндіріс құрал-жабдықтары жеке меншікті өндіріс құрал-жабдықтары және жеке меншікті өндіріс өнімдері болудан қалады, сөйтіп тек қана біріккен өндірушілердің қолындағы өндіріс құрал-жабдықтары, яғни, олардың қоғамдық өнімі болғаны сияқты, солардың қоғамдық меншігі болады. Бірақ капиталистік системаның өз шеңберіндегі бұл экспроприация антагонистік түрде, қоғамдық меншікті азшылықтың иемденуі түрінде көрінеді; ал кредит осы азшылықты барған сайын баюдың жайсаң серілері етеді. Мұнда меншік акциялар түрінде болатындықтан, оның әрекеті мен қолдан-қолға өтуі акулалар ұсақ шабақтарды қылғытып жататын, ал қойды биржалық қасқырлар жеп жататын биржадағы ойынның нәтижесі ғана болып табылады. Акционерлік істе ескі форманың қарама-қарсылығы осының өзінде болып отыр, сөйтіп онда қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары жеке адам меншігі ретінде көрінеді; бірақ акция формасына айналуының өзі әлі де капиталистік шеңбердің қыспағында болып отыр; сондықтан қоғамдық дәулет ретіндегі және жеке меншікті дәулет ретіндегі байлықтың сипаты арасындағы қайшылықты жоюдың орнына ол осы қайшылықты жаңа түрде өршіте береді.

Жұмысшылардың өздерінің кооперативтік фабрикалары, ескі форманың шеңберінде әлгі формадағы тұңғыш ақау болып табылады, бірақ бұл фабрикалар барлық жерде, өзінің шын мәнісіндегі ұйымында, әрине, болып отырған системаның барлық кемшіліктерін қайта жаңғыртып отырады және үнемі сөйтуге тиіс те. Алайда бұл фабрикалардың шеңберлерінде капитал мен еңбектің арасындағы қарама-қарсылық жойылады, әйткенмен бастапқы кезде тек мына түрде ғана жойылады: бірлестік ретіндегі жұмысшылар өздері жөнінде капиталист болады, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын өз еңбектерін қанауға қолданады. Олар материалдық өндіргіш күштердің және соған сай қоғамдық өндіріс формаларының белгілі бір даму сатысында өндірістің бір тәсілінен жаңа бір өндіріс тәсілінің табиғи қажеттілікпен пайда болып, дамитынын көрсетеді. Капиталистік өндіріс тәсілінен пайда болатын фабрика жүйесінсіз, сондай-ақ нақ сол өндіріс тәсілінен пайда болатын кредит жүйесінсіз, кооператив фабрикасы дами алмас еді. Капиталистік жеке меншікті кәсіпорындардың капиталистік акционерлік қоғамдарға бірте-бірте айналуының басты негізін құрайтын кредит жүйесі, тап сондай-ақ кооперативтік



кәсіпорындардың ұлттық көлемде бірте-бірте, азды-көпті кенеюінің құралы болып та табылады. Кооперативтік фабрикалар сияқты, капиталистік акционерлік кәсіпорындарды капиталистік өндіріс тәсілінен біріккен тәсілге көшудің өтпелі түрі деп қарау керек, тек қана олардың бірінде қарама-қарсылықтар жағымды түрде, енді бірінде — жағымсыз түрде жойылған.

Бұған дейін біз кредиттің дамуын және көбінесе өнеркәсіп капиталы жөнінде капиталистік меншікті жоятын құпия сырлардың кредитте барлығын қарастырдық. Келесі тарауларда біз процент түсіретін капиталға байланысты кредитті, оның өз басын, капиталға жасайтын ықпалын, мұндағы алатын формасын қарастырамыз; сонымен бірге біздің өзгеше экономикалық сипаты бар бірнеше ескертпелер жасауымызға тура келеді.

Әзірге мынау ғана:

Егер кредит асыра өндіру мен саудадағы шектен тыс жалдаптықтың басты тірегі болып отырса, онда мұның себебі мынада ғана: ұдайы өндіріс процесі, өзінің табиғатынан икемді процесі бұл арада шегіне жеткенше шапшандатылады, оның шапшандайтын себебі — қоғамдық капиталдың едәуір бөлегін оның иелері емес, басқалар жұмсайды, сондықтан да бұлар кәсіпкерлік іс әрекетіне меншік иелерінен мүлде басқаша кіріседі, ал меншік иесі өзі жұмыс істеп отырғандықтан, өзінің жеке меншікті капиталының шағын мүмкіндіктеріне қарай, аяғын тарта басады. Бұл тек мынаны дәлелдейді: капиталистік өндірістің қайшылықты сипатына негізделген капитал құнының өсуі шын мәнісіндегі емін-еркін дамуға белгілі бір дәрежеге дейін ғана жол береді, олай болса, шындығында өндіріске имманенттік бұғау салып, шек қояды, ал бұларды кредит үнемі бұзып отырады<sup>88)</sup>. Сондықтан кредит материалдық өндіргіш күштердің дамуы мен дүние жүзілік рыноктың құрылуын тездетеді, бұларды өндірістің жаңа формасының материалдық негіздер ретінде дамудың белгілі бір жоғары дәрежесіне жеткізу — капиталистік өндіріс тәсілінің тарихи міндеті болып табылады. Сонымен бірге кредит бұл қайшылықтың күшпен бұзылуын, дағдарыстардың тууын тездетеді, сөйтіп ескі өндіріс тәсілінің іштен ыдырау элементтерін күшейтеді.

Кредит системасына тән екі жақтылық сипат бар: бір жағынан, капиталистік өндірістің қозғаушы күшін басқаның еңбегін қанаудан баюды таза және барынша құнығу мен ала-

<sup>88)</sup> *Th. Chalmer.* [„On Political Economy etc“]. Glasgow. 1832].

яқтық системасына жеткізе дамыту, сөйтіп, қоғамдық байлықты қанаушы азшылықтың санын барған сайын азайта береді; екінші жағынан — жаңа өндіріс тәсіліне көшудің өтпелі түрі болып табылады; осы екі жақтылық кредиттің Лодан бастап, Исаак Перейраға дейінгі басты-басты көріпкелдеріне алаяқ пен сәуегей қойыртпағының әлгілерге тән сүйкімді сипатын береді.

## ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

АЙНАЛЫС ҚАРЖЫЛАРЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛ;  
ТУК ПЕН ФУЛЛАРТОННЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Айналыс қаржылары мен капиталдың арасындағы айырмашылық, ал ақшалай айналыс қаржылары, жалпы ақша капиталы және процент келтіретін капитал (ағылшын ұғымындағы *maneyed capital*) арасындағы айырмашылықтарды бір жерге үйіп-төгетін Туктың<sup>89)</sup>, Уилсонның және басқалардың бұл айырмашылықты баяндауынша мына екі пунктке тіреледі:

Айналыс қаржылары, бір жағынан, монета (*ақша*) ретінде айналыс жасайды, өйткені айналыс қаржылары *табыс-*

<sup>89)</sup> Бұл арада Тук еңбегінен немісше 390-бетінен үзінді түрінде цитатка алынған тиісті жерін түп нұсқасында келтірейік [осы томның 434-беті]: «The business of bankers, setting aside the issue of promissory notes payable on demand, may be divided into two branches, corresponding with the distinction pointed out by Dr. (Adam) Smith of the transactions between dealers and between dealers and consumers. One branch of the bankers' business is to collect *capital* from those, who have not immediate employment for it, and to distribute or transfer it to those who have. The other branch is to receive deposits of the *incomes* of their customers, and to pay out the amount, as it is wanted for expenditure by the latter in the objects of their consumption... the former being a circulation of *capital* the latter of *currency*» [«Егер ұсынушыға төленетін борыш міндеттемелерін шығаруды былай қойсақ, банкірлік істі екі түрлі операцияға бөлуге болар еді; мұның өзі сауда-саттықты саудагерлердің өз арасында және саудагерлер мен тұтынушылар арасында д-р (Адам) Смит белгілеген бөлуге сай келеді. Банкірлік операциялардың бір түрі мынадай: капиталының тікелей жұмсайтын орнын таба алмай жүргендерден *капитал* жинап, оны бөлу немесе оны жұмсай алатындарға беру. Операциялардың екінші түрі мынадай: өз клиенттерінің *табыстарынан* вкладтар қабылдап, тұтыну заттарына жұмсау үшін қажетті сомаларды оларға төлеп отыру... Мұның біріншісі — *капиталдың* айналуы, соңғысы — *айналыс қаржыларының* айналуы». — *Tooke*. „Inquiry into the Currency Principle“. London, Операциялардың бірінші түрі дегеніміз — „the concentration of capital on the one hand and the distribution of it on the other“ [«бір жағынан, капиталды шоғырландыру, екінші жағынан, оны бөлу»], екінші түрі — „administering the circulation for local purposes of the district“ [«сол аймақтың жергілікті қажеттері үшін айналысты реттеу»]. (Бұл да сонда, 37-бет).— Киннер мына бір жерінде мәселенің анық-танығын түсінуге едәуір жақын келеді: «Ақша бір-бірінен елеулі айырмашылығы бар екі түрлі операциялар үшін жұмсалады. Саудагерлер арасындағы айырбас құралы ретінде ақша капиталды бір қолдан екінші қолға беру, яғни ақша капиталының белгілі бір сомасын товар капиталының сомасына айырбастау құралы болып табылады. Бірақ жалақы төлеуге және саудагер мен тұтынушының сатып алу және сату ісін жүзеге асыруға жұмсалатын ақша — капитал емес, табыс; бұл бүкіл қоғам табысының күнделікті жұмсауға арналған бөлігі. Бұл ақша күнбе-күн жұмсалып, үнемі айналыс жасайды және тек осы ақшаны ғана сөздің дәл мағынасында айналыс қаржылары (*currency*) деп атауға болады. Қарызға капитал беру тек қана банктің және басқа да капитал иелерінің еркінде.— қарыз алушылар әрқашан да табылады; бірақ айналыс қаржыларының сомасы қоғамның қажеттеріне байланысты болады, күнделікті жұмсау мақсатымен ақша әлгі қажеттердің шеңберінде айналыс жасайды» (*J. V. Kinnear*. „The Crisis und the Currency“, London, 1847 [p. 3—4]).

*тарды жұмсауға* дәнекер болады, демек, жеке тұтынушылар мен бөлшек сауда саудагерлері арасындағы айырбасқа дәнекер болады. Өндіргіш тұтынушылардан немесе зат өндірушілерден өзгеше тұтынушыларға — жеке тұтынушыларға зат сататын барлық көпестерді бөлшек сауда саудагерлерінің қатарына жатқызу қажет. Бұл арада ақша монета қызметін атқарып айналыс жасағанымен, ақша үнемі *капиталдың орнын толтырып отырады*. Елдегі ақшаның бір бөлегі әрқашан да осы міндетті орындауға арналады, бірақ бұл бөлік ақшаның үнемі өзгеріп отыратын жеке өлшемдерінен құралады. Мұның керісінше, сатып алу қаржысы (айналыс қаржылары) ретінде болсын, немесе төлем қаржысы ретінде болсын, ақша қолдан-қолға *капиталды беруге* дәнекер болатындықтан, ақша *капитал* болып табылады. Олай болса, ақшаны монетадан ерекшелейтін сатып алу қаржысы ретіндегі ақшаның қызметі емес және төлем қаржысы ретіндегі ақша қызметі емес, себебі — тіпті саудагерлердің өз арасында да ақша зат сатып алу қаржысы ретінде қызмет атқара алады, өйткені бұлар бір-бірінен затты нақты ақшаға сатып алады, міне сондықтан ақша саудагер мен тұтынушы арасында да төлем қаржысы ретінде қызмет атқара алады, өйткені кредит беріледі, ал табыс алдымен тұтынылады, содан кейін барып төлемге жұмсалады. Демек, мұндағы айырмашылық мынада: екінші жағдайда бұл ақша бір жақтың, сатушының капиталының орнын толтырып қана қоймайды, сонымен бірге оны екінші жақ, сатып алушы капитал ретінде жұмсап, аванслайды. Демек, бұл, шындығында — айналыс қаржыларының капиталдан айырмашылығы емес, *табыстың ақшалай формасының капиталдың ақшалай формасынан айырмашылығы*; себебі — ақшаның сан жағынан белгілі бір бөлегі саудагерлер арасындағы дәнекер ретінде, сондай-ақ тұтынушы мен саудагер арасындағы дәнекер ретінде *айналыс жасайды*, міне сондықтан бұл екі қызметтің *екеуінде* де ақша бірдей дәрежеде *айналыс қаржысы* болып қызмет етеді. Бірақ Туктың көзқарасында әр түрлі шатасушылық бар, мұның өзі:

1) атқарылатын міндеттердің анықтамаларын шатастыру салдарынан;

2) тұтас алғанда екі міндет атқарып айналыс жасайтын ақшаның саны туралы мәселені сырттан әкеп қосу салдарынан;

3) екі қызмет атқарып айналыс жасайтын, сондықтан да ұдайы өндіріс процесінің екі саласында айналыс жасайтын айналыс қаржысы мөлшерінің салмағы туралы мәселені сырттан әкеп қосу салдарынан.

Ақшаның қызмет атқару анықтамаларын шатастыру ту-

ралы, яғни ақшаның бір формада айналыс қаржылары (сигпенсу) болатынын, екінші формада капитал болатынын түсінбеу жөніндегі 1-пункт жайында. Ақша екі қызмет атқаратындықтан, табысты жайғастыруға немесе капиталды қолданқолға беруге қызмет ететіндіктен, ақша сатып алу және сату ісінде немесе төлем жағдайында сатып алу қаржысы немесе төлем қаржысы ретінде және сөздің неғұрлым кең мағынасында айналыс қаржысы ретінде қызмет атқарады. Ақшаның бұдан былайғы анықтамасы, ақшаны жұмсайтын адамның есебінде, немесе оны алатын адамның есебінде болған кездегі анықтамасы — ақшаның белгілі бір адам үшін капитал немесе табыс болып табылатынын білдіретін анықтамасы — бұл жерде істің мәнін өзгертпейді; ал мұның өзі екі түрде көрінеді. Екі салада айналыс жасаушы, ақшаның түрі әралуан болғанымен, белгілі бір өлшемдегі ақша, мәселен, бес фунттық банкнота бір саладан екінші салаға көшеді, сөйтіп екі қызметті алма-кезек орындайды; мұның сөзсіз осылай болмай қоймайтынының себебі мынада: бөлшек сауда саудагері өзінің капиталына өзінің сатып алушыларынан алған монетасы формасында ғана ақша формасын бере алады. Бұдан мынаны түсінуге болады: ұсақ монета атаулы негізінен бөлшек сауда саласында айналыс жасайды; ол бөлшек сауда жасаушыға майдалау үшін үнемі қажет және саудагер өзінің клиенттерінен ұсақ монетаны төлем түрінде үнемі қайтарып алып отырады. Мұнымен бірге ол ақшаны, яғни монетаны құн мөлшері болып қызмет ететін металл түрінде де алады; олай болса, Англияда — фунт стерлинг, тіпті банкноттар да, атап айтқанда, мәселен, 5 немесе 10 фунттық шағын мөлшерде банкноттар алады. Бұл алтын монета мен банкноттарды басы артық ұсақ монетамен бірге ол күнбе-күн немесе апта сайын өз банкісіне депозитке салады, сөйтіп банктегі өз есебіне чек жазып, сатып алған заттарының бағасын төлеп отырады. Бірақ бұл алтын монеталар мен банкноттардың тұрақты екені соншалық, оларды тұтынушы ретінде бүкіл жұрт табыстың ақша формасы ретінде банкідерден тікелей немесе жанамалай алып отырады (мәселен, фабриканттар ұсақ ақшаны жалақыны төлеу үшін алады!) сөйтіп бұл ақша бөлшек сауда саудагерлеріне үнемі қайта ағылып келіп отырады, сонымен олардың капиталының бір бөлегін және сонымен бірге олардың табыстарының да бір бөлегін қайта жайғастырады. Аса маңызды осы соңғы жайды Тук мүлде естен шығарып отыр. Ақша ұдайы өндіріс процесінің басында ақшалай капитал ретінде жұмсалған шақта ғана («Капитал», II кітап, I бөлім<sup>119</sup>) капиталдың құны өз алдына таза түрінде өмір сүреді. Өйткені өндірілген товарда тек жұмсалған капитал ғана

емес, сондай-ақ қосымша құн да бар; товар потенциалы капитал ғана емес, оның үстіне жүзеге асырылған капитал, табыс көзін өзіне қосып алған капитал. Олай болса, бөлшек сауда саудагерінің өзіне қайтып келіп жататын ақшаға беретіні,— оның товары,— өзі үшін капиталға қосылған пайда, капиталға қосылған табыс болып табылады.

Бұдан әрі, айналыстағы ақша бөлшек сауда саудагеріне қайта ағылып келіп, оның капиталының ақшалай түрін қайта қалпына келтіреді.

Олай болса, табыс айналысы ретіндегі айналыс пен капитал айналысы ретіндегі айналыстың арасындағы айырмашылықты айналыс қаржысы мен капитал арасындағы айырмашылыққа айналдыру мүлде дұрыс емес. Туктың бұлайша ойлауы мынадан болып отыр: ол тура өз банкноттарын шығарушы банкирдің көзқарасын ұстайды. Оның банкноттарының үнемі жұрттың қолында болып, айналыс қаржысы ретінде қызмет атқаратын сомасы (үнемі тек бір ғана банкноттардан құрала бермегенімен) қағаз бен бастыру шығынынан басқа түкке тұрмайды. Бұл — оның өзіне қойылған айналыстағы борыш міндеттемелері (вексельдер), алайда бұлар оған ақша әкеледі, сөйтіп оның капиталы құнын көбейтудің құралы болып қызмет етеді. Бірақ борыш міндеттемелері оның капиталынан өзгеше болады, бұл оның өз капиталы немесе қарызға алған капиталы болсын, бәрібір. Осыдан келіп ол үшін айналыс қаржысы мен капиталдың арасындағы арнаулы айырмашылық туады; алайда ол айырмашылықтың бұл ұғымдардың өзінесе мәнімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды және Туктың байымдауынша олардың алатын мәніне жанысымы бәрінен де шамалы.

Табыстың ақшалай түрі ретінде немесе капиталдың ақшалай түрі ретінде қызмет атқарғанымен ақшаның әралуан түрде болуы бәрінен бұрын айналыс қаржысы ретіндегі ақшаның сипатын әсте өзгертпейді; қай міндетін орындаса да ол осы сипатын сақтайды. Дегенмен, егер ақша табыстың ақшалай формасы ретінде көрінсе, ол көбінесе нағыз айналыс қаржылары (монета, сатып алу қаржысы) ретінде қызмет атқарады, осы сатып алулар мен сатулардың ұсақталуы салдарынан және сол себепті табысты жұмсаушылардың көпшілігі — жұмысшылар — кредитке жарытымды ештеңе сатып ала алмайды, ал оның бер жағында, айналым қаржысы капиталдың ақшалай түрі болып табылатын сауда әлемінің айналымында ақша, ішінара [капиталдың] шоғырлануы себепті, ішінара кредит системасының басым болуы себепті көбінесе төлем қаржысы ретінде қызмет атқарады. Бірақ төлем қаржысы ретіндегі ақша мен зат сатып алу қаржысы (айна-

лыс қаржысы) ретіндегі ақшаның арасындағы айырмашылық дегеніміз ақша мен капиталдың арасындағы айырмашылық емес, ақшаның өзіне тән айырмашылық. Бөлшек саудада көбінесе бақыр мен күміс ақша, ал көтерме саудада көбінесе алтын монета айналыс жасайтындықтан, бір жағынан, күміспен бақыр монетаның және екінші жағынан, алтын монетаның арасындағы айырмашылық айналыс қаржысы мен капиталдың арасындағы айырмашылық бола алмайды.

Тұтас алғанда екі қызмет атқарып айналыс жасайтын ақшаның саны туралы мәселені сырттан әкеп қосу жөніндегі 2-пункт жайында. Ақша не сатып алу қаржысы ретінде, не төлем қаржысы ретінде айналыс жасайтындықтан,— екі саланың қайсысында болатыны және ақшаның табысты немесе капиталды өткізіп қызмет ететіні бәрібір,— жай товар айналысын зерттегенде бұрын дамытылған заңдар айналыстағы ақша саны жөнінде өз күшін сақтайды («Капитал», I кітап, III тарау, 28, 2, в). Бұл екі жағдайдың екеуінде де айланыстағы ақшаның аумағын, сиггену, айналыс шапшаңдығы, яғни белгілі бір ақшаның белгілі бір мерзім ішінде сатып алу қаржысы мен төлем қаржысының белгілі бір міндетін қайталау саны төлемдерге сай бір мезетте сатып алынған және сатылған нәрселердің саны, айналыстағы товар бағасының сомасы белгілейді, ақырында, оны тап осы уақытта сальдоға жатқызылатын төлем байланыстары белгілейді. Осылайша қызмет атқаратын ақшаның төлеуші үшін немесе алушы үшін капитал немесе табыс болып табылатын, табылмайтынының бәрібір, бұдан істің жайы ешбір өзгермейді. Ақшаның жиыны оның сатып алу қаржысы және төлем қаржысы ретінде атқаратын қызметтері арқылы жай ғана белгіленеді.

3-пункт жайында, екі міндетті атқарып айналыс жасайтын, сондықтан да ұдайы өндіріс процесінің екі саласында айналыс жасайтын айналыс қаржылары санының арасалмағы туралы мәселе жөнінде. Айналыстың екі саласы бір-бірімен іштей байланысты; өйткені, бір жағынан, жұмсалуға тиісті табыстың сомасы тұтыну мөлшерін көрсетеді, ал екінші жағынан — өндіріс пен саудада айналыс жасайтын капиталдардың мөлшері ұдайы өндіріс процесінің мөлшері мен шапшаңдығын көрсетеді. Осыған қарамастан, екі міндетті атқарып айналыс жасайтын немесе екі салада айналыс жасайтын ақша жиынының көлеміне, немесе, ағылшындардың өздерінің банк тілімен айтатынындай, айналыс санына белгілі бір жағдайлардың өзі әр түрлі, тіпті кері бағытта ықпал жасайды. Ал мұның өзі Туктың айналыс қаржылары мен капиталдың арасына тұрпайы шек қоюына тағы да себін тигізеді. (Ақша

мектебінің»<sup>120</sup> өкілдері болып табылатын мырзалардың әр түрлі екі нәрсені шатастырған жағдайы бұл екеуін екі түрлі ұғым деп көрсетуге әсте де негіз бола алмайды.)

Ұдайы өндіріс процесінің көркею, мейлінше кеңею, шапшаң және жігерлі қарқынмен алға басу кезеңдерінде жұмысшылар жұмыспен толық қамтамасыз етіледі. Көп реттерде жалақы да көбейеді; мұның өзі коммерциялық циклдың басқа кезеңдерінде жалақының орташа дәрежеден төмендеуін біршама теңестіреді. Сонымен бірге капиталистердің табысы едәуір өседі. Барлық жерлерде тұтыну артады. Товар бағалары да үнемі артады, ең болмағанда кәсіпкерлік қызметтің шешуші салаларында артады. Осыдан барып, айналыстағы ақшаның саны артады, ең болмағанда белгілі бір шектерде артады, өйткені айналыстың неғұрлым тездеуі, өз тарапынан айналыс қаржылары мөлшерінің көбеюіне шек қояды. Қоғамдық табыстың жалақыдан тұратын бөлегін алғашында өнеркәсіп капиталісі өзгермелі капитал түрінде және әрқашан да ақша түрінде авансылайтындықтан, ол бөлік көркею кезеңдерінде өз айналысы үшін көп ақша керек етеді. Бірақ біз бұл ақшаны екі рет: өзгермелі капиталдың айналысы үшін қажетті ақша ретінде бір рет және жұмысшылар табысының айналысы үшін қажетті ақша ретінде екінші рет есептемеуіміз керек. Жұмысшыларға жалақы ретінде төленетін ақша бөлшек сауда саласында жұмсалады да, бөлшек сауда саудагерлерінің жинақтары ретінде шамамен апта сайын банктерге қайтып оралады; сөйтіп бірқатар әралуан аралық сауда-саттықтарға ұсақ ауыспалы айналымдар да қызмет көрсетеді. Көркею кезеңдерінде өнеркәсіп капиталистеріне ақшаның қайта оралуы бөгетсіз болады, сонымен, олардың қарыз ақшаның керексінуі арта беретін себебі: олардың жалақыны көп төлеуі қажет екенінен емес, олардың өзгермелі капиталының айналысы үшін көп ақша керек екенінен емес.

Істің жалпы нәтижесі мынадай: көркею кезеңдерінде табысты жұмсауға қызмет ететін айналыс қаржыларының жиыны едәуір артады.

Капиталдың қолдан қолға көшуі үшін қажетті айналысқа, демек капиталистердің тек өз арасындағы айналысқа келетін болсақ, онда қызу іс уақыты сонымен бірге ең икемді және жеңіл кредит кезеңі де болып табылады. Капиталистердің өз арасындағы айланыстың шапшаңдығын тікелей кредит реттейді, сөйтіп төлемдердің орнын жабу үшін және тіпті қолма-қол есептесіп зат сатып алу үшін керекті айналыс қаржыларының аумағы біршама азаяды. Бұл аумақ абсолютті түрде көбеюі мүмкін, бірақ ұдайы өндіріс процесінің кеңеюімен салыстырғанда ол барлық жағдайларда отноcительді түрде



азаяды. Бір жағынан, ірі-ірі жаппай төлемдер ешбір ақшаның дәнекерлігінсіз өтеледі, екінші жағынан — ұдайы өндіріс процесінің күшті жандануы себепті белгілі бір мөлшерлі ақшаның қозғалысы сатып алу қаржысы ретінде де, төлем қаржысы ретінде де шапшандайды. Ақшаның осы аумағы көптеген жеке капиталдардың қайта ағылып келуіне дәнекер болады.

Жалпы алғанда, мұндай кезеңдерде ақша айналысы толық (full) айналыс болып табылады, дегенмен оның II бөлегі (капиталдың басқаға өтуі) ең болмағанда относителді түрде азаяды, ал I бөлегі (табыстарды жұмсау) абсолютті түрде көбейеді.

Ақшаның қайта ағылып келуі товар капиталының қайтадан ақшаға айналуын көрсетеді,  $A - T - A'$ , мұны біз ұдайы өндіріс процесін зерттегенде көрдік («Капитал», II кітап, I бөлім). Капиталдың ақша түрінде қайта ағылып келуі кредиттің арқасында өнеркәсіп капиталісіне де, сондай-ақ көпеске де оның шын мәнісінде қайта ағылып келу уақытына тәуелді болмайды. Олардың қай-қайсысы да кредитке сатады; олай болса, бұлардың товары өздері үшін ақшаға айналу бұрын, яғни товар ақша түрінде өздеріне қайта оралып келуден бұрын басқаға кетеді. Екінші жағынан, олардың әрқайсысы кредитке сатып алады, сөйтіп, олардың товар құны шын мәнісіне келгенде бұл құн ақшаға айналмастан бұрын, товарлардың бағасы төленбестен бұрын олар үшін өндіргіш капиталға немесе товар капиталына қайта айналып үлгіреді. Мұндай көркеу кезеңдерінде капиталдың қайта оралып келуі оңай және бөгетсіз болады. Бөлшек сауда саудагері көтерме сауда саудагерімен, ол фабрикантпен, фабрикант шикізат жеткізіп берушімен дәл мерзімінде есеп айырысады, т. т. Капиталдың тез және ақиқат қайта ағылып келіп жатқандай болып көрінуі шын мәнісінде енді олай болмай отырғаннан кейін де әлі әрқашан ұзақ уақыт сақталады, — жолға қойылған кредиттің арқасында сақталады, өйткені кредит арқылы қайтып оралу шын мәнісінде қайтып оралудың орнына жүреді. Өздерінің клиенттері берешектерін ақшадан гөрі вексельмен көбірек төлей бастаса-ақ банктер қырсық болатынын сезе бастайды. Ливерпуль банкі басқарушысының жоғарыда келтірілген жауабын қараңыз, 398-бет\*.

Бұл арада менің бұдан бұрын айтқанымды тағы қосу керек: «кредит өрге басқан кезеңдерде товар бағасының өсуінен гөрі, ақша айналысының шапшандығы тезірек артады, ал оның бер жағында кредит азайған жағдайда айналыс шап-

\* Осы томның 444-бетін қараңыз. *Ред.*

шандығынан гөрі, товар бағасының төмендеуі баяу болады» («Саяси экономия сыны жөнінде», Берлин, 1859, 83, 84-беттер<sup>121</sup>).

Дағдарыс кезеңдерінде арақатынас керісінше болады. № I айналыс қысқарады, баға төмендейді, сондай-ақ жалақы да кемиді; жұмыстағы жұмысшылардың саны азаяды, айналымдардың аумағы кемиді. Мұның керісінше, № II айналыста кредиттің азаюына байланысты қарыз ақшаны керек етушілік өседі — бұл жағдайға біз қазір толығырақ тоқталамыз.

Ұдайы өндіріс процесіндегі тоқырауға сай кредиттің азаюына байланысты № I айналысқа, табысты жұмсауға керекті айналыс қаржыларының жиыны азаяды, ал № II айналыс үшін, капиталдың басқаға өтуі үшін оның көбейетінінде ешбір күмән жоқ. Бірақ бұл ереженің Фуллартон және басқалар алға тартқан ережеге қаншалықты ұқсас екенін зерттеу қажет:

«Қарыз капиталына деген сұраныс пен айналыстың қосымша қаржыларына деген сұраныс — мүлде әр түрлі нәрселер және бір-бірімен қабаттасып жиі келе бермейді»<sup>90</sup>).

<sup>90</sup> A demand for capital on loan and a demand for additional circulation are quite distinct things, and not often found associated (*Fullarton*. „On the Regulation of Circulations“ London, 1845, p. 82. 5-тараудың тақырыбы). «Қарыз ақшаға» (яғни қарызға капитал алуға) деген сұраныс қосымша айналыс қаржыларына деген сұраныс бір нәрсе немесе бұл екеуі бір-бірімен жиі қабаттасып келіп отырады-мыс деп есептеу, шынында да, ірі қате. Бұлардың әрқайсысы тек өзіне ғана тән жағдайлардың салдарынан пайда болады және басқа сұраныстан мүлде өзгеше. Күллі нәрсе өрге басып тұрған шақта, жалақы жоғары, баға көтерілкі, фабрикаларда жұмыс көп кезде, бұл тұста әдетте неғұрлым ірі және сансыз көп төлемдерді өтеу қажеттігінен бөліп алуға болмайтын қосымша міндеттерді орындау үшін қосымша *айналыс қаржыларын* ұсыну талап етіледі; ал коммерциялық циклдің неғұрлым кейінгі сатысында, қиыншылықтар туып, рыноктар аузы-мұрынан шығып толған кезде ақшаның қайтадан түсуі кешеуілдеп, процент өскен кезде, банкілерден, негізінен алғанда, қарыз *капиталын* талап еткен сұраныс күшейеді. Мұндағы күмәнсіз нәрсе мынау: банктің банктот шығарудан басқа еш ылажы жоқ, бұл арқылы ол, әдетте қарызға капитал береді, олай болса, банктоттардан бас тарту қарыз беруден бас тарту деген сөз. Бірақ қарыз рұқсат етілген екен, рыноктың керектерінен бар нәрсе сәйкестенеді; қарыз қалады, ал айналыс қаржысы, қажет болмаса, қарыз берушіге қайтып оралады. Осыған сәйкес, парламенттік есептерді үстірт қарап өтудің өзі-ақ әркімнің көзін мынаған жеткізе алады: Ағылшын банкісінің қарамағындағы бағалы қағаздардың мөлшері одетте оның банктоты айналысына кері бағытта азайып не көбейіп отырады, әсте де онымен бір бағытта болмайды, олай болса, осы ірі мекеменің мысалы шет аймақтардағы банкілердің сыннан өткен мына бір ережесін дәлелдейді: ешбір банк өз банктоттарын шығаруда одетте банктот айналысы қанағаттандыруға қызмет ететін қажеттердің шеңберінен асырып жібере алмайды; егерде банк бұл сомадан артық қарыз бергісі келсе, ол мұны өз капиталының есебінен жасауға тиіс, яғни не қамтамасыз етуге қызмет ететін бағалы қағаздарды айналысқа салуға немесе бұл мақсат үшін ақша түсімдерін жұмсауға тиіс, басқаша жағдайда ол бұл ақшаны бағалы қағазға айналдырған болар еді. 1833—1840 жылдардағы парламенттік есептер бойынша жасалған кесте осы шындықты бұлжытпай дәлелдейді, бұдан бұрынғы беттердің бірінде мен бұл кестеге сүйенгенмін; алайда сол есептердің ішінде мына бір сөкеуінің тамашалығы соншалық, мен оларды айтпай кете алмаймын. 1837 жылғы 3 январьда, кредитті қолдап, ақша рыногының қиыншылықтарына қарсы әрекет жасау үшін Банк қорларын барынша сарку қажет болған кезде, біз мынаны көреміз: оның бүтін қарыздары мен еселетгі операциялары орасан зор сомаға жетіп, 17 022 000 фунт стерлинг болған, мұндай сома соғыстан кейін болар-болмас қана болған-ды және ол бүкіл эмиссия сомасына тең дерлік, ал оның бер жағында эмиссия сомасы 17 076 000 фунт стерлинг күйінде төмен дәрежеде қозғалысыз қалды! Екінші жағынан, 1833 жылғы 4 июньде бізде айналыс қаржылары 18 892 000 фунт стерлинг болды.

Ең алдымен мынау айқын: жоғарыда көрсетілген екі жағдайдың алғашқысында, көркею кезеңдерінде, айналыста жүрген айналыс қаржыларының жиыны өсуге тиіс кезде, бұл қаржыларға деген сұраныс артады. Бірақ мына бір жай да соншалықты айқын: егер фабрикант, ақша түріндегі капиталды көп жұмсауына тура келіп отырғандықтан өзінің банктегі сөтанынан алтынды немесе банкноттарды көбірек алатын болса, онда бұдан оның капиталға деген сұранысы артпайды, тек оның өз капиталын жұмсап отырған ерекше формаға деген сұраныс қана артады. Сұраныс ол өз капиталын айналысқа салатын техникалық формаға ғана қатысты. Тап сол сияқты, мәселен, кредиттің әр түрлі дамуы жағдайында белгілі бір өзгермелі капитал, жалақының белгілі бір мөлшері айналыс қаржыларының мөлшерін бір елде екінші бір елдегіден көбірек керек етеді: мысалы, Англияда Шотландиядағыдан көп, Германияда Англиядағыдан көп керек етеді. Дәл осы секілді ауыл шаруашылығындағы ұдайы өндіріс процесінде әрекет етуші белгілі бір капитал өз міндетін орындау үшін жылдың әр түрлі уақытында ақшаның әр түрлі мөлшерде болуын талап етеді.

Бірақ қарама-қарсылық Фуллартонның оны көрсетіп отырғанындай түрінде дұрыс емес. Тоқырау кезеңдерін көркеюден өзгешелейтін, ол айтып отырғандай, тіпті де ссудаға деген күшті сұраныс емес, қайта бұл сұранысты көркею кезінде қанағаттандырудың оңайлығы, және де тоқырау басталған кезде ол сұранысты қанағаттандырудың қиындығы. Өйткені атап айтқанда көркею кезінде кредит жүйесінің орасан зор дамуы, олай болса, қарыз капиталына деген сұраныстың да мейлінше артуы және мұндай кезеңдерде оны үнемі ұсынудың болуы тоқырау кезінде кредит қиындықтарын туғызады. Олай болса, бұл екі кезенді сипаттайтын нәрсе қарызға деген сұраныстың мөлшеріндегі айырмашылық емес.

---

ал жеке меншікті қамтамасыз етулерді есептегенде онан да төмен. бәлкім. соңғы жарты ғасырдың ішіндегі ең азы болатын — 972 000 функт стерлингтен аспаған-ды!» (Fullarton, бұл да сонда, 97, 98-беттер) — Ағылшын банкінің басқарушысы Уэделін мырзаның кейінгі жауаптарынан көрінетіні: „demand for resciuary accomodation“ [ақша қарызын керексіну] «demand for gold» [алтынды керексінумен] (Уилсон, Тук, т. б. мұны капитал деп атайды) бірдей болуы әсте шарт емес. «Егер жұрт актив айналысының үлкен сомасын талап етпеген болса, бұл сомадан аспайтын» (үш күн ұдайы күніне бір миллион сомға дейін) «вексельдерді есепке алу қорды» (банкноттарды) «азайтпас еді. Вексельдерді есепке алған кезде берілген банкноттар банкілер арқылы және вклаттар жолымен қайтып оралар еді. Егер мұндай келісімдердің мақсаты алтынды шетке шығару болмаса немесе ел ішінде неңдей бір үрей етек алып, жұрт банк төлемдерін өтеудің орнына, өз банкноттарын қолдарынан шығармай отырып алмаса, онда мұндай орасан зор айналымдар қорға әсер етпес еді» — «Банк күніне бір жарым миллионды есепке ала алады, сөйтіп үнемі осылай болып отырады, бірақ оның қорына ешбір әсерін тигізбейді. Банкноттар вклаттар түрінде қайтып оралады, сондықтан бұл ретте болатын бірден-бір өзгеріс оларды бір сөттан екінші сөтқа көшіре салуда болып табылады» («Report on Bank Acts». 1857. Evidence. № 241, 500). Олай болса, мұнда банкноттар кредиттерді қолдан-қолға өткізу құралы ғана болып қызмет етеді.

Бұдан бұрын айтылғандай, екі кезеңнің айырмашылығы ең алдымен мынада: көркею кезеңінде тұтынушылар мен саудагерлер арасында айналыс қаржыларын керексіну, ал тоқырау кезінде капиталистер арасында айналыс қаржыларын керексіну басым болады. Тоқырау кезіндегі істерде алғашқы керексіну азаяды да, екіншісі күшейе түседі.

Ағылшын банкісінің қарамағындағы securities — кепілдемеге салынған куәліктер мен вексельдер — мөлшері өсіп отырған кезеңдерде оның банкноттарының айналысы азаяды, және керісінше болады; Фуллартон мен басқаларға мұның шешуші маңызы бар сияқты болып көрініп отыр. Бірақ securities мөлшері ақша операцияларының, есепке алынған вексельдер мен өтімді бағалы қағаздарға берілген қарыздардың көлемін көрсетеді. Мәселен, жоғарыда келтірілген жерде (90-ескерту, 435-бет)\* Фуллартон былай дейді: Ағылшын банкісінің қарамағындағы бағалы қағаздардың (securities) саны, әдетте, оның банкнотының айналысына қарама-қарсы бағытта ауытқып отырады, сөйтіп мұның өзі жеке меншікті банкілердің сыннан өткен мына бір ережесін растайды: ешбір банк өз банкноттарын шығаруды өз клиенттерінің керек стүлері белгілейтін белгілі бір сомадан арттыра алмайды; егерде банктің бұл сомадан артық қарыз бергісі келсе, онда ол мұны өз капиталының есебінен жасауға, яғни не бағалы қағаздарды айналымға салуға немесе басқаша жағдайда бағалы қағазға орналастыратын ақша түсімдерін осы мақсатқа жұмсауға тиіс.

Алайда бұл жерде Фуллартонның капитал деп нені түсінетіні айқындалып отыр. Мұнда капитал деп аталатын не? Банк өз банкноттарымен, төлем міндеттемелерімен бұдан әрі қарыз бере алмайды; әрине, бұлар оған түкке тұрмайды. Ал олай болса, ол ненің есебінен қарыз береді? Ол қарызды запастан securities, яғни мемлекеттік қағаздарды, акциялар мен басқа да процентті қағаздарды сатудан түскен түсімнен береді. Бірақ ол бұл қағаздарды неменеге сатады? Ақшаға, алтынға немесе банкноттарға сатады, өйткені мұның соңғысы, Ағылшын банкісінің банкноттары тәрізді, заңдастырылған төлем қаржысы болып табылады. Демек, банктің қарызға беретіні — қайткенмен де ақша. Алайда енді бұл ақша оның капиталының бір бөлігін құрайды. Егер ол қарызға алтын беретін болса, онда бұл өзінен өзі түсінікті. Ал егер қарызға банкноттар беретін болса, онда енді бұл банкноттар капитал болып табылады, өйткені банк бұлардың орнына нағыз құн, процентті қағаздар берді. Жеке меншікті банкілердің бағалы

---

\* Осы томның 484-бетін қараңыз. *Ред.*

қағаздарды сату себепті өздеріне келіп түсетін банкноттарының көбі тек Ағылшын банкісінің банкноттары немесе олардың өздерінікі болуы мүмкін, өйткені басқа банкноттар бағалы қағаздар үшін төлеуге қабылдана бермейді. Егерде бұл операцияны Ағылшын банкісінің өзі жүргізетін болса, онда оның қайтарып алатын өз банкноттары оған капитал, яғни процентті қағаздар болады. Мұның үстіне, ол өз банкноттары осы тәсілмен айналыстан алады. Егер ол бұл банкноттарды қайта шығарса немесе олардың орнына сол сомаға жаңа банкноттар шығарса, онда бұлар, сайып келгенде, ендігі жерде капитал болып табылады. Сонымен бірге олар капиталистерге қарызға берілген жағдайда да, сондай-ақ кейіннен ақша қарызын керексіну азая қалған күнде олар бағалы қағаздар сатып алуға қайтадан жұмсалған жағдайда да бәрібір капитал болып табылады. Бұл жағдайлардың бәрінде «капитал» деген сөз бұл арада тек банкирлік мағынада ғана қолданылады, оның үстіне бұл сөздің мынадай мәні бар: банкир өзінің нақты кредитінен артық сомаға қарыз беруге мәжбүр болады.

Ағылшын банкісі өз қарыздарының бәрін тек банкноттармен ғана беретіні мәлім. Егерде, осыған қарамастан, оның қолындағы есепке алынған вексельдер мен кепілдемелердің саны көбейген сайын, олай болса, өзі берген қарыздарының саны артқан сайын, банкноттар айналысы, әдетте, қысқаратын болса, онда айналысқа жіберілген банкноттармен не болады, олар Банкке қалайша қайта ағылып келеді?

Ең алдымен, егер ақша қарызына деген сұраныс ұлттық төлем балансының нашарлауынан туатын болса демек, алтынның серпіліп кетуіне себепкер болатын болса, онда істің жайы өте оңай. Вексельдер банкноттар түрінде есепке алынады. Ал Банктің өзінде, оның эмиссия бөлімшесінде банкноттар алтынға айырбасталады да, алтын шетелге шығарылады. Егер Банк вексельдерді есепке алған кездің өзінде банкноттардың дәнекерлігісіз тікелей алтынмен төлесек, мұның бәрібір. Белгілі бір жағдайларда 7-ден 10 миллион фунт стерлингке дейін жететін етіп сұранысты бұлай күшейту, әрине, елдің ішкі айналысына бірде-бір бес фунттық банкнот қоспайды. Бұл ретте Банк қарызға айналыс қаржыларын емес, капитал береді деушілер болса, онда мұның екіжақты мәні бар. Біріншіден, ол қарызға кредитті бермейді, қайта, шын мәнісіндегі құнды береді, өзінің жеке меншігіндегі немесе депозитке салынған капиталының бір бөлегін береді. Екіншіден, ол қарызға ақша бергенде ішкі айналыс үшін емес, халықаралық айналыс үшін береді, дүние жүзілік ақша береді; ал мұндай мақсатқа жұмсалатын ақша әрқашанда қазына түрінде, өзі-

нің металл күйінде болуға тиіс; бұл түрінде ақша құнның формасы ғана болып қоймайды, сонымен бірге ол өзі ақша формасы болып табылатын құнға тең болады. Бұл алтын Банк үшін де, сондай-ақ алтынды экспорт жасаушы үшін де капитал болып — банкирлік капитал немесе көпестік капитал болып табылғанымен, — алайда оған деген сұраныс капиталға деген сұраныс ретінде емес, ақша капиталының абсолютті формасына деген сұраныс ретінде пайда болады. Бұл сұраныс шетел рыноктары ағылшынның өтпей жатқан товар капиталына лық толған кезде пайда болады. Олай болса, бұл ретте *капитал* ретіндегі капитал емес, *ақша* ретіндегі, дүние жүзілік рыноктың жалпыға бірдей товары іспетті ақша түріндегі капитал керек болады; ал мұның өзі — ақшаның асыл металл ретіндегі бастапқы түрі. Олай болса, алтынның басқа жаққа ауысып кетуі, Фуллартон, Тук, т. б. айтатынындай, «*a mere question of capital*»\* емес, «*a question of money*»\*\*, алайда бұл оның тек өзіне ғана тән міндетінде атқарылады. «Ақша мектебі» өкілдерінің айтып отырғанындай, мұның өзі *ішкі* айналыс мәселесі болмау жағдайы, Фуллартон мен басқалардың ойлағанындай, мұның жай ғана «*question of capital*» екеніне, әрине, дәлел болмайды. Бұл — ақшаның халықаралық төлем қаржысы міндетін атқаратын формасындағы «*a question of money*».

«Бұл капиталдың» (өз елінде егін шықпай қалуына байланысты шетелден сатып алынған миллиондаған квартал бидайдың бағасы) «товармен немесе ақшамен беріле ме, жоқ па — бұл жағдай сауда-саттықтың сипатына ешбір әсер етпейді» (Fullarton, цитат келтірілген шығар. 131-беті).

Бірақ алтынның ағылып кететін, кетпейтіні бұған әбден байланысты. Капитал асыл металл түрінде сыртқа шығарылады, себебі — оны товар түрінде сыртқа шығару мүлде мүмкін емес немесе өте көп шығын арқылы ғана шығаруға болады. Осы заманғы банк жүйесінің алтынның басқа жаққа ауысып кетуінен үрейленуі — монеталық жүйе өкілдерінің қашанғы бір уайым-қайғыларының бәрінен асып түседі, бұл өкілдер үшін асыл металл — бірден-бір шынайы байлық. Ағылшын банкісінің басқарушысы Морристің 1847 жылғы дағдарыс жөніндегі парламенттік комиссияның алдында берген мына бір жауабын мысалға алайық.

(3846. Сұрақ:) «Мен қорлар (stocks) мен негізгі капиталдың бағасыздануы туралы сөз еткенде мен қорлар мен алуан түрлі өнімдерге жұмсалған бүкіл капиталдың осы түрде бағасыздануын айтамын; шитті мақта,

\* — «жай ғана капитал мәселесі». *Ред.*

\*\* — «ақша мәселесі». *Ред.*

тазартылмаған жібек, түтілмеген жүн құрылыққа тап осындай тым арзан бағамен жөнелтіліп жатпады ма, ал қант, кофе мен шай аукционмен сатылып, үлкен зиян келмеді ме?»— «Тағам өнімдерін сырттан тым көп әкелуден туған алтынның басқа жаққа ауысып кетуін болдырмау үшін еліміз едәуір құрбандықтар жасауға тиісті болғаны даусыз»— (3848). «Сіз осыншама құрбандықтар жасап, алтынды қайтарып алуға тырысқаннан гөрі, Банк қоймаларында жатқан 8 миллион фунт стерлингті қозғау жақсы болған болар еді деп ойламайсыз ба?»— «Жоқ, мен олай деп ойламаймын».

Мұнда бірден-бір шынайы байлық маңызын алтынға береді. Туктың Фуллартон цитатқа келтірген мына жаңалығы:

«сонымен бірге қанағаттанарлық түсіндірме жасауға жол беретін бірді-екілі ерекшеліктер болмаса, металл ақшаның басқа жаққа ауысып кетуімен қосарлана болатын ақша құнының едәуір төмендеуі — соңғы жарты ғасыр ішінде болған төмендеуі айналыс қаржыларының бір шама төмен дәрежесімен тұспа-тұс келіп отырды және *vice versa*»\* (Fullarton, 121-бет),

деген жаңалығы алтынның бұлай ауысып кетуі көбінесе жандану мен жалдаптық кезеңінен кейін болатынын дәлелдейді, бұл

«қазірдің өзінде басталған құлдыраудың белгісі, рыноктардың лық толғанының, біздің өнімдерді шетелдің керексінуінің тоқталып, айналымдардың баяулағанының көрінісі, сөйтіп осының бәрінің сөзсіз салдары — коммерциялық сенімсіздік, фабрикалардың жабылуы, жұмысшылардың ашығуы өнеркәсіп пен кәсіпкерліктің жалпы тоқырауы болып табылады» (129-бет).

Сонымен бірге бұл, әрине, «ақша мектебі» өкілдерінің

«айналыс көздерінің лық толуы алтынның басқа жаққа ауысып кетуін тудырады да, айналыстың бәсеңдеуі оны ішке тартады»,—

деген байымдауына қарсы айтылған ең жақсы қарсылық болып табылады.

Мұның керісінше, Ағылшын банкісінде көркею кезеңдерінде көбінесе алтынның мол қоры болғанымен, алайда бұл қор әрқашанда көркею кезеңінен кейін туып отыратын уайым-қайғылы тоқырау кезінде жиналады.

Олай болса, алтынның басқа жаққа ауысып азаюы жайындағы күллі қиыншылық мынаған келіп тіреледі: *халықаралық* айналыс қаржылары мен төлем қаржыларын керексіну *ішкі* айналыс қаржылары мен төлем қаржыларын керексінуден өзгеше (бұдан сондай-ақ өзінен өзі келіп шығатын қорытынды Фуллартон айтқандай, «басқа жаққа ауысып азаюының болуы айналыс қаржыларына деген ішкі сұраныстың азаюын қажет етпейді», 112-бет) және асыл металдарды

\* — керісінше. *Ред.*

ел ішінен сыртқа шығару, оларды халықаралық айналысқа салу, банкноттарды немесе монетаны ішкі айналысқа салумен бірдей емес. Дегенмен, бұдан бұрын менің көрсеткенімдей, халықаралық төлемдерге керекті резервтегі қор ретінде жинақталған қазына қозғалысының айналыс қаржысы ретіндегі ақшаның қозғалысымен ешбір байланысы жоқ<sup>122</sup>. Әрине, мұнда істі қиындататын жайт мынау: қазынаның ақша табиғатынан мен шығарып алып отырған әр түрлі міндеттері — оның ел ішіндегі шұғыл төлемдер үшін керекті төлем қаржыларының резервтегі қоры ретіндегі; айналыс қаржыларының резервтегі қоры ретіндегі; ақырында келіп, дүние жүзілік ақшаның резервтегі қоры ретіндегі міндеті — осы міндеттердің бәрі бірден-бір резервтік қорға жүктелген, бұдан тағы да мынадай қорытынды шығады: белгілібір жағдайларда алтынның банкіден шығып, ел ішіне тарап кетуі оның шетелге ауысып кетуімен ұласуы мүмкін. Бұл қазынаға мүлде өздігінен жүктелетін жаңа міндеттің — кредит жүйесі дамыған және кредит ақшалары бар елдерде банкноттарды ұсақтауға керекті қор болып қызмет етудің себебінен бұдан әрі тағы бір қиындық туады. Сонан соң, сайып келгенде, мұның бәріне мыналар қосылады: 1) ұлттық резерв қоры бірден-бір басты банкке шоғырланады, 2) оның барынша азайтылуы, Фуллартонның шағымы да осыдан туып отыр (143-бет):

«Банкідегі ақша түгел сарқылуға жақын тәрізді болып көрінген кезде Англияда әр жолы болатын сасқалақтаған әбігерлікпен, айқай-шүмен салыстырғанда, құрылықтағы елдерде курстың өзгеруі әдетте толық тыныштықпен және оп-оңай өтетінін көргенде металл ақша айналысының бұл жөнінде ірі-ірі тиімділіктері барлығына таңданбауға болмайды».

Бірақ егер біз алтынның басқа жаққа ауысып кетуін былай қойсақ, онда банкноттар шығаратын банк, олай болса, мысалы, Ағылшын банкісі өз банкноттарын шығаруды көбейтпейінше, қарызға беретін ақшасының сомасын қалайша арттыра алады?

Банкіден сырт қалған барлық банкноттар, бұлардың айналыста жүргеніне немесе жеке меншікті қоймаларында тыныш жатқанына қарамастан осы банкінің өз тұрғысынан қарағанда, айналыста болады, яғни оның қарамағында емес. Олай болса, егер банк өзінің есепке алу және ломбард операцияларын, кепілдемеге қарыз беруін кеңейтсе, онда бұл үшін шығарылған банкноттар өзіне қайта ағылып келіп отыруға тиіс; әйтпесе олар айналыс сомасын көбейтіп жібереді, мұның өзі әсте де болмауға тиіс. Бұлай қайта ағылып келуі екі жолмен болуы мүмкін.

*Біріншіден:* банк А-ға бағалы қағаздар үшін банкноттар-



мен төлейді; төлем мерзімі келгенде *A* бұл банкноттармен вексель бойынша *B*-ға төлейді, ал *B* оларды банкке қайтадан депозитке салады. Сонымен, бұл банкноттардың айналысы аяқталады, бірақ қарыз қалады.

(«Қарыз қалады, ал айналыс қаржысы, егер қажет болмаса, қарыз берушіге қайтып оралады». Fullarton, 97-бет.)

Банкінің *A*-ға қарызға берген банкноттары оның өзіне қайтып оралды, енді керісінше, банк *A*-ның кредиторы немесе *A*-ның есепке алынған векселі берілген адамның кредиторы және осы банкноттарда көрсетілген құнның сомасы мөлшерінде *B*-ға борышқор болып шығады, ал *B*, сонымен, банк капиталының тиісті бөлегінің иесі болады.

*Екіншіден:* *A* *B*-ға төлейді, ал *B*-ның өзі немесе *C*, оған өз кезегінде *B* банкноттармен төлейді, сол банкноттармен мерзімі жеткен вексель бойынша банкке төлейді. Бұл жағдайда банкке оның өз банкноттарымен төлейді. Сонда сауда-саттық осымен аяқталады (*A* банкке қайта төлегенге дейін).

Банкінің *A*-ға берген қарызын қай ретте капитал қарызы деп, қай ретте жай ғана төлем қаржыларының қарызы деп қарауға болады?<sup>91</sup>

{ Бұл қарыздың өз табиғатына байланысты. Оның үстіне біз мына бір үш жағдайды зерттеуге тиіспіз.

*Бірінші жағдай.*— *A* банктен белгілі бір соманы өзіне жеке кредит ретінде қарызға алады да, мұны өз тарапынан ешбір қамтамасыз етпейді. Бұл жағдайда ол қарызға тек төлем қаржысын ғана емес, сондай-ақ, жаңа капиталды да сөзсіз алды; мұны ол банкке қайта төлегенге дейін қосымша капитал ретінде өз кәдесіне жарата алады.

*Екінші жағдай.*— *A* банкке бағалы қағаздарын, мемлекеттік заем облигацияларын немесе акцияларын кепілдікке салып, айталық, бұлар үшін солардың курс құнының үштен екі бөлегіндей шамада қарызға нақты ақша алды делік. Бұл жағдайда ол өзіне керекті төлем қаржыларын алды, бірақ қосымша капитал алған жоқ, өйткені ол банкке өзі алғанынан анағұрлым көп капитал құнын берді. Бірақ, бір жағынан, ол өзінің осы көп капитал құнын күнделікті қажеттеріне — төлем қаржылары қажеттеріне пайдалана алмады, — өйткені бұл капитал құны процент алу мақсатымен белгілі бір түрде болды; екінші жағынан, *A*-ның бұл құнды сату арқылы тікелей төлем қаржыларына айналдырмауға өз дәлелі болды.

---

<sup>91</sup>) Оригиналдың бұдан кейін келетін жері нақ осы ретте түсініксіз және жақша жабылатын абзацқа дейін оны редактор қайта өңдеді. Бұл мәселе басқаға байланысты ретте XXVI тарауда баяндалып өтті [осы томның 462—463 беттері].— Ф. Э.

Ал оның бер жағында, оның бағалы қағаздары резервтегі капитал ретінде қызмет етуге тиісті еді, ол бұларды атап айтқанда, резервтегі капитал ретінде қызмет еткізді. Олай болса, *A* мен банктің арасында уақытша капитал алмасуы болды, бірақ *A* ешқандай қосымша капитал алған жоқ (қайта, керісінше болды!), алайда өзіне керекті төлем қаржыларын, әрине, алды. Мұның керісінше, банк үшін бұл келісім ақша капиталын қарыз түріне уақытша орналастыру, ақша капиталын бір түрден екінші түрге айналдыру болды, ал нақ осылай айналдыру банк ісінің елеулі қызметі болып табылады.

*Үшінші жағдай.*— *A* банкідегі вексельді есепке алды да, дисконтты шығарып тастағандағы белгілі бір соманы нақты ақшамен алды. Бұл жағдайда ол банкіге өтпейтін түрдегі ақша капиталын өтетін түрдегі құн сомасына сатты; мерзімі әлі өтпеген вексельді ол нақты ақшаға сатты. Ендігі жерде вексель банкінің меншігі болады. Вексель бойынша төлем төлемеген жағдайда соңғы индоссант *A* банк алдында вексельдің сомасына жауап береді; бірақ бұдан жағдай ешбір өзгермейді; бұл жауапкершілікті ол басқа индоссанттармен және вексельді төлемге қойған кісімен бөліседі, өйткені ол реті келгенде талап қоя алады. Олай болса, мұнда ешбір қарыз жоқ, кәдімгі сауда-саттық қана бар. Сондықтан *A* банкке ештеңе төлеуге тиіс емес: төлем мерзімі келгенде банк вексель бойынша ақша алып, өз шығындарының орнын жабады. Бұл жағдайда да *A* мен банк арасында капитал алмасу болды, оның үстіне бұл айырбас қандай да болсын басқа бір товарды дәл сауда-саттыққа салғандағыдай болды; міне сондықтан да *A* ешқандай қосымша капитал алған жоқ. Оған керегі төлем қаржылары болатын, ол сол керегін алды; алғанда ол үшін банк оның ақша капиталының бір түрін — вексельді екінші түріне — ақшаға айналдырғаны арқасында алды.

Олай болса, шын мәнісінде қарызға капитал беру жайында тек бірінші жағдайда ғана сөз болуы мүмкін. Екінші және үшінші жағдайда капитал қарызы туралы тек мына мағынада ғана сөз етуге болады: капиталды орналастыру атаулының бәрінде «капитал қарызы» дейтіні сияқты. Осы мағынада банк *A*-ға ақша капиталын қарызға береді; бірақ *A* үшін бұл капитал жалпы алғанда оның капиталының бір бөлігі болып табылатындығы мағынасында ғана *ақша капиталы* болып табылады. Сондықтан ол мұны дәл капитал ретінде емес, нақ төлем қаржысы ретінде алып, жұмсайды. Әйтпесе, кәдімгі товар сатудың қай-қайсысын да қарызға капитал алу деп есептеуге тура келер еді, өйткені төлем қаржысы осы сату арқылы алынады.— *Ф. Э.* }

Банкноттар шығаратын жеке меншікті банк үшін мұның айырмашылығы мынада: егер оның банкноттары жергілікті айналыста қалмаса және оған вкладтар түрінде не мерзімі жеткен вексельдер бойынша төленетін төлемдер түрінде қайтып оралмаса, онда бұл банкноттардың банк бұларға алтынмен немесе Ағылшын банкісінің банкноттарымен төлеуге тиіс адамдардың қолына түскені. Сонымен, бұл жағдайда оның өз банкноттарымен қарыз беруі шын мәнісінде Ағылшын банкісінің банкноттарымен қарыз бергені болып табылады,— мұның өзі банк үшін алтынмен, олай болса, өзінің банк капиталының бір бөлегімен қарыз бергенімен бірдей. Ағылшын банкісінің өзі немесе банкноттар шығарудың максимумы туралы заңға бағынатын басқа бір банк өз банкноттарын айналыстан қайтарып алып, сонан соң оларды қайта қарызға беру үшін бағалы қағаздарын сатуға тиіс болған жағдайда, істің мәні тап әлгіндей болады; бұл жағдайда оның өз банкноттары оның жинақталған банк капиталының бір бөлегі болып табылады.

Егер тіпті айналыс таза металл айналысы болған болса, онда мұнымен бірге 1) алтынның басқа жаққа ауысып кетуі { бұл жерде, әрине, алтынның, ішінаралап болса да, басқа жаққа ауысып кетуі жайында айтылып отырған болса керек:— *Ф. Э.* } банк қоймаларын тып-типыл қылар еді, және 2) банкке алтын негізінен төлемдер жөніндегі айырмашылықты өтеу үшін (бұдан бұрынғы сауда-саттықты аяқтау үшін) ғана керек болатындықтан, оның бағалы қағаздар үшін қарыз беруі мықтап артар еді, бірақ вкладтар түрінде немесе мерзімі өткен вексельдер бойынша төленетін төлемдер түрінде өзіне қайтып оралар еді; сондықтан, бір жағынан, банкінің портфеліндегі бағалы қағаздардың саны артқан сайын, оның алтын қорының жалпы сомасы азаяр еді, ал, екінші жағынан, бұрын банк белгілі бір соманы оның несімін деп ұстаса, енді өз вкладчиктерінің қарыздарымын деп ұстар еді, сайып келгенде айналыс қаржыларының жалпы көлемі азаяр еді.

Бұған дейін біз былай деп болжадық: қарыздар банкноттармен беріледі, олай болса, мұның өзі банк билеттерін шығаруды уақытша болса да көбейтуге, бірақ оны ізінше жойып отыруға әкеліп соғады. Алайда бұл әсте де қажетті шарт емес. Қағаз билеттер берудің орнына, банк өз счеттары бойынша *A*-ға кредит аша алады, оның бер жағында банкке қарыздар *A* оның жалған вкладчигіне айналады. Ол өз кредиторларына банкке чек жазып беру арқылы төлейді, ал бұл чекті алушы, өз кезегінде, оны өзінің банкиріне төлейді, бұл келіп, оны есеп айырысатын палатада өзіне берілген чекке айырбастап

алады. Бұл жағдайда іс банкноттардың ешбір қатысуынсыз-ақ бітеді және күллі сауда-саттық мынамен тынады: банк орындауға тиісті талаптар оның өзіне берілген чектермен сальдоға түседі, ал оның шын мәнісіндегі рекомпенсациясы А-ға деген кредиттік талапта болады. Бұл жағдайда банк өзінің банктік капиталының бір бөлегін оған қарызға берді, өйткені ол өзінің борыш міндеттемелерін берді.

Ақша қарызын бұлай керексіну капиталды керексіну болып табылатындықтан, мұның өзі — тек қана ақша капиталын, баскирдің тұрғысынан қарағандағы капиталды, алтынның басқа жаққа ауысып кетуі кезінде — нақ алтынның өзін немесе ұлттық банкінің банкноттарын керексіну; жеке меншікті банк бұларды тек қана эквивалентке сатып ала алады; демек, бұлар оған капитал болып табылады. Не болмаса, сайып келгенде, әңгіме процентті қағаздар, мемлекеттік облигациялар, акциялар, т. б. туралы болады, банк алтынды немесе банкноттарды өзіне тарту үшін бұлар сатылуға тиіс. Бірақ егер бұлар — мемлекеттік қағаздар болса, онда бұл қағаздар оларды сатып алған адамға ғана капитал болады, олай болса, бұларды кім қанша бағаға сатып алса, оған сонша баға болып табылады, оның осы қағаздарға жұмсаған капиталы болып табылады; бұларды өздігінен алғанда капитал емес, жай ғана борыш міндеттемелері; егер бұлар — ипотекалар болса, онда бұлар болашақ жер рентасын алуға берілген жай ғана куәлік болып табылады, ал егер акциялар болса, онда бұл акциялар болашақта қосымша құнды алуға право беретін меншіктің жай ғана титулдары болып табылады. Бұл нәрселердің бәрі шын капитал емес, капиталдың ешбір құрамды бөлегі бола алмайды және өзінен-өзі құн орнына жүрмейді. Мұндай сауда-саттық арқылы банкінің өз ақшасын вкладқа айналдыруға да болады, сонда банк меншік иесінің орнына бұл ақша жөнінде борышқорға айналады, оны басқа бір титулдың негізінде иемденетін болады. Банкінің өзіне мұның қаншалықты мәні болғанымен, бұл резервтегі капиталдың және тіпті ел ішіндегі ақша капиталының санын әсте де өзгертпейді. Олай болса, мұнда капитал тек ақша капиталы ретінде ғана көрінеді, ал егер ол шын мәнісіндегі ақша түрінде өмір сүрмей отырса, онда капиталдың жай титулы ретінде өмір сүреді. Бұл өте маңызды нәрсе, өйткені *банк* капиталының жеткіліксіздігі және оны қатты керексіну *шын* капиталдың азаюымен шатастырылады; мұндай жағдайда әлгі шын капитал өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдер түрінде, қайта, тым көп болады да, рыноктарға қысым жасайды.

Сонымен, қамтамасыз ету ретінде банкілердің ұстап отыратын бағалы қағаздардың саны қалайша өсетінін түсіндіру өте оңай, олай болса, айналыс қаржыларының жалпы көлемі бұрынғы қалпында қалған немесе азайып келе жатқан жағдайда ақша қарызына деген өскелең сұранысты банкілердің қалайша қанағаттандыра алатынын түсіндіру де тым оңай. Атап айтқанда, ақшадан қысылған мұндай кезеңдерде айналыс қаржыларының әлгі жалпы көлемі белгілі бір мөлшерде екі түрлі жағдайда сақталады: 1) алтынның басқа жаққа ауысып кетуі арқасында; 2) жай ғана төлем қаржылары ретіндегі ақшаны керексінудің арқасында сақталады, оның үстіне берілген банкноттар дереу қайта ағылып келеді немесе сауда-саттық ешбір банкноттар бермей-ақ, банк кітаптары бойынша кредит беру арқылы жасалады, олай болса, жай ғана кредит келісімі төлемдерге қызмет етеді, бұл төлемдер бойынша есеп айырысу операцияның бірден-бір мақсаты болып табылады. Ақшаның ерекшелігі мынадай: ақша төлемдерді сальдо жасау үшін ғана қызмет еткенде (ал дағдарыстар кезінде қарыз зат сатып алу үшін емес, төлем төлеу үшін;— жаңадан сауда-саттық бастау үшін емес, бұрынғыларын аяқтау үшін алынады), айналыстағы ақшаның саны болмашы ғана болады, әлгі сальдо жасау таза кредит операциялары арқылы ғана емес, сондай-ақ ақшаның біршама қатысуымен жүзеге асырылған жағдайда да ол мүлде мардымсыз болады; олай болса ақша қарызына деген сұраныс күшті болып отырғанда орасан зор көлемдегі сауда-саттық айналысты көбейтпей-ақ жүзеге асырыла алады. Бірақ өзі беретін ақша қарызы едәуір көбеюмен бірге, Ағылшын банкісінің айналысы өзгеріссіз қала беретіндік немесе тіпті кемитіндік фактысының бір өзі ғана,— мұны Фуллартон, Тук, т. б. ұғынатынындай (өздерінің ақша қарызы қосымша капитал, *capital on loan* алумен тең дейтін қате пікірі салдарынан),— төлем қаржысының міндетін атқарушы ақша (банкноты) айналысының көбеймейтінін және кеңеймейтінін есте де *prima facie*\* дәлелдемейді. Іс тоқыраған кезде, соншалықты көп қарыз керек болғанда сатып алу қаржысы ретіндегі банкноттар айналысы азаятындықтан, олардың көлем қаржысы ретіндегі айналысы артуы мүмкін, ал күллі айналыс сомасы, сатып алу қаржысы мен төлем қаржысы ретінде қызмет ететін банкноттар сомасы дегенмен өзгермеуі немесе тіпті кемуі мүмкін. Өздерін шығарушы банкіге сол мезетте-ақ қайта ағылып келетін банкноттардың төлем қаржысы ретінде айналысы әлгі айтылған экономистердің пікірінше, тіпті де айналыс емес.

---

\* — ең алдымен. *Ред.*

Егер төлем қаржысы ретіндегі ақша айналысы сатып алу қаржысы ретіндегі ақша айналысы азаюынан гөрі жоғары дәрежеде артса, онда бүкіл айналыс өсер еді, бірақ сатып алу қаржысы ретінде қызмет атқарушы ақшаның мөлшері едәуір кемір еді. Ал мұның өзі дағдарыстың белгілі бір кезеңдерінде шынымен болады, атап айтқанда кредит толық күйреген жағдайда товарлар мен бағалы қағаздарды сату былай тұрсын, тіпті вексельдерді есепке алуға мүмкіндік болмай қалғанда, төлемді нақты ақшамен төлеуден немесе, көпестер айтатындай, кассадан басқа ештеңе қалмағанда, осылай болады. Фуллартон мен басқалар банкноттардың төлем қаржысы ретінде айналуы ақшаға мұқтаждықтың мұндай кезеңдері үшін тән нәрсе екенін түсінбегендіктен, олар бұл құбылысты кездейсоқ жайт деп қарайды.

«Банкноттар алу үшін болатын, үрейлі кезеңдерді сипаттайтын және кейде, 1825 жылдың аяғындағыдай, тіпті алтынның басқа жаққа ауысып кетуі тоқталмай отырғанның өзінде, эмиссияның кенеттен, уақытша болса да көбеюіне бастауы мүмкін күшті бәсекенің мысалдарына келетін болсақ, онда менің ойымша, бұған курстің төмендеуімен тұтас келетін табиғи немесе қажетті құбылыстардың бірі деп қараудың керекі жоқ; мұндай жағдайдағы сұраныс дегеніміз айналыс қаржыларына емес» (сатып алу қаржысы ретіндегі айналыс қаржыларына емес деу керек еді). «қазынаға деген сұраныс, үрейленген банкирлер мен капиталистердің бір бөлегінің сұранысы, әдетте, дағдарыстың соңғы кезінде пайда болады, сұраныс болып табылады» (алай болса, төлем қаржыларының резервіне деген сұраныс), «алтынның ұзақ уақыт басқа жаққа ауысуынан кейін оның аяқталып келе жатқанының нышаны болады» (Fullarton, шығармаларынан цитата, 130-бет).

Төлем қаржысы ретіндегі, ақшаны зерттегенде-ақ («Капитал», I кітап, III тарау, 3, в) біз: төлемдер тізбегі күрт үзілген кезде, товарлар жөнінде ақшаның таза идеалды формасынан заттың формаға және сонымен бірге құнның абсолютті формасына қалайша айналатынын көрсеткенбіз. Онда біз 100 және 101-ескертүлерде мұның кейбір мысалдарын келтіргенбіз. Бұл үзілістің өзі кредиттің шырқы бұзылуының және онымен қоса келетін: рыноктар лық толып, товарлардың бағасы түсуінің, өндірістегі үзілістің, т. б. жайлардың ішінара салдары, ішінара себебі болып табылады.

Алайда мынау айқын: Фуллартон сатып алу қаржысы ретіндегі ақша мен төлем қаржысы ретіндегі ақшаның арасындағы айырмашылықты айналыс қаржысы (сиггелсу) мен капитал арасындағы қате айырмашылыққа айналдырып отыр. Бірақ мұның негізінде тағы да сол айналыс туралы банкирге тән, өрісі тар ұғым жатыр.

Тағы да былай деп сұрауға болар еді: мұндай қиын кезеңдерде не жетіспейді — капитал ма немесе төлем қаржысының

белгілі бір түріндегі ақша ма? Таластың өзі де нақ осында болып отырғаны мәлім.

Қысылшаң жағдай алтынның басқа жаққа ауысып кетуінен байқалатындықтан, ең алдымен халықаралық төлем қаржылары керек екені айқын. Бірақ халықаралық төлем қаржысының белгілі бір түріндегі ақшаның өзі нақты металл түріндегі алтын, субстанция, оның өзі — құн, құндық жиын болып табылады. Сонымен бірге ақша-капитал, бірақ капитал болғанда товар капиталы емес, ақша капиталы, товар түріндегі капитал емес, ақша түріндегі капитал (және оның үстіне дүние жүзілік рыноктың жалпыға бірдей товары болып табылатын жоғары мағынадағы ақша). Бұл арада төлем қаржылары ретіндегі ақшаға деген сұраныс пен капиталға деген сұраныстың арасында қарама-қарсылық жоқ. Қарама-қарсылық ақша түріндегі капитал мен товар түріндегі капиталдың арасында; оның тап осы жағдайда керек болып отырған түрі және бірден-бір қызмет ете алатын түрі оның ақшалай түрі болып табылады.

Алтынға (немесе күміске) деген бұл сұранысты былай қойғанның өзінде, дағдарыстың мұндай кезеңдерінде капиталдың жетіспеушілігі белгілі бір түрде сезіледі деп айтуға болмайды. Мұның өзі төтенше жағдайларда, мәселен, астық қымбаттап кеткенде, мақта жетіспегенде, т. б. реттерде болуы мүмкін; бірақ мұндай жағдайлар ондай кезеңдердің әсте де қажетті немесе әдеттегі серіктері емес; сондықтан капиталдың мұндай жетіспеуінің болуын о бастан-ақ ақша қарызына деген қатты сұраныстың байқалуынан әкеліп шығаруға болмайды. Қайта, мұның керісінше, рыноктар товар капиталына лық толып, аузы-мұрнынан асып жатады. Олай болса, қысылшаң жағдай қайткенде де *товар* капиталының жеткіліксіздігінен тумайды. Бұл мәселеге біз кейін қайта ораламыз.

**ҮШІНШІ КІТАП**

**ТҰТАС АЛЫНҒАН**  
**КАПИТАЛИСТІК ӨНДІРІС**  
**ПРОЦЕСІ**

*ЕКІНШІ БӨЛІМ*



## БЕСІНШІ БӨЛІМ

**ПАЙДАНЫҢ ПРОЦЕНТКЕ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК  
ТАБЫСҚА БӨЛІНУІ.  
ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ  
(жалғасы)**

## ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**БАНК КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛШЕКТЕРІ**

Енді біз банк капиталының неден құралатынын егжей-тегжейлі қарастыруға тиіспіз.

Фуллартон және басқалар айналыс қаржысы ретіндегі ақша мен төлем қаржысы ретіндегі ақшаның, (алтынның кемуі ескерілетін болғандықтан, дүние жүзілік ақшаның да) арасындағы айырмашылықты айналыс қаржысы (сиггенсу) мен капитал арасындағы айырмашылыққа айналдырғанын біз жаңа ғана көріп өттік.

Бұл жерде капитал атқаратын өзгеше роль мынаған тіреледі: «білімдар» саяси экономия ақша капитал емес деп иландыруға қалай тырысқан болса, мына банкирлік саяси экономияда ақша асылында *par excellence\** капитал болып табылады дегенді дәлелдеуге дәл солай тырысып отыр.

Алдағы зерттеулерде біз мынаны көрсетеміз: бұл жерде ақша капиталы процент беретін капитал деген мағнада *moneyed capital\*\** мен шатастырылып отыр, ал абзалында бірінші мағнасында ақша капиталы әрқашан капиталдың тек өткінші формасы, капиталдың басқа формаларынан: товар капиталы мен өндіргіш капиталдан айыра қаралатын формасы ғана болып табылады.

Банк капиталы: 1) нақты ақшадан, алтыннан немесе банкноттан; 2) бағалы қағаздардан құралады. Ал осы бағалы қағаздарды тағы екіге бөлуімізге болады: сауда қағаздары, яғни оқтын-оқтын мерзімі өтіп отыратын және банкирдің бар қызметі соны есепке алу болып табылатын ағымдағы вексельдер; және жария бағалы қағаздар, мысалы, мемлекеттік облигациялар, казначей куәліктері, әрқилы акциялар,— қысқасы, процент беретін, бірақ вексельдерден елеулі айырмашылығы бар қағаздар. Ипотеканы да осыған қосуға болады. Осы зат-

---

\* — көбінесе. *Ред.*

\*\* — ақша капиталымен. *Ред.*

тық құрамды бөліктерден құралатын капитал тағы да келіп екіге: банкирдің өзі салған капиталына және банкирдің banking capital-ын құрайтын депозиттерге, немесе қарыз капиталына бөлінеді. Банкнот эмиссиясымен шұғылданатын банктерде бұған банкноттар да қосылады. Депозиттер мен банкноттарды біз әзірше шет қалдыра тұрамыз. Қалай болғанда да мына жағдай айқын: банкир капиталының нағыз құрамды бөліктері — ақша, вексель, процент қағаздары — осы түрлі элементтер банкирдің өз капиталы ма, әлде депозиттер ме, яғни басқа адамдардың капиталы ма, — онан ешбір өзгермейді. Банкир өз ісін тек өз капиталымен немесе оған депозитке берілген капитал арқылы ғана жүргізе ме, бұған қарамастан, капиталдың бөлікке бөлінуі өзгеріссіз қала береді.

Процент беретін капитал формасы мынаған соқтырады: нақты мөлшерде және мезгілімен түсетін әрбір ақшалай табыс ол өзі капиталдан өнді ме, жоқ па, бұған қарамастан, капиталға қосылған процент болып көрінеді. Әуелі ақшалай табыс процентке айналады, ал онан кейін, процент бар екен, ендеше ақшалай табыс берген капитал да ешқайда қашпайды. Дәл сол сияқты, процент беретін капитал бар екен, құн сомасының қандайы болсын, ол өзі табыс ретінде жұмсалмайтын болса, капитал болып, нақ негізгі сома (principal) болып көрінеді, сол сома беруі мүмкін немесе шын бере алатын процентке қарама-қарсы болады.

Істің мәні онай: орташа процент нарқы жылына 5% болсын делік. Демек, процент беретін капиталға айналдырылған 500 ф. ст. сома жыл сайын 25 фунт стерлинг берер еді. Сондықтан әрбір жылға белгіленген 25 ф. ст. табыс 500 ф. ст. капиталдың проценті деп қаралады. Бірақ бұл — барынша жалған түсінік, бұған 25 ф. ст. табыстың өнетін көзін — мейлі ол меншіктің жай титулы болсын, немесе борыш талабы, немесе тіпті, мысалы, жер участогы сияқты нағыз өндіріс элементі болсын — тікелей өткізуге болатын жағдай немесе ол өткізуге болатын формаға енген жағдай қосылмайды. Мысалға мемлекеттік борыш пен жалақыны алайық.

Қарызға алған капиталы үшін мемлекет кредиторларға жыл сайын белгілі мөлшерде процент төлеуге тиіс. Мұндайда кредитор борышқордан борышын өтеуді талап ете алмайды, ол өзінің борыш талабын, меншік титулын тек қана сата алады. Ал капиталдың өзін мемлекет тұтынып, жұмсап қойған. Ол енді жоқ. Ал енді мемлекеттің кредиторына келетін болсақ, онда 1) мемлекеттің, айталық, 100 фунт стерлингке берген борыш міндеттемесі бар; 2) осы міндеттеме арқасында ол мемлекеттің жылдық табысының белгілі бөлігін, яғни жылдық салықтың, айталық, 5 ф. ст. немесе 5% мөлшеріндегі бө-

# Das Kapital.

Kritik der politischen Oekonomie.

Von

Karl Marx.

Dritter Band, zweiter Theil

Buch III:

Der Gesamtprocess der kapitalistischen Produktion.

Kapitel XXIX bis LII.

Herausgegeben von Friedrich Engels.

Das Recht der Uebersetzung ist vorbehalten.

Hamburg

Verlag von Otto Meissner.

1894.

«Капиталдың» III томының неміше бірінші басылуының титул беті

лігін алуға праволы болады; 3) ол осы 100 ф. ст. борыш міндеттемесін басқа қалаған адамына сата алады. Егер процент нарқы 5% болса, және де мемлекеттің төлем қабілеттілігі күдік туғызбайтын болса, ондайда, жалпысын айтсақ, егер *A* борыш міндеттемесін *B*-ға 100 фунт стерлингке сата алады, өйткені *B* жылдық 5% өсіммен 100 ф. ст. қарызға бере ме немесе тіпті 100 ф. ст. төлеу арқылы жыл сайын мемлекет тарапынан 5 ф. ст. мөлшерінде алым алуды қамтамасыз ете ме,— ол үшін мұның бәрібір. Бірақ осы реттердің бәрінде де мемлекет беретін төлем өсімі (проценті) болып есептелетін капитал ой жоруындағы, жалған капитал болып қала береді. Оның бұлай болатын себебі: мемлекетке қарызға берілген соманың жалпы енді жоқтығынан ғана емес. Бұл сома жалпы ешқашан капитал ретінде жаратуға, жұмсауға арналған емес, ал оның бер жағында бұл сома капитал ретінде қолданылғанда ғана өзін өзі сақтайтын құнға айналған болар еді. Ысырапқордың мүлкінен алуға тиісті бөлігі өсімқор үшін капиталдың проценті болып көрінетіні сияқты, бастапқы кредитор *A* үшін де жыл сайынғы салықтан алуға тиісті есесі оған капиталының проценті болып көрінеді, дегенмен бұл екі жағдайда да қарызға берілген ақша сомасы капитал ретінде жұмсалмаған. Мемлекеттің борыш міндеттемесін сату мүмкіншілігі *A* үшін негізгі соманы қайтару мүмкіншілігі болып табылады. Ал *B*-ға келсек, оның өз көзқарасы тұрғысынан алғанда, оның капиталы процент беретін капитал ретінде жұмсалған. Ал істің асылына келсек, *B* тек *A*-ның орнын басты да, *A*-ның мемлекеттен талап ететін қағазын сатып алды. Бұл тәріздес келісімдер мейлі қаншама болса да мемлекеттік борыш капиталы таза жалған күйінде қала береді, сондықтан борыш куәліктерін сатып алушы табылмаған кезден бастап әлгі капиталдың тіпті елес жұрнағы да жоғалған болар еді. Дегенмен осы жалған капиталдың өзіне тән қозғалысы бар екеніне қазір көзіміз жететін болады.

Процент беретін капитал жалпы алуан түрлі бұрмаланған форма туғызатын болғандықтан, банкирдің ұғымында борыштар да товар секілді көрінуі мүмкін екендіктен, біз енді капитал ретінде теріс шама көрінетін мемлекеттік борыш капиталына қарама-қарсы жұмыс күшін алып қарастыралық. Мұнда жалақы процент ретінде, олай болса, жұмыс күші процент беретін капитал ретінде алынады. Егер, мысалы, жылдық жалақы 50 фунт стерлингке тең, ал процент нарқы 5% болса, ондайда жыл бойы істейтін жұмыс күші 1000 фунт стерлинг капиталға тең деп есептеледі. Капиталистік өндіріс әдісі ұғымының қисынсыздығы бұл жерде өзінің шырқаушынына жетеді; капитал құнының артуы жұмыс күшін қанаудан

туады деп түсіндірудің орнына мұның керісінше, жұмыс күшінің өнімділігі сол жұмыс күшінің өзі процент беретін әлгі құпия зат, капитал болғандығынан деп түсініледі. XVII ғасырдың екінші жартысында (мысалы, Петтиде) бұл өзі жұрттың аузынан тастамайтын ұғым болды, ал оны біздің заманымызда да ішінара тұрпайы экономистер, ішінара, көбінесе неміс статистиктері мейлінше мықтап пайдаланып келеді.<sup>1)</sup> Амал не, осы бір миға қонбайтын ұғымды маскаралап, күлін көкке ұшыратын екі жағдай бар: біріншіден, әлгі процентті алу үшін жұмысшы жұмыс істеуге тиіс, екіншіден, ол өзінің жұмыс күшінің капитал құнын бөтенге беру жолымен сыңғырлаған монетаға айналдыра алмайды. Ол ол ма, жұмысшының жұмыс күшінің жылдық құны оның жылдық орташа жалақысына тең, сондықтан ол жұмыс күшін сатып алушыға өз еңбегі арқылы дәл осы құнды және оған қоса қосымша құнды өтеуге, яғни өсімін өтеуге тиіс. Құлдық системасы тұсында қызметкердің капиталдық құны, атап айтсақ, сатып алу бағасы болады. Ал егер ол жалға берілсе, онда жалдаушы, біріншіден, оның сатып алу бағасының процентін төлеуге және бұған қоса капиталдың жыл сайынғы тозуының орнын толтыруға тиіс.

Жалған капиталдың құралуын капиталдандыру деп атайды. Үнемі қайталанып тұратын әрбір табыс капиталдандырылады, оның үстіне бұл табыс дәл осындай орташа процент нарқымен қарызға берілген капиталдан түсетін табыс ретінде есептеледі; мысалы, егер жылдық табыс 100 фунт стерлингке, ал процент нарқы 5%-ке тең болса, онда 100 ф. ст. 2 000 фунт стерлингтің жылдық проценті болар еді, сондықтан бұл 2 000 ф. ст. енді жыл сайынғы 100 ф. ст. табысқа меншіктің заңдық титулының капиталдық құны болып есептеледі. Ал осы меншік титулын сатып алған адамға 100 ф. ст. жылдық табыс шынында да 5% өсіммен берген капиталының проценті болып табылады. Капитал өсуінің шын процесімен байланыс біткеннің бәрі осылай үшті-күйлі жоғалады, сөйтіп капитал дегеніміз өзінен өзі өсіп отыратын құн деген ұғым біржолата бекиді.

Мемлекеттік борыштар жөнінде болатыны сияқты, тіпті борыш куәлігі — бағалы қағаз — таза ой жоруындағы капитал болып көрінбейтін реттерде де бұл қағаздың капиталдық құны таза ой жоруындағы құн болып табылады. Кредиттің

<sup>1)</sup> «Жұмысшының капиталдық құны бар, егер біз оның жыл сайынғы жалақысының ақшалай құнын проценттік табыс деп қарайтын болсақ, әлгі капиталдық құнның мөлшері шығады... Егер... күндің орта жалақы 4%-тен капиталдандырылса, онда ауыл шаруашылығындағы бір еркек жұмысшының орташа құны: немістік Австрияда — 1 500 талер. Пруссияда — 1 500, Англияда — 3 750, Францияда — 2 000. Орталық Россияда — 750 талер болады. (*Von Reden. -Vergleichende Kultur-Statistik ets\**, Berlin, 1848, S. 434).

акционерлік капиталды қалай жасайтынын біз жоғарыда көрдік\*. Қағаздар сол капитал орнына жүретін меншік титулдары қызметін атқарады. Темір жол, тау-кен, кеме және басқа қоғамдардың акциялары шын капитал, атап айтқанда сол кәсіпорындарға жұмсалған және соларда қызмет атқаратын капитал, немесе қатысушылар сол кәсіпорындарында капитал ретінде жұмсау мақсатымен авансылаған ақша сомасы болып табылады. Ал оның бер жағында акциялар нағыз алаяқтық әрекет болып шығуы да ықтимал. Дегенмен бұл капитал — бірде меншік титулының, акциялардың капиталдың құны ретінде, енді бірде әлгі аталған кәсіпорындарға шын мәнісінде жұмсалған немесе жұмсалуды тиісті капитал ретінде қосқабат өмір сүре алмайды. Капитал тек осы соңғы формада өмір сүреді, ал акция дегеніміз тек меншіктің титулы, оған алынатын қосымша құнға *pro rata*\*\*.

*A* титулды *B*-ға сата алады. *B* оны *C*-ға сата алады. Мұндай келісімдер істің мәнін ешқандай өзгертпейді. Бұл ретте *A* немесе *B* өздерінің титулын капиталға айналдырады, ал *C* өз капиталын тек акционерлік капиталдан күтілетін қосымша құнға деген меншік титулына айналдырады.

Осы меншік титулдары — мемлекеттік бағалы қағаздардың ғана емес, сонымен қатар акциялардың да, — құнының дербес қозғалысы бұлар өзі, мүмкін, титулы болып табылатын капиталмен немесе талап қағаздарымен қатар шын капитал құрайды-мыс деген жалған ұғымға дем береді. Атап айтқанда, олар товарға айналады, ол товарлардың бағасы ерекше қозғалыста болады да, ерекше түрде белгіленеді. Олардың рыноктік құны номинал құнынан бөлек, шын капитал құнының өзгеруіне байланысы жоқ (осы құнның өсуіне байланысты бола тұрса да) тұжырым табады. Бір жағынан, бұлардың рыноктық құны олар алуға право беретін табыстың мөлшеріне және қамтамасыз етілуіне қарай ауытқып отырады. Егер акцияның номинал құны, яғни шын жұмсалған сома, акция бастапқы кезінде тең болған сома 100 ф. ст. болса және егер кәсіпорын 5% орнына 10% беретін болса, онда басқа жағдайлары бірдей және процент нарқы 5% болған ретте акцияның рыноктік құны 200 фунт стерлингке дейін көтеріледі, өйткені 5% өсіммен капиталдандырылған ол енді 200 фунт стерлинг жалған капитал болып табылады. Оны 200 фунт стерлингке сатып алған адам осы жұмсалған капиталдан 5% табыс алады. Егер кәсіпорынның табысы кемісе, мұның керісінше болады. Бұл қағаздардың рыноктық

\* — қараңыз: осы том, I бөлім, 470—471-беттер. *Ред.*

\*\* — пропорциялас. *Ред.*

құны ішінара жалдаптық түрінде болады, өйткені әлгі құн мөлшері тек шын табыспен ғана емес, сонымен қатар күні бұрын есептелген мөлшермен белгіленеді. Бірақ шын капитал құнының ұлғаюы тұрақты болса, немесе баяғы мемлекеттік борыш жөніндегі сияқты ешбір капитал жоқ болса, жыл сайынғы табыс заңмен тағайындалса, жалпы жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген болса, мұндайда әлгі бағалы қағаздардың бағасы процент нарқының қозғалысына қарама-қарсы бағытта көтеріліп және төмендеп отырады. Егер процент нарқы 5%-тен 10%-ке көтерілсе, онда 5 фунт стерлингті қамтамасыз ететін бағалы қағаз тек 50 ф. ст. капитал орнына жүреді. Ал егер процент нарқы  $2\frac{1}{2}\%$  дейін төмендесе, онда әлгі бағалы қағаз 200 ф. ст. капитал орнына жүреді. Оның құны әрқашан тек капиталдандырылған табыс, яғни қолданылып жүрген процент нарқына сәйкес ой жоруындағы капиталға есептелген табыс. Сонымен, ақша рыногында қиыншылық туған кездерде бұл бағалы қағаздардың бағасы екі түрлі себеп салдарынан төмендейді: біріншіден, мұның себебі — процент нарқының көтерілуі, және екіншіден, ақшаға айналдыру мақсатымен олардың рынокқа көп шығарылуы. Бағаның бұлай төмендеуі осы қағаздардың иесін қамтамасыз ететін табысы мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылардікіндей тұрақты күйде қалған жағдайда да, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарында кездесетіні сияқты ұдайы өндіріс процесінің бұзылуы салдарынан әлгі бағалы қағаздар орнына жүріп келген шын капитал өскен жағдайда да орын тебеді. Соңғы ретте жоғарыда айтылған баға түсушілігіне тек тағы бір жаңа түрі қосылады. Егер бағалы қағаздар күйреген немесе жалған кәсіпорындардікі болмаса, шайқалыс дауылы өткеннен кейін олардың курсы қайтадан бұрынғы дәрежесіне жетеді. Дағдарыс кезінде олардың бағасы түсуі ақша мүлкін орталықтандырудың қуатты құралы ретінде қызмет етеді<sup>2)</sup>.

Шын капиталдың орнына жүретін бұл қағаздардың құны түсуі немесе артуы шын капитал құнының қозғалысына тәуелсіз болғандықтан, әлгіндей құнның түсуінен немесе өсуінен кейін ұлттың байлығы оған дейін қандай болса, дәл сол қалпында қала береді.

<sup>2)</sup> Февраль революциясынан кейін іле-шала, Парижде товарлар мен бағалы қағаздардың бағасы орасан төмендеп, оларды сатып алушы мүлде табылмай қойған кезде, Ливерпульдегі бір швейцар көпесі, Р. Цвильхенбарт мырза (осы әңгімені менің әкеме айтқан адам) мүмкін болған нәрсенің бәрін ақшаға айналдырып, осы нақты ақшасын алып Парижға тартады, сөйтіп Ротшильдке екеуіміз бірлесіп айла-шарғы жасалық деп ұсыныс жасайды. Ротшильд оның бетіне қадала қарап, жақын келеді де, нығына қолын салып тұрып, мынадай сұрақ қояды: „Avez vous de l'argent sur vous? — „Oui, M. le baron! — „Alors vous êtes mon homme!“ [«Ал сіздің ақшаныз бар ма? — «Бар, барон мырза!» — «Онда сіз маған қерек адамның өзі болдыңыз!»]. — Сонымен екеуі асқан айла-шарғы жасапты. — Ф. Э. }

«1847 жылдың 23 октябріне мемлекеттік фонд қағаздарының және каналдар мен темір жол акцияларының бағасы 114 752 225 ф. ст. төмендеп үлгірген еді» (Моррис, Ағылшын банкісінің басқарушысы, «Commercial Distress» есебінде көрсетілген, 1847—1848 [№ 3800]).

Олардың бағасының түсуі өндірістің және темір жол мен каналдарда жүк тасымалының шын мәнісінде тоқырағанын, немесе жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың тоқтағанын, немесе шын мәнісінде түкке тұрғысыз кәсіпорындарға капиталдың бекерге жұмсалғанын көрсетпегендіктен, номинал ақша капиталының сабынның көбігінде жоқ болуынан ұлт бұрынғыдан тіпті бір тиындай мөлшерде де кедейленген жоқ.

Шындығында бұл қағаздардың бәрі де — тек болашақ өндіріске деп жинақталған талаптар, заңды титулдар, бұлардың ақшалай немесе капиталдық құны не баяғы мемлекеттік борыштар сияқты, ешқандай капитал емес, не болмаса өздері орнына жүретін шын капиталдың құнына байланыссыз реттеліп отырады.

Капиталистік өндірісі бар елдердің бәрінде де процент береді дейтін капиталдың орасан көпшілігі немесе *moneyed capital* осы формада өмір сүреді. Сондықтан ақша капиталының қорлануы дегенді жұрт көбінесе тек өндіріске деген осы талаптардың қорлануы, осы талаптардың рыноктік бағасының, ой жоруындағы капитал құнының қорлануы деп түсінеді.

Міне, банкир капиталының бір бөлігі осы проценттік қағаз дейтінге салынды делік. Бұл — шынында резерв капиталының бөлігі, ондай капитал банк ісіне қатыспайды. Бұл қағаздардың неғұрлым көпшілік бөлігі вексельдерден, яғни өнеркәсіп капиталистерінің немесе көпестердің төлем міндеттемелерінен құралады. Ақшалы кредитор үшін бұл вексельдер проценттік қағаздар болып табылады, яғни бұл қағаздарды сатып алғанда ол төлем мерзіміне дейін қалған уақыттың процентін шегеріп тастайды. Есепке алу дегеніңіз міне осы. Сонымен, вексельде көрсетілген сомадан шегерілетін мөлшер сол кездегі процент нарқының шамасына байланысты болады.

Ақырында, банкир капиталының ақтық бөлігі оның алтын немесе банкнот түріндегі ақша резервінен құралады. Егер тек договормен азды-көпті ұзақ мерзім белгіленбеген болса, вклад салушы салған вкладын қалаған уақытында алуы мүмкін. Салынған вклад үнемі ағылып келу және кету күйінде болады. Дегенмен алынған вкладтардың орнына жаңалары қосылып отырады да, істің барысы бір қалыпты кезеңде салынған вкладтардың орташа мөлшерінде өзгеріс аз болады.

Капиталистік өндіріс дамыған елдерде банктердің резерв



қорлары әрқашан орта есеппен қазына ретіндегі ақшаның санын көрсетеді, оның үстіне әлгі қазынаның бір бөлігі тағы да қағаздардан, алтын алуға деген жай куәліктерден құралады, бірақ олардың ешқандай өзіндік құны болмайды. Сондықтан да банк капиталының дені мүлде жалған капитал болады да, борыш талаптарынан (вексельдерден), мемлекеттік қағаздардан (бұрынғы капитал орнына жүретін) және акциялардан (болашақ табысты алу куәліктерінен) құралады. Бұл ретте мынаны ұмытпаған жөн: банкирлердің сейфтерінде жатқан әлгі қағаздар арқылы бейнеленетін капиталдың ақшалай құны мүлде жалған құн, олар өзі тіпті қамтамасыз етілген табыс куәліктері (мемлекеттік қағаздар сияқты) болған күнде де немесе шын капиталға меншік титулы болғанда да (акциялар сияқты) жалған құн болады, және де осы ақшалай құн тым болмаса әлгі айтылмыш қағаздар ішінара орнына жүретін шын капиталдың құнынан тәуелсіз реттеліп отырады; ал егер олар капиталды бейнелемей, табысқа деген жай талап қағаз болса, онда сол бір табыстың өзіне деген талап үнемі өзгеріп тұратын жалған ақша капиталы түрінде көрініп отырады. Бұған қосылатын тағы бір жағдай — банкирдің осы жалған капиталының көп бөлігі оның өз капиталы емес, банкке процентпен немесе процентсіз салып қойған жұртшылық капиталы.

Вкладтар әрқашан ақша, алтын немесе банкнот, немесе сондайларды алуға деген куәлік түрінде салынады. Шын айналыстың керек етуіне қарай бірде қысқарып, бірде ұлғайып отыратын резерв қорын былай қойғанда, бұл вкладтар іс жүзіне келгенде әрқашан қолда болады, бір жағынан, өнеркәсіп капиталистері мен көпестердің қолында болады, олар вкладтар есебінен өздерінің вексельдерін есепке алып отырады әрі қарыз алады; екінші жағынан, бағалы қағаздармен сауда жасайтындардың (биржа делдалдарынан), немесе өздерінің бағалы қағаздарын сатқан жеке адамдардың, немесе үкіметтің (казначейство куәліктері мен жаңа заемдарға байланысты реттерде) қолында болады. Ал вкладтардың өзі екі түрлі роль атқарады. Жоғарыда айтылғанындай, олар, бір жағынан, процент келтіретін капитал ретінде қарызға беріледі, демек, банктердің кассасында болмайды, вкладшыларға тиісті сом ретінде банктердің кітаптарында тіркеулі ғана болады. Екінші жағынан, вкладтар тек осындай кітапта жай тіркелу ретінде ғана қызмет атқарады, олай болатын себебі вклад салушылардың өзара талаптары вкладтарға деген чектер арқылы теңесіп, счеттардан өзара өшіріліп отырады; мұнда вкладтар бір банкирдің қолында ма, сөйтіп ол банкир счеттарды теңестіруді өзі жүргізе ме, немесе мұны тек айырмасын ғана төлеп,

өзара чектерін айырбастап отыратын әр түрлі банктер істей ме,— мұның бәрібір.

Процент беретін капитал және кредит системасының дамуымен байланысты капитал біткеннің бәрі екі есе, кейбір реттерде тіпті үш есе артқан болып көрінеді, бұл түрлі тәсілмен істеледі, сол тәсілдер арқасында бір капиталдың өзі немесе тіпті бір борыш талабының өзі әр түрлі қолда әр қилы түрде көрініс табады<sup>3)</sup>. Бұл «ақша капиталының» көп бөлігі мүлде жалған капитал. Резерв қорын қоспағанда, вкладтардың бәрі бастан-аяқ банкирдің борыш міндеттемелері болып табылады, сондықтан ешқашан нақты түрде болмайды. Вкладтар есеп айыру айналымы үшін қызмет ететін болғандықтан, банкирлер оларды қарызға бергеннен кейін олар банкир үшін капитал ретінде қызмет атқарады. Банкирлер бірімен бірі атымен жоқ вкладтарға деген куәліктермен есеп айырысады, сөйтіп әлгі борыш талаптарын счеттардан өзара өшірісіп отырады.

Ақшалай қарыз беруде капиталдың атқаратын ролі жөнінде А. Смит былай дейді:

«Тіпті ақша қарыз ісінде де ақша бейне бір куәлік ролінде қызмет атқарады, сөйтіп өз иесінде жұмсалып реті табылмаған капитал осы куәліктің көмегімен қолдан қолға өтеді. Мұндай капиталдар мөлшері жағынан олардың өздерінің ауысуына құрал болған ақша сомасынан шексіз дерлік арттырыла беруі мүмкін; баяғы бір ақшаның өзі көптеген әр алуан заемдар алған кезде де, дәл сондай-ақ көптеген әр алуан сатып алу ісіне де бірден-бірге қызмет етеді. А мысалы, W-ға 1 000 ф. ст. қарыз береді, бұған W дереу B-дан 1000 фунт стерлингке товар сатып алады. B ақшаны жұмсауға орын таппағандықтан, ол әлгі ақшаны X-ға қарызға береді, ал X дереу осы ақшаға тағы да C-тан 1 000 фунт стерлингке товар сатып алады. Осылайша және осы негізбен C ақшасын Y-ке қарызға береді, ол бұл ақшаға тағы да D-дан товар сатып алады. Сонымен, баяғы бір ақша, алтын немесе қағаз ақша, аз ғана күн ішінде әр түрлі үш заемға және үш түрлі сатып алу ісіне дәнекер болады, мұның үстіне әлгі келісімнің әрқайсысы

<sup>3)</sup> ! Капиталдың осы екі есе және үш есе артуы соңғы жылдарда, мысалы, қазірдің өзінде Лондонның биржа есептерінде ерекше рубрикаға ие болған финанстрестері арқасында едәуір кең өрістеді. Белгілі бір процент қағаздарын, айталық, шет мемлекеттердің бағалы қағаздарын, ағылшынның қалалық немесе американың мемлекеттік облигацияларын, темір жол акцияларын, тағысын тағыларды алатын қоғам құрылуда. Айталық акцияларға жазылу арқылы 2 миллион ф. ст. капитал жиналады; дирекция осыған тиісті бағалы заттарды сатып алады немесе сонымен әл-қадерінше мықтап жалдаптық жасайды да, шығынды шегеріп тастағаннан кейін қалған жылдық процентті акционерлер арасында дивиденд ретінде бөледі. Онан соң, кейбір акционерлік қоғамдарда жай акцияларды preferred және deferred [қымбатты және екінші кезектегі] деп екі класқа бөлу әдетке айналды. Preferred акциялар тағайынды процент, айталық, 5% береді, өрине, бұл кәсіпорынның жалпы пайдасы мүмкіндік бергенде ғана болады; егер мұның үстіне бірдемелер артылып қалса, ол deferred акциялары бойынша бөлінбейді. Осылайша preferred ретінде салынған «қомарты» капитал азды-көпті мөлшерде шын мәнісіндегі жалдаптықтан аулақ ұсталады; жалдаптық deferred-пен жасалады. Бірақ кейбір жеке ірі кәсіпорындар бұл жаңа модаға бағынғысы келмейтіндіктен, осы кәсіпорындардың акциясына бір немесе бірнеше миллион фунт стерлинг қосып, сонан кейін сол акциялардың номинал құнына лайық жаңа акциялар шығаратын, бірақ енді оны жартылай preferred, жартылай deferred етіп шығаратын қоғамдар құрыла бастады. Мұндай реттерде бастапқы шығарылған акциялар екі есе артады, өйткені олар жаңа акциялар шығаруға негіз болады. Ф. Э. >

өзінің құны жағынан әлгі ақшаның бүкіл сомасына тең болады. Ақша иелері *A*, *B* мен *C* қарыз алушы *W*, *X* және *Y* үшеуіне осылай сатып алу ісін жүргізуге тек билік қана берді. Бұл заемдардың бағалылығы да, пайдалылығы да осы билікте жатыр. Үш капиталист қарызға берген капитал оған сатып алуға болатын товардың құнына тең, бірақ осы сатып алу істерін жүргізуге құрал болған ақшаның құнынан үш есе артық. Солай бола тұрса да, бұл қарыздардың бәрі де толық қамтамасыз етілуі мүмкін, өйткені қарыз ақшаға борышкерлер алған товарлар кейін өзінің құнын пайдасымен алтын немесе қағаз ақша түрінде қайтарарлық тәсілмен тұтынылады. Ал белгілі бір ақшаның жалпы алғанда сол ақшаның құнынан үш есе немесе тіпті отыз есе артып түсетін түрлі заемдар үшін құрал болып қызмет ете алатыны сияқты, бұл ақша әлгі заемдарды бірден-бірге қайтару құралы болып та қызмет етеді» ([A. Smith. «An Inquiry in to the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London, 1776] Book II, ch. IV [p. 428—429]).

Айналыс шапшаңдығына қарай белгілі бір ақшаның өзі бірнеше рет әр түрлі сатып алу ісіне қызмет ете алады екен, ендеше ол ақша бірнеше рет әр түрлі заемдарға да құрал бола алады, өйткені сатып алу ісі оны бір қолдан екінші қолға өткізеді, ал заем дегеніміз бастан-аяқ ақшаны бір қолдан екінші қолға өткізу болады, бұған сатып алу араласпайды. Әрбір сатушы үшін ақша оның товарының өзгерген формасы болып табылады; құн біткеннің бәрі капитал құны түріне айналатын қазіргі заманда ақша әр түрлі заемда кезегімен әр түрлі капиталды бейнелейді, мұның өзі ақша тек әр түрлі товар құндарын бірден-бірге өткізе алады деп жоғарыда анықталған қағиданың басқаша көрінісі ғана. Сонымен қатар ақша айналыс құралы қызметін атқарады, оның көмегімен заттай капитал бір қолдан екінші қолға өтеді. Қарызға бергенде ақша қолдан қолға айналыс құралы ретінде ауыспайды. Ақша кредитордың қолында тұрғанда бұл оның қолындағы айналыс құралы емес, оның капиталы құнының өмір сүру формасы болып табылады. Ол қарызға бергенде ақшаны үшінші біреуге осы формасында береді. Егер *A* қарызға ақшаны *B*-ға, ал *B* оны сатып алусыз *C*-ға қарызға берсе, онда ақшаның бұл сомасы үш капитал емес, бір капитал, тек бір ғана капитал құны болып табылар еді. Ақшаның шын мәнінде қанша капитал орнына жүретіні оның түрлі товар капиталы құнының формасы түрінде қаншалықты жиі қызмет атқаратынына байланысты.

*A.* Смиттің жалпы қарыздар туралы айтқанын вкладтарға да қолдануға болады; вклад дегеніміз жұрттың банкирге беретін қарыздарының тек ерекше аталуы ғана. Белгілі бір ақшаның өзі сансыз көп вкладтар жасауға құрал ретінде қызмет ете алады.

«Даусыз ақиқат мынау: сіз бүгін *A*-ға депозитке салған 1 000 ф. ст. ертең тағы біреуге беріліп, *B*-ның вклады болады. Бүрсігүні бұл ақша қай-

тадан В-ға беріліп, С-ға сақтауға берілуі және солай шексіз ауыса беруі мүмкін. Демек, баяғы 1 000 ф. ст. ақша сомасы осылай бірқатар ауысу арқылы шексіз-шетсіз вклад сомасына дейін көбеюі мүмкін. Міне сондықтан да Англиядағы барлық вкладтардың оннан тоғызы банкирлердің бухгалтер кітабына тиісінше тіркелген жазу түрінде ғана болуы ықтимал. Мәселен, айналыстағы ақша 3 млн. фунт стерлингтен ешқашан артпайтын Шотландияда вкладтар 27 миллион болып отыр. Вкладтарды жұрт түгел талап еткенге дейін баяғы бір мың фунт стерлинг әрі-бері ауысып жүріп, соншалықты есепсіз көп соманың орнын оп-оңай жабуы мүмкін. Мен коммерсантка бүгін борышым үшін төлеген 1 000 ф. ст. ертең оның басқа көпеске бересі борышын, ал онан арғы күні банкіге бересісін өтейді, сөйтіп тағы солай шексіз ауыса отырып, әлгі 1 000 ф. ст. қолдан қолға, банктен банкке өтіп, орасан ірі вклад сомасын өтей алады» («The Currency Theory Reviewed etc.» [Edinburgh, 1845], p. 62—63).

Бұл кредит системасында бәрі екі есе, үш есе өсіп, сонан жадағай елеске айналып кететін болса, онда бұл тәсіл «резерв қоры» жөнінде де орынды болмақ, ақырында осы қордан нақты бір нәрсенің құйрығын ұстауға үміттену туады.

Ағылшын банкінің басқарушысы Моррис мырзаны тағы тындап көрелік:

«Жеке меншікті банктердің резерв қорлары вкладтар түрінде Ағылшын банкінің қолында болады. Алтынның сыртқа кетуі, тегі, әуелі тек Ағылшын банкі қамтитын болса керек; алайда, шындығында, алтынның сыртқа кетуі басқа банктердің резервіне де дәл сондай дәрежеде зардабын тигізуі тиіс, өйткені мұның өзі біздің Банктегі олардың резервтерінің бір бөлігінің кетуі болып шығар еді. Алтынның кетуі барлық провинциялық банктердің резервтеріне дәл сондай әсерін тигізген болар еді» («Commercial Distress» 1847—1848 [№№ 3639—3642]).

Сонымен, ақыр-аяғында бұл резерв қорлары Ағылшын банкінің резерв қорына сіңіп кетеді.<sup>4)</sup> Ал осы резерв қорының өзі де тағы екі формада болады. Банк бөлімшесінің резерв қоры банк шығаруға праволы банкнот мөлшерінің айналыста жүрген банкнот санынан артығына тең болады. Банкнот эмиссиясына заң бойынша белгіленген ең көп мөлшер 14 миллионға тең (мұны металмен қамтамасыз етудің керегі жоқ; мұның өзі Банкке бересі мемлекет борышының мөлшеріне шамалас), бұған банктің асыл металл қорының сомасы қосылады. Сонымен, бұл қор 14 миллион фунт стерлингке тең болса, онда Банк 28 миллион стерлингке банк билеттерін шығаруға праволы болады, ал осы соманың 20 миллионы айналыста жүрсе, онда банк бөлімшесінің резерв қоры 8 миллионға тең болады. Бұл ретке осы 8 миллион банкнот заңды банкирлік капитал болады, оған Банк билік ете алады, сонымен

<sup>4)</sup> Бұл практика сол кезден бері қаншалықты кең етек алғанын төменде 1892 жылғы 15 декабрьдегі «Daily News»<sup>123</sup>-тен алынған. Лондонның ірі-ірі он бес банкінің резервтері жөніндегі 1892 жылғы ноябрьдегі ресми мәліметтер әбден айқын сипаттайды. 17 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

қатар бұл оның вкладтары үшін резерв қоры болады. Егер енді алтынның сыртқа кетуі кездесіп, бұл металл қорын 6 миллион азайтса,— осыған байланысты бұл сомаға бара-бар мөлшерде банкноттарды жою қажет болса,— онда банк бөлімшесінің резерві 8 миллионнан 2 миллионға түседі. Банк, бір жағынан, өзінің есепке алу нарқын едәуір арттырар еді, екінші жағынан, банктер мен басқа да вклад салушылардың вкладтарын қамтамасыз ететін резерв қоры едәуір азаяр еді. 1857 жылы Лондондағы төрт аса ірі акционерлік банк: егер Ағылшын банкі 1844 жылғы банк заңының<sup>5)</sup> күшін тоқтату туралы үкімет жарлығын шығартпаса, онда вкладтарымызды қайтарып беруді талап етеміз деп қорқытты, мұның өзі банк бөлімшесін банкротқа ұшыратқан болар еді. Сонымен, банк бөлімшесі 1847 жылғы сияқты банкрот болуы мүмкін, ал бұл

Банк аты	Пассив	Қолда бар резервтер	Қолда бар резервтердің пассивке қатынасы (% есебімен)
City	9 317 629 ф. ст.	746 551 ф. ст.	8,01
Capital and Counties	11 392 744 » »	1 307 483 » »	11,47
Imperial	3 987 400 » »	447 157 » »	11,22
Lloyds	23 800 937 » »	2 966 806 » »	12,46
London and Westminster	24 671 559 » »	3 818 885 » »	15,50
London and S. Western	5 570 268 » »	812 353 » »	14,58
London Joint Stock	12 127 993 » »	1 288 977 » »	10,62
London and Midland	8 814 499 » »	1 127 280 » »	12,79
London and Gounty	37 111 035 » »	3 600 374 » »	9,70
National	11 163 829 » »	1 426 225 » »	12,77
National Provincial	41 907 384 » »	4 614 780 » »	11,01
Parrs and the Alliance	12 794 489 » »	1 532 707 » »	11,98
Prescott and C <sup>o</sup>	4 041 058 » »	538 517 » »	13,07
Union of London	15 502 618 » »	2 300 084 » »	14,84
Williams, Deacon, and Manchester, and C <sup>o</sup>	10 452 381 » »	1 317 628 » »	12,60
Барлығы . . . .	232 655 823 ф. ст.	27 845 807 ф. ст.	11,97

Осы 28 миллионға жуық резервтен кем дегенде 25 миллионы Ағылшын банкіне сақтауға берілген соған ең көп дегенде 15 банктің қассасында нақтылай 3 миллионы бар. Оның бер жағында Ағылшын банкінің банк бөлімшесіндегі нақты резерв сол 1892 жылғы ноябрьде ешқашан толық 16 миллионға жетіп көрген емес!— Ф. Э. }

<sup>5)</sup> 1844 жылғы банк заңының күшін тоқтату Банкке қалаған мөлшерде банкнот шығаруға, банктің қолындағы алтын қорымен олардың орнын толтыру қамын жемеуге мүмкіндік береді, демек, қалаған мөлшерде жалған қағаз ақша капиталын жасауға, сөйтіп осы капиталдың көмегімен банктерге, вексельші делдалдарға, ал олар арқылы саудагерлерге қарыз беруіне мүмкіндік береді. [Ф. Э.]

кезде эмиссия бөлімшесінде пайдаланудағы банкноттардың айналымын қамтамасыз етуге арналған сан миллиондар (мысалы, 1847 жылы — 8 миллионға дейін) жатады. Бірақ осы соңғының өзі де бәз-баяғы ой жоруындағы нәрсе.

«Банкирлердің өздеріне тікелей керек емес вкладтардың көпшілік бөлігі billbrokers»-тің (сөзбе-сөз айтқанда: вексельші делдалдардың, істің шындығында — жартылай банкирлердің) «қолына түседі, олар өздеріне берілген қарызды қамтамасыз ету ретінде банкирге бұрын түрлі адамдарға Лондонда немесе провинцияда есепке алынған сауда вексельдерін ұсынады. Billbroker банкирге осы money at call-ды» (бірінші рет талап етілісімен қайтарылуға тиісті ақшаны) «төлеуге міндетті болады, осы тәрізді операциялардың зор мөлшерде жүргізілетіні соншама банктің» {Ағылшын банкінің «қазіргі басқарушысы Нив мырза куәлік жауабында былай баяндайды: «Біз бір делдалда 5 миллион барын білеміз, ендеше басқа біреуінде 8—10 миллион бар деп шамалауымызға әбден болады, біреуде 4. басқа біреуде  $3\frac{1}{2}$ , үшіншісінде 8 миллионнан астам болды. Менің айтып отырғаным — делдалдардың қолына өткен вкладтар»» («Report of Committee on Bank Acts», 1858, p. V, № 8).

«Лондонның billbrokers-і өздерінің ұшан-теңіз операцияларын ешқандай нақты резервсіз жүргізді; олар қолдарындағы мерзімі бірте-бірте бітіп келе жатқан вексельдерінен түсетін түсімге немесе қажет болған жағдайда, Ағылшын банкінен өздері дисконттаған вексельдер есебінен қарыз алу мүмкіндігіне сенді» [бұл да сонда, VIII бет, № 17].—«Лондонның billbrokers-інің екі фирмасы төлемді 1847 жылы тоқтатты; екеуі де кейін істі қайта бастады. 1857 ж. олар төлемді тағы тоқтатты. 180 000 фунт стерлинг капиталы бар бір фирманың пассиві 1847 ж. жинақтап алғанда 2 683 000 ф. ст. болды; оның пассиві 1857 ж. 5 300 000 ф. ст. болды, ал сол кезде капиталы, шамасы, 1847 жылғысының төрттен бірінен аспаса керек. 45 000 фунт стерлингтен аспайтын капиталы бар басқа бір фирманың пассиві екі жағдайда да 3 немесе 4 миллион арасында ауытқып отырды» (бұл да сонда, XXI бет, № 52).

## ОТЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ.— I**

Кредитті зерттеуде біз енді кіріскелі отырған бірден-бір қиын мәселелердің мәні мынада:

*Біріншіден*, нағыз ақша капиталының қорлануы. Ол қорлану қандай дәрежеде капиталдың шын қорлануының, яғни кеңейтілген көлемдегі ұдайы өндірістің белгісі бола алады және бола алмайды? Әлгі *plethora* — басы артық капитал дейтін бар ма, әрқашан тек процент беретін капиталды, яғни ақша капиталын мезгеуге қолданылатын сөз — тек өнеркәсіптік артық өндіруді көрсететін ерекше бір тәсіл ме, әлде бұл осы соңғымен қатар өз алдына бір ерекше құбылыс па? Осы *plethora*, ақша капиталының осы басы артық ұсынысы қозғалыссыз жатқан нақты ақша мөлшеріне (кесек металдың, алтын ақша мен банкноттың мөлшеріне) бара-бар ма және осы басы артық шын ақшаны қарыз капиталының әлгі айтылған *plethora*-сының көріну бейнесі, формасы деп қарауға бола ма?

Ал, *екіншіден*, ақша қиыншылығы, яғни қарыз капиталының жетімсіздігі шын капиталдың (товар капиталы мен өндіргіш капиталдың) жетімсіздігін қаншалық дәрежеде бейнелейді? Екінші жағынан, бұл қиыншылық шын мәніндегі ақша жетімсіздігіне, айналыс қаржысы жетімсіздігіне қаншалық дәрежеде бара-бар келеді?

Біз осы кезге дейін жалпы ақша капиталы мен ақша мүлкі қорлануының өзіне тән формасын қарастырғандықтан, қорланудың бұл формасы еңбекке деген меншік талаптарының қорлануына тірелетінін көрдік. Капиталдың мемлекеттік борыш міндеттемелері түрінде қорлануы дегеніміз тек мемлекет кредиторлары табын көбейту, олар салықтардың жалпы жиынынан белгілі бір соманы иемденуге право алатын ету болды да шықты<sup>6)</sup>. Тіпті борыштардың қорлануы капиталдың қорла-

<sup>6)</sup> «Мемлекеттік процент қағаздары дегеніміз жыл сайынғы табыстың борышты төлеуге арналған бөлігі болып табылатын ой жоруындағы капиталдың дәл өзі.

пуы ретінде көрінуі мүмкіндігінің өзінен кредит системасында орын тепкен бұрмаланушылық мейлінше толық айқындалады. Әуел баста алынған қарызға және әлдеқашан жаратылып кеткен капиталға берілген осы борыш куәліктері, жойылып кеткен капиталдың осы қағаз дубликаттары оны иеленушілер үшін капитал ретінде қызмет етеді, себебі олар сатуға жарамды товар болып табылады, демек, оларды қайтадан капиталға айналдыруға болады.

Рас, біз қоғамдық кәсіпорындарға, темір жолдарға, рудниктерге және т. т. деген меншік титулдарының іс жүзінде шын капиталға деген титулдар екенін де көрдік. Алайда бұл титулдар осы капиталды билеп-төстеуге мүмкіндік бермейді. Оны қайтарып алуға болмайды. Бұл титулдар осы капитал иемденуге тиісті қосымша құнның бір бөлігін алуға тек заңды право ғана береді. Дегенмен бұл титулдар шын капиталдың қағаз дубликатына да айналады; істің жайы бейне накладной қағаз жүктің өзімен қабаттаса және сонымен бірге құнға айналған іспетте болып шығады. Олар қолда жоқ капиталдың номинал орынын басушыға айналады. Өйткені шын капитал солармен қатар өмір сүреді және, әрине, әлгі дубликаттар бір қолдан екінші қолға өткенмен, олар бөтеннің қолына өтпейді. Белгілі бір табыс келтіруді қамтамасыз еткендіктен ғана емес, сонымен бірге оларды сату жолымен капитал құны үшін алған тәрізденіп ақшаны қайтарып алуға мүмкіндік беретін себепті әлгі дубликаттар процент беретін капитал формасына айналады. Бұл қағаздардың қорлануы темір жолдардың, рудниктердің, кемелердің және т. с. қорлануын көрсететіндіктен, бұл қорлану ұдайы өндірістің нағыз процесінің ұлғайғанын бейнелейді,— мұның өзі баяғы, мысалы, жылжымалы мүлікке салық талаптарының өсуі сол жылжымалы мүліктің өскенін сипаттайтыны тәріздес. Бірақ олар өзін товар ретінде сатуға болатын, сондықтан капитал құны ретінде айналыс жасайтын дубликат күйінде ой жоруындағы нәрсе, сондықтан олардың құн мөлшері шын капиталдың, өзі титулдары болып отырған капитал құнының қозғалысынан мүлде тәуелсіз түрде көтеріліп және төмендеп отыруы мүмкін. Олардың құн мөлшерінің, яғни биржалық курсының про-

---

Тиісті капитал жұмсалып кеткен, ол өзі заемдар сомасын белгіледі, бірақ мемлекеттік процент қағаздары енді әлгі капитал емес. Өйткені ол енді мүлде жоқ. Ал оның бер жағында жаңа байлық өнеркәсіптік еңбекпен жасалуға тиіс: жыл сайын осы байлықтың бір бөлігі жүре келе жойылып кеткен баяғы байлықты қарызға берушілерге арналып күн ітгері бөлініп қойылады, осы бөлік мемлекет кредиторларына беру үшін байлық өндірушілерден салық арқылы алынады, соның өзінде әр елдің капиталы мен проценттің арасындағы әдетті қатынасқа сәйкес ой жоруындағы капитал бар, ол кредиторларға тиісті жыл сайынғы рентаны тугыза алатын болуға тиіс деп болжанады. (*Sismondi*. „Nouveaux principes“. [Seconde edition, Paris, 1827] II. p. 229—230).



цент нарқының төмендеуіне байланысты міндетті түрде көтерілу тенденциясы болады, өйткені процент нарқының төмендеуі ақша капиталының өзіне тән қозғалысына байланысты емес, ол пайда нормасының әдеттегі төмендеушілік тенденциясының жай салдары болып табылады. Сонымен, жалғыз осы бір себептің өзінен капиталистік өндірістің дамуымен бірге осы жалған байлық өрбиді, ал мұның өзі оның әуел баста белгілібір номинал құны болған әрбір пропорциялық бөліктерінің құны өсуінен болады.<sup>7)</sup>

Осы меншік титулдарының бағасы ауытқуынан ұту және зиян шегу, сол сияқты олардың темір жол корольдерінің және т. с. қолында шоғырлануы өзінің жаратылысы жағынан барған сайын енді еңбек орнына, сол сияқты тікелей зорлық орнына жүретін айланың, капиталистік меншікті иеленудің әуел бастағы тәсілі ретіндегі айланың нәтижесіне айналады. Біздің бұрын атап өткеніміздей, жалған ақша мүлкінің осы түрі тек жеке адамдардың ақша мүлкінің ғана емес, сонымен қатар банкир капиталының да өте-мөте көп бөлігі болып отыр.

Бір жағынан, жеке меншік ақшалы капиталистер, екінші жағынан, мемлекет, қауымдар және өндіргіш заемшылар арасындағы делдал ретінде банкирлердің (кәсібі бойынша ақша кредиторларының) қолында байлықтың қорлануын да ақша капиталының қорлануы деп түсінуге болар еді (мұны біз осы мәселені тезірек тындыру үшін ғана еске салып отырмыз); оның бер жағында кредит системасының бүкіл орасан өріс жаюын, бүкіл кредит системасын әлгі банкирлер өздерінің жеке меншікті капиталы ретінде пайдаланады. Бұл шон-жарлардың капиталы мен табыстары әрқашан ақша формасында немесе ақшаға деген тікелей талаптар формасында болады. Бұл банкирлердің байлық қорлануы шын қорланудан әлдеқайда басқа бағытта жүзеге асуы мүмкін, бірақ қалай дегенмен де олар шын қорланудың едәуір үлесін қолдарына түсіріп алады деп дәлелденіп жүр.

Бұл мәселені неғұрлым тар шеңбермен шектеп көрелік. Мемлекеттік процент қағаздары, сол сияқты акциялар мен басқа да неше түрлі бағалы қағаздар дегеніміз қарыз капиталы, процент келтіретін капитал жұмсалатын сала деген сөз. Олар капиталды қарызға беру формасы. Бірақ олар өздері үшін салынған қарыз капиталы емес. Екінші жағынан, кре-

---

<sup>7)</sup> Қарыз беруге арналып қорланған ақша капиталының бір бөлігі шындығында өнеркәсіп капиталының қарапайым көрінісі болып табылады. Мысалы, 1857 жылы Англия Американың темір жолдары мен басқа да кәсіпорындарына 80 млн. ф. ст. жұмсағанда бұл өзі түгелімен дерлік ағылшын товарларын шығару есебінен жүргізілді, оған американдар түк төлеген жоқ. Ағылшын экспортшылары бұл товарлардың орнына Америкаға вексельдер жазды, оларды ағылшынның акцияларға жазылушылары сатып алды да, акциялардың құнына төлем ретінде Америкаға жөнелтіп отырды.

дит ұдайы өндіріс процесінде тікелей роль атқаратын болғандықтан, мынаны ескеру қажет: өнеркәсіпші немесе көпес вексельді есепке алғысы немесе қарыз алғысы келсе, оған акцияның да, мемлекеттік қағаздардың да керегі жоқ. Оған ақша керек. Сондықтан басқаша жолдармен ақша таба алмаса, ол әлгі бағалы қағаздарды кепілге қояды немесе сатады. Біз міне дәл осы қарыз капиталының қорлануын және оның бер жағында қарызға берілетін ақша капиталының қорлануын арнайы әңгіме етіп отырмыз. Біз бұл жерде үйлерді, машиналарды және басқа негізгі капиталды қарызға беруді айтпаймыз. Біздің айтып отырғанымыз өнеркәсіпшілер мен саудагерлердің бір-біріне товар күйінде және ұдайы өндіріс шеңберінде беретін қарыздар туралы да емес, әйтсе де бұл пунктті біз алдын ала әлі егжей-тегжейлі қарастыруымызға тура келеді; біз мұнда бастан-аяқ банкир делдал ретінде өнеркәсіпшілер мен көпестерге беретін ақша қарызын сөз етіп отырмыз.

---

Сонымен, әуелі коммерциялық кредитті, яғни ұдайы өндіріс процесінде шұғылданушы капиталистер бір-біріне беретін кредитті талдап көрелік. Бұл өзі кредит системасының негізін құрайды. Оның өкілі вексель, төлем мерзімі тағайынды борыш куәлігі, *document of deferred payment*\* болып табылады. Әркім оң қолынан кредит береді де, екінші қолымен кредит алады. Мүлде басқа елеулі айырмашылығы бар жағдай туғызатын банкир кредитінен әзірше аулақтай тұралық. Бұл вексельдер өз кезегімен көпестердің өз арасында төлем қаржысы ретінде, делдалдық есепсіз, қол қойыс арқылы бірінен екіншісіне көшіп, айналыс жасап отырады, бұл тек борыш талабының *A*-дан *B*-ға көшуі болады, бірақ бұл бүкіл байланысты ешбір өзгертпейді. Тек бір кісінің орнына екіншісі қойылады. Алайда тіпті осы жағдайдың өзінде де борышты өтеу ақшаның қатынасынсыз болуы мүмкін. Мысалы, жіп иіруші *A* вексель бойынша мақташы делдал *B*-ға, ал *B* импортшы *C*-ға төлеуге тиіс. Егер *C* мұнымен қатар жіпті экспорт жасайтын болса, мұның өзі едәуір жиі кездеседі, онда *C* вексельге айырбастап *A*-дан жіп сатып алуына болады, ал жіп иіруші *A* өз борышын делдал *B*-ға оның өз вексельмен, *A* төлем есебіне *C*-тан алған вексельмен өтейді, ал ақшалай төлейтіні ең әрі дегенде сальдо ғана болады. Осы келісімнің бәрінің нәтижесі тек жіпке мақта айырбастау болып шығады.

---

\* — төлемді кейінге қалдыру документи. *Ред.*

Экспортшы тек жіп иірушінің, ал мақташы делдал — мақта өндірушінің өкілі болады.

Осы таза коммерциялық кредиттің ауыспалы айналымы туралы екі жағдайды атап өту қажет:

*Біріншіден*, осы өзара борыш талаптарының өтелуі капиталдың кері айналып келуіне, яғни тек мерзімі ұзарған  $T-A$  актіне байланысты. Егер жіп иіруші шыт фабрикантынан вексель алса, онда фабрикант төлеу мерзіміне дейін рыноктағы шытын сатып үлгірсе ғана төлей алады. Егер астық саудагері өз агентіне вексель берсе, онда агент астықты сол кезде күтілген баға бойынша сата алса ғана ақша төлей алады. Сонымен, бұл төлеулер ұдайы өндіріс, яғни өндіру процесі мен тұтыну процесінің үздіксіз жүруіне байланысты. Алайда кредит өзаралық сипатта болатындықтан, біреудің төлем қабілеттілігі сонымен қатар екінші біреудің төлем қабілеттілігіне байланысты болады; өйткені вексель беруші өз векселін бергенде капитал не өз кәсіпорнына қайтып оралады немесе вексель бойынша осы мерзім ішінде оған борышын төлеуге тиісті үшінші біреудің кәсіпорнына қайтып оралады деп есептейді. Егер капитал қайтып оралады деген есепті былай қойсақ, онда төлем вексель берушінің капитал кешігіп қайтатын жағдайда өз міндеттемелерін орындауға арналған резерв капиталы есебінен ғана өтеледі.

*Екіншіден*, бұл кредит системасы қолма-қол ақшамен төлеу қажеттігін жоймайды. Ең алдымен, шығынның едәуір бөлігі: жалақы, салықтар және т. с. әрқашан қолма-қол ақшамен төленуге тиіс. Онан соң, мысалы,  $C$ -тан төлем орнына вексель алған  $B$  сол вексельдің мерзімі өткенге дейін  $D$ -ға төлем мерзімі жеткен векселі бойынша төлем төлеуге тиіс делік, бұл үшін оған нақты ақша керек. Жоғарыда мақта өндіруші мен жіп иірушінің арасында болды деп жорамалданғандай, мүлтіксіз ауыспалы айналым жасалуы және мұның керісінше болуы тек ілуде бір кездесуі мүмкін; шындығында ауыспалы айналым көптеген буында үнемі үзіліс тауып отырады. Ұдайы өндіріс процесін қарастырғанда («Капитал», II кітап, III бөлім<sup>124</sup>) біз тұрақты капитал өндірушілер өзара тұрақты капиталды ішінара алмасып отыратынын көрдік. Вексельдердің азды-көпті бірін бірі жауып отыратыны, міне, осы себептен болады. Өндірістің өрлеу жолында да дәл осылай болады, мысалы, мақтамен сауда жасаушы жіп иірушіге, жіп иіруші шыт фабрикантына, шыт фабриканты — экспортшыға, экспортшы импортшыға вексель жазып береді (бәлкім, тағы баяғы мақта импортшысына берер). Алайда мұнда келісімдердің ауыспалы айналымы жоқ, ендеше талаптарды түйықтайтын шеңбер де жоқ. Мысалы, жіп иірушінің тоқыма-

шыға деген талабы машина жасаушыға деген көмір жеткізушінің талабымен өтелмейді; жіп иіруші өз кәсіпорнында ешқашан машина жасаушыға қарсы талап қоя алмайды, себебі оның өнімі, жіп машиналарды ұдайы өндіру процесіне элемент ретінде кірмейді. Сондықтан мұндай талаптар ақшамен өтелуге тиіс.

Егер осы коммерциялық кредит шектерін өз тұрғысында алып қарайтын болсақ, ол мынадай болып шығады: 1) өнеркәсіпшілер мен көпестердің байлығы, яғни капиталдың қайта оралуы кешігетін жағдайда олардың қолында болатын резерв капиталы; 2) осы қайта оралудың өзі. Бұл қайта оралу біраз кешігуі мүмкін, немесе осы уақыт ішінде товардың бағасы түсіп кетуі мүмкін, немесе күтпеген жерден рынокте тоқырау болуы салдарынан товарлар өтпей қалуы мүмкін. Вексель неғұрлым ұзақ мерзімді болса, біріншіден, резерв капиталы солғұрлым көп болуға тиіс және бағаның түсуі немесе рыноктың толып кетуі салдарынан қайта оралудың кему және кешеуілдеу мүмкіндігі солғұрлым арта түседі. Ал онан соң, әуел бастағы келісім товар бағасын арттыру немесе кеміту жалдаптығымен неғұрлым байланысты болса, қайта оралу да соншалықты тағайынсыз болады. Алайда мына жағдай айқын: еңбектің өндіргіш күшінің, демек, өндірістің ірі көлемде дамуымен бірге: 1) рыноктар ұлғаяды және өндіріс маңынан қашықтай түседі, 2) сондықтан кредит неғұрлым ұзақ мерзімді болуға тиіс, ал олай болса, 3) келісімдерде жалдаптық элемент үстемдігі барған сайын күшейе түсуге тиіс. Ірі көлемде және қашық рыноктар үшін істейтін өндіріс күллі өнімін сауда саласына төгеді; алайда ұлттың капиталы екі есе өсіп, саудагерлер өздігінше бүкіл ұлттық өнімді өз капиталына сатып алып, онан кейін сол өнімді қайта сатып жатқанда ұлт капиталының екі есе өсуі мүмкін емес. Демек, бұл жерде кредитсіз болмайды, өндіріс құны өсуімен бірге әлгі кредиттің көлемі ұлғая түседі және өнім өткізу рыногының қашықтығы артуына қарай оның мерзімі ұзара түседі. Мұнда өзара ықпал жасау орын тебеді. Өндіріс процесінің дамуы кредитті ұлғайтады, ал кредит өнеркәсіп пен сауда операцияларын ұлғайтуға жеткізеді.

Егер осы кредитті банкир кредитінен бөлек алып қарасақ, онда бұл өзі өнеркәсіп капиталының мөлшерімен бірге өсіп отыратыны айқын болады. Бұл жерде қарыз капиталы мен өнеркәсіп капиталы бір теңдес; қарызға берілген капитал дегеніміз не біржолата жеке тұтынысқа немесе өндіргіш капиталдың тұрақты элементтерінің орнын толтыруға арналған товар капиталы. Демек, бұл жерде қарыз капиталы түрінде көрініп отырған нәрсе қашан да болсын ұдайы өндіріс проце-

сінің белгілі бір фазасында болатын, бірақ сатып алу және сату арқылы бір қолдан екінші қолға өтіп отыратын, оның үстіне сатып алушы баламасын тек кейінірек, күні бұрып келісілген мерзімде төлейтін капитал. Мысалы, мақта вексельге айырбасталып, жіп иірушінің қолына, жіп вексельге айырбасталып, шыт фабрикантының қолына көшеді, шыт вексельге айырбасталып, көпестің қолына көшеді, вексельге айырбасталған шыт көпестің қолынан экспортшыға өтеді, ол вексельге айырбастап, шытты Индиядағы көпеске береді, мұны ол сатады да, оның орнына индиго сатып алады және солай ауыса береді. Осы қолдан қолға өту кезінде мақта шытқа айналады, ақыр аяғында шыт Индияға жеткізіледі, сөйтіп индигоға айырбасталады да, ол Европаға әкелініп, мұнда тағы ұдайы өндіріс процесіне түседі. Ұдайы өндірістің түрлі фазасына мұнда кредит дәнекер болады, сондықтан жіп иіруші мақтаға, шыт фабриканты жіпке, көпес шытқа нақты ақша төлемейді, т. т. Процестің алғашқы кезеңдерінде мақта-товар өндірістің түрлі фазаларынан өтеді және бұл өтуге кредит дәнекер болып отырады. Бірақ мақта өндірісте өзінің товар ретіндегі түпкілікті формасына көшкеннен кейін сол товар капиталы енді тек түрлі көпестердің қолынан өтеді де, бұлар оны қашықтағы рынокқа жеткізеді, сөйтіп соңғы көпес ақыр аяғында товарды тұтынушыға сатады, оның орнына не тұтыныс процесіне немесе ұдайы өндіріс процесіне енетін басқа товар сатып алады. Демек, мұнда екі кезеңді ажырата білу керек: бірінші кезең ішінде кредит заттың өндірістегі шын дәйекті фазаларына дәнекер болады; екінші кезеңде ол тек бір көпестің қолынан екіншісіне өтуіне дәнекер болады, бұған тасымал да қосылады, яғни  $T-A$  акті жүзеге асырылады. Бірақ мұнда да товар қалай дегенмен де ең әрісі айналыс әрекетінде, демек, ұдайы өндіріс фазаларының бірінде болады.

Сонымен, бұл жерде қарызға беріліп отырғаны тіпті де басы бос капитал емес,— бұл өз иесінің қолында формасын өзгертуге тиіс капитал, ол өзінің иесі үшін жай товар капиталы, яғни қайта өзгеруге тиіс капитал, атап айтқанда, ең алдымен тым болмағанда ақшаға айналуға тиіс капитал болып тұрғанда осы формада болады. Сөйтіп, бұл жерде кредит товар формасының өзгеруіне: тек  $T-A$  ғана емес, сонымен қатар  $A-T$ -ға да және өндірістің шын процесіне дәнекер болып отыр. Егер банкир қредитін былай қойсақ, онда ұдайы өндірістің ауыспалы айналым шеңберінде кредит молдығы басы бос, қарызға ұсынылатын пайдалы жұмсалудың іздеген мол капитал барлығын тіпті де көрсетпейді,— бұл ұдайы өндіріс процесінде көптеген капитал жұмсалуда екенін көрсетеді.

Сонымен, кредит мұнда мынаған дәнекер болып отыр: 1) өнеркәсіп капиталистерін сөз етсек, — өнеркәсіп капиталының бір фазадан екіншісіне өту, өндірістің өзара түйісетін және біріне бірі араласып отыратын сфералары арасындағы дәнекері; 2) көпестерді сөз етсек, — товарлар тасымалына және қашан біржолата ақшаға айналғанға дейін немесе басқа товарға айырбастағанға дейін товарлардың бір қолдан бір қолға өтуіне дәнекер.

Бұл жерде кредиттің ең көп мөлшері өнеркәсіп капиталы өндіріске неғұрлым толық тартылғанын, яғни оның ұдайы өндіргіш күштерінің, тұтыныс шегіне қарамастан, шірей шарықтағанын көрсетеді. Ұдайы өндіріс процесі шарықтауының өзі әлгі тұтыныс шектерін кеңейте түседі; бір жағынан, ол жұмысшылар мен капиталистердің табыстарды тұтынуларын арттырады, екінші жағынан, ол өнім беретін тұтынудың шарықтауына тепе-тең болады.

Қашан ұдайы өндіріс процесі тоқтаусыз өтіп, соның арқасында капиталдың қайтып оралуы қамтамасыз болып тұрған кезде әлгі кредит қолдау табады, ұлғайтылады, ал оның ұлғаюы ұдайы өндіріс процесінің ұлғаюына сүйенеді. Капиталдың қайтып оралуының баяулауы, рыноктың толып кетуі, баға төмендеуі салдарынан тоқырау туысымен-ақ басы артық өнеркәсіп капиталы пайда болады, бірақ ол өзінің міндетін атқара алмайтын формада болады. Нақты товар капиталының жиыны бар, бірақ ол өтпейді. Нақты негізгі капиталдың жиыны бар, бірақ ұдайы өндіріс тоқырауы салдарынан ол көбіне әрекетсіз қалады. Кредит қысқарады: 1) себебі бұл капитал жұмыста емес, яғни өзінің ұдайы өндіріс фазасының бірінде тоқтап қалған, себебі ол өзінің формасын өзгерте алмады, 2) себебі ұдайы өндіріс процесінің тоқтаусыз жүру мүмкіндігіне сенім жоқ, 3) себебі осы коммерциялық кредитке сұраныс кемиді. Өндірісін қысқартатын және қоймасында сатылмаған көп жібі бар жіп иірушіге кредитке мақта сатып алудың ешбір қажеті жоқ. Көпеске кредитке товар сатып алудың ешбір керегі жоқ, өйткені өзіндегі товар онсыз да жетіп артылып жатыр.

Сонымен, егер ұдайы өндіріс процесінің әлгі ұлғаюы бұзылса немесе тіпті тек бірқалыпты шарықтауы бұзылса, ондайда мұнымен қатар кредит жетімсіздігі де пайда болады; кредитке товар алу қиындай түседі. Төлемді қолма-қол ақшамен өтеуді талап етушілік және кредитке сатуға сақтана қараушылық әсіресе өнеркәсіп циклінің күйреуден кейін ілешала кезігетін фазасына тән жағдай. Ал дағдарыс тұсында, әркім сатуға тырысатын, бірақ сата алмайтын және сонымен қатар төлеу үшін сатуға тиіс болған кезде, бос емес және

жұмсалудың іздейтін, бірақ өзінің ұдайы өндірісі процесінде қысым көрген капитал жиыны нағыз кредит тапшылығы барынша күшейген тұста неғұрлым көп болады (сондықтан да банкир кредитінде есеп нарқы мейлінше жоғары болады). Іске қосылып қойған капитал бұл кезде шын мәнісінде бос қалуы жиі кездеседі, өйткені ұдайы өндіріс процесі тоқталған. Фабрикалар тоқтайды, шикізат жинала береді, әзір өнімдер товар рыногында асып төгіледі. Сондықтан істің мұндай күйін өндіргіш капиталдың тапшылығына таңу мейлінше теріс болады. Ішінара ұдайы өндірістің қалыпты, бірақ сол кезеңде қысқарған көлемімен салыстырғанда, ішінара кеміген тұтыныспен салыстырғанда басы артық өндіргіш капитал дәл осы кезеңде болады.

Бүкіл қоғам ылғи өнеркәсіп капиталистері мен жалдамалы жұмысшылардан тұрады екен делік. Онан соң, бүкіл капиталдың едәуір бөлектері өзінің орта нормасына сәйкес қалпына түсуіне кедергі жасайтын, сондықтан ұдайы өндіріс процесінің түрлі бөліктерінің арасында әсіресе кредит арқылы өріс алатын жаппай байланыс тұсында сөзсіз уақытша жаппай тоқырау тудыруға тиісті баға өзгерістерін былай қоя тұралық. Кредит дем беретін жалған кәсіпорындар мен жалдаптық айналымдарды да былай қоя тұралық. Сонда дағдарысты тек түрлі салалардағы өндірістің сәйкессіздігінен және капиталистердің өздері тұтынуы мен олардағы қорлану арасындағы сәйкессіздігінен деп түсіндіруге болар еді. Бірақ мұндай жағдайда өндіріске жұмсалған капиталды қайтару көбіне-көп өнім өндірмейтін таптардың тұтыну қабілетіне байланысты, ал жұмысшылардың тұтыну қабілеті ішінара жалақы жөніндегі заңдар арқылы, ішінара олар капиталистер табы өнімді пайдаланатындай кезде ғана жұмыс табатыны себепті шектеулі болады. Нағыз дағдарыстардың бәрінің түпкі себебі қашан да бұқараның жарлылығы және тұтынуының шектелуі болып қала бермек, бұл шектелу капиталистік өндірістің өндіргіш күштерді соншалық дамытып, ол дамудың шек-шетін қоғамның абсолют тұтыну қабілетіне дейін жеткізуге тырысуына қарсы тұрады.

Өндіргіш капитал шын жетімсіз дегенді басқасы былай тұрсын, тіпті капиталистік дамыған ұлттарда не басты-басты тамақ өнімдері, не аса маңызды өнеркәсіп шикізаты жаппай өнбей қалған жағдайда ғана әңгіме етуге болады.

Бірақ осы коммерциялық кредитке нағыз ақша кредиті келіп қосылады. Өнеркәсіпшілер мен көпестердің өзара кредит берісуі олардың банкирлер мен ақша кредиторларынан алатын ақша қарыздарымен араласып жатады. Вексельді дисконттағанда қарыз тек номинал күйде болады. Фабрикант

өзінің өнімін вексельге сатады, сөйтіп оны billbroker-ге\* дисконттайды. Шындығында billbroker қарызға өз банкирінің кредитін ғана береді, ал банкир болса, оған қарызға өз вкладшыларының ақша капиталын береді, ал вкладшылар бәзбаяғы өнеркәсіпшілер мен көпестер, сондай-ақ жұмысшылар (сақтық кассалары арқылы), сол сияқты жер рентасын алушылар және басқа өнім өндірмейтін таптар. Сөйтіп, әрбір жеке фабрикант немесе көпес үшін қомақты резерв капиталы болу қажеттігі де, капиталдың шын мәнісінде қайтып оралуына тәуелділік те жойылады. Бірақ, екінші жағынан, ішінара жалған вексельдер арқасында, ішінара бірден-бір мақсаты вексельдер шығару болған товар келісімдері арқасында бүкіл процесс соншалық қиындайды да, капиталы үздіксіз қайтып оралатын өте мықты кәсіпорны болып көрінушілік көп уақытқа дейін емін-еркін сақталады, бұл тіпті шындығында капиталдың қайтып оралуы ішінара алданып қалған кредиторлар есебінен, ішінара алданып қалған өндірушілер есебінен қол жеткеннен кейінгі жерде де солай болады. Сондықтан да тікелей күйреу алдында әрқашан кәсіпорын өте мықты күйде сияқты болып көрінеді. Бұған, мысалы, 1857 және 1858 жылдардағы «Reports on Bank Acts» жақсы дәлел болады; оған қарағанда барлық банктердің директорлары, көпестер, қысқасы, басы Лорд Оверстон болып сарапшы ретінде шақырылғандардың күллісі іс гүлденуде және мықтап дамып келеді деп бірін бірі күттықтаумен болған,— бұл 1857 жылғы августта бұрқ ете түскен дағдарыстан дәл бір ай бұрын болған екен. Әрбір жеке дағдарыстың тарихын баяндаған кезде Тук те өзінің «History of Prices» деген еңбегінде ғажап шатасып, осы бос қиялға ұрынған. Қашан кенеттен күйреу бұрқ ете түскенге дейін кәсіпорындар әлі де болса мейлінше мықты, ал ісі барынша жақсы өрістеп жатқандай болып көрінеді.

---

Енді біз ақша капиталының қорлануына қайтып ораламыз.

Қарыз ақша капиталы көбеюінің бәрі бірдей капиталдың шын қорлануын немесе ұдайы өндірістің ұлғайғанын көрсете бермейді. Мұның өзі өнеркәсіп циклының дағдарыс болып өтісімен іле-шала туатын фазасында, көптеген қарыз капиталы әрекетсіз қалған кезде бәрінен де айқын көрінеді. Өндіріс процесі қысқарған (ағылшынның өнеркәсіпті округтерінде 1847 жылғы дағдарыстан кейін өндіріс үштен бірге қысқарған) кезде, товарлардың бағасы ең төменгі шегіне жеткен

---

\* — вексель делдалы. *Ред.*



кезде, кәсіпкерлік ынтасы пышыраған кезде, міне осындай кезеңдерде процент нарқының төмендеуі үстем болады, бұл жерде ол дәл өнеркәсіп капиталының қысқаруы мен берекесі кетуі салдарынан қарыз капиталының көбейіп отырғанын ғана көрсетеді. Товар бағасы құлдырап, айналым кеміген, жалақыға жұмсаған капитал қысқарған кезде, әрине, айналыс қаржысының керектігі кемиді; екінші жағынан, шетелдік борыштар ішінара алтын кетуі арқасында, ішінара банкрот болу арқасында жойылғаннан кейінгі жерде дүние жүзілік ақша қызметіне керекті қосымша ақшаның қажеттігі жойылады; ақырында, вексельдердің саны және жалпы сомасы қысқаруымен қабат сол вексельдерге есеп жүргізу жөніндегі жұмыстардың көлемі қысқарады,— мұның бәрі өзінен өзі айқын нәрсе. Сондықтан айналыс қаржысы ретінде болсын, төлем қаржысы ретінде болсын қарыз ақша капиталына сұраныс кемиді (әзірше жаңадан капитал жұмсау ауызға алынбайды), міне сондықтан бұл капиталдың біршама молшылығы орын тебеді. Бірақ сонымен қатар, кейінірек көрсетілетіндей, мұндай жағдайларда қарыз ақша капиталын ұсыну да едәуір артады.

Мәселен, 1847 жылғы дағдарыстан кейін «айналымдардың қысқаруы және үлкен ақша молшылығы» болды, («Comm Distress» 1847—1848. Evidence № 1664), «сауданың толық дерлік тоқтауы және ақшаны орналастыру мүмкіндігінің толық дерлік жоғалуы» салдарынан процент нарқы өте-мөте төмен болды (бұл да сонда, 45-бет [№ 231]. Ливерпульдегі корольдік банктің директоры Ходжсонның жауабы). Мұны түсіну үшін ол мырзалардың (ал Ходжсон әлі олардың ішіндегі таңдаулыларының бірі) қандай миға қонбас сандыраққа жармасатыны төмендегі сөздерден айқын көрінеді:

«Торығу» (1847 ж.) «елде ақша капиталының шынымен азаюы салдарынан туды, мұның өзі ішінара дүние жүзі елдерінің бәрінен тасылған нәрсеге алтынмен төлеу қажеттігінен, ішінара айналымды капиталдың (floating capital) негізгі капиталға айналуынан болды» [бұл да сонда, 39-бет, № 466].

Айналымды капиталдың негізгі капиталға айналуы елдің ақша капиталын қалайша кемітеді,— бұл мүлде түсініксіз нәрсе; өйткені, мысалы, сол кезде көбіне-көп капитал жұмсалған темір жолдар құрылысын жүргізген кезде өткел-көпірлер салуға немесе рельстер әзірлеуге керекті материал ретінде алтын да, қағаз ақша да пайдаланылған емес, ал темір жол акцияларына деген ақша, сол акцияларды сатып алу кезінде депозитке салынғандықтан, банкке солай салынған барлық басқа ақшалар сияқты қызмет атқарды және жоғарыда көр-

сетілгеніндей\*, тіпті біраз уақыт бойы қарыз ақша капиталының көлемін арттырды; ал ақша шындығында құрылысқа жұмсалғандықтан ол ел ішінде сатып алу және төлем қаржысы ретінде қызмет етті. Негізгі капитал экспорт жасауға қаншалықты жарамсыз болса, айналмалы капиталдың негізгі капиталға айналуы ақша капиталын қамтуы да тек соншалықты болмақ, сондықтан шетелге шығару мүмкін еместігі себепті шетелге шығарылған зат түсімінен құралатын басы бос капитал да болмайды, демек, қолма-қол ақша немесе құйма түсімдер де болмайды. Ал біз қарастырып отырған дәуірде ағылшын экспортының заттары да үйіліп қалып, сатып алушы таппай, шетелдік рынок қоймаларында жатты. Шынында floating capital өз кәсіпорындарының қалыпты капиталының бір бөлігін темір жол акцияларына салған, сондықтан өз істерін онан әрі жүргізу жөнінен заем капиталына тәуелді болып қалған Манчестердің және басқа жерлердің көпестері мен фабриканттарының қолында орнықты, кейін олар мұның зардабын тартуына тура келді. Алайда сгер олар өздерінің кәсіпорындарына тиісті, бірақ олардан алынған капиталды темір жолдарға емес, мысалы, темір, көмір, мыс және сондай өнімдерінің өзі floating capital болып табылатын кен ісіне жұмсаған болса да, нәтижесі жоғарыда айтылғандай болып шығар еді. Егіннің шықпай қалуы, сырттан астық әкелу және шетке алтын шығару салдарынан басы бос ақша капиталының шындығында кемігені, әрине, темір жол жалдаптығына ешқандай қатысы болмаған ақиқат екені өзінен өзі түсінікті.

«Сауда фирмаларының күллісі дерлік өз қызметін азды-көпті ықшамдай бастап, өздерінің сауда капиталының бір бөлегін темір жолдарға орналастырды». [Бұл да сонда, 42-бет].— «Темір жолдарға осындай қыруар көп соманы қарызға бере отырып, әлгі сауда фирмаларының өзі вексельдерін есептеу арқылы банктерден өте көп капитал алуға, сөйтіп бұл ақшамен өздерінің меншікті істерін жүргізуге мәжбүр болды», (тағы сол Ходжсон, бұл да сонда, 67-бет). «Темір жол жалдаптығы нәтижесінде Манчестерде көп адамдар орасан зор зиянға ұшырады» (Р. Гарднер, «Капиталда», I кітап, XIII тарау, 3, с<sup>125</sup> және басқа жерлерде сан рет циталар келтірілген; № 4884 жауап, бұл да сонда).

1847 жылғы дағдарыстың басты себебі рыноктың орасан толып кеткені және саудада Ост-Индия товарымен жалдаптық жасаудың шет-шексіздігі болды. Бірақ бұл саланың аса бай фирмаларын күйреуге соқтырған басқа жағдайлар да болды:

---

\* — Қараңыз: осы том, II бөлім, 507-бет. Ред.

«Олардың көп қаржысы болды, бірақ ол қаржылар тұтыныста еді. Олардың капиталы түгелімен Маврикия аралығындағы жер меншігіне немесе индиго фабрикалары мен қант заводтарына жұмсалған болатын. Кейін олар 500 000—600 000 ф. ст. мөлшерінде өздеріне міндеттеме алған кезінде, қолдарында өз вексельдерін төлеуге керекті ешқандай басы бос қаржы болмай шықты, сондықтан ақыр-аяғында олар өз вексельдерін төлеу үшін түгелдей кредитке алуға үміт артуға тиіс екені анықталды» (Ч. Тёрнер, Ливерпульдегі ірі Ост-Индия көпесі, № 730, бұл да сонда).

Онан әрі бізде Гарднердің жауабы бар (№ 4872, бұл да сонда):

«Қытай договорын жасасымен-ақ дереу біздің еліміз үшін Қытаймен саудамызды орасан ұлғайтудың соншалық кең болашағы ашылды да, бұрыннан бар күллі фабрикаларымыздың үстіне Қытай рыногында неғұрлым өтімді мақта-мата кездемелерін шығару мақсатына арналып, көптеген ірі фабрикалар салынды.— 4874. Мұның бәрі немен тынды? Айтып жеткізгісіз асқан күйзеліспен тынды; менің ойымша, Қытайға 1844—1845 жылдары апарылған барлық заттардың бүкіл сомасының  $\frac{2}{3}$  бөлігінен көбірегі қайтқан жоқ; кері экспорт жасалатын негізгі нәрсе шай болғандықтан және бұл жағынан бізді қатты сендіргендіктен, біздер, фабриканттар, шайға деген баж алымы мықтап кемір деп үміттенген едік».

Міне, біздің алдымызда ағылшын фабриканттарына тән анайы айтылған кредо жатыр:

«Біздің шетел рыногындағы саудамыз олардың товар сатып алу қабілетімен шектелмейді, бірақ оған осында, өз елімізде, өнеркәсібіміздің бұйымдарына ауыстырып алатын өнімдерді тұтыну қабілетіміз шек қойып отыр».

(Англия сауда жүргізетін өзінен кедей елдер, әрине, ағылшын товарының қаншасына болсын төлеп, оларды тұтынған да болар еді, ал мына бай Англияның экспортқа алмастырып алынған өнімдерді тұтынуға, амал қанша, қабілеті жетпейді).

«4876. Мен алғашында кейбір товарларымды шетелге шығардым, олар 15% шамасында зиянына сатылды; ал оның бер жағында менің агенттерім шайды сондай тиімді бағамен сатып алар да, ол мұнда қайта сатқанда әлгі шығынды жабарлықтай үлкен пайда түсер деген сенімім мықты еді; бірақ пайда орнына мен кейде 25%, тіпті 50% зиян шегіп отырдым.— 4877. Фабриканттар өз есебінен экспорт жасай ма?— Көпшілігінде солай; көпестер, сірә, бұл істен ешнәрсе өнбейтінін тез аңғарып, өнімдерді жөнелтуге өздері қатысқанынан гөрі, оны фабриканттарға жүктеуді артық сана-са керек».

Мұның керісінше, 1857 жылы зиян мен банкротқа ұшыраудың дені көпестердің үлесіне тиді, өйткені бұл жолы фабриканттар «өз есебінен» бөгде рыноктарды асыра толтыру мүмкіншілігін көпестерге берген болатын.

Банк ісі ұлғаюымен қатар (төменде Ипсуич ауданы жөніндегі мысалды қара, 1857 жылдың тікелей алдындағы аз ғана жыл ішінде онда фермерлердің вклады төрт есе артқан\*) бұрын жеке адамның қазынасы болған немесе монет запасы болған нәрселер белгілі мерзімге қарыз капиталына айналуы арқасында да ақша капиталы көбеюі мүмкін. Ақша капиталының бұлай өсуі өндірістік капиталдың өскенін көрсетпейді, сондай-ақ, мысалы, Лондонның акционерлік банктері вккладтарға процент төлей бастағаннан кейінгі жерде оларда вкклад көбеюі де ақша капиталының артуын көрсетпейді. Өндіріс көлемі өзгеріссіз қалып отырғанда, бұлай өсушілік тек өндіргіш капиталға қарағанда қарызға берілетін ақша капиталының молшылығын туғызады. Процент нарқының төмендігі осыдан болады.

Егер ұдайы өндіріс процесі шектен тыс шарықтау алдында болатын гүлдену дәрежесіне қайтадан жетсе, онда коммерциялық кредит өте-мөте күшті ұлғаяды, бұл өз кезегімен шындында капиталдың қайтып оралуын жеңілдетуге және өндірісті кеңейтуге керекті «мықты» базис жасайды. Іс жағдайы бұлай болып отырғанда процент нарқы өзінің ең аз мөлшерінен артқанымен бәрі бір әлі төмен күйінде қалады. Іс жүзінде бұл процент нарқының төмендігі, демек, қарыз капиталының біршама молшылығы өнеркәсіп капиталының шын ұлғаюымен дәлме-дәл келеді деп айтуға болатын бірден-бір кезен. Коммерциялық кредиттің ұлғаюымен байланысты капиталдың қайтып оралуының жеңілдегені мен тағайындылығы сұраныстың күшеюіне қарамастан, қарыз капиталы жөніндегі ұсынысты қамтамасыз етеді және процент нарқының артуына кедергі болады. Екінші жағынан, тек енді ғана шаш-етектен олжа тапқыш баяғы сабаздар, істі қордағы капиталсыз, тіпті жалпы ешқандай капиталсыз жүргізетіндер, сондықтан әрекетін бүтіндей ақша кредитінің көмегімен жүргізетіндер елеулі роль атқара бастайды. Бұған тағы негізгі капиталдың барлық формасында едәуір өсуі және жаңадан көптеген ірі кәсіпорындардың ашылуы қосылады. Процент енді өзінің орташа өсу дәрежесіне дейін көтеріледі. Жаңа дағдарыс бұрқ еткенде, кредит кенет тоқтағанда, төлемдер тоқтатылғанда, ұдайы өндіріс процесінің шырқы бұзылғанда және жоғарыда айтылған ерекше жағдайды былай қойғанда, қарыз капиталының абсолют дерлік тапшылығымен қабат әрекетсіз басы артық өнеркәсіп капиталы пайда болған кезде процент тағы өзінің ең жоғары мөлшеріне жетеді.

Демек, процент нарқының ауытқуынан көрінгеніндей, ка-

\* — Қараңыз: осы том, II бөлім, 538-бет. Ред.

рыз капиталының қозғалысы тұтас алғанда өнеркәсіп капиталының қозғалысына қарама-қарсы бағытта өрістейді. Төмен, бірақ өзінің ең аз мөлшерінен жоғары процент нарқы дағдарыс біткеннен кейін сенім «жақсарып», нығая түсуімен тұстас келетін фаза, әсіресе әлгі нарық өзінің орташа мөлшеріне жететін — ең аз мөлшерден де, ең көп мөлшерден де бірдей дәрежеде қашықтайтын фаза — тек осы екі кезең ғана қарыз капиталы молшылығының өнеркәсіп капиталының орасан ұлғаюымен тұстас келетінін көрсетеді. Бірақ өнеркәсіп циклының бас кезінде проценттің төмен нарқы өнеркәсіп капиталының қысқаруымен, ал циклдің аяғында жоғары нарық өнеркәсіп капиталының басы артық болуымен тұстас келеді. Проценттің «жақсару» үстінде болатын төмен нарқы тек коммерциялық кредиттің банк кредитіне мұқтаждығы шамалы екенін, себебі ол әлі өзінің тұғырында тұрғанын дәлелдейді.

Бұл өнеркәсіп циклында істің жайы былай болады: бірінші қозғау салынған екен, онда белгілі бір ауыспалы айналым дүркін-дүркін қайталап отыруға тиіс.<sup>8)</sup> Тоқырау жағдайында өндіріс өткен циклда жеткен және қазір техникалық базис жасалған сатысынан төмен түсіп кетеді. Гүлдену тұсында — орта кезеңде — өндіріс онан әрі осы базис негізінде дамиды. Артық өндіру және ала аяқтық жасау кезеңінде өндіргіш күштер шарықтаудың ең жоғарғы сатысына жетеді, тіпті өндіріс процесінің капиталистік шегінен асып кетеді.

Дағдарыс кезеңінде төлем қаржысы тапшы болатыны өзінен өзі айқын нәрсе. Вексельдердің айналғыштығы товарлар

<sup>8)</sup> ! Мен басқа бір жерде бұрын ескерткенімдей [қараңыз: «Капитал», 1-том, 33—34-беттер], соңғы үлкен жаппай дағдарыстан кейінгі жерде бұл жөнінде кейбір өзгеріс болды. Осы кезге дейін он жылдық циклмен болып келген процестің шиеленіскен фазасы, сірә, өзінің орнын неғұрлым салдарлы, ұзаққа созылатын, әр түрлі өнеркәсіпті елдерді әр түрлі кезеңде қамтитын, істің жайы бір шама қысқа мерзімге, аз-маз оңалып, күйзеліс күйі біршама ұзаққа созылуы ауысып отыратын формаға берсе керек. Біздің көріп отырғанымыз, бәлкім, тек циклдың уақтығының артуы болуы да ғажай емес. Дүние жүзілік сауданың балаң шағында, 1815—1847 жылдары, шамамен бес жылдық цикл кездесетін; 1847 жылдан 1867 жылға дейін цикл айқыннан айқын он жылдық болды. Осы біздің өмір сүріп отырған кезеңіміз бұрын-соңды болмаған дүние жүзілік сұрапыл жаңа күйреу азірленіп жатқан дәуір емес пе екен? Бірсыпыра фактілер осы жорамалды қуаттайды. 1867 жылғы соңғы жаппай дағдарыстан бері күрделі өзгерістер болды. Қатынас құралдарының орасан өсуі — мұхит кемелері, темір жолдар, электр телеграфтары, Суэц каналы — тұңғыш рет шығамын дүние жүзілік рынок туғызды. Бұрын өнеркәсіпті монополиялап келген Англиямен қатар толып жатқан бәсекелес өнеркәсіпті елдер пайда болды; Еуропаның басы артық капиталын дүниенің барлық бөлегінде орналастыру үшін бұрынғыдан әлдеқайда кең және сан алуан аймақтарға қол жетті, сөйтіп капитал анағұрлым кең түрде бөлінетін болды және шектен тыс жергілікті жалдаптықты жеңу жеңілдеді. Осының бәріннің арқасында дағдарыстың немесе дағдарысқа соқтыратын себептердің ескі ордасының көпшілігі жойылды немесе мықтап әлсіреді. Сонымен бірге ішкі рыноктегі бәсеке картельдер мен трестерден кері шегініс тапты, ал сонымен қатар бәсеке сыртқы рынокте тыйым салатын баж салықтарымен шектелді. Англиядан басқа ірі-ірі өнеркәсіпті елдердің бәрі өзін әлгі баж салықтарымен қорғайтын болды. Ал осы тыйым салатын баж салықтарының өзін алсақ, ол асылында дүние жүзілік рынокте үстемдік ету мәселесін шешуге тиісті сөзсіз болатын жаппай өнеркәсіп соғысына қаруланудың дәл өзі болып табылады. Сөйтіп, ескі типтегі дағдарыстардың қайталануына қарсы тұратын элементтердің әр бірінде бұрынғыдан анағұрлым зор болашақ дағдарыстың ұрығы жатыр. Ф. Э. }

формасы өзгеруінің орнын басады, ал бұл дәл кредит арқылы операция жасайтын сауда фирмалары неғұрлым көп болған кезде солғұрлым көп кездеседі. 1844—1845 жылдардағы заңдар сияқты миға қонбайтын, қисынсыз банк заңдарын шығару осы ақша дағдарысын күшейте түсуі мүмкін. Бірақ ешқандай банк заңы дағдарысты жоғалта алмайды.

Ұдайы өндіріс процесінің барлық байланысы кредитке негізделген мұндай өндіріс системасында, кредит кенеттен тоқтап, тек нақтылай төлемнің ғана күші жүрген ретте көрінеу дағдарыс басталуға тиіс, төлем қаржысын жанталаса іздеу басталуға тиіс. Сондықтан да үстірт қарағанда бүкіл дағдарыс тек кредит дағдарысы және ақша дағдарысы болып көрінеді. Шындығында да мәселенің түйіні вексельді қайткенде ақшаға айналдыру керек дегенге тіреледі. Ал бұл вексельдер көп ретте шын сатып алу мен сатушылықты көрсетеді, олардың қоғамға керекті шектен әлдеқайда асып кетуі сайып келгенде бүкіл дағдарысқа негіз болады. Алайда мұнымен қатар бұл вексельдердің орасан көп бөлегі жай ғана жалған операцияны бейнелейді, ол енді өзінің шын тұлғасын көрсетеді де, күйрейді; бұдан әрі ол бөтеннің капиталымен жасалған және апатқа ұшыраған жалдаптықты бейнелейді; ақырында, бағасы түскен немесе мүлде тіпті сатуға болмайтын товар капиталын; немесе капиталдың қайтуы ешқашан жүзеге асуы мүмкін емес қайтып оралуын бейнелейді. Күштеп ұлғайтылған ұдайы өндіріс процесінің бүкіл осы жасанды системасын, әрине, қайсыбір банктің, мысалы, Ағылшын банкі өз қағаздарымен барлық жалдаптардың жетпей тұрған капиталын толықтыруы, бағасы түскен товарлардың құллісін бұрынғы белгіленген баға құнымен сатып алуы сияқты шарамен сауықтыруға болмайды. Айта кетелік, мұндағының бәрі бұрмаланған түрде көрінеді, өйткені бұл «қағаз» дүниесінде ешбір жерде нақты баға және оның нақты кезеңдері көрінбейді, мұнда тек құймалар, металл ақшалар, банкноттар, вексельдер, бағалы қағаздар аталады. Бұл бұрмалау елдің ақша кәсіпорындары жинақталған, мысалы, Лондон сияқты орталықтарында ерекше сезіледі; бүкіл процесс түсініксіз болып кетеді; ал бұл өндіріс орталықтарында онан кемірек дәрежеде байқалады.

Оның бер жағында, өнеркәсіп капиталының дағдарыстар тұсында көрінетін шектен тыс молшылығы жайлы мынаны ескеру керек: товар капиталы сонымен бірге әрі потенциалдық жағынан ақша капиталы, яғни товар бағасында бейнеленген құнның белгілі бір сомасы болып табылады. Тұтыну құны ретінде ол белгілі бір тұтыну заттарының белгілі мөлшерінен құралады да, дағдарыс кезінде осы заттар басы ар-

тық болып шығады. Бірақ өзіндік ақша капиталы ретінде, потенциалды ақша капиталы ретінде ол үнемі ұлғаюға және қысқаруға дөп тұрады. Дағдарыс қарсаңында және дағдарыс кезінде товар капиталы потенциалды ақша капиталы ретінде қысқарады. Өзінің иелері мен олардың кредиторлары үшін (сол сияқты вексельдер мен заемдарды қамтамасыз етуші ретінде) товар капиталы ақша капиталының бұрынғы кездегісінен, сатып алынғандағы және оған негізделіп жасалған есеп және кепілдік операциялары жүргізілген кездегісінен кем болып шығады. Егер күйзеліс кезінде елдің ақша капиталы азаяды деудің мәні дәл осындай болса, онда бұл өзі товарлардың бағасы түсті деп түюмен бара-бар. Оның бер жағында, бағаның мұндай құлдырауы тек олардың бұрынғы шапшып кетуін тежейді.

Тағайынды табыс есебінен күн көретін өнім өндімейтін таптардың және басқалардың бәрінің табысы артық өндірумен және шектен тыс жалдаптықпен қоян-қолтық жүретін баға шапшып кетуі тұсында көп ретте өзгеріссіз қала береді. Сондықтан олардың тұтыну қабілеті осыған шамалас кемиді, сонымен бірге ұдайы өндірістің жалпы сомасының бұлардың әдетті тұтынуына жататын бөлігінің орнын толтыру қабілеті де кемиді. Тіпті олардың сұранысы номинал жағынан өзгеріссіз қалғанның өзінде де сұраныс шындығында кемиді.

Ішке тасу және сыртқа шығару жөнінде мынаны атап өту қажет: елдердің бәрі бірінен соң бірі дағдарысқа шалдығады, міне, сонда олардың бәрі, аздаған елдерді былай қойғанда, тым көп экспорт және импорт жасаған болып шығады, демек, *төлем балансы барлығына қолайсыз* екені, сөйтіп, дағдарыстың себебі шындығында төлем балансында еместігі ашылады. Мысалы, Англия алтын кетуінің зардабын шегеді. Ол тым көп импорт жасаған. Бірақ сонымен қатар басқа елдердің бәрінде ағылшын товары толып кеткен. Демек, олар да тым көп нәрсе әкелген немесе оларға тым көп нәрсе апарылған. (Әрине, кредитке сыртқа шығаратын ел мен кредитке шетке аз шығаратын немесе тіпті шығармайтын елдер арасында айырма бар. Бірақ мұның есесіне соңғылар кредитке заттар әкеледі; бұл егер товарлар оған консигнацияға<sup>126</sup> жіберілсе, тек сондай жағдайда ғана кезікпейді). Ең алдымен дағдарыс Англияда кредитті басқадан көп беретін және оны басқадан аз алатын елде бұрқ ете түсуі мүмкін, өйткені жалпы сауда балансы *қолайлы* болғанымен, төлем балансы, мерзімі жеткен, сондықтан дереу жабылуға тиісті төлем балансы оған *қолайлы емес*. Жалпы сауда балансының қолайлылығы ішінара оның кредит беруінен, ішінара шетелге қарызға берілген капиталының жиынынан болады, осы себептен товарлар-

дың зор мөлшерде кері ағылуы орын тебеді, бұл өзінің сауда операцияларына шарттас туатын кері ағымнан тәуелсіз болады. (Кейде дағдарыс ағылшын кредитін — сауда кредитін және капитал кредитін — басқалардың бәрінен көбірек пайдаланатын ел — Америкада да басталып жүрді.) Алтын кетуінен басталатын және ол ере жүрген күйреу Англияның төлем балансын теңестіреді, бұл ішінара импортшыларының банкрот болуы арқасында (бұл жайында төменде айтылады), ішінара товар капиталының бір бөлігін арзан бағамен шетелге төгуі арқасында, ішінара штелдік бағалы қағаздарын сату, ағылшын қағаздарын сатып алу және т. с. арқасында істеледі. Ал енді кезек басқа бір елге жетеді. Бұл кезеңде ол үшін төлем балансы қолайлы еді; бірақ жай уақыттағы төлем және сауда балансы арасында болатын алшақтық енді жойылады, немесе қалай дегенмен де, дағдарыстың арқасында азаяды: төлемдердің бәрі бірден өтелуге тиіс. Баяғы жағдай енді мұнда да қайталаанады. Енді алтын Англияға келеді, ал басқа елден кетеді. Бір елде басы артық әкелу болып көрінген нәрсе екінші елде шетке артық шығару болып көрінеді және осының керісінше де болады. Бірақ басы артық әкелу мен басы артық шығару елдердің бәрінде кездесті (біз бұл жерде егін шықпай қалуын, т. с. емес, жаппай дағдарысты әңгіме етіп отырмыз), яғни артық өндіру орын тепті, бұған кредит және оған ере жүретін бағаның соңғы шапшып көтерілуі себепші болды.

1857 жылы дағдарыс Құрама Штаттарда бұрқ ете түсті. Алтын Англиядан Америкаға ағылып кете бастады. Бірақ Америкада бағаның шапшып көтерілуі тоқтасымен, Англияда дағдарыс болды да, алтын Америкадан Англияға ағыла бастады. Англия мен континент арасында да дәл осындай болды. Жаппай дағдарыс кезінде төлем балансы әрбір ұлт үшін қолайсыз болады, қалай дегенмен коммерциясы дамыған әрбір ұлт үшін қолайсыз болады, ал бұл кезекпен оқ атысу тәрізді әрқашан әуелі бір ұлтта, онан кейін екінші ұлтта төлем кезегі жетуіне қарай ашылып отырады да, дағдарыс қайсыбір елде басталысымен-ақ бұл мерзімді қыса түсіп, өте-мөте қысқартады, мысалы, Англияда солай болды. Міне сонда бұл елдердің бәрі бірдей әрі шетке тым көп шығарғаны (демек, артық өндіргені), әрі шеттен тым көп әкелгені (демек, артық сауда жасағаны), бұлардың күллісінде бағаның шектен тыс шапшып көтерілгені, ал кредит шеңберінен асып кеткені айқындалады. Сондықтан бәрінде бірдей күйреу болады. Алтынның кету құбылысы кейін кезегімен елдердің бәрінде кездеседі және өзінің жалпыламалығымен мынадай жеке жәйттерді дәлелдейді: 1) алтынның кетуі — дағдарыстың тек көрінісі ға-



на, оның себебі емес, 2) ол әр түрлі ұлтты кезегімен қармайтын реті тек оның әрқайсысының белдесетін кезегі қашан жететінін, оларда дағдарыс мерзімі қашан жететінін және оның құпия элементтері қашан пісіп, қашан жарылатынын көрсетеді.

Ағылшын экономистеріне тән жағдай мынадай: олар вексель курсының өзгергеніне қарамастан, дағдарыс кезінде асыл металдарды шетке шығару ісіне тек қана Англияның тұрғысынан таза ұлттық құбылыс ретінде қарайды да, өздерінің банкі дағдарыс тұсында процент нарқын арттырған кезде мұны басқа европалық банктер де істейтінін, егер Англияда алтын кетті деген шу шыға бастаса, ол шу ертең Америкада, оның ертеңіне Германия мен Францияда да естілетінін мүлде көз жұмып көргісі келмейді,— бұл жөнінде айтуға тұрарлық әдебиет 1830 жылдан бастап көбінесе *suggensy\**, кредит, дағдарыстар жайындағы әдебиет болып отыр.

1847 жылы «Англияның ағымдағы міндеттемелерін жабу керек болды» {көбінесе астық жөніндегі}. «Бақытсыздыққа қарай, олардың көп бөлігі банкрот болу жолымен жабылды». {Банкрот болу арқасында бай Англия континент пен Америка жөнінде қолын байлаудан босатты.} «Ал банкроттық арқасында міндеттемелерінен құтылмағандықтан, оларын шетке асыл металдар шығару арқылы жапты» («Report of Committee on Bank Acts», 1857).

Сонымен, Англияда дағдарысты банк заңы шиеленістірсе, бұл заңның өзі шетке астық шығаратын ұлтты ашаршылық кезінде қарақтық құралы болып табылады, әуелі астықтан, онан кейін астыққа берілетін ақшадан қарақтайды. Сөйтіп, өзі де қымбатшылықтан азды-көпті тауқымет тартып отырған елдер үшін мұндай кезде шетке астық шығаруға тыйым салу Ағылшын банкінің банкрот болу тәсілімен астық әкелуден туған «міндеттемелерін жабу» жоспарына қарсы күресудің өте ұтымды құралы болып табылады. Мұндайда астық өндірушілер мен жалдаптарға Англияның пайдасына капиталынан айрылудан гөрі өз елінің пайдасы үшін біраз пайдасынан айрылу әлдеқайда тиімді.

Жоғарыда айтылғандардан мынаны көреміз: дағдарыс кезінде және жалпы істе тоқырау болған кезде товар капиталы өзінің потенциалды ақша капиталы болу қасиетін едәуір дәрежеде жоғалтады. Жалған капитал, процент қағаздары жөнінде де нақ осыны айтуға болады, өйткені олардың өзі де биржада ақша капиталы ретінде айналыста болады. Процент көтерілсе, олардың бағасы төмендейді. Онан соң, баға кредиттің жалпылай жетімсіздігі салдарынан төмендейді, бұл

\* — ақша айналысы. *Ред.*

олардың иелерін өзіне ақша табу үшін оларды көптеп рынокке шығаруға мәжбүр етеді. Ақырында, акциялардың бағасы ішінара өздері сол табысты алуға куәлік болып табылатын табыстар кемуі салдарынан, ішінара өздері өкілі болып отырған кәсіпорындардың көбінесе көптірме сипатта болатындығы салдарынан төмендейді. Дағдарыс кезінде осы жалған капитал өте-мөте кемиді де, сонымен қатар оның иелерінің рынокта оған ақша алу мүмкіндігі кемиді. Дегенмен де осы бағалы қағаздар курсының төмендеуі олар бейнелейтін шын капиталға мүлде әсер етпейді, қайта оның иелерінің төлемпаздық қабілетіне өте күшті әсер етеді.

О Т Ы З   Б І Р І Н Ш І   Т А Р А У

**АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ.— II**

**(жалғасы)**

Капиталдың қарыз ақша капиталы формасында қорлануы шын қорланумен, ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесімен қандай дәрежеде үйлес келеді деген мәселені біз әлі қарап бітірген жоқпыз.

Ақшаның өндіргіш капиталға айналуына қарағанда ақшаның қарыз ақша капиталына айналуы әлдеқайда оңай әңгіме. Бірақ біз мұнда екі нәрсені ажырата білуіміз керек:

- 1) ақшаның қарыз капиталына жай айналуы;
- 2) капиталдың немесе табыстың қарыз капиталына айналатын ақшаға айналуы.

Соңғы пунктте көрсетілген шарт болғанда ғана қарыз капиталының онды қорлануы, өнеркәсіп капиталының шын қорлануымен үйлес қорлануы орын тебеді.

**1) АҚШАНЫҢ ҚАРЫЗ КАПИТАЛЫНА АЙНАЛУЫ**

Қарыз капиталының жинақталуы, шамадан тыс молаюы оның өзі өндіргіш қорлануға қаншалықты қарама-қарсы қатынаста болуына қарай өндіргіш қорланумен тек соншалықты байланыста болғанда ғана мүмкін екенін біз бұрын көріп өттік. Мұның өзі өнеркәсіп циклының екі фазасында, атап айтқанда, біріншіден, өнеркәсіп капиталы өзінің екі формасында — өндіргіш және товар капиталы формасында қысқартатын кезде, демек, дағдарыстан кейінгі циклдың бас кезінде болады; және, екіншіден, оңалу басталған, бірақ коммерциялық кредит әлі банк кредитін аз қолданатын кезде болады. Бірінші жағдайда бұрын өндіріс пен саудада қолданылған ақша капиталы басы бос қарыз капиталы ретінде бой көрсетеді; екінші жағдайда ол өсе түскен мөлшерде, бірақ өте-мөте төмен процент нарқымен қолдану табатын капитал ретінде бой көрсетеді; өйткені енді ақшалы капиталиске өнеркәсіп және сауда капиталистері өктем шарт қояды. Басы артық

қарыз капиталы бірінші жағдайда өнеркәсіп капиталының әрекетсіздігін көрсетеді, екінші жағдайда — коммерциялық кредиттің банк кредитінен біршама тәуелсіздігін көрсетеді, бұл тәуелсіздік ақшаның қайта оралатынына, кредит мерзімінің қысқалығына және істің дәнін өз капиталымен жүргізушілікке негізделеді. Өзгенің қарыз капиталына үміт артатын жалдаптар әлі жорыққа аттанбаған; істі өз капиталымен жүргізетін адамдар операцияларды түгелдей дерлік кредит есебінен жүргізуден әлі аулақ жатыр. Бірінші фазада басы артық қарыз капиталы шын қорлануға тікелей қарама-қайшылықты көрсетеді. Екінші фазада ол ұдайы өндіріс процесінің жаңадан ұлғаюымен үйлес келеді, оған ере жүреді, бірақ оған себепші емес. Басы артық қарыз капиталы енді кеми бастаған, ол тек относителді ғана, яғни ол өзінше тек сұранысқа салыстыру жағынан ғана осындай күйде болады. Екі ретте де қорланудың шын процесі ұлғаюына мына жағдай дем береді: бірінші ретте төмен бағамен, екіншісінде — баяулап көтерілген бағамен үйлес келетін төмен процент пайданың сонау кәсіпкерлік табысына айналатын бөлігін арттырады. Бұл өзі шырқай гүлдену кезінде проценттің көтерілуі өзінің орташа мөлшеріне жеткенде бұрынғыдан да көп кездеседі, себебі мұнда процент өскенімен, ол пайда өсуінің дәрежесінде болмайды.

Екінші жағынан, біз қарыз капиталының қорлануы ешқандай шын қорланусыз, таза техникалық тәсілдермен-ақ бола беретінін көрдік, ол тәсілдер — банк істерін ұлғайту және шоғырландыру, жеке адамдарға тиісті төлем қаржыларының айналыс резервін немесе резерв қорын үнемдеп пайдалану, осының нәтижесінде олар үнемі қысқа мерзімге қарыз капиталына айналып отырады. Бұл қарыз капиталы, сондықтан да ағымдағы капитал (*floating capital*) деп те аталатын капитал әрқашан қарыз капиталы формасын тек қысқа мерзімге ғана сақтағанымен (дәл сол сияқты тек қысқа мерзімге ғана дисконт операцияларына қызмет етеді), алайда ол мұның есесіне үнемі келіп те, кетіп те отырады. Егер бәз біреу оны алушы болса, екінші біреу беруші болады. Осылайша қарыз ақша капиталының аумағы (біз мұнда бірталай жылға берілетін жалпы қарызды емес, тек вексельге және кепілге қысқа мерзімге берілетін қарыздарды әңгімелеп отырмыз) іс жүзінде шын қорланудан мүлде тәуелсіз өседі.

В. С. 1857. 501-ші сұрақ. «*floating capital*» дегенді сіз қалай түсінесіз? {Ағылшын банкінің басқарушысы Уэгелин мырза:} «Ол қысқа мерзімге ақша қарызы үшін тұтынылатын капитал... (502) Ағылшын банкінің... провинциялық банктердің банкноттары және елдегі бар ақшаның жиынтығы.— {Сұрақ:} [503.] «Егер сіз *floating capital* дегенді жедел айналыс деп

түсінетін болсаңыз» {атап айтқанда Ағылшын банкі банкноттарының айналысы} «онда бұл жөнінде комиссияның қолында бар жауаптарға қарағанда, осы жедел айналыста, сірә, оншалық айтарлықтай ауытқулар болмаса керек, солай ма?» {Алайда осы жедел айналысты авансылаған дәл кім — ақшалы кредитор ма, әлде өнеркәсіп капиталисінің өзі ме — мұның үлкен айырмасы бар.— Уэгелиннің жауабы:} «Мен floating capital дегенге банкирлердің едәуір ауытқып отыратын резервтерін қосамын».

Демек, бұл былай деген сөз: вкладтардың банкирлер қарызға жұмсамайтын, бірақ олардың резерв ретінде, ал көбінесе сол вкладтар салынатын Ағылшын банкінің резерві болып көрінетін бөлегі едәуір ауытқып отырады. Ақырында, баяғы сол мырза floating capital дегеніміз bullion, яғни құймалар мен металл ақшалар (503<sup>a</sup>) деп соғады. Жалпы бір таңқаларлық жәйт сол, ақша рыногының осы кредит былығында саяси экономияның барлық категориясының мәні мен формасы соншалық бұрмаланады. Floating capital мұнда circulating capital-ын\* бейнелейтін болып шығады, ал шындығында бұл, әрине, мүлде әр түрлі нәрселер, онда money\*\* де — capital, bullion да capital, ал банкноттар — circulation\*\*\*, капитал да — a commodity\*\*\*\*, борыш та — commodities\*\*\*\*\*, fixed capital\*\*\*\*\* да — өткізілуі қиын қағаздарға салынған ақша!

«Лондонның акционерлік банктері... өздерінің вкладтарын 1847 жылғы 8 850 774 функт стерлингтен 1857 жылы 43 100 724 фунт стерлингке дейін көбейтті... Комиссияның қолындағы мәліметтер мен жауаптар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: осы орасан зор соманың едәуір бөлігі бұрын бұл мақсатқа пайдаланылуы мүмкін емес негіздерден алынған, банкирден счет ашып, оған ақша салу әдеті көптеген тапқа таралды, бұрын олар өздерінің капиталын (1) бұлайша пайдаланбайтын еді. Провинциялық жеке меншік банктері бірлестігінің президенті» {акционерлер банктерінен басқаша} «бірлестік осында комиссияға жауап беру үшін делегат етіп жіберген Родуэлл мырза мынаны хабарлады: Ипсуич ауданында осы округтің фермерлері мен ұсақ саудагерлері арасында соңғы кезде бұл практика төрт есе артты; фермерлердің бәрінің дерлік, тіпті олардың жылдық аренда ақысына небәрі 50 ф. ст. төлейтіндерінің де қазір банктерде вкладтары бар. Бұл вкладтардың аумағы, әрине, іске жұмсалуда жол табады және әсіресе Лондонға, коммерция ісінің орталығына қарай ойысады, мұнда ол ең алдымен Лондон банкирлері клиенттерінің вексельдеріне есеп жүргізуге және басқа қарыздарға пайдаланылады. Бұл вкладтардың банкирлердің өздеріне тікелей керекі жоқ үлкен бір бөлігі billbrokers-тің қолдарына түседі, олар өздеріне берілген қарыздарды қамтамасыз ету ретімен банкирге өздері бұрын Лондондағы немесе провинциядағы әрқилы адамдар үшін есептелген сауда вексельдерін ұсынады» (В. С. 1858, р. VI).

---

\* — капитал айналысы. *Ред.*  
 \*\* — ақша. *Ред.*  
 \*\*\* — айналыс қаржысы. *Ред.*  
 \*\*\*\* — товар. *Ред.*  
 \*\*\*\*\* — товарлар. *Ред.*  
 \*\*\*\*\* — негізгі капитал. *Ред.*

Вексель делдалына ол бұрын бір рет есепке алған вексельдері есебіне қарыз бере отырып, банкир іс жүзінде оларды қайтадан есепке алады, бірақ шындығында бұл вексельдердің көпшілігін вексель делдалының өздері бұрын есепке алғанды, сөйтіп жаңағы банкир делдалдың векселін қайта есепке алғанда берген ақшаның өзімен әлгі делдал жаңа вексельдерді тағы есепке алады. Ал мұның өзі мынаған әкеліп соғады:

«Жалған кредиттің ұлғаюы жарастық вексельдерді есепке алу және бланк кредиттері арқылы жасалды, бұл провинциялық акционерлік банктердің практикасы арқылы едәуір жеңілдеді, олар осындай вексельдерге есеп жүргізді және кейін оларды Лондон рыногында вексель делдалдарында қайта есепке алды, мұнда түгелінен банктің кредит беру қабілетіне сүйенді, сөйтіп вексельдің басқа қасиеттерінің күллісіне мүлде көңіл бөлмеді» (бұл да сонда, XXI бет).

Осы қайта есепке алу және қарыз ақша капиталын осындай таза техникалық жолмен көбейту арқылы кредит жалдаптығына дем беру жайында «Economist»-те<sup>127</sup> мынадай бір қызық сөздер бар:

«Бірсыпыра жылдар бойына елдің кейбір округтерінде капиталдың» {атап айтқанда қарыз ақша капиталының} «қорлануы оның пайдалану табуынан тезірек болды, ал оның бер жағында басқа округтерде оны пайдалану мүмкіншілігі капиталдың өзінен тезірек өсті. Егіншілікті округтерде банкирлер өздерінің депозиттерін пайдалы және сенімді орналастыру мүмкіншілігі болмай отырғанда өнеркәсіпті округтер мен сауда қалалары банкирлерінің капиталына деген сұраныс олар ұсына алатын мөлшерден артық болды. Әр түрлі округтерде жағдайдың осылай түрліше болуының нәтижесінде капиталды бөлумен шұғылданатын жаңа тұрпатты фирмалар пайда болды және қарыштап тез өрбіді,— бұл фирмалар әдетте вексель делдалдарының фирмалары деп аталғанмен, шындығында аса ірі көлемдегі банктер болып табылады. Бұл фирмалардың кәсібі мынау: капиталы қолдану орнын таппай отырған округтердегі банкирлердің басы артық капиталын, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен ірі сауда үйлерінің уақытша бос тұрған қаржыларын белгілі мерзімге және белгілі процентпен алады да, осылайша алған ақшасын капиталға деген сұраныс неғұрлым көп болып отырған округтердің банктеріне анағұрлым жоғары процентпен қарызға береді, мұны әдетте олардың клиенттерінің вексельдерін қайта есептеу жолымен істейді... Сөйтіп, Ломбард-стрит<sup>128</sup> әрекетсіз жатқан капиталды елдің пайдалы жұмсауға орын таба алмай жатқан бір ауданынан капиталға сұраныс бар екінші ауданына ауыстырудың ірі орталығына айналды; оның бер жағында бұл елдің түрлі аудандарын да, сондай-ақ осындай жағдайдағы жеке адамдарды да қамтыды. Әуел баста бұл шаралар тек ылғи дерлік әдеттегіше банк қамтамасыз ететін қарыздармен, заемдармен шектелетін. Бірақ елдің капиталы тек өсуіне қарай және банктер құрылуы арқасында ол барған сайын үнемделгеніне қарай әлгі есеп жүргізуші фирмалардың қарамағындағы қорлардың молайғаны сонша, аталған фирмалар әуелгіде доктарда сақтаулы жатқан товарлардың квитанциясына, ал кейін әлі мүлде алынбаған бірақ солай бола тұрса да, әрқашан болмағанымен, көбінесе оған деп товар делдалдарына вексельдер жазылып қойылған товарлардың накладнойларына қарыз бере бастады. Мұндай практика кешікпей ағылшын коммерциясының бүкіл сипатын

өзгертіп жіберді. Осы жолмен Ломбард-стрит тарапынан жасалған жеңілдіктер Минсинг-Лейндегі<sup>129</sup> товар делдалдарының жағдайын өте-мөте күшейтті; ал товар делдалдары өз кезегімен көпес-импортшыларға қолайлы жағдайдың бәрін жасады; ал бұл соңғылардың мұны кеңінен пайдаланғаны сонша, бұдан 25 жыл бұрын накладнойға немесе тіпті доктарда сақтаулы товарлардың квитанциясына қарыз берілсе, бұл көпестің кредитін мүлде күйрететін еді, ал қазір мұндай практика жалпыға бірдей сипат алғаны сонша, енді бұл бұдан 25 жыл бұрынғыдай ілуде бір кездесетін жағдай емес, ережеге айналды. Ол — ол ма. бұл системаның кең етек алғаны сонша, Ломбард-стритте алыс отарлардағы әлі орылмаған егінге жазылған вексельдерге ірі сомалар беріледі. Кредиттің осындай жеңілдіктері нәтижесінде көпес-импортшылар шетелдердегі операцияларын ұлғайтты, өейтіп осы кезге дейін іс жүргізуге жұмсап келген ағымдағы капиталын кәсіпорындардың ішіндегі ең бір сенімсіздеріне, отардағы плантацияларға орналастырды, оларды бақылау жоққа тән немесе тіпті мүлде бақылай алмайды. Сонымен, біз кредиттердің тікелей ұштасқанын көреміз. Еліміздің егіншілік округтерінде қорланған капитал ұсақ сомалармен вкладтар ретінде провинциялық банктерге салынып, Ломбард-стритте іске пайдалану үшін орталықтандырылады. Бірақ ол, біріншіден, біздің кең және өнеркәсіпті округтерімізде істі ұлғайтуға жұмсалды, бұл ондағы банктерде вексельдерді қайта есепке алу жолымен істелді; екіншіден, доктарда сақтаулы товарлар квитанциясы мен накладнойларына қарыз беру арқылы шетел өнімін әкелушілерге үлкен жеңілдік жасауды қамтамасыз етуге пайдаланылады, осының салдарынан сауда фирмаларының шетелдер мен отарлардағы кәсіпорындарындағы «занды» капиталы босап қалады, сондықтан олар мұхит сыртындағы плантацияларда ең қолайсыз түрде жұмсалуды ықтимал» («Economist», [20 ноябрь] 1847 ж. 1334-бет).

Кредиттердің әлгі «тамаша» ұштасуы, міне осындай. Селолық вкладшы вкладты тек өз банкиріме бердім деп түсінеді, онан соң, бұған банкир қарыз берсе, тек өзіне таныс жеке адамдарға беретіндей көреді. Бірақ әлгі банкирі оның вклады лондондық вексель делдалының қарауына өткізетінінен ешқандай хабары болмайды, ал делдалдың операциялары бұл екеуінің бақылауынан мүлде оқшау қалады.

Қоғамдық ірі кәсіпорындар, мысалы, темір жол құрылысы қарыз капиталын уақытша қалай көбейтетінін, акционерлер салатын соманы белгілі мерзімге, қашан олар шынымен жұмсалғанға дейін, банкирлердің қарауында қалдыруына болатынын біз бұрын көрдік.

Айта кету керек, қарыз капиталының аумағы айналыс қаржысының мөлшерінен мүлде басқа. Біз бұл арада айналыс қаржысының мөлшері деп түсінетініміз елде бар және айналыста жүрген барлық банкноттар мен металл ақшалардың жиынтығы: бұған асыл металдар құймасы да кіреді. Осы мөлшердің бір бөлігінен банктердің көлемі жағынан үздіксіз өзгеріп отыратын резерв құралады.

«1857 жылғы 12 ноябрьде» {1844 жылғы банк актінің күші уақытша тоқтатылған күн} «Ағылшын банкі мен оның филиалдарының қоры жалпы алғанда небәрі 580 751 ф. ст. екен, ал сол кездегі вкладтар сомасы 22½

млн. ф. ст. екен, онан  $6\frac{1}{2}$  млн. шамасы Лондон банкирлеріне тиісті болып шықты» (В. А. 1858, р. LVII).

Процент нарқының ауытқуы (неғұрлым ұзақ уақыт бойына болатын өзгерістер мен түрлі елдердегі процент нарқының айырмашылықтарын былай қойғанда; біріншілері пайданың жалпы нормасының өзгерулерінен болады, екіншілері — пайда нормалары мен кредит дамуының айырмашылықтарынан болады) қарыз капиталы (басқа барлық жағдайлар, мысалы, сенім дәрежесі және т. с. бірдей деп жорамалдағанда), яғни ақша, металл ақша және банкнот формасында қарызға берілетін капиталдың ұсынылуына байланысты; мұнан өнеркәсіп капиталының айырмасы — бұл өзі қарызға ұдайы өндіріс агенттерінің өз арасында коммерциялық кредит арқылы товар формасында беріледі.

Ал солай бола тұрса да, осы қарыз ақша капиталының аумағы айналыстағы ақша аумағынан өзгеше және онан тәуелсіз болады.

Мысалы, егер 20 ф. ст. күніне бес рет қарызға берілсе, сонда 100 ф. ст. ақша капиталы қарызға берілген болады. Мұның өзі сонымен бірге осы 20 ф. ст. сатып алу немесе төлем қаржысы ретінде кем дегенде 4 рет қызмет атқарған болар еді, өйткені, егер дәнекерлік роль атқарған сатып алу және төлем болмаса, соның арқасында 20 ф. ст. капиталдың өзгерген формасын (товар формасын, бұған жұмыс күші де кіреді) кемінде төрт рет бейнелемеген болса, онда бұл 100 ф. ст. капиталды емес, әрқайсысы 20 ф. стерлингтік тек бес талап қана болар еді.

Кредиті дамыған елдерде біз қарыз операцияларына пайдаланылуы мүмкін бүкіл ақша капиталы банктер мен ақша кредиторларында вклад формасында болады деуімізге болады. Не дегенмен бұл жалпы және тұтас алғанда іс үшін дұрыс. Оның үстіне істің жайы жақсы болып тұрған кезеңде, шын мәніндегі жалдаптық әлі етек алмай тұрғанда, кредит алу жеңіл, сенім күшейтіп отырған жағдайда айналыс қызметінің басым бөлігі кредиттің көмегісіз-ақ орындалады, металл немесе қағаз ақша дәнекерлік етпейді.

Айналыс қаржысының мөлшері бірқыдыру шағын болса да, көп вклад сомасына ие болудың жай мүмкіншілігі тек мынаған байланысты:

1) сол бір ақшаның өзімен орындалатын сатып алу және төлем санына;

2) олардың вклад ретінде банкке қайта оралуының санына байланысты болады, ал олардың төлем және сатып алу қаржысы ретінде қайталау қызметі арасында олардың тағы



вкладқа айналуы кездеседі. Мысалы, бөлшек сауда саудагері апта сайын өзінің банкиріне ақшалай 100 ф. ст. салады, банкир онымен фабрикант вкладының бір бөлігін төлейді; фабрикант оны өзінің жұмысшыларына төлейді; жұмысшылар мұны бөлшек сауда саудагеріне төлейді; бөлшек сауда саудагері мұны қайтадан банкке салады. Сонымен, бөлшек сауда саудагері салған 100 ф. ст., біріншіден, фабриканттың вкладын төлеуге, екіншіден, жұмысшыларға төлеуге, үшіншіден, бөлшек сауда саудагерінің өзіне төлеуге, төртіншіден, сол әлгі бөлшек сауда саудагері ақша капиталының жаңа бір бөлігін банкке салуына қызмет етті; сонымен, егер банкке салған ақшасын ол өзі пайдаланбаса, онда 20 апта өткеннен кейін оның вклады баяғы бір 100 ф. ст. арқылы 2 000 фунт стерлингке жетеді.

Бұл ақша капиталы қаншалықты дәрежеде пайдаланылмай қалатынын банктердің резерв қорының келуі мен кетуі ғана көрсетеді. Осыдан келіп, 1857 жылы Ағылшын банкінің басқарушысы болған Уэгелин мырза Ағылшын банкідегі алтын «бірден-бір» резерв капитал болып табылады деген қорытынды жасайды:

«1258. Менің пікірімше, есептеу нарқы іс жүзінде елдегі басы бос капиталдың мөлшеріне байланысты. Басы бос капитал мөлшерін Ағылшын банкінің резерві көрсетеді, бұл резерв іс жүзінде алтын резерві болып табылады. Сондықтан алтын кеткен кезде елдегі басы бос капиталдың мөлшері кемиді, және де осы себепті оның қалған бөлігінің құны артады». — [Ньюмарч] «1364. Ағылшын банкінің алтын қоры дегеніміз шындығында өзекті қор, немесе соның негізінде елдегі күллі іс жүргізілетін нақты ақша қоры... Осы қорға немесе резерв қоймасына шетелдердегі вексель курсының өзгерісі әрқашан әсерін тигізеді» («Report on Bank Acts», 1857).

Шын, яғни өндіргіш және товар капиталының қорлану көлемін сырттан әкелу мен сыртқа шығару статистикасы көрсетеді. Міне, мұнда әрқашан мынау байқалады: дамуы он жылдық циклдармен болатын ағылшын өнеркәсібі үшін (1815—1870) дағдарыс *алдындағы* гүлденудің соңғы кезеңіндегі ең көп мөлшер әр жолы таяудағы келесі гүлдену кезеңінің ең аз мөлшері болып шығады, ал онан кейін жаңа, әлдеқайда жоғары ең көп мөлшер туады.

Великобритания мен Ирландиядан гүлдену жылы болған 1824 жылы шетке шығарылған өнімнің нағыз немесе жарияланған құны 40 396 300 фунт стерлинг болды. 1825 жылғы дағдарыс басталған соң шетке өнім шығару мөлшері әлгі сомандан кеміп, жылына 35 және 39 миллион аралығында ауытқып отырды. 1834 жылғы жаңа гүлдену тұсында бұл бұрынғы жоғарғы дәрежесінен асып, 41 649 191 фунт стерлингке дейін

көтерілді, сөйтіп 1836 жылы жаңа ең көп мөлшер 53 368 571 фунт стерлингке жетті. 1837 жылы ол қайтадан 42 миллионға дейін төмендеді, сөйтіп бұл жаңа ең аз мөлшер енді ескі ең көп мөлшерден жоғары болды және кейін 50 мен 53 миллион аралығында ауытқып отырды. Жаңа гүлдену кезеңі кейін 1844 жылы шетке өнім шығару мөлшерін 58 $\frac{1}{2}$  миллионға дейін көтерді, бұл да баяғы 1836 жылғы ең көп мөлшерден әлдеқайда артық. 1845 жылы шетке өнім шығару 60 111 082 фунт стерлингке жетті, онан кейін кеміп, 1846 жылы 57 миллионға түседі және онан да кемиді, 1847 жылы 59 миллиондай, 1848 жылы 53 млн. болды, 1849 жылы 63 $\frac{1}{2}$  миллионға дейін, 1853 жылы 99 миллионға дейін көтеріледі, 1854 жылы 97 миллион, 1855 жылы 94 $\frac{1}{2}$  миллион, 1856 жылы 116 миллиондай болып, 1857 жылы ең көп мөлшерде 122 миллионға жетеді. 1858 жылы шетке өнім шығару 116 миллионға дейін төмендейді, бірақ 1859 жылдың өзінде 130 миллионға дейін, 1860 жылы 136 миллионға дейін көтеріледі, 1861 жылы небәрі 125 миллион (мұнда жаңа ең аз мөлшер осының алдындағы ең көп мөлшерден тағы да жоғары), 1863 жылы 146 $\frac{1}{2}$  миллион болды.

Рыноктің кеңейгенінің көрсеткіші болып табылатын сырттан өнім әкелу жөнінде де, әрине, дәл жоғарыда айтылғанды дәлелдеуге болар еді, бұл арада біз өндіріс көлемін ғана қарастырамыз. {Мұның тек нағыз өнеркәсіп монополиясы дәуіріндегі Англия жөнінде ғана дұрыс екені өзінен өзі түсінікті, бірақ бұл сонымен қатар дүние жүзілік рынок әлі ұлғайып отырған жағдайда жалпы қазіргі заманғы ірі өнеркәсібі бар елдердің бәрі жөнінде де дұрыс болмақ.— Ф. Э.}

## 2) КАПИТАЛДЫҢ НЕМЕСЕ ТАБЫСТЫҢ ҚАРЫЗ КАПИТАЛЫНА АЙНАЛАТЫН АҚША БОЛЫП ӨЗГЕРУІ

Мұнда біз ақша капиталының қорлануын қарастырамыз, өйткені бұл қорлану коммерциялық кредит қозғалысындағы тоқырауды немесе шын қызмет етуші айналыс қаржысын да, ұдайы өндіріспен шұғылданатын агенттердің резерв капиталын да үнемді пайдалануды көрсетпейді.

Осы екі жағдайды былай қойғанда, ақша капиталының қорлануы алтынның әдеттегіден тыс келуі арқасында пайда болуы мүмкін, 1852 және 1853 жылдары Австралия мен Калифорнияда жаңа алтын кендері ашылуы нәтижесінде осылай болды. Бұл алтынды жұрт Ағылшын банкіне салды. Вкладшылар оның орнына банкноттар алды, ал олар бұл банкноттарды артынша қайтадан банкке салмады. Сөйтіп айналыс қаржысының мөлшері өте-мөте көбейді. (Уэгелиннің жауабы,

В. С. 1857, № 1329.) Есепке алу нарқын 2%-ке дейін төмендетіп, банк бұл вкладтарды пайдалануға тырысты. Банкте қорланған алтын аумағы 1853 жылдың алты айы ішінде 22—23 миллионға дейін өсті.

Қарызға ақша беретін капиталистердің бәрінде де қорлану тікелей ақша формасында болатыны өзінен-өзі түсінікті, ал өнеркәсіп капиталының шын қорлануын алсақ, өзіміз жоғарыда көріп өттік, бұл әдетте өндіргіш капиталдың өз элементтерінің артуы жолымен жүзеге асады. Сөйтіп, кредиттің дамуы және ақша қарыз ісінің ірі банктер қолында орасан шоғырлануының өзі қарыз капиталының шын қорланудан өзгеше формада қорлануын тездетуге тиіс. Қарыз капиталының осы тез дамуы шын қорланудың нәтижесі болатын себебі сол, оны ұдайы өндіріс процесінің дамуы туғызады, ал осындай ақша капиталистері үшін қорланудың қайнар көзі болатын пайдаға келсек, ол тек ұдайы өндіріспен шұғылданып капиталистер сығып алатын қосымша құнның бір бөлігі болып табылады (және сонымен қатар *бөтеннің* жинаған ақшасына деген проценттердің бір бөлігін иемдену). Қарыз капиталы өнеркәсіпшілер мен көпестер есебінен қабат қорланады. Өнеркәсіп циклының қолайсыз фазаларында процент нарқының жоғары көтерілетіні сонша, ол ерекше қолайсыз жағдайға ұшыраған кейбір салалардың пайдасын түгелдей жұтып қоятынын өзіміз көріп өттік. Онымен бірге мемлекеттік процент қағаздары мен басқа да бағалы қағаздардың бағасы құлдырайды. Ақша капиталистерінің бағасызданған қағаздарды көптеп сатып алатыны міне осы кезең, бағасызданған қағаздар келесі фазаларда баға жағынан тез қайта көтеріліп, өзінің қалыпты дәрежесіне жетеді, асып та түседі. Сол кезде элгі қағаздар қайтадан сатылады, сөйтіп осы жолмен жұрттың ақша капиталының бір бөлігі иемделінеді. Қағаздардың бұрын сатып алған капиталистердің қолында қалатын бөлігі оларға неғұрлым жоғары процент береді, себебі бұл қағаздар төмен бағамен сатып алынған болатын. Бірақ ақша капиталистері алып, қайтадан капиталға айналдырылатын барлық пайданы олар ең алдымен қарыз ақша капиталына айналдырады. Демек, қарыз ақша капиталының шын қорлану нәтижесінде пайда болғанына қарамастан, одан өзгеше қорлануы, біз тек ақша капиталистерін, банкирлерді және басқаларын қарастырып отырғандықтан, енді ол капиталистердің осы ерекше табының қор жинауы ретінде көрінеді. Сондықтан бұл қорлану кредит ісінің ұдайы өндіріс процесінің шын ұлғаюымен қатар жүретін қандай ұлғаюында болсын өсуге тиіс.

Егер процент нарқы төмен болса, онда ақша капиталының

мұндай бағасыздануы банктерге емес, көбіне-көп вкладшыларға қырсығын тигізеді. Англияда акционерлік банктер пайда болғанға дейін барлық вкладтың  $\frac{3}{4}$ -і процентсіз болатын. Егер қазіргі уақытта оған процент төленетін болса да, ол кем дегенде осы күнгі процент нарқынан 1 пункт төмен.

Ал басқа капиталистердің ақшалай қор жинауына келетін болсақ, онда біз ақшаның процент қағазына салынатын және осы формада қорланатын бөлігін шет қалдыра тұрамыз. Біз тек рынокқа қарыз ақша капиталы ретінде шығарылатын бөлігін ғана қарастырамыз.

Мұнда біздің әңгімелеп отырғанымыз ең алдымен пайданың табыс ретінде жұмсалмайтын, қорлануға арналған, бірақ алғашқы мезеттерде өнеркәсіп капиталистерінің өз кәсіпорнында тұтыну таппаған бөлігі. Бұл пайда тікелей товар капиталында болады, соның бір бөлігінің құны болады да, сонымен бірге өтіп ақшаға айналады. Егер ол (көпесті біз әзірше шет қалдыра тұрамыз, ол жөнінде ерекше сөз қыламыз) қайтадан товар капиталын өндіру элементіне айналмаса, біраз уақыт бойына ақша формасында қалуға тиіс. Бұл аумақ капиталдың өз аумағымен бірге өседі, тіпті пайда нормасы кемі түсіп отырғанда да солай болады. Табыс ретінде жұмсалуға тиісті бөлігі аз-мұздап тұтыныла береді, бірақ әредік вклад ретінде банкирдің қарыз капиталын құрайды. Сонымен, пайданың тіпті табыс ретінде жұмсалатын бөлігі өсуінің өзі қарыз капиталының бірте-бірте, үнемі болып отыратын қорлануынан көрінеді. Қорлануға арналған екінші бөлігі жөнінде де осыны айтуға болады. Сөйтіп, кредиттің және оны ұйымдастырудың дамуымен бірге тіпті табыстың өсуінің, яғни өнеркәсіп пен сауда капиталистерінің тұтынуы өсуінің өзі қарыз капиталының қорлануы ретінде бейнеленетін болады. Бірте-бірте тұтынылатын барлық табыс, демек, жер рентасы, жоғары формадағы жалақы өнім өндірмейтін таптардың табысы және т. б. жөнінде де осылай болады. Олардың бәрі белгілі бір уақытта ақшалай табыс формасына көшеді, демек, оларды вкладқа, ендеше қарыз капиталына да айналдыруға болады. Табыстың қандайы болсын, мейлі тұтынуға немесе қорлануға арналғаны болсын, ол әйтеуір бір ақша формасында өмір сүреді екен, ол жөнінде мына қағида дұрыс болып шығады: табыс дегеніміз товар капиталы құнының ақшаға айналдырылған бөлігі, демек — өндіргіш капиталдың өзі емес, шын қорланудың бейнесі мен нәтижесі. Егер жіп иіруші өзінің жібін мақтаға, ал табыс болып табылатын бөлігін ақшаға айырбастаса, сонда оның өнеркәсіп капиталының шын тұлғасы жіп болады; енді ол тоқымашының қолына немесе мүмкін жеке тұтынушының қолына өткен жіп; оның үстіне жіп дегеніміз —

мейлі ұдайы өндіріске немесе тұтынуға арналсын, ол өз бойындағы капитал құнының да, қосымша құнның да тұлғасы болып табылады. Ақшаға айналған қосымша құнның мөлшері жіптегі қосымша құнның мөлшеріне байланысты. Бірақ қосымша құн ақшаға айналған екен, онда ақша әлгі қосымша құнның құндық тұлғасы ғана болып табылады. Міне, осы қалыпта ақша қарыз капиталының бір жағдайы болады. Бұл үшін тек керегі әлгі ақшаны иесі қарызға беріп қоймаған болса, оның вкладқа айналуы ғана. Мұның керісінше, қайтадан өндіргіш капиталға айналу үшін ақшаның сомасы әуелі белгілі бір мөлшерге жетуге тиіс.

## ОТЫЗ ЕКІНШІ ТАРАУ

**АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ.— III**  
(соңы)

Сонымен қайтадан капиталға айналатын ақша аумағы жаппай ұдайы өндіріс процесінің нәтижесі болып табылады, бірақ қарыз ақша капиталы ретінде өз алдына алып қаралса ол өндіргіш капиталдың аумағы емес.

Мұнан бұрынғы зерттеу қорытындыларының ең маңыздысы мынада: табыстың тұтынуға арналған бөлігінің ұлғаюы (ал біз жұмысшыны былай қалдырамыз, себебі оның табысы өзгермелі капиталға тең) ең алдымен ақша капиталының қорлануы ретінде көрінеді. Демек, ақша капиталының қорлануына өнеркәсіп капиталының шын қорлануынан елеулі айырмасы бар бір жағдай кіреді, себебі жылдық өнімнің тұтынуға арналған бөлігі тіпті де капиталға айналмайды. Жылдық өнімнің енді бір бөлігі капиталдың, дәлін айтқанда, тұтыну заттарын өндірушілердің тұрақты капиталының *орны толтырады*. Бірақ бұл бөлік капиталға шынымен айналар болса, ол осы тұрақты капиталды өндірушілер табысының заттай формасында болады. Табысты бейнелейтін тұтынуға дәнекер ғана болып қызмет ететін ақша ылғи біраз уақытқа қарыз ақша капиталына айналып отырады. Бұл ақша жалақыны бейнелейтіндіктен, ол сонымен қатар өзгермелі капиталдың ақшалай формасы болып табылады; ал енді әлгі ақша тұтыну заттарын өндірушілердің тұрақты капиталының орнын толтыратын болса, онда ол тұрақты капиталдың уақытша орнына жүретін ақшалай формасы болып табылады және осы орны толтырылуға тиісті тұрақты капиталдың элементтерін зат күйінде сатып алуға қызмет етеді. Ақшаның аумағы ұдайы өндіріс процесінің кеңеюімен бірге арта тұрса да, ол ана формасында да, мына формасында да өздігінен алғанда қорлануды көрсетпейді. Алайда уақытша ол қарызға берілетін ақшаның, яғни ақша капиталының міндетін атқарады. Демек, бұл жағынан ақша капиталының қорлануы әрқашан капиталдың қорлануын шындықта болатынынан не-

ғұрлым артық көрсетуге тиіс, өйткені жеке тұтынудың ұлғаюы ақшаның көмегімен жүзеге асырылуы арқасында ақша капиталының қорлануы болып көрінеді, шын қорлануға, капиталдың жұмсалуына жаңа салалар ашатын ақшаға ақша формасын береді.

Сөйтіп, қарыз ақша капиталының қорлануы ішінара мына фактіні ғана көрсетеді: өнеркәсіп капиталы өзінің ауыспалы айналымы процесінде айналатын ақша біткеннің бәрі ұдайы өндіріс агенттері *авансылайтын* ақша формасына емес, агенттер *қарыз алатын* ақша формасына көшеді; сонымен, ұдайы өндіріс процесінде авансыланған ақша заем ақшасын авансылау болып шығады. Шындығында коммерциялық кредит негізінде біреу екінші біреуге ұдайы өндіріс процесіне керекті ақшаны қарызға беріп отырады. Бірақ мұның өзі мынадай форма алады: ұдайы өндіріс агенттерінің бір бөлегінен қарызға ақша алған банкир өз кезегімен ол ақшаны ұдайы өндіріс агенттерінің басқа бір бөлегіне қарызға береді, мұндайда әлгі банкир жарылқаушы сияқты болып көрінеді; сонымен бірге бұл капиталды басқару түгелінен делдалдық етуші банкирдің қолында болады.

Бізге енді ақша капиталы қорлануының кейбір ерекше формаларын көрсету ғана қалып отыр. Мысалы, капитал өндіріс элементтерінің, шикі заттардың және т. б. бағасы төмендеуі салдарынан босайды. Егер өнеркәсіпші өзінің ұдайы өндіріс процесін тікелей ұлғайта алмайтын болса, онда әлгінің ақша капиталының басы артық ретіндегі бөлігі ауыспалы айналымнан шығарылады да, қарыз ақша капиталына айналады. Ал оның үстіне, капитал ақша формасында істің барысында үзіліс болған жағдайда әсіресе көпесте босап отырады. Егер көпес бірсыпыра келісімдер жасаса және әлгіндей үзілістер салдарынан бірсыпыра жаңа келісімдерді тек кейінірек бастай алатын болса, онда қолына түскен ақшасы ол үшін тек қазына, басы артық капитал болып табылады. Алайда бұл ақша сонымен қатар қарыз ақша капиталының тікелей қорлануы болып шығады. Бірінші ретте ақша капиталының қорлануы неғұрлым қолайлы жағдайда ұдайы өндіріс процесінің қайталануын, бұрын істе болған капитал бөлігінің шын босауын, демек, сол бұрынғы ақша қаражатымен ұдайы өндіріс процесін кеңейту мүмкін екендігін көрсетеді. Екінші ретте келісімдер тасқынындағы үзілісті көрсетеді. Бірақ осы екі реттің екеуінде де ақша қарыз ақша капиталына айналады; оның қорлануы болады, ақша рыногы мен процент нарқына бірдей әсер етеді, дегенмен мұнда бірінші ретте неғұрлым қолайлы жағдай болғаны бейнеленеді, екінші ретте — қорланудың шын процесіне кедергілер болғанын көрсетеді. Ақырында, ақ-

ша капиталының қорлануына өз жағдайын мықтап жөндеп алып, ұдайы өндіріс саласынан кетіп қалатын адамдардың саны да әсер етеді. Өнеркәсіп циклі бойына пайда неғұрлым көп жасалса, әлгіндей адамдардың саны соғұрлым көп болады. Бұл арада қарыз ақша капиталының қорлануы, бір жағынан, шын қорлануды (оның относителді мөлшерінде) көрсетеді, екінші жағынан, бұл өзі өнеркәсіп капиталистерінің таза ақша капиталистеріне айналу мөлшерін ғана көрсетеді.

Пайданың табыс ретінде тұтынуға арналмаған басқа бөлігіне келетін болсақ, онда бұл бөлік өзі жасалған өндіріс саласындағы істі кеңейтуге тікелей тұтыныла алмайтын жағдайда ғана ақша капиталына айналады. Бұл екі себептен болады. Не өндірістің бұл саласына капитал мол жұмсалғандықтан болады. Немесе қорланған сома капитал ретінде қызмет атқаруы үшін әуелі ол белгілі бір мөлшерге жетуі керектігінен болады, бұл мөлшер сол нақты кәсіпорнына жаңадан жұмсалған капиталдың сандық қатынастарымен белгіленеді. Сондықтан қорланған сома әуелі қарыз ақша капиталына айналады да, басқа салалардағы өндірісті кеңейтуге қызмет етеді. Басқа жағдайлар бірдей болса, капиталға қайтадан айналдыруға арналған пайда аумағы барлық өндірілген пайда аумағына, демек, ұдайы өндіріс процесінің кеңеюіне байланысты болады. Егер осы жаңа қорлану өзінің қолданылуы жолында қиыншылыққа, қолдану саласының тапшылығына кездессе, демек өндіріс салаларының артықша толып кетуі және басқа бос қарыз капиталын мол ұсыну орын тепсе, онда қарыз ақша капиталының осылай артып кетуі тек *капиталистік* өндірістің шеңбері тарлығын көрсетеді. Онан кейінгі кредит дүрлігуі осы басы артық капиталды қолдану жолында ешқандай елеулі кедергі жоқтығын көрсетеді. Бірақ капиталдың өсу заңдарынан капиталдың капитал ретінде өсуіне болатын шектерінен асып кетуінен туатын кедергілер болады. Басы артық ақша капиталын өз күйінде алғанда асыра өндіруді немесе тіпті тек капитал жұмсау саласының тапшылығын сөзсіз көрсетпейді.

Қарыз капиталының қорлануы дегеніміз тегі қарызға арналған ақша ретінде ақша жиналып қалуы болады. Ақшаның капиталға шын айналуынан бұл процестің үлкен айырмасы бар; бұл өзі ақшаның тек капиталға айналуына болатындай формада қорлануы. Бірақ бұл қорлану, жоғарыда көрсетілгендей, шын қорланудан зор айырмасы бар жағдайды көрсетуі мүмкін. Шын қорлану үнемі ұлғайып отырса, ақша капиталының бұл ұлғаюы ішінара оның нәтижесі болуы ықтимал, ішінара онымен қосарлана жүретін, бірақ онан мүлде өзгеше жағдайлардың нәтижесі, ақырында, ішінара тіпті шын



қорланудың тоқтау нәтижесі болуы мүмкін. Қарыз капиталының қорлануы осындай шын қорланудан тәуелсіз, бірақ дегенмен сонымен қосарлана жүретін жағдайлардың әсерімен ұлғаятыны себепті циклдің белгілі фазаларында әрқашан ақша капиталының артылуы орын тебуге тиіс, ал кредиттің дамуына қарай бұл артылу көбейе түседі. Демек, осы артылумен бірге өндіріс процесін оның капиталистік шегінен шығара ұлғайту қажеттігі де күшейе түсуге тиіс, яғни шамадан тыс сауда, асыра өндіру, басы артық кредит пайда болады. Сонымен қатар бұл сөзсіз кері қозғалыс туғызатын формада жүзеге асады.

Ал ақша капиталының жер рентасынан, жалақыдан, т. с. қорлануына келетін болсақ, бұл жерде ол мәселеге тоқталып жатудың керегі жоқ. Тек мына жағдайды атап көрсету керек: капиталистік өндірістің даму барысында еңбек бөлінісі арқасында шын қор жинақтау және тұтынбау ісі (қазына жинаушылардың), ол қорлану элементін құрайтын болса, сол элементтерді ең аз алатындардың және көбінесе өзінің жиған-тергенінен айрылып қалатындардың есебінен жасалады, мысалы, жұмысшылар банктер күйрегінде жиған-тергенінен айрылып қалады. Бір жағынан, өнеркәсіп капиталисі өз капиталын өзі «жинақтамайды», қайта капиталының мөлшеріне пропорциялас көлемде басқалардың жиған-тергенін билеп-тестейді; екінші жағынан, ақша капиталисі бөтеннің жиған-тергенін өз капиталы етеді, ал ұдайы өндіріс процесімен шұғылданушы капиталистер біріне бірі беретін кредитті және оларға жұрт беретін кредитті өз баюының қайнар көзіне айналдырады. Мұнымен бірге капитал кісінің өз еңбегімен және өзінің жиған-тергенімен жасалады-мыс дейтін капиталистік системаның ақырғы жалған елесі күйрейді. Бөтеннің еңбегін немденуден құралатын тек пайда ғана емес, сонымен қатар әлгі бөтеннің еңбегін қозғалысқа келтіріп, оны қанауға септесетін капитал да бөтеннің меншігінен құралады, ақша капиталисі бөтеннің меншігін өнеркәсіп капиталисінің қарамағына береді де, мұнысы үшін өз кезегімен оны да қанайды.

Бізге қарыз капиталы жөнінде тағы бірнеше ескерту жасау қалып отыр.

Бір ақшаның өзі қарыз капиталы ретінде қаншалықты жиі кездесуі, жоғарыда айтып өткеніміздей, түгелінен мынаған байланысты:

1) олардың сату немесе төлем процесінде товар құнын қаншалықты жиі шығаруына, сөйтіп капиталды ауыстыруына және бұдан әрі олардың табысты қаншалықты жиі шығаруына байланысты. Олардың шығарылған құн ретінде, капитал немесе табыс ретінде болсын, оның бәрі бір,— басқаның қо-

лына қаншалықты жиі өтуі, бұл өзі, тегінде, шын айналымның мөлшері мен санына байланысты болса керек;

2) бұл төлемді үнемдеуге және кредит ісінің дамуы мен ұйымдастырылуына байланысты;

3) ақырында, кредиттердің өзара жалғасуы мен қимылының шапшаңдығына байланысты, мұның арқасында ақша бір жерде вклад түрінде жиналып қалса, дереу жылп етіп екінші бір жерден қарыз түрінде тағы шыға келеді.

Егер тіпті қарыз капиталының өмір сүру формасы ылғи шын ақша, алтын немесе күміс формасы — заттары құн өлшемі болатын товарлар формасында болады деп жорамалдасак, тіпті соның өзінде де бұл ақша капиталының едәуір бөлігі сөз жоқ жалған бөлік болады, яғни құнның белгілері тәріздес бір нәрсе, құнның жай титулы болады. Ақша капиталдың ауыспалы айналымында қызмет атқарып отырса, ол белгілі кезеңінде ақша капиталын құрайтын болғанымен, алайда қарыз ақша капиталына айналмайды, қайта не өндіргіш капиталдың элементтеріне айырбасталады, немесе табысты жүзеге асырғанда айналыс қаржысы ретінде сол элементтермен төленеді, демек, олар өз иесі үшін тағы қарыз капиталына айнала алмайды. Ақша қарыз капиталына айналса және сол бір ақша сомасының өзі қайта-қайта қарыз капиталы болып отырса, мұндайда ол тек бір пунктте тек металл ақша ретінде өмір сүретіні, басқа пункттерінің бәрінде ол капиталға деген талаптар формасында ғана өмір сүретіні айқын. Жорамалымыз бойынша, бұл талаптардың қорлануы шын қорланудан туады, яғни товар капиталының және т. б. құны ақшаға айналуынан туады; солай бола тұрса да бұл талаптардың немесе құн титулдарының қорлануы, өз күйінде алсақ, оны туғызатын шын қорланудан да, ақшаны қарызға беру арқылы болатын болашақ қорланудан да (өндірістің жаңа процесінен) басқаша қорлану.

Rgime facie\* қарыз капиталы әрқашан ақша формасында<sup>9)</sup>, ал кейін ақшаға деген талаптар ретінде өмір сүреді,

\* — Эуелде. Ред.

<sup>9)</sup> В. А. 1857. Банкир Туэлстін жауабы: «4516. Банкир ретінде сіз операцияларды капиталмен жүргізесіз бе, әлде ақшамен жүргізесіз бе? — Біз ақшамен сауда жасаймыз. — 4517. Сіздің банкке вклад қалай салынады? — Ақшалай салынады. — 4518. Вкладтар қалай төленеді? — Ақшалай төленеді. — [4519.] Сонымен, вкладтар ақшадан өзгеше бір нәрсені бейнелейді деуге бола ма? — Жок».

Оверстон (XXVI тарауды қараңыз) «капитал» мен «ақшаны» ылғи шатастырады. «Ақша құны» оныңша сонымен қатар процент те, бірақ ол тек ақша аумағына қарай белгіленісіндіктен солай болады: «капитал құны» процентті көрсетуге тиіс, өйткені ол өндіргіш капиталға деген сұраныс пен ол келтіретін пайдаға қарай белгіленеді. Ол былай дейді: «4140. «Капитал» деген сөзді абайлап қолданған жөн. — 4148. Англиядан алынды сыртқа шығару елде ақша мөлшерінің азайғанын көрсетеді, бұл әрине, жалпы айтқанда ақша рыногында, демек, оның пікірінше, капитал рыногында емес; ақшаға деген сұранысты күшейтуге тиіс». — «4112. Елдің ақшаның кетуіне қарай елдегі ақша мөлшері кемиді. Осы елде қалатын ақша мөлшерінің кемюі сол ақшаның құнын арттырады». (оның теориясынаша, эуел баста ақша құнының ақша-

өйткені әуел баста қарыз капиталы өмір сүрген түріндегі ақша енді шын ақша формасында қарыз алушының қолына көшкен. Кредитор үшін қарыз капиталы ақша алу правосына, меншік титулына айналды. Сондықтан шын ақшаның белгілі аумағының бір өзі ақша капиталының сан килы аумағын бейнелеуі мүмкін. Егер дамыған кредит системасындағы жалпы формасын қарастыратын болсақ, жай ақша мейлі ол шығарылған капитал немесе шығарылған табыс па, жоқ па, бұған қарамастан, бір ғана қарыз актісі арқасында, депозитке айналдыру арқасында қарыз капиталына айналады. Вкладшы үшін вклад — ақша капиталы. Алайда банкирдің қолында ол тек осы капитал иесінің кассасында жату орнына банкирдің кассасында қозғалыссыз жатқан потенциал ақша капиталы болады.<sup>10)</sup>

Заттай байлықтың өсуімен қатар ақша капиталистерінің табысы өседі; бір жағынан, істен қол үзген капиталистердің, рантиштердің саны мен байлығы өседі; ал екіншіден, кредит системасының дамуы күшейеді, онымен бірге банкирлер, кредиторлар, финансистер және т. с. саны артады. Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, басы бос ақша капиталы дамуына қа-

лай күйінде артуы товар құнымен салыстырғандағы артуын көрсетеді, оны айналыс қаржысының кемуі туғызады, демек, ақша құнының бұл артуы товарлар құнының төмендеуіне тең болады. Бірақ бұдан әрі бағаны айналыстағы ақша аумағы белгілемейтін типті оның өзіне де күмәнсіз болғандықтан, енді айналыс қаржысы ретінде ақша мөлшерінің кемуі олардың құнын капитал ретінде, процент беретін капитал ретінде арттыруға тиіс, демек, процент нарқын арттыруға тиіс. «Міне, осы әлі қалып отырған ақша құнының артуы оның бұдан әрі шетке кетуін тоқтатады және қашан теңестікті қайта қалпына келтіруге қажетті ақша мөлшерін қайтарғанға дейін солай болады». Оверстон шырмалған қайшылықтың жалғасы төменде айтылады.

<sup>10)</sup> Штатсу міне, осы жерде бой көрсетеді, банкир тарапынан төлем талабы ретіндегі вклад та, банкирдің қолындағы депозитке салынған ақша да.— бұлардың кеуі де «ақша» деп есептеледі. Банккер Туэлс 1857 жылы банк комиссиясына берген жауабында мынадай мысал келтіреді: «Мен өз ісімді 10 000 фунт стерлинген бастанамын. 5 000 ф. ст. товар сатып аламын да, оны қоймама жөнелтемін. Қалған 5 000 фунт стерлингті керек болуына қарай пайдалану үшін формад ретінде банкирге өткіземін. Әйтсе де онан 5 000 ф. ст. вклад немесе ақша формасында тұрғанына қарамастан мен бүкіл соманы өз капиталым деп санаймын (4528)». Осыдан келіп мынадай қызық айтты туады: «4531. Демек, сіз 5 000 ф. ст. банкнот түрінде басқа біреуге бердіңіз ғой?— Иә.— 4532. Сонда әлгі басқа біреудің 5 000 ф. ст. вклады болады ғой?— Солай, әрине.— 4533. Алайда сіздің де 5 000 ф. ст. вкладыңыз бар ғой?— Әбден дұрыс — 4534. Оның ақшалай 5 000 фунт стерлинггі бар, сізде де ақшалай 5 000 фунт стерлинггі болғаны ғой?— Солай.— 4535. Бірақ сайып келгенде бұл тек ақша ғана ғой?— Жоқ.— Бұл жерде штатсу ішінара мынадай себептен болады: депозитке 5 000 ф. ст. салған *A* оған деп талаптар жазып бере алады, бұл ақша әлі дәл өз қолында тұрғандай емін-еркін билік етеді. Бұл мағынада әлгі ақша ол үшін потенциал ақша ретінде қызмет атқарады. Бірақ ол әлгі ақшаны әрбір пайдаланған сайын вкладдың қосмасын *pro tanto* [тісінің] кемітіп отырады. Егер оның берген ақшасы жанадан қарызға беріліп қойғаннан кейін банктен шын ақша алса, онда оған өзінің ақшасынан емес, банкке басқа біреу салған ақшасынан төленеді. Егер ол *B*-ға борышын өз банкиріне чек жазып төлесе, ал *B* бұл чекті өз банкиріне салса, вкладыш *A*-ның банкирінің де вкладыш *B*-ның банкиріне чегі бар болып шығады, сөйтіп екі банкир тек қана чек алмасатын болады да, мұнда *A* салған ақша ақша қызметін екі рет орындады: біріншіден, *A* салған ақшаны алған адамның қолында және, екіншіден, *A*-ның өз қолында орындады. Тағы бір қызметі борыш талаптарын (*A*-ның өз банкиріне деген борыш талабын және бұл банкирдің *B*-ның банкиріне деген борыш талабын) ақшаның араласуынсыз жапқаны болды. Бұл жерде вклад ақша ретінде екі рет, атап айтқанда, бір рет шын ақша ретінде және екінші рет — ақша алуға деген право ретінде қызмет атқарады. Ақша алуға деген жай право борыш талаптарын өзара жабу жолымен ғана ақша орнына жүре алады.

рай бағалы қағаздар, мемлекеттік бағалы қағаздар, акциялар, тағы сондайлардың аумағы артады. Бірақ сонымен бірге басы бос ақша капиталына деген сұраныс та артады, оның үстіне әлгі қағаздармен жалдаптық жасаушы биржашылар ақша рыногында басты роль атқара бастайды. Егер осы қағаздарды сатып алу және сату ісінің бәрі шын салынған капиталдың көрінісі ғана болса, онда біз ақша қарыз капиталына деген сұранысқа әсер ете алмайды, деп айтуға праволы болар едік, өйткені егер *A* өз қағаздарын сатса, мұнда ол *B* қағаздарға қанша салған болса, дәл сонша ақша алар еді. Ал оның бер жағында тіпті қағаздың өзі бар, бірақ ол әуел баста орнына жүрген капитал енді жоқ (қалай дегенмен ақша капиталы ретінде) жердің өзінде де ол қағаз әрқашан дәл әлгіндегі ақша капиталына *pro tanto* жаңа сұраныс туғызады. Бірақ қалай дегенмен бұл бұрын *B*-ның қолында болса, қазір *A*-ның қолындағы ақша капиталы.

В. А. 1857. № 4886: «Егер мен есеп нарқы рыноктағы капиталдың — бағалы қағаздардың басқа түрлерінен өзгеше, сауда вексельдеріне есеп жүргізуге жұмсалуды мүмкін капиталдың мөлшерімен реттеліп отырады десем, сонда сіздің пікіріңізше, есеп нарқын белгілейтін себептер дұрыс көрсетілген болар ма еді?— {Чапмен:} «Жоқ; мен ақшаға оңай айналдырылатын бағалы қағаздардың бәрі процент нарқына әсер етеді деген көзқарасты қуаттаймын (all convertible securities of a current character); мәселені тек вексельдерге есеп жүргізумен шектеу дұрыс болмас еді, өйткені егер соңғы уақытта кең өрістеп отырғанындай, ұзақ мерзімді міндеттемелерге» {кепілге} «немесе тіпті казначей куәліктеріне, оның үстіне коммерциялық процент нарқынан әлдеқайда асып түсетін процентке ақша алуға деген сұраныс күшейіп отырса, бұл біздің сауда дүниесіне әсер етпейді деу жөн-жосықсыз болар еді; мұның өзі сауда дүниесіне мейлінше мықтап әсер етеді.— 4890. Егер рынокта жақсы және өтімді бағалы қағаздар болса, оларды банкирлер солай деп танытын болса, және де егер меншікшілер оларға ақша алғысы келетін болса, онда бұл сауда вексельдеріне ықпал жасайтынныңда ешқандай күмән жоқ; мысалы, мен қазіргі кезде ұзақ мерзімді міндеттемеге және сондайларға 6% өсіммен қарызға беруге болатын ақшаны маған сауда векселіне 5% өсіммен береді деп үміттенемін алмаймын; бұл бізге де дәл сондай ықпал жасайды; мен өз ақшамды 6% өсіммен қарызға бере алатын болсам, ешкім де өзі векселін менен 5½% өсіммен ал деп талап ете алмайды.— 4892. 2000 фунт стерлингке, 5000 фунт стерлингке немесе 10000 фунт стерлингке бағалы қағаздар сатып алатын, мұнысын капиталды сенімді орналастыру деп білетін адамдарға келсек, біз олар ақша рыногына елеулі ықпал жасайды дей алмаймыз. Егер сіздер менен ұзақ мерзімді міндеттемеге» {кепілге} «қарыз берудің процент нарқы туралы сұрайды екенсіздер, онда менің айтып отырғаным жүз мыңдап операция жасайтын адамдар, джобберлер деп аталатындар, бұлар көпшілік заемдарына үлкен сомаға жазылады, немесе оларды рынокта сатып алады, ал кейін бұл қағаздарды қашан пайдамен сату мүмкін болғанға дейін қолында ұстауға мәжбүр болады; мұндай адамдар осы мақсаты үшін қарызға ақша алуға тиіс».

Кредит ісінің дамуымен қатар Лондон тәріздес шоғырланған ірі ақша рыноктары құрылады, олар сонымен бірге әлгі

қағаздар саудасының басты пункттері болып табылады. Банкирлер осындай алаяқ саудагерлердің қарамағына жұрттың ақша капиталынан орасан көп сома береді, міне осының арқасында әлгі құлқынқұмар азғындар көбейе береді. «Фонд биржасында ақша әдетте басқа қай жердегіден болсын арзан» деген болатын 1848 ж. [Джемс Моррис] Ағылшын банкінің сол кездегі менгерушісі. Бұл жауапты ол 1847 жылғы сауда дағдарысы жайында лордтар палатасының жасырын комиссиясының алдында берген болатын (С. D. 1848/1857, № 219).

Процент беретін капиталды қарастырғанымызда, жоғарыда көрсетіп өттік, басқа жағдайлары бірдей болса, азды-көпті бірсыпыра жылдар бойына проценттің орта нарқын кәсіпкерлік табыс емес, пайданың орта нормасы белгілейді, өйткені кәсіпкерлік процентті алып тастағандағы пайда деген сөз\*.

Сауда дүниесінде есеп жүргізетін және қарыз операцияларымен шұғылданатын ақшалы кредиторлар белгілейтін проценттің — коммерциялық проценттің ауытқулары үшін де өнеркәсіп циклінің барысында сондай процент нарқы өзінің ең аз мөлшерінен асып, орташа дәрежеге жететін (кейін одан да асатыны) фаза кездесетіні де көрсетілген болатын, оның үстіне бұл қозғалыстың өзі пайданың артуының нәтижесі болып табылады,— бұл да бұрын айтылған болатын және кейінірек егжей-тегжейлі зерттеледі.

Алайда бұл жерде екі ескерту жасау қажет.

*Біріншіден:* егер процент нарқы ұзақ уақыт бойына жоғары күйінде болса (біз белгілі бір елдегі, мысалы, Англиядағы процент нарқын айтып отырмыз, онда орташа процент нарқы азды-көпті ұзақ мерзімге алынған және ол неғұрлым ұзақ уақытқа берілетін қарыз үшін төленетін, жекеше процент деп атауға болатын проценттен де көрінеді), онда бұл *prima facie* сол уақыт ішінде пайда нормасы жоғары тұратынын дәлелдейді, дегенмен бұл әлі кәсіпкерлік табыс нормасының да жоғары екеніне ешқандай көрсеткіш бола алмайды. Міне, осы соңғы айырмашылық көбінесе өз капиталымен істейтін капиталистер үшін азды-көпті жойылады; олар жоғары пайда нормасын жүзеге асырады, өйткені өздеріне процентті өздері төлейді. Тұрақты жоғары процент нарқы болу мүмкіншілігін жоғары пайда нормасы жасайды,— біз бұл жерде нағыз күйзеліс фазасын айтып отырғанымыз жоқ. Алайда, жоғары процент нарқы шегеріліп тасталса, осы жоғары пайда нормасынан қалатын кәсіпкерлік табыс нормасы төмен болып шығуы да мүмкін. Бұл кәсіпкерлік табыс нормасы пайда норма-

\* — Қараңыз: осы том, I бөлім, 393-бет. *Ред.*

сы жоғары болып отырғанның өзінде де кеміп кетуі мүмкін. Мұның мүмкін болатын себебі — бір кезде іске қосылған кәсіпорындар әлі тоқтамаған. Бұл фазада іс едәуір дәрежеде таза заем капиталы (бөтеннің) есебінен жүргізіледі; ал жоғары пайда нормасы кейде таза жалдаптық, келешекті алдын ала қамтыған норма болуы мүмкін. Жоғары процент нарқы пайда нормасы жоғары, бірақ кәсіпкерлік табыс кеми түскен жағдайда төленуі мүмкін. Ол пайдадан емес, бөтеннен қарыз алған капиталдың өзінен төленуі мүмкін, және де бұл факт ұзақ уақыт бойы орын тебуі мүмкін, ал мұның өзі ішінара жалдаптық кезінде кездеседі.

*Екіншіден:* ақша капиталына сұраныс, олай болса, процент нарқының артуы да пайда нормасы жоғары болуы салдарынан болады дейтін қағида пайда нормасының жоғары болу себебі өнеркәсіп капиталына сұраныстың артуынан болады деушілікпен бірдей емес.

Дағдарыс дәуірлерінде қарыз капиталына деген сұраныс, сонымен бірге процент нарқы да, өзінің шырқау шегіне жетеді; пайда нормасы, онымен бірге өнеркәсіп капиталына деген сұраныс та нольге дейін дерлік төмендейді. Мұндай уақытта әркім кредитке жармасады, мұны төлеуге, бұрын қабылдаған міндеттемесін орындауға бола істейді. Мұның керісінше, дағдарыстан кейінгі жаңадан жандану дәуірлерінде қарыз капиталы сатып алу үшін және ақша капиталын өндіргіш немесе сауда капиталына айналдыру үшін керек болады. Бұл кезде қарыз капиталын не өнеркәсіп капиталісі немесе көпес керек етеді. Өнеркәсіп капиталісі оны өндіріс құрал-жабдықтарына және жұмыс күшіне жұмсайды.

Жұмыс күшіне деген сұраныстың өсуі өздігінен алғанда процент нарқын арттыруға әлі ешбір негіз бола алмайды, өйткені процент нарқы пайда нормасымен белгіленеді. Неғұрлым жоғары жалақы пайданың неғұрлым жоғарылауына ешқашан себепші бола алмайды, дегенмен өнеркәсіп циклының белгілі фазасында да ол әлгі фаза нәтижесінің бірі болуы мүмкін.

Жұмыс күшіне деген сұраныс еңбекті ерекше қолайлы жағдайда пайдалану себепті артуы мүмкін, бірақ жұмыс күшіне, демек, өзгермелі капиталға деген сұраныстың арта түсуі өзінен өзі пайдапы көбейтпейді, қайта оны *pro tanto* кемітеді. Ал солай бола тұрса да, осының арқасында өзгермелі капиталға деген сұраныс, сол себептен ақша капиталына деген сұраныс та артуы мүмкін, мұның өзі процент нарқын арттырады. Жұмыс күшінің рыноктық бағасы бұл кезде өзінің орташа мөлшерінен жоғары көтеріледі, жұмысшы санының орташа мөлшерінен астамы жұмыс табады, мұнымен бір-

ге процент нарқы да өседі, өйткені мұндай жағдайда ақша капиталына деген сұраныс артады. Жұмыс күшіне деген сұраныстың арта түсуі басқа да барлық товарлар сияқты бұл товардың да бағасын қымбаттатады, жұмыс күшінің бағасын арттырады, бірақ көбінесе нақ осы товардың біршама арзандығына негізделетін пайданы көбейтпейді. Бірақ сонымен бірге біз жорамалдаған жағдайларда бұл сұраныс процент нарқын да арттырады, оның себебі ақша капиталына деген сұраныс өседі. Егер өз ақшасын қарызға берудің орнына ақша капиталісі өнеркәсіпшіге айналса, онда еңбекке қымбат төлеуіне тура келер еді де, бұл өзінен өзі айқын факт оның пайдасын көбейтпес еді, қайта *pro tanto* кемітер еді. Жалпы конъюнктураның былай қалыптасуы да ықтимал: оның пайдасы дегенмен өседі, бірақ бұл өсу тіпті де оның еңбекке қымбат төлеуінен тумайды. Алайда соңғы жағдай ақша капиталына сұранысты арттырады, ендеше процент нарқын да арттырады. Егер басқа жағынан қолайсыз конъюнктура кезінде қайсыбір себептен жалақы артқан болса, онда жалақының өсуі пайда нормасын төмендетер еді, бірақ ол ақша капиталына деген сұранысты қандай дәрежеде арттырса, процент нарқын да сондай дәрежеде арттырар еді.

Егер еңбекті былай қойсақ, Оверстонның «капиталға деген сұраныс» дейтіні тек товарға деген сұраныс болып шығады. Товарға деген сұраныс ол орташадан жоғары көтерілген жағдайда да, ұсыныс орташадан төмен түскен жағдайда да товардың бағасын арттырады. Егер, мысалы, өнеркәсіп капиталісі немесе көпес мөлшері бірдей товарға бұрынғы төлеген 100 ф. ст. орнына енді 150 ф. ст. төлеуге тиіс болса, онда әдеттегі 100 ф. ст. орнына ол 150 ф. ст. қарыз алуына, демек, нарық 5% болса, бұрынғы 5 ф. ст. орнына процент ретінде  $7\frac{1}{2}$  ф. ст. төлеуіне тура келеді. Оның процент ретінде төлейтін сомасы артады, өйткені қарызға алған капитал аумағы көбейеді.

Оверстон мырза бастан-аяқ қарыз капиталы мен өнеркәсіп капиталының мүдделері бір дегенді дәлелдеуге тырысады, ал оның бер жағында өз банкінің жұмысы дәл осы мүдделердің айырмашылығын ақша капиталының пайдасына пайдалануға бағытталған.

Егер товарларды ұсыну орта дәрежеден төмендеп кетсе, мұндай ретте товарға деген сұраныс ақша капиталын бұрынғыдан көп керек етпеуі де мүмкін. Товардың жалпы құнына сол бір соманы, бәлкім, тіпті онан аз соманы төлеуге тура келеді, бірақ сол сомаға енді алынатын тұтыну құндары сан жағынан аз болады. Бұл ретте қарыз ақша капиталына деген сұраныс өзгермейді, демек, процент нарқы артпайды, деген-

мен товарға сұраныс оған деген ұсыныстан артады, сондықтан товар бағасы да өседі. Қарыз капиталына жаппай сұраныс артса, тек сондай ретте ғана ол процент нарқына әсер етуі мүмкін, ал жоғарыда көрсетілген жорамал жағдайында бұлай болмайды.

Алайда мынадай жағдай да болуы мүмкін: белгілі бір товарға деген ұсыныс орта дәрежеден төмен түсіп кетеді, мұндай жағдай, мысалы, астық, мақта және сондайлар шықпай қалғанда кездеседі, бірақ қарыз капиталына деген сұраныс артады, өйткені бағаны бұрынғыдан да арттыруды көздеген жалдаптық орын тебеді, ал бағаны көтерудің ең оңай шарасы ұсыныстың бір бөлегін рыноктан уақытша аулақтату болады. Ал сатып алынған товарға оны сатпай тұрып төлеуге керекті ақша коммерциялық «вексель операциясының» көмегімен табылады. Мұндай жағдайда қарыз капиталына сұраныс артады, ал товарды рынокке түсірмеу үшін әдейі жасалған осындай шараның нәтижесінде процент нарқы да артуы мүмкін. Мұндайда процент нарқының жоғары болуы товар капиталына деген ұсыныстың әдейі кемітілгенін бейнелейді.

Екінші жағынан белгілі бір өнімге сұраныс артуы мүмкін, бұл оған деген ұсыныс артып, бағасы өзінің орта дәрежесінен төмендеп кетуі салдарынан болады.

Бұл ретте қарыз капиталына деген сұраныс өзгеріссіз қалуы немесе тіпті төмендеп кетуі мүмкін, себебі баяғы бір мөлшердегі сомаға товарды көп сатып алуға болады. Алайда, жалдаптық жолмен қор жинаушылық та пайда болуы мүмкін, бұл ішінара өндіріс мақсатына қолайлы кезенді пайдалану үшін, ішінара кейінірек бағаның артуын күту үшін жиналады. Бұл ретте қарыз капиталына деген сұраныс артуы мүмкін, ал көтеріңкі процент нарқы өндіріс капитал элементтерінің басы артық қорын жасауға капитал жұмсалып отырғанына айғақ болады. Бұл жерде біз тек қарыз капиталына сұранысты ғана қарастырып отырмыз, мұның себебі товар капиталына деген сұраныс пен ұсыныс оған әсерін тигізеді. Өнеркәсіп циклының фазаларында ұдайы өндіріс процесінің күйінде болатын өзгерістер қарыз капиталына деген ұсынысқа қалайша ықпал жасайтыны бұдан бұрын көрсетілген болатын. Рыноктық процент нарқын капиталға (қарыз капиталына) сұраныс пен ұсыныс белгілейді дейтін бос мылжыңды Оверстон ебін тауып өз болжамымен бір қазыққа таңады, оның болжамынша, қарыз капиталы жалпы капиталмен теңбе-тең, сөйтіп ол осы тәсілмен өсімқорды бірден-бір капиталiske, ал оның капиталын капиталдың бірден-бір түріне айналдыруға тырысады.

Күйзеліс кезінде қарыз капиталына деген сұраныс деге-



німіз төлем қаржысына деген сұраныс, бұдан басқа түк те емес; бұл әсте де сатып алу қаржысы ретінде ақшаға деген сұраныс емес. Бұл ретте процент нарқы нақты капитал — өндіргіш және товар капиталы — артық па, әлде кем бе, бұған қарамастан, өте жоғары көтерілуі мүмкін. Көпестер мен өнім өндірушілер мықтап қамтамасыз ететін болса, онда төлем қаржысына сұраныс дегеніміз тек ақшаға айналдыруға болатын нәрсеге деген сұраныс болады; ал бұл болмайды екен, демек, төлем қаржысын қарызға алу капиталистерге *ақша формасын* ғана емес, сонымен қатар оның төлеміне жетпей тұрған *баламаны* қандай формада болса да береді екен, онда төлем қаржысына ұсыныс дегеніміз *ақша капиталына* деген ұсыныс болып шығады. Міне, баяғы дағдарыс мәселесі жайында көп тараған теорияның қарама-қарсы екі пікірін жақтаушылардың скеуі де әрі дұрыс, әрі теріс болып шығатын жері дәл осы пункт. Төлем қаржысына тек тапшылық қана болады дейтіндердің күллісі не тек bona fide\* қамтамасыз етілген адамдарды айтып отыр, немесе олардың кешелігі соншалық, банктерге банкрот болған жалдаптардың бәрін қағаздар шығару арқылы салықалы, төлемпаз капиталистерге айналдырып жіберетін күш пен міндет жүктейді. Ал тек капитал тапшылығы ғана болады дейтіндер не әншейін жаңылтпаш сөздермен әуестенеді, өйткені шындығында мұндай уақытта шеттеп артық әкелу және артық өндіру салдарынан *ақшаға айнала алмайтын* капитал әрқашан молшылық болады, немесе олардың сөз қылатыны тек баяғы кредит жампоздары, олар шынымен мынадай жағдайға тап болады: бөгденің капиталын алудан қалады, оның көмегімен шаруашылығын шалқыта алмайды, сондықтан банктен олар қолынан шығып кеткен капиталын қайтарып қана қоймай, тіпті жалдаптық келісімдерді жүргізе берулеріне мүмкіндік жасауды талап етеді.

Капиталистік өндірістің негізі мынау: құнның дербес формасы ретінде ақша товарға қарама-қарсы тұрады; басқа сөзбен айтқанда, айырбас құны ақша түрінде дербес форма алуға тиіс, ал бұған тек мынадай жағдайда мүмкіндік туады: белгілі бір товар ерекше материалға айналып, басқа товардың бәрі соның құнымен өлшенетін болады, дәл сондықтан ол жалпыға ортақ товарға айналады, *par excellence\*\** барлық басқа товарларға қарама-қарсы тұратын товар болады. Бұл екі бағытта: әсіресе, бір жағынан, ақша орнына кредит операциялары, екінші жағынан, кредит ақшаларын кең мөлшерде қолданатын капиталистік жолмен дамыған ұлттарда көрінуге тиіс. Кредит азайған немесе мүлде тоқталған күйзеліс

\* — мықтап. *Ред.*  
\*\* — көбінесе. *Ред.*

кезеңінде ақша бірден-бір төлем қаржысы ретінде және құнның шынайы тұлғасы ретінде кенеттен барлық басқа товарларға абсолюттік түрде қарама-қарсы қойылады. Осыдан келіп товардың жаппай бағасыздануы, оларды ақшаға, яғни олардың таза фантастикалық өз формасына айналдыру қиыншылығы, тіпті мүмкін еместігі туады. Бірақ, екінші жағынан, осы кредит ақшаларының өзі өзінің номинал құнының жиынтығында шынайы ақшаның орнын абсолют түрде басып болса, тек сонда ғана ақша болып табылады. Алтын кетуімен бірге оның ақшаға айналуы, яғни оның шынайы алтынмен бара-барлығы дүдәмалға айналады. Осыдан келіп алтынға айырбастау шарттарын қамтамасыз ету мақсатымен күштеу шаралары, процент нарқын арттыру, т. т. туады. Мұның ақша жөніндегі жалған теорияларға негізделген және ақшамен сауда жасаушылар — Оверстондар мен олардың сыбайластары өз мүдделері үшін ұлтқа зорлап таңған жалған заңдардың көмегімен ақырғы шегіне жеткізілуі мүмкін. Бірақ мұның негізі [кредит ақшаларының] өндіріс тәсілінің өз негізімен бірге жаралған. Кредит ақшаларының бағасыздануы (әрине олардың жалған бағасыздануы емес) болып отырған қатынастардың бәрін шайқалтар еді. Сондықтан товарлар құны құрбандыққа шалынады, бұл құнның ақшадағы фантастикалық және дербес болмысын қамтамасыз ету үшін істеледі. Жалпы ақшаның өзі қамтамасыз етіліп тұрғанда ғана ақша құны ретінде қамтамасыз етіледі. Сондықтан бірнеше миллион ақша үшін товарлай сан миллиондар құрбан етілуге тиіс. Бұл капиталистік өндіріс тұсында сөзсіз болатын жағдай және оның әсем қылығының бірі болып табылады. Бұрынғы өндіріс тәсілдері тұсында бұл болмайды, себебі олардың қозғалысы жүзеге асқан шағын базисте кредит те, кредит ақшасы да өрістей алмайды. Еңбектің *қоғамдық* сипаты товарлардың *өмір сүруінің ақшалай формасы* ретінде, яғни шын өндірістен тысқары өмір сүретін зат ретінде көрініп отырған тұста ақша дағдарыстары болатыны даусыз, бұл шын дағдарыстардан тәуелсіз немесе солардың шиеленісуінен болады. Екінші жағынан, анық жәйт: банк кредиті әлі шайқалмаса, банк мұндай ретте кредит ақшасын көбейту жолымен үрейленушілікті бәсеңдетеді, ал оларды жинап алу жолымен үрейленушілікті өршітеді. Осы заманғы өнеркәсіптің бүкіл тарихы мынаны көрсетеді: егер өндіріс ел ішінде ұйымдастырылған болса, ондайда халықаралық сауданың теңбе-теңдігі сол тұста бұзылып отырса, металл соның балансының айырмасын төлеуге ғана керек болар еді. Елдің ішінде қазірдің өзінде-ақ металл ақшаның керегі жоқтығын көрсететін жағдай — ұлттық банктер дейтіндердің банкноттарды айырбас-

тауды тоқтатуы болып отыр, олар аман қалудың бірден-бір шарасы ретінде қиын-қыстау жағдайдың бәрінде осыған жар-масады.

Екі адамды сөз етіп, бұл екеуінің өз арасында қолайсыз төлем балансы бар деу кісі күлерлік әңгіме болар еді. Егер олардың әрқайсысы біріне бірі әрі борышқор, әрі кредитор болса және егер олардың талаптары өзара жабылмайтын болса, онда сайып келгенде олардың біреуі ғана екіншісіне айырма сомаға борышты болып шығатыны айқын. Ал ұлттарды сөз қылсақ, істің жайы басқаша болып шығады. Және де істің жайы басқаша болып шығатынын экономистердің бәрі мойындап, мынадай қағида ұсынады: бұл қағида бойынша белгілі бір ұлттың сауда балансы ақыр аяғында теңелетініне қарамастан, сол ұлттың төлем балансы өзі үшін қолайлы да, қолайсыз да болуы мүмкін. Төлем балансының сауда балансынан айырмасы мынада: ол өзі белгілі уақытқа төленуге тиісті сауда балансы. Ал дағдарыстар сауда балансы мен төлем балансының айырмасын қысқа мерзімді уақытқа таңады, сондықтан дағдарыс шарпыған, демек, енді төлем уақыты төнген елде етек алатын белгілі құбылыстар, — міне осы құбылыстар енді өзінен өзі төлем жабылуға тиіс уақыттың қысқаруын туғызады. Біріншіден, асыл металдарды шетке шығару сонан кейін консигнацияланған товарларды сату, өткізу мақсатымен товар экспорттау немесе ел ішінде товар есебіне қарыз ақша табу, процент нарқын арттыру, кредитордің қайтарылуын талап ету, бағалы қағаздар курсының төмендеуі, шетелдік бағалы қағаздарды жаппай сату, осы бағасызданған қағаздарға салуға шетел капиталын тарту, ақырында, көптеген талаптарды жою жолы — банкроттық. Мұндайда металл көбінесе дағдарыс бұрқ еткен елге жіберіледі, өйткені ол елге деген вексельдерге сенім жоқ, сондықтан ең дұрысы төлемді сыңғырлаған монетамен төлеу болады. Бұған қосылатын тағы бір жағдай: Азия жөнінде капиталистік ұлттардың күллісі көпшілік ретте бәрі бірдей тікелей немесе жанамайлай оған борышты болып шығады. Осы алуан түрлі жағдайлар басқа мүдделі ұлтқа салдарын толық тигізісімен, ол елде алтын мен күміс экспорты басталады, қысқасы, төлем уақыты жетеді де, баяғы құбылыстар қайталайды.

Коммерциялық кредит жағдайында процент кредитке алу бағасы мен нақты ақшаға алу бағасының арасындағы айырма ретінде тек вексельдер мерзімі әдеттегісінен ұзағырақ болғанда ғана товар бағасына енеді. Басқа жағдайда бұлай болмайды. Мұның себебі — әркім бір қолымен осындай кредит алып, екінші қолымен кредит береді. {Бұл менің бақылауларыммен үйлеспейді.— Ф. Э.} Ал товарлар бағасына дисконт

кіреді екен, онда бұл коммерциялық кредитпен емес, ақша рыногымен реттеледі.

Оверстон айтып отырғанындай, егер процент нарқын белгілейтін ақша капиталына сұраныс пен ұсыныс шын капиталға деген сұраныс пен ұсынысқа бара-бар болса, онда процент товардың қандай екеніне қарай немесе белгілі бір товардың түрлі сатыдағысына қарай (шикі материал, жартылай фабрикат, дайын өнім) әрі төмен, әрі жоғары болып шығар еді. 1844 жылы Ағылшын банкінің есептеу нарқы 4% (январьдан сентябрьге дейін) және  $2\frac{1}{2}$ —3% (ноябрьден жыл аяғына дейін) аралығында ауытқып отырды. 1845 жылы бұл январьдан октябрьге дейін  $2\frac{1}{2}$ %,  $2\frac{3}{4}$ % болды, ақырғы айларда 3% пен 5% аралығында болды. Fair Orleans\* мақтаның орташа бағасы 1844 жылы  $6\frac{1}{4}$  пенс, ал 1845 жылы —  $4\frac{7}{8}$  пенс болды. 1844 жылы 3 мартта мақта қоры Ливерпульде 627 042 тай, ал 1845 жылы 3 мартта — 773 800 тай болды. Егер мақтаның төмен деген бағасына қарай шешер болсақ, онда 1845 жылы есеп нарқы төмен болуға тиіс, бұл кезеңнің көпшілік бөлегінде іс жүзінде солай болды да. Ал егер жіптің бағасына қарай шешер болсақ, онда процент жоғары болуға тиіс, өйткені бағалар относителді, ал пайда абсолют жоғары болды. Қадағы 4 пенс мақтаның иіруіне 4 пенс шығын шыққан 1845 жылы бұл жіп (№ 40 жақсы *secunda mule twist*\*\* ) иірушіге 8 пенстен айналған болар еді және ол мұның қадағын 1845 жылғы сентябрь мен октябрьде  $10\frac{1}{2}$  немесе 11 пенстен сатқан болар еді. (Төменде Уайлидің берген жауабын қараңыз.)

Мәселенің бар түйіні төмендегіше шешіледі:

Егер ақша кредиторлары атымен жоқ болса, бірақ оның есесіне қарыз беруші капиталистердің машиналары, шикі материалдары, тағы сондайлары болса, осы меншігін өздері де осы заттардың біразын меншіктенуші болып табылатын өнеркәсіп капиталистеріне қарызға немесе осы кезде үйлердің жалға берілетіні сияқты жалға беретін болса, тек осындай ретте ғана қарыз капиталына сұраныс пен ұсыныс жалпы капиталға деген сұраныс пен ұсынысқа бара-бар болған болар еді (дегенмен соңғы сөзде қисын жоқ; өнеркәсіпші немесе көпес үшін товар оның капиталының формасы болып табылады, солай бола тұрса да, ол мұндай капиталға ешқашан мұқтаж болмайды, бірақ әрқашан оған тек арнаулы товар ретінде мұқтажданады, оны астық немесе мақта сияқты товар ретінде сатып алады және төлейді, мұнда ол капиталының ауыспалы айналымында товардың қандай роль атқаратынына қарамайды). Мұндай жағдайда қарыз капиталына деген

\* Мақта сорты. *Ред.*

\*\* Жіп сорты. *Ред.*

ұсыныс өнеркәсіп капиталистеріне өндіріс элементтерін немесе көпестерге товарлар ұсынумен бара-бар болған болар еді. Бірақ мүлде айқын нәрсе мынау: бұл ретте кредитор мен заем алушы арасында пайданы бөлісу түгелінен ең алдымен қарызға берілген капитал мен оны іске қолданушының меншігі болып табылатын капитал арасындағы қатынасқа байланысты болар еді.

Уәгелин мырзаның айтуынша (В. А. 1857), процент нарқын «басы бос капитал аумағы» (252) белгілейді; ол тек «қолдануып іздеген басы бос капитал аумағының көрсеткіші» (271); кейін осы басы бос капиталды ол *floating capital* деп атайды (485), ал осы соңғы капитал оның түсінуінше «Ағылшын банкінің банкноттары мен елдегі басқа да айналыс қаржылары, мысалы, провинциялық банктердің банкноттары мен елде бар монета... мен банктердің қорларын да *floating capital*-ға қосамыз» (502, 503), ал кейінірек ол сом алтынды да осыған жатқызады (503). Тағы сол Уәгелин «басы бос капиталдың көпшілік бөлігі іс жүзінде біздің {Ағылшын банкінің} «қолымызда болған» (1198) кездерде Ағылшын банкі процент нарқына күшті ықпал жасайды» дейді, ал оның бер жағында, Оверстон мырзаның жоғарыда цитатка келтірілген жауаптарына қарасақ, Ағылшын банкі—«капиталдың орны емес». Онан әрі Уәгелин былай дейді:

«Менің пікірімше, есеп нарқы елдегі басы бос капитал мөлшерімен белгіленеді. Басы бос капитал мөлшерін Ағылшын банкінің резерві көрсетеді, бұл іс жүзінде алтын резерві болып табылады. Сонымен, егер асыл металл қоры кемісе, онда бұл елдегі басы бос капиталдың мөлшерін кемітеді, демек, оның қалған бөлігінің құнын арттырады» (1258).

Дж. Стюарт Милль былай деді (2102):

«Өзінің банк бөлімшесінің төлемпаздық қабілетін қолдау үшін Банк бұл бөлімшенің резервін толықтыру мүмкіндігінің бәрін істеуге мәжбүр болады, сондықтан сыртқа кету басталғанын қалай сезісімен, ол өзін резервінен қамтамасыз етуге, сөйтіп не есеп операцияларын қысқартуға, немесе бағалы қағаздарды сатуға тиіс».

Әңгіме тек банк бөлімшесі жайлы десек, онда резерв дегеніміз бүтіндей вкладтарға арналған резерв. Оверстондардың пікірінше, банк бөлімшесі «автоматтық» түрде банкнот шығарумен санаспай, жай банкир ретінде қимыл жасауға тиіс. Бірақ нағыз күйзеліс кезінде Ағылшын банкі банк бөлімшесіндегі ылғи банкноттан құралатын қорға қарамастан, металл қорының күйін өте-мөте қатты қадағалайды және егер күйрегісі келмесе, қадағалауға тиіс. Өйткені металл қоры қандай дәрежеде жоғалса, банкнот қоры да сондай дәрежеде жоғалады, мұны өзінің 1844 жылғы банк заңымен соншалықты айлакерлікпен жайғастырған Оверстон мырза мұны басқа кімнен де болса жақсы білсе керек еді.

## О Т Ы З Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У

КРЕДИТ СИСТЕМАСЫ ТҰСЫНДАҒЫ АЙНАЛЫС  
ҚАРЖЫСЫ

«Кредит дегеніміз айналыс шапшаңдығының ұлы реттеушісі... Осыдан келіп ақша рыногында күшті күйзеліс кезеңінің әдетте неліктен айналыс жүйелерінің лық толуымен тұстас келетіні түсінікті жағдай» («The Currency Theory Reviewed etc.», p. 65).

Мұны екі түрлі түсінген жөн. Бір жағынан, айналыс қаржысын үнемді пайдалану әдісінің бәрі кредитке негізделеді. Бірақ екінші жағынан: мысалға 500 фунт стерлинг банкнотты алып қаралық. *A* оны бүгін вексельге төлеу ретінде *B*-ға береді; *B* оны дәл сол күні вклад ретінде өз банкиріне өткізеді; банкир дәл сол күні осы банкноттың көмегімен *C* үшін вексель дисконттайды; *C* оны өз банкіне төлейді, банк оны қарыз ретінде вексель делдалына береді, т. т. Сатып алуға және төлемге қызмет ете отырып, банкноттың бұл жердегі айналу шапшаңдығы оның қайсы біреуге қайта-қайта вклад формасында, сонан соң тағы біреулердің қолына қарыз формасында өтетін шапшаңдығымен шарттас болады. Есеп айыру палатасында мерзімі өткен вексельдерді жай айырбастау кезінде және ақшаның тек осы артық нәрсені өтейтін төлем қаржысы ретіндегі функциясы басым кезінде айналыс қаржысын жай үнемдеу өз дамуының шыңына шығады. Бірақ бұл вексельдердің өмір сүруінің өзі бәз-баяғы өнеркәсіпшілер мен көпестердің біріне бірі беретін кредитке негізделеді. Егер бұл кредит кемісе, онда вексельдер, әсіресе ұзақ мерзімді вексельдер саны кемиді, демек, төлемдерді баланстандырудың бұл әдісінің пәрменділігі де кемиді. Ақшаны айналыстан алу болып табылатын және өз кезегімен, кредитке сүйенетін (бұл жерде біз мұндай төлемдерді шоғырландыру техникасының азды-көпті дамығанын былай қоя тұрамыз) төлем қаржысы ретіндегі ақша функциясына түгелінен негізделген мұндай үнемдеу тек екі тәсілмен ғана жүзеге асырылуы мүмкін: вексельдер немесе чектер түрінде ұсынылған қарама-қарсы борыш талаптарын не бір банкирдің өзі жабады, ол тек талап-

тарды біреуінің есебінен екіншісінің есебіне көшіреді, немесе оларды түрлі банкирлер өзара есеп айырысумен жабады.<sup>11)</sup> 8—10 миллион вексельдің бір вексель делдалының қолына, мысалы Оверенд, Гёрни және олардың сыбайластары фирмасының қолына шоғырлануы жергілікті жерде төлемді осылай жабу көлемі ұлғаюының ең басты шараларының бірі болды. Осы үнемдеу арқылы айналыс қаржысының нәтижелілігі артады, өйткені ол түгелінен баланс айырмасын төлеу үшін ғана керек болады. Екінші жағынан, айналыс қаржысы ретінде қызмет атқарушы ақша қозғалысының шапшандығы (үнемдеу де осы арқылы жасалады) түгелінен сатып алу және сату тасқынына, сондай-ақ төлемдер тізбегіне тәуелді, өйткені төлемдер тізбегі бірінен соң бірі ақшаның көмегімен жүзеге асады. Ал кредит бұларға дәнекер болады да, айналыстың шапшандығын арттырады. Мәселен, жеке монет тек бес айналымды қамти алады, және де кредиттің араласуынсыз жай айналыс қаржысы ретінде қызмет атқара отырып, әрбір жеке қолдарда онан әрі қалып отырады, егер оның әуел бастағы несі *A* затты *B*-дан сатып алса, *B* келіп *C*-тен, *C* келіп *D*-дан, *D* келіп *E*-ден, *E* келіп *F*-дан сатып алатын болса, сонда, демек, оның бір қолдан екінші қолға өтуі үшін шын сатып алу мен сату арқылы жүзеге асады. Ал егер өзіне *A* төлеген ақшаны *B* вклад ретінде өз банкиріне орналастырса, ал банкир оны *C*-ға беріп, оның векселін есепке алса, *C* келіп *D*-дан бір нәрсе сатып алса, *D* келіп ақшаны вклад түрінде тағы өз банкиріне салса, ол осы ақшаны *E*-ге қарызға берсе, ал *E* келіп *F*-дан сатып алса, онда жай айналыс қаржысы (сатып алу қаржысы) ретінде ақшаның қозғалысы шапшандығының өзі мұнда мынадай бірнеше кредит операцияларымен шарттас болып шығады: *B*-ның өз банкирімен депозит операциясы, банкирдің *C* үшін жасаған есепке алу операциясы *D*-ның өз банкирімен депозитіне және бұл банкирдің *E* үшін жасаған

11) Банкнот айналыста болған күндердің орташа саны:

Жылдар	Банкнот 5 ф. ст.	Банкнот 10 ф. ст.	Банкнот 20—100 ф. ст.	Банкнот 200—500 ф. ст.	Банкнот 1 000 ф. ст.
1792 .....	?	236	209	31	22
1818 .....	148	137	121	18	13
1846 .....	79	71	34	12	8
1856 .....	70	58	27	9	7

(Ағылшын банкінің кассирі Маршалдың есебі, „Report on Bank Acts“ 1857, part II, Appendix, P. 300—301.)

есепке алу операциясымен — демек, төрт кредит операциясымен шарттас. Осы кредит операцияларынсыз белгілі бір монет белгілі бір уақыт ішінде жеке-жеке бес рет сатып алу ісін бірінен соң бірін жүзеге асыра алмаған болар еді. Осы ақша өлшемінің — вклад ретінде және вексельдерді есепке алу жағдайында — шын сатып алу мен сатудың қатысынсыз, бір қолдан екінші қолға өтуінің арқасында бірқатар шын сатып алу-сату саудасы ісінде оның қолдан қолға өтуі шапшаңдады.

Бір ғана банкноттың өзі түрлі банкирлердің қолында вклад құрай алатынын біз жаңа ғана көріп өттік. Дәл сол сияқты ол бір ғана банкирдің өзінде түрліше вклад құрай алады. Банкир *B*-ның векселін *A* салған банкнотпен есепке алады, *B* келіп *C*-ға төлейді, *C* вклад түрінде дәл әлгі банкнотты өзіне берген банкирдің дәл өзіне өткізеді.

Жай ақша айналысын қарастырғанда («Капитал», 1 кітап, III тарау, 2) былай деп көрсетілген болатын: айналыс шапшаңдығы мен төлемдерді үнемдеу дәрежесі тағайынды мөлшерінде деп шамаласақ, айналыстағы шын ақшаның санын товарлардың бағасы мен келісімдер саны шешеді.<sup>130</sup> Банкноттар айналысы үшін де міне осы заң өзінің күшін сақтайды.

Төмендегі кестеде (В. А. 1858, р. XXVI) Ағылшын банкінің айналыстағы банкноттарының жылдық орташа сомасы көрсетілген, өйткені бұлар жұрттың қолында болған, оның үстіне 5, 10 фунттық банкноттар, 20, 100 фунттық және онан жоғары, 200, 1 000 фунттық банкноттар көрсетілген; дәл сол сияқты әрбір мөлшердегі банкноттар сомасының айналыстағы банкноттардың жалпы санына проценттік қатынасы келтірілген. Сомалар мың фунт стерлинг есебімен жинақталып берілген. (566-беттегі таблицаны қараңыз.)

Сонымен, 1844 жылдан 1857 жылға дейінгі кезең ішінде айналыстағы банкноттың жалпы сомасы көрінеу кеміген, бұл өзі шетке шығару мен шеттен әкелу цифрлары көрсетіп отырғанындай, сауда айналымы екі еседен аса артқанына қарамастан орын тепкен. Кестеден көріп отырмыз, 5 ф. ст. және 10 ф. ст. ұсақ банкноттар сомасы 1844 жылғы 9 263 000 фунт стерлингтен 1857 жылы 10 659 000 фунт стерлингке дейін көбейген. Міне, бұл дәл сол кезде орын тепкен алтын айналысының едәуір артуымен қабаттас болған. Мұның керісінше, неғұрлым ірі банкноттар (200—1 000 ф. ст.) сомасы 1852 жылғы 5 856 000 фунт стерлингтен 1857 жылы 3 241 000 фунт стерлингке түсіп кеміген. Демек, 2<sup>1</sup>/<sub>2</sub> миллион фунт стерлингтен аса кеміген. Оның себебі былайша түсіндіріледі:



Жылдар	Банкноттар 5—10 ф. ст.	Проценттік қатынасы	Банкноттар 20—100 ф. ст.	Проценттік қатынасы	Банкноттар 200—1000 ф. ст.	Проценттік қатынасы	Барлық ф. ст.
1844	9 263 ф. ст.	45,7	5 735 ф. ст.	28,3	5 253 ф. ст.	26,0	20 241 ф. ст.
1845	9 698 » »	46,9	6 082 » »	29,3	4 942 » »	23,8	20 722 » »
1846	9 918 » »	48,9	5 778 » »	28,5	4 590 » »	22,6	20 286 » »
1847	9 591 » »	50,1	5 498 » »	28,7	4 066 » »	21,2	19 155 » »
1848	8 732 » »	48,3	5 046 » »	27,9	4 307 » »	23,8	18 085 » »
1849	8 692 » »	47,2	5 234 » »	28,5	4 477 » »	24,3	18 403 » »
1850	9 164 » »	47,2	5 587 » »	28,8	4 646 » »	24,0	19 398 » »
1851	9 362 » »	48,1	5 554 » »	28,5	4 557 » »	23,4	19 473 » »
1852	9 839 » »	45,0	6 161 » »	28,2	5 856 » »	26,8	21 856 » »
1853	10 699 » »	47,3	6 393 » »	28,2	5 541 » »	24,5	22 653 » »
1854	10 565 » »	51,0	5 910 » »	28,5	4 234 » »	20,5	20 709 » »
1855	10 628 » »	53,6	5 706 » »	28,9	3 459 » »	17,5	19 793 » »
1856	10 680 » »	54,4	5 645 » »	28,7	3 323 » »	16,9	19 648 » »
1857	10 659 » »	54,7	5 567 » »	28,6	3 241 » »	16,7	19 467 » »

«1854 жылғы 8 июньде Лондонның жеке меншікті банкирлері есеп айыру палатасының жұмысына акционерлік банктердің қатысуына жол берді, сөйтіп осының артына Ағылшын банкі ақшасыз ақтық есеп айыру жұмысын жүргізе бастады. Енді күнделікті есеп айыру ісі Ағылшын банкінде сметтары бар түрліше банктердің сметтарына аудару жолымен жүргізілетін болды. Осы системаның енгізілуі арқасында бұрын банктер сметтарын өзара жабу үшін пайдаланып келген ірі банкнот купюралары керексіз болып қалды» (В. А. 1858, р. V).

Көтерме саудада ақшаны қолдану қандай ең аз мөлшерге жеткізетінін «Капиталда» келтірілген кестеден көруге болады, I кітап, III тарау, 103 ескерту<sup>131</sup>; ал бұл кестені бөлшек сауда саудагері өзіне керекті неше алуан қалаған товар қорын сатып алуына болатын Лондондағы аса ірі фирмалардың бірі — Моррисон, Диллон және олардың сыбайластарының фирмасы қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 жылғы комиссиясына ұсынған.

Қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 жылғы комиссиясына У. Ньюмарчтің берген жауабына қарағанда (В. А. 1857) № 1741, айналыс қаржысын үнемдеуге мұнан басқа жағдайлар да себепші болған: I пенс почта алымы, темір жолдар, телеграфтар, қысқасы, қатынас құралдарының жақсаруын; сондықтан банкнот айналысы бұрынғы мөлшерінде болғанының өзінде қазіргі уақытта Англия бұрынғыдан бес, алты есе артық үлкен айналымдар жасай алады. Міне, осы себептердің өзі 10 фунттықтан ірі банкноттарды айналыс саласынан ығыстыруға едәуір дәрежеде себепші болды. Бұл жерде Ньюмарч тіпті 1 фунт стерлингтік билеттер де айна-

лыста болып отырған Шотландия мен Ирландияда банкноттар айналысының 31% жуық артқанының табиғи себебі осыдан деп біледі (1747). Оның айтуынша, 1 ф. ст. банкноттарды да қоса есептегенде, Біріккен корольдікте айналыста жүрген барлық банкноттар сомасы 39 миллион фунт стерлинг болған (1749). Айналыстағы алтын сомасы 70 миллион фунт стерлингке тең (1750). Шотландияда 1834 жылы 3 120 000 фунт стерлинг банкнот айналыста болған; 1844 жылы — 3 020 000 фунт стерлинг, 1854 жылы — 4 050 000 фунт стерлинг банкнот айналыста болған (1752).

Міне осының өзі де мынаны баяндайды: айналыста жүрген, қалаған уақытта ақшаға айырбастауға болатын банкноттар санының артуы тіпті де эмиссия банктерінің еркіне байланысты емес. {Алтынға айналдыруға болмайтын қағаз ақша бұл жерде тегі сөз болып отырған жоқ, алтынға айналдырылмайтын банкноттар, мысалы, қазіргі кезде Россиядағы сияқты іс жүзінде мемлекеттік кредитпен қамтамасыз етілген ретте ғана жалпыға бірдей айналыс қаржысы бола алады. Сонымен олар жоғарыда көрсетілген, алтынға айналдыруға болмайтын казначейлік қағаз ақшаның қозғалысын реттейтін заңдарға («Капитал», I кітап, III тарау, 2, с: монета, құн белгісі) бағынады.— Ф. Э.}

Айналыстағы банкноттар саны өзінің қозғалысында айналым қажетіне бағынады, сондықтан әрбір басы артық банкнот сол мезетінде өзін шығарған мекемеге қайтып оралады. Англияда тек Ағылшын банкінің билеттері ғана жалпыға бірдей заңды төлем қаржысы ретінде жүретіндіктен, біз провинциялық банктердің болмашы және тек қана жергілікті айналыста болатын билеттерін мүлде еске алмауымызға да болады.

Қауымдар палатасының банк заңдары жөніндегі 1858 жылғы комиссиясының алдында берген жауабында (В. А. 1858) Ағылшын банкінің басқарушысы Нив мырза былай дейді:

«№ 947. (Сұрақ:) Сіз қандай шара қолданбаңыз, сіздің айтуыңызша, жұртшылық қолындағы банкнот саны бәрібір сол күйінде, яғни 20 миллион фунт стерлинг шамасында қала береді ғой?— Әдеттегі уақытта жұрттың мұқташына қажеті сіре, 20 миллион шамасында болса керек. Жылдың дүркін-дүркін қайталап отыратын белгілі бір уақытында бұл сома 1 немесе 1½ миллионға артады. Егер жұртқа көбірек керек болса, онда менің жоғарыда айтқанымдай, оны Ағылшын банкінен әрқашан ала алады.— 948. Сіз үрейлену кезінде жұрт банкнот сомасын кемітуіңізге жол бермеді дедіңіз; сіз осыны түсіндіріп бермейсіз бе?— Үрейлену кездерінде, меніңше, жұрттың банкноттарды алуына толық мүмкіншілігі бар, әрине, Банктің міндеттемесі бар болса, жұрт осы міндеттеме бойынша Банктен банкноттар ала алады.— 949. Сонымен, тегі Ағылшын банкінің шамасы 20 миллион фунт стерлинг банкноты әрқашан керек болатын болғаны ғой? 20 мил-

лион фунт стерлинг банкнот жұрттың қолында болады; бұл сома өзгеріп отырады. 18 $\frac{1}{2}$ , 19, 20 миллион болады, т. т.; бірақ орташа мөлшері 19—20 «миллион».

Лордтар палатасының сауда дағдарысы жөніндегі 1847 жылғы комиссиясының алдында Томас Туктің берген жауабы (С. D. 1848/57):

№ 3094. «Жұрттың қолындағы банкнот санын банк қалай болса солай көбейте алмайды, ол жұрттың қолындағы банкнот санын кеміте алады, бірақ мұны тек мейлінше күштеу операциялары арқылы ғана істей алады».

Ноттингемде 30 жыл бойына банкир болған И. Ч. Райт провинциялық банктердің жұртқа керекті және ол талап етіп отырған мөлшерден артық банкнотты айналыста мүлде ұстай алмайтынын егжей-тегжейлі анықтай келіп, Ағылшын банкінің билеттері жайында былай дейді. (С. D. 1848/57):

№ 2844. «Ағылшын банкі үшін қандай шек бар» (банкнот шығаруда) екенін мен білмеймін, бірақ айналыстағы басы артық «қаржының бәрі вкладқа айналады, сөйтіп басқа формаға көшеді».

Бұл жағдайдың Шотландияға қатысы да дәл солай, онда айналыста тек қана қағаз ақша болады дерлік, өйткені Ирландиядағы тәрізді мұнда да бір фунттық билеттерге рұқсат етілген, себебі «the scotch hate gold»\*. Шотландиядағы бір банктің басқарушысы Кеннеди банктер өз банкноттарының айналысын қысқарта алмайтынын мәлімдейді, сөйтіп

«ел ішіндегі келісімдер жүзеге асуы үшін банкноттар немесе алтын керек етіп отырғанда, банкирлер мейлі өз вкладшыларының талабы бойынша, немесе басқа бір жолмен болсын әлгі келісімдерге айналыс қаржысы қанша қажет болса, сонша беру керек деп біледі... Шотландия банктері өз операцияларына шек қоя алады, бірақ олар банкнот шығаруды бақылай алмайды» (бұл да сонда, №№ 3446, 3448).

Union Bank of Scotland басқарушысы Андерсон да дәл осындай пікір айтады (бұл да сонда, № 3578).

«Өзара банкнот алмасу системасы» {Шотландия банктері арасында} «қайсыбір жеке банктің банкнотты төтенше көп шығаруына кедергі бола ма?— Әрине, бірақ біздің қолымызда банкнот алмасудан гөрі анағұрлым пәрменді құрал бар» {бүкіл Шотландияда әрбір жеке банк билеттерінің айналысын қамтамасыз ететініне қарамастан, мұның шындығында айтылып отырған іске ешқандай қатынасы жоқ} «банкте сеты болу — Шотландияда әдетке айналған практика; онша-мұнша ақшасы бар әрбір адамның сонымен қатар банктердің бірінде сеты болады және сол кезде өзіне қажеті жоқ ақшасын түгелдей әлгі банкіге құн сайын салып отырады, сөйтіп әрбір жұмыс күнінің аяғында әркімнің қалтасындағыдан басқа ақша түгел банктерге түседі».

\* — «шотландықтар алтынды жек көреді». *Ред.*

Ирландияда да істің жайы дәл осындай (әлгі комиссия алдында Ирландия банкінің басқарушысы Мак-Доннелл мен Ирландияның провинциялық банкінің директоры Марридың берген жауаптарын қараңыз).

Банкнот айналысы Ағылшын банкінің еркінде емес, дәл осы сияқты ол Банктің қоймасындағы әлгі банкноттарды айырбастауды қамтамасыз етіп отыратын алтын запасының не күйде екеніне де тәуелді емес.

«1846 жылы 18 сентябрьде Ағылшын банкінің айналыста сомасы 20 900 000 ф. ст. билеттері болды, ал оның металл қоры 16 273 000 ф. ст. болды; 1847 жылғы 5 апрельде айналыстағы билеттер сомасы 20 815 000 ф. ст., металл қоры 10 246 000 ф. ст. болды... Демек, 6 миллион ф. ст. асыл металл шетке шығарылғанына қарамастан, банкноттар айналысы ешқандай қысқарған жоқ» (J. G. Kinnear. «The Crisis and the Currency». London, 1847, p. 5).

Алайда бұл өзі тек қазіргі уақытта Англияда үстем болып отырған жағдайларда ғана үйлес келетіні, онда да банкноттар шығару мен металл қоры арасында заң басқа қатынас орнатпағанда ғана үйлесетіні өзінен-өзі түсінікті.

Демек, айналыстағы ақша — банкнот пен алтын — санына тек істің барысының қажеті ғана ықпал жасайды. Бұл жерде ең алдымен істің жалпы жағдайы не күйде екеніне қарамастан, жыл сайын дүркін-дүркін қайталап отыратын ауытқуларды еске алу керек, өйткені бұл соңғы 20 жыл бойына былай болған:

«бір айда айналыс жоғары дәрежесіне жетеді, тағы бір айда төмендейді, үшінші айда ол орташа дәрежеде болады» (Ньюмарч, В. А. 1857, № 1650).

Сөйтіп, әрбір жыл сайын августа егін жинау шығынына байланысты Ағылшын банкінен ел ішіндегі айналысқа бірнеше миллион фунт стерлинг, көбінесе алтын түрінде кетіп отырады, бұл жерде көбінше жалақы беру сөз болып отыр, ал Англияда оған банкноттар аз қолданылады. Жыл аяғында бұл ақшалар банкке қайта оралады. Шотландияда соверен орнына айналыста ыңғай дерлік бір фунттық банкнот жүреді; сондықтан мұнда тиісті кезеңінде, атап айтқанда, жылына екі рет — майда және ноябрьде — банкнот айналысы 3 миллионнан 4 млн. фунт стерлингке дейін артып отырады; 14 күннен кейін енді қайта оралу басталады да, бір ай ішінде ол аяқтауға жақындайды (Андерсон, С. D. 1848/57, № 3595—3600).

Мұның үстіне Ағылшын банкі банкноттарының айналысы жылына төрт рет өткінші ауытқуға тап болып отырады, мұның өзі жылдың әрбір ширегінде «дивиденттер», яғни мем-

лекеттік борыш бойынша процент төлеумен байланысты болады, бұл үшін әуелі банкноттар айналыстан алынады, кейін тағы шығарылады; бірақ өте қысқа мерзім ішінде олар тағы қайта оралады. Уэгелин (В. А. 1857, № 38) айналыста осы жағдайдан туатын банкнот ауытқуының мөлшерін  $2\frac{1}{2}$  миллион деп көрсетеді. Мұның керісінше, атышулы Оверенд, Гёрни және олардың серіктері фирмасының өкілі Чапмен мырза ақша рыногында осы ауытқу туғызатын өзгеріс бұдан едәуір жоғары деп біледі.

«Егер сіз дивиденд төлеу үшін мемлекеттік табыс ретінде айналыстан 6 немесе 7 миллион алатын болсаңыз, онда осы аралық уақытқа керек болатын соншалық соманы беретін біреу болуға тиіс қой» (В. А. 1857, № 5196).

Өнеркәсіп циклының түрлі фазасына сәйкес айналыс қаржысының мөлшерінде болатын ауытқулар әлдеқайда көлемді және ұзағырақ болады. Бұл жөнінде әлгі фирманың басқа бір сыбайласы, қадірмен квакер Самюэл Гёрни былай дейді (С. D. 1848/57, № 2645):

«Октябрьдің аяғында (1847 ж.) жұрттың қолында 20 800 000 ф. ст. банкнот болды. Ал сол кезде ақша рыногында банкнот алу өте қиынға соғатын. Бұған 1844 жылғы банк заңының шек қоюы салдарынан жеткілікті мөлшерде банкнот ала алмаймыз деп жаппай қауіптенушілік себеп болды. Қазіргі уақытта» 1848 жылғы мартта } «жұрттың қолында... 17 700 000 ф. ст. банкнот бар, бірақ енді ешқандай коммерциялық үрейленушілік жоқ, сондықтан мұның өзі қажетті мөлшерден әлдеқайда артық. Лондонда пайдалануына болатын мөлшерден артық банкнот ұстамаған бірде-бір банкир немесе ақша саудагері жоқ.— 2650. Егер мұнымен қатар сауда мен кредиттің не күйде екенін ескермесек,— Ағылшын банкінен тысқарыдағы... банкноттар сомасы айналыстың күшті екеніне мүлде жеткілікті көрсеткіш бола алмайды.— 2651. Егер қазіргі уақытта айналыстың бүгінгі мөлшерінде жұрттың қолында басы артық банкнот бар екені сезілсе, бұл өзі қазіргі үлкен тоқырауға едәуір дәрежеде байланысты болып отыр. Баға жоғары және істің жайы қызу күйде болса, онда арамызда әлгі 17 700 000 ф. ст. айналыстағы ақша жеткіліксіз деген сезім туғызар еді».

{ Әзірше істің жайы былай: берілген аванстар кезінде қайтарылып тұрады, демек, кредит орнықты, айналыстың ұлғаюы мен тарылуы тікелей өнеркәсіпшілер мен көпестердің мұқтажымен реттеледі. Қалай дегенмен Англияда алтынның көтерме саудаға қатысы болмайды, сондықтан, маусымдық ауытқуды былай қойғанда, алтынның айналыс мөлшері азды-көпті ұзақ уақыт бойына өте тұрақты болады деп қарауға болады, олай болса, Ағылшын банкісі билеттерінің айналысы бұл өзгерістер көлемінің айтарлықтай дәл көрсеткіші болып табылады. Дағдарыстан кейінгі тыныштық кезінде айналыс мөлшері мейлінше аз болады, сұраныстың жаңадан жанда-

нуымен бірге айналыс қаржысын керексіну де артады, бұл керексіну көркеюмен бірге ұлғая береді, шектен тыс шарықтау және шектен тыс жалдаптық кезінде айналыс қаржысының көлемі жоғары шегіне жетеді,— міне, сонда дағдарыс бұрқ ете түседі де, кеше ғана соншама мол болған банкноттар рыноктан бірден жоғалады, ал онымен бірге вексель дисконтерлері, бағалы қағаздарды кепілмен беретін кредиторлар, товарларды сатып алушылар жоғалады. Ағылшын банкі көмекке шақырылады, бірақ оның күші көп ұзамай әлсірейді, оны 1844 жылғы банк заңы оны өз банкноттарының айналысын тежеуге мәжбүр етеді, міне бұл жұрттың бәрі банкнот сұрап, зар жылап отырған кезеңде, товар иелері товарларын сата алмай, сонда да төлеуге міндетті болып отырғанда, сондықтан қайтсе де банкнот табу жолында құрбандық атаулының қандайынан болсын тайынбайтын кезде істелді.

«Үрейлену кезінде»,— дейді жоғарыда айтылған банкир Райт (бұл да сонда, № 2930),—«елге керекті айналыс қаржысы әдеттегі кездегіден екі есе артық болады, себебі банкирлер және басқа адамдар өздеріне айналыс қаржысы қорын жасайды».

Дағдарыс қалай бұрқ етісімен әнгіме тек төлем қаржысы жайында болады. Ал осы төлем қаржысының түсуінде әркім басқаларға тәуелді болатындықтан, басқалардың тағайынды мерзімінде төлеуге күйі келе ме, оны ешкім білмейтіндіктен, рыноктағы төлем қаржысына жаппай сұқтану яғни банкнот қуалау басталады. Әркім қолына ылаждап қанша банкнот түсірсе, оны соншама тыққыштап бағады да, осылайша нағыз зәру кезінде банкноттар айналыстан жоғалады. Самюэл Гёрнидің айтуынша (С. D. 1848/57, № 1116) 1847 жылғы октябрьдегі үрейлену кезінде кілттеулі жатқан осындай банкноттар саны 4—5 миллион ф. ст. шамасында болған.— Ф. Э. }

Бұл жөнінде қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 ж. комиссиясының алдында Гёрнидің сыбайласы, жоғарыда айтылған Чапменнің берген жауабы ерекше қызық (В. А. 1857). Жауапта айтылған кейбір мәселелерді біз кейінірек зерттемекпіз, дегенмен мен бұл жерде реті келген соң оның негізгі мазмұнын баяндамақпын.

Чапмен мырзаның жауабы былай:

«4963. Мен титтей де жалтармай, турасын айтамын, ақша рыногы айналыс мөлшері өте жұтаң кезде, нағыз осындай кезде орасан зор ақша тапшылығын туғызып, қысылшаң жағдай жасауға мүмкіншілігі бар қайсыбір жеке капиталистің (мұндайлар Лондонда аз емес) билігінде болуын дұрыс деп есептемеймін... Әлбетте... өзіне тиімді болса, өз мақсатын көздеп, айналыс саласынан банкноттай 1 немесе 2 миллион фунт стерлингті алып жіберуге шамасы жететін капиталист бірлі-жарым болмаса керек».

4965. Ірі жалдаптын 1 немесе 2 миллиондық консоли са-тып, осылайша рыноктен ақша алуына болады. Жақында дәл осы тәріздес жағдай кездесті, оның нәтижесі «барып тұрған сұрапыл күйзеліске» ұрындырды.

4967. Мұндай ретте банкноттан, әрине, түсім жоқ.

«Бірақ оның жарасы жеңіл, өйткені ұлы мақсатқа қол жетеді — фонд қағаздарының бағасы түседі, ақшасыздық мендейді, сөйтіп ірі жалдап бұған жетуге толық мүмкіншілік алады».

Оған мысал: бір жолы фонд биржасында ақшаға қатты сұраныс байқалды, себебін ешкім білмейді, сонда біреу Чапменге жолығып, 7% өсіммен 50 000 ф. ст. қарыз беруін өтінеді. Чапмен қайран қалады: оның процент нарқы әлдеқайда төмен болатын, ол көнеді. Әлгі адам осының ізінше тағы келіп, 7½% өсіммен тағы 50 000 ф. ст., кейін 8% өсіммен 100 000 ф. ст. алады және 8½% өсіммен бұдан да көбірек соманы тағы алғысы келетінін айтады. Сонда тіпті Чапменде де күдік туады. Рыноктен едәуір ақша сомасының кенет жойылғаны кейін барып анықталады. Алайда, Чапмен былай дейді:

«дегенмен қарызға мен 8% өсіммен едәуір сома бердім; онан әрі баруға батпадым; аяғы неге соғатынына көзім жетпеді».

Жұрттың қолында 19 миллионнан 20 млн. фунт стерлингке дейін азды-көпті тұрақты түрде банкнот болады-мыс деліне тұрса да, мына жағдайды ұмытпау керек: бұл банкноттардың шынайы айналыста болатын бөлігі мен банктерде резерв ретінде қозғалыссыз жататын бөлігінің арақатынасында әрқашан және елеулі өзгерістер болып отырады. Егер бұл резерв көп болса, демек, шынайы айналыс дәрежесі төмен болса, онда ақша рыногының тұрғысынан алғанда бұл айналыс каналдары әбден толғанын көрсетеді (the circulation is full, money is plentiful); ал егер резерв аз, демек, шын айналыс каналдары толған болса, онда ақша рыногының тұрғысынан алғанда бұл жағдай айналыс дәрежесінің төмендігі деп аталады (the circulation is low, money is scarce), яғни басы бос қарыз капиталына жататын бөліктің мөлшері мардымсыз болғаны. Айналыстың өнеркәсіп циклының фазаларынан тәуелсіз шынайы ұлғаюы немесе қысқаруы — дегенмен, соның өзінде де, жұрт талап ететін сома өзгеріссіз қала береді, — тек таза бірыңғай техникалық себептер салдарынан орын тебеді, бұл мысалы, салық төлеу немесе мемлекеттік борыштар бойынша процент төлеу кезінде кездеседі. Салық төленген кезде банкноттар мен алтын Ағылшын банкіне әдеттегі шамасынан артық қайтады да, қажет болып отырғанына, болмай отырғанына қарамастан, іс жүзінде айналысты қысқартады. Мемлекеттік борыш бойынша дивидендтер төленген-

де мұның керісінше болады. Бірінші ретте айналыс қаржысы үшін банктен заемдар алынады. Екінші ретте жеке меншік банкердің резервтері уақытша көбеюі салдарынан оларда процент нарқы төмендейді. Бұл айналыс қаржысының абсолют сомасына ешқандай әсер етпейді; бұл істің тек сол қаржыларды айналысқа шығаратын банкир фирмасына ғана қатысы бар; фирма үшін бұл процесс қарыз капиталын меншіктену болып табылады, демек, ол әлгі операциядан түскен пайданы қалтасына салады.

Бір ретте айналыстағы қаржының тек уақытша орны ауысады. ал Ағылшын банкі оны мынадай жолмен теңестіріп отырады, жылдың төрттен біріне салық төлеу немесе дивиденд беру мерзімінен біраз бұрын дәл сондай мерзімге төмен процентпен қысқа мерзімді қарыздар береді, осылайша әдеттегіден тысқары шығарылған бұл банкноттар әуелі салық төлеу салдарынан болған жетімсіздіктің орнын толтырады, оның бер жағында әлгі айтылған қарызды қайтару ісі дивидендтер төлеуден жұрттың қолына түскен басы артық банкноттарды дереу банкіге қайта оралтады.

Енді бір ретте айналыстың төмен не жоғары дәрежеде болуы әрқашан сол бір айналыс қаржысы аумағының жедел айналыс пен вкладтар, яғни заем құралы арасында басқаша бөлінгенін ғана көрсетеді.

Екінші жағынан, егер мысалы, Ағылшын банкіне алтынның қайтып оралуы арқасында шығарылған банкноттар саны тиісінше артса, онда бұл банкноттар банктен тыс есеп жүргізуді жеңілдетеді де, заемдар бойынша төлем түрінде қайта оралады, сондықтан айналыстағы банкноттың абсолют аумағы тек қысқа мерзімге ғана көбейеді.

Егер істің кенеюі себепті айналыс дәрежесі жоғары болса (баға бір шама төмен болғанда да осылай болуы мүмкін), онда процент нарқы қарыз капиталына деген сұраныс арқасында бір шама жоғары болуы мүмкін, бұл сұранысты пайданың өсе түсуі және жаңадан жұмсалған күрделі қаржының артуы туғызады. Ал егер істің қысқаруы немесе кредит алудың оңайлығы салдарынан айналыс дәрежесі төмен болса, онда тіпті баға жоғары болғанның өзінде де процент нарқы төмен болуы мүмкін. (Хаббардтың жауабын қараңыз\*.)

Айналыстың абсолют мөлшері тек тоқырау кезінде ғана процент нарқына шешуші ықпалын тигізеді. Мұндайда айналыс дәрежесінің жоғары болуына сұраныс (ақша айналысындағы бәз-баяғы және бір ақшаның қайта-қайта қарыз капиталына айналуындағы шапшаңдықтың кемуін былай қойғанда)

\* Қараңыз: осы том, II бөлім, 594—595-беттер. *Ред.*



кредиттің болмауы салдарынан қазына құрау қаржысына деген сұранысты ғана көрсетеді. Мысалы, 1847 жылы осылай болды, ал бұл кезде банк заңының күшін тоқтату ісі айналысты кеңейткен жоқ, бірақ тығып тасталған банкноттарды жалғанның жарығына қайта шығарып, айналысқа салуға жеткілікті болды. Немесе кезеңді бір жағдайларда айналыс қаржыларының мөлшері шынымен көп керек болуы мүмкін, мысалы, банк актінің күшін тоқтатқаннан кейін айналыс біраз уақыт шынында күшейген 1857 жылы солай болды.

Ал басқа бір реттерде айналыстың абсолют мөлшері процент нарқына әсер етпейді, себебі, үнемдеу және айналыс шапшандығы тұрақты болса, процент нарқы, біріншіден, товарлардың бағасына, келісімдер санына (әдетте бұл кезеңдердің бірі екіншінің күшін тежейді) және, ақырында, кредиттің күйіне тәуелді, бірақ кредиттің күйі оған тәуелді емес, себебі, екіншіден, товарлардың бағасы мен процент нарқы біріне бірі бағынышты емес.

Банк рестрикциясы туралы заң күшінде тұрған уақытта (1797—1819)<sup>132</sup> басы артық айналыс қаржысы болды, процент нарқы банкноттар алмасу қалпына келтірілген уақыттағыдан әрқашан едәуір жоғары болды. Кейінірек, банкнот шығару азайып, вексель курсы көтерілуімен байланысты, ол тез құлдырады. 1822, 1823, 1832 жылдары айналыстың жалпы дәрежесі төмен болды, процент нарқы да төмен болды. 1824, 1825, 1836 жылдары айналыс дәрежесі жоғары болғаны байқалды, процент нарқы да көтерілді. 1830 жылғы жазда айналыс жоғары дәрежеге жетті, ал процент нарқы төмен болды. Жаңадан алтын кендері ашылғаннан кейін бүкіл Европада ақша айналысы кеңейді, процент нарқы көтерілді. Мұнан процент нарқы айналыстағы ақшаның мөлшеріне байланысты еместігін көреміз.

Айналыс қаржысын шығару мен қарыз капиталы арасындағы айырма нағыз ұдайы өндіріс процесінде мейлінше айқын көрінеді. Өндірістің әр түрлі құрамды бөліктерінің қалайша айырбасталатынын біз көріп өттік («Капитал», II кітап, III бөлім). Мысалы, өзгермелі капитал заттай жұмысшылардың тіршілік құралдарынан, яғни олардың өз өнімінің бөліктерінен құралады. Бірақ бұл оларға ақша формасында бөлшектеп төленеді. Капиталист бұл ақшаны авансылауға тиіс, ал енді ол өткен аптада төлеген ақшасының өзімен таяудағы аптада жаңа өзгермелі капиталды төлей ала ма, бұл жағы едәуір дәрежеде кредит ісінің ұйымдастырылуына байланысты. Бүкіл қоғамдық капиталдың әр түрлі құрамды бөліктерінің арасындағы, мысалы, тұтыну заттары мен тұтыну заттарын өндіретін құрал-жабдықтар арасындағы айырбас ісі жө-

нінде де дәл осылай болады. Өзіміздің көріп өткеніміздей, бұлардың айналасына керекті ақшаны айырбастаушылардың біреуі немесе екі жағы да авансылауға тиіс. Бұдан кейін ақша айналыс саласында қалады, бірақ айырбас аяқталғаннан кейін өзін авансылаған адамға ол әрқашан қайтып оралады, себебі бұл ақшаны ол өзінің өнеркәсіпте шынайы қолданып отырған капиталынан тысқары авансылаған болатын (қараңыз: «Капитал», II кітап, XX тарау<sup>133</sup>). Кредит өркендеп, ақша банктер қолына шоғырланғанда, әлгі банктер тым болмағанда номинал түрінде қарызға ақша берді. Мұндай қарыз тек айналыстағы ақшаға ғана қатысты болады. Біздің көріп отырғанымыз айналыс қаржысын қарызға беру, бұл осы қаржылардың көмегімен айналыс жасайтын капиталды қарызға беру емес.

Чапмен: «5062. Жұрттың қолында банкноттар көп болатын, ал солай бола тұрса да, оларды табу мүмкін болмайтын кезең тууы ықтимал».

Ақша үрейлену уақытында да болады; бірақ ондайда әркім оны қарыз капиталына, қарызға берілетін ақшаға айналдырудан сақтанады; әркім нағыз төлеу қажет болып қалатын күнге деп бөгеп отырады.

«5099. Селолық округтердің банктері басы бос қалдықтарын сіздерге және Лондондағы басқа фирмаларға жібере ме? — Жібереді.— 5100. Екінші жағынан, өздерінің коммерциялық мақсаты үшін Ланкашир мен Йоркширдің фабрикалық округтері сіздерге вексель дисконттама ма?—5101. Сонда осының арқасында елдің бір бөлегіндегі басы артық ақшаны елдің екінші бөлегінің мұқтажы үшін пайдалануына болатын болғаны ғой?—Әбден дұрыс айтасыз».

Банктердің консолидер мен казначей куәліктерін сатып алу үшін қысқа мерзімге басы артық ақша капиталын пайдаланатын әдеті кейінгі уақытта, бұл ақшаларды at call (қалаған уақытында қайтып алу) шартымен қарызға беру әдетке айналған кезде сирек қолданыла бастады, дейді Чапмен. Ал оның өзі бұл сияқты қағаздарды сатып алу өз кәсіпорны үшін барынша қолайсыз деп есептейді. Сондықтан ол ақшаны сенімді вексельге салады, оның бір бөлегінің мерзімі күн сайын жетіп отырады, сондықтан ол күнбе-күн басы бос қанша ақшасы болатынын әрдайым біліп отырады (5101—5105).

Тіпті шетке шығарудың барлық елде, әсіресе кредит беруші елде азды-көпті артуы ішкі ақша рыногында өсіп отырған сұраныс ретінде байқалады, бірақ бұл сұраныс осы күйінде тек тоқырау кезінде ғана сезіле бастайды. Шетке шығарушылық артқан кездерде әдетте британ фабриканттары ағылшынның шетелге консигнацияға жөнелтілген эзір бұйымдары есе-

біне экспортшы көпеске ұзақ мерзімді вексельдер жаза бастайды (5126).

«5127. Оқтын-оқтын осы секілді вексельдерді жаңартып тұруға деген келісім жоқ па?» — {Чапмен.} «Олар мұны бізден құпия ұстайды; біз ондай вексельді қабылдас едік... Әрине, ондай болуы мүмкін, бірақ мен ондайлар жайында пәлендей ешнәрсе айта алмаймын». (Аңғал Чапмен.)— «5129. Шетке шығару қазіргі тәрізді көп артып кетсе, мысалы, өткен жылдың бір өзінде шетке шығару 20 миллион ф. ст. артты, сонда бұл жағдай осы шетке шығарылғанды бейнелейтін вексельдерді есепке алу үшін керекті капиталға деген сұранысты өзінен өзі арттырып жібермей ме?— Арттыратынында сөз жоқ.— 5130. Англия көбіне шетелге өз экспортының күллі сомасына кредит беріп отырады, сонда мұның өзі осы кредит тұсындағы бүкіл уақыт бойына тиісінше қосымша капиталды жұтып отырмай ма?— Англия орасан көп кредит береді, бірақ оның орнына өзіне қажетті шикізатты кредитке алып отырады. Америка бізге вексельді әрқашан 60 күнге, басқа елдер— 90 күнге береді. Екінші жағынап, өзіміз кредит береміз; біз Германияға товар жөнелткенде, бұл кредит 2 немесе 3 айға созылады».

Уилсон Чапменге мынадай сұрақ қояды (5131), осы импортталатын шикізат пен отарлардың товарлары есебіне Англияға вексельдер тіпті оларды тиеумен бір мезгілде жазылып, ол вексельдер накладнойлармен бірге алынбай ма? Чапмен солай болуға тиіс деп шамалайды, бірақ ондай «көпестер» ісінен ешқандай хабарым жоқ, сондықтан мұны жақсырақ білетін адамдардан сұраңыз, дейді.— Америка экспорт жасағанда, дейді Чапмен, «товарлар транзитте деп меңзеледі»; бұл жаңылтпаш мынадай сөз болуға тиіс: ағылшынның экспортшы көпесі товарлар есебіне Лондондағы американ банкирлерінің ірі фирмаларының біріне төрт айлық вексель жазады, ал банкир фирмасы мұның өтеуін Америкадан алады [5133].

«5136. Әдетте, алыстағы елдермен іс көпестердің көмегімен, қашан товары сатылып біткенше капиталының қайтуын күтетін көпестердің көмегімен жүргізілмей ме?— Кім біледі, товар есебіне қарыз алуға бармай, товарға өз капиталын жұмсайтын соншалық бай фирмалар бар шығар; алайда көпшілік ретте бұл товарлар атақты фирмалардың акцепті арқылы қарызға айналдырылады.— 5137. Ондай фирмалар Лондонда, Ливерпульде және басқа жерлерде де бар.— 5138. Сонымен, фабрикант өзінің меншікті ақшасын жұмсай ма, немесе ол Лондоннан не Ливерпульден қарызға ақша беретін көпес таба ма, мұның бәрібір; қалай дегенмен де, осының өзі Англияда берілген аванс болмақ қой?— Өте дұрыс. Бұған фабриканттың ілуде бірде ғана өйткен-бүйткен қатынасы болады» (ал оның бер жағында, 1847 жылы барлық ретте дерлік осылай болған). «Дайын товарлармен сауда жасайтын саудагер, мысалы, Манчестерде товар сатып алады да, оны Лондондағы бір мықты фирма арқылы теңіздің арғы жағына жөнелтеді; Лондон фирмасының товарлар шартқа сәйкес түгел тиелгеніне қалай көзі жетісімен, саудагер Индияға, Қытайға немесе басқа елге жөнелтілген осы товарлардың есебіне әлгі Лондон фирмасына алты айлық вексель жазады; сол тұста бұл іске банк дүниесі араласады, оның бұл

векселін есепке алады, сөйтіп саудагер сатып алған товарына төлеуге тиіс уақытында оның қолында әлгі вексельді есепке алу жолымен алынған ақша болады.— 5139. Бірақ оның мұндай ақшасы бола тұрса да, дегенмен, банкирдің оған қарыз беруіне тура келген ғой?— *Банкирде вексель бар; банкир вексель сатып алды; ол өзінің банк капиталын осы формада, сауда вексельдерін есепке алу формасында қолданады.* {Демек, Чапмен де вексельдерді есепке алу қарыз емес, товар сатып алу деп біледі.— Ф. Э.} —«5140. Алайда бұл өзі Лондонның ақша рыногындағы сұраныстың бір бөлігі болып табыла ма?— Онда күмән жоқ, ақша рыногы мен Ағылшын банкінің елеулі мәні де, міне, осында. Дәл біз сияқты Ағылшын банкі де мұндай вексельдерді ықпалмен қабылдайды, өйткені ол мұның өзі ақшаны жақсы пайдалану екенін түсінеді.— 5141. Экспорттың артуына қарай ақша рыногында сұраныс та арта ма?— Елдің көркейе түсуіне қарай, біздер де» {Чапмендер} «бұған қатысамыз.— 5142. Сонымен, егер капитал жұмсаудың осы түрлі саласы кенеттен кенейіп кетсе, онда мұның табиғи нәтижесінде процент нарқы артпак қой?— Сөз жоқ».

5143. Чапмен «шетке көп шығарып отырғанда, біздің алтынды осындай кенінен пайдалануға қалайша жол тапқанымызға онша түсінбейді».

**Қадірмен Уилсон мынадай сұрақ қояды:**

5144. «Істің жағдайы былай болуы ықтимал емес пе: біз өзіміздің шеттен әкелетінімізге алатын кредиттен гөрі шетке шығаратынымызға кредитті көбірек беріп жүрген жоқпыз ба?— Мен, өз басым күмәндімын. Егер біреу-міреу Индияға жіберілген манчестерлік товарды акцептеуге вексель беретін болса, онда 10 айдан кем мерзімге акцептеуге болмайды. Қалай дегенмен де біз Америкаға одан алынған мақта үшін Индиядан төлем алуымыздан біраз бұрын төлеуімізге тура келеді; бірақ мұның қандай әсер ететінін анықтау оп-оңай іс емес.— 5145. Егер өткен жылғы сияқты өнеркәсіп товарларын шетке шығару 20 миллион ф. ст. артса, сонда осы өскен мөлшердегі товарды өндіру үшін біз ілгеріректе шикізат материалдарын әкелуді өте-мөте елеулі түрде ұлғайтуға тиіс пе едік». {Міне, осының өзінен де шетке артық шығару мен шеттен артық әкелудің, артық өндіру мен артық сауданың бара-барлығы айқын көрінеді.} — «Онда күмән жоқ. [5146.] Біз алдын ала өте-мөте елеулі сальдо төлеуге тиіс болдық, яғни бұл уақыт бойына балансы қолайсыз болатыны даусыз еді; бірақ тұтас алғанда Америкамен арадағы келісімдерде вексель курсы біздің пайдамызға шығып отырды, сондықтан біз едәуір ұзақ уақыт бойына Америкадан елеулі мөлшерде алтын алып отырдық».

5148. Уилсон атышулы өсімқор Чапменнен сіз процентіңіздің жоғары болуын орасан көркею және жоғары пайданың белгісі, деп білесіз бе, деп сұрайды. Бұл көке мылжанның анайылығына таң қалған Чапмен, әрине, мақұлдап жауап береді, бірақ ол турасына басуға бар адам, сондықтан мынадай ескерту жасайды:

«Кейбіреулер үшін басқа жол жоқ; олардың міндеттемелері бар, пайдасы ма, жоқ па, бәрібір оларын орындауға тиіс; бірақ ол» { жоғары процент нарқы } «тұрақты болып шыкса, онда бұл көркеюдің куәсі болар еді».

Екеуі де мынаны естен шығарады: мұның өзі, 1857 жылы кездескеніндей, кредиттің кезбе жампоздары елдің экономия-  
19 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

калық күйін тұрақсыз ететіндігінің, олар жоғары процент төлей алатындығының, өйткені оны бөтеннің қалтасынан төлейтіндігінің (алайда осының өзінде олар жалпы процент нарқын белгілеуге себепші болады), сөйтіп түсуі күтілетін пайданың есебінен әзірге шалқыма өмір сүретіндігінің куәсі болып шығуы мүмкін. Айта кету керек, дәл осы жағдай фабриканттарды және басқаларды шынымен өте-мөте пайдалы іске тап қылуы мүмкін. Капиталдардың қайтып оралуы қарыздар жүйесінің арқасында мүлде алдамышқа айналады. Төмендегі құбылыстардың себебі осыдан, мұнда істің жайы Ағылшын банкіне қатысты, сондықтан ол құбылыстар ешқандай түсінік беруді қажет етпейді, себебі Ағылшын банкі процент нарқы жоғары тұрғанда, басқалардан анағұрлым төмен нарқымен дисконттайды.

«5156. Мен мынаны кесіп айта аламын»,— дейді Чапмен,— «бізде соншама ұзақ уақыт бойына процент нарқы жоғары болып отырған қазіргі кезеңде біздің есебіміздің сомасы өзінің ең көп мөлшеріне жетеді». {Чапмен мұны 1857 жылғы 21 июльде, күйреуден бірнеше ай ғана бұрын айтқан.} —«5157. 1852 жылы» {онда процент төмен болған} «ол сома мұншама үлкен болған жоқ еді».

Өйткені ол кезде шынында да іс әлі барынша бір қалыпты еді.

«5159. Егер рынокте басы артық ақша көп болса... және есептеу нарқы төмен болса, бізде вексельдер саны кеміген болар еді... 1852 жылы біз мүлде басқа фазада болдық: елдің шетке шығаруы мен шеттен әкелуі ол кезде қазіргімен мүлде салыстыруға болмайтын күйде болды.— 1561. Осы есептеу нарқы жоғары болған кезде біз 1854 жылы қанша болса, соншама соманы есепке алдық». {Процент 5—5½ болған.}

Чапменнің жауаптарындағы ең қызығы мынау: бұл секілді адамдар шындығында жұрттың ақшасын өз меншігінде көреді және өздері есепке алған вексельдерді қалаған уақытында ақшаға айырбастауға праволымыз деп біледі. Сұрақтар мен жауаптардың анайылығы сондай ғажап. Ірі фирмалар акцептеген вексельдердің әрқашан ақшаға айырбасталуын қамтамасыз ету міндеті заңға жүктеледі; Ағылшын банкіне қандай жағдайда болсын бұл вексельдерді вексель делдалынан қайта есептеу қамын жеу де заңға жүктеледі. Ал оның бер жағында 1857 жылы осындай үш делдал шамамен 8 миллионға банкрот болды, ал олардың меншікті капиталы осы борышпен салыстырғанда мүлде ауызға алғысыз аз болып шықты.

«5177. Мұнымен айтпағыңыз, сіздің пікіріңізше, ол вексельдер» {Берингтердің немесе Лойдтардың акцептері} «қазіргі уақытта Ағылшын банкінің банкноттары міндетті түрде алтынға айырбасталуға тиісті екені сияқты, міндетті түрде есепке алынуы керек пе?— Менің ойымша, егер олар

ды есепке алуға болмаса, хал өте аянышты болған болар еді; егер бәз-біреу төлемді тоқтатуға мәжбүр болса, мұны тек қолында Смиттің, Пейннің және олардың сыбайластары немесе Джонстың, Лойдтың және олардың сыбайластары фирмаларының акцептері болғандықтан және оларды есепке ала алмайтындықтан істейтін болса, онда бұл барып тұрған сорақылық болар еді.— 5178. Ал сонда Берингтің акцепті вексельдің мерзімі біткен кезде белгілі бір ақша сомасын төлеуге берілген міндеттеме болмағаны ма?— Өте дұрыс айтасыз; бірақ Беринг мырзалар өздеріне міндеттеме алғанда, осы секілді міндеттеме қабылдайтын әрбір көпес сияқты, кейін ол міндеттемеге соверен төлеуіне тура келетінін ойлап қиналмайды, олар Есеп айыру палатасы төлейді деп қарайды.— 5180. Сіз басқа біреу-міреу вексельді есепке алуға тиісті болсын, сөйтіп вексель бойынша төлеу мерзімі өткенге дейін жұрттың ақша алуға праволы болуына көмектесетін ерекше бір механизм ойлап табу керек дейсіз бе?— Жоқ, акцептант емес; бірақ егер сіз мұнымен сауда вексельдерін есепке алу мүмкіншілігі бізде болмауға тиіс демекші болсаңыз, онда біз іс тәртібін түгел өзгертуге тиіспіз.— 5182. Сонымен, сіз Ағылшын банкі банкнотының алтынға айырбасталуы қандай қамтамасыз етілуі тиіс болса, ол үшін де» {сауда векселі үшін} «ақшаға айналу дәл солай қамтамасыз етілуі тиіс деп ойлайсыз ба?— Белгілі бір жағдайларда тап солай болуға тиіс.— 5184. Демек, сонда сіз ақша айналысын ұйымдастырғанда сенімділігі шүбәсіз сауда вексельдері қалаған кезде банкнот сияқты оп-онай ақшаға ауыстырылатын етіп ұйымдастыру керек деп ойлайсыз ба?— Иә, мен солай ойлаймын.— 5185. Алайда, сіз оларды айырбастау ісін Ағылшын банкіне немесе әйтеуір басқа біреуге заң арқылы міндеттеген жөн деп білесіз бе?— Әйтсе де мен былай деп білемін: ақыры біз ақша айналысын реттейтін заң шығармақ екенбіз, онда өз еліміздің беріктігі даусыз және дұрыс сауда вексельдерін ақшаға айырбастауға болмайтындай жағдайдың туып қалуына жол бермейтін шаралар қолдануға тиіспіз.

Мұның мәнісі: сауда вексельнің айырбасы банкнот айырбасының үлгісінде болсын деген сөз.

«5190. Ақша саудагерлері іс жүзінде тек жұрттың өкілдері — бұл сөзді Чапмен мырза кейін. Дейвидсонды айыптау ісі тыңдалғанда да айтты. Қараңыз: «Great City Frauds»<sup>134</sup>.

«5196. Жылдың әрбір ширегінде» {дивиденд төленетін кезде — «Ағылшын банкінің көмегіне қол созу мүлде қажет іс. Егер сіз дивиденд төлеу үшін мемлекеттік табыс түрінде айналыстан 6 немесе 7 миллион алатын болсаңыз, онда сол аралықтағы уақытқа тиісті сома бере тұратын біреу-міреу болу керек қой». {Демек, бұл ретте әңгіме капитал немесе қарыз капиталы емес, ақша ұсынысы туралы болып отыр.}

«5169. Біздің сауда дүниесімен таныс әрбір адам мынаны білуге тиіс: Казначейдің міндеттемелеріне сатып алушы шықпайтын, Ост-Инд компаниясының облигациялары мүлде пайдасыз болатын, ең жақсы деген сауда вексельдері есепке алынуы мүмкін жағдай кездескенде, міне осындай кезде істің жайы дереу, жай ғана талап ету бойынша әдеттегі айналыс қаржысымен төлеуге міндеттейтін адамдар өте сақ болуға тиіс,— ал банкирлердің бәрі осындай жағдайда болады. Нәтиже былай болып шығады: әркім өз резервін екі есе өсіреді. Егер әрбір провинциялық банкир,— ал олар 500-ге шамалас,— Лондондағы өкіліне банкноттай 5 000 ф. ст. жібер деп тапсыруға тиіс болса, мұның бүкіл елге қандай әсер ететінін ойлап қараңыз-даршы. Егер тіпті осы шағын соманы орташа деп алсақ,— ал бұл өзінен өзі сорақы жәйт,— соның өзінде де айналыстан алынуға тиіс қаржы 2½ миллион ф. ст. болады. Мұның орнын қалай толтыру керек?».

Екінші жағынан, ақшасы бар жеке капиталистер және басқалар ақшаны ешқандай процентпен бермейді, себебі олар Чапменнің үлгісімен былай топшылайды:

«5195. Өзімізге керек болған кезінде ақшаны ала аламыз ба, жоқ па, деп күдікті болғаннан гөрі, бізге ешқандай процент алмағанның өзі артық.

5173. Біздің система былай: бізде 300 миллион ф. ст. міндеттеме бар, қайсыбір белгілі кезеңде оны елде айналыста жүрген монетпен төлеу талап етілуі мүмкін. Ал оның бер жағында біз тіпті түгелінен пайдаланғанның өзінде ондай монет сомасы 23 млн. ф. ст. немесе сол маңайлас, сонда істің бұл күйі бізге минут сайын күйзеліс қатерін төндіріп тұрған жоқ па?».

Дағдарыс уақытында кенеттен кредит системасының монетті системаға айналатыны осыдан.

Дағдарыс кезінде ел ішінде болатын үрейленуді былай қойсақ, ақшаның саны туралы әңгіме металл, дүние жүзілік ақша жөнінен ғана болуға тиіс. Ал Чапмен дәл осыларды шығарып тастайды, ол тек 23 миллион банкнотты ғана сөз етеді.

Тағы сол Чапмен былай дейді:

«5218. Ақша рыногындағы шырық бұзушылықтың әуел бастағы себебі» {1847 жылғы апрельде және кейінірек октябрьде} «сөз жоқ, биылғы жылы шеттен әкелу мөлшерінің төтеншелігі салдарынан вексель курсың реттеуге көп ақша керек болғандығында».

Біріншіден, дүние жүзілік рыноктың бұл қоры сол кезде өзінің ең аз мөлшеріне жеткізілген болатын. Екіншіден, ол сонымен бірге кредит ақшаларын, банкноттарды айырбастауды қамтамасыз етуге қызмет етті. Сонымен, ол мүлде әр түрлі екі міндетті қабат атқарды, алайда бұл міндеттер ақшаның түп жаратылысынан туады, өйткені шын ақша әрқашан дүние жүзілік рыноктың ақшасы болып табылады, ал кредит ақшасы әрқашан дүние жүзілік рыноктың ақшасына сүйенеді.

1847 жылы 1844 жылғы банк заңының күшін тоқтатпайынша.

«Есеп айыру палатасы өз ісінің үдесінен шыға алмайтын еді (5221)».

Чапмен дегенмен алдағы дағдарысты аздап сезген.

«5236. Ақша рыногында белгілі бір жағдайлар болады (қазіргі жағдай да бұдан онша қашық емес), ондайда ақша табу өте қиынға соғады да, банктің көмегіне жүгіруге тура келеді.

5239. Ал біз 1847 жылғы 19, 20 және 22 октябрьде, жұма, сенбі және дүйсенбіде банктен алған сомаға келетін болсақ... онда таяудағы сәрсенбіде вексельдерді қайтара алсақ, біз алғысты жаудырған болар едік; үрейлену басылысымен-ақ ақша біздің қолымызға қайтып оралар еді».

Сейсенбіде. 23 октябрьде банк заңының күші токтатылды, сөйтіп дағдарыстың дамуы да тоқтады.

Чапменнің шамалауынша (5274), Лондонға ағылатын вексельдер сомасы қай кезеңде болсын 100—120 миллион ф. ст. болады. Мұнда провинциялық пункттерге берілетін жергілікті вексельдер қосылмаған.

«5287. Жұрттың қолындағы банкнот сомасы 1856 жылғы октябрьде 21 155 000 ф. ст. дейін өссе де, дегенмен ақша алу өте-мөте қиын болды; жұрттың қолында ақша өте көп бола тұрса да, біз ақша таппай қойдық».

Бұл, дәлім айтсақ, біраз уақыт бойы (1856 жылғы март) Шығыс банкінің басында болған күйзеліске байланысты үрейлену салдарынан болған еді.

5290. Үрейлену қалай өтісімен

«өз пайдасын проценттен алатын банкирлердің күллісі ақшаларын дереу іске қоса бастады».

5302. Чапмен банк резервінің азаюынан туатын абыржу вклад үшін қауіптенуден емес, бұл өзі кенеттен ірі ақша сомаларын төлеу қажеттігіне кездесіп қалуы кәдік адамдар ақша рыногында мүдіріс туа қалған күнде ақырғы таяныш ретінде банктен көмек сұрауға мәжбүр болып қалуы ықтимал екенін жақсы білетіндігінен деп түсіндіреді, сондықтан

«егер банктің резерві өте шағын болса, ол біздің өтінішімізге тіпті де қуанбайды, қайта репжиді».

Айта кету керек, банк резервінің іс жүзіндегі мөлшерінің қалай жоғалатыны көңіл аударарлық жайт. Банкирлер күнделікті істеріне қажетті шағын сомаларды ішінара өзінде, ішінара Ағылшын банкінде ұстайды. Вексель делдалдары «елдің басы бос банктік ақшасын» ұстайды, резерві болмайды. Ағылшын банкінде де вкладтарды қамтамасыз етуге арналған тек банкирлер резерві, және қоғамдық вкладтармен бірге тағы басқалардың резерві, т. т. болады; бұл резерв ең аз мөлшерге дейін, мысалы, 2 миллион фунт стерлингке дейін қысқарады. Сонымен, қағаздар түріндегі әлгі 2 миллион фунт стерлингті шығарып тастағанда, күйзеліс кезінде (ал күйзеліс резервті кемітеді, өйткені кететін металл орнына түсетін банкноттарды жою қажет) бүкіл осы айла-шарғылар металл қорынан басқа ешқандай резервпен қамтамасыз етілмейді, ал алтынның кетуі салдарынан металл қорының кемуі дағдарысты күшейте түседі.

«5306. Егер Есеп айыру палатасында есеп айырысудағы айырманы төлеуге керекті ақша жоқ болып шықса, онда, менің ойымша, бізге, бәріміз



бірге жиналып, төлемдерімізді бірінші класты вексельдермен казначейлікке, Смит, Пейн және олардың сыбайластары, тағы сондайлардың фирмаларына деген вексельдермен төлеуден басқа ештеме қалмаған болар еді.— 5307. Демек, сіздерді айналыс қаржысымен жабдықтауға үкіметтің шамасы келмей қалған ретте, оны өздеріңіз өздеріңізге жасап алған болар ма едіңіздер?— Біз не істей алмақпыз? Жұрт келеді де, біздің қолымыздан айналыс қаржысын алып қояды; ол енді жоқ.— 5308. Сөйтіп, тек күнде Манчестерде істеліп жатқанды Лондонда сіздер де істеген болар едіңіздер ғой?— Дәл солай».

Оверстонның капитал жөніндегі ұғымына сүйене отырып, Кейли (Бирмингем мектебі жағындағылардың бірі Атвудты жақтаушы <sup>135</sup>) қойған сұраққа Чапменнің қайтарған жауабы тым-ақ орынды:

«5315. Комиссияның алдында, 1847 жылы болғаны сияқты, күйзеліс кезінде адамдардың іздейтіні ақша емес, капитал деген пікір айтылды, бұл жөніндегі ойыңыз қалай?— Мен сұрақты түсінбедім; біз тек ақшамен ғана сауда жасаймыз; ал сіз не айтқалы тұрғаныңызды мен түсінбедім.— 5316. Егер сіз мұны» {коммерциялық капиталды} «кәсіпкердің кәсіпорнына жұмсаған меншікті ақшасының сомасы деп түсінетін болсаңыз, егер сіз оны капитал деп атайтын болсаңыз, онда мен мынаны ескертуге тиіспін: көпшілік реттерде ол капитал кәсіпкерге жұрт беретін», яғни Чапмен мырзалар арқылы беретін «кредиттің арқасында өз істеріне жұмсайтын ақшаның тек болмашы бөлегі ғана болып шығады».

«5339. Егер біз банкноттарды айырбастауды тоқтатсақ, ол байлық жетімсіздігінің айғағы болмақ па?— Мүлде олай емес ... бізде байлық жағынан жетімсіздік жоқ, бірақ біз мейлінше жасанды системаның шеңберінде тіршілік етеміз, сондықтан, егер біз айналыс қаржымызға деген қатерлі (surprisingly) орасан зор сұранысқа кездессек, ондайда біздің осы айналыс қаржысын алу мүмкіншілігінен айырылып қалуымызға себеп болатын жағдайлар тууы мүмкін. Қалай, сонда осының салдарынан келіп елдің бүкіл коммерциялық тіршілігі бүлінс таба ма? Қалай, сонда біз өндіріс біткенді тоқтатуға тиіспіз бе?— 5338. Егер біз не банкнот айырбасын, не еліміздің өнеркәсібін сақтауымыз керек деген мәселе туа қалса, онда мен қайсысын құрбан ету керектігін білген болар едім».

«Қысылшаң жағдайды шиеленістіріп, кейін оның нәтижесінен олжа табу мақсатымен» банкнот жинау жөнінде {5358} ол мұндай құбылыс еркін орын тебуі мүмкін дейді. Бұған ірі үш банктің өзі жеткілікті болар еді.

«5383. Астанамыздың ірі айналым қаржыларын жақсы білетін адамсыз, дағдарыстың құрбаны болған адамдардың күйзелуінен орасан пайда табу үшін осы дағдарыстарды пайдаланатын капиталистер бар ма, онан не білесіз?— Бұл жайында құман болмауға тиіс».

Ал Чапмен мырзаға бұл жерде де біз әбден сенуімізге болады, әйтсе де ақыр аяғында коммерция жағынан ол «дағдарыс құрбандарының күйзелуінен орасан пайда табуға» әрекеттену үстінде өзінің түбіне жетті. Өйткені, егер оның сыбайласы Гёрни: аңғарып білетін адамға істің барысындағы өзгерістің бәрі тиімді десе, Чапмен былай дейді:

«Қоғамның бір бөлегі екіншісі жайында ешнәрсе білмейді, міне, мысалы, континентке экспорт жасаушы немесе өзінің шикі материалын әкелуші фабрикант кесек алтынмен операция жасаушы кім екенінен ештеңе білмейді» (5046).

Дәл солай болды да, күндердің күнінде Гёрни мен Чапменнің өздері «бейхабар» адамдар болып шықты да, масқара банкрот болды.

Біздің жоғарыда көргеніміздей, банкнот шығару әрқашан капиталды қарызға беру бола бермейді. Лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында (С. D. 1848/57) Туктің берген төмендегі жауабы капиталды қарызға беру тіпті оны банк жаңа банкноттар шығару арқылы жүзеге асырған жағдайдың өзінде де, ол әлі айналыстағы банкнот көлемін сөзсіз арттыру болып табылмайтынын ғана дәлелдейді.

«3099. Сіз қалай дейсіз, мысалы, Ағылшын банкі банкноттарын шығару ісін арттыруды туғызбайтын етіп, өзінің қарыз беруін едәуір кеңейте алар ма еді?— Мұны дәлелдейтін фактілер жетіп жатыр. Неғұрлым айқын мысалдың бірі 1835 жылы кездесті, онда банк жұрттың қарыз беруін көбейту үшін Вест-Инд вклаттары мен Ост-Инд<sup>136</sup> компаниясының заемдарын пайдаланды; ал жұрттың қолындағы банкноттың сомасы тап сол кезде іс жүзінде біраз азайды. Осы тәріздес жағдай 1846 жылы да болды, ал бұл кезде банкке темір жол вклаттары салынып жатқан болатын; «есепке алынып қамтамасыз етуге алынған» бағалы қағаздар шамамен 30 миллионға дейін өсті, мұның өзі жұрттың қолындағы банкнот сомасына ешқандай елеулі әсер еткен жоқ».

Бірақ банкноттармен қатар көтерме сауданың басқаша жәнe ол үшін әлдеқайда маңызды айналыс қаржысы: вексельдері болады. Сенімді вексельдер төлемге әрқашан жәнe барлық жағдайда қабылдануы істің дұрыс барысы үшін қаншалықты маңызды екенін Чапмен мырза бізге айқындап береді:

«Таусфес — Ионтеф» жарамай ма? Сонда не жарайды? Аттан!»<sup>137</sup>

Осы екі айналыс қаржысының біріне бірінің қатынасы қалай?

Гилбарт бұл жөнінде былай дейді:

«Банкнот айналысының мөлшерін қысқарту әрдайым вексельдер айналысының мөлшерін арттырып отырады. Мұндай вексельдер екі түрлі болады: сауда вексельдері жәнe банкир вексельдері... ақша жағынан тапшылық сезіледі екен, ақша қарыз беретін адамдар былай дейді... «бізге вексель жазындар, ал біз оны акцептейміз, ал егер қайсыбір провинциялық банкир бір клиентінің векселін дисконттаса, ол қолма-қол ақша төлемейді, өзінің Лондондағы агентіне 21 күнге аударылатын векселін береді. Бұл вексельдер айналыс қаржысы ретінде жүреді» (J. W. Gilbert. «An Inquiry into the Causes of the Pressure etc.», [London, 1840] p. 31).

Біраз өзгешелеу түрде мұны Ньюмарч та қуаттайды (В. А. 1857, № 1426):

«Айналыстағы вексельдер мен банкноттар мөлшерінің өзгеруі арасында ешқандай тәуелділік жоқ... азды-көпті бірден-бір тұрақты нәтиже мынаған тіреледі: ақша рыногында есепке алу нарқының артуы арқылы көрінетін болмашы бөгеліс сезілсе болды, вексельдер айналысының мөлшері артады және осының керісінше де болады».

Алайда мұндай кезендерде жазылатын вексельдер Гилбарт айтып отырғанындай тіпті де кілең қысқа мерзімді банк векселі емес. Қайта бұл өзі көпшілігінде «достық» векселдері, олар ешқандай шынайы операцияға жаппайды немесе тек вексель жазуға желеу ретінде қолданылған операциялар болып табылады; біз вексельдің осы екі түрі жөнінде де көп мысалдар келтірдік. Сондықтан «Economist» (Уилсон) осындай вексельдер мен банкноттардың қамтамасыз етілу жағын салыстыра келіп, былай жазады:

«Талап етілсе төленетін банкноттар ешқашан банктен тысқары жерде басы артық күйде қалмайды, өйткені басы артық банкноттар айырбас үшін банкке сөзсіз қайта оралған болар еді, ал оның бер жағында екі айлық вексельдер едәуір артық мөлшерде шығарылуы мүмкін, өйткені қашан төлем мерзімі жеткенге дейін оны бақылап болмайды, ал бұл кезге дейін олар тағы басқа вексельдермен ауыстырылуы мүмкін. Болашақ мерзімде төленуі тиіс вексельдер айналысының қамтамасыздандырылуын ұлтың не себепті мойындауға тиіс екені, сонымен қатар талап етілсе ауыстырылатын қағаз ақшаның айналысына не себепті күдік келтіретіні бізге мүлде түсініксіз» («Economist» [22 май] 1847 жыл, 575-бет).

Сонымен, айналыстағы вексельдердің санын, дәл сондай-ақ банкноттар санын бүтіндей айналыс қажеті белгілейді; 50-ші жылдарда жайшылық уақытта Біріккен корольдікте 39 миллион банкнотпен қатар 300 миллиондай вексель, оның ішінде 100—120 миллионы жалғыз Лондонның өзінде айналыста болды. Вексельдер айналысының мөлшері банкноттар айналысының мөлшеріне ешқандай әсер етпейді және банкноттың ықпалына тек вексельдер саны артып, олардың сапасы төмендегенде кездесетін ақша тапшылығы кезендерінде ғана бағынады. Ақырында, дағдарыс кезінде вексель айналысы мүлде тоқтайды; төлеуге уәдені ешкім керек етпейді, әркім қолма-қол төлеуді талап етеді; басқасын былай қойғанда күші бүгінге дейін Англияда тек банкнот қана айналыс қабілетін жойған жоқ, өйткені Ағылшын банкі бүкіл елдің байлығына сүйенеді.

Біздің жоғарыда көргеніміздей, 1857 жылы өзі ақша рыногының шонжары болған тіпті Чапмен мырза да Лондонда

ірі ақшалы капиталистер көп, кезеңі келгенде бүкіл ақша рыногының шырқын бұзып, осындай жексұрын тәсілмен неғұрлым ұсақ ақша саудагерлерін қансыратуға олардың күші жеткілікті деп зар қағады. Мысалы, 1—2 миллион консоли сатып, осы жолмен рыноктан тиісті мөлшерде банкноттарды (сонымен қабат басы бос қарыз капиталын) айналыстан шығарып, күйзеліс жағдайын едәуір шиеленістіруге шамасы келетін бірнеше ірі жалмауыздар бар. Осы тәрізді айла-шарғы арқылы күйзеліс жағдайын үрейленуге айналдыру үшін үш ірі банк бірлесіп қимыл жасаса жетіп жатыр.

Капиталдың Лондондағы аса ірі күші — ол, әрине, Ағылшын банкі; бірақ жартылай мемлекеттік жағдайдағы мекеме болуы себепті оның өз үстемдігін мұнша өрескел қолдануға мүмкіндігі жоқ. Дегенмен ол да әсіресе 1844 жылғы банк заңынан кейінгі жерде — оңай олжа табудың амалдары мен жолдарын жақсы білетін болып алған.

Ағылшын банкінің 14 553 000 ф. ст. капиталы бар, оның үстіне қолында 3 миллион ф. ст. шамасында «қалдықтар» болады, яғни бөлінбеген пайда бар, сонымен қатар үкіметке салық және сондайлар түрінде түсетін ақшаның бәрі сонда болады да, оны жұмсау қажет болғанға дейін Ағылшын банкінде депозитте тұрады. Егер бұған тағы басқа вкладтар сомасын (жайшылық уақытта 30 млн. ф. ст. шамасында) және орнын жаппай шығарылатын банкноттарды қоссақ, онда төмендегіні айтқанда Ньюмарчтың берген бағасы біршама орташа баға екенін мойындауға тура келеді (В. А. 1857, № 1889):

«Менің мынаған көзім жетті: ақша рыногында» {Лондондағы} «үнемі айналыста болатын қордың жалпы сомасын шамамен 120 миллион ф. ст. деп түюге болады; ал осы 120 миллионның мықты бөлегі, 15—20% жуығы Ағылшын банкісінің еркінде болады».

Банк өзінің қоймасында жатқан металл қорымен орнын жаппайтын банкноттар шығарса, ол құн белгісін жасайды, сөйтіп олар банкке айналыс қаржысын құрайтыны өз алдына, сонымен қатар жалған болғанымен біраз қосымша капитал болады, оның сомасы әлгі орнын жаппайтын банкноттардың номинал құнына тең болады. Ал осы қосымша капитал Банкке қосымша пайда келтіреді.— Уилсон Ньюмарчтан былай деп сұрайды (В. А. 1857):

«1563. Қайсыбір банктің меншікті банкноттарының айналысы, яғни олардың жұрт қолында қалатын орташа сомасы әлгі банктің істегі капиталына қосымша болады дейді, сол рас па?— Өте дұрыс.— 1564. Сонда банктің осы айналыстан келтіретін пайдасының бәрі банктің шын меншігіндегі капиталдан емес, кредиттен түсетін пайда болғаны ғой?— Өте дұрыс».

Бұл өзі, әрине, банкнот шығаратын жеке банктерге де тән жағдай. Өзінің №№ 1866—1868 жауаптарында Ньюмарч жеке банктер шығаратын осы барлық банкноттардың үштен екі бөлегін (үштен біріне бұл банктердің металл баламасы болуы шарт) «теңбе-тең капитал жасау» деп біледі, өйткені соншалық сомаға металл ақша үнемделеді. Осының салдарынан банкирдің пайдасы басқа капиталистердің пайдасынан артық болмауы да ықтимал. Бірақ банкир осы металл ақшаның ұлттық үнемделуінен пайда келтіретіні ақиқат факт. Ұлттың үнемдегені жеке адамдардың пайдасына айналатын жағдайға буржуазия экономисі ешбір қысылып-қымтырылмайды, өйткені пайда дегеніміз жалпы алғанда ұлттық еңбекті немдену болып табылады. Мысалы, банкноттары тек мемлекеттің арқасында ғана кредит қаржысы қызметін атқаратын Ағылшын банкі 1797—1819 жылдарда сонымен бірге әлгі банкноттарды қағаздан ақшаға айналдыр, содан кейін ол ақшаны мемлекетке қарызға бер деп мемлекеттің өзі беріп отырған пұрсатты мемлекеттік заемдар бойынша процент түрінде төлем төлеуге мемлекеттің өзін, демек, жұртты мәжбүр етуге қолданды, бұдан асқан сорақылық болар ма?

Айта кету керек, банктердің капитал жасайтын басқа да тәсілдері бар. Баяғы сол Ньюмарчтың айтуы бойынша, жоғарыда көрсетілгеніндей, провинциялық банктердің мынадай әдегі бар: олар өздерінің басы артық қорларын (яғни Ағылшын банкінің банкноттарын) Лондондағы вексель делдалдарына жібереді, олар мұның есесіне әлгі банктерге дисконтталған вексельдер жібереді. Бұл вексельдермен банк өз клиенттеріне қызмет етеді, өйткені клиенттердің іс бабындағы операциялары өз округінде жария болып кетпес үшін банк жергілікті клиенттерінен алынған вексельдерді қолынан шығармау ережесін берік ұстайды. Лондоннан алынған әлгі вексельдер Лондонда тікелей төлем жасауға тиісті клиенттерге беруге ғана қызмет етіп қоймайды (егер олар Лондонға Банктің өзі жібергенін талап етпейтін болса); вексельдер сонымен қатар провинцияда төлемдер жасау үшін де қызмет етеді, өйткені банкирдің жолдама қағазы оларға жергілікті кредит алуды қамтамасыз етеді. Осы жолмен олар, мысалы, Ланкаширде жергілікті банктердің өз банкноттарын түгелінен және Ағылшын банкінің банкноттарын едәуір дәрежеде айналыстан ығыстырған (бұл да сонда, 1568—1574).

Біз сонымен банктер кредит пен капиталды қалай жасайтынын көріп отырмыз: 1) өз банкноттарын шығару жолымен; 2) Лондонға 21 күндік мерзімге дейін төлем жарлықтарын беру жолымен жасайды, алайда осы жарлықты бере отырып, олардың өздері дереу қолма-қол ақша алады; 3) дисконт-

талған вексельдерге төлеу жолымен жасалады, олардың кредит қабілеттілігін ең алдымен және көбінесе — бері дегенде тиісті округ үшін — банктің жолдама қағазы жасайды.

Ағылшын банкі рыноктық процент нарқын реттеп отырады, оның құдіреттілігі осыдан көрінеді. Істің барысы бірқалыпты кезендерде, Ағылшын банкі есепке алу нарқын арттыру жолымен<sup>12)</sup> өзінің металл қорынан алтынның біршама кетуіне бөгет жасай алмауы мүмкін, өйткені төлем қаржысын керек етушілікті жекеше және акционерлік банкілер, вексель делдалдары қанағаттандырып отырады, бұлардың капиталы мен күші соңғы 30 жылда еселеп артты. Ол мұндай реттерде басқа амалдарды пайдалануға мәжбүр болады. Бірақ қиын-қыстау кезендер жөнінде банкир Глиннің (Глин, Милс, Карри және олардың сыбайластары фирмасынан) лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясына айтқан сөзі әлі күшін жойған жоқ (С. D. 1848/57):

«1709. Елде үлкен қиыншылықтар болған кезде Ағылшын банкі процент нарқын күштеп танады.— 1710. Айрықша күйзеліс кездерінде... жекеше банктердің немесе делдалдардың есепке алу операциялары біршама қысқарады да, бұл операциялар Ағылшын банкіне көшеді, сонда ол рыноктық процент нарқын белгілеу күшіне ие болады».

Не дегенмен де, Ағылшын банкі мемлекеттің қамқорлығын және мемлекеттік артықшылықтарды пайдаланатын қоғамдық мекеме болғандықтан, өзінің бұл күшін жекеше кәсіпорындардың істейтініндей қаталдықпен қолдана алмайды. Сондықтан да Хаббард қауымдар палатасының 1857 жылғы банк заңы жөніндегі комиссиясының алдында былай деді (В. А. 1857):

«2844. {Сұрақ:} Есепке алу нарқы ең жоғарғы шыңына жеткен кезде Ағылшын банкінің көмегі барынша арзан болады, ал әлгі нарық төмендеп, ең аз мөлшеріне дейін жеткен кезде барынша арзанға алатын делдалдар болады дейді, сол дұрыс па?»— {Хаббард:} «Бұл шыңында да әрқашан солай, оның себебі Ағылшын банкі есепке алу нарқын ешқашан өзінің бәсекелестері істейтіндей құлдырата төмендетпейді, ал нарық жоғары дәрежеде тұрғанда оны бәсекелестері істейтіндей соншалықты ешқашан жоғарылатпайды».

<sup>12)</sup> (Union Bank of London акционерлерінің 1894 жылғы 17 январьдағы жалпы жиылысында председатель Ричи мырза мынаны хабарлады: Ағылшын банкі 1893 жылы есепке алу нарқын 2½% -тен (июльде) 3% және 4%-ке дейін (август) көтерді, мұнан кейін бұған қарамастан, 4 аптаның ішінде бүтіндей 4½ миллион ф. ст. алтыннан анырылғандықтан ол тағы 5%-ке дейін көтерді, сонан соң алтын қайтадан кері ағылып келе бастады, сөйтіп банктің есепке алу нарқы сентябрьде 4%-ке дейін, ал октябрьде 3%-ке дейін төмендетілді. Бірақ банктің бұл есепке алу нарқы рынокте қабылданбады. «Банктің есепке алу нарқы 5% болғанда, рыноктық нарқы 3½%, ал ақшаға деген нарық 2½% болды; банктің есепке алу нарқы 4%-ке дейін төмендегенде, есепке алу проценті 2½% және ақша нарқы 1¼% болды; ал банктің есепке алу нарқы 3% болған кезде есепке алу нарқы 1½%, ал ақша нарқы сәл төмен болды» («Daily News», 18 январь, 1894 жыл.) — Ф. Э.

Дегенмен кәсіпкерлік тіршілікте мынадай аса елеулі оқиға болып тұрады: Ағылшын банкі күйзеліс жағдай кезінде, көпшілікке тарап кеткен сөзбен айтсақ, шегені шегендей түседі, яғни өзі ортадан жоғары тұрған процент нарқын онан әрі көтере түседі.

«Ағылшын банкі шегені шегендей бастаса болғаны, шетелге шығару үшін өнім сатып алу біткеннің бәрі тоқталады, экспортшылар бағаның ең төменгі сатыға түсуін күтеді де, тек сонда ғана сатып алады, онан бұрын алмайды. Ал осы төменгі шекке жеткенде курс енді қайта реттеледі,— алтынның шетелге кетуі тоқтайды, бұл өзі бағаның құлдырауы ең төменгі шегіне әлі жетпей тұрғанда тоқтайды. Экспорт үшін товар сатып алу шетке жөнелтілген алтынның бір бөлігін, бәлкім, қайтаруы мүмкін, бірақ бұл тым кеш істеледі де, алтынның кетуіне бөгет бола алмайды». (J. W. Gilbart. «An Inquiry into the Causes of the Pressure etc.» London, 1840, p. 35). «Айналыс қаржысын вексель курсы арқылы реттеудің тағы бір нәтижесі мынада: бұл өзі күйзеліс кезінде процент нарқының орасан өсуіне апарып соқтырады» (бұл да сонда, 40-бет). «Вексель курсың қалпына келтіру шығыны елдің өндіргіш өнеркәсібіне түседі, оның бер жағында осы процесс бойына Ағылшын банкінің пайдасы шынымен артады, бұл оның өз операцияларын аз мөлшердегі асыл металмен жүргізуінен болады» (бұл да сонда 52-бет).

Алайда, дейді біздің жорамыз Самюэл Гёрни,

«Процент нарқының осы едәуір ауытқуы банкроттер мен ақша саудагерлеріне тиімді — істің барысындағы ауытқу біткеннің бәрі істің жөнін білетін адамдарға тиімді болады».

Гёрни мырзалар іскерлік қиыншылықтарын шімірікпей пайдалану арқылы пайдаға қарық болғанымен, ал Ағылшын банкі ондай еркіндікке бара алмайтын болғанымен, соның өзінде де оның үлесіне олжа аз тимейді,— бұл жерде істің жалпы күйі жайында мәліметтер алып отыру сияқты айрықша қолайлы мүмкіндіктерді пайдалану нәтижесінде директор мырзалардың қолына өзі келіп құйылып жататын жеке пайдаларды айтпасақ та болады. Лордтар палатасы комиссиясының мәліметтері бойынша, 1819 жылы банкноттар айырбастау қайта басталғанда, Ағылшын банкінің әлгіндей пайдасы бүкіл 1797—1819 жылдар бойына мынадай болды:

Тантьемдер мен өскен дивидендтер . . . . .	7 451 136
Акционерлер арасында бөлінген жаңа акциялар . . . . .	7 276 500
Капиталдың өскен құны . . . . .	14 553 000

Барлығы: 29 280 636

19 жыл ішінде 11 642 400 ф. ст. капитал түсірген олжа (D. Hardcastle «Banks and Bankers» 2nd ed., London, 1843, p. 120).

Егер біз 1797 жылы ақшамен қолма-қол төлеуді тоқтатқан Ирландия банкінің де жалпы пайдасын дәл осы принциппен анықтайтын болсақ, онда былай болып шығады:

1821 жылға дейін есеп бойынша	
жыл сайынғы дивидендтер . . . . .	4 736 085
Жарияланған тантөлемдер . . . . .	1 225 000
Өскен активтер . . . . .	1 214 800
Қапиталдың өскен құны . . . . .	4 185 000

Барлығы: 11 360 885

3 миллион ф. ст. капитал түсірген олжа (бұл да сонда, 363—364-бет).

Орталықтандыру дегеніңіз міне, осы! Төңірегіне ірі ақша саудагерлері мен өсімқорлар топтасқан, ұлттық банктер делінетін орталығы бар кредит системасы орасан зор орталықтандыру болып табылады, сондықтан мұның өзі әлгі арам тамақтар табына ғажап күш береді, соның арқасында олар өнеркәсіп капиталистерінің қатарын оқтын-оқтын қарақтап қана қоймай, сонымен қатар шынайы өндіріске ең қатерлі түрде қол сұғады,— ал оның бер жағында бұл банда өндіріс жайынан ештеңе білмейді және оған ешқандай қатынасы жоқ. 1844 және 1845 жылдардағы заңдар бұл бандиттердің күші еселеп артуда екеніне айғақ болады, финансистер мен биржа делдалдары соларға жанаса жүреді.

Ал егер біреу-міреу осы қадірмен бандиттердің ұлттық және интернационалдық өндірісті бастан-аяқ өндірістің өзінің және қанаушылардың өздерінің мүдделері үшін пайдаланатынына шек келтірер болса, онда әлгі адам бұл істің жайы туралы банкирлердің асқан адамгершілік ерліктеріне жасалған мына саяхаттан анық түсінік алуына болады.

«Банктер асылында діни-ұждан мекемелері. Банкирдің қырағы да қытымыр қарауына тап болудан тайсалып, жас көпес думанды да сойқанды достар қауымынан қаншама безді десеңізші! Ол банкирге ұнамды көрінуге, әрқашан байсалды болуға қалай жанын салады десеңізші! Банкирдің қабағын шытқаны оған достарының бүкіл ақыл-уағызынан әлде қайда өктем әсер етеді; алдадың-арбадың деген немесе ақиқаттан титтей де болса тайдың деген кінәратқа ұшырап, жұрт күдігіне ілінсем не болмақ деген ой тұғанда оның төбе шашы тік тұрады; ол осындай күдік туғызудан өлердей қорқады, өйткені мұның қырсығынан банкідегі кредиті қысқаруы немесе мүлде жабылып қалуы мүмкін! Оған банкирдің ақыл-кеңесі священниктің уағызынан анағұрлым құнды» (Дж. М. Белл, Шотландиядағы банк басқарушысы. «The Philosophy of Joint Stock Banking». London, 1840, p. 46—47).



## О Т Ы З Т Ө Р Т І Н Ш І Т А Р А У

**«АҚША АЙНАЛЫСЫНЫҢ ПРИНЦИПІ» ЖӘНЕ  
АҒЫЛШЫННЫҢ 1844 ЖЫЛҒЫ БАНК ЗАҢЫ**

{ Бұрынғы еңбектердің бірінде<sup>13)</sup> Рикардоның ақшаның құны жайлы теориясы товар бағасына қатысты зерттелген болатын; сондықтан біз бұл арада тек ең қажеттісімен ғана шектелуімізге болады. Рикардоша, ақшаның — металл ақшаның — құны онда затқа айналған жұмыс уақытымен белгіленеді, алайда тек қашан ақша саны айналыстағы товарлардың аумағы мен бағасына бірқалыпты қатынаста тұрғанда ғана солай болады. Егер ақшаның саны осы қатынастан жоғары көтеріліп кетсе, онда ақшаның құны кемиді, товарлардың бағасы артады; ал егер ақшаның саны бірқалыпты қатынастан төмен түсіп кетсе, онда ақшаның құны артады, басқа жағдайлары бірдей болса, товарлардың бағасы төмендейді. Бірінші жағдайда осындай басы артық алтыны бар ел өз құнынан төмендеп кеткен алтынын шетке шығарады да, шеттен товар әкеледі; екінші жағдайда алтын өз құнынан жоғары бағаланатын елдерге ағылып бара бастайды, ал жете бағаланбаған товарлар ол жақтан бірқалыпты бағасы бойынша сатуға болатын рыноктерге жөнелтіледі. Өйткені мұндай жағдайда «алтынның өзі монет формасында немесе құпия формасында болсын металдық құнынан артық не кем құнның белгісі болатын болса, онда айналыстағы ұсақ банкнот та, әрине, осындай күйге тап болады. Банкноттар ұсақ, демек, нақты құны олардың номинал құнына сәйкес болғанымен, айналыстағы ақшаның, алтын мен банкноттың жиынтық аумағы (the aggregate currency consisting of metal and of convertible notes), өз құнынан жоғары немесе төмен бағалануы мүмкін, жоғарыда баяндалған себептерге байланысты мұның өзі олардың жалпы саны айналыстағы товарлардың айырбас құны мен алтынның металдық құны белгілейтін дәрежеден жоғары көтерілуіне немесе төмендеп кетуіне сәйкес болады...

<sup>13)</sup> К. Маркс. «Саяси экономия сынына». Берлин. 1859. 150-бет және онан әрі қараңыз [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 154—165-беттер].

Осы бағасыздану, — қағаз ақшаның алтынға қатынасында емес, алтын мен қағаз ақшаны қоса алғандағы, немесе белгілі бір елдің айналыс қаржыларының жиынтық аумағының бағасыздануы, — Рикардо ашқан басты жаңалықтардың бірі болып табылады, мұны Лорд Оверстон мен оның сыбайластары мықтап пайдаланды, сөйтіп сэр Роберт Пильдің 1844 және 1845 жылдардағы банк заңының негізгі принципі етті» (цит. алынған шығар. 155-бет).

Рикардоның бұл теориясының жалғандығы жайлы онда келтірілген дәлелдемелерді бұл жерде қайталап жатудың бізге ешқандай қажеті жоқ. Бізге керегі Пильдің жоғарыда айтылған банк заңдарын ұсынған теоретиктерінің мектебі Рикардоның осы қағидаларын қалай өндеген тәсілі.

«XIX ғасырдың сауда дағдарыстары, әсіресе 1825 және 1836 жылдардағы үлкен дағдарыстар Рикардоның ақша теориясын онан әрі дамытпады, бірақ оны жаңаша қолдануды туғызды. Бұл енді баяғы Юм айтқан XVI және XVII ғасырлардағы асыл металдардың бағасыздануы немесе Рикардо айтқан XVIII ғасырда және XIX ғасырдың бас кезіндегі қағаз ақшаның бағасыздануы сияқты некен-саяқ кездесетін экономикалық құбылыстар емес еді, бұл дүние жүзілік рыноктың ұлы дауылы болды, мұнда буржуазиялық өндіріс процесінің барлық элементтерінің қайшылықтары бәсеңдеді; бұл дауылдың шығуын және онан қорғану тәсілдерін жұрт процестің ең үстірт және ең абстракциялық саласынан, ақша айналысы саласынан іздеді. Экономикалық дауылды қорғаушылар мектебі сүйенетін теориялық алғышарттың өзі шын мәніне келгенде Рикардо таза металл айналысының заңдарын ашыпты-мыс деген догмадан басқа түк те емес. Оларға қалғаны тек кредит немесе банкнот айналысын осы заңдарға бағындыру болды.

Сауда дағдарыстарының неғұрлым жалпылама және зардапты құбылысы — товардың бағасы кенеттен жаппай құлдырайды, мұның өзі бағаның едәуір ұзақ уақытқа созылған жаппай көтерілуінен кейін болады. Товар бағасының жаппай құлдырауы бүкіл товарға шаққанда ақшаның отноcительді құнының артуы ретінде көрінуі мүмкін, ал бағаның жаппай артуы, мұның керісінше, — ақшаның отноcительді құнының құлдырауы ретінде көрінуі мүмкін. Бұл көрініс тәсілінің екеуінде де құбылыстың тек аталғаны болмаса, түсіндірілмеген... Неміс тілінен ағылшын тіліне аудару өзгертпейтіні сияқты әр түрлі сөз тіркесі істің мәнін ешқандай өзгертпейді. Сондықтан да Рикардоның ақша теориясы нағыз іздегенге сұраған болып шықты, өйткені бұл теория қайталау мыжымасын себептер қатынасы тәріздес етіп көрсетеді. Товар бағасының

оқтын-оқтын жаппай құлдырауы неден болады? Ақшаның относителді құнының оқтын-оқтын көтерілуінен болады. Мұның керісінше, товарлар бағасының оқтын-оқтын жаппай көтерілуі неден болады? Ақшаның относителді құнының оқтын-оқтын құлдырауынан болады. Бұл тәсілге бассак, бағаның оқтын-оқтын артуы мен кемуі бағаның оқтын-оқтын артуы мен кемуінен болады деуге әбден болар еді... Егер қайталау мыжымасын себептер қатынасына айналдырумен тек келіссек болды, қалғанының бәрі оп-оңай шыға қояды. Товар бағасының көтерілуі ақша құнының құлдырауынан болады, ал ақша құнының құлдырауы, біздің Рикардодан білетініміздей ақша айналысының асып-толуынан болады, яғни айналыстағы ақша аумағы оның өз имманентті құнымен, товардың имманентті құнымен белгіленетін дәрежеден асып кетуінен болады. Мұның керісінше де дәл солай, товар бағасының жаппай құлдырауы айналыстағы ақша санының жеткіліксіздігі салдарынан ақшаның құны өзінің имманентті құнынан асып кетуінен болады. Демек, бағаның оқтын-оқтын көтеріліп және құлдырап кететіні айналыста ақша оқтын-оқтын не тым көп немесе тым аздығы себебінен болады. Ал егер бағаның көтерілуі ақша айналысының қысқаруымен, ал бағаның құлдырауы ақша айналысының ұлғаюымен тұспа-тұс келгені дәлелденетін болса, онда, бұған қарамастан, айналыстағы товар аумағының статистика жағынан мүлде дәлелдеуге келмейтін кейбір кемуі немесе артуы салдарынан айналыстағы ақша саны абсолютті түрде болмаса да, относителді түрде артты немесе кеміді деп айтуға болады. Біздің бұрын көргеніміздей, Рикардоның пікірінше, бағаның осы жаппай ауытқуы таза металл айналысында да орын тегуге тиіс, бірақ олар өзінің кезектесуі арқасында теңесіп отырады, мәселен, жеткіліксіз ақша айналысы товар бағасының құлдырауын туғызады, товар бағасының құлдырауы шетке товар шығаруды туғызады, ал шетке шығару елге ақша келуін туғызады, ал ақша келуі товар бағасын тағы көтереді. Ақшаның айналысы артық болса, товарлар әкелінеді, ақша шетке шығарылатын болса, мұның керісінше болады. Рикардоның түсінуінше, бағаның осы жаппай ауытқуы металл айналысы жаратылысының өзінен туады, дегенмен бұл олардың дауылды да күйретпе-күштеу формасы, дағдарыстар формасы дамыған кредит дәуіріне тән нәрсе; сондықтан банкнот шығару металл айналысының заңдары бойынша дәлме-дәл реттелмейтіңі мүлде айқын жағдай. Металл айналысының асыл металдар импорты мен экспорты түрінде өзінің айығу құралы бар, асыл металдар монета ретінде дереу айналысқа түседі, сөйтіп өзінің келуі немесе кетуі арқасында товарлар бағасын төмендетеді

немесе көтереді. Металл айналысының заңдарына еліктеу жолымен банктер енді товар бағасына дәл жоғарыдағыдай қолдан ықпал жасауға тиіс. Егер шетелден алтын келіп жатса, онда мұның өзі айналыстағы ақшаның жеткіліксіздігін, ақша құнының тым жоғарылығын, ал товар бағасының тым төмендігін дәлелдейді; демек, айналысқа банкноттар жаңадан әкелінген алтын санына пропорциялас салынуға тиіс. Ал мұның керісінше болса, елден кететін алтын санына пропорциялас айналыстан банкнот алынуға тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, банкнот шығару ісі асыл металдар импорты мен экспортына немесе вексель курсына сәйкес реттелуге тиіс. Рикардоның жалған алғышарты — алтын дегеніміз тек монета дейтіні, сондықтан шеттен әкелінетін барлық алтын айналыстағы ақша санын арттырады, сөйтіп бағаны арттырады, ал шетке шығарылатын барлық алтын монетаның саны кемітеді, сөйтіп бағаны төмендетеді дейтіні, — міне осы теориялық алғышарт бұл арада қазіргі кезеңде қолда қанша алтын болса, айналысқа сонша монета шығаруды белгілейтін практикалық экспериментке айналады. Лорд Оверстон (банкир Джонс Лойд), полковник Торренс, Норман, Клей, Арбатнот және Англияда «сиггесу ргіncірle»\* мектебі деген атпен әйгілі болған басқа да көптеген жазушылар осы доктринаны уағыздап қана қойған жоқ, сонымен қатар сэр Роберт Пильдің 1844 және 1845 жылдардағы банк заңы арқылы мұны ағылшын мен шотландтардың қазір қолданып отырған банк заңдарының негізі етті. Ең күрделі ұлттық көлемде жүргізілген эксперименттерден кейін бұл доктринаның теория жағынан да, практика жағынан да масқара күйрегенін кредит жайындағы ілімде ғана баяндауға болады» (цит. алынған шығар. 165—168-беттер).

Бұл мектепті сынағандар Томас Тук, Джемс Уилсон («Economist», 1844—1847 жылдар) және Джон Фуллартон. Алтынның жаратылысын бұл жазушылардың да қаншалықты тайыз түсінгенін, ақша мен капитал арасындағы арақатынасты олардың қалай күңгірт түсінгенін біз бұрын сан рет, әсіресе осы кітаптың XXVIII тарауында көрдік. Бұл жерде біз Пильдің банк заңының ықпалы жөнінде қауымдар палатасының 1857 жылғы комиссиясының еңбектерінен (В. С. 1857) тағы бірнеше мәлімет қана келтіреміз.— Ф. Э.]

Ағылшын банкінің бұрынғы басқарушысы Дж. Г. Хаббард былай деп көрсетеді:

«2400.— Шетке алтын шығару... товар бағасына мүлде әсер етпейді. Бірақ шетке алтын шығару бағалы қағаздар курсына өте елеулі әсер ете-

\* — «ақша айналысының принципі». Ред.

ді, өйткені проценттің қандай дәрежеде өзгеруіне қарай осы процентті жүзеге асыратын товардың құны да сөз жоқ өзгереді».

Ол 1834—1843 және 1844—1853 жылдарға қатысты екі кестені келтіреді, бұл кестелер неғұрлым маңызды он бес сауда затының бағасындағы қозғалыс алтынның кетуі мен келуінен және процент нарқынан мүлде тәуелсіз болғанын дәлелдейді. Бірақ мұның есесіне кестелер шын мәнісінде «қолданылуын іздеуші біздің капиталымызды сөзсіз бейнелейтін» алтынның кетуі мен келуі және процент нарқы арасында тығыз тәуелділік бар екенін көрсетеді.

«1847 жылы американ бағалы қағаздарының өте көп сомасы Америкаға қайта әкетілді, дәл сол сияқты орыстың бағалы қағаздары да Россияға қайта әкетілді, ал континенттің басқа елдерінің бағалы қағаздары біз астық алатын елдерге жөнелтілді» [2402].

Хаббардтың төменде келтірілген кестелерінің негізіне алынған негізгі он бес сауда заты мыналар: мақта, мақта-мата жібі, мақта матасы, жүн, шұға, зығыр, полотно, индиго, шойын, қаңылтыр, мыс, тоң май, қапт, кофе, жібек.

*I. 1834 жылдан 1843 жылға дейін*

Уақыты	Банктің металл қоры	Рыноктық есепке алу нарқы	Негізгі 15 сауда затынан		
			Бағасы артты	Бағасы кеміді	Бағасы өзгеріссіз қалды
1834, 1 март	9 104 000 ф. ст.	2 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	—	—	—
1835, 1 »	6 274 000 —»—	3 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	7	7	1
1836, 1 »	7 918 000 —»—	3 <sup>1</sup> / <sub>4</sub> %	11	3	1
1837, 1 »	4 077 000 —»—	5 %	5	9	1
1838, 1 »	10 471 000 —»—	2 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	4	11	—
1839, 1 сентябрь	2 684 000 —»—	6 %	8	5	—
1840, 1 июнь	4 571 000 —»—	4 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	5	9	1
1840, 1 декабрь	3 642 000 —»—	5 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	7	6	2
1841, 1 »	4 873 000 —»—	5 %	3	12	—
1842, 1 »	10 603 000 —»—	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %	2	13	—
1843, 1 июль	11 566 000 —»—	2 <sup>1</sup> / <sub>4</sub> %	1	14	—

*II. 1844 жылдан 1853 жылға дейін*

1844, 1 март	16 162 000 ф. ст.	2 <sup>1</sup> / <sub>4</sub> %	—	—	—
1845, 1 декабрь	13 237 000 ф. ст.	4 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %	11	4	—
1846, 1 сентябрь	16 366 000 » »	3 %	7	8	—
1847, 1 »	9 140 000 » »	6 %	6	6	3
1850, 1 март	17 126 000 » »	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> %	5	9	1
1851, 1 июнь	13 705 000 » »	3 %	2	11	2
1852, 1 сентябрь	21 853 000 » »	1 <sup>3</sup> / <sub>4</sub> %	9	5	1
1853, 1 декабрь	15 093 000 » »	5 %	14	—	1

Хаббард бұл кестелерге мынадай ескертпе жасайды:

«1834 жылдан 1843 жылға дейінгі он жылдың ішінде де, сол сияқты 1844—1853 жылдарда да Банктің қолындағы нақты алтынның ауытқуы әр жолы есепке алу есесіне берілетін қарыз ақша құнының өсуімен немесе кемуімен қабат болып отырды, ал екінші жағынан, елдің ішінде товарлар бағасының өзгерулері айналыс қаржысының санынан толық тәуелсіз екенін көрсетті, мұны Ағылшын банкінің алтын қорының ауытқуынан көруге болады» («Bank Acts Report», 1857, II, p. 290—291).

Товарларға деген сұраныс пен ұсыныс товардың рыноктық бағасын реттеп отырады, сондықтан мұнда Оверстонның қарыз ақша капиталына деген сұранысты (немесе тіпті ұсыныстың сұраныстан алшақтауын), ол есепке алу нарқында қалай көрінетінін және шынайы «капиталға» деген сұранысты барабар санауының қаншалықты қате екені әбден айқын болады. Товар бағасы айналыс қаржысының санындағы ауытқулармен реттеледі деген тұжырым енді келіп есепке алу нарқындағы ауытқулар ақша капиталына емес, шынайы заттай капиталға сұранысты бейнелейді деген сөзбен бүркемеленеді. Мұны сол комиссияның алдында Норманның да, Оверстонның да қуаттағанын біз көрдік; сондай-ақ біз олардың осыны айтқанда қандай мүсәпірлік айла-шарғыға жармасқанын, әсіресе Оверстонның ақырында әбден шатасқанын да көрдік (XXVII тарау). Шындығында мұның өзі нақты алтын санындағы өзгерістер елдегі айналыс қаржысының аумағын арттыра немесе кеміте отырып, осынысы арқылы осы елдің шегінде товар бағасын сөзсіз арттыруға немесе төмендетуге тиісті-міс деген ескі сандырақ. Егер алтын шетке шығарылса, онда бұл теория бойынша, алтын баратын елде товар бағасы өсуге тиіс, және де сонымен қабат шетке алтын шығарушы елдің экспортының құны алтын баратын елдің рыногында өсуге тиіс; мұның керісінше, алтын баратын елдің экспортының құны шетке алтын шығаратын елдің рыногында құлдырауға тиіс, сонымен қатар алтын келіп жатқан елде экспортталатын товарлар құны өседі. Ал шындығында алтын санының кемуі процент нарқын ғана арттырады, ал оның көбеюі процент нарқын төмендетеді, ал егер проценттің осы ауытқуы өндіріс шығындарын белгілеу кезінде немесе сұраныс пен ұсынысты анықтауға әсер етпейтін болса, онда бұлар товар бағасына мүлде әсер етпеген болар еді.

Индияда іс жүргізуші ірі фирмалардың бірінің басқарушысы Н. Александердің сол есебінде Индия мен Қытайға күмістің көп кетуі жайын сөз етіп, бұл 50-ші жылдардың орта шенінде орын тепкенін, бұл ішінара Қытайдағы азамат соғысының<sup>138</sup> салдарынан болғанын, ол Қытайда ағылшын товар-

ларын өткізуді қиындатқанын, ішінара Европада жібек құртына дерт килігуі салдарынан болғанын, бұл Италия мен Францияның жібек шаруашылығын едәуір қысқартқанын баяндап, мынадай пікір айтады.

«4337. Қытайға немесе Индияға күміс кетіп жатырма?— Сіз Индияға күміс жібересіз де, оның едәуір бөлегіне аянып сатып аласыз, ол жібек сатып алу қорын жасау үшін түгелінен Қытайға кетеді; ал Индиядағы рыноктардың хәлі сондай» (онда күмістің жиналуына қарамастан). «көпеске онда ағылшын маталарын, тағы басқа бұйымдарын жібергеннен гәрі күміс жіберген пайдалырақ болады.— 4338. Франциядан көп кету орын теуіп, біз күміс алғанымыз соның салдарынан емес пе?— Әрине, бұл өте зор болды.— 4344. Франция мен Италиядан жібек әкелудің орнына біз оларға Бенгалия жібегін де, Қытай жібегін де көптеп жібереміз».

Сөйтіп, Азияға товар орнына күміс — дүниенің осы бөлегінің металы — жіберілген себебі сол товарлардың бағасы оны өндіруші елде (Англияда) көтерілгендігінен емес, қайта ол бағаның төмендеуінен — товар әкелінетін елде товар әкелудің шамадан тыс көбеюінен болады; мұның өзі күмісті Англияның Франциядан алғанына, оның бір бөлігіне алтын төлейтініне қарамастан, осылай болды. «Ақша мектебінің» теориясы бойынша, мұндай импорттан Англияда баға құлдырауға, ал Индия мен Қытайда — көтерілуге тиіс еді.

Басқа бір мысал келтірейік. Лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссияның алдында (С. D. 1848/1857) Ливерпуль көпестерінің ірілерінің бірі Уайли мынадай жауап береді.

«1994. 1845 жылдың аяғында осыншалық жоғары пайда келтіретін бұдан тиімді» (жіп иіруден) іс болған жоқ. «Мақта қоры мол болды және де жақсы, іске жарамды мақтаны қадағын 4 пенстен алуға болатын еді, оның үстіне мұндай мақтадан тағы да 4 пенс жұмсап жақсы *secunda mule twist* № 40\* жібін иіруге, демек, иірушінің жалпы шығыны шамамен 8 пенстен айналатын етуге болатын еді. 1845 жылдың сентябрі мен октябрінде бұл жіп көптеп сатылды, сөйтіп қадағын 10½ және 11½ пенстен беруге соншалықты ірі келісім жасалды, ал кейбір реттерде жіп иірушілер мақтаның сатып алу бағасына тең пайда түсірді.— 1996. Іс 1846 жылдың басына дейін пайдалы күйде қала берді.— 2000. 1844 жылғы 3 мартта мақта қоры {627 042 тай} «осы күнгі мөлшерден» {1848 жылғы 3 март, онда қор 301 070 тай болған} «екі есе артық болатын, солай бола тұрса да, баға қадағына 1¼ пенс қымбат болатын». {5 орнына 6¼ пенс.}

Сонымен бірге жіптің — *secunda mule twist* № 40 — жақсы жіптің бағасы 1847 жылғы январьдағы қадағына 10½ пенстен октябрьде 9¼ пенске, декабрьдің аяғында 7¾ пенске дейін түсті, жіп оны иірген мақтаны сатып алу бағасымен сатылды (бұл да сонда, №№ 2021, 2023). Бұл өз пайдасын

\* Жіптің сорты. *Pei*.

көздеген Оверстонның даналығының нағыз сырын ашады, оның айтуынша, ақшаның «қымбат» болатын себебі капитал «сиректігінен». 1844 жылғы 3 мартта есепке алу нарқы 3% болды; 1847 жылғы октябрь мен ноябрьде ол 8% және 9%-ке жетті, ал 1848 жылғы 3 мартта әлі 4%-ке тең еді. Товар өткізу толық тоқталуы және үрейлену салдарынан, оған сәйкес процент нарқы жоғары болуы салдарынан мақтаның бағасы ұсыныс мөлшеріне сәйкестігінен әлдеқайда төмендеп кетті. Мұның нәтижесінде, бір жағынан, 1848 жылы шеттен әкелу бұрын болмаған дәрежеде кеміді, екінші жағынан, Америкада өндіру кеміді, осыдан келіп 1849 жылы мақта бағасы тағы көтерілді. Оверстонша, товарлардың сонша қымбат болған себебі елде ақша тым көп болған.

«2002. Жуырда мақта-мата өнеркәсібінде істің жайы нашарлап кетуін шикізат жеткіліксіздігінен деуге болмайды, өйткені шитті мақта қоры едәуір азапқанына қарамастан, баға төмендеп кетті».

Товардың бағасын, сондай-ақ құнын және ақшаның құнын, яғни процент нарқын Оверстон қандай мүләйімдікпен былықтырады десеңізші. 2026-сұраққа берген жауабында Уайли «ақша мектебінің» теориясы жөнінде өзінің жалпы пікірін айтады, бұл теорияға сәйкес 1847 жылғы майда Кардуэлл мен сэр Чарлз Вуд

«1844 жылғы банк заңын толығынан жүзеге асырудың қажеттігін талап етті. Менің ойымша, бұл принциптер былай: олар жасанды түрде ақшаға жоғары құн бітіріп, барлық товарларға жасанды түрде төмен, құзеліс бағасын таңуға тиіс».

Бұдан әрі ол осы банк заңының істің жалпы күйіне тигізетін әсеріне тоқталады:

«Құрама Штаттарына жіберілетін товарларды сатып алғаны үшін көпестер мен банкирлерге фабрикалы қалалар беретін әдеттегі аударылатын вексельдер болып табылатын төрт айлық вексельдерді есепке алу үлкен шығынмен байланысты болатындықтан, заказдарды орындау ісі 25 октябрьдегі үкімет жарлығына дейін едәуір дәрежеде қиын болып келді» (банк заңының күші тоқтатылған кез) «сонан соң осы төрт айлық вексельдерді есепке алуға қайтадан тағы мүмкіндік туды» (2097).

Демек, банк заңы күшінің тоқтатылғаны провинцияда да пәледен құтылу іспетте сезілді.

«2102. Өткен октябрьде» { 1847 ж. } «осында товар сатып алып жүрген американ алушылары түгелінен дерлік дереу заказдарын мүмкін шегіне дейін қысқартты; ал Америкаға ақша қымбаттағаны жайында хабар жеткеннен кейін жаңа заказдар түгел тоқтатылды.— 2134. Астық пен қант төтенше жағдайға тап болды. Астық рыногына егіннің бітімі әсер етті,



қантқа орасан көп қор мен шеттен әкелу әсерін тигізді.— 2163. Америка жөніндегі біздің төлем міндеттемелеріміздің... көбі консигнацияға жөнелтілген товарларды күштеп сату жолымен жойылды, көбі, айтуға аузым бармайды, осында болған банкроттық салдарынан жойылды.—2196. Егер жаңылмасам, біздің фонд биржасында 1847 жылғы октябрьде процент нарқы 70%-ке дейін жетті».

{1837 жылғы дағдарыс, оның ұзаққа созылған зардаптарымен бірге, оған 1842 жылы тағы қанатын кең жайған қосымша дағдарыс [vollständige Nachkrise] ұласқаны, және де өнеркәсіпшілер мен көпестердің өлермен пайдакүнемдік көздегендігі, олар асыра өндірілді дегенге ешбір мойындағысы келмегені — мұның өзі баяғы тұрпайы саяси экономияның айтуынша қисынсыз және мүмкін емес нәрсе ғой!— ақырында, осылардың бәрі келіп ақыл-ой шатасушылығын туғызды да, бұл «ақша мектебі» өз догмасын ұлт көлемінде практика жүзінде қолдануына жол ашты. 1844—1845 жылдардағы банк заңдарын парламент қабылдаған болатын.

1844 жылғы банк заңы Ағылшын банкіні эмиссия бөлімшесі және банк бөлімшесі деп екіге бөлді. Біріншісі қамтамасыздандыруға — көбіне мемлекеттік борыш куәліктері түрінде 14 миллион ф. ст. және бүкіл металл қорын алады, мұның күмісі  $\frac{1}{4}$ -ден артпауға тиіс, сөйтіп осы екеуінің жалпы сомасына банкноттар шығарады. Бұл банкноттар жұрттың қолында болмайтындықтан, банк бөлімшесінде жатады да, күн сайын қажет болатын аз ғана монетамен (бір миллион шамасы) бірге банк бөлімшесінің әрқашан дайын тұратын резервін құрайды. Эмиссия бөлімшесі жұртқа алтынга банкнот және банкнотқа алтын береді; жұртпен болатын басқа операцияларды банк бөлімшесі жүргізеді. 1844 жылы Англия мен Уэльсте өз банкноттарын шығаруға правосы болған жекеше банктердің бұл правосы сақталды, тек олар шығаратын банкноттарға лимит белгіленді; егер мұндай банк өз банкноттарын шығаруын тоқтатса, Ағылшын банкі босаған лимиттің  $\frac{2}{3}$  бөлегіне өзінің орны жабылмаған банкноттарын шығаруға правосы болды; осы жолмен бұл сома 1892 жылы 14 млн. 16 $\frac{1}{2}$  миллион ф. ст. дейін, дәлін айтсақ, 16 450 000 фунт стерлингке дейін артты.

Сөйтіп, банк резервінен кететін әрбір бес фунт алтын орнына эмиссия бөлімшесіне бес фунттық банкнот түседі де, сонда жойылады; резервке түскен әрбір бес соверен орнына айналысқа жаңадан бес фунттық банкнот шығарылады. Мұнымен Оверстонның металл айналысының заңдарына мүлтіксіз дәл бағынады дейтін мінсіз қағаз айналысы іс жүзіне асырылады, осының арқасында, «ақша мектебін» жақтаушылардың тұжырымдарынша, дағдарыс мәңгі-бақи құрды.

Шындығында Банкті бір-біріне тәуелсіз екі бөлімшеге бөлу дирекцияны шешуші кезендерде қолынан келер шаралардың бәрін еркін қолдану мүмкіндігінен айырды, сондықтан мынадай реттер кездесуі ықтимал: банк бөлімшесі банкрот болуға жақын отырғанда эмиссия бөлімшесінде, 14 миллион қамтамасыздандыруды қоспағанда, миллиондаған алтын қозғалыссыз сақтаулы жатады. Ал оның бер жағында істің мұндай күйге ұшырауын оңайлататын мынадай жағдай бар: әрбір дағдарыста дерлік шетке алтынның мықтап кететін кезеңдері болады, оның орнын көбінесе Банктің металл қорымен толтыру керек болады. Бірақ бұл ретте шетке кететін әрбір бес фунттың орнына ішкі айналыстан бес фунттық банкнот алынады, демек, нағыз көп керек болып отырған кезде, оған мұқтаждық барынша қатты болып отырғанда айналыс қаржысының саны кемиді. Сонымен, 1844 жылғы банк заңы бүкіл сауда әлемін дағдарыс бұрқ ете түскен кезеңде дереу банкнот қорын тығып тастауға, демек, дағдарысты тездетіп, ұшықтыра түсуге тікелей итермелейді; осындай шешуші кезеңде ақша қарызына, яғни төлем қаржысына сұранысты жасанды түрде арттыру, сонымен қабат оларды ұсынушылыққа шек қою арқылы бұл заң дағдарыс кезінде процент нарқын құлақ естімеген шыңға шығарады; сөйтіп, дағдарысты жою орнына, бұл заң оны соншалық күшейтеді, мұндайда не бүкіл өнеркәсіп әлемі, не банк заңы күйреуге тиіс. Дағдарыс екі рет, 1847 жылы 25 октябрьде және 12 ноябрьде (1857 ж.) осындай шыңына жетті; сол кезде үкімет 1844 жылғы заңның күшін тоқтатып, Банкті банкнот шығару жөніндегі шектелушіліктен босатты; сөйтіп екі жолы да дағдарысты тоқтатуға осының өзі де жеткілікті болып шықты. 1847 жылы тағы барынша толық қамтамасыздандыруға сүйенетін банкнот алуға мүмкіндік бар деп сенушілік жиналып қалған 4—5 миллион банкнот қорын жарыққа шығарып, айналысқа қайта енгізуге жол ашты; 1857 жылы көрсетілген нормадан тыс 1 миллионнан сәл кем банкнот шығарылды, бірақ тек өте қысқа мерзімге шығарылды.

Бұған қоса мынаны ескерте кету қажет: 1844 жылғы заң қазіргі ғасырдың атышулы алғашқы жиырма жылының — банкноттарды айырбастау тоқтатылып, олардың бағасы түскен кездің зардабынан әлі арылған жоқ. Банкнотқа сенім кетуі мүмкін деп күдіктену мұнда әлі өте айқын сезіледі, мүлде бекер күдік, өйткені 1825 жылдың өзінде-ақ бұрын айналыстан алынып, запаста жатқан бір фунттық ескі банкноттарды шығару арқылы дағдарыс тоқтатылған, сөйтіп тіпті сондағы жаппай және аса күшті сенімсіздік болып отырған кездің өзінде банкнотқа деген сенім шайқалмағаны дәлелден-

ген болатын. Міне бұл әбден түсінікті жәйт: өйткені бұл құн белгісінің артында барлық кредитімен бүкіл ұлт тұр ғой.—  
Ф. Э.]

Банк заңының әсері жайында енді бірнеше жауапты тыңдап көрейік. Дж. Ст. Милль 1844 жылғы банк заңы жалдаптыққа бөгеу салды дейді. Бұл ақылгөй сабаз сәті түсіп, дәл 1857 жылғы 12 июньде сөйлепті. Төрт айдан кейін дағдарыс бұрқ ете түсті. Милль «банк директорларын және жалпы коммерциямен айналысатын жұртты» турадан тура құттықтап, былай дейді:

олар «сауда дағдарысының жаратылысын және жалдаптықты шамадан тыс өршіту өздеріне де, жұртқа да өте үлкен зиян келтіретінін бұрынғыдан енді әлдеқанда жақсы түсінетін болды» (В. С. 1857, № 2031).

Ақылгөй Милль былай түйеді: егер бір фунттық банкноттар,

«жалақы төлейтін фабриканттарға және басқаларға қарыз ретінде шығарылса... онда бұл банкноттар басқа адамдардың да қолына түсіп кетуі мүмкін, мұны олар тұтыну мақсаттарына жұмсайды, міне мұндай ретте банкноттар өзінен өзі товарға сұраныс туғызады, сөйгіп уақытша бағаны көтеру тенденциясына ие болуы мүмкін» [2066].

Демек, Милль мырза алтын орпына қағаз төлейтін болса, онда фабриканттар жалақыны неғұрлым жоғары төлейді деп біле ме? Әлде ол фабрикант қарызды жүз фунттық банкнотпен алып, кейін оны алтынға айырбастаса, онда жалақы тікелей бір фунттық банкнотпен төленгендегі жағдайдан гөрі сұранысты кем туғызады деп ойлай ма? Ал сонда ол, мысалы, кейбір тау-кен округтерінде жалақы жергілікті банктердің банкноттарымен төленгенін, сөйтіп бірнеше жұмысшы бірігіп бір бес фунттық банкнот алып отырғанын білмейтін болғаны ма? Бұл оларға деген сұранысты арттыра ма? Әлде, бәлкім, фабриканттарға банкир ұсақ банкноттармен қарызды әрі оңай, әрі ірі банкноттармен бергеннен көбірек сомаға беретін шығар?

{ Егер саяси экономия жөніндегі бүкіл еңбегі ешбір қайшылықтан шімірікпейтін эклектизм екенін көрсетпесе, Милльдің бір фунттық банкноттардан мұнша ғажап үрейленуін мүлде түсіндіруге болмас еді. Бір жағынан, ол көптеген жәйтте Оверстонға қарсы шығып, Тукке қосылады, екінші жағынан, товарлардың бағасын қолда бар ақша саны белгілейді дегенге сенеді. Демек, басқа жағдайлары бірдей болса, шығарылған әрбір банкнот орнына банктің қорына соверен түсетініне ол тіпті де сенбейді; ол айналыс қаржысының аумағы көбейіп, осының салдарынан бағасыздануы, яғни товардың баға-

сын көтеріп жіберуі мүмкін деп қауіптенеді. Жоғарыда айтылған қауіптенулердің бұркеулі сыры тек осы, басқа түк те емес,— Ф. Э.)

Банктің екі бөлімшеге бөлінуі және банкнот айырбасын қамтамасыз ету жөніндегі шектен тыс қамқорлық туралы Тук лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында төмендегідей пікір айтады (С. D. 1848/57):

1837 және 1839 жылдармен салыстырғанда 1847 жылы процент нарқының неғұрлым күшті ауытқулары тек Банкті екі бөлімшеге бөлуден болды (3010).— Банкноттың қамтамасыздануы 1825 жылы да, 1837 жылы да, 1839 жылы да мызғыған емес (3015)— 1325 жылғы алтынға сұраныстың мақсаты тек провинциялық банктердің бір фунттық банкноттарының беделі толық түсуі салдарынан пайда болған бос қуысты толтыру болды; қашан Ағылшын банкі өз кезегімен бір фунттық банкноттарын шығарғанға дейін бұл бос қуысты тек алтынмен ғана толтыруға болатын еді (3022)— 1825 жылғы ноябрь мен декабрьде шетке шығару жөнінен алтынға титтей де сұраныс байқалған жоқ (3023).

«Ал елдің ішінде және шетелде Банктің беделі түсуіне келсек, мұнда банкнот ауыстыруды тоқтатудан гөрі дивидендтер мен вкладтарды беру ісін тоқтатудың зардабы әлдеқайда ауыр тиген болар еді (3028).

3035. Сіз қалай дейсіз, сайып келгенде банкнот ұсақтығына қауіп туғызатын жағдайдың бәрі коммерциялық күйзеліс кезінде жаңа және елеулі қиыншылықтар туғызар ма еді?— Тіпті де туғызбас еді.

1847 жыл бойына банкноттардың көптеп шығарылғаны, бәлкім, Банктің алтын қорын қайтадан толықтыруға себеп болған шығар, 1825 жылы солай болған (3058)».

Қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 жылғы комиссиясының алдында (В. А. 1857) Ньюмарч былай дейді:

«1357. Осы екі бөлімшені (Банктің) бөліп тастаудың және осыдан келіп алтын қорының сөзсіз бөлінуінің... бірінші зиянды зардабы мынау болды: Ағылшын банкінің банк операциялары, яғни оны елдің саудасымен тікелей байланыстырып отыратын операцияларының барлық саласы бұрынғы қордың тек жарты сомасымен ғана жүргізілетін болды. Қордың осылай бөлінуінің салдарынан банк бөлімшесінің резерві титтей кемісе болғаны, Банк өзінің есепке алу нарқын көтеруге мәжбүр болатын жағдай қалыптасады. Сондықтан резервтің мұндай кемуі есепке алу нарқында бірсыпыра секірмелі өзгерістер туғызды.— 1358. Мұндай өзгерістер 1844 жылдан бері «{1857 жылғы июльге дейін}» 60 шамалы болды, ал 1844 жылға дейін осындай мерзім ішінде 12-ге де жете қоймаса керек».

1811 жылдан Ағылшын банкінің директоры, біраз уақыт бойына басқарушысы болған Палмердің лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында берген жауабы (С. D. 1848/57) ерекше қызықты:

«828. 1825 жылғы декабрьде Банкте шамасы 1 100 000 фунт стерлингтей алтын қалды. Егер осы заң {1844 ж.} «сол кезде де болса, Банк, сөз жоқ, толық банкрот болған болар еді. Менің ойымша, Банк декабрьде

бір аптаның ішінде 5 немесе 6 миллион банкнот шығарды, міне бұл сол кездегі үрейленуді едәуір басты.

825. Егер Банк бір кезде бастаған операциясын ақырына дейін жеткізуге тырысқан болса, онда қазіргі заманғы банк заңы күйреуі ықтимал бірінші кезең» {1825 жылғы 1 июльден кейін} «1837 жылы 28 февральда туды; Банкте ол кезде 3 900 000-нан 4 000 000 дейін ф. ст. болды, сондықтан ол өз резервінде небары 650 000 ф. ст. сақтаған болар еді. Осы кезеңге ұқсас екінші дәуір 1839 жылы болды да, 9 июльден 5 декабрьге дейін созылды.— 826. Бұл ретте резерв мөлшері қандай болды? 5 ноябрьде резерв сомасы 200 000 ф. ст. дефициттен құралды (the reserve was minus altogether 200 000) 5 ноябрьде ол шамамен 1—1½ миллионға дейін өсті.— 830. 1844 жылғы заң 1837 жылы Америкамен сауда жасауға Банктің көмек көрсетуіне бөгет жасаған болар еді.— 831. Американың басты-басты үш фирмасы банкрот болды... Америкамен сауда жасаушы фирмалардың бәрі дерлік кредиттен айрылды, сондықтан егер ол кезде Банк оларға көмек қолын созбаса, онда, менің ойымша, бір немесе екі фирмадан басқасы төтеп бере алмаған болар еді.— 836. 1837 жылғы күйзеліс күйін 1847 жылғы күйзеліс күйімен салыстыруға болмайды. Біріншінің салдары бүтіндей дерлік американдық операциялармен шектелген болатын.— 838. (1837 жылы июньнің бас кезінде Банк дирекциясында күйзеліс күйін қандай шаралармен жеңілдету керек деген мәселе туралы айтыс болды). «Кейбіреулер мынадай пікірді қорғады: ... неғұрлым дұрыс принцип процент нарқын көтеру болса керек, осының нәтижесінде товар бағасы төмендесе керек, қысқасы, ақшаны қымбаттатып, товарды арзандату керек, мұның өзі шетелдік төлемдерден құтылуға да мүмкіндік берсе керек дегенді айтты (by which the foreign payment would be accomplished).— 906. Банктің ескілікті және табиғи шегі бар өкілдігіне, атап айтқанда оның металл қорының шын мөлшерінде болатын өкілдігіне 1844 жылғы заң арқылы жасанды түрде шек қойылғаны істің барысында жасанды қиыншылық туғызды, сөйтіп товар бағасына әсер етті, ал әлгі заң болмаса, бұған ұрынбауға болар еді.— 968. 1844 жылғы заң күшінде тұрғанда әдеттегі жағдайда Банктің металл қорын 9½ миллионнан көп төмендетуге болмайды. Ол баға мен кредитке қысым жасар еді, ал осы қысым өз кезегімен вексель курсы сондайлық өзгертіп, алтын әкелу артар еді де, эмиссия бөлімшесіндегі алтын сомасын көбейткен болар еді.— 996. Қазіргі шектелісте сіз» {Банк} «күмістің қозғалысын басқару мүмкіншілігінен айрылып отырсыз, мұндай мүмкіншілік шетелдік күрске әсер етуге күміс керек кезеңде қажет болады.— 999. Банктің күміс қорын оның металл қорының жалпы сомасының 1/5-дей етіп шек қойған жарлықтың мақсаты не болған?— Бұл сұраққа мен жауап бере алмаймын».

Мақсат ақшаны қымбаттату болған, «ақша мектебі» теориясына қарамастан, баяғы Банкті екі бөлімшеге бөлгенде де және Шотландия мен Ирландия банктеріне белгілі нормадан артық шығарылатын банкноттарды жабу үшін резервте алтын ұстау міндеттемесі жүктелгенде де көзделген мақсат осы еді. Сонымен ұлттық металл қорын бір орталықта болмайтын ету орын теуіп, бұл оның қолайсыз вексель курсы жөндеу қабілетін осалдатты. Төмендегі қарарлардың күллісі процент нарқын көтеруге бағытталған: Ағылшын банкінің 14 миллион фунт стерлингтен артық сомаға банкноттар шығару правосы, оны тек алтын қорымен жабатын болғанда істеу; банк бөлімшесін де әдеттегі банктей басқару, мұны басы ар-

тық ақша бар кезеңдерде процент нарқын төмендету және күйзеліс кездерінде оны көтеру жолымен істеу; Европа континентімен, Азиямен вексель курсы реттеудің басты құралы күміс қорына шек қою; Шотландия мен Ирландия банктері жөніндегі жарлықтар бұл банктер экспорт үшін алтынға\* ешқашан мұқтаж болып көрген емес, ал енді олар банкнот айырбасын қамтамасыздау деген шынында мүлде жалған желеумен алтынды қорда сақтауға тиіс болып отыр. Факт мыңадай: 1844 жылғы заң тұңғыш рет 1857 жылы Шотландия банктерінің алтын талап еткен аттанысын туғызды. Алтынның шетелге және елдің ішіне кетуінің салдары мүлде әрқилы болатыны өзінен өзі түсінікті бола тұрса да, банк заңы бұлардың екеуінің арасына ешқандай айырма қоймайды. Осыдан келіп рыноктық процент нарқында үнемі күшті ауытқулар болады. 992 және 994 сұрақтарға жауап бере келіп Палмер Англия үшін вексель курсы қолайлы болған, демек, басы артық күміс болған ретте ғана Ағылшын банкі банкнотқа күміс сатып ала алады дегенді екі рет көрсетті; оның себебі:

«1003. Металл қорының едәуір бөлігін күмістей ұстаудағы бірден-бір мақсат — ол Англия үшін вексель курсы қолайсыз болған кезеңдерде шетелдік төлемдерді жеңілдету жағын көздеу.— 1004. Күміс дегеніміз товар, ол бүкіл басқа дүние үшін ақша болғандықтан... бұл мақсатқа» (шетелдік төлемдерге) «неғұрлым қолайлы товар болып шықты. Тек Құрама Штаттар ғана соңғы уақытта төлемге ылғи алтын қабылдады».

Оның пікірінше, вексель курсының қолайсыздығы алтынды шетелге аударып әкетпей тұрып, Ағылшын банкінің күйзеліс кездерінде есепке алу нарқын бұрынғы 5% мөлшерінен жоғары көтеруінің қажеті жоқ еді. Егер 1844 жылғы заң болмаса, онда банк өзіне ұсынылған бірінші класты вексельдердің (first class bills) бәрін ешбір қиыншылықсыз есепке ала алған болар еді (1018—1020).

«Бірақ 1844 жылғы заң кезінде және Банктің 1847 жылғы октябрьде болған жағдайы кезінде төлемді тоқтатпау үшін Банк кредитке қабілетті фирмалардан қандай процент талап етсе де оны төлеуге әзір емесі жоқ еді» [1022].

Ал бұл заңның көздеген мақсаты дәл осы жоғары есепке алу нарқы болатын.

«1029. Есепке алу нарқы шетелдік сұранысқа» {асыл металдарға} «жасайтын ықпалын және елдің ішінде кредит тапшылығы кезінде Банкке қысым жасалуына жол бермеу мақсатымен процентті көтеру ісін қатаң ажырата білу қажет деп білемін.— 1023. 1844 жылғы заңға дейін, курс

\* Түп нұсқада. «ақшаға» делінген, Марктің қолжазбасы негізінде түзетілді. *Ред.*

Англия үшін қолайлы кезінде, елдің ішінде абыржушылық, тіпті пағыз үрейлену меңдеп отырса да, банкнот шығаруға ешқандай шек қойылмайтын, әлгі күйзеліс күйін жеңілдете алатын тек осы болатын».

Ағылшын банкінің дирекциясында 39 жыл бойы отырған адам осылай дейді. Ал енді жекеше банкир, 1801 жылдан Спунердің, ағайынды Атвудтардың және олардың сыбайластарының компаниясы болған Туэлсті тыңдап көрелік. Ол өзі қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 жылғы комиссиясы (В. С. 1857) жауап алғандардың ішіндегі елдің шынайы халіне көз жіберуге түрткі болатын және таянып келе жатқан дағдарысты көре білген бірден-бір адам. Басқа жағынан ол Бирмингемнің «little shilling men»<sup>139</sup> мектебінің өкілі, осы мектептің іргесін қалаушы болған өз компаниялары — ағайынды Атвудтармен ауыздас адам (қараңыз: К. Маркс. «Саяси экономия сынына». Берлин [1859], 59-бет<sup>140</sup>). Ол былай дейді:

«4488. Сіздің пікіріңізше, 1844 жылғы заңның ықпалы қандай болды?— Банкир ретінде жауап беруге тиіс болсам, онда мен заң мейлінше жақсы ықпал етті деймін, өйткені ол банкирлер мен әрқилы» { ақшалы } «капиталистерді олжаға молықтырды. Бірақ өз істерін еркін сеніммен жүргізу үшін тұрақты процент нарқына ынтызар болып отырған кәсіп дүниесінің адал да ынталы өкілдеріне бұл заңның нәтижесі өте нашар болды... Заң ақша қарызын беруді барып тұрған пайдалы кәсіп етті.— 4489. Ол» { банк акті } «Лондонның акционерлік банкітерінің акционерлерге 20—22% төлеуіне мүмкіндік бере ме?— Олардың бірі жуырда 18%, ал енді біреуі, менің естуімше, 20% төледі; олардың 1844 жылғы заңды барынша батыл қорғауға негіздері жетіп жатыр.— 4490. Ірі капиталы жоқ ұсақ кәсіп адамдары мен байсалды көпестерді... бұларды ол қатты жәбірлейді... Осылай екеніне көз жеткізу үшін мен олардың төленбей қалған акценттерінің сұмдық көп екенін көріп отырғанымды айтсам да жетіп жатыр. Бұл акцентер қашан да болсын ұсақ келеді, шамамен 20—100 ф. ст., олардың көбі төленбейді, осының салдарынан елдің барлық түкпіріне қайтарылып жатады, міне, бұл әрқашан... ұсақ саудагерлердің күйзеліс күйінде екенінің белгісі болып табылады».

4494. Қазіргі уақытта коммерция жеткілікті пайда бермейді дейді ол. Оның төмендегі ескертулері — маңызды ескертулер, себебі әлі ешкім аңғара қоймаған дағдарысты ол ашылмаған жасырын күйінде көре білген.

«4494. Минсинг-Лейнде әлі баға азды-көпті бір қалпында, бірақ қазірдің өзінде-ақ ештеңе сатылмайды, ешқандай бағаға сатып болмайды; баға номинал күйінде қалып отыр».

4495. Ол мынадай бір жағдайды баяндайды: бір француз Минсинг-Лейндегі делдалға пәлендей бағамен сат деп 3 000 ф. ст. сомаға товарын жібереді. Делдал аталған бағаны таппайды, француз онан арзан сата алмайды. Товар қозғалыссыз жата береді, ал француз ақшаға зәру. Сондықтан делдал

оған мынадай шартпен 1 000 ф. ст. қарыз береді: француз товарды қамтамасыз ету есебіне 3 ай мерзіммен делдалға 1 000 ф. ст. вексель жазады. 3 ай өткеннен кейін төлем мерзімі жетеді, ал товардың әлі де сатылатын түрі жоқ. Енді делдал вексельге төлеуі тиіс, мұның орнын жабатын 3 000 ф. ст. бола тұрса да, онысын сата алмайды, сөйтіп осының салдарынан қиыншылық жағдайға ұшырайды. Осылайша біреуі екіншісін өзімен бірге су түбіне тартады.

4496. «Шетке көптеп шығаруға келсек... егер елдің ішінде іс күйзеліс күйінде болса, онда мұның өзі шетке шығаруды сөзсіз күшейтеді.— 4497. Сіз ел ішіндегі тұтыну кеміді деп олайсыз ба?— *Өте елеулі... төтенше кеміді...* бұл жөнінде ұсақ саудагерлер ең мықты айғақ болып табылады.— 4498. Солай дегенмен де шеттен әкелу өте көп; мұның өзі тұтыну күштілігін көрсетпей ме?— Әрине, *егер тек сіздің сатуға мүлкіншілігіңіз болса*; бірақ көптеген товар қоймаларында бұл заттар сыймай жатыр, мен жаңа ғана келтірген мысалдағы 3 000 ф. ст. товар импортпен келген болатын, сатылмай қалды.

4514. Егер ақша қымбат болса, сіз айтыңызшы, мұндай ретте капитал арзан бола ма?— Иә, арзан болады».

Демек, бұл адам Оверстонның пікірін тіпті де мақұлдамайды, процент нарқының жоғарылығы капиталдың қымбаттағанымен бірдей демейді.

Енді іс қалай жүргізіліп жатыр:

4616. «Бағзы біреулер мықтап әуестеніп алған, шеттен әкелу мен шетке шығару жөнінде құлашты кең сермейді, ісі капиталының шама-шарқынан әлдеқайда асып жатады,— бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Олардың ісі онынан шығуы да мүмкін, қайсыбір сәтті жағдай кездесіп олардың мол олжаға қарық болуы, сөйтіп барлық жұртпен есеп айыруы мүмкін. Қазіргі уақытта істің едәуір бөлігін жүргізу жүйесі көп ретте осылай болып келеді. Мұндай адамдар бір рет товар жөнелтуде 20%, 30%, 40% жоғалтуға іркілмей барады; келесі операция оларға жоғалтқанының бәрін қайтаруы мүмкін. Ал егер ондайлар қатарынан екі рет сәтсіздікке ұшыраса, онда біткені; кейінгі кезде дәл осындай жағдайды біз өте жиі көріп жүрміз; сауда фирмалары активінде жалғыз шиллинг қалдырмай, банкрот болуда.

4791. «Төмен процент нарқы» {соңғы 10 жылда} «қалай дегенмен де банкирлерге қолайлы емес, бірақ сауда кітабын көрсетпейінше, қазіргі пайда» {оның өз пайдасы} «бұрынғы кездегіден қаншалықты жоғары екенін сіздерге түсіндіру маған өте қиын соғады. Банкноттың шамадан тыс көп шығарылуы салдарынан процент нарқы төмендеген кезде бізде сдәуір вклад сомасы болады; егер процент нарқы жоғары болса, бұл бізге тікелей пайда келтіреді.— 4794. Егер бір жөн процент нарқымен ақша алуға болатын болса, бізде оған сұраныс үлкен болады; біз қарызды көп береміз; бұл реттегі» {біздер, банкирлер үшін} «нәтиже осылай. Егер процент нарқы көтеріле түссе, біз қарыз бергеніміз үшін әділ тиесінін гөрі көбірек аламыз; алуға тиісті мөлшерден артық аламыз».

Біздің бұрын көргеніміздей, істі жете біледі деген адамдардың бәрі Ағылшын банкінің кредит банкноты сенімді деп



есептейді. Осыған қарамастан, банк заңы олардың айырбасын қамтамасыздауға арнап абсолют түрде 9-дан 10 миллионға дейін алтын бекітіп қояды. Бұл қазынаның қол сұғылмас қасиеттілігі бұрынғы уақыттағы қазна жинаушылардан мүлде басқаша қорғалады. У. Браун (Ливерпуль) лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында жауап берген (С. D. 1848/57).

«2311. Бұл ақшаның {эмиссия бөлімшесінің металл қоры} «ол кезде келтірген пайдасына келсек, онда бұл ақшаны теңізге ағызып жіберуге болатын еді, онан ешбір зиян келмес еді; неге десеңіз, олардың тіпті болмашы бөлегінің өзін парламент заңын бұзбайынша, айналысқа салуға болмайтын еді».

Біз жоғарыда жауабынан үзінді келтірген, құрылыс өнеркәсібінің кәсіпкері Э. Кэпс Лондонның қазіргі заманғы құрылыс жүйесін баяндағанда берген жауабын пайдаланған кісіміз («Капитал», II кітап, XII тарау<sup>141</sup>) 1844 жылғы банк заңы жайындағы пікірін төмендегіше түйеді (В. А. 1857).

«5508. Демек, жалпы алғанда сіз қазіргі система» {банк заңы} мезгіл-мезгіл өнеркәсіптің пайдасын өсімқордың қалтасына салып отырудың өте бір шебер құралы болып табылады деген пікірdesіз ғой?— Дұрыс, менің пікірім солай. Мен құрылыс ісінде ықпал солай болғанын білсін».

Жоғарыда айтылғанындай, Шотландия банктері 1844 жылғы заң бойынша ағылшын системасына жақын система қабылдауға мәжбүр болды. Оларға әрбір банк үшін белгіленген сомадан артық шығарылатын банкнотты жабатын алтын ұстау міндеттемесі жүктелді. Мұның салдары қалай болғаны лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында берілген төмендегі жауаптардан айқын көрінеді (С. D. 1848/57).

Шотландия банктерінің бірінің басқарушысы Кеннеди жауабында былай дейді:

«3375 1845 жылғы заңды қолданудан бұрын Шотландияда алтын айналысы деп атауға тұрарлықтай бірдеңелер бар ма еді?— Ондай ешнәрсе жоқ болатын.— 3376. Ал сол уақыттан бергі жерде айналыстағы алтын мөлшері артты ма?— Түк те артқан жоқ; жұрт алтынды ұнатпайды (the people dislike gold)».

3450. Шотландия банктері 1845 жылдан бастап қорда ұстауға тиісті болған 900 000-ға шамалас ф. ст., оның пікірінше, кілең зиян келтіреді, өйткені

«Шотландия капиталының едәуір бөлігін пайдасыз жұтуда».

Одан әрі Union Bank of Scotland басқарушысы Андерсонның жауаптары келеді:

«3588. Шотландия банктері тарапынан Ағылшын банкіне бір-ақ рет алтын жөнінен күшті талап қойылған, оның өзі шетел вексель курсының ықпалымен болған ғой?— Әбден дұрыс айтасыз; ал біз Эдинбургте алтын ұстағанымыздаң бұл сұраныс кеміген жоқ.— 3590. Әзірше Ағылшын банкіндегі» (немесе Англияның жекеше банктеріндегі) «біздің бағалы қағаздарымыздың сомасы баяғы қалпында, бізде Ағылшын банкінен алтын кетуін туғызу мүмкіндігі бұрын қандай болып келсе, әлі де тап сондай».

Қорытындыда «Economist» журналының тағы бір мақаласынан (Уилсонның) үзінді келтірейік:

«Шотландия банктері қолдағы басы артық ақшасын өздерінің Лондондағы агенттерінде ұстайды; ал олар мұны Ағылшын банкіде ұстайды. Мұның өзі Шотландия банктерінің осы сома шеңберінде ағылшын банкінің нақты металын ұстауына мүмкіндік береді, мұнда да ол ақша шетелдік төлемдер жасау керек болғанда әрқашан дайын тұрады». 1845 жылғы заң бұл системаны бұзды. «1845 жылғы Шотланд заңы нәтижесінде соңғы кезде ағылшын банкінен алтын монетасы қатты кететін болып жүр, бұл өзі Шотландияда бар болғаны тек потенциал сұранысты қанағаттандыру үшін істеледі, шындығында ол сұраныс, тегі, ешқашан болмауы да мүмкін... Сол уақыттан бері едәуір сома Шотландияға әрдайым бекітіліп қойылады, ал енді бір едәуір сома Лондон мен Шотландия арасында үнемі ерсілі-қарсылы сапар шегумен жүреді. Егер Шотландияның банкирі өз банкноттарына сұраныс күшейетін кезең туатынын байқаса, онда Лондоннан бір жәшік алтын жіберіледі; ал бұл кезең өткен екен, әдетте баяғы жәшік тіпті ашылмастан Лондонға қайта жөнелтіледі» («Economist», 1847 жылғы 23 октябрь [1214—1215-беттер]).

{ Осының бәрі жайында банк заңының атасы банкир Самюэл Джонс Лойд, *alias*\* лорд Оверстон не айтады?

Ол сонау 1848 жылдың өзінде-ақ лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі комиссиясының алдында мынаны қайталап айтқан болатын (С. D. 1848/57),

«капитал тапшылығынан туған ақша жөніндегі қысылшаң жағдай мен процент нарқының жоғарылығын банкнот шығаруды күшейту жолымен жеңілдетуге болмайды» (1514),

әйтсе де, үкіметтің 1847 жылғы 25 октябрьдегі указы бойынша банкнот шығаруды арттыруға рұқсат берілуінің өзі-ақ дағдарыстың қатаңдығын жоюға жеткілікті болған еді.

Ол былай деп есептейді:

«жоғары процент нарқы мен фабрика өнеркәсібінің күйзеліс күйі өнеркәсіп пен коммерция мақсаттарына қолданылатын заттай капитал азаюының сөзсіз нәтижесі болып табылады» (1604).

\* — басқаша айтқанда. Ред.

Ал оның бер жағында фабрика өнеркәсібінің күйзеліс күйі бірқатар айлар бойы дәл мынадан көрінді: заттай товар капиталы өту таппай, қоймаларда асып төгілді, міне сондықтан да зат күйіндегі өндіргіш капитал түгелдей немесе жартылай жұмсаусыз жатты, бұл сатып алушысы жоқ товар капиталын онан сайын көп шығармау үшін істелді.

Қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі 1857 жылғы комиссиясы алдында ол мынаны айтты:

«1844 жылғы заңның негізгі ережелерін қатаң және дәл орындаудың арқасында барлық нәрсе рет-ретімен және оңай істелді, ақша системасы берік те сенімді, елдің көркеюі талассыз қоғамның 1844 жылғы заңға деген сенімі күн сайын өсуде, ал егер комиссия бұл заңға негізделіп отырған принциптердің және ол қамтамасыз етіп отырған игілікті нәтижелердің беріктігінің практикалық дәлелдерін одан әрі білгісі келсе, онда дұрыс та жеткілікті жауап мынадай: айналаңызға көз салыңыз, еліміздегі істің бүгінгі күйін қараңыз, халықтың ризалығына қараңыз, қоғамның барлық табының байлығы мен гүлденуіне қараңыз. Осы кеңеске құлақ қойса, комиссия осындай табыстарға жеткізіп отырған заңның бұдан әрі күшінде болуына бөгет жасауға тиіс пе, жоқ па деген мәселені шеше алады» (В. С. 1857, № 4189).

Оверстонның 14 июльде комиссия алдында шерткен осы дифирамбаға берілген жауап 12 ноябрьде Банктің дирекциясына жазылған хат болды, үкімет әлі де болса қорғап қалуға болатын нәрсені қорғау үшін осы хатпен 1844 жылғы керемет киелі заңның күшін тоқтатты.— *Ф. Э.* }

## ОТЫЗ БЕСІНШІ ТАРАУ

## АСЫЛ МЕТАЛЛ ЖӘНЕ ВЕКСЕЛЬ КУРСЫ

## 1. АЛТЫН ҚОРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Күйзеліс кезеңдерінде банкноттың қалай жиналатынына келсек, бұл арада қазынаның асыл металл түрінде құралуының қайталанатынын, ал мұның өзі қоғамның өмір сүруінің ең алғашқы сатыларында болған үрейлі күндерде байқалғанын атап кеткен жөн. 1844 жылғы акті әсерінің маңызды болатын себебі: бұл акті елдегі асыл металдың бәрін айналыс қаржысына айналдыруға тырысады; бұл акті алтынның қолдан шығуын айналыс қаржысы мөлшерінің азаюымен, алтынның ағылып келуін оның көбеюімен бірдей дегісі келеді. Актіні қолдану тәжірибесінде мұның керісінше екені дәлелденді. Қазір біз тоқталатын бір ғана ерекше жағдайдан басқа уақытта, Ағылшын банкісінің айналымдағы банкнотының аумағы Банкінің оны шығаруға правосы болған кездегі максимумға 1844 жылдан кейінгі жерде ешқашан жеткен емес. Ал 1857 жылғы дағдарыс, екінші жағынан, белгілі бір жағдайларда бұл максимумның өзі де жеткіліксіз екенін көрсетті. 1857 жылғы 13 ноябрьден 30 ноябрьге дейін айналыстағы банкнот орта есеппен күн сайын бұл максимумнан 488 830 ф. ст. көп болды (В. А. 1858, XI бет). Ол кезде заңды максимум 14 475 000 ф. ст. және оған Банкінің подвалында жатқан металл қорын қосқан сомаға тең болды.

Асыл металдың ағылып келуі мен қолдан шығуы жөнінде мынаны атап көрсету қажет:

*Біріншіден*, бір жағынан, алтын мен күміс өндірмейтін сала шеңберіндегі металл қозғалысын, екінші жағынан, алтын мен күмістің өндіретін жерлерден әр түрлі басқа елдерге ауысуын және осы қосымша металдың әлгі елдер арасында бөлінуін ажырата білу керек.

Үстіміздегі ғасырдың басынан бастап — Россия, Калифорния және Австралия алтын кендері әсерін тигізгенге дейін — алтын мен күмістің кірісі тозған монетаның орнын толтыруға, бұл металдардан сән-салтанат бұйымдарын жасауға ғана және Азияға күміс шығаруға ғана жетіп тұрды.

Алайда Америка мен Европаның азиялық саудасы өскеннен бері, біріншіден, Азияға күміс шығару өте-мөте ұлғайды. Европадан шығарылған күмістің едәуір бөлігі қосымша алтынмен толтырылды. Бұдан әрі, жаңадан ағылып келетін алтынның біразы ішкі ақша айналысына кетіп отырды. 1857 жылға дейін шамамен қосымша алтынның 30 миллионы Англияның ішкі айналысына түсті деп есептейді<sup>14)</sup>. Сонан соң, 1844 жылдан кейін Европа мен Солтүстік Американың барлық орталық банкілерінде металл қорларының орташа дәрежесі артты. Сонымен бірге ішкі ақша айналысының өсуі үрейленушіліктен кейін туатын тыныштық кезеңінде банк қорының жедел өсе бастауына алып келді, өйткені ішкі айналыстан ығыстырылып, тұрақтылыққа айналдырылған алтын монетаның аумағы артты. Ақырында, алтынның жаңа кендері ашылғаннан кейін сән-салтанат бұйымдарын жасауға асыл металды тұтыну артты, бұл байлықтың өскендігінің әсері еді.

*Екіншіден*, алтын мен күміс өндірмейтін елдер арасында асыл металл үнемі әрі-бері ауысып отырады; белгілі бір ел алтынды үнемі өзіне алып келіп отырса, соншалық мөлшерде оны үнемі сыртқа шығарып отырады. Сайып келгенде, ағылып келудің немесе қолдан шығудың болу-болмауын қозғалыстың бір жаққа басым болуы ғана шешеді, өйткені таза ауытқушылық және көбінесе қосарлы қозғалыстар көбінесе өзара бейтараптанады. Бірақ нақ осы себепті, ақырғы нәтижеге көңіл аударылатындықтан, екі қозғалыстың үздіксіздігі және жалпы алғанда қосарлана болып жататыны ескерілмейді. Сөйтіп, істің мәні әрқашан асыл металдың артық әкелінуі немесе сыртқа артық шығарылуы дегеніміз товардың әкелінуі мен сыртқа шығарылуы арасындағы арасалмақтың нәтижесі және соның көрінісі-міс деп қана түсініледі, ал шынында мұның өзі сонымен бірге асыл металдың өзінің товар саудасына тәуелсіз түрде әкелінуі мен сыртқа шығарылуының арасындағы арасалмақты бейнелейді.

*Үшіншіден*, әкелудің сыртқа шығарудан басым болуы және сыртқа шығарудың әкелуден басым болуы орталық бан-

---

<sup>14)</sup> Мұның ақша рыногына қалай әсер еткені Ньюмарчтің мына жауабынан көрінеді: «1509. Жұртшылықтың арасында 1853 жылдың аяғына қарай қауіптену күшті болды; сентябрьде Ағылшын банкісі есепке алу нарқын қатарынан үш рет арттырды... Октябрьдің алғашқы күндерінде жұртшылық арасында қатты абыржушылық пен үрейлену байқалды. Бұл үрейленушілік пен абыржушылық ноябрьдің аяғында едәуір басылды, ал Австралиядан 5 000 000 ф. ст. асыл металдың келуімен мүлде дерлік жойылды. 1854 жылғы күзде, октябрь мен ноябрьде 6 000 000 ф. ст. дерлік асыл металл алынған кезде де дәл осылай болды. 1855 жылғы күзде де,— жұртқа мәлім, мұның өзі қарбалас және абыржушылық кезең еді.— сентябрь, октябрь мен ноябрь ішінде 8 000 000 ф. ст. шамасы асыл металдың келіп түсуіне байланысты да дәл әлгіндей болды; 1856 жылдың аяғында біз тағы да осыны көреміз. Қысқасы, мен мұны дәлелдеу үшін комиссияның әрбір мүшесінің дерлік тәжірибесіне сүйене алар едім: біз әрбір финанс қиыншылығы кезінде алтын тиелген кемеңіз келуінен көмектің табиғи және негізгі тәсілін көруге үйрендік» [В. А. 1857].

кілердің металл қорының жалпы артуымен немесе азаюымен өлшенеді. Бұл өлшемнің мейлінше дәл немесе шамалап қана дәл болуы, ең алдымен, әрине, банк ісінің жалпы қаншалықты орталықтанғанына байланысты. Өйткені ұлттық банк дейтінде жинақталған асыл металдың жалпы алғанда қаншалықты дәрежеде ұлттық қор болып табылатындығы осыған байланысты. Бірақ, мұның өзі тіпті осылай болғанның өзінде де, көрсетілген өлшем дегенмен дәл емес, өйткені белгілі бір жағдайларда қосымша әкелінетін асыл металды ішкі айналыс және сән-салтанат бұйымдарын жасау үшін алтынды немесе күмісті қолданудың өсуі жалмап қояды, оның үстіне, қосымша әкелінбей-ақ алтын ішкі айналысқа жұмсалынуы мүмкін, олай болса, металл қорының сыртқа шығарылуы арtpай-ақ кемі беруі де ықтимал.

*Төртіншіден*, егер қозғалыс ұзақ уақыт азаю жағына ойысатын болса, металл сыртқа шығару қолдан шығу формасын алады (grain), сондықтан азаю қозғалыстың жалпы тенденциясына айналады және банкінің металл қоры өзінің орташа минимумына жеткенге дейін орташа дәрежеден едәуір төмен құлдырай береді. Бұл орташа минимум азды-көпті өз бетімен белгіленеді, өйткені банкнотты, т. б. айырбастауды жабу мөлшерін белгілейтін заңдар әр ретінде әр түрлі болып шығады. Мұндай қолдан шығудың Англияда болуы ықтимал сандық шектері жөнінде Ньюмарч 1857 жылғы қауымдар палатасының банк заңдары жөніндегі комиссиясы алдында былай дейді (В. А. 1857, № 1494):

«Егер тәжірибеге сүйеніп пікір айтатын болсақ, онда металдың қолдан шығып кетуі шетелмен жасалған келісімдердегі қайсыбір ауытқу себепті 3 000 000 немесе 4 000 000 фунт стерлингтен асып түсуі мүмкін деу шындыққа мүлдем жанаспайтын болып шығады.»

Ағылшын банкісіндегі алтын қорының 1847 жылы 23 октябрьде болған ең төмен дәрежесі 1846 жылғы 26 декабрьмен салыстырғанда 5 198 156 ф. ст. азайғанын, ал 1846 жылғы (29 август) ең жоғарғы дәрежемен салыстырғанда 6 453 748 фунт стерлингке азайғанын көрсетеді.

*Бесіншіден*, ұлттық банк дейтіннің металл резервінің міндеті металл қорының мөлшерін реттеп отыратын бірден-бір тетік болу ғана емес, өйткені бұл резерв елдің ішкі немесе сыртқы істеріндегі жай кідірістің себебінен өсіп кетуі мүмкін; сөйтіп металл резервінің міндеті үш түрлі болады: 1) Халықаралық төлемдер үшін керекті резерв қоры болу, қысқасы, дүние жүзілік ақшаның резерв қоры болу. 2) Оқтын-оқтын ұлғайып немесе азайып отыратын ішкі металл айналысы

үшін керекті резерв қоры болу. 3) Вкладтар бойынша төлемдер үшін және банкнотты айырбастау үшін керекті резерв қоры болу, мұның өзі банкінің функциясымен байланысты, бірақ ақшаның функцияларына ешбір қатысы жоқ. Сондықтан металл қорына әлгі үш функцияның әрқайсысына қатысты қатынастар әсер етуі мүмкін, демек, металл қоры мынадай әсерге душар болуы мүмкін: халықаралық қор ретінде — төлем балансы әсер етеді, бұл төлем балансы қандай себептермен белгіленбесін және оның сауда балансына қатысы қандай болмасын, бәрібір; ішкі металл айналысының резерв қоры ретінде металл қоры өзінің ұлғаюының немесе азаюының әсеріне душар болуы мүмкін. Үшінші функция, қамтамасыз ету қорының функциясы, расында, металл резервінің дербес қозғалысын туғызбайды, дегенмен екіжақты әсер етеді. Егер ішкі айналыста металл ақшаның (демек, күміс құн өлшемі болып табылатын елдердегі күміс монеттің де) орнына жүретін банкноттар шығарылса, онда резерв қорының 2-пунктте көрсетілген функциясы керексіз болады. Сөйтіп асыл металдың бұл мақсат үшін қызмет еткен бір бөлегі ұзақ уақытқа шетелге қолдан шығып кететін болады. Бұл ретте металл ақша ішкі айналыс мақсаты үшін банкіден алынбайды және сонымен бірге айналыстағы металл ақшаның бір бөлегін тұрақтылыққа айналдыру жолымен металл қорын оқтып-оқтын көбейту қажеттігі де жойылады. Бұдан әрі, егер вкладтарды төлеу үшін және банкнотты айырбастау үшін металдың белгілі бір минимумын резервте сақтау барлық жағдайда қажет болса, онда мұның өзі алтынның ағылып келуі мен қолдан шығып кетуінің зардабына ерекше түрде әсер етеді; мұның өзі барлық жағдайда банк ұстауға міндетті резерв бөлігіне, немесе оның кейбір кездерде пайдасыз бөлік ретінде өзі құтылуға ұмтылатын бөлігіне әсер етеді. Таза металл айналысы кезінде және банк ісінің шоғырлануы кезінде банк сондай-ақ өзінің металл резервін өз вкладтарын төлеу үшін керекті кепілдеме деп қарауға тиіс болар еді, ал алтын кеміген ретте 1857 жылы Гамбургте болған үрейленушілік тәрізді үрейленушілік туар еді.

*Алтыншыдан*, тек 1837 жылды қоспағанда, нағыз дағдарыс әрқашан вексель курсы өзгергеннен кейін, яғни асыл металды әкелу оны сыртқа шығарудан тағы басым бола бастаған кезде туып отырды.

1825 жылы болған нағыз күйреу алтынның қолдан шығып кетуі тоқталғаннан кейін басталды. 1839 жылы да алтын қолдан шықты, бірақ ол күйреуге душар еткен жоқ. 1847 жылы алтынның қолдан шығып кетуі апрельде тоқталды, ал күйреу октябрьде басталды. 1857 жылы алтынның қолдан шетке шы-

ғып кетуі ноябрьдің басында тоқталды, ал кейінірек, ноябрьде күйреу басталды.

Мұның өзі 1847 жылғы дағдарыста, алтынның қолдан шығып кетуі тіпті апрельде тоқталған кезде, ерекше айқын көрініп, алғашқы біршама жеңіл дағдарысты туғызды, ал шын мәнінде сауда дағдарысы соған соң октябрьде ғана бұрқ етті.

Төменде келтіріліп отырған жауаптар лордтар палатасының 1847 жылғы сауда дағдарысы жөніндегі құпия комиссиясы алдында берілген жауаптар; куәлардың жауаптары (evidence) тек 1857 жылы ғана басылды (біз бұл жауаптарды бұрын көрсеткенбіз: С. D. 1848/57).

Туктің жауаптары:

1847 жылғы апрельде күйзеліс жағдай туып, ол жағдай, шынын айтқанда, үрейленушілікке бара-бар болды, бірақ біршама аз уақытқа созылды да, пәлендей бір елеулі коммерциялық күйреушілік туғызбады. Октябрьде күйзеліс жағдай апрельдегіден әлдеқайда күштірек болды, сөйтіп құлақ есітіп көрмеген мөлшерде күйреушіліктер етек алды (2996).— Апрельде вексель курсы—әсіресе Америка жөнінде—өте-мөте зор импортты төлеу үшін керекті алтынды едәуір мөлшерде сыртқа шығаруға бізді мәжбүр етті; тек қана барынша күш-жігер жұмсау арқылы Банк алтынның қолдан шығып кетуін тоқтатып, курстің артуына жетті (2997).— Октябрьде вексель курсы Англия үшін қолайлы болды (2998).— Вексель курсының өзгеруі апрельдің үшінші аптасында басталды (3000).— Вексель курсының ауытқулары июль мен август айларында болды; августтың басынан бастап вексель курсы Англия үшін үнемі қолайлы болды (3001).— Алтынның августағы қолдан шығуы ішкі айналыстың мұқтаждықтарынан туды (3003).

Ағылшын банкісінің басқарушысы Дж. Моррис былай деп көрсетеді:

Вексель курсы 1847 жылғы августан бастап Англия үшін қолайлы болып, осы себепті сырттан алтын әкелінгеніне қарамастан, банкінің металл қоры азайды.

«Ішкі қажетке керек болғандықтан 2 200 000 ф. ст. алтын Банкіден айналысқа кетті» (137).— Бұған себеп, «бір жағынан, темір жол құрылысында істейтін жұмысшылар саны көбейді... екінші жағынан, банкирлер дағдарыс кезінде өз алтын қоры болуын қалады» (147).

Ағылшын банкісінің бұрынғы басқарушысы және 1811 жылдан директоры Палмер былай деп көрсетеді:

«684. 1847 жылғы апрельдің жартысынан бастап 1844 жылғы банк актісінің тоқталған күніне дейінгі уақыт ішінде вексель курстары Англия үшін қолайлы болды».

Демек, 1847 жылғы апрельде металдың қолдан шығып кетуі—дербес ақша үрейшілігін туғызған қолдан шығып кетуі—бұл арада, сондай-ақ барлық жерде де, дағдарыстың нышаны ғана болды және кері қозғалыс бұл дағдарыстың бұрқ етуінен гөрі ерте басталды. 1839 жылы істің күшті күй-



зелісі жағдайында астыққа және т. с. төлеу үшін керекті металл едәуір дәрежеде қолдан шықты — алайда дағдарыс пен ақша үрейшілігі болған жоқ.

*Жетіншіден*, жалпы дағдарыс аяқталысымен, алтын мен күміс — асыл металды өндіретін елдерден оның жаңадан келуін былай қойғанда — өзара тепе-тең жағдайдағы әр түрлі елдердің ерекше қазынасы ретінде болған арасалмақ мөлшерінде қайта бөлінеді. Басқа жағдайлары бірдей болған күнде әр ел қазынасының біршама мөлшері оның дүние жүзілік рыноктағы ролі арқылы белгіленеді. Нормадан артық асыл металы бар елден бұл асыл металдар басқа елдерге шығады; бұл ағылып келу мен сыртқа кету түрлі ұлттардың арасында қазынаның алғашқы бөлінуін ғана қалпына келтіреді. Алайда бұлай қайта бөліну вексель курстарын баяндағанда айтылатын түрлі жағдайлардың әсерімен жүзеге асады. Қалыпты бөліс қайтадан қалпына келтірілісімен-ақ әуелі өсу байқалады, сонан соң жаңадан қолдан шығып кетуі басталады. { Бұл соңғы жағдайдың дүние жүзілік ақша рыногының орталығы ретінде Англияға ғана қатысты екені өзінен өзі түсінікті. *Ф. Э.* }

*Сегізіншіден*, металдың қолдан шығып кетуі көбінесе сыртқы сауда жағдайындағы өзгерістердің белгілері болып табылады, ал бұл өзгеріс дағдарыстың пісіп келе жатқанының белгісі<sup>15)</sup>.

*Тоғызыншыдан*, төлем балансы Азия үшін қолайлы, ал Европа мен Америка үшін қолайсыз болуы мүмкін<sup>16)</sup>.

Асыл металл сырттан көбінесе мына екі ретте әкелінуі мүмкін. Бір жағынан, төмен процент нарқының бірінші фазасында; мұның өзі дағдарысқа ілесе болады да, өндірістің қысқаруын бейнелейді, ал сонан кейін екінші фазада процесстің нарқы жоғарылаған шақта, бірақ өзінің орташа дәрежесіне әлі жетпеген кезде болады. Бұл фаза — капиталдың кері ағылып келуі оңай жасалып, коммерциялық кредит зор қанат

<sup>15)</sup> Ньюмарчтың айтуынша, алтынның шетелге шығып кетуі үш түрлі себептен тууы мүмкін, атап айтқанда: 1) таза коммерциялық себептерден, яғни затты әкелудің сыртқа шығарудан артып кетуі салдарынан тууы мүмкін, 1836 және 1844 жылдар арасында осылай болды, сонан соң тағы да 1847 жылы негізінен астықты көптеп алып келу салдарынан осылай болды; 2) ағылшын капиталын шетелде жұмсау үшін керекті қаржы жинау қажеттігінен тууы мүмкін, мысалы, 1857 жылы Үндістанда темір жол салу үшін де осылай болды; ал 3) шетелде жұмсалған шығындардың қайтауы себепті тууы мүмкін, мысалы, 1853 және 1854 жылдары Шығыстағы соғыс мақсаттары үшін осылай болды.

<sup>16)</sup> 1918. Ньюмарч. «Егер сіз Индия мен Қытайды бірге алсаңыз, егер сіз Индия мен Австралия арасындағы соманы және Қытай мен Құрама Штаттар арасындағы онан да маңызды сомаларды еске алатын болсаңыз,— ал бұл реттерде келісімдер үш жақты келісімдер болып табылады және ақтық есептер біздің делдалдығымызбен жасалады...— онда сауда балансы Англияға ғана емес, сондай-ақ Франция мен Құрама Штаттарға да қарсы екені дұрыс болып шығады» (В. А. 1837).

жайып, сондықтан қарыз капиталын керексіну өндірістің кеңеюінен гөрі баяуырақ өсетін кездегі фаза. Бұл екі фазада қарыз капиталы біршама мол болған жағдайда алтын мен күміс формасында, яғни қарыз капиталы ретінде ғана тікелей қызмет ете алатын формада капиталдың шамадан тыс көп ағылып келуі проценттің нарқына едәуір ықпал етуі тиіс, сөйтіп бүкіл кәсіпкерлік тіршіліктің дәйектілігіне де ықпал етуге тиіс.

Екінші жағынан, асыл металдың қолдан шығып кетуі — едәуір мөлшерде үздіксіз сыртқа шығарылуы — енді асыл металдың жаңадан келіп түсуі болмай, рыноктар лық толып, жалған өрлеу тек кредитпен ғана сүйемелденіп отырғанда басталады; демек, қарыз капиталын өте-мөте күшті керек етушілік қазірдің өзінде болып отырғанда, сол себепті процент нарқы кем дегенде өзінің орташа дәрежесіне жеткенде басталады. Мұндай жағдайда, асыл металдың қолдау шығуынан көрінетін әлгі жағдайларда капиталдың қарыз ақша капиталы ретінде тікелей өмір сүретін формада үздіксіз ағылып кетуінің әсері күшейеді. Мұның өзі проценттің нарқына тікелей әсер етуге тиіс. Бірақ кредит операцияларын тежеудің орнына, процент нарқының артуы ол операцияларды кеңейтіп, олардың барлық көмекші қаржыларының ауыр халге ұшырауына душар етеді. Сондықтан мұндай кезең күйреуге бастайды.

Ньюмарчке сұрақ қойылады (В. А. 1857):

«1520. Сонымен, айналыстағы вексельдер мөлшері процент нарқымен бірге арта ма? — Сірә, солай болу керек.— 1522. Әдеттегі тыныш уақытта басты кітап нағыз айырбас құралы болады; бірақ қиыншылық туған кезде, мысалы, мен көрсеткен жағдайларда банкінің есептеу нарқы көтерілгенде... операциялар өзінен өзі вексельдер жазып беруге айналады; бұл вексельдер жасалған келісімнің заңды дәлелі болу үшін жарамды ғана болып қоймайды; сондай-ақ, ол вексельдер бұдан әрі заттар сатып алу үшін де өте қолайлы және ең алдымен капитал алудың кредит қаржысы ретінде жарамды».

Бұған тағы мына жағдай қосылады: азды-көпті қауіпті жағдайларда банк өзінің есепке алу нарқын көтереді екен,— сонымен қатар бұған байланысты банктің өзі есепке алатын вексельдердің мерзімін тежеуі ықтимал болады,— онда мұның өзі *crescendo*\* болады деген жаппай қауіптенуді туғызады. Сондықтан әрбір адам, ең алдымен кредит сабазы, болашақты ескеріп, қазіргі кезеңде кредит қаржысын өзінің қорына мүмкіндігінше көбірек түсіруге ұмтылады. Сонымен, жоғарыда көрсетілген себептерден мынадай қорытынды шы-

\* — еселенген күшпен. *Ред.*

ғады: сырттан әкелінген, сондай-ақ сыртқа шығарылған асыл металдың бір ғана мөлшері ақша формасындағы капитал есепті асыл металдың ерекше сипаты арқасында өз әсерін тигізеді, ал екінші жағынан, ол таразының табағындағы жүкке қоса қойғанда, оның басып бір жаққа басып әкететін қауырсын секілді әсер етеді; ол мөлшер екі жақтың біріне қосылған үстеме атаулының шешуші маңызы бар жағдайларда болатындықтан әсер етеді. Бұл себептерсіз, алтынның қолдан шығып кетуінің, айталық, 5—8 млн. ф. ст. сомасына елеулі түрде қалайша әсер ететіні мүлде түсініксіз болар еді, ал тәжірибеге қарағанда, осыған дейін бұл шектен асқан емес; капиталдың бұлай болмашы өсуі немесе болмашы кемуі, Англияда орта есеппен айналыс жасайтын тіпті 70 миллион алтынмен салыстырғанда, мүлде болмашы нәрсе және ағылшын өндірісі тәрізді өндіріс мөлшері жағдайында, әрине, тым аз мөлшер болып табылады<sup>17)</sup>. Бірақ, бір жағынан, бүкіл ақша капиталын өндіріске қызмет өткізуге ұмтылатын (немесе, мұның өзі барлық ақша табысын капиталға айналдыру ісіне ұмтылуға келіп тіреледі), екінші жағынан, циклдің белгілі бір фазасында металл резервін оның үлесіне тиетін функцияларды бұдан әрі орындай алмайтындай минимумға жеткізетін кредит және банк системасының нақ осы дамуы — бүкіл организмнің шамадан тыс сезімталдығын туғызады. Өндіріс дамуының неғұрлым төменгі сатысында металл қорының оның орташа мөлшерімен салыстырғанда көбеюі немесе азаюы өндіріске біршама аз әсер етеді. Сол сияқты, алтынның тіпті өте көп шығып кетуінің өзі біршама болмашы әсер ететіні де болады, өйткені бұл ретте өнеркәсіп циклінің қысылшақ кезінде болып отырған жоқ.

Біз бұлай түсіндіргенде металдың қолдан шығуы егінің шықпай қалуы, т. т. салдарынан да болатынын есепке алмадық. Бұл арада алтынның қолдан шығуының көрінісі болып табылатын өндіріс тепе-теңдігінің едәуір және кенет бұзылуы өз салдарын бұдан әрі түсіндіріп жатуды керек етпейді. Мұндай бұзылу өндіріс жоғары конъюнктураны басынан кешіретін кезеңмен неғұрлым көп тұтас келсе, әлгіндей салдарлар соғұрлым қомақты болады.

Біз оның үстіне банкнотты айырбастау кепілі және бүкіл кредит системасының өзегі ретіндегі металл қорының функ-

<sup>17)</sup> Мысалы, Уэгелиннің күлкілі жауабын қараңыз [В. А. 1857]: ол 5 миллион алтынның қолдан шығуы дәл осы сомаға капиталдың азаюы болып табылады дейді, сөйтіп осы арқылы нағыз өнеркәсіп капиталы бағасының неғұрлым шексіз күрделі түрде артуы немесе бағасыздануы, оның кеңеюі немесе шағындалуы жағдайында тұмайтын құбылыстарды түсіндіруге тырысады. Екінші жағынан, бұл құбылыстарды нақты капитал (оның заттық элементтері жағынан қаралатын капитал) аумағының кеңеюінің немесе шағындалуының тікелей белгісі деп түсіндіруге әрекет жасаудың да күлкілілігі аз емес.

циясын былай қоямыз. Орталық банк — кредит системасының өзегі. Ал металл қоры өз тарапынан банкінің өзегі<sup>18)</sup>. Кредит системасының монет системасына айналуы сөзсіз, мұның өзі төлем қаржысы ретіндегі ақшаның функцияларын зерттегенде «Капиталда» бұрын көрсетілген болатын, I кітап, III тарау<sup>142</sup>. Қысылшаң кезеңде металл базисін сақтап қалу үшін нақты байлықты мол құрбан ету қажеттігін Тук те, Лойд-Еверстон да бірдей мойындайды. Бұлардың арасындағы айтыс тек кей плюс немесе минус туралы мәселеге, осы лажсыздық алдында іс-әрекеттің қандайын неғұрлым рационалды деп, қандайын онша рационалды емес деп есептеу керек екені туралы мәселеге саяды<sup>19)</sup>. Кейбір, барлық өндіріспен салыстырғанда, болмашы мөлшердегі металл системаның өзегі деп танылады. Дағдарыстар кезінде «өзектің» осы сипатының сұмдық көрінуі туралы айтпағанның өзінде, мұнан өте қызықты теориялық дуализм туады. «Білімді» саяси экономия «капитал туралы» ex professo\* түсіндіріп отырғанда, ол іс жүзінде көңіл аударарлық мүлде ештемесі жоқ және мүлде пайдасыз капитал формасы ретінде алтын мен күміске барынша жиіркеніп қарайды. Ал ол банк ісі жайын сөз ете бастаса-ақ болды, онда, керісінше, алтын мен күміс те par excellence\*\* капиталға айналды, бұл капиталды қолда ұстау үшін капиталдың барлық басқа түрлерін және еңбекті құрбан ету керек. Алтын мен күмістің байлықтың басқа түрлерінен айырмашылығы неде? Айырмашылығы құнның мөлшерінде емес, өйткені құн мөлшері алтын мен күміс түріндегі затқа айналдырылған еңбек мөлшерімен белгіленеді. Алтын мен күміс байлықтың қоғамдық сипатының дербес іске асуы ретінде, көрінісі ретінде ғана ерекшеленеді. {Қоғам байлығы осы байлықты меншіктенетін жеке адамдардың байлығы ретінде ғана өмір сүреді. Бұл байлық әлгі жеке адамдар өз керектерін қанағаттандыру үшін сапасы жағынан әр түрлі тұтыну құндарын өзара айырбас жасайтыны арқасында ғана қоғам байлығы болып көрінеді. Капиталистік өндіріс жағдайында олар мұны

<sup>18)</sup> Ньюмарч (В. А. 1857): «1364. Ағылшын банкісінің металл қоры шындығында орталық қор болып, немесе орталық металл қазынасы болып табылады, елдің бүкіл кәсіпкерлік тіршілігі соның негізіне құрылады. Былайша айтқанда, мұның өзі елдің бүкіл кәсіпкерлік тіршілігі айналып отыратын білік; елдегі басқа банкілердің бәрі Ағылшын банкісін орталық қазына, немесе резервуар деп қарайды, өйткені бұларға одан өздерінің зыңғырлаған монет қорын алуына тура келеді, ал шетел вексель курсының өсері әрқашан нақ осы қазынадан және осы резервуардан көрінеді».

<sup>19)</sup> «Сонымен, іс жүзінде бұлардың екеуі де, Тук те, Лойд та, алтынға деген шамадан тыс керексінуді жою үшін... процент нарқын арттыру және капиталды қарызға беруді азайту жолымен кредитті дер кезінде шектеуді қолданар еді... Тек Лойд қана өзінің бос қиялдары арқылы... ауыр және тіпті қауіпті» (заңдылық) «шектеулер мек бұйрықтар тугызды» («Economist», [11 декабрь] 1847 ж., 1418-бет).

\* — арнайы. *Ред.*

\*\* — көбінесе. *Ред.*

ақшаның жәрдемімен ғана істей алады. Сонымен, жеке адамның байлығы ақша арқылы ғана қоғамдық байлық болып жүзеге асырылады; бұл байлықтың қоғамдық табиғаты ақшада, осы затта жүзеге асырылған.— Ф. Э. Демек, ақшаның осы қоғамдық болмысы ол дүниелік бірдеме ретінде, бұйым, зат ретінде, қоғамдық байлықтың нағыз элементтерімен қатар және олардан тыс өмір сүретін товар ретінде көрінеді. Өндіріс үздіксіз жүріп жатқанда, мұның өзі ұмытылады. Байлықтың қоғамдық формасы ретіндегі кредит те ақшаны ығыстырып, оның орнын тартып алады. Өндірістің қоғамдық сипатына сенім білдірудің өзі өнімдердің ақша формасының өткіңші және қиялдағы, жай көрініс сияқты бірдеме болып көрінуінің себебі болып табылады. Бірақ кредит қалай күйзеліске ұшырасымен,— ал бұл фаза казіргі өнеркәсіп циклінде сөзсіз туады,— барлық нақты байлық кенеттен ақшаға, алтын мен күміске шынымен, дереу айналуға тиіс. Бұл талап есуастық талап, алайда ол осы системаның өзінен сөзсіз туады. Оның бер жағында, әлгі сұмдық талаптарды қанағаттандыруға тиіс барлық алтын мен күміс банкінің, подвалдарында сақталушы бірнеше миллион ғана соманы құрайды<sup>20</sup>). Сонымен, алтынның қолдан шығуының әсер етуінде қоғамдық өндіріс ретіндегі өндірістің шындығында қоғамдық бақылауға бағынбау фактісі байлықтың қоғамдық формасының зат ретінде одан тыс өмір сүруінен айқын көрінеді. Бұл жағдай шындығында капиталистік система үшін және өндірістің неғұрлым ертедегі системалары үшін ортақ жағдай, өйткені бұл соңғы системалар товар саудасы мен жекеше айырбасқа негізделді. Алайда ол жағдай капиталистік системада ғана неғұрлым айқын көрінеді, мұның өзінде қисыпсыз қайшылық пен мағынасыздықтың ең жексұрын формасында айқын көрінеді, өйткені 1) капиталистік система жағдайында өндіріс тікелей тұтыну құны үшін, өндірушінің өзінің тұтынуы үшін қажетті өндіріс қана емес, демек, байлық өндіріс пен айналыстың ұштасуы болып көрінетін қоғамдық процесс болып қана өмір сүреді; 2) өйткені кредит системасының дамуымен бірге капиталистік өндіріс осы металл шегін — байлықтың осы әрі заттық, әрі фантастикалық шегін және оның қозғалысын — жоюға үздіксіз ұмтылады, бірақ осы шекке кездескен үстіне ұдайы кездесе береді.

<sup>20</sup> «Алтынды керексінуді өзгерту үшін процент нарқын арттырудан басқа жол жоқ дегенге сіз толық келісесіз бе?— Чапмен» } Оверенд, Гэрри мен К<sup>о</sup> ірі делдалдық фирмасының серіктесі } «Иә, менің пікірім осындай. Егер алтынымыздық қоры белгілі бір мөлшерге дейін төмендейтін болса, онда дереу дабыл қағып, біз құлдырап барамыз деп мәлімдесек, бәрінен жақсы етеміз», ал егер біреу-біреу алтынды шетелге жібергісі келеді екен, мұны өз басының тәуекеліне сүйеніп өзі істесін» (В. А. 1857, № 5057).

Дағдарыс кезінде барлық вексельді, бағалы қағаздарды, товарды банк ақшасына, ал барлық банк ақшасын, өз кезегінде, алтынға бірден айналдыру талабы туады.

## II. ВЕКСЕЛЬ КУРСЫ

{ Халықаралық көлемде металл ақшаның ауыс-түйіс жасалуының өлшемі, барометрі вексель курсы екені мәлім. Егер Англия Германияның Англияға төлейтініне қарағанда Германияға көп төлеуге тиіс болса, онда Лондонда стерлингпен бейнеленген марканың бағасы артады, ал Гамбург пен Берлинде маркамен бейнеленген фунт стерлингінің бағасы кемиді. Егер Англияның Германияға төлем міндеттілігінің бұл басымдылығы, мәселен, Германияның Англиядан сатып алатыны Англияның Германиядан сатып алатынынан асып түсуі арқылы теңестірілмейтін болса, онда Германияға арнап маркамен жаздырып алынған вексельдердің стерлингпен бейнеленген бағасы Англиядан Германияға вексельдердің орнына металл — алтын ақша немесе құйма жіберу тиімді болғанға дейін артырыла беруге тиіс. Істің әдеттегі барысы осындай.

Егер асыл металды осылай шетке шығару тым көбейіп кетіп, ұзақ уақыт одан әрі жалғастырыла беретін болса, онда мұның өзі Англияның банк резервіне зардабын тигізетін болады, сөйтіп Англияның ақша рыногы, ең алдымен Ағылшын банкі қорғаныш шараларын қолдануға тиіс болады. Бұған дейін көргеніміздей, бұл шаралар ең алдымен процент нарқын көтеру болмақ. Ақша рыногында алтын едәуір мөлшерде қолдан шығып кеткен жағдайда әдетте қиыншылықтар туады, яғни ақшалай берілген қарыз капиталын керексіну ұсыныстан едәуір асып түседі, сөйтіп проценттің жоғары нарқы осыдан өз-өзінен шығады; Ағылшын банкі белгілеген есептеу нарқы осылайша жағдайға сай келеді де, рынокта қолданылады. Алайда металдың қолдан шығып кетуі әдеттегі алыс-беріс шараларының (мәселен, шет мемлекеттердің заемдары, шет елге капитал жұмсау, т. т.) салдарынан болмай, басқа себептерден болатын, Лондонның ақша рыногындағы жағдай өз-өзінен алғанда процент нарқын едәуір көтеруді әсте де ақтамайтын реттер де болады; мұндай жағдайда Ағылшын банкіне әуелі «ашық рынокта» заемдарды көптеп алу арқылы, жұрттың айтып жүргеніндей, «ақшаны сиретуге», сөйтіп процентті көтеру ақталатын немесе қажет болатын жағдайды қолдан жасауға тура келеді; мұның өзі осы Банк үшін жыл өткен сайын қиынға соғып отырған айлашарғы. Ф. Э.}

Процент нарқын көтерудің вексель курсына қалай әсер

ететінін қауымдар палатасының банк заңы жөніндегі комиссиясының алдында 1857 ж. берілген мынадай жауаптардан көруге болады. (В. А. немесе В. С. 1857. деп цитата келтірілген).

Джон Стюарт Милль былай дейді:

«2176. Істе қиыншылық туа қалған жағдайда... бағалы қағаздардың курсы едәуір төмендейді... шетелдіктер темір жол акцияларын осы жерден, Англиядан сатып алуды тапсырады немесе шетелдік темір жол акцияларын ұстаушы ағылшындар оларды шетелге сатады... алтын жөнелту тиісті мөлшерде тоқтатылады.— 2182. Банкирлердің және бағалы қағаздармен сауда жасайтындардың қыруар әрі бай табы бағаны көтереді-ау деген бағалы қағаздарды сатып алатын сәтті әрдайым аңдап жүреді; түрлі елдердің арасындағы процент нарқы мен коммерция барометрінің көрсеткіштері (pressure) бағалы қағаздар арқылы теңестіріледі... Шетелге алтын шығаратын ел әрдайым бағалы қағаздарды сатып алатын қолайлы жер болып шығады.— 2184. 1847 жылы алтынның қолдан шығып кетуін азайтуға жететіндей елеулі көлшерде капитал осылайша жұмсалды».

Ағылшын банкінің бұрынғы басқарушысы, ал 1838 жылдан оның директоры Дж. Г. Хаббард былай дейді:

«2545. Европаның алуан түрлі ақша рыноктерінде айналыс жасап жүрген... европалық бағалы қағаздардың едәуір мөлшері бар, ал бір рынокта бұл қағаздардың құны 1% немесе 2%-ке төмендей қалса, әлгі бағалы қағаздардың құны әлі сақталып тұрған басқа рыноктарға жіберу үшін олар дереу сатып алынады.— 2565. Басқа елдер ағылшын көпестеріне көп борышты емес пе екен?— Өте көп борышты.— 2566. Демек, осы борыштарды алудың бір өзі ғана Англияда капиталдың соншама мол қорлануын жеткілікті түсіндіріп бермей ме?— 1847 ж. біз, сайып келгенде, Америка мен Россияның біздің елімізге пәлен миллион бұрынғы берешегін жою арқылы өз жағдайымызды қалпына келтірдік».

Англия да ол кезде бұл елдерге астық үшін «пәлен миллион» берешек еді, сөйтсе де ағылшын борышқорларының банкротқа ұшырауы арқылы әлгі берешектерінің көп бөлегін «жоюдан» қысылмады. Банк актісі туралы 1857 жылғы ілгеріде айтылған есепті қараңыз, XXX тарауда, 31-бет\*.

«2572. 1847 ж. Англия мен Петербург арасындағы курс өте жоғары болды... «Зандастырылған лимиттің үстіне 14 миллион мөлшерінде банктоттар шығаруға (алтын қорымен орнын толтырмай) Банкке право берген үкімет жарлығы шыққан кезде есеп нарқы 8 процент мөлшерінде сақталсын деген шарт қойылған болатын. Мұндай жағдайда және есеп нарқы осындай болған кезде Петербургтен Лондонға алтын талап ету, сөйтіп алтын келгеннен кейін сатылған алтын үшін берілген вексельдердің үш айлық мерзімі өткенге дейін оны 8 проценттен қарызға алу пайдалы болады.— 2573. Алтынмен операция жасау атаулының бәрінде түрлі жағдайларды еске алу қажет; бұл арада әңгіме вексель курсы және вексель мерзімі өткенге дейін ақша салуға { осы вексельге берілген } болатын процент нарқы туралы болып отыр.

\* Осы томның 334-бетін қараңыз. *Реш.*

## АЗИЯМЕН ЕКІ АРАДАҒЫ ВЕКСЕЛЬ ҚҰРСЫ

Мынадай жағдайдың маңызы бар: өйткені, бір жағынан, олар Азиямен екі арадағы вексель курсы қолайсыз болып отырған кезде Англияның басқа елдердің есебінен өз шығынының есесін қалай өтеуге тиіс болатынын көрсетеді; бұл елдердің Азиядан алатындары Англияның делдал қызметін атқару арқылы төленеді. Екінші жағынан, Уилсон мырза бұл арада асыл металды сыртқа шығарудың вексель курсына жасайтын ықпалын жалпы капитал шығарудың вексель курсына жасайтын ықпалымен пара-пар етуге тағы да босқа әрекеттенеді,— мұның үстіне екі жағдайда да мәселе төлем немесе сатып алу құралы ретінде емес, күрделі қаржы үшін шетке шығару туралы болып отыр. Ең алдымен темір жол құрылысына жұмсау үшін Индияға асыл металл түрінде ме немесе темір жол рельсі түрінде ме пәлен миллион фунт стерлинг жіберілетін болса,— мұның екеуі де капиталдың белгілі сомасының бір елден екінші бір елге ауысуының түрлі формалары ғана екені өзінен-өзі түсінікті; атап айтқанда, мұның өзі әдеттегі сауда алыс-берісіне жатпайтын, экспортқа шығарушы ел осы темір жолдарды пайдаланудан түскен жылдық табыстан үлес алудан басқа ешқандай өзге түсімдерді күтпейтін ауысу. Егер мұндай экспорт асыл металл түрінде жасалатын болса, онда мұның нақ асыл металл екендігі, демек, қарызға беруге тікелей жарамды ақша капиталы және бүкіл ақша жүйесінің базисі екендігі себепті мұндай экспорт — барлық жағдайда бірдей міндетті емес, бірақ ілгеріде көрсетілген жағдайларда міндетті,— ақша рыногына, демек, асыл металды экспортқа шығаратын елдегі процент нарқына әсер етеді. Ол, вексель курсына да нақ сондай тікелей әсер етеді. Ақшаны осылайша төтенше аудару үшін Лондонның ақша рыногында, мәселен, Индияға арналған вексельдер жеткіліксіз болғанда ғана, тек сонда ғана, асыл металл жіберіледі. Демек, Индияға арналған вексельдерді керексіну ұсыныстан көп болып отыр, сөйтіп қазіргі жағдайда курстың Англия үшін қолайсыз болу себебі оның Индияға борышты екендігінде емес, қайта оның Индияға төтенше сома жіберуге тиіс болатындығында. Егер асыл металл Индияға едәуір уақыт бойы осылай жіберіліп тұратын болса, онда мұның өзі Индияның ағылшын товарларын керексінуін өсіреді, өйткені Индияның Европа товарларын тұтыну қабілетін жанамалап арттырады. Мұның керісінше, егер капитал шетке рельс, т. б. түрінде шығарылатын болса, онда мұның вексель курсына ешқандай ықпалы болмайды, өйткені мұндай жағдайда Индия бұл үшін ешқандай қайтарым төлемдерін өтеп жатпайды. Нақ осы себептен



де мұның өзі ақша рыногына ешқандай әсер етпеуге тиіс. Уилсон мұндай әсердің болуын әлгі тәрізді төтенше шығындар ақшадай қарыздарға бейнебір қосымша керексіну тудырады, сөйтіп процент нарқына әсер етеді деп дәлелдеуге тырысады. Бұлай болуы мүмкін; бірақ мұның өзі барлық жағдайда бола беруге тиіс деу бүтіндей қате болар еді. Рельстер қайда жіберілсе де, олар қайда төселсе де, ағылшын немесе Индия жерінде төселсе де, олар қалай дегенмен де ағылшын өндірісінің белгілі бір салада белгілі бір дәрежеде ұлғаюы болып табылады. Өндірістің тіпті көп мөлшерде өсуі процент нарқын арттырмай іске аса алмайды деп пайымдау ақылға сыймас еді. Ақшалай қарыздың, яғни кредит операцияларына енетін алыс-беріс сомасының өсуі мүмкін; бірақ бұл операциялар процент нарқы өзгермеген жағдайда да өсе алады. 40-шы жылдары темір жол салуға желіккен кезде Англияда шынында да осылай болды. Процент нарқы өскен жоқ. Сондықтан әнгіме шын капитал, яғни бұл арада товарлар туралы болып отырғандықтан, әлгі товарлар шетелге жіберуге арналған ба, немесе ішкі тұтынуға арналған ба, бұлардың ақша рыногына жасайтын ықпалы мүлдем бірдей болады. Англияның шетелге жұмсаған күрделі қаржысы оның коммерциялық экспортын,— төленуге тиісті, демек, ақшаның кері қайтуын тұғызатын экспортты,— қысқартқан жағдайда ғана, немесе әлгі күрделі қаржы жалпы алғанда енді кредиттің әбден азаюының нышаны, жалдаптық операциялардың басталуы болған жағдайда ғана айырмашылық болар еді.

Бұдан былай Уилсон сұрақ қояды да, Ньюмарч жауап береді.

«1786. Сіз бұрын Шығыс Азия үшін күмісті керексіну туралы айтқан едіңіз, сіздің пікіріңізше, Шығыс Азияға металл резервінің едәуір мөлшері үнемі жіберіліп жатқанына қарамастан, Индиямен екі арадағы вексель курсы Англия үшін қолайлы; сіздің бұған дәлеліңіз бар ма?— Әрине... Біріккен корольдіктің 1851 ж. Индияға шығарғанының шын құны 7 420 000 фунт стерлингке жетті депеспеймін. Индия-хаус вексельдерінің сомасын, яғни Ост-Инд компаниясы өзінің меншікті шығындарының орнын жабу үшін Индиядан аударатын қорларды бұған қосқан жөн. Қарастырылып отырған жылы аударылатын бұл вексель 3 200 000 ф. ст. болды, сөйтіп Біріккен корольдіктің Индияға барлық шығарғаны 10 620 000 фунт стерлингке тең болды. 1855 жылы... товар экспортының шын құны 10 350 000 фунт стерлингке дейін өсті; Индия-хаустың аударылатын векселі 3 700 000 фунт стерлинг болды; демек, шетке барлық шығарғаны 14 050 000 фунт стерлинг болды. Менің ойымша, 1851 жыл үшін Индиядан Англияға товарлар әкелудің шын құнын белгілеуге бізде мүмкіндік жоқ; бірақ бізде 1854 және 1855 жылдар үшін мұндай деректер бар. 1855 жылы Индиядан Англияға әкелінген товарлардың барлық шын құны 12 670 000 ф. ст. болды, ал бұл сома шетке шығарылған 14 050 000 фунт стерлингпен салыстырғанда екі ел арасындағы тікелей саудадан Англияға 1 380 000 фунт стерлинг кіріс береді» [В. А. 1857].

Уилсон бұған: вексель курсына жанама сауда да әсер етеді ғой деген ескертпе жасайды. Мәселен, Индиядан Австралия мен Солтүстік Америкаға товар шығару Лондонға аударылатын вексельмен өтеледі, сондықтан бұл товарлар Индиядан тікелей Англияға жіберілгенде вексель курсына қалай әсер етсе, нақ дәл сондай әсер етеді. Онан соң, егер Индия мен Қытайды қоса алатын болсақ, онда баланс Англия үшін қолайсыз болып шығады, өйткені апиын үшін Қытайдың Индияға үнемі едәуір ақша төлеуіне тура келеді, ал Англияның Қытайға ақша төлеуіне тура келеді, сөйтіп осылай жанама жол арқылы ақша сомасы Англиядан Индияға кетіп жатады (1787, 1788).

1791. Егер капитал «темір жол рельстері мен локомотивтер түрінде шетке шығарылатын болса және ол металл ақша түрінде шетке шығарылатын болса да»

оның вексель курсына әсері бірдей бола ма деп сұрайды Уилсон.

Ньюмарч бұған әбден дұрыс жауап береді:

Соңғы жылдары темір жолдар салу үшін Индияға жіберілген 12 млн. ф. ст. Индия белгілі мерзімдерді Англияға төлеп отыруға тиісті жылдық рентаның есесін өтеуге жұмсалды.

«Ал асыл металдың рынокке жасайтын тікелей ықпалына келетін болсақ, онда әлгі 12 млн. фунт стерлингті жұмсау металды ақша түрінде шын мәнінде көдеге жарату үшін шетке шығарғандықтан ғана рынокке ықпал жасай алады» (1792).

1797. {Уэгелин былай деп сұрақ қояды:} «Егер осы темірдің (рельстің) құнын өтеу үшін ешқандай ақша түспесе, ол вексель курсына ықпал жасайды деп қалай айтуға болады?— Товарларды шетке шығару түрінде жұмсалатын шығындардың бір бөлегі вексель курсының жай-күйіне ықпал жасайды деп ойламаймын... екі елдің арасындағы вексель курсына бір елге нақ сол уақытта басқа елде ұсынылатын облигациялардың немесе вексельдердің санымен салыстырғанда ұсынылатын саны ықпал жасайды, жасағанда да бүтіндей ықпал жасайды деуге болады; вексель курсының түйінді теориясы осындай. Ал 12 миллионды аударуға келетін болсақ... онда бұл 12 миллион әуелі осында қалдырылған болатын; егер келісім әлгі 12 миллионның бәрі сылдырақ монет түрінде Калькуттада, Бомбейде немесе Мадраста қалатындай болып жасалған болса... онда мұншама кенет керексіну күмістің бағасына да, сондай-ақ вексель курсына да ғажап әсер еткен болар еді, әсер еткенде де нақ Ост-Инд компаниясы ертен өзінің аударылатын векселін 3 миллионнан 12 миллионға дейін көбейтемін деп мәлімдегеніндей әсер етер еді. Бірақ әлгі 12 миллионның тең жартысы... Англиядан товарлар... темір жол рельстерін, ағаш және басқа материалдар сатып алуға жұмсалды... бұл — Англияның өзінде ағылшын капиталының Индияға жіберілетін товарлардың белгілі сортына жұмсалғандығы, іс осымен тынады». — 1798. {Уэгелин:} «Бірақ темір жолдар үшін қажетті осы товарларды, темір мен ағаш материалдарын өндіру шетел товарларын едәуір мөлшерде тұтынуды туғызады, ал бұл тұтыну вексель курсына әсер етер ме еді?— Әрине».

Уилсон: темір дегеніміз ең алдымен еңбек, ал осы еңбекке төленген жалақы дегеніміз ең алдымен шеттен әкелінген товарлар (1799) деген пікір айтады да, бұдан кейін мынадай сұрақ қояды:

«1801. Бірақ жалпы айтқанда: шеттен әкелінген әлгі товарларды тұтыну арқылы өндірілген товарлар өздері үшін біз өнімдер арқылы болсын, немесе, қайсыбір басқа жолмен болсын ешқандай өтеу алмайтындай болып шетке шығарылатын болса,— мұның өзі курстың біз үшін қолайсыз болуына әкеліп соқтырмас па екен?— Бұл жалпы қағида темір жол құрылысын жедел жүргізген кезде Англияда орын алған жағдайға өбден сай келеді» [1845] «Сіз қатарынан үш, төрт немесе бес жыл бойы темір жолдарға 30 млн. ф. ст. жұмсадыңыз, ал осы соманың бәрі дерлік жалақыға кетті. Үш жыл бойы сіз темір жолдар, локомотивтер, вагондар мен вокзалдар салуға фабрикалы аудандардың бәрін қосқандағыдан да көп халық ұстадыңыз. Бұл адамдар... өздерінің жалақысын шайға, қантқа, арақ-шарап ішімдікке және шетелдік басқа товарларға жұмсады; бұл товарларды шеттен әкелуге тура келді, алайда осы орасан зор шығын жұмсалған бүкіл уақыт бойына Англия мен басқа елдердің арасындағы вексель курсы елеулі өзгерістерге ұшырамағаны ақиқат. Асыл металдардың қолдан шығуы байқалмады, қайта, керісінше, олар ағылып келіп жатты».

1802. Уилсон Англия мен Индия арасындағы сауда балансы мен *at par*\* курсы теңескен жағдайда темір мен локомотивтерді төтенше түрде шетке шығару «Индиямен екі арадағы вексель курсына ықпал жасауға тиіс» деген қағиданы жақтай береді. Ньюмарч мұның неліктен осылай болуға тиіс екеніне сенбейді, өйткені рельс капитал ретінде шетке шығарылады, сондықтан Индия оған белгілі бір формада ақы төлеуге тиіс емес; бұған ол мынаны қоса айтады:

«Бірде бір ел өзімен сауда жасасатын елдердің бәрімен ұзақ уақыт бойы қолайсыз вексель курсына отыра алмайды деген қағидаға мен келісемін; бір елмен екі арадағы қолайсыз вексель курсы басқа бір елмен екі арада қолайлы курс жасамай қоймайды».

Уилсон бұған мынадай езбесін қарама-қарсы қояды:

«1803. Бірақ капиталдың ауысуы оның қандай формада өтетініне байланысты бола ма екен?— Әрине, солай, өйткені істің борыш міндеттілігіне қатысы бар.— 1804. Сонымен, сіз асыл металл немесе товар жіберсеңіз де Индиядағы темір жол құрылысының қазіргі капиталдар рыногына ықпалы бірдей бола ма және бүкіл соманың нақ асыл металл түрінде шетке шығарылғанындағы сияқты, капитал құнын арттыра ма екен?»

Егер темірдің бағасы өспеген болса, онда мұның өзі ең болмағанда рельстерге сіңген «капитал» «құнының» арпағанын білдіреді. Бұл арада әңгіме болып отырған нәрсе — ақша капиталының құны, процент нарқы. Уилсон ақша капиталы мен жалпы капиталды пара-пар еткісі келер еді. Қара-

\* — тепе-теңдігі бойынша. *Ред.*

пайым шындық мынау: Англияда Индиядағы темір жол акцияларын ұстауға жаздырудан 12 миллион жиналды. Бұл жағдайдың вексель курсына мүлде тікелей қатысы жоқ, сондықтан әлгі 12 миллион ақша рыногына да ықпал жасай алмайды. Егер ақша рыногы қолайлы жағдайда болса, онда мұның өзі 1844 және 1845 жылдары ағылшын темір жолдарына акция ұстауға жазылудың ақша рыногына әсер етпегені сияқты, жалпы алғанда ешқандай ықпал жасамауы мүмкін. Ал егер ақша рыногы белгілі дәрежеде тарылып қалған болса, онда мұның өзі, әрине, процент дәрежесіне әсер етер еді, бірақ процент дәрежесін арттыру жағына қарай ғана әсер етер еді, ал Уилсонның теориясы бойынша мұның өзі Англия үшін курсты неғұрлым қолайлы етуге, яғни асыл металлды Индияға болмаса да, басқа елдерге шығару беталысына бөгет жасауға тиіс еді. Уилсон мырза әр нәрсенің басын бір шалады. 1802-номерлі сұраққа жауап бере келіп, ол вексель курсы өзгеруге тиіс деп пайымдайды, ал 1804-номерлі сұраққа жауап бере келіп, «капитал құны» өзгеруге тиіс деп соғады,— ал бұлар бір-біріне мүлде ұқсамайтын түрліше нәрселер. Процент нарқы вексель курсына және вексель курсы процент нарқына әсер ете алады, дегенмен курс ауытқыған жағдайда процент нарқы өзгереді, ал процент нарқы өзгерген жағдайда курс тұрақты болып қала беруі мүмкін. Шетелге капитал шығарған кезде ықпалдың мұндай айырмашылығын әлгі капитал шығарылатын форманың өзі туғызады, яғни капитал формаларының айырмашылығы, әсіресе оның нақ ақша формасы соншама зор маңыз алады деген ой Уилсонның басына кіріп те шықпайды, ал жаңағы жағдай «білімдар» экономистердің көзқарасына мүлдем қайшы келеді. Ньюмарч Уилсонға біржақты жауап береді, өйткені ол Уилсонның назарын оның вексель курсынан процент нарқына күрт әрі ешбір дәлелсіз көшуіне мүлде аудармайды. Ньюмарч ілгеріде айтылған 1804-ші сұраққа солқылдап, екіұшты жауап береді:

«12 миллионды табу керек болса, онда мәселенің жалпы процент нарқына қатысы барлығы себепті әлгі 12 миллионның асыл металл түрінде немесе материалдар түрінде жіберілетіндігінің елеулі еместігі күмәнсіз нәрсе. Мен, дегенмен, {тұпа-тура қарама-қарсы пайымдауға көшу ретінде осы «дегенмен» жаман емес} «мұның өзі соншама елеусіз емес» {бұл елеулі емес, бірақ дегенмен елеусіз емес} деп ойлаймын, «өйткені бір жағдайда 6 млн. ф. ст. дереу кері қайтқан болар еді; екінші жағдайда олар соншама тез кері қайтпаған болар еді». «Сондықтан әлгі 6 миллион осы елде жұмсала ма, немесе олар бүтіндей шетке шығарыла ма, мұның белгілі дәрежеде {қалай өлшеп пішеді!} бәрі бір емес пе».

6 миллион дереу кері қайтқан болар еді дегеннің мағынасы қалай болуға тиіс? 6 млн. ф. ст. Англияда жұмсалғандықтан,

олар рельстер, локомотивтер т. б. түрінде көрінеді; ал бұлар Индияға жіберілуге тиіс, олар Индиядан кері қайтып оралмайды, сондықтан олардың құны амортизациялық жарна арқылы ғана қайтады, яғни өте баяу қайтады, ал оның бер жағында, 6 миллион асыл металл *in natura*\* әлдеқайда тез қайтуы мүмкін. 6 миллион жалақыға жұмсалғандықтан, олар желініп қойды; бірақ ақша түрінде авансыланған олар бұрынғысынша ел ішінде айналыста жүреді немесе резервте болады. Рельсті өндірушілердің пайдасы мен 6 миллионның оның тұрақты капиталының орнын толтыратын бөлегі жөнінде де осындай. Сонымен, Ньюмарч капиталдардың қайтып оралуы жайындағы екіұшты сөзді тек мына жағдайды: ақша елде қалды, ал оның өзі қарыз ақша капиталы ретінде қызмет атқаратын болғандықтан, ақша рыногы үшін айырмашылық (металл ақшалардың көбі айналыста жүретін болуы мүмкін-ау дегенді былай қоя тұрып) әлгі ақшалардың *B* есебінен емес, *A* есебінен жұмсалатындығында ғана дегенді тура айтпас үшін ғана пайдаланды. Капитал басқа елдерге асыл металл түрінде емес, товарлар түрінде шығарылатын бұл тәрізді капитал жұмсау вексель курсына әсер ете алады (соның өзінде капитал жұмсалатын елмен екі арадағы вексель курсына емес), әсер еткенде шетке шығарылатын мұндай товарларды өндіру басқа шетел товарларын шеттен қосымша әкелуді керек ететіндігінен ғана әсер етеді. Олай болса, әлгі өндіру шеттен осындай қосымша товар әкелуді жоюға қызмет етпейді. Бірақ жаңа күрделі қаржы үшін бе әлде әдеттегі сауда мақсаттары үшін бе, бәрібір, несиеге беріп шетке шығару атаулының бәрінде де осылай болады. Сонымен бірге шеттен әлгі қосымша әкелу кері әсер ету арқылы, мәселен, отарлардың немесе Құрама Штаттардың ағылшын товарларына қосымша керексінуін туғызуы мүмкін.

---

Бұрын Ньюмарч: Ост-Индия компаниясының вексель аударуы нәтижесінде Англиядан Индияға шығару одан әкелінгенінен көп деген болатын. Чарлз Вуд мырза бұл жерде оған қарсы сұрақ қояды. Англияның Индияға шығаратынының Индиядан әкелетінінен бұлайша артуына шындығында Англияның Индиядан ешқандай балама төлемей әкелуінің арқасында қол жетеді: Ост-Инд компаниясының (қазіргі уақытта ост-инд үкіметінің) аударатын векселі индиядан алынатын салыққа келіп саяды. 1855 жылды мысалға алайық: Индиядан Англияға әкелінгені — 12 670 000 фунт стерлинг; Англия-

\* — табиғи формасында. *Ред.*

ның Индияға шығарғаны — 10 350 000 фунт стерлинг. Индияның пайдасына түскен баланс — 2 250 000 фунт стерлинг.

«Егер іс осымен тынатын болса, онда әлгі 2 250 000 фунт стерлингті белгілі бір формада Индияға жөнелтуге тура келер еді. Бірақ бұл жерде Индия-хаустың талабы көлденең тартылады. Индия-хаус: Индиядағы түрлі президенттіктерге 3 250 000 фунт стерлинг мөлшерінде вексель аудараламын деп жариялайды». | Бұл сома Ост-Инд компаниясының Лондондағы шығындарының есесін өтеу және акционерлерге дивиденттер төлеу үшін алынған болатын | «Ал мұның өзі 2 250 000 фунт стерлинг мөлшеріндегі сауда балансының есесін өтеп қана қоймайды, сонымен бірге бір миллионы асып та қалады (1917). [В. А. 1857].

1922. [Вуд: ] «Демек, Индия-хаустың аударылатын бұл векселінің әсері Индияға шығарудың өсуінен емес, қайта оның pro tanto \* азаюнан байқалмай ма?»

{ Мұның мәнісі Индиядан әкелінетінді оған шығарылатынның нақ сондай сомасымен өтеу қажеттігінің азайғанын білдіруге тиіс.} Ньюмарч мырза мұны ағылшындар әлгі 3 700 000 ф. ст. үшін Индияға «жақсы басқару ісін» апаратындығымен (1925) түсіндіреді. Ағылшындардың Индияға апарған «жақсы басқару ісімен» өте жақсы таныс Вуд Индия істері жөніндегі министр ретінде мынадай дұрыс әрі мысқылды ескертпе жасайды (1926):

«Мұндай жағдайда, сіздің айтуыңызша, Индия-хаустың вексель аударуының нәтижесі болып табылатын шетке шығару, товарлар шығару емес, жақсы басқару ісін шығару болып табылады».

Англия «жақсы басқару» үшін және басқа елдерге капитал жұмсау үшін шетке «осылайша» көп шығаратын,— демек, істің әдеттегі барысына бүтіндей тәуелсіз шеттен әкелетін, бір бөлегін шетке шығарылған «жақсы басқару» үшін, екінші бір бөлегін отарларға және басқа елдерге жұмсаған капиталдан түсетін табыс ретінде алым-салық алатын, бұл үшін Англия ешқандай балама төлеп жатпайтын алым-салық алатын болғандықтан, Англия шетке өз товарын шығармай-ақ әлгі алым-салықты әншейін ұстап жіберетін болса, вексель курсы бұдан өзгермейтіні айқын нәрсе; сондай-ақ Англия әлгі алым-салықты өзінде емес, өнімді немесе өнімсіз болса да шетелге тағы да жұмсаған жағдайда да: мәселен, Англия әлгі алым-салық есебінен Қырымға оқ-дәрі мен жабдық жіберген жағдайда да курс өзгермейді. Оның үстіне, шетелден әкелу Англияның табысына кіретін болғандықтан (ол, әрине, баламаны талап етпейтін алым-салық түрінде, не төленбеген әлгі алым-салыққа айырбастау арқылы, не саудадағы әдетте болатын жолмен төленуге тиіс), Англия шеттен әкелген товарды не тұтына ала-

\* — тиісінше. Ред.

ды, не капитал ретінде тағы да іске қоса алады. Бірақ мұның екеуі де вексель курсына әсер етпейді, ал ақылгөйсінген Уилсон мұны естен шығарып алады. Отандық немесе шетелдік өнім табыстың белгілі бір бөлегін құрай ма, жоқ па — мұның үстіне соңғы жағдай отандық өнімдерді шетелдік өнімдерге айырбастауды ғана керек етеді — өнімді немесе өнімсіз болса да, әлгі табысты тұтыну өндірістің жалпы көлеміне әсер ете тұрса да, вексель курсы ешбір өзгертпейді. Төменде айтылатын жағдайға баға берген кезде мұны есте ұстау қажет.

1934. Вуд: оқ-дәрі мен жабдықты Қырымға жіберу Түркиямен арадағы вексель курсына қалай әсер еткен болар еді деп сұрайды. Ньюмарч былай деп жауап береді:

«Оқ-дәрі мен жабдықты әншейін жөнелту вексель курсына нәліктен қалай да әсер етуге тиіс екенін мен түсіне алмаймын, бірақ асыл металды жөнелту курска сөзсіз әсер еткен болар еді».

Демек, бұл арада ол ақша формасындағы капиталды капиталдың басқа формаларынан ажыратып отыр. Бірақ енді Уилсон келесі сұрағын қояды:

«1935. Егер сіз қайсыбір товарды шетке көп мөлшерде шығарып, оның орнына тиісті товарды шеттен алдырмайтын болсаңыз».

{ Англия жөнінде алғанда шеттен әкелудің соншама көп болып отырғанын, «жақсы басқару» түрінде шетке шығаруды немесе инвестиция үшін бұрын шетке шығарылған капиталды қоспағанда, шеттен әкелудің есесіне ешқашан тиісінше шетке шығару болмағанын Уилсон мырза ұмытады; қалай дегенмен мұның өзі үнемі болып тұратын сауда айналымына кіретін шеттен әкелу емес. Бірақ шеттен бұлайша әкелінген өнімдер, мәселен, американ өнімдеріне тағы да айырбасталады; ал егер американ өнімдері, шеттен тиісінше әкелінбей-ақ, шетке шығарылатын болса, мұның өзі әлгі шеттен әкелудің құны шетелге баламамен шығармай-ақ тұтынылуы мүмкін деген жағдайды әсте де өзгертпейді; мұның өзі тиісінше шетке шығарусыз-ақ іске асырылды, демек, сауда балансына кірмей-ақ тұтынылуы мүмкін } ,

«товар әкелуіңіздің нәтижесінен туған шетел борышын сіз төлемейсіз».

{ Ал егер сіз бұл импортты, мысалы, шетел кредиті арқылы бұрын төлеген болсаңыз, онда ешқандай борыш болмаған болар еді, сөйтіп мәселенің халықаралық баланспен түк қатысы болмайды, — ол өндірістік шығынға немесе өндірістік емес шығынға жатады, оның үстіне тұтынылған өнімдер елдің ішінде өндірілді ме немесе шетелде өндірілді ме, мұның бәрібір }

«міне, сондықтан сіз мұндай келісіміңізбен вексель курсына әсер етесіз, өйткені сіздің экспортыңыздың тиісті импорты болмауы салдарынан шетел борышы төленбейді.— Бұл тегі әр түрлі елдер жөнінде де әділет нәрсе».

Уилсонның лекциясы тиісті импорт болмаған экспорт атаулының бәрі сонымен қатар тиісті экспорты жоқ импорт болып табылады, өйткені экспорт жасалған товарларды өндіруге шетел, демек, импортпен келтірілген товарлар пайдаланылады дегенге келіп тіреледі. Мұндай экспорттың қандайы болса да төленбеген импортқа негізделеді немесе оны тугызады деп есептеледі,— демек, шетел борышы болады деп жорамалданады немесе оны тугызады. Бұл мына екі жағдайды еске алмағанның өзінде де бұл жалған нәрсе: 1) Англия тегін импорт алады, бұл үшін ол ешқандай балама төлемейді; мысалы, оның Индиядан алатын импортының бір бөлігі осындай. Англия Индиядан заттарын америка импортының заттарына, ал америка импортының заттарын тиісті импортсыз экспортқа шығара алады; ал құн жағына келсек, Англия мұнда өзіне тегінге түскен заттарды ғана экспортқа шығарады. Ал 2) Англия импорты, мысалы, қосымша капитал құрайтын америка импортын төлеген де болар; егер кейін Англия оны өндірістік емес іске, мысалы, оқ дәрі және қару-жарақ түрінде пайдаланса, онда бұл Америка жөнінде борыш жасамайды және Америкамен екі арадағы вексель курсына әсер етпейді. Ньюмарч 1934 және 1935 жауаптарында өзіне-өзі қарсы шығады; Вуд 1938 сұрағында оған осыны ескертеді.

«Егер тиісінше қайта қайтарылмайтын заттарды» (соғыс шығындары) «дағиындауға қолданылатын товарлардың ешбір бөлігі бұл заттар алынған елден алынбайтын болса, онда бұл сол елмен арадағы вексель курсына қалайша әсер етпек? Егер Түркиямен саудасы әдеттегі тепе-теңдік жағдайында дейтін болсақ, онда Қырымға оқ-дәрі, қару-жарақ шығару ісі Англия мен Түркия арасындағы вексель курсына қалай әсерін тигізбек?»

Бұл жерде Ньюмарч шыдамын тауысып алады; ол № 1934-те өзінің бұл қарапайым сұрауға дұрыс қайтарған жауабын ұмытады. Сөйтіп былай дейді:

«Меніңше біз практикалық мәселені тауысып, енді метафизикалық айттың даурықпалы жағына кірістік-ау деймін».

---

{ Уилсон асыл металл түрінде бола ма, немесе товар түрінде бола ма, бір елден екінші елге капитал шығарудың қандайы болса да вексель курсына әсерін тигізеді деп, өз пікірін басқаша тұжырымдайды. Вексель курсына процент нарқының, атап айтқанда, өзара вексель курсы туралы әңгіме бо-



лып отырған екі елдің нарық процентінің арасындағы қатыстың әсер ететінін Уилсон, әрине, біледі. Егер ол жалпы басы артық капиталдың, яғни ең алдымен басы артық товар атаулының, оның ішінде асыл металдың да, басқа жағдайлармен қоса нарық процентіне әсер ететінін көрсете алса, онда ол өз мақсатына қарай бір қадам жақындай түсер еді; шындығында да, егер солай болса, осы капиталдың едәуір бөлігінің бір елден екінші елге шығарылуы екі елде де процент нарқын өзгертуге, атап айтқанда, қарама-қарсы бағытта өзгертуге, сөйтіп, екі елдің арасындағы вексель курсына екінші кезекте әсер етуге тиісті болады.— *Ф. Э.*

Ол сол кезде өзі редактор болған «Economist»-те былай деп жазады ([22 май] 1847 ж. 574-бет):

«Сірә, әр түрлі металдардың көп запасы, оның ішінде асыл металдың запастары көрсетіп отырғандай басы артық капитал болатын болса, ол сөз жоқ, жалпы товардың бағасын төмендетіп қана қоймайды, сонымен қатар капиталды пайдаланғаны үшін төленетін процент нарқын да неғұрлым төмендетеді (1). Егер бізде елдің таяудағы екі жылға жететін дайын товар запасы болса, онда бұл товарды белгілі бір мерзімде екі айға жетер-жетпес қана запас бар кездегіден әлдеқайда төмен нарықпен қолға түсіре аласың (2). Қай формада жүзеге асырылатын болса да ақша заемдарының бәрі товарға иелік ету правосының бір адамнан екінші адамға өтуі болып табылады. Сондықтан егер товар мол болса, ақшалай процент төмен болуға, ал енді товар аз болса, онда ақшалай процент жоғары болуға тиіс (3). Егер товардың ағылып келіп жатуы оның өтуінен көбейіп кетсе, сатып алушылардан гөрі сатушылардың саны артады, демек, товар мөлшері тікелей тұтынушылар мұқтажынан қаншалықты артық болса, соншалықты товар көлемі кейінірек тұтынуға сақталып қала беруге тиіс (4). Мұндай жағдайда товар иесі товарын ақшасын кейінге қаратып немесе несиелеп сатуға ырза болады, әрине, бұл жағдай оған өзінің барлық запасы бірер аптаның ішінде сатылып кетуіне сенімді болған кездегіден гөрі тиімсіздеу болады».

1-ереже жөнінде мынаны атап кеткен жөн: асыл металдың көп ағылып келуі өндірістің қысқаруымен қатарлас келеді, дағдарыстан кейін іле-шала әрқашанда осылай болатыны байқалады. Онан кейінгі фазада асыл металл оны басымырақ өндіретін елдерден келе бастайды, сырттан басқа товарлар әкелу бұл кезде әдетте сыртқа товар шығарумен теңеседі. Бұл екі фазада процент нарқы төмен болады да, баяу ғана көтеріледі; мұның неге бұлай болатынын біз жоғарыда көрдік. Процент нарқының бұлай төмен болуын барлық жағдайларда да «әртүрлі мол запастардың» ықпал етуінен өзгеше түсіндіруге болады. Мұндай ықпал ету қалайша орын алады? Мысалы, мақта бағасының төмен болуы жіп иірушілердің, т. б. жоғары пайда алуына мүмкіндік туғызады. Ал процент нарқы неге төмен? Әрине, қарызға алынған капитал арқылы түсетін пайданың жоғары болғандығынан емес. Оның бірден-

бір және ерекше себебі сол,— болып отырған жағдайда қарыз капиталына деген сұраныс бұл пайданың өсуіне пропорциялы түрде өспейді; демек, қарыз капиталының қозғалысы өнеркәсіп капиталының қозғалысынан ерекше. Ал «Economicist» дәл соған керісінше: қарыз капиталының қозғалысы өнеркәсіп капиталының қозғалысымен бірдей деп дәлелдеуге тырысады.

2-ереже: алдағы екі жылға тұтынуды қамтамасыз ететін запас бар деген қисынсыз алғы шартты біз біраз жұмсартып, оған азды-көпті мағына бергеннің өзінде де товар рыногылық толы деп есептейміз. Мұнда баға төмендейді. Мақтаның бір теңіне енді бұрынғысынан аз төлеуге тура келеді. Бірақ мұнан мақтаның бір теңін сатып алуға керекті ақшаны арзан түсіріп алуға болады екен деп ойлауға әсте болмайды. Процент нарқы ақша рыногының жағдайына байланысты болады. Егер ақшаны арзан түсіріп алуға мүмкін болатын болса, оның жалғыз ғана себебі — коммерциялық кредиттің жағдайына байланысты банк кредитіне ұмтылу әдеттегі кездегіден кем болады. Рынокқа лық толған товарлар күнкөріс заттары немесе өндіріс құрал-жабдығы. Оның екеуінің де бағасы төмен болуы өнеркәсіп капиталисінің пайдасын арттырады. Егер өнеркәсіп капиталы мен ақшалай қарыз сұранысының арасында бірдейлік былай тұрсын, тіпті нағыз қарама-қарсылықтың өзі болмаса, онда процент не себепті төмендейді? Жағдай былайша қалыптасады: көпес пен өнеркәсіпшінің бір-біріне кредит беруі жеңіл болады; коммерциялық кредиттің бұлай жеңілдеуінің нәтижесінде өнеркәсіпшінің де, көпестің де банк кредитіне мұқтаждығы азаяды; сондықтан процент нарқының төмен болуы мүмкін. Процент нарқының бұлай төмен болуы асыл металдың ағылып келуімен ешқандай байланысты емес, бірақ оның екеуінің бір уақытта қатар болуы да мүмкін, сырттан әкелінген заттардың бағасын төмендететін себептердің өздері сырттан келтірілген асыл металды да шамадан тыс көбейтіп жіберетін кездер бола береді. Егер импорт рыногы шындығында товарға толы болса, бұл импорт товарларына сұраныстың азайғандығының белгісі, мұны баға төмен болған кезде отандық өнеркәсіп өндірісі қысқаруының нәтижесі ретінде ғана түсіндіруге болар еді; ал арзан товарды сырттан шамадан тыс көп келтірген кезде мұны ешбір түсіндіріп болмас еді. Жағалай бір толып жатқан мағынасыздықтың жалғыз мақсаты — бағаның төмендеуі проценттің төмендеуіне тең деп көрсету. Мұның екеуі де бір мезгілде, қатарлас болуы мүмкін. Бұлай болған күнде ол — өнеркәсіп капиталы мен қарыз ақша капиталы қозғалысы бағыттарының бірдейлігін емес, қарама-қарсылығын көрсетеді.

3-ереженің тұжырымдауындай, егер товар артық болса, ақшалай проценттің төмен болатын себебі не, мұны жаңағы айтылған пікірлерден кейін де түсініп болмайды. Товар арзан болса, белгілі мөлшерде товар сатып алу үшін маған, айталық, бұрынғы 2 000 ф. ст.-тің орнына 1 000 ф. ст. керек. Бірақ, бәлкім, мен қазір де 2 000 ф. ст. жұмсармын, онда мен бұрынғыдан екі есе көп товар сатып аламын, сөйтіп, айталық, мен сол қарызға алған капиталымды жұмсап қана өзімнің кәсіпорнымды ұлғайтамын. Мен қазір де бұрынғыдай 2 000 фунт стерлинг товар сатып аламын. Демек, бағаның төмендеуімен байланысты товар рыногындағы менің сұранысым өскенімен, ақша рыногындағы сұранысым өзгеріссіз қалды. Ал егер товар рыногындағы сұраныс төмендесе, яғни егер — «Economist»-тің барлық заңдарына қайшы келіп — товар бағасы төмендегенмен, өндіріс ұлғаймаса, онда пайда өсе тұра, қарыз ақша капиталына деген сұраныс кеміген болар еді; бірақта бұл пайданың өсуі қарыз капиталына сұраныс туғызған болар еді. Ал енді товар бағасы дәрежесінің төмен болуының үш себебі бар. Біріншіден, сұраныстың жеткіліксіздігі. Онда процент нарқының төмендеуі товардың арзан болғандығынан емес, өндірістің нашар болғандығынан, өйткені товардың арзаншылығы сол өндірістің нашарлауын көрсетеді. Немесе сұранысқа қарағанда ұсыныстың тым көбейіп кетуі себеп болуы мүмкін. Мұның өзі дағдарысқа апарып соғатын рыноктардың товарға толып кетуі, т. с. салдарынан болуы, сөйтіп, сол нағыз дағдарыстың кезінде жоғары процент нарқымен сай келуі де мүмкін, немесе мұның өзі товар құнының кемуі нәтижесінде болуы да мүмкін де, демек, сол ұсыныстың өзі неғұрлым төмен бағамен қанағаттандырылуы мүмкін. Бұл соңғы жағдайда процент нарқы не себепті төмендеуге тиіс? Пайданың өсетіндігінен бе? Егер дәл сол өндіргіш немесе товар капиталын алуға енді ақша капиталы аз керек болатындығынан болса, онда бұл пайда мен проценттің бір-біріне кері қатынаста екендігін ғана көрсетер еді. Қалай дегенмен де «Economist»-тің жалпы ережесі жалған. Товардың ақшалай бағасының төмен болуы мен процент нарқының төмен болуы міндетті түрде сай келе бермейді. Әйтпесе өнімдердің ақшалай бағасы өте төмен болатын ең кедей елдерде процент нарқы да сондай төмен болуға тиіс болар еді, ал екіншілік өнімдерінің ақшалай бағасы өте жоғары болатын неғұрлым бай елдерде процент нарқы да сондай жоғары болуға тиісті болар еді. Егер ақшаның құны төмендесе, оның процент дәрежесіне ешқандай әсер етпейтініне жалпы «Economist»-те келіседі. 100 ф. ст. бұрынғысынша 105 фунт стерлинг береді, ал егер 100 ф. ст. енді бұрынғысынан кем тұратын болса, онда

проценттің 5 ф. стерлингi де кем тұрады. Құнның артуынап немесе алғашқы соманың бағасыздануынап қатынас өзгермейді. Құн ретінде қаралатын товардың белгілі мөлшері белгілі бір ақша сомасына тең болады. Егер ол товар мөлшерінің құны артса, онда ол әлгіден көбірек ақша сомасына тең болады; құн кемігенде керісінше болады. Егер құн=2 000 болса, онда 5% = 100; егер құн=1 000 болса, онда 5% = 50. Бірақ бұл процент нарқы ешқандай өзгертпейді. Бұл жердегі бір ғана дұрысы сол, белгілі бір мөлшердегі товардың сатылуы үшін ірірек ақша қарызы, 1 000 ф. ст.-тің орнына 2 000 ф. ст. керек. Бірақ бұл осы жағдайда пайда мен проценттің кері қатынасын ғана көрсетеді. Өйткені тұрақты капитал мен өзгермелі капитал элементтері арзандауымен байланысты пайда өседі, ал процент төмендейді. Бірақта көбінесе керісінше де бола береді. Мысалы, жіп пен матаға сұраныс болмағандықтан мақтаның арзан болуы мүмкін; мақта-мата өнеркәсібінде пайданың көп болуы мақтаға сұранысты көп туғызатындықтан, мақтаның біршама қымбат болуы да мүмкін. Екінші жағынан өнеркәсіпшілер пайдасының жоғары болуына мақта бағасының нақ осындай төмендігінен болады. Хаббардтың кестесі процент нарқының қозғалысы мен товар бағасы қозғалысының бір-бірімен мүлде байланыссыз жүріп отыратынын, ал енді процент нарқының қозғалысы металл запасы мен вексель курсының қозғалысына дәл бейімделе жүріп отыратынын көрсетеді\*.

«Демек, егер товар бастан асып жатса, ақшалай процент төмен болуға тиіс»,— дейді «Economist».

Дағдарыстар кезінде дәл керісінше болатыны байқалады, товар бастан асып, ақшаға айналдырылмай жатады, міне, сондықтан процент нарқы жоғары болады; циклдің басқа фазасында товарға сұраныс күшті болады, сондықтан капиталдың қайта оралуы жеңілдейді, бірақ сонымен қатар товардың бағасы көтеріледі, ал ақшаның қайта оралуының жеңілдігінен процент нарқы төмен болады.

«Егер олар» {товарлар} «аз болса, процент нарқы жоғары болуға тиіс».

Дағдарыстан кейін іле-шала болатын депрессия [Ab strapping] кездерінде тағы да нақ керісінше болады. Товар аз—сұранысқа қарағанда емес, сірәғысында аз,—ал процент нарқы төмен.

4-ереже жөнінде. Қолда бар товар запастарының тез ара-

\* Қараңыз, осы том, 393—396-беттер. *Ред.*

да сарқыллатыны көрініп тұрғандағыдай емес, рынок товарға лық толы болған күнде товар иесі оны арзанырақ сатады,— егер ол тегінде товарын сата алатын болса,— ол айдан анық. Мұнда сол көне процент нарқының не себепті төмендейтіні онша айқын емес.

Егер рынокқа сырттан әкелінген товарлар сыймай кеткен болса, онда өзінің товарларын қалайда болса рынокқа шығарғысы келмейтін меншік иелерінің қарыз капиталына сұранысы артатындықтан процент нарқының жоғары болуы мүмкін. Коммерциялық кредиттің жеңіл болуы банк кредитіне деген сұранысты біршама төмен дәрежеде ұстап тұратындықтан процент нарқы төмендей алады.

«Economist» 1847 жылы (вексель) курсына жедел ықпал жасалғандығын, бұл ықпал процент нарқының өсуі және ақша рыногына басқадай қысым көрсетілуі арқылы жасалғандығын еске түсіреді. Бірақ та курстың өзгеруіне қарамастан апрельдің аяғына дейін алтынның ағылып кетіп жатқанын естен шығармау керек; мұнда өзгеріс тек майдың бас кезінде ғана болды.

«1847 жылдың 1 январында Банқтың металл запасы 15 066 691 фунт стерлинг болды; есеп нарқы  $3\frac{1}{2}$  процент; үш айлық курс Парижге 25,75 процент; Гамбургке 13, 10 процент; Амстердамға  $12,3\frac{1}{4}$  процент болды. 5 мартта металл запасы 11 595 535 фунт стерлингке дейін кеміді; есеп нарқы 4 процентке дейін көтерілді; вексель курсы Парижге  $25,67\frac{1}{2}$  процент, Гамбургке —  $13,9\frac{1}{4}$  процент, Амстердамға —  $12,2\frac{1}{2}$  процентке дейін төмендеді. Алтынның қолдан шығуы тоқталған жоқ».

Мына кестені [«Economist»-тегі сол мақаладан] қараңыз.

1847 ж.	Англия банкіндегі асыл металл запасы	Ақша рыногының дағдарысы		Үш айлық вексельдің ең жоғары котировкасы	
			Париж	Гамбург	Амстер-дам
20 март	11 236 630 ф. ст.	Есеп нарқы 4%	25,67 $\frac{1}{2}$	13,9 $\frac{3}{4}$	12,2 $\frac{1}{2}$
3 апр.	10 246 410 » »	» » 5%	25,80	13,10	12,3 $\frac{1}{2}$
10 »	9 867 053 » »	Ақша өте сирек	25,90	13,10 $\frac{1}{2}$	12,4 $\frac{1}{2}$
17 »	9 329 841 » »	Есеп нарқы $5\frac{1}{2}$ %	26,02 $\frac{1}{2}$	13,10 $\frac{3}{4}$	12,5 $\frac{1}{2}$
24 »	9 213 890 » »	Нашарлаған	26,05	13,12	12,6
		Үсті-үстіне нашарлауда			
1 май	9 337 716 » »	Нашарлаудың шегіне жеткен	26,15	13,12 $\frac{3}{4}$	12,6 $\frac{1}{2}$
8 »	9 588 759 » »		26,27 $\frac{1}{2}$	13,15 $\frac{1}{2}$	12,7 $\frac{3}{4}$

1847 жылы Англиядан шыққан барлық асыл металл экспорты 8 602 597 фунт стерлинг болды.

Бұл сомадан Құрама Штаттарына жіберілгені	3 226 411 ф. ст.
Бұл сомадан Францияға . . . . .	2 479 892 ф. ст.
Бұл сомадан Ганзей қалаларына. . . . .	958 781 ф. ст.
Бұл сомадан Голландияға . . . . .	247 743 ф. ст.

Марттың аяқ кезінде курстың өзгергеніне қарамастан, онан кейін де бүкіл ай бойына алтынның сыртқа ағылуы тоқталған жоқ: сірә, Құрама Штаттарға қарай ағылған болуы керек.

«Бұл арада біз» (дейді «Economist» 1847 ж. 21 августа, 954-бет) онан кейін ақша жөніндегі қиыншылықтың тиімсіз курсты түзеп, алтынның қозғалысын өзгерткенін, сөйтіп, алтынның Англияға қайта оралып келе бастағанын көреміз. Бұл әрекет төмен балансының жағдайына мүлде байланыссыз болды. Процент нарқының көтерілуі ағылшынның және шетелдердің бағалы қағаздарының курсы төмендетті және оларды шетел есебінен көптеп алуға себеп болды. Бұл Англияда жасалған вексельдердің сомасын көбейтті, не сонымен қатар, екінші жағынан, процент нарқы жоғары болғандықтан ақша табудың қиындығы күшейе түсті, сөйтіп, бұл вексельдерге сұраныс кеми түсті, ал бірақ олардың сомасы өсті. Дәл осы себептен шетел товарларына берілген заказдар жойылды, шетелдің бағалы қағаздарына айналдырылған ағылшын капиталы қайтадан өткізілді, ақшасы Англияда орналастыру үшін жөнелтіліп жатты. Мысалы, 10 майдағы «Rio de Janeiro Price Current»-тен біз мынаны оқимыз. «Вексель курсы» (Англияға жазылған) «жаңадан тағы төмендеді, бұған көбінесе мемлекеттік бағалы қағаздарды» (бразилиялық) «ағылшын есебіне едәуір көп сатудан түсетін қаржы үшін римессаға сұранысы көбейіп, рынокқа қысым жасалуы себеп болды».

Англияда процент өте төмен болған кезде шетелдерге шығарылып, әр түрлі бағалы қағаздарда айналған ағылшын капиталы, сөйтіп, процент нарқы көтерілген кезде қайта қайтты.

### АНГЛИЯНЫҢ САУДА БАЛАНСЫ

Бір ғана Үндістанның өзі «жақсы басқарғаны үшін» 5 миллион алым, британ капиталына проценттер мен дивидендтер және т. с. төлеп тұруға тиіс, ал Англияда орналастыру үшін бір жағынан чиновниктердің еңбек ақыларынан жинақтаған қаржысы түрінде, енді бір жағынан ағылшын көпестерінің пайдадан алған үлестері түрінде жыл сайын Англияға жөнелтіп жататын сомалары өз алдына. Дәл осындай себептермен британ отарларының әрқайсысынан едәуір ақша үздіксіз ағылып келіп жатады. Австралиядағы, Вест-Индиядағы, Канададағы банкілердің көпшілігі британ капиталына негізделіп

ашылған, дивидендтері Англияға төленіп тұруға тиіс. Оның үстіне Англия европалық, оңтүстік және солтүстік америкалық шетелдердің қыруар мемлекеттік қағаздарына иелік етіп, солар бойынша процент алып тұрады. Бұған оның тиісті дивидендтер алып, темір жолдарды, каналдарды, рудниктерді, т. б. пайдалануға қатысуы тағы қосылады. Бұл статьялардың бәріне төленетін төлем Англияның сыртқа тасыған товарларының сомасынан тыс, тек қана азық-түлік өнімдерімен өтеледі. Екінші жағынан, Англиядан шетелдегі ағылшын бағалы қағаздарының иелеріне түсетін сома және шетелдегі ағылшындар тұтынатын сома әлгімен салыстырғанда тіпті болмашы ғана.

Бұл мәселе, сауда балансына және вексель курсына қатысты болғандықтан

«әрбір белгілі кезеңде көкейтесті мәселе болып табылады. Әдетте... Англия өзінің сыртқа шығаратын товарына ұзақ мерзімді кредит береді, ал сырттан алатын товарларға қолма-қол ақша төлейді. Белгілі кезеңде төлем төлеу мерзіміндегі бұл айырмашылық курске едәуір әсерін тигізеді. Біздің сыртқа шығаратын товарларымыз айтарлықтай молайған кезде, мысалы, 1850 ж. шетелде жұмсалатын ағылшын капиталы үздік артады... сөйтіп, 1849 жылы экспортқа шығарылған товарлар үшін алынатын ақы 1850 жылы ғана түседі. Ал егер 1850 ж. сыртқа шығарылған товар 1849 ж. сыртқа шығарылған товардан 6 миллион артық болса, оның іс жүзіндегі нәтижесі сол — бұл жылы сырттан келетін ақшадан сыртқа жіберілген ақша көп болады; сөйтіп, вексель курсы мен процент дәрежесіне әсер етіледі. Ал енді біздің ісімізге дағдарыстың зардапты қысымы ықпал етіп, біздің сыртқа товар шығаруымыз мүлде азая бастаған кезде-ақ, өткен жылдардың ірі экспорты үшін алынатын қаржы біздің импортымыздың құнынан едәуір арта бастайды; осыған сәйкес курс біздің пайдамызға бұрылады, ел ішінде капитал тез қорланады, процент нарқы төмендейді» («Economist», 1851 ж., 11 январь [30 бет].)

Шетелдік вексель курсы мына себептерден өзгереді:

1) сол кезеңдегі төлем балансының әсерінен; бұл баланстың қандай себептермен белгіленуі, — таза сауда себептерімен бе, шетелдерде капитал орналастырумен немесе соғыс жүргізуге, т. с. мемлекеттік шығындар мен бе, — ол жағы есеп емес, өйткені мұнда шетелдегі төлемдер қолма-қол ақшалай төленеді.

2) Сол елде ақшаның — металл ақша болсын немесе қағаз ақша болсын — құнсыздануы әсерінен. Бұл жағдайда курстың өзгеруі таза номиналдық сипатта болады. Егер 1 фунт стерлингте бұрынғы ақшаның жартысындай ғана құн қалған болса, оны 25 франкке қабылдаудың орнына  $12\frac{1}{2}$  франкке қабылдайтыны өзінен-өзі түсінікті.

3) Егер әңгіме біреуі ақша орнына күмісті, екіншісі — алтынды қолданатын екі елдің арасындағы вексель курсы тура-

лы болса, онда вексель курсы екі металдың салыстырмалы құнының ауытқуына байланысты болады, өйткені мұндай ауытқу екі металдың арасындағы паритетті өзгертетіні сөзсіз. Бұған 1850 жылдың курстары мысал бола алады: бұл курстар, Англияның экспорты өте-мөте өссе де, Англия үшін қолайсыз болды; сөйте тұра, алтынның басқа жаққа ағылуы байқалған жоқ. Бұл алтын құнына қарағанда күміс құнының кенеттен көтеріліп кетуінің нәтижесі еді. (Қараңыз, «Economicist» 1850 ж., 30 ноябрь [1319—1320 беттер].)

Вексель курсының 1 фунт стерлингке паритеті: Парижде 25 франк 20 сантим; Гамбургте 13 марка-банко 10<sup>1</sup>/<sub>2</sub> шиллинг; Амстердамда 11 флорин 97 цент болды. Париждегі вексель курсы 25, 20-дан жоғары көтерілген сайын, ол Францияның ағылшын борышқоры үшін немесе француз товарларын сатып алушылар үшін неғұрлым тиімді бола береді. Бұлардың екеуіне де өз мақсаттарына жету үшін енді фунт стерлинг аз керек болады.— Асыл металды алу оңай болмайтын қиыр шеттегі елдерде, вексельдер сиреп, Англияның төлем жасауына жетпеген кезде, оның табиғи нәтижесі әдетте Англияға шығарылатын өнімдердің бағасын жоғарылату болады, өйткені вексельдердің орнына Англияға осы өнімдерді жөнелту үшін оларға деген сұраныс арта түседі; мұндай жағдай Үндістанда жиі болып тұрады.

Вексель курсының тиімсіз болуы және тіпті алтынның тысқа ағылуы Англияда ақша жойқын көп, процент нарқы төмен және бағалы қағаздардың курсы жоғары болған кезде орын алады.

1848 жылдың өн бойында Англия Үндістаннан қыруар күміс алды, өйткені жақсы вексельдер сирек болды, ал 1847 жылғы дағдарыстың және Үндістанмен арадағы істерде кредиттің құлдырап азаюы салдарынан шамалы вексельдер сапарқау қабылданды. Бұл күміс түгелдей мұнда жеткізілгеннен кейін, революцияға байланысты жер-жерде казына жинау күшейіп жатқан құрылыққа қарай өзіне жол тапты. 1850 ж., осы күмістің едәуір бөлігі Үндістанға қайта сапар шекті, өйткені вексель курсының жағдайы осыны енді тиімді етті.

---

Монеталық система көбінесе — католиктік сипатта болды да, кредиттік система көбінесе протестанттық сипатта болды. «The Scotch hate gold»\*. Қағаз ақшада товарлардың ақшалық болмысы тек қоғамдық болмыс қана болып табылады.

\* — «Шотландтар алтынды жек көреді». Ред.



Тек сенім ғана құтқарады.<sup>143</sup> Товардың имманенттік рухы ретіндегі ақшалай құнға деген сенім, өндіріс тәсіліне және оның туу баста белгіленген тәртібіне деген сенім, капиталдың өз құны жағынан өзінен-өзі өсуі жай бейнелеуші ретінде өндірістің және агенттеріне деген сенім. Бірақ протестанттықтың католицизм негізінен жөнді босанып шықпағаны сияқты, кредиттік система да монеталық системаның базисінен жөнді босанып шыға қойған жоқ.

## О Т Ы З   А Л Т Ы Н Ш Ы   Т А Р А У

## КАПИТАЛИЗМГЕ ДЕЙІНГІ ҚАТЫНАСТАР

Процент келтіретін капитал, немесе, — біз оны өзінің ескі формасында атасақ — өсімқор капитал, өз егізінің сыңары көпестік капиталмен бірге капиталдың атамзаманғы формаларына жатады, бұл капиталистік өндіріс әдісінен әлдеқайда бұрын болды және нағыз әр түрлі қоғамдық-экономикалық формацияларда орын алды.

Өсімқор капиталдың өмір сүруі үшін ең болмағанда өнімдердің бір бөлігінің товарға айналуы және товар саудасымен қатар ақшаның өзінің атқаратын әр түрлі қызметтерінде дами түсуі қажет.

Өсімқор капиталдың дамуы көпестік капиталдың, әсіресе сауда-ақша капиталының дамуымен байланысты. Мануфактура антик дүниесіндегі дамудың орта дәрежесінен әлдеқайда төмен болған Көне Римде республика өмір сүруінің соңғы жылдарынан бері қарай көпестік капитал, сауда-ақша капиталы және өсімқор капитал — антик формалары шеңберінде — дамудың жоғарғы шыңына жетті.

Ақшаның қай жолмен сөзсіз қазына жинауға әкеліп соқтыратынын біз көрдік.<sup>144</sup> Бірақта кәнігі қазына жинаушы өсімқорға айналған кезде ғана үлкен маңыз алады.

Көпес ақшаны қарызға алғанда, пайда табу үшін, оны капитал ретінде қолдану үшін, яғни оны жұмсау үшін алады. Демек, оның ақша кредиторымен арадағы қатынасы бұрынғы формаларында да дәл қазіргі капиталистің қатынасындай болған. Бұл қатынастың ерекшелік сипатын кезінде католиктік университеттер де сезген.

«Алькала, Саламанка, Ингальштадт, Брейсгаудағы Фрейбург, Майнц, Кёльн және Трир университеттері сауда қарызы бойынша процент алудың заңға сыйымды екендігін бірінен соң бірі мойындады. Алғашқы бес университеттің бұл санкциялары Лион қаласы консулатының архивіне енгізіліп, «Traité de l'usure et des interets»-тің қосымшасында басып шығарылды. Lyon, Bruyset-Ponthus» (M. Augier. «Du Crédit public etc». Paris, 1842, p. 206).

Құл еңбегіне негізделген шаруашылығы (грек және рим заманының кейінгі кезінде қалыптасқандай патриархалдық шаруашылық емес) баюдың құралы болып табылатын, демек, онда ақша құлдарды, жерді, т. с. сатып алу арқылы басқаның еңбегін немдену құралы болып табылатын формалардың барлығында да — ақша нақ осындай ретпен жұмсалатын болғандықтан да, ол капитал ретінде қолданылу қабілетіне ие болады, ол процент келтіре бастайды.

Алайда капиталистік өндіріс тәсілінен бұрынғы замандарда өсімқорлық капиталдың өмір сүруінің сипатты екі формасы болды. Мен сипатты формаларын айтып отырмын. Бұл формалардың өзі кейін капиталистік өндірістің базисінде қайталанатын, бірақ бағынышты формаларда ғана. Мұнда олар енді процент келтіретін капиталдың сипатын анықтайтын формалар болып табылмайды. Бұл екі форма мыналар: *біріншіден*, ысырапқор аталы ақсүйектерге, көбінесе жер иелеріне ақша қарыз беру арқылы өсімқорлық жасау; *екіншіден*, өз еңбегіне керекті жағдайлары бар ұсақ өндірушілерге ақша қарыз беру арқылы өсімқорлық жасау, бұл ұсақ өндірушілердің қатарына қолөнерші, әсіресе шаруа жатады, өйткені капитализмге дейінгі қатынастарды, бұл қатынастар дербес, жеке ұсақ өндірушілердің өмір сүруіне жалпы мүмкіншілік беретін болғандықтан, олардың орасан зор көпшілігі шаруалар табы болып табылады.

Бұлардың екеуі де — өсімқорлықпен, бай жер иелерін күйзеліске ұшырату да, ұсақ өндірушілердің сөлін сығып алу да, — ірі ақша капиталдарының құралып, шоғырлануына әкеп соғады. Бұған байланысты ескі өндіріс тәсілінің ыдырауы, мысалы, қазіргі Европадағыдай, қаншалықты асқынады және оның орнына капиталистік өндіріс тәсілі орнай ма, орнамай ма — мұның бәрі түгелдей тарихи даму сатысына және онан туатын жағдайларға байланысты болады.

Өсімқорлық капитал, процент келтіретін капиталдың сипатты формасы ретінде, өз еңбегімен күн көретін шаруалар мен ұсақ қолөнерші-шеберлердің ұсақ өндірісі басым болатын кезге сәйкес келеді. Дамыған капиталистік өндіріс тәсілі жағдайындағы сияқты, еңбек шарттары мен еңбек өнімі капитал ретінде жұмысшыға қарама-қарсы тұратын жерде, — өндіруші ретінде жұмысшы борышқа ақша алуға мұқтаж емес. Ал егер ол борышқа ақша алса, мысалы, қарыз кассасынан өзінің жеке мұқтажына алады. Бірақ қызметкер — шын мағынасында немесе номиналдық мағынада — өзінің еңбек шарттары мен өз өнімінің меншік иесі болған жерде, ол өндіруші ретінде өсімқорлық капитал түрінде өзіне қарама-қарсы тұратын ақша кредиторының капиталымен белгілі

бір қатынаста болады. Ньюмен: жұрт банкирді құрметтейді, ал өсімқорға олардың жаны қас, онан жиренеді, өйткені бірінші ақшасын қарызға байларға береді, екіншісі — кедейлерге береді деп, осы фактыны тұрпайы түсіндіреді. (F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 44). Банкир мен өсімқордың арасындағы айырмашылық — екі түрлі қоғамдық өндіріс тәсілдерінің және осыларға сәйкес екі түрлі қоғамдық құрылыс формаларының арасындағы айырмашылық екенін және бұл мәселе бай мен кедейдің арасындағы қарама-қарсылықпен тынбайтынын ол аңғармайды. Ол ол ма, ұсақ өндірушіні соратын өсімқорлық әдетте ірі бай жер иелерін соратын өсімқорлықпен қатарласып жүреді. Рим патрицийлерінің өсімқорлығы Рим плебейлерін, ұсақ шаруаларды біржола күйзелтіп бітіргенде, қанаудың бұл формасы да бітіп, ұсақ шаруалар шаруашылығының орнын бірыңғай құл иеленушілік шаруашылық басқан болатын.

Бұл арада өндірушінің өмір сүруіне ең қажет қаражаттан артығының бәрін (кейін жалақыға айналған сомадан артығын) өсімқор процент түрінде (кейін пайда және жер рентасы ретінде көрінетін) жеп қоюы мүмкін, сондықтан да мемлекет үлесіне тиесіліден басқа *барлық* қосымша құнды түгел алып қоятын *осы* проценттің биіктігін, процент — тым құрығанда қалыпты процент — осы қосымша құнның тек бір бөлегі ғана болып отырған жағдайда, қазіргі проценттік ставканың биіктігімен салыстыру барып тұрған сәкеттік болады. Сонымен қатар жалдамалы жұмысшының пайданы, процентті және жер рентасын, қысқасы, барлық қосымша құнды өндіретіні және оны өзін жалдаған капиталиске беретіні ұмыт қалады. Капиталдың дамуы және сонымен бірге проценттің төмендеуі жұмысшыға қаншалықты пайдалы екенін көрсету үшін Кэри осындай мағынасыз салыстыру жасайды. Сонсоң, егер өсімқор өз құрбандығының қосымша еңбегін соруымен қанағаттанбай, біртіндеп оның еңбек шарттарының өзіне — жеріне, үйіне және т. т. — меншік правосын иемденіп алатын болса, сөйтіп, оны үнемі тонауға тырысатын болса, онда қызметшінің еңбек шарттарын толығымен тонап алу капиталистік өндіріс тәсілі көздеген нәтиже болып табылмайтынын, бұл өзі капиталистік өндіріс тәсілі сүйенетін дайын алғы шарт болып табылатынын ұмытпауымыз керек. Жалдамалы құл, бейне нағыз құл сияқты, өз жағдайына сәйкес, — тым болмағанда өзінің өндіруші ретіндегі жағдайына сәйкес — кредитордың құлы бола алмайтын жағдайға қойылған; ол құл болса, тұтынушы ретінде ғана бола алады. Өндіріс тәсілін өзгертпей-ақ, тікелей өндірушілердің барлық қосымша еңбегін шынында иемденіп алатын өсімқорлық капитал; өндірушінің еңбек

21 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

шарттарын меншіктену немесе иелену правосы және осыған сәйкес бытыранды ұсақ өндіріс ең маңызды алғы шарты болып табылатын өсімқорлық капитал; демек, капитал еңбекті өзіне тікелей бағындырмайтын өсімқорлық капитал — мұндай өсімқорлық капитал өндірістің бұл тәсілін қайыршылық халге жеткізеді, өндіргіш күштерді дамытудың орнына, оны мешелдікке душар етеді және сонымен бірге қоғамдық еңбек өнімділігі, капиталистік өндірістің тұсындағыдай, еңбектің өзінің есебінен дами алмайтын мүгедек қоғамдық жағдайлар мәңгі-бақи сақталып қала береді.

Сөйтіп, бір жағынан, өсімқорлық капитал антикалық және феодалдық байлықты және антикалық, феодалдық меншікті ыдыратып, күйретеді. Екінші жағынан, ол ұсақ шаруалар өндірісін және ұсақ буржуазиялық өндірісті, қысқасы, өндіруші әлі де болса өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының меншік иесі болып қалатын формалардың бәрін ыдыратып, күйретеді. Дамыған капиталистік өндіріс тәсілінің тұсында жұмысшы өндіріс шарттарының — өзі өңдейтін жердің, өзі өңдейтін шикі материалдардың және т. т.— меншік иесі болып табылмайды. Бірақ өндіріс шарттарының өндірушіден осылай ажырауына бұл арада өндіріс тәсілінің өзіндегі шын төңкеріс сәйкес келеді. Бытыраңқы жұмысшылар өзара іштей байланысты жеке қызметтерді орындау үшін ірі шеберханаға бірігеді; еңбек құралы енді машина болады. Өндіріс тәсілінің өзі ендігі жерде ұсақ меншікке байланысты өндіріс құралдарының майдалануына да, сондай-ақ жұмысшылардың өздерінің оқшау қалуына да жол бермейді. Капиталистік өндіріс тұсында өсімқорлық енді өндіріс шарттарын өндірушіден ажырата алмайды, өйткені ол бұрын ажыратылып қалған.

Өндіріс құрал-жабдықтары бытыраған жерлерде өсімқорлық ақшалай мүлікті орталықтандырады. Өсімқорлық өндіріс тәсілін өзгертпейді, бірақ соған арамтамақ жәндікше жабысып, оны бейшаралық халге жеткізеді. Ол соның қанын сорады, аздырады, сөйтіп, ұдайы өндіріс жағдайының нашарлай түсуіне апарып соқтырады. Өсімқорларға халық өшпенділігі, өзінің өндіріс шарттарына өндірушінің меншіктігі әрі сонымен бірге азаматтардың саяси қарым-қатынастарының негізі болып табылатын және олардың дербестігінің негізі болып табылатын антикалық дүниеде, әсіресе күшті болған өсімқорларға деген өшпенділік осыдан туған.

Құлдық әлі үстем болып тұрғанда немесе қосымша өнімді әлі феодалдар мен оның сыбайластары ішіп-жеп тұрған жағдайда және құл иеленуші немесе феодал өсімқордың шенгеліне түсіп қалатын жағдайда, өндіріс тәсілі сол күйінде қа-

ла береді; өсімқорлықтың салмағы тек қызметшіге бата түседі. Борышқа белшесінен батқан құл иеленуші немесе феодал сороды одан сайып күшейтеді, өйткені бұлардың өздерін сору да күшейе түседі. Не бұлар өз орнын ақыр соңында өсімқорға босатып, өсімқор, Көне Римдегі салт аттылар сияқты жер меншікшісіне немесе құл иесіне айналады. Ескі қанаушы патриархалдық түрде қанап, оны ең алдымен саяси өкіметтің құралы етіп келсе, енді оның орнын дөрекі, ақшақұмар өсімқор басады. Бірақ өндіріс тәсілінің өзі өзгермейді.

Капитализмге дейінгі барлық өндіріс тәсілдерінің тұсында өсімқорлық революцияландырушы әсер етеді, бірақ бұл әсер тек мына мағынада ғана: ол, өсімқорлық, берік базисінде және үздіксіз ұдайы өндірісінде бір формасынан өзгермей сақталып келген саяси құрылысты қиратып, жояды. Азиялық формалардағы өсімқорлық, экономикалық құлдырау мен саяси коррупциядан басқа ештеңе туғызбастан, өте ұзақ өмір сүре алады. Капиталистік өндіріс тәсілінің басқа жағдайлары бар жерлерде ғана, сол кезде ғана өсімқорлық, бір жағынан, феодалдарды және ұсақ өндірушілерді күйретіп, екінші жағынан, еңбек шарттарын орталықтандырып және оларды капиталға айналдырып, өсімқорлық капитал осындай жерде және осындай кезде ғана жаңа өндіріс тәсілінің пайда болу құралдарының бірі ретінде көрінеді.

Орта ғасырларда бірде-бір елде жалпы проценттік ставка болмаған. Шеркеу жалпы процент келтіретін келісімдер атаулының бәріне тыйым салған. Заң мен сот борыштардың қайтарылуын болмашы мөлшерде ғана қамтамасыз етіп отырған. Жеке реттерде проценттік ставка солғұрлым жоғары болған. Ақша айналысының мардымсыздығы, төлемнің көпшілігін қолма-қол ақшалай өтеу қажеттігі жұртты ақша қарыздануға мәжбүр еткен және де вексель ісі қаншалықты нашар дамыса, бұл мұқтаждық соншалық күшті болған. Проценттің мөлшері жағынан, өсімқорлықтың өзін түсіну жөнінде де көп айырмашылықтар болып отырған. Ұлы Карл заманында кім де кім 100% өсім алатын болса, сол өсімқор болып есептелген. Баден көлі бойындағы Ландауда жергілікті азаматтар 1344 жылы 216 $\frac{2}{3}$ % өсім алып тұрыпты. Цюрихтегі Кеңес 43 $\frac{1}{3}$ -ті заңды деп белгілеген. Италияда, XII—XIV ғасырларда дағдылы ставка 20%-тен аспаса да, қайсы бір кездерде 40% төлеуге тура келген. Верона 12 $\frac{1}{2}$ -ті заңды процент деп белгілеген. Император Фридрих II 10% етіп белгілеген, бірақ бұл тек еврейлер үшін; христиандар жөнінде ол ештеңе айтқысы келмеген. Рейн Германиясында 10% XIII ғасырда-ақ дағдылы ставка болған» (Hüllmann. «Städtewesen des Mittelalters». Zweiter Theil, Bonn, 1827, S. 55—57).

Өсімқорлық капиталдың капиталға тән өндіріс тәсілінсіз ақ капитал үшін сипатты қанау әдісі болады. Бұл қатынас өнеркәсіптің мешеу салаларында немесе қазіргі заманның өндіріс тәсіліне көшуге қарсылық жасайтын салаларында буржуазиялық экономика жағдайларында да қайталанатын. Егер біз, мысалы, Англияның проценттік ставкасын Индиядағы 21\*

проценттік ставкамен салыстырғымыз келсе, онда біз бұл үшін ағылшын банкісінің проценттік ставкасын алмай, мысалы, ұсақ машиналарын үй ішілік өнеркәсіптің ұсақ өндірушілеріне несиеге беріп, олардан өндіретін процентін алуға тиісті болар едік.

Тұтынушы байлыққа қарама-қарсы, өсімқорлықтың тарихи маңызы — мұның өзі капиталдың пайда болу процесі болып табылатындығында. Өсімқорлық капитал мен көпестік байлық меншігіне тәуелсіз ақша қаржысын жасауға қызмет етеді. Өнімнің товарлық сипаты қаншалықты төмен дамыған болса, айырбас құны өндірістің бүкіл аумағы мен көлемін қаншалықты аз бағындырған болса, ақша, өзінің тұтыну құн арқылы балама болатын тежеулі қасиетіне қарама-қарсы, соншалықты дәрежеде нағыз байлық, кәдімгі байлық, жаппай байлық болып саналады. Қазынаның пайда болуы міне осыған негізделген. Дүние жүзілік ақша ретіндегі және қазына ретіндегі ақшаны былай қойғанда, ақша, атап айтқанда, төлем құралы түрінде товардың абсолюттік формасы болып көрінеді. Және ақшаның нақ сол төлем құралы ретіндегі қызметі процентті және сонымен бірге ақша капиталын дамытатын қызметі болып табылады. Ысырапқор байлыққа, адамды аздыратын байлыққа керегі — таза күйіндегі ақша, неі болса да сатып алуға болатын ақша. (Сондай-ақ қарызды өтеуге жарайтын ақша.) Ал ұсақ өндірушіге ең алдымен керегі төлем үшін жұмсайтын ақша. (Жер иесінің және мемлекеттің пайдасына алынатын заттай міндеткерліктің және оброктардың ақшалай рентаға және ақшалай салыққа айналуы бұл арада үлкен роль атқарады.) Осы екі жағдайдың екеуінде де ақша керек болады. Екінші жағынан — қазынаның пайда болуы тек өсімқорлықтың тұсында ғана жүзеге асады және өсімқорлық арқылы оның арманы үдесінен шығады. Қазынаның меншік иесінен талап ететіні — капитал емес, тек қолма-қол нақты ақшаның өзі; алайда проценттің арқасында ол осы ақшалай қазынаны өзі үшін капиталға айналдырады — түгелдей немесе ішінара қосымша еңбекке, сондай-ақ өндіріс шарттарының белгілі бөлегіне иелік еткізетін құралға айналдырады; бұл ретте өндіріс шарттары номиналдық жағынан ақша иесіне әлі де қарама-қарсы тұрғанымен, осылай болады. Өсімқорлық, Эпикур құдайларының дүние аралық кеңістікте тұратыны сияқты, өндірістің еті мен терісінің арасына еніп кетеді<sup>145</sup>. Товар формасы өнімнің жаппай формасынан неғұрлым алыстаған сайын, ақшаның түсуі соншалықты қиындай береді. Сондықтан өсімқор ақшаға зәру адамдардың қарсылық көрсету қабілетінің аз-молдығынан басқа еш бір шекті білмейді. Ұсақ шаруалық және ұсақ буржуазия-

лық өндірісте сатып алу құралы ретінде көбінесе кездейсоқ жағдайлардың немесе белгілі бір төтенше тауқыметтің зардабынан қызметші қажетті өндіріс шарттарынан айрылып қалған жағдайда (әдетте, бұл өндіріс тәсілдерінің тұсында ол әлі де сол өндіріс шарттарының меншікті иесі болып қала береді) немесе, ең аз дегенде, ұдайы өндірістің дағдылы процесімен солардың орнын толтыруға болмайтын кезде, ақша сатып алу құралы ретінде қажет болады. Тіршілікке қажетті құрал-жабдықтар және шикі материалдар осы өндіріс шарттарының негізгі бөлегін құрастырады. Солар қымбаттап кететін болса, олардың орнын өнімнен түскен ақшамен жабуға мүмкіндік болмай қалады, жай ғана егін шықпай қалғанның өзінде шаруа тұқымдық астығының *in patria*\* орнын толтыра алмай қалуы мүмкін.

Плебейлерге зорлықпен міндетті әскер қызметін атқартып, оларды тынымсыз соғыстармен әбден күйзелткен, олардың өз еңбек шарттарын ұдайы өндіруіне кедергі келтіріп, ақырында қайыршыға айналдырып жіберген (қайыршылану, яғни ұдайы өндірістің күйзелуі немесе жоғалуы бұл ретте басым форма болады) Рим патрицийлерінің қамбалары мен қоймаларын сол кездегі мыс ақшаға толтырды. Плебейлерге қажет товарлар — астық, көлік ат, ірі қара мал берудің орнына, патрицийлер түкке керегі жоқ ақшаларын соларға қарызға берді, сөйтіп өз жағдайларын пайдалана отырып, олардан орасан зор өсімқорлық процент өндіріп отырды, соның арқасында плебейлерді өздерінің борышқорына — құлына айналдырды. Ұлы Карлдың тұсында франк шаруалары да соғыстан қатты күйзелді, ақырында олар да кіріптарлықтан ылажсыз крепостнойлыққа айналды. Рим империясында ашаршылық зардабынан азат адамдар балаларын, өздерін көбінесе байлардың құлдығына сатуға еріксіз мәжбүр болғаны белгілі. Жалпы бетбұрыс кезеңдер осындай. Ал жеке жағдайларға келетін болсақ, онда ұсақ өндірушілер үшін өндіріс шарттарын сақтап қалу немесе одан айрылып қалу мыңдаған кездейсоқ жағдайларға байланысты; және әрбір осындай кездейсоқтық немесе өндіріс шарттарынан айрылу қайыршылыққа ұшыраумен тең; жалмауыз-өсімқордың тас кенедей қадала кететін кезі де дәл осы тұс. Ұсақ шаруаның сиыры өліп қалса болды,— өз шаруасында бұрынғы көлемде ұдайы өндірісті ол енді қайта бастай алмайды. Демек, ол өсімқордың шеңгеліне ілінеді, ал бір ілінсе болды — одан енді қайтып ешуақытта босап шыға алмайды.

Алайда өсімқорлықтың нағыз өзіне тән, кең көлемді және

---

\* — *заттай. Ред.*



ерекше бір саласы — ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі. Белгілі бір мерзімге орайластырылған ақша міндеткерлігі атаулының бәрі — арендалық ақы, алымдар, салықтар және т. т. — ақшалай төлеу қажеттігін туғызып отырады. Сондықтан өсімқорлық Көне Рим заманынан бастап, қазіргі заманға дейін откупщиктердің, *fermiers généraux*, *receveurs généraux*\*, қызметіне кең арнада барып қосылады. Сонан кейін сауданың және товарлы өндірістің жалпылама сипатының дамуымен бірге сатып алу мен төлемнің уақыт жағынан бөлінуі дамиды. Ақшаны белгілі бір мерзімде жеткізіп беру керек. Қазіргі замандағы ақша дағдарыстары мұның өзі әлі біздің заманымызда да ақша капиталисі мен өсімқордың біртұтас бірігіп кетуіне жағдай туғыза алатынын дәлелдейді. Бірақ нақ осы өсімқорлықтың өзі төлем құралы ретіндегі ақша қажетін онан әрі күшейтудің басты құралы болады; өндірушінің борышын барған сайын көбейте береді де, өсімқорлық оны дағдылы төлем құралынан айырады, өйткені бір ғана процент ауыртпалығының өзі оның бір қалыпты ұдайы өндірісіне мүмкіндік бермей қояды. Бұл арада өсімқорлық төлем құралы ретіндегі ақшадан өсіп шығады да, өзінің арман еткен осы аренасын — осы қызметін кеңейте түседі.

Кредит ісі өсімқорлыққа қарсы реакция ретінде дамиды. Алайда мұны антикалық жазушылардың, шіркеу басылары, Лютер және ертедегі социалистер айтқан мағынада түсінбеу керек. Бұл өзі процент келтіретін капиталды капиталистік өндіріс тәсілінің жағдайлары мен қажеттеріне бағындырудан басқа түк те емес.

Жалпы және тұтас алғанда, процент келтіретін капитал қазіргі замандағы кредит саласында капиталистік өндірістің жағдайларына бейімделеді. Өсімқорлық сол қалпында әмір сүре беретіні былай тұрсын, қайта, капиталистік өндіріс тәсілі дамыған елдерде әрқашанда бұрынғы заңдардың тежеуінен босап шыға береді. Капиталистік өндіріс тәсіліне сәйкес мағынада қарыз алу мүмкіншілігін қалдырмайтын адамдар, таптар және қатынастар туралы сөз болғанда; қарызды, мысалы, ломбардтан алғандай, өзінің жеке мұқтажы үшін алғанда; тұтынушы дәулет иелері қарызды ысырапқорлық мақсатпен алғанда, немесе өндіруші мысалы, ұсақ шаруа, қол өнерші, т. т. сияқты капиталистік емес өндіруші болса, демек, әлі де тікелей өндіруші ретінде өзінің өндіріс шарттарының иесі болып табылатын болса; ақырында, капиталистік өндіруші жоғарыда көрсетілген өздері жұмыс істейтін өндірісшілер деңгейлес болмашы ғана көлемде әрекет жасайтын болса,

---

\* — басты откупщиктердің, басты алым жинаушылардың. *Ред.*

осындай кездерде процент келтіретін капитал өзінің өсімқорлық капитал формасын сақтап қала береді.

Процент келтіретін капитал капиталистік өндіріс тәсілінің мәнді элементін құрайтын болғандықтан, оның өсімқорлық капиталдан айырмасы бұл капиталдың өз табиғатынан, өз сипатынан тумайды. Бұл айырмашылықты тудыратын капиталдың атқаратын қызметінің өзгерген жағдайлары ғана және осыған байланысты ақша кредиторына қарама-қарсы тұрған қарыз алушының мүлдем жаңа тұрпаты ғана. Керек десе, қаражаты жоқ адамға да өнеркәсіпші немесе көпес ретінде кредит беріледі, алайда бұл кредит сол адамның капиталист ретінде қызмет ететініне, қарызға алған капиталы арқылы ақы төленбеген еңбекке ие болатынына көз жеткен жағдайда ғана беріледі. Кредит оған потенциялы капиталист ретінде беріледі. Апологет-экономистерді соншалықты ғажап қалдыратын осы жағдай, қаражаты болмаса да, қажыры бар, байсалды, іске қабілетті білгір адамның капиталист болып алатын жағдайы — капиталистік өндіріс тәсілінің тұсында әрбір адамның кәсіпкерлік қабілетіне біршама дұрыс баға беріледі ғой — міне осы жағдай сол кездегі өмір сүріп отырған капиталистерге онша ұнай қоймайтын жаңағы бағы жанған адамдарды тудыруға қаншама күшті себепкер болсадағы капиталдың өз үстемдігін нығайтады, оның базисін кеңейтеді және қоғамның төменгі жіктерінен үсті-үстіне жаңа күштерді тартуына мүмкіншілік туғызады. Мұның өзі орта ғасырлардағы католик шіркеуінің өз иерархиясын сословиесіне, шыққан тегіне және дәулетіне қарамастан, халықтың ең озық білімдар адамдарынан құруы поптардың үстемдігін нығайтып, қара халықты езуінің басты құралы болғаны сияқты жай. Үстем тап өз ортасына езілуші таптардан ең үздік адамдарды қабылдауға қаншалықты қабілетті болса, оның үстемдігі соншалықты берік және соншалықты қауіпті болмақ.

Сондықтан тегінде процент келтіретін капиталды аластап шығарудың орнына, қазіргі кредит системасының инициаторлары, қайта, оны батыл мойындаудан бастайды.

Біз бұл арада, мысалы, *Monts-de-piété*-нің істегені сияқты (1350 жылы Франш-Контедегі Сарленде, кейін 1400 және 1479 жылдары Италиядағы Перуже мен Савондағы) кедейлерді өсімқорлардан қорғауға бағытталған әрекеттер туралы сөз қылмаймыз.<sup>146</sup> Бұл мекемелердің бір ғана тамаша жері, осыларды жүзеге асыру үстінде ізгі ниеттерді өзінің тура қарама-қарсылығына айналдыратын тарихтың әжуасы бой көрсетіп қалды. Ағылшын жұмысшы табы ломбардтарға, *Monts-de-piété*-нің қазіргі ұрпақтарына орташа нарықпен 100% төлей-

ді<sup>21)</sup>. Біз сондай-ақ XVII ғасырдың соңғы он жылы ішінде жер меншігін залогқа алып, қағаз ақша беретін ауыл шаруашылық банкісі арқылы ағылшын аксүйектерін өсімқорлықтан құтқарғысы келген доктор Хью Чемберлен немесе Джон Бриско дегендердің кредит жайындағы қиялдарын да айтып отырғанымыз жоқ.<sup>22)</sup>

XII және XIV ғасырларда Венеция мен Генуяда құрылған кредит ассоциациялары теңіз саудасының және осыған негізделген көтерме сауданың ескі салтты өсімқорлардан және ақша саудасының монополистерінен құтылу мұқтажынан келіп туған. Егер осы республика — қалаларда құрылған нағыз банкілер сонымен бірге қоғамдық кредит мекемелері болған болса, мемлекет олардан алдағы салықтан түсетін қаржының есебіне қарыз алып тұрса, сол ассоциацияларды құрған көпестердің өзі сол мемлекеттерде бірінші адамдар болғанын және олар өз үкіметін де, өздерін де өсімқорлардан құтқаруға сондайлық мүдделі болғанын ұмытпау керек<sup>23)</sup>; бұлар осы шаралар арқылы мемлекетті берігірек, мықтырақ бағындырғысы келді. Сондықтан да, Ағылшын банкісін құру жобасы жасалғанда, торилер бұған қарсы болып былай деген:

«Банкілер — республикалық мекемелер. Дамыған банкілер Венецияда, Генуяда, Амстердамда және Гамбургте бар. Ал о заманда-бұ заман француз немесе испан банкісі туралы кім естіген?»

1609 жылы құрылған Амстердам банкісі, дәл Гамбург банкісі (1619 ж.) сияқты, қазіргі кредит ісінің даму заманының

<sup>21)</sup> «Бір айдың ішінде салынатын залогтармен ақшасын өтеп, қайта сатып алу немесе ақшалай болмашы айырмасын алып, бұрынғы залогын қайта сатып алу үшін залог салу жиі болудың салдарынан, ломбардтарда алынатын проценттер шектен тыс көбейіп барады. Лондонда тіркеуге алынған 240 ломбард бар және провинцияларда 1450... Бұлардың іске жұмсаған капиталы шамамен 1 миллион болып есептеледі; бұл сома жылында кем дегенде үш рет айналып, әр айналған сайын 33½% келтіреді; сөйтіп Англияның төменгі таптары жыл сайын уақытша алған 1 миллион қарызға мерзімінде қайта сатып ала алмай, заттарынан айрылып қалғанын есептегенде, 1 миллион төлейді (J. D. Tuckett. «A History of the Past and Present State of the Labouring Population». Vol. I, London, 1841, p. 114).

<sup>22)</sup> Керек десе өздерінің жоғарыда аталған еңбектерінде<sup>47</sup> негізгі мақсатымыз деп бұлар «егіншілердің жалпы тұрмыс халін, жер құнының анағұрлым көтерілгенін, шонжарлар мен ұсақ дворяндардың және т. б. салықтардан босағанын, бұлардың жылдық табысының көбейгенін және т. б.» көрсетеді. Бұлардың сөзіне қарағанда, француз армиясының шапқыншылығынан гөрі, дворяндар мен йомендерді<sup>48</sup> көп зиянға ұшыратқан ұлттың ең залым жаулары — тек осы өсімқорлар.

<sup>23)</sup> «Айталық, мысалы, ағылшындық Карл II-нің өзі де «алтын ісінің зергеріне» (банкірлердің алдыңғы ұрпақтарына) «орасан көп өсімқорлық проценттер, лаж төлеп тұрған, 20—30%». Осыншалық тиімді іс «алтын ісінің зергерлерінің» корольге үсті-үстіне қарыз беріп тұруға итерген, салықтардан түсетін қаржылардың бәрін күні бұрын не болып алуға, қандай да болсын парламенттік субсидия жасалған бойда, берілген қарыздың өтеуін қамтамасыз ету ретінде, субсидияны қолына алып алуға, сондай-ақ вексельдерді, чектерді және салық документтерін сатып алуға және залог ретінде қабылдауға олардың өз ара бәсекелесуіне итермелеген, сөйтіп іс жүзінде барлық мемлекеттік түсімдер осылардың қолынан өтіп отырған (John Francis. «History of the Bank of England». Third edition, vol. I, London, 1848, p. 31). «Банк құру бұрын да әлде неше ұсынылған. Ақырында осы қажет болды (бұл да сонда, 38-бет). «Банк өсімқорларға қаналған үкіметтің парламенттік субсидия есебінен өтейтін болып, төзімді процентпен ақша алып тұруына мүмкіндік туғызу үшін, бір ғана осы үшін қажет болды (бұл да сонда, 59—60-беттер).

басы деп санала қоймайды. Бұл өзі депозиттік банк қана болды. Банк шығарған бондар шындығында монета немесе қорытпа түрінде банкіге салынған бағалы металды банкінің алғаны туралы тек қолхат қана болатын және бұл бондар соның иесінің басқа біреуге бергені туралы жазылса ғана айналымға түсетін. Алайда Голландияда сауданың және мануфактураның дамуымен бірге коммерциялық кредит пен ақша саудасы дамыды, сөйтіп процент келтіретін капитал осы процестің үстінде өнеркәсіп және сауда капиталына бағындырылды. Бұл өзі процент ставкасының төмендігінен көрінді. Голландия XVII ғасырда, қазіргі Англия сияқты, экономика жағынан неғұрлым алдыңғы қатардағы ел болып саналатын. Кедейшілікке негізделген ескі салттағы өсімқорлық ол жерде өзінен өзі жойылған.

XVIII ғасырдың басынан аяғына дейін, Голландиядағы үлгіге сүйеніп, процент келтіретін капиталды, керісінше емес, сауда және өнеркәсіп капиталына бағындыру мақсатымен процент ставкасын зорлап төмендетуді талап еткен үндер басым шықты, заңдар да осы бағытта қабылданатын болды. Мұнда басты айқайшы Англияда қазіргі жеке меншікті банк ісінің түп атасы Джозая Чайлд болды. Нақ осы Джозая Чайлд, «жеке тігіншілердің» монополиясына қарсы өздерін күрескерлер етіп дәріптеген Мозес пен соның баласының жаппай киім тігу фирмасы сияқты, өсімқорлар монополиясына қарсы барынша тілін безеп-ақ бақты. Ал осы Джозая Чайлдың өзі сонымен бірге ағылшын stock jobber\* түп атасы болған. Бұл, Ост-Инд компаниясының бірегей бастығы, сауда еркіндігі үшін деп, осы компанияның монополиясын нақ сондай жанын салып қорғайды. Томас Манлиге («Interest of Maney mistaken») <sup>149</sup> қарсы ол былай деп жазады:

«Жүрексіз өсімқорлар бандасының мүдделерін қорғаушы ретінде бұл өзінің басты батареясымен неғұрлым әлсіз жері деп өзін көрсеткен пунктті нысанаға алып атқылайды... Ол проценттің төмен дәрежеде болуы, нақ осының өзі, байлықтың себебі екенін түп-тура теріске шығарып, бұл тек байлықтың салдары ғана» дейді («Traites sur le Commerce ets». 1669. Traduits de l'anglois, Amsterdam et Berlin, 1754, p. 120). «Егер сауда елдің баюының құралы болса, және егер проценттің азаюы сауданы кеңейтетін болса, онда проценттің төмен болуы, немесе өсімқорлыққа тежеу салу, сөз жоқ, ұлттың баплығының ең басты игілікті себебі. Тегі айтқанда, бір нәрсенің белгілі бір жағдайларда әрі себеп болуынан, ал басқа бір жағдайларда әрі салдар болуынан сөкет нәрсе жоқ (бұл да сонда, 155-бет. «Жұмыртқа тауыққа себеп, ал тауық жұмыртқаға себеп. Процентті төмендету байлықтың артуына әкеліп соқтыра алады, ал байлықтың артуы проценттің онан да бетер мықтап төмендеуіне себеп бола алады» (бұл да

\* — бағалы қағаздардың саудагері. Ред.

сонда, 156-бет). «Мен — енбеккорлықты жақтаймын, ал менің дұшпаным жалқаулықты және әрекетсіздікті жақтайды (бұл да сонда, 179-бет).

Өсімқорлыққа қарсы осы жанталасқан күрес, процент келтіретін капиталды өнеркәсіп капиталына бағындыруды көздеген осы талаптар, бір жағынан, әрекетсіз жатқан барлық ақша резервтерін шоғырландырып, оларды рынокқа түсіріп, өсімқорлық капиталды монополиясынан айыратын, екінші жағынан, кредит ақшалар жасап шығару арқылы бағалы металдар монополиясының өзін тежейтін қазіргі банк ісі түрінде капиталистік өндірістің осы шарттарын жүзеге асырған органикалық құрылымдардың алдында жасалған амалдар ғана болып табылады.

XVII ғасырдың соңғы отыз жылы мен XVIII ғасырдың басында банк ісі жайындағы ағылшын тіліндегі барлық шығармалардан біз, нақ осы Чайлд сияқты, өсімқорлыққа қарсы шабуылдарды, сауданы, өнеркәсіпті және мемлекетті өсімқорлықтан азат ету талаптарын көреміз. Мұнымен бірге біз кредитке, асыл металл монополиясының жойылуына, оның қағаз ақшамен ауыстырылуына т. т. бейне бір құдіреттің күшіндей орасан зор ықпалына жалған сенімнің болғанын көреміз. Ағылшын және Шотланд банктерінің негізін салушы шотландиялық Уильям Патерсонның Бірінші Ло<sup>150</sup> лауазымын алуға сөзсіз правосы бар.

Ағылшын банкіне қарсы «алтын зергерлерінің бәрі» және ақша салушылар түгелдей өршелене қарсы шықты» (Macaulay. «The History of England». Vol. IV. London, 1855, p. 499).

«Алғашқы он жылдың бойында банктің зор қиыншылықтарға қарсы күресуіне тура келді; сыртқы кастандық күшті болды; оның банкноттары номиналды құнынан едәуір төмен қабылданды... «алтын ісінің зергерлері» (өз қолдарындағы асыл металдар саудасы қарапайым банк ісінің негізі болғандар) банкке қарсы күшті айла-әрекеттер жасады, өйткені банктің нәтижесінде бұлардың операциялары азайды, бұлардың есеп проценті төмендеді, ал үкіметпен екі арадағы операциялары өздерінің сол жауларының қолына ауысып кетті» (John Francis, сол шығарма. Цитата, 73-бет).

Ағылшын банкісі құрылғанға дейін-ақ, 1683 ж., ұлттық Кредит банкісінің жоспары пайда болды, мұның мақсаты, былайша айтқанда, мынау еді:

«кәсіпкер адамдар, егер олардың едәуір мөлшерде товарлары болса, осы банктің жәрдемімен өз товарларын сақтауға бере алуы үшін және өздерінің қозғалыссыз жатқан запастарына кредит ала алуы үшін, зиянмен сатудың орнына, қолайлы рынок тапқанға шейін өз қызметкерлеріне жұмыс тауып бере алуы және өз кәсіпорындарын ұлғанта алуы үшін»<sup>151</sup>.

Ұзақ әрекеттерден кейін осы Кредит банкі, ақырында, Бишопсгейт-стриттегі Девошир-хауста ашылды. Ол товарлар

құнының  $\frac{3}{4}$  сомасында товарлар залогы үшін өнеркәсіпшілер мен көпестерге вексель түрінде қарыздар беріп тұрды. Осындай вексельдің айырбасқа түсуін қамтамасыз ету үшін кәсіпкерліктің әрбір саласында белгілі бір мөлшердегі адамдар қоғамға бірікті, бұл қоғамда едәуір вексель иесі қолма-қол төлегендегі сияқты оп-оңай вексельге айырбастап товар ала алады. Банк істері онша оңды болмады. Механизм өте күрделі болды, товарлар құнсыздана қалған күндегі тәуекелшілдік өте зор болды.

Англиядағы осы заманғы кредит ісінің қалыптасуына теория жағынан жәрдемдесіп, көтермелеген осы шығармалардың шын мәнісіндегі мазмұнына ой жүгірткенде, біз процент беруші капиталды және тегі қарызға берілетін алуан түрлі өндіріс құрал-жабдықтарын капиталистік өндіріс әдісіне, мұның шарттарының бірі ретінде бағындыруды талап етуден басқа ештеңе таба алмаймыз. Ал егер тек сөйлемдерге ғана көңіл аударсақ, онда сен-симонистердің банк және кредит жөніндегі жалған үміттеріне ұқсастық, тіпті жекелеген сөздеріне дейінгі ұқсастығы, екінші бірінде таңқаларлықтай жа-жап.

Дәл сондай-ақ физиократтарда cultivateur шын мәнісіндегі егіншілікті емес, ірі арендаторды білдіретіні сияқты, Сен-Симонда, ал кейбір реттерде оның шәкірттерінде де travailleur жұмысшыны емес, өнеркәсіп пен сауда капиталисін білдіреді.

«Travailleur көмекшілерге, қызметшілерге, жұмысшыларға мұқтаж; ол есті, өнерпаз, шын берілген көмекшілерді іздейді; ол оларды жұмысқа қояды, және олардың еңбегі өнімді де» («Religion saint-simonienne. Économie politique et Politique». Paris, 1831, p. 104).

Мынаны тегі ұмытуға болмайды: Сен-Симон өзінің соңғы «Nouveau Christianisme» деген еңбегінде ғана жұмысшы табының мүдделерін білдіруші ретінде тікелей көрініп, оның эмансипациясын өз талаптарымының түпкі мақсаты деп жариялады. Оның неғұрлым ертерек кездегі шығармаларының бәрі іс жүзінде феодалдық қоғамға қарама-қарсы осы заманғы буржуазиялық қоғамды дәріптеу ғана немесе маршалдарға және Наполеон заманында жалған заңдар шығарған юристерге қарама-қарсы өнеркәсіпшілер мен банкирлерді дәріптеу ғана болып табылады. Осы еңбектер мен нақ сол кезге жататын Оуэн шығармаларының арасындағы айырмашылық қандайлық зор<sup>24)</sup>. Жаңа ғана цитатқа келтірілген

<sup>24)</sup> Қолжазбасын қайта өңдеген кезде Маркс, күмән жоқ, бұл жерді қатты өзгерткен болар еді. Бұл жерге экс-сен-симонистердің Франциядағы Екінші империя

жердің көрсетіп отырғанындай, Сен-Симонның жолын қушыларда да өнеркәсіпші капиталист *travailleur par excellence\** болып қала береді. Олардың шығармаларын сын көзбен қарап оқып шыққаннан кейін біз мынаған таңданбаймыз: олардың кредит және банк жөніндегі қиялдарының жүзеге асуы экс-сен-симонист Эмиль Перейр негіздеген *Crédit Mobilier*<sup>152</sup> болды,— мұның өзі, былайша айтқанда, кредит системасы да, ірі өнеркәсіп те әлі де болса осы заманғы дәрежеге дейін өркендемеген Франция сияқты елде ғана үстем форма бола алатын форма еді. Англияда немесе Америкада мұндай бірдененің бола қоюы мүмкін емес. Мына жерлерде: «*Doctrine de Saint-Simon. Exposition. Première année 1828—1829*». 3-me éd., Paris, 1831-де *Crédit Mobilier*-дің ұрығы бар. Сірә, капиталиске немесе жеке меншік өсімкорға қарағанда, банкир неғұрлым арзан кредит бере алатын болу керек. Демек, бұл банкирлер

«заем алушыны іріктеп алуда оп-оңай қателесуі мүмкін жер меншіктері мен капиталистердің істей алатынынан гөрі өнеркәсіпшілерге құралжабдықтарды айтарлықтай арзан, яғни *неғұрлым төмен процентпен* бере алады» (202-бет).

Бірақ авторлардың өздері ескертуде былай деп қосады:

«Банкирдің қолы бос адамдар мен *travailleurs* арасындағы делдалдығынан түсуге тиіс пайда біздің берекеті кеткен қоғамымыз эгоизмнің түрлі алдау-арбау және шарлатандық формаларында көрінуіне мүмкіндік беруі нәтижесінде екінші бірінде теңестіріліп кетеді және тіпті жойылып кетеді; қоғамға зиян келтіре отырып қолы бостар мен *travailleurs*-дің екеуін де қанау үшін банкирлер олардың арасына жиі-жиі еніп отырады».

Мұнда «*Travailleur*» «өнеркәсіп капиталисі» орнында тұр. Тегінде, осы заманғы банктердің қолындағы қаржыларды тек қолы бос адамдардың ғана қаржылары деп қарау мүлдем дұрыс емес. Біріншіден, мұның өзі осы кезеңде өнеркәсіпшілер мен көпестер енді-енді ғана қолданылуды күтіп

---

кезінде атқарған ролі әсер еткен; Маркс осы жолдарды жазған кезде, дәл сол кезде Францияда әлгі мектептің әлемді құтқаруға тиісті кредит қиялдары тарихтың тәлкегімен жалдаптық түрінде бұрын-сонды болып көрмеген көлемде жүзеге асты. Кейіннен Маркс Сен-Симонның данышпандығы мен көп білгіштік ақыл-ойы туралы мейлінше ризашылықпен айтты. Егер Сен-Симон өзінің ерте кездегі шығармаларында буржуазия мен ол кезде Францияда енді-енді ғана туып келе жатқан пролетариат арасындағы қарама-қайшылықты елемеген болса, егер ол буржуазияның өндіріспен шұғылданып жүрген бір бөлегін *travailleurs*-ге жатқызған болса, онда мұның өзі капитал мен еңбекті ымыраластыруға тырысқан Фурьенің көзқарасына сәйкес келеді және сол кездегі Францияның экономикалық және саяси жағдайымен түсіндіріледі. Егер Оуэн бұл пунктте чегұрлым тереңірек болған болса, мұның себебі оның басқа жағдайда, өнеркәсіп революциясының дәуірінде және сол кездің өзінде қатты шиеленісіп кеткен таптық қарама-қайшылықтар дәуірінде өмір сүргендігінен ғана.— Ф. Э.

\* — көбінесе жұмыскер. *Ред.*

тұрған ақша резерві немесе капитал ретінде бос, ақша формасында ұстап отырған капитал бөлегі,— мұның өзі, демек, той-думан капиталы, бірақ той-думаншылардың капиталы емес. Екіншіден, табыстар мен жинақ қаржылары атаулының қор жинау үшін біржолата немесе уақытша арналған бөлегі де дәл осыған жатады. Ал осы екі бөлектің екеуі де банк системасының сипатын анықтау үшін маңызды нәрсе.

Алайда мынаны есте ұмытуға болмайды: біріншіден, ақша — асыл металдар формасында — кредит ісі өзінің табиғаты жағынан *еиқашан* босай алмайтын негіз болып қала береді. Және, екіншіден, кредит системасы жеке адамдардың өндірістің қоғамдық құрал-жабдықтарына монополиясы болады (капитал мен жер меншігі түрінде) деп ұйғарады, кредит системасының өзі, бір жағынан, капиталистік өндіріс әлісінің имманентті формасы болып табылады, екінші жағынан, оның өзі үшін мүмкін болатын формалардың жоғарғы және соңғы формасына қарай дамуының қозғаушы күші болып табылады.

1697 жылдың өзінде-ақ «Some Thoughts of the Interest of England» шығармасында атап көрсетілгеніндей өзінің ресми ұйымдастырылуы мен орталықтандырылуы жағынан банк системасы тегінде капиталистік өндіріс әдісі бастап әкелетін ең жақсы және кемеліне келтірілген нәрсе болып табылады. Осыдан келіп Англия банкі сияқты мекеменің сауда мен өнеркәсіпке орасан зор өктемдік жасауы туады, сауда мен өнеркәсіптің шын мәнісіндегі қимылы осы банктің әрекетінен мүлдем тыс жатады, және де ол банк бұл қимылға енжар қарайды. Банк системасында, әрине, қоғамдық есеп-қисап жүргізудің және өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық көлемде бөлудің формасы, тек формасы ғана берілген. Біздің жоғарыда көргеніміздей, әрбір жекелеген капиталистің немесе әрбір жеке капиталдың орта пайдасы осы капитал тікелей иемденетін қосымша еңбекпен емес, жиынтық капитал иемденетін жиынтық қосымша еңбектің мөлшерімен анықталады, осыдан әрбір жеке капитал жиынтық капиталдың өзі берген бөлегіне пропорционалды мөлшерде өзінің дивидендін алады. Капиталдың осы қоғамдық сипаты кредит пен банк системасы толық дамығанда ғана толық дәрежеде дәнекерленіп, жүзеге асады. Екінші жағынан, бұл система онан әрі де барады. Ол қоғамның бүкіл бос және тіпті әлі потенциалды ғана, әлі белсеніп әрекет жасай қоймаған капиталын өнеркәсіп және сауда капиталының қарамағына береді, сондықтан кредитке алушы да, осы капиталды іске пайдаланушы адам да оның меншікшісі немесе оны өндіруші болып табылмайды. Сонымен бұл система капиталдың жекелік сипатын осылай-



ша жояды және оның бойында, атап айтқанда, тек өз бойында ғана, капиталдың өзін жою қасиеті болады. Ерекше кәсіпорын, қоғамдық қызмет ретінде банк ісі капиталды бөлуді жеке капиталистер мен өсімқорлардың қолынан тартып алады. Ал осының арқасында банк пен кредит сол бір мезгілдің ішінде әрі капиталистік өндірісті мұның өз шеңберінен сыртқа шығаратын аса қуатты құралына, әрі дағдарыстар мен алдамшылықтың ең қуатты рычагтарының біріне айналады.

Онан соң, банк системасы ақшаны кредит айналысының түрлі формаларымен алмастыра отырып, ақша дегеніміз шындығында еңбектің қоғамдық сипаты мен оның өнімдерінің ерекше көрінісінен басқа ештеңе емес екендігін көрсетеді, оның бержағында, алайда, жеке меншік өндірістің базисіне қарама-қайшы болатын бұл сипат, сайып келгенде, әрқашанда зат түрінде, басқа товарлармен қатар ерекше товар түрінде көрінуге тиіс.

Ақырында, кредит системасы капиталистік өндіріс әдісінен ассоциацияланған еңбек әдісіне көшу кезінде қуатты рычаг болып қызмет ететіндігі,— алайда өндіріс әдісінің өзіндегі басқа да ұлы органикалық төңкерістермен байланысты элемент ретінде болатындығы ешқандай күдік туғызбайды. Керісінше, социалистік мағынада алғанда кредит пен банк ісінің ғаламат күші жөніндегі жалған көрініс капиталистік өндіріс әдісін және оның формаларының бірі ретінде кредит ісін мүлдем түсінбеушіліктен туады. Өндіріс құрал-жабдықтары капиталға айналудан қалған екен (мұның өзі жеке жер меншігін жоюды да аңғартады), онда өз мағынасында алғанда енді кредиттің ешқандай мағынасы болмайды,— былайша айтқанда, мұны тіпті сен-симонистер де түсінген. Екінші жағынан, капиталистік өндіріс әдісі әзірге өмір сүріп тұрғанда оның формаларының бірі болып табылатын, процент беретін капитал да іс жүзінде осы өндіріс әдісінің кредит системасының базисін жасай отырып, өмір сүре береді. Ақшаны жойып, товар өндірісін сақтап қалғысы келген Прудон сияқты<sup>25)</sup> сенсацияшыл жазушы ғана «тегін кредит»<sup>153</sup> жөніндегі о дүниелік циклды, ұсақ буржуазиялық ізгі тілектердің осы жалған көрінісін жасауға қабілетті болды.

«Religion saint-simonienne. Economie politique et Politique». Paris, 1831 деген еңбектің 45-бетінен мынаны оқимыз:

«Біреулердің қолында өнеркәсіп құралдары болып, бірақ оларды іске қосуға қабілеті жоқ, іске қосқысы да келмейтін, ал екінші біреулерде,

<sup>25)</sup> *Карл Маркс* «Философия қайыршылығы» Брюссель мен Париж, 1847 [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылымы, 4-том. 65—185-беттер*].— *Карл Маркс. «Саяси экономия сынына», 64-бет. [осы басылымын қараңыз, 13-том, 70 бет.]*

енбек сүйгіш адамдарда, енбек құралдары болмайтын қоғамда кредиттің мақсаты — осы құралдарды біріншілердің, сол құралдардың иелерінің қолынан екіншілердің, бұларды іске қоса білетіндердің қолына мүмкін қадерінше оңай тәсілмен көшіру. Ескерте кетейік, осы анықтама бойынша кредит дегеніміз *меншікті* анықтаған тәсілдің нәтижесі».

Демек, кредит меншіктің осы анықталуымен бірге жойылады. Онан соң 98-бетте былай делінген:

қазіргі кездегі банктер «бұлардан тәуелсіз түрде қызмет ететін кәсіпорындар жасайтын қозғалысқа өздері импульс беруге әсте ұмтылмайды; басқа сөзбен айтқанда, банктер өздері капиталды қарызға беретін *travailleurs* жөнінде капиталистердің ролін атқарады».

Банктер кәсіпорындарға басшылық етуді өздеріне алуға тиіс және

«бұлар басқаратын мекемелер мен солардың бастамасы бойынша атқарылатын жұмыстардың көпсандылығымен және пайдалылығымен» (101-бет).

ерекшеленілуге тиіс дейтін пікірдің өзінде-ақ жасырын түрде *Crédit Mobilier* бар. Константен Пеккёр де банктер (*сен-симонистер* *Système général des banques\** деп атайтындар) «өндірісті басқарсын» деп талап етеді. Тегінде, Пеккёр көбінесе радикалдырақ болғанымен, шын мәнісінде сен-симонист. Ол былай болса екен дейді:

«кредит мекемесі... ұлттық өндірістің бүкіл қозғалысын басқарсын». — «Таланты мен еңбегі бар кедей адамдарға қарызға қаржы беретін ұлттық кредит мекемесін жасап көріңіздер, алайда, өндіріс пен тұтынудағы қатаң ынтымақпен осы заем алушылардың қол-аяғын баптау керек, қайта, керісінше, өз айырбасы мен өз өндірісін олардың өздерінің анықтауына мүмкіндік беру керек. Осы жолмен сіздер жеке меншік банктер қазірдің өзінде-ақ жеткен нәрсеге ғана жетесіздер: анархияға, өндіріс пен тұтыну арасындағы диспропорцияға, біреулердің кенет күйзеліп, екінші біреулердің кенет баюына жетесіздер; сөйтіп сіздердің мекеменіз біреулер үшін екінші біреулердің үлесіне тиетін бақытсыздық сомасына тең әл-ауқат сомасын жасаудан ешқашан да әрі бармайды... Сіздер өздеріңіздің саудаларыңыз арқылы қолдап отырған жалдама жұмысшыларға қазірде олардың капиталистік қожайындары істеп отырғанындай, дәл сондай түрде өзара бәсекеге түсуіне мүмкіндік қана бересіздер» (С. Pécqueur. «*Theorie nouvelle d'Economie sociale et Politique etc.*». Paris, 1842, p. 433—434).

Көпестік капитал мен процент беретін капитал капиталдың ең көне формалары болып табылатындығын біз жоғарыда көрдік. Алайда, істің табиғатының өзінен туатын нәрсе — халықтың ұғымында процент беретін капитал *par excellence\*\** капиталдың формасы ретінде болады. Көпестік капиталдың шеңберлерінде делдалдық қызмет орын алады, бұл қызмет

\* — банктердің жалпы системасы. *Ред.*

\*\* — көбінесе. *Ред.*

қалай деп түсіндірілсе де — алдамшылық деп пе, еңбек деп пе немесе басқаша бірдеңе деп түсіндірілсе де — бәрібір. Керісінше, процент беретін капиталда капиталдың өзін өзі қалпына келтірушілік сипаты, өзінен өзі өсетін құн, жасырын сапаретіндегі қосымша құн өндіру таза күйінде көрінген. Дәл осыдан келіп, тіпті саяси экономияның кейбір өкілдері де, әсіресе, Франциядағы сияқты өнеркәсіп капиталы әлі де болса толық даму дәрежесіне жетпеген елдердегі саяси экономия өкілдері процент беретін капиталды капиталдың негізгі формасы деп есептейді, мәселен, жер рентасын сол капиталдың бір түрі деп қана қарайды, өйткені мұнда да ссуда формасы басым жатыр. Осының салдарынан капиталистік өндіріс әдісінің ішкі құрылымы мүлде теріс түсініледі, капитал сияқты жерді де капиталистер ссудаға беретіні мүлде естен шығарылады. Әрине, ақшаның орнына *in natura*, өндіріс құрал-жабдықтары, мысалы, машиналар, өнеркәсіп үйлері, т. т. ссудаға берілуі мүмкін. Бірақ онда олар белгілі бір ақша сомасын білдіреді, ал егер процентпен қоса тозықтың орнын толтыру үшін белгілібір сома төленетін болса, онда мұның өзі тұтыну құнынан, капиталдың осы элементтерінің айырықша заттай формасынан келіп шығады. Бұл арада тағы да мынадай сұрақ: бұлар тікелей өндірушілерге ссудаға беріле ме, — бұл жағдай капиталистік өндіріс әдісі болмайды, ең болмағанда осындай өндіріс әдісі орын алған салада болмайды деп ұйғарады, — не болмаса олар өнеркәсіп капиталисіне ссудаға беріле ме, — капиталистік өндіріс әдісінің базисінде дәл осылай деп ұйғарылады, — деген сұрақ шешуші сұрақ болып табылады. Бұған жеке бас тұтынуы үшін керекті үйлерді, т. т. ссудаға беруді әкеліп қосу онан сайын орыпсыз және ақылға сыйымсыз нәрсе. Осы формада да жұмысшы табын алдап соғатындығы, оның бержағында керемет сұмдық мөлшерде алдап соғатындығы жалпы жұртқа белгілі факт, бірақ нақ осының өзін жұмысшыны тіршілік заттарымен қамтамасыз ететін ұсақ саудагер де жасайды. Мұның өзі өндіріс процесінде тікелей жүзеге асырылатын алғашқы қанаумен қат-қабат жүретін екінші қанау. Сату мен ссудаға берудің арасындағы айырмашылықтың, сөз жоқ, бұл арада еш маңызы жоқ және бұрын көрсетіп өткеніміздей\*, құбылыстардың шын мәнісіндегі байланысын толық түсінбеген жағдайда ғана елеулі нәрсе болып табылады.

---

Сауда сияқты, өсімкорлық та нақты өндіріс әдісін жасмайды, қайта оны қанайды, оған сырттай ғана қатысты бо-

\* Осы томды қараңыз. 371—377-беттер. *Ред.*

лады. Өзінің оны үсті-үстіне қанауға мүмкіндігі болуы үшін өсімқорлық оны тек әншейін сақтап қалуға тырысады; өсімқорлық консервативті және қазірде бар өндіріс әдісін неғұрлым нашар күйге ғана түсіреді. Өндіріс элементтері өндіріс процесіне товар ретінде неғұрлым аз енсе және онан товар ретінде неғұрлым аз шықса, олардың ақшадан шығу тегі соғұрлым оқшауланған әрекет болып табылады. Қоғамдық ұдайы өндірісте айналыстың атқаратын ролі неғұрлым мәнсіз болса, өсімқорлық соғұрлым көп өрістей түседі.

Ақша қаржылары ерекше қаржылар ретінде дамитындығы өсімқорлық капитал жөнінде алғанда бұл соңғыда ақша талаптары формасында өзінің барлық талаптары бар деген сөз. Белгілі бір елдің өндірісі өзінің аумағы жағынан неғұрлым заттай өндіріс болып қалса, демек, тұтыну құнымен шектеліп қалса, өсімқорлық капитал соғұрлым көбірек өркендей түседі.

Өсімқорлық екі түрлі роль атқаратындықтан: біріншіден, көпестік капиталмен қатар тегі дербес ақша қаржыларын жасайтындықтан, екіншіден, еңбек жағдайларын өзі иемденіп алатындықтан, яғни еңбектің ескі жағдайларының иелерін күйзелтетіндіктен,— сондықтан ол өнеркәсіп капиталының алғышарттарын жасау үшін қуатты рычаг болып табылады.

### ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ПРОЦЕНТ

«Бірақ орта ғасырларда халық таза егінші халық болды. Ал мұндай халық тұсында және феодалдық тәртіп кезінде шағын сауда ғана, сондықтан шағын пайда ғана орын алуы мүмкін. Сондықтан орта ғасырларда өсімқорлық жөніндегі заңдар өзін-өзі ақтады. Оның үстіне егіншілікті елдегі адам өзі кедейшілікке ұшырап қалған немесе әлдебір бақытсыздықтын салдарынан қырсыққа ұшырап қалған жағдайларда болмаса, қарызға ақша алуға сирек ұмтылады... Генрих VIII процентті 10 процентпен, Яков I—8 процентпен, Карл II—6 процентпен, Анна—5 процентпен шектеді... Ол замандарда заем берушілер заң жүзінде болмаса да, іс жүзінде монополистер болды, сондықтан басқа да монополистер сияқты оларға да тежеу салып отыру қажет болды. Біздің кезімізде пайда нормасы процент ставкасын реттеп отырады, ал ол замандарда процент ставкасы пайда нормасын реттеп отыратын еді. Егер кредит беруші көпесті жоғары процент ставкасымен қинайтын болса, онда көпес өз товарларына неғұрлым жоғары пайда нормасын қосуға мәжбүр болды. Сөйтіп, сатып алушылардың қалтасынан көптеген ақша сомасы алынды, ондағы мақсат— осы соманы көпеске қарыз ақша берген кредитордың қалтасына салу» (Gilbart. «The History and Principles of Banking». London, 1834, p. 163, 164, 165).

«Маған жұрт былай дейді: қазір жыл сайын Лейпциг жәрменкесінде 10 гүльденнен алады, мұның өзі жүзіне 30-дан болады<sup>154</sup>; кейбіреулер бұған Наумбург жәрменкесін де қосады, сонда жүзіне 40-тан болады; басқа бір жерлерде мұнан да көп ала ма, онысын мен білмеймін. Масқара, бұл тәйірі алғыр, ақыр-соңында неменеге әкеліп соқтырар екен!.. Қазір Лейпцигте 100 флорині бар адам жыл сайын 40 флорин алады,—

мұның мәнісі бір жылда шаруаны немесе қала адамын жеп қою деген сөз. Егер оның 1000 флорині болса, онда жыл сайын 400 флорин алады,— мұның мәнісі бір жылда рыцарьды немесе бай дворянинді жеп қою деген сөз. Егер оның 10 000 флорині болса, онда ол жыл сайын 4000 флорин алады,— мұның мәнісі ол бір жылда бай графты жеп қояды деген сөз. Егер оның 100 000 флорині болса, ірі көпестерде осылай болуға тиіс те, онда ол жыл сайын 40 000 флоринг алады,— мұның мәнісі бір жылда ірі бай князьді жеп қою деген сөз. Егер онда 1 000 000 флоринг болса, онда ол жыл сайын 400 000 флоринг алады,— мұның мәнісі бір жылда ірі корольді жеп қою деген сөз. Және де бұл үшін оған ешқандай қауіп төнбейді, оның өміріне де, байлығына да қауіп төнбейді. Ол ешқандай жұмыс атқармайды, пеш түбіне отырып алып, алмасын асап береді. Сөйтіп, осы креслодағы қарақшы, өз үйінде отырып-ақ, 10 жылдың ішінде бүкіл әлемді жалмап қою мүмкін». («An die Pfarrherrn wider den Wucher zu predigen». 1540. In: *Der sechste Theil der Bücher des ehrnwirdigen Herrn Doctoris Martini Lutheri. Wettembergk, 1589* [S. 312].)

«Осыдан он бес жыл бұрын мен өсімқорлыққа қарсы жаздым, өйткені сол кездің өзінде-ақ оның күш алғаны соншалық, мен жақсылық болады деген үмітті көрмедім. Сонан бері оның дандайсып кеткені соншалық, енді ол өзін қырсықпын, күнәхармын, масқарашылықпын деп есептегісі келмеді, қайта ол жұртқа асыл сүйіспеншілік пен христиандық қызмет көрсетіп жүргендей-ақ, мұнтаздай ізгі ниетті, ақ-әділ абыройлы атанып жүр. Масқарашылық абырой болған болса, қырсық ізгілік болған болса, құтылар жолды қайдан іздеу керек?» («An die Pfarrherrn wider den Wucher zu predigen. Vermanung. Wittemberg, 1540»).

«Еврейлер, ломбардшылар, өсімқорлар мен қанішерлер біздің алғашқы банкирлеріміз, біздің бастапқы банктік барышниктеріміз болды, олардың кәсібін масқаралық деп айыптау керек... Сонынан оларға Лондондағы алтып ісінің шеберлері қосылды. Жалпы алғанда... біздің алғашқы кездегі банкирлеріміз... тым оңбаған компанияның өкілдері болды, олар сараң өсімқорлар, мейірімсіз қанішерлер болды» (D. Hardcastle. «Banks and Bankers». 2nd ed., London, 1843, p. 19, 20).

«Венеция көрсеткен өнеге» (банктің құрылуы) «сонымен, еліктеушілерді тез тапты»; теңіз маңындағы қалалардың бәрі және тегінде өздерінің тәуелсіздігімен, өздерінің саудасымен аты шыққан қалалардың бәрі өздерінің алғашқы банктерін құра бастады. Өздерінің корабльдерінің қайтып оралуын екінші бірінде өте ұзақ күтуге тура келетіндіктен, мұның өзі қажеттіліктен кредит алу әдетіне әкеліп соқтырады, ал Американың ашылуы және онымен сауда жасау бұл әдетті онан сайын күшейте түсті». (Бұл басты пункт). «Товар тиелген кемелерді сапарға жөнелту ірі-ірі заемдар жасауға мәжбүр етті, мұның өзі ерте заманда-ақ Афинда және жалпы Грецияда қолданылған еді. 1308 ж. Ганзезя қаласы Брюгге сол кездің өзінде-ақ сақтық палатасы болған» (M. Augier. «Du Credit public etc.». Paris, 1842, p. 202—203).

XVII ғасырдың соңғы отыз жылында, осы заманғы кредит системасы әлі де онша жетілмеген кезде, тіпті Англияның өзінде жер меншікшілеріне, демек, тегі байлықты тұтынушылардың өкілдеріне ссуда берудің қандайлық күшті басым болғандығы, былайша айтқанда, алғашқы ағылшын көпестерінің бірі ғана емес, сонымен қатар өз заманының ең елеулі теоретик-экономистерінің бірі болған сэр Дадли Норстың еңбегінен көрінеді:

«Біздің елімізде процентпен берілетін ақшаның оннан бір бөлегі ғана осы ссуданы өз кәсіпорындарында пайдаланатын сауда адамдарына таратылған болар; көп жағдайда ақша ірі-ірі иениелері бола тұрса да, алайда өздерінің иениелерінен түсетін табысты осы табыс қолына тиместен бұрын тезірек жұмсап қойып, өз дүние-мүлкінен бірденелер сатқысы келмей, өз иениелерін кепілдікке беруді мақұл көретін адамдардың сан-салтанатын қолдау үшін, олардың шығындарын өтеу үшін қарызға беріледі» («Discourses upon Trade». London, 1691, p. 6, 7).

### XVIII ғасырда Польшада:

«Варшава вексельдер жөнінде ірі операциялар жасады, алайда көбінесе мұның негізі мен міндеті Варшава банкирлерінің өсімқорлық мүдделеріне қызмет ету болды. Бұлар ысырапшыл шонжарларға 8 және одан да көп процентпен ссудаға беруге керекті ақшаны табу үшін олар шет елдерден іп *Blance* вексель кредитін, яғни өз негізінде ешқандай товар саудасы жатпайтын кредитті іздеп, тапты; солай бола тұрса да шетелдердегі трассаттар осы вексель айла-шарғылары арқылы жасалған төлемдер әзірге түсіп тұрғанда әлгі вексельдерді төзімділікпен акценттеп отырды. Телпес сияқты банкир және зор сенімге ие болған басқа да Варшава банкирлері банкротқа ұшырағанда олар қатты сазайын тартты» (J. G. Büsch. «Theoretisch-praktische Darstellung der Handlung etc.». 3. Aufl., Band II, Hamburg, 1808, S. 233).

### ПРОЦЕНТКЕ ТЫЙЫМ САЛУДАН ШІРКЕУ ҮШІН ТҮСЕТІН ПАЙДА

«Шіркеу процент алуға тыйым салды; бірақ ол мұқтаждық бола қалған күнде өзіне жәрдем болуы үшін дүние-мүлікті сатуға тыйым салған жоқ; тіпті осы дүние-мүлікті қарзын төлегенге дейін ұстау үшін заем берушіге белгілі бір мерзімге беруге де тыйым салған жоқ, ондағысы заем беруші осы дүние-мүлікті қарызды қамтамасыз ету ретінде пайдалана алатын ету, сондай-ақ осы дүние-мүлікті пайдалана отырып, осы дүние-мүлікті әзірге өз қолында тұрғанда саудаға берген ақшасы үшін қарымта алуына мүмкіндік жасау... Шіркеудің өзі немесе оған жататын коммуналар мен *ria corpora*\* бұдан өте көп пайда түсірді, әсіресе крест жорықтары кезінде осылай етті. Осының арқасында ұлттық байлықтың осыншама көп бөлегі «жансыз қол» деп аталатынның иелігіне түсті, оның үстіне еврейлер өсімқорлықты осындай тәсілмен жүргізе алмады, өйткені осындай берік кепілдікке ие болуды жасырып қалуға болмайтын еді... Процентке тыйым салмайынша, шіркеулер мен монастырьлер осыншама байлықты өз қолдарына ешқашан жинақтай алмаған болар еді» (бұл да сонда, 55-бет).

\* — ізгі ниетті корпорациялар. Ред.

ҮСТЕМЕ ПАЙДАНЫҢ ЖЕР РЕНТАСЫНА  
АЙНАЛУЫ

## ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Жер меншігінің түрлі тарихи формаларына талдау жасау бұл еңбектің қарастыратын мәселесі емес. Біз снымен шұғылданғанда капитал өндіретін қосымша құнның бір бөлегі жер меншікшісінің қалтасына түсетіндіктен ғана шұғылданамыз. Демек, біз егіншілік, — нақ өнеркәсіп сияқты, — капиталистік өндіріс әдісіне бағынады, яғни ауыл шаруашылығын басқа капиталистерден ең алдымен өздерінің капиталы және сол капитал іске қосатын жалдама еңбек жұмсалатын элементпен ғана ерекшеленетін капиталистер жүргізеді деген жорамалға сүйенеміз. Біздің пікірімізше, нақ фабриканттың жіп өндіретіні немесе машина жасап шығаратыны сияқты, фермер бидай, т. б. өндіреді. Капиталистік өндіріс әдісі ауыл шаруашылығын менгеріп алды деген жорамал оның буржуазиялық қоғам өндірісінің күллі саласында үстемдік ететіндігін, демек, капиталдардың еркін бәсекелесуі, олардың өндірістің бір саласынан екінші саласына ауысу мүмкіндігі, орта пайданың бірыңғай дәрежесі, т. б. жағдайларының болатындығын көрсетеді. Біз қарастырып отырған жер меншігінің формасы оның өзіне тән тарихи формасы, не феодалдық жер меншігінің не ұсақ шаруа егіншілігінің капиталдың және капиталистік өндіріс әдісінің ықпалымен айналған формасы болып табылады; ұсақ шаруа егіншілігін шаруа күн көріс үшін жүргізеді және соның өзінде жерді *иелену* тікелей өндіруші үшін өндіріс шарттарының бірі, ал оның жерге деген *меншігі* — *оның* өндіріс әдісінің гүлденіп-көркеюінің шарты, неғұрлым қолайлы шарты болып табылады. Егер капиталистік өндіріс әдісі тегі жұмысшыдан оның еңбегінің жағдайларын экспроприациялауды керек ететін болса, онда егіншілікте ол село жұмысшыларының жерін экспроприациялауды және егіншілік кәсібін пайда табу үшін жүргізетін капиталиске олардың бағынуын керек етеді. Демек, егер бізге қарсы шығып: жер менші-

гі мен егіншіліктің басқа формалары болған немесе әлі болып отыр деп еске салатын болса, біздің зерттеуіміз үшін мұның онша маңызы жоқ. Ауыл шаруашылығындағы капиталистік өндіріс әдісін және оған сай келетін жер меншігі формасын тарихи категориялар деп қарастырмай, қайта мәңгі-бақи өзгермейтін категориялар деп қарастыратын экономистер үшін ғана мұның маңызы болуы мүмкін.

Жер меншігінің қазіргі формасын зерттеудің біз үшін қажет болып отырған себебі: міндет жалпы алғанда капиталдың ауыл шаруашылығына жұмсалудан туатын өндіріс пен айырбастың белгілі бір қатынастарын зерттеуге келіп саяды. Мұнысыз капиталға жұмсалған талдау толық болмас еді. Демек, біз капиталдың бір ғана егіншілікке, яғни халық тіршілік ететін негізгі өсімдік өнімін өндіруге жұмсалудымен ғана шектелеміз. Біз бидай дей алар едік, өйткені бидай — қазіргі заманғы, капиталистік жолмен дамыған халықтардың негізгі қорегі. (Немесе егіншіліктің орнына рудниктерді алуға болар еді, өйткені заңдар — сол бір заңдар.)

А. Смиттің сіңірген зор еңбегінің бірі мынада: ол басқа ауыл шаруашылық өнімдерін, мәселен зығыр, бояу шөптер өндіруге, дербес мал шаруашылығына, т. б. жұмсалған капиталдан алынатын жер рентасының негізгі тағам өнімін өндіруге жұмсалған капиталдан түсетін жер рентасымен қалай анықталатынын көрсетіп берді.<sup>155</sup> Шынында да, Смиттен кейін бұл жөнінде бір адым ілгері басылған жоқ. Шектеу немесе толықтыру үшін біз еске сала алатын мәселелердің бәрі бұған қатысты емес, қайта жер меншігін дербес қарастыруға қатысы бар. Ал бидай өндіруге арналған жерге қатысы жоқ жер меншігіне келетін болсақ, біз сол себепті ол жайында *ex professo*\* айтып жатпаймыз, бірақ дәлел ретінде ғана кейде тоқтала кетіп отырамыз.

Толық түсінік болу үшін мынаны айта кеткен жөн: бұл арада жер дегенде су да айтылады, өйткені оның өз иесі бар, жер көлеміне кіреді.

Жер меншігі бағзы бір адамдардың белгілі бір жер учас-токтеріне тек солардың өз еркіне ғана бағынатын ерекше сфералар ретінде билік ету монополиясына жол ашады<sup>26)</sup> Бұлай-

\* — арнайы. *Ред.*

<sup>26)</sup> Гегельдің жерге жеке меншік болу туралы айтқан пайымдауларынан өткен күлкілі ештеңе болмас. Адам жеке адам ретінде өзінің еркін сыртқы табиғаттың жаны ретінде ақиқат етуге тиіс, сондықтан осы табиғатты өзінің жеке меншігі ретінде өз қарамағына алуға тиіс. Егер «жеке адамның» — жеке адам ретіндегі адамның, — анықтамасы осылай болса, онда бұдан: әрбір адам өзін жеке адам ретінде көрсетуі үшін жер меншікшісі болуға тиіс деген қорытынды шығады. Жерге еркін жеке меншік болу — жақында ғана туған шындық—Гегельдің айтуына қарағанда, белгілі бір қоғамдық қатынас емес, қайта адамның жеке адам ретінде «табиғатқа» қатынасы, адамның барлық заттарды немденуге толық правосы (*Hegel*. „Grundlinien der Philosophie des Rechts“. Berlin, 1840, S. 79).



ша жорамал жасаған жағдайда істің жайы экономикалық маңызын анықтауға, яғни капиталистік өндіріс негізінде осы монополияны пайдалануға келіп саяды. Бұл адамдардың заң жүзіндегі билігі, олардың жер участоктерін пайдалану және оларды рәсуа ету билігі — әлі ештеңе шешпейді. Жер участоктерін пайдалану әлгі адамдардың еркінен тәуелсіз болатын экономикалық жағдайларға бүтіндей байланысты болады. Заң жүзіндегі түсініктің өзі: кез келген товар несі өз товарларын қалай пайдаланса, жер меншікшісі де жерін солай пайдалана алатындығын ғана көрсетеді; ал бұл түсінік — жерге еркін жеке меншік болу туралы заң жүзіндегі түсінік — ерте дүниеде органикалық қоғамдық құрылыстың ыдырау заманында ғана, ал қазіргі дүниеде капиталистік өндіріс дамығаннан кейін ғана туады. Азияға бұл түсінікті кейбір жерлерге ғана европалықтар сырттан апарып таратқан. Капиталдың алғашқы қорлануы туралы тарауда («Капитал», I-кітап, XXIV тарау) біз бұл өндіріс әдісінің, бір жағынан, тікелей өндірушінің жердің жай ғана шылауы болу (вассал, крепостной, құл, т. б. түрінде) ролінен құтылуын екінші жағынан — халық бұқарасынан жерді экспроприациялап алуды керек ететінін көрген болатынбыз. Бұл жөнінен алғанда жер меншігінің монополиясы тарихи алғы шарт болып табылады және бұқараны белгілі бір формада қанауға негізделген бұрынғы өндіріс әдістерінің бәріндегі сияқты, капиталистік өндіріс әдісінің айнымас негізі болып қала береді. Бірақ жаңа туып келе жатқан капиталистік өндіріс әдісі тап болған жер меншігінің формасы бұл өндіріс әдісіне сай келмейді. Оған сай келетін форманы егіншілікті капиталға бағындыру арқы-

---

Жеке адам бір өзінің ғана «еркі» арқылы өзін бөтеннің еркіне қарама-қарсы меншікші ретінде орнықтыра алмайтыны дегенмен айқын нәрсе; өйткені ол да нақ сол бір ұлтарақтай жерге табан тірегісі келеді. Бұл арада адал инетті еркін көрі мүлдем басқаша сипаттағы нәрселер қажет. Онан соң, «жеке адамның» өз еркін іске асыру шегін қай жерден өткізбегін, бұл ерліктің болжамсы бүтін бір елде жүзеге асырыла ма немесе, мүмкін, елдердің бүтін бір тобын иеленіп алу арқылы «заттар жөнінен алғанда менің еркімнің күдіреттілігін көрсету» үшін сол бүтін бір топ ел қажет пе, мұны алдын ала болжау мүлдем мүмкін емес. Бұл арада Гегель бүтіндей тұйыққа келіп тіреледі. «Иелік жасау кездейсоқ нәрсе Мен өзімнің денем тиетінен үлкендеу бірдеңеге иелік жасай алмаймын. Бірақ бұдан екінші салдар келіп шығады, атап айтқанда менің өз құшағым жететін нәрсеге қарағанда сыртқы заттардың өрісі неғұрлым кеңірек болады. Қайсыбір затқа осылайша иелік жасағанымда мен басқа бір нәрсенің де әлгі затпен байланыста екенін аңғарамын. Мен иелік жасауды қолым арқылы жүзеге асырамын, бірақ қолымның өрісі ұлғайтылуы мүмкін» (90—91 бет). Бірақ осы «басқа» нәрсемен тағы бір басқа нәрсе әрдайым байланыста болады, сөйтіп менің еркім, жан ретінде, жерге барып сіңуге тиіс болатын шектер жоғалады. «Мен қайсыбір нәрсеге ие болған кезімде ойма тікелей иеленетінім ғана емес, сонымен қабат әлгімен байланысты нәрсе де менікі деген қорытынды бірден келе қояды. Бұл арада дұрыс прапо өз ұйғарымдарын жасауға тиіс, өйткені ұғымнан енді ешнәрсе шығаруға болмайды». (91-бет). Бұл — «ұғым» тарапынан барып тұрған ағырттық мойындау; мұның өзі жерге меншік болу туралы әбден анық және буржуазиялық қоғамға жататын заң жүзіндегі түсінікті абсолютті деп санап, әуел бастан-ақ қателесетін ұғымның осы жер меншігінің паны сипатынан тегі «түк» түсінбейтінін дәлелдейді. Сонымен бірге мұнда қоғамдық даму, яғни экономикалық даму қажеттерінің өзгеруімен қатар «дұрыс прапо» өз ұйғарымдарын өзгерте алады және өзгертуге тиіс деген мойындау да бар.

лы тұңғыш рет оның өзі жасайды; сөйтіп феодалдық жер меншігі де, рулық меншік те және жерді қауым болып пайдаланатын [Markgemeinschaft] ұсақ шаруа меншігі де бұлардың заң жүзіндегі формалары қаншама түрліше болғанымен де осы өндіріс әдісіне сай келетін экономикалық формаға айналады. Капиталистік өндіріс әдісінің ұлы нәтижелерінің бірі мынада: ол, бір жағынан, егіншілікті эмпирикалық кәсіптен, қоғамның ең мешеу қалған бөлегінің қалай болса солай мұраға қалдырылатын кәсібінен агрономияны саналы түрде ғылыми тұрғыдан қолданатын кәсіпке айналдырады, өйткені мұның өзі тегі жеке меншік жағдайында мүмкін болады<sup>27)</sup>; ол бір жағынан, жер меншігін үстемдік ету мен құлдану қатынастарынан мүлде бөліп тастайды, ал, екінші жағынан, өндірістің шарты ретінде жерді жер меншігінен және жер меншікшісінен бүтіндей бөліп тастайды; ал жер меншікшісі үшін жер өзінің монополиясы арқасында өнеркәсіп капиталісінен, фермерден алып отыратын белгілі бір ақша салығынан басқа ештеңе емес; капиталистік өндіріс әдісінің жер меншікшісінің жермен байланысын үзетіндігі соншалық, жер меншікшісі өзінің бүкіл өмірін Константинопольде өткізе алады, бірақ оның меншікті жері Шотландияда болады. Сөйтіп жерге деген меншік өзінің таза экономикалық формасына не болады да, өзінің бұрынғы саяси және әлеуметтік астарлары мен қоспаларының бәрінен, қысқасы, өнеркәсіп капиталистерінің өздері де, сондай-ақ олардың теоретиктері де жер меншігімен күресте қызып кетіп (өзіміздің төменде көретініміздей), пайдасыз және сорақы ысырапшылдық деп шабуыл жасаған дәстүрлі шылауларының бәрінен арылады. Бір жағынан, егіншілікті қоғамдасып жүргізуге тұңғыш рет мүмкіндік жасайтын

<sup>27)</sup> Мәселен, Джонстон сияқты мүлдем консерватившіл агрохимиктер: жеке меншік барлық жерде егіншілікті шын мәнінде тиімді жүргізу үшін алдырмас бөгеттер жасайды деп мойындайды.<sup>6</sup> Жерге жеке меншік болу монополиясын қорғаушылар болып табылатын авторлар да, мәселен, жеке меншікті қорғауды арнайы мақсат етіп қойған екі томдық еңбегінде [Traité de la propriété, Tome I. Paris, 1834, p. 228], Шарль Конт мырза да осыны мойындайды. «Ешбір халық»,— дейді ол.— «егер өзін коректендіретін жердің әрбір бөлегі жалпы мүддеге неғұрлым үйлесетін мақсатқа пайдаланылмаса, өзінің табиғатына сай келетін әл-ауқат пен күштің дәрежесіне жете алмайды. Оның байлықтарын кеңінен өркендетуді қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше бірыңғай және, ең бастысы, көзке-көзі ашық ерік оның территориясының әрбір жеке участогін өз қарамағына алуы қажет сөйтіп әрбір участоктің қалғандарының бәрінің гүлденіп көркеюіне қызмет етуіне жетісуі қажет. Бірақ мұндай еріктің болуы... жерді жеке меншік жер участоктеріне бөлуден... және кез келген жер иесіне өз мүлкін бүтіндей дерлік өз қалауына пайдалануына берілген мүмкіншілікпен сыйыспайтын болып шығар еді».— Джонстон, Конт және басқалары меншік пен агрономияны тиімді түрде қолданудың қайтыпшылығына тап болып, белгілі бір елдің жерін тұтас бір нәрсе ретінде өңдеу қажеттілігіне ғана назар аударады. Бірақ жекелеген егіншілік өнімдері дақылдың рынок бағаларының ауытқуына тәуелділігі де, бағалар осылайша ауытқып тұрған жағдайда бұл дақылдың үнемі өзгеріп отыруы да, тікелей, мүмкіндігінше тезірек ақшадай кіріс түсіруге бағытталған капиталистік өндірістің бүкіл рухы да ауысып отыратын адамзат ұрпақтарының тұрақты түрмыс жағдайларының жиынтығын қамтамасыз етіп отыруға тиісті агрономия мәдениетіне қайшы келеді. Орман шаруашылығы мұның айқын үлгісі бола алады, орман жеке меншік болмай, мемлекеттің қарамағында болған жағдайда ғана орман шаруашылығы белгілі дәрежеде қоғамдық мүдделерге сәйкес жүргізіледі.

егіншілікті рационализациялау, екінші жағынан, жер меншігін сорақылыққа дейін жеткізу — капиталистік өндіріс әдісінің сіңірген ұлы еңбектері осындай. Өзінің сіңірген басқа да тарихи еңбектері сияқты, ол мұны да ең алдымен тікелей өндірушілерді бүтіндей қайыршылыққа ұшырату арқылы сатып алады.

Мәселенің өзіне көшпей тұрып, түсініспеушілік болмау үшін тағы да алдын ала бірнеше ескертпе жасау қажет.

Капиталистік өндіріс әдісінің алғы шарты, демек, мынадай: нағыз дикандар — жалдама жұмысшылар, олар ауыл шаруашылығын капитал жұмсаудың ерекше саласы ретінде, өз капиталын өндірістің ерекше саласына жұмсау ретінде ғана жүргізетін капиталиске, арендаторға жалданады. Белгілі мерзімдерде, мәселен, жыл сайын, әлгі капиталист-фермер өзі пайдаланып отырған жердің қожасына, жер меншікшісіне өндірістің осы ерекше саласына өз капиталын жұмсауына рұқсат еткені үшін договорда белгіленген ақша сомасын (ақша капиталын неснеге алушы белгілі процентті қалай төлесе, дәл солай) төлейді. Бұл ақша сомасы егістік жерден, құрылыс участогінен, рудниктерден, балық ауланатын жерлерден, ормандардан, т. б. төлене ме, мұның бәрібір, ол жер рентасы деп аталады. Бұл сома жер меншікшісі договор бойынша берген, жерін арендаторға берген уақыттың бәріне төленеді. Демек, мұндағы жер рентасы дегеніміз жер меншігі экономикалық жағынан іске асырылып, табыс [verwertet] түсіретін форма. Онан соң, бұл арада біз жинақталған күйінде және бір-біріне қатынасы жөнінен қазіргі қоғамның негізін құрайтын үш таптың бәрін: жалдама жұмысшыны, өнеркәсіп капиталисін, жер меншікшісін көріп отырмыз.

Капитал не химиялық қасиетін жақсарту, тыңайтқыштар қолдану, т. б. сияқты жұмыстар кезінде біршама қысқа мерзімге, не құрғату каналдарын, суару құрылыстарын салу, жер бетін тегістеу, шаруашылық құрылыстарын салу, т. б. сияқты жұмыстар кезінде неғұрлым ұзақ мерзімге жерге сіңіріліп, соған жұмсалуды мүмкін. Басқа бір ретте мен осылайша жерге жұмсалған капиталды la terre-capital<sup>28)</sup> деп атадым. Ол негізгі капиталдың санатына қосылады. Жерге жұмсалған капитал үшін және өндіріс құрал-жабдығы ретінде жер бетінде осы-

<sup>28)</sup> Карл Маркс. «Философия қайыршылығы». Брюссель және Париж. 1847 [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар 2-басылуы, 4-том, 176-бет]. Онда мен terre-matiere [жер—материя] және terre-capital [жер—капитал] арасындағы айырмашылықты көрсетемін. «Қазірдің өзінде өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырылған жер участоктеріне капиталдарды жаңадан жұмсаудың бір өзімен ғана адамдар жер материяны, яғни жер көлемін ешбір ұлғайтпай-ақ жер-капиталды көбейтеді... Бірақ жер — капиталдың мәңгілігі басқа кез келген капиталдың мәңгілігінен ұзақ емес... Жер—капитал — негізгі капитал, бірақ айналмалы капиталдар сияқты, негізгі капитал да тозады».

лайша жүргізілген жақсарту жұмыстары үшін алынатын процент фермердің жер меншікшісіне төлейтін рентасының бір бөлегі бола алады<sup>29)</sup> бірақ жер табиғат берген күйінде ме әлде ол игерілді ме, оған қарамастан, жерді жер ретінде пайдаланғаны үшін төленетін кәдімгі жер рентасын құрайтын бұл емес. Жер меншігін үнемі зерттеген кезде жер меншікшісі табысының бұл бөлегін егжей-тегжейлі қарастыру керек болар еді, бірақ бұл біздің жоспарымызға кірмейді. Ал бұл арада осы жайында бірер сөз айту жетіп жатыр. Егіншіліктегі әдеттегі өндірістік процестерге байланысты қысқа мерзімге арналған капиталдың түгелдей бәрін жұмсайтын фермер болады. Жалпы алғанда жерді жәй өндегендегі сияқты, бұл шығындар топырақты жақсартады<sup>30)</sup>, оның өнім мөлшерін көбейтеді, сөйтіп жерді қарапайым материядан жер-капиталға айналдырады; ал жерді жай өндегенде ол белгілі дәрежеде тиімді түрде өңделген жағдайда ғана, яғни, мәселен, бұрынғы американ құл иеленушілерінде болғаны сияқты, топырақты дөрекі түрде құнарсыздандыруға әкеліп саймайтын болса,— алайда жер меншікшісі мырзалар жасасқан шарт бойынша оған қарсы кепілдік болуын өздеріне қамтамасыз етеді,— осындай жағдайда ғана пайдалы болады. Өңделген жер нақ сондай табиғи қасиеттері бар, өңделмей жатқан жерге қарағанда қымбат тұрады. Ал жерге неғұрлым ұзақ мерзімге арналып сіңіріліп, біршама ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын негізгі капиталды көбінесе, ал кейбір салаларда түгелдей жұмсайтын фермер. Ал договорда белгіленген аренда мерзімі біткен кезде,— ал капиталистік өндірістің дамуымен бірге жер меншікшісінің аренда мерзімін мүмкіндігінше қысқартуға тырысатын себептерінің бірі де осы,— жерге жасалған жақсартулар өз меншігі ретінде, субстанциядан, жерден ажырамайтын кездейсоқ қасиет ретінде жер меншікшісінің қарауына көшеді. Аренда туралы жаңа договор жасасқан кезде жер меншікшісі жерге жұмсалған капиталдан алынатын процентті жер рентасына қосады,— жер меншікшісі енді жерін жақсарту жұмысын жүргізген фермердің өзіне немесе басқа біреуге арендаға бере ме, мұның бәрібір. Оның рентасы осылайша мықтап көбейеді; ал егер ол жерін сатқысы келсе — оның бағасы қалай белгіленетінін біз қазір көреміз,— енді оның құны қымбаттап кетеді. Ол жай жерді ғана емес, жақсартылған жерді, жерге жұмсалған капиталды сатады, ал бұл капиталға оның өзі көк тиын шығарған емес-ті. Мұның

<sup>29)</sup> Менің «бола алады» деп отырған себебim: белгілі бір жағдайларда бұл процент жер рентасының заңымен реттеледі және мәселен, табиғи құнардылығы көбірек болатын жаңа жерлермен бәсекеге түскен жағдайда жоғалып кете алады.

<sup>30)</sup> Қараңыз: Джемс Андерсон және Кэри<sup>157</sup>.

өзі — жер рентасының бір өзінің қозғалысын бүтіндей былай қалдыра отырып — экономикалық дамумен бірге жер меншікшілерінің үсті-үстіне байып, олардың ренталарының үнемі мықтап өсуінің және олардың жерінің ақшадай құны өсе беретіндігінің құпия сырларының бірі. Қоғамдық дамудың нәтижесі болып табылатын нәрсені өздерінің жеке қалтасына олар осылай салады; ал мұның өзі әлгілердің көмегінің жасалады, олар өзінше бір «*fruges consumere pati*» тәрізді.<sup>158</sup> Бірақ сонымен бірге бұл егіншілікті тиімді түрде жүргізу жолында тұрған аса зор кедергілердің бірі, өйткені фермер жерді жақсарту жұмыстарын жүргізу және қаржы жұмсау атаулыдан қашады, өйткені оның аренда мерзімі біткенге дейін оларды түгелдей пайдалануға болады деп күтуге болмайды; сондықтан қазіргі заманғы рента теориясын нағыз жасаушы және сонымен бірге практик-фермер, өз заманындағы көрнекті агроном Джемс Андерсон өткен ғасырда осы жағдайды, осы бөгетті атап көрсеткен болатын,<sup>159</sup> ал біздің заманымызда Англиядағы жер меншігінің қазіргі құрылысына қарсы болып отырғандар осыны атап көрсетуде.

А. А. Уолтон 1865 жылы басылып шыққан «*History of the Landed Tenures of Great Britain and Ireland*». London, деген еңбегінде бұл жөнінде былай дейді (96—97-беттер):

«Жерді жақсарту жұмыстары фермердің немесе ауыл шаруашылық жұмысшысының жағдайын жақсартқаннан гөрі жер меншігінің құнын жәпе жер меншікшісі рентасының мөлшерін әлдеқайда көп дәрежеде өсіріп отырғанда біздің еліміздегі толып жатқан ауыл шаруашылық ассоциацияларының барлық күш-жігері жер өңдеуді жақсарту саласында елеулі немесе шын көрнекі прогреске жеткізе алмайды. Жерді тыңғылықты тазартып, күтіп-баптау үшін еңбекті көбірек қолданумен бірге жерді жақсылап құрғату, мықтап тыңайту және шаруашылық жөнінен жақсылап қожайындық ету топырақты жақсарту жөнінен де, сондай-ақ өндірісті ұлғайту жөнінен де тамаша нәтижелер беретінін жалпы алғанда фермерлер жер меншікшісінен, оның басқарушысынан немесе тіпті ауыл шаруашылық ассоциациясының президентінен де кем білмейді. Бірақ осының бәрі едәуір қаржы жұмсауды керек етеді, сондықтан фермерлер жерді қаншама жақсартып, оның құнын қаншама көтерсе де уақыт өте келе көтеріңкі рента алып және жердің бағасын қымбаттатып, мұның басты пайдасын жер меншікшілері көретінін фермерлер тіпті жақсы біледі... Фермер атқарған күллі жақсарту жұмыстарының дені әрдайым, сайып келгенде, жер меншікшісінің қалтасына барып түсетінін... бұрынғы арендатор арендаға алған жерін қаншама жақсартқанымен де жер меншікшісі бұрынғы жақсарту жұмыстарының арқасында қол жеткен жер құнының көтерілуіне сәйкес рентаны көтере түсетінін бұрынғы арендатордың орнын басқан фермер әр жолы сезе қоятынын оларға айтуды шешендердің» {ауыл шаруашылық мерекелерінде сөз сөйлейтін жер меншікшілері мен олардың басқарушыларының} «әрдайым бір түрлі сөкеттікпен ұмытып кететінін аңғаруға фермерлердің ақылы жетіп жатыр».

Нағыз егіншілікте бұл процесс жерді құрылыс участогі ретінде пайдаланғандағыдай онша айқын аңғарылмайды. Англияда жердің басым бөлігі құрылыс салу үшін freehold\* сатылмайды, қайта жер меншікшілері оны 99 жылға, немесе, егер мүмкін болса, одан аз мерзімге арендаға береді. Осы мерзім өткеннен кейін салынған құрылыстар жердің өзімен қоса жер меншікшісінің қарауына көшеді.

«Олар» { арендаторлар } «өте қымбат жер рентасын барлық уақыт бойына төлеп келгеннен кейін, договордың мерзімі біткен соң ірі жер меншікшісіне үйді жақсы, тұруға қолайлы күйінде өткізуге міндеттенеді. Аренда туралы договордың мерзімі өтісімен-ақ жер меншікшісінің агенті немесе инспекторы келеді де, сіздің үйіңізді қарап көреді, сіздің ол үйді жақсы күйге келтіруіңіздің қамын жасайды, сонан кейін әлгі үйді иеленіп, оны өз лендлордың иелігіне қосып алады... Егер бұл система әлі ұзақ уақыт бойына толық сақталатын болса, корольдіктегі үй иеліктерінің бәрі, сондай-ақ селолық округтердегі жер де ірі жер меншікшілерінің қарауына көшетіні ақиқат. Лондонның Уэст-Энді<sup>160</sup> түгел дерлік, Темпл Бардан<sup>161</sup> солтүстікке және оңтүстікке қарай, шамамен алғанда алты ірі лендлордың қарауында, орасан мол жер рентасын түсіретін болып, арендаға беріледі, ал договорлардың мерзімдері әлі онша өтіп болмаған жерлерде ол мерзімдер біріне бірі ілесе тез өте шығады. Мұның азды-көпті дәрежеде корольдіктің барлық қалаларына да қатысы бар. Бірақ бір өзі билеп-төстеп, монополиялап алуының осы ашкөз системасы тіпті мұнымен де аяқталмайды. Біздің теңіз жағасындағы қалаларымыздағы док құрылыстарының бәрі дерлік осы тәрізді зорлықпен тартып алудың салдарынан ірі жер левиафандарының<sup>162</sup> қарамағында болып отыр» (бұл да сонда, 92—93-беттер).

1861 жылы Англия мен Уэльс үшін жүргізілген санақ халықтың жалпы саны 20 066 224 болғанда үй иелерінің санын 36 032 деп белгілегені, ал ірі жер меншікшілері ұсақ жер меншікшілерінен бөлек көрсетілсе, онда жер меншікшілері санының үйлер саны мен халықтың санына қатынасы мүлдем басқаша түрде болып шығатыны осындай жағдайда айқын болады.

Үйлерді меншіктенудің бұл мысалының маңызды болатын себебі: 1) ол тегі жер рентасы мен жерге жұмсалған негізгі капиталдың проценті арасындағы,— жер рентасына қосымша болатын проценті арасындағы айырмашылықты айқын көрсетеді. Аренда договорының мерзімі өтпей тұрғанда, құрылыстан алынатын процент те, сондай-ақ жерді өңдеген кезде арендатордың жерге жұмсаған капиталынан алынатын проценті де өнеркәсіп капиталісінің — құрылыс жалдабының немесе фермердің — қалтасына барып түседі, сондықтан оның өз-өзінен жер рентасымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, ал жер рентасы жерді пайдаланғаны үшін жыл сайын,

\* — меншікке. Ред.

белгілі мерзімдерде төленіп отыруға тиіс; бұл мысалдың маңызды болатын себебі 2) ол жерге жұмсалған бөтен капитал сайып келгенде жермен бірге жер меншікшісінің қарамағында қалатынын, осы себепті оның рентасы процент мөлшерінде өсетінін көрсетеді.

Мәселен, Кэри сияқты кейбір авторлар, бір жағынан буржуазияшыл экономистердің шабуылдарына қарсы жер меншігін қорғаушылар ретінде, бір жағынан капиталистік өндіріс системасын қайшылықтар системасынан «сайма-сай жарасу» системасына айналдыруға тырыса отырып, жер меншігінің өзгеше экономикалық бейнесі болып табылатын жер рентасы бейнебір процентпен бір нәрсе-мыс деп көрсетуге ұмтылып келді. Сөйтіп жер меншікшілері мен капиталистердің арасындағы қарама-қарсылық жойылар еді. Капиталистік өндірістің бастапқы кезінде керісінше әдіс қолданылды. Ол кезде жұрт арасында тарап жүрген түсінік үшін жер меншігі жеке меншіктің әлі бастапқы және ұнамды формасы болып келген еді, ал оның бер жағында капиталдан алынатын процентке өсімқорлық деп шабуыл жасалатын. Сондықтан Дадли Норс, Локк және басқалары капиталдан алынатын процентті жер рентасына ұқсас форма деп бейнеледі,— Тюргоның дәл жер рентасының болуы жағдайынан келіп, проценттің болуын ақтап шыққаны сияқты істеді.— Жаңа заманның жоғарыда көрсетілген авторлары жер рентасының таза күйінде, жерге жұмсалған капиталдан алынатын проценттің ешқандай қоспасынсыз-ақ өмір сүре алатын және өмір сүріп отырған фактісін мүлдем сырт қалдыра отырып, жер меншікшісінің өзі түк шығын шығармаған бөтен капиталға осылайша процент алып қана қоймай, сонымен бірге оның үстіне оған қоса бөтен капиталды да тегін алатындығын ұмытады. Белгілі бір өндіріс әдісіне сай келетін кез келген басқа да меншік формалары сияқты,— жер меншігін ақтаудың мәнісі өндіріс әдісінің өзі, демек одан туатын өндіріс пен айырбас қатынастарының тарихи өтпелі қажеттілік болып табылатындығында жатыр. Айтпақшы, меншіктің қалған басқа түрлерінен жер меншігінің айырмашылығы мынада: дамудың белгілі бір дәрежесінде жер меншігі тіпті капиталистік өндіріс әдісінің тұрғысынан алғанның өзінде қажетсіз және зиянды болып табылады, мұны біз төменде көреміз\*.

Жер рентасы тағы бір формада процентпен шатастырылуы мүмкін, сондықтан осы себепті мұның өзіне тән сипаты түсініксіз болып қала беруі мүмкін. Жер рентасы жердің белгілі участогін арендаға беруден жер меншікшісі жыл сайын алып

\* Осы томның 874—875-беттерін қараңыз. *Ред.*

отыратын ақшаның белгілі сомасынан өз бейнесін табады. Кез келген белгілі бір ақшалай табыстың капиталдандырылатынын, яғни ой жоруындағы капиталдан алынатын процент ретінде қарастырылатынын біз көріп өттік. Егер, мәселен, орташа проценттік ставка 5% болса, онда 200 ф. ст. жылдық жер рентасын 4 000 фунт стерлинг капиталдан алынатын процент деп қарауға болады. Осылайша капиталдандырылған жер рентасы жердің сатып алу бағасын немесе құнын *prima facie\** еңбектің нарқы сияқты соншалық иррациональды болатын категорияны құрайды, өйткені жер еңбектің өнімі емес, демек оның құны да болмайды. Бірақ, екінші жағынан алғанда, осы иррациональды форманың тасасында нағыз өндірістік қатынас бүркемеленіп тұрады. Егер капиталист 4 000 фунт стерлингке 200 ф. ст. жылдық рента беретін жер сатып алатын болса, онда ол 5% өсіммен орташа жылдық табыс табады, мұның өзі сол капиталистің әлгі капиталды процент беретін қағазға жұмсауымен немесе оны 5% өсіммен тікелей қарызға беруімен дәл бірдей болады. Бұл — 4 000 ф. ст. капитал құнының 5% өсіммен көбеюі. Осылайша жорамал жасаған жағдайда ол 20 жылдың ішінде өз именнесінен алған табысымен оның сатып алу бағасын өтеген болар еді. Сондықтан Англияда жердің сатып алу бағасы *years' purchase\*\** белгілі мөлшері бойынша есептеледі, мұның өзі жер рентасын капиталдандырудың басқаша бейнеленуі ғана болып табылады. Ал шынында, мұның өзі жердің сатып алу бағасы емес, оның беретін жер рентасының сатып алу бағасы, — әдеттегі процент ставкасына сәйкес есептелген сатып алу бағасы. Бірақ рентаны бұлайша капиталдандыру рентаның болуын керек етеді, ал оның бер жағында рента кері тұрғыдан, оның өзінің капиталдануынан шығарылуы және түсіндірілуі мүмкін емес. Керісінше, рентаның болуы, сатылуына қарамастан, бұл арада алғы шарт, сүйенер тірек болып табылады.

Жер рентасын тұрақты шама деп жорамалдағанда процент ставкасының жоғарылауына және төмендеуіне қарай жердің бағасы керісінше бағытта қымбаттай және арзандай алады деген қорытынды шығады. Егер әдеттегі процент ставкасы 5%-тен 4%-ке дейін төмендеген болса, онда 200 ф. ст. жылдық жер рентасы 4 000 ф. ст. капитал құнының жылдық өсімін емес, қайта 5 000 ф. ст. капитал құнының жылдық өсімін бейнелеген болар еді, сөйтіп сол бір жер участогінің бағасы 4 000-нан 5 000 фунт стерлингке дейін немесе 20-дан 25 *years' purchase*-ге дейін қымбаттаған болар еді. Бұған қарама-қарсы жағдайда керісінше болып шығар еді. Бұл — жер бағасы-

\* — алғаш қарағанда. *Ред.*

\*\* — жердің есесі өтелетін жылдық табыстардың. *Ред.*



нын жер рентасы өзгерісіне тәуелсіз өзгерісі және процент ставкасы ғана реттеп отыратын өзгерісі. Бірақ қоғамдық дамудың барысында пайда нормасының, ал онымен бірге процент ставкасының да, оны пайда нормасы реттейтіндіктен, төмендеу тенденциясы болатынын, онан соң, тіпті пайда нормасын былай қойғанда қарыз ақша капиталының өсуі себепті процент ставкасының төмендеу тенденциясы болатынын көрген екенбіз,— онда бұдан шығатын қорытынды: жер рентасының өзгерісіне және жер өнімдерінің бағасына байланыссыз жер бағасының қымбаттау тенденциясы болады; ал жер өнімдері бағасының бір бөлегі рентаға айналады.

Жер рентасының өзін жерді сатып алушыға арналған процент формасымен шатастыру,— жер рентасының табиғатын бүтіндей түсінбеуге негізделген шатастыру,— адам таң қаларлық жалған қорытындылар жасауға жеткізбей қоймайды. Байырғы елдердің бәрінде жер меншігі меншіктің ерекше қастерлі формасы деп, ал жер меншігін сатып алу — капитал жұмсаудың ерекше сенімді жолы деп есептелетін болғандықтан, процент ставкасы (жер рентасы соның негізінде сатып алынады) біршама ұзақ уақытқа арнап капиталды басқаша жұмсаған жағдайлар кезіндегі процент ставкасына қарағанда көпшілік реттерде төмен болады; сондықтан, мәселен, жерді сатып алушы сатып алу бағасына небәрі 4% алады, ал оның бер жағында ол әлгі капиталын басқа мақсатқа жұмсаған жағдайда оған 5% алған болар еді; немесе, тағы да соған саяды: ол капиталын басқа салаларға жұмсаған жағдайларда түсетін жылдық ақшадай табыс үшін өзі төлеуге тура келетінге қарағанда жер рентасы үшін көп капитал төлейді. Тьер мырза меншік туралы тегі түкке тұрмайтын еңбегінде (1848 жылы француздың Ұлттық жиналысында Прудонға қарсы сөйлеген сөзінің басылған көшірмесінде)<sup>163</sup> бұдан: жер рентасы төмен, ал мұның өзі оның сатып алу бағасының жоғары екендігін ғана дәлелдейді деген қорытынды жасайды.

Капиталдандырылған жер рентасының жердің бағасы, немесе жердің құны сияқты болып көріну жағдайы, сөйтіп кез келген басқа товар тәрізді жердің сатылатын және сатылып алынатын болуы кейбір апологеттердің жер меншігін ақтауына дәлел болып отыр, өйткені сатып алушы, кез келген басқа товар сияқты, жер үшін балама төледі, сөйтіп жер меншігінің дені осылайша қолдан қолға өтті. Бірақ бұлай болғанда мұндай пікір құлдықты да ақтауға дәлел болар еді, өйткені құл үшін қолма-қол ақша төлеген құл иеленушінің құл еңбегінен түсірген кірісі сол құлды сатып алуға жұмсаған капиталынан алынатын процент қана болып табылады. Те-

тінде жер рентасының болуын оның сауда-саттыққа түсуінен шығарып ақтау оны өз болмысынан шығарып ақтау деген сөз болады.

Жер рентасына,— яғни капиталистік өндіріс әдісінің базисіндегі жер меншігінің дербес, өзгеше экономикалық формасына,— ғылыми талдау жасаудың қаншама маңызы болса да, оны бұрмалайтын және бүркемелейтін қоспа атаулыдан арылтып таза күйінде зерттеудің қаншама маңызы болса да, екінші жағынан, жер меншігінің практикалық нәтижелерін және тіпті жер рентасының ұғымы мен табиғатына қайшы келетін, дегенмен, жер рентасы болуының формасы ретінде көрінетін фактілер аумағын теориялық жағынан түсіну үшін де теорияның осы көмескі жақтарына әкеліп соғатын элементтермен танысудың маңызы одан кем емес.

Жерді өңдеуге рұқсат еткені үшін арендалық ақша түрінде жер меншікшісіне фермердің төлейтінінің бәрі іс жүзінде жер рентасы болып көрінетіні табиғи нәрсе. Бұл алым қай құрамдас бөлімдерден құралса да, ол қандай көздерден шықса да, ол алымның нағыз жер рентасымен ортақ жағы сол — жер территориясының бір бөлегін монополиялауы жер меншікшісі дейтінге алым алуға, контрибуция салуға күш береді. Алымның нағыз жер рентасымен ортақ жағы сол — жердің бағасын осы алым белгілейді; ілгеріде көрсетілгеніндей, жердің бағасы дегеніміз жерді арендаға беруден түскен капиталданған табыстан басқа ештеңе емес.

Жерге жұмсалған капиталдан алынатын проценттің жер рентасының сондай бөгде құрамдас бөлігін, экономикалық дамудың барысында белгілі бір ел рентасының жиынтық сомасына үнемі өсе түсетін үстеме қоса беретін құрамдас бөлігін құрай алатынын біз көріп өттік. Бірақ бұл процентті былай қалдыра тұрғанның өзінде аренда ақшаларында ішінара, ал белгілі жағдайларда бүтіндей,— демек, нағыз жер рентасы бүтіндей болмаған, сол себепті жер шын мәнінде тегін болған жағдайда,— орта пайданан, немесе калыпты жалақыдан, немесе бұлардың екеуінен де шегерілген сома жасырынып тұруы мүмкін. Осы бөлегі — пайданың немесе жалақының осы бөлегі — бұл арада жер рентасы түрінде көрінеді, өйткені ол қалыпты жағдайлардағыдай өнеркәсіп капиталисінің немесе жалдама жұмысшының қалтасына түспейді, қайта аренда ақшалары түрінде жер меншікшісіне төленеді. Пайданан түскен бөлегі де, жалақыдан түскен бөлегі де осы сөздің экономикалық мағынасын тұрғысынан алғанда жер рентасы болмайды; бірақ іс жүзінде ол жер меншікшісінің табысы болады, нақ шын мәніндегі жер рентасы сияқты, нақ жер рентасының жердің бағасына шешуші ықпал жасайтыны сияқты, жер

меншікшісі монополиясының экономикалық жағынан жүзеге асырылуы болып табылады.

Жер рентасы формальды жағынан болып, мұның өзі капиталистік өндіріс әдісіне сай келетін жер меншігінің бейнеленуі болатын, бірақ капиталистік өндіріс әдісінің өзі жоқ, фермердің өзі кәсіпкер-капиталист емес және оның шаруашылықты жүргізу сипаты капиталистік сипатта болмайтын қатынастар туралы біз бұл арада айтып отырғанымыз жоқ. Мәселен, Ирландиядағы жағдай осындай. Мұнда фермер жалпы алғанда ұсақ шаруа. Аренда ақысы түрінде оның жер меншікшісіне төлейтіні екінің бірінде оның тапқан пайдасының бір бөлегін, яғни өзінің еңбек құралдарының меншікшісі ретінде правосы болатын өзінің қосымша еңбегін ғана емес, сонымен бірге нақ осындай мөлшердегі еңбек еткені үшін басқа жағдайларда өзі алатын қалыпты жалақысының бір бөлегін де жұтып қояды. Мұның үстіне, жерді жақсарту үшін бұл арада мүлдем түк істемейтін жер меншікшісі жерді арендаға алушының көбіне өз еңбегімен тауып, жер өңдеуге жұмсаған азын-аулақ капиталын экспроприациялап алады,— осындай жағдайларда өсімқор қалай істеген болса, нақ солай істейді. Бірақ өсімқор бұл сияқты әрекеттер жасаған кезде қалай дегенмен өз капиталымен тәуекел етеді. Бұлайша үнемі тонау Ирландияның жер туралы заңы саласында ұрыс-керіс туғызуда; ал Ирландияның жер туралы заңы негізінен алғанда арендаға беруді тоқтататын жер меншікшісін арендатордың жерге жасаған жақсартуларының немесе жерге жұмсаған капиталының есесін қайтаруға көндіруге келіп саяды.<sup>164</sup> Пальмерстон бұған әдетте мынадай екі жүзді жауап беретін:

«Қауымдар палатасы жер меншікшілерінің палатасы болып табылады».

Тіпті капиталистік өндірісі бар елдерде жер меншікшісінің жер өнімімен ешбір сәйкес келмейтін жоғары арендалық ақы ала алатын ерекше қатынастары туралы да айтып отырғанымыз жоқ; Англияның өнеркәсіпті округтерінде фабрика жұмысшыларына шағын бақ өсіруі немесе жұмыстан қолы бос кезінде әуесқой егіншілік кәсібімен шұғылдануы үшін ұлтрақтай жерлерді арендаға беру осының мысалы бола алады (қараңыз: «Reports of Inspectors of Factories»).

Біз капиталистік өндіріс күшті дамыған елдердегі егіншілік рентасы туралы айтып отырмыз. Мәселен, ағылшын фермерлерінің арасында тәрбиесі, білімі, дәстүрлері, бәсекелесуі және басқа жағдайлары себепті фермерлер ретінде өз капиталын егіншілікке жұмсауға бағыштап және солай етуге мәжбүр болып отырған белгілі мөлшердегі ұсақ капиталистер

бар. Олар орта пайдадан кем пайдаға қанағаттануға және оның бір бөлегін рента түрінде жер меншікшісіне беруге мәжбүр болып отыр. Осы шартты орындаған жағдайда ғана олардың өз капиталын жерге, егіншілікке жұмсауына рұқсат етіледі. Жер туралы заңның қабылдануына барлық жерде жер меншікшілері едәуір ықпал жасайтындықтан, ал Англияда тіпті ықпалы басым болатындықтан бұл ықпалдың өзі тұтас фермерлер табын тонау үшін пайдаланылуы мүмкін. Рас, мәселен, 1815 жылғы астық туралы заң<sup>165</sup> масайрап өмір сүруші жер меншікшілерінің яcobиншілдерге қарсы соғыс<sup>166</sup> кезінде рабайсыз өскен табыстарының бұдан былай да сақтала беруін қамтамасыз ету үшін әдейі ел халқының мойнына жүктелген астық туралы салық — егін ерекше бітік шыққан жекелеген жылдарды есептемегенде, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағаларын астықты сырттан еркін тасып әкелген жағдайда болатын дәрежесінен жоғары ұстауға әсер етті. Алайда бұл заңдар ауыл шаруашылық өнімдерінің бағаларын шетелден астық тасып әкелуге заңды шек қоятын дұрыс бағалар ретінде жер туралы заңды қабылдайтын жер меншікшілері белгілеген дәрежеде ұстап тұра алмады. Ал оның бер жағында арендалық договорлар осы дұрыс бағалардың ықпалымен жасалып келді. Ал елес сөйілген соң жаңа дұрыс бағаларды белгілеген жаңа заң шығарылды, бірақ бұл бағалар да, ескі бағалар сияқты, ашқарақ жер меншікшілерінің жалған қиялының дәрменсіз көрінісі болды да шықты. 1815 жылдан 30-ыншы жылдарға дейін фермерлерді осылай алдап келді. Осы уақыттың бүкіл өн-бойындағы тұрақты тақырып ретінде *agricultural distress*\* осыдан шықты. Осы дәуірдің ішінде фермерлердің бүтін бір ұрпағының экспроприациялануы мен күйзелуі және олардың орнын жаңа капиталистер табының басуы осыдан келіп шықты<sup>31)</sup>.

Бірақ нағыз егіншіліктегі жұмысшылар жалақысының қалыпты орта дәрежеден төмендеп кеткендігі салыстыруға болмайтын неғұрлым жалпы әрі маңызды факті болып табылады; сөйтіп жұмысшы жалақысының бір бөлегі тартып алынып, аренда акысының құрамдас бір бөлегін құрайды да, жер рентасы түрінде жұмысшының емес, жер меншікшісінің қалтасына барып түседі. Мәселен, қолайлы жағдайда болып отырған аздаған графстволарды қоспағанда, Англия мен Шотландияда мұның өзі жалпы құбылыс болып отыр. Англия-

\* — ауыл шаруашылығының ауыр жағдайы. *Ред.*

<sup>31)</sup> Қараңыз: *Anti-Corn-Law Prize-Essays*". Солай бола тұрса да, астық туралы заңдар бағаны дегенмен де қолдан көтерілген дәрежеде ұстап тұрды. Мұның өзі таңдаулы фермер шаруашылықтарына қолайлы болды. Олар тоқыраудан ұтып отырды, ал, — бұған дәлелі болсын-болмасын, бұл басқа мәселе, — орта бағаның бір өзіне ғана үміт артқан фермерлердің басым көпшілігін тыйым салатын баж салықтары әлгі тоқырау күйінде ұстап отырды.

да астық туралы заңдар енгізілер алдында жалақының жоғарылығы туралы мәселе жөнінде құрылған парламенттік тергеу комиссияларының еңбектері <sup>168</sup> — XIX ғасырдағы жалақының тарихы жөнінде осы уақытқа дейін ең бағалы әрі мүлдем дерлік пайдаланылмай келген материалдар және сонымен бірге ағылшын аристократиясы мен буржуазиясының өзіне өзі тұрғызған масқара ескерткіші,—якобиншілдерге қарсы соғыс кезіндегі жоғары рента ставкалары мен оларға сай келетін жер бағасының өсуі бір жағынан жалақыдан жай ғана ұстап қалудың және оның тіпті табиғи минимумнан да төмендеп кетуінің нәтижесі, яғни қалыпты жалақының қайсыбір бөлегін жер меншікшісіне берудің нәтижесі екенін ешбір күмәнсіз айдан айқын дәлелдеп отыр. Түрлі жағдайлар, айтпақшы, ақшаның құнсыздануы, егіншілікті округтерде кедейлер туралы заңдарды қолдану әдісі <sup>169</sup> және т. б. бұл операцияны фермерлердің табыстары есепсіз өсіп, жер меншікшілері адам айтқысыз байып отырған кезде жүргізуді мүмкін етті. Фермерлердің де, сондай-ақ жер меншікшілерінің де баж салығын енгізуді жақтағандағы келтіретін басты дәлелдерінің бірі ауыл шаруашылығы батрактарының жалақысын онан да көп кеміту тегі мүмкін емес деген дәлел болды. Бұл қағида елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ, сондықтан Англияда да, барлық европалық елдерде де қалыпты жалақының бір бөлегі бұрынғысынан жер рентасының құрамдас бір бөлегі болып табылады. Англияның фабрика жұмысшыларының жағдайына өте-мөте алаң болған филантроп-аристократтардың бірі граф Шефтсбери, ол кездегі лорд Эшли, он сағаттық жұмыс күнін енгізу жолындағы науқан кезінде жұмысшылардың парламенттегі қорғаушысы болып сөз сөйлегенде, өнеркәсіп иелерінің қорғаушылары бұған жауап ретінде оның қарауындағы деревнялардағы ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысы туралы статистикалық мәліметтерді жариялады (қараңыз: «Капитал», I кітап, XXIII тарау, 5, е: «Британияның ауыл шаруашылық пролетариаты») <sup>170</sup>; бұл мәліметтер әлгі филантроптың жер рентасының бір бөлегі кәдімгі тонаудан түсетінін айқын көрсетіп берді, ал мұны ол үшін арендаторлар ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысынан алып отырады. Жарияланған бұл мәліметтің қызғылықты болатын тағы бір себебі: онда келтірілген фактілерді комиссиялар 1814 және 1815 жылдары ашқан ең масқара деген фактілермен батыл қатар қоюға болады <sup>171</sup>. Жағдай ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысын уақытша арттыруға мәжбүр еткен кезде, фермерлер дереу: өнеркәсіптің басқа салаларында болып отырғанындай, жалақыны қалыпты дәрежеге дейін арттыру мүмкін

болмайтын нәрсе, егер онымен қат-қабат жер рентасы кемітілмесе, мұның өзі бізді күйзеліске ұшыратпай қоймайды деп зар еңірейді. Сөйтіп, бұл арада арендаторлардың жер рентасын бетке ұстап жалақыдан ұстап қалатынын, осы ұсталып қалған ақшаны жер меншікшісіне беретінін мойындау бар. Мәселен, 1849—1859 жылдары Англиядағы ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысы шешуші маңызы болған мынадай жағдайлардың арқасында артты: Ирландиядан жұрттың жаппай эмиграцияға кетуі, сөйтіп онан ауыл шаруашылығы жұмысшыларының лек-лек болып келуінің тоқталуы, фабрика өнеркәсібіне село халқын адам айтқысыз көп қабылдау, соғыс үшін солдаттарды көп керек етушілік, Австралия мен Құрама Штаттарға (Калифорнияға) жаппай эмиграцияға кету, бұл арада толығырақ тоқталып жатудың керегі жоқ басқа да себептер. Сонымен бірге егін шықпай қалған 1854—1856 жылдарды қоспағанда, бұл дәуірде астықтың орташа бағалары 16% астам төмендеді. Арендаторлар рента мөлшерін кемітуді талап етіп, айқай-шу көтерді. Жеке-леген реттерде олар дегендеріне жетіп жүрді. Ал жалпы алғанда олардың бұл талабы сәтсіздікке ұшырады. Олар қиыншылықтан құтылу жолын өндіріс шығынын кемітуден іздеді, атап айтқанда, бір жағынан шаруашылықтағы аттардың орнын басып, ығыстырған, ал екінші жағынан ауыл шаруашылығы жұмысшыларының қолын босатып, басы артық халықты жасанды түрде туғызған, сөйтіп жалақының жаңадан төмендеуіне әкеліп соққан бумен жүретін локомобильдер мен жаңа машиналарды жаппай енгізу жолымен өндіріс шығынын кемітуден іздеді. Ал осы он жылдың ішінде бүкіл халықтың өсуімен салыстырғанда село халқының біршама кемігеніне және кейбір таза егіншілікті округтерде бұл халықтың абсолютті түрде азайғанына қарамастан, басы артық халық болып, жалақы төмендеген<sup>32)</sup>. Сол кезде Кембридже саяси экономияның профессоры болып жүрген Фосетт (1884 жылы, почта қызметінің генералы болып жүрген кезінде қайтыс болды) 1865 жылы 12 октябрьде, әлеуметтік ғылымдар конгресінде <sup>173</sup> сөз сөйлеп, бұл жөнінде былай деген болатын:

«Ауыл шаруашылығы жұмысшылары эмиграцияға кете бастады, сөйтіп арендаторлар өздері әдетте төлеп келгеніндей соншама жоғары рента-ларды енді төлей алмаймыз, өйткені жұмысшылардың эмиграцияға кетуіне байланысты еңбек қымбаттап барады деп, шағына бастады».

<sup>32)</sup> John Ch. Morton. „On the Forces used in Agriculture“. 1859 жылы Лондондағы Өнер мен қолөнер қоғамында<sup>172</sup> оқылған баяндама, бұл баяндама 12 шотланд және 35 ағылшын графत्वосындағы шамамен алғанда 100 арендатордан алынған нақты документтерге негізделген.

Демек, бұл арада жоғары жер рентасы төмен жалақымен тікелей бір деп есептеледі. Ал жер бағасының жоғары болуы рентаны көтеретін осы жағдайға байланысты болатындықтан, жер құнының қымбаттауы еңбектің құнсыздануымен бір деп қарағандықтан, жер бағасының жоғары дәрежесі еңбек бағасы дәрежесінің төмендігімен бір деп қаралады.

Францияда да жағдай осылай болып отыр.

«Аренда ақысының жоғарылайтын себебі: бір жағынан нанның, шараптың, еттің, овощ пен жемістің бағасы жоғарылап жатса, екінші жағынан еңбектің бағасы өзгермей қала береді. Егер қарттар өз әкелерінің есептерін салыстырып көрер болса,— мұның өзі бізді бұдан 100 жылға жуық уақытқа кері шегіндірер еді,— олар сол кезде Францияның селолық округтарында жұмыс күнінің бағасы дәл қазіргі уақыттағыдай екенін көрер еді. Ал сол уақыттан бері еттің бағасы үш есе қымбаттаған... Бұл төңкерістен зардап шеккен кім? Арендаға берілетін жердің меншікшісі болып табылатын бай ма әлде әлгі жерді өңдейтін кедей ме?... Аренда ақысының жоғарылауы қоғамның күйзеліске ұшырағандығының дәлелі болып табылады» («Du Mécanisme de la Société en France et en Angleterre». Par M. Rubichon. Nouvelle édit., Paris, 1837, p. 101).

Бір жағынан, орта пайдадан және екінші жағынан, орташа жалақыдан ұстап қалудың салдары ретіндегі рентаның мысалдары:

Жоғарыда цитат келтірілген, жер агенті әрі ауыл шаруашылық инженері Мортон <sup>174</sup> былай дейді: көптеген жерлерде жүргізген байқауларына сәйкес шағын көлемді жерлерді арендаға бергендегіге қарағанда үлкен көлемді жерлерді арендаға беру рентасы төмен болады, өйткені

«шағын көлемді жерлерді арендау бәсекесі әдетте үлкен көлемді жерлерді арендау бәсекесінен күштірек болады, ал ауыл шаруашылығынан өзге қайсыбір басқа кәсіппен шұғылдануға мүмкіншілігі сирек болатындығынан, қажеттіліктен барып қолайлы кәсіп тауып алуға мәжбүр болатындығынан ұсақ арендаторлар тым қымбат екенін өздері де білетін рента төлеуге жиі келіседі» (John L. Morton. «The Resources of Estates etc.». London, 1858, p. 116).

Алайда, Мортонның пікіріне қарағанда, Англияда бұл айырмашылық бірте-бірте жойылып келеді, оның ойынша, бұған нақ ұсақ арендаторлар табының эмиграцияға кетуі көп себепші болуда. Нақ сол Мортон фермердің өз жалақысынан ұсталған ақшаның жер рентасына сөзсіз кіретін, демек, ол жалдап алған жұмысшылардың да жалақысынан ұсталған ақшаның жер рентасына онан бетер сөзсіз кіретін мысалын келтіреді. Атап айтқанда, қос ат жеккен плугты пайдалану мүмкін болмайтын 70—80 акрдан (30—40 гектар) кем жерлерді арендаға алған кезде жағдай осылай болады.

«Егер арендатордың өзі кез келген жұмысшы сияқты іждағатты еңбектесе, ол өз арендасының есебінен күн көре алмайды. Егер ол жұмысты

атқаруды өз адамдарына тапсырып қойып, өзі тек қана оларға бақылау жасаумен шектелетін болса, шамасы, өз рентасын төлей алмайтындығына көп кешікпей-ақ көзі жететін болады» (бұл да сонда, 118-бет).

Бұдан Мортон мынадай қорытынды жасайды: егер бұл жердегі арендаторлар тым кедей болмаса, онда арендаға берілетін участоктер 70 акрдан кем болмауға тиіс, сөйтіп фермер 2—3 ат ұстай алатын болуы керек.

Институттың <sup>175</sup> және Ұлттық орталық ауыл шаруашылық қоғамының мүшесі Леонс де Лавернь мырза асқан кемеңгерлік көрсетіп отыр. Өзінің «Economie Rurale de l'Angleterre» деген еңбегінде (ағылшын тіліндегі [«The Rural Economy of England etc.»] London, 1855, аудармасы бойынша цитатқа келтіріліп отыр) ол Францияда ауыл шаруашылық жұмыстарында пайдаланылатын ірі қарадан түскен жылдық кірістердің мынадай салыстыруларын келтіреді, ал Англияда ірі қара пайдаланылмайды, өйткені мұнда бұл жұмыстар ат күшімен орындалады (42-бет):

Франция: сүт	4 млн. ф. ст.	Англия: сүт	16 млн. ф. ст.
ет	16 » » »	ет	20 » » »
жұмыс	8 » » »	жұмыс	—
28 млн. ф. ст.		36 млн. ф. ст.	

Леонс де Лавернь мырзаның өз деректеріне қарағанда, неғұрлым жоғары көрсеткіштің болып отырған себебі: Англияда сүт Франциядағыдан екі есе қымбат, ал оның бер жағында ол екі елде де еттің бағасы бірдей деп жорамалдайды (35-бет), демек, егер Англияда сүт өнімінің құны 8 млн. ф. стерлингке дейін азаятын болса, онда бүкіл өнімнің құны Франциядағыдай 28 млн. ф. стерлингке дейін азаяды. Шынында да, Лавернь мырза өзінің есебінде өнімнің түрліше мөлшері мен бағалардың айырмашылығын қатар келтіріп отырған болса, мұнысы, шамасы, тым мықты шыққан екен; егер Англия белгілі өнімдерді Франциядан қымбатырақ өндіретін болса,— мұның өзі арендаторлар мен жер меншікшілері үшін көп пайда түсіруді ғана көрсетеді,— онда мұның өзі Англия ауыл шаруашылығының артықшылығы ретінде көрсетіледі.

Лавернь мырзаның Англия ауыл шаруашылығының экономикалық көрсеткіштерімен таныс болып қана қоймай, сонымен бірге ағылшын фермерлері мен жер меншікшілерінің соқыр сенімдерін де қолдайтындығын ол 48-бетте көрсетіп береді:

«Үлкен зиян әдетте дәнді дақылдарға байланысты болады... олар өздері өсетін жерді аздырады».



Лавернь мырза басқа өсімдіктер бұлай етпейді деп ойлап қана қоймайды,— ол сондай-ақ мал азығындық шөптер мен тамыр — жемістер жерді құнарландыра түседі деп ойлайды;

«Жемдік дақылдар өзі өсуінің басты элементтерін атмосферадан алады да, топыраққа онан алғанынан көбірек қайтарып отырады; сөйтіп олар екі жақтан — тікелей де, өздерінің көңге айналуы арқылы да — дәнді және басқа азырғыш дақылдардың келтірген зиянының орнын толтыруға көмектеседі, сондықтан олар ең болмағанда жемдік дақылдармен кезектесіп отыруға тиіс деген ереже осыдан келіп шығады; норфолк ауыспалы егісінің мәні де осында жатыр» (50—51-беттер).

Лавернь мырза ағылшын село қожайынының осы жалған өтіріктеріне сеніп алып, <sup>176</sup> астық туралы зандардың күшін жойғаннан кейін Англияның ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысы өзінің бұрынғы қалыпсыз сипатынан айрылды дегеніне де сенетініне таңдануға болмайды. Біздің бұл жайында бұрын айтқанымызды қараңыз: «Капитал», I кітап, XXIII тарау, 5, 701—729-беттер. <sup>177</sup> Алайда енді Джон Брайт мырзаның 1865 жылы 13 декабрьде Бирмингемде сөйлеген сөзін де қарап көрейік. Парламентте өкілі мүлдем болмай отырған 5 миллион семья туралы айта келіп, ол сөзін былай жалғастырады:

«Бұлардың ішінен Біріккен корольдікте 1 миллионы немесе, дәлірек айтқанда, 1 миллионнан астамы қайыршылардың қырсықты тізімдеріне енгізілген. Онан кейін әзірше пауперизм дәрежесінен әлі жоғары тұрған, бірақ оларға да қайыршы болу қаупі үнемі төніп тұрған тағы 1 миллион семья бар. Олардың жағдайы мен олардың перспективасы онып тұрған жоқ. Ақырында, қоғамның осы бөлегінің төменгі надан топтарына қараңызшы. Тұл қалғандар тәрізді олардың көрген күніне, олардың кедейлігіне, олардың азабына, олардың үміттен күдер үзгендігіне назар аударыңызшы. Тіпті Құрама Штаттарда, тіпті оңтүстіктегі штаттарда құлдық үстемдік етіп тұрған кезде кез келген негрдің мен де әйтеуір бір еркіндік алармын деген үміті болатын. Бірақ бұл адамдардың, біздің еліміздегі төменгі топтардың осы бұқарасының жағдайымыз қайсыбір дәрежеде жақсарар деген үміті, тіпті осыған ұмтылуы да болмай отыр, мен мұны осы арада тура айтуға тиіспін. Дорсетширден шыққан ауыл шаруашылық жұмысшысы Джон Кросс туралы заметканы жақында сіздер газеттерден оқыдыңыздар ма? Ол аптасына 6 күннен жұмыс істеген, аптасына 8 шиллингтен алып, 24 жыл бойы отымен кіріп, күлімен шыққан қожайынынан тамаша мақтау алған. Осы жалақысына Джон Кросс өзінің лашық үйінде 7 бала бар семьясын асырауға тиіс болды. Наукас әйелі мен емшектегі баласының бойын жылыту үшін, ол құны 6 пенсо тұратын ағаш шарбак алған, заң тілімен айтқанда ұрлап алған деуіне болады. Төреші судьялар бұл қылығы үшін оны 14 немесе 20 күн түрмеде отыруға үкім шығарған... Мен сіздерге мынаны айта аламын: бүкіл елде, әсіресе оңтүстікте Джон Кросстың басынан кешкендегідей сан мындаған жайттарды табуға болады, бұл адамдардың жағдайының ауырлығы соншалық, бұлардың қалай тақ-түк күнелтіп отыру сырын ең мұқият деген байқаушы да осы уақытқа дейін аша алмай келді. Ал енді бүкіл елге көз жіберіп, осы 5 миллион семьяға және халықтың осы тобы басынан кешіріп отырған қиын-қыстау жағдайына қарап көріңізші. Ұлттық сайлау правосынан айрылған осы бөлегі азап

шегуде, жұмыстан мәңгі азап шегуде және тынығу дегенді тіпті білмейді деп адалын айтса болмай ма? Оның жағдайын үстемдік етуші таптың жағдайымен салыстырып көріңізші, бірақ мен бұлай дей қалсам, мені коммунизмді уағыздайсың деп айыптайды... Бірақ жұмыста дінкесін құртып жүрген, сайлау правосыннан айрылған осы бір орасан көп адамдарды халықтың үстемдік етуші таптар деп атауға болатын бөлегімен салыстырыңызшы. Олардың байлығына, олардың кереметіне, олардың сан-салтанатына қараңызшы. Олардың шаршағанын көріңіздер, өйткені олар да шаршайды, тамағы тоқтықтан шаршайды, қараңыздаршы, әне, өмірдің бүкіл мәні тек қана жаңа ләззат табуда тұрғандай, арпалысып, тағат таппай жүргендерін» («Morning Star»<sup>178</sup> 14 декабрь, 1865 жыл).

Қосымша еңбектің, сол себепті тегі қосымша өнімнің де жер рентасымен, қосымша өнімнің осы бөлегімен қалай араласып кететіні төменде көрсетіледі, ал қосымша өнімнің өзлігі бөлегі — ең болмағанда капиталистік өндіріс әдісінің базисі негізінде — сан және сапа жағынан өзіне тән болып белгіленеді. Жалпы алғанда қосымша еңбектің табиғи базисі, яғни қосымша еңбек онысыз мүмкін болмайтын табиғи шарты мынау: бүкіл жұмыс күнін қамтымайтын жұмыс уақытын жұмсаған кезде табиғат жер өнімдері, өсімдік және мал өнімдері немесе балық шаруашылығы өнімдері, т. б. өнімдер арқылы өмір сүруге қажетті құралдар береді. Егіншілік еңбегінің осы табиғи өнімділігі (бұған осы арада жай кәсіп: аң аулау, балық аулау, мал өсіру жатады) қосымша еңбек атаулының негізі болып табылады, өйткені әуел баста кез келген еңбек ең алдымен тағам өнімдерін иемденуге және өндіруге бағытталған. (Бірақ сонымен қабат салқын климат жағдайында жануарлардың терісі суықтан қорғаныш болады; оның үстіне, үңгірлер баспана ретінде пайдаланылады, т. б.)

Қосымша өнім мен жер рентасының нақ осылай араласуы Дав мырзада да кездеседі,<sup>179</sup> бірақ басқа сөздермен айтылған. Бастапқыда егіншілік еңбегі мен өнеркәсіп еңбегі бірінен бірі ажыратылмаған; өнеркәсіп еңбегі егіншілік еңбегіне жанасады. Егіншілік тайпасының, үй қауымының немесе семьяның қосымша еңбегі мен қосымша өнімінде егіншілік еңбегі де, өнеркәсіп еңбегі де бар. Бұл екеуі өзара қабысып жатады. Аң аулау, балық аулау, егіншілік кәсібімен шұғылдану тиісті құралдар болмайынша мүмкін емес. Мата тоқу, жіп иіру, т. б. бастапқы кезде егіншіліктің қосалқы жұмыстары ретінде жүргізіледі.

Жеке жұмысшының еңбегі қажетті еңбек және қосымша еңбек болып қалай бөлінетінін, сондай-ақ жұмысшы табының жиынтық еңбегін бүкіл жұмысшы табы үшін керек тіршілік заттарын (бұл үшін қажет болатын өндіріс құрал-жабдықтарын да осыған қоса) өндіретін бөлегін бүкіл қоғам үшін қажетті еңбек орындайтындай етіп бөлуге болатынын біз

бұрын көрсетіп өткенбіз. Жұмысшы табының бүкіл қалған бөлегі орындайтын еңбекті қосымша еңбек ретінде қарастыруға болады. Бірақ қажетті еңбекте әсте егіншілік еңбегі ғана емес, сонымен бірге жұмысшының орташа тұтынуына сөзсіз енетін қалған өнімдердің бәрін өндіретін еңбек те болады. Мұның үстіне, қоғамдық көзқарас тұрғысынан алғанда біреулерінің қажетті еңбекті ғана орындайтын себебі: басқалары қосымша еңбекті ғана орындайды және керісінше болады. Бұл — олардың арасындағы еңбек бөлінісі ғана. Тегі егіншілік жұмысшылары мен өнеркәсіп жұмысшылары арасындағы еңбек бөлінісінде де істің жайы нақ осындай. Бір жақтағы еңбектің таза өнеркәсіптік сипатына екінші жақтағы еңбектің таза егіншілік сипаты сай келеді. Бұл таза егіншілік еңбегін әсте табиғат бермеген, оның өзі де қоғамдық дамудың жемісі, соның өзінде барлық жерде бірдей әсте қол жете бермейтін ең жаңа жемісі және ол өндірістің дамуындағы әбден белгілі сатыға сай келеді. Егіншілік еңбегінің бір бөлегі не сән-салтанат бұйымдары болатын, не өнеркәсіп үшін шикі материал құрайтын, бірақ халық бұқарасының тағамы туралы айтпағанның өзінде, тағам санатына әсте кірмейтін өнімдерде затқа айналатыны сияқты, — нақ сондай, екінші жағынан, өнеркәсіп еңбегінің бір бөлегі ауыл шаруашылық жұмысшыларының да, сондай-ақ ауыл шаруашылығында істемейтін жұмысшылардың да қажетті тұтыну заттары болатын өнімдерде затқа айналады. Осы өнеркәсіп еңбегін қоғамдық көзқарас тұрғысынан қарағанда қосымша еңбек деп қарау қателік болар еді. Ол белгілі бөлегінде егіншілік еңбегінің қажетті бөлегі сияқты қажетті еңбек. Ал оның өзі де бұрын егіншілік еңбегімен табиғи түрде байланысқан сол өнеркәсіп еңбегінің белгілі бөлегінің оқшауланған формасы ғана, енді онан бөлініп шыққан таза егіншілік еңбегінің қажетті өзара толықтырылуы ғана. (Егер мәселені таза материалдық жағынан алып қарастыратын болсақ, онда, мәселен, 500 тоқымашы механизм күшімен жүретін станоктарда жұмыс істегенде өздерінің киімдеріне керек болатынынан әлдеқайда көп мата тоқиды.)

Ақырында, жер рентасының көріну формаларын қарастырған кезде, яғни өндіру немесе тұтыну максатында жерді пайдаланғаны үшін жер меншікшісіне жер рентасы деген атпен төленетін арендалық ақыны қарастырған кезде мынаны есте ұстау қажет: өз-өзінен құны болмайтын, еңбек өнімдері емес, мәселен, жер сияқты, немесе, ең болмағанда, мәселен, орта дүние ескерткіштері, белгілі бір шеберлердің көркем шығармалары, т. б. сияқты еңбекпен қайта жасалмайтын заттардың бағасы өте-мөте кездейсоқ жағдайлармен белгіленуі

мүмкін. Бұйымды сату үшін оның монополиялау және иеліктен шығу объектісі бола алуынан басқа ештеңе керек емес.

Жер рентасын қарастырған кезде талдауды көмескілейтін басты-басты үш қатеден аулақ болған жөн.

1) Рентаның қоғамдық өндіріс процесі дамуының түрлі сатыларына сай келетін түрлі формаларын шатастыру.

Рентаның өзіне тән формасы қандай болса да, оның барлық типтеріне ортақ жағдай мынау: рентаны немдену дегеніміз жер меншігі жүзеге асатын экономикалық форма, ал меншік иесі Азиядағы, Египеттегі, т. б. елдердегі сияқты қауымның өкілі [Gemeinwesen] болатын адам ба, немесе бұл жер меншігі құлдық яки крепостниктік система тұсындағыдай белгілі адамдардың тікелей өндірушілердің өз басын меншіктенуінің құрамдас бөлегі ғана бола ма, немесе бұл өнім өндіретіндердің табиғатқа таза жеке меншігі бола ма, жер меншігінің әншейін аты бола ма, немесе, ақырында, мұның өзі отаршылдар мен ұсақ шаруалы жер иелерінің жерге қатынасы сияқты еңбегі оқшауланған және әлеуметтік жағынан дамымаған тікелей өндірушілердің белгілі жер учасоктеріне иеленіп өнім өндіруінің тіке өзі сияқты қатынас бола ма, бәрібір жер рентасының өзі де жер меншігін, белгілі бір адамдардың белгілі жер учасоктеріне меншігі болуын керек етеді.

Рентаның түрлі формаларына ортақ бұл *жағдай* — оның жер меншігінің экономикалық жағынан жүзеге асырылуы, түрлі адамдардың белгілі жер көлеміне бүтіндей иелігін қуаттайтын заң жамылғысы екендігі, — осы *ортақ жағдай* айырмашылықтардың аңғарылмауына әкеліп соғады.

2) Кез келген жер рентасы дегеніміз қосымша құн, қосымша еңбектің өнімі деген сөз. Өзінің жетілмеген формасында, заттай рента формасында ол әлі тікелей қосымша өнім болып табылады. Капиталистік өндіріс әдісіне сай келетін және пайдадан, яғни товар құнының өзі қосымша құннан (қосымша еңбектен) тұратын бөлегінен артығы болып табылатын рента, — қосымша құнның осы ерекше және сипатты құрамдас бөлегі бейнебір қосымша құнның және жалпы алғанда құнның болуының жалпы шарттары түсіндірілсе-ақ болды әбден айқын болады-мыс деген жаңсақ пікір осыдан келіп шығады. Ол шарттар мыналар: тікелей өндірушілер олардың өздерінің жұмыс күшін ұдайы өндіру үшін, олардың өздерін ұдайы өндіру үшін керек болатынынан көп уақыт жұмыс істеуге тиіс. Олар тегі қосымша еңбек етуге тиіс. Бұл субъективтік жағдай. Объективтік жағдай олардың қосымша еңбек ете *алатындығында* жатыр; табиғи жағдайлар тікелей өндірушілер-

дің қолындағы жұмыс уақытының бір бөлегі олардың өздерін ұдайы өндіруге және өндірушілер ретінде өзін-өзі сақтауға жететіндей, оларға қажетті тіршілік заттарын өндіру олардың бүкіл жұмыс күшін жұтып қоймайтындай болуға тиіс. Жердің табиғи құнарлылығы бұл арада бір шегін, бір шығар жерін, бір негізін құрайды. Ал еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің дамуы оның екінші жағын құрайды. Мәселені бұдан да гөрі егжей-тегжейлі қарастыра келгенде,— тағам өнімдерін өндіру тікелей өндірушілердің тіршілік етуінің және тегі кез келген өндірістің ең бірінші шарты болатындықтан,— осы өндірісте қолданылған еңбек, демек, осы сөздің ең кең экономикалық мағнасында алынған егіншілік еңбегі де соншалық жемісті еңбек болуға тиіс, сөйтіп тағам өнімдерін өндіруге мүмкін болатын жұмыс уақытының бәрі бірдей жұмсалып кетпеуге тиіс, яғни егіншілік қосымша еңбек, сол себепті егіншілік қосымша өнім де болуға тиіс. Онан соң: қоғамның кейбір бөлегінің бүкіл егіншілік еңбегі — қажетті еңбегі де, қосымша еңбегі де — бүкіл қоғам үшін, яғни егіншілікте істемейтін жұмысшылар үшін де қажетті тағам өнімдерін өндіруге жетерліктей болуы қажет; демек, егіншілік қызметкерлері мен өнеркәсіп қызметкерлері арасындағы, сондай-ақ егіншіліктегі тағам өнімдерін өндіретін қызметкерлер мен шикі материалдар өндіретін қызметкерлер арасындағы осы ірі еңбек бөлінісі мүмкін болатын ету қажет. Тағам өнімдерін тікелей өндірушілердің еңбегі олардың өздері үшін қажетті еңбекке және қосымша еңбекке бөлінетін болғанымен, алайда, қоғам жөнінде алғанда бұл еңбек тағам өнімдерін өндіруге керек болатын қажетті еңбек қана болып табылады. Айтпақшы, бүкіл қоғамның ішіндегі еңбек бөлінісі атаулының бәрінде де істің жайы осылай болады, ал жеке шеберхана ішіндегі еңбек бөлінісі бұдан өзгеше. Бұл — ерекше сипаты өнімдерді өндіру үшін, қоғамның осы ерекше өнімдер жөніндегі ерекше керегін қанағаттандыру үшін қажетті еңбек. Егер бұл еңбек бөлінісі пропорциялы болып келсе, онда түрлі топтардың өнімдері өз құндары бойынша (кейін олардың өндіріс бағалары бойынша дамыта отырып) немесе осы құндардың өзгерген түрі болатын бағалар бойынша, жалпы заңдар белгілейтін өндіріс бағаларына сәйкес сатылады. Құн заңы шын мәнінде жекелеген товарлар немесе заттар жөнінде көрінбейді, бірақ әр жолы өндірістің қоғамдық салаларының еңбек бөлінісі арқасында жеке оқшауланған өнімдердің бүкіл жиынтығы жөнінде көрініп отырады; сөйтіп әрбір жеке товарға қажетті жұмыс уақыты ғана жұмсалып қоймаған, сонымен бірге бүкіл қоғамдық жұмыс уақытынан түрлі топтарға қажетті пропорциялы мөлшер ғана жұмсалған. Өйткені

товардың тұтыну құны болатын шарт сақталады. Ал жеке товардың тұтыну құны оның өз өзінен қайсыбір қажеттілікті қанағаттандыра алу, алмауына байланысты болса, онда қоғамдық өнімдердің белгілі аумағының тұтыну құны әрбір жеке топтың өніміне санмен белгіленген қоғамдық қажеттілікке оның пара-пар болу, болмауына, демек, өндірістің түрлі салалары арасында еңбектің пропорциялы түрде, әлгі қоғамдық санмен белгіленген қажеттілікке сай бөлінген, бөлінбегеніне байланысты болады. (Өндірістің түрлі салалары арасында капиталдың бөлінуіне байланысты осы пунктке тоқтала кеткен жөн.) Қоғамдық қажеттілік, яғни қоғамдық көлемдегі тұтыну құны,— бұл жерде өндірістің әр түрлі ерекше салаларына келетін бүкіл қоғамдық жұмыс уақытының үлесін белгілейтін нәрсе міне осы. Бірақ мұның өзі — жеке товар жөнінде-ақ көрініп қалатын сол бір заңның өзі, атап айтқанда: товардың тұтыну құны дегеніміз оның айырбас құнының, демек, оның құнының да алғы шарты. Бұл пункттің қажетті еңбек пен қосымша еңбектің арасындағы қатынасқа байланысы болатын себебі мынадай ғана: бұл пропорция бұзылған жағдайда товардың құны, демек, ондағы қосымша құн да жүзеге асырылмай қалады. Мәселен, мақта маталары пропорциясыз тым көп шығарылды, алайда бүкіл осы өнімге, бұл маталарға бұл жағдайда бұған қажетті жұмыс уақыты ғана жұмсалды дейік. Бірақ жалпы алғанда осы ерекше салаға тым көп қоғамдық еңбек жұмсалған, яғни өнімнің бір бөлегі босқа өндірілген. Сондықтан бүкіл өнімді қажетті пропорцияда өндіргендегідей болған жағдайда ғана оны түгелдей сатудың сәті түседі. Қоғамдық жұмыс уақытының өндірістің әр түрлі ерекше салаларына тиімді түрде жұмсауға болатын бөліктерінің осы сандық шегі жалпы алғанда құн заңының негұрлым дамыған бейнеленуі ғана болып табылады, бірақ бұл арада қажетті жұмыс уақыты басқа мағына алады. Қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін пәлендей жұмыс уақыты қажет. Бұл арада шектеу тұтыну құны арқылы көрінеді. Қоғам өндірістің белгілі бір жағдайында белгілі сипаттағы пәлендей әңгіме өзінің жиынтық жұмыс уақытынан пәлендейін ғана жұмсай алады. Бірақ қосымша еңбектің және тегі қосымша құнның субъективтік және объективтік жағдайлары пайдадың да, сондай-ақ рентаның да нақты, белгілі формасына ешбір қатысты болмайды. Қандай ерекше формалар алғанымен қадімгі қосымша құн үшін бұлардың маңызы бар. Сондықтан олар жер рентасын түсіндіріп бере алмайды.

3) Жер меншігін нақ экономикалық тұрғыдан нақты етуде, жер рентасының дамуында мына жағдай өзіндік ерекшелігімен көрінеді: жер рентасының мөлшерін әсте оны алушы бел-

гілемейді, қайта оны алушыға тәуелсіз, онан тысқары болатын қоғамдық еңбектің дамуы белгілейді. Сондықтан товар өндірісінің — және, дәлірек айтқанда, өзінің бүкіл көлемінде товар өндірісі болып табылатын капиталистік өндірістің, — негізінде өндірістің барлық салалары мен олардың барлық өнімдеріне жалпы ортақ нәрсені рентаның (және жалпы алғанда егіншілік өнімінің) өзіне тән өзгешелігі екен деп қалуға болады.

Қоғамдық дамудың барысында жер рентасының мөлшері (ал сонымен бірге жердің құны да) қоғамдық жиынтық еңбектің нәтижесі ретінде дамиды. Бір жағынан, қоғамдық дамудың бірге рынок және жер өнімдеріне деген сұраныс өседі, екінші жағынан — алуан түрлі өндірістің сөзсіз шарты, тіпті егіншілік емес шаруашылық салаларындағы өндірістің де сөзсіз шарты ретінде жердің өзіне деген тікелей сұраныс өседі. Дәлірек айтқанда, егер жер рентасының бір өзі жөнінде ғана сөз ететін болсақ, рента, ал сонымен бірге жердің құны да жер өніміне керекті рынокпен қоса, демек, егіншілікке жатпайтын халықтың өсуімен, оның бір жағынан тағам өнімдеріне, екінші жағынан шикі материалдарға деген қажетсінуімен және сұранысымен бірге дамып отырады. Өзінің табиғаты жөнінен алғанда капиталистік өндіріс әдісі егіншілікке жатпайтын халықпен салыстырғанда егіншілікте істейтін халықты үнемі азайтып отырады, өйткені өнеркәсіпте (тармағынасында алғанда) өзгермелі капиталдың біршама азаюына қарамастан, тұрақты капиталдың өзгермелі капитал есебінен көбеюі өзгермелі капиталдың абсолютті түрде өсуіне байланысты болады. Мұның керісінше, егіншілікте белгілі бір жер участогін өңдеу үшін қажет болатын өзгермелі капитал абсолютті түрде азаяды; демек, жаңа жер өңделетін жағдайда ғана өзгермелі капиталдың өсуі мүмкін болады, ал бұл да егіншілікке жатпайтын халықтың онан сайын көбеюін керек етеді.

Шын мәнінде бұл құбылыс егіншілік пен оның өнімдеріне тән өзгешелік емес. Қайта, товар өндірісінің және оның абсолютті формасы — капиталистік өндірістің негізіндегі өндірістің басқа барлық салалары мен өнімдері үшін де нақ осы тән болады.

Бұл өнімдердің товар болатын, яғни сатылуға жататын — ақшаға айналдырылатын, — айырбас құны бар тұтыну құндары болатын себебі басқа товарлардың олар үшін балама болатындығынан, басқа өнімдердің оларға товар ретінде және құн ретінде қарсы қойылатындығынан ғана болады; басқа сөзбен айтқанда, бұл өнімдер оларды өндіргендердің тіршілік етуінің тікелей құралдары болмай, қайта айырбас құнына

(ақшаға) айналдыру жолымен, иеліктен айыру жолымен ғана тұтыну құнына айналатын товарлар, өнімдер болатындығынан ғапа солай. Бұл товарлар үшін керекті рынок қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде дамиды; өндіргіш жұмыстардың бөлінісі олардың өнімдерін өзара товарға, бір-бірі үшін баламаға айналдырып, оларды бір-бірі үшін рынок етпей қоймайды. Бұл арада егіншілік өнімдері үшін өзіне ғана тән болатын ештеңе жоқ.

Рента ақша рентасы ретінде товар өндірісі, дәлірек айтқанда, капиталистік өндіріс негізінде ғана дами алады, сондықтан ол егіншілік өндірісінің товар өндірісі болуына қарай, демек, егіншілік емес өндірістің өз жөнінде дербес өндіріс ретінде өсуіне қарай дамиды, өйткені егіншілік өнімі нақ сондай дәрежеде товар, айырбас құны және құн болады. Капиталистік өндіріспен бірге товар өндірісінің, демек, құн өндірудің нақ дамуына қарай,— қосымша құн мен қосымша өнім өндіру дамып отырады. Бірақ қосымша құн мен қосымша өнім өндірудің дамуына қарай жер меншігінің жерге өз монополиясының болуы арқылы осы қосымша құнның барған сайын көп бөлегін иелену, сөйтіп өз рентасының құнын және жердің өзінің бағасын арттыру қабілеті де дами береді. Осы қосымша құн мен қосымша өнімді дамытуда капиталист қалай дегенмен әлі дербес агент болып табылады. Ал жер меншікшісіне қосымша өнім мен қосымша құнның өзі қатыспай-ақ барған сайын осылайша өсе беретін үлесін алып отыру ғана қалады. Оның жағдайына тән өзгешелік жер өнімдерінің, демек жердің өз құнының да олар үшін рыноктың кеңеюіне қарай барған сайын арта беретіндігінде, сұраныстың өсетіндігінде, ал сонымен бірге жердің өніміне қарсы тұратын товарлар дүниесінің өсе беретіндігінде, яғни, басқа сөзбен айтқанда, егіншілікке жатпайтын көптеген товар өндірушілер мен егіншілікке жатпайтын товар өндірісінің өсе беретіндігінде емес, қайта нақ әлгі үлесте жатыр. Бірақ мұның өзі жер меншікшісінің жәрдемінсіз-ақ істелетін болғандықтан, құнның аумағы, қосымша құнның аумағы және әлгі қосымша құнның бір бөлегінің жер рентасына айналуы өндірістің қоғамдық процесіне, жалпы алғанда товар өндірісінің дамуына байланысты болады дейтін құбылыс оның қайсыбір сипатты өзгешелігі болатындай көрінеді. Сондықтан, мәселен, Дав рентаны осыдан шығарғысы келеді. Ол рента егіншілік өнімінің аумағына емес, қайта оның құнына байланысты болады<sup>180</sup>, ал егіншілік өнімінің құны егіншілікке жатпайтын халықтың жиыны мен өнімділігіне байланысты болады дейді. Бірақ кез келген басқа өнімнің товар ретінде өзіне балама болатын басқа товарлардың аумағы мен алуан түрлілігінің



өсуіне қарай дамитындығы әділетті емес пе. Мұның өзі құн теориясын жалпылама түрде баяндауға байланысты бұрын көрсетілген болатын.<sup>121</sup> Бір жағынан, белгілі бір өнімнің айырбасқа қабылеттілігі жалпы алғанда онан тыс болып отыратын товарлардың қаншалық алуан түрлілігіне байланысты болады. Екінші жағынан, бұл өнімнің товар ретінде өндірілуі мүмкін болатын мөлшері әсіресе нақ осыған байланысты болады.

Өнеркәсіпте де, егіншілікте де оқшау алып қаралатын өнім өндіруші құн немесе товар өндірмейді. Оның өнімі қоғамдық қатынастардың белгілі бір ұштасуы жағдайында ғана құн және товар болады. Біріншіден, ол қоғамдық еңбектің бейнесі ретінде көрінеді, демек, сол өнім өндірушінің меншікті жұмыс уақыты жалпы алғанда қоғамдық жұмыс уақытының бір бөлегі болып табылады; екіншіден, өнім өндіруші еңбегінің осы қоғамдық сипаты оның өнімінің ақшаға шаққан сипатынан және оның өніміне тән болатын қоғамдық сипат ретінде бағамен белгіленетін оның жалпы айырбасталатындығынан көрінеді.

Сонымен, егер, бір жағынан, рентаны түсіндірудің орнына қосымша құнды түсіндірумен шұғылданатын болса, немесе, мәселен, онан да гөрі тар шеңберде ұғынған жағдайда жалпы қосымша өнімді түсіндіретін болса, екінші жағынан, бұл арада мынадай қате жібереді: товар және құн ретінде барлық өнімдерге тән болатын сипатты тек қана егіншілік өнімдеріне жатқызады. Құнға жалпы анықтама беруден белгілі товар құнын *жайғастыруға* көшкен кезде түсіндіруі онан сайын үстірт болып шығады. Кез келген товар өз құнын айналыс процесінде ғана жүзеге асыра алады, ал товардың құнын жүзеге асыра алар, алмасы және қандай дәрежеде жүзеге асыра алатындығы әр жолы рыноктың жағдайларына байланысты болады.

Сонымен, жер рентасының өзіндік өзгешелігі егіншілік өнімдерінің құн сияқты құнға ұласып дамитындығында, яғни олардың товар ретінде басқа товарларға қарсы тұратындығында және егіншілікке жатпайтын өнімдердің товарлар ретінде оларға қарсы тұратындығында, немесе олардың қоғамдық еңбектің ерекше бейнеленуі ретінде дамитындығында емес. Өзіндік өзгешелігі мынада: егіншілік өнімдерінің құнға (товарға) ұласып дамитын жағдайлармен бірге және олардың құнын жүзеге асыру жағдайларымен бірге жер меншігінің өз басының қатысуынсыз-ақ жасалатын әлгі құнның барған сайын көп үлесін өзіне қаратып алатын күші де дами береді, қосымша құнның барған сайын өскелең үлесі жер рентасына айналады.

## ОҒЫЗ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА. ЖАЛПЫ  
ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Жер рентасына талдау жасағанда біз ең алдымен мынадай жорамалға сүйенегін боламыз: жер рентасы төленетін, қосымша құнның бір бөлегі, демек, бүкіл бағаның да бір бөлегі рентаға айналатын өнімдер, — біздің талдау мақсатымыз үшін егіншілік өнімдерін немесе рудник өнімдерін де еске алсақ жетіп жатыр, — демек, барлық басқа товарлар сияқты, жер немесе рудник өнімдері өздерінің өндіріс бағалары бойынша сатылады. Яғни олардың сатылу бағалары олардың өндіріс шығындарына (жұмсалған тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың құнына) және пайданың жалпы нормасы бойынша белгіленіп, жұмсалған және жұмсалмаған, бүкіл авансыланған капиталға есептелетін пайдаға тең болады. Сөйтіп, біз бұл өнімдердің орташа сату бағалары олардың өндіріс бағаларына тең деп жорамалдаймыз. Ал ендігі мәселе мынада болып отыр: осылайша жорамалдаған жағдайда жер рентасы қалай жасалады, яғни пайданың бір бөлегі жер рентасына қалай айнала алады, сол себептен де товар бағасының бір бөлегі жер меншікшісінің қалтасына қалай түсе алады деген мәселеде болып отыр.

Жер рентасының осы формасының ортақ сипатын көрсету үшін, белгілі бір елдегі фабрикалардың басым көпшілігі бу машиналарымен, ал белгілі бір мөлшердегі азшылығы — табиғи құлама сулармен жұмыс істейді делік. Өнеркәсіптің тиісті салаларында капиталдың 100 өлшемі жұмсалатын товарлар аумағы үшін өндіріс бағасы 115 өлшем болады дейік. Осы 15% пайда 100 өлшем мөлшерінде жұмсалған капиталға ғана емес, сонымен бірге осы товар құнын өндіруге жұмсалған күллі капиталға да есептеледі. Бұрын көрсетілгеніндей\*, өндірістің бұл бағасы әрбір жекелеген өнеркәсіп өндірушісінің жеке өндіріс шығындары бойынша белгіленбейді,

\* Қараңыз: осы томның 189—216-беттері. *Ред.*

қайта өндірістің белгілі бір саласында жұмсалған бүкіл капитал үшін орташа жағдайлар кезінде товар орташа керек ететін өндіріс шығындары бойынша белгіленеді. Іс жүзінде мұның өзі өндірістің рынок бағасы — орташа рынок бағасы, оның ауытқып тұратын мөлшерінен өзгеше бағасы. Товарлар құнының табиғаты, құнды белгілі бір жеке өндірушіге арнап товарлардың белгілі мөлшерін немесе жекелеген товарлар өндіру үшін жеке қажет болатын жұмыс уақыты бойынша белгілемей, қайта қоғамдық қажетті жұмыс уақыты бойынша өндірістің сол орташа қоғамдық жағдайлары кезінде рынокта болатын түрлі товарлардың қоғамдық қажетті мөлшерін түгел өндіруге қажет болатын жұмыс уақыты бойынша белгілеу, — құнның осы табиғаты, құнды белгілеудің осы тәсілі жалпы алғанда рынок бағасы формасында және, онан соң, реттеуші рынок бағасы, немесе өндірістің рынок бағасы формасында өз бейнесін табады.

Бұған байланысты алғанда біздің қандай бір белгілі сандық қатынастарды алатынымыздың мүлде бәрібір болатындығынан біз онан әрі су күшімен жұмыс істейтін фабрикалардағы өндіріс шығындары 100 өлшемнің орнына небәрі 90 өлшем болады деп жорамалдаймыз. Ал бұл товарлар аумағын өндірудің рынокты тәртіптеуші бағасы 15% мөлшеріндегі пайдамен қоса 115-ке тең болатындықтан, өз машиналарын су күшімен жүргізетін фабриканттар да 115-тен, яғни рынок бағасын тәртіптейтін орташа бағамен сататын болады. Сондықтан олардың пайдасы 15 өлшемнің орнына 25 өлшем болады; өндірістің тәртіптеуші бағасы олардың  $12\frac{7}{9}\%$  мөлшерінде үстеме пайда алуларына мүмкіндік береді; бұлай болатын себебі олардың өз товарларын өндіріс бағасынан жоғары сататындығынан емес, оның себебі олар өз товарларын өндіріс бағасы бойынша сатады, өйткені олардың товарлары өндірілгенде, капиталы жұмсалғанда өте-мөте қолайлы жағдайларда, осы салада үстем болып отырған орта дәрежеден жоғары тұрған жағдайларда өндіріліп, жұмсалады.

Нақ осы сәтте мынадай екі жағдай айқын аңғарылады:

*Біріншіден:* машинаны жүргізуші күш ретінде табиғи құлама суды пайдаланатын өндірушілердің үстеме пайдасы бастапқы кезде айналыс процесіндегі келісімнің, рынок бағаларының кездейсоқ ауытқуының кездейсоқ нәтижесі болмайтын кез келген үстеме пайда (ал біз өндіріс бағалары туралы айтқан кезде бұл категорияны зерттеп өткен болатынбыз\*) тәрізді сипатта болады. Сөйтіп, осы үстеме пайда неғұрлым қолайлы жағдайларға қойылған осы өндірушілер

\* Қараңыз: осы томның 214—216-беттері. *Ред.*

өндірісінің жеке бағасы мен өндірістің бүкіл осы саласының рыногын тәртіптеуші жалпы, қоғамдық өндіріс бағасының арасындағы айырмаға тең болады. Бұл айырма товар өндірісінің жалпы бағасының сол товарды өндірудің жеке бағасынан артығына тең болады. Осы артығын тәртіптейтін екі шек, бір жағынан, өндірістің жеке шығындары, сол себептен де — өндірістің жеке бағасы, екінші жағынан, өндірістің жалпы бағасы болып табылады. Құлама судың көмегімен өндірілген товар құнының кем болатын себебі: оны өндіру үшін еңбектің жалпы азырақ мөлшері керек болады, атап айтқанда тұрақты капиталдың бір бөлегі ретінде затқа айналған түрінде өндіріске кіретін еңбектен аз еңбек керек болады. Бұл арада жұмсалған еңбек өнімдірек болады, оның жеке өндіргіш күші сол іспетті фабрикалардың көпшілігінде қолданылатын еңбектің өндіргіш күшінен көбірек болады. Оның зор өндіргіш күші мынадан көрінеді: сол бір товарлар аумағын өндіру үшін басқа фабрикаларға қарағанда тұрақты капиталдың азырақ мөлшері, затқа айналған еңбектің азырақ мөлшері керек болады, сонымен бірге тірі еңбектің де азырақ мөлшері керек болады, өйткені су күшімен айналатын доңғалаққа отынның керегі жок. Жұмсалатын еңбектің осы зор жеке өндіргіш күші өндіріс құнын, сондай-ақ өндіріс шығынын, демек, товардың өндіріс бағасын да кемітеді. Өнеркәсіп иесінің көзқарасы бойынша істің жайы товар өндіру шығыны өзі үшін аз болғандай болып көрінеді. Ол затқа айналған еңбекке, сондай-ақ жалақыға аз қаржы жұмсайды, өйткені ол нақты жұмыс күшін аз жұмсайды. Оның товарының өндіріс шығыны аз болғандықтан, оның өндірісінің жеке бағасы да аз болады. Ол үшін өндіріс шығыны 100 өлшемнің орнына 90 өлшем болады. Демек, оның өндірісінің жеке бағасы да 115-тің орнына небәрі  $103\frac{1}{2}$  ( $100 : 115 = 90 : 103\frac{1}{2}\%$ ) болады. Оның өндірісінің жеке бағасы мен өндірістің жалпы бағасы арасындағы айырма оның өндірісінің жеке шығындары мен өндірістің жалпы шығындары арасындағы айырмашылықпен шектелген. Бұл — оның үстеме пайдасының шегін белгілейтін мөлшердің бірі. Осындай мөлшерлердің екіншісі — өндірістің жалпы бағасының мөлшері; оны туғызуға тәртіптеуші факторлардың бірі ретінде пайданың жалпы нормасы қатысады. Егер көмір арзандаған болса, онда оның өндірісінің жеке шығындары мен өндірістің жалпы шығындары арасындағы айырма азайған болар еді, сол себепті де өнеркәсіп иесінің үстеме пайдасы да азайған болар еді. Егер өнеркәсіп иесінің товарын өзінің жеке құны немесе товардың жеке құнымен белгіленетін өндіріс бағасы бойынша сатуына тура келсе, онда айырма болмай қалар еді. Айырма, бір жағынан, товар

өзінің жалпы рынок бағасы бойынша, жеке бағаларды бәсеке теңестіріп отыратын баға бойынша сатылатындығының нәтижесі, ал екінші жағынан, ол іске қосатын еңбектің зор өндіргіш күші, жалпы алғанда еңбектің өндіргіш күші жөнінде болатыны сияқты, жұмысшылардың пайдасына емес, сол еңбекті пайдаланатын адамның пайдасына асатындығының нәтижесі болып табылады; яғни ол капиталдың өндіргіш күші ретінде әрекет жасайды.

Өндірістің жалпы бағасының дәрежесі осы үстеме пайданың бір шегі болатындықтан (ал пайданың жалпы нормасының дәрежесі мұның бір факторы болып табылады), ол үстеме пайда өндірістің жалпы бағасы мен жеке бағасы арасындағы айырмадан, демек, пайданың жеке нормасы мен жалпы нормасының арасындағы айырмадан ғана туа алады. Осы айырмадан артығы рынок тәртіптейтін өндіріс бағасы бойынша емес, қымбатырақ сатуды керек етеді.

*Екіншіден:* машинаны жүргізетін күш ретінде будың орнына табиғи құлама суды пайдаланатын фабриканттың үстеме пайдасының осы уақытқа дейін кез келген басқа үстеме пайдадан ешбір айырмасы болмайды. Кез келген қалыпты үстеме пайданы, яғни сату жөніндегі кездейсоқ операциялардың немесе рынок бағасының ауытқуы нәтижелерінен тұмайтын пайданы осы ерекше капиталдың товарлар өндірісінің жеке бағасы мен жалпы алғанда өндірістің осы саласының капиталы өндіретін товарлардың рынок бағаларын, немесе, басқа сөзбен айтқанда, өндірістің осы саласына жұмсалған жиынтық капитал товарларының рынок бағаларын тәртіптейтін жалпы өндіріс бағасы арасындағы айырма белгілейді.

Бірақ айырмашылық осыдан басталады.

Өзінің үстеме пайдасы, яғни пайданың жалпы нормасы тәртіптейтін өндіріс бағасы оның өз басына беретін артық кірісі үшін бұл ретте фабрикант қандай жағдайға борышты болады?

Ең алдымен — табиғи күшке, табиғат берген құлама судың жүргізу күшіне борышты; суды бұға айналдыратын, өзі де еңбектің жемісі болып табылатын, сондықтан құны болатын, баламамен өтелуге тиісті болатын, белгілі шығынмен келетін көмірден құлама судың өзгешелігі осында жатыр. Құлама су — өндірістің табиғи факторы, ал оны жасауға еңбек қажет болмайды.

Бірақ мәселе мұнымен тынбайды. Бу машинасының көмегімен жұмыс істейтін фабрикант та табиғи күштерді пайдаланады; ол бұл күштерге көк тиын жұмсамайды, бірақ олар еңбекті өнімдірек етеді, сондықтан олар осының арқасында жұмысшыларға қажетті тіршілік заттарын өндіруді арзанда-

татын болғандықтан, қосымша құнды, сол себепті пайданы да көбейтеді; демек, кооперациядан, еңбек бөлінісінен, т. б. туатын еңбектің қоғамдық табиғи күштері сияқты қосымша құн мен пайданы да капитал бүтіндей монополиялап алады. Фабрикант көмірге ақша төлейді, бірақ судың өзінің физикалық күйін өзгерту, буға айналу қабілетіне, будың серпініс, т. б. ақша төлемейді. Табиғат күштерін осылайша монополиялау, яғни олар себепкер болатын жұмыс күші өнімділігінің артуы бу машиналарын қолданатын капитал атаулыға тән нәрсе. Мұның өзі еңбек өнімінің жалақыға айналатын бөлегімен салыстырғанда оның қосымша құн болатын бөлегін көбейтеді. Бұл монополия осындай ықпал жасайтындықтан, оның өзі пайданың жалпы нормасын көбейтеді, бірақ жеке пайданың орта пайдадан тура асып түсуіне апарып саятын үстеме пайда жасамайды. Сөйтіп, егер табиғи күшті, құлама суды пайдалану бұл арада үстеме пайда жасайтын болса, мұның өзі еңбектің өндіргіш күшін арттыру бұл жерде табиғи күшті пайдалану нәтижесінде ғана. Бұл үшін табиғи модификациялаушы жағдайлар қажет болады.

Керісінше. Табиғат күштерін өнеркәсіпте жай пайдалану қажетті тіршілік заттарын өндіру үшін керек болатын еңбек аумағына ықпал жасап, пайданың жалпы нормасының дәрежесіне әсер етуі мүмкін. Бірақ ол өзінен-өзі пайданың жалпы нормасынан ешқандай ауытқушылық туғызбайды, ал бұл жерде нақ осы жөнінде әңгіме болып отыр. Онан соң: басқа жағдайларда жеке капитал өндірістің қайсыбір ерекше саласында жүзеге асыратын үстеме пайда,— өндірістің ерекше салаларында пайда нормасының ауытқуы пайданың орта нормасына үнемі теңеліп отыратынын еске ала отырып,— таза кездейсоқ ауытқушылықтарды былай қоятын болсақ, өндіріс шығындарының, өндіріске жұмсалатын қаржылардың азаюы нәтижесінде пайда болады. Ал өндіріс шығыны азаюының өзі де не капиталдың орта мөлшердегісіне қарағанда оның көптеп жұмсалуды, сондықтан өндірістің *faux frais* \* азаюы жағдайынан мүмкін болады, ал оның бер жағында еңбектің өндіргіш күшінің артуының жалпы себептері (кооперация, еңбек бөлінісі, т. б.) көтеріңкі дәрежеде, үдемелі қарқынмен әрекет етуге мүмкіндік алады, өйткені олар неғұрлым кең еңбек саласында әрекет етеді; не өндіріс шығындарының азаюы (қызмет атқарушы капитал мөлшерін былай қойғанда) еңбектің таңдаулы әдістерін, жана өнертабыстарды, жетілдірілген машиналарды, химия заттарын, тағы сондайларды, қысқасы, орта дәрежеден жоғары тұрған жаңа, жетілді-

\* — өнімсіз шығындары. *Ред.*

рілген өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіріс әдістерін пайдалану жағдайынан мүмкін болады. Бұл арада өндіріс шығындарының азаюы және осының арқасында алынатын үстеме пайда қызмет атқарушы капитал жұмсалатын әдістен пайда болады. Олар не капиталдың өте-мөте көп мөлшерде бір қолға жинақталуының нәтижесінде пайда болады.— орта есеппен алғанда тең мөлшері капитал аумағы жұмсалған кезде бұл жағдайдың қажеті болмай қалады,— не белгілі мөлшердегі капитал ерекше өнімді әдіспен қызмет етуі нәтижесінде пайда болады,— өндірістің ерекше әдісі жаппай тараған кезде немесе онан да өнімді әдіспен басып озған кезде бұл жағдайдың қажеті болмай қалады.

Демек, бұл арада үстеме пайданың себебі капиталдың өзіне (ол қимылға келтіретін еңбекті де қоса) жатыр,— не жұмсалатын капитал мөлшерінің айырмашылықтарында, не оны жұмсаудың неғұрлым тиімді әдісінде жатыр,— ал егер істі дербес алып қарайтын болсақ, өндірістің белгілі саласындағы бүкіл капиталдың осындай әдіспен жұмсалыуына ешқандай бөгет жоқ. Капиталдар арасындағы бәсекенің қайта осы айырмашылықтарды барған сайын көбірек теңестіре беру тенденциясы бар; құнды қоғамдық қажетті жұмыс уақыты бойынша белгілеу товарларды арзандату және товарларды біркелкі қолайлы жағдайларда өндіру арқылы көрінеді. Бірақ құлама суды пайдаланатын фабриканттың үстеме пайдасы жөнінде істің жайы басқаша. Фабрикант қолданатын еңбектің көтеріңкі өндіргіш күші капиталдың өзі мен еңбектен тумайды, капитал мен еңбектен өзгеше, бірақ капиталға қосылған табиғи күшті жай ғана пайдалану фактісінен тумайды. Ол табиғи күшті пайдалануға байланысты еңбектің зор табиғи өндіргіш күшінен туады, бірақ, мәселен, будың серпіні сияқты өндірістің белгілі саласындағы кез келген капиталда болатын табиғи күш емес, яғни тегі капитал осы салада жұмсалатын болған соң өзінен-өзі пайдаланыла беретін табиғи күш емес, монополиялауға болатын табиғи күш, өз территориясындағы дүниенің бәрімен қоса құлама су сияқты ерекше жер участоктері бар адамдардың иелігінде болатын табиғи күш. Әрбір капиталдың суды буға айналдыра алатыны сияқты, еңбектің көтеріңкі өндіргіш күшінің осы табиғи жағдайын туғызу капиталға байланысты емес. Бұл табиғи жағдай табиғатта арақидік қана кездеседі, ал әлгі табиғи жағдай жоқ жерде оны белгілі мөлшерде капитал жұмсау арқылы жасауға болмайды. Мұның өзі машина, көмір, т. б. сияқты еңбекпен жасалатын өнімдермен байланысты емес, қайта жер бетінің белгілі бөлегіндегі белгілі табиғат жағдайларына байланысты нәрсе. Қарамағында құлама сулары бар фабри-

канттар құлама сулары жоқ фабриканттарды осы табиғи күшті пайдалануға жолатпайды, өйткені жер,— әсіресе су күші көздері бар жер,— шектеулі. Мұның өзі белгілі бір елде табиғи құлама сулардың саны шектеулі бола тұрса да, өнеркәсіптің пайдалануына болатын су күші санының көбейтілуі мүмкін екендігін бекерге шығармайды. Құлама судың қозғағыш күшін толық пайдалану үшін оның бағытын қолдан арнайы түрде бұруға болады; судың күшін мүмкіндігінше көбірек пайдалану үшін су доңғалағы жетілдірілуі мүмкін; тасқынның сипатына байланысты әдеттегі доңғалақ жарамсыз болатын жерлерде турбиналар, т. б. пайдаланылуы мүмкін. Осы табиғи күшті немдену оның иесінің монополиясы болады, яғни жұмсалған капиталдың жоғары өндіргіш күшінің капиталдың бір өзінің өндірістік процесі жасай алмайтын жағдайы болады<sup>33</sup>); осылайша монополиялануы мүмкін осы табиғи күш әрдайым жермен байланысты болады. Мұндай табиғи күш өндірістің тиісті саласының жалпы жағдайларының қатарына да, оның жалпы жағдайлар ретінде жасалуы мүмкін болатын жадайларының қатарына да жатпайды.

Енді біз жер құлама суларымен қоса осы жер участоктерінің иелері деп есептелетін адамдардың, жер меншікшілерінің қолында дейтін болсақ, онда олардың құлама суға капитал жұмсауға, капитал жұмсау арқылы құлама суды пайдалануға жол бермейтінін көреміз. Олар құлама суды пайдалануға рұқсат етуі де, етпеуі де мүмкін. Бірақ капитал өзінен құлама су жасай алмайды. Сондықтан құлама суды осылайша пайдаланудан шығатын үстеме пайда капиталдан пайда болмайды, қайта монополиялануы мүмкін және іс жүзінде монополияланған осы табиғи күшті капиталдың пайдалануынан пайда болады. Мұндай жағдайда үстеме пайда жер рентасына айналады, яғни ол құлама су иесінің қалтасына барып түседі. Егер фабрикант құлама су иесіне оның құлама суы үшін жылына 10 ф. ст. төлейтін болса, онда оның пайдасы 15 фунт стерлинг болады; енді оның өндіріс шығындарының сомасы болатын 100 ф. стерлингке 15% қосылады; сөйтіп ол енді өз өндірісі саласындағы будың көмегімен жұмыс істейтін қалған барлық капиталистермен мүлдем бірдей жағдайда, мүмкін жақсы жағдайда болып шығады. Капиталистің өзі құлама судың иесі болған күнде де, істің жайы ешбір өзгермеген болар еді. Ол капиталист ретінде емес, құлама судың иесі ретінде бұрынғысынша 10 ф. ст. үстеме пайда

<sup>33</sup>) Үстеме пайда туралы қараңыз: «An Inquiry Into those Principles, respecting the Nature of Demand and the Necessity of Consumption, lately advocated by Mr. Malthus» London, 1821 (Мальтуске қарсы).



алған болар еді; нақ сондықтан осы басы артық соманың фабрикант капиталының өзінен емес, оның капиталынан бөлінетін, монополиялана алатын, көлемі жағынан шектеулі табиғи күшті пайдаланудан шығатындығы себепті, нақ осы себепті әлгі артық сома жер рентасына айналады.

*Біріншіден:* бұл рентаның әрдайым дифференциалдық рента екендігі айқын нәрсе, өйткені ол товар өндірісінің жалпы бағасын белгілеуге қатыспайды, бірақ соны қажет етеді. Ол әрдайым монополияланған табиғи күш қарамағында болатын жекелеген капитал үшін белгіленген жеке өндіріс бағасы мен өндірістің тиісті саласына жалпы алғанда жұмсалған капитал үшін белгіленген жалпы өндіріс бағасы арасындағы айырмадан пайда болады.

*Екіншіден:* бұл жер рентасы жұмсалған капиталдың немесе ол иемденетін еңбектің өндіргіш күшінің абсолютті артуы себепті пайда болмайды,— мұның өзі тегі товарлар құнының кемуін ғана мүмкін етер еді,— қайта өндіргіш күшті арттырудың табиғат жасайтын бірден-бір қолайлы жағдайларын пайдалана алмайтын капиталдармен салыстырғанда өндірістің белгілі саласына жұмсалған белгілі бір жекелеген капиталдардың біршама көбірек өнімділігі есебінен пайда болады. Егер, мәселен, көмірдің құны болып, су күшінің құны болмауына қарамастан, буды пайдалану дегенмен судың күшін пайдаланған жағдайда мүмкін болмайтын шешуші артықшылықтарға жеткізген болса, егер осы артықшылықтар судың күшін пайдалану артықшылықтарынан әлдеқайда асып түскен болса, онда судың күші кәдеге жаратылмаған болар еді де, үстеме пайда демек, рента да келтірмеген болар еді.

*Үшіншіден:* табиғат күші — үстеме пайданың көзі емес, тек оның табиғи базисі ғана; еңбектің өте-мөте жоғары өндіргіш күшінің табиғи базисі болғандықтан ғана ол үстеме пайданың табиғи базисі болады. Тегі тұтыну құны да — айырбас құнының тұлғасы, оның себебі емес. Егер сол тұтыну құнының өзін еңбексіз-ақ алуға болатын болса, оның ешқандай айырбас құны болмас еді, бірақ тұтыну құны ретінде өзінің табиғи пайдалылығын бұрынғысынша сақтаған болар еді. Бірақ, екінші жағынан, тұтыну құны болмайынша, яғни еңбектің осы табиғи тұлғасы болмайынша, заттың ешқандай айырбас құны болмайды. Егер әр түрлі құндар өндіріс бағасына теңестірілмеген болса және өндірістің әр түрлі жеке бағалары рынокты тәртіптейтін өндірістің жалпы бағасына теңестірілмеген болса, онда құлама суды пайдаланудың нәтижесінде еңбектің өндіргіш күшін жай ғана арттыру құлама судың көмегімен өндірілетін товарлардың бағасын тек қана кеміткен болар еді, бірақ осы товарларда болатын пайданы

көбейтпеген болар еді,— екінші жағынан, нақ сол сияқты егер капитал өзі қолданатын еңбектің өндіргіш күшін, табиғи күшін де, сондай-ақ қоғамдық күшін де өзіне иемденіп алмаған болса, еңбектің осы көтеріңкі өндіргіш күші тегі қосымша құнға айналмаған болар еді.

*Төртіншіден:* құлама суға деген жер меншігінің өзін дербес алғанда қосымша құн (пайда) жасауға, сол себептен жалпы алғанда құлама судың көмегімен өндірілетін товардың бағасын белгілеуге де ешбір қатынасы жоқ. Жерге ешқандай меншік болмаған жағдайда да, мәселен, құлама суы бар жерді фабрикант қожайыны жоқ жер ретінде пайдаланған жағдайда да осы үстеме құн болар еді. Демек, жер меншігі құнның үстеме пайдаға айналатын бөлегін жасамайды, бірақ жер меншікшісіне, құлама су меншікшісіне осы үстеме пайданы фабриканттың қалтасынан алып өз қалтасына салуына мүмкіндік береді. Жерге меншігі — осы үстеме пайданы жасаудың себебі емес, оны жер рентасы формасына айналдырудың, демек, пайданың немесе товар бағасының осы бөлегін жер немесе құлама су меншікшісінің иемденуінің себебі.

*Бесіншіден:* ең алдымен мынау айқын нәрсе: құлама судың бағасы, яғни жер меншікшісі құлама суды үшінші бір адамға немесе фабриканттың өзіне сатқан болса, жер меншікшісі алатын бағасы товарларды өндіру бағасына кірмейді, бірақ осы фабрикант өндірісінің жеке шығынына кіреді, өйткені бұл арада рента бу машиналарының көмегімен өндірілетін өздері тақылеттес товарлар өндірісінің құлама суға тәуелсіз тәртіптелетін бағасынан шығады. Бірақ, онан соң, құлама судың бұл бағасы тегі оның тасасында тұрған нақты экономикалық қатынастың иррационалдық бейнесі болып табылады. Жалпы алғанда жер сияқты, табиғаттың барлық күштері сияқты, құлама судың ешқандай құны болмайды, өйткені затқа айналған ешқандай еңбек жоқ, сондықтан оның бағасы да жоқ; ал баға дегеніміз дұрысын айтқанда ақшамен бейнеленген құннан басқа ештеңе де емес. Құн болмаған жерде ақшамен бейнелейтін де *eo ipso\** ештеңе болмайды. Құлама судың бағасы капиталдандырылған рентадан басқа ештеңе де емес. Жер меншігі жер меншікшісіне жеке пайда мен орта пайданың арасындағы айырманы иемденуге мүмкіндік береді; осылайша иемделініп, жыл сайын жаңарып отыратын пайда капиталдандырылуы мүмкін, міне сонда ол табиғаттың өз күшінің бағасы болады. Құлама суды пайдаланудан фабрикант түсіретін үстеме пайда жылына 10 ф. ст., ал

\* — сөйтіп. *Ред.*

орташа процент 5% болса, онда әлгі 10 ф. ст. жылына 200 фунт стерлинг капиталға келетін проценттер болады; ал құлама су өз иесінің фабриканттан алуына мүмкіндік беретін әлгі капиталдандырылған жылдық 10 ф. ст. енді келіп, құлама судың өзінің капитал құны болып шығады. Бірақ құлама судың өзінде құп болмайтындығы, оның бағасы дегеніміз капиталистік жолмен есептеліп, иемденілетін үстеме пайданың жай ғана бейнеленуі екендігі мынадап бірден айқын көрінеді: 200 ф. ст. баға 20 жыл бойы 10 ф. стерлингтен айналып отырған үстеме пайданы ғана көрсетеді, бірақ нақ осы құлама су басқа тең жағдайларда өзінің меншікшісіне кесімсіз уақыт бойына, 30, 100,  $x$  жыл бойына әлгі 10 ф. стерлингті жыл сайын иемденіп отыруына мүмкіндік береді, бірақ, екінші жағынан, су күшімен жұмыс істеген кезде қолданылмайтын жаңа өндіріс әдісі бу машинасының көмегімен өндірілетін товарлар өндірісінің шығынын 100 ф. стерлингтен 90 ф. стерлингке дейін кеміткен болса, онда үстеме пайда, онымен бірге рента да, онымен бірге құлама судың бағасы да жойылар еді.

Дифференциалдық рентаның жалпы ұғымын осылайша анықтап алғаннан кейін, біз енді нағыз егіншіліктегі дифференциалдық рентаны қарастыруға көшеміз. Егіншілік туралы айтылатынның бәрі жалпы алғанда рудниктерге де қатысты.

О Т Ы З Т О Ы З Ы Н Ш Ы Т А Р А У

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ БІРІНШІ ФОРМАСЫ  
(І ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА)**

Рикардо мынадай қағиданы айтып, әбден дұрыс істеген:

«Рента» { яғни дифференциалдық рента; ол дифференциалдық рентадан басқа ешбір рента тегі болмайды деп есептейді } «әрдайым капитал мен еңбектің бірдей екі мөлшері жұмсалғанда алынған өнімнің айырмашылығынан құралады» («On the Principles of Political Economy, and Taxation». London, 1821, p. 59).

Ол: бұл арада әңгіме тегі қосымша пайда туралы емес, жер рентасы туралы болып отырғандықтан «көлемі жөнінен бірдей жер участоктерінде» деуге де тиіс еді.

Басқа сөзбен айтқанда: айналыс процесінің кездейсоқ жағдайларының салдарынан емес, қалыпты түрде жасалған болса, қосымша пайда әрдайым капитал мен еңбектің бірдей екі мөлшерінің өнімі арасындағы айырма ретінде өндіріледі, ал егер капитал мен еңбектің бірдей мөлшері көлемі жөнінен бірдей жер участоктерінде жұмсалып, әр түрлі нәтижелер беретін болса, әлгі қосымша пайда жер рентасына айналады. Айтпақшы, бұл қосымша пайданың жұмсалған капиталдың бірдей мөлшерінің әр қилы нәтижелерінен алынуы сөзсіз қажетті емес. Түрлі кәсіпорындарда түрлі мөлшердегі капиталдар жұмсалуы да мүмкін; көпшілік жағдайда осылай болады да; бірақ бірдей пропорциялы бөлімдері, мәселен әрбір капиталдың 100 ф. стерлингi әр түрлі нәтижелер береді, яғни пайданың нормасы әр түрлі болады. Бұл — тегі капитал жұмсалған саланың қай-қайсысында да қосымша пайда болуының жалпы алғышарты. Осы қосымша пайданың жер рентасы формасына (жалпы алғанда пайдадан өзгеше форма ретіндегі рента) айналғандағы істің жайы басқаша; сондықтан оған қашан, қалай және қандай жағдайларда айналатынын зерттеу қажет.

Онан соң, дифференциалдық рентамен шектелетін мынадай қағиданы айтып, Рикардо дұрыс істеді:

«Сол жерден немесе жаңа жерден алынған өнімдегі айырмашылықты азайтатын нәрсенің бәрінде рентаны азайту тенденциясы болады; ал осы айырмашылықты көбейтетін нәрсенің бәрі бұған қарама-қарсы әрекет етіп, оның рентаны көбейту тенденциясы болады» (бұл да сонда, 74-бет).

Алайда бұл себептердің қатарына жалпы себептер (құнарлылығы мен орналасуы) ғана емес, сонымен бірге мыналар да жатады; 1) салықтардың бөлінуі, оның біркелкі ықпал жасау-жасамауына қарап; мәселен, Англиядағы сияқты салықтар орталықтандырылмаған және салық рентадан алынбай, жерден алынған жағдайда салықтардың әрдайым әркелкі ықпалы болады; 2) елдің түрлі аудандарында егіншіліктің әрқилы дамуынан туатын айырмашылықтар, өйткені өндірістің бұл саласында өзінің дәстүрлі сипатының арқасында өнеркәсіпке қарағанда теңестірілуі қиындау, және 3) арендаторлар арасында капиталдың әркелкі бөлінуі. Капиталистік өндіріс әдісінің егіншілікке енуі, шаруаның өз алдына дербес қожайын болуынан жалдамалы жұмысшыға айналуы іс жүзінде тегі осы өндіріс әдісінің соңғы жеңісі болып табылатындықтан, бұл айырмашылықтар өндірістің қайсыбір басқа саласындағыға қарағанда мұнда едәуір үлкен болады.

Алдын ала жасалған осы ескертпелерден кейін мен өзімнің мәселені Рикардодан және басқалардан өзгеше түсінетіндігімнің ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өткім келеді.

---

Біз әуелі бірдей көлемдегі әр түрлі жер учасоктерінде, немесе әрқилы көлемдегі жер учасоктерінде жұмсалған капиталдың бірдей мөлшерлерінің әрқилы нәтижелерін, бірдей жер көлеміне шағып есептелген нәтижелерді қарастырамыз.

Осы әрқилы нәтижелердің капиталға тәуелсіз екі жалпы себебі бар: 1) *Құнарлылық* (осы мәселеге байланысты жердің табиғи құнарлылығы деп тегі нені айтатынымызды және оның қандай түрлі белгілері болатынын анықтап алған жөн). 2) *Жер учасоктерінің орналасуы*. Соңғы жағдайдың отарлар үшін және тегі жер учасоктерін бірінен кейін бірін өңдеуге берудің рет тәртібі үшін шешуші маңызы бар. Онан соң бір айқын нәрсе: дифференциалдық рентаның әр түрлі осы екі негізі, жер құнарлылығы мен орналасуы қарама-қарсы бағытта әрекет етуі мүмкін. Жер учасогінің өте жақсы орналасуы, бірақ өте құнарсыз болуы және керісінше болып шығуы мүмкін. Бұл жағдайдың зор маңызы бар, өйткені мұның өзі белгілі бір елде жер жыртқан кезде нақ осылайша жақсы жерден нашар жерге және керісінше ауысуы мүмкін екен-

дігін бізге түсіндіріп береді. Ақырында, қоғамдық өндіріс прогресі тегі, бір жағынан, жергілікті рыноктар жасай отырып, қатынас жолдарын салу арқасында орналасуын анықтай отырып, дифференциалдық рентаның негізі ретінде [жер-участоктерінің] орналасуына теңестіруші әсер ететіндігі, ал, екінші жағынан, егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуі нәтижесінде, сондай-ақ өндірістің ірі орталықтарының құрылуы, осы құбылыстың екінші жағы: деревняның біршама оқшаулануының күшеюі [relative Vereinisamung des Landes] нәтижесінде жер-участоктерінің орналасуындағы айырмашылықтарды күшейте түсетіндігі айқын нәрсе.

Бірақ әуелі біз бұл пунктті, жер-участогінің орналасуына былай қоя тұрамыз да, табиғи құнарлылығын ғана қарастырамыз. Климат және сол тәрізді жағдайларының үстіне, жердің табиғи құнарлылығындағы айырмашылық топырақтың беткі қабатының химиялық құрамының айырмашылығына, яғни өсімдіктерге қажетті қоректік заттардың әрқилы мөлшерде кездесуіне байланысты болады. Алайда топырағының химиялық құрамы бірдей және осы мағынада алғанда табиғи құнарлылығы бірдей екі жер-участогі әлгі қоректік заттардың аз не көп сіңірілетін формада жатуына қарай, әлгі заттардың өсімдіктерді қоректендіру үшін азды-көпті тікелей жарамдылығын анықтайтын формасына қарай өздерінің шын мәніндегі, тиімді құнарлылығы жөнінен түрліше болуы мүмкін. Сонымен, табиғи құнарлылығы бірдей жер-участоктерінде сол құнарлылықтың шын мәнінде пайдаланылу дәрежесі бір жағынан агрохимияның дамуына, екінші жағынан егіншілікті механикаландырудың дамуына байланысты болады. Сондықтан құнарлылық топырақтың объективтік қасиеті бола тұрса да, экономикалық тұрғыдан алғанда ол дегенмен белгілі қатынасты — агрикультураның химиялық және механикалық құралдары дамуының сол кездегі дәрежесіне қатынасын үнемі көрсетеді де, осы даму дәрежесімен бірге өзгеріп отырады. Химиялық құралдардың (мәселен, тығыз сазды топыраққа сұйық тыңайтқыштар шашу немесе қою сазды топыраққа әк шашу арқылы) көмегімен де, сондай-ақ механикалық құралдардың көмегімен де (мәселен, қыртысы қатаң жерді өңдеу үшін ерекше плугтарды қолдану арқылы) құнарлылығы бірдей жерлердің құнарлылығын іс жүзінде кеміткен бөгеттердің жойылуы мүмкін (топырақты керіздеу де осыған жатады). Мұның өзі топырақтың түрлі категорияларын өңдеу ретінің өзін де өзгертуі мүмкін; мәселен, ағылшын егіншілігі дамуының бір дәуірінде құмай-топырақ пен қою сазды топырақ жөнінде осылай болған еді. Мұның өзі де егіншілік мәдениетінің прогрестенуімен бірге неғұрлым құнарлы жерлер-

ден құнарлылығы кемірек жерлерге және керісінше де қалайша тарихи ауысып отыратындығын көрсетеді. Топырақтың құрамын қолдан жақсарту арқылы немесе егіншілік әдістерінде жай өзгерістер енгізу арқасында да бірдей нәтижелерге жетуге болады. Ақырында, топырақ астының түрлі жағдайлары себепті топырақтың типі өзгеруі арқасында да нақ сондай нәтижеге жетуге болады, өйткені топырақ асты да өңделіп, жыртылатын горизонтқа қосылады. Мұның өзі, бір жағынан, жана егіншілік әдістерін (мәселен, жемдік шөптер егу арқылы) қолдануға, екінші жағынан, механикалық құралдарды пайдалануға байланысты болады; механикалық құралдарды пайдалану арқылы топырақ асты топырақтың беткі қабатына айналады, немесе беткі қабатымен араласады, немесе бетіне шықпай, қопсытылады.

Түрлі жерлердің дифференциалдық құнарлылығына жасалатын осы ықпалдың бәрінің білдіретіні: экономикалық құнарлылығы тұрғысынан алғанда еңбек өнімділігінің дәрежесі, бұл жерде топырақтың табиғи құнарлылығын егіншіліктің тікелей пайдалану қабілеттілігі, — дамудың түрлі сатыларында түрліше болатын қабілеттілігі, — топырақтың табиғи құнарлылығы деп аталатын нәрседегі топырақтың химиялық құрамы және оның басқа да табиғи қасиеттері сияқты белгісі болып табылады.

Сөйтіп, біз егіншілік дамуының белгілі сатысын аламыз. Онан соң біз: түрлі-түрлі жерлердің өздерінің бағалылығына қарап орналасатын реті де осы даму сатысына сәйкестендіріледі деп ұйғарамыз; сол бір уақыттың ішінде әр түрлі жерлерге жұмсалған капитал жөнінде де әрдайым осылай болатыны сөзсіз. Мұндай жағдайда дифференциалдық рента өрлеу жолымен немесе төмендеу жолымен жүруі мүмкін, өйткені ауысу тәртібі шын мәнінде өңделетін жердің бүкіл жиынтығына берілгенімен осы тәртіп қалыптасқан бірінен кейін бірі келетін реті ешқашан тоқтаған емес.

Жердің мынадай төрт категориясын алайық: *A, B, C, D*. Онан соң бір квартал бидайдың бағасы 3 ф. стерлингке, немесе 60 шиллингке тең болсын делік. Рента дегеніміз жай ғана дифференциалдық рента болатындықтан, бір квартал үшін төленетін 60 шиллинг әлгі баға ең нашар жердегі өндіріс бағасына [Produktionskosten]<sup>182</sup> теңеледі, яғни [жұмсалған] капитал мен орта пайдаға теңеледі.

*A* жері осы ең нашар жер болсын делік; ол жұмсалған 50 шиллингке 1 квартал=60 шилл. береді, демек, пайда 10 шиллинг, немесе 20% болады.

*B* жері нақ сондай қаржы жұмсаған жағдайда 2 квартал

=120 шиллинг берсін делік. Бұл 70 шилл. пайда, немесе 60 шилл. қосымша пайда берген болар еді.

С жері нақ сондай қаржы жұмсаған жағдайда 3 квартал =180 шиллинг берсін делік, бүкіл пайда 130 шиллингке тең. Қосымша пайда 120 шиллингке тең.

D жері 4 квартал=240 шилл. берсін делік, қосымша пайда 180 шиллингке тең.

Бұл ретте ауысу тәртібі мынадай болар еді.

### І КЕСТЕ

Жер категориясы	Өнім		Авансыланған капитал	Пайда		Рента	
	квартер	шиллинг		квартер	шиллинг	квартер	шиллинг
A .....	1	60	50	$\frac{1}{6}$	10	—	—
B .....	2	120	50	$1\frac{1}{6}$	70	1	60
C .....	3	180	50	$2\frac{1}{6}$	130	2	120
D .....	4	240	50	$3\frac{1}{6}$	190	3	180
Жиыны	10 квартал	600 шиллинг	—	—	—	6 квартал	360 шиллинг

Тиісінше D үшін рента 190 шиллингке тең, онан 10 шиллинг немесе D мен A-ның арасындағы айырма шығып қалады; C үшін 130 шиллингке тең, онан — 10 шиллинг, немесе C пен A-ның арасындағы айырма шығып қалады; B үшін 70 шиллингке тең, онан — 10 шиллинг, немесе B мен A-ның арасындағы айырма шығып қалады; ал B, C, D үшін жиынтық рента 6 кварталге, яғни 360 шиллингке тең, мұның өзі D мен A, C пен A, B мен A арасындағы айырмалардың сомасына тең болады.

Егер іске абстрактылы тұрғыдан қарайтын болсақ (мұның шындықта да орын алуы мүмкін болатын себептерін біз бұрын көрсетіп өткенбіз), белгілі бір жағдайда белгілі бір өнімді көрсететін бұл рет тәртібі төмендеу жолымен де (D-ден A-ға қарай, құнарлы жерден бірден-бірге құнарсыз жерге қарай төмендеп), өрлеу жолымен де (A-дан D-ге қарай, біршама құнарсыз жерден бірден-бірге құнарлы жерге қарай өрлеп) жүруі мүмкін және, ақырында, кезектесіп, бірде төмендеу, бірде өрлеу жолымен, мәселен, D-ден C-ке, C-тен A-ға, A-дан B-ге қарай өту жолымен де жүруі мүмкін.



Төмендеу жолымен өткен процесс мынадай болды: бір-квартердің бағасы, айталық, 15-тен 60 шиллингке дейін бірте-бірте жоғарылай береді. *D* жерінде өндірілген төрт кварталер (мұны миллиондар деп те түсінуге болады) жеткіліксіз болып қалса-ақ *C* жері ұсыныстың кемтігін толтыруға мүмкіндік алғанға дейін бидайдың бағасы қымбаттай берді. Яғни бір кварталердің бағасы 20 шиллингке дейін қымбаттауға тиіс болды. Бидайдың бағасы бір кварталеріне 30 шиллингке дейін қымбаттаған кезде өңделетін жерлердің қатарына *B* жері қосылған болар еді, ал баға 60 шиллингке дейін қымбаттай қалса, өңделетін жерлердің қатарына *A* жері де қосылған болар еді, соның өзінде бұл өзі осы үшін жұмсалған капиталды 20%-тен төмен пайда нормасына қанағаттандырмас еді. Сонымен, *D* жері үшін әуелі кварталеріне 5 шилл. рента жиналған болар еді, мұның өзі осы жерде өндіретін 4 кварталерге 20 шилл. болар еді; онан кейін 4 кварталерге кварталеріне 15 шиллингтен айналғанда 60 шиллинг, 45 шиллингтен айналғанда 4 кварталеріне 180 шиллинг болар еді.

Егер бастапқы кезде *D*-ден алынатын пайда нормасы 20%-ке тең болса, онда 4 кварталерден алынатын бүкіл пайда небәрі 10 шиллинг болар еді, алайда мұның өзі астықтың бағасы 60 шиллинг болғандағыға қарағанда астықтың бағасы 15 шиллинг болған жағдайда астық мөлшерінің көбірек болатынын көрсетер еді. Бірақ астық жұмыс күшін ұдайы толықтыруға кіретіндіктен және әрбір кварталердің бір бөлегі жалқының орнын толтыруға, ал екінші бөлегі тұрақты капиталдың есесін өтеуге тиіс болатындықтан, міне, осылай деп есептеген жағдайда қосымша құн жоғары болған болар еді, демек, басқа жағдайлары бірдей болса пайда нормасы да жоғары болар еді. (Пайда нормасы туралы мәселе әлі арнайы, неғұрлым толық зерттелмек.)

Егер ауысу тәртібі, мәселен, керісінше болса, егер процесс *A*-дан басталса, онда жаңа жерді айналымға қосқан кезде бір кварталердің бағасы әуелі 60 шиллингтен асып түскен болар еді; бірақ *B* тарапынан 2 кварталер мөлшерінде қажетті ұсыныс түскендіктен, баға тағы да 60 шиллингке дейін төмендеген болар еді; *B* жері бір кварталерді 30 шиллингке өндіре тұрса да, дегенмен ол 60 шиллингке сатылады, өйткені оның ұсынысы сұранысты қанағаттандыруға жетер де тұрар еді. Осындай әдіспен әуелі *B* жері үшін 60 шиллингке рента және нақ осындай жолмен *C* пен *D* үшін рента құралған болар еді; бұл арада мынадай бұрынғы жорамал жасалады: *C* пен *D* екеуінің бір кварталер бидайды беретін шын мәніндегі құны 20 және 15 шиллингке тең бола тұрса да, рынок бағасы дегенмен 60 шиллинг болып қала береді, өйткені *A* жері беретін бір

квартердің ұсынысы бүкіл тілекті қанағаттандыру үшін бұрынғысынша қажет болады. Мұндай жағдайда әуелі *A* жері, онан кейін *A* мен *B* жерлері қанағаттандырып келген тілек мөлшерінен сұраныстың асуы *B*, *C* және *D* жерлерін бірінен кейін бірін өндеуге жеткізбей, қайта тегі өндеу көлемін ұлғайтуға әкеліп соққан болар еді, сонымен бірге неғұрлым құнарлы жерлердің кешірек барып қана айналымға түсуі де мүмкін.

Бірінші жағдайда [төмендеу жолымен жүргенде] бағаның өсуімен бірге рента көбейіп, пайда нормасы азайған болар еді. Қарама-қарсы тұрған жағдайлар пайда нормасының бұл азаюын бүтіндей болғызбас еді немесе оған сәл ғана жол берер еді; бұл пунктке біздің кейін толығырақ тоқталуымызға тура келеді. Өндірістің барлық саласында пайданың орта нормасын қосымша құнның біркелкі белгілемейтінін ұмытпау керек. Өнеркәсіп пайдасын егіншілік пайдасы белгілемейді, қайта егіншілік пайдасын өнеркәсіп пайдасы белгілейді. Бірақ бұл жөнінде кейінірек айтамыз.

Екінші жағдайда [өрлеу жолымен жүргенде] жұмсалған капиталдан түсетін пайда нормасы бұрынғы күйінде қалған болар еді; пайданың аумағы астықтың аз мөлшерінде бейнеленер еді, бірақ басқа товарларға қарағанда астықтың салыстырмалы бағасы көтерілген болар еді. Бірақ пайда көбейген кезде ол кәсіпкер арендаторлардың қалтасына түспейді және пайданың көбеюі ретінде көрінбейді, рента формасында пайдадан бөлектенеді. Ал бұл жағдайда астықтың бағасы өзгермеген күйінде қалар еді.

Өзгермейтін баға жағдайында да, өсе беретін баға жағдайында да, нашар жерден жақсы жерге қарай үнемі прогресс жасаған жағдайда да, жақсы жерден нашар жерге қарай үнемі регресс жасаған жағдайда да дифференциалдық рентаның қозғалысы мен өсуі бір қалыпта болады.

Осы уақытқа дейін біз: 1) бір ауысудың рет тәртібі жағдайында баға көтеріледі, екінші ауысудың рет тәртібі жағдайында — баға өзгермейді және 2) жақсы жерден нашар жерге немесе керісінше, нашар жерден жақсы жерге үнемі ауысып отырады деп есептеп келген едік.

Бірақ астыққа деген тілек бастапқы 10 кварталерден 17 кварталерге дейін өсті делік; онан соң, ең нашар *A* жері өндіріс бағасы 60 шиллинг (50 шиллинг шығын +20% пайданы құрайтын 10 шиллинг) болған жағдайда  $1\frac{1}{2}$  кварталер беретін басқа бір *A* жерімен ауыстырылған болсын делік, сөйтіп 1 кварталердің өндіріс бағасы 45 шилл. болды делік, немесе үнемі тиімді өндеудің нәтижесінде бұрынғы *A* жері жақсарды, немесе мәселен, шығын өзгермесе де, ауыспалы егіске жо-

нышқаны т. б. енгізудің нәтижесінде әлгі жер өнімдірек өңделетін болды, сөйтіп сол бір алдын ала жұмсалған капитал жағдайында оның өнімі  $1\frac{1}{3}$  кварталге дейін өсті делік. Онан соң, *B*, *C*, *D* жерлері бұрынғысынша өнімнің сол бір мөлшерін өндіреді, бірақ құнарлылығы жөнінен *A* мен *B*-нің арасында болатын *A'* жері және құнарлылығы жөнінен *B* мен *C*-тің арасында болатын *B'* мен *B''* жаңа жерлері өңделді делік; мұндай жағдайда мынадай құбылыстар орын алған болар еді:

*Біріншіден:* бір квартал бидайдың өндіріс бағасы, немесе оның тәртіптеуші рынок бағасы 60 шиллингтен 45 шиллингке дейін, немесе 25% төмендеген болар еді.

*Екіншіден:* неғұрлым құнарлы жерден құнарлылығы кемірек жерге және құнарлылығы кемірек жерден неғұрлым құнарлы жерге бір уақытта ауысқан болар еді. *A'* жері *A* жеріне қарағанда неғұрлым құнарлырақ, бірақ осы уақытқа дейін өңделіп келген *B*, *C*, *D* жерлеріне қарағанда құнарлылығы кемірек; ал *B'*, *B''* жерлері *A*, *A'* және *B* жерлеріне қарағанда неғұрлым құнарлырақ, бірақ *C* және *D* жерлеріне қарағанда құнарлылығы кемірек. Демек, бір жерден екінші жерге ауысу айқыш-үйқыш бағыттарда жүрген болар еді; *A* және басқа жерлермен салыстырғанда мүлде құнарсыз жерлер емес, осы уақытқа дейін ең құнарлы болып келген *C* және *D* жерлерімен салыстырғанда біршама құнарсыз жерлер өңделген болар еді; екінші жағынан, бір жерден екінші жерге ауысу әсте де неғұрлым құнарлы жерге қарай емес, қайта *A* жерлерімен, немесе осы уақытқа дейін құнарлылығы анағұрлым кем болып келген *A* және *B* жерлерімен салыстырғанда неғұрлым біршама құнарлы жерге қарай жүрген болар еді.

*Үшіншіден:* *B* жерінен, сондай-ақ *C* және *D* жерлерінен алынатын рента кеміген болар еді; бірақ рентаның астық арқылы көрінетін жалпы сомасы 6 кварталден  $7\frac{2}{3}$  кварталге дейін өскен болар еді; өңделетін және рента беретін жер көлемі ұлғайған болар еді, сондай-ақ өнім мөлшері де 10 кварталден 17 кварталге дейін өскен болар еді. *A* жері үшін пайда өзгермеген күйінде қалғанымен де, астық арқылы көрінетін ол пайда өскен болар еді; мүмкін тіпті пайда нормасы да өскен болар еді, өйткені относителді қосымша құн көбейер еді. Мұндай жағдайда тіршілік заттарының арзандауы нәтижесінде жалақы азайған болар еді, демек, өзгермелі капиталға бөлінетін қаржылар, олай болса жалпы шығындар да азайған болар еді. Рентаның ақша арқылы көрінетін жалпы сомасы 360 шиллингтен 345 шиллингке дейін азайған болар еді.

Бір жерден екінші жерге ауысудың осы жаңа рет тәртібін қарап көрейік.

И К Е С Т Е

Жер категориясы	Өнім		Жұмсалған капитал	Пайда		Рента		Бір кварталдің өндіріс бағасы
	квартер	шиллинг		квартер	шиллинг	квартер	шиллинг	
A .....	1 $\frac{1}{3}$	60	50	2 $\frac{2}{9}$	10	—	—	45 шилл.
A' .....	1 $\frac{2}{3}$	75	50	3 $\frac{5}{9}$	25	1 $\frac{1}{3}$	15	36 »
B .....	2	90	50	4 $\frac{8}{9}$	40	2 $\frac{2}{3}$	30	30 »
B' .....	2 $\frac{1}{3}$	105	50	5 $\frac{1}{3}$	55	1	45	25 $\frac{5}{7}$ »
B'' .....	2 $\frac{2}{3}$	120	50	6 $\frac{2}{3}$	70	1 $\frac{1}{3}$	60	22 $\frac{1}{2}$ »
C .....	3	135	50	7 $\frac{5}{9}$	85	1 $\frac{2}{3}$	75	20 »
D .....	4	180	50	8 $\frac{8}{9}$	130	2 $\frac{2}{3}$	120	15 »
Жиыны .....	17	—	—	—	—	7 $\frac{2}{3}$	345	—

Ақырында, A, B, C, D жерлері ғана бұрынғысынша өңделіп келген болса, олардың өнімділігі соншалық өскен болар еді, сөйтіп A жері 1 кварталдің орнына — 2, B жері 2 кварталдің орнына — 4, C жері 3 кварталдің орнына — 7 және D жері 4 кварталдің орнына 10 квартал берген болар еді, демек, сол бір себептер әр түрлі жерге түрліше ықпал жасаған болса, бүкіл өндіріс 10 кварталден 23 кварталге дейін өскен болар еді. Халықтың өсуі және бағаның төмендеуі нәтижесінде сұраныс осы 23 кварталді түгел қамтиды деп есептесек, мынадай нәтиже шығар еді:

И К Е С Т Е

Жер категориясы	Өнім		Жұмсалған капитал	Бір кварталдің өндіріс бағасы	Пайда		Рента	
	квартер	шиллинг			квартер	шиллинг	квартер	шиллинг
A .....	2	60	50	30	1 $\frac{1}{3}$	10	0	0
B .....	4	120	50	15	2 $\frac{2}{3}$	70	2	60
C .....	7	210	50	8 $\frac{1}{7}$	5 $\frac{1}{3}$	160	5	150
D .....	10	300	50	6	8 $\frac{2}{3}$	250	8	240
Жиыны .....	23	—	—	—	—	—	15	450

Басқа кестелердегі сияқты, бұл кестеде келтіріліп отырған цифрлар да шартты түрде алынған, бірақ жорамал әбден орынды.

Бірінші әрі негізгі жорамалдау мынадай: егіншіліктегі жақсарту жұмысы жердің түрлі категорияларына әркелкі әсер етеді және бұл жағдайда *A* мен *B* жерлеріне қарағанда жақсы *C* пен *D* жерлеріне көбірек әсер етеді. Әдетте нақ осылай болатынын тәжірибе көрсетіп берді, бірақ керісінше болатын жағдай да кездесуі мүмкін. Егер жақсарту жұмысы жақсы жерге қарағанда нашар жерге көбірек әсер еткен болса, онда жақсы жерден алынатын рента көбеюдің орнына азайып кеткен болар еді. Бірақ III кестеде жердің барлық категорияларының құнарлылығы көріне көзге артуымен бірге *C* және *D* жақсы категориялы жерлерінің құнарлылығы біршама көбірек артады, демек, сол бір мөлшердегі капитал жұмсалған жағдайда өнімдегі айырмашылық көбейеді, олай болса, дифференциалдық рента көбейеді деп есептеледі.

Екінші жорамалдау мынадай: бүкіл өнімнің көбеюімен бірге оған деген жалпы тілек те тиісінше артады. *Біріншіден*, бұл өсуді тұтқиылдан болатын нәрсе деп ойлауға болмайды; бұл өсу III қатар (III кесте) орныққанға дейін біртіндеп бола береді. *Екіншіден*, қажетті тіршілік заттарын тұтыну олардың арзандауымен бірге көбеймейді-міс деу қате. Англияда астық туралы заңдарды<sup>183</sup> (Ньюменді қараңыз<sup>184</sup>) жою керісінше жағдайды дәлелдеді, ал бұған қарама-қарсы түсінік тек мынаның салдарынан ғана туды: егіннің шығымында ауа райы жағдайының себептерінен ғана туатын зор және тұтқиылдан болатын айырмашылықтар астықтың бағасын бірде шамадан тыс арзандатып, бірде шамадан тыс қымбаттатып отырады. Бұл жағдайда астық бағасының арзандауы соншалық тұтқиылдан болып, аз уақытқа барып, тұтынуды арттыруға толық ықпал жасап үлгере алмайтын болса, онда керісінше құбылыс, арзандау тәртіптеуші өндіріс бағасының өзінің кемуі нәтижесінде болғанда байқалады, демек ол ұзаққа созылады. *Үшіншіден*, астықтың бір бөлегі арақ немесе сыра түрінде тұтынылуы мүмкін. Бұл екі өнімді тұтынудың өсуі әсте тар шеңбермен тежелмейді. *Төртіншіден*, істің жайы бір жағынан халықтың өсуіне, екінші жағынан XVIII ғасырдың орта шеніне дейінгі және онан кейініректегі Англия сияқты сыртқа астық шығарушы ел болуына байланысты болуы мүмкін, олай болса, қажет ету бір ғана ұлттық тұтыну шеңберімен реттелмейді. *Ақырында*, бидай өндірудің өсуі мен арзандауының нәтижесі халықтың көпшілігінің негізгі ішетін тамақ заты қара бидайдың немесе сұлының орнына бидай болуы мүмкін, сондықтан осының бір өзінің нәтижесінде бидайға

деген рынок ұлғаяды, ал енді өнім мөлшері азайып, оның бағасы көтерілген кезде керісінше құбылыс болады.— Мұндай жағдайларда, демек, өзіміз алып отырған цифрлар жағдайында III қатар (III кесте) бір кварталдың бағасы 60 шиллингтен 30 шиллингке дейін, яғни 50% төмендейді; I қатармен (I кесте) салыстырғанда астықты өндіру 10 кварталден 23 кварталге дейін, яғни 130% өседі; B жерінен алынатын рента өзгеріссіз күйінде қалады; C жерінен алынатын рента 25%, ал D жерінен алынатын рента  $33\frac{1}{3}\%$  өседі; рентаның жалпы сомасы 18 фунт стерлингтен  $22\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін, яғни 25% өседі.

Үш кестені салыстырып көрейік (соның өзінде I қатарды екі түрлі: A-дан D-ға қарай өрлеу жолымен және D-дан A-ға қарай төмендеу жолымен алған) жөн; бұл кестелерді не қоғамның сол кездегі жағдайы тұсында болатын белгілі бір сатылар деп — мәселен, әр түрлі үш елде бір-біріне қатар тұрған сатылар деп,— не сол бір ел дамуының түрлі дәуірлерінде бірінен кейін бірі келетін сатылар деп қарауға болады; осындай салыстырудан мынадай қорытынды шығады:

1) Қатар өзінің аяқталған күйінде — оның құралу процесінің барысы қандай болса да — әрдайым төмендеу бағытында көрінеді; өйткені рентаны қарастырған кезде әрдайым әуелі рентаны ең көп беретін жерден бастайды да, ең соңында барып рента бермейтін жерге көшеді.

2) Рента бермейтін ең нашар жердегі өндіріс бағасы әрдайым тәртіптеуші рынок бағасы болады, бірақ I кестедегі өрлеу жолын көрсететін соңғы баға әрдайым жақсы жер өнделетін болғандықтан ғана өзгеріссіз күйінде қалып отырады. Мұндай жағдайда жақсы жерде өндірілген астықтың бағасы A жерінің қандай дәрежеде тәртіптеуші болып қала беруі әлгі жақсы жерде өндірілген өнімнің мөлшеріне байланысты болатындығына қарай тәртіптеуші баға болады. Егер B, C, D жерлерінде өндірілген өнім тұтынудан асып түсетін болса, онда A жері тәртіптеуші роль атқарудан қалған болар еді. Жақсы жерлерді тәртіптеуші жерлер деп есептегенде Шторх нақ осыны еске алған болатын.<sup>185</sup> Бұл мағынада алғанда астықтың ағылшындағы бағасын астықтың Америкадағы бағасы тәртіптеп отырады.

3) Дифференциалдық рента егіншілік дамуының әрбір белгілі сатысы үшін болатын топырақтың табиғи құнарлылығындағы (бұл арада жер участогінің орналасуы әлі есепке алынбайды) айырмашылықтан, демек, жақсы жерлер көлемінің мөлшерлі болуынан және әр түрлі жерлерді өндеуге бір мөлшердегі капиталды жұмсауға тура келетін жағдайдан.

демек, бір мөлшердегі капитал жұмсаған кезде бұл жерлердің әр түрлі мөлшерде өнім беретіндігінен туады.

4) Дифференциалдық рента және дифференциалдық рентаның градациясы жақсы жерден нашар жерге ауысуға байланысты төмендеу жолымен де, керісінше, нашар жерден жақсы жерге ауысуға байланысты өрлеу жолымен де, сондай-ақ өзгеріп отыратын, ерсілі-қарсылы бағыттарда да пайда болуы мүмкін. (I қатар  $D$ -дан  $A$ -ға қарай, сондай-ақ  $A$ -дан  $D$ -ға қарай ауысу жолымен жасала алады. II қатар [II кесте] екі бағытты да қамтиды.)

5) Дифференциалдық рента өз құралуының түрлі тәсілдеріне байланысты егіншілік өнімінің тұрақты, өсе беретін және кему беретін бағасы жағдайында пайда болуы мүмкін. Кему беретін баға жағдайында жалпы өндіріс пен рентаның жалпы сомасы көтерілуі мүмкін, сөйтіп осы уақытқа дейін рента бермей келген жер участоктерінде нашар  $A$  жері жақсы жермен ауыстырылғанына немесе өзінің жақсартылғанына қарамастан және басқа жақсы, тіпті ең жақсы категориялы жерлерден алынатын рентаның төмендеуіне (II кесте) қарамастан, рента құралуы мүмкін; бұл процесс рентаның жалпы сомасының (ақша арқылы көрінетін) төмендеуімен де байланысты болуы мүмкін. Ақырында, ең нашар жерден алынатын өнімнің мөлшері мен бағасы кемитіндей болып, егіншілік мәдениетінің осылайша жалпы көтерілуіне байланысты баға төмендеген кезде жақсы жерлердің бір бөлегінен алынатын рента өзгеріссіз күйінде қалуы немесе азаюы мүмкін, ал ең жақсы жерлерден алынатын рента көбейетін болады. Қалай болғанда да, өнім мөлшерінің айырмасы белгілі болса, ең нашар жермен салыстырғанда қай жерден болса да алынатын дифференциалдық рента, мәселен, бір квартал бидайдың бағасына байланысты болады. Бірақ баға белгілі болса, дифференциалдық рента өнім мөлшері арасындағы айырманың шамасына байланысты болады, ал егер бүкіл жердің абсолюттік құнарлылығы көтерілген жағдайда оның жақсы түрлерінің құнарлылығы нашар түрлерінің құнарлылығынан біршама көбірек көтерілетін болса, онда мұнымен бірге әлгі айырманың шамасы да өседі. Мәселен, (I кесте), баға 60 шиллинг болған жағдайда  $D$  жерінен алынатын рента  $A$  жерінің өнімімен салыстырғанда өнімдегі айырмамен, яғни 3 квартал артық өніммен белгіленеді; сондықтан рента  $= 3 \times 60 = 180$  шиллинг. Ал баға 30 шиллингке тең болатын III кестеде рента  $A$  жерімен салыстырғанда  $D$  жерінен алынатын өнімнің артығымен белгіленеді, ол артық өнім 8 кварталге тең, мұнда рента  $8 \times 30 = 240$  шиллинг.

Сонымен, Уэстте, Мальтусте, Рикардода әлі үстем болып

жүрген дифференциалдық рентаның бірінші қате алғы шарты, атап айтқанда дифференциалдық рента барған сайын нашар жерлерге ауысуды немесе егіншіліктің үнемі кеми беретін өнімділігін<sup>186</sup> сөзсіз қажет етеді дейтін алғы шарты бекерге шығады. Өзіміздің көргеніміздей, дифференциалдық рента барған сайын жақсы жерлерге ауысқан кезде де болады; егер төменгі сатыны бұрынғы нашар жердің орнына жақсы жер алатын болса да дифференциалдық рента орын алады; ол егіншіліктің өскелең прогресімен байланысты болуы мүмкін. Дифференциалдық рентаның болу шарты тек қана жер категорияларының тең болмауы. Мәселенің өзі өнімділікті дамытуға қатысы болып отырғандықтан,— бүкіл ауыл шаруашылығы жер көлемінің абсолюттік құнарлылығының артуы осы теңсіздікті жоймай, не оны күшейте түсетін, не өзгеріссіз күйінде қалдыратын, не азайтып қана қоятын болғандықтан дифференциалдық рента орындалады.

XVIII ғасырдың басынан орта шеніне дейін Англияда алтын мен күмістің бағасы төмендеуіне қарамастан, рентаның, рентаның жалпы сомасының, өңделетін жер көлемі мөлшерінің, егіншілік өндірісі мен халықтың өсуімен қатар (егер бүкіл дәуірді алып қарайтын болсақ) астықтың бағасы үнемі төмендеп отырды. Мұның өзі өрлеу жолымен алғандағы II кестеге қосылған I кестеге сай келеді, бірақ былайша сай келеді; A нашар жері не жақсартылады, не дәнді дақылдар егілетін жерлердің қатарынан шығарылады; бірақ мұнан ол жер басқа ауыл шаруашылық немесе өнеркәсіп мақсаттары үшін пайдаланылмайды деген мағына, әрине, тумайды.

XIX ғасырдың басынан (уақытты дәлірек белгілеген жөн) 1815 жылға дейін рентаның, рентаның жалпы сомасының, өңделетін жер көлемі мөлшерінің, егіншілік өндірісі мен халықтың үнемі өсуімен қатар астықтың бағасы үздіксіз өсіп отырды. Мұның өзі төмендеу жолымен алғандағы I кестеге сай келеді. (Бұл арада сол кезде нашар жерлерді өңдеу жөнінде цитата келтірген жөн).

Петти мен Давенант заманында село халқы мен жер иелерінің жақсартулар енгізіліп, тың жерді жырту жайында шағым айтқаны байқалады; жақсы жерлерден алынатын рентаның төмендеуі, рента беретін жер көлемінің ұлғаюы салдарынан рентаның жалпы сомасының көбеюі байқалады.

(Осы үш пунктке кейін тағы цитаталар келтіру керек, сондай-ақ елде өңделетін жердің түрлі бөліктерінде құнарлылықтың айырмашылығы туралы деректер келтірген жөн).

Біз дифференциалдық рента туралы айтқанымызда рынок құнының өнімдер аумағының жалпы өндіріс бағасынан әрдайым асып түсетінін тегі байқау керек болады. Мәселен,



І кестені алайық. 10 квартал бүкіл өнім 600 шиллингке сатылады, өйткені рынок бағасы А жеріндегі өндіріс бағасымен белгіленеді; ол бір кварталіне 60 шиллинг болады. Ал өндірістің шын бағасы мынадай:

A .....	1 квартал=60 шилл.	1 квартал=60 шилл.
B .....	2 квартал=60 шилл.	1 квартал=30 шилл.
C .....	3 квартал=60 шилл.	1 квартал=20 шилл.
D .....	4 квартал=60 шилл.	1 квартал=15 шилл.
	10 квартал=240 шилл.	1 кварталдің орта бағасы=24 шилл.

10 кварталдің шын мәнісіндегі өндіріс бағасы 240 шиллингке тең; олар 600 шиллингке, яғни  $2\frac{1}{2}$  есе қымбатқа сатылады; 1 кварталдің шын мәнісіндегі орта бағасы 24 шиллингке тең; рынок бағасы 60 шиллингке тең, яғни ол да  $2\frac{1}{2}$  есе қымбат.

Біз рынок құнының (рынок бағасының) капиталистік өндіріс әдісі негізінде бәсекелесу арқылы өзін қалай көрсететін түрі бойынша белгіленетінін көріп отырмыз; ал бәсеке жалған элеуметтік құн туғызады. Бұл егіншілік өнімдері бағынатын рынок құнының заңынан шығады. Өнімдердің, демек, егіншілік өнімдерінің де рынок құнын белгілеу қоғамдық тұрғыдан санасыз және әдейі ойланып істелмеген акт болғанымен, қоғамдық акт, жердің сапасы мен оның құнарлылығының айырмашылығына емес, өнімнің айырбас құнына қажетті түрде негізделген акт. Егер қоғамның капиталистік формасы жойылған және қоғамда саналы әрі жоспарлы түрде ұйымдасқан ассоциация деп алсақ, онда әлгі 10 квартал 240 шиллингтегіге тең болатын дербес жұмыс уақытының мөлшері болады. Демек, қоғам осы өнімге сінген шын мәніндегі жұмыс уақытынан  $2\frac{1}{2}$  есе асып түсетін жұмыс уақытының осыншама мөлшеріне айырбастап ол егіншілік өнімін сатып алмаған болар еді; осының арқасында жер иелері табының өмір сүру негізі де құрыған болар еді. Мұның өзі шетелден зат әкелудің нәтижесінде өнімнің арзандаған сомасынан ешбір кем түспейтін ықпал жасаған болар еді. Қазіргі өндіріс әдісін сақтаған жағдайда, бірақ дифференциалдық рента мемлекеттің қарауына көшеді деп есептегенде басқа жағдайлары тең болған кезде егіншілік өнімдерінің бағасы бұрынғы күйінде қалар еді деген пайымдау қаншалықты әділетті болса, ал капиталистік өндірістің орнына ассоциация құрған жағ-

дайда өнімдердің құны бұрынғы күйінде қалар еді деген пайымдау соншалықты жалған. Бір тектес товарлардың рынок бағасының бірдейлігі капиталистік өндіріс әдісі негізінде және жекелеген адамдар арасында товар айырбасы болып отыратын жалпы өндіріс негізінде құнның қоғамдық сипаты көрінетін тәсіл болып табылады. Тұтынушы деп қаралатын қоғамның жер өнімдері үшін артық төлейтіні, оның егіншілік өніміне сіңген жұмыс уақытын жұмсаған кездегі зияны, — енді қоғамның бір бөлегі үшін, жер иелері үшін пайда болады.

II дифференциалдық рентаны қарастырған кезде келесі тарауда баяндалатын мәселені түсіну үшін маңызды болатын басқа жағдай мынау:

Әңгіме бір акрдан немесе бір гектардан алынатын рента туралы ғана, жалпы алғанда өндіріс бағасы мен рынок бағасы арасындағы, немесе бір акрға келетін жеке өндіріс бағасы мен жалпы өндіріс бағасы арасындағы айырмашылық туралы ғана емес, сонымен бірге жердің әрбір категориясының неше акры өңделетіні туралы да болып отыр. Бұл арада рентаның, яғни бүкіл өңделетін жер көлемінен алынатын жиынтық рентаның жалпы сомасының мөлшері ғана тікелей маңызды нәрсе; бірақ мұның өзі сонымен бірге: баға да өспеген жағдайда, баға төмендеген кезде жердің түрлі категорияларының относителдік құнарлылығында айырмашылық та болмаған жағдайда *рента нормасының* қалай өсетінін зерттеуге көшуге мүмкіндік береді. Жоғарыда бізде былай болған еді:

### І К Е С Т Е

Жер категориясы	Акр	Өндіріс бағасы	Өнім	Астықтай рента	Ақшалай рента
A .....	1	3 ф. ст.	1 квартал	0	0
B .....	1	3 »	2 »	1 квартал	3 ф. ст.
C .....	1	3 »	3 »	2 »	6 »
D .....	1	3 »	4 »	3 »	9 »
Сомасы	4 акр	—	10 квартал	6 квартал	18 ф. ст.

Енді әрбір категориядағы өңделетін жер көлемі екі есе ұлғайды дейік; мұндай жағдайда бірде былай болады:

I<sup>a</sup> К Е С Т Е

Жер категориясы	Акр	Өндіріс бағасы	Өнім	Астықтай рента	Ақшалай рента
A .....	2	6 ф. ст.	2 кварталер	0	0
B .....	2	6 »	4 »	2 кварталер	6 ф. ст.
C .....	2	6 »	6 »	4 »	12 »
D .....	2	6 »	8 »	6 »	18 »
Сомасы	8 акр	—	20 кварталер	12 кварталер	36 ф. ст.

Тағы екі жағдай болсын дейік: екі нашар жерде өндіріс былайша ұлғаятын бірінші жағдай:

I<sup>b</sup> К Е С Т Е

Жер категориясы	Акр	Өндіріс бағасы		Өнім	Астықтай рента	Ақшалай рента
		бір акрге	барлығы			
A .....	4	3 ф. ст.	12 ф. ст.	4 кварталер	0	0
B .....	4	3 »	12 »	8 »	4 кварталер	12 ф. ст.
C .....	2	3 »	6 »	6 »	4 »	12 »
D .....	2	3 »	6 »	8 »	6 »	18 »
Сомасы	12 акр	—	36 ф. ст.	26 кварталер	14 кварталер	42 ф. ст.

және, ақырында, жердің төрт категориясы бойынша өндіріс пен өңделетін жердің көлемінің ұлғаюы әркелкі болатын жағдай:

Іс К Е С Т Е

Жер катего- риясы	Акр	Өндіріс бағасы		Өнім	Астықтай рента	Ақшалай рента
		бір акрға	барлығы			
<i>A</i> .....	1	3 ф. ст.	3 ф. ст.	1 квартал	0	0
<i>B</i> .....	2	3 »	6 »	4 »	2 квартал	6 ф. ст.
<i>C</i> .....	5	3 »	15 »	15 »	10 »	30 »
<i>D</i> .....	4	3 »	12 »	12 »	12 »	36 »
Сомасы .....	12 акр	—	36 ф. ст.	36 квартал	24 квар- тер	72 ф. ст.

Ең алдымен осы I, Ia, Ib, Ic жағдайларының бәрінде де I акрден алынатын рента сол бір қалпынан өзгермейді, өйткені бір мөлшердегі капиталдың сол бір категориядағы жердің бір акрына келетін өнімі іс жүзінде өзгермеген күйінде қалды; тек қана мынадай жорамал жасалды,— ал мұның өзі кез келген елде әр кезде болып жатады,— ол — түрлі категориялардағы жерлер өңделетін бүкіл жерге белгілі қатынаста болады деген жорамал; тағы мынадай жорамал жасалды,— ал мұның өзі екі елде оларды бірімен-бірін салыстырған кезде немесе сол бір елде оның дамуының түрлі дәуірлерінде үнемі болып жатады,— ол — бүкіл өңделетін жер көлемі жердің түрлі категориялары арасында бөлінетін қатынас өзгереді деген жорамал.

Ia және I кестелерді салыстырған кезде біз мынаны көреміз: егер барлық төрт категориядағы жерлердің өңделетін көлемі бірдей пропорцияда өсетін болса, онда осы өңделетін жер көлемінің екі есе ұлғаюымен бірге бүкіл өндіріс, сондай-ақ астықтай рента мен ақшалай рента да екі есе көбейеді.

Бірақ Ib және Ic жағдайларын I жағдаймен бір жерден екінші жерге ауысудың рет тәртібі бойынша салыстырған кезде біз екі жағдайда да өңделетін жер көлемінің үш есе өсетінін көреміз. Екі жағдайда да өңделетін жер көлемі 4 акрдан 12 акрға дейін өседі, бірақ Ib жағдайында *A* және *B* жерлері категорияларында бәрінен де көп өседі, бұлардың ішінен *A* жері ешқандай рента бермейді, ал *B* жері ең аз мөлшердегі дифференциалдық рента береді; жаңадан өңделетін 8 акр жерден *A* және *B* жерлерінің үлесіне 3 акрдан, барлығы 6 акр келеді, ал оның бер жағында *C* жері мен *D* жеріне небәрі I акрдан, барлығы 2 акрден келеді. Басқа сөзбен айт-

қанда: өсімнің  $\frac{3}{4}$  *A* және *B* жерлеріне келеді де, небәрі  $\frac{1}{4}$ -і *C* және *D* жерлеріне келеді. Осындай деректер болған кезде *I* жағдайымен салыстырғанда *Ib* жағдайында өңделген жер көлемінің үш есе өсуіне өнімнің соншама мөлшерде өсуі сай келмейді, өйткені оның мөлшері 10-нан 30-ға дейін емес, небәрі 26-ға дейін өсті. Екінші жағынан, өсімнің едәуір бөлегі рента бермейтін *A* жерінен ал жақсы жерлерден алынған өсімнің көбі *B* жеріне келетін болғандықтан, астықтай рента небәрі 6 кварталден 14 кварталге дейін, ал ақшалай рента 18 фунт стерлингтен 42 фунт стерлингке дейін өсті.

Егер біз, керісінше, *Ic-ti* *I*-мен салыстырып көрсек, яғни рента бермейтін жер көлемі мөлшері жөнінен мүлдем ұлғайтылмайтын, ең аз рента беретін жер көлемі жөнінен мардымсыз ғана ұлғайтылатын, ал енді ең көп өсім *C* және *D* жерлеріне түсетін жағдайды алып қарайтын болсақ, онда біз өңделген жер көлемін үш есе көбейткен жағдайда өндірістің 10 кварталден 36 кварталге дейін, яғни үш еседен аса өскенін көреміз; астықтай рента 6 кварталден 24 кварталге дейін, немесе төрт есе өсті және ақшалай рента да соншама өсті: 18 фунт стерлингтен 72 стерлингке жетті.

Осы жағдайлардың бәрінде де егіншілік өнімінің бағасы шын мәнінде өзгермеген күйінде қалады; барлық жағдайларда өңделетін жердің ұлғайтылуымен бірге рентаның жалпы сомасы өседі, өйткені өңделетін жер ешқандай рента бермейтін нашар жердің бір өзі есебінен ғана ұлғайтылмайды. Бірақ бұл өсу түрліше болады. Өңделетін жер жердің жақсы категориялары есебінен ұлғайтылу мөлшеріне қарай, демек, өнім мөлшері жер көлемінің ұлғайтылуына пропорциялы түрде ғана өспей, одан да тезірек өсу мөлшеріне қарай астықтай рента мен ақшалай рента да сол шамада өседі. Өңделетін жер көбінесе ең нашар жер және соған жақын жер категориялары (соның өзінде ең нашар жер категориясы өзгерістерге ұшырамайды деп есептеледі) есебінен ұлғайтылуына қарай рентаның жалпы сомасы өңделетін жер көлемінің ұлғаюына пропорциялы түрде өспейді. Демек, рента бермейтін *A* жерінің сапасы бірдей болатын екі ел алынған болса, онда рентаның сомасы өңделген жердің жалпы көлемінде топырақтың ең нашар және нашар категориялары болатын тиісті үлесіне кері қатынаста болады, сол себептен де жердің тепе-тең жалпы көлеміне капиталды бірдей мөлшерде жұмсаған жағдайда алынатын өнім мөлшері де кері қатынаста болады. Сонымен, елдің бүкіл жер көлемі шеңберінде өңделетін ең нашар сапалы жер көлемі мен ең жақсы сапалы жер көлемінің арасындағы қатынас рентаның жалпы сомасына өңделетін ең нашар жердің сапасы мен жақсы және ең жақсы жердің сапасы арасындағы

қатынас бір акрдан алынатын рентаға, демек, басқа жағдайлары бірдей болған кезде рентаның сомасына да жасайтын ықпалынан кері ықпал жасайды. Осы екі жағдайды шатастыру дифференциалдық рента теориясына қарсы неше түрлі сорақы пікірлердің айтылуына себеп болды.

Сонымен, өңделетін жердің көлемін бір ғана ұлғайту және оның ұлғайтылуына байланысты жерге капитал мен еңбекті көбірек жұмсау нәтижесінде-ақ рентаның жалпы сомасы өседі.

Бірақ ең маңызды пункт мынау болып табылады: жорамалға сәйкес, жердің түрлі категорияларынан бір акрға шаққанда алынатын ренталардың қатынасы өзгермесе де, сол себептен әрбір акрға жұмсалған капитал жөнінде рентаның нормасы өзгермесе де, дегенмен былай болып шығады: егер біз Ia-ны I-мен салыстыратын болсақ,— өңделетін жер көлемі мен жұмсалған капитал пропорциялы түрде өсетін жағдайды алсақ,— онда біз мынаны көреміз: жалпы өндірістің өңделген жердің ұлғайтылған көлеміне пропорциялы түрде өскені сияқты — ол да, бұл да екі есе көбейді, рентаның жалпы сомасы да өсті. Ол дәл акр санының 4-тен 8-ге дейін өскені сияқты, 18 фунт стерлингтен 36 фунт стерлингке дейін өсті.

Егер біз жалпы жер көлемін 4 акрдан алатын болсақ, онда бұлардан алынатын рентаның жалпы сомасы 18 ф. ст. болады, демек, рента бермейтін жерді есепке алғанда орта рента  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болады. Мәселен, 4 акр жердің бәрі өзіне қарайтын қайсы бір жер иесі осындай есеп жасаған болар еді; ал бүкіл елдің орта рентасын статистика да нақ осылай есептеп шығарады. 18 ф. ст. мөлшеріндегі рентаның жалпы сомасы 10 фунт стерлинг капитал жұмсаған жағдайда алынады. Осы екі санның арасындағы қатынасты біз рента нормасы деп атаймыз; бұл арада ол, демек, 180% болады.

4 акрдың орнына 8 акр өңделетін, бірақ жердің барлық категориялары өсімге бірдей дәрежеде қатынасатын Ia жағдайында да осындай рента нормасы алынады. 36 ф. ст. мөлшеріндегі рентаның жалпы сомасы 8 акр жер мен 20 ф. ст. капитал жұмсалған жағдайында бір акрдан  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. орта рента мен 180% рента нормасын береді.

Егер біз, керісінше, өсім негізінен алғанда нашар категориялы екі жерде алынған Ib жағдайын қарастыратын болсақ, онда біз 12 акрдан 42 ф. ст. рента, яғни бір акрдан  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. орта рента аламыз. Жұмсалған бүкіл капитал=30 ф. ст., демек, рента нормасы=140%. Сонымен, бір акрдан алынатын орта рента I фунт стерлинг кеміді, ал рента нормасы 180%-тен 140%-ке дейін төмендеді. Демек, рентаның жалпы сомасы

18 фунт стерлингтен 42 фунт стерлингке дейін өскен жағдайда бұл арада акрға шағып та, капиталға шағып та есептелетін орта рента төмендейді; өндірістің өсуіне пропорциялы түрде емес, қайта қатарласа төмендейді. Жердің барлық категорияларынан алынып, акрға шағып та, сондай-ақ жұмсалған капиталға шағып та есептелетін рентаның бұрынғы күйінде қалатындығына қарамастан осылай болады. Бұлай болатын себебі: өсімнің  $\frac{3}{4}$ -і рента бермейтін *A* жері мен ең аз рента беретін *B* жеріне келеді.

*Ib* жағдайында бүкіл ұлғайту жұмысы *A* жерімен шектелген болса, онда біз *A* жерінде 9 акр, *B* жерінде 1 акр, *C* жерінде 1 акр және *D* жерінде 1 акр алған болар едік. Рентаның жалпы сомасы бұрынғысынша 18 ф. ст. болған болар еді, демек, осы 12 акрдың *I* акрынан алынатын орта рента  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингке тең болған болар еді; 30 ф. ст. жұмсалған капиталдан алынатын 18 ф. ст. рента енді рента нормасының 60%-ін құраған болар еді. Бір акрға шағып та, сондай-ақ жұмсалған капиталға шағып та есептелген орта рента көп азайған болар еді де, оның есесіне рентаның жалпы сомасы көбеймеген болар еді.

Ақырында, *Ic* жағдайын *I* және *Ib* жағдайларымен салыстырайық. *I* жағдайымен салыстырғанда жер көлемі үш есе өсті және жұмсалған капитал да сонша есе өсті. 12 акрдан алынатын рентаның жалпы сомасы 72 фунт стерлингке тең, яғни *I* жағдайдағы бір акрдағы  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. орнына 6 стерлингке тең болады. Жұмсалған капиталдан (72 ф. ст. : 30 ф. ст.) алынатын рента нормасы 180% орнына 240% болады. Бүкіл өнім 10 кварталден 36 кварталге дейін өсті.

*Ib*-мен салыстырғанда жер көлемі, жұмсалған капитал және жердің өңделген категориялары арасындағы айырма бұрынғы күйінде қалды, бірақ бөлініс басқаша болады. Бұл арада өнім 26 кварталдің орнына 36 кварталге тең, бір акрдан алынатын рента  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. орнына 6 ф. ст. стерлингке тең және нақ сол мөлшердегі бүкіл авансыланған капиталға келетін рента нормасы 140% орнына 240%-ке тең болады.

*Ib*, *Iv*, *Ic* кестелерінде бейнеленген түрлі жағдайларды қалай алып қарасақ та — түрлі елдерде бірінің жанында бірі қат-қабат болатын жағдайлар деп, немесе сол бір елде бір жерден екінші жерге ауысу жағдайлары деп қарасақ та, — біз мынадай қорытындыларға келеміз: астықтың тұрақты бағасы болған жағдайда — тұрақты болатын себебі: ең нашар, рента бермейтін жерден алынатын өнім сол қалпында қалады; өңделетін жердің түрлі категорияларының құнарлылығының айырмашылығы өзгермейтін жағдайда; демек, өңделетін жердің әрбір категориясындағы тепе-тең жер көлеміне бір

мөлшерде капитал жұмсаған кезде өнімнің тиісінше бірдей мөлшері алынған жағдайда; осының нәтижесінде жердің әрбір категориясындағы бір акрдан алынатын ренталардың арасындағы қатынас тұрақты болған жағдайда және сол бір категориядағы жердің әрбір участогіне жұмсалған капиталдан алынатын рента нормасы бірдей болған жағдайда: *біріншіден*, өңделетін жердің ұлғаюымен бірге, демек, бүкіл өсім рента бермейтін жердің үлесіне тиетін жағдайдан басқа ретте, капитал жұмсаудың өсуімен бірге рента сомасы әрдайым көбейін отырады. *Екіншіден*, бір акрдан алынатын орта рента да (рентаның өңделетін акрлардың ұзын санына бөлінген жалпы сомасы), сондай-ақ рентаның орта нормасы да (рентаның бүкіл жұмсалған капиталға бөлінген жалпы сомасы) соншама едәуір өзгеруі мүмкін және өзгергенде де бір бағытта, бірақ бір-бірі жөнінде түрлі дәрежеде өзгеруі мүмкін. Егер рента бермейтін  $A$  жері есебінен ғана ұлғайған жағдайды еске алмайтын болсақ, бір акрдан алынатын орта рента мен егіншілікке жұмсалған капиталдан алынатын рентаның орта нормасы бүкіл өңделетін жердің қандай үлесін түрлі категориялардағы жерлердің қайсысы алатындығына байланысты болады; немесе, бұл да осыған келіп саяды: бүкіл жұмсалған капиталдың құнарлылығы түрліше жерлердің арасында қалай бөлінуіне байланысты болады. Елде жер көп өңделе ме, аз өңделе ме және осыған байланысты (ұлғаю  $A$  жерінің ғана үлесіне келетін жағдайдан басқа ретте) рентаның жалпы сомасы көп пе, аз ба,— бүкіл өңделетін жер көлемінде жердің түрлі категорияларының пропорциялары өзгермей тұрғанда бір акрдан алынатын орта рента мен жұмсалған капиталдан алынатын рентаның орта нормасы өзгеріссіз күйінде қала береді. Өңделетін жер көлемінің ұлғаюымен және капитал жұмсалуының көбеюімен бірге рентаның жалпы сомасының өсуіне, тіпті едәуір өсуіне қарамастан, рента бермейтін немесе мардымсыз дифференциалдық рента ғана беретін жер учасоктері жақсы, көп рента беретін жер учасоктерінен тез өсетін болса, бір акрдан алынатын орта рента мен жұмсалған капиталдан алынатын рентаның орта нормасы төмендейді. Керісінше, жақсы жерлер бүкіл жер көлемінің біршама көп бөлегі бола бастап, сол себептен де жұмсалған капиталдың біршама көп бөлегі солардың үлесіне тиетін болуына қарай бір акрдан алынатын орта рента мен жұмсалған капиталдан алынатын рентаның орта нормасы көбейеді.

Сонымен, сол бір замандағы түрлі елдерді немесе сол бір елдегі түрлі замандарды салыстырған кезде статистикалық жұмыстарда әдетте жасалатыны сияқты, бүкіл өңделетін жер-



дің бір акрынан немесе гектарынан алынатын орта рентаны қарастыратын болсақ, онда бір акрдан алынатын рентаның орта дәрежесі, сол себептен рентаның жалпы сомасы да белгілі дәрежеде (бірақ әсте де белгілі дәрежеде емес, едәуір көп дәрежеде) елдегі егіншіліктің относительдік емес, қайта абсолюттік құнарлылығына сай келетін, яғни орта есеппен алғанда бірдей жер көлемінен алынатын өнімдер жиынына сай келетін болып шығады. Өйткені жердің жақсы категориялары жалпы жер көлемінің неғұрлым көп бөлегін қамтыған сайын мөлшері бірдей жер көлеміне бірдей мөлшердегі капитал жұмсаған кезде алынатын өнімдер мөлшері соғұрлым көп болады, бір акрдан алынатын орта рента да соғұрлым көп болады. Қарама-қарсы жағдай болған кезде керісінше болады. Осының салдарынан рента дифференциалдық құнарлылықтың қатынасына қарай емес, қайта абсолюттік құнарлылыққа қарай белгіленетіндей болып көрінеді, сөйтіп дифференциалдық рента заңы жойылады. Сондықтан кейбір құбылыстар бекерге шығарылады немесе оларды астықтың орта бағалары мен өңделетін жер учасоктерінің дифференциалдық құнарлылығының атымен болмайтын айырмашылықтарымен түсіндіруге тырысады,— ал бұл құбылыстар тек қана мынаған негізделген: рента бермейтін жердің құнарлылығы бірдей болған жағдайда, сол себептен де өндіріс бағасы бірдей болған жағдайда және жердің түрлі категориялары арасындағы айырмашылық бірдей болған жағдайда рентаның жалпы сомасының бүкіл өңделетін жер көлеміне, сондай-ақ жерге жұмсалған бүкіл капиталға да қатынасы бір акрдан алынатын рентаға немесе капиталдан алынатын рента нормасына қарай ғана белгіленбейді, сонымен бірге әрбір категориядағы жер көлемінің өңделетін жалпы жер көлемінің қатынасына да қарай белгіленеді, немесе бұл да соған келіп саяды: бүкіл жұмсалған капиталдың жердің түрлі категориялары арасында бөлінуіне қарай белгіленеді. Осы уақытқа дейін бұл жағдайға жұрт бір түрлі оғаштықпен ешбір назар аудармай келді. Қалай дегенмен былай болып шығады, ал біздің зерттеуіміздің бұдан былайғы барысы үшін мұның үлкен маңызы бар: бағалар өзгермеген, өңделетін жер учасоктерінің құнарлылығындағы айырмашылық өзгермеген жағдайда және бір акрдан алынатын рента өзгермеген жағдайда, немесе шын рента беретін әрбір жер категориясы бойынша бір акрға жұмсалған капиталдан, яғни шын рента беретін бүкіл капиталдан алынатын өзгермейтін рента нормасы жағдайында өңделетін жер көлемін экстенсивті түрде ұлғайту нәтижесінде ғана бір акрдан алынатын орта рентаның относительді дәрежесі мен рентаның орта нормасы, не-

месе рентаның жалпы сомасының жерге жұмсалған бүкіл капиталға қатынасы көбеюі немесе азаюы мүмкін.

Бізде I деген рубрикамен зерттелген дифференциалдық рента формасы жөнінде тағы да мынадай қосымша пікірлер айта кету қажет; бұлардың бір жағынан II дифференциалдық рента үшін де маңызы бар.

*Біріншіден:* өңделетін жер көлемін ұлғайтқан, бағалар тұрақты болып, өңделетін жер учасоктерінің құнарлылығындағы айырмашылық өзгермеген жағдайда бір акрдан алынатын орта рентаның немесе жұмсалған капиталдан алынатын рентаның орта нормасының қалай өсуі мүмкін екенін біз көріп өттік. Қайсыбір елдегі бүкіл жер иеленіп қойған, жерге жұмсалған күрделі қаржы, мәдениеті мен халқы белгілі шамаға көтерілген жағдайда,— капиталистік өндіріс әдісі егіншілікті де өзіне бағындырып, үстем өндіріс әдісіне айналған соң-ақ болуы керек жағдайларда,— түрлі сападағы өңделмеген жердің бағасы (дифференциалдық рента ғана болады деп есептеген жағдайда) сапасы бірдей және орналасуы жөнінен алғанда қолайлылығы да бірдей өңделген жер учасоктерінің бағасына қарай белгіленеді. Рента бермесе де, мұндай жердің бағасы да — жырту жөнінен оған қосылатын шығындарды алып тастағанда,— өңделген жер учасоктерінің бағасындай. Әрине, жердің бағасы дегеніміз басқасы жоқ, капиталдандырылған рентадан басқа ештеңе емес. Бірақ өңделген жер учасоктерінің бағасында да болашақ ренталар ғана төленеді, мәселен, егер белгілейтін процент ставкасы 5%-ке тең болса, рента жиырма жылға алдын ала бірден төленеді. Жер сатылады екен, ол рента беретін жер ретінде сатылады, сөйтіп рентаның перспективалық сипаты (бұл арада рента жердің өнімі ретінде қарастырылады, ал ол сырттай ғана солай болып табылады) өңделген жер мен өңделмеген жер арасында айырма жасамайды. Өңделмеген жер учасоктерінің бағасы, сондай-ақ олардан алышатын рента (мұның түйінді көрінісі жердің бағасы болып табылады) бұл учасоктер шын мәнінде пайдаланылғанға дейін әлі таза ой жоруында болады. Бірақ әлгі баға осылайша а priori \* белгіленеді де, сатып алушылар табылған кезде жүзеге асырылады. Сондықтан белгілі бір елдегі нағыз орта рента рентаның нағыз орта жылдық сомасына және осы соңғысының өңделетін бүкіл жер көлеміне қатынасына қарай белгіленетін болса, онда жер көлемінің өңделмейтін бөлегінің бағасы өң-

\* — алдын ала. Ред.

делген жердің бағасына қарай белгіленеді де, сол себептен де жұмсалған капиталдың және оның өңделген жер учас-токтеріндегі нәтижелерінің көрінісі ғана болып табылады. Ең нашар жерден басқа, жердің барлық категориялары рента беретін болғандықтан (II дифференциалдық рентаны қарастырған кезде өзіміздің көретініміз сияқты, бұл рента капиталдың барлық мөлшерімен бірге және жер өңдеудің осы капитал мөлшеріне сай келетін интенсивтілігімен бірге өсіп отырады), осының арқасында өңделмеген жерлердің номинал бағасы құралады, сөйтіп әлгі жерлер осылайша товарға, өз иелерінің байлық көзіне айналады. Бүкіл облыс жерінің, соның ішінде өңделмеген жердің де (Опдайк <sup>187</sup>) бағасы неліктен өсетіндігі де осыдан. Мәселен Америка Құрама Штаттарында жер жалдаптығы тек осы көрініске негізделген; капитал мен еңбек өңделмеген жерге осындай көрініс береді.

*Екіншіден:* өңделетін жерді ұлғайту процесі жалпы алғанда не нашар жерге ауысу арқылы, не қолда болуына қарай жердің түрлі категорияларында түрлі пропорцияда өтіп жатады. Әрине, нашар жерге ешқашан өз ықтиярымен ауыспайды,— капиталистік өндіріс әдісі болады деп есептеген жағдайда,— бағалардың қымбаттауы нәтижесінде ғана ауысуы мүмкін, ал кез келген өндіріс әдісі тұсында қажеттіліктің нәтижесі ғана болуы мүмкін. Бірақ мұның сөзсіз маңызы болмайды. Қолайлы орналасуы нәтижесінде нашар жер біршама жақсы жерден артық бағаланатын болып шығады; жердің алыс-жақын орналасуының жас елдерде өңделетін жер көлемін ұлғайтудың бәрінде шешуші маңызы бар; онан соң, белгілі бір ауданның жері тұтас алғанда неғұрлым құнарлы жерлердің қатарына жата тұрса да, дегенмен, жақсы сапалы және нашар сапалы жерлер ара-арасында кездесіп қалып отырады, сондықтан нашар жерді оның жақсы жерге тікелей жақын жатқаны үшін ғана өңдеуге тура келеді. Егер нашар жердің жеке-жеке учасоктері жақсы жерге сыналап кіріп жатса, онда жақсы жерге жапсарлас жатуы нашар жерге неғұрлым құнарлы, бірақ өңделген немесе өңделуге жататын жерге жапсарлас жатпаған жермен салыстырғанда артықшылық береді.

Мәселен, Мичиган штаты батыс штаттарының арасында алғашқылардың бірі болып астықты сыртқа шығара бастады. Оның топырағы жалпы алғанда кедей. Бірақ Нью-Йорк штатымен көршілес жатқандығы және көлдер мен Эри каналы арқылы су қатынасының болуы батыстан әрірек жатқан, табиғаты жөнінен неғұрлым құнарлы штаттарға қарағанда оған бастапқы кезде артықшылық берді. Нью-Йорк штатымен салыстырғанда осы штаттың, мысалы, жақсы жерден на-

шар жерге ауысудың айқын айғағы да бола алады. Нью-Йорк штатының, атап айтқанда оның батыс бөлегінің топырағы әсіресе бидай дақылын өсіру үшін өлшеусіз құнарлы келеді. Осы құнарлы жерді айуандықпен өңдеудің салдарынан ол құнарсыз жерге айналған, сөйтіп Мичиганның топырағы енді құнарлырақ болып шықты.

«1838 жылы Буффало арқылы су жолымен ең алдымен Нью-Йорк штаты мен Жоғарғы Канаданың бидай өндіретін аудандарынан батысқа бидай ұны тасыды. Қазіргі уақытта, небәрі 12 жыл өткеннен кейін, бидай мен ұнның орасан мол қорын көлдер мен Эри каналы арқылы су жолымен шығысқа жөнелту үшін Буффало мен көршілес Блэкрок гаваны арқылы батыстан тасып әкеледі. 1847 жылы Европада болған ашаршылық бидай мен ұнды экспорттау ісін ерекше күшейтіп жіберді. Осының салдарынан Нью-Йорк штатының батысында бидай арзанырақ болды да, оны егудің пайдасы кемірек болып қалды; мұның өзі Нью-Йорк фермерлерін мал шаруашылығымен, сүт өнімдерін өндірумен, жеміс өсірумен, яғни, олардың пікірінше, солтүстік-батыс олармен тікелей бәсекелесе алмайтын шаруашылық салаларымен шұғылдануға итермеледі» (J. W. Johnston. «Notes on North America». Vol. 1, London, 1851, p. 222—223).

*Үшіншіден:* астықты неғұрлым арзан бағамен сыртқа шығара алатын отарлардағы және тегі жас елдердегі жерлердің табиғи құнарлылығы қалайда зор болады деп ойлау дұрыс емес. Мұндай жағдайда астық өз құнынан төмен бағамен ғана емес, сонымен бірге оның өндіріс бағасынан да, атап айтқанда неғұрлым байырғы елдердегі пайданың орта нормасымен белгіленетін өндіріс бағасынан төмен бағамен сатылады.

Джонстонның айтқанындай (бұл да сонда, 223-бет), егер бізде

«табиғи құнарлылығы зор және бай жердің шексіз кеңістігі жайындағы түсінік жыл сайын Буффалоға соншама көп мөлшердегі астық тасылатын осы жаңа штаттармен едет бойынша байланыстырылып жүрген болса»,

онда мұның өзі ең алдымен экономикалық жағдайларға байланысты болады. Мәселен, Мичиган сияқты штаттың бүкіл халқы бастапқы кезде тек қана ауыл шаруашылығымен және оның көпшілік тұтынатын өнімдерін өндірумен арнайы шұғылданды десе де болады, өйткені өнеркәсіп товарларына және тропиктерден алынатын өнімдерге тек соларды ғана айырбастап алуға болатын еді. Сондықтан оның артық өнімінің бәрі — кілең астық. Қазіргі дүние жүзілік рынок базасына негізделген отарлар бұрынғы отарлардан, әсіресе көне дүниедегі отарлардан ең алдымен осынысымен ажыратылады. Қазіргі отарлар дүние жүзілік рынок арқылы басқа жағдайларда өздері шығаруға тура келетін өнімдерді, атап айтқанда

киімді, құралдарды т. б. дайын күйінде алып отырады. Одақтың оңтүстік штаттары осындай негізде ғана мақтаны өзінің негізгі өнімі ете алды. Дүние жүзілік рыноктегі еңбек бөлінісі оларға осындай мүмкіндік береді. Сондықтан бұлардың жастығын және халқының біршама аздығын еске алғанда олар өте көп артық өнім өндіретіндей *болып көрінсе*, онда олар бұған өз жерлерінің құнарлылығы және онда тұратын адамдар еңбегінің жемістілігі арқасында жеткен жоқ, қайта өз еңбегінің сыңаржақ формасы арқасында, демек, әлгі еңбек сіңірілген артық өнім арқылы жетті.

Онан соң, таяуда ғана өңделе бастаған, бірақ әлі толық игерілмеген, құнарлылығы біршама кемдеу егістік жерде, ауа райы азды-көпті қолайлы болған кезде, ең болмағанда топырақтың беткі қабаттарында өсімдіктерді қоректендіруге қажетті жеңіл-желпі өңделген күннің өзінде тыңайтқыштар тілемей-ақ ұзақ уақыт бойы өнім береді. Батыстағы прерияларға келетін болсақ, бұл жерлердің тыңды жыртуға ерекше шығын шығаруды жөнді керек етпейтінін, өйткені олар табиғатында-ақ егін егуге жарамды келетінін де қоса айтқан жөн.<sup>33а)</sup> Құнарлылығы кемірек облыстарда әлгіндей артық өнім топырақтың жоғары құнарлылығы арқасында, яғни бір акрдан мол өнім алудың арқасында емес, қайта жеңіл-желпі өңделетін үлкен жер көлемдерінің арқасында алынады, өйткені әлгі жердің өзі оны өңдеуші адамға не тегін түседі, не байырғы елдермен салыстырғанда өте арзанға түседі. Мәселен, Нью-Йорк, Мичиган штаттарының кейбір аудандарындағы және Канададағы т. б. үлескерлік бар жерлерде осылай. Бір семья 100 акр жерді өңдейді делік, бір акрдан алынатын өнім мөлшері көп болмағанымен де мұның өзі 100 акрдан сату үшін едәуір артық өнім береді. Мұның үстіне табиғи жайылымдарда жасанды шалғындарсыз-ақ малды тегін дерлік бағу тағы қосылады. Бұл арада жердің сапасы емес, саны шешуші маңыз алады. Жерді осылайша жеңіл-желпі өңдеудің мүмкіндігі уақыт өте келе табиғи түрде таусылады,— жаңа жер неғұрлым құнарлы болған сайын соғұрлым баяуырақ таусылады, оның өнімін сыртқа шығару неғұрлым көп болған сайын соғұрлым тезірек таусылады.

<sup>33а)</sup> Осындай прериялар мен далалық жерлердің жедел ұлғая өңделуі соңғы кезде Мальтусің «халық тіршілік заттарын қысып барады»<sup>188</sup> дейтін атышулы қағидасын нақ баланың күлкісіне айналдырды және осыған қарама-қарсы аграршылардың: егер халықты қысып бара жатқан тіршілік заттары зорлау шаралары арқылы жойылмаса, егіншілік, ал онымен бірге Германия да күриді дейтін шағымын туғызды. Бірақ осы далалық жерлерді, прерияларды, пампастарды, льяностарды т. б. өңдеу енді ғана басталайын деді: сондықтан Еуропаның ауыл шаруашылығына оның революцияшыздандырушы ықпалы кезінде осы уақытқа дейін болғандағысынан өлшеусіз зор болмақ.— Ф. Э. }

«Дегенмен мұндай жер тамаша алғашқы өнімдер береді, тіпті бидай өнімдерін береді; жерден алғашқы жемістер алған адам рынокке көп артық бидай бере алады» (бұл да сонда, 224-бет).

Байырғы дақыл егілетін елдерде меншік қатынастары, өңделген жердің бағасымен белгіленетін өңделмеген жердің бағасы т. б. бұл тәрізді экстенсивті шаруашылықты мүмкін етпейді.

Рикардоның пікіріне қарама-қарсы, бұл жердің қалайда өте құнарлы болуға тиіс емес екендігін, сондай-ақ өзінің құнарлылығы жөнінен бірдей жер категориялары өңделуінің қажет болмайтындығын мына деректер айқын көрсетеді. Мичиган штатында 1848 жылы 465 900 акрға бидай егіліп, 4 739 300 бушель бидай, немесе орта есеппен бір акрға  $10\frac{1}{5}$  бушель бидай өндірілген; тұқымын шығарып тастағанда мұның өзі бір акрға 9 бушельден көбірек береді. Штаттың 29 округінен 2 округі орта есеппен 7 бушель, 3—8, 2—9, 7—10, 6—11, 3—12, 4—13 бушель өндірген, тек 1 округ қана бір акрға 16 бушель және тағы 1—18 бушель өндірген (бұл да сонда, 225-бет).

Екіншілік практикасы үшін топырақтың көбірек құнарлылығы осы құнарлылықты неғұрлым интенсивті түрде дереу пайдалану мүмкіндігімен сай келеді. Мұндай мүмкіндік табиғатында бай топыраққа қарағанда табиғатында кедей топырақта көбірек болуы мүмкін; ал отарлаушы адам ең алдымен осы тәрізді мүмкіндік беретін жерге кіріседі де, капиталы жеткіліксіз болған жағдайда ол нақ осылай істеуге мәжбүр болады.

*Ақырында*, жаңа жерлердің барған сайын көп көлемін игеру осы уақытқа дейін өңделіп келген жерге қарағанда сапасы нашар жерді пайдалануға тура келетін жаңа ғана қарастырып өткен жағдайды былай қалдыра тұрып,— *A* жерінен бастап *D* жеріне дейін жердің түрлі категорияларын игеру, яғни мысалға алғанда, *B* және *C* жерлерінің көп көлемін игеру, мәселен, мақта-мата өнеркәсібін жыл сайын ұлғайту жіптің бағасын үнемі көтеріп отыруды талап етпейтіні сияқты, астықтың бағасын алдын ала көтеруді әсте де керек етпейді. Рынок бағаларының едәуір көтерілуі немесе төмендеуі өндіріс көлеміне ықпал жасай тұрса да, дегенмен мұны былай қалдыра тұрсақ, өндіріске бөгеуші де, ерекше жандандырушы да ықпал жасамайтын орта бағалар болған жағдайда да екіншілікте (капиталистік әдіспен жүргізілетін өндірістің барлық басқа салаларындағы сияқты) өз-өзінен алғанда қорланумен бірдей болатын, басқа өндіріс әдістері тұсында халықтың өсуі тікелей туғызатын, ал отарларда

үнемі иммиграцияға кету туғызатын относителді артық өндіріс үнемі болып отырады. Қажетсіну үнемі өсе береді, сондықтан осыны күнілгері болжай білгендіктен жаңа жерлерге үнемі үсті-үстіне жаңа капиталдар жұмсалып отырады, бірақ жағдайларға байланысты әлгі капиталдар түрлі егіншілік өнімдерін өндіру үшін де жұмсалуды мүмкін. Жаңа капиталдардың құралуы өз өзінен осыған жеткізеді. Жеке капиталистке келетін болсақ, ол өз өндірісінің көлемін өзінің қарауындағы капиталына шамалайды, өйткені ол өз капиталын әлі өзі басқара алады. Ол тек қана рынокте мүмкіндігінше көбірек орын алуға тырысады. Егер тым көп өндірілген болса, онда бұл үшін ол өзін емес, қайта өзінің бәсекелестерін айыптайды. Жеке капиталист бар рыноктің біршама көп бөлегін алып та, сондай-ақ рыноктің өзін ұлғайтып та өз өндірісін кеңейте алады.

ҚЫРҚЫНШЫ ТАРАУ

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ ЕКІНШІ ФОРМАСЫ  
(II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА). ЖАЛПЫ  
ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Осы уақытқа дейін біз дифференциалдық рентаны құнарлылығы түрліше көлемі бірдей жерлерге бір мөлшерде жұмсалған капиталдың түрліше өнімділігінің нәтижесі ретінде ғана қарастырып келдік, сөйтіп дифференциалдық рента ең нашар, рента бермейтін жерге жұмсалған капитал өнімі мен жақсы жерге жұмсалған капитал өнімі арасындағы айырмамен белгіленіп келді. Соның өзінде біз капиталдар жердің түрлі учасоктеріне бір уақытта жұмсалды деп есептедік, сөйтіп капиталдың әрбір жаңадан жұмсалуына жер өңдеудің экстенсивті өсуі, егін егілетін жер көлемінің ұлғаюы сай келіп отырды. Бірақ шын мәнінде дифференциалдық рента сайып келгенде жерге жұмсалған бір мөлшердегі капиталдардың түрліше өнімділігінің нәтижесі ғана болып келді. Енді өнімділігі түрліше капиталдар бірінен кейін бірі сол бір жер учасокіне жұмсалған болса және олар түрлі жер учасоктеріне бір уақытта жұмсалған болса,— егер нәтижелері бірдей болады деп есептейтін болсақ,— қайсыбір айырмашылықтың болу-болмауын қарастырып көрейік.

Ең алдымен бұл арада әңгіме қосымша пайданың шығуы туралы болып отырғандықтан, 3 ф. ст. өндіріс бағасының *A* жерінің бір акрына 1 квартал өнім беру-бермесінің ешқандай келер-кетері жоқ екенін бекерге шығаруға болмайды, сондықтан 3 ф. ст. 1 кварталдың өндіріс бағасы және тәртіптеуші рынок бағасы болады, ал оның бер жағында 3 ф. ст. өндіріс бағасы *B* жерінің бір акрына 2 квартал береді, сөйтіп 3 ф. ст. қосымша пайда береді, ал 3 ф. ст. өндіріс бағасы *C* жерінің бір акрына 3 квартал және 6 ф. ст. қосымша пайда береді, ақырында, 3 ф. ст. өндіріс бағасы *D* жерінің бір акрына 4 квартал және 9 ф. ст. қосымша пайда береді; немесе 10 ф. ст. капиталға сәйкес келетін әлгі 12 ф. ст. өндіріс бағасы сол бір акрға сондай табыспен, сондай ауысу тәртібімен жұмсалғанда да нәтиже осындай болады. Екі жағдайда да



капитал 10 фунт стерлингке тең, ал оның құны  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен бірінен кейін бірі бөлек-бөлек жұмсалады,— не құнарлылығы түрліше 4 акр жерге қат-қабат жұмсалады, не сол бір акрға бірінен кейін бірі жұмсалады,— ал осы бөліктерден (өздерінің өнімі түрліше болғандықтан), біреуі қосымша пайда бермейді, ал қалған бөліктері өздерінің өнімі мен рента бермейтін шығынның өнімі арасындағы айырмаға сай келетін қосымша пайда береді.

Қосымша пайдалар мен капиталдың түрлі бөліктерінен алынатын қосымша пайданың түрлі нормалары екі жағдайда да бірдей болады. Ал рента дегеніміз басқасы жоқ әлгі қосымша пайданың, оның өзегін құрайтын формасы. Бірақ қалай дегенмен екінші әдіс [қосымша пайданың құралуы] қосымша пайданың рентаға айналуы кезінде кездесетін қиыншылықтармен, қосымша пайданы капиталистік арендатордың жер иесіне беруін керек ететін форманың осы өзгерісімен байланысты болады. Міне сондықтан да ағылшын арендаторлары ресми ауыл шаруашылық статистикасына соншама мықты қарсылық көрсетуде. Өздерінің жұмсаған капиталдарының шын нәтижелерін белгілеу үшін олардың жер меншікшілерімен күрес жүргізетіні де осыдан (Мортон). Әңгіме мынада: рентаның мөлшері жерді арендаға берген кезде белгіленеді де, осыдан кейін капиталды бірінен соң бірін жұмсаудан алынатын қосымша пайда аренда договорының мерзімі біткенге дейін арендатордың қалтасына түсіп отырады. Аренда договорларын ұзақ мерзімге жасау үшін арендаторлардың күрес жүргізетін себебі және, керісінше, жер иелерінің күштері басым болуы салдарынан жыл сайын бұзылатын договорлар (*tenancies at will*) санының өсуі де осыдан.

Сондықтан әуел бастан-ақ айқын нәрсе мынау: егер қосымша пайданың құралу заңы үшін бірдей мөлшердегі капиталдар әр түрлі нәтижелермен бірдей көлемдегі жер учасқотеріне жұмсалды ма немесе бірінен кейін бірі сол бір жер учасқотегіне жұмсалды ма, мұның келер-кетері болмаса, ал қосымша пайданың жер рентасына айналуы үшін мұның елеулі маңызы бар. Соңғы әдіс бұл айналуы, бір жағынан, неғұрлым тар шеңберге, екінші жағынан — неғұрлым тұрақты шеңберге қояды. Сондықтан интенсивті дақыл егетін елдерде (ал экономикалық мағынада алғанда біз интенсивті дақыл деп капиталдың біріне бірі қатар жатқан жер учасқотерінің арасында бөлінуі орнына оның сол бір жер көлеміне шоғырлануынан басқа ештеңені де айтпаймыз) Мортон өзінің «*Resources of Estates*» деген еңбегінде көрсетіп бергеніндей, таксатордың жұмысы өте маңызды, күрделі және қиын кәсіп болады. Сондықтан жерді ұзақ уақыт бойы күші сақталатын-

дай етіп осылай жақсартқан кездерде, аренда договорының мерзімі біткен жағдайда жердің қолдан жасалған дифференциалдық құнарлылығы табиғи құнарлылығына сай келеді, сол себептен рентаның мөлшерін бағалау да тегі құнарлылығы түрліше жерлердің рентасын белгілеумен сай келеді. Керісінше, қосымша пайданың құралуы іске қосылған капиталдың мөлшеріне қарап белгіленуіне қарай жұмсалған капиталдың белгілі мөлшері жағдайында қол жететін рентаның мөлшері елдің орта рентасына қосылады, сондықтан жер иелері жаңа арендатордың жерді бұрынғы интенсивтілік дәрежесінде бұдан былай өңдеуіне жететіндей капиталы болуына қам жасайды.

II дифференциалдық рентаны қарастырған кезде тағы да мына пункттерді атай кету қажет.

*Біріншіден:* II дифференциалдық рентаның негізі және бастапқы пункті тарихи жағынан ғана емес, сонымен бірге бұл арада әңгіме оның кез келген сол кезеңде дамуы туралы болғандықтан да I дифференциалдық рента, яғни құнарлылығы жөнінен де, орналасуы жөнінен де түрліше болатын жер участоктерін бір уақытта өңдеу, яғни жиынтық егіншілік капиталының әр түрлі құрамдас бөліктерін түрлі сапалы жерлерге бір уақытта жұмсау болып табылады.

Тарихи жағынан алғанда мұның өзі әбден түсінікті нәрсе. Отаршылардың отарларда болмашы ғана капитал жұмсауларына тура келеді; өндірістің басты-басты агенттері еңбек пен жер болып табылады. Семьяның әрбір жеке басшысы өзі үшін және өзінің туыстары үшін өзінің әріптес-отаршыларының қызмет өрісінен тәуелсіз қызмет өрісін жасап алуға ұмтылады. Егіншіліктің өзінде капитализмге дейінгі өндіріс әдістері тұсында-ақ істің жайы тегі осылайша өтуге тиіс болған еді. Қой шаруашылығында, тегі мал шаруашылығында, бұлар өндірістің дербес салалары болған жағдайда жер азды-көпті дәрежеде бірлесіп пайдаланылады, соның өзінде жерді пайдалану әуел бастан-ақ экстенсивті сипат алады. Капиталистік өндіріс әдісі өндіріс құрал-жабдықтары іс жүзінде немесе заң жүзінде егіншінің өзінің меншігі болып табылатын бұрынғы өндіріс әдістерінен, бір сөзбен айтқанда, майдагерлік ауыл шаруашылық өндірісінен өсіп шығады. Істің шын мәнінде өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы және олардың жалдамалы жұмысшыларға айналған тікелей өндірушілерге қарсы тұратын капиталға айналуы майдагерлік ауыл шаруашылық өндірісінен ғана біртіндеп

дамиды. Бұл арада капиталистік өндіріс әдісі өзіне тән белгілерімен көрінетіндіктен, мұның өзі ең алдымен әсіресе қой шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласында болады; бірақ мұның өзі капиталдың біршама шағын жер көлеміне шоғырлануынан емес, қайта көп көлемде өндіруден көрінеді, осының арқасында аттардың санынан және өндірістің басқа да шығындарынан үнемделеді; шын мәнінде бұл арада көп капиталды сол бір жерге жұмсау деген жок. Онан соң, егіншіліктің табиғи заңдары себепті егіншілік мәдениеті белгілі дәрежеде жоғары болып, топырақтың құнарсыздануы соған сай болған жағдайда бұл арада өндірістің жұмсалып кеткен құралдары мағынасында түсінілетін капитал егіншіліктің шешуші элементіне айналады. Өңделетін жер өңделмейтін жермен салыстырғанда оның шағын көлемі болып, топырақ әлі құнарсызданбай тұрған кезде (тегі егіншілік пен өсімдік тағамы басым дәуірден бұрын келетін мал шаруашылығы мен ет тағамы басым дәуірдегі жағдай осылай) пайда болатын жаңа өндіріс әдісі нақ бір капиталистің қаржысымен өңделетін жер көлемінің мөлшеріне қарап, яғни тағы да аумағы үлкен жер көлеміне капиталды экстенсивті түрде жұмсауға қарап шаруа өндірісіне қарсы тұрады. Сонымен, бастапқы пункт болатын тарихи негіз I дифференциалдық рента екендігін әуел бастан-ақ есте ұстаған жөн. Екінші жағынан, II дифференциалдық рентаның қозғалысы әрбір сол кезеңде өзі де I дифференциалдық рентаның ала-құла негізі болатын саладан ғана басталады.

*Екіншіден:* II формадағы дифференциалдық рента жағдайында құнарлылықтың айырмашылығына фермерлер арасында капиталдың бөлінуіндегі (және қарыз беруге қабілеттілігіндегі) айырмашылықтар қосылады. Тегі өнеркәсіпте өндірістің әрбір саласы үшін кәсіпорын көлемінің минимумы және осыған сай келетін капитал минимумы тез белгіленеді, ал капитал минимумы болмайынша жеке кәсіпорынды ойдағыдай жүргізуге болмайды. Нақ солай өндірістің әрбір саласында осы минимуммен жоғары тұратын капиталдың қалыпты орта мөлшері болады; өнім өндірушілердің көпшілігінде осындай капитал болуға тиіс және болады да. Көп мөлшерлі капитал үстеме пайда бере алады; аз мөлшерлі капитал орта пайданы да бере алмайды. Егіншілік саласындағы капиталистік өндіріс әдісінің байырғы елі Англиядан байқалып отырғанындай капиталистік өндіріс әдісі ауыл шаруашылығын тек баяу және әркелкі түрде ғана қамтиды.

Астық сырттан еркін әкелінбейтіндіктен немесе оның ықпалы шамалы ғана болатындықтан, өйткені сырттан әкелу мөлшері шамалы болады, рынок бағасын нашар жерде жү-

мыс істейтін, яғни өндіріс жағдайлары орташа жұмыс жағдайларынан қолайсыздау болатын өндірушілер белгілейді. Ауыл шаруашылығында жұмсалатын және тегі ауыл шаруашылығының қарамағында болатын капиталдың жалпы мөлшерінің көп бөлегі солардың қолында болады.

Мәселен, өзінің ұлтарактай жерін өңдеу үшін шаруаның көп еңбек жұмсайтыны, бірақ оқшауланған, өнімділігінің объективтік қоғамдық жағдайлары да, сондай-ақ материалдық жағдайлары да болмайтын еңбек жұмсайтыны рас.

Бұл жағдай нағыз капиталистік фермерлердің қосымша пайданың бір бөлегін өзі иемденуіне мүмкіндік береді, егер капиталистік өндіріс әдісі, өнеркәсіптегідей, ауыл шаруашылығында да біркелкі дамыған болса, бұлай болмас еді — ең болмағанда істің жайы ілгеріде айтылған себепке байланысты болғанда бұлай болмас еді.

Әуелі II дифференциалдық рента жағдайында қосымша пайданың құралуын ғана қарастырып көрейік, осы қосымша пайданың жер рентасына айналуы мүмкін болатын жағдайларына тоқталмаймыз.

Мұндай жағдайда айқын нәрсе мынау: II дифференциалдық рента I дифференциалдық рентаың басқаша көрінісі ғана болып табылады, ал шындап келгенде оған сай келеді. Түрлі жерлердің құнарлылығындағы айырмашылық I дифференциалдық рента жағдайында ықпал жасағанда осы айырмашылықтың арқасында жерге жұмсалған капиталдар әр түрлі нәтижелер беретіндігінен, бірдей мөлшердегі капиталдардан әр түрлі мөлшердегі өнімдер алынатындығынан немесе капиталдардың мөлшеріне пропорциялы болмайтын өнім мөлшері алынатындығынан ғана ықпал жасайды. Бұл тең еместік жердің сол бір участогіне бірінен кейін бірі жұмсалатын түрлі капиталдар үшін бола ма, немесе сапасы жөнінен әр түрлі жердің бірнеше жер участоктеріне жұмсалатын капиталдар үшін бола ма, — мұның өзі жердің құнарлылығындағы немесе өнімдегі айырмашылықтан, сол себепті капиталдың көбірек өнімділікпен жұмсалған бөліктерінен дифференциалдық рентаың құралуынан да ештеңені өзгерте алмайды. Капиталды бірдей жұмсаған жағдайда бұрынғысынша жердің құнарлылығы түрліше болады, бірақ тек осы жағдайда ғана сол бір жер капиталдың мөлшері жөнінен түрліше бөліктерін бірінен кейін бірін жұмсаған кезде I дифференциалдық рента жағдайында қоғамдық капитал бөліктерінің бірдей мөлшерін жұмсаған кезде жердің түрлі категориялары беретіндей нәтижелер береді.

I кестеде (701-бетті қараңыз) төрт категориялы *A*, *B*, *C* және *D* жерлерінің әрбір акрына  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен дербес

капиталдар ретінде түрлі фермерлер жұмсаған сол бір 10 ф. ст. капитал мұның орнына *D* жерінің сол бір акрына бірінші жұмсалғаны — 4 квартал, екіншісі — 3, үшіншісі — 2 және соңғы жұмсалғаны 1 квартал (немесе керісінше тәртіп ретімен) беретіндей етіп бірінен кейін бірі жұмсалады дейік. Мұндай жағдайда капиталдың табыс ең аз түсетін бөлегінен алынатын 1 кварталдың 3 фунт стерлингке тең бағасы дифференциалдық рента бермеген болар еді, бірақ бидайға деген қажеттілік әлі болып тұрғанда өндіріс бағасын белгілеген болар еді, ал бидайдың өндіріс бағасы 3 фунт стерлингке тең. Ал жорамалға сәйкес өндіріс капиталистік жолмен жүргізілетін болғандықтан, демек, 3 фунт стерлинг бағада тегі  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталдан түсетін орта пайда болатындықтан, онда  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен келетін қалған үш бөлегі өнім мөлшерінің айырмашылығына байланысты қосымша пайда беретін болады, өйткені бұл өнім өзінің өндіріс бағасы бойынша сатылмай, қайта табыс ең аз түсетін  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлинг капитал шығынының, рента бермейтін, ал өнімнің бағасы өндіріс бағасының жалпы заңымен тәртіптелетін шығынның өндіріс бағасы бойынша сатылады. Қосымша пайданың құралуы 1 кестеде көрсетілгеніндей болар еді.

Бұл арада тағы да II дифференциалдық рента I дифференциалдық рентаны керек ететін болып шығады.  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал, яғни ең нашар жерге жұмсалған капитал беретін өнім минимумын біз бұл арада 1 квартал деп алдық. Демек, *D* жерінің арендаторы өзіне 4 квартал беретін  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен басқа (бұл үшін ол 3 квартал дифференциалдық рента төлейді) сол жерге өзіне бар болғаны 1 квартал беретін, яғни ең нашар *A* жеріне жұмсалған капитал қанша берсе, сонша беретін  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. жұмсайды. Мұндай жағдайда әлгінің өзі рента бермейтін капиталдың жұмсалуды болып шығар еді, өйткені мұның өзі фермерге тек қана орта пайда берген болар еді. Мұнда ешқандай қосымша пайда болмас еді, рентаға айналатын ештеңесі болмас еді. Бірақ, бір жағынан, *D* жеріне капиталдың екінші рет жұмсалудынан өнімнің осы азаюы пайда нормасына ешқандай әсер етпеген болар еді. Мұның өзі  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтің *A* жерінің қайсы бір акрына жаңадан жұмсалғандағысындай болар да шығар еді, — мұндай жағдай қосымша пайдаға да, демек, *A*, *B*, *C*, *D* жерлерінен алынатын дифференциалдық рентаға да ешқандай әсер етпеген болар еді. Фермер үшін *D* жеріне қосымша жұмсалған әлгі  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлинг нақ мына жағынан ғана: біздің жорамалдауымызға сәйкес, 4 квартал бере тұрса да, *D* жерінің бір акрына алғашқы  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтің жұмсалуды жағынан ғана тиімді болар еді. Онан соң, егер капитал-

дың  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен бұдан кейінгі екі мәртебе жұмсауының әрқайсысы фермерге: біріншісі — 3 квартал, ал екіншісі — 2 квартал қосымша өнім беретін болса, онда 4 квартал берген, сол себептен де 3 квартал қосымша пайда берген  $D$  жеріне алғашқы  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. жұмсаудан түскен өніммен салыстырғанда өнім тағы да азайған болар еді. Бірақ мұның өзі қосымша пайда мөлшерінің азаюы ғана болар еді де, орта пайдаға да, өндірістің тәртіптеуші бағасына да ешқандай әсер етпеген болар еді. Кеміген қосымша пайда беретін қосымша өндіріс  $A$  жеріндегі өндірісті басы артық ететін, сөйтіп  $A$  жерін өңделетін жерлердің қатарынан шығарып тастайтын жағдайда ғана әлгіндей әсер болар еді. Мұндай жағдайда  $B$  жерінің бір акрі рента бермейтін және рынок бағасын тәртіптейтін жер болса,  $D$  жерінің бір акрына қосымша жұмсалған капиталдың өнімділігі төмендеуіне өндіріс бағасының, мәселен, 3 фунт стерлингтен  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін азаюы байланысты болған болар еді.

Енді  $D$  жерінен алынатын өнім  $= 4 + 1 + 3 + 2 = 10$  квартал болар еді, ал бұрын ол 4 кварталға тең болатын. Бірақ  $B$  жеріндегі өндіріс бағасы тәртіптейтін бір кварталдың бағасы  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін кеміген болар еді.  $D$  және  $B$  [жерлерінің өнімдері] арасындағы айырмашылық  $= 10 - 2 = 8$  кварталға тең болар еді, мұның өзі бір кварталға  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен айналғанда 12 ф. ст. болар еді, ал бұрын  $D$  жерінен алынатын ақшалай рента 9 фунт стерлингке тең болатын. Мұны атап көрсеткен жөн. Егер бір акрға шағып есептейтін болсақ, онда әрқайсысы  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен болатын екі қосымша капиталдан алынатын қосымша пайда нормасының азаюына қарамастан, рента  $33\frac{1}{3}\%$ -ке жоғарылаған болар еді.

Жалпы алғанда дифференциалдық рентаның, әсіресе I формасымен бірге II формасының қандай аса күрделі қымқиғаш жағдайлар туғыза алатыны осыдан көрініп тұр, ал оның бер жағында Рикардо, мәселен, мұны бүтіндей бір жақты әрі қарапайым зат ретінде түсіндіреді. Ілгеріде келтіріліп өткеніндей, тәртіптеуші рынок бағасының төмендейтін және сонымен бірге құнарлы жерлерде рентаның көбейетін жағдайлары болады, сөйтіп абсолюттік өнім де, абсолюттік қосымша өнім де өседі. (Төмендеу жолындағы I дифференциалдық рента жағдайында относительдік қосымша өнім, сол себептен бір акрдан алынатын рента да өсе алады, бірақ бір акрдан алынатын абсолюттік қосымша өнім сол қалпында қалады немесе тіпті кемиді.) Бірақ сонымен бірге жұмсалған капиталдың өнімділігі азаяды, капиталдың едәуір бөлегі неғұрлым құнарлы жерлерге жұмсалғанына қарамастан, ол сол бір жерге бірінен кейін бірі жұмсалады. Егер бір көзқарас тұрғысы-

нан — өнім мөлшері мен өндіріс бағасы тұрғысынан — қарайтын болсақ, еңбек өнімділігі артты. Бірақ басқа бір көзқарас тұрғысынан қарағанда ол төмендеді, өйткені нақ сол бір жерде капиталды түрліше жұмсағанда бір акрға келетін қосымша пайданың нормасы мен қосымша өнім азайды.

Капитал бірінен кейін бірі жұмсалғанда өнімділігі төмендей беретін жағдайдағы II дифференциалдық рента капитал тек нашар *A* жеріне жұмсалғанда ғана өндіріс бағасының өсуімен және өнімділігінің абсолютті төмендеуімен сөзсіз байланысты болған болар еді. Егер  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсаған жағдайда өндіріс бағасы 3 ф. ст. болатын I квартал берген *A* жерінің бір акры тағы да  $2\frac{1}{2}$  ф. ст., яғни барлығы 5 ф. ст. жұмсаған жағдайда жалпы алғанда небәрі  $1\frac{1}{2}$  квартал беретін болса, онда әлгі  $1\frac{1}{2}$  кварталдің өндіріс бағасы 6 фунт стерлингке, сол себепті бір кварталдің өндіріс бағасы 4 фунт стерлингке тең болады. Капиталды көптеп жұмсаған кезде өнімділігінің кез келген төмендеуі бұл арада бір акрдан алынатын өнімнің относителді төмендеуі болып шығар еді, ал енді жақсы категориялардағы жерде өнімділіктің осылайша төмендеуі қосымша түсетін қосымша өнімнің азаюы ғана болып табылады.

Бірақ істің өз табиғаты жөнінен алғанда интенсивті егіншілік, яғни сол бір жерде капиталдың бірінен кейін бірі жұмсалуды көбінесе немесе едәуір дәрежеде жақсы жерлерде өрістейді. (Біз бұл арада осы уақытқа дейін өндеуге жарамсыз болып келген жерлерді өндеуге жарамды жерлерге айналдыратын үнемі жүргізілетін жақсарту жұмыстарын айтып отырған жоқпыз.) Сондықтан бірінен кейін бірі жұмсалатын капиталдың кеми беретін өнімділігі көбінесе осы жоғарыда көрсетілгендей байқалатын болады. Соның өзінде жақсы жердің таңдап алынатын себебі — мұндай жер капиталды пайдамен жұмсауға барынша көп мүмкіндік береді, өйткені онда құнарлылықтың пайдаланылуы ғана қалатын табиғи элементтері барынша көп болады.

Астық туралы заңдардың күшін жойғаннан кейін Англиядағы егіншілік онан сайын интенсивті бола түскен кезде бұрын бидай егіліп келген көп жерлер басқа мақсаттарға пайдаланылды, атап айтқанда жайылымдарға айналдырылды; керісінше, бидай егуге анағұрлым жарамды деген құнарлы жерлер құрғатылып, басқаша жақсартылды; бидай өсіру үшін пайдаланылатын капитал біршама шағын жер көлеміне шоғыландырылды.

Мұндай жағдайда, — жақсы жердің қосымша өнімінің барынша көп мөлшері мен рента бермейтін *A* жері өнімінің мөлшері арасындағы қосымша пайданың мүмкін болатын

нормаларының бәрі бұл арада бір акрдан алынатын қосымша өнімнің относительдік емес, абсолюттік өсуіне сай келеді, — жаңадан құралған қосымша пайда (потенциалдық рента) бұрынғы орта пайданың рентаға айналған бөлегі (өнімнің бұрын орта пайда болған бөлегі) емес, қосымша түсетін қосымша пайда болып табылады, ал бұл пайда осы формасынан рентаға айналады.

Керісінше, астыққа деген сұраныс соншалық өсіп, рынок бағасы *A* жеріндегі өндіріс бағасынан асып түскен, сол себепті *A*, *B* жерлерінен немесе жердің басқа қайсыбір категориясынан алынған қосымша өнімді 3 фунт стерлингтен гөрі қымбатырақ бағаға сатып алуға болатын жағдайда ғана, — тек осындай жағдайда ғана *A*, *B*, *C*, *D* жерлерінің қайсыбіріне қосымша капитал жұмсағаннан түсетін өнімнің азаюы өндіріс бағасы мен тәртіптеуші рынок бағасының өсуіне ұрындырған болар еді. Осындай болған соң мұндай жағдай біршама ұзақ уақыт бойына сақталар еді, *A* жерін (ең болмағанда *A* жерінің сапасындай сапасы бар жерді) қосымша өндеуді туғызбас еді және тегі ешқандай басқа ықпалдар астықты неғұрлым арзан бағалармен сатуға ұсыныс жасатқызбас еді, басқа жағдайлары тең болған кезде астықтың қымбаттауы салдарынан жалақы көтерілген болар еді және осыған сәйкес пайда нормасы кеміген болар еді. Мұндай жағдайда өскелең сұраныс *A* жеріне қарағанда сапасы нашар жерді өндеуге қосу жолымен қанағаттандырылды ма немесе жердің төрт категориясының қайсысына болсын бәрібір капиталды қосымша жұмсау жолымен қанағаттандырылды ма, мұның бәрібір болар еді. Пайда нормасының кемуіне байланысты дифференциалдық рента көтерілген болар еді.

Игерілген жерге қосымша жұмсалатын капиталдардың кеми беретін өнімділігі өндіріс бағасының көтерілуіне, пайда нормасының кемуіне және неғұрлым жоғары дифференциалдық рентаың құралуына (өйткені мұндай жағдайда *A* жерінен гөрі нашар жердің енді рынок бағасын тәртіптейтін болатыны сияқты, дифференциалдық рента жердің барлық категорияларында көтерілген болар еді) жеткізуі мүмкін болатын осы бір жағдайды, — осы жағдайды Рикардо бірден-бір жағдайға, қалыпты жағдайға айналдырады, II дифференциалдық рентаың бүкіл құралуын ол әлгі жағдайға апарып саяды.

*A* жері ғана өңделген болса және ол жерге бірінен кейін бірі жұмсалған капитал өнімнің пропорциялы өсуімен ұштасып отырмаса, шын мәнінде осылай болар да еді.

Сонымен, бұл арада, II дифференциалдық рента жағдайында жұрт I дифференциалдық рентаы бүтіндей ұмытады.

Не өңделіп қойған жерлердің өнім ұсынысы жеткіліксіз



болып, сол себептен де жаңа, қосымша, нашар жерлерді өңдеу басталмай тұрғанда рынок бағасы ұзақ уақыт бойы өндіріс бағасынан асып түсетін, не түрлі категориядағы жерлерге жұмсалған қосымша капиталдың бүкіл өнімін бұрынғы өндіріс бағасынан жоғарырақ баға бойынша сату мүмкін болатын осы жағдайдан басқа реттерде,— осы жағдайдан басқа реттерде қосымша капиталдар өнімділігінің относителді кемуі өндірістің тәртіптеуші бағасы мен пайда нормаларына әсер етпейді. Жалпы айтқанда, тағы мынадай үш жағдайдың болуы мүмкін:

а) Егер *A, B, C, D* жерлерінің қайсыбіріне жұмсалған қосымша капитал *A* жеріндегі өндіріс бағасы белгілейтін пайда нормасын ғана берсе, мұның нәтижесінде қосымша пайда, демек, қандай да болса рента құралмайтын болса,— қосымша *A* жері өңделетін болса да нақ сондай қосымша пайда мен рента құралмайды.

б) Егер қосымша капитал көбірек өнім беретін болса, онда тәртіптеуші баға бұрынғы қалпында қалған жағдайда жаңа қосымша пайданың (потенциалдық рента) құралатыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл соңғы жағдай әрдайым бола бермейді, атап айтқанда осы қосымша өндіріс *A* жерін өңделетін жерлердің қатарынан және сонымен бірге жердің бәсекелесуші категорияларының қатарынан да шығарып тастаған жағдайда ол болмайды. Онда тәртіптеуші өндіріс бағасы төмендейді. Жалақы төмендесе немесе неғұрлым арзан өнім тұрақты капиталға элемент болып кірсе, пайда нормасы көбейген болар еді. Жақсы категориялы *C* және *D* жерлерінде қосымша капиталдардың көтеріңкі өнімділігі болатын болса, онда көбейген қосымша пайданың (демек, көбейген рентаның да) құралуы бағаның төмендеуіне және пайда нормасының көбеюіне қаншалықты байланысты болатыны жаңадан жұмсалған капитал өнімділігінің арту дәрежесі мен мөлшеріне ғана байланысты болар еді. Пайда нормасы жалақыны кемітпей-ақ,— тұрақты капиталдың элементтерін арзандату нәтижесінде көбейе алады.

с) Егер қосымша капитал жұмсау кеми беретін қосымша пайда берсе, бірақ дегенмен жұмсалған бұл капиталдың өнімі *A* жеріне жұмсалған нақ сол капиталдың өнімімен салыстырғанда артық өнім қалдыратын болса, онда егер өсе беретін ұсыныс *A* жерін өңделетін жерлердің қатарынан шығарып тастамаса болғаны, барлық жағдайда жаңа қосымша пайда құралады, соның өзінде қосымша пайда *D, C, B, A* жерлерінде бір уақытта құралуы мүмкін. Егер, керісінше, нашар *A* жері өңделетін жерлердің қатарынан шығып қалатын болса, онда өндірістің тәртіптеуші бағасы төмендейді де, ақшамен

бейнеленген қосымша пайданың, демек дифференциалдық рентаның да көбеюі немесе азаюы I кварталдің кеміген бағасы мен қосымша пайда құрайтын кварталер санының өсуі арасындағы қатынасқа байланысты болады. Бірақ қалай дегенмен бұл арада: капиталды бірінен кейін бірін жұмсағаннан алынатын қосымша пайда кеміген кезде өндіріс бағасы бірден қарағанда міндетті түрде қымбаттаудың орнына кеміп кете алатын қызық жағдай байқалады.

Қосымша өнімдері кеми беретін капиталдың осылайша қосымша жұмсалуды өзінің құнарлылығы жөнінен *A* және *B* жерлерінің, *B* және *C* жерлерінің, *C* және *D* жерлерінің арасында тұрған жерлерде, мәселен, тиісінше  $1\frac{1}{2}$  квартал,  $2\frac{1}{3}$ ,  $2\frac{2}{3}$  және 3 квартал беретін жаңадан  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен төрт дербес капитал жұмсалғандағы жағдайға сай келеді де тұрады. Осы жерлердің бәрінде, төрт қосымша капиталға қосымша пайдалар, потенциалдық ренталар құралған болар еді, бірақ тиісінше жақсы жерге жұмсалған бірдей мөлшердегі капиталдың беретінімен салыстырғанда қосымша пайданың нормасы кеміген болар еді. Сонымен бірге осы төрт капитал *D* жеріне және басқа жерге жұмсалды ма, немесе *D* және *A* жерлерінің арасына бөлінді ме, мұның ешқандай келер-кетері болмас еді.

Енді біз дифференциалдық рентаның екі формасы арасындағы елеулі айырмашылыққа тоқталмақпыз.

Әңгіме I дифференциалдық рента туралы болғанда өндіріс бағасы өзгермейтін және (түрлі жерлердің өнімдері арасындағы) айырма өзгермейтін жағдайда рентаның жалпы сомасымен бірге бір акрден алынатын орта рента немесе капиталдан алынатын рентаның орта нормасы артуы мүмкін. Бірақ орта рента дегеніміз абстракция ғана. Рентаның бір акрға немесе капиталға шаққандағы шын дәрежесі бұл арада бұрынғы күйінде қалады.

Керісінше, нақ осындай жағдайларда рентаның бір акрға шаққандағы дәрежесі артуы мүмкін, бірақ жұмсалған капиталға шаққанда рента нормасы бұрынғы күйінде қалады.

*A*, *B*, *C*, *D*, жерлерінің әрбір категориясына  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен емес, 5 фунт стерлингтен, яғни жалпы алғанда 10 фунт стерлингтің орнына 20 ф. ст. капитал жұмсаудың нәтижесінде өндіріс екі есе өсті дейік, соның өзінде жердің относительдік құнарлылығы бұрынғы қалпында қалады делік. Мұның өзі жердің осы категорияларының әрқайсысының 1 акры орнына 2 акры өңделгендегісінің дәл өзіндей болып шығар еді, ал шығын бұрынғы күйінде қалады. Пайда нормасы, сондай-ақ оның қосымша пайдаға немесе рентаға қатынасы өзгермеген болар еді. Ал *A* жері енді 2 квартал, *B* жері — 4,

*С* жері — 6, *D* жері — 8 квартал берсе де, өндіріс бағасы бұрынғысынша бір кварталіне 3 фунт стерлингке тең болар еді, өйткені бұл өсім бұрынғы капитал жағдайында жер құнарлылығының екі есе артуы арқасында емес, қайта капиталдың екі есе өсуі жағдайында жердің бұрынғы құнарлылығы арқасында алынды. *A* жерінен алынатын осы 2 квартал бұрын 1 кварталдің 3 фунт стерлинг тұрғаны сияқты енді 6 ф. ст. тұрар еді. Жердің төрт категориясының бәрінен алынатын пайда екі есе өскен болар еді, бірақ сонда да жұмсалған капитал екі есе өскендіктен ғана көбейер еді. Рента да екі есе өсіп, жаңағыдай көбейген болар еді; рента *B* жері үшін 1 кварталдің орнына 2 кварталге, *C* жері үшін 2 кварталдің орнына 4 кварталге, *D* жері үшін 3 кварталдің орнына 6 кварталге тең болып, осыған сәйкес ақша рентасы *B*, *C*, *D*, жерлері үшін 6 фунт стерлингке, 12 фунт стерлингке, 18 фунт стерлингке тең болар еді. Бір акрдан алынатын өнім сияқты бір акрға шаққандағы ақша рентасы да, демек, осы ақша рентасы капиталданатын жер бағасы да екі есе өскен болар еді. Осындай есепке сәйкес, астықтай және ақшалай ренталар, демек, жердің бағасы да өседі, өйткені жердің бағасы өлшенетін көлем — акр тұрақты мөлшердегі жер көлемі болып табылады. Керісінше, рентаның нормасында, яғни рентаның жұмсалған капиталға қатынасында ешқандай өзгеріс болған жоқ. 36 ф. ст. мөлшеріндегі рентаның жалпы сомасының 20 ф. ст. мөлшеріндегі жұмсалған капиталға қатысы бар, сондай-ақ 18 ф. ст. мөлшеріндегі рентаның жалпы сомасының 10 ф. ст. мөлшеріндегі жұмсалған капиталға қатысы бар. Әрбір категориядағы жерден алынатын ақшалай рентаның сол жерге жұмсалған капиталға қатынасы үшін де нақ осылай болады: мәселен, бұрын 6 ф. ст. рента  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталға қалай қатысты болса, *C* жерінен алынатын 12 ф. ст. рентаның 5 ф. ст. капиталға қатынасы бар. Соның өзінде жұмсалған капиталдар арасында жаңа айырмашылықтар құралмайды, бірақ мына себептен ғана жаңа қосымша пайдалар құралады: қосымша капитал рента беретін қайсыбір жерге немесе жерлердің бәріне жұмсалады да, өз мөлшеріне пропорциялы келетін бұрынғы өнімді береді. Егер, мәселен, *C* жеріне ғана капитал екі есе көп жұмсалған болса, онда *C*, *B* және *D* жерлері арасындағы жұмсалған капиталға шаққандағы дифференциалдық рента бұрынғы күйінде қалған болар еді, өйткені *C* жерінен алынатын рентаның мөлшері екі есе өскенімен жұмсалған капитал да екі есе көбейер еді.

Өндіріс бағасы өзгермейтін, пайда нормасы өзгермейтін және [түрлі жерлердің өнімдері арасындағы] айырмалар өзгермейтін жағдайда (сол себептен капитал жөнінде алғанда қосымша пайданың немесе рентаның нормасы өзгермейтін

жағдайда) бір акрдан алынатын, өнім және ақша арқылы бейнеленетін рента дәрежесінің, демек, жер бағасының да жоғарылау мүмкіндігі осыдан айқын көрінеді.

Қосымша пайда нормалары, демек, рента нормалары да кеми беретін жағдайда да, яғни әлі рента беріп жүрген қосымша жұмсалған капиталдың өнімділігі кеми беретін жағдайда да осындай болуы мүмкін. Егер  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. мөлшеріндегі капиталды екінші рет жұмсау өнімді екі есе өсіріп бермесе, ал  $B$  жерінде небәрі  $3\frac{1}{2}$  квартал  $C$  жерінде — 5 және  $D$  жерінде — 7 квартал берсе, онда  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. мөлшеріндегі капиталды екінші рет жұмсағанда  $B$  жерінен алынатын дифференциалдық рента 1 кварталдің орнына небәрі  $\frac{1}{2}$  квартал,  $C$  жерінде 2 кварталдің орнына 1 квартал және  $D$  жерінде 3 кварталдің орнына 2 квартал болар еді. Капиталды бірінен кейін бірін жұмсағанда рента мен капиталдың қатынасы мынадай болар еді:

	Бірінші жұмсалуды	Екінші жұмсалуды
B:	рента 3 ф. ст. капитал $2\frac{1}{2}$ ф. ст.	Рента $1\frac{1}{2}$ ф. ст. капитал $2\frac{1}{2}$ ф. ст.
C:	» 6 » » » $2\frac{1}{2}$ » »	» 3 » » » $2\frac{1}{2}$ » »
D:	» 9 » » » $2\frac{1}{2}$ » »	» 6 » » » $2\frac{1}{2}$ » »

Капиталдың өнімділігі нормасының, сол себептен капитал жөнінде алғанда қосымша пайданың да осылайша біршама төмендегеніне қарамастан, астықтай және ақшалай рента  $B$  жері үшін 1 кварталден  $1\frac{1}{2}$  кварталге (3 фунт стерлингтен  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке) дейін,  $C$  жері үшін 2 кварталден 3 кварталге (6 фунт стерлингтен 9 фунт стерлингке) дейін және  $D$  жері үшін 3 кварталден 5 кварталге (9 фунт стерлингтен 15 фунт стерлингке) дейін өскен болар еді. Мұндай жағдайда  $A$  жеріне жұмсалған капиталмен салыстырғанда қосымша капиталдардың айырмасы азайған болар еді, өндіріс бағасы бұрынғы күйінде қалар еді, бірақ бір акрдан алынатын рента, демек, бір акр жердің бағасы да өскен болар еді.

Ал өзінің негізіне I дифференциалдық рентаны алатын II дифференциалдық рентаның әрекет жағдайларына келетін болсақ, олар мынадай.

## ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ТАРАУ

II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА.— БІРІНШІ ЖАҒДАЙ:  
ӨНДІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ БАҒАСЫ

Бұл жағдай рынок бағасын бұрынғысынша ең нашар *A* жеріне жұмсалған капитал тәртіптеп отыруын керек етеді.

I. Егер рента беретін *B*, *C*, *D* жерлерінің қайсыбіріне жұмсалған қосымша капитал *A* жеріне жұмсалған дәл сондай капитал қаншама өндірсе, соншама ғана өндіретін болса, яғни егер өндірістің тәртіптеуші бағасы болған жағдайда ол орта пайда ғана беріп, сонымен ешқандай қосымша пайда бермейтін болса, онда оның рентаға жасайтын түк ықпалы болмайды. Бәрі бұрынғысынша қалады. Мұның өзі ең нашар *A* жерінің неше акры болса да қазірдің өзінде өнделіп қойған жер көлеміне қосылғанымен бара-бар болады.

II. Барлық категориядағы жерлерге жұмсалған қосымша капиталдар осы капиталдардың мөлшеріне пропорциялы болатын қосымша өнімдер өндіреді, яғни өндіріс әрбір категориядағы жердің өзіне тән құнарлылығына байланысты, қосымша капитал мөлшеріне пропорциялы түрде өседі. XXXIX тарауда біздің негізге алғанымыз мынадай I кесте болған еді:

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>A</i> .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1/2	3	1	3	3	0	0	0
<i>B</i> .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1/2	3	2	3	6	1	3	120 %
<i>C</i> .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1/2	3	3	3	9	2	6	240 %
<i>D</i> .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1/2	3	4	3	12	3	9	360 %
Жиыны .....	4	10	—	12	10	—	30	6	18	—

Енді бұдан мынау шығады:

II КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайла ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім қвартер	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента қвартер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
A .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	2	3	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	4	3	12	2	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	6	3	18	4	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	8	3	24	6	18	360%
	4	20	—	—	20	—	60	12	36	—

Бұл жағдайда жердің әрбір категориясына капиталды кестеде көрсетілгеніндей екі есе мөлшерде жұмсаудың қажеті жоқ. Рента беретін жердің қандай да болсын бір немесе бірнеше категориясына қайсыбір пропорцияда қосымша капитал жұмсалды-ақ болды, заң бұрынғы күйінде қала береді. Жалғыз-ақ осы жерлердің бәрінде өндіріс капитал өскен қатынастағыдай өсуі қажет. Бұл арада рента жерге жұмсалған капиталдың өсуі арқасында ғана және капиталдың осы өсуіне сәйкес артады. Жұмсалған капиталдың көбеюі нәтижесі ретінде және соған пропорциялы түрде өнім мен рентаның бұлай өсуінде сапа жағынан бірдей рента келтіретін жер участоктарының өңделетін көлемі ұлғайған кездегіден өнім мөлшері жөнінен де, рента мөлшері жөнінен де ешбір айырма болмайды, сондықтан сапасы сондай жер участоктарының өңделуіне бұрын қанша капитал жұмсалса бұған да сондай капитал жұмсалып өңделе береді. II кесте бейнелеген жағдайда, мәселен, бір акрадағы  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. мөлшеріндегі қосымша капитал B, C және D жерлерінің екінші акрларына жұмсалған болса, нәтиже тап сондай болар еді.

Онан соң, бұл мысал капиталдың қайсыбір өнімдірек жұмсалуды шарт етпейді, қайта осы уақытқа дейінгідей сол жер көлеміне және сондай нәтижелермен капиталдың көбірек жұмсалуды ғана шарт етеді.

Бұл арада относительдік мөлшерлердің бәрі бұрынғы қалпында қалады. Әрине, относительдік айырмашылықтарды емес, қайта таза арифметикалық айырмашылықтарды алып қарайтын болсақ, онда жердің түрлі категорияларынан алы-

натын дифференциалдық рентаның өзгеруі мүмкін. Мәселен, қосымша капитал  $B$  және  $D$  жерлеріне ғана жұмсалды делік. Мұндай жағдайда  $D$  және  $A$  жерлерінің өнімі арасындағы айырма 7 кварталге тең болады; бұрын бұл айырма 3 кварталге тең болған еді;  $B$  және  $A$  жерлерінің өнімі арасындағы айырма 3 кварталге тең болады; бұрын 1 кварталге тең болған еді;  $C$  және  $B$  жерлерінің өнімі арасындағы айырма 1 квартал кем болады; бұрын 1 квартал көп болған еді т. б. Бірақ мұның өзі 1 дифференциалдық рента жағдайында шешуші маңызы болатын арифметикалық айырма, өйткені жұмсалған капиталдың мөлшері бірдей болған кезде бұдан өнімділіктегі айырмашылық көрінеді; ал әлгі арифметикалық айырманың бұл жағдайда ешқандай маңызы жоқ, өйткені оның өзі түрлі қосымша капитал жұмсаудың нәтижесі ғана болып табылады, оның бір жағында түрлі участоктерге жұмсалатын капиталдың әрбір бірдей бөлегі үшін айырмашылық өзгермейді.

III. Қосымша капиталдар қосымша өнім береді, сол себептен де қосымша пайдалар береді, бірақ қосымша капиталдың өсуіне пропорциялы емес, кеми түсетін норма бойынша береді.

## III КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартал	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астыңай рента квартал	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
$A$ .....	1	$2\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	3	1	3	3	0	0	0
$B$ .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$2+1\frac{1}{2}=3\frac{1}{2}$	3	$10\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$	$4\frac{1}{2}$	90%
$C$ .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$3+2=5$	3	15	3	9	180%
$D$ .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$4+3\frac{1}{2}=7\frac{1}{2}$	3	$22\frac{1}{2}$	$5\frac{1}{2}$	$16\frac{1}{2}$	330%
	—	$17\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	21	17	—	51	10	30	—

Сонымен бірге екінші рет біркелкі немесе әркелкі жұмсалған қосымша капиталдар түрлі категориялы жерлерге келе ме, жоқ па; қосымша пайда өндіру бірдей немесе әр түрлі қатынаста азая ма; қосымша капитал рента беретін нақ сол бір жерге жұмсала ма, немесе рента беретін, түрлі сапалы жерлердің арасында біркелкі яки әркелкі бөліне ме, мұның әлгі үшінші жорамалда тағы да бәрібір болады. Бұл жағдайлар-

дың бәрінің өзіміз шығаратын заң үшін ешқандай маңызы болмайды. Біз жасайтын бірден-бір жорамал мынау: қандай да болсын категориядағы рента беретін жерге жұмсалған қосымша капитал қосымша пайда береді, бірақ капиталдың көбею дәрежесімен салыстырғанда кеми түсетін пропорцияда қосымша пайда береді. Бұл кемудің шектері біздің алдымыздағы кестедегі мысалдарда көрсетілген ең жақсы *D* жеріне бірінші рет жұмсалған капиталдың өнімі 4 квартал = 12 ф. ст. пен ең нашар *A* жеріне нақ солай жұмсалған капиталдың өнімі 1 квартал = 3 ф. ст. арасында ауытқып тұрады. 1 капиталды жұмсаған жағдайда жақсы жердің өнімі ең жоғары шек болады, ал рента бермейтін, капиталды бірдей жұмсағанда ешқандай қосымша пайда бермейтін ең нашар *A* жерінің өнімі өнімнің ең төменгі шегі болып табылады; бұл өнім капиталды бірінен кейін бірін жұмсаған кезде өнімділігі кеми беретін жағдайда қосымша пайда беретін жерлерге капиталды бірінен кейін бірін жұмсаудан алынады. Егер II жорамал сапасы жөнінен бірдей жақсы категориялы жаңа жер участоктері өңделетін жер көлеміне қосылатын, өңделген жердің қайсыбір категориясының саны өсетін жағдайға сай келетін болса, онда III жорамал құнарлылығының түрлі дәрежесі *D* және *A* жерлерінің арасында, жақсы жер мен нашар жердің құнарлылығы арасында бөлінетін қосымша жер участоктері өңделетін жағдайға сай келеді. Егер капитал бірінен кейін бірі тек қана *D* жеріне жұмсалатын болса, онда бұдан *D* және *A* жерлері арасындағы, онан соң *D* және *C* жерлері арасындағы, сондай-ақ *D* және *B* жерлері арасындағы айырмашылықтар көрінуі мүмкін. Ал егер капиталдың бәрі *A* жеріне жұмсалатын болса, онда бұдан *C* және *A* немесе *B* жерлері арасындағы айырмашылықтар ғана көрінуі мүмкін; егер *B* жеріне жұмсалатын болса, онда *B* және *A* жерлері арасындағы айырмашылықтар ғана көрінуі мүмкін.

Бірақ заң мынадай: осы категориялардың бәріндегі жерлерден алынатын рента абсолютті түрде өседі, бірақ өскенде де қосымша жұмсалған капиталға пропорциялы түрде өспейді.

Қосымша капитал жөнінде алғанда да, сондай-ақ жерге жұмсалған бүкіл капитал жөнінде алғанда да қосымша пайда нормасы кемиді; бірақ қосымша пайданың абсолюттік мөлшері өседі; жұмсалған капиталдан алынатын пайда нормасының кемуі тегі көбінесе пайданың абсолюттік мөлшері өсуімен байланысты болатындығының тап өзіндей. Мәселен, *B* жеріне жұмсалған капиталдан алынатын қосымша пайданың орта нормасы капиталға шаққанда 90%-ке тең болады, ал оның бер жағында капиталды алғаш рет жұмсағанда ол 120%-ке тең болған еді. Бірақ жиынтық қосымша пайда 1 кварталден



1½ кварталге дейін және 3 фунт стерлингтен 4½ фунт стерлингке дейін өседі. Авансыланған капиталдың екі есе өскен мөлшері жөнінде емес, өз-өзінен алғанда бүкіл рента абсолютті түрде өсті. Жердің түрлі категорияларының ренталары арасындағы айырмашылық пен олардың бір-біріне қатынасы бұл арада өзгеруі мүмкін; бірақ айырмашылықтың бұл өзгеруі ренталардың бір-бірі жөнінде өсуінің себебі емес, салдары болып табылады.

IV. Жақсы жерлерге жұмсалған қосымша капитал алғашқы жұмсалғандағыларына қарағанда өнім мөлшерін көбірек беретін жағдай онан әрі талдауды керек етпейді. Осылай деп есептеген жағдайда бір акрдан алынатын рентаның өсетіндігі, жердің қандай да болсын категориясына жұмсалған қосымша капиталға қарағанда көбірек пропорцияда өсетіндігі өзінен-өзі түсінікті. Мұндай жағдайда қосымша капитал жұмсау жерді жақсартумен ұштастырылады. Азырақ капиталды қосымша жұмсау көбірек капиталды бұрын қосымша жұмсағандағыдай немесе одан да көбірек әсер ететін жағдайлар да осыған жатады. Бұл жағдай бұрынғы жағдаймен онша барабар емес, оның бержағында олардың арасындағы айырмашылықтың капитал жұмсаудың барлық жағдайында зор маңызы бар. Мәселен, егер 100 өлшем 10 өлшем пайда, ал 200 өлшем, белгілі формада жұмсалған жағдайда, 40 өлшем пайда берсе, онда пайда 10%-тен 20%-ке дейін өскен болады, ал мұның өзі неғұрлым тиімді формада жұмсалған жағдайда, 50 өлшемнің 5 өлшем орнына 10 өлшем пайда бергенімен барабар болып шығады. Бұл арада біз пайданың өсуі өнімнің тиісінше өсуімен байланысты болады деп есептедік. Бірақ айырмашылық мынада: бір жағдайда мен капиталды екі есе өсіруге тиіспін, ал екінші жағдайда мен бұрынғы капиталды жұмсаған кезде екі есе тиімді нәтиже аламын: 1) бұрынғы өнім жанды және затқа айналған еңбектің бұрынғы мөлшерінің жартысын жұмсаған жағдайда өндіріле ме немесе 2) екі есе өскен өнім бұрынғы еңбек мөлшерін жұмсаған жағдайда өндіріле ме, не болмаса 3) төрт есе өскен өнім екі есе өскен еңбек жұмсаған жағдайда өндіріле ме, бұл тіпті де бәрібір емес. Бірінші жағдайда еңбек — жанды еңбек немесе затқа айналған еңбек формасында — ауысып қалады, оны басқа әдіспен пайдалануға болады; еңбек пен капиталды пайдалану мүмкіндігі көбейеді. Капиталдың (және еңбектің) ауысуы өзінен өзін алып қарағанда байлықтың өсуі деген сөз; мұның өзі әлгі қосымша капиталдың қорлану арқылы алынғандағысындай әсер етеді, бірақ ол қорлану еңбегін сақтап қалады.

100 өлшем капитал [өндіріс бағасын жасайтын] 10 метр өнім өндірді дейік. 100 өлшемде тұрақты капитал да, сондай-

ақ жанды еңбек пен пайда да болады. Сөйтіп, бір метрі 10 өлшем тұрады. Егер енді мен 100 өлшем мөлшеріндегі сол капиталдың көмегімен 20 метр өндіре алатын болсам, онда бір метрі 5 өлшем тұрады. Егер, керісінше, мен 50 өлшем капиталмен 10 метр өндіре алатын болсам, онда бір метрі жаңағыдай 5 өлшем тұрады, оның бер жағында товардың бұрынғы ұсынылуы жеткілікті болған жағдайда 50 өлшем мөлшеріндегі капитал ауысып қалады. Егер мен 40 метр өндіру үшін 200 өлшем капитал жұмсауға тиіс болсам, онда бір метрі жаңағыдай 5 өлшем тұратын болады. Құнын, сондай-ақ бағасын белгілеу де бұл арада қайсыбір айырмашылықты, сондай-ақ өнім жиынының авансыланған капиталға қатынасын аңғаруға онша мүмкіндік бермейді. Бірақ бір жағдайда капитал босайды; екінші жағдайда өнімді екі есе көбейту керек болғанда қосымша капитал сақталады; үшінші жағдайда өнімнің көп мөлшерін бұрынғы өндіргіш күші тұсында даярлау үшін керек болатын пропорцияда болмаса да, авансыланған капитал көбейген кезде ғана көбейген өнім алуға болады. (I бөлімге жатады.)

Қосымша құнның өсуін емес, өндіріс шығынының кемуін еске алғанда,— ал шығынды қосымша құнды құрайтын элементке, еңбекке кеміткеннің өзінде капиталистің өндіріс шығынын азайтады және өндірістің тәртіптеуші бағасы бұрынғы қалпында тұрғанда оған пайда береді,— капиталистік өндіріс тұрғысынан алғанда өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталды жұмсау әрдайым арзанырақ болады. Шын мәнінде мұның өзі капиталистік өндіріс әдісіне сай келетін кредиттің дамуын және қарыз капиталының мол болуын керек етеді. Бір жағынан, егер 5 жұмысшының бір жыл ішіндегі өнімі 100 ф. ст. болса, мен 100 ф. ст. қосымша тұрақты капитал жұмсаймын; екінші жағынан — өзгермелі капитал түрінде 100 ф. ст. жұмсаймын. Егер қосымша құн нормасы 100%-ке тең болса, онда 5 жұмысшы өндірген құн 200 фунт стерлингке тең болады; керісінше, 100 ф. ст. тұрақты капиталдың құны 100 фунт стерлингке тең, ал капитал ретінде процент ставкасы 5% болса, ол 105 фунт стерлингке тең болады. Тұрақты капиталдың құны ретінде немесе өзгермелі капиталдың құны ретінде өндіру үшін авансылануына қарай сол бір ақша сомасы, егер оның өнімін алып қарайтын болсақ, барынша әр түрлі құндарды бейнелейді. Онан соң, капиталистің тұрғысынан алғанда товарлардың өндіріс шығынына келетін болсақ, онда айырмашылық тағы мынада: негізгі капиталға жұмсалғандығы себепті, әлгі 100 ф. ст. тұрақты капиталдан товардың құнына тозуы ғана кіреді, ал оның бер жағында жалақыға жұмсалған 100 ф. ст. түгелдей орнына келтірілуге тиіс.

Ешқандай капиталы жоқ немесе жоғары процент нарқымен төлегенде ғана капиталы бола алатын отаршылардың және тегі дербес ұсақ өндірушілердің жалақыға сай келетін өнімінің бір бөлегі олардың табысы болады, ал капиталистер үшін ол капиталдың алдын ала жұмсалуды болып табылады. Сондықтан біріншісі еңбекті әлгіндей жұмсауға еңбек өнімін өндірудің қажетті шарты ретінде қарайды; ең алдымен көзделетіні де осы. Ал оның қажетті еңбектің сыртында жұмсайтын қосымша еңбегіне келетін болсақ, онда ол, әрине, қосымша өнімде жүзеге асады; ал оны ол сата алатын немесе өз басы тұтына алатын болғандықтан, ол бұл өнімге өзіне тегін келген өнім ретінде қарайды, өйткені ол затқа айналған еңбекке алынған жоқ. Тек затқа айналған еңбектің жұмсалуды ғана оған байлықтың қолдан шығуы болып табылады. Ол, әрине, мүмкін болғанынша қымбатқа сатуға тырысады; бірақ құнынан төмен және капиталистік өндіріс бағасынан төмен сатудың да ол үшін әлі пайдалық маңызы бар, бірақ әлгі пайда берешекке, қарызға, т. б. өтеліп кетпейтін болса. Керісінше, капиталистер үшін өзгермелі капиталдың да, тұрақты капиталдың да жұмсалуды бірдей дәрежеде капиталдың алдын ала жұмсалуды болып табылады. Тұрақты капиталдың авансқа относителді көп жұмсалуды басқа жағдайлардың бәрі бірдей болғанда, өндіріс шығынын, сондай-ақ товарлардың шын мәнісіндегі құнын да кемітеді. Сондықтан, пайда қосымша еңбектен ғана, демек, өзгермелі капиталды жұмсаудан ғана алынатын болса да, дегенмен жеке капиталиске жанды еңбек өндіріс шығынының неғұрлым қымбат элементі, оны барынша азайтуы керек болып көрінеді. Мұның өзі жанды еңбекке қарағанда бұрынғы еңбектің көбірек қолданылуының қоғамдық еңбектің өнімділігін арттырып, қоғамдық байлықты көбейтетін ақиқатты капиталистік тұрғыдан бұрмалау формасы ғана. Бәсеке тұрғысынан бәрі қалай жалған, басынан аяғына дейін өңін айналдырып көрсетеді екен десеңізші!

Тұрақты өндіріс бағасы жағдайында жақсы жерлерде, яғни *B* жерінен бастап және онан жоғары жерлердің бәрінде капитал тұрақты, өсе беретін немесе кеми беретін өнімділікпен қосымша жұмсалуды мүмкін. *A* жерінде өндірістің өзіміз жорамалдаған тұрақты бағаларының сақталуы не *A* жері бұрынғысынша рента бермейтін бұрынғы өнімділік жағдайында ғана, не өнімділік артқан жағдайда ғана мүмкін болар еді; мұндай жағдайда *A* жеріне жұмсалған капиталдың бір бөлегі рента берер еді де, екінші бөлегі оны бермес еді. Бірақ *A* жерінде өндіргіш күші азаяды деп жорамалдаған жағдайда бұл мүмкін болмас еді, өйткені мұндай жағдайда өндіріс бағасы бұрынғы қалпында қалмай, қымбаттаған болар еді. Бі-

рақ осы жағдайлардың бәрінде де, яғни қосымша шығындар жұмсап алынатын қосымша өнім олардың мөлшеріне пропорциялы бола ма, ол әлгі пропорциядан жоғары бола ма немесе төмен бола ма,— сол себептен капитал өскен жағдайда одан алынатын қосымша пайда нормасы сол күйінде қала ма, ол жоғарылай ма немесе төмендей ме бәрібір,— бір акрдан алынатын қосымша өнім және оған сай келетін қосымша пайда өседі, демек, астықтай рента да, сондай-ақ ақшалай рента да өсуі мүмкін. Бір акрға шаққанда қосымша пайда жиынының, тиісінше рентаның жай ғана өсуі, яғни қайсыбір тұрақты өлшемге, бұл арада, демек, жердің қайсыбір белгілі көлеміне, акрға немесе гектарға шаққанда қосымша пайда жиынының көбеюі осы ретте өсе беретін пропорция болып көрінеді. Сондықтан мұндай жағдайда жерге жұмсалған капиталдың жай ғана өсуі нәтижесінде бір акрдан алынатын рента өседі. Ал мұның өзі өндірістің өзгермейтін бағалары жағдайында болады, сол себептен де, керісінше, қосымша капитал өнімділігінің бұрынғы күйінде қалу-қалмауының, оның азаюының немесе көбеюінің келер-кетері болмайды. Бұл соңғы жағдайлар бір акрдан алынатын рентаның өсу мөлшерін өзгертеді, бірақ әлгі өсу фактісінің өзін өзгертпейді. Бұл — ІІ дифференциалдық рентаға тән және оны І дифференциалдық рентадан ажырататын құбылыс. Егер капитал бірінен кейін бірі, сол бір жерге, уақыт жөнінен бірінен кейін бірі емес, қайта кеңістікке бірінен кейін бірі, бірімен бірі қатар, тиісті сападағы жердің жаңа қосымша участоктеріне қосымша жұмсалатын болса, онда рентаның жалпы жиыны, сондай-ақ бұрын көрсетіліп өткеніндей, өнделетін бүкіл жер көлемінен алынатын орта рента өскен болар еді, бірақ бір акрдан алынатын рентаның дәрежесі өспес еді. Бүкіл өндіріс пен қосымша өнімнің жиыны мен құны ескерілетін болғандықтан, нәтиже өзгеріссіз болған жағдайда капиталды көлемі аз жер көлеміне шоғырландыру бір акрдан алынатын рента мөлшерін көбейтеді, ал оның бер жағында сол капиталды көлемі үлкен жер көлеміне шашыратып жіберу басқа жағдайларының бәрі бірдей болғанда әлгіндей әсер етпейді. Бірақ капиталистік өндіріс әдісі неғұрлым дамыған сайын сол бір жер көлеміне капитал соғұрлым көбірек шоғырландырылады, демек, бір акрға шаққанда алынатын рента соғұрлым өседі. Сонымен, өндіріс бағасы бірдей, жерлерінің арасындағы айырмашылығы бірдей болатын және бірдей мөлшердегі капитал жиыны жұмсалған, бірақ бір елде капитал шектеулі жер көлеміне көбінесе бірінен кейін бірі жұмсалған, ал екінші елде капитал неғұрлым кең көлемді жер көлеміне үйлескен түрде жұмсалған өкі елді алатын болсақ, онда бір акрдан алынатын рента, сол себептен жер бағасы

да бірінші елде жоғары, ал екінші елде төмен болар еді, бірақ екі елде де рентаның жиыны бірдей болар еді. Демек, бұл арада рентаның дәрежесіндегі айырмашылықты сапасы түрліше жерлердің табиғи құнарлылығының айырмашылығымен және жұмсалған еңбектің мөлшерімен емес, қайта бүтіндей капитал жұмсаудың түрліше тәсілімен түсіндіруге болатын еді.

Біз бұл арада қосымша өнім туралы айтқанымызда, әрдайым осы арқылы өнімнің қосымша пайда болатын тиісті бөлегі айтылады. Тегі қосымша өнім немесе қосалқы өнім деп біз өнімнің бүкіл қосымша құнды көрсететін бөлегін, ал жеке жағдайларда — өнімнің орта пайданы көрсететін бөлегін айтамыз. Рента әкелетін капитал туралы әңгіме болатын жағдайларда бұл ұғымға берілетін сипатты маңыз, ілгері көрсетіліп өткеніндей, түсініспеушілікке түрткі болады.

ҚЫРЫК ЕКІНШІ ТАРАУ

**II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА.— ЕКІНШІ ЖАҒДАЙ:  
КЕМИ БЕРЕТІН ӨНДІРІС БАҒАСЫ**

Егер өнімділік нормасы өзгермейтін, кеми беретін немесе өсе беретін жағдайда капитал қосымша жұмсалатын болса, өндіріс бағасының төмендеуі мүмкін.

1. *Қосымша жұмсалатын капиталдың өнімділігі өзгермейтін жағдайда.*

Демек, бұл жағдай түрлі жерлердегі өнім мөлшері сол жерлердің сапасына сәйкес өздеріне жұмсалған капиталдың өсу дәрежесіне қарай өсуін керек етеді. Мұның өзі жерлердің арасындағы өзгермейтін айырмашылықтар жағдайында қосымша өнімнің жұмсалған капиталдың өсуіне пропорциялы түрде өсуін керек етеді. Демек, бұл жағдай  $A$  жеріне қосымша жұмсалған капиталдың дифференциалдық рентаға қандай да болсын әсер етуін керек етпейді. Бұл жерде қосымша пайда нормасы 0-ге тең болады; демек, ол 0-ге тең болып қала береді, өйткені біз қосымша капиталдың өндіргіш күші, сол себепті қосымша пайданың нормасы да өзгермейді деп шама-лаған болатынбыз.

Бірақ тәртіптеуші өндіріс бағасының мұндай жағдайда төмендейтін себебі тек қана мынадан: тәртіптеуші баға  $A$  жеріндегі өндіріс бағасы болмайды, қайта  $B$  жеріне сапасы ең жақын жердегі немесе  $A$  жерінен жақсы қайсыбір жердегі өндіріс бағасы болады; егер  $C$  жеріндегі өндіріс бағасы тәртіптеуші баға болса, онда капитал  $A$  жерінен немесе тіпті  $A$  және  $B$  жерлерінен алынған болар еді де, сөйтіп  $C$  жерінен нашар жердің бәрі бидай егілетін жерлермен бәсекелесе алмай қалар еді. Осылайша жорамалдаған жағдайда бұған қажетті шарт мынау: капиталды қосымша жұмсаудың арқасында алынған қосымша өнім қажеттерді қанағаттандыратын болуы тиіс, сөйтіп нашар  $A$ , т. б. жеріндегі өндіріс ұсынысты қамтамасыз ету үшін керексіз болып қалуы тиіс.

Сөйтіп, мәселен, II кестені алайық, бірақ оны қажеттерді 20 квартал емес, 18 квартал қанағаттандыратындай етіп өзгертейік. Мұндай жағдайда  $A$  жері қалып қояр еді;  $B$  жері,

ал онымен қабат бір кварталге келетін 30 шиллинг мөлшеріндегі өндіріс бағасы тәртіптеуші баға болар еді. Сонда дифференциалдық рента мынадай форма алады:

## IV КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартал	Бір кварталдің сағу бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента квартал	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	5	1	6	4	1½	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	5	1	6	6	1½	9	2	3	60%
<i>D</i> .....	1	5	1	6	8	1½	12	4	6	120%
Жиыны .....	3	15	3	18	18	—	27	6	9	—

Сонымен, II-кестемен салыстырғанда бүкіл рента 36 фунт стерлингтен 9 фунт стерлингке дейін, ал астықтай рента 12 кварталден 6 кварталге дейін кеміген болар еді; бүкіл өндіріс небәрі 2 кварталге, 20-дан 18-ге дейін кеміген болар еді. Қосымша пайданың капитал жөнінде есептеп шығарылған нормасы үш есе, 180%-тен, 60%-ке дейін кеміген болар еді. Демек, бұл арада өндіріс бағасының кемуіне астықтай және ақшалай ренталарының кемуі сай келеді.

I-кестемен салыстырғанда ақшалай рента ғана кемиді; екі жағдайда да астықтай рента 6 кварталге тең болады, ал ақшалай рента бір жағдайда 18 фунт стерлингке, екінші жағдайда 9 фунт стерлингке тең болады. *C* жері үшін астықтай рента I кестемен салыстырғанда бұрынғы күйінде қалды. Өнімділігі бірдей қосымша капитал жұмсау арқылы қол жеткен қосымша өндірістің *A* жерінің өнімін рыноктан ығыстырып шығаруы және сонымен бірге *A* жерін өндірістің бәсекелесуші элементтерінің қатарынан шығарып тастауы арқасында, — осының арқасында шын мәнінде жанадан I дифференциалдық рента құралды; бұл рента үшін жақсы *B* жері нашар *A* жері бұрын қандай роль атқарса, нақ сондай роль атқарады. Осының нәтижесінде, бір жағынан, *B* жерінен рента алынбайтын болып қалады; екінші жағынан, жорамалға сәйкес, қосымша капитал жұмсау *B*, *C*, және *D* жерлерінің арасындағы айырмашылықтардан ештеңе өзгертпеді. Сондықтан өнімнің рентаға айналатын бөлегі азаяды.

Егер ілгеріде айтылған нәтижеге,— *A* жерін айналымнан шығарып тастағанда сұранысты қанағаттандыруға — *C* немесе *D* жерлеріне немесе екеуіне де бірдей капиталды екі еседен аса жұмсау арқылы жететін болса, онда істің жайы басқаша болар еді. Мәселен, капитал үшінші рет *C* жеріне жұмсалған болса:

IVa КЕСТЕ

Жер кате- гориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартал	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента квартер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	5	1	6	4	1 $\frac{1}{2}$	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	7 $\frac{1}{2}$	1 $\frac{1}{2}$	9	9	1 $\frac{1}{2}$	13 $\frac{1}{2}$	3	4 $\frac{1}{2}$	60%
<i>D</i> .....	1	5	1	6	8	1 $\frac{1}{2}$	12	4	6	120%
Жыны .....	3	17 $\frac{1}{2}$	3 $\frac{1}{2}$	21	21	—	31 $\frac{1}{2}$	7	10 $\frac{1}{2}$	—

*C* жерінен алынатын өнім мөлшері бұл арада IV кестемен салыстырғанда 6 кварталден 9 кварталге дейін, қосымша өнім мөлшері 2 кварталден 3 кварталге дейін, ақшалай рента 3 фунт стерлингтен 4 $\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін өсті. Ақшалай рентасы 12 фунт стерлингке тең болатын II кестемен және ақшалай рентасы 6 фунт стерлингке тең болатын I кестемен салыстырғанда ақшалай рента, керісінше, азайды. Астықтай рентаның 7 кварталге тең болатын жалпы сомасы II кестемен салыстырғанда (12 квартал) азайды, I кестемен салыстырғанда (6 квартал) көбейді; ақшалай рента (10 $\frac{1}{2}$  ф. ст.) екеуімен де салыстырғанда (18 ф. ст. және 36 фунт стерлинг) азайды.

Егер 2 $\frac{1}{2}$  ф. ст. мөлшеріндегі үшінші капитал *B* жеріне жұмсалған болса, онда мұның өзі өндіріс көлемін өзгерткенімен рентаға әсер етпеген болар еді, өйткені, жорамалға сәйкес, капиталды бірінен кейін бірін сол бір жерге жұмсау ешқандай айырмашылық туғызбайды, ал *B* жері рента бермейді.

Керісінше, егер капитал үшінші рет *C* жерінің орнына *D* жеріне жұмсалған болса, онда бізде жағдай мынадай болып шығар еді:



## IVb КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Гайд ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім қартер	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента қвартер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	5	1	6	4	1½	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	5	1	6	6	1½	9	2	3	60%
<i>D</i> .....	1	7½	1½	9	12	1½	18	6	9	120%
Жиыны .....	3	17½	3½	21	22	—	33	8	12	—

Бұл арада өнімнің жалпы саны 22 қвартерге тең, I кестемен салыстырғанда екі еседен астам өсті, бірақ авансыланған капитал 10 фунт стерлингпен салыстырғанда небәрі 17½ ф. ст. тең, яғни 10 фунт стерлингпен салыстырғанда екі есе өспеді. Онан соң, өнімнің жалпы саны II кестедегі өнімнің жалпы санынан 2 қвартер артық, бірақ II кестеде авансыланған капитал көп, атап айтқанда 20 фунт стерлинг болады.

*D* жерінде астықтай рента I кестемен салыстырғанда 3 қвартерден 6 қвартерге дейін өсті, ал оның бер жағында ақшалай рента бұрынғысынша 9 фунт стерлинг болып қалды. II кестемен салыстырғанда *D* жерінен алынатын астықтай рента бұрынғы күйінде, 6 қвартер болып қалды, бірақ ақшалай рентасы 18 фунт стерлингтен 9 фунт стерлингке дейін азайды.

Егер рентаның жалпы сомасын алып қарайтын болсақ, онда IVb кестедегі астықтай рента 8 қвартерге тең, I кестедегі 6 қвартерге тең болатын астықтай рентадан және IVa кестедегі 7 қвартерге тең болатын астықтай рентадан көп және, керісінше, II кестедегі 12 қвартерге тең болатын рентаның жалпы сомасынан аз болады. IVb кестедегі 12 фунт стерлингке тең болатын ақшалай рента IVa кестедегі 10½ ф. ст. ақшалай рентадан көп және I кестедегі 18 ф. ст., II кестедегі 36 ф. ст. ақшалай рентадан аз.

IVb кесте жағдайында *B* жерінен рента алынбайтын болған кезде рентаның жалпы сомасы I кестедегідей болу үшін біз тағы да 6 ф. стерлингке қосымша өнім, яғни 1½ фунт стерлингтен 4 қвартер алуға тиіспіз, мұның өзі өндірістің жаңа бағасы болып табылады. Сонда біз I-кестедегідей 18 ф. ст. мөлшерінде рентаның жалпы сомасын тағы да алатын бола-

мыз. Бұған керек болатын қосымша капиталдың мөлшері біздің оны *C* жеріне немесе *D* жеріне жұмсайтындығымызға немесе жердің екі категориясы арасында бөліп беруімізге байланысты түрліше болады.

*C* жерінде 5 ф. ст. капитал 2 квартал қосымша өнім береді, демек, 10 ф. ст. қосымша капитал 4 квартал үстеме қосымша өнім береді. Қосымша жұмсалған капиталдың өнімділігі өзгеріссіз қалады деп, осы арадан негізге алынып отырған жорамал жағдайын да *D* жерінде 4 квартал қосымша астықтай рента өндіру үшін қосымша 5 ф. ст. жұмсау жетіп жатыр. Сонымен, нәтижесі мынадай болып шығады.

IVc КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартал	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента квартал	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	5	1	6	4	1 $\frac{1}{2}$	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	15	3	18	18	1 $\frac{1}{2}$	27	6	9	60%
<i>D</i> .....	1	7 $\frac{1}{2}$	1 $\frac{1}{2}$	9	12	1 $\frac{1}{2}$	18	6	9	120%
Жиыны .....	3	27 $\frac{1}{2}$	5 $\frac{1}{2}$	33	34	—	51	12	18	—

IVd КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартал	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента квартал	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	5	1	6	4	1 $\frac{1}{2}$	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	5	1	6	6	1 $\frac{1}{2}$	9	2	3	60%
<i>D</i> .....	1	12 $\frac{1}{2}$	2 $\frac{1}{2}$	15	20	1 $\frac{1}{2}$	30	10	15	120%
Жиыны .....	3	22 $\frac{1}{2}$	4 $\frac{1}{2}$	27	30	—	45	12	18	—

Ақшалай рентаның жалпы сомасы өндірістің бұрынғы бағалары сақталған жағдайда қосымша капитал жұмсалған

II кестедегі ақшалай рентаның жалпы сомасының тең жартысы болар еді.

Осы кестелерді I кестемен салыстырудың өте маңызы бар.

Өндіріс бағасы тең жартылай, бір кварталге 60 шиллингтен 30 шиллингке дейін кемігенде ақшалай рентаның жалпы сомасының бұрынғы күйінде, 18 фунт стерлингке тең болып қалатынын және осыған сәйкес астықтай рентаның екі есе өсіп, 6 кварталден 12 кварталге дейін көбейгенін көреміз. *B* жерінен рента алынбайтын болып қалды; *IVc* кестедегі *C* жерінен алынатын ақшалай рента 50% өсті, бірақ *IVd* кестеде екі есе кеміді; *IVc* кестедегі *D* жерінен алынатын рента бұрынғы күйінде, 9 фунт стерлингке тең болып қалды да, *IVd* кестеде 9 фунт стерлингтен 15 фунт стерлингке дейін өсті. *IVc* кестеде өндіріс 10 кварталден 34 кварталге дейін және *IVd* кестеде 30 кварталге дейін өсті; *IVc*-кестеде пайда 2 фунт стерлингтен  $5\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін және *IVd* кестеде  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін өсті. Жалпы жұмсалған капитал бір жағдайда 10 фунт стерлингтен  $27\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін, екінші жағдайда 10 фунт стерлингтен  $22\frac{1}{2}$  фунт стерлингке дейін өсті; демек, екі жағдайда да екі еседен астам өсті. Рента нормасы, авансыланған капиталға шағып есептелген рента *IV* ден бастап *IVd* ге дейінгі кестелердің бәрінде де жердің әрбір категориясы үшін бірдей болады, мұның өзі жердің әрбір категориясына капиталды бірінен кейін бірін екі жолы жұмсағанда өнімділік нормасы өзгермейді дейтін жорамалдың өзінен шығады. Алайда I-кестемен салыстырғанда ол кеміді,— орта есеппен алғанда жердің барлық категориясы үшін де, жекелеп алғанда әрбір категориясы үшін де кеміді. I кестеде ол орта есеппен алғанда 180%-ке тең болады, *IVc* кестеде  $=\frac{18}{27\frac{1}{2}} \times 100 = 65\frac{5}{11}\%$  және *IVd* кестеде  $=\frac{18}{22\frac{1}{2}} \times 100 = 80\%$  болды. Бір акрдан алынатын орта ақшалай рента көбейді. Бұрын, I кестеде оның орта мөлшері 4 акрдың бәрінде де бір акрына  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке тең болған еді, ал енді *IVc* кесте мен *IVd* кестеде 3 акрда да бір акрына 6 фунт стерлингке тең болады. Бір акрдан алынатын ақшалай рентаның орта мөлшері рента беретін жерде бұрын бір акрына 6 фунт стерлингке тең болса, енді 9 фунт стерлингке тең болып отыр. Сонымен, бір акрдан алынатын рентаның ақша сомасы көбейді, сөйтіп енді бұрынғыға қарағанда өнімнен екі есе көп болады; бірақ 12 квартал астықтай рента енді бүкіл өнімнің — 34 және 30 кварталдің — жартысынан кемі болады, ал оның бер жағында I кестеде алты квартал 10 квартал бүкіл өнімнің  $\frac{3}{5}$ -і болады. Сөйтіп, егер рентаны бүкіл өнімнің тиісінше бөлегі деп, сондай-ақ оны жұмсалған капиталға қа-

тынасы жөнінде алып қарайтын болсақ, рента кемігенімен де бір акрға шаққанда оның ақша сомасы өсті, ал оның өнім арқылы бейнеленген мөлшері онан да бетер өсті. Егер IVd кестедегі *D* жерін алатын болсақ, онда өндірістің нақты бағасы 15 фунт стерлингке тең, мұның  $12\frac{1}{2}$  фунт стерлингті жұмсалған капитал болады. Ақшалай рента 15 фунт стерлингке тең. I кестеде сол *D* жеріндегі өндіріс бағасы 3 фунт стерлингке тең, жұмсалған капитал  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингке, ақшалай рентасы 9 фунт стерлингке тең болды, демек, ақшалай рентасы өндіріс бағасынан үш есе және жұмсалған капиталдан төрт есе дерлік көп. IVd кестеде *D* жеріндегі 15 ф. ст. ақшалай рентасы өндіріс бағасымен бірдей болады да, жұмсалған капиталдан небәрі  $\frac{1}{3}$  асып түседі. Соның бәрінде де бір акрдан алынатын ақшалай рента  $\frac{2}{3}$  көп, 9 фунт стерлингтің орнына 15 ф. ст. болады. I кестеде 3 квартал астықтай рента 4 квартал болатын бүкіл өнімнің  $\frac{3}{4}$ -іне тең болады; IVd кестеде астықтай рента 10 кварталге, яғни *D* жерінің бір акрынан алынатын бүкіл өнімнің (20 квартал) тең жартысына тең болады. Мұның өзі ақшалай рента мен астықтай рента бүкіл өнімнің біршама аз бөлегін құрап, авансыланған капиталға қатынасы жөнінде алғанда кемігенімен де, бір акрдан алынатын ақшалай рента мен астықтай рентаның көбеюі мүмкін екендігін көрсетеді.

I кестедегі бүкіл өнімнің құны 30 фунт стерлингке тең; рента 18 фунт стерлингке тең, яғни әлгі құнның тең жартысынан асып түседі. IVd кестедегі бүкіл өнімнің құны 45 фунт стерлингке тең, мұның 18 фунт стерлингті, яғни жартысынан кемі — рента.

Бір кварталіне бағаның  $1\frac{1}{2}$  ф. ст., яғни 50% кемігеніне қарамастан және бәсекелесуші жер көлемінің 4 акрдан 3 акрға дейін азайғанына қарамастан, ақшалай рентаның жалпы сомасы өзгермеуінің, ал астықтай рентаның екі есе өсуінің, сонымен бірге бір акрдан алынатын астықтай рента мен ақшалай рентасы өсуінің себебі көп квартал қосымша өнім өндірілгендігінде жатыр. Астықтың бағасы 50% кемиді, қосымша өнім 100% өседі. Бірақ біздің шарттарымызға сәйкес, мұндай нәтижеге жету үшін бүкіл өндіріс үш есе өсуге тиіс, ал жақсы жерлерге жұмсалған капитал екі еседен астам көбеюге тиіс. Капиталдың қандай қатынаста өсуге тиіс екендігі ең алдымен сапасы жөнінен жақсы және ең жақсы жерлер арасында қосымша капиталдың қалай бөлінетіндігіне байланысты болады, соның өзінде жердің әрбір категориясына бөлінген капиталдың өнімділігі оның мөлшеріне пропорциялы түрде өсіп отырады деп әрдайым жорамалданады.

Егер өндіріс бағасы онша көп кемімесе, онда сол ақшалай

рентаны өндіру үшін қосымша капитал да азырақ керек болар еді. *A* жерін өңделетін жерлердің қатарынан шығарып тастау үшін қажет болатын астыққа деген ұсыныс,— ал мұның өзі *A* жерінің бір акрынан алынатын өнім санына ғана емес, сонымен бірге өңделетін бүкіл жер көлемінің қандай бөлегін *A* жері алып жатқанына да байланысты болады,— сөйтіп, осыған қажетті ұсыныс көп болса, демек, *A* жеріне қарағанда жақсы жерге қосымша жұмсалатын капитал жиынын көп керек ететін болса, онда басқа жағдайларының бәрі бірдей болғанда, *B* жері ақшалай рента мен астықтай рента беруден қалып қойғанына қарамастан, ақшалай рента мен астықтай рента бұрынғыдан да көп өскен болар еді.

*A* жеріне жұмсалуды қойған капитал 5 фунт стерлингке тең болса, онда бұл жағдайға арнап салыстыру үшін II және IVd кестелерін алған жөн болар еді. Бүкіл өнім 20 кварталерден 30 кварталерге дейін өскен болар еді. Ақшалай рентасы екі есе кеміп, 36 фунт стерлингтің орнына 18 ф. ст. болар еді; астықтай рентасы бұрынғы, 12 кварталерге тең күйінде қалар еді.

$2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталға 4 кварталерден айналатын бұрынғы нормаға сәйкес, *D* жерінде  $27\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсап, 66 фунт стерлингке тең болатын 44 квартал өндіруге болатын болса, онда рентаның (ақша) жалпы сомасы тағы да II кестеде жеткен дәрежеге дейін өсіп, кесте мынадай сипатта болған болар еді:

Жер категориясы	Капитал ф. ст.	Өнім квартер	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.
<i>B</i> .....	5	4	0	0
<i>C</i> .....	5	6	2	3
<i>D</i> .....	$27\frac{1}{2}$	44	22	33
Жиыны .....	$37\frac{1}{2}$	54	24	36

Бүкіл өндіріс II кестедегі 20 кварталердің орнына 54 кварталер болар еді, ал ақшалай рентасы бұрынғы, 36 фунт стерлингке тең күйінде қалар еді. Бірақ бүкіл капитал  $37\frac{1}{2}$  ф. ст. болар еді, ал II кестеде ол 20 фунт стерлингке тең болған еді. Авансыланған бүкіл капитал екі есе дерлік өсер еді, ал оның бер жағында өндіріс үш есе дерлік өскен болар еді; астықтай рентасы екі есе өсіп, ақшалай рентасы өзгермес еді.

Демек, егер өзгермейтін өнімділік жағдайында рента беретін жақсы жерлерге, яғни өзінің сапасы жөнінен  $A$  жерінен жақсы жерлердің бәріне қосымша ақша капиталын жұмсаудың нәтижесінде баға төмендейтін болса, онда бүкіл капитал өндіріс пен астықтай рента өсетін пропорцияда өспейтін сыңай байқатады; сонымен, астықтай рентаның өсуі ақшалай рентаның баға төмендеуінен туатын кемуін теңестіре алады. Нақ осы заң мынадан да көрінеді; авансыланған капитал  $D$  жеріне қарағанда  $C$  жеріне, — көп рента беретін жерге қарағанда аз рента беретін жерге, — көбірек жұмсалуды тиісті шамасына қарай ол көп болуға тиіс. Бұл мынаны ғана білдіреді: ақшалай рента өзгеріссіз қалуы керек немесе ол көбеюі керек, қосымша өнімнің белгілі қосымша саны өндірілуге тиіс, ал бұл үшін қосымша өнім беретін жер неғұрлым құнарлырақ болған сайын капитал соғұрлым азырақ керек болады. Егер  $B$  және  $C$ ,  $C$  және  $D$  жерлерінің арасындағы айырмашылық онан сайын көп болса, онда қосымша капитал бұдан да аз керек болар еді. Белгілі қатынас: 1) баға төмендейтін қатынасқа, яғни қазір рента бермей отырған  $B$  жері мен бұрын рента бермей келген  $A$  жері арасындағы айырмашылыққа; 2)  $B$  жеріне қарағанда жақсы жерлердің арасындағы айырмашылықтардың қатынасына; 3) жаңадан жұмсалатын қосымша капиталдың жиынына және 4) түрлі сапалы жерлердің арасында оның бөлінуіне байланысты болады.

Біз заңның шын мәнінде бірінші жағдайды зерттеген кезде көрсетіліп өткен нәрседен басқа ештеңені бейнелемейтінін көреміз; атап айтқанда, мөлшері қанша болса да, өндірістің қазіргі бағасы кезінде капиталды қосымша жұмсаудың нәтижесінде рентаның өсуі мүмкін. Өйткені  $A$  жерінің шығып қалуы салдарынан енді жаңа I дифференциалдық рента құралады, соның өзінде  $B$  жері енді ең нашар жер болады, ал бір кварталіне  $1\frac{1}{2}$  ф. ст. өндірістің жаңа бағасы болады. Мұның IV кесте үшін де, сондай-ақ II кесте үшін бірдей күші бар. Баяғы сол заң, бірақ сүйенер негіз ретінде  $A$  жерінің орнына  $B$  жері алынады және 3 фунт стерлинг өндіріс бағасы орнына  $1\frac{1}{2}$  ф. ст. өндіріс бағасы алынады.

Мұның бәрінің бұл арада мына жөнінен ғана маңызы бар. Капиталды  $A$  жерінен алып, оның қатынасуынсыз-ақ жеткілікті ұсыныс жасау үшін қосымша капиталдың пәлендей мөлшері қажет болса, онда барлық жерлерде болмаса да, ең құрығанда, кейбір жерлерде, орта есеппен алғанда өңделетін жерлердің бәрінде де мұның өзі бір акрдан алынатын өзгермейтін, өсе беретін немесе кеми түсетін рентамен қат-қабаттасып жататын болып шығады. Астықтай рента мен ақшалай рентаның бірдей мөлшерде өзгермейтінін біз көріп өттік. Дәс-

түр күші себепті ғана астықтай рента тегі экономикада әлі роль атқара береді. Мәселен, фабрикант өзінің 5 ф. ст. пайдасына бұрын 10 фунт стерлинг пайдаға сатып алғандағысынан әлдеқайда көп жіп сатып ала алатындығын оп-онай дәлелдеп беруге болар еді. Бірақ қалай дегенмен мұның өзі жер иелері әрі тоқыма кәсіпорындарының, қант, шарап заводтарының, т. б. иелері немесе жарнашылары болса, олардың дегенмен ақшалай рента кеміген жағдайда өздерінің меншікті кәсіпорындары үшін шикі материалдарды өндірушілер ретінде өте көп ұтып шыға алатынын көрсетеді<sup>34)</sup>.

*II. Қосымша капиталдар өнімділігінің кеми беретін нормасы жағдайында.*

Мұның өзі ешқандай жаңалық енгізбейді, өйткені мұнда, жаңа ғана қарастырып өткен жағдайдағыдай, *A* жеріне қарағанда жақсы жерлерге капиталды қосымша жұмсаудың нәтижесінде *A* жерінен алынатын өнім артық болып қалып, сол себептен капитал *A* жеріне жұмсалмайтын болса немесе *A* жері басқа өнім өндіру үшін пайдаланылатын болса, өндіріс бағасы тек қана кеми алады. Бұл жағдайды біз егжей-тегжейлі зерттеп те шықтық. Мұндайда бір акрға шаққанда астықтай рента мен ақшалай рентаның өсуі, кемуі немесе өзгеріссіз қалуы мүмкін екенін көрсетіп бердік.

Салыстыруға қолайлы болу үшін ең алдымен *I* кестені келтірейік.

I КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім қартер	Астықтай рента квартер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
A .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	1	0	0	0
B .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	2	1	3	120%
C .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	3	2	6	240%
D .....	1	2 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	1 <sup>1</sup> / <sub>2</sub>	3	4	3	9	360%
Жиыны .....	4	10	—	—	10	6	18	180% орта нормасы

<sup>34)</sup> IVa-дан IVd-ға дейін ілгеріде келтірілген кестелерде есептерде кеткен тіке жақсақтықты түзетуге тура келді. Рас, бұл жақсақтық кестелердегі мәліметтерден шығарылған теориялық қағидаларды өзгертпеді, бірақ кейде бір акрға шаққанда

Егер біз өнімділік нормасы кеми беретін жағдайда *B*, *C*, *D* жерлерінен алынған кварталер санын білдіретін [III кестеде] 16 цифры *A* жерін өңделетін жерлердің қатарынан шығарып тастауға жеткілікті болады деп есептесек, онда III кесте келесі V кестеге былайша айналады.

V КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Жұмсалған капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өнім кварталер	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайда нормасы
<i>B</i> .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2}$	1	$2 + 1\frac{1}{2} = 3\frac{1}{2}$	$1\frac{5}{7}$	6	0	0	0
<i>C</i> .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2}$	1	$3 + 2 = 5$	$1\frac{6}{7}$	$8\frac{1}{7}$	$1\frac{1}{2}$	$2\frac{4}{7}$	$51\frac{3}{7} \%$
<i>D</i> .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2}$	1	$4 + 3\frac{1}{2} = 7\frac{1}{2}$	$1\frac{5}{7}$	$12\frac{6}{7}$	4	$6\frac{6}{7}$	$137\frac{1}{7} \%$
Жиыны	3	15	—	16	—	$27\frac{3}{7}$	$5\frac{1}{2}$	$9\frac{1}{7}$	$94\frac{2}{7} \%$ * орта нормасы

Бұл арада, қосымша капиталдар өнімділігінің нормасы кеміп, әр түрлі жерлерде бұл кему түрлі дәрежеде болған жағдайда өндірістің тәртіптеуші бағасы 3 фунт стерлингтен  $1\frac{5}{7}$  фунт стерлингке дейін төмендеді. Жұмсалған капитал жарты есе [I кестемен салыстырғанда]—10 фунт стерлингтен 15 фунт стерлингке дейін өсті. Ақшалай рента екі есе дерлік—18 фунт стерлингтен  $9\frac{3}{7}$  фунт стерлингке дейін кеміді, бірақ астықтай рента небәрі  $\frac{1}{12}$ , 6 кварталерден  $5\frac{1}{2}$  кварталерге дейін кеміді. Бүкіл өнім 10 кварталерден 16 кварталерге дейін, немесе 160%-ке дейін өсті. Астықтай рента бүкіл өнімнің  $\frac{1}{3}$ -інен сәл асады. Авансыланған капиталдың ақшалай рентаға қатынасы  $15 : 9\frac{3}{7}$  болады; ал бұрын бұл қатынас  $10 : 18$  болған еді.

өндірістің қисапсыз сан көрсеткіштерін туғызды. Бірақ шын мәнінде мұның да маңызы болмайды. Барлық топографиялық карталарда горизонтальдарға карағанда вертикальдар үшін едәуір үлкен масштаб алады. Өзінің аграрлық сезімдеріне тиіп кетті-ау дейтін адам акрлардың санын кез келген санға көбейте алады. I кестедегі бір акрдан алынатын 1, 2, 3, 4 кварталерді 10, 12, 14, 16 бушельмен (8 бушель I кварталерге тең) ауыстыруға да болады, оның бержағында басқа кестелердің осы сандардан шығарылған цифрлары шама шеңберінде қалады; мұның өзі нәтиженің—рентаның өсуінің капиталдың өсуіне қатынасының—нақ соған келіп тірелетіндігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл редактордың келесі тарауда беретін кестелерінде көрсетіледі.—Ф. Э.

\* Бұл кестеде, соядай-ақ келесі VI, VII, VIII, IX және X кестелерде рента бермейтін жер есепке алынбайды. *Ред.*



### III. Қосымша капиталдың өнімділігінің өсе беретін нормасы жағдайында.

Өнімділік нормасы өзгермейтін жағдайда өндіріс бағасы төмендейтін осы тараудың басында келтірілген I-варианттағыдан бұл жағдайдың айырмашылығы тек мынада: белгілі қосымша өнімнің көмегімен *A* жерін ауыл шаруашылық айналымынан шығару бұл жағдайда тезірек жүзеге асады.

Капиталды қосымша жұмсаудан өнімділіктің кеми беретін жағдайында да, сондай-ақ өнімділіктің өсе беретін жағдайында да жердің түрлі категориялары арасында бөлінуіне байланысты әлгі капиталдың түрліше әсер етуі мүмкін. Бұл түрлі әсердің айырмашылықты теңестіруіне немесе көбейтуіне қарай жақсы жерлерден алынатын дифференциалдық рента, ал сонымен бірге рентаның жалпы сомасы да, I дифференциалдық рентада болған жағдайдағыдай кемиді немесе өседі. Басқасы жөнінен бәрі *A* жеріне келген жер көлемі мен капиталдың мөлшеріне және сұранысты өтеу үшін қосымша өнім алуға өсе беретін өнімділік жағдайында керек болатын авансыланған капиталдың отноcительдік мөлшеріне байланысты болады.

Бұл арада зерттеу үшін тоқтала кетуге тұрарлық және тегі осы дифференциалдық пайданың дифференциалдық рентаға қалай айналуын зерттеуге бізді қайтып оралтатын бірден-бір мәселе мынада.

Өндіріс бағасы өзгермейтін бірінші жағдайда *A* жеріне жұмсалған қосымша капитал дифференциалдық рентаға сондай ықпал жасамайды, өйткені *A* жері бұрынғысынша рента бермейді, оның өнімінің бағасы өзгермейді және рынокты тәртіптеп отыра береді.

Өнімділік нормасы өзгермейтін болғанда екінші жағдайдың I вариантында өндіріс бағасы кеміген кезде *A* жері айналымнан шығып қалуы қажет, ол әсіресе II вариантта (өнімділік нормасы кеми беретін жағдайдағы өндірістің төмендеу бағасы) шығып қалады, өйткені бұлай болмаған күнде *A* жеріне жұмсалған қосымша капитал өндіріс бағасын көтеруге тиіс болатын еді. Бірақ бұл арада, қосымша капитал өнімділігінің артуы нәтижесінде өндіріс бағасы төмендейтін екінші жағдайдың III вариантында әлгі қосымша капитал белгілі жағдайларда *A* жеріне де, сондай-ақ жақсы сапалы жерлерге де жұмсалуды мүмкін.

*A* жеріне жұмсалған  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. қосымша капитал I кварталдың орнына  $1\frac{1}{5}$  квартал өндіреді делік.

Бұл кестені негізгі I кестемен бірге II кестемен де салыстырған жөн. II кестеде капиталдың екі есе көп жұмсалуды

VI КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайла ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайла нормасы
A .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$1 + 1\frac{1}{3} = 2\frac{1}{3}$	$2\frac{1}{11}$	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$2 + 2\frac{2}{3} = 4\frac{2}{3}$	$2\frac{8}{11}$	12	$2\frac{1}{5}$	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$3 + 3\frac{2}{3} = 6\frac{2}{3}$	$2\frac{4}{11}$	18	$4\frac{2}{5}$	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$4 + 4\frac{1}{3} = 8\frac{1}{3}$	$2\frac{3}{11}$	24	$6\frac{3}{5}$	18	360%
	4	20	4	24	22	—	60	$13\frac{1}{5}$	36	240%

жұмсалған капиталға пропорциялы болатын өзгермейтін өнімділікке байланысты болады.

Жорамалға сәйкес, тәртіптеуші өндіріс бағасы төмендейді. Егер ол өзгермеген болса, яғни 3 фунт стерлингке тең күйінде қала берсе, онда бұрын,  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсаған кезде ешқандай рента бермей келген ең нашар А жері енді тіпті ешбір нашар жер тағы да ауыл шаруашылық айналымына қосылмаса да, рента берген болар еді: мұның өзі бұл жердегі өнімділіктің өсуі нәтижесінде болар еді, бірақ өскенде де бастапқыда жұмсалған капитал үшін емес, капиталдың бір бөлегі үшін ғана өсер еді. Өндірістің 3 ф. ст. мөлшеріндегі бірінші бағасы жағдайында I квартал алады; өндірістің екінші бағасы жағдайында  $1\frac{1}{3}$  квартал алады, бірақ  $2\frac{1}{3}$  квартал бүкіл өнім енді оның орта бағасы бойынша сатылады. Өнімділік нормасы капиталдың қосымша жұмсалуымен бірге өсе беретін болғандықтан, бұл жағдай жерді жақсартуды керек етеді. Мұның мәнісі бір акрға тегі көп капитал (көп тыңайтқыштар, неғұрлым механикаландырылған еңбек жұмсалады т. б.) жұмсалудан болуы мүмкін, немесе әлгі қосымша капиталдың тегі сапасы жөнінен өзгеше неғұрлым өнімді капитал жұмсауға мүмкіндік беретіндігінде болуы мүмкін. Екі жағдайда да бір акрға 5 ф. ст. жұмсағанда  $2\frac{1}{3}$  квартал өнім алынады, ал оның бер жағында осы капиталдың жартысын,  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлинг жұмсаған кезде небәрі I квартал өнім алынады. А категориясындағы жерлердің едәуір көлемі бұрынғысынанша бір акрына небәрі  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсап өңделген жағдайда ғана өткінші рынок қатынастарын былай қойып, А жерінің өнімін жаңа орта бағаның орнына бұрынғы-

сынша негүрлым жоғары өндіріс бағасы бойынша сатуға болар еді. Бірақ бір акрға жаңадан жұмсалған 5 ф. ст. капитал және сонымен бірге шаруашылықтың негүрлым жетілдірілген әдістері жаппай қолданылысымен-ақ өндірістің тәртіптеуші бағасы  $2^8/_{11}$  фунт стерлингке дейін төмендейді. Капиталдың екі бөлегі арасындағы айырмашылық жоғалған болар еді, сонда  $2^{1/2}$  ф. ст. капиталдың көмегімен өңделген А жерінің бір акры шын мәнінде өндірістің жаңа жағдайларына қолайсыз, сәйкессіз өңделген болар еді. Ал мұның өзі сол бір акр жерге жұмсалған капиталдың түрлі бөліктерінің өнімі арасындағы айырмашылық емес, қайта бір акрға жұмсалған жалпы капиталдың жеткіліктілігі мен жеткіліксіздігі арасындағы айырмашылық болар еді. Бұдан, *біріншіден*, мынау көрінеді: көптеген арендаторлардың (бұлардың саны көбірек болуға тиіс, өйткені ол аз болса, әлгі арендаторлардың өз өнімін оның өндіріс бағасынан төмен бағамен сатуларына тура келген болар еді) қолындағы капиталдың жеткіліксіздігі нақ жерлердің өздерін төмендеу жолымен дифференциалдандырғандай әсер етеді. Нашар жерде қолданылған өңдеудің нашар әдісі жақсы жерден алынатын рентаны көбейтеді; ол тіпті егін рента бермейтін нақ өзіндей нашар сапалы жақсы өңделген жерлерде рента беруі мүмкін. Бұдан, *екіншіден*, мынау көрінеді: сол бір жер көлеміне бірінен кейін бірін жұмсаған капиталдан алынатын дифференциалдық рента шын мәнінде капиталдың түрліше жұмсалынуының әсерін енді білуге және анықтауға болмайтын, сол себептен ең нашар жерден рента туғызбайтын, қайта 1) айталық, А жерінің бір акрынан алынатын бүкіл өнімнің орта бағасын жаңа тәртіптеуші бағаға айналдыратын және 2) бір акрға жұмсалған капиталдың жалпы мөлшерінің өзгеруі, жаңа жағдайда жерді қанағаттанарлық дәрежеде өңдеуге керек болатын, капиталды бірінен кейін бірін жекелеп жұмсау мен олардың тиісті әсерінің қабысып жататыны соншалық, оларды анықтауға болмайтындай өзгеруі болып көрінетін өзінше бір орта өлшемге айналады. Жақсы жерлерден алынатын жекелеген дифференциалдық ренталар жөнінде де істің жайы нақ осындай. Бұлар әрбір жеке жағдайда енді қалыпты болып, көбейтілген капитал жұмсаған кезде ең нашар жердің өнімімен салыстырғанда жердің белгілі бір категориясының орта өнімінің айырмашылығына қарап анықталады.

Капитал жұмсамай-ақ қайсыбір өнім беретін жер деген атымен жоқ. Мәселен, тіпті жай дифференциалдық рента жағдайында, I дифференциалдық рента жағдайында, А жерінің, яғни өндіріс бағасын тәртіптеуші жердің I акры пәлендей

бағамен пәлендей өнім береді, ал *B, C, D* жақсы жерлері пәлендей дифференциалдық өнім береді, сол себептен де қазіргі тәртіптеуші баға тұсында пәлендей де пәлендей ақшалай рента береді дегенде әрдайым өндірістің сол жағдайлары тұсында қалыпты капитал деп есептелетін белгілі капитал жұмсалады деп жорамалданады. Товарларды олардың өндіріс бағасы бойынша өндіру мүмкін болу үшін әрбір саласына капиталдың белгілі минимумын жұмсау керек болатын өнеркәсіптегі жағдайдың нақ өзіндей.

Жерді жақсарту жұмыстарына байланысты сол бір жерге капиталды бірінен кейін бірін жұмсауға байланысты бұл минимум өзгертін болса, онда бұл өзгеріс бірте-бірте болады. Мұндай қосымша өнімді капитал, мәселен, *A* жерінің белгілі мөлшердегі акрына жұмсалмай тұрғанда, өндіріс бағасы өзгермеген қалпында тұрған жағдайда *A* жерінің жақсы өңделген акрларынан рента алынатын болады және *B, C, D* жақсы жерлерінен алынатын рентаны өсіретін болады. Алайда шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісі нормаға айналатындай болып таралысымен-ақ өндіріс бағасы төмендейді, жердің жақсы участоктері беретін рента тағы да төмендейді, ал енді орта шамаға айналған капиталы болмайтын *A* жерінің бір бөлегінен алынатын өнімдерді олардың жеке өндіріс бағасынан төмен бағамен, демек, орта пайданы қамтамасыз ететін дәрежеден төмен сатуға тура келеді.

Капитал жұмсаудың көбеюі нәтижесінде бүкіл қажетті өнімді жердің жақсы категориялары бере бастаса, сөйтіп өндірістегі капитал, мәселен, *A* жерінен алынатын болып, *A* жері осы белгілі өнімді, мәселен, бидайды өндіруде бәсекелесуден қалатын болса, кеми беретін өндіріс бағасы жағдайында да, тіпті қосымша капиталдың кеми беретін өнімділігі жағдайында да істің жайы нақ жаңағыдай болады. Тәртіптеуші жерге айналған, біршама жақсы *B* жеріне енді орта есеппен жұмсалатын капитал мөлшері енді қалыпты мөлшер болады; ал жер участоктерінің түрлі құнарлылығы жөнінде айтқанда, бір акрға капитал осы жаңа қалыпты мөлшерінде жұмсалады деп есептеледі.

Екінші жағынан, жұмсалатын капиталдың осы орта мөлшері, мәселен, Англияда бір акрға 1848 жылға дейін 8 ф. ст., ал 1848 жылдан кейін \* 12 ф. ст. болған осы орта мөлшері аренда договорларын жасасқан кезде масштабты құрайтыны айқын нәрсе. Көп капитал жұмсайтын арендатор үшін қосымша пайда, аренда договоры күшінде болған мерзім ішінде, рентаға айналмайды. Қосымша пайда аренда договорының мер-

\* Осы томның 781-бетін қараңыз. *Ред.*

зімі біткеннен кейін рентаға айнала ма, жоқ па, бұл осындай төтенше аванс жұмсай алатын арендаторлардың бәсекесіне байланысты болады. Сонымен бірге бұл арада әңгіме топырақты жақсарту жөнінде үнемі жүргізіліп жататын жұмыстар туралы болып отырған жоқ; бұл жұмыстар капиталды бірдей немесе кеми беретіндей етіп жұмсаған жағдайда да өсе түсетін өнімді қамтамасыз ете береді. Бұл жақсарту жұмыстары капиталдың жемісі болғанымен де олар топырақтың табиғи сапаларындағы айырмашылық сияқты әсер етеді.

Сонымен, I дифференциалдық рента кезінде сондайлық өз әрекетін көрсетпейтін жағдайдың II дифференциалдық рента кезінде еске алынатынын біз көріп отырмыз, өйткені I дифференциалдық рента бір акрға жұмсалған капиталдың қайсы-бір нормасына қарамай-ақ бұрынғысына бола береді. Бір жағынан, тәртіптеуші A жеріне түрліше жұмсалған капиталдың нәтижелері көрінбей қалады, сөйтіп бұл жерден алынатын өнім енді бір акрдан түсетін қалыпты орта өнім болып көрінеді. Екінші жағынан, қалыпты минимум, немесе бір акрға жұмсалатын капиталдың орта мөлшері өзгереді, соның өзінде бұл өзгеру жердің қасиеті ретінде көрінеді. Ақырында, қосымша пайданың рента формасына айналу тәсілі де түрліше болады.

Онан соң, VI кестені I және II кестелермен салыстыру астықтай рентаның I кестедегі мөлшерімен салыстырғанда екі еседен астам, II кестедегі мөлшерімен салыстырғанда  $1\frac{1}{2}$  қвартерге өскенін, ал оның бер жағында ақшалай рентаның I кестедегі мөлшерімен салыстырғанда екі есе өскенін, ал II кестедегі мөлшерімен салыстырғанда өзгермегенін көрсетеді. Қосымша капиталдың көп бөлегі жердің жақсы категорияларына жұмсалған болса, немесе, екінші жағынан, A жеріне жұмсалған қосымша капиталдың әсері онша елеулі болмаса, сөйтіп A жерінен алынатын бір қвартердің тәртіптеуші орта бағасы жоғары тұрған болса, ақшалай рента (басқа жағдайларының бәрі бірдей болғанда) едәуір өскен болар еді.

Қосымша капитал жұмсаудың нәтижесінде туатын құнарлылықтың артуы түрлі жерлерде түрліше болса, мұның өзі бұл жерлерден алынатын дифференциалдық ренталардың өзгеруіне әкеліп соққан болар еді.

Қалай дегенмен мына жағдай дәлелденіп отыр: қосымша капитал жұмсаудың өнімділік нормасының артуы нәтижесінде өндіріс бағасы төмендеген жағдайда,— яғни әлгі өнімділік алдын ала капиталға қарағанда үлкен пропорцияда өскен жағдайда,— мәселен, капиталды екі есе көп жұмсаған кезде бір акрдан алынатын рента екі есе ғана емес, екі еседен де көп өсе алады. A жерінің өнімділігі неғұрлым жедел артуы

нәтижесінде өндіріс бағасы онан көп мөлшерде кемитін болса, бір акрдан алынатын рентаның азаюы да мүмкін.

Мәселен, капиталды қосымша жұмсау *B* және *C* жерлерінің өнімділігін *A* жерінің өнімділігіндей дәрежеде арттырмады, сөйтіп *B* және *C* жерлері үшін пропорциялық айырмашылық кеміді де, өнімнің көбейген мөлшері бағаның төмендеуінің есесін өтей алмады деп жорамалдайтын болсақ, онда II кестемен салыстырғанда [ақшалай] рентасы *D* жерінде өзгермеген болар еді, ал *B* және *C* жерлерінде кеміген болар еді.

VIa КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. сг	Пайыз ф. сг.	Бір акрдан алынатын өнім кварталер	Сағу бағасы ф. сг.	Өнім ф. сг.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. сг.
A .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	$1 + 3 = 4$	$1\frac{1}{2}$	6	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	$2 + 2\frac{1}{2} = 4\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$	$6\frac{3}{4}$	$\frac{1}{2}$	3,4
C .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	$3 + 5 = 8$	$1\frac{1}{2}$	12	4	6
D .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	$4 + 12 = 16$	$1\frac{1}{2}$	24	12	18
Жыны .....	4		20		$32\frac{1}{2}$		$16\frac{1}{2}$	$24\frac{3}{4}$

Ақырында, құнарлылығының өсу пропорциясы бұрынғыдай болғанда жақсы жер участоктеріне *A* жеріне қарағанда көбірек қосымша капитал жұмсалған болса, немесе жақсы жер участоктеріне қосымша капитал жұмсау өнімділік нормасының артуына жеткізетін болса, ақшалай рента өскен болар еді. Екі жағдайда да айырмашылық артар еді.

Қосымша капитал жұмсаудың нәтижесінде болған жақсарту жұмысы айырмашылықтардың бәрін немесе олардың бір бөлегін азайтып, *B* және *C* жерлеріне қарағанда *A* жеріне көбірек әсер ететін болса, ақшалай рента кемиді. Жақсы жер участоктерінің өнімділігінің артуы неғұрлым мардымсыз болса, ақшалай рента соғұрлым көп кемиді. Астықтай рента көбейе ме, кемі ме немесе өзгеріссіз қала ма, жасалатын әсердегі айырмашылықтың үлкен-кішілігі міне, осыған байланысты болады.

Түрлі жерлердің қосымша құнарлылығындағы относителді айырмашылық өзгермеген кезде рента бермейтін *A* жеріне қарағанда рента беретін жерге қосымша капитал көп жұм-

салған және неғұрлым аз рента беретін жерге қарағанда неғұрлым көп рента беретін жерге капитал көп жұмсалған жағдайда ақшалай рента, сондай-ақ астықтай рента да көбейеді; немесе қосымша капиталды бірдей мөлшерде жұмсаған кезде А жеріне қарағанда жақсы және ең жақсы жерлердегі құнарлылық көбірек артатын жағдайда, атап айтқанда жердің жоғары категориялары құнарлылығының неғұрлым төмен категориялы жерлердің құнарлылығынан осы артуы дәрежесіне сәйкес ақшалай рента мен астықтай рента көбейеді.

Өндіргіш күштің өсуі капитал жұмсау өзгермеген жағдайда жер құнарлылығы артуының жай ғана нәтижесі болмай, қосымша капитал жұмсаудың нәтижесі болатын жағдайлардың бәрінде де рента относителді түрде өседі. Бұл — бұлтартпайтын ақиқат көзқарас; мұның өзі бұрынғы басқа жағдайлардың бәріндегі сияқты, бұл жағдайда да рента және бір акрден алынатын көбейе түскен рента (I дифференциалдық рента жағдайында бүкіл өңделетін жерден алынатын орта рентаның дәрежесі сияқты) жерге жұмсалған капиталдың өсу нәтижесі болып табылады, соның өзінде бұл қосымша капитал бағалар өзгермейтін немесе кеми беретін жағдайда өнімділік нормасы өзгермейтін кезде жұмсала ма, немесе бағалар өзгермейтін немесе кеми беретін жағдайда өнімділік нормасы төмендейтін кезде жұмсала ма, яки баға кеми беретін жағдайда өнімділік нормасы өсе беретін кезде жұмсала ма, мұның бәрі бір. Өйткені біздің жорамалымыз мынадай: қосымша капитал өнімділігінің тұрақты, кеміген немесе өскен нормасы жағдайындағы тұрақты баға және өнімділігінің тұрақты, кеміген немесе өскен нормасы жағдайындағы кеміген баға мынаған келіп тіреледі: тұрақты немесе кеми беретін баға жағдайында қосымша капитал өнімділіктің тұрақты нормасы болады, тұрақты немесе кеми беретін баға жағдайында өнімділіктің кеми беретін нормасы болады, тұрақты немесе кеми беретін баға жағдайында өнімділіктің өсе беретін нормасы болады. Осы жағдайлардың бәрінде де рентаның өзгермеуі және кемуі мүмкін бола тұрса да, басқа жағдайларының бәрі бірдей болғанда капиталды қосымша капитал жұмсау құнарлылықты арттыру шарты болмаса, рента онан да көп кеміген болар еді. Мұндай жағдайда қосымша капитал жұмсау әрдайым рента абсолютті түрде кеми тұрса да, оның относителді жоғары дәрежесінің себебі болып табылады.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ТАРАУ

**II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА.— ҮШІНШІ ЖАҒДАЙ:  
ӨСЕ БЕРЕТІН ӨНДІРІС БАҒАСЫ.  
ҚОРЫТЫНДЫЛАР**

Өндіріс бағасының өсуі рента бермейтін сапасы ең нашар жердің өнімділігінің кемуінен туады. Біз тәртіптеуші деп алып отырған өндіріс бағасы *A* жеріне жұмсалған  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. I кварталден кем өндірсе немесе 5 ф. ст. 2 кварталден кем өндірсе, не болмаса *A* жерінен де нашар жер өңделетін болса ғана бір кварталіне 3 фунт стерлингтен жоғарылайды.

Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін немесе тіпті өсетін өнімділігі жағдайында  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігі кеміген күнде ғана бұл мүмкін болар еді. Бұл жағдай соншама жиі кездеседі. Мәселен, таяз жыртқан кезде құнарлылығынан айрылған топырақтың беткі қабаты шаруашылықты жүргізудің ескі жүйесі жағдайында өнімді барған сайын аз беретін болса, ал кейін неғұрлым терең жырту арқылы бетке шығарылған топырақтың төменгі қабаты неғұрлым тиімді өндеудің арқасында бұрынғысына қарағанда өнімді көбірек бере бастайды. Бірақ шынын айтқанда бұл арнайы жағдайдың бұған қатысы жоқ. Жақсы жерлер үшін осындай қатынастар болады деп есептеген күннің өзінде де  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталды *бірінші* рет жұмсағандағы өнімділіктің кемуі жақсы жерлер үшін I дифференциалдық рентаның азаюын керек етеді; алайда бұл арада біз тек қана II дифференциалдық рентаны әнгіме етіп отырмыз. Бірақ II дифференциалдық рентаның болуы есепке алынбағандықтан әлгі арнайы жағдайдың болмайтындығы себепті және ол шын мәнінде I дифференциалдық рентаның II дифференциалдық рентаға өзгеруінің бейнесі болып табылатындығы себепті, біз осы жағдайды сипаттайтын бір мысал келтірейік.

Ақшалай рента, сондай-ақ ақша арқылы бейнеленген өнім де II кестедегідей болып қалады. Өскен тәртіптеуші өндіріс бағасы өнім мөлшеріндегі жоғалғанының есесін дәлме-дәл толтырады; бұл баға мен өнім мөлшерінің керісінше өзгеруі себепті, олардың көбейтіндісі бұрынғы шамасында қалатыны өзінен-өзі түсінікті болады.



## VII КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Жұмсалған капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сағу бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Рента пайыз
A .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$\frac{1}{2}+1\frac{1}{4}=1\frac{3}{4}$	$3\frac{3}{7}$	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1+2\frac{1}{2}=3\frac{1}{2}$	$3\frac{3}{7}$	12	$1\frac{3}{4}$	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1\frac{1}{2}+3\frac{3}{4}=5\frac{1}{4}$	$3\frac{3}{7}$	18	$3\frac{1}{2}$	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$2+5=7$	$3\frac{3}{7}$	24	$5\frac{1}{4}$	18	360%
	—	20	—	—	$17\frac{1}{2}$	—	60	$10\frac{1}{2}$	36	240%

Ілгеріде келтірілген жағдайда капиталды бірінші рет жұмсаудың бастапқы өнімділігіне қарағанда капиталды екінші рет жұмсаудың өндіргіш күші жоғары болады деп есептеген едік. Келесі кестеде көрсетілгеніндей, капиталды екінші рет жұмсау үшін бастапқыда бірінші рет жұмсау үшін белгіленгендегідей ғана өнімділік болады деп есептейтін болсақ, істің жайы өзгермейді.

## VIII КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Жұмсалған капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сағу бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Қосымша пайыз нормасы
A .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$\frac{1}{2}+1=1\frac{1}{2}$	4	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$1+2=3$	4	12	$1\frac{1}{2}$	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$1\frac{1}{2}+3=4\frac{1}{2}$	4	18	3	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}=5$	1	6	$2+4=6$	4	24	$4\frac{1}{2}$	18	360%
		20	—	—	15	—	60	9	36	240%

Бұл арада да бірдей дәрежеде өсетін өндіріс бағасы өнімділіктің кемуін өнімнің құны жөнінен де, сондай-ақ ақшалай рентаның сомасы жөнінен де әбден теңестіруге жағдай жасайды.

Таза күйінде үшінші жағдай капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі кезінде ғана көрінеді, ал оның бер жағында капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігі бірінші және екінші жағдайлар үшін барлық жерде алынғаны сияқты өзгермейді. I дифференциалдық рента бұл арада өзгеріске ұшырамайды, рентаның II дифференциалдық рентаны құрайтын бөлегінде ғана өзгеріс болады. Біз екі мысал келтіреміз: бірінші мысалда капиталдың екінші рет жұмсалыуының өнімділігі  $\frac{1}{2}$  есе, екінші мысалда —  $\frac{3}{4}$  есе кеміген деп жорамалданған.

IX КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Жұмсалған капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сағу бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ашылай рента ф. ст.	Рента нормасы
A .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$1 + \frac{1}{2} = 1\frac{1}{2}$	4	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$2 + 1 = 3$	4	12	$1\frac{1}{2}$	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$3 + 1\frac{1}{2} = 4\frac{1}{2}$	4	18	3	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$4 + 2 = 6$	4	24	$4\frac{1}{2}$	18	360%
	—	20	—	—	15	—	60	9	.36	240%

IX кесте де VIII кестедегі сияқты, бірақ VIII кестеде капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігі, IX кестеде капиталды екінші рет жұмсаудың өнімділігі кемиді.

X КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Жұмсалған капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварталер	Сағу бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ашылай рента ф. ст.	Рента нормасы
A .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$1 + \frac{1}{4} = 1\frac{1}{4}$	$4\frac{1}{5}$	6	0	0	0
B .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$2 + \frac{1}{2} = 2\frac{1}{2}$	$4\frac{1}{5}$	12	$1\frac{1}{4}$	6	120%
C .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$3 + \frac{3}{4} = 3\frac{3}{4}$	$4\frac{1}{5}$	18	$2\frac{1}{2}$	12	240%
D .....	1	$2\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} = 5$	1	6	$4 + 1 = 5$	$4\frac{1}{5}$	24	$3\frac{3}{4}$	18	360%
	—	20	—	24	$12\frac{1}{2}$	—	60	$7\frac{1}{2}$	36	240%

Бұл кестеде ақшамен бейнеленген өнім, ақшалай рента мен рента нормасы да II, VII және VIII кестелердегідей, өйткені өнім [ф. ст.] мен сату бағасы тағы да керісінше өзгерді, ал жұмсалған капитал сол күйінде қалды.

Бірақ өндіріс бағасы өскен кезде мүмкін болатын басқа жағдайда, атап айтқанда осы уақытқа дейін өнделмей келген нашар жер енді өнделе бастаған жағдайда істің жайы қалай болады?

Біз а жері деп атаған жер бәсекелесуші жерлердің қатарына қосылды дейік. Мұндай жағдайда осы кезге дейін рента бермей келген А жері рента бере бастар еді де, ілгеріде келтірілген VII, VIII және X кестелер мынадай түр алған болады.

VIIa КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.		Өнім кварталер	Сату бағасы ф. ст.		Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Өсуі
			Пайда	Өндіріс бағасы		Сату бағасы	Өнім				
а.....	1	5	1	6	$1\frac{1}{2}$	4	6	0	0	0	
А.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$\frac{1}{2}+1\frac{1}{4}=1\frac{3}{4}$	4	7	14	1	1	
В.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1+2\frac{1}{2}=3\frac{1}{2}$	4	14	2	8	1+7	
С.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1\frac{1}{2}+3\frac{3}{4}=5\frac{1}{4}$	4	21	$3\frac{3}{4}$	15	1+2×7	
Д.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$2+5=7$	4	28	$5\frac{1}{2}$	22	1+3×7	
	—	—	—	30		19	—	76	$11\frac{1}{2}$	46	—

VIIIa КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.		Өнім кварталер	Сату бағасы ф. ст.		Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварталер	Ақшалай рента ф. ст.	Өсуі
			Пайда	Өндіріс бағасы		Сату бағасы	Өнім				
а.....	1	5	1	6	$1\frac{1}{4}$	$4\frac{4}{5}$	6	0	0	0	
А.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$\frac{1}{2}+1=1\frac{1}{2}$	$4\frac{4}{5}$	$7\frac{1}{5}$	$\frac{1}{4}$	$1\frac{1}{5}$	$1\frac{1}{5}$	
В.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1+2=3$	$4\frac{4}{5}$	$14\frac{2}{5}$	$1\frac{3}{4}$	$8\frac{2}{5}$	$1\frac{1}{5}+7\frac{1}{5}$	
С.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1\frac{1}{2}+3=4\frac{1}{2}$	$4\frac{4}{5}$	$21\frac{3}{5}$	$3\frac{1}{4}$	$15\frac{3}{5}$	$1\frac{1}{5}+2\times7\frac{1}{5}$	
Д.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$2+4=6$	$4\frac{4}{5}$	$28\frac{4}{5}$	$4\frac{3}{4}$	$22\frac{4}{5}$	$1\frac{1}{5}+3\times7\frac{1}{5}$	
	5	—	—	30	$16\frac{1}{4}$	—	78	10	48	—	

Ха КЕСТЕ

Жер категориясы	Акр	Капитал ф. ст.	Папа ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квәрттер	Сару бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента квәрттер	Ақшалай рента ф. ст.	Өсуі
a.....	1	5	1	6	$1\frac{1}{8}$	$5\frac{1}{3}$	6	0	0	0
A.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$1-1/1=1\frac{1}{4}$	$5\frac{1}{3}$	$6\frac{2}{3}$	$\frac{1}{8}$	$\frac{2}{3}$	$\frac{2}{3}$
B.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$2-1/2=2\frac{1}{2}$	$5\frac{1}{3}$	$13\frac{1}{3}$	$1\frac{3}{8}$	$7\frac{1}{3}$	$\frac{2}{3}+6\frac{2}{3}$
C.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$3-3/4=3\frac{3}{4}$	$5\frac{1}{3}$	20	$2\frac{1}{8}$	14	$\frac{2}{3}+2\times 6\frac{2}{3}$
D.....	1	$2\frac{1}{2}+2\frac{1}{2}$	1	6	$4-1=5$	$5\frac{1}{3}$	$26\frac{2}{3}$	$3\frac{1}{8}$	$20\frac{2}{3}$	$\frac{2}{3}+3\times 6\frac{2}{3}$
—			—   30		$13\frac{5}{8}$	—   $72\frac{2}{3}$		8   $42\frac{2}{3}$		—

а жері айналымға қосылған соң жаңа I дифференциалдық рента жасалады, осы жана негізде кейін тағы да өзгерген түрде II дифференциалдық рента құрылады. Ілгеріде келтірілген үш кестенің әрқайсысында а жері түрлі құнарлылықта болады: пропорциялы түрде артып отыратын құнарлылық дәрежелерінің қатары А жерінен ғана басталады. Осыған сәйкес өсе түсетін ренталар қатары да орналасады. Бұрын рента бермей келген, енді рента беретін ең нашар жерден алынатын рента барған сайын жоғары ренталарға жай ғана қосыла салатын тұрақты мөлшер құрайды; осы тұрақты мөлшерді шығарып тастағанда ғана неғұрлым жоғары ренталар үшін айырмашылықтар қатары және сапасы жөнінен түрліше жерлердің құнарлылығын көрсететін қатармен оның қосарлануы айқын көрінеді. Кестелердің бәрінде А жерінен бастап D жеріне дейін құнарлылықтың түрлі дәрежелері бір-біріне 1 : 2 : 3 : 4 сияқты болады және ренталар да бір-біріне осыған сай болады:

VIIa кестеде  $1 : (1+7) : (1+2\times 7) : (1+3\times 7)$ ,

VIIIa кестеде  $1\frac{1}{5} : (1\frac{1}{5}+7\frac{1}{5}) : (1\frac{1}{5}+2\times 7\frac{1}{5}) : (1\frac{1}{5}+3\times 7\frac{1}{5})$ ,

Ха кестеде  $\frac{2}{3} : (\frac{2}{3}+6\frac{2}{3}) : (\frac{2}{3}+2\times 6\frac{2}{3}) : (\frac{2}{3}+3\times 6\frac{2}{3})$ . Қысқасын айтқанда; егер А жерінен алынатын рента n-ге тең, ал құнарлылығы тікелей неғұрлым жоғары жерден алынатын рента n—m-ге тең болса, онда қатар мынадай болады:  $n : (n+m) : (n+2m) : (n+3m)$  т. б.— Ф. Э.]

Жоғарыда келтіріліп өткен үшінші жағдай қолжазбада талдап шешілмегендіктен,— қолжазбада оның тақырыбы ғана бар,— редактордың міндеті мүмкіндігінше осының кемтігін толтыру болды; ілгеріде осылай істелді де. Сонымен бірге редактор басты-басты үш жағдаймен және солардан туатын тоғыз жағдайымен қоса II дифференциалдық рентаны осыған дейінгі бүкіл зерттеуден туатын жалпы қорытындылар жасауға тиіс болды. Бірақ қолжазбада келтірілген мысалдар бұл мақсат үшін онша жарамды емес. Біріншіден, бұл мысалдарда аумағы бірдей көлемнен алынатын өнімі [ф. ст.]  $1 : 2 : 3 : 4$  сияқты болатын жер участоктері салыстырылады; демек, әуел бастан-ақ тым асырып көрсетілген айырмашылық алынады, осының негізінде жасалған жорамалдар мен есептерді әрі қарай өрбіткен кезде әлгі айырмашылық мүлде рабайсыз цифр қатынастарына әкеліп соғады. Екіншіден, бұл мысалдар бүтіндей жаңсақ түсінік туғызуға себеп болады. Бір-біріне қатынасы  $1 : 2 : 3 : 4$  т. б. сияқты болатын құнарлылық дәрежелері жағдайында  $0 : 1 : 2 : 3$  т. б. қатарлы рента алынатын болса, онда жұрт екінші қатарды бірінші қатардан шығаруға және ренталардың екі есе, үш есе т. б. өсуін бүкіл өнімнің екі есе, үш есе т. б. өсуімен түсіндіруге дереу құмартады да тұрады. Бірақ мұның өзі бүтіндей қате болып шығар еді. Құнарлылық дәрежесі  $n : (n+1) : (n+2) : (n+3) : (n+4)$  болған жағдайда да рентаның қатынасы  $0+1 : 2 : 3 : 4$  болады; рентаның бір-біріне қатынасы құнарлылық дәрежелері ретінде емес, қайта құнарлылық айырмалары ретінде болады; сонымен бірге рента бермейтін жер нольге теңеледі:

Тексті түсіндіру үшін қолжазбаның кестелерін келтірген жөн еді. Бірақ зерттеудің төмеңде келтірілген нәтижелеріне айқын негіз алу үшін мен бұдан былай кестелердің жаңа қатарын беремін; бұл кестелерде өнім бушельмен ( $\frac{1}{8}$  квартер, немесе 36,35 литр) және шиллингпен (маркаға тең) берілген.

Бірінші кесте (XI) бұрынғы I кестеге сай келеді. Бұл кесте А—Е бес категориялы түрлі жерлер үшін бірінші рет 50 шилл. капитал жұмсаған кезде, өнім [ф. ст.] мен рента береді, сөйтіп 10 шиллинг пайданы қосқанда бір акрдағы өндірістің бүкіл бағасы 60 шилл. болады. Алынатын астық мөлшері көп емес: бір акрдан 10, 12, 14, 16, 18 бушель. Соның өзінде өндірістің тәртіптеуші бағасы бір бушельге 6 шиллингке тең болады.

Келесі 13 кесте осы тарауда және мұның алдындағы екі тарауда қарастырылып өткен II дифференциалдық рентаның үш жағдайына сай келеді, сонымен бірге өндіріс бағасы тұрақты, кеми беретін және өсе беретін жағдайда нақ сол жер-

дің бір акрына қосымша жұмсалатын капитал 50 шиллингке тең болады деп жорамалданады. Бұл жағдайлардың әрқайсысының өзі қалай болса, солай: 1) капиталды екінші рет жұмсау өнімділігінің бірінші рет жұмсағандығымен салыстырғанда өзгермейтін жағдайында, 2) кеміген жағдайында, 3) өскен жағдайында бейнеленеді. Сонымен бірге істің жайын ерекше айқын етіп көрсететін тағы да кейбір варианттар болады.

I жағдайда — өндіріс бағасы тұрақты болған жағдайда — мынаны көреміз:

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі (XII кесте).

2- » Кемі беретін өнімділік, Мұның өзі *A* жеріне капитал екінші рет жұмсалмаған жағдайда ғана мүмкін болады. Соның өзінде істің жайы не *B* жері де

a) рента бермейтіндей болады (XIII кесте), немесе

b) *B* жері бүтіндей рента бермейтін жер болмайтындай (XIV кесте) болады.

3- » Арта беретін өнімділік (XV кесте). Бұл жағдайда да *A* жеріне капитал екінші рет жұмсалмайды.

II-жағдайда — өндіріс бағасы кемі беретін жағдайда — мынаны көреміз:

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі (XVI кесте).

2- » Кемі беретін өнімділік (XVII кесте). Бұл варианттардың екеуі де мынаған жеткізеді: *A* жері бәсекелесуші жерлердің қатарынан шығып қалады, *B* жері рента бермейтін болып, өндіріс бағасын тәртіптеп отырады.

3- » Арта беретін өнімділік (XVIII кесте).

Бұл жағдайда *A* жері өндіріс бағасын тәртіптеуші болып қала береді.

III-жағдайда — өндіріс бағасы арта беретін жағдайда — екі түрлі болуы мүмкін: *A* жері рента бермейтін және бағаны тәртіптейтін жер болып қала алады, немесе сапасы жағынан *A* жерінен нашар жер бәсекеге түседі де, бағаны тәртіптей бастайды, сөйтіп *A* жері енді рента беретін болады.

Бірінші түрі: *A* жері бағаны тәртіптейтін жер болып қала береді.

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі (XIX кесте). Мұның өзі капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігі кемиді деп жорамалдаған жағдайда ғана мүмкін болады.

2-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі (XX кесте). Бұл жағдайда капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігін өзгертпейді.

3-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өсе беретін өнімділігі (XXI кесте). Бұл да капиталды бірінші рет жұмсау өнімділігінің кеми беруін керек етеді.

Екінші түрі: сапасы нашар жер (а әрпімен белгілейік) бәсекеге түседі; А жері рента береді.

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі (XXII кесте).

2- » Кеми беретін өнімділік (XXIII кесте).

3- » Өсе беретін өнімділік (XXIV кесте).

Бұл варианттардың үшеуі де проблеманың жалпы жағдайларына сай келеді және қайсыбір ескертпелер жасауға жол қалдырмайды.

Енді біз кестелерді келтіреміз:

#### ХІ КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бұ-шельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	60	10	6	60	0	0
B .....	60	12	6	72	12	12
C .....	60	14	6	84	24	2×12
D .....	60	16	6	96	36	3×12
E .....	60	18	6	108	48	4×12
	—	—	—	—	120	10×12

Сол бір жерде капитал екінші рет жұмсалғанда:

Бірінші жағдай: өндіріс бағасы өзгермеген кезде.

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өнімділігі өзгермеген жағдайда (XII кесте).

2-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі жағдайында; А жеріне екінші рет капитал жұмсалмаған.

1) В жері рента бермейтін болған кезде (XIII кесте).

2) В жері рентаны бүтіндей бермей қалмаған кезде (XIV кесте).

3-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өсе беретін өнімділігі жағдайында; мұнда А жеріне де екінші рет капитал жұмсалмайды (XV кесте).

ХІІ КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	$60+60=120$	$10+10=20$	6	120	0	0
B .....	$60+60=120$	$12+12=24$	6	144	24	24
C .....	$60+60=120$	$14+14=28$	6	168	48	$2 \times 24$
D .....	$60+60=120$	$16+16=32$	6	192	72	$3 \times 24$
E .....	$60+60=120$	$18+18=36$	6	216	96	$4 \times 24$
—	—	—	—	—	240	$10 \times 24$

ХІІІ КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	60	10	6	60	0	0
B .....	$60+60=120$	$12+8=20$	6	120	0	0
C .....	$60+60=120$	$14+9\frac{1}{3}=23\frac{1}{3}$	6	140	20	20
D .....	$60+60=120$	$16+10\frac{2}{3}=26\frac{2}{3}$	6	160	40	$2 \times 20$
E .....	$60+60=120$	$18+12=30$	6	180	60	$3 \times 20$
—	—	—	—	—	120	$6 \times 20$

ХІV КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	60	10	6	60	0	0
B .....	$60+60=120$	$12+9=21$	6	126	6	6
C .....	$60+60=120$	$14+10\frac{1}{2}=24\frac{1}{2}$	6	147	27	$6+21$
D .....	$60+60=120$	$16+12=28$	6	168	48	$6+2 \times 21$
E .....	$60+60=120$	$18+13\frac{1}{2}=31\frac{1}{2}$	6	189	69	$6+3 \times 21$
—	—	—	—	—	150	$4 \times 6+6 \times 21$



## XV КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шыл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шыл.	Өнім шыл.	Рента шыл.	Рентаның өсуі
A .....	60	10	6	60	0	0
B .....	$60+60=120$	$12+15=27$	6	162	42	42
C .....	$60+60=120$	$14+17\frac{1}{2}=31\frac{1}{2}$	6	189	69	$42+27$
D .....	$60+60=120$	$16+20=36$	6	216	96	$42+2\times 27$
E .....	$60+60=120$	$18+22\frac{1}{2}=40\frac{1}{2}$	6	243	123	$42+3\times 27$
	—	—	—	—	330	$4\times 42+6\times 27$

Екінші жағдай: Өндіріс бағасы кеми беретін кезде:

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өнімділігі өзгермеген жағдайда; А жері бәсекелесуші жерлердің қатарынан шығып қалады, В жері рента бермейтін болады.

## XVI КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шыл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шыл.	Өнім шыл.	Рента шыл.	Рентаның өсуі
B .....	$60+60=120$	$12+12=24$	5	120	0	0
C .....	$60+60=120$	$14+14=28$	5	140	20	20
D .....	$60+60=120$	$16+16=32$	5	160	40	$2\times 20$
E .....	$60+60=120$	$18+18=36$	5	180	60	$3\times 20$
	—	—	—	—	120	$6\times 20$

2-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі; А жері бәсекелесуші жерлердің қатарынан шығып қалады, В жері рента бермейтін болады.

XVII КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шлл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шлл.	Өнім шлл.	Рента шлл.	Рентаның өсуі
B .....	$60 - 60 = 120$	$12 + 9 = 21$	$5\frac{5}{7}$	120	0	0
C .....	$60 \div 60 = 120$	$14 + 10\frac{1}{2} = 24\frac{1}{2}$	$5\frac{5}{7}$	140	20	20
D .....	$60 + 60 = 120$	$16 + 12 = 28$	$5\frac{5}{7}$	160	40	$2 \times 20$
E .....	$60 \div 60 = 120$	$18 + 13\frac{1}{2} = 31\frac{1}{2}$	$5\frac{5}{7}$	180	60	$3 \times 20$
	—	—	—	—	120	$6 \times 20$

3-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өсе беретін өнімділігі жағдайында; А жері бәсекеде болады, В жері рента береді.

XVIII КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шлл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шлл.	Өнім шлл.	Рента шлл.	Рентаның өсуі
A .....	$60 + 60 = 120$	$10 + 15 = 25$	$4\frac{4}{5}$	120	0	0
B .....	$60 + 60 = 120$	$12 + 18 = 30$	$4\frac{4}{5}$	144	24	24
C .....	$60 + 60 = 120$	$14 + 21 = 35$	$4\frac{4}{5}$	168	48	$2 \times 24$
D .....	$60 + 60 = 120$	$16 + 24 = 40$	$4\frac{4}{5}$	192	72	$3 \times 24$
E .....	$60 + 60 = 120$	$18 + 27 = 45$	$4\frac{4}{5}$	216	96	$4 \times 24$
	—	—	—	—	240	$10 \times 24$

Үшінші жағдай: өндіріс бағасы арта беретін жағдайда.

А. А жері рента бермейтін және бағаны тәртіптеуші жер болып қалғанда.

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі жағдайында, мұның өзі капиталды бірінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігін керек етеді.

## XIX КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	$60+60=120$	$7\frac{1}{2}+10=17\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	120	0	0
B .....	$60+60=120$	$9+12=21$	$6\frac{6}{7}$	144	24	24
C .....	$60+60=120$	$10\frac{1}{2}+14=24\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	168	48	$2\times 24$
D .....	$60+60=120$	$12+16=28$	$6\frac{6}{7}$	192	72	$3\times 24$
E .....	$60+60=120$	$13\frac{1}{2}+18=31\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	216	96	$4\times 24$
	—	—	—	—	240	$10\times 24$

2-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі жағдайында; мұндай жағдайда капиталды бірінші рет жұмсаудың өнімділігі өзгермей қала береді.

## XX КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
A .....	$60+60=120$	$10+5=15$	8	120	0	0
B .....	$60+60=120$	$12+6=18$	8	144	24	24
C .....	$60+60=120$	$14+7=21$	8	168	48	$2\times 24$
D .....	$60+60=120$	$16+8=24$	8	192	72	$3\times 24$
E .....	$60+60=120$	$18+9=27$	8	216	96	$4\times 24$
	—	—	—	—	240	$10\times 24$

3-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өсе беретін өнімділігі жағдайында; бұлай деп жорамалдаған кезде капиталды бірінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі болуын керек етеді.

XXI КЕСТЕ

Жер кате- гориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рента- ның өсуі
A .....	$60 + 60 = 120$	$5 + 12\frac{1}{2} = 17\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	120	0	0
B .....	$60 + 60 = 120$	$6 + 15 = 21$	$6\frac{4}{7}$	144	24	24
C .....	$60 + 60 = 120$	$7 + 17\frac{1}{2} = 24\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	168	48	$2 \times 24$
D .....	$60 + 60 = 120$	$8 + 20 = 28$	$6\frac{6}{7}$	192	72	$3 \times 24$
E .....	$60 + 60 = 120$	$9 + 22\frac{1}{2} = 31\frac{1}{2}$	$6\frac{6}{7}$	216	96	$4 \times 24$
	—	—	—	—	240	$10 \times 24$

В. Нашар (*a* әрпімен белгіленетін) жер бағаны тәртіптеуші жерге айналатын, сол себептен А жері рента бере бастайтын болғанда. Мұндай жағдайда барлық варианттар үшін капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі бола береді.

1-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өзгермейтін өнімділігі жағдайында.

XXII КЕСТЕ

Жер кате- гориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рента- ның өсуі
a .....	120	16	$7\frac{1}{2}$	120	0	0
A .....	$60 + 60 = 120$	$10 + 10 = 20$	$7\frac{1}{2}$	150	30	30
B .....	$60 + 60 = 120$	$12 + 12 = 24$	$7\frac{1}{2}$	180	60	$2 \times 30$
C .....	$60 + 60 = 120$	$14 + 14 = 28$	$7\frac{1}{2}$	210	90	$3 \times 30$
D .....	$60 + 60 = 120$	$16 + 16 = 32$	$7\frac{1}{2}$	240	120	$4 \times 30$
E .....	$60 + 60 = 120$	$18 + 18 = 36$	$7\frac{1}{2}$	270	150	$5 \times 30$
	—	—	—	—	450	$15 \times 30$

2-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі

XXIII КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
a .....	120	15	8	120	0	0
A .....	$60+60=120$	$10+7\frac{1}{2}=17\frac{1}{2}$	8	140	20	20
B .....	$60+60=120$	$12+9=21$	8	168	48	$20+28$
C .....	$60+60=120$	$14+10\frac{1}{2}=24\frac{1}{2}$	8	196	76	$20+2\times 28$
D .....	$60+60=120$	$16+12=28$	8	224	104	$20+3\times 28$
E .....	$60+60=120$	$18+13\frac{1}{2}=31\frac{1}{2}$	8	252	132	$20+4\times 28$
	—	—	—	—	380	$5\times 20+10\times 28$

3-вариант: Капиталды екінші рет жұмсаудың өсе беретін өнімділігі.

XXIV КЕСТЕ

Жер категориясы	Өндіріс бағасы шилл.	Өнім бушельмен алғанда	Сату бағасы шилл.	Өнім шилл.	Рента шилл.	Рентаның өсуі
a .....	120	16	$7\frac{1}{2}$	120	0	0
A .....	$60+60=120$	$10+12\frac{1}{2}=22\frac{1}{2}$	$7\frac{1}{2}$	$168\frac{3}{4}$	$48\frac{3}{4}$	$15+33\frac{3}{4}$
B .....	$60+60=120$	$12+15=27$	$7\frac{1}{2}$	$202\frac{1}{2}$	$82\frac{1}{2}$	$15+2\times 33\frac{3}{4}$
C .....	$60+60=120$	$14+17\frac{1}{2}=31\frac{1}{2}$	$7\frac{1}{2}$	$236\frac{1}{4}$	$116\frac{1}{4}$	$15+3\times 33\frac{3}{4}$
D .....	$60+60=120$	$16+20=36$	$7\frac{1}{2}$	270	150	$15+4\times 33\frac{3}{4}$
E .....	$60+60=120$	$18+22\frac{1}{2}=40\frac{1}{2}$	$7\frac{1}{2}$	$303\frac{3}{4}$	$183\frac{3}{4}$	$15+5\times 33\frac{3}{4}$
					$581\frac{1}{4}$	$5\times 15+15\times 33\frac{3}{4}$

Бұл кестелерден мынадай қорытынды шығады:

Ең алдымен, ренталардың қатары бір-біріне дәл құнарлықтағы айырмашылықтар сияқты қатынаста болады да, рента бермейтін тәртіптеуші жерді бастапқы пункт етіп алады.

Рента өнімнің абсолюттік мөлшеріне қарап емес, қайта өнімнің мөлшеріндегі айырмаға қарап белгіленеді. Түрлі жерлер бір акрдан 1, 2, 3, 4, 5 бушель өнім бере ме немесе 11, 12, 13, 14, 15 бушель өнім бере ме,— екі жағдайда да рентаның қатары 0, 1, 2, 3, 4 бушель немесе соған сай келетін ақша сомасы болады.

Бірақ сол бір жерге капиталды екінші рет жұмсаған кезде бүкіл рента жөнінде алынған нәтиженің маңызы әлдеқайда зор.

Зерттеліп өткен он үш жағдайдың бес жағдайында капиталдың жұмсалыуымен бірге рентаның жалпы сомасы да *екі есе өседі*: 12 шилл.  $\times$  10-ның орнына рента 24 шилл.  $\times$  10 = = 240 шиллинг болады. Бұл жағдайлар мыналар:

I-жағдай, тұрақты баға, 1-вариант: өндірістің жұмсалған шығынға сай өсуі (XII кесте).

II-жағдай, кеми беретін баға, 3-вариант: өндірістің өскелең түрде өсуі (XVIII кесте).

III-жағдай, өсе беретін баға, үш варианттың бәрінде де *A* жері бағаны тәртіптеуші жер болатын бірінші түрі (XIX, XX, XXI кестелер).

Төрт жағдайда рента *екі еседен астам* өседі, атап айтқанда мынадай болады:

I-жағдай, 3-вариант, тұрақты баға, бірақ өндіріс өскелең түрде өседі (XV кесте). Ренталардың сомасы 330 шиллингке дейін өседі.

III-жағдай, үш варианттың бәрінде де *A* жері рента беретін екінші түрі. (XXII кесте, рента =  $30 \times 15 = 450$  шиллинг; XXIII кесте, рента =  $20 \times 5 + 28 \times 10 = 380$  шиллинг; XXIV кесте, рента =  $15 \times 5 + 33\frac{3}{4} \times 15 = 581\frac{1}{4}$  шиллинг).

Бір жағдайда рента *өседі*, бірақ капиталды бірінші рет жұмсағанда алынатын рентамен салыстырғанда екі есе өспейді:

I-жағдай, тұрақты баға, 2-вариант: *B* жері әлі рента беретін жағдайда капиталды екінші рет жұмсаудың кеми беретін өнімділігі. (XIV кесте, рента =  $6 \times 4 + 21 \times 6 = 150$  шиллинг.)

Ақырында, капиталды екінші рет жұмсаған кезде тек үш жағдайда ғана жиынтық рента жердің барлық категориялары үшін капиталды бірінші рет жұмсағандағыдай дәрежеде (XI кесте) қалады; бұлар *A* жері бәсекеге қатысудан қалатын; ал *B* жері бағаны тәртіптеуші жерге айналатын, демек, рента бермейтін жерге айналатын жағдайлар. Сонымен, *B* жерінен рента алынбайтын болып қана қоймай, оның үстіне ренталардың бұдан былайғы әрбір қатарында ол азая береді; нәтиже де осыдан шығады. Бұл жағдайлар мыналар:

I-жағдай, *A* жері бәсекеден шығып қалатын жағдайлар

болатын 2-вариант (XIII кесте.) Ренталардың сомасы  $20 \times 6$  тең болады, демек, XI кестедегідей,  $12 \times 10 = 120$ .

II-жағдай, 1 және 2-варианттар. Жорамалдарға сәйкес, бұл арада *A* жері бәсекеден шығып қалады (XVI және XVII кестелер), сөйтіп ренталардың сомасы тағы да мынаған тең болады:  $20 \times 6 = 12 \times 10 = 120$  шиллинг.

Сөйтіп, мұның мәнісі мынадай: мүмкін болатын барлық жағдайлардың орасан көпшілігінде жерге капиталды көбейтіп жұмсаудың нәтижесінде рента беретін жердің бір акрынан алынатын рента да, сондай-ақ жалпы сомасы жөнінен алғанда да рента артады. Зерттеліп өткен он үш жағдайдың үш жағдайында ғана рентаның жалпы сомасы өзгеріссіз қалады. Бұлар — осы уақытқа дейін рента бермей, тәртіптеуші жердің ролін атқарып келген сапасы ең нашар жер бәсекеге қатысудан қалатын, оған тікелей үзеңгілес келе жатқан сапасы тәуірлеу жер оның орнын басатын, яғни рента беруден қалатын жағдайлар. Бірақ бұл жағдайларда сапасы жақсы жерлерден алынатын ренталар капиталды бірінші рет жұмсаудан түскен ренталармен салыстырмалы түрде артады; егер *C* жерінен алынатын рента 24 шиллингтен 20 шиллингке дейін кемитін болса, онда *D* және *E* жерлері үшін ол 36 мен 48 шиллингтен 40 және 60 шиллингке дейін артады.

*A* жеріне қоса *B* жері де бәсекеге қатысудан қалатын, сөйтіп *C* жері тәртіптеуші және рента бермейтін жерге айналған жағдайда ғана рентаның жалпы сомасы капиталды бірінші рет жұмсаған кезде (XI кесте) жеткен дәрежесінен төмендеуі мүмкін болар еді.

Сонымен, жерге капитал неғұрлым көп жұмсалса, сол елде егіншіліктің және тегі цивилизацияның дамуы неғұрлым жоғары болса, бір акрдан алынатын рента да, сондай-ақ ренталардың бүкіл сомасы да соғұрлым жоғарылай береді, қазірдің өзінде игерілген жердің барлық категориялары бәсекеге қабілетті болып тұрғанда қосымша пайда түрінде қоғамның ірі жер иелеріне төлейтін қыруар сыбағасы да соғұрлым көп болады.

Бұл заң ірі жер иелері табының ғажап өміршеңдігін түсіндіріп береді. Қоғамның басқа ешқандай табы нақ осы тап сияқты судай сапырып ысырап өмір сүрмейді, басқа ешқандай тап бұған ақша қайдан келсе де дәстүрлі, «жағдайына сай келетін» сән-салтанатты осыншама талап етпейді, басқа ешқандай тап түк қысылмай-ақ қарызға осыншама белшесінен батпайды. Солай бола тұрса да, басқа адамдар жерге жұмсаған және капиталистің жерден алатын пайдаларымен ешқандай қатынаста болмай-ақ жер иесіне рента алып бере-

тін капиталдың арқасында ол әрдайым жолын тауып құтылып шығып отырады.

Бірақ ірі жер иесінің әлгі өміршеңдігі бірте-бірте құртысын да сол заң түсіндіріп береді.

1846 жылы Англиядағы астыққа алынатын баж салығының күші жойылған кезде ағылшын фабриканттары осы арқылы жер аристократиясын пауперлерге айналдырды деп ойлаған еді. Мұның орнына жер аристократиясы бұрын-соңғы қай кездегіден де көп байи түсті. Бұл қалай болды? Опонай. Біріншіден, фермерлерден договор бойынша жылына бір акрға 8 фунт стерлингтің орнына 12 фунт стерлингтен [капитал] жұмсауды талап ететін болды, екіншіден, қауымдар палатасында өкілдері өте көп болған жер иелері өз жерлерін құрғату үшін және жерді жақсарту жөнінде үнемі атқарылатын басқа да жұмыстар үшін өздеріне мемлекеттен көп қарыз алды. Ең нашар деген жердің өзі де ешқайда айналыстан бүтіндей шығарылып тасталмай, қайта — ең мықтағанда — әлгі жер басқа мақсаттарға пайдаланылғандықтан, соның өзінде көп жағдайда уақытша ғана пайдаланылып келгендіктен, — рента жерге көбейтіле жұмсалған капиталға пропорциялы түрде өсті де, жер аристократиясы бұрынғыдан да жақсы жағдайда болып шықты.

Бірақ мәңгі-бақи қатып қалған ештеңе жоқ. Мұхит кемелері, солтүстік және оңтүстік американдық, сондай-ақ үнді темір жолдары бүтіндей ерекше жерлердің Европадағы астық рыноктарында бәсекеге түсуіне мүмкіндік берді. Бұлар, бір жағынан, солтүстік американдық прерийлері, Аргентина памластары, табиғатында егін егуге жарамды далалар, қара дүрсін өңдеп, тыңайтқыш шашпағанның өзінде ұзақ жылдар бойы мол өнім беріп келген тусыған топырақ. Екінші жағынан, бұлар орыс және үнді коммунистік қауымдарының жерлері еді, бұлар мемлекеттің аяусыз деспотизмі көбіне азаптау арқылы зорлықпен алып отырған салықтарды өтеуге ақша табу үшін өз өнімінің бір бөлегін, соның өзінде барған сайын өсе түсетін бөлегін сатып отыруға тиіс болды. Бұл өнімдер өндіріс бағаларына қарамай-ақ сатылады, саудагер ұсынатын бағаға сатылады, өйткені шаруа салықты өтеу мерзімі келгенде жерден қазса да ақша табуға тиіс. Сөйтіп осы бәсекенің — соны жатқан қыр даласы мен төзгісіз ауыр салықтар жанына батқан орыс және үнді шаруаларының жерлері бәсекесінің — салдарынан Европа фермері мен шаруасы енді бұрынғы ренталарды сақтап отыра алмады. Европадағы жердің бір бөлегі астық өндіруде біржолата бәсекеге төтеп бере алмайтын болып қалды, барлық жерде рента құлдырап кетті, Европа үшін біздің 2-жағдайымыз, 2-вариантымыз жалпы ережеге айналды, атап



айтқанда астықтың төмендеу бағасы мен қосымша жұмсалған капиталдың кеми беретін өнімділігі тән болды. Шотландиядан Италияға дейінгі, Оңтүстік Франциядан Шығыс Пруссияға дейінгі аграршылардың қыңқылы осыдан келіп шықты. Бір жақсысы, қырдағы жердің бәрі бірдей түгел жыртылудан әлі аулақ еді; Европадағы ірі жер иелерінің бәрін, ұсағымен қоса, күйзелту үшін әлгі жерлер әлі жеткілікті болатын.— *Ф. Э.* }

Рентаны зерттеу үшін керек болатын мәселелер мыналар:

A. Дифференциалдық рента.

1) Дифференциалдық рента ұғымы. Судың күші туралы мәліметтер арқылы көрсету. Жер рентасының өзіне көшу.

2) Түрлі жер учасоктерінің құнарлылығындағы айырмашылықтан туатын I дифференциалдық рента.

3) Сол бір жерге капиталды бірінен кейін бірін жұмсаудан туатын II дифференциалдық рента. II дифференциалдық рента:

a) тұрақты өндіріс бағасы жағдайында,

b) кеми беретін өндіріс бағасы жағдайында,

c) арта беретін өндіріс бағасы жағдайында зерттелуге тиіс.

Онан соң

d) қосымша пайданың рентаға айналуы.

4) Бұл рентаның пайда нормасына жасайтын ықпалы.

B. Абсолюттік рента.

C. Жердің бағасы.

D. Жер рентасы туралы қорытынды ескертпелер.

Дифференциалдық рентаны қарастырудың жалпы нәтижесі ретінде тегі мынадай қорытынды шығады:

*Біріншіден:* қосымша пайда түрлі жолдармен құралуы мүмкін. Бір жағынан, I дифференциалдық рента негізінде, яғни құнарлылығы жөнінен түрліше жерлерден тұратын жер көлеміне жиынтық егіншілік капиталын жұмсау негізінде құралуы мүмкін. Онан соң, II дифференциалдық рента түрінде, сол бір жерге капиталды бірінен кейін бірін жұмсаудың түрлі дифференциалдық өнімділігі негізінде, яғни рента бермейтін, бірақ өндіріс бағасын тәртіптейтін ең нашар жерге соншама мөлшерде капитал жұмсау арқылы қол жеткендігіне қарағанда көбірек өнімділік, мәселен, бидай кварталері арқылы көрсетілген өнімділік негізінде құралуы мүмкін. Бірақ осы қосымша пайда қандай жолмен құралса да оның рентаға айналуы, демек, оның арендатордың қолынан жер иесінің қолына ауысуы әрдайым алғы шарт ретінде: капиталды бірінен

кейін бірін жекелеп жұмсаудың жекелеген өнімдердің іс жүзіндегі әр түрлі өндіріс бағалары (яғни рынокты тәртіптеп отыратын жалпы өндіріс бағасына байланыссыз) алдын ала өндірістің жеке орта бағасымен теңестірілуін керек етеді. Бір акрдан алынатын өнімнің жалпы тәртіптеуші өндіріс бағасының осы жеке орта бағадан артығы бір акрдан алынатын рентаның мөлшерін құрайды әрі оны белгілейді. I дифференциалдық рента жағдайында нәтижелердің айырмашылықтары өзінен өзі көрініп тұрады, өйткені бұл нәтиже айырмашылықтары бірінен бірі сырт жатқан және жақын жатқан түрлі жер участоктерінен болады,— бір акрға жұмсалып, қалыпты деп есептелетін капитал жұмсаған жағдайда және осы шығынға сай келетін қалыпты өңделген жағдайда болады. II дифференциалдық рента жағдайында нәтижелердің айырмашылықтарын алдымен көрінетін ету керек; шынында да, бұларды әуелі I дифференциалдық рентаға айналдыруға тура келеді, ал мұны көрсетілген әдіс бойынша ғана жасауға болады. Мәселен, 740-беттегі III кестені алайық.

*В* жері  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталды бірінші рет жұмсаудың нәтижесінде бір акрдан 2 квартал береді, ал бірдей мөлшердегі капиталды екінші рет жұмсаудың нәтижесінде  $1\frac{1}{2}$  квартал, барлығы сол бір акрден  $3\frac{1}{2}$  квартал береді. Сол бір жерден жиналған  $3\frac{1}{2}$  кварталге қарап оның қай бөлегі I-капиталды жұмсаудың өнімі және қай бөлегі II-капиталды жұмсаудың өнімі екенін ажыратуға болмайды. Шындығында  $3\frac{1}{2}$  квартал 5 фунт стерлинг бүкіл капиталдың өнімі; сондықтан шындығында істің мәні мынада ғана болады:  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал 2 квартал берді, ал 5 ф. ст. капитал 4 квартал емес,  $3\frac{1}{2}$  квартал берді. Осы 5 ф. ст. 4 квартал берсе де істің жайы өзгермеген болар еді, сөйтіп капиталды екі рет жұмсаудың өнімі бірдей болар еді, немесе тіпті 5 квартал болар еді, сөйтіп капиталды екінші рет жұмсау I квартал артық өнім берер еді. Алғашқы 2 кварталдың өндіріс бағасы бір кварталіне  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингке тең, ал екінші  $1\frac{1}{2}$  кварталдың өндіріс бағасы бір кварталіне 2 фунт стерлингке тең болады. Сондықтан осы  $3\frac{1}{2}$  кварталдың бәрі қосылып келіп 6 фунт стерлинг болады. Бұл бір кварталіне орта есеппен алғанда 1 ф. ст.  $14\frac{2}{7}$  шиллинг, айталық, шамамен жинақтап алғанда  $14\frac{1}{3}$  фунт стерлинг болатын бүкіл өнімнің жеке өндіріс бағасы. *A* жері белгілейтін жалпы өндіріс бағасы 3 ф. ст. болған жағдайда мұның өзі бір кварталіне  $1\frac{1}{4}$  ф. ст. қосымша пайда береді, демек барлық  $3\frac{1}{2}$  кварталге  $4\frac{3}{8}$  фунт стерлинг қосымша пайда береді. Өндірістің орта бағасы болған жағдайда бұл *B* жерінде шамамен жинақтап алғанда  $1\frac{1}{2}$  квартал болады. Демек, *B* жерінен алынатын қосымша пайда *B* жерінен алынатын өнімнің тиісті бөлегінде,

астықтай рентаны құрайтын және өндірістің жалпы бағасы бойынша  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке сатылатын әлгі  $1\frac{1}{2}$  кварталде бейнеленеді. Бірақ, мұның керісінше, *A* жерінің бір акрынан алынатын өніммен салыстырғанда *B* жерінің бір акрынан алынатын артық өнімді тікелей қосымша пайда, сол себептен қосымша өнім деп те есептеуге болмайды. Жорамалға сәйкес, *B* жерінің бір акры  $3\frac{1}{2}$  квартал, *A* жерінің бір акры небәрі 1 квартал өндіреді. Демек, *B* жерінен алынатын артық өнім  $2\frac{1}{2}$  квартал, ал қосымша өнім — небәрі  $1\frac{1}{2}$  квартал болады; өйткені *A* жеріне қарағанда *B* жеріне капитал екі есе көп жұмсалған, сондықтан да осы жердегі бүкіл өндіріс бағасы екі есе көп болады. Егер *A* жеріне де 5 ф. ст. жұмсалып, өнімділік нормасы өзгеріссіз күйінде қалған болса, онда өнім 1 кварталдің орнына 2 кварталге тең болар еді, сөйтіп  $3\frac{1}{2}$  және 1 мөлшерін емес, қайта  $3\frac{1}{2}$  және 2 мөлшерлерін салыстыру арқылы шын қосымша өнімді табуға болатындығы айқын болар еді; демек, шын қосымша өнім  $2\frac{1}{2}$  кварталге тең емес, небәрі  $1\frac{1}{2}$  кварталге тең болады. Бірақ, онан соң, *B* жеріне үшінші рет  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсалса, ол небәрі 1 квартал берген болар еді, сөйтіп бұл квартал *A* жерінде өндірілген квартал сияқты 3 ф. ст. тұрған болар еді де, оның 3 ф. ст. сату бағасы бүкіл өндіріс бағасының есесін ғана толтырар еді, орта пайданы ғана берер еді, бірақ ешқандай қосымша пайда, демек, рентаға айналатындай ештеңе бермеген болар еді. *A* жерінің бір акрынан алынатын өніммен салыстырғанда жердің кез келген категориясының бір акрынан алынатын өнім оның капиталды бірдей немесе көбірек жұмсаудың жемісі болған-болмағанын да, қосымша өнім өндіріс бағасының есесін өтер-өтемесін де, немесе оның қосымша капиталдың неғұрлым жоғары өнімділігінің нәтижесінде туған-тумағанын да көрсетпейді.

*Екіншіден:* қосымша капитал жұмсау өнімділігінің кеми беретін нормасы жағдайында, мұның шегі,— бұл арада әңгіме жаңа қосымша пайданың құралуы туралы болып отырғандықтан,— өндіріс бағасының ғана орнын толтыратын, яғни бірдей капитал жұмсағанда бір кварталді *A* жерінің бір акрынан өндіргендегідей қымбат бағамен өндіретін, яғни, жорамалға сәйкес, 3 фунт стерлингке өндіретіндей капитал жұмсалатын шек болып табылады,— *B* жерінің бір акрына жұмсалған бүкіл капитал рента беруден қалатын бұл шекке, ілгеріде айтылғаннан туатынындай, *B* жерінің бір акрынан алынатын өнім өндірісінің жеке орта бағасы *A* жерінің бір акрынан алынатын өндіріс бағасының дәрежесіне дейін көтерілген кезде жетуге болар еді.

*B* жеріне өндіріс бағасының ғана орнын толтыратын, де-

мек, қосымша пайда бермейтін, сол себептен де жаңа рента жасамайтын қосымша капитал жұмсалған болса, онда мұның өзі бір квартал өнім өндірісінің жеке орта бағасын арттырғанымен де бұрын жұмсалған капиталдан құралған қосымша пайданы өзгертпейді, демек, бұрын алынуы мүмкін болатын рентаны өзгертпейді. Өйткені өндірістің орта бағасы әрдайым *A* жеріндегі өндіріс бағасынан төмен болады, ал бұл бағалардың кварталге шаққандағы айырмашылығы азайса да, кварталердің саны сол қатынаста өсетін болады, сондықтан бағаның жалпы артуы өзгеріссіз қалады.

Ілгеріде айтылған жағдайда *B* жеріне алғашында екі рет жұмсалған 5 ф. ст. капитал  $3\frac{1}{2}$  квартал өндіреді, демек, жоғрамаға сәйкес,  $1\frac{1}{2}$  квартал рента  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке тең болады. Егер бұған қосымша бір-ақ квартал өндіретін үшінші рет жұмсалған  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал қосылатын болса, онда  $4\frac{1}{2}$  квартал мөлшеріндегі бүкіл өндіріс бағасы (20% пайданы қосқанда) 9 фунт стерлингке тең болады; демек, бір кварталдің орта бағасы 2 фунт стерлингке тең болады. Сонымен, *B* жеріндегі бір квартал өнім өндірісінің орта бағасы  $1\frac{5}{7}$  фунт стерлингтен 2 фунт стерлингке дейін өсті. *A* жеріндегі тәртіптеуші бағамен салыстырғанда бір кварталден алынатын қосымша пайда демек  $1\frac{2}{7}$  фунт стерлингтен 1 фунт стерлингке дейін кемиді. Бірақ  $1 \times 4\frac{1}{2} = 4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг тап бұрынғы  $1\frac{2}{7} \times 3\frac{1}{2} = 4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг сияқты.

Егер біз *B* жеріне  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен төртінші және бесінші рет қосымша капитал жұмсалды, өндірістің жалпы бағасы бойынша ғана бір квартал өндіретін капитал жұмсалды деп жорамалдайтын болсақ, онда бір ақрдан алынатын бүкіл өнім енді  $6\frac{1}{2}$  квартал болар еді, ал оның бүкіл өндіріс бағасы 15 фунт стерлинг болар еді. *B* жеріндегі бір квартал өнім өндірісінің орта бағасы 2 фунт стерлингтен  $2\frac{4}{13}$  фунт стерлингке дейін көбейген болар еді, ал *A* жеріндегі өндірістің тәртіптеуші бағасымен салыстырғанда бір кварталден алынатын қосымша пайда 1 фунт стерлингтен  $\frac{9}{13}$  фунт стерлингке дейін кеміген болар еді. Бірақ осы  $\frac{9}{13}$  фунт стерлингті де енді бұрынғы  $4\frac{1}{2}$  кварталдің орнына  $6\frac{1}{2}$  кварталге көбейтіп есептеуге тура келер еді. Оның бер жағында  $\frac{9}{13} \times 6\frac{1}{2} = 1 \times 4\frac{1}{2} = 4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болады.

Бұдан шығатын қорытынды ең алдымен мынау: рента беретін жерлерге қосымша капитал жұмсауды мүмкін ету үшін, қосымша капитал тіпті қосымша пайда беруді бүтіндей қойып, орта пайда ғана беретіндей мөлшерде жұмсауды мүмкін ету үшін бұл жағдайларда тәртіптеуші өндіріс бағасын ешқандай арттыру керек болмайды. Бұдан шығатын тағы бір қорытынды мынау: бұл арада бір кварталден алынатын қо-

сымша пайда қаншама кемігенімен бір акрден алынатын қосымша пайданың сомасы өзгеріссіз күйінде қалады; әлгі кему жердің бір акрынан өндірілетін кварталдің тиісінше өсуімен әрдайым тенесіп кетеді. Орта өндіріс бағасы жалпы өндіріс бағасының дәрежесіне (демек, *B* жерінде 3 фунт стерлингке жеткен болар еді) дейін көтерілу үшін 3 фунт стерлинг тәртіптеуші бағаға қарағанда, өндіріс бағасы неғұрлым жоғары болатын өнімге қосымша капитал жұмсалуға тиіс. Бірақ *B* жеріндегі бір квартал өнім орта өндіріс бағасын 3 фунт стерлинг болатын жалпы өндіріс бағасының дәрежесіне жеткізу үшін мұның бір өзі де жеткіліксіз екенін біз кейін көреміз.

Айталық, *B* жерінде мыналар өндірілген екен:

1)  $3\frac{1}{2}$  квартал өндірілді, бұлардың өндіріс бағасы бұрынғыдай 6 фунт стерлингке тең; демек, әрқайсысы  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен капитал екі рет жұмсалған, сонымен бірге екеуі де, кеміген көлемде болса да қосымша пайдалар құрайды.

2) 3 фунт стерлингке 1 квартал өндірілді; жеке өндіріс бағасы тәртіптеуші өндіріс бағасына тең болатындай капитал жұмсалды.

3) 4 фунт стерлингке 1 квартал өндірілді; өндірістің жеке бағасы тәртіптеуші бағасынан 33% жоғары болатындай капитал жұмсалды.

Сонда біз бір акрден 13 фунт стерлингке  $5\frac{1}{2}$  квартал алып,  $10\frac{7}{10}$  фунт стерлинг капитал жұмсаған болар едік; бастапқы жұмсалған капитал төрт есе өскен болар еді, бірақ бірінші рет жұмсалған капиталдың өнімі үш есе де өспес еді.

13 фунт стерлингке алынған  $5\frac{1}{5}$  квартал бір кварталіне  $2\frac{4}{11}$  ф. ст. орта өндіріс бағасын береді, демек, тәртіптеуші өндіріс бағасы 3 ф. ст. болған жағдайда бір кварталінен алынатын артығы  $\frac{7}{11}$  ф. ст. болады; бұл артығы рентаға айнала алады. 3 ф. ст. тәртіптеуші бағасы бойынша сатқан кезде  $5\frac{1}{2}$  квартал  $16\frac{1}{2}$  ф. ст. береді. 13 ф. ст. болатын бүкіл өндіріс бағасын шығарып тастағанда  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. қосымша пайда, немесе рента қалады; *B* жеріндегі бір квартал өнім өндірісінің қазіргі орта бағасы бойынша, яғни бір кварталіне  $2\frac{4}{11}$  фунт стерлингтен есептегенде әлгі  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. енді  $1\frac{25}{52}$  кварталдің орнына жүреді. Ақшатай рента 1 фунт стерлингке, астықтай рента — шамамен алғанда  $\frac{1}{2}$  кварталге кеміген болар еді, бірақ *B* жеріне төртінші рет жұмсалған қосымша капитал қосымша пайда өндірілмегенімен қоймай, сонымен бірге орта пайдадан да кем беретіндігіне қарамастан, бұрынғысынша қосымша пайда мен рента алына береді. Егер біз 3)-капитал мен 2)-капиталды жұмсаудан басқасы өндірістің тәртіптеуші бағасынан асып түсетін бағамен өндіріледі деп жорамалдайтын болсақ, онда бүкіл өндіріс мынадай болады: 6 фунт стер-

лингке  $3\frac{1}{2}$  квартал+8 фунт стерлингке 2 квартал, 14 фунт стерлинг болатын өндіріс бағасы үшін барлығы  $5\frac{1}{2}$  квартал болады. Бір квартал өнім өндірісінің орта бағасы  $2\frac{6}{11}$  фунт стерлингке тең болар еді, мұның өзі  $\frac{5}{11}$  фунт стерлингті артық қалдырар еді. 3 фунт стерлингтен сатылған әлгі  $5\frac{1}{2}$  квартал  $16\frac{1}{2}$  фунт стерлинг береді; бүкіл өндіріс бағасы 14 фунт стерлингті шығарып тастағанда рентаға  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлинг қалады. В жеріндегі өндірістің қазіргі орта бағасы кезінде бұл  $5\frac{3}{56}$  квартал болар еді. Демек, бұрынғысынан аз мөлшерде болғанымен рента әлі алына береді.

Қалай болғанда да бұл мынаны көрсетеді: жақсы жер участоктерінде, өнімі тәртіптеуші өндіріс бағасынан қымбатқа түсетін капиталды қосымша жұмсаған жағдайда рента,— ең болмағанда практикада болатын шектерде,— жойылмайды, қайта тек қана, бір жағынан, өнімділігі кемірек әлгі капитал бүкіл жұмсалған капиталдың қандай үлесін алатындығына қарап, екінші жағынан, оның өнімділігінің кемуіне сәйкес тиісінше азаяды. Оның өнімін өндірудің орта бағасы дегенмен тәртіптеуші бағадан төмен болар еді, сол себептен, қосымша пайда қалған болар еді де, ол рентаға айналысар еді.

Енді В жеріндегі бір квартал өндірісінің орта бағасы өндірістің жалпы бағасына сайма-сай келеді деп есептелік, мұның өзі өнімділігі кеми беретін капиталды төрт рет бірінен кейін бірін ( $2\frac{1}{2}$ ,  $2\frac{1}{2}$ , 5 және 5 ф. ст.) жұмсаудың нәтижесі еді.

Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өнім квартер	Өндіріс бағасы		Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Рента үшін артығы		
			бір квар- терге ф. ст.	барлығы ф. ст.			квар- тер	ф. ст.	
1)	$2\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	2	$1\frac{1}{2}$	3	3	6	1	3
2)	$2\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$	2	3	3	$4\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$
3)	5	1	$1\frac{1}{2}$	4	6	3	$4\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	$-1\frac{1}{2}$
4)	5	1	1	6	6	3	3	-1	-3
	15	3	6	—	18	—	18	0	0

Бұл жағдайда арендатор әрбір кварталді оның жеке өндіріс бағасы бойынша сатады, сондықтан ол кварталлердің баршасын 3 фунт стерлинг болатын тәртіптеуші бағаға сайма-сай келетін олардың орта өндіріс бағасы бойынша сатады. Сон-

дықтан ол өзінің 15 ф. ст. капиталына бұрынғысынша 20% пайда=3 фунт стерлинг алады. Бірақ рента жоғалып кетті. Әрбір кварталдің жеке өндіріс бағасын жалпы өндіріс бағасымен осылайша теңестірген кезде артығы қайда кетті?

2 $\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталды бірінші рет жұмсаудан алынған қосымша пайда 3 фунт стерлингке тең болды; 2 $\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталды екінші рет жұмсаудан алынған қосымша пайда 1 $\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болды; авансыланған капиталдың  $\frac{1}{3}$ -нен, яғни 5 фунт стерлингтен алынған қосымша пайда бәрін қосқанда 4 $\frac{1}{2}$  ф. ст. = 90 болды.

5 ф. ст. 3)-капиталды жұмсаған кезде қосымша пайда бермейтіні былай тұрсын, қайта жалпы өндіріс бағасы бойынша сатылған оның 1 $\frac{1}{2}$  квартал өнімі 1 $\frac{1}{2}$  фунт стерлингті кем береді. Ақырында, тағы да 5 ф. ст. 4)- капиталды жұмсаған кезде жалпы өндіріс бағасы бойынша сатылған оның 1 квартал өнімі 3 фунт стерлингті кем береді. Демек, капиталды екі рет жұмсау қосылып келіп 1) және 2)-капиталды жұмсаудан алынған 4 $\frac{1}{2}$  фунт стерлинг қосымша пайдаға тең болатын 4 $\frac{1}{2}$  фунт стерлингті кем береді.

Қосымша пайда мен пайданың осы жалпы кемтігі өзара бірін-бірі жояды. Сондықтан рента жоғалады. Бірақ шын мәнінде мұның мүмкін болатын себебі тек қана мынадан: қосымша құнның бұрын қосымша пайданы немесе рентаны құрап келген элементтері енді орта пайданы жасауға кіреді. Фермер осы орта пайданы 15 фунт стерлингке 3 фунт стерлинг мөлшерінде, немесе рента есебінен 20% мөлшерінде алады.

В-ның жеке орта өндіріс бағасын рынок бағасын тәртіптеуші А-ның жалпы өндіріс бағасымен теңестіру: капиталды бастапқы жұмсау өнімінің жеке бағасы мен онан асып түсетін тәртіптеуші бағаның арасындағы айырманың барған сайын теңелуін, сөйтіп сайып келгенде капиталды бұдан былайғы жұмсау өнімінің бағасы тәртіптеуші бағадан аса бастайтын айырмашылықпен жойылуын керек етеді. Сонымен капиталды бастапқы жұмсаудың өнімі жеке сатылып тұрғанда қосымша пайда болып көрінетін нәрсе бірте-бірте орта өндіріс бағасының бір бөлегіне айналады, сөйтіп, ақыры, орта пайдаға бүтіндей сіңіп кеткенге дейін орта пайданы құрауға қатысады.

Егер В жеріне жұмсалған 15 ф. ст. капиталдың орнына бұл жерге небәрі 5 ф. ст. капитал жұмсалса, ал соңғы кестеде көрсетілген қосымша 2 $\frac{1}{2}$  квартал А жерінің 2 $\frac{1}{2}$  акрын бір акрға 2 $\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал жұмсап қайтадан өңдеу арқылы өндірілген болса, онда жұмсалған қосымша капитал небәрі 6 $\frac{1}{4}$  ф. ст., ал осы 6 кварталді өндіру үшін А және В жерлеріне жұмсалған бүкіл шығын 15 фунт стерлингтің орнына небәрі

$1\frac{1}{4}$  ф. ст. болар еді, ал олардың бүкіл өндіріс бағасы, пайданы да қосқанда,  $13\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болған болар еді. Осы 6 квартал бұрынғысынша 18 фунт стерлингке сатылар еді, бірақ жұмсалған капитал  $3\frac{3}{4}$  фунт стерлингке кемір еді де, *B* жерінен алынатын рента бұрынғысынша бір ақра  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. болған болар еді. Қосымша  $2\frac{1}{2}$  кварталді өндіру үшін *A* жерінен нашар  $A_1$ ,  $A_2$  жерлерін өңдеген жағдайда істің жайы басқаша болған болар еді, сонда  $A_1$  жеріндегі  $1\frac{1}{2}$  кварталдің бір кварталінің өндіріс бағасы 4 фунт стерлингке, ал  $A_2$  жеріндегі соңғы бір кварталдің өндіріс бағасы 6 фунт стерлингке тең болар еді. Мұндай жағдайда 6 ф. ст. бір квартал тәртіптеуші өндіріс бағасына айналған болар еді. *B* жерінен алынатын әлгі  $3\frac{1}{2}$  квартал  $10\frac{1}{2}$  фунт стерлингтің орнына 21 фунт стерлингке сатылған болар еді, сөйтіп мұның өзі  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингтің орнына 15 ф. ст. рента берген болар еді, ал астық рента  $1\frac{1}{2}$  кварталдің орнына  $2\frac{1}{2}$  квартал болар еді. Нақ сол сияқты *A* жерінен алынатын бір квартал енді 3 ф. ст. рента =  $\frac{1}{2}$  квартал берген болар еді.

Бұл мәселені одан әрі зерттерден бұрын бір ескертпе жасайық.

Бүкіл капиталдың қосымша  $1\frac{1}{2}$  кварталді өндіретін бөлегі бүкіл капиталдың  $1\frac{1}{2}$  кварталін кем өндіретін бөлегімен тепе-тең түсісімен-ақ *B* жерінен алынатын бір кварталдің орта бағасы *A* жері реттейтін бір квартал үшін 3 ф. ст. болатын өндірістің жалпы бағасымен теңеседі, сайма-сай келеді. Бұған нақ қашан жетеді немесе бұл үшін *B* жеріне өндіргіш күші жеткіліксіз қаншама капитал жұмсалуға тиіс, мұның өзі сол бастапқы жұмсалған капиталдың қосымша өнімділігі жағдайында бұдан кейінгі жұмсалған капитал өнімділігінің біршама жеткіліксіз болатындығына, — жеткіліксіз болғанда тәртіптеуші ең нашар *A* жеріне жұмсалған бірдей капиталдың өнімділігімен салыстырғанда жеткіліксіз болатындығына немесе тәртіптеуші бағамен салыстырғанда осы кейін жұмсалған капиталдар өнімі өндірісінің жеке бағасына байланысты болады.

Ілгеріде айтылғаннан ең алдымен мынадай қорытынды шығады:

*Біріншіден.* Тіпті кемі беретін болса да, өнімділігі біршама жоғары сол бір жерге қосымша капитал жұмсалып тұрғанда бір ақрдан алынатын астықтай рента да, ақшалай рента да абсолюттік жағынан өседі, бірақ относительдік жағынан, алдын ала жұмсалған капиталмен салыстырғанда (демек, қосымша пайданың немесе рентаың нормасы ретінде)



әлгі рента азаяды. Тек қана орта пайда беретін немесе өнімнің жеке өндіріс бағасы жалпы өндіріс бағасына тепе-тең келетін қосымша капитал бұл жерде шек болады. Көбейген ұсыныстың арқасында нашар жерлердегі өнім өндірісі керексіз болып қалмаса болғаны, мұндай жағдайда өндіріс бағасы өзгермейді. Тіпті бағалар кеми беретін жағдайда да әлгі қосымша капиталдар азырақ болса да белгілі дәрежеде қосымша пайда бере алады.

*Екіншіден*, тек қана орта пайда беретін, олай болса, қосымша өнімділігі 0-ге тең болатын қосымша капитал жұмсау құралған қосымша пайданың дәрежесінен, сол себепті рентаның дәрежесінен де ештеңе өзгертпейді. Осының нәтижесінде жақсы жерлерден алынатын бір квартал өндірісінің жеке орта бағасы өседі, бір кварталден алынатын артығы кемиді, бірақ осындай кеміген артығын беретін кварталдің саны өседі де, жалпы нәтиже өзгермейтін болады.

*Үшіншіден*, тәртіптеуші бағадан асып түсетін, демек, қосымша өнімділігі 0-ге тең болмайтыны былай тұрсын, қайта нольден де төмен, 0-ден кем, яғни тәртіптеуші *A* жеріне бірдей жұмсалған капиталдың өнімділігінен аз болатын жеке өндіріс бағасы бар өнім беретін қосымша капитал жұмсау,— осылайша қосымша жұмсау жақсы жерлерден алынатын бүкіл өнімнің жеке орта өндіріс бағасын жалпы өндіріс бағасына барған сайын жақындата түседі, демек, олардың арасындағы қосымша пайда, тиісінше рента құрайтын айырмашылықты барған сайын азайта түседі. Бұрын қосымша пайданы немесе рентаны құрастырып келгеннің барған сайын көп бөлегі орта пайданы жасауға жұмсала береді. Солай бола тұрса да, *B* жерінің бір акрына жұмсалған бүкіл капитал қосымша пайда бере береді, бірақ өнімділігі кемірек капитал мөлшерінің өсуімен және осы кемірек өнімділік дәрежесінің артуымен бірге қосымша пайда азая береді. Капитал өсе беретін және өндіріс ұлғая беретін кезде бір акрдан алынатын рента жұмсалған капитал мөлшерінің өсуімен салыстырғанда бұл арада екінші жағдайдағы сияқты относителдік жағынан ғана емес, сонымен бірге абсолюттік жағынан да кемиді.

Жақсы *B* жеріндегі бүкіл өнім өндірісінің жеке орта бағасы тәртіптеуші бағамен тепе-тең болса, демек, алғашқы, неғұрлым өнімдірек жұмсалған капиталдың бүкіл қосымша пайдасы орта пайданы жасауға қосылатын болса, осындай жағдайда ғана рентаның қарасы өше алады.

Бір акрдан алынатын рентаның азаюының ең соңғы шегі рентаның бүтіндей қарасы өшетін пункт болып табылады. Бірақ бұл шек капиталды қосымша жұмсау кемірек өнімділік-

пен өндіре бастағаннан кейін бірден тұмайды, қайта өнімділігі кемірек капиталды қосымша жұмсау сондай бір дәрежеге жеткен кезде тұады, бұл дәрежесінде оның әсері капиталды алғашқы жұмсаудың неғұрлым жоғары өнімділігін жойып жібереді де, бүкіл жұмсалған капиталдың өнімділігі *A* жеріне жұмсалған капиталдың өнімділігіне тең болады, сол себептен де *B* жерінен алынатын бір кварталдің жеке орта бағасы *A* жерінен алынатын бір кварталдің жеке орта бағасына тең болады.

Бірақ бұл жағдайда да рента жоғалғанымен, бір квартал өндірісінің 3 ф. ст. тәртіптеуші бағасы өзгермеген болар еді. Осы шектен әрі асқаннан кейін ғана, не қосымша капиталдың кемірек өнімділігі дәрежесінің өсуі нәтижесінде, не кемірек өнімділік дәрежесі сондай болған кезде әлгі қосымша капитал мөлшерінің өзі өсуі нәтижесінде өндіріс бағасы өсуге тиіс еді. Мәселен, ілгеріде 787-бетте келтірілген кестеде сол бір жерде 4 фунт стерлингтен  $1\frac{1}{2}$  квартал емес,  $2\frac{1}{2}$  квартал өндірілген болса, онда біздің барлығы 7 кварталіміз болған болар еді, бұлардың бүкіл өндіріс бағасы 22 фунт стерлингке тең болар еді; бір квартал  $3\frac{1}{7}$  фунт стерлинг тұрар еді; яғни ол өндірістің жалпы бағасынан  $\frac{1}{7}$  ф. ст. қымбат тұрар еді де, өндірістің жалпы бағасы артуға тиіс болар еді.

Сонымен, жақсы жер участоктеріндегі бір кварталдың жеке орта бағасы өндірістің жалпы бағасына тең болғанға дейін, өндірістің жалпы бағасының бір кварталдың жеке орта бағасынан артықтығы бүтіндей жоғалғанға дейін, сонымен бірге қосымша пайда мен рента да бүтіндей жоғалғанға дейін кемірек, тіпті кеми беретін өнімділігі бар қосымша капиталды әлі де ұзақ уақыт бойы жұмсай беруге болар еді.

Тіпті осындай жағдайда да жақсы жерлерден алынатын рентаның жоғалуымен бірге әлгі жерлер өнімінің жеке орта бағасы өндірістің жалпы бағасымен тепе-тең ғана болар еді, демек, өндірістің жалпы бағасын арттыру әлі де қажет болмас еді.

Ілгеріде келтірілген мысалда жақсы *B* жерінде, бірақ жақсы немесе рента беретін жерлер қатарының соңында тұрған жерде  $3\frac{1}{2}$  квартал қосымша өнімділігі бар 5 ф. ст. капиталдың көмегімен өндіріледі, ал  $2\frac{1}{2}$  квартал кемірек өнімділігі бар 10 ф. ст. капиталдың көмегімен өндіріледі, барлығы 6 квартал болады, демек, осы мөлшердің  $\frac{5}{12}$ -сі кемірек өнімділігі бар капиталдың осы соңғы бөліктерінің көмегімен өндіріледі. Сондықтан нақ осы пунктте ғана 6 квартал өндірісінің жеке орта бағасы бір кварталіне 3 фунт стерлингке дейін артады, демек, өндірістің жалпы бағасымен тепе-тең болады.

Бірақ жерге меншіктілік жағдайында соңғы  $2\frac{1}{2}$  квартал

(бұлардың *A* жерінің жаңа  $2\frac{1}{2}$  акрында өндірілуі мүмкін болатын жағдайын айтпағанда), бір квартеріне 3 фунт стерлингтен осы тәрізді өндірілмеген болар еді. Қосымша капитал өндірістің жалпы бағасы бойынша ғана өндіретін жағдай бұл арада ең шегі болар еді. Соның өзінде мұндай жерге капиталды қосымша жұмсау тоқтатылады.

Шынында да, капиталды бастапқы екі рет жұмсағаннан кейін арендатордың  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. рента төлеуіне тура келген болса, онда ол мұны төлей беруге тиіс болады, сондықтан бір квартерді 3 фунт стерлингтен қымбат өндіретін капиталдың әрбір жұмсалуды оның пайдасының кемуіне әкеліп соғар еді. Кемірек өнімділік жағдайында мұның өзі жеке орта бағаның төнелуіне бөгет жасайды.

Бұл жағдайды *A* жеріндегі бір квартердің өндіріс бағасы 3 фунт стерлинг *B* жері үшін бағаны тәртіптеуші болатын бұрынғы мысал арқылы алып көрейік.

Капитал ф. ст.	Пайда ф. ст.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім квартер	Өндіріс бағасы кварте- ріне ф. ст.	Сату бағасы		Қосымша пайда ф. ст.	Шығын ф. ст.
					квар- теріне ф. ст.	бар- лығы ф. ст.		
$2\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	3	2	$1\frac{1}{2}$	3	6	3	—
$2\frac{1}{2}$	$\frac{1}{2}$	3	$1\frac{1}{2}$	2	3	$4\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$	—
5	1	6	$1\frac{1}{2}$	4	3	$4\frac{1}{2}$	—	$1\frac{1}{2}$
5	1	6	1	6	3	3	—	3
15	3	18	—	—	—	18	$4\frac{1}{2}$	$4\frac{1}{2}$

Капиталды бастапқы екі рет жұмсағанда  $3\frac{1}{2}$  квартердің өндіріс бағасы да арендатор үшін бір квартеріне 3 ф. ст. болады, өйткені оның  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. рента төлеуіне тура келеді, сөйтіп оның жеке өндіріс бағасы мен жалпы өндіріс бағасы арасындағы айырма оның қалтасына барып түспейді. Демек, капиталды бастапқы екі рет жұмсағанда, алынған өнім бағасының артығы капиталды үшінші және төртінші рет жұмсағанда алынған өнімдер бағасындағы жетімсіздіктің орнын оған толтырып бере алмайды.

Капиталды үшінші рет жұмсағанда алынған  $1\frac{1}{2}$  квартер фермерге, пайданы да қосқанда, 6 фунт стерлингке түседі; бірақ бір квартердің тәртіптеуші бағасы 3 ф. ст. болғанда ол әлгілерін небәрі  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлингке сата алады. Демек, ол бүкіл пайдадан айрылып қана қоймай, оның үстіне  $\frac{1}{2}$  фунт

стерлингтен, немесе жұмсалған 5 ф. ст. капиталдың 10%-інен де айрылған болар еді. Капиталды үшінші рет жұмсағанда оның пайда мен капиталдан жоғалтатыны  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингке, ал капиталды төртінші рет жұмсағанда жоғалтатыны 3 фунт стерлингке тең болар еді, барлығы  $4\frac{1}{2}$  ф. ст., яғни капиталды неғұрлым өнімдірек жұмсағаннан алынатын рента қанша болса, дәл сонша болады; капиталды осылайша неғұрлым өнімдірек жұмсаудан алынатын жеке өндіріс бағасы *B* жеріндегі бүкіл өнімнің жеке орта өндіріс бағасына теңестіруші ықпал жасай алмайтын себебі нақ мынадан: оның артығын рента түрінде үшінші адамға төлеуге тура келеді.

Суранысты қанағаттандыру үшін капиталды үшінші рет жұмсау арқылы қосымша  $1\frac{1}{2}$  квартал өндіруге тура келген болса, онда тәртіптеуші рынок бағасы бір кварталіне 4 фунт стерлингке дейін артуға тиіс болар еді. Тәртіптеуші рынок бағасының осылайша қымбаттауы салдарынан капиталды бірінші және екінші рет жұмсағанда *B* жерінен алынатын рента өскен болар еді де, *A* жері рента бере бастар еді.

Сөйтіп, дифференциалдық рента дегеніміз қосымша пайданың рентаға формальды түрде арналуы бола тұрса да, жерге меншіктілік бұл арада жер иесіне қосымша пайданы арендатордың қолынан өз қолына алуына мүмкіндік бере тұрса да, дегенмен сол бір жер көлеміне капиталды бірінші кейін бірін жұмсау немесе, бұл да соған саяды, сол бір жер көлеміне жұмсалған капиталды көбейту капитал өнімділігінің кемі беретін нормасы және өзгермейтін тәртіптеуші баға жағдайында соңғы шекке әлдеқайда тез жетеді, демек, жерге меншіктіліктің салдары болып табылатын қосымша пайданың жер рентасына нақ осылай формальды түрде айналуы нәтижесінде шын мәнінде азды-көпті жасанды шекке жетеді. Сонымен, әдеттегіге қарағанда шегі өзі үшін енді тарырақ болатын осы арада қажет болатын жалпы өндіріс бағасының артуы бұл жерде дифференциалдық рента артуының себебі ғана болып қоймайды, сонымен бірге дифференциалдық рента болуының өзі де өнімді ұсынудың қажеттілікке айналған өсуін осылайша қамтамасыз ету үшін өндірістің орта бағасының бұрынырақ әрі тезірек өсетіндігінің себебі болып табылады.

Бұдан кейін мынаны көрсете кету қажет:

Капиталды екінші рет жұмсаудың нәтижесінде *A* жері қосымша өнімді 4 фунт стерлингтен арзан берген болса, немесе өндіріс бағасы 3 фунт стерлингтен жоғары болса да 4 фунт стерлингтен төмен болатын жаңа, *A* жерінен нашар жер бәсекеге қатысатын болса, *B* жеріне қосымша капитал жұмсау, ілгеріде келтірілген мысалдағыдай, тәртіптеуші бағаны 4 фунт

стерлингке дейін көтере алмаған болар еді. Сонымен, біз I дифференциалдық рента II дифференциалдық рента үшін базис болып табылатындығын көреміз, сонымен бірге олар бір-бірі үшін шек болады, осының арқасында бірде капитал сол бір жер участогіне бірінен кейін бірі жұмсалады, бірде капитал жаңа қосымша жерге біріне-бірі қатар жұмсалады. Мәселен, жақсы жерлерге кезек келетін басқа жағдайларда да олар бірін-бірі нақ осылай шектейді.

КЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ТАРАУ

**ӨНДЕЛЕТІН ЕҢ НАШАР ЖЕРДІҢ ӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН  
ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА**

Айталық, астыққа сұраныс артады да, ұсыныс өнімділігі төмен капиталды рента беретін жерге дәйектілікпен жұмсау арқылы ғана, немесе *A* жерге тағы да өнімділігі кеміп келе жатқан қосымша капиталды жұмсау арқылы, немесе *A* жерден сапасы нашар жаңа жерге капитал жұмсау арқылы қамтамасыз етіледі, дейік.

Рента беретін жердің мысалы ретінде *B* жерді алайық.

Қосымша капитал жұмсау рынок бағасын кварталіне 3 фунт стерлингтен асыра жоғарылатуды керек етеді, бұл баға осы кезге дейін *B* жерден қосымша 1 квартал өндіру үшін өндірістің реттеуші бағасы болып келген-ді (1 квартал бұл арада 1 миллион квартал, ал әрбір акр — 1 миллион акр бола алады). *C*, *D* және т. с. жерлерден, ең жоғары рента беретін жерлерден, сондай-ақ қосымша өнім алынуы мүмкін, бірақ ол қосымша өндіргіш күш жағдайында кеміп келе жатқан жағдайда ғана алынады; алайда *B* жерден алынатын 1 квартал сұранысты қанағаттандыру үшін қажет деп жорамалданады. Егер бұл бір кварталді *A* жерге немесе категориясы одан да төменірек *A* жерге бір мөлшерде қосымша капитал жұмсағаннан гөрі, — айталық, *A* жерінде қосымша капитал жұмсап,  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. ақшаға бір квартал өндіргенде, *A* жерінде 4 ф. ст. ақшаға бір квартал өндіруге болады екен, — *B* жерге қосымша капитал жұмсау арқылы сол бір кварталді одан да арзанырақ өндіруге болатын болса, онда *B* жерге жұмсалған қосымша капитал рынок бағасын реттеп отырап еді.

*A* жер 1 кварталді бұрынғысынан 3 фунт стерлингке өндірді. *B* жер де, бұрынғысынан, жалпы алғанда  $3\frac{1}{2}$  квартал өндірді, бұларды өндірудің жеке бағасы қорыта келгенде 6 фунт стерлинг болады. Ал енді, жаңадан бір квартал өндіру үшін, *B* жерде өндіріс бағасына (пайданы қоса есептегенде)

қосымша 4 ф. ст. жұмсау керек болса, және де мұндай өнімді *A* жерде қосымша  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. қана жұмсап өндіруге болатын болса, онда өзінен өзі түсінікті, ол *B* жерде емес, *A* жерде өндірілген болар еді. Ал бірақ айталық өндіріс бағасына  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. қосып, оны *B* жерде өндіруге болады, дейік. Бұл жағдайда  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. барлық өндіріс үшін реттеуші баға болар еді. Сонда *B* жерден  $4\frac{1}{2}$  квартал өнім  $15\frac{3}{4}$  фунт стерлингке сатылған болып шығады. Бұл сомадан алғашқы  $3\frac{1}{2}$  кварталді өндіру бағасы 6 ф. ст., соңғы кварталді өндіру бағасы  $3\frac{1}{2}$  ф. ст., жиыны  $9\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болады. Рентаға төлеу үшін қалатын үстеме пайда  $=6\frac{1}{4}$  ф. ст., ал одан бұрын  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг қана болатын. Бұл жағдайда *A* жердің бір акры да  $\frac{1}{2}$  ф. ст. рента берген болар еді, бірақ  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. өндіріс бағасын реттеуші ең нашар деген *A* жер емес, біршама тәуір деген *B* жер болар еді. Бұл жағдайда, әрине, айталық, *A* категориялы жаңа жер, орналасуы осы кезге дейін өңделіп келген жер сияқты да, оған қол жетпейді дейік, сондықтан бұрын өңделіп келген *A* учас­тоққа, өндіріс бағасы бұрынғыдан да жоғары кезде, екінші рет капитал жасауға, немесе бұдан да нашар *A*<sub>1</sub> жерді пайдалануға тура келер еді. Капиталды дәйектілікпен жұмсау II дифференциалдық рента бере бастасымен-ақ, өндірістің өскелең бағасының шегін ең жақсы деген жер реттей алады, сонда I дифференциалдық рентаның базисі — ең нашар деген жердің өзі де рента бере алады. Сөйтіп, тек дифференциалдық рентаны ғана еске алсақ, онда өңделетін барлық жер рента бере бастар еді. Сонда бізде төмендегідей екі кесте болады; мұндағы авансыланған капитал сомасы мен оған қосылған 20% пайданы біз өндіріс бағасы деп түсінеміз, демек, әрбір  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капиталға  $\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен пайда келеді де, жиыны 3 фунт стерлинг болады.

Жер категориясы	Акр.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварт.	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварт.	Ақшалай рента ф. ст.
<i>A</i> .....	1	3	1	3	3	0	0
<i>B</i> .....	1	6	$3\frac{1}{2}$	3	$10\frac{1}{2}$	$1\frac{1}{2}$	$4\frac{1}{2}$
<i>C</i> .....	1	6	$5\frac{1}{2}$	3	$16\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	$10\frac{1}{2}$
<i>D</i> .....	1	6	$7\frac{1}{2}$	3	$22\frac{1}{2}$	$5\frac{1}{2}$	$16\frac{1}{2}$
Жиыны.....	4	21	$17\frac{1}{2}$	—	$52\frac{1}{2}$	$10\frac{1}{2}$	$31\frac{1}{2}$

1 ғана квартал беретін *B* жерге  $3\frac{1}{2}$  ф. ст. жаңа капитал [өндіріс бағасына сәйкестеп] жұмсағанға дейінгі жағдай осындай. Ал осы капиталды жұмсағаннан кейін жағдай мынадай болады:

Жер кате- гориясы	Акр.	Өндіріс бағасы ф. ст.	Өнім кварт.	Сату бағасы ф. ст.	Өнім ф. ст.	Астықтай рента кварт.	Ақшалай рента ф. ст.
A .....	1	3	1	$3\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	$\frac{1}{7}$	$\frac{1}{2}$
B .....	1	$9\frac{1}{2}$	$4\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	$15\frac{3}{4}$	$11\frac{11}{14}$	$6\frac{1}{4}$
C .....	1	6	$5\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	$19\frac{1}{4}$	$31\frac{11}{14}$	$13\frac{1}{4}$
D .....	1	6	$7\frac{1}{2}$	$3\frac{1}{2}$	$26\frac{1}{4}$	$51\frac{11}{14}$	$20\frac{1}{4}$
Жиыны.....	4	$24\frac{1}{2}$	$18\frac{1}{2}$	—	$64\frac{3}{4}$	$11\frac{1}{2}$	$40\frac{1}{4}$

{Бұл тағы да онша дәл шығарылмаған есеп. *B* жердің арендаторына осы  $4\frac{1}{2}$  кварталді өндіру, біріншіден,  $9\frac{1}{2}$  ф. ст. өндіріс бағасы және, екіншіден,  $4\frac{1}{2}$  ф. ст. рента болып, жиыны 14 фунт стерлингке түседі; орташа есеппен әр квартерге  $3\frac{1}{9}$  фунт стерлинг жұмсалады. Оның бүкіл өндірісінің осы орташа бағасы, сөйтіп, реттеуші рынок бағасына айналады. Сондықтан *A* жерде рента  $\frac{1}{2}$  ф. ст. орнына  $\frac{1}{9}$  ф. ст. болар еді де, *B* жерде рента бұрынғысынша  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болып қала берер еді;  $4\frac{1}{2}$  квартал  $3\frac{1}{9}$  фунт стерлингтен = 14 фунт стерлинг; егер бұл сомандан бүкіл өндіріс бағасы  $9\frac{1}{2}$  фунт стерлингті шығарып тастасақ, сонда қалатын үстеме пайда  $4\frac{1}{2}$  фунт стерлинг болады. Сөйтіп, цифрлардың өзгертілетініне қарамастан, бұл мысал, қазірдің өзінде рента беріп отырған біршама жақсы жер II дифференциалдық рента арқылы бағаны реттеуші бола алатындығын және осының арқасында *барлық* жер, соның ішінде бұл кезге дейін рента бермеген жерде, рента беретін жерге айнала алатынын көрсетеді.— Ф. Э. }

Астық өндірісін реттеуші баға артады екен, яғни реттеуші жерде бір квартал астық өндіру бағасы, немесе жерлердің біреуінде капиталдың реттеуші шығыны дереу артады екен, демек, астық рентасы артуға тиіс. Мұның өзі барлық жердің құнарлылығы төмендеп, мысалы, жаңадан жұмсалған капи-



талдың әрбір  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлингiне 1 квартал орнына  $\frac{5}{7}$  кварталден ғана астық өндiргенмен бiрдей. Белгiлi бiр капиталды жұмсағанда сол жерлерден өнетiн барлық басы артық астық қосымша өнiмге айналады, оның iшiнде үстеме пайда, демек, рента да бар. Егер пайда нормасы бұрынғысынша қалады деп жорамалдасақ, онда фермер өзiнiң алған пайдасына астықты аз мөлшерде сатып алар едi. Егер жалақы артпаса, пайда нормасы бұрынғы қалпында қалуы мүмкiн,— ал жалақының артпайтын себебi — не оны нақты минимумға дейiн төмендеткендiктен, яғни жұмыс күшiнiң қалыпты құнынан төмен түсiргендiктен, немесе жұмысшылардың тұтынуы үшiн өнеркәсiп жеткiзiп отыратын басқа заттар бiршама арзандағандықтан, немесе жұмыс күнi ұзартылып, қарқындылығы артқандықтан және осының салдарынан егiншiлiктен түсетiн пайданы да реттеп отыратын өндiрiстiң егiншiлiктен өзге салалардағы пайда нормасы тiптi артпаған күннiң өзiнде де бұрынғы қалпында қалғандықтан; немесе егiншiлiкте өнеркәсiппен салыстырғанда тұрақты капитал бiршама көп жұмсалып, өзгермелi капитал азырақ жұмсалатындықтан болады.

Сөйтiп, бiз осы кезге дейiн ең нашар жер болған  $A$  жерде рента пайда болуының бiрiншi жолын қарастырып өттiк, бұл жерде тiптi мұнан да нашар жердi қоса ұқсату жағы өз болған жоқ; атап айтқанда, бұған дейiн реттеушi болып келген осы жердегi жеке өндiрiс бағасының жаңа, неғұрлым жоғары өндiрiс бағасымен салыстырғандағы айырмашылығы арқасында рента пайда болуын қарастырдық, ал бiршама жақсы жерге жеткiлiксiз өндiргiш күшпен жұмсалған соңғы қосымша капитал жоғарыда айтылған неғұрлым жоғары өндiрiс бағасы бойынша қажеттi қосымша өнiм бередi.

Егер қосымша өнiмдi 1 кварталдi 4 фунт стерлингтен ғана бере алатын  $A_1$  жерде өндiруге тура келсе, онда  $A$  жердiң ақынан алынатын рента 1 фунт стерлингке дейiн артар едi. Бiрақ бұл жағдайда  $A_1$  жер өндеулi жердiң ең нашары саналып келген  $A$  жердiң орнына жылжыр едi, ал төменгi буын ретiнде  $A$  жер рента беретiн жерлердiң қатарына қосылар едi. I дифференциалдық рента өзгерген болар едi. Сонымен, бұл мысал осы жерде қаралып отырған II дифференциалдық рента шеңберiнен сырт жатыр, өйткенi II дифференциалдық рента жердiң белгiлi бiр участогына капиталды дәйектi жұмсаудың әр түрлi өнiмдiлiгiнен пайда болады.

Бiрақ, бұдан басқа,  $A$  жерде дифференциалдық рента тағы екi жолмен пайда болуы мүмкiн.

Баға өзгермеген жағдайда,— ол қандай болмасын, тiптi мұның өзi бұрынғымен салыстырғанда төмен баға болса да,— қосымша капитал жұмсау үстеме өнiмдiлiк туғызады, мұның

өзі *prima facie*\* белгілі шекке дейін әрдайым нақ ең нашар жерде болуға тиіс.

Екіншіден, *A* жерге дәйекті жұмсалған капитал өнімділігі, керісінше, кеміген жағдайда болады.

Бұл екі жағдайда да өндірістің артуы сұраныстың жағдайынан туады деп жорамалданады.

Бірақ бұл арада дифференциалдық рентаның тұрғысынан бұрын шығарылған заңға байланысты ерекше қиыншылық туады; бұл заң бойынша барлық өнім үшін (немесе жұмсалған барлық капитал үшін) өндірістің жалпы бағасын әрдайым бір квартал өндірудің орташа жеке бағасы анықтайды. Шынында жақсы жерге қарама-қарсы, *A* жер үшін жаңадан капитал жұмсау мақсатында өндірістің жеке бағасын жалпы өндіріс бағасымен теңеуді тежейтін өндіріс бағасы сырттан келетін нәрсе емес. Өйткені *A* жердегі өндірістің жеке бағасы дегеніміз рынок бағасын реттейтін жалпы өндіріс бағасының нақ өзі.

Былай деп жорамалдайық:

1) *A* жердің 1 акрына дәйекті капитал жұмсаудың өске-лең өндіргіш күші жағдайында өндірістің 6 ф. ст. бағасына тең 5 ф. ст. капитал авансылап, 2 квартал орнына 3 квартал өндіруге болады. Бірінші жұмсалған  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал 1 квартал, екіншісі — 2 квартал береді. Бұл жағдайда өндірістің барлық бағасы 6 ф. ст. 3 квартал береді, демек, квартал орта есеппен 2 фунт стерлинг тұратын болады; сөйтіп, егер 3 квартал 2 ф. стерлингтен сатылса, онда *A* жер бұрынғысынан рента бермейді, бірақ *B* дифференциалдық рентаның негізі ғана өзгереді; 3 фунт стерлингтің орнына 2 ф. ст. өндірістің реттеуші бағасына айналды; ең нашар жерде  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал енді орта есеппен 1 квартал орнына  $1\frac{1}{2}$  квартал өндіреді, ал мұның өзі енді  $2\frac{1}{2}$  фунт стерлинг жұмсалған жағдайда неғұрлым жоғары сапалы барлық жер үшін қолданылатын ресми құнарлылық. Осы уақыттан бастап ол жерлердің бұрынғы үстеме өнімінің бір бөлігі олардың қажетті өнімін жасауға кіреді, сол сияқты олардың бұрынғы үстеме пайдасының бір бөлігі — орташа пайданы жасауға кіреді.

Егер мұның керісінше, ең жақсы деген жерлерде қолданылған әдіспен есептейтін болсақ,— ал мұнда орташа есеп қосымша бөліктің абсолюттік мөлшерінде ешқандай өзгеріс туғызбайды, өйткені олар үшін өндірістің жалпы бағасы капиталдың жұмсалыу шегі ретінде берілген,— онда бірінші жұмсалған капиталдан өндірілген квартал 3 ф. ст. тұрады да, ал екінші жұмсалған капиталдан өндірілген 2 квартал бар бол-

\* — ең алдымен. Ред.

ғаны  $1\frac{1}{2}$  фунт стерлингтен тұрады. Сөйтіп, *A* жерде астықтай 1 квартал рента, немесе ақшалай 1 ф. ст. рента пайда болар еді, бірақ бұл 3 квартал ескі бағамен 9 фунт стерлингке сатылар еді. Егер өнімділігі екіншідей  $2\frac{1}{2}$  ф. ст. капитал үшінші рет жұмсалған болса, онда енді өндіріс бағасы 9 ф. ст. көлемінде не бары 5 квартал өндірілген болар еді. Егер *A* жерде өндірістің жеке орташа бағасы реттеуші баға болып қалған болса, онда енді кварталді  $1\frac{4}{5}$  фунт стерлингтен сатуға тура келген болар еді. Орташа баға тағы да төмендеген болар еді, бірақ үшінші жұмсалған капитал өнімділігі тағы да артқандықтан емес, қосымша өнімділігі екінші жұмсалған капиталдай жаңа капитал жұмсалғандықтан ғана төмендер еді. Рента беретін жерлердегі сияқты рентаны арттырудың орнына біршама неғұрлым жоғары, бірақ өнімділігі өзгермейтін капиталдың *A* жерде дәйектілікпен жұмсалуды өндіріс бағасын тиісінше төмендетер еді, сонымен бірге, басқа жағдайлар бірдей болғанда, басқа категориялы барлық жерлерде дифференциалдық рентаны да төмендетер еді. Мұның керісінше, 3 ф. ст. өндіріс бағасы үшін 1 квартал өндіретін капиталдың бірінші жұмсалуды өзімен өзі реттеуші баға болып қалған болса, онда 5 квартал 15 фунт стерлингке сатылған болар еді, ал *A* жерге кейінірек жұмсалған капиталдан алынатын дифференциалдық рента 6 фунт стерлинг болар еді. *A* жердің акрына қосымша капитал қосу, қай түрде істелсе де, жағдайды жақсартар еді де, қосымша капитал капиталдың алғашқы бөлігін де неғұрлым өнімді еткен болар еді. Капиталдың  $\frac{1}{3}$  бөлігі 1 квартал, қалған  $\frac{2}{3}$  бөлігі 4 квартал өндірі деу мағынасыздық болар еді. 6 ф. ст. тек болғаны 1 квартал өндіріп отырғанда, 9 ф. ст. қайткенде де акрынан 5 квартал өндіретін еді. Бұл жерде рента, үстеме пайда туар ма еді, жоқ па,— бұл түгелдей нақты жағдайға байланысты болар еді. Өндірістің бір қалыпты реттеуші бағасы төмендеуге тиіс еді. Мұның өзі жерге көбірек шығын шығарып, өңдеу сапасын жақсарту ісі *A* жерде сапасы біршама жақсы басқа да жерлермен бірдей қолданылғанда, яғни егіншілікте жалпы революция жасалғанда осылай болады; ал енді әңгіме *A* жердің табиғи құнарлылығы жайында болып отырса, онда бұл жерге 3 фунт стерлинг орнына 6 немесе 9 ф. ст. жұмсалғаны еске алынып отыр. Бұл әсіресе, белгілі бір елде азық-түліктің басым көпшілігін беріп отырған *A* жердің зор бөлігі жаңа әдіспен өңделген жағдайда болады. Бірақ алғашқыда *A* жердің болмашы ғана бөлігі жақсартылатын болса, онда осы жақсы өңделетін бөлік үстеме пайда бере бастар еді, сөйтіп, жер иесі бұл үстеме пайданы түгелдей немесе ішінара рентаға айналдыруға және рента ретінде белгілеуге дереу тырысар еді. Сөйтіп,

егер сұраныс ұсыныспен қатар өсетін болса, онда бірте-бірте,  $A$  жердің түгелдей өңдеудің жаңа әдісіне көшуіне қарай,  $A$  жердің бәрінде тұтасынан рента жасалар еді, ал үстеме өнімділіктің нәтижесі, рынок жағдайына қарай, түгелдей немесе ішінара конфискеленген болып шығар еді. Демек, капитал жұмсауды арттырып,  $A$  жерден алынатын өнімнің орташа бағасы бойынша  $A$  жерде өндіріс бағасын теңестіруді осылай капиталды көп жұмсаудан алынатын үстеме пайданы рента түрінде белгілеу арқылы тоқтатуға болар еді. Бұл жағдайда тағы да, біздің мұны қосымша капиталдың өндіргіш күшінің кемуі жағдайында жақсы жерден бұрын көргеніміздей, үстеме пайданың жер рентасына айналуы, яғни жер жеке меншігінің араласуы, өндіріс бағасын арттырар еді, сондықтан дифференциалдық рента өндірістің жеке бағасы мен жалпы бағасы арасындағы айырмашылықтың жай ғана салдары болып шықпаған болар еді. Бұл  $A$  жер үшін екі бағаның дәл келуіне кедергі жасар еді, өйткені  $A$  жердегі орташа өндіріс бағасы арқылы өндіріс бағасын реттеуге кедергі жасаған болар еді; демек, бұл өндіріс бағасын қажеттігінен гөрі жоғарырақ дәрежеде ұстап тұрар еді де, сол арқылы рента жасар еді. Мұндай нәтиже тіпті астықты шетелден еркін тасып әкелгеннің өзінде де қалыптасқан немесе тұрақтаған болар еді, өйткені рента бермегенімен, өндіріс бағасы сырттан белгіленетін ретте де астық өндіруде бәсекеге төтеп бере алатын мұндай жерді фермерлер енді келіп басқа мақсатта пайдалануға, мысалы оны мал жайылымына айналдыруға мәжбүр болар еді, сөйтіп, енді астық рента беретін жерде ғана, яғни бір квартал астықтың өндірістік орташа жеке бағасы сырттан белгіленетін өндіріс бағасынан төмен болатын жерде ғана өндірілген болар еді. Жалпы алғанда былай деп түюге болады: бұл ретте өндіріс бағасы төмендейді, алайда орташа баға дәрежесіне дейін төмендемейді, одан жоғары болады, бірақ нашар ұқсатылатын  $A$  жердегі өндіріс бағасынан төмен болады, сондықтан жаңа  $A$  жердің бәсекесіне шек қойылады.

2) *Қосымша капиталдың өндіргіш күші кеми түскен жағдайда.*

Айталық,  $A_1$  жер қосымша кварталді 4 фунт стерлингке ғана, ал  $A$  жер —  $3\frac{3}{4}$  стерлингке, яғни  $A_1$  жерден гөрі арзанырақ, бірақ  $A$  жерге бірінші капитал жұмсағанда өндірілген кварталден  $\frac{3}{4}$  ф. ст. қымбат өндіре алады, дейік. Бұл жағдайда  $A$  жерде екі рет өндірілген кварталердің жиынтық бағасы —  $6\frac{3}{4}$  фунт стерлингке тең болар еді; демек, бір кварталдің орташа бағасы =  $3\frac{3}{8}$  фунт стерлинг. Өндіріс бағасы артар еді, бірақ бағ болғаны 38 ф. ст. қана; ал енді қосымша капитал кварталді  $3\frac{3}{4}$  фунт стерлингке өндіретін жаңа жерге

жұмсалған болса, ол баға тағы  $\frac{3}{8}$  ф. ст. артып,  $3\frac{3}{4}$  стерлинг болар еді, сөйтіп барлық басқа дифференциалдық рентаны да тиісінше арттырар еді.

Сонымен *A* жерде өндірілген бір кварталдің  $3\frac{3}{8}$  фунт стерлинг өндіріс бағасы сол жерге капитал жұмсау көбейген жағдайда өндірістің орташа бағасымен теңесер еді де, реттеуші бағаға айналар еді; мұнда рента алынбас еді, өйткені үстеме пайда болмас еді.

Бірақ екінші рет капитал жұмсаудан өндірілген бұл кварталер  $3\frac{3}{4}$  фунт стерлингке сатылса, онда *A* жер енді  $\frac{3}{4}$  ф. ст. рента берер еді, тіпті *A* жердің барлық акрынан берері осы болар еді, бірақ оларға қосымша капитал жұмсалмас еді, демек, ол жерлер бұрынғысынша кварталерді 3 фунт стерлингке өндірер еді. *A* жердің әлі ұксатылмаған учасоктары болып отырғандықтан, баға уақытша ғана  $3\frac{3}{4}$  фунт стерлингке дейін арта алар еді. *A* жердің жаңа учасоктарының бәсекесі өндіріс бағасын 3 ф. ст. дәрежесінде ұстар еді, кварталерді  $3\frac{3}{4}$  фунт стерлингтен арзан өндіруге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайы бар бүкіл *A* жер таусылғанға дейін ұстар еді. Демек, осындай жорамал жасауға тура келеді, бірақ жердің бір акры рента беретін болса, жер иесі фермерге басқа акрды рентасыз бермейді.

Өндіріс бағасы орташа баға бойынша теңеле ме, жоқ па немесе екінші рет  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. капитал жұмсағандағы өндірістің жеке бағасы реттеуші баға бола ма, жоқ па, бұл тағы да қолда бар *A* жерге екінші жұмсалған капиталдың аз-көп тарауына байланысты болады. Егер кварталер бағасы  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. болған жағдайда алынатын үстеме пайданы жер иесі сұраныс қанағаттандырылғанға дейін рента ретінде белгілеп үлгірген ретте ғана  $3\frac{3}{4}$  ф. ст. реттеуші бағаға айналады.

Капиталды дәйекті қолданғанда топырақ өнімділігінің кеми түсуі туралы Либихтен қараңыз<sup>189</sup>. Жұмсалған капиталдың үстеме өндіргіш күшінің үздіксіз кеми беруі, өндіріс бағасы өзгермей отырғанда, акрдан алынатын рентаны үнемі артыратынын және оның тіпті өндіріс бағасы төмендей түскен жағдайда осыған әкеліп соқтыратынын көрдік.

Дегенмен жалпы алғанда мынаны ескерте кету керек.

Капиталистік өндіріс әдісі тұрғысынан қарағанда өнімнің біршама қымбаттауы әрдайым болып отырады, егер сол өнімді алу үшін қаржы жұмсалса, егер бұрын өтелмей келген бір нәрсе өтелуге тиіс болса сөйтеді. Өйткені өндіріске жұмсалған капиталдың орнын толтыру деп өндірістің белгілі бір құрал-жабдықтарына жұмсалған құндардың орнын толтыруды ғана

түсіну керек. Өндіріске оның агенті ретінде кіретін табиғат элементтері тегін келеді,— бұл элементтер өндірісте қандай роль атқарса да, олар өндіріске капиталдың құрамды бөлігі ретінде кірмейді, капиталдың тегін табиғи күші, яғни еңбектің тегін табиғи өндіргіш күші ретінде кіреді, алайда бұл күш капиталистік өндіріс тәсілінің базисі негізінде жалпы өндіргіш күш атаулы сияқты, капиталдың өндіргіш күші болып табылады. Демек, егер өндіріске алғашында осылай тегін келетін табиғи күш қатынасатын болса, онда бұл күштің көмегімен әзірленетін өнім қажетті қанағаттандыруға жеткілікті болып тұрған кезде, бұл күш бағаны белгілегенде есепке алынбайды. Бірақ келе-келе, осы табиғи күштің көмегімен әзірленетін өнім сол мөлшерден артығырақ керек болса, яғни қосымша өнімді осы табиғи күштің көмегінен тыс немесе адамның, адам еңбегінің көмегімен өндіруге тура келсе, онда капиталға қосымша жаңа элемент кіреді. Демек, бұрынғы өнімді алу үшін біршама көп капитал жұмсалатын болады. Басқа жағдайлар бірдей болғанда өндіріс қымбаттайды.

(«1876 жылы февральдың ортасында басталды» деп белгі қойылған дәптерден. [Ф. Э.]).

*Дифференциалдық рента және жерге жұмсалған капиталдың проценті түріндегі ғана рента.*

Ұзақ нәтижелі мелиорациялық деп аталатын жұмыстар,— капитал жұмсауды керек ететін әрекеттер арқылы топырақтың физикалық, ішінара химиялық та қасиеттерін өзгертетін және жерге капитал жұмсау деп қарауға болатын жұмыстар,— осының бәрі: жердің белгілі бір участоғына, белгілі бір шектегі жердің топырағына басқа бір жердегі, көбінесе арасы өте жақын жердегі табиғи қасиеттерді дарыту мақсатын көздейді. Жердің бір алқабының беті жаратылысында тегіс болса, екінші бір алқаптың бетін қолдан тегістеуге тура келеді; біреуінде судың табиғи жылғалары бар, ал екіншісі қолдан дренаж жасауды керек етеді, біреуінің жаратылысында егістікке жарамды қалың қыртысы болса, ал екіншісінде оны қолдан тереңдету қажет; бір жердің сазды топырағы жаратылысында қажетті мөлшерде құмдақ болса, ал екіншісінің осындай қажетті құрамын қолдан жасау керек болады; бір жердің көк орайы табиғи түрде суарылады не оны тұнба басады, ал екінші бір жерге мұны еңбектің көмегімен, немесе буржуазиялық саяси экономия тілімен айтқанда, капиталдың көмегімен жасауға тура келеді.

Шынында да мына теория қызықты теория: бұл жағдайда біршама артықшылықтары қолдан жасалған жерде рента:

процент болады да, ал табиғи артықшылықтары бар екінші бір жерде рента процент болмайды, дейтін теория шынында да қызық\*. (Іс жүзінде мәселе былай бұрмаланады: егер бір жағдайда рента шынында процентпен сәйкес келетін болса, оны екінші бір жағдайда да, тіпті іс жүзінде әлгіндей сәйкестік болмаса да, процент деп атау керек, процент түрінде жалған көрсету керек.) Бірақ капитал жұмсағаннан кейін, жердің рента беретін себебі — оған капитал жұмсалғандықтан емес, оның себебі: капитал жұмсалғаннан кейін жер бұрынғысынан гөрі капитал жұмсаудың тиімдірек саласына айналатындықтан. Айталық, белгілі бір елдің барлық жері осындай капитал жұмсауды керек етеді екен, дейік; мұндай жағдайда әлі капитал жұмсалмаған жердің әрбір участогының осы сатыдан өтуіне тура келеді, ал осындай капиталды бұрын жұтып алған жердің беретін рентасы (бұл ретте участоктың беретін проценті) дифференциалдық рента болып табылады, кәдімгі бір бұл жердің табиғи артықшылығы бар да, ал басқа жерлерде бұл артықшылық қолдан жасалған тәрізді.

Ал енді жұмсалған капитал өтелгеннен кейін әлгі процентке саятын рента таза дифференциалдық рентаға айналады. Бұлай болмаған күнде, бір капиталдың өзі капитал ретінде екі рет тіршілік етер еді.

---

Ең қызықты құбылыстың бірі мынадай: құнды тек еңбек арқылы анықтау жөнінде Рикардоға қарсы дау айтушылардың бәрі дифференциалдық рентаны жерлердің арасындағы айырмашылықпен түсіндіруге де қарсы — бұл жерде олар құнды еңбек анықтамайды, табиғат анықтайды деген жағдайды дәлел етеді; сонымен қатар бұл анықтаманы жердің орналасуына немесе — одан да бетер — тіпті жерді өндегенде жұмсалған капиталдың процентіне апарып таңады. Белгілі бір еңбек белгілі бір уақыт ішінде дайындалған өнімге бір мөлшерде құн береді; бірақ бұл өнімнің көлемі немесе мөлшері, демек, осы өнімнің тиісті бөлігіне сай келетін құн бөлігі еңбектің белгілі мөлшері жағдайында тек қана өнім мөлшеріне байланысты, ал өнім мөлшері, осыған орайлас, еңбектің осы мөлшерінің нақты санына емес, оның өнімділігіне байланысты. Осы өнімділіктің пайда болуы табиғатқа байланысты ма, немесе қоғамға байланысты ма, оның бәрі бір. Бұл өнімділік еңбек арқылы, демек, капитал арқылы жасалған ретте ғана, ол белгілі бір дәрежеде өндіріс бағасын арттырады, ал табиғат мұны істемейді.

---

\* Осы томның 668-бетін қараңыз. *Гед.*

## ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ТАРАУ

## АБСОЛЮТТІ ЖЕР РЕНТАСЫ

Біз дифференциалдық рентаға талдау жасағанда мынадай жорамалға сүйендік: ең нашар жер жер рентасын бермейді, немесе, неғұрлым жалпы түрде айтсақ, рынокты реттеуші өндіріс бағасынан өндірістің жеке бағасы төмен болатын жер ғана жер рентасын береді, осының арқасында үстеме пайда жасалып, рентаға айналады. Ең алдымен ескерте кететін бір жағдай: дифференциалдық рента ретіндегі дифференциалдық рента заңы бұл жорамалдың дұрыс-бұрыстығына мүлде байланысты емес.

Егер рынокты реттеуші жалпы өндіріс бағасын біз  $P$  әрпімен белгілесек, онда ең нашар  $A$  жер өнімі үшін  $P$  осы жердегі жеке өндіріс бағасына дәл келеді; яғни баға өндіріске жұмсалған тұрақты және оған қоса өзгермелі капиталды, орташа пайданы өтейді (кәсіпкерлік пайда плюс процент).

Бұл жағдайда рента нольге тең. Сапасы жағынан  $B$  категориясына ең жақын жердегі өндірістің жеке бағасы  $=P$ , сондықтан  $P > P^1$ , яғни  $B$  категориялы жер өнімі өндірісінің шың бағасын  $P$  әлдеқайда артық өтейді. Енді  $P - P^1 = d$  болсын; сондықтан  $d$ ,  $P$ -дың  $P^1$ -нен артығы,  $B$  категориялы жердің арендаторы алатын үстеме пайда болып шығады. Бұл  $d$  рентаға айналады, сөйтіп мұны жер меншікшісіне төлеуге тура келеді. Үшінші категориялы  $C$  жер үшін өндірістің шын бағасы  $P''$  болсын, сөйтіп  $P - P'' = 2d$  болсын; демек, осы  $2d$  рентаға айналады; дәл сол сияқты төртінші категориялы  $D$  жер үшін өндірістің жеке бағасы  $P'''$  болсын, ал  $P - P''' = 3d$  болсын, бұлар жер рентасына айналады, т. т.  $A$  категориялы жер үшін рента  $= 0$ , сондықтан да оның өнімінің бағасы  $= P + 0$  деген жорамалды енді қате деп есептейтін болайық. Керісінше, тіпті ол да  $r$ -ға тең рента беретін-ақ болсын. Бұл ретте бізде екі түрлі нәтиже болар еді.

*Біріншіден:*  $A$  категориялы жер өнімінің бағасы осы жердегі өндіріс бағасымен реттелмеген болар еді, қайта осы ба-



гадан біраз артылып,  $P+r$ -ға тең болар еді. Өйткені капиталистік өндірістің барысы қалыпты болады деп жорамалдайтын болсақ, яғни фермер жер меншікшісіне төлейтін басы артық  $r$  жалақыдан да, капиталға келетін орташа пайдадан да шығарылмайды деп жорамалдайтын болсақ, онда фермер мұны өз өнімін өндіріс бағасынан қымбат сату арқылы ғана төлей алады, демек, егер ол осы артық өнімді рента түрінде жер иесіне бермеген болса, бұл өнім фермерге үстеме пайда әкелген болар еді. Мұндай жағдайда барлық категориялы жердің рыноктағы барлық өнімінің реттеуші рынок бағасы капиталдың жалпы барлық өндіріс саласында беретін өндіріс бағасы болмас еді, яғни шығындар плюс орташа пайдаға тең баға болмас еді, бірақ та өндіріс бағасы плюс рента,  $P$  емес,  $P+r$  болар еді. Өйткені  $A$  категориялы жер өнімінің бағасы реттеуші жалпы рынок бағасының, жиынтық өнімді жеткізгенде қойылатын бағаның жалпы шегін білдіреді, сондықтан ол осы жиынтық өнімнің бағасын реттейді.

Алайда, екіншіден, бұл жағдайда жер өнімінің жалпы бағасы айтарлықтай өзгергенімен, бұдан дифференциалдық рента заңы тіпті де алынып тасталмас еді. Өйткені,  $A$  жер өнімінің бағасы, ал сонымен қатар жалпы рынок бағасы да  $= P+r$  болса, онда  $B$ ,  $C$ ,  $D$  және т. т. жерлер өнімінің бағасы да  $= P+r$  болар еді. Бірақ  $B$  жер үшін  $P-P'=d$  болғандықтан,  $(P+r)-(P'+r)$  да  $=d$  болар еді, ал  $C$  жер үшін, өз кезегінде,  $P-P''=(P+r)-(P''+r)=2d$  болар еді, сондай-ақ, ақырында,  $D$  жер үшін  $P-P'''=(P+r)-(P'''+r)=3d$  болар еді, т. с. Сонымен, бұрынғы дифференциалдық рента қалар еді және сол бұрынғы заңмен реттелер еді, бірақ енді рентаға бұл заңға байланысты емес элемент кірер еді, және рента жер өнімінің бағасымен бірге жалпы артар еді. Бұдан шығатын қорытынды: ең құнарсыз категориялы жерлерден алынатын рентаның жайы қандай болса да, дифференциалдық рента заңы бұған байланысты болмайтыны былай тұрсын, дифференциалдық рентаның шын табиғатын түсінудің бірден-бір тәсілі  $A$  категориялы жер рентасын нольге теңеу болады. Ол шынымен  $=0$  ме немесе  $> 0$  ме, мұның бәрі бір, өйткені әңгіме дифференциалдық рента жайында болып отыр, сондықтан іс жүзінде есепке алынбайды.

Сонымен дифференциалдық рента заңы бұдан әрі зерттеу нәтижесіне байланысты емес.

Енді, бұдан әрі,  $A$  категориялы ең нашар жердің өнімі рента бермейді деген жорамал не нәрсеге негізделіп айтылған деп сұрақ қойылса, оның жауабы тек мынадай болады: Егер жер өнімінің, айталық астықтың, рынок бағасы жоғары дәрежеге жетіп,  $A$  жерге қосымша авансыланып жұмсалған ка-

питал өндірістің әдеттегі бағасын өтейтін болса яғни капиталға әдеттегі орташа пайданы беретін болса, онда бұл жағдай *A* жерге қосымша капитал жұмсау үшін жеткілікті. Яғни бұл шарт капиталистің жаңа капиталды қалыпты әдіспен пайдаланып, әдеттегі пайдасын тауып отыруы үшін осы жағдай жетіп жатыр.

Бұл жерде ескерте кететін бір нәрсе, бұл ретте де рынок бағасы *A* жердегі өндіріс бағасынан гөрі жоғары болуға тиіс. Өйткені қосымша ұсыныс қалай туысымен, сұраныс пен ұсыныстың арасалмағы өзгеретіні айқын. Бұрын ұсыныс жеткіліксіз еді, енді ұсыныс жеткілікті. Демек, баға төмендеуге тиіс. Бірақ ол төмендей алуы үшін, бұдан бұрын *A* жердегі өндіріс бағасынан гөрі жоғары дәрежеде болуы керек. Ал енді жаңадан өнделетін *A* жердің тым төмен құнарлылығы мынаған әкеп соқтырады: *B* категориялы жер өнімінің өндіріс бағасы рынокты реттеген кездегідей төмен дәрежеге баға қайтадан құлдырамайды. *A* жердегі өндіріс бағасы рынок бағасының уақытша артуы үшін емес, біршама тұрақты артуы үшін шек белгілейді.— Керісінше, егер жаңадан ұқсатылатын жер, осы кезге дейін реттеуші болып келген *A* жерден құнарлырақ болса, алайда ол жер қосымша сұранысты өтеуге ғана жететін болса, онда рынок бағасы өзгеріссіз қалады. Төменгі категориялы жер рента бере ме деген мәселені зерттеу бұл ретте де қазіргі біз шұғылданып отырған нәрсемен сәйкес келеді: бұл арада да *A* жер рента бермейді деген жорамалды тек қана капиталистік фермердің қолданған капиталын және плюс орташа пайдасын өтеп алуы үшін осы рынок бағасының жеткілікті екендігімен түсіндіруге болар еді: қысқасы, мұндай жорамалды рынок бағасы капиталистік фермерге оның товарының өндіріс бағасын береді деп қана түсіндіруге болар еді.

Қалай дегенде де капиталистік фермер, ол капиталист болып әрекет етуге тиісті болғандықтан, осы жағдайда *A* жерді ұқсата алады. Сонымен, *A* жерде капиталды дұрыс пайдалануға жағдай әбден бар. Бірақ капитал құнының орташа арту жағдайына сәйкес, рента төлей алмағанымен, фермер капиталды *A* жерге жұмсай алады деген алғы шарттан *A* категориясына жататын бұл жер арендатор қарамағына дереу берілетін болады деген қорытынды тіпті де шықпайды. Егер арендатор рента төлемейтін болса, оның өз капиталын әдеттегі жолмен пайда табуға қолдана алатындығы жер меншікшісі үшін өз жерін арендаторға тегін беруге және сол әріптесіне *crédit gratuit\** беретіндей соншалықты филантроп болуға

\* — тегін кредит. *Ред.*

ешбір негіз бола алмайды. Мұндай жорамал жер меншігін абстракциялау, жер меншігін жою болар еді, ал оның болуы капитал жұмсаудың және оны жерге еркін қолданудың шекарасын белгілейді, — арендатордың: шіркін, рента төлемесем, яғни жер меншігін іс жүзінде жоқ деп есептей алсам, астық бағасының дәрежесі *A* жерді пайдалану арқылы өз капиталымнан әдеттегі пайданы тауып отыруыма мүмкіндік берер еді-ау деп жай ғана ойлағанынан ол шекара тіпті де жойылмайды. Бірақ жер меншігі монополиясын, капитал үшін шекара ретіндегі жер меншігін дифференциалдық рента туғызады, өйткені мұнысыз үстеме пайда жер рентасына айналмас еді және арендатордың орнына жер меншікшісіне тимеген болар еді. Сондықтан рента дифференциалдық рента түрінде болмайтын жерде де, яғни *A* жерде де шекара ретіндегі жер меншігі сақтала береді. Егер біз капиталистік өндіріс еліндегі капиталдың жерге рента төленбей-ақ жұмсалатын реттерін қарастырсақ, біз бұл реттердің бәрі жер меншігін заң жүзінде болмағанмен іс жүзінде жоюды көздейтінін көреміз, алайда оның жойылуы белгілі бір, сипаты жағынан кездейсоқ жағдайларда ғана болуы мүмкін.

*Біріншіден*, жер меншікшісінің өзі — капиталист, немесе капиталистің өзі — жер меншікшісі болғанда солай болады. Егер рынок бағасы қазіргі *A* деп танылып отырған жерде өндіріс бағасын алуға болатын, яғни капитал мен орташа пайданың орнын толтыруға болатын дәрежеде көтерілген болса, онда ол адам бұл жағдайда өзінің жер участогында *шаруашылықты өзі жүргізе алады*. Бірақ неге бұлай? Өйткені жер меншігі оның өз капиталын жұмсауына ешқандай шек қоймайды. Ол жерді жай ғана табиғат элементі ретінде пайдалана алады, сондықтан тек өз капиталын пайдалану мақсатын, капиталистік мақсатты ғана көздейді. Мұндай жағдай практикада кездеседі, бірақ өте сирек кездеседі. Жерді капиталистік жолмен ұқсату бір жағынан қызмет атқарушы капитал мен жер меншігін даралап бөлуді керек ететін болса, екінші жағынан, ол әдетте, шаруашылықты жер меншікшісінің өзі жүргізуіне жол бермейді. Жер меншікшісі шаруашылықты өте сирек жағдайда ғана өзі жүргізеді. Егер астық жөніндегі өскелең сұраныс шаруашылықты өзі жүргізетін меншікшілердің қолындағы *A* жерінен гөрі көбірек мөлшерде жер ұқсатуды керек етсе, яғни жалпы ұқсату үшін *A* жердің біразы арендаға берілуге тиіс болса, онда капиталды жұмсауға жер меншігі қоятын шекараның гипотеза жүзіндегі жоқтығы\* дереу жойылады. Капиталистік өндіріс тәсіліне сәйкес капитал мен

\* Түп нұсқада «түсінік» делінген; Маркс қолжазбасының негізінде түзетілді. *Ред.*

жердің, арендатор мен жер меншікшісінің арасын әуелі оқшаулап бөліп алып, ал содан кейін, керісінше, әдетте, капиталға тәуелді емес және оған қарама-қарсы тұратын жер меншігі жоқ жағдайда капитал жерді өңдеуден ешқандай рента алмайтын реттің бәрінде жер иелері шаруашылықты өздері жүргізеді деп жорамалдаған кезде, сорақы қайшылық туады. (Рудниктен рента алу жөнінде бұдан кейініректе А. Смиттен цитат келтірілген жерді қараңыз\*.) Жер меншігінің бұлайша жойылуы кездейсоқ болады. Оның болуы да, болмауы да мүмкін.

*Екіншіден:* арендаға алынатын жер ішінде рынок бағасының осы белгілі бір дәрежесінде рента бермейтін жеке жер участоктары, демек, іс жүзінде арендаға тегін берілетін жер участоктары да болуы мүмкін, бірақ жер меншікшісі олай деп санамайды, өйткені ол жердің жеке участоктарынан түсетін ерекше рентаны емес, арендаға берген жерінен түсетін жалпы рента сомасын есептейді. Бұл жағдайда фермер үшін, арендаға алынатын жердің рента бермейтін участоктары есепке алынатындықтан, капитал жұмсаудың шекарасы ретіндегі жер меншігі қажетсіз болып қалады және де нақ сол жер меншікшісімен шарт жасау себепті қажетсіз болады. Бірақ оның бұл участоктарға рента төлемейтін себебі, сол участоктарды өзінің қосалқы бөлегі етіп алған жерге рента төлейді. Бұл жағдайда ұсыныстың жеткіліксіздігін жою мақсатымен А категориялы нашар жерді пайдалануға тура келгенде, оны дербес, жаңа өндіріс алқабы ретінде емес, жақсы жерге кіріп кеткен бөгде алқап ретінде қарайтын кездегідей әрекет жасау көзделеді. Зерттеліп отырған жағдай нақ сондай — А жердің участоктарында шаруашылықты дербес жүргізуге тура келетін, демек, бұл участоктар капиталистік өндіріс тәсілінің жалпы алғы шарттары болғанда арендаға дербес берілетін жағдай.

*Үшіншіден:* арендатор өзінің бұрынғы арендасына қосымша капитал жұмсай алады, бірақ қазіргі рынок бағасы жағдайында осы жолмен алынатын қосымша өнім оған өндіріс бағасын, әдеттегі пайданы ғана береді, бірақ қосымша рента төлеуге мүмкіншілік бермейді. Сөйтіп, жерге жұмсалған капиталдың бір бөлігінен ол жер рентасын төлейді, екінші бөлігінен төлемейді. Бірақ бұл жорамалдың мәселені шешуге септігі соншалықты аз екені мынадан көрінеді: егер рынок бағасы (сол сияқты жер құнарлылығы) оған қосымша капиталға үстеме өнім алуға мүмкіншілік берсе, бұл, ескі капитал тәрізді, оған өндіріс бағасының үстіне белгілі мөлшерде үстеме

---

\* Осы томның 834-бетін қараңыз. Ред.

пайда келтіретін болса, онда аренда туралы шарт мерзімі өткенше ол осы үстеме пайданы өзі алады. Бірақ неге олай? Өйткені аренда шартының мерзімі біткенше оның жерге капитал жұмсауына жер меншігі қоятын шекараның керегі болмайды. Алайда оның бұл үстеме пайданы қамтамасыз етуі үшін сапасы нашар қосымша жер дербес ұқсатылып, дербес арендаға берілуі қажет болатын белгілі жағдай қажетті өскелең ұсынысты қамтамасыз ету үшін ескі жерге қосымша капитал жұмсаудың жеткіліксіз екенін даусыз дәлелдейді. Бір жорамал екінші жорамалға қайшы келеді. Анығында, енді былай деуге болар еді: ең нашар *A* жерден алынатын рентаның өзі не жер иесінің өзі ұқсататын (бірақ бұл кездейсоқ қана кездеседі) жермен салыстырғанда, не рента бермейтін ескі арендалық учасоктарға қосымша капитал жұмсаумен салыстырғанда дифференциалдық рента болып табылады. Бірақ бұл, біріншіден, әр түрлі жерлердің құнарлылығы әрқилы болуынан тумайтын, сондықтан *A* жердің рента бермеуін, оның өнімі өндіріс бағасы бойынша сатылуын көздемейтін дифференциалдық рента болар еді. Ал, екіншіден, сол арендаға алынған учасокта қосымша жұмсалатын капиталдың рента беру-бермеуі, сондай-ақ жаңадан ұқсатылатын *A* категориялы жердің рента беру-бермеуі үшін мүлде бәрібір; мұның өзі мысалы, дәл мына жағдай сияқты: жаңа дербес өнеркәсіп орнын құру үшін, өндірістің осы саласының басқа бір фабриканты капиталының өз кәсіпорнында түгелдей пайдалана алмайтын бір бөлігін проценттік қағаздарға сала ма, не ол өз кәсіпорнын біраз кеңейте ме, мұның бәрібір; рас, бұл кеңейту оған толық пайда бермегенімен, проценттен гөрі артық береді. Ол үшін бұл енді екінші дәрежелі іс. Керісінше, қосымша жаңа кәсіпорындар орташа пайда келтіруі керек және сондай орташа пайда алу ниетімен құрылады. Әрине, ескі арендаға қосымша капитал жұмсау мен *A* категориялы жаңа жерді қосымша ұқсату белгілі шекара жасайды. Онша қолайлы емес өндіріс жағдайларында ескі арендаға қосымша капитал жұмсаудың ықтимал шегі *A* жерге бәсекелесіп жаңа қаржылар жұмсау арқылы белгіленеді; екінші жағынан, осы категориялы жердің бере алатын рентасы ескі арендаларға бәсекелесіп қосымша капитал жұмсау арқылы тежеледі.

Дегенмен, осындай жалған жалтарыстардың бәрі де проблеманы шешпейді; бұл проблеманың жай ғана қойылысы мынадай: айталық, астықтың рынок бағасы (астық бұл зерттеуде біз үшін жалпы жердің өнімін бейнелейді) *A* жердің ішінара ұқсатылуы үшін де және осы жаңа жерге жұмсалған капитал өнімінің өндіру бағасын өтеу үшін де, яғни капитал мен орташа пайданың орнын толтыру үшін жеткілікті, дейік.

Сонымен, айталық, *A* категориялы жерде капиталды дұрыс қолдануға жағдай толық. Осы жеткілікті ме? Осындай жағдайда бұл капиталды шынында жұмсауға бола ма? Әлде рынок бағасы ең нашар *A* жер де рента бере алатындай дәрежеге көтерілуі керек пе? Яғни жер меншікшісінің монополиясы болмаса, таза капиталистік тұрғыдан қарағанда ешқандай шек болуға тиісті емес жағдайда, әлгі монополия капитал жұмсауға шек қоя ала ма? Қойылған мәселенің шарттарынан ақ енді мынадай қорытынды туады: егер, мысалы, ескі арендаға қосымша капитал жұмсалған болса, ол белгілі бір рынок бағасы жағдайында ешқандай рента бермей, тек орташа пайда беретін болса, бұл жағдай орташа пайда беретін, бірақ рента бермейтін *A* жерге шынында капитал жұмсауға бола ма деген мәселені ешбір шешпейді. Бірақ мәселе түйінінің өзі де осында. Рента бермейтін қосымша капиталдың жұмсалуды сұранысты қанағаттандырмайды, бұл жаңа *A* жерді өңдеу қажеттігімен дәлелденіп отыр. Егер *A* жерді қосымша өңдеу, ол тек рента келтіретіндіктен, демек, өндіріс бағасынан артық пайда беретіндіктен ғана орын алып отырса, онда мынадай екі-ақ жағдайдың болуы ықтимал. Не рынок бағасы ескі арендаға соңғы жұмсалған қосымша капиталдың өзі де үстеме пайда келтіретіндей дәрежеде болуға тиіс, ол пайданы арендатор иемдене ме немесе жер иесі иемдене ме — мұның бәрібір. Бағаның бұлай өсуі және соңғы қосымша капитал жұмсаудан осындай үстеме пайданың алынуы *A* жердің рента бермейтін жағдайда ұқсатыла алмайтындығының салдары болар еді. Өйткені жерді ұқсату үшін тек өндіріс бағасы, бір ғана орташа пайда жеткілікті болса, онда баға мұндай дәрежеде көтерілмес еді және жердің жаңа участоктары бір ғана өндіріс бағаларын бере бастасымен-ақ олардың бәсекесі басталар еді. Мұндай жағдайда ескі арендаға рента бермейтін қосымша жұмсалатын капитал мен *A* жерге жұмсалатын, дәл сондай рента бермейтін, капитал бәсекелесе бастар еді.— Немесе ескі арендаға соңғы жұмсалған капитал рента бермейді, бірақ сөйте тұра, *A* жер ұқсатылып, рента бере бастау үшін рынок бағасы айтарлықтай жоғары көтеріледі. Бұл жағдайда рента бермейтін қосымша капитал жұмсаудың мүмкін болатын бір ғана себебі — рынок бағасы *A* жердің рента беруіне мүмкіншілік туғызбайынша, оның ұқсатылмайтындығы. Соңғы шартсыз ол баға неғұрлым төмен болған жағдайда ғана өңделе басталар еді, сондықтан рентасыз, әдеттегі пайданы келтіру үшін ғана рынок бағасының жоғары болуын талап ететін бұрынғы арендаға алынған участоктарға капиталдың кейінірек жұмсалуды болмаған болар еді. Өйткені ол рынок бағасы жоғары болған жағдайда да орташа ғана пайда бере-

ді ғой. Демек, *A* жерді өңдеу жағдайында ондағы өндіріс бағасын реттейтін неғұрлым төмен баға тұсында әлгі капитал ол пайданы бермеген болар еді, демек, мұндай жағдайда ол қосымша капитал тіпті жұмсалмаған болар еді. Әрине, рента бермейтін, бұрын арендаға алынған участоктарға осылай капитал жұмсаумен салыстырғанда *A* жерден алынатын рента сөйтіп дифференциалдық рента жасар еді. Бірақ егер *A* жер участоктары осындай дифференциалдық рента жасайтын болса, мұның өзі — рента бермейтін жағдайда ол участоктардың жалпы өңделмейтіндігінің салдары, яғни өздігінен алғанда жердің әр түрлілігінен тумайтын және ескі арендадарға қосымша капитал жұмсау мүмкіншілігіне шекара қоятын әлгі рентаның қажеттігі туатындығының салдары. Бұл екі жағдайда да *A* жерден алынатын рента жай ғана астық бағасы көтерілуінің салдары болмас еді, қайта, мұның керісінше: ең нашар жерді ұқсату үшін ол рента беруге тиіс болатындығы астық бағасын осы шартты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дәрежеге дейін көтеруге себеп болар еді.

Дифференциалдық рентаның ерекшелігі сол, жер меншігі бұл арада үстеме пайданы тура қағып түседі, әйтпесе оны арендатор қағып алар еді және белгілі бір жағдайларда, өзінің арендалық договорының мерзімі бітпей тұрғанда, шынында қағып алып отырады. Бұл арада жер меншігі дегеніміз осы меншіктің көмегінсіз (дәлірек айтқанда, рынок бағасын реттеуші өндіріс бағасының бәсеке арқылы белгіленуі салдарынан) пайда болатын товар бағасының үстеме пайдаға айналатын белгілі бір бөлігін ауыстыру себебі ғана, — бағаның осы бөлігін бір кісіден екінші кісіге, капиталистен жер иесіне ауыстыру себебі ғана болып табылады. Бірақ бұл арада жер меншігі бағаның осы құрамды бөлігін немесе бағаның осы бөлігінің алғы шарты болып табылатын бағаның көтерілуін тудыратын себеп емес. Қайта, *A* категориялы ең нашар жер — оны ұқсату өндіріс бағасын бере тұра, — ол осы өндіріс бағасынан артық, белгілі бір рента бермейінше ұқсатылмайтын болса, онда жер меншігі бағаның осы көтерілуін тудыратын себеп болып табылады. *Жер меншігінің өзі рентаны туғызды.* Өндіріс бағасын ғана өтейтін ескі арендаға капиталдың кейінгі қосымша жұмсалыумен салыстырғанда, талданған екінші жағдайдағы сияқты, енді *A* жерден төленетін рентаның дифференциалдық рентаны туғызатындығынан істің мәні ешбір өзгермейді. Өйткені реттеуші баға *A* жер рента бере алатындай жоғары дәрежеге көтерілмейінше, *A* жердің ұқсатыла алмайтын жағдайы ғана — тек осы жағдай ғана бұл арада рынок бағасының ескі арендадарға соңғы жұмсалған капитал, рас, өзінің өндіріс бағасын ғана өтейтін дәрежеге көтері-

луіне себеп болады, бірақ бұл өндіріс бағасы сонымен бірге *A* жер үшін рента береді. Жалпы алғанда сол *A* жерден рента төленуге тиіс екендігі бұл арада *A* жер мен ескі арендадарға соңғы капитал жұмсау арасында дифференциалдық рента тууының себебі болып табылады.

Егер біз, — астық бағасын өндіріс бағасы реттейді деп жорамалдап, — *A* категориялы жер рента бермейді деп жалпы айтатын болсақ, онда біз рента деген сөзді категорияның мәнін білдіретін мағынада айтамыз. Егер фермер аренда ақысын төлегенде, оны не өз жұмысшыларының қалыпты еңбек ақысынан, не өзінің қалыпты орташа пайдасынан игеріп төлейтін болса, онда ең ешқандай рента төлемейді, еңбекақы мен пайдадан өзгеше товар бағасының ешқандай құрамды дербес бөлігін төлемейді. Біз мұның іс жүзінде үнемі кездесіп отыратынын бұдан бұрын көрсеткенбіз. Егер белгілі бір елде ауыл шаруашылық жұмысшыларының еңбекақысы жалпы алғанда еңбекақының қалыпты орташа дәрежесімен салыстырғанда төмен болса, сондықтан еңбек ақыдан шегеру, еңбекақының белгілі бір бөлігі, жалпы ереже ретінде, рента құрамына кіріп кетеді, онда ең нашар деген жердің арендаторы да бұдан сырт қала алмайды. Ең нашар жерді ұқсатуға мүмкіндік туғызатын өндіріс бағасының өзінде әлгі төмен еңбекақы құрамды тармақтардың бірі болып шығады, сондықтан өнімді өндіріс бағасымен сату осы жер арендаторының рента төлеуіне мүмкіншілік бермейді. Сондай-ақ жер иесі өз жерін сату бағасының еңбекақыдан артылғанын түгелдей немесе соның басым көпшілігін рента түрінде төлеуге дайын жұмысшыға да арендаға бере алады. Дегенмен осы жағдайлардың бәрінде де аренда ақысы төленгенімен, нағыз рента тіпті де төленбейді. Бірақ капиталистік өндіріс тәсіліне сәйкес келетін қатынастар барда рента мен аренда ақысы тең болуға тиіс. Ал бұл арада біз де нақ осы қалыпты қатынасты зерттеуге тиіспіз.

Егер тіпті жоғарыда қарастырылған, капиталистік өндіріс тәсілінің шеңберінде рента бермейтін жерге капитал жұмсаушынында да орын алатын реттердің — егер тіпті осы реттердің де біздің проблемамызды шешуге септігі тимейтін болса, онда отаршылдық қатынасқа сүйенген жағдайдағы нәтиже бұдан да аз болады. Отарды отар ететін не, — біз бұл жерде тек егіншілік отарлар туралы айтып отырмыз, — бұл тұтасып тусырап жатқан құнарлы жерлер ғана емес. Оларды көбіне отар ететін нәрсе — бұл жерлерді ешкімнің иемденіп, жер меншігіне бағындырмағандығы. Әңгіме жер туралы болып отырғандықтан, міне осының өзі ескі жерлер мен отарлар арасындағы әлгіндей орасан зор айырмашылық міне осыған



қарап анықталады: атап айтқанда, заң жүзінде немесе іс жүзінде жер меншігінің жоқтығымен анықталады; бұл жөнінде Уэйкфилд әділ көрсеткен<sup>35)</sup>, мұны тіпті одан әлдеқайда бұрын физиократ үлкен Мирабо және басқа ескілікті экономистер ашқан. Мұнда отаршылдар жерді жай ғана иемдене ме немесе олар жердің номинал бағасы дегенді желеу етіп, шынында жерге заң жүзінде иелік алғаны үшін мемлекетке баж салығын ғана төлей ме, мұның бәрібір. Сондай-ақ бұрын қоныстанған отаршылар заң жүзінде жердің меншікті иесі болып табылатынының да бәрібір. Жер меншігі іс жүзінде бұл арада капитал жұмсауға, сол сияқты капиталсыз еңбек жұмсауға шек бола алмайды; қоныстанып үлгірген отаршылардың біраз жерді өздеріне қаратын алуы жаңадан келгендер үшін жаңа жерге олардың капиталын немесе олардың еңбегін жұмсау мүмкіндіктерін жоймайды. Сондықтан жер меншігі жерді капитал жұмсау саласы ретінде шектеген жағдайда жер меншігі жер өнімінің бағасы мен рентаға қалайша әсер ететінін зерттегенде, егіншілікте капиталистік өндіріс тәсілі де, жер меншігінің соған сәйкес формасы да жоқ, іс жүзінде жер меншігі мүлде жоқ буржуазиялық бос отарларға сүйену барып тұрған мағынасыздық болар еді. Мысалы, Рикардо жер рентасы туралы тарауда осылай істейді<sup>90)</sup>. Әуелі ол: жерді иемденудің жер өнімі құнына тигізетін әсерін зерттемекші екенін айтады, сонан кейін мұның ізінше мысал ретінде отарды алады, сонымен қатар жер онда біршама бұрынғы табиғи күйінде, сондықтан оны пайдалану жер меншігі монополиясымен шектелмейді деп жорамалдайды.

Жерді заң жүзінде меншіктенудің құр өзі меншікші үшін жер рентасын жасамайды. Бірақ оның есесіне жер меншігі оның өз жерін экономикалық қатынастар белгілі бір басы артық пайда келтіретіндей етіп жаратуға мүмкіндік бергенге дейін пайдаланбай тұра тұруына ерік береді, бұл тұста оның жері егіншілікке пайдаланыла ма немесе, мысалы, құрылыс және т. с. басқа өндірістік мақсаттарға пайдаланыла ма — мұның бәрібір. Ол осы қызмет саласының абсолюттік мөлшерін арттыра да, кеміте де алмайды, бірақ рыноктағы жер көлемін өзгерте алады. Осыдан келіп, Фурьенің бұрын көрсеткеніндей, мынадай ерекше факт туады: барлық цивилизациялы елдерде жердің біршама үлкен бөлігі үнемі бос жатады.

Сөйтіп, сұраныс жаңа жер жыртуды, айталық, бұған дейін өңделіп келген жерден құнарсыздау жаңа жерлер жыртуды талап етіп отыр екен деп, осы жерге капитал жұмсау арендаторға өндіріс бағасын, ал сонымен қатар әдеттегі пайданы

<sup>35)</sup> Wakefield „England and America“, London, 1833. Сондай-ақ салыстырыңыз: «Капитал», I кітап, XXV тарау.

келтірерліктей дәрежеде жер өнімінің рыноктық бағасы өскендіктен жер меншікшісі ескі жерін арендаға тегін бере ме? Әрине, бермейді. Жұмсалған капитал жер меншікшісіне рента беруге тиіс. Ол өзіне аренда құны төленетін болса ғана жерін арендаға береді. Демек, жер меншікшісіне рента төлей алу үшін рынок бағасы өндіріс бағасынан жоғары,  $P+r$  мөлшеріне дейін көтерілуге тиіс. Жорамал бойынша, жер арендаға берілмеген жағдайда жер меншігі ешнәрсе бермейтіндіктен, экономикалық жағынан оның ешбір құндылығы болмайтындықтан, ең нашар категориялы жаңа жерді сату үшін рынок бағасының өндіріс бағасынан аздап қана артуы жетіп жатыр.

Енді мынадай сұрақ туады: ең нашар жердің жер рентасын беретіндігінен, ал оның өзін құнарлылық айырмашылығынан шығаруға болмайтындықтан келіп, жер өнімінің бағасы сөздің жай мағынасында қажетті түрде монополиялық баға болып табылады, немесе рента салық түрінде, тек айырмасы — мемлекет емес, жер меншікшісі алатын салық түрінде құрамына кіретін баға болып табылады деген қорытынды шыға ма? Мұндай салықтың белгілі бір экономикалық шектері болатындығы өзінен өзі түсінікті. Ол бұрынғы арендаға қосымша капитал жұмсаумен, шеттен әкелінген жер өнімдерінің бәсекесімен — олар емін-еркін әкелінеді екен дейік, — жер меншікшілерінің өзара бәсекелесуімен, ақырында, тұтынушылардың керексінуімен, төлем қабілетімен шектеледі. Бірақ қазір әңгіме ол туралы болып отырған жоқ. Әңгіме ең нашар жерден төленетін рента оның өнімінің, жорамал бойынша, жалпы рыноктық бағаны реттейтін бағасына кіретін-кірмейтіні туралы, — бұл баға салық салынған товар бағасына салық қалай кірсе, мұның да товар құнына солай тәуелсіз элемент ретінде кіретін-кірмейтіні туралы болып отыр.

Бұл тіпті де сөзсіз туатын қорытынды емес, оның жасалу себебі — осы кезге дейін товар құны мен оның өндіріс бағасы арасындағы айырмашылық түсінілмей келгендігінен. Біз белгілі бір товар өндірісінің бағасы оның құнымен әсте бір емес екенін көрдік, бірақ товар өндірісінің тұтас қарастырылып отырған бағасын оның жиынтық құны ғана реттейді және жеке товардың өндіріс бағасы өзгеруіне, айталық басқа жағдайлар өзгермеген кезде, олардың құнының өзгеруі ғана себеп болады. Белгілі бір товардың өндіріс бағасы оның құнынан не жоғары, не төмен болатынын, оған ілуде бір ғана сәйкес келетінін біз көрсетіп өткенбіз. Сондықтан жер өнімдерінің өндіріс бағасынан жоғары сатылу фактісі олардың өз құнынан жоғары сатылатындығын тіпті де дәлелдемейді; сондай-ақ өнеркәсіп товарларының орташа өндіріс бағасымен сатылу

фактісі олардың өз құны бойынша сатылатындығын дәлелдейтіні секілді. Екіншілік өнімдерінің өндірістік өз бағасынан жоғары және өз құнынан төмен сатылуы мүмкін, ал екінші жағынан, көптеген өнеркәсіп товарлары өз құнынан жоғары сатылатыны себепті ғана өндіріс бағасын береді.

Белгілі бір товардың өндіріс бағасының өз құнына қатынасын товар өндірген капиталдың өзгермелі бөлігінің тұрақты бөлігіне қатынасы ғана немесе товар өндірген капиталдың органикалық құрылымы ғана белгілейді. Егер өндірістің белгілі бір саласындағы капиталдың құрылымы орташа қоғамдық капиталдың құрылымынан төмен болса, яғни оның еңбекақыға төленген өзгермелі құрамды бөлігінің еңбектің заттық жағдайларына жұмсалған тұрақты құрамды бөлігіне қатынасы қоғамдық орташа капиталдан жоғары болса, онда оның өнімінің құны өндіріс бағасынан жоғары болуға тиіс. Яғни мұндай капитал, жанды еңбекті біршама көп қолдана отырып, еңбекті біркелкі қанау жағдайында орташа қоғамдық капиталдың сондай мөлшердегі тиісті бөлігіне қарағанда қосымша құнды көп өндіреді, сондықтан пайданы да одан көп келтіреді. Сондықтан оның өнімінің құны оның өндіріс бағасынан жоғары болады, өйткені бұл өндіріс бағасы капитал шығындарына және оған қосылған орташа пайдаға тең болады, ал орташа пайда осы товарда өндірілген пайдадан төмен болады. Орташа қоғамдық капиталдың өндіретін қосымша құны құрылымы төмен осы капиталдың өндіретін қосымша құнынан аз болады. Егер өндірістің белгілі бір саласына жұмсалған капиталдың құрылымы орташа қоғамдық капиталдан гөрі жоғары болса, нәтиже керісінше болады. Бұл капитал өндірген товарлардың құны олардың өндіріс бағасынан төмен болады, мұның өзі әдетте өнеркәсіптің неғұрлым дамыған салаларының өнімдеріне тән нәрсе.

Егер өндірістің белгілі бір саласындағы капиталдың құрылымы орташа қоғамдық капиталдан гөрі төмен болса, онда бұл ең алдымен өндірістің осы ерекше саласындағы қоғамдық еңбектің өндіргіш күші орташа дәрежеден төмен екендігінің екінші бір көрінісі ғана; өйткені өндіргіш күштің қол жеткен дәрежесі капиталдың тұрақты бөлігінің өзгермелі бөлігіне қарағанда біршама басымдылығынан немесе осы капиталдың еңбекақыға жұмсалатын құрамды бөлігінің үнемі кеміп отыратындығынан көрінеді. Егер, мұның керісінше, өндірістің белгілі бір саласында капиталдың құрамы неғұрлым жоғары болса, онда бұл өндіргіш күштің дамуы орта дәрежеден артық екенін көрсетеді.

Істің шын мәніне келгенде біздің тақырыбымызға жатпайтын нақ көркемдік жұмыстарды былай қойғанда, өндірістің

әр түрлі салалары өздерінің техникалық ерекшелігіне сәйкес тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасында әр түрлі арақатынас болуын талап ететіні, жанды еңбектің бір салада көп, екінші салада аз орын алуы тиіс екені, әрине, өзінен өзі түсінікті. Егіншіліктен айқын ажыратып қаралуға тиісті кен қазу өнеркәсібінде тұрақты капиталдың элементі ретіндегі шикі материал мүлде болмайды, тіпті көмекші материалдың да елеулі роль атқаруы сирек болады. Алайда кен өнеркәсібінде тұрақты капиталдың екінші бір бөлімі — негізгі капитал елеулі роль атқарады. Бірақ мұнда да өндіріс прогресі өзгермелі капиталдан гөрі тұрақты капиталдың біршама көбірек өсуімен өлшенеді.

Егер нақ егіншілікте капиталдың құрылымы орташа қоғамдық капиталдың құрылымынан төмен болса, онда бұл *prima facie*\* өндірісі дамыған елдерде егіншіліктің өңдеуші өнеркәсіптей дәрежеде алға баспағандығының көрінісі болып табылады. Мұндай факт, барлық басқа және ішінара шешуші экономикалық жағдайларды былай қойғанда, химияның, геология мен физиологияның неғұрлым кеш және ішінара тіпті таяуда ғана дамуымен салыстырғанда, әсіресе тағы да олардың егіншілікте қолданылуымен салыстырғанда, механиканың ертерек және шапшаң дамуымен және әсіресе оның қолданылуымен түсіндіріледі. Алайда күдік туғызбайтын және бұрыннан белгілі <sup>36)</sup> факт мынадай: егіншіліктің өз прогресі капиталдың тұрақты бөлігінің өзгермелі бөлігімен салыстырғанда біршама өсіп отыратынынан үнемі көрінеді. Капиталистік өндірістің белгілі бір елінде, мысалы, Англияда, егіншілік капиталының құрылымы орташа қоғамдық капиталмен салыстырғанда төмен бе, — бұл статистика арқылы ғана шешуге болатын мәселе, онымен егжей-тегжейлі шұғылдану біздің мақсатымыз үшін артық болар еді. Қалай болғанда да, теория жүзінде анықталғаны: осылай жорамалдағанда ғана егіншілік өнімдерінің құны олардың өндіріс бағасынан жоғары бола алады, яғни егіншілікте белгілі бір мөлшердегі капитал өндіретін қосымша құн, немесе ол қозғалысқа келтіретін және оған бағынатын қосымша еңбек (демек, жалпы қолданылатын жанды еңбек), бұл да солай, тең мөлшерлі капитал жағдайында орташа қоғамдық құрылымнан жоғары.

Сөйтіп, біз осында зерттеп отырған және осындай жорамал жасағанда ғана алуға болатын рента формасы үшін, біз осындай жорамал жасасақ, соның өзі жеткілікті. Бұл жорамал керексіз болған жағдайда оған сәйкес рента формасы да керексіз болады.

\* — ең алдымен. *Ред.*

(\*) Қараңыз: Домбаль<sup>19)</sup> және Р. Джонс<sup>12)</sup>.

Дегенмен, егіншілік өнімдерінің құны олардың өндіріс бағасынан жоғары деген бір ғана жай фактінің өзін жеке алғанда, әр түрлі категориядағы жерлердің құнарлылығы әрқилылығына немесе белгілі бір жерге дәйектілікпен капитал жұмсауға байланыссыз жер рентасының болуы, қысқасы, шын мәнінде дифференциалдық рентадан өзгеше түсіндіру үшін тіпті жеткіліксіз; бұл рентаны біз абсолюттік рента деп атауымызға болады. Бірқатар өнеркәсіп өнімдерінің мынадай қасиеті болады: олардың құны өндіріс бағасынан жоғары болады, бірақ соған қарамастан, олар орташа пайдадан артық ештеме бермейді, рентаға айналатын үстеме пайда бермейді. Керісінше. Өндіріс бағасының болуы, оның ұғымы және содан шығатын жалпы пайда нормасы жеке товарлардың өз құны бойынша сатылмайтындығына негізделеді. Өндіріс бағасы товар құндарын теңгермелеуден шығады, бұл теңгермелеу өндірістің түрлі салаларында тұтынылған тиісті капитал құндарының орнын толтырғаннан кейін бүкіл қосымша құнды өндірістің жекелеген салаларында сол қосымша құнның қанша өндірілгеніне және соған сәйкес сол салалардың өнімдерінде ол қосымша құнның қаншама екендігіне пропорциялы түрде емес, авансыланған капиталдардың шамасына пропорциялы түрде бөледі. Тек осылайша келіп қана орта пайда және өзінің сипатты элементі орта пайда болып табылатын товарлар өндірісінің бағасы шығады. Капиталдардың тұрақты тенденциясы — бүкіл капитал жасаған қосымша құнды бөлу де осы теңгермені бәсеке арқылы жасау және осы теңгермені жасау жолындағы бөгеттердің бәрін жою. Осыдан келіп капиталдардың қандай жағдайларда болмасын құндар мен товар өндірісі бағаларының арасындағы айырмашылықтан емес, қайта, керісінше, рынокты реттеп отыратын жалпы өндіріс бағасы мен одан өзгеше жекелеген өндіріс бағаларының арасындағы айырмашылықтан пайда болатын қосымша пайдаларға ғана; сондықтан өндірістің әр түрлі екі саласының арасындағы айырмашылықтан емес, қайта өндірістің әр саласының шеңберінде алынатын қосымша пайдаларға ғана; олай болса, түрлі салаларда қалыптасатын өндірістің жалпы бағаларына, яғни пайданың жалпы нормасына нұқсан келтірмейтін, қайта, керісінше, құндардың өндіріс бағасына айналуын ұйғаратын және пайданың жалпы нормасының болуын ұйғаратын қосымша пайдаларға ғана жол беру тенденциясы келіп шығады. Алайда, бұдан бұрын көрсетілгеніндей\*, бұл ұйғарым бүкіл қоғамдық капиталдың өндірістің түрлі салалары арасында бөліну пропорцияларының үнемі өзгеріп оты-

---

\* Осы томды қараңыз, 212—214-беттер. *Ред.*

руына, капиталдардың үнемі болып отыратын иммиграциясы мен эмиграциясына, олардың бір саладан екінші бір салаға алмасу мүмкіндігіне, қысқасы, жиынды қоғамдық капиталдың дербес бөлшектері жұмсалатын тиісті бос салалары арасындағы сияқты капиталдардың осы түрлі өндіріс салалары арасында еркін алмасуына негізделеді. Бұл ретте, мысалы, товарлардың құны олардың өндіріс бағасынан жоғары немесе қосымша құн орта пайдадан гөрі көп өндірілетін өндіріс саласында капиталдардың құнды өндіріс бағасына апарып теңеу бәсекесіне және мұнымен бірге өндірістің осы саласындағы артық қосымша құнды капитал пайдаланатын барлық салалар арасында бөлуіне кездейсоқ немесе уақытша бөгеттер болмаса, ешқандай бөгет кедергі бола алмайды. Ал егер мұның керісінше бола қалса, капитал өзі ішінара ғана жеңе алатын немесе мүлде жеңе алмайтын және оның өндірістің айырықша салаларына жұмсалуына шек қоятын, жоғарыда айтылған қосымша құнды орта пайдамен жалпылай теңгермелеуді бүтіндей немесе ішінара болғызбайтын жағдайларда ғана капиталға жол беретін сырт күшке тап бола қалса, онда, әлбетте өндірістің мұндай саласында товар құнының товарлардың өндіріс бағасынан асып кетуі нәтижесінде үстеме құн пайда болып, ол рентаға айналады және осындай рента ретінде пайдадан оқшауланады. Сөйтіп капиталды жерге жұмсау кезінде оған осындай сырт күш ретінде және бөгет ретінде қарама-қарсы тұратын нәрсе — жер меншігі яки капиталиске жер меншікшісі қарама-қарсы тұрады.

Бұл арада жер меншігі егер баж салығы төленбейтін болса, яғни рента алынбайтын болса, сол уақытқа дейін өңделмеген не болмаса арендаға берілмеген жерге жаңадан ешбір капитал жұмсауға жол бермейтін бөгет болып табылады, оның бер жағында жаңадан өңдеуге түсетін жер дифференциалдық рента бермейтін жер категориясына жататын жер болғанымен және егер жер меншігі болмаған болса, реттеп отырушы рынок бағасы осы ең нашар жерді өңдеуші адамға оның өндіріс бағасын ғана беретін кезде рынок бағасын біраз шама-лап арттырған кездің өзінде-ақ өңдеуге болатын жер болғанымен жоғарыдағыдай бөгет жасалады. Мұның бер жағында жер меншігі қоятын меженің салдарынан рынок бағасы жер өндіріс бағасынан артық қосымша, яғни рента бере алатындай пунктке дейін артуға тиіс. Алайда, болжамға қарағанда, егіншілік капиталы өндіретін товарлардың құны олардың өндіріс бағасынан жоғары болатындықтан, бұл рента (қазір төменде зерттелетін жағдайдан басқа жағдайларда) құнның өндіріс бағасынан артық қосымшасын жасайды немесе сол қосымшаның бір бөлегін жасайды. Рента құн мен өндіріс

бағасы арасындағы бүкіл айырмаға тең бе не болмаса сол айырманың үлкен бөлегіне әлде кіші бөлегіне ғана тең бе, бұл түгелдей сұраныс пен ұсыныс арасындағы арақатынасқа және жаңадан өңделуге түсетін жер көлемінің мөлшеріне байланысты болған болар еді. Рента егіншілік өнімдері құнының олардың өндіріс бағасынан артық қосымшасына тең болмайынша бұл артық қосымшаның бір бөлегі қалай болғанда да бүкіл қосымша құнды түрлі жеке капиталдардың арасында жалпы теңгермелеуге және пропорционалды түрде бөлуге қатынасқан болар еді. Егерде рента құнның өндіріс бағасынан артық қосымшасына тең болса, онда қосымша құнның орта пайдадан бүкіл осы артығы, бүкіл осы бөлігі әлгі теңгермелеуге қатынаспаған болар еді. Ал осы абсолютті рента құнның өндіріс бағасынан артық қосымшасының бәріне тең бе немесе оның бір бөлегіне ғана тең бе, бұл екі жағдайдың екеуінде де егіншілік өнімдері монополиялық бағамен сатылған болар еді, оның себебі олардың бағасы олардың құнынан жоғары болғандықтан емес, қайта ол баға олардың құнына тең болғандықтан, немесе ол баға олардың құнынан төмен, бірақ олардың өндіріс бағасынан жоғары болғандықтан. Ол өнімдердің монополиялық жағдайы мынада болар еді: құны жалпы өндіріс бағасынан жоғары болатын өнеркәсіп өнімдерінен өзгеше егіншілік өнімдері өндіріс бағасы бойынша сатылмас еді. Құнның да, өндіріс бағасының да бір бөлегі іс жүзінде белгілі тұрақты шама болып табылатындықтан,— атап айтқанда, өндіріс шығыны, өндірісте тұтынылған капитал,  $=k$ , — сондықтан олардың арасындағы айырмашылық екінші бір, өзгермелі бөлекте, өндіріс бағасында  $p$ -ға, пайдаға тең қосымша құнда болады, яғни осы жағдайда қоғамдық капиталға және оның тиісті бөлегі болып табылатын әрбір жеке капиталға арналып есептелінетін, бірақ товардың құнында осы жеке капитал жасаған нақты қосымша құнға тең жиынтық қосымша құнға тең болады және өздері жасап шығарған товар құндарының құрамды бөлегі болып табылады. Егер товардың құны оның өндіріс бағасынан жоғары болса, онда өндіріс бағасы  $k+p$ -ға тең болады, құн  $k+p+d$ -ға тең болады, сондықтан  $p+d$  өзіндегі қосымша құнға тең болады. Олай болса, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылық  $d$  ға, осы капитал өндірген қосымша құнның жалпы пайда нормасына сәйкес сол капиталдың үлесіне тиетін қосымша құннан артығына тең болады. Мұнан шығатыны, егіншілік өнімдерінің бағасы ол өнімдердің құнының мөлшеріне жетпестен олардың өндіріс бағасынан жоғары болуы мүмкін. Онан әрі мұнан шығатыны, егіншілік өнімдерінің бағасы олардың құнының дәрежесіне жетпестен бұрын, белгілі бір

пунктке дейін егіншілік өнімдерінің бағасы ұзақ уақыт бойы арта беруі мүмкін. Сондай-ақ мұнан шығатыны, жер меншігінің монополиясы болуы нәтижесінде ғана егіншілік өнімдері құнының олардың өндіріс бағасынан артығы олардың жалпы рыноктық бағасын анықтайтын кезең болуы мүмкін. Ақыр соңында мұнан шығатыны, бұл ретте өнімнің қымбаттауы рентаға себеп болмайды, қайта рента өнімнің қымбаттауының себебі болып табылады. Ең құнарсыз жер көлемінің өлшемінен алынатын өнім бағасы  $p+r$  ға тең болса, онда барлық дифференциалды ренталар  $r$ -дің тиісті қосындыларына көбейеді, өйткені, болжам бойынша, реттеп отырушы рынок бағасы  $p+r$  болады.

Егер егіншілікті емес қоғамдық капиталдың орташа құрылымы  $=85_c + 15_v$  және қосымша құн нормасы  $=100\%$  болатын болса, онда өндіріс бағасы 115 өлшемге тең болған болар еді. Егерде егіншілікті капиталдың құрылымы  $=75_c + 25_v$  болатын болса, онда нақ сол қосымша құн нормасы жағдайында өнім құны мен реттеуші рынок бағасы 125 өлшемге тең болар еді. Егерде егіншілік өнімі егіншілікті емес өніммен орта баға жағынан теңелген болса (қысқаша болуы үшін біз өндірістің бұл екі саласындағы жиынтық капитал бірімен-бірі тең деп ұйғарамыз), онда бүкіл қосымша құн  $=40$  болар еді, яғни капиталдың 200 өлшеміне 20% келер еді. Бірінші капиталдың өнімі де, екінші капиталдың өнімі де 120 өлшемнен сатылар еді. Демек, өндіріс бағасы бойынша теңгермелеген кезде егіншілікті емес өнімнің орта рыноктік бағасы өзінің құнынан жоғары, ал егіншілікті емес өнімнің бағасы құнынан төмен болар еді. Егерде егіншілік өнімдері өз құнымен сатылатын болса, олар теңгермелегеннен кейінгіден гөрі 5 өлшем қымбат болған болар еді, ал өнеркәсіп өнімдері 5 өлшем арзан болған болар еді. Егер рынок жағдайлары егіншілік өнімдерін олардың құны бойынша сатуға, өндіріс бағасынан артық бүкіл қосымшаны алуға мүмкіндік бермейтін болса, онда нәтиже шеткі екі пункт аралығындағы орта орында болады; өнеркәсіп өнімдері өздерінің құнынан біршама жоғары, ал егіншілік өнімдері өздерінің өндірістік бағасынан біршама жоғары сатылатын болады.

Жер меншігі егіншілік өнімдерінің бағасын олардың өндіріс бағасынан жоғары арттырып жібере алатынымен, алайда рынок бағасы өндіріс бағасынан артып құнға қаншалықты жақындай түсетіндігі, олай болса, егіншілікте сол белгілі бір орта пайдадан артық өндірілген қосымша құн қандай дәрежеде не рентаға айналатындығы, не қосымша құнды орта пайдаға айналдырып жалпы теңгермелеуге қандай дәрежеде қатынасатындығы жер меншігіне байланысты емес, қайта



рыноктың жалпы жағдайына байланысты болады. Қалай болғанда да құнның өндіріс бағасынан артық болуынан шыққан осы абсолютті рента дегеніміз егіншілік қосымша құнның бір бөлегі ғана, осы қосымша құнның рентаға айналуы, оны жер меншікшісінің өз қолына алып алуы; мұның өзі дифференциалдық рентаның қосымша пайданың рентаға айналуынан, жалпы реттеуші өндіріс бағасы жағдайында жер меншігінің қосымша құнды өз қолына алып алуынан шығатындығы тәрізді. Рентаның осы екі түрі бірден бір қалыпты нәрсе. Рента бұл екі формадан басқа, өзіне ғана тән монополиялық бағаға ғана негізделе алады, бұл баға өндіріс бағасы мен товарлар құны арқылы емес, сатып алушылардың сұранысы мен төлем қабілеті арқылы анықталады, жәнеде бұл бағаны қарастыру рынок бағаларының нақты қозғалысы зерттелетін бәсеке туралы ілімге жатады.

Егерде белгілі бір елдің егіншілікке жарамды бүкіл жері арендаға беріліп қойған болса,— оның бер жағында, жалпы құбылыс ретінде, капиталистік өндіріс тәсілі мен қалыпты қарым-қатынастар бар деп ұйғарылады,— онда рента бермейтін жер болмаған болар еді, бірақ капиталдың, жерге жұмсалған капиталдың кейбір бөлектерінің рента бермейтін болып жұмсалыуы мүмкін; өйткені жер арендаға беріліп қойған екен, онда қажетті түрде капитал жұмсаудың абсолютті межесі болып табылатын жер меншігі әрекет етуден қалады. Относительді меже ретінде ол мұнан кейін де әрекет ете береді, өйткені жерге қосылған капиталдың жер меншікшісінің қолына өтуі бұл арада арендаға алушының алдына айқын белгілі межелер қояды. Тек осы жағдайда ғана бүкіл рента дифференциалды рентаға айналған болар еді, жер сапасындағы айырмашылықтар арқылы емес, белгілі бір жерге соңғы жұмсалған капиталдан алынатын қосымша пайдалар мен ен құнарсыз жерді арендау үшін төленетін рента арасындағы айырмашылықтар арқылы анықталатын дифференциалды рентаға айналған болар еді. Абсолютті меже ретінде жер меншігі жалпы алғанда капитал жұмсау саласы ретінде жерге капитал жұмсау жер меншікшісіне берілетін алым-салықтың арқасында болатындықтан ғана әрекет етеді. Ал осындай капитал жұмсау болған екен, онда жер меншікшісі сол белгілі бір жер участкасына жұмсалатын капиталдың мөлшеріне қандай да болсын бір абсолютті меже қоя алмайды. Үшінші адамның жер меншігі үй салынуға тиісті участкаға ғана жалпы алғанда үй құрылысына шек қоя алады. Ал сол жер үй салу үшін арендаға алынған екен, онда ол жерге биік үй салына ма әлде аласа үй салына ма, ол енді арендаға алушыға байланысты болады.

Егерде егіншілік капиталының орташа құрылымы қоғамдық орта капиталдың құрылымындай немесе одан жоғары болса, онда абсолютті рента — тағы да сол жаңа ғана жоғарыда зерттелген мағынада — болмаған болар еді; яғни дифференциалдық рентадан да, сондай-ақ өзіндік монополиялық бағаға негізделген рентадан да өзгеше рента болмаған болар еді. Сонда егіншілік өнімінің құны оның өндіріс бағасынан жоғары болмаған болар еді және егіншілік капиталы ендігі жерде еңбекті іске қоспаған болар еді, демек, егіншілікті емес капиталға қарағанда бұдан былай қосымша еңбек жұмсамаған болар еді. Егерде егіншілік капиталының құрылымы егіншілік прогресінің нәтижесінде қоғамдық орта капиталдың құрылымымен бірдей болып шыққан болса, осы жағдайда да жоғарыда айтылғандай болар еді.

Былай деп ойлау: бір жағынан, егіншілік капиталының құрылымы артады, демек, оның өзгермелі бөлігіне қарағанда тұрақты бөлігі артады, ал екінші жағынан, егіншілік өнімінің бағасы жаңа және анағұрлым нашар жер алғашқы жерге қарағанда рента бере алатындай, бұл ретте тек рынок бағасының құн мен өндіріс бағасынан артық қосымшасынан ғана, қысқасы, өнімнің монополиялық бағасынан ғана туа алатын рентаны бере алатындай болып жоғары көтерілуге тиіс деп ойлау бір қарағанда қайшылық сияқты көрінеді.

Бұл жерде мына төмендегідей айырмашылықты жүргізу қажет.

Пайда нормасының жасалуын қарастырған кезде біз ең алдымен мынаны көрдік: техникалық құрылымы бірдей капиталдардың яғни бірдей мөлшердегі машиналар мен шикізаттар бірдей мөлшердегі еңбек арқылы қозғалысқа келтірілетін капиталдардың құрылымы осы капиталдардың тұрақты бөліктерінің құны әрқелкі болуы салдарынан әр түрлі болуы мүмкін. Шикізат немесе машиналар басқа бір жағдайға қарағанда екінші бір ретте қымбат болуы мүмкін. Бірдей еңбек аумағын қозғалысқа келтіру үшін (ал мұның өзі, жоғарыдағы болжам бойынша, бірдей шикізат материалын өңдеу үшін қажет болар еді) басқа реттен гөрі екінші бір ретте көп капитал авансылауға тура келер еді, өйткені, мысалы, мен 100 өлшем капиталмен біркелкі еңбек мөлшерін қозғалысқа келтіре алмас едім, егер нақ осы 100 өлшем төлеу керек болатын шикізат материалы бір ретте 40 өлшем, екінші бір ретте 20 өлшем тұратын болса. Ал осы капиталдардың техникалық құрылымы бірдей екендігі, бұл неғұрлым қымбат шикізаттың бағасы неғұрлым арзан шикізаттың бағасының дәрежесіне дейін төмендеген кезде-ақ дереу айқындалған болар еді. Қолданылған жанды еңбек пен аумақтың және қолданылған ең-

бек жағдайларының сипаты арасында ешқандай өзгеріс болмағанымен өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы құн қатынасы бірдей болған болар еді. Екінші жағынан, егер мәселені тек қана құн құрылымы тұрғысынан ғана қарайтын болсақ, өзінің тұрақты бөліктерінің құндарының жай әншейін ғана артуы нәтижесінде органикалық құрылымы неғұрлым төмен капитал сырт қарағанда органикалық құрылымы неғұрлым жоғары капиталмен бірге бір сатыға көтеріле алады.  $60_c + 40_v$  -ға тең капиталды алайық — өйткені бұл капитал жанды еңбекке қарағанда машиналар мен шикізат материалын көп қолданады — және  $40_c + 60_v$  -ға тең екінші бір капиталды алайық — өйткені бұл капитал жанды еңбекті көп қолданады (60%), машиналары аз (айталық, 10%) және жұмыс күшіне қарағанда шикізат, оның үстіне арзан шикізат мөлшері аз ғана (айталық, 30%); шикізат пен көмекші материалдар құнының 30 өлшемнен 80 өлшемге дейін артуының нәтижесінде ғана құрылым мынадай болып теңгерілген болар еді: екінші капиталда машиналар түрінде көрінетін 10 өлшемге 80 өлшем шикізат пен 60 өлшем жұмыс күші келген болар еді, яғни  $90_c + 60_v$  болар еді, процентпен көрсетілген құрылым да  $60_c + 40_v$  ға тең болар еді, оның бер жағында техникалық құрылымда ешқандай өзгеріс болмаған болар еді. Демек, органикалық құрылымы біркелкі бірдей капиталдардың құндық құрылымы әр түрлі болуы мүмкін, ал құн құрылымы проценттері жағынан бірдей капиталдар органикалық құрылымның түрлі сатыларында тұруы мүмкін, сондықтан еңбектің қоғамдық өндіргіш күші дамуының түрлі сатыларының көрінісі болып табылуы мүмкін. Сонымен, құн құрылымы жағынан егіншілік капиталы жалпы бір дәрежеде болар еді деген осы бір ғана жағдай ол капиталдағы еңбектің қоғамдық өндіргіш күші де нақ сол жалпы дәрежеге жетті дегеннің дәлелі бола алмаған болар еді. Ол жағдай тек мынаны ғана: осы капиталдың өз өнімі, тағы да сол өз өндірісі жағдайларының бір бөлегі болып табылатын өнімі қымбаттай түсті немесе көмекші материалдарды, мысалы, бұрын дәл қасында болған тыңайтқыштар, т. б. сияқтыны енді алыстан тасуға тура келеді дегенді ғана көрсеткен болар еді.

Алайда, бұл жайтты былай қоя тұрып, егіншіліктің өзіндік сипатын еске алу қажет.

Айталық, еңбекті үнемдеуші машиналар, химиялық көмекші құралдар, т. б. егіншілікте неғұрлым кеңінен қолданылады, демек, тұрақты капитал техникалық жағынан өседі, яғни құн жағынан ғана емес, аумағы жағынан да, қолданылатын жұмыс күшінің аумағы жөнінен де өседі делік; мұндай жағдайда да егіншілікте (кен өнеркәсібіндегі сияқты) мәселе қо-

ғамдық еңбек өнімділігінде ғана емес, сонымен қатар еңбектің табиғи жағдайларына байланысты болатын табиғи еңбек өнімділігінде болады. Бәлкім, егіншілікте табиғи күштің азаюы қоғамдық өндіргіш күштің артуымен толықтырылуы ғана, немесе тіпті толық емес түрде толықтырылуы мүмкін — бұл толықтырылу қалай болғанда да біраз уақыттың ішінде ғана ықпал ете алады,— сондықтан техникалық прогреске қарамастан өнім арзандамайды, қайта тек оның онан сайын қымбаттауына жол берілмейді. Сондай-ақ астық бағасы артып отырған жағдайда өнімнің абсолютті аумағы азаюы мүмкін, ал относителді қосымша өнім өседі; нақ осының өзі көбінесе машиналардан немесе малдан тұратын тұрақты капитал относителді түрде көбейген кезде болуы мүмкін, оның бер жағында жалақыға жұмсалатын және өнімнің есебінен үнемі түгелдей орнына келтіріп отыру керек болатын капиталдың өзгермелі бөлегін тиісінше азайтқан кезде де тек толықтың ғана орнын толтыру керек болады.

Алайда мұнымен қатар егіншіліктегі прогрестің нәтижесінде рынок бағасын орта бағадан шамалап қана арттыру керек болады, ондағы мақсат — неғұрлым төмен дәрежедегі техникалық көмекші құралдар пайдаланылатын жағдайда рынок бағасының көбірек арттырылуын талап ететін нашар сапалы жер өндеуге түсе алатын ету және сонымен қатар рента бере алатын ету.

Мысалы, ұлкен көлемде жүргізілетін мал шаруашылығында малдың өзі түріндегі тұрақты капиталға қарағанда қолданылатын жұмысшы күші аумағының өте аз болуы, міне осы жағдай егіншілікті капитал процент жағынан алғанда егіншілікті емес орта қоғамдық капиталға қарағанда көп жұмыс күшін қозғалысқа келтіреді деген қағидаға қарсы негізгі дәлел болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл арада мынаны атап айту керек: біз рентаны қарастырғанда егіншілік капиталының тамақтың негізгі өсімдік өнімін, яғни цивилизациялы халықтар үшін жалпы негізгі тіршілік құралы болып табылатын өнімін шығаратын бөлегін негізгі шешуші бөлек ретінде есепке аламыз. Мал шаруашылығында және, заты, орта есеппен алғанда, жерге негізгі тіршілік құралдарын, мысалы астық өндіру үшін жұмсалмаған капиталдардың бәрі үшін баға мүлдем басқаша белгіленеді,— деп А. Смиттің өзі-ақ айтқан,— және оның сіңірген еңбектерінің бірі дәл осы. Атап айтқанда бұл баға бұл арада былай анықталады: апталық қолдан жасалған шабындық ретінде мал шаруашылығы үшін пайдаланылып отырған жердің, бірақ дәл осылайша белгілі бір қажеті бар егістік жер етуге де болатын жердің өнімінің бағасы,— осы өнімнің бағасы нақ осындай сападағы егістік

жерден алынатын рента сияқты дәл сондай рента алынатындай болып артуға тиіс; демек, астық өсірілетін жерден алынатын рента бұл арада малдың бағасын белгілеу ісіне қатынасады, сондықтан Рамсей малдың бағасы, сонымен, рента арқылы, жер меншігінің осы экономикалық көрінісі арқылы, демек жер меншігі арқылы әдейілеп арттырылады, деп дұрыс атап көрсетті<sup>193</sup>.

«Егіншілік мәдениетінің дамуына байланысты табиғи жайылымның көлемі мал шаруашылығы үшін, ег жөніндегі сұранысты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болып қалады. Өңделінетін жердің едәуір бөлегін мал өсіру және оны бордақылау үшін пайдалануға тура келеді, сондықтан малдың бағасы мал шаруашылығында қолданылған еңбекке төлеу үшін ғана емес, сонымен қатар бұл жер егістік жер ретінде пайдаланылған кезде жер меншікшісі мен арендаторға келтіретін рента мен пайдаға төлеу үшін де жеткілікті болуға тиіс. Мүлде өңделмеген батпақты жерлерде өсірілген мал өзінің салмағы мен сапасына сәйкес белгілі бір рынокте ең жақсы өңделген жерлерде өсірілген малдың сатылатын бағасымен сатылады. Осындай батпақты участоктардың нелері осыны пайдаланып, малдың бағасына сәйкес өз жерлерінен алынатын рентаны арттырады» (A. Smith. [«An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations».] Vol. I, [London, 1776] book I, ch. XI [p. 185]).

Сонымен, мұнда да астық рентасына қарағанда дифференциалдық рента біршама нашар жердің пайдасына шығып отыр.

Абсолютті рента бір қарағанда рента монополиялық бағаның негізінде ғана бола алады деп ойлауға мүмкіндік беретін кейбір құбылыстарды түсіндіріп береді. А. Смит келтірген мысалға жақындау болу үшін, мәселен, адамның ешбір көмегінсіз өсіп-өнетін орманның, демек, айталық, Норвегиядағы орман шаруашылығының өнімі сияқты болып табылмайтын орманның иесін алып қарайық. Егер, мысалы, Англияда ағашқа деген сұраныстың болуы себепті ағаш кесумен шұғылданушы капиталист әлгі орман иесіне рента төлейтін болса, немесе орманның иесі өзі капиталист болғандықтан ағаш кесетін болса, онда дайындалған ағаш, авансыланған капиталға пайда келтірумен бірге, оған көп мөлшерде немесе аз мөлшерде рента береді. Табиғаттың осы таза өнімі жөнінде алып қарағанда мұның өзі таза монополиялық қосымша болып табылады. Ал шындығында бұл жерде капитал еңбекке жұмсалатын өзгермелі капиталдан ғана дерлік тұрады, сондықтан да ол қосымша еңбекті осы шамалас мөлшердегі басқа капиталдан гөрі көп мөлшерде қозғалысқа келтіреді. Демек, дайындалған ағаштың құнында ақы төленбеген еңбектің, яки қосымша құнның артығы құрылымы неғұрлым жоғары капиталдардың өніміндегіден гөрі көп болады. Сондықтан ағаш материалдары үшін орта пайда алынады, ал рента түріндегі едәуір артық пайда орман меншікшісіне тиюі мүмкін. Кері-

сінше, ағаш кесу жұмысы тез ұлғаюы мүмкін жағдайларда, яғни бұл өндірістің шапшаң көбеюі жағдайында ағаш материалдарының бағасы олардың құнымен теңелуі үшін, сөйтіп ақы төленбеген еңбектің бүкіл артығы (бұл еңбектің орта пайда ретінде капиталистке тиетін бөлегінен артығы) рента түрінде меншікшінің қолына тиюі үшін сұраныстың өте айтарлықтай көбеюі қажет.

Біз өңделуге жаңадан түсетін жер өзінің сапасы жөнінен соңғы кезде ең нашар жер ретінде өңделіп келген жердің сапасынан да жаман деп ұйғардық. Егер ол жер жақсы болса, онда ол дифференциалдық рента береді. Бірақ біз бұл арада рента дифференциалдық рента ретінде көрінбейтін жағдайды зерттеп отырмыз. Бұл жерде екі жағдайдың ғана болуы мүмкін. Не өңдеуге жаңадан түсетін жер нашар, не болмаса оның сапасы өңделіп жүрген жерлердің соңғысының сапасындай. Егер ол нашар жер болатын болса, онда біз мұндай жағдайды зерттедік. Сонымен, жердің сапасы соңғы жердің сапасындай болған жағдайды ғана зерттеу қалады.

Біз дифференциалды рентаны зерттеген кезімізде анықтанғанымыздай, егіншілік прогресіне байланысты соңғы жердің сапасындай сападағы және тіпті онан да жақсы сападағы жер де, сондай-ақ нашар сападағы жер де бірдей дәрежеде жаңадан өңдеуге түсе алады.

*Біріншіден*, мұның себебі, дифференциалды рента кезінде (және жалпы алғанда рента кезінде, өйткені тіпті дифференциалды емес рентаның кезінде де әрқашан мынадай сұрақ: бір жағынан, жалпы алғанда жердің құнарлылығы, ал екінші жағынан, оның орналасқан орны реттеп отырушы рынок бағасы тұсында ол жерді пайда мен рента түсетіндей етіп өңдеуге мүмкіндік бере ме деген сұрақ туады) біресе бірін-бірі жоққа шығаратын, біресе бірі екіншісінен басым болатын екі түрлі жағдай кері бағытта әсер етеді. Рынок бағасының артуы,— бұл арада жер өңдеу шығындары төмендеген жоқ, басқаша айтқанда, техникалық сипаттағы жетістіктер өңдеуді ұлғайтуға себепші болатын жаңа кезең туғызбайды деп ұйғарылады,— бұрын өзінің орналасқан орнына байланысты бәсекеге түсуші жерлер қатарынан шығарылып тасталған неғұрлым құнарлы жерді өңдеуге түсіруі мүмкін. Не болмаса құнарлылығы неғұрлым аз жер үшін мұның өзі жердің алып жатқан орнының артықшылығын көтеретіндігі соншалық, еңбек өнімділігінің аз болуы осымен толықтырылады. Немесе, рынок бағасы арттырылмай-ақ, қатынас құралдарының жақсартылуы себепті жердің алып жатқан орыны жақсы жерлердің бәсекеге түсуіне мүмкіндік береді, мұны біз Солтүстік Американың өз территорияларында жайылма жерлері бар

штаттарында орасан зор көлемде байқаймыз. Уэйкфилдтің әділ атап көрсеткеніндей, жердің орналасуы шешуші роль атқаратын отарлардағы көлемдегідей болмағанымен мұның өзі көне цивилизация елдерінде де үнемі болып тұрады<sup>194</sup>. Сонымен, біріншіден, жердің орналасуы мен құнарлылығының қарама-қарсы ықпалы және, екіншіден, жер орналасуы факторының өзгергіштігі, бұл фактор үнемі теңестіріліп, теңгерме-леуге бағытталған үнемі прогресті өзгерістерге ұшырап отырады,— бірдей сападағы, жақсы және жамап сападағы жер участоктарының қазірдің өзінде өңделіп жүрген жерлермен қайтадан кезекпе-кезек бәсекеге түсуінің себептері міне осылар.

*Екіншіден.* Жаратылыс тану ғылымдары мен агрономияның дамуына байланысты жердің құнарлылығы да өзгереді, өйткені топырақ элементтерін дереу пайдалануға жарамды ететін құралдар өзгереді. Мәселен, Францияда және Англияның шығыс графтықтарында бұрын нашар деп есептелініп келген жеңіл топырақтар осы жуық арада ғана ең маңдай алды категория дәрежесіне дейін көтерілген (Пассиді қараңыз<sup>195</sup>). Екінші жағынан, өзінің химиялық құрылымы жағынан жаман деп есептелінбейтін, бірақ өңдеу жұмысына механикалық-физикалық жағынан белгілі бір кедергілер жасайтын жерлер осы кедергілерді жоюға керекті құралдар табылысымен-ақ жақсы топыраққа айналдырылады.

*Үшіншіден.* Барлық көне цивилизация елдеріндегі ескі тарихи және дәстүрлі қарым-қатынастар, мысалы мемлекеттік жер, қауымдық жер, т. б. түріндегі қарым-қатынастар ірі-ірі жер участоктарын өңдеуге түсуден мүлдем дерлік кездейсоқ оқшаулап тұрады, осы себепті ондай жерлер өңдеуге бірте-бірте барып түседі. Олардың өңдеуге түсуінің бірте-бірте-телілігі олардың сапасына да, олардың жатқан жерлеріне де байланысты емес, тек мүлдем басқа сырт жағдайларға ғана байланысты. Егерде біз ағылшын қауымдық жерлерінің тарихына көз салып, ол жерлердің қоршалау туралы заңдар арқылы<sup>196</sup> жеке меншікке айналдырылып жыртылып өңделгендігін қарастыратын болсақ, онда осы бірте-бірте өңдеуді анықтау ісіне осы заманғы қайдағы бір агрохимик, мысалы Либих басшылық етті, ол топырақтардың химиялық құрамына қарап бір егістік жерлерге дәнді дақыл егуді белгілеп, екінші бір егістік жерлерді өңдеуден шығарып тастады деген фантастикалық түсініктен асқан күлкілі ештеңе жоқ болып шығады. Ал шындығында бұл арада шешуші роль атқарған нәрсе — ұрлыққа қолайлы болған бір жағдай: біршама сыпайы заңдылықты сылтау етіп белгілі бір жерді иемденіп алу жөнінде ірі-ірі лендлордтарға туған мүмкіндік.

*Төртіншіден.* Халық пен капиталдың өсуінде дамудың әрбір белгілі кезеңде қол жеткен сатысы егіншіліктің ұлғаюына икемді болғанымен белгілі бір шек қоятындығын айтпағанның өзінде; рынок бағасына уақытша ықпал ететін кездейсоқ жайттар туралы, мысалы, жылдың бірсыпыра қолайлы және қолайсыз мезгілдері сияқты жайттардың әсері туралы айтпағанның өзінде,— егіншіліктің кеңістік жағынан ұлғаюы капиталдар рыногының жалпы жай-күйіне және белгілі бір елдегі істердің жағдайына байланысты болады. Капиталдар жетіспей жатқан кездерде қосымша капиталдың егіншілікке ұмтылуы үшін өңделмеген жердің — ол рента бере ме, жоқ па бәрібір — арендаушыға орта пайда бере алатындығы жағдайының болуы жеткіліксіз. Капитал мол болған кездерде ол егіншілікке ұмтылады,— тіпті рыноктық баға артпаса да,— тек басқа жағынан қалыпты жағдайлар жүзеге асырылса болғаны. Бұл уақытқа дейін өңделіп келген жерлерге қарағанда сапасы жақсы жер өзінің қолайсыз жерде болуы себепті ғана, немесе ол жерді арендаушының алуына мүмкіндік бермейтін межелердің осы күнге дейін жойылмағандығы себепті, немесе таза кездейсоқ факторлардың әсері себепті іс жүзінде бәсекеден шығарылып тасталынар еді. Сондықтан біз сапа жағынан алғанда өңделген жерлердің соңғысымен бірдей жер категорияларымен ғана шұғылдануға тиіспіз. Алайда жаңа жер мен өңделген жерлердің соңғысының арасында әлі де болса шығындар айырмашылығы болады, бұл шығындар бірінші жерді өңдеуге жарамды ету үшін керек болады, және мұндай шығындардың жасалатын-жасалмайтындығы рынок бағаларының жай-күйі мен кредит қатынастарына байланысты болады. Бұл жаңа жер шын мәнісінде бәсекеге қатынасқан кезде басқа жағдайлар бірдей болып тұрғанда рынок бағасы қайтадан сол өзінің бұрынғы дәрежесіне дейін төмендейді, осыдан кейін жаңадан өңдеуге түскен жер өзіне сәйкес келетін ескі жер сияқты нақ сондай рента бере бастайтын болады. Бұл жер рента бермейді-міс деген болжамды жақтаушылар мұны былайша дәлелдейді: олар дәлелдеу керек болатын нәрсені ғана, атап айтқанда: соңғы жер рента бермеді дегенді ғана алып қарайды. Мұндай тәсілмен мынаны: салынған үйлердің соңғылары жалданып отырғанымен үй арендасы үшін төленетін ақының өзінен басқа ешқандай рента бермейді дегенді дәлелдеуге болар еді. Ал факті мынадай: бұл үйлер көбінесе ұзақ уақыт бойы бос тұратындықтан оларға әлгі айтылған ақы төленбесе де, олар рента береді. Белгілі бір жер участоғына кейіннен жұмсалған капитал пропорциялы қосымша өнім бере алатындығы, ал олай болса алғашқы жер участоттары сияқты нақ сондай рента бере алатындығы тәрізді,—



дәл сондай-ақ өңделген жерлердің соңғылары сияқты сападағы егістік жерлер бірдей шығындар жұмсалған жағдайларда бірдей өнім бере алады. Әйтпесе бірдей сападағы егістік жерлердің бәрін бірден бір-ақ өндемей бірінен соң бірін өңдеу, немесе, дұрысырағы, өзіне қарсы жаппай бәсеке туғызбау үшін бір де бірін өндемей қою қалайша мүмкін болатындығы мүлдем түсініксіз болған болар еді. Жер меншікшісі рента алуға, яғни тегіннен-тегін бірдене алуға әрқашан әзір; алайда оның тілегін қанағаттандыру үшін капитал белгілі бір жағдайлардың болуын керек етеді. Сондықтан жерлер арасындағы өзара бәсеке жер меншікшісінің солардың арасында бәсеке болса екен деген ниетіне байланысты болмайды, қайта жаңа егістік жерлерде басқаларымен бәсекеге түскісі келетін капиталдың табылуына байланысты болады.

Шынына келгенде егіншілік рента дегеніміз жай энциейін монополиялық баға болғандықтан бұл арада абсолютті рента өнім құнының өнімнің өндірістік бағасынан артығы қаншама болса да қалыпты жағдайларда өте-мөте шамалы болатыны сияқты монополиялық баға да өте-мөте шамалы болады. Сонымен, абсолютті рентаның мәні мынада: өндірістің түрлі салаларындағы бірдей көлемдегі капиталдар қосымша құнның тең нормасы жағдайында, яки еңбектің бірдей дәрежеде қаналуы жағдайында орта құрылымның әр түрлілігіне байланысты әр түрлі көлемдегі қосымша құн өндіреді. Өнеркәсіпте қосымша құнның осы әр түрлі аумағы орта пайдаға теңестіріліп, қоғамдық капиталдың тиісті бөліктері ретінде жекелеген капиталдардың арасында бірдей етіліп бөлінеді. Жер меншігі, өндіріс үшін — егіншілік болсын немесе шикізат өндіру болсын — жер керек болатындықтан, жерге жұмсалған капиталдарды осылайша теңгермелеуге бөгет болады және қосымша құнның басқа жағдайда жалпы пайда нормасына теңгермелеу процесіне қатынасуы мүмкін белгілі бір бөлегін ұстап қалады. Мұндай жағдайларда рента құнның, дәлірек айтқанда, товарлардың қосымша құнының бір бөлегі болып табылады, бірақ бұл бөлек мұны өздері жұмысшылардан сығып алған капиталистер табының қолына тимейді, қайта оны капиталистерден тартып алатын жер меншікшілеріне тиеді. Бұл ретте егіншілікті емес капиталдың бірдей көлемдегі бөлегіне қарағанда егіншілікті капитал еңбекті көп мөлшерде қозғалысқа келтіреді деп ұйғарылады. Бұл ауытқу қаншалық зор екені немесе жалпы алғанда мұндай ауытқудың болатын-болмайтындығы өнеркәсіпке қарағанда егіншіліктің относительді дамуына байланысты болады. Егер капиталдың тұрақты бөлегіне қарағанда оның өзгермелі бөлегі азаятын пропорция егіншілік капиталынан гөрі өнеркәсіп капиталы үшін оған сайын

көп болып шықпаса, шынына келгенде жоғарыда айтылған айырмашылық егіншілік прогресіне байланысты азаюға тиіс.

Бұл абсолютті рента, атап айтқанда, өндіруші өнеркәсіпте онан сайын айтарлықтай роль атқарады, мұнда тұрақты капиталдың бір элементі, шикі материал, мүлде шығып қалады және мұнда,— машиналар мен басқа да негізгі капиталдан тұратын бөлігі өте-мөте елеулі болып табылатын тараулардан басқасында,— ең төмен капитал құрылымы сөзсіз басым болады. Сондықтан нақ осында, рента тек қана монополиялық бағаның арқасында пайда болатын жерде товарлар өздерінің құны бойынша сатылуы үшін яки рента товардың қосымша құнының товардың өндіріс бағасынан бүкіл артығына тең болуы үшін өте-мөте қолайлы рынок қатынастары керек етіледі. Мысалы, балық өсіретін жерлерден, тас қазатын жерлерден, жабайы өскен орман-тоғайлардан, т. б. алынатын рента кезіндегі жағдай міне осындай болады<sup>37)</sup>.

---

<sup>37)</sup> Рикардо бұл жағдайды тым атүсті қарайды. А. Смитке қарсы бағытталған жерін. Норвегияда орман-тоғайлардан алынатын рента туралы жерін қараңыз, „Principles», II тарау, ең бас жағында [ *D. Ricardo*, „On the Principles of Political Economy, and Taxation». London, 1821, p. 34—35].

## ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ТАРАУ

**ҚҰРЫЛЫС УЧАСТОҚТАРЫНАН АЛЫНАТЫН РЕНТА.  
РУДНИКТЕРДЕН АЛЫНАТЫН РЕНТА. ЖЕР БАҒАСЫ.**

Затында рента бар жердің бәрінде де дифференциалдық рента пайда болады да ол егіншілік дифференциалдық рента бағынатын нақ сондай заңдарға бағынады. Табиғат күштері монополиялануы мүмкін және оларды пайдаланушы өнеркәсіпшіге қосымша пайда түсіретін жерлердің бәрінде,— мұның өзі құлама су немесе бай кен орны бола ма, әлде балығы мол су немесе қолайлы жатқан құрылыс орыны бола ма, оның бәрі бір,— өзінің жердің бір бөлегін иемдену құқына байланысты осы табиғат заттарының меншікшісі деп танылатын адам әрекет етуші капиталдан осы қосымша пайданы рента түрінде алып отырады. Ал құрылыс мақсаттарына арналған жерге келетін болсақ, онда осы жерден, сондай-ақ егіншілікті емес басқа да жерлерден алынатын рентаның өз негізінде, атап айтқанда егіншілікті рента арқылы қалайша реттеліп отыратындығын А. Смит көрсетіп берді (А. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». London, 1776, book I, ch. XI, 2 and 3). Бұл рента мынамен сипатталады: біріншіден, бұл арада жердің орналасу жағдайының дифференциалдық рентаға тигізетін басым ықпалымен (жердің орналасу жағдайы, мысалы, жүзім өсірген кезде және үлкен қалалардағы құрылыс участоқтары үшін өте маңызды); екіншіден, өзінің белсенділігі (әсіресе кен орындары жөнінде) меншікші оған,— ең болмаса өнеркәсіп капиталісі дәрежесінде болса да,— ештеңе де қоспайтын және онда өзіне еш қауіп-қатер төнбейтін қоғамдық прогресті қанауында ғана болып табылатын меншікшінің мүлдем, айдан-айқын немқұрайды қарауымен, және, ақырында, көптеген жағдайларда, әсіресе кедейшілікті барып тұрған арсыздықпен қанау жағдайларында (өйткені кедейшілік — Потоси кен орындарының<sup>197</sup> бір кезде Испания үшін<sup>38</sup>) қайнар көз болғанынан гөрі, үйлерден алы-

<sup>38</sup>) Ленг, Ньюмен<sup>198</sup>.

натын рента үшін неғұрлым бай қайнар көз болып табылады) монополиялық бағаның басым болуымен және осы жер меншігі өнеркәсіп капиталымен бірге бір қолға біріктірілген кезде өнеркәсіп капиталының жалақыға бола күреске шыққан<sup>39)</sup> жұмысшыларды тұрғын жайы болып табылатын жерден қуып шығуына іс жүзінде мүмкіндік беретін жер меншігінің орасан сұмдық өкімет билігімен сипатталады. Бұл жағдайда қоғамның бір бөлегі оның екінші бөлегінен жер бетінде өмір сүру правосы үшін алым-салық талап етеді, сондай-ақ жалпы алғанда жер меншігі меншікшілердің жерді, оның қойнауын, ауаны, мұнымен бірге тіршілікті сақтап, оны онан әрі өркендету үшін қажет нәрсенің бәрін қанау правосын қамтиды. Құрылыс рентасын қажетті түрде арттыратын нәрсе халықтың өсуі және сонымен бірге тұрғын үй жөніндегі өскелең қажеттілік қана емес, сонымен қатар не жерге қосылатын, не болмаса барлық өнеркәсіп құрылыстары, темір жолдар, товар қоймалары, фабрика үйлері, доктар, т. б. сияқты сол жерге орналастырылған, соған жайғасқан негізгі капиталдың өсуі де құрылыс рентасын арттырады. Кәридің бүкіл ізгі ниетті тілегіне қарамастан, бұл арада жалдағаны үшін төленетін ақыны, бұл ақы үйге жұмсалған капиталдың проценті мен амортизациясы болып табылатындықтан, жай әншейін жерден алынатын рентамен шатастыру мүмкін емес, әсіресе, Англиядағы сияқты, жер меншікшісі мен құрылыс саудагері мүлдем әр түрлі адамдар болып табылатын жағдайларда бұлай ету мүмкін емес. Мұндай жағдайда екі жайтты еске алу керек: бір жағынан, жерді өндіріс мақсаты үшін немесе өндіруші өнеркәсіп үшін қанау, екінші жағынан — жер қандай да болсын өндірістің және қандай да болсын адам қызметінің шарты ретінде қажет кеңістік болып табылады. Бұл екі жағдайдың екеуінде де жер меншігі өзіне алым берілуін талап етеді. Құрылыс учас­токтарына деген сұраныс кеңістік пен негіз ретінде жердің құнын арттырады, сонымен қатар осының арқасында жердің құрылыс материалы ретінде қызмет ететін элементтеріне деген сұраныс артады<sup>40)</sup>.

«Капиталда», II кітап, XII тарау, Лондонның ірі құрылыс саудагері Эдуард Кэпстің 1857 ж. банк комиссиясының алдында берген жауаптарында тез дамып келе жатқан қалаларда, әсіресе құрылыс Лондондағы сияқты фабрикалық тә-

<sup>39)</sup> Кроулингтон стачкасы. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы», 307-бет (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 2-том, 477—478-беттер).

<sup>40)</sup> «Лондонда көшелерге ас төсеу Шотландия жағалауындағы жалаңаш жартастардың меншікшілерінің бұл уақытқа дейін мүлдем түк пайдасыз жатқан тасты жерлерден рента алуына мүмкіндік берді» (A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations... Vol. 1, London, 1776, book I, ch. XI, p. 204—205).

сілмен жүргізілетін кезде құрылыс саудасының негізгі заты үйдің өзі емес, қайта жер рентасы болатындығының мысалы келтіріледі<sup>199</sup>. Онда Кэпс былай дейді [В. А. 1857] № 5435:

«Мен табыстан табысқа жеткісі келетін адам қомақты істер ғана (fair trade) жүргізіп табысқа жетем деп есептей қояр ма екен, деп ойлаймын... Мұнымен қоса оның сауда үшін құрылыс салуы керек, оның бер жағында ірі көлемде салуы керек; өйткені кәсіпкер үйлердің өзінен өте аз пайда түсіреді, ол өзінің негізгі пайдасын жер рентасын арттырудан алады. Айталық, мәселен, ол жер участогын арендаға алып, ол үшін жылына 300 ф. ст. төлейді делік; егер ол әбден мұқият ойланып жасалған жоба бойынша сол участкаға тиісті категориядағы үйлер салса, онда, бәлкім, оның бұл үшін жылына 400 немесе 450 ф. ст. алуына реті келер, сөйтіп оның алатын пайдасы оның өзі көп жағдайларда есепке алар-алмасы екі талай құрылыс пайдаларынан гөрі көбіне-көп жер рентасын жылына 100 немесе 150 ф. ст. көбейтуде болған болар еді».

Бұл ретте мынаны ұмытуға болмайды: аренда туралы көп дегенде 99 жылға жасалатын шарттың мерзімі өткеннен кейін өзіне салынған барлық құрылыстарымен бірге және осы уақыттың ішінде әдетте екі-үш еседен астам артатын жер рентасымен бірге жер құрылыс саудагерінен немесе оның заңды мирасқорынан бастапқы жер меншікшісінің соңғы мирасқорына қайтарылады.

Атап айтқанда кен орындарынан алынатын рента да дәл сол егіншілік рентасы сияқты анықталады.

«Өздерінің өнімдері еңбекке ақы төлеуге және оларды пайдалану кезінде жұмсалатын капиталды әдеттегі пайдамен қоса қалпына келтіру үшін әрең-әрең жететін рудниктер де болады. Олар кәсіпкерге біраз пайда береді, бірақ жер меншікшісіне рента бермейді. Олар өзі де кәсіпкер болғандықтан өзі жұмсаған капиталға әдеттегі пайданы алатын жер меншікшісіне ғана тиімді болып пайдаланылуы мүмкін. Шотландияның көптеген тас көмір кен орындары тек қана осылайша пайдаланылады, басқа ешқандай тәсілмен пайдаланылуы мүмкін емес. Жер меншікшісі рента төлемейтін болса оларды басқа ешкімнің де пайдалануына рұқсат етпеген болар еді, ал рента төлеуге ешкімнің жағдайы келмеген болар еді» (A. Smith. [«An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London, 1776] Book III, ch XI [p. 207]).

Мынаны айыра қарау қажет: рента монополиялық бағадан шыға ма, өйткені бұл бағада тәуелсіз өнімдердің немесе жердің өзінің монополиялық бағасы болады, не болмаса өнімдер монополиялық бағамен сатыла ма, өйткені рента бар ғой. Монополиялық баға туралы айтқанда біз өндірістің жалпы бағасы арқылы, сондай-ақ өнімдердің құны арқылы белгіленетін бағаға байланыссыз, жалпы алғанда сатып алушылардың сатып алуға ұмтылу ниетімен және олардың төлем қабілетімен ғана анықталатын бағаны айтамыз. Өзінің жүзі-

мінен мүлде ерекше сападағы шарап жасалатын, затында біршама аз мөлшерде ғана шарап жасалатын жүзімдік жер монополиялық баға береді. Осы монополиялық бағаның нәтижесінде,— бұл бағаның өнім құнынан артығы тек қана атақты шарап тұтынушылардың байлығы мен талғамы арқылы анықталады,— шарап жасаушы айтарлықтай қосымша пайданы жүзеге асыра алған болар еді. Осы жағдайда монополиялық бағадан шығатын қосымша пайда рентаға айналады және айырықша қасиеттері бар осы жер учасогын иемдену құқығы болғандықтан осы рента түрінде жер меншікшісіне тиеді. Сонымен, мұнда рентаны монополиялық баға жасайды. Керісінше, егерде астық тек өндіріс бағасынан ғана жоғары сатылып қоймай, сонымен қатар жер меншігі өңделмеген жерге капиталдың рентасыз жұмсалыуына шек қою нәтижесінде астықтың құнынан да жоғары сатылатын болса рента монополиялық бағаны жасаған болар еді. Белгілі бір топтағы адамдардың жерді меншіктену құқығы ғана оларға қоғамдық қосымша еңбектің бір бөлегін алым-салық ретінде иемденуіне, оның бер жағында, өндірістің өсуіне қарай, үнемі өскелең мөлшерде иемденуіне мүмкіндік беретіндігі,— міне осының өзі мына жағдаймен бүркемеленеді: капиталға айналған рента, демек, нақ осы капиталға айналған алым-салық, жер бағасы ретінде шығады, сондықтан да қандай да болсын басқа сауда заттары сияқты жер де сатыла алады. Сондықтан сатып алушыға өзінің рентаға деген правосын текке, еңбексіз, тәуекелсіз және капиталдың кәсіпкерлік рухынсыз алған сияқты емес, қайта ол үшін тиісті эквивалент төлеген сияқты болып көрінеді. Жоғарыда атап өтілгеніндей оған рента өзі соған жер сатып алған және онымен бірге рентаға деген правоы сатып алған капиталға берілетін процент сияқты болып көрінеді. Дәл осындай-ақ негрді сатып алған құл иеленушіге мұның өзінің негрді меншіктенуін болып отырған құлдық тәртібінің негізінде емес, товарды сатып алу және сату нәтижесінде алдым деп ойлайды. Алайда титулдың өзі өздігінен тумайды ғой, ол тек сату әрекеті арқылы ғана енгізіледі. Титулды сату мүмкін болғанға дейін-ақ титул қолда болуға тиіс, жәнеде бір рет сату да, сондай-ақ толып жатқан осындай сатулар да және олардың үнемі қайталанып отыруы да бұл титулды жасай алмайды. Ал заты оны туғызған нәрсе не десек, ол — өндірістік қарым-қатынастар. Осы өндірістік қарым-қатынастар өздерінің сырт қауызын өзгертуіне тура келетін нүктеге жеткен кезде титулдың және соған негізделген барлық іс-әрекеттерінің экономикалық және тарихи жағынан ақталған, тіршіліктің қоғамдық өндіріс процесінен туған материалдық қайнар көзі жойылады. Неғұрлым жоғары эконо-

микалық қоғамдық формацияның тұрғысынан қарағанда жеке-келеген индивидуумдардың жерге жеке меншігі бір адамның екінші адамды жеке меншіктенуі сияқты, дәл сондай өрескел дәрежелік болып табылады. Тіпті тұтас бір қоғам, ұлт және тіпті бәрін бірге алғанда бір мезетте өмір сүріп отырған қоғамдар да жер меншікшілері емес. Олар жерді пайдаланушы иелері ғана, сондықтан *boni patres familias\**, олар өздерінен кейінгі ұрпақтарға ол жерді жақсартылып өңделген күйінде қалдыруға тиіс.

Жер бағасын мұнан әрі зерттегенде біз бәсекенің ауытқуының бәрін, жермен жалдаптық жасау атаулыны, сондай-ақ ұсақ жер меншігін бір шет қалдырамыз, ұсақ жер меншігі кезінде жер өндірушілердің негізгі құралы болып табылады, сондықтан олар оның бағасы қандайлығына қарамастан сатып алуға мәжбүр.

I. Рента артпағанымен, жердің бағасы артуы мүмкін; атап айтқанда:

1) жәй әншейін процент нарқының төмендеуі салдарынан, осының нәтижесінде рента қымбат сатылады, сондықтан да капиталға айналған рента, жер бағасы, өседі;

2) өйткені жерге қосылған капиталға берілетін процент өседі.

II. Рентаның көбеюі себепті жердің бағасы артуы мүмкін.

Жер өнімдері бағасының артуы себепті рентаның көбеюі мүмкін, мұндай жағдайда өңделетін жерлердің ішіндегі ең нашар жерден алынатын рента көп бола ма, аз бола ма немесе мүлдем болмай ма, бұған қарамастан, дифференциалдық рентаның нормасы әрқашан артады. Біз норма деп қосымша құнның рентаға айналатын бөлегінің жер өнімін өндіретін, авансыланған капиталға қатынасын түсінеміз. Бұл қатынас қосымша өнімнің бүкіл өнімге қатынасынан өзгеше, өйткені бүкіл өнімде авансыланған капитал түгелдей болмайды, атап айтқанда оның бойында өніммен қатар онан әрі өмір сүре беретін негізгі капитал болмайды. Мұның есесіне бұл арада дифференциалдық рента беретін жерлерде өнімнің өскелең бөлегі артық қосымша өнімге айналады деп есептелінеді. Ең нашар жерде егіншілік өнімінің бағасының артуы әуелі рента жасайды, ал осыдан барып жер бағасын да жасайды.

Алайда рента егіншілік өнімінің бағасы артпаған жағдайда да көбеюі мүмкін. Егіншілік өнімінің бағасы өзгеріссіз қалуы немесе тіпті төмендеуі де мүмкін.

Егер ол өзгеріссіз қалса, онда рента мына себепті ғана

\* — семьялардың ізгі ниетті ата-бабалары сияқты. Ред.

(монополиялық бағаларды былай қойғанда) өсуі мүмкін: ескі жерлерде капиталды бірдей мөлшерде жұмсаған жағдайда сапалы жақсы жаңа жерлер өңделе бастайды, оның бер жағында ол жерлер көбейе түскен сұранысты қанағаттандыруға ғана жеткілікті болады, сондықтан реттеуші рыноктық баға өзгеріссіз қалады. Бұл жағдайда ескі жерлердің бағасы артпайды, ал ауыл шаруашылық айналымына жаңадан түскен жер үшін баға ескі жер бағасының дәрежесінен жоғары артады.

Не болмаса рента жер құнарлылығы бұрынғыдай және рынок бағасы бұрынғыдай болған жағдайда жерді пайдаланушы капитал аумағының өсуі себепті артады. Сондықтан авансыланған капиталға қарағанда рента өзгермей қалғанымен, оның аумағы мысалы, екі есе өседі, өйткені капиталдың өзі екі есе өседі. Баға төмендемегендіктен, сондықтан капиталдың екінші рет жұмсалуды, бірінші рет жұмсалғаны сияқты, қосымша пайда береді, аренда мерзімі біткеннен кейін бұл пайда да рентаға айналады. Бұл арада рента аумағының жиынының көбеюі себебі рента өндіретін капитал аумағының көбейетіндігінен. Сол белгілі бір жер учас­тоғына капиталды жүйелі түрде әр кезде жұмсау мына жағдайда ғана: егер олардың өнімі әр түрлі болып, сондықтан дифференциалдық рента шығатын жағдайда ғана рента өндіре алады деу егер әрқайсысы 1000 ф. ст. екі капитал өзінің құнарлылығы жағынан біркелкі екі егістік жерге жұмсалған болса, онда осы екі егістік жердің екеуі де дифференциалдық рента беретін ең жақсы жер категориясына жататынына қарамастан, олардың біреуі ғана рента бере алады деумен бірдей. (Демек, рентаның жалпы аумағы, белгілі бір елдің бүкіл рентасы жер көлемі өлшемінің бағасы немесе рента нормасы немесе тіпті жер көлемі өлшеміне келетін рента аумағы міндетті түрде өспей-ақ, жұмсалған капитал аумағының өсуімен бірге көбейеді; бұл жағдайда бүкіл рентаның аумағы өңделетін жер көлемінің ұлғаюымен бірге өседі. Мұның өзі тіпті жекелеген иеліктерде рентаның төмендеуімен қабаттаса болуы мүмкін). Басқаша айтқанда мұндай пікір екінші бір пікірмен, атап айтқанда, қатар жатқан екі түрлі жер учас­тоқтарына капитал жұмсау сол белгілі бір жер учас­тоғына капиталды жүйелі түрде жұмсау ісі бағынатын заңнан басқа заңға бағынады деген пікірмен бірдей болған болар еді, ал шындығында дифференциалдық рентаны осы екі жағдайдың екеуінде де заңның барабар болуынан, сол белгілі бір егістікте де, сондай-ақ әр түрлі егістікте де жұмсалған капиталдың өнімділігінің көбеюінен шығарады. Бұл арада болып отырған және оны ешкім байқамай отырған бірден-бір модификация мынау: кеңістік



жағынан әр түрлі жерлерге қолданғандағы капиталдың бір жүйелілікпен жұмсалуды жер меншігінің шектелуіне душар болады, ал капиталды сол белгілі бір жерге бір жүйелілікпен жұмсаған кезде мұндай жағдай болмайды. Осыдан келіп, капитал жұмсаудың осы әр түрлі формалары іс жүзінде біріне бірі өзара шек қоятын қарама-қарсы әрекет келіп шығады. Бір ретте капиталдың айырмашылығы ешқашан көрінбейді. Егер қосымша құнның нормасы сияқты, капитал құрылымы сол бір күйде қалатын болса, онда пайда нормасы өзгеріссіз қалады, сондықтан капитал екі еселенген кезде пайда аумағы да екі еселенеді. Дәл сондай-ақ осы ұйғарылған қатынастар кезінде рента нормасы бұрынғы күйінде қалады. Егер 1000 ф. ст. капитал  $x$  түрінде рента берсе, онда 2000 ф. ст. капитал әлгі ұйғарылған жағдайларда  $2x$  рента береді. Ал егер рентаны еш өзгеріссіз қалған жер көлемі жөнінде алып қарайтын болсақ,— өйткені, ұйғарым бойынша, екі еселенген капитал сол бұрынғы егістікте жұмыс істейді,— онда рента аумағының көбеюі себепті оның дәрежесі де артқан болып шығады. Бұрын 2 ф. ст. рента берген сол акрдың өзі енді 4 фунт стерлинг береді<sup>41)</sup>.

Қосымша құнның бір бөлегінің, ақшалай рентаның,— өйткені ақша дегеніміз құнның дербес көрінісі,— жерге қатынасы өздігінен алғанда қисынсыз және ақылға қонбайтын нәрсе, өйткені бұл арада шамаласпайтын мөлшерлер: бір жағынан, белгілі бір тұтыну құны, пәленше шаршы фут болатын жер участогы, және, екінші жағынан, құн, дәлірек айтқанда, қосымша құн, бірі екіншісі арқылы өлшенеді. Шындығында, мұның өзі мына жағдайдың көрінісі ғана болып табылады: жоғарыда айтылған қатынастар кезінде жердің шаршы футтарын меншіктену жер меншікшісінің капитал жүзеге асырған, ақы төленбеген еңбектің белгілі бір мөлшерін қамтып қалуына мүмкіндік береді, осы шаршы футтарда капитал шошқаның картоп түбін қазғаны сияқты тіміскілеп қазбалап жүреді (осы арада қолжазбада жақша ішінде кейін өшіріліп

<sup>41)</sup> Рента жөніндегі елеулі еңбегіне<sup>200</sup> біз IV кітапта<sup>201</sup> қайтып оралатын Родбертус-тың сипірген еңбектерінің бірі оның осы мәселені зерттегендігінде. Тек қана оның қатге ұрынуы, біріншіден, мынадан: капитал үшін пайданың өсуі әрқашан капиталдың да өскені сияқты көрініс алады, сондықтан пайда аумағы өскен кезде олардың қарым-қатынасы бұрынғысына қалады деп оялауында. Алайда, бұл пікір теріс, өйткені капитал құрылымы өзгерген кезде пайда нормасы, еңбектің тұрақты қаналуына қарамастан, нақ мына себептен: капиталдың өзгермелі бөлегіне қарағанда оның тұрақты бөлегінің относителді құнының төмендегендігі себепті артуы мүмкін.— Оның қатге ұрынуы, екіншіден, мынадан: ақшалай рентаның сан жағынан айқын белгілі бір жер участогына, масалы, бір акр жерге қатынасын классикалық саяси экономияның рентаның артуы немесе төмендеуі жөніндегі зерттеулерінде жалпы қаралуға тиісті бірдеңе деп пайымдауында. Мұнысы тағы да дұрыс емес. Классикалық саяси экономия рента нормасы туралы үнемі сөз етеді, өйткені ол рентаны оның заттай түрінде, өнімге қатынасы жағынан алып қарайды, өйткені ол рентаны ақшалай рента ретінде,— авансылданған капиталға қатынасы жағынан алып қарайды, өйткені мұның өзі шын мәнісінде рационалды сөздер.

тасталған: Либих деген сөз жазылған). Алайда *prima facie*\* бұл сөйлем, егерде біз бес фунттық банкноттың жер шеңберіне қатынасы туралы айтпақ болсақ, нақ сондай жәйтті білдіреді. Бірақ белгілі бір экономикалық қатынастардың іс жүзіндегі көрінісі болып табылатын нәрселердің осы экономикалық қатынастарды көрсететін және іс жүзінде жинақтап қорытындылайтын иррационалды формалардың дәнекерлік ролінің күнделікті тіршілігінде ешқандай ісі болмайды, ал олардың өздері осы қатынастардың шеңберінде айналуға әдеттегі кеткендіктен, олардың ақыл-есі бұл қатынастардан титтей де сүрінбейді. Олар мүлдем қарама-қайшы нәрселерден тіпті ешқандай да құпия сыр көрмейді. Егер оқшаулап жеке алатын болсақ, ішкі байланыстан жүрдай және қисынсыз көрініс формаларында олар өздерін суда жүзген балықтай сезінеді. Бұл жерде Гегельдің белгілі математикалық формулалар жөнінде айтқаны: адамның әдеттегі ақыл-ойы иррационалды деп тапқан нәрсесі рационалды да, ал ол үшін рационалды нәрсе иррационалдылықтың дәл өзі<sup>202</sup> дегені әділетті айтылған.

Сонымен, жер көлемінің өзі жөнінде алып қаралып отырған рента аумағының көбеюі дәл сол рента нормасының көбеюі тәрізді көрінеді; осыдан келіп бір ретте түсіндіруге болатын жағдайлар екінші бір ретте жоқ болып шығады да, қиындық туғызады.

Алайда жер өнімінің бағасы төмендеген күнде де жердің бағасы арта алады.

Мұндай жағдайда онан әрі дифференцияланудың нәтижесінде дифференциалды рента, сондықтан құнарлы жердің бағасы да көтерілуі мүмкін. Не болмаса, мұндай жағдай болмаған күнде, еңбектің өндіргіш күші артқан кезде егіншілік өнімінің бағасы төмендеуі мүмкін, бірақ төмендегенде мұның өзі өндірістің ұлғаюымен орны асыра толтырылатын болып көбейеді. Айталық, кварталер 60 шиллинг болған еді. Егер бұрынғы жұмсалған капитал кезінде нақ сол акрдан бір кварталердің орнына 2 кварталер өндірілетін болса және кварталердің бағасы 40 шиллингке дейін төмендейтін болса, онда 2 кварталер 80 шиллинг береді; сондықтан кварталердің бағасы үштен бірдей төмендегенімен, бұрынғы жұмсалған капиталдың сол бұрынғысы акрде өндірген өнімінің құны үштен бірге көбейеді. Өнім өзінің өндіріс бағасынан немесе құнынан жоғары сатылмағанына, мұның қалайша мүмкін болатындығы дифференциалды рентаны зерттеген кезде көрсетілген болатын. Шындығында мұның өзі тек екі түрлі тәсілмен ғана жүзеге асырылады.

\* — ең алдымен. Ред.

Не нашар жер бәсекеге түсуден қалады, бірақ дифференциалды рента көбейген кезде, демек, жалпы жақсару сатысы әр түрлі жерлерге әрқелкі әсер еткен кезде құнарлы жердің бағасы артады. Не болмаса еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде нақ сол өндіріс бағасының өзі (және егер абсолютті рента төленетін болса, нақ сол құнның өзі) ең нашар деген жердің өзінде өнім аумағының көбеюінен көрінеді. Енді өнім нақ сол бұрынғы құнды көрсетеді, бірақ оның құрамдас бөлектерінің бағасы төмендеген, ал бұл бөлектердің саны көбейген. Егер сол бәз-баяғы бір капитал қолданылатын болса, бұлай болмаған болар еді, өйткені мұндай жағдайда қандай да болсын өнім аумағынан сол бәз-баяғы бір құн көрінген болар еді. Бірақ, егер гипске, көнге, т. б., бір сөзбен айтқанда, көп жылдар бойы әрекет ететін өндеулерге қосымша капитал жұмсалған болса да бұлай болуы мүмкін емес. Мұндай нәтиженің шарты мынада: I кварталдың бағасы төмендегенімен, алайда кварталердің саны көбейетін қатынаста төмендемейді.

III. Рентаның артуының, ал осының нәтижесінде жер бағасының да артуының осы әр түрлі шарттары жалпы алғанда жер жөнінде, сондай-ақ жекелеген жер категориялары жөнінде де, ішінара өзара бәсекеге түсуі мүмкін, ішінара бірін-бірі жоққа шығарып, алма кезек қана әрекет етуі мүмкін. Алайда бұл айтылғаннан шығатыны: жер бағасының артуынан рента да артады екен деп тікелей қорытынды жасауға болмайды, сондай-ақ әрқашанда жер бағасының артуына әкеліп соқтыратын рентаның артуынан жер өнімі көбейді екен деп тікелей қорытынды жасауға болмайды<sup>42)</sup>.

Жердің тозуының нағыз, табиғи себептерін,— дифференциалдық рента жөнінде жазған экономистердің бәріне олардың өз тұсындағы агрохимияның жай-күйі себебінен әлбетте белгісіз болып келген себептерді,— қарастыруға кірісудің орнына жұрт кеңістік жағынан шектеулі жер участогына кез келген мөлшерде капитал жұмсауға болмайды-мыс дейтін ұшқары пікірге жүгінуге ұмтылды. Мәселен, «Edinburgh Review» журналы Сохо-скверді өңдеу арқылы бүкіл Англияны асырап сақтауға болмайды деп Ричард Джонсонға қарсы шықты<sup>203</sup>. Егер мұның өзі егіншіліктің ерекше тиімсіздігі деп қаралатын болса, онда нақ керісінше, қағиданың дұрыс болғаны. Егіншілікте капиталдың бірте-бірте жұмсалуды жемісті

<sup>42)</sup> Рента артқан кезде жер бағасының төмендейтіндігі факті екендігі туралы Пассиден қараңыз.

пайдаланылуы мүмкін, өйткені жердің өзі өндіріс құралы ретінде әрекет етеді, ал фабрикада, жер негіз ғана, орналасу орны ғана, территориялық жағынан жұмыс істеу негізі ғана болып қызмет ететін фабрикада мұндай жоқ немесе ол өте тар шеңберлерде ғана орын алуы мүмкін. Рас, бытыраңқы қол өнеріне қарағанда, ірі өндірісті шағын кеңістікке шоғырландыруға болады, және де ірі индустрия нақ осылай істейді де. Ал егер өндіргіш күштің дамуының белгілі бір дәрежесі белгілі болса, онда әрқашан да белгілі бір кеңістік керек болады, ал биіктете салудың да өзінің белгілі бір практикалық шегі бар. Бұл шектен асқан соң өндірісті ұлғайту ісі жер көлемін ұлғайтуды да талап етеді. Машинаға т. б. жұмсалған негізгі капитал пайдаланудың нәтижесінде жақсара түспейді, қайта, керісінше, тозады. Жаңа өнертабыстар мұнда да кейбір жақсартулар жасауы мүмкін, бірақ егер өндіргіш күштің дамуының белгілі сатысын алатын болсақ, онда машина тек тозып, нашарлауы мүмкін. Өрдігіш күш шапшаң дамыған жағдайда ескі машиналардың бәрі неғұрлым тиімді машиналармен алмастырылуға тиіс, яғни олар мүлдем лақтырылып тасталуға тиіс. Мұның керісінше, егер дұрыстап күтіп ұсталатын болса, жер үнемі жақсарып, құнарлана береді. Жердің бір артықшылығы — бірте-бірте жұмсалған капиталдар алғашқы жұмсалған капиталдарды ешбір шығынға ұшыратпастан пайда бере алатындығы, міне осы артықшылықта бірте-бірте жұмсалған капиталдардың өнімділігі түрліше болуы да мүмкін.

## ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## КАПИТАЛИСТІК ЖЕР РЕНТАСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

## I. КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Мынаны түсініп алуымыз қажет: капиталистік өндіріс әдісінің теория жүзіндегі көрінісі болып табылатын осы заманғы саяси экономия тұрғысынан алып қарағанда жер рентасын түсіндірудің қиындығы неде болып отыр? Мұны тіпті ең жаңа зерттеушілердің де орасан зор көпшілігі әлі де болса түсінбей жүр, мұны жер рентасын «жаңаша» түсіндіру жөніндегі неше түрлі жаңа әрекеттер көрсетіп отыр. Бұл реттердегі жаңалық әрқашанда дерлік мынада: олар баяғыдақ айтылып кеткен көзқарасқа қайта оралып соғуда. Қиындық егіншілік капиталы өндіретін қосымша өнім мен осы соңғыға сәйкес келетін қосымша құнды жалпы түсіндіруде емес. Жоқ, бұл мәселе қандай салаға жұмсалғанына қарамастан әрбір өндіргіш капитал жасайтын қосымша құнға талдау жасаған кезде шешілген болатын. Қиындық мынада: қосымша құн түрлі капиталдар арасында орта пайда болып, өндірістің барлық салаларында бүкіл қоғамдық капитал өндірген бүкіл қосымша құнның әлгі капиталдардың біршама мөлшеріне сәйкес келетін пропорциялы үлесі болып теңескеннен кейінгі жерде, — осы теңесуден кейінгі жерде, тегінде бөлінуі мүмкін бүкіл қосымша құнның қазірдің өзінде болып қойған айқын бөлінісінен кейінгі жерде осы қосымша құнның жерге жұмсалған капитал жер рентасы түрінде жер меншікшісіне төлейтін нақ сол артық бөлегі қайдан алынатындығын көрсетуде болып отыр. Жер меншікшісіне қарсы өнеркәсіп капиталын қорғаушылар болып табылатын осы заманғы экономистерді осы мәселені зерттеуге итермелеген себептерді, — жер рентасының тарихы туралы тарауда өзіміз толығырақ баяндайтын себептерді, — мүлде былай қоя тұрғанда, теоретиктер болып жүрген әлгі экономистер үшін бұл мәселенің шешуші мәні болды. Егіншілікке жұмсалған капиталға келетін рента қаржы жұмсау саласының өзінің ерекше бір әрекетінің, шын мәнісіндегі жер қыртысына тән қасиеттердің нәтижесінде пайда болады,

деп мойындау,— мұның өзі құн ұғымының өзінен, демек, осы салада болатын ғылыми таным мүмкіншілігі атаулыдан бастарту деген сөз болар еді. Рента жер өнімінің бағасынан төленеді,— мұның өзі рента заттай формада төленген кезде де орын алады, өйткені арендаға алушы өзінің өндіріс бағасын өтеп алады,— дейтін жәй ғана бақылаудың өзі осы бағаның әдеттегі өндіріс бағасынан артық болуын, демек, егіншілік өнімінің біршама қымбат болуын егіншіліктің табиғи өнімділігінің өндірістің басқа салаларының өнімділігінен артық болуынан деп түсіндірудің қандайлық есуастық екенін көрсетіп берді; өйткені оның керісінше, еңбек неғұрлым өнімді болса, еңбектің өнімі соғұрлым арзан, өйткені нақ сол бір еңбек мөлшері, демек, нақ сол бір құн сіңген тұтыну құндарының аумағы соғұрлым көп болады.

Демек, рентаға талдау жасаудың бүкіл қиындығы мынада болды: егіншілік пайдасының орта пайдадан артығын түсіндіру үшін қосымша құнды емес, өндірістің осы саласына тән басы артық қосымша құнды, демек, тағы да сол «таза өнімді» емес, осы таза өнімнің өндірістің басқа салаларының таза өнімнен артығын түсіндіруде болды. Орта пайданың өзі— өнім, қоғамдық өмірдің әбден айқын тарихи өндірістік қатынастар тұсында болып жататын процестің жасалуы, өзіміз жоғарыда көргеніміздей, өте күрделі аралық дәнекер буындарды керек ететін өнім. Тегінде, орта пайдадан артықтық туралы сөз ету мүмкін болу үшін осы орта пайданың өзі өндіріс көлемі ретінде және,— капиталистік өндіріс тәсілі тұсында орын алатыны сияқты,— тегі, өндірістің реттеушісі ретінде көрінуі қажет. Демек, қосымша еңбек етуге мәжбүр ететін және ең алдымен бүкіл қосымша құнды өзі иемденетін капиталы әлі де жоқ, демек, капитал қоғамдық еңбекті әлі де болса өзіне бағындырмаған не болмаса оны әредікте ғана бағындырған қоғамдық формалар тұсында осы заманғы маңнасында алғандағы рента туралы, орта пайдадан артық, яғни бүкіл қоғамдық капитал өндірген қосымша құнның бойындағы әрбір жеке-дара капиталдың пропорционалды үлесінен артық болып табылатын рента туралы тегі сөз болуы да мүмкін емес. Сондықтан егер, мәселен, Пасси мырза (төменіректе қараңыз) алғашқы қауымдық құрылыс жөнінде-ақ рентаны пайдадан артық нәрсе, қосымша құнның тарихи айқын қоғамдық формасынан артық нәрсе дейтін болса, сөйтіп Пасси мырзаның ойынша, бұл форма, сірә, қоғамсыз-ақ өмір сүре алатын болса,— онда мұның өзі оның соншалық аңқаулығын ғана көрсетеді<sup>204</sup>.

Өз кездерінде әлі де болса дами қоймаған капиталистік өндіріс тәсіліне талдау жасауды тегінде енді ғана бастаған

бұрынғы экономистер үшін рентаға талдау жасау не жалпы ешқандай қиындық келтірген жоқ, не қиындық келтірсе де мүлде басқа сипатта қиындық келтірді. Петти, Кантильон, жалпы алғанда феодализм дәуіріне жақын тұрған авторлар, жер рентасын жалпы қосымша құнның қалыпты формасы деп қарайды<sup>205</sup>, ал олардың ойынша пайда жалақымен әлі де болса онша айқын қосылып кетпеген немесе, ең көп дегенде, осы қосымша құнның капиталист жер меншікшісінен тартып алған бөлегі болып көрінеді. Демек, олар мынандай жағдайды негізге алады: біріншіден, ол кезде село халқы ұлттың әлі де болса айтарлықтай басым бөлегі болып табылады және, екіншіден, жер меншікшісі жер меншігінің монополиясын пайдаланып тікелей өндірушілердің қосымша еңбегін ең алдымен иемденіп алатын адам болып табылады, демек, жер меншігі әлі де болса өндірістің негізгі шарты ретінде әрекет етеді. Бұл авторлар үшін мәселенің былайша қойылуы: капиталистік өндіріс тәсілі тұрғысынан алғанда мақсаты, керісінше, капитал өндірген (яғни тікелей өндірушілерден сығып алған) және бастапқыда ол өзі иемденіп алған қосымша құнның бір бөлегін жер меншігі капиталдан қалайша тартып ала алатындығын зерттеу болып табылатын мәселе қойылысы әлі де бола қойған жоқ.

*Физиократтарға* кездескен қиыншылық басқаша сипатта болды. Капиталды шын мәнісінде алғаш жүйелі түрде түсіндірушілер ретінде олар жалпы қосымша құнның табиғатын талдауға тырысты. Олар үшін бұл талдау өздері қосымша құн осының бойында болады деп білген бірден бір форманы — рентаны талдаумен сабақтасып жатты. Сондықтан рента беретін капитал яки егіншілік капиталы олар үшін қосымша құн өндіретін бірден бір капитал және сол капитал іске қосатын егіншілік еңбегі қосымша құн беретін бірден бір еңбек, сондықтан капиталистік тұрғыдан қарағанда әбден дұрыс болатынындай, бірден бір өндіргіш еңбек. Олар қосымша құн өндіруді шешуші нәрсе деп әбден орынды санайды. Олардың IV кітапта<sup>206</sup> әңгіме болатын басқа да еңбегін былай қойғанда олардың ең ұлы еңбегі ең алдымен мынада: олар тек айналыс саласында ғана қызмет ететін сауда капиталын былай қойып, өндіргіш капиталға мән берді, мұнысы өзінің дәрекі реализмі жөнінен іс жүзіндегі мүдделері Петти мен оның ізбасарларында болған ғылыми талдау ұрықтарын мүлдем кейін сырып тастаған заманның нағыз тұрпайы саяси экономиясы болып табылған меркантилистік жүйеге қарама-қарсы болды. Тегінде, бұл арада, меркантилистік жүйені сынағанда, әңгіме оның капитал мен қосымша құнға көзқарасы туралы ғана болады. Дүние жүзілік рынокқа арнап өндіруді және

өнімді товарға арнап өндіруді және өнімді товарға, демек ақшаға айналдыруды монетарлық жүйе капиталистік өндірістің алғышарты мен жағдайы деп әділетті атағанын біз бұрын атап көрсеткенбіз.<sup>207</sup> Бұл жүйенің жалғасында, меркантилистік жүйеде, енді товар құнының ақшаға айналуы емес, қосымша құн өндіру, — бірақ айналыс саласының мазмұнсыз [begrifflos] тұрғысынан өндіру, — шешуші роль атқарады және оның бержағында бұл қосымша құн қосымша ақша түрінде, сауда балансының дұрыс сальдосы түрінде көрсетілген. Мұнымен бірге сол заманғы көпестер мен фабриканттар үшін және дәл сондай-ақ олардың ойындағыдай капиталистік дамудың сол дәуірі үшін шын мәнісінде мынадай жағдай сипаты: егіншілікті феодалдық қоғамдар өнеркәсіпті қоғамдарға айналған кезде және ұлттардың дүние жүзілік рыноктағы тиісті өнеркәсіп күресі кезінде бәрі де капиталдың шапшаң дамуына байланысты болады, бұл даму табиғи жол деп аталатын жолмен емес, зорлау құралдары арқылы болады. Ұлттық капитал өнеркәсіп капиталына бірте-бірте және баяу түрде айнала ма, не болмаса олар көбінесе жер меншікшілеріне, орта және ұсақ шаруалар мен қолөнершілерге салған тынымдаушы баж салығы түріндегі салықтар арқылы, дербес тәуелсіз өндірушілерді тездете экспроприациялау арқылы, капиталдарды зорлықпен тездете қорландыру және шоғырландыру арқылы, қысқасы, капиталистік өндіріс әдісінің жағдайларын тездете жасау арқылы әлгі айналу уақыт жағынан тездетіле түсе ме, — мұның өзі тіпті де бір нәрсе емес. Дәл сондай-ақ ұлттық табиғи өндіргіш күшті капиталистік және өнеркәсіптік қанаудағы орасан зор айырмашылық та осыдан туады. Сондықтан меркантилистік жүйенің осыны жақтаушылар айтатын ұлттық сипаты — жәй сөз ғана емес. Ұлттық байлық пен мемлекет ресурстары ғана біздің назарымызды аударады дегенді желеу етіп, олар шын мәнісінде капиталистер табының мүдделері мен жалпы бауды мемлекеттің түпкі мақсаты деп жариялап, бұрынғы жаратылыстан тыс мемлекетке қарама-қарсы буржуазиялық қоғамды дәріптейді. Бірақ мұнымен қатар капитал мен капиталистер табы мүдделерінің, капиталистік өндірістің дамуы осы заманғы ұлттық күш пен ұлттық артықшылықтың базисі болды дегенді түсінушілік те болды.

Сонан соң, қосымша құн өндірудің бәрі, демек, капиталдың табиғи негіз тарапынан қаралатын бүкіл дамуы шындығында егіншілік еңбегінің өнімділігіне негізделген дегенде физиократтардың айтқаны дұрыс. Егер адамдар тегінде бір жұмыс күні ішінде әрбір жұмыскердің өзін өзі қалпына келтіру үшін керек болатын тіршілік заттарынан артық, демек, тар мағнада алғанда содан артық егіншілік өнімдерін өндіре алмайтын



болса, егер оның күні бойы жұмсаған бүкіл жұмыс күші оның өзінің жекебас тұтынуына қажетті тіршілік заттарын өндіруге ғана жететін болса, онда қосымша өнім туралы да, қосымша құн туралы да тегі сөз болуы мүмкін емес. Екіншілік еңбектің жұмыскердің жекебас тұтынуынан асып түсетін өнімділігі қандай да болсын қоғамның базисі, және де ең алдымен капиталистік өндірістің базисі болып табылады, капиталистік өндіріс қоғамның барған сайын өскелең бөлегін тікелей тіршілік заттарын өндіруден бөліп алып, Стюарттың сөзімен айтқанда, «free hands»\*-қа айналдырады, басқа салаларда қанау үшін оны қолдануға мүмкіндік береді<sup>208</sup>.

Бүкіл классикалық саяси экономияның күні қараң болған кезде, анығында ол ажал табытында жатқан кезде қосымша еңбектің және, демек, тегі қосымша құнның табиғи шарттары туралы ең бастапқы ұғымдарды қайталап жүрген және осынысы арқылы біз жер рентасы туралы<sup>209</sup>,— бұл жер рентасы қосымша құнның айрықша формасы және ерекше бөлегі ретінде баяғыда-ақ зерттеліп қойғаннан кейінгі жерде,— ол туралы жаңа бірдеме, елеулі бірдеме айтып жүрміз деп қиялдайтын Дэр, Пасси және басқалары сияқты ең жаңа шыққан экономистер жөнінде не айтуға болады? Тұрпайы саяси экономияға нақты тән нәрсе мынау: ол дамудың белгілі бір тарихи сатысында жаңалық, ерекшелік, терең де дәлелді болған нәрсені енді келіп ол жадағай, артта қалған және жалған нәрсе болып отырған кезде қайталайды. Сөйтіп, ол осынысы арқылы классикалық саяси экономия зерттеген проблемалар жөніндегі түсініктің өзі де өздеріне жат екенін көрсетуде. Ол осы проблемаларды буржуазиялық қоғам дамуының неғұрлым төмен сатысында ғана қойылуы мүмкін мәселелермен шатастыруда. Оның сауда бостандығы жөніндегі физиократтық қағидаларды үнемі маз-мәйрам болып мылжындап айта беруі жөніндегі істің жәйі де тап осындай. Іс жүзінде бұл қағидалар белгілі бір мемлекеттің назарын қаншама аударғанымен олар теориялық жағынан баяғыда-ақ мәнін жойған.

Екіншілік өнімі айналыс процесіне мүлдем кірмейтін немесе оған осы өнімнің тым болмашы бөлегі ғана кіретін және өнімнің, мәселен, көптеген ертедегі Рим латифундияларындағы сияқты, сондай-ақ Ұлы Қарлдың именнелеріндегі, сонымен қатар (қараңыз: Vinçard. «Histoire du travail») азды-көпті дәрежеде болса да орта ғасырлардың бүкіл өн бойындағы сияқты, жер меншікшісінің табысы болып табылатын бір бөлегінің де біршама болмашы үлесі ғана кіретін шын мәнісіндегі заттай шаруашылық тұсында ірі-ірі именнелердің

\* — «бос қолға». Ред.

өнімі мен қосымша өнімі әсте де егіншілік еңбегінің өнімдерінен ғана тұрмайды. Ол өнім мұнымен қатар өнеркәсіп еңбегінің өнімдерін де қамтиды. Базис болып табылатын егіншілік кезіндегі қосалқы өндіріс ретіндегі үйде істелетін қол еңбегі мен мануфактуралық еңбек ежелгі және орта ғасырлық Европадағы сияқты, сондай-ақ күні бүгінге дейін — өзінің дәстүрлі ұйымы әлі де бұзылмаған Индия қауымындағы сияқты осы заттай шаруашылыққа негіз болып отырған өндіріс әдісінің шарты болып табылады. Капиталистік өндіріс тәсілі осы байланысты мүлдем жойып жібереді; бұл әсіресе Англияда XVIII ғасырдың соңғы отыз жылы ішінде ірі көлемде байқалған процесс. Азды-көпті жартылай феодалдық қоғамдарда өсіп ер жеткен ақыл-ой иелері, мысалы Херреншваид, XVIII ғасырдың аяқ кезінде-ақ егіншілік пен өнеркәсіптің осылайша окшаулануын көзсіз батыл қоғамдық авантюра, тіршілік етудің ақыл-ойға симайтын қатерлі тәсілі деп білді. Және тіпті ертедегі дүниенің капиталистік ауыл шаруашылығына анағұрлым ұқсас келетін егіншілік шаруашылықтарында да, Карфаген мен Римде, қанаудың шын мәнісіндегі капиталистік тәсіліне сәйкес келетін формасына ұқсастықтан гөрі плантаторлық шаруашылыққа ұқсастық басым.<sup>42a)</sup> Біз континенттік Италиядағы ежелгі дәуірден ресми ұқсастық үшін тегі еш себеп таппаймыз, — оның үстіне бұл ұқсастық капиталистік өндіріс тәсілін түсінген әрбір адам үшін және Моммзен мырза<sup>43)</sup> тәрізді енді әрбір ақша шаруашылығынан капиталистік өндіріс әдісін ашпайтын адам үшін елеулі пункттердің бәрінде де кілең алдамшы нәрсе болып көрінеді, — біз бұл ұқсастықты, сірә, Сицилиядан ғана табармыз, өйткені ол Римнің егіншілік борышқоры ретінде өмір сүрді, сондықтан да онда егіншілік негізінен экспортқа бағытталды. Мұнда сөздің осы заманғы мағнасында алғандағы арендаға алушылар кездеседі.

Рентаның табиғатын дұрыс түсінбеушілік мына жағдайға негізделіп жүр: заттай формадағы рента орта ғасырлардағы заттай шаруашылықтан келген, сөйтіп ең жаңа заманғы капиталистік өндіріс тәсілінің шарттарына толық қарама-қайшы келіп ішінара шіркеу десятинасы ретінде, ішінара ескі до-

<sup>42a)</sup> А. Смит менің кезімде (ал мұның өзі тропикалық және субтропикалық елдердегі плантаторлық шаруашылық жөнінде алғанда да күшінде қалады) рента мен пайда әлі окшауланып шықпаған еді,<sup>210</sup> өйткені жер меншікшісі сонымен қатар капиталист те еді, мысалы өз именілерінде Катон сондай болған еді дейді. Бірақ бұл окшауланудың өзі — капиталистік өндіріс әдісінің дәл алғышарты, құлдық сияқты базис бұл өндіріс әдісінің мәніне тегі қайшы келеді.

<sup>43)</sup> Өзінің „*Römische Geschichte*“ деген еңбегінде Моммзен мырза «капиталист» деген сөзді тіпті де осы заманғы саяси экономия мен осы заманғы қоғам мағынасында қолданбайды, жойылып кеткен қатынастардың ескі сарқыншағы ретінде Англияда немесе Америкада емес, әлі де болса континентте қолданылып жүрген көп таралған ұғым рухында қолданады.

говорлармен мәңгілік етілген таңғажайып нәрсе ретінде көрі- нуде. Осының салдарынан рента егіншілік өнімінің бағасынан емес, өнім аумағынан, демек, қоғамдық қатынастардан емес, жерден шығатын сияқты болып көрінеді. Біз бұдан бұрын-ақ былай деп көрсеткенбіз: қосымша құн қосымша өнімде бол- ғанымен, алайда, керісінше, өнім аумағының жәй ғана көбеюі мағынасында алғандағы қосымша өнім [әрқашанда] қосымша құн болып табылмайды. Ол құнның минусын көрсетуі мүм- кін. Басқаша айтқанда 1840 жылғымен салыстырғанда 1860 жылғы мақта-мата өнеркәсібі орасан зор қосымша құн болып көрінуге тиіс еді, алайда иірілген жіп бағасы, керісінше, тө- мендеп кетті. Бірсыпыра жылдар бойы астық шықпауының нәтижесінде рента орасан зор өсуі мүмкін, өйткені астық ба- ғасы артады, ал осы қосымша құн қымбаттап кеткен бидай- дың мүлдем азайған аумағында болады. Керісінше, бірсыпы- ра жылдар бойы астық шығымының жақсы болуы нәтиже- сінде рента төмендеуі мүмкін, өйткені баға төмендейді, ал төмендеген рента біршама арзан бидайдың көп аумағында болады. Енді өнім рентасы жөнінде ең алдымен мынаны айту керек: ол күні өткен өндіріс тәсілінен қалған, жойылып бара жатқан дәстүр болып табылады, бұл дәстүрдің капиталистік өндіріс тәсілімен қарама-қайшылығы мынадан көрінеді: ол жеке меншік договорлардан өзінен өзі жойылып кетті және Англияда шіркеу десятиналарымен болған жағдай кезіндегі- дей заң араласуы мүмкін болған ретте оны ақылға қонбайтын нәрсе ретінде күшпен жойып жіберді<sup>211</sup>. Бірақ, екіншіден, бұл рента капиталистік өндіріс тәсілі базисінің негізінде өмір сү- ре беретін жерде ол ақша рентасының орта ғасырдағыдай бүркемеленген көрінісі болды және бұдан басқа ештеме де болмақ емес еді. Мәселен, айталық бір квартал бидайдың ба- ғасы 40 шиллинг дәрежесінде тұр делік. Бұл кварталдың бір бөлегі өз бойындағы жалақыны өтеуге тиіс, өзі қайтадан аван- сылана алуы үшін сатылуға тиіс; оның екінші бөлегін квар- тердің үлесіне келетін салықтарды төлеу үшін сату қажет. Ка- питалистік өндіріс тәсілі, ал онымен бірге қоғамдық еңбек бөлінісі дамыған жерде тұқым және тіпті тыңайтқыштардың бір бөлегі де товар ретінде ұдайы өндіріске кіреді, демек, есе- сін өтеу үшін сатып алынуға тиіс; бұған керек ақшаны табу үшін тағы да сол кварталдың бір бөлегін сатуға тура келеді. Ал шындығында оларды товар ретінде сатып алуға тура кел- мейтіндіктен, керісінше, өнімді ұдайы өндіруге өндіріс шарты ретінде қайтадан кіру үшін олар өнімнің өзінен іп natura\* өтелуі мүмкін болатындықтан,— тек егіншілікте ғана емес,

---

\* — заттай. Ред.

тұрақты капитал өндіретін көптеген өндіріс салаларында да осылай болады,— олар есеп ақшалары ретінде есеп-қисапқа кіреді де, өндіріс шығындарының құрамдас бөліктері ретінде есептен алынып тасталады. Машиналардың және жалпы негізгі капиталдың тозуын ақшамен өтеуге тура келеді. Ақырында, пайда шын мәнісіндегі немесе есеп-қисаптағы ақша түріндегі осы шығындарға шағылып есептеп шығарылады. Бұл пайда жалпы өнімнің белгілі бір үлесінде болады, бұл үлес өнімнің бағасы арқылы анықталады. Ал қалған бөлігі рентаны туғызады. Егер договормен белгіленген өнім рентасы баға арқылы анықталатын әлгі айтылған қалдықтан көп болса, онда енді бұл рента емес, пайдадан шегеріп тастау болады. Бір ғана осы мүмкіндіктің нәтижесінде-ақ өнім бағасымен сәйкеспейтін, демек, шын мәнісінде не көп, не аз рента болатын, сондықтан да тек пайдадан ғана емес, сонымен қатар капиталдың орнын толтыратын құрамды бөліктерден де шегеріліп тасталатын өнім рентасы, бір ғана осы себепті мұндай рента ескірген форма болып табылады. Шындығында бұл өнім рентасы аты жағынан ғана емес, заты жағынан да рента болып табылатындықтан ол тек қана өнім бағасының өнімнің өндіріс бағасынан артығы арқылы анықталады. Мәселе мынада ғана: ол осы өзгермелі өлшемді тұрақты өлшем деп ұйғарады. Ал мұның өзі ізгі бір ескі заманды еске түсіретін мына бір ұғымға: *in patria* өнім, біріншіден, жұмысшыларды тамақтандыру үшін, онан соң, капиталистік арендаушыға тамақ өнімін оның өзіне керегінен көп қалдыру үшін жеткілікті болуға тиіс және осыдан артқан нәрсе заттай рента болады деген ұғымға келіп тіреледі. Бұл айтылғанның өзі дәл фабрикант 200 000 аршын шыт өндіргенімен бірдей. Бұл шыт сол фабриканттың жұмысшыларын ғана емес, бұларға қоса оның әйелін де, бүкіл үрім-бұтағын да және оның өзін де киіндіруге жеткілікті, сонымен бірге шытты сатуға қалдыруға және ақырында, осы шытпен орасан зор рентаны төлеуге де жеткілікті. Бәрі де оп-оңай! 200 000 кез шыттан оның өндіріс бағасын шығарып тастаса-ақ болғаны, сонда шыттың рента ретіндегі артығы қалады. Мысалы, шыттың сатылар бағасын білмей тұрып 200 000 кез шыттан оның 10 000 фунт стерлингтік өндіріс бағасын шығарып тастаса, шыттан ақшаны шығарып тастаса, кәдімгі тұтыну құнынан айырбас құнын шығарып тастаса, сонан соң бір кез шыттың фунт стерлингтен артығын анықтаса,— бұлай ету шын мәнісінде аңқаулық ұғым. Мұның өзі шеңбер аумағынан да жаман нәрсе, не дегенмен де бұл аумақтың негізінде тұзу сызық пен қисық сызық барып түйісетін шеңбер туралы ұғым жатыр. Бірақ Пасси мырзаның ішірткісі нақ осындай. Шыт ой жүзінде немесе

шын мәнісінде ақшаға айналмай тұрып шыттан ақшаны шығарып тастаңдар!— дейді. Осыдан артығы рента болып табылады, сонда бұл рента «софистік» сұмдықтың салдарынан емес, осылайша *naturaliter\** сезіле түседі-міс! (мәселен, Карл Арндты қараңыз<sup>212</sup>). Заттай рентаны қалпына келтірудің бәрі осы есуастыққа, пәленше шеффель бидайдан өндіріс бағасы шегеріп тастауға, көлем өлшемінен ақша сомасын шығарып тастауға келіп тіреледі.

## II. ЖҰМЫСПЕН ӨТЕУ РЕНТАСЫ

Егер біз жер рентасын оның ең қарапайым формасында, *жұмыспен өтеу рентасы* формасында, тікелей өндіруші аптаның бір бөлегінде іс жүзінде өзіне тиесілі жерде іс жүзінде немесе заң жүзінде өзіне тән өндіріс құралдарымен (соқа, мал және басқалары) жұмыс істеп, ал аптаның қалған күндері жер меншікшісінің именісінде тегін жұмыс істейтін, жер меншікшісі үшін жұмыс үстейтін кездегі формада алып қарантын болсақ, онда мұндағы істің жайы тіпті мүлдем айқын, мұнда рента мен қосымша құн бір біріне барабар. Рента пайда емес — мұнда ақы төленбеген қосымша еңбек осындай формада көрінеді. Мұнда жұмыскер (*self-sustaining serf*) өзінің тіршілік етуіне қажетті қаржылардан артық табысты, яғни капиталистік өндіріс тәсілі тұсында біз жалақы деп атайтыннан тыс табысты қандай дәрежеде ала алатыны, мұның өзі басқа жағдайлар бірдей болғанда оның жұмыс уақыты оның өзі үшін керекті жұмыс уақыты мен жер меншікшісі үшін керекті барщиналық жұмыс уақытына бөлінетін қатынасқа байланысты болады. Сонымен мұнда аса қажетті тіршілік қаржыларынан артық, капиталистік өндіріс тәсілі тұсында пайда болып табылатын қаржыдан артық осы табыс түгелінен бұл арада ақы төленбеген тікелей қосымша еңбек қана емес, сонымен қатар нақ осындай еңбек болып табылатын жер рентасының жоғарылығымен анықталады; бұл арада жермен барабар өндіріс жағдайларының «меншікшісі» үшін ақы төленбеген қосымша еңбек, ал бұл өндіріс жағдайлары жерден өзгеше болғандықтан олар жерге тиесілі нәрсе ғана болып есептеледі. Бұл арада крепостнойдың өнімі оның тіршілік қаржыларымен қатар, оның еңбегінің жағдайларын да қалпына келтіру үшін жеткілікті болуға тиістігі,— бұл жағдай барлық өндіріс тәсілдері үшін нақ сондай жағдайлар болып қала береді, өйткені мұның өзі өндіріс тәсілдерінің ерекше формасының нәтижесі емес, әрбір үздіксіз және жалпы

\* — заттай. Ред.

өндiргiш еңбектiң, әрқашанда сонымен қатар ұдайы өндiрiс, демек, өзiнiң жеке басының қызмет етуiнiң жағдайларын да ұдайы өндiру болып табылатын әрбiр ұзақ мерзiмдi өндiрiстiң табиғи шарты. Онан соң, бiр айқын нәрсе: тiкелей жұмыскер өзiнiң жеке бас тiршiлiгi үшiн керектi қаржыларды өндiру үшiн қажеттi өндiрiс құралдары мен еңбек жағдайларының «иесi» болып қала беретiн формалардың бәрiнде меншiк қатынасы сонымен қатар үстемдiк пен құлдық етудiң тiкелей қатынасы ретiнде көрiнуге тиiс, демек, тiкелей өндiрушi ерiксiз өндiрушi ретiнде көрiнуге тиiс; барщиналық еңбек қолданылатын крепостниктiктен жәй оброктық мiндеттiлiкке дейiн босандай беретiн ерiксiздiк. Ұйғарым бойынша, бұл арада тiкелей өндiрушiнiң қолында өзiнiң меншiктi өндiрiс құрал-жабдықтары, өзiнiң еңбегiн iске асыру үшiн және өзiнiң тiршiлiк ету заттарын өндiру үшiн қажеттi еңбектiң заттық шарттары бар; ол өзiнiң егiншiлiгiмен, сондай-ақ онымен байланысты селолық үй өнеркәсiбiмен дербес шұғылданады. Бұл дербестiк, мәселен, Индиядағы сияқты, осы ұсақ шаруалардың табиғи түрде азды-көптi өсiп жетiлген өндiрiстiк қауымға бiрiктiрiлгендiгi себептi жойылып кетпейдi, өйткенi бұл арада еңгiме номиналды жер меншiкшiсiнiң дербестiгi жөнiнде ғана болып отыр. Мұндай жағдайларда номиналды жер меншiкшiсiне керектi қосымша еңбектi әлгi ұсақ шаруалардан тек экономикадан тыс зорлау арқылы ғана сығып алуға болады, экономикадан тыс бұл зорлау қандай формада болса да бәрiбiр<sup>44)</sup>. Бұл форманың құл иеленушiлiк немесе плантаторлық шаруашылықтан айырмашылығы сол, мұнда құл бөтеннiң еңбек жағдайларында және дербессiздiк күйiнде жұмыс iстейдi. Сонымен, жекебас тәуелдiлiк қатынасының болуы, қандай бiр дәрежеде болмасын жеке бас бостандығының болмауы және жердiң шылауы ретiнде жерге бекiтiлiп қойылу қажет, сөздiң нағыз шын мағынасында алғанда крепостниктiк тәуелдiлiк қажет. Азияда байқалып отырғанындай, егер тiкелей өндiрушiлерге жеке меншiк жер иелерi емес, жер меншiкшiсi ретiнде, сонымен қатар суверен ретiнде мемлекет тiкелей қарама-қарсы тұратын болса, онда рента мен салық бiр бiрiне сәйкес келедi, яки, дұрысырағы, онда жер рентасының осы формасынан өзгеше боларлық ешқандай салық болмайды. Мұндай жағдайлар кезiнде мемлекеттiң қол астындағы барлық жұрттың осы мемлекет жөнiндегi жағдайын сипаттайтын формаға қарағанда тәуелдiлiк қатынасы саяси және экономикалық жағынан онша қатаң форма болмайды. Мұнда

<sup>44)</sup> Бiр елдi жеңiп алғаннан кейiнгi жерде әрқашанда жеңiп алушылардың ең таңдағы мiндетi адамдарды да иемдену болды. Ленгемен салыстырғыз<sup>213</sup>. Сондай-ақ Мезердi қараңыз<sup>214</sup>.

мемлекет — жоғарғы жер меншікшісі. Мұндағы суверенитет — ұлттық көлемде шоғырландырылған жер меншікшісі. Бірақ оның есесіне бұл ретте ешқандай жеке жер меншігі болмайды, жерді жеке меншіктеніп пайдалану да, сондай-ақ қауымдаса иеленіп пайдалану да бола тұра ондай меншік болмайды.

Ақы төленбеген қосымша еңбек тікелей өндірушілерден сығып алынатын ерекше экономикалық форма өндірістің өзінен тікелей өсіп шығатын үстемдік ету мен құлдану қатынасын анықтайды және, өз кезегінде, өндіріске шешуші түрде кері ықпал етеді. Ал өндіріс қатынастарының өздерінен өсіп шығатын экономикалық құрылыстың [Gemeinwesen] бүкіл құрылымы және мұнымен бірге оның ерекше саяси құрылымы да осыған негізделген. Өндіріс жағдайларын меншіктенушілердің тікелей өндірушілерге тікелей қатынасы — өзінің әрбір белгілі формасы әрбір ретте еңбек тәсілі дамуының белгілі бір сатысына, сондықтан еңбектің қоғамдық өндіргіш күшіне де табиғи түрде сай келіп отыратын қатынас — міне әрқашанда біз бүкіл қоғамдық құрылыстың, демек суверенитет пен тәуелділік қатынастарының саяси формасының да, қысқасы, мемлекеттің әрбір белгілі ерекшелік формасының терең сыры мен жасырын негізін ашатын нәрсеміз осы. Мұның өзі шексіз алуан түрлі окшау жағдайлардың, табиғи жағдайлардың, нәсілдік қатынастардың, сырттан әрекет ететін тарихи ықпалдардың, т. б. арқасында сол бір экономикалық базистің — негізгі шарттар тұрғысынан қарағанда сол бір экономикалық базистің — өзінің қимылдарында шексіз көп өзгерістерге түсіп, түрлі сатылардан өтуіне кедергі жасамайды, бұларды осы сирек кездесетін белгілі жағдайларға талдау жасау арқылы ғана түсінуге болады.

Рентаның анағұрлым қарапайым және бастапқы формасы — жұмыспен өтеу рентасына келетін болсақ, онда бір айқын нәрсе мынау: мұнда рента қосымша құнның бастапқы формасы болып табылады да соған сәйкес келеді. Бірақ қосымша құнның бөтеннің ақы төленбеген еңбегімен сәйкес келуі бұл арада талдауды керек етпейді, себебі ол мұнда әлі де болса өзінің айқын, көрнекті формасында өмір сүреді, өйткені мұнда тікелей өндірушінің өзі үшін істейтін еңбегі оның жер меншікшісі үшін істейтін еңбегінен кеңістік жағынан да, уақыт жағынан да әлі де болса бөлек, және де оның жер меншікшісі үшін істейтін еңбегі бөтен біреу үшін зорлықпен істелетін еңбектің тікелей дәрекі формасында көрінеді. Дәл сондай-ақ жердің рента берушілік «қасиеті» мұнда айқын ашылатын құпия сырға келіп тіреледі, өйткені жерге телінген адамның жұмыс күші де, жұмыс күшінің иесін өз күшін өз

басының қажетті тұтынуын қанағаттандыру үшін керек болатын мөлшерден тыс жұмсап, қаналуға мәжбүр ететін меншік қатынасы да рента беретін табиғатқа жатады. Түп-тұра рентаның өзі жер меншікшісінің осы артық жұмсалған жұмыс күшін иемденуі болып табылады, өйткені тікелей өндіруші оған бұдан басқа ешқандай рента төлемейді. Қосымша құн мен рента барабар ғана емес, сонымен қатар қосымша құн қосымша еңбек формасында әлі де айқын көрінетін бұл жерде рентаның табиғи шарттары яки шектері де мүлдем айқын көрінеді, өйткені олар жалпы қосымша еңбектің табиғи шарттары мен шектері. Тікелей өндірушіде мыналар болуға тиіс: 1) жеткілікті жұмыс күшіне ие болуға тиіс және 2) оның еңбегінің табиғи жағдайлары, яғни ең алдымен өнделетін жер айтарлықтай құнарлы болуға тиіс, бір сөзбен айтқанда, оның еңбегінің табиғи өнімділігі оның бойында өзінің қажетті тұтынуын қанағаттандыру үшін қажетті еңбектен тыс артық еңбек етуіне мүмкіндік берерліктей соншама мол болуға тиіс. Бұл мүмкіндік рентаны жасамайды, рентаны жасайтын нәрсе — мүмкіндікті шындыққа айналдыратын зорлау ғана. Бірақ ол мүмкіндіктің өзі субъективті және объективті табиғи жағдайлармен байланысты. Мұның өзінде де тіпті ешқандай құпия сыр жоқ. Егер жұмыс күні шамалы болып, еңбектің табиғи жағдайлары сырдаң болса, онда қосымша еңбек те мардымсыз болады, бірақ мұндай жағдайда, бір жағынан, өндірушілердің тұтынуы мардымсыз болады, екінші жағынан, қосымша еңбекті қанаушылардың саны біршама аз болады және, ақырында, осы өнімділігі шамалы қосымша еңбек қанаушы меншікшілердің осы біршама шағын мөлшеріне өткізілетін қосымша өнім мардымсыз болады.

Ақырында, жұмыспен өтеу рентасы кезінде өзінен өзі түсінікті бір нәрсе мынау: басқа жағдайлары бірдей болғанда, тікелей өндірушінің өз жағдайын жақсарту, баю, қажетті тіршілік қаржыларынан астам белгілібір артық қаржы өндіру мүмкіндігі қандай дәрежеде болатындығы, немесе, егер біз осы айтылғанды капиталистік әдіспен айтуды артық көретін болсақ, оның қолында өз басы үшін қандай бір болмасын пайда өндіру, яғни оның өзі өндіретін өз жалақысынан астам артық қаржы өндіру мүмкіндігі бола ма және болса қандай дәрежеде болатындығы қосымша немесе барциналық еңбектің относителді мөлшеріне бүтіндей байланысты болады. Бұл арада рента қосымша еңбектің қалыпты, бәрін қамтушы, былайша айтқанда, заңды формасы; ол пайдадан астам болудан, яғни осы айтылған жағдайда жалақыдан тыс қандай да болсын басқа бір артық қаржыдан астам болудан аулақ; керісінше, бұл арада ондай пайданың мөлшері ғана емес, со-



нымен қатар ол пайданың өмір сүруінің өзі, басқа жағдайлар бірдей болған күнде, рентаның мөлшеріне, яғни меншікші үшін зорлықпен істелінетін қосымша еңбекке байланысты болады.

Кейбір тарихшылар: тікелей өндіруші меншікші емес, тек еңбек иесі ғана болғандықтан және бүкіл қосымша еңбегі іс жүзінде *de jure\** жер меншікшісіне тиесілі болатындықтан, осындай жағдайларда барщина төлеуге міндеттерде немесе крепостнойларда мүлік және, жанамалап айтқанда, байлық тегі өз бетімен көбейе ала ма, деп таңданғандық білдіреді. Алайда бір айқын нәрсе сол: осы қоғамдық өндірістік қатынас және соған сәйкес келетін өндіріс әдісі негізделетін сол бір қарапайым және дамымаған жағдай кезінде дәстүр шешуші роль атқаруға тиіс. Онан соң айқын нәрсе, барлық жердегі сияқты мұнда да қоғамның үстемдік етуші бөлегі болып отырған жағдайды заңға айналдыруға және оның әдет-ғұрыппен дәстүрден туған шек қоюшылықтарын заңды шек қоюшылық деп тануға мүдделі болады. Мұның өзі,— басқа қалған жағдайды былай қойғанда,— былайша айтқанда өзінен өзі болады, өйткені болып отырған жағдайдың базисін, осы жағдайдың негізінде жатқан қатынастарды үнемі қалпына келтіріп отыру уақыт өткен сайын реттелген және тәртіпке келтірілген түрге енеді, жәнеде осы реттеушілік пен тәртіптің өздері қандай да болмасын өндіріс әдісінің қажетті кезеңі болып табылады, өйткені өндіріс әдісі қоғамдық тұрақтылық күйге еніп, жәй кездейсоқтықтан немесе зорлық-зомбылықтан тәуелсіз болуға тиіс. Реттелушілік пен тәртіп белгілібір өндіріс әдісінің қоғамдық тұрақтылығы формасының дәл өзі болып табылады және сондықтан оның жәй кездейсоқтықтан және жәй зорлық-зомбылықтан біршама құтқарылуы болып табылады. Ол өндіріс әдісі бұл формаға өндіріс процесінің де, сондай-ақ оған сәйкес келетін қоғамдық қатынастардың да тоқырап тұрған кезінде оларды жәй ғана қалпына келтіру арқылы ие болады. Егер ол форма белгілібір уақыт бойы өмір сүрген болса, ол әдет-ғұрыппен дәстүр ретінде тұрақтап қалады да, ақырында, дұрыс заң ретінде жолдама алады. Қосымша еңбектің белгілібір формасы, барщиналық еңбек, еңбектің барлық қоғамдық өндіргіш күштерінің дамымағандығына, еңбек тәсілінің өзінің қарапайымдылығына негізделетіндіктен, барщиналық еңбек өндірістің дамыған тәсілдері кезіндегіден гөрі және әсіресе капиталистік өндіріс кезіндегіден гөрі тікелей өндірушіден, әлбетте, бүкіл еңбектің мейлінше аз үлесін алуға тиіс. Мәселен, жер меншікшісіне арналып істелетін

\* — заң бойынша. Ред.

барщиналық еңбек алғашында аптасына екі күн болды делік. Аптасында болатын барщиналық еңбектің осы екі күні, сонымен берік орнығады. Қалыптасқан немесе танылған право арқылы заң жүзінде реттелген тұрақты мөлшер болып табылады. Ал аптаның тікелей өндірушінің өз билігінде қалатын басқа күндерінің өнімділігі оның тәжірибесінің өсуімен бірге қажетті түрде дамып отыратын өзгермелі мөлшер болып табылады,— дәл сондай-ақ оның өзінде пайда болатын жаңа тұтынулар, дәл сондай-ақ оның өніміне керекті рыноктың ұлғаюы, оның жұмыс күшінің осы бөлегін пайдаланудың өскелең түрде қамтамасыз етілуі оны өз жұмыс күшін еселеген қарқынмен жұмсауға итермелейді, оның бержағында осы жұмыс күшін қолдану әсте де егіншілікпен шектеліп қалмайтынын, сонымен қатар селолық үй өнеркәсібін де қамтитынын ұмытпау керек. Мұнда белгілі бір экономикалық даму мүмкіндігі бар, әлбетте, бұл мүмкіндік азды-көпті қолайлы жағдайларға, туа біткен нәсілдік мінез-құлық сипаттарына, т. б. байланысты болады.

### III. ӨНІММЕН ӨТЕУ РЕНТАСЫ

Жұмыспен өтеу рентасының өніммен өтеу рентасына айналуы, егер мәселені экономикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, жер рентасының мәнінде ешнәрсе өзгертпейді. Біз осы арада қарастырып отырған формалар тұсындағы рентаның мәні мынада: жер рентасы дегеніміз қосымша құнның не қосымша еңбектің бірден-бір үстем, қалыпты формасы; ал мұның өзі тағы мынадан көрінеді: жер рентасы өзін қалпына келтіру үшін қажетті еңбек жағдайларына *ие* тікелей өндіруші осы жағдайда бәрін де қамтитын еңбек жағдайының *меншікшісіне*, яғни жер меншікшісіне беруге тиісті бірден бір қосымша еңбек яки бірден бір қосымша өнім болып табылады; және, екінші жағынан, тікелей өндіруші жөнінде оқшау тұрған және жер меншікшісі бейнесінде болатын, бөтеннің меншігіндегі еңбек жағдайы ретінде тек жер ғана оған қарама-қарсы тұрады. Өніммен өтелетін рента жер рентасының үстем және неғұрлым дамыған формасын қандай дәрежеде көрсетсе де, ол бәрібір үнемі азды-көпті дәрежеде өткендегі форманың, яғни тікелей еңбек түрінде, демек, барщиналық еңбек арқылы берілуге тиіс рентаның қалдықтарымен қабат жүріп отырады, және де бұл ретте жер меншікшісі жеке адам бола ма немесе мемлекет бола ма оның бәрібір. Өніммен өтелетін рента тікелей өндірушінің өндіріс мәдениетінің неғұрлым жоғары болуын, демек, оның еңбегінің және жалпы қоғамның неғұрлым жоғары сатыда дамуын көздейді; және бұл рентаның бұрын-

ғы формадан өзгешелігі сол, мұнда қосымша еңбек енді оның заттай түрінде орындалуға тиіс емес, сондықтан да енді ол жер меншікшісінің немесе оның өкілінің тікелей бақылауымен және зорлауымен істелмеуге тиіс; керісінше, тікелей зорлаудың орнына қарым-қатынастар күші және қамшының орнына заң шешімі қыспаққа алатын тікелей өндіруші қосымша еңбекті өзінің жеке бас жауапкершілігімен атқаруға тиіс. Тікелей өндірушінің қажетті тұтынуынан тыс өндіру маңысында алғандағы қосымша өндіру және бұрын болғанындай оның өз шаруашылығының маңында және одан тыс жатқан қожайын помещьесінде өндірудің орнына іс жүзінде оның өзіне тән өндіріс алаңында, оның өзі пайдаланатын жерде өндіру мұнда енді өзінен өзі түсінікті ереже болып алады. Осындай қатынас тұсында тікелей өндіруші өз еңбегін қолдана отырып, өзінің бүкіл жұмыс уақытына азды-көпті дәрежеде ие болады, деп тұрғанмен осы жұмыс уақытының бір бөлегі, бастапқы кезде оның бүкіл үстеме бөлегі түгелдей дерлік, бұрынғысынша жер меншікшісіне тегін тиеді, мұндағы айырмашылық мынада ғана: енді жер меншікшісі бұл жұмыс уақытын тікелей мұның өзінің заттай формасында емес, осы жұмыс уақыты жұмсалған өнімнің заттай формасында алады. Жер меншікшісі үшін жұмыс істеуден туатын, барщиналық еңбектің ретке келу-келмеуіне байланысты не үлкен, не шамалы кедергі болып табылатын ауыртпалықты үзілістер (қараңыз: «Қапитал», I кітап, VIII тарау, 2 «Қосымша еңбекке аранын ашып құнығу. Фабрикант пен бояр») өніммен өтелетін рента таза күйінде болатын жерлерде мүлдем жойылады немесе ең болмағанда, егер өніммен өтеу рентасымен қатар белгілі бір барщиналық міндеттілік сақталып қалған болса, жыл бойында болатын шағын-шағын қысқа үзілістерге келіп саяды. Өндірушінің өзі үшін істейтін еңбегі мен оның жер меншікшісі үшін істейтін еңбегі енді уақыт пен кеңістік жағынан бір-бірінен айқын алшақтамайды. Өзінің қалдықтары неғұрлым дамыған өндіріс тәсілі мен өндіріс қатынастарына дейін сақталып қалуы мүмкін осы таза күйіндегі өніммен өтеу рентасы бұрынғысынша заттай шаруашылықтың болуын көздейді, яғни шаруашылықты жүргізу жағдайлары бүтіндей немесе басым бөлегінде шаруашылықтың өзінде өндіріледі, соның жалпы өнімінен орны толтырылып, қалпына келтіріледі деп ұйғарады. Онан соң бұл рента селолық үй өнеркәсібін егіншілікпен қосуды көздейді, рентаны жасайтын қосымша еңбек осы біріктірілген егіншілікті-өнеркәсіпті семьялық еңбектің өнімі болып табылады, оның бержағында, орта ғасырларда жиі байқалғанындай, өніммен өтеу рентасына азды-көпті дәрежеде өнеркәсіп өнімдері де кіруі мүмкін не болмаса ол рен-

та таза егіншілік өнімі түрінде ғана берілуі мүмкін. Қосымша еңбек өніммен өтеу рентасында болатын рентаның осындай формасы кезінде рента деревня семьясының бүкіл басы артық еңбегін сарқып алмауы да мүмкін. Керісінше, мұнда, жұмыспен өтеу рентасына қарағанда, өндірушінің еңбегінің онын аса қажетті тұтынуын қанағаттандыратын өнімі сияқты өнімі өндірушінің өзіне тиесілі болатын басы артық еңбек үшін уақыт табуға өндірушіге мол мүмкіндік беріледі. Осы формамен бірге жекелеген тікелей өндірушілердің шаруашылық жағдайында неғұрлым ірі айырмашылықтар пайда болады. Ең болмағанда, осындай мүмкіндік туады және тіпті осы тікелей өндіруші өз кезегінде бөтеннің еңбегін тікелей қанау үшін керекті қаржыға ие болатын мүмкіндік туады. Алайда бұл арада біздің мұнымен жұмысымыз жоқ, өйткені біз өніммен өтеу рентасының таза формасын қарастырып отырмыз; және тегінде біз рентаның түрлі формалары ұштасып, өзгеріп және қосылып жататын шексіз көп алуан түрлі айла-шарғы әрекеттерді талдай алмаймыз. Өніммен өтеу рентасының өнімінің және өндірістің өзінің белгілі бір сипатына байланысты формасының нәтижесінде, осы форма кезінде селолық шаруашылық пен үй өнеркәсібін біріктіру қажеттігінің нәтижесінде, осы форманың тұсында шаруа семьясы өзінің рынокқа, өндіріс өзгерістеріне тәуелсіздігі және қоғамның осы семьядан тыс тұрған бөлегінің тарихи қозғалысына тәуелсіздігі арқасында мүлдем дерлік дербестік сипат алуы нәтижесінде, бір сөзбен айтқанда, жалпы заттай шаруашылықтың сипаты нәтижесінде бұл форма, мәселен, Азияда байқалып отырғанындай, тоқыраған қоғамдық қатынастардың базисі болып қызмет ету үшін өте-мөте жарамды болып табылады. Жұмыспен өтеу рентасының неғұрлым ертеректегі формасы кезіндегі сияқты мұнда жер рентасы қосымша құшның, сондықтан қосымша еңбектің де, яғни бүкіл басы артық еңбектің қалыпты формасы болып табылады, бұл еңбекті тікелей өндіруші өз еңбегінің аса маңызды жағдайының меншікшісі үшін тектен-текке, іс жүзінде, демек, зорлау арқылы істеп беруге мәжбүр,— алайда бұл зорлау енді оған ескі дәрекі формада қарама-қарсы тұрған жоқ. Пайда,— егер біз, жалған алдын ала болжамға жол беріп, тікелей өндірушінің өзі өзіне иелендіретін қажетті еңбектен артық еңбегінің бөлегін осылай деп атайтын болсақ,— өніммен өтеу рентасына шамалы әсер ететіндігі соншалық, тіпті ол осы рентаның тасасынан ғана көрінеді және өзінің табиғи шегін осы рентаның мөлшерінен табады. Бұл рента соншалық зор мөлшерлерге жетуі мүмкін, сөйтіп бұл мөлшерлер кезінде ол еңбек жағдайларын, өндіріс құралдарының өзін ұдайы өндіруге елеулі қатер болып та-

былады, өндірісті ұлғайтуды азды-көпті дәрежеде мүмкін етпей тастайды және тікелей өндірушіні тіршілік заттарының дене қуатына қажетті минимумымен қанағаттануға мәжбүр етеді. Әсіресе мынадай жағдайда, мәселен, Индиядағы ағылшындар сияқты, сауда жасаушы-жаулап алушы ұлт бұл форманы даяр күйінде тауып алып, пайдаланған кезде осылай болады.

#### IV. АҚШАЛАЙ РЕНТА

Ақшалай рента деп біз бұл арада — капиталистік өндіріс тәсіліне негізделген және өзі орта пайдадан артық үстеме ғана болып табылатын өнеркәсіптік немесе саудагерлік жер рентасынан өзгеше — өніммен өтеу рентасы формасының жәй өңі айналуынан туған жер рентасын айтамыз, өз кезегінде, өніммен өтеу рентасының өзі де жұмыспен өтеу рентасының өңі айналған формасы ғана болған-ды. Енді мұнда тікелей өндіруші өзінің жер меншікшісіне (ол мемлекет пе әлде жеке адам ба, бәрібір) өнімнің орнына өнімнің бағасын төлеуіне тура келеді. Демек, енді басыартық өнімді оның заттай түрінде алу жеткіліксіз, бұл басыартық өнімді заттай формадан ақшалай формаға айналдыру қажет. Тікелей өндіруші бұрынғысынша өзі өндіре бергенімен, ең болмағанда өзінің тіршілік заттарының басым бөлегін өзі өндіргенімен, алайда оның өнімінің бір бөлегі енді товарға айналдырылуға тиіс, товар ретінде өндірілуге тиіс. Демек, бүкіл өндіріс тәсілінің сипаты азды-көпті өзгереді. Ол өзінің тәуелсіздігін, өзінің қоғаммен байланыс жасаудан оқшау қалғандығын жояды. Енді азды-көпті дәрежеде ақшалай шығындар да кіретін өндіріс шығындарының қатынасы шешуші маңыз алады; қалай дегенде де жалпы өнімнің ақшаға айналдырылуға тиісті бөлегінің үстеме артықтығы жалпы өнімнің, бір жағынан, тағы да ұдайы өндіру қаржысы ретінде, екінші жағынан, тікелей тіршілік ету қаржысы ретінде қызмет етуге тиісті бөлегіне қарағанда шешуші маңыз алады. Солай бола тұрса да осы тектес рентаның базисі, мұнда бұл базис өз ыдырауына қарай келе жатқанымен, бастапқы пункт болып табылатын өніммен өтеу рентасы кезіндегідей әлі де болса сол күйінде қалады. Тікелей өндіруші бұрынғысынша мұрагер немесе тегі дәстүрлі жер иесі болып табылады, ол өз өндірісінің аса маңызды жағдайының меншікшісі болып табылатын жер меншікшісіне еріксіз істелетін үстеме еңбекті, яғни ақшаға айналдырылған қосымша еңбек түріндегі ақы төленбеген, эквивалентсіз орындалатын еңбекті беріп отыруға тиіс. Жерден басқаша еңбек жағдайларын, егіншілік құралдарын және басқа да жылжы-

малы мүліктерді меншіктену осыдан бұрынғы формалардың кезінде-ақ әуелі ісі жүзінде, соңынан заң жүзінде де тікелей өндірушілердің меншігіне айналады, оның үстіне мұның өзін ақшалай рента сияқты форма үшін әбден ықтимал деп ұйғаруға болады. Бастапқы кезде сирек, одан кейін ұлттық көлемде барған сайын кеңінен жүзеге аса беретін өніммен өтеу рентасының ақшалай рентаға айналуы енді сауданың, қала өнеркәсібінің, жалпы товар өндірісінің, ал мұнымен бірге ақша айналысының да едәуір айтарлықтай дамуын керек етеді. Мұнан соң бұл айналу өнімдердің рыноктық бағасы болуын және олардың азды-көпті дәрежеде өз құнына шамалас сатылуын көздейді, мұндай нәрсе бұрынғы формалар тұсында болмауы да мүмкін. Еуропаның шығысында біз бұл айнарудың процесін ішінара қазірде де байқай аламыз. Еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің белгілі бір дамуы болмайынша мұны жүзеге асыру мүмкін болмайтындығын осы айнаруды жасау жөнінде Рим императорларының тұсында орын алған, сәтсіздікке ұшыраған түрлі әрекеттер және заттай рентаны мемлекеттік салық түрінде алынатын бөлегін болса да ақшалай рентаға айналдырмақ болып жасалған әрекеттен кейінгі жерде заттай рентаға қайтып оралу көрсетіп отыр. Бұл өтудің нақ осы қиындықтарын, мәселен, Францияда революция қарсаңында ақшалай рента фальсификациялап, оны рентадың бұрынғы формаларының қалдықтарымен қосып жіберушілік көрсетіп отыр.

Өніммен өтеу рентасының өні айналып формасы және оған қарама-қарсы рента ретінде ақшалай рента дегеніміз соңғы форма және мұнымен қатар жер рентасының өзіміз осы кезге дейін қарастырып келген түрінің, қосымша құнның және өндіріс жағдайларының меншікшісіне беруге тура келетін ақы төленбеген еңбектің қалыпты формасы ретіндегі нақ сол жер рентасының ыдырау формасы болып табылады. Өзінің таза формасында бұл рента, жұмыспен өтеу және өніммен өтеу рентасы сияқты, нендей де бір пайдадан артық үстеме болып табылмайды. Өзінің ұғымы жағынан ол пайданы сіңіріп алады. Іс жүзінде пайда рентамен қатар басы артық еңбектің ерекше бөлегі ретінде ғана пайда болатындықтан, өзінің бұрынғы формаларындағы рента сияқты, ақшалай рента әлі де болса осы эмбрионалды пайданың қалыпты шегі болып қала береді, бұл пайда не өз басының басы артық еңбегін, не ақшаға сіңген қосымша еңбекті орындағаннан кейін пайда болатын бөтеннің басы артық еңбегін қанау мүмкіндігі пайда болғанда ғана өркендеп өрістей алады. Егер пайда шын мәнісінде осы рентамен қатар туатын болса, онда пайда рентадың шегі болып табылмайды, қайта, керісінше, рента пайданың

шегі болып табылады. Алайда, жоғарыда айтылғанындай, ақшалай рента дегеніміз сонымен қатар *rente facie\** қосымша құнмен және қосымша еңбекпен сәйкес келетін, осы кезге дейін қарастырылып келген жер рентасының, қосымша құнның қалыпты және үстем формасы болып табылатын жер рентасының ыдырау формасы.

Өзінің бұдап былайғы дамуында ақшалай рента,— мәселен, ұсақ шаруалық арендаға берушілердің формасы сияқты барлық аралық формаларды былай қойғанда,— қажетті түрде мынаған бастап әкеледі: не жерді ерікті түрдегі шаруа меншігіне айналдырады, не капиталистік өндіріс әдісінің формасына, капиталистік арендаға берушілерге төленетін рентаға алып келеді.

Жердің бір бөлегіне не және оны өңдеуші тәуелді тікелей өндіруші мен жер меншікшісінің арасындағы дәстүрлі әдеттегі праволық қатынас ақшалай рента тұсында дұрыс заңның дәл нормалары арқылы белгіленетін договорлық, таза ақшалай қатынасқа сөзсіз айналады. Сондықтан өңдеуші-жер иесі іс жүзінде жәй әншейін арендаға алушы болып шығады. Өндірістің басқа да жалпы қолайлы қатынастары болып тұрған кезде бұл өзгерістің өзі, бір жағынан, байырғы жер иесі-шаруаларды бірте-бірте экспроприациялап, оларды капиталистік аренда алушылармен алмастыру үшін пайдаланылады; екінші жағынан, бұл өзгеріс бұрынғы жер иесінің өзінің оброктік міндеттілігін сатып алып, өзі өңдейтін жердің толық меншікшісі болатын тәуелсіз шаруаға айналдырады. Онан соң, ақшаға жалданатын кедей күндікшілер табының пайда болуы заттай рентаның ақшалай рентаға айналуымен сөзсіз қат-қабат болып қана қоймай, тіпті одан бұрын да болып отырады. Күндікшілердің пайда болу дәуірі ішінде, осы жаңа тап аракидік қана шыға бастаған кезде,— феодализм заманының өзінде-ақ неғұрлым әлді тәуелді шаруалар, өз кезегінде, крепостнойларды қолына ұстағаны сияқты,— оброкпен міндеттелінген [*rentpflichtigen*] жақсы жолға қойылған шаруа шаруашылықтарында қажет болғанда өз есебінен селолық жалдама жұмысшыларды қанау әдеті өршиді. Сөйтіп оларда белгілі бір дәулет жинап, өздерінің болашақ капиталистерге айналуы үшін аз-аздап мүмкіндік туа бастайды. Сонымен жерді өздері өңдеп келген бұрынғы жер иелерінің өздерінің арасында капиталистік аренда алушылардың ұрығы шыға бастайды, бұлардың өсіп өркендеуі ауыл шаруашылығы шеңберлерінен тыс капиталистік өндірістің жалпы дамуына байланысты болады және егер XVI ғасырда Англияда болғанын-

\* — ең алдымен. *Ред.*

дай, ұзақ мерзімді дәстүрлі арендалық договорлар кезінде оларды жер меншікшілері есебінен байытқан ақшаның сол кездегі өсе түскен құнсыздануы сияқты ерекше қолайлы жағдайлар оларға көмек ететін болса, айрықша шапшаңдықпен гүлдене түседі.

Онан соң: рента ақшалай рентаның формасын алған кезде және мұнымен қатар рента төлеуші шаруа мен жер меншікшісінің арасындағы қатынас договорлық қатынас формасын алған кезде,— тегінде дүние жүзілік рыноктың, сауда мен өнеркәсіптің қазірдің өзінде белгілі біршама жоғары дәрежелі дамуы кезінде ғана мүмкін болатын осы өзгеріс кезінде,— бұған дейін егіншіліктен алыс тұрған және енді қалада жинақтаған капиталын, шаруашылықты жүргізудің қазірдің өзінде-ақ қалаларда өркендеген капиталистік әдісін, өнімді товар ретінде ғана және қосымша құнды иемдену үшін керекті құралдар ретінде ғана өндіруді деревня мен ауыл шаруашылығына көшіретін капиталистерге жерді арендаға беру де сөзсіз басталады. Бұл форма феодалдық өндіріс әдісінен капиталистік өндіріс тәсіліне көшер кезде дүние жүзілік рынокта үстем болып келген елдерде ғана жалпы ереже бола алады. Капиталистік аренда алушының пайда болуымен байланысты жер меншікшісі мен шын мәнісінде жұмыс істеуші егіншінің арасында деревнядағы бұрынғы өндіріс әдісінен туған қатынастардың бәрі үзіледі. Арендаға алушы осы ауыл шаруашылық жұмысшыларының шын мәнісіндегі басшысы және олардың қосымша еңбегінің шын мәнісіндегі қанаушысы болады, ал енді жер меншікшісі осы капиталистік арендаторға ғана тікелей қатынаста, атап айтқанда ақшалай және договорлық қатынаста болады. Сонымен қатар рентаның табиғаты да өзгеріске түседі,— бұрынғы формалар тұсында-ақ ішінара байқалғанындай іс жүзінде және кездейсоқ қана емес, қалыпты түрде, өзінің танылған және үстем формасында өзгеріске түседі. Қосымша құн мен қосымша еңбектің қалыпты формасынан ол осы қосымша еңбектің өзінің қанаушы капиталист пайда формасында иемденетін бөлегінен артық өнімге дейін жеткізіледі; дәл сондай-ақ енді ол бүкіл қосымша еңбекті,— пайда мен пайдадан артық үстемені,— тікелей шығарып алады, оны бүкіл қосымша өнім формасында қамтып, ақшаға айналдырады. Енді ол жер меншікшісіне өз капиталының арқасында село жұмысшыларын тікелей қанау арқылы алған осы қосымша құнның артық бөлегін ғана береді. Ол жер меншікшісіне көп бере ме әлде аз бере ме, мұның өзі меже ретінде орта есеппен алғанда капиталдың егіншілікті емес, өндіріс салаларында беретін орта пайда арқылы және осы пайда реттеп отыратын егіншілікті емес өндіріс бағалары



арқылы анықталады. Сонымен, енді рента қосымша құн мен қосымша еңбектің қалыпты формасынан өндірістің осы ерекше саласы үшін, егіншілік саласы үшін, сипатты қосымша еңбектің капитал ең басынан-ақ маған қалыпты түрде тиесілі болуға тиіс деп дәмеленетін бөлегінен артық өнімге айналды. Енді рентаның орнына пайда қосымша құнның қалыпты формасына айналды, сөйтіп енді рента жалпы қосымша құнның емес, оның белгілі бір тармағының үстеме пайданың ерекше жағдайларда оқшауланған формасының ғана маңызын алады. Өндіріс әдісінің өзінде бірте-бірте болатын өзгерістің осы өзгеріске сәйкес келетін-келмейтіндігіне бұдан әрі тоқталып жатудың қажеті жоқ. Бұл сәйкестік мынадан-ақ көрініп отыр: егіншілік өнімін товар ретінде өндіру осы капиталистік арендатор үшін қалыпты нәрсе болып табылады және егер бұрын оның тіршілік қаржыларынан артығы ғана товарға айналып келген болса, енді осы товарлардың бір шама болмашы үлесі ғана тікелей оның тіршілік ету қаржыларына айналады. Енді егіншілік еңбегін жер емес, капитал өзіне және өзінің өнімділігіне тікелей бағындырады.

Орта пайда және ол реттеп отыратын өндіріс бағасы дәл егіншіліктен тыс жерде, қалалық сауда мен өнеркәсіп саласында жасалады. Оброктық шаруаның пайдасы пайдаларды теңестіруге қатынаспайды, себебі оның жер меншікшісіне қатынасы капиталистік қатынас емес. Ол пайда алатындықтан, яғни өзінің тіршілік етуіне қажетті қаржылардан артығын — өз еңбегі арқылы ма немесе бөтеннің еңбегін қанау арқылы ма — өткізеді, мұның өзі қалыпты қатынастан тыс болады және басқа жағдайлары бірдей болған күнде бұл пайданың жоғарғы шегі рентаны белгілемейді, қайта, керісінше, оның өзі өз межесі ретіндегі рента арқылы белгіленеді. Орта ғасырларда пайда нормасының жоғары болуы құрамында жалақыға жұмсалатын өзгермелі элемент басым болатын капитал құрылымының төмендігінен ғана емес. Пайда нормасының жоғары болуы деревняда қолданылатын алдамшы әрекеттің, жер меншікшісі рентасының және оған бағынышты халықтың табысының бір бөлегін иемденудің нәтижесі. Егер орта ғасырларда деревня Италиядағы сияқты феодализм қалалардың ерекше дамуы арқылы күйретілмеген жердің бәрінде қаланы саяси жағынан қанайтын болса, қала өзінің монополиялық бағалары арқылы, өзінің салық системасы арқылы, өзінің тікелей көпестік алдау-арбауы мен өзінің өсім-қорлығы арқылы деревняны барлық жерде түгелдей қанайды.

Былай деп ойлауға болар еді: капиталистік арендатордың ауыл шаруашылығы өндірісіне кірісуінің осы жай фактысы бағзы заманнан бері белгілібір формада рента төленіп келген

егіншілік өнімдерінің бағасы ең болмағанда осы кірісу дәуірінде өнеркәсіптегі өндіріс бағасынан жоғары тұруға тиіс,— өндіріс бағасы монополиялық бағаның дәрежесіне жеткендігі себепті ме, не болмаса ол егіншілік өнімдері құнының дәрежесіне дейін,— ал егіншілік өнімдерінің құны орта баға реттеп отыратын өндіріс бағасынан шынында да жоғары,— артқандығы себепті ме, әйтеуір жоғары тұруға тиіс,— дегеннің дәлелі болып табылады деп ойлауға болар еді. Себебі бұлай болмаған күнде капиталистік арендатор өзі кезіккен егіншілік өнімдері бағасының кезінде алғашқыда осы өнімдердің бағасынан орта пайда шығара алмаған болар еді, ал сонан соң нақ сол бағаның өзінен рента формасында осы пайдадан артық үстемені төлей алмаған болар еді. Мұнан мынадай қорытынды шығаруға болар еді: капиталистік арендатор жер меншікшісімен договор жасаған кезде есепке алатын пайданың жалпы нормасы рента ны қоспастан жасалған, сондықтан ауыл шаруашылығында реттеушілік роль атқара бастағанда ол осы басы артық өнімді дайын күйінде кездестіреді де оны жер меншікшісіне төлейді. Мәселен, Родбертус мырза<sup>215</sup> мәселені осындай дәстүрлі әдіспен түсіндіреді. Бірақ:

*Біріншіден:* Дербес және жетекші күш ретінде капиталдың егіншілікке осы енуі бірден және барлық жерде болмайды, бірте-бірте және өндірістің ерекше салаларында болады. Ол алғашқыда егіншіліктің өзін емес, мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығы сияқты өндіріс салаларын қамтиды, қой шаруашылығының негізгі өнімі, жүн, өнеркәсіп өрге басқанда алғашқы кездерде рынок бағасын өндіріс бағасынан үнемі артық етеді, бұл бағалар кейіннен барып қана теңеледі. XVI ғасырда Англияда осылай болды.

*Екіншіден.* Бұл капиталистік өндіріс бастапқы кезде әредік қана кездесетіндіктен, ол әуелі өзінің ерекше құнарлылығы себепті немесе ерекше қолайлы жерге орналасқандығы себепті жалпы алғанда дифференциалдық рента бере алатын жер комплекстерін ғана игереді деген ұйғарымға ешбір қарсы болуға болмайды.

*Үшіншіден.* Тіпті былай деп ұйғарайық: қалалық сұраныстың үлес салмағының іс жүзінде артуын көздейтін осы өндіріс әдісі пайда болған кезде егіншілік өнімінің бағасы өндіріс бағасынан жоғары болды делік, мәселен, XVII ғасырдың соңғы отыз жылында Англияда, күмән жоқ, осылай болды,— тіпті осы жағдайдың өзінде де осы өндіріс әдісі егіншіліктің капиталға жәй ғана бағынуынан белгілібір дәрежеге дейін шығып кететін болса және егіншілікте мұның дамуымен сөзсіз байланысты жақсарту болып, өндіріс шығындары төмендесімен-ақ егіншілік өнімі бағасының өндіріс бағасынан әлгі ар-

тығы белгілі бір реакцияның — егіншілік өнімдері бағасының төмендеуі нәтижесінде теңеседі, XVIII ғасырдың бірінші жартысында Англияда осылай болды.

Сонымен, осы дәстүрлі тәсіл арқылы рентаны орта пайдадан артық нәрсе деп түсіндіру мүмкін емес. Рента алғаш рет қандайлық тарихи белгілі жағдайларда пайда болма-сын, — ол тамырын терең жайғаннан соң-ақ, ол жоғарыда көрсетілген осы заманғы жағдайларда ғана орын ала алады.

Қорытындыда, өніммен өтеу рентасының ақшалай рентаға айналуы туралы айтқанда, мынаны да айта кету керек: осы ақшалай рента кезінде капиталға айналған рента, жер бағасы, демек, жердің иеліктен шыға алатындығы және иеліктен шығуы елеулі кезеңге айналады, сөйтіп осының арқасында бұрынғы оброктық шаруалар ғана тәуелсіз меншікші-шаруаларға айналып қоймай, сонымен қатар қаладағы және басқа да ақшалы адамдар жер участогын шаруаларға немесе капиталистерге арендаға беріп, өзінің осылайша жұмсалған капиталына келетін процент ретіндегі рентамен пайдалану мақсатымен жер участоктарын сатып ала алады; демек, осы жағдайда қанаудың бұрынғы тәсілінің, меншікші мен шын мәнісіндегі егіншінің арасындағы қатынастың, сондай-ақ рентаның өзінің өзгеруіне себепші болады.

## **V. ҮЛЕСТЕСТІК ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАЛАРДЫҢ ПАРЦЕЛЛЯРЛЫҚ МЕНШІГІ**

Бұл арада біз жер рентасы дамуының бірсыпыра сатыларының аяқталуына жақындадық.

Жер рентасының осы формаларының бәрінде — жұмыспен өтеу рентасы, өніммен өтеу рентасы, ақшалай рента (өніммен өтеу рентасының жәй әншейін өңі айналған формасы) — рента төлеуші әрқашанда шын мәнісіндегі егінші және жер иесі деп ұйғарылады, оның ақы төленбеген қосымша еңбегі тікелей жер меншікшісіне кетеді. Тіпті соңғы форма кезінде де, ақшалай рента кезінде де, — ол таза күйінде, яғни өніммен өтеу рентасының жәй әншейін өңі айналған күйінде шығатындықтан, — мұның болуы мүмкін ғана емес, сонымен қатар шынында да солай болады.

Алғашқы рента формасынан капиталистік рентаға өтпелі форма ретінде *Metairie-System*-ді, яки үлестестік шаруашылық жүйесін қарастыруға болады, бұл жүйе кезінде егінші (арендатор) еңбекпен қоса (өз еңбегімен немесе бөтеннің еңбегімен қоса) өндіргіш капиталдың бір бөлегін береді, ал жер меншікшісі жермен қоса, — осы капиталдың қалған бөлегін (мәселен, мал) береді, сөйтіп өнім үлесшісі мен жер меншік-

шісінің арасында түрлі елдер үшін түрліше болатын белгілі-бір пропорцияларда бөлінеді. Бір жағынан, мұнда толық капиталистік шаруашылық жүргізу үшін арендатордың қолында жеткілікті капиталы жоқ. Екінші жағынан, мұнда жер меншікшісі алатын үлесте таза рента формасы болмайды. Іс жүзінде онда жер меншікшісі аванстаған капиталға келетін процент пен үстеме рента болуы мүмкін. Сонымен қатар бұл үлес іс жүзінде арендатордың бүкіл қосымша еңбегін де сіміріп алуы не болмаса оған осы қосымша еңбектің көп не аз бөлегін қалдыруы мүмкін. Бірақ елеулі мәнді нәрсе сол, мұнда рента енді жалпы қосымша құнның қалыпты формасы ретінде шықпайды. Бір жағынан, үлесші, ол өз еңбегін ғана қолдана ма не болмаса бөтеннің еңбегін де қолдана ма, оның бәрібір,— өзі жұмыскер болғандықтан емес, өзі еңбек құралдарының бір бөлегінің иесі болғандықтан, өзі үшін өзі капиталист болғандықтан өнімнің белгілібір бөлегінен дәмелі болады. Екінші жағынан, жер меншікшісі жерді меншіктенуі себепті ғана емес, сонымен бірге капиталды қарызға берген адам ретінде де өз үлесінен дәмелі болады <sup>44а)</sup>.

Ескі қауымдық жер меншігінің дербес шаруа шаруашылығына көшкеннен кейінгі жерде, мәселен Польша мен Румынияда, сақталып қалған сарқыншақтары жер рентасының неғұрлым төмен формаларына көшуді жүзеге асыру үшін желеу болды. Жердің бір бөлегі жекелеген шаруаларға тиесілі болады да олар оны дербес өндейді. Екінші бөлегі бірлесіп өңделеді де қосымша өнім береді, бұл өнім ішінара қауымның шығындарын өтеуге жұмсалады, ал ішінара егін шықпай қалатындай жағдайға арналған резерв болады, т. т. Қосымша өнімнің осы соңғы екі бөлегін, ал сайып келгенде өзі сонда өсіп шығатын жермен бірге бүкіл қосымша өнімді де мемлекеттік чиновниктер мен жеке адамдар аз-аздап заңсыз түрде иемденіп алады да, бастапқы кездегі ерікті шаруалар — осы жерді бірлесіп өңдеу міндеттілігі өздерінде сақталып қалатын жер меншікшілері осылайша барщина өтеуге міндетті немесе өніммен өтеу рентасын төлеуге міндетті адамдарға айналдырылады, ал қауымдық жерді заңсыз түрде иемденіп алушылар заңсыз түрде иемделініп алынған қауымдық жердің ғана емес, сонымен қатар шаруа учасқтарының өзін де меншіктенушілерге айналады.

Бұл арада біздің таза құл иеленушілік шаруашылыққа (бұл шаруашылық та көбінесе өз тұтынуына арналған патриархтық системадан бастап дүние жүзілік рынокқа бола істеуші таза плантаторлық системаға дейін бірсыпыра сатылар-

<sup>44 а)</sup> Бюрені, Токвильді, Сисмондиді салыстырыңыз<sup>216</sup>.

дан өтеді) және жер меншікшісі жер өңдеуді өз есебінен жүргізетін, өндірістің барлық құралдарына ие және ақысын заттай немесе ақшалай төлейтін еріксіз немесе ерікті батрақтардың еңбегін қанайтын помещиктік шаруашылыққа неғұрлым толық тоқталып жатуымыздың қажеті жоқ. Мұнда жер меншікшісі мен өндіріс құралдарының меншікшісі, сондықтан да өндірістің осы элементтерінің қатарына жататын жұмысшыларды тікелей қанаушы бір-біріне сәйкес келеді. Дәл сондай-ақ рента мен пайда да сәйкес келеді, мұнда қосымша құнның түрлі формаларының оқшаулануы болмайды. Барлық өндіріс құралдарының меншікшісі — жер, ал құлдың алғашқы формасы кезінде тікелей өндірушілердің өздері де өндіріс құралдарына жатады, — бұл жерде қосымша өнімге сіңген бүкіл қосымша еңбекті жұмыскерлерден түп-тура сығып алады. Америка плантацияларындағы сияқты капиталистік ұғымдар үстем болып тұрған жерлерде бүкіл осы қосымша құн пайда ретінде қаралады; капиталистік өндіріс әдісінің өзі жоқ және бұған сәйкес келетін ұғым тәсілі капиталистік елдерден әлі де әкелінбеген жерлерде ол рента болып табылады. Қалай болған күнде де бұл форма ешқандай қиындықтар келтірмейді. Жер меншікшісінің табысы, мұны қалай деп атағанымен де, ол иемденетін қолда бар қосымша еңбек мұнда ақы төленбеген бүкіл қосымша еңбек тікелей иемделінетін қалыпты және үстем форма болып табылады.

Онан соң *парцеллярлық меншік*. Мұнда шаруа мұнымен қатар өз жерінің ерікті меншікшісі де, жер оның өндірісінің негізгі құралы, өзінің еңбегі мен капиталды қолданатын қажетті өндіріс алаңы. Бұл форманың кезінде ешқандай аренда ақысы төленбейді, демек, рента қосымша құнның оқшауланған формасы ретінде шықпайды, алайда тегі капиталистік өндіріс тәсілі дамыған елдерде басқа өндіріс салаларымен салыстырғанда рента қосымша пайда болып көрінеді, бірақ қосымша пайда болғанда тегі еңбектен түсетін бүкіл табыс сияқты шаруаға тиетін қосымша пайда болып табылады.

Жер меншігінің бұл формасы былай деп ұйғарады: жер меншігінің бұрынғы, неғұрлым көне формаларының кезіндегі сияқты, село халқы қала халқынан сан жағынан едәуір артық болады, демек, капиталистік өндіріс тәсілі жалпы үстемдік еткенімен, бірақ ол біршама нашар дамыған, сондықтан өндірістің басқа салаларында капиталдың шоғырлануы тар шеңберлерде өтеді, капиталдың бытыраңқылығы басым болады. Мәселенің мәніне келгенде өндірушілердің өздері, шаруалар, мұнда ауыл шаруашылық өнімінің басым бөлегін тікелей тіршілік заттары тұтынуға тиіс, сөйтіп осы үлестен артығы ғана товар ретінде қаламен арадағы саудаға түсе ала-

ды. Мұнда егіншілік өнімінің орташа рыноктың бағасы қаншама реттелгенімен, дифференциалдық рента, жақсы немесе жақсы орналасқан жерлерден алынған товарлар бағасының артық бөлегі, әлбетте, мұнда капиталистік өндіріс тәсілі кезіндегідей, дәл сондай болуға тиіс. Тіпті мына жағдайларда да, бұл форма жалпы рыноктық баға тегі әлі де болса дамымаған кездегі қоғамдық даму сатысында болған кезде де осы дифференциалдық рента өмір сүреді; ол кезде ол басыартық қосымша өнім ретінде шығады. Бірақ ол неғұрлым қолайлы табиғат жағдайларында еңбек ететін шаруаның қалтасына түседі. Нақ осы форманың кезінде, осы форманың онан әрі дамуына байланысты мұраны бөлген кезде белгілі ақшалай құнның орнына жер тиетіндігі себепті ме, әлде бүкіл меншік немесе оның бір бөлегі үнемі қолдан-қолға өтіп отырған кезде жерді егіншінің өзі сатып алатындығы себепті ме,— мұның бержағында ол ақшаны көбінесе ипотека бойынша тауып алады,— әйтеуір жер бағасы шаруа үшін іс жүзіндегі өндіріс шығындарының элементі болып кіретін форманың кезінде; демек, капиталға айналған рентадан басқа ештеңе емес жер бағасы алдын ала ұйғарылып қойылған элемент болып табылатын және сондықтан рента жер құнарлылығы мен оның орналасуындағы қандай да болмасын айырмашылықтарға тәуелсіз өмір сүретін форманың кезінде,— нақ осы форманың кезінде тегі абсолютті рента болмайды және, демек, ең нашар жер ешқандай рента бермейді деп ұйғаруға тура келеді; себебі абсолютті рента не өнім құнының оның өндіріс бағасынан артығы өткізіледі деп ұйғарады, не өнім құнынан асып түсетін басыартық монополиялық баға болады деп ұйғарады. Бірақ мұнда ауыл шаруашылығы көбінесе тікелей тіршілік заттарын өндіру үшін жүргізілетіндіктен және жер халықтың көпшілігі үшін оның еңбегі мен капиталын қолданатын қажетті өндіріс алаңы болып табылатындықтан өнімнің реттеуші рыноктық бағасы ерекше жағдайларда ғана өнім құнының мөлшеріне жетеді; ал бұл құн тірі еңбек элементінің басым болуы себепті, әдетте, өндіріс бағасынан жоғары болады, бірақ құнның өндіріс бағасынан осы артығы, өз кезегінде, парцеллярлық шаруашылық басым елдерде егіншілікті емес капиталдың да құрылымы төмен болуы арқылы шектеліп отырады. Парцеллярлы шаруа үшін, бір жағынан, капиталға келетін орта пайда да қанаудың шегі бола алмайды, өйткені бұл шаруаның өзі ұсақ капиталист, екінші жағынан, рентаның қажеттігі де қанаудың шегі бола алмайды, өйткені бұл шаруаның өзі жер меншікшісі. Ұсақ капиталист ретінде ол үшін абсолютті меже тек жалақы ғана болып табылады, мұны ол, таза шығындарды шығарып тастап, өзіне өзі төлейді. Өнімнің

бағасы өзіне төленетін жалақыны өтеп тұрған кезде ол өз жерін өңдей береді,— екінші бірінде жалақының физикалық минимумы ғана өтелетін кезге дейін өңдей береді. Оған жер меншікшісі ретінде қарайтын болсақ, онда ол үшін меншіктілік ұйғаратын меже жойылады, бұл меже капиталдың жұмсалыуына кедергі жасай отырып, меншіктен оқшауланған капитал (еңбекті де қоса) жөнінде ғана болуы мүмкін. Әрине, жер бағасына келетін процент оның бержағында әдетте үшінші адамға, ипотекалық кредиторға, төлеуге тура келетін процент меже болып табылады. Бірақ бұл процент қосымша еңбектің капиталистік қатынастар тұсында пайда жасайтын нақ осы бөлегінен төленіле алады. Демек, жер бағасында және осы жер бағасына төленетін процентте алдын ала көрінген рента шаруаның капиталға айналған қосымша еңбегінің, оның тіршілік етуіне қажетті еңбектен артық еңбектің бір бөлегінен басқа ештеңе де болуы мүмкін емес, бірақ осы қосымша еңбек товар құнының бүкіл орта пайдаға тең бөлегінде және оның үстіне орта пайдада өткізілген қосымша еңбектен артық еңбекте, үстеме пайдада өткізілмейді. Рента орта пайдадан шығарылып тасталған мөлшер немесе тіпті оның бірден бір бөлегі болуы мүмкін, міне осы бөлек өткізіледі де. Сопымен, парцелляны иеленуші шаруа өзінің жерін өңдеуі үшін немесе өңдеу үшін жер сатып алуы үшін қалыпты капиталистік өндіріс әдісі тұсында орын алып отырғанындай, егіншілік өнімінің рыноктық бағасының оған орта пайда келтіретіндей, оның үстіне осы орта пайдадан рента формасында көрсетілген артық өнім келтіретіндей соншама жоғары көтерілуі қажет емес. Демек, рынок бағасының парцеллярлы шаруа өнімінің құны дәрежесіне дейін немесе сол өнімнің өндіріс бағасы дәрежесіне дейін көтерілуінің қажеттігі жоқ. Парцеллярлық меншік басым елдерде астық бағасының капиталистік өндіріс әдісі бар елдердегіден төмен болуы себептерінің бірі міне осында. Ең қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтін шаруалардың қосымша еңбегінің бір бөлегі қоғамға тегін беріледі және өндіріс бағасын реттеуге немесе тегі құн жасауға қатынаспайды. Демек, мұндай төмен баға әсте де өндірушілер еңбегі өнімділігінің нәтижесі емес, өндірушілердің кедейлігінің салдары.

Өз шаруашылығын дербес жүргізетін шаруалардың ерікті парцеллярлы меншігінің осы формасы басым, қалыпты форма ретінде, бір жағынан, классикалық көне заманның онды кезеңдерінде қоғамның экономикалық негізін жасайды, екінші жағынан, біз бұл форманы осы заманғы халықтардан феодалдық жер меншігінің ыдырауынан туып отырған формалардың бірі ретінде кездестіреміз. Англиядағы йомендер, Швеция-

дағы шаруалар сословиесі, француз және батыс Германия шаруалары осындайлар. Бұл жерде біз отарлар туралы айттып жатпаймыз. Өйткені онда тәуелсіз шаруалар басқаша жағдайларда дамиды.

Өз шаруашылығын дербес жүргізетін шаруалардың ерікті меншігі сірә ұсақ өндіріс үшін, яғни мынадай өндіріс әдісі үшін: жерді иемдену жұмыскердің еңбегінің өнімі оның өзіне тиесілі болатындығының шарты болып табылатын және егінші, ерікті меншікші немесе бағынышты адам өз семьясымен бірге оқшауланған жұмыскер ретінде тіршілік ету үшін керекті заттарды өзіне өзі әрқашанда тәуелсіз түрде өндіретін өндіріс әдісі үшін жер меншігінің ең қалыпты формасы болса керек. Құрал-сайманды меншіктену колөнері өндірісінің еркін дамуы үшін қандай қажет болса, жерді меншіктену әлгі өндіріс әдісінің толық дамуы үшін сондай қажет. Мұнда ондай меншік жекебас дербестілігінің өркендеуі үшін базис жасайды. Ол егіншіліктің өзінің өркендеуі үшін қажетті өтпелі саты болып табылады. Бұл меншіктің құру себептері оның межесін ашып көрсетеді. Ол себепкер мынандай: осы меншікке қалыпты қосымша болып табылатын селолық үй өнеркәсібінің ірі өнеркәсіптің өркендеуі салдарынан жойылып кетуі; ұсақ өндіріс жағдайларында топырақ құнарының бірте-бірте азайып, тозуы; барлық жерде парцеллярлық шаруашылықтың екінші қосымшасы болып табылатын және оның мал ұстауына сол ғана мүмкіндік беретін қауымдық меншікті ірі жер меншікшілерінің заңсыз түрде иемденіп алуы; ірі ауыл шаруашылығының бәсекесі, бұл шаруашылық плантаторлық шаруашылық ретінде жүргізіле ме әлде капиталистік шаруашылық ретінде жүргізіле ме, оның бәрібір. Ол меншіктің құруына, XVIII ғасырдың бірінші жартысында Англияда болғанындай, егіншіліктегі жақсарулар да себепші болады, бұл жақсарулар, бір жағынан, егіншілік өнімдері бағасының төмендеуіне әкеліп соқтырады, ал екінші жағынан, жұмсалатын қаржыларды көбейтуді және өндірістің неғұрлым маңызды заттай жағдайларын көбейтуді талап етеді.

Өзінің табиғаты жағынан ұсақ жер меншігі еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерінің дамуын, еңбектің қоғамдық формаларын, капиталдардың қоғамдық шоғырлануын, ірі көлемдегі мал шаруашылығын, ғылымды кең түрде қолдануды мансұқ етеді.

Өсімқорлық пен салықтар системасы барлық жерде бұл меншіктің күйреуіне бастап әкелуге тиіс. Капиталды жер сатып алуға пайдалану бұл капиталды агрономиялық дақылдардан алшақтатады. Өндіріс құрал-жабдықтарының шексіз ұсақтап бытырауы және өндірушілердің өздерінің оқшаула-



нуы. Адам күшінің шамадан тыс ысырап болуы. Өндіріс жағдайларының жедел түрде нашарлауы және өндіріс құрал-жабдықтарының қымбаттауы — ұсақ меншіктің сөзсіз заңы. Астықты жылдар осы өндіріс әдісі үшін — бақытсыздық<sup>45)</sup>.

Ұсақ егіншілік жерді еркін меншіктенумен байланысты болатын жерде ұсақ егіншіліктің айрықша кемшіліктерінің бірі — егіншінің жер сатып алу үшін капитал жұмсауынан шығады. (Ірі жер иесі, біріншіден, жер сатып алуға және, екіншіден, сол жердің арендаторы ретінде онда шаруашылық жүргізуге капитал жұмсайтын өтпелі форма жөнінде де осыны айтуға болады). Мұнда жай товар ретіндегі өзгергіштігі кезінде оның ауыспалы иелерінің саны өседі<sup>46)</sup>, сондықтан әрбір мұра бөлігі сайын әрбір жаңа ұрпақ үшін жер, шаруаның тұрғысынан қарағанда, тағы да капитал жұмсалған нәрсе болып шығады, яғни олар сатып алған жер болып табылады. Мұнда жер бағасы өнім өндірмейтін жеке-дара өндіріс шығындарының немесе жеке өндірушілердің өнім өндіру шығындарының басым элементі болып табылады.

Жер бағасы дегеніміз капиталға айналған және сондықтан алдын ала белгілі рентадан басқа ештеңе емес. Егер егіншілік капиталистік жолмен жүргізілсе, сөйтіп жер меншікшісі тек рента ғана алып, ал арендатор жер үшін осы жыл сайынғы рентадан басқа ештеңе төлемейтін болса, онда айқын нәрсе сол, жер меншікшісінің өзі жер сатып алуға жұмсалған капитал ол үшін процент беруші капитал болып табыла тұрса да, солай бола тұрса да ол капиталдың егіншіліктің өзіне жұмсалған капиталмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ол егіншілікте әрекет етуші не негізгі капиталдың, не айналмалы капиталдың элементі болып табылмайды<sup>47)</sup>, керісінше, ол тек сатып алушыға жыл сайынғы рентаны алудың титулын ғана береді, бірақ осы рентаны өндіруге мүлдем ешқандай қатысы болмайды. Өйткені жер сатып алушы капиталды нақ сол жер сатушы адамға береді, сөйтіп мұның ессесіне сатушы өзінің жерге деген меншігінен бастартады. Демек, бұл капитал енді сатып алушының капиталы ретінде өмір сүрмейді; сатып алу-

<sup>45)</sup> Туктан француз королінің такка отырадағы сөзін қараңыз<sup>217</sup>.

<sup>46)</sup> Мунье мен Рюбишонды қараңыз<sup>218</sup>.

<sup>47)</sup> Д-р Н. Марго мырза («Extensiv oder Intensiv?») 'Маркс бұл кітапша туралы басқа деректер келтірмейді } өзінің қарсы күресіп жүрген адамдарының жалған ұйғарымдарына сүйенеді. Ол жер сатып алуға жұмсалатын капитал «Anlagekapital» деп ұйғарады да сонан соң Anlagekapital мен Betriebskapital, яғни негізгі капитал мен айналмалы капитал ұғымдарының тиісті анықтамалары жөнінде таласа бастайды. Оның жалпы капитал жөніндегі мүлдем шәкірттік түсініктері — былайша айтқанда, немістің халық шаруашылығы туралы ғылымының жай-күйі себепті экономист емес адам үшін кешірімді түсініктері — капитал дегеніміз негізгі де, айналмалы да капитал емес екенін онан бүркемелеп жасырады: дәл сондай-ақ біреу-міреу біржада акциялар немесе мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға жұмсайтын және сол адам үшін капиталды жұмсау болып табылатын капитал шындығында өндіріс салаларының әлде біріне «жұмсалынбайды».

шыда енді ол жоқ; демек, ол нендей де бір тәсілмен жердің өзіне жұмсауға болатын капиталдың қатарына жатпайды. Сатып алушы жерді қымбатқа алды ма әлде арзанға алды да, не болмаса оны тегін алды ма,— бұл жәйт арендатордың шаруашылықты жүргізуге жұмсайтын капиталда да, рентада да ештеңені өзгертпейді, тек ол үшін рента процент болып табыла ма, жоқ па, тиісінше, рента жоғары немесе төмен процент болып табыла ма, жоқ па дегенге ғана ықпал етеді.

Мәселен, құл иеленушілік шаруашылықты алайық. Мұнда құл үшін төленетін баға алдын ала көрінген және капиталға айналған қосымша құннан басқа немесе уақыты келгенде онан сығып алынатын пайдадан басқа ештеңе емес. Бірақ құлды сатып алу кезінде төленген капитал өзінің көмегімен құлдан пайда, қосымша еңбек сығып алынатын капиталдың құрамына кірмейді. Керісінше. Мұның өзі — құл иеленушінің иеліктен шығарған капиталы, оның шын мәнісіндегі өндірісте бар капиталынан шығарылып тасталған капитал. Жер сатып алуға жұмсалған капиталдың егіншілік үшін өмір сүруден қалғаны сияқты, дәл сол сияқты ол құл иеленуші үшін өмір сүруден қалған. Бұл былайша жақсы дәлелденеді: бұл капитал құл иеленуші үшін немесе жер меншікшісі үшін тек мына жағдайда ғана, егер олар құлды немесе жерді қайтадан сататын болса ғана олар үшін қайтадан өмір сүре бастайды. Бірақ онда бұл капитал әлгі сатып алушы үшін өмір сүруден қалады. Ол құлды сатып алғанымен, ол әлі құлды бірден қанауға шамасы келмейді. Оған бұл мүмкіндікті оның құл иеленушілік шаруашылықтың өзіне жұмсайтын онан соңғы капитал ғана береді.

Сол бір капиталдың өзі екі түрлі: сатушының қолында да, жер сатып алушының қолында да өмір сүрмейді. Ол сатып алушының қолынан сатушының қолына көшеді де іс осымен бітеді. Енді сатып алушының қолында капитал жоқ, бірақ мұның есесіне онда жер участогы болады. Мына жағдай: осы жер участогына шын мәнісінде жұмсалған капиталдан алынатын рентаны енді жаңа жер меншікшісі өзі жерге жұмсамаған, жер сатып алуға жұмсаған капиталға келетін процент деп есептейтіндігі үш проценттік консоли үшін 1000 ф. ст. төлеген біреудің өзінің табысынан мемлекеттік заем бойынша процент төленетін капиталға ешқандай қатынасы болмайтындығы сияқты жер факторының экономикалық табиғатында мүлдем еш нәрсені өзгертпейді.

Жер сатып алуға жұмсалған ақша, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсалған ақша сияқты, шындығында *өзіндегі* ғана капитал, капиталистік өндіріс тәсілі базисіндегі құн сомасы атаулының өзіндегі капитал, потенциал-

ды капитал екендігі сияқты. Мемлекеттік бағалы қағаздар үшін де, басқа да сатып алынатын товар үшін де не төленетіні сияқты жер үшін төленетін нәрсе — ол белгілібір ақша сомасы. Ол өзіндегі капитал, өйткені ол капиталға айналдырылуы мүмкін. Бұл ақша шын мәнісінде капиталға айнала ма, жоқ па, бұл сатушы өзі алған ақшадан қандай тұтыну жасауына байланысты. Сатып алушының өзінің біржолата жұмсап бітірген басқа да ақшалары сияқты бұл ақша енді ол үшін капитал ретінде қызмет ете алмайды. Оның есеп-қисабында бұл ақша ол үшін процент беруші капитал ретінде болады, өйткені жерден алынатын рента түрінде немесе мемлекеттік заем бойынша төленетін процент түрінде алынатын табысты ол осы табысқа ие болу правосын сатып алуға жұмсаған ақшасына келетін процент деп есептейді. Ол қайта сату арқылы ғана бұл ақшаны капитал ретінде өткізе алады. Бірақ онда екінші, жаңа сатып алушы бірінші сатып алушының болған жағдайында болып шығады, сөйтіп осылайша жұмсалған ақша қолдан қолға қалай өткізілсе де ол ақшаны жұмсаған адам үшін шын мәнісіндегі капиталға айнала алмайды.

Ұсақ жер меншігі тұсында мынадай бір жалған ұғым: жердің өзінің құны болады; сондықтан да ол машина немесе шикізат материалы тәрізді өнімнің өндіріс бағасына капитал ретінде енеді деген ұғым онан сайын нығая түседі. Бірақ біз рента, сондықтан да капиталға айналған рента, жер бағасы, тек екі жағдайда ғана егіншілік өнімінің бағасын анықтауға қатыса алатындығын жоғарыда көрдік. Біріншіден, егіншілік капиталының, — жер сатып алуға жұмсалған капиталмен ешқандай қатысы жоқ капиталдың, — құрылымы салдарынан егіншілік өнімінің құны оның өндіріс бағасынан жоғары болатын кезде, сондықтан рынок қатынастары жер меншікшісіне осы айырманы пайдалануға мүмкіндік беретін кезде. Екіншіден, монополиялық баға орын алған кезде. Мұның екеуі де парцеллярлық шаруашылық пен ұсақ жер меншігі кезінде тым сирек кездеседі, өйткені дәл осында өндіріс егіншінің өзінің тұтынуын қанағаттандыру үшін барынша мол көлемде қызмет етіп, пайданың жалпы нормасының реттелуіне тәуелсіз түрде жүргізіледі. Парцеллярлық шаруашылық арендаға алынған жерде жүргізілетін жағдайдың өзінде де қандай да болмасын басқа бір қатынастар кезіндегінен гөрі мұнда арендалық ақыда пайданың бір бөлегі мен тіпті жалақыдан ұстап қалу өлшеусіз зор мөлшерде болады; мұндай жағдайда мұның өзі — номиналды ғана рента, мұның өзі жалақы мен пайдаға қарама-қарсы дербес категория ретіндегі рента емес.

Сонымен, жер сатып алу үшін ақша капиталын жұмсау әсте де егіншілік капиталын жұмсау болып табылмайды. Ке-

рісінше, ол ұсақ шаруалардың өз өндіріс саласында қолдануы мүмкін капиталдың тиісінше азаюын көрсетеді. Ол тиісінше олардың өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшерін азайтады және сондықтан ұдайы өндірістің экономикалық базасын тарылтады. Ол ұсақ шаруаны өсімқорларға бағындырады, өйткені бұл салада нағыз кредиттік қатынастар тегі сирек кездеседі. Ақша капиталының жұмсалудың ірі шаруашылықтар қолданған жағдайда да ол егіншілікке кедергі болып табылады. Ол шынында да капиталистік өндіріс тәсіліне қарама-қайшы келеді, бұл өндіріс тәсілі жер меншікшісінің қарыздарлығына тегі немқұрайды қарайды, ол өзінің жер участогын мұрагерлікпен алды ма, әлде оны сатып алды ма, оның бәрібір. Ол рентаны өзі алып ала ма, не болмаса, өз кезегінде, оны ипотекалық кредит берушіге беруге тиіс пе,— мұның өзі өздігінен алғанда арендаға алынған иениеде шаруашылық жүргізу ісінде ештеңені де өзгертпейді.

Біз белгілі жер рентасы кезінде жер бағасы процент ставкасымен реттелетіндігін көрдік. Егер процент ставкасы төмен болса, онда жер бағасы жоғары болады және керісінше. Сонымен, қалыпты жағдайлар тұсында жер бағасының жоғары болуы және процент ставкасының төмен болуы қоян-қолтық жүруге тиіс болып, сөйтіп егер шаруа процент ставкасының төмен болуы салдарынан жер үшін қымбат төлесе, онда нақ осы ең төмен процент ставкасы оған шаруашылықты жүргізу үшін капиталды қолайлы шарттармен кредитке беруді қамтамасыз етуге тиіс болған болар еді. Шындығында парцеллярлық меншік үстемдік етіп тұрған кезде істің жайы басқаша болады. Ең алдымен, кредиттің жалпы заңдары шаруаларға жатпайды, өйткені бұл заңдар өндіруші капиталист деп ұйғарады. Екіншіден, парцеллярлық меншік басым жерлерде — бұл жерде отарлар туралы әңгіме жоқ, — парцеллярлық шаруа да ұлттың негізін жасайды, капиталдың құралуы, яғни қоғамдық ұдайы өндіріс, біршама нашар және жоғарыда баяндалған мағнада алғанда қарыз ақша капиталының құралуы одан да нашар. Ол қолы бос бай капиталистер табының шоғырлануы мен өмір сүруін көздейді (Масси<sup>219</sup>). Үшіншіден, жерге меншік өндірушілердің көпшілік бөлегі үшін тіршілік шарты және олардың капиталын қолданудың қажетті саласы болып табылатын жағдайда жер бағасы процент ставкасына тәуелсіз түрде артады, ал жер меншігіне деген сұраныстың ұсыныстан асып түсуі себепті екінші бірінде онымен бірге артады. Мұнда парцеллдеп сататын жер үшін ірі көлемде сатылатын жерден гөрі екінші бірінде әлдеқайда жоғары баға алады, өйткені мұнда ұсақ сатып алушылар саны орасан зор, ал ірі сатып алушылар саны аз («қара бандалар»<sup>220</sup> «Рюби-

шон»<sup>221</sup>; Ньюмен<sup>222</sup>). Барлық осы себептер бойынша мұнда біршама жоғары процент ставкасы кезінде жер бағасы артады. Мұнда шаруаның жер сатып алуға жұмсалған капиталдан алатын біршама төмен процентіне (Мунье<sup>223</sup>) бұл жерде қарама-қарсы жақта өсімқорлық жоғары проценттік ставка сәйкес келеді, мұны шаруаның өзі ипотекалық кредит берушіге төлеуге тиіс. Ирландия системасында да дәл осы байқалады, тек басқа формада байқалады.

Сондықтан жер бағасы, өздігінен алғанда өндіріске жат осы элемент бұл арада сондай дәрежеге жетеді, мұның кезінде өндіріс мүмкін болмай қалады (Домбаль).

Жер бағасының жерді сатып алу мен сату, жерді товар ретінде айналысқа түсіру осындайлық көлемде дамытылуында осындай роль атқаратындығының жағдайы капиталистік өндіріс тәсілі дамуының нәтижесі болып табылады, бұл тәсіл тұсында товар барлық өнімдер мен барлық өндіріс құрал-жабдықтарының жалпылама формасы болады. Екінші жағынан бұл құбылыстар капиталистік өндіріс тәсілі шектелулі түрде ғана дамыған және өзінің барлық мүмкіндіктерін толық аша алмаған жерде ғана дамиды; өйткені бұл құбылыстар нақ мынаған: егіншілік капиталистік өндіріс тәсіліне қазірдің өзінде бағынбаған — немесе әлі де болса бағынбаған — қайта қоғамның күйреп құрып кеткен формаларынан сақталып қалған өндіріс әдісіне бағынатындығына негізделеді. Демек, өндіруші өз өнімінің ақшалай бағасына тәуелді болатын капиталистік өндіріс тәсілінің зиянды жақтары мұнда капиталистік өндіріс тәсілінің жеткілікті дамымауынан туатын зиянмен сәйкес келеді. Шаруа өз өнімін товар түрінде өндіре алатын жағдайларсыз-ақ көпеске және өнеркәсіпшіге айналады.

Өндіруші үшін өндіріс шығындарының элементі болып табылатын жер бағасы мен өнімнің өндіріс бағасының элементі емес жер бағасының арасындағы қайшылық (тіпті егер рента егіншілік өнімінің бағасын жасауға шешуші түрде қатынасы болса, 20 және одан да көп жылдар бойына авансталатын капиталға айналған рента өсте де бұлай қатынаспайды) дегеніміз жерге жеке меншік пен рационалды егіншілік, жерді қалыпты түрде қоғамдық жолмен пайдаланудың арасындағы қарама-қайшылық жалпы көрініс беретін формалардың бірі ғана. Ал, екінші жағынан, жерге жеке меншік, демек, жерді тікелей өндірушілерден экспроприациялау — екінші біреулерде жерге жеке меншіктің болмауын көздейтін бағзы біреулердің қолындағы жеке меншік. — капиталистік өндіріс тәсілінің негізі болады.

Мұнда, ұсақ егіншілік тұсында, жер бағасы, жерге жеке

меншіктің осы формасы және осындай меншіктің нәтижесі, осының өзі өндірісті шектеуші ретінде көрінеді. Ірі егіншілік кезінде және капиталистік шаруашылық тәсіліне негізделетін ірі жер меншігі кезінде меншік те шек қоюшы нәрсе болып табылады, өйткені ол фермердің капиталды сайып келгенде мұның өзіне емес, жер меншікшісіне пайда келтіретін өнімді жұмсауының шеңберін тарылтады. Екі форманың екеуінің тұсында да жалпы мәңгілік меншік, үнемі бірін бірі алмастырып отыратын адам ұрпақтарының тіршілік етуі мен қалпына келтіріліп отыруының ажырамас шарты ретіндегі жерді саналы түрде тиімді етіп өңдеудің орнына жер күшін қанау және оны ысырап ету келіп шығады (қанаудың қоғамның қолы жеткен даму дәрежесіне емес, жекелеген өндірушілердің кездейсоқ әрқелкі жағдайларына тәуелді етіліп қойылатындығы туралы айтпағанның өзінде). Ұсақ меншік кезінде мұның өзі еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін қолдану үшін қажетті құрал-жабдықтар мен білімнің жеткіліксіздігінен болады. Ірі меншік кезінде мұның өзі арендаторлар мен меншікшілердің мүмкін қадерінше тезірек байып алуы үшін осы құрал-жабдықтарды қанаудың нәтижесінде болады. Екі жағдайдың екеуінде де рынок бағасына тәуелділіктің салдарынан болады.

Ұсақ жер меншігін сынаудың бәрі сайып келгенде жеке меншікті егіншілік үшін меже және кедергі деп сынауға келіп тіреледі. Ірі жер меншігін қарама-қарсы тұрғыдан сынаудың бәрі де осыған келіп тіреледі. Әлбетте, біз екі жағдай үшін де бұл арада қосалқы саяси пікірлерді былай қоя тұрамыз. Жерге деген әрбір жеке меншік егіншілік өндірісі мен жерді тиімді өңдеуге, топырақтың өзін сақтап, жақсарту ісіне қоятын осы шегі мен осы кедергісі осы екі жағдайдың екеуінде де түрлі формаларда ғана дамиды, сөйтіп осы қырсықтың осы ерекше формалары жөніндегі таластарда оның негізгі себебі ұмытылып кетеді.

Ұсақ жер меншігі халықтың орасан зор көпшілігі деревняларда тұрады, қоғамдық еңбек емес, оқшауланған еңбек басым болады деп ұйғарады; демек, бұл ретте ұдайы өндірістің әр түрлілігі мен дамуы, яғни оның материалдық та, рухани да шарттары жоққа шығарылады, тиімді егіс дақылдарының жағдайлары жоққа шығарылады деп ұйғарады. Екінші жағынан, ірі жер меншігі село халқын үнемі төмендей беретін минимумға дейін қысқартады да барған сайын өсе беретін, үлкен қалаларға шоғырланушы өнеркәсіп халқын оған қарама-қарсы қояды; сөйтіп заттар алмасуының қоғамдық және табиғи тіршілік заңдары талап ететін процесінде орны толмас олқылық туғызатын жағдайлар туады, осының нәтижесінде топырақ күші ысырапшылдықпен жұмсалады, ал осы

ысырапшылдықпен жұмсау сауда арқылы өз елінің шеңберінен тыс әлдеқайда алысқа тарайды (Либих<sup>224</sup>).

Егер ұсақ жер меншігі жартылай қоғамнан тыс тұрған, цивилизациялы елдердің барлық ауыртпалықты зардаптарымен және бүкіл қайыршылығымен қоса алғашқы қауымдық формалардың бүкіл дәрежелігін өз бойына жинақтаған варварлар табын туғызатын болса, онда ірі жер меншігі жұмыс күшінің табиғи күш-қуаты содан баспана табатын және ол ұлттардың тіршілік күшін қайта жандандыру үшін резервтегі қор ретінде сақталатын соңғы салада — деревняның өзінде жұмыс күшін әлсіретеді. Ірі өнеркәсіп және ірі егіншілікті кәсіпкерлік жолмен жүргізу ісі қоян-қолтық әрекет етеді. Егер алғашқы кезде бұлар бір-бірінен өзгеше болып, біріншісі көбінесе жұмыс күшін, демек, адамның табиғи күшін тоздырып, бүлдіретін болса, ал екіншісі жердің табиғи күшін неғұрлым тікелей ойсыратып, күйзелтетін болса, кейін келе, даму барысына байланысты, олар бір-біріне қол ұшын береді: кәсіпкерлік система деревняда да жұмыс күшін тоздырады, ал өнеркәсіп пен сауда, өз кезегінде, егіншілік үшін топырақты тоздырудың құралдарын жасап береді.

## ТАБЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨЗДЕРІ

## ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

## ҮШ БУЫНДЫ БІР ТҮТАС ФОРМУЛА

[48]

Капитал — пайда (кәсіпкердің табысы және процент), жер — жер рентасы, еңбек — жалақы: өндірістің қоғамдық процесінің барлық құпия сырын қамтитын үш буынды бір тұтас формула осындай.

Бұдан әрі, жоғарыда\* көрсетілгеніндей, процент капиталдың өзіне ғана тән, өзгеше өнімі есебінде, ал процентке қарама-қарсы кәсіпкердің табысы — капиталдан тәуелсіз жалақы есебінде әрекет ететіндіктен, аталған үш буынды бір тұтас формуланың мәні, дәлірек айтқанда, мынаған саяды:

Капитал — процент, жер — жер рентасы, еңбек — жалақы; бұл формулада капиталистік өндіріс тәсілін оның ерекшелігі тұрғысынан ыспаттайтын қосымша құн формасы — пайда оп-онай бой тасалап қалады.

Экономикадағы бұл үш буынды бір тұтастықты жақынырақ алып қарағанда, біз мынаны көреміз:

Біріншіден, жыл сайынғы байлықтың жорымалы көздері мүлдем әр түрлі сфераларға жатады және бір-біріне титтей де ұқсамайды. Нотариалдық салықтың, қызылшаның және музыканың бір-біріне қатысы қандай болса, бұлардың да бір-біріне қатысы шамамен сондай.

Капитал, жер, еңбек! Бірақ капитал дегеніміз — ол зат емес, қоғамның белгілі бір тарихи формациясына жататын, белгілі бір, қоғамдық, өндірістік қатынас: бұл қатынас затта бейнеленген және де осы заттың өзіне өзгеше бір қоғамдық сипат береді. Капитал — өндірістің материалдық және өндіріс құралдарының жәй жиынтығы ғана емес. Капитал дегеніміз — ол капиталға айналдырылған өндіріс құрал-жабдықтары; алтынның немесе күмістің өз бетімен ақша болып есептелуі қаншалықты шамалы болса, бұл өндіріс құрал-

\* Келесі үш үзінді VI бөлім қолжазбасының әр жерінде. Ф. Э.

\* Қараңыз, осы томда, I бөлім, XXIII тарау. *Ред.*



жабдықтарының да өз бетімен капитал саналуы шамалы. Қоғамның бір бөлігі түгелдей иемденіп алған өндіріс құрал-жабдықтары, жұмысшы күшіне қатынас жөнінен бөлектеніп шыққан өнімдер және жұмысшы күшінің өзін пайдалану шарттары — осы бір қарама-қарсылықтардың жиынтығынан капиталда жинақталып бейнеленетін нәрсе осылар. Оларға жұмысшылардан тәуелсіз күшке айналған өнімдер ғана емес, өзінің өндірушілеріне қожа болып алған және оларды сатып алған өнім ғана емес, сонымен бірге қоғамдық күштер және бұл еңбектің болашақ... (? түсініксіз)\* формасы да олардың өнімінің қасиеттері есебінде қарсы тұрады. Демек, біз бұл жерде тарихи қалыптасқан өндірістің қоғамдық процесіндегі бір фактордың жәй қарағанда мистикалық түрде байқалатын, белгілі бір қоғамдық формасын көріп отырмыз.

Ал енді жер, органикалық емес табиғат «rudis indigestaque moles»<sup>225</sup>, яғни әуелгі жаратылған күйі тұрған табиғаттың өзі мұнымен қатар тұр. Құн — ол еңбек. Сондықтан жер қосымша құн туғыза алмайды. Топырақтың құнарлылығы керемет болғанның өзінде ол белгілі мөлшерде еңбек жұмсалғанда сол табиғи құнарлылыққа сай белгілі мөлшерде өнім ғана бере алады. Топырақтың құнарлылығы әр түрлі болуы мынаған әкеп соқтырады: бірдей мөлшерде жұмсалған еңбек пен капитал, демек, бірдей мөлшердегі құн, егіншілік өнімдерін әр түрлі мөлшерде береді; олай болса, бұл өнімдердің жеке-жеке құны да әр түрлі. Бұл жеке-жеке құндарды рынок құндарына әкеліп теңестіру мынаған соқтырады:

«құнарлылығы төменірек жерлермен салыстырғанда анағұрлым құнарлы жерлердің артықшылықтары... егіншіден немесе тұтынушыдан жерді меншіктенушіге көшеді» (D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». [London, 1821, p. 62]).

Және, ақырында, «одақтағы үшіншінің»<sup>226</sup> есебінде жәй бір елес нәрсе — еңбек [«die» Arbeit] жүреді; ал оның өзі абстракция және де осы мәнінде алғанда мүлдем жоқ дүние, немесе, егер... (түсініксіз)\*\* алатын болсақ — ол адамның табиғатпен зат алмасуы жүзеге асыратын жалпы өндірістік қызметі; бұл қызметтің қандай бір қоғамдық формасы мен белгілі сипаты жоқ, бірақ ол қоғамнан тәуелсіз, қоғам атаулы дегеннен бөлек, тіршіліктің белгісі және тіршілікті орнық-

\* Қолжазбаның анағұрлым кейінірек ажыратылып оқылуында бұл жерінде былай делінген: «олардың еңбегінің қоғамдық күштері және бұл еңбектің қоғамдастырылған формасы» («die gesellschaftlichen Kräfte und zusammenhängende Form dieser Arbeit»). *Ред.*

\*\* Қолжазбаның анағұрлым кейінірек ажыратылып оқылуында бұл жерінде былай делінген: «егер біз оған қандай мән беріліп отырғанының өзін алатын болсақ») („wenn wir das Gemeinte nehmen.“) *Ред.*

тыру ретінде, әлі қоғамдық бейнеге келе қоймаған адам мен қоғамдық бейне алып үлгерген адам үшін ортақ, әуелгі табиғи күйінде әрекет жасайды.

## II

Капитал — процент; жерді немдену, жерге жеке меншік және, капиталистік өндіріс тәсіліне сай келетін, нақ осы заманғы рента; жалдамалы еңбек — жалақы. Сопымен, табыс көздері арасындағы байланыс осы формада болуға тиіс. Капитал да, сондай-ақ жалдамалы еңбек пен жерді меншіктену де тарихи алғанда белгілі бір қоғамдық формалар, бірі — еңбектің, екіншісі — монополияланған жердің формасы, мұның үстіне екеуі де капиталға сай келетін және бір экономикалық қоғамдық формацияға жататын формалар.

Біріншіден, бұл формулада көзге түсетін нәрсе мынау: капиталмен қатар, өндірістің белгілі бір тәсіліне, өндірістің қоғамдық процесінің белгілі бір тарихи құрылымына жататын өндірістің бір элементінің осы формасымен қатар, белгілі бір қоғамдық формамен қосылған және оның бір бөлігі саналатын өндірістің элементімен қатар тікелей бір жағынан — жер, екінші жағынан — еңбек қойылады; осы заттық формада алғанда өндірістің барлық тәсілдері үшін ортақ саналатын, өндірістің қандай болсын процесінің заттық элементтері есептелетін және оның қоғамдық формасына ешқандай қатысы жоқ нақтылы еңбек процесінің екі элементі қойылады.

Екіншіден, «Капитал — процент, жер — жер рентасы, еңбек — жалақы» деген формулада капитал, жер, еңбек тиісінше проценттің (пайданың орнына), жер рентасының және жалақының көздері есебінде әрекет қылады; бұлар капиталдың, жердің, еңбектің беретін өнімдері, жемістері; біріншілері — негізі, екіншілері — салдары, біріншілері — себебі, екіншілері — нәтижесі; мұның өзінде жеке алғанда осы көздердің әрқайсысы өніміне бейне бір өзі бөліп шығарған, өзі өндірген нәрсе есепті болады. Табыстардың барлық үш түрі, процент (пайда орнына), рента, жалақы өнім құнының үш бөлігі болып саналады, демек, жалпы алғанда құнның бөліктері, немесе, ақшаға балағанда, белгілі бір ақшалай бөліктер, бағаның бөліктері. Капитал — процент деген формула капиталдың нағыз мағынасыз формуласы болғанмен, бұл — оның формуласы. Бірақ жер құнды, яғни еңбектің қоғамдық көлемде белгілі мөлшерін, мұның өзінде құнның өз өнімдерінің рента құрайтын нақ сол бір ерекше бөлігін қалай туғызады? Жер белгілі бір тұтыну құнын, белгілі бір материалдық өнімді, мысалы, бидайды өндірудің факторы қызметін атқарады.

Алайда *бидайдың құнын* өндіруге оның ешқандай қатысы жоқ. Бидайда құн есепке алынғандықтан, бидай зат түріндегі қоғамдық еңбектің белгілі бір мөлшері деп қана қаралады; ал бұл еңбек есепке алынған ерекше заттың, немесе бұл заттың ерекше тұтыну құнының бұлайша қарауға мүлдем қатысы болмайды. Мұның өзі мынаған қайшы келмейді: 1) басқа жағдайлары бірдей болған күнде бидайдың арзандығы немесе қымбаттығы жердің өндіргіштігіне байланысты. Егіншілікте еңбек өнімділігі табиғат жағдайымен байланысты, ендеше, осы соңғысының өндіргіштігіне қарай, бірдей мөлшердегі еңбек өнімдерді, тұтыну құндарын көп немесе аз мөлшерде жасайтын болады. Бір шеффелдегі еңбектің мөлшері қаншалықты көп, мұның өзі еңбектің сол мөлшерімен қанша шеффел жеткізілетіндігіне байланысты. Мұнда құнның өнімнің қаншалықты мөлшерімен бейнеленуі жердің өндіргіштігіне байланысты болады; бірақ бұл құн мұндай бөлуден тәуелсіз берілген. Құн тұтыну құнында бейнеленген; ал тұтыну құны дегеніміз құнды жасаудың шарты; алайда бір жағында — тұтыну құны, жер, ал екінші жағында — құн, оның өзінде құнның ерекше бөлігі тұрған жерден қарама-қарсы қоюға бару ақымақтық. 2) {Осы жерден қолжаба үзіледі.}

### III

Тұрпайы саяси экономия шын мәнісінде буржуазиялық өндіріс агенттерінің ұғымдарын тек доктринерлікпен түсіндіруден, жүйелеуден және ақтаудан басқа ешнәрсе бітірмейді; оларды осы өндірістің қатынастары әбден билеп алған. Сондықтан бізді мына жағдай таңғалдыра алмайды: экономикалық қатынастардың көрінуінің шалғай формасына келгенде, — ал бұл формада экономикалық қатынастар *prima facie\** мағынасыз сипат алып, қайшылықтарға толып кетеді, егер де заттардың көріну формасы мен мәнісі тікелей сәйкес келіп жатса, онда ешқандай ғылымның қажеті де болмас еді, — нақ осы жерге келгенде тұрпайы саяси экономия өзін тым емін-еркін сезінеді, сөйтіп, оған бұл қатынастар, әдеттегі жәй ұғымға үйреншікті құбылыстай көрінгенімен, ішкі байланысы неғұрлым жасырын болған сайын, онан бетер өзінен-өзі түсінікті нәрсе сияқты көрінеді. Сондықтан өзі әуелде негіз етіп алған үш буынды бір тұтастық: жер — рента, капитал — процент, еңбек — жалақы немесе еңбектің бағасы *prima facie* қиюы келмейтін үш компонент екенін тұрпайы саяси экономия ешбір түсінбейді. Ең алдымен, біздің алдымызда тұтыну құ-

\* ең алдымен. Ред

ны, құнмен бағаланбайтын жер және айырбас құны, *рента*: сонымен, зат есебінде алынған қоғамдық қатынас табиғатқа пропорциялық қатынасқа қойылған; яғни өзара ортақ ешнәрсесі жоқ екі нәрсе бір-біріне белгілі бір қатынасқа қойылған болып шығады. Одан соң *капитал — процент*. Егер капитал дербес алынып, ақша күйінде есептелінген құнның белгілі бір сомасы деп саналатын болса, онда құн дегеніміз оның шын құнынан артық құн болып табылады деу *prima facie* сандырақтың өзі. Әсіресе «капитал — процент» деген формулада жанама тәсілдің қандайы болсын түсіп қалады, сөйтіп, капитал өзінің нағыз жалпылама формуласына, сол себепті де оның ішкі мәні арқылы ұғындырылмайтын сандырақ формулаға салынады. Нақ сондықтан да тұрпайы экономист шын мәніндегі капиталистік қатынастарға жақын жанасып қалған «капитал — пайда» деген формуладан гөрі құнның өзіне-өзі тең болмайтын қайдағы бір құпия қасиетімен қоса «капитал — процент» деген формуланы артық көреді. Ал одан кейін, 4-ті 5-ке тең деуге болмайтынын, ендеше, 100 талер 110 талерге тең бола алмайтынын түсінген соң, тұрпайы экономист капиталдың заттық субстанциясындағы құны есепті капиталдан құтылудың амалын өндірістің шарты ретіндегі оның тұтыну құнынан, машиналардан, шикі заттан, тағы басқаларынан іздейді. Сонымен, жер меншігін қараған реттегідей, 4—5 деп қаралатын түсініксіз алғашқы қатынастың орнына, бір жағынан, тұтыну құны, зат пен, екінші жағынан, белгілі бір қоғамдық өндірістік қатынас, қосымша құн арасындағы мүлдем үйлесімсіз қатынасты қайтадан шығарады. Тұрпайы экономист осы бір үйлеспейтін жағдайларға жеткен шақта, оған бәрі айқындала қалады, енді ол одан әрі ойланып жату қажеттігін сезінбейді. Өйткені ол буржуазиялық ұғымдағы «рационалды» дегенге жетіп қалды. Ақырында, *еңбек — жалақы*, еңбектің бағасы, «Капиталдың» I-ші кітабында көрсетілгеніндей, *prima facie* бағаның ұғымына қандай қайшы келсе, құнның ұғымына да сондай қайшы келетін сөздер; жалпы алғанда бағаның өзі құнның белгілі бір түрде бейнеленуі ғана<sup>227</sup>; «сарғылт логарифм» қаншалықты иррационалды болса, «еңбектің бағасы» да соншалықты иррационалды. Бірақ тұрпайы экономист бәрінен гөрі нақ осымен көбірек қанағаттанады ғой, өйткені ол бұл жерде еңбек үшін ақша төлеймін, ал құнның ұғымына нақ формуланың қайшы келуі оны соңғысының не екенін түсіну міндетінен құтқарады деп қарайтын буржуаның терең ойына жетіп отыр емес пе.

---

Капиталистік өндіріс процесі жалпы алғанда өндірістің қоғамдық процесінің тарихи белгілі бір формасы екенін біз<sup>49)</sup> көрдік. Ал соңғысы сонымен бірге адамның өмір сүруіне қажетті материалдық жағдайларды жасау процесі және өндірістің ерекше тарихи-экономикалық қатынастары жағдайында өтіп жататын өндірістік қатынастардың өздерін өндіретін және ұдайы өндіретін процесс және бұл арқылы осы процестің іске асырушыларын, олардың тіршілік етуінің материалдық жағдайлары мен олардың өзара қатынастарын, яғни соңғыларының белгілі бір қоғамдық-экономикалық формасы өндіретін және қайта өндіретін процесс болып табылады. Өйткені бұл өндірістің іске асырушылары табиғатпен қатынас жасайды, олардың бір-бірімен қатынасы бар және осындай қатынас жағдайында өндіріспен шұғылданады,— осы қатынастардың жиынтығын қоғам деп атаймыз, оны экономикалық құрылымы тұрғысынан алып қарауға болады. Капиталистік өндіріс процесі, оның алдындағы барлық өндіріс процестері сияқты, белгілі бір материалдық жағдайларда өтіп жатады; алайда бұл материалдық жағдайлар соның өзінде белгілі бір қоғамдық қатынастардың таратушылары да болып табылады; жеке адамдар өздерінің өмірін ары жалғастыру процесінде осындай қатынастарда болады. Ол жағдайлар да, мына қатынастар да, бір жағынан — алғы шарттар, екінші жағынан — капиталистік өндіріс процесінің нәтижелері және өнімдері болып саналады; оларды өндіретін және қайта өндіретін соңғылары. Одан әрі біз мынаны байқадық: капитал,— ал капиталист бір адамның меншігіне айналдырылған капиталды бейнелеуші ғана және ол өндіріс процесінде тек капиталдың иесі есепті ғана әрекет жасайды,— сонымен, капитал өзіне сәйкес келетін қоғамдық өндіріс процесінде тікелей өндірушілерден, немесе жұмысшылардан, белгілі бір мөлшерде қосымша еңбекті сығып алады; мұны капитал ешқандай өтеусіз алады және бұл қосымша еңбектің өзі, ерікті түрдегі договорлық келісімнің нәтижесі сияқты көрінгенімен, ішкі мәнісі тұрғысынан әрқашан ықтиярсыз еңбек болып қалады. Бұл қосымша еңбек қосымша құн болып шығады, ал бұл қосымша құн қосымша өнімде. Жалпы алғанда, нақты бір қажетті мөлшерден тыс еңбек есебінде қосымша еңбек әрқашан болуы тиіс. Бірақ, құл иеленушілік системасындағы және басқаларындағы сияқты, капиталистік система тұсында да ол тек антагонистік формада ғана болады және қоғамның белгілі бір бөлігінің жатып ішер желбуаздық тұрмыс құруымен толықтырылып жатады. Ұдайы өндіріс процесінің ілгері басып, ұл-

<sup>49)</sup> Қолжазба бойынша XLVIII параудың басы. [Ф. Э.]

ғая беруін тиісті дәрежеде, халық қажетінің және санының өсуіне сай келетін дәрежеде, қамтамасыз ету үшін әр түрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорына арналған қосымша еңбек белгілі мөлшерде керек: бұл капиталистік тұрғыдан алғанда қор жинау деп аталады. Капиталдың цивилизаторлық жақтарының бірі мынада: ол бұл қосымша еңбекке мәжбүр еткенде, өндіргіш күштердің, қоғамдық қатынастардың дамуы үшін және жоғарғы жаңа форманың [höhere Neubildung] элементтерін жасау үшін құлданушылықтың, крепостниктіктің және т. б. бұрынғы формаларына қарағанда анағұрлым тиімді тәсілмен және қолайлы жағдайларда мәжбүр етеді. Сонымен, ол, бір жағынан, қоғамның бір бөлігі есебінен оның екінші бөлігінің қоғамдық дамуды итермелеуі және монополияландыруы (бұған оның материалдық және интеллектуалдық тиімділігін қоса) қажет болмай қалатын сатыға жеткізеді; екінші жағынан, бұл саты қоғамның анағұрлым жоғары формасында осы қосымша еңбекті жалпы материалдық еңбекке арналған уақытты едәуір көбірек шектеумен қосуға мүмкіндік беретін материалдық құралдар мен тиісті қатынастар үшін ұйытқы жасайды. Өйткені еңбектің өндіргіш күштерінің дамуына қарай қосымша еңбек жұмыс күні жалпы онша ұзақ болмаған жағдайда тым көп болуы, ал жұмыс күні жалпы тым ұзақ болған жағдайда біршама аз болуы ықтимал. Егер қажетті жұмыс уақыты = 3 сағат, қосымша еңбек = 3 сағат болса, онда барлық жұмыс күні = 6 сағатқа жетеді де, қосымша еңбек нормасы = 100 процент болады. Егер қажетті еңбек = 9 сағат, қосымша еңбек = 3 сағат болса, онда барлық жұмыс күні = 12 сағатқа жетеді де, қосымша еңбек нормасы =  $33\frac{1}{3}$  процент қана болады. Сонымен, белгілі бір уақыт ішінде, демек, белгілі бір қосымша жұмыс уақытында қаншалықты тұтыну құны өндірілетіндігі еңбектің өнімділігіне байланысты. Олай болса, қоғамның шын мәніндегі байлығы және бұл байлықты ұдайы өндіру процесін үздіксіз ұлғайту мүмкіндігі қосымша еңбек уақытының ұзақтығына байланысты емес, ал оның өнімділігіне байланысты және оған қажетті өндіріс жағдайларының қаншалықты қамтамасыз етілгендігіне байланысты. Шын бостандық дүниесі жоқшылық пен жалған мақсат зорлап істететін жұмыс тоқтатылған жерде ғана басталады, демек, әр нәрсенің жаратылысы тұрғысынан алғанда ол, тегінде, материалдық өндіріс сферасының арғы бетінде жатса керек. Өзінің қажеттерін қанағаттандыру үшін, өмірін сақтау және одан әрі жалғастыру үшін алғашқы адам табиғатпен қалай күресуге тиісті болса, цивилизацияланған адам да солай күресуге тиісті, өндірістің барлық қоғамдық формаларында және мүмкін тәсілдерінің бә-

рінде күресуге тиіс. Адам дамыған сайын бұл табиғи қажеттілік патшалығы да кеңейе береді, өйткені адамның қажетсінуі өседі; бірақ онымен бірге бұл қажеттерді өтеуге қызмет етуге тиісті өндіргіш күштер де ұлғаяды. Бұл салада еркіндік тек мынада ғана болуы мүмкін: коллективтегі адам, ассоциацияланған өндірушілер өздерінің табиғатпен екі арадағы осы бір зат алмасын орынды түрде реттеп отырады, оны өздерінің жалпы бақылауына алады, оның мылқау күштей өздеріне үстемдік етуіне жол бермейді; мұны неғұрлым аз күш жұмсау арқылы және адамның жаратылысына лайықты, соған теңбе-тең жағдайларда жасайды. Бірақ, қалай дегенмен де, мұның өзі қажеттілік дүниесі болып қала береді. Оның арғы бетінде тар көлемді мақсат саналатын адам бойындағы күштердің дамуы, осы қажеттілік дүниесі негізінде ғана гүлдене алатын шын мәніндегі бостандық патшалығы басталады. Жұмыс күнінің қысқартылуы — негізгі шарт.

Капиталистік қоғамда бұл қосымша құн немесе бұл қосымша өнім капиталистер арасында бөлінеді,— егер біз бөлістің кездейсоқ ауытқуларын былай қоя тұрып, оның реттеп отыратын заңын, оның нормалайтын шектерін қарайтын болсақ,— қоғамдық капиталдағы әркімге тиісті үлеске пропорциялы келетін дивиденд ретінде бөлінеді. Бұл күйінде қосымша құн капиталдың үлесіне тиетін орташа пайда есебінде болады; орташа пайда өз тарапынан кәсіпкердің табысы мен процентке бөлінеді және осы екі категория түрінде әр түрлі капиталистің қолына тиюі мүмкін. Алайда капиталдың қосымша құнды, бұған сәйкес қосымша өнімді иемденуі мен бөлісуінің жер меншігіне келгенде өзінше шегі бар. Капиталист қосымша енбекті, ол арқылы қосымша құн мен қосымша өнімді пайда түрінде жұмысшыдан қалай сығып алса, жер иемденуші, бұдан бұрын баяндалған заңдарға сәйкес, бұл қосымша құнның немесе қосымша өнімнің бір бөлігін рента түрінде енді капиталистен сығып алады.

Сонымен, біз бұл жерде пайда деп капиталға тиетін қосымша құнның үлесін әнгіме қылғанда, біз орташа пайда (кәсіпкердің табысына процентті қосқандағыға тең) жайлы айтып отырмыз; ал орташа пайданың мөлшері барлық пайдадан рентаны шығарып тастаумен шектеулі (өзінің көлемі жағынан бүкіл қосымша құнмен тең); яғни рентаның шығарылып тасталуы ескерілуі тиіс. Демек, капиталдан түсетін пайда (кәсіпкердің табысы және процент) мен жер рентасы — қосымша құнның ерекше құрамды бөлектері, капиталдың немесе жер меншіктенудің үлесіне тиюіне қарай қосымша құн әрқилы болатын категориялар, бірақ қайсысына тисе де бұдан қосымша құнның мәні өзгермейді. Капиталдан түсетін пайда

мен жер рентасын қосып есептегенде қоғамдық қосымша құн сомасы құралады. Капитал қосымша құн мен қосымша өнімге жұмсалған қосымша еңбекті жұмысшылардан тікелей сығып алады. Демек, дәл осы мағынада капитал қосымша құнды өндіруші болып танылуы мүмкін. Өндірістің шынайы процесіне жер иеленушінің ешбір қатысы жоқ. Оның ролі өндірілген қосымша құнның бір бөлегін капиталистің қалтасынан алып, өзінің қалтасына салумен шектеледі. Дегенмен, жер иеленуші капиталға қысым жасай алатындығының арқасында ғана емес, сондай-ақ ірі жер меншігі капиталистік өндірістің алғы шарты және жағдайы, қызметкерлердің еңбек жағдайын экспроприациялаудың алғы шарты және себебі болып табылатындықтан да емес, ал, әсіресе, жер иеленуші өндірістің аса маңызды жағдайының бірін бейнелейтін кісі болғандықтан өндірістің капиталистік процесінде тиісті роль атқарады.

Ақырында, өзінің жұмыс күшін иемденуші және оны сатушы ретінде жұмысшы өнімнің жалақы деп аталатын бір бөлігін алады, мұнда ол жұмсаған еңбектің бір бөлігі бар, біз оны қажетті еңбек, яғни осы жұмыс күшін сақтауға және қайта жаңартуға қажетті еңбек деп атаймыз, бұл сақтаудың және қайта жаңартудың жағдайы қандай болады — тапшы немесе мол бола ма, қолайлы немесе қолайсыз бола ма — бәрібір.

Жалпы бұл қатынастар салыстыруға мүлде келмейтін секілді болып көрінгенмен, олардың бәріне ортақ бір жағдай бар: капитал жыл сайын капиталиске пайда келтіреді, жер жер иеленушіге — жер рентасын әпереді, ал жұмыс күші, — тиісті жағдай болса және қашан қолданылмай қалғанша, — жұмысшыға жалақы бергізеді. Жыл сайын өндірілетін тұтас құнның осы үш бөлігі мен жыл сайын өндірілетін тұтас өнімнің тиісті бөліктерін, — қор жинауды әзірге былай қоя тұрамыз, — тиісті иелері жыл сайын тұтынғанмен, ұдайы өндірістің көзіне бұдан залал келмейді. Бұл тұтас құн мен тұтас өнім көп жылдық жеміс ағашының, дәлірек айтсақ, үш ағаштың жыл сайын жинап алынатын жемісі сияқты; олар үш таптың: капиталистің, жер иеленушінің және жұмысшының жылдық табысын құрайды, бұл табысты өндіріс басындағы капиталист бөледі, себебі қосымша еңбекті тікелей сығып алушы да және жалпы алғанда еңбекті қолданушы да сол. Сайып келгенде, капиталиске оның капиталы, жер иеленушіге оның жері, ал жұмысшыға оның жұмыс күші, яғни шынына келгенде, оның еңбегі (өйткені ол шынында да тек жұмыс күшін сатады, бұдан бұрын баяндалғанындай, өндірістің капиталистік тәсілі базисінде жұмыс күшінің бағасы оған еңбек бағасы болып көрінеді) осы үш таптың әрқайсысының тек өзіне тән



табысының үш түрлі көзі, яғни табыс, жер рентасы және жалақы болып көрінеді. Олардың шын мәнісінде дәл осылай көрінуінің мағынасы мынада: капитал — капиталист үшін қосымша еңбекті сығып алуға арналған тұрақты құрал, жер — капитал сығып алған қосымша құннан жер иемденушіге тиісті үлесті ұдайы өзіне тартып тұратын магнит, ақырында, еңбекке келетін болсақ, ол — жұмысшы өндірген құннан жалақы түрінде үлес алу үшін, демек, қоғамдық өнімнің құнның осы үлесімен өлшенетін бөлігін алу, яғни тіршілікке қажетті қаржы табу үшін керек ұдайы жаңғырып отыратын жағдай және ұдайы жаңғырып отыратын құрал. Олардың мұндай мағына алуының тағы бір себебі мынадан: капитал құнның бір бөлігін, яғни жылдық еңбек өнімінің бөлігін де пайда түрінде белгілейді, жер меншігі рента түрінде құнның екінші бөлігін, жалдамалы еңбек жалақы түрінде құнның үшінші бөлігін белгілейді, сөйтіп, осылай өзгерудің нәтижесінде бұл бөліктер капиталистің, жер иемденушінің және жұмысшының табыстарына айналады, бірақ олар осы әр түрлі категорияға айналатын түпкі субстанцияны туғызбайды. Сөйтсе де бөліс осы субстанцияның бар екенін, басқаша айтқанда, жылдық өнімнің жиынтық құны, затқа айналған қоғамдық еңбектің бар екенін көрсетеді. Бірақ, өндіріс өкілдеріне, өндіріс процесінің әр түрлі міндеттерін атқарушыларға, істің шын жағдайы бұлайша көрінбей, мүлдем өзгеше, бұрмаланған түрде көрінеді. Нәліктен бұлай болатынын алдағы зерттеулердің нәтижесінде білетін боламыз. Өндірістің бұл өкілдеріне капитал, жер меншігі және еңбек жыл сайын өндірілетін құнның, демек, оны бейнелейтін өнімнің әр түрлі құрамдағы үш бөлігі шығатын, содан соң өндірістің қоғамдық процесінің жеке факторларына байланысты құнның түрлі формалары ғана емес, құнның өзі, сондай-ақ табыстың осы формаларының субстанциясы шығатын бір-бірінен тәуелсіз, әр түрлі үш көз болып көрінеді.

{Осы арада қолжазбаның *in folio*\* табағы жоқ.}

... Дифференциалды рента жердің біршама құнарлылығымен байланысты, демек, топырақтың өзіне ғана тән қасиеттері мен байланысты. Бірақ ол, жоғарыда айтылған пайымдауға сәйкес, біріншіден, әр түрлі категориядағы жер өнімдерінің жеке-дара құнының түрлі-түрлі болуына сүйенеді, екіншіден, осы жеке-дара құннан өзгеше жалпы рынок құнының баға қалыптастыруына сүйенеді, демек, ол бәсеке арқылы жүзеге асатын қоғамдық заң болып шығады, оның жерге де, жердің құнарлылығының әр түрлі дәрежесіне де қатысы жоқ.

\* баспа табақтың 1/2 форматында. Ред.

«Еңбек — жалақы» деген формулада кем дегенде рационалды қатынас ыспатталғандай болып көрінуі ықтимал. Бірақ, «Жер — жер рентасы» деген формуладағыдай, мұнда да ештеңе жоқ. Еңбек құнды бейнелеп, товардың құны болып көрінетіндіктен, оның бұл құнды әр түрлі категориялар арасында бөлуге ешбір қатысы жоқ. Бірақ та жалдамалы еңбектің өзіне тәп қоғамдық сипаты болғандықтан, ол құн ретінде бейнеленбейді. Жалақы немесе еңбек бағасы жұмыс күшінің құнын немесе бағасын иррационалды бейнелеу ғана екені жалпы алғанда жоғарыда баяндалды; бұл жұмыс күші сатылатын белгілі бір қоғамдық жағдайлардың өндірістің жалпы факторы есебіндегі еңбекке ешқандай қатынасы жоқ. Еңбек жұмыс күшінің бағасын бейнелейтін жалақы түрінде товар құнының құрамды бөлігі ретінде де затқа айналады, өнімнің осы бөлігін, сондай-ақ басқа да бөліктерін еңбек ешбір айырмасыз жасайды, бірақ ол осы бөлікте де, сондай-ақ рента мен пайданы бейнелейтін бөліктерде де артық-кемі жоқ, айырмасы жоқ мөлшерде затқа айналады. Жалпы алғанда, еңбек құн жасаушы ретінде бағаланғандықтан, біз еңбекті өндірістің шарты есебінде нақты алып қарамаймыз, оны қоғамдық бейнеленуі тұрғысынан ғана аламыз, ал бұл болса жалдамалы еңбектің қоғамдық бейнелеуінен өзгеше.

Тіпті «капитал — пайда» деген сөздердің өзі теріс нәрсе. Егер капитал оның қосымша құн өндіретін бір ғана қырынан, атап айтқанда, жұмыс күшін, яғни жалдамалы жұмысшыны зорлау жолымен жұмысшыдан қосымша еңбекті сығып алуы тұрғысынан алынатын болса, бұл қосымша құнда пайданың (кәсіпкер табысы және процент) сыртында рента, бір сөзбен айтқанда, әлі бөліске түспеген, тұтас қосымша құн бар болып шығады. Бұл арада табыс көзі ретінде капиталдың тек капиталиске тиісті бөлікке ғана қатысы бар. Бұл бөлік капиталдан түсетін жалпы қосымша құн емес, ал қосымша құнның капиталиске тиісті бөлігі ғана. Егер бұл формула «капитал — процент» болып өзгертілсе, онда барлық байланыстың жойылғаны.

Егер біз алғашта табыстың үш көзінің айырмашылығын алып қараған болсақ, енді олардың өнімдері, олардың туындылары, табыстары, бұлардың бәрі де бір сфераға, сол бір құн сферасына жататынын көріп отырмыз. Бірақ та, жер мен еңбек сияқты, капитал шынына келгенде жай заттық субстанция күйінде алынады (бұл салыстыруға келмейтін өлшемдер арасындағы қатынастар ғана емес, тіпті арасы мүлде алшақ, бірі-біріне ешбір қатысы жоқ және салыстыруға мүлде келмейтін заттар арасындағы қатынастар), демек, ол өндіріс құралдарын өндіру ғана болып қала береді, сөйтіп осыдан бастап

жұмысшыға және құнға жасалатын қатынас абстракция заңына жатқызылады; бұл арқылы әлгі айырмашылық түзеліп кетеді.

Үшіншіден, дәл осы мағынада «капитал — процент (пайда), жер — рента, еңбек — жалақы» деген формула өз бөліктері мүлде үйлесімсіз симметрия болып шығады. Егер жалдамалы еңбек шын мәнісінде еңбектің қоғамдық белгілі формасы түрінде танылмайтын болса, бірақ, өзінің жаратылысы жөнінен еңбектің қайсысы болсын, жалдамалы еңбек болып саналатын болса (капиталистік өндірістің қатынастарға шырмалғандар істің мәнісін осылай түсінеді), онда еңбектің зат жағдайына жататын белгілі, дәйекті қоғамдық формалары — өндірілген өндіріс құрал-жабдықтары және жер — жалдамалы еңбекке қатынасын алып қарағанда (керісінше алғанда бұлар да өз тарапынан жалдамалы еңбекті қажет етеді) әрқайсысының нақты, тарихи белгілі қоғамдық формасынан және қоғамдық форманың қай-қайсысынан болсын тәуелсіз болады да, еңбектің осы жағдайларының зат болмысына және бұлардың шынайы еңбек процесіндегі көрінісіне толық үйлеседі. Еңбектен шалғай алынғандықтан одан тәуелсіз болып көрінген, сөйтіп еңбек жағдайына айналдырылған формада өндірілген өндіріс құрал-жабдықтары капиталға, ал жер монополияланған жерге, жер меншігіне айналады, белгілі тарихи кезеңге жататын бұл форма сондықтан жалпы өндіріс процесіндегі өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарына және жерге үйлесе кетеді. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары өзінен-өзі, жаратылысынан капитал болып шығады, капитал дегеніміз осы өндіріс құрал-жабдықтарының жай «экономикалық атауы» ғана болады, жер де, өзінен-өзі, жаратылысынан жер иеленушілердің белгілі бір тобы өз монополиясына алған жер болып шығады. Капитал мен капиталист тұсында, — ал бұл шын мәнісінде жеке-дара меншіктегі капиталдан басқа түк те емес — өнімнің оны өндірушілерден тәуелсіз күшке айналатыны сияқты, жер иеленушінің қолында жеке-дара меншікке айналған жер де тәуелсіз күш болып алған соң, өндірілген өнімнен өзінің көмегіне лайық үлес берілуін талап етіп, бұлқына тулайды, сөйтіп жер иемденуші өнімнің тиісті үлесін алады да, оны жердің құнарлылығын жақсартып, оның өнімділігін арттыруға жұмсаудың орнына ысырап етіп, шашыптөгеді. Капитал тұсында еңбектің бәрі жалдамалы еңбек болатыны түсінікті. Егер еңбек атаулының бәрі жалдамалы еңбек екені өзінен өзі түсінікті нәрсе болса, демек, еңбекті жалпы жалдамалы еңбек деп қарасақ, онда капитал мен монополияланған жердің жалпы еңбекке қатынасын еңбектің табиғи жағдайы деп білуіміз де өзінен өзі түсінікті. Капитал енді

еңбек құралдарының табиғи формасы болып көрінеді, сондықтан капитал олардың жалпы еңбек процесіндегі функциясынан пайда болатын нақты зат қалпында танылады. Сонымен, капитал мен өндірілген өндіріс құрал-жабдықтары бір-бірімен ұқсас ұғымдар болады. Сондай-ақ жалпы жер мен жеке меншік монополиясына айналған жер де осындай сипат алады. Сондықтан еңбек құралдары, жаратылысынан капитал болып табылатын еңбек құралдары пайда табудың көзіне айналады, ал жер атаулы рентаның көзіне айналады.

Еңбек қарапайым мағынасында алғанда пайдалы өндіріс қызмет екені белгілі. Оның өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасы қоғамдық белгілі формаға қатынас тұрғысында емес, зат субстанциясы — еңбек материалы мен құралы түріндегі өндіріс құралдарына қатынасы ретінде алынады. Еңбек материалы мен құралдары бір-бірінен тұтыну құнының заттай белгісі ретінде ғана ажыратылады: Жер — өндірілмеген еңбек құралы, басқасы өндірілген еңбек құралдары. Демек, егер еңбек жалдамалы еңбекпен сәйкес келсе, белгілі қоғамдық формадағы еңбек жағдайлары енді еңбекке қарама-қарсы қойылады да, содан соң барып еңбек жағдайлары оның заттай болмысына сәйкестендіріледі. Бұл ретте еңбек құралдары шын мәнісінде капитал болса, жер дегеніміз жер меншігі болып табылады. Демек, еңбекке қатынасы жөнінен бұл еңбек жағдайларының формальді түрдегі дербестігі, жалдамалы еңбекке қатынасы жөнінен бұл дербестіктің ерекше формаға ұласуы оны заттан да, сондай-ақ өндірістің материалдық жағдайынан да бөліп алуға болмайтын, оларға тән қажетті сипат, өндіріс элементтеріне сіңген қасиет. Олардың капиталистік өндіріс процесіндегі белгілі тарихи дәуірге сәйкес қоғамдық сипаты, заттық табиғи, дәлірек айтқанда, өндіріс процесіндегі осы элементтерге туа біткен сипат болып табылады. Осыған орай жердің еңбек қолданылатын тұңғыш алаң ретіндегі, табиғат күшінің патшалығы ретіндегі, еңбек құралының бәрінің дайын қазынасы ретіндегі қатысу роліне сәйкес және өндірілген өндіріс құралдарының (құрал-жабдықтар, шикізаттар, т. с.) жалпы өндіріс процесіндегі қатысу роліне сәйкес оларға капитал мен жер иемденушіге, басқаша айтқанда олардың әлеуметтік өкілдеріне пайда (процент) мен рента формасында тиісті болатын лайықты үлес жұмысшы еңбегінің өндіріс процесіне қатысу ролі жалақыда бейнеленгеніндей дәлме-дәл көрінеді. Сонымен, рента, пайда, жалақы қарапайым еңбек процесінде жер, өндірілген өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек атқарған рольге сәйкес туған сияқты болып көрінеді. Тіпті, егер біз еңбектің бұл процесін адам мен табиғат арасындағы жай процесс деп қарасақ та, қандай да

болсын бір белгілі тарихи жағдаймен ешбір байланыстырмай алып қарасақ та, осылай көрінеді. Бұл, басқаша айтқанда, жалдамалы жұмысшының тікелей өзіне жұмсаған еңбегі оның өз табысы, өз пайдасы, демек, жалақы дейтін, оны бейнелейтін өнім дейтін дәл осы, демек, ол құнның (сондықтан да осы құнмен өлшенетін қоғамдық өнімнің) жұмысшы жалақысын белгілейтін бөлігі болып табылады. Олай болса, жалдамалы еңбек жалпы еңбекке сәйкес келсе, жалақы еңбек өнімімен сәйкес болғаны, құнның жалақыда бейнсленген бөлігі жалпы еңбек тудырған құнмен сәйкес болғаны. Бірақ осының арқасында құнның басқа бөліктері, пайда мен рента, жалақыға әрқайсысы өз алдына қарама қарсы қойылады және олар еңбектен өзге және тәуелсіз өзіндік жағдайдан, басқаша айтқанда, өндіріске қатысы бар өзге элементтерден туады да, сол элементтерді иеленушілерге, айталық, өндіріс құралдарынан, капиталдың заттай элементтерінен туған пайда капиталиске, ал рента жер иемденушіге тиісті болады (Рошер <sup>228</sup>).

Сондықтан капиталдың еңбектен алатын қосымша құнының бір бөлігін пайда формасында капиталиске бағыштайтын, оның тағы бір бөлігін жерді монополиялау арқылы рента формасында жер иемденушіге бағыштайтын, құнның қалған бөлігін жалақы формасында жұмысшыға әперетін табыстың көзі мағынасынан құнның бір бөлігі пайда формасына, екінші бөлігі рента формасына және үшінші бөлігі жалақы формасына айналғанда, яғни жер меншігі, капитал және жалдамалы еңбек құнның дәл осы бөліктері және өнімнің тиісті бөліктері жасалатын шын мәнісіндегі қор болып шығады, дәл осы қорлар құнның бөліктерін шын бейнелейді және соған айырбастап алуға келеді немесе, ұзын сөздің қысқасы осы қорлардың өзінен өнімнің құны жасалып шығады<sup>50</sup>).

Капиталистік өндіріс тәсілінің ең қарапайым категорияларын, тіпті товарлы өндірісті, товар мен ақшаны алып қарағанда да, қоғамдық қатынастардың сиқырлы сипатын атап көрсеттік. Қоғамдық қатынастардың сиқырлы сипаты себепті өндіріс тұсында байлықтың заттай элементтерінің, заттың (товардың) өңі айналдырылады және оның үстіне өндірістік қатынастардың дәл өзін затқа (ақшаға) айналдырып көрсетеді. Товарлы өндіріс пен ақша айналысы тұсында барлық қоғамдық формалар дәл осындай өңін айналдыруға душар болады. Бірақ капиталистік өндіріс тәсілі тұсында және оның үстем категориясын құрайтын капитал тұсында дәл осы шыр-

<sup>50</sup>) «Жалақы, пайда және рента қандай да болмасын табыстың алғашқы үш көзі, басқаша айтқанда, қандай да болмасын айырбас құнының да үш көзі» (А. Смит)<sup>229</sup>.

«Сонымен, материалдық өндірістің себептері барлық дүниедегі алғашқы табыстардың көзін анық көрсетеді». (*Storch* I., Cours d' Economie Politique etc., St.-Petersbourg, 1815], t. 1, p. 269).

ғалаң сиқырлы және өңі айналдырылған дүние өлшеусіз өркендейді. Егер капиталды ең алдымен тікелей өндіріс процесінде, — қосымша еңбекті сығып алатын күш ретінде қарайтын болсақ, — бұл қатынасты оп-оңай түсінуге болады, процесті атқарушылар шынайы байланысты тура сезеді, анық аңғарады. Мұның өзі жұмыс күнінің шегі жөніндегі табанды күрестен-ақ айқын сезіледі. Бірақ дәл осы тікелей сфераның өзінде — еңбек пен капитал арасындағы тікелей процесс сферасының өзіпде — бәрі қарапайым, оп-оңай көріне қоймайды. Еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерін дамытатын өзіндік өзгешелігі бар капиталистік өндіріс тәсілі тұсында отностельді қосымша құнының көбеюіне сәйкес, бұл өндіргіш күштер мен еңбектің қоғамдық байланыстары тікелей еңбек процесінде еңбектен капиталға көшірілген болып көрінеді. Осының арқасында капитал керемет құпия дүние сезіледі, себебі еңбектің барлық қоғамдық өндіргіш күштері кәдімгі сол еңбекке тиісті емес, капиталға тиісті, соның өз қойнауынан шыққан болып көрінеді. Содан соң айналыс процесі араласады, оның зат айырбасына және формасының өзгеруіне капиталдың барлық бөліктері қатысады, өзіндік ерекшелігі бар капиталистік өндіріс тәсілінің дамуына қарай тіпті жер меншігі капиталы да қатысады. Бұл сферада алғашқы күн өндірісінің қатынастары түп-түгел бүркемеленіп қалады. Тікелей өндіріс процесінің үстінде-ақ капиталист товар өндіруші, товар өндірісінің жетекшісі ретінде екі рольде көрінеді. Сондықтан өндірістің бұл процесі оған қосымша күн өндірісі болып есте елестемейді. Бірақ капитал тікелей өндіріс процесінде сығып алып, товарға айналдырған қосымша күн мейлі қандай болсын, бәрі бір, айналыс процесінсіз, товарға айналған күн мен қосымша құнды сатып үлгіртпейінше, өндіріс құбылысы білінбейді. Істің мәнісі мынада: өндіріске аванспен жұмсалған құндардың орнын толтыратын күн және, әсіресе, товарға сінірілген қосымша күн айналыста жай көрініп қана қоймайды, содан туған болып көрінеді; бұл елесті шындай ғып көрсететін екі жағдай бар: біріншіден, товарды сатқандағы пайда айла-шарғыға, ептілікке, іскерлікке, тапқырлыққа және рыноктың мыңдаған қулық-сұмдығына да байланысты; екіншіден, жұмыс уақытымен қатар айналыс уақыты да роль атқарады, себебі ол елеулі элементтің біріне жатады. Айналыс уақыты күн мен қосымша құнның құралуына кері әсерін тигізетін болса да, сырт қарағанда ол да күн мен қосымша құнды қалыптастыруға дәл еңбектің өзіндегі игі әсер ететіндей болып көрінеді де капиталдың табиғатына байланысты қасиетті тура өзі, еңбектен тәуелсіз, жасайтындай болады. «Капиталдың» II кітабына бұл айналыс сферасын оның өзі ту-

ғызатын формаларға қатынасы жөнінен көрсетуімізге тура келгені табиғи нәрсе. Сол жолы біз осы сферада капитал формаларының одан әрі дамуын да баяндадық. Бірақ шын мәнісінде бұл сфера бәсеке сферасы, мұндағы әрбір оқиғаны жеке алып қараса, кездейсоқ оқиға үстемдік жасайтын болып көрінеді, дегенмен оның ішкі заңы бар, ол заң кездейсоқ оқиғалар арқылы білінеді және соларды реттеп, бір ізге салады, бұл заң көп оқиғаларды қамтығанда ғана көзге ілінеді, сондықтан кейде бұл заң өндіріс өкілдерінің қайсыбіріне сезілмей, құпия күйінде қала береді, сол себепті олар оны түсінбейді де. Одан әрі тікелей өндіріс процесі мен айналыс процесінің тұтастығын бейнелейтін шынайы өндіріс процесі жаңа формаларды туғыза береді, олардың ішкі байланысы барған сайын жойылып, өндіріс қатынастарының әрқайсысы өз алдына дербес өмір сүреді, ал құнның құрамды бөліктері өз алдына дербестік алып, әбден оқшауланады.

Қосымша құнның пайдаға айналуына айналыс процесінің де, сондай-ақ өндіріс процесінің де қатысы бар екенін жоғарыда байқадық. Капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігінен туса да, пайда формасындағы қосымша құн енді оған емес, ол бүкіл капиталға қатысты болып көрінеді. Пайда нормасының өз заңы бар, бұл заңға сәйкес пайда нормасы өзгеруі мүмкін және өзгереді де, бірақ одан қосымша құн нормасы өзгермейді. Мұның бәрі қосымша құнның шын табиғатын, демек, капиталдың шынайы механизмін де барған сайын бүркемелей береді. Пайданың орташа пайдаға және құндардың өндіріс бағаларына, рыноктың орташа бағаларын белгілейтін өндіріс бағаларына айналуы бұл құпияны одан сайын бүркемелей түседі. Бұл арада аса күрделі қоғамдық процесс — капиталдарды теңестіру процесі басталады, демек, товарлардың относителді орташа бағаларын олардың құнынан алшақтату басталады, сайып келгенде, өндірістің әр түрлі сферасындағы орта пайданы (жеке өндіріс сферасындағы капиталдың әрқайсысының тікелей шығынын былай қойғанда) жеке капиталдың еңбекті шын мәнісінде қанауынан алшақтату басталады. Бұл құр елес емес, шындық жағдай: товарлардың орта бағасы шынында да олардың құнынан өзгеше, демек, товарға жұмсалып, сатуға түскен еңбектен өзгеше, жеке-дара капиталдың орта пайдасы осы капитал өзі пайдаланған жұмысшылардан сығып алынған қосымша құннан өзгеше. Еңбектің өндіргіш күштерінің өзгерістері, өндіріс бағаларының түпкі шегіне әсер етпегенмен, оларды кемітуге немесе арттыруға, олардың қозғалысына ықпал жасайды, товардың құны тікелей осы ықпал дәрежесінде білінеді. Еңбекті қанау белгілі рынок бағалары бар жағдайда капиталиске орта пайдадан ауытқитын пайданы

сатуға мүмкіндік беруіне байланысты, бұл рынок бағалары дәл осы қанаудан тәуелсіз болып көрінеді де, еңбекті қанаудың пайданы белгілеуге қатысы шамалы ғана сияқты болып елестейді. Ал орта пайданың қалыпты нормасын алатын болсақ, капиталға имманентті, қанаудан тәуелсіз сияқты көрінеді, шектен тыс қанау, сондай-ақ аса тиімді жағдайда орта мөлшерде қанау орта пайданың өзін туғызбайды, небәрі сол орта пайдадан ауытқуды ғана көрсетеді. Пайданың кәсіпкердің табысына және процентке бөлінуі (айналысқа негізделген сауда және ақша-сауда пайдасының, өндіріс процесінен емес, түп-түгел айналыс процесінен туған болып елестейтін пайданың араласа кетуін былай қойғанда) қосымша құн формасының оқшауланып болғанын, оның семіп қалғанын, яғни мәнінен мүлде қол үзгенін дәлелдейді. Пайданың бір бөлігі капиталистік қарым-қатынастан мүлде бөлініп алынады да, оның бөлігіне қарама-қарсы, жалдамалы еңбекті қанау арқылы емес, ал капиталистің өзінің жалдамалы еңбегінен туған болып елестейді. Мұның керісінше, процент жұмысшының жалдамалы еңбегінен және капиталистің өз еңбегінен тәуелсіз туған болып, капиталдың тура өзінен жаралған болып көрінеді. Демек, проценттің көзі, қоры тәуелсіз сияқты елестейді. Егер алғашында, айналыс тұсында капитал сиқыр, капитал-фетиш болып көрінсе, құн туғызатын құн болып көрінсе, енді процент туғызатын капитал ретінде мүлде оқшауланып, мейлінше өзгеше түрде елестейді. Сондықтан: «капитал — процент» формуласы «жер — рента» және «еңбек — жалақы» формулаларының үшінші буыны есебінде «капитал — пайда» формуласынан анағұрлым дәйекті, өйткені пайдада оның шығу тегі жайындағы елес қатарласа жүреді, ал процентте мұндай елес қалмақ түгіл, оның тегіне қарама-қарсы форма көзге шалынады.

Ақырында, қосымша құнның дербес көзі ретіндегі капиталмен қатар жер меншігі де бой көрсетеді; ол орта пайданың шегі және қосымша құнның бір бөлігін өзі жұмыс істемейтін, жұмысшыларды тікелей өзі қанамайтын және процент әперетін капиталдың үлгісімен, мысалы, капиталды несиеге бергендегі тәуекелге бел байлап, құрбандыққа бас тігу секілді пиғылға бармайтын тапқа беретін фактор ретінде бой көрсетеді. Қосымша құнның бөлігі, қоғамдық қатынастармен емес, қайта табиғатпен, жермен тікелей байланысты көрінгендіктен, қосымша құнның әр түрлі бөліктерінің бір-бірінен оқшауланып, семіп қалуы осымен тәмамдалады, олардың ішкі байланысы біржола үзіледі және олардың көзі өндіріс қатынастарының бұл байланыстар өндіріс процесінің әр түрлі зат-



тай элементтерімен шырмаланатын өзара ерекше байланыстарымен мүлде бүркемеленеді.

«Капитал — пайда» формуласында, анықтап айтқанда, «капитал — процент, жер — жер рентасы, еңбек — жалақы» формуласында, құнның құрамды бөліктерінің және барлық көздерімен қоса байлық атаулының байланысы бейнелейтін экономикалық үш буынның тұтастығында капиталистік өндіріс тәсілінің сиқыры, қоғамдық қатынастардың затқа айналуы, өндірістің заттық қатынастарының өзінің тарихи-қоғамдық белгілерімен тікелей қабысуы толық аяқталған болып шығады: мұның өзі дүние тану мүлдем бүрмаланып, бәрі теріс айналдырылған түсініксіз бірдене, мұнда *monsieur le Capital\** мен *madame la Terre\*\** әлеуметтік характер, сондай-ақ қарапайым зат ретінде опыр-топырға барынша басады. Классикалық саяси экономияның сіңірген ұлы еңбегі мынада: ол процентті пайданың бір бөлігіне, ал рентаны орта пайданың үстемесіне жатқызды, сонымен бұл екеуі қосымша құнда бірігіп жатыр; айналыс процесін формалардың жай өзгеруі ғана екенін дәлелдеді және, ақтығында, товардың құны мен қосымша құнын тікелей өндіріс процесіндегі еңбекке әкеліп тіреді, сөйтіп, ол байлықтың әр түрлі қоғамдық элементтерінің бір-бірінен оқшауланып, семіп қалуының, заттың құдіретіне табынудың және өндіріс қатынастарының затқа айналу, күнделікті өмірдің дін шылауына малыну сияқты сыртқа тепкен жалған көрінісін және бос үмітті құл-талқан қылды. Бірақ, классикалық саяси экономияның ең таңдаулы деген өкілдерінің өзі де олардың өздері сынап, құл-талқан қылған жалған дүниеге, кейде азды-көпті дәйексіздікке, бұлтақтауға және шешілмес қайшылыққа ұрынады, өйткені буржуазиялық көзқарастағы адамдар бұдан арыла алмақ емес. Екінші жағынан, өндірістің шын агенттері болса, капитал — процент, жер — рента, еңбек — жалақы деген оқшау жатқан иррационалдық формалар ортасында мейлінше емін-еркін сезінер еді, себебі олар осы жалған формалар арасында ұдайы өмір сүріп, сырт көрініске босқа алданып жүруі табиғи нәрсе. Тұрпайы саяси экономия өндірістің шынайы агенттерінің қарапайым түсінігін соншама дәріптеп, жаттанды уағыздап жүрсе, сөйтіп, бұл түсініктерді тек белгілі дәрежеде реттеп қана жүрсе, демек, үш буынды біртұтас нәрсенің ішкі байланыстары бытыраған шақта, одан өзінің босқа масайрауының табиғи және ешбір күдіксіз негізін тауып жүрсе, бұл да өзінен өзі түсінікті. Сонымен бірге бұл формула үстем таптың мүддесіне толық сәйкес келеді, өйткені ол осы таптың табыс-

\* — капитал мырза. *Ред.*

\*\* — жер бәйбіше. *Ред.*

тарын табиғи қажеттілік деп жариялап, мәңгі-бақи жақтайды және қорғайды.

Өндірістік қатынастар затқа айналып, өндіріс агенттерінен тәуелсіздікті қалай алғанын баяндағанда, біз дүниежүзілік рынок, оның конъюктурасы, рынок бағаларының өзгеруі, кредит, өнеркәсіп пен сауда циклдері, өркендеу және құлдырау сатыларының алмасуы арқасында бұл өзара байланыстардың өндіріс өкілдеріне қайдағы бір жеңуге болмайтын дүлей күш, табиғаттың заңы болып қалай көрінетінін ашып айтып жатпаймыз. Мұны ашып көрсетпеудің мынадай себебі бар: бәсекенің шын қозғалысы біздің жоспарымызға кірмейді және де біздің мақсатымыз капиталистік өндіріс тәсілінің ішкі байланысын, былайша айтқанда, оның орташа үлгі нұсқасында көрсету ғана болды.

Бұрынғы қоғамдық формалар тұсында бұл экономикалық сиқырлар көбінесе ақшаға және процент өндіретін капиталға байланысты. Біріншіден, тікелей өздері пайдаланатын тұтыну құны ретінде өндірісі бар қоғамда; екіншіден, көне дәуірдегі және орта ғасырдағы сияқты, құлдық пен крепостниктік қоғамдық өндірістің негізін кең қамтыған тұста өндірісшілерге өндіріс жағдайының үстемдік етуі өндіріс процесінің тікелей қозғаушы күші болып танылатын және көрінетін үстемдік пен құлдану қатынастарының бүркеуінде қалады. Жабайы коммунизм үстемдік құрған алғашқы қауымдарда, тіпті көне заманғы қалалар қауымында да, жағдайларымен қоса алынған қауымның өзі өндіріс базисінің ролін атқарады, ал қауымды ұдайы өндіру — өндірістің түпкі мақсаты. Орта ғасыр цехтарының өзінде де капитал мен еңбек бір-бірімен байланыссыз емес, олардың қарым-қатынасы корпорациялық құрылыспен белгіленеді, демек, кәсіби борыш, шеберлік дәрежесі және т. с. туралы ұғымдар корпорация кезеңіне тән қатынастардан туады. Тек капиталистік өндіріс тәсілі тұсында ғана...\*

---

\* Колжазба осы арада үзіледі. Ред.

## ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**ӨНДІРІС ПРОЦЕСІН ТАЛДАУ ЖАЙЫНДА**

Алдағы зерттеу үстінде өндіріс бағасы мен құн арасындағы айырмашылықты елемесе де болады, мына жолғыдай, егер еңбектің жылдық жиынтық өнімінің құнын, басқаша айтқанда, жиынтық қоғамдық капиталдың өнімін алып қарасақ, жалпы бұл айырмашылық жоғалып та кетеді.

Пайда (кәсіпкердің табысы және процент) мен рента товарлардың қосымша құнының жеке бөліктеріне тән формалар ғана, өзге түк те емес. Қосымша құнның мөлшері дегеніміз оның бөліктері қанша болса, солардың бәрінің жалпы мөлшерінің шегі болып табылады. Сондықтан орта пайда мен рента қосымша құнға тең болады. Товарға жұмсалған қосымша еңбектің, демек, қосымша құнның да бір бөлігі орта пайданы теңестіруге тура қатыспауы ықтимал, олай болса товардың құнының бір бөлігі тиісті товардың бағасында жалпы бейнеленбейді де. Бірақ, біріншіден, оның орны толады: өзінің құнынан төмен бағаға сатылған товар тұрақты капиталдың элементін құраса, пайда нормасының өсетіндігімен, болмаса өзінің құнынан төмен бағаға сатылған товар жеке тұтыну бұйымы ретінде құнның табыс есепті тұтынылатын бөлігіне жатқызылса пайда мен рента үлкен өнімді бейнелейтіндігімен орны толады. Ал, екіншіден, бағаның құннан бұлай алшақтауы орташа алғанда бірін бірі жойып жатады. Дегенмен, егер тіпті қосымша құнның бір бөлігі товардың бағасында бейнеленбеген, сөйтіп баға қалыптастыруға қатыспаған құнның өзінде де, орта пайданың сомасы мен қалыпты нормасындағы рента бүкіл қосымша құннан кем болуы мүмкін, бірақ ешуақытта артық болмайды. Қосымша құнның қалыпты формасы жұмыс күшінің құнына сәйкес жалақы болуын талап етеді. Тіпті монополиялық рентаның өзі де жалақыдан ұстап қалатын нәрсе емес, сондықтан ол ерекше категория да құрамайды, дегенмен, жанамаалап үнемі қосымша құнның бір бөлігі болады; егер ол (дифференциалдық рента тұсындағы-

дай) өзі құрамына кіретін бір товардың өндіріс бағасымен салыстырғанда бағаның артық бөлігі болмаса да, немесе өзі құрамына кіретін товардың (абсолютті рентаның тұсындағыдай) орта пайдамен өлшенетін оның өзінің қосымша құнының бір бөлегімен салыстырғанда артық бөлігі болмаса да, ол басқа товарлардың, яғни монополиялық бағасы бар товарға айырбасталатын товарлардың қосымша құнының бір бөлігін құрайды.— Орта пайданың сомасы мен жер рентасы осы пайда мен рентаның осы ажыратуға дейін берілген тұтас алғандағы мөлшерінен артық болуы мүмкін емес. Сондықтан біздің зерттеуіміз үшін товарлардың бағасында бейнеленген товарлардың қосымша құны, басқаша айтқанда, товарларға жұмсалған қосымша еңбек түгел сатылды ма, жоқ па, бұл бәрі бір. Белгілі бір товарды өндіруге керекті қоғамдық қажетті еңбектің мөлшері ұдайы өзгеріп тұруы, еңбектің өндіргіш күші ұдайы өзгеріп отыруы себепті товарлардың бір бөлігі қолайсыз жағдайда өндіріледі, сондықтан оны өзінің жекедара құнынан төмен сатуға тура келеді. Қалай дегенмен де, пайда мен рента бүкіл өткізілген қосымша құнға (қосымша еңбекке) тең. Әңгіме болып отырған осы зерттеуде өткізілген қосымша құнды бүкіл қосымша құнға тең деп есептеуге болады. Өйткені пайда мен рента өткізілген қосымша құн, яғни товарлардың бағасына енгізілген қосымша құн, демек, іс жүзінде осы бағаның құрамды бөлігін құрайтын бүкіл қосымша құн болып табылады.

Екінші жағынан, табыстың ерекше үшінші формасын құрайтын жалақы капиталдың өзгермелі құрамды бөлігіне әрдайым тең келеді, яғни еңбек құралдарын сатып алуға жұмсалған бөлігіне емес, ал тірі жұмыс күшін сатып алуға, жұмысшыға ақы төлеуге жұмсалатын ауыспалы құрамды бөлігіне тең келеді. (Табысты жұмсағанда еңбектің ақысы жалақыға бөлінген қаржыдан төленсе, пайда немесе рента есебінен төленсе, ақыға берілген товар құнының бөлігін қамтымайды. Демек, товарлардың құнын және құнның бөліктерін талдағанда оған назар аударылмайды). Өзгермелі капиталдың құны, демек, еңбек нарқы жұмысшылардың жұмыс күнінің затқа айналған бөлігі көлемінде, жұмысшының өзінің жұмыс күшінің немесе еңбек нарқының мөлшерінде, яғни товар құнының осыларды қамтитын бөлігінде қайта өндіріледі. Жұмысшының бүкіл жұмыс күні екіге бөлінеді. Жұмыс күнінің бір бөлігін жұмысшы өзінің тіршілігіне қажетті құралдарды қайта өндіруге жұмсайды, бұл жұмысшы еңбегінің ақшасы төленген, басқаша айтқанда, оның өзінің сақталып қана қоймай, қайта өндірілуіне қажетті бөлік. Жұмыс күнінің қалған бөлігі, жалақы құнын өтеуге істелген еңбектен тыс еңбек

қосымша еңбек, ақысы төленбеген тегін еңбек болады, ол бүкіл товар өнімінің қосымша құнында (сондықтан да товардың артық көлемінде) бейнеленеді, ал бұл қосымша құн пайда (кәсіпкердің табысы және процент) мен рентаға бөлінеді.

Сонымен, жұмысшылардың бір күн немесе бір жыл ішіндегі барлық еңбегінің нәтижесі болып табылатын жылдық жиынтық өнімнің құны товарлар құнының жиынтық бөлігінің жалақы, пайда және рента құнына бөлінеді. Бұл еңбектің бәрі қажетті еңбек және өтелмеген қосымша еңбек болып екіге жарылады. Қажетті еңбек жұмысшының өзіне төлеуге жұмсалатын өнім құнының бөлігін жасауға, яғни жалақыға кетеді. Өтелмеген қосымша еңбек өнім құнының қосымша құнды бейнелейтін бөлігін жасауға жұмсалады және кейіннен пайда мен рентаға бөлінеді. Жұмысшының барлық еңбегі осымен бітеді, ол басқа ешқандай еңбекпен айналыспайды, жалақы, пайда, рента формасындағы өнім құнынан басқа ешқандай құн жасамайды. Жылдық өнімнің құны жыл бойы жұмсалған еңбекті білдіреді, ол жалақыға тең, немесе ауыспалы капиталдың құнына және қосымша құнға тең, ал қосымша құн пайда мен рента формаларына бөлінеді.

Сонымен, жылдық өнімнің жиынтық құнының жұмысшы жыл бойы жасайтын бөлігі табыстың үш түрлі құнының: жалақы, пайда және рента құнының жылдық сомасын бейнелейді. Сондықтан да жыл ішінде жасалған өнімнің құнында капиталдың тұрақты бөлігінің құны жасалмайды, өйткені жалақы капиталдың өндіріске авансыланған өзгермелі бөлігінің құнына ғана тең, ал рента мен пайда қосымша құнға, авансыланған капиталдың бүкіл құнынан, яғни тұрақты капиталдың және өзгермелі капиталдың құнынан артық өндірілген құнға ғана тең.

Талдау үстінде кездесетін қиыншылыққа қарағанда, қосымша құн бөлігінің пайда мен рента формасына айналуы, табыс ретінде пайдаланылмай, қорлануға жұмсалатыны ешбір алаңдатпайтын жағдай. Қосымша құнның қорлану фондына арнап сақталған бөлігі жаңа, қосымша капитал жасауға жұмсалады. Ол ескі капиталдың жұмыс күшіне жұмсалған құрамды бөлігін де, еңбек құралдарына жұмсалған құрамды бөлігін де өтеуге жұмсалмайды. Демек, мәселені оңай түсіну үшін табыс түгелдей жеке бастың тұтынуына жұмсалды дегенге болады. Бірақ, бұл екі түрлі қиыншылық туғызады. Біріншіден, бұл табыстар жалақы, пайда, рента күйінде тұтынылады, демек, жылдық өнім құнын, яғни капиталдың тұрақты өнімінің оған сіңірілген құнын бейнелейді. Оған жалақыға жататын құннан тыс, пайда мен рентаға жататын бөліктен тыс капиталдың тұрақты өнімінің бөлігі кіреді. Демек, жыл-

дық өнімнің құны = жалақыға + пайдаға + рентаға +  $C$ -ке тең, мұның өзінде  $C$  жылдық өнімнің тұрақты бөлігін бейнелейді. Бар болғаны жалақыға + пайдаға + рентаға ғана тең жыл бойы жасалған құн жалпы құны = (жалақы + пайда + рента) +  $C$ -ке тең өнімді қалайша сатып алады? Бір жылда өндірілген құн өзінен құны қымбат өнімді қалайша сатып алмақ?

Екіншіден, егер тұрақты капиталдың өнімге кірмей қалған, яғни оның тұтынылмаған бөлігін былай қоя тұрсақ, содан сәл уақытқа абстракция жасасақ, тұрақты капиталдың бұл бөлігі сондықтан да азайған құн есебінде товарлардың жылдық өнімі шығарылғаннан кейін де өмір сүретінін көреміз, ал оның бер жағында авансыланған капиталдың тұрақты бөлігі шикізат және қосалқы материал формасында жаңа өнімге түгел жұмсалады, ал басқа бөлігі жанамалап, басқаша айтқанда, сыналап енгізіледі. Тұрақты капиталдың өндіріске жұмсалған бұл бөлігі *in patua*\* қалпында қайтарылуы керек. Егер барлық басқа жағдай, әсіресе, еңбектің өндіргіш күші өзгерген жоқ деп алатын болсақ, онда оны қайтару үшін дәл сондай мөлшерде еңбек қажет болады, басқаша айтқанда, оның орны дәл сондай құнмен өтелуі керек. Олай болмаған жағдайда, ұдайы өндіріс бұрынғы көлемде жүргізілмек емес. Сонда бұл жұмысты кім атқаруға тиіс және оны кім атқарып жүр?

Егер өнімге сіңірілген құнның тұрақты бөлігін кім төлеуге тиіс және немен төлеуге тиіс деген бірінші қиыншылыққа келетін болсақ, өндірісте тұтынылған тұрақты капиталдың құны өнім құнының бір бөлігі ретінде тағы қайталанатын. «Капиталдың» I кітабының «Еңбек процесі және құнның ұлғаю процесі» деген V тарауында көрсетілгеніндей, екінші қиыншылықтың алғы шарттарына бұл қайшы келмейді. Себебі — ескі құнды қайта өндірмесе де, оған қосымша жасаушы, қосымша құн жасаушы, сөйтіп, жаңа еңбектің жай ғана көмегімен өнімде ескі құнды сақтап, өндіретіні баяндалып, мұның өзі еңбектің құн өндіру қабілетімен ғана емес, ол жалпы еңбек болғандықтан ғана емес, өндіргіш еңбек ретіндегі қасиетімен келгені көрсетіледі. Сонымен, табыс, басқаша айтқанда, жыл бойы жасалған құн жұмсалған өнімде капиталдың тұрақты бөлігінің құнын сақтауда қосымша еңбек керек болмайды. Әрине, өткен жылы тұтынылған тұрақты капиталдың құны мен тұтыну құнын қайтару үшін жаңа, қосымша еңбек қажет болады, мұндай қайтару болмаған күнде өндіріс жалпы мүмкін емес.

Жаңадан қосылған барлық еңбек жыл бойы жасалған

\* — зат формасында. Р.С.

құнда бейнеленді, бұл құн түгелімен табыстың үш түріне жалақы, пайда және рентаға айналады. Демек, бір жағынан, тұтынылған тұрақты капиталды біразын іп пайдаға қалпында және құн түрінде, енді бір бөлігін құн ретінде (әңгіме негізгі капиталдың тозығы жөнінде болып отыр) қалпына келтіруге артық қоғамдық еңбек қалмайды. Екінші жағынан, жылдық еңбекпен жасалған, жалақы, пайда, рентаға бөлінетін және осы формада жұмсалуға тиісті құн жаңа жасалған құннан артық мөлшерде өнімде болуға тиісті капиталдың тұрақты бөлігін төлеуге немесе сатып алуға жеткіліксіз көрінуі ықтимал.

Бұл жерде қойылған проблеманың бүкіл қоғамдық капиталды ұдайы өндіруді зерттеген тұста шешілгенін («Капиталдың» II кітабы, III бөлім) көріп отырмыз. Бұл предметке қайта оралуымыздың себебі мынада: ол жолы қосымша құн табыс формалары ретінде ашып көрсетілген жоқ, пайда (кәсіпкер табысы және рента) мен рента формасында талдау жасалған жоқ, өйткені А. Смиттен бастап бүкіл саяси экономияның сұрапыл қатесі осы жалақы, пайда және рента формаларын талдаумен байланысты.

Біз ол жолы бүкіл капиталды үлкен екі бөлімге бөлдік: өндіріс құралдарын өндіретін I бөлім; жеке бастың тұтыну бұйымдарын өндіретін II бөлім. Өнімнің кейбір түрін жеке бастың тұтыну бұйымдары, сондай-ақ өндіріс құралдары ретінде (ат, астық және т. с.) пайдалануға болатындығы бұлайша ажыратудың мейлінше дұрыстығын жоққа шығара алмайды. Бұлайша екіге бөлу әсте топшылау емес, фактыны шын мәнісінде мойындау. Бір елдің жылдық өнімін алып көрейік. Бұл өнімнің белгілі бір бөлігі, өндіріс құралдарына қаншалықты жуық болғанмен, жеке бастың тұтынуына арналған өнімге жатады. Бұл — жалақы, пайда және рента жұмсалып өндірілетін өнім. Бұл өнім қоғамдық капиталдың белгілі бөлімінің өнімі болып табылады. Дәл осы капитал I бөлімге жататын өнімді өндіруі де ықтимал. Осылай болғандықтан да I бөлімнің өндіре тұтынылған өнімі II бөлімнің өніміне тұтынылған осы капиталдың бөлігінен емес, жеке бастың тұтынуына жататын үлеске келеді. Жеке бастың тұтынуына жататын және сол себепті оған табыс жұмсалатын II бөлімнің барлық өнімі оған тұтынылған капиталдың болмысы және артық өндірілген өнім саналады. Сонымен, ол — тұтыну бұйымдарын өндіруге ғана жұмсалған капиталдың өнімі. Сондай-ақ, өндіріс құралдары ретінде — шикізат және еңбек құралдары ретінде — қызмет ететін жылдық өнімнің I бөлімі, бұл өнімнің тұтыну бұйымы ретінде — *naturaliter*\* дәрежесінде пайдала-

\* — заттай. *Ред.*

нуға жарамдылығы қанша екеніне қарамастан, тек өндіріс құралдарын ғана өндіруге жұмсалған капиталдың өнімі болып табылады. Тұрақты капиталды құрайтын өнімдердің өте көп бөлігінің заттай формасы жеке бастың тұтынуына келмейтіні де анық. Бірақ, өнімнің бір бөлігі жеке бастың тұтынуына жұмсалуды мүмкін, сол себепті, мысалы, шаруа тұқымдық астығын жеп қойса, немесе өз қажетіне жұмыс көлігін сойып алса, бұл I бөлімге қол созу болар еді, бірақ экономикалық қажеттіліктің талабына көнген шаруа өнімнің бұл бөлігін тұтына алмайды, оны құдды тұтынуға келмейтіндей көреді.

Жоғарыда айтылғанындай, екі бөлімді талдап қарағанда, *in natura* және құн формасында екі бөлімнің жылдың өнімінен тәуелсіз тұрақты капиталдың негізгі бөлігінен біз абстракция жасаймыз.

II бөлімнің өнімдеріне жалақы, пайда және рента, бір сөзбен айтқанда, табыстар жұмсалады, міне, осы бөлімде өнім өзінің құны жөнінен құрамды үш бөліктен құралады. Оның құрамды бір бөлігі капиталдың тұрақты бөлегінің өндірісте тұтынылған құнына тең, ал құрамды екінші бөлігі капиталдың ауыспалы бөлігінің өндіріске авансыланған жалақыға жұмсалған құнына тең; ал оның құрамды үшінші бөлігі өндірілген қосымша құнға, яғни пайда + рентаға тең. II бөлім өнімінің бірінші құрамды бөлігін, капиталдың тұрақты бөлігінің құнын, II бөлімнің капиталистері де, жұмысшылары да, жер иеленушілері де тұтына алмайды. Ол бұлардың табысының қандай да болмасын бір бөлегін құрай алмайды, сондықтан да *in natura* қалпында қайтарылуы керек, ал қайтару үшін оны сату керек. Мұның керісінше, бұл өнімнің қалған екі бөлігі осы бөлімде өндірілген табысқа = жалақыға + пайдаға + рентаға тең.

I бөлімнің өнімі де формасы жөнінде дәл осындай құрамды бөлімдерден тұрады. Бірақ, өнімнің табысты құрайтын бөлігі,— жалақы + пайда + рента — қысқа айтқанда капиталдың өзгермелі бөлігі + қосымша құн I бөлім өнімінің заттай формасында тұтынылмайды, II бөлім өнімінің формасында тұтынылады. Демек, I бөлім табыстарының құны II бөлім өнімінің осы бөлімдегі тұрақты капиталдың орнын толтыруға жұмсалған бөлігі түрінде тұтынылады. II бөлім өнімінің осы бөлімнің тұрақты капиталының орнын толтыруға жұмсалған бөлігін I бөлімінің жұмысшылары, капиталистері мен жер иеленушілері зат формасында тұтынады. Олар өздерінің табыстарын II бөлімнің осы өніміне жұмсайды. Екінші жағынан алғанда, I бөлімнің табысы болып табылатын I бөлімнің өнімі II бөлімде өндіре тұтынылады, бұл өнім осы бөлімнің тұрақты



капиталын *in natura* қалпында қайтарады. Ақырында, I бөлім капиталының тұтынылған тұрақты бөлігі осы бөлімнің өз өнімімен өтеледі, ол өнім еңбек құралдарынан, шикізат пен қосалқы материалдардан және т. с. құралады, ал өтелгенде I бөлім капиталистерінің өзара айырбасы арқылы немесе осы капиталистердің қайсыбірінің өз қарамағындағы өнімді өндіріс құралы ретінде қайыра пайдалануы нәтижесінде өтеледі.

Жай ұдайы өндірістің («Капитал», II кітап, XX тарау, II) бұрынғы схемасын<sup>230</sup> алайық:

$$\left. \begin{array}{l} \text{I. } 4000_c + 1000_v + 1000_m = 6000 \\ \text{II. } 2000_c + 500_v + 500_m = 3000 \end{array} \right\} = 9000$$

Бұл кестеге қарағанда, II бөлімде өндірушілер мен жер иеленушілер табыс ретінде  $500_c + 500_m = 1000$ -ды тұтынады;  $2000_c$  қайтарылуы керек. Бұл  $2000_c$ -ті жұмысшылар, капиталистер және I бөлімнің рента алушылары тұтынады, олардың табысы  $= 1000_v + 1000_m = 2000$ . II бөлімнің өнімін I бөлім табыс ретінде тұтынады, ал I бөлімнің табысы өнім қалпында алғанда тұтынуға (жеке бастың тұтынуына) келмейді, ол II бөлімде тұрақты капитал есепті тұтынылады. Демек, I бөлімнің  $4000_c$  жайында есеп беру керек. Ол I бөлімнің өз өнімінен өтеледі  $= 6000$ , немесе, дәлірек айтқанда  $= 6000 - 2000$ , себебі  $2000$  II бөлім үшін тұрақты капиталға айналдырылған. Әрине, бұл цифрлар топшылап алынғанын еске салу керек, сондықтан да I бөлімнің табысының құны мен II бөлімнің тұрақты капиталының құны арасындағы қарым-қатынас та топшылау сияқты көрінеді. Бірақ, ұдайы өндіріс процесі қалыпты өрістесе және өзге жағдайлар да өзгермесе, демек, қорлану мәселесін былай қоя тұрсақ, онда I бөлімнің жалақы, пайда және рента құнының қосындысы II бөлім капиталының тұрақты бөлігінің құнына тең болуға тиіс. Бұлай болмаған күнде II бөлім өзінің тұрақты капиталын қайтара алмайды немесе I бөлімнің өз табысын тұтынылмайтын формадан тұтынылатын формаға айналдыруға мүмкіндігі болмай қалады.

Сонымен, жылдық товар өнімінің құны, капиталдың әрбір жеке шығыны товар өнімінің құны және әрбір жеке товардың құны сияқты, құрамды екі бөлікке жарылады: *A* — бөлігі, ол тұрақты капиталдың авансыланған құнын қайтарады; *B* бөлігі, ол табыс формасы ретінде жалақыны, пайда мен рентаны бейнелейді. *A* бөлігі қандай жағдайда болса да: 1) ешуақытта табыс формасына айналмайды, 2) капитал формасында, атап айтқанда, тұрақты капитал түрінде ұдайы

қалпына келіп тұратындықтан құнның соңғы құрамды бөлігі *B* құнның бірінші бөлігі *A*-ға қарама-қарсы болады. Бірақ, *B*-ның өзінің де қайшылығы бар. Пайда, рента, жалақы үшеуі де табыстың формалары, бұл үшеуінің ортақ қасиеті осында. Бірақ, бұған қарамастан, олардың елеулі айырмашылығы бар, мысалы, пайда мен рента қосымша құнды, ақысы өтелмеген еңбекті, ал жалақы ақысы төленген еңбекті бейнелейді. Өнім құнының бір бөлігі жұмсалған жалақыны бейнелеп, басқаша айтқанда, біз болжағандай дәл сол көлемдегі және сол жағдайдағы ұдайы өндіріс үстінде жалақыны қалпына келтіреді. Өнімнің бұл бөлігі алдымен өзгермелі капитал ретінде, ұдайы өндіріске қайтадан авансылануға тиісті капиталдың құрамды бөлігі ретінде қайталаынады. Бұл құрамды бөліктің екі түрлі қызметі бар. Ол алдымен капитал формасында болады және капитал түрінде жұмыс күшіне айырбасталады. Бұл бөлік жұмысшының қолында ол өзінің еңбегін сату арқылы табатын табысқа айналады және табыс ретінде тіршілік құралдарына айырбасталып, тұтынылады. Бұл екі жақты процесс ақша айналысы арқылы жүзеге асады. Өзгермелі капитал ақша күйінде авансыланады, жалақы түрінде төленеді. Бұл оның капитал ретіндегі бірінші қызметі. Ол жұмыс күшіне айырбасталып, осы жұмыс күшінің белгісіне, еңбекке айналады. Капиталист үшін процесс осылай құралады. Бірақ, екіншіден, осы ақшаға жұмысшылар өздері өндірген товар өнімінің дәл осы ақшамен өлшенетін бір бөлігін сатып алады да, оны табыс ретінде тұтынады. Егер ақша айналысынан сәл ғана көз жазатын болсақ, жұмысшы жасаған өнімнің бір бөлігі капиталистің қолында капитал сферасында жүргенін көрер едік. Өнімнің бұл бөлігін ол капитал ретінде авансылайды, оны жұмысшыға оның жаңа жұмыс күшінің өтеуіне береді, ал жұмысшы болса оны тікелей табыс ретінде немесе басқа товарға айырбастап алу арқылы пайдаланады. Сонымен, ұдайы өндіріс процесі бойынша жалақыға, жұмысшының табысына айналуға тиісті өнім құнының бөлігі алдымен капитал, дәлірек айтқанда, өзгермелі капитал формасында капиталистің қолына қайтып келеді. Оның бұл формада қайтуы еңбек өндірісінің жалдамалы еңбек ретінде, өндіріс құралдарының капитал ретінде және тікелей өндіріс процесінің капиталистік өндірістік процесс ретінде ұдайы жаңғыруының маңызды шарғы болып табылады.

Пайдасыз қиыншылықты туындата беріп, істі шатастырып алмау үшін жалпы кіріс пен таза кірісті жалпы табыс пен таза табыстан айыра білу қажет.

Жалпы кіріс немесе жалпы өнім дегеніміз барлық өндірілген өнім. Жалпы кірістің немесе жалпы өнімнің құны аван-

сыланған және өндірісте тұтынылған капиталдың, тұрақты және өзгермелі капиталдың, пайда мен рентаға бөлінетін қосымша құнды қосқандағы құнына тең. Негізгі капиталдың қолданылған, бірақ тұтынылмаған бөлігі бұл құнға кірмейді. Егер жеке капиталдың өнімін емес, қоғамдық жиынтық капиталдың өнімін алып қарайтын болсақ, жалпы кіріс тұрақты және өзгермелі капиталды құрайтын заттай элементтер мен пайданы және рентаны бейнелейтін қосымша құнның заттай элементтерінің қосындысына тең.

Жалпы табыс құнның бір бөлігі және жалпы өнімнің құнға шаққандағы бір бөлігі [Bruttoprodukts oder Rohprodukts], құнның бөлегін шығарып тастағанда және барлық өндірілген өнімнің құнға шаққандағы бөлігі, ол өндіріске жұмсалған және онда тұтынылған тұрақты капиталды қайтарады. Демек, жалпы табыс жалақыға (өнімнің қайтадан жұмысшының табысына айналатын бөлегіне) + пайдаға + рентаға тең. Таза табыс дегеніміз қосымша құн, демек, жалақыны шығарып тастағанда қалатын қосымша өнім яғни капитал өткізген және капиталистің жер иемденушімен бөлісіп алуға тиісті қосымша құны және сонымен өлшенетін қосымша өнім болып табылады.

Жеке алғандағы әрбір товардың құны және жеке алғандағы әрбір капиталдың барлық товар өнімінің құны екіге бөлінетінін біз көрдік: бір бөлігі тұрақты капиталды қайтарады, ал екінші бөлігі толығымен дерлік жалпы табысқа айналып, жалақы, пайда және рента формасында көрінеді, бұлардың қосындысы жалпы табысты құрайды, сонда да құнның осы екінші бөлігінің белгілі бір үлесі өзгермелі капитал түрінде қайтадан, демек, капитал *формасында* қайтарылады. Жылдық жиынтық қоғамдық өнімнің құны жөнінде де осыны айту керек. Жеке бір капиталистің өнімі мен қоғамдық өнімнің арасындағы айырмашылық мынада: жеке капиталистің тұрғысынан қарағанда таза табыс жалпы табыстан өзгеше нәрсе, себебі жалақы жалпы табысқа кіреді, ал таза табыс жалақыны білмейді. Егер бүкіл қоғамның табысын алатын болсақ, ұлттық табыс жалақыдан және пайда мен рентадан, басқаша айтқанда, жалпы табыстан құралады. Мұның өзі де абстракция ғана, капиталистік өндіріс тұсында бүкіл қауым капиталистік қазқарастың жетегінде болады да, таза табысқа пайда мен рентаны құрайтын табысты ғана жатқызады.

Мұның керісінше, Сэй сияқты мырзаның қиялы бойынша, барлық кіріс, барлық жалпы өнім ұлт үшін таза кіріске ғана саяды немесе одан айырғысыз нәрсе, демек, бұл айырма ұлт тұрғысынан қарағанда жойылған секілді көрінеді,— бұл қиял А. Смиттің заманынан бері бүкіл саяси экономияны түгел

жайлаған сұрапыл догманың әбден асқынған ерекше көрінісі, оған жүгінсек, товарлардың барлық құны түптеп келгенде табысқа: жалақы, пайда және рентаға<sup>51)</sup> бөлінеді.

Әлбетте, жеке капиталист жайында айтқанда мұны түсіну оңай, себебі — оның өнімінің бір бөлегі қайта капиталға айналуы тиіс (тіпті ұлғаймалы ұдайы өндірісті немесе қорлануды былай қойғанда), мұның өзінде жұмысшы үшін тағы да табысқа, басқаша айтқанда, табыс формасына айналуға тиісті өзгермелі капиталға ғана емес, сондай-ақ тұрақты капиталға да айналуы тиіс, бірақ тұрақты капитал ешуақытта табысқа айналмайды. Өндіріс процесін жай бақылағанда мұның өзі ап-айқын көрінеді. Өндіріс процесі жалпылай және тұтас алынып қарағанда ғана қиыншылық басталады. Өнімінің жалақы, пайда мен рента формасындағы тұтынылатын табыс ретіндегі бөлегінің барлық құны (ол жеке бастың немесе өндірістің тұтынуы болсын, бәрібір), талдау көрсеткеніндей, шын мәнісінде толығынан жалақыдан, пайдадан, рентадан құралатын құнның сомасынан, басқаша айтқанда, табыстың үш түрінің барлық құнынан өтеледі; соның өзінде өнімнің бұл бөлегінің, сондай-ақ өнімнің табысқа енбеген бөлегінің құны сияқты, *C* құнының бір бөлігін құрайды, демек, тұрақты капиталдың дәл әлгі бөліктерге сіңірілген құнына тең болады, сондықтан *prima facie*\* табыстың құнымен шектеліп қалмайды. Бір жағынан алғанда, бұл жағдай іс жүзінде даусыз факт болып көрінеді, ал екінші жағынан, қисынсыз теориялық қайшылық болып табылады, сондықтан мұндай қиыншылыққа бармай-ақ, көз жұмбайға сүйеніп, товардың құнында тек елес қана жүреді, жеке капиталистің көзқарасы бойынша ғана ол табыс формасынан өзгеше көрінетін құн бөлегін ыспаттайды деуге болар еді. «Біреудің табысы басқа біреуге капитал болды» деген сөздер одан әрі ойланып жағудың қажет еместігін мойындайды. Егер барлық өнімнің құны табыстар түрінде тұтынылатын болса, онда соның өзінде ескі капиталды қайтару қалай мүмкін болады; әр-

<sup>51)</sup> Рикардо басын түгін жайлаған Сэй туралы мынадай өте сәтті ескертпе жасады: «Сэй мырза таза және жалпы өнім туралы былай дейді: «Барлық өндірілген құн жалпы өнімді құрайды; бұл құннан өндіріс шығынын шығарып тастаса, таза өнім қалады» (II том, 491 бет)<sup>21)</sup>. Сонымен, таза өнім деген өмірде жоқ, себебі Сэй мырзаның өз пікірі бойынша, өндіріс шығыны рентадан, жалақыдан және пайдадан құралады. 508 бетте ол былай дейді: «Егер істің, оқиғаның табиғи дамуын алатын болсақ, өнім құны, өнімді қызмет құны, өндіріс шығынының құны — мұның бәрі бір-біріне ұқсас құн». Тұтастан тұтасты алып тастағанда қолыңызда ештеңе қалмайды ғой». (Ricardo. „On the Principles of Political Economy, and Taxation“ London, 1821, ch. XXXII, p. 512, note). Айта кетейік, Рикардоның өзі де Смиттің товарлар бағасын теріс талдағанын, атап айтқанда, бұл бағаның табыстар құнының сомасына бөлінетінін еш жерде сынамағанын алда анық көреміз. Рикардо бұл талдаудың қателігіне назар аудармайды және өзі жасаған талдауда оны дұрыс көріп, товарлар құнының тұрақты бөлігінен «абстракция» жасағанда бара-бара өзі де дәл осы көзқарасқа байланып қалады.

\* — көрінеу. Ред.

бір жеке капитал өнімінің құны табыстың үш түрінің құнына *C*-ті, тұрақты капиталды, қосқандағы сомаға қалайша тең болады, ал барлық капиталдың өнімдері құнының барлық сомасы табыстардың үш түрінің құнына *O*-ді қосқандағы сомаға қалайша тең болады десек, мұның бәрі, әрине, әлгіндей талдағанда шешілмес жұмбақ көрінеді, сондықтан мұндай талдау бағаның қарапайым элементтерін аша да алмайды, оның үстіне шырғалаңға түседі де, шешімін табуды ұзақ сонарға әкетеді. Сонымен, тұрақты капитал түрінде көрінген нәрсе жалақыға, пайда, рентаға таратылуы мүмкін, ал жалақы, пайда, рентаны бейнелейтін товарлар құны тағы да жалақы, пайда, рента болып шексіз қайталана беруі ықтимал<sup>52)</sup>.

Товарлардың құны сайып келгенде, жалақы + пайда + рента болып бөлінуі мүмкін деген түп-түгел жалған догма ең ақырында тұтынушы жиынтық өнімнің барлық құнын төлеуге тиісті-міс деген байлам туғызады; болмаса — өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы ақша айналысы, сайып келгенде, өндірушілердің өз арасындағы ақша айналысына тең келуге тиісті (Тук<sup>232)</sup> дегенге саяды; бұл қағидалар да, олар сүйенген негізгі қағида да дұрыс емес.

Мұнышама теріс және көрнеу *prima facie* қисынсыз талдауға әкеліп соқтырған қиыншылықтар, қысқаша, мынадай:

1) Тұрақты және өзгермелі капитал арасындағы негізгі қатынасты, сондықтан қосымша құнның табиғатын, ал онымен бірге капиталистік өндірісі тәсілінің барлық базисін де түсінбеудің салдары. Капиталдың әрбір жеке өнімінің, әрбір жеке товардың құнында тұрақты капиталға = бір бөлегінің құны, өзгермелі капиталға = бір бөлегінің құны (жұмысшыларға арналған жалақыға айналған күйінде) және қосымша құнға = бір бөлегінің құны (кейін пайда мен рентаға бөлінеді) болады. Жұмысшы өзінің жалақысына, капиталист өзінің пайдасына, жер иемденуші өзінің рентасына әрқайсысы осы

<sup>52)</sup> «Қандай қоғамда болмасын әрбір товардың бағасы сайып келгенде үш бөліктің біріне немесе біржолға үшеуіне жатады» (басқаша айтқанда, жалақыға, пайдаға, рентаға деген сөз)... «Бұл үш бөлікке иелдей бір тергінші бөлікті арендатордың капиталын өтеуге қажетті, басқаша айтқанда, оның жұмыс көлігінің майын және егіншіліктің басқа құралдарының тозуын өтейтін бөлікті қосуға болар еді. Бірақ, бұл шаруашылықта әрбір құралдың, мысалы, жұмыс аты бағасының өзі сол үш бөліктен құралады: ат бағылған жердің рентасынан, оны күтуге, бағуға жұмсалған еңбектен және осы рента мен еңбекке төленген жалақыны авансыланған арендатордың пайдасынан құралады. Сондықтан нанның бағасы аттың бағасы мен күтмін өтейтін болса да, оның толық бағасы тікелей немесе сайып келгенде дәл сол үш бөлікке: рента, еңбек» (жалақы деген дұрыс) «және пайда болып таратылады» (A. Smith. [An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations. Vol. I. London, 1776. P. 60—61]). Бұл бұлталақтың қайшылығын және дәрменсіздігін, бишаралығын А. Смит өзі де сезетінін, себебі бұлталақтаған бойы ол бізді Понтийден Пилатка жолдап, өнімнің бағасы сайып келгенде осы үш бөлікке таратылатынын бүркемелегенін, капиталдың шын мәнісіндегі шығынын ешжерде көрсетпегенін біз кейін дәлелдеп береміз.

құрамды бөліктердің біреуін ғана емес, түгел үшеуін де қамтитын товарларды сатып алуы қалайша мүмкін болады, жалақының, пайда мен рентаның, демек, табыстың үш көзінің тұтас алғандағы құнына табыстардың иелерінің барлық тұтынуын қамтитын товарларды, құнның осы үш құрамды бөлегінің сыртында құнның тағы бір құрамды бөлегін, атап айтқанда, тұрақты капиталға тең бөлегін қамтитын товарларды сатып алуы қалайша мүмкін болады? Үш бөліктен құралатын құнға төрт бөлігі бар құнды қалай сатып алады?<sup>53)</sup>

Мұны біз «Капиталдың» II кітабының III тарауында талдап бердік.

2) Жаңа құнды қосып алған еңбек құнды қайтадан өндірмесе де ескі құнды жаңа формада сақтауының себебін түсінбеудің салдары.

3) Ұдайы өндіріс процесінің жалпы байланысын, оның жеке капиталға ғана емес, жиынтық капиталға қарым-қатынасының белгісін түсінбеудің салдары; жалақы мен қосымша құш, басқаша айтқанда, бүкіл жыл бойғы қосылған еңбек арқасында жасалған барлық құн арқылы өткізілетін өнім қалайша құнның тұрақты бөлегін қайтаруы мүмкін екенін және сонымен бірге табыстармен шектелген құнға саятынын; онан әрі жаңадан қосылған еңбектің тұтас алғандағы мөлшері тек қана жалақы мен қосымша құн арқылы өткізілетініне және осы бөлік құнының тұтас алғандағы мөлшерінде ақырына дейін бейнеленгеніне қарамастан өндіріс үстінде тұтыныл-

<sup>53)</sup> Мұны түсінуге қабілетсіз екенін Прудон мынадай тар формуламен білдіреді: жұмысшы өзінің меншікті өнімін сатып ала алмайды, өйткені оған өнімінің өзіндік құнына келіп қосылатын процент кіреді<sup>233)</sup>. Ал енді оны Эжен Форкадтың қалай үйрететінін қараңыз: «Егер де Прудонның қарсылығы дұрыс болса, капиталдан түсетін пайдаға қатысты болып қана қоймай, ол өнеркәсіптің тиішлік ету мүмкіндігінің өзін жойып жіберген болар еді. Егер жұмысшы бір заттың өтеуіне өзі небәрі 80 алып, ол зат үшін 100 төлеуге мәжбүр болса, егер жалақы өнімдегі оған өзі сіңірген құнды ғана сатып ала алса, онда бұл жұмысшы түк те сатып алмайды, жалақы ештеменің өтеуіне жүрмейді дегенмен тең. Ал іс жүзінде өзіндік құнда жұмысшының жалақысынан гөрі көбірек бір нәрсені алмайды бар, ал сату бағасында кәсіпкердің табысынан гөрі көбірек бірдеңе арқашан бар, мысалы, көбіне шетелде төленген шикізаттың бағасы... Прудон ұлттық капиталдың үздіксіз өсетінін ұмытып кетті, ол бұл өсу барлық қызметкерлер үшін де бірдей көрінетінін ұмытып отыр» («Revue des deux Mondes», 1848, т. XXIV, p. 998—999). Бұл жерде біз буржуазиялық шолқа ақылдың оған ең лайық келетін ұтымды формадағы үміткерлігінің мысалын көріп отырмыз. Біріншіден, Форкад мырза, егер, өзі өндірген құннан тыс, анағұрлым жоғары құнды алмаса, жұмысшы күнін көре алмас еді деп топшылайды; ал шындығында, мұның керісінше, егер жұмысшы тек өзі өндірген құнды ғана алатын болса, онда өндірістің капиталистік тәсілі тиішлік ете алмаған болар еді. Екіншіден, Прудон осындай тар формада көрсеткен қиындықты ол өте дұрыс жинақтады. Товарлардың бағасында, жалақыдан артылған бөлік қана емес, сонымен бірге пайдалан артылған бөлік те, атап айтқанда, құнның тұрақты бөлігі де бар. Сонымен, Прудонна оялайтын болсақ, өзінің пайдасы есебінен капиталист те товар сатып ала алмас еді. Бұл жұмбақты Форкад қалай шешеді? Капиталдың өсуі жөніндегі бос сөздермен шешеді ол. Сонымен, капиталдың үздіксіз өсуі, оның бер жағында мынадан да көрінуі тиіс: капитал 100 болғанда экономист товардың бағасын талдай алмайды, ал капитал 10 000 болғанда мұның қажеті де жоқ. Топырақтағы көміртегіне қарағанда, егіншілік өніміндегі көміртегінің көп болуының себебі неде?— деген сұраққа: ол егіншілік өндірісінің ұдайы өсуінен деп жауап берген химик жөнінде жұрт не дер еді. Жер бетінде болуы мүмкін дүниенің ішінен ең жақсысы буржуазиялық дүние деп білуді көздеген ниет тұрпайы саяси экономияда ақиқатқа деген сүйіспеншілік пен ғылыми зерттеуге ұмтылушылықтың қандайының болса да орнына жүре алады.

ған тұрақты капитал заттай және құн жөнінде қайтарылуы мүмкін болатынын түсіну қиыншылығы. Ұдайы өндірісті және оның заттай сипаты бойынша әр түрлі құрамды бөліктерінің, сондай-ақ олардың құнының қарым-қатынасын талдаудан ең негізгі қиыншылық басталады.

4) Бұған тағы бір қиыншылық қосылады, себебі қосымша құнның әр түрлі құрамды бөліктері бір-бірінен тәуелсіз дербес табыс формасында жеке-жеке көрінгенде қиыншылық көбейе түседі. Бұл қиыншылық мынада: табыс пен капиталдың қалыптасқан ұғымы өзара алмастырылып, орын ауыстырып отырады, сондықтан жеке капиталистің көзқарасы бойынша жәй әшейін ғана ұғым, жәй байлам болып көрінеді, бірақ бүкіл өндіріс процесін алғанда бұл өз жайына қалады. Мысалы, тұрақты капитал өндіретін I бөлімнің жұмысшылары мен капиталистерінің табысы тұтыну заттарын өндіретін II бөлім капиталистерінің капиталын заттай және құн жөнінен өтейді. Сонымен, қиыншылықты мынадай пайымдаумен оңай орап өтуге болады: біреудің табысы екінші біреуге капитал болады, сондықтан товар құнының құрамды бөліктерінің шын мәнісінде окшаулануына бұл анықтамалардың ешбір қатысы жоқ. Онан әрі заттай элементтерді құрайтын товарларға жұмсалатын табыстарға, басқаша айтқанда, тұтыну заттарына, сайып келгенде, мысалы, иірілген жүнге, шұғаға жыл бойында әр түрлі сатыдан өтуге тура келеді. Бір сатыда олар тұрақты капиталдың бөлігін құрайды, ал келесі сатыда жеке-жеке тұтынылады, демек, түгелдей табысқа енеді. Демек, тұрақты капитал дегеніміз товар құнының елесі ғана, ол жалпы қарым-қатынаста жоқ болады деп А. Смитпен бірге қол қусыруға болады. Өзгермелі капитал да дәл осылайша табысқа айырбасталып кете барады. Жұмысшы өз жалақысына товарлардың бір бөлегін сатып алады, ол оның табысын құрайды. Жұмысшы бұл арқылы капиталиске өзгермелі капиталдың ақшалай формасын қайтарады, өтейді. Ақырында, тұрақты капиталды құрайтын өнімдердің бір бөлегі *in natura* күйінде немесе тұрақты капиталды өндірушілер арасындағы айырбас нәтижесінде қайтарылады. Тұтынушылардың бұл процеске ешбір қатысы жоқ. Мұны ескермеген жағдайда тұтынушылардың табысы барлық өнімді өтейді, демек, құнның тұрақты бөлігін де қайтарады деген жалған ұғым туады.

5) Құндардың өндіріс бағаларына айналуы шатастырған үстіне шатастырады. Себебі, қосымша құнның табыстың бір-бірінен тәуелсіз әр түрлі ерекше формасына айналуы және құнның пайда мен рентаға айналып, өндірістің әр түрлі элементтеріне ұласуы мүлде шатастыра түседі. Мынаны ескермей келеді: товарлардың құны негіз екенін және осы товар

құнының ерекше құрамды бөліктерге таратылуының, сонымен бірге құнның бұл құрамды бөліктерінің табыс формаларына онан әрі ұласуы, олардың әрбір иеленушілер қарым-қатынасына айналып, өндірістің әр түрлі факторларына ұқсап құнның жеке-жеке құрамды бөлігіне айналуы, оның осы иеленушілердің тиісті дәрежесі мен шеніне сәйкес өзара бөлісілуі құнды айқындауда және құн заңын белгілеуде ешқандай да ықпал жасай алмайды. Пайданы теңестіру жағдайы, атап айтқанда, барлық қосымша құнды әр түрлі капитал арасында бөлісу және жер иемденушілер тарапынан пайданы теңестіруге қарсы жасалатын (кейде абсолютті рента жөнінен) тосқауылдар құн заңына шамалы ғана әсер етеді, сонда товарлардың реттеуші орта бағасы жеке-дара құннан аздап ауытқиды. Бұл жағдай әр түрлі товарлардың бағасына қосымша құн қосу өлшеміне ғана ықпал жасайды, бірақ бағаның әр түрлі құрамды бөлігінің көзі ретінде тура қосымша құнның өзін және товарлардың жиынтық құнын түк те қозғамайды.

Бұл арада *quid pro quo*\* көреміз. Оны алдағы тарауда талдаймыз да, бұл түсінік құн өзінің құрамды бөліктерінен туады-мыс деген бос үмітпен тығыз байланысты. Атап айтқанда, товар құнының әр түрлі құрамды бөліктері табыс күйінде дербес формада болады, осы қасиетіне сәйкес оны, табыс көзі ретінде товардың құнына жатқызудың орнына, өндірістің жеке бір заттай элементіне балап, табыс көзі осы зат деп алданады. Олар шын мәнісінде аталған ерекше табыс көзіне жатады, бірақ құнның құрамды бөліктері ретінде емес, табыс ретінде жатады. Дәлірек айтқанда, өндірістің тиісті категорияларының агенттеріне: жұмысшыға, капиталиске, жер иемденушіге тиісті құнның бөліктері ретінде жатады. Сонда да құнның бұл бөліктері товар құнынан таратылды делінбей, бұл бөліктер товар құнын өздері құрайды деп ойлауға болады; міне дәл сол тұста ғажайып шырғалаң басталады: товарлардың құны жалақы, пайда, рента құнынан құралады, ал жалақының, пайданың, рентаның құны товарлардың құнымен және т. с. белгіленеді<sup>54)</sup>.

Ұдайы өндірістің қалыпты жағдайында жаңадан қосылған

\* — ұғымдарды шатастыру (дәлме-дәл айтқанда: бірді-бірге балау). *Ред.*

<sup>54)</sup> «Материалдарға, шикізатқа және дайын бұйымдарға жұмсалған айналмалы капиталдың өзі қажетті бағасы бұрыннан бар элементтерден құралған товарлардан тұрады, олай болса, айналмалы капиталдың бұл бөлігін елдегі товарлардың барлық жиынтығын алып қарағанда қажетті бағаның элементтеріне қосу бір нәрсені екі рет есепке алу болады» (*Storch. „Cours d' Economie Politique etc.“* T. II, [St.-Petersbourg, 1815] p. 140). Шторх құнның тұрақты бөлігін айналмалы капиталдың осы элементтері деп (негізгі — айналмалы капиталдың өзгерген формасы ғана) есептейді. «Рас, кәсіпкер пайдасының тіршілік құралдарының бір бөлігі есепті жалақылардан құралатын бөлігі секілді, жұмысшының жалақысы да рынок бағасымен сатып алынған товарлардан құралады және бұл товарларда да жалақылар, капиталдан түсетін ренталар, жер ренталары және кәсіпкерлердің пайдaları бар... бұл пікір қажетті бағаны ең қарапайым элементтерге ажыратудың



еңбектің бір бөлігі ғана өндіріске жұмсалады, демек, тұрақты капиталды қайтаруға кетеді, атап айтқанда, оның тұтыну бұйымдарын өндіруге жұмсалған бөлегін, яғни табыстың заттай элементтерін қайтаруға пайдаланылады. Бұл тұрақты бөлік ІІ бөлімде қосымша еңбек жұмсауды қажет етпейді, сондықтан теңестіріледі. Бірақ, жаңадан үстемелеп қосылған еңбектің өнімі саналмайтын тұрақты капитал (І және ІІ бөлімдердің жоғарыда айтылған теңестірілуін алғандағы бүкіл ұдайы өндіріс процесі), онсыз өндірілуі мүмкін болмаса да, ұдайы өндіріс кезеңінде заттай қатынас жөнінен кездейсоқ оқиғалар мен қауіп-қатерге ұшырап, оны кемітіп жіберуі мүмкін. (Онан әрі, егер құн жөнінен алатын болсақ, еңбек өнімділігінің өзгеруі нәтижесінде бағаның төмендеуі ықтимал; бірақ мұның жеке капиталистерге ғана қатысы бар). Осыған сәйкес пайданың, демек, қосымша құнның бөлігі, сондықтан қосымша еңбектің бөлігі де сақтық қорына айналады (құн жөнінен алғанда бұл жаңадан қосылған еңбекті бейнелейді). Қауіпсіздік фондын жеке кәсіпорын ретінде қауіпсіздік қоғамы басқара ма, жоқ па, одан ештеңе өзгермейді. Бұл — табыстың табыс түрінде тұтынылмайтын жалғыз ғана бөлігі және ол міндетті түрде қорлану фонды да болмайды. Оның қорлану фондына іс жүзінде енгізілуі немесе ұдайы өндірістің шұғыл мұқтажына жұмсалуды нақты жағдайға байланысты. Мұның өзі қосымша құн мен қосымша өнімнің, сондай-ақ, қосымша еңбектің қорлануға, демек, ұдайы өндіріс процесін кеңейтуге жұмсалатын бөлегімен қатар өндірістің капиталистік тәсілін жойғаннан кейін де сақталуға тиісті жалғыз ғана бөлігі. Әрине, бұл арада тікелей өндірушілер ұдайы тұтынатын бөлік төмен дәрежеде қалып қоймайды деп саналады. Жасына қарай әзірше өндіріске қатыса алмайтындарға және енді өндіріске қатысуға мүмкіндігі жоқ адамдар-

мүмкін еместігін дәлелдеу үшін ғана қызмет етеді» (сонда, ескерту). Шторх өзінің *Considerations sur la nature du revenu national* (Paris, 1824) деген еңбегінің Сэймен айтқандан тұсында товар құнын оны тек табыстарға ғана ажыратып талдаудың қателігі ұрындарған сандырақты түсінеді, жеке капиталистің тұрғысынан емес, ал бүкіл ұлттың тұрғысынан алғанда, ол тұжырымдамалардың мүлдем ақылға қонбайтындығын дұрыс бағалайды да, бірақ оның өзі қажетті бағаны талдауда бір қадам да алға баспайды; ал қажетті баға жөнінде ол өзінің «*Souls...*», деген еңбегінде бұл міндеттің шешімін шексіз кейінге қалдыра бермейінше, қажетті бағаны шын мәніндегі элементтеріне бөлуге болмайды дегенді. «Жылдық өнім құнының біразы капиталға, біразы пайдаға кететін айқын; жылдық өнім құнының бұл бөліктерінде әрқайсысы өзінің капиталын сақтау үшін, сондай-ақ өзінің тұтыну қорын жаңғырту үшін ұлт қажет ететін өнімдерді үнемі сатып алып отырады ([*Considerations sur la nature du revenu national*», Paris, 1824] p. 134—135)... Өз еңбегімен күнелтетін шаруа семьясы өзінің қамбалары мен қораларында тұрып, өзінің тұқымдық астығы мен малға деген жемін ішіп-жеп, өзінің жұмыс көлігінің терісін киіп, егіншілік құралдарымен көңіл көтере ала ма? Сәйдің тезісі бойынша, бұл сұрақтардың барлығына мақұлдап жауап беруге болар еді (135—136-беттер) ...Егер ұлттың табысы оның жалпы өмініне тең екенін, яғни бұл өнімнен ешқандай капиталды шегеріп тастаудың қажет еместігін мойындасақ, онда мынаны да мойындау керек: өзінің болашақ табысына титтей де зиян келтірместен (147-бет), ұлт өзінің жылдық өнімінің барлық құнын тиімсіз жұмсай алады. Ұлттың капиталын құрайтын өнімдер тұтынуға жұмсалмауы тиіс (150-бет).

ға жұмсалатын қосымша еңбек болмаса, жұмыс істейтіндерді асырап-сақтауға кететін еңбектің қандайы болса да тыйылады. Адамзат қоғамының алғашқы кезеңін алатын болсақ, бұл тұста даяр өндіріс құрал-жабдықтары әлі жоқ, демек, тұрақты капитал да жоқ, олай болса ұдайы өндіріс жағдайындағыдай іп патуга қалпында қайтарылуға тиісті өнім де, құн да болмайды. Бірақ бұл кезеңде тіршілікке керек нәрсені табиғаттың тікелей өзі береді, сондықтан оларды өндіру де қажет емес. Өздерінің болмашы тұтыну қажеттерін табиғаттағы даяр тұрған тіршілік құралдарын пайдалану арқылы өтеуге мәжбүр болған тағы адамдар қарамағындағы уақытын, өндірісті жаңадан қайталау үшін әлі жаратылмаған өндіріс құрал-жабдықтарын жасауға емес, ал табиғаттың басқа өнімдерін өндіріс құрал-жабдықтарына айналдыруға, мысалы, садақ, қанжар, қайық және т. с.-ға айналдыруға жұмсайды. Зат тұрғысынан алғанда, тағы адамның бұл әрекеті қосымша еңбектің қайтадан жаңа капиталға айналу процесімен түп-түгел үйлеседі. Қорлану процесінде артылған еңбектің өнімі капиталға айналып жатады, сондықтан әрбір жаңа капиталдың пайдадан, рентадан және табыстың басқа формаларынан, яғни қосымша еңбектен туатынына байланысты товарлардың барлық құны табыстан шығады-мыс деген жалған ұғым қалыптасады. Егер пайданың қайтадан капиталға айналуын егжей-тегжейлі талдап көрсек, ұдайы табыс формасында жүретін қосымша еңбек, бұрынғы капитал құнын сақтауға немесе ұдайы өндіріске жұмсалмайды, ол жаңа қосымша капитал жасауға қызмет етеді, бірақ та табыс ретінде тұтынылмайды.

Барлық қиыншылық мынада: жаңадан қосылған еңбек жасаған құн жалақыға шектелмей, пайда ретінде көрінеді. Ол қосымша құн формасында, яғни құн ретінде ұғынылады, оған капиталист ештеңе шығындаған жоқ, сондықтан бұл құн, әрине, авансыланған ештеңені, ешбір капиталды қайтаруға тиісті болмай-ақ, түгел пайда болып келеді. Сондықтан мұндай құн өндірістен бос, қосымша байлық формасында, қысқаша айтқанда, жеке капиталистің көзқарасы бойынша оның табысы формасында болады. Бұл жаңадан жасалған құнды өнімді тұтынуға да, жеке тұтынуға да, капитал ретінде де, табыс ретінде де тұтынуға болады. Қалай тұтынса да бәрібір. Ол заттай формада ішінара өнімді тұтынылуға тиіс. Сонымен, жыл сайын қосылатын еңбек капитал да, сондай-ақ табыс та жасайды, бұл қорлану процесінде байқалады. Бірақ, жұмысшы күшінің жаңа капитал өндіруге кеткен бөлегі (егер сәйкес салыстыратын болсақ, тағы адамның жұмыс күнінің тамақ табуға кететін уақытының бөлігі емес, тағамдық өнім-

дерді немденуге керек құралдар жасауға кететін уақытының бөлігі) қосымша еңбектің барлық өнімі ең алдымен пайда нормасында бейнеленгендіктен көлеңкеде қалады. Бұл анықтаманың қосымша еңбектің тікелей өзіне ешбір қатысы жоқ, ол тек қана капиталист инкассалаған қосымша құнға қатысты, сонда да капиталистің жеке-дара қатынасы бойынша жасалады. Шын мәнісінде жұмысшы өндіретін қосымша құн табыс пен капитал болып ажыратылады, яғни тұтыну бұйымдарына және қосымша өндіріс құрал-жабдықтарына бөлінеді. Бұрынғы, былтырғыдан қалған тұрақты капитал, оны құн жөнінен алып қарайтын болсақ, жаңа қосылған еңбек арқылы қайта өндірілмейді (бүлінген, демек, *pro tanto*\* жойылған бөліктер болмаса, сайып келгенде, бұрынғы капитал қайта өндірілмеуге тиіс — ұдайы өндірістің мұндай ауытқулары сақтық қоры арқылы өтеледі).

Жаңадан қосылған еңбек тек табысқа: жалақы, пайда мен рентаға бөлінетін болса да, жаңадан қосылған еңбектің бөлігі ұдайы өндіріс процесінде және тұтынылған тұрақты капиталды қайтару үстінде жұмсалатынын біз одан әрі көретін боламыз. Бірақ, мына жағдайлар ескерілмей жүр: 1) осы еңбек өнімі құнының бір бөлегі жаңадан қосылған еңбектің өнімі емес, бұрын болған және тұтынылған тұрақты капитал; сондықтан құнның бұл бөлігі енген өнімнің бөлігі де табысқа айналмай, осы тұрақты капиталдың өндіріс құрал-жабдықтарын *in natura* күйінде қайтарады; 2) жаңадан қосылған еңбекті шын мәнісінде бейнелейтін құнның бөлігі табыс ретінде *in natura* күйінде тұтынылмайды, басқа сферада тұрақты капиталды қайтарады, мұнда бұл еңбек зат формасында табыс ретінде тұтынылуы мүмкін, бірақ ол сонда да тек қана жаңадан қосылған еңбектің өнімі болып табылмайды.

Ұдайы өндіріс өзгермеген көлемінде қалса, тұрақты капиталдың тұтынылған әрбір элементі тиісті түрі бойынша жаңа бөлшегі арқылы, дәл сол сан мөлшерінде және формада болмағанмен, сондай қабілет-күйде *in natura* қалпында өтелуі қажет. Егер еңбектің өндіргіш күші бұрынғы дәрежеде қалса, тұтынылған элементтерді заттай қайтару дегеніміз сонымен бірге тұрақты капиталдың бұрынғы формасының құнын қайтарғанмен бірдей болады. Егер еңбектің өндіргіш күші өсіп, дәл сол заттай элементтерді азырақ еңбекпен өндіруге болатын болса, өнім құнының шағын бөлігінің өзі тұрақты бөлікті *in natura* күйінде толық қайтара алады. Мұндай жағдайда артық өнім жаңа қосымша капитал жасауға немесе өнімнің үлкен бөлігін тұтыну бұйымдары формасына айналдыруға, болмаса қосымша еңбекті азайтуға мүмкіндік береді. Оның

\* — тиісінше. *Ред.*

керісінше, еңбектің өндіргіш күші кеміп кетсе, бұрынғы капиталдың орнын толтыруға өнімнің едәуір бөлегі қажет болады, қосымша өнім азаяды.

Пайданың немесе қандай да болмасын қосымша құн формасының қайтадан капиталға айналуы мынаны көрсетеді: жұмысшы тіршілікке қажетті құралдарды алуға жұмсаған еңбекпен қатар, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге де еңбек жұмсайды. Егер тарихи белгілі экономикалық форманы былай қоя тұрып, бұл процесті жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын жасау ғана деп қарайтын болсақ, онда жағдай дәл осылай болады. Пайданың капиталға айналуы дегеніміз еңбектің артылған бөлегін жаңа қосымша өндіріс құрал-жабдықтарын жасау үшін қолдану болып табылады. Пайданың капиталға айналған формада қолданылуы артылған еңбекті, жұмысшы емес, капиталист билейтінін ғана көрсетеді. Артылған еңбек талай сатыдан өтеді, ол ең алдымен табыс ретінде көрінеді (ал, мысалы, тағы адамның артылған еңбегі тікелей өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге бағышталады), демек, бұл еңбекті немесе оның өнімін жұмыс істемейтіндер иемденеді. Шын мәнісінде капиталға айналатын біздің ұғымымыздағы пайда емес. Қосымша құнның капиталға айналуының мәні мынада: қосымша құн мен қосымша өнімді капиталист табыс ретінде бір өзі тұтынбайды. Шын мәнісінде құн капиталға айналады. Құн затқа айналған еңбекті немесе оның өзін толық бейнелейтін, болмаса алдын ала ақшаға айналған соң барып соған айырбасталатын өнімді көрсетеді. Соның өзінде, пайда капиталға айналған күнде де, пайда, яғни қосымша құнның белгілі формасы, жаңа капиталдың көзі болып табылмайды. Бұл тұста қосымша құн бір формадан екінші формаға айналады. Форманың осылай өзгеруінен ол оп-оңай капиталға айнала қалмайды. Капиталдың қызметін енді товар және оның құны атқарады. Товардың құны төленбегендіктен ол қосымша құнға жатады, бірақ бұл жағдайдың еңбектің затқа айналуына, тікелей құнға ешқандай қатысы жоқ.

Түсінбестік әр түрлі формада байқалады. Мысалы, тұрақты капиталды құрайтын товарларда жалақы, пайда мен рента элементтері бар. Немесе: біреуге табыс болып көрінетін құн мен өнім, басқа біреуге капитал болады, себебі мұның бәрі субъективтік қатынастар. Мысалы, тоқымашының иірген жібінде құнның бөлігі бар, ал ол тоқымашы үшін пайда болып табылады. Демек, тоқымашы иірілген жіпті сатып алғанда жіп иірушінің пайдасын шығарады, ал оның өзі үшін бұл иірілген жіп тұрақты капиталдың бір бөлегі ғана.

Табыс пен капиталдың қарым-қатынасы жөнінде, жоғарыда айтылғанындай, мынаны ескеру керек: тоқымашы капи-

талының құрамды бөлегі ретінде иірілген жіппен бірге құн ретінде оған қосылатын бөлік — иірілген жіптің құны. Бұл құнның бөліктері тоқымашының өзі үшін капитал мен табыс болып, басқаша айтқанда, ақысы төленген және ақысы төленбеген еңбек болып қалай бөлінсе де, товардың өз құнын белгілеуге (орта пайдаға байланысты болатын өзгерістерді елемегенде) бұл бәрібір. Бірақ, бұл жерде пайда, жалпы алғанда қосымша құн, товар құнынан артылған бірдене, ол бірін-бірі алдап соғудан, ебін тауып қымбатқа сатудан пайда болады-мыс, қулық-сұмдықтан келген үстеме деген ұғым бар. Егер өндіріс бағасы немесе тіпті товар құны төленетін болса, онда, әрине, товар құнының құрамды бөліктері де төленуге тиісті, бірақ сатушыға мұның бәрі табыс болып елестейді. Бұл жерде монополиялық баға жөнінде тіпті әңгіме де жоқ.

Екіншіден, тұрақты капиталды құрайтын товарлардың құрамды бөліктері, басқа әр түрлі товар құны сияқты, құнның бөліктеріне жатқызылуы мүмкін, ал бұл бөліктер өнім өндірушілер мен өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктеушілер үшін жалақы, пайда және рента болып ажыратылады. Бұл қандай да болмасын товардың құны осы товарға жұмсалған қоғамдық қажетті еңбектің өлшемі екенін дәлелдеудің капиталистік формасы ғана. Қандай да болмасын капиталдың товар өнімінің әр түрлі бөліктерге бөлінуіне, бірі тек қана тұрақты капиталға, екіншісі — капиталдың өзгермелі бөлегіне, үшіншісі — қосымша құнға айналуына мұның ешқандай бөгеті жоқ екені «Капиталдың» I кітабында көрсетілді.

Шторх төмендегі пікірді айтқанда көптеген басқалардың ойын да білдіреді.

«Ұлттық табысты құрайтын сатылатын өнімдерді саяси экономияда әр түрлі екі көзқарас тұрғысынан: жеке адамдар жөнінде құн есебінде және ұлтқа қатынасы жөнінде игілік ретінде алып қарау керек; себебі ұлттың табысы, жеке адамның табысы сияқты оның құны бойынша емес, оның пайдалылығы немесе оның тұтыну қажетін өтеу қабілеті бойынша белгіленеді» («Considerations sur la nature du revenu national». Paris, 1824. p. 19).

Біріншіден, өндіріс тәсілі құнға негізделген, оның үстіне, капиталистік тұрғыда ұйымдастырылған қоғамда ұлтты тұтас организм [Gesamtkörper] және бұл организм ұлттық қажетті қанағаттандыруға ғана жұмыс істейді деп қарау жалған үміт болады.

Екіншіден, өндірістің капиталистік тәсілі жойылып, бірақ қоғамдық өндіріс сақталған күнде де құнның анықтамасы мына мәнде басым болмақ: жұмыс уақытын реттеу және өндірістің әр түрлі топтары арасында қоғамдық еңбекті бөлісу, ақырында, осының бәрін қамтитын есеп-қисап қай уақыттағыдан болса да маңызды болады.

## ЕЛУҒИҢШІ ТАРАУ

**БӘСЕКЕДЕН ТУАТЫН ЕЛЕС**

Товарлардың құны немесе олардың барлық құны реттеп отыратын өндіріс бағасы төмендегіше бөлінетіні жоғарыда баяндалды.

1) Құнның тұрақты капиталды қайтаратын немесе товарды жасағанда өндіріс құрал-жабдықтары формасында тұтынылған еңбектің бұрынғы үлесін бейнелейтін бөлік; басқаша айтқанда, товар өндіру процесіне кірген құн немесе өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы. Бұл жерде біз жеке алған товарды емес, товарлы капиталды, яғни капиталдың белгілі уақыт ішіндегі өнімін бейнелейтін формасын айтамыз, мысалы, бір жылғы өнімді айтамыз; жеке алғандағы товар товарлы капиталдың элементі ғана және товарлы капиталдың құны қандай бөліктерден тұрса, оның құны да сондай құрамды бөліктерден құралады.

2) Құнның өзгермелі капиталды құрайтын бөлігі; ал бұл бөлік жұмысшының табысына өлшем болып, оның жалақысына айналады, демек, оны жұмысшы капитал құнының осы өзгермелі бөлігінде қайта өндірді; қысқаша айтқанда, бұл құнның товар өндірісі үстінде құнның бірінші тұрақты бөлігіне жаңадан қосылған, ақысы төленген еңбекті бейнелейтін бөлігі.

3) Қосымша құн, яғни товар өнімі құнының ақысы төленбеген еңбекті, яғни қосымша еңбекті көрсететін бөлігі. Құнның бұл соңғы бөлігі өз алдына дербес формаларға ұласады, бұл формалар сонымен бірге табыс формалары болып табылады: капиталдың пайда формасы (капиталдың өз проценті және өндірістегі капитал ретіндегі капиталдан кәсіпкердің алатын табысы) мен жер рентасы формасы, ол өндіріс процесіне қатысқан жер иемденушіге тиеді. 2) және 3) құрамды бөліктер, яғни құнның табыс формасына айналатын құрамды бөліктері, айталық, жалақы формасы (әрине, ол алдын ала өзгермелі капитал формасынан өткен соң ғана), пайда мен

рента формасы — ол 1) тұрақты капиталдың құрамды бөлігінен өзгеше, себебі осы тұрақты бөлікке, товар өндірісінің құрал-жабдықтарына жаңадан қосылған еңбек затқа айналады да, барлық құн соған саяды. Егер құнның тұрақты бөлігін былай қоя тұрсақ, жаңадан қосылған еңбекті бейнелейтін товар құны табыстың үш формасын құрайтын үш бөлікке таратылады — жалақы, пайда мен рента<sup>55)</sup> болып кетеді деген түсінік дұрыс сияқты көрінеді. Бұл формалардың құнына сай өлшемдері, яғни сәйкес үлестері, жоғарыда баяндалған, әрқайсысына ғана тән әр түрлі заң бойынша айқындалады. Бірақ карама-қарсы түсінікте дұрыс болмас еді. Жалақының, пайда мен рентаның құны дербес, заңды элементтер, оларды қосу арқылы, — тұрақты құрамды бөлікті есепке алмағанның өзінде, — товар құнын құрауға болады, басқаша айтқанда, бұлар товар құнының немесе өндіріс бағасының<sup>56)</sup> құрамды бөліктерінің көрінісі деген түсінік теріс.

Мұнда айырмашылық неде екенін байқау қиын емес.

Капитал өнімінің құны, айталық, 500-ге тең, демек,  $400_c + 100_v + 150_m = 650$ ; содан  $150_m$  өз алдына 75 единица пайдаға + 75 единица рентаға бөлінеді. Одан әрі, орынсыз қиыншылықтан бойды аулақ салу үшін, мұның өзі орта көрсеткіш, орта капитал деп алсақ, оның өндіріс бағасы оның құнына сәйкес келеді; мұндай сәйкестік әрқашан болады, себебі жеке капиталдың өнімі бүкіл капиталдың жиынтық өнімі бөлігінің тиісті өлшеміне сәйкес деп қарастырылады.

Өзгермелі капиталмен өлшенетін жалақы бұл арада аваныланған капиталдың 20% құрайды; бүкіл капиталға есептелген қосымша құн 30%, атап айтқанда, пайда 15% және рента 15%. Товар құнының барлық құрамды бөлегінде жаңадан қосылған еңбек заттай бейнеленеді, демек, ол  $100_v + 150_m =$

<sup>55)</sup> Капиталдың тұрақты бөлігіне қосылған құн жалақы, пайда және жер ренгасы болып таратылғанда құнның бөліктерін көретініміз өзінен-өзі түсінікті. Құнның бұл бөліктері, әрине, тікелей өнімнің өзін бейнелеуі, яғни құнды бейнелейтін өнімде көрінуі мүмкін. Басқаша айтқанда өндірістің дәл осы ерекше саласының жұмысшылары мен капиталистері тікелей өндірген өнімде, мысалға тоқыма өнеркәсібін алатын болсақ тоқымада көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнісінде құнның бөліктері бұл өнімде басқа бір товардарға да, немесе дәл осы құнның затқа айналған байлығының құрамды бір бөлігіндегідей ғана болмақ. одан не артық, не кем болуы мүмкін емес. Тәжірибеде, іс жүзінде жалақы ақшалай төленеді, басқаша айтқанда, құн толық өтеледі, процент пен рента жөнінде де дәл осылай болады. Капиталистке, шын мәнісінде, оның қолындағы өнімнің құнның толық бейнесіне айналуының үлкен маңызы бар. Себебі бөлудің тұсында алдын ала осындай болжал жасалады. Бұл құн дәл сол өнімге, дәл сол товарға, яғни өз өндірісінің тегіне айналды ма, жоқ па, жұмысшы тікелей өзі өндірген өнімнің бөлігін сатып ала ма, жоқ па, немесе ол басқа бір сапасы өзгеше еңбектің өнімін сатып ала ма, жоқ па, — мұның бұл мәселеге қатынасы жоқ. Родбертус мырза бұл мәселе жөнінде бекер тыраштанайды.

<sup>56)</sup> «Шикізат пен өнеркәсіп товарларының құнын реттеуші дәл сол жалпы қағида-тәртіп сондай-ақ металл жөнінде қолданылады, олардың құны пайда нормасынан, жалақы нормасынан және рудниктер үшін төленетін рентадан тәуелді болмайды, бұл құн металл шығаруға және оны рынокқа жеткізуге қажетті еңбектің барлық мөлшерінен шығарылады деп ескертсек жеткілікті». (Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». London, 1821, ch. III, p. 77).

=250-ге тең болады. Қосымша құнның мөлшері оның жалақы, пайда мен рента болып бөлінетіндігіне тәуелді емес. Бұл соңғы бөліктердің өзара қатынасы жұмыс күшінің берген нәтижесін, мысалы, жүз фунт стерлинг төленген еңбек 250 фунт стерлингке тең еңбек өлшемін шығарды. Демек, жұмысшы өзіне қажетті еңбектің сыртында  $1\frac{1}{2}$  есе артық еңбекті атқарды. Егер жұмыс күні 10 сағат болса, жұмысшы 4 сағатты өзіне жұмсады, 6 сағат капиталиске еңбек етті. Сонымен, жұмысшының 100 фунт стерлинг төленген еңбегінің ақшалай құны 250 фунт стерлинг болып шықты. Жұмысшы мен капиталист, капиталист пен жер иемденуші арасында бөлісуге осы 250 фунт стерлингтен басқа ешқандай құн жоқ. Өндіріс құралдарының 400-ге тең құнына жаңадан қосылған барлық құн осы. Сондықтан жоғарыда баяндалған жолмен өндірілген және затқа айналдырылғанда 250 фунт стерлинг болып шығатын товар құны еңбек өлшемінің шегін көрсетеді, жұмысшы, капиталист және жер иемденуші осы құннан табыс түрінде дивиденд: жалақы, пайда мен рента алады.

Табиғи құрылымы бұрынғыдай капитал, яғни қолданылған тірі жұмыс күші мен қозғалысқа келтірілген тұрақты капиталдың арасындағы қатынасы бұрынғыдай капитал 400-ге тең тұрақты капиталды қозғалысқа келтіру үшін бұрынғыдай мөлшердегі жұмыс күшіне, айталық, 100 фунт стерлинг орнына, 150 фунт стерлинг төлеуге мәжбүр болды делік. Одай әрі, айталық, қосымша құн жаңа пропорцияда пайда мен рентаға бөлінді делік. Бұрын 100 фунт стерлинг капитал мен қозғалысқа келтірілетін еңбек массасын енді 150 фунт стерлинг өзгермелі капитал қозғалысқа келтіреді деп топшылағандықтан, жаңадан өндірілген құн бұрынғыдай =250 болады және барлық өнімнің құны бұрынғыдай +650 болады, сонда мынадай нәтиже шығады:  $400_c + 150_v + 100_m$ ; және осы  $100_m$  айталық, 45 единица пайда және 55 единица рента болып бөлінеді. Енді жаңадан өндірілген барлық құнның жалақы, пайда мен рента арасында бөліну пропорциясы мүлде өзгеше болар еді; еңбек массасының бұрынғы мөлшердегі жиынтығына жұмыс істетсе де, барлық авансыланған капиталдың көлемі де мүлде өзгеше болар еді. Авансыланған капитал табыс формасына бөлінгенде: жалақы  $27\frac{3}{11}\%$ , пайда —  $8\frac{2}{11}\%$ , рента —  $10\%$ , қосымша құн, шамамен,  $18\%$  астам болар еді.

Жалақыны арттыру нәтижесінде барлық еңбектің ақы төленбеген бөлігінің өлшемі өзгеруіне байланысты, қосымша құнның көлемі де өзгереді. Он сағаттық жұмыс күнінде енді жұмысшы өзіне 6 сағат, ал капиталиске 4 сағат қана жұмыс істейді. Пайда мен рентаның қатынасы да өзгерер еді; кеміген қосымша құн капиталист пен жер иемденуші арасында



жаңа пропорцияда бөлінер еді. Ақырында, тұрақты капиталдың құны өзгермей қалып, авансыланған өзгермелі капиталдың құны ұлғаюы нәтижесінде кеміген қосымша құнның жалпы пайдасының нормасы бұрынғыдан да төмендікіреп кетер еді; жалпы пайда нормасы дегеніміз бұл арада барлық қосымша құнның авансыланған бүкіл капиталға қатынасынан көрінеді.

Жалақы құнының, пайда нормасының және рента нормасының өзгерістері, бұл бөліктердің өзара қарым-қатынастарын реттейтін заңдардың әсер ету күшіне қарамастан, жаңадан жасалған товар құнының 250 единица өлшемімен шектеледі, бұдан асып кете алмайды. Рента монополиялық бағаға негізделген күнде ғана нендей бір ерекшелік болуы мүмкін. Бұл жағдай да заңда ешбір өзгеріс енгізе алмас еді, ол тек зерттеуді қиындатар еді. Өйткені бұл ретте біз тек өнімнің өзін алып қарайтын болсақ, онда өзгеріс қосымша құнды бөлгенде ғана байқалған болар еді, ал егер осы товардың басқа товарлармен салыстырғандағы относительді құнын алып қарайтын болсақ, онда біз товарлардың қосымша құнының біразы осы өзгеше товарға көшеді деген ерекшелікті ғана байқаған болар едік.

Қысқаша қайталайық:

Өнім құны	Жаңа құн	Қосымша құн нормасы	Жалпы пайда нормасы
Бірінші жағдайда: $400_c + 100_v + 150_m = 650$ .....	250	150%	30%
Екінші жағдайда: $400_c + 150_v + 100_m = 650$ .....	250	$66\frac{2}{3}\%$	$18\frac{2}{11}\%$

Ең алдымен, қосымша құн өзінің бұрынғы өлшемінен үштен бір есе, яғни 150-ден 100-ге дейін азайды. Енді азайған қосымша құн авансыланған үлкен жиынтық капиталға бөлінетін болғандықтан пайда нормасы үштен бір еседен көбірек кеміді, мысалы, 30%-тен 18%-ке түсті. Бірақ, ол да қосымша құн нормасына қарағанда сараң кеміді. Қосымша құн  $\frac{150}{100}$  -ден  $\frac{100}{150}$  -ге, яғни 150%-тен  $66\frac{2}{3}\%$ -ке дейін төмендеді; ал пайда нормасын алатын болсақ, ол  $\frac{150}{500}$  -ден  $\frac{100}{550}$  -ге дейін, яғни 30%-тен  $18\frac{2}{11}\%$ -ке дейін ғана төмендеді. Сонымен, пайда нормасы қосымша құн массасына қарағанда едәуір артық төмендесе де, қосымша құн нормасына қарағанда кемірек азая-

ды. Капиталдың өзгермелі құрамды бөлігі өсуіне сәйкес авансыланған капитал ұлғайса да, қолданылған еңбек сан жағынан сол қалпында қалғандықтан, өнімдердің массалары сияқты құндар да өзгермей қалпында қалады. Авансыланған капиталдың бұлай ұлғаюы кәсіпті енді ғана бастаған капиталiske, әрине, оңай тимес еді. Бірақ, тұтас ұдайы өндіріс тұрғысынан алғанда, өзгермелі капиталдың ұлғаюы мынаны ғана көрсетеді: жаңадан қосылған еңбектің көмегімен жасалған құнның көбірек бөлігі жалақыға айналады, демек, қосымша құн мен қосымша өнімге айналу орнына, ең алдымен өзгермелі капиталға айналады. Олай болса, өнім құны өзгермей қалады, өйткені ол, бір жағынан, тұрақты капиталдың құны = 400-бен, екінші жағынан, жаңағы, жаңадан қосылған еңбекті бейнелейтін 250 деген цифрмен шектеулі болады. Бұл екі өлшем де өзгермей қалды. Тұрақты капиталға қайтадан кірген жаңа өнім құнның осы өлшемінде дәл бұрынғыдай тұтыну құнның массасын бейнелейді, демек, тұрақты капитал элементтерінің дәл сол бұрынғы массасы дәл бұрынғы құнды қалпында сақтайды. Егер жұмысшының жалақысы оның өз еңбегі өнімінің құнынан үлкенірек үлес алуына байланысты көтерілудің орнына, еңбек өнімділігі төмендеп, жұмысшының өз еңбегінің өнім құнынан алатын үлесі ұлғайса, жағдай басқаша болар еді. Онда ақысы төленген және ақысы төленбеген еңбек массасын бейнелейтін барлық құн өзгеріссіз қалар еді; бірақ осы еңбек өлшемін бейнелейтін өнім массасы азайып кетер еді, демек, өнімнің тиісті әрбір бөлігінің бағасы ұлғаяды, себебі өнімнің әрбір бөлігі енді еңбек өлшемінің әлдеқайда көбірек мөлшерін бейнелейді. Бұрынғы 100 единица көлеміндегі жалақы қанша өнім бейнелесе, көбейіп 150 единицаға жеткен жалақы да сонша өнімді ғана бейнелеген болар еді; кеміп 100 единицаға түскен қосымша құн енді тұтыну құны массасы өнімінің  $\frac{2}{3}$ ,  $66\frac{2}{3}\%$  бейнелеген болар еді, ал ол құн бұрын 100 единица болатын-ды. Мұндай жағдайда тұрақты капитал да қымбаттайды, өйткені осы өнім оған кіреді. Бірақ, бұл жалақыны арттыру нәтижесі емес, қайта мұның керісінше, жалақыны арттыру товарлардың қымбаттауының нәтижесі және дәл бұрынғы еңбек өлшемінің төмен өнімділігінің нәтижесі болып шығады. Бұл арада жалақыны арттыру өнімді қымбаттатады-мыс деген елес туады, ал шын мәнісінде оған жалақыны арттыру себеп емес, ол еңбек өнімділігінің төмендеуіне байланысты товарлардың құны өзгеруінің нәтижесі болып табылады.

Егер, мұның керісінше болса, бұрынғы тең жағдайда еңбек бұрынғы мөлшерде жұмсалса, өндірілген өнім бұрынғы-

дай 250 единица болып бейнеленсе, еңбек үстінде қолданылған өндіріс құрал-жабдықтарының құны ұлғайып немесе кеміп шығар еді, сол өнім массасының құны да дәл сол мөлшерде ұлғайып немесе кеміп қалар еді.  $450_c + 100_v + 150_m$  демек, өнім құны = 700. Ал  $350_c + 100_v + 150_m$  өнімнің дәл сол массасына тек 600 единица құн береді, ал бұрынғы мөлшер 650 единица еді. Олай болса, сан жағынан дәл сол бұрынғы авансыланған капиталдың көбеюі немесе азаюы капиталдың тұрақты бөлігі құнының өзгерістері нәтижесінде болады. Мұның керісінше, өзгермелі капитал құнының өлшемі өзгеруіне байланысты авансыланған капитал ұлғайғанмен немесе азайғанмен, егер еңбек өнімділігінің күші өзгермесе, өнім құны да өзгермейді. Тұрақты капитал құнының ұлғаюы немесе азаюы өзге бір қарама-қарсы әрекетпен толықтырылмайды. Еңбек өнімділігі өзгермейтін жағдайда өзгермелі капитал құнының ұлғаюы немесе азаюы қосымша құнның кері қозғалысы арқылы толықтырылады, демек, өзгермелі капиталдың құны мен қосымша құн, яғни өндіріс құрал-жабдықтарына еңбек арқылы жаңадан қосылған құн және өнімде жаңадан жасалған құн өзгеріске ұшырамайды.

Керісінше, өзгермелі капитал құнының немесе жалақының ұлғаюы да, азаюы да товарлар бағасының қымбаттауының немесе арзандауының нәтижесі болса, яғни еңбек өнімділігінің өсуінің, яки төмендеуінің нәтижесі болса және ол нақты көлемдегі күрделі капиталға қолданылса, онда бұл жағдай өнім құнына әсер етеді. Бірақ жалақыны көтеру болмаса кеміту бұл жерде себепке жатпайды, ол тек нәтиже ғана.

Егер тұрақты капитал, жоғарыда келтірілген мысалға қарама-қарсы, өзгермей  $=400_c$  болса; бірақ  $100_v + 150_m$  орнына  $150_v + 100_m$  шықса, яғни өзгермелі капиталдың ұлғаюы тікелей өз өндіріс саласында, мысалы, мақта мата саласында еңбек өнімділігі төмендеуінің нәтижесі болмай, айталық, жұмысшыға азық боларлық өнім беретін егіншілік саласындағы өзгерістер салдары болса, бұл күнкөріс азығы қымбаттап, оның құны өзгерген болар еді. Бұдан былай бұрынғыдай 650 единица құн иірілген мақта массасы күйінде бейнеленер еді.

Бұдан мынадай қорытынды шығады: егер үнем жасау және т. с. арқасында жұмысшы тұтынатын өнім шығаратын өндіріс салаларында тұрақты капиталға кететін шығын кемітілсе, мұның өзі тура жұмсалатын еңбек өнімділігінің тікелей өсуі сияқты, дәл сол дәрежеде жалақының азаюына әкеліп соғуы ықтимал, өйткені жұмысшының тіршілігіне қажетті заттарды арзандатады, демек, ақтығында қосымша құнның ұлғаюына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда пайда нормасы екі себеп-

пен өседі: біріншіден, тұрақты капиталдың құны кемиді, екіншіден, қосымша құн ұлғаяды. Қосымша құнның пайдаға айналу жолдарын алып қарағанда, біз жалақы кемімейді, тұрақты қалпында қалады деп топшыладық, өйткені қосымша құн нормасының өзгерістерінен тәуелсіз деп алып, пайда нормасының ауытқуларын зерттеуге тиіс болдық. Оның үстіне, біз анықтаған заңдардың жалпы сипаты бар. Ол заңдарды, сондай-ақ, жұмысшы тұтынатын өнім шығармайтын салаға жұмсалған күрделі қаржыға да қолдануға болады, бұл саладағы өнім құнының өзгерістері жалақыға әсер етпейді.

---

Сонымен, жаңадан қосылған еңбек арқылы өндіріс құрал-жабдықтарына немесе тұрақты капиталға жыл сайын қосылатын құнның оқшаулануы және бөлінуі — осы жаңа жасалған құнның оқшауланып, табыс формасының әр түріне: жалақыға, пайда мен рентаға бөлінуі, осы бөліктердің қарым-қатынасын өзгерту осы құнның өлшемін, суммасын өзгерте алмайтыны сияқты, сондай-ақ құнның өзінің, әр түрлі категориялар арасында бөлінетін құн суммасының шекараларын әсте өзгертпейді. Осы 100 деген сан, оны қалай бөлсек те, мысалы,  $50+50$  яки  $20+70+10$  немесе  $40+30+30$  деп алсақ та, әрқашан бұрынғы мөлшерде қалады. Өнім құнының осы табыстарға бөлінетін бөлігі, капитал құнының тұрақты бөлігі сияқты, товарлардың құнына сәйкес, яғни нақты затқа айналған еңбектің санына қарай бағаланады. Сонымен, біріншіден, жалақы, пайда мен рента арасында бөлісілетін товар құнының массасы, жиынтығы берілді, демек, бұл товарлардың құнының жеке бөліктері жиынтығының абсолют шекарасы берілді. Екіншіден, белгілі бір жеке категорияларды алатын болсақ, олардың орташа және айқындаушы шекаралары да беріледі. Жалақы оларға бұлай шек қоюдың базисін, негізін қалайды. Жалақы, бір жағынан, жаратылыс заңымен реттеледі; оның төменгі шекарасы жұмысшыға өзінің жұмыс күшін сақтап, ұдайы өндіріс үшін қажетті тіршілік құралдарының табиғи физикалық минимумымен шектеледі, демек, товарлардың белгілі бір мөлшерлі саны беріледі. Бұл товарлардың құны оны ұдайы өндіруге қажетті жұмыс уақытымен белгіленеді, яғни еңбектің өндіріс құрал-жабдықтарына жаңадан қосылған бөлігімен немесе жұмысшының осы қажетті тіршілік құралдарының құнына тең эквивалент жасауға жұмсайтын әрбір жұмыс күнінің бөлігімен белгіленеді. Мысалы, егер жұмысшының бір күнгі тіршілік құралдарының орташа құны орташа еңбектің 6 сағатына тең болса, жұмысшы күн сайын өзіне 6 сағат жұмыс істеуге тиіс. Оның жұмыс күшінің шын құны

бұл физикалық минимумге үйлеспейді; ол климатқа және қоғам дамуының дәрежесіне қарай әр түрлі болады; ол физикалық және тарихи дамудың қоғамдық тұтыну мөлшеріне тәуелді келеді, мұның өзі адамның екінші табиғаты деуге сияды. Белгілі бір елде және белгілі бір кезеңде бұл реттеуші орта жалақы нақты өлшемге жатады. Сонымен, өзге барлық табыстар құнының шекарасы болады. Ол құн, жалақыны қоспағанда, бүкіл жұмыс күнін бейнелейтін құнға ұдайы тең болады (орташа жұмыс күні қоғамдық капиталдың жиынтығы арқылы жұмыс істейтін барлық еңбек массасын бейнелейді). Құнның шекарасы ақысы төленбеген еңбектің құнының шекарасымен, яғни ақысы төленбеген еңбектің санына қарай белгіленеді. Жұмысшының өз жалақысының құнын ұдайы өндіруге арнайтын жұмыс күні бөлігінің шекарасын жалақының физикалық минимумы көрсетеді, ал қосымша еңбекті, демек, құнның қосымша құнды бейнелейтін бөлігін жұмыс күнінің екінші жартысы көрсетеді, оның шекарасы физикалық максимум жұмыс күні, яғни жұмысшының жалпы жұмысшы күшін сақтап, ұдайы өндіруге арнайтын жұмыс күні жиынтығының санына қарай болады. Біздің осы зерттеуімізде жыл бойына жаңадан қосылған барлық еңбекті бейнелейтін құнды бөлу жөнінде мәселе қойылғандықтан жұмыс күні тұрақты өлшем деп алынуы мүмкін, оның физикалық максимум мүмкіндігінен аз ба, көп пе ауытқығанына қарамастан, ол тұрақты деп топшыланады. Сонымен, қосымша құнды құрап, пайда мен жер рентасына жарылатын құн бөлігінің абсолютті шекарасы берілді; ол жұмыс күнінің ақысы төленген бөлігін шығарып тастағанда, оның ақысы төленбеген өлшемімен, яғни қосымша еңбекті бейнелейтін бөлігін көрсетеді. Егер мен қолданғандай, осы шеңбермен шектелген және бүкіл авансыланған капиталға есептелген қосымша құнды пайда деп атасак, оны абсолютті өлшемі жағынан алып қарайтын болсақ, — пайда қосымша құнға тең, демек, оның шекаралары да, қосымша құн шекарасы сияқты, заңды белгіленіп отыр. Пайда нормасы да өсу шегі бар белгілі шекарадағы өлшем, оның шекарасын товарлар құны айқындайды. Ол қосымша құн жиынтығының өндіріске авансыланған қоғамдық капитал жиынтығына қатынасынан көрінеді. Авансыланған капитал жиынтығы = 500 (айталық, миллион), ал қосымша құн = 100 болса, онда пайда нормасының абсолютті шекарасы 20% болғаны. Өндірістің әр түрлі сферасына жұмсалған күрделі капиталдар арасындағы осы нормаға сәйкес қоғамдық пайданы бөлу товарлар құнынан ауытқыған өндіріс бағаларын туғызады, бұл бағалар шын мәнісінде рыноктың орта бағасы болып табылады. Бірақ бұл ауытқулар құнның бағаны белгілеп, айқын-

дайтынын, пайданың заңды шекараларын бекерге шығармайды. Егер товардың құны оны өндіргенде тұтынылған  $k$  капиталға және онда бейнеленген қосымша құнға тең болса, онда товар өндірісінің бағасы оны өндіруге тұтынылған  $k$  капиталға және қосымша құнға тең, осы товарды өндіруге авансыланған капиталдың толық тұтынылғаны болсын, тек қолданылғаны болсын, пайданың жалпы нормасы бойынша тиісті үлес 20% қана болмақ. 20% мөлшеріндегі бұл үстеме жиынтық қоғамдық капитал жасаған қосымша құн және оның капитал құнына қатынасы арқылы бейнеленеді; сондықтан да ол 10% немесе 100% емес, 20% құрайды. Сонымен, құнның өндіріс бағасына айналуы пайданың шекарасын жоймайды, бірақ қоғамдық капиталды құрайтын әр түрлі жеке капиталдар арасында пайда бөлісуге өзгеріс жасайды, пайданы капиталдарға олардың үлесіне лайықтап, пропорция сақтап бөледі, олардың үлесі жиынтық капиталға әрқайсысының қатынасына қарай анықталады. Рынок бағалары өндірістің осы реттеуші бағасынан жоғары да, төмен де болады, бірақ мұндай ауытқулар бірін-бірі жойып жатады. Егер бағалар жөнінде ұзақ мерзімнің мәліметтерін алып қарайтын болсақ, мұның өзінде осы кезеңде еңбек өнімділігінің өзгерістеріне байланысты товар құнының нақты өзгерістерін есепке алмасақ, сондай-ақ осы кезеңде өндіріс процесінің ойда жоқ табиғи немесе қоғамдық кесепатқа байланысты бұзылуын былай қоя тұрсақ, ауытқулардың мүлде болмашы ғана екеніне және ол ауытқулардың лезде қалыпқа келтіріліп жататынына біз қайран қалар едік. Бұл арада реттеуші орта бағаның үстемдігін көреміз. Кетсе оның күші қоғамдық құбылыстарға жатады<sup>234</sup> деп көрсетті. Товарлардың құнын өндіріс бағаларымен теңестіру ешқандай тосқауыл көрмейтін болса, онда рента дифференциалды рентаға саяды, яғни артық жоғары пайданы өндірістің реттеуші бағасы капиталистердің белгілі бір бөлігіне ұсынады, кейін оны жерді меншіктеушілер иемденеді. Демек, рента құнының белгілі шекарасы пайданың жеке нормасының ауытқуларынан байқалады, пайданың жалпы нормасының араласуымен өндіріс бағасын реттеу үстінде бұл ауытқулар бірден көрінеді. Егер жер иемденуші товарлар құнын өндіріс бағасына теңестіруге бөгет жасаса және абсолютті рентағы өзіне алып қойса, абсолютті рента егіншілік өнімі құнының өндіріс бағасынан артық мөлшерімен тежеледі, демек, пайданың жалпы нормасына сәйкес капиталдардың үлесіне келетін егіншілік өнімдерінің бағасындағы қосымша құнның пайдадан артық мөлшерімен шектеледі. Осы айырмашылық рентадың шекарасын көрсетеді, мұның өзі нақты, қолдағы және товарлардағы қосымша құнның бөлегін құрайды.

Ақырында, қосымша құнды орта пайдаға теңестіру өндірістің әр түрлі сферасында жасанды және табиғи монополиялар ретінде, атап айтқанда, жерді иемдену монополиясы сияқты бөгетке ұшыраса, сөйтіп, өндіріс бағасынан және товарлардың құнынан көп артық монополиялық баға мүмкін болса және ол монополия құдіретіне ғана бағынса да, товарлардың құны белгілейтін шекаралар бәрібір жойылмаған болар еді. Белгілі товарлардың монополиялық бағасы өзге товарларды өндірушілер пайдасының бөлегін монополиялық бағасы бар товарларға ауыстыра салған болар еді. Мұндай жағдайда өндірістің әр түрлі сферасы арасында қосымша құн бөлісу жанамалап, шағын көлемде ғана бұзылуы ықтимал, бірақ сонда да қосымша құнның өз шекарасы бұлжымай қалуы мүмкін. Егер мұндай монополиялық бағасы бар товар жұмысшының тұтынуына қажетті бұйымдар қатарына кірсе, ол жалақыны арттырады да, қосымша құнды азайтады, себебі жұмысшыға бұрынғысынша оның жұмыс күшінің барлық құны төленер еді. Мұндай товар, егер жалақы өзінің ең төмен нақты мөлшерінен артық болса, ол жалақыны жұмыс күшінің құнынан да төмендетіп жіберген болар еді. Бұл ретте монополиялық баға нақты жалақыдан шегеру (яғни жұмысшының тиісті еңбек мөлшері арқасында тұтыныс құны суммасынан алатыны) және басқа капиталистердің пайдасы есебінен төленеді. Монополиялық бағаның товарлар бағасын дұрыс реттеуге бөгет боларлық шекарасы айқын белгіленіп, нақты есептеуге икемделер еді.

Сонымен, жаңадан қосылған және жалпы алғанда табыстарға жіктелетін товарлардың құнын бөлу өзінің деректерін және реттеуші шекараларын қажетті еңбек пен қосымша еңбектің, жалақы мен қосымша құнның өзара қарым-қатынасынан табатыны сияқты, қосымша құнды пайда мен жер рентасына бөлу де өзінің шекарасын пайда нормасын теңестіру заңдарынан табады. Пайданың процентке және кәсіпкердің табысына бөлінуін алатын болсақ, бұл екеуінің шегін де орта пайда құрайды. Орта пайда құнның белгілі өлшемін айқындап береді, бөлу осы өлшем шеңберінде болуы тиіс және тек осы шеңберде ғана болуы мүмкін. Бөлу үстіндегі пропорция кездейсоқ қалыптасады, яғни тек қана бәсеке қатынастарына байланысты болады. Басқа жағдайда сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі рынок бағаларының реттеуші орта бағалардан ауытқуларын жоятын болса, яғни бәсекенің әсерін жойып отырса, бұл арада ол бірден-бір айқындаушы себеп болып табылады. Қалайша? Өндірістің сол бір факторы, яғни капитал, өзінің үлесіне тиетін қосымша құнды өндірістің дәл әлгі факторының екі иемденушісіне бөліп беруге тиіс. Бірақ орта пай-

даны бөлудің заңды айқын шекарасының жоқтығы сияқты жағдай товар құнының бөлігі ретінде орта пайданың шекарасын жоймайды, яғни кәсіпорынды немденуші екі компаньоның қайсыбір сыртқы жағдайлардың себебінен бұл пайданы тең бөліспейтіні пайданың шекарасына әсер етпейтіні секілді.

Демек, егер товар құнының өндіріс құрал-жабдықтарының құнына жаңадан қосылған еңбекті бейнелейтін бөлегі кейін бір-бірінен тәуелсіз табыс формаларына айналып, әр түрлі бөлікке таратылатындығынан жалақыны, пайда мен рентаны қосудан товарлардың өздерінің реттеуші («natural price», «prix nécessaire»\*) бағасы пайда болатын элементтер деп қаралуға тиіс деген ұғым тумады; сонымен, аталған үш бөлікке товардың құны бөлініп жатқан жоқ, өйткені одан құнның тұрақты бөлігі шығарылып тасталады; мұның керісінше, бұл үш бөліктің әрқайсысының бағасы өз алдына белгіленер еді, сөйтіп бір-біріне тәуелсіз осы үш өлшемнің қосылуынан ғана товардың бағасы шығар еді. Шын мәнісінде товардың құны күні бұрын белгілі нәрсе. Ол жалақы, пайда және рента құнының қосындысы, бұл жерде бұлардың относителді мөлшері мейлі қандай болсын бәрібір. Жоғарыда көрсетілген жалған түсінік бойынша, жалақы мен пайда, рента үшеуі де құнның дербес өлшемдері, товар құнының мөлшерін жасайтын, оны айқындайтын және тежейтін де осы үшеуінің жиынтық мөлшері.

Егер жалақы, пайда мен рента товарлар құнының негізі болса, онда мұның товар құнының тұрақты бөлігіне, сондай-ақ оның өзгермелі капитал мен қосымша құнды бейнелейтін екінші бөлігіне де бірдей дәрежеде қатысы бар екені өзінен өзі түсінікті. Демек, бұл тұрақты бөлік елеусіз қалдырылуы да мүмкін, себебі оның құрамына кіретін товарлар құнын дәл сол жалақы, пайда және рента құнының жиынтығы құрайды. Жоғарыда баяндалғанындай бұл көзқарас құнның дәл осындай тұрақты бөлігі бар дегеннің өзін жоққа шығарады.

Бұдан әрі құн туралы қандай да болмасын түсінік жоғалып келетіні айқын. Баға туралы ұғым ғана сақталады, оның өзінде де тар мағынада — жұмыс күшін, капитал мен жерді немденушілерге белгілі сомада ақша төлеу мағынасында ғана қалады. Ал ақша деген не? Ақша — зат емес, бірақ құнның белгілі бір формасы, демек, құн тағы да қажет болды. Өндірістің осы элементтері үшін, сонымен, белгілі бір мөлшерде алтын немесе күміс төленетін болсын немесе іштей осыған теңестірілсін. Бірақ, басқа товарлар сияқты, алтын мен күмістің өзі де («оқымысты» экономист осыған ақылы жеткеніне мәз

\* — «табиғи баға», «қажетті баға». Ред.



болады) товар болып табылады. Демек, алтын мен күмістің бағасы да баяғы бір жалақы, пайда мен рента бойынша белгіленеді. Демек, жалақыны, пайда мен рентаны белгілі бір мөлшердегі алтынмен және күміспен өлшей алмаймыз, себебі осы алтын мен күмісті бағалауға тиісті, олардың эквиваленті ретіндегі құнның өзі, алтын мен күміске қарамастан, яғни дәл өзі де аталған үш фактордың өнімі болып табылатын қандай да болмасын товардың құнына қарамастан, алдымен жалақы, пайда және рента арқылы бағалануға тиіс. Сонымен, жалақының, пайда мен рентаның құны белгілі бір мөлшердегі алтын мен күміске тең деген сөз олар белгілі мөлшердегі жалақыға, пайда мен рентаға тең дегенмен бірдей.

Ең алдымен жалақыны алайық. Өйткені осы көзқарасқа сүйенгенде әуелі еңбекті негізге алу қажет. Жалақының реттеуші бағасы, яғни рынок бағасының негізі болатын баға қалайша жасалады?

Айталық, жұмыс күші жөніндегі сұраныс пен ұсыныс делік. Бірақ қандай жұмыс күшіне сұраныс туралы әңгіме болуы ықтимал? Капиталдың сұранысы жөнінде әңгіме болып отыр. Демек, еңбек жөніндегі сұраныс капиталдың ұсынысына тең келіп жатыр. Капиталдың ұсынысын әңгімелеуден бұрын, алдымен капитал дегеніміз не екенін білуіміз керек. Капитал неден құралады? Оның ең қарапайым құрылымын алайық: капитал ақша мен товардан құралады. Бірақ ақша товардың формасы ғана. Сонда, капитал товардан құралғаны ма? Бірақ товарлардың құны, алдымен, товарларды өндіретін еңбектің бағасы арқылы, жалақы арқылы белгіленеді емес пе? Бұл жерде жалақы алғышарт болып табылады және товарлар құнының негізі боларлық элемент ретінде қаралады. Демек, бұл баға еңбек ұсынысының капиталға қатынасы арқылы анықталуға тиіс. Капиталдың өз бағасы товарлардың бағасына тең, ол дәл осы товарлардан құралады. Капиталдың еңбек жөніндегі сұранысы капиталдың ұсынысына тең. Ал капиталдың ұсынысы осы баға товарлар сомасының ұсынысына тең, ал бұл баға бұрынғыдай товар құнының өзгермелі капиталды құрайтын, яғни жұмысшыға оның еңбегі үшін төленетін бөлігіне тең; өзгермелі капиталды құрайтын товарлардың бағасы, алдымен, бұрынғыдай еңбек бағасымен белгіленеді; себебі товарлардың бағасы жалақының, пайда мен рентаның бағасынан құралады. Демек, жалақыны анықтау үшін, біз капиталды алғышарт ретінде қабылдай алмаймыз, себебі капитал құнының өзі жалақының қатысуымен айқындалады.

Оның үстіне, бәсекені іске араластыру ешқандай көмек болып жарытпайды. Бәсекенің нәтижесінде еңбектің рыноктағы

бағасы біресе көтеріледі, біресе төмендейді. Еңбектің сұранысы мен ұсынысы бірін бірі жауып жатыр деп есептейік. Сонда жалақы қалай белгіленбек? Бәсеке айқындамақ па?! Бірақ біз бәсекенің ықпалы болмас деп топшыладық қой, өйткені оның бір-біріне қарама-қарсы күштері бәсекенің әсерін жойып жібереді емес пе. Оның үстіне біз жалақының табиғи нарқын, басқаша айтқанда, бәсеке арқылы реттелетін еңбек бағасын емес, мұның керісінше, оның бәсекені реттейтін бағасын білгіміз келеді.

Еңбектің қажетті бағасын жұмысшының тіршілік құралдары бойынша айқындаудан басқа амал қалған жоқ. Бірақ бұл тіршілік құралдары тиісті бағасы бар товарлар болып табылады. Демек, еңбек бағасы қажетті тіршілік құралдарының бағасымен айқындалады, ал тіршілік құралдарының бағасы, басқа товарлардың бағасы сияқты, алдымен, еңбек бағасымен айқындалады. Олай болса, тіршілік құралдарының бағасымен айқындалатын еңбек бағасы еңбек бағасымен белгіленеді. Еңбек бағасы өзін-өзі айқындайды. Басқаша айтқанда, еңбек бағасы қалайша айқындалатынын біз білмейміз. Бұл жерде жалпы алғанда еңбектің бағасы бар, өйткені ол товар есебінде қаралып отыр. Демек, еңбек бағасы туралы сөз қозғаудан бұрын біз жалпы баға деген не екенін білуге тиіспіз. Алайда жалпы алғанда бағаның не екенін бұл жолмен біз біле алмаймыз.

Дегенмен, осы лекер әдіспен еңбектің қажетті бағасын айқындадық делік. Сонда орта пайда, әрбір капиталдың пайдасы не болғаны, бұл пайда қалыпты жағдайда товар бағасының екінші элементін құрайды ғой. Орта пайда болса, ол орта пайда нормасы арқылы белгіленуге тиіс, ал орта пайда нормасы қалай жасалады? Капиталистер арасындағы бәсеке арқылы жасала ма? Бірақ бәсекенің өзі пайданың бар екендігінің белгісі емес пе? Бәсеке пайданың әр түрлі нормасын тұғызады, демек, өндірістің дәл сол саласында немесе әр түрлі саласында түрлі-түрлі пайда нормасы болуы ықтимал. Бәсеке товарлардың құнына әсер етуі арқасында ғана пайда нормасына ықпал жасайды. Бәсекенің нәтижесі мынадай ғана болуы мүмкін: бірінғай өндіріс саласында өндірушілер өздерінің товарларын бірдей бағамен сатады, ал өндірістің әр түрлі саласын қамтитын көлемде олар бәріне бірдей пайда беретін бағамен товар бағасына бірдей пропорцияда үстеме қосатындай бағамен сатады; ал бұл үстемені жалақы ішінара күні бұрын белгілеп қояды. Сондықтан бәсеке пайда нормасындағы ала-құлалылықты теңестіре ғана алады. Пайданың әр түрлі нормаларын теңестіруге мүмкіндік болуы үшін товар бағасының элементі ретінде пайда қолда тұруы керек. Бәсеке пай-

даны жасамайды. Ол пайданы көбейтуі немесе азайтуы мүмкін, бірақ шын мәнісінде орнайтын теңбе-тең дәрежені орната алмайды. Демек, пайданың қажетті нормасы жөнінде әңгіме қозғағанда, біз бәсекенің әрекетінен тәуелсіз нақ осы пайда нормасын білгіміз келеді: мұндай норма бәсекенің өзін реттеуге ықпал жасайды. Пайданың орта нормасы өзара бәсекелес капиталистердің күші теңескенде пайда болады. Бәсеке бұл теңесуді туғызуы мүмкін, бірақ ол осы теңестірудің нәтижесінде туатын пайда нормасын жасай алмайды. Мұндай тепе-теңдік туған уақытта нәліктен пайданың жалпы нормасы — 10% немесе 20% болмаса 100% болып шықты? Бәсеке нәтижесінде ме? Жоқ, мұның керісінше, бәсеке 10% немесе 20% болмаса 100% ауытқу себептерін ғана жойды. Ол товардың бағасына нұсқады, бұл баға тұсында әрбір капитал өзінің мөлшеріне пропорциялы түрде пайда береді. Бірақ бұл пайданың мөлшері бәсекеден тәуелді емес. Бәсеке барлық ауытқуларды қайта-қайта әкеліп осы өлшемге саяды да тұрады. Біреу басқа біреулермен бәсекелеседі делік, міне, бәсеке оны өз товарларын әлгі басқа біреулердің сатып тұрған бағасымен сатуға мәжбүр етеді. Ендеше, бұл баға не себептен 10 немесе 20 болмаса 100 единица болады?

Демек, пайда нормасын, олай болса, пайданың өзін де товардың бағасына ғайыптан келіп қосылған үстеме деп түсіндіруден бөтен лаж қалған жоқ: ал бұдан бұрын ол жалақы арқылы бейнеленетін-ді. Бұл пайда нормасы тұрақты өлшем болуға тиіс — бәсекенің қатал талабы осындай. Бірақ мұны біз бұдан бұрын, пайданың жалпы нормасы, пайданың «қажетті бағасы» туралы сөз қозғағанда білген едік.

Бұл берекесіз болжалды жер рентасына да қолданып, тағы да қайталағаннан ешбір пайда жоқ. Пайда мен рентаның ғайыптан келе қалған заң бойынша товардың құнына қосылған үстеме секілді көрінгені, ең алдымен, ол жалақы арқылы бейнеленгені онсыз да айқын. Қысқасы, экономистер бәсекені түсіндірудің орнына, бәсеке олардың барлық қойыртпағын түсіндіруге тиісті болды.

Егер бағаның құрамды бөлігі ретінде пайда мен рента айналыстан туады-мыс, яғни сауда-саттықтан шығады-мыс деген қиялды былай ысырып тастасақ,— себебі жаратылыста жоқ нәрсені айналыс ешуақытта туғыза алмайды,— істің мәні төмендегідей болады:

Жалақы арқылы айқындалатын товардың бағасы = 100 единицаға тең делік; жалақының 10% пайда нормасы, ал 15% рента болсын. Онда жалақының, пайда мен рентаның сомасы арқылы белгіленетін товар бағасы = 125 единица болады. Бұл 25 единица үстеме товарды сатудан пайда болмай-

ды. Себебі, жалақының 100 единицасына түскен товарын бір-біріне сатушылардың бәрі де 125 единицаға сатады, сондықтан мұның нәтижесі олардың бәрі бірдей товарын 100 единицаға сатқанмен бірдей шығады. Сондықтан да бұл нәрсе айналыс процесінен тәуелсіз алынып қаралуға тиіс.

Енді 125 единицаға түсетін товарды үшеуі бөлісетін болса, ештеңе өзгере қоймайды, себебі капиталист товарды алдымен 125 единицаға сатады, содан соң жұмысшыға 100 единица төлейді, өзіне 10 және жер рентасын алушыға 15 единица береді, сонда өнім мен құнның  $\frac{4}{5} = 100$  единицасын жұмысшы алады. Құн мен өнімнің  $\frac{2}{25}$  единицасын капиталист, ал  $\frac{3}{25}$  единицасын жер рентасын алушы алады. 100 единицаның орнына 125 единицаға сатып, капиталист жұмысшыға, оның еңбегінің жемісі болса да, оған өнімнің  $\frac{4}{5}$  единицасын ғана береді. Демек, нәтиже жөнінде ешқандай өзгеріс жоқ, айталық, ол жұмысшыға 80 единица береді де 20 единицаны ұстап қалады, ал оның 8 единицасы капиталистің үлесіне, 12 единицасы жер рентасын алушының үлесіне тиеді. Бұлай болғанда, капиталист товарды өз құны бойынша сатқаны, өйткені бағаға қосылған үстеме шын мәнісінде товардың құнынан тәуелді емес, ол бұдан бұрын шамалағанымыздай жалақының құны бойынша белгіленеді. Сонымен, біздің осы ұғымымыз бойынша, «жалақы», 100 единица дегеніміз өнім құнын, яғни еңбекті сан жағынан бейнелейтін ақша сомасын көрсетеді, ал бірақ бұл күн нақты жалақыдан дегенмен де өзгеше, демек, шынында оның едәуір артылғаны болады. Бірақ осы болмашы артылғанның өзі бағаға қосылған сәл ғана үстеме арқылы білінеді. Демек, 100 единица орнына жалақы 110 единица болса, пайда 11 единица болуға тиіс және жер рентасы —  $16\frac{1}{2}$ , ақырында, товардың бағасы  $137\frac{1}{2}$  единица болады. Ал, қарым-қатынас соның өзінде де баяғыдай. Бірақ бөлу үстінде жалақыға да болмашы бірдеңе процент түрінде үстемелеп қосылуына сәйкес, баға да жалақымен бірге біресе көбейіп, біресе азайып отырады. Мұнда жалақы алдымен товар құнына теңеледі және кейін құннан алшақтайды. Шын мәнісінде мәселе мынаған саяды: товардың құны оған жұмсалған еңбектің санымен белгіленеді, ал жалақының құны қажетті тіршілік құралдарының бағасы арқылы айқындалады, құнның жалақыдан артылғаны пайда мен рентаны құрайды.

Товарлар құнының, оны өндіру үстінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтары құнын, товар өнімінде затқа айналдырылған еңбектің мөлшерімен белгіленген осы құнды шығарып тастағанда, үш құрамды бөлікке таратылуы, кейін жалақы, пайда мен рента түрінде көрініп бір-бірінен тәуелсіз дербес табыс формасына таратылуы — міне, дәл осылай таратылу

капиталистік өндірістің бет жағында, демек, оның жалдамалы агенттерінің ұғымында да, мейлінше бұрмаланып көрінеді:

Айталық, белгілі бір товардың барлық құны = 300, оның 200 товарды өндіруге тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтары немесе тұрақты капиталдың элементтері делік. Демек, товарды өндіру үстінде оған қосылған жаңа құн сомасында 100 единица тұрады. 100 единица көлеміндегі осы жаңа құн табыстың үш формасы арасында бөлінуі мүмкін барлық жаңа құнды бейнелейді. Егер жалақы =  $x$ , пайда =  $y$ , жер рентасы =  $z$  болса, біздің мысалымыздағы қосынды:  $x + y + z$  әрдайым 100-ге тең болады. Бірақ тұрпайы экономистердің де, сондай-ақ, кәсіпкерлердің, көпестер мен банкирлердің ұғымында да бұл мүлде өзгеше нәрсе. Олардың ұғымынша, товарды жасауға тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын шығарып тастағандағы товардың құны 100-ге тең болып, кейін ол  $x$ ,  $y$  және  $z$  болып таратылып жатқан жоқ. Оның керісінше, бұлардың ұғымы бойынша, товардың бағасы, пайда мен рента өлшемінен жай құрала қалады да, олар товар құнынан және өзара бір-бірінен де тәуелсіз белгіленіп шыға келеді, сондықтан  $x$ ,  $y$  және  $z$  әрқайсысы өз алдына дербес болады, тек қана өлшемдердің сомасынан ол 100 единица кем немесе артық болуы мүмкін. Товар құнының мөлшері осы құрамды бөліктерді қосудан туатын құн есебінде шығады. Мұндай *quid pro quo*\* жағдай бірқатар себептерден сөзсіз болады:

*Біріншіден*, товар құнының құрамды бөліктері дербес табыстар есебінде бір-біріне қарама-қарсы тұр, олар өндірістің бір-бірінен мүлде өзгеше факторларына: еңбекке, капиталға және жерге жатады, сол себепті де табыс осылардың туындысы секілді көрінеді. Жұмыс күшін, капитал мен жерді меншіктену товарлар құнының осы әр түрлі құрамды бөліктерінің тиісті иемденушілердің үлесіне тиюіне себепші болады, демек, олардың табысына айналады. Құн қайдағы бірдененің табысқа айналуынан тумайды, табысқа айналмас бұрын ол табиғатта бар нәрсе болуы тиіс, содан соң қажетті түрде көрінуі керек. Құнның осы үш бөліктерінің относителді мөлшері, әр түрлі заңдар бойынша анықталатындықтан теріс көрініс қоюлана түседі; бұл заңдардың товарлар құнымен байланысы және оларға құн шек қойып отыратындығы жай қарағанда көзге түспейді.

*Екіншіден*, бұдан бұрын көзіміз жеткеніндей\*\* жалақының жалпы артуы немесе азаюы қалыпты жағдайда пайданың жалпы нормасының өсуіне немесе төмендеуіне әкеп соғады да, әр түрлі товарлардың өндіріс бағасын өзгертіп, тиісті

\* — ұғымдарды шатастыру (дәл алғанда: бірді-бірге балау) *Red.*

\*\* Осы томның 217—221-беттерін қараңыз. *Red.*

өндіріс саласындағы капиталдың орташа құрылымына сәйкес бұл бағалардың біреуін арттырып, екіншісін кемітеді. Сонымен, бұл жерде, кем дегенде өндірістің кейбір салаларында товардың орташа бағасы жалақының артуы себепті өсіп немесе оның азаюына байланысты кеміп отыратынын тәжірибе шынында да көрсетіп отыр. Бірақ жалақыдан тәуелсіз товарлар құнының бұл өзгерістерді астыртын реттеп отыратынын «тәжірибе» бүгіп қалады, білдірмейді. Егер, мұның керісінше, жалақының артуы бір жерде ғана болса, егер жалақы ерекше жағдайларға байланысты өндірістің жеке салаларында ғана артатын болса, онда бұл товарлар бағасының тиісінше сәл-пәл артуы мүмкін. Жұмсалатын жалақы мөлшері өзгеріссіз қалатын товарлардың құнымен салыстырғанда, басқа бір товарлардың относительдік құнының сәл-пәл артуы өндірістің әр түрлі саласы арасында қосымша құн бөлінісінің біркелкілігін шамалап бұзудың салдары, ерекше пайда нормасын ортақ нормамен теңестіру құралы болып табылады. Бұл тұстағы «тәжірибе» бойынша да бағаны жалақы белгілейді. Сонымен, екі жағдайда да тәжірибе бір ғана нәрсені дәлелдеді — товар бағасын жалақы белгілейді. Бірақ тәжірибе бұл тәуелділіктің астыртын сырын ашып бермеді. Оның үстіне: еңбектің орташа бағасы, яғни жұмыс күшінің құны қажетті тіршілік құралдарын өндіру бағасымен белгіленеді. Егер екіншісі артса, немесе азайса, біріншісі де артады немесе азаяды. Бұл жерде тәжірибе жалақы мен товар бағасы арасында байланыс барын ғана көрсетеді; бірақ себеп салдар болып, ал салдар себеп болып көрінуі де мүмкін, рынок бағалары құбылған кезде дәл осылай болады да, себебі жалақының орташа мөлшерден артуы, рынок бағаларының өндіріс бағаларынан артуы сияқты, құлпыру кезеңіне байланысты, ал бұдан соң жалақының орташа мөлшерден төмен ысырылуы рынок бағаларының өндіріс бағаларынан төмендеуіне сәйкес болады. Рынок бағаларының құбылуын былай қоя тұратын болсақ, онда өндіріс бағаларының товар құнынан тәуелділігіне тәжірибе жүзінде *prima facie*\* жалақы артқанда пайда нормасының төмендеуі немесе, мұның керісінше, жалақы төмендегенде пайда нормасының артуы фактісі сәйкес келуі тиіс. Бірақ пайда норма жалақының өзгерісінен тәуелсіз тұрақты капитал құнының өзгерістері бойынша белгіленетінін біз бұрыннан білеміз\*\*, сондықтан жалақы мен пайда нормасы, қарама-қарсы бағытта емес, ал бір бағытта өзгеруі, бірге өсіп немесе бірге төмендеп кетуі мүмкін. Егер пайда нормасы қосымша құн нормасына тікелей сәйкес келсе, мұндай өзгеріс мүмкін болмас еді. Тіршілік құ-

\* — ең алдымен. *Ред.*\*\* Осы томның 119—135-беттерін қараңыз. *Ред.*

ралдары бағаларының өсуіне байланысты жалақы артқанда пайда нормасы өзгермеуі мүмкін немесе еңбек мейлінше интенсификацияланған, оның өнімділігі артқанда болмаса жұмыс күнінің ұзаруы себепті тіпті артуы да ықтимал. Тәжірибенің бұл деректері құнның құрамды бөліктерінің дербес, тәуелсіз көрінген өңі айналдырылған формалары туғызған бос қиялды дәлелдейді, ол бойынша тек қана жалақы немесе жалақы мен пайда товарлардың құнын белгілейді-міс. Егер жалпы алғанда жалақы жөнінде осындай қиял бар болса, егер еңбек өндірген құн еңбек бағасына сәйкес болып елестейтін болса, онда пайда мен рента жөнінде де осылай екені өзінен-өзі түсінікті. Бұлардың бағалары, яғни олардың ақшалай баламасы мұндай жағдайда еңбектен де, еңбек жасаған құннан да тәуелсіз реттеліп отыруға тиісті болғаны да.

*Үшіншіден*, айталық, құндар немесе құннан тәуелсіз секілді көрінетін өндіріс бағалары тікелей тәжірибе жүзінде әрдайым товарлардың рыноктағы бағаларына үйлеседі делік. Ал шын мәнісінде олар рынок бағаларының үздіксіз құбылуын ұдайы толықтырып отыратын реттеуші орташа баға есебінде көрінуге тиіс қой. Одан әрі, айталық, ұдайы өндіріс әрдайым бірқалыпты жағдайда жасалады, сондықтан капиталдың қандай да болмасын элементінде еңбек өнімділігі тұрақты күйінде қалады делік. Ақырында, былай деп топшылап көрелік: товар өнімі құнының өндірістің әрбір саласында өндіріс құрал-жабдықтарының құнына жаңадан белгілі бір мөлшерде еңбектің қосылуы арқылы жасалатын бөлігі, демек, жаңа құн тұрақты пропорция бойынша жалақыға, пайда мен рентаға бөлінеді, сондықтан шын мәнісінде төленген жалақы, іс жүзінде түсірілген пайда және нақты рента әрдайым: жұмыс күшінің құнына, пайданың орта нормасы бойынша барлық капиталдың дербес кәсіп қылатын әрбір бөлігіне және дәл осы базисте *погмалітер\** бейнеленген жер рентасына қосымша құннан тиетін үлеске тікелей сәйкес келіп жатады. Бір сөзбен айтқанда, қоғам өндірген құнды бөлу және өндіріс бағаларын реттеу капиталистік базисте жасалады, бірақ ол үшін бәсеке жойылуы керек делік.

Сонымен товарлардың құны тұрақты өлшем болады және ол солай көрінеді; товар өнімі құнының табыстарға бөлінетін бөлігі тұрақты өлшем күйінде қалады және дәл солай көрінеді, ақырында, құнның дәл осы және тұрақты бөлігі әрдайым өзгермейтін бір пропорцияда жалақыға, пайда мен рентаға бөлінеді деп топшылаған күннің өзінде де шын мәнісіндегі жағдай сөзсіз бұрмаланып көрінер еді: ол бұрыннан белгілі

\* бірқалыпты. *Ред.*

құн өлшемінің бір-бірінен тәуелсіз табыстар формасына бөлінуі болып емес, ал оның керісінше, осы құн бір-бірінен тәуелсіз, дербес элементтер есепті жалақы, пайда мен рента-ның қосындысынан пайда бола қалғандай болып көрінеді. Мұндай алдауыш, жалған көрініс сөзсіз болады, себебі жеке капиталдардың және олардың товар өнімдерінің шын қозғалысында товар құны өзінің құрамды бөліктеріне бөлінбей тұрып көріну орнына, бұған керісінше, товар құнын құрайтын құрамды бөліктер алғы шарт ретінде одан бұрын жүреді. Бұрын байқағанымыздай, әрбір капиталист товардың өндірістік шығындарын алдын ала белгілі нәрседей көреді және өндірістің шын бағасында әрдайым осындай өлшем ретінде жүреді. Ал өндірістік шығындар тұрақты капиталдың құнына, авансыланған өндіріс құрал-жабдықтарының құнына және осыларға қосылған жұмыс күші құнына тең: бірақ жұмыс күшінің құны өндіріс агентіне еңбек бағасының иррационалды формасы болып көрінеді, сол себепті жалақы жұмысшының табысы сияқты көрінеді. Еңбектің орта бағасы күні бұрын белгілі өлшем, себебі, қандай да болмасын басқа товардың құны сияқты, жұмыс күшінің құны да оны өндіруге жұмсалатын жұмыс уақытымен белгіленеді. Товар құнының жалақыны құрайтын бөлегін алатын болсақ, ол жалақы формасындағы бір нәрседен емес, капиталистің жалақы формасында жұмысшыға оның өз үлесін авансыланғанынан емес, ал жұмысшының өз жалақысына сәйкес, яғни өзінің құн сайынғы немесе жыл сайынғы еңбегінің белгілі бір мөлшерінде оның өз жұмыс күшінің бағасына тең құн өндіріп, эквивалент жасауына байланысты туады. Бірақ жалақы өзіне сәйкес мөлшерлі құн өндірілмей тұрып договор бойынша тағайындалады. Товар мен товар құны өндірілмей жатып-ақ мөлшері күні бұрын белгілі болған бағаның элементі ретіндегі, өндіріс шығындарының құрамды бөлігі ретіндегі жалақы, товардың жиынтық құнынан тәуелсіз формаға бөлініп шыққан товардың барлық құнының бір бөлігі емес, ал мұның керісінше, жиынтық құнды күні бұрын айқындайтын белгілі бір өлшем ретінде, яғни құн мен бағаны жасайтын фактор ретінде көрінеді. Өндіріс шығындарында жалақы қандай роль атқарса, товар өндірісінің бағасында орта пайда сондай роль атқарады, ейткені өндіріс бағасы өндірістік шығындарға және оған қосылған авансыланған капиталдың орта пайдасына тең. Бұл орта пайда іс жүзінде капиталистің өз ұғымы және өз есебі бойынша реттеуіш элемент; бұл оның капиталды бір саладан екінші салаға аударуынан ғана емес, жалпы алғанда сауда және ұдайы өндіріс процесін қамтитын белгілі бір уақытқа договор жасаудағы қасиетінен туады. Егер бәрі осылай болса, орта



пайда күні бұрын белгілі өлшем болғаны және ол өндірістің белгілі бір саласында жасалатын құн мен қосымша құннан тәуелді емес, ал әрбір өндіріс саласы шеңберіндегі жеке капиталдың жұмсалудың тіпті де тәуелді емес. Орта пайда сырттай қарағанда құнның бөлшектенуінің нәтижесінде туған емес, мұның керісінше, товар өнімінің құнынан тәуелсіз өлшем болып, товарлар өндіріс процесінде алдын ала белгілі және товарлардың орта бағасының өзін айқындаушы, яғни құнды жасаушы фактор болып көрінеді. Мұның өзінде қосымша құн оның әр түрлі бөліктерінің бір-бірінен мүлде тәуелсіз формаға бөлшектенуіне байланысты товар құнын құрайтын нақты алғы шарт формасында көрінеді. Орта пайданың бір бөлігі товар мен құн өндірісінің алғашқы элементі ретінде процент формасында кәсіпкер капиталистің алдынан көлденең шығады. Процент өлшемі қаншама құбылғанмен, ол әрбір кезеңде және әрбір капиталиске алдын ала белгілі өлшем. Ол әрбір жеке капиталист өндіретін товарлардың өндірістік шығындарына қосылады. Арендалық ақы договоры бойынша тағайындалған формада екінші капиталиске — жер рентасы, ал басқа кәсіпкерлерге — өндіріс алаңының ақы формасы процент өлшемінің ролін атқарады. Қосымша құннан туатын осы бөліктер әрбір жеке капиталистің өндірістік шығындарының белгілі элементтері болғандықтан, керісінше, қосымша құнды дәл осылар құрайтын сияқты, товар бағасының бір бөлігін осылар құраса, екінші бөлігін жалақы құрайтын сияқты болып көрінеді. Товар құнының осы өнімдерге бөлшектену сырының әрдайым құнды туғызатын алғы шарт болып көрінуі, ең алдымен, басқа да өндіріс әдістері сияқты, капиталистік өндіріс әдісінің де материалдық өнімдерді ұдайы өндіруінде ғана емес, сондай-ақ, қоғамдық-экономикалық қатынастарды да, оның экономикалық жағынан қалыптасып, құралу формаларын да өндіруінде болып табылады. Сондықтан осы өндіріс процесінің нәтижесі әрдайым оның алғышарттары түрінде байқалады, ал алғышарттар нәтиже түрінде байқалады. Дәл осы қатынастарды ұдайы қайта жаңғырта беруді әрбір капиталист әдейі өзінен-өзі түсінікті факті деп біледі. Капиталистік өндіріс барда жаңадан қосылған еңбектің бір бөлегі жалақыға, екінші бөлегі пайдаға (процент және кәсіпкер табысы), үшінші бөлегі рентаға айналады. Өндірістің әр түрлі факторларының иелері арасында договор жасалғанда мұның өзі алғышарт болып табылады, кейбір жағдайда относителді өлшемдер қаншама құбылғанмен, бұл алғышарт әрқашан дұрыс. Құнның бөліктері бір-біріне белгілі формада қарама-қарсы тұруы алғышарт саналады. Сондықтан ол тұрақты күйінде ұдайы қайта өндіріледі, ол мәңгілік, өзгеріссіз ал-

ғышарт болғандықтан да тұрақты күйінде ұдайы қайта ендіріле береді.

Оның бержағында тәжірибе мен байқау мынаны көрсетеді: капиталист рынок бағаларының ықпалын құнның шын мәнісіндегі айқындаушысы деп біледі; бұл рынок бағаларының сырттан қарағандағы өлшемі, олардың договорда көрсетілгеніндей, процент пен рентаның жоғары немесе төмен болуымен байланысы жоқ. Алайда рынок бағаларының ұдайы өзгеріп отыруы тұрақты құбылыс және олардың белгілі бір кезеңдегі орта көрсеткіші тиісінше жалақының, пайда мен рентаның орта өлшемін береді: бұл өлшемдер тұрақты, демек, сайып келгенде, рынок бағаларынан үстем жүреді.

Екінші жағынан алғанда, мына бір пікір тым қарапайым секілді: егер жалақы, пайда мен рента құнды құрайтын болса, өйткені олар құн өндірісінің алғышарттары ретінде көрінетін және жеке капиталистің өндіріс шығындары мен өндіріс бағасына кіретін болса, онда құн капиталдың тұрақты бөлігінен де құралады, себебі бұл тұрақты бөліктің құны әрбір товардың өндірісіне күні бұрын белгілі өлшем ретінде қосылады. Бірақ капиталдың тұрақты бөлігі дегеніміз товарлар сомасының, демек, товарлар құны сомасының дәл өзі. Сондықтан да, товар құны товар құнын құрайды және оның себебі деген мәнісіз құр қайталау болып шығады.

Алайда егер капиталист осы мәселе төңірегінде біраз ойлап көруге ықылас қоятын болса,— ал капиталистің ой-пікірі оның өз мүддесі мен жеке басының мақсатын ғана көздейді,— ол өндiрген өнім капиталдың тұрақты бөлігі ретінде өндірістің басқа салаларына кіретінін, ал өндірістің басқа салаларының өнімдері капиталдың тұрақты бөлігі ретінде оның өнімдеріне кіретінін тәжірибе оған бірден-ақ көрсетіп береді. Капиталист үшін, әңгіме оның жаңа өнімі төңірегінде болғандықтан, жаңадан құралған баға, сірә, жалақы, пайда және рента өлшемдерінен құралғандай болып көрінеді, сөйтіп, бұл ұғым басқа капиталистердің өнімдерінен құралатын тұрақты бөлікке де таңылады; сонымен, капиталдың тұрақты бөлігінің бағасы, сонымен бірге товарлардың барлық құны да, ақтығында, толық түсініп болмайтын бір әдіспен әр түрлі заң бойынша реттелетін, құнның әр түрлі көзінің дербес факторларынан алынатын: жалақыны, пайда мен рентаны қосудан барып туатын құндардың сомасынан шығарылады.

*Төртіншіден*, товарлар өзінің құны бойынша сатыла ма, жоқ па, жеке капиталистке бәрібір, демек, оған құнның анықтамасы қандай болғаны да мүлде бәрібір. Құн әуел бастан одан тәуелсіз жағдайлардың күшімен өзбетімен сырттай белгіленіп жатады, себебі өндірістің әрбір саласындағы реттеуші

орта бағаны, товарлардың құны емес, ал одан өзгеше өндіріс бағалары құрайды. Құнды белгілеу жеке капиталиске бір жағынан ғана қызықты және ол үшін, сондай-ақ капитал үшін өндірістің әрбір саласындағы еңбектің сан жағынан көбеюін немесе азаюын айқындау кезеңінде ғана қызмет етеді, сонда товар өндірісіне керекті еңбек өнімділігінің күшінің артуын яки төмендеуін ұғынуға себепші болады, егер де еңбек өнімділігінің күші молайса дәурені жүріп тұрған рынок бағасы капиталиске артық пайда табуға мүмкіндік береді, ал керісінше жағдайда, оны товарлар бағасын ұлғайтуға мәжбүр етеді, себебі енді әрбір өнім единицасына жалақы артық кетеді, тұрақты капитал артық кетеді, демек, процент сомасы да артық кетеді. Құнды белгілеуге капиталист өз товарының өндірістік шығындарының өсуі немесе азаюы тұрғысынан назар аударады, өйткені — ол мұндай жағдайда капиталисті артық жағдайға қояды.

Мұның керісінше, капиталиске жалақы, процент пен рента өндіруші капиталист ретінде оның өз үлесіне тиісті пайданың бөлігін — кәсіпкердің табысын — сата алатын бағаны реттеп отыратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұдайы өндіріс процесін жалғастыра беру үшін товарларын жалпы алғанда сата алатын бағаны реттейтін құрал секілді болып та көрінеді. Сатқанда товарда жинақталған құн мен қосымша құнды өткізді ме, жоқ па — капиталистің мұнда шаруасы жоқ, осы белгілі бағамен сатқанда өндіріс шығындарынан тыс, жалақы, процент пен рентаның оған қатысты өлшемі беретін үлестен артық үйреншікті немесе одан молырақ кәсіпкер табысын алып жатса болғаны. Сондықтан, капиталдың тұрақты бөлігін былай қоя тұрсақ, капиталиске жалақы, процент пен рента товар бағаларын жасайтын да, белгілейтін де, шектейтін де элемент болып көрінеді. Капиталистің, мысалы, жалақыны жұмыс күшінің құнынан, яғни оның қалыпты мөлшерінен төмен түсіруге, төмендетілген процент бойынша капитал алуға және аренда ақысын рентаның қалыпты дәрежесінен төмен мөлшерде төлеуге қолы жетсе, товарды өз құнынан, тіпті жалпы өндіріс бағасынан да төмен сатты ма, яғни товарда жинақталған қосымша құнның бір бөлігін тегін берді ме, бұл оған бәрі бір. Капиталдың тұрақты бөлігі жөнінде де осылай болмақ. Егер кәсіпкер нендей бір шикізатты оның өндіріс бағасынан төмен бағамен сатып алған болса, ол осы материалдан шыққан дайын өнімді оның өндіріс бағасынан төмен бағамен сатқан күннің өзінде де зиян шекпейді. Егер товар бағасының артылған бөлігі оның төленуге тиісті элементтерінен, қайтарылуға тиісті эквиваленттерінен кейін де өзгермейтін болса және ұлғайса, кәсіпкердің табысы да өзгермейді, тіпті ұлғаюы

да мүмкін. Бірақ, өндіріс құрал-жабдықтарының құны сыртында, оның товарларының өндірісіне бағаның белгілі элементтері ретінде кіретін жалақы, процент пен рента дәл осы өндіріске жататын нақ сол шектеуші және реттеуші элементтер болып табылады. Сондықтан олар капиталистке товарлар бағасын белгілеуші элементтер есепті көрінеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, кәсіпкердің табысы бәсекеңіз кездейсоқ жағдайына байланысты рынок бағаларында жүретін товарлардың имманентті құнынан бағаның жоғарыда көрсетілген элементтері арқылы айқындалатын артылған бөлігінен құралатын сияқты болып көрінеді немесе кәсіпкер табысының өзі рынок бағаларына ықпал жасай алатындықтан, сатушы мен алушы арасындағы бәсекеден оның өзі тәуелді болып көрінеді.

Жеке капиталистер арасындағы бәсекеде, сондай-ақ дүние жүзілік рыноктағы бәсекеде де күні бұрын белгілі немесе алдын ала жорамалданған жалақы, процент пен рента өлшемі есепке алынғанда, тұрақты және реттеуші өлшемдер ретінде ескеріледі, тұрақты дегенде оның өзгермейтіндігі мәнінде емес, ал оның әрбір ретте белгілі мөлшерде болып, ұдайы құбылып, өзгеріп тұратын рынок бағаларын тұрақты шектен шығармайтыны мәнінде айтылады. Мысалы, дүние жүзілік рыноктағы бәсеке жағдайында дәл осы жалақы, дәл осы процент және дәл осы рента мен товарды жалпы рынок бағасы бойынша немесе одан төмен болса да пайдамен сатуға, яғни кәсіпкердің тиісті мөлшерде табыс алуын көздей отырып сатуға бола ма — әңгіме тек қана осы жөнінде болады. Егер бір елде жалақы аз, ал жердің бағасы арзан болса, оның үстіне мұнда капиталистік өндіріс тәсілі жалпы алғанда нашар дамығандықтан капиталдың проценті жоғары тұрса, ал оның бер жағында, басқа бір елде жалақы да, жердің бағасы да біршама жоғары болып, капитал проценті төмен тұрса, бірінші елдегі капиталист еңбек пен жерді көбірек пайдаланады, ал екінші елдегі капиталист капиталды біршама көбірек жұмсайды. Осы екі капиталистің арасындағы бәсеке қандай болуы мүмкін екенін анықтау үшін бұл факторлар шешуші элемент болып саналады. Сонымен, товарлардың бағалары жалақы, процент пен рента бойынша, еңбектің, капитал мен жердің бағасы бойынша белгіленетінін, бағаның бұл элементтері баға құрайтын факторлардың шын мәнісіндегі реттеушісі болып табылатынын тәжірибе теория жүзінде, ал капиталистің құлқын құмарлық мүддесі іс жүзінде дәлелдеп берді.

Мұның сыртында әрдайым бір элемент қалатыны өзінен-өзі түсінікті. Ол товарлардың рынок бағаларының алғышарты емес, ал нәтижесі, атап айтқанда, әлгі элементтерді — жалақы, процент пен рентаны қосқанда өндіріс шығындарынан

[Kostpreis] артылғаны. Әрбір ретінде бұл төртінші элемент бәсеке арқылы белгіленетін болып көрінеді, жеке жағдайлардың ортасасы орта пайда арқылы шығарылады, ал ол болса баяғы бәсекемен реттеледі, бірақ анағұрлым ұзағырақ кезең алынады.

*Бесіншіден*, капиталистік өндіріс тәсілі базисінің тұсында жаңадан қосылған еңбекті бейнелейтін құнның жалақы, пайда мен жер рентасы формасындағы табыстарға бөлінуі өзінен-өзі түсінікті жағдайға айналып кеткені соншалық, тіпті табыстың бұл формалары болатын жөні жоқ кездің өзіне де бұл әдіс қолданылып кетеді (жер рентасын зерттегенде мысал қылған тарихи кезенді айтпағанның өзінде). Демек, аналогия жолымен бәрі табыстың осы формасына келтіріледі.

Егер тәуелсіз қызметкер — айталық, табыстың үш формасын да қолдануға болатын ұсақ шаруа — өзіне өзі жұмыс істеп, өзі иемденетін өнімін сататын болса, ол, біріншіден, өзіне өзі жұмыс беруші (капиталист) және өзін өзі жұмысшы ретінде пайдаланушы, одан соң өзін өзі арендатор ретінде қолданушы және өз жерін өзі иемденуші есепті қаралады. Жұмысшы ретінде өзіне өзі жалақы төлейді, капиталист ретінде пайданы иемденеді, жер иемденуші ретінде өзіне өзі рента төлейді. Егер капиталистік өндіріс тәсілі және оған сөйкес қатынастар жалпы қоғамдық базис болып табылады деп жорамалдасақ, онда өзі өндірген қосымша еңбекті өзі иемдене алғаны үшін, өзінің еңбегіне емес, ал осы тұста капитал формасына айналып үлгірген өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенуіне қаншалықты борыштымын деп санаса, бұл жорамал да соншалықты дұрыс болмақ. Одан әрі, ол өз өнімін товар ретінде өндіретін болғандықтан, демек, оның бағасына тәуелді болғандықтан (тіпті бұлай болмаса да баға бәрібір есепке алынуы мүмкін), ол пайдалана алатын қосымша еңбектің массасы, оның өзінің мөлшеріне байланысты емес, ол пайданың жалпы нормасына байланысты; сол сияқты пайданың жалпы нормасы белгілейтін қосымша құнның үлесінен сәл-пәл артылғаны, тағы да айтайық, жұмсалған еңбектің мөлшеріне тәуелді емес, бірақ жер иемденуші болғандықтан ғана ол мұны меншіктенуі мүмкін. Осыған ұқсас өндіріс формасы, капиталистік өндіріс тәсіліне жанаспаса да капиталистік табыс формасына жатқызылуы мүмкін — белгілі бір дәрежеде мұны мүлде дәлелсіз деуге жөн жоқ — осы себепті капиталистік қатынастар барлық өндіріс тәсілінің жаратылысында бар қатынастар деген қиял күшейе түседі.

Егер жалақыны оның жалпы негізіне, яғни жұмысшының жеке басының тұтынуына кіретін өз еңбегі өнімінің бөлігіне балайтын болсақ; егер бұл үлесті капиталистік шектеулерден

арылтып, оны, бір жағынан, қоғамның қолдағы өндіргіш күшіне лайық (яғни шын мәнісіндегі қоғамдық еңбек ретінде жұмысшының өз еңбегінің қоғамдық өндіргіш күшіне лайық) және, екінші жағынан, жеке адамның толық дамуының талабына сәйкес тұтыну мөлшеріне дейін ұлғайтатын болсақ; егер одан әрі қосымша еңбек пен қосымша өнімді осы қоғамдағы өндіріс жағдайына сәйкес, бір жағынан, сақтық қорын және резерв қорын жасау, екінші жағынан, қоғамдық дамудың мұқтажына сай ұдайы өндірісті үздіксіз ұлғайту үшін қажетті мөлшерге балайтын болсақ; егер, ең ақтығында, № 1 қажетті еңбекке және № 2 қосымша құнға қоғамның жұмысқа жарамды мүшелерінің әзір немесе дәл қазір-ақ жұмысқа жарамайтын мүшелерінің мұқтажына үнемі жұмсалатын еңбекті қосатын болсақ, яғни жалақыдан, сондай-ақ қосымша құннан, қосымша еңбектен, сондай-ақ қосымша өнімнен капиталистік ерекше сипатты сылып алып тастасақ, онда бұл формалар қалмайды, ал олардың барлық қоғамдық өндіріс тәсілдеріне ортақ негіздері ғана қалады.

Оның бержағында, мұндай жанастыру бұрын үстемдік құрған өндіріс тәсілдеріне, мысалы, феодалдық өндіріс тәсіліне, жат болмағанын еске сала кеткен жөн. Мүлде сәйкес келмейтін, одан мүлде аулақ тұрған өндіріс қатынастары феодалдық қатынастарға жанастырылады, мысалы, Англияда *tenures in common socage\** саналды (*tenures on knight's service\*\**-ке қарама-қарсы); олар тек ақшалай міндеттемелерді ғана қамтыды да, аты ғана феодалдық қатынастар болды.

---

\* — шаруалардың жер ұстауы. *Ред.*

\*\* — рыцарьлардың жер ұстауы. *Ред.*

## ЕЛУ БІРІНШІ ТАРАУ

**БӨЛІСУ ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН ӨНДІРІСТІК  
ҚАТЫНАСТАР**

Сонымен, жаңадан қосылған еңбектің көмегімен жыл сайын жаңадан қосылатын құн,— демек, осы құнды бейнелейтін және өнімнің жалпы құнынан бөлінуі мүмкін жылдық өнімнің бөлігі,— табыстың әр түрлі үш формасына жататын үш бөлікке таратылады, яғни жұмыс күшінің иесіне немесе оның үлесін иемденушіге келетін құнның бір бөлігін бейнелейтін форма; капиталды иемденушіге тиісті екінші бөлікті көрсететін форма; жер иемденушіге келетін үшінші бөлікті білдіретін форма болып жіктеледі. Демек, бұл — бөлісу қатынастары немесе бөлісу формалары, өйткені олар өндірістің әр түрлі факторларын иемденушілер арасында жаңадан өндірілген барлық құнды бөлісу қатынастарын бейнелейді.

Жай қарағанда, бұл бөліс қатынастары қандай да болмасын қоғамдық өндірістің жаратылысынан, жалпы адамзат өндірісінің заңдарынан туатын табиғи қатынастар болып табылады. Әрине, капитализмге дейінгі қоғамдарда бөлістің басқа әдістері болғанын бекер деуге болмайды, бірақ олар әлі жетілмеген, дамымаған, қалыптасып үлгірмеген бүркеулі әдістер, демек, жоғары форма дәрежесіне жетпеген әдістер еді, сондықтан олар бөлістің табиғи қатынастарының түрлері ғана болды деп түсіндірілді.

Бұл ұғымның бір ғана дұрыс жері бар: қандай да болмасын қоғамдық өндірісте (мысалы, үнді қауымдарының табиғи қалыптасқан немесе перулықтардың жасандылау түрде дамыған коммунизмін алатын болсақ) еңбектің өнімі өндірісшілер мен олардың семья мүшелерінің тікелей тұтынуына жұмсалатын бөлігі мен өндірістік тұтынуға жұмсалатын бөлікті былай қойғанда, оның екінші бөлігі арасында әрдайым қосымша еңбек болып жүретін, жалпы қоғамдық тұтынуды қанағаттандыруға жұмсалатын осы қосымша өнім қалай бөлінсе де және бұл қоғамдық тұтыну кімдер арқылы бейнеленсе де, бұлардың арасында әрқашан өзгешелік табылуы мүмкін. Демек, бөлістің әр түрлі әдістерінің сәйкестігі, олардың ерекшеліктері мен өздеріне ғана тән формаларын былай қоя тұрып, оларды

біріктіретін нәрсеге ғана көңіл қойып, өзгешеліктеріне мән бермегенде ғана байқалады.

Рас, сын көзбен қарайтын, ойы жүйрік адамдар <sup>56 а)</sup> бөліс қатынастарының тарихи даму сипатын бөкерге шығармайды, бірақ олар өндірістік қатынастарды адам табиғатынан басқадан тәуелсіз, демек, әрбір тарихи дамудың сипатына байланыссыз құбылыс деп қасарысып отыр.

Мұның керісінше, капиталистік өндіріс тәсіліне ғылыми талдау жасау мынаны көрсетеді: ол өндірістің ерекше тәсілі, оның өзіне ғана тән белгілі тарихи кезеңі бар, басқа өндіріс тәсілдері сияқты, тиісті қоғамдық өндіргіш күштер мен олардың формаларының дамытылуын өзінің тууына керекті тарихи жағдай деп біледі; бұл жағдайдың өзі де тарихи нәтиже және бұрын өткен процестің жемісі және одан өндірістің жаңа тәсілі туады; осы бір ерекше тарихи кезеңге лайық өндіріс тәсілі өндірістік қатынастарының,— қоғамдық тіршілік әрекетінде адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынастарының, олардың қоғамдық тұрмыстағы өндірістік қатынастарының өздеріне ғана тән ерекше тарихи және өткінші сипаты бар; ақырында, өзінің мәні жөнінен өндіріс жағдайларымен сәйкес келетін бөліс жағдайлары өндірістің екінші жағынан көрінісі, сондықтан тарихи жағынан алғанда екеуі де өткінші нәрсе.

Бөліс қатынастарын талдап қарағанда, ең алдымен, жылдық өнімді жалақыға, пайда мен жер рентасына бөлу сияқты жалған фактіге сүйенеді. Ал бұлай бейнеленген факт теріс. Өнім, бір жағынан, капиталға, екінші жағынан, табыстарға бөлінеді. Бұл табыстардың бірі, атап айтқанда, жалақы табыстың ұдайы бір ғана формасында, жұмысшының табысы формасында көрінеді, оның өзінде де *капитал формасында*, бұған дейін сол жұмысшыға қарама-қарсы тұрғаннан соң ғана осылай көрінеді. Еңбектің өндірілу жағдайының және еңбек өнімдерінің тікелей өндірісшілерге капитал ретінде жалпы қарама-қарсы қойылуы еңбектің заттық жағдайының жұмысшылар жөніндегі белгілі қоғамдық сипатын және соған байланысты еңбек жағдайларын иемденушінің және олардың бір-бірінің өндірістегі қарым-қатынасын алдын ала белгілейді. Осы еңбек жағдайларының капиталға айналуы тікелей өндірісшілерден жердің тартып алынуын, сөйтіп жер меншігінің белгілі бір формасы болуын талап етеді.

Егер өнімнің бір бөлігі капиталға айналмаса, оның екінші бөлігі де жалақыға, пайда мен рентаға айналмаған болар еді.

<sup>56 а)</sup> J Stuart Mill. „Essays on some Unsettled Questions of Political Economy“. London. 1844 [Essay II, p. 47—74].



Екінші жағынан, капиталистік өндіріс тәсілі өндіріс жағдайларының осы қоғамдық формасын алдын ала белгілейтін болса, онда оны өзі ұдайы өндіргені. Капиталистік өндіріс тәсілі, материалдық өнімдерді ғана емес, осы өнімдер өндірілетін қоғамдық қатынастарды да ұдайы өндіріп жатады, сөйтіп, бұл арқылы тиісті бөліс қатынастарын да ұдайы өндіреді.

Әрине, капиталдың өзі (оның қарама-қарсылығы ретінде оған жер иемдену де енгізіледі) бөлісті күні бұрын белгілеп қояды деп айтуға болады: жұмысшының еңбек жағдайларын экспроприациялау, бұл жағдайларды ат төбеліндей азшылық қолында шоғырландыру жер иемденуде кейбіреулердің ерекше артық жағдайда болуы сияқты жағдайды, қысқасын айтқанда, алғашқы қорлану деген тарауда толық зерттелген барлық қатынастарды алдын ала жасайды деуге болады («Капитал», I кітап, XXIV тарау). Алайда бұл бөліс әдетте бөлісу қатынастары деп ұғынылатын өндірістік қатынастарға қарама-қарсы тарихи өткінші қатынастардан ерекше болып табылады. Мұның өзінде, өнімнің жеке тұтынуға арналған үлесіне әр түрлі право бары ескеріледі. Оның керісінше, бұл бөліс қатынастары ерекше қоғамдық функциясы бар өндірістік қатынастардың өз шеңберіндегі тікелей өндірісшілерге қарама-қарсы агенттердің үлесіне жатады. Бұл қатынастар өндірістің жағдайына және олардың өкілдеріне лайық қоғамдық ерекше сапа туғызады. Бұлар өндірістің барлық сипатын және бүкіл қозғалысын белгілеп береді.

Капиталистік өндіріс тәсілінің әуел бастан ерекше екі сипаты бар.

*Біріншіден*, ол өз өнімдерін товар ретінде өндіреді. Өндірістің басқа тәсілдерінен оны ерекшелейтін жағдай, товар өндіру фактісі ғана емес, сонымен бірге, оның өнімі үшін товар ретінде көріну әрі үстемдік, әрі ерекше сипат болып табылатындығы. Мұның мәнісі мынада: жұмысшының өзі товар сатушы есебінде ғана көрінеді, демек, еркін жалдамалы жұмысшы ретінде көрінеді, олай болса жалпы еңбек жалдамалы еңбек ретінде көрінеді. Біздің осыған дейін бірсыпыра жайттарға көзіміз жеткен-ді, ендеше, капиталдың жалдамалы еңбекке қатынасы осы өндіріс тәсілінің сипатын айқындайтынын дәлелдеп жату қажет емес. Осы өндіріс тәсілінің негізгі тұлғалары капиталист пен жалдамалы жұмысшының өздері капитал мен жалдамалы еңбектің жеке адам арқылы бейнеленуі ғана; мұның өзі белгілі қоғамдық сипат болып табылады, ол өндірістің қоғамдық процесінде жеке адамдарға салмақ болып түседі; осы қоғамдық өндірістік қатынастардың өнімі болып шығады.

1) Өнімнің товар ретіндегі және 2) товардың капитал ретіндегі сипаты айналыстың барлық қатынастарын, яғни белгілі қоғамдық процесті қамтиды; өнімдер осы процесс үстінде белгілі бір қоғамдық сипат алады; бұл процесс өндіріс агенттерінің белгілі қатынастарын қамтиды; құнды ұлғайту және оның тіршілік құралдарына немесе өндіріс құралдарына қайта айналуы үшін олардың өнімін пайдалану осы қатынастармен белгіленеді. Алайда тіпті мұны былай қойғанның өзінде де, товар ретіндегі немесе капиталистік өндіріс тұсындағы товар ретіндегі өнімнің жоғарыда көрсетілген ерекше екі сипатынан құнның бүкіл анықтамасы және өндірісті осы құнмен реттеудің жолдары туады. Құнның осы бір ерекше формасында еңбектің, бір жағынан, қоғамдық еңбек есепті мәні бар; екінші жағынан, осы қоғамдық еңбекті бөлу және еңбек өнімін өзара толықтыру, осы еңбектің өнімін заттай бөлісу және оны қоғамдық механизмге бағындыру және оны қоғамдық ағынға салу, мұның бәрі жеке өндірісші капиталистердің бірін-бірі құртатын кездейсоқ әрекетіне жолығады. Капиталистер тек товарды иемденушілер ретінде ғана бір-біріне қарсы тұрғандықтан және өзінің товарын мүмкіндігінше қымбатқа сатуға олардың әрқайсысы ұмтылатындықтан (өндірістің өзін реттеуде де әрқайсысы өз бетімен әрекет қылатын секілді) өндірістің ішкі заңы олардың бәсекесі арқылы, олардың бір-біріне қысым жасауы арқылы ғана жол табады, сөйтіп, мұның арқасында ауытқулар да бірін-бірі жоятын болады. Жеке бір өкілдерге қарсы қойылған ішкі заң есебінде, табиғаттың мылқау заңы есебінде мұнда да құн заңы бой көрсетіп, өндірістің қоғамдық теңбе-теңдігіне оның кездейсоқ құбылыстарының арасынан жол ашады.

Одан әрі, товарда және әсіресе, капиталдың өнімі есепті товарда қоғамдық өндіріс қатынастарының затқа айналуы және бүкіл капиталистік өндіріс тәсілін сипаттайтын өндірістің материалдық негіздерінің көрінісі болмақ.

*Екіншіден*, капиталистік өндіріс тәсілінің айрықша ерекшелігі бар, ол — қосымша құн өндіру оның тікелей мақсаты және өндірістің негізгі кәсібі болып табылатындығы. Капитал негізінен алғанда капитал өндіреді және бұған жету үшін қосымша құн өндіреді. Относительді қосымша құнды және одан әрі қосымша құнның пайдаға айналуын зерттегенде, оған негізделген капиталистік дәуірге тән өндіріс тәсілін — қоғамдық өндіргіш күштер дамуының ерекше формасын, яғни жұмысшыға қатынасы жөнінен капиталдың дербес күштерін және соған байланысты жұмысшының өзінің дамуына қарама-қарсы күштерді анық байқадық. Құн және қосымша құн өндіруді мақсат ететін өндіріс, зерттеу кезінде көрінгеніндей,

товар өндіруге қажетті жұмыс уақытын, яғни товардың құнын дәл осы кезеңдегі қоғамдық орташа құннан мейлінше қысқарта беруді көздейді. Өндіріс шығындарын мейлінше азайтуға ұмтылу еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерін арттырудың аса күшті тетігіне айналады, алайда ол бұл тұста капитал өндіргіш күштерінің үздіксіз өсуінің көрінісі есепті ғана байқалады.

Тікелей өндіріс процесінде капиталдың бейнесі ретінде капиталистің қолына тиетін билік, өндірістің жетекшісі және қожасы ретінде ол атқаратын қоғамдық қызмет құлдардың, басыбайлы шаруалардың және басқаларының еңбегімен келген өндіріс базисіндегі биліктен мүлде ерекше.

Капиталистік өндіріс базисі тұсында тікелей өндірісшілер бұқарасына олардың өндірісінің қоғамдық сипаты қатал реттеуші билік формасында және еңбек процесінің сан сатылы дайын қоғамдық механизмі тұрғысында қарама-қарсы қойылғанда, бұл билік қолына тигендер оны еңбек жағдайының куәгері сапасында ғана еңбектің өзіне қарама-қарсы пайдаланады, ал өндірістің ертеректегі формалары тұсында болғанындай, саяси және діни өкіметті жүзеге асырушылар ретінде пайдаланбайды; ал осы билікті бейнелеушілер арасында, капиталистердің өздері арасында нағыз анархия орнайды, онда өндірістің қоғамдық байланысы жеке бір адамның дауыл күшіндей өктем болып білініп, табиғаттың құдіретті заңындай көрінеді; өйткені товарды иемденушілер ретінде капиталистер бір-біріне әрқашан қарсы.

Еңбек жалдамалы еңбек формасындағы және өндіріс құрал-жабдықтары капитал формасындағы алғышарт есепті берілуі нәтижесінде ғана,— демек, өндірістің осы басты екі факторының ерекше қоғамдық сипатына байланысты,— құнның (өнімнің) бір бөлігі қосымша құн болып, ал бұл қосымша құн — пайда (рента), капиталистің табысы, оның қарамағындағы, оның меншігіндегі қосымша байлық болып табылады. Құнның бір бөлігі осылайша *оның пайдасы* ретінде бейнеленгендіктен ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін бөлінген және капиталиске тиетін пайда бөлігін құрайтын қосымша өндіріс құрал-жабдықтары жаңа қосымша капитал болып көрінеді, ал жалпы алғандағы ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесі капиталистік қорлану процесі болып көрінеді.

Бүкіл процестің сипаты үшін және өндірістің өзіне тән ерекше тәсілі үшін жалдамалы еңбектің бір түрі есепті еңбек формасының шешуші маңызы болғанмен, құнның анықтамасы жалдамалы еңбектен тумайды. Құнды анықтап алу үшін жалпы қоғамдық жұмыс уақытын, қоғамның қарамағында болуы мүмкін еңбектің мөлшерін және бұлардың әр түрлі өнім-

дерге жұмсалып, тиісінше саралап алынған қоғамдық үлес салмағын білу керек. Товар құнын белгілейтін фактор ретінде көрінетін қоғамдық жұмыс уақытының белгілі формасы, әрине, еңбек формасы ретінде жалдамалы еңбекпен де және капитал ретінде тиісті өндіріс құрал-жабдықтарының формасымен де осы базис тұсында товар өндірісі өндірістің жалпы формасы болғандықтан байланысты болады.

Дегенмен, енді бөлісу қатынастары деп аталатынды зерттеп көрелік. Жалақы жалдамалы еңбек бар жерде, пайда капиталы бар жерде жүреді. Бөлістің бұл белгілі формалары, демек, өндіріс жағдайларының белгілі бір қоғамдық белгілеріне және өндіріс агенттерінің тиісті қоғамдық қатынастарына сүйенеді. Демек, бөлістің белгілі бір қатынастары өндірістің белгілі бір тарихи қатынастарының көрінісі болып табылады.

Енді пайданы алып көрейік. Қосымша құнның бұл белгілі формасы жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын жасау капиталистік өндіріс формасында жүзеге асуының алғышарты, демек, ол ұдайы өндірістен үстем қатынас деген сөз. Бірақ жеке капиталиске ол өзінің барлық пайдасын өз табысы есебінде жұмсап бітіре алатын сияқты көрінеді. Алайда ол бұл жолда сақтық және резерв қорлары формасында, бәсеке заңы түрінде қойылған шектерге тіреліп, пайда тек өнім бөлісу категориясына жатпайтынына, өнім жеке біреудің тұтынуға ғана арналмағанына іс жүзінде көз жеткізеді. Одан әрі өндірістің барлық капиталистік процесі өнім бағасы арқылы реттеледі. Ал өндірістің реттеуші бағасы пайда нормасын теңестіру және өндірістің әртүрлі қоғамдық саласында капиталды тиісінше бөлу арқылы реттеледі. Сонымен, бұл жерде пайда, өнімді бөлісудің басты факторы емес, оны өндірудің басты факторы, капиталдар бөлудің және өндірістің әртүрлі саласы арасында еңбектің өзін бөлудің факторы болып табылады. пайданы кәсіпкер табысына және процентке бөлу дегеніміз сол бір табысты бөлу ғана. Бірақ бұл бөліс капиталдың өзі ұлғаятын құн есебінде дамуынан, қосымша құн жасауынан, үстем өндіріс процесінің белгілі бір қоғамдық формасын өркендетуден туады. Ол кредит пен кредит мекемелерін және бұл арқылы өндірістің тиісті формасын дамытады. Процент және бөлістің процент секілді елес формалары бағаға маңызды өндірістік жағдайлар ретінде қосылады.

Жер рентасына келетін болсақ, ол нағыз бөліс формасы болып көрінуі ықтимал еді, себебі жер меншіктеу өндіріс процесінде ешқандай елеулі қызмет атқармайды. Бірақ мына жағдайды көріңіз: 1) рента орташа пайдадан артылғанымен қанағаттанады, 2) жер иемденуші өндіріс процесін, демек, бүкіл қоғамдық тіршілік процесін басқарушы құдірет иесінен

жай ғана жерді арендаға тапсырушы өсімқор — жер иемденуші, жай рента алушы қарапайым біреу дәрежесіне дейін кері ысырылды — бұл капиталистік өндіріс тәсіліне тән ерекше тарихи жағдай. Жердің меншік формасына айналуының өзі осы өндіріс тәсілінің тарихи алғы шарты. Жер иемденудің ауыл шаруашылығын капиталистік тәсілмен жүргізуге жағдай жасауы осы өндіріс тәсілінің ерекше сипаты болып табылады. Жер иемденушінің табысын басқа қоғамдық формаларда да рента деуге болады. Бірақ ол капиталистік өндіріс тәсілі тұсындағыдан мүлдем өзгеше.

Демек, бөлісу қатынастары деп аталатын қатынастар өндіріс процесінің белгілі бір тарихи, ерекше қоғамдық формаларына және тіршілікті жалғастыру процесінде адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынастарына сәйкес болады және осы формалар мен қатынастардан туады. Бұл бөлісу қатынастарының тарихи сипаты өндіріс қатынастарының да тарихи сипаты, бірақ бөліс қатынастары мұның бір жағын ғана бейнелейді. Капиталистік бөліс басқа өндіріс тәсілдерінен туатын бөліс формаларынан өзгеше болады; бөлiсудің әрбір формасы белгілі бір өндіріс формасынан туады, соған сәйкес болады және құрыса сонымен бірге құриды.

Өндіріс қатынастарын емес, тек бөлісу қатынастарын ғана тарихи нәрсе деп қарайтын көзқарас, бір жағынан буржуазиялық саяси экономияны сыпайылап болса да сынай бастаудың белгісі деу керек. Екінші жағынан, бұл көзқарас қоғамдық өндіріс процесін қарапайым еңбек процесімен шатыстырудан, оларды бір нәрсе деп ұғынудан туып отыр; бұл еңбекті өзімен өзі болып оқшау қалған адам қоғам тарапынан ешбір жәрдемсіз істеуге тиіс. Еңбек процесі адам мен табиғат арасындағы процесс қана болғандықтан, оның қарапайым элементтері қоғамдық дамудың барлық формаларына бірдей болып қала береді. Алайда бұл процестің әрбір тарихи белгілі формасы оның материалдық негіздері мен қоғамдық формаларын одан әрі дамыта береді. Жетілу дәрежесінің шегіне жеткен соң, бұл тарихи форма ысырылып былай қалады да, анағұрлым жоғары формаға орын береді.

Мұндай дағдарыстың тууы, бөлісу қатынастары арасындағы қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардың ұлғаюы және шиеленісуі арқылы көрінеді, демек, бір жағынан, бөлісу қатынастарына сәйкес келетін өндіріс қатынастарының белгілі бір тарихи формасы, екінші жағынан, өндіргіш күштер, оның факторларының өндіргіш қабілеті мен дамуы арқылы көрінеді. Сонда өндірістің материалдық дамуы мен оның қоғамдық формасы арасында жанжал бұрқ ете қалады<sup>57)</sup>.

<sup>57)</sup> Competition and Cooperation (1832?)<sup>235</sup> деген еңбекті қараңыз.

## ЕЛУ ЕКІНШІ ТАРАУ

## ТАПТАР

Бір ғана жұмыс күшін иемденушілер, капиталдың иелері мен жер иемденушілер жалақыны, пайда мен жер рентасын тиісінше табыс көзіне айналдырғандар, демек, жалдамалы жұмысшылар, капиталистер мен жер иемденушілер капиталистік өндіріс тәсіліне негізделген осы заманғы қоғамның үш ірі табын құрайды.

Англияда осы заманғы қоғам, оның экономикалық құрылымы тұрғысынан алғанда, мейлінше кең көлемде дамып, классикалық дәрежеге жеткені даусыз. Бірақ мұнда да, жоғарыда көрсетілгендей, тапқа бөліну әлі таза күйінде байқалмайды. Орта және өтпелі баспалдақтар тіпті таптар арасындағы айқын шекараны барлық жерде көмескілеп тұр (рас, қалада көзге ұрып тұрады, ал деревняда әлі әлсіздеу). Алайда біздің зерттеуіміз үшін бұл бәрібір. Капиталистік өндіріс тәсілінің тұрақты тенденциясы және даму заңы мынада екенін біз байқағанбыз да: өндіріс құрал-жабдықтары еңбектен барған сайын алыстай береді, шашыраған өндіріс құрал-жабдықтары ірі-ірі топ болып барған сайын шоғырлана береді, сөйтіп еңбек жалдамалы еңбекке, өндіріс құрал-жабдықтары капиталға айналады. Бұл тенденцияға, екінші жағынан жер иемденудің капитал мен еңбектен дербес бөлінуі<sup>58)</sup>, яғни қандай да болмасын жер меншігінің капиталистік өндіріс тәсіліне сәйкес жер иемдену формасына айналуы сай келеді.

Бір жауап беретін алғашқы сұрақ мынадай: тап дегеніміз неден құралады? Егер біз: жалдамалы жұмысшылар, капиталистер мен жер иемденушілер үш ірі қоғамдық тапты қалай

<sup>58)</sup> Ф. Лист дұрыс ескертеді: «Ірі помещьелерде күшті шаруашылықтардың мол болуы цивилизацияның, байланыс құралдарының, отандық өнеркәсіптің және дәулетті қалалардың жеткілікті дамымағандығын дәлелдейді. Мысалы, Россияда, Польшада, Венгрияда, Мекленбургте дәл осы жағдайды көреміз. Ірі помещье бұрын Англияда көп еді, сауда мен өнеркәсіптің өркендеуі нәтижесінде шаруашылықтар құралып, аренда күшейді». («Die Ackerverfassung, die Zwergwirthschaft und die Auswanderung». [Stuttgart and Tubingen] 1842, s. 10.)

құрайды?— деген басқа сауалға жауап берсек, бұл сұраққа да жауап қайтара аламыз.

Сырт қарағанда, бұл таптардың табыстары мен табыс көздерінің ұқсастығы секілді көрінеді. Біздің алдымызда үш үлкен қоғамдық топ тұр, олардың құрамына кіретін жеке адамдар тиісінше жалақы, пайда және жер рентасы есебінен күнелтеді, өз еңбегін, өз капиталын және өз меншігіндегі жерін пайдаланып тіршілік етеді.

Бірақ бұл тұрғыдан алғанда, мысалы, дәрігерлер мен чиновниктер екі тап құраған болар еді, себебі олар әртүрлі қоғамдық екі топқа жатады, оның үстіне бұл екі топтың әрқайсысының мүшелері өз табыстарын екеуіне де ортақ бір табыс көзінен алады. Жұмысшылар арасындағы, сондай-ақ капиталистер мен жер иемденушілер арасындағы,— бұл жер иемденушілер, мысалы, жүзімдікті, егіндікті, орманды, кенді, балық тоғандарын иемденушілер болып бөлінеді,— осылардың арасындағы қоғамдық еңбек бөлісі туғызатын мүдделердің ала-құлалығы мен жағдайдың әрқилылығы жөнінде де бұл айтылған жайттар дұрыс болар еді.

{Осы арада қолжазба үзіледі}

---

Ф. ЭНГЕЛЬС

«КАПИТАЛДЫҢ» ҮШІНШІ ТОМЫНА  
ҚОСЫМША<sup>236</sup>

Ф. Энгельс мұны 1895 ж. май — июнь айларында жазған

Кіріспе мен бірінші мақала алғаш рет „Die Neue Zeit“ журналында жарияланған, Bd. I, № 1, 1895—1896. Екінші мақала алғаш рет орыс тілінде «Большевик» журналында жарияланды, № 23—24, 1932 ж.

«Die Neue Zeit» журналының текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

Неміс тілінен аударма



«Капиталдың» үшінші томы жұртшылық пікірінің талқысына ұсынылғаннан бері ол талай рет мүлде әр алуан саққа жүгірілді. Басқаша күтуге болмайтын да еді. Оны бастырығандағы менің міндетім ең алдымен мүмкіндігінше дәл текстің әзірлеу, Маркс зерттеулерінің жаңа нәтижелерін мүмкін болғанынша оның өз сөзімен жеткізу, менің өз пікірімнің араласуын тіпті өте қажет болған жайлармен ғана шектеу, тіпті ондай жағдайларда да оқушыда кімнің сөзін оқып отырғаны жөнінде ешқандай күдік тудырмау болатын. Бұған кінә тағылды; менің қолымдағы материалды жүйелі түрде өңделген кітапқа айналдыруым, француздар айтпақшы, *en faire un livre* жасауым, басқаша айтқанда — текстің дәлдігін оқушыға ұғымды ету мақсатына құрбан етуім керек еді, деген пікір айтылды. Бірақ мен өз міндетімді өзгеше түсіндім. Олайша өңдеуге менің ешқандай хақым жоқ еді: Маркс сынды адамның өзінің төл сөзін тыңдатуына, өзінің ғылыми жаңалықтарын кейінгі ұрпақтарға өзінің түп нұсқалы баяндауымен жеткізуіне әбден хақысы бар. Әрі қарай, бұл секілді көрнекті адамның мұрасын өз қалауымша пайдалану деген тілек менде тіпті де болған емес. Ал, үшіншіден, одан ешқандай пайда болмас еді. Оқи алмайтын, оқығысы келмейтін адамдарға бірінші томды алғаннан кейін, оны дұрыс түсінуден гөрі бұрыс түсінуге күш салған адамдарға ешнәрсені де қор қылғаннан жалпы пайда жоқ. Ал енді шын түсінгісі келетін адамдарға ең маңыздысы нақ осы түпнұсқаның өзі еді; оларға менің өңдегенімнің ең мықтағанда түсінік беруден, оның өзінде де әлі жарияланбаған, қолға түспейтін бір нәрсеге түсінік беруден артық қадірі болмас еді. Алайда алғашқы айтыс кезінде-ақ түпнұсқа текстіге жүгінуге тура келер еді де, ал екінші, үшінші айтыстан кейін — оны ылажсыз *in extenso*\* басып шығару қажет болар еді.

---

\* — толық көлемінде. *Ред.*

Осыншама көп жаңалық айтылған еңбек жөнінде, оның үстіне көп жерінде олқылығы да жоқ емес, асығыс жазылған алғашқы нұсқа жөнінде мұндай айтыс болуы әбден табиғи нәрсе. Оны ұғынудағы қиындықтарды сейілту үшін, текстіде маңызы жеткілікті түрде баса айтылмаған аса маңызды мәселелерді алдыңғы орынға шығарып айқынырақ көрсету үшін, немесе 1865 ж. жазылған текстіге 1895 жылғы істің жайы тұрғысынан кейбір маңызды қосымшалар енгізу үшін нақ осы жерде менің араласуым пайдалырақ болуы мүмкін. Шынында да, дәл қазірдің өзінде-ақ менің қысқаша түсіндіріп өтуім қажет сияқты көрінетін екі пункт болып отыр.

## I

## ҚҰН ЗАҢЫ ЖӘНЕ ПАЙДА НОРМАСЫ

Осы екі фактор арасындағы елес қайшылықты шешу мәселесі Маркстің текстің жариялаудан бұрынғы секілді, одан кейін де талас туғызатын шығар деп ойлауға болатын еді. Кейбіреулер керемет бір нәрсе күтіп жүрді де, өздері болжаған сиқырлықтың орнына қайшылықтың жай ғана, дүпдұрыс және тіпті жөп-жөнді шешіле қалғанын көргенде, едәуір қымсынды. Әрине, бәрінен де гөрі бізге бұрыннан мәлім әйгілі Лория іштей рахаттана қомсынды. Ол өзі секілді шілтіктерде шірене аяқ тіреп тұрып, Маркстің мызғымастай зәулім ғимаратын күл-талқан ете, көкке ұшыра алатын Архимед атпасын тапқандай қуанды. Қалайша, деп зіркілдейді ол, осындай да шешім бола ма екен? Бұл барып тұрған ертегі ғой! Экономистердің құн туралы айтып жүргендері айырбас кезінде тағайындалатын құн емес пе?

«Ал енді товардың бұрынғы сатылуы былай тұрсын, тіпті жалпы сатылмағаның өзіне де (*nè nessuno vendersi mai*) өлшем бола алмайтын құны туралы мәселемен зәредей есі бар экономистің бірде-бірі әлі айналысып көрген жоқ және ешуақытта айналыспайды да... Маркс товарлардың ешуақытта қолданылмайтын сату құны оған жұмсалған еңбектің мөлшеріне сәйкес анықталады дегенде, ол товардың сату құны оған жұмсалған еңбек мөлшеріне сәйкес анықталмайды дейтін тақуа экономистердің қисынын кері формада қайталап отырған жоқ па?.. Маркстің: жеке бір бағаның жеке бір құннан ауытқуына қарамастан, барлық товарлар бағасының қосындысы олардың жиынтық құнымен немесе товарлардың жиынтық аумағына жұмсалған еңбек мөлшерімен сәйкес келеді, деген байламынан да ешқандай көмек жоқ. Өйткені құн дегеніміздің өзі екі товардың бір-біріне айырбасқа түскен қатынасы ғана болғандықтан, жиынтық құн деген ұғымның өзі қисынсыз, мағнасыз нәрсе... *confradictio in adjecto*»\*.

Маркс өз шығармасының басында: айырбастың екі товарды бір-біріне теңестіре алатын себебі — оларда мөлшері бірдей бір тектес элемент, атап айтқанда, мөлшері бірдей еңбек

\* — қайшы анықтама. *Ред.*

болғандықтан ғана деп мәлімдеген еді, дейді. Енді ол өз сөзінен өзі салтанатты түрде танып: товарлар өзіне жұмсалған еңбектің мөлшеріне сәйкес айырбасталмайды, мүлде басқа пропорция бойынша айырбасталады деген байлам жасайды.

«Адамның мұншама мағынасыздыққа барып, теориялық сәтсіздікке ұшырағанын кім көрген? Ғылым жүзінде бұдан асқан даңғазалы, бұдан асқан салтанатты түрде кісінің өзін өзі өлтірген жағдайы болған ба? («Nuova Antologia»<sup>257</sup>, Рим, үшінші серия, LV том, 1895 ж. 1 февраль, 477—478, 479-беттер).

Көріп отырсыздар, біздің Лориа есінен айрыла масайрап отыр. Марксті дәл өзіндей дүмбілез дүмше деп жазғырғанда оныкі теріс болды ма? Өздеріңіз көрсеңіздерші — Маркс те өзінің оқушыларын дәл Лориа сияқты келемеждеп отыр; саяси экономияның мүлде түкке тұрғысыз итальян профессоры секілді ол да ертегі айтумен ауаланып отыр. Ал бірақ осынау бір Дулькамара<sup>238</sup> өзінің кәсібін жақсы меңгеріп алғандықтан, әлгіндей істен бой тартпауына болады екен, ал солтүстіктің парықсыз адамы Маркс аяқ басқан сайын ерсі халге душар болып, қайдағы бір мағнасыз, қисынсыз бірденелерді айтады, сондықтан сайып келгенде оның салтанатты түрде өзін-өзі өлтіруден басқа ешбір лажы қалмайды.

Товарлар ешуақытта өз құнымен сатылған емес және сатылмайды деген тұжырымға әзірше соқпай тұра тұрайық. Жалғыз-ақ Лориа мырзаның былай деп сендіріп отырған бір пікіріне тоқталайық:

«Құн дегеніміздің өзі екі товардың бір-біріне айырбасқа түскен қатынасы ғана, сондықтан жиынтық құн деген ұғымның өзі қисынсыз, мағынасыз нәрсе және т. т.»

Сөйтіп, екі товардың айырбасқа түсу кезіндегі қатынасы — олардың құны — товарларға сырттан жабысқан мүлде кездейсоқ, бүгін бір мөлшерде, ертең екінші мөлшерде бола беретін нәрсе екен. Бір центнер бидай бір грамм алтынға айырбастала ма немесе бір килограмм алтынға айырбастала ма, ол осы бидайға немесе осы алтынға іштей тән болатын шарттарға байланысты емес, олардың екеуіне де мүлде жат бір жағдайларға байланысты екен. Әйтпеген жағдайда әлгі шарттардың айырбаста да әлдеқандай бір маңызы болар еді ғой, жалпы, асылында, әлгі екеуіне үстемдік етіп, айырбасқа тәуелсіз дербес бір тіршілігі болар еді ғой, сонда товарлардың жиынтық құны туралы да айтуға болар еді-ау. Бірақ атакты Лориа мұны мағынасыз нәрсе деп отыр. Екі товар қандай қатынаста айырбасталса да бәрібір, бұл олардың құны болады — міне, әңгіме сонымен бітті. Демек, құн мен баға

I.  
Kritik der ersten Hälfte des Gesetzes.

Es mag zunächst die Frage aufgeworfen werden, ob diese ersten Hälfte des Gesetzes überhaupt notwendig ist, und wenn ja, in welcher Hinsicht. Die Antwort auf diese Frage ist nicht so einfach, wie es scheint. Zunächst einmal ist zu bedenken, dass die ersten Hälfte des Gesetzes die Grundlagen des Rechts enthält, die für die gesamte Rechtsordnung maßgebend sind. Diese Grundlagen sind die Prinzipien der Gerechtigkeit, der Gleichheit vor dem Gesetz und der Achtung der persönlichen Freiheit. Ohne diese Grundlagen wäre die Rechtsordnung nicht mehr als eine bloße Willkür zu bezeichnen. In der zweiten Hälfte des Gesetzes werden diese Prinzipien in die konkreten Bestimmungen des Rechts überführt. Diese Bestimmungen sind die Regeln, die das Verhalten der Bürger untereinander regeln. Sie sind die Folge der Prinzipien, die in der ersten Hälfte des Gesetzes festgelegt sind. Ohne diese Bestimmungen wäre die Rechtsordnung nicht mehr als eine bloße Theorie zu bezeichnen. Die ersten Hälfte des Gesetzes ist also die Grundlage der gesamten Rechtsordnung, und ohne sie wäre die Rechtsordnung nicht mehr als eine bloße Willkür zu bezeichnen. In der zweiten Hälfte des Gesetzes werden diese Prinzipien in die konkreten Bestimmungen des Rechts überführt. Diese Bestimmungen sind die Regeln, die das Verhalten der Bürger untereinander regeln. Sie sind die Folge der Prinzipien, die in der ersten Hälfte des Gesetzes festgelegt sind. Ohne diese Bestimmungen wäre die Rechtsordnung nicht mehr als eine bloße Theorie zu bezeichnen.

пара-пар, сондықтан товардың қанша бағасы болса, сонша құны бар. Баға дегенің сұраныс пен ұсынысқа қарай белгіленеді, ал енді оның аржағында біреу-міреу тағы сұрақ қойып, оған жауап күтетін болса,— ол барып тұрған ақымақ.

Бірақ осы жерде бір кішкентай кілтипан бар. Қалыпты жағдайда сұраныс пен тұтыныс өзара етеліп жатады. Дүние жүзіндегі қолда бар дайын товарды сұраныс тобы деп және көлем жағынан онымен бірдей ұсыныс тобы деп — екіге бөлейік. Одан әрі, айталық, әр топтың бағасы = 1000 млрд марка, франк, фунт стерлинг немесе басқа түрлі ақша өлшемі болсын дейік. Сонда мұның өзі ең қарапайым есеп бойынша 2000 миллиард сомасында баға немесе құн беретін болады. Мағынасыз, қисынсыз — деп безілдейді Лориа мырза. Екі топ қосылғанда, олардың бағасы 2000 миллиард болуы ықтимал, ал бірақ құнның жайы басқаша. Егер біз баға дейтін болсақ, онда  $1000 + 1000 = 2000$ ; ал енді біз құн дейтін болсақ, онда  $1000 + 1000 = 0$ . Өзгені былай қойғанда, барлық товарлардың жиынтығы туралы сөз болып отырған дәл осы ретте істің жайы мінеки. Өйткені екі түрлі мүлік иесінің әрқайсысының товары 1000 млрд тұрады, өйткені олардың әрқайсысы екіншісінің товарына осы соманы бергісі келді және бере алды. Ал егер біз осы екеуінің қолындағы товарды үшінші біреудің қолына шоғырландыратын болсақ, онда біріншінің қолында ешқандай құн болмайды, екіншіде де сондай, ал үшіншіде одан бетер болмайды: мұның нәтижесінде ешкімде ештеңе болмай шығады. Сөйтіп, біз құн жөніндегі ұғымды мүлде құртып, одан із-түз қалдырмаған оңтүстік Қалиостросының артықша бөлігіне тағы да қайран қалып, сүйсінеміз. Тұрпайы саяси экономияның ең бір шауып шыққан үлгісі міне осындай<sup>1)</sup>.

<sup>1)</sup> Осындай «атақ-даққымен әйгілі» мырза (Гейненің сөзімен айтқанда) сәл кейінірек, дәліл айтқанда, менің үшінші томға жазған кіріспем италиян тілінде «Rassegna»-ның 1895 жылы бірінші номерінде шыққаннан кейін, соған жауап беруге мәжбүр болды. Оның жауабы 1895 жылы 25 февральда «Riforma Sociale»-да<sup>29</sup> басылды. Әуелі өзіне злет болып кеткен және сондықтан да маған екі есе жиіркеніпті көрінетін мақтау сөздерді менің басыма үйіп-төгіп келеді де, ол тарихты материалистік тұрғыдан түсіндірудегі Маркстің еңбегін өзіне немденбек ойдың тіпті болмағанын айтып азарда-бесер болады. Ол Маркстің еңбегін сонау 1885 жылы-ақ танып, әлде қалай бір журналдағы мақаласында жол-жөнекей айта кетсе керек. Бірақ оның есесіне ол бұл туралы дәл айтатын жерде, өзінің осы тақырыпқа жазған кітабында соншалықты қасарып, жұмған аузын ашпайды, оның 129-бетінде Маркс Франциядағы ұсақ жер меншігі туралы мәселемен байланысты ғана еске алынады. Ал енді келіп бұл мырза мықтымысып, былай дейді: бұл теорияны жасаған тіпті де Маркс емес, оның жалпы нұсқасын белгілеген Аристотель; ал енді тіпті ол болмағанның өзінде сонау 1656 жылы бұл теорияны Гаррингтон жария еткен болатын, содан кейін оны Маркске дейін көп бұрын талай тарихшылар, саясатшылар, юристер мен экономистер қайтадан дамытты. Лорианың французша басылған шығармасынан тағы да талай нәрселерді оқуға болады-ақ! Қысқасы, Маркс барып тұрған плагиатордың өзі болып шығады. Мен Маркстің сөздерін келтіре отырып, Лорианың одан арғы бәспелігіне су бүркікпеннен кейін, ол, өзі сияқты, Маркс те өзгенің моншағын таққан болатын деп даурықты. Менің одан арғы дауыма Лорпаның

Браунның «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik»<sup>243</sup> (Берлин, VII том, 1894 ж.) атты жинағында Вернер Зомбарт Маркс системасының нұсқаларын тұтас алғанда дұрыс баяндайды. Бұл немістің университет профессорының Маркс шығармаларынан жалпы және тұтас алғанда Маркстің шын өз сөзін дұрыс оқи алған ең тұңғыш оқиға. Бұл жерде университет профессоры былай деп мәлімдейді: Маркстің системасын сынаудың мәні — оны теріске шығаруда болмауы керек, —

«ол саяси мансапқорлардың шаруасы»,

— қайта, оны ілгері дамытуда болуы керек. Әрине, біздің тақырыппен Зомбарт та шұғылданып жүр. Ол Маркстің системасындағы құнның маңызы қандай деген мәселені зерттей келіп, мынадай қорытынды шығарады: құн капиталистік әдіспен өндірілген товарлардың айырбас қатынасында көрінбейді; құн капиталистік өндіріс агенттерінің санасында өмір сүрмейді; құн — эмпирикалық факт емес, ой жүзіндегі, логикалық факт; Марксте материалдық дәйектілікке келтірілген құн ұғымы еңбектің қоғамдық өндіргіштік күші — шаруалық болмыстың негізі деген фактының экономикалық көрінісінен бөтен түк те емес; шаруашылықтың капиталистік құрылысы тұсында құн заңы сайып келгенде экономикалық құбылыстарға үстемдік етеді және осы шаруашылық құрылысы үшін құн заңының мағынасы ең жалпы түрде алғанда мынау болып шығады: товар құны дегеніміз — ерекше-тарихи форма, онда, сайып келгенде, барлық экономикалық құбылыстарға үстемдік ететін еңбектің өндіргіштік күшінің шешуші қимылы жүзеге асырылады. Зомбарт осылай дейді; капиталистік өн-

қайтарған жалғыз жауабы — оның өзінің: Маркс «Қапиталдың» екінші томын да, одан бетер үшінші томын да жазбақшы емес еді деген пікірі жөнінде, «Энгельс екінші және үшінші томды көлденең тартып, маған қазір де дау айтады... Жарайды-ақ! Ал мен өзіме ақыл-ойдың асқан бір ләззатын берген осы томдарға соншалықты ризамын, тіпті осының өзін шын жеңіліс деп есептеуге болған күннің өзінде мен мұны ешқандай жеңіске бергісіз жеңіліс дер едім. Бірақ осы жеңіліс пе? Энгельстің осыншалықты табынып, ден қоя отырып жинастырған, өзара түк байланысы жоқ толып жатқан заметкаларын Маркс шынында да бастырамын деп жазды ма екен? Маркс... осы жазба қағаздарымен өзінің шығармасын және өзінің системасын аяқтамақ болды деп шынымен ойлауға бола ма? Бұдан бірнеше жыл бұрын тауып бермек болған шешімі көңілсіз ертегі, дөрекі сөздердің ойнақылдығы ғана болып шыққан орта пайда нормасы туралы осы тарауды Маркс баспа жүзінде жариялар еді деген жорамал дұрыс па? Ең бері қойғанда, осының өзіне күмән келтіруге болар еді... Менің ойымша, Маркс өзінің тамаша (splendido) кітабын бастырып шығарғаннан кейін, оның жалғасын жазамын деген ойда болған жоқ немесе сол бір орасан зор еңбекті аяқтау міндетін өз мұрагерлерінің сыбағасына қалдырды да, ол үшін тікелей жауапкершіліктен өзін ада қылды, деген ойды дәлелдейтін сияқты».

267-бетте осылай деп жазылған. Немістің тоғышар қауымы туралы Гейненің аса бір жіркенішпен айтқан сөзі мынадай еді: «Автор жүре келе өзінің оқырман қауымына да егі үйреніп, оны бір түйсігі бар жәндік секілді көріп алады»<sup>240</sup>. Сонда аты шуды Лорнаның өз оқырмандарын кім деп отырғаны екен?

Ақыр-аяғында — менің сорлы басыма тағы да үйіп-төгіп мақтау айтылады. Сөйтіп, біздің Санарель<sup>241</sup> қарғыс айтамын деп келіп, «бата мен алғыс»<sup>242</sup> жаудырған Валаамның кебін киеді. Ал бірақ Валаамның бір ерекшелігі — оның астына мінген есегі өзінен ақылдырақ болған ғой. Бұл жолы, сірә, Валаам сол есегін де мініп шықпаған болуы керек.

діріс нормасы үшін құн заңының маңызын осылайша ұғынуды теріс деуге ешқандай негіз жоқ. Бірақ сонымен бірге бұл пікір маған тым жалпылама болып көрінеді, оны айқынырақ, дәлірек тұжырымға келтіруге болар еді; менің ойымша, бұл пікір қоғамның экономикалық дамуының осы заңның үстемдігіне бағынған сатыларындағы бүкіл маңызын толық қамти алмайды.

Браунның «Sozialpolistisches Centralblatt»<sup>244</sup> журналының 1895 ж. 25 февральдағы 22-номерінде «Капиталдың» III томы туралы Конрад Шмидтің тамаша мақаласы басылған. Әсіресе бұл жерде мына жағдайдың дұрыс көрсетілгенін айтып өту керек: Маркс қосымша құннан орта пайда нормасын шығара келіп, бұған дейін экономистер тіпті алға да қоя алмаған сұраққа тұңғыш рет жауап берді; ол — осы орта пайда нормасының деңгейі қалай анықталады және ол неліктен 50% немесе 100% дәрежесіне жетпей, айталық, 10% немесе 15% дәрежесіне ғана жетеді?— деген сұрақ. Ең алдымен өнеркәсіп капиталистері иемденетін қосымша құн пайда мен жер рентасы шығатын бірден-бір және ерекше көз екені бізге мәлім болғалы бұл сұрақ өзінен-өзі шешіліп келеді. Егер әдейі көргісі келмеген адамның көзін ашамын деп босқа әуре болғандық болып жүрмесе, Шмидт мақаласының осы бір жері à la Лориа экономистерге тікелей арналып жазылған.

Сонымен бірге Шмидтің құн заңы жөнінде формальдық ойлары да бар. Өзі оны айырбастың нақты процесін түсіндіру үшін ұсынылған ғылыми *болжал* деп атайды, бұл болжал тіпті өзіне мүлде қайшы келетін сияқты бәсекелі бағалар құбылыстарын да түсіндіретін қажетті теориялық негізгі пункт ретінде өзін-өзі ақтады дейді; оның ойынша, құн заңынсыз капиталистік өмірдің экономикалық механизмін теория жүзінде түсіну ешбір мүмкін емес. Ал енді менің цитат алуыма өзі рұқсат еткен жеке бір хатында Шмидт капиталистік өндіріс шеңберіндегі құн заңын теориялық жағынан қажет болғанмен, жалған нәрсе деп тура айтады<sup>245</sup>. Бірақ та бұл түсінік, менің ойымша, мүлде теріс. Құн заңының капиталистік өндіріс үшін де маңызы, тіпті қажетті жалғандықты былай қойғанның өзінде, жай ғана болжалдың маңызынан гөрі анағұрлым зорырақ та айқынырақ.

Зомбарт сияқты, Шмидт те, — атышулы Лорианы мен тұрпайы саяси экономияның күлкілі үлгісі ретінде жол-жөнекей ғана еске алып отырмын, — бұл жерде таза логикалық процесс туралы ғана емес, сонымен бірге тарихи процесс туралы және оның ақыл-санадағы түсінік бейнесі, оның ішкі байланыстарын ойға салып байыптау туралы да сөз болып отырғанына жете назар аудармайды.



Бұл жөніндегі шешуші пікір Маркстің «Капиталында», III кітаптың 154-бетінде\* айтылған:

«Барлық қиындық мынадан: товарлар жай ғана *товар* ретінде айырбасталмай, *капиталдың өнімі* ретінде айырбасталады, ал өнімдер өздерінің пропорциялық көлеміне яғни — көлемдері тең болған жағдайда — қосымша құнның жиынтық аумағынан тең үлес алуға талаптанады».

Осы айырмашылықты дәлелдеп көрсету үшін әуелі былай деп шамаланады: жұмысшылардың өзінде өндіріс құрал-жабдықтары болады, олардың жұмыс уақыты мен өнімділігі де бірдей болады, өз өнімдерін тікелей өзара айырбасқа салады. Мұндай жағдайда екі жұмысшы өздерінің бір күндік еңбегімен өз өнімдеріне бір мөлшерде жаңа құн қосқан болар еді, бірақ та олардың әрқайсысының өнім құны өндіріс құрал-жабдықтарына бұрын жұмсалған еңбек мөлшеріне қарай әртүрлі болар еді. Құнның осы соңғы бөлігі капиталистік шаруашылықтың тұрақты капиталы болып табылар еді; жаңадан қосылған құнның жұмысшылардың тіршілік құралдарына жұмсалған бөлегі өзгермелі капиталға сәйкес келер еді де, ал жаңа құнның оның сыртында қалған бөлегі бұл ретте жұмысшылардың өзіне тиісті қосымша құн болар еді. Демек, екі жұмысшы, құнның өздері авансылаған «тұрақты» бөлегін өтегеннен кейін, оның сыртында көлемі бірдей құн алған болар еді; алайда қосымша құнды білдіретін бөлестің өндіріс құрал-жабдықтарының құнына қатынасы,— ал мұның өзі капиталистік пайда нормасына сәйкес келер еді,— екі жұмысшыда екі түрлі болар еді. Бірақ олардың әрқайсысы айырбас кезінде өз өндіріс құрал-жабдықтарының құнын өтейтін болғандықтан, мұның өзі тіпті ешқандай келер-кетері жоқ нәрсе болып шығар еді.

«Сондықтан товарларды олардың өз құны бойынша немесе өз құнына мөлшерлеп айырбастау өндіріс бағасы бойынша айырбастаудан гөрі төменірек сатыны талап етеді, ал өндіріс бағасы бойынша айырбас үшін капиталистік дамудың анық жоғары сатысы қажет... Сөйтіп, баға мен оның қозғалысын құн заңына бағындыру-бағындырмауға тәуелсіз түрде, товар құнын теория жүзінде ғана емес, өндіріс бағасынан *pius*\*\* тарихи тұрғыдан да қарау өте дұрыс болады. Мұның өндіріс құрал-жабдықтарына қызметкер иелік ететін қоғамдық жағдайларға қатынасы бар; ескі дүниеде де, қазіргі заманда да өз еңбегімен күнелтіп, жерге иелік ететін шаруа мен қол өнершінің жағдайы міне осындай. Белгілі бір ғана қауым мү-

\* Осы томның 192-бетін қараңыз *Ред.*

\*\* — бұрын болатын. *Ред.*

шелерінің арасындағы айырбас нәтижесінде емес, әртүрлі қауымдар арасындағы айырбас нәтижесінде өнім товарға айналады деп, бұдан бұрынырақ айтқан пікірімізге де бұл сәйкес келеді. Бұл айтып отырғанымыздың осы алғашқы қауымдық жағдайға да, құлдық пен крепостниктікке де, сондай-ақ өндірістің әрбір саласына бекітілген өндіріс құрал-жабдықтарын бір сферадан екінші сфераға ауыстыру қиынға соғатын кезде цехтық қолөнер ұйымына да қатынасы бар; сол себептен де өндірістің әртүрлі сфералары бір-бірімен белгілі дәрежеде бөтен елдердей немесе коммунистік қауымдардай қатынаста болады» (Маркс. «Капитал», III кітап, I бөлім, 155—156 беттер)\*.

Егер де Маркс үшінші томды қайтадан өндеген болса, ол, сөз жоқ, осы жерін едәуір кеңейткен болар еді. Ал қазіргі күйінде осы мәселе жөнінде айтылатын ойдың ұзын ырғасы ғана беріліп отыр. Сондықтан біз бұған толығырақ тоқталып көрейік.

Бәрімізге мәлім, қоғамдық өмірдің алғашқы сатыларында өнімді өндірушілердің өздері тұтынады және ол тұтынушылар стихиялы түрде азды-көпті коммунистік негізде ұйымдасқан қауымдарға бірігеді, ал енді осы өнімдердің артығын айырбастау және өнімнің товарға айнала бастауы кейінірек пайда болды; мұның өзінде айырбас әуелінде әртүрлі тайпалардың жеке қауымдары арасында жүргізіліп, тек содан кейін ғана қауымдардың өз ішіне тарады; сөйтіп олардың ірілі-уақты семьялық топтарға ыдырауына едәуір ықпал етті. Бірақ осы ыдыраудан кейін де өзара айырбас жасайтын семья басылары еңбекші шаруалар болып қалды; олар өздерінің барлық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін қажетті нәрсенің бәрін дерлік өз семьясының көмегімен өндіріп отырды да, тек қажет заттарының азғантай бөлігін ғана өз еңбектерімен өндірген өнімнің артығына айырбастап алып отырды. Семья егіншілікпен, мал шаруашылығымен ғана айналысып қойған жоқ, бұл салалардың өнімін сатып, дайын тұтыну заттарына да айналдырып отырды, кей жерлерде тіпті астықты қолдирменге салып, ұн тартты, нан пісірді. Жіп иірді, кенептен, жүннен мата тоқыды, оны бояды, тері иледі, ағаштан үй салып, оны жөндейді, аспаптар мен еңбек құралдарын жасады; кейде тіпті балташылық, ұсталық жұмыстар атқарды; демек, мұндай семья немесе семьялық топ негізінен натуралдық шаруашылықпен айналысты.

Бұл сияқты семьяның басқалардан айырбастап немесе сатып алатын азын-аулақ заттары, XIX ғасырдың басына де-

\* Осы томның 193—194-беттерін қараңыз. *Ред.*

йін тіпті Германияның өзінде, көбінесе қолөнер өндірісінің бұйымдары болатын, былайша айтқанда, шаруа қалай жасауды жақсы білгенмен, не шикізатын тауып алу қиындық туғызатын, не сатып алғанда едәуір арзанға түсетін немесе сапасы жақсы заттар болатын. Демек, орта ғасырлық шаруа айырбас арқылы алатын бұйымдарын жасап шығаруға қанша жұмыс уақыты кететінін жақсы білген. Селодағы ұста мен арбашының істеген жұмысы, баяғы біздің жас кезімізде Рейнде бір шаруаның үйінен екінші шаруаның үйіне кіріп, тоқыма мата мен сірі былғарыдан киім, етік тігіп жүретін кезбе тігінші немесе етікші сияқты, жұрттың көз алдында болады. Шаруа да, оған зат сатушылар да — өздері қызметкер адамдар: айырбасқа түсетін заттарын олар өз еңбектерімен жасайды. Сол заттарды жасағанда, олардың шыққан шығыны не? Еңбек — тек қана еңбек: еңбек құралдарының құнын өтеу үшін, шикізат өндіру үшін, оны ұқсату үшін олар тек қана өздерінің жұмыс күшін жұмсады; сондықтан олар өз өнімдерін басқа өндірушілердің өніміне айырбастағанда, жұмсалған еңбекті мөлшерлемей тұра ала ма? Сол өнімдерді өндіруге жұмсалған жұмыс уақыты айырбасқа түсетін өнімнің сан көлемін анықтау үшін бірден-бір қолайлы өлшем болатыны былай тұрсын, тіпті басқа өлшемнің ешқайсысы бұған жарамас еді. Шаруалар мен қол өнершілерді өзінің 10 сағат еңбек етіп шығарған өнімін біреудің бір сағаттық өніміне айырбастайтындай ақымақ деп ойлауға бола ма? Шаруаның натуралдық шаруашылығының бүкіл маусымы үшін айырбасталатын товарлар бірімен-бірі жұмсалған еңбектің көлеміне қарай ғана балана алатын еді. Осы шаруашылыққа ақша араласа бастаған кезден-ақ құн заңына сәйкестену тенденциясы (*pota bene\** — Маркстің тұжырымы!), бір жағынан, бұрынғыдан да айқынырақ көрінеді, ал екінші жағынан, — өсімқор капитал мен мемлекеттік бақылау жүйесінің араласуы салдарынан бұл тенденция бұзыла бастайды да, бағаның құнға таяп қалатын мерзімдері енді барған сайын ұзара береді.

Шаруалардың өнімін қала қол өнершілерінің өніміне айырбастау жөнінде де осыны айту керек. Әдепкіде айырбас қалада базар күндері көпестің дәнекерлігінсіз, қолма-қол жасалды, онда шаруалар өз өнімдерін сатып, сонсоң керек нәрселерін сатып алып жүрді. Бұл жерде де дәл баяғыдай қол өнершінің еңбек жағдайлары беп-белгілі, ал қол өнерші шаруа еңбегінің жағдайларын біледі. Қол өнершінің өзі де белгілі бір дәрежеде шаруа, оның бақшасы түгіл, көбінесе

---

\* — баса айтайық. Ред.

бір участок жері, бір-екі сиыры, шошқалары, асыранды құсы және т. б. мал-мүлкі болады. Сөйтіп, орта ғасырда,— басқаны былай қойғанда, мәселе күнделікті тұрмыс бұйымдары туралы болғаннан кейін,— жұрт шикізат, қосалқы материалдар, жұмыс уақыты жөнінде бір-бірінің өндіріс шығындарын тіпті дәлме-дәл анықтай алатын болған.

Ал жұмсалған еңбектің санына қарай айырбастаудың осы тәртібінде астық пен мал сияқты ұзақ уақыт бойы еңбек етуді талап ететін және оның үстіне үздік-создығы көп, алынатын өнім көлемі белгісіз өнімдердің мөлшерін есепке шорқақ адамдар қалай шамалайтын болған? Тегінде, бұраланы көп жолдармен, көбінесе қараңғыны қармалап, қолмен түрткілеп жүріп, ұзақ уақытта зорға жеткен ұзақ процестің нәтижесі болар, соның өзінде адамды ащы тәжірибе үйреткен шығар. Әр адамның жалпылап және жинақтап келгенде өз шығындарының орнын толтыру қажеттігі әрбір жеке жағдайда дұрыс жол табуға көмектесіп отырды, ал енді айырбасқа түсетін бұйымдардың түр жағынан шектеулі болуы,— оларды өндіру сипатының көбінесе сан ғасырлар бойы,— өзгермейтіндігімен ұштаса келіп, осы міндетті жеңілдетіп отырды. Осы өнімдер құнының салыстырмалы шамасын белгілеу үшін тіпті көп уақыт қажет емес екенін дәлелдеу үшін мынадай бір факт жетіп жатыр: малдың бір басын өсіріп шығару үшін көп уақыт кететін болғандықтан, әлгіндей анықтама беру өте қиын бола тұра, ол ең алғашқы жұрт таныған ақша тоқырына айналды. Ал бұл үшін малдың құны, оның толып жатқан басқа товарларға айырбастық қатынасы көптеген тайпалар жерінде біршама сәрекше және сөзсіз мойындалатын жағдайға көтерілуі қажет болды. Ал енді сол заманның адамдарында, мал өсірушілерде де, олардан мал сатып алушыларда да, айырбас жасағанда өздері жұмсаған жұмыс уақытының есесін қайтармай бермейтіндей естілік болған болуы керек. Керісінше, белгілі бір халық товар өндірісінің алғашқы дәуіріне неғұрлым жақын тұрған сайын,— мәселен, орыстар мен шығыс халықтары,— жалықпай ұзақ саудаласу арқылы өнім өндіруге жұмсалған жұмыс уақытының өтеуін толық қайтарып алу үшін осы күнге дейін көп уақыттарын сарп етіп келеді.

Құнды осылайша жұмыс уақытымен анықтауға сүйене отырып, бүкіл товар өндірісі,— және онымен бірге құн заңының әр алуан жақтары көрінетін сан түрлі қарым-қатынастар да,—«Капиталдың» бірінші томының бірінші бөлімінде баяндалған тәртіппен дамиды; демек, атап айтқанда, тек еңбек қана құн жасаушы болып табылатын жағдайлар да дамиды. Сонымен қабат бұл жағдайлар жұрттың санасына сің-

бей-ақ өзіне жол аршып алады, олар күнделікті практикадан тек күрделі теориялық зерттеулер арқылы ғана абстракцияланады; демек, бұл жағдайлардың күші табиғат заңдарының күші секілді көрінеді, ал мұның өзі Маркстің дәлелдеп бергеніндей, товар өндірісінің табиғатынан туады. Металл ақшаға көшу аса маңызды да шешуші қадам болды, бірақ оған көшудің нәтижесінде құнды жұмыс уақытына қарап анықтау да товар айырбасының сыртына шығып айқын бой көрсетуден қалды. Практиканың тұрғысынан қарағанда, құнның шешуші өлшемі ақша болып алды, ал енді саудаға түсетін товар түрі көбейген сайын, товар неғұрлым шалғай елдерден көп келген сайын, демек, ол товарларды әзірлеуге кететін жұмыс уақытын есептеу мүмкіндігі неғұрлым азайған сайын ақшаның қызметі арта түсті. Оның үстіне ақшаның өзі де алғашқы кезде жат жерлерден келетін болды; ал тіпті асыл металдар сол елдің өз ішінде шығарылған күннің өзінде шаруалар мен қол өнершілер, бір жағынан, оларды шығаруға жұмсалатын еңбекті тіпті шамалап есептеуге де дәрменсіз еді, ал екінші жағынан, ақша санауға үйреніп қалған машықтың ықпалымен олар еңбектің құн ретіндегі қасиетін ұғынудан едәуір қарайып қалған еді, халық санасында ақша абсолютті құны бар нәрсеге айнала бастады.

Қысқасы,— жалпы экономикалық заңдардың күші болғандықтан,— жай товар өндірісінің бүкіл дәуірі үшін, демек, капиталистік өндіріс формасының пайда болуы нәтижесінде жай товар өндірісі өзгеріске ұшырағанға дейін, Маркстің құн заңының да барлық жерде күші бар. Бұл кезге дейін, Маркстің заңы бойынша, баға белгілі бір құнға қарай бейімделіп, соның айналасында төңіректен жүреді де, жай товар өндірісі неғұрлым толық дамыған сайын, сыртқы зорлық күшімен бұзылмаған ұзақ дәуір ішінде орта баға құнға тіпті елеусіз ғана айырмашылығы бар дәлдікпен сәйкес келіп жақындайды. Демек, Маркстің құн заңы өнімді товарға айналдырған айырбас дәуірінен бастап, біздің жыл санауымыздың XV ғасырына дейін өзінің жалпыға бірдей экономикалық күшін сақтайды. Ал енді товар айырбасының басы жазба тарихтың қай-қайсысынан да әріге мезгеп, Мысырда ең бері салғанда біздің жыл санауымыздан арғы екі жарым, бәлкім, тіпті бес мың жылдай, ал Вавилонияда төрт-алты мың жылдай, замананың сонау арғы түкпіріне қарай кетеді. Сөйтіп, құн заңы бес-жеті мың жылдаған дәуірде үстемдік еткен. Ал енді осыдан кейін келіп, бүкіл осы мерзім ішінде жаппай да тікелей маңызы болған құнды ешуақытта товардың сатылуына дәйек болмаған және дәйек бола алмайтын нәрсе дейтін, бірде-бір

есі дұрыс экономист оны зерттеумен шұғылданбайды дейтін Лориа мырзаның білгіштігіне қайран қалмай көріңіз.

Әзір біз көпес жайын сөз қылғанымыз жоқ-ты. Жай товар өндірісінің капиталистік товар өндірісіне айналуына көшкенше көпеске назар аударуымызға болатын еді. Көпес бұл қоғамды революцияландырушы элемент болды, бұрын мұнда дүниенің бәрі өзгеріссіз болатын, былайша айтқанда, өзгеріссіздік ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келген-ді; мұнда шаруа өзінің өлшеулі жерін ғана емес, өзінің еркін меншікшілік жағдайын немесе тәуелді оброкшылық немесе крепостнойлық жағдайын да, ал қаладағы қол өнерші өзінің қол өнері мен цехтық игіліктерін атадан балаға мұра етіп, тіпті ешкімнің құқығы жүрмейтін қалпында жалғастырып келе жатқан; сонымен қатар, олардың әрқайсысы бала жастан дағдыланған атамұра кәсібі сияқты, өзінің клиентурасын да, өнім өткізетін рынокті де мұра етіп алатын. Міне осы дүниеге енді көпес келіп араласты да, әлгі төңкерістің бастапқы тұлғасына айналуға тиіс болды. Бірақ ол саналы революционер ретінде қимыл көрсеткен жоқ, қайта, керісінше, осы дүниенің өз төлі, белбаласы ретінде көрінді. Орта ғасырдағы көпес тіпті де дарашыл болған жоқ, ол асылында өз замандастары секілді қауымшыл болды. Деревняда алғашқы коммунизм негізінде өсіп-өнген қауым-марка үстемдік етті. Алғашында әрбір шаруаның алған жер көлемі бірдей болды, ол жергілікті жердің сапасына қарай тең көлемді участокты иеленіп, қауым-маркада соған сәйкес тең праволарды пайдаланды. Қауым-марка тұйықталып, жаңадан жер кесіп беру тоқтатылғаннан кейін, мұрагерлік және т. б. салдарынан сол кесінділердің ыдырап бөлшектенуі және соған сәйкес қауымдық праволардың бөлшектенуі басталды, бірақ толық кесінді қауымдық жер иеленудің негізгі өлшемі есебінде қала берді, демек, кесіндінің жарты, ширек және сегізден бір үлесіне ие болып, қауым-марка праволарының жарты, ширек және сегізден бір үлесіне қатысатын тәртіп енгізілді. Кейінгі өнеркәсіп қауымдарының бәрі, ең алдымен қаладағы цехтар, қауым-марканың үлгісімен құрылды, олардың ішкі құрылысы бұрынғыдай белгілі бір территорияға емес, артықша жағдайдағы қол өнерге ыңғайластырылған қауым-марканың ішкі құрылысы еді. Ұйымның барлық мүшелерінің цехқа тиісті барлық игіліктер мен табысты пайдалануға бірдей ортақтығы бүкіл ұйымның негізгі ережесі болды, бұл жай 1527 жылы Эльберфельд пен Барменнің тұрғындарына бекітіліп берілген «Жіп иіруден түсетін күн көріс» игіліктерінде өте айқын сипатталған (Thun. «Die Industrie am Niederrhein und ihre Arbeiter». Theil II, Leipzig, 1879, S. 164 und ff.). Қен өнеркә-

сібі жөнінде де осыны айтуға болады, онда да әрбір пай ортақ үлесті қамтамасыз етті және, қауым мүшесінің кесінді жері сияқты, онымен байланысты барлық праволар, міндеттер бәріне ортақ болды. Теңіз жиһангерлігімен байланысты сауданы туғызған көпес серіктіктері туралы да дәл осыны айту керек. Александрияның немесе Константинопольдің гаваньдарындағы венециялықтар мен генуялықтар,— ішінде тұрғын үйі, трактирі, қоймасы, ортақ кеңселі көрме үйі мен магазині бар өздерінің меншікті Fondaco\*-ларында жайласқан әрбір «ұлт», сауда серіктіктерінің нақты өзі болатын; олар бәсекелестер мен бөгде клиенттерден қорғаулы қауіпсіздікте болып, товарларын өзара келісімде көрсетілген бағамен сататын, олардың товарлары қоғамдық бақылаудан өтіп кепілдік алған, көбінесе өзгеше таңба соғылған белгілі бір сапа денгейінде болатын, олар жергілікті халықтан сатып алатын товарларының бағасын, т. б. өзара бірігіп анықтайтын. Сол сияқты Норвегияның Берген қаласындағы «Неміс көпіріндегі» (Tydske Bruggen) ганзалықтар, сондай-ақ олардың голланд және ағылшын бәсекелестері де өз істерін дәл осылай жүргізетін. Ал енді белгіленген бағадан не арзанға сатқан, не қымбатқа сатып алған адам жақсылық көрмейтін! Ондай кінәліге серіктік салатын тікелей айыпты былай қойғанның өзінде, ол душар болған бойкот сол кездің жағдайында сөзсіз күйзеліске апарып соғатын. Ал енді бұлардан басқа белгілі бір мақсат көздеген неғұрлым тығыз серіктіктер де құрылатын. Мәселен: көп жылдар бойы Кіші Азиядағы Фокеяның және XIV, XV ғасырларда Хиос аралының ашудас кендеріне иелік еткен генуялық Маон қоғамы, одан әрі — XIV ғасырдың аяқ кезінен бастап Италиямен, Испаниямен саудасаттық жүргізіп, ол елдерде өз бөлімшелерін ашқан үлкен Равенсберг сауда қоғамы, сондай-ақ Аугсбург көпестері — Фуггер, Вельзер, Фёдин, Хёхштеттер және тағы басқаларынан, Нюрнберг көпестері — Хиршфогель және басқаларынан құралып, 66 000 дукат капиталмен, үш кеменен 1505—1506 жылдары Индияға сапар шеккен Португалия экспедициясына қатынасқан, одан 150%, ал басқа көздерден — 175% таза пайда тапқан неміс қоғамы, Лютердің ашу-ызасын келтірген басқа да толып жатқан қоғам-«монополиялар» дәл осындай сипатта еді.

Бұл жерде біз пайдамен және пайда нормасымен тұңғыш рет ұшырасып отырмыз. Атап айтқанда — көпестердің талабы осы пайда нормасын барлық қатынасушыларға бірдей етуге саналы түрде, әдейі бағытталған. Левант елдеріндегі

---

\* — қонақ үйінде. *Ред.*

әрбір венециялық, солтүстік елдердегі әрбір ганзальк товарды көршілерімен бірдей бағаға сатып алатын болған, оның тасымал шығындары да солармен бірдей болған, ол товарларын сатқанда да басқалармен бір бағаға өткізген, қайтарда жететін жүгін де өз «ұлтының» өзге көпестерімен бір бағаға сатып алатын болған. Сөйтіп, пайда нормасы баршаға бірдей болған. Маркада әркімнің правосы кесінді жердің үлесіне қарай анықталатын болса, тау-кен кәсіпорындарында пайданан алынатын үлес пайданың мөлшеріне сәйкес болатын болса, дәл сол сияқты, ірі сауда серіктерінде де пайданы әркімнің қосқан капиталының үлесіне қарай бөлу өзінен-өзі түсінікті нәрсе саналған. Сөйтіп, өзінің кәміл дамуында капиталистік өндірістің түпкі нәтижелерінің бірі болып саналатын пайданың баршаға бірдей тең нормасы бұл жерде өзінің ең қарапайым түрінде капиталдың тарихи дамуының бастапқы пункттерінің бірі және тіпті, қауым-марканың тікелей мұрасы болып шығады, ал қауым-марка дегеніміз — алғашқы коммунизмнің тікелей мұрасы.

Пайданың бұл алғашқы нормасы амалсыз өте жоғары болды. Сауда ісінің тәуекелі тым көп болды, оның себебі — өте көп тараған теңіз қаракшылығынан ғана емес, сонымен бірге бәсекелес ұлттар реті келіп қалған жерде зорлықтың қай түрінен де бас тартпайтын; ақыр-аяғында, товарды өткізу ісі және сол өткізудің шарттары жат жұрттық князьдар берген артықшылықтарға негізделетін де, ал енді сол артықшылықтардың өзі жиі бұзылатын немесе мүлде күшін жоытын. Демек, пайданың ішіне жоғары мөлшерде қауіпсіздендіру байлығы кіруге тиіс болды. Оның үстіне, айналым баяу жасалатын, мәмлениң орындалуы ұзаққа созылатын, ал енді ара кідік болып қалатын қолайлы дәуірлерде сауда-саттық ісі монополиялық сауда мен монополиялық пайдаға айналып кететін. Орта пайда нормасының өте жоғары болғандығын сондай-ақ ол кезде үйреншікті саналған проценттің жоғары мөлшері де дәлелдейді, ал енді бұл мөлшер жалпы алғанда әрдайым сауда пайдасының қалыпты дәрежесінен төмен болуға тиіс.

Бірақ та серіктіктің бірлескен қызметі нәтижесінде қол жететін, барлық қатысушыларға бірдей тең, жоғары пайда нормасының тек сол серіктіктің, яғни осы сөз болып отырған ретте — жеке «ұлттардың» шеңберінде ғана күші болады. Венециялықтардың, генуялықтардың, ганзальктықтардың, голландтардың — әрбір ұлттың өзіне белгіленген және, тегінде, алғашқы кезде жекелеген товар өткізу рыногінің өзіне деген ерекше пайда нормалары болды. Жеке серіктіктердің осы алуан түрлі пайда нормаларын теңестіру қарама-қарсы жол-



мен — бәсекенің көмегімен жүзеге асырылды. Ең алдымен бір ұлттың әртүрлі рыноктеріндегі пайда нормалары теңестірілді. Егерде Кипрге, Константинопольге немесе Трапезундқа қарағанда Александрия венециялықтардың товарына пайданы көбірек беретін болса, онда венециялықтар капиталдың көпшілігін басқа рыноктардан алып, Александрияға жіберетін болды. Әрі қарай ортақ рынокқа бірыңғай немесе бір-біріне ұқсас товарлар шығаратын жеке ұлттар арасындағы пайда нормасы теңестірілуге тиіс болды. Сонымен қабат бұл ұлттардың кейбірі тез жұтап, сахнадан шығып қалып жатты. Алайда бұл процесті саяси оқиғалар үзіп кетіп тұрды: мәселен, Шығыспен арадағы бүкіл сауда монғол және түрік шапқыншылығының салдарынан үзілді де, 1492 жылдан басталатын ұлы география-сауда жаңалықтары<sup>246</sup> бұл сауданың құлдырауын тездетіп, ақыры біржола құртты.

Бұдан кейін товар өткізу рыногінің кенеттен кең өріс алуы және осымен байланысты болған қатынас жолдарындағы төңкеріс сауданы жүргізу әдісінде алғашында пәлендей өзгеріс туғыза қойған жоқ. Индиямен және Америкамен арадағы сауданы да әуелінде көбінесе серіктіктер жүргізді. Бірақ енді бұл бірлестіктердің әр жағында ірілі-уақты ұлттар тұрды. Америкамен арадағы саудада Левант елдерімен сауда жүргізген каталониялықтардың орнын бүкіл біріккен Испания басты, ал сонымен қатарлас Англия мен Франциядай екі үлкен ел және болды; тіпті Голландия мен Португалия сияқты кішкентай елдердің өзі, басқаны былай қойғанда, бұдан бұрынғы дәуірде ең ірі, ең күшті саудагер ұлт саналған Венециядан кем болған жоқ. Мұның өзі XVI, XVII ғасырлардағы жиһангез көпеске, merchant adventurer\*-ге, өз мүшелерін қарудың күшімен қорғауға дейін баратын серіктіктерді және онымен байланысты шығындарды басы артық ауыртпалыққа айналдыратын негіз берді. Одан әрі қарай, байлық енді жеке адамдардың қолына бұрынғыдан әлде қайда шапшаңырақ қорланатын болды, демек, көп ұзамай жеке көпестер сауда жасауға бұрынғы тұтас қоғамдар жұмсаған көлемде қаржы жұмсай алатын болды. Әлі де сақталып қалған сауда қоғамдары көбінесе қарулы корпорацияларға айналып, олар өз мемлекеттерінің қорғауымен, қолдауымен жаңадан ашылған елдерді жаулап алып, жеке-дара езуге айналды. Бірақ жана аудандарда көбінесе мемлекет тарапынан отарлар неғұрлым көп ұйымдастырылған сайын, сауда серіктіктері ығысып, жеке көпестердің сауда-саттық істеріне орын бере бастады және

---

\* — авантюрист көпеске. *Ред.*

сонымен қабат пайда нормаларын теңестіру тек бәсекенің ісіне айналып алды.

Бұған дейін біз сауда капиталының пайда нормасымен ғана танысып келдік. Өйткені бұған дейін өнеркәсіп капиталы әлі дами алмағандықтан, тек сауда капиталы мен өсімқор капиталы ғана болды. Өндіріс әлі көбінесе қызметкерлер қолында еді, ал олардың қолында өзіндік өндіріс құрал-жабдықтары болды, демек, олардың еңбегі капиталға қосымша күн бермеді. Егер олар алда-жалда өз өнімінің бір бөлегін ақысыз-пұлсыз үшінші бір адамға бере қалатын болса, онысы феодал қожаларына беретін сыйлықтары ғана еді. Сондықтан сауда капиталы, кем қойғанда алғашқы кезде, өзіне пайданы ішкі өндірістің өнімдерін сатып алушы шетелдік адамдардан немесе шетелдік өнімдерді сатып алушы отандас адамдардан ғана түсіре алатын еді. Тек осы дәуірдің аяқ кезінде ғана, — демек, Италия үшін Левантпен арадағы сауда құлдыраған кезде ғана, — шетелдік бәсеке мен товар өткізудің қиындықтары сыртқа шығару үшін товар өндіретін қол өнершіні сыртқа товар тасушы көпеске товарын өз құнынан кемге сатуға мәжбүр етті. Сөйтіп, бұл арада біз мынадай құбылысты байқап отырмыз: жеке өндірушілер арасындағы ішкі бөлшек сауда айналымында товарлар орта есеппен алғанда өз құны бойынша сатылады да, ал сыртқы саудада, жоғарыда көрсетілген негізде, товарды құнынан кемге сату жалпы ережеге айналады. Өндіріс бағасы сыртқы сауда мен көтерме саудада өз күшін сақтап, ал қала ішіндегі бөлшек саудада бағаның белгіленуі мүлде өзгеше пайда нормаларымен реттеліп отыратын қазіргі жағдайға мүлде қарама-қарсы, демек, мәселен, қазір сиыр етінің Лондондағы көтерме саудагерден Лондондағы тұтынушыға жеткенше үстемелеп өсетін бағасы Чикагодағы көтерме саудагерден Лондондағы көтерме саудагерге жеткендегі бағасынан тіпті арадағы тасымал шығындарын қосқанның өзінде де, әлде қайда артық болып шығады.

Баға белгілеуде бірте-бірте болған бұл төңкерістің құралы өнеркәсіп капиталы еді. Өнеркәсіп капиталының алғаш пайда болуы сонау орта ғасырларда-ақ, атап айтқанда, үш салада: кеме қатынасында, кен өнеркәсібінде және тоқыма өнеркәсібінде басталған болатын. Сол кездегі теңіз жағалауындағы Италия және Ганза республикаларындағы кеме қатынасының көлемі матроссыз, яғни жалдамалы жұмысшыларсыз жүргізіле алмайтын болды (ал олардың жалдамалылық қатынасы пайдаға ортақтасудың артельдік формаларымен бүркемелене алатын-ды), сондай-ақ ол кездегі галер қайықтары мен ескекшілерсіз — жалдамалы жұмысшыларсыз

немесе құлдарсыз жүзу тағы да мүмкін емес еді. Алғашында артельдерге біріккен қызметкерлер күшімен жүргізілген кен шығару кәсіпорындары барлық жерде дерлік акционерлік қоғамдарға айналды, олар өндірісті жалдамалы жұмысшылардың күшімен жүргізді. Ал енді тоқыма өнеркәсібінде көпес ұсақ тоқымашы мастерлерді тікелей өзіне қызмет еткізе бастады: оларды иірілген жіппен қамтамасыз етті де, белгілі бір мөлшерде ақы төлеп, мата тоқуға көндірді,— қысқасы, жай көпестен *үлестіруші* дейтінге айналды.

Бұл жерде біз капиталистік қосымша құн жасалуының алғашқы ұрықтарын көріп отырмыз. Кен кәсіпшіліктерінің монополиялық-корпорациялық тұйық сипаты болғандықтан, біз оларды қалыс қалдыра тұрамыз. Ал енді кеме қатынасына келетін болсақ, тегінде, мұндағы пайда, өзгені былай қойғанда, осы елдің қалыпты пайдасына арнаулы қауіпсіздендіру төлемін, кемелердің тозу шығынын т. б. қамти кетуге тиіс болды. Сонда тоқыма өнеркәсібіндегі тікелей капиталистің есебінен өндірілген товарларды тұңғыш рет рынокке шығарып, сол арқылы қол өнершілер есебінен өндірілген дәл осындай товарларға бәсекелестік тудырған үлестірушілердің жағдайы не болмақ?

Сауда капиталының пайда нормасы күні бұрын белгіленіп қойған. Сонымен бірге ол, өзгені былай қойғанда, нақ сол жергілікті жер үшін, сол кездің өзінде-ақ орташа нормаға шамаластырылған болатын. Сонда көпесті өзіне қосымша үлестірушілік роль атқаруға итермелеген не нәрсе? Ол бір-ақ нәрсе: сату бағасы басқалармен бірдей болғанда, пайданы олардан көбірек алу. Ол нақ осыны көздеген болатын. Ұсақ мастерлерді өзіне қызмет қылуға мәжбүр ете отырып, ол өндіруші өзінің дайын өнімінен басқа ешнәрсе де сатпайтын өндірістің дәстүрлі шекараларын бұзды. Сауда капиталисі қолында әзірше өндіріс құрал-жабдықтары бар, бірақ енді шикізатқа иелік ете алмайтын қызметкерлердің жұмыс күшін сатып алды. Сөйтіп, тоқымашыны тұрақты жұмыспен қамтамасыз ете отырып, сонымен бірге оның жалақысын кемітуге мүмкіндік алғандығы сонша, тіпті жұмсалған жұмыс уақытының бір бөлегі мүлде тегінге түсетін болды. Сөйтіп, үлестіруші бұған дейін алып келген сауда пайдасының сыртында қосымша құн алатын болды. Рас, ол әуелі иірілген жіп, т. б. сатып алу үшін қосымша капитал жұмсауға және сатып алған жібін өнім әбден әзір болғанға дейін тоқымашының қолында қалдыра тұруға тиісті болды, ал бұрын өнімнің толық бағасын сатып алған кезде ғана төлейтін. Бірақ, біріншіден, тоқымашыға несие беру үшін ол бұрын да көп ретте қосымша капитал жұмсайтын, өйткені тоқымашыны өндірістің жаңа

жағдайына, әдетте, борыштың кіріптарлығы ғана мәжбүр ететін. Және, екіншіден, тіпті бұған байланысты болмағанның өзінде де есеп мына түрде болады.

Айталық біздің көпесіміз 30 000 дукат, цехин, фунт стерлинг немесе басқа бір ақша өлшемі көлемінде капиталдың товарын сыртқа шығарып сауда жүргізді, дейік. Мәселен, соның 10 000-ы ішкі өндірістің товарларын сатып алуға кетсін де, 20 000-ы теңіздің арғы бетіндегі елдердің рыногінде жұмсалсын. Ал енді капитал екі жылда бір рет айналым жасасын, дейік, сонда жылдық айналым 15 000-ға тең. Айталық, біздің көпес өз есебінен тоқымашылықпен айналысып, үлестіруші болғысы келеді екен, дейік. Сонда бұл үшін ол қосымша қанша капитал жұмсауға тиіс? Мәселен, оның сатуға арнаған матасының бір тобын өндіруге орташа есеппен екі ай кетеді, дейік (тегінде, бұл тым ұзақ мерзім болар еді). Одан әрі, айталық, көпес осының бәріне ақшаны қолма-қол төлейді, дейік. Сонда ол тоқымашыларды екі ай бойы иірінді жіппен қамтамасыз ете аларлықтай мөлшерде қосымша капитал жұмсауға тиісті болады. Оның жылдық айналымы 15 000 болғандықтан, ол екі айдың ішінде 2 500 ақшаға мата сатып алады. Айталық, оның 2 000-ы иірілген жіптің құны да, 500-і тоқымашылардың жалақысына кетті, дейік; сонда біздің көпесімізге 2 000 мөлшерінде қосымша капитал керек болады. Айталық, оның осы жаңа әдіс арқылы тоқымашыдан алатын қосымша құны мата құнының 5%-і шамасында ғана болсын дейік, сонда мұның өзінен 25% мөлшерінде, сөз жоқ, шамалы ғана қосымша құн нормасы келіп шығады ( $2000_c + 500_p + 125_m$ ;  $m' = \frac{125}{500} = 25\%$ ;  $p' = \frac{125}{2500} = 5\%$ ). Мұндай жағдайда 15 000 көлемінде жылдық айналымы бар біздің көпес 750 мөлшерінде қосымша пайда табады да, қосымша жұмсаған капиталын  $2\frac{2}{3}$  жылдың ішінде түгелімен қайтарып алады.

Ал бірақ өзінің бұйымын тез өткізу үшін және сонымен бірге өзінің капитал айналымын тездетіп, соның нәтижесінде бұрынғы капиталынан осы пайданы неғұрлым қысқа мерзімде алу үшін,— демек, белгілі бір мерзімнің ішінде көбірек пайда табу үшін,— көпес тапқан қосымша құнының біраз бөлегін сатып алушыға тарту етеді, матасын өз бәсекелестерінен гөрі арзанырақ сатады. Ал оның бәсекелестері де біртіндеп осындай үлестірушіге айнала бастайды да, ақырында, қосымша пайда олардың бәрінде де жай пайдаға айналады немесе тіпті оларда түгел молая түскен капиталға шаққанда сәл кеміңкірейді. Пайда нормасының теңдігі қайтадан қалпына келеді, бірақ елдің өз ішінде өндірілген қосымша құн-

ның бір бөлегі шетел сатып алушыларына кеткендіктен, оның дәрежесі енді өзгешелеу болады.

Өнеркәсіпті капиталға бағындырудың келесі қадамы мануфактураның енгізілуі болды. XVII және XVIII ғасырларда көбінесе өз товарларын сыртқа шығаратын экспортшы-көпестер болған мануфактуристерге,— Германияда 1850 жылға дейін жаппай осылай болды да, ал ішінара осы күнге дейін сол күйінде қалып отыр,— бұл қадам да ескілікті қолөнерші бәсекелестерге қарағанда, товарды арзанырақ өндіруге мүмкіндік туғызды. Сол баяғы бір процесс тағы қайталайды: мануфактура иесі — капиталист иемденіп кететін қосымша құн оның немесе онымен үлестес болатын экспортшы-көпестің жаңа өндіріс әдісі жалпыға тарап, пайда қайтадан теңелгенге дейін, өнімді өз бәсекелестерінен арзанға сатуына мүмкіндік береді. Ал енді сауда пайдасының алдын ала белгілі болған нормасы, тіпті жергілікті көлемде теңестірілгеннің өзінде де, тым тар аумақ болып қалады да, одан өнеркәсіптің үстеме қосымша құны аяусыз сығып алынады.

Егер мануфактура өнімнің арзандауы арқасында қаулап өскен болса, сол өнімнің арзандауы арқасында ірі өнеркәсіп одан да бетер қаулап кетті; өндірісті үздіксіз революцияландыру арқылы ірі өнеркәсіп товардың өндіріс шығындарын барған сайын азайтып, бұрынғы өндіріс тәсілдерінің бәрін аяусыз құртып-жояды. Осындай жолмен нақ сол ірі өнеркәсіптің өзі ішкі рынокты капиталға біржола алып береді, ұсақ өндіріс пен шаруа семьясының натуралдық шаруашылығының көзін құртады, ұсақ өндірушілердің арасындағы тікелей айырбасты жояды және бүкіл ұлтты капиталға қызмет еткізеді. Сондай-ақ ірі өнеркәсіп сауда мен өнеркәсіптің әртүрлі салаларындағы пайда нормаларын теңестіріп, ортақ бір пайда нормасын жасайды да, ақырында, осы теңелуден кейін өнеркәсіптің өзіне лайық үстем роль атқаруын қамтамасыз етеді, бұған дейін капиталдың бір саладан бір салаға ағылуына кесе-көлденең тұрып келген кедергілердің көпшілігін жояды. Сонымен бірге айырбастың бүкіл процесі үшін құнның өндіріс бағасына айналуы жүзеге асырылады. Бұл өзгеріс, демек, мәмлеге қатысушылардың санасынан немесе ниетінен тыс, объективтік заңдардың күшімен болады. Жалпы нормадан асатын пайда бәсекенің салдарынан жалпы дәреже деңгейіне төмендейтіні және сол арқылы орта дәрежеден артып, алғашқы өнеркәсіпшілердің игілігінде кеткен қосымша құнды олардан қайтып алатыны теориялық жағынан ешқандай қиындық туғызбайды. Бірақ, оның есесіне, бұл жерде практика жүзінде қиындықтар көп болады, өйткені басы артық қосымша құны бар, яғни өзгермелі капиталы жоғары,

тұрақты капиталы төмен немесе капитал құрылымы төмен салалар, өздерінің табиғаты жағынан келгенде, капиталистік өндіріске бәсеңдеу бағынады; әсіресе егіншілік жөнінде осыны айту керек. Ал енді, бұған керісінше, капитал құрылымы жоғары салалардың өніміндегі қосымша құнның жеткіліксіздігін орта пайда нормасының дәрежесіне көтеру үшін қажетті түрде өндіріс бағасын товар құнынан жоғары көтеру жайына келетін болсақ, мұның өзі теория жүзінде өте қиын көрінгенімен, практика жүзіне келгенде әрі оңай, әрі тез болады. Өйткені бұл бірыңғай тектес товарлар капиталистік әдіспен өндіріліп, капиталистік саудаға түсе бастаған кезде, капитализмге дейінгі ескі әдіспен өндірілген, демек, бағасы қымбат өзі тектес товарлармен бәсекеге түседі. Демек, капиталистік өндірісші, тіпті қосымша құнның бір бөлегінен бас тартқан күнде де, өз жерінде қалыпты саналатын пайда нормасын ала алады, ал енді бұл пайда нормасының әдепкіде қосымша құнға ешқандай қатынасы болмайтын, өйткені ол капиталистік әдіспен өндіре бастаудан әлде қайда көп бұрын, яғни өнеркәсіптік пайда нормасы мүмкін болғаннан көп бұрын шыққан сауда капиталының өз қызметінен туған болатын.

## II

## БИРЖА

1) Үшінші томның бесінші бөлімінен, әсіресе [27] тараудан биржаның жалпы капиталистік өндірістегі жағдайы айқын көрінеді. Алайда бұл кітап жазылған 1865 жылдан бері өзгеріс болды, соның нәтижесінде биржаның ролі едәуір артты, әлі де артумен келеді және осы өзгеріс одан әрі тереңдеген сайын, барлық өндірісті, өнеркәсіп өндірісін де, ауыл шаруашылығы өндірісін де, оған қоса барлық айналысты — қатынас құралдарын да, айырбас қызметін де — түгелдей биржашылардың қолына шоғырландыра түсуде; сөйтіп, биржа капиталистік өндірістің ең көрнекті өкіліне айналып отыр.

2) 1865 жылы биржа әлі капиталистік системадағы *екінші дәрежелі* элемент болатын. Биржа қазнасының басым көпшілігі мемлекеттің бағалы қағаздары еді, бірақ олардың өзі де біршама аз болатын. Сонымен бірге құрылық пен Америкада үстем жағдайға ие болып, ал Англияда аксүйектердің қолындағы жеке банкілерді жаңа ғана жалмай бастаған акционерлік банкілер әлі де біршама болымсыз роль атқаратын. Темір жол акциялары да қазіргі уақытпен салыстырғанда біршама баяу тараған еді. Банкілер сияқты, тікелей акционерлік формадағы өнеркәсіп кәсіпорындары да әлі онша көп болмайтын, олар көбінесе Германия, Австрия, Америка және т. с. *кедейірек* елдерде құрылған-ды: «ақы иесінің көзі» деген соқыр сенім ол кезде әлі жойыла қойылмаған-ды.

Демек, ол кезде биржа әлі капиталистердің жинаған капиталдарын бірінен-бірі тартып алып жататын жер болатын да, жұмысшылар оған капиталистік шаруашылықтың жаппай аздырғыш ықпалының жаңа бір дәлелі ретінде және: бұл дүниенің өзінде де құдайдың жазымышы — *alias\** аққа алғыс, қараға қарғыс жүрмейді, байлық — салтанат пен би-

---

\* — өзгеше *Ред.*

лік те, кедейлердің күні — қорлық пен құлдық, дейтін кальвинистік догманың растамасы ретінде ғана назар аударды.

3) Қазір жағдай өзгерді. 1866 жылғы дағдарыстан бастап қор жинау барған сайын шапшаңдап, бірде-бір өнеркәсіпті елде, әсіресе Англияда, өндіріс қарқыны қор жинау қарқынына ілесе алмады, жеке капиталистің жинаған қоры оның өз кәсіпорнын қанша ұлғайтса да толық қолданыла алмайтын дәрежеге жетті; ағылшын мақта-мата өнеркәсібінде [мұның өзі] 1845 жылы-ақ [байқалды], одан әрі темір жол афералары. Осы қор жинаудың молаюымен бірге рантье қатары, іс жүргізумен байланысты ылғи шаруа басты болып жүруден безініп, енді тек көңіл көтергісі келетін немесе компанияның директоры, бақылау кеңесінің мүшесі болып қана жеңіл-желпі қызмет атқарғысы келетін адамдар көбейді. Және, үшіншіден, осылайша босап шыққан ақша капиталын пайдаланды жеңілдету үшін, бұрын ондай тәртіп болмаған жерлердің бәрінде қазір жауапкершілігі шағын қоғамдарға арналып жаңа заң ережелері шығарылды және бұрын шексіз жауапкершілігі болатын акционерлердің міндеттері азайтылды (1890 жылы Германияда акционерлік қоғамдарда 40% қолхат болатын!).

4) Осыдан келіп, өнеркәсіптің біртіндеп акционерлік кәсіпорындарға айналуы жүзеге асты. Өндіріс салалары бірінен соң бірі осыған душар болды. Ең әуелі темір жасау өнеркәсібі көшіп, қазір бұл салада аса мол қаржы жұмсау қажет болып отыр (жарна кәсіпорны формасына көшпеген тау-кен өнеркәсібінде одан да бұрын басталды). Одан кейін химия өнеркәсібі, ditto\* машина жасау заводтары. Құрылық елдерінде сол сияқты тоқыма өнеркәсібі, ал Англияда әзірше жекелеген жерлерде — Ланкашир (Олдемдегі жіп иіру фабрикасы, Берлиндегі тоқыма фабрикасы, т. б., киім тігу кәсіпорындарының бірлестігі; бірақ бұл алғашқы сатылар ғана, өйткені таяудағы дағдарыс кезінде бұл бірлестіктер ыдырап, кәсіпорындар қайтадан [жеке] қожайындардың қолына қарайтын болады), сыра заводтары (бұдан бірнеше жыл бұрын америка сыра заводтары ағылшын капиталының қолына берілген болатын, одан әрі Guinness Bess, Allsopp\*\*). Одан кейін басқару жағы ортақ аса зор кәсіпорындар құрайтын трестер (United Alkali сияқты). Қәдімгі жеке меншікті фирма барған сайын кәсіпорынды барынша үлкейтіп, акционерлік қоғам «күруға» негіз бола алатындай етіп әзірлейтін жай ғана алғашқы саты болып қалуда.

\* — сондай-ақ. Ред.

\*\* — Англиядағы сыра қайнататын екі ірі фирманың аттары. Ред.



Сауда жөнінде де дәл осыны айту керек. Leafs, Parsons, Morleys, Morzison, Dillon — міне осы сияқты фирмалардың бәрі акционерлік қоғамдарға айналды. Бөлшек сауда фирмалары да дәл осындай өзгерістерге түсіп жатыр, сонымен қатар олардың өзгерісі à la «Stores»\* кооперациялар түрінде ғана емес.

Сондай-ақ Англиядағы банкілер және басқа кредит мекемелері жөнінде де осындай. Толып жатқан жаңа мекемелер — бәрі де жауапкершілігі шектеулі акционерлік қоғамдар формасында. Тіпті...\*\* тәрізді ескі банкілер және басқалар да 7 жеке [акционері бар] акционерлік қоғамға айналды.

5) Егіншілік саласында да сол сияқты. Адам айтқысыз көлемде үлкейген банкілер, әсіресе Германияда (толып жатқан бюрократтық аттарды жамылып) — барған сайын ипотека ұстаушыларға айналуға; олардың акцияларымен бірге шын мәнісіндегі жоғарғы жер иелігі биржаға көшуде, ал енді имениелер кредиторлар қолына көшкен жағдайда бұл одан сайын күшеюде. Бұл арада ауыл шаруашылығындағы далалық жерлерді өңдеумен байланысты революция орасан зор ықпал етуде; егер бұл осы бетімен жүре берсе, Англия мен Францияда да жер биржаның қолына түсетін кез алыс болмас.

6) Шетелдерге капитал жұмсау — түгелдей акция түрінде. Егер Англия туралы ғана айтатын болсақ: американдық темір жолдары, солтүстіктегі және оңтүстіктегі (биржа бюллетенінен білу керек), Гольдбергер және т. б.

7) Сонсоң отарлау. Мұның өзі қазір тіпті тікелей биржаның қызметіне түсіп кеткен, соның мүддесін көздеп, еуропалық державалар бұдан бірнеше жыл бұрын Африканы бөлісіп алды, француздар Тунис пен Тонкинді басып алды. Африка тұп-тура компанияларға жалға берілді (Нигерия, Оңтүстік Африка, Германиялық Оңтүстік-Батыс және Шығыс Африка). Машоналенд пен Натальды биржа үшін Родс басып алды.

---

\* Яғни универмагтар үлгісіндегі. *Ред.*

\*\* Қандай сөз екені ажыратылмады. *Ред.*

**ЕСКЕРТУЛЕР  
КӨРСЕТКІШТЕР**

## ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> Маркстің бұл кезеңде орысша деректерден жазып алған мәліметтерін ішінара КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты жариялаған. Қараңыз: Маркс пен Энгельстің архиві. XI том, (М., 1948), XII том (М., 1952), XIII том, (М., 1955). — 14.

<sup>2</sup> Бұл жерде мына есептер айтылып отыр: 1) «First Report from the Secret Committee on Commercial Distress; with the Minutes of Evidence. Ordered by The House of Commons, to be Printed, 8 June 1848»; 2) «Report from the Secret Committee of The House of Lords appointed to Inquire into the Causes of the Distress which has for some Time prevailed among the Commercial Classes, and how far it has been affected by the Laws for regulating the Issue of Bank Notes payable on Demand. Together with the Minutes of Evidence and an Appendix. Ordered by The House of Commons, to be Printed, 28 July 1848 [Reprinted, 1857]». — 15.

<sup>3</sup> Бұл жерде мына есептер айтылып отыр: «Report from the Select Committee on Bank Acts; together with the Proceedings of the Committee, Minutes of Evidence, Appendix and Index. Ordered by The House of Commons, to be Printed, 30 July 1857»; «Report from the Select Committee on the Bank Acts; together with the Proceedings of the Committee, Minutes of Evidence, Appendix and Index. Ordered by The House of Commons, to be Printed, 1 July 1858». — 15.

<sup>4</sup> «Қосымша құн теорияларын» «Капиталдың» төртінші томы есебінде бастырып шығарамын деген ойын Энгельс жүзеге асыра алмай кетті. «Қосымша құн теорияларын» 1905—1910 жылдары К. Каутский бастырып шығарды; алайда ол автордың қолжазбасына өз бетімен бірсыпыра жөңсіз өзгерістер енгізді, біраз жерлерінің орнын ауыстырды, қысқартулар жасады. Маркстің «Қосымша құн теорияларын» КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты 1954—1961 жылдары орыс тілінде жанадан бастырып шығарды. Қараңыз: К. Маркс «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», I бөлім (М., 1954), II бөлім (М., 1957), III бөлім (М., 1961). — 15.

<sup>5</sup> «*Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik*» («Саяси экономия және статистика мәселелері жөніндегі жылнама») — екі апталық журнал, 1863 жылы Иенада шығарыла бастаған; 1872 жылдан бастап 1890 жылға дейін буржуазияшыл экономист Конрадтың редакциялауымен шыққан да, 1891 жылдан бастап 1897 жылға дейін буржуазияшыл экономист Лексисің редакциялауымен шыққан. — 16.

<sup>6</sup> «Барынша пайдалылық» теориясы дегеніміз тұрпайы буржуазиялық-апологеттік экономикалық теория; ол XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Маркстің еңбек құны теориясына қарама-қарсы бағытта пайда болған. Бұл теория бойынша, құнның негізі қоғамдық қажетті еңбек емес, кәдімгі товардың барынша пайдалылығы дейтін нәрсе; ал мұнып өзі сатып алушылардың онша зәру емес қажетін қанағаттандыратын товардың пайдалылығына субъективтік түрде берілетін бағаны білдіреді. «Барынша пайдалылық» теориясын жақтаушылардың пікірі бойынша, еңбек құны теориясы қате, өйткені дейді олар, шындығына келгенде, баға құнға сәйкес келмейді, ал құнның өзі, әдетте, товардың сирек кездесетіндігі және т. с. өндіріске байланысы жоқ, кездейсоқ жағдайлармен белгіленеді. Капитализм тұсында жалдамалы жұмысшы күшін қанаушылықты бүркемелеу құралдарының бірі ретінде «барынша пайдалылық» теориясы қазіргі буржуазиялық саяси экономияда кең таралған.— 17.

<sup>7</sup> Қараңыз. W. Lexis. «Kritische Erörterungen über die Währungsfrage». In: «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich». Jahrgang V, Heft I, 1881, S. 87—132.

«Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich» («Герман империясындағы заң, басқару және халық шаруашылығы мәселелері жөніндегі жылнама») — екі апталық журнал, 1871 жылы шығарыла бастаған; осы атпен 1877 жылдан 1912 жылға дейін буржуазияшыл экономист Г. Шмоллердің редакциялауымен Лейпцигте шығып тұрған.

*Биметаллизм* — белгілі бір ақша жүйесі; бұл жүйенің тұсында валюталық екі метал-алтын мен күміс ақша қызметін қатар атқарады.— 18.

<sup>8</sup> Бұл жерде Акилле Лорианың «Карл Маркс» деген мақаласы айтылып отыр; ол мына басылымда жарияланған. «Nuova Antologia di scienze, lettere ed arti». Roma, 1883, Aprile, p. 509—542.

*Nuova Antologia di scienze, lettere ed arti* («Ғылымның, әдебиеттің және өнердің жаңа анатологиясы») — Италияның либералдық бағытты әдеби-көркем және публицистикалық журналы; 1866 жылдан 1878 жылға дейін Флоренцияда айына бір рет, 1878 жылдан 1943 жылға дейін Римде айына екі рет шығып тұрған.— 25.

<sup>9</sup> Лориа «Капиталдың» французша шыққан I томын пайдаланған, оның XI тарауы немісше басылымындағы IX тарауға (Қосымша құнның нормасы мен аумағы) тура келетін еді.— 26.

<sup>10</sup> Бұл жерде К. Маркс «Капиталының» II томына Энгельстің жазған алғысөзі айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968 жыл, 28—29-беттер).— 27.

<sup>11</sup> *Дулькамара* — Доницеттидің «Махаббат шәрбаты» атты операсының кейіпкері; ала аяқ қудың бейнесі.

*Сганарель* — Мольердің «Дон Жуан» атты комедиясының кейіпкері; Дон Жуанның малайы; жылпос, су жүрек алаяқтың беннесі.— 29.

<sup>12</sup> Бұл жерде «Штибеллинг мырзаның «Капитал шоғырлануының жалақыға және еңбекті қанауға тигізетін әсері туралы» деген мақаласына жазған ескертпелер» айтылып отыр; мақала «Neue Zeit» журналының 1887 жылғы 3-номерінің 123—127-беттерінде жарияланған.

«Die Neue Zeit» («Жаңа заман») — Герман социал-демократиясының саяси-теориялық журналы; ол Штутгартта 1883 жылдан 1890 жылдың октябріне дейін ай сайын, 1890 жылдың октябрінен 1923 жылдың күзіне дейін

апта сайын шығып тұрды. 1883 жылдан бастап журналдың редакторы К. Каутский болды да, 1917 жылдың октябрінен 1923 жылдың күзіне дейін Г. Кунов болды. 1885—1894 жылдары Энгельс осы журналда бірсыпыра мақалаларын жариялады, журнал редакциясына үнемі ақыл-кеңестер беріп, көмектесіп отырды, ал кейде журналда марксизмнен ауытқушылық болған жағдайларда оны сынап та отырды. 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналға ревизионистердің мақалалары үнемі жариялана бастады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал центристтік бағыт ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдап шықты.— 29.

<sup>13</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 223—225-беттер.— 37.

<sup>14</sup> Қараңыз: G. Ramsay. «An Essay on the Distribution of Wealth». Edinburgh, 1836, p. 184.— 49.

<sup>15</sup> XVIII ғасырда химияда үстем болған көзқарастар бойынша, жану процесі жануға қабілетті денелерде флогистон атты ерекше заттың барлығынан болады, ол сондай денелерден жану кезінде бөлініп отырады деп есептелген еді. Алайда, металдарды ауада тескен кезде олардың салмағы артатыны белгілі болғандықтан, флогистон теориясын жақтаушылар флогистонға физикалық жағынан мағынасыз, теріс салмақ беруге тырысқанды. Бұл теорияның қателігін атақты француз химигі А. Л. Лавуазье ашты; ол жану процесі дегеніміз жанатын заттың оттегімен қосылуынан болатын реакция екені жайында дұрыс түсінік берді. Флогистон теориясы жайында «Капиталдың» II томына жазған Энгельстің алғы сөзін де қараңыз (К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы 1968, 24—25-беттер).— 50.

<sup>16</sup> 1849 жылы январь айында Прудон «Халық банкі» құруға әрекет жасаған болатын. Бұл банк арқылы Прудон өзінің «социализмін» бейбіт түрде жүзеге асырмақ болды, мұның үшін ол несие процентін жойып, өндіруші өзінің еңбекпен тапқан табысының толық баламасын алып отыруы негізінде ақшасыз айырбас жасау тәртібін енгізбек еті, алайда бұл банк екі ай өмір сүргеннен кейін банкротқа ұшырады. Прудонның бұл көзқарастарын Маркс өзінің «Философияның қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылықтың философиясына» жауап» деген еңбегінде сын көзімен талдады. (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылымы, 4-том, 65—185-беттер).— 50.

<sup>17</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 231-бет.— 50.

<sup>18</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 181, 725—726-беттер.— 52.

<sup>19</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 543—559-беттер.— 56.

<sup>20</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 343—344-беттер.— 56.

<sup>21</sup> Маркс бұл жерде өзінің «Қосымша күн теориялары» деген еңбегіндегі Мальтустің қосымша күн нормасы туралы көзқарастарын сынаған жерін айтып отыр (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылымы, 26-том, III бөлім, 29—33-беттер).— 58.

<sup>22</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 327—330-беттер.— 62.

<sup>23</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 527—538-беттер.— 63.

<sup>24</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 337—342-беттер.— 84.

<sup>25</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 292—293-беттер.— 85.

<sup>26</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 337—353-беттер.— 88.

<sup>27</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 229—231-беттер.— 89.

<sup>28</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», II том, Алматы, 1968, 339-бет.— 90.

<sup>29</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 333—335-беттер.— 93.

<sup>30</sup> Маркс бұл жерде мына еңбекті айтып отыр: A. Ure. «The Philosophy of Manufactures: or An Exposition of the Scientific, Moral, and Commercial Economy of the Factory System of Great Britain». Second edition, London, 1835.— 95.

<sup>31</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 615—616-беттер.— 97.

<sup>32</sup> Француз тарихшысы Ленге бұл жорамалды мына еңбегінде айтқан болатын: «Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société». Tome II, Londre, 1767, livre V, chapitre XX.— 99.

<sup>33</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 335—336-беттер.— 100.

<sup>34</sup> Бұл жерде Манчестер өнеркәсіп округіндегі Рочдейл қаласы жұмысшыларының социалист-утопистер идеясына еліктеген бастамасы айтылып отыр; бұлар 1844 жылы Әділетті пионерлер қоғамы деп аталатын кооперативтік тұтыну қоғамын ұйымдастырған болатын; бұл қоғам Англияда және басқа елдерде болған жұмысшы кооператив қозғалысының ұрығы болғанды.— 100.

<sup>35</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, VIII тарау, Алматы, 1963, 241—311-беттер.— 101.

<sup>36</sup> «Killing no murder» («Кісі өлтіргеннің бәрі жендет емес») — ағылшындар арасында кең тараған. XVII ғасырдың орта шешінде, ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде басылған «Killing no murder» деген бір памфлеттің атына байланысты шыққан. Памфлет авторы Левеллер Сексби Англияның, Шотландияның және Ирландияның лорд-прожекторы Оливер Кромвельді аса қатал қаныпезер болғандықтан өлтіруге шақырып, оның өлімін ақтаған болатын.— 104.

<sup>37</sup> *Король тағының соты* — Англияның жоғарғы соттарының бірі. Король тағының соты қылмыстық, азаматтық істерді қараған және бірсыпыра төменгі соттардың үкімін қайта қарауға праволы болған.— 105.

<sup>38</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 302-бет.— 107.

<sup>39</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 264—265-беттер.— 109.

<sup>40</sup> Бұл жерде мына кітаптарды айтып отыр: А. Уре. «The Philosophy of Manufactures: or An Exposition of the Scientific, Moral and Commercial Economy of the Factory System of Great Britain». Second edition, London, 1835; Ch. Babbage. «On the Economy of Machinery and Manufactures». London, 1832, p. 280—281. — 118.

<sup>41</sup> Қараңыз: R. Torrens. «An Essay on the Production of Wealth». London, 1821, p. 28 and sqq. (салыстырып қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылымы, 26-том, 68—81-беттер).— 121.

<sup>42</sup> Қараңыз: D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, p. 131—138.— 121.

<sup>43</sup> Астық баждары Англияда астық заңдары (1815, 1822 және 1828 жылдар) дейтіннің негізінде алынып отыратын болғанды, бұлар ірі жер меншіктерінің мүдделерін қорғап, шет елден астық келтіруді тежеуге немесе оны мүлдем жоюға бағытталған заңдар еді. Өнеркәсіп буржуазиясы мен жер аристократиясының арасында астық заңдарынан туған күрес 1846 жылы осы заңдарды жоюмен тынды. Астық заңдарын жою жер аристократиясына соққы болды да, Англияда капитализмнің тез дамуына көмектесті.— 121.

<sup>44</sup> Жасөспірімдер мен жұмысшы әйелдерге ғана қолданылатын он сағаттық жұмыс күні туралы заң жобасын ағылшын парламенті 1847 жылы 8 июньде қабылдап, ол жоба 1848 жылы I майда заң күшіне енгенді. Алайда, іс жүзіне келгенде көптеген фабриканттар ол заңға құлақ аспады. Бұл жөнінде толық мәліметті мына жерлерден қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 292—295-беттер.— 122.

<sup>45</sup> Ch. Babbage. «On the Economy of Machinery and Manufactures». London, 1832, p. 280—281. — 128.

<sup>46</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, chapter 11. — 128.

<sup>47</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», II том, III бөлім «Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы».— 132.

<sup>48</sup> 1861—1865 жылдардағы мақта жұты немесе мақта дағдарысы — Англияның және басқа бірсыпыра елдердің мақта-мата өнеркәсібінде мақтаның тым зәру болып қалған кезі; оған себеп — Америкадағы Азамат соғысы кезінде солтүстіктегілердің флоты оңтүстіктегі құл иеленуші штаттарды қоршап алып, Америкадан мақта тасып әкелу ісінің тоқтап қалуы еді. Мақта жұты артық өндіріс дағдарысының алдында ғана басталды да, сонымен астасып кетті. Еуропаның мата-мақта өнеркәсібінің көпшілігі сол жұтқа шалдығып, жұмысшылардың тұрмыс күйін тым ауырлатып жіберді.

1862 жылы Англияда жіп иіретін барлық ұршық пен тоқыма станоктарының бестен үші тоқтап қалды, мата-мақта өнеркәсібі жұмысшыларының 75%-тен астамы екі-үш жылдай толық немесе ішінара жұмыссыздыққа ұшырады. Жұмысшылардың ауыр халі Европада 60-шы жылдардың басында астық шықпай қалуы салдарынан онан да нашарлап кетті.— 135.

<sup>49</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 585 және одан кейінгі беттер.— 147.

<sup>50</sup> 1848 жылғы ұлттық шеберханалар — Францияда жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен, жер жұмыстарын ұйымдастырудың бір түрі. Ондай жұмыстар 1848 жылғы февраль революциясынан кейін, Француз уақытша үкіметінің декреті нәтижесінде пайда болған. Мұндағы көзделген мақсат ұсақ буржуазияшыл социалист Луи Бланнның еңбек ұйымдастыру жөнінде сол кезде жұмысшылар арасына көп тараған идеясының беделін түсіру және, екінші жағынан, ұлттық шеберханалардың әскерше ұйымдастырылған жұмысшыларын революцияшыл пролетариатқа қарсы күреске пайдалану еді. Бірақ жұмысшы табын арандатып екі бөлу жоспары іске аспай, ұлттық шеберханалардағы жұмысшылар бірден-бірге революциялық пиғылға беріле бастағандықтан, буржуазиялық үкімет бұл шеберханаларды жоюға бағытталған бірсыпыра шаралар қолданды. Бұл жағдай Париж пролетариатын мықтап ашыңдырып, Парижде июнь көтерілісін басталу себептерінің бірі болды. Көтерілісті басып тастағаннан кейін 1848 жылы 3 июльде Кавеньяк үкіметі ұлттық шеберханаларды тарату туралы декрет қабылдады.— 149.

<sup>51</sup> Қараңыз: Rodbertus. «Soziale Briefe von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie». Berlin, 1851, S. 153.

<sup>52</sup> Әңгіме бұл жерде мына кітаптың оныншы тарауы жөнінде болып отыр: A. Smith, «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London, 1776.— 156.

<sup>53</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 60-бет.— 156.

<sup>54</sup> Шербюльенің панданын жалпы нормасының құралуы туралы көзқарастарын Маркс «Қосымша күн теорияларында» әдейі қарастырады (қараңыз: К. Маркс. «Қосымша күн теориялары», III бөлім, М., 1961, 355-бет).— 175.

<sup>55</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 231 және келесі беттері.— 176.

<sup>56</sup> Әңгіме бұл жерде К. Маркстің «Қосымша күн теориялары («Капиталдың» IV томы)» деген еңбегі жанында болып отыр. Қараңыз: 4-ескерту.— 185.

<sup>57</sup> Отырықшылық туралы заңдар — (settlement laws)— 1662 жылдан бермен қарай Англияда ауыл шаруашылық жұмысшыларын бір жерден екінші жерге көшіп бару правосынан айырып келе жатқан заңдар. Кедейлер туралы заңдардың құрамды бір бөлімі болып табылатын бұл заңдар бойынша мұқтаждыққа ұшыраған ауыл шаруашылық жұмысшылары сот үкімі арқылы туған жеріне, өзінің тұрақты мекеніне қайтарылатын болған. Жұмысшылардың бір жерден екінші жерге бару бостандығын тежей отырып, заң сонымен кәсіпкерлердің жұмысшылардың жалақысын барынша төмендетуіне мүмкіндік беретін жағдайлар жасаған.— 191.



<sup>58</sup> Бұл жерде Г. Л. Маурердің мына еңбектері айтылып отыр: «Einleitung zur Geschichte der Mark-, Hof-, Dorf- und Stadt-Verfassung und der öffentlichen Gewalt». München, 1854; «Geschichte der Markenverfassung in Deutschland». Erlangen, 1856; «Geschichte der Fronhöfe, der Bauernhöfe und der Hofverfassung in Deutschland». Bd. I—IV, Erlangen, 1862—1863; «Geschichte der Dorfverfassung in Deutschland». Bd. I—II, Erlangen, 1865—1866; «Geschichte der Städteverfassung in Deutschland». Bd. I—IV, Erlangen, 1869—1871.

L. H. Morgan. «Ancient Society or Researches in the Lines of Human Progress from Savagery through Barbarism to Civilization». London, 1877. — 194.

<sup>59</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, 103-бет.— 194.

<sup>60</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, p. 60—61. — 196.

<sup>61</sup> Бұл көзқарастар мына еңбектерде айтылады: D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, p. 60—61; H. Storch. «Cours d'économie politique, ou Exposition des principes qui déterminent la prospérité des nations». Tome II, St.-Petersbourg, 1815, p. 78—79 (бұл жайында мынаны да қараңыз. К. Маркс. «Қосымша күн теориялары». К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26 том, II бөлім, 102-бет.) — 200.

<sup>62</sup> Th. Corbet. «An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals; or the Principles of Trade and Speculation Explained». London, 1841, p. 42—44. — 200.

<sup>63</sup> «Observations on certain Verbal Disputes in Political Economy» деген авторының аты көрсетілмеген шығарманың авторы бұл жерде Мальтустің мына кітабының бірінші басылуына қитата келтіріп отыр: «Principles of Political Economy». London, 1820, p. 75.— 208.

<sup>64</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, p. 36—44.— 220.

<sup>65</sup> *Servum pecus imitatorum* (күлдық ұрған еліктегіштер тобыры) — Горацийдің арнауларынан алынған (I-кітап, 19-арнау) «O imitatores, servum pecus!» («Күлдық ұрып еліктеген қу тобыр!») деген сөздер сәл өзгертіліп алынған.— 220.

<sup>66</sup> Бұл жерде Маркстің «Қосымша күн теорияларында» жалақы өзгерістерінің өндіріс бағаларына тигізетін әсері жайлы Рикардонның көзқарастарын сын көзімен қарастыратын бөлегі айтылып отыр (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26-том, II бөлім, 204—219-беттер).— 221.

<sup>67</sup> Қараңыз: Th. Corbet. «An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals; or the Principles of Trade and Speculation Explained». London, 1841, p. 100—102. — 227.

<sup>68</sup> Маркс бұл жерде «Қосымша күн теорияларын» айтып отыр (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26-том, II бөлім, 484—522, 602—606-беттер).— 231.

<sup>69</sup> Бұл жерде К. Маркс «Капиталдың» I томында тұжырымдап берген капиталистік қор жинаудың абсолюттік жалпылама заңы туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Алматы, 1963, XXIII тарау, 656-бет).— 241.

<sup>70</sup> «*Hinc illae lacrimae!*» («Бұл жылаудың құпия сыры сонда»).— Рим драматургі Публи Теренцийдің «Андрос қызы» деген комедиясынан алынған сөздер, I акт, бірінші көрініс.— 243.

<sup>71</sup> Қараңыз: 68-ескерту.— 243.

<sup>72</sup> Қараңыз: W. Roscher. «System der Volkswirtschaft». Band I: «Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage, Stuttgart und Augsburg, 1858, § 108, S. 192. 192.— 244.

<sup>73</sup> А. Смиттің пайда теориясын К. Маркс, «Қосымша құн теорияларының» II бөлімінде сын көзімен талдап қарастырады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26-том, II бөлім, 240—254-беттер).— 244.

<sup>74</sup> «*Profit uron alienation*» («бөлектеуден түсетін пайда») — Джемс Стюарттың формуласы («An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, London, 1805, p. 244), бұл формула: капиталистің пайдасы товарды оның құнынан қымбат сату нәтижесінде алынады, деп тұжырады. Маркс бұл формуланы «Қосымша құн теорияларында» талдайды. (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26-том, I-бөлім, 10—11-беттер).— 250.

<sup>75</sup> Қараңыз: К. Маркс «Капитал», I том, Алматы, 1963, 327—328-беттер.— 250.

<sup>76</sup> Қараңыз: К. Маркс «Капитал», I том, Алматы, 1963, 327—328-беттер.— 250.

<sup>77</sup> D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy and Taxation». Third edition, London, 1821, chapter VII. — 257.

<sup>78</sup> [E. West.] «Essay on the Application of Capital to Land, with Observations shewing, the Impolicy of any Great Restriction of the Importation of Corn». By a Fellow of University College of Oxford. London, 1815. — 262.

<sup>79</sup> Th. Chalmers. «On Political Economy in connexion with the Moral State and Moral Prospects of Society». Second edition, Glasgow, 1832, p. 88—89 and sq. — 266.

<sup>80</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 403-бет.— 284.

<sup>81</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 107—122-беттер.— 289.

<sup>82</sup> *Голландия — Ост-Инд компаниясы* 1602 жылдан 1798 жылға дейін өмір сүрді. Компанияның Индонезиядағы қызметінің өзгеше белгілері капитализмнен бұрынғы (құл иеленушілік және феодалдық) өндірістік қатынастарды күшпен орнықтырып, сақтау және бағындырылған халықты жергілікті өкіметтің голландтарға қызмет етуге көшкен феодалдық-бюрократтық аппаратының көмегімен талап-тонау болды. Компания Индонезиядан тасып әкелілген ауыл шаруашылық өнімдерін сатып, орасан зор табыс тапты. Бері келе ауыл шаруашылығына жаңа дақылдар (әсіресе кофе) еріксіз енгізіліп, оның түсімі түгелдей компанияға тапсырылып отырды.

Біріне-бірі жалғасқан ірі көтерілістердің катал тұншықтырылуы, елдің нең калуы, әскери гарнизондарды ұстау шығындарының көбеюі, Нидерландияның бұрынғы қуатының жалпы құлдырауы нәтижесінде компания ыдырап, тарап кетті.— 331.

<sup>83</sup> Қараңыз: 72-ескерту.— 332.

<sup>84</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 527—538-беттер.— 333.

<sup>85</sup> Қараңыз: W. Roscher. «System der Volkswirtschaft». Band I: «Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage, Stuttgart und Augsburg, 1858, § 60, S. 103. — 350.

<sup>86</sup> Қараңыз: 43-ескерту.— 354.

<sup>87</sup> Қараңыз: 82-ескерту.— 355.

<sup>88</sup> Қараңыз: 74-ескерту.— 355.

<sup>89</sup> Ежелгі грек философы, жалпы алғанда материалист және атеист Эпикур мынадан көзқараста болған: сансыз көп дүниелер бар. Бұл дүниелер өздеріне ғана тән, табиғи заңдар бойынша пайда болып, өмір сүріп отырады. Құдайлардың бар екені рас, бірақ олар әлгі дүниелерден тыс, олардың аралығындағы кеңістіктерде тұрады, олар әлемнің дамуына да, адамның өміріне де ешқандай әсер етпейді.— 356.

<sup>90</sup> Маркс Лютердің еңбегінен мына кітап бойынша цитата келтіреді: «Der sechste Teil der Bücher des ehrenwürdigen Herrn Doktoris, Martin Luthers». Wittembergk, 1589, S. 296, 297.— 357.

<sup>91</sup> Маркс бұл жерде XV ғасырдың аяғынан бастап. Генуяның, Венецияның, Солтүстік Италиядағы басқа да қалалардың аралық саудадағы ролінің мықтап кеміп кетуін айтып отыр; мұның өзі сол замандағы географиялық ұлы жаңалықтардың нәтижесінде: Кубаның, Гаитидің және Бағам аралдарының. Солтүстік Америка құрылығының, Африканың оңтүстік жиегін жағалап отырып Индияға апаратын теңіз жолының және, ақырында, Оңтүстік Америка материгінің ашылулары нәтижесінде болған екен.— 359.

<sup>92</sup> [J. Massie.] «An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest; wherein the Sentiments of Sir William Petty and Mr. Locke, on that Head, are considered». London, 1750, p. 60. — 359.

<sup>93</sup> I. H. M. Poppe. «Geschichte der Technologie seit der Wiederherstellung der Wissenschaften bis an Ende des achtzehnten Jahrhunderts». Band I, Göttingen, 1807, S. 70. — 362.

<sup>94</sup> Тексте цитатаға алынып отырған сөздер «la Voix du Peuple» газеті редакторларының бірі Шевенің — «Gratuite du Credit». Discussion entre M. Fr. Bastiat et M. Proudhon. Paris, 1850 деген кітаптағы «бірінші хат» авторының сөзі. «la Voix du Peuple» («Халық даусы») — кезінде Прудон шығарып тұрған күнделікті газет, ол 1849 жылдың 1 октябрінен бастап, 1850 жылдың 14 мамына дейін Парижде шығып тұрды...— 372.

<sup>95</sup> «The Economist» («Экономист») — экономика және саясат мәселелері жөніндегі апталық ағылшын журналы — Лондонда 1843 жылдан бастап шығып тұрған; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы.— 386.

<sup>96</sup> Маркстің Қ. Ариді «ит салығының философы» деп келеке етіп отырған себебі — бұл автор өзінің кітабында итке салық салудың орындылығын дәлелдеуге дербес бір параграф арнаған (88, 420—421).— 396.

<sup>97</sup> «*The Daily News*» («Күнделікті жаңалықтар») — либералдық бағыттағы ағылшын газеті, өнеркәсіп буржуазиясының органы; осы атпен Лондонда 1846 жылдан 1930 жылға дейін шығып тұрған.— 393.

<sup>98</sup> Қараңыз: [J. Massie.] «An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest; wherein the Sentiments of Sir William Petty and Mr. Locke, on that Head, are considered». London, 1750; D. Hume. «Of interest» (1752). In: *Hume, David*. «Essays and Treatises on several Subjects». A new edition. In two volumes. Vol. I, containing Essays, moral, political and literary, London, 1764 (бұл туралы тағы да қараңыз: К. Маркс. «Қосымша күн теориялары».— К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 26-том, 1-бөлім, 378—382).— 405.

<sup>99</sup> «*New-York Daily Tribune*» («Нью-Йорктің күнделікті жаршысы») — 1841 жылдан 1924 жылға дейін шығып тұрған америкн газеті 40—50-жылдарда газет прогресшіл позицияларда болды, құл иеленушілікке қарсы шықты. 1851 жылдың август айынан 1862 жылдың мартына дейін газетке Маркс мақала жазып тұрды. Маркстің сұрауымен оған Энгельс те көп мақала жазды. 1848—1849 жылдардағы революциядан кейін Европада реакция күшейген кезеңде Маркс пен Энгельс ол кезде кең тарап отырған прогресшіл газетті нақты материалдарға сүйене отырып, капиталистік қоғамның кінәраттарын әшкерелеуге пайдаланды. Америкадағы азамат соғысы кезінде Маркстің бұл газетке қатынасуы тоқтатылды. Маркс пен «*New-York Daily Tribune*» газетінің ажырасуына редакцияда құл иеленушілермен ымыраға келуді жақтаушылардың күшейіп, газеттің прогресшіл позициялардан ауысуы себеп болды. Бұдан әрі газеттің бағыты бірден-бірге оңшылдана берді.— 415.

<sup>100</sup> Гете. «*Фауст*», I бөлім, бесінші көрініс («*Лейпцигтегі Ауэрбах зынданы*»).— 424. 1

<sup>101</sup> Питтің өтеу қоры туралы мәселені толығырақ мына жерден қараныз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылым, 12-том, 462—463-беттер.— 425.

<sup>102</sup> Қараңыз: [Th. R. Malthus.] «An Essay on the Principle of Population». London, 1798, p. 25—26.— 426.

<sup>103</sup> Бұл жерде мынадай документ айтылып отыр: «An Act for vesting certain Sums in Commissioners, at the End of every Quarter of a Year, to be by them applied to the Reduction of the National Debt (Anno 26 Georgii III, Regis, cap. 31)». — 426.

<sup>104</sup> *Молох* — Ерте замандағы Финикия мен Қарфаген діндегі құн құдайы; оған табынғанда адам шалынатын болған. Кейін Молох аты дажалдың балама бейнесі болып кеткен.— 427.

<sup>105</sup> Маркс бұл жерде мына жұмыстарды айтып отыр: J. St. Mill. «Principles of Political Economy with some of their Applications to Social Philosophy». Second edition, vol. I, London, 1849, p. 91—92; H. Ch. Carey. «Principles of Social Science». Vol. III, Philadelphia, 1859, p. 71—73; W. Roscher. «System der Volkswirtschaft». Band I: «Die Grundlagen der Nationalökono-

mie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage, Stuttgart und Augsburg, 1858, § 45. — 428.

<sup>106</sup> «*Revue des deux Mondes*» («Ескі және Жаңа дүниеге шолу») — буржуазиялық әдеби-көркем және публицистикалық екі апталық журнал, Парижде 1829 жылдан бастап шығып тұрды. — 432.

<sup>107</sup> Қараңыз: 2 (1) ескерту. — 434.

<sup>108</sup> Ост-Инд компаниясының Қытаймен сауда монополиясы жойылғаннан кейін (1833 жылы) жеке ағылшын саудагерлері Қытай рыногіне қаулап кетті. Әсіресе Англия үкіметінің барынша күшті қолдауымен жасырын апиын саудасы кең өріс алды; бұл тұста ағылшын үкіметі Қытайдың заңдары мен мемлекеттік мүдделерін әдейі аяққа басып, қытайлықтардың жаппай улануына, олардың денсаулығы бұзылуына әсер етті. Қытай өкімет орындарының Қытай жеріне бұл есірткіні астыртын әкелуіне қарсы көрсеткен батыл қимылдарына жауап ретінде ағылшындар бірінші «апиын» соғысын ашты (1839—1842); ол соғыс Қытай үшін теңсіздік және тонаушылық шартпен аяқталды. — 438.

<sup>109</sup> *Консигнация* (consignatio, сөзбе-сөз мағынасында — қол қою, жазба түрде растау) — товарларды шет елге апарып, комиссиялық жолмен сатудың бір түрі; бұл жағдайда экспортер (консигнант) товарды белгілі бір шарттармен сату үшін шетел фирмасының қоймасына (консигнаторға) жөнелтеді. — 439.

<sup>110</sup> Банкілік актының мазмұны мен мәні туралы мәселені мына жерден қараңыз: осы том, XXXIV тарау, «Ақша айналысының принципі» және 1844 жылғы ағылшын банк заңы. — 439.

<sup>111</sup> «*The Manchester Guardian*» («Манчестер сақшысы») буржуазиялық ағылшын газеті, 1821 жылы Манчестерде шыға бастаған, еркін сауданы жақтаушылардың (фритредерлердің) органы болған, кейін либералдық партияның органы. — 440.

<sup>112</sup> *Ломбард-стрит* — Ситидегі (Лондонның финанс орталығындағы) көше, осы көшеде бірсыпыра ірі банктер бар; Лондондағы ақша рыногінің екінші аты. — 441.

<sup>113</sup> *Минсинг-лейн* — Лондонның көшесі отар елдерден келген товарларды көтермелеп сататын орталық. — 441.

<sup>114</sup> Қараңыз: 2 (2) — ескерту. — 444.

<sup>115</sup> «*Currency principle*» («Ақша айналымының принципі»), немесе «ақша мектебі», — ақшаның сан теориясын дәріптеген мектептің бір түрі. Оның өкілдерінің айтуына қарағанда, товарлардың құны мен бағасы айналым сферасындағы ақшаның санымен белгіленеді. Олар тұрақты ақша айналымы болуын мақсат еткен, ал мұны істеудің бірден-бір шарасы банкнот орнының міндетті түрде алтынмен толтырылуын қамтамасыз етіп, олардың эмиссиясын асыл металдардың импорты мен экспортына сай тәртіптеп отыру деп білген. Сөйтіп, өздерінің жалған теориялық дәлелдеріне сүйеніп отырып, «ақша мектебі» экономикалық артық өндіріс дағдарыстарының басты себебі — оның өзі жариялаған ақша айналымы заңдарын бұзуда, деп білді. «Ақша мектебі» теориясы Англияда XIX ғасырдың алғашқы жартысында тең тараған. Алайда Англия үкіметінің ол теорияға

сүйенбек болған әрекеті (1844 жылғы банк актысы) ешқандай нәтиже бермей, оның ғылыми терістігін, практикалық мақсаттарға мүлдем жарамсыздығын көрсетті (қосымша қараңыз: осы том, XXXIV тарау, ««Ақша айналымының принципі» және 1844 жылғы банк заңы»).— 449.

<sup>116</sup> Бұл жерде Эрмен фирмасы мен Энгельс айтылып отыр.— 462.

<sup>117</sup> Қараңыз: 110-ескерту.— 466.

<sup>118</sup> «*The Times*» («Замана») — ағылшынның консервативтік бағыттағы күнделікті ірі газеті, Лондонда 1785 жылы шыға бастаған.— 473.

<sup>119</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 38—47-беттер.— 479.

<sup>120</sup> Қараңыз: 115-ескерту.— 482.

<sup>121</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 13-том, 88-бет.— 484.

<sup>122</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылым, 13-том, 132—134-беттер; 23-том, 155—156-беттер.— 490.

<sup>123</sup> Қараңыз: 97-ескерту.— 513.

<sup>124</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 479—482-беттер.— 520.

<sup>125</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 421-бет.— 527.

<sup>126</sup> Қараңыз: 109-ескерту.— 532.

<sup>127</sup> Қараңыз: 95-ескерту.— 539.

<sup>128</sup> Қараңыз: 112-ескерту.— 539.

<sup>129</sup> Қараңыз: 113-ескерту.— 540.

<sup>130</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 134—135, 153-беттер.— 565.

<sup>131</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 154-бет.— 566.

<sup>132</sup> *Банк рестрикциясы туралы акт* (Bank Restriction Act) — ағылшын үкіметі 1797 жылы қабылдаған арнайы заң, бұл заң банкноттың ықтиярсыз курсы белгіледі, сөйтіп, банкнотты алтынға айырбастауды жойды. 1819 жылы банк билеттерін алтынға айырбастауды қайтадан қалпына келтірген заң қабылданды. Мұндай айырбас іс жүзінде 1821 жылдың басында толық қалпына келтірілді.— 574.

<sup>133</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 467—479-беттер.— 575.

<sup>134</sup> Маркс бұл арада вексельмен ала аяқтық ірі қылмыс жасаған Дейвидсонның және басқалардың ісі жөніндегі сот сарабын айтып отыр. Бұл іс туралы мына кітапта баяндалған. Laing, S. A. «New series of the

great city frauds of Cole, Davidson, & Gordon, corrected and enlarged». Fifth edition. London [1869].

*Ассиздер* — Англияның қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі Жоғарғы соты судьяларының ауық-ауық болатын көшпелі сессиялары. — 579.

<sup>135</sup> *Бирмингем мектебі* немесе *little shilling men* (кішкене шиллингіні жақтаушылар) — экономика ғылымында XIX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған ерекше мектеп. Бұл мектептің жақтаушылары идеалдық ақша өлшемі единичасының теориясын уағыздады және осыған сәйкес ақшаға бар болғаны «есеп аттары» деп қана қарады. Бирмингем мектебінің өкілдері, ағайынды Томас пен Маттиас Атвуд, Спунер және тағы басқалары, Англиядағы ақша единичасының алтындық мәнін төмендетудің жобасын, «кішкене шиллингінің жобасы» деген атпен әйгілі болған жобаны ұсынды. Осы мектептің өз аты да осыдан шықты. Мұның үстіне «кішкене шиллингіні жақтаушылар» үкіметтің айналымда жүрген ақша аумағын қысқартуға бағытталған шараларына қарсы шықты. Олар: мектептің нұсқауын орындап бағаны жасанды түрде арттырған жағдайда өнеркәсіп жанданып, елдің жаппай гүлденуі қамтамасыз етіледі деп ойлады. Аланда, шындығында, валютаны девальвациялау жөніндегі бұл ұсыныс мемлекет пен жеке адамдардың борышын құны түскен ақшамен өтеуге ғана жағдай туғыза алатын еді, яғни өздері кредиттің қандайын болса да ала алатын қазына мен ірі кәсіпкерлерге ғана тиімді еді. Бұл мектеп жайында Маркс өзінің «Саяси экономияның сыны жөнінде» деген еңбегінде сөз етеді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 13-том, 66—67-беттер). — 582.

<sup>136</sup> *Ост-Инд компаниясы* — ағылшын сауда компаниясы, 1600 жылдан 1858 жылға дейін өмір сүріп, Англияның Индияда, Қытайда, азиялық басқа да елдерде жүргізген отаршылдық тонау саясатының құралы болды. Қарауында армиясы мен флоты болған компания XVIII ғасырдың ортасынан бастап ірі әскери күшке айналды; соның туының астына жиналған ағылшын отаршылары Индияны жаулап алу ісін жүзеге асырды. Индиямен сауда жасау монополиясы және сол осы елді басқарудың маңызды қызметтері ұзақ уақыт бойы осы компанияның қолында болды. 1857—1859 жылдары Индияда болған ұлт-азаттық қозғалысы ағылшындарды отаршылдық үстемдік түрлерін өзгертуге мәжбүр етті. Компания жойылды, ал Индия британ тәжінің иелігі деп жарияланды. — 583.

<sup>137</sup> Гейненің «Айтыс» («Романсеро» циклы) дейтін сықақ өлеңінен алынған цитат, бұл сықақта католик монах-капуцин мен оқымысты еврей раббымының арасында орта ғасырда болған айтыс бейнеленген. Айтыстың барысында раббым жөніттің діни кітабы «Таусфес-Ионтефті» дәлелге келтіреді. Капуцин «Таусфес-Ионтефінді» сәйтан алыс деп тілін тигізеді. Сонда ызаланып кеткен раббым булығып тұрып: ««Таусфес-Ионтеф» жарамай ма? Сонда не жарайды екен? Аттан, ойбай!» — деп айқан салады. — 583.

<sup>138</sup> Бұл арада 1851 ж. Қытайда басталған антифеодалдық және ұлт-азаттық қозғалысы айтылып отыр. Тайпин көтерілісі деген атпен мәлім болған бұл көтеріліс қытай халқының феодалдық құрылысқа және шетел басқыншыларына қарсы ұзақ жылдар бойына жүргізген сұрапыл күрестерінің басы еді. Тайпин көтерілісін Англияның, Американың Құрама Штаттары мен Францияның қарулы күштері қытай феодалдары әскерлерінің қолдауымен 1864 жылы басып тастады. — 596.

- <sup>139</sup> Қараңыз: 13-ескерту.— 604.
- <sup>140</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 13-том, 66-бет.— 604.
- <sup>141</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, Алматы, 1968, 271—272-беттер.— 606.
- <sup>142</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 152-бет.— 617.
- <sup>143</sup> Маркс Таураттың бір сөзін өзінше өзгертіп алып отыр. Қараңыз: Марктен қалған таурат, інжіл, 16 сүре, 16-аят.— 638.
- <sup>144</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 144—148-беттер.— 639.
- <sup>145</sup> Қараңыз: 89-ескерту.— 644.
- <sup>146</sup> *Monts-de-piété* (ломбардтар) — ұсақ өсімқорларға қарсы күрес жүргізу үшін XIV, XV және XVI ғасырларда Италия мен Францияда құрылған. Мұны құрушылардың ойынша, ломбардтар келейлердің дүние-мүлкін кепілдікке алып, оларға азын-аулақ кредит беріп, өздерінше бір қайырымдылық жасауға тиіс еді. Ал шындығында *Monts-de-piété*-лер өсімқорлардың пайдасын көздеп шықты.— 647.
- <sup>147</sup> Бұл арада мына төмендегі еңбектер айтылып отыр: Н. Chamberlayne. «A Proposal by Dr. Hugh Chamberlayne, in Essex Street, for a Bank of Secure Current Credit to be founded upon Land, in order to the General Good of Landed Men, to the great Increase of the Value of Land, and the no less Benefit of Trade and Commerce». [London] 1695;  
J. Briscoe. «A Discourse on the Late Funds of the Million-Act, Lottery-Act, and Bank of England. Shewing, that they are Injurious to the Nobility and Gentry, and Ruinous to the Trade of the Nation. Together with Proposals for the Supplying their Majesties with Money on easy Terms, Exempting the Nobility, Gentry &c from Taxes, Enlarging their Yearly Estates, and Enriching all the Subjects in the Kingdom, by a national Landbank». London. The third edition, 1696— 648.
- <sup>148</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 733—735-беттер.— 648.
- <sup>149</sup> Маркстің мұнысы дәл келінкіремейді. Томас Манли 1668 жылы Лондонда жасырын атпен шыққан «Interest of Money Mistaken» трактаттың авторы емес.— 649.
- <sup>150</sup> Ағылшынның финансист-экономисі Джон Лоға ишарат жасалып отыр, ол кепілдіксіз банкнотты айналымға шығару арқылы мемлекет ел дәулетін еселеп арттыра алады дейтін, өте дәрменсіз идеясын жүзеге асыруға тырысып, 1716 ж. Францияда жеке банк ашты, онысы 1718 ж. мемлекеттік банк болып қайта құрылды. Кредит билеттерін тежеусіз көп шығарумен қатар Лонын банкісі металл ақшаны айналымнан шығарып тастап отырды. Осының нәтижесінде биржа даурығы мен жалдаптық құлақ естімеген көлемде өріс алды, ақырында мемлекеттік банк те, «Ло жүйелерінің» өзі де банкрот болып тынды.— 650.
- <sup>151</sup> Маркс мына памфлеттен цитат келтіріп отыр: «Bank Credit; or the Usefulness and Security of the Bank of Credit examined, in a Dialogue between a Country Gentleman and a London Merchant»; бұл памфлет мына



кітаптан алынғанды: I. Francis. «History of the Bank of England». Third ed., vol. I, London, 1848, p. 39—40.— 650.

<sup>152</sup> Бұл арада 1852 ж. ағайынды Перейр құрған, Францияның акционерлік іні қоғамы. «*Société générale du Crédit Mobilier*» айтылып отыр. *Crédit Mobilier*-дің негізгі мақсаты кредитке дәнекерлік және грунדרлік жасау (өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындар құруға қатысу) болды. Бұл қоғам Францияда, Австрияда, Венгрияда, Швенцарияда, Испания мен Россияда темір жол салу ісіне қатынасты. Оның табатын табысының басты көзі фондтылық биржада жалдаптық істеу болды. Өз қолындағы басқа кәсіпорындардың бағалы қағаздарын кепілдікке салу арқылы ғана өз акцияларын шығарудан түсетін қаржыға *Crédit Mobilier* әр түрлі компаниялардың акцияларын сатып алып, оған солардың өз мүлкін кепілдікке салып отырған. Сонымен, белгілі бір ғана нақты меншік дүниеге екі бірдей жалған капитал келтірген. *Crédit Mobilier* Наполеон III-нің үкіметімен тығыз байланысып, оның қолдауында болды. 1867 жылы бұл қоғам банкротқа ұшырап, 1871 жылы жойылды. XIX ғасырдың 50-нші жылдарында *Crédit Mobilier*-дің жаңа тұрпатты финанс кәсіпорны ретінде пайда болуы биржалық даурық пен жалдаптықтың адам айтқысыз құтыруына жол ашқан реакция заманының ерекше өзгешелігіне байланысты еді. Француздардың *Crédit Mobilier* үлгісіне сай келетін мекемелер бірқатар Орталық Европа елдерінде де құрылды. *Crédit Mobilier*-дің шын мәнін Маркс өзінің бірсыпыра мақалаларында ашып көрсетті (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 12-том, 21—37, 203—217, 300—303 және басқа да беттері).— 652.

<sup>153</sup> Тегін кредит беру теориясын Прудон мына еңбегінде дамытқан-ды: «*Gratuité du Credit. Discussion entre M. Fr. Bastiat et M. Proudhon*». Paris, 1850.— 654.

<sup>154</sup> Бұл арада проценттерін үш мерзімде Лейпциг жәрмеңкесі кезінде төлеп отыру шартымен берілетін 100 гульден қарыз айтылып отыр. Лейпцигте жылына үш рет жәрмеңке болатын: жаңа жылда, пасхада (көктемде) және Михаил күнінде (күзде).— 657.

<sup>155</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London 1776, p. 182—202. Сонымен бірге салыстыра қараңыз: Маркс. «Қосымша күн теориялары». (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 391—394-беттер).— 661.

<sup>156</sup> I. W. Johnston. «Notes on North America Agricultural Economical, and Social». Vol. I, Edinburgh and London, 1851.— 663.

<sup>157</sup> I. Anderson. «A Calm Investigation of the Circumstances that have led to the Present Scarcity of Crain in Britain». London, 1801, p. 35—36, 38. (Сонымен бірге мынаны да қараңыз: К. Маркс. «Қосымша күн теориялары».— К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 154—155-беттер); Н. С. Carrey. «The Past, the Present and the Future». Philadelphia, 1848, p. 129—131 тағы да қараңыз: К. Маркс. «Қосымша күн теориялары».— К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 655-бет).— 665.

<sup>158</sup> «*Fryges consumere nati*» («тәттінің қызығы үшін жаралғандар»).— Гораций, «Арнаулар», I кітап, 2, 27 арнау.— 666.

32 К. Маркс. «Капитал», 3-т.

<sup>159</sup> Дж. Андерсонның рента теориясы туралы қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 119—121, 127—131, 154—159-беттер).— 666.

<sup>160</sup> *Уэст-Энд* — Лондонның аксүйектер мен ірі буржуазияның сәнді үйлері қатар түзеген сәулетті ауданы.— 667.

<sup>161</sup> *Темпл Бар* (Temple Bar) — Лондонның тарихи ескерткіш орыны, тас қақпа түріндегі бұл ескерткіш Стрэнд-стрит пен Флит-стриттің екі аралығына салынған. Тас қақпа Сити мен Вестминстер аудандарын жалғастырады.— 667.

<sup>162</sup> *Левиафан* — таурат айтатын аңызға қарағанда, теңіздің керемет зор дажалы.— 667.

<sup>163</sup> Бұл арада Францияның Ұлттық жиналысының финанс комиссиясына енгізген Прудонның ұсыныстарына қарсы Тьердің 1848 ж. 26 июльде сөйлеген сөзі айтылып отыр. Бұл сөз мына басылымда жарияланған: «Compte rendu des séances de l'Assemblée Nationale». Tome II, Paris, 1849, p. 666—671. Тьердің сөйлеген бұл сөзі туралы К. Маркстің «Прудон туралы» деген мақаласын да қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 16-том, 29-бет).— 670.

<sup>164</sup> Жер иелері мен арендаторлар арасындағы күрес 1853 ж. қауымдар палатасы «Арендадан туатын праволар туралы билле» қабылдаумен тынды; мұндағы бір пункт бойынша арендатор аренда мерзімі өткеннен кейін өзі пайдаланған жерді жақсартқаны үшін ақшалай есесін алуға тиіс болған. Бұл туралы толық жазылған К. Маркстің мына мақаласын қараңыз: «Индия мәселесі.— Ирландиядағы арендалық право» (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 9-том, 161—167-беттер).— 672.

<sup>165</sup> Шет елдерден астық тасуды тежеуге немесе тиым салуға бағытталған астық заңдары Англиядағы ірі жер иелерінің мүддесін көздеп енгізілген болатын. 1815 ж. қабылданған астық заңы астықтың бағасы Англияның өзінде қвартеріне 80 шилліден төмен болып тұрғанда шет елдерден астық тасуға тыйым салған-ды. 1822 ж. бұл заң біршама өзгертілді, ал 1828 ж. құбылмалы шкала енгізілді, бұл шкала бойынша, астықтың бағасы ішкі рынокта төмендеген сайын сырттан әкелінетін астыққа баж салығы көбейтілді және керісінше,— рынок бағасы көтерілген кезде баж салығы төмендеп отырды. Сауда бостандығы деген ұранмен астық заңына қарсы күрес жүргізген өнеркәсіп буржуазиясы 1846 жылы бұл заңдарды бұздырты.— 673.

<sup>166</sup> Әңгіме 1793 жылдан 1815 жылға дейін Француз республикасы мен Наполеон империясына қарсы Англия жүргізген соғыстар туралы болып отыр.— 673.

<sup>167</sup> Бұл арада мына кітап айтылып отыр: «The Three Prize Essays on Agriculture and the Corn Law». Published by the National Anti-Corn-Law League. Manchester — London, 1842, бұған астық заңдарына қарсы Лиганың сыйлығын алған Дж. Хоуптың, Р. Гректің және А. Морзениң үш очеркі енгізілген.— 673.

<sup>168</sup> Әңгіме көк кітаптар туралы болып отыр: «Report from the Select Committee on Petitions relating to the Corn Laws of this Kingdom: together with the Minutes of Evidence and an Appendix of Accounts». Ordered by

The House of Commons, to be printed, 26 July 1814; «Reports respecting Grain and the Corn Laws: viz: First and Second Reports from The Lords Committees, appointed to enquire into the State of the Growth, Commerce and Consumption of Grain, and all Laws relating thereto». Ordered, by the House of Commons, to be Printed, 23 November 1814.

*Көк кітаптар* (Blue Books) — ағылшын парламентінің материалдарын және сыртқы істер министрлігінің дипломатия жөніндегі документтерін жариялаудың жалпы аты. Мұқабасы көк болғандықтан көк кітап атанып кеткен бұл басылымдар Англияда XVII ғасырдан бастап шығарылып келеді де, бұл елдің экономикалық, дипломатиялық тарихын зерттеу үшін негізгі ресми дерек болып табылады. — 674.

<sup>169</sup> XVI ғасырдан бастап Англияда қолданылған *кедейлер туралы заң* бойынша әрбір приходта кедейлердің пайдасына ерекше салық салынатын болған; өзін және өзінің семьясын қамтамасыз ете алмайтын приход тұрғындары кедейлерге қарасатын қасса арқылы осы салықтан жиналған қор есебінен жәрдем алып тұрған. — 674.

<sup>170</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 686—688-беттер. — 674.

<sup>171</sup> Бұл арада еңбек акының деңгейі туралы мәселе жөнінде 1814—1815 жылдарда мәжіліс өткізген лордтар палатасының тергеу комиссиялары жайында сөз болып отыр. — 674.

<sup>172</sup> *Көркем өнер мен қол өнерінің қоғамы* (Society of Arts) — 1754 ж. Лондонда құрылған буржуазиялық-ағартушылық және филантропиялық қоғам. Бұл қоғам өзінің мақсаты — «өнерді, қол өнері мен сауданы көтермелеу» және «кедейлерге кәсіп тауып беруге, сауданы кеңейтуге, елді байытуға» себепкер болғандардың және т. б. бәрін қолдау екенін әңгілеп, барынша жар салды. Қоғам жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасында делдалдық роль атқаруға әрекет жасады. Бұл қоғамды Маркс «көркем өнермен көз байлаушылар қоғамы» деп атады. — 675.

<sup>173</sup> Әңгіме Әлеуметтік ғылымдарды көтермелейтін ұлттық ассоциацияның конгресі туралы болып отыр.

*Әлеуметтік ғылымдарды көтермелейтін ұлттық ассоциация* (National Association for the Promotion of Social Science) — 1857 ж. құрылған буржуазиялық-ағартушылық және филантропиялық қоғам. Оның құрамында көптеген парламент мүшелері болды. Қоғам әлеуметтік ғылымдарды дамытуға және іс жүзінде қолдануға септесін болуды өзінің мақсаты етіп қойды. — 675.

<sup>174</sup> Марксте бұл дәл келтірілмеген. Бұл жерде Джон Локарт Мортонның еңбегінен цитат келтіріліп отыр, ал жоғарыда Джон Чалмерс Мортон сөз болған. — 676.

<sup>175</sup> Бұл арада — жоғары дәрежелі ғылыми мекеме — бірнеше бөлімдері немесе академиялары бар Франция институты айтылып отыр; 1795 жылдан өмір сүре бастаған. — 677.

<sup>176</sup> Кейбір дақылдарды, мәселен, бұршақ дақылдарын еккеннен кейін жер қыртысының қунарлана түсетіндігі қазірде талас туғызбайтын факті болып отыр, ал мұның өзі өсімдіктердің тамыр жүйесінде жетілетін және ауаның азотын қорек ететін түйнекті бактериялардың атқарар қызметі нәтижесінде болады. Бұл бактериялардың атқаратын ерекше ролін ғылым Маркстен кейін ашты. — 678.

<sup>177</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 684—707-беттер.— 678.

<sup>178</sup> «*The Morning Star*» («Таң шолпаны») — ағылшынның күнделік газеті, фритредерлер органы, 1856 жылдан 1869 жылға дейін Лондонда шығып тұрған.— 679.

<sup>179</sup> P. E. Dove. «*The Elements of Political Science*». Edinburgh, 1854, p. 264, 273. — 679.

<sup>180</sup> P. E. Dove. «*The Elements of Political Science*». Edinburgh, 1854, p. 279. — 685.

<sup>181</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 13-том, 25—26-беттер, 23-том, 98-бет.— 686.

<sup>182</sup> Маркс бұл жерде, сондай-ақ кейінірек те бірнеше рет «*Produktionskosten*» деген терминді өндіріс құны мағынасында қолданады.— 700.

<sup>183</sup> Қараңыз: 165-ескерту.— 706.

<sup>184</sup> G. W. Newman. «*Lectures on Political Economy*». London, 1851, p. 158. — 706.

<sup>185</sup> Қараңыз: H. Storch. «*Cours d'économie politique, ou Exposition des principes qui déterminent la prospérité des nations*». Tome II, St. — Petersburg, 1815, p. 78—79 (бұл туралы мынаны да қараңыз: К. Маркс. «Қосымша күн теориялары». — К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 102 және 318-беттер).— 707.

<sup>186</sup> Маркс бұл арада мына еңбектерді айтып отыр: [E. West.] «*Essay on the Application of Capital to Land, with Observations shewing the Impolicy of any Great Restriction of the Importation of Corn*». By a Fellow of University College of Oxford. London, 1815; Th. R. Malthus. «*Principles of Political Economy considered with a view to their practical Application*». 2nd edition with considerable additions from the author's own manuscript and an original memoir. London, 1836; Th. R. Malthus. «*An Inquiry into the Nature and Progress of Rent, and the Principles by which it is regulated*». London, 1815; D. Ricardo. «*On the Principles of Political Economy, and Taxation*». Third edition, London, 1821, chapter II. — 709.

<sup>187</sup> Маркс мына еңбекті айтып отыр: G. Opdyke. «*A Treatise on Political Economy*». New York, 1851.— 720.

<sup>188</sup> Бұл ереже Мальтустің мына еңбегінде айтылады: «*An Essay on the Principle of Population*». London, 1798, — 722.

<sup>189</sup> J. Liebig. «*Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agrikultur und Physiologie*». London, 1821, chapter II. — 802.

<sup>190</sup> D. Ricardo. «*On the Principles of Political Economy and Taxation*». Third edition, London, 1821, chapter II. — 814.

<sup>191</sup> Маркс бұл арада, тегінде, 1824—1837 жылдары Парижде шығарылған көп томдық мына басылымның бір кітабын айтып отырған болуы керек: M. Dombasle. «*Annales agricoles de Roville, ou Mélanges d'agriculture, d'économie rurale et de législation agricole*». — 817.

<sup>192</sup> R. Johnes. «An Essay on the Distribution of Wealth and on the Sources of Taxation». Part I: Rent. London, 1831, p. 227. Бұл туралы сондай-ақ мынаны да қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылым, 414—429-беттер).— 817.

<sup>193</sup> Қараңыз: G. Ramsay. «An Essay on the Distribution of Wealth». Edinburgh, 1836, p. 278—279.—826.

<sup>194</sup> Қараңыз: [E. G. Wakefield.] «England and America. A Comparison of the Social and Political State of both Nations». Vol. I, London, 1833, p. 214—215. — 828.

<sup>195</sup> H. Passy. «Rente du Sol». In: Dictionnaire de l'économie politique. Tome II, Paris, 1854, p. 515. — 828.

<sup>196</sup> Қоршау туралы шығарылған заңдар жайында мынаны қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Алматы, 1963, 735—738-беттер.— 828.

<sup>197</sup> *Потоси* — Боливияның оңтүстігіндегі қала; оны испан басқыншылары 1547 ж. салған, 1545 ж. бұл жерден күміс кенінің бай қазынасы ашылған болатын. Осы рудниктерді пайдалану Испанияның үстем таптары үшін байлықтың бір көзіне айналды.— 832.

<sup>198</sup> Маркс мына төмендегі еңбектерді айтып отыр: S. Laing. «National Distress; its Causes and Remedies». London, 1844; F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851. — 832.

<sup>199</sup> Қараның: «Капитал», II том, Алматы, 1968, 271—272-беттер.— 834.

<sup>200</sup> Мына еңбек айтылып отыр: Rodbertus. «Soziale Briefe von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie». Berlin, 1851. Родбертустың рента теориясын Маркс «Қосымша құн теорияларында» сын көзімен егжей-тегжейлі талдаған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, II бөлім, 3—118, 159—172-беттер).— 838.

<sup>201</sup> Әңгіме К. Маркстің «Қосымша құн теориялары» деген еңбегі жайында болып отыр.— 838.

<sup>202</sup> Қараңыз: G. W. F. Hegel. «Enzyklopädie der philosophischen Wissenschaften im Grundrisse». Erster Teil. Die Logik. Werke. Band VI. Berlin, 1840, S. 404. — 839.

<sup>203</sup> Маркс осы журналда аты көрсетілмей басылған рецензияны айтып отыр; рецензия Джонстың сол кезде жаңа ғана шыққан мына кітабы туралы жазылған болатын: «An Essay on the Distribution of Wealth». Қараңыз: «Edinburgh Review. Том I.IV, 1831, август — декабрь, 94—95-беттер. «*The Edinburgh Review, or Critical Journal*» («Эдинбург шолуы, немесе Сын журналы») — ағылшынның буржуазиялық әдеби-саяси журналы, 1802 жылдан 1929 жылға дейін шыққан. XIX ғасырдың 20—30 жылдарында 3 айда бір рет шығарылды, вигтер партиясының органы болды.

*Сохо-сквер* — Лондонның Сохо ауданындағы сәулетті квартал.— 840.

<sup>204</sup> H. Passy. «Rente du Sol». In: «Dictionnaire de l'économie politique». Tome II, Paris, 1854, p. 511. — 843.

<sup>205</sup> Қосымша құнның қалыпты формасы түріндегі жер рентасы туралы Петти өзінің мына еңбегінде айтады: «A Treatise of Taxes & Contributions». London, 1667, p. 23—24. Маркс «Қосымша құн теорияларында» Петтидің көзқарастарын жан-жақты талдайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, I бөлім, 163—165, 356—366-беттер).

Кантильонның осы сарындас көзқарасы мына еңбекте кездеседі: «Essai sur la nature du commerce en général». In: «Discours politiques». Tome III, Amsterdam, 1756. — 844.

<sup>206</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы)» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, I бөлім, 12—39, 305—346, 383—385-беттер.— 844.

<sup>207</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 13-том, 139—140-беттер.— 845.

<sup>208</sup> I. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Economy». Vol. I, Dublin, 1770, p. 396. — 846.

<sup>209</sup> E. Daire. «Introduction sur la doctrine des physiocrates». In: «Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire». Première partie. Paris, 1846; H. Passy. «Rente du Sol». In: «Dictionnaire de l'économie politique». Tome II, Paris, 1854, p. 511. — 846.

<sup>210</sup> Қараңыз: A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London, 1776, p. 64. — 847.

<sup>211</sup> Маркс 1836—1860 жылдары десятинаға енгізілген өзгерістер туралы актыны (Tithe Commutation Acts), айтып отыр; бұл өзгерістер бойынша шіркеуге тиісті десятина үшін заттай төленіп келген алым тәртібі бұзылып, жер үшін ауық-ауық ақша төлеп отыру тәртібі енгізілген болатын.— 848.

<sup>212</sup> K. Arnd. «Die naturgemäße Volkswirtschaft, gegenüber dem Monopoliengeiste und dem Communismus, mit einem Rückblicke auf die einschlagende Literatur». Hanau, 1845, S. 461—462. — 850.

<sup>213</sup> [N. Linguet.] «Theorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la Société». Tomes I—II, Londres, 1767. Бұл туралы сондай-ақ мынаны қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, I бөлім, 347—352-беттер.— 851.

<sup>214</sup> Қараңыз: J. Möser. «Osnabrückische Geschichte». Theil I, Berlin und Stettin, 1780.— 851.

<sup>215</sup> Қараңыз: 200-ескерту.— 863.

<sup>216</sup> E. Buret. «Cours d'économie politique». Bruxelles, 1842; A. Tocqueville, «L'ancien régime et la révolution». Paris, 1856; J. C. L. Simonde de Sismondi. «Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population». Seconde édition, tome I, Paris, 1827. — 865.

<sup>217</sup> Th. Tooke, W. Newmarch. «A History of Prices and of the State of the Circulation during the nine years 1848—1856. In two volumes; forming the fifth and sixth volumes of the History of Prices from 1792 to the present time». Vol. VI, London, 1857, p. 29—30. — 870.

<sup>218</sup> Маркс мына еңбектерді айтып отыр: L. Mounier. «De l'agriculture en France, d'après les documents officiels avec des remarques par M. Rubichon». Paris, 1846; M. Rubichon. «Du mécanisme de la société en France et en Angleterre». Nouvelle édition. Paris, 1837. — 870.

<sup>219</sup> [J. Massie.] «An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest: wheiren the Sentiments of Sir William Petty and Mr. Locke on that Head are considered». London, 1750, p. 23—24. — 873.

<sup>220</sup> *Қара жүзді бандалар* (Bandes Noires) — Францияда XIX ғасырда пайда болған жалдаптар қоғамы; бұл қоғам ірі имениелерді сатып алып, сонсоң оларды бөліп-бөліп кішкентай учасок етіп сататын болған, өйткені ірі жер учасогынан гөрі шағын-шағын учасок ол кезде әрі өтімді, әрі қымбат болды.— 873.

<sup>221</sup> M. Rubichon. «Du mécanisme de la société en Angleterre». Nouvelle édition. Paris, 1837. — 874.

<sup>222</sup> Қараңыз: F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 180—181.— 874.

<sup>223</sup> Қараңыз: L. Mounier. «De l'agriculture en France, d'après les documents officiels avec des remarques par M. Rubichon». Paris, 1846. — 874

<sup>224</sup> Қараңыз: J. Liebig «Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agrikultur und Physiologie». 7. Auflage. Braunschweig, 1862.—876.

<sup>225</sup> «*Rudis indigestaque moles*» («арбиған арса-арса зәулім») — Овидий; «Метаморфозы», I кітап, 7.— 878.

<sup>226</sup> «*Үшінші одақтас*» — Шиллердің «Кепілдік» деген балладасынан алынған сөз; екі адал достың одағына қабылдауды өтініп, бұл сөзді тиран Дионисий айтқан.— 873.

<sup>227</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қапитал», I том, Алматы, 1963, 543—550-беттер.— 881.

<sup>228</sup> W. Roscher. «System der Volkswirtschaft». Band I: «Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage, Stuttgart und Augsburg, 1858. — 890.

<sup>229</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, London, 1776, p. 63. Смиттің еңбек ақыны, пайда мен жер рентасын күн көзі деп қарайтын көзқарастарының мән-жайын Маркс «Қапиталдын» II томында (қараңыз: К. Маркс. «Қапитал», II том, Алматы, 1968, 411—440-беттер) және «Қосымша күн теорияларында» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылымы, 26-том, I бөлім, 68—79-беттер) талдаған.— 850.

<sup>230</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қапитал», II том, Алматы, 1968, 449—450-беттер.— 902.

<sup>231</sup> J. B. Say. «Traité d'economie politique». Quatrième édition, tome II, Paris, 1819. — 510.

<sup>232</sup> Қараңыз: Th. Tooke. «An Inquiry into Currency Principle». 2 nd ed., London, 1844, p. 36.—906.

<sup>233</sup> P. J. Proudhon. «Qu'est-ce que la propriété? ou Recherches sur le principe du droit et du gouvernement». Paris, 1841, p. 201—202.—907.

<sup>234</sup> Қараңыз: A. Quetelet. «Sur l'homme et le développement de ses facultés, ou Essai de physique sociale». Tomes I—II, Paris, 1835.—923.

<sup>235</sup> Сірә, Маркс мына еңбекті айтып отырса керек: «A. Prize Essay on the Comparative Merits of Competition and Cooperation», London, 1834.—946.

<sup>236</sup> Энгельс бұл еңбекті К. Маркс «Капиталының» III томы жарыққа шыққаннан кейін жазған болатын. Энгельс 1895 ж. 21 майда Қаутскийге жазған хатында «Капиталдың» III томына берілген толықтырманы екі мақала етіп «Neue Zeit» журналында бастырғысы келетінін хабарлаған. «Күн заңы және пайда нормасы» деген бірінші мақаласын «Капиталдың» I және III томының арасында «қайшылықтар» бар деп шу көтерген буржуазиялық экономикалық әдебиет төңірегіндегі қауесетке байланысты жазған болатын. Бұл мақала Энгельс қайтыс болғаннан кейін іле-шала Германияның Социал-демократиялық партиясының органы «Neue Zeit»-те жарияланды. Екінші мақалаға байланысты, Энгельс онда талдамақ болған аса маңызды проблемалар жөнінде 7 пункттен конспекті-жоспар жасаған. Қолжазбаның тақырыбы: «Биржа». «Капиталдың» III томына қосымша ескертпелер».—949.

<sup>237</sup> Қараңыз: 8-ескерту.—954.

<sup>238</sup> Қараңыз: 11-ескерту.—954.

<sup>239</sup> «La Rassegna» («Шолу») — Италияның буржуазиялық бағыттағы екі апталық журналы, 1892 жылдан 1895 жылға дейін Неапольде шығып тұрған.

«La Riforma Sociale» («Әлеуметтік реформа») — Италияның буржуазиялық-либералдық бағыттағы ай сайын шығып тұратын журналы, 1894 жылдан бастап Турин мен Римде шығады.—957.

<sup>240</sup> Гейне. Романсероға соңғы сөз.—958.

<sup>241</sup> Қараңыз: 11-ескерту.—958.

<sup>242</sup> Энгельс сиқыршы Валаам туралы тауратта жазылған аңызды айтып отыр; мұны Израиль әулетіне қарғыс айту үшін моавит патшасы Валак шақыртып алдырған. Бірақ Валаам құдайдың күдіретімен қарғыс айтудың орнына бата берген. Энгельс Лоридің принципсіздігі мен екіжүзділігін келеке қылып отыр.—958.

<sup>243</sup> «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik» («Әлеуметтік заң мен статистика мәселелері жөніндегі архив») — немістің саяси-экономикалық журналы, 1888-ден 1903 жылға дейін осы атпен жылына 4 рет Тюбингенде шыққан, одан кейін социал-демократ Г. Браунның редакциялауымен Берлинде шығып тұрған.—958.

<sup>244</sup> «Sozialpolitisches Centralblatt» («Әлеуметтік-саяси орталық листок») — немістің социал-реформистік бағыттағы апталық журналы, осы ат-



пен 1892 жылдан 1895 жылға дейін Берлинде социал-демократ Г. Браунның редакциялауымен шығып тұрған.— 959.

<sup>245</sup> Энгельс бұл арада 1895 жылғы 1 мартта жазған К. Шмидттің хатын айтып отыр. 1895 жылғы 12 мартта К. Шмидтке қайтарған жауап хатында да бұл ережелерді Энгельс сын көзімен талдаған.— 959.

<sup>246</sup> Бұл арада Куба, Гаити және Багама аралдарының Солтүстік Америка құрылығының, Африканың оңтүстігін жағалап Индияға баратын теңіз жолының және ақырында, Оңтүстік Америка құрылығының ашылғаны айтылып отыр.— 968.

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

- Александр* (Alexander), Натаниел — ағылшын көпесі, ХІХ ғасырдың басында Индиямен сауда жүргізген фирмалардың бастығы.— 445, 596.
- Андерсон* (Anderson), Адам (1692—1765 шамасы) — шотландияның буржуазияшыл экономисі, сауда тарихы жөнінен жазылған еңбектің авторы.— 359
- Андерсон* (Anderson), Джемс (1739—1808) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, дифференциалдық рента теориясының негізгі ерекшеліктерін жасап шығарған.— 665, 666.
- Андерсон* (Anderson), Джемс Эндрью — ағылшын банкирі, Шотландия банкісінің ХІХ ғасырдың орта кезіндегі бастығы.— 568, 569, 607.
- Анна* (1665—1714) ағылшын королі болған әйел (1702—1714).— 657.
- Анфантен* (Enfantin), Бартеlemi Проспер (1796—1864) — француздың социалист-утописі, Сен-Симонның ең жақын шәкірттерінің бірі.— 651, 654, 655.
- Арбатног* (Arbutnot), Джордж (1802—1865) — ағылшын қазначейлігінің (финанс министрлігінің) чиновнигі, ақша айналымы мен кредит мәселелері жөнінде жазылған бірқатар еңбектердің авторы, «ақша айналымының принципі» деген принципті қолдап шығушылар мектебінің жақтаушысы.— 593.
- Аристотель* (біздің заманымызға дейінгі 384—322) — көне заманның ұлы ойшысы, философияда материализм мен идеализм арасында ауытқуда болған. құл иеленушілер табының идеологі; өзінің экономикалық көзқарастары жағынан табиғи құл иеленушілік шаруашылықтың қорғаушысы, құн формасын бірінші болып талдаушы.— 414, 416, 957.
- Ард* (Arnd), Карл (1788—1877) — немістің буржуазияшыл экономисі, тұрпайы саяси экономияның өкілі.— 369, 850.
- Архимед* (біздің заманымызға дейінгі 287—212 шамасы) — көнезаманғы гректің асқан математигі және механигі.— 953.
- Атвуд* (Attwood), Матиас (1779—1851) — ағылшын банкирі және экономисі, «кіші шилдингінің жақтаушылары» деген ат-

пен мәлім болған бирмингемдік бағыттың өкілі.—604.  
*Атвуд* (Attwood), Томас (1783—1856) — ағылшын банкирі, саяси қайраткер және экономист, «кіші шиллингнің жақтаушылары» деген атпен мәлім болған бирмингемдік бағыттың өкілі.—582—604.

## Б

*Баббедж* (Babbage), Чарлз (1792—1871) — ағылшын математигі, әрі механигі, буржуазияшыл экономист.—118, 128.  
*Бальзак* (Balzac), Оноре де (1799—1850) — француздың ұлы реалист жазушысы.—46.  
*Бастия* (Bastiat), Фредерик (1801—1850) — француздың тұрпайы экономисі, буржуазиялық қоғамда таптық мүдделердің ұштастыру теориясын уағыздаушы.—166, 372.  
*Бейкер* (Baker), Роберт — ағылшын чиновнигі, XIX ғасырдың 50—60 жылдарында фабрика инспекторы болған.—103, 105, 136, 138, 140.  
*Бейнс* (Baupes), Джон — ағылшын қаласы Блэкберн муниципалитетінің мүшесі, 1857 жылы мақтамен сауда жасау туралы екі лекция оқып, жариялаған.—136, 137.  
*Беккер* (Bekker), Иммануил (1785—1871) — неміс филологі, көне замандағы авторлардың (Платонның, Аристотельдің, Аристофанның, т. б.) бірнеше шығармаларын бастырып шығарушы.—114.  
*Белл* (Bell), Дж. М.— XIX ғасырдың алғашқы жартысында Шотландия банкісінің бастығы болған, банктер мен ақша айналымы мәселелері жөнінде жазылған бірқатар еңбектердің авторы.—589.  
*Беллерс* (Bellers), Джон (1654—1725) — ағылшын экономисі, дәулет молшылығын жасауда еңбектің атқарар мәнін атап көрсетуші, әлеуметтік рефор-

малар жасаудың бірнеше княли жобаларының авторы.—310.  
*Бентинк* (Bentinck), Джордж (1802—1848) — ағылшынның саяси қайраткері, виг, парламент мүшесі, протекционизмді жақтаушы.—458.  
*Беринг* — ағылшын финансистері мен банкирлерінің семьясы.—578.  
*Бернал Осборн* (Bernal Osborne), Ралф (1808—1882) — ағылшынның саяси қайраткері, либерал, парламент мүшесі, адмиралтействоның (теңіз министрлігінің) секретары (1852—1858).—157.  
*Бессемер* (Bessemer), Генри (1813—1898) — ағылшын инженері, әрі химик, шойыннан болат құюдың жаңа тиімді тәсілін ойлап тауып, ұсынған.—81.  
*Бидерман* (Biedermann), Карл (1812—1901) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, әрі публицисі, әуелде баяу либерал болған; 60-жылдардан бастап ұлтшыл-либерал, «Deutsche Allgemeine Zeitung»-тің (1863—1879) редакторы.—86.  
*Биконсфилд*, граф — қараңыз: *Дизраэли*, Бенджамин.  
*Бозанкет* (Bosanquet), Джемс Уотмен (1804—1877) — ағылшын банкирі, әрі экономист, экономикалық еңбектермен бірге таураттық хронологиялық бірсыпыра еңбектер де жариялаған.—399, 431.  
*Брайт* (Bright), Джон (1811—1889) — ағылшын фабриканты, буржуазияшыл саяси қайраткер, фритредерлер мен астық заңдарына қарсы құрылған Лиганың көп көсемдерінің бірі, 60-жылдардан бастап либералдық партияның көсемі болған, либералдық кабинеттерде бірсыпыра министрлік орындарда істеген.—689.  
*Браун* (Braun), Генрих (1854—1927) — неміс социал-демократы, реформист, журналист, «Neue Zeit» журналын құру-

- шылардың бірі, «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik» журналының және басқа да бірсыпыра баспасөз органдарының редакторы, рейхстаг депутаты.— 958, 959.
- Браун** (Brown), Уильям (1784—1864) — ағылшын көпесі, әрі банкир, фритредер.— 606.
- Бриско** (Briscoe), Джон (XVII ғ. соңы) — ағылшын кәсіп иесі, егіншілік банкің құрудың жобасын ұсынған, мұны өсімқорлықтан құтқаратын құрал деп білген; парламент мүшесі болған.— 648.
- Бюре** (Bure), Эжен (1810—1842) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі.— 865.
- Бюш** (Büsch), Иоганн Георг (1728—1800) — неміс экономисі, жалпы алғанда меркантилістік көзқарастарда болған.— 658.
- В**
- Вельзер** — немістің XV—XVI ғасырларда болған ең ірі өсімқорлық сауда үйі.— 966.
- Венсар** (Vinçard), Пьер Дени (1820—1882) — француздың жұмысшы публицисі, 1848 жылғы революцияға қатысушы, кооператив қозғалысының белсенді қайраткері, жұмысшы табының жағдайы туралы жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы, I Интернационалдың мүшесі.— 847.
- Верри** (Verri), Пьетро (1728—1797) — италияның буржуазияшыл экономисі, физиократтар ілімін алғашқы сынаушылардың бірі.— 304.
- Виссеринг** (Vissering), Симон (1818—1888) — голландияның буржуазияшыл экономисі, әрі сатирик, тұрпайы саяси экономияның өкілі.— 340, 341.
- Вольф** (Wolf), Юлиус (1862—1937) — немістің буржуазияшыл экономисі, тұрпайы саяси экономияның өкілі.— 20, 21, 24.
- Вуд** (Wood), Чарлз (1800—1885) — ағылшынның мемлекет қайраткері, виг; 1846—1852 жылдары казначейліктің канцлері (Финанс министрі) болған, Индия істері жөніндегі Бақылау советінің председателі (1852—1855), 1855—1858 жылдары адмиралтействоның бірінші лорды (теңіз министрі), Индия істері жөніндегі министр (1859—1866), мөр ұстаушы лорд (1870—1874).— 606, 636—639.
- Вульф** (Woolf), Артур (1766—1837) — ағылшын инженері, әрі жаңалық тапқышы.— 110, 111.
- Г**
- Гамильтон** (Hamilton), Роберт (1743—1829) — шотландияның экономисі, физигі, әрі математигі.— 424.
- Гарднер** (Gardner), Роберт — XIX ғасырдың орта шенінде Манчестерде мақта тоқыттырған фабрикант.— 442, 545, 546.
- Гарибальди** (Garibaldi), Джузеппе (1807—1882) — италян революционері, демократ, Италияда болған ұлт-азаттық қозғалысының көсемі.— 25.
- Гаррингтон** (Harrington), Джемс (1611—1677) — ағылшын публицисі, жаңа дворяндықтың идеологі.— 957.
- Гегель** (Hegel), Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831) — классикалық неміс философиясының аса ірі өкілі, объективті идеалист, идеалистік диалектиканы бірсыдырғы жан-жақты талдап шыққан; неміс буржуазиясының идеологі.— 15, 55, 661, 817.
- Гейне** (Heine), Генрих (1797—1856) — немістің революцияшыл ұлы ақыны.— 582, 96, 964, 976.
- Генрих VIII** (1491—1547) — ағылшын королі (1509—1547).— 666.
- Георг III** (1738—1820) — ағылшын королі (1760—1820).— 426.
- Гёрни** (Gurney), Самюэл (1786—1856) — ағылшынның ірі банкирі.— 452, 455, 457, 462, 579, 580, 591, 597.

- Гёте** (Goethe), Иоганн Вольфганг (1749—1832) — немістің ұлы жазушысы, әрі ойшылы.— 423.
- Гилбарт** (Gilbert), Джемс Уильям (1794—1863) — ағылшын банкирі, әрі экономист; банкі жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 366, 387, 435—437, 583, 587—588.
- Глин** (Glyn), Джордж Гренфелл (1824—1887) — ағылшын банкирі, либерал, парламент мүшесі, казначейліктің секретары (1868—1873).— 586.
- Годскин** (Hodgskin), Томас (1787—1869) — ағылшын экономисі, әрі публицист; пролетариаттың мүдделерін қорғап, капитализмді утопиялық социализмнің позициялары тұрғысынан сынаған, социалистік қорытындылар жасау үшін Рикардоның теориясын пайдаланған.— 418, 428.
- Гораций** (Квинт Гораций Флакк) (біздің заманымызға дейінгі 65—8) — аса көрнекті рим ақыны.— 222, 665.
- Грег** (Greg), Роберт Хайд (1795—1875) — ағылшынның ірі фабриканты, либерал.— 119, 120.
- Грей** (Grey), Джордж (1799—1882) — ағылшынның мемлекет қайраткері, виг, ішкі істер министрі (1846—1852, 1855—1858 және 1861—1866) және отарлар министрі болған (1854—1855).— 102.
- Д**
- Дав** (Dove), Патрик Эдуард (1815—1873) — ағылшынның буржуазияшыл философы, әрі экономист.— 678, 694.
- Давенант** (Davenant), Чарлз (1656—1714) — ағылшын экономисі, әрі статистик, меркантилист.— 708.
- Данте Алигьери** (Dante Alighieri) (1265—1321) — италияның ұлы ақыны.— 25.
- Дейвидсон** (Davidson), Даниэл Митчелл — ағылшын көпесі, оның сауда операцияларында жасаған зымияндықтарының сыры ашылуына байланысты 1854 жылы Англиядан қашып кетуге мәжбүр болған.— 578.
- Джевоис** (Jevons), Уильям Стэнли (1835—1882) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі философ, тұрпайы саяси экономияның математика мектептерінің өкілі.— 13.
- Джилкрист** (Gilchrist), Перси — ағылшын химигі, Томаспен бірге болат өндірудің жаңа тәсілін жасап шығарған.— 81.
- Джонс** (Jones), Ричард (1790—1855) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, оның субектері саяси экономияның классикалық мектебінің құлдырап, ыдырауын көрсетеді, сонымен қатар саяси экономияның бірсыпыра мәселелеріне келгенде Рикардодан асып түскен.— 287, 817, 840.
- Джонстон** (Johnston), Джемс Финлей Уир (1796—1855) — ағылшынның агрохимигі.— 662, 721—724.
- Дизраэли** (Disraeli), Бенджамин, граф *Биконсфилд* (1804—1881) — ағылшынның мемлекет қайраткері, әрі жазушы, тори көсемдерінің бірі, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап консерваторлар партиясының көсемі, казначейлік канцлері (финанс министрі) — 1852, 1858—1859 және 1866—1868, премьер-министр (1868 және 1874—1880).— 458.
- Домбаль** (Dombasle), Кристоф Жозеф Александр *Матьё де* (1777—1843) — француздың белгілі агрономы.— 817, 874—876.
- Доницетти** (Donizetti), Гаэтано (1797—1848) — итальянның белгілі композиторы.— 25, 970.
- Дэр** (Daire), Эжен (1798—1847) — француздың буржуазияшыл экономисі, саяси экономия жөнінде жазылған шығармаларды бастырып шығарушы.— 844.

**Дюро де Ла Маль** (Dureau de La Malle), Адольф Жюль Сезар Югюст (1777—1857) — француз ақыны, әрі тарихшы.— 115.

## 3

**Зомбарт** (Sombart), Вернер (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, қызмет істей бастаған ағашқы кезінде катедер-социалист, бертінде герман империализмі идеологі, өмірінің соңғы жылдарында фашизм позициясына көшкен және гитлерлік тәртіпті мадақтаушы болған.— 958, 965.

## К

**Калиостро** (Cagliostro), Александр, граф (шын есімі Джузеппе Бальзамо) (1743—1795) — итальяндық арандатқыш.— 958.

**Кантильон** (Cantilion), Ричард (1680—1734) — ағылшын экономисі, физиократтардың негізін салушы, көпес.— 844.

**Кардуэлл** (Cardwell), Эдуард (1813—1886) — ағылшынның мемлекет қайраткері, әуелгіде торилерге қосылып, одан кейін пилиттер көсемдерінің бірі болған, кейінде либерал болды, сауда министрі (1852—1855), Ирландия істері жөніндегі бас секретарь (1859—1861), отарлар министрі (1864—1866) — және соғыс министрі (1868—1874).— 597.

**Карл**, Ұлы Карл (742—814 шама-сы) — франк королі (768—800), әрі император (800—814).— 652, 654, 855.

**Карл II** (1630—1685) — ағылшын королі (1660—1685).— 657, 666.

**Катон** (Марк Порций Катон, Үлкені (біздің заманымызға дейінгі (234—149) — римнің саяси қайраткері, әрі жазушы, ақсүйектердің артықшылықтарын корғап шығушы.— 359, 423, 855.

**Кейли** (Cayley) — ағылшын экономисі, «кішкене шиллингін жақтаушылар» деген атпен мәлім болған бирмингемдік мектептердің өкілі, 1847 жылғы сауда дағдарысының себептерін анықтау жөнінде лордтар палатасы құрған құпия комиссияның мүшесі және 1857 жылы банкі заңы жөнінде құрылған ерекше комитеттің мүшесі.— 468, 511.

**Кеннеди** (Kennedy), Примроз Уильям — ағылшын банкирі, шотландия банкісінің XIX ғасырдың орта шенінде болған бастығы.— 577, 615—616.

**Кернс** (Cairnes), Джон Эллиот (1823—1875) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі публицист, АҚШ-тың оңтүстігіндегі құл иеленушілікке қарсы шыққан.— 415

**Кертис** (Curtis), Тимоти Абрахам — ағылшын банкісінде директор болғандардың бірі және XIX ғасырдың 40-шы жылдарындағы Ост-Индия компаниялары басқармасының мүшесі.— 419.

**Кетле** (Quetelet), Адольф (1796—1874) — Бельгияның буржуазияшыл ғалым-статистигі, математик, әрі астроном.— 917.

**Кинкейд** (Kincaid), Джон (1787—1862) — ағылшын чиновнигі, 50-ші жылдарда Шотландиядағы фабрикалар мен абақты үйлерінде инспектор болған.— 102.

**Киннир** (Kinneear), Дж. Г.— Лондонда 1847 жылы шыққан «Дағдарыс және ақша айналымы» деген еңбектің авторы — 476, 566.

**Киссельбах** (Kiesselbach), Вильгельм — XIX ғасырдың екінші жартысында болған неміс тарихшысы, әрі социолог.— 355.

**Клей** (Clay), Уильям (1791—1869) — ағылшынның саяси қайраткері, әрі экономист, «ақша айналымының принципі» деген атпен шыққан бағытты жақтаушы.— 602.

**Коклен** (Coquelin), Шарль (1803—1852) — француздың буржуа-

- зияшыл экономисі, сауда бостандығын жақтаушы.— 442.
- Конт** (Comte), Шарль (1782—1837) — француздың либерал публицисі, тұрпайы экономист.— 662.
- Корбет** (Corbet), Томас — ағылшынның XIX ғасырда болған буржуазияшыл экономисі.— 181, 187, 200, 229, 337.
- Коттон** (Cotton), Уильям (1786—1866) — ағылшын коммерсаны, Ағылшын банкісінің бастығы (1844—1845), Ағылшын банкісінде болған директорлардың бірі (1821—1865).— 448.
- Кустоди** (Custodi), Пьетро (1771—1842) — итальян экономисі, XVI ғасырдың аяғында, XIX ғасырдың басында болған итальян экономистерінің шығармаларын бастырып шығарушы.— 306.
- Кэмпбелл** (Campbell), Джон (1779—1861) — ағылшынның мемлекет қайраткері, әрі юрист, корольдік соттың бас судьясы (1850—1859), лорд-канцлер (юстиция министрі) (1859—1861).— 101.
- Кэпс** (Capps), Эдуард — XIX ғасырдың орта шенінде ағылшынның құрылыс саласында болған кәсіп иесі.— 605, 831.
- Кэри** (Cary), Генри Чарльз (1793—1879) — американдық тұрпайы буржуазияшыл экономист, капиталистік қоғамда таптық мүдделерді ұштастырудың реакцияшыл теориясын жазған автор.— 126, 164, 438, 617, 634, 637, 831
- Л**
- Лавернь** (Lavergne), Луи Габриель Леонс Гило де (1809—1880) — француздың буржуазияшыл саяси қайраткері, әрі экономист, ауыл шаруашылығының экономикасы жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 676—677.
- Лексис** (Lexis), Вильгельм (1837—1914) — немістің буржуазияшыл экономисі, әрі статистик, тұрпайы саяси экономияның өкілі.— 12—14.
- Лейг** (Laing), Самюэл (1810—1897) — ағылшынның саяси қайраткері, әрі публицист, Англияның темір жол компанияларындағы бірнеше жоғарғы әкімшілік орындарда болған, парламент мүшесі, либерал.— 831.
- Ленге** (Linguet), Симон Никола Анри (1736—1794) — француз адвокаты, публицист, тарихшы, әрі экономист, физиократтар мен буржуазияшыл либерализмді феодалдық-абсолюттік тұрғыдан сынаған, буржуазиялық бостандық пен меншік туралы бірқатар ойлы, сын пікірлер айтқан.— 97, 819.
- Либих** (Liebig), Юстус (1803—1873) — көрнекті неміс ғалымы, агрохимияның негізін салушылардың бірі.— 802, 816, 846, 884.
- Лист** (List), Фридрих (1789—1846) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, әсіре протекционизмді уағыздаушы.— 903.
- Листер** (Lister), Джемс (1802 ж. шамасында туған) — ағылшын банкирі, Ливерпульдің Юнион банк оф-ның бастығы.— 450, 482.
- Литам** (Leatham), Уильям Генри (1815—1889) — ағылшын банкирі, әрі саяси қайраткер, радикал, парламент мүшесі.— 441.
- Ло** (Law), Джон (1671—1729) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі финансист, Францияның финансы министрі (1719—1720), толық күйреумен тынған өзінің қағаз ақша шығару жөніндегі жалдаптық әрекетімен мәлім болған.— 484, 649.
- Лойд** (Loyd), Самюэл Джонс, барон *Оверстон* (1796—1883) — ағылшын банкирі, буржуазияшыл экономист, «ақша айналымының принципі» деген атпен шыққан бағыттың жақтаушысы.— 451—460, 472—477, 533, 560, 564—567, 569—571, 591,

- 600, 602, 604, 606, 608, 610, 614, 616, 618—619.
- Локк** (Locke), Джон (1632—1704) — ағылшынның көрнекті философ-дуалисті, сенсуалист, номинал және металл ақша теориясының екі арасында ауытқумен болған буржуазияшыл экономист. — 365, 387, 394, 395, 398, 400, 413, 660.
- Лориа** (Logia), Акилле (1857—1943) — италияндық буржуазияшыл социолог, әрі экономист, тұрпайы саяси экономияның өкілі, марксизмді бұрмалаушы. — 21—25, 959, 960, 963—956, 971.
- Людовик XIV** (1638—1715) — француз королі (1643—1715). — 115.
- Люзак** (Luzac), Эли (1723—1796) — голландтық философ, юрист, әрі экономист. — 350.
- Лютер** (Luther), Мартин (1483—1546) — Реформация дәуірінің көрнекті қайраткері, Германиядағы протестантизмнің (лютерандықтың) негізін салушы, неміс бюргерлерінің идеологі, 1525 жылғы Шаруалар соғысы кезінде князьдар жағында болып, көтеріліс жасаған шаруалар мен қала кедейлеріне қарсы шыққан. — 362, 341, 423, 404, 645, 656, —657, 943.
- М**
- Магон** (біздің заманымызға дейінгі 550—500 шамасында) — карфагендік суфет, құдіретті Карфаген мемлекетінің негізін салушылардың бірі, ауыл шаруашылығы туралы жазылған 28 томды шығармалардың авторы, бұл шығармалар грек және латын тілдеріне аударылған. — 419.
- Мак-Доннелл** (Mac Donnell), Джон — Ағылшын банкирі, XIX ғасырдың орта шенінде Ирландия банкісінің меңгерушісі болған. — 567.
- Мак-Куллох** (Mac Culloch), Джон Рамси (1789—1864) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайыландырушы, капитализмнің жандануы жаршысы. — 74, 196, 246, 261.
- Маколей** (Macauley), Томас Бабингтон (1800—1859) — ағылшын буржуазияшыл тарихшысы, әрі саяси қайраткері, виг, парламент мүшесі. — 659.
- Мальтус** (Malthus), Томас Роберт (1766—1834) — ағылшын священнигі, экономист, буржуазияланып болған жер иелігі бар аксүйектердің идеологі, капитализм жаршысы, жер бетінде адам санының көбеюі жөніндегі адамға жат теорияны уағыздаушы. — 43, 46, 52, 55, 185, 210, 217, 435, 702, 717, 730.
- Манли** (Manley), Томас (1628—1690) — ағылшын жазушысы, әрі буржуазияшыл экономист, меркантилист. — 658.
- Маркс** (Marx), Карл (1818—1883) (биографиялық мәліметтері). — 3—26, 150, 194, 330, 427, 472, 480, 809, 957, 958, 967, 9 0
- Марон** (Maron), Г. — ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде жазылған, 1859 жылы Оппельнде неміс тілінде басылып шыққан кітапшаның авторы. — 859
- Марри** (Murray), Роберт — XIX ғасырдың орта шенінде болған ағылшын банкирі. — 557.
- Масси** (Massie), Джозеф (1784 ж. дүние салған) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның өкілі. — 365, 387, 394, 395, 397, 398, 400, 413, 72.
- Маурер** (Maurer), Георг Людвиг (1790—1872) — немістің көрнекті буржуазияшыл тарихшысы, Германияның көне және орта ғасырдағы қоғамдық құрылысын зерттеуші, ортағасырлық марктер қауымының тарихын зерттеп білуге зор үлес қосушы. — 194.
- Мёзер** (Möser), Юстус (1720—1794) — неміс тарихшысы, әрі публицист, немістің консервативтік буржуазиясының мүңмүддесін білдіруші. — 249.



- Мейнерт* (Meupert), Теодор (1833—1892) — австрия дәрігері, невропатолог, әрі психиатр.— 4.
- Менгер* (Menger), Карл (1840—1921) — австрияның буржуазияшыл экономисі, австриялық саяси экономия мектебінің басты өкілдерінің бірі.— 13.
- Миаль* (Mill), Джон Стюарт (1806—1873) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі философ-позитивист, саяси экономияның классикалық мектептерінің эпитоны.— 428, 438, 571, 600, 610, 629, 946.
- Мирабо* (Mirabeau), Виктор Рикетт, маркиз *де* (1715—1789) — француздың буржуазияшыл экономисі, физиократ.— 811.
- Мольер* (Molière), Жан Батист (шын фамилиясы *Поклен*) (1622—1673) — француздың ұлы драматургі.— 25, 964.
- Моммзен* (Mommsen), Теодор (1817—1903) — немістің көрнекті буржуазияшыл тарихшысы, көне Римнің тарихы жөнінен жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 360, 423, 845—846.
- Морган* (Morgan), Льюис Генри (1818—1881) — көрнекті американ ғалымы, этнограф, археолог және алғашқы қоғам тарихшысы, белгілі материалист.— 194.
- Моррис* (Morris), Джемс — ағылшын банкісінің 1848 жылғы бастығы.— 458, 497, 517, 521, 562, 612.
- Мортон* (Morton), Джон Локарт — XIX ғасырдың орта шенінде болған ағылшын агрономы, ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 675, 723.
- Мортон* (Morton), Джон Чалмерс (1821—1888) — ағылшын агрономы, ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 684.
- Мунье* (Mounier), А.— XIX ғасырдың орта шенінде болған француз тарихшысы.— 869, 872.
- Мур* (Moore), Самюэл (1830—1912 шамасы) — ағылшын юриси, I Интернационалдың мүшесі, Эвелингімен бірлесіп ағылшын тіліне «Капиталдың» I томы мен «Коммунистік партияның манифесін» аударған, Маркс пен Энгельстің досы.— 6.
- Мюллер* (Müller), Адам Генрих (1779—1829) — неміс публицисі, әрі экономист, романтикалық мектеп деп аталған, феодалдық ак сүйектердің мұның мұндаған мектептің өкілі; А. Смиттің экономикалық ілімінің қас жауы.— 390, 434, 435.

## Н

- Наполеон I* Бонапарт (1769—1821) — француз императоры (1804—1814 және 1815).— 651.
- Несмит* (Nasmyth), Джемс (1808—1890) — ағылшын инженері, бұмен жұмыс істейтін балғаны ойлап шығарушы.— 111.
- Нев* (Neave), Шеффилд — ағылшын банкісінің 1858 жылы болған бастығы.— 523, 576.
- Норман* (Norman), Джордж Уорд (1793—1882) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналымы мен салықтар туралы жазылған еңбектердің авторы, «ақша айналымының принциптері» деген атпен шыққан мектептердің жақтаушысы; Англия банкісіне директор болғандардың бірі (1821—1872).— 459—461, 470, 590, 595.
- Норс* (North), Дадли (1641—1691) — ағылшын экономисі, буржуазияшыл классикалық саяси экономияның алғашқы өкілдерінің бірі.— 657, 667.
- Ньюмарч* (Newmarch), Уильям (1820—1882) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі статистик.— 550, 575, 578, 592, 594, 595, 610—611, 613, 614, 616, 622—629.
- Ньюмен* (Newman), Самюэл Филлипс (1797—1842) — америка-

- ның буржуазияшыл философы, әрі экономист.— 306.
- Ньюмен** (Newman), Фрэнсис Уильям (1805—1897) — ағылшын филологі, әрі публицист, буржуазияшыл радикал, діни, саяси және экономикалық мәселелер жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 650, 705, 830, 872.
- О**
- Оверстон** — қараңыз: *Лойд*, Самуэл Джонс, барон *Оверстон*.
- Овидий** (Публий Овидий Назон) (біздің заманымызға дейінгі 43 — біздің заманымыздың 17 шамасы) — римнің асқан ақыны.— 877.
- Одерман** (Odermann), Карл Густав (1815—1904) — неміс педагогі, сауда жөнінде жазылған бірсыпыра оқулықтардың авторы.— 344.
- Ожье** (Aujer), Мари — XIX ғағардың орта шенінде болған француз журналисі, экономика мәселелері жөнінде жазылған мақалалардың авторы.— 648—649, 657.
- О'Конор** (O'Conor), Чарлз (1804—1884) — американ юрисі, әрі саяси қайраткер, демократ.— 424.
- Опдайк** (Opdyke), Джордж (1805—1880) — американ кәсіп иесі, буржуазияшыл экономист.— 398, 717.
- Орд** (Ord), Уильям Миллер (1834—1902) — ағылшын дәрігері.— 107, 108.
- Оуэн** (Owen), Роберт (1771—1858) — ағылшынның ұлы социалист-утописті.— 660—661.
- П**
- Палмер** (Palmer), Джон Хорсли (1779—1858) — ағылшын финансисті, 1811 жылдан Англия банкісіне директор болғандардың бірі, 1830—1832 жылдардағы Англия банкісінің бастығы, кейінде финанс мекемелерінде әр түрлі қызметтерде болған.— 611—613, 612.
- Пальмерстон** (Palmerston), Генри Джон *Темпл*, виконт (1784—1865) — ағылшынның мемлекет қайраткері, өзінің алғашқы қызметінде тори болған, 1830 жылдан бастап вигтер партиясының оншыл элементтеріне сүйсініп, осы партияның көсемдерінің бірі болған, сыртқы істер министрі болған (1830—1834, 1835—1841 және 1846—1851), ішкі істер министрі болған (1852—1855) және премьер-министр болған (1855—1858 және 1859—1865).— 102, 671.
- Пармантье** (Parmentier), Антуан Огюстен (1737—1813) — француз агрономы, ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 115.
- Пасси** (Passy), Ипполит Филибер (1793—1880) — француздың тұрпайы буржуазияшыл экономисті, әрі саяси қайраткер, Екінші республика болған кезде финанс министрі болған.— 836, 848, 851—852, 854, 858.
- Патерсон** (Paterson), Уильям (1658—1719) — Ағылшын банкісінің негізін салушы.— 649.
- Пеккёр** (Pecquer), Константен (1801—1887) — француз экономисті, социалист-утопист.— 664.
- Перейр**, немесе *Перейра* (Pereire), Исаак (1806—1880) — француз банкирі, бонапартист, Зан шығарушы корпусның депутаты, 1852 жылы өзінің ағасы Эмиль Перейрмен бірігіп акционерлік Crédit Mobilier банкіні құрған.— 481.
- Перейр**, немесе *Перейра* (Pereire), Эмиль (1800—1875) — француз банкирі, 20—30-шы жылдарда сен-симонистерге жақтасқан, Екінші империя дәуірінде бонапартист болған, Зан шығарушы корпусның депутаты, 1852 жылы өзінің інісі Исаак Перейрмен бірігіп акционерлік «Crédit Mobilier» банкіні құрған.— 657.
- Петти** (Petty), Уильям (1623—1687) — ағылшынның асқан

- ұлы экономисі, әрі статистигі, Англиядағы классикалық буржуазиялық саяси экономияның алғашқы негізін салушы.— 365, 387, 394, 395, 398, 400, 413, 514, 718, 842, 843.
- Пиз* (Pease), Джозеф — провинциялық банкир.— 444, 458.
- Пилат*, Понтий (37 ж. шамасында дүниесі салған) — жөйтгердің рим прокураторы (әкімі) (20—36).— 907.
- Пиль* (Peel), Роберт (1788—1850) — ағылшынның мемлекет қайраткері, оның атымен поллиттер деп аталып кеткен баяу торидің көсемі; ішкі істер министрі (1822—1827 және 1828—1830), премьер-министр (1834—1835 және 1841—1846), либералдардың қолдауы арқасында астық заңын бұзуды жүзеге асырған (1846).— 600, 602.
- Пиндар* (біздің заманымызға дейінгі 522 шамасы — 442 шамасы) — ертедегі грек ақыны, салтанатты қошамет жырының авторы.— 425.
- Питт* (Pitt), Уильям, Кішісі (1759—1806) — ағылшынның мемлекет қайраткері, тори көсемдерінің бірі болған, премьер-министр (1783—1801 және 1804—1806).— 434—436.
- Плиний* (Гай Плиний Секунд) (біздің заманымызға дейінгі 23—79) — римнің ғалым-натуралисі, 37 кітап болған «Жаратылыс тарихы» кітабының авторы.— 115.
- Поппе* (Porre), Иоганн Генрих Морниц (1776—1854) — неміс ғалымы, техника тарихы жөнінде жазылған бірнеше еңбектердің авторы.— 369.
- Прайс* (Price), Ричард (1723—1791) — ағылшын публицисі, экономист, әрі философ-моралист, буржуазияшыл радикал.— 434—436, 438.
- Прудон* (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865) — француз публицисі, экономист, әрі социолог, ұсақ буржуазияның идеологі, анархизмнің алғашқыларының бірі.— 47, 379—381, 390, 663, 679, 908, 909.

## P

- Райт* (Wright), Ишабод Чарлз — XIX ғасырдың орта шенінде болған ағылшын банкирі.— 577, 580.
- Рамсей* (Ramsay), Джордж (1800—1871) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның кейінгі шыққан өкілдерінің бірі.— 46, 52, 306, 397, 416, 417, 834.
- Рассел* (Russell), Джон (1792—1878) — ағылшынның мемлекет қайраткері, вигтердің көсемі, премьер-министр (1846—1852 және 1865—1866).— 457.
- Редгрейв* (Redgrave), Александр — Англиядағы фабрика инспекторы.— 112, 146, 148.
- Реден* (Reden), Фридрих Вильгельм Отто Людвиг фон (1804—1857) — неміс статистигі.— 514.
- Редклифф* (Radcliffe), Джон Неттен (1826—1884) — ағылшынның дәрігер-эпидемиологі, құрметті секретарь (1862—1867), әрі Эпидемиолог қоғамының президенті (1875—1877); халықтың денсаулығын зерттеп біліп тұратын құпия кеңестің жанындағы инспекторлардың бірі (1869—1883).— 108.
- Рикардо* (Ricardo), Давид (1772—1823) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның ең ірі өкілдерінің бірі.— 12, 21, 45, 53, 74, 119, 127, 196, 200, 201, 217, 221—223, 246, 260, 261, 264—266, 273, 284, 285, 356, 367, 472, 599—602, 706—707, 717, 730, 738, 740, 810, 812, 829, 877, 906, 909.
- Ричи* (Ritchie), К. Т.— XIX ғасырдың соңғы кезінде болған ағылшын банкирі.— 596.
- Родбертус-Ягецов* (Rodbertus-Jagetzow), Иоганн Карл (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, әрі саяси қайраткері,

- буржуазияланып болған пруссия юнкерлігінің идеологиясының «мемлекеттік социализмінің» реакцияшыл идеяларының жарышысы.— 11, 12, 151, 836, 861, 918.
- Родс** (Rhodes), Сесиль Джон (1853—1902) — ағылшынның саяси қайраткері, империализмнің итаршысы, Англияның отарлау басқыншылығын ұйымдастырушы басшылардың бірі.— 980.
- Родуэлл** (Rodwell), Уильям — XIX ғасырда ағылшынның провинциялық банкирінің бірі болған.— 536.
- Рой** (Roy), Генри — ағылшын дәрігері, әрі экономист.— 396, 399.
- Ротшильд** (Rothschild), Джеймс (1792—1868) — Ротшильдердің Париждегі банкирлік үйінің басшысы.— 512.
- Рошер** (Roscher), Вильгельм Георг Фридрих (1817—1894) — немістің тұрпайы экономисі, Лейпциг университетінің профессоры, саяси экономиядағы тарихи мектеп деп аталатын мектептің негізін салушы.— 247, 337, 356, 438, 895.
- Рубишон** (Rubichon), Морис (1766—1849) — француздың тұрпайы буржуазияшыл экономисі.— 675, 869, 872.
- С**
- Саймон** (Simon), Джон (1816—1904) — ағылшын дәрігері, Күпия кеңестің жанындағы медициналық инспектор, «Халық денсаулығының» есептері дейтін журналды редакциялаған.— 104, 106, 108.
- Сениор** (Senior), Нассау Ульям (1790—1864) — ағылшынның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, капитализмнің итаршысы, жұмыс күнін қысқартуға қарсы шыққан.— 41, 52.
- Сен-Симон** (Saint-Simon), Анри (1760—1825) — француздың ұлы социалист-утописті.— 660, 661.
- Сименс** (Siemens), Фридрих (1826—1904) — неміс инженері, Англияда тұрған, өзінің ағасы Вильгельм Сименстің көмегі арқасында 1856 жылы регенеративті балқытқыш пешті жасап шығарған, бұл пеш кейінде болат өндіретін мартендік процеске қолданылды.— 81.
- Сисмонди** (Sismondi), Жан Шарль Леонар *Сисмонде де* (1773—1842) — швейцар экономисі, капитализмнің ұсақ буржуазияшыл сыншысы, экономикалық романтизмнің көрнекті өкілі.— 514—515, 863.
- Смит** (Smith), Адам (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның ең ірі өкілдерінің бірі.— 154, 209, 210, 217, 234, 247, 261, 356, 361, 364, 421, 436, 520, 521, 610, 816, 833—834, 839—842, 855, 900, 911, 916, 917, 919.
- Смит** (Smith), Эдуард (1818—1874 шамасы) — ағылшын дәрігері, жұмысшы аудандарында тұратын халықтардың ішіп-жейтін тамақтарын зерттеп отыру жөнінде құрылған Күпия кеңестің консультанты, әрі уәкілі, кедейлер туралы қамқорлық жасайтын комитеттің мүшесі.— 105, 106.
- Стюарт** (Steuart), Джеймс (1712—1780) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, меркантилизмнің ең соңғы шыққан өкілдерінің бірі, ақшаның сан теориясына қарсы болған.— 253, 362, 400, 844.
- Сэй** (Say), Жан Батист (1767—1832) — француздың тұрпайы буржуазияшыл экономисі, «өндірістің үш факторының» апологеттік теориясын жүйелі түрде бірінші болып байымдаған.— 306, 906, 911, 912.
- Т**
- Такет** (Tuckett), Джон Дебелл (1864 ж. өлген) — ағылшын тілінде 1846 жылы Лондонда шыққан «Еңбекші халықтың өткендері және қазіргі жағдай»

- ларының тарихы» деген екі томды еңбектің авторы.— 657.
- Теренций** (Публий Теренций Афер) (біздің заманымызға дейінгі 185—159 шамасы) — римнің атақты драматург-комедиографы.— 246.
- Тёрнер** (Turner), Чарлз — ағылшын көпесі, XIX ғасырдың алғашқы жартысында Индиямен сауда жүргізген Ливерпульдегі сауда фирмаларының басшысы.— 453, 457, 526.
- Токавилль** (Toqueville), Алексис (1805—1859) — француздың буржуазияшыл тарихшысы, әрі саяси қайраткер, легитимист және конституциялық монархияның жақтаушысы.— 863.
- Томас** (Thomas), Сидни Джилкрист (1850—1885) — ағылшынның белгілі металлургі, әрі өнер тапқышы.— 81.
- Торренс** (Torrens), Роберт (1780—1864) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, «ақша айналымының принципі» дейтін «принципті» ұстап шыққан мектептің жақтаушысы.— 45, 46, 52, 119, 389, 596.
- Тук** (Тооке), Томас (1774—1858) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, саяси экономияның классикалық мектебіне қосылған, Рикардоның ақша теориясын сынаған сыншы, көп томды «Бағалар теориясы» дейтін еңбектің авторы.— 389, 396, 406, 407, 441, 442, 444, 459, 482, 486—490, 493, 496, 497, 503, 533, 576—577, 591—592, 602, 610, 622, 626, 668, 908.
- Тун** (Thun), Альфонс (1853—1885) — немістің буржуазияшыл тарихшысы.— 982.
- Туэлс** (Twells), Джон — XIX ғасырдың орта шенінде болған ағылшын банкирі.— 560—561, 613—614.
- Тьер** (Thiers), Адольф (1797—1877) — француздың буржуазияшыл тарихшысы, әрі мемлекет қайраткері, премьер-министр болған (1836, 1840), республиканың президенті болған (1871—1873), Париж Коммунасының түбіне жеткен жетедет.— 669.
- Тюрго** (Turgot), Анн Робер Жак (1727—1781) — француз экономисі, әрі мемлекет қайраткері; физиократтар мектебінің ең ірі өкілі; финанстардың бас бақылаушысы (1774—1776).—667.

## У

- Уайли** (Wylie), Александр Генри — XIX ғасырдың орта шенінде болған ағылшын көпесі.— 570, 605—607.
- Уилсон** (Wilson), Джемс (1805—1860) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, әрі саяси қайраткері, «Economist» журналының негіздеушісі және редакторы, 1853—1858 жылдары казначейліктің (финанс министрлігінің) хатшысы, фритредер, ақшаның сан теориясы дейтін теорияның қас жауы.— 486, 493, 585, 586, 593, 594, 602, 616, 630—635, 637—638.
- Уилсон-Паттен** (Wilson-Patten), Джон (1802—1892) — ағылшынның саяси қайраткері, тори, кейінде консерватор болған, парламент мүшесі.— 103.
- Уолтон** (Walton), Альфред А. (1816 ж. туған) — ағылшынның демократиялық қозғалысының қайраткері, архитектор, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1867—1870), ағылшынның жер иелігінің тарихы жөнінде жазылған кітаптардың авторы.— 665—666.
- Уэгелин** (Weguelin), Томас — ағылшын коммерсанты, либерал, парламент мүшесі, 1857 жылы Англия банкісінің бастығы болған.— 493, 545—546, 550—552, 570—571, 579, 615, 633.
- Уэйкфилд** (Wakefield), Эдуард Гиббон (1796—1862) — ағылшынның мемлекет қайраткері, экономист, буржуазияшыл отарлау теориясын көтерген.— 821, 826.
- Уэст** (West), Эдуард (1782—1828) — ағылшын экономисі,

классикалық буржуазиялық саяси экономия өкілдерінің бірі, жер рентасы мәселелерін жасап шығарған.— 265, 717.

## Ф

- Феллер* (Feller), Фридрих Эрнст (1800—1859) — неміс филологі, бірнеше сөздіктерді құрастырушы.— 344.
- Фёлин* — немістің XVI ғасырда болған сауда үйі.— 966.
- Фиреман* (Fireman), Петер (1863 ж. туған) — америка химигі, Россияда туып, Германияда тұрған; пайданың орта нормасы туралы деген мақаланың авторы.— 16, 19, 20, 26.
- Форкад* (Forcade), Эжен (1820—1869) — француздың буржуазияшыл публицисі; тұрпайы экономист.— 908—909.
- Фосетт* (Fawcett), Генри (1833—1884) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Джон Стюарт Милльдің жолын ұстаушы; саяси қайраткер, виг.— 674.
- Фридрих II* (1194—1250) — сицилия королі, Қасиетті Рим империясы деп аталатын империяның императоры (1212—1250).— 653.
- Френсис* (Francis), Джон (1810—1866) — ағылшынның банк чиновнигі, тұрпаны экономист, банкі ісінің тарихы жөнінде жазылған еңбектің авторы.— 657—659.
- Фуггер* — немістің XV—XVII ғасырларда сауда өсімін алып отырған ең ірі үйі.— 970.
- Фуллартон* (Fullarton), Джон (1780—1849) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналымы және кредит мәселелері жөнінде жазылған еңбектердің авторы, ақшаның сан теориясының қас-жауы.— 445, 486, 493—499, 503, 504, 509, 600.
- Фурье* (Fourier), Шарль (1772—1837) — француздың ұлы социалист-утописті.— 661, 822.
- Фэрберн* (Fairbairn), Уильям

(1789—1874) — ағылшын фабриканты, инженер, әрі өнер тапқыш.— 102.

## Х

- Хаббард* (Hubbard), Джон Геллибранд (1805—1889) — ағылшынның саяси қайраткері, консерватор, парламент мүшесі (1859—1868 және 1874—1887); Англия банкінде директор болғандардың бірі.— 456, 582, 596, 602—604, 629, 642.
- Хардкасл* (Hardcastle), Даниэл — «Банкілер мен банкирлер» деген, 1842 жылы Лондонда шыққан кітаптың авторы.— 597, 667.
- Хейд* (Heyd), Вильгельм (1823—1906) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, орта ғасырларда сауда тарихы жөнінде жазылған кітаптардың авторы.— 972—973.
- Хендерсон* (Henderson), XIX ғасырдың екінші жартысында кедейлер туралы камкорлық жасайтын блэкберн комитетінің президенті.— 146.
- Херреншванд* (Herrenschwand), Жан (1728—1812) — швейцарияның буржуазияшыл экономисі.— 145.
- Хёхштеттер* — немістің XVI ғасырдағы сауда үйі. 982.
- Хирифогель* — немістің XVI ғасырдағы сауда үйі.— 972.
- Ходжсон* (Hodgson), Адам — ағылшын банкирі, ливерпульдің XIX ғасырдың 40-шы жылдарындағы акционерлік банкінің директоры.— 452, 453, 534, 535.
- Хорнер* (Hogner), Леонард (1785—1864) — ағылшын геологі, әрі қоғам қайраткері, фабрика инспекторы (1833—1856), жұмысшылардың мүддесін қорғап шығушы.— 101, 102, 109, 137, 140.
- Хюльман* (Hüllman), Карл Дитрих (1765—1846) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, орта

ғасырдың тарихы жөнінен жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.— 349, 351, 642—643.

## Ц

*Цвильхенбарт* (Zwilchenbart), Р.— швейцарияның XIX ғасырдың алғашқы жартысында болған көпесі.— 512.

## Ч

*Чайлд* (Child), Джозая (1630—1699) — ағылшынның экономист-меркантилисі, банкир, әрі көпес.— 436, 648—649.

*Чалмерс* (Chalmers), Томас (1780—1847) — ағылшынның протестант теологі, әрі буржуазияшыл экономист, Мальтустің жолын қуушы.— 269, 270, 484.

*Чапмен* (Chapman), Давид Баркли — Оверенд, Герни және К<sup>о</sup> фирмаларының XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы өкілі.— 472, 561—562, 579—581, 584—592, 627.

*Чемберлен* (Chamberlen, немесе Chamberlayne), Хью (1630—1720) — ағылшын дәрігері, әрі экономист, XVII ғасырдың соңғы кезінде жер банкіні құрудың жобасын ұсынған, осы жобаны өсімқорлықтан құтылудың құралы деп білген.— 647.

## Ш

*Шеве* (Chevè), Шарль Франсуа (1813—1875) — француздың ұсақ буржуазияшыл публицисі, әрі социолог.— 379.

*Шербюлье* (Cherbuliez), Антуан Элизе (1797—1869) — швейцария экономисі, Сисмондидің жолын қуған, Сисмонди теориясын Рикардо теориясының элементтерімен ұштастырған.— 173.

*Шиллер* (Schiller), Фридрих (1759—1805) — немістің ұлы жазушысы.— 877.

*Шмидт* (Schmidt), Конрад (1863—1932) — неміс экономисі, әрі философ, өз қызметінің алғаш-

қы кезінде Маркстің экономикалық ілімін тұтыңған, кейінде марксизмнің буржуазияшыл дұшпандарына қосылып кеткен, ревизионизмнің идеялық сүйеніштерінің бірі болған еңбектің авторы.— 14—16, 21, 23, 26, 961.

*Шоу* (Shaw), Джордж Бернард (1856—1950) — ағылшынның аса зор драматургі, әрі публицист, 1884 жылдан бастап Фабий қоғамының мүшесі.— 13.

*Штибелинг* (Stiebeling), Георг — американ статистигі, әрі ұсақ буржуазияшыл публицист, шыққан тегі — неміс, АҚШ-тағы I Интернационал секциялары Орталық комитетінің мүшесі, жікшілдік әрекеті үшін кейінде Интернационалдан шығарылған, Солтүстік Американың Социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі; экономика тақырыбына жазылған бірсыпыра макалалардың авторы.— 25, 26.

*Шторх*, Андрей Карлович (Генрих) (1776—1835) — орыс экономисі, статистик, әрі тарихшы, Петербург Ғылым академиясының мүшесі; буржуазиялық классикалық саяси экономияның эпигоны.— 200, 716, 900, 911—912, 917.

## Э

*Энгельс* (Engels), Фридрих (1796—1860) — Ф. Энгельстің әкесі.— 517.

*Энгельс* (Engels), Фридрих (1820—1895).— 3—26, 58, 68, 79—87, 122, 133, 134, 136, 139, 150, 166, 183, 194, 249, 250, 286—288, 330, 367, 368, 395, 401, 426, 427, 441, 447—451, 457, 458, 470—472, 477, 480—482, 499—501, 517, 519, 521—523, 538, 551, 569, 576, 579—580, 596, 599—602, 607—610, 616—617, 623, 627—629, 639, 661, 730, 763—764, 772—789, 803, 809, 841, 876, 881, 955—982.

*Эпикур* (біздің заманымызға дейінгі 341 шамасы — 270 шамасы).— көне гректің аса зор фи-

лософ-материалисі, атеист.—  
363, 654.

*Эшли* (Ashley), Антони Купер,  
граф Шефтсбери (1801—  
1885) — ағылшынның саяси  
қайраткері, 40-шы жылдары  
парламентте тори-филантроп-  
тар тобын басқарған, 1847  
жылдан виг.— 673.

## Ю

*Юм* (Hume), Давид (1711—  
1776) — ағылшын философы,  
субъективтік идеалист, агнос-  
тик; буржуазияшыл тарихшы,

әрі экономист, меркантилизмнің  
қас жауы, ақшаның сан теория-  
сының ертеректегі өкілдерінің  
бірі.— 413, 600.

*Юр* (Ure), Эндрью (1778—1857) —  
ағылшын химигі, тұрпайы эконо-  
мист, өнеркәсіп экономикасы  
жөнінен жазылған бірсыпыра  
еңбектердің авторы.— 92, 116,  
415.

## Я

*Яков I* (1566—1625) — ағылшын  
королі (1603—1625).— 656.



**ЦИТАТ АЛЫНҒАН  
ЖӘНЕ АТАП ӨТІЛГЕН  
ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТКІШІ\***

- Anderson, A.* An Historical and chronological deduction of the origin of commerce, from the earliest accounts to the present time. Vol. II. London, 1764 (*Андерсон, А.* Сауда туралы ең ертедегі мәліметтерден бастап осы кездің мәліметтеріне дейінгі сауданың тарихи және хронологиялық очеркі. II том, Лондон, 1764).— 359
- Anderson, J.* A Calm investigation of the circumstances that have led to the present scarcity of grain in Britain. London, 1801 (*Андерсон Дж.* Британияда астықтың қазіргі қымбатшылығына жеткізген жағдайларды әділ зерттеу. Лондон, 1801).— 665.
- \* *Aristoteles.* De republica libri VIII. In: *Aristotelis opera ex recensione I. Bekkeri.* Tomus X. Oxonii, 1837 (*Аристотель.* Саясат (сегіз кітап). Кітапта: *Аристотель.* Шығармалар. Бастырып шығарушы И. Беккер. X том. Оксфорд, 1837).— 414
- Arnd, K.* Die naturgemässe Volkswirtschaft, gegenüber dem Monopoliengeiste und dem Communismus, mit einem Rückblicke auf die einschlagende Literatur. Hanaу, 1845 (*Арнд, К.* Табиғатқа сәйкес келетін, монополиялар мен коммунизм рухына қарсы қоя алынған саяси экономия және осыған қатысы бар әдебиеттерге жасалған шолу. Ханау, 1845).— 390, 850.
- Augier, M.* Du crédit public et de son histoire depuis les temps anciens jusqu'а nos jours. Paris, 1842 (*Ожье, М.* Қоғамдық кредит туралы және оның ерте заманнан бастап біздің заманымызға дейінгі тарихы туралы. Париж, 1842).— 639.
- Babbage, Ch.* On the economy of machinery and manufactures. London, 1832 (*Баббедж, Ч.* Фабрикалық өндірістің экономикасы туралы. Лондон, 1832).— 118, 128.
- Bank Credit; or the Usefulness and security of the bank of credit*

---

\* Белгілі бір еңбектің Маркс қай басылымынан пайдаланғандығын кәміл анықтау мүмкіндігі болмаған реттерде бұл көрсеткіште сол еңбектердің бірінші басылымы келтіріліп отыр. Жасырын атпен шыққан кітаптар авторларының анықталған есімдері шаршы жақшаның ішіне алынды Орыс тіліне аударылған еңбектер жұлдызшамен белгіленді.

- examined, in a dialogue between a country gentleman and a London merchant (Банктер кредиті, немесе Село дворяндары мен Лондон көпестерінің екі арасында тіл табу түрінде банкілердің қатынас жасайтын кредитінің пайдальылығы мен сенімді ақтай алатындығын зерттеу).— 650—651.
- Bastiat, Fr. Gratuité du crédit. Discussion entre M. Fr. Bastiat et M. Proudhon. Paris, 1850 (Бастиа, Фр. Кредиттің басы бүтін берілуі. Фр. Бастиа мырза мен Прудон мырзаның арасында болған айтыс-тартыс. Париж, 1850).— 372—373.*
- Bell, G. M. The Philosophy of joint stock banking. London, 1840 (Белл, Дж. М. Ақционерлік банкілердің философиясы. Лондон, 1840).— 589.*
- Bellers, J. Essays about the poor, manufactures, trade, plantations, and immorality. London, 1699 (Беллерс, Дж. Кеденлер туралы, өнеркәсіп, сауда, отарлар және адамгершілігі жоқтар туралы очерктер. Лондон, 1699).— 310.*
- Bemerkung zu dem Aufsätze des Herrn Stiebeling: «Ueder den Einfluß der Verdichtung des Kapitals auf den Lohn und die Ausbeutung der Arbeit». In: «Neue Zeit» № 3, 1887 (Штибеллинг мырзаның: «Қапиталдың шоғырлануының еңбек ақыға және еңбекті қанауға жасайтын ықпалы туралы» деген мақаласы жөніндегі пікірлер. «Neue Zeit» журналының 3-номері, 1887).— 29.*
- Bosanquet, J. W. Metallic, paper, and credit currency, and the means of regulating their quantity and value. London, 1842 (Бозанкет, Дж. У. Металл, қағаз, кредиттік ақшалар және олардың сапасы мен құнын айырып отыратын құрал. Лондон, 1842).— 399. 431.*
- Briscoe, J. A Discourse on the late funds of the million-act, lottery-act, and Bank of England. Shewing, that they are injurious to the nobility and gentry, and ruinous to the trade of the nation. Together with proposals for the supplying their majesties with money on easy terms, exempting the nobility, gentry & c from taxes, enlarging their yearly estates, and enriching all the subjects in the Kingdom, by a national landbank. The third edition. London, 1696 (Бриско, Дж. Бұлардың аристократия мен дворяндар жөніндегі көзқарастарының теріс екендігін және ұлт саудасы үшін қырсықты екенін көрсететін миллион туралы жасалған актілер бойынша лотерея мен Ағылшын банкінен алынған ең соңғы қорлар туралы жазылған очерк. Сондай-ақ ұлттық егіншілік банкінің көмегі арқылы олардың биік мәртебесін жеңілдік жағдайлармен берілетін ақшалармен қалай қамтамасыз ету керек, мұнымен қоса шонжарларды, ұсақ дворяндарды және тағы басқаларын салықтардан босатып жіберуді, олардың жылдық табыстарын молайта және корольдің қол астындағылардың бәрін дәулеттендіре беруді қалай қамтамасыз ету керек деген ұсыныстар. Үшінші басылымы. Лондон, 1696).— 648.*
- Buret, E. Cours d'économie politique. Bruxelles, 1842 (Бюре, Э. Саяси экономика күрсі. Брюссель. 1842).— 165.*
- Büsch, J. G. Theoretisch-praktische Darstellung der Handlung in ihren mannichfaltigen Geschäften. Band II. 3. Ausgabe. Hamburg, 1808 (Бюш, И. Г. Сауданың алуан салалы түрлерінің теориялық-практикалық жағынан бейнеленуі. II том. 3-басылымы. Гамбург, 1808).— 659.*
- Cairnes, I. E. The Slave power: its character, career, and probable designs: being an attempt to explain the real issue involved in the american contest. London, 1862 (Кернс, Дж. Э.*

- Құлдық нелену: оның сипаты, жолы және ықтимал болашақтары. Американдық дау-шарларының негізі болып отырған тайталастардың шын сырларын түсіндіруге жасалған әрекет. [Лондон, 1862].— 413.
- [*Cantillon, R.*] *Essai sur la nature du commerce en général*. In: *Discours politiques*. Tome III. Amsterdam, 1756 ([*Кантильон, Р.*] Жалпы алғанда сауда табиғаты туралы тәжірибелер. Саяси трактаттар деген кітапта. III том, Амстердам, 1756).— 844.
- Carey, H. C.* *The Past, the present, and the future*. Philadelphia, 1848 (*Кэри, Г. Ч.* Өткендегі, қазіргі және болашақтағы іс. Филадельфия, 1848).— 665.
- Carey, H. Ch.* *Principles of social science*. Vol. III. Philadelphia, 1859 (*Кэри, Г. Ч.* Әлеуметтік ғылымдардың басталуы. III том. Филадельфия, 1859).— 428
- Chalmers, Th.* *On political economy in connexion with the moral state and moral prospects of society*. Second edition. Glasgow, 1832 (*Чалмерс, Т.* Қоғамның адамгершілік жайы мен адамгершілік болашақтарына байланысты саяси экономия туралы. Екінші басылымы. Глазго, 1832).— 266—267, 475—476.
- Chamberlayne, H.* *A Proposal by Dr. Hugh Chamberlayne, in Essex Street, for a bank of secure current credit to be founded upon land, in order to the general good of landed men, to the great increase of the value of land, and the no less benefit of trade and commerce*. [London], 1695 (*Чемберлен, Х.* Д-р Хью Чемберленнің Эссексстриттен жиберген мынадай ұсынысы бар: жер иелерінің жалпы жағдайын арттыруды, жердің құнын мейлінше көтеруді және кәсіп иелігі мен сауда үшін қажетті пайданы кем бермеуді мақсат етіп, ауыл шаруашылығына керек ағымдағы кредитті үзбей беріп отыра алатын банк құрылсын. [Лондон], 1695).— 648.
- Cherbuliez, A.* *Richesse ou pauvreté. Exposition des causes et des effets de la distribution actuelle des richesses sociales*. Paris, 1841 (*Шербюлье, А.* Байлық немесе кедейлік. Қоғам байлығын қазіргі кездегі бөлудің себептері мен салдарларын байымдау. Париж, 1841).— 175.
- Child, J.* *Traité sur le commerce et sur les avantages qui résultent de la réduction de l'intérêt de l'argent. Avec un petit traité contre l'usure, par Thomas Cullen*. Traduits de l'Anglois. Amsterdam et Berlin, 1754 (*Чайлд, Дж.* Ақшадан алынатын процентті кемітуден шығатын сауда туралы және алынатын пайда туралы трактаттар. Өсімқорлыққа қарсы Томас Қалпепер жазған кішкентай трактат. Ағылшын тілінен аударма. Амстердам және Берлин, 1754).— 427, 649—650.
- The City; or, the Physiology of London business; with sketches on change, and at the coffee houses*, London, 1845 (Сити, немесе Лондон кәсіп иелілігінің физиологиясы биржа туралы және кофеһи саудасы үйлері туралы очерктері басылған, Лондон, 1845).— 419.
- Comte, Ch.* *Traité de la propriété*. Tomes I—II. Paris, 1834 (*Конт, Ш.* Меншік туралы трактат. I—II томдар. Париж, 1834).— 653.
- Coquelin, Ch.* *Du Crédit et des banques dans l'industrie*. In: «*Revue des deux Mondes*», série IV, tome XXXI, 1842 (*Коклен, Ш.* Өнеркәсіп орындарындағы кредит пен банкілер туралы. «*Revue des deux Mondes*» журналында. IV серия, XXXI том, 1842).— 432.
- Corbet, Th.* *An Inquiry into the causes and modes of the wealth of individuals; or the Principles of trade and speculation explained*. London, 1841 (*Корбет, Т.* Кейбіреулердің баю себептері

- және оны үйренудің тәсілдері туралы зерттеу; немесе Сауда мен жалдаптықтың принциптерін түсіндіру. Лондон, 1841).— 183, 188, 200, 227, 332.
- The Currency theory reviewed; in a letter to the scottish people. By a banker in England. Edinburgh, 1845 (Ақша айналымының теориясы. Ағылшын банкирінің Шотландия халқына жолдаған хаты. Эдинбург, 1845).— 437, 446, 467, 512, 563.
- Daire, E.* Introduction sur la doctrine des physiocrates. In: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Première partie. Paris, 1846 (Дэр, Э. Физиократтардың ілімі туралы кіріспе мақала. Бұл кітапта: Физиократтар. Кіріспе мақаласы мен түсіндірмелері, комментарийлері Э. Дэрдікі. Бірінші бөлім. Париж, 1846).— 846.
- \* *Doctrine de Saint-Simon.* Exposition. Première année. 1828—1829. Troisième édition. Paris, 1831 (Сен-Симонның ілімі. Байымдау. Бірінші жыл. 1828—1829. Үшінші басылымы. Париж, 1831).— 652.
- Dombasle, M.* Annales agricoles de Roville, ou Mélanges d'agriculture, d'économie rurale et de législation agricole. Paris, 1824—1837 (Домбаль, М. Ровиль ауыл шаруашылығының жылнамасы, немесе Ауыл шаруашылығы туралы, оның экономикасы туралы және оған қатысы бар заң туралы. Париж, 1824—1837).— 817.
- Dove, P. E.* The Elements of political science. Edinburgh, 1854 (Дав, П. Э. Саяси ғылымның негіздері. Эдинбург, 1854).— 679, 685.
- Dureau de La Malle, A. J.* Economie politique des Romains. Tome I. Paris, 1840 (Дюро де Ла Маль, А. Ж. Римдіктердің саяси экономиясы. I том, Париж, 1840).— 115.
- [*Enfantin, B. P.*] Religion saint-simonienne. Economie politique et politique. Paris, 1831 ([*Анфантен, Б. П.*] Сен-симонистердің діні. Саяси экономия және саясат. Париж, 1831).— 650—651, 655.
- \* *Engels, F.* Die Lage der arbeitenden Klasse in England. Nach eigener Anschauung und authentischen Quellen. Leipzig, 1845 (Энгельс, Ф. Англиядағы жұмысшы табының жағдайы. Өзінің байқауларым мен көз жеткен деректер бойынша. Лейпциг, 1845).— 833.
- \* *Engels, F.* Editor's preface. In: *K. Marx.* Capital: a critical analysis of capitalist production. Vol. I. London, 1887 (Энгельс, Ф. Бастырушының алғысөзі. Кітапта: К. Маркс. Капитал. Капиталистік өндірісті сын көзімен талдау. I том. Лондон, 1887).— 511.
- Feller, F. E. und Odermann, C. G.* Das Ganze der kaufmännischen Arithmetik. Siebente Auflage. Leipzig, 1859 (Феллер, Ф. Э. Одерман, К. Г. Көпестік арифметиканың толық курсы. Жетінші басылуы. Лейпциг, 1859).— 338.
- Fireman, P.* Kritik der Marx'schen Werttheorie. In: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», dritte Folge, Band III, 1892 (Фиреман, П. Маркстік құн теориясына сын. Мына журналда: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», үшінші серия, III том, 1892).— 16, 19.
- Forcade, E.* La guerre du socialisme. II. L'économie politique révolutionnaire et sociale. In: «Revue des deux Mondes» nouvelle série, tome XXIV. Paris, 1848 (Форкад, Э. Социализм соғысы. II. Революциялық және әлеуметтік саяси экономия. Мына журналда: «Revue des deux Mondes», жаңа серия. XXIV том. Париж, 1848).— 910—911.
- Francis, J.* History of the Bank of England, its times and traditions. Third edition. Vol. I. London, 1848 (Фрэнсис, Дж.

- Ағылшын банкісінің тарихы, оның заманы мен дәстүрлері. Үшінші басылуы. I том. Лондон, 1848).— 648, 651.
- Fullarton, J.* On the regulation of currencies; being an examination of the principles, on which it is proposed to restrict, within certain fixed limits, the future issues on credit of the Bank of England, and of the other banking establishments throughout the country. Second edition with corrections and additions. London, 1845 (*Фуллартон, Дж.* Айналыс қаржыларын реттеу туралы, принциптердің, принциптер болғанда негізінде Ағылшын банкінің және елдің баска да банк мекемелерінің эмиссиялық қызметін қатаң белгіленген шеңберлерде болашақта тежеу ісі ұсынылып отырған принциптердің талдауы. Түзетіліп, толықтырылған екінші басылуы. Лондон, 1845).— 436, 485, 501, 503—505, 509.
- Gilbart, J. W.* The History and principles of banking. London, 1834 (*Гилбарт, Дж. У.* Банкі жүйелерінің тарихы мен принциптері. Лондон, 1834).— 364, 448—449, 670.
- Gilbart, J. W.* An Inquiry into the causes of the pressure on the money market during the year 1839. London, 1840 (*Гилбарт, Дж. У.* Ақша рыногінің 1839 жылғы жабырқанқы күйінің себептерін зерттеу. Лондон, 1840).— 595, 599—601, 617—618.
- Gilbart, J. W.* A Practical treatise on banking. Fifth edition. In two volumes. Vol. I. London, 1849 (*Гилбарт, Дж. У.* Банкі жүйесі туралы нақты трактат. Бесінші басылуы. Екі том. I том, Лондон, 1849).— 388.
- [*Greg. R. H.*] The Factory question, considered in relation to its effects on the health and morals of those employed in factories. And the «ten hours bill», in relation to its effects upon the manufactures of England, and those of foreign countries. London, 1837 (*Грег, Р. Х.*) Фабрикаларда жұмыс істейтіндердің денсаулығы мен адамгершілігіне әсер ету тұрғысынан қаралатын фабрикалық мәселе. Және де Англия мен баска да елдердің өнеркәсібіне он сағаттық жұмыс күні туралы билльдің әсер етуі тұрғысынан «он сағаттық жұмыс күні туралы билль». Лондон, 1837).— 119.
- Hamilton, R.* An Inquiry concerning the rise and progress, the redemption and present state, and the management, of the national debt of Great Britain. Second edition, enlarged. Edinburgh, 1814 (*Гамильтон, Р.* Великобританияның ұлттық борышының шығуы мен өсуі, оның өтелуі мен қазіргі күйі және реттеліп отыру жағдайы туралы зерттеу. Түзетіліп, екінші басылуы. Эдинбург, 1814).— 430.
- Hardcastle, D.* Banks and Bankers. Second edition. London, 1843 (*Хардкасл, Д.* Банкілер және банкирлер. Екінші басылуы. Лондон, 1843).— 589, 658.
- \* *Hegel, G. W. F.* Encyclopädie der philosophischen Wissenschaften im Grundrisse. Theil I. Die Logik. Werke. Band VI. Berlin, 1840 (*Гегель, Г. В. Ф.* Қысқаша очерк түріндегі философия ғылымдарының энциклопедиясы. I бөлім. Логика. Шығармалар. VI том. Берлин, 1840).— 839.
- \* *Hegel, G. W. F.* Grundlinien der Philosophie des Rechts. Werke. Zweite Auflage. Band VIII. Berlin, 1840 (*Гегель, Г. В. Ф.* Право философиясының негіздері. Шығармалар. Екінші басылуы. VIII том. Берлин, 1840).— 662.
- Heyd, W.* Geschichte des Levantehandels im Mittelalter. Band II. Stuttgart, 1879 (*Хейд, В.* Орта ғасырдағы левантия саудасының тарихы. II том. Штутгарт, 1879).— 985—986.
- \* [*Hodgskin, Th.*] Labour defended against the claims of capital; or,

- the Unproductiveness of capital proved. With reference to the present combinations amongst journeymen. By a labourer. London, 1825 ([Годскин, Т.] Капиталдың ындынына қарсы еңбекті қорғау, немесе Капиталдың өнімсіздігін дәлелдеу. Жалдама жұмысшылар арасындағы қазіргі бірлестіктер туралы ескертулері бар. Жұмысшы шығармасы. Лондон, 1825).—416, 429.
- Hubbard, J. G.* The Currency and the country. London, 1843 (*Хаббард, Дж. Г.* Айналым қаржысы және ел. Лондон, 1843).—450—452.
- Hüllmann, K. D.* Städtewesen des Mittelalters. Theile I—II. Bonn, 1826—1827 (*Хюльман, К. Д.* Орта ғасырдағы қалалар. I—II бөлім. Бонн, (1826—1827).—343, 345—346.
- Hume, D.* Of interest (1752). In: *Hume, David.* Essays and treatises on several subjects. A new edition. In two volumes. Vol. I, containing Essays, moral, political, and literary. London, 1764 (*Юм, Д.* Процент туралы (1752). Мына кітапта: *Юм, Дэвид.* Түрліше мәселелер жөнінде жазылған очерктер мен трактаттар. Жаңа басылым. Екі томдық. I том, бұған моральдық, саяси және әдеби очерктер кірген. Лондон, 1764).—405.
- An Inquiry into those principles, respecting the nature of demand and the necessity of consumption, lately advocated by Mr. Malthus, from which it is concluded, that taxation and the maintenance of unproductive consumers can be conducive to the progress of wealth. London, 1821 (Мальтус мырза жақында жақтап шыққан негіздерді зерттеу, бұл негіздер сұраныс пен тұтыну қажеттігінің табиғатына қатысты және бұлардан келіп мынадай қорытынды шығарылады: салықтар және өнім өндірмейтін тұтынушыларды қамтамасыз ету байлықтың өсуіне көмектеседі. Лондон, 1821).—213, 693.
- Interest of money mistaken, or a Treatise, proving, that the abatement of interest is the effect and not the cause of the riches of a nation, and that six per cent is a proportionable interest to the present condition of this kingdom. London, 1668 (Ақшадан процент алу туралы қате пікір, немесе проценттік ставканы кеміту ұлт байлығының себебі емес, салдары болып табылады және алты процент корольдігіміздің қазіргі жағдайына сәйкес келетін ставка деп дәлелденетін трактат. Лондон, 1668).—67.
- \* *Johnes, R.* An Essay on the distribution of wealth, and on the sources of taxation. Part I: Rent. London, 1831 (*Джонс, Р.* Байлықтың бөлінуі туралы және салықтардың шығар көзі туралы тәжірибе. I бөлім. Рента. Лондон, 1831).—819.
- \* *Jones, R.* An Introductory lecture on political economy, delivered at King's college, London, 27th February, 1833. To which is added a Syllabus of a course of lectures on the wages of labor. London, 1833 (*Джонс, Р.* Лондондағы Корольдік колледжде саяси экономия жөнінде 1833 жылғы 27 февральда оқылған кіріспе лекция. Жалақы туралы лекциялар курсының просpektісі қоса берілген. Лондон, 1833).—281.
- Johnston, J. F. W.* Notes on North America agricultural, economical, and social. Vol. I. Edinburgh and London, 1851 (*Джонстон, Дж. Ф. У.* Ауыл шаруашылық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Солтүстік Америка туралы ескертпелер. I том. Эдинбург және Лондон, 1851).—668, 724, 727.
- Kiesselbach, W.* Der Gang des Welthandels und die Entwicklung des europäischen Völkerle-

- bens im Mittelalter. Stuttgart, 1860 (*Киссельбах, В.* Орта ғасырларда дүние жүзілік сауданың және Европаның қоғамдық өмірінің даму тарихы. Штутгарт, 1860).— 353.
- Kinnear, J. G.* The Crisis and the currency: with a comparison between the english and scotch systems of banking. London, 1847 (*Киннир, Дж. Г.* Дағдарыс және ақша айналымы: ағылшын мен шотланд банкілерінің жүйелерін салыстыру. Лондон, 1847).— 478, 569.
- Laing, S.* National distress; its causes and remedies. London, 1844 (*Лейнг, С.* Ұлттық күйзеліс, оның себептері және оны жоюдың құралдары. Лондон, 1844).— 832.
- Laing, S.* A New series of the great city frauds of Cole, Davidson, & Gordon, corrected and enlarged. Fifth edition. London [1869] (*Лейнг, С.* Коулдағы, Дейвидсон мен Гордондағы финансы алаяқтығының жаңа түрлері. Толықтырылып, түзетілген бесінші басылуы. Лондон, [1869].— 601.
- \* *Lavergne, L. de.* The Rural economy of England, Scotland, and Ireland. Translated from the French. Edinburgh and London, 1855 (*Лавернь, Л. де.* Англияның, Шотландия мен Ирландияның ауыл шаруашылығы. Француз тілінен аударма. Эдинбург және Лондон, 1855).— 591.
- Leatham, W.* Letters on the currency. Second edition, with corrections and additions. London, 1840 (*Литам, У.* Ақша айналымы туралы хат. Түзетулер мен толықтырулар енгізілген екінші басылуы. Лондон, 1840).— 440.
- Lexis, W.* Die Marx'sche Kapitaltheorie. In: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», neue Folge, Band XI, 1885 (*Лексис, В.* Капиталға берілген маркстік теория. Мына журналда: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», жаңа сериясы, XI том, 1885).— 12.
- Lexis, W.* Kritische Erörterungen über die Währungsfrage. In: «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich» Jahrgang V, Heft I, 1881 (*Лексис, В.* Ақша мәселесі жөніндегі сын толғаныстар. Мына журналда: «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich», V жыл басылған басылымы, I кітап, 1881).— 14.
- \* *Liebig J.* Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agricultur und Physiologie. In zwei Theilen. Siebente Auflage. Theil I: Der chemische Proceß der Ernährung der Vegetabilien. Braunschweig, 1862 (*Либих, Ю.* Химияны егіншілік пен физиологияға пайдалану. Екі бөлімнен құралған. Жетінші басылуы. I бөлім: Өсімдіктерді химиямен қоректендіру процесі. Брауншвейг, 1862).— 802, 876.
- [*Linguet, N.*] Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société. Tomes I—II. Londres, 1767 ([*Ленге, Н.*] Азаматтық заңдар теориясы, немісше Қоғамның негізгі принциптері. I—II томдар. Лондон, 1767).— 97, 857.
- List, F.* Die Ackerverfassung, die Zwergwirthschaft und die Auswanderung. Stuttgart und Tübingen, 1842 (*Лист, Ф.* Жерге қоныстану, мешеу шаруашылық және эмиграция. Штутгарт және Түбинген, 1842).— 966.
- Loria, A.* Die Durchschnittsprofitrate auf Grundlage des Marx'schen Wertgesetzes. Von Dr. Conrad Schmidt. Stuttgart, 1889. In: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», neue Folge, Band XX, 1890 (*Лориа, А.* Д-р Конрад Шмидтің маркстік құн заңының негізінде жасаған пайданың орта нормасы. Штутгарт, 1889. Мына журналда: «Jahrbücher für Na-

- tionalökonomie und Statistik», жаңа сериясы, XX том, 1890).— 23.
- Loria, A.** Karl Marx. In: «Nuova antologia di scienze, lettere ed arti», seconda serie, vol. XXXVIII, № 7, 1 Aprile 1883 (*Лориа, А. Карл Маркс. Мына журналда: «Nuova antologia di scienze, lettere ed arti», екінші сериясы, XXXVIII том, № 7, 1883, 1 апрель»*).— 21.
- Loria, A.** La teoria economica della costituzione politica. Torino, 1886 (*Лориа, А. Саяси құрылыс туралы экономикалық теория. Турин, 1886*).— 21, 22.
- Loria, A.** L'opera postuma di Carlo Marx. In: «Nuova Antologia di scienze, lettere ed arti», terza serie, vol. LV, N 3, 1 Febbraio 1895 (*Лориа, А. Карл Маркстің өлгеннен кейін басылған шығармасы. Мына журналда: «Nuova Antologia di scienze, lettere ed arti», үшінші сериясы, LV том, № 3, 1895, 1 февраль»*).— 970, 971.
- Luther, M.** An die Pfarrherrn wider den Wucher zu predigen. Vermanung. Wittenberg, 1540 (*Лютер, М. Өсімқорлыққа қарсы уағыз жүргізу жөнінде приход священниктеріне берілген тапсырма. Виттенберг, 1540*).— 384, 435—436, 660.
- Luther, M.** Von Kauffshandlung und Wucher. In: Der sechste Teil der Bücher des ehrnwürdigen Herrn Doctoris Martini Lutheri. Wittenbergk, 1589 (*Лютер, М. Сауда мен өсімқорлық туралы. Мына кітапта: есте жүретін доктор Мартин Лютер мырзаның кітабының алтыншы бөлігі. Виттенберг, 1589*).— 366, 364—365.
- Luzac, E.** Hollands rijkdom. Deel III. Leyden, 1782 (*Люзак, Э. Голландияның байлығы. III бөлім. Лейден, 1782*).— 350.
- \* **Macaulay, Th. B.** The History of England from the accession of James the Second. Vol. IV. London, 1855 (*Маколей, Т. Б. Яков II таққа отырғаннан бергі жердегі Англия тарихы. IV том, Лондон, 1855*).— 662.
- \* [**Malthus, Th. R.**] An Essay on the principle of population. London, 1798 ([*Мальтус, Т. Р.*] Халық өсуінің заңы туралы тәжірибе. Лондон, 1798).— 436, 728.
- \* **Malthus, Th. R.** An Inquiry into the nature and progress of rent, and the principles by which it is regulated. London, 1815 (*Мальтус, Т. Р. Рентаның табиғаты мен өсуі туралы, сондай-ақ оны реттеп отыратын принциптер туралы зерттеу. Лондон, 1815*).— 718
- Malthus, Th. R.** Definitions in political economy. London, 1827 (*Мальтус, Т. Р. Саяси экономия анықтамалары. Лондон, 1827*).— 43.
- Idem.** A new edition, with a preface, notes, and supplementary remarks by John Cazenove. London, 1853 (Бұл да сол. Джон Кейзновтың алғы сөзі, ескертулері мен қосымша заметкалары енгізілген жаңа басылымы. Лондон, 1853).— 46.
- Malthus, Th. R.** Principles of political economy considered with a view to their practical application. London, 1820 (*Мальтус, Т. Р. Саяси экономия негіздерін практика жүзінде қолдану тұрғысынан алғанда саяси экономияның негіздері. Лондон, 1820*).— 210.
- Idem.** 2nd edition with considerable additions from the author's own manuscript and an original memoir. London, 1836 (Бұл да сол. Автордың өз қолжазбасына енгізген недәуір қосымшалары мен автордың қысқаша өмір баяны енгізілген екінші басылуы. Лондон, 1836).— 43, 185, 218, 721.
- Maron, H.** Extensiv oder Intensiv? Ein Kapitel aus der landwirtschaftlichen Betriebslehre. Oppeln, 1859 (*Марон, Г. Экстенсивті ме, әлде интенсивті ме? Ауыл шаруашылық өндірісі ту-*



- ралы тарау. Оппельн 1859).— 885.
- \* *Marx, K.* Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie. Erster Band. Buch I: Der Produktionsprocess des Kapitals. Dritte, vermehrte Auflage. Hamburg, 1883 (*Маркс, К.* Капитал. Саяси экономияға сын. I том, I кітап: Капиталдың өндіріс процесі. Толықтырылған, үшінші басылуы. Гамбург, 1883).— 158.
- \* *Idem.* Vierte, durchgesehene Auflage. Hamburg, 1890 (Бұл да сол. Қайта қаралған, төртінші басылуы. Гамбург, 1890).— 5, 10, 11, 16, 20, 29, 33, 35, 41, 45, 47, 48, 52, 57, 58, 59, 85, 90, 95, 97, 98, 104, 105, 107, 145, 154, 157, 175, 178, 199, 244, 246, 247, 254, 271, 288—289, 338, 339, 340—342, 343—345, 349—355, 356—358, 440—450, 490—498, 499—503, 504—509, 535—540, 574—580, 626—630, 648, 657, 671—680, 683—689, 695—707, 831, 875—880, 896—897, 940, 951, 993, 1020, 1107.
- \* *Marx, K.* Le capital. Paris, 1872—1875 (*Маркс, К.* Капитал. Париж, 1872—1875).— 22.
- \* *Marx, K.* Capital: a critical analysis of capitalist production. Ed. by F. Engels. Vol. I—II. London, 1887 (*Маркс, К.* Капитал: капиталистік өндіріске сын талдау. Ф. Энгельстің редакциялауымен бастырылған. I—II том, Лондон, 1887).— 3, 6.
- \* *Marx, K.* Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie. Zweiter Band. Buch II: Der Cirkulationsprocess des Kapitals. Herausgegeben von F. Engels. Hamburg, 1885 (*Маркс, К.* Капитал. Саяси экономия сыны. II том, II кітап: Капиталдың айналыс процесі. Ф. Энгельстің редакциялауымен бастырылған. Гамбург, 1885).— 3—5, 11, 12, 16, 22, 23, 29, 51, 57, 58, 80—82, 84—86, 130, 178, 294, 296, 309, 317, 331, 336, 340, 377, 490, 495, 531, 596, 597, 620, 851, 910, 911, 912, 920.
- \* *Marx, K.* Misère de la philosophie. Réponse a la philosophie de la misère de M. Proudhon. Paris — Bruxelles, 1847 (*Маркс, К.* Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясы» деген еңбегіне жауап. Париж-Брюссель, 1847).— 667, 677.
- \* *Marx, K.* Zur Kritik der politischen Oekonomie. Erstes Heft. Berlin, 1859 (*Маркс, К.* Саяси экономия сыны жөнінде. Бірінші шығуы. Берлин, 1859).— 200, 201, 352, 498, 506, 620—623, 634, 695, 711, 886.
- [*Massie, J.*] An Essay on the governing causes of the natural rate of interest; wherein the sentiments of Sir William Petty and Mr. Locke, on that head, are considered. London, 1750 ([*Масси, Дж.*] Проценттің табиғи нормасын белгілейтін себептер туралы тәжірибе, мұнда сэр Уильям Петти мен Локк мырзаның осы мәселе жөніндегі көзқарастары қарастырылады. Лондон, 1750).— 367, 392, 399, 404, 406—407, 411, 419, 893.
- \* *Maurer, G. L.* Einleitung zur Geschichte der Mark-, Hof-, Dorf- und Stadt-Verfassung und der öffentlichen Gewalt. München, 1854 (*Маурер, Г. Л.* Қауымдық, әр үйлік, селолық және қалалық құрылыс пен қоғамдық өкімет тарихына кіріспе. Мюнхен, 1854).— 190.
- Maurer, G. L.* Geschichte der Dorfverfassung in Deutschland. Bde I—II. Erlangen, 1865—1866 (*Маурер, Г. Л.* Германиядағы селолық құрылыстың тарихы. I—II том. Эрланген. 1865—1866).— 194.
- Maurer, G. L.* Geschichte der Fronhöfe, der Bauernhöfe und der Hofverfassung in Deutschland. Bde I—IV. Erlangen, 1862—1863 (*Маурер, Г. Л.* Германиядағы мырзалар үйлерінің, шаруалар үйлері мен жеке үйлеп құрылысының тарихы.— I—II томдар. Эрланген, 1862—1863).— 192.

- Maurer, G. L.* Geschichte der Markenverfassung in Deutschland. Erlangen, 1856 (*Маурер, Г. Л.* Германиядағы қауымдық құрылыстың тарихы. Эрланген, 1856).— 194.
- Maurer, G. L.* Geschichte der Städteverfassung in Deutschland. Bde I—IV. Erlangen, 1869—1871 (*Маурер, Г. Л.* Германиядағы қалалық құрылыстың тарихы. I—IV томдар. Эрланген, 1869—1871).— 194.
- Mill, J. St.* Essays on some unsettled questions of political economy. London, 1844 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның кейбір шешілмей қалған мәселелері туралы очерктер. Лондон, 1844).— 987.
- \* *Mill, J. St.* Principles of political economy with some of their applications to social philosophy. Second edition. Vol. I. London, 1849 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері және олардың кейбіреулерін элеуметтік философияға қолдану. Екінші басылуы. I том. Лондон, 1849).— 430, 440.
- \* *Mommsen, Th.* Römische Geschichte. Zweite Auflage. Bde I—III. Berlin, 1856—1857 (*Моммзен, Т.* Екінші басылуы. I—III томдар. Берлин, 1856—1857).— 361, 426, 888.
- \* *Morgan, L. H.* Ancient society or Researches in the lines of human progress from savagery, through barbarism to civilization. London, 1877 (*Морган, Л. Г.* Ертедегі қоғам немесе сонау тағылық заманынан басталатын мәдениетсіздікті аттап өтіп цивилизацияға баратын адам прогресінің жолдарын зерттеу. Лондон, 1877).— 194.
- Morton, J. Ch.* On the forces used in agriculture. In: «The Journal of the Society of Arts». Vol. VII, December 9, 1859 (*Мортон, Дж. Ч.* Егіншілікте пайдаланылып отырған күштер туралы. Мына журналда: «The Journal of the Society of Arts». VII том, 1859 ж. 9 декабрь).— 690.
- Morton, J. L.* The Resources of estates: being a treatise on the agricultural improvement and general management of landed property. London, 1858 (*Мортон, Дж. Л.* Помещиктік жер иеліктерінің қорлары: ауыл шаруашылығындағы жақсарған өзгерістер туралы және жер меншігін жалпы басқару туралы трактат. Лондон, 1858).— 691, 738.
- Möser, J.* Osnabrückische Geschichte. Theil I. Berlin und Stettin, 1780 (*Мёзер, Ю.* Оснабрюк тарихы. I бөлім. Берлин және Штеттин, 1780).— 878.
- Mounier, L.* De l'agriculture en France, d'après les documents officiels, avec des remarques par Rubichon. Tomes 1—2. Paris, 1846 (*Мунье, Л.* Францияның ауыл шаруашылығы туралы, Рюбишонның ескертпелері енгізілген ресми документтер бойынша. I—2 томдар. Париж, 1846).— 885, 888.
- Müller, A. H.* Die Elemente der Staatskunst. Theil III. Berlin, 1809 (*Мюллер, А. Г.* Мемлекетті басқару өнерінің негіздері. III бөлім, Берлин, 1809).— 393, 438—439.
- Newman, F. W.* Lectures on political economy. London, 1851 (*Ньюмен, Ф. У.* Саяси экономия жөніндегі лекциялар. Лондон, 1851).— 656, 722, 848, 890.
- Newman, S. Ph.* Elements of political economy. Andover and New York, 1835 (*Ньюмен, С. Ф.* Саяси экономия негіздері. Эндэвер және Нью-Йорк, 1835).— 306—307.
- \* [*North, D.*] Discourses upon trade; principally directed to the cases of the interest, coynage, clipping, increase of money. London, 1691 (*Норс, Д.* Сауда туралы очерктер, көбінесе, процент туралы, ақша шығару туралы, монетаны бүлдірушілік туралы, ақша мөлшерін көбей-

- ту туралы мәселелер жөніндегі очерктер. Лондон, 1691).— 669.
- Observations on certain verbal disputes in political economy, particularly relating to value, and to demand and supply. London, 1821 (Саяси экономиядағы сөздер туралы кейбір таластар жөніндегі, әсіресе құнға және сұраныс пен ұсынысқа қатысты сөздер жөніндегі ескертулер. Лондон, 1821).— 200, 201, 209—210.
- Opdyke, G.* A Treatise on political economy. New York, 1851 (*Ондайк, Дж.* Саяси экономия жөніндегі трактат. Нью-Йорк, 1851).— 400, 731.
- Passy, H.* Rente du sol. In: Dictionnaire de l'économie politique. Tome II, Paris, 1854 (*Пасси, И.* Жер рентасы. Мына кітапта: Саяси экономия сөздігі. II том Париж, 1854).— 842, 860, 862.
- Pesqueur, C.* Théorie nouvelle d'économie sociale et politique, ou Etudes sur l'organisation des sociétés. Paris, 1842 (*Пеккёр, К.* Әлеуметтік және саяси экономияның жаңа теориясы, немесе қоғамды ұйымдастыру туралы зерттеулер. Париж, 1842).— 668.
- \* [*Petty, W.*] A. Treatise of taxes & contributions. London, 1667 ([*Петту, У.*] Салық пен алым туралы трактат. Лондон, 1667).— 861.
- <sup>†</sup>*Porpe, J. H. M.* Geschichte der Technologie seit der Wiederherstellung der Wissenschaften bis an Ende des achtzehnten Jahrhunderts. Band I. Göttingen, 1807 (*Понне, И. Г. М.* Технологияның ғылымдар шыға бастаған кезден бастап он сегізінші ғасырдың соңына дейінгі тарихы. I том. Гёттинген, 1807).— 370.
- Price, R.* An Appeal to the public, on the subject of the national debt. London, 1772 (*Прайс, Р.* Мемлекеттік қарыз туралы мәселе жөнінде халыққа арналған үндеу. Лондон, 1772).— 435.
- Price, R.* Observations on reversionary payments; on schemes for providing annuities for widows, and for persons in old age; on the method of calculating the values of assurances on lives; and on the national debt. Second edition. London, 1772 (*Прайс, Р.* Мираc төлемдер туралы, жесір әйелдер мен қарттар үшін жыл сайынғы ренталарды қамтамасыз ету жобалары туралы, өмірді қауіпсіздендіру құнын есептеп шығару әдісі туралы және мемлекеттік борыш туралы ескертулер. Екінші басылуы. Лондон, 1772).— 436.
- A Prize essay on the comparative merits of competition and cooperation. London, 1834 (Бәсекешілдік пен кооперациялардың салыстырмалы қасиеттері туралы сыйлық алған тәжірибелері. Лондон, 1834).— 977.
- The Three Prize essays on agriculture and the corn law. Published by the National Anti-Corn-Law League. Manchester—London, 1842 (Ауыл шаруашылығы мен астық заңы туралы сыйлық алған үш очерк. Астық заңдарына қарсы ұлттар Лигасы жариялаған. Манчестер—Лондон, 1842).— 689.
- Proudhon, P. J.* Gratuité du crédit—қар. *Bastiat, Fr.* Gratuite du crédit. Discussion entre M. Fr. Bastiat et M. Proudhon.
- Proudhon, P. J.* Qu'est-ce que la propriété? ou Recherches sur le principe du droit et du gouvernement. Paris, 1841 (*Прудон, П. Ж.* Меншік дегеніміз не нәрсе? немесе Право мен өкімет принципі туралы зерттеу. Париж, 1841).— 930.
- \* *Quetelet, A.* Sur l'homme et le développement de ses facultés, ou Essai de physique sociale. Tomes I—II. Paris, 1835 (*Кетле, А.* Адам және оның өнерінің дамуы туралы, немесе Әлеуметтік физикалар тәжірибесі. I—II том, Париж, 1835).—948.

- Ramsay, G.* An Essay on the distribution of wealth. Edinburgh, 1836 (*Рамсей, Дж.* Дәулетті бөлу туралы жасалған тәжірибе. Эдинбург, 1836).— 46, 307, 399—401, 421, 842.
- Reden, F. W. von.* Vergleichende Kultur-Statistik der Gebiets- und Bevölkerungsverhältnisse der Groß-Staaten Europa's. Berlin, 1848 (*Реден, Ф. В. фон.* Европаның ұлы державаларының мәдениеттеріне, территориялары мен халық санына берілген салыстырмалы статистика. Берлин, 1848).— 518.
- Religion saint-simonienne — қар. [*Enfantin, B. P.*] Religion saint-simonienne. Economie politique et politique.
- \* *Ricardo, D.* On the principles of political economy and taxation. Third edition. London, 1821 (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері туралы. Лондон, 1821).— 119, 127, 196, 200, 222, 260, 709, 710, 717, 831, 848, 907, 932, 945, 961, 973—974, 985—987, 993—994.
- \* *Ricardo, D.* Principles of political economy and taxation. In: The Works of D. Ricardo. With a notice of the life and writings of the author, by J. R. MacCulloch. Second edition. London, 1852 (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері туралы. Мына кітапта: Д. Рикардо шығармалары. Автордың өмірі мен шығармалары туралы Дж. Р. Мак-Куллохтың жазған мақаласы енген. Екінші басылымы. Лондон, 1852).— 74, 196, 246—247, 262—263, 265—266, 268—270, 276—277, 290.
- \* *Rodbertus, J. K.* Sociale Briefe an von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie. Berlin, 1851 (*Родбертус, И. К.* Фон Крихманға жазған әдеуметтік хаттар. Үшінші хат. Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және жана рентаның жаңа теориясын дәлелдеу. Берлин, 1851).— 151, 852, 893, 896—897, 916—917, 920.
- \* *Roscher, W.* System der Volkswirtschaft. Band I: Die Grundlagen der Nationalökonomie. Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858 (*Рошер, В.* Ауыл шаруашылығы жүйесі. I том, Саяси экономия негіздері. Толықтырылып, түзетілген үшінші басылымы. Штутгарт және Аугсбург, 1858).— 247, 338, 357, 440, 910.
- [*Roy, H.*] The Theory of the exchanges. The bank charter act of 1844. London, 1864 (*Рой, Г.*) Вексель курсының теориясы. 1844 жылғы банк актісі. Лондон, 1864).— 397, 400, 402—404, 406—407.
- Rubichon, M.* Du mécanisme de la société en France et en Angleterre. Nouvelle édition. Paris, 1837 (*Рюбишон, М.* Франция мен Англияның қоғамдық механизмі туралы. Жаңа басылымы. Париж, 1837).— 688, 885, 888, 889—890, 901, 903, 905, 907, 909, 911, 913, 915, 917, 919, 922, 925, 936—937, 939, 941.
- \* *Saint-Simon, H.* Nouveau christianisme. Paris, 1825 (Сен-Симон А. Жаңа христиан діні. Париж, 1825).— 662, 663.
- \* *Say, J. B.* Traité d'économie politique. Troisième édition. Tome I. Paris, 1817 (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономия жөніндегі трактат. Үшінші басылымы. I том. Париж, 1817).— 306—307, 308—309, 310—311, 312.
- \* *Say, J. B.* Traité d'économie politique. Quatrième édition. Tome II. Paris, 1819 (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономия жөніндегі трактат. Төртінші басылымы. II том. Париж, 1819).— 916—917, 918, 919, 920—921, 922—923, 924—925, 926—927, 928, 929—931, 933—936, 938.
- Schmidt, C.* Der dritte Band des «Kapital». In: «Sozialpolitisches

- Centralblatt», 25. Februar 1895 (*Шмидт, К.* «Капиталдың» үшінші томы. Мына журналда: «Sozialpolitisches Centralblatt», 1895 ж. 25 февраль).— 993—994, 995, 996, 998—999.
- Schmidt, C.* Die Durchschnittsprofite auf Grundlage des Marx'schen Werthgesetzes. Stuttgart, 1889 (*Шмидт, К.* Маркстің күн заңының негізінде жасалған пайданың орташа нормасы.— Штутгарт, 1889).— 14, 16, 17—18, 19—20.
- Schmidt, C.* Die Durchschnittsprofite und das Marx'sche Werthgesetz. In: «Neue Zeit» №№ 3, 4, 1892—1893 (*Шмидт, К.* Пайданың орташа нормасы және Маркстің күн заңы. Мына журналда: «Neue Zeit» №№ 3, 4, 1892—1893).— 16.
- \* *Sismondi, J. C. L. Simonde de.* Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population. Seconde édition. Tomes I—II. Paris, 1827 (*Сисмонди, Ж. Ш. Л. Симонд де.* Саяси экономияның жаңа негіздері, немесе оның халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. Екінші басылымы. I—II томдары, Париж, 1827).— 528—532, 881—882, 883—885.
- \* *Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. Vol. I. London, 1776 (*Смит, А.* Табиғат туралы және халықтар байлығының себептері туралы зерттеу. I том. Лондон, 1776).— 154, 155—156, 361—362, 363—364, 520—527, 670—676, 834—846, 847—865, 960—961.
- Sombart, W.* Zur Kritik der ökonomischen Systems von Karl Marx. In: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik». Band VII, 1894 (*Зомбарт, В.* Карл Маркстің экономикалық жүйесіне сын. Мына журналда: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik». VII том, 1894).— 974, 975—980, 981—982, 983—986.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles of political oekonomy. In three volumes. Vol. I. Dublin, 1770 (*Стюарт, Дж.* Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. Үш томдық. I том. Дублин, 1770).— 854—855, 856—857, 858—860, 862—864, 865—867, 869—872.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles of political oekonomy. In: The Works of Sir James Steuart, collected by General Sir James Steuart, his son. In six volumes. Vol. I. London, 1805 (*Стюарт, Дж.* Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. Мына кітапта: Өзінің ұлы генерал сэр Джемс Стюарт жинастырған сэр Джемс Стюарттың шығармалары. Алты томдық, I том, Лондон, 1805).— 253—255, 362—365, 366—368.
- Steuart, J.* Recherche des principes de l'économie politique. Tome IV. Paris, 1789 (*Стюарт, Дж.* Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. IV том, Париж, 1789).— 400—401, 402—403, 404—405.
- Stiebeling, G. C.* Das Werthgesetz und die Profit-Rate. New York [1890] (*Штибелинг, Г. К.* Күн заңы және пайда нормасы. Нью-Йорк [1890]).— 25—26.
- Storch, H.* Considérations sur la nature de revenu national. Paris, 1824 (*Шторх, Г.* Ұлттық табыстың табиғаты туралы ойлар. Париж, 1824).— 927—930, 931—940, 941—949—950—956.
- \* *Storch, H.* Cours d'économie politique, ou Exposition des principes qui determinent la prospérité des nations. Tomes I—II. St.-Petersbourg, 1815 (*Шторх, Г.* Саяси экономия курсы, немесе халықтардың берекесін анықтайтын негіздерді баяндау. I—II том. С.-Петербург, 1815).— 200—201, 202, 720—722, 916—920, 921—930.
- Thiers, A. (Тьер, А.)* Францияның ұлттық жиналысында 1848 ж. 26 июльде сөйленген сөз. In: Compte rendu des séances

- ces de l'Assemblée Nationale. Tome II, Paris, 1849 (Мына кітапта: Ұлттық жиналыс мәжілістерінің протоколдары. II том. Париж, 1849).— 679—685, 686—690.
- Some Thoughts of the interest of England. By a lover of commerce. London, 1697 (Англиядағы процент туралы кейбір оңлар. Сауданы қостаушы жазған. Лондон, 1697).— 663—666, 667—670.
- Thun, A. Die Industrie am Niederrhein und ihre Arbeiter. Theil II. Leipzig, 1879 (Тун, А. Нижний Рейн өнеркәсібі және оның жұмысшылары. II бөлім, Лейпциг, 1879).— 990—1001, 1003—1005, 1006—1009.
- \* *Tocqueville, A. L'ancien régime et la révolution. Paris, 1836 (Токвиль, А. Ескі ғұрып және революция. Париж, 1836).— 881, 882—883, 895—897, 899—901, 903—904.*
- Tooke, Th. An Inquiry into the currency principle; the connection of the currency with prices, and the expediency of a separation of issue from banking. Second edition. London, 1844 (Тук, Т. Ақша айналысының заңдарын зерттеу; ақша айналысының бағалармен жасайтын байланысы және банкнот шығаруды банк ісінен бөліп алудың тиімділігі. Екінші басылымы. Лондон, 1844).— 396—397, 407—411, 412—416, 446—455, 457—459, 488—489, 491—493, 928—929, 931—933.
- Tooke, Th. A History of prices, and of the state of the circulation. Vol. I—VI. London, 1838—1857 (Тук, Т. Баға тарихы және айналыстың жағдайы. I—VI том. Лондон, 1838—1857).— 406, 409, 410—413, 533—536, 537—540, 541—549, 551—553, 555—559, 560—561.
- Tooke, Th. A History of prices, and of the state of the circulation, from 1839 to 1847 inclusive. London, 1848 (Тук, Т. Баға тарихы және айналыстың 1839 жылдан 1847 жылды қоса алғанға дейінгі жағдайы. Лондон, 1848).— 396—398, 399—400, 401—403, 405—407, 409—411, 412—413.
- Tooke, Th.; Newmarch, W. A History of prices, and of the state of the circulation, during the nine years 1848—1856. In two volumes; forming the fifth and sixth volumes of the History of prices from 1792 to the present time. Vol. VI. London, 1857 (Тук, Т.; Ньюмарч, У. Баға тарихы және 1848 жылдан 1856 жылға дейінгі, айналыстың тоғыз жыл ішіндегі жағдайы. Екі томдық, 1792 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі бағалардың тарихы туралы еңбектің бесінші және алтыншы томдары. VI том. Лондон, 1857).— 880—882, 883—885, 886—889, 890—891.
- Torrens, R. An Essay on the production of wealth. London, 1821 (Торренс, Р. Байлықты жасау туралы тәжірибе. Лондон, 1821).— 45—46, 47—48, 49—51, 119—121, 122—123.
- Torrens, R. On the operation of the bank charter act of 1844, as it affects commercial credit. Second edition. London, 1847 (Торренс, Р. 1844 жылғы банк актісінің іс әрекеті, коммерциялық кредитке оның қалай әсер ететіндігі туралы. Екінші басылуы. Лондон, 1847).— 389—391, 392—395, 396.
- Tuckett, J. D. A History of the past and present state of the labouring population, including the progress of agriculture, manufactures, and commerce. In two volumes. Vol. I. London, 1846 (Таккет, Дж. Д. Еңбекші халықтың өткендегі және қазіргі жағдайының тарихы, бұл жағдайға ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің және сауданың дамуы да жатады. Екі томдық. I том. Лондон, 1846).— 657—659, 660—663, 664—665, 666.
- Ure, A. The Philosophy of manufactures: or, an Exposition of

- the scientific, moral, and commercial economy of the factory system of Great Britain. Second edition. London, 1835 (*Юр, Э.* Фабрика философиясы, немесе Великобританияның фабрика жүйесі экономикасының ғылымы, адамгершілік және коммерциялық жағын байымдау. Екінші басылымы. Лондон, 1835).— 92, 93, 94, 116—117.
- Ure, A.* Philosophie des manufactures ou Economie industrielle. Traduit sous les yeux de l'auteur. Tome I. Paris, 1836 (*Юр, А.* Фабрика философиясы, немесе Өнеркәсіп экономикасы. Автордың бақылауымен аударылған. I том. Париж, 1836).— 425.
- \* *Verri, P.* Meditazioni sulla economia politica. In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tomo XV. Milano, 1804 (*Верри, П.* Саяси экономия туралы толғаныс. Мына кітапта: Саяси экономияның итальян классиктері. Қазіргі экономистер. XV том. Милан, 1804).— 306—310.
- Vinçard, P.* Histoire du travail et des travailleurs en France. Tomes I—II. Paris, 1845—1846 (*Венсар, П.* Еңбек тарихы және Франциядағы еңбекшілер. I—II том. Париж, 1845—1846).— 855, 556—886, 887, 888.
- Vissering, S.* Handboek van praktische staathuishoudkunde. Deel I. Amsterdam, 1860—1861 (*Виссеринг, С.* Ауыл шаруашылығын басқару жөніндегі нақты басшылық. I бөлім. Амстердам, 1860—1861).— 349—351, 352.
- [*Wakefield, E. G.*] England and America. A comparison of the social and political state of both nations. In two volumes. London, 1833 ([*Уэйкфилд, Э. Г.*] Англия мен Америка. Осы екі халықтың әлеуметтік және саяси жағдайларын салыстыру. Екі томдық. Лондон, 1833).— 821—830, 831—842, 843—848, 849—860.
- Walton, A. A.* History of the landed tenures of Great Britain and Ireland, from the norman conquest to the present time, dedicated to the people of the United Kingdom. London, 1865 (*Уолтон, А. А.* Великобритания мен Ирландияның Норман жеңісінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі жер иелігінің тарихы. Құрама корольдігінің халқына арналады. Лондон, 1865).— 678—680, 681—683, 684, 685—691, 692—697, 698, 699.
- [*West, E.*] Essay on the application of capital to land, with observations shewing the impolicy of any great restriction of the importation of corn. By a fellow of University college of Oxford. London, 1815 ([*Уэст, Э.*] Капиталды жерге жұмсау туралы тәжірибе, мұнда сырттан астық әкелуге салынған едәуір тежеулердің қандайының да қисынсыз екенін көрсетерлік ескертпелер бар. Оксфордтағы университет колледжасы мүшесінің шығармасы. Лондон, 1815).— 265—267, 268—270.
- Wolf, J.* Sozialismus und kapitalistische Gesellschaftsordnung. Stvtgart, 1892 (*Вольф, Ю.* Социализм және капиталистік қоғамдық құрылыс. Штутгарт, 1892).— 24, 25, 27—29.
- Wolf, J.* Das Rätsel der Durchschnittsprofitrate bei Marx. In: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», dritte Folge, Band II, 1891 (*Вольф, Ю.* Пайданың орташа нормасы Марксте ашық айтылмаған. Мына журналда: «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik», үшінші серия, II том, 1891).— 20, 21, 27—29, 31, 33, 37—39.

**ПАРЛАМЕНТТІК ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ БАСҚА ДА  
РЕСМИ ЖАРИЯЛАНҒАН МӘЛІМЕТТЕР**

- An Act for vesting certain sums in commissioners, at the end of every quarter of a year, to be by them applied to the reduction of the national debt (anno 26 Georgii III, Regis, cap. 31) (Әр тоқсанның аяғында парламент комиссияларының мүшелеріне белгілі бір сомалар беріп отыру туралы акт, берілетін бұл сомаларды олар ұлттық борышты азайту үшін (Георг III-тің патшалық құруының 26 жылдығында қабылданған, 31-тарау.) пайдаланатын болады).— 438—440, 441—449, 450—455.
- Coal mine accidents. Abstract of return to an address of the Honorable the House of Commons, dated 3 May 1861. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 6 February 1862 (Көмір шахталарындағы бақытсыздық жағдайлар. Биік мәртебелі қауымдар палатасының 1861 жылғы 3 майда жасаған сұрауына берілген есеп мәліметтері. Қауымдар палатасының жарлығы бойынша 1862 жылғы 6 февральда жарияланған).— 99, 100, 101.
- First Report from the secret committee on commercial distress; with the minutes of evidence. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 8 June 1848 (Сауда дағдарысы жөніндегі құпия комиссияның берген бірінші есебі, сұрауларға алынған жауаптардың протоколдары бар. Қауымдар палатасының 1848 жылғы 8 июньде берген жарлығы бойынша жарияланған).— 9, 11, 444—446, 447—450, 451—452, 453—456, 457—461, 462—465, 501, 521—529.
- First Report of the children's employment commissioners in mines and collieries. 21 April 1841 (Рудниктер мен кен қазбаларында істейтін балалар еңбегін тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің берген бірінші есебі. 1841 ж. 21 апрель).— 100, 101, 102—104, 105—107.
- First Report from the select committee of the House of Lords on the sweating system; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, and appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 11 August 1888. (Еңбектің жан қинайтын жүйелері туралы лордтар палатасының ерекше комитетінің берген бірінші есебі; комитет мәжілістерінің протоколдары, сұраққа қайтарылған жауаптар мен қосымша бар. Қауымдар палатасының 1888 ж. 11 августтағы жарлығы бойынша жарияланған).— 368.
- Public Health. Sixth report of the medical officer of the Privy Council. With appendix. 1863. London, 1864 (Халықтардың ден саулығы. Құпия советтің алтыншы медицина инспекторының берген есебі. Қосымшасы бар. 1863. Лондон, 1864).— 104—109, 111—113, 114—117.
- Report from the secret committee of the House of Lords appointed to inquire into the causes of the distress which has for some time prevailed among the commercial classes, and how far it has been affected by the Laws for regulating the issue of bank notes payable on demand. Together with the minutes of evidence, and an appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 28 July 1848 [Reprinted, 1857] (Сауда жүргізуші таптар ұшыраған күйзелістердің себептерін тергеу жөніндегі және реттеуші банкнотты шығару туралы заңдардың оған көрсеткен ықпалдары жөніндегі лордтар палатасы комиссиясының құпия есебі. Сұрақтарға



- қайтарған жауаптары мен қосымшасы бар. Қауымдар палатасының 1848 ж. 28 июльдегі жарлығы бойынша жарияланған. (1857 ж. қайыра басылған).— 9, 11, 448—450, 451—455, 456—458, 459, 462—465, 466, 467—470, 475, 562—568, 469—475, 562—570, 571—576, 577—585, 586—590, 591—596, 597—601, 605—610, 611—615, 616—618, 619—626, 627—631, 632—633, 635.
- Report from the select committee on bank acts; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, appendix and index. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 30 July 1857 (Банк заңдары жөніндегі ерекше комиссияның есебі; комиссияның еңбектері, сұраққа қайтарылған жауаптардың протоколдары, қосымшасы мен көрсеткіші бар. Қауымдар палатасының 1857 ж. 30 июльдегі жарлығы бойынша жарияланған).— 9, 11, 375, 398—401, 402—408, 455—460, 470, 472, 473, 469—475, 476—478, 479—484, 495—496, 499—504, 506—510, 538—540, 545—547, 549, 550—556, 557—558, 560—564, 566, 567—569, 575—577, 579, 581—586, 587, 588, 590—593, 596—597, 599—601, 607—610, 614—616, 618—620, 622, 624, 625, 628—632, 634, 635, 637—644, 873.
- Report from the select committee on the bank acts; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, appendix and index. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 1 July 1858 (Банк заңдары жөніндегі ерекше комиссияның есебі, комиссияның еңбектері, сұрақтарға қайтарған жауаптары, қосымшасы мен көрсеткіші бар. Қауымдар палатасының 1858 ж. 1 июльдегі жарлығы бойынша жарияланған).— 9, 11, 402—403, 527—530, 533—540, 541—546, 548—555, 556—561, 563—568, 578—580, 622—623, 624—628, 630—637, 642, 644—646, 647—649, 651—653, 655—658.
- Report from the select committee on petitions relating to the corn laws of this Kingdom: together with minutes of evidence, and an appendix of accounts. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 26 July 1814 (Қорольдіктің астық заңдарына қатысты петициялар туралы ерекше комитеттің есебі, сұрақтарға қайтарылған жауаптардың протоколдары мен қосымшасы бар. Қауымдар палатасының 1814 ж. 26 июльдегі жарлығы бойынша жарияланған).— 685—688, 689—692.
- Reports of the inspectors of factories to Her Majesty's Principal Secretary of State for the Home Department (Ұлы мәртебелі тақсырдың ішкі істер министріне фабрикалық инспекторлардың есептері).— 135, 136, 137, 685—689, 690—695, 697, 698—701, 702, 703—705, 707—709.
- for the half year ending 31st October, 1845. London, 1846 (1845 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1846).— 137—138, 139—140, 142—144, 146—147.
- for the half year ending 31st October, 1846. London, 1847 (1846 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1847).— 137—138, 139—140, 141—143, 145, 147, 149.
- for the half year ending 31st October, 1847. London, 1848 (1847 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1848).— 138—139, 140—143, 146—148, 149, 150.
- for the half year ending 31st October, 1848. London, 1849 (1848 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1849).— 89, 120, 121, 122, 123—125, 127—129.
- for the half year ending 30th April, 1849. London, 1849 (1849 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі).— 139,

- 140, 141—143, 144—145, 147—148, 151—153, 155, 157, 159.
- for the half year ending 31st October, 1849. London, 1850 (1849 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1850).— 139, 145—147, 149, 151, 153, 155, 157—160.
- for the half year ending 31st October, 1852. London, 1852 (1850 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1850).— 122, 123, 124, 140—141, 142—143, 145.
- for the half year ending 30th April, 1850. London, 1850 (1850 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1851).— 122, 123, 125, 127, 128, 130, 140—142, 143.
- for the half year ending 31st October, 1850. London, 1851 (1851 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1851).— 136, 137, 138, 139, 140—142, 143—147.
- for the half year ending 30th April, 1851. London, 1851 (1852 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1852).— 136, 137, 138—141, 142—144, 146—147.
- for the half year ending 30th April, 1851. London, 1851 (1853 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1853).—
- for the half year ending 31st October 1853. London, 1854 (1853 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1854).— 140, 141, 142—143, 145—147, 148—150, 151—153.
- for the half year ending 30th April 1854. London, 1854 (1854 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1854).— 140—143, 147—149, 150—152.
- for the half year ending 31st October 1855. London, 1856 (1855 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1856).— 101, 102, 103—105, 106, 107, 108.
- for the half year ending 31st October 1858. London, 1858 (1858 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1858).— 88, 136—137, 139—141, 143—145.
- for the half year ending 30th April 1859. London, 1859 (1859 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1859).— 140—141, 142—143.
- for the half year ending 31st October 1859. London, 1860 (1859 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).— 141, 142—143.
- for the half year ending 30th April 1860. London, 1860 (1860 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).— 141, 142—143.
- for the half year ending 31st October 1860. London, 1860 (1860 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).— 140—142, 143.
- for the half year ending 30th April 1861. London, 1861 (1861 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1861).— 102—103, 140—142, 143—145, 147.
- for the half year ending 31st October 1861. London, 1862 (1861 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1862).— 140—142, 143—146, 147—150.
- for the half year ending 30th April 1862. London, 1862 (1862 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1862).— 100—105, 106—107, 140—146, 147—150.
- for the half year ending 31st October 1862. London, 1863 (1862 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1862).— 87—90, 112—114, 115—116, 140—144, 145—149.
- for the half year ending 30th April 1863. London, 1863 (1863 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1863).— 140—144, 145—146.

- for the half year ending 31st October 1863. London, 1864 (1863 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1864).— 100—101, 110—112, 113—116, 117—120, 121—124, 125—127, 140—142, 143—150, 151—156, 157—160, 161—162, 165—168, 170, 172—175, 177—179, 180—181, 183—185, 187—190.
- for the half year ending 30th April 1864. London, 1864 (1864 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1864).— 140—143, 144—146, 147—150.
- Reports respecting grain, and the corn laws: viz: First and second

reports from the Lords Committees, appointed to enquire into the state of the growth, commerce, and consumption of grain, and all laws relating thereto. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 23 November 1814 (Астық туралы және астық заңдары туралы: астық өндірудің, астық саудасының және тұтынудың жайын, сондай-ақ осы саладағы заңдардың бәрін зерттеуге өкілдік берілген лордтар палатасы комиссиясының бірінші және екінші есебі. Қауымдар палатасының 1814 ж. 23 ноябрьдегі жарлығы бойынша жарияланған).— 683, 684—686, 687—690.

### МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ШЫҒАРМАЛАРЫ

- «*Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik*» («Әлеуметтік заңдар мен статистика архиві»), Берлин, VII т., 1894.— 974—976, 977, 978—982, 983—985.
- «*Conrads Jahrbücher*» — қараңыз: «*Jahr bücher für Nationalökonomie und Statistik*».
- «*The Daily News*» («Күнделікті жаңалықтар»), Лондон, 1889 ж. 10 декабрь.— 400—405.
- «*The Daily News*» («Күнделікті жаңалықтар»), Лондон, 1892 ж.— 15 декабрь.— 521—524, 525—530, 532—535.
- 1894 ж. 18 январь.— 596—598, 600—604, 605.
- «*The Economist*» («Экономист»), Лондон, II—V томдар, 1844—1847 жылдар.— 602, 603—605, 607—609.
- III т., 1845 ж. 15 март.— 479, 481—485, 487—489, 491.
- V т., 1847 ж. 22 май.— 593, 594—600, 601—609, 639—675, 676.
- V т., 1847 ж. 21 август.— 643—650, 651—658, 659—652.
- V т., 1847 ж. 23 октябрь.— 620—622, 623—626, 627—630.
- V т., 1847 ж. 20 ноябрь.— 482—490, 490—496, 556—558, 559.
- V т., 1847 ж. 11 декабрь.— 630—638, 639—642, 643—646.
- VIII т., 1850 ж. 30 ноябрь.— 650—654, 656, 658—660, 669.
- IX т., 1851 ж. 11 январь.— 651—655, 657—659, 661—665, 669.
- IX т., 1851 ж. 19 июль.— 438—440, 441—446—447—450.
- XI т., 1853 ж. 22 январь.— 393—396, 397—402, 403—409.
- «*The Edinburg Review, or Critical Journal*» («Эдинбург шолушысы, немесе Сын журналы»), LIV том, 1831 ж. август.— декабрь.— 856, 858, 860—862, 863—865, 867—870, 871—874, 876—880, 891.
- «*Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich*» («Германия империясындағы заң шығару, басқару және халық шаруашылығы мәселелері жөніндегі әр жылдық»), Лейпциг, V жыл шығарылуы, I кітап, 1881.— 13—15.
- «*Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik*» («Саяси экономия мен статистика мәселелері

- жөніндегі әр жылдық»), Иена, — жаңа сериясы, XI том, 1885.— 11—12, 13—15, 17—19, 21—23.
- жаңа сериясы, XX том, 1890.— 22—25, 26—28.
- үшінші сериясы, II том, 1891.— 19—22, 23—27, 28—30.
- үшінші сериясы, III том, 1892.— 15—17, 18—21, 22—23.
- «*The Journal of the Society of Arts*» («Өнер мен қол өнершілер қоғамының журналы»), Лондон, VII том, 1859 ж. 9 декабрь.— 686—687, 688, 689—691, 692—695.
- «*The Manchester Guardian*» («Манчестер сакшысы»), 1847 ж. 24 ноябрь.— 450—460.
- «*The Morning Star*» («Таң жұлдызы»), Лондон, 1865 ж. 14 декабрь.— 688—689, 696—698.
- «*Die Neue Zeit*» («Жаңа заман»), Штутгарт № 3, 1887.— 24—26.
- №№ 3, 4, 1892—1893.— 970—975, 976—983, 984.
- 1895—1896, Bd. I, № 1.—950.
- «*New-York Daily Tribune*» («Нью-Йорктің күнделікті трибунасы»), 1859 ж. 20 декабрь.— 423—426, 427—430.
- «*Nuova antologia di scienze, lettere ed arti*» («Ғылымның, әдебиет пен өнердің жаңа антологиясы»), Рим, екінші сериясы, XXXVIII том, № 7, 1883 ж. 1 апрель.— 20—22.
- үшінші сериясы, LV том, № 3, 1895 ж. 1 февраль.— 976—988, 976—984, 985.
- «*La Rassegna*» («Шолу»), Неаполь, 1895, № 1.— 980—998.
- «*Revue des deux Mondes*» («Ескі және жаңа дүниеге шолу»), Париж, IV серия, XXXI том, 1842.— 440—446, 447—450.
- жаңа сериясы, XXIV том, 1848.— 926—927, 928—935, 936—940.
- «*La Riforma sociale*» («Әлеуметтік реформа»), Турин және Рим, 1895 ж. 25 февраль.— 980—984, 985—988, 989—994.
- «*Schmollers Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich*» қараңыз: «*Jahrbuch für Gesetzgebung Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich*».
- «*Sozialpolitisches Centralblatt*» («Әлеуметтік-саяси орталық газет»), Берлин, 1895 ж. 25 февраль.— 981—986, 987—990, 991—993, 994—996.
- «*The Times*» («Замана»), Лондон.— 472.

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ

- Бальзак*. Шаруалар.— 45—47.
- Гейне*. Тартыс («Романсеро» циклдари).— 596—600, 601—605.
- Гейне*. Романсероға соңғы сөз («Романсеро» циклдари).— 984—993.
- Гёте*. Фауст.— 434—436, 437—440.
- Гораций*. Құттықтау.— 222—228, 677—680, 681—686.
- Мольер*. Дон Жуан.— 24, 25—28, 980—986, 987, 988—996.
- Овидий*. Метаморфоза.— 890—896, 897—903, 904—908.
- Публий Теренций*. Андрос кызы.— 244—247, 248.
- Шиллер*. Кепілдік.— 887, 888—890, 891—896, 897—905.

\* \* \*

Таурат.— 650—656, 657—665, 978—986, 987—996.

## ЦИТАТ АЛЫНҒАН КІТАПТАРДЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ\*

- Аристотель.* Саясат. Грек тілінен аударған С. А. Жебелев. Спб., 1911.— 423 (18).
- Верри.* Саяси экономия немесе Мемлекеттік шаруашылық туралы. Француз тілінен аударылған, ал французшаға италиян тіліндегі жетінші басылымынан аударылған. Спб., 1810.— 306 (20—21).
- Гегель.* Философия ғылымдарының энциклопедиясы. I бөлім. Логика. Б. Столпнер аударған. М.—Л., 1930 (*Гегель.* Шығармалар, I том).— 847 (336).
- Гегель.* Право философиясы. Б. Столпнер аударған. М.—Л., 1934 (*Гегель.* Шығармалар, VII том).— 671 (71—72, 80).
- Годскин, Т.* Капиталдың әрекетіне қарсы еңбекті қорғау (мына кітапта: *Т. Годскин.* Шығармалар, М., 1938).— 428—436, 437 (30, 33), 440 (25—26).
- Джонс, Р.* Саяси экономия жөнінде Лондондағы Корольдік колледжде 1833 ж. 27 февральда оқылған кіріспе лекция (мына кітапта: Р. Джонс. Экономикалық шығармалар. Соцэкгиз, 1937).— 291—293, 294—296.
- Джонс, Р.* Дәулетті бөлу туралы және салықтардың шығатын негізі туралы (мына кітапта: Р. Джонс. Экономикалық шығармалар. Соцэкгиз, (1937).— 825 (152).
- Сен-Симонның ілімін байымдау. Француз тілінен аударып редакциялаған, әрі түсінігін жазған Э. А. Желубовский. Кіріспе мақаланы жазған В. П. Волгин. М., 1961.— 661 (288—289).
- Кетле, А.* Адам және оның өнерінің дамуы немесе Қоғамдық физика тәжірибесі. I том, Спб., 1865.—940—948, 949—957, 958—966.
- Лавернь, Г. Л. де.* Англиядағы, Шотландия мен Ирландиядағы ауыл шаруашылығы. М., 1859.— 688 (31, 35, 36).
- Либих, Ю.* Егіншілік пен физиологиялық қосымша қолданылатын химия. Түсіндірме беріп, аударма редакциясын жасаған проф. А. Н. Лебедянцеv. М.—Л., 1936 (аударма қысқартылып жасалған).—808 (96—104), 884—906, 907—910, 911—920.
- Либих, Ю.* Егіншілікке және физиология өсімдіктеріне қосымша қолданылатын химия. Аударма проф. Ильенковтікі. М., 1870.— 808 (94—109), 884—906, 907—910, 911—920.
- Маколей.* Иаков II таққа отырғаннан бергі ағылшын тарихы.

\* Бұл көрсеткіште Маркс цитат алған және атап өткен кітаптардың қолда бар орысша аудармаларының тек соңғы аудармалары ғана көрсетілген. Алайда, соңғы ретте қысқартылған түрде шыққан еңбектер үшін ерекшелік жасалды. Бұл ретте бұрынғы, неғұрлым толық аударма да келтірілді. Көрсеткіште осы томның беті қойылды, өйткені бұл беттерде Маркс белгілі еңбекті цитатаға алады немесе атап өтеді сонымен қатар цитатаға алған кітаптың тиісті беттері дөңгелек жақшаның ішінде көрсетілген.

- VI бөлім. Спб., 1864 (*Маколей*. Шығармалардың толық жинағы. XI том. Бұл томды аударған Н. Г. Чернышевский).— 659 (361).
- Мальтус, Т. Р.* Халықтың өсуі туралы заң тәжірибесі. И. А. Вернердің аудармасы. М., 1895 (аударма қысқартылып жасалған).— 435 (19), 736—740, 741—746, 747—750.
- Мальтус, Т. Р.* Халықтың өсуі туралы заң тәжірибесі. Аударған П. А. Бибиқов. I том. Спб., 1868.— 435 (102), 730—738, 739.
- Мальтус, Т. Р.* Рентаның табиғаты мен дамуы туралы, сондай-ақ оның реттеуші негіздері туралы зерттеу. Аударма А. Миклашевтікі («Императорлық Юрьев университетінің ғылыми хаттарында», 2 және 3 сандары, Юрьев (1908) — 720—736.
- Маурер, Г. Л.* Қауымдық, әр үйлік, селолық және қалалық құрылыс пен қоғамдық өкімет тарихына кіріспе сөз. Неміс тілінен аударған В. Корш. М., 1880.— 194—198, 199—201.
- Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері (мына кітапта: *Н. Г. Чернышевский*. Шығармаларының он бес томдық толық жинағы. IX том. И. Д. Удальцов редакциялаған. М., 1949) (қысқартылып аударылған).— 428, 438 (112—113).
- Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері, олардың кейбіреулерінің қоғамдық философияға қолданылуы. Екі том болып екінші рет толық басылуы. [Аударған Н. Г. Чернышевский.] Спб., 1874. I том.— 428 (453), 438 (96—97).
- Моммзен, Т.* Рим тарихы. I—III томдар. М., 1936—1941.— 360, 856. I том — 423 (786—787).
- Морган, Л. Г.* Ертедегі қоғам немесе сонау тағылық заманынан басталатын мәдениетсіздікті аттап өтіп цивилизацияға баратын адам прогресінің жолдарын зерттеу. Л., 1934.— 194.
- Норс. Д.* Сауда туралы очерктер (мына жинақта: Меркантилизм. Редакциялаған және кіріспе мақала жазған И. С. Плотников. Л., 1935).— 667 (304—305).
- Петти.* 1662 жылдың салықтары мен алымдары туралы трактат (мына кітапта: *В. Петти*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Аударманы редакциялаған М. Смит. М., 1940).— 852—868.
- Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері. М., 1955 (*Рикардо*. Шығармалары. Аударманы М. Н. Смит редакциялаған. I том).— 72—76 (46), 119 (112—116), 127 (65—77), 196 (69, 41), 22 (69), 222 (55—58), 246 (108—109), 260 (112—128), 261 (113), 261 (113), 706 (68), 707 (77), 717 (65—77), 822 (65—77), 839 (65—66), 887 (70), 916 (346), 929 (78—79).
- Родбертус.* Фон Кирхманға жазылған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын дәлелдеу (мына кітапта: *К. Родбертус*. Экономикалық шығармалар. Аударған И. Плотников. Л., 1936) (қысқартылып аударылған).— 151 (314), 846, 871.
- Родбертус.* Фон-Кирхманға жазылған әлеуметтік үшінші хат. Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын дәлелдеу (мына кітапта: *К. Родбертус-Ягцов*. Шығармалар. Бірінші кітап: Әлеуметтік мәселені байымдау жөнінде. Неміс тілінен аударған М. Н. Соболев. Спб. [1904]).— (175), 858, 886.
- Рошер, В.* Халық шаруашылығының жүйесі, I том: Халық шаруашылығының негіздері. И. Бабстың аудармасы. I том. Бірінші бөлім. М., 1860.— 247 (239), 337 (239), 356 (129), 438 (97—99), 901—920 (233—

- 236). Екінші бөлім. М., 1862.— 900 (11—12).
- Сен-Симон.* Жаңа христиандық (мына кітапта: *Сен-Симон.* Таңдамалы шығармалары. II том. М.—Л., 1948).— 660.
- Сисмонди.* Саяси экономияның жаңа негіздері, Немесе Оның халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. I және II том. М., 1937. I том — 873. II том — 524—525 (111—112).
- Смит, А.* Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері туралы зерттеу. I том. М.—Л., 1935.— 154 (90—129), 361 (343), 520 (297—298), 670 (132—145), 834 (134), 840 (146—159), 841 (147), 842 (149), 855 (50), 900 (49), 917 (47—48).
- Сэ, Ж. Б.* (осы басылымында: *Сэй, Ж. Б.*) Саяси экономия трактаты. Аударған Е. Н. Каменецкий. М., 1896 (жеке тараулардың аудармасы).— 306, 916.
- Токвиль, А.* Ескі тәртіп және революция. Редакциясын Н. Кондырев жасаған аударма. Спб., 1861.— 873—901.
- Шторх, Г.* Саяси экономия курсы, немесе халықтардың берекесін енгізетін негіздерді баяндау. Француз тілінен жасалған аударманы редакциялап, заметка жазған И. В. Вернадский. I том. Спб., 1881.— 200 (210—211), 716 (210—211), 900 (118).

## АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ

## А

*Абсолютті жер рентасы*

— анықтамасы — 837, 839, 841, 849, 887, 917, 937, 939—941, 942;

— оның құрылуы — 819—849, 851, 853—855, 857—859, 863;

— кен өнеркәсібінде — 849, 851, 856—858, 859, 862—865.

*Абсолютті қосымша құн* — 87—89, 97—99, 125—127, 254—258, 261—263.*Абстракт еңбек* — 910—915, 916—919, 920—922, 923—928.*Абстракция*

— зерттеу методы ретінде — 156—158, 202, 208, 234, 294—295, 680, 899, 912, 925—927, 928—930, 931—933, 945—947, 980—981.

*Австралия* — 551, 618, 632, 645, 684—686, 687—690, 691—693.

*Агрономия* — 673—675, 713—719, 721—725, 836—843, 844—852.

*Агрохимия* — 708.

*Ағылшын банкі*

— жалпы мәліметтер — 495—496, 498—503, 521—523, 571, 582, 587, 594—597, 607—613, 658, 659, 662, 666—670, 675—677, 679—681, 682—686, 687—689, 690;

— оның банкноттарының айналымы — 449, 476, 493—496, 499, 501, 503, 573—580, 615, 618—620, 622—625, 626;

— оның пайдалары — 594—596, 597, 599—601, 603—605;

— оның есеби нарқы — 450, 452,

454—456, 457—460, 569, 628—629.

*Адам* (қоғамның өндіргіш күші) — 890—891, 897.

— оның сақтаулы қорлары — 448, 449, 569, 628—629, 631—633, 635—636, 638—640, 641—643.

*Азаттық және қажеттілік* — 898—899.

*Азия* — 164—166, 365—368, 569, 605, 612, 618—619, 630—636, 860—868.

— Азиядағы өнеркәсіптің капиталистік дәуірге дейінгі тәсілдері — 366—368, 369—373, 652—655, 657—659, 663;

— Азиядағы жеке жер меншігі — 671—673, 674—677, 860—868, 869.

Сонымен қатар қараныз: Индия, Қытай, Жапония.

*Айналым капитал*

— анықтамасы — 39, 40, 85, 165, 285, 286, 316, 378;

— оның негізгі капиталдан ерекшелігі — 39, 40, 55, 85, 120—121;

— оның құрамдас бөлігі ретіндегі ауыспалы капитал — 39—40, 121;

— және тұрақты капитал — 89, 118, 120, 124, 131—132, 166, 285—286, 839—848, 849—854, 920—931.

*Айналыс капиталы*

— жалпы сипаттамасы — 48, 50—53, 274—275, 334, 345, 354, 361—362, 376—377, 379, 434, 482, 491—493, 831, 916—917,



- 918—920, 967—972, 975—976, 978;
- қайта өндіру процесінің негізі ретіндегі — 29, 267, 294, 297, 307, 309, 310, 316, 318, 358, 359, 363, 669, 915—918, 919—921, 923—926, 927—931;
  - айналыс капиталынан туатын қосымша құнның шығуы болып көрінетін — 45, 51, 150, 919, 921—923, 925—927, 929—931, 933—937, 951—955, 959;
  - және товарлар құны — 307—311.
- Айналыс қаржыларын үнемдеу* — 478—479, 559, 572—573, 576, 595—596.
- Сонымен қатар қараңыз: Айналыс уақыты.
- Айналым уақыты* — 51, 80, 81, 82—84, 86—87;
- және қосымша құн өндіру ісі — 51, 80, 81, 82, 85—87, 89—91, 310, 311, 319, 335, 344, 921, 922—923, 925—927.
- Айналыс уақыты* — 79—81, 83—85, 157—158, 165—168, 177, 304, 335, 348, 350—351, 403—407, 409—411.
- Айналыс шығындары* — 293—294, 309—310, 315—318, 320—321, 323—331, 336, 347—348, 367, 478.
- Айырбас*
- анықтамасы — 309, 379—380;
  - өнімді товарға айналдырудың қажетті шарты ретіндегі — 194, 695, 977—981;
  - және ақшаның шығуы — 348, 351, 978—980;
  - товар шығарушылар арасындағы қоғамдық байланыстың бірден-бір формасы ретіндегі — 204—205, 268, 627;
  - өздерінің құндарына қарай шығарылатын товарлар — 191, 193—198, 205, 211—212, 214, 691, 967—981, 985;
  - капиталдың өнімі ретіндегі товарлар — 192, 193, 250—251, 976;
  - қоғамдық құрылыстың екі бөлімшесі арасындағы айырбас — 583—584, 922—923.
- Айырбас жасап отыратын банкілер* — 348—351.
- Айырбас құны* — 52—54, 55, 63—64, 77, 97—99, 103, 104, 117, 119, 120, 171, 173, 182.
- Акция*
- жалпы ережелері — 275, 278—279, 288, 502, 509—510, 515—518, 543, 545—547, 548—551, 553—555, 557—559, 561;
  - олардың түрлері — 519—521, 522—523, 525—527, 529—531.
- Акционерлік капитал*
- анықтамасы — 479, 481—483, 485—487, 488—489, 492;
  - пайдаларының орташа нормасы — 263—267, 268, 288—296;
  - оның капиталистік өндірісті дамыту жөніндегі маңызы — 486—598.
- Акционерлік қоғамдар*
- жалпы сипаттамасы және мәні — 292—295, 408, 426—429, 479—484, 991—995, 996, 997, 998—1001, 1002—1005, 1007;
  - және пайданың орта нормасы — 263—265, 288—301, 480—488;
  - жеке келтірілген мысалдар — 427—430, 431—434, 481—485, 486—489, 490—496, 497—499, 500—502.
- Ақша*
- анықтамасы — 211, 363, 371, 372, 392, 393, 434, 501, 507, 509, 573, 631—632, 650—651, 658—659, 665—666, 701, 855, 911, 936, 950, 995;
  - олардың тарихы — 348, 351, 986—989;
  - металл ақша — 488—490, 549, 559, 568, 620—621, 980, 982—984, 985—987, 988—991, 993—995;
  - кредиттік — 440, 444, 469, 567—568, 589, 659;
  - есеп-қисаптық — 861—863, 867—871;
  - әлемдік — 348—350, 365, 498—499, 507, 572, 594, 657;
  - күндер өлшемі түріндегі — 362, 496, 559, 989;
- Ақша айналымы* — 353—355, 359, 362—363, 365, 488, 492—521, 603—605, 622, 626, 971—974, 976—977, 985—987, 989, 991—994.

- Ақша дағдарысы* — 541, 570—571, 582, 591, 659—671, 673—675.
- Ақша капиталы (бейне өнеркәсіп капиталының бір бөлігі ретіндегі)* — 314, 345, 357, 468, 511, 543, 559—561, 563—565, 567.
- Ақша рентасы* — 656, 705, 886—890, 907, 908, 910—912, 913—915.
- Ақша-сауда капиталы*
- анықтамасы — 347—351, 354—355, 448—450, 453—455, 457;
  - оның тарихы — 349—350, 356—357, 651—652, 654—656, 657—659, 660—662, 665—667;
  - оның пайдасы — 356—357, 358—359, 361—363, 365—367;
  - және қазынаның пайда болуы — 351—352, 353—355, 367—368, 369.
  - сауда құралы түріндегі — 305—306, 351—353, 405, 490—493, 506, 538, 558—560, 561;
  - айналым құралы түріндегі — 211—212, 304, 333, 347, 352, 362, 371—372, 489—491, 506, 526, 578, 603;
  - қазынаны құраудың құралы түріндегі — 347, 350, 352, 362—363, 496, 498, 620, 650—652, 657;
  - төлемдер құралы түріндегі — 279, 298, 304, 306, 333, 347—348, 351, 352, 405, 440, 487—490, 503, 504, 535, 572, 626, 653, 655;
  - олардың айналыс заңдары — 333, 488—490, 574, 576;
  - олардың айналымдағы саны — 351—353, 475, 487, 490—494, 503—504, 520, 548—550, 559, 572—573;
  - товар — капитал түріндегі — 371—379, 385—391, 403—405, 416, 431, 461, 482, 487, 489, 505, 520—521, 559, 649;
  - олардың капиталға айналуы — 360, 371—372, 390, 416, 555, 652—654;
  - байлықтың абсолютті формасы түріндегі — 362, 504, 653, 980;
  - және қайта өндіру процесі — 279, 305—306, 432, 555—556, 583—584, 914;
  - ақшаға және ақша айналымы-
- на берілген буржуазиялық теорияларға сын — 486—505, 599.
- Ақша рыногі* — 403, 406—407, 542—543, 588, 590—594, 596, 640—642, 645—649, 651—655.
- Алғашқы коммунизм* — 788, 911, 966, 986, 992, 995.
- Алғашқы қоғам* — 194, 357, 688, 736, 891, 913, 931—933, 993.
- Алтын (және күміс)*
- жалпы қағидалары — 279, 474—476, 497, 501, 505, 619, 620, 625—627, 720—951;
  - ақша ретінде — 151—152, 348—352, 496—497, 505, 559, 605, 620—621, 626—627, 630, 646—647, 662, 887;
  - алтын өндіретін қайнар көз — 551, 583, 618;
  - оның ағылып келуі мен ағылып кетуі — 349—352, 496—499, 501, 503, 505, 542, 550, 551, 567—569, 590, 605, 608, 618—625, 627—629, 640—641, 646, 648—650, 653—655, 657—659, 661.
- Алым* — 654, 867, 884—887, 933.
- Америка* — қараңыз: *Аргентина*, *Перу*, *Американың Құрама Штаттары* — 92, 121, 126—127, 131, 248, 262, 286—287, 291, 378, 635, 665, 857.
- Америка Құрама Штаттары*
- жалпы сипаттамасы — 81, 87, 122, 141—142, 424, 706;
  - өнеркәсібі — 133, 481;
  - ауыл шаруашылығы және аграрлық қарым-қатынастар — 678, 688;
  - ақша жүйесі және сауда — 542—543, 622, 640—641, 991, 998—999.
- Англия*
- жалпы сипаттамасы — 10, 349—351, 963—965, 967—969;
  - өнеркәсібі — 112—114, 118—120, 135—142, 366—367, 368, 425—428, 446—452, 463, 481, 534, 536—537, 541—542, 550, 631, 634, 662, 665—670, 671—673;
  - өнеркәсіп монополиясы — 538, 539—541, 551—552, 554;
  - ауыл шаруашылығы және аграрлық қарым-қатынасы —

- 413, 449, 675—676, 678, 681—687, 707, 708, 717—718, 733, 739—740, 768—769, 788, 836, 841, 869, 871—872, 877, 954—956, 958—960, 961—962, 963—965, 970;
- егіншілікте капитализмі дамыған тамаша ел — 735—736;
- ақша және банкі жүйелері — 434—436, 444—445, 449—456, 488, 539—542, 551—552, 562, 563, 575—576, 593, 595, 608, 619, 623, 625, 632—634, 645—647, 659—660, 984, 990—992, 995—997, 998—999;
- сыртқы саудасы — 133, 366—367, 447—455, 458, 462, 526, 536, 540—542, 550—551, 631—633, 640—641, 650—652, 719—720, 722—727, 984—986, 987—989, 992—995, 997—999;
- капиталды экспортқа шығару — 528, 544, 586, 632—639, 645—647, 649—651, 652—654, 655—657—659;
- қаласы — 361, 566—568, 570—572;
- еңбекшілердің жағдайы — 100—109, 142—149, 191, 687—690, 692, 694—696, 698;
- отарлау жүйесі — 365—367, 638—640, 648, 649, 870, 871, 873—875, 888—891, 901—902;
- заң шығару ісі — 103, 119, 120, 191, 360—362, 436—438, 686—689, 720—721, 739, 788, 840—841, 861—864.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ежелгі дүние, Рим (Ежелгі)*.
- Англиядағы астық заңдары* — 119, 120, 360, 689, 691—692, 718, 751—752, 795.
- Анықтама* — 16.
- Аргентина* — 801—802, 803—805, 807—809, 811—813.
- Аренда*
- арендалайтын шарт мерзімі — 677—680, 682, 687, 739, 755, 775—776, 820, 826—830, 852—855, 857;
- аренда төлемі — 686—688, 829—830, 832, 845, 958—959, 961, 963, 965—968, 970—971, 972—974, 981—983;
- және жерге жұмсалған капитал проценті — 678, 679, 681—683, 687—689, 691—693, 696—698, 701, 703;
- және рента — 738, 828—829, 846—848, 855—857, 859, 861—864, 871—872, 875—877, 879—881, 890.
- Аристократия* — 364, 485—487, 565—566, 607, 608, 689, 690—697, 699—701, 790—792, 793—798.
- Артық өндіру дағдарыстары* — қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар*.
- Артық өндіру*
- жалпы сипаттамасы — 275—285;
- абсолютті — 275—276, 280—281;
- относителді — 132, 203, 281—282, 540, 731;
- және относителді артық халық — 280—281;
- және кредит — 485.
- Сонымен қатар қараңыз: *Өнеркәсіп циклі, Экономикалық дағдарыстар*.
- Артық халық* — қараңыз: *Относителді артық халық*.
- Ауыл шаруашылығы*
- жалпы қағидалары — 67—69, 498, 531, 679, 693—697, 735, 758, 879, 885, 973—974, 1009—1011;
- капиталистік — 671, 678, 739—740, 841, 875, 879, 975—976;
- коммунизм тұсында — 135, 727, 856.
- Сонымен қатар қараңыз: *Егіншілік*.
- Ауыл шаруашылық жұмысшысы* — 675, 691, 878;
- оның жалақысы — 686—687, 829—831.
- Ауыспалы капитал*
- анықтамасы — 36, 41, 130, 157—160, 176, 328, 586, 915, 923—925, 937, 941;
- және күн жасау процесі — 34—36, 39, 41, 60—61, 755—756;
- айналмалы капиталдың құрамлас бөлімі ретіндегі — 39, 40, 121;
- және қосымша күн — 41, 48—49, 82, 127—130, 159—160, 187, 259, 271, 939;

- және қосымша құн нормасы — 50, 127—130;
  - оның байланыста болуы және босап қалуы — 127—130; егіншіліктегі — 696.
- Африка**
- оны Европа державаларының бөлікке салуы — 1010—1011, 1012.
- Сонымен қатар қараңыз: *Египет*.
- Ә**
- Әділеттік* — 373—374.  
*Әйел еңбегі* — 104—109, 256.
- Б**
- Баға**
- анықтамасы — 194—196, 212, 250, 317, 342, 395, 407, 710, 720, 905—906;
  - және өндіріс шығындары — 45;
  - монополиялық — 183, 831, 836, 840, 844, 850, 851, 853—854, 886, 891, 915—916, 940, 966—967, 983, 992, 998—999, 1016, 1033—1034;
  - оның өзгерістерін шарттастырушы себептер — 194—198, 207—213, 247—249, 251—253, 336—338, 342—345, 641—642;
  - шикізат бағалары өзгеруінің пайда нормасына жасайтын ықпалы — 117—122, 124—125, 131, 134—135;
  - егіннен алынатын азық-түлік — 845, 882.
- Сонымен қатар қараңыз: *Рыноктық баға*, *Өндіріс бағасы*.
- Бағалы қағаздар**
- анықтамасы — 443, 471, 491, 495, 500, 502, 515—518, 526, 561, 879, 880, 881—885, 887, 890—891, 893—895, 896—898, 899—902, 903, 904, 905—907, 908, 909—910, 911—912;
  - олардың биржадағы курстары — 278—279, 397, 483, 517—518, 527—528, 545—546, 548—550, 551—552;
  - дағдарыстар дәуірінде — 278—279, 483, 554, 581—582, 585—586, 588—589, 593—595, 596—598;
- және капиталистік өндіріс дамуы — 492—493, 495—497, 499—501, 503—505, 509, 511, 513—515, 517.
- Сонымен қатар қараңыз: *Акция*, *Мемлекеттік бағалы қағаздар*.
- Базис және қондырма* — 867, 869, 899.
- Сонымен қатар қараңыз: *Мемлекет*, *Өндірістік қарым-қатынастар*.
- Байланыс құрал-жабдықтары* — 81, 341, 451.
- Байлық (қоғамдық)**
- оның капитализм тұсындағы антагонистік сипаты — 391, 488, 631—632, 920;
  - және еңбек өнімділігі — 756, 899—902, 903—905.
- Бала еңбегі* — 99, 100, 102, 104, 106, 256.
- Баланс* — қараңыз: *Төлемдер балансы*, *Сауда балансы*.
- Банк актісі 1844 ж.* — 449, 463, 475, 476, 523, 539, 549, 565, 567, 571, 581, 583, 589, 598, 600, 602—603, 607—610, 612—613, 615—618, 621—622.
- Банкир* — 343, 404, 442—444, 470, 509, 526, 556, 560—562, 595, 598.
- Банк капиталы* — қараңыз: *Банкілер*, *Ссуда беретін капитал*.
- Банкирлік кредит* — 440, 529, 535, 549—550, 558, 563.
- Банктер жүйесі* — қараңыз: *Кредит беретін банк жүйесі*.
- «*Банк мектебі*». *Буржуазиялық саяси экономиядағы «банк мектебі»* — 490—505, 608.
- Банкноттар**
- анықтамасы — 444—445, 469, 611;
  - банкноттар айналымының заңдары — 488—489, 499—504, 523, 572—582, 591—593, 608—609, 621.
- Банкінің рестрикциясы туралы акт* — 583, 597, 609, 610.
- Банктер**
- жалпы сипаттамасы және маңызы — 334, 443—446, 473, 498, 503—505, 512, 555, 572, 589, 604, 632, 669;
  - олардың қаржылары — 443.

- 502, 509—510, 513—523, 533, 595, 661—662;
- олардың сақтаулы қорлары — 475, 476, 518, 521—522, 548, 581—582, 612, 619—621, 625, 626;
  - олардың пайдасы — 443, 582;
  - банк істерінің тарихы — 349—351, 657—660;
  - кейбір мысалдар — 349, 427, 537, 553, 575—578, 596, 597, 608, 612, 615—616, 658—661, 664.
- Сонымен қатар қараңыз: Ағылшын Банкі. Кредит беретін банк жүйесі.
- Барщина** — 863—870.
- Бәсеке**
- жалпы анықтамасы — 16, 44, 45, 51, 133, 150, 167, 189, 191, 202, 211—215, 217, 227—230, 246—247, 253, 258, 277—279, 281, 285, 288, 290—291, 337, 344, 345, 391—392, 398, 401—402, 480—481, 701, 751, 826, 827, 898, 903, 905, 946, 952—953, 960;
  - оның түрлері — 197—198, 212—213, 277, 337, 338, 962;
  - дүние жүзілік рыноктардағы — 133—134, 260, 365, 545, 797, 865, 963;
  - және монополия — 133—134, 212—213, 215, 247, 261, 480—481, 538.
- Биметаллизм** — 14, 352.
- Биржа** — 403, 485, 529—530, 551, 568, 1006—1015.
- Бирмингем мектебі** — 598, 619.
- Бөлініс** — 963—965;
- бөліс тәсілін белгілейтін жағдайлар — 268, 283, 899, 965—971;
  - қосымша құн — 50—51, 251, 858, 902—904, 916, 927;
  - коммунистік қоғамдағы — 903, 936—937, 965—967, 968—969, 971—973, 975, 977—978, 979—981, 983—985, 987—988, 989, 991—993, 995—997.
- Буржуазия** — қараңыз: *Капиталист*.
- Буржуазиялық классикалық саяси экономия**
- жалпы сипаттамасы — 265, 357—358, 851, 858—859, 919, 926, 931;
  - А. Смиттің теорияларына берілген баға және жазылған сын — 154, 209, 217, 247, 261, 357—358, 363, 365—366, 423—424, 678, 821, 842—843, 848, 881, 912, 923, 930—931, 934;
  - Д. Рикардоның теорияларына берілген баға және жазылған сын — 53, 74, 119, 127, 196, 200—201, 217, 222—223, 261, 264—267, 272—273, 284—285, 356—357, 605, 829, 848, 921, 935;
  - классикалық буржуазиялық саяси экономиядан тұрпайы саяси экономияға көшу — 858—859, 920, 922.
- Бухгалтерлік есеп** — 317, 349, 936.
- Бірлік**
- өндіру процесі мен қарым-қатынас жасау процесі — 29, 51, 52, 268—269, 381, 434, 911.
- В**
- Вавилон** — 988.
- Валюта курсы** — қараңыз: *Вексель курсы*.
- Вексель**
- анықтамасы — 305, 405, 442, 471, 493, 504, 520—521, 533, 579, 603;
  - вексельдердің есеп-қисабы — 353, 443, 467—471, 504, 520—521, 533;
  - қола — 471, 595—596;
  - вексельдердің айналым заңы — 529—532, 543, 595—596, 601;
  - вексельдермен жалдаптық жасау — 469, 535, 542, 551, 595.
- Вексельдер есебі** — 353, 443, 467—472, 503, 520—521, 531—533.
- Вексель курсы**
- анықтамасы — 351, 615, 631, 633, 636;
  - оның өзгерістерін анықтаушы факторлар — 635—645, 648, 649—651;
  - буржуазиялық экономистер мен банкирлердің вексель курсы туралы айтқан болжамдары — 634—655.
- Вексель ісі** — 349—351.

## Г

- Генуя* — 361, 660, 661, 993, 995.  
*Географиядағы үлкен жаңалық* — 365, 992.  
*Геология* — 830.  
*Германия* — 95, 133, 139, 367, 499, 883, 982, 991, 998—1001.  
*Гипотеза* — 928, 967, 988.  
*Голландия* — 350, 366, 368, 661, 998.  
*Голландия-Ост-Индия компаниясы* — 336, 337, 362.

## Ғ

- Ғылым* — 93, 293, 345, 374, 896.

## Д

- Деревня*  
 — және қала — 709—710, 875, 975.  
*Десятина* — 861—862.  
*Диалектика*  
 — қайшылықтар — 133—135, 208, 243—244, 265, 268, 273—274, 281—284, 288—290, 292, 481—485, 630—631, 850, 892, 896, 898—901, 968, 971;  
 — карама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі — 29, 272—274, 911, 923;  
 — санның сапаға айналуы — 183, 285, 401—402, 411—419;  
 — бекерге шығаруды бекерге шығару — 485, 486;  
 — мүмкіндік пен шындық — 863;  
 — қажеттік пен кездейсоқтық — 204—205, 916—917;  
 — себеп пен салдар — 152—153, 191, 240, 260, 270, 468, 566, 892, 895, 951, 957;  
 — мазмұн мен форма — 29, 50—54, 98, 217, 228, 373, 864—865, 892—893, 902, 903, 908—909, 931;  
 — мән және кубылыс — 35, 50, 51, 96—97, 182—184, 188, 208, 228, 246, 247, 252—253, 343, 398, 513—514, 541, 730, 755, 851, 892—893, 905—906, 931, 953—954, 956—957, 995.  
*Дивиденд* — 263, 288, 482, 650, 899.  
*Дифференциалды жер рентасы*  
 — анықтамасы — 705, 736, 795,

- 816, 818—821, 840, 902, 910, 945;  
 — пайда болуы — 701—711, 720, 793—796, 806, 826, 837, 849;  
 — шыққан көзі — 812—813, 826;  
 — өңделген жерлердің ең осалының — 806—807;  
 — және жерді капитализм тұсында национализациялау — 720, 819—821;  
 — дифференциалды жер рентасы туралы буржуазия экономистерінің айтқаны — 707—708, 719, 725, 733, 741, 744, 812, 816—817, 825.  
 Сонымен қатар қараңыз: *Дифференциалды I рента*, *Дифференциалды II рента*.  
*Дифференциалды I рента*  
 — оның шығу шарттары — 708—710, 718, 719, 728, 734, 736, 750, 772, 780, 792, 837, 880, 881—882, 885—887;  
 — оның жоғары және төмендеп кетуінің себептері — 713—731, 742, 746, 751, 780;  
 — және дифференциалды II рента — 737—741, 745, 746, 748, 758, 773, 780, 796—807.  
*Дифференциалды II рента*  
 — оның шығу шарттары — 729, 734—747, 772, 781, 793—796, 835;  
 — және дифференциалды I рента — 737—741, 744, 745, 756, 773, 780, 797—807;  
 — өндірістің тұрақты бағасы тұсында — 748—756, 785—788, 791, 792, 805, 816;  
 — өндірістің төмендеу бағасы тұсында — 757—774, 782, 785—786, 790—792;  
 Сонымен қатар қараңыз: *Сыртқы сауда*.  
*Дүние жүзілік рынок* — 350, 352—353;  
 — оның құрылуы — 292—293, 366—368, 541, 733—734;  
 — капиталистік өндіріс тәсілінің базисі ретінде — 121, 273, 405, 556, 911;  
 — дүние жүзілік рыноктағы бәсеке — 133—135, 261, 366, 540, 801, 856, 960;  
 — дүние жүзілік рынокқа үстем-

- дік құру жолындағы күрес — 370—371, 541.  
Сонымен қатар қараңыз: *Дүние жүзілік сауда*.
- Дүние жүзілік сауда* — 81, 119, 193, 349—350.  
*Дін* — 269—270, 650, 659.
- Е**
- Егінет* — 986.  
*Егіншілік*
- жалпы қағидасы — 68, 69, 113—115, 127, 130, 131, 135, 289, 672, 674, 680, 693, 697, 710—712, 716, 720—721, 732—735, 739, 743, 793, 839—840, 845;
  - капитализмге дейінгі — 215, 701, 736, 859, 882—884, 886—888, 891—892, 895—897, 898—901, 902—904, 905, 907, 908—910, 912—913, 914, 916—917, 918—920, 921—923;
  - капиталистік — 65—66, 127, 255, 289, 671, 673, 675—676, 680—681, 698, 707, 710, 730—731, 734, 737—738, 758, 829, 833—836, 840, 841, 844, 851, 886, 997—998, 999—1003, 1005—1007;
  - капиталистік егіншіліктің қайшылығы — 135, 678, 887—889, 891—893, 895—897, 898—901, 903—905, 909.  
Сонымен қатар қараңыз: *Ауыл шаруашылығы*.
- Ежелгі дүние* — 363—366, 674—675, 859—861, 880—881, 882, 883—885, 887, 888—890.  
Сонымен қатар қараңыз: *Көне дүние, Рим (Ежелгі)*.
- Еңбек*
- жалпы ережелер — 215, 419, 423, 425—426, 890—891, 892—894, 897—898, 901—902, 911, 927, 962—964, 967, 986, 987—988, 989—991, 992—994;
  - еңбектің капитализм тұсындағы екі жақты сипаты — 34, 96—97, 904, 919, 928, 929, 931—933, 937—939, 940—942, 943—945, 947—949, 951—953, 955, 957, 959—960, 961—962, 965;
  - құнның субстанциясы ретінде — 34, 35, 49, 52, 53, 99, 162, 180, 181, 188, 199—200, 205—206, 211, 287, 419, 630, 702, 705, 755, 910, 914, 929—933, 937—939, 948, 964, 984—986;
  - оның капитализм тұсында ортақтасуы — 90—97, 104, 115—116, 292, 424, 426—429, 892, 931, 963—964, 969;
  - оның өндіріс салалары арасында бөлінісі — 93, 191, 214—215, 693—694;
  - бүкіл қоғамның қажетті және қосымша еңбегі — 49, 162, 192, 205, 689—690, 693—694, 910—911;
  - маманданған — 154, 318—319, 330—331;
  - жаппай еңбек — 116;
  - егіншілік пен өнеркәсіптік — 688—691, 893;
  - сауда еңбегі — 318—319, 321, 322, 324—329, 331;
  - коммунизм тұсындағы сауда еңбегі — 95, 287, 893—895; 925—926, 929, 958.  
Сонымен қатар қараңыз: *Еңбекті интенсификациялау, Жалдама еңбек, Еңбек өнімділігі, Жұмыс күші, Капиталдың жұмысшы күшін қанауы*.
- Еңбек. Бақылау және басқару жөніндегі еңбек* — 150, 423—431.
- Еңбек бөлінісі*
- қоғамдық — 93, 204, 292—294, 299—300, 303, 308, 320—322, 326—327, 349, 356, 366, 693, 696, 704, 971, 972—973;
  - егіншілік пен өнеркәсіп арасындағы — 365, 690—691, 692, 697, 710, 858;
  - саудадағы — 323—324, 326, 329—330, 349.
- Еңбек шарттарына қарай жұмысшы есебінен жасалатын үнем* — 52, 94, 98—99, 100—109, 186.
- Еңбекті интенсификациялау* — 89, 126, 216, 240—241, 254—255.
- Ежелгі дүние* — 363—366, 674—675, 859—861, 880—881, 882, 883—885, 887, 888—890.  
Сонымен қатар қараңыз: *Көне дүние, Рим (Ежелгі)*.
- Еңбектің капиталға нақты бағынышы* — 131, 133, 137—139, 141, 143, 145—148, 149—151, 153;
- Еңбектің капиталға формальды*

- тәуелділігі — 241, 266, 279.
- Еңбек құрал-жабдығы* — 39, 40, 43, 48, 53, 281, 906—910.
- Еңбек құрал-жабдықтарының ескіріп тозуы* — 92, 126, 127, 287—288.
- Еңбекті қанау дәрежесі* — қараңыз: *Қосымша құн нормасы, Кипиталдың жұмысшы күштерін қанауы.*
- Еңбектің өндіргіш күші* — қараңыз: *Өндіргіш күш.*
- Еңбек өнімділігі*
- жалпы қағидалар — 58—59, 65—67, 80—81, 89, 91—93, 96, 97, 121, 130, 178—179, 216—217, 224, 236, 243—245, 271—275, 286—287, 291—292, 440, 532, 704, 815, 860, 899, 902—903, 905—907, 909;
  - оның өзгерістерінің товар құнына (бағасына) тигізетін әсері — 181, 182, 187—188, 209, 212, 224—225, 232—233, 247—249, 251—253, 258, 279—280, 286—288, 291—292, 338, 339, 701, 705, 707, 853, 907, 912, 943, 967, 968—970;
  - оның өзгерістерінің жалақылар мен пайдалардың мөлшеріне тигізетін әсері — 58—59, 234—288, 241, 252—253, 260, 264, 271—274, 284—287, 289—291, 693, 929, 935—937;
  - және капиталдың құнсыздануы — 258, 269, 270, 271—273, 276—277, 280, 438—439;
  - оның дәрежесін белгілейтін шарттар — 59, 69, 178—179, 255—256, 268, 286—288, 702—703, 753, 826—827, 893;
  - капитал шоғырлануының факторы ретінде — 95, 232—233, 239—241, 272—274, 285—286, 292—293, 438—439;
  - және табиғат күштері — 285, 698—705, 812, 835, 858, 865;
  - оны арттыру әдістері — 287—288, 967, 968, 969, 971;
  - оның капиталистік қоғам үшін маңызы — 216—217, 289—291, 293—295, 297;
  - коммунизм тұсында — 288, 895—896, 897—898, 899.

## Ж

*Жалақы*

- жұмыс күші құнының (бағасының) өзгерген формасы — 35, 36, 44, 52, 127, 176, 321, 391, 428, 479, 514, 804, 858, 894—896, 907, 908, 914, 932—935, 938, 944, 948;
  - жұмысшы табысын формасы ретінде — 894—895, 914, 915, 920, 928, 929, 934—935, 938, 944, 948, 956;
  - нақты жалақы — 941;
  - оның формалары — 95, 144;
  - және қосымша құн нормасы мен пайда нормасы — 59, 60, 74, 75, 197, 219, 222, 258, 276, 564, 935—936, 945, 946;
  - және өндіріс бағасы — 219—223, 949;
  - өндіріс құнының өсу немесе төмендеу себептері — 127, 176—181, 223, 224, 280, 704, 717, 744, 808;
  - оны арттыру жолындағы күрес — 143, 843—844;
  - оны төмендету тенденциясы — 329—330.
- Жалған капитал* — 464—465, 474—477—483, 538, 541—543, 561, 577, 622.
- Жалдама еңбек* — 214, 289, 321, 322, 324—325, 328—330, 368—369, 419—420, 426, 710, 873, 892, 899—903, 918—919, 963, 968.
- Жалдаптық* — 138, 227—228, 265, 276, 334, 337, 343, 447—449, 463, 465, 481, 485, 531, 542, 568, 730—731.
- Жалпы кіріс* — қараңыз: *Кіріс.*
- Жалпы өнім* — қараңыз: *Қоғамдық (жылдық) өнім.*
- Жалпы пайда*
- оның процентіне және кәсіп иесінің кірісіне ыдырап кетуі — 121, 123, 125, 131, 133, 135, 142—144.
- Жалпылық эквивалент* — 362, 505, 507, 569, 628—629, 946, 987.
- Жапония* — 113.
- Жаратылыс тану білімі* — 43, 45, 49—51, 53, 57—59, 61—63.
- Жәй қайта өндіріс* — қараңыз: *Қайта өндіріс.*



**Жеке бас тұтыну заттары**

- қажетті тіршілік заттары — 11, 13, 19, 27—28, 29—31, 47—48, 51—53, 55—57, 59—61, 65—67, 69, 87—89, 93—95;
- сән-салтанат заттары — 61—63, 65, 67, 69—71, 73—75, 79—81, 83—85, 87—89;
- тұтыну заттарын өндіретін бөлімше — 87, 89, 93—95;

**Жер**

- жалпы қағидалары — 278, 670, 672—674, 693, 701—702, 704—705, 718, 721, 726—731, 733—734, 736, 743, 788—789, 809—810, 815, 816, 835—836, 841, 843, 848, 849, 874, 876, 883—884, 887—889, 894, 895, 897, 899;
- және капитал — 674—675, 727—728, 731, 732, 734—735, 739—740, 753, 809, 810, 816, 838, 849, 872, 887—889.

Сонымен қатар қараңыз: Құнарлы жер.

**Жер бағасы**

- анықтамасы — 675, 680, 689, 693, 705, 727, 843, 872, 876, 878—881, 893, 897, 901—903, 907—909, 911, 913, 917—921;
- оның қозғалысы — 678—679, 684—685, 694—696, 727—728, 844—848, 881, 895—896, 910—911, 923, 927, 929—930, 935—936;
- оның өлшемін анықтайтын факторлар — 681, 893—894, 897—898, 910—912, 921—922, 928, 929, 931—932;
- ұсақ егіншілік жағдайындағы — 895—896, 898—899, 910—912, 917, 919, 921—923, 927—929, 931—933, 947.

**Жерді капитализм тұсында национализациялау** — 721, 819, 821.**Жер құнарлылығының кему «заңы»** — 719, 732, 812, 813—815, 817.**Жер меншігі**

- жалпы сипаты — 671—673, 679, 689—690, 694, 695, 704, 705, 800, 815—817, 820, 822, 827—828, 830—831, 840—841, 843, 846, 852, 876, 882, 888, 893, 894, 897—898, 903, 937, 961;
- оның формалары — 669—670,

672, 677, 689—690, 836—837, 843, 860, 868, 873—879, 881—885, 888;

- оның капиталистік өндіріс әдісін дамытудағы ролі — 677—678, 883—885, 894, 920—921, 957;
- және капитализм тұсында жерді национализациялау — 719, 815—817;
- және пайдалы егіншілік — 676, 885—887;
- буржуазиялық экономистер мен философтардың жеке жер меншігі туралы айтқандары — 675—677, 679—681, 682—683.

**Жер рентасы**

- анықтамасы — 267, 673, 674, 679—681, 687, 689—690, 692, 694, 696, 733, 785, 835, 838, 850, 851, 866, 868, 870, 877, 889, 894, 907, 915, 928, 944, 961;
  - шығуы — 698—705;
  - мәні — 673, 675, 677—681, 692—694, 787, 789—790, 827, 829, 830, 840—841, 851, 890, 893—894, 903—904, 906, 914, 949, 951, 962;
  - оның нормасы — 265—266, 345, 722, 728, 747, 849, 852;
  - оның өзгеруін тудыратын факторлар — 676, 678, 679, 682, 684—686, 695, 696, 737, 738, 860, 875;
  - оның капитализмге дейінгі формалары — 653, 692, 856, 859—860, 885—887;
  - оның капиталистік формалары — 690, 694, 832, 833, 840—846, 850;
  - және аренда төлемі — 734, 824, 825, 840, 843—845, 847, 849—851, 853—855, 858—861;
  - рентаның буржуазиялық теорияларына берілген баға мен сын — 200—201, 265, 666, 671, 676, 678, 680—681, 688—689, 695—696, 812, 836—837, 841—842, 844, 848, 852—856, 858—860, 875—877, 879—881.
- Сонымен қатар қараңыз: Абсолютті жер рентасы, Ақша рентасы, Дифференциалды жер рентасы, Еңбекпен өтеу рентасы, Өнім рентасы.

*Жұмыс күні*

- оның құрамдас бөлімі — 910—911, 913—915, 917—919, 921—923, 927—929, 931;
- оның меже шегі — 936—937, 938—939, 940—942, 943;
- оның ұзақтығы және пайда нормасы — 59—60, 75, 88, 269, 271—272, 275;
- және еңбекті қанауы — 216, 236, 240—241, 254—256, 257, 259—260, 261—263, 265—267, 269—271, 273;
- жұмысшылардың жұмыс күнін қысқарту жолындағы күресі — 120, 143, 907—908, 909—911;
- коммунизм тұсында — 895;

*Жұмысшы табы*

- оның шығуы және өмір сүру шарттары — 30, 48, 52, 90—109, 193, 197, 206, 215, 217, 226, 239—240, 273, 274, 279, 289, 321, 329—330, 367—368, 418, 532, 665, 688, 690—691, 699, 840—841, 894, 896—897, 958, 963;
- оның капитализм тұсында ұдайы өндірілуі — 206, 271, 272, 691, 862;
- оның кірісі — 489, 894—895, 899, 907, 914—916, 920, 928, 934—935, 938, 944, 948, 955, 956, 963;

- және экономикалық дағдарыстар — 532—533, 534—535;
- Сонымен қатар қараңыз: *Жалақы, Жалдама еңбек, Қосымша құн, Ауыл шаруашылық жұмысшысы, Капиталдың жұмысшы күшін қанауы.*

*Жұмыс күші*

- товар ретіндегі — 13—14, 52, 387, 422, 568, 898, 899, 918, 964, 967—969;
- оның құны (бағасы) — 13—14, 34—36, 44, 52, 95, 127, 176, 224, 321, 329, 392, 421, 430, 481, 516, 567, 807, 897, 899, 910—911, 938, 949—952;
- оның тұтыну құны — 34—36, 329, 387, 421, 426, 434, 437, 439—441, 443;
- оның қайта өндірілуі — 118, 127, 206, 235, 271, 272, 692, 896, 898—899, 901—903, 904—906, 907—909, 911—913, 915,

917, 919—921, 923—925, 927—928, 931—933, 935, 943—945;

- және еңбек өнімділігін дамыту — 239—241, 243—245, 256, 259, 270—274, 279—281, 290, 330—331, 333—335.

*Жұмыссыздық* — қараңыз: *Относительді артық халық.*

*Жұмысшы қозғалысы* — қараңыз: *Жұмысшылардың тап күресі, Халықаралық жұмысшы күші.*

*Жұмыспен өтеу рентасы* — 49—51, 57, 59, 63, 72, 75—77, 79, 81, 85—87, 89—92, 93—95, 97—99, 101—103, 105—107.

*Жұмысшы табының қайыршылануы* — 100—109, 143—149, 206, 329—330, 658, 675, 686—688, 690—691, 693—695, 698—700.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік қор жинаудың жалпылық заңы, Относительді артық халық, Жұмыс күшін капиталдың қанауы.*

*Жұмысшылардың тап күресі* — 11, 217, 221—223, 225, 227;

- жұмыс күнін қысқарту жолындағы күрес — 120, 143, 911—912;

— және жалақы жолындағы күресі — 143, 844—845, 847.

*Жұмысшылардың халықаралық Серіктігі* — 5.

## 3

*Заемдар* — 520—521.

*Заң* (философиялық категория ретіндегі) — 257, 262.

*Заттай шаруашылық* — 341, 357, 360, 361, 364, 365, 368, 857, 858, 867—868, 981—982, 990—991, 993—995, 996, 997, 998—999, 1003—1005, 1006, 1007, 1008—1009, 1010—1011, 1013—1015.

*Зерттеу әдісі* (К. Маркс «Капиталға»)

- зерттеудің логикалық дәйектілігі және методологиялық тәсілдері — 27—29, 31—32, 37—39, 48—50, 53—55, 57—59, 67—71, 77—78, 79—81, 85—86, 87—89, 93—95, 97—98, 101, 103, 107—109, 111—112, 113—115;
- утопистер мен буржуазияшыл экономистердің методоло-

логиясын сынау — 46, 49, 63—65, 67—68, 71—72, 75—76, 93—95, 97, 99, 107—108, 111—112, 113—115, 117—119.

Сонымен қатар қараңыз:  
*Абстракция, Диалектика.*

## И

*Импорт* — қараңыз: *Сыртқы сауда.*

*Индия* — 81, 133, 134, 988—990, 991—992, 994—996, 998;

— Индиядағы капитализмге дейінгі өндіріс әлісі — 235, 366, 857, 861—862, 957—958;

— Индиядағы ағылшын үстемдігі — 366, 451—452, 455—457, 463, 607, 632—639, 648, 649—651, 653—655, 657, 659—660, 662—663, 664—665, 666—667.

*Интернационал (I)* — қараңыз: *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі.*

*Ипотека* — 503, 512, 878—879, 881—883, 886—887.

*Ирландия* — 113, 133, 139, 140, 578, 683, 687, 885, 886, 887, 888, 889, 891—893, 896—897, 898, 899, 903—905, 906—907, 908—910.

*Иррационалды және рационалды* — 627, 680, 706, 848—849, 891—892, 899, 908, 948, 951—952.

*Испания* — 982—984, 985, 986—987, 988, 999.

*Италия* — 25, 368—369, 873—876, 985—987, 992—998.

## К

*Каналдар*

— Суэц каналы — 452, 539—540.

*Капитал*

— жалпы анықтамасы — 53, 56, 213—214, 270, 272, 280, 284, 290, 292, 376, 378, 390, 392, 408—409, 419, 421, 431, 480—481, 560—561, 664, 890—892, 894, 896, 898, 900—903, 945—946, 960—961, 965;

— капиталдың жалпылық формуласы және оның қайшылықтары — 48, 295, 353, 384, 385, 431—432, 892, 893, 905—907;

— құнды көбейту — капитал қозғалысының мақсаты — 48, 265, 274, 281, 390, 410, 416, 431, 432, 896, 897, 904, 907, 965, 969, 971;

— оның айналымы — 381—382, 385—386, 916—920, 960—966;

— оның бір саладан екінші салаға ағылып күйылуы — 214, 215, 227—229, 402—403, 671, 828—829, 842, 953, 966, 994—995;

— оның өндіріс саласындағы формалары — 33, 43, 124, 361, 372, 377, 404—405, 406—407;

— оның айналыс саласындағы формалары — 124, 300—301, 346, 355, 361—362, 372—373, 377—380, 405—406, 909—910;

— оның байланыста болуы мен босатылуы — 68, 69, 127—130, 156, 557—558;

— оның құнының ауытқып тұруы — 123—127, 152—153, 258, 268, 269, 271—274, 276—277, 280, 438—439;

— капиталдың бөлінуі—капиталдан-меншіктен туатын функциялар — 407—420, 480—481, 482—483;

— оның қозғалысы мен қайшылықтары — 29, 56, 123, 127—130, 243—244, 258, 269, 273—274, 277—283, 288, 289, 377, 378, 382—385, 391—392, 405, 558, 663—664, 905—906, 965;

— капиталға берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 15, 416, 462—479, 484—485, 560, 889, 894, 945—947, 948—950.

*Капиталды авансылау*

— мәні және мақсаты — 14, 39—43, 48, 212, 215, 910, 914—915, 935;

— авансылайтын капиталдың жаңа кәсіпорындарын ұйымдастыру үшін керекті минимумы — 99, 240, 275, 288, 558, 769, 932;

— ауыспалы капиталды авансылау ерекшеліктері — 34—36, 39, 41, 48—49, 584—585, 752, 915—916;

— тұрақты капиталды авансылау ерекшеліктері — 34, 35, 39—40, 48—49, 88, 752;

— авансыланған капиталдың

- жалпы айналымы — 80, 88;  
 — және кредит — 378, 557;
- Капиталдың жұмысшы күшін қанауы — 48, 49, 96—109, 154—155, 186, 193, 215—217, 229, 240—241, 243, 254—256, 262—263, 267—268, 271, 272, 275, 280, 283, 372, 418, 424—426, 650, 840—841, 891, 893, 894, 896—897, 902—903, 914;
- жұмысшы күшін қанау дәрежесіндегі ұлттық ерекшеліктер — 155, 260—261, 265—267, 269—271, 275, 277—279, 286—288.
- Сонымен қатар қараңыз: Қосымша құн нормалары.
- Капиталды ортақтандыру** — 264, 270, 324, 485;
- банкілік — 397, 401, 427—428, 500, 518, 554, 573—574, 600.
- Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың шоғырлануы.*
- Капитал айналымы**
- оның пайда нормасына әсері — 58, 80—87, 155, 156, 164—166, 249—250;
- Өнеркәсіп — 303—304, 332, 333, 335, 339, 343, 344;
- көпестік — 250, 302—304, 314, 332—336, 339—345;
- және қосымша құн — 80, 82;
- және сауда пайдасы — 344—345.
- Капитал. Айналымды капитал** — 356—357, 358—360.
- Капиталдың алғашқы қорлануы** — 270, 526, 671—672, 958.
- Капиталистік дәуірге дейінгі өндіріс тәсілдері** — 235, 341, 359, 363—364, 366—367, 568, 649, 652, 734, 855, 905, 959—960.
- Сонымен қатар қараңыз: *Алғашқы қоғам, Құл иелену қоғамы.*
- Феодализм.**
- «Капитал». К. Маркстің еңбегі**
- оның жазылу тарихы — 4, 5, 10, 971, 995;
- I томның зерттеу предметі және кейбір жеке қағидалары — 3, 5, 6, 10, 11, 16, 19, 20, 22, 29, 33, 35, 41, 45, 47, 48, 52, 58, 59, 85, 90, 95, 97, 98, 104, 105, 107, 145, 154, 157, 158, 175, 178, 199, 243, 246, 253, 254, 270, 288, 339, 350, 352, 441, 492, 500, 506, 537, 577—579, 629, 651, 660, 675, 686, 690, 698, 825, 869, 895—896, 906, 916, 932—933, 963, 987;
- II томның зерттеу предметі және кейбір жеке қағидалары — 12, 16, 22, 23, 29, 51, 58, 80—82, 84, 86, 130, 178, 293, 295, 308, 316, 330, 335, 339, 376, 489, 494, 530, 585, 586, 617, 843, 906, 916, 919, 925;
- III томның зерттеу предметі — 5—11, 29, 970—976, 978—980, 981—983, 985, 987—989, 991—993, 995;
- IV том мазмұнының сипаты мен кейбір қағидалары — 11, 55, 173, 184, 200, 223, 233, 246, 247, 363, 414, 850, 856;
- Маркстің құн теориясы мен қосымша құн теориясының маңызы — 12—16, 19—26;
- Ф. Энгельстің «Капиталдың» II және III томдарын бастырып шығару жөніндегі еңбегі — 3, 26, 58, 68, 79—87, 122, 133, 134, 136, 139, 150, 166, 183, 194, 249, 250, 286—288, 330, 367, 368, 395, 401, 425, 428, 442, 448—455, 459, 460, 472—474, 478, 481—483, 501—502, 519, 521, 523—524, 540, 553, 571, 578, 581—582, 598, 600—604, 609—612, 618—619, 625, 629, 632, 641, 664, 732, 765—766, 774—793, 805, 812, 845, 890, 894, 969—1006.
- Капиталист**
- жалпы сипаттамасы — 48—49, 93, 96—98, 173, 217, 229, 270, 277—278, 284, 290, 292, 295, 372—373, 419, 426—428, 657, 696, 733, 816, 893, 898, 904, 920, 932, 934, 956, 957, 960, 964;
- капитал иесі ретіндегі адам — 52, 229, 290, 311, 317—318, 410, 418—419, 893, 901, 904, 962—963;
- оның қимыл-әрекеттерінің көздеген негізгі мақсаты — 48, 50, 182, 183, 206—207, 216, 263, 267, 295, 419;
- өнеркәсіпті — 263, 295—296, 311, 317, 407—415, 420, 422,

- 427—430, 433, 734, 844—845, 846—847, 848—850;
- сауда — 295, 297, 304, 311, 319, 322, 408;
- ақшалы — 260, 403—408, 411, 415, 423—424, 523, 558, 590, 592, 595;
- оның табысы және жеке басының тұтынуы — 332, 487, 523, 550, 891—892, 894, 912, 925, 951, 956, 959;
- және жұмысшыларды қанауы — 48, 49, 96—101, 215—217, 229, 267, 268, 275, 283, 372, 418, 424, 426, 650, 890, 892, 903—904, 915;
- оның қосымша күн мен пайданың шығуына көзқарасы — 42, 45, 46, 48—49, 51, 52, 56, 150—151, 184, 186, 228—230, 311, 418, 421, 751, 896—897, 901, 904, 905, 920, 924, 927, 948—953.
- Капиталдың қорлануы**
- жалпы қағидалар — 239—240, 246, 267—269, 272—274, 289, 291—292, 437, 465, 466, 524, 550, 553, 555—557, 559—560, 892, 910, 917, 923—926, 962, 993;
- және еңбек өнімділігінің өсуі — 95, 232—233, 239—241, 271—273, 284—285, 291—292, 437—438;
- және относителді басы артық халық — 239, 273, 274, 281, 291;
- және капиталдың шоғырлануы мен орталықтануы — 239, 240, 264, 270, 290;
- және пайда нормаларының төмендеуі — 246, 264, 281, 289, 291;
- оның межесі — 483, 556—557. Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың шоғырлануы, Капиталдың орталықтануы.*
- Капиталистік қор жинаудың жалпыға бірдей ортақ заңы** — 232, 239, 240, 243—244, 268;
- Капиталдың құндық құрылымы** — 158, 232—233, 276, 831—832.
- Капиталдың органикалық құрылымы**
- жалпы сипаттамасы — 59, 78—79, 86—87, 152—153, 156—159, 161—164, 166—169, 178—179, 189, 214, 232, 233, 262, 273, 693, 824—825, 832—833, 847;
- ауыл шаруашылығындағы — 826, 832—834, 839.
- Капиталистік өндіріс анархиясы** — 204—205, 212—213, 268, 282, 285, 568, 628, 907, 952—953, 960—962, 983.
- Сонымен қатар қараңыз: *Экономикалық дағдарыс.*
- Капиталистік өндіріс әдісі**
- жалпы сипаттамасы — 29, 35, 46, 48, 96—101, 112, 122, 133, 134, 176, 191—192, 198, 213—215, 233, 234, 239, 240, 250—251, 267, 270, 271, 273, 283—284, 289, 292, 340—341, 358, 359, 361, 379, 422, 425, 440, 514, 567, 651, 662, 665, 669, 670, 693, 719, 734, 813, 857, 883, 886—888, 891, 900, 901, 904, 919, 925, 927, 949, 956—961, 963;
- оның көздеген негізгі максаты — 48, 214, 265, 267, 273, 274, 276, 281, 282, 284—285, 483, 532, 672, 869, 958, 959;
- оның басты негізі мен алғы шарттары — 48, 191, 214—215, 356, 360, 365—366, 369—370, 376, 390—391, 416, 419, 483, 650—652, 671—673, 734—735, 853, 868—870, 894, 961;
- өндіріс қатынастары — 48, 52, 55—56, 96—97, 133, 134, 213, 268, 290, 292, 390—391, 416, 418, 420, 424—425, 430, 431, 439, 649, 670, 883, 886—887, 891, 900, 949, 956—960, 963;
- өндіріс, бөлініс және айналыс заңдары — 96, 98, 99, 131, 133, 156, 166—167, 174, 212, 213, 232, 238—240, 242, 243, 245, 247, 252, 268, 278, 280, 283—291, 341, 651, 669, 735;
- ауыл шаруашылығы — 135, 426, 669, 670, 672—675, 677—678, 693, 707, 727—728, 731, 735—736, 753, 816, 821, 830, 833, 855, 868—872, 883, 894, 961—962;
- оның даму тарихы мен тенденциялары — 233, 260, 261, 263, 265, 270, 273, 282—284, 291—292, 314—315, 357, 359, 360, 365—370, 526, 649, 652—

- 653, 734, 855, 868—869, 871—872, 963, 985—989;
- оның антогонизмдері мен қайшылықтары — 98, 100—101, 132—135, 204—205, 239—240, 243—245, 260, 265, 268, 272—274, 281—285, 288—290, 292, 390—391, 424—426, 480—485, 567—568, 627—628, 672—675, 883—887, 889—892, 959;
  - оның тарихы, өткінші сипаты — 265, 274, 282—285, 289, 290, 557, 670, 677, 887, 891, 956, 962;
  - буржуазиялық экономистердің көзқарастарына сын — 265, 267, 282, 284—285, 423, 424, 426—428, 514, 650, 656, 660—661, 665, 670, 677, 855—856, 886—888, 918—919, 927, 944, 945, 953—956;
  - өндірісті қоғамдасып жүргізуге көшу қажеттігі — 101, 133, 265, 284, 290, 479—485, 662—663.
- Капиталистік өндіріс заңдары — 268:**
- өнім өндірудің капиталистік әдісінің тұсында жалпы заң тек әкімші тенденциялар ретінде ғана жүзеге асырылып отырылады — 167, 176, 191—192, 207—208, 257, 261—262, 391, 401, 958—959;
  - фабрикантқа, көпес пен банкирге өні айналдырылған күйде қолданылады — 52—53, 150—151, 247, 343—344, 418, 428, 944.
- Сонымен қатар қараңыз: Капиталистік қор жинаудың жалпылық заңы, Құн заңы, Панда нормасының төмендеу тенденциясының заңы, Өндірістің капиталистік әдісі, Экономикалық заңдар.
- Капиталдың техникалық құрылымы — 53—54, 69, 130, 157—159, 161, 166, 168, 179, 224, 825, 831—833.**
- Капиталдың толық айналымы — 380—382, 384, 915, 959.**
- Капиталдың шоғырлануы — 99, 239, 240, 264, 270, 275, 290, 323—324, 326, 397, 401, 426—**
- 427, 479, 498, 522, 5/2—573, 649, 702, 736;**
- және капиталдың орталықтануы — 264, 270, 323, 483, 598.
- Сонымен қатар қараңыз: **Капиталдың қор жинауы, Капиталдың орталықтануы.**
- Қартельдер — 134, 480, 537.**
- Кәсіп иелігінің кірсі**
- анықтамасы — 263, 265, 409—414, 416—418, 428, 545, 562, 893—895, 930;
  - және проценті — 406—420, 427, 563, 887, 894—895;
  - және басқару үшін төленетін төлем — 421—429;
  - капиталистің көзқарасы — 417, 418, 420—422, 427.
- Кәсіпорын (капиталистік) — 85—87, 90, 101, 160—161, 169, 240, 258, 263, 288, 324, 328, 331, 818—819, 933.**
- Кедейлер туралы заңдар (Англияда) — 663.**
- Кездейсоқ жағдайлар (өндірісте) — 100—109.**
- Кеме қатынасы — 81, 341, 451, 985—986, 987—990.**
- Коммерциялық кредит**
- жалпы сипаттамасы — 443, 527—531, 533, 538, 544, 545, 549, 556, 562, 569, 572, 641;
  - оның құралы — 527—530.
  - оның шекара межесі — 529.
  - оның капиталистік қайта өндіру процесіндегі ролі — 529—533, 537—558.
- Коммунизм (қоғамдық-экономикалық формация) — 892—893.**
- материалдық алғы шарттары — 101, 284, 290, 479—485, 662—663, 892;
  - өндіргіш күштері — 282—283, 483, 892—893;
  - өндірістік қатынастары — 843, 892;
  - өндірісі — 115—133, 135, 205, 282, 287, 290, 483, 568, 719, 892—893, 922—923, 927, 954;
  - бөлінуі — 893, 922—923, 954—956;
  - ауыл шаруашылығы — 135, 719, 843, 883—884, 886—888, 890—891, 893—895, 896—898, 903—904, 906—908;

- енбегі — 95, 287, 893—895, 924—925, 929, 958;
- тұтынуы — 924—925, 956;
- коммунизм тұсында болатын шын мәніндегі бостандық — 893—894, 896—897, 901—902, 905—907, 909, 911, 913—914.
- Консигнация* — 139, 448, 541—542.
- Кооперативті фабрикалар* — 97, 425—428, 483—484.
- Кооперация* — 90, 94, 104, 115—116, 292, 426, 428, 651.
- Көмекші материалдар* — 94, 114, 118—121, 124, 130—131, 240, 248, 272, 286, 827, 913, 982.
- Көпестер капиталы* — қараңыз: *Сауда капиталы*.
- Көпестер серіктігі* — 983—986; — Ганза — 983.
- Көрінуі* — 81, 115—116, 126, 209, 256, 260, 288, 701.
- Күміс* — қараңыз: *Алтын (және күміс)*.
- Кредит*
  - жалпы қағидалары — 275, 279, 292, 304, 397, 405, 440, 442—443, 478, 482, 484—485, 491—492, 539—541, 547—548, 572, 584, 595, 627, 656, 662, 663, 750, 961, 963—965, 967—968, 973—974, 976—977;
  - оның капиталистік өндірістері ролі — 478—485, 527, 531—532, 539, 549, 552, 572, 583, 585—587, 591—592, 595—597, 599.
  - буржуазиялық экономистер мен банкирлердің көзқарастары — 441—442, 456—477, 542, 545—548, 560—562, 564—566, 570—571, 575—581, 584—598.
- Кредиттік ассоциациялар* — 657.
- Кредит-банк жүйесі* — 215, 275, 334, 343, 484, 497, 598, 625, 647, 662—663.
- Кредиттік ақшалар* — 440, 444, 469, 488, 489, 567—568, 589, 659, 663. Сонымен қатар қараңыз: *Банкноттар, Вексель*.
- Кредит берушілер мен қарыз алушылар* — 387—388, 393, 403—404, 411, 417, 442—443, 524, 526, 558—560, 570, 673.
- Крепостниктік*
  - жалпы қағидалары — 194, 358, 672, 690, 858—859, 862, 905, 959, 977, 981;
  - қосымша енбек формаларының өзіндік ерекшелігі — 856—871, 905.
- Сонымен қатар қараңыз: *Феодализм*.
- Кіріс*
  - жалпы ережелері — 11, 123—124, 213, 490, 553—554, 888, 894—897, 905, 907—912, 914, 916, 918, 919, 921, 922, 924, 928, 934, 939, 944, 945, 955;
  - жалпы кірісі — 915—916;
  - таза (национализацияланған) кірісі — 915—916;
  - кейбір жұмысшы мен жұмысшы табының — 489, 553, 894—895, 899, 907, 914—916, 920, 928, 929, 934—935, 938, 944, 948, 955, 956, 963;
  - кейбір капиталистің және капиталист табының — 269, 335, 490, 526, 553, 894—895, 897, 915, 928, 955, 960, 963;
  - жер меншікшісінің — 553, 894—895, 915, 928, 955, 963;
  - өнім өндірмейтін таптардың — 540;
  - жинау үшін жасалған қорлар мен тұтыну үшін жасалған қорлар — 213, 216, 553, 909, 922;
  - кіріске берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 886—888, 916, 917, 920, 929.

## К

*Қайшылық*

- өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы — 133—134, 265, 268, 273, 274, 282—283, 288—290, 292, 483—484, 962;
- өндірістің қоғамдық сипатының және пайдаланып кетудің жеке формасы арасындағы — 283, 290, 292, 390, 391, 483, 627—628, 887, 891—892;
- өндіріс пен тұтыну арасындағы — 204—205, 268, 281—284, 531—532;
- жерге жекеменшік иелігі мен тиімді егіншілік арасындағы — 135, 675, 884—886.

- Қажетті еңбек* — 231, 271, 688, 690—692, 894, 907—908.
- Қала*  
— және деревня — 707, 708, 709—711, 871—876, 963—969;  
— және сауда — 360—363, 364, 365—367, 368—370.
- Қарыз* —  
— анықтамасы — 377, 378, 381—382, 470;  
— оның формасы — 374, 375, 378, 384—385, 443, 447, 470, 471, 499—502, 526—527, 545, 547, 559, 572, 582, 584, 591—592, 631, 660, 665.  
Сонымен қатар қараңыз: *Қарыз капиталы*.
- Қарыз капиталы*  
— анықтамасы — 263, 375, 377, 389, 392, 401, 402, 413, 525—527, 545, 549, 560, 655—656;  
— мәні — 378—392, 397, 408, 417, 419—420, 430—433, 656, 658, 663;  
— оның жалпыға тән формуласы — 374, 375;  
— оның шыққан негізі — 443—441, 552, 553;  
— оның қозғалысы — 374—375, 377, 378, 381—385, 433, 545, 548—550, 572, 575—577, 579—581, 593—595, 597—599;  
— және шын мәніндегі капитал — 524—527, 529—530, 538, 543—545, 549, 552, 555, 570, 640, 641;  
— және айналым қаржысы — 548, 550, 572;  
— оның тарихы — 413, 442—443, 648;  
— оның фетишизмі — 389, 430—439;  
— қарыз капиталына берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 379—381, 390, 407, 413, 415, 434—438, 510, 664—665.  
Сонымен қатар қараңыз: Кредит, Өсімқор капитал, Қарыз.
- Қарыз капиталының қорлануы*  
— жалпы сипаттамасы — 456—477, 524—526, 537—538, 548, 551—555, 558;  
— оның шығар жері — 552, 553, 556—558;  
— және шынайы капиталдың қорлануы — 524—526, 534—535, 537—538, 544—545, 552, 555—561.
- Қарыз проценті*  
— анықтамасы — 235, 372, 375, 377, 378, 380, 385, 388, 390—393, 399, 406, 409—416, 419, 420, 431, 467, 650;  
— оның қозғалысы — 391, 394—395, 402, 562—563, 642—643, 679;  
— оның тарихы — 235—236, 403, 413, 650, 653, 654, 882;  
— оның фетишизмі — 411, 420—421, 431;  
— қарыз процентіне берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 392, 397—399, 413—414, 416, 417, 677.  
Сонымен қатар қараңыз: Процент ставкасы.
- Қасиетті металдар* — қараңыз: *Алтын (және күміс)*.
- Қауым*  
— жалпы сипаттамасы — 194, 672, 873—874, 906, 978;  
— әр түрлі елдердегі — 366—367, 788, 856, 860, 874—875, 957, 983—985, 987—989, 993—998.
- Қауіпсіздендіру қоғамы* — 920—921, 922—925.
- Қауіпсіздендіру ісі* — 229—230.
- Қауіпсіздендіру қоры* — 892, 923, 924, 925, 955—957, 963—964.
- Қоғам* — 274;  
— оның экономикалық және саяси құрылымы — 652, 656, 861, 892.
- Қоғамдық еңбек бөлінісі* — қараңыз: *Еңбек бөлінісі*.
- Қоғамдық капитал (жалпы сипаттамасы)* — 174, 180—182, 242—243, 281, 293, 306, 310, 583—584, 908, 912—913, 960.
- Қоғамдық-қажетті жұмыс уақыты* — 99, 153, 199—200, 204—205, 212, 275, 290, 317, 691, 695, 697, 701, 928, 963, 981—983.
- Қоғамдық (жылдық) өнім* — 174—176, 895—896, 908;  
— оның құнына қарай бөлінуі — 910—912, 914—917;  
— оның заттай формасына қарай бөлінуі — 912, 913, 916, 924.
- Қоғамдық-экономикалық формация* — 843—888.



- Сонымен қатар қараңыз: *Өндіріс тәсілі*.
- Колонер өндірісі* — 194, 367—369, 878, 977—979, 981.
- Қондырма* — қараңыз: *Базис және қондырма*.
- Қор (товарлық)* — 125, 204.
- Қосымша еңбек*
- жалпы қағидалар — 49, 52, 162, 192, 231, 236, 238—240, 271, 691, 751, 856—871, 891—895, 906—908, 924, 928, 935—936, 955—956;
  - оның табиғи базисі — 687—689;
  - және қажетті еңбек — 49, 192, 271, 687—688, 691—692, 908—909;
  - оның межесі шегі — 861;
  - коммунизм тұсындағы — 891—892.
- Қосымша құн*
- анықтамасы — 14, 41, 49, 55, 61, 90, 162, 180, 228, 267, 271, 690, 890, 891, 894—897, 906—908, 914, 915, 919, 928;
  - оның шығу тегі — 41—43, 48—51, 54, 61, 90, 98, 159—160, 162, 187, 228, 267, 306—307, 322, 419, 690, 692, 694, 850, 926, 935—936, 960;
  - оны өндіру капитализмнің көкейтесті мақсаты — 216, 267, 276, 959, 961, 963—965, 969—971, 975, 977—981, 983—985;
  - оның аумағы — 47, 59, 163, 176, 183, 240—244, 246, 254—257, 265—267, 338, 339;
  - оның формалары — 50, 52, 57, 198—199, 692, 906—911, 920, 923, 926, 928, 938;
  - оның таратылуы — 50, 51, 267—268, 283, 901;
  - оның бөлінісі — 50—51, 251, 850, 893—895, 909, 920;
  - оның мөлшеріне әсер ететін факторлар — 51, 59—60, 80, 82, 95, 98, 127, 130, 153, 216, 227, 259, 306—307, 328—329, 338, 339, 699—700, 933—936;
  - және пайда — 43—44, 49, 50, 52, 54—57, 162, 175—176, 182—184, 189—190, 197, 216, 230, 234, 241, 256, 902, 936;
  - құнның шығу тегі мен бөлінісіне деген буржуазиялық
- теорияларға сын — 43, 45—47, 52, 55, 150, 183—184, 926, 943.
- Сонымен қатар қараңыз: *Абсолютті қосымша құн*, *Үстеме (басы артық) қосымша құн*, *Қосымша құн нормасы*, *Относителді қосымша құн*, *Пайда*.
- Қосымша өнім* — 14, 363, 753, 854, 891, 893, 915, 924.
- Қосымша құн нормасы*
- анықтамасы — 49—50, 57, 84, 191, 231, 235—237, 256—257, 271, 338;
  - қосымша құнның жылдық нормасы — 84—85, 86—88, 89—90;
  - және қосымша құнның аумағы — 253—258, 259—261, 262—265;
  - оның мөлшеріне әсер ететін факторлар — 55—56, 58—61, 65, 71—72, 74—76, 78—79, 95, 127—130, 164, 216, 219, 222, 231—233, 236, 240—241, 254—257, 262—264, 338.
- Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың жұмыс күшін қанауы*.
- Қосымша пайда*
- анықтамасы — 699—701, 733;
  - құрылуы — 14, 23—24, 216—218, 260, 283—284, 290, 696—706, 732—734, 736—743, 790, 812, 826—827;
  - оның рентаға айналуы — 218, 345, 702—706, 733, 740, 765, 768—769, 787, 789—790, 815, 827, 840, 851, 870;
  - өнеркәсіпте — 58—59, 216—217, 345, 697—701;
  - оның жоғары және төмен кету себептері — 745—753.
- Қосымша (басы артық) үстеме құн* — 195, 253, 256, 827, 851, 907, 989.
- Құл иелігі бар құрылыс*
- жалпы қағидалары — 35, 194, 357, 363—365, 422—424, 514, 649—652, 654, 679—680, 690, 874, 879—880, 892;
  - өндіріс қарым-қатынасы — 358, 843, 859—860, 905, 959.
- Құн* — 273, 851, 887, 888;
- анықтамасы және көрінісі —

- 30, 33—35, 49—53, 99, 153, 162—164, 168, 170, 180, 184, 188, 193—202, 205—206, 211, 217, 228, 286, 343, 416—417, 437, 691, 695, 697—699, 701, 719, 751, 823—824, 889—891, 902, 904, 908, 912—921, 925—929, 934—936, 938, 944—951, 959—960, 978—980;
- жылдық қоғамдық өнімі — 908—917;
  - товарларды құнына қарай сатуды белгілейтін жағдайлар — 191, 193—198, 205, 211—212, 214, 691, 976—981, 985;
  - және пайдалардың орта нормасы — 167, 975—989;
  - еңбек өнімділігінің өзгеруіне байланысты оның мөлшерінің өзгеруі — 181, 182, 187—188, 209, 212, 224—225, 247—249, 251—253, 258, 279—280, 286—288, 291, 337, 338, 698, 703, 704, 851, 902, 907, 933—935, 937—939, 941—943, 947—949, 957—959, 960;
  - коммунизм тұсында — 719—721, 722—725, 925—927, 929—931;
  - құнға берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 12—16, 19—26, 51—52, 162, 184, 187—188, 209—210, 217, 810—811, 889—891, 900, 916—921, 927, 939—940, 944—947, 950—953, 969—970, 973—975, 981;
  - жалған элеуметшілдік — 718. Сонымен қатар қараңыз: *Құн заңы, Айырбас құны, Рыноктық құн, Баға.*
- Құн заңы* — 14—15, 167, 174, 189, 191, 193—197, 205, 211, 227, 343, 691—692, 701, 920—921, 938, 958—959, 974—982.
- Құрылыс (жалпы ережелері)* — 676—677, 831, 840—842, 848—850.
- Қытай* — 113, 367, 368, 449, 607, 625, 634.
- Л**
- Левант* — 985—986.
- М**
- Мал шаруашылығы* — 356, 734—735, 833—834, 873, 980.
- Мальтусшілдік* — 435, 732.
- Мануфактура* — 365, 367—369, 990—991.
- Марка (герман қауымында)* — 672, 982—983.
- Машиналар*
- жалпы сипаттамасы — 90—92, 109—112, 116, 118;
  - олардың құндарының ұдайы өндірілуі — 89—90, 116, 121, 126—127, 131, 291;
  - олардың моральдық тозуы — 92, 126, 127, 287—288;
  - оларды капитализм жағдайларында пайдалану шектері —
  - олардың относительдік артық өндірілуі — 126, 287—288, 291;
  - олардың относительді артық өндірілуі — 132;
  - және еңбекті интенсификациялау — 126, 255.
- Сонымен қатар қараңыз: *Негізгі капиталды амортизациялау.*
- Машина жасау* — 93, 94, 112, 992—993.
- Мемлекет* — 352, 422, 481—482, 789.
- капитализмге дейінгі қоғамдардағы қосымша өнімнің иесі ретіндегі — 363;
  - және аграрлық қарым-қатынастар — 719, 861, 865.
- Мемлекеттік бағалы қағаздар* — 443, 450, 502, 515, 518, 524—525, 551—552, 645, 880.
- Мемлекеттік борыш* — 435, 436, 510, 513—517, 524—525, 578—579, 581—582.
- Мемлекеттік кредит* — 576.
- Меңгерушілер* — 421—429, 479—481;
- және бақылау мен басқаруға төленетін ақы — 421—429, 479—480.
- Меншік*
- жеке — 292, 479, 662—663, 889;
  - коммунизм тұсында — 844.
- Сонымен қатар қараңыз: *Жер меншігі.*
- Меркантилизм* — 370, 854—855.
- Монета* — 348, 349, 487—490, 573—574.
- Монеталық жүйе* — 497, 589, 626, 647, 853

*Монополия* — 194—195, 215, 938—939;  
— өнеркәсіпте — 133—134, 212—213, 215, 218, 247, 261, 336, 337, 344, 480—481, 538;  
— жер меншігі — 671, 673, 680—681, 689—690, 694, 702, 815, 818, 822, 827—828, 840, 852, 938—939.  
Сонымен қатар қараңыз: Кар-  
тельдер, Трестер.

*Монополиялық рента* — 907—908.

## Н

*Нақты еңбек* — 34, 39, 899.

*Негізгі капитал*

— анықтамасы — 39—40, 165, 674—675;  
— оның анналымдағы капиталдан ерекшелігі — 39—40, 55, 85, 120—121, 534—535;  
— тұрақты капиталдың құрамдас бөлігі ретіндегі — 88—89, 92, 124, 126—127, 131—132, 166, 285—289, 910;  
— оның тозуы — 39, 92, 120, 121, 126—127, 131, 248—249, 286, 291, 378, 665, 848—849, 857;  
— және өндіріс шығыны — 39, 40, 42—43, 52, 55, 285—288, 857;  
— оның үдемелі өндірілуі — 88—90, 126—127, 278—279;  
— оның құнының еңбек өнімділігінің өркендеуіне қарай өзгеріп отыруы — 92, 121, 126—127, 285—286;  
— оны қарызға беріп отыру — 378, 665;  
— егіншіліктегі — 674—677, 841, 848—849;  
— және өнім құны — 120—121, 285—288, 291, 316;  
— және пайда нормасы — 165—166, 248—249, 285—289, 291—292, 316.

*Негізгі капиталды амортизациялау* — 92, 121, 126—127, 131, 248, 262, 286—287, 291, 378, 635, 665, 858.

## О

*Ой және дене еңбегі* — 81, 93, 115—116.

*Орта ғасырлар* — 363—367, 369,

656, 666—668, 855, 856, 865, 871, 906, 980, 981, 983, 987—988.

*Орта пайда*

— анықтамасы — 15, 171—173, 183—184, 186, 188—190, 196, 213, 229, 403, 412, 427, 826, 838, 850, 851, 894—895, 903, 904, 907, 938—939, 948, 949—951, 953—954, 957—960, 961, 965—967, 968—970, 973;  
— оның құрылуы — 167, 171, 172, 183, 214, 227—228, 312, 313, 871;  
— оның шамасын белгілейтін факторлар — 177—178, 186, 197, 215—217, 700, 946—947.

*Орта пайда нормасы*

— анықтамасы — 49—50, 53—58, 80, 84—85, 120, 126, 163, 176, 182—183, 193, 233, 249—251, 265, 271, 284, 399, 903, 937;  
— пайданың жылдық нормасы — 84—85;  
— оның шамасын белгілейтін факторлар — 24, 50, 58—98, 117—120, 124, 125, 128, 129, 150—156, 161, 163—167, 169, 172, 182—185, 216, 222, 227, 233, 236, 248—250, 254, 257—260, 269, 271, 277, 328, 392, 395, 405, 410, 564, 804, 846, 903, 907, 935, 947;  
— және канау дәрежесі — 182, 215;  
— тенденция ретіндегі — 189—190, 401;  
— көпестік капиталдың — 339—340.

*Ост-Индия компаниясы* — 592, 632, 636, 658.

*Отарлау системасы* — 260—261, 362, 365, 366, 636—638, 645, 707, 729, 734, 821—822, 836, 866, 877, 986, 993.

*Отаршылдар* — 690, 731, 751.

*Относительді артық халық* — 239, 243, 245, 259, 268, 273—275, 279—281, 289, 291, 684.

*Относительді қосымша құн* — 89, 239, 254—256, 262, 272, 279, 291, 903, 962.

## Ө

*Өмірге керекті құрал-жабдықтар* — 95, 118, 127, 175—176, 193, 206, 222—224, 239, 259—

- 260, 272, 280, 283, 624, 654, 688—691, 700, 713, 715, 854, 895, 908, 914, 920, 925, 934, 944.
- Өндіргіш еңбек** — 328, 329, 422.
- Өндіргіш капитал** — 309, 322, 333, 355.
- Өндіргіш күштер** — 52, 98, 254, 265, 270, 273, 274, 282—284, 289, 292, 483—484, 892, 893, 902, 957, 960, 963.
- Өнеркәсіп капиталы**
- жалпы сипаттамасы — 314, 317—318, 321—331, 333, 356—357, 552;
  - оның шығуы — 986—990;
  - оның формалары — 293—301, 305—307, 315, 330, 334, 346—347, 355, 361, 375—377, 463, 509, 540, 549, 550, 553—556;
  - оның айналымы — 303—304, 332, 333, 335, 339, 343, 344.
- Өнеркәсіп циклі**
- жалпы сипаттамасы — 133, 138—141, 279, 339, 395—396, 490—494, 531—534, 537—545, 550, 552, 558, 562—564, 566, 567, 579—581, 619, 623—624, 627, 640—643, 905, 946;
  - өнеркәсіптің дамуына байланысты циклдік мерзімнің өзгеруі — 538.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұдайы өндіру, Экономикалық дағдарыстар.*
- Өндіріс**
- жалпы қағидалары — 48—52, 115, 180, 212, 283—285, 356, 360—361, 480, 690—691, 891—893, 903, 906, 956—957, 961—962;
  - қоғамдық өндірістің екі бөлімшесі — 325—326, 335, 528, 583—584, 911—913, 956—957.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұдайы өндіріс.*
- Өндіріс бағасы**
- анықтамасы — 171—172, 174—175, 178—181, 189—190, 195—197, 213—215, 217, 219, 225, 227, 313, 701—702, 712, 819, 826, 832, 834—835, 900, 902—916, 917—921, 929—935, 936—941, 948—949, 951—952, 954—956, 957, 969—972, 973—975, 976—978, 979—980, 981—982, 983, 985, 986—988;
  - оның мөлшеріне әсер ететін факторлар — 180—181, 195—196, 218—232, 697—698, 699—701, 702—705, 706—709, 710—712, 713—715, 945—950, 951—954, 955—958, 960—961;
  - және товар құны — 174, 176, 178—180, 189—190, 194, 196, 197, 214, 217, 225—228, 696—698, 700—704, 705—708, 709—711, 823—824, 826—830, 831—839, 840—842, 843—845, 846—847, 936—940, 941—948, 949—952, 953—955, 956—957, 958—960, 961—962;
  - және рыноктық бағалар — 195—197, 217, 228, 391, 402, 697—701, 702—709, 820—825, 826—830, 831—836, 837—840, 841—845, 846—851, 946—951, 952—955, 956—962, 963—965, 966—967, 968—969, 971—973, 975, 976—977, 978—979, 980—986;
  - және саудадан түсетін пайда — 335—340, 341—348, 394—351, 352—356, 357—360;
  - буржуазияшыл экономистердің көзқарастары — 216—220, 221—222, 223—225, 227, 230;
- Сонымен қатар қараңыз: *Күн заңы.*
- Өндіріс қалдықтары және тұтыну**
- олардың пайдаланылуы — 91, 112—115, 132.
- Өндіріс жағдайларына қарай жасалатын үнем** — 52, 69, 88—99, 109—116, 230, 410, 735, 750—751, 934.
- Өндірістік қатынастар**
- жалпы сипаттамасы — 859, 860, 891, 956—957, 960, 962;
  - олардың тарихи сипаты — 843, 956, 962;
  - өндіріс қатынастарының өндіргіш күштер сипатына сай келу заңы — 860, 892, 962;
  - өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы қайшылық — 133—134, 265, 268, 273, 274, 282—283, 289—290, 483—484, 962;
  - өндірістің қанаушылық тәсілдері — 424—425, 859—863, 905;
  - күл иеленуші қоғамдағы — 358, 843, 859—860, 905, 959;

- феодализмдегі — 358, 859—866, 906—961;
  - капиталистік — 48, 52, 55—56, 96—97, 133—134, 213, 268, 290, 292, 390—391, 416, 418, 420, 424—425, 430, 431, 439, 649, 670, 883, 886—887, 891, 900, 949, 956—960, 963;
  - коммунистік қоғамдағы — 843, 892;
  - олардың үдемелі өндірілві — 859, 862—863, 891, 914—915, 949, 957;
  - және бөліс қатынастары — 956—963;  
Сонымен қатар қараңыз: *Меншік*.
  - Өндіріс құрал-жабдықтары**
    - жалпы сипаттамасы — 48, 90, 94, 96—97, 274, 278, 280, 283, 483, 665, 734—735, 887, 898—901, 926, 961—962;
    - тұрақты немесе негізгі капиталдың заттай формасы ретіндегі — 36, 88, 92, 97, 258, 930—931;
    - және күн жасау процесі — 34, 36, 39, 43, 53—54;
    - өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру бөлімшесі — 912, 913.
  - Өндіріс тәсілі** — 357, 364, 424—425, 483—484, 677, 856, 860, 863—864, 889, 892, 894, 957, 960, 963.  
Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік өндіріс тәсілі, Коммунизм, Қоғамдық-экономикалық формация, Алғашқы қоғам, Күл иеленуші құрылыс, Феодализм*.
  - Өндіріс уақыты** — 80—81, 303, 333, 902.
  - Өндірістің шоғырлануы** — 90, 104, 264, 292, 479, 848, 957, 963;  
— жұмысшылар — 94, 240, 479.
  - Өндіріс шығындары**
    - анықтамасы — 30, 33—36, 39—41, 44—46, 49, 51, 55, 167, 173, 178—180, 186—187, 947—948;
    - олардың құрамды бөлімдері — 30, 34—35, 39—40, 52, 55;
    - олардың өзгеруіне әсер ететін факторлар — 34—35, 39—40, 54, 167, 698, 700—701;
    - және товар құны — 44—45;
  - буржуазиялық теорияларға сын — 47.
  - Өнеркәсіп революциясы, XVIII ғасырдың соңындағы** — 80—81.
  - Өнер шығару** — 81, 115—116, 126, 209, 256, 260, 288, 701.
  - Өнім рентасы** — 690, 856—857, 863—867, 873.  
Сонымен қатар қараңыз: *Оброк*.
  - Өсімқор капитал**
    - жалпы сипаттамасы — 46—47, 235—236, 648—668, 681, 905, 978;
    - оның өндірісті дамытудағы ролі — 649, 651—652, 665—666;
    - өсімқор капиталға қарсы күрес жүргізу — 433—434, 652, 655, 657—661, 677.
- П**
- Пайда**
- анықтамасы — 19, 41—44, 46, 49, 50, 52, 55—57, 234, 238, 267, 321, 339, 372, 395, 427—428, 552, 595, 711—712, 751, 828, 859, 868, 886, 893, 902, 903, 906, 907, 914, 915, 923, 926, 928, 936, 944, 960, 961;
  - оның шығатын көзі — 49, 182—186, 230, 310, 751;
  - оның аумағы — 238—245, 248, 251—252, 256, 268—272, 276, 285;
  - оның мөлшеріне әсер ететін факторлар — 80, 88, 155—156, 165, 185—187, 216, 227, 339, 564, 640, 642, 700;
  - оның бөлінуі — 216, 391, 393—395, 399, 938;
  - және қосымша күн — 43—44, 49, 50, 52, 54—57, 162, 175—176, 182—184, 189—190, 197, 216, 230, 234, 241, 256, 902, 936;
  - оның шегі — 936;
  - өнеркәсіптік — 265—267, 310—311, 313—315, 318, 325—326, 394, 409—410;
  - ақша саудасын жасайтындар пайдасы — 353—354;
  - акционерлік қоғамдар пайдасы — 479—480;
  - пайдаға берілген буржуазиялық теорияларға сын — 45—

- 46, 184, 233—234, 252—253, 311, 337, 852, 942, 943;
- пайданың шығу тегі туралы капиталистердің түсінігі — 42, 45, 46, 150—151, 184, 186, 230, 421, 751, 904, 927.
- Сонымен қатар қараңыз: *Пайда нормасы*, *Қосымша құн*, *Сауда пайдасы*.
- Пайданың жалпы нормасы* — қараңыз: *Пайданың орта нормасы*.
- Пайда нормасы*
- анықтамасы — 49—50, 53—58, 80, 84—85, 120, 126, 163, 176, 182—183, 193, 233, 249—251, 265, 271, 284, 399, 902, 936;
  - пайданың жылдық нормасы — 84—85;
  - оның мөлшеріне әсер ететін факторлар — 24, 50—58, 98, 117—120, 124, 125, 128—129, 150—156, 161, 163—167, 169, 172, 182—185, 216, 222, 227, 233, 236, 248—250, 254, 257—260, 269, 271, 277, 328, 392, 395, 405, 410, 564, 804, 846, 903, 907, 935, 947;
  - капитал дамуының бастау пункті ретіндегі — 50, 984—985, 990;
  - капиталистік өндіріс стимулы — 265, 283—285;
  - пайданың ұлттық нормалары — 155, 164, 234—235.
- Сонымен қатар қараңыз: *Пайда нормаларының төмендеу тенденцияларының заңы*.
- Пайда нормасын төмендетуге бастайтын тенденциялар заңы*
- Маркстің бұл заңды ашу жаныналығы — 16, 233—234;
  - оның мәні — 26, 231—234, 236—238, 240—248, 252, 253, 255, 256, 264, 265, 269, 271—272, 275, 288—291, 438, 679;
  - заңның тенденция ретіндегі қимылын анықтайтын факторлар — 233, 248, 254—263, 271—274, 288, 289;
  - оның қайшы келетін жерлері — 265, 272—274, 283;
  - және бәсеке күресі — 277, 281, 290—291;
  - оның капиталистік өндіріс үшін маңызы — 234, 283—285;
- және буржуазиялық саяси экономика — 233—234, 245, 247, 284—285, 291.
- Панама* — 481.
- Парцеллалық шаруа шаруашылығы* — 736, 875—884.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұсақ жер иелігі*.
- Пауперизм* — 206.
- Перу* — 956.
- Польша* — 873—874.
- Право* — 373, 426, 525, 671—672.
- Практика* — қараңыз: *Теория және практика*.
- Пролетариат* — қараңыз: *Жұмысшы табы*.
- Протекционизм* — 119, 134, 480, 538, 682, 854.
- Процент* — қараңыз: *Қарыз проценті*.
- Процент ставкасы*
- жалпы сипаттамасы — 387, 394—395, 397, 400—406, 414—416, 432, 461, 549, 564, 565, 582, 679;
  - өнеркәсіп циклінің әр түрлі фазаларындағы — 395—396, 464, 534, 537—538, 545, 552—553, 562, 563, 612, 623—624, 640—642;
  - орта — 177—178, 397—401, 403, 562;
  - рыноктік — 401—403, 595, 612;
  - оның шамасын белгілейтін факторлар — 403, 461—464, 562—566;
  - жеке мысалдар — 396, 401, 463—464, 553, 562, 612, 653.
- Сонымен қатар қараңыз: *Қарыз проценті*.
- Прудонизм* — 47, 379—381, 380, 664.

## P

- Рантье* — 561, 992.
- Резерв қоры* (коғамдық) — 351, 353, 445, 501, 622—623, 961.
- Рента* — қараңыз: *Жер рентасы*.
- Рим* (Ежелгі) — 349, 365, 464, 648—650, 652, 654, 655, 855, 856, 867.
- Россия* — 9, 139, 367, 576, 788, 981;
- және капитализм дамуы — 367.
- Румыния* — 874—875.

- Рынок (жалпы ережелері)* — 120, 268, 282, 294, 369, 480, 529, 693—694, 731, 789.
- Рыноктік баға* — 196—203, 208—209, 211, 213, 217, 228, 337, 391, 402, 604, 697—699, 718, 814, 830, 947, 951—953.
- Рыноктік күн* — 195—211, 213, 217, 718, 888, 897.
- С**
- Салықтар* — 89, 653, 655, 707, 788, 823, 853.
- Сана (қоғамдық)* — 29, 217, 246, 901, 982.
- Сату және сатып алу* — 199, 211, 213, 295, 297—299, 308, 316—317, 323, 385—386, 405
- Сауда*
- анықтамасы — 358, 360, 369, 529;
  - делдалдық сауда — 361—363;
  - көтерме сауда — 316—317, 334, 482, 489, 575, 579, 592, 657, 986;
  - бөлшек сауда — 334, 341, 352, 487—489, 491, 987;
  - ақшамен сауда жасау — 349—353;
  - және өндіріс дамуы — 358, 363—366, 369;
  - және географиялық ұлы жаныалықтар — 365—366;
- Сонымен қатар қараңыз: *Сыртқы сауда.*
- Сауда бағалары* — 315, 337—338, 342, 343.
- Сауда балансы* — 541, 568, 621, 645, 853.
- Сауда (көпестік) капиталы*
- анықтамасы — 227—228, 247, 293—297, 300—302, 305, 307, 315, 327—328, 346, 353—354, 359—363, 648;
  - оның функциялары — 295—309, 322—323, 326—327, 330, 347, 355, 357—359, 362, 369, 374, 430;
  - оның айналымы — 302—304, 314, 332—336, 339—345;
  - және өнеркәсіп капиталы — 294—307, 314, 319, 321—322, 324, 327—328, 340;
  - және айналыс шығындары — 293—294, 309—311, 305—318, 320—321, 323—331, 336;
- оның пайдасы — 309, 312—315, 318—319, 321—322, 325—329, 339—342, 344, 362;
  - оның ұдайы өндіру процесіндегі ролі — 24, 301—302, 306—307, 319—334, 987—990;
  - оның шоғырлануы мен ортақтастырылуы — 323—324, 326;
  - оның орынның толтыруы — 325—327;
  - және кредит — 531—532;
  - оның тарихы — 315, 338, 341, 357, 359—370, 648, 653, 657—658, 664, 666, 982—987;
  - сауда капиталына берілген буржуазиялық анықтамаларға сын — 306, 355—357.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ақша-сауда капиталы.*
- Саудадан түсетін пайда*
- анықтамасы — 309, 313—315, 336, 339—342, 344—345, 430;
  - оның шығар жері — 308—312, 321—322;
  - және өнеркәсіптен түсетін пайда — 313—315, 319;
  - көпес кірісінің қайнар көзі ретіндегі — 318—319;
  - және жалақы — 318—322, 329.
- Саяси экономия*
- оның тарихы — 370;
  - саяси экономияда Маркс жасаған төңкеріс — 16, 184, 233—234, 343;
- Соғыс*
- АҚШ-тағы азамат соғысы — 122, 141;
  - Қырым соғысы — 140, 466, 637;
  - Наполеон соғысы — 465—468;
  - «апиын» соғысы — 447, 605;
  - және өсімқорлық — 654;
  - және соғыстарды жүргізуге шығатын мемлекеттік шығындар — 646.
- Социализм* — қараңыз: *Коммунизм*
- Социалистік революция* — 290, 844.
- Статистика* — 263.
- Сұраныс және ұсыныс*
- жалпы қағидалары — 195, 198—199, 202—214, 282, 939, 974;
  - және рыноктік күн (рыноктік бағалар) — 195—211, 337, 391, 402, 604, 815;
  - капиталистер тарапынан өнді-

- ріс құрал-жабдықтарына — 206, 207, 209;
- жұмысшылар тарапынан күн көріс қаржыларына — 206;
- қарыз беретін капиталдан — 401, 461—470, 476, 564—566, 582, 608, 629, 628;
- және қоғамның жиынтық кірісін бөлу — 213;
- және товар капиталы — 564—566;

## Т

*Таптар* — 11, 213, 656, 673—674, 787, 964, 965.

*Тарихилық және логикалық* — 16—19, 266, 314—315, 371, 976—977, 978—979, 980—982, 983—985.

*Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну (жалпы қағидалары және кейбір мысалдар)* — 274, 285, 290, 483—484, 860, 891—893, 956, 962, 973.

*Тау-кен өнеркәсібі* — 114—115, 131, 825, 840, 842, 983, 986—987.

*Темір жолдар* — 81, 141, 288, 341, 448, 463, 993.

*Теория және практика* — 167, 184, 185, 191—192, 208, 412—423, 680, 846, 950, 953, 982, 990—991.

*Техника* — 81, 115—116, 126, 135, 157, 538—539, 701.

*Товар*

- жалпы ережелері — 194, 199, 205, 211, 358, 362, 374—376, 385—387, 654, 904, 929, 930, 958—960;

- оның екі жақты сипаты — 199, 202, 211, 306, 386, 691—694, 703—704;

- өнімнің товарға айналу шарттары — 194, 358, 359, 362, 365, 369, 693—695, 958—959, 978—982;

- капиталдың өнімі ретіндегі — 192, 193, 213, 250—251, 460, 488—489, 927, 959, 960, 978.

*Товар айналысы*

- жай товар айналысы — 192—194, 213, 297, 299, 347, 357—362, 490, 980—981;

- капиталистік товар айналы-

- сы — 213, 341, 352, 356, 361, 375—377;

- және ақша айналысы — 352, 357, 360—361, 363, 376.

*Товар капиталы*

- анықтамасы — 125, 293—295, 297, 300, 375—376, 509, 540, 543, 549, 550, 553, 929—930;

- оның айналысы — 293—300, 302, 308, 328;

- және сауда капиталы — 294, 298, 301.

*Товар өндірісі*

- жай товар өндірісі — 192—194, 287, 655, 980—982, 987;

- капиталистік товар айналысы — 198, 340—341, 693, 694, 958—959, 961, 981—982, 990—991;

- оның феодализмнен капитализмге өтудегі ролі — 365—369, 868—872, 986—990.

*Товар-сауда капиталы* — қараңыз: *Сауда (көпестің) капиталы*.

*Тоғай шаруашылығы* — 672, 834—835.

*Топырақ құнарлылығы*

- табиғи — 674, 690, 707—709, 716, 729—730, 739, 788, 809—810, 888;

- жасанды — 674—675, 686, 708—709, 714, 717, 734, 739—740, 769, 788, 809—810, 836;

- және құнарсыздануы — 674, 735, 772, 848, 878, 883—885.

Сонымен қатар қараңыз: *Жер*.

*Төлем балансы* — 496, 540, 541, 568, 621, 623, 645—646.

*Транспорт құрал-жабдықтары* — 81, 92, 229, 316—317, 340, 341, 451, 708, 788, 985, 986.

*Трестер* — 134, 481, 519, 538, 992—993.

*Тұрақты капитал*

- анықтамасы — 53, 97, 124, 158—159, 286;

- ауыспалы капиталдан ерекшелігі — 34, 36, 39, 60;

- және күн жасау процесі — 34, 35, 39, 48—49, 60, 88, 91—92, 168, 232—233, 909—911, 929, 939;

- оның негізгі және айналмалы капитал болып бөлінуі — 88—89, 118, 120, 124, 126, 131—132,



- 166, 237, 285—286, 239, 910—911;  
 — және пайда нормасы — 69—70, 258, 280;  
 — оның ұдайы өндірісі — 235, 528, 912—913, 917, 921, 923, 925, 926, 927—929, 931—933, 935—937, 939—941, 956, 957—959, 961—963, 965—966;
- Тұрпайы буржуазиялық саяси экономика*  
 — жалпы сипаттамасы — 41, 217, 253, 415, 426, 432, 514, 852—855, 857—858, 890—892, 905—906, 921;  
 — оның кейбір ережелері мен теорияларына сын — 11—25, 20—25, 45—47, 185, 200—210, 217, 269—270, 282, 306, 337, 355—356, 428, 432, 460—467, 472—477, 493—499, 514, 538, 606, 607, 650, 677, 854—855, 871, 898, 917, 919—920, 930, 945, 970—976, 982.
- Тұрпайы социализм* — 13, 428.
- Тұтыну*  
 — жалпы ережелері — 212, 267, 281—284, 333—335, 490, 528, 531, 628, 715, 717—719, 723—725, 726—728, 730—731;  
 — капитализм тұсында өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылық — 204—205, 268, 281—284, 531—532;  
 — өнімді тұтыну — 115, 205—207, 333, 334, 386, 912, 913, 924—925, 955, 956;  
 — жеке бас (жеке) тұтынуы — 205—206, 333—335, 715, 912, 924—925, 956;  
 — жұмысшы және жұмысшы табының тұтынуы — 207, 270, 936;  
 — өнім өндірмейтін таптардың тұтынуы — 540, 553;  
 — капитализмге дейінгі өндіріс әдістері тұсындағы — 906, 956—957;  
 — коммунизм тұсындағы — 923—924, 955.
- Тұтыну құны*  
 — анықтамасы — 199, 202, 204, 239, 291—292, 306, 386—387, 540, 691—693, 703—704, 890, 891, 906;  
 — айырбас құнын таратушы ретіндегі — 272, 291—292, 306, 703—704;  
 — капитал қызметін атқарушы ақша — 372—378, 385—387, 390, 431;  
 — және өндірістің капиталистік әдісі — 214, 618.
- У**
- Утопиялық социализм* — 665—666, 668—669, 828—830.
- Ү**
- Үй өнеркәсібі* — 855, 859, 863, 865, 878.
- Ұ**
- Ұғым* — 16, 155, 228, 295.
- Ұдайы өндіріс*  
 — анықтамасы және негізгі ерекшеліктері — 49, 89—90, 95, 126—127, 131—133, 203—204, 273—274, 279, 280, 306, 308, 315, 333, 334, 339, 355, 378—380, 465, 479, 528, 857, 859, 893, 910—911;  
 — барлық қоғамдық капиталдың — 335, 911—918, 920—921, 923, 925, 933, 958;  
 — жай — 206, 910, 914, 915, 926;  
 — ұлғаймалы — 206, 910, 911, 914, 915, 926;  
 — және қоғамдық капиталдың екі бөлімшесі — 583—584, 912—914;  
 — өндірістік қарым-қатынастардың — 859, 862—863, 891, 914—915, 950, 958;  
 — жұмыс күші мен жұмысшы табының — 118, 127, 206, 271, 272, 690, 859, 908—909;  
 — ақшаның және ақша айналымының ролі — 279, 305—306, 432, 490—492, 555—556, 583—584, 915;  
 — буржуазиялық ұдайы өндіріс теорияларына сын — 343.
- Ұлғаймалы ұдайы өндіріс* — қараңыз: *Ұдайы өндіріс*.
- Ұсақ буржуазиялық социализм* — 663.
- Ұсақ жер меншігі* — 669—670, 859, 868—885.

*Ұсақ өндіруші және ұсақ өндіріс* — 194, 198, 357, 367—368, 649—651, 653—656, 669, 670, 672, 681, 690, 735, 751, 844, 858, 859, 863—864, 866—867, 877—879, 881—882, 977—978, 990—992.

*Ұсыныс* — қараңыз: *Сұраным және ұсыныс*.

## Ф

*Фобиялдық* — 13.

*Фабрика* — қараңыз: *Кәсіпорны* (капиталистік).

*Фабрикалық заңдар* — 101—103, 105—106, 120.

*Феодализм*

— жалпы сипаттамасы — 198, 371, 373—374, 377, 675—677, 693, 696, 715, 891, 797—898, 908, 910, 913, 993, 1030, 1034, 1046;

— өндіріс қарым-қатынастары — 362, 879—886, 1007, 1061;

— қала мен деревня арасындағы көзқарасы — 903;

— капиталистік өндіріс әдісіне көшу — 371—376, 885, 910—921, 1087—1091.

Сонымен қатар қараңыз: *Крепостниктік*.

*Фермер, Фермерлік*

— жалпы сипаттамасы — 115, 677, 681, 689—690, 754, 845—846, 851—852, 899—902;

— жерге жұмсалған капитал — 692—693, 695, 698—699, 757, 789—790, 847, 850;

— және жер меншікшісі — 687—688, 689, 682, 753, 789, 816, 827, 840, 842—843, 846, 895—898;

*Фетишизм*

— товарлық — 575, 671, 931, 990;  
— капитал — 52—53, 56, 298, 416, 418, 427—428, 903—904, 915—923, 977;

— процент келтіретін капитал — 394, 432—433, 442—452.

*Физиократтар* — 672, 689, 713, 881—884.

*Франция* — 379, 494, 693, 697, 716—717, 898, 817, 1013.

Француздың буржуазиялық ре-

волюциясы XVIII ғасырдың аяғындағы — 881.

*Фритредерлік* — 121.

## Х

*Халық* — 239, 268, 283, 293, 440, 688, 698, 840, 879—881, 883—885, 887—889, 893—895.

*Химия* — 46, 81, 113, 114, 829.

*Халықаралық жұмысшы қозғалысы* — 3, 5.

## Ц

*Цехтық сап* — 194, 367, 369, 874, 908, 983, 988—989.

*Цикл* — қараңыз: *Өнеркәсіп циклі*.

## Ш

*Шаруа, шаруагерлік* — 235, 371, 652—654, 658—660, 740, 791, 868—869, 873—888, 915—916, 958—959, 980—983, 985—986.

*Швеция* — 891.

*Шеттетін алу* (Әлеуметтік-экономикалық мағынада алғанда) — 96—98, 290, 420—421, 480, 651, 889—890, 897, 905.

*Шикізат*

— жалпы сипаттамасы — 91, 118, 119, 150, 240, 286, 287, 689—690, 843—844, 849, 851—853, 856—858, 860;

— шикізат бағалары ауытқуының пайдалар нормасына тигізетін әсері — 117—122, 124—125, 131, 134—135;

— оның ұдайы өндірілуі — 131—134;

— оның ұдайы өндіру процесіндегі ролі — 94—95, 130—132, 134, 656.

*Шотландия* — 139, 447, 496, 579, 615, 618.

## Э

*Экономикалық дағдарыстар*

— жалпы сипаттамасы — 132, 246, 265, 273—274, 277—279, 283, 289, 292, 334—335, 396, 485, 492—493, 503—505, 516, 532—534, 537—543, 552, 563, 567—569, 580, 593, 600, 608, 617, 621, 628, 642, 643;

- олардың себептері — 273—284, 289—290, 292, 532—533, 538, 540, 542, 558;
- кейбір мысалдар — 136, 138, 448—455, 457, 459, 462—466, 482, 533, 534, 536—538, 541, 551, 580—583, 589—590, 600, 607—609, 618, 621—623;
- буржуазиялық теорияларды сынау — 567—568, 608, 609. Сонымен қатар қараңыз: *Артық өндіру, Өнеркәсіп циклі.*
- Экономикалық заңдар*
  - антагонистік формацияларда оларды жүзеге асырудың сипаты — 176, 268, 282, 894—895, 904—905, 907—909, 961—963, 992—993, 995—997;
  - коммунизм тұсындағы — 895—896, 897—899, 901—903.
- Экспорт* — қараңыз: *Сыртқы сауда.*
- Экспорттау, капиталды* — 281, 282, 349, 497, 498, 526, 584, 630—637, 639, 643—645, 994.
- Экспроприация — капиталистік өндіріс тәсілінің бастау пункті*

*және мақсаты ретіндегі тікелей өндірушілерді* — 210, 264, 270, 274, 484, 651—652, 668, 672—674, 684—685, 709, 857, 871, 896, 961;

— және акционерлік қоғам — 483—484.

## I

*Ірі жер меншігі*

- жалпы сипаттамасы — 673, 675—678, 682—684, 696, 704, 722, 765, 790, 791, 818, 824, 831, 844—847, 893, 896—898, 905, 909, 969;
  - және фермер — 676, 677, 679, 683, 736, 790, 795, 806, 818, 821—822, 826, 875—877;
  - оның капиталистік өндіріс әдісін дамытудағы ролі — 677, 680—681, 790, 895, 897—899—901.
- Ірі өнеркәсіп* — 67—69, 85—87, 90—91, 98, 257, 366—369, 405, 852, 884, 993—995, 996—997, 1001, 1003.

## М А З М Ұ Н Ы

<i>КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтынан</i> .....	5
<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	7—30

### Ү Ш І Н Ш І К І Т А П

### ТҰТАС АЛЫНҒАН КАПИТАЛИСТІК ӨНДІРІС ПРОЦЕСІ

#### *Б і р і н ш і б ө л і м*

<b>Бірінші бөлім.</b> ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ПАЙДАҒА ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА АЙНАЛУЫ	33—155
<i>Бірінші тарау.</i> ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ПАЙДА .....	33—51
<i>Екінші тарау.</i> ПАЙДА НОРМАСЫ .....	52—60
<i>Үшінші тарау.</i> ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫНА КАТЫНАСЫ .....	61—83
<i>Төртінші тарау.</i> АЙНАЛЫМНЫҢ ПАЙДА НОРМАСЫНА ТИЕТІН ӘСЕРІ .....	84—90
<i>Бесінші тарау.</i> ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ҮНЕМ	91—118
I. Жалпы ережелер .....	91—102
II. Жұмысшыға нұқсан келтіру есебінен еңбек жағдайларынан үнем жасау. Ең қажетті шығындарға жол бермеу .....	102—111
III. Двигатель күшін өндіруді, күш беруді және құрылыстарды ірку есебінен үнемдеу .....	111—114
IV. Өндіріс экскременттерін пайдалану .....	114—117
V. Жаналық ашудан жасалатын үнем .....	117—118

<b>Алтыншы тарау. БАҒА ӨЗГЕРІСІНІҢ ЫҚПАЛЫ</b> .....	119—151
I. Шикізат бағасының ауытқуы, мұның пайда нормасына тікелей ықпалы .....	119—124
II. Капитал құнының көтерілуі мен төмендеуі, оның бо-сауы мен телінуі .....	124—138
III. Жалпы сипаттама: 1861—1865 жылдардағы мақта дағ-дарысы .....	138—151
<b>Жетінші тарау. ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	152—155
<b>Екінші бөлім. ПАЙДАНЫҢ ОРТАША ПАЙДАҒА АЙНАЛУЫ</b> ....	156—228
<i>Сегізінші тарау. ӘР ТҮРЛІ ӨНДІРІС САЛАЛАРЫНДА КАПИТАЛ-ДАР ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТҮРЛІШЕ БОЛУЫ ЖӘНЕ ОСЫДАН ТУАТЫН ПАЙДА НОРМАЛАРЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР</i> .....	156—169
<i>Тоғызыншы тарау. ЖАЛПЫ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ (ОРТАША ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ) ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТОВАР ҚҰНЫНЫҢ ӨНДІРІС БАҒАСЫНА АЙНАЛУЫ</i> .....	170—188
<i>Оныншы тарау. ЖАЛПЫ ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ БӘСЕКЕ АРҚЫ-ЛЫ ТЕНЕЛУІ. РЫНОҚ БАҒАЛАРЫ МЕН РЫНОҚ ҚҰНДАРЫ. ҮС-ТЕМЕ ПАЙДА</i> .....	189—216
<i>Он бірінші тарау. ЖАЛАҚЫНЫҢ ЖАЛПЫ АУЫТҚУЫНЫҢ ӨН-ДІРІС БАҒАСЫНА ТИЕТІН ӘСЕРІ</i> .....	217—221
<i>Он екінші тарау. ҚОСЫМШАЛАР</i> .....	222—228
I. Өндіріс бағасын өзгеріске ұшырататын себептер .....	222—223
II. Құрылымы орташа товарлардың өндіріс бағасы .....	223—225
III. Капиталистердің есе қайтаратын дәйектемелері .....	225—228
<b>Үшінші бөлім. ПАЙДА НОРМАСЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУ ТЕН-ДЕНЦИЯСЫНЫҢ ЗАҢЫ</b> .....	229—287
<i>Он үшінші тарау. ЗАҢНЫҢ ТӨРКІНІ</i> .....	229—250
<i>Он төртінші тарау. ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУШІ СЕБЕПТЕР</i> .....	251—260
I. Еңбекті қанау дәрежесінің артуы .....	251—254
II. Жалақының жұмыс күші құнынан төмендеп кемуі .....	255
III. Тұрақты капитал элементтерінің арзандауы .....	255
IV. Біршама артық халық .....	256
V. Сыртқы сауда .....	256—259
VI. Акционерлік капиталдың артуы .....	260
<i>Он бесінші тарау. ЗАҢНЫҢ ІШКІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДА-МУЫ</i> .....	261—288
I. Жалпы ескертпелер .....	261—267
II. Өндірістің ұлғаюы мен құнның артуы арасындағы қиғаштық .....	267—271
III. Артық халық тұсындағы артық капитал .....	271—281
IV. Қосымшалар .....	281—288

<b>Төртінші бөлім. ТОВАР КАПИТАЛЫ МЕН АҚША КАПИТАЛЫНЫҢ ТОВАР-САУДА КАПИТАЛЫНА ЖӘНЕ АҚША-САУДА КАПИТАЛЫНА (КӨПЕСТІК КАПИТАЛҒА) АЙНАЛУЫ</b> .....	289—363
<i>Он алтыншы тарау. ТОВАР-САУДА КАПИТАЛЫ</i> .....	289—303
<b>Он жетінші тарау. САУДА ПАЙДАСЫ.</b> .....	304—326
<i>Он сегізінші тарау. КӨПЕСТІК КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫМЫ. БАҒА</i> .....	327—340
<i>Он тоғызыншы тарау. АҚША-САУДА КАПИТАЛЫ</i> .....	341—348
<i>Жиырмамыншы тарау. КӨПЕСТІК КАПИТАЛДЫҢ ТАРИХЫНАН.</i>	349—363
<b>Бесінші бөлім. ПАЙДАНЫҢ ПРОЦЕНТКЕ ЖӘНЕ ҚӘСП-КЕРЛІК ТАБЫСҚА БӨЛІНУІ. ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ</b> .....	364—497
<i>Жиырма бірінші тарау. ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ</i> .....	364—384
<i>Жиырма екінші тарау. ПАЙДАНЫҢ БӨЛІНУІ. ПРОЦЕНТ СТАВКАСЫ. ПРОЦЕНТТІҢ «ТАБИҒИ» НОРМАСЫ</i> .....	385—397
<i>Жиырма үшінші тарау. ПРОЦЕНТ ЖӘНЕ ҚӘСПКЕРЛІК ТАБЫС</i> .....	398—420
<i>Жиырма төртінші тарау. КАПИТАЛИСТІК ҚАТЫНАСТЫҢ ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ ФОРМАСЫНДА БӨЛІНІП ШЫҒУЫ</i> .....	421—429
<i>Жиырма бесінші тарау. КРЕДИТ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН КАПИТАЛ</i> .....	430—445
<i>Жиырма алтыншы тарау. АҚША КАПИТАЛЫНЫҢ ҚОРЛАНУЫ; ПРОЦЕНТ НАРҚЫНА ОНЫҢ ЫҚПАЛЫ:</i> .....	446—468
<i>Жиырма жетінші тарау. КАПИТАЛИСТІК ӨНДІРІСТЕГІ КРЕДИТТІҢ РОЛІ</i> .....	469—476
<b>Жиырма сегізінші тарау. АЙНАЛЫС ҚАРЖЫЛАРЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛ; ТУҚ ПЕН ФуЛЛАРТОННЫҢ ҚӨЗҚАРАСТАРЫ</b> .....	477—497

### Екінші бөлім

<b>Бесінші бөлім. ПАЙДАНЫҢ ПРОЦЕНТКЕ ЖӘНЕ ҚӘСП-КЕРЛІК ТАБЫСҚА БӨЛІНУІ. ПРОЦЕНТ БЕРЕТІН КАПИТАЛ (ЖАЛҒАСЫ)</b> .....	501—659
<i>Жиырма тоғызыншы тарау. БАНК КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛШЕКТЕРІ</i> .....	501—515
<i>Отызыншы тарау. АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ — I (Коммерциялық кредит. Өнеркәсіп циклының әр түрлі фазасындағы ақша капиталы мен шын капитал.)*</i>	516—535
<i>Отыз бірінші тарау. АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ — II (ЖАЛҒАСЫ)</i> .....	536—546
<small>(Ақшаның қарыз капиталына айналуы.— Қарыз капиталы аумағының қолдағы ақша мөлшеріне тәуелсіздігі.— Капиталдың немесе табыстың қарыз капиталына айналатын болып өзгеруі.)</small>	

\* Жақша ішіндегі сөздерді Энгельс тақырыпқа енгізген. *Ред.*

1) Ақшаның қарыз капиталына айналуы .....	536—543
2) Капиталдың немесе табыстың қарыз капиталына айналатын ақша болып өзгеруі .....	543—546
<b>Отыз екінші тарау. АҚША КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ШЫН КАПИТАЛ.—</b> <b>III (СОҢЫ) .....</b>	<b>547—562</b>
(Шын капиталдың босап шығуы нәтижесінде қарыз капиталының жасалуы.— Жалпы ескертпелер.— Қорытындылар.)	
<b>Отыз үшінші тарау. КРЕДИТ СИСТЕМАСЫ ТҰСЫНДАҒЫ АЙНАЛЫС ҚАРЖЫСЫ .....</b>	<b>563—589</b>
<b>Отыз төртінші тарау. «АҚША АЙНАЛЫСЫНЫҢ ПРИНЦИПІ» ЖӘНЕ АҒЫЛШЫННЫҢ 1844 ЖЫЛҒЫ БАНК ЗАҢЫ .....</b>	<b>590—608</b>
<b>Отыз бесінші тарау. АСЫЛ МЕТАЛЛ ЖӘНЕ ВЕКСЕЛЬ КУРСЫ</b>	<b>609—638</b>
I. Алтын қорының қозғалысы .....	609—619
II. Вексель курсы .....	619—620
Азиямен екі арадағы вексель курсы .....	621—635
Англияның сауда балансы .....	635—638
<b>Отыз алтыншы тарау. КАПИТАЛИЗМГЕ ДЕЙІНГІ ҚАТЫНАСТАР</b>	<b>639—659</b>
Орта ғасырдағы процент .....	657—659
Процентке тыйым салудан шіркеу үшін түсетін пайда .....	659
<b>Алтыншы бөлім. ҮСТЕМЕ ПАЙДАНЫҢ ЖЕР РЕНТАСЫНА АЙНАЛУЫ .....</b>	<b>660—876</b>
<b>Отыз жетінші тарау. КІРІСПЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР .....</b>	<b>660—686</b>
<b>Отыз сегізінші тарау. ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА. ЖАЛПЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР .....</b>	<b>687—696</b>
<b>Отыз тоғызыншы тарау. ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ БІРІНШІ ФОРМАСЫ (I ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА) .....</b>	<b>697—724</b>
<b>Қырқыншы тарау. ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТАНЫҢ ЕКІНШІ ФОРМАСЫ (II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА). ЖАЛПЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР .....</b>	<b>725—737</b>
<b>Қырық бірінші тарау. II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА.— БІРІНШІ ЖАҒДАЙ: ӨНДІРІСТІҢ ТУРАҚТЫ БАҒАСЫ .....</b>	<b>738—746</b>
<b>Қырық екінші тарау. II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА. — ЕКІНШІ ЖАҒДАЙ: КЕМИ БЕРЕТІН ӨНДІРІС БАҒАСЫ .....</b>	<b>747—764</b>
<b>Қырық үшінші тарау. II ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА.— ҮШІНШІ ЖАҒДАЙ: ӨСЕ БЕРЕТІН ӨНДІРІС БАҒАСЫ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР .....</b>	<b>765—794</b>
<b>Қырық төртінші тарау. ӨНДЕЛЕТІН ЕҢ НАШАР ЖЕРДІҢ ӨЗІНЕН АЛЫНАТЫН ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ РЕНТА .....</b>	<b>795—804</b>
<b>Қырық бесінші тарау. АБСОЛЮТТІ ЖЕР РЕНТАСЫ .....</b>	<b>805—831</b>
<b>Қырық алтыншы тарау. ҚҰРЫЛЫС УЧАСТОКТАРЫНАН АЛЫНАТЫН РЕНТА. РУДНИКТЕРДЕН АЛЫНАТЫН РЕНТА. ЖЕР БАҒАСЫ .....</b>	<b>832—841</b>

<b>Қырық жетінші тарау. КАПИТАЛИСТІК ЖЕР РЕНТАСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ</b> .....	842—876
I. Кіріспе ескертпелер .....	842—850
II. Жұмыспен өтеу рентасы .....	850—855
III. Өніммен өтеу рентасы .....	855—858
IV. Ақшалай рента .....	858—864
V. Үлестестік шаруашылық және шаруалардың парцеллярлық меншігі .....	864—876
<b>Жетінші бөлім. ТАБЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨЗДЕРІ</b> .....	877—976
<b>Қырық сегізінші тарау. ҮШ БУЫНДЫ БІР ТҮТАС ФОРМУЛА</b> .....	877—895
I. ....	877—879
II. ....	879—880
III. ....	880—895
<b>Қырық тоғызыншы тарау. ӨНДІРІС ПРОЦЕСІН ТАЛДАУ ЖАЙЫНДА</b> .....	896—914
<b>Елуінші тарау. БӘСЕКЕДЕН ТУАТЫН ЕЛЕС</b> .....	915—939
<b>Елу бірінші тарау. БӨЛІСУ ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР</b> .....	940—946
<b>Елу екінші тарау. ТАПТАР</b> .....	947—948
<b>Ф. ЭНГЕЛЬС. «КАПИТАЛДЫҢ» ҮШІНШІ ТОМЫНА ҚОСЫМША</b> .....	949—952
I. КҮН ЗАҢЫ ЖӘНЕ ПАЙДА НОРМАСЫ .....	953—973
II. БИРЖА .....	974—976
<b>Ескертулер</b> .....	979—1001
<b>Есімдер көрсеткіші</b> .....	1002—1016
<b>Цитат алынған және атап өтілген әдебиеттер көрсеткіші</b> .....	1017—1036
<b>Цитатта алынған кітаптардың орысша аудармасының көрсеткіші</b> .....	1037—1039
<b>Атаулар көрсеткіші</b> .....	1040—1067

#### ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР

<b>«Капиталдың» III томының I бөлімінің немісше бірінші басылымының астар беті</b> .....	11
<b>«Капиталдың» III томының орысша астар беті</b> .....	21
<b>К. Маркс «Капиталының» III томы қолжазбасының бірінші беті</b> .....	35
<b>«Капиталдың» III томының секретарь көшірген, Ф. Энгельс үстінен түзеткен бірінші беті</b> .....	41
<b>«Капиталдың» III томының немісше бірінші басылуының титул беті</b> .....	503
<b>Ф. Энгельстің «Күн заңы және пайда нормасы» деген қолжазбасының бірінші беті</b> .....	955